ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

ҒАБИТ

МҮСІРЕПОВ

- *Көркем сөз — жанның сәулесі.*
- *Адамға адам, сөзге сөз жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады.*
- *Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.*

Ғ. Мұсрепов

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Әдебиеттің басты парызы – адам жанына ізгіліктің, тазалықтың, адамгершіліктің дәнін себетін рухани диханшылық екені ежелден белгілі ақиқат. Осы жауапкершілікті терең сезініп, бар қуатын халқының игілігіне бағыштаған әдебиет қашанда жасампаз әдебиет болары анық.

Бүгінгі қазақ әдебиеті де өз міндетін абыроймен атқарып келеді деп айта аламыз.

47077

Тәуелсіз Қазақстанды әлемнің алдыңғы қатарлы 50 елінің қатарына қосамыз деген ұлы мақсат баршамызға үлкен міндеттер жүктейді. Өсіп-өркендеп жатқан еліміздің өмірін суреттейтін шығармалар көбірек жазылса, рухани әлемімізді байытып, ұлттық сананың қалыптасуына ықпал жасары сөзсіз. Ал, рухани байлықсыз әлемдік өркениет санатына қосылудың мүмкін емес екені белгілі.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

ТАҢДАМАЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ҚАЗақпарат
Алматы, 2012

УДК 821.512.122
ББК ~~84 Қаз 7-44~~ 84.5Қаз
М 88

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды.

М 88 Ғ.Мүсірепов.
Таңдамалы шығармалары. - Алматы: «ҚАЗақпарат», 2012 - 1120 бет

Құрастырушы: Әділғазы Қайырбеков

ISBN 978-601-03-0125-2

«ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ» сериясы бойынша шығатын кітаптар тізбесін ҚР Білім және ғылым министрлігінің М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан Жазушылар одағы, «Қазақ газеттері», «Жас өркен» серіктестіктері мақұлдаған.

Жоба жетекшісі Қонысбек Ботбай

Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтың жаңа кітабына қаламгер есімін әйгілеген «Қазақ солдаты», «Ұлпан» роман-повестері мен әңгімелері, күнделіктері еніп отыр. Қияпат соғыста Отан үшін от кешкен қазақ жауынгері Қайырғалидің бейнесі қазақ әдебиетінде өлмес образға айналса, әйел нәзіктігі мен парасатын көркем тілмен тамылжыта суреттеген «Ұлпан» — қалам құдіретінің шыңы, аналар образының биігі.

Кітапта жазушының күнделіктері де топтастырылған. Көркем сөз шеберінің күнделігі де бір өмір, өйткені сұлулықты өмірмен астастырған дара тұлғаның әр күні біз үшін өнеге.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-03-0125-2

© «ҚАЗақпарат», 2012

ЗАМАНА СӨЗІ

Ғабит Мүсіреповтің сөз шеберлігі қазақ әдебиетінің тарихында, әдебиеттану ғылымында мойындалған. Қаламгер үшін көркемдік үлгінің басты өлшемі тақырып емес, сол тақырыпқа лайық ой мен сөзді кестешінің бізіндей әсемдеп, орынды қолдана білуінде. Жазушының шығармаларын қай жағынан алып қарасаң да, жалтылдап тұрған сөз асылдары. Ойланып-толғанып, бейнені бедерлегенде өзіне керекті сөздерді бір-біріне үйлестіріп, маржандай тізіп өлшемдік табады. Ғабене жетер сөз зергері кем де кем?!

Қазақ қызының тәлайлі тағдыры жайлы хикая шертетін «Тулаған толқында» повесінен бастау алған прозалық шығармаларының тізбегі «Қос Шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Алғашқы адымдар» сиякты туындыларға жалғасты да, ары қарай қазақ әдебиетінің тарихында нық орын алған көркемдігі биік көлемді туындыларға ұласты. Бұлардың қай-қайсысы да назар аудармай өтуге болмайтын, өз дәуіріндегі өмірдің қаркынды өзгерістерін, кеңестік заманның шындығын бейнеледі.

Қазақ даласындағы таптық күрестің қаншалықты киындыкпен, түрлі кедергілермен өтіп жатқандығын уақытқа тән болып келетін оқиғалар арасында қызықты етіп көрсете білді. Ғабең шығармаларында алдымен көзге түсетін тек қана оқиғалар емес, характерлер қақтығысы, кейіпкердің ішкі әлеміндегі қайшылықтар, шиеленіс пен көркемдік өлшемімен ерекшеліп отырады. Шеберлік деп осыны айт!

Прозадағы алғашқы туындыларымен-ақ болашағынан үміт күттірген Ғ.Мүсірепов жасы отыздың үстіне шыққан кезден бастап-ақ Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің айтулы өкілдерінің қатарына қосылды. Қосылып қойған жоқ, даралық сипатымен топтың алдына шықты. Сол кезеңдегі негізгі кейіпкерлері халықтың бостандығы үшін күрескен азаттшыл жандар, бейнеткор еңбеккерлер мен аузы дуалы шешендер болды. Жазушының суреттеуінше, сол замандардағы қазақ кедейлерінің өзіндік қалыптасқан типтік сипаттары жинакталды. Олар, негізінен, еңбеккор, қайсар болып көрінгендерімен, біреудің ала жібін аттай қоймайтын адал да жуас адамдар.

Айталық, «Тулаған толкындағы» балықшы Біржан, «Көк үйдегі көршілердегі» Сәрсен, «Талпақ танаудағы» Есен, міне, осындай бейнеткор, қоғамның кішкентай адамдары. Осы арада айта кеткен жөн, «Талпақ танаудағы» оқиға колхозға келген шошқа малын қалай бағу керектігі турасында өрбісе, «Шұғыла» әңгімесінде қазақ даласында 1932-1933 жылдары орын алған алапат ашаршылық суреттері бар. Жазылу уақыты шамалас болғанымен, бұл әңгімелердің көтеретін проблемасы, рухани өзегі ең алдымен екі түрлі бағытта көрінеді. Біріншісінде, қазақ өзіне бұрын жат санайтын, харам деп есептейтін шошқа түлігін қалай бағып-қағу керектігі жайлы мәселе козғалса, екіншісінде осы уақыттардағы халықтық трагедияға айналған үлкен қасірет ашаршылық көріністері орын алады, Бірінші туындыда Ғабеңнің қаламына тән юмор, сарказм нышаны көрініс беріп, ішінара оқырманын езу тарттырып отырса, екіншісінде, ұлттық трагедияның болмысы бар. Осы арада айта кетуіміз керек, айтуға, жазуға қатаң тыйым салынған осы

тақырыпты, ашаршылықтың коркынышты суреттерін Ғабең калайша тайсалмай жазған деген сұрақ туындайды. Шын суреткер ғана шындықтан алыстай алмайды. Ғабаннның Ғабаңдығы да осында.

Назар аударатын жағдай – жазушы екі әңгімесінде де сол замандағы өмір шындығын өзі іріктеп алған детальдар аркылы ашық суреттейді. Бұл кезінде Чернышевский айткан өнердің эстетикалық калпының шындыкка жанасуында деген тұжырымына сәйкес келеді. Бұл шығармалардың мазмұнына карап отырсаң, айтылатын көркемдік тұжырымдары бір-біріне карама-карсы, бірінде шошканы жатсынбайық деген емеуірін байкалса, екіншісінде казактардың жаппай кырылуы коғамның тарих алдындағы жауапкершілікті екендігін анғартатын астарлы ой бар. Сөйтіп, казак даласына келген өзгерістердің барлығы оңды шешім таба бермегенін, керісінше, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекин басшылығы кезіндегі «Кіші Қазан» төнкерісі деп аталатын шұғыл өзгерістердің байырғы халыкка мейлінше ауыр тигенін осындай көркемдік тәсілмен көрсетеді. Бұл сезімтал, сергек, заман ағымын анғара білетін қаламгердің колынан ғана келетін шеберлік еді.

Ғ.Мүсіреповтің прозадағы шығармашылығына оның Максим Горькийдің ана туралы әңгімелерін қазақшаға аударуы соны леп әкелді. Аналар тақырыбына жазған циклдік әңгімелер шоғыры да осы жылдары жалт ете түсті. Ғабең Горькийдің екі әңгімесін казакшалады. Олар – «Адамның анасы» және «Өлімді женген ана» атты әңгімелері. Жазушы әңгімелерді түпнұсқадағы рухты сактай отырып, казакы ұғымға бейімдеп, аса көркем түрде еркін аударған болатын. Өзі тәржімалаған шығармалардың мазмұны Ғабеңе катты әсер еткені сондай, ол аналар такырыбына арналған әңгімелер топтамасын жазды.

Атап айтканда, олар – «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Аклима» сияқты туындылары. Бұл шығармалардың қай-қайсысының да көркем әдебиеттің басты талаптарына сәйкес жазылған сәтті дүниелер екендігін әдебиеттанушы ғалымдар кезінде атап айткан болатын. Осы шығармаларда әр қырынан алынып жазылған аналар бейнесі казак әдебиетінің үлкен табысы болып саналады. Әңгімелердің басты кейіпкерлері Қапия, Нағима, Ақлима кай-кайсысы да ерлік жасауға даяр тұратын ер аналар. Жазушы бұл кейіпкерлер тағдырын мейілінше кызык штрихтармен бейнелей отырып, кайсар, кайтпас рух иелері етіп көрсетеді. Бұлардың бәрі де нәзікжандылар болғанымен, рухы күшті, күрескер әйелдер.

Жазушы асқақ ана бейнелерін киын тартыстар үстінде көрсете отырып, қоғамдағы алатын орнын, рухтарының мыктылығы мен анаға тән тамаша касиеттерін кызғылыкты окиғалар үстінде әсем бейнелейді.

Мысалы, «Ананың арашасындағы» Нағиманы алайык. Өз басына кауіп төніп тұрғанына карамастан, жаралы болып жатқан кызыл әскерді жау колына түсірмей, алып шығады. Өз баласы болса бірсәрі, бөтен әскер. Бөтен болса да халықтың азаттығы үшін күресіп жүрген боздак екендігін сезіне отырып, азаматты аман алып калу үшін өзі де басын бәйгеге тігеді.

Бұл шығармаларда адамның асқак рухын көрсетумен бірге лапылдаған романтизм нышандары да бар. Окиғалардың өтетін ортасы, катысушы кейіпкерлердің болмысындағы ерекшеліктер, ситуациялардың күрделілігі, бәрі тоғыса келіп, романтикалық сипатка алып келеді. Кейіпкерлердің басынан өткен окиғалар образ ашуға ұтымды кызмет етіп тұрған көркем әдістер.

Ғ.Мүсіреповтің аналар такырыбына арналған әңгімелері жайлы академик Серік Қирабаев: «Жазушының ана туралы әңгімелері осы дәуірдегі үлкен жаңалық болып табылады. Оларда Ғабит М.Горькийдің әсерімен, ананы ардактау, ананы кадірлеу идея-

сын көтеріп, оны романтикалық пафоспен жырлай білді. Ол Горькийден «Өлімді жеңген ана», «Адамның анасы» әңгімелерін еркін аударып, қазақ өмірінің шындығы негізінде «Ананың арашасы», «Ашынған ана», «Ананың анасы» тәрізді әңгімелер жазды. Бұлардың қай-қайсысы болсын, өмір иесі – ананың парасатын, күш-қайратын, аскақ сезімін паш етті») (185-б.) деп өте орынды тұжырым жасайды (Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. Т.1. – 456 б).

Ғабең әңгіме жанрының шебері көркемдік деңгейін өсірді. Шағын жанрдың мүмкіндігін мейілінше ыңғайлы түрде пайдаланды, жазған туындылары шетінен кесек көркем десек, артық айтқандық емес. Мәселен, «Автобиографиялық әңгіме», «Этнографиялық әңгіме», «Сөз жоқ, соның іздері». «Өмір жорығы», «Қаскырды аткан кайсысы?», «Боранды түнде», «Сілекеевтердің кенжесі» сияқты ірілі-ұсақты әңгімелері осындай мығым дүниелер. Олардың әркайсысы Ғабеннің өзінің қаламына тән шеберлікпен мейілінше көркем жазылған. Әңгімелерде қызықты оқиғалар да бір оқыганнан-ақ есте қалып коятын ұткыр характерлер де, философиялық түйіндеулер де бар. Шығарманы өмірге келтіру үстінде осынау кажетті факторларды автор бір-біріне шебер үйлестіріп, қабыстырып, шендестіріп отырады.

Осының бәрі Ғабең шеберлігінің шыны.

Ал енді Ғ.Мүсірепов каламынан туған кесек туындылардың орны да, жөні де бөлек. «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Жат колында», «Ұлпан» сияқты романдар мен «Кездеспей кеткен бір бейне» прозалық поэмасының казақ әдебиетінде алатын орны осындай биік тағылымды пікірге жетелейді.

«Қазақ солдатын» алайық. Барлық оқиға тек бірінші жақтан ғана баяндалатын романның негізгі максаты, әрине, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кенес халкының каһарман ерлігін, жанкиярлық батырлығын жоғары идеялық-көркемдік деңгейде әсерлі бейнелеп шығу.

Осындай айқын максат ұстанғандықтан да, автор әу баста жоспарланған батырлық табиғатын, оның ішінде кенес адамына ғана лайық болуға тиіс аскан ерлік үлгілерін окырман алдына жайып тастайды. Романда ең алдымен айкын аңғарылатын мәселе – соғыста кан кешіп жүрген жауынгердің барлығы да өз Отанына, еліне шексіз берілген патриоттар. Олардың кай-кайсысы да өз Отанының бір пұшпак жері үшін жандарын киюға даяр. Романның бас кейіпкері Қайроштың өзінен бастап, оның карулас, окоптас серіктері Володя Толетов, Петр Ушаков, Самед Абдуллаев, Семен Зонин, Василий Гришин шын мәніндегі солдат борышына Отан борышын коскан ер тұлғалар. Олар коркуды, шегінуді немесе баскадай пендешілік әлсіздікке берілуді білмейді. Өйткені жауға деген өшпенділік жүректе, Отанын шексіз сүюшілік канға сінген касиетте. Осы екі фактор роман кейіпкерлерін каһармандык деңгейге көтереді.

Автордын роман кейіпкерлерінің бойындағы ержүректілік, батырлық касиеттерін соғыс шындығының, соғыс табиғатының өзінен туындатып, суреттеп отырады. Қиынкыстау кысталаң сәттегі батырлық кимылдарды бейнелейтін нақты эпизодтар мен суреттер олардың адами болмыс-бітімін айшыктай түседі. Романда батырлық-ерлік сәттері, кейіпкер басындағы ауыр жағдайды суреттейтін жағдаяттар емес. Жазушы ондай кысылтаяң кезеңдерді бейнелеу барысында жалаң ұранға, ішкі эмоцияға көп беріліп кетпейді. Болып жатқан канды қырғынды, өмір мен өлім арасындағы жанталасты канық бояумен салкынканды түрде суреттеп шығады. Автордың мұндай әдеби тәсілдерді орынды пайдалануы романның көркемдік те, тілдік те, сюжеттік те шешімдерін даралаған суреткерлік талантын аша түседі.

Мәселен, Қайрош Сарталиев соғыстың ажал ескен суық жүзімен тұңғыш рет кездесетін көріністі алыныз. Ол қызмет ететін әскери бөлімше шегінген жұртты өзен

үстіне салынған көпірден өткізіп тұрады. Қаптаған халық, ат-арба, жаяу адамдар тар көпірдің аузына кептеліп қалған. Ығы-жығы, у да шу, қысылтаяң кезең. Жау самолеттері көпір маңайын бомбалап қояды. Міне, осындай қарбалас сәттің бірінде взвод командирі Алексей Горькин жараланып қалады. Осы көрініс романда былайша суреттелген: «Бомба гүрс етті де, күш екпінімен Горькинді лақтырып жіберіп, көпірдің жақтауына апарып соқты.

Горькин қатты ышкынып қалды да, үрейленіп, кимелеп бара жатқан біреуге:

– Кейін! – деді. Даусы ышқынып, ащырақ шығып кетті. Қауіп-қатер өткеннен кейін сұрасатын әдетіміз бойынша:

– Жолдас лейтенант, жараланған жоқсыз ба? – деп сұрадым.

Горькин қолын бір сілтеді де, азғана жарқышақтанып қалған дауыспен әмір беріп, өз жұмысын басқара берді. Сонан Горькин даусы түн ортасына дейін естіліп тұрады да, ақыры, машинаның қанатына асылып құлап түседі. «Мен құшақтап сүйей бергенде, көйлегінен өтіп кеткен желімдей жабысқақ, жылы қан қолыма білінді. Арқа жағын қан жауып кеткен екен. Горькин ауыр бір ыңтыранып қалды да:

– Команданы сен ал, сержант Сарталиев! – деді».

Осы шағын эпизод арқылы жазушы соғыс уақытындағы кеңес адамының, командирдің табандылығын, қандай киын жағдайда да өз қызметін ақырына шейін адал атқара алатындығын дәл, әрі шебер көрсеткен. Жараланып қалған командирдің сыр берместен, есі ауып құлап қалғанша асқан төзіммен шыдап бұйрық беруі, шын мәнісінде, жан тебірентерлік көрініс. Осы әсерлі көрініс романда нақты кимылды ғана көрсететін сөйлемдермен қысқа ғана суреттелген. Тіпті шығарманың бірінші жақтан жазылып отырғаны да байқала қоймайды. Оқиғаны баяндаушы адам өз эмоциясын тежеп, ішкі тебіреністі көрсете білген. Сараң жазылса да, әсерлі шыққан соғыс суреті сол шеберліктің нышаны.

Романның ұнасымды жақтары жөнінде айта келіп, белгілі сыншы Мұхаметжан Қаратаев: «Сонымен, Ғабит Мүсіреповтің қазақ әдебиетіндегі қол жеткен үлкен табысы – көп ұлтты совет халқының Отан соғысы тұсында шарықтап көтерілген биік мұратын совет жауынгерлерінің коллективтік образымен бейнелеп жеткізуінде деп білеміз» (322-б) деген тұжырым айтады. (Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар, 3 томдық. Алматы: Жазушы, 1974. 392 б.)

Ал, әдебиеттанушы ғалым Н.Ақыш «Қазақ солдатындағы» кейіпкерлердің моральдық бейнесі қалай жасалғанын айта келіп: «Соғыстың өз заңдылығы бар десек те, адамгершілік сезім күйлері жауынгерге бәрібір әсер етіп отырады. Соғыс заңымен қатар адамгершілік заңы да болатынын автор оқырман есіне осылайша салады» деп, шығармадан нақты мысалдарды көлденең тартады. (Ақыш Н. «Қазақ солдатын» қайта оқығанда / Жұлдыз, 2002, №5)

Ғ.Мүсіреповтің келесі үлкен туындысы – «Оянған өлке» романы. Бұл шығарма өз заманында тың тақырыпты көтеруімен ғана емес, қазақ тарихының елеулі кезеңдерін көркем шежірелеуімен де, соған орай кесек, сом образдарды көркемдікпен бейнелеп жеткізе білуімен де ұлт оқырмандарының назарын өзіне аударған шығарма. Төскейінде төрт түлік малын өргізіп, марғау жатқан қазақ даласына Ресейдің ішкергі жақтарынан артынып-тартынып келе бастаған орыс халқының өкілдері осынау ұйқыдағы өлкеге жан бітіріп, өндіріс ошақтарын ашпақ. Оған негіз болған жайт – Қарағанды аймағында көмір мен мыс кенінің ашылуы, соған орай иен өлкеде оларды игеру қажеттігінің туғандығы.

Жазушының суреттейтіні, міне, осындай тарихи-өндірістік жағдайдағы әртүрлі халықтардың тоғысуы, ынтымақтаса еңбек етуі. Кеңестік дәуірдегі идеологияның көзімен қарағанда бұл – шын мәніндегі өндірістік роман. Бірақ бұл ділгір тақырып

жалаң саясаттың, құрғақ тарихи деректердің шеңберінде қалмай, үлкен көркем полотноға айналған.

Қазақ өлкесіндегі осынау жаңалықтың ел ішіне көптеген өзекті мәселелер туғызғанын, соның салдарынан таптық қарама-қайшылықтармен бірге түрлі әлеуметтік қайшылықтардың да күшейгенін жазушы оқиғалар барысында шеберлікпен жеткізе білген. Бұрын жылқыларын жаю үшін кең сахарадағы жайылымға таласып жүрген Жуман бай мен Игілік байдың арасындағы қақтығыстар енді мына тегеуірінді нөпірден кейін жай сәттің бірі сияқты болып қалады. Ресей патшалығы әкеле жатқан капитализмнің тегеуіріні әлгінде алпауыт саналатын байлардың өздерін сілікпелеп, шаның қаға бастайды.

Жапан далаға салынған қалалар бір жағы патшалық орыс отаршылдығының табан тірейтін тірегі болса, екінші жағынан сол капиталистерді байыта түсуге қызмет етудің құралы. Жазушы жан-жаққа тарамданып, кеңейіп бара жаткан жолдар арқылы қазақ жерін капитализмнің де шырмауықтай шырмап, буындырып әкетіп бара жатқанын шебер бейнелеген.

Өндіріс ошақтарының иесі, яғни, мұндағы көмір мен мыс өндірісінің қожайыны Ушаков капиталистік жүйедегі типтік образ. Оның өзінің бақталасы Поповпен текетіресі, Игілік пен Жуманның текетіресінен өзгешелеу екендігі де анық. Қарағанды көмірі орналасқан аймақтың иесі Байжан болса, Нілді кенінің иесі ретінде Игілік бай қасындағы Боздақ биді белгілеп қояды. Сонымен бірге қазақ сахарасындағы көптеген қызықты образдар да оқырманды жалықтырмай, оқиға желісіне жетелеп отырады.

«Жат қолында» романы – «Оянған өлкенің» заңды жалғасы. Онда қазақ жеріне мысықтабандап кірген капитализмнің бой бермейтін алып айдаһарға қалай айналып кеткендігі суреттеледі. Бұрын бірен-саран болып кірген отаршылдық капитализм енді сахара халқымен еш санаспастан, бәрін билеп-төстеуге кіріскен. «Жат қолында» да революциялық рух басым. Рязанов, Ушаков тәрізді алпауыттармен қабаттасып, шетелдік капиталистер де төбе көрсеткенін автор бекер еске салып отырған жоқ. Бұл кітапта бас қаһарман ретінде алдыңғы планға шыққан Кенжеғара сол кезеңдегі қазақтардың көзі ашық белсенділерінің типтік өкілі. Ағылшын кәсіпкерлерінің озбырлығына қарсы ереуіл ұйымдастырған топтың басында жүрген де осы Кенжеғара.

Дилогияның тарихи-идеялық түйіні – большевиктер бастаған революцияшыл күштердің жеңіске жетіп, таптық теңдік орнату жолындағы күрестерін тиянақтауы. Кеңес заманында жазылған шығармадан бұдан өзгеше идеялық-көркемдік шешім табу да оңай емес еді. Оның үстіне өз заманында болған тарихи шындықты бұрмаламай айту да керек еді. Сондықтан да Ғабең кенестік идеологияның көзімен қарайтын өмір шындығын бұрмалауға барған жоқ. Бірақ тарихи оқиғалардың астарында не жатқанын бағамдайтын ой ұшқындары аз емес еді. Тек оны оқи білу керек, тани білу керек.

Ғ.Мүсірепов шығармашылығының үлкен бір саласы драматургия екендігі белгілі. Бұл бағытта Ғабаң көптеген дара пьесаларымен қазақ драматургиясын биікке көтерді. 1934 жылы жазылған «Қыз Жібек» либереттосынан басталған бұл бағыттағы көркемдік желі одан ары қарай «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ақан сері — Ақтоқты», «Аманкелді» және олардан көп кейін, 1980 жылы жазылған «Болашаққа аманат» тарихи пьесасына ұласты. Бұлардың қай-қайсысы да Ғабит Мүсіреповтің драматургтік қарымын көрсеткен соқталы туындылар болды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» 8-томында Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы жайында: «Ғабең шығармалары – ерекше әсем эстетикалық құдіретімен, тіл ажарымен әркашан көрермен мен оқырмандарды айырықша әсерлендіретін ұлттық мұраға кіреді. Оны талдап түсіну, әсіресе егемен елдің ой-санасы мен рухын көтеруге қызмет етеді» (212-б.) де-

ген тұжырым жасалған. Бұл Ғ.Мүсірепов шығармашылығына берілген әділ баға. (Қазақ әдебиетінің тарихы, Т.8 Алматы: Қазақпарат, 2004. 519 б.)

Осы ретте оқырман қауымға, 1953 жылдың 21 қаңтарында Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы өткізген бес күндік пікірталастың стенограммасымен таныстыра кеткен жөн болар деп ойлаймын. Өйткені Ғабит Мүсірепов жай ғана жазушы емес, ол қайраткер, халық қалаулысы да болды. Бірақ бүкіл өмір сүруі мен ұстанған бағыты Абай бабамыз айтқан «толық адам» концепциясымен үйлесіп жатыр.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл және әдебиет институты қызметіндегі өрескел саяси қателіктер туралы» қаулысының орындалу барысына арналған жоғарыдағы пікірталаста Ғ.Мүсіреповтің салмақты да салиқалы пікір ұстанып, азаматтық танытқанын көп адам біле бермейді. Сол пікірталаста Кеңестер Одағының Батыры, филология ғылымдарының кандидаты Мәлік Ғабдуллин баяндама жасап, қазақ эпостарына қатысты Ғ.Мүсірепов атына да сын айтады.

– Мен әдебиет зерттеушісі де, фольклортанушы да емеспін, - дейді Мүсірепов. – Мен шағын сөзімді қазақ совет жазушылары мен халық эпостары арасындағы қатынасқа арнамақпын.

Ғабит Мүсірепов баяндамасы шын мәнінде терең ойлы, дүниені қоғам дамуынан тыс карамай, тарихи оқиғалармен санаспай, халық эпостарына дұрыс баға беруге болмайтынын талдап, саралап жеткізеді.

«Көркем шығарманы тарихи шығармамен алмастыруға болмайды,» – дейді ол. – Бірақ одан тарихилықтың принципті мәнін сақтауды талап ету керек.

«...Халық шығармашылығы болып табылатын эпосты уақыт пен кеңістіктен бөліп қарауға болмайды. Міне, біздің қиындыққа ұшырап отырғанымыздың мәнісі осында, яғни арнайы зерттеулер мен негіздемелер жоқ. Арнайы зерттеулер мен негіздемелерден қашатын бәзбіреулер жалпы фразеологиялармен, сілтемелермен ғылымның күнын кетіреді, осылай марксизмді ыластап, оны орынды-орынсыз пайдаланатын догмаға айналдырады...»

Ғабит Мүсірепов қаламгерлік принциптен мейлінше ауытқымауға тырысады. Әрі өткен күндерге қалам тербеген жазушылар инициировканың деңгейінде қалуға тиіс емес деген ойларды ортаға салып, пікірталаска шыккан Тұрғанбаев деген ғалымды мактамен бауыздайды.

– «Кеше осы мінберден әдебиеттану ғылымының кандидаты Тұрғанбаев айтқандай, егер оған «Қобыландыны» қайта өңдеу өзіне тапсырылса, онда ол «Қобыландыны» фашизмге карсы күрескер етіп шығарар едім деп соқты. Онда оны эпостың қаһарманы емес, Кенестер Одағының Батыры ету керек шығар. Жоқ, халық мұрасын бұлай бұрмалауға болмайды. Асыра мадақтау да, жөнсіз адақтау да жақсылық әкелмейді».

Әрине, мұндай сөзді шындықтың бетіне тік қана карай алатын Ғабаң ғана айта алатын еді...

Ғабеннің казак әдебиетінде калдырған өрнекті іздері кай заманда да ескірмейтін асыл қазынасы болып табылатындығы калың казакка мәлім. Ғ.Мүсірепов мұралары халкымыздың тозбайтын, ескірмейтін рухани казынасы. Жекелеген шығармалары Кеңес заманының тоталитарлық талаптарына, идеологиялық шарттарына сай жазылғанымен, жазушының көркемдік асулары уакыт сынына төтеп бере алатын, тот баспайтын сөз асылдары екендігі ақиқат. Тіпті жазғандарына жоғары жақтың кырағы көздері жіті үніліп жаткан киын заманның өзінде де қаламгер ұлт мүддесіне катысты ой-пікірлерін жасырмай, ашык айтып, көркем сөз үлгілерін окырман талғамына ұсына білуден ешқашан тартынған емес.

Ғ.Мүсірепов өзінің №344 қойын дәптерінде мынадай жолдарды жазыпты: «...адамның ой-көңіл, ниет портреті жүзінде. Түгел жүзінде. Адамның жүзі сұрланып кететін, қызарып кететін, қоңырайып кететін, бозарып кететін, жадырап кететін кездері болады. Осының себебі неде? – Көңіл құбылысында, ойлау өзгерісінде. Олай болса, адам ойының, ниет-пейілінің дәл осы сәттердегі дәл портреті жүзінде. Адамның бет терісі миы жасалған материалдан жасалса керек. Сондықтан миына (ойына, сезіміне, көңіліне) келгені колма-кол бетке шыға келеді. Кейбір адамның жүзі карамен таңбаланып қалады, кетпейді. Сондықтан, мен адам ойының портреті жүзінде дегім келеді». (Ғажайып Ғабең. «TST Company» баспасы, 4б.,2012 ж.)

Иә, Ғабаң кейіпкерлерін жазбай танисың. Олар өз заманының, өз уақытының көркем бейнесі ретінде казак әдебиетінің шоқтығын биіктетіп тұр. Көркем әдебиетіміздің тамаша үлгілері ретінде Ғ.Мүсірепов туындыларының казак әдебиетінің алтын корынан берік орын алғаны халқымыз үшін мақтаныш. Уақыт керуені тоқтамай үздіксіз жылжып жатыр, ал қара сөзбен айшықталған әсем ойлар, көркем көріністер санамызда өшпестей болып нұрланып тұра бермек. Ғабеннің туындылары ескірмейді, бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың окырмандары үшін де тозаң тимеген алмастай жарқырай береді.

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы

АЛҒАШҚЫ АДЫМДАР

ТҰЛАҒАН ТОЛҚЫНДА

I

Қара суға иек сүйей, керілген теңіздің қалың қарауына арқасын тірей отырған Итемген ауылы аталады. Ауылдың төр жағындағы биік маялары бар үй осы Итемгендікі. Есік алдындағы мұз науада сұлы жеп тұрған ақ-көк аттың қасындағы сетік танау, шапыраштау жігіт Итемгеннің үлкен баласы – Күдербек. Оқтаудай жұмыр көк атты сипап, мәпелеп, Күдербек жеңіл-желпі жесірге бағалайды. Сетік танау жақ ерніне бір алақан насыбайды жымқырып алып, былшылдатып өкіреді де тұрады... Қасына жақындап кетуің мұң, ауызы насыбайға толып тұрса да, сенің насыбайшы емес екеніңді біліп тұрса да, «Насыбайың жоқ па?» деп бір айтпай қалмайды. Сырын біліп алған адамдар Күдербектің бұл сұрауын елең қылмайды, өтіп жүре береді... Оған Күдербек те өкпелемейді: өн бойын өрлей бір қарайды да, баяғы қалпында қала береді. Мұны жұрт нағашы жұртына тартқан деседі... Бірақ мұның інісі Омар, ондай емес. Отпен кіріп, күлмен шығатын епті жігіт. Бір түнде тоғыз ауылдың итін үргізіп, тоғыз үйдің босағасын тырнап, мазасын алу қолынан келеді.

Көтібардың Итемгені тығыршықтай тығыз, шертіп қалсаң шырт ете түскендей, ашуланшақ адам. Екі танаудың алдын таңқита қырқып тастаған. Берекесіздеу шыққан қара мұрты екі езуінде мысықтың мұртына ұқсап селтиеді де тұрады. Тымағын бастыра киіп алып шарбақтың ішіне Итемген кіргенде, мал жайласып жүрген балалар да, жұмыскерлер де аяқтарын қаздаң-қаздаң басады.

Бұзау-мұзауды ат қағып жіберсе де, қойды сиыр сүзіп қалса да Итемген үйдің маңайын басына көтереді. Байбалам салып, барлық жанын бір уыс қылады. Ауыл қатындарының биі атанған Сағила да, Итемген ашуланғанда, қипаландап, жым болып кетеді. Итемгеннің үй ішінің апшысын қуырмай отыратын бір күні жоқ.

Әкесі Көтібар аттыға жол, жаяуға сөз бермепті. Бертін келе атаның қалың дәулеті сұйықталып, Итемгенде ата даңқымен ғана жүрген қаумыт бар. Бірнеше

жылдан бері ауылнай болғысы келгенімен, қайтқан бақ қайрылыңқырамай жүр. Бірақ, Итемгеннің өз ойынша, одан өзгенің көбі-ақ «Уақытша өкімет» сияқты әшейін бір әруақ қонбаған кездейсоқ, мұндай «әруақты» ата өзгелерде жоқ.

Ауыл Итемген ауылы атанғанмен, ішінде бұратанасы көп: бір кездегі Кәтекеңнің қоңсылары, аз аталы шеттен келгендер. Ауылдың босаға жақтарын алып жатқан жапырайған жер үйлер – солардың үйлері. Оларда үйілген қамыс пен қоян жонданған тезектен басқа мүлік те жоқ.

Көбінің кәсібі – барқынында отырған жалпақ теңіздің балығын аулау. Күндік еңбек күндік тамақтан қалмайды. Сұрғылт өмірдің құшағынан бұрыла алмайды. Бұлар – осы ауылдың көпшілігі. Бірақ ауыл Итемгендікі.

Ну ормансыз, қалың жамылған қайқаң белеңсіз, қамсақты теңіздің бойында ызғырық ойнап тұрады... Алыстан қарағанда Итемген ауылы да азынап тұрған жел ойнағы—жыртық үй секілденеді. Ауылдың маңайы үскіріктің ойнағы тәрізденеді. Қалың қарау қамыстарды алып қалған ақ күртік, біреуді тұншықтырып жатқан жынды ақ бура секілденіп, дөңкиіп шөгеді де жатады. Шұбаландап, жыбырлап жүрген әйелдер, бүгжеңдеген аш иттер, бәрі де ертең қардың астында қалатындай көрінеді. Бәрінің де тағдырлары ұйтқыта соққан боран, құтырған желдің қолында секілденеді... Әсіресе ауылдың «кірмелері» отырған жағынан қарасаң, топырағы ұшып, тозып жер боп бара жатқан ескі молаға ұқсайды.

Сол шеткерірек жермен-жексен болып жатқан жер үйдің біреуі Қалиша қатындікі. Теңізді жағалай біткен қарау қамысты жастай салынып, үстірт қарағанда, сол қараудың бір құлақшасы екен деп қаласың. Өйткені, Қалишаның үйі мен қорасынан үйген қамысы көп. Қалишаның үйі дейтін жер үйдің үстін сипай-ақ тау жүріп кеткен. Кішкене ғана корашық, оған жалғастырыла салынған жер үйшік қарын жамап қойса да, жел азынап тұратын төрт көзді терезе. Терезе мен көсектің арасынан жылу шығып, тоқпақтай мұздар терезені бітеген балдырды ұстап қалған.

Ақ күртіктің үстімен келе жатқанда әуелі Қалишаның үйін көрмейсің, үйдің төбесінде жатқан пештің мойнын жабатын күл дорбаны көресің. Дұрысында күл дорбамен жабатын жерінде де, «пештің мойны» дерлік дәнеме жоқ, пұшықтың мұрнындай үңірейген бір қара тесік көзіңе түседі. Сол ақ күртіктегі қоян жымыңдай адам ізі сені кемпірдің аузындай бәлжиіп жатқан қамыс қақпаға әкеледі. Одан әрең сыйып өтіп қора деген үңгірге кіресің. Далада келген көзге, қораның ішінен түк нәрсенің пернесі көрінбейді. Қап-қараңғы үңгірде аяғың тұрақтай алмайды. Қарманған қолыңа, әуелі қожыр-қожыр аша түседі. Одан әрі жер үйдің қабырғасын соқыр адамдай сипалап жүріп, ызба жіп өткізген есікті тауып аласың... Бейғам адам болсаң, үйге кіріп болмастан бұрын, тәйкеңнен бір түсіп алып, буалдыр, сұрғылт үйдің ішіне содан кейін әрең кіресің... Өйткені, дәл табалдырықтың алды қылқан кескен тамшыдан қатқан мұз. Арық түйедей бақырған аласа есіктен қысылып әрең өтіп, доп-домалақ шойын қара құманды аяғыңмен домалатып кетпеске шараң жоқ тіпті. Көзі мөлиіп, іші бұралып жатқан көк итті баса-маса, ілгері қарай екі аттасаң, сығырайған

терезенің қақ алдына да келіп қаласың. Үйге кіру әлегімен аптыққан бойыңша дәл бүйіріңнен Қалишаның амандасқан дауысын естігенде, селк ете түсесің.

Көз үйреніп, ішіндегі адамдарын анық түстегеннен кейін, бұл үйде қорқарлық дәнеме жоқ. Кәдімгі кедей адамның үйінің іші. Үйдің қақ жартысын алып, шөгіп жатқан соқпа пеш; үсті-басы тілім-тілім. Жаққан қамыстың бұрқыраған күлі аузынан шығып, үйге төселген шөптің үстіне лықсып төгіледі де жатады. Қамыстың түтінінен, пештің аузы да қап-қара. Төбе ағаш та, төбе ағаштың арасынан салбырап тұрған қамыс та қап-қара құрым. Пешке қарсы тұрған жарымжан бір кәрі төсек-ағаш. Оның кейінгі жағында аузы былжиған қара сандық пен бір қу кебеже. Нан илейтін астау, қырма қара табақ, бір ағаш шелек, қара қазан, қарақұрым тұтқыш, бір ағаш ожау секілді нәрселерді қоспағанда, Қалишаның бар мүлкі осы ғана. Төрінің алдында жатқан қомша киіз ала тайыншаның терісі, төсек үстінде жүні бұрқырап жатқан екі қызыл жастық—«төсек-орын» деп аталады.

Құснияр өліп, Қалиша «жесір қатын» аталғалы, Қабысан мен Шәйза жетім бала аталғалы, алты жыл толуға жуықтап келеді. Қабысанды тоғызға келген соң Итемгеннің ұстаған молдасынан азғана жыл оқытқан. «Жарықтық» сары молданың алды жақсы болып, Қабысан едәуір «оқу» оқып қалған... Осы күні дәм артынан ылғи әкесіне аят оқи алады. Жасы он үште. Көрбалалау болып өскен, үлкен үйге бата алмайды, кіші үйге кіре алмайды. Қасқа өгізге мінгізіп жіберсе, қасқа сиырды суатқа айдап барып келерлік қана жайы бар. Азғана суық болса, шолақ қу тонда түк жылу жоқ, аузы-басы бозарып, үйдің қақ жартысын алып жатқан соқпа пештің алдынан кетпейді. Отқа жағатын камыстың уілдірігін сыдырып алып, «торс» еткізіп ойнайды да отырады... Екі танауды сүйкей-сүйкей жеңінің аузынан білегіне дейін жып-жылтыр. Жеңінің аузын көмкерген шұбар сисаның жұрнағын, жеңінің ішкі жағынан ғана танырлық. Онда Қабысанның жұмысы да жоқ, мұрынды бір тартып, тері малақайды бастыра түсіп, шешесі теріс қарай бергенде «торс» еткізе түседі.

— Қой, қағынғыр, суық шақырмай!... Үйіңде шөбің тіреліп тұр ма еді, суық шақыратын?... Ойдан-қырдан тауып әкелетін әкең тірі отыр ма еді?... Боққа жарамай отырып, қара қағыңды келгірді қарасайшы!.. Екі терезенің бірін қар алып қалғаны қыстың басында еді... Үйдің үстімен жүріп кеткен қардан қамысыңды да қопарып ала алмай отырсың... Балықшы Ілияс болмаса, көрер ем кешегі боранда не болғаныңды!.. Қырылып қала жаздаған жоқпыз ба? Енді екі-үш күнде ұн таусылады. Тауып әкелерсің!.. Екі сиырың көтеремнен өліп қалса, суықты шақырарсың сонда... Оңаза, жасық неме, пештің ауызнан кетпей отырып, суық шақырғанды не қылады екен!.. Оспан да қараспайды... Не қылсын!.. Итемгеннің бәйгесіне тігілген бір сорлының қызын қорқытса да алады... Қайбір тең көріп отырғаны қалып барады... Пұшпағы қанамаған қара бәйбішенің отыншысы, сушысы қылады... Көріңде өкір-ау, Итемген!.. Ұлы-қызыңның алдына келсін!.. Сонан басқа не айтайын!.. Ылайым да бүйірің шықпасын!..

Осымен бірді айтып, бірге кетіп, ашы өмірдің уын тамшылаған зармен төгіп, Қалишаның күндері де өте беретін... Барлық запыран аузына келіп, барлық уайым қабаттасып, барлық қайғы шумақтасып, Қабысанға ашуланғанда бір

төгілетін. Бұл көптен бергі әдет болып кеткен... Зәрін төгіп болады да, сорлы шеше баласын қайта еркелетеді: арқаға қағады, тамақ береді.

Дәл осындай ашудың үстінде Қалишаның көз алдына Құсмияр келеді. Ол тіріде аштық, жалаңаштық көрем деп ойлап көрмеген Қалишаның көзіне осы күні үнемі қорқыныш елестейді. Қысы-жазы аулаған балығымен, шапқан қамысымен, Құсмияр үй ішіне көп жұт кіргізбейтін, соларды ойласа Қалишаның ашуы жайылып, уайымы ыдырағандай болады...

Қалиша сұрғылттау келген, ашулы, бірақ қайтуы тез әйел. Оның ашуының арты зілді болмайды. Біреуге ашуланып тілін тигізсе, артынан өзі өкініп, жайып-жуғанша асығады... Ауыр тұрмыс бет-аузын айғыздаған. Көп жылау көздерін қызартқан. Мінезінде жесірліктің, кедейшіліктің салған таңбасы бар. Ағайын ішінде әсіресе Итемгеннің тізесі Қалишаға батқан, сол жасытқан. Қайратты Қалиша тұрмыс тепкісінен жасыған.

Шәйза – Қалишаның екі көзінің бірі. Жасы он жетіде. Жалғыз әйнектің жарығына сығырайып шешесінің, Қабысанның, өзінің қырық жамау киімдерін жамаудан қолы бір босамайды, жамау қабат-қабат қалыңдай түседі; кедейлік жамауды көбейте түседі... Шәйза қара көздерін түнертіп, әлденеден айырмай ұзақ отырады. Басын жоғары көтермейді... Өмірдің уы Шәйзаның балаң ойына түгел жайылғандай, уланғандай болады. Қоңыр көлеңке үйдің қоңыр сәулесі Шәйзаны да қоңырландырып, сұрғылтқа таңдық түс береді. Үй де қоңыр, көлеңке де қоңыр. Қоңыр үйдегі тұрмыс та қоңыр. Қоңыр үйдегі Шәйзаның ойы да қоңыр. Қоңыр ойлы Шәйзаның әні де қоңыр... Қоңырлатып, ыңырсып өлең айтып отырады. Өлең емес, қоңыр күймен ішіндегі зарын төгіп отырады...

Шәйзада шаншудай қадалатын бір ащы уайым бар. Қалың қасіреттің ойнағы етіп, Шәйзаны ауыр тұрмыс илегендей... Бірақ, бұлардан Шәйза мұқалмаған; қайғыға қарсы тұрған тұла бойы қайнаған қайрат тәрізді... Әйел баламын деп үйде отырмайды. Алдында ағасы жоқ. Қабысанның тұрпаты анау. Терезені алып қалған ақ күртікті қопаратын да Шәйза, қамыс қопаратын да Шәйза. Екі сиырдың астын тазалап, шөбін салатын да Шәйза. Шәйза мұның бәріне де қабақ шытпайды. Қайта, сығырайған қоңыр үйшіктен жарық дүниеге шыға келіп, сояу қамысты қос қолдап суырғанда, шері тарқағандай болады. Алқымына тығылып тұрған бірдеме лықсып төгіліп, Шәйзаның кеудесі босағандай болады... Екі қолдың қаруы талай суырманы тұмсықсыз, талай күректі сапсыз қалдырды. Шәйзаның үсті-басы қайнаған қайрат.

Киім арқасында қыз болып жүрген Итемгеннің Жәмиләсі, Пірәдәр үйінің, Нәзиләсі Шәйзаның қасында семпелендеген, жоны қазылған, көздері сүзілген арық сиыр сықылды. Бірақ амал не, бұлар Шәйзаны менсінбейді... Ыбылжып отырып, ойын болса төрді бермейді. Шәйза ұсақ қыздар жақта, төмен отырады.

II

Шегірткелінің құба жонында, кілемдей көк майсаға жаңа ғана қонған Шынтемір ауылы. Құжынаған қалың мал, екі дөңнің астын алып, көрпедей жауып жатыр. Алалы сиыр, ақтылы қой қотанды ыңырсытады. Ауылдың төріндегі

өңкей ақ ордалар, Шынтемір тұқымынікі: бірі үлкен үйі, бірі отауы, бірі үлкен отау болса, бірі жас отауы. Әйтеуір он шақты ақ үйлерде Шынтемір тұқымынан басқаның түк ортағы жоқ...

Маң-маң басқан зеңгінің дәуміттері, бұзаулар арбаларының маңайын бермейді. Әр үйдің сыртында екі-үш қатын сиыр сауып жатады. Әр үйдің маңында тайыншадай бір-бір төбет. Әр үйдің алдында тойған төбетке ұқсаған көздерін май басқан бір-бір жуан...

Бұл ауылдың осы күнгі адамы Оспан болыс. Өткен сайлауда болыстыққа таласқан Мырзалы тұқымын ақшамен ұрып жығып, қансыратып отырып, болыстықты тартып алған. Желкесі жап-жалпақ, кеудесі қаңқайған. Кеудесімен тұтасып кеткен күждей мойында бір қазан етті бас. Екі көздің құйрығы, екі елідей қысылған. Қара табақтай жалпақ бетті. Таңқиған саңырақ танау, таңқы мұрт, бұйра қара сақалды. Арам майы сыртына шығып, киген киімі жып-жылтыр, ала дамбалдың ауы өмір бойы тізесінен кетпейді. Семіз балтыры мәсінің қонышын сөгіп жібереді де, бір жағы қайырылып о да үнемі жалбырап жүреді. Ала дамбалдың кір-кір ала бауы, о да өмір бойы Оспанның тізесінен бір жоғары шықпайды. Екі кісі бас қосса, дыбырлап, ық-жөнді көп елең қылмайтын дарақы адам, бірақ, бұл Шынтемірдің Оспаны!.. Бұл — баққа «лайық», мың үйлі елді билейді!.. Бұл жұртты жалмауыздай жалмайды. Бұл — Оспан болыс!.. Мұның үйінде күн-түн салпақтап он бес-жиырма жалшы, сауыншы жүреді, бұларды Оспан қоса-қабаттап сорады. Оспаннан қалғанды жалшылар жейді, есік алдында жатқан төбеттер жейді... Бұл — атақты бай, Шынтемірдің Оспаны...

Оспанның бір тума қарындасы тәрізді, өзіне ұқсас, өзімен тұстас, қара бәйбішесі бар. Қара жабағының күзем құйрығынан сақал-мұрт жапсырып беріп, Оспанның киімін кидірсе, айырса танығысыз! Жалғыз-ақ бойы аласарақ. Сыртынан қарағанда қара бәйбіше алты бөлек буылған нәрседен құрастырып, дәл қыр арқаның ортасынан арқанмен бір тартылған тәрізді. Бунақ-бунақ керсеңдей, бөлек-бөлек май. Бөксесі артына қарай қайқайып, кеудесі алдына қарай шығып, алқыммен тұтасып кеткен. Оспаннан азғана айырмасы: оң жақ көзінің үстінде бармақ басындай қара меңі бар, бет-аузы жыбыр-жыбыр етіп отырады... Өмірінде пұшпағы қанамаған, қара қайыстай қатты, кесіп алса қан шықпайды, «қайқы бас қара бәйбіше» атанған кісі. Оспан екеуі қосыла дабырлағанда, үй тола отырған адамнан үш-ақ адам дұрыс түсініп қалатын. Түсінетіндердің бірі почтабай Сұлтан, бірі Оспанның өзі. Енді біреуі Оспанның қара қатыны. Одан басқа шалалау бірдеме ұғатын хатшы Петра. Әйтеуір жөндеп түсінбейтін болғасын дауыстың ыңғайына қарай, біреуінің көзі түсіп кетсе, басын изей салатын. Оспанның үйінде кәрі шешесі мен қара бәйбішесінен басқа жаны жоқ.

Кешкі самалдың есе бастаған кезі еді. Қалың малдың ішінен қатты ағызған пәуеске ауылға қарай төтелеп бұрыла берді. Пәуеске айқын көрінгесін-ақ, ауылдан көріп тұрғандар таласа бастады: біреуі Қажының үйінің күйеуі деді, бірі Түбектегі құдасы деді. Енді біреулері Айғаныстың төркіні десті. Бірін-бірі кекете, сөз жарыстырып тұрғандардың әлегімен келіндер жаулықтарын тастап, шалы бүркенісіп алды...

Ғ. Мүсірепов. 1972 ж.

Жас Ғабит Бурабайда. 1927 ж.

Жары Хұснимен. 1927 ж.

Ғ.Мүсірепов. 1928 ж.

Қазақстан жазушыларының 1-құрылтайы. 1932 ж. Алматы.

Хұсни Ягофарқызы.

Жамбыл бастаған айтыс ақындарын жұртшылықпен
таныстыру сәті. Алматы. 1936 ж.

Қарындасы Гүлсіммен.
Мәскеу. 1935 ж.

Інісі Баязит Махмұтов. 1946 ж.

Ғ.Мүсірепов. 1950 ж.

Анасы Дина, қыздары Энгелина, Райхан, Екпін Махмұдов. 1950 ж.

Арыстан мен Энгелина. 1950 ж.

Ғ.Мүсірепов. 1954 ж.

Үрімжіде, Қытай. 1957 ж.

Сәбиін қолға алып...

Қытайға сапары. 1957 ж.

Жазушылар жиынында. Мәскеу. 1958 ж.

Жазушылар қолтаңба беруде. 1959 ж.

Халық қалаулысы сөз алды. 1959 ж.

І. Кенесбаев, Т. Ахтанов, Ғ. Мүсірепов. 1959 ж.

Жазушылар пікір алмасуда. 1959 ж.

Мәскеу. Кремль. 1959 ж.

Н.Тихонов, Ғ.Мүсірепов. 1959 ж.

Берды Кербабаевпен.

Пәуеске жақындаған сайын ат-сайманның қаланыкі екені байқалып, төркін де, күйеу де, құда да еместігі көрінді. Пәуеске ауылдың төріндегі Оспан үйіне қарай ойысты. Кешқұрым ауылға қонақ келсе, аты қазақ оның кім екенін тезірек білгісі келіп, аңтарылып тұратыны қандай, манадай құр таласып тұрғандар Оспан үйіне қарай аяңдады...

Пәуеске Оспан үйіне тіреліп тоқтады. Аттар әбден сабылған. Танауратып дем алады. Пауескеде екі кісі қара киінген, мойындары ғана ағараңдайды.

Үйден шайқаландап Оспан шықты. Қара сақалы қоқып, таңқиып кеткен. Іркілдеген қарны ышқырды сырып мықынынан төмен түсіріп жіберген. Ала дамбалдың ауы мен бауы екеуі де баяғы қалпындай дәл тізеде жүр. Омырауы ашық, жеңсіз қара қамзол түймеленбеген. Ала дамбалдың балағы мен мәсінің жалбыраған қонышының екі арасынан семіз қара балтыры көрініп тұр, тұрпайы жүрісімен қаңқайып, тура алдыңдағы пәуескеге келіп:

— Е, Қази екенсің ғой... Аман-есен жүрсің бе?.. Ойбай-ау... Мынау Алексей? Алексей ғой!.. Здрасти!.. Е, мама живой... Поклон сказал!?.. Эй, эй... Алексей знаком...— деп, әлде неге өкінген адамның түсін көрсетіп, бақандай қолын ұсынып, қол алысып амандасты.

— Түсіңдер, шырақтарым... Қаладан бүгін шықтыңдар ма? Шөлдеген шығарсыңдар... Әй, Жамақ, шақыр хатшыны... Алексей жалғызсырамасын!..

Оспан апалақтап, аузына келген сөздің бірін қалдырмастай айтып жатыр... Тексерген адамға Оспан айтқан сөздің керектісінен керексізі көп еді.

Пәуескенің жақтауын керней екі төре түсті. Божы ұстаған жігіт арбадан төсек-орын, чемодандар түсіріп жатыр.

Көлемі үлкейіп, нарттай болып жанған қызыл күн ұясына енуге атты кісінің бойындай ғана қалған. Арбадан түсіп жатқандардың көлеңкелері Оспанның, ақ үйінің күлдіреуішінен асып түсіп тұр. Кейбір көлеңкелер қотанға жетті. Иін ағашпен су әкеле жатқан келіншектер Оспанның көлеңкесін дәл басынан басып өтіп барады. Әдейі басатын сияқты. Көлеңкенің Оспандікі екенін таныған ересек әйел «көтек-ай» деп ыршып кетті. Сөйткенше болған жоқ, үйге қарай жөнелген Оспан, көлеңкесін келіншектердің аяғынын астынан өзі суырып әкетті.

Ауыл түріне сынай қараған екі төре, сықыр-сықыр басып үйге кірді. Төсегінің алдында бет-аузы жыбыр-жыбыр етіп отырған қара бәйбішенің қолын алып амандасты. Уықтың қарынан келтіріп, айнала жиған жүкке арқаларын сүйей төрелер отырысты. Оспан дыбырлап, қара бәйбішеге бірдеме деді, төрелер түсінбеді...

Ұзамады, қымыз сапырылды. Ағытылған қалың жылқының суға айдалып бара жатқандағы дүбірі үйдегілерге естіледі. Шам да жағылды... Қара үйде бағылан былқыды. Хатшы Петра келіп, төрелермен ығысқандау түрмен амандасып, Алексейдің қарсы алдына қарай барып отырды... Жақын ауылдардың атқамінерлері де келіп, төрелермен атша шұлғып амандасып жатыр.

— Е, төрелер, жол болсын! Қаладан келесіздер ме? Жол шеті? Не ретпен шығып едіңіздер? Жай ма, тыныштық па, әйтеуір?

— Қази төре азырақ күрмеліңкіреп қалды да, қолындағы аяқты, төрт қабаттап төсеген көрпенің үстіне қойып, бір шылымды тұтатып алып, жауапқа кірісті... Тамағын кернеп жіберіп әр сөзді бір шұқып, қазақша жақсы білуді ұят көретін төре берер жауабына орала алмай ұзақ әуреленді. Қысқа ғана жауап бере қоюды шолақтау көреді де, ұзатып, мәнерлеп айтуға тілі жетер емес...

— Тыныштық. Қаладан келеміз. Осы арадан қайтамыз: бір азырақ жұмыс болып шығып едік... Иә, естіп жатқан шығарсыздар... Патшадан құтылып, бұрын ала алмай жүрген автономияны өз қолымызға алып... Қазақ елін өз алдына, баяғысындай ел қылмақшы болып... Алты алаштың басын қосып... Алаштың ордасын қайта тігіп алып... Қазақтан шыққан данышпандарымыз, көсемдеріміз, осы күні Алаш Орданы басқарып билеп отыр... Сібірді Колчак билегелі істің беті түзеліп... Не сұрағаныңызды алып... Аты өшуге айналған Алаштың алтын ордасын қайта тігіп алып... Ал енді өз алдына автономия алып, бөлек ел болып отыру оңай жұмыс емес. Өзіңді-өзің қорғай алмасаң, ешкім сені күзетіп отырмайды.... Оның үстіне бізді қоршаған жау да аз емес. Құлақта бар сөз шығар, большевик дегендер бар. Олар Орталық Ресейді бүлдіріп жатыр... Айта берсе сөз көп, мен қысқа айтайын... Ертең осы араға он шақты қазақ азаматтары келеді. Бастығы Жақаш, мына автономиямызды, «Алаш Ордамызды» қорғау үшін, қазақтан әскерге жастарды алу жұмысы бар...

Қази дәл осы арада күйбеленденді, қызарды да нағыз қиыннан ептеп өтіп алғасын, тағы созып кетті:

— Сол туралы шығып едік. Біз мына болысекеңді хабарландырып, арғы күнге қол астындағы халқының бірін қалдырмай жинатуға және үй тіккізуге бұрынырақ жүріп кеттік. Мына көршілес болыс та, арғы күйгі жиылысқа осы көл басына келеді. Бәріміз бір келмекші едік, Жақанның балдызы бақшадан басым ауырды деп қайтып, содан шыға алмай қалды. Жақан шыға алмаған соң, басқалар да шыға алмады, біз атымыз жегіліп калғасын жүріп кеттік... — деп, Қази өзінің «шабарман» ретінде келмегенін де аңғартты. Тағы бір шылым тартып алып, маңдайын сүрткен болып, әркімнің бетіне қарады...

Отырған жұрт әртүрлі ойға кіре қалды. Қара бәйбіше бір тамсанып «солдат алады десейші!» деп жыбыр ете түсті. Өзге жұрт тым-тырыс. Бірі төрелерге, бірі Оспанға қарады. Оспан таңырайып қара бәйбішеге қарады. Қара бәйбіше аузын бір сылп еткізді...

Қымыз сапыру «солдат алынады» деген мезгілде-ақ қойылған.

Отырғандардың әрқайсысы өз жақынын ойласа қалды.

Қимылдаған адам айып тартатындай, ешкім тырс етіп дыбыс шығармады. Үшінші жылғы патшаның, солдат алам дегені де келіп қабаттасты. Көзбен көріп, қолмен ұстаған түгіміз жоқ, кімді қорғаймыз? Кімді, не үшін күзетеміз?— деген сұраулардың жауабын күтісіп отыр. Бірақ, ол жауап төрелердің өзінде де жоқ екен. Ой бірден-бірге жылжып, өкпелескен адамдай жантайысып отырысты.

Жалғыз-ақ хатшы Петраның көзі жайнап:

— Солдат алдақашан алатүгін кирек. Жастар барады. Бәрібір, большевик килсе үйде үледі, — деп төрелерге жағынған түрде жылмиып бір қарады.

Жасы үлкен болғанымен ата-тегі жағынан кірме саналатын Сандыбай қарт тымағын басыңқырай киіп, үн шығармай, төрден гөрі босағаға жақынырақ отыр еді. Басқалар үндеспей қалғанда сол шалдың бурыл мұртына бір жымың кіргені байқалды. Өздері әркезде бой тасалап отыратын атқамінерлер Сандыбайдан сөз күтетіндерін байқатты.

Ондай шалдар орынсыз бірдеме айтып, сөгіс сөз естіп қалса да, олардың несі кетіп барады. Шалды көздерімен түрткілеп, «айт!», «сөйлеп жібер, тайынба!» деп айтақтайды.

– Шырағым Қази, ата-тегің құлағымызда бар... Кәрі әкең тірі болар, саламат болсын... Сол әкеңнен сұрап па едің. Алаш дегенің кім өзі? Оның ордасы қай елде, қай жерде, қашан болған екен? – деді.

Қази елінің өміріне де, жаңа өміріне де шорқақ жігіт екен, шалға жауап қайтара алмады.

– Сен шал, немене тік көтеріле атқа қонған алаштың азаматы адасып жүр демексің бе? – деп шалдың өзіне дүрсе қоя берді. Жүзі қызараңдап кетті,

Шал оған қысылған жоқ:

– Бірді-екілі баламыз бар... Сұрап келіп отырғаның солар көрінеді, шырағым. Қорғайды деп отырған ордаң қай орда, кімнің ордасы дегенге бекер шамданасың! – деді.

Қази бұған да шамдана жауап беруге оқталып еді, шал қайта киіп кетіп:

– Автономия алдық, ту тіктік дедің, сонының өзі қай жерде, не істеп жатыр? Күні кеше Қалшақтың бес салдаты келіп он бес атымызды тартып әкетті. Жаяу қалдық... Өкімет болсаң сол аттарымызды қайырып әпере аласың ба? – деді.

Қази біржола қысылып болысқа қарады:

– Мына бір заржақты әдейі шақырғанбысың?

Сандыбай Оспанның зекуін естігісі келмеді:

– Ойбай, желбуазым-ай... Бетіңнен жарылғасын, – деді де шығып кетті.

– Қап, мынаны-әй!

– Бәле шықса, осылардан шығады! – десіп, атқамінерлер даурығысып қалды. Бірақ, әңгіме жалғаспаған күйі қала берді. Қази мырзаның бір қараңғы шалдан жеңіліп қалғанына біреуі назаланып, біреуі қуанып атқамінерлер отыр да, оның салмағы өзіне түсерін сезіп, сасқалақтап Оспан отыр.

Ұзамады, ұзын астауға салынып, былқыған бағланның еті келді. Бүгілген тізелер жазылып, көсіліп мінгескен аяқтар жиналды. Еріндегі насыбайлар қол жуыруға әкелінген жез легенге былш-былш түсіп кетті. Екі құлағы қалқайып, сәуі ыржиып, таңдайы көрініп жатқан қозының басы мен теңкиіп жатқан сары қазысы бар ұзын астау ақ май ортаға келіп сылқ ете түсті. Қос құлағы мен аузы-мұрнынан айырылған бас, қасына қазының қабырғасын, ортан жілік, жамбасты ертіп алып, Оспанға қарай бет алды...

III

Түндік мана ашылған. Жез леген алдында бір атқамінер дәрет алып жатыр, енді бірі дәрет алып болған, бет сүртетін орамалмен аяғын сүртіп отыр. Тоқ жа-

тып, катты ұйқыдан көзі ісіңкіреген қонақтар мәсінің ішінен шұлғауларын сурып алып, екі қолмен екі шетінен керіп ұстап, сілкіп-сілкіп шұлғанып жатыр.

Шай, қымыз... Бірі келіп, бірі кетіп жатқан жұрт: қайта-қайта шұқылап, сұрайтындары «Солдат мәнісі». Түн бойы ел-елге хабар берген почтабайлардың құрыққа сырық жалғап, сықпыртқандары көрініп тұр. «Түндегі почтабай былай деп еді», деп айтып отырған сөздерді тыңдасаң, тамтық жоқ. Көп өтіріктің ішінде: «жиылысқа келмегендердің балаларын солдат келіп айдап кетеді; жиылысқа келгендердің балаларын қазынаның қара жұмысына алып қаладымыс» деген өтірік те бар. Үйге кірген адам бірдеме сұрамай қоймайды. Көбіақ өз жақындарын жанастыра сұрайды. «Кәрі кемпірдің баласы алынбайтын шығар? Списокте жасы не артық, не кем болып шыққан адамдар ілікпейтін шығар?» десіп тәсіл қарастырған сұраулар да көп.

Үрейленген елдің үрке күткеніндей-ақ, өңкей үш ат жеккен пәуескелер дөңнен құлап келеді. Үш-үштен жеккен өңкей ақ боз, өңкей қара, өңкей жирен жегілген... Күнмен шағылысқан ат-тұрмандар... Әр пәуескеде екеуден отырған. Түрлі-түсті қалпақ, қара киім, ақ жаға.

Қара жорғаны теңселтіп, қасында шоқытып келе жатқан салт аттылар бар, Оспан төрелердің алдынан шықты. Алдыңғы пәуескемен азырақ тілге келіп, оңаша тігілген екі-ақ үйге қарай алып келеді. Дөңнен құлаған өңшең пәуескені, алдарынан салт шыққан Оспанды, екі-ақ үйге келіп түсіп жатқан өңкей қара киімділерді көл басындағы алты ауыл түгел көріп тұр.

Пәуескені сықырлата төрелер түсті. Сықырлаған «әмірқан етіктер» күнге шағылысты. Оспан абыржып бақандай қолын әркімге бір ұсынады. Сол екі арада ол топқа Қази мен Алексей де келіп, былтырдан бері көріспегендей, арсаңдап қол алысып жатыр. Оспан байқамай оларға да қол ұсынып қалады.

Қасында тұрған Қазидан:

— Мына кісі кім, болыс емес пе? — деп сұрады бір қара сұр дембелше.

— Ие, бұл кісі осы елдің болысы, Оспан Шынтеміруулы, — деді Қази.

— Ө, сәламатсыз ба? Болыс екенсіз ғой! Қалай, жақсы жүріп жатырсыздар ма? Бұрынғы болыстардай емес, өз тізгіндеріңізге өздеріңіз ие шығарсыздар?..

Тағы-тағыларды айтып, сұр жігіт тізбектеп кетті. Ұзын ырғасы: «Осы күні қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, қазақ еліне баяғы кеңшілігі орнады ғой...» дегенді аңғартты. Бірақ Оспан көбін аңғармай қалды... Бір жағы сөзге жалпы орашолақтығы, екінші жағынан алқынып сасқандығы бар, Оспан төре айтқан сөздің оннан бірін әрең барлап қана алды. Сонда да арғы түбі жарамсақтану ниетімен әр сөздің басын қосып, белгілі дыбырлаққа сала жөнелді:

— Ие, енді... Құдайға шүкір, шүкір... Ел есен... Әзір... Әзір жұрт тыныш қой, тыныш қой... Сіздердің арқаларыңызда... Құдай деп... Мойынға салған жұмысты істеп жатырмыз... Жүргізіп. Қансарал... Мөр-знак... Мөр-знакты беріп қойғасын, обезін болып қызмет қылып жатырмыз... Обезін деген жұмыс ауыр... Ауыр... Ауыр ғой... Қиын екен... Қиын ғой... Жақсылап істемесең, обезін бас кетеді!.. Бас кетеді! Басың екеу емес, біреу!.. Біреу... Бас кетеді... Мен сізге айтайын, бас кетпей ме?..

Кешегі теңселіп жүрген Қази, бүгін зыр жүгіріп жүр... Теңселгеннің әкесі мынада екен; үйге кіргенде иығымен соқтықпаған, маңдайшаға басып соғып

қалпағын түсіріп алмаған, қалтасын босағаға іліп алмаған, иықтарынан шекпендері ұшып кетпеген төре аз болды. Он төре жиырма кісінің орнын алып, сүлдері құрыған адамдай, төрге жете бере серейіп-серейіп жата-жата кетісті. Ақ жастықтар арқаға топылдасты. Қалталардан алтын сағат суырылып, сырт-сырт бұралып жатыр.

Төр алдында мойны иығының ішіне бықырая кіріп кеткен, кішкене көздері жерді сүзіп алатындай ойнақшыған, қалың қабақ, шот маңдай, кең танау дем-белше келген, қатқан қара сұр адам.

Оған таяна лақ текеше көзі шарасыған шыға бақырайған, он-он бес талдан ақ-ақ асатын шоқша сақалы бар, тыртиған арық, саусақтары ілбиген, жауырыны қушық, көксау адамдай қуарған біреу отыр.

Бұлардан басқа бес-алты төре, бәрі де қырымпаздана киінген. Бірақ тордегілердей маңызды емес, ұшқалақтау жігіттер.

Төрелер жайласқаннан кейін орнатулы тұрған қара сабаны пісіп-пісіп күміс шараға екі жігіт қымыз қотарды.

Шарадағы қымызды Оспан сапырып отырғанда, сәлем беріп елдің өз қулары да келді. Төрелерге жағалай қолын беріп амандасып болғасын Оспанның қасына жиналыңқырай отырысты. Оспанның дәл қасында сүйек күткен иттей жылмаңдап хатшысы отыр. Оспанның үйіне төре келгендегі үнемі әдеті, хатшыны қасынан шығармайтын.

Өйтетіні: біреу-міреу закон-макон сұрап қала ма деп қорқатын...

Шұңғыл сары аяқтар төрге қатарлап тізілді. Бір-бір жұтып төрелер шылым суырды, түтін бұрқырады... Үй толып отырған жанның көздерімен атып отырғандарына шыдамады білем, белдемше қара сұр жігіт:

— Қази, ел жиналып жатыр ма?— деп, кеңеске қарай айналды...

Қазидың реттеп айтуына Оспан қабаттасып, дыбырлап:

— Ие, енді... Ел жиналады ғой... Жиналады ғой... Ие, әйтеуір... Әйтеуір, түннен почтабайларды жан-жаққа... Жан-жаққа шаптырдық... Қази да әйтеуір тықыршып... Тықыршып... Түн бойы тықыршып отырды... О да қайтсін... Қайтсін... Бұрын келгесін закон бойынша елді жинатып тұрғаны дұрыс қой... Асықтырды... Асықтырды, не дегеніңіз, неге асықтырмасын? Құдай бұйырса бүгін кешке жұрттың алды осы араға келіп қонар... Шаруаның кезі... Шөптің уақыты... Бірақ бұйрыққа... Законға қарсы бола ма, елдің бәрі келеді... Мен сізге айтайын, бірі қалмас... Ертең жұмыстарыңыз бітер...

Оспан әрең тоқтады.

— Жарайды, болыс аккуратный кісі екен... Бұрын болыс болып па едіңіз? Еліңіз неше ауылнай? — деді біреу.

— Е, енді қазынаның жұмысы болғасын... Куратный болмаса қызмет бола ма... куратный болмаса... Әркім обезін жұмысына әзір тұрмаса, гатовай тұрмаса... — деп, Оспан тағы қабаттасты да, соңғы сұрауларды ұмытып кетті... Онын орнына:

— Біздің болыс жеті ауылнай; бұл кісі болыс болғалы екінші жыл,— деді, ағамінерлердің бірі.

Алғашқы аяқты босатып беріп, аузына шылымын қыстырып алып қарасұр жігіт Оспанмен әңгімеге кірісті.

– Сіздің атыңыз Оспан ғой. Біздің келген жұмысымыздың жайын естіп, біліп жатқан шығарсыздар... Ертең де біраз айтылар... Хабар ел ішіне тараған болар... Бірлі-жарымды келген ел адамдары болса, елдің ауқыметі қалай көрінеді? Ана жылғы патшаға істеген қарсылықты, ел өзінің Алаш Ордасына да істер ме екен? Болмаса өзінің алтын ордасын таныр ма екен? Біз елге сенуліміз: қазақ елі ел болам десе, оқығандарының артынан ерер деп ойлаймыз. Былайғы болыстардың басты адамдары жиналып қатты уәделерін беріп отыр. Ақтөбе, Орал, Орынбор жақтарының, мынау Торғай жағының жігіттері алдақашан алынып, ойнатылып жатыр... Әперген бостандықты өзің күзетіп алмасаң, ешкім күзетіп қорғап бермейді...

Ұзақ сөйлеген сөздің жауабын бере аларлықтай Оспанның шамасы жоғын Байғұтты қу қашаннан білетін. Сондықтан күні бұрын әзірленіп отырды да, сұр жігіт сөйлеп біте бергенде, Байғұтты көлденеңдеп сөзге қатысты. «Кішкене!» деп, тамағын бір кенеп алып, Оспаннан күтілген жауапты бере бастады. Дұрысында түнде «салдат алынады» дегеннен түршіге қалған қулар бүгін басқа түрге айналып, пышақтарын жалақтатып алған еді. Оспан Байғұтты не айтса, соған басын изеп, өзі айтқандай ырза болып отырды...

– Кішкене!.. Бұл жұмысты болысекем әнеугі қалаға барып қайтқан жолдаақ айтып келген. Келе сала ауылнайларды жинап алып, ішінде басты-басты ел адамдары да бар, бәріне де айтылған. Бәріміз де ішінде болдық... Қолдан сайлап қойған адамдарымызды «сен ғана күй!» деп, отыруымыз жөнге келе ме, бәріміз де осы істің басы-қасында болмақшымыз. Тек өздеріңізге Алла Тағала абырой берсін... Ел адамдарының әртүрлісі бар. Кейбіреулері автономиядан ешнәрсе білмейді де, құр ойбайлап «салдат» деген атынан қорқады. Өзіміз неде болса, көзі ашық оқыған азаматтарымыздың дегенін орындасақ екен дейміз... Өздеріңіздің жиылыстарыңызға барып жүрген Сүлеймен молда бесеуіміз осы тілектеміз... Не десеңіздер де бітуәнәнің ішінде болғымыз келгендіктен алдымен келіп жүрміз... Құданың құдіреті, «қазақ өз алдына ел болды» дегендеріңізді естігенде сай-сүйегіміз сырқырап, соның жолында өлгіміз келеді. Ішімізге сақтап келген құпиямыз осы, мырза...

Байғұтты сөзін аяқтап, әдетінше маңызданып, отырған жұртқа айнала қарап бола бергенде, Итемген сөзді іліп әкетті.

– Ие, қазақ болып, оңаша ел боламыз, жұрт боламыз дегенге, елдің бірсыпыра атқамінерлері қуаныштымыз. Соның жолынан барлық мал-жанымызды аяйық деп отырғанымыз жоқ. Елдің білмейтіндері қорқады, салдат алайын деп жатқан қазақ емес, орыс деп те өсектейді. Қарманға[1] әкетеді деп те айтысады. Ел болғасын өсек аз бола ма?.. Бірақ осы күні ел жуасиды ғой, бұйрыққа кім қарсы тұра алады. Мылтығы бар екі солдаттың төбесі көрінсе-ақ елдің сөзі қойылатын болды ғой... Құдайдың құтты күні келіп жүрген солдат, ат-айғыр, ту биелерімізге қол сала бастады. Одан да өзіміздің қазақ алсын... Әйтпесе, өзімізден солдат болса, бізге кім тиеді?.. Өзіміз бірауыздан уәде қылғандардың біріміз, әркім өз елінің жастарын жасырмай, қағаздап бермекшіміз... Зәуде әлдеқалай бұзақылық шығарып көнбегендер болса, үлкенге білдіріп, жазасын бергізейік дестік. Дәл осы жолда

[1]Германия дегені

қарсылық қылған адамның оңбайтынын іш сезеді!.. Болыс айтып отыр ғой, обезін деп, біз де сондаймыз!..

Шырт түкіріп Итемген де тоқтады.

Бұл отырғандар ел ішінде Оспанды иықтап алған қулар еді. Әрқайсысы әр елдің «адамы» атанып, Оспанға қай жолмен болса да дегендерін істететін залымдар еді. Түбі солдат алынбай қоймайтын болса, алдын ала қамшылап, әуелі өз жақындарын сақтап қалып, оның үстіне мал тауып қалу ниетіне де әбден кіріскендер болатын. Кеше түршігіп отырған қулар, бүгін жылмаң-жылмаң етіп, қазақ елінің «бостандығына», «көмекші» болыспақ!.. Бұл мінездерін, айла-тәсілдерін келген төрелер де түсінді, бірақ, беттерін қағар емес.

— Бәрекелді... Ел адамдары, сіздерге рахмет! Мұндай жәрдем көрсетіп жүрген елдің адамдарын ешуақытта ұмытпақшы емеспіз... Қайтадан тігіліп жатқан Алаштың Ордасына уық шанышқан адал еңбегін аямаған адамдарды, аруағы күңіреген Алаш ұмытпас! Тарих ұмытпас! Сарыарқаны жайлаған Алты алаштың атынан сіздерге рахмет айтамын... Түбінде жастарды ала бастаған күнде де, басы-қасында болып жәрдемдеріңізді тигізерсіздер... Болысекеңнің беделі бар көрінеді, ізіміз теріс болмас дейім... Тек мына отағасылар аман болсын!.. — деп аяқ жағын арам күлкіге айналдырып барып, қарасұр төре сөзін аяқтады... Бірін-бірі жақсы танып, біріне-бірі бөгет болмайтындарын ұғынысты. Өзгесін былай қойғанда, дардай деген азаматтар көрінер көзге ескі ауылдың барлық батпағына оп-оңай батып бара жатты.

Анау-мынау әңгімемен отырғанда шаңырақтан салбыраған аспа шам жағылды. Гүрілдескен кеңес «солдат». Үйдің іші көгілдір шылым түтіні. Оқтын-оқтын, топ-топ адамдар келіп-кетіп жатыр. Бірін-бірі қайталаған баяғы бір оңгіме. Кейбіреулер мұңайып кетіп жатыр, кейбіреулер масайрап кетіп жатыр... Кісі саябырлап, кеңес ыдырағанда өлең айтылды. Ән... домбыра... «Н... жанға», «Жәмила», «Қаламқас», «Ер түрік ежелден»...

Ет те келді, мойнақ шынылар да шыға келді. Ұрланып қана стақандар сыбырласты. «Жарықтықты» ептеп жылжытып, жас етпен қабаттап, «тамақ жібітісіп» кояды. Дастарқан артынан, кәдуілгідей «дәм қайырып» езулерін жырта-жырта тістерін шұқып, төрелер кейін шалқайысты... Ет артынан тағы қымыз, тағы шай... «Жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарыла берсін...»

Төрелердің отырыс-тұрысынан ең үлкені қайсы, одан соңғысы, оған таянғаны, одан кішірегі, ең кішісі айтпай-ақ біліпіп тұр. Мұны ауыл адамдары да байқамай қалған жоқ.. Жоғарырақ отырған төртеуінеп басқалары «текке ат қинап» келгендер сияқтанады. Әсіресе, кешегі төре Қази атшабар сияқтанып қалды.

Тігілген үйден алысырақ кетіп күңкілдескендердің ішінде Қази, Итемгеннің Омары, почтабай, соңғы келген төрелердің бір жастауы бар... Әңгіме сыбыр-сыбыр... Рабиға деген қыз... Мына ауылда бір келіншек... Қыздың шешесі... Кемпірі... Ітті сақ... — дегендері ғана естіледі. Осыдан басқа сөз өзін-өзі ұрлап-жұтып тұрғандай, естілмейді...

Түн ортасы ауа бергенде, сырттағы ауылдан бір ащы дауыс шаңқ ете түсті...

— Арқанымды кескілеп... Босағамды бұзып, кімді басынасыңдар, көргенсіз немелер! Бейбастақ!.. Мұнысы кім өзі!.. Боқ жеген, қай оңбаған. Мә, саған кім де болсаң! — деп әлдеқандай сұйықты әлдекімнің желкесінен төмен қарай сорғалатып жіберді. Әкенің аузына дейін ағытып-шашып кемпір қала берді де, үсті-басы ақ айран, қара ала сәурік сияқтанған Қази оңаша үйлерге қарай қашып берді...

IV

Оспанның ауылы күндегіден анағұрлым өзгерген. Күндегі жер қайыстырып, құжынаған малдың орнында, топырлап қайнаған адам. Үй-үйдің сырты сыңсыған арба, салт ат, ерсілі-қарсылы ағылысып, бейне есінен айырылған адамдай, аңғал-саңғал болып, меңзеңденіп жүрген көп жұрт... Дәл шаршы түс. Қалың киімнен бықсып терлеген жан. Ондап-бестеп ауыл желкесінде кеңесіп отырғандар... Әңгіме жалғыз солдатта емес. Қадама-қадама ескі дауларын қоздырып отырғандар да бар. Күн аса ыстық болмағанмен, қайнаған жұрт еріксіз ысытқандай. Қай үйге кірсең де, төр жақта шонжарлар, молда, пірадарлар. Есік жақта ығы-жығы сіресіп отырған кедейлер. Өзге жұрт катар-қатар отырса, олар сыйысқанынша сығылысып, бірін-бірі қысып отыр. Төрдегілердің ауыздарына қарайды. Өзара кеңестері: — жалғыз баламыз, күн көріп отырғанымыз. Алдымен біздің балалар кететіні белгілі ғой...

Қай үйдің алдында болса да, буы шығып жатқан бір қазан ет. Қара аяққа құйып алып, сорпаны үстінен ішіп жүрген қатындар...

Төрелердің әмірлерімен жұрт дөңнің басына қарай ағыла жөнелді. Әуелі төмпе айналасындай ғана болып дөңгеленген жұрт, бара-бара ауыл қотанындай жерді алды. Үйме-жүйме болып, қайнаған қазандай сапырылысып, төрелерді күтіп отыр. Әлдекімдердің «кер тартқан» сөздері даурығып шығып, жұрттың көбінің құлағы соған тігулі...

Жұрт төрелерді асығып күтіп отыр. Көбінің ойы алдарына ұстап келген «ел адамдары» амалын тауып солдаттан елді аман алып қалады деп сенеді. Болмаса, төрелерге мән-жайды айтып, шуласып құтылмақшы. Әрине, бұл — қалың нашарлардың үміті. Олар қашан іс болып біткенше, буалдыр үміттен қолдарын айыра ма!.. Қазір шаруа уақыты, балаларымызды әкетсеңдер қырылып қаламыз деспек... «Балта көтергенше, дөңбек жал таппақ...» Шекпендерін иықтарына салып, кейбіреулері қалпақтарын қолына ұстап, ақ үйден төрелер де шықты. Айналасы ауылнай, би-болыс, орталарына алған бірталай ақсақалдары, мырза-шоралары бар, отыздан артық адам маймаңдасып келе жатыр.

— Әй былай, әй, былай тұрыңдар, төр жақты ашық қойыңдар... Жолдан былайырақ!.. Ортаны да ашық қойыңдар... Әй-әй, былай, былай!

Мұны айтпаған бір адам қалмады білем, дөңнің басы былқ-былқ естілген «былай-былай» болып кетті. Сайдауыттай сайланған, өңшең қазақ төрелері төрге келіп бір-ақ тоқтады. Жалпы амандасқан болысты... Таңырқағандай болып, көпке көздерін жіберіп шолып шығысты... Сонау отырған көптің қазір шулап қарсы болатындарын күні бұрын-ақ сезеді... Өйткені сөзсіз икемге келетін

іс болса, осынша қалың нашарлар келмейтінін төрелер де білетін. Ондайда: «Біз қайда барады дейсің өздерің біле берсеңдерші!» – деп кедейлер ауылда қалатын той...

Шекпендерін жерге қойып, бір-бір шылымды тұтатып алып, айнала қарап, өзара күбірлесіп төрелер тұрды. Жұрт күтініп тына қалды. Бір уақытта, төрелердің ішінен бір ұзын бойлырақ, ашаңдауы ортаға таман келіп:

– Қалайық!.. Азырақ сабырлаңыздар!.. Сіздерді неге шақырғанымыз, жаңа өзіміздің неге келгеніміз туралы келген адамдардың бастығы Жақаш Дәуітұлы сөз сөйлейді... Не, Жақанды көрмесеңіздер де, сыртынан таныс шығарсыздар... Сол кісі мынау!.. – деп, Жақанды халыққа дәріптей таныстырды.

Жұрт қол ұрған жоқ, қошемет көрсеткен жоқ, бұрынғысынан да тына түсті. Ешкім тырс етпеді. Ортаға қарай жақындаған дембелше, қарасұр жігіт көзқарасымен де, аяқ басысымен де айла тоқып келе жатқандай көрінді. Тұла бойы, пішіні, әсіресе мысықтай жымып аяқ басқаны арбау-алдаудың тәсілін ойлап келе жатқандай арамы көрінді... Тамағын бір кенеп алып:

– Әлеумет!.. – деді Жақан... Жым-жырт жұрт түйіле қалғандай болды.

– Әлеумет!.. Өздеріңізге мағлұм... Залым патша Некалайды құлатқалы міне үш жыл болып барады... Қашаннан қорлықта келе жатқан елдердің иықтарынан ағаш қамыт алынғалы да мінекей үш жыл толып келеді... Біздің қазақ, башқұрт секілді бұратана елдердің, Некалай заманында көрген күндері қараңғы болатын...

Сол патша заманынан бері қарай-ақ, Қазақ елін бөліп аламыз деп, атқа мінген азғана қазақ оқығандары болатынбыз... Бірақ қазақ елін бөліп әкетуге жол болмайтұғын, ерік бермейтұғын, орыстар өз тізгінімізді өзімізге қимайтын. Қазіргі күнде орыс халқының көзі ашық көсемдері қашаннан көксеген автономиямызды беріп: «Өз тізгінің өзіңде, өзіңді өзің қорғап ал, ел бол!» деп отыр. Біз ел болып, ер тудырып көрген елміз. Өзімізді өзіміз күзетіп, өз алдымызға бөлек ел болып отыра аламыз.

Бөліп алған автономиямызды, жаңадан көтерілген Алаштың Ордасын құлатып алмау ең қиын мәселе. Көп күш, қару, құрал керек. Қазақ елінің бірауыздылығы, бір жағадан бас, бір ауыздан сөз шығаруы керек... Еркек кіндікті қазақтың жастары қару асынулары керек!..

Бұл арада Жақан азырақ кідіріп, айнала жұртқа көзін салып еді, шоғырланған көп жағы қозғалысып, наразылықтарын білдіріп отыр екен. Жаңағы сөзге үйыған бір адам байқалмайды. Сөз құлаққа кірмеген. Жақан әліден гөрі де топелеңкіреп жөнелді:

– Сонымен, осында жиналған халық бәріңіз де Алаштың баласысыздар... Бәріңіз де, Алаштың Ордасы қайта тігілді дегенде, қара дауылда жығылған өз үйлеріңіз қайта тігілгендей қуануларыңыз керек... Бәріңіз де сол ордаға бір-бір уық шаншуларыңыз керек!.. Өйтпеген адам Алаштың ұлы болып, қазақ атанып жүруінен не пайда? Баяғыдан бері ұйықтағандарың жетер... – дегенде қалың топ жағы шу ете түсті:

– Осынша қорлап тұрып, бізді несін ел дейсің!

— Ел дегенің айналаңдағы би-болыстар ғой! Соларға-ақ айт! Ұйықтағандарың жетер деп қорлағаны несі!

— Адыра қалсын автономияң!

Төрелермен жекпе-жек сөз жарыстыруға, өресі жетпейтін қара үйлі көпшілік көп боп, көп даусымен қарсылық айтып жатыр. Шама келсе ешнәрсені естімегендей, ырық бермей түгел көтеріліп, аттанып кетпек.

— Әлеумет! — деп Жақан дауыстайды.

— Әперген бостандығың қайсы?

— Қолымызға ұстатқаныңды, көзімізге көрсеткеніңді айтшы! — деп жұрт айғайлайды.

Бір сәт «Орда!», «Керек емес!», «Кетейік!» деген дауыстар бірін-бірі кезек жауып кетті. Көптің даусы көміп барады, жеңіп барады...

«Алаш» адамдарының халдері тым мүшкіл еді. Қолдарында ауылнайдың құдіретіндей құдірет жоқ. Автономия «берер» арқа сүйерлері Колчак пен Дутов. Керенский «алдап кеткен». Бостандық алдық дегенде не алғандарын өздері де айта алмайды, елдің ертеңгі күніне сілтер жөні, берер уәдесі де жоқ. Ондайды өмірдің күнделігімен, ішер ас, киер киім арқылы, көзге көрінер іс арқылы ұғынатын шаруа жұрт «құрғақ қасық ауыз жыртып», түңіліп болған. Жалғыз қауіп — болысы бар, биі бар, Колчагы бар, Дутовы бар ел жастарын күшпен әкетеді-ау деп қорқады. Әйтпесе Алаштан ығысар ел жоқ, Алаш болса, әйтеуір амалдап әскер жасап алып, Колчактан автономия сұраганда беделдірек те салмақтырақ отырып сөйлескілері келеді.

Болыс-би, төрелері болып жұртты бір тыншықтырған кезде кешегі кежір шал Сандыбай киіп кетіп:

— Шырағым, сөзшең екенсің, онша құлдық, шырағым... Сенімен сөз жарыстырмаймын... Бір сұрауға рұқсат етесіз бе? — деді.

Шалдың ыңғайы білініп-ақ тұрса да, Жақан амалсыз «Рұқсат!» — деді.

Сандыбай рұқсатты төрелерден сұрап алса да, айтарын артына қарай бұрылыңқырап, жұртқа айтып кетті:

— Жұртым-ау, осы кісілер, өз алдымызға ел болдық, ел боламыз дейді, сонда қандай ел боламыз? Кім билейді, кімге бағынамыз? Мен осыны сұрайын деп едім, — деді.

Бұл Жақанның, әр кезде күтетін сұрауы екен, кідірмей жауап берді:

—Осы отырған өздеріңіз билейсіз... — деді де айналасындағы болыс-билерге қарады. — Қандай ел боламыз деген сөз бола ма екен! Бұрын қандай ел едік, сондай ел болып, қалпымызға келеміз де!

Алаш бұрын қандай ел болсақ, сондай ел боламыз деген жалпы сөзден әрі аса алмайтын. Асуға ойы да жоқ-ты. Бұл — бір ел ойына қонбай қойған сөз. Баланы уатар ойыншық құрлы көрінген емес. Арқасына бұрынғының ері батқалы ғасырлар асқан ел бұл жолы қатты ширығып кетті.

— Бәсе!

— Ойлаған жерден шыға келгеніне болайын! — десті.

Бірінен соң бірі сөйлеген төрелердің сөздері желге кетіп жатыр. Әуелі үрпиіскен жұрт енді бойы үйреніп, сықақ-қалжың айтысып, бірі жүріп, бірі тұрып деген секілді салақсып кетті,

Аузына келгенді жұрт қайтарып жатқан жоқ. Жалғыз-жалғыз да айтып жатқан бар. Жамырап, қосыла шулап жіберіп жатқандар да бар. Алаш төрелері қанша қысталаса да жұрттың беті бұрылған жоқ. Аяғында әр жерден шулап:

— Ел деп келгендерің рас болса, сол ел ойланады да, айтады да кезінде. Патша емеспіз, өзіңмін деп тұрсыңдар ғой, басымызды алмассыңдар... Сапарларың оң болсын... — деп жұрт ыдырай бастады.

Елдің осындай бір енжар мінезінде көп қиястық жататынын Жақан жақсы білетін. Айналасындағы болыс-билерден арқа сүйер әмір үнін күтіп еді, олар бой тасалап қалды. Бармақ басты, көз қыстыға қандай епті болса, ашық белдеске біреуі де шықпай қойды. Жақан қанша айлалымын десе де шыдай алмай кетті білем:

— Әлеумет! Бұл былқылды қоясыңдар! Солдат алынады. Солдат шығарып, жастарыңды мұрнынан тіздіріп алдырамыз! — деді.

— Е, бәрекелді, шыныңды айттың ғой! Мұрнымыздан тізеді екесің ғой! Одан басқа нең болсын сенің! Бетіңнен жарылғасын! — деп, жұрт күле келекелеп, тараса берді. Аттарына мініп алған соң тіпті қатты күлісіп барады...

Төрелер аяңдап қонақ үйге келді. Атқамінерлер болыстың үйіне қарай тойтарылды. Ел қанша туласа да бұлардың аузы біріккен. «Солдат шығарамыз» деген сөз бұларға ең қымбат сөз екен. Ауыл айналасы сыбырға тола бастады.

Солдат шығаруға уәде етіп төрелер аттанды...

V

Жеті қараңғы түнде, ауылдың тұ сыртында Итемген мен Оспан отыр. Оспан үлкен қара өгіз секілді де, Итемген үлкен өгіздің қасында мұрнын шүйіріп қорқып тұрған көпей торпақ секілді. Бұрын нығызданатын Итемген, бұл жолы олай емес, жампаң-жампаң етіп Оспанның тесік жері болса, кіріп кеткендей болып, бейғам Оспанды сиқырлап отыр. Бұрынғы «едәуір» салмағынан тұк қалмаған. Оспанды дөңгелетіп, кейде көпшік қойып мақтап, төрелердің де ырза болып аттанғандарын айтып көттекіленеді...

Төрелердің айтпаған сөздерін де «айтты» деп, Оспанды үрлеп отыр... Өзінің Омарының кісі күтугеептілігін айтады. Тірі болса Омарымды сенің қолыңнан алмаспын деп едім дейді.

Оспанның тапсырған «ана бір жұмысы да» есінде жүргендігін, ептеп басы бері қайырылғандығын, осыдан үйге бара тағы қолға алып, «орындадым» деген хабарын беретінін де айтады. Оспан маужырап, ұйып қалыпты. Қаңқайған кеудесімен Итемгенді басып қалардай болып, аңсағайланып төніп барады.

— Бізден екі бала дәл тұр ғой... — деді Итемген бір кезде. Аузына болашақтың тәтті дәмі келіп, аптығып отырған Оспан, жалма-жан қапалақтап:

— Тәйірі... Тәйірі... Сіздің балаларды... Сіздің балаларды... Қойшы. О, не дегенің... О, не дегенің... Омарды почтабайлыққа маған беріп кет... Күдербегіңді үй

иесі... Үй иесі дерміз... Тірі болсаң, сенің балаң... Менің, балам... Менің балам емес пе? Тек өздерін ертең жігіт... Жігіт аларда тізе... Тізе-тізе айырмаңдар... Қасымда болыңдар... Солдатқа кісі белгілі ғой!.. Белгілі емес пе? Әркім өз маңайына ие болыңдар... Елде жігіт аз емес қой... Берерміз. Жалғыз-ақ, сен мына жұмысымды тез орында, тез орында... Ауылыңдағы бір жесір қатынға шаман келмей... Шаман келмей жүргені... Қатын да қартайып... Қартайып кетті... Кәріліктің алдында қызық-қызық көріп, төсек жаңғыртайын деймін ғой. Осы күнге дейін ретім келмей, әрі бәйбішем де көнбей келді, көнбей келді... Мені қимады... Енді түк қорқынышым жоқ, әзірмін... Әзірмін. Осы жолы шын уәдеңді беріп кетсең, жесір қатын қайда барады... Қайда барады... Сенен шыға ала ма?.. Бірдеме әперерсің... Өзің біліп менен бірдеме әперерсің... Мен әйтеуір сені білем...

Оспан жиып-теріп осыны айтты. Итемген жұтынып-жұтынып алды. Көз алдына Оспаннан аларының құлағы да, тұяғы да келді...

— Уәдем — уәде... Сол екі баланы да, қызды да сенің қолыңа берем... Тіпті жай бердім... Өлтірмессің, сенің сарқытыңды жесе де өлмес... — деді Итемген.

Оспан жалпақ алақанымен Итемгеннің тізесін қысты.

Ертеңіне кең қорабына жан торсықтай жантайып мініп, Итемген ауылына қайтты. Жол бойы өзінің «ретін тапқанына» мақтанып, сүйінді. Өзінен басқа ешкім де екі баласын бірдей орындап қайта алмағанына мардамсиды. Оспанмен «дәмдес» адам болғанына көріктей көтеріліп, айдалада жер-көкке сыймай келеді. Жарықтық қайтқан «бақ» жаңа қайрылайын дегеніне қуанып, еріксіз жымиып күледі. Шәйзаны Оспанға бермекші болып қайтқанын бұл жолы «бітірген» үлкен ісінің бірі көрді. «Өзі жесір қатынның қызы! Оспан бір елдің болысы! Несі бар? Оспанның қарына іліккен қайта таланды неме емес пе?

Ауылға жақындай бергенде шошайып тұрған Қалишаның қара үйіне көзі түсіп, ішінен «оңбаған неме, енді жетіліп, Оспанға қыз беруге жарайын деп тұрсың-ау!..» деп, Қалишаны Оспанға қимай, қатты қынжылды. Ауылына жақындағанда шайқалаңдаған арбамен бірге денесін шайқалаңдатпақшы болып еді, қол тоқпақтай дене шайқалаңдау орнына шошаң-шошаң етті.

Ауылда қалған ұя бөріктер, шал-кемпірлер жүгіріп Итемген үйіне жинала қалды. Жабырлап Итемгенге сұрауды жаудырысты. Айнала сұрайтындары: «Солдат бермекші болып қайттыңдар ма? Біздің ауылдан кім ілікті?»

Қамзол, шалбарын шешіп, мәсісін сыпырып тастап, дамбалдың екі балағын тізесінен асыра түріп тастап Итемген жауапқа кірісті:

— Келгендер ылғи қазақ төрелері екен. Барлығы да жоғарыдан келіпті. Бастығы Жақаш деген жігіт, шешен көрінеді. Жиылған жұртқа доклат берді. Қайсыбірінің сөзін ұғамыз, сөздерінің төркіні қазақтан солдат алуға приказ бар көрінеді, Күллі эмперияның барлық төрелері қол қойып, тастай бекіткен екен. Ана жылғыдай емес, қарсы болуға ешкімнің жүзі шыдамады. Бермейміз десек, жастарды айдап кететін болды. Сонымен беремізге байлады. Солдат алынады. Жұмыстың кейінгі жағын болысқа тапсырып, біраз уақыт кеңшілік сұралды. Шаруаны жинап алайық десті. Соған сөз байлап қайттық. Біздің болыстың солдат алу жұмысын Оспанға тапсырып, өзін қалаға қонаққа шақырып кетті. Оспанды бәрі біледі екен, қанша айтса да орындағы адамды білмей қоя ма?

Оспанды төрелер мақтап кетті. Осекең жақын арада қалаға баратын шығар... Осы күнгі қаптап жүрген солдатқа қарсы тұра алмайтынына жұрттың көзі жетті де, «береміз» деп тарқасты... Өзіміз барғаннан сол төрелердің қасында болдық... Солдат алатын орыс емес, өзіміздің қазақ. Сол келген төрелер, бас көз болып өзіміз солдаттармен бірге жүреміз деді. Большевик дегендер тыншытпай тұр дейді. Сол большевиктерден Алаш Орданы күзету үшін, автономия ретінде солдат алынбақшы боп жүрген мәнісі осы екен!.. Автономия тәртібі болғасын, кәдуілгі өз краныңды өзің күзетіп тұрсаң керек. Мұның бәрі приказда тайный бар көрінеді! Кімде-кім солдат жұмысына қарсылық қылған болса, фоетонмен Итжеккенге айдалатын болды. Жашнай ұрлықтан бұл көп жаман көрінеді. Прямо үскірікке айдайды екен!.. Өзімізге, осы жұмысты орындауға, ақсақалдар, обезінсіңдер деді.

Жұртта дегбір қала ма, бәрі кәнсаралға жиналып, хатшыны ортаға алып, спесік қаратып жатыр. Бірақ спесік қаратуға әлі ерте. Жаңа тәртіп ретінде қайтадан спесік ала ма, оны әлі кім біледі. Біздің Омар да сонда, Оспан өзінің қасына ертіп жүретін почтабайы қылып алыпты.

Отырған жұрт жабырлап тағы көр-жерді сұрады. Алдағы күндердің буалдыр көлеңкесі көз алдарына келіп, әрқайсысы өз баласының солдатқа кететіндігін сезгендей болып тарқасты. Иықтары салбырап, кебістерін іліп алып үйден шығысты.

Ертеңіне кешке таман жайылып жатқан қойдың ішінде, иіріліп отырған он шақты адамға Итемген тағы бір бітірген ісін айтты. Ол болысқа бір қыз беріп, барлық ауылдың жігіттерін арашалап қалыпты. Ол Шайза деген қыз, жесір Қалишаның қызы. Жиылған ауыл «бәлі» десіп Итемгенді жақтады. Оның өз балаларын ғана арашалап келгенін білген жоқ.

Қалишаны шақырып алып, ауыл еркектері түгел қамалады. Бірі ананы, бірі мынаны айтады. Мынау қойдай тізілейін деп тұрған жас жігіттердің жолына бір баланы қияйық, өлімге бара жатқан жоқ. Ағайын болып отыратын болсаң, баланды Оспанға бер! Қор болмайды, бара бәйбіше, – оң қолын алтынға малып отырады деген осы! «Балдан тамады, байдан жұғады». Сен кем болмайсың, қызың сол үйдің иесі болады. Тым болмаса баламыз аман қалар ма екен, бір баланы берейік. Өзі болыс, барлық жұмыс соның қолында. Шынтемірдің ордасы. Байлық анау, бас анау, саған Құдай берді. Шынтемірдің ордасына бала беруге жарадың. Сен қатын шайпау болатынсың! Бұл жолы оны қой!

– Теңіне берем, өзім секілді біреуге берем. Оспанның үйіне мен қайын спесі болып, қасқа сиырды жегіп барып отырмақпын ба? Жалғыз Шәйзамды Оспанның қара қатынына күндікке бер дегендерің сұмдық тағы! Мұны не деп айтып отырсыңдар? Бұл сұмдықты мен-ақ естиін, баламның тіпті жүрегі жарылып кетер!..– деді Қалиша.

Тағы-тағыларды тізбектеп Қалиша шырылдады. Аналық жүрегі тайдай тулап, қызғыштай байбаламдап, маңына жуытқан жоқ. От болып жанып тұрған қызының күл тасыған күң болары көз алдына келді. Іші-бауыры елжіреп, сорлы шеше балапанын қорғады. Қалықтаған қарақұс, жалпылдаған жас балапан, қамқор шеше...

Итемген жекіп тастады.

– Мен уәде қылып келдім! Ауылдың қыршындарын тізіп беріп, сенің қызыңа қарап қалмақшымыз ба? Қызыңды осы ауыл ошағына тас қылмайды! Біз сені адам деп ақылмен айтып отырсақ, орай маңына жуытпайтын сен кім едің?.. Көнбесең ауыл болып, Оспанның арбасына салып береміз! «Иттің басын сары табаққа салсаң, шоршып түседі» деген осы-ау.

Сөз доғарылды. Көндірдім деген Итемген, көнбей кеткен шеше. Шәйзаның басы байланды деген ауыл... Қызыңды Оспанға бер деп күштегендердің көбі-ақ үйлеріне іштерінен налып келді. Озбырлық кесімін іштерінен мойындарына алып, сорлы қатынды, жас Шәйзаны аяды.

Тұла бойы шымырлап, төбе шашы жиырылып бара жатқандай болып, Қалиша да үйіне жөнелді. Өкпе-жүрегі аяғына түскендей, талған буындарын баса алмай келеді. Талтүсте көрсетіп отырған қорлық булықтырып барады. Қорлық-зорлыққа қанша көнбіс көрінсе де, ана жүрегі қарсыласпай қоймақ емес. Тұла бойы дуылдап, екі шекеге ыстық қан шапшығандай болады. Қай-қайдағы қайғы түйіншектері шешіліп, өн бойына жайыла түсті, ұлғая түсті. Қамқор шешенің балапанына жайған қанатының көлеңкесі балапанын жасыра алар ма, жоқ па... Әр адымы айлық жолдай болып, Қалиша үйіне әрең келді...

Шәйзаға батып айта алмады. Бірақ бұлақтай құйылған көз жасы тыйыла алмады. Шәйзасын құшақтап өксіп-өксіп жылап, қарақұрым үйін дауыс қып басына көтерді. Барылдап шеше даусы, шыңылдап кыз даусы шықты.

«Құлыным-ау!» – деп Қалиша құшағын жайып құшақтай алғанда-ақ, Шәйза өзіне деген бір сұмдықтың болғанын сезініп еді. Өксіп еңіреген анасы дауысын бәсеңдетіп, Шәйзаға не күйге ұшыраганын айтты. Шәйза әуелі аң-таң болып, қатып қалып еді. Бауырына қысып-қысып жылаған шешенің ыстық жасы бетін жалындай шалды. Сол кезде даусы да шығып кетті, көзінен жас та барлап кетті. Қосыла жылаған мұңды жетімдердің көз жастары таң атқанша құрғаған жоқ...

VI

Күз келді. Көзі қызарған ауыр қыстың ызғары түсе бастады. Берген уәде орнында сияқтанып Итемген мен Оспан мәз. Қалиша Оспанның үйін де, өзін де әлі көрген жоқ. Көрермін деп ойламайды да. Құда да, күйеу де Итемген болып кетті. Бірақ, Оспан жіберген бір-екі сиырды Қалиша қайтарып жібере алмады. Бір дорба қағаз ақша жіберген екен, оны да сандықтың түбіне тықты. Сөйте-сөйте дүниесі құрғырға қызығып, Оспаннан шын дәме ете бастады. Соңынан қалмай жүрген жоқшылық, жесір-жетімдік Қалишаны малға еріксіз қызықтырды. Қалыңмалдың қанша екенін Итемген Қалишаға әлі айтқан емес. Бар айтатыны: «Оспан –сені байытатын, барғың келсе өз қолына да көшіріп алам дейді. Бар ауыртпалығыңды Оспанға артып тыныш отырасың. Оспанның көп малын өзіңдікіндей көр».

Итемген осылай Қалишаны біржола байытып қойды. Көкейін мал тескен сорлы жесір кейде ашуланып та қалады.

Ауыр қыстың ортасы ауды. Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілуге айналды. Бұл ащ-арықтың екі бүктетіліп кетер шағы. Одан Қалиша қайдан аман қалсын. Ит ашыққан, бит тойынған шаққа ол байғұс елден бұрын кездесті.

Мұндай қысылшаңға қашаннан қаныс Оспан мен Итемген қыз мойнына қыл бұғауды тастап жіберді. Шана қалмай, қар кетпей тұрып, жын ойнақ жазға іліктірмей, қалыңдықты алып кететін болды.

Марттың аяғына таман Оспан ұзатылар қызға лайық, жасау артып, бір кәрі кок азбан жіберді. Өгіз шанаға артылған той жабдығы келді.

Шәйзаны алатын албастының сәулесі енді мықтап елестей бастады. Үйге әкеліп жиналған нәрсенің бірі көзіне түсіп кетсе Шәйза селк ете түседі. Жақындап кетсе, бас салатындай, Шәйза жасау дегеннің орай маңына жүре алмады. Сол нәрселердің ішінде Оспан тығылып жатқандай көрінді. Шәйзаның түсінісінде, Оспан кеңкиген қара кісі; қара бурыл сақалдарының арасы қатпар-қатпар, өмірінде су тимеген. Сыртына майы шыққан нас, арам денелі бір албасты болып елестеді. Көзін, мұрнын, басқа сипаттарын жекелеп көз алдына әкелуге Шәйзаның көңілі бармайды. Ауыл қызы — ауыл қызынша ойланды: кездескенде көзін алмайтын құрбыларын еске алды.

Итемген ауылының дәл өкпе тұсында, Обаған теңізінің арғы бетінде, нақ жардың қабағында «Кірме Біржан» отырады. Бар шаруасы екі сиыр, бір ат, торт-бес қой-ешкі. Үй толған қызыл аяқ жас бала, арығы жетіп, қаусап отырған кәрі әке-шеше... Біржанның қасында «саңырау Кірбас» деген көршілесі бар. Біржанның әкесімен үйір-шүйір болып, қашаннан бірге отырып келе жататын, о да кәдуілгі «сірі тақым» жылтырдың өзі... Біржанның етегінен ұстап, балық аулап күнін көріп отырған бейшара адам. «Ұзын қатын» атанған Дәмелі деген ойелі бар, — дүние көшіп бара жатса да елең қылмайтын адам... Біржан мен Кірбас екеуінің екі кішкене жер үйлері бар. Жарқабақтың басында тұрған мола торізденіп, болмаса бір үйген қамыс тәрізденіп, көрініп тұрады.

Біржан жасында азғана оқыған да, жақын қаладағы бастауыш мектепті бітірем деп жүргенде, шолақ шаруа оралымға келмей оқудан шығып кеткен. Қартайған әке-шеше, өлген ағасының шиеттей жетім балалары аяғын тұсаған.

Содан кейін тамтықсыз шаруа қорланбай, қоректі шаруасы — балық аулау болып алған. «Күндіз-түні басқаны қаза, бақканы балық, тоқыганы қамыс. Темір күрек, балта, шиден тоқыған «морда», арқалаған ау, міне, Біржанның саймандары...

Кемдігі кедейлігі, іргелі елге «Алшын Біржан» болмаса, «Екі үйлі Біржан», тіпті болмаса «Кірме Біржан».

Әйтеуір басқа Біржандардан айыру үшін, іргелі ел осы үшеуінің біреуін қосып атайтын. «Баянның Біржаны» десе ешкім түсінбейтін. Өйткені Біржанның әкесін ең көп болса жақын отыратын үш-төрт ауыл ғана жақсы біледі. Одан кейін «недоимке» жинайтын ауылнай ғана біледі.

Біржанның өзімен теңдес шеттен келгені, әр ауылдың «кірмелері» оны оліміздің Біржан дейді.

Іргелес ауылдағы Шәйзаны Біржан бала күннен бері қарай біледі, жасынан таныс. Талай ойында бірге де болғаны бар. Талай рет әзілдесіп, сөз жарыс-

тырып та көрген... Қулық-мінез екеуінде де үйлес секілденіп, әзілдері жараса беретін. Екеуінің ойын әзілдерінің аяғы тәтті қиялға сұңғіп, кейде екеуі де жасырын сырға берілетін. Екеуінің бірінен-бірі жасырып, ойлайтындары бір ой болып шығатын. Екеуінің де өз кедергілері бар секілденіп, әңгіме ойлаудан әрі ашыла алмайтын. Олардың тірелетін асқары, тұйықталатын бөгеттері «болмайтын іске бас сұқпау» да. Түсі ашылып, ортаға түспеген сырлары, өз ойларында ғана көктеп, сағым көлеңкесіндей болмашы үміттен аса алмайтын. Бір ретте Біржан Шәйзаға: «Мен не ойлап отырмын?» дегенде, Шәйза: «Ойлауға орны бар, байлауы табылмайтын бір нәрсені ойлап отырсың» — деген... Қазақтың кейбір қызы оспақ сөзге қандай жетік келеді, Шәйза да оспаққа зирек еді. Біржанның ойлағаны өзі екенін сезе қойып, ол ойдың орындалуы қиын екенін аңғартқан еді. Бұдан былай екеуі де тұйыққа тірелгендей тоқтап қалып еді.

Бұл ойларының бұдан айқын ашылуына қарғылы заманның заңы жол бермейтін. Аты бар, заты жоқ «бостандықтар» елдің есігінен де қарамаған кез. Қазақ әдетімен бас байлауға, келте тондық, іргесіздік кедергі бола беретін. Іштен тынып, қыбын табарлық мезгіл аңдығандай, Біржан жүретін. Бұл екеуінің өшпес армандары өкінішке соққалы келе жатқанын көрші Ілияс жақсы білсе де іштен тынып, ойланып қоюшы еді. Бір күні ол әлденеге бел байлағанын көрсетті.

Ілиястың әйелі босанып, шілдехана жасады... Шәйзаны қалай көрем деп жүрген Біржан, ойынға сап ете түсті. Бала-шаға, қыз-қырқын, катын-сатын болмаса кедейдің шілдеханасына кім келсін! Ойынның көркі Шәйза мен Біржан ғана болды. Шуылдаған бала-шағаның ортасында Шәйзамен кеңесіп Біржан отыр. Ілияс екі езуі құлағында, балалармен «алақан соқпақ» ойнап, қатындарға ұпай салып, өзімен өзі мәз. Шәйза мен Біржан ұзақ әңгімеде.

Көптен күткен әңгіме, ертеден сүрлеуі бар әңгіме, басқа у-шуды естіртпеді... Оның есесіне улаған-шулағандар бұлардың кеңесін де естімеді...

— Түнеугүні кез болғаныңда: «Қайырлы болсын!» дегенің атып жіберген оқтан жаман тиді. Жаман өкпеледім. Біржан-ай, өзге айтса да сен айтпас деп ойлаушы ем... — деп Шәйза өкпесін айтты.

— Ойыңды білейін деп, әдейі ыршытып айта салып едім. Сенің ондай «қайырды» іздемейтініңді білемін ғой. Жарылып кетердей жаным күйіп келіп едім... — деп Біржан Шәйзаны жұбатты...

Сөз ашылды, сыр ақтарылды. Келіп жатқан нәрселер, шана қалмай «ұзатамыз» деп қамданушылық бары айтылды... Дігерлеп жатқан Оспан, әзірленіп жатқан Итемген... Бәрі сөйленді. Шәйза көзі қажырлы қайрат іздейтін сияқты. Күн таянып келіп қалғанын Біржан да жақсы біледі. Екі көз қадалысып, қасық қанымызды қиысайық дегендей болады... Сөзге шорқақ, уәдеге берік дала жастары ант етісіп отырғандай ойын барын, қайда отырғандарын ұмытып кеткен.

Манадан «алақан соқпақ» ойнап, өз бетімен отырғандай Ілияс бәрін сезініп, бәрін ішке түйіп отыр екен, «тос алақаныңды!» деп Біржанға жақындап келді де:

—Ертең түнде не батыр атан, не қатын атан! — деп Біржанның алақанына өріп алған белбеумен сарт-сарт соғып жіберді. — Екінің бірі, екінің бірі!

Қазақ жасының салтына кірмеген «бұзақылық» қыз-жігіт екеуін де қинап отыр еді. Ілияс демесіні шақпақ отындай жарқ еткен екен:

– Тұрдым! – деді Біржан. Шәйза жүзі алқызылданып, көз оты жарқырап кетті. Бір болыс елдің тағдырын ұстап отырған Оспан да ұмытылған. Бүкіл ел бой жабылар, ел атынан қарғар, қара қамшы – озбыр күш аяй білмес – бұл да ұмытылған...

– Мазасызданып жатырмын... Ойыныңды таратшы... – деп, Ілиястың әйелі еріне қарады. Ілияс күле сөйлеп жүріп бала-шағаны тез таратып, енді қайтейін дегендей әйеліне қарап еді, ол күлімсіреп тұра келді де:

– Тамақ піскен шығар... Қолдарыңды жуыңдар... Біржан, Шәйза, сендерге асқан тамақ... – деді.

– Құдай қосса бір-екі күнде шын шілдехана болар... – деп Ілияс ыржиды.

VII

Қос торыны көсем жеккен, үлкен шананы лық толтыра, жалғыз өзі әрең сыйып отырған, алдында божағы бар Оспан Итемген үйінің алдына келіп тоқтады. Айқара тасталған қасқыр ішік, аузы-басы қарабурыл жүн болып, семіздіктен ыңқылдап, жарылып бара жатқан ұнның қабындай болып Оспан шанадан әрең түсті. Екінші шанадан күйеу қосшылар түсіп жатыр. Дара жеккен тағы бір шанадан бір жігіт пен бір ала саулық қой түсіп жатыр. Тойға союға арналған тарғыл тайыншаны тілін салақтатып айдап және біреуі келді. Томпаңдап қуылып келген тарғыл бейшара, аузы ашық тұрған бір қораға еніп те кетті. Өзінің көгін салт мініп, бір шағыр қара қасқаны жетектеген Омар да келді... Келген күйеулер де, әкелінген ырым-жырым, ілулер де Итемгеннің үйіне кіріп жатыр... Түлкі тымағын бастыра киіп, түйе жүн күпісін желбегей салған Оспанның қасында Итемген тұр. Екі көзі қылмаң қағып, еркелеген итке ұқсап, қалтиып қалыпты... Қипалақтап, жарамсақтанып:

«Сіз жас күйеу емессіз жеңге күтіп тұратын: сіздің жеңгеңіз мен боламын ғой, енді үйге кірейік...» деп, Итемген күйеуді үйге алып кірді.

Қыз-келіншек толып жатқан ырым-жырымдарын алуға жиналып жатыр. Сыртынан қарағанда ойынға жиналған секілді. Ішінен кіріп қарасаң соп-солғын. Шай ішіп, тым-тырыс болып отырған қыз-келіншектер. Домбыра өлеңсіз ыңқылдайды. Ауылдың бірлі-жарымды тамақсау жігіттері мен ұя бөріктері болмаса еркек иісті жан жоқ. Үйге сыймағандықтан терезеден айғайлап жүретін балалар да жоқ. Үнсіз бір қарсылық, қорықса да қостамайтындық бары ауыл иттерінің бүлкіл үрулерінен де аңдалатындай. Ит құтырынып, балалар құтырынып кететін той лебі байқалмайды.

– Жас бозбала емес... Үлкен кісіден ұят болар! Алатындарыңды алыңдар да, қыз-қатын, таранда р. Ертең жүретін бала барған жерінің қызығын көрер... Ол ел біздің елдей емес, сауыққой... – деп Итемген жұртты тез таратты... Оспанға Шәйзаны көрсетіп жібермекші болып жүрген қатындар ғана жалақтап, айналақтап жүр. Манадан шымылдық ішінде отырған Шәйза да үйіне қайтты. Екі жас қатын әкеліп салып, «Қазір тағы келеміз ғой», – деп күлісіп қайта кетті.

– Шәйзаның бұл күн қара тұманды күні болуы керек еді. Бірақ ол қабағын да шытқан жоқ. Ойында отырғанда да жайнап, күліп отырды. Үйіне қайтқанда да көңілді қайтты. Қатындар: «Бәлекет, ашық қой, міз бақпауын қарашы!» – десті.

Біржан кешкі ойынға келген жоқ-ты. Ертеңге қалса кәдік... Баптап жүрген аты жегулі, керек-жарағын әзірлеп, далаға бір кіріп, бір шығып, ойын тарқайды-ау деген мезгілді күтті. Қасында жалғыз Ілияс бар.

– Көз қырыңды сала жүр, – деп, үй ішін соған аманат етеді. Жалғыз үйлі Біржанда қасына ерер серік те жоқ. Оспан мен Итемгенге қарсы шығып, бой көрсетер адам аз. Оның үстіне өз отына басқа біреуді күйдіргісі де келмейді.

«Не де болса нар тәуекел. Осы жолда неге де болса бас байладым! Желкемді қылыш қиып бара жатса дыбыс шығарман!» деп, жас жігіт тас бекінген.

Мұндайда көлденең кедергі көбейетіні қандай!.. Оспанмен бірге жел ере келгендей екен. Біраздан бері мұз бетіндегі қызыл су астына түсіп, өзен беті іркілдей бастаған еді.

Мұз әне түседі, міне түседі, деп жұрт күтініп тұрған. Дәл күн бата үілдей жөнелген қара желге қарлы-жаңбырлы боран қосылып, жер-көк әлем топырық болып, бұрқырай жөнелді. Оспанмен бірге бүгінгі күні қайнына баратын «дәу пері» бардай-ақ, жел құтырынып, азынап кетті.

Әлем астаң-кестең...

Қамыстың маңайы ұлыған иттей болып, ауылдың үстімен, қалың ел көшіп бара жатқандай сықыр-сықыр. Желге қосылып су қамыс та ұлиды. Түн ортасы болмай-ақ қара жел мұзды астаң-кестең қиратып, ә, дегенше-ақ теңіздің беті сеңге толды. Жағадан асып су атқылады. Салдыр-гүлдір әлем тапырық... Міне оңбаған жол!.. Біржанға дауылды жол ұшырады.

Жегулі атпен өзеннен өтуге Біржан келгенде мұз қозғалып көшіп барады екен. Су жиекке атып шығып, сытырлап сынған мұздың ғана дауысы келеді. Үстінде талай сақы сүйреткен мұздар, сыңғырлап сынып, қоштасып у-шу болып жылжып барады. Ойлап тұруға уакыт қайда? Салы суға кеткендей, аңырып қалды.

Қайта қайтып қайығы мен еспесін қылының тұсына әкеліп, аударып тастады да, атын үйіне апарып қораға тыға салып, қайта жүгіріп қайыққа келді. Қайықпен әрі өтіп, Шәйзаны алып қайтып, даяр атпен қалаға тартып кетпекші болды. Мұз түсіп кеткен соң Итемген ауылының арғы жақта қалатыны да күдікшіл көңілге үлкен демесін береді.

Біржанның ойына бақытсыздық пен бақыттылық екеуінің таласып тұрған суреті елестегендей болады... Қайықты сүйреп, суға салып, тәуекелді ескек етіп үйренген балықшы қысаң-қылтаң қара судың тұсынан суға кіре жөнелді. Есе жөнелгенде-ақ, жылжып бара жатқан мұз қайықты тұс-тұсынан ұра бастады.

Көзге түртсе көргісіз қараңғы, ұлыған ызғырық жел. Оңды-солды бетке шапалақтап тұрған қарлы-жаңбыр. Қопарылған мұз, сеңмен алыса-алыса әрең жүріп келеді. Кейде есіп, кейде мұздың бетімен қайығын сүйреп, аржаққа әрең өтті. Қылыдан салынған қайық, әлдеқайдан барып шықты. Қайықты сүйреп жиекке шығарып тастап, уәделескен қарауға қарай жүгіріп келеді. Келген бетінде Шәйзаға кездессе, айналасы бір сағатта бақытты бола қалғандай болды. Барлық

дүние мұның сөзін сөйлеп, болысып тұрғандай. Біржаннын есіне қауіптің көлеңкесі де елестеген жоқ...

Қарауды айналып Шәйзаны іздеді. Бірте-бірте Қалишаның үйіне де жақындады. Әлі жан көрінбейді. Бұғып жүрген Біржанды сықақтап, қамыстар күлгендей болады... Кейде шоғыр, кейде бұлдыр адам пернесі де көрініп кеткендей болып; Біржан жалт етіп қалады.

«Сақтан!», «Ұсталдың!», «Қорықпа!» деген сөздер естілгендей болады... Біржан-Біржан деген адам емес, Біржан деп аталып кеткен екі көз, екі құлаққа ғана ұқсап қалды. Бар күшін екі көзі мен құлақтарына салды. Он екі мүшесінің ішінен қысылыста қызметке жарағаны көз, құлақ қана сияқты. Ауыл жақтан көп адам жүгіріп, Біржанның өзін ұстауға жабырлап келе жатқандай да болып кетеді. Желдің толқыны қай-қайдағы сыбырласқан ақырын дыбыстарды ала келіп естіртіп кеткендей болады. Жүрек аттай тулап, құлағын салса түк естіртпейді. «Апыр-ай, Оспанның тырнағына ілігіп қалды ма екен? Әйел басы төбеқелден тайып, болмаса қорқып шыға алмай отыр ма? Бір рет шығып көзге ілігіп қалып, қақпанға мықтап түсіп қалды ма?»

«Енді қайтем? Ауылға шеттеп барып білсем бе екен?» – деп тұрғанда, көмескілеу адам пернесі қылаң ете түсті... Шәйза екен. Біржан жүгіріп барып құшақтай алды. Қыз қойнына сорғалап су құйылды. Қыз мойнына сұп-суық мұрын тиді. Дірілдеген тілсіздік. Құр ыңырсу, үнсіздік...

Қараңғы түн, түнерген аспан, ішін тартып үілдеген жел бұларды ешкімге сездірмей шымылдық болды...

Көп тұруға екі жақ бірдей қорқыныш. Қол ұстасып жүгіріп қайыққа келісті. Қатындардың төлкегінде жүрген Шәйза су тасып кеткенінен хабарсыз екен. Қылының сағасында жатқан қайықты, сытырлап уатылып, жылжып бара жатқан мұзды, гүрілдеп жатқан суды көргенде ұшып кете жаздады. Жаны ыршып кетті. Көзіне ойран-ботқа болып, тамтығы қалмаған дүние, үмітсіз өмір елестеді... Қырсық сапар елестеді.

– Қорықпа, мен жаңа осы қайықпен өттім, мұз әлі тегіс түсіп болмаған сияқты. Кейде қайықты мұздың үстімен сүйреп отырдым. Арқанды ұзынырақ етіп, белге байлап алсақ, қарулы қолдың күші, жас тілегіміз арқасында, ар жаққа аман өтерміз... Қорықпа, ар жаққа өткесін атым даяр тұр, – деп Шәйзаға Біржан қайрат берді.

VIII

Белдерінен қайыққа арқандалып, тәуекелге бел байлап, көзді жұмып, жалаңды жүректер, қайыққа мініп, суға кірді. Су сақылдап күлді... Әлі жел... Әлі үілдеп ұлып тұр... ішін тартып азынайды... Ұлиды. Қара тұман қайғы айтады... Тебіп торып, торыққан аш қасқырдай ұлиды. Манағыдан да күшейіп алған... Жер-көкті шайқап тұрғандай. Мұз да манағыдай емес, әбден қопарылып кеткен. Сең сықырлап соғыса бастаған. Толқын да, ағыс та күшейген... Сеңдер соғысып, бірін-бірі күл-талқан қылып жатыр. Бірінің үстіне бірі шығып кетеді. Қайыққа келіп те соқтығады. Қайықты теуіп те жібереді. Қайық орғып анадай

кетеді. Былай түзелген бет, екінші жаққа да айналып қалады. Басың айналып, естен танарлық. Түн қап-қара, ине көзіндей ағараң жоқ. Жер-көк жылжып, тұтас бір жаққа көшіп бара жатқандай... Оң жақ, сол жақ деген қалып, қай жағы екенін адам айыра алмастай, әлем тапырық. Асты-үстіне келіп, қопарылып қалған дүние секілденеді... Сеңмен бірге өздері қалай ағып бара жатқандары да білінбеді. Қайықты қылыдан салғанда, жел оң қабақтан бір қырып, көшкен соң, судың ағыны сол жаққа қарай еді. Қазір ешнәрсе айырып аларлық емес. Алға карай да, артқа карай да жылжып кетеді. Сабалаған қарлы-жаңбыр бетке ұрады. Сең бүйірден де соғып кетеді. Артқа қарай теуіп жібереді. Сең сықырлап сынады. Кейде кептеліп тұра қалғандай болады. Біржан мен Шәйза қайда кетіп бара жатқандарын айыра алмауға жақын. Өзен бұларды айдаған бойы теңізге алып кетсе, онда өмірден де үміт жоқ. Қалай қарай бет бұру керектігінен де жаңылды. Сең, толқын, қайық тұтас көшіп барады. Жолы бір, жөні бір, тілектері басқа, біріне-бірі жау жолдастар осылар екен.

Қап-қара түн бастарын айналдырды. Езуі көпірген толқын, жылжып бара жатқан сең мен су. Артыла соққан күшті жел, беттерін түзеттірмейді. Екі қолдың барымен қайрат қылып, енді жиекке жақындаймын-ау дегенше, бүйірден соққан сеңді толқын қайықты ыққа айдап әкетті... Ағыстың күшті жеріне кез келіп, біраз жер айдалып ілгері кетті. Тағы сеңге соқтықты. Қайық тебіліп екінші жаққа кетті... Толқынмен толқын, қайықпен қалқыған екі жас көшкен теңізбен көшіп кете барды...

Босқа кеткен күшті көп төкті, Біржанға жел, су, толқын, сең — бәрі жабылды. Біржан әлісіреді, қалжырады. Рақымсыз құшаққа жаңа мықтап іліккендей болды. Енді қайтып бет түзей алмады. Қылыдан айдалып шығып толқын сеңнің тепкісінде екі жас теңізге қарай жақындап келеді. Кезектесіп соққан сең мен толқын қайықты суға толтырды. Қайық секіріп тулай бастады. Екі басы кезек-кезек шоңқайып суға батуға айналды. Сеңнің астына кете жаздады... Ашынған жандар от елестеген көздерінің ақтық қайратымен, кейде секіріп, сеңге, кейде қайыққа міниіп жанталасты. Бет түзеу былай қалып, арыстандай арсылдаған ажалмен алысты, әл азайды, үміт азайды...

Біржан жалма-жан қайықты тазалайды, суын төгеді, қайтадан қайыққа мініседі. Соққан толқын қайықты қайта суға толтырады. Қатарласа жылжып бара жатқан сеңге секіріп мініседі... Сең сеңді соғады. Бірін-бірі сындырады. Сынбағаны жылжып кете береді. Тағы соқтығады. Толқын толқынды айдайды, толқын сеңді айдайды. Сеңді, толқынды, қайықты азынаған жел айдайды... Ағыс желге қосылады...

Көп соққы күшті әкетті. Шәйзаның күші бітіп, Біржанға екі салмақ бірдей түсті. Суға малшынған дене қалтырады, тоңды, Шәйза жаурады. Қозғалуға дәрмені қалмады. Буындары бүгілуден қалды. Тістері сақ-сақ етіп тырп етер шамасы келмеді. Сөйлеуге аузы әрең келеді. Ойлаудан қалып бара жатқан сияқты. Бөксесінен суда, бүрісіп қалшылдап әрең отыр. Қайық бұлталаңдағанда ауып қала жаздайды.

Қайықтан жан сақтай алмайтындары айқындалды. Біржан үлкен сең іздеді, енді сеңді өзі қуды. Беліндегі арқанын қолына алып, бүйірден соға берген сеңге,

секіріп кетті. Сеңқайықты теуіп жіберді. Қайық ыршып анадай кетті. Шәйза ауақ ауып түспеді. Біржан арқаннан айырылмады... Алғашқы екпінді толқынды өткізіп жіберіп қайықты өзіне қарай тартты... Тартып өзі тұрған сеңге тигізді. Шәйзаны қағып, сеңнің үстіне алды. Қайық тебіліп тағы кейін кетті. Біржан қайықты жібермеді. Тағы да қайықты тартып сүйреп сеңнің үстіне шығарды. Сеңжалпақ та үлкен екен, қауіп азырақ сергіді.

Мінген сеңдері ауыл қотанындай жалпақ. Талай сеңсоқтығып күл болып кетіп жатыр. Бұл сеңқозғалмайды. Енді жүрек орнығып, жаңа ғана кебінін сүйретіп қастарында жүрген кәрі ажал кетіп, шіркін өмір тағы елестей бастады. Үмітшіл де тілекшіл адам баласы ғой, Біржан Шәйзаны арқаға қағып, бір құшақтап қойды. Шәйза жылынып кеткендей болды:

– Құтылдық қой! – деді.

Қайықтың суын төгіп, сеңнің үстіне қойып, Шәйзаны қайыққа отырғызды. Қайықты қырынан қойып, Шәйзаны ығына отырғызбақшы болды да, сеңуалып кетер деп қорықты. Қайықты суда жүргендей дұрыстап қойды. Біржан сырт киімін шешіп Шәйзаны орады. Екі қолын ұқалады. Кебіс-мәсісін шешіп суын төгіп қайта киізді. Етек жақтарының суын сығып, қолынан келгенін істеп, жылытпақшы болып жүр. Алдына алып құшақтап-қозғап, Шәйзаны жылытып отыр. Өзі аң-таң. Бұл не деген, күтілмеген күн! Қайда кетіп барады? Қашан таңатпақшы, қашан бұлар теңізден құтылмақшы? Қалай құтыла алады? Біржан шешіп алмай отыр. Үміт шіркін көкке шапшиды. Шәйза жылынды ма?Жаңа ғана Шәйзаның мәсісін шешіп, аяқтарын ұқалағанда, жылылық белгісі жоқ болатын. Енді ығына алып тербетіп, құшақтап отыр.

Жел әлі азынап тұр. Сеңжүруі үдеді. Айнала түнерген қара түн. Толқын сарқырап ешнәрсені естіртпейді. Қарлы емес, қара жаңбыр оқтын-оқтын ұйып, сабалап кетеді. Теңіз сақылдап күліп, у-шу, азан-қазан соғылысқан сеңдер сыңғырлап сынады... Толқын ырсылдап, сеңді айдай түседі...

Біржан енді ғана есін жиып, ананы-мынаны барлай бастады. Шамасы, қазір ешқараңғысы тәрізденді, жер-көк тұтас көшіп бара жатқан жоқ, тасыған су, қопарылған сеңғана, олармен бірге өздері ғана кетіп бара жатқанын айырды... Астарында сеңнің әрі үлкен, әрі нық екеніне сенді. Арқанды қолына ұстап, оңай-бұлай жүріп қарады. Ақ сеңнің үстіндегі қара қайықтың ішінде дірілдеген Шәйза... Шәйза да есін жиды. О да аң-таң. Құшақтап отырған Біржанға тығыла түсті.

– Оспанға барғанымша, өмір бойы қорлықта шірігенімше, ақ сеңнің үстінде, теңіз құшағында өлгенім артық та, – деді Шәйза.

– Оспанға кеткеніңді көріп тірі қалғанымша, ақ сеңнің үстінде, сені құшақтап отырып өлгенім артық та, – деді Біржан.

– Екеуіміздің денеміз су түбіне бірге кетсе де, толқынмен жағаға шығып қалып, бірге табылса да армансызбыз, – деді екеуі де.

Бір кезде түнерген түн серпіліп, бозалаң тартты. Түн бойы үстін басқан қараңғылық әрең ауып бара жатқандай. Үнлеп азынаған жел де тына бастады. Аспан ала қаншықтанып, бірлі-жарымды таң жұлдыздары көріне бастады. Жаңбыр да толастады. Қара бұйра бұлттар да ыдырап барады. Төңкерілген

толқындар бәсеңдеді. Жалғыз-ақ сүзіскен бұқадай, бірін-бірі нұқыған сеңдер қалды. Үсті-басы су, түн бойы жанталаскан Шәйза қалғып кетіп отыр.

Біржан күшін түгел жиып алды. Кейде жас дене қызып та кетеді. Таң бозаландаған сайын жердің шамасын барлады.

Ілезде-ақ айнала ағарып, таң атты. Қоқыр-соқыр... Қарайған қопалар көрінді... Біржан дауыстап:

— Әне қопа!.. Қопа!.. Құтылдық!..— деді.

Баладай ғана болып бүрісіп отырған Шәйза түрегелді. Аң-таң... Айналаға қарап, көрінген қопаны танымай таңданған сияқты. Таныс қыстаулардың көрінісіне ұқсамайды. Жағада шоғырланған адамдар да бөтен сияқты.

— Сәулешім, неге таңдандың?— деді Біржан.

— Таңданбағанда қайтейін... Осы біз не істедік? Шыныменен-ақ Оспанның құрығынан құтылып кеттік пе?

— Осының аты құтылған емей немене?

— Апыр-ау, біздің елде мұндай бұғаудан құтылып сүйгенімен қосылған қай қыз бар еді? Бәрі де зар қағып кете бармап па еді? Жалғыз бақытты мен болғаным ба? Осыған таңданып тұрмын, — деді Шәйза.

Енді Біржан таңданып қалды. Шәйза өз бостандығы емес, басқа қыз біткенге, қазақ қызы дегенге босану жолын ашқандай екен.

— Жоқ, сәулешім, қорықпа! Құтылдық, құтылдық! Сенің салған жіңішке сүрлеуің өзге қыздарға күреңжол болады! — деді Біржан. Даусын көтере, сеніммен айтты.

Тісіне-тісі тимей тұрып Шәйза езу тартты. Біржанның айғайлағанынан гөрі, қыздың езу тартқанында көп қуаныш, көп сенім бар еді...

IX

Судың тасуын өзен бойындағы ел ылғи күтіп тұрады. Өкпек жел ішін тартып, үре бастаса-ақ, ел артынып қырға тасынады: судың тасуы, жауын-шашын қара желмен қабаттаса жүреді де, су бойындағы елдер ылғи әлекке ұшырайды. Қыраңға қамыс тасып қора да жасайды. Бұл кез, ең бір жаман уақыт. Қыстан аман шыққан елдердің, осы қарбаласта жұтап қалатындары да болады... Гүрілдеген судың дыбысы естілсе-ақ, қырға көше бастайды. Күн-түнге қарауға мұршасы да келмейді. От пен су тілсіз жау... Су келіп қалса қорасын тастай жөнеледі. Қатты таситын өзендер көп пауыт жасайды.

Түн бойы бала-шағаны, мал-жанды қырға көшіріп, қарбаласта жүрген ауылдың айғайы Біржанға естіле бастады. Түнгі жаңбырдан қары кетіп, қара жолақ болған азғана ауыл да айқын көрінді. Үлкен сең ағыспен ағып сол ауылға қарай бет алып келеді. Жағаға соққан мұздың алды тоқтаған сияқты. Сең-сеңге қарғып мініп, иірім жағада мұз тау болып қалыпты... Ауыл әлі алыс. Екі ара жосыған сең. Жиекке шығып көлкіп кеткен су. Өз беттерімен теңізден шыға алатын емес. Біраз ікер сеңнің үстімен жүріп, ар жағына тағы қайықпен өту керек. Біржан бәрін көріп келеді. Сең біресе жағаға қарай ойысып, енді бірде теңіздің ортасына қарай жылжиды. Жалғыз жақсылық жел тынды.

Дауыс жетеді-ау деген мезгілде Біржан қыстауларға бірнеше рет айғай салды. Үсті-үстіне салған айғай жағадағы елдің құлағына да шалынды. Шулап, көшіп жатқан ауылдың еркектері жағаға карай аяндады. Сеңде келе жатқан адамды көріп, тұс-тұсынан қайықпен түсе-түсе қалды. Екі-екіден мінген үш қайық иірімге келіп, тұйықталып тоқтады. Үйілген мұз жол берер емес. Бір қайық қайтып арқан әкелді... Арқанмен ұстасып, иірілген көк сеңнің үстімен, Біржанға қарай екі жігіт жүгіріп келеді... Қалықтап, қырындай келіп, көп мұзға соқтығып, Біржанның сеңі де тоқтады. Алдынан шыққан адамдар тұс-тұсынан арқан лақтырып жатыр. Кейбір өжет жігіттер бұлардың сеңіне секіріп түсіп, қастарына да келіп қалды... Келгендер Біржанды танымаса да жанашыр жәрдемдерін аяр емес. Ажал алдында жөн сұраса ма, қашқындарды тез күтқарып алды.

Шәйзаны бір-екеуі көтеріп әкетіп барады. Қайықты сүйреп, Біржанды да сүйемелдеп, жағаға алып шыққан соң ғана жөн сұрасты. Түн бойы торыған өліммен осы арада қоштасып, Біржан мен Шәйза ауылға келгенде алтын күн кызарып, көкжиектен кеудесін шығарып келе жатыр еді.

Ауыл азғана үйлі балықшылар еді. Көбінің үйі судың ортасында қалған, қалқып бара жатқандай көрінеді.

Біржан мен Шәйза қыраңдағы бір жылы үйге кіргізілді. Су киімдерін шешіп, күрғақ киіндіріп, құрт езген көже беріп жатыр. Қазақ білетін қара жәрдемнің бәрін істеп, балықшылар бәйек болып қалды. Еркектер жағы Біржанның кім екенін сұрастырып болғанша, әйелдер жағы бұлардың қандай жолаушы екенін де біліп алды.

– Ойбай-ау, Оспан болысты шоңқайтып кеттің бе?

– Шоқ, шоқ, шоқ!

Сіздің жақтың қыздары бәрі де бостандық алды ма? – десіп, әйелдер Шәйзаны қамалап алыпты. Құшақтап жатыр, сүйіп жатыр.

Отпен кіріп, күлмен шығып жүрген Шәйза енді өзін үлкен бір жаңалық сүрлеуін салғандай сезінді. Ол сүрлеу әуелі су бетіне қайықпен салынып, білінбей кала беріп еді, енді міне, елге жеткен соң, әрбір қыз-келіншектің жүрегіне түсіп жатқандай екен. Әлі күдігінен арылып бола қоймаған, тоңған, қалжыраған қыз бір сәтте жайнап сала берді. Барлық қыз-келіншектерге босану жолын көрсете алардай күш сезінді.

Балықшылар аулында екі түрлі тілек бір жерге тоғысты. Еркектер жағы Біржанның Оспан болыстан қорықпағанын дәріптеп әкетті. Олар үшін бостандыққа ұмтылған қыз жоқ, Оспанның алайын деп отырған қызын алып кеткен ер жігіт қана бар. Әйелдер жағы сүйгеніне еріп кетуден тайсалмаған қызды қошеметтейді:

Жүрегіннің түгі бар екен, қарағым! Бір қыз сендей-ақ болар! Аспаннан салбырап түссе де сенен аспас. Бетіңнен жарылғасын!

Осы екі тілек бірге қосылды да балықшылар аулы қашқынға қолдан келерін аяған жоқ. Арық аттарын қос-қостап жегіп, бір-ер жігіт салт атпен қосылып Біржан мен Шәйзаны Қостанайға алып кетті.

«Балықшы балықшыны қиядан көреді» дейтін орыс мақалы бойынша, дала балықшылары қала балықшысы қауға сақал Матвей шалдың үйіне әкеліп түсірді. «Қызды ұрлап әкеліп тұрғандарын» білсе де Матвей бойын аулаққа салған жоқ. Оспаны жоқ, Итемгені жоқ қалаға келіп Біржан мен Шәйза жарық дүниеге жаңа шыққандай болды.

X

— Қарағым-ау, бұл қайда кетті?.. Күйеуге апарады деп тығылып қалды ма?..

— Жеңешемнен сұрайықшы... Қызғаншақ болатын еді, құшақтап жатып алып, айтпай жүрмесін!

— Жігітжан! Жігітжан! Келе қойшы бауырым, қайда кеттің?.. Ешкім тимейді... Келе қойшы!..

— Ойбай-ау, енді не бетімді айтайын? Кәдесін алып қойып, қызымызды апара алмаған сұмдық тағы!..

— Кәдесі құрсын... Анау-мынау кісі емес, өлім десейші!.. — деп шуласып қатындар сасып, Шәйзаны таба алмай жүр. Қарамаған қораның іші қалмады... Жүгірісіп Қалишаға келді...

— Жеңешеке-ау, айта қойшы, Жігітжан қайда? Манадан іздеп таба алмай жүрміз... Айта қойшы, жеңешеке... Тірі ұят болды ғой. Әбден жаурадық, айта қойшы, жеңеше!.. Қарлы-жаңбыр соғып тұр... Болыс күйеуің де бораннан жаман бұрқырап жатыр... Қыз қайда, жеңеше?..

— Қызы несі? Мен ойынға барып па ем?.. Мен қайдан білейін... Өздеріңді жын қағып жүр ме, әлсін-әлсін келіп, менен сұрайтындары несі? Бір қызды бердім ғой... Пісіріп жесе де... Енді менде не алмақтарың бар?.. Осында келгені несі, туге!..

— Көтек-ау, жеңеше, шын айтасың ба?.. Шын таба алмай жүрміз... Үйге барып жатам деп осы ауыз қораға кіріп кеткен... Өзіміз әкеліп салғамыз...

— Алатын жемтіктеріңе үймелегенде жақсысыңдар, қызға не ғып ие болмадыңдар... Жүр әрмен, әрі басымды ауыртпай... Онсыз да қуарған құрғыр қақсап жатыр!..

— Құдай-ау, енді не бетімізді айтамыз?.. Қайда кетті дейміз?..

Кәде аларда жайраңдап, дарақыланып кеткен қатындар енді кірерге тесік таба алмай жүр.

— Жігітжан-ау, қайда кеттің? Осы қарлы жаңбырда тоңып өлемісің!.. Апаң шақырып жатыр. Апаң... Апаң... Үйге келіп жата ғой, бауырым!.. Апырмай, жоқ қой... Бір сұмдық болмаса игі еді!

— Мана ойында бет-аузы сазарып, бірдеме ойлап отырған адамдай еді... Қаңғырып кетіп бір жерде өліп қалмасын!..

— Ол қыз одан да тайынбайды... Мана шымылдық ішінде отырып Оспанға ернін шығарған!.. Суатқа түсіп кетуге бар!..

Үсті-бастары су, іннен шыққан тарақ құйрықтай жылмиып қатындар Итемгеннің отауына келді, жамырап айтып жатыр.

– Әлгі қызды тағы да таба алмадық... Жоқ... Мана ойыннан кейін үйіне апарып салғамыз... Қорасына кіріп кетіп еді, сол қыз қазір жоқ... Шешесі көрмепті, келген жоқ дейді...

Бұл әйелдердің екінші рет оралып келіп айтқандары еді. Итемген үйі абыржи бастады. Әлденені сезінгендей Оспан да түнеріп кетіпті.

Қасына екі-үш жігіт ертіп алып, Омар далаға шықты. Ауылды айнала іздеп, тінтпеген жер қалдырмай қарады, таба алмады. Ұзамады, ауыл болып іздеуге кірісті, тесік қалдырмай тегіс тінтті. Үйілген қамыс, шошайған тезекке дейін қопарып тастады. Жоқ Шәйза қайдан табылсын?.. Бұл кезде олар кезектесіп соққан сеңтолқындармен, сұрапыл желмен арпалысып жүрген жоқ па?..

Оспанға «жоқтың» шет жағасы естіртілді. Әуелі, «тығылып таптырмай жүр» деп, бірте-бірте шын жоқты естіртті... Оспан қап-қара болып, түтеп кетті. Танауы таңқиып, желпілдеп, кеудесі бұрынғыдан жаман қаңқайып, ауызға келген ақ ит пен көк ит біріне-бірі жол бермей, бұлықтырып барады. Әркімге бір қарайды. Кім үміттенерлік сөз айтса, Шәйза соның қойнында тұрғандай – түймесін ағытса-ақ шыға келетіндей көріп отыр. Бүгін түн бойы «Шәйзаны қалай құшақтап жататынын» ойлап отырған Оспан, қазір, қыздың қойнынан шығып кеткенін білмей қалған адамдай. Оспан бір ақтарылса жарылып кетердей, түнерді де қалды.

Іздемеген қамыс, тінтпеген тезек қалмады. Тебен көзіндей тесік, күшік сыятын қуыс, бәрі қаралды, ұрсу естімеген жай қалмады... Жоқ, Шәйза жоқ болды...

Түнерген түн, үйлдеген жел, сабалап тұрған қарлы жаңбыр күдік туғызды... Күдік ұлғая берді. Суға түсіп өліп қалды ма деген ой жеңе берді. Оспан әлсіндісін далаға шығады. Іздеп жүргендердің даурыққан дауыстарын тыңдайды. Үміттенерлік сөз ести алмайды... Жоқ, Шәйза жоқ...

Тасыған су қотанды көлкітіп әкетіп барады. Жағаға жақын үйлер дүрлігіп коше бастады. У-шу, азан-қазан, қырға тасынып жатыр. Қалишаның балшық үйіне су кіріп, табалдырықтан келіп тұр... Қырғарақтағы Итемген үйіндегі «күйеулер» сабылып Шәйзаны іздеуде. Ізделмеген жер қалмады... Қорқыныш ұлғая берді... Жоқ, Шәйза, жоқ...

Ақылсыз қыз суға түсіп кетті деп жорысты. «Күйеу» састы. Аттанып кетсең де еркің, «тоқалдан» көлеңкедей де үміт жоқ. Енді ол кісі өліміне жауапты боларын сезінгендей. Ең бәлесі осы болады да!

Таң атты, Оспан састы, Оспаннан жаман Итемген састы.

Бәрінен жаманы кеше түнде алған кәделерін қатындар қайтып әкеліпті. Көздері бұлаудай, алғандарын күйеу қосшының алдына тастап кетіп жатыр.

«Күйеулер» қайтпасқа амал қалмады. Атқан таңның астымен, хабар дурыққпай, ел естімей тұрғанда Оспан үйінен шықпақ болды. Қалың қабағын қарс жауып, тас-талқан тулап ашуланды. Бірақ, әлгі қу аржағын ойлаған екен:

– Мен келген жоқпын, той-мой болған жоқ. Қыздарың өлсе өз бетімен өлді. Осыны ұмытпа! – деді Итемгенге.

Жоқ, Шәйза, табылмады. Табылмаған Шәйза алынбады...

– Бұл таңбаны сүйегіме басқызып қойып тегін жата алман!–деп, Оспан атланды...

Итемген ауылы жылжып, қырға шығып кетті. Қопа белуардан суға кетті. Қорада тірі жан қалған жоқ. Жалғыз-ақ Шәйзаның көлеңкесі қалғандай, ауыл көпке дейін үміттеніп жүрді...

Қалиша Шәйзаны өлді деп жүрді. Шашын жайып, жоқтап жылап жүр. Таң ата бергенде қопаға келіп, айғайлап Шәйзаны шақырады. Егіліп зарлайды. Ботасы өлген інгендей боздайды. Екі көзі парлап, ыстық жасты ағызады да тұрады... Соңғы минутын көріп, амандаса алмай қалғанына өкініп жылайды... Жүрегіне бір басып сүйе алмағанына қабырғасы сөгіледі, үнемі боздайды... Тына алмайды, егіледі. Күйінген ана, баласын елжіреп сағынады... Зарлайды... Екі көзі қанталап кеткен... Итемгенді қарғайды... Қайдағы қасірет қабаттасады... Кейде Оспанға бармай «өлгеніне» сорлы шеше уанады да!.. Ауыл әйелдері алыстан аңыраған ана зарына үйде отырып, сиыр сауып отырып қосыла жылайды.

Он күн өтті. Ел құлағы елу... Бір қазақтың құлағы елу... «Біржан жоқ» деген хабар дүңк ете түсті... Аты жегулі, қорасында қалыпты... Өзі жоғалып шығыпты... Тірі жан білмейді...

Сөзге сөз жалғанып, Біржан туралы түрлі өсек тоғыз саққа жүгіртіп, тоқсан құбылды... «Бір қыз, бір жігіттің денесі табылыпты» деген өсек те жүрді. «Бір қыз, бір жігіттің жаяу кетіп бара жатқандарын бір жолаушы көріпті» деп те айтып жүрді... Өлсе өлді, өлмесе тірі, әйтеуір Шәйзаны Біржан әкетті... Жұрт әбден осыған ден қойды... Итемген Оспанға хабар жіберді...

XI

Көпке дейін Матвейдің үйінен Біржан шыға алмады. Жұмыс істеп пайда табайын десе де, жүрек үсіне берді. Біреу көріп қалар деп қорықты. Матвей қанша кедей орыс болғанмен ауырсынбады, барын бөліп берді. Біржанның Шәйзаны «ұрлап әкелгенін» білсе де Матвей Біржанға болысты. Артынан қуғындар келсе бермей алып қалатынын айтты. Дұрысында, бермей қаларлық Матвейдің шамасы да бар еді, Өйткені Матвей үшін, қатардағы орыс адамы үшін, қалың мал деген, әйелді сату деген, қашаннан бері тағылық саналады.

Біраз бойы үйреніп алғасын Біржан қаланы кезіп, күндеп жұмыс істеуге кірісті. Көбіне вокзалда вагон артып, вагон босатып жүреді; жаяу жұмыскерлерге қосылды. Бастапқы кезінде тиіп-қашып жүрсе де, біраздан кейін сол жұмыскерлермен ұдайы бірге істесіп кетті. Вагон артады, вагон босатады... Біржан күнкөрістен тарықпады. Тамақтан артқанына Шәйзаны киіндірді... Дәл екі ай өтті... Басқа дүниеге бой үйрене бастады... Кейде елді сағынады, елде қалған үйін, кәрі әке-шешелерін есіне алады. Олардың не болып жатқандарын біле алмай аңсайды. Бірақ ешбір қазаққа көрінбейді. Қазақ көрінсе тасаланады.

Шәйза да шешесін сағынды. Жалғыз бауыры — інісін сағынып, кейде жылап та жүрді. Осыған болыс шешесі мен інісін тентіретіп жібергендей көреді...

Бір күні Матвей балық аулап әкелуге, елге бармақшы болғанын айтты:

— Обаған теңізіне барамын... Сенің ауылыңа барамын, — деді Біржанға. Шәйза қуанып кетті.

– Сіз бұрын ол теңізге бармайды екенсіз... Бұл жолы қалай бармақ болдыңыз? деді Біржан.

– Жұмыс бар, жігітім... Достас бір адамдарым бар еді... Солардың бірі сорға ұшырасып қалыпты... Соны да біле келемін, – деді де тез жүріп кетті. Біржан мен Шәйза өз үйлерінің жайларын тапсырып қалды. Шал құлақ сала тыңдады да:

– Реті келсе сіздің ауылдарға да барармын, – деді.

Балықшы шал үйіне қайтқан кеште Біржан әлі жұмыстан келген жоқ еді. Шал үйіне кіре бере:

– Қонақты қарсы ал! – деді кемпіріне. Кемпірі есікке қараса қазақтың бір кемпірі келе жатыр екен:

– Кіріңіз, келіңіз! – деді ол.

Келген кемпір табалдырықтан аттаған сайын самауыр қасында бір қырын отырған Шәйзаны көріп, солқылдай жылап бас салды.

– Күнім, құлыным! Өкпем, жүрегім!..

Шәйзаның аң-таң қалғаны сонша, әуелі шешесін тани алмай қалды.

Іші елжіреп жылағысы келеді, бірақ жылау орнына, жынданған адамдай, сақылдап күле берді. Шешесі жылап егіліп тұр, қызы шешесінің құшағына кіріп алып, дір қалтырап, күле береді.

Матвей қыз жайын түсіне қалып, зекіріп жіберді:

– Тоқтат! Жи есіңді!

Шәйза сонда ғана күлкісін тиып, түйіліп қалған жан-жүйкесі босағандай, жылап жіберді.

– Апам, апам!..

– Бұлар жыласып, құшақтасып тұрғанда Біржан мен Ілияс кірді.

– Сіз менің әкем екенсіз, ең қымбатты әкем екенсіз, – деп, Біржан Матвей шалды құшақтап алыпты.

– Әке болғанда қандай! – деп Ілияс қостап қояды.

Ожарлар мінезі белгілі, Оспан Біржан мен Шәйзаның үйін тас-талқан етіп, шауып алған. Иттерінен басқасын айдап әкеткен. Сол жайды жеткізуге Ілияс Қостанайға келіп, Матвей шалдың үйін тауып алғанда, шал оны Біржанға жолықтырмады. «Қызу жігіт, естісе өзі барып отқа түседі», – деді де, елге жүріп кетті. Не бітіргені белгісіз, әйтеуір қаңғырып қалған Қалишаны ала келіпті.

Бұл түні Шәйза шешесімен бірге «напалатта» жатты. Шерлі шеше ескі бозжаманы ақтарғандай, жасынан көрген бейнетін түн бойы айтып, тауысар алар емес. Әсіресе, Оспан болыс пен Итемгеннен көрген қорлық-зорлығын кінке тізе берген екен. Ара-тұра:

– Енді қайтесіңдер? Өстіп қашқын боп кетесіңдер ме? – деп сұрайды. Шәйза мырс етіп:

– Қашқыны несі, біз енді қаланың адамы болдық. Теміржол Біржанға пәтер беретін болыпты. Енді баяғы ит тепкі ескі ауылға барғымыз келмейді, – дейді.

Шеше көңіліне бұлар бір елден қуылған сияқтанып жатыр.

— Балшық үй әлі суға толып тұр... Құдай қосса бүргелері қырылған шығар... Күзге қарай қайта түзетіп алмасақ, төлбосаға құлайын деп тұр... Ендігі құлаған да шығар... Елде биыл ойын-той көп болатын сияқты...

— Жоқ, апа, сен де бізбен бірге қалада боласың!..

— Моншасы демесең қалада маған не қызық, бар? Кіммен сөйлесіп отырам? — Шеше ананы айтып, мынаны айтып әйтеуір ауылға тартып жатыр.

Қора төбесінде қалған азғана шөптің үстінде Біржан мен Ілияс таң атқанша сөйлесумен шықты. Оңбас топ ұсаққа үйір, Оспан мен Итемген Ілиястың үйінде болған өтірік шілдехананы да біліпті. Біржан мен Шәйзаны таныстырғаны үшін Ілиястың жалғыз атын тартып әкеткен. Ашынған Ілияс Қостанайға соның күйігімен келген екен. Қазір ол күйік басылып, Матвей шалдың адамгершілігін айтып жатыр:

— Бұл өзі баяғыдан қазағуар болатын... Келген бетінде сенің үй ішіңді теңіздегі балықшылар ауылына алып барды. «Асырайсыңдар», — деді. Ол ауыл сендерді көрген екен, қыңқ еткен жоқ. Шәйзаның шешесін үйіне алып келіп отырғаны мынау...

Осылай, екі жерде екі-екіден әркім өз мұңын айтысып жатқанда вокзал жақтан тарс-тарс мылтық атылды. Біржан орнынан атып тұрды да киіне бастады.

— Сен үйге кір! — деді жолдасына.

Біржан теміржол жұмысына кіргелі бір-ақ ай өтіп еді.

Зерделі жас ол уақытты бос өткізбеген екен. Ананы-мынаны аңғартып, тез өзгертер, тез ширатар кезеңге кездескен жігіт тез өзгеріпті. Бірге жүрген жұмыскерлермен дос болып алған... Бірте-бірте жұмыскерлерде бір жасырын сыр барын байқаған. Анда-санда бір қара былғары киген келіп кететін... Біржан оны теміржол төрелерінің біреуі деп ойлайтын. Кейде он, он бес адамның басын қосып, кеңесіп отырады, ұзақ кеңеседі... Ойнайды, күледі... Біржан көпке дейін оның қасына бармады: таныс жұмыскерлерімен ғана отырған төре мен барсам ренжіп, қуып жібере ме деп бой тартты... Ұзамады бір күні әлгі «қара киім» Біржанның қасына да келіп, шатпақтап қазақшалап жақындасты... Біржанның, қолын қысып, арқаға қағып, күн сайын көбірек әңгімелесіп үйір болып алды, күн сайын жақындай түсті... Біржанның қайдан келгенін, теміржол жұмысына қалай кіргенін білген соң, тіпті ішке тартып әкетті. Анда-санда болатын әңгімелеріне шақырды. Соңғы бір жетіге дейін осыдан басқа жаңалық қосылған жоқ. Керек десең, Біржан оның атын да білмейді. Саша ма, Алексей ме? Басқа жұмыскерлер оны осылай екі түрде атайды. Ол екеуінің қайсысы дұрыс екенін білмей-ақ, Біржан да осыған үйреніп кетті. Ол ылғи Колчактың үкіметін сөге сөйлейтін. Ел демей «еңбекші ел» дейтін. Біржанның атын жеке атамай, «Жолдас Біржан!» дейтін.

Осыдан бір жеті бұрын Саша тағы келе қалды. Кештетіп келді, Жұмыскерлер жұмыстарын бітіріп қайтайын деп жатыр еді. Алқынып терлеген, түймелерін ағытып жіберіп: «Мен сендерге жаңалық әкелдім» деді. Жұмыскерлер анталап шоқтарыла қалды... Ортаға кіріп алып, Саша сөйледі. Демдерін іштеріне тартып, жұмыскерлер тыңдап қалды...

– Жаңалық бар, жолдастар, қызыл майдан алға басуда. Оралдан бері асып, тез ілгерілеп келеді. Құлашын кең жайып, ақтарды ысырып келеді. Ақтар ылғи жеңіліп, бері қарай қашуда. Біз де қарап жата алмасақ керек. Жақын арада қаланы қолға алуға міндеттіміз. Бұл арадағы ақтардың күні санаулы... Енді өздерің, сақ ұйықтаңдар... Екі-үш күнде Қостанай төбесінде қызыл ту желбірейді. Біздің күш қорланып келеді. Селебе, Қызылжар да әзірленуде. Торғай туы жығылған жоқ! Қалада күзет күшейе бастағанын байқаған шығарсыңдар!.. Бейсауат жүрген адам, яки жиылып, сөйлесіп тұрған адамдар қатерге ұшырайды. Мен сендерге оудан былай сирек келемін... Әсіресе, сендерді мықтап күзетер. Таңертең ерте, яки кешке келіп-кетіп жүрермін... Қай күні керек боласыңдар әзір тұрыңдар. Түнге қарай бытырамай бір жерде болыңдар. Біржан, сен бізге қан аятпас жолдас болдың... Барлық сырымызды білдің... Басқа адамға аузыңнан шығарып алушы болма... Біз сендей кедейлер, жұмыскерлер үшін қан төгісіп соғысамыз. Бұрынғы патша үкіметі де, мына Колчак үкіметі де байлардікі!.. Біз оларды қуып, Кеңес өкіметін орнатпақпыз. Өзің неге тығылып жүрсің? Осы ақтардың үкіметі, өздеріннің алашордаларың байға болысқасын тығылып жүрген жоқсың ба? Біздің қызылдар келгесін, сен секілді кедейлер байдың кеудесіне мінеді... Байларды құрытамыз. Сен алған қызыңмен еліңе барып тұрасың. Анық бостандық сонда ғана болады. Талап әкеткен малдарыңды қайтып аласың. Осы күні еліңе барсаң ақтар сенің алған қызыңды да ана бай қазаққа тартып әпереді... Қаладан кетпе! Жолдастар, сендерге осыны әдейі айтайын деп келдім. Енді бұрынғыдай өсіңгем болмаңдар... Күн демей, түн демей, атыс естілсе-ақ бағзалға ұшыңдар! – деген.

Біржанға әлденелер елестеп кетті... Қызылдар байларға шын қас па екен? Біз еліне барып тыныш отырар ма екеміз? Оспаннан теңдік алатын заман да туар ма екен?.. Сұрау үстіне сұрау жабырлап, кейде қуанып, кейде болмашы қиялдың соңынан ғана еліктегендей болды. Ойы алысқа бара алмайды... Бірақ, адам жақсылық жағын баса ойлайды, келетін қызылдар байларға қас, кедейге дос екен деп, иманын бекітті, Біржан осыған ұялады. Қайтып келіп түнде Шәйзаға жетті...

XII

Содан бері айналасы бір жұма өткен жоқ, қала тынысы тарыла бастады. Көше бойлап шапқылаған әскер көбейді.

Дамыл жоқ, шапқылаған солдат... Кез келгенді тексере бастайды. Завод, вокзал бойларында кісі атылу жиіленді. Аттаған адымыңды қате бассаң, қамшы жейтін болдың. Күн-түн көшеден солдат арылмайды. Қысым күн сайын күшейе түседі... Елдің семіз айғыр, ту бие, жақсы аттарын айдап әкететін шықты. Атшыбырының соңынан іздеп келген қазақтар, астына мінгендерінен айрылып қалу қайтатын болды.

Қаланың тынысы тарыла берді. Сенбі күні тыныш секілді еді, араға түскен тексенбі әлденені өзгертіп жібергендей, қаланың іші тағы қатаңдана түсті... Күн-түн сатырлап шауып жүрген солдат, күн батса көшеге қарай да алмайсың...

Қамшы жейсің, болмаса жабылып қаласың... Сауда сату мүлде тоқтап, әркім өз барын қорек етіп ортақ дүниеден қол жазып қалды. Қаланың әр көшесі түгіл, әр үйінің өмірі өз алдына болып кетті... Кемпір-шал, бала-шаға болмаса, өзге адам араласа алмады... Анда-мында тінту көбейді. Көшеде кездесіп, екі ауыз сөз сөйлескен адам атылып қала беруі — оп-оңай болды... Күн санап жаны алқымына тығылып, ақтар шақырайып, ысқырынып кетті. Өлетін сонадай кез келгенді шақты. Өзінің тынысы тарылғанын өзі білдірді.

Біржан жүгіріп көшеге шыққанда таң атып келе жатыр екен... Улаған-шулаған, құты қашып, өзінен-өзі үрейленген қала халқы ерсілі-қарсылы ағылып жүр. Тобыл өзені тасып кетіп, содан сасқандай... Сол ағылыс өсе берді... Қала шулап қайнай берді... Ық-жөн жоқ әйтеуір бір қарбалас... Айғай-ұйғай, сарт-сұрт... Шапқылаған солдат... Бейне жаудан қашып, түнде көшіп жатқан ауылға ұқсайды... Бірақ мөңіреген сиыр, үрген ит, жіп-шу іздеген айғай жоқ... Адам толқыны қаланың тұс-тұсына қарай түгел бет алған. Әскер мен тұрған жұрт араласып кеткен. Тексеру, пропуск сұрау деген көбейіп еді, қазір сенде ешкімнің жұмысы жоқ. Не бәрі қашып бара жатқандай, не бәрі қуып бара жатқандай жанталас та қарбалас...

Келе жатқан қызылдардың кімге қас, кімге дос екендігін Біржан көзімен көріп келеді. Байларды құртып, кедейлерге тимейтініне бұдан артық не дәлел керек?

Қала тынысында бір аптығыс барын Біржан көптен сезетін. Бүгін сол аптығыс алқымнан алған сияқты. Әшейінде есерлене, мақтана, дүбірлете шабатын әскери адамдар бүгін дүрліктіре шауып жүр. Қысылтаяңдық бар, шошып оянғандай шала ұйқылық бар.

Тас үйлердің, үлкен магазиндердің тұстарынан пар-пар ат жегілген повозкалар қаладан шығып барады. Асыққан да артынған арбалар...

«Игілік банкысының» тұсынан бір атқа жайдақ мініп үш-төрт атты жетекке алған қазақ жігіттері Тобыл өзенінен ат суаруға кетіп барады. «Игілік банкысының» қасында екі қабат қонақ үй бар. Қазақ байлары ылғи сонда түседі. Дау қуғандар, саудагерлер, шенге таласқандар — бәрі сол маңайдыториды. Қала тынысы қанша тарылса, қырдан келген жігіттер ауылдағы бейғам қалпында кетіп барады.

Асығыс келе жатқан Біржан: — «Әй, қайда қашып бара жатырсың?» — деген дауыстан абыржып, жалт қарады. Итемгеннің қу аяғы Омар екен. Әсем ақ-көк атты жайдақ мініп, екі торыны жетекке алып, бұл да өзенге қарай кетіп барады.

— Бәлем, көзге бір түстің бе! Енді қайда қашып құтылар екенсің?—деді Омар.

— Ә, қайсымыз қашарымызды құдай білет те... Күпілдемей тұра тұр...

— Жоқ, сені байлап әкететін болармыз...

— Жә, әкете ғой байлап!

— Жүр, ер соңымнан! Болыстың алдына айдап апарайын!

— Мен ерем бе саған?

— Ермесең, өз сорың, полиция айдап әкеледі.

— Е, көрерміз сонда!

Омар қанша қожаңдайын десе де Біржан ығыспады. Қол салысуға келсе, Біржан өзін аттан жұлып алып итше тепкілеп кететін түрі бар. Ауылдағы айбын адыра қалып тұр.

- Бәлем, тоқтай тұр... әкеңнің аузын... тұрып, байлатып алмасам ит болайын! деп, Омар өзенге қарай шоқыта жөнелді.

- Әй, өзіңнің де әке-шешең барын ұмытпассың! – деді Біржан.

Көптен көңілде жүретін түйсік ашылып қалды. Соңына жарық алып түскен Оспан болыс ұяластарын ертіп қалаға келгені де. Жаңағының: «Байлатып әкетем!» – деп тұрғаны жай деймісің! Ақтың төрелері ондайдан тайынғаны бар ма! Байлап беретіні рас. Бақыртып тұрып дүре соғатыны да рас. Өзім жоқта Шойманы алып кетер ме екен, үйге қайтып, сақтандырсам ба екен деп ойлады Біржан.

Бірақ, вокзал жақтан мылтық дауысы шықса тез жетесіңдер деген тапсырыс жеңді. Біржан артына бұрылған жоқ.

Біржан жүгіріп вокзалға жеткенде, Саша мұны тосып тұрғандай қарсы алды. Қасында тағы үш-төрт адам бар. Қол сермесіп, тез-тез, екпінді сөйлесіп тұр. Саша Біржанды таныстырғанда қасындағылары үстірт амандасты да бұрынғы ойтмелеріне ойысып кетті.

Біржанға жүзтаныс теміржолшылардың көбі келіп қалыпты. Келіп болғандар тіпті көп. Жүздеген адамдар мылтық асынып, қылыш байлап алыпты, әлдеқайдан қару артқан арбалар келіп жатыр.

Біржан енді аңғарды – вокзалдың алдында жаңа келгендерге қару беріп жатыр екен. Саша бастаған топ сол жұмысты да басқарып тұр.

– Анда бар, қару ал! – деп, Саша солай қарай нұсқады.

Бұл күнге дейін тілектестік білдіріп, кейде тіпті кіжініп жүрсе де шын мәнінде күреске кіргенін Біржан осы арада ұғынды. Ортадағы топтан қару үлестіріп жатқан жерге дейін неше адым болса, Біржанның шын күреске қарай алғаған алғашқы адымдары да сол еді. Ол күрестің мәні неде екенін Біржан өзі түсініп тұрса да, қару тапсырып тұрған таныс теміржолшы тағы бір қайталады:

– Мынаны мойныңа іліп ал! – деді ол, сояудай ұзын қылышты ұсынып тұрып. – Байлардың басын кесуге ең қолайлы болат. Мынаны қолыңнан түсірме, байларды атасың, байларды атасың! Мылтық!.. Жігіт болсаң, атты өзің тауып ал!

– Жақсы... – деп, Біржан кейін бұрылды да Саша Бораздиннің қасына келіп шиналақтап қалды.

– Ие, қаруланып алдың ба?

– Атты өзіміз тауып алу керек екен...

– Әрине... Бізде қайдан ат болсын...

– Үш-төрт кісі берсеңіз, елу адамға ат тауып әкелер едім...

Бороздин азғана кідірді де бір топ қарулы жұмыскерлерге: – Барыңдар... Біржан Елеманов жолдасқа еріңдер! Ат тауып әкеліңдер! – деді.

Игілік – қазақта бірінші болып банк ашқан кісі. Қазақ байларының басын ұрып, Қостанайда ашқан банкысы базар сайын қалың елді бір тонап қалады. «Бексіл» беріп, ақша алып, келер базарда өсімін өтей алмай зар қағатын қыр

қазағы Игілік банкысына арқандалып қойғандай, бәрібір бұл маңнан кете алмайды.

Банкының қасында екі қабат қонақ үй бар. Онда саудагерлер мен байлар, алыпсатарлар мен карташылар түседі. Қашанғы әдеті бойынша Оспан болыс, соңына ерген ұяластарымен бірге бұл жолы да осында түскен еді. Жаңа ғана іш дәретін алуға құманды ыңғайлай бергенде ат суаруға кеткен жігіттер қатты дүбірлетіп келіп қораға кіре бастады. Алдымен келе жатқан өзінің атшысы Аяп екен.

Жайшылықта да есерлеу Аяп жаңа ғана суарылған аттарды ентіктіріп әкеліпті. Оспанның тап бір ұнатпайтын мінезін істеген.

– Уа, не бар? Неменеге асықтың, аттарды сонша алқындырып? Әкеңнің асына шақырып келіп пе ең? – деді Оспан барынша зәрлі дауыспен.

– Болысеке, сабыр етіңіз, кімнің әкесі екенін қазір естисіз, – деп, Аяп аттан секіріп түсті де, суарудан бұрын әзірлеп кеткен сұлы дорбаларын аттардың басына іле салып Оспанға келді. Ол екі арада Оспан оны екі рет боқтап жіберді. Бір жолы әкесін, келер жолы жеті атасынан бері... Ат суаруға кеткен басқа жігіттер де қатты жүріп келе жатыр.

– Уа, не болды? – деп Оспан тағы айғайлап қалды.

– Қаланы большевиктер алып жатыр, – деді Аяп.

– Тегі аман аттана алсақ жарар еді, – деді әлі атынан түспеген Омар.

Жүресінен отырып, оң қолымен жез құманнан сол алақанына құйған судың шұр-шұр етіп жерге төгіліп жатқанын Оспан а дегенде байқай алмай қалды. Алақаны әлі толмағандай құманды тоңқайта берген күйі әлі отыр. Ол тілге келіп, есін жиғанша қонақ үйге түскен ел байларының бәрі де қораға шығып үлгерді. Қаланың жайына да түсінісе қалып:

– Жегіңдер аттарды!

– Тез! Жылдам! – десіп у-шу болды.

Құманды қылжита салып, ақ дамбалдың ауын уыстай бүріп Оспан орнынан тұрғанда ұры итше өтірік жылмиған Итемген қасына келді.

– Әлгі Біржан күшік қызыл болып кеткен екен ғой. Омар көріпті. Ол мені оңдырмайды... Мен енді аттанамын... – деді.

Басқалар өз алдына, Оспан болыс Біржанды ұстатып түрмеге жаптырмақ болып келген. Ұры да қары, бұзылған да большевик деп ойларына келген жаманаттың бәрін жауып оязға акты жасап тапсырған. Колчак қойған Ояз бастығы Біржанды ұзатпай қолға алуға уәде берген еді. Оспан тобы қалада осымен тоқталып жатыр. Барлық болыс-бидің байырғы әдетінше, елге әскер алып келіп, кежірі көп, кесірі көп кедей ауылдарды тағы бір қызыл жон етпек еді. Итемгеннің арбасына Шәйзаны да оп-оңай салып әкетпек-ті. Енді міне, жол қырсыға бастаған сияқты.

– Апырау, оязға шапсаңдаршы! – деді Оспан.

– Оязы құрысын, елге жетейік, мына мылтық жай атылып жатқан жоқ.

Осы кезде қораға мылтықтарын көлденең ұстаған алты адам келіп кірді. Түстері суық-ақ. Мылтықтары да құлағы кайырулы, тек көздеп қалуды күтіп тұрғандай.

—

Аттарды алып шығыңдар! — деді, дүдардай шашы жел қалай қарай соқса, солай үйтқыған кеспелтек қара торы жігіт Біржан. Өзі қасына бір адамды алып шықпының аузында қалды.

Қару асынып алған теміржолшылар тілге де келген жоқ. Аттарды жетелеп алып сыртқа шығарып байлайды да қайта оралады. Тағы да үшеу-төртеуден алып кетеді. Тағы оралады, тағы алып кетеді...

Ақ-көк атты оңашарақ байлап, ер-тұрманын қасына апарып, ерттеуге кірісіп кеткен Омарды мылтықтың үш жағымен кейін шегіндіріп, сақал-мұрты кіршіндей теміржолшы ақ-көк атты шеше бастады.

Ол атқа тиме! — деді Біржан.

Бауырым-ай, осы жақсылығыңды ұмытпаспын! — деп Омар Біржанға қарай жүгіріп келеді.

Тоқта! Ертте әдемілеп!

Е, ертте, ертте... — деп, Итемген де қосарлана кетті. Қора толы аттарды түгел тысқа шығарып болған соң, Біржан ақ-көк атты өзі шешіп алды да шымылдыңданып, тыпыршып тұрған жарау атқа қарғып мініп алып жөнеле берді.

Ол манадан бері әлденені көріп, қабағы қатулы болса да көзі күлімдеп тұрғандай еді. Енді соны ішіне сыйғыза алмапты. Қақпаға таяп келіп ақ-көк атпың басын тартып артына қарады да:

Болысеке, дамбалыңыздың бауын байлайтын уақыт болған шығар! — деді де шалуып жөнелді.

Бәрекелді-ай, әлі байлаған жоқ па едіңіз... — деді Итемген. — Мазақтап кетті ау...

Біржанды большевик деп акты жасап, қол қойысқан байлар қаталаспаған екен, оның алғашқы шеңгелі дәл тиді, өздеріне тиді.

Бір қора болыс-билер жаяу қалды.

Ой, мынауың аямас!

Таныс үйлерге тығылып жан сақтамасақ қайта оралса қан қылар!

«Тыратата... Татата... Та... Та...» естілді... Қорадағылар үрпиісіп қалды. Ұзамады, тағы бырт естілді... Соғыс қой!..

Жай мылтықтың дауысы жететін жерге келіп қалыпты ғой!.. Бырт та бырт, ортада бір жүн сабаған тулақ дауысы секілді. Іле қопарылған сұрапыл, гүрілдеген гүрілі қаланың үстін түгел жауып кетті. Әркім өз подвалының астына түсіп, оны ақтың тілеуін, енді бірі қызылдың тілеуін тілеген күн туды. Көше-көшені қалдырып оқ суылдайды. Көше-көшені қопарып зеңбірек оқтары түседі. Көше-көшемен бытырай қашып қазақ байлары зытып барады...

А, құдай, Біржанның бетін аулақ қыл!..

XIII

Қостанай большевиктерінің бұл жолғы көтерілісі жеңіспен аяқталса да толығынды бола алмады. Ақтарды оңай айдап тастап еді, қаланы қалай басқаруға келгенде ырың-жырың, алауыздық көбейіп кетті. Ақтардың көк желкесінен оқ ете түскен көтеріліс Сібірді түгел билеп тұрған Колчактың өзін де қатты

састырып еді, әттең ұзақ жасаған жоқ. Өз іші дүрдіараз, өз іші әрі-сәрі көтеріліс Орынбордан ығысқан ақтар келіп қалғанда қаланы оңай босатып берді. Қаланы ақтардан босатып аларда көтеріліс басшылары бірауызды еді, қаланы қорғауға келгенде көтеріліс басшылары екі айрылып кетті.

Неше жиналыстар өткен, неше сағат сөздер сөйленген, бүгін тағы да керісіп жатыр. Біріне түсініп, біріне түсінбейтін Біржан айтыс сырын түгел ұға алған жоқ.

Орта бойлы, мөлдір қаракөк көзді, маңдайының қақ ортасынан тіліп түскен терең әжімді, көбінесе сол қолын сермей сөйлейтін Таран бұл көтерілістің мәні үлкен екенін, Қостанайды қолдан шығармау керектігін дәлелдеп еді, оған Желяев деген адам қарсы шықты:

– Сен көтерілісті жалғыз жасаған адамша сөйлейсің-ау! Біз де бар шығармыз. Менің жеті жүз адамым болмаса, сен басыңды да көтере алмайтын едің! Менің адамдарым сенің Қостанайыңды күзетуге келген жоқ. Мен оларға жұмыс тауып берем... Қаланды өзің қорғап ал!– деді.

Ұзамады, біріне-бірі:

– Анархист!

– Синдикалист!

– Эсер! – десіп қалды.

Бороздин шығып Таранды жақтай сөйлеп еді, Желяев оған да шабаланды. Қасында бір топ қызыл-кеңірдегі бар Желяев, ысқырып-айғайлап, жиналысты тастап кетті.

Осыдан кейін бастықтар кездесіп, келісті ме, оны Біржан білмейді, таң ала сәуледе Бороздин эскадронымен қаланың Тройск жақ бетінен орын алды.

– Бас эскадрондар біздің сол жағымызда. Желяев оң қолымызда. Ұзамай шабуылға көшеміз! – деп еді Бороздин. Күн көтерілгенше ешбір шабуыл болған жоқ.

Ақ әскерлер бір оқ атпай қалаға жақындай берді.

Енді бір кезде Бороздиннің өзі әлдеқайда шауып кетті.

– Бұлар әлі келісе алмаған ғой!

– Қостанайдан айрылмаған неміз қалды? – деп теміржолшылар күйзеле бастады.

– Көрерсіңдер, соғыспай жатып өлеміз әлі!

Бірақ, бұлар соғыспай қалған жоқ. Шабуылға үш рет барып, үш рет шығындап қайтты. Түс ауа ең ауыр күйге ұшырасты. Мылтықта оқ жоқ, мылтық үндемейді. Оқ жоқ, пулемет үндемейді. Жау қолы ағыл-тегіл. Командирлер үндемейді.

Желяев шегініп кетіпті деген хабар тарады. Таран жараланып қалған деген хабар жеткенде Бороздиннің оң қолынан оқ тиіп, ол жараланып қалды. Ақтар қала төбесінен зеңбірекпен ұрып жатыр. Таранның жаяу әскері шегініп кеткен. Жау пулеметі Бороздин эскадронын атқылай бастады.

Қаланың солтүстік жағынан ақ әскерлер кіре бастады деген хабар келді.

Ұзамады, Бороздин Тобыл өзенінің арғы бетіне өтуге бұйрық берді. Өзі шауып тағы бір жаққа кетіп еді, эскадроны Тобыл көпіріне жеткенде қайта келіп қосылды.

– Жолдастар, бет алысымыз Торғай... Ақтөбе майданына барып қосыламыз. Енді Қостанайға оралмаймыз. Оны біліп аттаныңдар,– деді.

Сол-ақ мұң екен, жұмыскер эскадроны шу ете түсті.

– Онда үйімізге барып қоштасып аттанамыз! Лұқсат ет, командир!

Мүмкін кейбіреулер келмей қалар... Бірақ ерікті әскер табанын тап баса алмағандардан тазарғаны дұрыс та. Бороздин қарсы болған жоқ.

Сол қалаға қайта оралғандардың ішінде Біржан да кете барды. Бороздиннің қасында азғана топ қалды.

Біржан қораға кіріп келгенде Шәйза аңдып тұрғандай тез шыға келді. Көзінде қорқыныш та бар, қуаныш та бар. Біржан Омардың атын тартып алғалы Шәйзаға бір күш біткендей, көңілі көтеріңкі жүретін. Оқ қанша суылдаса да сонысқаупінен қаперсіз адамдай, ашық жүзбен келіп ақ-көк аттың шылбырын ұстай берді. Ол оқ біткенді қызылдар атып жатыр деп ойлайтын. Қаланы ақтар алып қойғанынан да хабарсыз еді.

Біржан осы жайды айтқанда Шәйза қатты сұрланып кетті;

– Апырау, енді қайда барамыз?

Біржан өзінің қайда баратынын айтты.

– Мен ше? Маған қайда қал дейсің?

– Қал дегім келіп тұр деймісің, жаным!

– Қал демесең, ат ала келмес пе едің!

– Ат оңай ғой...

– Әлде қызылдар әйелге лұқсат етпей ме?

– Сұраған жоқпын... Бірақ қуанып қарсы алатын сияқты... Орыс әйелдері толып жүр ішімізде.

Көшенің арғы басынан салдыр-күлдір, тарсыл-тұрсыл, ақ әскер кіріп келеді. Көше бойлап зуылдаған оқтар солардікі екенін Шәйза енді ұғынды.

Көлденең көшені өрлеп бір топ ақ әскер шауып өтіп барады.

Үйге кіріп қоштасар да уақыт жоқ... Үйден Шәйзаның шешесі шығып:

– Шай қайнап тұр. Кіріңдер тезірек!.. – деді.

Матвей шал есіктен басын көрсетіп:

– Естімей тұрмысың? Қаланы ақтар алып болды емес пе? Не қылып тұрсың? – деді.

Біржан сол жақ үзеңгісін Шәйзаға тосып, аттың басын бұра беріп еді, шыпшырақ қаршығадай оңтайлы қыз ақ-көк атың арқасына қонып та қалды.

Ақ-көк ат атылып қорадан шықты да көпірге қарай құлаштай жөнелді.

– Жолдарың болсын, жаңа жолға шыққан жаңа тілектегі жас ұрпақ!

Бурабай. I X . 1927 ж.

«Тулаған толқында» – менің ең бірінші жазған әңгімем еді (1927 ж). Бұдан бұрық жылдай бұрын жазылған нәрсені қопара өңдеуді лайықсыз көрдім. Тек бір оқушыдан ұялар жерлерін кестім: босаңдығы да, баландығы да жеткілікті екен. Аяғы бұрын жеңістен кейінгі Біржан мен Шәйзаның бақытқа жеткенімен бітетін. Соның өзін тым олақ жасаған екенмін, бұл жолы оған жеткізбей, ақтандық күресіне аттануларымен аяқтауды дұрыс көрдім.



“Чудо”. Кулэш туралы. 1972 ж.

ҚОС ШАЛҚАР

Міне, біз екі шалқардың арасында тұрмыз. Қоңыр құйқалы, құнарлы шиыр. Адырсыз, жотасыз жазық алап. Керілген кең тақта. Қуаң тартқан қалың қау.

Батыс жағын қапталдай ескен қалың жал, көк жиекті көміп, кең жазылған кереге тәрізденіп иіліп келіп екі көлге тіреле тоқтаған. «Қос шалқар» қос босағаға орнатқан күміс барана тәрізді екі көл. Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан су ақырын ғана жағасына соғып дірілдейді. Ышқынбайды, титіркенбейді...

Ақырын соққан самал шалқар көлдің ақша бетін аймалап сүйгендей болады. Сүйген жерінде ирек із қалады. Шалқар шімірігіп ышқынғандай болады.

Көшпелі көк бұлт көлеңкесін көлге түсіріп, айнаға қарап сыланددады. Кешкі күн екі көлге кезек шомылып, жарқ-жұрқ етеді. Біз таза ауаны тойғанша жұтып, колхоз егісінің ортасында тұрмыз... Бұл Қосымның «Қос шалқары». Қарақас бойбішеге ас бергенде қара қасқа аттың бәйгесіне Қанікей деген жетім берілген. Сондықтан «Қанікей шалқары» деп те аталады.

«Телпектердің», «Итаяқтардың» терліктей мәйегін Қосымның қалың жылқысы «үйтіп» жатқанда, итаяқтар «Қос шалқардан» атын да суара алмайтын.

Бұл өзіміздің күйгелек Тәпел күзетіп жүретін «Қосымның Қос шалқары ма...»

Мен «Қос шалқарды» өмірімде үш-ақ рет көрдім. Бірінде, он шақты бала жидек теруге келдік. Белшемізден шыққа батып ала сәуледе ағашқа кірдік. Кіруін ұрланып кірсек те, көңілді көкке көтеріп, қылп еткен сыбдырға жаңғырығып тұрған нуға кіргесін, айғайламасқа, дәтіміз шыдасын ба! Керексіз жерде-ақ сақылдап күліп, қарға адым жерден айғайлап сөйлестік. Жидек бізді сүйрей берді.

Жидекті қуып ұзасқан сайын айғайымыз басымдап, Тәпелі «құрғыр» естіп қалыпты ғой. Осылай ғана қасымызға келіп ақырып кеп қалғанда талайымыздың-ақ қабық шелекшеміз «қайып боп» кетті. Өзі ұзындау, өзі бейғамдау Әбзи деген бір жолдасымыз аңырып қаша алмай қалып еді, қуалай жонына шыбыртқы шып-шып етіп қалды. Қамшыдан қайқалақтаған Әбзидің арық қабырғасы ыржың-ыржың етіп, екі қолымен арқасын ұқалай «ағатайлаған» дауысы тым ащы шықты. Сонда да қаша алмады. Өзгеміз зытып отырдық.

Бір-бір шелек жидек теріп алып, «Қос шалқардың» біріне шомылып қайтпақшымыз да. Ол болмады: «Ауылға дейін қумас па екен» деген адамша артымызға қарай-қарай ауылға тарттық.

Міне, бұл «Қос шалқарды» бірінші көргенім...

«Қос шалқарды» екінші көргенімде әуе айналған ыстық шілде еді. Алдынан санағанда он жетінші, артынан санағанда жиырма екінші өгіз арбасында едім. Бойтұс қара өгіз, көзіне шыбын үймелеп, аузынан сілекейі шұбырып, митіңмитің аяңдап келеді. Екі доңғалақты қазақ арба дағдылы ойбайын салып о да келеді. Ұзын қораптың ішінде меніменен төрт адам. Менен басқалары шөп шалатын жүздікшілер. Мен өгізді алып қайтуға келем. Басқа арбадағылар да сон-

дай. Арба біткеннің артында жалт-жалт еткен ақ орақтар. Тұмсықтары салбырап, көк майсаға тістерін қайрап келе жатқандай.

«Қос шалқарға» жөнелсін деген хабар келгесін, жаңа ғана барған жайлаудың қызығын тастап, жігіттер жүздікке жөнелген. Бұлар Қосым байдан әр кезде есімге алған үш сом ақша, екі шана шөп, биенің сүті, аттың майы деген сияқты борыштарын өтеуге келе жатыр. Бәрінің де іші ауырған адамдай қабақтары қатыңқы, көңілдері кірбікті. Үмітсіз өкініш барлығы түстерінен-ақ білініп келеді. Жаңа ғана барған жайлаудың қызығы артта қалғаны жігіттерге қатты батып келеді. Жым-жырт. Насыбай сұрасқанда болмаса, тіс жарып жадыраспайды.

Жүздікшілерді бастап келе жатқан Жантық тарантас арбаға ат жеккен сонадай алдымызда отырады. Тұра қалған жерде Қосымның жабдығын сөз қылады. Қосымды иемдене сөйлейді. «Қос шалқардан» екі мың қидырсам, «Қыз кеткеннен» бір мың қидырсам деп бастайды. «Керенаулық қылып, жаңбырға тидіріп жастай жинап жүрмеңдер! Өзім көрмей шошаққа тартпаңдар!.. Үйтсеңдер өкпелемеңдер!» – дейді. Не керек, өзіне тиген үкімді істеп, жүздікшілерді билеп келеді.

– Осы ит-ақ түбімізге жетер, – деп жігіттер өзара күңкілдеседі. Қосыммен қосақтап Жантықты да сыбап алысады, сүйтіп, «жарты патша» Жантықтың үкімінде тәулікке тарта жүріп келеміз.

Ертеңінде шаршы түс табанында «Қос шалқарға» жеттік. Ыстықтан қаталаған өгіздер, тілдерін кере құлаш шығарып, солықтап тұр. Жантық жігіттерді иіріп алып ауыл-ауылға бөлді. Айналасы ат шаптырым алаптың ортасына бір жан түсірмеді. Алапты айналдыра түсірді. «Қос шалқардың» жарасына да жақындатпады. «Ауыз суға томар су да жарайды» деп ешкімнің айтқанына мойымады. Жігіттер амалсыз бытырап-бытырап кетті. Қос-қостың арасы атпен қатынасатындай алшақтанды. Жақын түссе қыдырыс көбейеді деп, әдейі осылай істеді.

Біздің қос сегіз адам болып бір жерге түсті. Шалшықты томаршадан сасық су әкеліп шай қайнаттық. Күлімсі сасық шайды ішіп алып; орақшылар қатарқатар жол тарта жөнелді. Сары бас араласқан қалың қаудың жолдары жыбырлай бастады. Рахмет шыңдаған ақ орақтар күнге шағылысып жарқ-жұрқ етті. Күшті білектер, маңдайдан моншақтаған ащы тер, отты көріктен шыққан ақ орақтар, Қосымның ырысын кеңітіп, қалың қауды қарш-қарш құлатты.

Кешкі салқынмен өгізшілер қайттық. Жүздікшілер жаутаңдасып қала берді. Өзге емес, біздің қайтқанымыз батқандай, ананы-мынаны айтып арбаға біраз иірілісіп тұрды. Қысылғанда алған жүздік ақшасы, соның салдарынан сонау жайлаудан келіп шыжыған шілдеде шөп шауып жатқандары, Жантықтың айнала әмір етіп жүргені, біздің қайтып бара жатқанымыз бәрі қосылып жігіттердің жанын жеп тұрғандығы кейіптерінен білініп тұр.

Рахмет марқұм бір мінез еді: – «Кет шапшаң, мыналарды қынжылтпай... біздің қатынға айт, қолыма биялай, бір-екі сабақ тарамыс беріп жіберсін. Ендігі астан қалдырмай ала кел!..» – деді.

Қазақ арба ыңырсып барып айқайын түзеп жүре берді. Кең алапқа айнала тиісіп жатқан жүздікшілерге қарай-қарай біз де кете бардық. Кешкі тымықта зуу еткен орақ дауысынан ұзай бердік. Қосым мен Жантықтың осынша иттігінің мәнісі не екенін ажырата алмадық. «Қос шалқарға» тағы да шомыла алмадық. Қотыр басқан теңбіл денеге тұнық шалқар тағы бұйырмады.

Міне бұл «Қос шалқарды» екінші көргенім...

Бүгін «Қос шалқарды» үшінші рет көріп тұрмын. Астымда ат, қасымда Күсен мен Болжық бар. Мана ерте келіп көп жерді араладық. Ағаштың ішінде еркімізше жүрдік. Қосымның ырысы болған «Қос шалқардың» қойнау-қуысын қалдырмастан араладық. Кіші шалқарға бөленіп тұрып шомылдық.

Баяғы көрген Тәпел де жоқ, Жантық та жоқ. Есіме түскені болмаса, бірі де ұшыраған жоқ. Қуар-ау, сабар-ау деп те ойлағаным жоқ...

Күз... Қәдуілгі қарбалас жабдықтың қабындаған уағы. Күн әлі ерте. Қораның маурайына күн жаңа түсе бастады. Көлеңкеде өскен қалың шөптің шығы буға айналып, ізін білдірмей жоғалып барады. Сарғылт тартқан салаң көде жылы күнге кеудесін тосып, түнгі ызғарды тебендеп шығара бастаған сәскелік. Жаңа ғана білек қызып, тер моншақтап жұмыс өне бастады. Істеген сайын қимылың ұласымдап, ұрған құлашыңа өзің де қызығатын мезгіл...

Күсен қолын сермеп, айнала көрсетіп:

– Анау қалың жалдан, сонау қызыл байлаған діңгекке дейін... мына жағымыз, қалыңның арғы етегіндегі қара жолдан «Қыз кеткенге» дейін, «Қос шалқарды» ішіне ала... біздің жер... – деді.

Күсен жарқылдап күледі. Күсен екіленіп сөйлейді. «Қос шалқарды» айтқанда көзінен жасы домалап кетеді:

– Ертең өлсем арманым жоқ, – дейді.

Қуанышын айтуға тілі жетпейді. Тоттанған кәрі жүрегіне жас, қызыл қан жоргалағанын білдіреді, «Қос шалқармен» байланысты әңгіменің бәрін айта жөнеледі. Баяғы жүздікшілердің талайының ішінде болғанын, Жантық пен Қосымның талай қылықтарын тізбектеп ағытады. Бірақ шымбайына батқан болған қылықтарды қанша толық айта алса да, «Қос шалқар» тигеннен кейінгі қуанышын айтып жеткізе алмайды.

– «Қос шалқардың» бізге тигеніне таңым бар, таңым бар... – дей береді. Ойлімелесіп келеміз.

– Неше үйсіңдер?

– Он бір үйміз. Келеміз дегендер толып жатыр. Қалай болып шығады деп алмай жүрміз. Өзіміз биыл ғана коллектив болған соң, аяғы қайтып кетеді деп жүрексінеміз.

– Неше ауылдан жиналдыңдар?

–Тіпті неше ауыл дейтін емес, толып жатыр. Ішімізде бір ноғай, бір «бәлебай» мешпері де бар. Машина жағында жүретін Мекайла деген орыс бар. Бізді жұрт коллектив ауылы дейді. Бастабында ерсі көріп жүрдік, осы күні жұрттың бәрі де «Коллектив ауылы» болғысы келетін көрінеді. Біз коллектив ауылы болып отырғанымызға қуанып қоямыз. Жазғы ауыл түгіл, қысқы қыстауды да бірге отырдық. Коллектив болғалы жылға жақындады. Әлі бір ұрсысып көргеміз жоқ.

Ана жылғы коллективтер жанжалдаса беріп, аяғында бытырап кетіп еді. (Онда жалғыз Ордабай ғана байып шықты ғой.) Біз бірге туғандаймыз. Ылғи кедейміз ғой, шырыш бұзатын бір жалқау бар еді. Әрі-бері түзелер деп қарадық та, болмағасын шығарып жібердік.

– Коллектив боларда Қосымның балалары талай лоблытты-ау! Соның кесірінен көп кедей кіре алмай қалды. Коммунис болып кетесіңдер, «түбінде қазынаға бәрін алады» деп, жаман азғырды...

– Осы күні шаруаларың қандай? Машина-саймандарың бар ма?

– Ойбай, қарағым-ай, не шаруа сұрайсың. Бәріміз де түгіміз жоқ кедей емеспіз бе! Бәрімізде 7-ақ бұзаулы сиыр, 6-ақ жылқы, 13-ақ қой бар еді. Қазір байып алдық: казынадан он өгіз, алты ат, бес бірішке, екі тілді үш соқа берді. Бенке, Сенке, Реске деген машиналарымыз және толып жатыр. Бәрін де кейін өтерсіңдер деп, тегін беріп жатыр. Ауылнай мен болыс хабар береді. Біз барып алып келеміз. Өзгесі не керек, жазғытұрым жүз сексен пұт тұқым берді ғой. Отыз жер егін салдық. Бір-бірінен жүз пұт түсетін!.. Әлгі айтылған жалқау, Бәйкен деген жігіт: Қосымның баласына екі жердің тұқымын беріп жіберіп, артынан қоймай жүріп, қайырып алдық. Өзін де жерге тығып жібере жаздадық...

Жылда егін дегенді кім салып көрген. Биыл үй басына екі жүз, үш жүз пұт егін алайық деп отырмыз! Үй басы елу пұттап қорға шығарамыз деп сөйлесіп қойдық. Тұттай жалаңаш едік, кооперативке бидай беруге уәделесіп, жақын арада киініп алдық.

– Шөпті қанша алдыңдар?

– Сұрама, шырағым. Мынау алаптан Қосымға екі мың шөп шауып беретінбіз ғой. Осы алап бізге тигесін шөпсіз болармыз ба! Қазынадан алған екі машинді салып жіберіп едік, бір айда үш жылға жететін шөп түсірді. Алдақашан үйіп алдық. Енді егінге қол қойдық. Қазір көресің.

– Газет, журнал оқисыңдар ма?

– Оқығанда біз оқиық (бірақ кейде газетіміз жоғалып кетеді. Осыны түземей-ак қойдыңдар. Кітап ала алмаймыз. Ауылнайға айтып едік, неге әпермей жүргенін білмеймін). Кешке таман жұмыстан келгесін біздің үйге жиналып аламыз да, Сембек оқиды, біз тыңдаймыз. Көбіміз хат білмейміз ғой.

Қыстыгүні оқу үшін, Болжықтың бір бөлмесін үлкенірек етіп салдық. Жаздыгүні ауылнай, комсомолдар келгенде далаға жиналушы едік. Қыстыгүні әлгі бөлмеге жиналамыз ғой дейміз.

Өзіміз кооперативке мүшеміз. Бірақ кооператив басындағылар жаман-ау, жаман... Мата келсе алдымен өздері алады. Жақындарына береді. Кейде құр қаламыз. Қосшыға, е... МОПР-ға мүшеміз. Мына екі белгі біреуі Ленин ғой. Біреуін өзім де білмеймін. Шемберлиннің жауабы дей ме, қорғау деген бірдемесі бар ма, әйтеуір сондай бірдеме... тағып алғаным. Қамзалымды түнде басыма жастамаймын. Ленин қадаған өңірін үстіне қаратып басыма іліп қоям...

Осы кеңесумен отырып Кіші Шалқарға жаздай салынған қыстауға да келіп қалдық. Күсекем сөзге жарытты.

Болжық та қосарланып қояды.

Бұл қыстау өзге қыстаулардан анағұрлым өзгеше, ортасынан көше қалдыра салған он бір балшық үй. Есік-терезесі орнатылып, іші-сырты майланған. Сыңғырап тұр. Қазақ кедейлерінің қыстауында қос терезелі, тақтай еденді үйді өмірімде бірінші көруім. Шошайған шошаланы емге іздесең де жоқ. Бір-бір «саманный» азбар. Көше де, үйдің айналасы да тап-таза. Әрбір үйдің қасында сандықтап үйілген сары мая. Болжықтың үйіне кіргенде:

– Мына тақтайға енді түкіре береміз бе? – деді Күсекең.

Үйлерден өтіп моншаға келдік.

Кәдуілгі қаланың моншасы. Сыңғырлап тұр. Барлық керегі даяр. Күсен моншаны біраз жыр қылды:

– Осы монша бізге мешітіңнен артық көрініп тұр. Бір тайынша шығарып, керек-жарағын алдық та, сыртын өзіміз салдық. Әлгі Мекайла бәрін біледі екен. Ішін сол жөндеді. Енді кір дегеніңіз маңымызға жолар ма екен? Енді біз кірлі қазақ болармыз ба екен? Жұма сайын түсіп тұрамыз.

Моншадан өтіп қыстаудың шетіндегі қырманға келдік. Далиған кең қырман. Айналдыра үйілген егін, алтынмен қаптап койғандай жалт-жұлт етеді. Ең биік маяның төбесінде қызыл жалау. Болмашы желге желбіреп, «Кел мұндалап!» тұр. Алтын маялардың арасы қыбыр-қыбыр жан. Құймышағынан майы шыққан өгіздер, жегуге әзірленген аттар. Әлеңкідей жаланған жігіттер. Койлегін ышқырлығына қыстырып алған әйелдер. Бірінде айыр, бірінде тырнауыш, бәрінің де езуі құлағында. Әр үйде ернін сылпылдатып отыратын әйелдер, міпекей, егін соғысып жатыр!..

Күн шағырмақтанып көтеріле бастады. Айналмаға аттар жегіліп, ұзын шыбыртқы шарт ете түсті. Анадай жердегі жалғыз дөңгелек зырқырай жөнелді. Өжемнің ұршығындай емес, көз ілестірмейді. Тынып жатқан шаң аспанға бұдақтады. Машина гүр-гүр етті. Таудан құлаған судай гүрілдеді. Алтын баулар-ды қылқып жұтып, қызыл маржанды қап-қап ағытылдырды. Еңбек күйі, еңбек буы жеті қырға жетті, Қара жер солқылдап биге басты. Аспан қосыла гүрілдеді...

Бір жағынан тасылып жатыр. Бір жағынан соғылып жатыр. Қырман басы ұлы дүбір той!.. Гүр-гүр-гүр!.. Гүрілдеген сайын маңдайдан шыққан ащы тер, қызыл маржан болып қапшыққа құйылады, буы бұрқыраған еңбек күйі аспанға өрлейді. Жер мен аспан қосыла билейді. Аспандағы алланың асты солқылдайды... пеліште біткен зым-зыя, басын қайда тығарын білмейді... . .

Түс ауа еңбек ерлері демалды. Дабырласқан бойымызбен ауылға келдік. Тоғыз қараша үй. Шет жағында екі күрке бар. Маңайда қара-құра жоққа жақын. Тізілген қызылды-жасылды машиналар. Ауылдың барлық көркі де, салтанаты да солар. Басқа ауылдың сырты желілеген құлын, үйірлеген жылқы, тізіп ұстаған қазақ арба болса, бұл ауылдікі оған үйлеспейді. Өз алдына бір көрініс, бір салтанат. Ата мұрасы қазақ арбалар, жүдеп-жадап кеткен, әр жерде біреуі шойырылып жатыр. Оның орнына: «Он бесің бір ширегіме тұрмайсың» деген-дей абажадай көк арбалар тұр.

Жалма-жан түскі тамақтарын ішті. Самауыры жоқтары барына жүгіріп өнерді. Тәжікелесіп отырып демалысты.

Қайтадан қырманға жөнелді. Тағы да гүр-гүр. Машина «коллектив» күйіне басты. Оған «коллектив» мүшелері қосылды. Қос босағадағы «Қос-шалқар» қосылды. Қарауытқан қалың жер толқынданып билейді.

Үйінде отырып осыны естіген Қосымның баласы: «Қос-шалқар!», «Қос-шалқар!» болды... батшағар, осының арты не болып кетер екен!.. – деді.

Бұл сұрауының шешуі алыс еместігін сезе алмады.

АЛҒАШҚЫ АДЫМДАР

ӘР ҮЙДЕ

Жантықтың төрт баласы төрт бұрышқа отырып алыпты. Төртеуі төрт ауылнайдың төр ағасындай-ақ біріне-бірі бағынбайтын, күжірейіскен пішінде. Жер үйдің төрт бұрышына шегеленіп қалғандай, қалт етіп қозғалар емес. Бірінің күпісі, бірінің тоны, бірінің шекпені түгі шығып түксірейіп тұрғандай, бұлардың онсыз да суық кескіндерін түксите түседі. Сырт бейнесін тұтас алғанда бірінебірі үйлес сұрғылт беттері сазарып алыпты, қозғалмайды. Қалың ойға, ауыр бейнетке, қатты ашуға ерттеп мініп алғандай, төртеуі де тастүйін. Қысық көздері бұрынғыдан да қысылып, ағы мен қарасы тұтас қошқыл түске айналып алғанда, не ойлап отырғандарын болжатпайды. Күнге, суыққа соқтығып қарайған қабақтары қос қабаттасып, бірді-екілі білеуленген маңдай қыртысы қас пен қабақтың айқаспасынан құлап келіп, мұрнының шүйіріндісіне дейін жоғары тартып әкеткен. Езудің жымимасы да білеуленген, бұлтиған бірдемеге айналып барып, қалт тоқтап, қатып қалған...

Бір қарағанда бұлардың арасында ойды төңкеріп, ақылды қажытқандай бір мәселе бар секілді. Бірақ, мәселе қу, бұлардың ызғарынан ығысып, ортаға түсуге бата алмай, тайсалып, қорғалап, біреуінің қойнында бұғып отырғандай... Егер ол қу, қылаң етіп ортаға түсе қалса, төртеуі төрт жақтан төпелеп, керіп тастағандай, қауіпті халде...

Енді бір қарағанда бұлар өзді-өзі ажырайысуға да әзір отыр. Төртеуі төрт бұрыштың төбе биіндей-ақ күжірейісіп, иық теңестіріп отыр деуге жарарлық. Төртеуінің де түнерген түстері, қимылсыз беттері, жымырып алған қалың еріндері, жуыр маңда қозғалып, жайдары қалыпқа келер деп үміттенерлік емес. Не қажырсыздыққа, не қайратсыздыққа, не орасан апатқа өкінгендей тымтырыс. Елеуреген әлсіз шам, буалдыр көлеңкеге ораған үйдің обадан пернесі, томсарған ашуды күшейте түседі.

Кәрі шеше төрт ұлына кезек жаутаңдап, біреуі жарылып кетпесе еді дегендей ірі әбігерлікте. Қолындағы бар етін асып, жылы-жұмсағын осыларға тосып, түнерген ашуды бір тарқатып жіберуге бәйек болып жүр, бірақ... кебежесі құрғырда еті құрғырдың етегі ашылып жатыр... Әйтсе де төртеуінің жарылып

кетпеуіне, бадырайысып қалмауына кәрі шеше өзін едәуір дәнекер көреді. Бұл обігерліктің түк дәнекерлігі болмаса да, кемпір байғұс соған сенім артып, қылт еткенді босқа жібермей, аңдып отыр.

Екі келіні құрдай жорғалап, мысықтай жымып аяқтарын ұрлап басып, дыбыссыз қозғалады...

Белінде балтасы, қолында күрегі, сақалына қауғадай қар қатқан, есіктен Жантықтың өзі кіріп келді. Долы тентектік, ызғарлы ызаның жайдарлылыққа көшетін бел асары Жантықпен бірге келгендей, үйдегілер көзін Жантыққа тіреді. Бірдеме үміттенгендей, бәрі де орындарынан бір-бір жылжып қойды. Бірақ Жантықтың күнде белінде келетін балтасы, күнде күректей мұз қатып келетін сақал-мұрты ешбір жаңалықтың белгісін бермеді. Күндегі ызбарлық, салқындық...

Белгі де қайдан болсын-ау? Жантық ала қыстай арық жылқыға тамақ беріп, қармен алысады. Оның көретіні де, сөйлесетіні де жылқы ғана. Жылқы не айтуы еді: кеше тоймаған арық-тұрақ бүгін де тойған жоқ. Бар шабынды жөндеп шаптырмаған, бар шабынды жөндеп шаппаған, шапқан шөпті далада шіріткен колхоз басқармасы мен колхоз жалқауларын қарғағандай болып, қабақтары салыңқы тұнжырайды да тұрады. Қыс бойы соны көріп келе жатқан Жантықтың ойлайтыны да осы. Қазір Жантықта да «арық жылқының ғана тілегі бар» деуге жарайды.

Әйтсе де Жантық мұқалған ақылдың барлығын жегіп «Осындай халге қайдан ұшырадық?» деген сұраудың жауабын іздеулі еді. Жоқты барға, азды көпке айналдыратын еңбектің неше асқарын көрген кәрі шөңге, өз колхозының орескел бассыздығынан бірнеше қорытындылар шығарған да болатын. Дәл осы кезде ол қорытындылары ықшамдалып, ортаға салуға да жарайтын қалыпта еді. Қауға сақалдың қатпар мұзын сындыра-мындыра сыпырып тастады да, қалың қабақтың астымен төрт ұлын бір шолып етті. Балаларының қажып отырған қалыптарын көрді де:

– Балалар... бұл не... жаурап отырғандарың? – деді, байсалды қоңыр даусынен.

Балалары тіс жарып сөз қатпағанмен жұмыстан өздерінен соң қайтқан кәрі әкелерінен қаймыққандай болып, бірі басын, бірі желкесін қасып, бірі басын көтеріп, бірі жөтеліп, қайткенмен үнсіздік сетіней бастады. Шалы келген соң кемпір байғұстың да арқасы кеңіп сала берді. Еркіндей басып, үсті-басына қонтыр шыққандай күлге аунаған теңбіл бет нанымен, мұрынсыз самауырын әкеліп, саршалап шайын ағыза бастады...

– Балалар, – деді Жантық ұртын толтыра шайды ұрттап алып:

– Балалар, қабақтарың салбырамасын, ұнжырғаларың түспесін. Үйде отырып босқа тұнжырағанмен шаңырақтан шапан жаумайды... Неге осындай күйге ұшырадық, білесіңдер ме өздерің? – деді қайтадан шыныаяққа иек сүйей беріп.

Жантық осыны айтты да, қалт тоқтай қалды. Үйткені ол өз ойын балаларына талайлаған рет айтқан болатын. Балалары тұрсын, соңғы жиналыста да сөйлеген. Тұрмыста бір қалыпты, бір бағытты адамдардың ой өрісі де бір мезгілде, бір

көлемде піседі ғой, оның ойы да колхоздың өзі қатарлы мүшелерімен үзеңгілес шыққан. Ол ойы балаларына белгілі болғасын, қайталауды орынсыз көрді.

Ақсу шай тез-ақ сорапталып болды. Шұнақ шыныаяқтар шылдыр қағып кісінесті де, пұшық самауырға еріп ауыз үйге шығып кетті. Үйдегілердің ажарына жөнді өзгеріс кірмеді, бәрі де күндегі орындарына көсіле кетіпті. Бұлардың жабырқау ойлары, жер үйдің соқыр түніне қосылып, қараңғылана түсті. Манағы мәселе қу бұларды жеке-жеке айналдырды...

«Жаңа асу» колхозының қай үйінде болса да, осыдан артық хал жоқ еді...

БАСҚАРМА

Түн ауғалы қашан... Жиналыс жаңа ғана жабылды. Қара темекінің қошқыл түтіні «қызыл бұрыштың» ішін әлі кернеп тұр. Түтінге араласқан ащы тер, тері тонның иісі әлі мұңкіп тұр. Үйді басына көтеріп керілдескен қатты дауыстар, өңешті жыртқан қатты айқайлар әлі құлақта, «қызыл бұрыштың» бұрыш-бұрышына әлі сіңіп болмаған секілді...

Мұрнын тарта түсіп Нәжім әлі күнге протоколын жазып бітіре алмай отыр. Біреудің сөзін біреуге жазып қойдым ба деп, жазғандарын қайта-қайта оқиды. Нәжімнің жазатын қаулысы колхоз мүшелерінің сөйлеген сөзі ғой, сондықтан, тарап кеткен жұрттың орындарына қарайды да, әркімнің не сөйлегенін, қай жерде қалай отырып сөйлегенін есіне түсіреді.

«Шәріп анау терезенің алдында тұрып сөйледі. Сөйлей-сөйлей орнынан қозғалып сөзін бітіруге жақындағанда, жыл-жи-жылжи үстелге келіп, үстелді бір-екі рет жұдырықтап жіберді... Иә, Шәріп сөйлегенде оң жағындағы Кәрім мен сол жағындағы Рақима қосыла сөйледі... Алдыңғы қатардағылар әуелі жапырылып артына — Шәріпке қарады... Отырғандардың көзі Шәріп қалай қозғалса, солай қозғалып, Шәріп ентелеп үстелге келгенде, артына бұрылған жұрт Шәріппен бірге бұрыла-бұрыла бізге қарап қалды... Иә, Шәріпті жиналыс бір ауыздан жақтады! Рақымжан, Кәрім, Өтеміс, Рақималар да соны айтты, бірақ бұлар жеңе алмады. Дұрыстық неге жеңбейді осы?.. Ескендір ше? Олар?.. Олардың не айтқаны белгілі... Өй, олар жиналысқа неге келе береді?.. Келгені келген, сонша керілдесіп сөйлегендері несі? Оларға кім сөз берді? Ә-әй, Рамазан-ай!.. Қайыр мен Теміржан жаңа адамдар, бұлар танымайды...»

Нәжімнің көз алдына жиналыс қайтадан жиналып бара жатқандай, қызыл бұрыш қайтадан толып бара жатқандай болады. Үйдің іші жалпылдаған жеңі, үсіген-қарайған бет, жаман күпі, жалба тымаққа қайтадан толып бара жатқандай, манағы жиналыс суреті қайта елестейді. Нәжім еріксіз есікке қарайды: келе жатқан ешкім де жоқ.

Бір қолы маңдайында, бір қолы белбеуінде Қайыр жоғалған бірдемесін таба алмай жүргендей төмен қарап тұқырып алып, бір тоқтамастан шарқ ұрып жүр. Қызыл бұрыштың бұрыш-бұрышына әлденеше рет барып оралды. Ернін жымқырып, көзін сәл қысып алған. Алдақашаннан алынбаған азғана сақалы тікірейіп, жалбыр басын анда-санда шайқап қояды. Екі қастың арасын ысқылап,

желкесін қасып, шырайын бұзады. Әлдеқандай бір сұрау айналасын орап алғанда шешуі қолға түсе қоймай жүрген секілді... Тарап кеткен дүние көп...

Бірақ не центнер, не килограмм, не пұт есебімен жазылмаған.

Ақша жағына келсең, оның шатағы да өзінше: алынған ақша ма, берілген ақша ма, қайдан келген, кімге берілген, ол қағаз бетіне түспеген. «Жаңа асу» колхозының ақша есебі» деген кітапқа «пәлен сом» деп тізіле берген бір ұзын есеп. Егер бұл алатын ақша болса «Жаңа асу» колхозы жиырма трактор алуға шамасы келеді; егер бұл берешек ақша болса, «Жаңа асу» колхозын сабақты шешіне дейін сатсаң да, өтелетін нәрсе емес. Егер бұл әрі алашақ, әрі берешек, әрі алынған, әрі берілген ақшаның бәрінің жинағы болса, Теміржан мұны шынында да айырып аларлық емес...

«Жаңа асу» колхозының еңбеккүн есебі деген бір кітап және бар. Ол тіпті «әдемі» жазылған: әуелі колхоз мүшелерінің бәріне де жылдың үш жүз алпыс күні мұрыннан тізіліп бір жазылыпты. Бұған қарағанда колхоз басқармасы, «барлық мүше жыл бойы жұмыс істеу керек» деп ойлаған болу керек.

Содан кейін ол цифр өшіріліп, апрельдің он екісі күні бірсыпыра адамға бір-бір таяқ қойылыпты. Осы қалыппен апрельдің жиырма тоғызына дейін бір-бір таяқ алған адам елу болып келеді де, таяқ үлестіру тоқтайды.

Одан әрі қарай екінші тәртіп басталады. «Мақанның орнына Ақан баратын болады», «Самраттың орнына Қиналған барады», «Едігенің орнына Ескендір мен Жұмаш жүреді», — деп бірнеше адамды жұмыстан босатқан да, басқалар оның таяқтарын ұстап тұрып қалған.

Июльдің бесінен бастап үшінші тәртіп кіргізілген. Мұның түрі мынадай:

1. Кәрім Шораулы шөп шапты, 1,11 еңбеккүн, 5 июль.
2. Ақын Жантықұлы шөп жиды, 1,13 еңбеккүн, 5 июль.
3 Рақила Ақан қатыны ас пісірді, 0,7 еңбеккүн, 5 июль.
4. Жәмила Ақан қарындасы ас пісірді, 0,8 еңбеккүн, 5 июль.

Осыдан әрі қарай қыр асып түсіп жатқан ұзақ тізім ұзара береді.

Осы тәртіп июльдің бесінде басталып, жиырма жетісі күні тоқтатылыпты. «Хатшы бала Нұрқан оқуға кетіп қалғандықтан, бұдан былай мұны жазып отырғын кісіміз жоқ деп қаулы қыламыз» деп аяғына Рамазан, Исақмет, Жанғали үшеуі қол қойыпты.

Ал, енді «еңбек төлеу» деген бір кітапта мынадай тізім бар:

1. Ақан Жантықұлы.
2. Рақила Ақан әйелі.
3. Жәмила Ақан қарындасы.
4. Шардабай Ботанұлы.
5. Назила Шардабай келіншегі.
6. ,

Барлығы 151 колхоз мүшесі.

Қолдағы астық мың жарым пұт.

Соны бірдей қылып бөліп бердік.

Рамазан, Исақмет, Жанғали.

Октябрь, 31 жыл.

Міне, Теміржанды бір жұма айналдырып, енді болмаса миын айналдыруға жақындаткан цифрлар осылар еді...

Теміржан мен Қайыр келгелі екі жиналыс өтті. Теміржан жиналысқа цифрларды олай да салып, былай да салып қарады. Бірақ, ешкім ашып бере алмады. Цифрды атаған сайын колхоз мүшелері ереуілдеп, ұшып тұра келіп, басқарманы түтіп жібергісі келеді...

Басқарманың жанын сақтап тұрған да, цифрлардың араласып кеткендігі еді. Цифр шатағы қалай анықталса, солай күлі көкке ұшатынын басқарма да сезетін. Сондықтан:

— Ол цифрды агроном жазған.

— Ана цифрды жазған былтырғы хатшы.

— Мына цифрды жазған әнеугі хатшы.

— Ана қол одан бұрынғы хатшынікі болу керек.

— Мына біреуін біз тіпті білмейміз.

— Мына жазу алдыңғы жылдікі шығар... — деп ылғи «алмисаққа қарай» сілтеп келген.

Бір құшақ қағазды асты-үстіне келтіріп Теміржан отыр. Теміржанның бір жұмадан бері аяғына жете алмай жүргені — осы бір құшақ қағаз. Қағаздың іші біріне-бірі қайшы келіп жатқан қиян-кескі цифр. Цифрдың іші толған бидай, сұлы, тары, арпа, жылқы, сиыр, қой, ешкі, бұзау-торпақ. Бұлардың саны қағаздың бір бетінде біртүрлі болса, екінші бетінде тіпті өзгеше. Көп жерінде әуелі қара қарындашпен жазылып, үстінен қызыл қарындашпен түзеген, бұзылған. Біраздасын ол цифрлар қайта көшіріліп жазылған, көшірілгенде тағы өзгерген. Әйтеуір киян-кескі. Қағаздың бас жағына карасаң малдың да, астықтың да саны мол. Қағазды аударған сайын азайып, соңғы беттерге келгенде қардың көлеңкесіндей құлдырап барып, араласып кетеді. Нақ қай цифрмен тоқтайтынын Теміржан әлі тапқан жоқ. Цифрдың соңына түсіп тексере берсең, колхозда бір уақытта көп жылқы, көп сиыр, көп астық болған. Бірақ сол көп жылқы тебісіп-тебісіп өлгені өліп, өлмегені бір жаққа ауып кеткен секілді. Көп сиыр сүзісіп, бірін-бірі мүйіздеп, жарып, қалғаны үркіп кеткен секілді. Ал енді, қой, ешкіге келсең, бұлардың ізі-түзін адам айыра алар емес. Бұлар, не бір жауында ығып кеткен де, не болмаса ұялы қасқыр ұшырасып, біржола айдап әкеткен. Қой, ешкінің қардағы ізін айыру қандай қиын болса, «Жаңа асу» колхозындағы ізі де сондай қиын. Астық жайы тіпті қызық. Октябрьдің оны күнгі цифрда «жинағы 2 мың центнер» деп бір жазылған; түрге бөлгенде — алты жүз центнер бидай, 4 жүз центнер сұлы, төрт жүз арпа...» делінген. Ал, енді октябрьдің 27-сіндегі цифрға қарасаң, «центнер» қалып, «пұт» кірген. Түрге бөліну қалып, «жинағы он бір мың пұт» деген де, аяғына Рамазан, Исақмет, Жанғали үшеуі қол қойған. Ноябрьдің он бірі күнгі цифрға қарасаң:

«Науқанға берілгеннен қалғаны алты жүз килограмм тары, 90 килограмм арпа, 17 килограмм күнбағыс, 90 килограмм кукуруза» деп әлгі үшеуі тағы қол қойған.

Сонымен килограммға келеді де ізін жоғалтады. Тұқымға шығарған астық — жүз елу галық бидай, 50 галық сұлы, 70 галық тары, 40 гаға арпа де-

ген тағы бір жазу бар. Жиналыс болса «басқармалар» бұрынырақ жиылып кететін. Қайыр мен Теміржан күнде ізденіп басқарманы тауып алса, «бәлен қағаз бәленде еді, түген қағаз үйде қалыпты, соларды жинап әкелейік» деп тағы тайып кететін. Үйлеріне баратын да, «ауырып» қалатын. Сонымен Қайыр мен Теміржан келгелі өткен он бес күн, осы шатақпен өтіп бара жатқан. Жаңағы тараған жиналыс та, шатақты ашуға арналған жиналыс еді.

– Мұғалім! – деді Қайыр кенеттен тұра қалып.

Нәжім көзін кілбитіп Қайырға қарады да, түтінге тұншығып тұрған шамды алдап көтеріп қойды. Қайыр тағы жүріп кетті. Нәжімнен ешнәрсе сұрамады да, айтпады да, терезеге барып біраз үңіліп тұрды да:

– Әлгілер тағы да үйлеріне кете барды-ау, ә! – дей салды.

– Олар ылғи сүйтетін әдеті емес пе... – деді Нәжім жазуын тоқтатпастан.

Қайырдың сұрайын дегені бұл еместігін, хатта не сұрайтынын да, ол сұраудың жауабын да Нәжім жақсы біліп отыр еді. Үйткені ол сұрауды колхоз мүшелері жаңағы жиналыста да айтып, шешіп беруге де жақындатқан.

Бірақ, сұраудың түсі сондай суық. Үйткені бұл бүгінгі өмірдің сұрауы. Ең болмағанда бүкіл колхозды бір сілкіндіріп, ақтап-аластап алмай шешілетін түрі де көрінбейтін еді.

Оның үстіне бұл сұрау... жылдың аяғында қойылып келеді. 30-жылдың аяғында қойылғанда:

– Тәжірибесіздіктен болды ғой бәрі де..,

– Білмедік, ескере алмадық қой.., – Кезінде ойлаппыз ба?..

– Ол кезде біліппіз бе?..

– Колхоз болдық, бітті дедік қой...

– Қалай істейтінді кім білген...

– Егін де шықпады ғой...

– Мал да өле берді ғой...

– Қыдыру да көп болды ғой...

– Егін шыға қалса ма!..

– Енді берік болайық...

– Иә, әңгіме алдағы күнде ғой... – деген өңкей бір мардымсыз жауаптармен, қоңырқай бейбітшілік болған.

Ал енді, биыл ше? Сұраудың қабағы салыңқы, түсі суық, тиген жеріңді ұрып жібергендей. Аузың барып атай да алмайтындай. Сондықтан аз күннің ішінде болған жиналыста әрең дегенде бас-аяғы жиналып отыр. Күндегі өмірдің шұшағынан құралып, қазір тұтасып бетіне қаратпай тұр:

– Дұрыс-ақ, біріккен күштің ісі де, берекесі де, жемісі де көрнекті келеді. Мұны көрші колхоз «Балға-орақтан» көріп отырмыз. Бұған дау жоқ. Ал, енді өзіне, біздің «Жаңа асуда» олай болып шықпайды, – деген сөзінің аяғында Оразбек колхозшы.

– Атты біріктірдік, сайманды біріктірдік, күшті біріктірдік. Бұрын үй басына бір гектардан сала алмасақ, биыл мүше басына бес жарым гектардан шықты. Сол егін қайда кетті? Он жеріміз бір жерге тұрмады ма? Сөз шығын болудың керегі жоқ, жай көрініп тұр... – деген Сандыбайдың Жанұзағы.

– Жаным-ау, өткен күзге қарсы төрт жүз қой, үш жүз ірі қара бар еді. Не жау шапты бұл малды? Қазынаға бергеніміз 58 қой, қырық төрт сиыр екен, өзгесін жер жұтты ма? Топан соқты ма? Үш жүзден артық қой, екі жүзден артық ірі қараның орны кайда? – деген бақташы Қасым, үстелді төпелеп тұрып:

– Егін ектік, мал өсірдік, еңбек сіңірдік. Бар күшімізді бірлестірдік. Колхоздың жылдық кірісі қайда? Мүше басына шаршы орамалдан келмеген бұл не деген сұмдықтарың? – деген бір топ адам.

– Ала жаздай сиыр саудық, картоп ектік. Ала қыстай бұзау күттік. Бетім шіркін, Салпы ерін-ау, не бетіңмен беретін түгіміз жоқ дейсің? Сендердің қатындарың түк істемесе де, үлде мен бүлдеге оранып, ішкені шай, жегені май, ақ майды алақанынан ағызып отырғанда, біз сендердің сатып алған күңдерің бе едік, құлақкесті құлдарың ба едік? – деп шулаған бір топ әйел, «Рамазан басқармаға» төніп.

Колхоз басқармасының баяндамасын тыңдағаннан кейін, осындай сұраулар қарша бораған.

Колхоздың осы у-шуын естіген, сол «басқармамен» құшақтасып алған Есілбай мен Сүгір молдалар құрдай жорғалап жүріп көп үйге кіріп те шыққан.

– Тілді алмасаңдар, алмаңдар, тек айтқанымыз келгенін көздеріңмен көрсеңдер болғаны... Қит етсе байсың, молдасың, тап дұспанымызсың деп жазғыра бастайтындарың бар ғой бізді. Міне, кім қас, кім дос екенін айырдыңдар ма? Колхоз деген қара пәле әкеледі. Туырлықты тоқымға алады, шаңырақты отынға алады. Қала болдың, мола болдың деп едік. Осынымыз келмеді ме? Кәне, кімдікі қастық екен? – деп улы тістерін сұққылаған.

Басқарма баяндамасынан көңілі қайтқан колхозшылар Есілбайдың сөзіне ерген де болатын. Біраз адам колхоздан шығып, біразы колхоздың атын мініп алып, басқа жаққа да тайып кеткен. Колхоздың көпшілігі, тосқауыл тоқсан жаудың үгіті екеніне түсініп, Есілбай меи Сүгір молданы сәлдесінен бастап иманына дейін сыпыра боқтап, үйіне де бір қуып тыққан. Бір-екі рет желкебай да беріп жіберген.

Оларға қосылып Рамазанды жүндемекші болғанда ұя хатшысы Қайыр мен ауыл кеңес ағасы Теміржан әрең дегенде тоқтатқан.

Неше жиналыстар шақырып, басқарманы көрдей қысқанда, «басқармалар» басы бүтін бір жауап бере алмаған:

– Қайтейік... Солайырақ болып шыққаны рас... Не болып кеткеніне өзіміз де таңбыз, әйтеуір бірдеме болды. Егіннің орташалау шыққаны да рас, күзге қарай малымыздың көп болғаны да өтірік емес... Біраз жылқы аягынан кетті... Біразы өлді... Оған не дауа бар?.. Бірлі-жарымды қараны союға лұқсат ет дедіңдер... Егіннің біразы піспей қалды. Біразы тасылмай қалды. Біразы соғылмай қалып еді, оны мал жеп қойыпты... Біз қайтейік, қолымыздан келгенше істедік... Енді өздерің нетпесеңдер...– деген «басқармалар».

Колхоз мүшелері сұраған сайын, басқарма бастығы жауап берген сайын, сұрауға қосылып, ұсақ-ұсақ жамалып іріленіп, сұрау біткен тоғысып, дәл осы кезде білеуленіп болған кезі еді. Колхозды тұтас алғанда сұрау біткенді жи-

нап, бір жерге қойып, бір ауыз сөзбен атай алмай, әр сұраудың өзі Алатаудың ұңғарындай көрініп, етектеніп алған еді.

Біреулер: «Барлық бәле — егін сала білмейміз» деп, біреулер: «Көп бірігіп жұмыс істеуші ме еді» деп, біреулер: «Барлық қылмыс басқармада» деп, біреулер: «Барлық пәле колхозда» деп, біреулер: «Колхозымыз құлады» деп, енді біреулер: «Басқармаға қосып Есілбай мен Сүгірді жойсақ, сонда көзіміз ашылар еді!» — деп, әйтеуір мәселе шиеленісіп, колхозшылардың ұнжырғасы түсіңкіреп, колхоз жұмысы бұрынғысынан да жетімсірей түсіп тұрған кезі еді.

Жаңағы жиналыс өте қызу өтті. Колхоз мүшелері сұрау біткенді суырып салып, жүндей түтті. Басқарманың бес мүшесін тулақтай сілікті:

— «Басқарма — мен» деп бөшкедей гүілдеп ала жаздай шабуылдағанша малды қырып, егінді ұрлап жатқанда, соны неге тоқтатпадың? Өзің көрсең бұрылып кетіп, біз айтсақ құлақ салмадың. Әуелі малды бірлестіруден қашып қырды. Артынан бірлестік деп жаздырып қойды да, өздері соя берді. Сұмдар, мал сойған үйге қонақ болумен жүрдіңдер... Егін соққанда қап-қап ұрлап жатады, оның үстіне сендер және үлестіресіңдер. Осындай басқарма бола ма екен? Бұл Есілбай мен Сүгірдің басқармасы емей немене? — деді Шәріп.

— Колхозда сексен еркек, елу әйел жұмыс адамы бар. Күнінде ең көп болғанда алпыс адам жұмысқа шығып отырыпты. Ешкімнің еңбек күні дұрыс жазылмапты. Әуелі бір-бір таяқ қойып жүрді. Одан кейін, өзгесі жетісіп сонысы қалғандай, бір шатақ оқуды шығарды: екі он жеті, он тоғыз жүздік деген бәленің аты не? Мына қарашы әнеугі хатшының маған жазып берген қағазын: «Кәрімнің егін еккендегі еңбеккүні он жеті, он бір жүздік. Егін тырмалағандағысы — тоғыз, жеті ондық. Шөп шапқандағысы — жиырма бір, он екі жүздік. Шөп тасығандағысы бес, сексен, бір жүздік. Қатыны Заңипаның бақша еккендегі еңбеккүні он бір, тоғыз жүздік. Бақша суарғанда — он жеті, он үш жүздік. Егін орғанда — алты, екі ондық... Мінекей, мына қағаздың беті толған осындай қиян-кескі бір цифр. Жаным, мыналарыңды түсіндіріп беріңдер, деп қағазды Рамазанға көрсетсем:

— «Жұмыс істемеген адам жоқ. Бәрің де бірдейсіңдер. Колхоз болғасын айырма болмайды. Барды-жоқты бірдей көресіңдер!» — дейді.

Кәрім қолындағы қағазын желпілдетіп-желпілдетіп жиналысқа бір көрсетті де, «президиумге» лақтырып жіберді. Рамазан жерден алып, сүзеген текеше бір түксірейді де, Қайырға берді.

— Ол — ол болсын, тұқымға алып қалған астығымыз қайда? Былтырғыдан екі есе артық егеміз деп, күздің қара басынан-ақ тұқым алып қалмадық на еді? Бидайдың орнына тары, сұлының орнына жүгері мен арпа қайдан келіп тұр? Күздігүні тұқымға деп шертіп жүріп алып қалған тұқымымыздың көкше болып шыққаны қалай? — деген Біржан бригадир, екі қолын ербеңдетіп тұрып:

— Ат қайда десеңдерші! Ат, ат, ат! Жаздыгүні екі жүздей ат бар еді, қазір жүзге жетпей қалыпты. Қалғанның қақ жартысы қара қаптал, жауыр мен қотыр. «Басқарманың» аты деген бір үйір аттан бір-ақ ат қалыпты. Егінге деп күткен бір ат жоқ. Қолдағыдан тебіндегі жылқының реңкі тәуір. Орыста, қазақта, бізден басқада осыны көргендерің бар ма? — деген жылқышы Мақан.

Жиналыс бастығы неше рет сөзді тоқтатайық десе де, батпандап кірген зар, мысқалдап шығып болмай, іштегісін айтып болмай колхоз мүшесі тоқтай алмайтындығын білдірген. Түннің алдақашан ауып кеткеніне, жиналыстың кәдуілгідей жарияланып жабылғанына қарамай, колхозшылар топ-топ боп гүілдеп, шығып барып қайта келіп, қайта кіріп, қайта сөйлеп, тағы келіп, тағы сөйлеп, тағы айқайлап әрең дегенде үйлеріне тарасқан.

Қайыр, Теміржан, Нәжім үшеуі осы жиналыстың етек-жеңін жинап отыр еді...

ОЛАРДА

Түн ауғалы қашан... Екінші бір жиналыс жаңа ғана басталды. Пештің қыр арқасына мініп алған бестік шам, өз айналасына ғана жарығын түсіріп, үйде отырғандардың бетін көрсете алмай тұр. Шамның осылай тұруының өзі бір керек жұмыстай, ешкім шамды орнынан қозғамайды да. Жарыққа үңілмейді, қайта қабырғаға қарай қабыса түседі. Екі елі қырау басқан терезеден үңілген адамға, буалдыр буып, қара көлеңкеге көмілген үйдің ішінде он шақты адам бар секілденеді.

Дұрысында да бұл жиналыстың адамы онға толмады: бес-алты еркек, бір-екі кексе әйел бар. Сыртқа шығып тұрған белгісі болмағанмен, жиналыс өте шат. Аспанның асты ақ отау, жердің беті жасыл кілем, өздері сол отаудың ішінде, сол кілемнің үстінде, сары казысын тіліп, сары қымызын сапырып отырғандай қуанышты... Біріне-бірі шұлғысып келіп ерін тиіскенде, күпілеріне дейін бүлкіл қағып күледі.

— Иә, — дейді «қазды аяқ» қара кемпір көзін ашып-жұмып:

— Иә, — деймін-ау, Жұмаштың кіндік әжесі: мына Тоқпақпай шалдың ішіне не сыйып жатпайды екен десейші... Айна қатесі жоқ, айтқанның бәрі келіп тұрған жоқ па? Сы-р-ра-ғым, бөтен бала емессің, асықпа әлі, қыстығүні көреміз деп, талай айтатын ғой атам атты Салпы ерінге; сол айтқаннан келмей калғаны бар ма? Бір ай болды, «колхоздың» іші ойран-ботқа болып жатыр емес пе? Малдан мал, жаннан жан қалса менің атымды «Жолдыаяқ» қойыңдар деп еді. Болмаған несі қалды?..

Отырғандар үлкен әулиенің қасиетін көздерімен тағы бір көргендей, ол әулие өзгеден емес, әсіресе колхоздан емес, өз арасынан шыққанына төбелері көкке екі-ақ елі тимей отыр. Бірінен бірі асыра сөйлеп, ендігі күн түгел өздеріне тигендей, арқалары кеңігендей, тақымдағы бұрау алынғандай, енді ол бұрауды колхозға салуға айналғандай қуанады.

— Мені ағайынға қастық ойлайды деп құдайдан безген, аруақты аттаған-ақ адам айтар. Ана бірдемені істесе сал, мына бірдемені қайырыса сал, менікін өзіндікіндей көр. Азғана «Азнабай» желіңе жарамасам, ығыңа паналармын. Ағайын, тәтті бол, тату бол. Бірің бас, бірің мойын. Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады. Құлдай қыл, бидей іш. «Береген қолым алаған» дегеннен басқа ағайынға не жазығым бар еді? Колхоз деген қара пәле әкеледі. Әкені баладан, ағаны іниден, ағайынды бауырдан айырады дедім бе? Туырлықты тоқымға

алады, шаңырақты отынға алады. Қала болдың мола болдың. Жабыдан жасаулы, тырнадан қарауыл. Жылқыны жылан жайлайды, сиырды қылаң жайлайды. Еккенің картоп, жегенің картоп, ақтылы қойдан, алалы сиырдан айырыласың,– дедім.

– Осымда менің не қастық бар? «Азнабайды» тастап, «Жаңа асу» деп еді, жаңа жолымен де жүріп болған шығарсыңдар дейім... Әлі де көрмегендерің алдарыңда. Екі үйге бір тауық, бес үйге бір ешкі қалғанда «Есеке!» деп алдыма келмесеңдер, мен Азнабайдан тумай-ақ кетейін! –деді Есілбай, шарта жүгініп алып.

Отырғандар дір қалтырап кеткендей, өз ойларындағы ақырзаманның жетпей тұрған жерін Есілбай жалғап жібергендей аузын ашып, көзін жұмды. Отырған әйелдер, кәдуілгі алмисақтан келе жатқан әдеті бойынша, ауыздарын тағы бір сылп еткізді. Тағы да өзді-өзі шұлғысып келіп тұғжыңдасқанда, жер үйдің бұрыш-бұрышы түгел күңкілдеді.

– Бұл Құдайдың бұйрығынан өзгеше болады дегенді құлаққа алмаңыздар! – деді жантайып жатқан Сүгір молда басын көтеріп алып. Алдақашан тығып тастаған сары таспығын жеңіне тығып ала келген екен, сырт-сырт еткізіп бір-екі рет қағып та жіберді. Өзі де қотыр ешкідей жыртиған екен, кезеңі келіп қалғанда, тағы бір тепсеңдеп қалайын деген адамша, тізесімен жорғалап бәрінің алдына шықты:

– Пайғамбардың қадысы, әнбиелердің уасияты, заман ақырдың белгілерін құданың ең сүйікті құлдары мұсылман қауымына алдақашан-ақ білдірген... Е-ә-ей, құдіреті күшті құдайым! Осы бәлеңді жібергеніңе шүкірлік... Осыны көріп отырған ағайын, енді де колхоздан кетпесе... – деп жыртиған бетін қойнына тықты...

Сүгір молда жылады ма, күлді ме, болмаса әлсіздігін өз серіктерінен де жасырды ма, ол белгісіз еді. Отырғандар өзара тағы шұлғысып кетті.

Ентігіп Ескендір, Жұмаш келді. Отырғандар бүкіл денелерімен бұрылып есікке қарады.

– Сөйлей беріңдер! – деді Есілбай, түн бойы күтіп отырғандарын білгізіп.

Ескендір насыбайды ерінге қағып жіберді де, тымақты алып ұрып, көтеріңкі дауыспен:

– Не сөйлейтіні бар? Колхоз да жоқ, «Жаңа асу» да жоқ. Азнакемнің аруағы тағы бір аунап түскен шығар, деймін... Ертеңнен бастап «Азнабай» ауылы қайта алынбаса, әкпел қолыңды! Колхоз у да шу: мал таусылды, тамақ жоқ. Биыл бір гүйір егін сала алатын емес. Мал өлімі былай тұрсын, жан өлімі сөз болып тұр. Сөйлемеген адам жоқ. Бәрі де «біттік, таусылдық» дегеннен басқа сөз шығарған жоқ. Жатпай-тұрмай жарым күн бір қимылдап жіберсек – колхоздың гүлі көкте ойнағанын көрерсіңдер!– деді екіленіп.

– Иса мен Әмірелер бүгін түнде-ақ бес-алты атпен жоқ болып шықпас па екен? – деді Жұмаш.

– Байғұстар, сиырларын қайтеді?– деді, жұлып алғандай қара кемпір.

– Қайтушы еді? Сойып әкетеді. Сиыр жанынан қадырлы ма? Колхоз құртпай тұр ма? Ертең қазынаға деп алып келетін сиыр емес пе? Тіс тисе бұйырғаны.

Одан артықты кім тілеп отыр осы күні! – деді Ескендір, үй ішіндегілерге түгел жауап бергендей болып.

– Басқармалар әзір шатасқан жоқ па? – деді Есілбай баласына.

– Е, жоқ-е. Сырдан сыңар аяқ өткен Рамазан шатаса ма, кооперативтің түйесін түймедей жұтатын Жанғали шатаса ма? Анасын көргеніміз жоқ, мынасын білгеніміз жоқ, олай емес, былай шығар, хатшының былықтырып кеткені шығар деп, бұлталақтап, әлі бір сөзден ұстатқан жоқ. Шіркін, жігіттер-ақ қой! – деді Ескендір.

– Ассалаумаликем, – деп ұры тышқанға ұсап, бет-аузы тұтас жымиып, ауызы-басы ыржиып, өзіне-өзі ырза болған пішіні бар, есіктен «Рамазан басқарма» кіріп келді.

– Ап-бәре-кел-де-е, ә! – деді Есілбай.

– Осы күнге дейін бұзылмай, құдайдан қорқып, аруақты сыйлап жүретін балалар – осылар-ақ... Сендер аман болсаңдар Азнабайдың аруағы аунақшымас... Тек беттеріңнен жарылғасын, – деп көзін төбеге, қолын көкке көтергенде, Сүгір молда да шұлғып қоя берді... Үйдің іші манағыдан көрі де рухтанып, жігерленіп, бүлк-бүлк қағып сала берді. Әлденеге таласып, әлденені тексеріп, әлденемені жоспарлап жатты...

АҚБОЗ АТ

Түн ауғалы қашан... Енді бірер сағаттан соң таң да атады...

Қиналған мен Ақан колхоз ішіндегі екі момыны, екі «ақсағы», екі «соқыры», екі «жаманы». Қиналған мен Ақан колхоз ішіндегі жұмсай білсең істей беретін, ыңқ деп тіл қатпайтын, орысша «ноны» білмейтін, қазақша қара танымайтын, жұмыстан күш сарықпайтын, айтқанға көне беретін, жоспарды артығымен орындайтын, кәдуілгі «дұрыс келген ырыскелді». Күндіз бұлар шөп тасып әкелді. Шаршап келіп бақайшақтарына дейін терлеп-тепшіп бір самауыр шайды тауысты. Екеуінің қатыны да қайбір пысық сұңқарларым, жөндеп күте де алмады. Екеуінің ағасы да қайбір елгезектерім, Қиналған мен Ақанға арқа сүйеп, туысқандық қанауын істеп қалғандар емес пе? Жылқы күзететін кезек екеуінікі екен, біреуі:

– Осы бір шаншуым ұстап отырғаны.... Ақан, күзетке сен бара қойшы... Ертең мен нетейін... – деді, қоздайын деп отырғандай мекіреніп. Біреуі:

– Қиналған, күзетке сен бара қойшы... Менің бір терім ұстап отырғаны. Келесіде мен нетермін... – деді күпісіне орана түсіп.

Ақан да, Қиналған да күзетке барғылары келмей, үндей қоймап еді, екеуінің қатыны да аяқ астынан әкімдікке қандай тап берме:

– Неге үндемей қалдың... Сенен басқа адам жұмыс істемеп пе екен? Шаршап көрмеп пе екен?.. Қабағың салбырап кетті ғой! – деп жеппелетіп, Ақан мен Қиналғанды бастырып, састырып тастады. Жоқ жерден жөндем бола қалып, Ақанның аузын ашырмады. Ақан кейіген дауыспен етігінің су болып қалғандығын айтып келе жатыр еді, қатыны Сақып есік жақта жатқан бір етікті әкеліп, Ақанның алдына алып ұрды. Ең мықты дәлелі қоруыш болуға жа-

рай алмағасын, Ақан әуелі бір тон, оның сыртынан бір күпі, оның сыртынан бір шекпен киіп, бәрінің төбесінен сеңсең тымақпен бір бастырып, белін қайыс белбеумен сірестіріп тұрып тартты да, қорбаңдап күзетке жөнелді. Бұл күйінде Ақанға, етек Сібір түгіл, орта Сібір, арғы Сібір, одан да арғы Сібірдің бәрінің суығы жабылса да, мұртын қисайта алатын емес еді. Тек, жалғыз бір кішкене қауіп, жазатайым болып, Ақан тайып жығылса, өз бетімен орнынан тұруы екіталай еді...

Қиналған да осы түрде киініп, осы түрде буынып, осы түрде ренжіп, осы түрде қатынына өкпелеп, осы түрде қорбаңдап күзетке жөнелді. Оның қатыны да бір өкшелегенде жепіре өкшелейтін ғой:

– Таңертең қайтқаныңда бір жағым отын ұсақтай сал. Салиқаның үйіндегі қол диірменді ала қайт. Мұз әкелетін бір ат ала кел. Шай ішкесін бір шана мұз әкеліп, сосын біржола ұйықтарсың... Ержанның сүйменін ала кел! –деп Қиналғанның үстіне үйе салған...

Ақан мен Қиналған күзетке бір мезгілде келді. Екеуі де бірін-бірі сонадан танып:

– Ақанбысың?

– Қиналғанбысың? – десті. Осыдан басқа тіл қатыспастан жылқы қорасының аузын ашып, ішіне кірді. Уәделесіп қойғандай екеуі де бірдей барып, екі құшақ шөп әкеліп, қақпаға жақын жерге төседі де қоржиып отыра берді. Сүйтіп бұл күнгі күзетте Ақан мен Қиналған болды... Жылқы қорасының жайы жақсы емес-ті. Төбеден шығарған төрт «жел соғардан» қыс бойы түскен тар, жіп-жіңішке болып сорайып төбеге жақындаған. Сондықтан оны «жылқы қорасының ақ киімділері» дейтін. Жіңішкерек біреуін қызға ұсатып «Мағастың шашық жары» деп те айтатын. Үйткені жылқының астын тазалағанда ылғи соған ұрып шүмектетіп тұратын. Оның үстіне қора тазалайтындар қандай еріншек, ол қарды күреместен «жылқы жеуге жақсы болады» деп, айналасын қомақтап ұстайтын. Сүйте-сүйте «ақ киімділердің» айналасы биіктеп кеткен. Маңайына жылқы симей тұра ма, айналасы әрі тайпақ, әрі тайғақ болатын. Қар жеймін деп, мойнын созып, тілін жылтыңдатып, ернін жыбырлатып төніп келген жылқы тайып бір жығылатын да, ауыз тие алмай кейін кететін.

Қораның өзі суық. Іші жақсы тазаланбаған, тайғақ. Арық жылқы шөпке таласып тебіскенде, тыраңдап жығылады да қалады. Жылқының тұяғына тиген сұмалақ, шерткен асықтай шымырлап сонадай жерге кетеді...

Ақан мен Қиналған күзетке келіп, бір-бір құшақ шөп әкеліп астарына төсеп, қатыпдарына өкпелеп қорбиысып отырған түні де қораның жайы осындай еді. Бұлар ашуын басып азғана отырды да, қораның жайсыздығы жамбастарына батып, екеуі де тұра келді. Жылқының ішін аралады, шөбін аударыстырды. Бірде-бір тай қағажу көріп шетте қалған екен, оларды ауызға қарай әкеліп, оңашада шөп салды. Қорадағы жүзге жақын жылқы тұяғынан бос жүретін ғой. Дамылдамыл тебісіп, тістесіп, тайғанап құлап, күзетшілерге дамыл бермеді. Онсыз да ол жұмысына тиянақты «екі ырыскелді» қораның ішін ылғи аралап, қағажу көрген жылқыны бөлектеп, түн бойы кірпік қақпаған жоқ. Екеуара сөйлесулері де

көбейді. Бірақ, көбінесе екеуі екі жерде тебіскен, жанжалдасқан жылқылармен көбірек сөйлесті. Солардың арасына бітуана айтудың өзі жеткілікті болды.

Таң қараңғысы – жылқы жусауға айналды. Тістес, тебіс сиреп, қораның іші тыйшыға бастады. Күзетшілер шөп төсегінің үстіне келіп жантайысып отырды да: Үркердің алдақашан етекке түскенін, кішкенедесін Шолпан туатынын, таң атқасын жылқыға кететіндерді оятып үйлеріне қайтатындарын, кешегі шөп әкелгендерін, соқыр кектің күштілігін, бастырық болмай арқанмен таңған шананың ауа бергендігін, жүген табылмай екі ат шөпке «жаланбас» барып келгенін, колхоздың құрал-сайманы құрып бара жатқандығын, жылқыны бос қоймай, байлап қою керектігін, жылқы басына бөлек-бөлек орын керектігін, ана төрт «ақ киімдіні» алып тастау керектігін, түнге қарай қораның ішіне шам жағып қойса қандай болатындығын, күзетке де үнемі белгіленген адамдар керектігін ұзақ айтып, аяғында «басқарма Рамазанды» жеті атасынан бері қарай бір сыпырып боқтап түсті. Оңашада екеуі де ешкімнен именіп көрген пенде емес қой, сол бағытпен басқарманың заңынан титтей шімірікпестен, басқарманы түгелімен сыбап алды. Екеуі де колхоздың жетім бұзау, қотыр лағына дейін ен-таңба, түсі-түгін түгел білетін ғой, бармақпен санап отырып, көп малдың жоқ болып кеткенін айтысты. Әрі-бері ежелесіп болғасын ендігі жиналыста жоқ малды бармақпен санап беруге қаулы жасасып, енді «қатын иттердің» қылығына ырза болмай, соларға көше беріп еді, көше жақтан:

– Үй-ө о-по-о! – деп, жылқы кісінеді.

– Дәуде болса әлгі шолақ белсенділердің біреуінің мінген аты ғой, қаңғырып жүрген, – деді Қиналған.

– Солардікі емей, кімдікі дейсің! – деп Ақан Қиналғанды қостады. Екеуі де тұрып, қақпаны ашып далаға шықса, бір ақбоз қақпаға келіп тұр екен.

– Айттым ғой, әлгі шіріктер жайдақ мініп жүрген Далабайдың ақбоз аты ғой! Ей, жануарым-ай! Әлде қай жерден қайтып келдің екен? Ит-құсқа, ұрықарыға шалдықпай аман келгенін айтсайшы! – деп күзетшілер қабаттаса сөйлеп атқа жақындай берді.

– Үстінде жабуы бар ма, немене? – деді Қиналған қараңғыда толық айыра алмай.

Жетектеп қораға кіргізуге Ақан аттың мойынынан ұстай бергенде, ақбоз ат басын тоса берді. Ақан аттың басынан ұстай бергенде, аттың басы үзіліп қолына келді.

– Ойбай, – деп Ақан шалқасынан түсті.

Басы жоқ ақбоз ат бұрылып көшеге түсті де, ақырын жортып кетті. Қиналған да құлап қалды. Лезден кейін Қиналған есін жинап, Ақанның қасына келсе, Ақан жылқының бір қу басын құшақтап жатыр екен...

ТҰЛЫП

Түн ауғалы қашан... Шөпке тойсын-тоймасын қора толы сиыр ыңырана түсіп ата кәдесі бырт-бырт күйісін быртылдатып жатыр. Қора тып-тыныш...

Мал деп, шіркін, сиырды айтсайшы. Мал болып, мал болғанда сиыр болып, жарықтық күтім «керек» еткен бе? Мінезі қандай қазаққа жайлы. Сүті қандай! Майын айтпасаң да болады емес пе?

Оған қойдан қалған да ас, жылқыдан қалған да ас. Керек болса жылқының тезегі де ас. Түнде қандай тыыш. Бұзаулайтын кезде болмаса, күзетшінің ұйқысын бөлгені бар ма? Кімге болса да жарықтық бір қолайлы мал ғой, әйтеуір...

Жұныс пен Шәкібай шалдың білмейтіні жер астында ғой. «Біз сиырдың түнгі күзетін аламыз!» – деп, күздің қара басынан-ақ зар қағып жүріп, ақыр осы жұмысқа шыққан. Содан бері бұлардың түнгі ұйқысы түнемелше ұйып, бір бұзылып көрген емес. Қақпаны тас бекітіп алып, шөпті төсеп жіберіп ұйқтайды да жатады. Бұлардың шөп төсектері қалыңдай-қалыңдай қазір біп-биік болыпты.

Кесер басынан басқа денесін шөптің арасына көміп жіберіп, бұлар бүгін де «Әзірет әлінің» ұйқысына басып жатыр...

Кенеттен ту ала сиыр тұра келді. Тұра салып артқы аяғын сатыр-сұтыр сілікті де, жанында жатқан қара сиырға сүйкене-мүйкене, ала торпақты бөксесінен аттай өтіп, ала бұқаның қасына барды. Ала бұқа ұйқысын бұзғанды ұнатқан ба:– «У!» деп, жатқан күйі жайқап жіберді. Ала сиыр әлгіден әрі де сипаландай бастап, қара өгіз, тарғыл тайыншаларға соғып түкпірде жатқан қасқа бұқаға барып паналады. Қасқа бұқа қай бір елгезегім:

– Тәйір алғыр, немене, күйлеген байталша сумаңдап жүргенің... У!–деп ырлық пәрменімен.

Әшейінде Алатаудай пана көріп жүретін ала бұқа мен қасқа бұқа мынадай мінез көрсеткесін, бұрыла салып қораның екінші кабырғасына қарай жөнелді. Арт жағынан бірдеме ілесіп қалмай, жүрісін жылдамдатқан сайын өзіне қақындай түскесін, ала сиыр жүгіре жөнелді. Жүгірген сайын құйрықтағы ноле жер тырнап, сырылдап, кейде тақымына да ауыз салғандай болды. Енді ала сиыр тұрсын ба? Қораның ішін шырқ айнала жүгірді. Жатқан сиырдың бәрін оятып, ала сиырдың құйрығындағы ала бәлені сиырдың бәрі де сезді. Сол сол-ақ екен, ала бұқа тұра салып өкіріп жіберді. Қораның дыңдай ақсақалы ала бұқа өкіргесін, басқа сиырға не жоқ, өкіріске өкіріс жалғап, қораның іші жау тигендей азан-қазан болды.

Жұныс пен Шәкібай да шөп төсектерінен сырғанай түсіп айғайға басты. Бұлардың айғайы да шуды көтере түсті. Екеуі сиырдың өкіруін тоқтатпақшы болып қорбаңдап қарап еді, дүрліккен сиыр екеуін екі жерге домалатып кетті. Екі шал әрең дегенде, шөп төсектеріне өрмелеп шығып алып: «Қасқыр, қасқыр!» деп айқайлаудан басқа ешнәрсе істей алмады. Өгіздер өңештеп, бұқалар бұрқыратып, өкірісті аспанға шығарды. Әлдене заманда Шәкібайға ес кіріп, ұлама-жан қораның қақпасын ашты. Дүрліккен сиырдың құлаудан аманы бірін-бірі мүйіздей, бірін-бірі итермелей, иін тіресіп далаға шықты.

Кең дала көшеге шығып алғасын секіріс манағыдан да еркіндеп, жөңкілген, өкірген сиыр, көше-көшені бойлап, бүкіл қаланы басына көтерді. Үй-үйден жүгіре шыққан колхозшылар, тұс-тұсынан қамалап, әрең дегенде сиырды қорасына қамады. Он бір тайынша мертігіп, төрт сиыр жарылып, он шақ-

ты сиыр ақсап қалған екен. Үш торпақты дүрліккен сиыр шек-қарнына дейін ақтарып, жарып кетіпті. Колхозшылар басқарманың үрім-бұтақ, зәу-затынан бері қарай сыпыра боқтап жүріп, қораның ішін қарап шықты. Сиырдың жалпы саны түгел, өкірудің неден басталғаны белгісіз. Көзі сынғасын сабан тығып қойған терезелер болатын еді, солардың көше жақтағы біреуі жерге түсіп мүлде қирап қалыпты. Басқа бір белгі жоқ. Қасқыр түссе оның мінезі белгілі, біреуін қапсырмай қалар ма? Ұры түссе, оған сиыр өкіре ме? Колхозшылар тексеріп-тексеріп келіп:

— Осы қорбаңдаған шалдардың өздері бірдеме ғып үркітіп алған ғой. Әйтпесе не келіп қалды дейсің? — десті. Осынша апатты өздерінің қорбаңдауларына алғысы келмеген екі шал:

— Жоқ, жоқ... Біз өзіміз, сиырдың өкіргенінен ояндық... — деп қысылғаннан түн бойы ұйықтайтындарын да айтып қойды.

Жарылған төрт сиыр мен үш тайыншаны бауыздап, мертіккендерін басқа жерге шығарып, колхозшылар үйлеріне тарады. Жұныс пен Шәкібай шал да шала-шарпы мертігіп қалған екен, оларды босатып, орнына бір-екі адам қалды. Ешбір із, ешбір белгі жоқ... Жалғыз-ақ үйіне жақындай бергенде Амантай бір қатқан, қыржиған тұлып тауып алды. Үйіне әкеліп қараса, ақ бүйрек қара бұзаудың терісі. Ішінде жазғы боздан тығылған бір азғана шөп бар. Терінің бауыздауында мықтап тұрып байланған сілемдей ала жіп... Ертеңіне ту ала сиырдың құйрығында да жарты метрдей ала жіптің үзігі жүрді...

МОЛАДА

Түн ауғалы қашан... Шолпан иыққа асылып, таң да сіберлей бастады. Кәрім, Дайыр, Дәйкеш, Шардамбай төртеуі сегіз атпен шөпке кетіп барады. Колхоз басқармасының қылығы қараңғы болса, істің бәрі шек-қарындай ақтарылып жататын әдеті ғой. «Жаңа асу» колхозы да сондай, колхоз екеу болса — бірі де, біреу болса, — соның өзі болатын. Қара жерде шөбін тасып алмай, егінін жинай алмай, былығатын да жататын. Шөпті қыс бойы тасып жеумен келе жатқан.

Шөпшілер «Тәсібектің» алдымен, «Қара еменді» басып, Қалқаман-Мұлкаманның ескі қорасының етегімен өте берді. Оң жақта ескі қыстаудың орны үңірейіп:

«Біз енді өлдік... Шіркін, Есеней ақсақалдың дәуірі, келіп-келіп, жардан құлағандай бір-ақ күрс ете түсетін», — деп ыңырсып жатқандай болды.

Сол жақта шығысқа қарай қисайып барып, жантая кеткен Есенейдің ескі мешіті. Оның айналасы Есенейдің әкесі Естемес, Естеместің әкесі Сейіт, ол Сейіттен бергі өлген өліктің қалың моласы, қара қарғаның ұясындай жыбыр-жыбыр етеді.

Моланың түбінде жол екі айырылып барып, моладан өткесін қайта қосылатын. Шөпшілердің әрқайсысы екі шананы басқарып, арасы үздік-үздік келе жатыр еді. Бәрінің алдында Кәрім, оған таяу он арқан бойы Шардамбай, Дайыр мен Дәйкеш екеуі жарты шақырымдай кейін келе жатқан.

Кәрім моланың дөңіне шықты да, арттағыларды тосып алу үшін атын тоқтатты. Бір-екі минут ішінде Шардамбай қуып жетті. Екеуі қосылып кейінгілерді тосып алмақшы болып еді, бірақ олар екінші жолға түсіп, моланың арғы бетімен кетті. Олардың арғы жолмен кеткенін білгесін Кәрімдер де жүріп кетті. Қалың молаға әбден қабырғаласып келгенде шыңғырған бір дауыс естілді... Аттар үркіп, жолдан шығып қалың қарға омбылап барып тұрып қалды. Содан кейін жапырайып жатқан кәрі мешіт жылағандай, күлгендей, налығандай, қақырлаған ыңғ-жың, у-шу болды.

Шөпшілер кенеттен ұшырасқан уақиғадан орасан сескеніп жанталасып қашуға айналды. Жолдың молаға ең жақын өтетін жеріне келгенде, Есенейдің қара моласынан ұп-ұзын бір «ақ киімді» шығып, екінші бір молаға кірді. Одан шығып тура жолға қарай бет қойғанда, шөпшілер аттарын сабалап, тырбаңдатып шауып кетті...

Моланың ар жағындағы жолмен кеткен Дайыр мен Дәйкеш те, осындай дауыс естіп, олар да «ақ киімдіні» көрді. Олар да қорқып қашты. Моладан шақырым шыққанда ғана шөпшілер бірін-бірі қуып жетіп, көрген-білгендерін айтысты.

— Азырақ кідіре тұрып, таң әбден атқасын осы молаға барсақ қайтеді? Осында бір сыр бар ма дейім! — деді Кәрім...

ДҮРЛІГУ

«Жаңа асу» колхозы — «Жаңа асу қаласы»— екеуі бір ғой. Колхозшылар көбінесе «колхоз», «қала» деген жалғандыны қоспай-ақ, «Жаңа асу» деп атайтын. Есілбай мен Сүгір молдалар олардың үрім-бұтақ қанат-құйрықтары кісі жиналған жерде «колхоз қаласы», «Жаңа асу қаласы», «өзіміздің қала», «өзіміздің колхоз», «Азнабай қаласы», «Азнабай ауылы» деген атауларды айнала шатастырып, кісі жоқ жерде тап-таза «Азнабай ауылы» дейтін. Олар қайткенмен де Азнабайдың атын сынадай қыстырып жіберуге жанталасатын. Азнабайдың атының өшіп қалмауын көксейтін.

«Жаңа асу» дұрысында толық қала да болып жеткен жоқ. Бірақ, бұл «ауылдықтан» алдақашан қол үзген. Мұның ауылдың пішіні алдақашан қираған да, қалалық қалпына толық көше алмай келе жатқан. Бұлардың колхоз болғандығы алға қарай сүйресе, ескі ауылдың ескілігі кейін қарай тартып тіресіп, тұсау бола беретін. Сондықтан, «Жаңа асу» ауылдық пішінін, ауылдық салтын әлі жойып болмаған, жаңа туған колхоз қаласы еді.

Дәл бүгін, әсіресе түске дейін «Жаңа асу» колхозынан гөрі «Азнабай ауылы» жағы басым болып тұрды.

— Сұмдық-ай, сұмдық десейші... Бұдан артық кереметті қашан көргендерің, қашан естігендерің бар?.. Аппақ, ақбоз ат, дейді... Әуелі үш қайтара кісінепті... Одансын оқыраныпты. Одансын жер тарпыпты!.. Әлігі садағасы кеткір ақсақ Ақан, оны ұстаймын деп жалына жармаса бергенде, жарықтық басын тоса беріпті. Содан басқасын шірік неменің өзі де білмейді (ол ақсақты тірі тастап кеткенше кеудеге бір теуіп өлтіріп кетсейші десейші)... Содасын барып дейт,

жануар басын ұстай алғанға шектеніп дейт, басын тастапты да дейді, өзі жортып жүре беріпті дейді (кереметімді көрсін деген ғой, жарықтық!)...

— Шолтаңдап Қиналған албасты да жақындай берген екен, жануар жалымен желпіп оны құлата салыпты... Сүйтіпті де, «Үреген атаң» үйіңің алдымен күнбатысқа қарай жортып жүре беріпті... Салпы еріннің әжесі қандай сергек, таң қараңғысында далаға шықса, бір ақбоз ат сол үйдің қасынан өтіп бара жатыр, дейді. О кемпірдің көзі әлі жіті ғой: «Басы жоқ екенін анық көрдім, ойбай-ау, ондайды кісі көргіш болады ғой, содасын не болып кеткенімді білмейім, әйтеуір үйге кіріп: Рамазан, енді мен өлетін шығармын! — деуге ғана тілім келді», деп айтады, дейді... Ақыр заман, ақыр заман десейші!..

— Қалқоз-калқоз деп ағайын иттей ырылдасып бара жатқаны да сол ғой... Сүйтіп жүріп ақыр заманның келгенін бір-ақ біліп қалмақпыз да, ағайын қайта табысуға мұрсаң да келмес әлі...

— Ойбай, қайнағаның үйіндегі шешей-ау, бұдан артық не болады деп отырсың!.. Осы қаланың бәрі көріпті: «Бұзау атаң үйінің баласы да, «Шикіл» шалдың қатыны, үлкен баласы да, «Төрттен астам» үйінің келіні де, «Таза жіп» үйіндегі солбыр да, сәтсіз күн үйіндегі «Шаппа» да көріпті. Жарықтық-ай десейші, каланың шетіне шыққасын үш қайтара кісінепті де, ғайып болыпты дейді, енді біржола кеттім дегені ме екен, немесі екен? Кісінегенде, дейді, дауысы құлыншақтың дауысындай, дейді... Құрысын, бүйтіп отырып болған колхозы. «Колхоз болып, күнде ақбоз ат көріп қалай отырамыз, берсе атыңды үйге әкел, бермесе атың да кетсін, сиырың да кетсін, өзің үйден шықпа, колхозға барма!» деп Қабдештің баласын үйге отырғызып қойдым. Атына да барған жоқ, күндегі жұмысына да барған жоқ, жатыр үйде...

— Жасаған-ай, бәрінің бір келуін қарасайшы. Зеңгі баба да тегін мал емес қой, түн бойы өкірді, қаладан шығып кете жаздаған жоқ па тіпті... Пірәмі кісіге ұмтылады, дейді. Күзетші екі шалды мүйіздеп-мүйіздеп өлімші қылыпты. Кооператив күзетшісі көріп қайырам деген екен, сиыр біткен өзін ортаға алып, ол бейшара сарайға тығылып әрең құтылыпты... Біздің атам көп жасаған адам емес пе, қара жер — қара жер болғалы қорадағы сиырдың түнде өкіргенін естіп көрген жоқ едік, бұ да бір заман шығар, дейді...

— Сиыры құрысын, өлмесе өрем қапсын, керек болса ауылнайдың өзі асырап алар, енді ол қораның маңына барма деп, «әлгіні» үйден шығармай қойдым...

— Е, енді қайтсын, бәрінен өз жаны қымбат-тағы...

Осы секілді ығы-жөні жоқ әңгімелер бүгін өрбісіп кетті. Қанша құрметтейін десем де, осы әңгіменің көбі әуелі әйелдерден басталғандай болды. Бүгін олар құдық басына күндегіден анағұрлым ерте барды. Бірін-бірі тосып алып, бастары құралғасын шелектерін тастай беріп, естіген-білгендерін айтысты. Бақытқа қарай, түндегі дүрлігістің бірде-бірін көзімен көргендер жоқ екен, сондықтан шүу дегенде ешқайсысы үйлескен, қисындасқан ұзақ әңгіме етіп әкете алмады. Бірақ бәрі де бірдеме естіп, естімесе де білгенге ұсап, біріне-бірі жалғап, жамай-жамай, бастап жиналған бір топ әйелдің өзі-ақ бір шелек су алып қайтқанша, әңгіменің желісін сызып, бағытын белгілеп алды. Одан артықты керек қылмайтын, керек болса өз жанынан-ақ толықтырып жібере алатын,

кейбір өзіне сенген жеңгейлер, әңгіменің ұзынырғасын естігесін, суын тезірек алып, тезірек басып үйге жөнеліп кетті. Бірақ, үйіне де тұрған жоқ, суын төгіп-шашып самауырына құя салып, қайтадан көшеге шықты. Әлі су алуға құдық басына барып хабарланбаған әйелдерді жолдан тосып алып, бірдеме айтқысы келгенін сездіріп, қыпылдап тұрды. Онысын да сезбей, сезсе де қайырылмастан өте берген кейбір «меңіреулер» болса:

– Естідің бе-ей, түнде жаман болыпты ғой... – деп еріксіз тоқтатып, әңгімесін тыңдатты.

Түндегі әңгімені басынан гөрі де әрегіректен бастап, аяғынан гөрі де өрегіректен тоқтатып, тоқтату былай тұрсын, бұл әңгіменің мұнымен бітпейтінін ескертіп, «аяғын соңыра» айтатын болып, ана әйелдің келіп тыңдайтынына уәде байлап қалды.

Қейбір «ақпа құлақ сұңқарлар» бір қатыннан естігенде түгел ұғына алмай, екіншіден сұрап, екінші оған екінші түрде айтып, олар одан жаман шатасып, шатасқандарына назаланып, қайтсе де анығын білуге үшінші біреуден сұрап, ол одан жаман шатастырып, әйтеуір «ақпа құлақтар» анығына жете алмады. Мұндайда олардың «әлгілері» де үйде бола ма, анықтап айтып беретін. Сондықтан бұлар суларын үйлеріне апарып тастады да, құдық басына қайтып келді. Қашан әңгіме әбден тарап, енді ескіруге бет алғанша, олардың таңертеңгі самауырыны да қойылған жоқ. Өздері, бәрібір әңгімеге тұтас тойынған да жоқ.

Ақан мен Қиналғанның қатындары қайбір сөзуарларым. «Кереметті» көзімен көрген осылардың байы болса да, бұлар ешкімге ешнәрсе үйлестіріп айта алмады.

– Көтек... Көргенде қайтсын... Өздері де қорыққан білем... Не екенін біз қайдан білейік... Бізден сұрайды ғой... О несі екен... – десті ортаға алған қатындарға.

– Өй, албастының әруейі басқыр, мегежіндер-ай!.. Жидіп, естігендерін айта алмай тұрғандарын... Ат не қылыпты? Кісінеп пе? Оқыранып па? Әлгі бастың көзі бар ма екен? Құлағы ше? – деді басқа қатындар мәселені қабырғасынан қойып.

– Қу бас дейді ғой. Біз қайдан білейік... – деді екі жеңгей, ешкімнен ұялмайық....

Қайта олардан гөрі Жүніс пеп Шәкібай шалдың кемпірлері асырды:

– Сиырлар өкіргенде көздері от болып жайнап кетеді екен, – дейді. Қораның ішінде бірдеме ырыс-ырыс етті де жүрді, сасқанымыз ғой «аруақ-аруақ!» дей өсіріппіз, дейді, біздің шалдар...

Колхоздың бірсыпыра еркектері де әңгіменің осы жағы көтерілуіне себеп болды. Кейбіреуі Есілбайлардың ұғындыруымен, кейбіреуі өз қатындарының ықпалымен еріксіз өсекке қатынасып, әрі-беріден соң белшесінен батпаққа батып кетті...

Ал, енді, еркек жағының көпшілігі бұған ерген жоқ. Әуелі біраз қобалжығандай болса да, артынан беттерін түзеп алды. Бұлардың көбінің әйелдері де өздерінің ауанына көшті.

Әсіресе, ертеңгі шайдан кейін ұя хатшысы Қайыр мен ауыл кеңес ағасы Теміржан колхозды жинап алып түндегі уақиғаның қайдан шығуы мүмкіндігін

түсіндіргесін, «бір сыр бар екеніне» көздері жеткендей болып, сенімдері нығайды.

Қайыр түндегі «кереметтердің» қайдан шығатындығын айта келіп, сөзінің аяғында:

— Түндегі көрініп жүрген «ақ боз ат» та, сиырдың өкіруі де — бәрі де адам істеген іс. Мұнда құдайдың құдіреті де, кереметі де, дәнеме де жоқ. Бұл біздің жауымыз — байлардың ісі, солардың қолы. Мұны біз сендерге кешке дейін-ақ ашып берейік! — деген еді.

Отырғандар оны неден шығарып корытып отыр екен дегендей, көздеріне көрсетіп, қолдарына ұстатқан ешбір дәлел келтірмегенін олқысынып сәл аныра қалып еді, Теміржан үстелдің артынан түндегі тұлып пен «ақ боз аттың басын» суырып алып:

— Мына бас пен тұлыпты танитындарың бар ма? — деді жиналысқа. Жиналыс қоғадай жапырылып бас пен тұлыпқа үңілді де, ешқайсысы танымайтындығын білдіріп, бастарын шайқады. Жиналыс екі минуттай үн шығармай, үңілді де тұрды. Тұлыпты тауып алған Амантай, тұлыпты ерсіл-қарсылы аударып тұрып «неғып танымайсындар?» деген адамша айнала бір қарады. Амантайдың айнала қарауы жиналысқа бірдемені ұғындырғандай, ұмытқан бірдемені естеріне салғандай болып, төрт-бес адам бір ауыздан:

— Өй, мынау... Кімнің үйінің...

— Жаздыгүні...

— Өлетін...

— Ақ бүйрек...

— Қара бұзауы емес пе?.. — деді әрең-әрең ауыздары барып.

— Кімнің үйінің? — деді Қайыр, жиналғандарға қарап.

Амантай өз ойын Қайырға алдақашан-ақ айтып қойған ғой, сондықтан бұл арада үндемеді. Басқа танығандар бір минут шамасы біріне-бірі қарасып тұрды да:

— Өзіміздің... Кімнің... Рамазан басқарманың, — деді біріне-бірі жалтақтасып қарап. Бұлардың біріне-бірі жалтақтасып айнала қарасуында, «Рамазаннан бізді өздерің қорғарсыңдар...» деген қорқу бар еді. Бірақ дәл осы арада Рамазанның болмауы бәрінің де буынын бекітті.

«Рамазан басқарманың!» дегенде жиналыс бір уақиғаның үстінен түсіп, бір қараңғы қылықтың ізін тапқандай, ереуілдеп тұра келді. Саспай, сақтықпен басып, тұлып пен басты тағы да айналдырып қарасты. Сүйтті де, Рамазанның ақ бүйрек қара сиырының барлығын, оның былтыр ақ бүйрек қара бұзауы болғанын, ол бұзаудын жаздыгүні өлгенін, оның енесін жаз бойы тұлыппен сауғанын естеріне түсіріп, бірін-бірі толықтырып болғасын:

— Сонікі, сонікі... Рамазандікі... — деді бірауыздан.

Басты да айналдырып қарап-карап:

— Осы бас дәуде болса картоп суаратын суаттың сол жағында, жалғыз ағаштың қасында жататын бас... Керек болса бұл, былтырғы Күлжамал үйінің арам өлетін қара кер биесінің басы! — деді бақташы Тасбай.

Жиналыста басты тағы айналдырып қараған сайын Тасбайдың сөзі дұрыс секілдене берді. Анықтау үшін «Суаткөлге» бастығы Шәріп қылып үш адам жіберді. Басқалары тұлып танылғандығына, анық Рамазандікі екеніне акті жасады. Актыға қол қойып жатқанда сиыр күтуші Мәзит, ту ала сиырдың күйрығындағы жүрген ала жіпті шешіп әкелді. Әкелген жіпті тұлыптың мойнындағы жіпке салыстырып қарап еді, бірінің бірі үзігі болып шықты. Қатта жіптің үзілген тілдеріне дейін біріне-бірі жалғаса кетті.

Сол екі арада «Суат көлге» кеткен Шәріптер де келді. Олардың әкелген хабары:

– Рас, сол бас болып шықты! Өткен түнде ғана салт біреу барыпты да, атынан түсіп тұрып, басты алыпты. Жаңа із сайрап жатыр. Бастың жел жағына жиналған қар да, бастың астындағы көде де, салт аттың ізі де жап-жаңа күйінде ап-айқын жатыр. Жолмен барып, бұрылып басты алыпты да, қайтадан жолға түсіпті. Біз ешнәрсені қозғағанымыз жоқ. Біздің үш аттың ізі бір бөлек жатыр. Аттан түспестен бастың жатқан жерін айналдық та, кейін қайттық... – деді.

Колхозшылар істің астарына өздері де анық түсінгендей гуілдесіп кетті. Сондықтан Қайыр мен Теміржан жиналысты таратты да:

– Істің ізін өздерің де көріп отырсыңдар. Ауыздарыңа берік болыңдар! Бүгін кешке дейін бәрін ашамыз! – деді. Сүйтті де, дереу Рамазанды шақыртты. Одан басқа он шакты адам ертіп алып, бас жатқан жерге барды. Бұлар да аттан түспестен түндегі ізді баспастан жүріп, істі анықтады. Күн бұлттанып жел тұра бастағасын қаладан үш-төрт кереге алдырып, бастың жатқан жерін, аттың, басты алуға түскен адамның ізін айнала қоршап, үстінен киізбен жауып тастады. Бес күн боран бола қалса да, анау ізді жауып кете алмайтындай етіп қымтады да, басына күзетші қалдырып, өздері қалаға қайтты. Тағы да көргендеріне, істеген істеріне акты жасап, бәрі қол қойды. Қолы сәл қалшылдап тұрып Рамазан да «Итбайұлы» деп иректей салды.

– Сенің колхозың не болып бара жатыр өзі? – деді Қайыр, Рамазанға көзінің күйрығын қадап.

– Қайдан білейін, сендер білмесеңдер..,

– Түндегі дүрлігісті не деп ойлайсың?

–Ештеңе деп те ойламаймын... Тіпті зейілім жетпей тұр... Мен, осының бәрін де өтірік пе дейім... Қайдан келген ақ боз ат? Күзетшілер өш біреуіне жала жапқысы келіп ойлап шығарып жүргендері. Қазақтың әдеті белгілі емес пе, асқа оспелесе пәле жаба бастайтын. Содан басқа тұк те жоқ. Осыған біреу ақтан түймесе қара да тұр... Ол болмаса ендігәрі күзетке бармаймын деп істеген айлалары.

– Бұл оңбағандардың бәрінің де колхоз жұмысы десе аза бойлары тік тұрады. – Буларды колхоз қыламыз деп, босқа қызыл май болып жүрміз...

Рамазан қызыңқырап, азырақ қызарыңқырап, екі түрлі ой тастап, белгілі бір ой тастай сөйледі. Мұны басқалар да аңдамай қалған жоқ, бірақ, бірден кесіп тастамайық деген адамша, үндемеді.

– Сиыр өкіруін неменеге жорисың? – деді Қайыр.

— Е, сиыр өкірсе өкіре береді. Шұбатылған екі шал өздері үркітіп алды, онан басқа дәнеме де жоқ... Мұны қопақардай сөз қылуларының өзі... — деп Рамазан күмілжіді де, сұп-сұр болып кетті. Қайыр да басқа нәрсе сұраған жоқ.

— Ана бір қазандарыңды тезірек жөндесейші, кешкі жиналысқа керек болады. Есебіңді де дұрыста... — деген секілді бірдемелерді айтып Рамазанды әрі кідірте берді, әрі көңілін басқа мәселеге аударды. Басқаларды жұмысына таратты.

Ауыл кеңесі де, тұқым тазалаушылар да, бәрі де өзді-өзінің жұмысына кірісті. Рамазан оңаша қалған Қайырға:

— Сен біздің елді жақсы білмейсің ғой. Бұл жанжалмен ауызданып, даумен көзін ашқан ел. Осының бәрін ойлап шығарып, Қорқыттың көрін қолдан жасап жүрген біраз бұзақыларымыз бар... Бір-бір көк айыл қатындарын қосып алады да, қаланың ішіне қара өрт шашады да жүреді... Осы елді колхоз қылам деп атқа мінгеніме үш жыл болды. Ылғи алысумен келеміз. Бұлардың айтқанына иланып, өздеріне сене-сене менің абыройым да айрандай шашылып болды... Менің аяғымды құшып жүрмесең болғаны...— деді, сөзінің аяғын зілдендіріп.

— Ол бұзақылар кім?

— Бастығы Кәрім мен Шәріп, оларға қосылатын Қасым, Дайыр, Рақила дегендер...

Рамазанды маңдайға соғып жіберетін талай сөздер алқымына тығылып келіп-ақ қалса да, Қайыр үндемеді. Оның өз жоспары өзін билеп отырған кезі еді, оны бұзғысы келмеді. Сондықтан:

— Жарайды, көрерміз... Жұмысыңды істей бер. Бас-аяғын тезірек жинасайшы, — деп сенім көрсеткендей болды. Рамазан аз да болса демесін алғандай болып есіктен шыға бергенде:

— Әй, тұра тұршы... Мынаны танисың ба? — деді Қайыр жайдары дауыспен.

Рамазанның қаупі де, күткені де осы сұрау ғой. Бұл сұрауға тоқсан түрлі жауап та әзірлеп келген. Бірақ, жайдары дауыспен кенеттен қойылған сұраудың ешбір әзір жауабы аузына түспей қалды. Бір жағынан бұл жөніндегі сөзге шама келгенше қатынасқысы да келмей, шама келгенше бойын аулаққа салайын деген ойы да бар ғой. Сондықтан, Қайырдың сұрауын естіген соң, бұрылар-бұрылмастан-ақ:

— Танымайым. Қай тұлыпты түстеп қойыппын... — деді.

Бұл жауапты бергенде Рамазанның көзіне тұлып жөнді іліге де қойған жоқ еді. Бірақ, сұрау тұлып туралы екенін Рамазан қалай да сезді.

— Осында біреулер тұлып сіздің үйдікі дегенді айтты.

— Болмас-болмас...

— Егер болса?

— Болса, мен білмеймін...

— Енді кім біледі?

— Онда, маған қастық қылайын деген біреудің жұмысы болады... Ондайлар бұл қалада толып жатыр...

— Тұлыптан не қастық табылады?

— Қайдан білейін...

Сұрау да, жауап та осымен тоқтай қалды. Біріне-бірі қадала бір қарасты да, бірін-бірі түгелімен ұғынғандай болды. Рамазан шығып кетті. Қайыр отырып қалды.

Жиырма минуттан кейін сүргіш мөр басылған пакетті бір салт адам аудандық тексерушіге алып кетті...

ҮШІНШІ ЖИНАЛЫС

Қазір жиналыс деп ешкім хабарландырған жоқ, «қызыл бұрыш» өзіненөзі аузынан шығып, лық толып барады. Жиналыс, әрине, әлі ашылған да жоқ, айтыс қойны-қоныштан ағытылып барады. Колхоз мүшелері ышқынғандай. Іргерілеудің орнына кейін аттап қалғандарын ашық көргендей. Енді арт жаққа бір қарамаса, болған қателерді мұрыннан тізіп, көзден бір өткізбесе мықтап тұрып бір сілкінбесе болмайтынын әбден ұғынғандай.

Ұрылса жығылады, құрылса болады деп, еткен күндер ашы зарды тұла бойды тұтас улап болғанын колхозшылар анық түсінгендей.

Төрт бұрышта да топ, төрт терезеде де топ. Топ арасы да топ. Топ іші толған моселе. Толқынды топ шешіп жатыр...

Ұя хатшысы Қайырдың: «Қане, жолдастар!» деуі-ақ мұң екен: бірін-бірі кимелеп, ұлтарақтай болса да ілгері қарай ұмтыла түсіп, колхозшылар қоғадай жапырлап, аласа үй аузынан шығып, үйге сыймағандары есік пен терезеден үңілді.

— Басқарманың баяндамасын естіңіндер ғой... Сондықтан, сөйлейтіндерің болса, сөйлей беріңдер! — деді Теміржан, колхозшыларға карап.

Колхозшылардың бұрынғы қазақтан ірі бір айырмасы, бұлар не істеп отырғанына, қайда бара жатқанына, негізінде ашық түсінеді. Бұлар «сөйлей беріңдер», «кім желпініске шығады», «кімнің ұсынысы бар», «сұрақ бітті, енді желпініс бітті, ұсыныс», «президиум», «асыра сілтеу», «апартоншыл», «үлкен кісі айтқан белсенді» деген сөздерді тымақтай сілкіп, пайдалана біледі. Кейбіреулері, «оңшыл-солшыл апартун болмайын десең!», «асыра сілтейін демесең!» деп те кібереді...

Олар «Әлекеңнің аузы қалай қарай қисаяр екен», «Жанекеңнің түтіні калай ұшар екен» деп отырмайды да.

Бұл жиналыста да осылай болды. Бригадир Кәрім тұра салып келіп ыытылдырып еді дәйім сөзді, отырғандардың айызы қанып, құмары сонша ырқады білем, Кәрім сөйлеп біткесін алақан шартылдаумен бірге:

— Өй, өркенің өссін!..

— Өй, мың жаса!..

— Ұл туса, өзіндей болып тусын! — деп жиналыс гу-гу етті...

Кәрім — колхоз ішіндегі басшы жігіттердің бірі. Өз ісіне тыянақтылығы былай тұрсын, барлық істің ағынын түзеп, барлық іске жөн сілтей алатын жайы бар. Бұл қара дүрсін «есті жігіттердің» біреуі ғана емес. Ол жалыннан жалқынды, бездестен жағаласты, араздықтан жаулықты, ағайындықтан таптықты дұрыс ыыра алатын.

Ол шөпке бара жатып көрген «ақ киімдіні» де өзінше жорыған. Ешбір құдайға, ешбір аруаққа, ешбір кереметке байланыстырмай «бұл Есілбай мен Сүгір молданың жұмысы» деген ішінен. Қасындағыларға барайық деп осынша жалынғанда, олардың табаны тұрмай сырғи берген. Әсіресе, Шардамбай қандай бірмойын (ол қорыққанда да бірмойын болатын ғой), «Байлап апармасаң бармаймын!» деген, келтесінен қайырып, жалғыз болса да баруға бір ойланғанда, моладағылармен жанжал болса (жанжал болатыны даусыз еді), оларға ешнәрсе істей алмайтынын біліп, басын шайқай кете барған.

Шөпті алып қайтқанда молаға соғып, мешітке кіріп еді, ешнәрсенің ізін таба алмады. Үйткені түске тармаса алай-түлей боран болып, бұлар шөптен қайтқанша ізді жауып, күртік жүріп кеткен еді. Сондықтан әрі ойлап, бері ойлап жолдастарына:

Тіс жарып ешкімге ештеңе айтушы болмандар, әуелі қойындарыңдағы шүйке бастарыңнан сақтаныңдар! – деп мықтап шегелеген де, қалаға келген.

Келе сала, оңашалап Қайыр мен Теміржанға айтып еді, олар да тірі жанға сездірмеуін мақұлдаған. Сондықтан жаңа сөйлегенде Кәрім колхоздың жұмысын асты-үстіне келтіріп тексерсе де, «ақ боз ат», «ақ киімді» деген сөздерге ат шалдырмастан өте шықты.

Кәрімнің түндегі орасан уақиғаға тоқтамай өткендігі басқаларға түсініксіздеу болды. Бірақ, «мынау оны сөз қылмағаны дұрлігісте жөнді мән жоқ екен ғой»... деген ой тудырды. Кәрімге керегінің өзі де осы еді...

Кәрімнен кейін Ақан, одан кейін Қиналған, одан кейін Ұрқия, Әбен менен Әмина, бірін-бірі түзеп, біріне бірі сөз қосып, бірінен бірі сөзді жұлып алып, бірін-бірі кимелеп, бірін-бірі итермелеп, үй толы жан бәрі сөйледі. Соншама малмен, соншама жанмен, соншама күшпен отырып, «Жаңа асу» колхозы неден кер кетуге айналғаны ашылды. Көптен көкірекке орнап, шешуі табылмай жүрген «неге» осы жиналыста күрмеудей шешілді:

– Найзаны бойлата, сапыны сағасынан сұғатын жеріміздің бірі – біздің колхоздың «Азнабайлығы», «Жаңа асудың» көпшілігі жалғыз «Азнабай» руынан. Аласыз «Азнабай», айшықсыз ру бардай-ақ жұбымызды жазбастан, арамызды ажыратпастан жинала қалыппыз. Төрт үй «Түрікпен», үш үй «Қызыл бас», екі ноғай, насыбайшы Степан, тілік бет Павелдан басқаның бәрі «Азнабай». Соңғылары әрі аз, әрі жаңада қосылды. «Азнабайға» қараған жейдедей болса, мыналарды шапандай сыртқа ұстап отырамыз. Басқарма бұларға шет қақпай жасап, өгей шешенің баласындай шеттетіп, тек тапсырынды жұмысты істетіп келді. Басқа рулардан жиырма шақты үй келеміз, колхоздарыңа ал дегенде:

– Ойдан-қырдан арық-тұрақ жинайтын шамамыз жоқ. Даяр тамаққа ие болғылары келеді ғой... Алмаймыз! – деп, Рамазан мен Жанғали бет бақтырмады.

– Қала салғанда өзіміз тымып беріп көштік те, колхозда жоқ кедей, орташаны тастап кеттік. Керек болса төрт-бес үй колхоз мүшелері де қала барды. Бұлардың бәрі де руы басқалар еді, ешкімнің жаны ашып шақырмағасын, амалсыз басқа колхозға көшіп кетті. Ал енді Азнабайдың «жеке салығын» да, молдасын да, жақын туғандары көшіріп әкеліп үйіне кіргізіп отыр. Керек болса, басқарманың иек көтеруімен оларға үй де салысып берген колхозшылар

бар. Бастығы басқарманың аға-інілері болып, колхоз жұмысын тастай беріп, Есілбайдың үйін салып берген жоқ па? Сүгір молда Жанғалидың иесіз үйіне кіріп алған жоқ па? Алдақашан бай-құлақ қаласына кететін Есілбай мен Сүгір молда, Рамазан мен Жанғалиды жамбастап, талтаң-талтаң етіп ортамызда отырған жоқ па?

— Колхоздың жұмысына жаны ашыған болып Есілбай ылғи «ақыл» айтып келе жатыр. Рулас колхоз, бірінен бірі шыға алмай (әсіресе басқарма), Есілбайдың сөзіне құлақ асады. Есілбайды жиналыста жақтайтындардың көбі, оңашада әкей-үкей болады. Рамазан, Жанғали, Исақмет басқармаларымыз Есілбайдың дегенін істейді... — деп Жантық шықты.

— Көлік болса әлсіз, тамағы нашар, жер болса құрғап барады; алдымен бидай, сұлыны салып алайық, — дедік Рамазанға әдейі келіп.

— Егінді менен бұрын қайсың салып едіңдер, әуелі тарыны, огородты, картоп пен күнбағысты, жүгеріні салып алған жақсы. Қар жауа ма, жер қайта қата ма, боз қырау түсе ме, нете ме, кім біледі... Құдай берсе бидай мен сұлыға майдың ортасынан әр жағы жақсы болады... Көкке тойынған көлік те тыңайып қалад оған дейін... Сүйтіңдер! — депті Есілбай.

— Рамазан мен Жанғали кеңірдектеп жүріп соның дегенін істетті. Бидай мен сұлы кеш салынды. Топырақ қурап шаңдақ болып жатты. Кеш салынған егін, құрғақ топырақта бас тартпастан қалды, бас тартып өскені болса, қар жауғанша піспей көк балғын күйінде қалды. Егін кезінде Рамазанға:

— Есілбайдан алған ақылыңның тап... дедім әбден кейіп кеткендігімнен. «Басқармаға» бағынбады, деп Рамазан мені жиналысқа салып аупырым деп жаным қалды... — деді Шәріп.

— Газеттен оқи сала-ақ «Ал ертең қар тоқтатуға аттанайық!» — дедік бірсыпырамыз қыстығуні. Балтамыз бен күрегімізге дейін әзірлеп, «біреуі келіп терезеден айқайлар» деп дайын отырдық. Бір күн отырмыз, тереземіз тықылдамайды, екі күн отырдық, тықылдамайды, бақсақ:

— Егінді қар бере ме, құдай бере ме? Жылы келсе өзі де шығады. Қайта, қар тоқтатқан жер су басты болып шөп шығып кетеді. Оны көреміз ғой... — депті Есілбай мен Сүгір.

— Біздің басқармалардың миына осы ақыл орнығып қонғансын болушы ма еді, қар тоқтаттырудың орнына, қала қыдырып елге бір жаңа шыққан «бес бірмақ» деген, «май палау» деген тамақ жасатып жүріпті... — деді Біржан.

— Шөпті пісіріп шапқан жақсы, піспеген шөп қазақ малына ас болатын ба еді? Орыс көктей шапса, шөмеледе кептіреді, күтуін біледі; орыстың малы да көк шөпке үйренген — тышқақтамайды. Қазақ маяға үйеді. Көктей маяға үйген шөп шіріп кетеді. Қазақ малы оны ас қылмайды... — депті Есілбай.

Рамазан мен Жанғали екі жорғаны мініп алып, бір жұма шабынды ойқаумен жоғалып кетті. Онда бітіргендері арақ ішу, карта ойнау, қыз-келіншек аулау болыпты. «Жалтырға» барып бір шомылғандарын көрген кісі бар да, басқа шабынның маңына да барғанын жан білмейді. Екі жорғаның арқасын ошақтай, мойнын пышақтай, санын қалақтай етіп қайтып келді де:

— Шөпті шабуға әлі ерте екен, қауда қалыңдай түссін, көл құрғай түссін... Ауданнан машина-сайман келсін... Содан кейін бір-ақ дүр еткізе түсеміз! — деді.

Шөпке кеш түстік. Шөпті орталамай жатып, егін пісті. Шөпті тастап егінге жабылдық. Шабылғаны үйілмеген, тасылмаған, көп шабып шабылмаған күйінде шөп болып қала берді...

Егіннің ерте піскенін орып болғанда, кеш егілген бидай мен сұлы күзге дейін көкшеледі де тұрды. Басқа колхоздар бидай сұлысын алдақашан жиып алып, соғып жатқанда, біз көкшені күтіп отырдық та қойдық. Сүйткенше күздігүні көк жаңбыр ағыл-тегіл соқты да кетті. Егін де қалды, шөп те қалды. Шегіміз шұбатылып, ішіміз ақтарылып былғандық та қалдық. Үстіп істеген жұмыста не береке болсын? «Рамазан басқарма» Есілбайдан үйренген «Бұйырмағанға не дауа барды» айтты, басқа басқармаларымыз «Әрине, енді не дауа болушы еді?» — деді.

— Міне Азнабайдың ақ сақалы — Есілбайдың ақылы. Міне, біздің басқарманың бас ақылшысы!

— «Біз колхоз едік қой, колхозшылардың айтқанында бір істейікші!» деген басқарма болды ма?

— Жоқ, жоқ. Есілбайдың елшілері!... — деді Мақан.

— Бізде жаздыгүні жүз елу ат болды. Осы күні жүзге жетпейді. Осы қалғанның қырқы қара қаптал, қырқы жауыр, қалғаны көтерем. Басқарманың жұмысқа салдырмай жүретін он жеті аты бар еді, соңын қазір біреуі-ақ қалыпты. Өзгесінің үшті-күйлі орны жоқ: біреуі байлауда қатқан, біреуі аяғы сынып өлген, біреуі жамандатқан, біреуі мүрдем кеткен — әйтеуір бәрінің орны басқа жерден табылған. Рамазан мен Жанғали, Молдаш пен Сағит мінген аттың бірде-бірінің қайтып үйірге қосылғаны жоқ. Неше атты соқадан алды, неше атты машинадан алды. Неше сайманды жұмыстан босатып алды. Қазір бірде-біреуінің қолында бір жүген, не бір сілемдей жіп қалсайшы! Күнде келіп біреуіміздің сайманымызды алып кетеді!

Бізге деген «жұт жеті ағайынды» болса, Рамазанмен сегіз ағайынды, Жанғалимен тоғыз ағайынды, Исахметпен он ағайынды, Молдашпен он бір ағайынды, Сағитпен он екі ағайынды болып отыр! Осынша ер жеткен ұлдары бар «жұт», Есілбайдың қолына түскесін, бізді қалай оңдырсын? Құрт аурудай қуалай жеп, құртып барады... — деді біреуі.

— Бізде жұмыс та көп, жұмыс істеуші де көп. Бірақ, істеген жұмысың оңбайды, жұмыс істегеннің бүйірі шықпайды.

— Басқармасыз бір шөптің басын сындырмайсыңдар! — деді ғой Рамазан басқарма. Ал сындырмадық! Сең соққан балықтай теңселіп, сандалдық та отыра бердік. Басқарма «жұмыс тәртібін» жасап жатырмыз деп, егіннің он шақты күнін өткізді. «Тәртіп» те бітпеді, жұмысқа да шыға алмадық, аяғында аудан басқармаға тақым бұрау сала бастағанда «тәртіпсіз-ақ» жұмысқа кете бардық. Рамазан мен Жанғали көшеге шығып алып:

— Колхозда қастықтарың болмаса, егінге аттаныңдар, — деп бір уыс қылды. Қай жерге, қалай егеміз, не егеміз, қашан егіп боламыз — бұл жағынан жөні бүтін бір ауыз сөз сөйлестік пе екен? Жоқ.

Содан бастап кетті дейім былығып, сол былықтан былық, аяғы міне бүгінге келіп отыр. Біреуге ана жұмысты, біреуге мына жұмысты тапсырып қояр болар еді, содасын соны бақылар болар еді, бұларда ол жоқ:

– Ойбай, бүгін жабылып жыртыңдар!

– Ойбай, бүгін жабылып тырмалаңдар!

– Ойбай, бүгін жабылып себіңдер! – міне біздің басқарманың ісі осы болды.

«Жабыл!» дегенде жабыла кетеміз. Кісі артық қалады, ат бос қалады. Не жұмыс жетпей қалады, не жер жетпей қалады. Қанша адам бейберекет, азғана жұмыстың соңында жүреді де қояды.

Біреуді бүгін соқаға жіберсе, ертең тырмаға жібереді, одан арғы күні себуге жібереді. Бір атты бүгін соқаға жектірсе, ертең боранаға жібереді, арғы күні «басқарма» мініп алып «ауданға» кетеді. Бүгін бір бригадада болсаң, ертең бір жерде боласың, арғы күні баяғы бригадаға келіп қалғаныңды білмей де қаласың...

– «Қараөрттің» дөңіне жабылыңдар! – деді басқарма. Жабылып кеп кеттік. Үш күн айырғанда «Қараөрттің» тас-талқаны шығып, өрт шалғандай болды. Енді соны он күн бойы тырмалап, тұқымын шашып үлгіре алсақшы. Жер кеуіп кетті, сол дөң осы күнге дейін қара өрт шалғандай қап-қара бойы жатыр!

– Жұмысты да, атты да, соқа-сайманды да бригадаға бөліп алайық. Жұмысты бөлініп-бөлініп істейік. Бір жерде жүрген көп адам біріне-бірі оралғы болады... – дедік басқармаға.

– Жоқ, колхоз болғасын бірге істеу керек. Бар атты сендер мінбегенде, кім мінеді. Бар соқаны сендер жекпегенде, кім жегеді, бар жұмысты сендер істемегенде, кім істейді. Жабылып істей беріңдер!– деп басқарма әмір қылды.

Ана жұмысқа да жабыламыз, мына жұмысқа да жабыламыз. Кез келген атты ұстап алып, өз соқамызға жегеміз.

Тәуір ат, тәуір соқаға таласамыз. Тәуір ат, тәуір соқаны қалай көбейту керек, тым болмағанда қалай тәуір қылып ұстау керек, бұл жағын ешкім маса шаққандай елең қылмайды.

Басқарманың әмірі он бес күнде-ақ тәуір атты жауыр ат, тәуір соқаны іске лайысыз етіп шығарды...

Біздің бір қызық жеріміз, көк жалқаудың көбі «белсенді» болып алыпты да, жұмыс істемей, желбегей салып, ауыл-үй қыдырудан босамайды. Қайдағы бір жөргекте соққан бұзақы болса, ерте кезде байды сағалап жүретіндер болса, соның бәрі оңай жұмыс «белсенділікке» көшіп болды. «Жай белсенді», «қара белсенді», «ауыл белсенді», «көлденең белсенді» – осының бәрі колхоздың ырысына біткен адамдар емес. Бұлар өз арамызда «белсенді болса, басқа жерге барса өкіл» боп шыға келеді. Мұндай «өкілдер» белсендіден құралған басқарманың қолына түссе, қандай колхозды болса да көк иық қылып шығарады.

Өзгені қойып өзіміздің колхозды қараңдаршы:

Рамазан мен Жанғалидың топтан таңдап алған екі-үш белсендісі бар: біреуі керсиген Молдаш, біреуі керауыз Сағит, біреуі кержайдақ Шери. Бұл үшеуі белгілі бек-бикелер емес пе? Түске дейін тұяқ серіппестен ұйықтайды. Түстен кейін бүкіл қаланы бір қыдырып шығады. Қыдырып жүріп әмір етіп жүреді. Қызы бар үйде күн бойы қылжаңдап, келіншегі бар үйді қарақұстайториды.

Үшеуінің қолында үш ат бар, кез келген үйдің босағасында қаңтарылады да тұрады. Болмаса кім көрінген бала-шаға мініп алып шабуылдап жүргені..

«Белсендінің» әңгір таяғы әбден ойнақтап болған ғой Сәлмен деген колхозшы әуелі «белсенді» жоқ па екен деп айнала қарап, кыбыжықтап тұрды да:

— Белсенді демекші, Етекбай байғұс та босқа күйіп кетті ғой...— деп бастады сөзін. Одан кейін де әркімге жалтақтап, сөзін төгіп-шашып тұрды да:

— Ол күні «белсенділер» осы арадан елу шақырым жерде, «Жаланаштa» қонып жатқан... — деп бір демін алды. Содан кейін, енді айтпаған нем қалды деген адамша, буынын бекітіп, тамағын кенеп алды да, сөзіне кірісті:

— Кәдуілгі сырдан сыңар аяқ өтетін Қапашты білесіңдер ғой, «белсенділер» соның үйінде қонып жатады. Олардың қарасы алыстағасын біз де тишыққамыз. «Белсендінің» бәс әдеті біздің атты мініп, біздің асты ішіп жүріп атқамінердің дегенін істеп, байдың бәйегі болады ғой. «Ұрыға ұры намазшамда кездеседі» дегендей, қайдағы қараңғы жұмыста бұлар бірін-бірі иіскеп біледі десең де болады. Жайлы ұясына қонғасын, бей-барақат жадырап, көйлек-дамбалдан басқаның бәрін сыпырып тастап карта ойнайды. Қапаштың семіз еті мен ақ мойнақ арағы алдарында тұрады... Кенже төре «белсенді» кәдімгі жарлы Етекбайдың қызына хат жазады. Істің насырға шабатынын қайдан білсін, қыз мазаққа көнбейді:

— Не қылған көргенсіз ит өзі. Әрі жүрсін, — дейді. Хат апарған жігіт қайта келгесін:

— Ты песма нести? — дейді Кенже төре белсенді.

— Каторай депке песмо? — деп сұрайды хат тасушы.

— Да... да... Ты малшай! Аята песма секретнай... Што гатоба? — дейді Кенже төре.

— «Депко песмо не шытайт. Не сагласнай...»

— Как не сагласнай?

— Собака, гаварит...

— Покажым боржой депке! — деп Кенже төре «белсенді» түнере қалады... Ертеңіне Етекбайдың үй ішін түгелімен «обалы қызына» деп кәмпескелейді де жібереді. Егер аудан анығын ашпағанда, Етекбайың байлар қаласынан бір-ақ шығатын еді... Міне «белсенділердің» жәрдемі!..

Бір уақытта желпініске Ақан мен Қиналған да шықты. Бұлар жиналыста да тасалау бір жерде қатар отыр еді. «Әуелі біз де сөйлесек қайтеді?» деген адамша біріне-бірі салқын бір қарасып қойды. «Сөйлесек, сөйлейік!» деп келісімге келгендей жымиып тағы бір қарасты...

— Сен сөйле, бір байпақты бұрын тоздырдың ғой! — деді Ақан, Қиналғанның ойына түсіне қалып.

— Әй, тәйір алсын, сені! Осы күні үлкендік бар ма!.. Сен сөйле! — деді Қиналған қып-қызыл болып.

Дұрысында екеуінің де сөйлегісі келіп, бірақ бұрын сөйлеп көрмегесін, ұялып отыр еді. Бұларға ең қиыны: «Маған сөз берші!» деу ғой, одан бірақ аржағы оңай секілденіп екеуі де қозғалып қойып отырды. «Маған сөз бершіні» айтуға әлденеше рет оқталса да, ерні құрғыр ұялшақтыққа салып, айта алмайды. Со-

нымен он шақты адам сөйлеп қойды. Бұл екеуі анда-санда бір қимылдап қойып әлі отыр.

Бір мезгілде бір колхозшы сөйлеп бола берген еді, Қиналған тұра салып жалғастырып алды да кетті.

– Тәртіппен сөйлеңдер! – деп президиум тәртіпке шақырып еді, Қиналған оны естімеді. Аттай тулаған өзінің жүрегі, асығыста өрескелдеу шыққан өзінің даусы, астын-үстін келтіріп жиылыста тұңғыш сөйлеп тұрған сөзі «тәртіпті» естіртпеді. «Өзгеге қарап тұрсам жаңылып кетермін» деген адамша көзін қасындағы Ақанға қадап алды да:

– Осы мен өзгені білмейім, біздің қызыл ту сиыр қайда кетті? – деді сөзінің пісімілдасы.

– Жын ұрып кеткен бе өзіңді, мен қайдан білейін! – деді Ақан сасып қалып. Өзі терлеп те қоя берді.

Ақанның не айтқанын Қиналған тағы есті алмайды, сондықтан:

– Қанапияның шабдар биесін кім сойып жеді? – деді Ақаннан көзін алмастан.

– Ендеше менің кер биемді сен сойып жеген шығарсың? – Өй, өзін, менде пең бар? Не оттап тұрсың? – деді Акан да тұра салып. Сүйтті де:

– Мыналарың құтырған шығар өзі... Басқармадан сұрамай, менен сұрағаны несі? Кер байтал мен мұқыл тарғыл сиырды және бір шолақ өгіз үшеуін, Сәрденнің ала белі мен төртеуін Рамазан сойған... Қанапияның шабдар биесін, Жаманкенің торы атын, Соқыр шалдың қызыл сиырын Жанғали сойған... Оны менен несін сұрайсың? – деді.

Екеуі аздап ілегісті де, аздан соң бірі түсініп:

– Өй тәйір алсын сені!.. – деп екеуі де күліп жіберді. Содан кейін әрбір орны жоқ малдың ен-таңбасына дейін, қай күні барын, қай кеште, қай жерде түнеп шыққанына дейін, қай күні жоқ болып кеткенін жіпке тізіп, төпелеп тұрып айтып берді. Бірінің жаңылғаны болса, бірі түзеп, ұмытылған сөз болса қосып, әйтеуір қосарланып тұрып көп нәрсенің шынын ашты.

Бұлардың сөзі көркемдік жағынан «әдеби сынды көтере алмайтын» болса да, ниеттері түзу еді, сондықтан біраз жерін келтіруді мақұл көрдік.

– Әлімнің алқабел торысы мен Жәментіктің қараласын, Ақыметтің қоңыр өгізін бастатып, он малды Исақмет сойды. Менің кер бием мен Нарғожаның күрең байталын бастатып, он малды қосып Молдаш сойыпты... Сәдудің жирен байталын, Кәрімнің көк атын бастатып, он шақты қараны Сағит сойыпты. Рамазан мен Жанғалидың қанша мал сойғанын, сойылған мал мен сойған пышақ болмесе, ешкім біле алмайды. Тірідей сатамыз, сойып сатамыз деп, қанша малды айдатып жүрді, олардың не болғанын біз білмейміз. Әйтеуір біз білген малды басқарманың сойғаны елуден артады...

Осыдан кейін Қиналған сөзіне қорытынды жасауға кірісті. Қасқа сиыр, ала өгіздерді айту қандай оңай болса, сөзін қорыту сондай қиын болды:

– Колхоз болғанда бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығару керек емес пе? Біздің колхозда ол жоқ... Колхоз болғасын жұмысты тәртіппен істеу керек емес пе? Біз сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салар деп жүре береміз...

Бастықтарымыз колхоздың жұмысын қараудың орнына «өз қолым өз аузыма жетті, болды» деп, қамының қара басынан басқаны ойламайды... Аспандағы атқан таңды ғана көзімізбен көреміз ғой деп, келе жатқанда, біздің басқармалар үрерге ит, сығарға бит қалдырмай барады. Бұлар ойына істегенін қыла берді... Енді мынау, екі мұрнымызға екі қолымызды тығып отырғанымыз... Сосын осындай колхозда аптарит болсын ба, жұмыс оңсын ба? Менің пікірімше, осы басқармалардың пиғылдары жаман. Осылардан құтылу керек! – деді Ақан мен Қиналған. Екеуі қалай бірге сөйледі деген дау болмау үшін түсіндіре кетейік: сөйлеген Қиналған, бірақ Ақан сөйлесе де осыны айтатын еді. Оның үстіне Қиналған сөйлегенде үнемі Ақанға қарап тұрды да, Ақан басын изеп, мақұлдап отырды. Сондықтан бұл екеуінің сөзі деп ұғындық...

– Бұрынғылардың бәрінен көрі талтүсте мөлдіретіп, мойнына салып тұрған, мынау ұрлық басқармаға жаман батты.

Мойындарына мініп тұрған соғымдар қарақұрым ілгендей масқаралады...

– Егін салсаң егіншің, мал өсірсең бақташың болу керек. Бізде мұның бір де бірі жоқ.

– Үйренген жерден мал кеткен бе еді? – дейді біздің басқармалар. «Мал кететін бе еді?» – деп отыра берді де, көпке дейін бақташы шығармады. Күз бойы аяқты мал бағынсыз жүрді. Отыз бие, он бір жабағы аяғынан жоғалып кетті. Қасқыр жеді ме, ұры алды ма, оны ешкім білмейді.

Басқарма неше малдың болғанын, неше малдың қалғанын, бір малдың ентаңбасын білмейді. Бұлардың білетіні:

– Есімнің қоңыр жорғасы...

– Қасымның сар бауыры...

– Алып жирен.

– Ақ құйрық... Қасқыр күрең, Ақ тобық еді...

Қазір бұлардын түбіне де жетіп болды. Алды бір айда, артын екі айда мүрдем кетірді. Енді келіп «Өлгенге не дауа, жоғалғанға не шара?» – деп тұрғандарын көрмейсің бе?

Күздігүні барлық мал бір қораға қамалды. Аузына күзетші де қойылған жоқ. Ішкі қоралардың қақпағы болмай, кез келген керегені сүйей салып жүргенде, әлденеше рет сүйкенген мал керегені құлатып кетіп, төрт түлік түгел араласып кетті. Тебіс те сонда, сүзіс те сонда, бұзау тастау да сонда, жарылу да сонда, мертігу де сонда, өлу де сонда болды. Үш күн мал араласып кеткен түні төрт сиыр, он торпақ, жиырма екі қой өліп шықты.

Егіннің жайы анау, жау талағандай болып, көзің көріп, қолың ұстамаған. Құрал-сайман анау, кез келген қырдың басында қарға көміліп жатқан: нешеуі бар, нешеуі ұрланды, қаншасы бүлінді, онда басқарманың жұмысы жоқ.

Колхозымыз мынау ескі шапандай тігісінен сөгіліп бара жатқан. Отыз шақты үй басқа жерге көшіп кетті. Шығамыз деп лобылып жүргендер де аз емес.

Алдағы егіске түк әзірлік жоқ. Ат-көлік қиратылып тұр. Қырқын мінсе де қыр асыратын түрі жоқ. Күтуге әлі қойылмаған. Басқармалар күнде бір тәуірін мініп алып, ертеңіне сенделтіп әкеп тастайды. Жиналған тұқым шашылып кеткен.

Осының бәрі неден болып отыр, бас бәленің аты кім? Мұның аты біздің тізгініміз де, шылбырымыз да Есілбайдың әлі де қолында. Соның дегенінде, соның жетегінде келеміз. Бізді жау, жауымыздың елшілері шірітіп бара жатыр.

Біздегі бар пәле – ішімізде отырған Есілбай мен Сүгір молда, солардың үрім-бұтақтары. Солардың елшілері. Осы кесапатқа ұшыратып отырған Рамазан, Жанғали, Исақмет басқармалар жаудың елшісі емей кім?

МОЛАДАҒЫ СЫР

Жиналыс әрі де толқыды, бері де толқыды. Қайнаған қазандай бұрқылдап, асып-төгілуге талай жақындап барып, күшпен қайтып тұрды. Ұя хатшысы Қайыр:

– Жолдастар, сабырлаңдар! Әңгіме осының бәрін бұрқыратып айтып-айтып тарап кетуде емес. Бүлінген істі түзетуде. Колхоз денесінде не мерез болса да, соны сылып тастауда. Жауға олжа, дұспанға таба болмайтын жол табуда. Күн жаумай су болып былжырамай жаудың түпкі азуын суырып алуда. Тәжірибенің аз кезінде, жаудың жағаласуы үдеген кезде бір шалдырып қалып отырғанымыз анық. Бірақ, мұны түзейтін де, жауды жоятын да осы отырған өзіміз. Аспаннан шұға жаумайды. Неғұрлым осы кемшілікті терең ұғынып, тездеп қимылдасақ, біз алмайтын қамал жоқ! Осы жағын сөйлесейік. Партия ұясы басшы бола алады! – дегенде колхозшылардың алқымға тығылған ашулары тарап, долылық басылып, іскерлікке айналып тұрды. Шулаған айғай алдақашан құлақ құрышын қандырып болған ғой, бұдан былай не істеу керек, колхозшылар тура осыған кошті. Осыны айтқан кезде ұсыныстар сондай топырлады дейім, ешбір екі қолды хатшы да жазып үлгіре алмайтын болды. Сондықтан, жиналысты басқарып отырған Теміржан, ұя хатшысы Қайыр, мұғалім Нәжен, шын белсенді Кәрім, төртеуі төрт жерден отыра қалып, колхозшылардың ұсыныстарын әрең жазып алды.

Ұсынысты да, қаулыны да ертеңге әзірлеуге өз мойындарына алып, жиналысты таратты.

– Қарағым, Қайыр, менікі жазылмай қалмасын...

– Теміржан, менікін ұмыта көрме...

– Аттың жайын мықтап жазыңдар!.. – Тұқым, тұқым, тұқым!..

– Басқарманы, басқарманы, басқарманы!..

– Жұмыстың жайын!.. Жұмыстың жайын! – деп айқайлай-ұйқайлай колхозшылар әрең тарады...

Жиналыстың ертерек тарауында бір мән бар еді. «Басқарманың» барлық полесі ашылып, барлық күнә мойындарына қойылып бара жатқан кезде, кеуделеп отырған Рамазан жоқ боп кеткен. Оның орынбасары Жанғали «ауырып» келмей қалған, «Исақмет басқарма» ертемен ауданға кетіп қалыпты деген, Есілбайдың Ескендірі мен Сүгірдің Жұмашы мойындарына түскен тұқым қорын «тауып әкелуге» жүрейін деп жатыр деген сыбыс естілген.

Оның үстіне колхоз басқармасының жабайы екі мүшесі Жамақ пен Сәбит кешке таман Қайырға келіп бір жаңалық айтқан:

— Біз болсақ ер қара, атой салған атанды басқармамыз ғой. Бізге анау үшеуі сырын да айтпайды. Іс те тапсырған емес. Атымыз басқарма демесең, колхоздың басқа мүшелерінен түк айырмамыз болған жоқ. Біз ылғи далада жұмыстамыз. Басқарма болып ат мініп, ел қыдырған, ет жеген емеспіз. Басқарма болып бір қағазға қол қойған жоқпыз. Бізді мүше сайлағалы бір жыл өтсе де, тым болмаса бір рет басқарманың жиналысына да шақырылған емеспіз...

Бірақ бізді шетке тебулері тегін емес. Ол үшеуі Есілбаймен қолдас. Кейде басқармамыз ғой, үзеңгілеспіз ғой деген болып Рамазанның, болмаса Жанғалидың үйіне бара қалсақ, ылғи Ескендір мен Жұмашты көреміз. Осылардың қылығы да, ұрлығы да бір... Кешеден бері осылар күн бойы сапырылысатын болып кетті, қашып кетпесін, сақ болыңдар... — деген.

Осының бәрін еске алып, Қайыр жиналысты тезірек таратты да, екінші іске кірісті. Есілбай мен Сүгір молданың маңайын қызыл іңірден-ақ аңдытып қойған еді, енді басқарманы бақылайтын кісі жіберді. Есілбайды аңдушылар, жиналыстың орта кезінде келіп:

— Шана-саймандарын әзірлеп, аттарын қораларына тығып әзір отыр, олар да айнала торып жүр! — деп сыбырлап кеткен.

— Олай болса екі атпен екі жігіт әзір тұрыңдар, қайда барар екен — екі елі соңынан қалмаңдар... Хабарын жиі-жиі беріп тұрыңдар! — деген дерек алып, аңдушылар қайта кеткен.

Басқарманы бақылап жүрген жігіттер бір сағаттың ішінде екі-үш түрлі хабар әкелді. Әуелі барған жігіт:

— Рамазан үйіне барған жоқ. Қайда екені белгісіз. Қатыны жиналыста жүр деп айтты, — деп келді. Енді бір аздан кейін:

— Рамазан үйіне барып шамын сөндірді де, Есілбайдың үйіне барды,— деген хабар әкелді.

Жанғалидың үйіне барған жігіт: «Жанғали ауданға кетіпті, аты да, шанасы да үйінде жоқ», — деген хабар әкелген.

Қайта-қайта тексеріп келгенде, Есілбай мен Рамазан, Жанғали үйлерінің арасында ерсіл-қарсылы жүріс, ірі бір дүбірлес барлығы анықталды, Рамазан мен Жанғалидын аттары да бір аздансын Есілбай үйінің қорасына барып кіріпті. Түнгі боран алушы мен аңдушының арасына шымылдық бола берсе де, аңдушыларға әңгіме ашық айқындалды.

— Сен екеуің Рамазанның үйін, сен екеуің Жанғалидың, сен екеуін Исақметтің үйін, сендер Есілбайларды аңдыңдар! Біз қызыл бұрыштан кетіп, Теміржанның пәтерінде боламыз... — деп колхоз белсенділерін қаз тұрғызды да, Қайыр жиналысты таратты...

...Түн ауғалы қашан... Сібірдің жігін ашпастан бір жеті соғатын жынды бораны өңешін жыртып, уілдеп тұр, колхоз қаласының сирек-сирек салынған жер үйлері анда-санда бірақ қылаң етіп қалады. Жаяу адам көзге де ілігер емес... Түн қашушыларға да, аңдушыларға да қолайлы...

Аздан кейін, екі иығынан демін алып, Имақ колхозшы келіп хабар берді:

— Ескендір мен Жұмаш, Есілбай мен Сүгір үш шана болып, Есеней жолына түсіп кетіп барады. Үйлерінен шыққанда төрт адам еді, қаланың шетіне барғанда бірталай адам болып кетті...

— Аттаныңдар соңына. Екі елі кейін қалмаңдар. Бізден хабар алғанша ешнәрсе істемеңдер... Алыстан аңдып, ере беріңдер!

— Исақмет пен Жанғали пар ат жегіп алып, жолсызбен қаладан шығып барады, — деген хабар әкелді аңдушылар.

— Аттаныңдар, артынан ере беріңдер, бізден хабар алғанша ешнәрсе істемеңдер!

Сонымен аңдыған адамның бәрі де қаладан шығып болды. Жалғыз-ақ Рамазанның қайда кеткені анықталмады. Бірақ, мұны анықтап отыруды уақыт көтермейтін болды. Сондықтан енді істелетін шараны аяқсытпай, етек-жеңін жинау ғана қалды.

Дереу Есілбай мен Сүгір молданың үйінде қалған жандарын айдап әкеліп күзетке салдырды. Басқа жаны кеткен, екі үйінде екі кемпір. Ескендірдің қатыны, бір-екі жас бала қалыпты. Одасын «басқармалардың» үйлеріне күзет қойдырды да, он жігіт алып Қайыр мен Теміржан да қаладан шығып кетті.

Бұлар қаладан шықты да, екі «штабқа» бөлінді. Бірінші бастығы Қайыр «Есеней жолымен» кетті де, Теміржан бастаған «штаб» жолсызбен кеткен Жанғали — Исақметтің соңына түсті. Екі штабтың арасына екі жігіт байланыс қойылды. Бұрынғы кеткен аңдушылармен де байланыс жасалды...

Түн түнеріп төніп тұр. Қатты ызғырық, боран. Олар да кетіп барады, бұлар да кетіп барады...

Жолсызбен кеткен Жанғали мен Исақмет қаладан шығып алғасын-ақ Есеней жолына түсті. Олар келіп жолға түскенде, Қайырдың «штабы» алдында еді де, Теміржанның «штабы» артында еді — қашқындар екі штабтың ортасында қалды. Жолға түсе сала аттарын айдай жөнелгенде қашқындар он минуттың ішінде алдыңғы «штабты» қуып жетті. Екі штаб байланыса алмай қалды...

Қашқындар, қарайған қараны өздерінің адамдары деп келе жатқан ғой, төніп келіп қалғанда салт адамдардың үстінен шыққандарын бір-ақ білді. Бұрылуға болмады. Аттарын тартып, кейін шегінгілері келіп еді, салт аттылар ортаға алып тұра калды:

— Бұл кім?

— Біз...

— Жанғалимысың?

— Біз...

— Қайда барасыңдар?

— .....

— Сендер ауданға кеткен жоқ па едіңдер?

— .....

Кейінгі «штаб» та келіп жетті. Ұсталғандар үн шығарып ешнәрсе айта алмады. Бұлардың жаттығы, жаулығы, жауынан рақым күтпейтіні сонша: «қателесіп едік, кешіңдер!» — деп те айтқан жоқ. Жақтары қарысқандай, тілдері күрмелгендей, ақылдары айнығандай болып қатты да қалды.

Бұл «штаб» азғана кеңесті де, ұсталған екеуін өздеріне ертіп алып, ілгері қарай жүріп кетті. Тағы да жарты сағаттай уақыт өтті. «Штаб» үн шығармастан келе жатыр. Ұсталғандарда да үн жоқ... Алдыңғы аңдушылар:

— Ескендірлер Есеней мешітіне тоқтады. Аттары ағаш ішінде, өздері көп адам көрінеді. Ағаш ішінде бұрыннан тұрған шаналар да бар секілді... — деген хабар жеткізді.

«Штаб» тура мешіттің ығындағы ағашқа кіргенде, қашқындардың алты шанасы, бір салт аттары да сонда тұр екен. Бұлар да аттарын ағашқа байлай тастап, қалай қамаудың жайын кеңесті. Мұндайда керістен керексіз нәрсе бар ма, Қайыр мен Теміржан екеуі кеңесті де, басқаларға соны орындатты. Мешіттің екі қабырғасына төрт салт кісі аттандырып, өзгелер турадан-тура молаға жаяу тартты, ұсталған екеуін бірге ала жүрді...

Бұлар қалың моланың ішіне кіргенде шеткі моладан біреу ақырын ғана ысқырып қалды. Қайыр да ысқырып жауап берді. Моланың ығында отырған жігіт ұшып тұра келді.

— Бұл кім? — деді Қайыр мылтығын кезеп тұра қалып. Жанғалидың жиені Әлмырза екен. Қолында мылтық, бас қарауылда тұрған түрі екен.

— Жүр бері, тұқымың құрығыр! Алып жүр, аналарыңды!

Әлмырза солбырайып қалың моланың ішіне қарай тартты, Есеней тұқымының шатырлаған, мұнаралаған көп бейіті болатын, қашқындар соның үшеуін қазып жатыр екен. Үшеуінің бетін ашыпты. Төртіншінің қарын ғана қазып үлгірген. Қазып жатқан жеті адам: Есілбай, Сүгір, Ескендір, Жұмаш, Рамазан, Жұмаштың балдызы, Рамазанның қайнағасы, моланың ығында оранып екі-үш әйел де отыр...

— Көтер қолдарыңды! Доңыздар! — деді Қайыр бар дауысымен ақырып.

Басқалары темір күрек, кетпен, балталарын тастап қолын көтергенде:

— Не бар қолында өлмейтін, өңшең оңбағандардың, — деп Ескендір күректі ала-ақ ұмтылды Қайырға.

Ескендірдің төбесін сипай бес атардың бір-ақ оғы зу ете түсті. Ентелеп келе жатқан Ескендір отыра қалды қарға. Жұмаш та тастай берген балтасына жармаса беріп еді, мылтық гүрс еткенде, қайтадан тастай берді. Қатындардың бірі қарғап, бірі сілеп бірі жылап, моланың іші ыңғ-жыңғ болды. Есілбай, Сүгір, Рамазан үшеуі тіл қатпастан қалшиды да қалды...

Моланың біреуі лық толы бидай, біреуі лық толы сұлы, енді біреуі кебеже-кебеже ет, төртіншісі толы өлі бұйым екен. Шай да, қант та, топты кездеме де, ішік, кілем де бар...

Моланы күзетуге қарулы төрт адам қалдырып, «штаб» қашқындарды алып қалаға қайтты...

СОНДЫҚТАН ҚАУЛЫ

Уақиға қаланы да, колхозды да қаз бастырды. Колхоз мүшелері көзін тырнап аша сала-ақ «қызыл бұрышқа» жүгірді. Жиналыс тағы да өзінен өзі жи-

налып, барлық ұласқан былықтың үсті-құйрығын мықтап бір кесіп тастауға, алақандарына түкіріп, дуылдай бастады.

Ауыл кеңесі әлсіз, партия ұясы жоқ. комсомолдардың көбі «белсенді» кезінде «Жаңа асуда» талай оқияс істер бола беретін. Бұған ұқсас талай істер болғанда, қала да, колхоз да артынан бір-ақ біліп қалып:

– Қап, бәрекелді-ай!.. – деп таңдайын қағатын да, қала баратын. Оны ұмытып болмай жатып екінші бір көлденең кездесетін. Оның оқиястығы да олқы болмайтын. Оған таңдайын қағып болғанша үшінші бірдеме ұшырасатын. Сонымен «Жаңа асу» мұндай оқиястарға еті үйреніп, ешуақытта сырын аша алмай келе жатқан, соңғы кездерде, еті үйренгені сонша, «төрт-бес қой өліп қалыпты», «екі-үш сиыр жарылып қалыпты», «екі-үш үй көшіп кетіпті», «пәленше атын сойып алыпты», «басқарма біреуді сабапты», «бүгін астық ұрланыпты» деген хабарларға:

– Е, не болмас дейсің... – дей салатын күйге де ұшырап бара жатыр еді.

Дәл осы істеп, басынан-аяғына дейін дұрыс болжалып, дұрыс өткізілген бірісті колхозшылар бұрын көрген емес-ті. Қанша гүілдеп, қанша айқайлағанмен, қанша тырысқанмен осындай бір тиянақты етіліп іс істеліп, басынан-аяғына дейін айқын болған бірісті бірінші көрулері. Теміржаннан бұрынғы ауыл кеңесінің бастығы да, колхоз басқармасының бастығы да Рамазан болатын ғой. Партия ұясы жоқ та. Ауданнан талай адам келіп, талай даурықса да ат үсті істе береке бола ма, бірдемені бастай бере, тастап кете беретін. Ауданның ең тауып істеген бір жұмысы – Рамазанды түсіріп, ауыл кеңесіне Теміржанды жіберіп, бұл күнге дейін ұйыстырылмаған партия ұясын құрып, хатшысына Қайырды жібергені еді. Міне, осы істің бәрі он бес күннің ішінде осы екеуінің басшылығымен басталып, қазір аяқталып келе жатқан істер болатын.

Бұл істің айналасындағы әңгіме де «қызық» болды. «Ақ боз атты», «ақ киімдіні» көбіктей көпірткен жеңгейлер, бұл уақиғаны қалай құр өткізсін, құдық басына анаугіден де ертерек жиналып, анаугіден де өрескелдеу әңгіме етіп шығарды.

Күннің боранына да, сақылдаған суығына да қарамай-ақ суға келген әйелдер, мұрындарын жеңдеріне тығып тұрып-ақ, әңгімені аунақшытып, құлпыртып-құлпыртып алды. Әңгіменің өңін айналдырып, астарын астаң-кестең қылып жіберді. Өзара ерегісіп, жанжалдасуға да айналды.

– Сіліп! Не бетімді айтайын, жеңеше-ау, өткен түні тіпті керемет болыпты ғой... Биылғы астықтың бәрі де дейді, молада тығулы екен дейді. Тау-тау болып дейді, үйіліп жатыр дейді. Тіпті, оны әкелгесін дейді, мың-миллион егін салам десең де еркің, сала бер, тұқымы шаш-етектен келетін дейді...

– Оны айтады ғой, биылғы жоғалған малдың бәрін дейді, бәрін деймін-ау, бәрі қайда, бәрінен де көбін солар сойып, бейітке апарып тыға беріпті, тыға беріпті дейді. Бітеу сойылған семіз жылқының, семіз сиырдың, семіз қойдың еті мола біткеннің бәрінен де табылыпты. Мола біткеннің бәрінен деймін-ау, бәрі қайда. Қара ағаштың бауырына дейін жаңадан қазып ет, астық тыққан мола, дейді... Қара шешейдің бейітіне де, Бүкір атаң үйінің бейітіне де, анаугі өлген

Соқыр шалдың бейітіне де, мына қатынның атасының бейітіне де, бәріне де астық тығылыпты, — дейді...

— Кім айтады, аузыңа не келсе соны айтатының не? Біздің үйдің бейіті аман дейді. Бірдеме болса-ақ бізді ала кеткің келеді де тұрады-ау... Рамазанға бір ата жақынбыз деп қиманқ қышып тұра ма?.. Соқыр шалдың бейіті де, біздің шалдың бейіті де аман дейді. Астық тығылған ана «Жекейге» қарағанның бейіті де, етті мына «Төрттен астамға» қарағандардың бейітіне тығыпты... Жанымыздағы үйдің жігіті-ақ барып келді ғой...

— О несі екен-ей, бидайды біздің тұқымның бейітіне тыққаны... Біздің өліктерді ұры қылғысы келгені ме екен... Жаласын бізге жабайын дегені ме екен?.. Тап Ескендір мен Рамазан иттің істеп жүргені ғой осының бәрі, әйтпесе өз өліктері жетпеп пе?

Осы күнге дейін ауыл әйелдерінің бір нашар мінездері, олар бір өзгеріс бола қалса, соны қапыл-құпыл, өрт сөндіріп жүргендей, өте тез, өте қомақты қамтиды. Бірақ, бірден дұрыс ұғына алмайды... Құрыққа сырық жалғау былай тұрсын, бітеу бөренені жалғап жібереді. Ескі ауылдың әдеті бойынша өз жанынан бір-екі ауыз сөз жалғамай айтқысы да келмейді. Сондықтан, әйелдердің сөзі көбінесе анықтау тілеп тұрады. Кейде мұның іске пайдасы тисе, көбіне зияны тиеді.

Одан соң әйелдердің бір қасиеті, жұрт алдында шалабы шайқала бастаған адамды жүндей түтеді. Бұрын біреуі оп-орынсыз-ақ «Төре жігіт», «Жалқы жігіт», «Ауылнай», «Тентегім», «Ортаншым», қайнаға деп, атын атамай «сыйлап» жүрсе, оның мысы шыққан минутта-ақ атын атап, атына атақ қосып жібереді. Қайдағы-жайдағы бірдемелерді үстіне үйгенде, тек қайқаңдауыңды ғана біл...

Түндегі уақиғадан кейін әйелдер былай соқты:

— Бәрін бүлдіріп жүрген әлгі кәрі күшік Есілбай. Кәрі ит, осы күнге дейін кәмпес болып бай қаласына жіберілмей отырғасын, қайтушы еді? Ала тайдай бүлдіріп бара жатқаны емес пе? Сол сақалың... кәрі шошқаның көзі жойылса, бір тыйшығар едік...

— Ойбай, Рамазан кәуілдегің де қай бір оңған ит еді. Оңса сол Есілбайдың жиенін алар ма еді. Екі күннің бірінде Есілбайдың отынымен кіріп, күлімен шығып жүрген жоқ па?.. Ақыры ұялас иттей бірге қолға түсіп отыр ғой...

— Олардан Сүгір молда да кем түсіп отырған жоқ. О да бір төрт аяқты доңыз. Баяғыда ұрлығы шығып, осы доңыз бір шабылып қалып еді.

— Бәрінен де ұры ит секілді Жанғалиды айтсайшы. Ойпырым-ай дейім, бет-аузы жылтырап, күлімдеп алады да, барлық пәле содан өрбиді. Әуелі кооперативті тонады. Бізге бір суыртпақ бермей жүргенде, өзінің қатындары сәтен көйлек, дүрия қамзолдатып қандай көлеңдетті! Жүгі толған кілем, абдырасы толған ішік, соның бәрі былтырдан бері жоқ болып кетіп еді, бәрі де моладан табылыпты ғой!

— Бәрі де сау сиырдың боғы емес. Үш басқарманың үшеуі де бірдей. Бәрінің ұрлығы бір. Әлгі қансорғыш дейтіндер осылар шығар өзі... Осы колхоздың әзірейілі де осы үшеуі: анда бар, мында бар, сөзімді қайтарсаң кәмпес қылам,

бір ауыз сөз айтуға ақың жоқ деп, милициядан жаман дікілдейтін де жүретін емес пе еді?

Әйелдер алғашқы қарқында әңгіменің осы жағымен айналысып, әрі-бері ереуілдесті де, аздасын «өзара сынға» көшті. Күні кеше «ақ боз ат» жайындағы әңгімелерінің көбі дәлелсіз болып шыққандары естеріне түсіп, өз сөздеріне дәл сене алмады. Осының үстіне «ақ боз ат» әңгімесіне қосылмаған әйелдер, бұларға нос көрсеткен ғой, мынау әңгіменің де неге соғарын кім біледі. Сондықтан, әйелдер біріне бірі қуыстанып бір қарасты да:

— Осы бүгін жиналысқа барып, анығын білейікші... Қызықтың әкесі жиналыста болады, арам сиракқтар қолға түсті, деп жүр ғой еркектер... — десті. Осыған уәде байлап үйлеріне тарасты. Ертеңгі шайды шала-пұла атқара салып, жиналысқа кетіп те қалды...

ШҰҒЫЛА

Көркем сөз шебері!
Би-ағаңа арнаймын.

Біз Қостанайдан шыққалы он төрт күн. Жоқ, он төрт күн, он төрт түн. Өйткені біз түнде де жүріп келеміз. Жүрмесек аттар да тонады, өзіміз де тоңамыз.

Батпақты ауданының жеріне кіргелі жеті күн. Жеріне кірдік, елі қайда кеткенін біле алмай келеміз. Әлі бір адам кездескен жоқ.

Қостанайдан кашава шанаға жегілген пар атпен шыққанбыз. Аттар арықтады, жол екі күннен кейін жоғалды. Көшпелі күртікті есепке алмағанда табандап бекіп қалған қардың өзі аттың тізесінен келеді. Атшымыз аттарды жетектеп отырады да өлке мен облыстың екі уәкілі шананың артынан жаяу келеміз. Үстімізде етегі сүйретіліп қар сызып отыратын қара тон, аяғымызда қара пима, әйтеуір жылжып келеміз.

Күн құлақтанып тұрған, суық. Сібірдің атақты суығы бетімізден сүйсініп сүйгені сонша, үшеуміз де қарақожалақпыз. Атшының төменгі ерні торғай шұқып кеткендей қып-қызыл жара, арақпен емдеп келеді...

Батпақтының күні қаңғырған қайыршыдай әлдеқайдан, алыстан көрінеді де ақшаңдақ аязға оранып алады. Бізді жылыту түгіл өзі тоңып жүргендей бүкшеңдеп, белуардан жоғары көтеріле алмай, буалдыр аязға тез батып кетеді. Ішіп қойнымызда, колбаса қойнымызда, арақ қойнымызда. Суықтан қатып қалған азығымызды осылай жылытып жеп күн көріп келеміз.

Батпақтының айы мұндай арсыз болар ма! Шығырық атып аспанға шығып алады да, ыржаңдайды да тұрады. Күннің өзі көтеріле алмаған биікке шығып алғанына мастанып жүргендей.

— Жолсыз қалың қарда темір табанды кашавамен шыққандарың қандай ақылдылық болған! — деп бізді мазақтайтын сияқты.

Тастап кеткен қыстаулар кездеседі. Ондай иесіз қалған мекенге не қонып, не түстеніп, паналамай өте алмаймыз. Кенді қыстауларға қалың шыққан бидайық неше жылдан бері шабылмай қала берген екен! Аттарды ағытсақ болды — тұра қалып қар тебеді. Өзекті-ойпатты жерлердің шабылмай қалған шөбі одан да қалың. Аттарымыз осылай күн көріп келеді.

— Ел жиі отыратын жер еді. Батпақты мен Торғай даласында мал басы миллиондап саналатын еді ғой! — дейді жолдасым Есқожа.— Қазір қаншасы қалғанын кім білсін...

— Әне бір шұғыла көрінеді! — деді алда келе жатқан атшымыз. — Шұғыла!..

— Шұғыланың бізге не керегі бар? Тезектің түтіні көрінеді десең қандай қуанар едік...

— Әйтеуір адам жасаған бірдеменің көрінгені жақсы ғой! — Атшы бізді қатты ұялтып тастады. Асыға аяңдап, шұғылаға қарай тез жүріп кеттік.

Жазық даланың ойпаттау бір жерінде кесек қардан қаланған «аққала» көтеріле берген күнге шағылысып шұғыладай жарқырап көрінді.

«Аққаланың» қасында осы араға келіп қайтқан шананың ізі бар, ішінде бір сиыр дірдектеп жатыр. Әуелі оны қара ала сиыр ма деп қалып едік, қара ала емес, мойны мен қыр арқасының жүні түсіп ақ құйқаланып қалған қара сиыр болып шықты. Безгегі ұстағандай қалшылдап тоңып жатыр. Қаншырдай қатқан арық. Дәл жаялығында «Алып» деген күйдіріп басқан таңбасы бар. Бір мүйізі сынық. Астына жаялықтай ғана қарақұрым киіз төсепті де иесі тастап кетіпті. Тоңып-қалшылдап жатқан бейшара сиыр тұра салып жүгіріп кететіндей ілгерілі-кейінді сырғып қояды. Бұл, әрине, шегіне жете жіңішкерген тіршілік. Сиыр байғұс соның өзін де қия алмай шолақ құйрығын қысып алыпты.

— Бір кезде «Алып» колхозының сиыры болған ғой!—дейді Есқожа.

— Бір кезде дегенің немене?

— «Алып» құрылған жылы-ақ құлап қалған.

Шанамызда келе жатқан «сақтық қорынан» сиырдың алдына шөп тастап едік, жей бастады. Ыңылдап қойып жалмап жатыр.

— Өлмей бақ, ақ құйқа! — дедік те жүріп кеттік.

Сиырын тастап, шанасын сүйреп кейін қайтқан адамның ізіне әлі қылау түрмапты. Сайрап жатыр. Сол ізге түсіп екі сағаттай жүрген соң қар басып қалған ауылға кездестік. Бір ит үріп шыққан жоқ. Ойнап жүрген бала да кездеспеді. Үй-үйдің арасында адам іздері де жоқ.

Аяғында жалпақ табан шолақ шаңғы, иығында бір-екі қоян, бір-екі қақпаны бар шал ауылға оралып келеді екен. Біз оған қол бұлғап едік, шал бізді алыстан орап өте беріп:

— Бастықтың үйі анау... төтеншеміз де сол... анау! — деп ұзай берді:

— Анау!..

Бастықтың үйіне кірдік. Ауыз үйде семіз торы ат. Бізді көріп оқыранып қалды, — Шөп әкелдіңдер ме дегені болар. Төр үйден әйел даусы шықты:

— Қайдағы қазақ, қайдан қаңғыра береді екен осы!.. — деді.

Жас әйел бөксе жағын пешке қапсыра тірей жатыр екен. Саусақтарында істікке шанышқандай алтынды-күмісті сақина мұнша көп болар ма! Шашы дудырап кеткен, ұйпа-тұйпа... Өзі де ұйпа-тұйпа. Бізге наразылық білдіруге қалай ерінбегеніне таң қалғандайсың. Семіруге, ұйықтауға әдейі арналып жаралған адамдай екен. Ұйықтап тұрып тамақ жейтін болар, тойып алып қайта ұйықтайтын болар деген ой келеді. Мына денеге көп ұйқы, көп тамақ сыятын сияқты.

Үй иесі-бастық — төрде мамық төсектің үстінде, кеңсірік дейтін кең алқаптан ызғырық сияқты үн беріп ұйықтап жатыр. Бас жағында беті жабулы ағаш табақта қазының қабырғасы көрінеді.

— Бұл жолдас жай жатыр ма?

— Жай...

— Оятуға болмас па екен?

Жас әйел ордаңдап барып бүйірден түрткілеп еді, бастық оянбады.

— Ғойсайшы, әй... болды ғой... — деді де теріс айналып жатты.

Енді оның үні сыбызғы үніндей сыңсып шыға бастады.

— Оятыңыз!—деді Есқожа барынша қатқыл үнмен. — Тұрсын!

Әйелі қайта оята бастады. Бастық шоқпардай жұдырығымен уқалап көзін әрең ашты. Бізге сын көзімен қарап қалай сөйлесуді ойланып қалғандай мелшиіп әлі жатыр. Біздің олпы-солпы тоңдарымыз, қырынбаған қарақожалақ бет-аузымыз оған беделсіз көрінетін сияқты.

Есқожа сыртқы тонын сыпырып тастап еді, беліндегі Бельгия браунингі көрінді. Сары ұлтаннан жасалған қабы қалтқысыз әсер етті білем, бастық басын көтерді.

— Е, мырза, бұл не, тал түске дейін жатқаныңыз?

— Мырза деп, қайсың менің қойымды бағып едіңдер? — Бастық ықтамай сөйлесуге бел байлаған сияқты.

— Мырза болмасаң қай кедейдің түске дейін жатқанын көріп едің? — Есқожа да даусын көтере бастады.

Бастық жұмсауға бет алды білем:

— Бәріміз де Совет өкіметінің арқасында жүргесін еркелейміз ғой, — деді жарамсақтана жымиып.

Есқожа жібіген жоқ.

— Сен өзің қанша уақыт болды деп ойлайсың? — деді.

— Тоғыз!— деді бастық— қабырға сағатына қарап.

Қабырға сағатының ұзын тілі тоғызды, қысқа тілі он екіні басып тұр екен.

— Тоғыз емес, он екі! — деді Есқожа.

— Тоғыз! — деді бастық. — Біз де сағат көрмей жүрген адам бола бермеспіз...

Аяқтап келгенде ашылған сыр — сағаттың екі тілі қай цифрдың үстін бірге басып тұрса бастық үшін сол сағат болатыны анықталды.

Бастық еріксіз ықтай келе бізге жол болсын айтты. Қайдан келгенімізді білген соң оқыс әбігерленіп кетті.

— Шәй қой, ет ас! — деді әйеліне. Иығы тарыла бастаған, жеңі қысқара бастаған ши барқыт қамзолын қапыл-құпыл киіне сала, жаңа ғана өзі жамылып жатқан батсайы көрпені төрдің алдына төсей бастады.

— Төрлетіңіздер!

Сасқалақтай жүріп дамбалының балағымен қазының қабырғасын іле кетіп, аударып тастағанын білген жоқ. Бір тұтам қазысын сүйрей келіп, майы сорғалаған қабырға батсайы көрпенің үстіне аунап түсті.

Шай мен ет біздің он төрт күн, он төрт түн көрмеген тамағымыз. Шешініп төрге шыға бастадық.

Ұзамай атшымыз да келді.

— Аттарға шөп болар ма екен? Өзім қарастырып көріп едім, таба алмадым, — деді.

— Болады, болады. Қазір әкеледі, — деді үй иесі. — Шайға кел!

Әуелі өзімізге рай бере қоймаған үй иесі енді атшымызға да қошемет көрсете бастады.

— Аттарыңды қораға кіргіздің бе? Шанаңды да қораға кіргіз. Қаңғымалар көп...

— Әуелі аттарымыз бірдеме шайнап тұрса деп едім... — Атшымыз дүмді жерден келгенін аңғартып үй иесіне безере қарап тұр.

— Шайнайды, шайнайды. Шөп қазір келеді, — деді үй иесі. — Өзім ауданда екі күн айналып қалып түнде келіп едім. Шөп таусылып қалған екен. Кісі жібердім, қазір әкеледі.

Бастық біздің атшымызға толық есеп бере жауап қайырды. Атшы да оның ығысқан түрін танып кердең басып келіп шайға отырды.

Үй иесімен шай үстінде таныстық. Бұл алдыңғы жылы құлаған «Алып» колхозының бастығы екен. Колхозы бұдан екі жыл бұрын құласа да өзі кеше ғана құлапты. Оның үстіне үш жылдан бері осы өңірге ауданнан жіберілген төтенше уәкіл екен. Ол қызметінен әзір түспеген адамша сөйлейді.

— Жә, бұл кезде төтеншенің кәсібі не?—деп сұрадық.

— Әуелі жұрттың сал бөкселігіне жол бермей колхозға тарту еді. Одан соң елді бытыратып алмау сарпылтанына кездестік...

— Қазір колхоздарың бар ма? Нешеу?

— О, қайдан болсын... бәрі де құлап қалды. Үшеу еді.

— Енді елің не кәсіп істеп отыр?

— Тарап кетті...

Сақал-мұртына мұз қатқан еңгезердей бір адам әлде ғана біз көрген аңшыны үйге сүйрей кірді. Қақпандары мен қояндары аңшының мойнында әлі жүр...

— Мұның не, әй, сірі тақым? Шөп ұрлап жатыр ма екен? — деді үй иесі.

— Бұл менің актым! — деді еңгезер. — Актым! Айтсын өзіңнің көз алдыңда! Айтсын!..

Содан соң аңшыны тағы бір ілгері итеріп қойып:

— Сен менің күн шықпай қара сиырымды жегіп алып шөпке кетіп бара жатқанымды көрдің ғой? — деді.

— Көрдім.

– Өзім шанаға мінбей сиырымды жетелеп бара жатпадым ба?

– Иә, жетелеп бара жаттың.

– Жаңа ғана шанамды жаяу сүйреп қайтып келе жатқанымды тағы көрдің ғой?

– Көрдім.

– Сонда менің сиырым қайда?

– Е, мен қайдан білейін.

– Жоқ, сен менің актымсың! Турасын айт! Айтасың!

– Далада қалған шығар...

– Міне, міне, далада калды! Сойып жегенім жоқ. Қардан аққала жасадым да, соның ішіне тастап кеттім. Енді сен кете бер!

Еңгезер аңшыны есікке қарай итеріп жіберді де, үй иесіне қарады.

– Өзің естідің ғой, төтенше бастық жолдас. Сиырым далада қалды. Торы ат аш болмайды. Бір атты жаяу болсам да асырап шығам. Ана арам қатқыр сиырды енді менен сұрамайтын болшы, әке-құлдық!..

Еңгезер көзі алақ-бұлақ еткен қорқақ адам тәрізді. Бастық «естідім» дегенше есінен танып қала жаздап тұр.

Есқожа шыдай алмады.

– Аққаланды біз де көрдік. Сиырың тірі. Алдына шөп салып, бір уыс тары төгіп кеттік. Жеп жатыр. Алып келіп жылы қораға қойсаң мал болып кетеді, – деді.

– Жарайды... бірдеме қылармыз. Бара бер, – деді үй иесі. Еңгезер шығып кетті. Біраз үнсіз қалдық. Шай суынып, дәмі кете бастады.

Түлкі малақайлы, қызыл бет, семізше жігіт үйге жүгіре кірді. Арт жағында бейберекет шуласқан әйелдер дауысы ере келе жатыр.

– Ойбай, бастық жолдас, төтенше бір шара қолданбасаң мына қатындар мені жеп қоятын! – деді түлкі малақай. Қаракөлеңкелеу жер үйде бізді енді ғана абайлап, тоқтап калды.

– Қоя тұр, қоя тұр! – деді үй иесі.

Топырлап әйелдер де үйге кірді.

– Өлтірмесеңдер... біржола құртайын демесеңдер... – десіп келеді.

Бәрі де азған-тозған, арығы жеткен, ашынған әйелдер. Малақайлы жігіт кете алмады. Төтенше бастық, үндей алмай қипақтай берді. Әйелдермен біз сөйлесе бастадық.

– Кәне, жеңгейлер, келген жұмыстарыңызды жайлап айта бастаңыздаршы, – дедік.

– Жұмыстарыңызды деп мазақ қыласыңдар ма? Бізге қандай жұмыс беріп қойып едіңдер! – деп бір әйел шап ете түсті.

– Жайлап деулерін қарашы!.. Жайлап отыратын қандай жайымыз қалды біздің? Жай сендерден басқа кімде қалды! – деп екінші әйел де шаптыға косарланып еді, содан кейін бәрі қосыла шуласып кетті. Бір сәтке сөз ұшығын ұстай алмай қалдық. Әйтеуір наразылық, әйтеуір ашынғандық, әйтеуір аянбай салғыласуға келгендік аңғарылады.

– Әй, шағаладай шуламай қоя тұрыңдаршы! – деп бір мосқал әйел ілгері жылжып берірек келіп отырды.

– Жайлап дедіңдер ғой, өздеріңе де жайлап тыңдаңдаршы! – деді бізге.– Бір шана астықты мына түлкі малақай пірканшік өз үйіне жөнелтті емес пе? Жөнелтті! Жөнелткем жоқ деңдерші, кәне!.. Ол бізге деп берілген қазынаның астығы емес пе? Тағы бір шанасын мына жарылайын деп отырған қатынның үйіне жібердіңдер ме? Жіберген жоқпыз деңдерші, кәне!

Әйелдердің бәрінің сұқ саусақтары төтеншенің өз әйелін нұсқап қалды: – Мына қатынның!

– Неге үндемейсіңдер?

Төтенше мен пірканшікте үн жоқ. Пірканшік төтеншеге ығыса қарайды, төтенше бізге ығыса қарайды. Әйелдердің айыптауына мойындасып отыр. Ешкім үндей алмаған соң әйелдер енді біздің шанамызға келіп тиісті.

– Жаңа ғана осы үйге пар атпен келген қайсыңның жақындарың? Тағы бір шана астықты түнге қарай әкететін шығар!

Шай тамақтан өтпей қалды. Арам ас жеп отырғандаймыз. Ұрының үйінде отырғандаймыз.

Бізді осындай қиындыққа ұшыраған аудандарға жәрдем беруге жіберер алдында өлкенің ең үлкен басшысы едәуір сөз сөйлеген:

– В Казахстане ни карипов, ни касиров, ни джесиров нет! – деген.

Ауыл адамдарына партия бағыты дегеннің бет алысын аңғарту үшін мына екі жігіттің қырын сындыру керек сияқты.

– Сен, бастық, атыңды жегіп қазір әлгі адамның сиырын әкеліп бер! – дедік үй иесіне. Ол тез жөнеліп кетті. Пірканшік деген түлкі малақайға: – сен, бізге магазініңді көрсетші, – деп орнымыздан тұрдық. Әйелдер бізге ере жүрді.

– Лапке дегеніміз осы, – деді түлкі малақай, талдан тоқылған сарайдың есігін ашып жатып.

Екі терезесіне ішінен де, сыртынан да әртүрлі темірден айқыш-ұйқыш тор ұсталыпты. Сарайдың сырты сыланбаған еді. Ішкі жағы сыланған екен. Жер еденде ауыр жүк өлшейтін кір жатыр. Бір бөшке қара май, бір-екі қамыт, он шақты сырланбаған доға, бір қап тұз бар...

– Сен, әй, сұрқия-сұрдың сұмырай байы, мына кісілерге өтірік лакпеңді көрсетпей, шын лакпеңді көрсет! – деді әлгі мосқалдау әйел. Біздің қайдан келгенімізді аңдап қалған екен, енді қатты кетуге бет алғандай тепсініп тұр. – Бұл лапкең, адыра қалсын!..

Әйелін сұрқия сұр, өзін сұмырай дегенге пірканшік шамдана алмады. Бейпіл ауыз әйелдің сөзін елемейтін, кең мінезді, кешірімді кісі болып күлімсіреді де:

– Қайдағы лапкені айтады?! – дей салды.

– Шошалаңа жапсыра салған лакпеңді айтамын. Жүр, мына кісілерге соныңды көрсет! – деді әйел.

– Склатты айтамысың?.. Склатты лакпе деп тұр...

Қора жақтан ашына шыққан әйел даусы келді:

– Ойбай, Дәулетбек, талап жатыр, талап!..

Бәріміз де далаға шықтық. Кең ауладан баршылық белгілері танылады. Жер-қарада үйіп алған орташалау мая шөп. Төбесі жартылай жабылған лапаста қомы алынбаған атан түйе тоқмейіл күйсеп жатыр. Жабуланған семіз торы ала ат, он шақты қой-ешкі шөпте тұр. Біздің аттар да сол шөпке келіп қадалып қалыпты. Аулада шуылдасқан көп әйел шұбырып жүр.

Сұрғылт түсті бойшаң әйел қолында темір айыр, шошала жаққа жанды жақындатпай қорғап тұр.

– Жақындағаныңды түйреп тастаймын! – деп айбат көрсетеді. – Өңкей өлімтік! – деп қорлап та қояды.

Азған-тозған, ашынған әйелдер де біз жақындаған соң арқаланып кетті. Олар да айыр ұстаған әйелді көп ауыздан жабыла сыбап кетті.

Әйелдердің алма-кезек салғыласқандарынан едәуір нәрсені аңғарып қалуға болатын еді. Жалмауыз саудагердің қызы... жалмауыз сұмырайдың жалмауыз қатыны! Сенің атың Ұрқия еді, сұрқия-сұр деп жай атанған жоқсың, сен салдақы...

Ұрқия деген әйел бір мінезіне қарай сұрқия-сұр атанып кетсе, оның аржағында «салдақы» деген бір кең шиыр тағы жатқанға ұқсайды.

Әйелдердің үшеуін ғана ертіп шошалаға кірдік. Азық-түлік иісі аңқып тұр.

– Жасырын есігіңді аш! – деді москал әйел. Дәулетбек үйілген теріторсекпен жасырып қойған есікті ашты, – складқа кірдік.

– Бұл жылдарда, қар басып қалған азғана ауылдарда мұндай көп астық болар деп ойлау қиын еді. Ауыл аш. Мынау складта қазына қабымен жатқан бидай, тары, ұн, шай-қант үйіліп жатыр.

– Склатыңда қанша астық бар? – деп сұрадық.

– Елу қап шамасы болар, – деді Дәулетбек.

– Ой, қаптың астында қалғыр, сұмырай! Кем болса жүз елу! – деді москал әйел. Елу мен жүз елудің арасында үш есе айырма барлығына Дәулетбек әзір қысылмай тұр.

Әйелдер қаптарды қолдарымен түрте жүріп: – мынасы тары, мынасы ұн, мынасы қант! – десіп қалады.

– Мына қаптардың астында қамбасы тағы бар! Оны да аштырып көріңдер! – дейді әйелдер.

– Бұл қайдан келген, қашаннан бері жатқан қаптар?

– Қазынаның беріп жатқан жәрдемі ғой...

– Таратып бермеген бе едің?

– Келгендері алды, келмегендері алған жоқ.

Ауыл сыры әйелдерден жасырына алмайды. Үлкен қалаларда да, алақандай ауылдарда да солай. Біздің қасымыздағы әйелдер енді тіпті еркіндеп кетті.

– Сен өзің қанша үйге, қанша адамға деп жәрдем әкелесің? – деп сұрады москал әйел.

– Қанша адам болса сонша сұраймын да! – деді Дәулетбек. – Артық беріп тұрған кім бар деп тұрсың!..

— Жоқ, антұрған, өтірік айтасың. Сен үш *жүз* үйге деп жәрдем астығын аласың. Саған қарайтын үй саны жүзге толмайды. Өзгесі әлдеқашан тарап кеткен. Мына қаптар сол жоқтардың несібесі.

— Ауылнай қанша үй бар десе, мен соған жәрдем әкелемін. Менің жазығым не? — деді Дәулетбек.

Жергілікті қызметкерлер өлке басшыларының жоқты бар дегізіп отырған ыңғайына көндігіп алыпты. Өлісі-тірісі белгісіз, әйтеуір аудан көлемінде жоқ адамдарды бар деп жәрдем алады. «Өлі жандардың» несібесі өлік тонаушылардың несібесі болып жатыр. Тірі жандар қоса тоналып жатыр.

* * *

Біз қара сиырдың иесі Сатығұлдың үйінде отырмыз. Манағы өжеттеу жеңгей Сатығұлдың әйелі Уәзипа жік-жапар болып шақырып әкелді.

— Төтеншенің қою шайын шала-пұла іштіңдер... Пірканшіктің үйіне де кірген жоқсыңдар. Осы ауылдан құр ауыз кетесіңдер ме!.. Тым болмаса біздің үйдің ас-су шайынан ауыз тиіңдер, — деді.

Он төрт күн, он төрт түн жүріп келген біздің де бір ыстық шай ішетін уақытымыз болған екен. Бас тарта алмадық. Қара сиырды әкелген екен. Әлі дір қалтырап ауыз үйде жатыр. Әйтеуір алдында шөп бар. Сатығұл қара сиырдың жырын бастағалы жарты сағаттай болды.

— Мұндай мініске берік мал көрген емеспін! — деп бастап еді, — қызығы енді келе жатыр! — деп, шайды бір-екі ұрттап алды.

— Қызығы енді келе жатыр... бұл өзі менің сиырым болатын. Сауырына «Алып» деген таңба басылған соң колхоздың ортағы болды. Сол кездегі төтенше уәкіліміз мені ауданға жұмсады:

— Мынау «найзағай-телеграм» деген нәрсе! — деді маған. — Рапорт! Райком — Ыбырайдың өз қолына тапсыр!

«Алыптың» малы сол күні таңбаланып жатыр еді — сиырыңа таңба бастырып ал да, мін де жөнел! — деді. — Таң атқанша қайтып кел!

Сол кезде «Райком өзіне райком, төтеншеге тік қыла алмайды!» деген закон шығып, төтеншеге қарсы бір ауыз сөз айта алмайтын болғамыз. Мен де жүре бердім. Төтеншенің бір жұмысына жарап кеткеніме ренжіген де жоқпын. Кім біледі, сөйте-сөйте белсенді қылып алар деген ой да жоқ емес...

— Сені ме!? — деп, осы арада Уәзипа жеңгей бір сөз қыстырып қалды.

— Қызығы енді келе жатыр... Райкомға ертеңіне таң ата жеттім. Біресе сиырымды жетелеп алып жүгіріп отырамын. Біресе сиырыма мініп алып аяғымды суытып аламын. Ауданға дейін қырық шақырым жер. Сиырды жетелеп алып жүгіріп-жүгіріп алмасам, таң атқанша қайдан оралып келе алам? Ылғи жүгіріп отыруға өзім қайдан шыдайын! Әйтеуір, таң ата жеттім-ау... Ауданға да жеттім, қапалақтап қар да жауып кетті. Найзағай-телеграмды райкомға тапсырдым да кейін қайттым.

Қар әлі жауып тұр... Ауданнан он шақырым шықтым ба, шықпадым ба, үш салт атты кез болды. Сиырды жетелеп алып, қабырғаласа жүгіріп келе жатқамын.

– Тоқта! – деп ақырып қалды біреуі. Тұра қалдым. «Қош бол, қара сиыр, дедім ішімнен. Қош бол, Сатығұл!» дедім.

– Қайда қашып бара жатқан қазақсың?

– Райкомға найзағай әкеліп қайтып барам.

– Райкомнан алған қағазыңды көрсет!

– Қағаз берген жоқ...

– Сиырды қайдан ұрлап әкеле жатырсың?

– Өзіміздің «Алыптың» сиыры. Кеше ғана басқам таңбасы бар, міне!

– Сиырыңның қағазын көрсет!

– Базарға апарғанда болмаса қазақтын сиырында қағаз бола ма, қағазы жоқ, дедім.

– Бас жібін бері әкел! – Бір белсенді сиырымды жетелей жөнелді, екінші белсенді дәл таңба басқан сауырдан қамшымен осып жіберді... Қара сиыр мықшиып қала жаздады.

– Өзімді де бір тартып қалды демейтін бе едің? – деді Уәзипа жеңгей.

– Өзімді қойшы, тәңірі... Менің арқам не көрмеген арқа! Қара сиырға жаным ашып кетті. Қолымда туып, қолымда өскен дөнежін сиырым ғой.

Сиырды белсенділер әкетіп барады.

– Тым болмаса сиырымды алғандарыңа өздерің қағаз беріңдерші! – деп мен жүгіріп зарлап келем.

Сиырымды тартып алған, кейін білдім, осы Егізек төтенше екен. Мана өздерің келіп бірінші түскен үйдің иесі, осы күнге дейін төтенше бастығымыз болып отырған жігіт. Қасындағы екеудің бірі жаңағы пірканшік, оны да кейін білдім, аты Дәулетбек екен.

Егізек төтенше атының басын тартып азырақ бөгелді де:

– Аулыңа сәлем айт: мен Егізек төтеншемін! – деді. – Сиырың «Теріс аққанның» малына қосылады. Қағазды сонда келіп аласың!

Сиырым желе жортып ұзай берді, мен қала бардым...

«Теріс аққан» киіз үйден жасалған қала екен. Бұрын бөлек-бөлек отыратын ауылдарды бір жерге жинап қондырыпты да «қала» деп атапты. Кәдуілгідей көшелері бар: Қалашөкін көшесі, Елтай көшесі, Құрамыс кешесі... Үйлердің маңдайшасында қағазға жазып жапсырып қойған номерлері де бар. Ең шеткі үйдің қасында ат ерттеп жатқан бір жігітке кездесіп «Теріс аққанның» бастығы қайда тұратынын сұрадым.

– Калашокін алпыс, Елтай жиырма жеті! – деді ол жігіт. Одан әрі сұрауға ауыз алмай жүре бердім.

Қаланың орта кезінде әрлі-берлі біраз қаңғып жүрдім де бала арқалап келе жатқан бір қатыннан «Калашокін алпыс» қайда болады деп сұрадым.

– Адыра қалғыр, Калашокін алпыс деп сәнденбей-ақ бастықтың кансаралы үйісы деп сұрамайсың ба!? Әне, анау үй... түндігінен түтін будақтап жатқан...

Түтін будақтап жатқан үйден керісіп-кергілескен еркек дауыстары да будақтап шығады. Кіруге бата алмай, сол үйдің айналасынан ұзай да алмай, күн батқанша жүрдім де қойдым.

Бұл үйде аудан көлеміндегі барлық төтеншелердің съезі болып жатыр екен. Сол съезге арыз айтамыз деп келген мен сияқты көлденең күйіп кеткендер де жиырма шақты адам болды, бәріміз арқамызды киіз үйге сүйеп жүрелей отырып, съезге құлақ салдық.

Киіз үйде сыр жасырына ма, үйдің ішінде не болып жатқанын түгел естіп отырмыз.

— Ыбырай жолдас, сен қатеңді мойныңа ал! — дейді бір өктем дауыс. — Ат арқандар оты жоқ, бұзау ішер суы жоқ жерге киіз үйдей қала салдыра ма екен? Қыс мынау келіп қалған. Барлық малды иіріп бағып, айдап барып суарып отырсыңдар, тал түсте қырып алмайсыңдар ма?

Ыбырай райком да бас сауғалап жатыр:

— Күзден қалмай жүз процент колхоздасып болсын деген бұйрық берген өздеріңіз емес пе? — дейді. — Ол бұйрықты алғанымызға екі-ақ жеті болды. Міне, орындадық! ТОЗ құрмаңдар, ірі болсын дедіңдер, орындадық. Колхоздарымыздың алып емесі бар ма? Біз өз бетімізбен ешнәрсе істеген жоқпыз! — деп бар күнәні өлкеге аудара сөйлеп отыр.

Бұл керіс ұзаққа созылып барып, пышақ кескендей тоқтады. Ыбырай райком болмай қалды. Үйден салбырап шықты да, атына мініп алып жалғыз кетті...

Оның артынан біздің Далабай төтенше үйден шықты. Оның да босап шыққанын сезіп, мен қасына да бармадым. Одан кейін де екі-үш төтенше салбырап шығып жалғыз-жалғыз кетіп жатыр. Енді бір-екі жігіт, колхоз бастықтары болу керек, осы бәледен құтылғанымыз жақсы болды, — деп кетіп барады.

Өлкеден келген адамның Егізекке жан тарта сөйлегені естіледі:

— Егізек, сен «Алып» колхозына бар... Төтенше болып қала бер, төтенше бастық бол! — дейді. Егізек оған алғыс айтып, қасында Дәулетбек үйден жайраңдап шықты. Атып тұрып сәлем бердім.

— Өй, сен манағы қара сиырдың иесімісің? Мен «Алыпқа» бастық болдым. Сиырыңды тауып алмай қайтпа! — деді. Қуанып кеттім.

Сол түні «Теріс аққан» қаласы құлап та болды-ау деймін. Орталықтағы малдарынан көлік алып, әр ауыл өз мекеніне көшті де кетті. Колхоз бастығы Есентай ауылына көшіп кетіпті.

Қызығы енді келе жатыр... Мен Есентай ауылына келейін. «Теріс аққанның» бастығы бір кеудемсоқ жігіт болып шықсын. Мен одан сиырымды сұрайын, ол маған өзің осы колхозға кіресің десін!

— Неге? — деймін ғой.

— «Алыптың» жаңа бастығы Егізекпен келістім. Интернационалды колхоз жасайтын болды: «Алыптан» отыз үй біздің колхозға көшеді. Бізден отыз үй «Алыпқа» көшеді. Сен өзің «Алыптың» бас білетін белсендісі көрінесің. Осы жұмыстың басына қоямын. Сиырды қайтесің, астыңа ат берем, үйіңді де, сол отыз үйді де көшіріп әкелетін бол, белсенді қоям!

Белсенді қоям дегенге ішім бұрып та тұр, қорқып та тұр. Бірақ бастық маған сөз беретін түрі жоқ. Қасыма бір жігіт косып берді де:

— Колхоздың жылқысынан қалаған атын ұстап бер! Әйда! — деді.

—

Қалаған атын ұстап берсе, оның аржағында қазақтың арманы бола ма, жігітке еріп жүре бердім. Бір торы бесті ат, пай-пай-ой, құлағы шекесінде, елдекімнің бір қызға балаған аты болды екен, ойқастап көзіме түсе берді.

— Осыны ұста! — дедім, ұстады, міндім де жүре бердім.

Аяғын шекіп басады. Шабыс қандай, көзіннен жасыңды ағызады. Желіс қандай, желқайық па дерсің. Егізектің ауыз үйінде тұрған торы атты көрдіңдер ғой. Сол ат. Қазір жетісі толып, сегізге шықты. Бір он шақырым аттың қызығымен келе жаттым да қара сиырым есіме түсіп кетті. Қой мұндай ат менің маңдайыма сыя бермес. Түптердің түбінде әрі атсыз, әрі сиырсыз қалсақ, мына қатын менің басымды үйтіп жер дедім де «Теріс аққанның» сиыр малдарын аралап жүріп сиырымды тауып алдым. Соным дұрыс болған екен... Торы атты көрген жерденақ Егізек тартып алды. Сиырым әлі өз қолымда... Одан бері не көрмедік!.. Жаз бойы өзім Егізектің анда бар, мында барында жүремін. Қыс бойы торы аттың шөбін тасимын... суын әкелем... соны күтем...

— Енді ол бейнеттен құтыларсың. Егізек орнынан алыныпты, — дедік Сатығұлға. — Енді оның орнына бір дені дұрыс адам келетін болар.

Сатығұл біздің сөзімізге әуелі сене алмады, одан кейін қорқа бастады:

— Ай, шырақтарым-ай, осы сөзді басқа бір үйде айтсаңдар екен... Біздің ауданда жақсы адамдарды оңай құлата салып, қолынан түк келмейтін құр қылауыз, қызыл өңештерді қорғаштай беру — әдет болып кетті. Әй, Егізек төтенше құлай қоймас... Екінші, біздің ауданда орнынан құлаған адамнан гөрі соның орнына қойылған адам жемсау болып шығады. Бұл да әдетке айналып кетті. Әй, Егізек құламас! — деді.

Біз әңгімемен отырғанда пірканшік Дәулетбек Сатығұлдың үйіне бір шана шөп әкеліп беріп кетті. Сатығұлдың сенімі енді ғана тұрақтағандай болып — Қат-ен! —деді әйеліне.

* * *

«Батпақтыны» қыс тіпті қимайды екен. Оңтүстығынан күн қарды солқылдатып-ақ ерітіп келсе, солтүстығынан қалың қар қайта жаба салады. Бүгін тоқымдай жер қарая қалса, ертең бел етектен қар жауады. Үскірік соғады. Қанша қимаса да ақ көрпе іріп-шіріп жыртылды-ау әйтеуір...

Маңызданып-назданып, еріне басын Сібірдің жалқау жазы да келді.

Сай-саланы су басып, арықтаған елді қыр басына қуып шықты. Бұл қысты күні келгің келмесе, жазға қарай кеткің келмейтін жер екен. Күн жылына келе алмай кетті.

...Сатығұл соқасына келсек, бұлар бір қотыр атан, бір тыриған көк байтал, бірді сиыр үшеуін қатарлап жегіп жүр екен. Соқаға үш көлікті қатарлап жегуге болмайтынын естімеген де болар. Уәзипа жеңгей көлік жетелеп жүр де, Сатығұл өзі соқаның сабағын қысып ұстап алыпты.

– Ау, еңбек өнімді, егіс шығымды болсын!..

Жүргізіп қарасақ, мұның соқасы да «солшыл» екен. Екі боразданың арасынан ағжал қалып отырыпты.

– Соқа неге солға тартады?

— Білмедік, не мәнісі бар екенін... Анау күні бурыл бас райком келіп түзеп берген соң төрт күндей сызықтай аударылмаған жер қалмап еді... Енді бұзылып тұрғаны...

— Қашаннан бері?

— Үш күн болды, бір гектардай жеріміз бүлініп қалды.

— Оның алдында оңға тартатын еді, райком түзегеннен кейін сауығып кетіп еді, үш күннен бері тағы да бүлдіріп жүргені...

Қарасақ кіндіктің тетікті винті жоқ екен. Сондықтан түпкі көлік аударып отырса соқа солға кетеді де, шеткі көлік аударып отырса оңға кетеді. Оны бақылап отыруды бұлар білмейді. Білгенге бір минуттық жұмыс, білмеген бұлардың барлық егінін шығармай тастауға жетерлік себеп.

Соқаны түзеп, өз білгенімізді түсіндіріп «соп» дегенімізде, қара сиырдың шолақ құйрығы көзге түсті.

Бұл, кәдуілгі, қысты күнгі ақ құйқа сиырың. Қотыры жазылған. Жыпжылтыр қара сиыр болыпты. Өзі күйлі. Арбиған атан мен тырбиған көк байталдан гөрі бұл басым тартады. «Батпақтыда» болған бір қызық арық жылқы мен еркектер жоспарды кем орындайды да, сиыр мен әйел артығымен орындайды. Жегуге төселіп қалған қара сиыр да жоспарын артық орындап жүр.

Қара сиыр соқаны сүйрей жүріп, күйсей жүр, шолақ құйрықты сүйкей жүріп, күйлей жүр!..

— Бұқа керек!.. — дейді Сатығұл.

1933

АЗ ЕСКЕРТУ

«Шұғыла» 1933 жылы жазылып, келер жылы жарияланған, бәйге алған әңгімем еді. Ескіргендігі көрініп тұрса да сол бір тұстағы сорақылықтарды көрсетуге арналған жалғыз әңгімені мүлде жауып тастауды лайықсыз көріп, қырық екі жылдан кейін болса да қайта жариялауды дұрыс көрдім. Аздап өңделді, шұбаландау екен, біраз қысқартылды. Идеясы мен мазмұнына қол сұққаным жоқ.

Ғ.М.



Үш томдығына алғы сөз. 25.12.1979 ж.

ЖЕҢІЛГЕН ЕСРАФИЛ

I

Жылысып өткен алты ай жаз алдап кеткен сияқты... Құйрық тістесе қыс келерін, алай-түлей боран боларын, қабағын түйсе қаһар төккен ақпан менен қаңтар барын айтпай кеткен...

Үлкен-кіші тегіс мәз, есіл жаз енді еске түскендей...

Төрт тараптан түре соққан сұрапыл көз аштырмағалы, міне екі аптадан асты! Барлық дауыл байлаудан босанғандай, барлық долы бас қосқандай тынары жоқ бір ұлу! Қарға адым жер мұң болар деп кім ойлаған ол кезде, енді мынау, ну қалың жал белуардан қарға шөгіп, иіліп басы, төгіліп шашы дір қалтырап, мүлгіп тұр.

Жұрттың бәрі ақ танау, ақ кірпік, ақ ауыз. Алдырмаған мұрын, шалдырмаған бет мыңнан біреуде ғана қалған. Түкірік жерге түспейді. Осынша кең далада демаларлық ауа жоқтай! Жұлынған боран ауа орнына түйір-түйір мұз тығады мұрныңа! Ақ теңізден Арқаға дейін домалап келгендей ақ қар бытырадай тиеді бетіңе.

Ойды-қырды қалың жапқан ақ көрпені үсті-үстіне үйе түсіп, ояң қалған жері болса қымтай түсіп, мың батпанмен соғып-жаншып, асыр салып азынаған аяз тұр. Ақ тауларды ықтай жылжып, құмырсқадай қыбыр-қыбыр, мыңдаған жан Есрафилмен алысқалы, міне, екі ай! Кімнің қолы бұрын тиер алқымға — бұл алыстың жалғыз дауы осында! Мүлгіп тұрған орман-тоғай жеңіс күйін кімге ойнар, мың толқытып, жүз бұралтып таратуға әлемге жел біткеннің ең жүйрігі көрмеде тұр, о да әзір!..

Алты ай үйген жалменен салған жолды құлай құшып, табандаған қар жатыр. Құлаған құз денесінен кесек-кесек ойып алсаң, бір былқ етер ниет жоқ! Осы ақ таудың астында елдің қолқа тамырындай жаңа салған жол жатыр.

Ақмола мен Қарталының ит өлген жер арасы. Бұл Арқаның құба жоны — сұрапылмен алыс салған қай майдан. Бірі ежелгі атақты алып алты ай қыс, бірі біздің зұлмат күші қозғалса да бір жасқанбай кісендейтін, алып ел! Әлем айғақ, бұл алыста аясу жоқ, алдау, арбау, арзан айла жанасарлық жай емес! Адал күрес, күші асқаны-ақ алатын. Алыптар жүр қара жерге белуардан батысып, бірін-бірі лақтырғанда белден белге кетеді! Арқалардан бұрқырап бу қонып жатыр бұталарға мұз боп барып жабысып... Сарыарқаның құба жоны мың жара, ойды қырға теңей кеткен, ен далада екі арыстан алысып!

Арқасына салған асыр батқандай, жер қайқаңдап, анда-санда бір ыңқ етіп қалады. Тәңірісіне тасбиық айтып бар дүние, бұталарға қонған мұзды тасбиығындай ақырын сырт-сырт қағады... Қарағайлар қақ айрылып, қайың жасын төгеді. Көкте бұлттар козғалмастан ақ қар болып етек жайып, құлай кетіп жол үстіне жалп етіп: жаңа ғана аршылған жол бойына тағы да ақ тау шөккен нардай көлденеңдеп жатқаны...

— Алармын! — деп, алқымына Есрафилдің қол салғанда біздің ел, зікір тоқтап, дүние тынып, үрейленіп бұлтқа бұққан күн де шыға келеді. Бірақ, әлі

Есрафилдің астына түсер ойы жоқ! Қайсар тентек күнге қарап, құр сақылдап күледі. Мойындауға тегі долы қанішер, кежегесі кейін тартып, отты көзден мұздай суық көк ұшқындар шашқанда, тиген жерін қарып түсіп, күш алғандай қайтадан!

Бұл қайсар жау, бұл үлкен дәу, күші асса-ақ алатын!

Алты ай үйген ат жал менен салған жолды құлай құшып, табандаған қар жатыр, қар астында елдің қолқа тамырындай жаңа салған жол жатыр! Күш сынауда, сөз таласта, сынарың, жүгінерің өзіңсің!

Мүлгіп тұрған орман-тоғай жеңіс күйін кімге ойнар! Мың толқытып, жүз бұралтып таратуға әлемге, жел біткеннің ең жүйрігі көрмеде тұр, о да әзір!..

Қарта боран қайта-қайта ай мен күнді тұтқынға алған күндерде, саңылаусыз кордей қара долы дүлей түндерді елең қылмай, бір тартынбай ерлік еткен жандар бар, сақылдаған сары аязда белуардан суда тұрып көпір салған осылар, ақындардың жырлар жыры, осы да!

«Қайрақтының» осы жақ беті Жалтыртөбе, ит байласа тұрғысыз бір ыңырық; оң жақ беті аңырайған кең аңғар. Осы аңғарға, қар астында қалған жолды аршуға бір топ адам барыпты, Есрафилді солар жеңіп, жолды тартып алыпты.

Тіл жете алса, сүрінбесе айтар кезде болған істің шындығын, ұлы демей, кіші демей, соны айтқымыз келеді...

II

«Қайрақтының» осы тұсы жалпақ жатқан жапан дала, құла дүз болып келеді. Жазды күні томпиған бір төбелер тұратын еді, онда олар қалың қарға оралып кетті де, жалтыр төбелері қар тұрмайтын сырғанақ болып қалыпты: сол жалтырдан сырғанаған қар мынау аңғарға келіп бір-ақ демін алады.

Тоны жылы қасқыр мен қарсақ болмаса, бұл жерде аң да қалмаған. Басқа малдардың бәрі де қыстың ыңғайын қабағынан танығандай, әлдеқашан шұбарға қарай сырғып кеткен. Бұл тұста таяқ тастам отыратын ел де жоқ.

Мылқау түнек солтүстықтың бар суығын осы араға айдан әкелгендей тоқ аштырмай, ес жидырмай қойғалы табандатқан екі ай! Боранның өзі де шыққан, көрінгенге тап беріп, қарды қауып, тас тырналап, күні-түні ұлиды. Бұл жерде шуылдарлық қамыс, гүілдерлік орман да жоқ, аш өзекке жем түспей, құр ұлиды, босқа ұлиды.

Жұмыс барағынан екі адым шықсаң ел қай жақта, жел қай жақтан, оны шырауың екі талай-ақ. Жұмысқа алысырақ баратын адамдар қолдарына арқан ұстап, қосақталып кетеді. Мұндай ықпас боран, құтырған сұрапыл суықты ешкім көрген емес.

Ана бір көрінгенде күннің өзінің беті де үсіп кеткендей боп-боз еді, енді көрінуді де қойып алды. Ай дегенді айында бір көрсең қуанып қаласың. Жұлдыз жетіп күл-күрне біржола үркіп кетсе керек.

Темір жолдың тап осы тұстағы бір үзігін жалғаудың осынша сынға шыдағаны да осыдан еді. Қанша топ жақын келе алмай, қанша топ аяқ сала алмай қайтқан.

Міне, осы аңғарға жақындап келіп «жылан бауыр» трактор тоқтады да, тіркелген ұзын шаналардан көп адамдар түсті: аңғарды кесіп өткен ат-жалдың етегіне келіп, қиыр-шиыр ақ тауларға қарап тұрғанда, бұлар бір үлкен шоғыр сияқты еді, ашыққан боран жұтып жібергендей, «ә» дегенше жоқ болып кетті.

– Арқаннан айрылма!

– Қада күректі!

– Уа, антұрған, қорбаңдамай ұмтыла түссеңші! – деген дауыстар ғана естіледі.

– Қазаның оттан түспесін! – деп, «аспазшыға» бір айғайлады да, бригадир Есім ақ таудың төбесіне шықты. «Аспазшы» Қасен «Қайдағы қазан!» деп, мыңқ етіп қалғанын Есім естіген жоқ, оның ойы жұмысшылардың ыстық тамағы үнемі әзір тұрсын деген еді.

Бұл келген ерекше бригада! Ерекше болғанда ойдан-қырдан таңдап алған, топтан озған сар кездік, саңлақтар емес, кәдуілгі онның тоғызы, екінің бірі дегендей, қатардағы жол салушылар. Ешкім оларды ерекше шыңдап, айырып баптаған да емес. Бригадир Есім – аузына алғашқы түктер жаңа ғана білініп келе жатқан комсомол. Сейтен – алпыстың алтауына шыққан адам, маңдайында қатар жатқан алты сызық әжімі, артта қалған алты қырдың белгісі сияқты. Асбасшы Қасенді – екі жарым-ақ пұт салмағы бар деп, жолдастары ылғи қалжыңдап жүреді.

Петр Семоныч Капица – Наталья жеңгейдің алдында үн шығарған адам емес деседі. Ал, үйде мықты Наталья, мына майданда не істей алады!.. Миша мен Сережаға келсек – экскаваторшы Лидаға екеуі бірдей ғашық болып, екеуі де:

– Жол біткенше уақытым жоқ! – деген қысқа жауап алған жігіттер... Іс үстінде білдірмейтіндері болмаса, екеуі содан бері әрі бақас, әрі күндес деуге боларлық. Осы бригадаға екеуінің басын қосқан да сол бақастық болуы мүмкін.

Бригаданың ерекшелігі – ең әуелі адам аздығында. Екінші, сол аз адамның ішінде темір жол салу ісінің ең кемінде екі түрлі мамандығын білмейтін біреуі жоқ. Күрекші шығар дегенің – шпал төсегіш, рельс салғыш, бекіткіш деген секілді, әйтеуір тағы бір табанды іске ие болып шыға келеді. Бұл бәрінің бойындағы ерекше бір қасиеті!.. Үшінші, бұл бригаданы солтүстік түбекке аттандырғандай жақсы қамдап, керекті жеткізе берген еді, бар ерекшелігі осы-ақ...

Бұлардың осындай сұрапылда, осы дұзаққа келе қоюларына түрткі болған – «Обаған» өзенінің бойында болған бір қимыл еді. Таңертең жол бойында болған жаңалықтардың хабарын айтқанда, ойды ерекше толқытқан сол хабар болды. Өзіміздің Торғай құласа батпайтын «Обаған» өзені, осы жолдың тұсында үлкен бір кәдеге жарапты: күндік жерден көрініп тұратын көпір салғызыпты үстінен. Сол көпірді салған күндерде дауыл күші түйе жыққандай, аяз күші тас жарғандай екен. Белуардан су кешіп, сыбай қаққан көпіршілер, үш тәулік бойы белдерінен арқандаулы тұрып, көпірді солай салып шығыпты. Әйтпесе, сұрапыл жел жұлып алып, адамды қаңбақтай айдап әкететін халге жеткен екен. Мына бригада осы ерлікке ерлерше жауап беруге тура келді.

– Ал, бала? – деді Сейтен қарт. Есімнің бетіне бетін тақап тұрып. Есім ақ тауларды нұсқады, үндемеді. Кішігірім таудай боп, кесе-кесе, қия-қия жатқан қарды әрең дегенде бір барлап алды да, қолындағы арқанды жұлқып-жұлқып қалды. Бұл «әзірленіңдер» деген белгі еді.

Ауыздан шыққан үнді көмекейге қайта тығып, боран тұр құтырып. Бір мұрынға, бір бетке сап аузын, аяз тұр жұтынып!

Есімнің не айтқанын жұрт оның қол қозғалыстарынан ғана ұғынды. Екі қабырғаға арқанды керіп жіберіп, он адам қаз-қатар тұра қалып, ақ тауға қол салды: кесек қарлар төмен сырғып, етекке қарай кете бастады.

Таудың үсті үйме-жүйме, апыр-топыр алысқа айналды. Темір күрек қант сияқты қатты қарға қарш-қарш кіріп, қоң етінен сандықтай ғып ойып алып, жанар таудың төбесінен атқан тастай ақ кесекті атып жатыр аспанға. Боран да ішін тарта түсіп, ойдан-қырдан айдап әкеп, үйіп жатыр қайтадан. Өшіккен жау алай-түлей, осы араға төгіп жатыр бар күшін. Борай соғып, орай сілтеп қалғанда, бір өңірдің барлық қарын бір-ақ әкеп тастайды. Қайта айналып, қанаттарын жайғанда «Мағырып» пен «Машырыққа» жеткендей, сыпырғанда қайдағы қар оғырына кіреді... Сол күйімен опыр-топыр айдап әкеп, үйіп жатыр аянбай!..

...Осы алысқа екі сағат өткеннен кейін, Есім істелген іс пен жұмсалған күштің не бергенін білгісі келіп, шаншулы тұрған «кез ағашқа» қарап еді, айранасыр болды: қар манағысынан бір метр биіктеп кетіпті!

Бригаданың қимылы әлсіремегенмен, бірақ манағыдай аспанға ұшып, төмен сырғып кетіп жатқан кесек қар көрінбейді. Бұрынғы қатты қардың үстінен жүріп өткен әрі жұмсақ, әрі құрғақ жаңа қар күрекке аз ілініп, көтере бергенде тарыдай сусып, қайтадан бұрқырап бұрынғы орнына түседі: ұйлықтыра соққан боран қарды ешқайда жібермеске қалқан...

Қардың биіктеп кеткенін, күн бойғы алыста жеңіс боран жақта болғандығын «кез ағаштан» көрсетіп, Есім жолдастарына қарады:

– Мынаны біреуің қозғап қойған жоқ па едіңдер?

Жолдастары бастарын шайқады. Бұл шайқауда бір жағынан Есімге қайтарған жауап болса, екінші жағынан таңданғандық бар еді.

– Енді қайтеміз? – деді Есім тағы да.

Жолдастары тағы бастарын шайқады...

Бұл кезде «аспазшы» Қасеннің халі тіпті ауыр еді... Бригада Қаратауға қол салғанда, Қасен тамақ жабдығын ойлап, ықтырма жасағысы келіп, тау қарының етегіндегі бір жарларға апарып күрегін шанышқан-ды. Қайта оралып, киіз палатканың тіреу ағаштарын жеткізген. Келесі жолы ас пісіретін, шай қайнататын, оты шалқымайтын бітеу кухняны да аман-есен алып келген. Бірбірлеп басып, азық жәшіктерін де, тас көмір салған қапшықтарды да, жарлаудың қуысына жеткізген. Содан кейін, қол тисе-ақ ұшуға жатқандай бүлкілдей берген палатканы, Қасен қозғамап еді.

Ақырында Қасен палатканы бастырып қойған көмір қапшығын сүйреп тастап, бір бұрышына жармаса бергенде, желі құрғыр да осыны аңдып тұр екен, палатканы жұлып алды да жөнелді... Палатка арқан бойы ғана сырғанап барды да, делегейленіп, аспанға бір-ақ ұшты...

– Қусам, қайтер? – деп, Қасен ұмтылып та қалып еді, палатка көрінбей кетті. Қасен палатка кеткен жаққа азғана қарап тұрды да күдер үзді. Көмір салған қапшықты сүйрей ықтасынға қарай жүгірді...

Қасенді бұл жерде де бәле аңдып тұр екен. Ол палаткамен әуре боп, жәшіктерді тасып жүргенде, жоғарыдан сырғытқан кесек қарлар дәл келіп Қасен паналаған жарлауды жанай өтіп жатыр еді. Бірінің артынан бірі жұбын жазбай келе жатқан текше қарлар Қасеннің жәшіктеріне, кухнясына келіп соға бастады. Бір кесектің тіреліп тоқтауы-ақ, мұң екен, кесекке-кесек тоқтап, әдейі жиналған жүктей биіктей бастады. Боран айдап жұмсақ қарды әкеліп, текшелердің арасын шегендеуге кірісті. Екі өкпесін қолына ала, сүйреп келе жатқан қапшығын тастай сала, Қасен жеткен кезде, шаншулы тұрған күректің сабы мен кухняның мойны ғана қылтиып қалған еді.

Енді бір жерде консерві жәшігіне жапсырылған қағазда өгіздің тұмсығы ғана көрінеді: өгіз тұншығып бара жатқандай көрінді Қасенге...

Қасен әрең дегенде күрегін жұлып алып, тірелген қардың алдын босата бергенде жоғарыдан сырғып келе жатқан кесектер бар екпінімен кеп соғып, Қасеннің өзін ұрып жығып, ала жөнелді де, әлдеқайда төмен апарып тастады. Айғай салудан пайда жоқ, құйрық тістесе келе жатқан кесектерден бір оңға, бір солға жалтарып, Қасен кухня маңайына тағы жақындады. Бұл жолы үстіңгі қарды қозғамай, жәшіктердің қасынан өзі сыйрдай жерді ойып жіберіп, аяғын нық басқаннан кейін ғана жоғары қарады. Не істеу керек?

Тіреліп тоқтаған кесек қардың биіктігі үш метрдей, арт жағынан тағы келіп жатыр. Тоқтар ма осылай, тағы да сырғып төмен кетер ме? Қалайда бірдеме істеу керек. Бригаданың азығын бермеу керек боранға!

Қасен жалғыз арыстандай алысты. Алысында бір мін жоқ, айналасын астаң-кестең қылып, азық жәшіктерін қар астынан босатып та алды. Әттең мылқау жау, күшті жау, қапы іздемесе қайтетін еді. Күш сынасса, адал алысса еді, көз жұмып қорқауланбай, әділ сынасса нететін еді!.. Ол болған жоқ, жоғарыдан үздіксіз ағылып кеп, екпінмен соққан кесектер алдыңғы қатарды айдай жөнелгенде, үш метр қар Қасеннің үстінен де жүріп кетті...

Етбетінен түскен бойы зілдей салмақтың астында Қасен қалды. Күректен айрылған, басы төмен, аяғы жоғары жатыр. Астындағы қар жұмсақтау болса керек, үстегі салмақ басқан сайын, Қасен де төмен бата береді.

Екі шынтақпен, аяқпен бұлқынып байқайды: үсте жатқан ақ буралар мықтап шөккен, қозғалтар емес.

III

Қаз-қатар шөккен ақ буралар орнынан қозғалар емес... Жайлы жерді жаңа тапқандай, шудалары желкілдеп, уақыт өткен сайын ақ иректер де өсе береді... Бүгінгі бәйгені боран әкеткесін, бригаданың алғашқы қайраты қайта қалғандай, қажыры мұқалғандай, енді құр күйбеңге түсті. Тауалы шағылып, көңіл қайтқандай, бригада тұрған жеріне ұйлығып қалды. Боран оған қуанғандай, дүниедегі бар ұлудың бәріне басып, құлаштай ұрып, қарсылық болмағасын еркін

ескектей, үйіре соғып, енді бригаданың өзін жауып тастағысы келетін сияқты. Суық аяз сүйген жерін ойып алғандай.

Аздан соң Сейтен шал Есімге бұрылып:

– Неғып тұрмыз? Құдай қолын созар, боран рақым етер деп тұрамыз ба? – деді айғайлап.

Бойға қуат, ойға жөн сілтеп дауыс бәріне де естілді. Әркім-ақ ішінен «Бәсе, мұнымыз не?» дегендей, күрегін қарға тағы да сала бастады. Жалғыз Есім күрегін қарға салмады. Ол жолдастарына қолын бір сілтеді де, тау қардың шоқтығына отыра қалып, төмен қарай сырғып кетті. Оның артынан Петр кетті сырғанап, одан кейін барлық бригада құлай сырғанай етекке түсті.

Есім не ойлағанын төменге түскесін ғана айтты. Тамақтанып, күш жинап алайық та! – деді.

– Пісіп тұрса, дұрыс-ақ!

Тамақты ауызға алғасын, іш біткен ұлы бастады...

– Қасен! Уа, қайдасың?

Айнала тып-типыл. Қасен түгіл, Қасеннің ізі де жоқ. Таңертең әкеліп түсірген шпалдар, рельстер де көрінбейді. Азық-түлік жәшіктері, кухня, о да бір топ болып қалып еді, оның қайда жоқ болып кеткені де белгісіз.

– Қасен! Қасен! Қасен! – деді, барлық бас, баритон бірге үн қосып. Аязды ғана, боранды есе Натальяның жіңішке дауысы да шықты. Жоқ Қасен қайдан жауап берсін, ешбір үн естілген жоқ.

– Әлде біз басқа тұстан түстік пе?

– Олай болмаса керек еді.

– Ендеше Қасен қайда?

«Қасен қайда?» қорқыта бастады.

– Қаңғып кетпесе еді...

– О, құтырып па!

– Енді қайда?!..

Бригада жұбын жазбай жүріп Қасенді іздеді. Не от иісі, не тамақ иісі мұрынға келмейді.

Текшелеп үйген шпалдарға рельстің біреуін сүйеп кеткендері есінде еді, жоғалап келіп, Есім соны тапты:

– Табылды! Табылды!..

– Не табылды?

– Қасенді қалдырған орнымыз табылды...

– Өзі қайда?

– Көрінбейді...

– Біз де көре алмай тұрмыз...

Бригада тұра қалып сол маңайдың астаң-кестеңін шығарды. Екі метрдей ұлып түскесін, Қасенді қалдырған орын да табылды: біразғана қу отын, екі ауыр тоқпақ қалыпты.

Өзгесі қайда мұның?

Қасен жолдас бір жаққа тасып, тыққан болар ма?..

Енді Қасеннің атына жолдас дегенді қоспасаң, әлде қандай халге ұшыраған адамнан ерсі болатын сияқты көрінді.

Дегенмен екі жәшік көзге түскенде, қарын дауы да бой бермей барады екен, бәрі жәшікке қол қойды. Әттең мұндай жерге өкініш араласпай жүре ме, жәшіктің ішінде балта, балға, ожау, темір тарелке сияқты ыдыстардан басқа, тамақ затынан өркеш тұз ғана табылды.

Петр Капица тұздың бір түйірін ауызға салып жіберіп: «қалай дәмді еді!» деуі-ақ мұң екен, «солай ма екен!» деп, басқалар да тұзға қолды салып-салып жіберді.

Екінші жәшікті тағы ашып, енді соған үймеледі: консерві қалбырының үстінде көкпеңбек боп мөлдіреп екі литр спирт жатыр екен, жұрт бас салды. Петр бір қолымен бутылканың мойнынан қысып, екінші қолымен түбінен ұра бергенде:

– Тимеңдер! Бұл спирт! – деп, Есім бутылканы жұлып алып, жәшікке қайта салды.

– Қасенді іздейік те! – деді бар даусымен.

– Ие, Қасенді іздеу керек... – десті бәрі де.

– Ал қалай іздейміз?

Күн бойы көптің бірі болып, ешбір жөн сілтей алмағанына ұялғандай, Есімнің бет-аузы дуылдап кетті. Бетінде қарақожалақ болмаған түймедей жер қалса, қып-қызыл болғандай еді. Сондықтан, оның дауысы ширақ, команда сияқтанып шықты:

– Қар үстінен іздеп те керек жоқ! – деді ол, – тапсақ қар астынан табамыз... Мына жәшіктер екі метрдің астынан табылды ғой, олай болса осы тереңдіктен Қасен де табылуға тиіс... Мүмкін одан да төменіректен кездесер. Бір топ адам осы арадан тура тартып ат жалға қарай қазайық. Енді бір топ ат жалдың бойын өрлей, ақ таудың етегін ала қазсын. Тереңдігі екі метр, көлденеңі бір жарым!.. Наталья, сіз қазған қардың тереңдігін өлшеп, теріс кетпеу жағын бақылаңыз. Және, спирт жәшігіне ие болыңыз! – деді.

Бригада екіге бөлініп, бір топ ат жалды етектей, екінші тобы тура ат жалға бет қойып, ақ тауды қаза бастады. Кесек-кесек қар тағы да төмен қарай сырғып, адам күшіне жол берді. Ат жалға қарай он метр барғанда бірінші табылған нәрсе тас көмір салынған қапшық болды.

– Қасеннің жөні көрінді! – деді Петр Капица, – Адам деген осылай да жасырынады екен!.. – деді тағы да.

– Дұрыс айтасың.. Азық-түлікті бір-бірлеп тасыған ғой осылай қарай... Осы қапшықтың аузы қалай қарап жатса, солай қарай қазуымыз керек... Әй, бері келіңдер! – деп Есім бригаданы қайта қосып, көлденең жатқан ат жалға қарай тура салды.

– Есі бар адам басқаша істер ме! – деп Наталья да Есімнің сөзін мақұлдады.

Қуаныш белгісі берілгеннен кейін, бригада таңертеңгі қайратқа қайта мініп, ақ тауды талқандап, ілгері қарай тезірек жүріп кетті. Бірақ, боран да бәсеңдейтін түрі жоқ. Бригаданың қанша терең ғып қазған жерін, өзінше-ақ көміп тастап тұр.

Опырып-жапырып алда келе жатқан Петр Семеныч:

– Наталья! – деді айғайлап.

Бұл оның Наталья жеңгейді қуантарда, не болмаса ерлік сияқты бірдеме істеп салғанда шығатын дауысы еді.

– Немене, Петя?.. – Бұ да Натальяның сүйінгенде ғана аузынан шығатын жылы сөзі болатын.

– Күрегім тіреліп тұр!

– Болды!.. Жетер мақтануың! Не таптың? – Петр Семеныч бұл жерде босқа мақтанған жоқ екен: күрегі бітеу кухняның мойнына келіп тіреліпті.

Бригада енді осы араға үймелеп, қар астынан жәшіктерді, кухняны суырып алды.

Сол кезде:

– Әй, кухняны қиратып ала көрмеңдер! – деп, айғай сала, қар астынан Қасен де шыға келді...

Қасен қар астында біраз жатқасын жылынып, әрі-беріден соң түрегеп те алған. Қар астында адам тұншықпайды екен. Адамның демімен қар еріп, бастың айналасы кеңи береді екен. Күртік нығайған сайын, қар өз салмағын өзі көтеріп, еше беруді де қойған. Бірақ, қолда күрек жоқ адам, қарды қанша тесіп азғана әрекет істей беріп еді. Қанша әуреленгені белгісіз, әйтеуір бір кезде үстіндегі салмақ жеңілене бастағанда қар астындағы Қасен де тулаған... Енді міне, үйіріне қосылды. Жолдастарын бір-бір құшақтап болғасын, Қасеннің бірінші айтқаны:

– Қар астында боран жоқ екен!–деді. Жолдастарының сақылдап күлгеніне қарамай:

– Жер үйден жылы десем иланбассыңдар, барақтан жылы екеніне жаным-ды берем! – деді тағы да.

– Өзіңді аман алып қалғасын мақтай бер, Қасен! Біз сені боран айдап кетті ме деп қорқып едік... Салмағыңның қанша екені мәлім ғой... – деп жолдастары үйреншікті әзілге айналдырды.

– Қасендікі дұрыс. Бастан талай кешкен болатынбыз, – деп, Сейтен қарт Қасенге қосылды. Бұл кісі әлденеге назаланғандай, күн бойы аузын бір ашқан жоқ еді. – Қасеннің неге айтып тұрғанын білесіңдер ме? Тыңдап байқаңдар әуелі. Содан соң күлерсіңдер! – деп Қасенге айта бер деген пішінмен қарады.

– Жолдастар, қалжыңды қойып тыңдасаңдар, мен бір ұсыныс жасар едім,– деді Қасен қысылыңқырап.

– Айт, айт!

– Ақыр заманды да көргеміз деген секілді, қар астын көріп қайттым... Осы ардан ойып тұрып маған бір үңгір жасап берсеңдер, мен тамақ істер едім... Қар астынан артық баспананы бүкіл жол бойынан таба алмаймыз... Өз қара басым қар астында қыстап шығуға бармын! – деді Қасен.

Сейтен қарт Қасеннің ұсынысы шалалау болды-ау деген адамша азырақ қырын қарап кетті де, өз ойындағысын тап бұл жерде айтпады. Оның ойында Қасен ұсынысының жалғасы жатыр еді де, өлшеп-пішіп айтуға үйренген қарт ол ойын тағы бір салмақтап алғысы келді:

—

— Қасен дұрыс айтады. Ақ таудың астын үңгірлеп тұрып кіруіміз керек. Тыста боран ұли берсін! — деді де қойды.

Ашыққан бригада Қасеннің ұсынысымен ақ таудың астын үңгірлеп жіберіп, желсіз, борансыз, суықсыз, ақ сарайдың астына кірді де кетті. Біраз үңгіп, ойылған қарды сыртқа тасып, әрі кең, әрі терең туннельмен бригада түгел тау астына түсіп кетті.

Сыртта боран әлі ұлып тұр. Енді аузыма түскен шығарсың деп, сақ-сақ күлген сұрапыл, бар адамнан біржола айырылып, ойды-қырды астаң-кестең қопарып, ол жүр таба алмай.

— Осында кірсең, шығармаспын! — деп, бригаданың ақ тау астына кірген үңгірін де бітеп тастады. Үйіп жатыр тағы да!

— Алды-артыңды түгел орап, құшағымнан шығармайын! — деп, қара түн де орнады.

Ақ таудың астында Қасен де кухнясына от берді... Қалжыраған, жаураған, ашыққан жандар киімдерін шешіп, үсті-бастарын қағына бастады.

Тыста боран мен аяз бұларды іздеп, дүниедегі бар ұлудың бәріне басып, ұлып жүр. Өшіккен жау, ашынған долы алай-түлей борай соғып, сол түбектен бергі қардың, бәрін айдап әкеліп — иіріп жатыр, үйіп жатыр...

IV

Қысқы ұзақ түн... Бет-аузы айғыз-айғыз қабырға сағат ұзақ түнді онан өткізгісі келгендей безектеп тұр. Асығыс-ақ соғады, амалы не, ауыр түн қозғалар емес.

Әлде ғана ашылған терезені қар тағы да бітеп кетті. Ұлыған боран тыста әлі өңештеп тұр. Аласа ғана жер үй ұлыған боранмен бірге әлдеқайда көшіп бара жатқандай сезіледі. Темір пештің ішінде сөніп бара жатқан қызыл шоқтар көзін қысып, күлге оранып, ақырын ғана ұйқыға кетіп барады.

Гуриннің кірпіктері де жанаса кетсе-ақ жабыса кеткелі отыр. Бармақтай ғып орап алған үсті-үстіне сорып, будақтаған көк түтінді, әдейі көзіне қарай жіберіп отырған сияқтанады. Екі көзін қос жұдырықтап әлсін-әлсін уқалап қояды.

Сағаттың бірқалыпта шықылдап тұрғаны әрі беймаза, әрі ұйқы келтіріп тербетіп барады. Гуриннің алдында скамейкада қара тонға оранып отырған Динаның ұзын қара кірпіктері алдақашан айқасып, басы бұлғаңдай бастады. Жылынған денесі балбырап, еріксіз ұйқыға әкетіп барады.

— Дина, қалғымай тұра тұршы... Не істейміз? Сен ойыңды айтшы!.. — деді Гурин, ақырын ғана.

Дина селк етіп көзін ашты да:

— Мен бе?.. Айттым ғой көргенімді. Қорытындыңызды өзіңіз шығара беріңіз... Менде шама қалмай барады, тұла бойым қорғасындай, — деді.

— Мен Маркиннің сөзіне сене алмай отырмын. Тоңғақ болатын еді, көбі іздеуге шыдамай, босқа көпіртіп қайтты ма дей берем... Өзің білесің, сөз арзаны аузына оңай түсе кететін жігіт қой ол, — деді Гурин есігі ашық тұрған екінші бөлмеге қарап.

– Оның рас шығар! – дегендей, ол бөлмеде алдақашан ұйықтап қалған Маркин кеңсірігін жара тағы бір қор етіп қойды.

– Маркин жалғыз емес, бригадир Саржанов үшеуміз бардық қой? Еш порсенің ізін таба алмадық. Біз үн ести алмадық... Сол алапта дәл үш сағат жүріп трактордың қасына келсек – майы қатып қалыпты. Өзің не істей алар еңі? Трактор қала барды... Өзіміз адаса-адаса қаланы әрең таптық. Менің айтарым да сол: олар боранда жұмыс істей алған жоқ, қалаға қайтамыз деп адасып кетті. Қалай ғып атса, солай іздеуге шығуымыз керек... – деп, шылым тартпайтын Дина да темекі орай бастады.

– Тартпа, Дина... Бар, ұйықтай тұр, – деп Гурин оның қолындағы шылымын алды.

Қара тонын сүйретіп, екі аяғын әрең басып, Дина шығып кетті.

Тонды жамылған бойы, шешінбестен барып скамейкаға құлай кеткені көзілді.

Гурин участкелердің бәріне мынадай телеграмма жазды:

«Кеше таңертең Қайрақты қаласына барған ерекше бригада әлі күнге хабарсыз кетіп барады: барлығы он жеті адам еді. Іздеп шыққан адамдарымыз ешбір із ұшыраса алмай қайтты. Адасып кетті деп жорамалдаймыз. Таң ата іздеуге шығамыз. Түс-түсынан жәрдемдесіп, іздесе көріңіздер. Участок начальнигінің орынбасары Гурин».

Телеграмманы жан-жаққа жіберді де, Гурин телефонға отырды.

– Қима! Қима!.. Қима!..

Қима оңай тіл қатсын ба!

«Құдай қол астында» телефонмен сөйлесудің бір қиын жері болса—ол осы Атбасар мен Қимада деп біліңіз! Телефондағы қыздар өліп бара жатырмын десең, оңай жауап бермесі өмірде жөн сөйлеп көрмеген адамдар сияқты.

Сен: – Атбасармысың? – дейсің, өздерінің тәртібі бойынша.

Ол: – Атбасар емей кім деп еңі? – дейді. Бұл кімнің тәртібі екенін, әрине, білмейсің.

Қима демейді, «Қима» дейді, әрі мұрындарынан сөйлейді. Екі ауыз сөзге келмейсің, ұрсысып қаласың. Ең, қызық жері—көрісе қалсаң, сен білетін орысша, татарша, қазақша үш тілдің үшеуіне де бой бермейді. Сілеңді қатырып, тұқырта келіп барып тоқтайды.

Гуринге де осыны істеді:

– Корин болсаң қайтейік! Бола бер!.. Немене, соншама. Ерігіп отыр екенсің! Мұндағы жұрт бораннан көз аша алмай отырса! – деп жерлеп алды әуелі. Гуриннің ұйқысы шайдай ашылды.

Өлдім-талдым дегенде екі жермен әрең сөйлесіп, ешбір хабар ала алмай, Гурин далаға шыға келгенде бозаңдап таң да атып келеді екен. Әр үйдің таңы ғой шақыра бастады. Әлдеқайда бұлкілдеп қана бір-ер ит үріп жүр.

Дереу екі ЧТЗ-ны әзірлетіп жіберіп, Гурин қаладағы бар адамды қаз бастырды. Бәрін де бригаданы іздеуге шығарды.

– Бір трактормен сен жолдың оң қабырғасын сүзе отыр, мен сол қабырғасында боламын. Екі арамыз атты жаяу адам болады. Түйісер жеріміз «Қайрақтының» қаласы болсын.

Түнде қалжырап жүрген Дина енді құландай ойнайды. Кешегі талғандықтың бәрі ұмыт болыпты. Гурин де ширақ көрінгесін, «о да дем алған екен» деп ойлады ол.

Бұлар қаладан шыға бергенде күн сияқты бірдеме көзге ілініп қалды да жоқ, болды. Дауылды боран түн бойы дем алып, тыныгып қалғандай, ішін қайта-қайта тартып, ұйтқи соғып, қайта құтырынып кетті. Көп адамның бет-ауызын қаладан шықпай жатып-ақ қарып әкетті.

Жайылып іздеген көп адам жол бойын сүзіп отырып «Қайрақтының» қаласына жеткенде күн батардың аз-ақ алды еді. Күні бойы жүргендері тоғыз-ақ километр! Оның үстіне күні бойы ешкімнің көзі ешнәрсені шалған да жоқ.

– Сезілді ме ешнәрсе?

– Жоқ. Өздерің ше?

– Жоқ...

Түйіскен жердегі сөйленген сөз осы-ақ болды.... Басқа сұрау көп те, бірақ жауабы жоқ еді соның...

«Қайрақтыны» кесіп өткен ат жалдың бейнесі кішігірім таудай бар! Екі қабырғасы екі жаққа жайылып, аңғар да қосылып кетті. Кең аңғарды лық толтырған қар, жүрер жолын жөндеп алғандай еркін аңқытып барады.

– Трактор қай жерде қалып еді кеше?

– Осы тұста еді... Қар жүріп кетсе керек үстінен.

– Осы арада қалғанына анық көзің жете ме?

– Ол даусыз болу керек.

Өзге былай тұрсын, кеше кешке ғана болған тракторды жұтып жіберген боран таңдандырды.

Солтүстықтан қара түн қанатын жайып тағы келеді... Қалжыраған жұрт ақ таудың үстінде тағы біраз тұрды да, енді бетті ыққа қарай түзеп, жақын поселкаға тартты.

Дерек боларлық ешнәрсе жоқ, азғана үміт біржола үзілгендей. Участок үлкен ұятқа ұрынғандай, үн-түн жоқ, қалаға кірісті.

Гуринді мұнда да бір үлкен іс күтіп тұр екен. Екінші прораб мынадай телеграмманы ұсынды:

«Барлық участок бастықтарына, бригадаларға! Қарағандыдан 900 тонна көмір алып шыққан эшелон Ақмолада тұр. Жол бойындағы үзіктер жалғанып, қары аршылы тұрсын. Төртінші мен үшінші участоктің шекарасы, жолдың екі басы жалғанатын жер. Артық күш сонда жіберілсін!» – депті...

Гурин сырт киімін әрең сыпырып тастап, пештің қуысына барып құлады да ұйықтап кетті..

Өйткені есіктен кіріп келе жатқан участок бастығын көзі шалып қалған еді.

– Гурин, Гурин! Не болған саған? – деп жұлқылаған бастығына жауап беруге шамасы да келмеді...

V

Қар астындағы алғашқы минуттар ауыр өтті. «Қар астында қалдық қой» деген ой ауыр ма, үстегі қар ауыр ма, қараңғы түн ауыр ма, әйтеуір ой бөгеліп, кекіл торыға қалды.

Қарбаласта әрең жасап алған үңгір иықтан басып тұрған сияқты. Он бір адам темір кухняны ортаға ала дөңгелене отырысты да, көпке дейін үндеспей қалды.

Мыс қазаны мен мискелерін, консерваларын әзірлеп, пышағын жалаңдатып Қасен ғана көңілді жүр. Үңгірдің іші біресе нарттай қызарып, біресе көгілдір тартып, от сәулесімен жымыңдасып тұр. Еркін масайрап, күле қарап, көңілді жанып тұрған от айналасында отырған адамдарға әлденені сыбырлап тұрғандай:

– Мәңгілік күштен өнеге ал! Жабырқама, жадыра! Сенің сендігің де осында болатын! – дейтіндей.

Сейтен қарт кәрі көздердің құйрығымен жолдастарын бір шолып өтіп еді, қажыған жандар тамақтанып алғанша, әңгіме тыңдайтын түрі жоқ сияқты көрінді.

Ойында жүрген ұсынысын ортаға салуға әлденеше ыңғайланса да, дәл қазір қолғыстау болып жүрер деді де айтпады. Сондықтан, ақырын ғана орнынан тұрып, күрегін қолына алды да үңгірдің етегінен сандықтай қарды ойып алып, тысқа әкетті. Үңгірдің бітеле бастаған аузын кеңейтіп жіберіп, көтерген қарын төмен қарай сырғытып жіберді. Қайтып келіп тағы бір кесекті алып кетті. Асықпай-саспай, ешкімге ешнәрсе демей, өз жұмысын үндемей істеп, осылай жүрді де қойды.

Қасен тамағын ысытып болғанша, Сейтен қардың астын қуалай, әрі қарай кетіп те қалған еді.

– Сейтен, не істеп жүрсің? Өзіне оңаша бөлме жасап жүрсің бе? – деді Петр Клинца.

– Жоқ, Наталья екеуіне оңаша отау жасап жатырмын... Сендердей жас қалыңдық пен жас күйеудің қадірін менен басқа кім біледі дейсің! – деп Сейтен тағы бір кесек қарды сыртқа қарай алып кетті.

– Мен білем сенің не істеп жүргеніңді! – деп, Петр де орнынан тұрып, Сейтеннің соңынан кетті.

– Эй, сен не ойлап жүрсің! – деді Петр, сыртқы ауызда Сейтеннің білегінен ұстай алып.

– Айттым ғой!..

– Жоқ! Ол емес!.. Мен түсіндім сенің ойыңды!..

– Түсінсең қолыңа күрегіңді ал!

Петр жүгіріп келіп, күрегін алды. Келесі жолы екі қарт екі үлкен кесекті бірге алып кетті.

Бұлардың не істеп жүргендері жолдастарына әлі белгісіз. Не сөйлесіп жүргендері де естілмейді. Дауыстары біресе үңгірдің түкпірінде, біресе тысқа шығар ауызда ғана күңгірлейді. Күңкілдеседі, күледі... Бірін бірі көтермелеп, демеп, мақұлдап жүрген сияқты.

Аздасын оларға Наталья барып қосылды.

– Құтырған, шалдар-ау, не істеп жүрсіңдер?

– Шығарма үніңді! Ішің білсін! – деп Петр Семеныч Натальяның білегін бір қысып қойды.

– Екі шал бір қызық істегелі жүрген болар! – деді де Наталья үндемеді.

– От әкелші, жарық қылшы!.. Мына бір жатқандар немене екен... Күрек тіреліп қалды ғой... – деп Петр Натальяны отқа жұмсады.

Наталья шырпы тұтатып жарық қылған кезде, Сейтен бір ташанкені суырып алды.

– О, сен, жүз жаса, Сейтен!

– Саған мен екі жүзді де көпсінбеймін!

Манадан шала ұғынып, ұғынса да шалдардың ойын аузынан жырып әкете алмай Есім қысылып отыр еді. Енді ол да күрегін қолына алып үңгірдің түкпіріне барды:

– Мен оя берейін, сіздер сыртқа сырғыта беріңіздер!

Енді үшеуінің көздері түйісіп, түсіне қалғандай. Біріне бірі жымия қарап тұрып қалыпты.

– Көрдің бе? – дегендей, Петр Сейтен шалды ойығымен нұқып қалды. Сейтен оған да соны істеді.

– Мен де түсіндім. Рақмет, шалдарым! – деді Есім – Енді қалай, темір жолды ақ таудың астымен сала береміз бе?

– Молодец, бригадир! Түсініпсің!

– Жігіт екенсің! Ақ тауды кеулеп жіберіп, рельсті қардың астымен төсей берсек қайтер?.. Тыстан алдырмағанды іштен алдыңдар деп, кім ұрсар екен? – деді Сейтен.

Сейтеннің ұсынысы әрі қызық, әрі жат көрінді жолдастарына. Батылдығы және қандай? Мүмкін бе екен бұл? Күлкі болып жүрмес пе?

– Сендер емес, біз таптық! – дегендей шалдар жымыңдасады.

– Мына шалдарды көрдің бе! – дегендей, жастар біріне-бірі қарасады.

Ақырында алма-кезек пікір айтылып, ұсыныс салмақталып болғасын, шалдарға бәрі қосылды.

– Жалғыз амал осы болса – нар тәуекел! – деп осыған сөз байласты.

– Отын көп, тамақ жетеді!.. Тап осы ойға мен де келіп едім мана... Мазақ қыласыңдар ма деп, айта алмап едім... – деп, Қасен де қуаттады.

– Ал, қарды сыртқа тасу жағы қалай болар?

– Бар әңгіме осында ғой, балалар-ау?!. Сырттан аршығанда ол қарды бір жаққа тасымас па едің?

– Әрине...

Ендеше, ат жалдың тұс-тұсынан тесіп жіберіп, ішкі қарды тысқа қарай сырғыта береміз. Ішке бір күрек қар түспейді. Біз аршитын ат жалдың ұзындығы жүз тоқсан метр, бес күндік қана жұмыс емес пе?

– Ат жалдың үстін бір аршып алсақ, ақ таудың асты кең сарайдай болады. Сонсын сала бер жолыңды! – деп, Сейтен бар ойының байлауын айтты.

– Тоқтасын сөз! Ендігі ерлік істе сыналсын!

– Жә, бәсе!

Осы сөздер айтылуы-ақ мұң екен, шалдардың ұсынысы ойға шақ, бойға лайық істердің біріндей ғана болып қалды. Әлі де біраз жатырақ көрінетіндігі жоқ емес, дегенмен, қолдан келетіні де даусыз ғой. Құр қамалғанша алысып байқаған жақсы да! Атаң істеп көрмегеннің бәрінен шошына берсек, алға басқаның қай жерде!.. Баста, бала! – деп Сейтен күрегін қолына алды. Аяқ-табағын асығып жинай салып, Қасен де күрегіне жармасты.

Дем алайық, тыныгайық-ау деген ешкім жоқ, ерекше бригада ат жалға дейін тура барды да, содан кейін ық беттегі бүйірге екі коридор жасап алып, ішкі қарды сыртқа қарай сырғыта бастады.

Ақ таудың астында не боп жатқанын біле алмай, бүлк еткенді аңдып сұрапыл тұр ауызда. Сыртқа қарай атылған кесек қарларды қуып о да жөнелді ойға қарай. Іштегілер өшіккен итке тас атқан сияқты да, сұрапыл боран бір ошіккен ит, лақтырған тасты қуып барып, тоқтаған қарды да бір қауып қалып, кейін қарай қайта жүгіреді.

Қар астындағылар қайсар күшке, табан тірескен алысқа әбден кіріп алған. Ат жалдың өн бойын өрлей көп жерді аршып тастаған, ішкі қарды сыртқа шығаратын бірнеше коридор да жасап алған.

– Жолдастар, енді біраз дем алайық! – деп Есім бригаданы тоқтатқанда сағат түнгі төрт екен. Ат жалдың қыр арқасында аршылған жердің ұзындығы он екі аттам, биіктігі кісі бойы, көлденеңі бес метрдей болып шықты. Ақ сарайдың бір босағасынан бұрын төселген рельстің шеті де шыға келді.

– Ұстадым ба құйрығыңнан! – деп, Сейтен шойын жолды күрегімен тықылдатып қойды.

– Әлі жүз тоқсан метр жерді аршуымыз керек-ау, Сейтен! Оңай көріп жүрме мұны! – деп Петр Семеныч та келді.

Екі шал жоғалғанын тапқандай, бір сүйем шойынға сүйсіне қарап, сол араға бөгеліп қалды.

Қызыл шоқтай қып-қызыл темір пештің тұяқтары тұрған жеріне батып барады. От лебінен ери бастаған қар төбеден мөлт-мөлт етеді. Қар үңгірдің қабырғалары да терши бастаған. Мөлдіреген тамшылар мөлт етіп пешке құлайды да, өзінше буға айналады.

Мұз жастанып, қар төсенген бригада ұйқыға кетіп барады.

Есрафил де соны айтады екен... Сұрапыл деген содан қалса керек, – деп, Сейтен де ескі нұсқалардың бірін аяқтады.

VI

...Кешегіден гөрі бүгінгі күннің алды тар сияқты:

– Қараганды көмірі Магнитогорға төте асқалы, эшелондар Ақмолаға келіп тұр! – деген хабар жол бойын түгел майданға шығарды.

Жолдың өн бойы қарақұрым қалың қол мылқау жау ақ боранмен табан аудырмай алысып жатыр. Темір жол салушылардың өздерінен басқа, тұс-тұстағы колхоздардан адам жібермегені жоқ. Алысқа түспеген колхоздар өзінен-

өзі ұялып отыратын шақ еді бұл. Әр топ, алуан күштер сынға салынып, өзара жарысқа түсіп, жұмсалар күшке тұтасқан үн берілген шақ еді бұл.

Осы алысқа екі күн өтті, жонын көрсеткен жау да жоқ, алғанын қайтарған ел де жоқ: бір аршып алған жерді енді қайтып қар құшағына қайта бермей келеді.

Сұрапылдың да уыты алынып, күші қайтқанға ұқсайды. Ақ азулары әлі де сақылдап тұрса да, бұл күш белгісі емес, жеңілгенінің ызасы сияқты.

Дауыл жел дүниені неше рет шырқ айналса да, түп қазығын теріскей беттен суырмай тұр еді, бүгін батысқа қарай жылысқандығы байқалады. Түс кезінде күн де бір көрініп қалды. Әлі де құлақтанып тұр, айналасы қызылды-жасылды шеңбердей болғанмен жүзі жылитып қалпын да байқатып қалды. Егер күндегідей қашан батып, қайда кеткенін жасырмай, кешкі ұясына еңкейгенде тағы бір белгі бере алса, ертеңгі күн ашық болады деуге болатын.

Жол бойындағы қалың қолдың ара-арасында желе-жортып қар тазалағыш паровоз жүр. Шегенделіп жатқан қарды есіп өткенде екі ернеуінен ақ көбік бұрқ-бұрқ еткендей болады. Шақпақ тастай кесек қарлар жаңқаланып сынып, етекке қарай ұшып түсіп жатыр.

«Қайрақтының» алқымына қарай бір топ адам келіп шоқтарыла қалды.

– Осы арадан бастайық! – деді бұйра бөрікті жігіт, қасындағы әйелге.

Бұл Гурин еді. Бұл аққұба жігіт еді, енді сіріңке қара болып кетіпті. Оның қалтасындағы саяси бөлімнің соңғы бұйрығы да жүр: «Мұндай апатқа ұшыратқан Гуриннің жұмысы дереу тексерілуге берілсін» деген сөздер есінен бір шықпайды оның.

– Тексеруден қорықпаймын, ұятты қайтермін! – дейді ұяла білетін Гурин.– Өзім бастап келуім керек еді де! Бар адамды қырып алып, жауаптан қашамын ба? Жаза шарқын білемін!..

«Қайрақтының» алқымына жүз метрдей жер қалғанда бұл топ тоқтады да шөгіп жатқан ақ тауға қол салды.

Гурин арғы беттегі бригадаға ғана барып қайтайын деп, биік қырқаның үстімен әрі кетті.

Ол тая-сырғанай қырқаның ең биік шоқтығына шықты да алды-артына көз салды. Көз жетер жердің бәрінде де жол үстіне жабылған адам. Ескектей сырғып, апырып-жапырып жүрген жол тазартқыштар. Айғардың екі жағынан түскен топтар біріне бірі жақындап, таянып келе жатыр.

Ертең осы ақ таудың өзіне де салармыз қолды! Жоныңды тіліп тұрып, астаң-кестеңін шығарсақ, төбеңнен түскендей көрерсің! Сендегі кек аз емес!– деп Гурин өзімен өзі серттесіп тұрғандай. Қырқаның арғы етегінде кез ағашқа байланған қызыл шүберекке көзі тоқтады.

Дәл қырқаның ық бетінде әр жерде үйіліп жатқан тау-тау кесек қарларды көзі шалды. Соңғы боран іштен шыққан кесек қарларды да бауырына басып, кейбір елеусіз бейнелерді ғана қалдырған.

Қызыл туды көтерген үлкен бір топ биік ақ таудың үстіне шығып барады. Барды да айқаса түсті. Алдырман деген, шығарман деген биігің осы болса, алынғаныңды көзің көрсін дегендей, ақ таудың дәл шоқтығына шығып алып,

күрегін қадады. Ақ өркештердің астынан қырқып, ақ таудың қойнына кіре бастады.

Ақ тау ауырсынғандай, әлгінде ғана күдірейіп тұрған шоқтығы басылып, белі қайқаңдай бастады. Ұзамай дөңкиіп жатқан жотаның жуан белі үзіліп, ортасы кертештеніп те қалды.

Бұл кезде қар тазалағыш та жақындап келіп қалған еді. Алды бар екпінімен ақ тауды омырауымен соғып бір жіберді де кейін шегінді. Тағы соғылды, тағы...

Осыған алаңдап келе жатқан Гурин бір кезде ақ таудың астына күмп ете түсті. Не болғанын да біле алмай қалды. Қап-қараңғы, көгілдір үңгір... Тарсылдатқан, шықылдатқан дыбыстар... Күңгірлеген адам дауыстары... Шпал... Рельс... Консерві иісі... Тамақ иісі...

– Гурин, Гурин! – деген таныс дауыстар келеді.

Әлдекімнің құшағы мойнына оралып та қалды.

– Наталья!

– Сейтеке!

– Сережа, Миша!

– Есім!.. Гурин!.. – деген дауыстар бірінен соң бірі басым шығады.

Алынбай жатқан ат жалдың үсті аршылып қалған. Жетпіс метрдей жердің рельсі де төселіп, енді тек шегеленуі, бекітілуі ғана қалған екен.

– Мына қар астынан жол салудың инженері мына шал! – деп Петр Капица Сейтенді иығынан бір итеріп жіберді...

Гурин аң-таң. Әлі ешнәрсе толық ұялаған жоқ ойына. Бригаданың он жеті адамын кезек-кезек құшақтап, біресе күліп, біресе көзіне жас алады.

Ертеңіне есіліп ақ тау, жосылып жота жол берді, жол үзіңгі жалғанып қалды екі ішек қосылып. Поезд да өтті ен далада еркін салып айғайын, будақтатып көсіліп. Есрафил да бұл алыстан түңілді, жас алыптан – жаңа адамнан үміт кесіп, тосылып. Бар ашуы алқымына тығылып, қалжыраған, бір тұрып, бір жығылып, кетті қайтып мұз жеріне, түбегіне, қанды іздері қалды қарда жосылып...

ЕР ҚАПТАҒАЙ

(аңыз)

Ішін тартып, өкси соққан ұлыма боран кешке қарай тіпті түтеп кетіп еді. Білқаш жақ бетке шығып алып, дәл сол бүйірден қадалған дүлей үскірік жел лыпып апатқа айналдырғалы келе жатқан. Алты ай бойы қысқанына айызы қанбағандай, кәрлі қыс Найман елінің мәңгібақи есінде қалатындай болып, қан жылатып айрылысқалы келеді.

Қия бір тастың қасында батыр Қаптағайдың еңсесі биік қара үйі тұр. Маздап жанған оттың ойнақтаған ұшқындары шаңырақтан шыға беріп боранға соғып,

қайта бұққандай болады. Батыр Қабан «әуп!» деп кекіріп калғанда, зеңбірек атылғандай, үй сыртындағы қия жартас та солқ ете түседі.

Жорық желісін Ескендір Зұлқарнайыннан гөрі де ұзынырақ тартам деген атақты алып Әзірет-Әлі бүгін осы Найман ішіне келіп қалыпты деген лақап тарап еді. Астында айшылықты алты-ақ аттар Теңбілкөк дүлдүл, қолында он екі құлаш зұлнықар. Лақап бойынша арыстан атанған Әлі батыр Қаптағайдың қара үйіне келіп тоқтады. Теңбілкөкті жартастың қасына қаңтара салып, Әлі кіріп келгенде, шөккен нардай ер Қаптағай төр алдында кешкі тамағына жаңа ғана қол қоя бастаған еді.

Бұл үйдегі жандардың бір ерекшелігі — бір астауға екеуінің қолы қатар сыйыса алмайтын да, екінші ерекшелігі — бір астау етке біреуі-ақ тоя алатын. Сондықтан, осы үйдегі бес еркектің алдында бес астау ет еді. Әзірет-Әлі кіріп келгенде, қарт батырдың екі жағына қақ жарыла отырған төрт ұлы, алдындағы ағаш астауда жатқан атан басына батыр Қабанның қол салуын күтіп отырған кезі еді. Батыр кіріп келді де таң қалды. Оны таң қалдырған астауда тұтас-тұтас күйінде жатқан түйе жіліктерін ұстай берген бақан саусақты қолдар еді.

Тұтас піскен атан басының жақтарын жұлып тастап, танаудан тартып, таңдай, тіл, көмейді бір-ақ сыпырып алып аузына тастап жіберді де ер Қабан Әзірет-Әліге қарады. Қияқтай қара мұртты, дөңгелек қана қара сақалды, келісе біткен, қияпатты адам екен. Ер Қаптағай келген қонақтың келбетіне ырза боп кетіп:

— Кел бері, батыр! — деп, өркеш майдың қақ жартысымен жарты бауыр, бір кесек ет, жарты бүйенді асатқысы келіп ұсынып еді, таңданған қонағы аузын аша алмады. Азырақ шегініп кетті. Дала батырының мынау анайылығына көнгісі келмеді. Үй ортасында лаулаған от келген батырдың көзінде әрең іркіп тұрған күлкі барын да көрсетті.

— Мүмкін болса, әуелі қонуға лұқсат етсеңіз екен, — деді Әлі.

Оның өз тілінде не айтқанын Қаптағай батыр қайдан білсін:

— Асаймысың, ей, жоқ па? — деді, ашу шақыра бастаған қабақпен. Әлі батыр жаңағы өтінішін енді бір тізерлей беріп қайталады.

Ашуы алқымына келіп қалған қарт Қабан, ұсынған етті өзі қағып жіберді де, астауда жатқан атан басын ала салып, жіберді келіп Әліге!

Ол кезде адам да ірі, айуан да ірі, атанның үлкен басы тістері ыржиып қақ шекесіне жақындай бергенде, Әзірет-Әлі бұға беріп «Алла!» деді. Атан басы жыртық қара үйдің жабығын тесіп өтіп, сырттағы жартасқа барып сарт ете түсті.

Келген қонақ батыр да болса сыпайы адам екен, жөн сөйлесіп, жалғыз тілегі — қонып шығу екенін қайта айтып қарап еді, ер Қаптағай ойысқан жоқ. Қырын сындырып, жағыстырып жіберетін тілмаш та жоқ заман ғой, батырлар ұғыныса алмады.

— Сіздердей тағы қалған елге жаңа бір жосық, жаңа бір өмір әкеле жатқан адаммын, — деп, Әзірет-Әлі қойнынан бір кітапты ала бергенде, Қабанның шеңгеліне түйенің асықты жілігі түсіп-ақ калған екен:

– Енді қой былшылыңды! Әйтпесе, – деп, жілікті білемдей бергенде, төрт жілікті қолдарына ала Қаптағайдың горсуды да тұра келген екен.

Тоқпақтай тиетін тоқпақ жілік, «күрзідей» тиетін ортан жілік, шоқпардай тиетін асықты жіліктер жарқ-жұрқ етіп, әр жерден өре тұра келді. Бәрінің көздегені келген батырдың шекесі сияқты.

Мына бес алыпқа қарсы тұрып қайрат қыларға жүрексінді де Әлі батыр артымен жылжып, үйден шығып кетті. Африк а – Азияны түгел кезгенде, дүниенің бір бүйірін алған ұзақ соғыстарда ол мұндай қорлық көрген жоқ еді. Қара түсті, қызыл түсті, ақ түсті, сары түсті елдердің бәрін де көрген. Талай ерлерімен де айқасқан. Ал, мына қылық тағдырдың бір тас кедергісі сияқты тағы көрінді.

Ескендір Зұлқарнайын тіреліп тоқтаған Сырдарияның бойындағы «Алыстағы Ескендірия» қаласынан асып, Әлінің бұл жеткен жері – осы күнгі Сарқант ауданы отырған Ақсу өзенінің бойы, қашаннан бері қалың Найман жайлаған жер еді.

Бұл не, Ескендірден аспа деген тағдыр тілі ме, болмаса, мынау шын-ақ бір батыр ел ме?

Батыр осындай ойға түсіп қалды. Артынан қуа шыққан ешкім жоқ. Бұл да бір батырлық мінез ғой! Әлі дүлдүлін жартастың бауырына ықтатты да өзі атының алқымына тығылды. Сол кезде нақ қасынан піскен еттің иісі мұрнына келді. Ол манағы үйден атып шыққан бас еді – тасқа соғылып сарт еткенде, жарылып қалған. Әлінің мұрнын кытықтаған жылы мидың иісі болатын. Батыр ыстық миды аузына салды да: «Мынау ел тамақ жайын біледі екен», – деп ойлады. Миды тауысып, көзге қол салды. Осы басты лақтырған шал аса дегенде дүзімды аша берсем, теріс болмайды екен-ау деген ой келді. Бәрін қорытып келгенде, таң атқасын осы үйдегі ақкөңіл батырмен тағы да бір ұғынысып өлікайын деген ойға тоқтады да түні бойы құтыра соққан сұрапылға шыдап, атының алқымынан тырп еткен жоқ.

Таң ата жел оң бүйірге шығып, кәрлі қысты қайта қуып, Ақ теңізге қарай қайта айдап тастаған еді: күн көтеріле жердің ақ көрпесі түгел алынып, жайдары шуақ бола қалды.

Ер Қаптағайдың азды-көпті жылқысын айдап, ең кенже баласы тоғыз жасар Мұңайтпас та үйіне келе жатыр. Ботасына аңыраған боз інген де әніне басып келеді. Қара үйдің де түндігі ашылып, батыр жігіттер қолдарына жүген алып, аттарының алдынан шығып барады. Атын отқа жіберіп, Әлі батыр да қара үйге қарай кірді. Соңғы рет батыр Қаптағаймен сөйлескісі келді.

Мұңайтпас бала үйіне жақындай бергенде, оттап жүрген дүлдүлді көріп, таңданып тұра қалды. Қуса қоймас шын тұлпардың бар денесі бөлек екен. Күміс жалды теңбіл көк айғыр түнгі сұрапылды елемегендей. Қамыстай сұлақтары қақ төбесінде, екі көзі тостағандай, сағасы үзіліп тұр. Бір оттап, бір қарап, қысыр биелерге оқырана бастады. Қызыққан бала қайтерін білмей, шырғанбойы о да тұра берді.

Бұл кезде, Әзірет-Әлі Қаптағай батырдың алдына келіп, әдеппен сөйлеп, шілдыра бастаған еді. Қара сөзбен ұғыныса алмаған соң, батырдың алдына бір кітапты жайып жіберіп әндете жөнелген. Мақпалдай жұмсақ қоңыр үн

Қабаңның құлағына да жайлы тие бастады. Мұңды бір күй, терең бір сырды батырға шағып отырғандай, бойын да балқыта бастаған. Алдында, бұл кітаптың қалай сөйлейтініне құлақ салыңыз деп, Әлі аздап үгіттеп те алған.

– Өзінің сазы жақсы екен! – деп, әнқұмар Қаптағай кітапты олайда-бұлай аударып қарап еді, кітап өзі қайдан сөйлесін, үндеген жоқ.

– Өздерінен басқаға үндемейтін болсаң, әрі кет, әрі! – деп, Қабан бір кезде кітапты ысырып тастады. Батырдың көңілі тағы неменеге өкпелей қалғанын біле алмаған Әлі батыр да аңырып қалды.

Жартастың қасында дүлдүлге қарап Мұңайтпас та әлі тұр. Әсем айғырға қатты қызығып, мініп бір бел шауып барып қайтар ма едім дейді. Дүлдүлдің қасында өз ағаларының аттары бір топырыш сияқтанып қалды. Әсем айғырға бүйірі бұрғандай, астындағы тарлан көк бие де мінез көрсете қалды. Мұңайтпас қызыға-қызыға тіпті шыдамас халге жеткен екен, көк биеден түсе қалып, дүлдүлдің алдына тосып кеп қалды. Өмір бойы үйірге түспеген теңбіл көк те өле түсті... Барын қолға ала қимылдап, тарлан биені қапсырып алып, бауырлай жөнелді.

Үйден көңілсіз шыққан Әлі батыр жүгіріп жеткенше, мұндағы жұмыс та бітіп қалып еді...

Қаптағайдың төрт үлкен ұлы аттарына мініп, найзаларын алып, майдан тартып шыға келіпті. Есінен танып қалған дүлдүл көзі терлеп, қозғалғысы келмейді.

– Талай асқар тауды тақымына да қыстырған жоқ едім, сондағы соғылып тоқтар жерім, мына бір болмашы ғана жартас болғаны да! – деп, белін алдырғандай сал бөксе боп қалған дүлдүлді жетелеп, Әзірет-Әлі кейін қайтты. Сол кеткеннен біржола кетті. Мекіре балық тұмсығын тасқа соқты – тоқтады.

Ол келген Әзірет-Әлі емес, әрине, тек атақ сонысы. Әр ел өз ерлігін көтере айтқанда жеңген жауының осал еместігін қоса айтады. Бұл да соның бірі болар. Тек ірілік қана аңыз бола алады. Мен аңыз қалғанына қуандым.

Сол жартас Сарқант ауданында әлі бар, оны тұрғын ел «Дүлдүлтас» дейді...

АНА ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

АДАМНЫҢ АНАСЫ

(Горькийден)

Менің сол жақ бүйірімнен қара бұлт қаптап түтіндетіп келе жатыр. Бұлттың ортасы жерге батқандай, жер қайқаңдап қабағын шытқандай болады.

Қара бұлттың жап-жалбыр бұйра көлеңкесі бауырымен жер сызып, «ә» дегенше көз көрім жерді жауып әкетті... Мен де, қалбаңдап қасымда келе жатқан менің көлеңкем де қара бұлттың қарасұр көлеңкесінің қойнына кіріп кеттік.

Күзгі бозғылт бет сары күн көрпеге оранғандай, қара бұлттың артына жасырынды да, кірпіктерін жерге шанша қойды...

Жер үстінде адам баласы болудан қасиетті не бар дейсің. Тек қандай адамның баласы болу керек, соны айт. Бұған қосатын бір сөз – адамды езетін адамның баласы болма, адамды езетін адамды адамға да санама...

Орине, адам өмірінде көп қиындықтар ұшырасады. Онсыз өмірдің өзі де ойымтікпен тең, сұр көлеңке болар еді. Күрес пен күлкі, қайғы мен шаттық, алыс пен жеңіс, жеңіс пен жетіліс болмаса, бұл шіркіннің өзі де тоңған мұз, ұйыған шіркін емес пе?.. Әңгіме таудай қиындықты тымақтай сілкетін заман жасауда ғой. Жасаймыз да ондай заманды!

– Иә, адам баласы болуға не жетеді дейсің: не көрмейсің, не білмейсің, істегің келсе не істемейсің. Тек істемесең ғана ешнәрсе қызықтырмайды, не ұнамайды, не қуандырмайды, не қайғыртпайды, іс табылмайды. Қуанышшалтықпен да бейжай, шақырылмаған қонақтай ығысып қарап, орныңды таба алмай, кездескен бұтақпен іліге кетесің.

...Менің оң жағымда тырбиған талсымақтың арасында теңселіп келе жатқан ғой адамның бастары қылтияды. Терең теңіздің шулаған толқыны бұлардың даусын әрең ғана естіртеді. Бұлар Сухумнан Әшемірге жұмыс іздеп келе жатқан шығар.

Мен бұларды жақсы білем: бірге істесіп, күні кеше есейімді бірге алысқанмын. Бұлардың кейін қалған себебі, күннің шығуын теңіз жағасында көрейін деп, мен түнде шығып кеткем.

Біреуі томпақ бет, сары орамал тартқан жас әйел, басқалары еркек. Әйел буаз, іші тегенедей төңкеріліп, алқымына тіреліп тұрған сияқты. Кәдімгі, күнде мың көрсең бір қарамай кете беретін жұпыны адам. Нұрсыз көзі бозарып, қорыққан қояндай алайып, ұясынан шығып барады. Басындағы сары орамалы күнбағысқа ұсап, алшаң басып келе жатқанын көріп отырмын. Сухумда оның байы өліп қалғанын да білем. Үйткені, мен осылармен бір барақта тұрғам. Орыс халқының жалпақ әдеті бойынша, өмірдегі бақытсыздықтарын талай рет-ақ айтқан. Шуласып келіп сөйлегенде айнала алты шақырымға естіліп тұратын. Бұлар бір жабырқау адамдар. Өздерін өмір бойы қайғы басып, әбден езіп жіберіпті. Туған жерден айдап шығып, күзгі қураған жапырақтай ұшырып, осы жаққа алып келген де сол өмірдің кемтарлығы. Қазіргі күнде ауыр бейнеттің әбден-ақ илегені сонша, барлық дүниеге өгей ұлша қарайды. Ешнәрсеге қуанбайды, қайғырмайды да: олардың ол кездегі еншісінің өзі де сол ғой. Аяныш түрде, қайыршыларша ғана біріне бірі езу тартып:

— Шіркін, жер-ақ екен...

— Байлықтың құлағы көрініп тұрғаны-ай...

— Жоқ, тасы көп екен...

— Иә, қолайлы жер емес... — деседі.

Сүйтеді де, өз жерлерін кеңес қылады. Етектей болса да өз жеріңді айтсайшы: жеті атадан бергі өлінің сүйегі, тірінің тері сіңген жер емес пе... Өз жерлерін әрі-бері мақтап келеді де:

— Біздікі дейтін жердің өзі осы жердің бетінде қалды ма, жоқ па?

— Осы біз жер бетін түгел біздікі десек қанша кателесеміз? — деп, бірінбірі жеңінен тартып айлалы пішінмен жымиысып тұра қалады. Бұл сұраулары түйінді бір қорытынды секілденіп елестейді.

...Әлгі келе жатқан сары орамалды әйел бір кезде ағаш арасына сұңгіп кеткендей болды. Тамағымды жеп болдым да, шелекшемді беліме іліп, қисық таяғымды қолыма алып, әлгілердің артынан мен де жөнелдім...

Бір бүйірімнен ақырын ғана ыңырсыған адам дауысы келді. Кәдуілгі жалынды сілкіндіріп, жүрегіңді жейтін, адамға ғана естілетін адамның ыңырсуы. Қарасам, бір топ талдың арасын ашып жіберіп, арқасын талға сүйеп, манағы әйел отыр екен. Басын бір жақ иығына салып, екі езуі құлағына жеткендей керіліп, аузы қисайып кетіпті. Көзі ұясынан шығып барады, есінен танып бара жатқан тәрізді. Қайыстай қара қолдарымен төңкерілген ішін басыпты да, адам қорқарлықтай ауыр дем алып отыр. Төңкерілген іші толқып, бір жоғары, бір төмен түседі. Сап-сары тісі ақсиып, ауыр қиналыста.

— Немене, біреу ұрды ма?—дедім, қасына келіп.

— Кет әрі, ұятсыз... Кет!—деп, жалаңаяқтарымен құмды осып, жерді тырналап жатып, басын шайқады.

— Түсіне қалдым... Бұрын да бір ұшырасқан жұмысым болатын... Сонда да қорқып, кейін секіріп кеттім. Әйел байғұс қиналып көзінен жасы парлай бас-

тады. Ұясынан шығып бара жатқан көздері жарылып кетейін деп тұрғандай шыршық атады. Беті күп-күрең болып, долырып кетіпті.

Шәйнегімді, шелекшемді тастай бердім де, әйелдің қасына келдім. Шалқасынан жатқыздым да, тізесін бүгейін деп ем, әйел бетіме салып қалды. Сүйітті де, кеудемнен итеріп жіберіп, аюға ұқсап қырылдап, әрең бұрылды да, торт тағандап ағаштың ішіне қарай сүйретіле жөнелді.

– Бұзақы, сайтан... – деді маған.

Бірақ төрт тағандап жүре алмады, қолдары бүгіліп құлай кетті. Бет-аузы құмға кіріп кетті де, аяқтарын ербеңдетіп, ыңырси бастады. Тезірек жүгіріп келдім де, шалқасынан салып тұрып, тізесін бүктім.

– Жат, қимылдамай... Қазір баланды табасың! – дедім. Үйткені қаганағы жарылған екен... Сүйттім де, жүгіріп теңізге барып, білегімді түріп жіберіп, қолдарымды ысып тұрып жудым да, акушерка қызметіне кірістім.

Әйел олай да бүктетіледі, бұлай да бүктетіледі. Отқа жанған талдың қабығындай тоқсан бұралды, сорлы ана. Жерді ұрып, қолына түскен көдені жұлып алып, аузына тыға бастады. Сол кезде дүниеге келе жатқан адамның басы да көріне бастады-ау, әйтеуір. Бақытты ма, жоқ па, әйтеуір дүниеге бір жаңа адам келе жатыр...

Әйел екеуміз азғана ұрсысып та қалдық, Әйел тісінің арасынан бірдеңе деп маған ұрсады, мен де ақырын ғана оған ұрсамын. Әйел жанына батқандықтан және еркектен ұялғандықтан ұрсатын шығар деймін, мен әйелдің өзін ұяндықтан ұрсам.

– Құдайы құрғыр-ай... – дейді әйел тісінің арасынан сыздықтап.

Көкпеңбек еріндерін тістеп алыпты, аузынан қанды көбік бұрқырап жатыр. Күнге күйіп кеткендей бояусыз көздерінен домаланған жас бұршақтай ырғиды. Сорлы ана денесінен дене бөліп, бір адам екіге бөлініп, ауыр бейнеттің ақтық сілтын өткізіп жатыр.

– Кет деймін... Неткен ұятсыз едің... – дейді әйел, әлсіреген қолдарымен мені кеудеге итеріп.

– Ақымақ болма. Баланды табуыңды біл! – деймін мен, оған кейіп.

Бейшараны қалай аямассың. Жүрегімді ойып бара жатқаны сонша, менің көзімнен де жас бұрқ ете түсті.

– Болсайшы, жылдамырақ! – деппін айқайлап.

...Мінекей, менің қолымда қызыл шаңа адам жатыр. Көзім жасқа толып тұрса да, қып-қызыл екенін анық көрем. Туа салып дүниеге риза болмай жатыр: сұлқынады, тырбаңдайды, жағаласып жүр. Әлі де кіндігінен шешесімен байланысып жатса да, барқырап баж-баж етіп:

– Мен!.. Мен!...–дейді.

Бөлекет, жылмаңдап қолымнан түсіп те кететін. Қолыма алыппын да, сұлқынымнан қараппын да қалыппын.

Кессейші кіндігін!.. – дейді ана, көзі жұмулы жатқан күйі. Көкпеңбек еріндері әрең қимылдайды.

Пышақпен... кес! – дейді тағы да.

Менің пышағымды бараста біреу ұрлап әкеткен. Сондықтан баланың кіндігін тісіммен қырықтым. Бала бақырады, жаңа ғана сөніп жатқан көздері жайнап, ана күле бастады. Қайыстай қара қолдары қалтасынан бірдеме іздеп:

— Қалтамда бір жіп бар еді... кіндігін байлайтын... — дейді, ана күлімдеп.

— Өзің жөнделе тұр, мен баланы шомылдырып әкелейін, — деп баланы ала жөнелдім.

— Ақырын, әй... Ептеп нет... Байқа... Ақырын! — деді ана.

Қолымдағы қызыл адам ептеуді керек ететін емес, жұдырығын түйіп алып:

— Мен... Мен!.. — дейді барқырап.

— Сен!.. Сен!.. Нығая бер! Болаттай берік, тастай қатты бол! Әйтпесе өз жақындарың-ақ басыңды жұлып әкетеді, — дейім балаға.

Теңіздің езуі көпірген толқынына тосып кеп алғанымда, бала манағыдан көрі де басымырақ айғайға басты. Арқасы мен кеудесіне ақырын ғана шапалақтағанымда көзін тыржитып, тыпырлай бастады.

— Айқайла, көтер көкке дауысыңды, қызыл адам! — дейім қызыл адамға.

Қайтып келсем, ана көзін жұмып ернін тістелеп баланың «жолдасына» толғатып жатыр екен. Ыңқылдап жатып:

— Өзіме берші, күнімді! — деді.

— Жата тұр, асықпай!

— Жоқ, берші өзіме! — деп, қалтыраған қолдарымен түймесін ағытып, көкірегін әзірлей бастады. Көкірегін босатуға жәрдем бердім де, баланы анасының жып-жылы бауырына салып ем, біле қойды білем, барылдауын қойып, тыйшыға бастады. Ана баласын қандай таныса, бала да анасын сондай тани қойған сияқты! Бір кезде ашы бір айғайлады да, ана да күліп жіберді.

Ананың сөнген көзі жайнап сала берді. Қуаныш сүю, мейірімділік ойнады ананың көзінде.

— Менің шелекшемді әперші... — деді маған. Шелегін әпердім, ананың бетінде қан ойнай бастады.

— Енді әрі кет! — деді бір кезде.

— Әуреленбе, мен-ақ істеп тастайын...

— Жоқ, әрі кет!..

Ағаштың ішіне барып жасырына қойдым. Азырақ шаршағандаймын. Бірақ, кеудемде бір әдемі құстар ән салып тұрғандай. Ән сондай әдемі, теңіздің толқын үні мен екеуін жыл бойы тыңдауға да болатын. Бір кезде әйел орнынан тұрды.

— Әй, неге тұрдың? — дедім.

Қолымен жерге сүйеніп отырып:

— Мына қарашы, сәулем қалай әдемі ұйықтайды, — деді.

— Әрине, баланың бәрі де осылай әдемі ұйықтайды. Күзгі жалқын жапырақтың үстінде ұйықтап жатқаны болмаса, басқа түк айырмасы жоқ.

— Сен, ана, азырақ жата тұр. Қазір тұруға болмайды, — дедім әйелге.

— Жоқ... Тезірек тұрып әлгілерге жетпесем бола ма...

— Қайда? Әшемірге ме?

— Иә, сонда. Жолдастарым бірталай жерге барып қалған шығар. Тезірек қуып жетейін...

– Апырмау, сен жүре аласың ба?

– Жүрмегенде қайтем?.. Оларға жетпесем болмайды. Жұмыстан қалайын ба?

Ана тал түбінде жұдырығын түйіп жатқан қызыл адамға мейірімді көзінің барлық нұрын төгіп қараған сайын бетіне қан жүгіреді. Ананың нұрлы көзі баланы ақырын ғана, еркелетіп қана сипағандай болады. Таңертеңгі тымықта күннің көзі ғана осылай сипай алады дүниені.

Бұтақ теріп от жақтым да, тастан жерошақ жасап, шай қайнаттым.

– Ана, қазір саған шай ішкізем.

– Шын ба? Жақсы болар еді кеуіп қалдым білем.

– Сені әлгі жолдастарың неге тастап кетті?

– Тастап кетуші ме еді... Өзім қалдым. Өздері азырақ ішіп алып еді, жақсы болды. Әйтпесе олардың алдында қалай босанар едім?..

Осыны айтты да, ұялды білем, білегімен бетін жапты.

– Бұл бірінші балаң ба?

– Иә, бірінші балам. Сен кімсің?

– Мен бе, адаммын-ау, дейім....

– Әрине, адамсың! Қатының бар ма еді?

– Жоқ. Әзір реті келмей қойды...

– Өтірік айтасың.

– Неге?

– Ендеше қатын жұмысын қайдан білесің?

– Оқып едім. Студент дегенді білетін шығарсың?

– Неге білмеймін, біздің поптың баласы да студент еді, поп болам деп оқып жүр.

– Мен де солардың бірі... Жарайды, су әкелейін.

Ана баласына қарады да, дем ала ма екен деп құлағын салып тыңдады.

– Жуынар едім... Су таныс емес: неткен су өзі... әрі сортаң, әрі ащы..

– Осы суға шомыл. Бұл – нағыз денсаулыққа пайдалы су... – дедім.

– Қой әрі!

– Рас, әрі жылы болады.

– Сен бірдеме білетін шығарсың..,

Мен суға келдім. Тастан тасқа секірген толқындар жалын жалбыратып, сынаптай ойнап, ән салады. Күзгі алтын жапырақтар толқында қалқып, алтын жаз лектіқ күндерін шаттықпен өткізейін дегендей-ақ сағымданып, сылаң қағады...

Қайтып келе жатсам, ана жан-жағына қаранып, тастан тасқа еңбектеп барады екен.

– Әй, не істеп жүрсің?

Әйел отыра қалды да, бірдемені жасыра бастады. Түсіне қойдым.

– Маған бер, мен көміп тастайын..

– Айналайын-ай, көмбеуге болмайды ғой. Дұрысында моншаның табалдырығына көму керек еді... – деді.

– Бұл араға жақында монша салынбайды.

— Сен ойын қыласың, мен қорқам... Аң жеп қойса қайтем?.. Баланың жолдасын жерге беру керек қой, — деді.

Мойнын бір жағына бұрып отырған күйі ап-ауыр бірдемені маған беріп жатып:

— Тәңір жарылғасын, тереңірек көм, баламды аясаң... — деді ұялған дауыспен.

Жұмысты бітіріп, қайтып келе жатсам, ана теңізге шомылып келеді екен. Үсті-басы су, көйлегі бір жағына қисайып кетіпті.

«Шіркінде аюдың күші бар шығар!» деп ойладым.

Балмен, қайрақтай болып қатып қалған қара нанмен шай іштік.

— Оқуды тастағансың ғой, сірә? — деді әйел.

— Иә, тастадым...

— Арақ ішесің ғой?

— Иә, өлгендей ішетін едім...

— Өй, мен сені Сухумда көрген екемін-ау? Бастықпен тамаққа таласып жаттың ғой бір күні... Сонда-ақ ойлап ем, бәлекет, бір ешкімнен қорықпайтын маскүнем екен деп...

Сүйтті де баласына қарап:

— Апырмай, балам өліп қалмас па екен?.. Сен жәрдем бердің, көп жаса... — деді.

Шайды ішіп болып, мен «мүлкімді» жинап жатқанымда әйел жерге қарап қалғып отыр еді. Бір уақытта көзін ашып, орнынан тұра бастады.

— Жүрейін деп отырмысың?

— Иә!

— Ау, абайла, ана!

— Жоқ, жүрем. Жолдастарыма жетем. Баланы маған әперіп жібер.

— Мен көтеріп жүрейін.

Ана бергісі келмеді. Азырақ таластық та, аяғында баланы мен көтердім.

— Апырмай, құлап түспесем... — деп ана қолын менің иығыма артты.

Россия жеріне жаңа келген, тағдырының беті ашылмаған қызыл адам менің қолымда жатып, мардамсып мұрнын тарта түседі. Теңіз жағасын сабалап, ағаш шуылдап, өзен суы сыңқылдай түседі. Жас босанған жас ана, жаңа ғана қырық бұрап, өзегін үзген бейнетті елең қылмастан Әшемірдің ауыр жұмысына тартып келеді. Жүрген сайын көздерінен махаббат төгіп, жас бөбегіне қарап қояды.

— Дүниенің шетіне дейін осылай жүре берсең, ұлың еркін дүниеде өссе, жүруге шаршамас едім-ау! Адамның анасы болу қандай жақсы! Жүрегім қуаныш төгіп, нұр шашып келе жатқанын қарашы! — деді ана, бір жерде тұра қалып...

Теңіз қатты тулайды. Қара бұлт найзағай шашып, бұршақ төгуге әзір тұр. Менің қанатым керіліп, өрісім кеңіп, құрметті ананың ұлына қарап:

— Сен, қызыл адам, тез ер жет! Қатты айқайла, дүние естісін! — деймін.

Бұл уақиға әлдеқашан болды. Бірақ, ананың құрметі қашан да жаңа ғой.



Тұңғыш қызы Энгелина туғандағы қуанышы.
Досы Үмітбай Балқашевқа хаты

ӨЛІМДІ ЖЕҢГЕН АНА

(Горькийден)

Мақтасақ – әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді, Әйел – ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе!..

Азияның ақсақ барысы Темір – жер бетін қанға бояп, ойды қырға теңеп, жоннан жол салып, жер шарын асықтай үйіргісі келген адам. Бұл сансыз елді өзіне бағындырып, шексіз жерді қанға суарған, айбатынан ай жасырынған Темір.

Ол елу жыл жалғанды жалпағынан басып, өзінен өзгеде күш барын сезген де адам емес. Темірдің темір өкшесі талай қаланы молаға, талай елді елсіз далаға айналдырды. Талай мемлекетті балшықтай жаншып, шалшықтай шашып жіберді. Пілдің шойын табаны құмырсқаның илеуін қалай тапаса, бұл одан да асырды. Оның жүріп өткен жерінен төрт жағына түгел аққан қан өзендері сай-саланы топандай басты. Жеңілген елдің сүйегінен биік мұнаралы минарет, сарайлар салдырды.

Темір ажалмен күш теңестіріп, өмірді талқандады. Өзінің жалғыз ұлы Жәңгірді ажал алғанын кектеп, ажалға талай жерде қамшы соғып, қармысын қайтарды. Ол ажалдың күнбе-күн алып тұратын құрбандығын тартып алғысы келді. Содан кейін қайғыға булығып, арып-талып, ажалдың өзі де аштан өлсін деді.

Жалғыз баласы Жәңгір өлгенде Самарқан халқы от түкіріп, қан қақырған арыстанын қаралы қошаметпен қарсы алған ғой. Өлім егіп, өлімтік орған, айналасына у шашқан ақсақ арыстан қара мен көктен ғана киініп, ішін жалын өртеп, шер кернеп шыққан еді.

«Отырарда» еліммен ұшырасып, ұлып берген сағаттан бастап, отыз жыл бойы Темір бір рет езу тартқан емес-ті... Сол ұшырасқанда өлім оны жеңіп, өзім өлсем дүниеге у шашарым болады деген ұлын тартып алған-ды. Содан бері қабағына қырау, мұртына мұз қатқан ашулы Темір еріндерін тас жұмып алып, ешкімге басын иместен келе жатқан. Содан бері отыз жыл бойы Темірдің жүрегі адам баласын аяу дегенге, адам баласын сүю дегенге мүлде жабылып қалған! Ол адам баласын өлім орағымен орудан басқаны іс деп те санауды қойған.

Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік те! Әйел – ана, дүниедегі жалғыз күш қой: оның алдында Азияның айбарлы арыстаны Темір де, Темірді жеңген өлім де басын иеді!

Бағдад пен Шамды талқандап, емшектес Сыр мен Амудариядан Ертіске төнген, Азияның етегін алып жатқан Қытайға шабуыл жасаған, Шыңғыстан кейін Азияны құшағына тұтас сыйғызам деген, қанды көзінен от шашқан Темір, ит үруін, бала жылауын тоқтатқан Темір осы Ақсақ еді. Әңгіме осы Ақсақ барыс жайында!..

Темір Қанығұл деген әдемі алаңында сайрандауға шықты. Үйткені ол далаға шықса, қай жаққа өлім себу керектігін көзімен көргендей болып қайтатын еді. Айналаға көз жіберіп, жердің етегіне дейін көргісі келді. Темірдің көзі жететін

жердегі адам баласының бәрі де, тышқанға ұсап, індеріне кіріп кетіп еді. Сондықтан, Самарқанның көк мойын мұнараларынан басқа ешнәрсе көрінбеді. Алғашқы екпінмен «өрте Самарқанды!» деген әмір бергісі келіп тұрды да:

– Жоқ, Самарқандағы көк мойындарды адам сүйегінен салдырғам! Өртемеймін!–деді ішінен.

Алаңға тігілген бес мың ақ шатыр, бәрі де дөп-дөңгелек, ақ қызғалдақ, ақ гүл секілді. Бәрінің төбесінде де бір-бір жалау Темірге табынып, басын иіп тұр. Бәрінің ортасында Ақсақ Темірдің ала шатыры – алып ордасы тұр. Бұл төрт бұрышты, айналасы жүз қадам, үш найза бойы биіктігі бар күмбез. Ортасында он екі алтын баған. Төбесінде көкпеңбек мұнара. Сары, қара, көк жібектен қиюластырып жасалған ала шатыр. Кім білсін қанша әйел, қанша уақытта тоқып шығарғанын? Шатырды бес жүз қызыл баумен жерге таңып тастапты. Бәлкім, жер тәңірісі Темірдің ала шатырын жел ұшырып әкету де мүмкін емес пе...

Шатырдың төрт бұрышында төрт күміс қыран. Ортасында, көк күмбездің дәл ортасында, биік тақта, ешкімге жеңгізбеген, жеңгізбен де деген бесінші ақ нық Ақсақ Темір Көрегеннің өзі отыр.

Темір аспан түсті көк жібектен киінген. Үсті-басы от шашып, жалын жалап тұрған інжу тастар... Бұл тастар оның үстінде бес-ақ мыңдай екен! Қаһарынан қар төккен аппақ басында ақ бөрік. Бөркінің шошақ төбесінде жұдырықтай қып-қызыл жақұт. Темірдің қып-қызыл көзі дүниені жалмап, жалт-жұлт етеді. Қанды көзі қан шашып, төңкеріліп қояды.

Ақсақтың жүзі – қан қатқан, тот басқан жалпақ алмас пышақ секілді. Ол мың рет қанға батып шықты ғой. Сондықтан қаннан қалған тоттың ізі ап-айқын. Қысық көздері дүниенің асты-үстін түгел көріп тұрғандай: жалт еткенде, бриллиант жалт етті ме деп қаласың! Құлағында Цейлонның қып-қызыл жақұтынан жасалған қос сырға, сұлу қыздың ерніндей қызарып, Темірдің қатпар бетін сүйіп тұрғандай.

Осы күні дүниеде жоқ кілемдердің үстіне арақ құйған үш жүз алтын бокал. Өмірді талқандап, өлім себуге құмартқан Темір сардар, бектерімен бірге сарайында отыр.

Темірдің арт жағында әнші-күйшілер, қатарында ешкім жоқ. Аяғында, ен таңдаулы ақсүйек туғандары, сұлтандар, бай-батшалар, әскер бастықтары отыр. Бәрінен де патшаға жақынырақ мас ақын Кермене отыр.

Кермене дүниені талқандаған Темірдің:

– Уа, Кермене! Егер мені сата қалса, сен қанша беріп алар едің? – деген сұрауына, беті бүлк етпестен:

– Жиырма бес әскер берер едім, – деген ғой.

– Е, жиырма бес әскер менің мына белбеуімнің ғана құны емес пе? – деп, ыңыранған Темір ақырғанда:

– Жиырма бес әскерді сол белбеуің үшін ғана берем! Белбеуге ғана... Бәлкім, сенің өзің қара күрешке керегің жоқ адам емессің бе! – деп тағы бір ойлап қалған ғой шынды сүйетін ақын Кермене.

Міне, ақын Кермене патшалардың патшасы саналған, жер жүзіне өлім сеуіп, өлімтік орған Темірге осылай деген! Жауыздықтың, өлімнің, қауіп-қатердің түпсіз бұлағы Темірден тайсалмағаны ғой, шіркіншіқ! Мақтайық та, құрметтейік те, осындай шындықтың досы болған ақынды! Бұлар қашан да Әмір-Темірден жоғары!

Құрметтейік, көтерейік, әдемілеп, көркем түрде шындықты айтқан ақындарды. Оларда шындықты айтудан басқа бағынатын құдай, табынатын тәңірі болмасын!

Сонымен ойын қызып, шаттық билеген байбатшалар майданда аққан қан өзендерінің тереңдігін өлшесіп отырды. Музыка ырғаландап, патша шатырының алдында халық ойыны басталды. Ыңырсыған қалың елдің қайғысын табанға тапап, азғана топтың шаттығына айналдырды. Өлімнің ордасы Темірдің қанды қабағын ашамыз деп, күлдіргіштер лақтай секірді. Өмір иесі адам баласын қалай өлтірудің әдісін көрсетіп әскер де ойнайды.

Ақсақ барыстың адамдары қорыққаннан қуанып, арақ пен қымызға барлық қылмысты тұншықтырып отырған бір кезде Темірдің құлағына ашынған бір дауыс келді.

У-шу айғайды, күйшілердің күйін, әншілердің әнін қақ жарып, Темірдің құлағына іліккен дауыс әйел даусы еді. Ұя басар бүркіттің тәкаппар даусы Темірге айқын естілді. Темір өліммен алысқанда өлім оның бетіне дақ, жүрегіне дық салған ғой, сондықтан, мына дауыс оған таныс көрінді.

— Даусында өлім көлеңкесі елестеген неткен адам? Шақырыңдаршы! — деді Темір мұрнына қан иісі келгендей жан-жағына алақтап.

— Қайдан екені белгісіз бір әйел пайда болды. Үш арысты билеп тұрған арыстан, сізді көрем деп бой бермей тұр! — десті қасындағылары.

— Арапша сөйлейді. Үсті-басы кір, шаң. Өзі есалаң болса керек... — десті біреулері.

— Әкеліңдер! — деді Темір өз сезіміне ғана бағынып.

Сонымен Темірдің алдына жалаң аяқ, үстіндегі барлық лыпасы далба-дұлба әйелді алып келді.

Қара шаштары тарқатылып, жалаңаш көкірегін жабуға кеудесіне түскен, беті шойындай қап-қара. Бірақ жасымаған көзі от шашып, әмір етіп тұрғандай. Қап-қара қолдарын Темірге созғанда бір қалтырамады.

— Баязит сұлтанды жеңген сен бе?— деп сұрады әйел салған жерден.

— Иә, мен. Мен талайды жеңдім. Жеңгенімнің ішінде о да бар. Жеңуден әлі шаршағаным да жоқ!.. Сен, әйел, келген жұмысың не еді, соны сөйле! —деді, Әмір-Темір сазарып.

— Тыңда! — деді әйел. — Сен не істесең де адам ғанасың. Ал, енді мен — ана! Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етемін. Сен өлім шашасың, мен өмір шашамын. Дүниеге адам әкелем, білдің бе? Сондықтан мен сені адамға санамаймын да.

— Мен ешкімнің қалай саналуымен есептесіп көрген де емеспін, есептесе алмаймын да! Жұмысыңды айт, әйел! — деді тәкаппар Темір.

– Тыңда, өлімнің егіншісі Темір! Сен менің алдымда күнәлісің. Менімен есептеспей тұра алмайсың да. Менің алдымда күнәңды жусын деп келдім. Сенің бағынғаның «Күш әділдікте!» деген ұран дегенді айтты. Мен бұған иланбаймын. Бірақ, сен маған еріксіз әділ боласың. Үйткені мен – ана! Сен өлім сепсең, мен дүниеге өмір себем. Сені жеңем! Сондықтан сен маған әділ бола аласың! – деді.

Темір патша да мұны ұғарлық данышпан еді. Шығыстың салқын данышпандығын алмады дейсің бе, әйелдің сөзіндегі батылдық пен күштілікті де сезіп:

– Өзің отыршы, сөзіңді тыңдағым кеп барады, – деді.

Әйел байбатшаларды етегімен сырып, қақ жарып барып кілемнің үстіне отыра кетті. Қай жерге қалай отыруды өзі таңдады. Үйткені отырғандарды адамға санамады да. Сонан соң сөзін бастады:

– Мен Салерно деген жерден келдім. Ол алыс жер Италияда. Сен білмейсің. Сенің қанды тұяғың ол жерге жеткен жоқ. Бірақ, онда да сен секілді өлім егуші толып жатыр. Әкем балықшы еді, байым да балықшы. Байым бақытты еді: үйткені оны бақытқа бөлеген еңбек пен мен ғой! Одан соң, жалғыз бір ұлым бар еді. Ол жер бетіндегі адамның ақылдысы, сұлуы болатын еді! – деді.

Сол кезде:

– Менің Жәңгірімдей екен ғой... – деді, Темір патша ақырын ғана күрсініп.

– Жоқ, жоқ! Нағыз сұлу, нағыз ақылды бала менікі еді. Сенен туған бала, адам баласының өкінішін ақтай алатын ба еді! – деді ана әйел тіксініп. – Теңіздің жағасында отырған бізге талаушылар келгенде ұлым алты-ақ жаста еді. Талаушылар әкемді де, байымды да, тағы да көп адамды өлтіріп, ұлымды тартып әкетті. Өмірді талаушы сенің жолдастарың қайда болса да толып жатыр. Міне, енді сол ұлымды жер бетін шарлап, іздеп жүргеніме төрт жыл толып барады. Ұлым қазір сенде екен, оны анық білдім. Үйткені, әлгі талаушыларды Баязит сұлтанның әскері ұстапты. Баязитті сен жеңіп алдың да, қолында барын түгел тартып алдың ғой, соның ішінде менің ұлым да бар. Ұлымның қазір қайда екенін сен білесің. Өзіме қайтарып беруге міндеттісің! – деді.

Ана осыны айтқанда, өздерін данышпан санайтын байбатшалар күлісіп: – Байғұс, жынды екен... Есінен танған ғой, – десіпті.

Жалғыз Кермене ақын ғана анаға күлмей қарайды да, Ақсақ Темір ғана таңданып отырады.

– Бұл ана болғанда да ақылдан таңғандай ана екен! Болсаң бол! –дейді Кермене ақын. Ал енді, өмірдің дұшпаны, өлімнің егіншісі Темір былай депті:

– Әйел! Сен, мен білмейтін елден неғып келдің? Арада тау бар, тас бар, өзен бар, теңіз бар, ит мұрны өтпейтін қалың орман бар, олардан қалай өттің? Жүгірген аң, ұшқан құс саған қалай тимеді? Қанша ел – адам бар. Адам аңнан ол жауыз, олар сені қалай аман жіберді? Адамның күші біткенше жолдас болатын бір нәрсе – қару. Сенде о да жоқ. Қалай бұл жерге аман жеттің? Осының бәрін айт. Сонда ғана мен таңдануды қойып, есімді жиям. Сонда ғана сені түсіне алам. Айтшы, тезірек! – дейді.

Құрметтейік, көтерейік те әйелді! Ана-әйелді құрметтейік! Оның сүюі тауысылма ма, бүкіл дүние соның емшегін еміп, ер жеткен емес пе? Адамда не қасиет

болса, бәрі күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет. Ананың құрметі әлі жеткен жоқ!

Әйел Темірге былай депті сонда:

– Мен бір-ақ теңізге ұшырадым. Онда арал да көп екен, балықшы да көп екен. Адамды айуандай сорған сен секілді патшалардан қашқан адам тамағын теңізден тауып жүр. Балықшы болса қайық та болады ғой. Сүйген ұлыңды іздесең жел артыңнан шығады, теңізден қайықпен өттім... Ал енді, өзенге көп ұшырастым. Теңіз жағасында өскен анаға өзеннен өту қиын ба? Тау дейсің ғой? Тауды мен елең де қылғаным жоқ, байқағаным да жоқ! Орман отын бергеннен басқа тоқтау қылған жоқ!– дейді.

Мас Кермене шыдамай:

– Мұндай анаға тау деген жазық болып кетпей тұра ала ма? – дейді шынымен.

– Аю, қабылан, арыстан, басын жерге салбыратқан тағы өгіздер көп ұшырады. Көзі сенің көзіңе ұқсап оттай ойнап, өлім шашып тұрған барыс та екі рет маған қарап тұрды. Бірақ әрбір аңның жүрегі бар емес пе? Олармен осы сенімен сөйлескендей сөйлесіп жүрдім. Қанішер аңдарды, қан ішкіш патша, сенімен салыстырғаныма ашуланба! Олар да менің ана екенімді біліп, иланды: ауыр күрсініп, мені аяп жөндеріне жүре берді. Аңның да баласын сүйетінін сен білмейтін бе едің? – дейді әйел Темірге төніп.

– Солай, әйел! – дейді Ақсақ Темір басын изеп. – Аңдар адамнан көрі де өз баласын артық сүйеді. Ең қатты жауыздық адам баласынан шығады деген қорытындыға мен де келдім... – дейді Темір, жаңа бір дүнисні көргендей ойға батып.

– Адам деген бала ғой. Үйткені ананың жанына көз салсаң жүз есе бала, адам қашан да анасының баласы. Әркімнің анасы бар. Сен шал, білесің бе, сені де әйел тапты. Сен құдайдан бас тарта аласың, ал енді анадан бас тарта алмайсың, шал!– дейді әйел.

– Солай, әйел! – дейді Кермене ақын қорықпастан-ақ. – Өгізді қанша жинасаң да бұзау таппайды. Күнсіз гүл өспейді. Сүюсіз бақыт жоқ. Әйелсіз сүю жоқ. Анасыз ақын да болмайды, батыр да болмайды!–дейді.

– Бер, баламды өзіме қайтарып! Үйткені мен анамын, баламды сүйемін, – дейді әйел тұп-тура Ақсақ барыс Темірге.

Бас иейік те, құрметтейік те ұлы адамдарды тапқан ананы! Аристотельді де, Фирдоусиді де ана тапты. Ескендір мен соқыр Гомер де ананың баласы. Бәрін де дүниеге жетектеп әкелген ана. Ананың ұлы орны қашан да өзінікі!

– Мен тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам! Мен көп жасқа келдім. Менің табанымда қара жер де ыңырсиды. Мына қолыммен өлім құрбандығын баудай түсіріп жүргеніме отыз жыл болды. Неге бүйтесің дейсің ғой, оны да айтайын: мен патша, алдымен осыны білем. Патшаның патшалығы неғұрлым кең болса, солғұрлым оның өзі де ұлы патша. Мен өзімнің патша екенімді танысам, патшалығымды кеңейте беруім керек. Әйтпесе мен қандай патшамын? Сондықтан мен мемлекет алып, өзіме ел бағындырам. Бұл – бір. Екінші, өлім менің ұлым Жәңгірді алып, жүрегімнің күнін сөндірді. Сондықтан өлімнің

күнбе-күнгі құрбандығына арнаған адамын тартып алып, кегімді алып жүрмін. Менімен патшалық үшін, ел үшін көп адам алысты. Бірақ, адам үшін ешкім алысып көрген жоқ. Адам деген кім? Менің жолымда неге тұрады? Мен оны білмеймін. Баязит сұлтанды жеңіп алғанымда:

– Құдайға мемлекет, адам дегенің түкке тұрмайды екен... Көресің бе, құдай мемлекет пен адам баласын сені мен секілді адамға беріп қойды: сен соқырсың, мен ақсақпын деген Темір – мен болатынмын. Баязитті шынжырлап менің алдыма әкелгенде, мен осыны айттым. Баязит шынжырдың салмағынан жаншылып, майысып тұра алмады. Бақытсыздыққа ұшырап, өмірдің құлаған молаға шыққан жусанындай ашы уын татып тұрған Баязиттің көзіне қарап тұрып мен осылай дегем.

– Мен тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам! Міне, менің алдымда әйел отыр. Бұл әйел бүгінге дейін өзім білмеген сезімді қозғап, мені жеңіп отырады. Бұл әйел менімен тең адамша сөйлесіп отыр, өтінбейді – бұйырады. Бұл әйелдің неге мұнша күшті екенін түсіндім деп ойлаймын. Бұл өмірдің иесі, бұл ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүюі, ең ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, мүмкін, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға кететін жалын туар. Мүмкін, жерді жылытып, бақыт себетін адам болар... Мен жерге өлім егіп, қанмен жақсы суардым. Жер қазір майы сорғалап тұр, қыртыстанды. Енді семіз жерге бақ екпей, бақыт егетін адам керек шығар...

Дүниені жалмап, адам баласына топандай тиген, тәңірімен таласқан Темір ары да көп ойланып отырды да:

– Мен Тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам. Үш жүз салт әскер, кейір жердің төрт бұрышын аралауға аттансын. Тапсын олар мына әйелдің ұлын! Әйел осында күте тұрады. Мұнымен бірге мен де күтіп отырам. Кімде-кім мұның ұлын атқа мінгізіп әкелсе, ол шын бақыттың дәмін татады. Солай ғой, әйел? – дейді.

Әйел бетіне түскен қара шашын кейін сілкіп тастады да:

– Солай! Осыны істе!– деді азырақ езу тартып.

Сол кезде, әлгі айбатынан ай жасырынған қаһарлы шал – Ақсақ Темір орнынан тұрып, әйелге басын иді...

Қуанышты Кермене ақын шаттанып:

– Гүл мен жұлдыз жайындағы өлеңнің бәрі сүю жайындағы өлең болады. Мейірім айын, көктегі күнді айтсаң, бұ да сүю жайындағы өлең болады. Бірақ, адамның анасы, өмірдің мықты бәйтерегі ана жайындағы өлең әлі айтылған жоқ! – дейді.

– Солай, Кермене! – дейді Темір де.

Барлық байбатшалар жаңа ғана сықақтап күлген әйелге қарап «Ана!» деп ыңыңды да қалды.

Бұл – шындық қой. Үйткені қай анадан сұрасаң да:

Біз өлімнен күштіміз: біз дүниеге ақын да, ақылды да, данышпан да, ер де береміз. Өлім адам баласын құртуға тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын сақтаттық! – демей ме!..

АНА КЕСІМІ АЙНЫМАЙДЫ

(Горькийден)

Қала көптен бері қоршауда тұрған. От төгіп, өлім еккен күшті жау қаланың шыбын жанын алқымына әкеліп қалған кезі еді.

Қаланың іргесінде ғана жылтылдаған жау оттары қала халқының жүрегіне инедей қадалатын. От айналасында үрпиіскен ұзын көлеңкелер жұрт көңілін қатты шошытатын. Қала ауыр күрсінуде, халық үнсіз күйінде еді. Жау шеңбері қысып келіп, арандай азулар жон етіне найзадай кіріп бара жатқанын көріп отырған жұрт ауырсынды, бірақ қайыспады!

Жау аттарының кісінеуі, жау құралдарының салдыр-гүлдірі қалаға айқын естіліп тұрды. Басым жау қарқылдап күліп, барқырап өлең айтып мазақтай бастады. – Күт ажалыңды! – дегендей, жанға батар ауыр азап та осы еді. Жеңеріне көзі жетіп, көңілі өсіп тұрған жаудың мазағынан ауыр азап бар ма?!

Қалаға су беріп тұратын бұлақтардың бәріне де жау жағы еліктер үйгізіпті. Қаланың тап іргесінде меруерттей мөлдіреп тұратын жүзім бақшасын өртеп жіберген. Сары алтындай жалтылдап, ұялған қыздай қызарып тұрған алма бақтарында жау оттары маздап тұр. Ән салып, теңселіп, тербеліп тұрған егін ортасында жаудың құлқынына арналған шошқалары бағылып жүр. Анда-санда қала үстіне оқ жауып өтеді.

Қаланың көшелерінде әскерлер жүр. Олар қашаннан бері қаласын қорғаумен қалжыраған, ашыққан. Әр үйдің терезесінен жараланған жандардың ауыр ыңқылы, қызу сандырағы естіледі. Әйелдер тілек тілеуде, балалар зар қағуда...

Жұрт жүрегін қайғы басып, жұрт көңілінің оты сөніп қалғандай аянышты дауыстар әлсіз ғана шығады. Талай әйел «Аллам-ау» деп бастайды да, одан аржағын Алласына айтуға да уақыты жоқ, «Жау келіп қалмады ма?» деп, жалт ете қалады. Қап-қараңғы тыныш түнде әрбір ыңқыл анық естіліп, бүкіл қала ыңыранып жатқандай сезіледі. Ешкімнен жәрдем күте алмай, үмітсіздік шаршатқан жұрт аспанда бір айқын жұлдыздың жарқ етпегеніне қамығады.

Қаланы қалың жапқан қараңғылықта, терең суда жүзген балыққа ұқсап, үнсіз ғана қозғалып, басына қара жамылған әйел келе жатыр. Оны танып қалған адамдар қолын нұсқап:

– Мынау сол ма?

– Тап өзі! – деп ығысып кетеді. Ешкім амандаспайды, жоламайды. Алапес адам көргендей, қашып кетеді. Күзетшілер кездесіп қалса:

– Ей, Мария, ашынған біреудің қолы тиіп кетсе, бізден араша күтпеңіз!– дейді оған.

– Тағы не айтасыңдар, қайсың маған қол көтергің келеді? – дегісі келгендей, әйел басын жоғары көтеріп, біраз күтіп тұрады да, кете береді. Бірақ, ешкім онымен сөйлескісі келмейді, ығысып өте береді. Қара жамылған әйелдің түрі, қайғыдан бүгілген белі, үнсіз ауыр козғалуы – қала басына орнаған бақытсыздықтың бейнесі сияқты еді.

—

Әрі азамат, әрі ана еді-ау ол! Әрі «іштен шыққан шұбар жылан» ұлы туралы, әрі ананың да анасы — туған елі, өскен жері туралы толғанып келе жатыр.

Әр азамат Отанын сүйсе, әрбір қала сол Отанның бір ордасы емес пе? Бұл кемпірдің баласы, осы қаланы қоршап тұрған, қиратып жатқан, жұрт басына қырғын орнатып жатқан жаудың бастығы еді! Қала халқын қойдай қырып, адам үйсін аяусыз қиратып, адам баласын аяусыз шулатып жатқан сонау бұзық қапішер о да бір анадан, о да бір әйелден туған. Ол зұлымды тапқан бақытсыз ана осы келе жатқан Мария еді. Ана жүрегін осы қайғы жеп келе жатқан.

Сорлы ана бір кезде «ұл таптым, елім үшін елеулі бір еңбек істедім» деп ойлаған-ды. Енді сол ұл бейбіт елге бүйідей тиіп жатыр.

Осы қалада осы кемпірдің өзі де туған. Қаланың әрбір тасына қанша көздің жасы тамғанын, қанша маңдайдың тері сіңгенін жақсы біледі. Осы қалада көрген мың түрлі қуаныш кемпірдің жүрегіне мәңгі орнаған. Сол қаланы, сол ұлы қиратып жатыр! Ана жүрегі таразының табағындай теңселіп, қай жағына ауарын білмей келеді: ұлына ма, еліне ме?

Анадай жерден бір әйел кездесті оған. Ол әйел жаңа ғана жан тапсырған бір оліктің қасында екі қолын көкке көтеріп, екі көзден жасын парлатып, ананың қасиетті мұңын төгіп отыр екен.

— Еріңіз бе еді? — деді Мария, жылап отырған әйелдің қасына келіп.

— Жоқ,

— Аға-ініңіздің бірі ме еді?

— Ұлым еді! Ерім өлгелі он үш күн болды. Ұлым, міне, бүгін...

Содан соң ұлы өлген ана қолын көкке көтеріп:

— Е, Тәңірім, мұныңа да ризамын! Менен туған ұл менің бетіме де, елінің алдына да кір жұқтырған жоқ. Елінің адал ұлынша, анасының ақ сүтін ақтап өлді. Елін қорғап, ерлерше өлді. Оны бүкіл елім біледі! Құдай-ау, Мария кемпірдің ұлына ұқсап, анасын емшекке теуіп, ел басына өлім егіп жүрсе қайтер ем? Ұлым сыған да, Тәңірім саған да ризамын! Уа, қарғыс атсын, елін, анасын сатып кеткен Марияның ұлын! Ондай ұл табатын ана біткеннің пұшпағы қанамасын! — деді.

Мария ана бетін бұрынғыдан да бүркей жапты да, кете берді. Сол бетімен қаланың қақпасын күзеткендерге келіп:

— Не өлтіріңдер, не балама жіберіңдер. Ел ішінде отыратын не бетім қалды, жүртым? Мен тапқан бәле болса, азабын өз басым көрсін де. Сол бәленің қасына жіберіңдер. Сондай болып туған ұлым үшін мен де айыптымын! Не жіберіңдер, не өлтіріңдер! — деді.

— Жоқ! Сен анасың. Отаның саған да қымбат. Еліне жау болып кеткен ұл сыған да жау! — деді күзетшілер.

— Жоқ! Екінің бірі, екінің бірі ғана болады! — деді Мария.

Күзетшілер өзара ақылдасты да:

— Ұлың үшін сені айыптай алмаймыз. Әркім өз отына жылынады... Ұлым істегенімен, сені ойлап қайғырған бала көрінбейді! Ойлап қарасаң, ана үшін өлімнен де ауыр азап осы да! Ар жағын өзің біл, — десті.

— Иә, өлімнен де ауыр азап осы, балаларым, — деп, кемпір қаладан шығып кетуге қарай жөнеле берді.

—

Кемпір қаланы қорғап, қырғын тапқан көп өліктің ортасымен келе жатыр. Кейбіреулерін танып қалып, басын иеді. Жасыл кілемдей жайқалған жер қанға боялыпты, кемпірдің табанына жабысып, айырылғысы келмейді, өліп-талып, сорлы кемпір баласының шатырына да жетті.

Міне, ана баласының шатырында отыр. Сонау бір, тумастан бұрын болмашы ғана бүлк етіп қалған күннен бастап сүюші еді-ау, ол ұлын! Содан бері сол баласы есіне түсе қалса, мейірімді жүрек бір туламай қалған жері бар ма еді?

Ұлы енді жонданып, жоталанып қалған екен. Үсті-басы алтын да күміс, жарқ-жұрқ етеді. Кеңкілдеп күлгенде шатыр желкілдейді.

— Шешем! — деді баласы, Марияның қолынан сүйіп. — Мені өзің іздеп келгенің, мені ұққан екенсің. Бір сен едің қарайлайтыным, енді күлін көкке ұшырармын бұл қаланың! — деді.

— Өзің туып-өскен қаланы күл етем дейсің бе? — деді сорлы ана, жүрек тілін күрмей алмай.

Атаққа құмартып, көзі қызарып болған жан ана сөзін ұқпады:

— Е, мен дүние үшін туғамын! Таң қалдырам сол дүниені! Бұл қаланы күл етпей кетсем, шамасы келмеді демей ме ертең? — деді ол шешесіне.

— Сол қаланың бар көшесінде өткен балалық шағың да түспей ме есіңе? — деді Мария ана.

— Көше деген не, шешем-ау! Халқы мен қаласын қиратсаң, көшесінде не тұр еді! Ер жеткен басым бала күнімнің қызығына да алданбақ па?!— деді шешесін мазақтап, сақылдап күліп.

— Адамның жазығы не еді! — деді тағы да ана.

— Адамдарын айтамысың... Адам деген маған да керек. Мен адамды темір өкшеме салып бағындырып алсам, ер атағым сонда ғана шығады! Менің атағым үшін керек, қалған адам!..

— Ер деген өлім егетін адам емес, өмір егетін адам болады, ұлым. Өлімді жеңіп, өмірді қорғап ер болсаң қайтер?

— Жоқ! — деді есер тентек шешесіне де. — Жоқ! Өмірді қорғаушыдан гөрі өмірді қиратушының аты жоғарырақ тұратынын білмейтін бе едің!

Біржола қалған ана көңілі — ана мен баланың арасына тас қорғандай түсе қалды. Талас та, сөйлесу де тынды, ананың тәкаппар басы бұрынғысынан да төмен иіліп, үні өшіп өлімсіреп кетті. Ана алдында, өмірдің қорғанышы алдында не айтқанын білмеген қуыс кеуде ана жүрегін біржола мұздатты. Барлық жанды өмірге жетелеп әкелетін ана өз баласын жүрегінің бар күшімен жек көреді. Көзсіз есер, бұзақы зұлым осыны да аңдамады. Өмірді қорғауға келгенде, ана тайсалар емес, ананы тоқтатар қауіп жоқтығын да білмейді екен ол.

Ана бүкшиіп қана отырды да, сөне бастаған шоқтай кішірейіп, өңсіздене бастады. Баласының жібек шатырынан өзі туған елін, елінің қаласын көріп отыр. Бата бастаған кешкі күннің қызыл сәулесі, қала үстінен қан төгіп тұрғандай.

— Ауыртпалық! Ауыртпалық!

Аздан соң күн батып, қаланы қараңғылық орап алып, қайғы-мұңы қайта басты. Қала үстінде жарқыраған жұлдыз да өлік басында жарқыраған

шамшырақтай ғана сығыраяды. Туған ел, туған қала Мария анаға қарап: «Кәне, не айтасың, неге байладың белінді?» деп үнсіз телміріп тұрғандай.

Мария өзінің ана екендігін тағы да бір есіне алды еріксіз.

— Адамды тал түсте қыра берудің өзі ыңғайсыздау да жұмыс. Сондықтан, қаланы бүгін түнде жоқ қыламын! — деді баласы суырып алған қанжарының жүзін сүртіп отырып.

— Бері келші, — деді ана, жауыз ұлына, — басыңды тіземе салып, азырақ қисайшы. Бала кезіңде қандай ерке едің, жұрт көзіне қандай сүйкімді едің, соларыңды есіңе алшы...

Жендет басын шешесінің тізесіне салып, қисайды да көзін жұмып:

— Мен даңқты ғана сүйсем, мені дәл осындай етіп тапқандығың үшін сені де сүйем, — деді ар-ұяттан айрылған мұңдар. Содан кейін қалғып та кетті.

Бұдан әрі сөйлесер сөз қалмағанын Мария ана да мана білген. Сондықтан әрі азамат, әрі ана, ананың айнымас кесімін айтты:

— Өлім егушіге — өлім! — деді.

Үстіндегі қара киімін баласының кеудесіне жапты да, жарқылдаған қанжарды қара жүрекке қадап жіберді. Баласының жүрегі қай жерде екенін жақсы білетін ана қолы қателескен жоқ: қанішер тырп етпестен қатып қалды.

Жеркеніштi жанның арам басын тізесінен ырғытып тастады да, Мария ана орнынан тұрды.

Барлық елде, әр заманда, барлық қанішерлер үшін, барлық ананың айнымас кесімі осы да! Барлық қанішерлер, барлық елден — барлық анадан осы кесімді ғана күте алады!

АНАНЫҢ АНАСЫ

Ойтілес аппақ, ақ қарбас, соқыр қарт етектей сақалын балуан бармақтарымен сылайлай тарап отыр еді. Күмістен құйғандай тұп-тұтас ақ сақалы кеудесін жауып:

— Оқыңдар шулап! Ақ-қ, тфу!... — деп есіктен асыра түкіріп жібергенде, ошақтада отырған балалар селк етіп:

— Агузе... Бесмелла, рәсіре... рәсіри... рәтүрө... рәрирө!... — деп, қоя берер едік...

...Жалпақ жаз. Сан-салада сағым ойнаған саршаның тамызы. Саясыз сиыпаудың жан-жануары көлге тығылып қана сая табады. Күннің көзінің өзі де күн ұзын көлге шомылып жанын сақтайтындай... Шалқыған шаңқай түс кезінде күлмиың көлеңкесі де саялауға жер таппай бауырына кіріп кетеді. Жалғыз-ақ, күні түспеген кепей тайыншаға ұсап, қойшы-малшылар ғана жалба-жұлба тері тон мен жабағы күпісін тастай алмайды. Қойшылардың өздері күнге күйіп сұрысып, кішірейіп, күпілері ғана өсіп бара жатқан сияқтанады. Самайынан сілп сағал тері шұбырған тезекші әйелдер ғана алты қырдың астынан тезегін ұрлап, әрең қалтаңдап келе жатады.

—

Біз көгендеген қозыға ұқсап, мұрынды тарта түсіп, Әнтілес үйінде, надан молдадан надандық оқып отырмыз. Келешекте құлдықтан бас тартпай, «оң жағыңа ұрса, сол жағыңды тосатын» кеще адамдар әзірленіп жатырмыз...

Ертемен төрт бұрышы жемірілген ескі тоқым сияқты «Иман шартымды» қолтығыма қыстырып сабаққа келсем, балалар жиналмаған екен. Іркіт сабасындай іркілдеген молда мен саудагер Рамазанға соқыр Әйтілес ескі күндердің әңгімесін шертіп отыр. Тот басқан әңгімені жанып-жанып жаңартып, жалт-жұлт еткізеді. Көзден айрылған соң барлық жарықты көңілі мен құлағына жинаған қарт, ескі күндерді тымақтай бұлғап, төңкеріп-төңкеріп алады:

— Аттың құлағында ойнайтын жас кезіміз... Сексеннің екісінде ме екен, үшінде ме екен, сол кезде Жанай балуан, қайраты қайтса да, болат жүрегі мойымаған кезі еді... Даусы саңқылдап шаңырақта ойнар еді. О кісі сөйлегенде іргеде ғана отырып ойымызға тоқи берер едік...

Сол кісі айтады-ау:

— Баяғыда бала кезімізде Жалпақ балуанға еріп, Ергенектінің елін шабуға аттандық, — дейді. Жалпақ балуан Бала бидің батыры екен, бір күні Бала би шақырып алып:

Уа, Жалпақ! Ергенекті елімізді екі рет шапты. Бірінде мен тоналдым, бірінде сен тоналып едің: мен малымды бердім, сен жаныңды бердің. Жаныңды бергенің емей немене, қырық жетіні қырқа матап беріп отырған қалыңдығыңды бергенсің!.. Білетін бе едің? — дейді.

— Ол кезде сен жас едің, дұшпаннан кек алу былай тұрсын, жауға өзің кездесіп қалып, астыңдағы тайыңды беріп әрең құтылған болатынсың... Қазір сен Жалпақ балуан атандың, ол кекті қалай ұмытып жүрсің?.. — дейді.

Ол кезде өзгеге шыдаса да, намысқа шыдаған ба, Жалпақ балуан ұшып тұра келіп:

— Би, маңдайда бір қара таңбам бар екенін білмей жүр екемін: қалыңдық сенікі емес, басқанікі деуші еді. Астымнан атымды алғанда алты-ақ жаста едім... Жеңсем жауды алам, жеңілсем жауда қалам, аттандым сәрсенбінің сәтіне! — дейді де, жүре береді Жалпақ балуан...

— Тоқта, батыр! — деп Бала би тоқтатыпты да, былай депті:

— Баруын барасың, елін де шабарсың. Бірақ қатын боп қалған қалыңдықтың қызығына түсіп кетпей, жер қайысқан қалың жылқыға да көзіңді саларсың, — дейді.

...Сонымен сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойып, төскейді үзеңгіге ала тартып жөнелдік, — дейді.

Жалпақ, жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады; астында сарқасқа аты бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей орғып келеді. Бөкен жортқан ат өмірде үзеңгілесе алмайды...

Алты қонып жетіншіге асқан күні, қоңыр іңір кезі еді:

— Осы бір тегін адам болмаған шығар... Түнейік осы молаға, — деп Жалпақ балуан атынан секіріп түсе қалды, — дейді...

– Түстік... Айналасы алпыс қадам, үлкен қара мола екен. Маңдайында жазуы бар. Қырқымыздың бір де біріміз қара танымайды екеміз ғой, жазуды айыра алмадық,– дейді.

– Соны ойлағанда балалардың оқығанын ішім ұнатып отырады. Уезге шамасы келмесе де, болысқа арам бауыздатпас па екен деп ойлаймын да баяғы... – деп Әйтілес қарт бір күрсініп:

– Құрт берші балаларға! – дейді кемпіріне.

– Шақпақ шағып, тез тұтатып, от жақтық. Қақтаулы қапқыштан бір-екі қаптық та, ер жастанып, тоқым төсеніп жаттық та қалдық...

Үркер жамбасқа келіп, сұлу Шолпан маңдайға таянғанда, Жалпақ батыр атып тұра келіп:

– Жігіттер, төс айылды бос, артқы айылды аямай тартыңдар... Күн найза бойы көтерілген кезде не қалың жауға, не қалың жылқыға кездесерміз... Менің тілегім болса жауға кездесерміз. Бидің тілегі болса жылқыға кездесерміз: жылқыға да көзін сал деп еді. Ай, соның тілегі болар-ақ... – деді, дейді.

Батыр мұны неден болжады десек, сар қасқа ат құлағымен алысты нұсқап, жер тартып тұр екен... Тартып кеп кеттік!– дейді.

Қатып қалған садақтар ұршықтай ойнап, бөкендей бүктетіліп, жер сүзгілеп, дуыздықты қарш-қарш шайнайды. Күн де шаныпқақтап найза бойы көтерілді, ойды-қырды алып жатқан қалың жылқыға біз де келіп кірдік,– дейді.

«Жошыбайлап» біз де жылқыға тиістік. Екі салт жылқыдан сытылып, тоскейге бет қонып, тартып та берді – қумадық, – дейді,

– Жылқының бір шетін төңкеріп, қиқулап келе жатқанымызда, бота көз бір қыз тезек арқалап қосқа қарай жүгіріп келеді екен, өнбойым ұйып қоя берді,– дейді. Астымда «құлан тұяқ құдай көк» деген атым бар (ол кездегі адам құдайды біле ме!..), сыдыртып келіп қызды іліп алып, артыма мінгестіріп ала алдым. Екі қолын белбеуіме қыстыра тастап, кете бердім. Шашын жайып, «құлыншағымдаған» шешесінің даусы ғана естіліп қалды... Ол дауыс маған шалқан масадай да білінген жоқ, – дейді.

Әлден уақытта құрық үстіне құрық жаудырып, ну жылқыны иіріп өстіп түзеп, екі қырдың астына түсірдік-ау!.. Сол кезде Жалпақ балуан менің артымдағы қызды көріп, батырдың салғырт көңілі ауып кетті білем:

– Сауға, – деді саңқ етіп, – дейді.

– Сауғаңа жараса, не арманы бар, ал батыр! – дедім.

Қатарласып келіп қыздың маңдайынан сипап, толқынды қара шашынан бір сүйді де, жүре берді. Манадан оты өзегіме өтіп келе жатқан қыз, содан кейін ұрқама жабысқан көлбақаға ұсап сұп-суық болып сала берді... – дейді.

Жылқының дөнін бөліп әкеттік-ау, деймін. Төңкеріліп айдатпай келеді. Анда-санда енесінің бауырында шұрқыраған құлын-тай қақтығып құлап, қалып та келеді.

Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде артымыздан сұлыпдай болып бір қара көрінді. Аққан жұлдыз ба дерсің, көзді ашып-жұмғанша келіп араласып та қалды.

Көпті көрген көне жылқышы екен, басқамызға қайырылмай тұп-тура Жалпақ балуанның шылбырына орала түсіп:

– Байды шапқаның шапқан, малды алғаның алған, жылқышының жалғыз қызын қайтесің, батыр... Еркек десең өзімді әкет, қызымды қайтарып бер. Сорлы анасы аңырап қалды ғой. Тар құрсағын кеңейткен, тас емшегін жібіткен жалғыз еді, – деуі қалай?

Батыр оны алаң қылсын ба, мырс етіп күледі де, қасында келе жатқан Кейкі деген жігітке иек қағады. Кейкі қандай албырт, жылқышыны жалбағайдай жұлып алады да, айналдырып-айналдырып, лақтырып жібереді де, тобылғы торы бесті киіктей орғып ойнап шыға береді. Екі-үш жігіт қуып беріп еді, қарайлатпады: жылқышыны әкеп беріп қайтайын деген немене, құйрығын шаншып алып бір-ақ тартты... – дейді.

Артымдағы қыз еңіреп жіберді де, белімдегі білегін суырып-ақ алды. Алдыма алып анықтап қарасам, мөлдіреген бота көзінен меруерт жасы барлап-ақ кеткен екен... Адам баласының қызғалдақтай үлбіреген сұлуы бола береді екен, қарысып калған білегіммен құшақтауға аядым,– дейді (Жанайдың да қолы қатты кісі еді).

Тағы да қозыкөш ілгері кеттік. Жылқышы өлі ме, тірі ме, – көңілімізде көлеңке де қалған жоқ. Айғайға жылқы баласы қандай желігеді, тасыр-тұсыр қырылып келеді...

Бір мезгілде артқа қарасақ, тұйғындай түйіліп, жұлдыздай ағып, артымыздан бір қара тағы келіп қалған екен!..

– Ау, тоссаңдаршы! – дегенше болған жоқ, орап алдымызға шықты. Тек ағараңдаған бірдемені ғана көріп қалдық.

– Апатайым-ай! Сор айдап әкелді ме! – деді, артымдағы қыз.

Астында манағы торы бесті, әлгі жылқышының әйелі, артымдағы қыздың анасы екен! – дейді. Қиқулап жылқының оң жағына бір, сол жағына бір шықты да, айналып барып алдына түсіп, оң жаққа қарай тарта кеп жөнелді, – дейді. Жылқы да оның соңынан еріп, шығысқа қарай салуы қалай?

Біз былай қайырамыз, жылқы олай қашады. Торы бесті маңайлатпайды. Найза суырып, сойыл сілтейтін жерге келтірмейді. Әлденеше рет жылқыны бұрып алдық. Жылқы бет-бетімен жарыла қашты. Құрық үстіне сойыл жаудырып бұрмаласақ та болмады, бір бүйірде жатқан өзеннің жалғыз есік кең аралына қалың жылқы келді де енді, – дейді. Аралға енгесін, қалың жылқы айдатпапты...

Аралдың ортасында бір төбе бар екен, әлгі әйел соған шығып алып, жаулығын бұлғап, бәрімізді шақыруы бар емес пе!.. Шаншып-ақ тастаймыз ғой деп төніп келгенде:

– Менің атым әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің де анадан туыңдар! Анамен алыспайды да, атыспайды да. Нең бар еді менің жалғызымда? Кел, ботам, өзіме! – дегенде қолымдағы қыздың қалай ыршып кеткенін білмеймін, секіріп барып шешесінің мойнына асылды, – дейді. – Терімізге сыймай, қабағымыздан қан жауып тұрған бізде жұмысы да жоқ. Шешесі қызын, қызы шешесін жұбатып өзді-өзі болды да қалды. Сол кезде манағы Кейкі шыдамай кетіп:

– Батыр, рұқсат етсең, екеуін екі тайға теңдеп алып жүрейін. Қызы қатынға, шешесі отынға жарар, – дейді.

Жалпақ Кейкіге қарап, алақандай көзін бір төңкереді де:

– Жаным, сен неткен жансың? Сені қазақтың қатыны шығар да, өзімді батыры шығар деп ойлаймын... Жөніңді айтшы! – дейді әйелге.

– Батыр, атыңнан түс! Артыңнан қуып келетін ешкім де жоқ. Сен бұл елді шабуға келсең, бұл ел де басқа бір елді шабуға кеткен. Асықпай-ақ айдап бар, балуабын да асықпай берерсің! – дейді әйел Жалпақ балуанға.

Содан кейін бәріміз де аттан түсіп, төбені айнала отырдық. Бұл қар қатынның қай шатасқанын тыңдайын деп отыр деп бәріміз Жалпаққа ренжідік, – дейді.

Аздан соң әйел құшағындағы қызды босатады да, сөзіне кіріседі:

– Мен мына қыздың шешесімін. Қызым қазір он бесте. Дәл қызымның жасында өзім де сергелдеңге ұшырап едім. Соның суық ызғары табанымнан, қара шұбасы маңдайымнан әлі кеткен жоқ...

Елім дейтін елім бар дейсің бе: сай сағалап, өзен жағалап жүретін төрт үйлі бір ауыл болыпты, сол ауылда Сонар дегеннің қызы едім... Қай ел екенін білмеймін, елсізде туғыр Бала би деген баласын сүндеттетіп той істеп, ат шаптырғанда бас бәйгіге құл бастатқан тоғыз, бас балуанға күң бастатқан тоғыз тігілді. Бәйгіге өз қызын берсін бе, айнала қыз іздепті...

Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін қайнатып жатыр еді, он шақты сауыт атты сау ете түсті:

– Жігіттер, жол болсын! – деп әкем жолай айтқанда:

– Жол болмаса болмасын, қыз болсын! – деп, қосқа сүйеніп тұрған мені қолын алды да, шауып кете берді...

Ертеңіне шапқан ат, күрескен балуанның қызығы біткесін жабулы нарға мінгізді де, мені бәйгіге беріп жіберді. Күреске түсіп, мені бәйгісіне алған Байсары деген балуан екен, еліне келгесін Күлтеке деген байына байлады. Күлтеке оны мені бір құлына отастырды да, екеумізді де сауынға салды. Онда көп жыл тұрдым... Екі жылдан соң Күлтеке қызын ұзатып, той жасағанда екінші аттың бәйгісіне тігіліп (алғашқы жолы бас бәйгіге тігілген екем), осы өздерің шапқан Сары деген байдың қолына көштім. Маған атастырған құл бас бәйгіге тігіліп, басқа бір елге кетті. Сары байдың Қайрақ деген жылқышысы бар екен:

– Өміріңде босағаңда болайық, – деп байдан сұрап, мені қатындыққа алды.

– Бірің жылқышы, бірің сауыншы болып жүре тұрыңдар, кейін босатармын, – деп еді Сары бай. Содан бері он бес жыл өтті. Байым бүгін өліп босанды, өзім осы орталарыңда отырған. Күндіктің ұзын құрығы сарт етіп қызыма түсе қалғасын, соңдарыңнан қуып келіп тұрмын! Нағып қорықпай қуып келдің демеңдер: он бесімде өзім де тап осы қызымдай едім; сендердің қолдарыңда ешкім, енді он бес жылдан соң қызым да тап қазіргі мендей болмай ма? Мен үшін бұдан артық қорқыныш та жоқ, қорлық та жоқ. Сол мені айдап әкелген! Берсеңдер тірі алып қайтам, бермесеңдер өлі алып қайтам! – дейді.

Мана әйелді асап қоярдай боп тұрған жігіттер, құлағымыз салбырап, үміжі беріппіз; не сұрау, не жауап бере алмай жерді шұқи бердік,–дейді. Ағасы оны сезе қояды да:

— «Тең — теңімен» деп, он бес жыл отасқан байым еді, сүйегін жолда көрдім. Білектің күшін, найзаның ұшын не күшті теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсыңдар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе еді, оның құнын қалай өтейсіңдер?.. Құлынға қосақтап қызымды әкетіп барасыңдар, бұларың да не ерлікке, не әділдікке жанаспайды. Ең мықтағанда еліне бір күң апарып қосасыңдар. Қызым сендерге барса күң болады, өзіммен қалса тым болмағанда өз етегімде еркін еркелейді. Сондықтан қызымды алып қайтам! — депті.

Өмірінде әйелден мұндай сөз естімеген әумесер Кейкі былай депті сонда:

— Әйел еркекке қатындыққа жаралған. Біздің далада одан басқа не бітіреді олар? Қызды сатып алсаң да қатын, тартып алсаң да қатын... Жігіттер, мына қатынның сөзін қойдырып, өзін де ала жүрейік. Теретін тезек біздің елде де бар! — дейді.

Манадан ойға көміліп, тұнжырап отырған Жалпақ таудан құлағандай құлап отыр екен. Ұшып тұра келіп сары қасқа атын әлгі әйелге тоса береді де:

— Өз бойымнан бере алатын айыбым осы-ақ, жеңгей. Олқысынбай ала көр. Құндіктен босанғың келсе, мына жылқыдан қалағаныңша ал да, жердің шетіне дейін көше бер. Бірақ, жер жүзінде күндік пен құлдық жоқ ел бар дегенді естігенім жоқ еді, сондықтан өзіме еріңдер: қанаттыға қақтырмайын, тұмсықтыға шоқыттырмайын! —дейді.

Сонда әйел тұрып:

— Осы жылқының қаншасы өздеріне тиеді? — деп сұрайды батырдан.

— Кім біледі, біреуі де тимес... Оны би біледі... — дейді Жалпақ балуан.

— Ендеше, жылқы да ал деме, атыңды да берме, саған ере алмаймын да: сен де еліне жеткенше ғана ерікті батырсың, еліне барғасын сен де еркіңнен айырыласың: не байдың, не бидің сойылы боп қаласың. Батыр-балуанды көріп жүрміз ғой. Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды: айырмасы осы-ақ. Бірақ, сенің еркің менікінен еркін болмайды. Солай емес пе, батыр? — дейді әйел.

Жалпақ тағы да мойнын салбыратып отырады да:

— Біз даланың ессіз есерлеріміз ғой. Көзге түрткенде ғана селк етеміз. Көзге түртпесе көрмейміз. Сен көзімнің оқырасын алып, шымылдығын аштың. Әлгінде ғана қызыңды сауғаға алып, кең өмірімнің азғана ойыншығы етермін деп ем. Енді одан қайттым. Өз еркім өзімде тұрғанда, мен де бір адамға ерік берейін, қыз сенікі. Желден де еркін өмір сүріңдер! — дейді.

Бишараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара! Ерні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ, түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті, — дейді.

Жалпақтың соңғы сөзін естуі-ақ мұң екен, бірі сары атқа, бірі торы бестіге мініп, екі әйел ойнап шыға берді.

Бір кезде әйел, сар қасқа атты қалт тоқтатып, артына бұрылып:

Керей деген ел көрсеңдер, сәлем айт, Жалпақ деген батыр көрсеңдер, сәлем айт! — деді де, жөнеле берді. Әйелді аттандырған бойы тұра кеп тұрған Жалпақ

балуан гүрс етіп құлап түсті. Біз де сонда ғана есімізді жиыппыз. Айтып-айтып не керек, жылқы да қалып, Жалпақты сүйеп елге әрең жеткіздік, – дейді.

– Шіркін, әйелдің де әйелі екен, – деп Жанай балуан ылғи айтатын еді, – деп Әйтілес қарт сақалын тағы бір салалап қоятын еді...

Балалар манадан бері тынып қалғандарын енді ғана білгендей: –Рәсірә, рәсіри, рәтүре рәрире... – деп, қайта шуласып кетер еді.

АШЫҢҒАН АНА

– Қонайын деп едім, – деді есіктен бір жалба-жұлба әйел кіріп келді де.

Жағы суалған. Бет-аузын айғыздап тілген әжім маңдайы мен екі көзінің күйрығында түйісіп жұлдызданып тұр. Ағарған әжім сызықтарының әрқайсысы бірақ тілектің ізі екенін ешкім аңғарған жоқ. Жарылған еріндерін тас жұмып алып, үй иесіне от шашқан қара көзін қадады да, жауап күтті.

Жырым-жырым жеңінен білегіне дейін көрінген қайыстай қап-қара қолын ұсынуы ме дерсің. Мүйіздей қара саусағының біріндегі күміс сақина өзгеше ерекшелеп көзге ұрады.

– Қай жақтыкі боласыз? – деді үй иесі әйелдің батылдығын ұнатпай. Оның үстіне, көр көзділеу адам «қонайын деп едім» дегенді жақтырмады. Әйелдің ілгіріп, жалжыраған жан, қалжыраған жайын ұға алмады.

– Сендей үй бикештері қайнынан басқа елді білмейтін. Айтсам да біле қоймассың. Айтсам кейін айтармын, әуелі «қон» деген сөзіңді айтсайшы! – деді ашы манағыдан гөрі де батымырақ түрде.

Үй иесі кесек сөздерден бастырылып қалды білем, қайыра жауап бере алмады:

Қонам десең енді... – деп былжырады да, өз әйеліне қарады. Оның ыңылықтаған көздері «мына бәледен сен құтқармасаң, маған от шашып ойнаса ме, қайтеді...» – деп тұрды әйеліне.

Е, қонсын. Қоныңыз, – деп әйелі меймандостық көрсетті.

Қыр арқасы мен жағасынан басқа дымы қалмаған құпі-қу қамзолын ағаштан іле тастады да, келген әйел көсеудей қолын отқа қақтап жатып:

Тоңып келдім. Алыстан келем, сорлы басым! – деді.

Бастапқы сөзден беті қайтып қалған үй иесі күбіжеңдеп сөйлескісі келген ниет көрсетті де, ешнәрсе сұрай алмады.

Көгендегі қозыдай болып отқа төніп отырған балалар қорқып, кейін шегініп кетті. Үй әйелі жалма-жан бір тостаған ұнды алып илей бастады да, әрі-бері ыңылықтап отырып:

Сыңайласым, арып-шаршаған адам көрінесің, көзіміз үйренсін, жөніңді ашып отыр, – деді.

– Айтам, шырағым, айтам. Мына үй қожаңның тауы шағылып, жаны жасып қалды білем. Мені бір мыстан кемпір деп отыр ғой, сірә!–деп самайына түскен қара бурыл шашын құлағынан асырып қайырып тастады да, созіне кірісті:

– Қаладан келем, шырағым!.. Шыққалы он күн болды. Жоғарғы Арғын, Бәден ауылынікімін. Көптен жесір адаммын. Доңыздың ашаршылығына байымды берсем де, арқалап жүріп жалғыз баламды алып қалып едім. Сол балам үшін он жеті ай түрмесін де көріп келе жатырмын... – деп бір күрсініп қойды.

Үй әйелі нан баттасқан қолымен самай шашын жинай беріп бір «сылп» деді де, қолын көтерген бойы аузын ашып қатып қалды.

– Бала ананың бауыр еті ғой, отқа да, суға да сүйреп салады екен. Өзегіңнен үзіліп түскен балаң үшін қалай отқа түспессің? Былтыр әлі солдат алатында жалғыз ұлым он бесте еді. Алтыбас деген байдың сиырын бағуға жарағалы екіақ жыл болған. Екі жылдан соң:

– Қарағым, екі жылғы табан ақыңа бірдеңе берсе, алып кел деп балама тапсырсам:

– Сауып отырған сиырдың сүтін ақтап жүрсің! – деп әлгі Алтыбас ит дым бермегені ғой.

Жиырма бірге келген баласы болыс еді. Оңбаған неменің көзі құтырған иттің көзіндей екі түрлі болып, бірі тарғылданып, бірі қанталап тұрған, шашы үрпиген бір пәле еді өзі шақылдаған. Байдың баласы бөрінің бөлтірігіндей келетін әдеті ғой.

– Ақы бермесең кетем, – деген баламды жонын, сыртын бірдей ғып сойып салыпты. Содан соң балам қашып үйге келген.

– Е, бұл белгілі жай ғой. Ақысын ала алмаған жалғыз менің балам ба, тәңірі!– деп әйел аз тоқтап, қайта сөйлеп кетті:

– Сүйтіп отырғанымызда, солдат алатыны шықпас па... Аттының қамшысы, жаяудың таяғы қашан да бізге тиеді ғой.

– Қапия қатынның баласы да ілігіпті, – деп дүңк ете түсті.

– Қой, менің балам жас емес пе? – дейім. Жаманат өтірік бола ма, балам ілікті де кетті... Жұртпен көрген ұлы той, әуелі отыра бердім. Баламның жастығына ішім ауырса да, жұрттың барлық бозбаласы барады дегенсін, жалғыз елде қалып, үйірге салушы ма ем, барсын дедім.

Солдат бермейміз деп азамат атқа мінгенде менің қарғатайым да бір тайға мініп далбаңдап шауып жүрді...

Күн өтті, ай өтті. Бір уақытта елдің іші ала тайдай бөлініп адам басы дал болды да қалды. Жылағанда басы қазандай болған қатындардың біразы үн-түн жоқ, басыла қалды. Бірге жыласып, патшаны бірге сілесетін қатындарым қоя қойыпты. Мұңдасайын деп маңына барсам:

– Қайтесіңдер, құдайдан күтіңдер, – дейді де теріс айналып кетеді.

Сұрастырсам, біз секілді құрым түндіктен басқаның көбі-ақ баласын босатып алған екен. Баласы босағандар кәдуілгідей бөлектеніп, іргесін аулаққа салып, жүре сөйлеседі. Көрінгеннің көзіне қарап:

– Ағайын, маған да жәрдем берсеңдерші. Жасы толмаған жалғызым көлденең ілегіп тұр ғой... – десем:

– Құдайдың салғанын күтуден басқа не шара бар... – деп етегімнен тартады.

Тамам таз бен ақсақ, шолақтың арасында біздей сорлының баласы ғана солдатқа баратын болыпты...

Салып болысқа бардым. Көз жасымды көлдей төгіп, болыстың әкесіне жалындым:

– Өмірімді есігіңнен алмайын. Тек қана салдаттан аман алып қал. Бұғанасы қатпаған жас бала арам өледі ғой, – дедім.

– Малымның санынан алған адамымның саны асып барады. Ала алмаймын, – деді.

Керілген кермиық жас қатыны бар еді.

– Қара үйге бар. Бұл үйге кісі келеді, – деп айдап шықты.

– Мен кісі емей, итпін бе, дейін деп кеудем бір қозып тұрды да, айта алмадым, шығып кеттім.

Алтыбас деп жай атанды деймісің, бұған менің өкімім өтпес дедім.

Одан шығып болыс баласына жалындым.

– Ел бассыз, қатын байсыз қалмас, барсын. Балаңның жасын қате жаздырып байыңнан көр! – деді де, поштабайына «мына қатынды шығар» дегендей ым қақты.

Ауылнай, билеріне де барам. Хатшыға да жалынам. Жылай-жылай құрғыр носсуалуға да айналды: жәрдем түгіл, сөзімді тыңдайтын да адам жоқ,

– Е, барсын. Шошқа етін жеп жақсы боп келеді, – деп хатшы келеке қылады.

- Өзің әлі байдан қалған қатын емес екенсің, балаңнан ұялып жүрген шығарсың. Өрісің кеңиді, барсын,–деді, болыстың қасынан қалмайтын бір қара сақал.

Алдияр, құлдық, мырзалар-ау, балам он бесте-ақ қой, көлденең түндірмесеңдерші. Бір ат, бір сиырым бар, соны алыңдар, баламды босатыңдар деним. Ешкім айналып та қарамайды. Бір ат, бір сиыр параға жараудан қалған екен...

Сонымен болыстың маңайында бір жеті шарлап жүрдім. Қараша үйлерді сыдырлап айран-шалап ішем. Кейде біреуіне қонам, кей күні кез келген арбаның астына жатып шығам.

Бір күні Алтыбас байдың тезек арбасының қасында жатыр ем, біреу келіп ерінімнен құшақтай алды. Іс-міс жоқ қаусырып әкетіп барады. Адам ба, сиыр ма, жұмысы жоқ өңменде басып барады. Ұшып тұра келсем, әлгі болыстың ауылында жүретін қара сақал екен. Аяғым аузына тиіп кетті білем...

Жетім қыздан жесір қатын жақсы деп ем, бақыр басыңды алтын табаққа салып десем... – деп телміріп отыр. Кеудеден итеріп кеп қалып ем, ыңқ етіп шалқасынан түсті. Тұра салып білегін білеулеп келе жатыр.

Ой, қара сақал! Тек тиіп қара, қолыңда өлем! – деп анадай жерде жатқан балтаны көтеріп-ақ алдым. Ұялды білем:

Ой, қан жауғыр қаншық,– деп жүре берді.

Күш болып құмығып қалған жанбыз ғой, қанша ашулансам да балтаны сілкіп алмадым...

Баламды босатар емес. Өзімді әбден сықаққа айналдырып болды. Көлденең қамшы қыстырып, шырт түкіріп жүргендердің бәріне жалынам.

Баланды қоя тұршы...— деп мазақ кылады. Несін жасырайын, мен бір кезде «Айнакөз» атанған сұлу едім, кейде сұлулық та сорыңа бітеді!

Енді қайтем? Қаныма қарайып болдым. Бірақ колымнан ештеңе келер емес. Тор байталға мініп балам келіп еді.

Апа, қайтесің, сріккен жұртқа ойыншық болып. Бүйтіп сені сықаққа салғанша, солдатына-ақ барам. Қайт үйге!— деді.

Оның мені сықақтағанға күйіп-пісіп жүргені өзегімді өртей түсті...

Баламды ертіп алып болыстың үйіне тағы бір келдім. Баламның жастығын көздеріне көрсетіп, бар тілегімді де айтайын, алғыс-қарғысымды да аямайын деп келдім.

Алдында қымыз, ақ жастыққа шынтақтап болыс жатыр. Қымызын аузына апара беріп қара сақал маған бұқадай төне қарады:

Би-еке, тағы келді ғой байғұс... Сұбабын ал... Баланы кейін көрерміз...— деп жап-жас бала болыс маған карады. Мұндай арсыздықты бірінші рет естігендей едім. Балам құлағын басып, ата жөнелді.

Біз көрмей-ақ қояйық. Өзін бір айға қаратып алшы! — деді болыс, мен бұрылып есіктен шыққанша.

Далаға шықсам, балам байталына мініп алып шауып барады екен. Шешесін қорлағанға шыдай да алмаған, қолынан келері де жоқ... Көзім қарауытып, теңселіп тұрып қалдым. Құдайдың дес берісінде, екі құлағын дірілдетіп үстіне бас салған бір табақ ет көтеріп поштабай келе жатыр екен. Табақтың шетінде жалтырап жатқан сар кездікке көзім түсе қалды. Ар жағын өзім де анық білмеймін.

Өзім, көзім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүгіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұтқыншағынан салып кеп жібердім сағалатып тұрып өкпе тұстан тағы бір-екі рет бұлғап-бұлғап алдым да, ұмтылдым-ай кеп қара сақалға! Болысқа пышақ салып жатқанымда көзі шарасынан шығып қара сақал қалшиған да қалған. Пышақты өзіне ала оқталғанымда:

— Ойба... ойба...— деп екі қолын ербелеңдете берді. Поштабайдың табағы қолынан жалп етіп жерге түскенін, тістері ақсиып бастың домалап кеткенін бір көріп қалдым.

Көзіме қан толып кетті білем, ешнәрсені анық көре алмадым. Қай жері екенін білмеймін, пышағымды екі-үш рет сұққыладым-ау дейім қара сақалға да. Бірақ, сүйекке тырс-тырс етіп, пышағым батпады. Соны ғана білем, содан соң талып кетіппін...

...Бір, уақытта селк етіп көзімді ашып кеп қалғанымда көзіме үймелеген қара шыбын ду ете түсті. Көзім жыбыр-жыбыр етіп ашқызбайды. Көзімнен басқа жерім қорғасынмен құйып тастағандай, тұрайын десем, денемде өзіме бағынатын бір мүше қалмапты, бәрі бөтен. Қолымды көтеріп денемді барлайын десем, қолым тырп етпейді. Аяғымды қозғайын десем, аяғым өзімдікі емес...

Шалқамнан жатыр екем. Жап-жалтыр аспаннан басқа түк көрінбейді. Не оңға, не солға бұрыла алмаймын. Өзге денемнен айрылып, құр көзім ғана

қалғандай... Түсім шығар деп біраз жаттым... Әлден уақытта аяқ жағымда бірдеменін ауырғаны білінді. Бірақ, өз денем емес, қасымда жатқан біреудің денесінің ауырғаны маған білінеді екен дейім...

Жата, жата білдім-ау, естен танғанша тепкілеп-тепкілеп, ауылдың сыртына керіп тастаған екен.

Денем түгел көрінеді. Бірақ бірде-бірінің жаны жоқ, бәрі бөтен. Денемді бөлек-бөлек етіп шауып біріне-бірін қайтадан жалғап тастағандай қозғауға келмейді.

Есім түн ортасында жиналды. Аяусыз жан, қанша тепкіні көтеріп, енді маған соның мөлшерін айтып жатыр. Екі аяғымды екі қазыққа, екі қолымды екі қазыққа керіпті де, білек пен қызыл асықтан тастай қып таңып тастапты. Шашымды аттың құйрығындай бұрап-бұрап, бесінші қазыққа байлапты. Балам Бақыт көрер ме, өзі де бір жерде керіліп жатыр ма, менің жатқан жайым осылай екен. Тепкіден басқа не істегендерін білмеймін...

Жаны құрғырдың әлі шықпағанына көзім жеткен соң, өлімсіреген даусыпен:

– Қарашығым, қайдасың... – дедім ыңырсып.

– Ит жанды ит тірілді ғой!–деп қос кабаттаған камшы бас-көзіме жауып кеп кетті...

Құрсын, құрғыр өмір, бейнеттің жеті атасын көрді ғой, бұл жұдырықтай бас. Бәрін айтсам жүректерің ұшар. Мына жасық байың үйінен үркіп кетер, көзі бақырайып кетті ғой, қысқартайын...– деді әйел.

Содан соң ай, жеті күн дегенде көрдей қараңғы, мұздай суық түрмеге апарып көмді де тастады ғой.

Босағалы бүгін он күн. Қыстыгүні патша түсіпті. Одан соң бір патша болыпты, қазір бәлшебек деген жұрт билеп тұр қаланы деп, түрмеден шыққан соң естідім: өздерін тани алмадым, бізді босатқан солар екен.

–Енді түрмеге бұрынғы түрмешілердің өздері жататын болады! – дейді екеп олар.

Түрмеден шықтым да, қарашығым қайда екен деп, елге қарай ұшып келем. Сорлы балам мені қайдан іздей алсын. Өзім іздеп табам ғой деп, жүрегім алып ұшып келеді...– деді.

Алдына алдақашан қойылған шай мен жылы, жұқа нанға әйелдің қолы әлі бір тиген жоқ.

«Енді түрмеге түрмешілердің өздері жататын болады!» дегенде–«сен бұл сөзге түсінемісің?» дегендей, әйел үй иесінің бетіне бір қарап еді, оның көзі төмен қарай жылт ете түсті.

Енді, міне, «жүрегім алып ұшып келеді!» дегенде көзінің қарашығында ойнаған от сәулесі ортада маздап тұрған оттың өзінен де артық жарқырап кетті. Іргеге бұққан балалар қозғала-қозғала әйелдің қасына келіп, тізесіне де асылып, үшына да қарап қалыпты. Манадан бері «балам» деген сөзді әйел осы балалар алдында айтып отырғандай.

– Сендер үшін! – деп, ер әйел балалардың маңдайларынан бір-бір сипағанда, бұдан бұрын ешбір ана сипамағандай мейірім қанатының лебіндей өте майда

тиді. Дауыл желінен түрілгендей үй иесінің тымағының бір құлағы түріле бастапты...

Әйел түн бойы өмірінің қараңғы түкпірлерін қазып, көп әңгіме айтты. Өмір өзін сондай сіліккен. Қазір бұл сондай орасан күшті. Енді өмірді өзі сілкуге жарап қалған ана еді...

АНАНЫҢ АРАШАСЫ

Салпы етек, жылауық күз емес, гүілдеген желді күз еді. Тұнық біткен шаңырақты сабалап, қараша үйлер тозығы жеткендігін айтып, зар қақсап, сықыр-сықыр етеді. Бұрқырап түсе бастаған күзгі сары-ала жапырақ ауыл қотанында жындай ойнақтайды. Қартайған, ескірген, күні өткеннің бәрі де зікір салып тұрғандай.

Қызыл майдан бұл ауылдардың үстіне енді ғана жақындап келе жатқан кезі. Үш күннен бері гүрілі естіле бастаған зеңбірек үніне ел құлағы әлі үйренген де жоқ. Зеңбірек үні оқта-текте оқыс гүр етіп қалғанда, төр алдында томаршадай болып, шарт жүгініп отырған кәрі молда:

— Алла деңіз...— деп қояды.

— Жер дүңкілінен тұла бойының түгел берекесі кете бастаған үй иесі Жұман бай:

Жүрегім ауызға тығылып, ас батпай қойды,— деп, жастықтай қампайған ішін басады. Жүрегім деп отырғаны кәдуілгі ас қазаны екенін аңғармайды да. Ол қазанның олқы тұрмайтынын да ұмытқан.

Кең көйлектің етегі арт жағынан жел үрген тауықтай түріліп кеткен Жәніш бәйбіше үйге кіре беріп:

— Басталды ғой тағы да!.. Бұл неменесі еді тынбайтын! Тарқамайды екен құмары!—деп, есік жақта тамақ ішіп отырған Жапардың тұмсығын қамзолының етегімен жайқай өтіп, төрге қарай беттеді. Жапардың дәл алдына шығып алып, екі тебініп, екі кебісін екі жаққа ұшырып жіберді де:

— Жапармысың, әлі тоймай отырған? Өзіңдей Оразалы жүр ғой таң сәріден бері отын тасып!—деп, теріс айналды. Жапардың алдында тұрған айранның бетін қыл-қыбыр, жүн-жұрқа, шаң-тозаңға толтыра кеткенін байқамаған да сияқты. Кебіс табанынан ұшып келіп, айран бетіне шаншыла түскен тезек сынығы құйрығын шошайтып, Жәніш бәйбішені нұсқағандай болады.

Мың қорлыққа шыдаса да, мың біріншіге шыдай алмай кеткен Жапар атып тұра келіп, алдындағы айранды аяғымен ақтара салды да, шығып жүре берді. Киіз есік сарт етіп босағаны соққанда, ұйтқыған түтін келіп Жұманның жүзіне соқты. Үйде отырғандар үн шығарған жоқ.

— Бұл да бір кезек дүние шығар. Жина!—деді Жұман әйеліне көзімен ақтарылып жатқан айранды нұсқап. Бұл жайды жуып-шаятын адам өзі ғана екенін білетін кәрі молда:

—

— Алла деңіз...— деп, көзін бір жұмып қайта ашты да — халайық, бұлт жоқта күннің күркірей беруі ешуақытта болған емес. Мұның аржағында бір хикмат барлығы бір Алланың өзіне аян боларға керек,—деді.

Жел ойнаған қараша үйлерінен жылы үйге келіп біраз отырып кетуге келген ағайын үндеген жоқ. Мұның аржағында «тағы бір рет құрмалдық беру керек қой» деген сөз тұрғанын білетін жұрт ешнәрсе аңғармағандай пішін көрсетіп, елеусіз қалдырды.

— Халықта бейіл жоқ,— деп моллаекең тағы бір басып өтіп еді, Жұман жүзін ағайынға бұрып:

— Е, бұзылып болды ғой бұл жұрт,— деп, ағайынға қашаннан бергі қалыптың шайқалып бара жатқанын аңғартқысы келді. Бірақ, кезегін күтуде жүрген жұрт, бұл ыңғайдан да ығысқан жоқ.

— Бейіл деген ең әуелі бар адамдарда болу керек қой...

— Кедей несімен бейілді болады? Көн тулақты күнде қаққанмен шаңынан басқа несі бар шығатын?—десіп, бейілділік бетін Жұманның өзіне қарай бір аударып тастап:

— Біреудің түзелген беті біреуге бұзылғандай көрінеді. Оған жұрт айыпты болмайтын шығар! — деп, ызғар шетін көрсетіп қойды.

— Хикмат бар, хикмат! — дейді кәрі молда, басқа ешнәрсе таба алмай.

— Хикмат бар дегеніңіз дұрыс болар. Бірақ, кімнің оң жағынан, кімнің сол жағынан келерін кім білсін... Келе жатқанын іш сезеді,— деп, отырғандар өзара жымиысады.

Бұл шаққа дейін ашса — алақанында, жұмса — жұмырығында болып келген ағайынның осы бір сөздерінде зіл жатқанын сезген Жұман да үндей алмай қалды.

Күркіреу үдей түсіп келеді. Ертеңгі шуақ күннің алдындағы көрлі дауылдың түйілген қабағындай, сағат сайын ызғар қосылып барады. Желді күз дауылға айналып келеді. Аунап тұрар, қайта жасарар ел көзін сол дауылға тігіп еді.

Ақ пен алаштың жазагер отряды тап осы кезде келіп, осы ауылдарға орнады.

— Ал, кімнің оң жағынан, кімнің сол жағынан келген хикмат екенін көріңдер көздеріңмен! — деп, Жұман құлпырып қалды.

— Бар хикмат осы бола қоймас!—деп, жұрт та сіресті.

Жазагер отрядтың бастығы офицер Антоновтың жүрген жері жылан жайлағандай болып қалатын. Ол жүріп өткен жердің жапырағы бір түнде қуарып, шаңдағы бір-ақ бұрқ етіп қалатын. Антоновты елдің итіне дейін күндік жерден таниды, керек болса елден бұрын иттер таниды. Антонов келе жатқанда оқ пен қылышқа ілекпей қалған ит тұқымы болса, ағаш арасынан тұмсығын көрсеткен емес.

Антонов келіп қалғанда бұрын араз ағайын бірінің үйіне бірі қалай кіріп кеткенін де білмей қалады. Үрейі ұшқан жұрт намазын да кез келген жерде оқып, кез келген жерінен аяқтай салады. Антонов аттанғанша, сенделген жұрттың есі жиналған емес. Сондықтан, Антоновты жұрт «Ақтопалаң» деп атап кетіп еді.

Ауыл үстінде тынбай ойнақтайтын сөздер – сиыр, есек, ит, шошқа болып басталады да, аяқ жағы баяғы бір ана сорлының атын былғап барып бітеді.

– Сугінə бит, сугінə қаhəр соққыр! Ничік, тоқтами сугінзргə кирəк соң?– деп, кəрі молда ғана таңданады. Ол үшін бар ауыртпалық осында ғана сияқты.

Майдан жақындап қалған елге Антонов әдейі келген. Ондағы ойы майдан алдынан шығып, тым болмаса, қарғаша болу емес, ертең қызыл жалау астына жиналатын жұртты бір күн болса да қызыл жон қыла тұру еді. Бұл елдердің «теріс» ойлы азаматы түгелімен осы Антоновтың қолынан өтіп, түрмеде жатыр. Сондықтан, ол қай үйдің түтіні қалай қарап ұшатынын да жақсы біледі.

Қызылдар жайындағы дәл анық хабар елге жіңішкелеп қана келетін еді де, екінші бүйірден қосыла кететін «ұзын құлақ» ісіріп-кептіріп, өңін айналдырып әкететін. Антонов ашу үстінде сол хабардың шындығын ашып алды:

– Айлалы көздеріңді жұмбаңдар өтірік! Анау келе жатқан қызылдарды әкеңдей күтіп отырсыңдар. Бірақ, біз де «қоштаспай» кетпейміз сендермен!– деген сөздерінен, жалпақ ел ақтардың біржола ауатындығын да аңдап қалды. Антоновтың бұдан арғы сөздері адам ұятын қанша былғап жатса да, ел оған құлақ асқан жоқ. Күнәсыз ел – күзгі сонаның шағуы ащы болатын деген үлкен қорытынды жасады да, сол жорамалын тас түйін шыдаммен күтті.

Антонов қашанғы әдеті бойынша, әр үйдің адамын түгел далаға айдап тастап, барлық үйді өз қарамағына қаратып алды. Содан соң, өз қорасына бара жатқандай-ақ, алшаңдай басып, қотандағы қойға кірді. Әр қотанда үркердей үйме-жүйме боп, әр ауылдың азғана қойы тұр да, ішінде ондаған ақ әскер жүр. Мұның аяғы немен тынарын тек қойлар ғана ұғына алмай тұрған сияқты.

Есік алдына Нағима шешейдің көк қошқары да келіп қалды. Бір әскер жетелеп, енді біреуі артынан итермелеп келеді. Арба астына ықтырма жасап жатқан Нағима бері бұрылды да:

– Қошқарды қоя беріңдер. Орнына қой әкеп берейін. Қошқар еті жеуге жақсы болмайды,– деді.

– Немене?

– Қой берейін, қошқарды жіберіңдер, – деді Нағима жақындай беріп.

– Ə... жібер деймісің... жарайды. Жіберейік...

– Қошқарды жетелеп келе жатқан солдат:

– Әрине, кемпір дұрыс айтады. Қошқар еті сасық болады, – деп қошқарды босата бергенде, артта келе жатқан офицердің қылышы да бата берген күн көзіне шағылысып, қып-қызыл болып жарқ ете түсті: қошқардың басы жерге бірден топ ете түсті де, денесі бір-екі рет орғып барып құлады. Офицердің бұл шеберлігіне қасындағы солдаты да қызыққан жоқ.

– Аршыт, салдыр қазанға!

Жұманның үйінің алдында тұрып офицер Антонов қана қарқ-қарқ күлді:

– Жарайсың, Рудаков!

Ыза болған Нағима шешей қазанға қошқардың аталық мүшелерін де түгел тастап жіберіп:

– Жегің келгені осы болса, жей ғой! Қошқардың бүйрегіне тісің өтпей жүрсе, өз обалың өзіңе! – деді ішінен.

—

Ертеңіне қылмысына мәз болған жазагерлер қорғансыз ауылды қалай қорлағандарына қарқ-қарқ күлісіп, түс ауа аттанып кетті.

Қаңғырып, қаусап қараша ауыл да қала берді.

– Антоновты ерегестіретін осы елдің өзі ғой. Әйтпесе, бізге неге тимейді? Бұл өзі ессіз жігіт емес! – деп, Жұман бай ағайынға көңіл айтып отыр.– Е, мал орны толар, жан аман қалғанын айт... – деп қояды.

Антонов бұл жолы он алты-ақ ат әкетті. Жарлының жалғыз атын тартып алып жатқанда, Жұман бай жан ашыр сөзге де барып қалған:

– Әттең, жылқының жайлауда болғанын көрдің бе... Әйтпегенде,– деп барып, «өзім-ақ беріп жіберетін едім» дегенді айта алған жоқ-ты. Оның ендігі көңіл айтқаны да ешкімнің құлағына енген жоқ.

Жазагер Антонов бір бел асып түсе бергенде-ақ ауылға барлауда жүрген қызыл әскерлер келді. Бұл ауыл бұларды бүгін ғана көріп тұрса да, олар ауылды талай көрген еді. Сондықтан, «ұзын құлақтың» бөріктіріп әкеліп жүрген мың өсегінің біреуі аныққа шықпай қалды.

– Лұқсат па, азамат? Біздің азғана айналыс жасағымыз келіп еді осы ауылға, деді, былғары киімді, ұзын бойлы, қырма сақалды жігіт, есік алдында тұрған Жапарға.

Қарулы адамдардың лұқсат сұрағанын ауыл бірінші рет есітіп тұр. Азамат деген сөз тіпті жаңа! Жапар нанар-нанбасын да, дұрыс естігенін де, қате естігенін де анық айыра алмай азғана аңырып қалып еді, жаңағы жігіт жымиып күліп:

– Жолдас! – деді, азғана бұза сөйлеп,– жолдас, біз жаңағы отрядты көрдік. Бұсыздық ізі ауыл айналасында әлі сайрап жатыр... біз азғана аялдап, аттанатын жұмысымыз бар. Лұқсат қой, жолдас?

Жапар «лұқсат» деудің орнына:

– Иә, жолдас, жолдас!– деді.

Екінші бір қызыл әскер аттан түсе қалып, Нағимаға келіп:

– Шеше! – деді.– Шеше, суыңыз бар ма?

Сол кезде ауыл сыртында мылтық бір шаңқ етіп қалды. Антонов мына барлаушыларды көріп қалды ма, әлде, ауылда қалған тағы бір арманы болып қайта оралды ма, әйтеуір жалаң қылыштары жалт-жұлт жалақтап, ауылға қарай ұмтыла құлай берген екен. Әуелі ұбақ-шұбақ, опыр-топыр келе жатқан атты әскер, жақындай келе ауылды екі жағынан орап алатын ыңғай көрсетті. Азғана аялдап алды да, қызыл барлаушылар да аттарына мініп, шоқ ағашты беттеріне ұстай, шауып жөнелді.

Ауылға ең алғаш келген бес қызыл жауынгерден төрт әдемі сөз қалды:

- Лұқсат па?..
- Жолдас...
- Азамат...
- Шеше!..

Бұл – қара түндікті қазақ даласының бірінші рет өз құлағымен естіген ұсақ, бауырмалдық сөздері еді.

—

Ағашты жаңғырта, ашық аспанды найзағайдай тіліп, оқтар ағып барады. Шоқ ағашқа жете бергенде бес қызыл әскердің біреуі аттан ұшып кетті. Ұзын тобылғы торы ат иесінен айырылып, төртеуінің артынан салып барады. Қуғыншы қолы екі жақтан орап, төрт қызыл әскерді түгел ортаға алуға байлаған сияқты. Құлаған қызыл әскер басын бір көтеріп алды да, қайта құлады. Енді ақырындап ағашқа қарай жылжып барады.

– Ұш, Жапар! Жоқ, ағаш пана бола ала ма, байғұс балаға, қалыңға апарып жасыр. «Үйшікке, үйшікке!»–деді Нағима, есік алдынан көріп тұрып. Жапар да екі айтқызған жоқ... Даралау шоқтан бір бүйір мұнартқан «үйшік» деп аталатын қалың орманға көзін бір аударды да үй артында тұрған ақсақ биесіне міне жөнелді.

Қашқандар да, қуғандар да қара үзіп, көрінбей кетті. Анда-санда бір шаңқ еткен мылтық даусы да әлсіреп қана келеді.

Жұман есік алдына шығып:

– Әй, әй, қатын! Байыңның түрмеде жатқаны аз болып жүр ме саған? Ендігі арманың балаң екеуің бірге кету ме еді түрмеге? Неңбар еді сенің бәлеге соқтығып? Есіңде болсын, өз мойныңмен көтересің!–деді Нағимаға.

Нағима ана ешнәрсені естімегейдей, Жұманға бұрылып қарамаған да жоқ. Тек қана баласының әрбір адымын санап тұрғандай, көзі шоқ ағашқа қадалып қалыпты.

– Орыс пен орыстың арасына осы елден сен ара түсетін болғаның да!–деді де, Жұман үйіне кіріп кетті. Ондағы ойы еш нәрсеге куә болмау еді.

Баласына да, өзіне де қауіп төнерін Нағима ана буалдыр ғана сезінетін сияқты. Бұл сезім әлде қай жерін қытықтап та қояды. Бірақ ана әлдеқайдан жарық көріп, қос өкпесін қолына алып, соған қарай ұмтылған адамдай, ешнәрсені елемейді де, есептемейді де. Неге де болса белді берік байлаған ер пішінде, үнсіз сазарып, есік алдында тұр. Жаулық астынан шығып кеткен бір топ буырыл шашын жел ұйтқытып, иегін сабалайды. Күн еңкейіп, орман бауырайы буалдыр тартқан сайын, талған көзін қолымен көлеңкелеп, Нағима ана тесіле қарайды.

Күн де батып барады. Жаралы әскерді арқалап алған Жапар да орманның қалың көлеңкесіне ілегіп, көрінбей кетті. Нағима ана сонда ғана қуғыншылар жаққа, бір қарап еді, Антонов отряды кейін оралған екен.

Ұзамай Антонов ауылды қайта тапты.

– Қызылдың солдаты қайда? – деген сұрау да ұзамай Нағима ананы тапты. Бұл сұрау ауылды кезіп, көп айналып жүрген жоқ: Жұманның үйіне бір кірді де, қайта шығып турадан тура Нағима шешейге келді.

Қазықтай аяғын қаздаңдата басып, Нағимаға қарай Антонов келе жатыр. Екі көз бір-бір қадалысып, екі от бір-бір шарпысып қалғанда, ана кірпігінің бір талы да селт еткен жоқ, Антонов ыза болып кетті.

– Қызыл қайда, балаң қайда?

– Екеуі де құтылды сендерден!

Ана арқасында қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр... Арашаға жарай алмаған ауыл ұятына тұншықкандай тым-тырыс. Тек отыз өрім қамшы ғана

ойел арқасында жыландай ысылдайды. Анада үн жоқ. Асыл жігер мен құр өктем күш кездесіп қалып біріне бірі тізе бүгер емес. Қара-көк жапырақты ақ көйлек қызылға айналып, арқа жағы тілім-тілім болып кетті. Қанға боялған қамшы ана денесінің ашылған жерлерін иіскеп табатындай, жанға батар жеріне дәл-дәл тиеді. Қамшы сарт етіп қалғанда ана көзінен от ұшқыны да жалт етіп қалады. Сіресіп қалғандай табан аудармай, кек кернеген ана тұр да, мың сұрауына бір жауап ала алмай ызаға булығып Антонов тұр. Ана тістері тіл қақпасын тас бекітіп тастапты, қарысып қалған жақтары тісті тіске айқастыра түседі.

Ашуға булығып, қамшыны үсті-үстіне жаудырып тұрған ызалы Антоновтың өзі болдыруға айналды. Оған ерекше батып бара жатқан солдаттар көзіне көрініп қалған өз әлсіздігі еді. Енді тоқтатпаса, екі айналмай өз ұятын ашып алатыны есіне түсіп кеткендей, қамшыны өзіне таяу тұрған солдаттың алдына тастай берді:

– Сойыңдар кезекпен!

«Ал, сендер де анаға қол көтеремісіңдер? Амал не, көремін де!» – дегендей, ана көзі үй толы солдаттарға қадалды. Солдат жүздері бұрқырата тартқан темекі түтінінен буалдыр ғана көрінеді.

– Ал қамшыны! – деді Антонов қасындағы солдатқа.

Ол қамшыны қолына алып, мұның не нәрсе екенін өмірінде бірінші рет көріп тұрғандай, айналдырып бір қарады да, жеркенгендей жүз көрсетіп, өзіне таяу тұрған солдаттың алдына тастады...

Екінші солдат қамшыны қолына алмастан, аяғымен әрі қарай ысыра беріп:

– Рақмет... ала алмаймын... – Сүйтті де, қамшыға тиген етігінің тұмсығын от ортасында жатқан киізге бір-екі сүйкеп алды.

Аяқтан-аяққа көшіп, тепкі жеген қамшы солдаттарды түгел айналып, Антоновтың өз алдына келіп түсті. Енді Антоновтың өзі де қамшыны оп-оңай ала алар емес қолына. Оның орнына, оң қолы жамбасындағы тапаншаға қарай кетіп барады. Ызамен жымия бастаған еріндері тағы бір кәрлі сөзді бұрқ еттіруге ыңғайланып келеді.

Алыста күн күркірейді... Хикмат үні кешкі тыныстаған ауамен айқын естіле, ақырын сезіле бастады. Ана қорлығын жасырғысы келгендей, күн мен түннің шекарасы іңір түсе калды. Бірақ, кек түтін серпіліп, солдат жүздерін айқындап, солдат көздері ашу отын шаша бастап еді.

Антоновтың да шатынаған көздерінен ұшқан от ұшқыны жылан тіліндей жылт-жылт етеді. Барлық қаны басына құйылып бара жатқандай, бет-аузы гүлденіп, еріндері дір-дір етеді. Қалшылдаған қолы тапаншаның ілгегін әрең ашытты. Жә, ол қазір тапаншаны суырып та алады. Сонан соң? Оны әлі өзі де ойлаған жоқ. Оның ең алдымен үнсіз бағындырып алуға тиісті жандары өз солдаттары. Офицер дағдысы соны айтып, соған жетелеп тұр.

– Қатарлан! – деді Антонов ысылдаған, тіс арасын әрең бұзып өткен үнмен. Солдаттар үнсіз қатарлана қалды.

– Алып шығыңдар, мына әйелді!

Екі солдат орнынан әрең қозғалған ананы қолтығынан демей далаға алып шықты, оның артынан басқа солдаттар, ең артында Антонов шықты.

Нағима шешейдің үйінде не болып жатқанын үн шығармай, тыныс тоқтатып тыңдап отырған ауыл бәрін сезіп отырған. Енді ауылдың шіміркеніп күткені қараңғы тыныш түнде шаңқ еткен оқ даусы еді. Оның орнына үзіліп-үзіліп шыққан ана даусы келеді:

— Бәріңнің де шешелерің бар шығар,.. Тек, біреуіңнің де шешең мынадай ақ-топалаңның қолына түсе көрмесін деп, тілеп өлем. Мен үш ауыз құрметті сөз естіп өлгелі тұрмын: Ана... Азамат... Жолдас... бұл сөздер үшін өкінбей-ақ өлуге болады...

Алыста күн күркірей түседі... Кешкі тынық ауа зеңбірек үнін айқын әкеліп тұр. Оқ даусын күткен қараша ауыл тымтырыс. Бір кезде, қараңғы түнде жасылдана жарқ еткен қылыш бір-ақ жалт етіп қалды: кесілген бас топ етіп жерге түсті де, басынан айрылған дене сөлекет ербеленді деп барып шалқасынан құлады...

Солдаттар даусы Жұман үйінің сыртына қарай ауысты. Талас, жанжал, керіс басталған сияқты, Адуын сөздер әр ауыздан-ақ батпандап шығады.

— Һаман сугінәләр... — дейді кәрі молда бұрышта бұғып отырып.

От басында қастарын қиғаштай құбылтып Жәніш бәйбіше отыр. Жұманда үн жоқ, үрей де жоқ... Іс аяғы тынғасын, із аяғы аяңдап осында келерін қатты сезінеді.

Екі солдат қолтықтай демеп, Нағима ананы үйіне алып келді. Кесілген бас Антоновтікі екен. Жасыл қылыштың жарқ еткеніне дейін бар қайратын бойына жиып, буыны бір дір етпеген ана енді аяғын әрең сүйреп келеді. Ана жүрегінің әлде қай жерінен бұрқ ете түскен алғыс жалыны бар қуатын ала кеткен сияқты. Қуаныш жалқыны кеудесіне сыймай, ойға сыймасты тілі де айта алмай қалыпты.

— Адам — азамат атанса, әйел — ана атанса, адам баласы біріне бірі жолдас атанса, ана біткеннің содан басқа іздегені бар ма?

— Бақыт дүниесі келе жатқанда, ең соңғы бақытсыз мен болмақпын ба? Көргім келеді сол дүниені. Мәніне көз жеткен соң, сәнін келтіретін біз болармыз!—дейді қуанышты ана. Бұл сөздер ана аузынан дұғадай естіледі.

Антонов отряды түн ішінде екіге бөлініп, екі жаққа қарай аттанды. Ауыл сыртында керісіп-керісіп алған ақ солдаттардың екіге жарылған тобы бірінебірі:

— Сақтаныңдар!

— Аяс болмайды енді! — деседі.

Қызылдарға қосылуға аттанған топқа Нағима ана жаралы қызыл әскер мен өз баласы Жапарды қосып беріп:

— Жолдарың болсын, балаларым! — деді.

Күн қып-қызыл шоқтай болып шығып келеді. Ұзай берген әскер тобына қарап, үйге сүйеніп Нағима ана тұр. Барлық қараша үйдің әйелдері ентіге басып, көз жастарын жеңдерімен сүрте, Нағимаға қарай жүгіріп келеді.

Кешегі күнге дейін өздеріндей көп көнбістінің бірі көрінетін Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нұр, жаңа бір күш жалыны бар. Ол — көп тілеген, ұзақ күткен, енді міне, орнағалы келе жатқан үміт толқыны еді...

ЕР АНА

Қаланы қапталдай орап, мұнартып тұратын көк зеңгір қалың орман астаңкестең. Шашын жайып жіберген ақ қайыңдар жазықсыз қираған қарағай бауырын жоқтап, ақырын ғана сыңсып, жылап тұрғандай. Қалың орманның өрт шалған тұстары түскен тістің, орнындай кетіліп қалыпты да, қап-қара болып опырайып тұр.

Ну орманның қала жақ беті қысқы көрпесін қалың жамылған жазық дала, бүгін бетіне қорасан шыққандай шұп-шұбар. Ол шұбартып жатқан қопарылған жер, бүктетіліп жатқан өлік денелері. Әр жерде намазға жиналғандай топ құзғындар отыр да, қуанғаннан құйрығына дейін қыпың қағып сауысқандар жүр.

Қаланың оң бүйірінде күміс теңгедей болып жарқырап жататын сұлу көлге төніп тұратын бақшаның да далдалы шығыпты. Ерсілі-қарсылы көсіле құлаған ақ теректердің күміс жапырақтары әлі дір қағып жатыр. Жайған алақандай жалпақ жапырақтарымен уыс-уыс қар уыстаған бір шоқ емен ағаштар кәрлі қабағын кешпес кек, қайтпас ызғармен түйіп алыпты.

Жау қолы жолында кездескеннің бәрін жұлып тастағысы келгендей, от пен оқты аямай төгіп, қалаға төнді. Аяусыз бүлдіріп, мағынасыз қиратып, кек егіп келеді.

Көрінген бұтаны бойтаса жасап, қалаға қарай жалғыз әйел келе жатыр. Түп ізі – қалың орман, меңзегені осы қала сияқты. Жауған оқты елемей, өлім қаупін ескермей келе жатқан ана еді ол. Өмір үшін сынға түссе, ана жүрегі бүлк еткен бе! Әйел бұршақтай бораған оқ астына қарай кіріп келе жатыр. Бұл – аңыраған ана Наталья еді.

Әр жерде топтанып отырған тойған құзғындар «қашан ортамызға түсесің, жаназаңды қашан оқимыз?» дегендей, Наталья анаға тұнжырай қарасады.

– Түседі, түседі, түседі! – деп, құйрығымен ым қағып сауысқандар отыр.

Қалада қалған азғана халық түгел көтеріліп, өткен түні орманға жөнелгенде ол үстінде жатқан немересі – Лидасын байғұс кемпір әкете алмап еді, Түн бойы ауыр сандырақ үстінде жатқан балапанының қасында болды да, қалада жалғыз қалғандарын сездірмеді. Енді, міне, орманға орналасқан жұрттың із-тозын бір анықтап алып, Лиданың қасына қайтып келе жатыр.

Лиданың өз шешесі мұғалима, жаздан бері партизандар ішінде жүр. Лида өз шешесін көрмегелі алты айдан асты да, содан бері әжесінің қолында еді.

Наталья ана – күні кеше ғана сүзек пен немістерді өзінше салыстырып кеп:

– Бірі суыққа ұрындырсам-ақ алмай коймайтын ауру да, енді бірі – тегі адам баласы ғой... – деп, Лиданы қозғай алмаған.

Енді бүгін ана жүрегі екінші байлам жасады. Өлсе, аурудан өлсін, адамнан айуан шыққанын көрмесін деп, әл үсгінде жатқан балапанын орманға әкеткелі келеді.

– Мас өгіздер әл үстінде екен, бала екен деуді білмей жүрсе...– деп ойлай бастайды да, оның әр жағына үңіле бастаса ана жүрегі дір қағып кетеді. Қала лапылдап жанып жатыр. Қала басына қара жамылғандай, қара түннің астындағы,

қайғылы бір күні еді. Күнінде неше керісіп, неше рет сыр ақтарысатын жақын жандардың жанып жатқан ұясын көргенде, ана жүрегіне қорғасын құйылып бара жатқандай сезілді.

Ауру Лида мектеп үйінде қалған. Мектеп әзір аман екен. Наталья аяғын әрең басып, мектеп корасына кіре бергенде, ертеректе снаряд қазып кеткен ұңғыға әлденені көміп жатқан екі адамды көрді. Партизандар екенін де таныды, олардың не істеп жаткандарын да түсінді. Қаладағы үлкен үйлерді, керек боп қалса, көкке ұшыруға әзірлеп коятынын, Наталья талай көрген де, естіген де еді. Мектеп астын дәріге толтырып, от беретін сымның ұшын ұңғыға көміп жатыр.

— Ей, тоқтаңдар... Мектепте менің бөбегім жатыр... — деп, Наталья, тез-тез басып барып, мектептің есігін ашты.

— Ақырын, ана! — деді, екеудің біреуі, Натальяның кім екенін таныганнан кейін. Керегі болып қалмаса, бүлдірмейтінімізді білмейтін бе едің? Қорықпа, мүмкін, немістер кішкентай қаланы менсініп тоқтамас та... Бара бер пәтеріне... Бірақ бұл жерден аулағырақ, жүрерсің. Әсіресе, от жақындап жүрмесін.

— Е, мен бір түк көрмеген меңіреу ме едім, сонша! Он сегізінші жылы талай көпірді өзім де қиратысқанмын. Ол сендер ғана білетін өнер емес шығар! — деп, кемпір мектепке кіріп, өз бөлмесінің есігін азғана ашып тыңдай қалып еді, Лида тағы да сандырақтап сөйлеп жатыр екен:

— Мама, мына түріңде көзің мен мұрныңнан басқаның бәрі бөтен, бәрі бөтен... Әжем түгіл мен әрең таныдым... Мама, сен қараңғы түндерде орман ішінде жүргенде, нағып қорықпайсың?.. Түнде жиналысқа баратын болсаң, мені ерте жүретінің есіңде ме, мама! Қорықпайды деп әжемді айт... Ол түн ішінде қараңғы моншаға да жалғыз кіріп шыға алады,— деп, Лида ақырын ғана жымиып шешесі алдында тұрғандай қолын соза беріп еді, әлсіз қолы сылқ етіп түсіп кетті. Өз шешесі әлдеқайда, алыс ормандарда жортуылда жүрсе, әжесі есіктен қарап жылап тұр еді.

— Иә, балапаным, шешеңді сағынатын уақытың да болды, құлыным,— деп, Наталья немересінің ыстық басына қолын салғанда, кемпір жүрегінде қызғаныш қытығы да бар еді.

Лида әрең деп көзін бір ашты да, мейірімді ана қасында екенін аңғарғандай болды. Бірақ әлгі сандырақ енді әже сипатына ауысып:

— Ой, мама, сен қалай қартайып кеткенсің...— деп қалды да, ұялған кескінмен әжесіне қарай бір ығысып қойды. Суық үйде, суық күндерде, ең жылы, ең жұмсақ құшақ осы әжесінің құшағы болатын. Буындары бұлтиған кәрі қол өте жұмсақ тиеді де, буалдыр тартқан таныс көздері мейірім жылылығын төгеді. Лида қайта қалғып кетті.

Зеңбірек даусы жақындап қалды. Наталья Лиданы орап-шымқап енді көтеріп қолына ала берем дегенде, жақын жерде ғана жарылған снарядтан мектеп үйі қатты сілкініп калды да, Лида қолынан түсіп кетті. Кемпірдің өзі де құлап қалды. Үй төбесіне әлденелер сатыр-сұтыр етіп түсіп жатыр.

Кемпір жүгіріп далаға шығып еді, жау снаряды қаланың қасиетті бір белгісін аспанға атқан екен. Мектеп қасындағы алаңда бірге жерленген он тоғыз

большевиктің ескерткіші бар еді, соны қиратыпты. Ол молада Натальяның ері Степан да бар. Оларды он сегізінші жылы тағы осы немістер атып кеткен болатын. Жүрекке салған сол дақ аз болғандай, бүгін, міне, сол қадірлі ескерткішті жоқ қылды.

Қадай салған қанжар дәл жүрегіне қадалғандай, Наталья отыра кетті, соғысып та, соққы беріп те көрген елдің қызы мұндай тағылықты есіткен еместі. Кешеден бері бос қалған қаланы неге осынша талқандай береді, ана жүрегінің ұға алмай тұрғаны да осы ғана.

— Есерлік пе, еселеп өскен қандастық па?

Ескерткіштен мектеп төбесіне келіп түскен ағаш пен тастар,— «Бұл қорлықты ұмытпа, Наташа!» деп жатқан Степанның даусындай, ана жүрегіне шаншыла қадалады. Ана бойына он сегізінші жылдардың ашуы қайта жиналып, тамыр-тамырын ыстық қан қуалай жөнелгендей болады.

— Наташа, саспа! Ал, Наташа, төк оқты! — деп тұратын сонау күндер бүгін бір сағат қана қолына түсер ме еді, әттең...

Кәрі көздер, сол алыс күндердің бір айқасын көріп тұрғандай, әлдеқайда қарап қадалып қалып еді, неміс танкілері де қалаға кіріп келеді екен. Лезде қаланың барлық кешесі танкі мен машинаға, сұр киінген әскерге толды. Қалада үш шақырымға созылған бір-ақ ұзын көше бар еді. Соны өрлей ағылған жау қолы үйме-жүйме болып, үйіліп келеді.

Мектеп қорасына да танкілер тола бастады. Темір жамылған, ажал таңбасын маңдайына басып алған машинадан екі адам шыға келді де, Натальяны көріп:

— Қолыңды көтер! — деді, Наталья қозғалған жоқ.

Кемпірді именбей тінтіп, ұялмай балағаттап болғасын:

— Мынау мектеп мина төгіп қойған үй болар. Алдымен осы кемпірдің өзі кірсін! — деп, Натальяны алдарына салып, мектептің есігін ашқызды.

Наталья есікті еркін ашып, қатты жауып жүріп, мектептің бар бөлмелерін аралатып шығарды. Ең аяғында өз бөлмесіне кірді де, ауру немересін қорғаштай тұра қалып:

— Көріп болдыңдар... Енді кіре беріңдер! — деді.

Немістер жүрегі де орнына түскендей. Жалғыз қалған кемпірдің неліктен қалғаны да түсінікті сияқтанды: ауру бала нарттай жанып жатыр. Сонда да Лиданың көрпесін бір жұлып алып, арық денені бір жалаңаштап көрмей сенген жоқ.

Бұл үйде өз адамдары тұрса, бұл маңда қауіп те жоқ болу керек деген ой келді білем, мектеп іші адамға толып кетті. Бұл елдің мектепті қадірлейтінін жақсы білетін немістер, қаладағы ең қауіпсіз жер осы болар деп ұйғарды.

Мектеп коридорында тағалы аттар жортып жүргендей... Лида бір мезгілде көзін ашып:

— Бұл не, әлде бүгін оқу бастала ма? — деп сұрады мұңайып отырған әжесінен.

— Иә, күнім... басталатын болар...

Есіктерге қарауыл қойылып, қолдар шекеге сарт-сұрт баруына қарағанда мектепке орналасып жатқандар — офицерлер екені де айқын еді.

Фашистер әлденені айтып, арсаңдап Натальяның бөлмесіне де кіріп келеді де, көп кідіре алмай шығып кетеді. Әлде аурудан ығыса ма, әлде балапанын қорып отырған ұя басар – анадан тайқы ма, әйтеуір, тұрақтай алмайды. Басқа бөлмелерде айғырлар оқыранғандай, бұқалар өкіргендей болады.

– Мына бір еврейдің құрт көзін! – деген әмір берілгенде, ақ гипстен жасалған Пушкин мүсіні терезеден атып шықты. «Ескі салтты, өткен ғасырлардың тағы адамдары» сапалып, талай ақ сақалды, ақ бас дана қарттардың суреттері жұлынып жатыр.

Ақ кірпіктерін сүзе, бояусыз көзі мөлие қараған неміс офицер! Наталья бөлмесіне кіріп келіп:

– Мадам, ауру балаңызды алыңыз да бөлмені босатыңыз. Сізге мұнда тұруға болмайды, – деді көрден шыққандай суық үнмен.

– Түн ішінде қайда барам? Барлық үйлерге де сіздің адамдар толып болды емес пе... Ауру баланың жайын көріп тұрсың ғой,–деді кемпір, қызғылт көздерінен қызыл ұшқын шашып.

– Қайда барарыңды өзің білесің. Біз сендерге пәтер тауып беруге келген жоқ шығармыз деп ойлаймын. Бұл ақырғы сөз!

– Көшеге шыға бергенде, күзетшілерің ғой, атып салады?

– Мүмкін, атып салар. Күзетшіге мен жауапты да емеспін. Бірақ, сізді офицер атады екен деп үміттенбеңіз... Ол құрмет көрсетілмес сізге... Атса, бәрібір солдат атады.

Бұлармен сөзге келіп, түсінісуге, рақым күтуге болмайтынын жақсы білетін ана, Лиданы қайтадан орап байлап, көтеріп алды да, мектептен шықты.

Қала өрт құшағында. Мектеп қорасы да, көшелер де лық толы жау әскері. Сықырлаған, қаршылдаған, күркілдеген танкілер отын сөндірмей, үйір-үйір болып тұр. Қай жағыңа қарасаң да, өлім орағын көресің, қай үн құлағыңа келсе де, ол – өлім үні сияқты.

Неміс солдаттары мектеп сарайларын қиратып, от жағып, ас жылытып жатыр. Ақырын аяңдап, баласын құшақтай көтеріп, ана солардың қасына келді.

– Мен бәріңе де анамын ғой, балалар. Өз балам мынау, әл үстінде. Таң атқанша оттарыңа жылынайын. Лұқсат етіңдер...– деді.

Солдаттар «солдат» сөзін айтып, оған «жұқпалы дерт» дегенді қосты. Мектеп қорасында он шақты жерге от жаққан солдаттардың бір тобы да маңына жуытқан жоқ. Ана жүрегіндегі ақтық кесім алынып та қалды!

Наталья қарға кеудесінен кіріп отыра қалған Толстой мүсінін көрді. Қалың қабақтың астынан түйіле қараған шұңірек көздер әлденені айтып, әмір етіп тұрғандай, «Аннаны» бастарда жазған «Егер кегім бір алынса!» деген сөздері еске түседі.

– Егер кегім алынса!..

Лиданы манағы өзі көрген ұңғының қабағына қисайтты да, кемпір сүйретіліп барып сарай жақтан бір-екі тақтай алып келді. Ұзын тақтайдың бірін солдаттардың отына өз қолынан тұтатып алып, ұңғының шетіне от жаға бастады.

Қу тақтайлар сатырлап, гүілдеп тез жанып кетті. Қараңғылық қоюланып, от айналасындағы солдаттар өздерінен басқаны көрмейтіндей кез болып келеді. Сол кезде:

— Манағы от түсіп жүрмесін деген жерің осы еді-ау...— деп, кемпір отын солай қарай бір ысырып қойды.

Мектеп үйінің әр бөлмесінен жарық жылтылдап, мас әндер естіле бастады. Наталья отын тағы бір ысырып қойып, бар тақтайды отқа тастап жіберді де, Лиданы көтеріп алып, мектеп бақшасының түпкіріне қарай жылыса жөнелді.

Әлде от жетпей жатыр ма, әлде манағылар ойнап айтты ма, Наталья бақшаға жеткенше, ешбір апат белгісі білінген жоқ.

— Орнынан жаңылған екем. Қайтадан оңдап жіберейін деп,— Наталья мектепке қарай бұрылғанда, бір ғана гүрс етіп, мектеп үйі аспанға ұшты. Ұшқан бөренелер, қара бұйраланған от жалыны мектеп айналасын түгел жауып кетті. Баласын бауырына қыса түсіп, ер ана да қара түнге сүңгіп кеткендей жоқ болды...

АҚЛИМА

— Апа! — деп басталыпты жауынгер хаты. Жалын атқан ыстық леп шыққан «Апа, апатайым!» деген сөздер дүние жүзіне айғай салып тұрғандай.

— Апатайым-ай, сағындым ғой, — дегеннен кейін тізіле қалған көп ноқаттар ыршып түсіп домалап-домалап кеткен көз жасына ұқсайды.

Мүмкін, хатты алқынып отырып, асығып жазған адамның булығып келіп алқымға тірелген сағынышы ағытылып шығарға сөз таппай, түйіліп қалып, көп ноқатқа айналған шығар! Мүмкін, анасын қатты сағынған баланың он беттік хат жазса да, бар айтары осы бір ғана сағындым ғой деген қуанышты күрсініс күйі болар.

Хатты алып тұрған Ақлима апайдың да жан жайлауы бір ғана сағыныш күйіне лық толы жүретін еді. Майданға кеткелі бес жыл болған жалғыз ұлы Қасымнан екі жылдан бері хабар жоқ-ты. Сондықтан ана жүрегі жел үрлесе де ызыңдап тұратын қатты бұралған домбыра шегіндей әрбір нәзік үнге қосыла кететін.

Хатты оқып тұрған жаудыраған қой көзді, сұңғақ бойлы Нұрила «сағындым ғой» дегеннен кейінгі көп ноқаттарға сүрініп кеткендей азғана кідіріп қалғанда, ана жүрегін бұрқ етіп бұзып шыққан ыстық ірі жас тамшылары стол үстіне тырс-тырс тамып кетті. Нұриланың да жаңа ғана ашыла бастаған қызыл гүлдей үлбіреген қызыл еріндері дір қағып, биік ақ маңдайы қызара қалып еді.

Үзілуге айналған үмітін қайта бір жалғап жіберу үшін келген хатты қолына алғанда, Ақлима апай «балаңнан» дегеннен басқасын байқаған да жоқ. Өз баласы Қасым туралы келген қара қағаз сандық түбінде жатса да, мәңгі үзілмес ана үміті — «балаң міне тірі табылды!» деп, торғайдай шырылдады. Жасқа толы

көздерін көрші пәтердің террасасына жүгіріп шыға берген Нұрилаға бір жалт еткізіп қалып, Ақлима:

– Нұркешжан, бері келші,– деді қолындағы хатты көрсетіп.

Соғыс кезінде бір тілекті адамдар бір ғана түн бірге түнеп шықса да, бірінің қуаныш-қайғысына бірі оп-оңай ортақ болып қала береді. Осы пәтерде екі айдан бері көрші тұратын Ақлима мен Нұрила да көп сырларына ортақтасып кеткен жандар еді.

Биік өкшелі ақсұр туфли киген әдемі аяқтарын террасаның аралық жақтауларынан сылаң еткізіп бір-ақ ырғытты да, Нұрила дік етіп бері түсті. Нәзік қана қызғылтқа боялған ақ жүзі қуаныш сезінгендей, еркелеу күліп кеп, Ақлиманың, қолындағы хатты алды.

– Қуаныш үстінде жылайтын болсаң, оқымаймын,–деп, әуелі Ақлимаға еріксіз бір езу тартқызып алып еді, енді міне, «сағындым ғой» дегенді оқығанда Нұриланың өз даусы да қалтыраңқырап, азғана кідіріп қалды. Жұп-жұмыр аппақ мойнында көгілдір тартып тұрған екі күре тамырдың да лыплып соққаны көрініп тұр. Өзегіңнен өтердей тіктеу қарайтын көздерінің жанары жасқа шыланып барады. Әр саламен ақса да әлдеқайда түйісіп қалатын өзен суындай, екі көңілдің төркіндес бір мұңы тоғысқалы келе жатқан сияқты. Дәл осы жерде екі әйелдің жүрегі де домбыраның екі шегіндей екі түрлі бұралса да бір күйге келіп, бір күйге қосылып тұр еді,

Хаттың бас жағы биік өрден тар ғана арнамен, апыр-топыр тік құлап түскен тау суындай, түйдек айтылған сағыныш күйі екен. Не ақын айта алар, не болмаса, күйші ғана жеткізе алар мөлдір таза, тұнық сыр. Бұл күйді Нұриланың өзі де даусын шығарып оқуға шыдай алмай, көз жүгіртіп қана өтті.

Одан арғы жағы ағын су жайылмасына жеткендей, кең жайылып, тыныш аққандай екен. Нұрила осы бір тұсынан бастап кетті:

– Апа, сені Қарағандыдан тапқаныма әрі қуандым, әрі қиналдым, – депті жауынгер.– Осы хатты жазар-жазбасымның өзі бір ауыр сын болды. «Ақадырдан» кездестіргім келіп, әуелгі хатымды сонда жіберіп едім, Қарағандыдан қозғалмаған екенсің...

– «Ақадыры» несі? – деп, Ақлиманың таңданып қалғанын Нұрила абайламады да, хатты оқи берді:

– Неге дейсің ғой, апа, бұл жерде. Оған кейінірек оралармын, әуелі аздап есеп берейін.

Құлағы хатта болса да, екі көзі Нұриланың жүз құбылыстарын бақылап тұрған Ақлиманың әлі айқын бояуларынан айрылмаған қайратты қара көздерінде «неге?» деген сұраудың тұрғаны да рас еді. Күдікті бір ой толқып келіп көз жиектеріне соққандай, көздері кең ашылып кетті де, ақсұрлау жүзі қуаң тарта қалды.

– Мен бұл соғыста қырық екі мың тоғыз жүз қырық тоғыз километр жер жүрдім, апа. Кейін оралармын дегенімнің жауабы да сол қырық тоғызыншы километрде жатыр... Ұмытпасам... тап сол күні сенің де қырық тоғызға толған күнің еді. Сол күніне арнап жазған хатым төс қалтамда келе жатқан. Бірақ, ол хатты сен де алған жоқсың, өзімде де жоқ...

—

– Байғұс бала менің қырық төртке биыл толатынымды ұмытқан-ау...– деп қалды Ақлима. Мұнысы күдігі ме, әлде, жасын артық айтқанды ұнатпағаны ма, ол арасын Нұрила тағы аңғарған жоқ. Оның құлағына алыстан бір таныс үн келе бастағандай, өзгеге ойы бұрыла алмайтын халде еді.

– Бұл онша ұзақ та жол емес, апа, өзіміздің облысты он айналғандай-ақ,– деп ті жауынгер.– Екінші, сонша жер жүрсем де Берлинге жете алғаным жоқ. Үшінші, бұған поезбен жүргенім, ауада ұшқаным, танкімен жүргенім, ілгері жүргенім, кейін жүргенім бәрі қосылады. Арман сол соңғы қырық тоғызыншы километрден аса алмағанымда ғой! – дегеннен кейін жауынгердің өкінішті бір күрсінгені де естіліп тұрғандай еді.

Нұрила да күрсініп қалды. Сол күрсініс Ақлиманың ойына келе қалған күдіктерін жауып та кетті.

– Апа, қуаныш-қайғыға бірдей берік, ер болатын едің. Енді сол қырық тоғызыншы километрге оралайын. Мен сенен тудым ғой, сен де іркілмей ере бер,– деп, жауынгер бір сүйеніш айтқан жерінде, Ақлима апай бар күдігін ұмытып:

– Құлыным, қарғам, Қасымжаным! – деп қалды.

– Түн еді, апа. Үшінші түн еді. Күндізгі көп атыстан көтерілген көкала тұманның иісі әлі арылған жоқ-ты. Бұл түн менің ең соңғы көрген дүнием болғандықтан көп нәрселер әлі көз алдымда тұрады. Бұлтты тымық түнде шығыс жақ бетте ғана біраз жұлдыздар айқын жарқырап тұрды. Етектен көтерілген қорғасындай ауыр сезілген қара бұлт түнгі аласа аспанның суық қары шетінен асып, не тарамай, не шөкпей, өзеннің немістер жақ бетін қараңғылық дүниесіндей түнертіп әкетіп еді. Сол қараңғылық немістер жақтан ауды ма, жоқ па, мен оны білмеймін. Мен көрген соңғы сурет осы болатын.

Кейде қара түннің қарны жарылып кеткендей «бырқ-сырқ» етіп қалады да, кейде түннің шегі салбырап түсіп келе жатқандай, қызылды-жасылды ағып жүрген оқтар көрінеді.

– Үшінші түн еді, – дедім ғой, апа. – Өзеннен өту үшін үш күн, екі түн арпалысып, арғы жағаға иек арта алмай тұрғамыз. Арғы бет от белбеу, оқ топанымен қоршаулы тұрғандай аяқ салғызбайды. Оқ бораны өзен бетін жүндей түтіп тұр. Немістердің іргесін осы арадан бір көтеріп тастасақ, әр жағында қиынқыстау жоқ сияқтанады. Жауынгер үшін заң сол, апа: ең бері тұрған қауіппен ұсынтесесің, оның әр жағында ылғи үміт дүниесі жатады.

– Әлі есімде, кең жауырынды, сом денелі, қараңғы түнде күндізгіден гөрі де ірі көрінген дивизия командирі полковник Ремизов танкистер арасына келді. Қалықтай қатып, сымдай тартылып тұра қалған танкистермен салқын аманласып, баяу аяңдап өте берді. Тықыршу барлығы, жаңа бір бұйрық, белгілері полковниктің қасындағы кіші офицерлердің ұршықтай үйірілген жинақы қозғалыстарынан-ақ көрініп тұр. Полковник кейін оралғанда, аяғын ширақ басып келіп қарсы алдымызға тұра қалды да:

– Бар мағынасында ерікті түрде, бар мағынасында ешкімге борыш ете алмайтын бір ауыз сөзім бар, жолдастық сөзім,– деді.– Орындаған адамдарға ерік те, атақ та, бақ та әперем деп уәде ете алмаймын. Ол өздеріңде жеткілікті.

Бірақ, қалай ойлайсыңдар? Арғы бетке өтіп, бекініп аларлық уақыт болды ма, жоқ па? – деп бетімізге үңілгенде, мен жүрегімнің түбіне дейін көріп тұр-ау деп ойлап қалдым. Содан соң біз қайтарар жауапты өзі айтты:

– Білемін өтіп кетті, алдақашан өтіп кетті, кешіктік, дейсіңдер, – деді. Ешбір сөздің ұшын найзадай, түбірін томардай етпей, жай салмақпен айтты.

Солдаттың күнде еститін қатал әмірден гөрі осындай бір жолдастық сөзді сағынатын күндері болады. Ата-анасын, дос-жаранын сағынып жүретін жандар осындай бір сөз естігенде, сол ата-ана, дос-жаранның үнін естігендей болады.

Әр жағы ұзақ әңгіме, сол жерде бес танкист өзеннен танкімен өтіп, арғы қабаққа бекінуге уәде бердік.

Әлі есімде, бес танкінің командирі үнсіз ғана танкімізге келе жатырмыз. Танкіні тас бекітіп жауып алып, судың астымен өзеннің әр жағына өтпекпіз. Су астында тор да бар, ор да бар, темір тұзақ, қоршаулар да бар. Су астын тексеріп шыққан барлаушылар бұл қауіптердің барын жасырған да жоқ. Бірақ, сол қауіптердің ара-арасымен өтуге де болады. Өзенге тік түсіп, он метр жүргесін, сол жаққа бұрылып, он бес метр жүріп барып, қиғаштап қабаққа асылуымыз керек. Үнсіз ойымыз осыны есептеп келе жатыр. Көзсіз ерлік емес, көзді ерлік керек, соны ойлап келеміз. Су астындағы шытырман торды көз алдымызға әкеліп, ара-арасымен жол іздеп келеміз. Кедергісіз өтіп кетсек, танкінің ішіндегі ауа тұншықпауға жетеді де, ол екі арада танкінің іші суға да толып кете алмайды. Елеулі бір кедергіге ұшырап, не ілгері, не кейін кете алмай тұрып қалсақ, қоржын ауға түскен балықтай боламыз. Ой қайта-қайта осыны есептейді.

Білекті үздерей қатты қысып қол алысып жатқанда өзен бетіне тағы бір қарасам, әлі жүн-жүн екен. Біздің әскерлер өзеннен түнде өте ме деп қауіптеніп, немістер оқ боранын әлсіретпей тұр. Үнсіз ғана темір кебежемізге кірдік.

– Апа, көріспесек, қош бол! –дедім ішімнен. Жоқ, апа, жоқ! Атыңды аузыма алдым да қош бол дегенді айтқан жоқпын. Қоштас деген құрғыр ой неше рет келіп, қипақтап касымнан кетпей қойса да, айтқан жоқпын. Айтқыздым деп ол кетті, айтқан жоқпын деп мен қалдым...

Тап осы бір ойланып үлгірмес, көз ілеспес, қас қаққандай бір сәтте сездім – жарық дүниеде қоштасарым да көп екен.

Қоштасуға ешқайсыңды қия алмадым. Ешқайсыңды деймін-ау! Қарағандының үздіксіз ағылып жататын көмір таситын поездарының түтінін де қия алмадым қоштасуға.

Жоғарыда ескерткен хатты да арғы беттен жібергім келіп, ала кеттім. Аяғына «денім сау, аманмын» дегенді ертеңгі күннің атымен тағы бір жазғым келді. Бүгінгі күн мен ертеңгі күннің арасында қанша ұзақ, қандай қызықты өмір жатады, апа...

Үзіп-үзіп айтылса да ұзақ бір жыр естілгендей болып, өңдері бұзылып, ажары сына қалған әйелдер біріне-бірі қарай алмай қалысып еді. Қызарып кеткен мұрындардың қайсысын қыр мұрын, қайсысын қайқы мұрын деуің де қиын болып қалған екен. Маңдайдан биік қайырып, жуан өріп, желкесіне бостау жия салған қолаң сарғылт шашы Нұриланың жұмыр мойнын төмен иіп әкетіпті.

– Сен де бос екенсің ғой, – деп Ақлима Нұриланы жұбатқан болады.

– Осындай баласы бар адам жылай ма екен, – деп Нұрила езу тартқан болды. Көздері кездесе алмайды...

Әрең дегенде даусының дірілін тоқтатып, Нұрила хаттың аяқ жағын оқып кетті:

– Жер бетінде зіркілдеп, құлағыңды тұндыратын ауыр танкі су астында күмыққан, тұмшаланған, тұйық үнмен ғана келеді. Біресе артқы жағы, біресе алдыңғы жағы қайқаң қағып, өзен түбінің май батпағын жұмсақ қана есіп келе жатқаны сезіледі. Өзге дүниеде үн жоқ...

– Бұрылма! Тура тарт! Енді солға қарай! Болды, болды! Енді тік тарт! Ал, оңға бұрыл!–деп, дамылсыз қыпылық қағып, қарсы алдымда құбыланама тұр. Қасымдағы үш жолдасымның көздері де осы бір көбелек қанатының қыпылығындай ғана үмітке қадалып қалыпты. Әр метрді тұтамдап есептеп келеміз! Қауіп қасынан сүйкене өтіп, сүйемдей жерден аман қалуымыз керек. Екі минут... Екі жарым... Екі қырық... екі қырық бір... екі, қырық екі... қырық үш... Минут пен минуттың арасы дүниені шыр айналғандай ұзақ жол екенін сағат бетінен бірінші рет сонда көрдім. Танкінің іші көк буалдыр тартып, ішке тартқан демінен жылбысқы иісі келе бастады. Тізеге жақындау су да келіп қалыпты. Оқиғаны емес, түсінде әлденемененге малтығып, қозғалыс-қимылың өнімсіз, діл гір бір халге түскендейсің.

Бір кезде танкінің ішіне кірген су кейін лықсып, кеудемізге дейін бір жайлап отті де, қор-қор үйіріліп, астыңғы есік-тесіктерден құлай бастады.

Менің алдымда бір, артымда үш танкі бар-ды. Олардың нешеуі қырға шығып, нешеуі шыға алмағанын мен осы күнге дейін білмеймін. Өз танкімнің ток табаны түгел жерге тиген соң айдап ілгері кеттім.

Анда-санда айналам бір жарқ етіп, дүние бір елес беріп қалады. Талқандалған сым бөгеттер, істік арандар, үрпиіскен неміс солдаттары көрініп қалады. Көкемізден бұршақ жауғандай тырс-тырс етеді. От ішіне кіріп кетіппіз...

Зеңбірекшім Петр Чернов манадан бері атып келеді. Бет-аузын екі білегімен кезек-кезек сүртіп тастап, тез-тез атады. Бұрышта, аузы бір дамыл таппай, рациясы Сорокин Николай отыр. Бір қаңғыған снаряд келіп, танкімізді маңдайдан бір шұқып қалды білем, ап-ауыр танкім селк ете түсті. Танкіні жүргізуші Рахымжан Сарбасов, жапырыла жөнелген неміс солдаттарын тауықтай таптап, ешіпке траншеяны бір езгілей өткенде маған бір қарап қойды. Қысық кара көздері жылт-жылт етеді.

Жаяу әскерлер өтіп пе?–деп сұрадым Сорокиннен. Ол басын шайқады. Егер уақыт болған жоқ әлі, неге сұрағанымды өзім ғана білем...

Өзеннен өткелі он километр жүрдік.– Қырық екі мың тоғыз жүз қырық тоғыз километр, дедім ішімнен. Сенің қырык тоғызға толған күнің тағы бір ескіне түсіп, төсқалтамда келе жатқан хатты кеудеме қарай қысып қойдым.

Петр Чернов бірдеме айтайын деп, басын маған қарай бұра бергенде, сүңгіп келіп соққан оқ оң жақ қолын жұлып әкетті. Мен мұрнымды баса алмадым – суық бір нәрсе қарып әкеткендей болды.

Жаяу әскердің үлкен бір тобы өзеннен өтіп жатыр. Алды бергі қабаққа тиіп тұрғандейді, – деп, Сорокин маған баяндай берді де,– сіз мұрыннан айрылсаңыз

керек...– деп аяқтады сөзін. Мен оған Черновты нұсқадым. Черновтың ауырсынғаны енді ғана бетіне шыға бастап еді.

Бұл кек кернеп, ашу шеңберінен шыққан кез еді. Танкінің бойындағы бар құдіретін бұршақтай боратқым келгенін жақсы білемін. Танкінің іші гүр етіп жана жөнелгенін де білемін. Қап, қалтамдағы хатым жанып кетеді-ау, бекер жөнелтіп жібермеген екем деп ойлағанымды да білемін. Шашым, бет-аузым, үсті-басым жана жөнелгенде мұрынды тастай беріп, басы-көзімді түгел уқалай бастағанымды да білемін. Қозғала бергенде екі аяғым орнынан табылмай, құлап түскенімді де білемін. Оның ар жағын алты ай он күннен кейін ғана түсіндім...

Хатты көп тұрып оқи бастаған Нұриланың тізелері бүгіліп құлай берді де, қабырғаға сүйеніп барып әрең оңалды. Ақлимада сүйемек боларлық та жай жоқ еді. Жаралы жүректер ұйып қана, төмен тартып бара жатыр. Әлде не алқымға тығылып, жұтындырмайды да.

Террасаның алдында ойнап жүрген екі бала келді. Екеуі де мектепке бүгін бірінші рет барып қайтып келе жатқан балалар еді. Қара домалақ қазақ балалары. Бірінің басында майданнан қайтқан әкесінің тайпақ пилоткасы, біреуі жалаң бас.

– Мен енді немістерді қалай ұру керек екенін білемін! Әкемнен естідім,– деді сұр пилоткалы бала,– әуелі былай ту сыртына шығып аласың да, сонсоң былай, желкеден келіп пересің...

Содан кейін қасындағы баланы «пергісі» келіп, жұдырығын сілтеп қалғанда, ана бала жалтарып кетті де, сұр пилоткалы бала өзі ұшып кетті. Қоржынындағы кітаптары да шашылып қалды. Жалаң бас бала жалма-жан сұр пилоткалы баланың кеудесіне мініп алып, аузын басып:

– Содан соң ол немістің аузын былай байлап алып, сүйреп әкетесің!–деп, жолдасын сүйрелей бастады. Балалар ойыны Нұриланың ойын бөліп, көңілін сергітті ме, әлде, азап уын бір-ақ жұта салайын деді ме, әйтеуір хаттың аяқ жағын тез-тез оқып кетті.

– Ауызға ас құйылатынын, қолыма қол тиетінін көптен сезінетін едім,– депті жауынгер. – Бірақ, құлағым естімейді, көзім көрмейді, тілім сөйлемейді, бар денем мылқау, ойым еш нәрсені барлай алмайды.

Бірінші қуанғаным екі қолымның амандығын анық сезген күні еді. Мылқау жатқан денеңнен бірдеменің аман табылғанын білу – үлкен қуаныш екен. Он саусақ түп-түгел екен! Бірін-бірі бүгін ғана танығандай, аймаласып, амандасып жатқан үстінде есімді жидым. Өзара амандық-саулық сұрасып болған соң, сол қолым сұп-суық, тырбиған қабырғаларды түгендей өтіп жүрек тұсына барды. Енді екі қол бірін-бірі сүйемелдеп бас жаққа бара жатыр. Бас жақтан тас қып таңып тастаған шүберектен басқа ешнәрсе таба алмай, мұрынды іздеп еді, өз орнында о да жоқ екен. Баяғы мұрын тұратын жерге ып-ыстық қорғасын құйып қойғандай.

Екінші қуанғаным, ернім мен тістерім түгел екен. Екі қол еріннің есебіне жете алмай жатқандай, кезек-кезек түгендейді. Қалжыңдасқысы келгендей, ақырын ғана шымшып та қояды.

Сол жақ балтырым ұйығандай болады да, оң аяғымның бас бармағы дуылдап қышып жатыр. Енді қолдар әрең сырғып, солай қарай кетіп барады. Әуелі қышыған бақайымды қасып жіберейін деп оң қолым төмен барып еді, кесілген бөдененің молтақ басындай бірдемеге кездесіп әр жағынан ешнәрсе таба алмады.

Енді бір кезде манағы өзеннен өткелі қанша уақыт болғанын білгім келіп жатты. Білегімде сағатым жоқ екен... Одан соң қайда екенімді білгім келді. Әлі сол түн сияқты, көп түс көріп, қатты ұйықтап оянғандаймын. Таңдандырып жатқан майданда болмайтын жұмсақ төсек пен тарсыл-гүрсілсіз тыныштық қана еді.

Тағы бір кезде басымды қайта таңып жатқан үстінде есімді жидым. Ыңғайлы бір қолдар бас жағымда зыр жүгіріп жүр.

— Уақыт қанша?—деп сұрадым. Ешкім жауап бермеді.

Күңгір дауыс құлағыма келеді, бірақ маған жауап қайтарған ешкім жоқ. Мен қайталап сұрадым. Дауысым шықпағаны енді есіме түсіп, қолымды көтердім.

— Сіз қиналмаңыз... Енді қатерден құтылдыңыз... Қазір Саратов қаласындасыз... Енді бір-екі айда жүгіріп кететін боласыз! — деді күңгірт естілген қоңыр дауыс. Екі рет қайталап айтты.

Бұл манағы өзеннен өткеннен кейін алты ай он күннен кейін екен. Маған әлі манағы болып жатқан уақиға әлдеқашан баяғыға айналыпты. Мен оны кейін білдім.

Апа! Міне, одан бері де жыл жарымға таянып қалды. Мен өзіме өзім келгелі де жарты жылға жақын уақыт өтіпті. Енді қазіргі қалпымды жазып көрейін... Екі аяқ жоқ, кесілген томардаймын. Көздер енді ғана айқындалып келеді. Бетаузым қара қожыр шормақтай болу керек. Оны қолыммен сипалап қана шамалаймын. Қабырғадан шеміршек алып, қоң теріммен тыстатып, мұрын жасатып алдым. Бұрынғы қалпына келіп қалған осы мұрным көрінеді. Бұл хатты жазар-жазбасымды біле алмай қиналдым дегендегім, осы жайларды жазудан қысылатыным еді. Жолдастар, достар бар еді. Түрімді көргенде ең болмаса шошына қалмасын дейтін жандар бар еді... Енді міне, түгел жазуға тура келді.

Апа, хаттың өзі көңіл көтерері аздау болып шықты білем. Бірақ қу-толағай мүгедек екен деп қалма! Екі көзім айқындалып келеді дедім ғой. Көз дүниемен арамыздағы ең сенімді серігің ғой. Екі қолым сау. Кеудем толы кеңес сияқты. Алдыма қағаз, қолыма қалам алар күнге жетсем, дүние үлесінен маған тигені мынау-ақ дейтін емеспін!

Бұ да бір үлкен өмір ғой, апа! Мен бүкіл Отан соғысының тұсында бір-ақ түрлі әнге қосып, бір-ақ ауыз өлең айтып жүрдім. Ол қай ән, қандай өлең екенін осы күнге дейін білмеймін. Әнін де, сөздерін де жаттап ала алғаным жоқ. Әр ыңылдағанда жаңа бір ән, жаңа бір өлең түсті ме аузыма, оны да білмеймін. Ол түгіл, қандай уақыттарда айтқанымды да есіме түсіре алмаймын. Бірақ ылғи бір әнге салып жүретінімді жақсы білемін. Сол әніме салсам-ақ, шалқар теңіз үстінде келе жатқандай, не болмаса, тау қасында тұрғандай сезетін едім өзімді. Ашу, азап, қайғы, мұң, қорқу-қобалжу, мою — дегендер есіме де келген емес. Сол

әнім кеудеме қайта ұялап, өсіп келеді. Көп көк қанат балапанның талпынғанын, ұшқысы келетінін сезем. Ұшар кезі жақын сияқты.

Қазір, ана, курорттамын. Аяқ жасату үшін кесілген сүйектерді шынықтыруға балшыққа түсіп жатырмын. Қай күні хатың келсе, сол күні ұшамын Қарағандыға... Көріскенше асығып, құшағынды сағынған балаң... Сапар.

— Сапар? Сапар деп пе? Түу, жүрегім жаңа орнына түсті ғой! — дегенде Ақлима апайдың қуанып кеткендігі айқын еді. Өз баласы Қасым қаза тапты деген қағаз сандығында жатса да, мынау азапты көрген басқа біреу болып шыққаны манадан жүдеп тұрған шеше көңіліне өмірінде бірінші рет естілген қуанышындай тиді.

Бірақ, Нұриланың жүзі туған шешесі танымай қалардай еді. Хаттың бар салмағы соған түскендей, құба талдай майысып, жаншылып кетті. Әлгіде ғана сылаң қағып, сымдай ширатылып тұрған сұлу тұлғалы жас денесі босап, көлеңқағып күлімдеп келе жатқандай көгілдір гүл төккен күрең жібек көйлегі де уқалана қалыпты. Ақлимаға қарап қадалып қалған көздерінде наз да, таңдану да, кіналау да тұр.

— Өзі бір шешесімен сырласып өскен, шешесіне жан теңемейтін жігіт екен, — деді Ақлима, өзіне-өзі айтқан үнмен. Мұнысында барлық шешенің мәңгіден бері келе жатқан, мәңгіге дейін кете беретін көрі арманымен бірге жаңағы орынсыз қуанғандығынан ұялу да бар еді.

Нұрила Сапар деген жігітті бір-ақ рет көріп еді. Бұдан үш жыл бұрын Алматыда оқуын бітіріп, Қарағандыға келгенде, қазіргі Ақлима тұратын бөлмеде — Ұлбала деген қартаң әйел тұрады екен. Нұрила әуелі сол кісіге көрші болып еді.

Бір күні, түн ортасы кезінде жиналыстан қайтып келе жатқанда қасынан жүгіріп өткен жалаңаш адамды көргенде, Нұрила шошынып қалып еді. Қарағандының түнгі аязында жалғыз трусимен кездескен адамды көргені осы. Нұрила жүгіре басып пәтеріне жеткенде, Ұлбала апайдың террасасында киініп жатқан жаңағы жігітті таныды. Ертеңіне қарсы қайырған қара шашты, қою кірпікті, еркек пішінді жас лейтенант террасадан түсіп бара жатқан Нұриланы көріп:

— Қарындас, өткен түні мен сізді шошытқан болсам керек. Кешіре көріңіз, — деді.

Осыдан басқа сөз сөйлескендері жоқ. Достық тілеп тұрған қара көздер қыз тұлғасына екі көше бойы қадалып тұрды да, көлденең көшеге бұрылған соң ғана қою кірпіктерін бір-ақ қақты.

Ол жігіттің аты Сапар екенін, сол күні жүріп кеткенін, Нұрила Ұлбала апайдан кейінірек естіді. Ұлбала қайтыс болғалы үш ай өтті де, қазір ол бөлмеде көмірші әйел Ақлима тұрады. Нұриланың бар білетіні осы-ақ еді.

Әлдеқайдан, алыстан келген жауынгер үні Ақлимаға да жат естілген жоқ еді. Сыры көп, мол үн ана денесіне түгел жайылып, билеп алғанша азғана уақыт керек еткен.

— Нұркеш, — деді Ақлима, — шешең мен деп шақырсам, кейін өз шешесі табылып қалып жүрер ме екен? Енді ұл тауып алсам, айрылғым келмейтінін

түсінуің керек. Болмашы бір үміт қой, әйтпесе Қасым жанымның тірі еместігін білмейді деймісің! – деді.

Нұрила өзі білетін жайларды айтты. Аз көргенін ұзақ сырдай баяндады. Ақлиманың бар ұққаны – сонша ерлік істеген адамның шеше сағынып жатқандығы еді.

Сол сағатта Сапарды шақырған телеграмма да жөнелді.

Енді, міне, Ақлима апай көрінген жұртқа балам келе жатыр деп күтіп отыр. Кесілген томардай мүгедек емес, қанатын кере сілтеп ақ иық, мұзбалағы ұшып келе жатқандай күтеді. Өз ұлының аты Қасым екенін ұмытып кеткендей, Сапар балым келе жатыр деп күтеді.

Қарағандыға келе жатқан әрбір самолет Ақлима апайға ұшып келе жатқан Сапардай көрінеді...

ӘМИНА

Тау төбесіндегі Егізкөлде не болып жатқаны белгісіз еді. Жер сілкінген жоқ. Аспан ашық, күн төбеде қайнап тұр.

Дем алуға Егізкөлге қарай өткендердің аяғы сирегелі де көп болған жоқ. Бірен-саран машина солай қарай әлі де өтіп жатыр. Алайда жер табаны ыдыраңдай бір дүмпу барын сездіргендей болады. Қарға мен сауысқан бажылдап-шырылдап тыным таппай жүр. Тау төбесінен көтеріле көшіп, етек таулардың үстінде жосып жүр.

У-шу болып ойнаған жас балалармен әуреленіп жүріп Әмина ешнәрсені ойламаған жоқ. Бір бала қатты секіріп түскеніне мәз болып күлсе, тәрбиеші ана ағасы тарту керек. Бір баланың сандалына ұсақ тас түсіп кетіп, қыңқ етіп қалса, ана да ауырсынып, қабақ шыту керек. Көбелек ұстатпай кетсе, оған да ұрсу керек.

Балажан Әмина әр күнді осылай өткізеді. Таңы тез атады. Күні тез батады. Әрбір ертеңгі күнге балалар үшін жаңа қызықтар іздейді. Ертегілер, ойындар, Маршак, Чуковский...

Балалармен, ойынмен өтер күн қырық екі баланың анасы Әминаға қызық күн болып өтеді, бірақ оңай күн болып өткен емес.

Бүгін күн жексенбі, ең қызық өткізетін күн. Өзге күндерде жұмыстан шаршап-шалдыраң жүргендей, балалар кеше жатарда-ақ:

Ертең демалыс қой!

Әмина апай, ертең не көрсетесің? Қызық бола ма? – деп у-шу болған.

Жарқын жүзді, жайдары мінезді, балажан Әмина балалар үшін өз ойындарын ұмыттырғандай шеше еді. Мейірімді шеше, сергек шеше, сенімді шеше. Қай баланың аяғына қай күні қандай шөгір кіргенін білетін шеше. Балаларға оның жымиғаны да қуаныш, арқасынан қаққаны да қуаныш, болмаса бірдемені айтқаны да қуаныш.

Бұл әлі мектеп жасына жетпеген жас балалар үйі. Аудан орталығынан алысырақ. Егізкөлден сарқырап құлап жататын құлама судың барқынына салынған әдемі көк үй. Үйді айнала салынған жемісті бақшада сырғадай салбырап күрең шиелер өсіп тұр. Алмалар әлі көк, қыз бетіндей де қызарған жоқ. Осы бақшада қырық екі жас бала ойнап жүр.

Егізкөл жақтан бірінші гүіл естілді. Тау аңғарынан еспе жел келе жатыр ма деп Әмина жан-жағына қаранып еді, қылаң еткен бір жапырақ жоқ екен. Иық тіреген түкті қоңыр таулар тағы күмп етті. Бұл жолы жаңағы гүіл қоюланып келіп жарылып кеткен сияқтанды. Терең теңіздей тас жағасын ақжал толқын соғып жібергендей, бақша дір етіп қалды. Шие сырғалар мөлтілдесіп кетті.

Балалар қалшиып тұра қалыпты. Үріккен қозы-лақтай үрпиісіп тұр.

— Апа!

— Әмина апа! Біз қорқып кеттік!..

Әмина үлкен бір қатер таянғанын сезінсе де оның не екенін абайлауға мойын бұрмай балаларға қарай жүгірді.

— Қорықпаңдар,ештеңе емес, қорықпаңдар!..

Екі тау иығымен соқтығысып бірін-бірі орнынан қозғай алмай шіренісіп тұрып қалған сияқты. Егізкөлдің бергісі кішірек болушы еді, соның бар суы лықсып келіп, тас кемерінен бір-ақ ырғып түсті. Лақ етіп ақтарылды. Сарқырап жататын құлама суды көміп жіберді. Үйдей тастар гүрсілдетіп домалап келеді. Терең сайдың екі жақ ернеуін су кернеп, кеміріп-кеңейтіп келеді. Тау төбесінен құлап түскен құж тастар шошынып үріккен тау өгіздей жосып, ақтарылған судың алдында келе жатыр. Жойқын су кейде ондаған тау өгізді жұтып жібереді. Ұзамай ондаған тау өгіз судан шыға келіп, тағы да ілгері домалайды.

— Не қылып тұрсың, ей! Қашсаңшы! —деген дауысқа Әмина жалт бұрылып еді, асханадағы бір еркек, екі әйел асбасшылар қашып барады екен. Бірінің қолында ожау, бірінің қолында күріш елегі, енді бірінің қолында қойдың саны.

Асхана суға жақынырақ, ойпаңда болатын еді, су келіп қалған екен. Адамдары қашып барады. Балаларға мойын бұрар емес. Ақ халаттары делбегейленіп лезде жоқ болды.

Балапандарын соңына ертіп көлден қайтқан қазға ұсап, балаларын шұбыртып ертіп Әмина үлкен жолға қарай жөнелді. Сайды толтырып қыраңға жайыла бастаған су балалар үйінің іргесіне дейін жылысып келіп қалыпты.

Егізкөл жолымен ұшыртып, ағызып екі жеңіл машина келе жатыр. Әмина балаларды жолдың құламасына иіріп қойып, өзі асфальт жолдың қырқасына шығып, қолын көтерді.

Машиналар құйындай жүйткіп өте шықты. Екеуінде де шофердан басқа адам жоқ.

— Иелері қайда қалды екен? — деп ойлады Әмина.

Арт жағы анда-санда тарс етіп қалып газик келе жатыр. Әмина оған да қолын көтерді. Саналы адам болу керек, тоқтай қалды да:

— Мира! Бері кел! Мира! — деді.

Шашы желкілдеген кішкене қыз әкесіне қарай жүгірді. Әкесі қызын көтеріп алып, машинаға қайта отырғыза бергенде Әмина оған:

– Машинаңыз бос көрінеді, он шақты баланы ала кетіңізші! – деді.

– Біздің үй суға кетіп жатыр! Асығыспын! Қазір осы жолмен біздің жүк машина өтеді. Номері он тоғыз қырық. Мен лұқсат етті де! – Газик жылжып кетті.

Енді машиналар топталып өте бастады. Әмина бәріне де қол көтерді. Ешкім тоқтамайды. Стол, орындықтар тиеп алған, үйіліп, төгіліп балалар мінген жүк машиналары өтіп жатыр. Жеңіл машиналардың көбі бос, бірақ ешкім тоқтаған жоқ, тоқтар емес, мойын бұрар емес. Үрейленіп, ұшып барады. Ақи көзденіп кеткен.

Су лықсып келіп, жолдың екі жағындағы құламасына жетіп қалды. Ойпаттау жерде асфальт жолын белінен басып өтіп, әрі қарай ақтарылып жатыр. Мұндай жерлерге толқын пайда болды, ағын пайда болды. Әмина балаларын дөңестеу жерге әкеліп, жолдың қырқа жиегіне шығарып қуыршақтай тізіп қойды. Өтіп бара жатқан машиналарға Әмина да қол көтерді, у-шу болып балалар да қол көтерді, ешкім тоқтамайды. Ақиланып, үрейленіп өте береді.

Үш жүк машинасы құйрық тістесіп ағып келеді. Әмина екі қолын бірдей көтеріп жолдың қақ ортасына барып тұрды. Машиналар өкіріп-бақырып – Жолдан кет!–дейді. Әмина қозғалар емес. Машиналар да өкіре түсті. Әмина да қатып қалды. Аралары жиырма метрдей жақындағанда Әмина жолға көлденең құлады да көзін жұмды. Алдыңғы машина өкіріп-бақырған бойы тізгінін тартқаны сезіледі. Бірақ жыланның қыр арқасындай көп өрнекті резеңке доңғалақ «Ал бастым! Ал бастым!»–деп жақындай берді. Әминаның мұрнына күйген резеңкенің ыстық иісі келді. Қозғалған жоқ!

Сволочь!– деді шофер машинадан басын шығарып. Балалар шулап келіп, Әмина апасын құшақтап, құлап жатыр. Шофердің көзі бадырайып, есі шығып кеткен.

Жә, бол, жылдам тұр!– дегенде шофердің екі көзінен жас барлап кеткен екен. Сақылдап-қарқылдап жынданған адамша күледі.

Балалар машинаға тиеліп, аман-есен аудан орталығына жетті...

ЕКІ ӘЙЕЛ – ЕКІ ДҮНИЕ

(Айласыз әңгіме)

Мадам Бэйли Дмейн бірнеше айдан бері мұхит жағасына жақын, құм арасына салған бір дос-жар адамының коттеджінде демалып жататын еді. Бұл демалуға өте қолайлы, нағыз арман ететін жай екен. Үйдің терезелері мұхит жағасына, қарап тұр. Бөлмелерін электрмен жылытатын, адам тұруға, демалуға таптырмайтын жаннат екен дерсің. Үй бес бөлмелі. Жаратылыс құбылыстарының бәрін күні-түні хабарлап тұратын шағын ғана метеорология станциясы да бар.

Бұл бір жота-жота болып жататын атақты құмның мұхитқа келіп тірелетін шет жағы. Көгілдір аспанда алақандай бұлт жоқ. Мұхит толқыны бір ырғақпен құм жағасын еркелете сипап жатады. Ертелі-кеш мұхитқа шомылып, жағасында қыздырынып қайту деген қолға түсе бермейтін рахат. Мадам кеудешесі мен тағы бір болмашы бірдемесін шеше қалса, денесінің күйгені сонша, торы ала әйел болып көрінер еді. Бірақ ол жалғыз болса да түгел жалаңаштанбайды. Ол тағы жұрттың қызы емес, жоғарғы қоғамның адамы. Оның бар денесі қара тырнағына дейін тәлім-тәрбие көрген. Ол жұрт алдында шынашағын ыңғайсыз қозғап алса да қызарып кетер еді.

Мадам Бэйлидің поэзия толқынында жүзіп жатқан рахат демалысын кенет соғып кеткен сұрапыл дауыл тас-талқан етіп бұзып жіберді. Дауыл дегеннің мұндай күші барын, осындай жындана соғарын мадам Бэйли естімеген де білмеген еді.

Дауыл – дүниедегі үш алып күштің, үш апаттың бірі. Онымен туысы бір ендігі екі күш – от пен найзағай алдақашан адам баласына бас иіп, жүгенделіп қалды. Мәңгілік заманда үшеуі бір анадан туып дүние деген болмысты бірге сапырса да баяғы тағы күйінде қалған осы дауыл ғана. Дауыл – ұлы күш, алып, меңіреу. Дауыл соқса ормандар жығыла бас иіп, қартайған орман патшаларын алып ұрып, құрмалдық ете бастайды. Дауыл бәсеңдегенше орман құрбандығы да тоқталмайды. Қаңқайып тұрғанымен өзегін құрт жайлаған, заманы өткен кәрі-құртаңдарын күні-түні қирата-құлата береді. Дауыл тоқталады, орман басын көтереді, жаңарып тұрады, жасарып тұрады. Сонда біз дауылдың меңіреу де емес, дүлей де емес, ұлы күш екенін танимыз. Мадам Бэйлидің рахат демалысын бұзып жіберген осындай бір дауыл еді.

Сол күні Майра да құм мұхитының ортасында жалғыз өзі еді. Күн жылынсаақ малшының арқасы кеңейе бастады. Жыл бойы елден-жұрттан шет жүретін малшылар орталықтағы ойын-күлкі түгіл, көбінесе үйреншікті көлемде ақыл айтып, үйренщікті көлемде ұрсып жіберетін жиналыстарды да сағынады. Оның үстіне орталықта үйлері бар, бала-шаға, кәрі-құртаңдары бар емес пе? Күн бір жеті бойы қайта жылынып, күзгі қар еріп кетіп еді, түнгі күзетші екі күнге сұранып үйіне кетті. Жолдасы Танаш тымауратып қалған үш жасар қызы Аягөзді совхоз орталығына түске тармаса алып кетті, Онда Аягөздің әжесі мен атасы тұрады. Сонымен жалғыз қалған Майра қазір ат үстінде бір отар қойдың бетін қораға қарай беттетіп келе жатыр еді. Астындағы жирен аттың оң жағына жығылған жалы кенет үрпиіп алай-түлей көтерілді де сол жағына қарай құлай берді. Жирен аттың кекіліне от тигендей лапылдап кетті. Жалқау жайылып жатқан алты жүз қой қасқыр тигендей бір уыс болып жиналып аң-таң қалғандай айнала қарасып тұр. Жайылған отарды қабырғалай жортып жүретін үш иті қыңсылап келіп аттың ық жағына тұра қалып үрейлене үре бастады. Үндерінде қауіп-қатер сезінгендік бар. Бұлар асыл тұқымды иттер емес, бірақ ата-тегінен бері малшының маңайында өсіп-өрбігендіктен дала табиғатына таныс, жайдан-жай өршеленіп үре бермейтін иттер.

Қауіп-қатердің не екенін, қай жағынан келе жатқанын Майра аңғарып болғанша даланың «жынды бораны» жер бетінің ұйқы-тұйқысын шығарып

соғып жүре берді. Даланың қара дауылы мен атақты «жынды бораны» бірге келген екен, ығы-желін аңдатпай айнала боратып кетті. Үнлеп, ұлып, соғады. Қойны-қонышыңнан кіріп алып, ең жылы деген жерлеріңді мұздата соғады. Майраның астындағы аты қалай қарап ықтарын біле алмай, басын екі тізесінің арасына тыққысы келгендей тұқырып, шырқ айнала бастады. Майра тезірек қора маңайына жету керектігін түсінді.

Нағыз меңіреу хайуанның бірі — осы ақ қойлар. Біріне-бірі тығылып, бастарын көтермей төмен қарап алса болғаны, қанша айдасаң да жүрісі өнбейді.

— Елу миллионға жетуге уәде берген біз емес. Елу миллионға жету біздің қолда емес, бақташы келіншек, сенің қолыңда!—дегілері келетіндей, айдағаныңды елемейді. Жылы қорағa тезірек жетейік дегеніңді ұқпайды.

Отарды алға салып айдаудан ешнәрсе өнер емес. Айнала соққан дауылды боран қалай қарай бораса, қойлар солай қарай бұрыла салады. Құм мен қарды қоса қопарып сабалаған дауыл қарсы алдынан соқса, отар кейін қарай бүрсеңдейді. Дауыл артынан соққанда да отардың ілгері басқаны өнетін емес.

Майра атынан түсіп жетелеп алды да отардың алдына түсті. Шөгелеп көк ала серкені шақырды. Иттеріне ысқырды. Алдарындағы ат пен серкені көрген соң қойлар да жер кенедей жыбырлап қозғала бастады. Күтпегенде көлденеңнен соққан дауылды бораннан әуелі абыржып қалған иттер де енді есін жинап, отарды алға қарай ығыстыра үріп айдап келеді. Майра әрең дегенде отарын қорасына қамап үйіне кірді. Бұл кезде дауылды боран құтырына түсіп, жарық дүниені қараңғы түнге айналдырып жіберіп еді.

Жас әйел, күндізгі қойшы Майра, екі жылдан бері қысқа қарай шеті-шетіне көз жетпес құм мұхитының ортасында тұрады. Екі бөлмелі тас үй. Ауыз бөлмеде сексеуіл жағатын қазандық-пеш. Екі бөлмені де жылытатын сол ғана. Үйге жапсыра салынған отын сарайы. Ішкі-сыртқы дүние хабарларын, көркем сөз, көркемөнер жаңалықтарын жеткізіп тұратын транзистор. Бұл үйдің баға жетпес қымбаты да, айнымас дос-серіктері де сол. Майраның өзі де, жолдасы аға шопан Танаш та үйге кіре бере транзисторды сөйлетіп жібереді. Содан кейін шешінеді, содан кейін үй шаруасына оралады. Майра қазір де соны істеді.

Бұл күндерде мадам Бэйлидің халі де ауырлап кетті. Метереология станциясының барометр мен градусниктен басқа құралдары бұзылып, істен шығып қалды: желдің бет алысы мен күшін көрсететін аппарат та, теңіз суының тәулігіне бір рет, құрлыққа қарай бір рет кейін қайтатын лықсыма кезектесуін жаңылмай көрсетіп тұратын сағат та тоқтап қалды. Әбден тынышы қашып, қалжырай бастаған жалғыз әйел асханаға барып радио тыңдаса Нью-Йорк пен Бостонда көктайғақ екен. Көшелерде сыпырылмаған қоқыс молая бастаған.

Гаражда тұрған машина от алмай қойды. Сұрапыл дауыл екі күн бойы қай жақтан соққанын аңдатпап еді, бүгін солтүстік-батыс жаққа шығып алып жыңдана лоқсып тұр. Жер түктерін жаныштап, әр жерге қиыршық қардан күртік жасап тастады. Оның үстіне құмды айдап әкеліп үйіп жатыр. Ақжал алып толқындар мұхит жағасына тау құлағандай болып соғылады.

Майра үйіне кірсе, мана терезеден күн түсіп тұрғанда жып-жылы үйі мұздап кеткен екен. Суық терезеден де, есіктен де, үйдің бұрыш-бұрышынан да соғып

тұр. Жазғы ыстықта қаңсыған үйдің саңылаулары енді білініп тұр. Бір құшақ жарылған сексеуіл әкеліп пешке от жақты. Пештің шойын дөңгелектерінің үстіне шәйнек қойды. Әлдеқандай жеңіл металдан жасалған қазаншық қойды. Шәйнегі мен қазанына су құйғанда бакта бір шелектей ғана су қалғанын көрді. Оған өкінген жоқ – аппақ қар үйіліп жатыр ғой. Танаш қайтып келе жатып мына жынды боранға ұрынбаса жарар еді деп ойлады. Танаш совхоз орталығына кетіп бара жатқан ферма бастығы Жанысбектің машинасына мініп кеткен. Балондарым қырық жамау, мен бүгін қайта алар ма екенмін деп әрең көніп еді, қайтпаса жақсы болар еді...

Үй іші қап-қараңғы болғанымен уақыт әлі ерте, кешкі беске жете қоймаған екен. Майра жылы киініп, алып қайта далаға шықты. Қаңқайып тұрған түйе қорасы ғана әрең-әрең елестейді. Қасындағы ат қорасы көрінбейді. Одан әрі жетпіс метр жердегі қой қорасы әлдеқайда ұшып кеткендей, орай-орай соққан жынды боранға жұтылып кетіпті.

Әуелі ат қораға кіріп, екі аттың үсті-басын жауып кеткен қарын сыпырып, жабуларын жауып, жас сексеуілден әрең қиыстырып жасаған оттыққа байлады. Бір-ақ түнге жететін шөп салынған екен-ау деп ойлады. Танаш – ақжарқын, қабағын шытпайтын, қалжыңы таусылмайтын жігіт. Бір-ақ ауыз өлеңнің бір-ақ жолын біледі. Жүйрік ат, сұлу қатын ер қайрағы...

Жүйрік ат дегені – өзі мініп жүретін сұлуша келген торы төбел ат. Аты тіпті жүйрік емес. Сұлу қатын дегені, әрине, Майра. Майра – тіпті сұлу емес, аласа мұрынның үш жағы азғана көтеріңкі біткен дөңгелек жүзді, торғыл түсті адам. Ауасы жетіп жатқан, ыстық-суық желі одан да көп далада осындай аласа мұрынның өзі жақсы... Жалғыз сұлулығы қаз-қатар меруерттей тізіліп тегіс біткен, тістерінде ғана.

Танаш сол жүйрігіне бір-ақ түнге жететін шөп салып, сол сұлуын екі ат, бір түйе, алты жүз қоймен жалғыз қалдырып кетті. Жаз бойғы барлық жұмысы киіз үйді бір сайдан екінші сайға көшіріп беріп, ауыз су тасу болған семіз сары атанның екі өркеш қораның төбесінде аз-ақ тимей тұр екен. Майра оны сабанға шөгеріп, қомдап қоюды мақұл көрді. Сары атан осы күйінде он күн тырп етпей жата алады. Қой қораның қақпағын әлгінде ғана мықтап бекіткен. Енді иттерін тамақтандырып, өз жайын ойлау ғана қалды.

Мадам Бэйли әбден калжырап, дәмді етіп әзірлеген кешкі тамақтан кейін терең ұйқыға кетіп еді. Өзін біреу тербетіп тұрғандай сезініп оянып кетті. Тыстағы сұрапыл дауыл бүкіл дүниені шайқап тұрғандай екен. Құм жоталардың ортасында, мұхиттың жағасында жалғыз тұрса да ол ешнәрседен қауіптенбейтін. Дүниемен бірге үйінің, үйімен бірге өзінің тербеліп кеткенінен қорыққан жоқ, таңданды дерлік еді. Тұрып, бөлмелердің есіктерін жапты. Жатар үй, асхана, дәретханадан басқа бөлмелердің бәрін жауып тастады. Сырт жақтан тарс-тұрс соғылған есік дыбысы естілді. Е, ол мұхитқа барып, шомылып, қайтарда шешініп, киініп жүретін залдың есігі болды. Топсасы босап тұрушы еді, үзіліп кеткені де. Есікті ішінен жауып, кілттей қойса, орнына түсіп орнығып қалар еді. Жоғары қоғамның ерке сұлуларының бірі мадам осыны ойлады да, осымен тоқтады. Сыртқы есікті жауып, кілттеп келуге ерінген жоқ, бірақ ондай жұмыс

оның дағдысында жоқ еді. Ешбір қауіп-қатер сезінген жоқ. Тек кана мұның жалғыз екенін білетін достары келер деп күтті. Ол телефон үндемей калғанда да қорыққан жоқ. Телефон да қызық бұзылды. Құлағын көтерсең болды, шарылдап қоя береді. Мадам Бэйли телефонға айқайлап сөйлеп:

– Мен мадам Бэйлимін. Аманмын, барлығы ойдағыдай. Мен мадам Бэйли. Барлығы ойдағыдай. Рахмет! – деді. Оны тыңдап тұрған ешкім жоқтығын біле тұрса да көңілі көтеріліп қалады.

Бұзылып тұрған телефонмен балаларша ойнайды. Бірақ, көңіліне бір түсініксіз түйткіл кіріп алды да кетпей қойды. Сұрапыл дауыл басқа дүниені былай қойып бар күшімен осы үйді ырғап қоятын сияқтанады. Сезімтал әйел тау-тасқа именбей келіп соғылатын мұхит толқындарындай алып күшті сезбеді.

Майра малын жайлап, қақпаларын жауып болған соң дәретхананың тарс-тұрс соғылып тұрған есігін де дұрыстап жауып тастағысы келіп соған бұрылып еді. Жазғы ыстықта кеуіп-қаңсып қалған дәретханаға «суық атаңның» өзі кіріп орнығып отырып алған екен. Қар кеткенше қозғалар емес. Майра бұрылып үйіне қарай жүре берді.

Пеште гүрілдеп сексеуіл жанып жатқанымен, үй әлі суық скен. Жазғы ыстықтарда кеуіп аралары ашылып кеткен тақтай иденнің астынан, терезе жақтауларының саңылауларынан соққан суық жел әлгі әзірдегіден де ызғарлы сезіледі. Кірпіш пеш кеңірдегін көкке созып, бар даусымен гүрілдеп тұрса да арқасы енді-енді жылынып келеді. Мынау үйді адам тұратын қалпына келтіру үшін мына әкелген бір құшақ сексеуілі түкке тұрар емес. Майра тағы екі құшақ сексеуіл әкелді. Бір түнге үш құшақ отын кетсе, кейбір шаруашылықтардың жыл жарымға деп әзірлеген мал азықтары жарты қысқа әрең жететіні сияқты, Танаштың бір қысқа деп әзірлеген отыны қаншаға жетер екен деп ойлады. Ол мұны күйеуін сынайын деп, не болмаса отын жетпей қалар-ау деп қауіптеніп ойлаған жоқ. Қандай жайда болса да Танашын еске ала жүретін әдеті бойынша ойлады. Жарып, ұсақтап, сандықшалап жиып қойған сексеуіл сарайда толып тұр.

Отынды енгізіп алды. Танашты еске түсірді. Енді көңілі орнығып жайлап отырып тамағын жеді, шайын ішті. Пеш айналасы жылынып, Майра сырт киімін тастады. Транзистордың құлағын облыс хабарларына тосты. Облыс дүрлігуде екен. Сөйлеп отырған облыстық ауыл шаруашылығы жұмыстарын басқаратын Даукенбаевтың маңдайынан тері сорғалап отырғандай сезіледі. Даусы қарлыққан. Күн бойы аудандар мен совхоздарға телефон арқылы көп айқайлаған болу керек. Радиоға кешке қарай көшкен болар. Өзі қарлыққан даусты «жынды боран» үзіп-үзіп жібереді. Қанша қадағалап тыңдаса да Майраның түсінгені төрт-ақ ауыз сөз болды: «секлон үш күн соғады...» Майра еріксіз езу тартты. Дардай қызметкердің циклон деген сөзді дұрыс айта алмағанына намыстанып та кетті.

– Жә!.. Енді өзіміздің қойларымызды аралайық! – деді Майра, әлде қай кітаптан ұстап қалқан бір сөйлем есіне түсіп кетіп,– циклон үш күнге созылса, ең берісі бес күннің жайын ойлау керек. Танаш енді келе алмайды. Орталықпен екі арада бес-алты сай бар. Сайлар бүгін ақ қарға толып калды. Трактор түгіл буль-

дозер өте алмайды. Хош, делік... қойлар бес тәулік аштан-аш қорада қырылып қалмас па екен? Аттар ше? Сары атаннан басқа малмен қоштаса бересің де, жолдас озық қойшы... Сонда үш итің мен өзің ғана қаласың да...

Майра әуелі өзіне-өзі дем бере, келе жатқан қауіпті жеңіл көретіндей сөйлеп отырса да, ұзамай ауыр ойларға кетті. Сырмалы курткасы мен шалбарын, қаптал қара тонды, қара пиманы, су өтпейтін плащты, Танаштың ондатр құлақшынын есіне алды. Бәрін де отын сарайынан үйге әкеліп қою керек. Бес күнге жететін отынды да ауыз үйге үйіп алған дұрыс болар. Хош... бес күндік азық-түлік дегені тағы бар екен-ау...

Осынша ауыртпалықты жалғыз өзі арқалайтынына Майра қапаланған жоқ. Істеуге керекті істерін бітіріп жатып калды. Бүгін дұрыстап бір ұйықтап алғысы келді. Суық төсегіне жатып, қос қабат көрпе жамылып көзін жұмды.

Мадам Бэйли де кешкі тамағын ішіп-жеп алып жатып қалды. Тамақ қандай дәмді болса, төсек сондай жылы еді. Ұйқыға кетерден бұрын оқиын деп қасына бес-алты кітап алып жатты. Электр-жылытқышты кіргізді. Дауыл соғып тұрғаны, тынышсыздық деген барын түгел ұмытып, кітап оқуға шомып кетті. Түн ортасы кезінде шаршаған әйелді ұйқы маужырата бастады. Жылынып, ұйықтап кетті.

Түнгі сағат бес кезінде мадам Бэйли адам түсіне алмас халге ұшырап оянды. Тып-тыныш тәтті ұйқы шорт үзіліп, жаңа бір ауыр жайға ауысты, тез ауысты, шашынан сүйреп әкелгендей шошындыра ауысты. Жүрегі қатты тоқпақтап жатыр екен. Кеудесінде жүрегі емес, бір құс тыпырлайтын сияқты. Дем ала алмай қалды. Денесі күйіп барады. Бар денесі бусанып, алақанына жабысатын болыпты. Әйелдің ойына үрей кірді. Қорқыныш емес, үрей. Әйел құм жоталарының арасында жалғыз тұрғандығынан қорыққан емес-ті. Қорқынышты ойлар да қысталаған емес. Енді, міне, сахараны аралаған французбдар айтқандай, есінен айрылған тарақандай есаланданды да қалды. Шаштары жалбырап, бет-аузы әлем-тапырық қисаңдап кеткенін аңғарған жоқ. Сұлу әйел еді, әйтеуір айнаға көзі түскен жоқ.

Майра да түнгі бес кезінде оянды. Үй мұздап кетіпті. «Жынды боран» үйге кіріп алғандай. Жаз бойы кеуіп-қаңсыған үй даладан соққан дауылға үн қоса ұлып тұр. Майра тезбе-тез жылы киініп алып, пештің шойын суырмасын ашып от жағып жіберді. Кешке үйге кіргізіп алған сыртқы киімдерін тағы бір түгендеп шықты, Транзисторды бұрап еді, дуние түгел ұйқыда екен, ешбірі үн қатқан жоқ. Даланың жайы сыртқа шықпай-ақ танылып тұр.

Таң атып, күн шығар кезінде Майра азғана тамақтанып алып далаға шығып еді, есіліп-көсіліп, жоталанып жатқан күртікті көрді. Жоталанып-жонданып алған күртік қар нығайып алған. Майраның салмағын елеген жоқ. Қолында күрегі Майра қой қорасының алдын күрей бастады. Ондағы ойы шамасы келсе, ілда-алда жол салып қойларын шөп маясына жеткізу еді. Метрге жақын түсіп қалған қар ол ырқына көнер емес. Мая жүз метрге жақын жерде. Ол екі араға қой жүре аларлық жол салу үшін ондаған еркек керек болатын шығар. Майра енді қайтерін біле алмай, он метрдей жердің қарын едәуір аршып тастады да, күрегін қарға шаныша салды. Жалғыз екен, әйел екен, жәрдемсіз екен. Еркек бірдеме ойлап табар еді-ау деп жылап жіберді. Түнде қойларды қайтсем де

маяға жеткізермін-ау деп тыныш ұйықтап қалып еді. Онысы ең бір орындалмас ой болып шықты.

Майра ат қорасына келгенде жаңадан ешбір ой келген жоқ еді. Аттары да жем сұрап оқыранып тұр. Оттықта бір тал шөп қалмаған. Иттері де әлде не сұрап қыңсылап ат қораға бірге кіріпті. Апыр-ау, барлық малдың қорада қырылғанына қарап қала барам ба? Ата-бабамыздан бері мал баққан елдің осындайда тапқан бір амалы бар шығар-ау...

Бар екен, Майра қарағым, бар екен... Ойыңа жақсы түскен екен. Қазақ халқы қазақ атанудан алдақашан бұрын мал баққан ел. Төрт түлік малына – Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл-қара, Шопан-ата деп ат қойғалы қашан?! Бабаларымыздың сыбаларынан да арғы замандарда! Мал жайындағы аңыз-әңгімелері де көп. Ауыр қысқа кездесіп отырғаны биыл ғана емес. Табандап жатқан көк тайғақтың үстінен жылқы малын бірнеше рет айдап өтсең, көк мұз быт-шыт болып, қой деген малға тебін ашылмаушы ма еді? Жылқы бар жерде қой өле ме екен?

Майраның осы сияқты ойлары кандай шараларға апарып соғарын біле қою қиын еді. Әлденеге бел байлағаны ғана танылады. Боранмен боранша, дауылмен дауылша алысуға бел байламаса қайтсын! Тегі соған кетсе керек. Ат қорасына кіріп, бір атқа жайдақ мініп алып, бір атты жетелеп шөп маясына қарай шаба жөнелді. Екі аттың сегіз тұяғы сегіз темір күректей қопарып кесек-кесек қарды жан-жағына лақтырып кетіп барады. Маяның ыққа бейім тұмсығына дейін көсілтіп барды да, қайта оралып қой қорасының қақпасына дейін шауып келді. Осылай маяға дейін жеті рет шауып барып оралғанда мая мен қой қорасының арасына жосылып жатқан жол түсіп қалды. Тағы да байырғы әдетінше өзі отардың алдында, абалаған иттері отардың соңында, жалғыз әйел жанталасып жүріп қойларын маяға жеткізіп алды.

Отарды маяға жеткізіп алғанымен қиындық аяқталған жоқ, қайта жалғыз әйел үшін молая түсті. Мая мен маяға келіп тіреле тоқтаған күртік қардың арасы ашылмаса қойдың аузы шепке тиер емес. Әрбір көлденең бөгесіннің ық жағына айдама қар сол бөгесінге тірелмей тоқталатын әдеті бар. Бұл жолы да бір жарым метр қар маяны түгел қаусырып алмаған екен. Бірақ дауылды боран кейде орай соғып, кейде борай соғып жүріп, маяның ық жағын да бірталай жауып кетіпті. Майра қолына темір күрек алып, қарды төрт бұрыштай ойып алып ақтыра бастады. Ендігі жолды қойларына күрекпен ашуға тура келді.

Есінен айрылған тарақанға ұқсап қалған мадам Бэйли есін жинады. Егер мен бұл халімді жеңе алмасам, далаға қарай жүгіріп кетіп құм арасында өлетін болармын деп ойлады. Азаптанбай, қайғысыз-мұңсыз, тап солай өлу оңай екен-ау деген де ой елестей бастады. Өйткені мынау ұлыған у-шудың азабынан қалай қашып құтылсам екен деген ой есінен шықпай қойған. Шашы сала-сауғалбырап-жалбырап, басын құрмалдыққа шалуға ұсынғандай алға қарай сонып, ұсқыны кетіп, әрең тұра келіп еді. Дауыл шуы қалжыраған әйелді түгел ұрып алып, енді жан-жүрегіне кіріп бара жатқандай. «Жоқ, – деді әйел, мен осы үйден қозғалмауым керек, ешқайда қашпауым керек. Осы үйден шықсам-ақ мені ажал бас салады. Өзіңді-өзің өлімге қию дәрменсіздік болады. Мен отырып тұрған демалысымды баяулатып, бірдеме ішкенім дұрыс болар». Ма-

дам Бэйли демалысым оңалар ма екен деп төсегіне қайта жатып көрді. Жоқ жүрегі де, өкпесі де ол ырқына көнбей қойды. Халатын жамылып, аяқтарын әрең басып жүріп дәретханаға кірді. Басынан-аяғына дейін түгел мұздап кеткен екен. Суықтан арқасы мұздап, ерні-ерніне тимей, тістері тырс-тырс тасбиық тартып кетті. Ваннада тұратын дәрі-дәрмектің ішінде аспирин бары есіне түсті. Аспириннің екі дөңгелегін алып жұтты. Әйелдің халі әлгіден гөрі де ауырлап кетті. Үрейленген әйел неге болса да тәуекелі жетерлік халде. Бірақ мұндай халдің түп-тамыры неде, мұндай қалден қалай құтыла аласың оны ол білмейтін еді.

Әйелдің есіне осындай есаланысыған кезде екі-үш жұтым сұйық бірдеме ішкен жақсы деген бір сөз түсті. Бес-он минуттан кейін қайталау керектігін де ұмытпаған екен. Аяғын әрең сүйретіп жүріп азғана сүт жылытты да, оған екі үлкен қасық қант қосты. Онысы ауызға ала алмайтын жексұрын бірдеме болып шықты. Солай бола тұрса да әйел жарты бокалын ішіп жіберді.

Тағы бір есте жүрген сөз — мұндай халге ұшырағанда есіңнен айрылмау үшін өзіңді-өзің жинақы ұстап, жуынып-тарану керек дейді екен. Мадам Бэйли айнаға жақындап келді де өз жүзіне өзі қарай алмай бұрылып кетті. Ернін бояп, шашын тарай бастап еді, жүрегі дүрсіл қағып, қолдары тараққа әрең ие болды. Балалар өлеңдерін есіне түсіріп көріп еді, күлкісі келді. Күлкі емес, кәдуілгі жүйке тамырлардың шіреніп-шертіп тұрғандағы сықылы әшейін.

Сүт пен қанттың жәрдемі тимей қойған жоқ — мадам есін жия бастады.— Егер мен айналып, үйіріліп осы дауыл мен мұхит әлегін ойлай беруден ұзай алмасам құрығаным, — деді әйел дауыстай сөйлеп.— Екі сұрапыл ғаламатқа бас иіп, тізе бүгуім жеткен шығар...

Бірақ дауыс өзінікі емес, біресе оқып жүрген кезіндегі мұғалимасының даусы сияқты, біресе дін сабағын оқытқан поп пен доктордың дауыстарындай естілді.— Жоқ, мен басымды бұдан төмен ие алмасам керек...

Майра бұл кезде мая мен қардың арасын едәуір аршып тастап еді. Соңынан шұбырған қойлары да аршылған шөпке үймелесіп қадалып жатыр. Алты жүз қой сыярлықтай етіп қарды үңги алды ма екен, жоқ па? Әй, ол қайдан бола қойсын... Қарын ашқанды, шаршағанды ұмыта тұру керек болар. Бұл күндер менің құдайдың құдіретімен алысатын күндерім болғалы тұр білем. Қойға мен елге сыймай келгенім жоқ. Ел менен құтыла алмай қойға жіберген жоқ. Бораны бар, жұты бар, сондай күн туғанда алысуға шыдар, ықтамас деп сеніп жіберді. Байкал маңайында күнде боран, күнде суық. Мендей жастар сол жағдайда тағы дүниені талқандап жатқан жоқ па? Құдай демекші, біз құдай бар ма, жоқ па деген таластан көп кейін, құдайдың жоқтығы дәлелденіп болғаннан кейін тұдық. Менің ойыма келген әжемнен қалған сөз. Меніңше, құдайдың құдіретімен алысам деген мағынасыз сөз. Жоқпен алысамын деу тұк істемеймін дегенмен бірдей. Мен амалым не, дауылмен, жынды боранмен алысып жүрмін. Осылармен алысамын, жеңілмеймін. Жеңемін деп алысуым керек...

Түн жақындады білем, қараңғылық тым қоюланып кетті. Майра аттарын қойып кеткен ықтасынға келді де таң қалды: қойлары мая мен күртіктің арасындағы коридорға түгел кіріп алған екен. Суық боран енді солтүстыққа

шығып алыпты, күшеймесе, әлсіреген жоқ. Майра бір атқа мініп, бір атын жетелеп үйіне қарай шауып жөнелді. Жаяу кетсең адасатындай екенсің. Аттары қорасының алдына келіп бір-ақ тоқтады.

Үйі азынап тұр. Даладан үйі суық сезіледі. Шам жағып еді, қалың қырау басқан терезелері түксие қарады. Табалдырық астынан сыртқы қар үйге кіре бастапты. Майра таңданған жоқ, былтыр да бір рет осылай болған. Пешті жағып жіберді де шәйнек пен қазанды дөңгелектеріне қойды. Тез пісетін қуырдақ бар, шай бар, картоп әзір үсімепті. Қарбыз-қауындар тастай болып қатып қалған. Пеш гүілдеп кеткен соң, ыдыс-аяқ шкафынан бір ашы құрт алып аузына салып сора бастады.

Қыс бойы көретін ақ тұқымы осы ашы құрт болатын. Танаш қой, жылы үйде жан рахатта жатыр деп ойлады. Өкпелеп ойлаған жоқ, күн бойы Танашты есіне алмаған екен, сағынып ойлады. Күнделікті өмірлерінде жолдасымен ылғи қалжыңдасып жүретін еді, әлде соны сағынды ма екен. Жақсы көретін қызын да Танаштан кейін есіне алды. Іші елжіреп, жүрегі лүпілдеп кетті де Майра өзінөзі тоқтатып:

– Мені ойламай-ақ жата беріңдер демалып. Тек есіме түсіп мазамды алмаңдаршы! Уақытым жоқ. Екі-үш күнге неғып шыдамайсыңдар! – деп ұрсып алды да, күліп жіберді. «Есік алдына фонарь іліп қойған теріс болмас» деген ой келіп, Майра темір торлы фонарьді алып есіктің маңдайшасына іле беріп еді, қатты жел қолынан жұлып әкете жаздады. Тек іліп көр, маңдайшаға бір соққанда быт-шытын шығарайын деп тұр.

Майра фонарын түйе қорасына қарай алып кетті. Байғұс сары атан жалғыз жатыр ғой, серік болсын деді. Жарыққа қасқыр жоламайтынын да есіне алды.

Майра түйе қораға жақындай бергенде фонарь жарығына алты көз келіп шағылысты. Көгалжым жарқырайды. Майра қасқыр екен деп шошынып кейін шегінді. Қасқырдан басқа не дейсің, мына сұрапылда қаңғып жүрген! Сары атанды жеп қояды-ау енді! Алты көз жарқыраса, қасқыр үшеу болғаны да.

Майра отын сарайына кіріп Танаштың сойылдарының оңтайлы біреуін алып түйе қораға кайта жақындады. «Кет!» – деді еркек даусына салып. Қасқырлар қозғалған жоқ. Иттерін шақырды. Не ілгері, не кейін шегіне алмай, тұрып қалды.

Шапқыласып, шабаланып иттері жеткенше, Майра қасқырларынын не екенін біліп те қалып еді. Үшеудің біреуі мүләйім маңырап жіберген.

– Ойбой, сорлылар-ай! – деді Майра, сорлылар дегені ақбөкен екенін танып. – Немене, Сарыарқа қуып жіберді ме сендерді? Ол екі арада жетіп қалған иттері де ақбөкендерге жабыла кеткен жоқ, қайта Майраның өзіне арсаңдап, бұл бейшараларға тиме деп жалынатындай еді. Ешкі дей ме екен, қой дей ме екен?

Үш ақбөкен дір қалтырап тоңып тұр. Терілері сүйегіне жабысып қалған арық та, іштері белдемелеріне жабысып қалған аш. Екеуі мүйізді, біреуінде мүйіз жоқ.

Майра шамын ықтасынға қоя салып үш ақбөкенді үш рет көтеріп апарып, жатқан сары атанның ық жағына қоя берді. Сары атан бұларың кім деген жоқ, ұзақ ертегідей күйісін де бұзған жоқ.

Сары атанның оттығында бір құшақтай шөп қалған екен. Майра шөпті әкеліп атанның ық жағына шашып салды да:

– Ал, осыған риза болыңдар, меймандарым... басқа берерім жоқ. Екі алтын мүйіз бір сылаң қыздың соңында жүріп, қайдан шыққандарыңды білмей де қалған шығарсыңдар... Сары атан деген алыптың ығына жетіп тоқтадыңдар. Оттаңдар, шөпті көп жеп қойып іштерің ауырып жүрмесін...

Майра үйіне келіп иттеріне кесек-кесек ет, кеміретін сүйек берді. Таласып калмасын деп, ауыз үйге кіргізіп берді. Үлкен қарала ит екі кішірегіне езуін ыржитып еді, Майра оған ұрсып тастады:

– Аға болған ит інілеріне зорлық қыла ма екен? Ұятың қайда? – деп ұрысты. Қарала оны қалай түсінгенін кім білсін, әйтеуір езуін ыржитуды тоқтата қойды. Иттеріне кешеден қалған сорпаны қанжылым ғана жылытып беріп:

– Таласпай ішіңдер. Сендердің шайларың осы ғой. Адам бойын жадыратын барлық тамақтың ішінде ең қадірлісі осы шай... Ал енді, қойларыңа барыңдар...

Майра ысқырып қалды. Иттері үйден атыла жөнелді.

Адам баласы күніне бірталай сөз сөйлемесе дүлейленіп кетер еді. Қанша сөйлеу керек, ғалымдар оны әзір анықтаған жоқ. Қалайда, ішетін тамақ, ойынкүлкі, демалу сияқты сөйлеу де нағыз мұқтаждың бірі. Майраның өзімен-өзі сөйлесіп кейде қалжың айтып жүргенінің бір себебі осында болу керек. Танашты азырақ қыжыртып алды, ақбөкендерге ұрысты, иттеріне ұрысты, қалжыңдасты, енді өзіне ұрсары ғана қалғандай:

– Әй, сен көп оттап кеттің ғой, қойсайшы. Қойға қасқыр шауып жүрсе, ұрысқанның әкесін сонда естірсің! Тамағыңды тез ішіп-же де жөнел!–деді.

Қатқан етті балтамен шапқылап, картопты қабығымен салған қуырдағы піскен сияқты. Табаға салып пештің үстіне қойған нанның сырты күйіп бара жатыр, іші ғой әлі мұздай.

– Ал, жей бер шетінен... Бефстроган дегенің осы болады. Шайыңды іш. Қойыңды толтыра ашы құрт салып ал да жөнел!

Майра пештің шойын суырмасын жапты да, үйдегі шамды азырақ бұқтырып, сөндірмей кетті. Ақбөкендерін тағы бір қарады. Аяқтары дірілдеп, шымқып-теріп оттап жүр. Ертең шөпті молырақ әкеліп тастау керек екен. Енді өле қоймас: Майра бір атқа мініп, бір атын жетелеп маяға қарай шаба жөнелді.

Мадам Бэйли есін жия бастады. Қант қосқан сүт пен аспирин едәуір жәрдем етіпті. Еріндерін бояды. Аяғына тағы бір пар жүн шұлық, үстіне былғары пальтосын киді. Ойына өлермен болып жатқан адамға ақылды дәрігердің не айтатыны түсті. Сол ақылды дәрігер де, сол өлермен адам да бір өзі болып, әйел сөйлеп кетті:

– Сіз демалысыңызға құлақ салыңызшы, – деді «дәрігер ауру адамға». – Сіз онша ауыр халде емессіз. Көп ұзамай оңала бастайсыз. Мынаны ішіңіз. Ауырған жеріңіз тынышталатын болады. Басыңызды көтеріп, демалысыңызды баяулатыңыз. Сіз қорқарлықтай ешнәрсе болмапты. Шәшкені ұстаңыз. Қызынбаңыз. Өзіңізді-өзіңіз ұстап тынышталыңыз.

Өлермен адам — мадам Бэйлидің өзі ғой — дәрігердің сөздерін ұққан сияқты. Кейінен айрылса-ақ есік алдында өлім аңдып тұрғанын түсініпті. Көзқарасы ашықындалып, тамырлары жиі соғып кетті. Кет! — деді дәрігерге. — Кет! Мен оралдым өз қалпыма. Дәрігер «кетіп» қалды.

Мадам Бэйли енді кітап оқи бастады. Кітап жолдары шытырмандап көпке дейін ешнәрсе ұғына алмады. Аяқтап келгенде, «Жүргінші» деген кітаптан мынадай ойды ұстап қалды. «Қорқып, үрейленіп, өзіңнің әлсіздігіңді мойындау, сенің өмірмен отаса алмағаныңды көрсетеді». Тағы бір кітапта: «Сондай шақта сен өзіңнің күшіңді, рухыңның күшін сынауың керек», — депті. Мұны айтқан Франсуа Мориак екен.

Мадам Бэйли бұрын кәрі жазушыны аса қадірлеуші еді. Мына сөздеріне кез-келгеннен кейін кітапты еденге лақтырып жіберді. Жазушының өзін жексұрын көріп біржола безінді. Бөлмелерді кезіп жүріп кетті. Үйді жұмыртқадай жарып-жаншып аламын ба деп, аяқтарын сақтана басып жүр.

Майраның иттері арсалаңдап, еркелеп қарсы алды. Қарнымыз тойды, тоңамыз жылы, малымыз аман дегілері келгендей. Майра иттерін ертіп, маяның ақ жағын бір шолып қайтты. Жел ауысып, маяға тіреле тоқтаған қарды маяны жапсыра бір сипап кетер ме еді деп ойлады. Сонда күн бойы жасаған коридордың төбесі жабылып қалар еді-ау... Қайтып келіп коридормен де біраз жүрді. Қойлары маяға жабысып астын кеулеп барады екен. Үйлығып-ұйлығып жатқандары да бар.

Тапсырдым Шопан-аталарыңа!

Майра үлкен қара тонды қаусыра жамылып аттарына жақындап келіп, ерікпен маяға сүйеп отыра кетті. Иттері де осы араға келіп, тұмсықтарын шолына тығып орналаса бастады. Майра енді ғана байқады — солтүстіккі шолып алып, бір сарынды ырғақпен соққан жынды бораннан маяның түбі ортадейді екен. Шіркін-ай, бір сағат ұйықтап алар ма еді деп ойлады. Қимыл шолықтырады, ұйқы тыныктырады дейтін бе еді? Дұрыс қой, дұрыс! Бірақ оған мен мұның бас жағын ғана қабылдаймын. Аяқ жағын қабылдамаймын. Бір жазушының «Ұйқы — өлімнің есінеуі ғой!» дегені де есінде жүр екен. Қазір Майраға осы сөздер нағыз досының сөзі көрінді. Есіней бастасаң ұйқың келгені, ұйықтасаң өлгенің емес пе? Оған жынды боран күлмесе, өкінер ме? Жаназаңды ол шығарып, өзі көміп, тағы бір ұйықтап қалғанды іздеп жөней бермей ме?.. Тағы бір жазушы «Қазақ ұйқысы қанған ел!» депті. Ашынғандықтан адал ойын ұрысы айта алмапты. Мен жазушы болсам — «Қазақ ұйқысы ашылған ел!» дер еді. Сонда да ұйықтап кетпепті. Сойылмен темір күректі ұрып қалып еді, күректің қаңқ еткені онша әлуетті болған жоқ, Қап!.. Су тұратын бакты осы ерте қойып, ұйқы келе бастағанда сойылмен бір періп қалсам ғой, таң атқанша ұйқым келмейтін болар еді. Ертең солай етейінші.

Әрбір ертеңге қалдырған істің өкіндірері бар. Майра ойын аяқтап болғанша иттер ұлыды. Иттер атып тұрып шабалана бастады. Е-е, қасқыр құдаң торлап жүрген ғой.

Иттердің жабайы тұқым екенін танығандай, екінші жағынан тағы бір иттердің жақынырақтан ұлығаны естілді. Ие, қазір қасқырдың ылығып

жүрген кезі. Арландары сідік масы, қаншықтары қай ерлеуіне бейім жүреді де, түптеп келгенде қай жеңгенімен кетеді. Дүниедегі барлық қаншықтың мінезі осы. Қаншықтардың осы мінезі дүниедегі барлық арландарды оп-оңай құтыртып, желіктіріп, өрлендіріп жібереді. Осы кезде арланның тайсалары да жоқ, бас салмасы да жоқ.

Күректің қаңғырлағанынан қасқырлар біраз тынып қалды. Еркек пе екен, әйел ме екен? Еркек болса ендігі айғай салар еді, мылтық атар еді. Иттері шамалы болар – бір-ақ асам. Екеуі кішкентай, біреуі ғана естияр. Алайда бақылай тұрайық. Жер бауырлап жылжып жақындай берейік...

Таң алдында қасқырлар да тым жақындап келіп қалды білем, үлкен қара ала ит абалап күртіктің үстіне қарғып шықты. Майра да темір күректі қатты ұрғылай бастады. Атылған мылтық даусына жеткізем деп ұратын сияқты. Қара аланың артынан екі жастау иттер де ұмтылып еді, біреуі қара алаға арқаланып тым алға шығып кетті білем, қасқырлар қағып әкетті. Қаңқ етті де үні өшті. Қалған екі ит ол балаңдықты істеген жоқ. Күртіктен түскен де жоқ, әрі қарай жүгіре де жөнелген жоқ.

– Үш ақбөкен олжа, бір ит шығын, – деді Майра ішінен.

Бүгінгі түн осымен тынды. Ертеңгі түнге Майра мықтап әзірленді. Қара тонды бір айыр, бір күрекке жауып, басына бөрік кигізді. Қолына сойыл ұстатты. Бос тұрған бакты әкеліп күртікке орнатып, сойылмен періп жібергенде зеңбірек атылғандай гүрс ете түсетін болды. Бұл түні қасқырлар жақындай алмады. Таң ата боран басылып, күн ашылып кетті.

Мадам Бэйлидің әкесі ертеректе репортер болған адам еді. Ол кісінің жиі-жиі еске алатын бір оқиғасы болатын. Ол әңгімесі – жалғыз жолаушылаған әйелдер вагон терезесінен жер бауырлап сырғыған айдама қарды көрсе есінен айрылып қалады екен. Ол бейшаралар қарды жел айдап әкетіп бара жатқанын түсінбей, қисық қар көрдік деп жынданса керек. Мадам Бэйли мұны білетін. Қазір жел әлдеқайдан бүйірден соққылап тұр. Желдің гуілі күні-түні тым ұзаққа созылып кетті, Гуіл бар денесіне кіріп алып, кеудесін кернеп әкеткені сонша, құсқысы келді. Әйел қанша берілмеймін десе де жел ұли берді. Әйел төсекке барып жатып еді, дауыл үйдің қабырғасын да еңсеріп әкетіп бара жатқандай сезілді. Бір алып дәу өкіріп ұлып үйге соғылып өлгелі жатқандай болды.

Әйел тұрып енді аяғын дұрыс басып жүре бастады. Үрейден арыла бастапты. Бір-екі жұма безгек болып тұрған адамдай теңселіп қалса да, ойлау-сезінуі оңала бастады. Бар бәле әкесі айтқандай, суық, құм, дауыл дегенді бұдан бұрын көрмеуінде екен. Енді демалысы түзеліп, байырғы баяу қалпына көшті. Әйел ақырын жүріп тырнақтарын түзеді, жұмыртқа пісіріп жеді, ақ сорпа ішті.

Мадам Бэйлидің кескіні аппақ құдай болып құр сүлдері қалған еді. Іші-тысы гуілдеген жел... ұлудың қабыршығындай құр қуыс сырты қалыпты. Әлсіреген қолымен мадам ескерткіш дәптеріне бірнеше ауыз сөз жазды. Мүмкін, мен тіпті болмай бара жатса, басымды иіп асау күштен жеңіліп, беріле салармын, – деді өзіне-өзі.

Содан кейін төсегіне барып жатты. Әйел бар дүниеден баз кешіп, қалғы бір ғаланда желдің гүілі де тоқталып еді. Мадам Бэйли оны сезінген жоқ, тәтті ұйқыға батып жүре берді. Оянбай жүрмесе жарар еді...

Боран басылып, күн ашылғанымен суық-ақ. Майра мотордың гүілін күн шықпай тұрып-ақ естіді. Өзіміздің ыржақ Жанысбайдың тырқылдағы ғой деп ойлап кетті. Майра қалжыңдағанымен осындай бір «А, пірім» кезінде алдымен жететін осы вертолет. Орталықтың радио құлағына шалына бермейтін тағы бір жаңалығын жылы күйінде әкеліп куантатын да сол. Бұл жолы, әрине, Танаш пен түнгі күзетшіні де әкеле жатыр. Ақыл жоқ Аягөзім де келе жатпаса жарар еді. Тоңып калады-ау...

Вертолет Майраны көріп маяға жақындап келіп төмендеді. Алдымен Танаш түсті. Бөркін қолына алып бұлғап келеді. Не айтып келе жатқаны естілмейді. «Жүйрік ат, сұлу қатын ер қайрағы» деп келе жатпаса қайтсын. Одан соң ферма бастығы мен түнгі күзетші шықты. Танаш жақындай беріп:

— Жарығым-ау, амансың ба, әйтеуір? — деді.

Ферма бастығы:

— Малың аман ба? — деді.

Майра біреуіне де жауап берген жоқ. Жылағысы келіп тұрып күліп жіберді.

Майраның бет-аузы үсіген қарала, торы ала еді. Оны әлі өзі де көрген жоқты. Тырысып-құрысып, ашыған кезде сары май жағатын да жүре беретін. Айнаға қарағысы келмейтін. Оны Танаш та көрген жоқ. Тас-түйін, буынып-түйініп қарға шанышқан күрегінің сабына таянып тұрған әйелін құшақтай алып, олай да бұлай шайқап тұрып:

— Әзірлен. Қазір қалаға қайтасың. Аягөз шақырып жатыр. Ойыншық сары итімді ала келсін деп тапсырды, — деді.

Суық күн жылынып жүре берді.

АНА ЖЫРЫ

Жұмақта әйел жынысынан жалғыз жаралған Хауа қыздың ылғи іші пысып жүретін еді. Осынша кең, осынша бай, осынша көркем дүниенің осынша кең, осынша бай, осынша бос тұрғаны, осынша қызығы жоқтығы жаратылысы әйел, бірақ өзінің әйел екенін әлі білмейтін Хауа қыздың ішін пыстырады. Күні-түні тыншыға алмайды, көңілсіз-ақ.

Әсіресе, өзі сияқты жер басып жүретін екі аяқтылар аз: дәл ұқсайтыны біреу-ақ, шалалау ұқсайтыны екеу. Сол-ақ небары. Дұрысында Хауа қыз сол көркемдікті де, кең дүниенің бос тұрғанын да білмейді, сезінумен жүреді. Жұмақтағы барлық жан-жануарлар сияқты. Хауа қызда сезіну ғана бар.

Ағаш басында өсетін жемістер татып кеткендей дәмсіз де тұзсыз сияқтанып барады. Бір кезде Хауа қыздың қызығып жейтіні алма, өрік, құрма, мейіз, анар, жаңғақтар болушы еді, қазір бәрінен де жеріпіп кетті. Сусыны ағаш сүті, ағаш

сырасы, соратыны қайың балы еді, осы күні Ғайнелхият бұлағының мөлдір суынан басқаны ішпей жүр.

Лә иләһа илла Алла – Алладан басқа Алла жоқ... Алла ұлы ғой, данышпан ғой. Онысына кім таласар?! Әттең барлық жан иелерін бір қалыппен жасап, өзінен басқаны ойлай білмейтін, бітеу етіп жаратқаны несі екен?

Ұлы Алланың әлденеден қаупі бардай ең сүйсініп жаратқаны періштелері болыпты. Бәрі де қос қанатты, бәрі де найзағайдай ұшқыр. Барлық дүниені, барлық жанды-жансызды өзі жаратқан Алла неден қауіптенеді екен?

Алланың бес ұлы періштелері бар: қаһар майданында Ғазыраил, елшілікте Жебіраил, сыртқы істерде Мекаил, ішкі істерде Есрафил. Көркемөнер, баубақша жұмыстарында Ғазазіл.

Келер бір заманда, адам деп аталатын жан иелері өліп-қырылып таусылғаннан кейін Есрафил бір сұрапыл айғай салады. Әне, айғай деп соны айт! Барлық өлген адам баласы шошынып оянады да, көрінен атып шығады. Саудыраған қу сүйек қаңқаларды сырт-сырт билетіп қылдан жіңішке, қылыштан өткір көпірмен айдап Есрафил Алланың өз алдына алып келеді. Әне, сонда тартасың жазаңды! Ұрыларға, өтірікші-өсекшілерге, парақорлар мен жемқорларға, маскүнемдерге, саудагерлерге сонда бір қиыншылық болса керек...

Бұлардан кейінгі кіші періштелерде сан жоқ. Бәрі де Алланың қызметінде: бір тобы Алланың аяқ-қолын сипап отырады (аяқта сарсың бар), бір тобы белін уқалайды (белде құяң бар), бір тобы шалды желпіп тұрады (шыбын көп), бір тобы шалдың шүмегіне алтын леген тосып тұрады (несебі тоқтамайды), бір тобы тамақ беріп отырады (шалыңыз қартая келе жебір-жемқор болып кетті)...

Кіші періштелердің миллиондаған көпшілігі күні-түні өмір әуенмен, бір ғана сарынмен салауат айтып тұрады.

– Лә иләһа илла Аллаһу, лә иләһә илла Алла!..

Күні-түні бір сарынмен, тоқтаусыз айтылып тұратын салауат Хауа қыздың құлағын тұндырып болды. Өзгерілмей айтылып тұратын төрт ауыз сөз – Алладан басқа Алла жоқ!– Мағынасынан айрылып, құлағыңа тұрақтамайды екен. Хауа қыздың құлағына «Жоқ, жоқ!–Лә!» – деген бір-ақ сөз тұрақтап қалды.

Салауаттан безініп болған Хауа қыз жұмақ дүниесін кезеді де жүреді. Сол үшін үннің жетпейтін, естілмейтін түкпірлерін іздейді. Жұмақ бақшаларын қанша кезсе де ондай жер жоқ. Жыраларға, апандарға барып тығылады. Бәрібір салауат сарыны құтқармайды. Қандай қалың тоғайдың ішіне барып ұйықтап қалса да естіп жатады. Жүйке тамырлары ылғи шертіп-шіреніп тыныс таба алмайды.

Хауа қызды құдіреті күшті Алласы балшықтан илеп жаратқан. Әуелі екі маймыл, бір адам жасап шығарып еді. Қалыбы келіспей маймылдары көнтек ауыз, тайқы маңдай, сайқымазақ болып шықты. Адамы салпы ауыз, тұнжыраған тұғыр топырыш болды. Жегені нан, ішкені сыра, шүмегі салбырайды да жүреді. Дүмбілез жан. Салауат оның құлағына да кірмейтін болу керек. Тып-тыныш ұйықтайды да жатады.

Содан кейін Алла-Тағала Ғазазілге әмір беріп жаңа қалып жасатып алды да, Хауа анамызды сол жаңа қалыпқа құйып шығарды. Қыз қыпша бел, дөңгелек

көксе, көзінде сиқыры бар, сымбатты да сұлу болып шықты. Алдынан қарасаң да, артынан қарасаң да ойпат-ойпаңдарының бәрі әдемі сызылған, бәрі жарасымды екен.

Алланың өзіне жаңа қалып жасап берген Ғазазіл періштенің кеудесіне осы күшпен бастап бір тәкаппарлық орнай қалды. Тәкаппарланбасқа болмайтын да еді. Алланың өзі жасай алмаған әйел мүсінінің қалыбын жасады ғой! Қандай сипат, қандай мүсін! Еркек адамның сақал-мұртына кететін, онысы-мұнысы деп аталатын олпы-солпысына кететін қанша қымбатты саз балшық сақталып қалды. Алланың өз жаратқаны бәрі бірөңкей болса, бұл сұлулықты жасады ғой!

Күн жел еді. Илеуі жете қоймаған саз балшыққа Седратил Мұнтаһа бақшасында өсетін шынар ағаштың бір гүлі ұшып түсті де бірге иленіп, қалыпқа бірге құйылып кетті. Содан болу керек, болашақ анамыз әрі көркем, әрі нәзік сезімді болып жаралды. Хауа қыздың тынышсыздығы да, бірөңкей жұмақ өміріне наразылығы да сол гүлдің табиғатынан еді.

Бұрын шынар ағаштың өзі де басқа ағаштар сияқты қисық-қыңыр болатын. Гүлдері де көз тартпайтын. Жапырақтары жансыз, гүлдері бояусыз еді. Ол күнге ұмтылды, жапырақтарын жаңбырға тосты. Суықтан, желден ықтамады. Бойындағы көнбістік, керенаулық бейжайлық құрттарын күн күйдірді, жаңбыр жуды, жел ұшырып әкетті. Қазір Седратил Мұнтаһа бақшасында бұдан көркем бір ағаш жоқ. Гүлдері қандай! Қызыл жұлдыздай жарқырап, жайнап, меруертдей тізіліп биік шынардың ұшар басына дейін құлпырып тұрады. Хауа қыздың тыныштық тауып, демалар жері де осы шынардың түбі. Шынар ағашқа Хауа қыз шешесіне келгендей қуанып келеді. Таңдана қарайды. Жас қыз осы шынар алаштай болып өсер еді, әттең мұның тамырлары да жоқ, жапырақтары да жоқ. Қалай жаралды, солай қала барды.

Жұмақта дамылсыз ұшып, әлденені ізденіп, әлденеге наразы қалпында жүретін жалғыз ұлы періште — Ғазазіл. Өзге ұлы періштелер Алланың өзімен бірге ғаршыда тұрады. Алланың өзімен табақтас болғандарына мәз. Қарын тоқ, қиыс жоқ жалқауланып барады, жата береді.

Ғазазілдің жаратылысына не араласқанын кім білсін, әйтеуір, ол дамылсыздығымен, жарқылдатып ұшатын қанаттарымен, жұлдыздай жарқыраған көздерімен Хауа қызға қатты ұнайды. Қанаты болса бірге ұшар еді, бірге қонар еді. Алласы бұған қанат бермеген, Ғазазіл төбесінен ұшып өткенде бір самал жел ескендей болады. Оның тынышсыздығында Хауа қызға бір рақат тыныштығы сезіледі. Бойын сергітіп жібереді.

Бір күні Аллатағала бар жұмысын бітіріп, барлық жан-жануарды көрмеге шақыртыпты. Не жаралды, не ұмыт қалып барады,— көру керек болған сияқты. Жұмақ дүниесі салауат сарынынан күңірене түсті. Сансыз періштелер салауат үстінде Алланың келуін күтті. Тағы да сол бір үн, тағы да сол бір сарын, тағы да сол төрт ауыз сөз.

— Лә иләһа илла Алла...— Алладан басқа Алла жоқ...

Атамыз Адам сыраға мас, ұйықтап жатыр. Маймылдар қисаң-қисаң билеп жүр. Хауа қыз ешнәрсеге таңданбайтын, қызықпайтын қалпында шынар ағашқа сүйенді де тұра берді.

Жоғарының жоғарысы Ғаршыдан ақ бұлтқа оранған, қолында қара шұбар жылан қамшысы бар Аллатағала түсіп келеді. Салауат басқа дыбыстардың бәрін басып тұншықтырып жіберді. Жапырақтардың сыбдыры, ескен желдің сыбыры бәрі тынып қалды.

Төрт ұлы періштелер тізе бүгіп, бас иіп қалыпты. Ғазазілден басқа періштелер түгел соны істеді. Бас имеген, тізе бүкпеген жалғыз Ғазазіл! Басын жоғары ұстаған тәкаппар қалпында тұра берді. Көздері жарқырап от шашады.

Құдіреті күшті Алла көздерін Ғазазілге қадап қара шұбар жылан қамшысымен жерді нұсқады: бас и, тізе бүк дегені де. Ғазазіл басын бұрынғысынан да жоғары көтеріп қарқ-қарқ күлді. Алланың өзі жасай алмаған әйел мүсінін жасап берген Ғазазіл басын неге исін!

— Лағанат! — деді Алла. — Лағанат! — Қара шұбар жылан қамшысы Ғазазілдің мойнына келіп оралды. Дүниеге келген бесінші сөз осы лағанат еді. Алладан басқа Алла жоқ... Бас ию, құлдық, құлшылық сөзі. Енді міне лағанат — құлдыққа көнбегенге қарғыс! Аллаңыздың мінезінде осындай қаталдық та бар екен.

Ғазазіл мойнына оралған қара шұбар жыланды жұлып алып Алланың өзіне қарай лақтырып жіберді де, күлген бойы ұшып кете барды. Наразы кетті, құлдыққа мойынсұнбай кетті. Құлдықтан құтылғандай қуанып кетіп бара жатқанға ұқсайды, мазақтап бара жатқанға ұқсайды.

Ғазазіл ұшып кеткен соң Хауа қыз да жиынды тастап кетіп еді. Ғазазілдің Аллаға көрсеткен қарсылығына жылан лақтырысатын ойынды көрген жас балаша қуанды. Ойын бітті. Ойнаушының бірі Ғазазіл біреуін танымайды да білмейді. Содан басқа ойын болмаған соң осы күнгі жас баладан да жас Хауа қыз кетіп қалды.

Ғазазіл Хауаға келер күні кездесті. Өзі жасаған мүсіндегі қыз оған да ұнайтын. Ол бір сорлы жан ғой. Қанаты жоқ, ойы жоқ, ойыншық. Періштелер «Өлмес» ағашының жемісін жеген. Олар Әлмисақтан бұрын жаралды, мәңгі-бақи өлмек те емес. Өлмейді. Ал мына ұшып кететін қанаты жоқ қос аяқты бейшараның күні не болмақ? Өз қолыммен жасаған осынша сұлу жаралған қызды тағдырдың ойыншығына қалдырып кете беремін бе? Мен неменеге тәкаппарландым Алланың өзі жасай алмаған сұлу мүсінді жасағаныма тәкаппарландым емес пе? Жоқ, мен бұл мүсінді Алланың жаратқаны есебіне қосып қалдыра алмасам керек.

Ғазазіл әуелі Хауа қызға да «Өлмес» ағашының жемісін жегізуге ұйғарды. Онда не болар еді? Мәңгілік азапта қала бармас па? Кешегі жанжалдан кейін өлмес жанның қандай азапта боларын өзім де сезіне бастадым емес пе? Жоқ, мен бұған «Білім» ағашының жемісін жегізуім керек. Ең болмаса тіршілік азабынан қалай құтылуды білетін болсын. Бақыт ұзақ өмірде емес, қызықты өмірде болатын шығар. Дүниеге бірінші болып келген жалғыз сұлуды қорлық азабына қиғанша өлімге қияйын. Жоқ, сұлуым, мен сенің кім боларыңды білемін. Сен барлық жаралғанның ішіндегі ең асылы болатын адам баласының анасы боласың. Саған өлмеу керек емес, білу керек. Сен бұл күйіңде сезінесің, безінесің, қуанасың. Бірақ, неге екенін білмейсің. Жаралғанның ең асылының анасы болу

үшін білу керек. Мен саған «Білім» ағашында өсетін жалғыз жемісті жегіземін. Сенен басқаға оның лайығы жоқ!

Ғазазіл Хауа қызды құшақтап көтеріп алды да жұмақ дүниесін айнала ұшып, кетіп кетті. Періште құшағы қандай таңданарлық еді! Жылы дүниеде жүрсе де Хауа қыз құшақ жылылығын бірінші рет сезінді. Бұл ерекше жылылық екен. Жүйке тамырларының бәрін желпіндіретін жылылық. Періштенің қауырсын қанаттары қандай жұмсақ тиеді. Хауа қыздың барлық денесі балқып, еріп бара жатқандай, есі болса есінен айрылғандай еді.

Ғазазіл өз қалыбынан жаралған сұлу қызды құшақтаған бойы ұзақ ұшты. Өлімге қия алмай ұшты. Періштелер еркек те болмайды, әйел де болмайды. Оларды ақылды Алласы солай жаратқан. Солай жаратқан Алласын қарғап, болмағаттап та алды. Ғазазіл енді мүсінді емес, қызды қия алмай ұшып жүр. Аяғында «Білім» ағашының төбесіне келіп аялдады да, Хауа қызға жұдырықтай ғана алтындай жалтылдаған жалғыз жемісін үзіп берді. Хауа бір тістеді де, мамықтай жұмсақ жылы құшақтың не екенін түсіне алды. Періштенің өзін құшақтай алды. Әттең, періштенің аты — періште, Ғазазіл ләззат алған жоқ.

Көзін ашып-жұмғанша Хауа қыз өзін Адам атамыздың қасында көрді. «Білім» жемісін оған да бір тістетті. Бұған дейін жабайы, тұғыр көрінетін Адам атамыз да түлеп сала берді. Жымиып күліп, тілге келді.

Хауа анамыздың бірінші сезінгені де, білгені де ұят түсінігі еді, ұялу керектігі еді. Кейінгі ұрпақтары ұят пен ұятсыздықты айыра білер ме, жоқ па, оны анамыз қайдан білсін, әйтеуір, оның Адам атамызға бірінші айтқаны: — «Ұятыңды жап!» — деген екі ауыз сөз болды. Соны айтты да өзі де алдыңғы жағын гүлді жапырақтармен жауып алды. Адам атамызға да соны жасап берді.

Атамыз ұятын жапса да ұяла қоюға мойындаған жоқ. Екі қолын бірдей ойнайлап құшақтай алғысы келетін сияқты. Қыздың денесіне көзін қадай қарап қалыпты...

— Әй, сен не ойлап тұрсың? — деді Хауа қыз қазақша.

— Сен не ойласаң мен де соны ойлап тұрмын,— деді Адам атамыз.

— Өй ұятсыз! — деді Хауа анамыз.

Осыдан кейін Хауа анамыз бен Адам атамыз ерлі-байлы адамша шынар шаштың көлеңкесінде күні-түні бірге тұра бастады.

Бұл сұмдық хабар Алланың құлағына шалынбай қалар ма! Тез жетті. Бауырына жұмыстарын басқаратын Ғазазілден айрылған. Көлденең сөзге сене бермейтін Алланың Хауа анамыз бен Адам атамызға өзі көз салып еді. Бұл қылықтарына қарағанда ол екі хайуан көп ұзамай жұмақ өлкесін адам баласымен толтырып тастаретіндей көрінді. Әрине, бұл екеуі «Білім» ағашының жалғыз жемісін жеп алған! Әрине, бұл Ғазазіл араласқан жұмыс, «Білім» ағашын білетін жалғыз сол!

Алла Есрафилге аллаша әмір етті: өлсін «Білім» ағашы, екі хайуанға көлеңке болған шынар ағашы барлық гүлінен айрылсын. Екі хайуан жер деген шөл далаға шығарылып кетсін!

Есрафил үш рет үріп қалды: бірінші үргенде «Білім» ағашы өртеніп кетті. Екінші үргенде шынар ағашының гүлдерін өртеп жіберді. Үшінші үргенде Адам атамыз бен Хауа анамыз өздерін көгілдір мұздың үстінде көрді.

Сол күні қашанғы әдеттерінше екеуі шынар ағаштың көк бұтақтарынан тоқыған шелекшемен әртүрлі жеміс теріп әкеле жатыр еді. Шынар ағаштың гүлдері лап бергенде Хауа анамыз — лағанат! — деп аспанға қарай оң қолын созды... Одан арғы жағы өң мен түстей көк мұздың үстіне қалай келіп құлағандарын екеуі де білмей қалды. Анамыз шалқасынан құлапты, атамыз — етбетінен.

— Суығын-ай! — деп анамыз қызара қалған бөксесін сипалап тұра келді.

— Несін айтасың! — деп атамыз тізесін сипалады.

Сол суық әйелдің отыратын жерінде, еркектің тізесінде мәңгі қаларын екеуі де білген жоқ.

Жұмақтан айдалып кеткен екі адамның құлап түскен көк мұзы Балқаш көлі еді. Қар кеткенімен мұз әлі бұзылған жоқ-ты. Екі жалаңаш адам оңтүстікта жарқырап тұрған күнге қарай жүгіре жөнелді. Нан жемеген, май жемеген, семірмеген адамдар ор киіктей орғып, түз тағысындай жүйткіп жөнеліп еді. Сол күні Алатаудың етегіне жетіп тоқтады. Жүре келе жылынды. Тұрақтауға да болады екен. Жұмақта жоқ жемістер өседі екен, оған да үйренуге болатын сияқты. Екеуі шелекшелерінде қалған жалғыз алманы бөліп жеді де жатып қалды.

Ертеңінеекеуіәлідеоңтүстыққақарайжүріпкетті.Түнегенорындықтарында алманың тұқымы ғана қалды. Алатаудан гөрі де жемісі көп, жылырақ мекен іздеді. Ол кезде Сырдария мен Амударияның бойлары әлі жалаңаштау еді. Тоғыз ай жүріп тұрақтай алмай, алғашында қонып кеткен Алатаудың қойнауына қайта оралып келді.

— Әй, — деді Адам атамыз қазақша, — мына қара, жазғытұрым қонып кеткен жерімізге бес түп алма өсіпті.

— Е-е! — деді Хауа анамыз. — Қонған жерімізде жұмақ алмасының тұқымы қалды ғой, содан өскен болар.

—Тұқымнан өсетін болса Сырдария мен Амударияның бойында құрма, анар, өрік, мейіз, жаңғақ өсетін болғаны да! Қонған жерлерімізде қалды ғой, біраз тұқым!

— Шынар ағашының бұтақтарынан өрген шелекшеміз де сол жақта қалып еді. Шынар ағаш та өсер ме екен?

— Сөз жоқ, өседі!

Таң атып келе жатқанда Хауа анамыз босанды. Бір ұл, бір қыз тапты. Үшеу-төртеу болар деп күтеді екен, — ренжіп қалды. Осынша кең жерді адамға қашан толтырамыз деп қайғырды.

— Алма бес түп болып өскеніне қарап, баламыз бесеу болып туар деп едім... — деп азғана кідірді де Адам атамызға наздана қарады.

— Неге олай қарайсың? — деді Адам ата, — мен аянып қалып па едім? — Үй ішілік кикілжің басталып кете жаздап барып әрең тоқтады... Онда да Хауа анамыздың әңгіме бетін аударып әкеткені себеп болды.

— Әй, сен қалай ойлайсың, жұмақтан құтылғанымыз жақсы болды ғой? — деді Хауа анамыз.

— Жақсы болғанда қандай! Осы мекенге екеуміз ғана ие емеспіз бе!

—

— Алласы жоқ, салауаты жоқ мекен екен де! Бақытты екенбіз. Балаларымыз ешкімге бас имей, ешкімге салауат айтып зарланып тұрмай еркін өсетін болды. Бақыт деген еркіндікте емес пе!

— Мен де солай шығар деймін.

Атамыздан гөрі көбірек ойланып жүретін анамыз:

— Бір кезде осында да Алла шыға келіп, күні-түні салауат айттырып жүрмес не екен? — деп ең үлкен қаупін білдірді.

— Алласы жоқ, салауаты жоқ мекен болмасқа керек! — деп күні кешегі тоныраш адам философиялық жауап қайтарды. Мен көк аспанның күркіреуінен қорқамын. Осы күркіреу жер тәңірісінің үні болмаса қайтсін!

— Менің қорқынышым басқада! — деді Хауа анамыз. — Мынау ұлымыз барлау, осының өзі ожарлау бола ма деп қорқамын. Бір емшегімді қапыл-ғұпыл сорып алады да, қызымыз еміп жатқан емшегіме жармасады.

— Сонда сен жер тәңірісі біздің балалардың бірі бола ма деп қорқасың ба?

— Оның аты Тәңірі бола ма, Алла бола ма, білмеймін. Әйтеуір, бір құрсақтан бірге туған балаларымыздың біреуі озбыр болғаны ұнамайды маған.

— Олай болмасын десек, не істеуіміз керек?

— Судың тазалығын үйретейік, желдің еркелігін үйретейік, ағаштардың жайқалуын үйретейік. Күннің жылылығын үйретейік. Ата-ананың достығын үйретейік. Біздің салауатымыз осы болсын, ән болсын! Өйткені, осы жаңа дүниеміздің өзі маған ән салып тұрғандай, мейірім төгіп тұрғандай сезіледі.

— Сенде болмаса, менің ішімде ән барлығы сезілмейді.

— Сен жұмақта да көп жүрмейтін едің, оны қоятын бол. Арала жаңа дүниені, шарлай бер. Құстардың әнін алып кел.

Балалар емшек сұрап ыңырси бастады. Ананың емшектерінен сүті саулап кетті. Бала емізу деген қандай қуаныш, қандай рақат еді! Махаббат, мейірім деген өз бойыңнан төгіліп тұрғандай болады екенсің.

Балалар анда-санда ыңырсып қояды. Ана екі баласын құшақтай отырып, балаларының ыңырсуына өзінің ыңылдауын қосады. Осылай-осылай өңдене келе, кейін бесік жыры деп аталатын бірінші ән аяқтана бастады... Өмірді ой тұнызады, ән көркейтеді емес пе! Адам өмірі орнығып, ақырын-ақырын көркейе бергі.

Хауа анамыз тағы бірде ойланып отырды да:

— Адам! —деді, — енді біз басқа мекен іздеп жүгіре бермейік. Қайдан келіп, қайдан түссек те біздің мекен осы. Мына бір екі ағаштың басын иіп, балаларға паспана жасап берші, түптердің түбінде адам баласы деп аталатын асыл заттың ата-анасы болудан артық бақыт болмайтын шығар. Балаларымызды әуелі ата-ананың мейіріміне, ата-ананың махаббатына бөлейік... Көп елдер адам баласының бірінші бесігі болған біздің жер деп таласады. Олар осы күнгі жылы ал көркем табиғаттарына сүйенеді. Қазақ жерінде тіпті дауласуды көтермейтін уәлелдері барын естімеген тәрізді.

Адам баласының бірінші бесігі жылы жер болса, еркектің тізесінде, әйелдің оңырар бөксесінде қала барған суық қайдан пайда болмақ? Ол біздін Балқаш көлінің мұзынан қалған суық! Біздікі!

Алатаудың бір қойнауында осы күні апорт деп аталатын алма өседі. Бұл алма Алатаудың қойнауынан басқа, дүние жүзінде бір жерде өспейді. Сонда осы алма жұмақтан келмей қайдан келмек? Хауа анамыз бен Адам атамыз жер бетіне бірінші түнеген орындарында алманың тұқымдары қалғаны қайда? Мұны ұмытуға болмайды.

Жер жүзінде қазақ әйелдерінен басқа да бір әйел құдайын қарғай алмайды. Дұрыс қой?! Қазақ әйелі бұзауы еміп қойса да, сүті тасып кетсе де құдайын іркілмей қарғайды. «Қу құдай! Шұнақ құдай! Құдайы құрғыр»,– дей береді. Қазақ әйеліне құдайды қарғау түкіріп қалудан қиын болған емес... Хауа анамыз шынар ағаштың гүлдері жанып лап ете түскенде Алласына «лағанат!» демеді ме? Қазақ әйелінің құдайды қарғауы сол Хауа анамыздан қалғанына кім дауласар екен, кімнің бостан-бос даукес атанғысы келер екен?!

Осындай нақтылы дәлелдерден кейін, адам баласының бірінші бесігі қазақ жері болғанына енді ешкім таласпас дейміз.

Дұрысында таласудың өзі де орынсыз, баяғы бір жершілдіктің қыртпасы. Адам баласының бір ата, бір анадан жаралғанына дүние жүзі алдақашан мойындап қойған. Бүгінгі ұрпақ адам баласын алаламай, тең көріп, тең ұстау жолында. Ұлы ата-анамыз жер деген мекенді ұрпақтарына түгел арнаған. Адам баласының бесігі Алатау емес, жер. Жер-Ана!

Ұлы анамыз Хауа – ұрпақтар анасы, барлық адам баласының анасы! Құрметтейік, бас иейік бүкіл адам баласының анасына! Құрметтейік, бас иейік адам баласының мәңгілік ортақ бесігі Жер-Анамызға!



«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасының қолжазбасы

ЖИЫРМА ТӨРТ САҒАТТА

ЖИЫРМА ТӨРТ САҒАТТА

(Арал аңызы)

Қандай хабар болса да Орынборға жетуі мұң, одан әрі шексіз-шетсіз қазақ даласына ұзын-құлақтың өзі алып кетеді. Телеграммалар кешігеді, поездар кешігеді, уәкілдер кешігеді, Ұзынқұлақ ондайды білмейді. Кейде тіпті Орынбордың өзі орта жолда қалып, Москва, Париж, Лондон хабарлары атқа, түйеге мінгесіп алып даланы шарлап кетіп бара жатады.

Алланың қолынан өткен әрбір мүшелік сияқты ұзын-құлақтың да өзіне ғана тән мінездері бар. Естіген хабарды аздап өсіріп, аздап өңдеп, аздап толықтырып, жағымды болса өз аулына, өз еліне қарай бұрып, жағымсыз болса көрші ауылға, басқа елге қарай аудара салатыны болмаса, басқа күнәсі болып көрген емес.

Бұл жолғы ұзын-құлақты да Томарша алып келді. Барып қайтқан жері осы тұрған Қазалы. Біріне-бірі есіктерімен аңырайысып, соқырайысып қарайтын үйме-жүйме, белуарлап сыз тартып тұратын сұр балшық үйлі Қазалы. Түйелі керуендей шұбалып өретін пеш түтіндері түгіл самауыр түтіндері тоғысып жататын Қазалы. Әкелген хабары ойға сыяр емес:

– Ленин! Лениннің өзі Арал балықшыларына сәлем хат жазыпты!

Сексеуіл мен жыңғылды әрең орайластырып жасаған қостың ортасында маздап жанған отты айнала отырған жігіттер түгел аңырысып қалды. Әкелген хабарын қосқа кіре бере бір-ақ айтып салған Томарша әлі отырған да жоқ. Біресе ыржиып, біресе жымиып тұр.

– Не дейді мынау?

– Ленин бізге хат жазыпты дей ме?

– Иә, Ленин! Аралдың балықшыларына арнаулы сәлем хат жазыпты!

Қостың үлкені Есламқұлдың көздері үш бұрыштанып, селдір мұрты дірілдей бастады.

– Сен бала, таяқ жегің келмесе, бұл сөзбен ойнама! – деді ол Томаршаға. – Құдаймен ойнама, Мұхаммед пайғамбармен ойнама, Ленинмен ойнама! Білдің бе?! Бір-ақ сөз – аузы-мұрныңды қан жалатам!

Шалдың қолында отырған түйе-таяғы онсыз да лаулап жанған оттың ушқынын бұрқыратып көсеп-көсеп жіберді. Алтын ұшқындар төбеден түнерген шаңғы түнге инедей қадалып кетіп жатыр...

- Ес-ағау, ойыныңыз не, Ленинмен кім ойнаушы еді! Міне, жазған хаты! деп Томарша сегіз бүктеп қойнына тығып алған буалдыр-бозамық қағазға оралған жазуды Есламқұлға ұсынды.

Есекең қағазға қолын созған жоқ:

– Кәне, оқышы, естиік, – деді кекесін үнмен.

- Е, мен қайдан оқиын, орысша жазылғанды.

Есекеңнің ойына не түсе қалғаны белгісіз, Томаршаның қолындағы қағазын сұлып алды да, айналдырып қарай бастады. Содан соң от сәулесі түскендіктен шұбартып кеткен көздерін Томаршаға қадап:

– Құдайы құрғыр, бізге сені бастық қылып берген соң қайдан оңайық!.. Ақымақ!.. Қазалының қауыншек орап сататын бозамық қағазын қалай танымадың? Ленин хат жазуға бір парақ қағаз таба алмапты дегенің бе? Өшір ушқы!' – деді қағазды басқа жігіттерге қарай серпе тастап.

– Иә, мынау Қазалының қағазы...

– Осындай қарамайы кеппейтін қағазды Қазалының өзі басатын.

– Қазалыға Ленин келіпті деп естіген де емеспіз... – деп жігіттер қағазды бірінен соң бірі алып айналдыра қарап, Томаршаны қақпақыл-қалжаққа айналдыра бастады.

– Поезда сыра-мыра ішіп қойған жоқ па едің?..

Енді Томаршаның өзі ұялып қалды. Тобылғы торы жігіт болатын, қарабүрсіңденіп барады. Қазалының қағазын қалай танымаған? Қызыл сиса көйлектің жағасы қылғындырып бара жатқандай сезіледі. Құлағының түбі қышып кетті. Томарша сасқалақтап:

– Аз-мұз ұн-мұн әкеліп едім... – деп далаға шыға жөнелді.

Ері бойы аласа, әрі екі жылдан бері темір жол бойына томарша тасиды болғандықтан жас жігіт Жанғабыл Томарша атанып кетіп еді. Бұл ауыр жылдарда адамға – тамақ, поезға – көмір, тасымалға – көлік жетпей жатқан кез. Аралдың тұрғын қазақтары балық аулайды, темір жол бойына сексеуіл, жыңғыл тасып сатады. Аздаған ұн, шай, қант, темекі сияқты мұқтаждарын осымен айырады. Әсіресе шай мен темекі алтыннан қымбат! Саратов махорка, 1000-номерлі тас көмірдей жылтыр қара тақта шай дегендеріңіз заманның байлығына тең!.. Қырдағы елдер екі тақта шайға тайлақ түйесін лақтырып жібереді.

Теңіз жағасында біріне-бірі бөксесін тақап бұғып, бүгжиіп отырған отыз шақты үй кедейлер – бір артель: балық аулайды, паровоздарға отын-сексеуіл, жыңғыл тасиды. Томарша сол жиырма түйемен отын таситын жеті жігіттің серуен басы. Бірақ жігіттерді ерте жатқызып, ерте оятатын отағасы – Есламқұл, Томаршаның немере ағасы.

Жеті жігіттің он төрт бүтін, үш ондық проценті ғана хат таниды: ол жалғыз Томарша... қадақ, пұт, кез, шай, қант, мата деген сөздерді ол іркілмей жазады ал сексеуіл, жыңғыл деген сөздердің қалай жазылатынын біле бермегендіктен

екеуін де отын дей салады. Соған қарағанда Томаршаның сауаттылығы да сол он төрт проценттің айналасында.

Бүгін ол бес күндік еңбектерінің есебін алуға Қазалыдағы продкомға барып келді. Екі пұт ұн, он махорка, екі тақта шай, он екі кез қызыл ала сиса, бір дорба ұсақ қант, мыңдар ма, миллиондар ма, бір құшақ қағаз ақша алды. Үш теңгеліктер елу-елуден үлкен табақ қағазға тұтас басылыпты, кесілмеген!

Осыншаны бір-ақ алып байып қалған Томарша енді анаған-мынаған құлағын тоса жүріп даң-дұң шыққан түкпірдегі бір бөлмеге келді. Бөлме толы адам, бөлме толы көк түтін, бөлме толы қарлыққан дауыстар екен. Төрдегі стол айналасында бес-алты адам иық тіресе тұрып әлдене жайлы керілдесіп әңгімелеседі. Олардың арт жағы есікке дейін созылған кезек күткендер. Томарша да кезекке тұра қалды.

— Мә, ал да жөнел... Ертеңнен қалдырмай балықшыларға түгел жеткізетін болыңдар! — деп стол басындағы қара былғары тужеркелі, қара былғары кепкелі ақсары адам қағазға ораған жарты тақта шай сияқты бірдемені үлестіріп жатыр. — Мына жерге қолыңды қой!

Томарша қатесіз түсіне қалды — не берсе де ақысыз-пұлсыз, жай беріп жатыр. Қапшығы мен қоржынын жамбасына қарай тағы бір жақындатып қойып, Томарша кезекті тастап кетпеуге біржола бекінді. Қала-даланың басшы адамдарына қол қойдырып беріп жатса анау-мынау дүниелік болмасқа керек.

Өзінің кезегі жеткенде Томарша Смилгин комиссардың алдына жақындап келіп қаламға қол созды.

— Ей, сен қайдан жүрген мешокшысың, буржуй! — деді Смилгин.

— Жоқ!.. Буржуй мендей болмайды. Арал теңізін знаешь? Балықшы рыба ловит... сексеуіл таскайт, перуай сорт крупшатка! Шай, сахар есь! — деді Томарша. — Қапшығы мен қоржынын нұсқап. Қойны толған есеп айырысқан қағаз екен. Бәрін суырып алып Смилгиннің алдына жая бастады.

— Тоқта, тоқта! Түсіндім. Мә, қағаздарың... өзің ал... Мен саған ең қымбат қағаз берем. Ленин Арал балықшыларына арнап хат жазған. Түсіндің бе? Міне, сол хат!

Лениннің Арал балықшыларына жазған хаты Томаршаның қолына осылай түсіп еді. Қала-даланың басшы адамдарымен қатар, Лениннің хатын алғанына тасып, қуанып қайтып еді. Түйенің арқасынан қабы мен қоржынын да алмай қосқа асыға кірген. Аяғында жолдастарын сендіре алмай, мазақ естіп қалды.

Жоқ, жолдастарым білместік істеп отыр. Әкелгенім, дау жоқ, Лениннің хаты. Қашаннан бері немере ағамнан жасқанып үйренген басым босқа ықтап қалдым. Қазір қосқа қайта кіремін де бос қылжақты қысқартыңдар деймін...

Томарша қабы мен қоржынын көтеріп қосқа кіре бергенде-ақ жолдастарының бірі әлгі қағаздың шетінен шылымдық жыртып алып жатқанын көрді. Әкелгендерін от басына тастай беріп жолдасының қолынан қағазды жұлып алды. Сол қағаздың шетінен жыртып алып темекі тартып отырған екі жолдасының аузындағы шылымдарын жұлып алып, отқа тастап жіберді.

– Ал, мына қапшық пен қоржындағыны өзара бөліп алыңдар. Мен үлесімді келер жолы алармын, – деді де Томарша шығып кетті. – Мен ауылға барып қайтамын.

Томаршаның ауыл дегені – Арал поселкесі. Темір жол жағы әп-әдемі қала сияқты, теңіз жағалауы бірінің қыбыр еткенін бірі көріп отыратын ығы-жығы ауыл. Томарша осы ауылға жақындай бергенде-ақ өріп шыққан көп ит үріп қарсы алды.

Баяғының баяғысы – жаугершілік заманнан келе жатқан ескі әдет бойынша иттеріне ілесе иелері де далаға шыққан.

– Ау, бұл кім-ау?

– Е, мен ғой, Томарша....

– Екі өркештің арасынан басы әрең қылтиған Томарша болмай кім болушы еді! – деген келіншек күлкісі естіледі.

– Томарша? Е, сен не қылып түнделетіп жүрсің?

– Керемет хабар бар!.. Ленин біздің Арал балықшыларына хат жазыпты!

– Сүйінші демейсің бе, бейбақ-ау!.. Не жазыпты? Не жазыпты?

– Не жазыпты! Сәлем хат жазғаны аз болып тұр ма? Ертең естисіңдер! Асығыспын... – Томарша поселкелік Советке қарай жүріп кетті.

Поселкелік Совет жабық тұр екен. Қасында қарамай мен қарабөлке, тұз бен шпагаттан басқа сатары жоқ магазин болушы еді, соның күзетшісі төраға мен хатшы Қазалыға жүріп кеткенін айтты:

– Құйрықтарына бірдеме қыстыратын болар... түнде жетсін депті!

Соныңда азан-қазан үрген ит, Томарша түйесін мұғалім үйінің есік алдына келіп шөгерді. Бұрын молда, қазір мұғалім Әжібай талдан тоқыған тар қоранын ішінде түйесін сауып отыр екен.

– Ассалаумағалайкум...

– Уағалайкум ассалам... Томаршамысың? Қазір, қарағым. Әйелім босанып қалып, түйені өзім сауып жатыр едім. Тағы бір-екі тартып ала қояйын, шыдай тұр.

Үйге кірген соң Томарша қағазын мұғалімге ұсынды:

– Тәңірі жарылғасын, мынау Лениннің жіберген хаты ма, басқа бірдеме ме, соны айырып беріңізші.

Орысшаға толық шалағай мұғалім хатты бар ниетімен зер сала қарап шықты да, – дәл Лениннің өзі жазған хат деуге қиынырақ болар... Әуелі қол қойған Ульянов деген кісі... Ленин одан кейін қойыпты қолын... Алайда, қолы міне тұр... Ләмосли[2] Ле... нонасни-не... нонға секін – Ленин. Аржағын қабырғаңа кеңесіп өзің жобаламасаң, мынау ала-көле заманда менің батылым барыңқырамай отыр, – деді.

Жай қараңғы қазақтың бәрі біліп үлгерген нәрсені мұғалімнің білмеуіме Томарша ішінен мырс етті де: – Енді осы хатта не жазылғанын жобалап көріңізші, – деді.

Мұғалім ұзақ ежелеп, одан да ұзақ ойланып отырды да:

---

[2] Ләмосли – ескі-арабша жазылғанда ежелеп оқу түрі.

— Дұрыс... Аралдың балықшыларына жазыпты,— деп бір тоқтады. Жақсы... мына бір жері жақсы емес... Еділ бойында қырғын ашаршылық депті. Оның аржағында түсіне алмадым, естімеген, көрмеген сөздерім...

Мұғалім қатты қиналып отыр, тер ме, басқа ма, мұрнының дәл үшінде бір тамшы мөлтілдейді. Білте шам сол тамшымен ойнағысы келгендей біресе жасыл, біресе қызғылт сарғыш етіп көрсетеді.

— Аяқ жағында: «Балықшы бауырларым, балық көмегін аямаңдар»,— деген сөздерді шырамытам, — деп хатты Томаршаға қайырып берді.

— Рахмет, молда-еке... түсіндім.

Томарша шешесін көре кетейін деп үйіне келсе, жер үйі лық толы адам екен. Үйге сыймағандар ауланың ішінде кеукеулесіп тұр. Балаң Лениннің өзінен хат алыпты деп жұрт кемпірге той жасатып жатыр. Екі жамаулы кесемен кезектесіп үлкендер шай ішіп отыр. Есік жақтағылардың ауыздарында шылым...

Шеше байғұс егіліп жылап жүр. Ыстық жас, қуаныш жасын тыя алар емес... «Құдай-ай жалғыз еді, тілден-көзден өзің сақтай көр... Күншілдің жаман көзінен сақта, тілеуі жаманның тілінен сақта!..»

Есламқұлдың әйелі Бәден бірге жылайды. Томаршаны көп жұмсайтын, көп ұрсатын еді. Әрі мына тойдың ішінде Есекеңнің өзі де жоқ. Кесір шал естісе де келмей қалды ма екен?..

Қыз-келіншектер де қысылып жүр. Көп жұмсайтын, көп мазақтайтын еді Томаршаны. «Ұят-ай, ұят-ай!..»

— Ал, Томарша, түсіндірші, жаным... Лениннің өзінен хат алып бәріміздан сен астың ғой!

Томарша шешесінің қасына баптаныңқырап отырып алды да үлкен бір сеніммен сөзін бастады.

— Ленин барлық балықшыларға сәлем айтыпты, бала-шаға, кемпір-шал, бәріңе де...

— Е, бәрекелді, көп жасасын! Сәлемет болсын!

— Аралдың балықшылары — бауырларым депті. Ауларына балық көп түскендіктен атпен әрең сүйреп шығарады екенсіңдер... Сол хабарды естігенде ылғи қуанып қаламыз.

— Е, жарықтық-ай! Жылымды қос атанмен әрең сүйреп шығаратынымызды естіген ғой!

— Бауырларым депті, ә?

— Ие, бауырларым депті, жарықтық!

— Ал енді, бауырларым, Еділ бойында қатты ашаршылық. Сол бауырларыңа балық жіберіңдер! Күні кеше патшаны құлатысқан, ақ пен алаштан арқаңды босатысқан туысқан елдерге қанша мырзалық қылсаңдар да Совет өкіметі еселеп қайтарады, ұмытпайды, — депті.

— Ойбай, қарағым Томарша, жауап қайтар! Әлгі бірдемеңнің аты немене еді, найзағай ма еді? Сонымен қайтар!

— Береміз барымызды.

— Еселеп-еселеп береміз.

Түн бойы балықшылар ұйықтаған жоқ. Өз тілінде, үйреншікті жағдайында одырынша олақ айтылған сөздер еңбек адамдарының жүрегіне ұялай қалыпты. Көңіл көтеріліп, ой сергіп кетті. Өзгеден емес. Лениннің өзінен хат алған соң бір түнде адам болып, бір түнде ел болып қалды. Өмір бойы жоқшылықпен алысып, кезек жығысып, кезек жеңісіп келген жандар бір-ақ түнде байып қалғандай. Күні кеше патшаның өзі түгіл ауылнайы бұларды адамға санап осындай бауырмал хат жазатын ба еді?

Астраханнан Қытайға дейін бақсының құмалағындай шашылған қазақ халқын кім ел деуші еді? Жоқ, ол шетінен кесіп-кесіп, ойып-ойып ала беретін жер ғана болатын. Ғасырлар бойында қорлана берген, аяқтап келгенде кешірілмес кекке айналған қорлық зардабы бір түнде ұмытылып кетті. Балықшылар түн бойы той жасап, Лениннің хатын әнге қосып, өлеңге қосып, аңызға айналдырып жіберді. Қазақ даласын кезіп аңыз да кете берді. Аңызға еріп Томаршаның да аты кете барды...

Ертеңіне шаңқай түсте теңіз жағасындағы құм белде барын киініп, салтанатпен жиналған әйел-еркек, бала-шаға «Ленин жиналысын» өткізгенде жұрттың лайтар сөзі де, ұсыныстары да әзір еді. Серпіле сөйлеп, мол-мол ұсыныстар жасалып жатыр:

– Мынау шалқып жатқан Арал теңізі алтын да күміс балыққа толы күміс екан... Балығы тайдай тулаған деп осыны айтады. Ойнақ салғанда теңізге сыймай кететін күмістей көк серкелер, алтындай сары сазандар атылып жағаға шығып қалады. Екеуін асқанда қазанды толтырмаса, ондай балықты біз алмаймыз, теңізге қайта лақтырып жібереміз. Әуелі осыны жазыңдар Ленинге.

– Еділ бойындағы ашыққан бауырларымыз, Арал барын аямайды сендерге! Қашан тойындық, қашан байыдық дегендеріңше, бізге дамыл бермеңдер! Ұрамаңдар, бұйырыңдар. Ардақты жол басшымыз Лениннің өзі айтқандай біз мүмкіндігі алақан еңбекшілер, асқан мырзамыз! Әр поездан Арал балығын күтіңдер. Өтеп, арамыз шалғай, әйтпесе Арал теңізін ауылдарыңның қасына көшіріп берер едік! Екінші деп осыны жазыңдар Ленинге.

– Сіздің бұйрығыңыз бойынша балықшы буржуйларды қуып тастап, артель құрамыз. Біз күніне бес мың пұт балық жөнелтіп тұрар едік, әттең, кемелеріміз ескі. Атаңнан қалған ескі етіктей, тұмсығы суға тиіп кетсе болғаны – жұта бастайды. Оны жамап-жасқайтын аспабымыз жоқ. Үшінші етіп осыны жазыңдар Ленинге.

Осылай өрістей берген ұсыныстардың ұзын-ырғасынан құралған телеграмма сол күні Ленинге жіберіліп те қалды. Телеграмма былай аяқталды:

«Трудовые ловцы коренного населения бассейна Аральского моря твердо верят, что под руководством своего кормчего выйдут победителями, создав новую жизнь на основе полного единения. Да здравствует дорогой Владимир Ильич!»

Күзгі айлы түн теңіз бетін біресе күмістей жарқыратып, біресе қорғасындай ноқырайтып жібереді. Әр сөренің қасында қыз-келіншектер балық тізбектей отырып ара-тұра ән салып қояды. Ленин хатына байланысты мейрам әлі

—
аяқталмаған. Балалар да осы маңайда ойнайды, иттер де осы маңайда таласады, самауырлар осы маңайда қайнап тұр.

Қақталған, ысталған балықты еркектер түйемен апарып вагондарға тиеп жүр. Жиырма вагон жөнелтпекші еді, тұздалған, ысталған балық оған жетер емес. Он төрт-он бес вагоннан артылмай қалатын сияқты,

— Мұнымыз Ленинге жіберген бірінші сәлемдеме болсын.

Қыс түскен соң қатырған балықты тау-тау қылып үйеміз ғой әлі!— десіп балықшылар өздерін өздері жұбатады.

Бұл күндерде Томаршаның беделі көтеріліп кетті. Балық жөнелтерде ол отын тасуды тоқтатып, адамдарын балық артуға әкеліп еді. Келген бетінде Лениннің өзі жіберген уәкіліндей бәрінің үстінен қарайтын бригадир сияқтанып кетті. Оның құлағы үйренген Томарша деген атына жолдас деген атау қосылды. Бірдеңенің реті келмей жатса, жұрт жүгіріп соған келеді:

— Жолдас Томарша, шпагат жетпей қалды.

— Жүгір магазинге, ашсын де Файзырахманның өзіне.

— Жолдас Томаршаның өзі бұйырды дейін бе?

— Не десең о де! Шпагат алып кел!

Таң ата жұмыс аяқталып, вагондар тиеліп қалды. Қасында бірге жүрген жолдастарының өзі де Томаршаға рапорт бергендей:

— Жолдас Томарша, біз балығымызды тапсырып болдық! — дей бастады.

— Әлі тапсырып болмағандарға жәрдем етіңдер! — дейді Томарша. Даусы сенімді шығады. «Жолдас Томарша» деген ерсірек естілсе де құлағы үйрене бастапты. Әрі жас шағында, әрі бірінші рет санатқа қосылу деген қандай қымбат. Ешкімге олай ұлықтама деп тойтарыс бермей жүр.

— Жолдас Томарша, он төрт вагон төбесіне дейін толтырылып болды! Енді жарты вагонға жетердей ғана балық қалды. Оны қайтеміз? — деді өзімен бірге балық тиесіп жүрген немере ағасы Есламқұл.

Томарша күліп жібере жаздап әрең тоқталды да:

— Жарым-жарты деген ырымға жаман болар. Келер жолы жіберерміз. Алып қайтайық, Есеке,— деді.

Вагондар сол күні жөнеліп кетті.

— Мәскеу... Кремль... Ленинге! — десіп балықшылар тәкаппар қарасып қала берді.

Күн суытып, қыс түсіп, теңіздің тайыз қойнау-құлақшалары табандап қатып қалды. Осындай біржола бекіген мұз үстінде жиналған отындай текшеленіп көше-көше болып балық үйіліп жатыр. Соңғы күндері ұсталған балықтар әлі текшеленбеген, шөмеле-шөмеле күйінде. Енді бірер күнде жөнелтуге келетін, молайып қалыпты.

Бүгін Қазалыдан қайтып келе жатқан Томаршаның қойнында Лениннің тағы бір хаты бар. Орысша, қазақша екі тілде, ақ қағазға басылған. Ол кезде Сыр бойы Түркістан республикасына қарайтын. Орталығы Ташкентте. Лениннің тығыз бір бұйрығын Ташкент екі тілде басып шығарыпты да уездерге, болыстарға жіберіпті. Томарша соның бір-бір данасын алып келе жатыр. Орысшаға шама-

сы келмейді, қазақшасын жүк таситын поездың тамборында жаттай бастап еді, поездан түсіп, түйесіне мінген соң, түйе үстінде жаттап келеді.

«Ләм нон[3] Крицман жолдасқа! Жиырма төрт сағат ішінде...»

Ақ тайлағының биік өркештерінің арасынан Томаршаның басы ғана көрінеді. Түйесінің жүріс ырғағымен бірге қоян малақайдың құлақтары да қалқандап келеді. «Ләм нон Крицман жолдасқа! Жиырма төрт сағат ішінде...»

Суыт келе жатқан Томаршаға кездескен Арал балықшылары:

— Томарша жолдас, тағы бір жаңалығың бар ма, асығыс келе жатырсың ғой? — десіп қалады.

— Бар! Лениннен, жолдас балықшы. Тағы да Лениннен! Советке жиналыңдар, естисіңдер.

Поселке Советіне дейін қанша адам кездессе де Томарша осы айтқанына бір ауыз сөз қосқан жоқ. — Лениннен!

Поселке Советінің төрағасы азырақ салдау, аздап мырзалау, аздап оқығандау, азырақ ауылнайлау, бай болмаса да байшікештеу адам еді. Басында қара тақия, қалаша киінген, кешке қарай қайда барарын, ұзақ түнді қалай өткізулерін ойланып отыр еді, именбей, іркілмей кіріп келген Томаршаны ұнатпай қалды.

— Е, немене, осынша ентелей! — деді төраға.

— Лениннен бұйрық бар!

— Бұйрық болса алдымен бізге келетін болар. Сен неменеге жанталасып шабуылдай бересің осы? Ауылнай болғың келіп жүр ме?

— Бұйрық өте тығыз, жолдас төраға!

— Тығыз болса, сенсіз-ақ тығыз орындармыз!

— Жоқ, жолдас төраға! Сіз әуелі тыңдап алыңызшы!

Содан кейін Томарша күн бойы жаттап алған сөздерін жаңылмай айтып берді:

— Ләм нон Крицман жолдасқа! Жиырма төрт сағат ішінде Арал теңізінің кемелерін жамап-жасқайтын алты мастерской үшін «Парсенс» дейтін екі экскаватор, «Артур Коппельдің» төртеуін және токарьлық фрезерлік станоктарын жіберуді шешіп жіберіңіз! Ульянов — Ленин...

— Орысша, қазақша екі тілде тасқа басылып шыққан. Мінекей, алыңыз, — деп Ленин бұйрығын төрағаның алдына қойды.

Төраға ойланып қалды. Антұрған Томарша төраға дей ме, төре-аға дей ме? Осы неменің көздеп жүргені менің орным емес пе екен?.. Оның үстіне жиырма төрт сағатта дегеннің маған қандай катынасы бар? Крицман-ақ орындай берсін!.. Бірақ Ленин қол қойған бұйрықпен, басың екеу болмаса, ойнауға болмайды.

— Жақсы, Томарша жолдас... Советке де келер бұл бұйрық. Жұртты жинап естіртерміз. Ал, өз жұмыстарың қалай?

Ол екі арада Советке балықшылар ағылып келе бастады. Жұлықтары аппақ, қоныштары ақ айран резинка етіктер, қазақы былғары етіктер есіктен кіре бере бірінің өкшесін бірі нұқып қалып, шұбап келеді. Жұмыс адамдары, қазақша пайқалуға уақыттары жоқ, білгісі келгендерін бірден сұрады:

— Ие, Ленин бауырымыз не сәлем айтыпты?

---

[3]Ләм Нон — Л.Н.Крицманның аты-жөні

— Советке келген ешнәрсе жоқ... Келген соң естисіңдер ғой,— дей салды төраға.

— Тым болмаса тоқ етерін айтшы, жаным, ауларымыз майланып қайтсын. Біз кезекке кетіп барамыз. Томарша жолдас Лениннен тағы бір жақсы хабар әкеліпті деп еді ғой?—деп балықшылар енді Томаршаға қадалды.

Томарша бұдан әрі шыдай алмады. Жұртқа өзі естіртіп, абырой-атағына өзі ие болғысы келіп отырған салбөксе төрағаның созбағына ызаланып кетті. Үлкенге кіші осындайда ызалансын да!

— Төраған Ленин бұйрығын алып отыр. Мен әкеліп тапсырдым. Тартпасына салып қойды... Төрағаңның уақыты болмаса, мен-ақ айтып берейін сендерге, — деп Томарша күн бойы жаттап алғанын тағы бір рет түгел айтып берді:

— Ләм нон Крицман жолдасқа! Жиырма төрт сағат ішінде... Ульянов — Ленин.

— Е, бәрекелді!

— Жарықтық-ай, әнеугі жазғанымызды аяқсыз қалдырмаған екен ғой!

— Өйтпесе ол Ленин болар ма еді!

— Ұқтың ба, жиырма төрт сағат ішінде орында деген ғой!

— Ие, жиырма төрт сағатта!

— Біздің жігіттер ғой, жиырма төрт сағат ұйықтайды, жиырма төрт сағат есінейді, жиырма төрт сағат есін жинайды.

— Соның артынан жиырма төрт сағат бұрқыратып жұмыс істесе де жақсы-ау!.. Кейбіреуі түк істемей болдырып отырады ғой...

Бұл сындардың кімге айтылып жатқанын жақсы сезініп отырған төраға:

— Естіңіңдер ғой?.. Жиналыс ертең тағы болады. Жұмыстарыңнан қалмаңдар. Әңгімеге жандарың үйір-ау! — деп екі рет айтса да балықшылар оған құлақ аспады. Айтар сындарын айтып, күліскен, даурығысқан бойлары өздері шығып кетті. Төрағасына қош бол деген де жоқ.

Томарша солармен бірге кетті. Балықшылар оны үйіне дейін шығарып салып:

— Жолдас Томарша, жұмыстан қолы бостарымыз кешке қарай келерміз. Сен өзің Лениннің бұйрығын таудан тас домалатқандай басымызға бір-ақ аудара салдың да егжей-тегжейін аңғара алмай қалдық, — десті балықшылар.

Томарша әрі ұялып, әрі масаттанып:

— Келіңдер, келіңдер, — деді.

Кешке ең алдымен қыз-келіншектер жинала бастады. Бұған дейін «өркештен басы әрең қылтиятын Томарша» деп тістерін ақсита күлетін қыз-келіншектердің кірпіктерінде сыйлау, көз түптерінде күлімдеу бар. Бәрі де барын киініп, сәнімен келіпті. Мүмкін, Томарша жолдас, бір кешін құрбы-замандастарына қиып, қыз-ойнақ жасар? Әлде бұдан былай ылғи қолы босамай қояр ма екен? Адам деген өсейін десе, бір-ақ күнде өсіп кетеді екен-ау!.. Үйленер ойы болса қайысымызға көзі түсер екен?..

— О, бәрекелді, келіңдер, жоғарылатыңдар,— деген Томаршаның даусы бұрынғысынша шықты. Бұрынғысынша қыз-келіншектерден жасқанатын сияқты. Бірақ бүгін қыздар тым сыпайы.

– Томаршадай болған бойың құрсын!–деп қыздар:

– Томарша, Томарша жарып бере қойшы!–деп келіншектер айтатын емес.

Қыздар сызылып-сыныққсып төрге қатарласып отыра бастады. Келіншектер самауыр қойып, пеш жағып, Томаршаның кәрі шешесін қоршап алыпты. Сексеуілді сексеуілге соғып отынды да солар жарып жатыр.

Әлі жігітшілігі оянып болмаған Томарша қыздармен тіл қатысуға сөз таба алмай, әшейін ыржия береді, жымия береді. Отырған орнына шегеленіп қалыпты. Кешірек ересек адамдар жиналғанша мақау-мылқау болды да қалды.

Қырық жамау дастарқан жайылып, шай келді. Әшейінде тарының таба нанын шетінен омырып алып аузына тығып жіберетін қыздар бүгін ақ нанды күрек тістерімен ғана тістейтін болыпты. Ұсақ қантты қалайы қасықпен шөкімдей ғана алып, тілдерінің ұшына ғана салады. Мүйіз алақан балықшы қыздары бүгін қайдан осынша әдепті, осынша ұялшақ бола қалған?

– Томарша ағаңның кесесін алып берші, – десіп қалады.

Түнделетіп еркектер келген соң, төрді солар алып, қыздарды ешкідей иіріп пештің бұрышына тықты.

– Ал, жолдас Томарша, мана ұзын-ырғасын аңдасақ та егжей-тегжейіне түсіне алмай қалдық. Енді байымдап түсіндірші Лениннің, не айтқанын.

«Екі істеп атыр» дегенің немене өзі?

– «Екі істеп атыр» емес, экскаватор деген машина...

Томарша өз өресі жеткен жерге дейін экскаватордың жайын түсіндірді.

– Е, тәңірі деген, жұмысты адамнан екі есе артық істейтін бірдеме шығар деп жобалап едік те...

– Екі есе емес, жүз есе артық істейді.

Жұрт көңіліне жиырма төрт сағат ішінде деген бұйрық қатты ұялап қалыпты. Бұл – сағат санап, күн санап өскен ел емес, замана таңбаларын санап өскен ел. Өмірге сағат кіргенін ертерек сезінсе де оның өзі елеулі бір белгі екенін енді ғана біржола аңдағандай. Бүкіл елдің бар жұмысының басында отырған адам – Ленин! Қандай жұмысты болса да созбаққа салмай тығыз түрде шешіңдер дегені де! Өз еңбектерін қанша жоғары бағаласа да Ленин басқарып отырған жұмыстардың шама-шарқын балықшылар да аңғаратын сияқты. Таңдайларын қағып, таңданып қояды.

– Шіркін-ай, біздің төрағаның мойнына осы жиырма төрт сағатта дегенді тұмарша қылып тағып қояр ма еді! – деді Есламқұл. Томарша адам болғалы ол ағалық көрсетіп жөн сілтеуден қала бастаған еді. Абайсызда орынсыз бірдеме айттым ба деп жалтақтап Томаршаға қарады.

Томарша осы бір ойды қағып алып, шетіректе иіріліп үн шығармай отырған қыздар тобына қарап, бірінші рет тіл қатты:

– Қадиша қарағым, сен мұғалімнен оқып жүрсің ғой... Ұзындығы бір кез, көлденеңі жарты кез қызыл барқыт тауып алып, соған ақ жібекпен жалпақтығын бір елідей етіп «Жиырма төрт сағатта!.. Ленин» – деп жазып бересің бе? – деді.

Сұлу болмаса да сүйкімді ғана болып өсіп келе жатқан жас қыздың көз жанары қызғылт тартып, тұтанып кетердей жарқ етті. Осынша ұзақ сөзді ба-

тылым барып қалай айттым деп Томарша да қызарып кетті. Ойыны ма, шыны ма дегендей Қадиша да бөгеліп қалыпты.

— Е, неге жазбасын, жазады, — деп қыздың әкесі қолма-қол демеп жіберді.

Көз алдынан қызыл барқытқа ақ жібекпен жазылған «Жиырма төрт сағатта!.. Ленин» деген сөздер әлденеше рет өтіп болған соң қыз да іркілмей жауап берді:

— Жазайын!

— Жиырма төрт сағатта ма? — Қыз көзін төмен түсіріп, басын изеді!—Жазайын...

— Әне, жазады ол бала... шешесі киіз үйдің бау-шуын маржандай тізіп тоқитын Аймангүл емес пе? — деп еркектер мақұлдап жатыр. Өзара сыбырласып-сыбырласып қыздар бірге шығып кетті. Манадан орталарында елеусіз отырған жас қыз Қадиша, құрбыларының көз алдында ол да өсіп жүре берді. Адам санатына бірінші болып кірген Томарша еді, екінші болып жас қыз Қадиша көзге түсіп қалды. Сұңғақ қана, талдырмаш қана, кішірек келген тұнық қара көзді жас қызды жігіт көздері есіктен шығарып салды.

Осылай, Ленин көсемнің жұмысты қалай істейтіні, қалай істе дейтіні жайында ел ішінде тағы бір аңыз туды.

Аңыз анасы — шындық қой. Арал аңызының шындығын Лениннің 53-томынан қараңыз...

БІРІНШІ ФОНТАН

Асанбай үйіне амалсыз қайтып еді. Мұнай бұрғышыларының екі кезегін бірге өткізіп, үшінші кезек басталғаннан кейін қайтты. Қауырт күндер өтіп, қауырт сағаттар басталған кез еді. Түнгі сағат төрт болып қалған екен, амалсыз қайтты.

Тәулігіне үйіне бір соқпасына амалы жоқ. Ол үш кезекті тұтас өткізіп қайтса да келіншегі Ажар кірпік қақпай күтіп отырады. Жиналған төсек бұзылмастан тұра береді. Соның салдарынан болу керек, босанғалы төрт ай болған жас әйелдің сүті азайып барады. Төрт айлық Телғараны тамақка көшіруге жақын жүр.

Асанбай үйіне кіріп келгенде, дудырап кеткен ұзын қара шаштарын аппақ шаң басып, қысқы аязда ұзақ жолда кездесер ақбас қара бура сияқты еді. Қою біткен қас-кірпіктерін, жарқабақтан құлай түскен дөңкес мұрынның екі сайын, бет-ауыздың саяң-ояндарын түгел ұлпа шаң жауып кетіпті. Көлегейсіз жарқыраған жалғыз шам есіктен кіре берген Асанбайды ылғи осылай көрсетеді.

Айлап, апталап құшағында болмайтын жұбайын осындай айбынды түрде көру жас Ажарға күнде бір жаңа қуаныш әкелгендей болады. Бар қызылы бетіне шығып, кішірек келген қара көздері қаракөк нұр төгіп, ерекше жарқырап кетеді. Оның ұйықтамай күтетіні де Асанбайдың осы бір жаңа кескіні, айбарлы

кескіні сияқты. Қысқы аязда қырау басқан ақ бас қара бура ызғарлы-ақ емес пе!.. Қырдың қызы осы бейнеге қызыға қарайды.

Ажар атылып келіп Асанбайдың мойнына асылды. Асанбай оны бір қолымен ғана көтеріп алды. Қыз мүшесі бұзылмаған, белі әлі жіп-жіңішке, құмырсқа бел қалпында.

— Тағы да ұйықтамапсың ғой?

— Ұйқы келмесе қайтейін? — деп, Ажар жұп-жұмыр қоңырқай саусақтарымен Асанбайдың шаң басқан шашын астаң-кестең етті. Өзінің шөмеле шашын да шаң басып бара жатқанына қарар емес. Шаң басқан айнаны сүрткендей, Асанбай қашан өз кескініне келгенше, бет-аузының шаңын бұрқырата берді, бұрқырата берді. Енді қып-қызыл еріндер ернеуіне аппақ шаңнан қақ тұрып қалған қалың еріндерге қадалғалы келеді.

Маңғыстау шаңы күрпілдеген ұлпа шаң. Ондай шаң Қызылорда да, Түркістанда да жоқ. Бұл бұрқылдаған ордалы шаң, қопарылма, қордалы шаң. Екі машина бірінің ізімен бірі жүріп кетсе болғаны, атом ракетасы атылғандай бұрқыраған шаң аспанды белдеулеп әкетеді.

Кең далада құйын да көп. Шиырылып тік шаншылған шаңды ұршықтай иіріп, ойды-қырды кезеді де жүреді.

— Ал енді жуын, шай әзір, — деді Ажар. Бірақ өзі тамақ столына бұрылмастан иттің үйшігіндей ғана кішкене бөлмеде тығылып тұрған төсекті әзірлей бастады.

Маңғыстау мыңғырған қала болар кезі әлі алда. Ол кезде мыңдаған мұнай бұлағы атқылайды. Әзірше Асанбай инженердің тұрғын пәтері жұпыны ғана бір бөлме, бір үйшік, екі адам соқтығысып өтетін тар ғана бір коридор. Шөлейт далаға, шаңды далаға салынған уақытша баспаналар саңылауы көбейіп қаңсып тұр.

Асанбай жуынып-таранып стол қасына жақындағанда аралары ашылып кеткен тақтай еденді сықырлата басып кәнігі бұрғышы Бейсетай қарт келді. Ол әлгінде ғана екінші кезек біткен соң үйіне қайтқан.

— Ұйқы келмей қойды, Асанжан... Ұрсып жүрмесең, үшінші кезекке де барғым келіп еді... Бүгін үйде жата алар емеспін, — деді Бейсекең.

— Неге жата алмадыңыз, Бейсеке? Түн ыстық па, әлде Әйнел апайдың төсегі ыстық па?

— Тарақан мен тарақаншаның сыбырласқаны дамыл берер емес...

Асанбай қарқылдап күліп жіберді. Бұл барақтарда тарақан да көп. Бейсекеңмен пәтерлес Тараканов деген шофер де тұрады... Әлдеқайдан пайда болған, қазір сатушы болып орналасқан әйел бар. Екеуі де әдепсіздеу, екеуі де беймазалау. Бейсекең «біздің үйдің Тараканы түн бойы газет оқып шығады» деп бұрын да талай айтатын. Қазір соның екеуін де астарлап айтып тұрған сияқты.

— Мен бірдеме білсем, бүгін ұйықтаған адам бар қызықтан құр қалады. Ұрыспасаң болды, мен кеттім, — деді де ерке шал еденді солқылдата басып есікке қарай беттеді.

Қызық сағаты соққалы келе жатқанын Асанбай өзі де жақсы сезінеді. Ол сондықтан да кезек біткенді көзімен өткізіп, үйіне амалсыз оралып жүр. Кәнігі

—
бұрғышы мұнай тамырын баса біледі, әрине, инженер Асанбай да өз есебіне күдіктенген емес. Бірақ, жүйке тамырларың ширығып тұрған кезде шың еткеннен шытынып қалатының бар емес пе, Асанбай тамаққа отыра беріп қайта тұрды да:

— Бейсеке, тоқтай тұрыңызшы! — деді.

Бейсекең столға жақындай келіп, жастықтай көмпиіп піскен күрең бауырсақтың біреуін қарамай сіңген күс-күс саусақтарымен ала беріп: — Пісмілда... — деді.

— Бейсеке, сіздікі жалпы дүрлігістің буы ма, болмаса, бұрғы бірдеме айта бастады ма?! Сіз жаңа ғана соңғы кезектен босап едіңіз ғой.

— Бұрғы айтты ма, әйтпесе өзің аңғарып жүрмісің әйтеуір осы шыңыраудың босанар сағаты иек артпада тұр. Бұрғының салмағын ауырлата түскеніне қарағанда менің кезегімде босанып, осы май шыңыраудың кіндік атасы боламын ба деп едім, бұйырмады. Шіркін, май бұлақ аспанға шапшып атқыласа келіп, атқыласа келіп!.. Өзіңді аспанға бірге ұшырып әкетсе де арманың болар ма еді.

— Ойбай, ақсақал-ау, мұнайды атқылатып алсақ, құлағымызды кесіп алады ғой! Біз атқылатпауды күзетіп жүрген жоқпыз ба?!

— Жоқ, атқыласа екен! Маңғыстаудан атқылаған мұнай аспанға бір шықса екен! Бұған дейінгі шыңыраулардың бәрін оп-оңай бұқтырып ала қойдыңдар, тым болмаса біреуі атқыласын да! Жұрт көріп, аузы ашылып, екі көзі аспанда, бір мәз-мейрам болсын да! Содан соң сал келіп айғайды, бас келіп бәлекейге! Киносы да келеді шауып, жазушылары да келеді ұшып! Әншілер де құлағыңды сасытатын болады!

— Жоқ, Бейсеке, сіз хауіпті адам болып шықтыңыз!..

Сыр алысқан қарт бұрғышы мен жас инженер екеуі де күліп жіберді. Түсініскен адамдардың қалтқысыз күлкісі қыл үстінде, қылыш жүзінде қылпылдап жүрген адамдардың күлкісі...

Бейсекең бауырсақты әлі тістеген жоқ. Асанбайдың отыра бере шаншып алған тұзды қияры әлі шанышқының үшінде тұр.

— Ойын өз алдына, Асанжан, ал енді бензиннің литрі үш тиын болғанда көшеде сатылатын көгәлжім судың стаканы үш тиын болатын не жөні бар? Мұнай дегеніңіз сол жаман судан бес рет арзан болса, әрі-бері атқылатып алса деп едім. Құдайға анық, шыным осы!

Асанбайдың қайтарар жауабын Бейсекеңнің бес жасар кенжесі Мұқатай бұзып кетті. Түнгі төсектен тұрған жалаңаш бойы кіріп келді де:

— Әке, мен әлгі қисық аяқ шалбарды кимеймін енді... Лақтырып жібердім. Мына жері мынадай болып жыртылып кетті, — деп жас бала жалаңаш құйрығын әкесіне бұрып, жыртықтың мөлшерін көрсетті. Саусақтарымен сызып көрсетіп тұр. Қоңыр-қошқыл құйрыққа тік бұрыштанып бозғыл сызық түсе қалды.

— Әй, әлгі ант ұрған қатын жіберді-ау сені! Жаңа ғана үндемей-ақ отырып едің ғой алдымда, — деп Бейсекең баласын көтеріп алып есікке қарай беттеді.

— Сояйын ол қатынды!.. Шалбар иттің аяғы қисайып кеткені несі екен!— деп сөйлеп кетіп барады.

Асанбай оған мұнайдың арзандығын емес, сатылатын судың жөнсіз қымбаттығын түсіндірмек еді. Айта алған жоқ. Кейде жұрттың бәрі білер сорақылығын сөз қылуды сүймейтін де мінезі болатын, сонысын істеп кідіріп қалды.

Манадан әңгімеге қатыспай, үнсіз тыңдап отырған Ажар:

– Тамағыңды тезірек жеп, бірер сағат ұйықтап алуға уақытың болар ма екен? – деді жұбайына.

– Бірер сағат!.. Оны кім берсін бүгін... Жарты сағаттан кейін оятып жіберетін болсаң жатып көрейін...

– Оятамын ғой...

Ажар көз қиығымен Асанбайдың жүзіне қарап еді, сопақшалау беті тіпті сопырайып, көз түптері үңірейіп кеткен екен. Кеше осы уақытта кеткен адам, бүлік бойы тамақ ішпеген сияқты. Бір ұртында қияр бұлтылдайды, бір ұртында колбаса мен нан. Көздері майы шылқылдап тұрған сорпада сияқты. Аш инженер, жас инженер.

Гүжілімен барақты дірілдетіп газик есік алдына келді. Асанбай тез-тез қолын сүртіп орнынан тұра бастады.

– Кеттім білем... Телғара күшіктің оянбағанын карашы...

Тағалы аттай тарс-тұрс басып келе жатқан шофер Тараканов кіре бере-ақ ыңырай салды:

– Авария! Авария, жолдас бас инженер!

Ешкім жауап қатқан жоқ, Ажар күндегі әдетінше Асанбайдың қолына торлама дорбаны ұстата берді. Ішінде термос, бүгін алынған газеттер, майлы қағазға оралған тамақ.

Асанбай бұрғыланып жатқан мұнай шыңырауына жақындамай-ақ авариянның жайын таныды. Күні-түні басылмайтын шаң боранның бір бүйірі ырдуытып, бұлтиып кетіпті. Шаң белдеудің ең төбесінде үлкен бір қара барқыт қалпақтың төбесі көрініп кететін сияқты. Шаң боранда сүріліп-қабынып қалпағына дейін қарадан киген алып бір адам тұрғандай. Мұнай атылып кетіпті. Екі жарым километр тереңнен атылған мұнай ысқырып-осқырып, аспанға шашып жатыр. Алыстан қара барқыт қалпақтай көрінген, атылып кеткен мұнайдың ұлпа басы будақтап шыңыраудың айналасына ыстық мұнай бүркіп тұр.

Бұрғылау мастері инженер Николай Петров машинадан түсе берген Асанбайға:

– Мұнай атылып кетті. Раствор салмағы кем болып шықты, ие бола алмады, кеді.

- Атылғанда, несін айтасың, келістіріп атылды ғой, жарықтық!– деп осқайдан сап ете түскен Бейсекең киіп кетті.– Мен де келіп жеттім, мұнай да сап ете түсті. Басында болмасам да қасында болдым әйтеуір...

Мұнай жер астынан гүілдеп-гүжілдеп келіп, тар өңештен шыға бере осқырып жібереді. Оттай ыстық лебімен жанды маңайлатпай тұр. Асанбай ешқандай әңгімеге айналмай, мұнайды бұқтырып алудың бұйрықтарын бере бастады.

– Атпаның биіктігі қанша дедіңдер! Тоқсан ба? Жүз бе?–деп, тыншыға алмай тыпыршып тұрған Бейсекең тағы килікті.

– Қырық бес метр, – деді Петров.

– О, кешке дейін жүзге жетеді! – деді Бейсекең.

Таң ата түгел жиналып қалған мұнайшы жұрт үлкен қуанышта, базардай гүілдесіп тұр. Асанбай езу тартса, бұрғышылардың өздері де жұмысты тоқтатып, біраз қызықтап алар еді-ау! Атылғалы келе жатқан мұнайды бұқтырып ала алмағандары есте де жоқ. Мұнайдың сарқылмас бұлағына қолдары тиген соң өзгенің бәрін ұмытқан.

– Дария ғой, дария!

– Шаң Маңғыстау – май Маңғыстау болғаны осы да! – деседі.

– Дария дегені несі екен! Теңіз демейсің бе! – деп Бейсекең оларды тойтарып тастады. – Қасында шалқып жатқан Каспий ауыздарыңа түспеді ме? Бұқтырып қойған бес шыңыраудың бір де-біріне көңіл толмасың бар ма?

Қазанбастау, тайқы маңдайлау, тырбықтау жаралған, жеңсіз көк жолақ көйлек киген, шалбары қыржиып қисық аяқтанып кеткен, қолтығында табан құшақ портфелі бар біреу Асанбайға таянып келіп:

– Авария жайы жоғарыға хабарландырылды ма? – деп сұрады.

– Е, Сілекеевпісің, жеттің бе? – деп Бейсекең оған да қарсы түсе қалды.

Сілекеев кәсіподақтық мүшелік жарнаның түсімін тексеруге облыстан келген еді. Тексере келе көп мүшелердің салақтығын ашты. Енді соны бетке соға, салғыласып отырып айтатын жиналыс өткізе алмай жүр. Бір рет едәуір-ақ адам жиналып еді. Сілекеев өндіріс басшыларының қатысуын талап етті: – Ең болмаса бірінші орынбасар қатынассын! – деді.

Басшылар түгел бұрғылау басында болатын. Көп айлар бойында жарна төлемегендердің бірі Бейсекең де түнде ғана босап жүрген кезі еді. Үш рет шақырылса да жиналысқа о да бара алған жоқ. Сонымен он күннен бері Сілекеев жолдас бір жиналысты өткізе алмай, ызалы жүр.

Бейсекең берешегін конвертке салып әйелінен беріп жіберіп еді, Сілекеев алғызбапты:

– Өзі әкелсін! Мен онымен сөйлесуім керек! – депті. Содан бері бұл екеуінің жұлдызы қарсы.

Осы жағдайда кездесе кеткен Сілекеевті Бейсекең жоғары-төмен ұзыны мен көлденеңін бір өлшеп алды да:

– Сенің көріп тұрғаның ғой тек қана авария? Мына жұрттың жарыла қуанып тұрғанында жұмысың да жоқ! – деп бір кекетіп тастады да. – Сен біздің үйге барып шалбарыңды өтектетіп алшы біздің қатынға... Екі аяғыңның арасында үш литрлік термос тұрғандай, шалбарың қисық аяқтанып кетіпті, – деді.

Бейсекеңнің батыра мазақтап кеткенін ұнатпай қалған Асанбай:

– Бейсеке, сабыр... Естияр адамдар осылай сөйлесе ме екен? – деді.

Азырақ арқа сүйеу сезінген Сілекеев те шақ ете түсті:

– Жиналысқа келуге бетің шыдамай жүріп, сен неменеге көкіп тұрсың? Аварияңа мәз болып тұрмысың?

Сілекеевтің келген бетте берген сұрауы Асанбайға да, басқаларға да ұнамай қалған. Сол сұрауына сыңар иықтап қайта оралғалы келе жатқаны тіпті ұнаған жоқ. Асанбай еңсесін тік көтеріп алып:

– Бұрғышылардан басқаларың осы маңайдан кетіңдер! – деді қатты дауысқа.

Жұрт қалаға қарай тез қозғалып кетті. Жұрт соңында алты-жеті жасар үш еркек бала қалыпты... Олар шөтейлерін шығарып алып шаптырып, мұнай тықызып тұрған.

Үшеуі де бұрғышы балалары. Бұлар жиналған топтың бір шетінде тұрып тығылып кеткен мұнай жайын өз тұрғыларынан таласқа салып еді:

– Осы мұнайды атқызып шығарған кімнің әкесі?

Үшеуінің әкесі де бұрғышы. Үшеуінің әкесі де шыңыраудың маңайында тұр. Сондықтан балалар балаларша байлам жасаған:

– Кім биік шаптырса, мұнайды атқызып шығарған соның әкесі болсын...

Әттең, балалар таласы аяқталған жоқ. Асанбай айғай салғанда, шала сарқып, олар да жүгіріп кетті...

Ыстық мұнай ысқырып атқылап аспанға көтеріледі де, доғадай иіліп келіп жер бетін сарт-сұрт сабалай құлайды. Дамылы жоқ Маңғыстау желі аспанға шашыраған мұнайдың ұлпа басын жан-жаққа кезек шайқап, шыңыраудың айналасына қара жаңбыр бүркіп тұр. Қазір ақ киінген де, қоңыр киінген де іннен шыққан суырдай жылтыр қара сұр.

Темір қалпақ, брезент киген адамдар шыңырауды қоршай бастады. Үш тілім, төрт таған темір сирақтарға шегеленген тақтай қалқан, темір қалқандар қалаттасып келіп, ербиіп-ербиіп шыңыраудың жел жағына тоқтады. Атқылап шыққан мұнайды осы қалқандармен белден бүгіп, алдын ала қазып қойған жер қорға құя бермек сияқты. Жүз жиырма атмосфералық күшпен атқылаған ыстық мұнайды бөркіңмен басып бұқтыра алмасаң керек.

Ең ауыр салмақ, бүгін поселкенің байланыс бөліміне түсіп еді. Мұнай фонтаны атылып кеткені жайында жалғыз ғана телеграмманың кетуі мұң екен, Алматы мен Москва жалғыз сымды ешкімге бермей қойды. Облыс амалсыз самолетке көшті. Бір самолет түсіп жатыр, бір самолет ұшып жатыр. Біреулер еріксіз Асанбайға жолығып ат үсті болса да анық хабарды алып жүр, енді біреулер Асанбайға жолыққандармен жолығып жүр. Шыңырау айналасына кеңінен ерліп, тізіп тастаған кішкене қызыл жалаулар ешкімді өткізбейді. Фонтанды ұзақ тұмшалап жатқандарын ешкім көре алған жоқ. Асанбай түске тарма-тар бір рет Алматымен, бір рет Москвамен сөйлесіп қайтып еді, одан кейін кім шақырса да телефонға бара алмады. Мәңгіден бері сонша тереңде, қазан қайнар ыстықта, жер қарнын кернеп жатқан газ бен мұнай сыртқа шығар бір тескіндік ешқашан да жас инженерді аяусыз сынға алып кетті.

Москва Асанбайдан:

Қалай, фонтан атылып кетті ме? Қуанышпен құттықтаймыз! Бұқтырып аталасыңдар ма? Қандай жәрдем керек? – деп сұрады.

Бірер күндік арпалыс болар деймін. Бұқтырып аламыз ғой. Жәрдем керек емес, – деді Асанбай.

– Маңғыстаудың мұнай қорын енді қалай бағалап жатырсыңдар?

– Ұшан-теңіз молшылық екені даусыз... Есеп тілімен айтқанда мына шамада...

– Оho!.. құттықтаймыз, құттықтаймыз!

Алматы сұраулары аз-кем басқашарақ шықты. О да әуелі Москвамен астарлас сұраулар беріп, сөз аяғында:

– Авария деген жай сөз болар? – деген дүдәмалы бар сұраумен аяқтады. Бір шапшаңбай дүрліктіріп жатыр-ау деп ойлады Асанбай. Содан кейін мән-жайды түгел баяндады.

Поселке мен шыңыраудың арасында қалалық атқару комитетінін председателі Наргыз Жамболатова поштабайлықта жүр. Наргыз талдырмаш қана ақсары әйел еді, қазір о да қара сұр. Әуелі бұрғышыларға тамақ әкелген әйелдерді бастап келіп еді, содан кейін сыртқы дүниемен байланысты түгел қолына алып кетті. Құшақ-құшақ телеграммаларды алып келеді, телефонмен айтылған тығыз бірдемелерді ауызша жеткізіп кетеді. Бұрғышыларда тығыз сұрауларға жауап қайтару түгіл, мойын бұруға уақыт жоқ.

Әйелдер әкелген термостар күнге шағылысып, қызыл қоршаудың сыртында тізіліп тұр. Бұрғышылардың бүгінгі тамақтары да сол термоспен келген шай ғана, кына сары – қызыл шай, қою сүт құйылған құбақан – торы шай. Термостар біресе поселкеге қарай, біресе шыңырауға қарай жөңкіледі, Өзге тамақтар азаяр емес.

Мұнай әлі ырық бермей атқылап жатыр. Жер астынан батпандап атылған алып күшті мысқалдап тұншықтырып жатқан мұнайшылар. Мұнай мен тер, шаң мен газ, жер ыстығы, күн ыстығы. Бір күн, бір түн арпалыс, жеңіс белгісін бере алған жоқ. Тек термостар тез босап жатыр. Бір топ телеграмманы Наргыз келер күні алып келді. Азербайжан, Татария, Башқұрт мұнайшылары қуаныш білдіріпті. Қазақстанға көп ұзамай мұнай бәйгесіне түсер күнді тілепті.

Мұнайшылардың қатты қалжыраған, аштан бұрлыққан кезі еді, көңілдері көтеріліп қалды.

Ертеңіне түс ауа шыңырау төбесіне желбіреген қызыл ту көтерілді. Бұл фонтанды бұқтырып болдық, тас бекітіп бағындырып алдық, жеңдік деген белгі еді. Ысқырып-осқырып атқылаған мұнай пысқырып-түшкіріп тұмшаланып қалды. Алыстан аңтарылып көз алмай күтіп жүрген жұрт аттылы, жаяулы, машиналы, түйелі шыңырауға қарай ағылып келеді. Оттан ұшқан ұшқындай ұшып, қалың топтың екі бүйірінде балалар ойнақтап келеді.

Қалың қол шыңырауға жетті де бұрғышыларды жұтып жіберді: көтеріп әкетті, құшақтап алды, қоршап әкетті. Мыңдаған ауыздан жарыса шыққан қуаныш сөздері қат-қабаттасып у да шу гүілге айналып кетті.

Асанбай дос құшақтардан әрең босанып, шұбаған жұрт соңында, үйіне қарай жөнелді. Бейсекең баласына шалбар ала кетуге магазинге бұрылды.

АЙГҮЛ ҚОЙШЫНЫҢ БІР КҮНІ

СССР Жоғарғы Советінің депутаты Айгүл түбекке қайтқан отарының соңында сылпылдап келе жатқалы бүгін үшінші тәулік...

Қалай есептесең олай есепте, әр тәулікте жалқау жылжыған жиырма төрт сағат уақыт бар. Ол көңіл аударары көп қала уақыты емес, көз тартары жоқ дала уақыты. Үнсіз өтіп жататын уақыт.

Айгүл өмірінің жиырма жылы осы үнсіздікте өтіп келеді. Ол дала үнсіздігі, қой үнсіздігі. Астындағы атыңа ғана, қасыңдағы итіне ғана тілдесер жауапсыз үнсіздік.

Даланың меңіреу үнсіздігіне Айгүл бала жасынан үйренген. Ол – етекжеңді түре соғатын, қойын-қолтықты қуалай қуатын күздік пен көктемнің азынау желіне де көндіккен. Ат танауына көк сүңгі тұрып қалатын шаңытқан суық сары аяздарға да көндіккен. Жыбыр-жыбыр, қыбыр-қыбыр қозғалған қой момынның өңсіз қозғалысына да көндіккен. Көндігу бар, жеңу бар. Айгүл соның бәрін жеңген адам. Ыңырсып қана ән салып келеді. Кішірек келген дөңгелек қара көздері әлденені алыстан барлағандай, ойда келе жатқаны да байқалады.

Қой отарының сүйемдеп аяндауына жирен бесті ғана көндіге алмай келеді. Қағазға төнген қалам ұшындай сүп-сүйір құлақтарын алыстан көрінген қырқаларға шаншады. Қыл шылбырмен жетелеп алған Айгүлдің өзін сүйрелеп алға қарай жұлқады. Кейде иегін Айгүлдің иығына сүйеп, еріндері жыбырлап қант сұрайды. Құлақ түптерін қасып жіберуді, әлде қай жерін сипап жіберуді өтінеді. Қант кеше біткен. Өзі қанша қалжырап келе жатса да, әйел қолы анда-санда атының мойнынан қағып-қағып қояды. Жирен бесті ұзын шылбырды соза жұлқып тағы да алға қарай ұмтылады.

Бүгін таң ата Айгүл отары су жайылып кеткен Ақтақырға келіп түсіп еді. Жазды күні бұл шаңы бұрқырап жататын машина жолына айналған тақыр. Екі жағы көк жиекке дейін кернеп кеткен қиыр-шиыр бұйра құм. Түбекке оралған отардың осы тақырға бір соқпасына амалы жоқ.

Ақ тақырдың өнбойын өрлей жарып өтетін жалғыз жолды қазір Сырдария суы басып кеткен. Шегі-шетіне көз жете бермейтін ақ тақыр айнадай жалтырайды. Бүйірі салыңқы буаз қойлар бауырымен су сызып, әрең қозғалып келеді. Қиғаштап түскен күн көзіне шалынғанда қой бауырынан сорғалаған тамшылар шашақты күміс оқадай жарқ етіп қалады.

Су жайылып кеткен тақырға таң ата келіп кездескенде отар ұйлыға беріп, жазыла алмай қойып еді. Мүйіздері айқаса біткен көкала серке басын бірер шайқап, сақалын сілкілеп азғана тұрды да алға түсіп кетті. Қазір отар жіпке тізілгендей шұбалып, жарты километрге созылып, жыбыр-жыбыр жылжып келеді.

Резеңке етігі біресе күрк етіп қалып, біресе күмп етіп қалып Айгүл де келеді. Бүгін күн бойы, түн бойы, ертең күн бойы осылай жылжи бермек. Жылы қашар, жайлы орынға ертең кешке ғана жетер. Оған дейін отар да, Айгүл де, шиыршық атып келе жатқан жирен бесті де шыдауға тиісті. Сол жайлы орынға жеткенше Айгүлдің әні де үзілмеуі керек.

Қайнаған судай көгілдір толқынданған көктем сағымында алыстан бұлдырап жалғыз-жалғыз молалар көрінеді. Әр моланың төбесінде шаншылып отырған бір-бір қарақұс көздерін отарға қадап алыпты. Өздері қадалып мола төбесінде, көздері қадалып отарда. Олар отарды кеше де торыған, бүгін де торып отыр, ертең деториды, өмір бойы торып келеді.

Құлпырған сағым құм арасынан көне заманданы адам мекендерін көтеріп шығарады. Бір кезде ел жайлаған, егін еккен жерлерді әлде қай кезде құм басып алған. Қойшы ойына таныс аңыздар түседі. Сырдария көне заманнан бері атағы шыққан мырза су, көне заманнан бері диқаншы бесігі, күріш те өскен, жоңышқа да өскен, қарбыз-қауыны күзге қарай зеңбіректей гүрс етіп жарылғанда Қазалыдан Қармақшыға естіліп жатады екен...

Сыр еліне қырғын, Сыр бойына қырсық әкелген алғашқы апат Сүбітай[4] соқыр болған ғой. Жуа жеген, сәбіз-шалқан жеген Сыр еліне кездескенде соқыр батыр:

— Шөп жегені несі екен!.. Адам ба, бұлар, айуан ба? — деген ғой.

Содан соң атқұмар батыр көк дүниенің ішінен екі аяқтыны айдап шығып, төрт аяқтыны, аттарды бағыңдар деп әмір еткен екен дейді.

Қырдың қуаң бозына үйренген сұр жорға ат — батырдың ең сенімді серігі — Сырдың көк жоңышқасы мен жүгерісінен, арпасы мен күрішінен басын көтермеген күйінде жарылып кеткен екен...

— Атқа ас болмастың адамға не керегі бар? — деп соқыр батыр көк дүниеге бір түкіріпті де отатып жіберіпті. Сүбітайдың өз қолымен жұлған көктің орнына осы күнге дейін тік шықпай жалтырап жатады екен. Ашынған долы зәр сараласа керек. Сыр бойындағы сортаң сол бір от орнындай тазығырдан басталып кетіпті.

Бір кезде алысқа айдап тасталған құм атжалдары осыдан кейін Сырдарияны қайта иектепті. Иесіз калған арықтар, еркімен таси берген ұлы өзен егістік жерді тұздай берген, тұздай берген.

Осы ұзын Ақтақырдың әр жерінде кездесе беретін ескі арықтың сілемдері де Айгүлге ескі бір аңызды айтып келе жатыр еді.

Сонау Сүбітай заманынан бастап әлекке ұшыраған Сыр бойы тіршілігінің күре тамырындай мырза өзенді әлі жуасытып ала алған жоқ. Сырдария кейде тентек мінезін көрсетіп, салық салып отырады. Бір-ақ түнде жағасын бұзып шығып, бір өңірді астаң-кестең етіп, зар қақсатып кетеді.

Сырдарияның мұндай мінезінен Айгүл әр кезде сақтанатын. Биыл да сақтанып, қозы алар түбегіне қарай ертерек ойысып еді. Бірін-бірі із басып қайталап жататын жиналыстардың аяқталуын күте алмай, тентек судың жөней беру қаупі бар-ды. Ол қаупі орынды екен, Сырдың суы, міне, Ақтақырда кездесе кетті.

— Өзбектердің не арманы бар екен! — деп ойлайды Айгүл. — Өзбек жерінде Сырдария қатпайды да, тасымайды да. Қата қалса бізден жиырма күн бұрын еріп барлық мұз біздің алқымға келіп тіреліп қалады. Өзбектер бізге ұсап екі жұма бойы мұз бұзып әлектенбейді. Біздің Сыр неше жерден түйіліп, неше

[4]Сүбітай — Шыңғыс ханның қолбасшысы

жерден кептеліп қалады. Сыр бойына өзбектер қалай ақылды орналасқан, қазақ қалай бейқам орналасқан...

Көрші елмен күндеспегенімен Айгүл өз елінің су шаруашылығына әрі атүсті, әрі олақ екенін ойлап келеді. Бір кезде Айгүлдің даусы шығып кетті:

— Жалғыз Сырдария ма екен бас асау күйінде жатқан! — деді ол өзіне-өзі. — Даусы кектене де кінәлай шықты, — Көшпелі әдетіміз әлі басым. Ұмыта алмай келеміз. Кейде бүгінгіні ғана ойлауға үймелесіп қаламыз. Ертеңгінің бар мұңы суда ғой. Тыңдардың тыңы су емес пе. Казақ жеріндегі жеті жарым мың өзеннің бірде-бірі қолбала болған жоқ. Ғалымдарымыз жер астында жатқан он шақты теңіз барын ашты. Білекті сыбанып жіберіп, балақты түріп жіберіп, қолға алар іс осы емес пе! Құм теңізіне үйренген көз су теңізін іздемей ме екен! Жатсына ма екен!..

Өзімен-өзі дауласып келе жатқанын Айгүл енді ғана байқады. Бұл оның үлкен бір жиында айтуға әзірлеп жүрген ойы еді. Газет-журналдарға әлденеше рет су мәселесін көтерген ғалымдарға үн қоспақ болған екен. Қазір міне етігі күркілдеп су кешіп келе жатқанда көптен кернеген ой еріксіз ақтарылып кетті. Тісі қайраулы жүр екен, әрең тоқтады.

Осындай бір жай Айгүлде әр кезде болатыны бар. Әлденеге ызаланып кілт сөйлеп те жібереді. Үнсіз далада жинала берген ойлар, әсіресе өз тіршілігіне байланыса туып өсіп-өрбіп жататын ойлар айтылуы керек ететін сияқты. Кейде тіпті ұзақ сөйлеп кетсе Айгүл өзін бір жиналыста көретіні де бар. Көз алдына жиналыста отырған жүзі таныс адамдар — малшылар, күрішшілер, мақташылар, канал қазушылар келеді. Бәрі де айта түс, аянбай айт деп отырғандай болады. Ондай кезде Айгүл тоқтай алмай ұзақ сөйлейді. Көз алдына елестеген адамдардан айырылғысы келмейді. Ойлары салмақты болғанымен, сөйлеу түрі олақтау шығып жатқанына да қарамайды. Кейде ойлары ескі құдық басына үймелеген қойларына ұсап, топырласып кететіні де бар. Қалайда қысы-жазы көбінесе жалғыз жүретін қойшыға ұзақ күнді қысқарту керек. Дала үнсіздігін, қой үнсіздігін жеңу керек. Ондайды көтеріңкі көңіл, көңілді көтерердей ой жеңеді де.

Шұбап келе жатқан отардың алдыңғы жағынан сақ күзетші Көкдауылдардың бірі қаңқ етіп қалды. Шақырғандай болады. Жас қозыларды тиеп алған түйелі арба сол дауысқа қарай ойысып барады. Тағы бір саулық жол-жөнекей, суда қозылағалы жатқаны да. Бұл, міне, он жетінші....

Айгүл көзі алға қараса да, ойы тағы да суға оралды. Өткен жазда ғана Сырдариядан отонға тартылған каналды қазып жатқандарға барып қайтқаны есіне түсті. Ол арадағы сайлаушылары:

— Автолавка айына екі-ақ рет келеді.

— Автоклуб одан да сирек.

— Артистерді, жазушыларды көретін күніміз бола ма? — десіп қалған.

Мұндай арыздарды Айгүлдың өзі айта бастаса тіпті ашы шығар еді. Канал қазушылар трассаның өн бойындағы бөлімшелердің бәрінде де екі жүздей адамнан құрылған. Ондай бөлімшелер бесеу. Мұндай жерге автолавка да, артистер де тым сирек келеді. Ал, жалғыз жайылған қойшы олардың бірін де

көрмейді. Бірақ депутат Айгүл өз зарын айтқан жоқ. Тек көзінің жымиуымен ғана аңғартты да:

— Басшыларға жеткізейін, құлақ асатын болар. Келер, — деді.

Канал қазушылардың әсіресе салмақ сала айтқандары су жайы болып еді. Шөл далада су дегеннің қадірі қандай екенін Айгүл өзі де жақсы біледі. Тер мен шаңнан сіресіп қалған сірі көйлек киген канал қазушылар шомылу дегенді ұмытқан сияқты. Ішімдік судың өзі тапшы. Цистернамен су келе жатқанда Сарыарқадан самал соққандай сезінеді.

Күн құм қайнаған ыстық еді. Сона мен бөгелектен басқаның тамағынан ас өтпейтін ыстық та.

— Су сендердің қолдарыңда емес пе, жолдастар. Жүздеген отарлар, мыңдаған қойшылар суды сендерден күтеді. Шөл даланы таспадай тіліп болса да, қысқы-жазғы жайылымға су жеткізер мезгіл болған жоқ па? Уәделерің өткен май емес пе, енді қашан? — деп тоқтады Айгүл.

Шаңын бұрқыратып жер қазып жатқан адамдарға суға шомылу — арман екенін Айгүлге түсіндірудің керегі жоқ-ты. Сондықтан ол бұдан әрі қазбаламай тоқтады. Дөңгелек қара көздерін құрылыс бастығының көздеріне қадап, жауап күтті. Ол тез орнынан тұрып:

— Келер майда бітіреміз... егін жинау кезінде колхозшыларды қуып әкетпесе... енді он шақты экскаватор берілсе... — деді.

Осылай, кейде ермек үшін ескі аңыздарды еске алып, кейде бүгінгі мен ертеңгіні қосақтай ойлап Айгүл келеді. Күн жылып, су жылына бастаған. Туғанына бір-ақ жеті болған жас қозылар жас баладай әлсіз де аянышты маңырайды. Шаршаған бақырлар жатып демалғысы келеді. Бірақ ол демалысқа дейін екі күн, бір түн бар. Ол осы кешпе суда өтетін күн, ол осы кешпе суда өтетін түн.

Тас көмірдей жалтылдаған қара қозы әлсіз ғана маңырап қалып, кешіп келе жатқан суға жата кеткісі келген ыңғайын көрсетті. Тізелерін бүге бергенде тұмсығы суға тиді де, селк етіп қайта тұрды. Суды тәлтіректей кешіп қайта жүріп кетті. Енді он қадам жүрсе құлай кеткелі барады. Айгүл қозысын көтеріп алып, баладай кеудесіне қысты, құмарлана иіскеп-иіскеп қалды. Көздерінен жасы да домалап кетті.

Жас қозыны қолына алса-ақ Айгүлдің есіне екі айға толмай қаза тапқан тұла бойы тұңғышы — Амангелдісі түседі. Ол бір ауыр жылдардың ауыр күндері еді. Айгүл босанардан екі ай бұрын майданға кеткен жарынан да хабар жоқ болатын. Соғыс үстінде туған соң атын Амангелді қойған баласының суретін әкесіне жіберуді арман етіп еді. Айгүл оны да істей алмады. Жаңа туған жас бала да, күйеуінің отары да жас босанған Айгүлге қарап қалды.

Жалғыз ғана құрсақ көтерген Айгүл жас баланың жылылығын әлі ұмытқан жоқ. Жас қозыны кеудесіне қысса-ақ сол баланың жылуы келеді. Әлсіреген қозы маңыраса-ақ, құлағына сол баланың үні келеді. Жас қозыдан сол баланың иісі келеді.

Қозыны қолына ала бергенде Айгүл азғана әлсіреу де сезініп еді. Оның үстіне шыдамсыз Жиренбесті иығымен соғылып кетті де қозы шолп етіп суға

түсті. Айгүл өзі де аз-ақ құламай қалды. Қозы байғұс сортаңдағы ашқылтым суға тұмсығын бірер тығып алып, тырбаңдап әрең тұрды. Басын шайқап, екі құлағымен жағын шапалақтап, түшкіріп-түшкіріп қалды. Айгүл қозыны қайта көтеріп алып, қызыл шұбар шәлісімен көздерін, құлақтарын, тұмсығын сүртті. Аты соғылып кеткенде құлай жаздаған Айгүлдің шолақ резеңке етігіне су толып кетіпті. Екі табаны май батпаққа жабысып қалғандай, аттай алар емес.

- Жәке, тоқтай тұрыңыз! – деді Айгүл ұзаңқырап кеткен түйелі арбаға қарап, – мына қозыны да арбаға аларсыз.

Айгүл су толып кеткен резеңке етігінен аяғын әрең суырып алды да, қозыны көтерген бойы арбаға қарай кетті. Су жылы екен. Кішкене аяқтың қып-қызыл саусақтары су бетіне жымыңдасып тигендей болады.

Түйе жегілген күркелі арба тоқтап, түйені жетелеген Жәкең шал мұрнын сіңбірін, жеңімен сүртті. Маңдайынан сорғалаған тер екі миығынан ағып, селдір сақалының ішіне сіңе беріпті. Астына кереге жайып кеңейткен, айналасына ши үстіне қоршаулаған арбадан Айгүлге балалар даусы естіледі. Орталарына тағы бір қозы келіп қосылғанда кешелі-бүгінгі туған жас төл шуласып кетті.

Жиырмадан асып кетті-ау, шырағым? Кешке дейін қырыққа жетіп жүрсе керемеміз? – деді Жәкен шал бөркімен маңдайын сүртіп тұрып. – Бұдан былай күн-түн демей ақтарылады ғой. Қой ғой, күн-түніне қарай ма ол. План бойынша жетіспейдай ма еді? Кешкі қоналқада біраз қозыны соятын боламыз ба?

Пышағыңызды жалаңдатпай, шыдай тұрыңыз, Жәке.

Мен шыдармын-ау, қойларың шыдаса! Қойдың қашан қозыларын зоотехник сексеуіл ғой білетін. Ол оқыған, сен болсаң депутат. Бірақ мен бірдеңе білсем, қоймаймын болмас.

Шалдың кінәлай сөйлеуін Айгүл орынды көрді. План да, есеп те дұрыс еді, бірақ, соның орындалуына кінәрат араласқанын айтты:

Жәке-ау, амалым болды ма? Біз қыстаған жерде тым болмаса бір ешқұдық су берсе, қойды осы жерде-ақ қозылататын едік қой. Ақтақырдың суын кешіп, түбекке ойысатын неміз бар еді?

Түсінем, шырағым. Биыл қары құрғыр да күрт еріп, бір-ақ күнде жоқ болды ғой. Түбекке көшпесіне амал қалды ма?

Көшпесіңе емес, қашпасыңа деңіз, Жәке. Жел құдықтар су тартпай құр сықылып қала бармады ма?

Сіздің сіздің қарсы келіп қалам ба деп жұқалап жатқаным ғой әншейін... Өйтпесе осыдан артық қашу болады деймісің. Сусыз жерде отар ұстауға болмайтынын білемін ғой.

Жел құдықтар күздігүні қанатын бұлғап шақырып тұрғандай еді, дәл керек кезінде су бермей қош айтысқандай қолдарын сілтеп қала берді.

Мидай далада әлде бірдеменің қалқайып тұрғаны теріс те емес шығар... Біреулер орнатқан қаңқайма ғой әйтеуір, – деді шал әлдекімдерді кекеткенмен үнмен.

Қаңқайып тұру үшін емес, су тарту үшін.

Оны түсінем ғой.

Оны жұрттың бәрі де түсінеді.

– Бәрі де түсінсе түсінетін шығар, бірақ бәрін де түсінеміз демес едім.

Айгүл шалдың оспағын аңғармай қалып еді. Жәкең әрбір қартаң адамның байырғы әдетіне басып, ақыл айта сөйлеп кетті.

– Мысалы, техниканы мен түсінемін бе! Жоқ. Желқұдық деген немене өзі? Бір дөңгелекті бір дөңгелек айналдырып тұрады, сол емес пе? Бір дөңгелектің тістері екінші дөңгелектің тістерінің арасынан шығып кетпесе болғаны да. Шығып кеткен екен – бітті. Біздің зоотехник пен перма бастығына ұсап шартпа-шұрт болады да қалады. Осының өзін сенен басқа қойшы біле бере ме екен, сірә?

Айгүл жәбірленген жоқ. Шалдың өзін сынап тұрғанын шын ауырламады. Шындық көрді. Көзін у-шу болып жатқан «балалар бақшасына», қозы арбаға аударып әкетті. Қолын қозыларға созды.

– Еметін уақыттары болды, – деді шал.

Жас қозылардың жып-жылы тұмсықтары Айгүлдің қолын иіскелейді. Жыбыр-жыбыр еткен жас еріндер жаланып қояды.

– Шыдай тұрыңдар, қошақандарым. Ертең кешке дейін ғана шыдаңдар. Әйтпесе Жәкеннің пышағы қайраулы көрінеді. Шыдаңдар, – деп Айгүл әр қозының басын бір сипады.

Қарағым-ау, жас қозыларға мені жамандағаның не? – деп, Жәкең шал өкпелеп қалғандай жүзін арбадан аударып, айнала қарана беріп:

– Ойбай, әкетті! – деді шошынған дауыспен. Қолын шұбап келе жатқан отардың арт жағына қарай сілтеді.

Даланың үлкен қарақұсы, қанаттары суылдай-ысқырып, қара найзағайдай ағып, Айгүлдің суда қалған етіктеріне шаншыла құлап келеді екен.

– Әкетсін, әкетсін! – деді Айгүл сақ-сақ күліп. Дала үнсіздігінде жарыла күлердей қызықтар да сирек. Айгүл мәз болып қалды.

Қарақұс етікті қозы деп қалғанын суға таяна бере сезініп, қайқаң қағып қайта жоғарылап кетті. Ұялғандай, жан-жағына жалт-жұлт қаранып барады.

Болмашы қызыққа Айгүл әлі күліп тұр еді, арт жақтан далақтап шауып келе жатқан салт аттыны көрді. Сасқан адамның далақтауы. Алыстан-ақ бөркін бұлғалап, екі аяғы серең-серең, аса бір тығыз жұмыспен келе жатқанын аңдатады.

– Жолдас депутат! Жолдас депутат!

Шапқыншы жақындай берді. Төртінші ферманың қойшысы Берден екені де танылды. Ол бір қорқақ та сасқалақ адам. Жақындаған сайын атын өкпеден тепкілеп, қамшылай түседі. Айгүл оған шиырлыға карап, «Апыр-ай, құлайды-ау, құлай-ды-ау!» дегенше, Берден ат-матымен тоңқалаң асып құлап та түсті. Ат төрт тармақтап барып орнынан әрең тұрды. Қолтығы дірілдеп бар денесімен теңселіп тұр. Берден өзі тақыр басынан май батпақ сорғалап тез тұра алмай қалды. Суға белшесінен батып отырған күйі: «Депутат жолдас! Депутат жолдас!» деп жатыр.

– Е, не болды, Берден? – деді Айгүл күлімсіреп.

– Енді жарты сағатта жетпесең, біздің отардың барлық төлі «Қасқырсайда» қалады.

– Неге? Адамдарың қайда?

Берден сөзге, сұрауға құлақ асар емес, өз сөзін айта береді:

– «Қасқырсай» өткізер емес. Су кернеп барады. Өткел берер емес. Соны мәлімдеуге келдім.

– Тағы бір-екі күн ұйықтай түссеңдер еді! – деп Жәкең шал оны кекетіп тастады. Берден оған да құлақ асқан жоқ:

– Депутатқа мәлімдедім, болды. Ендігісін өзі білсін, – деді де өзін-өзі бөксесінен көтермелеп, орнынан тұрды.

«Қасқырсай» дейтін бәлені Айгүл бала жасынан білетін. Ұзындығы жиырма километр келетін терең сайға кей жылдары Сырдың суы түсіп кетсе, өткел бермейтіні рас. Қыс бойы құмда бағылатын отарлар түбекке оралғанда осы сайға соқпай өте алмайды. «Қасқырсайдан» Айгүл отары да кеше ғана өткен. Онда құрғақ жатыр еді. Ылғи жымы келіп, қапы соқтыратын Сырдың суы ұрланып келіп басып алғаны да, енді ол сай салығын салмай өткізбейді. Айгүл ойланып қалды.

– Бізден кейін тағы да кеп отарлар келе жатыр. Бәрі де келіп тіреледі соған. Олардың күні өзімен, бізді апаттан құтқара көр, депутат.

Өз отарының қысылысын күйіп-пісіп тұрып айтса, басқалардың мұңмұқтажы енжар ғана айтылды.

– Немене, сендерде тым болмаса мынадай арба да жоқ па? – деді Жәкен шал. Арба жайын орынсыз-ақ қыстырғанына қараған жоқ.

Өз қолынан жасап алған, әр жылда бір-екі күн керегі де болып қалатын арбасына Жәкен мардамси қарады. Алдыңғы екі доңғалағы ескі соқалардан қалған темір доңғалақтар, артқы екеуі – мотоциклдікі.

– Арба деп тұрғаныңыз мынау ма? Көрген де емеспін, естіген де емеспін, – деді Берден. Кекетейін, қулық айтайын деген жоқ, арбиған-арбиған бірдемені жаратпай қалғанын тура айтты.

– Өй, ақымақ! Жыл сайын барлық төлдің жанын алып қалып жүрген осы арба екенін естімеп пе ең? О не дегенің екен!

– Жә, «Қасқырсайыңа» қайта бер. Мен де ұзамай жетермін, – деді Айгүл борбайынан су сорғалап әрең тұра берген Берденге қарап. – Жәке, сіз иттерге ие боларсыз, менің артымнан еріп кетпесін. Отарды тоқтатпай, ілгері қарай жылжыта беріңдер. Тұсына жеткенде Әуесбек те келіп қосылар.

Әуесбек екінші қойшы, бір канистр су, бір шәйнек, бір қазаншаны бөктеріп алып, ол мана ілгері кеткен. Әр қысылшаңның өз амалы бар, қойшылар кезектесіп ілгері кетіп, судан құрғаққа шығып жылы тамақ жасайды. Ат шоқырағымен жарты сағат ілгері кеткен қойшыны отар жылжып үш сағатта әрең қуып жетеді. Ол екі арада мызғып алуға да болады.

– Өз қозыларын қойнына тықса да, аман алып қалар еді. Колхоздың қозылары қырылғалы жатқанын саған мәлімдеуге келгенін көрдің бе мұның! Басына мініп отырып, қызыл бұрышты қыстырар ма еді құйрығының арасына! – деді Жәкең шал, атын өкпеге текпілеп ұзай берген Берденге қарап.

Айгүл үндеген жоқ. Етігінің суын төгіп, жалаң аяғына сұға салды да, атына мінді. Ерігіп келе жатқан Жиренбесті қояндай орғып атыла жөнелді. Атының төрт тұяғынан жарыла шашыраған су күн көзіне шалынғанда Айгүл екі жағынан

—
қызыл-жасылды маржан шашып бара жатқандай көрінеді екен, Жәкен шал қызыға қарап:

— Ерің де, еркегің де сендей-ақ болар! — деді. Содан кейін Айгүлдің артынан жөнеле берген иттерін шақырды:

— Кәh, кәh, кәh!..

«Қасқырсайға» жеткен соң, Айгүл жұрттың екі нәрседен аңтарылып қалғанын таныды. Тасыған су, кең даланы қапталдай жалап кететін өрт, биік аспанды тілгілеген найзағай сияқты алып күштер дала халқын арбасуға келтірмей жеңе берген, бағындырып алған. Сол ықтау әлі арылмай келеді. «От пен су — тілсіз жау» деп жай айтылды дейсің бе, келісімге келмейтіндіктен айтылған ғой. Оның үстіне бір саты болса да жоғарыдан бұйрық күту тағы бір тұсау болып қосылыпты.

«Қасқырсай» кемерінен келіп тола бастаған екен. Ат омырауынан асатын, бұйралана аққан су сайға тығылған қаңбақтарды ағызып әлдеқайда әкетіп барады. Сайдың арғы бетіне үш-төрт отар жиналып қалыпты. Бір-бір киіз үйді артып алған түйелер әр жерге шөктірулі жатыр. Сайдың жағасына от жағылып, шәйнектер, қазандар асылған. Еркектер оңашада шоқтарылып әлденені ермек етіп отыр.

Мойындарына ашық түсті қызыл ала галстук байлаған екі жас қойшы судан атпен жүзіп өтті де, Айгүлді бергі жағада қарсы алды. Сайдың арғы бетінен: — Жеткен екен, жетті ғой депутатымыз, — деген дауыстар естіледі.

— Осыдан бір-ақ жеті бұрын не деп келісіп едік? Уәделерің қайда? — деді Айгүл амандыққа келмей жатып-ақ. Даусында әрең ұстап қалған ызғар бар еді. Қойды ұмытып, қошемет көрсеткелі келген жас қойшылар абыржып қалды.

— Апай-ау, ферма бастығы алдап ұрды ғой. Айтқандарының бірін орындаған жоқ.

— Содан кейін көзімізге көрінген жоқ, — деп жас қойшылар бар кінәні жоққа аударып жатыр.

Жирен бестіні омыраулата жүздіртіп Айгүл сайдың арғы бетіне шыққанда, барлық қойшылар қопарыла көтеріліп келіп қарсы алды. Бұлар да депутатқа ұзақ шұбырынды қошемет көрсете бастап еді, Айгүл тез тойтарып тастады.

Болмашыны дағдарыс көріп, болымсызды сөз қылатын мінездерге Айгүл күйіп-пісіп қалатын еді. Ол жайылымы кең көрінгенмен көбінесе жайдақы шығатын ойдың адамы емес, жинақы да шымыр ойдың адамы. Енжарлықтан туатын езбе сөздерді ол айығары жоқ күзгі ақ жаңбырдай сезінеді. Қойшылардың болмашыны сеп қылып, алыстан ағаш жағалтайлап әкеліп бар кінәні ферма бастығына аударғысы келгендеріне Айгүл құлағын да салған жоқ «Жә, жетер!» деп айғайлап жібергісі де келді. Бірақ көпшілік алдында көтеріле сөйлеу, зекіп алу Айгүлдің әдетінде жоқ еді.

— Жә, болар іс болып, уақыт өтіп кеткен екен, амал не... Тек ендігі жылы тағы да осыған ұрынбайтын болайық, — деді Айгүл азғана жымия сөйлеп, — Е, талайды ұмыттыңдар ғой, мұны да ұмытып кетерсіңдер!

Уәдеге мырза жұрт:

— Е, неге ұмытайық!

— Есте қалатындай-ақ болып тұр, — десті.

– Онда тұрмайық, үш-төрт керегені қосақтап салы жасаңдар. Әрбір салы екі кемі жиырма қозыны көтереді. «Қасқырсайға» бір қозыны да құрмалдық етпейміз. Ірі қойлар өздері де жүзіп өтеді. Кәне!..

Осы оңай ой қойшылардың бәрінде де бар екен, бәрі де оңай мақұлдады. Тек ерлікке, озық техникаға сүйенген ой болмағандықтан айтуға арланыпты.

Төрт отардың жас қозыларын салымен өткізуге едәуір уақыт кетті. Қойшылар қозыларының араласып кетпеуіне жан салып жүр. Айғай-шулары көп, бөгесіндері көп, біріне-бірінің ақыл айтулары көп. Кейбір қойшылар қозылары түгел қырылып қалатын болса да, қалыптасқан әдеттерінен айрылғылары келмейді, жоқ жерден талас шығарады.

Айгүл осы тұста ғана бір айқайлап қалды:

– Тоқтатыңдар босқа даурығуды. Мен жауап берем! – деді. Ызғарлы үнді оңай сезіне қалған қойшылар одан сайын зекіп қалуды күткен жоқ.

«Қасқырсайдан» аман өткен отарлар түн ортасы ауа бергенде Ақтақырдың жайылма суына келіп килігіп еді. Әрі-беріден соң отарлар араласып та кетті. Кешегі-бүгінді туған жас қозыларды кереге-сүйреткіге жегілген түйелер әкеле жатыр. Түйенің үстіне шаңырақ-күрке жасап алып қозыларды соған толтырып алғандар да бар. Бір апаттан аман өтсе де, су жайылып кеткен тақырдың өлегіне отарлар енді кездесті. Жазғытұрғы әрі буаз, әрі жадау қойлар тізеден су кешіп әрең жылжып келеді. Қозылап та келеді, бірен-сарандап жүруге жарамай қалып та келеді. Қойшылар да қалжырап қалған. Ән де жоқ, елең етер үн де жоқ. Тағы да дала үнсіздігі. Оған қосыла түн үнсіздігі, шаршау үнсіздігі. Тек қана бір отардың иттері сыйыса алмай, әлсін-әлі жанжалдасып, төбелесіп-төбелесіп алады. Жүріп келе жатып қалғып кеткен қойшылардың ұйқысын ашатын да сол иттердің төбелесі ғана.

Сәнмен ерттелген елгезек аттарды таңдап мінгендей екі жас қойшы қай отарда қанша саулық барын, қанша қозы туғанын есепке алып жүр. Әрбір жаңа қозылаған қойдың әрбір жүре алмай қалған қойдың қай отардікі екенін екеуі кезектесіп келіп Айгүлге мәлімдеп кетеді. Жас тақымға іліккен жарау аттарын безектетіп келе жатқанда түнгі тыныс суға үймелене түсіп тұрған шым-шытыр жұлдыздар шатынап жарылып жоқ болады.

Ертеңдер түбекке жеткен соң осы төрт отардың қой-қозысын біріне-бірін луыстырмай бөліп беру жанжалы бар. Ол, әрине, Айгүлге бір соқпай тына алмайды. Сондықтан Айгүл өз отарына қанша асықса да, әлі кете алмай айналақтап жүр. Байқалатын ыңғайлар бар, анықталатын есептер бар.

– Арам қатқыр, жатқың келе ме, немене өзі!– деген дауыс ащырақ шыққан соң, Айгүл әдейі солай қарай бұрылып келіп еді, Берден екен. Кереге-салыны сүйреп келе жатқан дардай атан тұрып қалыпты. Берден атанды қанша жерлеп, қалай ұялтам десе де ол орнынан козғалар емес. Бақырып-ұлып, басын шайқап, жынын шаша бастапты.

– Демалдырыңыз! – деді Айгүл жақындап келіп.

– Депутат шырағым, әлі кеткен жоқ, екенсің ғой. Енді өз отарыңа жүре бер. Бір апаттан алып қалдың, рақмет депутатымызға. Барлық бұйрығыңды бұлжытпай орындаймыз, – деді Берден.

—

— Мен бұйрық бердім бе?

— Өз қолыңмен істеп көрсеткен соң бұйрықтың керегі не! Сен келмесең, төл түгіл ірі қойдың шығыны аз болатын ба еді? Жігіттер, мұның жайын депутатымызға жеткізбесек болмас деген едім әуелі, аузыма құдай салған екен...

Берден бұдан гөрі де шұбалта сөйлемек еді, әлденеден сүйретпеде келе жатқан қозылары шу ете түсті.

— Ей, не болды? Неге шулап кеттіңдер? — деп Берден қозылардың қасына барды да,— ойбай, су көтеріліп кетіпті... Қозылар суға кететін болды. Кетіп қала көрме, жолдас депутат! — деп тағы сасқалақтап қалды.

— Оңға кездесіп қалмасаң, бұл арада су көтерілмейді, сасқалақтама! — деп Айгүл аттан түсіп еді, су қайта таязданып қалғандай екен. Кереге-сүйретпе жерге жабысып қалыпты.

Біресе атанын жұлмалап, біресе қозыларына жүгіріп абыржып қалған Берден:

— Ей, мына бөрік қайда барады? Сырдарияға қарай тартты ғой! — деді.

Шалдың басынан ұшып түскен бөркін су ақырын ғана жылжытып әкетіп барады екен. Беталысы шын-ақ Сырдарияға қарай. Айгүл қуанып кетті. Қойнында жүретін қол орамалын суырып алып тастап жіберіп еді, орамал тіпті тезірек жылжып кетті. Оның беталысы да Сырдария.

— Тоқта, шал! Әуреленбе, құтылдық, құтылдық!

Айгүл атына қарғып мініп алып, қалғып тұрған қараңғы түнді жарып жібергендей ашық дауыспен:

— Тоқтаңдар! Тоқтатыңдар отарды! Таңертең құрғақпен қозғаласыңдар. Канал бітіпті! Канал, канал! — Жайылма суды сол тартып әкетіп жатыр. Канал, канал! — деп, шұбаған отардың алды-артына шауып барып, оралып әрең тоқтады. Әуелі көтеріңкі шыққан даусы енді бір кезде дірілдеп, жылап жібергені байқалады. Қалғып-шұлғып келе жатқан қойшылардың бәрі де сергіп, үнсіз түн гүілдеп кетті.

— Канал, канал!..

Сусыз дала — өгей шеше ғой, ұзақ түндер түгіл, ұзақ ғасырлар бойы жыласаң да еміренер ме, былқ етер ме!

Жайылған судың кейін сырылуы жаңа каналдың біткені де! Бетімен жайылған суды сораптап сорып әкетіп жатқан сол канал болад та.

Қойшылар Айгүлді тағы да қоршап алып:

— Каналда да сенің енбегің бар ғой.

— Сен болмағанда тағы біраз сарғайтатын еді ғой! — десіп қошемет көрсете бастап еді, Айгүл оны естіген жоқ.

Жирен бестінің басын алға қарай бұрып алып жөнеп берді. Ат та ұшып келеді, Айгүлдің өзі де ұшып келе жатқандай.

Өзі үшін де, өзгелер үшін де әлдеқандай үлкен бір қуанышты айтып кетіп барады. Ол өлең айтып бара жатқандай. Өлеңнің сөзі емес, сазы қалады ғой есте. Айгүл жүрегінен атқылап келе жатқан да сондай бір саз еді.

ӨМІР ЖОРЫҒЫ

Күміс қылыштай жарқылдап, найзағайдай ағып келе жатқан атабалық Көкқасқа осылай бір жүйткитін кезең таянып қалғанын бірталайдан бері сезінген еді. Оқтаудай жұмырланып алған жарау дене көк болаттай иіліп-бүгіліп әрі күшті, әрі оңтайлы сырғиды. Көздері жалтылдап, барлық денесіне маржандай қызғылт бөрткен шығып кеткен. Әшейіндегі күн көрісте Көкқасқаның сырт бояулары су астының балдырымен реңдес күңгірт болушы еді, енді міне, қуммен ұрпылған ескі күмістей жарқ-жұрқ етеді. Түнгі қаракөк аспанды аққан жұлдыз қалай тіліп өтсе, теңіз астының қаракөк тұңғиығын Көкқасқа да солай тілгілеп жүр. Ол бүгін жарқыраған ағынға, қажымас-талмас екпінге айналған.

Бүгін ол теңіз астын кең орай жүзіп, дамылсыз кезіп жүр. Күнкөрістің бақай қимыл, баяу қозғалыстарын, қапы қалтарысын аңдитын дағдылы бой тасаларын біржола ұмытқандай, оқшау орғып әдейі көзге түседі. Теңіз астындағы әлемнің бәрі көрсін дегендей, өңешті мен тістілердің бәрінен де қаймығар емес. Әшейінде бармас-баспас алыс айдындарға барып оралады. Қалың мұздың астында бейбіт өмір сүріп жатқан Азатмая тұқымдас ана балықтарды жағаға қарай ысырып, ығыстырып жүр, асықтырып жүр, айдап жүр.

Көкқасқа күнделік тіршілігінде аузын ылғи ашық ұстайтын еді. Аузына шолп етіп кіріп кеткен де, жылп етіп кіріп кеткен де өңешінен өте береді. Оның таса-қалтарыстардан тап беретін әдетіне теңіз астының қалың ормандарында бейғам жүретін жәндік отарлары талай кездесіп, талай жем болған. Талай рет су асты одан дүркірей қашып, зар қағып қалған. Бүгін ол аузын тас бекітіп жауып алыпты.

Өзінен зорлардан Көкқасқаның өзі де тасалана жүретін еді. Талай оңештерден өзі де өтіп кете жаздаған. Ол бүгін соның бәрін де бойы қызғандай, отты бір күш еріксіз айдайтындай, орман отарларды тастап, ашық айдынға шығыпты, көзге түсе шығыпты. Биік аспанда еркін шарықтайтын қыранға ұсап, бұл да бір ұлы жүйткуге көшкен. Жүйткіп жүр...

Теңіз қарнын семсердей тілгілеп жүрген жалғыз өзі ғана емес екенін Көкқасқа енді абайлады. Өзімен ата-тегі бір Азатмая нәсілінің естияр еркектері түгел құтырынып, теңіз астын олар да дүрліктіріп жүр екен. Олар да жарқырап ағып жорық әнін салып жүр. Теңіз астында найзағай көбейген, жарқылдау көбейген. Сол найзағайлар барлық ана балықтарға ұлы жорықтың бет алысын, жөнін сілтейді. Теңізге құятын өзеннің сағасын меңзейді.

Үлкен жорыққа жолдан қосыла кетпек болып, жол тосып жүрген жалқаужампоз қырт еркектер де бар екен. Енді мұндай жорыққа шығудан қалған біренсаран сырт буын ақ бас қарттарды орталарына алып, әлі оттасып жүр. Жайын жатқан ел бар, ертеңгісін ойлай алмайтын бала-шаға бар, көп қарттың онымен жұмысы да жоқ. Ойлағандары өз қамы, өз құлқыны. Әлі өздері де әзірленбеген. Үсті-бастары әшейіндегі күңгірт қалпында. Біреуі де түлемеген. Құлқын құлдары тасалану, тап берудің әлегінде қала беріпті. Көкқасқа бұл ұятсыздардың арман дүниесін таныды да, жалт бұрылды, жорыққа аттануға шақырған жоқ. Үн шығармай теріс айналды. Ата-тегі басқа, аран ауыз-кер азулар да көші-қон

қарбаласын аңдып, жем іздеп, жол тосып жүр. Бұл – олардың қашанғы әдеттері. Өңкей кер азу жембасарлар осындай қарбалас кезінде қарындарын оңай толтырып, қабырғаларын жауып қалады. Ең қатерлі жаулар да осылар. Аузына іліксең тірідей қылғып жібереді, қабағын да шытпайды.

Көкқасқа бұлардан ығысқан жоқ. Қанды ауыздар тобын қақ ортасынан найзағайдай жарып өтті. Құлқын тырбаңмен жүргендер найзағайды қалай ұстап алсын, ауыздарын ашқан бойы қала берді.

Аты балық атанғанымен сүліктей жіңішке, қылыштай ұзын Минога дейтін залымдар да тосқауылда жүр екен. Бұл бір – үлкен пәле. Қыландап келіп, жымып келіп балықтың желбезегіне жабысады да, желімдесіп қалады. Қашан өзі ажырасқанша одан құтылар шара жоқ. Жабысқан бойы шектей шұбатылып ұрық шашар тұщы суларға жетеді де, жас уылдырықты қиядай сыпырады. Көкқасқа бұл пәлені де ішіне түйді.

Қара ормандай калың шалан арасында ана балықтар әлі баяу қозғалып, әлі жабайы тіршілік қамында жүр. Әлі қызынбаған, ұрық шашар ұлы жорық бары ойларына да кірмепті. Қарындары шермеңдеп уылдырықтан жарылғалы жүрсе де, әлі бейғам, қызықылаң қылықтардың бірі жоқ. Алда тұрған жорықтың, ұлан-асыр қызықтың бар жарасымы осы мес қарындар емес пе? Бар арман, бір жылғы ұрпақ осылардын қарнында ғой! Ертең тұщы суға жеткенде осы месқарындардың біреуі үшін он еркек өліп кетсе арман не? Жоқ, әйелдер жынысы әлі қызынбаған, аналықтардың әні де басталмаған, биі де басталмаған. Әлі де баяғысынша, көші-қонды еркектер біледі деп, еру жайылып жүр... Көкқасқаға әлі де жарқылдай беру керек, қыздыра беру керек екен. Жұлдыздай аққан жүйткуімен, ойнақылығымен жорық сарынын аналықтарға түгел сезіндіру керек. Тіпті болмаса ең соңғы мұлт кетпеске басады да! Ұзамай Көккасқа сол мұлт кетпесіне басты...

О, ол бір биіктен шырқаған ән еді! Ол бір жан-жүйеңді түгел тебірентер сөз еді. Ол бір су ішінде, мұз астында өртеп жіберетін от еді, ол бір өліні тірілтер сиқыр еді. Көкқасқа ағып келе жатқан бойы қызғылт маржандай бөрткен жауып кеткен қабырғасымен сүйкеніп-сүйкеніп өтіп еді, аналықтар бойларын өрт ала жөнелгендей ду ете түсті. Теңіз асты жарқ та-жұрқ сылаң қаққан ерке биге айналып кетті. Енді оларды тоқтата алар күш те жоқ екен, барлық аналықтар лек-легімен тұқым шашар жайынға апаратын өзен сағасына қарай жөңкіліп берді, жосып кетті.

Іштерінде бір түйір уылдырығы жоқ, бүйірі солық, қыпша бел қыз-қырқын да солай қарай жөнеп беріпті. Оларды ешкім шақырмаса да ұлы жорыққа еріп кеткілері келеді. Бұл бір үлкен қызық қой. Өзен бойын өрлеп барып тайыз жайылымдарға тұқым шашылады, уыз төгіледі. Әрбір аналық отыз мыңдай уылдырық әкетіп барады. Уызға оралған уылдырыққа жетер тамақ қайсы! Ұзаққа созылған көш-жөнекейдің өзі қандай қызық! Аналықтарды құрмет, қошаметпен ортаға алып аталықтар екі қабырғалықта жарқылдасады да жүреді. Сонша еркектің ортасында қауіп бар ма, қасірет бар ма! Әттең, бізді тастап кетеді. Көздерінен от шашқан көкқасқалар қалың шаланға қайта қуып тастайды. Бет бақтырмайды. Ұлы қызыққа сығалап та қарай алмайсың...

Жалынғысы келіп, жабысқысы келіп, қыз-қырқын Көккасқаларға жақындайды да, оның ызғар төккен қас-қабағынан сескеніп, қалың шалаңға қарай қайта ойысады. Бұлар қызыға білетін сияқты, бірақ дана табиғат берген ұстамдылық заңын бұзбайды да!

Осындай қарбалас үстінде теңіз асты неше рет қайта бозарады. Аяғында ұрын киініп алған қалыңдық, күйеуге ұқсап ажарланып алған аталықтар мен аналықтар теңізге құяр өзеннің сағасына қарай түгел ойысты.

Қас-қабақтары шала-бұрыл тартқан қартаң аталықтар жөнелген көшке алыстан қараған бойлары қалып барады. Талай бастаған, талай барған жорықтары. Енді міне, не болып, не қойғаны естерінде де жоқ. Елегізу түгіл, ілең ету жоқ, үміт дүниесі түгел ұмытылған. Бұлар үшін бар өмір балдырлы-балқашты шалаңда ғана қалған. Енжар қарап, жай қозғалған бойлары қазан қасында қалып барады.

Алғашқы апатқа ұлы жорық өзеннің теңізге құяр тармақ-тармақ сағасында кездесіп еді. Аран ауыз, теріс азулар жорықты осы сағада бір тосқан екен. Көп қуып әлектенбей-ақ баяу жосып келе жатқан месқарын аналықтарды қырып салды.

Осы қырғын үстінде барлық Азатмая тұқымының еркек кіндікті Көккасқалары түгел күйінгендей еді. Бұларда арандай өткір тіс те жоқ, қылғымай жұтар үңірейген өңеш те жоқ. Бұлардың бар қайраты найзағайдай жарқылдаған жүйткулерінде ғана екен. Жан ұшырған Көккасқалар жүйтки жүре етек-жеңі жиналмаған, кең жайылған жорықты әрең дегенде өзен арнасына түсіріп, ағынға қарсы жоғары алып кетті. Аналықтарды ортаға ала, еркектер екі қабырғадан қаумалап келеді. Әлі соңдарынан қалмай өзеуреп келе жатқан кең өңештер енді қабырғаласа жосыған ата балықтарды жұта бастады. Бірақ көш алды өзенді өрлеп, жоғарылаған сайын бірте-бірте шегіншектеп теңізге қайта оралып кетті.

Қазір он мыңдаған Азатмая бір денедей қозғалып, су астында сүңгуір қайықтай сырғып, тұтас жосып келеді. Жемге қарақтаған, бетімен жайылайын деген бірі жоқ. Ұлы жорық бәрін өз шеңберіне алып, айдап әкетті. Көздері оттай жарқыраған Көккасқалар көш алдын бастап келеді.

Көшенің екі қабырғасында да, жанында да — сол Көккасқалар. Әр тасаға жасырын құрған ұры-қарылардың ауларына ілігіп қалатындар да сол ата балықтар. Бірақ, өмір жорығы ешбір бөгесінге көңіл аудартпай, айдап келеді. Тұщы суға біржола шығып алған соң жорық беталысын біржола ұғынғандай бір балық шашау шықпай, тұтаса жосып кетті.

Балық нәсілі үшін ең бай дүние су асты. Ең көркем дүние де сол. Тасыған өзеннің қатты ағысына қарсы жүйткуден күнкөріс құлы бытыранды көптің осындай ұлы тілек үстінде тұтасып кеткен қозғалысынан асар күш болады дейсің бе! Осыны сезінген жорық бетін бір түзеп алған соң ең ұшқыр поездың зырлауына салып, аға береді, аға береді.

Келер күні күн көтеріле бере кәнігі Көккасқа көп ұзамай құламаға кезігетіндерін сезінді. Кеудеден соққан су салмағы ауырлап барады екен, ағыс екпіні күшейіп, гүріл сезіле бастады. Ол әлгі әзірде ғана ұзын көштің арт

жағын бір орап, баяу қозғалғандар болса тақымдап-тақымдап алған. Қазір ол көштің қарсы алдында еді. Найзағайдай ағып барып, көштің арт жағын тағы бір тықсырып қайтқанда биіктігі үш метрдей құламаға тақап қалған екен. Ауыр су биік тас бөгесіннен гүрілдеп құлап жатыр. Көккасқа екпіндеп келіп, жоғары қарай атылып кетті. Көтеріле берген күн көзіне күміс қанжардай бір жарқ етті де, құламадан асып барып, өзенге шолп ете түсті. Құламадан жоғары жайдары аққан өзен оны жұтып жіберді. Тіпті, езу тартқан жоқ. Енді Көккасқа өзеннің көлеңкелі қабырғасына қарай жақындап келіп, артқы көшті тосып қалды.

Көккасқа құламадан қалай атылса, олар да солай атылып өтіп, алда келе жатқан ата балықтар Көккасқаның маңына жинала бастады. Бір сыннан аман өткендеріне мәз-мейрам. Кейбіреуі Көккасқаның өзіне де көз аларта бастапты. Күндестік қысқандар, жорыққа мастанғандар Көккасқаны жанай өтіп, соқтығып қалуға жақын. Көккасқа қанталаған көздерінен алтын ұшқын шашып, қыбыр етпей тұр. Ол құламадан өтіп жатқан көштің алды-артын абайлап, көзінен өткізіп тұр. Кейде, тіпті он мыңдаған аналықтарды санап тұрғандай. Соқтыққысы келген текешіктерге елемей қарайды. Бірақ ызғарлы тұр.

Алғаш кездескен құламадан аналықтар да көп іркілмей өтті. Ағын күшейіп, ұрыққа толы мес қарындарын оңды-солды толқыта берген соң құламаға жеткендерін бұлар да сезген. Бір қарғығанда құламадан асып түсе алмағандары шегініп кетіп, екпіндеп келіп, қайта атылады. Бір сәт құлама үстінде, күміс қанжар лақтырып, ойнап жүрген біреулер бардай еді.Төменнен жоғары қарай лақтырылған қанжарлар күн көзінде бір жарқ етіп қалды да, суға шаншыла түсіп жоқ болады.

Ең ауыр хал желбезегіне сүліктей жіңішке, қылыштай ұзын Минога деген бәле жабысқан балықтарда еді. Шылбырын шұбатқан ат қалай шаба алмаса, бұ да сондай, желбезегінде салақтап жүрген Минога бар балықтар құламадан қарғып өте алмай төмен қарай құлай береді. Қарны салыңқы, қартаң аналықтар қайта-қайта қарғып, қайта-қайта тасқа соғылып қалғанда уылдырығы ытқып-ытқып кетеді. Жақтарына Минога жабысқан көп аналық осы арпалыста, не құламадан өте алмай, не теңізге қайтпай, өлім әлегінде қала барды.

Жүзуі өнімсіз, еріншек аталықтарға да Минога көбірек жабысқан екен. Бұлар да сол алғашқы асудан аса алмай, әлекте қалып барады. Жорық үшін жалғыз қуаныш сол асуда Минога бәлесінен айығып еді.

Көккасқаның айналасы қыландап келіп қосылған ана балықтарға қайтадан тола бастады.

— Жеткен шығармыз... Аялдайтын болармыз, — дегілері келгендей, аналықтар ата балықтардың маңында сылаң қаға бастапты. Жер астына қарай кеткілері келеді.

Көккасқа тағы да жарқылдай жүзіп, көштің арт жағын бір орап қайтты. Бірен-саран болмаса, құламадан атылып түсіп жатқан балық байқалмады. Әлі күнге түлеп алуды, ажарланып алуды ойламаған қырсау еркектердің көбі құламадан өте алмай кейін қайтқан сияқты. Олар көштің арт жағында еді, жүзген түрлері күжың-күжың қимылдары болымсыз болатын. Қазір ондайлар анда-санда ғана бір көрінеді.

Көккасқа бұған ренжіген жоқ. Ағып келіп көштің алдын соза жөнелді. Алгіде ғана кеудеден тіреп, қабырғадан қысқан су салмағы азайып, көш етекжеңін жинап, оқтаудай жұмырланып алып жөнеп берді.

Екі күн, екі түн тынбай жосыған жорық әр жылда келіп, ұрық шашар шеніне бұрылғанда таң жаңа ғана белдеулеп келе жатыр еді. Алда келе жатқан Көккасқа атылып аспанға шығып, шолп етіп қайта суға түсіп, ойнақтап кетті. Кейде орғып ортаға кіріп, әлі қатарды бұзбай келе жатқан аналықтарға: – жеттік, тоқтаймыз, шаруаға кірісе беріңдер! – дегісі келгендей, көш тәртібін өзі бұзып жібереді: жалғыз ол емес, енді барлық ата балықтар атылып-шоршып су бетін астаң-кестең етіп жүр.

Бұл бұрылғандары үлкен өзеннің бір тармағы саналатын асты құм-қайран, суы онша терең емес, кіші өзендердің бірі еді. Ертелі-кеш қой отарлары болмаса, маңайында ел де жоқ, тұйық жатқан бір бұрыш, тыныштық өлкесі екен, жорық осы өзенге бұрылды да жайылып кетті. Бірақ жем іздеген, тыныштық іздеген бір аналық жоқ. Ағысқа қарсы тұра қалып, ұсақ тас араласқан қайраң құмды қарындарымен ысырмалап, тостағандай-тостағандай шұңқыр жасай бастапты. Жолшыбай әртүрлі апатқа ұшырап, сонау суық теңізден бері қарай жосығандағы бар арман осы шұңқырларға ұрық төгу еді. Қазір мыңдаған аналықтар сол үрім-бұтақ ұяларын жасап жатыр. Құм-қайранды қарнымен де ысырмалайды, кейде қанаттарымен де қазғылайды. Аштық, тоқтық, демалыс дегендерді түгел ұмытқан. Тырбанып жатыр, тырбанып жатыр.

Көккасқа сияқты өрен аталықтар да қолма-қол жұмысқа кірісіпті. Қарны шермеңдеген қай аналықтың жұмысы өнбей жатса, дереу соның ұясын жасап, су табанын миллиондаған шұңқырға айналдырып жіберді.

Шалдығып-шаршап, ашығып-арып келген балықтар өзен табанын екі күн, екі түн қазды. Біресе қазады, біресе аршиды. Ата балықтар содан кейін ғана ыңдамсыздық көрсетіп аналықтарға сүйкене бастады.

– Төк уылдырығыңды!

Сарғыш уылдырықтар шұңқырдың түбіне аспаннан түсе қалған жұлдыздай жарқырап төгіле бастады. Бұл сәтке дейін жорық тәртібін бұзбай келген ата балықтар енді түгел естен айрылғандай. Уылдырық үстіне уыздарын төгуге асығып таласып кетті. Қыран тұқымы аспанда, адам баласы жерде жасайтын қылышеке қырғын таласты балық қауымы су астында өткізіп жатыр. Барлық ата балықтар бір сәтте мас болғандай еді. Көз көруден, құлақ естуден қалғандай, қырғын төбелес он күнге созылды. Шұңқырларға төгілген уылдырық бетін қаймақтай қою ақ уыз – еркек дәні жауып болғанша қырғын төбелес тоқталған жоқ.

Ұрық шашудың алғашқы күндерінде бар тізгін көш бастаған, болашақ ұрпақ қамын ойлаған естияр да әлуетті Көккасқалардың қолында еді. Бұлар төбелесе жүріп, уылдырыққа толы ұяларға кездескенде, бірін-бірі иықпен итермелеп тұрып, өз уыздарын ытқытып жіберетін. Өнер көрсететін, күшпен алатын. Күндер мен түндер өтіп, арыстан Көккасқалар қалжыраған кезде тойдың дәмі қужың-қужың етіп, құлқын аңдығандардың қолында кетті. Олар қызу төбелеске жақындамай, шеттеп жүрген. Балуан Көккасқалар арып-талған кез-

де, бұлар уылдырық ұяларына жабыла тап береді. Төбелесті басқаларға беріп, қызықты бұлар көріп жүр. Әуелі алтындай жарқырап жатқан уылдырықты аузын толтыра бір асап жібереді де, қалғанының үстіне бойлары балқып, бөксе жақтары бүлк-бүлк етіп, асып-саспай өз уыздарын төгеді, Тоқшылық та соларда, қызық та соларда. Бұларда төбелесейін деген, еркектік көрсетейін деген ой жоқ. Өзара құжың-құжың жымыңдасып, өзара түсінісіп, қырғын майдан үстінде де, ұрпақ қызығының үстінде де ылғи олжаға батып жүр. Бұлардың қылы қисаймаған. Өзге еркектер өлімші халіне жеткенде, бұлар туралы «қырғын майдан үстінде де қырттар семіреді» дегенді ғана айтуға болатын еді.

Ұрық түгел шашылып болып, шұңқырлардың беті құммен, ұсақ-ұсақ тастармен бүркеліп болған кезде ата балықтардың бәрі де сең соққандай құр сүлдер еді. Айға жақын аузын ашпаған, жем жемеген, күні-түні ұрпақ үшін тыным таппаған аталықтар қазір әбден жүдеген. Әсіресе, соңғы он күн бар қуатты сығып алғандай. Бұлар той үстіндегі таластарда көп қырылып қалды. Қапылқұпыл уызын төгіп тұрып, тіл тартпай кеткендері де көп. Көзі соқырайып, аузы ашылып кеткен ата балықтарды толқын айдап жағаға шығарып тастап жатыр. Бірақ миллиондаған ұрпақ бесігіне бөленді. Енді төрт-бес айда қылаң-қылаң етіп жүзе жөнеледі.

Бұл күндерде Көкқасқа да қатты жүдеген еді. Қазір ол өзен қабырғаларын сүзіп жем іздеп жүр. Көз оттары сөнген, жүзуі баяу. Сыртқы ажары да сынық. Аттаныс алдында солтүстік теңізінде жүргенде бойында лапылдаған от қызуы бар еді. Қазір жылы өзенде жүріп, бойы қалтырап кетеді. Аузына азғана жем өтсе болғаны қалғып кетеді.

Аз күндер ғана осындай мең-зең халде болды да, Көкқасқа есін қайта жиып алды. Бұл өзенде осынша көп қауымды асырайтын азық-түлік жоғын ол бұрын білетін, қазір де көріп жүр. Теңіздің балдырлы-балшықты шаланына қайтпаса, ашыққан балықтар шашылған ұрықты өздері қазып алып жейді. Бұл оның талай бастан кешкен қасіреті. Іші олқы түсіп қалған аналықтар қазірдің өзінде тойына алмай жүр.

Осыны сезінген Көкқасқа келер күні кешке жақын тағы да көсілтіп жүзіп кетіп еді. Бұл жолы ол жорық әніне басқан жоқ, жем іздеу сарынына салыпты. «Жем таптым!» дегендей аңғарын байқатады. Ашыққан балықтар оның бұл сазына да түсіне қалыпты. Өзен бойын өрлей жайылған Азатмая нәсілдес балықтар оңай ойысып, Көкқасқаның соңына ере бастады. Қазіргі қауыммен ұрпақ алдындағы парыз-қарызын тағы бір рет өтеп тастаған ата балықтар Көкқасқаның нені меңзеп жүргенін оңай аңғарып еді. Олар да көштің бетін теңізге қарай бұрыса берді.

Жарық айдың көгілдір сәулесі өзен бетін бұйралап қояды. Кейде теңізге қарай жосыған балықтар да жарқ етіп қалады. Бері келерде балықтар ағысқа қарсы жүзіп еді, қайтарда ағын бұларды өзі айдап әкеле жатыр. Арт жақты орап қайтқан бірен-саран аналықтар болмаса, көш ылғи төмен ағып, оңай жүйткіп барады.

Көкқасқа ұзақ көшті сонау бір құламадан асырып салды да кейін оралды. Бір шұңқырда ата-анасыз қалған миллиондаған жас ұрпақты қоршап-қоршап әкеліп, өндіріп — теңізге алып қайту үшін қалды.

Әлдебір балықшының қармағына өзі ілегіп қалмаса, сол ұрпақты бастап өмірі бай, терең теңізге ораларын Көкқасқа қалтқысыз сезінетін сияқты.

ҚЫРАН ЖЫРЫ

— Осының маған ұнады,
— Онда саған арнадым.
— Осының маған ұнаған жоқ,
— Онда да саған арнадым.

Автор.

– Кәл, кәл, кәл!..

Ауыл өмірінде күнде естілетін көп сөздің ішінде көміліп кетпесін деп, бүркітші қыранын «Кәл, кәл!» деп шақырады. Онысы басқа елдің де тілі емес, күстың да тілі емес, кәдуілгі «Кел, кел!» деген қазақ сөзі.

– Кәл, кәл, кәл!..

Қыран иесіне қайрылған да жоқ, қараған да жоқ. Құлаштай сермеп, қиқалайып жоғары өрлеп кетті. Томағасын сыпырғанда-ақ көзі шалып қалған қоянға да түскен жоқ. Торғайдай бұлдырап жоғарылап алды да қанатын қақпай сырғып кетті. Тауға барып соғылар найзағайдай сырғып барады. Апырау, неменені көрді? Түлкі ме, қарсақ па? Әлде тіпті қасқырдың өзі ме? Соңғы күндерде ешнеге алмай қойып еді, неменеге құмартты екен? Көзіне сол құмартқаны көрсетті-ау, сірә!..

Кәл, кәл, кәл!

Торы атты тебініп-тебініп қалып бүркітші де өрге қарай салып еді, омырауынан тіреген қалың қар ұзаққа жіберген жоқ. Беті шып-шып терлеп, азғана бусанып, күнге шағылысып жатқан аппақ қарды бауырымен сызып төрт-бес аттап өтпелеп, тоқтады да торы ат тұрып қалды.

Қап, айрылып-ақ қалғаным ба? Кәл, кәл, кәл!..

Алдыңғы күні Ержан аңшы үйіне екі түлкі әкеліп еді.

Екеуі де алтайы қызыл, алтындай жалт-жұлт етеді. Сызық түсірмей сойып алып екі теріні кергішке керіп, құба жонынан бір сипап қалғанда құлпырып кетіп берді. Қалың қызыл алтынның, бетінде азғана ақ қылаң күміс сызықтар бар. Пұшпақтары қара алтындай жалтылдайды. Төрт жасар қызы түлкінің өлмықтай жұмсақ құйрығын мойнына орап ойнай бастады. Екі жасар Есентай ешкі түлкінің бүйрегін әпер деп, қыңқылдап жүр. Қой бүйрегін, қоян бүйрегін сол үйренген балаға керегі де сол ғана.

Құттықтау айтып ауылдастары жиналып қалды.

— Е, бәрекелде, үйірімен үш тоғыз!

— Босағаң қандана берсін, аузың майлана берсін!

Аңшының аузы жалғыз майлана ма, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезіне шыжымдап-созып әрең үнемдеп отырған азғана етті ауылдастары жеп кетті. Құрт-май, шай-қант дегендердің де түбі көрініп қалды. Ауыл арақты судай сіміреді емес пе, Ержанның қалтасы да қағылып қалды.

— Пай, пай, сенің Сарбалағың құстың патшасы ғой! — деген сайын сылқ-сылқ етіп арақ құйылмасқа не шара!

— Биыл сен осы бір жиырма түлкі алғыздың-ау, Ержан! — десіп қояды.

— Жиырмаға жете қойған жоқ әлі... — дейді де Ержан қолын ақмойнаққа созады. Тағы сылқ-сылқ, тағы бүлк-бүлк...

— Бүркітке түлкі алдырғаннан асар не қызық бар дейсің! Абай ағаңның да бір құмары осы болған ғой...

— Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ
О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда...

дейтін бе еді?

— Фермаға бастық болмай, аңшылық қуып кеткен осы Ержанның өзінде де Абайдан жұққан бірдеме бар...

Ақмойнақ қырлы стакандарға тағы да еңкейеді.

Тыстан қыран саңқылы естіледі.

— Пай-пай, бүркітің бабында екен-ау!.. Құдай қосса, қызыл залымды тағы біраз ұйпалақтар!

— Салқын ауыз қорада тақтаймен қоршалған томарша тұғырда отырған қыран тағы саңқ етіп қалды. Күн батқан соң тәкаппар шаншылған бойы қалғып кетуші еді. Бүгін екінші түн бүркіт ұйқыдан айрылыпты. Бұл оның бір тыншыға алмай қойған кезі. Әлде, өзі бүктеп-бүріп алған түлкінің төсін сұрай ма, әлде, алдырмай кеткен бір түлкіге ызасын шаға ма, әйтеуір қыранда тыныштық жоқ. Ұшуға сұранады, далаға сұранады, аспанға сұранады. Қанаттары тақтай қоршауды сырт-сырт тырналап, балақ-бауларын шойын тұмсығымен жұлып-жұлып қояды. Бостандық сағынышы, азаттық жыры, аспан жыры өн бойын өртеп бара жатқандай.

Қыранның сырын Ержан аңғарған жоқ. Бабына келген алғыр қыран аңға шығуды сұранып отыр деп жорыды. Қонақтары тарап кеткен соң әйелі Гүлбалаға:

— Есетжанды төсегіне апарып жатқызшы. Өзің де жатсайшы... — дегенде де қыран зары есіне келген жоқ...

* * *

Жабайы торы атын бір күн тынықтырып, Ержан бүгін тағы да аңға шығып кетіп еді. Талма түс кезінде тобылғы түбінен қоян ыршып шықты. Секіріп,

аттқылап, қалай қарай қашарын біле алмай, азғана бөгеліп те қалды. Әйелінің – бүгін бір-екі қоян әкелмесең, кешке қазандық астына от жағылмайтын шығар дегені де есіне түсті. Дағдылы қолмен томағасын сыпырып алды да, Ержан бүркітін қоянға қарай сермеп қалды. Қыран қоянға қараған жоқ. Қанаттарын кере серпіп жоғарылай берді, жоғарылай берді.

– Апыр-ау, бұл не көрді. Таутеке ме, қасқыр ма?

Ондайға түсер ойы болса, қыран ендігі орай-орай жүйткіп, шүйілер кезі болып қалды. Жоқ, шүйілер емес. Бұлтсыз көк торғын аспанды көсілте кезіп, ойнақ салып кетті. Біресе аспанға өрлеп көрінбей кетеді де, біресе төмен қарай ағады. Үйыған денесін, талған қанаттарын жазып жүргендей көк аспанды тілгілеп жүр. Кейде қос қанатын қомдап алып жерге қарай құлай шаншылады да, ұзамай желге қарсы жалт бұрылып қайта жоғарылағанда екі қанаттың асты күн көзіне айнадай шағылысады.

– Кәл, кәл, кәл! – Жоқ, қыран қайрылар емес. Оны үлкен тіршілік толқыны алдап әкетті.

Қыран көзі құмарын шалған еді. Ол оны мана сезінген, томағасын сыпырмай тұрғанда-ақ сезінген. Оған оны шаңқан ашық, желсіз тыныс күн айтып еді. Биік аспанда зу етіп қалған қанат дыбысы барын құлағы айтып еді. Қыран болсаң, бір талпындырмай қоймас жүрегі айтып еді. Тұтқында болған бесті бүркіттің бойына жиналған отты қызуы айтып еді.

Қыран құмарын енді Ержан да көрді. Көрді де түсіне кетті. Аңшы көзі ала шалар биік аспанда екі қыран сайыс салып жүр екен. Үшінші бір үлкен ара алыстан орай ұшып, сайыс немен тынарын бақылап жүрген сияқты. Бір кезде бас балуанға өзі түсіп жүрген кәрі қыран енді соны көрген қызығына қанағат ететіндей қызбай-қызынбай баяу қалықтайды. Ана екеуінен төменірек қалықтайды.

Сайыстың жаңа басталғанын алыстан-ақ таныған Сарбалақ бірден кимелеп кеткен жоқ. Екі жаққа алшақтасып кетіп, қарама-қарсы қайта ұмтылған екі қыранның арасы жақындай бергенде нақ үстерінен бір зу етіп өтті де ағып алысып кетті. Сайыста жүрген екі қыран желдетіп зуылдап өткен үшінші қыранға ымалсыз жалт етісіп қалды. Ие, күш иесі екен, тәкаппар екен. Екпіні қандай еді өзінің! Дауылдай ықтырып өтті-ау!.. Аяқтарында салбыраған бірдемесі бар... Салбырағандарының ұшында жалтыраған бірдемесі бар...

Қыран құс көкте шағылысады. Оның алды ұзаққа созылатын үлкен сайыс. Болашақ ана, болашақ әкенің бар тауқыметін танып болмай, бойына дарытпайды оны. Ұсақ құлық, бос қалжақтың құсы болса, сайыса жүріп кеудеден теуіп тібереді. Бұл кезде жемсауына сақ болмаса, жабайы шәулі қалбақтап барып жерге құлап түседі. Кеудесі жарылып, жарбиып құлайды.

Ұябасар – ана қыран сайыс ойынын тоқтатқан жоқ. Қызынып алған екен, кеудесін желге тоса шарықтап жоғары кетті де қайта оралды. Ата қыран бір шілакер Тасқара, ол биікке көтерілмей оралыпты. Айласы ма, аспан аязынан шыдасқаны ма, әйтеуір төменірек ағып келеді. Бұл жолы ана қыран оның үстінен өтіп кетті.

Таң ата етек тауларды тұншықтыра жауып алған қалың қарағайдың ішінен ұшып шыққанда бірден кездесе кеткен еркек қыран көзге кораш көрінбеген.

Құттықтау айтып ауылдастары жиналып қалды.

— Е, бәрекелде, үйірімен үш тоғыз!

— Босаған қандана берсін, аузың майлана берсін!

Аңшының аузы жалғыз майлана ма, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезіне шыжымдап-созып әрең үнемдеп отырған азғана етті ауылдастары жеп кетті. Құрт-май, шай-қант дегендердің де түбі көрініп қалды. Ауыл арақты судай сіміреді емес пе, Ержанның қалтасы да қағылып қалды.

— Пай, пай, сенің Сарбалағың құстың патшасы ғой! — деген сайын сылқ-сылқ етіп арақ құйылмасқа не шара!

— Биыл сен осы бір жиырма түлкі алғыздың-ау, Ержан! — десіп қояды.

— Жиырмаға жете қойған жоқ әлі... — дейді де Ержан қолын ақмойнаққа созады. Тағы сылқ-сылқ, тағы бүлк-бүлк...

— Бүркітке түлкі алдырғаннан асар не қызық бар дейсің! Абай ағаңның да бір құмары осы болған ғой...

— Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ
О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда...

дейтін бе еді?

— Фермаға бастық болмай, аңшылық қуып кеткен осы Ержанның өзінде де Абайдан жұққан бірдеме бар...

Ақмойнақ қырлы стакандарға тағы да еңкейеді.

Тыстан қыран саңқылы естіледі.

— Пай-пай, бүркітің бабында екен-ау!.. Құдай қосса, қызыл залымды тағы біраз ұйпалақтар!

— Салқын ауыз қорада тақтаймен қоршалған томарша тұғырда отырған қыран тағы саңқ етіп қалды. Күн батқан соң тәкаппар шаншылған бойы қалғып кетуші еді. Бүгін екінші түн бүркіт ұйқыдан айрылыпты. Бұл оның бір тыншыға алмай қойған кезі. Әлде, өзі бүктеп-бүріп алған түлкінің төсін сұрай ма, әлде, алдырмай кеткен бір түлкіге ызасын шаға ма, әйтеуір қыранда тыныштық жоқ. Ұшуға сұранады, далаға сұранады, аспанға сұранады. Қанаттары тақтай қоршауды сырт-сырт тырналап, балақ-бауларын шойын тұмсығымен жұлып-жұлып қояды. Бостандық сағынышы, азаттық жыры, аспан жыры өн бойын өртеп бара жатқандай.

Қыранның сырын Ержан аңғарған жоқ. Бабына келген алғыр қыран аңға шығуды сұранып отыр деп жорыды. Қонақтары тарап кеткен соң әйелі Гүлбалаға:

— Есетжанды төсегіне апарып жатқызшы. Өзің де жатсайшы... — дегенде де қыран зары есіне келген жоқ...

* * *

Жабайы торы атын бір күн тыныктырып, Ержан бүгін тағы да аңға шығып кетіп еді. Талма түс кезінде тобылғы түбінен қоян ыршып шықты. Секіріп,

атқылап, қалай қарай қашарын біле алмай, азғана бөгеліп те қалды. Әйелінің – бүгін бір-екі қоян әкелмесең, кешке қазандық астына от жағылмайтын шығар дегені де есіне түсті. Дағдылы қолмен томағасын сыпырып алды да, Ержан бүркітін қоянға қарай сермеп қалды. Қыран қоянға қараған жоқ. Қанаттарын кере серпіп жоғарылай берді, жоғарылай берді.

– Апыр-ау, бұл не көрді. Таутеке ме, қасқыр ма?

Ондайға түсер ойы болса, қыран ендігі орай-орай жүйткіп, шүйілер кезі болып қалды. Жоқ, шүйілер емес. Бұлтсыз көк торғын аспанды көсілте кезіп, ойнақ салып кетті. Біресе аспанға өрлеп көрінбей кетеді де, біресе төмен қарай ағады. Ұйыған денесін, талған қанаттарын жазып жүргендей көк аспанды тілгілеп жүр. Кейде қос қанатын қомдап алып жерге қарай құлай шаншылады да, ұзамай желге қарсы жалт бұрылып қайта жоғарылағанда екі қанаттың асты күн көзіне айнадай шағылысады.

– Кәл, кәл, кәл! – Жоқ, қыран қайрылар емес. Оны үлкен тіршілік толқыны айдап әкетті.

Қыран көзі құмарын шалған еді. Ол оны мана сезінген, томағасын сыпырмай тұрғанда-ақ сезінген. Оған оны шаңқан ашық, желсіз тыныс күн айтып еді. Биік аспанда зу етіп қалған қанат дыбысы барын құлағы айтып еді. Қыран болсаң, бір талпындырмай қоймас жүрегі айтып еді. Тұтқында болған бесті бүркіттің бойына жиналған отты қызуы айтып еді.

Қыран құмарын енді Ержан да көрді. Көрді де түсіне кетті. Аңшы көзі ғана шалар биік аспанда екі қыран сайыс салып жүр екен. Үшінші бір үлкен қара алыстан орай ұшып, сайыс немен тынарын бақылап жүрген сияқты. Бір кезде бас балуанға өзі түсіп жүрген кәрі қыран енді соны көрген қызығына қанағат ететіндей қызбай-қызынбай баяу қалықтайды. Ана екеуінен төменірек қалықтайды.

Сайыстың жаңа басталғанын алыстан-ақ таныған Сарбалақ бірден кимелеп кеткен жоқ. Екі жаққа алшақтасып кетіп, қарама-қарсы қайта ұмтылған екі қыранның арасы жақындай бергенде нақ үстерінен бір зу етіп өтті де ағып алыстап кетті. Сайыста жүрген екі қыран желдетіп зуылдап өткен үшінші қыранға амалсыз жалт етісіп қалды. Ие, күш иесі екен, тәкаппар екен. Екпіні қандай еді өзінің! Дауылдай ықтырып өтті-ау!.. Аяқтарында салбыраған бірдемесі бар... Салбырағандарының ұшында жалтыраған бірдемесі бар...

Қыран құс көкте шағылысады. Оның алды ұзаққа созылатын үлкен сайыс. Болашақ ана, болашақ әкенің бар тауқыметін танып болмай, бойына дарытпайды оны. Ұсақ қулық, бос қалжақтың құсы болса, сайыса жүріп кеудеден теуіп жібереді. Бұл кезде жемсауына сақ болмаса, жабайы шәулі қалбақтап барып жерге құлап түседі. Кеудесі жарылып, жарбиып құлайды.

Ұябасар – ана қыран сайыс ойынын тоқтатқан жоқ. Қызынып алған екен, кеудесін желге тоса шарықтап жоғары кетті де қайта оралды. Ата қыран бір айлакер Тасқара, ол биікке көтерілмей оралыпты. Айласы ма, аспан аязынан ығысқаны ма, әйтеуір төменірек ағып келеді. Бұл жолы ана қыран оның үстінен өтіп кетті.

Таң ата етек тауларды тұншықтыра жауып алған қалың қарағайдың ішінен ұшып шыққанда бірден кездесе кеткен еркек қыран көзге кораш көрінбеген.

Әуелі тым жоғары көтерілмей төменіректе ойнады. Таныса келе жоғарылай беріп, қазір талма түс шағында биік аспанда сайысып жүр. Жоғарылаған сайын аспан суына бергені рас. Еркек қыран Тасқара содан ығысса, онысы көңіл қалдыратын қылық. Әзірге ұябасар ойына ол келмеген сияқты, ұзап барып қайта оралды. Бұл жолы Тасқара да ойдағы биіктен оралыпты. Соқтығысардай, қанаттасып қалардай екпіндесіп келіп, шалқайысып кетті. Тасқарада тәсіл көп сияқты. Орайы келсе-ақ жабыса кеткелі жүр. Бірақ тәкаппар ұябасар жақындатар емес.

Қыран баласына дүние әрі кең, әрі тар. Достары да аз емес, жаулары одан да көп. Азияның аязына, Африканың ыстығына шыдар ұрпақ керек. Қарны тойса қалғып сала бермейтін ұрпақ керек. Оңай көріп сарышұнақ аулап, ін күзетпейтін ұрпақ керек. Қыран баласы осыны ойламай біледі. Қыран баласы осыны ойламай істейді. Оның аты — табиғат тылсымы.

Сарбалақ кешке дейін сайысқа араласқан жоқ. Анда-санда әлдеқайдан сап ете түседі де еркін жүйткіп, ағып өтіп кетеді. Бір-екі рет оңаша қалықтап жүрген кәрі бүркітке де барып оралды. Сәлем бере барғандай соқтықпай-ұрынбай бой тежеп, едәуір қатарласып ұшты.

— Қанат қағысыңда мін жоқ, неге шеттеп жүрсің ақсақал?

— Өкшелес буын ойыныңа, ойыңа қараймын... Биік ұшсаң — қуаныш, төмен ұшсаң — өзің өкінерсің... Мен де қуанып көрген, өкініп көрген ағаңмын. Қызығып та қоямын, кынжылып та қоямын... Өзім ұшып жете алмаған биікті сендерге тілеймін. Өзің аспанда, ойың төменде жүргенше, өзін төменде, ойын аспанда жүрсін, жаным. Биік деген немене, төмен деген немене, сонда түсінерсің.

Қыран мылжың болмасқа керек. Екі қыран бұл ойларын айтыспай ұғынысты.

Осы кезде сайыста жүрген Тасқара мақтанам деп бір қатерге ұрынып қалды. Қор мінез көрсетіп алды. Ұябасарға бір ерлік көрсеткісі келіп төменде жүрген кәрі бүркітке қарай қадала ұшып кетті. Қуып тастамақ па, жұлып тастамақ па, әйтеуір қатал төніп барады. Қанаттарын біресе керіп жіберіп, біресе серпе қағып барып, кәрі қыранның үстінен түйілді. Жоғарыдан орай-орай айналып барып, төбесінен тік шүйіліп қалды. Бас салатын қалпы бар.

Бірақ бас сала алған жоқ. Кәрлі көздерін бір түйреп қалып, қат-қабаттап өрген темір сымдай шор саусақтарын тоса берген кәрің, ұстасса-ақ айрылмастай екен. Жемсауын шалқайта ұстап, темір найзаларын тоса берді. Тырнақты да білекті екен. Шүйіліп келген сотқар қыран тайқып кетті, зу етіп соға алмай өтті.

Ұябасар оны өлімге жұмсаған жоқты. Осындай ұлы ойынның үстінде қантөгіс болсын деп тілеген де жоқ. Бұл — ерлік сыналар, еркектік сыналар ойын. Неғұрлым мырзалық, неғұрлым кеңдік, неғұрлым шыдамдылық байқалса, аналық соған бейім, соны таңдайды. Тасқара мінезін ұнатпай қалған ұябасар үнсіз томсарып, тау жоталарын бөктерлей, күншығысқа қарай тартып берді. «Өз бетімен жүрген шал-қыранға соқтығып несі бар еді? Соқтыққан екенсің, көрсеткен ерлігің қайсы? Тақала бергенде тайқып кеткенің бе?

— Рақмет, жолдас... Сау болыңыз...»

* * *

Ұябасар ұшқыр да, ағынды құс екен. Қанаттарын еркін сермеп, ұтымды сырғып барады. Тасқараға қанаттарын тез-тез қағуға тура келді. Күн бойы биікке бір көтеріліп алып, жақыннан оралып, екеуі де қиналмай шарпысып жүрген. Енді еркекті ұзақ ұшу сынына салғысы келгендей. Сайыстың бұ да бір түрі сияқты. Төбе шашына қырау тұрып ақ иықтанып алған ана қыран суықты да, қарсы соққан желді де елер емес. Қонақтар жерін өзі ғана білетіндей алысқа тартып барады.

Тасқара ат шаптырым жер еріп отырды да кейіндей берді. Сылаң қыздың бір оң жағына, бір сол жағына шығып қалбақтай беру дүниенің азабы екен. Антұрғанның алымдысы-ай! Аяңына желіп ере алмайсың... Қап, бәлем, ертең көрерміз... Аспанда шарпысып жүріп қарсы бір келіп қалғаныңда шап беріп шаншыла кетпесем көр де тұр!.. Шегедей шаншылармын!.. О, сонау калбаңдап келе жатқан ақ бас кәрі ғой... Тәңірі деген, жұрттың соңы мен емес екемін...

Ұябасар бір сәт жалғыз ағып келе жатыр еді, қанаттарынан жел гүілдеп келіп Сарбалақ қатарласты.

—Есенсіз бе!..

— Шүкір...

Енді екеуі қатар сырғып келеді. Төбе шаштарына қырау тұрып екеуі де ақ иықтанып алған. Екеуінің ұшқырлығы да теңдес екен.

— Аяғыңдағы неменең?

— Балақ бау ғой.

— Жалтырағаны неменесі?

— Жез сақинасы ғой.

Қатар ұшып келе жатқан қос қыран біріне-бірі осыны айтысқандай көздерін бір шағылыстырды да ұзай берді. Қайда барарын, қайда қонақтарын екеуі де біліп келе жатқандай, айтқызбай ұғынып келеді. Енді абайласа екеуінің қанат қағыстары да, құлаш сермеулері де, серпіндері де бірдей екен. Төрт қанаттан саулап суылдаған үндері де қосылып салған әндей үйлесе кетіпті. Суық аспанды иықтарымен тіліп, қанаттарымен сабалағанда екеуі де шімірігер емес. Шарықтау құмарын, екпіндеу құмарын тарқатар ұзақ сайыс енді басталған сияқты. Жел қызығар екпін, тасқын қызығар жүйтку бар.

Күн бата екеуі тарбиған-тарбиған жуан бұтақтары бар кәрі қарағайға келіп қонды. Тау жоталарын жауып кеткен қалың қарағайды көп кезіп, таңдап келіп қонды. Қазір екеуі қарсы отыр, сақ отыр.

— Осыған ұяласақ қайтеді?

— Мен ұяны сізбен бірге саларымды қайдан білдіңіз?.. Қызық екенсіз...

— Мына бір жақын тарбиысқан үш жуан бұтақтың үстіне құрықтай-құрықтай он шақты жас қарағайды айқастыра төсесек, ұяның іргесі тастай берік болатын сияқты... Одан соң осы қарағайдың бас жағында жалбыр шаш қылқаны да қою көрінеді. Жауын-шашын кезінде балаларға пана да керек қой... Ұямыз көзге де көп шалына бермес еді...

— Еңбегіңіз босқа кетіп жүрмесін... Мен сізге әлі ешнәрсе дегенім жоқ қой...

– Оны ертең көрерміз де...

– Қойыңызшы, қызық екенсіз...

Кейін қалған Тасқара да жетіпті. Күндізгі есек дәме үміті есінде екен, ұябасарға жақын қонбақ еді, ол бір иығын қозғап қалды. Әрірек отыр дегені сияқты. Сарбалақтың көздері де қара жалын атқандай бір жарқ етіп қалды. Тасқара сасқалақтап, тез орналаса алмай, қанаттарын қалбаңдатып, бұтақтан-бұтаққа көшіп, ақыры анау екеуінен биігірек барып қонды. Жоғарырақ отырып алған соң аруақтанып та кетті. Шен беріп, биік тұғырға отырғызсаң, қандай орынға болса да ұялмай-ақ отыра кететін сияқты, жараса кеттім деп ойлауы да мүмкін. Сәнді отыр, салмақты отыр...

– Е, мен бір жұмысқа айналып қалдым... Әйтпесе, сенен қалатын емес едім! – дегісі келгендей, ұябасарға қыр көрсетіп қояды.

Қарағай бастарын желімен жайқап кәрі қыран да келді. Оның жастарда не жұмысы бар, оңаша қонақтап жатыр. Белбеуін шешініп, тымағын сілкіп, күйбеңдеген қарт адам сияқты, оралымы азайған ауыр дене бірнеше бұтақты сындырып барып әрең тыншықты.

Енді төртеуі де тым-тырыс. Ағаш басы, қараңғы түн қырандар үшін ойын-сауық орны емес. Олардың ойын-сауығына шаңқай түс, биік те кең аспан керек. Қызынған денелер амалсыз тынышталып қара тас болып қатып қалды.

* * *

Таң сәріден кәрі қыран жөнелді. Шор алақан қышығандай болды. Кім біледі, қоян кездесер, суыр да шығып қалған шығар...

– Ұшпаймыз ба? – Сарбалақ иықтарын қозғап сілкініп қойды.

– Е, ұшайық!

Ұябасар дүр сілкінді де ұша жөнелді.

Ұйыған дене жазылғанша үш қыран қатар ұшып келеді. Сұңғақ денелі ұябасар ортада. Екі жағында екі еркек қыран. Ұябасар көңілі Сарбалаққа біржола ауып болса да, Тасқараны да қуып жіберген жоқ. Көк сұлуы да айналасында шұлғыма жігіттердің бола бергенін жек көрмесе керек. Көз қиығы екі қыранға да түсіп келеді.

Түске тармаса қырандар таудан алыстап жазық даланың үстінде келе жатыр еді. Қауіп-қатер жасырынар ешнәрсе байқалмады. Ал енді бастаңдар дегендей, ұябасар аспанға тік қарғып кетті. Қанат асты күнге шағылысып жарқ етіп қалды. Сарбалақ пен Тасқара да жоғарылай берді. Ұябасар суық аспанға шаншыла қадалып, әлі биіктеп барады. Әуелі аз шегініп қалған Сарбалақ ұябасарды қуып жетіп, алға түсіп кетті. Жемсауында алқымынан тіреп, бөгеп жүрген иленіп-жұмарланып қалған жүн-жұрқа бар екен, оны аузынан ытқытып жіберді де жеңілденіп кетті.

Көк сұлуы көпке дейін ойынға қатынаспай қойды. Еркек қырандар екі жағынан орап келіп шарпысуға шақырса да елең қылар емес. Не тік қарғып жоғарылап кетеді, не сұңғып төмен кетеді.

– Өздерің біраз сайыссаңдаршы...

Қызынып кеткен еркек қырандар өзара сайысып кетті. Сарбалақ ұзақ ағып кетіп, кең орап қайтады. Тәсілқой Тасқара жақыннан орап, табан астынан тап береді. Бірақ тырнаққа тырнақ ілігер жерге келгенде тайқып кетеді. Төмен сүңгиді, бұрылып кетеді, ұябасардың тасасына қарай ұмтылады.

Ойында қандай тәсіл қолдансаң да айып емес. Бірақ бар тәсілің бас сауға болса, оны қыран көп көтермейді. Сарбалақ ызалана бастады. Тасқара тағы бір жақындай беріп тайқып кеткенде, қанаттарын қиғаштай беріп оң иығымен соғып кетті. Үстінен соқты. Иығы темірдей екен. Тасқара сол жақ қанатым үзіліп кетті ме деп қалды. Енді көтерілер шама жоқ құлай төмендеп, әлдеқайда төмпе үстінде суыр жеп, отырған шал-қыранның қасына келіп қонды.

— Бір жапырақ асатып жіберші, көкем!..

Тасқараның қарасы өшкен соң ұябасар ойынға өзі түсіп кетті. Қыран құс жасырына да білмейді, сығалап сықылықтаған ұры көздерді де, күңкілі тынбас күндес көздерді де ұнатпайды. Бұл ойынға бөгесін керек емес. Бұл — ұрпақ ойыны, ұрпақ күйі. Бұл ойынға аспан кеңдігі керек, жер биігі керек. Бұл ойынға қуана білер жүрек керек.

Сарбалақ ызалы қабағын жадырата алмаған бойы ағып келе жатыр еді, ұябасар жақындап келіп, қылаң етіп бұрылып кетті. Қыран қабағы да жадырап сала берді. Енді екеуі кең аспанды кере орағытып, қарама-қарсы келіп, төс тақасып қалардай жақындасып, қайтадан тік көтеріліп кетіп жүр. Қатты ағынымен келгенде төске төс тақасып қалса араларында сығарланған суық ауадан басқа ешнәрсе жоқ-ты. Бірінде аналық күйі, бірінде аталық құмары, екеуі кешке дейін сайысты. Күн бата кешегі қарағайдың басына қайта келіп қонғанда біреуі әке, біреуі шеше болып қалғандарын таныды. Ұяны қалай салу, қайда салу дауы болған жоқ.

* * *

Жазғытұрғы екі сары үрпек балапаны қазір қоңырайған-қоңырайған құс болып қалыпты. Енді ұшар кездері жақын. Әке-шешелері осының қамында.

Әуелі бұлар жұдырықтай-жұдырықтай көкшұбар жұмыртқа еді. Бар қызуын, бар мейірімін соларға беріп, ана қыран қырық күн тапжылмай отырып басып шығарды. Үкідей сап-сары ұлпа жүн екі балапан жұмыртқадан шыққан соң ғана қалжыраған ұябасар бірінші рет ұядан ұшып, арқан бойы барып қонды. Төс сүйектері сорайып, арықтап қалған екен. Қанаттары да әрең қағылады. Сарбалақ азық-түліктен кенде қылмаса да қатты жүдепті. Үш күндік ойын сайыс емес, армандары осы екі балапан еді ғой. Ұябасар қалжырап қалғанына өкінер емес. Бүгін ол қанаттарын жазып алады. Таң сәріде суға шомылып қайтады. Жұмыртқа басып отырғанда көбінесе аузын қар мен жаңбырға тосып сусындап еді. Енді ол күндер артта қалды.

Қос қоңырлары адам болып келеді. Қоян жіліктерін бітеу жұта бастады. Түлкінің төсіне таласып қалады. Өкпе тұстан тесіп жіберіп қызыл қанды сораптағанда көздері шатынап біріне-бірі ырық бермейді. Тырнақтасып та алады. Тек Сарбалақтың ызғарынан ғана ығысады.

—

Ұя басуға отырған кезде аналық Сарбалақтың өзінен де жатсырап кеткен. Бауырындағы екі жұмыртқаны одан да қызғанатын. Қазір балапандар есейген сайын әке ызғары керектігін де мойындады, ерлі-зайыптылық сезімі де қайта оянды. Қойшының төрт қанат үйіндей кең ұяның аналық пен аталық екі шетіне қонақтайды. Ойнағылары келіп, ұшқылары келіп дамыл таппайтын ересектеніп қалған балаларын иықтарымен қағып, қанаттарымен жайқап ұяның ортасына қарай ығыстырады. Тезірек ұшса екен, дүние таныса екен... Қоянды ала алмай ызаланса екен... Аяз келіп қалғанша әке-шешелеріне еріп ұшып ананы-мынаны үйренсе екен... Ұяда күнде жеп жүрген тамақтары жүгіріп жүрген төрт аяқ екенін таныса екен. Алысар, жұлысар барын білсе екен...

Ата-ана қарлы-боранды дауыл күтеді. Қара дауыл соғып тұрғанда ықтапығысып отырған қос қоңырды желге қарсы итеріп жіберу керек. Қанаттарын еріксіз қағатын болсын. Кеудеден тіреген қатты жел құлатпайды да қанат қаққан сайын жоғары көтеріп әкете береді. Сонда балалар қорқып шырылдар ма, қуанып саңқылдап жіберер ме!.. Ата-ана осыны күтеді, қуана күтеді. Бұл олардың алты ай күткен арманы. Алты айғы азаптың бар төлеуі осы ғана.

Күзгі қара дауыл көп күттірген жоқ. Соғар кезінде соғып кетті. Аналық қанша асықса да Сарбалақ дауылдың күшейе түсуін күтті. Қалың орманның өзегі шіріген кәрілерін аударып тастап, барлық қоқысты, барлық иіс-қоңысты айдап әкететін сұрапыл дауыл арман ғой бір! Ұрпағың сондай дауылда аяқтансын да.

Сарбалақ кешеден бері аналықтың өзін де шеттетіп тастап, екі балапанға дамыл бермей отыр. Ұяны айнала қуып, еріксіз қанаттарын қақтырады. Еріксіз бұтаққа жармастырады. Құламау керек. Тырнақтар қадалып үйренсін, білек бұлшық еттері ширатылып үйренсін. Қанаттары қағыла берсін, қатая берсін.

Екінші күн соққан қара дауыл бәсеңдеген жоқ еді. Таң ата Сарбалақ саңқ етіп, жақын қарағайға қонақтаған қосағын шақырды.

— Немене, ұшырамыз ба?

— Ұшырайық!

Әуелі ата-ана ұяны айнала ұшып өз қанаттарын жазып алды да ұяларына қона беріп қос қоңырды желге қарсы итеріп-итеріп жіберді. Әшейіндегі нұқып қалу емес, темірдей тегеурін бар екен, балалар ұяға жабысқан жоқ. Тырнақтарын баурына қысып алып, қанаттарын тез-тез қағып, көтеріле берді. Шырылдаған да жоқ, саңқылдаған да жоқ, көздері ғана өжет түйіліп алған. Аумаған әкесінің көздеріндей, ызғарлы қара жалын шашады. Әуелі тыпырлай қағылған қанаттар енді байсалды қағыс тауып ала бастады. Дауыл ырғағын аңдай бастады. Ара-тұра қанаттарын қақпай, кеуделерін дауылға тосып қалқып-қалқып алады. Енді бір кезде ата-аналарына көз тоқтата қарап, бір қоңыр саңқ етіп қалды. Оған екінші қоңыр жауап берді. Бұл — қуаныш саңқылы ғой!

— Түу, ұшу деген қандай жақсы еді! Неғып сонша ұшпай отырғамыз? Дүние деген қандай кең еді! Тар ұяға қалай сыйып отырғамыз? Дауыл деген қандай жақсы еді! Ұша алмасты ұшырып әкетеді екен-ау... Қанша уақыт бөстегін бұлғап отыра берген мешеу едік қой. Дауыл көтеріп аспанға шығарды емес пе! Енді осылай шарықтай беретін шығармыз. Арман деген осы да, қуаныш деген осы да!

Манадан балапандарының астын ала ұшып келе жатқан ата-ана енді қатарласып ұшқалы жақындап келеді. Қауіп жоғалды. Құлау қорқынышы жоқ енді.

Дауылда ұшырған балапандарымен қатарласа ұшып келе жатқан ата-анада қуаныштан басқа бір сезім қалмаған сияқты.

ТАЛПАҚ ТАНАУ

Сары атан аяғын тәкаппар басып келе жатқан себебі – ол ғасырлар бойы қазақ елінің тарихын арқалап, тербетіп келдім деп ойлайды. Тарихи еңбегім үшін «Шаңырақ атан» атандым деп сенеді. «Шаңырақ» үй деген сөздің баламасы екенін білетін сияқты. Өзім де тарихи жануармын, жалқау далада жалқау аяңдасам да қазақ тарихын арқамнан түсіріп алмай әкеле жатырмын. Қазақ атын жоғары ұстадым. Сондықтан қалай паңдансам да иір-шиыр бойыма жараса береді дейді.

Сары атанның тәкаппар ойының дәлелдері де тәкаппар:

– Қазақ ең сұлуын «Бота көз», ең жүйрігін «Бота тірсек» дейді. Бір елдің қол жетпес сұлуы мен жел жетпес жүйрігін теңеуге мені қалап алса, сірә менде қандай олқылық болуы мүмкін?..

– «Боз інген» күйі деп тартқанда бозторғай шырылдауын, бұлбұл сайрауын қояды. Қазақ елі қайдағы қажыған күндерінің зәрлі зарын төгіп, шерін ақтарғандай болады. Азусыз азғана ел азғын күндерінің аянышты халдерін айта алатын мұңды күйді, зарлы үнді бізден тапқан. Алды жар, арты жау қамалаған ділгер ел, жау жетегінде кетіп бара жатқанда шерлі жүрегін осы «Боз інген» күйімен босатқан. Шексіз қуанышы мен түпсіз қайғысын осы күй арқылы жете айта алған...

– Жасыған жан болсын, қалжыраған халық болсын, ең жіңішке, нәзік сезімдерін біздің мойынға артуының өзі – басқа жануарлардан бір мойнымыз артық тұрғанын дәлелдейді, – деп сенеді Сары атан.

Мұнысы құрғақ даукестік те емес секілді. «Боз інген» күйін толғауын тоқсан толқытып, еңкелектетіп келіп еңіреткенде, тыңдаушылар бір күрсінбей қойған емес. «Боз інген» әркімнің шерлі шектерін шертіп, қан қатқан жүрегін босатып жатқан секілденеді. Су ағуын, жел соғуын тоқтатып, даланың қайғылы мұңын талай тыңдағаны рас.

«Ессіз жер... еңіреген інгенде күй,
Селеулер жел оятқан билеген би.
Аулақта қорқақ қоян зар тыңдаған,
Тоқырап қала берген шеңгел мен ши.
Көбейген көк жүзінде жұлдыз қоздап,
Боз інген зар қақсаған жолда боздап.

Түктіде түйедегі зарлы сарын,
Қашамас қам көңілді қалай қозғап.
Боздаған, от басында зар илеген,
Қозғаған қоңыр іңірді әлдилеген.
Екі көз енді өзенді сорғалатып,
Төрт табан құмға қосып нан илеген...
Қозғайтын қобыз тартса әсіресе,
Төңкеріп жан көңілің әлденеше.
Құм кезіп, түзде безіп тыңдайтынсыз,
Түйенің күйін сонау тартқан кеше.
Әсем күй саусақта би, саңғыраған,
Жүйрік үн жүрек жалмап жамыраған.
Боздатса боз інгенді зарлы қобыз,
Сарыны сар даланың аңыраған.
Боздауын қобыз боздап, аңырауын
Қыл сарнап, керуеннің дабырауын
Ұғасың анда-санда ойнақы үннен,
Кей қағыс күлдірлетіп қоңырауын.
Алатау айрыларда алтын күннен,
Күйменен шал сөгілген, күңіренген,
Кеш батып, кешкі қозы жамыраумен
Қобыздан інген зары сонда үзілген...»

«Боз інген» күйін Абайдан соңғы бірінші ақынымыз Ілияс осылай толғады.

«Боз інген» ен жайлауға еркін шығып алып, құлдырап барып жоғалып бара жатқандай, тыңдаушылар:

– Жарықтық есті мал ғой!..– десетін. Оның үстіне Сары атан өзінде бір ұлттық белгісі барлығына да шүбәсіз қарайды. Өзге малдан көрі көнбіс, ерінбейтін еңбекші, бейғам болғандығын осыған байланыстырады.

– Қаратаудан көшіңді көшірмедім бе? Қарағандының көмірін, Қарсақпайдың сұр тасын тасымадым ба? Түрксібті салыспадым ба? Бірінші тракторды ауылға сүйреп әкеліспедім бе мен? Қазір қай жұмысыңнан бас тартып отырмын, деген секілді, айта берсе, толып жатқан дәлелі бар.

– Шөлейтте, отсыз-сусыз құмда ербеңдеп жүре беретін мен емес пе едім? – дейді Сары атан.

Бүгін Сары атанның арбасында елпілдеп жатқан екі үлкен шошқа түк ойламастан келе жатыр. Бауырында тоғыз торайы, анасының болжыраған боз емшектерін қомағайлана түрткілеуден басқа еш нәрседен хабары жоқ. Көздері кілбиген, ақ кірпік балапандарда талпақ тұмсықтарымен анасын көруден басқа не ой барлығын түсінуге болмайды. Сөлекеттеу қолбаңдаған надан нәрсе секілді. Анда-санда талпақ танаулардан жалпы түрде жабыла бір бырқ етіп қойып, бұрынғы дұшпан еліне тәуекел етіп, тартып келеді... Бұрын орыс-қазақ төбелесе қалса:

– Түйесің, бақырауық!..

— Шошқасың, тоңмойын!.. — деп бірін-бірі ең жаны сүймеген жануарға теңесетін.

Түйе секілді тарихи орын алар ма, жоқ па, ол арасы әзір қараңғы, шошқалар «Жаңа жол» колхозына келіп кірді. Арбадан түсейін деп еді, колхоз мүшелері осқырып, жақындай қоймады. Арбаға жақындап таңданған пішінмен иірілді де тұрды.

Шошқаны алып келген колхоз бастығы Сәден:

— Кәне, жігіттер, мұны енді арбадан нетісіңдер... несіне осқырасыңдар, бұ да мал ғой... — деді азғана езу тартып. Даусы аса сенімді шықпады.

— Мүмкін, мал шығар... — деп, біреуі мырс етіп қалды да, теріс айналып кетті.

— Орыстар мал деп асырайды ғой, әйтеуір..,

— Танауы талпақ екен...

— Аузы малға ұқсамайды-ақ...

— Жоқ, тұяғы айыр, қойға ұқсайды...

— Тек, қойға теңемеші кәпірді... Бауыры толған қаз-қатар емшек, қай жері қой болушы еді?..

— Сәден, осыны мал деп әкеп тұрсың-ау?..

— Мал емес деп кім айтты?

— Мүмкін, мал шығар... бағып көрмеген малымыз...

— «Жаңа жол» колхозының мүшелері осы секілді іліп-тартпа, сықақ секілді сұраулармен Сәденді қамалады да, шошқаларды түсірісуге жоламады...

Бұл қобалжуды Сәден жақсы біледі, өзінде де болған. Совхоздан берілген малдарға қосып, екі шошқа алуға уәделескелі екі ай болса да, әкетуге келгенде талай тайқып шыға беретін.

— Сәден, шошқаларыңды алып кетсейші, — деп ферма бастығы талай ескерткенде:

— Жүре тұрсын... келесі жолы алармын... — деп ылғи тастап кететін.

Айни-айни, қобалжи-қобалжи бүгін әрең әкеліп тұр. Шошқаның жонына қарап қызықса да аузы салтақ-салтақ, бауыры толған күлтілдеген емшек.... Тұмсығы біртүрлі өзінің... Құлағы анау... Бірақ тұяғы айыр...

— Әй, арам шығарсың-ау, антұрған... — дейтін Сәден ішінен. Қазір ол қобалжуды Сәден жеңді. «Арам деген не? — Молдалардың қыртылы! Орыс жылқы етін жемейді, қазақ шошқа етін жемейді!.. Бәрі молданың, діннің жұмысы. Оған тек надан ел ғана сенуге тиісті. Кеңес өкіметі, керек болса, шошқа совхоздарын құрып жатыр. Біздің жаңа дініміз — Кеңес өкіметі неге бастаса — сол! Біз осыған ғана сенуіміз керек! Ал, енді мәдениетті Американың шошқалары моншаға түседі, торайын ақ шүберекке орап алады дейді...»

Сәден осыдан артық дәлел таба алмады, іздегісі де келмеді. Өйткені осы дәлелдері жеткілікті секілді көрінді. Осы өз сөзіммен жайып айтып берсем, колхозымды сендіре алам, одан өзгенің дәл қазір керегі де шамалы деді. Сөйтті де, білекті түріп жіберіп, тәуекел деп шошқаны алды да келді.

Жиналғандар әлі жақындамай тұр. Ептеп Сәденді мазақ еткілері де келеді. Бірақ, Сәден ешбір жұмысты ойламай, білмей істемейді. Бұл — оның әдеті секілді нәрсе. Колхоздың бастығы екенін былай қойғанда, қара басының беделіне

күйе жағуға болмайды. Ол ұрыспайды, ақырмайды, істе дегенін істетпей және қоймайды. Қашан да өзі бас болып істей бастаған соң, басқалар еріксіз екпіндеп, жұмысты көтеріп әкетеді. Жұмысты бітіріп болған соң азғана езуін жырып жымияды да:

— Қане бітпегені? Колхоз тізесін басып жіберсең бітпейтін іс болмайды! — деп колхозшыларға бір қарайды. Осы қарауы қайта қаруландырғандай, колхозшылар екінші іске тағы да екіленіп кіріседі. Сәден қазір де осыны істейін деп тұр. Үндемей, шошқаларды айналып жүргені, өзінің үйреншікті әдісін тағы қолданады деген сөз. Шошқаны әкелген екен, оны мал етіп шығаруында дау жоқ. Ол істейді. Өйткені беті бүлк етпейді, сенімді.

Сәден шошқаларды құшақтай ұстап, аяқтарын шеше бастады. Жанторсықша бұлтиған ақ торайларды құшақтай көтеріп, сарайға тасып жүр. Жұрттың көзін үйретейін деген адамша, торайларды бір-бірлеп тасиды. Біреуін құшақтай көтеріп алады да арқасын сипап, тұмсығын ұстап, қолтығына қысып апарып, сарайға кіргізеді.

— Босқа жамандайды түге... өзі таза мал екен... — деді Сәден, сенімді дауыспен.

— Мал болса болар, бірақ таза болмас...

— Бағып көрмеген малымыз...

— Мария келін бар ғой, бағар...

Жиналған топ езуіне іркілген күлкіні босата алмай тұр. Сөздері ілгешекті. Сәден онымен жұмысы да жоқ адамдай шырқырап бақырған торайларды бір-бірлеп тасып, сарайға қамап болды. Торайлар бақырғанда әлі арбадан түсірілмеген ана шошқа ашулы түрде тулап, қорсылдап қояды.

«Осыныңды қоя тұрсаң да болар еді...» — деп ойлады Сәден.

— Үніне болайын жануардың!.. — біреу мырс ете түсіп еді, соны сылтауратып бәрі қарқылдасып, күлкі тіреген алқымдарын бір босатысып алды.

— Үні жаман болатыны мойны қысқа...

— Кеңсірігі де келісіп тұрған жоқ.... үн кеңсіріктен келеді ғой...

— Бұл өзі жоғары қарамайтын жануар дейтін...

— Жұлдыз санататын ба едің оған?

Сәден ана шошқа-мегежінді жонынан сипап тұрып:

— Күле тұрыңдар, жолдастар... күздігүні әрқайсысы бес пұттан май беретін отыз шақты мал болып шыға келгенде көрерсіңдер! — деді.

— Майды қанша сұрасаң да берер-ау... бірақ ол малдың майы бола қояр ма екен?..

— Жоқ, әшейін... қой, сиыр деген секілді шошқа деген малымыз болатын болды ғой, соның майы болад та...

— Әттең, таза болады дегеніңе илану қиын...

— Таза ұстасаң таза болады! Сиыр өз қорасын өзі тазалай ма?

Сәден, шошқа анық мал, шошқаның майы көп, таза мал, тез өседі деген-нен басқа еш нәрсе айтпады. Мұнысына басқалар таласпайтын да секілді. Бірақ, шошқа мал емес деген ұғыныстан шыға алмай, тәуекел мен кері-тартпаның, арасында толықсып тұр. Шошқа секілді момын жануарға мал атағына көшудің

өзі бір жарасымсыз теңдік сияқтанады. Өзгені былай қойғанда Сәденнің туған інісі Әбен де жақындамайды. Әбен Ефимнің қызы Марияны алғанда, замандастары:

– Енді, сіздің үйден қорсылдақтың құлағын жейміз ғой...

– Мария келін ол жануарсыз тұра алмас... – деп мазақтасқан болатын. Бұған екі жыл болып барады.

– Айтқандары келді-ау ант ұрғандардың... – деп Әбен терлеп кетті.

Қолында европалықтар үшін «Қазақ тілі» деген кітап бар, кешкі сабақтан Мария келді.

Мария қазақ әліппесін өтіп, енді өз бетімен кітап оқуға жарап қалған. Жай сөйлескенде кідірмей, кедір-бұдырсыз сөйлесе де, кітаптан оқығанда күрмеле береді. Әсіресе септеу мен жіктеулер қинап жүр.

Мария қайнағасының қасына келіп:

– Дядя Сәден!.. Шошқа әкелгенсіз бе? Мыналар қорқып тұр ғой, сірә... – деп, бақырып жатқан торайларға кетті жүгіріп. Дереу біреуін құшақтап алып шығып:

– Қозыдан қай жері кем?.. Әбен, сен де қашып тұрмысың? – деді күйеуіне.

Әбен үндемеді. Колхозға келген шошқалардың қайдан орағытып келіп, Әбеннің атына байланысып тұрғанына ол қатты қысылып тұр. Басқалары Марияға:

– Әрине, сен үшін кем жері жоқ, бірақ Әбен де бекер шегінеді, оның рас... – деп бір күлісіп алды.

Сәден арбаның үстіне шығып алып;

– Кел, Мария, түсірейік!.. – дегенде Мария қолындағы торайды кенеттен Әбенге ұстата салып, секіріп арбаның үстіне шықты. Әбен құсатын адамша не күлуге, не жылауға айналғандай, бет-аузын тыржитып, торайды ұстап қала берді, лақтырып жібермеді.

Шошқалар жиналып күліп тұрғандарға өкпелегендей, ашуланып, қорсылдап қояды. Осы мінезін қоя тұрса, ешкім ештеме деместей көрінеді Сәденге. Сонда да жиналып тұрғандарды осы тұста көндіріп алмаса, әңгіме созылатынын еске алып:

– Кәне, жігіттер, көтеріңдер! – деді Сәден салмақты дауыспен. Бұл кәдуілгі, дегенін істетпей қоймайтын даусы оның. Бұл – ашу да емес, әмір де емес, іс істетерде шығатын дауыс.

Жігіттер бір-бірлеп, сыртқы киімдерін тастап, білектерін түрініп, қолдарының ұшымен ғана жәрдем етпекші болып арбаға жақындады. Біреуі құлағының ұшынан, біреуі арқасынан сүйемелеп қарап еді, ауыр қабан бұлк етпеді. Сәден «әуп!» дегенде жігіттер амалсыз құшақтап алып, қабанды жерге түсірді. Мегежін шошқаны көтеру бастапқыдан оңай болды.

– Әй, арам антұрған ғой!.. – деп жігіттер тағы бір қарқылдасып алды.

Моп-момын, жұп-жуас, майынан басқа айыбы жоқ, тоң мойын, надандау жануарлар қолбаңдап қабырғасынан козғалып, мұрындарын бір-бір тартып қойды. Түсе сала жерді бір нұқып жіберіп, төмен қараған бойы сарайға кірді.

Тебінгідей құлақтары мен салақтаған емшектеріне қарап, жиналғандар жиіркенеді де, жонына қарап «бес бармақты» еске түсіреді...

Қайткенмен 1933 жылы, майдың екісі күні «Жаңа жол» колхозына бір түлік — шошқа малы келіп кірді...

...Ұсақ сықаққа қазекең қандай шебер, жиналыста шошқа маңайына сөз көп үймеледі. Ешкім қарсы емес секілді. Бірақ іліп-тартпа, ілгешек сөздер аяқ аттатпайды.

— Бағып көрмеген малымыз болған соң тосырқаймыз да. Әйтпесе мал екені рас шығар...

— Тек балалауы жиі екен...

— Ешкі жиі балаламай ма?

— Одан бұл жиірек көрінеді...

— Өзін не деп қайырады екен?.. Шөге-шөге дейміз бе?..

— Е, қазақша қайдан білсін... Жаңа келіп тұр ғой жануар...

— Мария келіннен басқа кісі бағуын біледі дейсің бе?.. — деген секілді сықаққа таңдық қиғаш сөздер көпке дейін созылды. Мария түрегелді де:

— Мен-ақ бағайын. Бірақ мен егінде екі кісінің жұмысын істеп жүрмін, — деді.

Ешкім шошқа баққысы келмейді. Марияны егіннен босату да қиын. Ол істеген жұмыстың етек-жеңі түріліп, сырғып отырады. Оның ісінде көрінбейтін бір өзгешелік бар секілді. Басқа әйелдер де одан қалыспай, кейде артық істегенмен Марияның қолы тиген жұмыс тиянақты, әрі өнімді, әрі сенімді бітеді. Сондықтан шошқаларды бағу — Есен деген шалға тапсырылды.

Есен тоғыз торайын шұбыртып, екі шошқаны қопалы көлге әрең айдап әкеледі де, қоя береді. Өзі басқа бір жұмыспен жүрген адамша шеттеп, алыстан ғана бақылап жүреді. Болмаса басқа бір жұмыс істеп жатады. Шошқа баққанына бірталай арланады да. Шошқаларын таңертең ел тұрмай, ерте айдап әкетеді де, кешке ел орынға отырғасын айдап қайтып, көзге көп түспейді... Кешке үйіне келгенде таяғын, шекпенін сыртта қалдырып, үйіне жуынып кіреді. Сәденнен басқамен шошқа жайын әңгімелеспейді. Басқа малшыларға да жақындаспайды. Шошқа жайы сөз бола бастаса, Есен ол арадан кетіп қалады. Сондықтан оны ешкім әурелемейді де.

— Есеке, бағар көбейсін!., Шошқаларың әбден-ақ, семірген екен...— дейтін болды.

Бір күні ертемен шошқаларын айдап, Есенкөлге кетіп бара жатыр еді, артынан біреу келіп:

— Бағар көбейсін, шалым!.. — деді

Қараса, Шәкен дәрігер екен. Кәдуілгі малшыларша Есен «Айтсын!» деп жалт қараса, дәрігер мазақ қылғандай күле айтып тұр екен.

— Е, шалым, енді шошқа бақтың ба?.. — деді тағы да дәрігер, аяушылық еткен пішінмен. Бұл жолы мазақтап тұрғаны Есенге тіпті айқын көрінді.

— Шырағым, біздің ісіміздің бәрі ерсі ғой сендерге. Аулағырақ жүрсең қайтер екен! — деді Есен, таяғына сүйеніп тұрып. — Аулақ дегенге түсінесің ғой?!

Атан жайында талай әдемі өлеңдер айтылғаны рас. Шошқа жайында айтылған өлең әзір жоқ. Өйткені, ол бесінші түлік болып беки қойған жоқ әзір. Сонда да бұл жөндегі бірінші өлеңді «Жаңа жол» колхозы айтып салды. Қасен молданың баласы Әлен дегеннің мазағына мынадай өлең шығарылыпты:

Бес түлік малымыз бар: бірі шошқа,
Бөлеміз табын-табын етіп қосқа.
Аластап арамыздан айдап шыққан
Болып па сенен арам біздің шошқа?

Арам без көтеріліп Әлен деген,
Сын тағып шошқамызға көлденеңнен
Әкеңді Қасен молда білетін ек,
Кіргенше өлік жерге соңына ерген...
Арқалап өлік — киім кебіндерін,
Есіңде жүретінің бар ма сенің?

Шошқамыз әрі жайлы, әрі майлы,
Қарыс май қабырғадан қозғалмайды.
Сендердің із аңдыған сықағыңа,
Шошқаның жалғыз түгі қисаймайды!..

Түліктің шошқа жатар тазасына,
Нанбасаң жақсы бағып, таза асыра.
Түйеңдей төсегіне тышпайды бұл,
Симейді сиырыңдай жамбасына!..

Егерде соя қалсаң бір лағын,
(Әленге беретін боп бір құлағын)
Мөлиіп төрт көз итше көзін сатып
Күзетіп отырар ең жерошағым!

— депті.

Келер жылы «Жаңа жол» колхозының шошқасы отыздан асты. Бір үлкенін үйітіп тұрып сатып еді, екі бұзаулы сиыр болып тұра келді. Шошқалары семіз. Іркіт құятын мес секілді былқ-былқ етеді.

Көшпелі елдің шаңырағын арқаламағанымен, мал шаруасында тарихи орын алатындарына талпақ танаулар да сенімді қорсылдайды...

— Достым, мен сендерді де әкелістім... Менің орным әлі де олқы болмайды!— дегендей, Сары атан да тәкаппар күйі күйсеп жатыр...[5]

---

[5]Әңгіменің бірінші нұсқасы осы еді, басыла келе едәуір өзгеріп кеткендіктен түпнұсқасын жариялауды мақұл көрдім. Ғ.М.

БІЗДІҢ БИ-АҒА

«Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшылығынан Сәбит Мұқанов босады да, оның орнына Бейімбет Майлин келді. Мен, әдеби қызметкер деген лауазымым бар, корректор едім, Орынбор рабфагінің студентімін.

Сабақтан кейін редакцияға келсем, Бейімбет барлық бөлім бастықтары мен әдеби қызметкерлерді жинап алып, кеңесіп отыр екен. «Кешігіп келгенінді көріп отырмын» деген көзбен Бейімбет маған бір қарады да ескерту жасаған жоқ.

Мәселе газеттің тіл жағын жақсарту жайында сияқты. Жаңа келген жауапты хатшы газеттің жыл басынан бергі номерлерін алдына алып, әртүрлі мақалалардан үзінді оқып отыр. Ойы бұлдыр-буалдыр, тілі тіпті орашолақ мақалалар көптеу екен. Бұқараға түсінікті тіл Бейімбеттің бас сырқаты екенін бұрыннан білетінбіз.

– Осы мақалада ой бар ма, тіл бар ма? – дегендей Бейімбет бөлім бастықтарына айнала қарайды. Олар қызараңдасып біріне-бірі қарайды.

Әсіресе сын бөлімінде мін көп. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деп басталады да сыңар езулеп кетеді. Оқыгандық та мін – байлықтың белгісі, оқымағандық та мін – надандық белгісі. Қара басты мінеу көп, қорлау көп, кекету көп. Өнердің көбі осы жақта. Пролетариат жазушысы пролетариаттан шықпақ. Пролетариаты жоқ қазақта пролетариат әдебиеті болмақ емес... Осы бағыттағылар білімдірек те тілдірек. Бұл тұста Бейімбет жауапты хатшы емес, жазушыдай ойланып қалады.

Көмір төңірегінде, мыс маңайында бірер жыл болғандар – пролетариат жазушысы біз дейді. Бірақ, жазып келістіргендері жоқтың қасы. «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады». Бұлардың түп нысаналары әлі баяғы «Пролеткульт». Содан безініп отырып, соған келе береді.

Қалай да ұйымдасу, бірлесу орнына алшақтаса беру басым. Әсіресе, Орынбор, Ташкент болып екі жарылған топта келісім жоқ.

Бейімбетті газет маңайы, жазушылардың көпшілігі Би-аға дейтін. Би-аған түнгі он екіге таянғанда қаулы-қарарлардың аудармасына тоқтады. Бір-екеуін мен аударған едім. Әр қаулыға 3 сомнан ақша да алғамын. Бірақ, түсінбей аударыппын, түсінбейтін етіп аударыппын. Қасақылық жоқ, шамам сол.

– Кәне, қайсың түсіндің осы қаулыға? Ауыл қалай түсінеді? – деді Би-аған. Шынында да мынадай аударманы түсіну үшін Сократтай данышпан болу керек сияқты.

Мен үндемей ғана құтылармын, терлеп қана құтылармын деп отыра беріп едім, құтыла алмадым.

– Бұлай аударатын шала сауатты адамдарға ендігәрі аударма берілмесін! – деді Бейімбет. Сонымен, оңай олжа болып келген үш теңгеліктермен біраз адам біржола қоштастық.

Сағат түнгі үшке таянғанда Бейімбет жиналысты аяқтап, бес-алты әдеби қызметкерге бір-бір үлкен материал берді: осыны өңдеп газетке басуға жарайтын етіп әкеліңдер... Бұл жас әдебиетшілерге жасап отырған сынағы сияқты.

Мен екі күн сұрап едім, Би-ағаң үш күн берді. Басқалар да сөйтті...

Уәделі күні, тағы да кешке таман, мен материалымды Би-ағаңның алдына әкеліп салып едім, ол бастан-аяқ оқып шықты. Оң қолының сұқ саусағымен маңдайына түскен шашын бұрап-бұрап қояды. Ақырындап ысқырып-ысқырып қояды. Қой көзділеу адам. Бетінде қорасан дағы бар, қара емес, қоңырқай түсті. Маңдайынан тік түскен терең сызық екі көзін қағазға тік төндіріп тұрғандай.

– Өзің бірдеме жазушы ма едің? – деп сұрады Бейімбет, материалды оқып болған соң.

– Жоқ.

– Материалды өзің өңдедің ғой?

– Өзім.

– Жазуға ыңғайың бар сияқты екен...

– Жүрексіне берем...

– Сонда да бірдеме жазып байқасаң, қайтеді?

– Байқап көрейін...

– Бірер жұмадан кейін Қызылордаға көшеміз ғой. Сен көше аламысың?

– Жоқ, енді бір жылдық оқуым бар.

Пресногорьков жоғары-бастауыш мектебін бітірерде еркін тақырыпқа орысша жазған он бет әңгімемнен 150 қате шыққан. Әр бетте 15 қате! Жас оқытушы Сильвия Михайловна оныма бес қойған. Қасында қызыл кресі бар. Басқа оқытушылар оны жарты сағат талағанына бой бермей, жеңіп шыққан-ды.

– Жазушы болады, – деген.

Сол байғұстың болжалын ақтағым келіп, талай талаптансам да бұл күнге дейін еш нәрсені келістіре алмай, үміт үзуге бет алған кезім еді. Бейімбет сол сөне бастаған үмітті қайта оятқандай болды.

Екі-үш күннен кейін Би-ағаңа жиырма бір жолдық бірдемені әкеліп бердім. Ол «Шашауша» деген маңдайша қойып газетке басып шығарды.

– Төрт-ақ сөзді өзгерттім... Үзбей жазып көрші, – деді. Бейімбет сияқты атақты шебердің жәрдем берерін сезінген соң, мен төрт таңды көзімнен аттырып, «Тулаған толқында» деген ұзақтау бір әңгіме жаздым. Бірақ онымды Би-ағаңа үш рет әкеліп, үш рет көрсетпей алып қайттым. Аяғында рабфактың қабырға газетіне бердім. Оның редакторы Үміт Балқашов болатын. Мақтауға сараң Балқашов едәуір мақтады.

Бір күні екі сабақтың арасындағы үзілісте мен класта отырып қалып едім, сабақтас жолдастарымның біреуі келіп:

– Ойбай, жүр! Төменде Бейімбет Майлин қабырға газетінен сенің әңгімеңді оқып тұр, – деді.

Екі баспалдақтан бір-бір аттап үйдің екінші қабатынан бірінші қабатына түстім. Бейімбет қабырға газетін оқып тұр екен. Екі қолы артында. Қисық жағалы ақ жібек көйлек киген, өрме қара жібек белбеудің шашағы бір тізесіне қарай салбырап тұр. Бейімбет киім жарасатын сұлу да сұңғақ денелі тіп-тік болатын. Студенттер оны қоршап алыпты.

Мен оның көзіне түспей, коридордың екінші басына кеттім де, коридордың бұрылма бұрышына тасаланып тұрып, алыстан бақыладым. Ол аз еңкейіп әлі

тұр. Қоңырау соғылғанда мен тағы да Бейімбеттің көзіне түспей класқа бұрып кіріп кеттім.

Кешкі тамақтан кейін жатақханада бір бөлмеде тұратын төрт жігіт сабағымызды әзірлеп отыр едік, Бейімбет кіріп келді.

– Махорканы да бұрқыратқан екенсіңдер! – деді, біз ұсынған табуреткеге отыра беріп.– Сабақ әзірлеп отырсыңдар! Рахат қой! Біз мұндайды көрмей-ақ өтетін болдық.

Содан кейін бізге өзі темекі ұсынды.

Бейімбет біздің бойымызды үйретіп, ананы-мынаны сұрастырған соң ғана маған бұрылды.

– Қалай, жігіт, тағы да жазғаның жоқ па? Қабырға газетіндегі әңгімеңді оқыдым. Жаман емес екен... Маған неге көрсетіп алмадың?

Мен бата алмағанымды айттым. Әңгімеге Бейімбет қолы тиетін жерлері бар екенін де түсіндім.

Әдебиетіміздің жаңа аяқтанып келе жатқан кезінде аға жазушылар жас талаптарды іздеуге ерінбейтін. Әрқайсысының өз әдісі бар. Сәкенге жастар өзінен өзі ағылып жатады. Сәбит болса-болмаса ат үстінде, Ілияс ол кезде Орынборға келген жоқ. Бейімбет бұл кезде әрі үлкен жазушы, әрі маңдай алды журналист. Ол жас күштерді қабырға газеттерінен көбірек іздейді. Қазақ институты, рабфак, совпарт сияқты оқу орындарының кабырға газеттерінен іздеп келіп оқиды екен. Бойында бірдемесі бар жас үн шығармай отыра ала ма! Ізденгенге сұраған кездесе кетеді. Бейімбет бізге Тайыр деген жас ақынды, жалынды жасты тауып алғанын айтты. Сол бір кеште біздің қабырға газетке жазып жүретін Әміралы Ержанов, Біржан Манкин, Пастухов, Қойдосов және бір татар студентімен кездесіп, бір рабфактан алты-жеті тілші тауып әкетті. Ертеңіне қолымызға тілші деген қағаз беріп, елге қайтқанда газет тарата жүруге жүз даналық квитанциялар берді.

Біз Би-ағаңды түнгі екі кезінде үйіне апарып салдық. Ол үйге кіріп шай ішуге шақырды. Біз бата алмай, кетіп қалдық.

Осыдан кейін мен Бейімбетпен үш жылдан кейін кездестім. Қазиздаттың бас редакторы Сәбит оқуға босанып, сол орынға крайком мені шақырыпты.

Бұл екі арада менің ең бірінші жазған повесім «Тулаған толқында» басылып шыққан еді. Бейімбет маған «Шикі жерлері де аз емес екен, бірақ алғашқы адымыңа қатты қуандым» деген мағынада хат жазған. Сол Бейімбет мені вокзалда қарсы алды. Мен онысына әрі қысылдым, әрі қуандым, әрине.

Ертеңіне Қазиздатқа келсем, Бейімбет сонда редактор екен. Бейімбет бар жерге мені қалай бас редакторлыққа шақырғандарына таң қалып, мен жүгіріп крайкомға келдім.

Үгіт-насихат бөлімін басқаратын Садықбек Сапарбековке кіріп:

– Бейімбет Майлин қатардағы редактор болып отырған жерге мен бас редактор болып бара алмаймын, – дедім.

Сапарбеков турасынан кететін адам еді:

– Сен әулие болсаң Бейімбетті бас редакторлыққа көндіріп берші! Біз мойнына қыл арқан салудан басқаның бәрін істедік. Көндіре алмадық! – деді.

– Бір-екі күн уақыт беріңіз, мен жалынып көрейін.

– Пожалоста!

Бейімбетпен бір жұма саудаластым, көнбей қойды.

– Мен сізге жәрдемші болып көрейін, – деп мен жалынам.

– Жоқ, барлық ауыр жұмысыңды мен-ақ істеп берейін. Жауапты редактор сен бола қойшы... Мен болсам, екі айдан кейін бәрі бір босанып кетемін. Ауруға ұшырамасын десең, сен бол! – деп Бейімбет көнбеді.

Бірде Сапарбеков келіп әңгімелесті, Бейімбет бәрібір көнбеді. Кейін білдім, Бейімбет жиналысқа да президиум сайланып болған соң кіреді екен. Ондағысы жиналысты басқаруға сайланып қалам ба деп қорқады. Бірдемеге бастық болуға қоламау – Бейімбеттің ерекше мінезі еді. Өзгеміз ондайдан қашып көрген емеспіз.

Ілиястың оқыс ұйқастарымен, қиыннан қиыстыратын теңеулерімен Бейімбет мені осы кездерде таныстырды.

– Өзін әлі көргенім жоқ. Бірақ осы аса күшті ақын! – деді. Ызалана жазады, күлдіре жазады, күйіндіре жазады. Серпінді ақын!

Бұл аспандатып, жалындатып Тайырдың таныла бастаған кезі. Комсомолдатып, «Сәулетайлатып» Асқар өндіре жазып жүр. Әбділда мен Ғали еміс-еміс...

Көп ұзамай екі ірі шығарманың айналасында тартыс басталды: біреуі Сәкеннің «Көкшетау» поэмасы, енді екіншісі Мұхтардың «Қилы заман» романы. Бейімбеттің бет алысы – екеуін де басу керек. Газет айналасы, «ҚазАПП» топірегі әртүрлі шалағай-шалыс ойда.

Пікір таласы әзір баспасөз бетіне шықпаса да көлбеп-көлденеңдеп өрістеп жатыр. Сыбырлап-күбірлеп, еңбектеп итшілеп бізге де жетіп жатыр.

Бейімбеттің жаны жек көретін нәрсесі сыбыр-күбір болатын. Ұмытпасам осы тұста Бейімбет маған ұмытылмас бір ескерту жасады.

– Осы жылымнан аулақ бол, бұған бір түсіп кетсең, түбі бар екен деп ойлама! – деді.

Газет, журнал беттерінде қым-қиғаш айтыстар болып жатқан күндерде Бейімбет бір жазушы туралы жаман сөз айтқан емес. Бет тырнасқа, кеудемсоқ сынға ренжіп карайтын еді.

Түн бойы әңгімелесіп отыруға ерінбейтін Бейімбет, таң атқанша жазып отыруға жалықпайтын Бейімбет, іркіс-тартысы байқала бастаған жиналыстарды тез шаршаушы еді. Көзін бұлдыратып, сөзін тұмандатып, қызыл желдетуге шебер ұсақ «саясатшылардан» алыстау жүретін. Жиналыстарда сондай ыңғай болғы берсе-ақ, «Кетпейміз бе?» деген бір ауыз сөз жазған бір жапырақ қағаз шібереді маған. Өзі сытылып шығып есік алдында күтіп жүреді.

Осы екі шығарманы редколлегияға салдық. «Көкшетау» бірауыздан мақұлданып өтті. Коллегияда бірауыздылық бола қоймаса да бөгесінге жол тоқтығын көрнекті әдебиетші Молдағали Жолдыбаев бірден ескертті. Ол бір оқыс сөйлейтін адам екен:

– Әй, сен шырақ, жақсы редактор боламын десең, сыбырлақ сынға шоқырма да, қыстырма! Оттай берсін! – деді.

Мұхтар романын талқылауды таң ата бітірдік... Алғы сөз жазып, басуға ұйғардық. Бұл қаулыға да Молдағалидың үлкен әсері болды.

– Романда сын көтермес жерлері жоқ емес. Бірақ, жолдастар, Мұхтар деген ұзаққа шабатын жазушы. Екеуміз Батыс Қазақстанды ай жарым бірге аралағанымыз бар. Ұрысып та қалғанбыз... Мен бірдеме білсем, ол түптеп ізденетін адам... – деді.

Сәкеннің үйіне барып, шай іштік те қайта жұмысқа келдік. Ол кезде арақ ішетін бір жазушы болмайтын.

Сәкен өте көңілді екен. Қарқылдап күліп қарсы алды. Бейімбет екеуі дос болу керек, ақтарыла, ақжарқын қалжыңдасып отырды.

Сәкен жақсы көретін адамдарына қалжың мінездеме беруге өте шебер еді. Еңбектерінде күлкі-сықақ аз кездессе де, ауызша жасаған мінездемелері езу жидырған жоқ. Біздің жаңа ғана аяқтап келген редколлегиямызда кімнің қалай сөйлегенін, не айтқанын естіп-көріп келген адамдай, айна-қатесіз дәл бейнелеп шықты.

Мен осы үйде бірінші рет Тайырмен таныстым. Ол маған бір шекесінен одырая қарап аз тұрды да, қолын ұсынды: Өзің екенсің ғой! – деді.

Сәкен үйінен шыққан соң Бейімбет маған:

– Сәкенмен таныс па едің? – деп сұрады.

– Жүз таныстығым бар. Бірақ, сыр алысқан кісім емес.

– О, Сәкен қызық, адам...

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып кара, жырласын,

– дейтін өлеңін білесің ғой?

– Білемін.

– Білсең, Сәкен көлденең көзге тәкаппар көрінеді. Іріленіп келген адамға тіпті ыңғай бермейді. Шын Сәкен – баламен бала, өте кішіпейіл адам, – деді. Сәкенге берілген көп мінездемелердің ішінде ең ерте айтылғаны да, ең дұрысы да осы сияқты...

Бейімбет Сәкеннің қазақ совет әдебиетінің бірінші бетін ашқанын қатты бағалайтын еді де, Сәкен Бейімбеттің үзбей совет тақырыбына жазатынын, және ұтымды да өнімді жазатынын қатты бағалайтын еді.

Осы 28-жылдың күзінен бастап 37-жылдың күзіне дейін Бейімбет екеуіміздің тіземіз айырылған жоқ. Соның жеті жылы баспасөз маңында, қалғаны көркемөнер майданында.

Отыз үшінші жылдың аяғында Бейімбет екеуіміз Қазиздаттан бірге босандық: ол таза жазу жағына босанды да, мен әуелі Оқу Комиссариатының көркемөнер секторына, кейінірек «Еңбекші қазақ» газетіне ауыстым. Мен газетке барған соң Бейімбетке көп салмақ түсіп отырды. Кейде бұрын жіберіп

қойған материалды гранкадан ұстап каласың. Оның орны бос тұрады. Түнгі сағат екі-үш демей Бейімбетке телефон соғасың:

– Бір-екі жүз жолың жоқ па?

– Жоқ еді.

– Тауып бере алмассың ба екен?

– Қысылып тұрмысың?

– Несін айтасың!..

* * *

1933 жылы Л.И.Мирзоян келгеннен бастап аз уақыттың ішінде Қазақстанның қаны толыға бастады. Өмірдің әр саласы байсалдылық тауып, тез көтерілді. Әсіресе, әдебиетіміз бен көркемөнеріміздің қарыштап өсуіне жақсы жағдай жасалды. Мәдениет майданына мейірім келді. Мирзоян қазақтың ән-күй театрын ашуды жедел қолға алды. Ол кезде көркемөнер секторы Оқу Комиссариатында болатын, бастығы мен едім. Халық Комиссары Темірбек Жүргенов тілді де тісті, жігерлі де іскер адам еді. Маған бір жылдың ішінде ән-күй театрын ашуды міндеттеді.

Сол күні кешке таман қолға түскен жазушыларды жинаттырып алып, әңгіме өткізді. Бейімбет «Жалбыр» мен «Шұғаның белгісін» либреттоға айналдырып беруді уәде етті. Мұхтар «Айман-Шолпанды», мен «Қыз Жібекті» алдым. Бейімбеттің тағы бір ерекшелігі — ескі тақырыптарға жоламайтын.

Мұхтар бәрімізден бұрын бітірді. Бұрыңғы-соңғысына қай жағынан салыстырып қараса да мен «Айман-Шолпанның» сол ең алғашқы вариантын артық көремін. Бір шығармадағы бар кейіпкердің бейнесі түгел өз орнында болып шығуы өте қиын. Ал «Айман-Шолпанның» алғашқы вариантында бар характер, бар образ әлеуметтік жағынан да, көркемдік жағынан да даусыз сәтті шыққан еді.

Қазақ ән-күй театры жылға жетпей-ақ, «Айман-Шолпанмен» ашылды. Ойын көрушілер үлкен қуанышпен құттықтады.

«Айман-Шолпанды» көріп қайтқаннан кейін Бейімбет маған:

– Бізде ең іргелі драматург Мұхтар ғой. Мен оннан артық пьеса жаздым, біріне де көңілім толған емес. Екеуміздің «Аманкелдімізде» толып жатқан шикілік бар. Тегі соған қайта оралғанымыз дұрыс болар, – деді.

1936 жылы Москвада өтетін бірінші онкүндік кезінде Аманкелді жайында киносценарий жазу шұғыл қолға алынып кетті. Бұл мәселені Мирзоян бұдан бір жыл бұрын көтеріп, сценарий жазу Бейімбет пен И.П.Шуховқа тапсырылған болатын. Сценарий әлі тумапты. Шухов қолға түспей кеткен. Картинаны қоюға уәде еткен «Ленфильм» тықырши бастапты.

Түнгі сағат 2-нің кезінде Бейімбет мен жатқан номердің есігін қақты. Жүзінде азырақ, қобалжу бар. Отыра беріп-ақ сөзін бастап кетті:

– Мирзояннан шыққан бетім... Шуховы түскір өз бетімен кетіп, «Аманкелді» сценарийін жаза алмаған едік. Екеулеп қолға алсақ қайтер? Мен Мирзоянға жалғыз жаза алмаспын, серік ізден көрейін дедім. Таңертең тағы бармақшымын, – деді.

Мен әзір екенімді айттым:

– Бірақ бір орыс жазушысын қосып алсақ қайтеді?

– Дұрыс болар еді.

Жерлесіміз Всеволод Иванов еске түсті. Онымен менің аздаған жүз таныстығым болушы еді. Бейімбет екеуіміз дачада тұратын Ивановқа жөнелдік. Жымысқылау жылы күлкісі жүзінен кетпейтін Всеволод Иванов бізді жақсы қарсы алды. Бейімбетпен тіпті етене шүйіркелесіп кетті. Бір ретте Бейімбетке:

– Сіз менің көптен таныс, дос адамдарымның бірі сияқтанасыз. Бұрын қайда кездестік екен? – деді. Бейімбет бұрын кездеспегенін айтты.

Дачаларды аралап жүріп Александр Фадеевке кездестік. Иванов бізді таныстыра бастады. Фадеев күңгірт дауысты, қызғылт жүзді, шашы ерте ағара бастаған, сұңғақ денелі адам. Ол Ивановтың таныстыруын аяқтатпай-ақ:

– Всеволод, сен білемісің, қазақ әні Москваны басып кетті ғой! Қазақтың, қандай талантты ел екенін білгің келсе, «Қыз Жібегін» көр! Күләш Бәйсейітова артық-кемі жоқ, – бұлбұл! Жиырма төрт-ақ жаста! – деді.

– Мені мына екі қазақ бірігіп сценарий жазуға шақырады, – деді Иванов.

– Тіпті ойланба! Бар! Сен өзің қазақ жерінде туған жоқпысың! Бар!..

Осыдан кейін Бейімбет екеуіміз Аманкелдінің туған еліне – Торғай, Батпақкара аудандарына жүріп кеттік. Онкүндікке қатынасқандардың өзгелері Алматыға қайтты.

Аманкелдінің елінде 70-80 адаммен кездестік. Бейімбет бес дәптер толтырды, мен – бір жарым-ақ... Бейімбет кездескен адамдарымыздың көбіне мінездеме жасапты, мен – он шақты-ақ адамға...

Сол сапардан қайтқан бетте сценарийге отырдық. Күзге қарай Всеволод Иванов келгенде «Аманкелді» сценарийінің бірінші долбары екі тілде дайын еді. Ивановпен айдан артық отырып, соңғы вариантын жазып шықтық. «Ленфильм» қабылдады. «Новый мир» журналы жыл аяғындағы 12-санына басып шығарды. 1938 жылдың соңғы тоқсанында қазақтың бірінші көркем фильмі экранға шықты. Бірақ Бейімбет ол еңбектің қуанышын көре алған жоқ.

Сценарий бір ыңғайланған соң Бейімбет екеуіміз Аманкелді бастаған қозғалыс жайында очерк жазуға кірістік. Жиырма шақты тақырыпқа бөліп алып, біреуіміз бас жағын, біреуіміз екінші бөлімін жазуға келісіп едік. Бейімбет бұрқыратып жазып кетті де, мен кешеуілдей бердім. Сондықтан Бейімбет мені қатал тәртіпке көшірді.

– Бір очеркті мен жазамын, келесі очеркті – сен. Маған екі күн, саған үш күн.

Осыған еріксіз көшіп, очеркке отырдық. Бейімбет ылғи үлгіреді, мен созыңқырап кетемін. Әрең деп, ілесе алдым-ау, әйтеуір...

– Болдың ба? – дейді Бейімбет, түнгі екі-үштің кезінде телефон соғып. Болмағанымды біледі, бірақ, жазып отырмын ба, жатып қалдым ба, соны тексереді ғой деймін...Ол очерктердің ең соңғы жағынан басқасы «Социалистік Қазақстан» мен «Қазправда» газеттерінде басылып шықты.

Прозада қаламы төселіп болған Би-аған «Қызыл жалау» деген романын бітіріп еді. 1937 жылы жазды күні Ілиястың кабинетінде Сәкен үшеуімізге оқып

берді. Сәкен өте қызыға тыңдап отырып еді, өзгемізден бұрын байлам сөзді де сол айтты:

— Жақсы екен, Би-ағасы. Өкірткен екенсің, Би-сақал.., Той қылатын роман. Тек соңғы төрт-бес бетін бере тұршы... Былжырлау аяқтағансын ба қалай... — деп қолжазбаның соңғы беттерін сұрап алды.

— Өзім де дүдәмал едім... — деді Бейімбет күлімсіреп.

Ілияс пен Бейімбет қатты ойнайтын.

— Дәл керек кезінде қатының шай қайнатып бермеген ғой! Біздің үйге келе қойсаң етті! — деп, Ілияс қалжың айтты.

Жақсы шығарма жақындастыра түскен сияқты. Бірге қуанар, бірге қайғырар жаңа қауым осылай болу керек те. Күндеу де жоқ, енжарлық та жоқ, кең көңіл, дос көңіл, қанат бітірер көңіл.

Әттең «Қызыл жалау» жарық көре алмай кетті. Әлде кімдер кездесер, қырын көздің көре алмағанын, қырағы бір көз шалып қалар да, қолды болған халық мүлкін орнына салар деп үміттенуден басқа не айтамыз.

Күзге қарай Бейімбет «Дударай» либреттосын бітіріп еді. Қарақастекте «Аманкелді» картинасы түсіріліп жатқанда Бейімбет соның басы-қасында болатын. «Дударайды» сонда аяқтады...

Бұдан кейін «Дударайдың» да қандай қолға түсіп кеткенін ешкім білмейді. Мүмкін о да бір қырағы көзге шалынар әлі...

Бейімбет еңбектері жаңа өміріміздің шежіресі еді, биік белесіне енді шыға бергенде үзіліп кетті.

ЕКІНШІ БИ-АҒА

Дала жолы қатар жылжыған үш жыландай ирелеңдеп, екі жағына кезек ойысып отыратыны шоферімізге қатты ұнамай келеді. Кейде машинаның оң доңғалағын, кейде сол доңғалағын жол табанынан шығарып алады да:

— Осындай жарықшақ борбастың ортасымен жол салады екен! — деп әлдекімдерге ұрсып қояды. Осы жолды салған түйенің қаңқайған басын, аттың құлағын боқтап келеді. Өз ауданының жерімен келе жатқанымызда еріндері көп жыбырламайтын сияқты еді, көрші ауданның жеріне шыққалы үдетіп кетті. Сонымен бірге Дайырбек әдепті жігіт. Оның боқтау айтып келе жатқанын сөз аяғын ысылдатып тоқтағанынан ғана аңғарасың. Ара-тұра ол әдептілігін ұмытып та кетеді.

Боқтап жібереді де, қипалақтап, атақты аға жазушы Бейімбетке жалт етіп қалады.

Жеңіл машинаның брезент төбесін тесердей торсылдатып бұршақты жаңбыр құйып жіберді. Үлкендігі жидектей ірі бұршақтар жерге қыры сынбай келіп түсіп жатыр. Қалың қара бұлт төбемізден төніп бір алды да, жер

бетін бұршағымен, найзағайымен атқылай бастады. Аспан жарылып кетердей гүрсілдейді.

— Мылтығыңды тығып қойшы, — деді маған Бейімбет. Қорқып отырғанын жасырғысы келіп, жұмсақ айтты.

— Мен мылтықты жаңа ғана жол-жөнекей атып алған екі дуадақтың астына тықтым.

— Тұмсығын өз жағыңа қаратып тық...

Би-ағаң бірдемеден қорыққанда қалжың айтуға болмай қалатын. Мен өз жағыма қаратып салған мылтықтың тұмсығын көрсеттім.

— Дуадақтың қанаттарымен қымтап таста... Машина дегеннің үсті-басы темір екенін мен Би-ағаңа бұл жерде айта алмай, кешке қалдырдым...

Осынша шексіз-шетсіз қазақ даласын жауып тұруға тым үлкен аспан керек. Біздің аспан керіле-керіле қарны жұқарып өнімді бұлт жинай алмайды. Сондықтан, әлдеқайдан адасып келген бұршақты жаңбыр тарсылдатып, гүрсілдетіп тез өтіп кетті. Әлде қай қабатында үйіріліп қалған дөңбек тастарын олай да бұлай дүмбірлетіп-домалатып жер бетіне құлатып жібергендей болып аспан да тынды. Бір бүйір ойыса берген қара бұлттың батыс жақ етегін шұрық-шұрқ тесіп күн кірпіктері көріне бастады. Борбас даланың саз балшығы машина доңғалақтарына асыла жабысып, кесек-кесегімен былш-былш құлайды. Екі-үш күннен бері қырынбаған қара ауыз шофердің еріндері қатты жымырылып, тістерінің арасынан ысылдаған дыбыс шығады. Боқтап келеді. Бір олай, бір бұлай жұлқынған машинамен де алысып келеді.

Тегі Дайырбек шофер боқтампаз жігіт. Таңертен тап осы машинаның доңғалақтарын кезек-кезек тепкілеп боқтап жүргенін көргемін. Ол өзі машинаға ауысқалы да көп болмаса керек. Машинаны малша боқтайды: құлағынан бастап боқтап, «арам қатқырлап» қояды.

— Былтыр ғана бәрі жақсы атқа таласып жүруші еді, енді бәрі осы машинаға жармасады! — деп аудан басшыларының да сыбағасын беріп жүр екен. — Күзгі лайсаңға бір жетейік, содан кейін немді мінер екенсіздер...

Машинамыз борбасқа біресе алқымынан тіреліп, біресе тойтаңдап тулап, сазды қопарып, жолға көлденеңдеп тұрып қалады. Қақалып-шашалып, ырылдап-қырылдап қояды.

— Шаршадың-ау, жігіт! — деді Бейімбет.

Сол-ақ мұң екен, шофериміз жарылып кетті:

— Алдыңғы күні күн бойы земотделмен жүрдім. Кеше райисполкоммен, бүгін міне, сіздермен. Түнде оралып ауданға жетіп, райкомды обкомға алып жөнелем. Пленум... Ауданымызда жалғыз жеңіл машина осы. Бәрі осыған мінгеседі. Мұның да ұлтаны қарамай тіккен қағаздай жып-жылтыр. Өзгесі емес-ау, үшеуінің үш помощнигі бар, солардың қылығы батады. Сен қалжырап қайтасың, олар сені шақырып алады да түстерін сазартып: — «Таңертеңгі алтыға!» —дейді, өңкей бір қу аяқ...

— Сонау көрінген бұлыңғыр белеске дейін бір боқтамасаң бір коробка «Сафо» темекісін сыйлаймын, — дедім шоферге.

—

— Ол белеске жетсек өзім де боқтамаймын. Арғы жағы құмайт, — деді ол. Темекіні алып қасына қойды.

Жалпақтығы он бес шақырымдай борбастан екі сағатта әрең өттік. Ар жағы құмайт, бетегелі дала екен. Жаңбыр бұл тұсқа соқпай өтіпті. Машина жабысқан балшықты тез-тез лақтырып, зырылдап кетті.

Күн еңкейіп көкжиекке жақындай берді. Жайдары жатқан көк дала кешкі күнге кеудесін тосып еркелей керіледі. Боз торғайлар ұясының үстінде қалықтап, шексіз даланы толтыра тыныштық әнін салады. Бір-ақ ән, бір-ақ тілек, мөлдір таза сұлу ән... Жайдары кештің, жайдары даланың әні.

Көлденең жатқан, бір саяңда кеудесіне дейін ғана қылтиған адам көрінді. Борбастан құтылған соң шофер машинаны орғытып-жүйткітіп қатты айдап келе жатқан. Саяңға тез келіп қалдық. Әлгі адам енді түгел көрінді: жеңіл машинаның иығына шығып алып, бензин құятын өңешіне шұмектетіп тұр екен. Біздің шофер қарқылдап күле бастады:

— Ойбай, мынау келе жатқан аудандарыңның райисполкомы!.. Бензині таусылып, сайдан шыға алмай қалыпты... Сол, сол!..

Райисполком қапыл-құпыл түймеленіп машинадан секіріп түсті. Күнге күйген қара торы жігіт ұялғаннан күреңқызылданып кетіпті. Бізге жақындап келіп Бейімбетке қолын созды да тез тартып алды.

— Сіздердің келе жатқандарыңызды естіп... асығып келе жатсам... бензині құрғырдың таусылып қалғаны...

Біз машинадан түсіп амандастық. Аты Бекіш екен. Біз одан келе жатқан ауданымыздың жайын сұраймыз, ол айналақтап өзінің жаңағы халіне орала береді:

— Аудан орталығына дейін отыз-ақ шақырым... бензині құрғырдың таусыла қалғаны ғой. Амал бар ма, әуелі шоферім, содан соң өзім...

— Дайырбек Бекіштің машинасына бензин ауысты да кейін қайтты. Біз Бекіштің машинасына ауыстық...

Шолақөзек ауданының орталығына іңір қараңғысында келдік. Орталық дегендері — өзен бойын өрлей орналасқан елу-алпыс үйлі ауыл сияқты. Бірінің сырты сары балшықпен сыланған, бірі сыланбаған қарақыртыс балшық үйлер бар салмағымен жерге батып бара жатқан сияқты. Машина жарығы үй төбелерінде үрпиіп өскен емен мен жусанды жұлып-жұлып өтеді. Әр үйдің қасында жатқан қой-ешкінің көздері көгере жарқырайды. Өзен толы ордалы көлбақа болса керек. Солардың у-шуынан түнгі ауыл бүлк-бүлк ететін сияқтанады.

Ауылдың орта тұсында екі ағаш үй — райком мен райисполком екені танылады. Осы екі үйдің арасында төрт-бес адам тұр екен. Бекіш машинадан тез түсіп, солармен аз күңкілдесті де бізге келіп:

— Кеттік... қонақ үй әзір екен... — деді. — Аудан болғалы әлі жылға толған жоқ. Өз үйлеріміз әзір онша жайлы емес...

— Қонақ үйіңіз қайсы? — деп шофер күңк етіп қалды. Даусында дүдәмалы бар. Бекіштің тізесі шофердің тізесін қатты нұқып калды. Біздің тізелеріміз де түртісіп қалды. Бекіш оны бастырмалатып:

— Тарта бер, тарта бер... Қарағайдың аржағындағы қонақ үй... — деді. Бір салт атты жігіт алдымызға түсіп шоқыта жөнелді. Машина жарығы әр үйдің алдында іш дәрет алып отырған кемпір-шалдарды түгелдей кетіп барады.

Ауыл иттері бізге ерекше «құрмет» көрсетіп, едәуір жерге шығарып салды. Жіңішке жол бір сайдың бойын азғана қуалап барып, қарсы жақтағы қабаққа көтеріле берді. Машина жарығы найза сабағындай тіп-тік тығыз өскен күнбағысты сыдыра көрсетіп келеді. Сабақтары сояудай ұзын, қалпақтары жез түймедей ғана елестейді.

— Қарағай дегеніңіз мыналар емес пе? — деді Бейімбет.

— Е, естіп келеді екенсіздер ғой! Осы екені рас еді...

Ант ұрғанды қоп-қою қылып-ақ егіп едік... сорайды да кетті... Көрші аудандар бізді қарағай егіпті деп мазақтайтын болды. Енді өзіміз де соған үйреніп кеттік, — деді Бекіш. — Тегі, келер жылы пыржымайт қылатын шығармыз...

Қонақ үй он метрдей ұзын коридорлы, есіктері коридорға шығатын екі бөлмелі, бір шоланды, тап-таза ағаш үй екен. Коридорда тек қағазбен жапқан ұзын стол... бауырсақ, май, қант, қызғылт-сарғылт мампасие... Жұқалап туралған бауыр, бауыр үстінде құйрық... Төр жақта қырық ру орындықтар, төменгі жақта тақтай скамейкалар. Стол астында жәшіктер. Столды айнала қатарланған аудан басшылары... Бәрі де әйелдерімен келіпті: күрең барқыт, көкшіл барқыт, қына сары барқыт, қызыл барқыт, қара барқыт. Семіз саусақтар, арық саусақтар... самауыр... Қыпша бел жас келіншектер.

— Ауданның орталығын осы қыраңға көшіретін болып, әуелі қонақ үй салудан бастадық, — деді Бекіш. — Өздеріңіздей қонақ келгенде қысылып қалатын болдық та сөйттік...

— Қазір тіпті жақсы болды. Ал енді, қонақтардың денсаулығына деп алып жіберейік.

Сүргіп қонақасы ұзаққа созылды... Қол алыстық та, қол жуыстық. Содан бері стол қасындамыз. Қырлы стақандар кемерінен келеді де тұрады. Осы кеште айтылған тілектердің оннан бірі орындалса, бұл аудан келер жылы-ақ, озықтардың озығы болмақ. Бейімбет — Толстой болмақ, мен — Горький...

Түн ортасы ауғаннан көп кейін ауытқи жүріп, бұлғаңдай жүріп, тәлтіректеп келіп бөлмемізге кірдік. Жіңішке темір төсек біресе алыстап, біресе жақындап қояды. Көйлек түймелері біресе ағытылып, біресе қайта салынып қалады. Бөлме аздап ауытқып қоятын әдеті бар сияқты... Төсекке қалай құлағаным есімде жоқ, бір алыстап, бір жақындап жүргенде асыла кеткен болуым керек...

Біреу терезені қатты тақылдатып тұр, енді біреу сыртқы есікті зіркілдетеді. Манағы кезде сыртта зіркілдеген бірдеме бар еді, ол тоқтаған, шам сөнген. Үй іші қап-қараңғы.

— Өліп қалдыңдар ма? Ашыңдар! — дейді терезеден ашынған бір дауыс.

— Шырақтарым, ашпасаңдар болмай қалды... ашыңдар! — деп есіктегі дауыс қылқылдап тұр. Екеуі де мосқал адамның даусы. Терезе қаққан адамнан: «Кім керек? Не керек?» — деп сұрадым.

– Әлгі доғдыр қыз керек... Мына бір келін босанып қалайын деп отыр. Соны алып келдім.

– Бұл қонақ үй ғой, ақсақал. Әйелдер босанатын үйді анау орталықтан іздеңіз... – дедім.

– Шырағым, тәлкекті қой енді! Терезеңді биенің бір сауымы қағып тұрмын... Доғдыр қызбен жатқан болсаң, бір мезет босата тұр... кейін қайта жатарсыңдар! Қыздың өзін шақыршы бері, өзін!

Шалдың тілі удай екен... Үйқы ашылып кетті. Мастық та бітті.

– Бұл не айтып тұр? Қайдағы қыз? – деп Бейімбет өз бөлмесінен шығып, менің қасыма келді. Байқаймын, Би-ағаңның дауысында да менің бөлмемде қыз бар-ау деген дүдәмал бар...

Есікті қағып тұрған адам:

– Шырақтарым, мен күзетшімін... Есікті ашыңдаршы, түсіндірейін, – деді.

Мен есікті аштым. Күзетші ақсақал шал шоланды ашып, бірдеме алды да, – Сіріңке тұтатшы, шырағым, – деді.

Білтелі шамды тұтатып, ойран-ботқа болған ұзын столдың үстіне қойды да, күзетші бізге тура қарап: Шырақтарым, ұят та болса айтайын, бұл қонақ үй емес, әйелдер босанатын үй еді... Сіздер келе жатыр деген соң, бос онымызды қостамапты, – деді.

– Құдай абырой бермейін дегенде өстеді ғой. Үш күн бос тұрып ең, бүгін мына бір қатынның толғағы келе қалғанын қайтерсің!..

Терезе қаққан шал да үйге сөйлей кіріп келеді:

– Енді доғдыр қызымның да жұмысы бітті осымен! Шаң жұқтырмай жүруші еді, батпақтаған екен ғой белшесінен!..

– Шал былығып жатқан стол үстін көріп, тіпті құтырып кетті.

– Пәле, құлама да сұлама болған екен ғой. Сен әлгі политоделіміз емес пе ең? – деп аяғында шал маған тап берді.

– Жетіседі екенбіз, доғдыр қыздан бастасаң!

Бір шалды бір шал әрең тоқтатып, шала-шарпы сеніскендей болдық.

– Е, мейілдерің... қызды мен қайтейін! Ана толғатып келген қатынды түсіріп алыңдар! – деді де шал шығып кетті.

Күзетші шалдың бір аяғында күпшектей ағаш... бір қолтығында балдақ...

– Мына бір кенеп теңге салып көтеріп әкеліңдер.

– Менде қайран жоқ, – деп күзетші бізге әлдеқайдан ағашқа керген кенеп көтерме тауып берді.

– Бірің арқасынан, бірің тақымынан көтеріңдер! –деп әдеттенген ақылын айтты. Ағаш күпшектің темір өкшесі баспалдақты бір-екі нұқып қалды да тынды.

Әйел әрі аяншақ, әрі ұялшақ екен. Арқасынан алсаң да ойбай салады, аяғынан алсаң да ойбай салады:

– Қолтығыма неге апарасың қолыңды? – дейді.

Бейімбет екеуміз әрең дегенде әйелді көтеріп, мен жатқан бөлмеге әкелдік... Төсекке жатқыза алмадық. Көнбеді. Матрацты еденге төсеп, ақ жайманы жайып, байғұс әйелді жатқыздық-ау, әйтеуір.

Бейімбет екі шалға барып:

– Ал, доктор әйелді қайсың шақырарсыңдар екен? – деді.

Күзетші шал:

– Мен ауылға барып қайтқанша таң атып, күн батады. Доғдыр кыздың қайда тұратынын да білмеймін, – деді.

Толғатқан әйелді әкелген шал жайдақ тарантасқа жеккен өгізін бұра беріп:

– Мен бұл орталықтың өздеріңнен басқа бір итін де білмеймін, – деді де кете барды.– Әкелдім, тапсырдым. Райком алдында сендер жауапты!

– Жақынырақ жерде тұратын ешкімің жоқ па? – дейді Бейімбет күзетші шалға.

– Жоқ, шырағым... Нәнке қатын үш күнге босанып, бригадқа кетті...

– Онда енді доктор қыздарың келгенше әйелдің қасында сіз бола тұрарсыз.

– Жоқ, шырағым... Маңына жолаған жұмысым емес.

Екі жазушы, бір ақсақ шал далада жүрміз. Үйде ауыр толғатып әйел жатыр. Жазу-сызуымызда «Әйел – ана, бар құрметті анаға көрсетейік!» – деп шын жүректен жазатынбыз. Енді сол ананың қасына бара алмай тұрмыз. Әйел «Доғдыр, доғдыр!» – деп айқай салды. Даусы ышқынып шығады. Бейімбет маған, мен Бейімбетке қарап қалдық.

– Сен Горькийдің әңгімесін аударып едің ғой. Есіңде бірдеме қалған шығар, баршы! – деді Бейімбет.

Әйел тағы да бір айғайлап калғанда мен жүгіріп қасына бардым. Әйел шалқасынан жатыр. Басы жастықтан түсіп кеткен. Үсті-басын жұлмалап, әлденені тістелеп жатқандай.

– Жақын ба? – дедім әйелге.

– Басымды көтерші.

– Би-аға, шамды бері әкел!

– Әкелме, керегі жоқ.

– Жақын ба?

– Мен қайдан білейін.

Шамды қалқалай ұстап жақындай берген Бейімбетке:

– Жылы су әзірлетіп қоярсың, – дедім. Ол стол үстінде тұрған самаурынға қарады.

– Қазір...

Әйел алас ұрады. Жұлынып жатыр. Мен әйелдің бас жағына келіп, арқамды қабырғаға тірей, аша бұттанып отырдым да, әйелді өзіме қарай тартып, арқасын кеудеме сүйедім. Қолдарын уқалап, кеудесін сипап, бет-аузын сүрттім. Әйел менің шынашағымды тістеп алды, мен оны жақтан тартып жібердім. Бір әңгімесінде Горький сөйткен сияқты еді.

– Құдай, құдай, кімнің ғана қолына түсірдің? Абыройымды кімге ашқызайын деп тұрсың, құдай! Ал, өйткенше, өзің ал!

Әйелге бір-екі рет жылы сөз айттым. Ақылды сөз менің аузыма да түсе қойған жоқ, ақылды алар әйелде де жай жоқ. Бұл бір әйел біткеннің еркектен безінер сәті. Әйел оны тілімен айтып жеткізе алмайды. Үнімен, бар денесінің бұралып-үзіліп жатқан зарымен айтады екен.

Әйелді өзіме тарта түсіп, ішін аздап төмен қарай қысыңқырай түсіп қоямын. Мен оған:

– Жақын ба? – деймін. Ол маған:

– Кет, жібер! – дейді. Бейімбет есікке жақындап келіп:

– Болды ма? – деді. Күзетші шал әйелдің жанталасып естігісі келмей, алысқа кетіп бірдемені ыңылдап отыр.

– Әйел шыңғырып жіберді де ышқынып қалды. Құшағымды керіп отырған әйелдің іші де босай берді.

– Бері кел, Бейімбет, кіндігін кес!..

Ақ жайманы жыртып жіберіп, баланың кіндігін байладық.

– Самауырында бір-ақ кесе су қалыпты, – деді Бейімбет.

– Қымыз қалды ма екен?

– Бір шелек толып тұр!

Горький жаңа туған баланы теңіздің тұзды суына шомылдырды ғой, біз қымызға шомылдырдық. Бала жаңа дүниеге келгенін сезініп баж етіп қалды. Сол екі арада қалғып кетіп, сұлық жатқан ана:

– Ойбай, баланы өзіме беріңдерші!–деді.

– Баланды ешкім жемейді сенің! Әуелі өзің жуынып ал! – дедім. Манадан бері мен оны бір-екі рет ұрсып алғамын. Бұл жолы да зекіп айттым. – Үстібасың тер... Жуынып, тазаланып алмай баланы емізуге болмайды!

– Манадан бері білмей жатсам, сіз доғдыр екенсіз ғой...

– Иә доғдырмын.

– Жаңадан келгенсіз ғой?..

– Иә, кеше келдім.

Таң алакөлеңке, құланиектеніп келеді. Бейімбет баланы орап-шымқап, көтеріп алып далада жүр. Бала бажылдап қояды. Мен үй тасасында әйелді қымызға шомылдырдым.

– Қымыз иісі келе ме, немене? – деді әйел. – Обал-ай...

– Үндеме шомыла бер... Қымызды әдейі қостым.

– Бригадта жүріп жалғыз көйлекпен келіп едім... – деді әйел сүртініп жатып.

– Үндеме, табылады.

– Мынауыңыз еркектің киімі ғой.

– Сөзді қой, киіп ал. Еркекке де жарайды, әйелге де жарайды. Пижама!

Орысша айтылған сөзге әйел қарсылық көрсете алмады. Киіне бастады. Енді әйелді Бейімбеттің төсегіне жатқызып, баласын қасына салып бердік.

– Атын кім қойсам екен? Доғдыр қойсам ба екен? – дейді әйел.

– Би-аға деп қой, – дедім мен.

Әрі би, әрі аға деген ат әйелге қатты ұнаса керек. «Айналайын, күнім, Биағам» деп, баласын бауырына қыса түсіп жатып, әйел қалғып кетті. Бар бейнеті ұмытылған. Жадыраған жүзіне ана сұлулығы, ана бақыты шыға келіпті... Мұндай мейірімді сұлулық ана жүзіне ғана шыға алса керек... Жүзіне осындай мейірім шыға келгенде ғана ана сұлулығы танылса керек...

Сөйтіп, екінші Би-аға дүниеге осылай келді.



«Жат қолында» романының қолжазбасы

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ӘҢГІМЕ

(Ескі дәптерден)

– Сол ауылға барып келуді созып кеттің-ау, – деп, райком хатшысы маған екі рет ескертіп еді.

Мен Бурабай орман техникумында беретін сабақтарымнан босана алмай жүргенмін, мені шақыратын да жөні бар. Ауданның шеткірек бір жағында алты-жеті ауыл бастарын құрастырып, колхоз құрғалы жатқанына үш-төрт ай болды. Бірақ сол ауылдардың қақ ортасында отыратын ең бір шұрайлы жердің иесі – Жаңбыршы ауылын колхозға алғылары келмейді екен. Ол ауылдың колхозға кіргілері де келмейді.

– Өздері тақыр кедей, мінездері түсініксіз... Райкомнын жауапты инструкторы екі рет барып, «Алланың жазғаны болад та» деген сөзден басқа еш нәрсе әкелген жоқ... Сен тезірек барып, сол ауылдың сырын ашып келші, – деп райком хатшысы бұл жолы маған салмақ сала айтты. Ойында тықыршу барлығы байқалады. Жаңа ғана басталып келе жатқан үлкен іс түсініксіз бір кедергіге ұшырап қалған сияқтанады.

Тек қана орақ бастығына, қарамақпал түсіне қызығып, қотырлау екеніне де қарамай алған беске шығарым бар еді. Салт мінсең, сылаң ғана жүрісі бар, арбаға жексең, айналшық жегендей, айнала беретін. Соны жегіп алып, бір жағынан үйрете қайту да ойда болып, мен жүріп кеттім. Қасыма техникумның екі оқушысын алдым. Үш жас жігіт, қара дөненді еріксіз жөнге көндіріп, кешке қарай Жаңбыршы ауылы деген ауылға жеттік.

Бұл ауылдың ең бір шұрайлы жердің иесі екенін манадан көріп келеміз. Қалың қара қыртысты, ат шашасынан келетін қалың бозды жер байлықты айтып бусанып жатыр. Алыстан орағытқан қайыңды ормандар осы жердің күннен, желден қорғайтын қорғаны сияқты. Құм-қайрақ күміс көлдер кемерін кере, кең толқып, толып жатқан әңгіме шертетіндей сезіледі. Жазғытұрғы жадырау дүниенің барлық сұлулығы қалай бас қосып, қалай иесіз жатқанына таңданғандайсың.

Жаңбыршы ауылы биік болғанымен селдіреп кеткен ағаштың ішіндегі қыстауынан жаңада ғана жылжып ұзын бір сайдың бойын өрлей қонған екен. Айналасы он шақты қараша үйлер шығыстан батысқа қарай шұбала қоныпты. Ауыл маңында анда-санда бір жылқы, екі-үш сиыр, бесеу-алтаудан бөлек-бөлек жүрген қой-ешкі көрінеді. Бұл маңайдағы ең арық малдарды осы ауыл жинап алған сияқтанады, бұл маңайдағы малы аз ауыл да осы болу керек.

Осынша бай жердің иесі неден жұтап отырғанына қайран қаласың. Өткен қыс өте жұмсақ, басқа елдердің күйлі шыққан бір жылы еді.

Шұбатыла қонған ауылдың орта деңгейінде жеті-сегіз еркек алқақотан отыр екен. Әр үйдің сыртында көздерін күнге сығырайта қарап, аяқтары мен аяқтарын қысып тұрған қыз балалар көрінеді. Еркек балалар жоқ сияқты.

Біз еркектердің қасына келіп тоқтап, сәлем бердік. Күн жылы болса да тымақтарын тастамаған бастар азғана еңсесін көтерді де, тіл қатқан

жоқ. Жыртық төбелерінен жүн жұлынып шығып тұрса да тымақтарда бір тәкаппарлық бары аңдалады. Сөйлесіп қайтар адамдарымыз осылар болар деп, мен арбадан тезірек түсіп, бір шетінен бастап отырғандарға қолымды ұсындым.

— Әуелі ана кісіден баста, шырағым, — деді ең шеткі еркек, ортада отырған сирек бұрыл сақалды, опырық ауыз, сары шалды иегімен нұсқап. Қусырып алған қолдарын өзі жеңінен де шығарған жоқ.

Мен амалсыз сары шалға жақындағанымда ол басын тіпті шалқалай көтеріп алып:

— Уакаляйкум-өшалям... — деді. Басын менмен көтеріп алуымен аузын шұршитіп «уакаляйкум-өшалям» дегенінің арасында түк жарасымдылық жоқтығын ол өзі аңдамаса керек. Опырық ауыздан еріндері бірін-бірі қатты қапсырып, ауыз қақпағын қисайта жауып алды да сонымен тынып қалды.

Шалдан кейін мен оның сол жағындағы мосқалдау адамға қолымды созып едім, ол қолын созбастан, сірескен күйі отыра берді. Оның орнына әлгі ең шеткі еркек:

— Енді Атекемнің оң жағындағы адамға қол бер, — деді.

Атекесі жаңағы опырық шал екенін түсіндім де, мен оның

оң жағындағы сақалы бар, мұрты жоқ біреуге қолымды ұсындым.

— Уағалайкум-әссәләм, — деді ол, молдаларша нақыштай айтып.

Сәлемді енді соның қатарымен жағалатып кетейін деп едім, жеті атадан келе жатқан дәстүрді бұзуға болмайды екен, манағы шеткі еркек:

— Енді әлгі кісіге қол бер, — деді.

Сонымен, Атекеңнің екі жағына отырған адамдардың үлкенді-кішілі ретін тауып, айқыш-ұйқыш қол беріп шыққанша, олар кезегімен сәлем алуды айтып болғанша, бір ауылды көшіріп-қондыратын уақыт кетті.

Содан кейін ғана ортадағы опырық шал:

— Қораш, сен әрірек ысырыл. Жас қонаққа сол орын лайық, — деді. Шалдың Қораш деген адамы көңілсіз ысырылып орын берді. Кең далада, аспан астында орын талғасып, үлкендік жасасып отырған жандарға тек кана таң қалғандай едің! Басқа елдерде, басқа ауылдарда мұндай ескілікті мен бұрынды-соңды көрген емен. Бұл адамдар маған әрі қызық, әрі бір қайғы көрінді.

— Шырағым, жол болсын, — деді, ортада отырған шал.

— Әлей болсын... Сіздің ауылда жұмысымыз болып келіп едік,— дедім мен.

— Әлей болсын дедің, болды сол. Ар жағын кезегі келгенде айтар болар,—деп, шал мені ауыздықтап қалды.

Түсімде көргендей кәрі тағылықтың мән-жайына мен енді түсіне бастадым да қатемді тез түзеп:

— Ие...Әлей болсын... — дедім,

— Қай елдің баласы боласың?

— Керей боламын.

— Қай керей?

— Қызылжарға қарайтын керей.

— Елдерің аман ба?

— Біз аттанғанда аман еді.

– Бүгін қай жерден шықтың?

– Бурабайдан шықтым.

– Жол шетің қай жер?

– Осы сіздің ауыл...

– Ендеше, Есенгелді, бұл балаларды үлкен үйге апарып түсір... – деп, шал мақұлдау күткендей, екі жағына кезек қарады.

– Атекем дұрыс айтады: іздеп келгені осы ауыл болған соң, бұл балалардың жөні үлкен үй болады,– деп, шалдың сол жағындағы адам да сөзбе-сөз қостады. Бұл бір үңірейген көсеқара екен, көз қуйрықтары сүйірленіп, екі шекесіне қарай созылып кетіпті. Өзгелердің ұйғарғанын аяқтап келгенде сол бекітетін сияқты. Айтты да қара тас болып қатып қалды.

Содан кейін ғана Есенгелді деген, манағы ең шетте отырған еркек орнынан тұрып:

– Қонақ балалар, үлкен үйге жүріңіздер, – деді. Қонақтар орнымыздан тұрдық...

Қасымдағы оқушылар жарылып кетуге жақын қыпылдасып келе жатыр. Мен езу тартсам болғаны, күлкілерін тыя алар емес. Ең алдымен солардың ойын бөліп, күлкілерін ыдыратқым келіп:

– Есеке, күн әлі ерте... Біз келген жұмысымыздың жайын сөйлескіміз келеді, қалай болар екен? – дедім.

– Шырағым, бұл ауылға келген адамның не жұмысы барын Атекем өзі сұрайды. Өзі сұрағанда, айтасың, – деді Есенгелді.

– Ол кісіге сіз айтсаңыз қайтер, тезірек сөйлессек деп едік...

– Шырағым, бұл ауылға келген адамның не жұмысы барын Атекем өзі сұрайды. Өзі сұрағанда, айтасың, – деді Есенгелді, жаңағы айтқанын айнытпай қайталап. Бұл жолы күлмей қалуға шын-ақ ұстамдылық керек еді...

Енді түсіндім, бұл ауыл атам заманнан да әрі бір кезде қабылданған дәстүрді бұзбай келеді екен. Үлкен біреуі айтқан бір сөзді, үлкен орнатқан бір дәстүрді ешқайсысы бұзбайды да, өзгертпейді.

Жаңағы қайталаудан кейін Есенгелдінің бет-аузы тасқа айналғандай сазарып, өзге қазақта кездеспейтін тәкаппарлыққа көшті. Алдақашан тысы оңып бозарып кеткен тымағының төбесіндегі жыртығынан суырылып шыққан түйенің жүні де тәкаппар шошаятын сияқты. Есенгелді опырайған үлкен қара үйге қадаған көзін аудармай ұстаған бойы сықыр-сықыр, қиқаң-шиқаң еткен шілтерлі есікті ашты да:

– Мархамат! – деді бізге. Біз үйге кірдік.

Ішкі достығы жоқ шет бір елдің өкілдеріне көрсетілетін сырт сыпайылық осы сияқты болуға керек. Біз ішімізден күліп, көне бердік.

Үлкен қара үйдің іші де ертедегі байлықтың, қазіргі күндегі жұтау кедейліктің жайын айтып тұр екен. Ең алдымен, бұл мен көрген киіз үй біткеннің ішіндегі ең жыртық-тесігі көп үй. Мұндай көп жыртықты, мұндай үлкен тесіктерді мен қойшының қосынан да көрген емеспін. Қойшының әйелі мына қара құрымды да жамап қойған болар еді. Бес-алты уығы алақандай жалпақ,

бір кезде сырланғандығы, зерленгендігі байқалады. Өзге уықтары қырық ру—бірі жіңішке, бірі иінсіз, шаңырақ тік тіреліпті.

Тағы бір бес-алты уықта жосаның ізі де жоқ, ыстың ізі ғана бар. Аңырайған іргеден бір төрткөз қара ит кіріп келе жатыр.

Оң жақ босағада аласа жүкаяқтың үстінде темірмен белдеуленген аруақты бір ескі сандық, бетінде екі-үш жерде ғана сүйектелген өрнектің ізі қалған ескі кебеже... Көрпе-жастық дегеннің ізі байқалмайды. Екі басы қайықтай қақырайған ағаш төсектің үстінде сырмақ сияқты, құрамыс көрпе сияқты бірдемелер қоқып жатыр. Төр алдында тай, тайынша, ешкі, лақ терілері шикі күйінде төселген. Бір кезде көк сауырлатқан, күмістеткен үйрек бас ер осы үйдің төріне мың жыл бұрын ілінген күйі қала бергендей, қаусап тұр. Таралғылары қырқылып, күмістеткен үзеңгілері үзілігі түскелі тұр.

Біз Есенгелдінің нұсқаған төріне келіп отырдық. «Үлкен үйі» осындай болса, өзге үйлері қандай екен деген ой келеді. Есенгелді бізді қозғалмай қарайтын көздерімен бір түгендеді де шығып кетті. Содан кейін ғана біз еркімізбен күліп, әрең дегенде езуімізді жидық.

— Бұл үйдің жандары қайда? — деді оқушының бірі.

— Осы үйдің иесі мына қарала ит болмасын... Үйге іргеден кіріп, іргеден шығып жүрген түрі жаман екен, — деді екінші оқушы.

— Үндемеңдер, бұл ауылдың сырын түгел көрейік, — дедім мен.

Жігіттер атты ағытып, өзіміздің төсек-орынды үйге енгізіп, астымызға техникумнің қара одеялын төседі.

— Осы одеял осында қалсын өзі, — деді біреуі.

— Арам болар! — деді екіншісі

Ұзамай алысырақтан шыққан Есенгелдінің даусы естілді:

— Қарашаш, үлкен үйге конақ келді. Атекем сізге қонақтардың кызметінде болсын деп бұйырады... — деп тұр.

— Қайдағы қонақ, қандай қонақ? — деген әйел даусы естіледі.

Біз қандай күтушіге душар болар екеміз деп, қауіптеніп отырғанымызда Есенгелді үйге қайта кіріп:

— Бұл ауыл қонаққа ат ағыттырмайды, өзі күтеді, — деді.

Онымыздың үлкен наразылық туғызғанын мен аңғармай қалып:

— Оқасы жоқ, отағасы, ұшеуміз де жас жігіттерміз ғой, өзіміз-ақ күтеміз... Рақмет, — дедім, осы ауылдың ыңғайына қарай сөйлескім келіп.

Бірақ, Есенгелді жібіген жоқ, сөгіс жариялауға лайық қатал дауыспен:

— Бұл ауыл қонаққа ат ағыттырмайды, өзі күтеді, — деді де тағы да шығып кетті. Біз тағы да еркін күлісіп алдық.

Осы кезде ірі денелі, мосқал тартқан қараторы әйел есіктен еңкейіп кіре берді. Біздің «Есенсіз бе?» деген амандығымызға әйел қалыпты қазақ әйеліндей жауап қайырды:

— Шүкір, шырақтарым... Айналып кетейіндерім-ай, қайдағы бір молаға қайдан кездесіп жүрсіңдер? — деді әйел, бірден-ақ бізді бауырына тарта сөйлеп. Бұл ауылдың мән-жайын сұрап алатын адамың да осы әйел сияқты. Ептеп

қана келген жұмысымыздың ұшығын аңғартып едік, аржағын әйел өзі түсініп, ойымыздағымызға жауап бере сөйледі:

– Бұл бір ертеден қырсығы арылмаған жадау төрелердің ауылы, – тамтығы қалмай біткен ауыл. «Бақ ауысады, ырыс жұғысады» деп, бізден бұрынғылары да тырп етпей отыра берген екен, біз де тырп етпей отырмыз. Ауысқан да, жұғысқан да дәнеме жоқ. Отыз үй төленгіт болушы еді, олар алдақашан тастап кетті. Өздері әп-әдемі ауыл болып, оңаша отыр. Колхоз болып жатқандар да солар. Кеше ғана көріп келдім, бір қырқаның қыртысын айырып, егін салып жатыр. Ал, бұл ауыл колхоз түгіл, әшейін ауыл болып отыра алатын да жайы жоқ. Осы ауылдың он шақты еркегінде өз атын ерттеп міне алатын біреуі табылар ма екен? Бір арба отын әкелетін біреуі бар ма екен? Ондайларына төленгіт қызы – мен жүрем. Елуі жиналып ешкі соя алмайтын өлімтіктер, қалқиып отырған. Өңкей бір пирақыло!.. Өздерің де көрерсіңдер, шырақтарым... Енді мен шай қояйын, – деп, әйел шығып кетті.

Әйел үйге бір кіріп, бір шығып жүріп, ауылдың арғы-бергі жайларынан бірталай таныстырды. Бір кезде төре тұқымының біреуі қонып-түстенген, біреуі туған, біреуі өлген, ас берген, ат шаптырған жерлерінің бәрін де бауырына баса беріпті бұл ауыл. Бірақ, сол жерлерге қағылған жалғыз қазық та жоқ. Бұлар адам еңбегі дегеннің ешбір түрін білген емес, әлі күнге дейін қабылдамайды да. Бай жер өзі асырап келген: жер малды асыраған, мал бұларды асыраған. Атын ерттеп, қолтығынан көтеріп атқа мінгізу – төленгіттердің міндеті болған. Енді олар да тастап кеткеннен кейін төре ауылы біржола титықтап, құларманға келіп отыр. Бірақ баяғы паңдық сақталып қалған.

Әйел қайнаған самауырды үйге кіргізді де:

– Шырақтарым, бұл ауылда бір қайнатым шай жоқ. Ақ су ішесіңдер, – деді. Бізде шай барлығын естіген соң, шәйнек іздеп басқа үйлерді кезіп кетті.

Қалайымен ноқталанған шәйнекке еріп, әр үйден жиналғаны көрініп тұрған он шақты шынаяқтар келді. Көп жамалған, көп кір сіңген сіреу дастарқан жайылды. Біз дастарқанның үстіне өзіміздің орамалымызды жайып, қаладан алып шыққан нан, қант, майымызды төктік. Осы кезде әлі де ауыл сыртында қалған еркектер де үлкендер де үйге кірді.

Атекем деген опырық шалдың отыратын дағдылы орнына мен отырып қалған екем. Шал басын қақшитып алған бойы тура маған келіп тірелді де тұрып қалды. Мен төмен ығысып, орнын босаттым. Екінші біреуіне тағы орын берейін деп, тағы да төмен қарай ығыса беріп ем, Атекең азғана сақалын алдына қарай шошайтып:

– Ендігі жол қонақтікі, қозғалма, – деді. Бірақ, жолдастарым сырғи-сырғи, менен алыстап кетті. Азғана тамағымыз ауыл адамдарының алдында қалды. Олардың ортасында мен ғана...

Опырық шал нан мен майға обырдай тиіп жатыр... Тісі жоқтығы бөгей ме десең, шайнамай-ақ қылғы беретін сияқты. Біз бір-бір шынаяқ шай ішіп үлгіргенше, дастарқан үсті тып-тыйпыл болды. Менің екі жолдасымның нанға қолдары да тиген жоқ. Мынау адамдардың арасында тамақ жеуге болмайтын да сияқты. Бәрі де құмыға қимылдап, өгіздей орып, дастарқан бетін сипап салды.

Бір адам дыбысын шығарып, бір ауыз сөз де айтқан жоқ. Бағанағы паңдықтан да түк белгі қалған жоқ, нан мен майға қарай бірінен-бірі қолдарын асыра созады. Әбден жеп болған соң ғана Атекең шал байсалдылық тауып:

— Жеуге болатын жаңа май екен, — деді.

— Атекем дұрыс айтады, жеуге болатын жаңа май екен, — деп, манағы оң жағындағысы қостады да, оның айтқанын аудармай қайталап сол жағындағысы қостады.

— Мына бір шекерді көкетайыма апарып берейінші, — деп, Атекең дастарқан үстінде селдіреп қалған азғана қанттың екі түйірін сүйреп әкетті.

— Атекем дұрыс айтады, мен де шөкетайыма апарып берейінші, — деп, сақалы бар, мұрты жоқ адам екі түйірді өзіне қарай тартты. Басқалары да соны істеп, сіреу дастарқаннан басқа еш нәрсе қалдырған жоқ. Енді олар шынаяқты саусақтарының ұшына ғана қондырып, сылдыр шайдың өзін ғана сораптап отыр. Паңдықтары да қайта оралған сияқты: көздері бұл дүниенің аржағындағы бірдемеге қадалғандай; бет-ауыздарында қатып қалған тас менмендік қана бар... Біздің аш қалғанымыздан қысылып отырған жалғыз әйел ғана.

Қонақ атын бұл ауылдың өзі күтеді деген Есенгелді қараңғы іңірге дейін аттың маңайына да барған жоқ. Өзі сұрайды деген Атекесі бізден әлі бір ауыз сөз сұраған жоқ. Сықсырайған білте шамның шалағай жарығында, әлдекім біріне бірін сүйеп кеткен киімшең өліктер сияқтанып, біреуі қыбыр етпей, ауыл иелері отыр. Таң қалып біз отырмыз. Өлі ауыл тып-тыныш...

Атекең бір кезде тамағын қырынып, азғана еңсесін көтеріп алды да:

— Үлкен үйге түскен қонақтарға қой сою керек, — деді.

— Атекем дұрыс айтады, үлкен үйге түскен қонақтарға қой сою керек, — деп, оңжағындағысы қостады.

— Атекем дұрыс айтады, үлкен үйге түскен қонақтарға қой сою керек, — деп, сол жағындағысы қостады.

Осыны айтысты да едәуір уақыт тағы да сіресіп қалысты. Менің қой союға қарсылық білдірген әдепсіздігіме ешбір жауап қайтқан жоқ. Ұялғаннан үндемеуге тура келді. Жалғыз-ақ «біздің қызметіміздегі» әйелдің қатты тықыршып отырғаны сезіледі. Әйел әрқайсысына бір қарап, азғана шыдап көрді де аяғында кесек кетті:

— Соятын болсаңдар, неге әкелмейсіңдер тезірек? Ауыздарың айтып, арттарың көтерілмейтін адыра қалғырды қашан қоясыңдар осы? Жандарың бар ма, жоқ па өзі? — деп, жайдан жай есікті тарс еткізіп жауып жіберді. Есіктің бір шілтері ұшып кеткені байқалады. Жаланданып үйде жүрген төрт көз ит те есіктен емес, тесіктен атып шықты. Бірақ, еркектер жағы қаласын бұзған жоқ. Тағы бірталай уақыт өткеннен кейін ғана Атекең байламын айтты.

— Қарашаш дұрыс айтады, соятын болсаңдар — сою керек, — деді. Қасындағылар тағы да сөзбе-сөз қайталасты да қозғалған жоқ.

Енді әйел еркіндеп, жұмысты тездетуге кірісіп кетті. Біресе отын көтеріп әкеліп, біресе қазан мен ошақты әкеле жүріп:

— Қай үйдің қойын алдырушы еңдер? Алдырсаңдаршы, — деп үйден шығып кетеді де далаға шығып алып одан көрі де қаталырақ аяқтайды.

— Есенгелді, сары әжең үйінің бір боз қойы болса керек еді, соны сойған дұрыс болар. Алып келші, — деді Атекең. Алдақашан өлген Жаңбыршы төренің әулеті тегінде біріне-бірі еншілес сияқты көрініп кетті.

— «Атекем дұрыс айтады, сары әжең үйінің бір боз қойы болса керек еді, соны сойған дұрыс болар...» — тағы да екі рет қайталанды.

Есенгелді содан кейін ғана орнынан тұрып, есікке қарай беттеді. Асығысы жоқ, паң басып барады.

Үй іші тағы да жым-жырт... Сыртта ашыққан қара дөнен ғана оқыранып қояды. Сағат он бірден өтіп барады.

Бір кезде Есенгелді келіп:

— Сары әжең үйінің боз қойы бүгін-ертең қозылайын деп тұр екен... Обал болады ғой дейді Айша келініңіз, — деді.

— Айша келін дұрыс айтады, боз қойдың бүгін-ертең қозылайын деп тұрғаны рас, — деді Атекең.

— Атекең дұрыс айтады, боз қойдың бүгін-ертең қозылайын деп тұрғаны рас деп үңірек қара мен сақалы бар, мұрты жоқ адам, бұл жолы қабаттаса қайталасты. Тегі бір ет болып қалуын іштері тілеп отырған адамдар енді манағыларынан гөрі ширайын деген сияқты.

Атекең де үн-түнсіз қалуды ұзаққа созбай:

— Ендеше, Қанша апай үйінің қоңыр қозысын алып кел. Ол ерте туған қозы болатын, ендігі союға жарап қалды, — деді.

Бұл сөздер де екі рет қайталанып, мақұлданып болған соң, Есенгелді тағы да жөнелді. Манағыдай емес, енді тезірек басып барады. Бірақ, оның бұл сапары да оңына айналмапты. Есенгелді есіктен кіре бере-ақ:

— Жұма күні Қанша апайдың жылы толады екен... Соған сақтап отырмын деді Айжан келіндерің, — деді.

— Ие, ие... Айжан келін дұрыс айтады, жұма күні Қанша апайдың қайтқанына бір жыл толады. Соған сақтап отырғаны рас, — деді Атекең. Қалыптасқан әдет бойынша қасындағылары да осыны қайталасты.

Атекелері енді біржола дағдарып қалғандай еді, ашыққан қарын тағы бір тамақтан өтерді есіне салған екен: — енді сөзді қойып, Қәрекең үйінің көк серкесін әкеліп сой!—деп бұйырды. Басқалары енді бұйрықты қайталады.

Сонымен көк серке келгенде сағат он екіден асып кетіп еді. Ол өзі серке емес, иісі мұңкіген теке екен. Төре тұқымының бұл иістен қалай жеркенбейтіндеріне таң қалғандайсың. Жоқ, жеркенер емес, көздеріне қарасаң көк текені тірідей жұтып қойғандай! Әрқайсысы бір теке жұтқысы келіп жұтынып отыр...

Тағы бір үлкен кедергі пышақ іздеу айналасында кездесіп қалды. Атекең қай үйде қандай пышақ барын да біледі екен. Ол айтып, өзгелер қостап, аяғында Есенгелді бір пышақ таба алмай қайтты. Текесі құрғырдың күлімсі иісі тұншықтырып барады.

Әбден шыдамы таусылған менің жолдастарымның бірі атып тұрып:

— Лұқсат етсеңіздер... мен... — деп, кішкентай ғана қарындаш ұштайтын бәкісін көрсетті. Сөзі әдепті сияқты болғанымен, өзі ішінен қайнап тұрғаны байқалады...

—

Таң ата көк теке бір астау ет болып алдымызға келді. Бірінің соңынан бірі сәлем етіп, он шақты әйелдер кіріп келді. Бәрі де бір-бір баласын жетелей келіпті. Ұйқыдан оятып алған ірің көз қыз балалар, жасынан-ақ кетілген тістерін жасыра алмай, есіней кірді. Бәрі де жүдеу, бәрі де науқас, бәрі де шала жан балалар... Төре тұқымы мәңгіден бері бірінің қызын бірі алып, әбден азғындап болған, балаларда тіршілік белгісі болымсыз ғана сезіледі.

Осынша еркек-әйел бір көк текеге жабылып кеп кеткенде түн ұйқысын бөліп келген еңбектеріне тұрса жарар еді-ау, деген ой келеді.

Еркектері есесін жіберген жоқ... Бастың бір құлағын кесіп менің алдыма тастады да Атекең басты өз алдына алып қойды. Жамбастан бір жапырақ етті менің алдыма тастады да, сақалы бар, мұрты жоқ адам о да жамбасты өз алдына қойды. Өзгелері де солай, өздеріне тиісті мүшелерді ұстап-ұстап алып, алдарына қойып жатыр... Қалған ондай-мұндай туралып бір жапырақ табаққа түсе бергенше біреуінің өңешінен өтіп те кетеді.

Ет жеу ырымы аяқталып, сорпа ішіліп болысымен-ақ төре тұқымдары бір-бір сүйекті балаларына ұстатып, тез тарасып кетті. Бізге, әрине, тыныш ұйқы, қайырлы сапар тілеп тарасты...

Жұрт аяғы басылған соң, манағы Қарашаш деген әйелмен біраз кеңестік те «Атекеңнің өзі сұрауын» күте алмай, біз де жүріп кеттік. Молаға айналған ауылдан қашып кеттік. Менмендігін қоя алмаған, қасқырдай обырлардан қаштық.

— Апырау, бұл ауылдың бір ауыз сөз айтуына қанша уақыт керек?! — деп таңданады екі жолдасымның бірі.

— Ал, сонша пең айтылған сөздердің болмашы бір іске айналуына қанша уақыт керек?! — деп, екіншісі таңданады.

Маған осылар неше заман ел билеп отырғанда, сол елдің неше ғасыр өмірін осылай босқа өткізді екен деген ой келді. Әлденеге рақымсыз ызаланғандай боласың.

Ертеңіне райком хатшысына келіп менің жасаған баяндамам мынау ғана болды:

— Жаңбыршы ауылында он колхозға еркін жететін жер бар. Аса шұрайлы жер, текке жатыр. Колхозға алатын бір-ақ адам бар, аты Қарашаш,— дедім.

— Өзгелерін қайтеміз? — деді райком хатшысы.

— Өзгелерінің орны өзге жерде, — дедім мен.

Райком хатшысы ауыр ойланып қалды...

АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ ӘҢГІМЕ

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы XX ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.

Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған ешнәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім, пайғамбарым кім, табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпаса да ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын: жылауық болмаппын.

– Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, – деп, шешем осы күнге дейін әр кезде айтып отырады.

Тегі, ол кезде біздің ауылдарға көп оқиғалар соқпай өте берген сияқтанады. «Асау той, тентек жиын», қызыл жон қырғын, батырлық, ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді. Апталап, айлап көшетін кездер де атам заманғыға айналған. Қақ қасымызда, төрт-ақ шақырым жерде, Торсан ауылы бар. Оның екі баласы болыс, бір баласы төре; безектеген қос қоңырау ол ауылға күнде бір соқпай өтпейді. Ол қоңыраулар осы елдің тыныштығы үшін, қуанышы үшін шылдырамайтынын қай ауыл болса да біліп отырады.

– Тағы да қандай алым-салық келер екен? – десіп, күңкілдесіп те қояды. Бірақ, бай ауылын айнала қоршаған кедей ауылдар әр кезде сыртта, әр кезде қағыс: заман оларға салмағын салады да әңгімесіне араластырмайды.

– Апыр-ай, осы жылда алатын алым-салық қайда кете береді екен? Біздің бір ауылнай елдің бір жылғы төлейтін алым-салығы бір үйді он жыл асырауға жетпей ме? Патша дегеннің өңеші кең бола береді екен-ау! – дейді, Рақмет деген момын адам.

– Пәлі! Алым-салық төлейтін сенің бір ауылнайың ғана ма екен, мың-мың ауылнай, мың-мың болыс бар емес пе! – дейді, оның інісі Қожақ.

– Мың-мың ауылнай жоқ шығар... Ол тым көп қой. Сонша жұрттан жылда алым-салық алып отырса, қанша патша болғанымен жарылып өлер! – дейді үйкүшіктеу, он сомнан арғы есепті біле бермейтін Досан деген адам.

– Жарылып өлер? Әкеңнің әкесінен бері төлеп келе жатқанда балаңның баласына дейін төлейсің. Патша сонда да жарылып өлмейді, – дейді Қожақ. Ол Қорған қаласында жүкші болып кеткен адам. Елге анда-санда ғана бір соғады. Сондықтан оның сөзі нанымды сияқтанады.

Осы сияқты терең тамыры бар сөздер әлденеге байланысты қозғалып кетеді де аяқталмай үзіледі. Тағы бір ретте қайта жаңғырады. Бірақ, мұның тамырлы сөз екеніне көпшілік мән бере алмайды. Үлкен әңгімелер бұл маңайда емес, болыс-би маңайында деп ойлайды. Оған бұл маңай қатынаса да алмайды.

Әсіресе, «үлкен» әңгімелерден – «төрт үй түрікпен» аталатын – біздің ауыл сырт отырады. Сондықтан, менің балалық шағымда есте қаларлық бір оқиға

болмаған сияқты. Бұл не деген жадау өмір деп мұңайған да ешкім ойымда жоқ. Болмаған болу керек.

Сондай болымсыз өмірден менің есімде қалғандары да болымсыз. Әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай бұлтылдап кедей мен орташаға кезек ауысудан көз ашқан емес. Анда-санда орташаға жақындап шырт түкіре бастағанда әкеміз оп-оңай кедей болып қалушы еді. Бай болуды қанша ұнатқанымен, ол бір ішінде кеткен арманы болу керек. Әр қыста бір тосып алатын жұт пен әр жылда егіздей беретін алым-салықтар кейде тұқыртып кетсе, кейде біржола тұралатып кетуші еді.

Төртте шығармын деймін, Хамит, Сәбит дейтін екі ағам мен үшеумізді, мұсылмандық белгісін салу үшін, «сүндетке» отырғызатын болыпты... Бастыра киген бөркімен, бөркіне түстес буырыл сақалынан бет-аузының пернесі айқын аңдалмайтын тәйпік бір молда қылт-жылт еткізіп, бәкісін қайрап отыр. Өткен түні осы бәкісімен бастың құлағын кесіп отырған. Анда-санда бәкісін төбеден сорғалаған тамшыға тосып алады. Қайрақтың татын тамшы жуып жібергенде бәкі бізге қарай сумаңдап-сүйреңдеп, жұтынып қоятын сияқтанады. Әке-шешелеріміз әр баласының жақсы мінездерін көтере мадақтап, жоқ мінездерді де тауып мақтап, «сүндетке» бейімдеп келеді. Бір-бір «сүндет атымыз» болады екен, «сүндет тойы» болғанда сол сүндет атымызға мініп шығады екеміз, ендігі жылы оқу оқиды екеміз, ақылды болады екеміз... Киіз үйдің, бір қабырғасына көрпе төселіп, жастықтар тасталып жатыр. Тұғжың молда намазға да отырды.

Әзірлік аяқталып болғанша үш бала көз құйрығымен ұғынысып, сыртқа шығып кеттік. Ауыл ағаш арасында болатын, тез жүгіріп, ауылдан ұзаңқырап алдық. Үйімізде жалғыз кәрі бурыл ат болатын. Үшеуміздің ойымызға да сол жануар түсіпті: «сүндет» арқылы бір-бір ат аламыз да, ат жетпегеніміз «сүндеттен» аман қалатын сияқтандық: бірақ, мұның бірі де болмай шықты.

Естиярымыз Хамит інілерінен гөрі тереңірек бір сырды ұстап калған екен:
— Сүндеттелмеген балаға қатын да әпермейді! — деді.

Біздің: — Әпермесе, әпермесін! Қатын не керек? Ойнап жүре береміз! — дегенімізге тағы да бірталай салмақты тойтарыс беріп, ағалығын істеп сабарман мінез көрсете бастады. Сәбит екеуміз беріспеуге бет алып, ағаш арасымен зыта жөнелгелі тұрғанымызда сыртымыздан құшақтай алған бауырмал қолдар үйге қарай алып кетті.

Енді міне, үш бала қаз-қатар жатырмыз. Енді бурыл атқа екінші жағынан жабысқымыз келеді. «Сүндет атың қандай?» деп молда сұрап қалғанда — «бурыл ат!» десек болды ғой! Ат сенікі болад та...

Төр жақ шетте Хамит, ортада Сәбит, мен есік жақ шеттемін. Молда менен бастаса, бурыл ат маған тиетін сияқтанады. Ортада жатқан Сәбит Хамитқа бата алмай, менімен орын ауыстырғысы келіп еді, мен көнбедім. Ол мені шымшып, аяғымен теуіп қалып, сыбырлап боқтап та жатыр...

Молда үлкендете бастады да:

— Сүндет тойына мініп шығатын «Сүндет атың қандай?» — деп, ең алдымен Хамиттан сұрады.

О да қауіптеніп жатыр екен «бурыл ат!» деп тез жауап берді. Тегінде молданың аңдитыны да баланың көңілі алаң болатын осы бір кез екен, Хамит: «Ойбай-ай!» деп, бақырып та жіберді: өткір бәкі ащы сезілді білем...

Бурыл атты Хамит атап қалғанда Сәбит кемсеңдеп жылай бастады. Біржола қара жаяу қалғандай, егіліп жылап кетті.

Кезегі келіп «сүндет атын» сұрағанда Сәбит: – «А-т-ы-м жоқ» – деп тіпті қатты өксіп жіберді: көзімен ғана емес, бүкіл денесімен, жанымен, тәнімен жылады, Әлдеқандай ауыр қорлық алқымына тығылып, буынып жатқандай сезіледі. Сәбит «Атым жоқ» дегенде менің жүрегімде атым жоқтық жарасы тереңдей түскенімен, қожаға беретін жауапты Сәбит тауып бергендей азырақ жеңіліп те кеттім.

Бірақ, өзіме кезек келгенде, едәуір тоқталып барып: – «Менің де атым жоқ», –дедім. Безеріп, қайсарлана айттым да қасарып қалдым.

Әркімге жаутаңдай қарап, шешем егіліп жылап отыр. Ботбай деген жақын ағамыз бар еді, ол да намыстанып жылап отыр екен:

– Немене қайта-қайта аты жоқтығын айтқыза беріп!.. Бір-бір ат беруші ме едің? – деп молдаға ақырып қалды.

– Өзім ат әперем... Жыламаңдар, мына шірік әкелерің ат әперуші ме еді! – деп бізді де уатты. Қуанып қалдық,... Кейін «сүндет тойы» болмағанына одан да артық қуандық.. Өйткені бізге ешкім ат әперген жоқ еді...

– Әке-шешеден күнде еститін көп жақсы тілектердің өзгесі келмесе де «оқу оқисыңдар» дегендері екі жылдан кейін келіп еді. Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін бес-алты ауыл «балалардың тілін сындыру үшін» молда жалдапты. Молданың жылдық еңбегіне құнажын бұзаулаған бір сиыр, алты ауылдың пітір-садақасы берілмекші. «Аузының салымына қарай», өліктің жаназасы да соныкі. Бейсенбі күні балалар молдасына «жұмалық» беріп туруға тиісті: екі тиыннан кем болмасын, бес тиыннан артық та болмасын... Үлкендер кешқұрым осы «жалақыны» бөлісіп, қыр басында ұзақ отырысып қалды.

Молда әр үйде бір жетілеп оқытады. Оқуға бала берген үйлер кезектесіп, бір жеті молданың тамағын да көтереді, балалар оқитын мектеп те болады. Бір жеті өткеннен кейін молда келесі үйге ауысады.

Алғаш «оқуға» барған күні арабтың жиырма тоғыз харпі түгел тізілген бір жапырақ қағазды молда барлық баланың қолына түгел ұстатты. Сарғыш мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан шақар жас молданың алдында өрімдей көк шыбық жатыр. Шыбықтың үш жағы жыланның құйрығындай сүйірленіп, балаларға қарай қозғалақтап қояды. Оны көріп отырған балалардың оқымауына да болмайды, бірақ, үйренуіне де болмайды. Қорқыту еш нәрсе үйретпейді.

Балалар төрден есікке қарай үлкендете отырғызылды. Жиырма шақты баланың ең кішісі алты жасар мен едім, маған орын босағадан тиді. Кей үйде қозы-лақпен етектесе отырамын. Кейбір үйдің иті қасымда жатады.

Молда ең жасы үлкен баланы алдына шақырып алды да әлгі айтылған бір жапырақ қағазды тырнағын әдемілеп алған сұқ саусағымен нұқып көрсетіп:

— Әліп, би, ти... — деді. Содан кейін балаға өзі айтқанын үш рет қайталатып — Бар, орныңа бар, оқы, — деді де келесі баланы алдына шақырды...

Осы тәртіппен молда оқушы балалардың нақ жартысын алдынан өткізгенше, өзгеміз «әліп, би, ти» деген үш сөзді жаттап та алдық. Тек бір де бірінің мағынасын аңдай алмай отырмыз. Екі жыл оқытып, екі бұзаулы сиыр алып, он шақты адамға жаназа шығарып, алты ауылдан екі жылғы бітір-садақасын алып, молда еліне қайтар кезде де біз ол мағынадан еш нәрсе аңғармап едік. Ескі оқудың әдісі бойынша бір харып баланың алдынан сегіз-тоғыз түрлі өзгеріп өтеді. Мысалы, «а» харпын алайық. Бұл ең әуелі «а» емес «ә», «әліп» деген аты да бар, таяқ сияқты таңбасы да бар. Алдымен бала оның сол атын бір жаттайды, әліп...

Келесі жолы оның асты-үстінде нүкте жоқтығын жаттайды.

— Әліпте жоқ, би астында бір нүкте, ти үстінде екі нүкте...

Бірақ, бұның қандай дыбыс беретінін бала әлі білген жоқ...

Үшінші кездескенде жаңағы «ә» қатарынан үш дыбыс ретінде оқытылады:

— Әліпсін — ә, әлбәсін — и, әліптүр — ө, ә-и-ө...

Осы ә-и-ө деген үш дыбысты араб харпында жазылатын түрімен қазіргі жаңа алфавитқа көшірсек былай таңбаланар еді: — а, аи, ао...

— Ұлы, өндіріс, он, ер деген сөздер — аоғлы, аендирис, аои, анр — деп таңбаланар еді.

Төртінші оралғаныңда сол бір «әлігі» тағы да үш түрлі өзгеріс табады:

— Әліпкі-күсін — ән, әліпки-кәсін — ен, әліпки-күтірөн — ән-ен-өн...

Енді бір кезде жаңағы жұмсақ әліп (ә) «а» болып кетеді. Ол қай жерде ер жетіп, жуандап кеткенін балалар да аңдамай қалады, молданың өзі де ұғындыра алмайды.

Сонымен бір харыптың сегіз-тоғыз рет өзгертіліп оқытылатынын еске алсақ, араб әліппесінің жиырма тоғыз дыбысы 232—261 харып болып шығады. Сонша шытырманға кіріп кеткен бала кейде соны жыл бойы оқып та хат танымай қала береді. Дыбыс не, харып не, таңба не, оны ешбір бала айыра алмайды. Ең жақсы оқиды деген бала — жаттауға ғана машық болғаны. Сол машықтардың бірі мен болсам керек.

Қобызшы, домбырашы, әнші, жүйрік ат, қыран құсқа құмар Ботпай деген жақын ағамыз улап-шулап отырған балалардың арасына жиі келіп отырады. Үлкендерден біреу келгенде балалар тіпті әндетіп кетеді (ескі оқудың әдісінде үндемей оқу атымен жоқ қой!):

— Әліпкі-күсін — ән, әліпкі-кәсін — ен, әліпкі-күтірөн — әи-ен, өн!

Жарықшақсыз жас дауыстарға елтігендей, Ботпай біраз мүлги тыңдап отырады да молдаға наразылық айта бастайды.

— Осы сенің «әліпки-күсін-ән» дегенің немене өзі? Осы да құдай сөзі ме? — деп, қадала сұрайды. Мінезі оқыс, түсі суықтау кісі болушы еді, молда да оған ығыса жауап береді:

— Оқу ғой, Ботеке... Не екенін бір Алланың өзі білмесе, біз қайдан білейік... — дейді. Молданың көкшіл көзі айранданып, сирек мұрты дірілдей бастағаны

аңдалады. Бізге ылғи ызғарлы көрінгісі келетін бейшара молданың ығысар бір жаны болғанына біз қуанып қаламыз.

– Сенің үйретейін дегенің «он, ен, өн» болса, соның өзін ғана үйретіп қоймаймысың, қу мұндар! «Әліпки-кәсін» деген ішіңді ұрайының неме керек? Енді бір жетіден кейін балам тағы да осыны оттап отыратын болса, оқуыңнан шығарып алам! – деп, Ботпай молдаға ұрт мінездер көрсетіп қояды.

Әрине, келер жетіден кейін де балалар баяғы маңда жүреді, бірақ, Ботекең де баласын оқудан шығарып әкете алмайды.

Анда-санда Ботпайдың басқа елге ұзатылған жалғыз, қызы Бәтима үйіне келеді. Сұлу емес сүйкімді, елжіреген балажан, ерке жүректі адам еді. Ескі ауылда сирек кездесетін, ерекше тұратын, не ойлай қалғаны жүзіне шыға келетін нәзік сезімнің адамы еді. Сол бір жылы бейне балалық, шақтың ұмытылмас сағынышы сияқты менің ойымда әлі бар, әлі сыны жоғалған жоқ.

Бәтима қобыз бен домбыраға бірдей жүйрік. Елге қашаннан бері таныс күйлер мен жұпыны ғана әндер оның саусағына іліккенде құлпыра жөнеліп, жаңа бірдемелерді пайымдап кетеді. Басқалар тартқанда сақау қалатын домбыра пернелері ең жанына тиетін дыбыстар береді. Бәтиманың даусы да сазды болушы еді. Әсіресе, қалың топ қоршап алып қысталағанда жарқырап шығатын қазақ қызын бірінші көргенім сол. Ол ән салғанда, домбыра тартқанда әкесінен басқа әнші, күйшілердің бәрі де құба төбелденіп, жасып қалатын еді. Әкесі ғана тасып отыратын.

Кешқұрым айдын көлдердің жағасында әкесі қобызды алып, қызы домбыраны алып қосыла тартып кеткенде әр ауылдан шұбырған жұрт андай бастайды. Ол екеуінен басқа ешбір адам қобыз бен домбыраның үнін қоса да алмайды.

Бәтима үйіне келгенде Ботпай үйі ұзақ думанға айналады. Жақын елдердің әнші, домбырашылары жиналып, алыстан талықсып-талмаурап жеткен Ақан, Біржан әндерін салады, Арқа күйлерін әкеледі. Қараңғы елге Абай әлі естілген жоқ, Құрманғазы күйлері Октябрь революциясына дейін жете алмай қойды.

Қалай да Ботпай айналасы домбыра, қобыз үйренуге, жастардың еркіндік сезінуіне сеп болды.

Біздің сол жас бала кезімізде Қазан, Ташкент, Бұхар арқылы тараған «қиссалар» тасқыны басталды. Қараңғы ауыл ішін «Сал-сал» да қисса, «Қыз Жібек» те қисса. Бірақ, Ботпай «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш», «Көр ұғылыны» жаттап алыпты, өзгелерін жаттамаған. «Қозы Көрпешті» айтып отырып, Қодарды боқтап алады да «Қыз Жібекті» айтып отырып:

– Көріңді ұрайын бір қожа мен бір молда мына жерін бұзып қойыпты; бұрын былай айтылушы еді, – деп, ара-тұра түзеп айтады. Сол кезде құлаққа сіңгеннен қалған бір-екі жол өлеңді мен ерте кезде жарияладым. Ол Жібектің әмеңгерлікке қарсылығын көрсететін сөздер еді:

– Көрпені аға ашқан сен ашқандай,

Не болды жас басыңнан, сорлы бала?

Ботпай бұл сөздерді ширатыңқырай да қадағалай айтады. Жеңгесін алған, келінін алған адамдар отырса, өлеңнің әнін кілт үзіп:

– Сендерге айтады! – дейді. Олар ұялып, жауапсыз ыржиысады.

Біз үш жаз, екі қыс молдадан оқып, қиссаларды едәуір кеуделей бергенде, Доңыз жылының атақты жұтына ұрынып, бәрінен біржола ажырастық. Молда босанып кетті. Содан кейін мен не ескіше, не жаңаша, қазақша оқыған емеспін. Әкемнің орташаға қарай ойыса беріп сылқ етер кезеңі келіп қалған екен, сол жұтта тұралады да қалды.

Ескі ауыл шаруа бағуға қандай қырсыз, қандай бейғам екендігін мен кейінірек түсіндім. Ол кезде бір жалқаулықты, барлық олақтықты тек қана «Доңыздың» ылаңына жауып, ақтаушылармен ойлас едім.

Біздің құба-төбел ауылдар оп-оңай жұтап қалды. Жайлауда отырып-ақ шөбін шаптыра берген бай ағайындарынан жырылып кете алмай, етек басты болып отыра берген орташа-кедей күздікке келгенде, жаз бойы ескен аңызақ жердің түгін ұшырып әкеткен екен. Жұт сол қызыл іңір, күзден-ақ басталып кетті. Біздің үйде сол жылы дәл он алты жан бар еді. Мұның ішінде төрт-ақ адам жұмысқа жарайды, өзгесі өңкей өңез көз, ас иесі, қызыл аяқ балалар мен қартаңдар болатын. Жұмысқа жарайтындардың үшеуі есікте, жалшылықта еді.

Азғана жылқыны «жынды боран» алды, азғана қой аштан, азғана сиыр тістен таусылды. Сүйегі саудыраған, жағы суалған, көзі үңірейген, тәлтірек аштық жер үйдің төрт бұрышында түгел орнай қалды. Сүйек, тері, сақармен қақтап алған сүйектің майы, өлімтік жылбысқысы, бәрі де тесік тамақтан өтіп жатты.

Үйдің қақ жартысын алып жатқан жалпақ пештің аузында кара шөген қайнап тұрады. Шөгеннің ішінде сықыр-сықыр еткен өңкей сүйек болады. Сирақ, кәрі жілік, шеке секілді сүйектер асылған күні сорпаның бетіне май көбірек шығады да, шөгеннің бір жақ бұрышына жиналады. Біз үш бала үш қасық ұрлап алып, көзтаса бола бергенде әлгі майды қалқып кеп әкетеміз... Жер үй бу басқан караңғы... Тағы қайталаймыз... Қолға түсіп қалсақ, бір қасық сорпа майы үшін бір күн таяқ жеуге біз әзір...

Шай келеді, шаймен бірге қуырылған бидай келеді. Бидайды кемпір шешеміз бөліп береді үлкендерге 2 қасық, балаларға сыла қасық тиеді. Бидайды бөлгенде барлық көз кемпірдің қасығында болады да, әркім өз пайдасына қарай түрлі «замечаниялар» жасап отырады:

— Қасығыңды сілікпесейші!

— Батыра түс!

— Маған дегенде қасығың ылғи қалқи бастайды-ау! — десіп қалады.

Кемпірдің бүкір қолдарының қалай қозғалуы мәселені шешеді: жарты аймақ болмаса он шақты түйір бидай қосса, не алып қалса, 32 көз соған қарай түрлі белгілер білдіреді. Кемпір қалыпты бір «кәперетіп» секілді,

Балалар шамамыз келгенше кемпірдің қасына жақын отыруға, кеш болса арқасын қасуға, жалпы айтқанда, кемпірге жақсы көрінуге жанталасамыз. Кемпірге жанаса алмағанымыз, шалға, әкеге, болмаса басқа бір беделі бар біреуіне жақын отырамыз. Өйткені олардың көзіне жаутаңдай берсең, шыныаяғын әперіп жіберсең дер кезінде «бидайың шашылып барады» деп қала алсаң, шырайына қарай әртүрлі жағымпаздық істей алсаң, бес-он бидай ауысып та салады. Бірақ, басқа уақытта қарым-қатынасы түзу адамдар да, шай үстінде ысқырынып, көбінесе ырай бермей қояды.

Кейде шыныаяғын әпере беріп үлкен біреуінің алдындағы бидайын өзімізге қарай шашыңқырап та жібереміз... «Қайда апарасың?» – деп сол секундында-ақ жалғыз түйіріне дейін жинап алады, бұрынғысынан көрі де өзіне жақындатып, ықшамдап қояды. Көздері жайнап, бізге қарақұстай түйіледі. Біз оған ұялмаймыз, өзімізге тиген бір қасық бидайды бірдей қылып, 7–8-ге бөліп, 7–8 шәшке қайнаған ақ су «шай» ішеміз. Суды қанша сораптасаң да ешкім қарсы болмайды...

Көп жан – «жақ жұты». Доңыздың қысы да, жазы да аштық болып еді. Бірін-бірі оғымен атып отырған 32 көз бір жерге сыя алмай, әкем еншісін алды: бізге бір ала қой, бір қысыр қызыл сиыр, бір кер тай тиді. Менен үлкен екі баласын әкем кісіге жалдады да, менің жалданар кезегім бірер жылдан кейін келді...

Белгілі 16-жылы қара жұмысқа іліккен нағашым мені шаруасына бас-көз етіп қалдыруға сұрап әкетті. Дөңгелек қана шаруалы, екі жас баласы бар адам еді. Ол ел Обаған өзенінің жағасында отырады да, қысы-жазы балық аулап, аздап егін салады екен. Қыстау түрлері әлі де баяғыдай үйме-жүйме болғанымен, отырықшылыққа бейімделіп қалған ел. Жаздығүні қыстау маңынан 4–5 шақырым жерге ғана жылжып қонады. Обаған өзенінен Қостанайға жақындаған сайын отырықшылық тіпті айқындай береді.

Мен бұл, мойны алыстықтан бұрын келіп көрмеген елге егін жинау үстінде келіп едім. Егіннен кейін балық ауласып кеттім.

Көкше мұз екі еліге ілексе-ақ балықшы ел балыққа аттаныс жасайды екен. Обаған өзенін мың жерден кесіп тастаған қаза, ау, сүзекі... Қазаны қарап үлгірмейсің! Балықты сақпен сүзіп алуға мұршаң келмейді. Тау-тау болып балық Кавказдың қанжарындай жарқылдап, мұзды шапалақтайды да жатады... Шортан, шорағай, алабұға, табан, сазан, қарабалық,, күмістей жылтылдаған ақ шабақ...

– Жиен бала, балықты жинай бер, – дейді нағашым.

Балық науқаны қыс ортасында саябырлады. Көрші ауылда екі класты орысша мектеп бар екен. 6 сом пара алып, «учитель» мені январь айында бірінші класқа кіргізді. Атын әлі күнге білмеймін, «Ақтөбе жігіті» дейтін еді, бірақ алты сом пара алғанын әлі күнге ұмытқаным жоқ: өйткені бұл дәл төрт пұт балық еді...

Ұзамай ол орнынан алынып, мектеп белгілі оқытушы Бекет Өтетілеуовке көшті. Ондай жақсы оқытушыны мен кейінде сирек кездестірдім. Ол үлкен мағынада ағартушы болатын тілегі бар адам еді. Кейде сабақ біткеннен кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтады. Көбінесе, өзі аударған Крылов мысалдарын оқып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды. Не түсінгенімізді сұрайды. Бірақ, балалар ойы ұғындырғанды да ұмыта береді. Бекеттің өз айтқандарынан есте қалған бір ауыз сөз:

– Қандай іске кіріссең де таза қолмен кіріс! – дегенді көбірек айтушы еді. Тақтаға барып есеп шығарғаннан кейін, болмаса, жазуға отырарда біз ылғи қолымызды жуып әдеттендік. Оның айтатыны бұл ғана еместігін мен кейінірек аңғардым. Қолың таза болуы шынында да көп нәрсені аңғартпай ма?

Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңін берді. «Жиған-терген» маған өте ұнады. Бірақ, «Кәне, несі ұнады?» деп сұрағанда, мен оған жауап айта алмадым. Содан соң ол маған бір жетіге «Шаһымаран» қиссасын беріп, кейін ертегі ретінде түгел айтқызып шықты. Желілі әңгіме есте қалған екен, мен сүрінбей айтып бердім. Бір кеште, Бекеттің өз үйінде он шақты адамға тағы бір тыңдатты. Тыңдаушылар мені мақтасып тарасты. Өнерсіз-білімсіз елге ертегіші де, бірдемені оқи алған да өзге жұрттан биігірек тұратын еді.

Бұрын бірер жыл молда алдын көрген балаға бірінші кластың сабағы өте жеңіл болып еді. Оның үстіне аздаған мақтаншақ та болуым керек, мені өзіне жақынырақ ұстайтын оқытушыма еркіндік жасап, айналасы бір айдан кейін былай дегенім әлі есімде:

– Мен бірінші класты бітірдім... Екіншінің кітаптарын оқып жүрмін, – дедім.

– Қалай бітірдің? – деп, ақкөңіл оқытушым таңданып та, абыржып қалды.

– Оқытып көріңіз... Букварь да бітті, есеп те бітті, – дедім.

Оқытушымның өз почеркіне еліктей-еліктей, көркем жазуды да түзеп алғамын. Букварьды қиссадай заулатып, әлденеше рет сыдыртып шыққамын... Осы жайларымды көтере айттым...

Оқытушым азғана жымиды да:

– Қалай оқитыныңды сен емес, мен білуім керек емес пе?.. – деп, мен қызарғанша едәуір кідіріс жасады да жақсы оқитының рас, мақтаншақтығың да бар... Осы екеуінің біреуін мықтап ұста да, біреуін таста, – деді.

Мен үндей алмай жүдеңкіреп қалдым... Әлде не шым-шым етіп өнбойымды күйдіріп бара жатыр. Сол шым-шым жеріне жеткенше оқытушым үнсіз, елеусіз, аржағына қарай қырындай берді.

– Айтпақшы, арғы күні инспектор келеді, – деді оқытушым, аздан кейін маған еңсеріле бұрылып:

– Жақсы балаларыңды көрсет дейді. Есептен әзірлен. Тақтаға сені де шығарамын, – деді. Мен селк етіп, тез сергіп кеттім.

Инспектор келгенде біз де әзір едік. Өте жарасымды формада киінген, халық ағарту жұмысында екендігі барлық бейнесінен аңқып тұрған, сұлу мұртты, шоқша сақалды инспектор балалармен жұмсақ амандасты. Класта алтындатып салған патшаның өз суреті мен әйелінің суреті ілулі тұратын, сол екеуінің кім екендігін сұрады. Барлық бала қол көтердік. Инспектор балаларды түгел шолып бір қарап шықты да:

– Кәне, сен айтшы, – деп, алдыңғы партада менімен қатар отыратын Мұсақай деген баладан сұрады. Мұсақай қолын шошаңдата көтеріп, білетіндігін тым-ақ айқын сездіруге жанталасып еді.

Бірақ, жаттап алған ұзын сүре тез ұмытылмақ қой. Мұсақай орнынан іркілмей-ақ тұрып еді, біраз жаутаңдап, жұтынып-жұтынып қалды да:

– Нызнаю... – деді, қара басып.

Инспектор көз құйрығымен оқытушымызды бір жанап өткенде, ол қызарып кетті.

— Кәне, сен айтшы... — деп инспектор ең артқы партада отыратын, жасы жиырмаға келіп қалған ұзынтұралау келген Жақып деген бала жігіттен сұрады.

Ол партаны сықырлата, тарсылдата, ебедейсіз тұра келіп:

— Яго... — деп бастады.

— Яго емес, его... — деп түзетті инспектор.

Сол-ақ мұң екен, Жақып та сандырақтап қалды.

Енді оқытушымыздың көзі сенімді оқушыларына қайта-қайта қадалып, қамшылай бастады. Солардың бірі болып, мен де қолымды соза көтердім.

— Жә, сен айтшы...— деп, инспектор маған патшаның әйелін нұсқады.

Бірінші класта болғаныммен, мен де он төрттегі ересек бала, тілім оралымға келе бермейтін. Әсіресе, патша әйелінің ұзын сүре лауазымы басталатын «Ея» деген сөзге біржола тілім келмей қойған. Кейде «Ия», кейде «Иа» дейтінмін. Сол бір кеселді шаларақ естірте, тез жаттап алдым да әржағын мүдірмей шұбатып кеттім. Инспектор ырзалығын аңдатқаны болу керек, мені тақтаға шақырды. Көбейту ережесінен бірер сұрақ берді де, қатарынан екі түрлі есеп шығартты. Онысының бәрі де бұрын талай кездескен есептер еді, мен мүдіргенім жоқ. Жүрексініп қалмаса, ол есептерге басқа балалар да мүдіретін емес-ті.

Осыдан кейін оқытушымыз да есін жиып, инспекторға менен орыс тілінен де сұрауды ұсынды. Ұмытпасам, менен сұралған «Чиж и голубь», не болмаса, «Маймыл мен көзілдірік» мысалы:

Чижа захлопнула злодейка западня,
Бедняжка в ней и рвался и метался.
А Голубь молодой над ним же издевался.

Осы өлеңді осы күнге дейін жатқа білетініме қарағанда, менен сұралған да осы болу керек. Көз алдыңа келері бар, аярың бар, ұғынарың бар өлең оңай жатталған.

Оқушы балалардың бесеуі қыз еді, үшеуі инспектордан қорқып үйлеріне кеткен. Қалған екеуінің бірі тағы да осы мысалды айтып шықты. Инспектор маған М. Лермонтов томын, қызға А. Пушкин томын сыйлады. «Қанжар», «Терек», «Дұға» деген өлеңдерді мен сол қыста жаттап алдым. Бірақ, мағынасын бұлдыр ұғынушы едім. Оқытушым ұғындырғаннан кейін де көз жазып қала бергенім даусыз.

Ең қызығы, инспектор кеткеннен кейін үш-төрт күннен соң патша құлаған хабары тарады. Әр ауыл дүрліге хабарласып, ел рухы қатты көтеріліп кетті.

— Бостандық, бостандық! — деп, сүйінші сұраушылар ерсілі-қарсылы шапқыласты.

Таңертең мектепке келсек оқытушымыз патша мен әйелінің суретін жұлып алып, столының қабырғасына сүйеп қойған екен. Енді анықтап көрсек, сурет сыр бояумен қаңылтырға салыныпты. Алтындатқан жақтаулары да қаңғырлаған қаңылтыр екен.

— Бүгін оқудан боссыңдар. Мына екеуін ауыл-ауылға сүйретіп, кешке дейін мыжғылаңдар... Патша құлады деген дауыстарың бәсеңдемесін! — деді оқытушымыз.

Біз патша мен әйелінің суретін қыл шылбырға байлап алып, кешке дейін сүйреттік. Әр ауыл үй төбесіне шығып қарап, балаларды еріксіз үйге кіргізіп, сыйлап шығарды. Патша дегенді көзімен көрмеген қазақ әйелдері мыж-мыж болған суретті көріп:

— Албастының кейпі қалай жаман еді! Бір көзі соқыр екен ғой, — деседі, ол көзді біз шұқып тастағанымызды білмей.

Сонымен бұдан үш-төрт күн бұрын инспектор алдында қалтырап тұрып мадақтаған патшаны кешке дейін сүйреттік те, Обаганның ойына тастап жібердік. Қаңылтыр суреттер мұз астын тықыр-тықыр бір-екі тырналады да үндері өшті...

Келер жазда Бекет Өтетілеуов өз атынан өтініш жазып, мені Пресногорьковская станциясындағы жоғарғы бастауыш мектебіне түсірді. Орысшадан екі алып, есептен бес алып, түстім...

Сол күз бір той болып жатқан ауылдың шетінде Сәбит Мұқанов екеуміз кездестік. Бұрын сырт қана біліс болатынбыз. Менің үстімде, солдат шинелінен қазақ әйеліне тіктірген сұр «пальтом» болатын. Басымда тоқыма қара бұйра бөрік, аяғымда саптамалы етік барды. Сәбит маған ығыса сөйлесті. Мен тұйықтау, ол ашықтау болғанымен, жасқанып тұрды. Қайда баратынымызды айтыстық. Ол Омбыға, мұғалімдер курсына кетіп барады екен. Аяғында ол малға «дөстебірен» жазудың үлгісін сұрап алды.

Өткен жазғытұрғы бір базарда мен елу-алпыс атқа «дөстебірен» жазып беріп, үш сомдай ақша тапқаным барды; оның үстіне, қара қазақтың алдында мақтаныш етіп сыпылдатып жазам — деп, «песір» атанғамын. Сәбитке сол жеткен екен. Мен оған бір «дөстебіреннің» үлгісін,жазып бердім де, бірақ, жылқы біткен бір түсті болмайтынын ескертіп — қара, торы, жирен, құла, күрең деген сияқты түстердің орысша, қазақшасын тіздім. Сөздіктің бір бағанасындай етіп малдың әртүрлі ен таңбасын да жаздым.

Сәбиттің ол үлгіні қалай пайдаланғаны күзді күнгі Пресногорьков базарында екі рет кездесті. Өте ыңғайсыз түрде кездесті. Бір аттың түсін жазғанда Сәбит қара, торы, қара көк, жирен деген үш-төрт түсті бір-ақ қосақтапты... Екінші бір аттың ен таңбасын жазғанда оң құлағында ойығы бар; тілігі бар, шорт кескені бар деген секілді белгілердің бәрін тізіп, сап-сау құлақты жоқ қылып шығарыпты. Қылжақбас стражниктер ат иесін ұзақ әурелеп, аяғында пара алып босатты. Өзге шатақтарын Сәбит «Менің мектептерімде» өзі де жазған.

Орыс үйіне пәтерге қоюға әкеміздің шаруасы көтермей, мені атты казактардын сауын сиырын бағатын бақташы Сағындық деген адамның үйіне орналастырды. Ақкөңіл жақсы адамдар еді. Сағындықтын інісі Сыздық жасында орысша оқыған. Одан қалған жалғыз белгі «Қыз Жібекті» орыс әрпімен көшіріп алыпты. Бұлар ертеден осы қалаға орналасып, жаяу кәсіппен күн көріп отырған адамдар: әйелдері тон тігеді, еркектері етік тігеді, ойық тазалайды, әркімнің отын-шөбін тасып береді. Балаларына дейін орысша таза сөйлейді. Мен олар-

мен орысша сөйлесуге көп уақыт жасқанып жүрдім. Әсіресе, Сәлима, Шайзат деген 13 – 14 жастағы қыздарымен орысша сөйлесе алмадым.

Бір күні сабақтан қайтып келе жатсам, базарда бір әйел «Яблочки, яблочки» деп, зар қағып тұр екен. Алманы солай атайтынын «орысша-қазақша тілмаштан» көрген сияқты едім. Бірақ, алманың өзі қандай болатынын көрген емеспін де. Пәтер үйімнің екі қызына бір көрмеген сыйлық жасағым келіп, базарға бұрылдым да әлгі әйелден алманың бағасын сұрадым.

Жалқын қызыл жемісті әйел қолына алды да:

– Екі тиыннан, – деді.

Мен жиырма тиынға онын алдым да қалтама салдым. Жарылып кеткелі тұрған іркілдеген қызыл жемісті барлық қалтама бөліп салуға тура келді. Үшеу-төртеуін шалбар қалтасына да салдым. Қаланың батыс жағында, ағаш арасында киіз үйде отыратын пәтер үйіме жеткенше әр қалтамнан-ақ едәуір сыз біліне бастады.

Ең ауыр халге киіз үйге кірген соң түстім. Үй толы адам жерде шай ішіп отыр екен. Екі қыз самауырдың екі жағында шай құйып отыр. Әлдеқайдан келген жат қонақтар бар. Үй иесі зорлап мені де шайға отырғызды. Мен де малдас құрып отыра бердім, шалбар қалтасындағы қызыл жемістер де быртбырт жарыла бастады. Сығылыса отырған жұрт сырт қалталарымды да езіп жіберді. Киім сыртына қара-қошқыл ылғал шыға бастады... Енді мен орнымнан қозғала алмай, мелшиіп отыра бердім. Қыр қазағы қала нанына қандай құмар, шай да ұзаққа созылды. Менің астыма түгел су өте бастады.

Әлден уакытта шай аяқталып, екі қыз отын теріп әкелуге шықты. Пәтер үйімнің оны-мұнысына жеңіл қолғабыс ететін шартымыз бойынша, отынға мен де кеттім. Үйден ұзап шыққан соң, мен қысыла-қызараңдай тұрып қыздарға алған сыйлығымды көрсеттім:

– Алма... Сендерге алып едім, – деп жарылып-жарылып, езіліп кеткен қызыл жемістерді қыздарға ұсындым.

Үлкен қыз қызыл жемісті қолына ала беріп-ақ сықылықтап күле бастады. Кіші қыз ашық мінезді, еркелеу болушы еді, мен ұсынып тұрған қызыл жемісті әуелі қағып жіберіп жерге түсірді де іле өзі еңкейіп жерден алып, үйге қарай жүгірді:

– Апа, Ғабиттің бізге әкелген базарлығын қара! Помидор, помидор! – деп айғайлап, саңқылдап күліп барады. Үлкен қыз күле-күле ішек-сілесі қатып, жерге құлай кетті.

Сөйтіп, қызға қырындаймын деген бірінші талабым осы күнге дейін ұмытылмаған ұятқа ұшыратты. Кейінірек білдім. Қорған жағында помидорды яблочки деп атайтындар да бар екен.

Мен Пресногорьков жоғарғы бастауыш мектебін жиырма бірінші жылы бітірдім. Енді еске түседі, сол мектептің айналасында ғана бірталай қызық нәрселер бар екен. Ең алдымен, Совет өкіметі орнағанға дейін, біз күнде таңертең сабақ алдында «дұғаға» тұрушы едік. Барлық бала мектептің екінші қабатындағы үлкен залға сапқа тұрады. Қарсы алдымызда дін сабағын беретін поп Малиновский, мектеп директоры Михаилов, дьякон, мұғалімдер... Ең әуелі:

«Отче наш, еже еси, на небеси... да будет воля твоя...» — деген дұғаны хормен айтамыз. Ағаш мектеп күңіреніп кетеді. Одан кейін, патша әлдақашан құлап, атылып кетсе де біз «Боже, царя храни» деген дұғаны он тоғызыншы жылға дейін оқыдық. Поптың жуан даусы залдың бұрыш-бұрышын анда-санда бір дүңгірлетіп қояды. Терезелер үн қосады. Бірақ, хордың нағыз жаны —дьякон. Ол әрі жас, әрі сұлу жігіт. Даусы нағыз барқыттай баритон болу керек. Қыздар хорға қосылып тұрып, кейде оның даусын тына қалысып тыңдасады. Музыка сабағында еркек балаларға оның көзі бір түскені есімде жоқ, қыздарды ғана оқытатын сияқты.

Сонымен, айналасы алты жылға созылған мектеп дәуірінде мен патшаға үш рет кездестім: әуелі инспектор алдында патшаның әйелін мадақтадым, үш күннен кейін суретін сүйреткіге салыстым, енді міне, «Жасаған, патшамызды сақтай көр!» деген дұғаны да төрт жыл бойы хорға қосылып айтып келемін! Бұл әрі шеткейліктің, әрі атты-казак станицасының ерекшелігі еді.

Мен бірақ, Пресногорьков жоғарғы бастауыш мектебін әлі күнге дейін алғыспен еске алам. Орыс тілі, орыс әдебиетін ұғындыруда аса бір ұқыптылығы бар еді. Суффикс, флексияларға екі жыл бойы тілім келмей қойғанда, сол дөкір тілді еріксіз икемге келтірген түріне тілім келмесе де мағынасын терең ұғындыруға жанын салған оқытушыларымды алғыспен еске аламын. Үйрене алмаған өзім кінәлі, ол мектеп етік тігу, есік-терезе жасау, кірпіштен үй салу өнерлерін де үйретіп еді. Бір жағынан әлі шайқалмаған ескілігі болса, екінші жағынан жаңалыққа да жатсырай қарамайтын. Жиырма бірінші жылы ақ бандылар көтерілісі болғанда сол мектептің жиырма шақты баласы Ақмола облысының оңтүстік партизандарының группасы деген отрядқа қосылып кеттік. Атты қазақ еңбекшілері таптық тартыста қазақ даласынан оп-оңай озып жүре берді.

Бандыларды құрытқаннан кейін, қазақ елінің ішінде қаймағы шайқалмаған ескі қалыптардың заңсыздығын ұғына бастадық. Болыстық, ауылдық советтер түгелімен байлардың, атқамінерлердің қолында болатын. Азғана топ сол жайды өзгертуге аттандық. Бірақ, өзіміз де заңсыз қимылдадық. Айналасы бес жігіт — Есім Досполов дейтін мұғалім екеуміз, қасымызда үш жігіт белсендіміз бар, болыстың орталығына келіп:

— Бай балалары, сендер болыс болуға хақыларың жоқ.

Болыстық жиналыс шақыр, жұртқа соны түсіндіреміз... — дедік.

Жиналыстың, аяғы насырға шауып кете ме деп қауіптенген болыс айналасы жарты сағаттың ішінде маңайдағыларымен ақылдасты да:

—Алғыларың келетіні болыстық шығар, шырақтарым, осыны өздерің алыңдар. Қолымыздан берейік, — деді.

Сол жарты сағаттың ішінде бұрынғы болыс, военком, оқу бөлімі, жер бөлімі сияқты мекемелерді басқарып отырғандарды түгел орындарынан түсіріп, бәрін де өз қолымызға алдық. Орталықты көшіріп, басқа елге апарып орналастырдық...

Менің қылыш, мылтық сияқты нәрселерге ертеден құмарлығым болушы еді, мен военкомдықты қалап алдым... Бір қызығы, біздің заңсыздығымызды облыс орталығы сөккен жоқ, бекітіп берді. Әттең, военкомдық тоғыз айдан кейін

жойылды да, мен ол жұмыстан ажырасып кеттім, әйтпегенде осы күнге дейін солдат атанып жүрмей, мүмкін, офицер қатарына қосылар ма ем, әлде қайтер ем?..

Қалың бұқараның сол кездегі ұғымын аңдататын бір жайды Омар деген кісінің амандасуынан түсінуге болатын еді. Ол кісі неше кездессең де бір-ақ түрлі амандасады:

–Е, шырағым, қай баласың? – дейді ол, көргеннен кейін де танымай қалып. Сен аты-жөніңді айтасың.

–Е, сен екенсің ғой... Орынша ма едің?

–Ие, орыншамын.

– Милицияларың кім?

– Сол бұрынғы жігіт.

– Кәператиптерің кім?

– О да, бұрынғы жігіт...

– Е, бәрі де орынша екен ғой әлі...

Осы екі сұраудан аспай Омекең ылғи тоқтайды. Совет өкіметінің халжайын білгені де, күнделікті тіршіліктің бетін аңғарғысы келгені де осы екі сұраудың аңғарынша шешіліп отыратын сияқты. Ел ішіндегі осы ыңғайға сәйкес мен төрт жарым ай аудандық милиция бастығына орынбасар да болдым. Бірақ, ол қызметке қызықпай қоштастым.

Жиырма үшінші жылы күзге қарай Сәбит мені Орынборға әкелді. Бұл кезде шаруасы орташаға қарай ойысып қалған әкеміз менің оқуға кетуіме едәуір-ақ қарсылық етіп еді, Сәбит көп күш салды. Он жетінші жылдан бері Сәбит үлкен қалаларда, мен ауыл төңірегінде болдым да, ол менен «озып» кеткен екен. Ол Совет өкіметінің болашағы жайында сөйлей алатын болыпты. Қазақстан мәселелері түгел алақанында сияқты. Наркомдармен тең отырып сөйлеседі. Өзі бас наркомның үйінде тұрады екен, мені де сонда алып келді.

Екеуміз жалғыз терезесі жабық верандаға шығатын аса қараңғы бөлмеде төрт-бес ай тұрдық. Қараңғы бөлме тазалықты бақыламауға өте қолайлы болды. Біздің бөлмені ешкім сыпырмайды да, жумайды да. Мен де салақпын, Сәбит менен де салақ. Қара махоркені қосыла тартамыз да қалған тұқылын кез келген бұрышқа лақтыра береміз. Темекіміз таусылып қалған кездерде қайта жинап алып, қайта тартамыз. Сөйтіп, салақтықтан да үнем туып жүрді.

Сәбит екеуміз бір кісілік қана жіп-жіңішке темір төсекке бірге жататын едік. Төсекке салған шай жәшігінің жұқа тақтайлары екеумізді көтере алмай, еден жарылғандай гүрс етіп әр түнде сынады. Кейбір түндерде белуардан шойырылып екі-үш рет еденге түсеміз. Көзімізді ашпастан тақтайларды қайта құрастыра салып, қайта ұйықтап кетеміз. Сәбит менен бұрынырақ ұйықтап кетеді. Кейде шала құрастырылған тақтайлардын сықыр-сықыр сына бастағанына да карамайды. Әлі есімде сол қырық-құрау тақтайларды қыс бойы жаңартқан да жоқпыз, құрастырумен құтылып кеттік. Мұнымыз да салақтық үнемі болып шықты.

Сәбит көбінесе өлең жазады, мен сабақ әзірлеймін. Ол өлеңнің ұйқасы табылғанына көбірек қуанады, мен шалалау ұғынған бір сабақтың жүйесі

табылғанына көбірек қуанамын. Оның газет-журналдарға жиі басылып тұратын өлеңдері екеумізді еркін асырауға жетеді. Бірақ, түк берекеміз де жоқ, көбінесе тоқ-жарау жүреміз.

Осы салақтық нәтижесі қыс ортасы ауа бергенде-ақ маңдайымызға тиді. Сәбит рабфакқа былтыр келіп түскен, биыл екіншіде оқитын. Бірақ, біріншінің біраз экзамены мойнында жүреді екен. Өлеңге әулігіп, сабаққа салқын қараған Сәбит қыс ортасында біріншіге қайта келді. Мен күзді күні әзірлік курсына түсіп ем, қыс ортасында біріншіге көштім. Сөйтіп енді сабақты бірге әзірлейтін болдық.

Сәбит бұл жайға көп ренжіген жоқ. «Большевиктер налымайды» деді де өлең жағына қайта ауысты. Жазғытұрым біріншінің, экзамені басталар алдында елге кетіп қалды.

Сәбит өлеңді іркілмей де қиналмай жазушы еді, жағдай да талғамайтын. Бір столдың үстінде, ол өлең жазып, мен есеппен басым қатып, бірге отырамыз. Кейде оның өлеңге еріп бұл бөлмеден шет дүниеде, алыстағы бір оқиғалар арасында, шытырман суреттердің ортасында отырғанын сезінемін де қызығып қоямын. Қазір оның ойында оқу да жоқ, тоқ-жарау тұрмысымыз да жоқ, басқа түрлі күнделік қуаныш-қайғысы да жоқ, тек қана өлеңге ауысатын суреттер, өзі ғана айқын көріп, үнсіз тілдесіп отыратын адамдары бар.

— Адамның кейбір кездері,
Көңілде алаң басылса
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса,
Тас бұлақтың суындай
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай...

— дегендей, бұл ақынның бір қымбат шағы ғой. Өлең үстінде Сәбитті мен осы халде талай көрдім. Сонысына қызығушы едім.

Менің кітапқа құмарлығымды, азды-көпті сынай алатынымды аңғарып, Сәбит маған «жазуға кіріс» деп мазалап жүрді. Газет басқармаларынан қаулы-қарарлар әкеліп аудартып жүрді. Ол бір оңай табыс болатын. Сол кезде ылғи қате аударылған, қате аударылмасы ешкім түсінуге болмайтын қаулы-қарарлардың қазақшасында менің де еңбегім бар. Бірақ, менің ойымда «сылдыраған келісім де», еріксіз сүйреп әкететін суреттер де оянған жоқ еді ол кезде.

Мен сол кездегі Орынбор рабфағын кейбір жағынан жоғары дәрежелі мектептермен теңесе алады-ау деп ойлаймын. Әсіресе, әдебиет, тарих жағынан көп нәрселерді түбірлеп оқытушы еді. Қалайда он тоғызыншы ғасырдағы орыс классиктерін мен сол рабфакта ұғынып шыққандаймын. Әсіресе, Гоголь, Чехов, Горький бағыты ойыма қона қалушы еді. Шет елдердің классиктері кейінгі кездің ізденуіне байланысты болса, әр кезде өмірге байланысты, шындыққа байланысты, сол шындықты өзгертуге бағытталған орыс классиктерін рабфак бірталай-ақ ұғындырған сияқты. Рабфакты бітірер кезде жазу талабы менде

де ояна бастады. Қабырға газетіне бірінші рет ұзақ әңгіме жаздым (кейін ол «Тулаған толқында» деген повеске айналып, менің бірінші басылып шыққан еңбегім болды).

Ол бір болған оқиғаның төңірегінен туған әңгіме еді. Мені болған оқиғаның өзі бастап кетті. Оқиға желісі үзілер жерге дейін еркін барған сияқты едім, аяқтау салмағы өзіме түскенде малтығып әрең шықтым. Өзге кемшілігін былай қойғанда, аяқталуы олақ еді. Оны кезінде ешкім аңдаған да жоқ.

Бірақ, рабфакты бітіріп шыққаннан кейін де әдебиетке ауысуға табаным тұрақтай алмай, Омбыдағы ауылшаруашылық институтына барып түстім. Ол кезде оны Академия деп атайтын. Әдебиетке алабұрту сонда басталды. Есеп үстінде отырып та, тәжірбие станциясында аудармалы егін салысып жүріп те ой алаңынан құтыла алмай қойдым. Өзгелер ауылшаруашылық үйірмелеріне кеткенде мен әдебиет үйірмесіне жазылдым. Жеті студент ортадан жалдап, өзін Белинскийдін шәкіртімін деп санайтын қартаң бір педагогтан қыс бойы оқыдық.

Ол сабақты әр жазушының өз көзі болу керек дегеннен бастап еді. Барлық жазушы бір-ақ көзбен көруге тырысса, салатын суреттері де ұқсас шығуы мүмкін. Жазушы көзі тұрақтамаған жас балаға ұқсамауы керек, ой көзі тұрақтылықты тілейді. Тұрақсыз көз өмірдің сыртын ғана, бояуын ғана көреді, сырына тереңдей алмайды. Идеялық көзқарастың тұтас та тұрақты болуы жазушыға қандай керекті болса, дүниені көретін өз көзі болуы да сонша қажет. Осыған келісеміз бе?– деді. Біз сөзсіз келістік.

Содан кейін ол мазмұн мен түрдің тұтастығын Белинский ойларымен дәлелдеп, екі лекция оқыды. Көзқарас мазмұндық тек, жазушы көзі деген сол текті өзінше көре білу болады екен.

Қыс бойы әдебиет ағымдарымен танысуымыздың аяғы «философтар дүниені түсіндірумен келеді, міндет сол дүниені өзгертуде ғой» дейтін атақты қағидасымен аяқталды. Бұл – совет әдебиетінің негізгі заңы, негізгі талабы екен деп таныдық.

Бұдан үш-төрт жыл бұрын В.И.Лениннің Саратов, Орынбор, Омбы қалаларының оңтүстік бетіне көз салсаң, қаймағы бұзылмаған қандай патриархалдық, тағылық жатқанын айтқаны құлаққа бір шалынған. Мақтаншақ топтар, бұрынғымызға қол тигізбей, қадірлей ұстағысы келетін бірталай адамдар, Орынборда бұған мән бермей, «Айтылды – қалдыға» айналдырып, тез ұмытқан. Маркстің қағидасы ең алдымен сол кең өлкенің өмірлік тіршілігін тез өзгертуді талап етіп тұрғандай, ойға дөп қона қалды. Мүмкін, қаламға тезірек жармасуыма бір себеп осы болу керек.

ТАРҒЫЛ ҚАУЫН

Қабағы түксиген, собалақтау келген мұрны тарғыл тартқан төртбақ қара шал қоңырауын екі рет қағып қалған кезде қасына көне замандардан қалғандай тозығы жеткен бір кемпір де келіп жетті. Кемпірдің көкбұрыл тартқан бұрымдары алқымында селтеңдеп, басы қалтақтап «жоқ, жоқ!» деп тұрғандай еді. Буалдыр көздері жалына қарап:

– Қарағым-ау, бұл қайда баратын отарба? – деді, шалдың жеңіне жармасып.

– Қайда баратын еді, Мекеге барад деп пе ең? Мәскеуге барад та. Бұл – үшінші... Өзің қайда барады екенсің, өлімтік! – деп, шал жауап берді де, қоңырауын тағы бір қағып қалды. Тек содан кейін ғана, асықпай-саспай тұрып, кемпірге берген жауабына сыпайышылыққа сыймайтын бір-екі сөзден қосар қосты... – Әлі де көрмегенім бар дей ме екен, көзілдірік киіп алғанын қарашы мұның!

Шал қоңырауын қаққанмен паровоз пысылдап қана қалғып тұрғандай, шиыршық ататын қара түтін әлі будақтаған жоқ. Шалдың қоңырауында да, бір жасқа жаңа ғана толған Турксіб поездарының уақытында жөнеле қоймайтынына да үйренген жұрт әлі ерсілі-қарсылы жүгірісіп жүр.

Нарттай жанған қызыл күн Алатаудың бұйраланып жатқан етегіне қарай ойысып келеді. Кешкі сағым жер бетін толқындатып, биік таулардың бәрі де иықтарымен көк тірегендей, сай-сала, жазық далаға тәкаппар қарап, менсінбей тұрғандай.

Күннің найзағайдай ұзын алтын кірпіктері етектегі қара бұлтқа қадалып, көкті жабығынан тірей қойыпты. Батыс жақ алау-жалау жанып жатқандай.

Вокзал алды ала шапан қарбыз бен жыламсырап тұрған жүзімге толы. Біресе жүзімді, біресе грушаны шағып кетіп сансыз сәйгел мен аралар ән салып жүр.

Паровоз бір-екі жөткіріп жіберіп, түтінін будақтата бастағанда, вагондар да бірін-бірі бір-бір нұқып қалды. Бірақ поезд орнынан қозғалған жоқ. Паровоз жұлқып бір қалып, «пық-пық-ка» басып, қайта босаңсыды.

– Тым болмаса үш күнде бір хат жазып тұр! – деп, әйелім Ақбота тағы бір ескертті.

– «Үлкендігі апамдай қуыршақ әкеліп бер!» – деп, жалғыз қызым Қарлығаш қайта-қайта тапсырып тұр: – шашы алтын, көйлегі көк, көзі қара болсын!..

– Күн ара жазып тұрам... Саған үлкен қуыршақ әкеп берем... – деп әкенің адал уәдесін беріп, жұмсақ вагонға мен де міндім.

Вагонға кіре беріп артыма қарап ем, Қарлығаш қолындағы көк көйлекті қуыршағын көбелекше желпілдетіп:

– До свидания, папа, до свидания! – деді.

Қалтамнан мен де орамалымды суырып алдым. Бір-екі рет бұлғадым ба, жоқ па, ол есімде жоқ, әйтеуір орамалымның ұшып жерге түскені әлі көз алдымда... Вокзалдан жаңа шығып, поезға қарай бір жас әйел жүгіріп келеді екен... Екі қолында екі үлкен чемодан, бұйра қара шаштың арт жағы көтеріліңкіреп кеткен, әйел жүгірейін дейді, зілдей чемодандар жібермейді.

—

Дөңгелене біткен екі иық салбырап, жіңішке белі үзіліп бара жатқандай, қара көздерінде қорқыныш пен сасудың елестері бар.

Сұлулық ажары ешуақытта сынбау керек. Мен вагоннан секіріп түстім. Поезд жөнеліп барады да әйел қалып бара жатқан жайы бар...

Ақбота мұны он жыл түгіл жүз жылдан кейін де ұмыта алмайтынын жақсы білем, бірақ мен оған қарағаным жоқ. Поездан қалып бара жатқан әйелге жүгірдім. «Құдай өзі кешірер», бір көзім қызымды бір шалып калды білем, әйелім көзге шалынған жоқ. Жүгіріп келген бойы әйелдің чемодандарын жұлып алдым да, поезға қарай қайта жүгірдім. Әлдеқандай қымбат жұпар иісі мұрныма бір соғып өтті.

Әйел үшін тым қатты қуанған да қауіпті екен, ауырынан жеңіліп, енді жүгіре жөнелер деген әйел:

— Ой! — деді де тұра қалды.

— Жүріңіз, жүгіріңіз! — дедім мен оған дөкірлеу түрде, Осындай қысылшаң үстінде де әйелдің еркелеуге хақы барын мен кейін аңғардым.

Әйел, әрине, екінші рет зекіп қалуды күттірген жоқ. Өкшесі бір сүйем сұр туфли киген әдемі аяқтары бір ғана қылаң етті де өтіп бара жатқан оныншы вагонға қарғып кетті. Мен ше?.. Мен он төртіншіге әрең іліктім.

— Әулиеата... телеграмм, — деген Ақботаның даусы естілді. Бақырмады демесең жайдары шыққан дауысқа ұқсамайды. Нағыз құлақтан кіріп, бойды алар дауыс...

— Мінезің белгілі еді, бір жерде поездан түсіріп алмасаң қайтсін! — деп ойладым мен.

Паровоз бұйра қара жалын екі жамбасына кезек тастап жүйткіп берді.

— Ақбота ғой, ендігі жылап та жіберді, — деп ойладым... Ойыңа осындай бір аяныш алсаң, күнәлі көңілдің демдегендей болатыны да бар емес пе, поезд ұзаған сайын мен де тыныштала бердім...

Әйелдің аты Лида Николаевна Зеркальская болып шықты. Оның поездан қалып қоя жаздағанына ері кінәлі екен. Мынадай көркем әйелдің ері кінәлі болып шыққанына вагондағы еркектердің бәрі де қуанғандай мінез көрсетті. Ең жіңішкелеп айтқандары:

— Болады сондай бір үстірт еркектер... — десті.

Лида әрі сұлу, әрі сүйкімді, өзін-өзі әсем ұстайтын жан екен. Батыл қалжыңға жібермей, сыпайылықтан арғының біріне де жақындатпай сөйлеседі. Есті де, көргенді, ақжарқын да, ұстамды әйел екені байқалады. Көркем әйелге керекті сұлулық бейнелердің басы түгел қосылған да, сұлулықты бұзатын бейнелер әзір жуыспаған. Лидаға қызығу керек, құрметтеу керек... Әйелге бақыт аздық та етпейді, көптік те етпейді. Лида бақытты әйел сияқты.

Лиданың бабы қиындау көрінген соң, вагондағы еркектер оның ерін сынға ала бастады.

— О несі екен, екі зілдей чемоданды өзі көтеріп әкелмес пе? Мұндайды бірінші рет көріп тұрған болармыз...

Лиданың ері шаруақор адам, өзіне бағынышты базадан бірер жәшік өрікмейіз, алма әкеле қоймақ екен, үлгіре алмапты: қолын базаға батыра салып жатқанда поезд, міне, жүріп кетті...

Лида келіп орналасқанша біздің вагонның іші қоңырқайлау еді. Лида келісімен тәртіп орнап, вагон іші жарқырай бастады. Барлық еркек жарты сағаттың ішінде қырынып-киініп, коридорға шығып, Лиданың көзіне шалынғысы келетін сияқты. Әлде қызғанышты көз солай аңдай ма екен?.. Менің көршім күміс сақал профессор ғана бұл әлекке түскен жоқ.

Вагондағы әйелдер сыншыл-міншіл көздерін Лидаға бір-бір қадап өтті де, үн-түн жоқ есіктерін жауып алды.

Лида ең алдымен біздің купеге келген. Алғыс айтуға мұндай шебер болар ма, үйіп тастады.

— Алдымен, жүріп бара жатқан поездан қарғып түсіп... Одан кейін жүгіріп келіп, екі ауыр чемоданды жұлып ала сала поезға қайта жүгіріп... Мен, бәрібір қалып қоя жаздағанымда, нағыз еркекше зекіріп жіберіп...

Қысқасы мен мардамсып қызара бердім, басқа еркектер қорлана берді.

Ажарлы әйелдер курортқа жылында бір барып тұрмаса ажары сақталмайтыны белгілі, Лида курортқа кетіп бара жатыр. Бірақ Ленинградта шешесіне соға кету керек, уақыт аз қалған. Егер бұл поездан қалса, келесі дүйсенбі күні ғана жүре алады. Онда не курортқа зақым келеді, не шешесіне бара алмайтын болады.

Дәл бүгін Лиданың кезінде менің алдыма түсе қояр еркек жоқ еді. Аласалау да қара домалақтау болғаныммен осы вагонда ең көзге түсер адам өзім ғана сияқты сезінемін... Ақботаның «Әулиеата... телеграмма» деп айғайлағаны есіме түсе қалғанда, әшейіндегі момақан қалпыма қайта келемін. Сонымен ұзай бердік, ұзай бердік...

Поезд Әулиеатаға тоқтағанда:

— Болат Сералин деген кім? — деді кондуктор.

— Мен, — дедім, бір бәленің келе жатканын сезгендей.

— Сізге телеграмма бар...

— Қатты сөгіс болар... — деді Лида Николаевна еркелей күліп, — Әйтеуір үйге қайт демес, өзгенің бәрін айтқан болар...

— Иә, Ақбота тартынбапты да іркілмепті...

— Менің еріме жіберген телеграммам да дәл осындай еді, — деді Лида.

— Бұл жөнінде әйелдердің мінезі үйлес келетін болғаны да...

— Мінезі ғана емес...

Лиданын жауабы еркектерді тағы бір қаңтарып тастағандай болды.

Е... осындай жан ба едің?..— дегендей әркім орнын тауып жайына кетті. Тек, ертеңіне ғана әртүрлі ойындар басталып, профессордың тынышы қашты білем, Лидамен орнын ауыстырып басқа купеге кетті де, біздін купенің иесі Лида болып қалды. Оның білмейтін ойыны да жоқ екен, купедегі жандар кенеліп қалдық, мен түн бойы ұйықтай алмай шығып едім. Жастығымның астында жатқан Ақботаның телеграммасы басыма оттай ыстық тиіп, ұйықтатпады. Кісінескен көп паровоздың ішіне де кіріп кеттік, поезд да тұра қалды — Орын-

бор екен. Лида Николаевна ақырын ғана купеден шықты. Үстіндегі Ташкент жібегі ақырын ғана судырап есінегендей болады.

Орынбор менің жақсы көретін қалам. Маған ол мәдениет есігін ашқан қала. Әттең, не түн емес, не күн емес, қаланы қазір көре алмайсың. Түн болса Орынбордың миллион шамы жарқырап, ойды-қырды алып жатқанын көрер едің. Күн болса, сонау-сонау қалың тоғайдан бастап, өзеннің жағасындағы биік үйлерді сүзіп өтіп, «Керуен сарайдың» қара қошқыл тартып жатқан бақшасын көрер едің. Қазір оның бірі де көрінбейді, таң буалдырына оранып тұрған қаланың тек демалысы ғана сезіледі. Оқушылық дәуірдің ішіне қайта батқандай, сол кезді еске алып, вокзалға терезеден қарап, қозғалмай жата бердім.

Лида Николаевна асығыстау кірді купеге. Әлденеге алқынғандай көрінді,

– Сіз ояусыз ба!.. Мен қандай қауын көріп қайтқанымды білсеңіз!.. Өмірімде екінші рет кездесер нәрсе емес!.. – деді, тез-тез сөйлеп. Мұны айтқанда ұстамды Лида Николаевна өзіне-өзі ұқсамай кетті дерлік еді.

– Ие, не қасиеті бар екен?

– Мен көтере алмаған қауынды қандай дер едіңіз? – деді Лида.

– Өзіңіздей болғаны да... Шаржоу қауыны шығар?

– Сұрамаңыз дейім... Көтере алмадым...

– Поезд қанша тұрады екен? – дедім мен тағы бір ерлік көрсеткім келіп.

– Сегіз минут тұрса керек...

– Тегі, сіз көтере алмасты мен көтеру құдайдың бұйрығы болар! – дедім де мен үстіңгі полкадан түсе қалдым.

Түсе қалдым да, үстімде киім жоғын да сездім: тоқыма майка, труси, аяқта сандал, үстімдегі бар лыпам осы-ақ екен. Енді қайдан шалбар киіп жатарсың, әйелді теріс қаратып қойып, киініп жатудың не лайығы бар? Жастық астынан ақшамды алдым да жүгіре жөнелдім?

Орынбор станциясында адам деген құмырсқадай қайнайды. Біреуге соқтыға, біреуден ұрсу естіп деген сияқты, вокзалдан өттім. Менен басқалардың бәрі де адам сияқты киінген, адам сияқты салмақпен жүріп жатыр.

Барлық жаяудан басып оза, «көк базарға» кіріп келсем, жанның бәрі бір жерге үймелеуде екен. Бірінің қолтығының астынан, бірінің иегінің астынан деген секілді сұңғи-жылжи мен де іштеріне кірдім...

Үлкендігі дирижабльдей десең боларлық, жолбарыстай тап-тарғыл қауын жатыр жұрттың ортасында! Қыр арқасы қыртыс-қыртыс, екі бүйірі тарғыл ала, жұрт таңданумен тұр. Сатушы әйел қойдың құнын сұрайды. Басын шайқамаған, таңдайын қағып таңданбаған бір жан жоқ. Қасында жатқан басқа қауындар қарғаның жұмыртқасындай ғана көрінеді, не болмаса осы үлкен қауынның балапандары сияқты. Сұрағанын бердім де қауынды ала жөнелдім.

Вокзал алдындағы кішкене бақша таныс болатын, поезд тосып көлеңкесіне талай саялайтынбыз. Мен соның қасында азырақ аялдап, қала жаққа көз салып едім, таныс қала мені алдандырып қалды. Рабфактың барлық оқушылары мен оқытушылары да еске түсті. «Екі пи», «Ньютонсыз не болар едік!» деп аталып кеткен оқытушыларымды еске алып, «Мұхаммет» атанған күзетші шалды да

сағынғандай болып тұрғанымда уақыт та жылжып өте берген екен. Оның үстіне вокзалда менің қауынымды танымайтын бір адам болсайшы

– Апырымау, шын-ақ алғаныңыз ба?

– Мұны қайтпексіз!

– Есалаң емес пе едіңіз!– деп, әркім бір тоқтатты.

Есалаң екенімді перронға шыға келгесін білдім: поезым кетіп қалыпты. Мені мазақтағандай, ұзап кеткен поездың құйрығындағы қызыл оты жылтырайды. Тым болмаса, «Қап!» деп санымды бір соғып қалуға қолым да бос емес, аңырып қалдым. Әлде ғана біздің поезд тұрған жолда енді Ашхабадқа баратын поезд тұр. Темір жол қызметкерінің бірі жақындап келіп:

– Азамат, мына күйіңізде мұндай жұрт жүріп жатқан жерде тұруға болмайды, – дегенде, мен де есімді жинадым, Үстімде сыпайышылықтың іздері аздау екен. Өзім жалаңашқа жақын, қос қолдап құшақтап алған үлкен қауыным бар, қалдым да қойдым...

Станция бастығы маған тым-ақ тесіле карады. Басымнан-аяғыма дейін, одан өрлеп қайта жоғары қарай бір карап өтті де:

– Сендейлерге жәрдем беруге міндетті емеспін. Мен ол үшін отырғаным жоқ бұл жерде... Кезекте тұрып билет алыңыз да, тезірек жөнеліңіз!.. – деді, барынша салқын пішінмен, «Жөнеліңіз!» дегені, жөнелмесең бірдемеге ұшырайсың дегендей шықты.

– Жолдас-ау, жайымды көріп отырған жоқсыз ба?.. Кезекке тұратын не күйім бар?.. – дей беріп ем, бастық телефонды қолына алды. Мен жылысып шыға бердім... Қауыны құрғыр екі қолды қаусатып барады...

Саяси бөлімнің бастығы да қадағалап қарады маған. Қолымда ешбір документім жоқ болса да осы бөлім істің анығына зейін салатын еді деп, мен де аузымды жаппадым: айта бердім, айта бердім... «Құдайдың» дес берісінде бұл жігіт менің қауынымды тани кетуі қалай! Әрі-бері үндемей қарап отырды да:

– Мына қауынды алған жас жігіт жулик емес... мен сендім саған... Енді екі сағаттан кейін Ташкенттің жедел жүретін поезы келеді. Алматының почтовый поезын бес сағатта қуып жетеді. Орналастырармын... Оған дейін жұрт көзіне түспей, тайыңқырай жүресің, – деді. Мырс етіп күліп жібермегенімен ішінен сықылдап күліп отырғанын да байқауға болатын еді.

– Бірақ, есіңде болсын, Ташкент поезы Алматы поезын қуып жететін станцияға түсіп қалуың керек.

Мен шыға салып Жаңа Сергеевка станциясына телеграмма бердім: осылай да осылай, нәрсемді поездан түсірте көрмеңіз. Ташкенттің тез жүретін поезымен қуып жетемін. Бұл телеграмманы вагонда кетіп бара жатқан Зеркальская деген әйелге көрсетіңіз, – дедім.

Ауыр қауын екі иықты салдыратып барады. Отыра қалып жейін десең, үш күн жесең де тауыса алар емессің. Ешкім сатып алғысы да келмейді. Қауынды құшақтап жүре беруден басқа шара қалған жоқ. Үстімнің жалаңаштығы қайдағы көзге барып түседі. Бірнеше үйсіз-күйсіздер қасыма келіп, иықтан қағып қалып, мен түсінбейтін жаңылтпаш тілде бірнеше сұрау да беріп қалды. Әрине, мен олардың күткен «азаматы» болып шықпадым.

Сонымен, кәдуілгі жұрттан оқшауланып, үйсіз-күйсіздерге қосыла алмай, көзге шыққан сүйелдей жалғыз қаңғырдым да қалдым.

Адам аз жүретін көшелердің бірінен біріне түсіп, қаланың қақ жартысын шырқ айналып, «Керуен сарайдың» қалың бақшасына кірдім. Қара еменнің бауырына қауынымды қойдым да, қалың көгалға аунай кеттім. Шабылмаған шөптің иісі мұрнымды жарып барады, жаным жай тапты да қалды. Тегі, поездан қалып қойғанда, керіліп жататын бақша кездессе, поездан қалғаның оқа емес екен...

Ақырын ғана сырғып келіп, Ташкеннің жүйрік поезы тоқтады. Өңкей ақ киінген, күнге күйген қарасұр жігіттер мен тобылғы торы әйелдер шу етіп поездан түсіп вокзалға жүгіріп кіріп жатыр.

Саяси бөлім бастығын алыстан торып, таса-тасада мен жүрмін. Бір сәтте ол поезд бастығын ұстай алып, алыста жүрген мені нұсқады. «Ала кет!» деп тұрғаны анық.

Поезд бастығы қара көк мұртын түкситіп көнбей тұр. Әрең дегенде мені жалғыз саусағын шошаңдатып шақырып алды да өзінің купесіне кіргізді:

— Шығып жүрме! — деп сыртымнан бекітіп кетті.

Поезд қалай сырғып келіп тоқтаса, солай сырғып қозғалып та кетті. Вагондардың соқтығып-қақтыққаны байқалған да жоқ. Мен купенің ішін зерттеуге кірістім: кішкене стол үстінде қара мұжық трубка жатыр, олай болса, купенің иесі ойланып отыруды жарататын адам болу керек, әңгімешіл де болуға тиісті.

Стаканға ақ гүлдер салып қойыпты, бұ да жақсы мінездің белгісі. Менің қауынымның жұмыртқасы дерлік бір-екі қауын жатыр...

Осыны ойлап отырғанымда купенің иесі кіріп келді де:

— Жолдас, қай жердікісің? — деп сұрады.

«Жолдас» деген адамды тез жақындастыратын сөз аузынан шыққасынақ, әңгімеміз үйлесе кетті. Мен адам атадан бастап түсе қалдым да, дәл қазіргі күнге дейінгі барлық тарихымды сөйлеп бердім.

Менің әңгімем шалға қатты ұнады. Әсіресе қауын жайындағы әңгімеге шегі қатқандай күлді.

— Тиме қауынға, жеткіз әйеліңе! — деді. Өйткені мен әйеліммен кетіп бара жатыр едім дегенмін. Кейде бір күнәсіз әңгіменің маңына да жолағың келмейтін әдет бар ғой, соны істеп едім.

— Сибирьде туған екенсің ғой... Сибирьді жақсы білемін. Бір кезде Қорған маңайындағы қазақтарды да жақсы білетін едім... Қонақжай келетін еді... Жарайды, дем ал, жегің келсе менің қауынымды же, өзіңдікін жарып жүрме... Жұрттың көзіне түсе берудің де лайығы болмас... Ұйықта, поезыңды қуып жеткен жерде оятамын өзім, — деп шал шығып кетті.

Азырақ газет оқып жаттым да ұйықтап кеттім. Сол ұйықтаумен «Жаңа Сергей» станциясынан да өтіп кетіппін. Ол станцияда нәрсемнің жайы не болғанын білуім керек еді, оны істей алмағаным ғой.

— Тұр, балам, тұр... Алдағы разъезде сенің поезың тұр дейді, — деп шал оятқанда басымды көтеріп алсам, күн еңкейіп қалған екен. Бірақ, бұл разъезге

мына жүйрік поезд тоқтамайды, алдағы станциядан барып түсесің де, – деді шал.

– Амал не...

– Дегенмен поезыңды көріп өт...

– Жақсы, отағасы.

Мен терезеге қадалдым. Паровоз разъезге жақындай бере кәдуілгі «Жолымды босат!» дейтін айғайға басты. Қауынымды құшақтап мен де терезеге қадалдым, паровоз жүрісінен жазған жоқ, – Алматы поезының қасынан су етіп өте шықты.

Енді мен озып кеттім, менің поезым кейін қалды.

– Оқа емес, алдағы станцияда күтіп аласың, – деді шал мені жұбатып.

Өзің артта қалғаннан көрі поезың артта қалғаны жақсы, әрине. Артта қалған жақсы болса, поезда байқап көрсін деп, мен де кетіп барамын. Тарғыл қауын қасымда, не уайымым бар?

– Ал, қарағым, енді түс. Бір жарты сағат күтерсің поезыңды!–деді шал алдағы станцияда менімен амандасып жатып.– Әйелің де қуанып қалар...

Кім қуанатыны өзіме мәлім, қала бардым. Бұл үлкен қала емес, мұндай жерде қысылмай-ақ жүре беруге болады, жалаңаш екенім есіме кіріп те шыққан жоқ. Қауын жайын сұраған адамға:

– Бұл бесті қауын, мұның әкесі елуге келіп, шешесі отызға келіп еді... Ғылым орындарына әкетіп бара жатырмын... – деймін.

Бір кезде менің поезым да келді-ау жылжып. Ешнәрсе көрмегендей, аяғымды салмақпен басып, қауынымды құшақтап мен де келдім вагонға. Бесінші вагон өз үйімдей елестеді көзіме...

Вагонға кіре бергенімде:

– Азамат, қайда барасыз? – деп кондуктор әуелі бажылдап қалды да, артынан таныды білем, – Апырмау, сіз бе едіңіз, бұл қалай? – деді сасқалақтап. – Жүрегім су ете түсті.

– Иә, мен, – деп өзімнің төртінші купеме жақындай бердім.

– Ау, нәрсеңіз қайда?

– Осында, орнында болар.

– Вагон іші: – Болат келді, Болат келді, – деп шу ете қалды.

Жалғыз-ақ купеден жүгіре шыққан Лида Николаевнаның ажары сынық екен.

– О, жасаған-ау! – деді Лида Николаевна, – сіз бала болып кеткеніңіз бе, нәрсемді түсірте көріңіз деп телеграмма бергеніңіз не?.. Нәрсеңіз бір станция кейін қалды...

– Түсірте көрмеңіз деген шығармын?

– Жасаған-ау, не дейді! Түсірте көріңіз дегеніңізді бәріміз оқыдық қой осында! Міне телеграммаңыз...

– Оқа емес... – дей салдым енжар дауыспен.

Лида Николаевна өз қолымен жинап тұрып, менің нәрселерімді қырық километр кейін қалған, станцияға тапсырып кеткен екен. Бұл жай маған да оңай тиген жоқ. Лида жылардай халге келді.

Әйел ренжісе қандай қиын, мен оның көңілін көтергім келіп: «Оқа емес, Лида Николаевна... Мына қауынды сыйға тартуға лұқсат етіңіз», – дедім, керсендей ғып алдына көтеріп әкеліп.

Лида қауынды алудың орнына қарғай бастады:

Бар пәле қауыннан басталмады ма! Алмаймын бұл пәлені! Арам болсын ауызға салсам, – деп, жуымады.

Поезд тағы да жөнелуге қалды, қоңыраулар қағылып жатыр. Қауынымды құшақтап, вагоннан шықтым. Лида Николаевна қоштасуға әрең-әрең ғана жарады:

– Қош болыңыз... Бар айып менде... – деді.

Даусы мұңды шықты. Кондуктор басын шайқап:

– Сізді не айналдырып кетті өзі... Орныңыз болса анау, бос кетіп бара жатқан, – деді. Мен де мұңайдым.

Станцияға зырқырап келіп жеңіл машина тоқтады. Екі адам секіріп түскен бойы жұмсақ вагонға қарғып мінді...

– Біреуі менің орныма мінеді-ау... – дедім ішімнен қапаланып. Бұл әрең шыдарлық хал болды, амал не көнбеске!..

Поезд жүріп кетті. Машинадан шофер түсіп, буы бұрқырап, ентігіп тұрған машинасын қарай бастады: рессорын байқады, моторын ақтарды, содан кейін машинасының астына кіре бастады.

Мен шофердың қасына келіп:

– Бұл кімнің машинасы? – дедім ауызға не түссе соны айтып.

– Кімдікі болушы еді, менікі, – деді шофер.

Шоферды сөзге іліктірерліктей екінші сұрау табылмай қалды да, мен теріс айналып жүріп кеттім. Ендігі ойым кезекке тұрып билет алып, артта қалған нәрсеме оралу.

– Чудак! – деді шофер, – Машина кімдікі деген де сұрау бола ма екен?..

– Неге чудак? – деп мен артыма қарадым.

– Енді не деу керек? – деп шофер басын көтеріп алды да, менің қауынымды көріп, әуелі құдайды бір боқтап жіберіп, содан кейін:

– Мынауың немене өзі? – деді.

– Чудак! – дедім мен де. – Көрмей тұрмысың? Қауын емес пе?

Шофер күліп жіберді.

– Қауын дейсің бе? Неткен қауын бұл? – деп қауынды қолына алып, салмақтап, таңдайын қағып, жазықсыз құдайды тағы бір боқтап жіберді.

– Мен оған қауынның бар өміртарихын айтып бердім.

Өзімнің ерлігімді де жасырғам жоқ.

– Бес жасар қауын дейді, – деп жиналған жұрт та қалжың әңгімеге араласты.

Негізінде шофер деген ақкөңіл келеді.

– Апырмай-әй!.. Поездан қала бардым деймісің! Қауын-ақ, екен! Мұны арнаған әйел де айта қалғандай шығар–деп, менің әңгімемнің барлық бүгешігесіне сүңгіп кетті, мен де әңгімені бояй бастадым... Кей жері қиыспай кетіп бара жатса, шофер өзі толықтырып жіберіп, кей жерін үстірт айтып бара жат-

сам — тоқтатып, қайта сұрап ілесті де кетті... Оған ерекше ұнамаған адам Орынбор станциясының бастығы болды.

— Сондай бір бюрократтарды тымпитып отырған жерінде желкеден келіп перер ме еді десейші! Тарыққан адамға жәрдем бермеу — деген адамшылыққа жата ма екен! — деді бір кезде екіленіп.

Менің күткенім де осы еді, шап бердім: Желкеден келіп перу менің қолымнан қайдан келсін, барлық жай осы, кейін қайтуға тура келіп тұр, — дедім.

— Қалай қайтпақсың?

— Қалай қайтам, поезд күтіп жүрмін... Машина болса, орап қайту оңай болар еді...

Шофер ойланып қалды, мен сөйлей бердім.

— Машина қымбатқа түседі ғой... — деді шофер.

— Қаншаға түссе де сөз бе екен!

— Елу сом... Көп емес пе?

Бұл ол кезде жарты айлық жалақы ғой, лаж қанша, шешінген судан тайынбас деген мен уақытпен, алыстықпен тайталасқа бел байладым. Жеңгім келді.

— Әкел қолыңды! — дедім шоферға.

— Әкел!

— Қайтадан осы поезға жеткізіп саласың ғой?

— Жеткізбесем әлек болып керегі не? Қызығы бола ма! — деді шофер.

Екеуіміз қол алысқан бойы машинаға кірдік...

«Газик» орғып жөнеле берді. Дала жолы қандай жазық, бір белдің шаңын бір белге қосып, машина ұшып келеді. Будақтаған шаң ұзын құйрықтанып бүкіл бір поселкелерді жауып тастап барады. Шауып келген ит көлденең қосылғанша, машина поселкенің арғы шетіне шығып та қалады. Ескі түрін бұза қоймаған кішкене поселкалар бірінен соң бірі артта қалып жатыр. Ақ балтыр қайыңдар, үкідей құлпырған күзгі егіс батар күнмен мың құлпырып, алтын теңіздей жайқалады. Менің алдымда дөңбекшіп қауын да келеді.

Біз жиырма минуттің ішінде артта қалған станцияға келіп жеттік. Станция бастығы — нәрсе менікі дегеніме сене алмай көп айналдырды. Аяғында чемоданымды ашқызып, ішіндегі нәрселерді бірінен соң бірін атап иландырдым.

Шофер тамаша жігіт екен! Әңгіменің басын мен бастағанмен аяғының әдемі бітуі өзінің қолында екенін сезген соң оқиғаның желдей есіп, жедел жүруін күшейткісі келгендей, машина тағы да боздатып жөнеле берді. Кешкі жел ескектей соғып, көңілдегі уайымның бәрін өшіріп әкеткендей. Таң атқаннан бергі көрген кедергінің бәрі осы екпінмен әлдеқайда алыстап артта қалып барады. Машина жүрісі, мотор күйі, жел екпіні, бәрі бір күй, бәрі алға ұмтылудың жыры сияқты ғана сезіледі. Шофер да уақытпен, алыстықпен алыса түскендей, машинаны ұшыртып келеді.

— Қуып жетеміз де, басып озамыз!—дейді шофер, машина тағы бір орғып кетеді.

Қазір күні өткенмен «Газик» те бір тамаша машина еді. Кейде сағатына жүз жиырма километрлік ұшқырлықты алып жібереді. Дәл осы жолда адамға қандай ұшқырлық керек болса, соны алғандай жайы бар, есіп келеді.

Сай ма, қыр ма, жыра ма, бәріне де табаны тимей келе жатқан сияқты.

Біз әлгінде ғана аттаған станциямызға қайта оралып келгенде бір сағат та өткен жоқ екен. Бұл станциядан жиырма километр ұзап шыққанымызда шофердің түсі бұзылып кетті.

– Масқара болдым, – деді шофер, машинаның тізгінін тартқандай болып.

– Не болды?

– Май таусылып барады.

– Енді қайттік?

– Сіздің қалтаңызға түсеміз де!

– Түсейік!

– Осыдан жиырма киломерт жерде трактор калоннасы бар... Сонда барып бензин сатып аламыз да!..

– Түсіндім. Тарт!

– Бірталай ақша шығады, әрине...

– Тарт!

Біз трактор колоннасына келгенде күн де ұясына қонып қалған еді. Алыстағы қара ормандар көкжиекке қосылып, айналаның бәрі қоңыр тартып қалды.

Бөденелер ғана анда-санда бір үндесіп қалады.

– Жауын! Жауын! – деп ағаш басында топ-топ қарғалар отыр.

Машина колоннаға келіп тірелді.

Біз бензин алып трактор колоннасынан жөнелгенде қараңғы түн оранып та қалды. Машина тағы жүйткіп келеді. Уақытпен, алыстықпен бәсеке қайта басталды. Көйлек пен шалбарын қайта киіп алған жасқа егес-ерегестен қызық не бар, үлкен бір бәсеке күйіне балқып келе жатқандай.

– Жетеміз! Басып та озамыз! – деп шофер да қызып алды.

Алыстық, жаяулық қорлығын көп көрген қазақ баласы сол қорлықтан мәңгілік бір кегін алып келе жатқандай. Күндік жолдар, айлық жолдар сағатқа сыйып жатыр!

– Айдай бер!

Шофер машинаны ұршықтай үйірді. Прожектор қара түнді қақ тіліп машина жаңа қызғандай құйындатып кетті.

Бір жарым сағаттан кейін, ашық далада поезды тағы қуып жеттік. Барлық вагондардың жарығы самаладай болып біздің жолға түсіп келеді. Терезені ашып салқындап тұрған адамдардың бәрі де көрініп тұр. Жұмсақ вагонның терезесінен де бірнеше адамдар қарап тұр. Мен Лида Николаевнаны танып:

– Біздің купедегі әйел анау тұрған! – дедім шоферға.

– Қасында тұрған біздің қожайын, – деді шофер.

– Менің орнымды сенің қожайының алып қойған екен ғой...

– Оқасы не, оның машинасын сіз де мініп келесіз ғой, – деді шофер мені жұбатып... Содан кейін:

– Поездан озып кетейік. Машинаны танып қалар, – деді.

Біз ілгері кеттік, поездан бұрын алдағы станцияға барып, буфетке кірдік.

– Танысқандығымыз үшін, – деп бір-бір бокалды аудара салып, ауыздан сүйістік те айырылысып кеттік.

Ақырын жылжып менің поезым да келіп тоқтады. Чемоданданрымды көтеріп мен де жұмсақ вагонға қарай аяңдадым. Ешбір кейістік көрмегендей, аяғымды паң басып вагонға жақындай бердім. Бейне бір солтүстік жорығынан қайтқан адамдай сезінемін өзімді.

– Болат! Болат! Тағы да Болат!

Апырмау, көктен түсті ме!

– Екінші рет қалай қуып жетті! – десіп жүргіншілер шуласып есікке ұмтылысып келеді.

– Екінші рет тағы алдымыздан шықтың ба! – деп кондуктор менің чемоданымды қолымнан алды. Енді біреулер оған: «Орнын өзіне бер!» – деп жатыр.

Көп кешікпей Лида Николаевна шыға келді. Көзі жарқырап, қуаныш нұрын төгіп келеді.

– Мынаны енді де алмас па екенсіз? – деп, мен қауынды ұсына бердім. Ол вагонның есігінде тұрған бойы қауынды ала берді де түсіріп алды. Ауыр қауын вагонның темір баспалдағына былш етіп перілді де, бырс етіп жарылып, жайрады да қала барды...

ТАРЛАНДАР

Жер астының қара барқыттай жұмсақ, қою қараңғылығын екі жағына кезек ысырып келе жатқан шахтер шамы кәрі адамның қолында екені сонадайдан-ақ белгілі еді. Шамның кызғылт жарығы сартабан байырғы жұмыскердің аяғын қалай басуына қарай теңселіп, сонымен бірге қарттықтың да хабарын бере кібіртік қағып келеді.

Жіңішке темір жолдың қос табанына шам жарығы түскенде, не бір жылан иреңдеп бара жатқандай, не болмаса, найзағай жарқ еткендей болады. Сонау қараңғы алыс түкпірде кішкене-кішкене темір вагондарға көмір тиеп, үздіксіз ырғап тұрған темір науалардың «қырқ-қырқ» деген гүрсілі бұл маңайға бір бел астындағы тасқын судың сарынындай ғана жетіп тұр.

Шығар ауызға жақын жерде күтіп тұрған Жанәділ жөнеле берген шахта бастығы Варовқа қарап:

– Шал әне келе жатыр... тоқтай тұр, – деді.

– Иә, сол екен... – дей берді де, – ойбой... енді күтіп көр... – деп Варов жүгіріп кетті.

Варовтың сөз аяғын «ойбоймен» тоқтатқанына Жанәділ де түсіне қалды. Тез теңселіп, кібіртік қағып келе жатқан шамға қарай бір жағына сылти басқан адамның шамы жақындап барады. Алғашқы шам Бекең, қарттікі де, сылти басқан, дау жоқ, Куцирих. Ол жаңа ғана осы маңайдан кеткен. Неге сылтып қалғанын ешкім сұрамаса да:

– Кәрі қатын деген бір шатақ қой... Бүгін міне, ақсатып тастады, – деп, қалжыңдап өткен.

Енді екі шал біраз тұрыспай, иықтан біраз қағыспай айырылыспайды. Бекеңді обкомға алып кел деген сағат таянып та қалды. Екі шамның кезек қозғалысынан екі қарт шахтердің бірін-бірі иыққа қаға бастағаны да байқалады:

– Әңгімелері енді ғана басталады, – дейді Жанәділ, өзіне-өзі күбірлеп.

Арғы түптен бір көш темір кебежелерін тізіп алып, зырқырап келе жатқан электровоздың ышқына салған айғайы шығып еді, екі шам қабырғаға барып тұрып қалды.

– Қап, қалжыңдарын әлі бастаған да жоқ, – деп, Жанәділ орнынан тұрды. Бір жағынан уақыт өтіп бара жатса, екінші жағынан бұл шахтада аса құрметтелетін екі шалдың қалжыңдарына бөгет жасау – Жанәділдің әдетінде жоқ еді. Тіпті жиналыс үстінде де бұл екеуі ажуаласып, бүлкілдесіп отыратын.

Бұл шахтада Бекеңмен замандас адам осы Никифор Куцирих қана. Бекен Қарағанды көміріне он екі жасында келген, содан бері дәл алпыс жыл өтті. Талай замандасынан айрылған қарт шахтер кәрі құлжадай жалғыз жайылам ба деп қорқа бастаған кезде, бағына қарай отыз бірінші жылы Донбастан осы Никифор Куцирих келген. Куцирих деген фамилияға біржола тілі келмей қойған, барынша қазақы Бекен:

– Әкесінің атына тілім келмесе де өзінің аты оп-оңай. Мекепар, – дейтін.

Бекеңнің фамилиясы – Жетпісбаев. Оны айтқанда Куцирих та сатыр-күтір қиратып, жепіріп тастайтын болды. «Жетпістаев» та дейді, «Жеппіспаев» та дейді. Бірақ, Жетпісбайдың үстіне қателесіп болса да бір де бір рет дәл түскен емес. Сондықтан, екеуі де фамилияны айтуды қойғалы көп заман өтіп еді.

Шынында, екі дос бір-бірінің фамилиясын ұмытып та кеткен болулары керек. Бекең Мекепар десе, Никифор оны Бокан дейді. Сонымен екеуінің де есесі түгел...

– Өй, тәңір алсын, тәңір алғыр. Кәрі қатынның қасынан тұра алмай жаттың ба? Ал, іздірәсти, – деді Бекең мың да бір рет айтылған қазақы қалжыңды қайталап.

– Сен немене, жас қатыныңа асығып қайтып барамысың! – деп, «Мекепар» да мың да екінші рет айтылған қалжыңын қайталап жауап берді.

Жастық шақтағы сүйкенісу, мүйізбен қағысу сияқты еркек әдеттерін еске түсіргілері келсе де, енді оған жалқау тартып болған қарт жұмысшылар иықтан бір-бір ғана қағысып қалды да, қол алысты.

– Ә-әй, Мекепар, Мекепар, Мекепар-ай...

– О-ой, Бокан, Бокан, Бокан...

Әр күнде аман көріскендеріне бір қуанып қалатып шалдардың осы бір «әй, Мекепар-ай», «ой, Бокан» дегендерінде біріне-бірінің айтайын деген тоқсан тоғыз түрлі жақсы сөздерінің мағынасы жатыр. Достық лебі сөзбен емес, үнмен шығып тұр. Енді міне бар айтары айтылып болып, көңіл біржола жайлауын тапқандай екеуі де мәз-майрам, айырылыса алар емес. Маңдай мен көз айналасын түгел басқан қалың әжімдер ағараңдап ірге сызықтарын көрсетіп кояды да, шаммен шағылысқан кәрі көздер қылмың қағады. Бұлар тез айрылысып кету үшін біреуінің есіне бір іс түсу керек.

Бекен кенеттен түсін өзгертіп:

– Мекепар, мені обкомға глаунай секретарь шақыртыпты.. Ол не болды екен, білдің бе? – деді. Бет әжімдері иіріліп, түгел «Мекепарға» қарай толқып кетті.

– Обкомға?.. Қатының арыз берген шығар, – деп Куцирих қалжыңдай бастады да, іле о да бар әжімін иіріп, маңдайына жинап ап:

– Сенің айлық жоспарын алдыңғы күні орындалған жоқ па еді? – деді.

– Айлық түгіл тоқсаның да еңкейіп кеткен.

– Ендеше, – деп, Куцирих көзін қысты да, «онда Боканым, үндеме!» –деп оны иықтан қағып-қағып қойды.

Екі шалдың «ендеше» мен «үндеме» деулерінде обкомның бұл жолғы шақыруында тағы бір қамқорлық жатқаны айқын сезіліп тұр еді. Оның ар жағы екеуіне де айқын сияқтанып, «әй, Мекепар» мен «ой, Боканды» тағы да бір-ер айтысып, бірін-бірі иықтан тағы бірер қағып қалып, екеуі айырылысып кетті.

Бекең Жанәділдің қасына келгенде ол тізбектеліп келген темір вагондардың алып келген көмірін құлатып жатқан темір құдық-бункердің қасында тұр еді. Шахтаның осы бір тұсы кішігірім вокзал басына ұқсайды. Көмір толы көп вагонды тізіп әкеліп босағаннан кейін әкетіп, жүйткіп электровоз жүр. Темір вагонда бункерге келіп бөксесін бұра беріп тоңқалаң асады да, көмірін аударып тастап, ілгері жылжып кетеді. Бункер астындағы үздіксіз айналсақ лента көмірді тысқа әкетіп жатыр. Бұл маң күндізгідей жарық. Сонау бұрыш, түкпірлердегі еңбек күні мен еңбек түндерінің есебі осы арада алынып жатыр. Жер жүзіндегі ең бір беймаза телефон да осы жерде. Сағат сайын он шақты жерден телефон соғып есеп сұрайды.

– Орындалуы?

– Артығымен!

– Артығы?

– Алпыс.

– Сағаттық?

– Орындалды.

– Күндік?

– Жақын қалды.

Тоқсан метрлік жер астынан тік көтеріліп тысқа шығаратын темір кебеже де осы арада.

– Беке, азырақ кешігіп қалдық, – деді Жанәділ сағатына қарап, бірақ өңінде ренжу жоқ еді.

– Қарағым-ай, Мекепар антұрғанмен кездесіп қалғасын, білесің ғой. Қасынысып, қалжыңдасып тұрып қаласың...

Екеуі жоғары қарай зырқырай көтерілген темір кебежеге мініп алып, сыртқа, жер бетіне шықты. Қоңыр салқын қою қараңғылықтағы жер астынан шыққан адам жарық дүниені әрдайым сағынып шығады. Бекеңнің ең сағынып шыққаны тау-тау болып атжалданып жатқан кен шоқтығының биік қырқаларында ойнайтын жазғы сағым сияқтанып, айнала жоғары қарады. Қарағанды бейне бір тау ортасындағы қаладай көрінеді. Қаланы қабат-қабат орап алып түтіндетіп жатқан биік атжалдар құлпырған сағыммен аспанға көтеріліп, таңертеңгі

көгілдір тұманға оранған тау шатқалына ұқсай қалыпты. Алысырақтағы атжалдардың етегінде жүздеген шалқар көл бардай, қыр арқасында мыңдаған сұр көжектер ойнақтап жүргендей, сыртқы дүние тынымсыз құлпырады.

— Баяғы «Ақ шахты», «Қызыл шахтылардың» кезінде осы «Ит жонының» үсті қалың бейітке ұқсайтын еді, осы күні тау ортасында қалыппыз-ау, өзі, — деді Бекең Жанәділге қарап.

— Қарағандыдағы алпыс жыл еңбегіңіз босқа кетпегені де, Беке... — деді Жанәділ.

Бекен үндемей ілгері жүріп кетті. Қарағандыда өткен алпыс жылын ескерте қалсаң, Бекеңнің көз алдына алыс қалған ауыр күндері келе ме, болмаса,осы өндірістегі көп еңбегін ескерте бергенді ыңғайсыз көре ме, әйтеуір үндемей қалатын қашанғы әдеті. Егер бүгін осы алпыс жыл ауызға алынғалы тұрмаса, бұған Жанәділ де соқпайтын еді.

Қақпа алдында жабық машинені көлденең тосып Варов күтіп тұр екен, үшеуі обкомға қарай жүріп кетті...

Кабинеттің есігі ашыла бергенде-ақ, обкомның бірінші секретары қызыл шырайлы, ашық жүзді, жас жігіт орнынан атып тұрып, Бекеңе қарай қарсы жүріп келіп:

— Сәләмалайкүм, — деді, кәрі ақын Доскей мен осы Бекен үшін жаттап алған сәлемін беріп.

— Әліксалам, балам... — деді Бекең, араб сәлемін қазақша бұзып айтып.

Екеуі қол алысқанда, обком секретары «мынау тас алақан неше миллион қайла ұрып, неше миллион күрек көмір салды екен» деп ойлады. Секретарь да бала жастан көмір қазанында қайнап өскен жігіт еді, жұмыскер халқының қай тобында қандай мінез басым болатынын жақсы білетін. Әсіресе, қарт жұмыскерлердің арыны қай жерінде екенін жақсы біледі. Сондықтан, әуелі үйішінің жайларын сұрап, ұзақ орағытып отырды. Бекеңнің бір қолқ етер жері кемпірінің жай-күйі болатын. Оның да егжей-тегжейін сұрастырып, Бекеңді біраз балқытып алып:

— Сізге демалыс бермейді, курортқа жібермейді, деп кемпіріңіз өкпелейтін көрінеді ғой, — деді күліп.

— О несі, сайтан қатын! Оны кімге айтып жүр, былтыр ғана барып келгенім қайда, — деп Бекен ыршып түсті, ернін жиектей басқан бурыл мұрты да өре түрегелді.

— Жоқ, Беке, кемпіріңізді айыптамаңыз. Бүкіл жер жүзінде көмір жұмысына отыз жылдан артық шыдаған жұмыскер өте сирек кездеседі. Сіз жер астындағы жұмысыңызды қосқанда, осы шахта маңында алпыс жыл еңбек етіпсіз, қай курортқа жатып демалам десеңіз де хақыңыз бар. Варов пен Жанәділ өздері жас болған соң, кейде ұмытып кететін болса керек...

— Алпыс болса қайтейін. Алынбаған акың кімде кетпейді. Алпыстың дәл қырқын Ушаков пен ағылшындардан сұрар едім, адрестерін білмеймін, — деп, Бекең түксие жаздап барып қалды да, — олар да төледі ғой, Қарағандыға біз қожа болып қалдық емес пе? — деп, қайта жымиды. Содан кейін, — жиырма жыл істеген жұмыскер толып жатыр ғой, — деді.

Әңгіменің жарым-жартысы ашылып қалған соң, енді аяқтау керек болып, секретарь орнынан тұрып келіп Бекеңе қарсы отырды да:

— Бұл сіздің шахтаның көптеп көтеріп жүрген әңгімесі еді. Сізге ұзақ, демалыс беріп, жер астындағы жұмыстан біржола босатқымыз келеді. Шахтаның басқару жұмысына ептеп қана араласып жүрсеңіз болады ғой, — деді.

Бекең үндемей қалды. Алпыс жылғы әдет, алпыс жыл ішінде бойы үйреніп, сүйегіне сіңіп болған еңбек дағдысынан аршып шығарғалы отыр. Қай жерде сыр берді. Қай сынға жарамай калды. Жетпіс екіге келгенде жаңа бір іске қалай жақындаспақ. Үйінде отырғанда кәрі жолдасы әйеліне «пұлан, штрек, марықшодыр» деп қоятындары болушы еді, енді соны кеңседе отырып айтпақ па?

Есіне кеңсе түсе қалғанда Бекеңнің қатты ашынатын бір нәрсесі тағы көз алдына келді. Ол стол үстінде тізіліп тұратын калам, қарындаш, сия сауыттар еді. Бекең обком секретарының столына қарады. Жайнап тұр. Тап осындай столдың артына Бекен өзін отырғызып көріп, енді алдындағы қалам, қарындашка карай басар емес. Жазу былай тұрсын, қалам ұстап отырған Бекеңді «Мекепар» көрсе, не демек. Осыны ойлағанда Бекең біржола қартая қалып еді. Әрбір әжімі наразылық айтып тұрғандай, бет-аузы солғын тартып кетті. Отырғандар да қысылып, біріне-бірі қарады, әңгіме де тоқталып қалды.

Обкомның секретары енді Бекеңнің екінші жағына шығып:

— Шешей бүгін қонаққа шақырыпты дегесін, сіздің алпыс жылға толған еңбегіңізге құрмет көрсетіп, тартамыз ба деген азын-аулақ сыйлығымыз еді бұл. Ретін таба алмадық, — деді.

Кемпірінің екі-үш күннен бері ала бөтен бір әзірлікке түсіп жүргенін Бекең білген де, көрген де болатын.

— Ей, сен не бүлініп тайтаңдап жүрсің осы? — деп сұрағанда, үй билігін әлдеқашан қолына алып болған Жаңыл шешей:

— Білмей-ақ қой, жұмысыңа жүре берсейші, — дей салған еді. Ол сыр енді мына жерде ашылып отыр. Бірақ сырттағы жұрттың ішіндегі жұмысқа Бекеңнен гөрі Жаңыл шешей жетік. Ол кісі кейбір істі қолына ала бергенде Бекең көріне наразылық айтса да, аяқтап шыққанда: — «Әй, біздің кемпір біледі ғой, байғұсың», — деп ылғи мақтау беріп тынады. Бұл жолы да әңгіменің басталу жағы біраз ойға қалдырса да, кемпірі қонақ шақырып отырғанда өзінің қабағына кілегей тұра қалғанынан ұялы:

— Секлетар қарағым, ол есімнен шығып кеткен екен, кемпір айтып еді... Біздің үйдегі қожайын сол ғой. Келіңдер, жүріңдер, — деді, абыржыңқырап. — Жарайды, демалыс болса болсын. Бірақ, әлгі мынадай столдың қасына жолата көрмеңдер мені. Онда мен арам өлем, — деді аздан соң.

Мұның аты шалдың шахтадан кете алмаймын деген сөзі екенін отырғандардың бәрі де аңғарды. Демалысқа баратын, одан әріге көнетін емес, енді тізеге салсаң сынғалы отыр. Сондықтан, Бекеңнің соңғы сөзінен тең ортақ байлау тауып, одан аржағын кезінде көрермізге қалып еді.

Сол күні кешке қарай Бекеңнің екі бөлмесі лық толы жиналған жұрт еді. Стол басында қос тарлан Бекең мен «Мекепар» отыр. Оларға таяу облыс пен қала, шахта басшылары, қартаң жұмыскерлер.

Ресми сөз бір-ақ рет сөйленді. Алтынмен әшекейленген үлкен қызыл кітапты Бекеңе тапсырғанда ғана обком секретары Бекеңнің ел алдындағы алпыс жылдық еңбегін шолып өтіп, рақмет айтып, қолын қысты. Бұдан былай ресми арнаға қарай бұрыла бастағандарды еппен ғана қайырып алып, сауықты кештің шеңберінен шығарған жоқ.

Никифор Куцирих қызыл кітапты ашып қарап, ең алдымен «әһе!» – деп бір қойды да:

– Шалым, сен құтырады екенсің, – деді. – Аса ардақты шахтер депті, бұл дұрыс. Үш айға курортқа барасың, бұл да дұрыс. Сонда сенің көк соққан қатының қайтер, оны ойлаймысың? – деді ақырын ғана Бекеңді бүйірге түртіп.

– Сен бар емеспісің?

– Мен бе? Өз аюымды қайтермін? Ана бір жалғыз аузына көзің түсіп пе еді, құдай біледі қылыштан өткір...

Қарт адамдар қашаннан бері бой үйреніскен қазақы қалжыңдарына көшіп алды да, жұрт тарағанша езу жиған жоқ.

Жұрт тарағанда Бекең обком секретары мен Жанәділді терезеге қарай оңаша апарып:

– Мен Мекепардан ұялып өліп отырмын... Ол да мені өкшелеп келіп қалды. Екеумізді бірге жіберіңдер, үш ай курорт деген екеумізге де жетеді, ортасынан қақ бөліп алайық,– деді.

– Жақын арада ол шалдың кезегі де келеді, асықпаңыз, уәде осы болсын,– деді Жанәділ.

– Болды, – деді де, Бекеңнін күс алақаны қол алысуға секретарьға қарай созыла берді.

Куцирих өзге жұрттан кеш қайтты, әрине. Манадан, мейман күтуде жүріскен екі кемпірді екі жағынан отырғызып алын:

– Міне, енді көріңдер. Сендердің бізге наразылық айтпайтын күндерің бар ма еді? Енді, мынаны көріңдерші, – деп қызыл кітапты тағы ашты. – Міне, мына билетпен кәрі Бокан Алматыға ұшады. Аспанда ақ иықтай қалықтап дауылдатып барып қонады. Содан соң курортқа бара жатқан Бокан, давай без очередь билет! Былқылдаған айналы вагон... Кавказ... үш ай! Мынау ақ шаш пен бурыл мұрт қап-қара болып қайта түлейді. Ей, Бокан, сол кезде сені сайтан әурелеп жүрмес пе, тегі?..

Екі кемпір қуанғандарынан көздеріне жас алды. Ұзақ өмірлерінде шалдарына айтқан да, айтпаған да наразылықтарынан баз кешіп тәубаға келгендей, күйреп отыр.

– Ал енді, менің кезегіме баратын уақытым жақындап келді. Кезектен қайтқанша, сен жүріп кетесің, – деп Куцирих Бекеңмен қоштасып кетті.

Өзді-өзі енді ғана оңаша қалған соң, Бекен мен Жаңыл шешей қарт адамдардың қашанғы әдеттері бойынша біріне-бірі ең керекті қабырға кеңесін бере бастап еді, қоштасып кеткен Никифор Куцирих кезегіне кетіп бара жатып тағы келді.

– Бұлай болған соң, Бокан, мен саған бірдеме беріп жіберуім керек екен. Оны әлгі, тәйір жарылқағыр, қатын еске салды. Мынаны апар да қалтасына тық

деді, – деп, Бекеңнің қойнына бірдемені тықты да теріс айналып, тез шығып кетті. Қиыспас досының бұл ісіне Бекеңнің жүзі де бұзылыңқырап барып әрең тоқтады.

Мекепармен сөйлесетін көп сөздер бар сияқтанады, оның бір де бірі сөйлесілмеген екен... Ананы тапсыру керек, мынаны тапсыру керек. Бекең жүгіре басып далаға шықты. Кұцирих ұзап кетсе керек, көрінбеді.

Жаңа ғана атып келе жатқан таң бетінде қанды қызыл секпіл бар сияқтанады. Күндіз қырқасында сағым ойнаған биік атжалдардын түсі суып, қабағы түйіліп кетіпті. Алакөлеңкедегі сұрғылт дүниеде тік ажар қалмағандай. Сол бүйірден салқын жел тұрып ылғи тұтанып жататын атжалдардың бар түтінін қаланың көшесіне, үйлердің ығына тығыпты. Неліктен екені белгісіз, Бекеңнің көңілі жүдеп қалды.

– Мен түстен кейін жүрем, Мекепар кезектен қайтқансын... сөйлесетін сөзім бар, – деді Бекең кемпіріне.

Күннің жарымы анау-мынау, көңілсіз түйтпектен өтті.

Самолетке апаратын машинаның есік алдына келіп «қыңқ» еткені естілді.

– Қазір келемін. Самолетке өзім мінгізіп жіберемін. Варов сол жағынан бармақ. Шешей де барсын, – деп Жанәділ телефон соқты.

Кемпір-шал асығыс-үсігіс қара чемоданды нығырлап жатыр еді, мезгілсіз радио тықылдай бастады, ұйқыда жатсақ біз шаншып оятқандай, ояу болсаң құлағыңды еріксіз түргізгендей күндегісінен ерекше, ентіге тықылдатады.

Бекең манағы қызыл кітапты чемоданның бетіне ғана салуға әкеле жатқанда радио сөйлеп те жіберді. Бекең чемоданға жақындай бере, Жаңыл шешей бір қолымен чемоданның қақпағын көтеріп, бір қолын Бекеңе қарай соза берген күйінде екеуі де қатып қалды.

– Кемпір, таста мынаны сандықтың түбіне, – деді де Бекең шығып кетті. Жаңыл шешей шалының не айтқанын ұққан да жоқ. Ұзамай Жанәділ жүгіріп келгенде қызыл кітап әлі де кемпірдің тізесінде жатыр еді.

Бекең есік алдында тұрған шоферга «кете бер» – деп қолын бір сермеді де шахтаға тартты. Жердің асты-үстінде кездескен бар адамның біріне-бірінің бе-рер сәлемі, айтар амандығы «Естідің бе?», «Естідік қой» бола қалыпты.

– Соғыс! Соғыс, соғыс! Қапы соқтырғысы келген қанды жол! Жұрт аузында осы-ақ.

Бұрын әр жұмыскердің өз жүрісіне қарай әртүрлі теңселетін шахтер шам-дары бүгін аяғын қаздаң басқан бар жұмыскердің ашу-кегін бойына жинап ап, бар түгі сыртына тепкен совет жұмыскерінің жинақы жүрісіне қарай, бір ғана ырғақпен тез қозғалып барады. Бар жанның аяқ басуы да, тіпті тыныс алуы да осы бір ұтымды, жаңа ырғаққа көше қалған.

Үздіксіз ырғап тұратын темір науалар бұл күнге дейін «қырқ-қырқ» деген-дей естілсе, енді үсті-үстіне «алпыс-алпыс», «алпыс-алпыс» – деп тұрғандай.

Бекең күндегі орнына келіп тұра қалып, жақынырақ тұрған жігітке:

– Шырағым, кішкене былайырақ,– деген еді, сол «кішкене» бес жылға созы-лып кетті. Сандықтың түбіне түскен қызыл кітапқа бес жылдың ішінде Бекеңнің көзі де түскен жоқ. Самолет те, курорт та Бекеңді бес жыл күтті.

Бекең шахтадан шықпай тұрып-ақ сырттағы халдың салқын лебін сезіп еді. Бекең тобының орнына кезекке келетін жұмыскерлердің жас жағының бірсыпырасы келмепті. Бәрі де әскер бөліміне шақырылған, біреуі өз еркімен майданға кеткелі жүр, біразы шақырылыпты, көбінің әскерлік қағаздары тәртіпке салынбаған. Бекең, бригадасы да сыртқа шыға беріп «бір құлақ» қағазға ұшыраса кетті.

Директордың кабинетінде Варов пен Жанәділ де ендігі жайды ақылдасып отырған сияқты. Бекең кіріп келгенде оның неге жүрмей қалғанына олар таңданған жоқ.

Бірақ, бұрынғы әдеттерінен гөрі тезірек тұрып, бұрынғыдан гөрі Бекеңнің қолын қаттырақ қысқандай болды.

— Беке, сізде көпшілігі жастар ғой.

— Түгелге жақын.

— Ім... м...

Варов пен Жанәділдің тізе тиістіре отырыстарынан бір ойдың үстінде бір адамдай қосылып кеткендері байқалады. Бекеңе қарастарында «Сіз не ойлайсыз?» деген сұрау тұрғандай. Ол сұрау жоқ та болса — Бекеңе солай сезілді. Қашанғы қарт жұмыскер бірдеңе ойлап табуы — Бекеңе бір парыз сияқтанады. «Қарағандының қожасы мен емей, кім еді?» деген тәкаппар ой келеді. Ендеше ойлану керек те...

Бекең шахта басшыларымен аз сөзбен ғана ұғынысып, енді өз ойларының ізіне түсіп үйіне қарай жақындай беріп еді, Куцирих қуып жетті. Бұрынғы қалжыңдары тап бүгін орынсыз болатындай, ол жаққа екеуі де беттеген жоқ.

— Бокан, сенің халің ауырлайды-ау деймін, — деді Никифор Кудирих, өз халі жеңілденетіндей. Ауырлау болып тұр, Мекепар.

— Ал, енді не ойлайсың?

— Білмеймін. Тегі кемпірлер мен келіндер қалай болар деп келе жатыр едім.

— Міне, бұл ақыл! Жарадың, шалым! Біздің кемпірлер босқа семіріп үйде отыр... Қолдан келер жұмыстарын істесін, — деп, Куцирих тез-ақ елеуреп кетті.

Манадан бері «мұным қалай болар екен» деп келе жатқан Бекең де өз ойына табан тіреп, байлам жасады.

Қарағандының тек қана көмір қазаны болудан әлдеқашан асқанына даусыз дәлел — жұмыскер санынан басқа халқының саны тоғыз рет асып жататындығы еді.

— Олай болса, барлық жас еркек кіндіктер майданға алынса да орын басатын өзімізден-ақ табылады емес пе? Көбі, әрине, әйел болар, — деп Бекең өзінше бір топшылап қойды. Әйел деген әңгімені Куцирихтың қалай жақтағаны Бекең үшін үлкен арқа сүйеу болды.

Бірақ, Бекең ойлағанды жұрттың бәрі де ойлапты. Жоғарыдан төмен, төменнен жоғары қарай түгел, барлық жұрт түнек тұсындағы өз орнын іздеген. Тайқақтамай, жасқанбай іздеген. Бекең екі кемпірді ертіп, директордың кабинетіне қайта оралғанда, есік алды толған әйел екен. Ері майданға баратындар да, бармайтындар да енді отыра беруге үйіне сыя алмай, лек-легімен шахтаға келіпті.

— Айналайын, жұрт жарықтық-ай! — деді ішінен Бекең, көзіне жас алып. Еркекшелеу киініп, шалбарланып алып, аяқтарын тыпыңдай басқан екі кемпірін сол әйелдердің ішіне қосты.

Бекең кабинетке кіре бергенде Варов:

—Кемпірлеріңізді ала кіріңіз,—деді.

Мана жұрт кескінінде қуаныш бар еді. Енді ол кетіп, жүрек орнына, жүздер қалпына келіп қалыпты. Таңертең кімде болса да көмір қазаны олқы түсіп қала ма деген қауіп бар еді, енді, міне, күн айналмай, кезек ауыспай келіп қалған жұрт құдірет қайда екенін өзі айтып отыр. Варовтың ойында да, отырған жұрттың жүзінде де осының лебі бар еді.

Бекеңнің келуіне жұрт әдейі жиналғандай, кабинет лық толы екен. Бекең мен Никифордың, манағы екі ауыз әңгімесін әр құлақ өзінше естіп, әр ауыз өзінше айтып, көп құлақ аңызға айналдырып әкетіпті. Бұған бір жағынан Куцирих кінәлі еді. Ол үйіне келе жатып әйеліне:

— Сені Бокан мобилизовать етті. Соғыс біткенше жеңіл жұмыс істейсің. Құр семіріп үйде отырғанда не табасың бар,— деп, киіндіре бастаған.

Әйелі киініп алып кетіп бара жатқанда Куцирик есік алдына шығып, ағылған жұртқа естірте:

— Бокан дұрыс істеп отыр. Жастар соғысқа кететін болғасын, кемпірлерді жұмысқа салайық дегені әбден дұрыс. Кәне, енді жас әйелдер үйінде отырып көрсінші,— деп бірнеше рет қайталап барып, үйіне кірген. Бұдан аржағын Бекең де, Куцирих та білген жоқ еді. Бекең енді айналып келгенше, әңгіме жұрт көңілінде тамырланып, жұрт аузында жапырақ жарып, гүлденіп алған екен.

Бекең әйелдерді бастап шахтаға түсіпті дегесін, бұл шахтаға қарайтын жердегі барлық әйелдер шахтаға түскелі келіпті...

Бұл хабар көрші шахталарға да естіліп, қазір бүкіл Қарағандыда осы қозғалыс.

Аңыздың шеңбері өз бойынан анағұрлым асып жатқанынан қысылып, Бекең дәлін айтқысы келген еді, енді оған жұрт құлақ асар емес. Өйткені, іс Бекеңнен басталғаны да рас, қазір бүкіл Қарағанды қозғалысына айналып болғаны да рас. Енді мұны аңыз етпей жұрт көңілі көншімейтін сияқты.

— Бекең тәжірибесінің алғашқы күнінің қорытындысын беріңіз. Орын қалдырып отырмыз, — деп газет, телефондар қылқылдап отыр.

— Бұл өзі сіздің шахтада басталған қозғалыс қой. Бекең бізге келіп, бір-екі ауыз сөз сөйлемес пе екен, — деп барлық шахта телефон соға бастағалы сағатқа айналып барады.

— Е, мыналар құтырған шығар өздері. Газетке сөз жазып, шаршы топта сөйлейтін шешендері мен бе? — деп Бекең қысылып Никифорды түрткілейді.

— Жазасың да, сөйлейсің де, — деп Никифор түксиіп қояды.

— Ұшқынсыз от жоқ, Беке, сол ұшқынды сіз тастадыңыз. Халықтың қозғалысы қашан да осылай басталады. Мыңдардың ойын біреу айтпақ, миллиондар қостамақ, аржағы бүкіл елдің әдетіне айналмақ. Аңыз болса несі бар? Жұрт өз ісін әдемілеп айтқанды сүйеді. Оның аты — аңыз... Соғыстың бірінші

күні Қарағанды топырағына түскен ең үлкен өндіріс ұсынысы осы, – деп Варов әңгімені шың биігіне шығарып әкетті.

Шахта маңындағы сапырылған жұрт бірден емес оннан топталып, жер астына кетіп жатыр, күн ыстық па, суық па, ашық па, жабық па, оны ешкім абайлаған жоқ. Ыстық пен суық жұрттың өз жүрегінде, ашық пен жабық өз қабағында сияқты.

Бекең бригадасының әйелдері де темір кебежеге лық тола мініп, төмен түскелі жатыр. Бұған еркек жұмыскерлердің он шақтысы ғана сыятын еді. Әйелдердің жиырмадан артығы отырған сияқты.

Сыртқы ұсқынының өзінен-ақ күші көрініп тұратын, сүйекті келетін еркек денелерінің орнына біріне-бірі жұмсақ қана жабыса қалған әйел денелерінің күші қай жерінде екенін Бекең біле алар емес: келіндерге сенім артқан Бекең енді айнуға да жақын сияқты. Бұлармен қай тілде сөйлесу керек. Келін демек пе, жолдас демек пе, әлде тіпті жолдас келін демек пе, мосқал жұмыскерлерге «алқа бел», «салпы ауыз» деп, жастар жағына «тас бөтеге», «көк қырғи» деп үйреніп кеткен Бекең әйелдердің атына тілі келмейтіндей, қорқып тұр. Бәлекеттер біресе шу ете түседі де, біресе қоғадай жапырылып, ұяла қалады.

Бекең әйелдерді жер астына түсіріп жіберді де, өзі Куцирихты күтіп сыртта қала тұрды. Куцирих Бекеңді жеңінен тартып:

– Қалай, шалым? Әйелдер бөлімін басқара алатынбысың? – деді күліп.

– Мекепар, күлмеші, өзім де сасып тұрмын. Әлі біреуіне бір ауыз тіл қата алғаным жоқ, – деп Бекең шынына тартты.

Бұлар жер астына түскенде Бекең кезегінің әйелдері түгел жиналып, шоқтай иіріліп күтіп тұр екен.

Екі шал әйелдерді бастап көмір алынатын түкпірге тартты. Жер астында он шақты еркек бірге келе жатса аяқ басулары «гүрс-гүрс» естілетін еді. Көп әйелдің көп аяқтары бытыр-бытыр, бытырай басып, Бекеңнің кәрі құлағына қона алмай келеді... Үндемеуіне қарағанда Никифор да осы ойда сияқты.

– Соғыс біткенше жұмыскерден қысылмайтын сен боласын, – дейді Куцирих кәрі жолдасын жұбатып, – Әйел деген сарқылмайтын күш. Екі жұмада үйреніп шығады.

Куцирих басқа лавада көмір шабатын машинаның маманы еді, ол өз жұмысына кетті. Бекең әйелдерді бастап, көмір алатын үңгіріне келді.

Куцирихтың – «мен орнымa келдім» деген хабарын бергісі келгендей, темір науалар ырғауын күшейтіп, «алпыс-алпыс», «алпыс-алпыс» деп, екпіндетіп барады.

– Бұрын – «қырық-қырық» едің, бүгін «алпыс-алпысқа» басып тұрмысың? Мұны айтып тұрған сен емес, Мекепар. Айтқыза түсерміз әлі, – дейді Бекең өзіне-өзі. Еңбекке де сын күндері туғанда салмаққа салмақ қосылатынын Бекең ешкімнен сұрамай-ақ жобалап келеді.

– Бұрынғымызда қырық десек, ендігіміз осы алпыстың маңы болар – деп, Қарағандының алдағы күндегі жүгін де долбарлайды. Осыны ойлайды да көмірді шап-шұп сала бастаған әйелдерге қарайды.

Бекеңнің күні бойы айтқаны екі-үш-ақ ауыз сөз болды. Күрегін қолына алып беріп: «Ал, шырақтарым» деп бір айтып қалды да, көпке дейін үндеген жоқ. Шахтаға бүгін ғана түсіп тұрған әйелдер әуелі шапыр-шұпыр қимылдап, лезде бұраландай бастамаса, Бекең осыдан басқа сөз айтпайтында еді. Амал жоқ, анда-санда әйелдердің арасына кіріп:

— Күректі былай ұста, былай көсі, былай сал, — деуге тура келді.

Жұмыс аяғына таман Бекең бұл бұрыштан көмір әкеткен вагондардың жалпы санын бір жобалап көріп еді. Алғашқы сағаттар бұрынғыдан артығырақ, соңғы сағаттар көш құлаш кем екен.

— Бұл өз кінәм— деп ойлады Бекең,—айту керек, тіл керек, тіл...

Бекеңнің осы ойына жауап айтып, осы бір кедергісінің алдын ашып жібергісі келгендей, көзі мен тісінен басқасын түгел көмір шаңы басқан домалақ келіншек:

— Ата, бүгін сізді ұятқа қалдырған жоқпыз ба? — деді қайтып келе жатқанда. Манағыдай емес, қатарласып келіп сөйлесті.

Осымен тіл де шығып кетті. Ол «Барлық күш-майдан үшін» деген бүкіл елдің тілі еді. Бекеңнің жас жолдас, жаңа адамдары да осы тілде ғана сөйлесетін болды. Күн артынан күн өткен сайын сағат салмағы да теңеліп кетті. Екі шал курортқа бес жылдан кейін келді...

Ол күндер бүгін алыста қалғандай. Аяншақ емес жандар өз жүгін ауырлаған да емес, міндетсінген де емес. Қияға тағы бір шығып, биікті тағы бір көріп, күреске тағы бір түскеніне көңілі өсіп, қайта жасарған. Екі ай ғана демалған екі шал, соғыс салмағын көтермегендей күлпырады. Күн жаңа ғана шығып, Кавказ қырқасына төккен сәулесін енді етекке қарай сырғытып келеді. Бекең мен Куцирих бір-бір көздерін қысып ап, Кавказдың оғаш біткен өркештеріне қарап отыр. Түнге қарай түйіліп, тұнжырап кететін Кавказ қабағы қазір жұмсап, жадырай бастады.

— Бөлек бір бітім бар, ә?

— Кешегі адам, Кавказ қабағы түнде түйілмейді, түнге түйіледі. Күндіз жадырамайды, күнге жадырайды деді ғой, онысы рас болар. — Бірақ, Қарағандыдай жер қайда?

Екі шал отырып-отырып Қарағанды жайына қалай көшіп кеткендерін ездері де білмей қалады. Соғыс біткеннен кейін екеуі де көмір жұмысынан біржола босатылған. Орындарында қалған адамдар да сенімді.

— Мен мұндай адамды қазақ баласында көрген емеспін, — деп мақтайды Бекең орнына қалған қазақ әйелін, — машина, машина емес, отарба.

— Самолет деп-ақ, қойсаңшы біржола...

Екі шал Кавказды тамашалаған болып Қарағандыға орала береді, Біріненбірі ұрлап күрсініп қойып, Қарағандысын сағынып отыр.

— Дәлін айтқанда сен екеумізді жұмақтың төріне отырғызып қойса да көмір маңайындай бола қоймайды. Бір күні қайтып келеміз, — дейді Бекең.

— Машинаң гүрсілдеп жүріп тұрмағасын, көмірің бұрқырап шығып жатпағасын, демалыс бола ма кісіге?.. Курортқа келіп үш ай жатып алуымыздың өзі ұят — деп Куцирих Бекеңнің ыңғайына көшеді.

– Демалып қайтуларың міндет демеді ме, өтеп қайтамыз да міндетімізді...

Бұл жерге келгенде екеуі де күмілжіп қалды. Ең дұрыс сөзді айтып отырмағандарын екеуі де жақсы біледі. Бірақ әңгімесі құрғыр өзінен-өзі жалт бұрып көмірге ауып кетеді де, шалдар өмірлік дағдыны сағынады. Өзгеге түгел қол сермеп қалады.

– Қарағандыда ғой нағыз шуақ кез...

– Несін айтасың!.. Ондай күндер осы жақта болмайды екен өзі... Қарағандының қысы қандай, жазы қандай, ұзын құйрық, айдама боран екі қаланың арасында дариядай толқып бір жатады-ау қысты күні... Бет-аузын аяз соққан бала-шаға алмадай қызарып, домаландап келе жатқаны.

– Қысқасы, жұрт жұмыста жүргенде, біздің бүйтіп шуақтап отырғанымыз келіспейді, солай емес пе?

Осындай әңгімелерімен екі шал бірін-бірі күнде ұшарманға келтіріп қояды. «Қайтсақ қайтедіні» айтуға екеуі де бата алмайды. Өйткені бұл екеуін демалысқа аттандырғанда үлкен құрмет көрсетіп, барлық Қарағанды жұртшылығының атынан дұрыстап демалып қайтулары міндет етілген. Міндет дегенге екі мән беріп үйренбеген адал жандар бұл міндетті бұзуды да күнә санайтын еді.

– Мекепар!

– Ие, Бокан?

– Естідің бе?

– Өзің ше?

– Әрине, естідім.

– Мен де естіп жүгіріп келе жатыр ем.

– Үшінші орын, ә?

– Енді қалай болушы еді.

– Қайтамыз ғой, ендеше!

– Қайтпағанда қалай?

– О-ой, Бокан, Бокан!

– Ә-әй, Мекепар, Мекепар!

Өндіріс жөнінде біріне-бірі кеуделей сөйлеуді екеуі де ұнатпайтын. Тап қазір екеуі де оны ұмытып кетіпті. Жаңа бесжылдықта Қазақстан үшінші орынға шыққаны тарландардың табанын қыздырғандай, жер тарпиды.

Үшіншіміз, ә? – деп тағы бір қайталасты:

– Ие, үшіншіміз!..

– Телеграмм да бермейміз, түк те бермейміз, тартып отырып үйден шығамыз.

– Міндетті орындамапсыңдар, алайда, бұлай деп қалса, жетпіс беске келгенше – сен, жетпіске келгенше – мен, бір міндетті дұрыс орындамасақ, құдай кешірмес деймісің.

– Мысалы, кемпіріміздің айырыл деуге кімнің ақысы бар? Бұда сол бір алпыс бес жыл бірге жасасқан көмір.

Екі шалды енді бунап тұрған демалыстан тез қайтқандарына құлаққа қонымды дәлел табу сияқты.

Екі шал ертеңіне Қарағандыға қайтып та кетті...

СӨЗ ЖОҚ, СОНЫҢ ҮЗДЕРҮ

Жатар алдындағы желпініске мен ылғи сағат он бірде шығамын. Осы кезде ғана дабыр-дүбырға толы мазаң шақ аяқталып, жұрт аяғы сирей бастайды. Жанталасқан жастар жосыны тыным тауып, ешкім сені қағып та кетпейді, бұралқы-бейпіл сөздер де естімейсің. Тау қойнындағы қаланың еспесі шағын тыныс ауасы да осы кезде тазара бастайды.

Күнделікті әдетім бойынша қарсымыздағы бақшаға келсем, сескене қоярлық бейсауат адам байқалмады. Қала бастығы қатал деген қауесет тарай қоймаса да, заң қаталдығына сүйсініп, әдетте, жүретін жерлерімнен ұзаңқырап та кеттім. Түгел түлей қоймаған күзгі бақша жапырақ қанаттарын су-су сілкілеп, ауаны тез тазартыпты. Азғана қырбық қар түсіп, асфальт бетіне ақ дастарқан жапқандай екен. Адам серуендейтін жіңішке жолдар жолақтанып, ұзарып кеткендей сезіледі. Кешкі жөңкілістерден қала беретін қоқыр-соқырды да жаңа жауған таза қар жаба кетіпті. Бақшаның тап осындай таза бір шағы адамның бойын ғана емес, ойын да тазартып қайтарады: тазалық-тазалыққа, настық-настыққа шақырады да.

Серуен жолдарынан азғана қалтарыс тұратын ресторан тұсынан өте бергенімде, осылай қарай баяу аяңдап келе жатқан әйел көзіме түсті. Із кесіп жүрген аңшыға ұсап, анда-санда төмен қарап, кідіріп қалып келеді. Жақындаса келе тани кеттім. Нәзікен екен. Мен оны көрмегелі кеп жылдар өтсе де, бірден таныдым. Сұңғақ денелі, сұлу емес сүйкімді, ұяң емес ашық, ордаң емес әдепті болатын. Қыз мінезінде ұяңдық пен әдеп бірге кездессе бірін-бірі жасырыңқырап тұрады да, ашықтық пен абайсыздық бірге кездессе, бірін-бірі асырыңқырап тұрады ғой. Нәзікен ондайдан аман, адамға ақ жарқын шыраймен, қалтқысыз сеніммен қараушы еді. Менің есіме оның сонау жас кезі, сол қыз мінезі түсе қалды. Бір сәт сол қыз Нәзікенге кездесіп тұрғандай болдым. Осындай таза күнде соған кездескеніме қуанып та кеттім.

– Апырау, Нәзікенбісің? Қайдан, қалай кездестік! – деп, апалақтай амандасып, мен қолымды бұрын создым. Саусақтары жұмыр да балғын болушы еді, енді едәуір ысқаяқтана бастаған екен. Қолы сүйікті де суық тиді.

Бардың жұпыны киінгені де, жоқтың барша киінгені де белгілі тұрады ғой, Нәзікеннің тұрмысы қоңыр-төбел екендігі байқалады. Бірақ қапелімде аузына түсе қоймайтын бауырмал сөздер тауып, амандасқанына қарағанда, бұрынғы ақ жарқын мінезі қалпында сияқты.

Нәзікеннің алдында мен бұрын да абыржыңқырап қалушы едім, соның салдарынан әлі де арылмаған екенмін, екі ауыз сөзге келмей-ақ, ең бір сұрамасты сұрап қалдым:

– Балаң есейген шығар? – дедім.

Менің бұл доланды ғым Нәзікеннің көңіліне екі бірдей жарақат салатыны даусыз. Ең алдымен, алты-ақ ай отасып, ұшты-күйлі айырылған жарын – Жантасын есіне түсіреді. Екінші, амалсыздық қыспағында қосылса да, қазіргі жолдасы Айдарбек болғандықтан, бұрын аралас-құраласы бар дос-жарандарының шеттеп кеткенін есіне түсіреді. Нәзікен үшін мұның екеуі де ескірмеген, егіз-

сгізек жаралар. Сұрауын сұрай қалсам да, өзім қысыла бастап едім, Нәзікен қысылмай жауап берді:

— Сейілжанды айтасың ғой. Биыл оқуын бітіріп, Алтайға кетті. Бойшаң да иықты жігіт болды. Аумаған Жантастың өзі! — деді. Әуелі азғана реңсіздеу шыққан дауысы сөйлей келе ажарланып кетті: әрі алғашқы күйеуін, әрі алғашқы баласын көз алдына әкеліп тұрғаны сезіледі. Сол екеуі жайында ғана сөйлескісі келіп тұр. Менің ойым да бір кездегі ең қадірлі жолдасым Жантасқа ауысты.

Ол бір дарынды туған жігіт еді. Орта, жоғары мектептердің екеуін де ойран-ботқасын шығарып, еркін бітірген кен инженері болатын. Оның ең алғаш жазған «Алтай кендері» деген еңбегіне «Алтай поэмасы» деген алғы сөз жазылып еді. Қазір Жантастың өзі де жоқ. Алтай поэмасы да жоқ. Ана бір жылдары екеуі бірге тұтқындалып кетті. Жантас «барса келместен» қайта алмай, біржола жоғалды да, еңбектері енді ғана басылғалы жатыр.

— Қызық жағдай кездесе береді екен, Жангөбек... Сейіл Алтай комбинатына, баяғы әкесінің орнына алыныпты, — деді Нәзікен. Мен құттықтап қолын қысып едім, жаңағы екі арада қолы жылынып кеткен екен.

Жантастың Алтайға аттанар күні Нәзікеннің есінде өмір бойы қалар қаралы күн еді. Жаңа ғана қосылған екі жас барлық ой-жігерін өрісті еңбекке арнап аттанғалы жатқанда Жантас ұсталды, Қанын ішке тартып сұрланып алған, екі жігіт кіріп келді де:

— Жантас Асылбеков, жүріңіз! — деп есікті нұсқады.

«Халық жауы» деген сұмдық сөзбен келіп тұрған екі жігітке қарап тұрып, өз халқының досы қандай болатынын білмей қалуға да болатын еді. Сұр киінген, қанын ішке тартып алған сіріңкі сұрдың екеуі де ысқырынып тұр. Бірінің оң жақ бетінің томпағынан бастап миықтығына дейін ығы-жығы безеу — әдейі басылған қара таңба ма дерсің. Екіншісінің бетіне қарап, адам жүзінен ешбір ізгі сана-сезімнің саңылауы байқалмайтынына таңқалғандайсың. Бұл екеуі өз қызметтерінің елдік мәніне біржола түсіне алмай қойған Шыңғыс хан заманында тамұққа алынып, қазір содан шығып келіп тұрғандай, тым жат еді. Көздері қыдыра жортып, бәрімізді де бір-бір тінтіп шықты: бірінің көзі қара тышқандай тіміскіленіп келіп менің көк ала галстугіме қадалғанда, мен мойныма қыл-бұғау түскендей булығып кеттім. Безеу беттің екі құлағы да бүрісіңкіреп, әлденені тыңдай қалған бөрінің құлағына ұсап, алға қарай қалқия қалыпты. Ол маған осы үйдегі барлық жанның қалай дем алғанына дейін естіп тұрған сияқтанды.

Жантас төсек-орын, шағын ғана кітапханасын бұдан бірер күн бұрын Алтайға жөнелтіп жіберген екен. Жолға әзірленген екі чемоданды тұтқындаушылар иесімен бірге әкеткелі есікке қарай бір-бір қозғап қойды.

— Бір чемоданда әйелімнің киім-кешегі ғана бар. Көріңдер де тастап кетіңдер, — деді Жантас.

— Оны барғасын көрерміз. Акты жасалады... Кеттік! — деді безеу бет сұр, екі чемоданның бірін қолына ала беріп.

Мұндай пәлені өңі түгіл түсінде күтпеген адал жас Жантас таңқалғандай ғана қалпын көрсетті, қорыққан жоқ. Таңданып жымиып әйеліне жақындай беріп еді, тағы жаңағы безеу бет:

– Кейін! – деп жекіріп қалды.

Жантас әлі де сол жымиған бойы тоқтап қалды да:

– Жолдастар, тарап кетпеңдер, мен қазір қайтып келуге тиіспін. Сөз жоқ, қазір қайтып келемін, – деді. Біз ішіміздан ғана бас изестік.

Жантастың ақ-қарасы айқын тұратын, адал қарайтын көздері, биік те жалпақ ақ маңдайы, желкесіне түскен ірі толқынды қара шашы сыртқа шығар есік ашыла бергенде түгел бір жарқ етті де жоқ болды. Есік бір зәрмен жабылды да, құлағымызда тағалы аттардың тапыр-тұпырындай, тақтайлы коридордың дыбысы қалды.

Төр үйдің босағасына сүйенген бойы, қатып қалғандай Нәзікен тұр. Күзгі жемістерден майысып тұрған ұзын стол – отырыңдар деп шақырғандай. Бокалдар «құйыңдар» дегендей болады. Столдың төр басына біз әкеліп қойған бір құшақ гүл өзінен-өзі өңінен айырылып бара жатқандай. Жалғыз гүл емес, сол үйдегі адамдардың бәрі де өңсіздене қалыпты. Біз тез тарасып кеттік, тым тез тарадық. Жантастың қазір қайтып келемін дегеніне ешкім де сенбепті. Бұл бір жаппай сенімсіздік, үрей мен күдік кезеңі еді ғой, өң мен түстің арасында тұрғандай Нәзікенге көз қиығымен әрең бір қарап, айыпты адамдай жылысажылыса шығып кеттік. Ерніміз қоштасқан болып қыбырлағанымен бір ауыз сөз естілген жоқ. Нәзікеннің ең бір жалғызсырап тұрған кезінде жалғыз тастап кеттік. Жасы әлі жиырмаға толмаған уылжыған жас жалғыз қалды, жалғыз...

Жантас өте бір үйірсек жан еді, дос-жарандары көп жиналған екеміз. Қолы босамай, жалғыз Айдарбек қана келе алмаған. Жантас пен Айдарбек бір мамандықтың адамдары еді. Айдарбек Алтай комбинатында төрт жылдай қызмет істеп, өз айтуынша, бастықтармен келісе алмай, босанып кеткен. Қазір ол Өлкелік бір комитеттің ауыр өндіріс бөлімін басқаратын. Жантас Алтайға сол Айдарбектің орнына жіберіліп жатқан. Егде тартып қалған инженер Алтай туралы кейбір ойларын Жантасқа өзі әкеліп бермек екен, дәл аттанарында келе алмай қалды. Жантас осыған едәуір қынжылып, өзім келіп алып кетейін деп еді, Айдарбек телефонмен – бір жерлерін қайта қарап, ертеңнен қалдырмай почтаға саламын деп уәде етті.

Саясат пердесін жамылғанымен, саясатқа сыя бермейтін жайларды түсінуге әйел ойы зирек келеді. Мен үйге келіп, әйеліме Жантастың жайын айта бастап едім, ол кідірместен екі түрлі жорамал айтты.

– Естірсің де білерсің, бұл қылмыстан Айдарбектің қолы таза емес. Жантасқа қандай бәле жабысса да Айдарбектен келді. Оның қолы таза емес, таза емес! – деп екі қайырды да: – Ол күншіл адам. Жантас Алтайға баратын болғалы ол жарылғалы жүр... Жантас пен Нәзікен екеуі тым бақытты жастар еді ғой, тым жарасымды еді ғой. Біразымыз сонысына қызықсақ, енді біреулер күндейтін. Күншілдік әкетті, күншілдік! – деп жылап жіберді де, киіне бастады. Мен оған қосыла да алмадым, қарсы айтарым да болмады. Әйелім тез шығып кетті.

Мен балалар катоктан қайтқанша шам жақпай отырдым. Егер Жантас сияқты кіршіксіз жасты да күншілдік әкетсе, адам санасының өскені кәне? Айдарбек сияқты инженеріміз осындайға бара алса, өскен ел болғанымыз кәне?

Қой, бұл қате болар. Ой барлап үлгіргенше сезімі құрғыр алыпқаштыға салып әкеткен болар деп байлам жасадым. Сенбей жасадым.

Қараңғы үйде жалғыз ойға әр нәрселер түседі. Барлық адам баласының ісінде сақталып қалған Варфоломей түні көз алдыңа келеді. Адам жүрегіне үрей, сеніспеу егіліп жатқан күдіктер балалап барып әлдекімнің айбарына тіреледі де, тұйықталып қалады. Шешуі жоқ, шегі жоқ көп үрейдің ортасында қалғандай, өзің үйде, ойың тұтқындалып қалған.

Біраздан соң әйелім қайтып келді де: – Сұмдық ай, Нәзікеннің өзін де шақырып әкетіпті. Кім шақыртқанын ешкім білмейді. Есігі жабық тұр, – деді.

Екі күннен бері төсек тартып жатқан әйелім ол түні кірпік қақпай шықты. Мен сыбырлап сөйлеймін, ол қаймықпай, әлдекімге ұрса сөйлейді.

Ертеңіне, мен қызметке кеткенше, әйелім Нәзікенге тағы бір барып келді де, өзінің қатты абыржып қайтқанын айтты:

– Жайғөбек-ау, мына дүниең не болып бара жатыр? Мен түгіне түсіне алмай қайттым. Нәзікенді кеше Айдарбек шақыртқан екен! – деді.

– Иә? – дедім мен де, түгіне түсіне алмай.

– Алып қалуға шамам келмеді, Жантасты Алтайға халық жаулары әдейі жіберіп жатыр екен. Өзің білесің, Алтай деген алтын қордамыз ғой. Соны бұлдіруге жіберіпті. Мен әлі Жантас ондайға араласпайды деп қарсыласудамын. Бірақ, материалы құрғыр тым көп екен... – депті.

– Әйтеуір, үміт бар дей ме? – дедім мен.

– Нәзікен бала ғой әлі. Сеніп қайтыпты, – деді әйелім.

– Е, сенсін, – дедім мен.

Осыдан екі жұма кейін Нәзікенді дәрігерлер институтынан шығарып жібергенін естідік. Оның ертеңіне сол екі сұр келіп, мені де алып кетті. Екі жылдан кейін Нәзікеннің Айдарбекке қосылғанын естіпті әйелім. Содан былай қарай Нәзікеннен барлық дос-жарандары қара үзіп кеткен. Сол Нәзікенге мен, міне, бүгін түнде кездесіп тұрмын...

Алғашқы абыржуым басылғаннан кейін, мен оған қайда бара жатқанын, не болмаса қайдан келе жатқанын сұрадым. Жаңа ғана ажарланып кеткен дауысы қайтадан қонырқайлана берді. Тегі, мен оның нағыз ауыр жарасының аузын тырнап қалдым білем.

– Жангөбек-ай, несін сұрайсың. Мен сордан сорға ұшырап жүрген бір жанмын ғой, – деді Нәзікен, күрсініп қалып, – Айдарбекті іздеп жүрмін... Ол ішетін болған: кейде үйді тауып келе алмай, түні бойы қаңғырып жүреді, кейде әлде қай жерде құлап қалады... Таңертең пенсиямды алып келейін деп кетіп еді, әлі үйге қайтқан жоқ...

Айдарбектің маскүнем болып алғанына мен таңданған жоқпын. Оның болашағы сондай бірдемеге апарып соғарына әртүрлі белгілер ертеден бар еді. Шала оқыған кен инженері, бір мекеменің өндіріс белімінің бастығы, ішкі істерді басқаратын облыстық мекеменің өндіріс жақтарын бақылайтын адамы, ГАИ-ды басқарып Гаитанин атанған адам, жасы елуге жетпей-ақ пенсионер болса, ол жүріп кеткен бұраң жолдар да көз алдына келуі мүмкін. Сондай бұраң жолды адамның қармағына ілініп қалған Нәзікенге ашуым келе бастағанын сездім. Ең ауыр жарасы осы болса, қаттырақ бір тырнап қалғым келіп:

– Пенсияға шығуға оған әлі ерте емес пе еді? – дедім.

— Біле тұра сұрасаң да айтайын, ана жылдары көп жұртты жазықсыздан жазықсыз халық жауы етіп шығарғандар бар емес пе? Айдарбек солардың бірі болып шыққан... Кейін пенсия беріп, жұмыстан босатып жіберген, — деді Нәзікен.

Мен оны аз-ақ шапалақпен тартып жібермедім. Еріндерім жыбырлап, көздеріме ып-ыстық қан құйылып бара жатыр. Денем қалшылдап кетті.

— Енді сен, Нәзікен, есті Нәзікен, түн ішінде сол маскүнемді іздеп жүрсің! —дедім. Дауысым әлем-тапырық шықты.

Нәзікен үндеген жоқ. Мұңайып қалды. Мен шапалақ, емес балтамен ұрғанымды сезіндім.

— Жә, бірге іздейік. Қай жерден іздеуші едің? — дедім.

Екеуміз ресторан айналасын шарлап, көп іздедік. Подвалдарға бардық. Базарға жақын бір подвал әлі гуілдеп жатыр екен. Нәзікен сонда кіріп шықты да: — Осында болған екен, жаңа ғана шығып кетіпті,— деді.

Енді Нәзікен алдыма түсіп, толып жатқан ларектердің маңайын аралатып әкетті. Әлгіде бақшада кездескенімде Назікең, із кесіп жүрген адам сияқты еді, енді көк базар маңының қалтарысына көптен кәнігі адамдай, іркілмей шарлап кетті. Мен ере бердім.

Базардың бір бұрышынан: — Ей, әйел! — деген дауыс естілді. Нәзікен де тоқтады, мен де тоқтадым. Брезент башлығы қаба сақалдан басқаның бәрін жауып кеткен енгезердей зор денелі адам бізге жақындап келіп:

— Оның қайда барып аяқтайтынын білетін едің ғой, сұлуым! Әуелі сыйғанша қарынға құяды, сыймағанын қойынға тығып алып, Бөріқұлақ екеуі бірге кететінін білуші едің ғой, сен! Жуан бөксенің үйінен изде! — деді. Орыс адамында жалған сыпайылықты керек қылмай, нені болса да бадырайтып бетке айтатын бір мінез бар ғой, мына қаба сақал да соны істеді. Мен Нәзікеннің осындай сөз естуге жеткеніне назаландым. Нәзікен: — Рахмет, — деді де базар алаңынан шыға берді.

Ұзамай қаланың орталығынан алыстап, қаранғырақ көшелерге шығып кеттік. Қала түгел ұйқыға кеткен, тып-тыныш. Анда-санда қақпа астынан безілдей шыға келген шәуілдек иттер ғана мазалап қояды.

— Е, мынау соның ізі! — деді Нәзікен тоқтап қалып. Асфальтты жауып кеткен қырбық қарда екі адамның ізі айқын жатыр.

Екеуі де аяқтарын сүйрете басатын адамдар сияқты. Екеуінің аяқ киімдері де тұр-сиқынан айрылған, мылжа-мылжа бірдемеге ұқсайды.

— Қолтықтасып-құшақтасып кетіп бара жатқан түрлерін көрмейсің бе?— деді Нәзікен. Кейде қатар түскен, кейде асфальттан тайып кетіп арыққа барып тіреліп, қайта оралған іздер адам жарықтықтың мас кезінде қандай қор болатынын асфальтқа жаза берген сияқты. Бетін ақ қар жапқан асфальтқа жазыпты! Қайда болғандықтары, қандай халде екендіктері сайрап жатыр.

Тағы бір көшеге бұрыла бергенде, Нәзікен үлкен бір ақ теректі айналып, алыстаңқырап өтті. Мен бәрібір көрдім: екі мас ақ терекке иықтарын сүйеп қойып, қарама-қарсы шүмектеткен екен. Теректің түбіндегі іздер суға қарық болыпты да, одан әрі қарай ақ қар жамылған асфальтқа тым баттиып түсіпті.

– Сенің әкең қажыға екі рет барған! – деген мастың дауысы естілді.

– Сенің әкең ше? Алматы мен Ташкентті құртқан бірінші капиталистің бірінші приказчигі болмап па екен? – деп екінші мас өлтіре жауап беріп жатыр.

Қалжың жаңағы теректің түбінде басталып кетіп, енді-енді қыза бастаған әлпеті бар.

– Солар, – деді Нәзікен.

Дауыс шыққан маңайда бір кішкене терезеден жарық көрінеді.

Жалғыз қабат ескі ағаш үйдің терезесінен сыртқа қарай асылып тұрған әйелдің басындағы қызыл шұбар орамалы да айқын көріне бастады.

– Ей, сосунчики мои, заходите же! – деп орысша сөйлеген әйелдің дауысы естілді. Бұл әлгі базар күзетшісінің айтқан «жуан бөксесі» болу керек.

– Жангөбек, сен тұра тұр. Мен Айдарбекті алып келейін, – деп Нәзікен тезірек жүріп кетті.

Екі мас қыза қалжыңдасып, алғашқы ақ қар жауған әдемі түнді аяусыз ластап, әрбір бейпіл сөздерін түн аспанына бәсекемен шегелесіп тұр. Әкелерден асып, шешелерге дейін барысып қалды. Бірақ, екі жағы да әлсіз де кінаратсыз боқтасатын сияқты.

Аздан кейін Нәзікен Айдарбекті сүйрелеп маған қарай беттеді. Жалғыз емес, қасында мсн барын айтып келе жатқаны сезіледі.

– Ә?! – деп Айдарбек қалт тұра қалды, – Жангөбек? Ол әкеңнің көрін... қайдан жүр?

Біресе Нәзікенге сүйеніп қалып, біресе оны бірге сүйрей екінші жағына қарай ауытқып кетіп, Айдарбек маған жақындап келді де:

–Жангөбекпісің-ей?! Ит-ай, саған да өлім жоқ екен! – деп мойныма асыла кетті. Мұрны иттің мұрнындай сұп-суық екен. Көптен қырылмаған сақал-мұрт оң жақ бетімді тырмалап өтті де, былжыраған, лас еріндері жағалықтың астына сілекейін жібере бастады. Мен ішімнен: «Мені өлімге жіберген де сен бе едің?» деп ойладым.

– Бір кезде достас емес пе едік, неге қашқалақтап, қолға түспей кеттің? Нәзікен, ал қолтығынан. Үйге алып барайық! – деді Айдарбек.

Әуелі бір сілейте боқтап алып, іле құшақтап сүйіп, енді міне, айыққан адамның сөзін айтып тұр.

Біз бұлғаңдап Айдарбектің пәтеріне жеткенде түн ортасы әлдеқашан ауып кетіп еді. Он үш—он төрттегі қыз бала әлі жатпай, шешесін күтіп отыр екен. Арт жағы ішіне қарай жемірілген тапочканы аяғының басына ғана іліп, бір қолымен жағын тіреп алып, сабағын әзірлеп отыр.

Нәзікен үйге өтірік айта кірді:

– Жангөбек-ай, тап бір қар жауған күні қонаққа шақырып, үсті-басымызды қарашы, малмаңдай болғанын, – деді.

Шешенің қызынан жасырар қасірет сыры ғой бір. Нәзікен осыған дағдыланып қалған екен. Бірақ, бізді әдемі қара көздерінің қиығымен ғана жанап өткен жас қыздың жүзінде сенгендік белгісі байқалған жоқ. Бұл шешеге тағы бір ауыр қасірет: адал жан етіп өсірермін деген қызын алдау қасіреті, сендіре алмау қасіреті, сендіре алмайтынын білу қасіреті. Ертелі-кеш кездесіп отырған қасірет.

— Сен енді жат, — деп Нәзікен Айдарбекті екінші бөлмеге алып кетті.

Мен қозғала берсең бір сықырлап қалатын орындыққа отырдым да, үй ішінде көз тоқтатар басқа ешнәрсе болмағандықтан, болмағандықтан емес-ау, иықтап алған жүдеушілікке қарағым келмегендіктен, сабағын әзірлеп отырған қыз балаға қарадым. Аумай, ауыспай шешесіне тартқан екен. Қыз күніндегі Нәзікенді тағы бір кездестіргендей болдым. Шебер қол қыз Нәзікенді қайта бір құйып шығарғандай. Сүйкімді келген бет пернелері, көгілдір көлеңке түсіріп тұратын қою кірпікті қара көздері, талдырмаш, сұңғақ денесі — бәрі аумай түсіпті.

Мен Нәзікенді судан шығып келе жатқанында бір көргенім бар еді. Жантас екеуі Балқаштың құмқайраң жағасында, шомылатын киімде ғана, бірге кездескен. Белі үзіліп тұрған, мықынды да дөңгелек санды жас қыз ығыспай келіп амандасқан. Белтірлігі қиылып тұрған, өкшелі де үсітті аяқтың қып-қызыл саусақтары жымдасып тұрғандай еді. Ұлы ақынның «Тап осындай енді бір пар аяқты», — дегенін еріксіз есіме алып едім. Қазір мен сол Нәзікенді көріп отырғандаймын.

Қарай келе жас қыздың жүзінде сергектік те, сенбестік те барын байқадым. Күнәсіз жас қыз шешесінің «қар жауған күні қонаққа шақырып» дегеніне де сенген жоқ еді, енді менің көлденең кездескеніме де сенбей отыр. Осы үйді торлап алған көп қасіреттің бір шетіне мені де жанастырып, ұнатпай отырғаны анық. Мен бірдеңе десем-ақ, тіл кесті жауап қайтарғалы отыр. Қыз жүзінде әлдененің іздері бар.

Балғын жастың сеніспеу дәуірінде туып, сенімсіз әкеден түңіле өскені байқалады. Маскүнем адам үй ішіне күнде бір өтірік айтады. Өтірік айтып кетеді, өтірік айтып келеді. Оның өтірігін өңдеймін деп шеше өтірікші болады. Шеше арқылы қыз бала не барлық дүниеге сеніммен қарайтын болып өседі, не болмаса, өмірден тұрақтылық таппай, сенім іздемей, сеп іздеу жолымен кетуі мүмкін. Қыз баланың жүзіндегі із жүрегіне айғыздап түскен көп іздердің сыртқы елесі ғана.

Осындай өкініші көп ойлардың үстінде отырғанымда, әлде ғана Нәзікеннің: «мынау соның ізі» дегені есіме түсті. Иә, соның ізі... Теріскей шығып алып ұзақ соққан ызғырық дәуірдің ізі, үрей кірмеген үй қалмаған дәуірдің ізі. Сол ызғырыққа қосылып алып бірге ысқырған, қияға шығып алып ысқырған, аяғында сол қиядан құлағанда батпаққа батып кетіп, енді содан шыға алмай қойған әкенің іздері.

— Сөз жоқ, соның ізі!

Мен бір сақтанбай сөйлейтін адаммын. Жас қыздың, көз жанарында жұмсақтық сыңайы байқалмағанымен, сөзге тартқым келіп, ауызға не түссе, соны сұрай салдым.

— Жаздыгүні пионер лагерінде болған шығарсың, қалқам? — дедім.

— Жоқ, ертең интернатқа кетемін.

— О, интернат осы күні жақсы ғой!

— Жаман болса да кетем!

Қыз жауабы ойлаған жерден шықты. Әке-шешемен келісімге келуден біржола безініп, үзілді-кесілді бел байлаған, қатты бұралған домбыра шегіндей ширығып алған жастың жауабы.

Ұзамай Айдарбегін жатқызып, Нәзікен қайта шықты да:

– Сәулеш, әлі отырсың ғой, жата ғой, күнім, – деді.

Сәулеш дыбыссыз тұрып, жатуға кетті. Шешесіне де жауап қайтарған жоқ, менімен де қоштасқан жоқ. Енді ас ішетін кеңдеу бөлмеде Нәзікен екеуміз ғана қалдық. Үй іші тым сырдаң. Тамақ столын жапқан көнетоз клеенканың әр жерінде темекі сөндіргеннен қалған қара таңбалар бар. Төбеден салбыраған жалғыз шам шақырайып жанады. Үй қабырғаларында сала-сала жарықтар... Ескі диванның темір қаңқасы зығырланған лидерінді алдақашан тесіп шығып, бадырайып-бадырайып тұр.

Нәзікен тамақ столының бір шетіне жақындап келіп отырды да, сол қолымен маңдайын көлеңкелеп жылап жіберді. Ол үнсіз жылап, бақытсыз өмірін көз жасымен, ығысып отырған бар қалпымен баяндай берді, мен үнсіз тыңдай бердім.

– Ұяламын...– дейтін сияқты Нәзікен. – Өлімнен ұят күшті болса, қазір мен сол күйдемін, өлімнен де ауыр халдемін. Ел ішінде емес, жапан түзде жалғыз қалғандаймын. Бізден безінбеген бір таныс адам қалған жоқ. Осы үйде қан иісі бар, азап үні бар. Жантастың тартқан азабы мен төгілген қанына ортақ үйде отырмын. Ақталарым жоқ, алданғаным бар. Алай-түлейде жөн таба алдым ба? Алданғанымды кеш білдім. Бұғау мойныма түсіп болғанда білдім. Әлсіз екенмін, үзе алмадым. Содан бері бірінші рет досқа ұшырасып, жалғыздық зарын, ел-жұртты сағынған мұңымды шағып отырмын. Тас болып жатқан шермен енді ішіме сыяр емес. Құр көріп, құр естіп кетпе, достық қолын соз... – дегендей Нәзікен егіле берді.

Көрден шыққандай күңгірт ағараңдап, Айдарбек қайта осы бөлмеге шықты. Бір қолы сатпақ-сатпақ ақ дамбалдың ышқырында, қасынып келеді. Көз құйрықтары түгел қысылып кетіпті де, қарашықтың тұсынан саған бір жыланның көзі жылт-жылт қадалатын сияқтанады.

– Әй, осы сен үйге неге келдің? Темекің бар ма? – деді Айдарбек маған жақындап келіп.

Мен темекі бердім, тұтатып та бердім, тек жауап бермедім. Айдарбек темекіні бұрқыратып, будақтатып бір-екі сорды да, столдың шетіне жаныштап сөндіріп тұрып:

– Сен бұл үйге үйір бола берме, достым! Баяғы Нәзікен бар деп келген шығарсың. Ол біткен, енді бұ да қырғыш болды деді.

Үш бұрыштанып келіп қадалған жылан көз маңдайымды тесіп кетер ме деп едім, тесе алған жоқ.

Барлық маскүнемдерге ортақ бір әдет – әйелдерін көрінгеннен қызғанады. Шынына келгенде олары еркектің қызғанышы да бола бермейді. Күнде мас болып, әйелінен күнде ренжу еститін маскүнем сол әйеліне бір қарсы дау – қарғаша салып қойғысы келеді. Бірақ, сол дауын қайталай-қайталай, бір кезде соған өзі де сеніп кетеді.

Айдарбектің маған келіп соқтығуынан Нәзікен де қысылған жоқ, мен де елеген жоқпын. Маған: «Бұл сорлы неге осынша құлдилап кетті екен», – деген ой келді. Мұндай батпақтаған адамдар онша көп те емес, бірақ жоқ та емес. Кейде жетілдім-болдым деген адамның сырт жылтырағанына тырнағың тиіп кетсе болғаны, мысы шыға келеді. Шала білім, шалағай мәдениет бір құлатпай қоймайтын мансап жолына түсіреді. «Биік мансап – биік жартас, қиялай ұшып қыран да шығады, өрмелеп жылжып жылан да шығады». Сол биіктен құлап түскен Айдарбекке не айтпақсың?

– Сен менімен ойнама! – деді Айдарбек, екінші бір ойға ауысып. – Ойнама, білдің бе? Мен сені ит жеккенге тағы бір жіберіп алуға шамам келеді. Түсінесің ғой?

Содан кейін еріндерін жымырып алып, арқасын күдірейтіп, абайсыз отырған Нәзікенді теуіп жіберуге оңтайлана берді. Мен отырған бойымда Айдарбектің көтере берген аяғын көлденеңнен теуіп қалдым. Ол айналып барып құлап түсті. Нәзікен не болғанын сезген де жоқ. Мас Айдарбек өзі құлап қалды деді білем, қозғалмай отыра берді. Айдарбек екеуміздің арамызда не болғанын Сәулеш қана көрді. Ол бөлмесінен шығып, есіктің жақтауына арқасын сүйеп, қарап тұр екен. Әкесінің маған не айтқанын түгел естіген де болуы керек.

Мен тез орнымнан тұрып, шығып кеттім. Ешқайсысымен қоштасқаным да жоқ. Нәзікеннің жалғыз қалғанын екінші рет көргендей болып кеттім.

Осыдан екі күн өткен соң, таңертең әлдекім ақырын ғана есікті тықылдатқанға шыға келсем, есік алдында Сәулеш тұр екен, Жұпыны ғана киінген. Жүзі алқызыл жадыраңқы, көзі жарқырап, күлімдеп амандасты. Сәулеш емес, қыз Нәзікен келіп тұрғандай көрінді. Мен құшақтай алып, бауырыма тартып едім, Сәулеш іркілген жоқ, жып-жылы болып жабыса кетті.

– Апам жіберді. Бізді вокзалға шығарып салмас па екен деп еді, – деді Сәулеш. Бұлтсыз биік көк аспаннан күлімдей қараған күн Сәулештің тереңнен қопарыла көтерілген ішкі қуанышын жарқыратып тұр. Мен бәріне түсіне қалдым. Жарқын жүз бәрін дәл ұғындырды.

– Жолдарың болсын, Сәулеш! Келемін, – дедім.

Сәулеш жүрегі барлық ауырлықтан арылғандай, жүзіне тек бақыт іздері шыға келген екен.

БОРАНДЫ ТҮНДЕ...

Қайсар біздің үйге желіге сөйлеп, екпіндей кірді:

– Әлгі, қайын атам болмай кеткір, Бекберген кәугөрік Күреңтөбелді сұратып кісі жіберіпті! – деп алқынып тоқтады. Даусында кернеген ыза, күйінгендік бар екен.

– Е, ол қай құтырғаны! – деп, менің әкем де түршігіп қалды.

— Бес жасар баласын піштіртіп, сонда қожасы құрғыр баладан сүндет-атыңды айт деп сұрағанда иттің ғана баласы менің Күреңтөбелімді атапты дейді. Енді, міне, баланың аузына құдай салған шығар, атын берсін, қалған қалың малымды кештім депті. Мына арамдықты көрдің бе! Қалғанының өзі екі-ақ бұзаулы сиыр! — Қайсар сөз аяғын қайын атасының арғы-бергі үрім-бұтағына тұқыл найзадай қадам, лоқсытып тоқтады.

Оның айттырып қойған қалыңдығы барын біз, ауыл балалары түгел білетінбіз. Бірақ, Күреңтөбелге татитын қыз болар-ау деп кім ойлаған!

— Қайын атаңа сен не деп жауап қайырдың? — деді әкем.

— Оттамасын деп қайырдым, — деді Қайсар.

Аздан кейін ашуы басылғандай болып:

— Жалғыз атымнан айрылсам, қызын ұзатып әкелерде жаяу барып, жетелеп қайтам ба?.. Бере алмаймын дедім. Теріс пе осыным? — деп аяқтады сөзін.

— Ие, енді не істемексің?

— Ертең түннен қалдырмай қызын алыпқашқа салам!

Әкем ондайдың аяғы көрші отырған елдердің арасына дау-жанжал, кектесу туғызарын ескерте бастап еді, Қайсар бұрылмайтын ыңғайын көрсетті.

— Ағайын, дау-жанжалдан қашқалақтасаң отыра бер үйіңде. Мен қызды алып қашқан бойым орыс арасына тайып отырамын. Сонан соң маған соқтығып көрсін! — деп кесіп тастады.

Біраз үндеспей қалысты. Әкем қол-іске бара алмайтын адам. Аулымыздың аяулы бір жігіті дау-жанжал әкелгелі отыр. Дау дегеннің егіздеп кететін де кезі болады. Әкем осыны ойлап қысылады. Қайсар үзілді-кесілді жауап күтеді. Мен болсам Қайсардың ержүректігіне қызығып отырмын. Ұзындау қиылған қара көздері қызғылт ұшқын шашып тұрғандай екен.

— Кәне, ертең бір баланды қосып бересің бе маған, жоқ па? — деді Қайсар.

— Бала дегенде үлкенірегі кісі есігінде, Иміштің үйінде... Мынау боқ мұрын босаңдау ғой, — деп, әкем көселеу иегімен мені нұсқады.

—Маған осы боқ мұрының болады! Баланды қостың, басың бәлеге қалды! Даушылар алдымен осы үйге келіп түсетін болды, — деп Қайсар қарқылдай күліп алды.

Бір қажетке жарап кеткелі тұрғанымма мардамсып, мен шалбардың ышқырын бір көтеріп, мұрнымды бір тартып қойдым. Қайсар сол күлген бойы шығып кетті.

— Төбелес бірдеме бола қалса маңайына жолама! — деп әкем маған ақыл айта бастады.

Қайсар өзінен басқа туысқаны жоқ жалқы жігіт болатын. Жалғыз Күреңтөбел аты бар. Көкдауыл атанған, тайыншадай ірі, сұрғылт көк иті бар. Желкесінен басталып иығына дейін созылған сирек қара қылшық Көкдауылдың атақты бір тұқымнан екенін көрсетеді. Қайсарға осы екеуінен басқа, анау бір қоңыр сиыры, аздаған қой-ешкілері жараспай тұратын сияқты еді.

Күреңтөбел мен Көкдауыл — аулымыздың аруағы. Кейде біздің ауыл Күреңтөбелдің аулы деп те атала бастаған. Ауыл әйелдері Күреңтөбелдің алды-

нан өткен емес. Жаз күндерінде Көкдауыл ыстықтап келіп төрдің алдына сұлай кетсе, оны ешкім орнынан қозғамайтын.

Қыс бойы Көкдауыл жылы үйге тұмсығын сұқпайды. Ауыз қораның бір түкпірінде талдан тоқып, астын тақтайлап, қалың шөп төсеп тастаған үйшігі бар, сонда жатады. Таң алакөлеңкеде ауылды айнала шауып жүріп қасқырдың ізін көрсе, иісін сезінсе, Көкдауыл қораға кіре бере бір «ауп!» деп қалады. Қайсар Күреңтөбелді ерттей бастайды. Ол күні Күреңтөбелдің беліне көлденең түсіп, азу тістері ырсиып, мұрнына жұдырықтай болып қанды көбік қатқан бір қасқыр келе жатады.

Осылай болған соң Күреңтөбелге татитын қыз болсын ба, Көкдауылдай ит болсын ба!?.

Қайсардың шешесі Бәден апай шалқып сөйлейтін, есіп отыратын адам:

— Күреңтөбел мен Көкдауылдан қасқыр құтылған емес! Көкдауылға түлкі деген не тәйірі, тышқан ғой әшейін! — деп бір қояр еді. — Ақ құйрығы болмаса, өзгесі адыра қалсын, шай емес! — деп тағы бір беткейге серпіп кетер еді. — Қайсаржан-ау, балаларға беріп отыратын кәмпит-сәмпитім азайып қалды, қалаға соқсаң тағы бір дорбасын ала келші! — деп мырзалық қиясынан бір атой беріп жіберер еді.

Қалайда Бәден апай балалардан барын аямайтын адам. Біз, ауыл балалары, қыс болса ол кісінің отынын жарып беруге, жаз болса бұзауын айдап келуге таласып жүреміз. Күреңтөбелді көлге жүздіріп алу керек болса, балалар үшін ол бір қиян-кескі төбелес...

Ертеңіне іңір кезінде Қайсардың үйіне келсем, он шақты жігіт шәй ішіп, қызара бөртіп терлесіп отыр екен.

— Мынау да қыз алып қашуға бара ма? Қой, бір жерде адасып қалар! — деп жігіттер мені мазақтай бастады.

— Қызды алдына өңгертіп берсек ауылға алып келе аласың ғой?

— Мінген атың қандай? Қорқылдақ шабдар бие ме?

— Ие...

— Қап, келе жатқанымызды Бекберген күндік жерден естіп отыратын болды-ау!..

Бәден апай жігіттерді бұдан әріге жібермей тоқтатып тастады:

—Барады! Тым болмаса Қайсар ағасының атын ұстап тұруға жарамай ма?

— Қайсар ағасын жанындай жақсы көреді.

— Іштеріңде күнә-сұмдықтан таза бір бала болса, жолдарың болады. Барады!

— Шайға кел, қасыма отыр, — деді.

Ауыл жатар кезде, біреуі мен, он үш жігіт атқа қондық. Бәден апай менің қойныма екі домалақ ашы құрт, бір уыс кәмпит тығып берді:

— Үйқың келсе ашы құрт же, қарның ашса кәмпит же!..

Қар қою қапалақтап тұр. Суық емес. Жел азғана есінеп қояды. Қай жаққа шығып алып соғарын байқатпай, айнала ұйтқып тұратын кезі. Әзірге қай ауылдың қамсыз отырғанын анықтап алуға айнала торып жүрген сияқты.

Жігіттер ауылдан шыға шұбала жөнеліп кетті. Ішінің қорқылдағы бар шабдар байталмен ең соңында мен келе жатырмын. Барар жеріміз алты-ақ шақырым екен, тез жетіп қалдық.

Кәдуілгі, ағаш арасына ықтай қыстаған ауыл... Бір үйден жарық көрінбейді. Бораннан иттері де қораға тығылып, бүйығып жатса керек, біреуі үрген жоқ.

Жігіттер екі топқа бөлініп, Бекбергеннің үйіне екі жақтан жаяу бармақ болды. Бір топтың аттарын ұстап тұруға бір ересек жігіт пен мен қалдым. Қайсар бастаған топ ауылдың екінші жағына шығып кетті. Қыздың әке-шешесін байлап тастап, өзін далаға алып шығысымен «Ат!» – деген айғай салынбақшы. Сол кезде біз аттарды тоса беруіміз керек.

Сібірдің бораны бір оянып алса, бұл ауылдарды қарға көміп болмай тоқтаған емес. Қазіргі беталысы да солай. Қар алай-түлей қатты борап кетті. Жел де андасанда ішін тартып қояды. Таң ата ышқына соққалы тұр.

Жігіттерден недәуір уақытқа дейін дыбыс болмай кетті. Шабдар байтал аузы тек тұрмайтын әдеті бойынша қар теуіп, бірдеме тауып алып шайнай бастады. Қазақ баласы атының оттағанына қарсы болғаны бар ма, мен оның ауыздығын алдым. Шабдар байтал тұғжыңдап қар тепкен сайын ер-тоқымы иығына қарай жылжи түседі. Е, оттай түссін деп мен де отыра бердім.

Бір кезде ауылдың орта тұсынан әйел даусы шықты. Қыз даусы емес, жарықшағы бар, мосқал әйелдің даусы.

– Оңбаған... бейбастақ! – дегендері естіледі.

– Қоя бер әрі! – деген Қайсар даусы сияқты.

– Аттан! Жау-жау! – деген дауыс қосарлана шығып, ауылды кезіп барады. Сол маңайдан азғана шетірек екі рет мылтық атылды.

– Аттарды, аттарды! – деген дауыстар да екі-үш рет қайталанды.

Мен осы кезде ғана жерге түсіп, байталдың ауыздығын салып, ерін кейін жылжытып, шап айылын қаттырақ тартып болғанша қасымдағы жігіт тізулі тұрған аттарды жетелеп алып, маған:

– Бол енді! – деп бір ақырды да кетіп отырды.

Ауылдың әр тұсынан шаба жөнелген жігіттерді бір аңдап қалдым.

– Бері қарай!.. Әрі қарай! – деген дауыстар әр тұстан естіледі.

Мен атымды шаужайлап, дауыс шыққан жаққа қарай шабамын. Өзіміздің ауылдың жөні қай жақта екеніне байталымды оттатып тұрғанда-ақ айрылғамын. Енді әр тұстан шыққан дауыстарға қарай шауып жүрмін...

– Бері қарай! – деген дауыс кейде оң жағымнан, кейде сол жағымнан шыққандай болады. Бұрыла сала солай қарай шауып кеп жөнелем... Атты кеудесінен тіреген күртікке соғыламын да, екінші жаққа бұрыламын. Әйтеуір, жаңағы ауылдан алыстай бергім келеді.

Бір кезде бүкіл дүниеден алыстап кеткендей екемін. Адам дауыстары біржола жоғалды. Мен адасқанымды сезіндім. Бүкіл дүниеде жалғыз қалыппын.

...Меңіреу түнде меңіреу бораннан толып жатқан жат үндер естіледі. Бала ойына сыяр дүние әлдеқайда тұтас көшіп бара жатқан сияқты ың-жың... Адам баласының ой-сезімі балаң шағында осындай түндерде жын-перінің, ақ сайтан-албастының үндерін естісе несі таң?

Мен де таңданғаным жоқ. Әзір қорыққаным да жоқ. Шабдар байтал аттамалап-омбылап әлдеқайда әкетіп барады. Бет-алысы ыққа қарай. Мұнысына мен де қарсы болмадым. «Адассаң – атыңа сен!» – Мен байталға сендім. Қурай, тобылғы бастарын шала жүріп шабдар байтал әйтеуір бір жаққа әкетіп барады. Ашы құрттың біреуін ұртыма тығып алдым да, байталды еркіне жібердім.

Бір кезде байтал байғұс осқырынып қалды. Қасқыр көрген екен деп қорқып кеттім. Жоқ, құдық екен. Сорайып тұрған сөре ағашын таныдым. Біздің ауылда мұндай құдық болмайтын. Ат тұяғы тықырлап қатқыл сүрлеуге тиді. Мұрныма ауыл исі келді. Ұзамай ауылдың өзі де табылды.

Біздің жақтың үй салуы біріне-бірі ұқсайды. Ауыз қорағa кірген соң балшық үйдің қабырғасын бойлап жүре берсең есігіне кездесесің. Есік ән салып ашылды.

– Бұл кім, әй? – деді қараңғы ауыз үйден шыққан еркек даусы.

– Мен...

– Мен дегенің кім?

Мен атымды айттым. Ол мені қайдан білсін, білмеді. Мен әкемнің атын айттым.

– Е, сен қайдан жүрсің?

– Ауылдан...

– Нағып жүрсің?

– Жай...

– Осы боранда түнделетіп жай жүре ме екен?

– Жай жүрмін...

– Өй, мынау бір кісендеп тастайтын кәззап қой! – деп ол киіне бастады. Қимыл-қозғалысынан, ашық даусынан жас жігіт екені байқалады.

Төр бөлмеден мосқалдау адамның даусы шықты:

– Ол кім, әй, Асылқан? Кім де болса бері алып келсеңші! Тұр, қатын, шам жақ.

Төр бөлмеде шам жағылды. Асылқан осы үйдің баласы болу керек, мені желкемнен итермелеп төр үйге алып келді. Қайсармен шамалас жігіт екен, тебіндеп келе жатқан мұрты екі езуінің ойпатына таман едәуір қарауытып қалған.

Арқасына күпісін жамыла салған елулер шамасындағы адам көзін шамнан көлеңкелеп маған қарап тұр. Асылқанның әкесі екені оңай танылады. Екеуі де шықшытты, екеуі де қоңқақ мұрындылау, екеуі де сұрғылт түсті.

Төр алдында көрпелерін бастарына дейін жауып алған екі бала жатқан сияқты. Ағаш төсектің алдында мосқалдау әйел тұр.

Мен үй иесіне сәлем бердім.

– Е, кім баласысың? – Мен тағы да әкемнің атын айттым.

– Қайдан жүрсің?

– Ауылдан...

– Неғып жүрсің?

– Жай...

– Осы боранда түнделетіп жай жүре ме екен?

Әкесі баласының сұрауларын сөзбе-сөз қайталады, мен де өз жауабымды сөзбе-сөз қайталадым. Бірақ, әзір үлкен кісіге өтірік айтып үйренбеген кезім ғой, үй иесінің соңғы сұрауына шынымды айттым:

– Бір қыз алып қашуға шығып едік... – дедім.

– Қай ауылдың, кімнің қызын?

– Ауылын білмеймін, Бекберген деген кісінің қызы деп еді.

– Бекберген деген кісінің қызы?

– Иә, Бекберген деген кісінің...

Төрде жатқан екі баланың кішілеуі үлкендеуін шынтағымен нұқып қалып күліп жіберді. Көрпесін тістелеп жатқан сияқты. Сықылықтағаны әрең естіледі.

– Қызды алып кеткен шығарсыңдар?

– Білмеймін... Мен ат ұстап қалып едім.

– Енді бұл ауылға неге келдің?

– Адасып келдім...

– Мынауың нағыз баукеспе болып шықты. Кісендеп тастамаса болмас! – деп Асылқан айбар көрсетті. Даусында нағыз ызғардың өзі байқалған жоқ.

– Әке-шешең аман ба, шырағым? Динаның дені сау ма? – деп үй әйелі жылы бір сөз қосты. Әсіресе, шешемнің аты аталғаны көңілімді босатып барады. Үй иесінің мұртына да күлімдеу орала бастады.

Төр алдында жатқан екі баланың кішілеуі сақылдап күліп басын көтеріп алды. Қос бұрымдап өрген шашы ешкінің құйрығындай ғана, жас қыз екен. Үлкендеуі қозғалған жоқ. Анда-санда көрпесінің бүлкілдеуіне қарағанда ол да күліп жатыр. Ол да қыз болу керек. Жас қыз маған қадала бір қарады да мазақтай күліп, көрпенің астына қайта көміліп кетті.

– Балам, сен енді шешін. Отырып кеңесейік... Қатын, сен шай қой. Балалар, сендер де тұрып, қонақ балаға орын беріңдер!.. – деді үй иесі.

Жас қыз атып тұрды. Үлкені бойжеткен қыз екен. Ол сыпайы қозғалып, теріс қарап отырып киіне бастады. Бұрымы толық, шашы қою көрінеді.

Мен шешінейін деп қайыс белбеуімді ағыта бергенде қойнымдағы қызыл-ала, көк-ала кәмпиттерім домалап-домалап жерге түсті. Домалақ ашы құрт тіпті әрірек кетті...

Жас қыз өзімді итеріп жіберіп, «Кәмпит!» – деп бір айғайлап қалды да бәрін жинап алды.

– Ойбай, мынасы ашы құрт! – деп тағы бір айғайлап жіберді. Жаздыгүні көл жағасында кездесе қалса, төрт таспалап өрген қоғажаймен ышқындырып-ышқындырып алатын қыздың өзі екен де.

– Мынауың бір құдайдың еркесі ғой! – деп Асылқан ыржияды.

– Біреуі саған, біреуі маған! Біреуі саған, біреуі маған! – деп жас қыз апасымен кәмпит бөлісіп жатыр. Үлкен қыз сыпайылық, көрсетіп:

– Қойшы, Кәмер, – деді. Маған да бір күлімдей қарап қойды. Келбетті, жылы жүзді қыз екен.

– Мә, ашы құртың өзіңе! – деп, жас қызы құрғыр құртты менің қолыма ұстата салды. Алмайын деп едім, сайтан қыз алақаныма еріксіз қыстырып жіберді. Мен құлағыма дейін қызарып кеткенімді сездім.

Қыздар төсек-орындарын жинап, өзара күлімдесіп ауыз үйге шығып барады. Үлкен қыздың басында екі шоқ үкі таққан құндыз бөрік, жеңсіз күрең барқыт камзол, қына сары қос етек көйлек. Аяғында мәсі. Сұлу емес, сүйкімді, сұңғақ бойлы екен.

Үй иесі мені қасына таман жақын отырғызып, қайтадан сұрау қоя бастады:

— Бекбергеннің қызын неге алып қашпақ болдыңдар?

— Ол бір жаман кісі екен... Күйеуінің жалғыз атын сұратыпты. Ол жаз бойы бәйге бермейтін, қыс бойы қасқыр соғатын жүйрік ат. Күреңтөбел атқа тұратын қыз болады деймісің! — дедім.

Неге екені белгісіз үй иесінің көздері төсегінің бас жағына құйрығын еденге тигізе іліп қойған қасқыр терісін бір сипап өтті.

— Мынадай қасқыр терілері Қайсардың шошаласында үйіліп жатады,— дедім мен. Онымды асырыңқырап айту болса да өтірігі жоқ болатын.

— Солай де, тіпті! Күйеудің өзі жақсы жігіт пе?

— Жігіттің сырбазы. Біздің ауылда ондай жігіт жоқ!

— Жақсы жігіт болса қайын атасын неге өкпелетеді?

— Жоқ, ол өкпелеткен жоқ. Ертең қызын ұзатып әкелерде жаяу барып жетелеп қайтам ба депті. Дұрыс емес пе?..

Үй иесінің көздерінен намыстанған, кектенген белгілер байқалмайды. Қайта, Қайсардың жауабы зердесіне қона бастаған тәрізді.

Шай келді. Екі қыз самауырдың екі жағына отырып шай құя бастады. Маған бір алтын жиекті кесе келе жатыр. Тегі мен әлдекімдерге ұнай бастаған болуым керек. Жас қыз кесені қолыма әпере беріп нұқыңқырап қалды. Мұнысы манағы мазақтау емес, басқа бір леп, келісім лебі...

— Сонымен, Қайсардай жігіт жоқ дейсің, балам, ә? — деп үй иесі аз кідірді де, — атсыз қалсам қалыңдығымды жаяу барып, жетелеп қайтам ба дегені сөзақ! — деп үй ішіне түгел бір қарап өтті.

— Сенің бір асықпай-саспай созбаққа салып отыратының-ай, әйтеуір!.. Айтарыңды бір-ақ айтып қоймайсың ба? — деп әйелі қысталай бастады. Кіші қыз маған ойнақы қарап, астыңғы ернін маған қарай бір қисаң еткізіп қалды. Мен тағы да көл жағасында бір кездесер ме едің деп ойладым.

Үй иесі әйелінің айтқанына мән бермеген пішінмен өз сөзін жалғастырып кетті:

— Балам, сен ештеңені аңғара алмай отырсың-ау деймін... Бекберген менің немерелес інім болады... Қызы мынау шай құйып отырған Кәмен, аяулы бала, — деп үлкен қызға көзін аударды.— Сендердің келеріңді естіп қалып, Кәменді біздің үйге жіберіпті,— деп тағы тоқтады.

— Ауылдарыңда Заңипа деген бір өсекші қатын бар емес пе, хабар берген сол қылауыз! — деп әйелі кіжіне қосарланды.

— Қайсардың жалғыз атын сұратқанына біз қатты наразы болдық. Ертең балаң баратын жерді тақырлап кеткің келе ме деп аямай ұрыстым. Еті тірі жігіт, тауып алады әлі, пәлен де түген деп айнала оттап, көнбей кетті... — деді үй иесі

—

– Оның сөзінің кімге керегі бар!... Түн бойы зығырданың қайнап, қыз алып қашатындардың біреуі кездессе Кәменді артына мінгестіріп жіберер едім деп жатқаның қайда? Сөзді қойып, осы балаға мінгестір де жібер! – деді әйелі.

Менің Кәмендей аяулы қызды артыма мінгестіріп, шабдар байталды қорқ-қорқ еткізіп жортып бара жатқаным көз алдыма келді. Ол бір үйлеспейтін де болмайтын іс қой! Кіші қыз астыңғы ернін маған қарай тағы бір қисаң еткізіп қалды.

Кәмен қыздың көзіне жас келіп қалыпты. Жасқа толы көздері күлімдей үй әйеліне алғыс айта қарайды.

Ол екі арада үй иесі байламын жасап үлгірген екен:

Асылқан, екі атты ертте де, Кәменжанды Бәден құдағидың үйіне өзің апарып сал. Таң атқанша оралатын бол! Бекбергеннің жанжалын көріп алармыз, – деді.

Кәменнің жасқа толы көздері үй иесіне де алғыс айта қарап, сол қарауымен мені де сипай кетті. Шай ішіліп болған соң үй иесі қызға батасын беріп: – Бетіңнен жарылқасын, балам, бақытты бол!» – деді.

Кәмен үкілі бөркінің сыртынан қызыл ала шалы жамылып, қызыл беренмен тыстаған түлкі ішіктің сыртынан көк судыр шапан киіп, беліне қызыл жібек белбеу буынипты. Үй иесімен көрісіп қоштасты. Өтірік жылап, өтірік айғайламай:

– Қадыр аға, бұлай аттанармын деп ойламаушы ем... Менен кінә болса кешіріңіз. Өз қолыңыздан аттандырған соң елім жоқ, жұртым жоқ екен демеспін. Жолыңыз түссе соға жүріңіз. Әкем де, шешем де сіздер боларсыз... Аттанған үйім – ата мекенім осы үй болар, – деді.

Әр сөзін анық, естірткен даусы да, қимыл-қозғалыстары да, өзін-өзі ұстай білуі де барлық бала қызыққандай екен. Мен Кәменді мың Күреңтөбелге бермейтін қыз екен деп ойладым.

– Түнде жыламас болар, қарағым,– дегенімен үй иесінің де жүйкесі босап кеткен. Ойнақы кіші қыз өкіріп жылай бастады. Қасымнан өте беріп мені ту сыртымнан түйіп-түйіп қалды, жынды қыз!..

Үлкен бір қабажал торыға Асылқан мінді. Жатаған келген жарау қара атқа Кәмен мініп алыпты. Қорқылдақ шабдарыма міне бергенде жынды қыз мені тағы бір түйіп қалды.

Асылқан алда, одан кейін Кәмен қыз, соңдарында мен, жүріп кеттік.

– Жол жоқ. Қасқыр шоқақпен отырамыз,– деді Асылқан, шоқытып жөнеле беріп.

Кәмен де іркілмей жөнеп берді. Шабдардың калай шоқыта жөнелгенін өзім ғана білемін...

Қар әлі борап тұр. Күшейіп бара жатқан жел әйтеуір бір қырындау екен. Алдымдағылар жинақы шоқытып барады. Мен далбаң-далбаң шауып келемін.

Бір кезде Кәмен атының басын тежеп, мені тосып алды:

– Інішегім, атың шабандау білем. Шылбырыңды маған бер де қамшылап отыр, – деп шылбырымды алды.

Жаңа түскен келіншектер ұзатылып барған ауылының барлық балаларына өзінше бір ат қойып алады: тентегім, еркебала, кішкенем, тағы-тағылар. Біздің ауылдың балаларынан Кәменнің бірінші ат қойған баласы мен болдым... Оның үстіне «Інішегім» дегені қандай жақын, қандай ыстық естілді.

Біздің ауылға да жеттік-ау әйтеуір... Асылқан Кәменмен қоштасты да, аттарын алып өз ауылына қайтып кетті. Қайсар үйінің қақпасы іш жағынан салтқымен бекітілетін. Мен терезесінен қақтым. Қайсар ұйықтамай жатқан болу керек, тезбе-тез:

— Бұл кім, әй? — деді.

—— Мен...

— Боқ мұрынбысың, өй?

— Иә, мен... қақпаңды аш.

— Аман жеттің бе, әй, боз собалақ! Жүгір, үйіңе бар! Әке-шешең жоқтау айтып жылап жатыр...

— Жоқ, қақпаңды аш! Қасымда кісі бар...

— Мына шіркін не дейді?

Қайсар қақпасын ашты. Кәмен екеуміз үндеместен үйге кірдік. Бәден апай шам жағып жіберді.

— Қалқам-ау, сенбісің? Келдің бе, әйтеуір? Түн бойы жер-көкті шарлап таба алмай келіп, таң атқан соң тағы да аттанғалы жатыр еді Қайсар ағаң. Айналайын-ай, аман таптың ба ауылды!..

Бәден апай бетімнен сүйіп, мені шешіндіре бастады да, қасымдағы жолдасыма бұрылып айғайлап жіберді:

— Жаным-ау, Кәменбісің!? Садағаң кетейін жарығым-ау, көктен түстің бе, қайдан келдің? Құлыным, өкпем!..

Әйелдер аймаласып, жылай жүре күлісіп, күле жүре жыласып жатыр...

Қайсар мені жұлмалап;

— Сен бе, ей? — дейді.

— Мен... — деймін.

— Қап, мына боқ мұрынды-ай!

Жынды қыз сияқты, біресе мені түйгіштеп қояды, біресе кеудемнен итеріп қалады. Не айтып жүргені құлағыңа кірер емес, мағынасыз сөздер...

Бәден апай Қайсарға бұрылып:

— Күреңтөбелді енді осы боқ мұрынға бересің! — деді.

— Өй, сен қайтып?.. Қалай? — деп Қайсар әлі сөз таба алмай жүр. Кәменмен қалай тілдесерін де біле алмай қалыпты.

Кәмен шеше құшағынан әрең босанып, Қайсарға қалжыңдай қарап:

— Көріп тұрып «Сен бе?» дей бергенің не?.. Кім болсын басқа! Өздерің құр дәрілеп атқан мылтықтан қаша жөнелгенде қорықпаған жалғыз осы інішегім болыпты... Мен жасырынған жерімнен үйге қайтып келе жатыр едім: — «Кәменбісің! Мінгес артыма!» деп ақырды келіп! Қорқып кеттім де артына мінгесіп жүре бердім, — деді. — Күреңтөбеліңді бересің!

— Сен бер десең, бермесіме бола ма? Бердім, — деді Қайсар.

Сонымен шай ішіп болғанша Күреңтөбел ат менікі бола тұрды. Қайсар шынымен-ақ атынан айрылып қала ма деп зәрем ұшып барады. Ол ат Қайсардан басқа адамға жараспайтын сияқты. Күреңтөбел біздің әкейдің қолына бір түссе,

ол кісі айрылмайды. Бөркінің арт жағын түріңкіреп алып, Күреңтөбөлмен ауылдан-ауылды кезеді де жүреді.

Осылай қысылып отырғанымда Қайсар маған:

– Атыңды сатамысың? – деді.

Кәмен қалжыңдап:

– Сатпа, інішегім, өзің мін! – деді

– Сатамын, – дедім мен.

– Не сұрайсың?

– Жазғытұрым бір қара көк құнан алып бер!

– Әкел қолыңды!

Екеуміз қол соғыстық. Мен үйге қайттым. Кәмен жеңгеміз біздің ауылдан бірінші баланың бетінен сүйіп жатып тағы да:

– Інішегім! – деді. Қандай жақынның айтары, қандай жылы сөз!..

Бәден апай тағы да қойныма бір уыс кәмпит тығып жіберді...

«ҚАЗАҚТАРЫМ, ДОСТАРЫМ»

Түнгі он екіге азғана қалғанда Сәбит телефон соқты:

– Жатар алдында боржом ішіп қайтуға қалайсың?

– Е,болады.

Екеуміз «Москва» қонақ үйінің үшінші кабатындағы ресторанға келдік. Музыка түпке сақталар ыңқылға басып жатыр екен. Біз бір шетірек жерден орын алдық.

– Біреуі жетер! – деді Сәбит, бір бутылка боржом әкелуді тапсырып жатып.

– Жетер...

Осындайда оңай туып кететін мырзалық – сараңдық қалжыңы бастала бергенде:

– Қазақтарым, достарым! – деген дауысқа жалт қарасақ – Шолохов екен.

Сол жақ қолтығына бірдеңені қыстырып алған, оң қолын көтере жайып құшақтасқалы келе жатыр. Көздерімен бірге мұртына дейін күлімдеп, жантәнімен, сағынышты ыстық жүрегімен құшақтасқалы келеді. Құшақтасып, сүйісіп, арқаға қағысып қалдық.

Михаил Шолохов совет жазушыларының ішінде ең қарапайым киінетін адам: сұрғылт гимнастерка, жалпақтығы бір сүйем сары былғары белбеу, тізесіне түскен қаракөк галифе, қонышы балтырынан ғана келетін, өкшесі жемірілген етік. Қасында – Кирилл Потапов.

– Достар басыңа іс түскенде сыналады дейтін бе еді? Мына музыканың даңдұнынан қайда қашарымды білмей отыр едім. Күтқара көріңдер! – деді Шолохов, – Ал, енді қонақ етуді менен бастайық, – деп, қолтығындағы жартылық түбінде қалған бір ұрттам коньякты біздің бокалдарға бөліп құя бастады...

– Дұрыс! – деді Сәбит. – Сенің қазақ жерінде өткізетін күндеріңнің көңілді болуы үшін!

– «Шалқар» қаздарының қаңқылы құлағыңнан кетпеуі үшін!

– Менің қазақ достарым үшін!

– «Шалқар» көлінің жағасындағы ұяң үшін!

– Қазақтың жері үшін, желі үшін! Биік аспаны үшін!

– Өзіңнен көрі де мергенірек Мария Петровнаның саулығы үшін!

– Міне, нағыз тост осылай болу керек!

Бір ұрттам коньякты үшке бөліп ішкенше осынша ұзақ, тостар көтердік.

Бұл бір өте ыстық кездесу еді. Тілектер де көп, айтарың да көп, бірақ бірінебірі жол бермей сығылысып, ауыз дейтін жалғыз қақпадан оңай өте алмай жатыр.

Михаил Шолоховтың ерекше бір қасиеті – стол басында әдебиет жайын, әсіресе өз шығармалары жайында әңгімелесуге қаны қас. Тамақ үсті қайда да, қашан да жеңіл әзіл, көңілді еркіндіктен аспауы керек қой. Шолохов осыны ұнатады. Сондықтан әңгіме біраз уақыт «Шалқар» көлінің үстінде болды. Күздікүні қаз қайтар кезде қазақ жазушыларының бірде-бірі «Шалқарға» келмейтініне таңданады екен. Шолохов осыған көп оралып отырды.

Шынында да Батыс Қазақстандағы «Шалқар», Арқадағы «Шалқар», Көкшетаудағы «Шалқар» сияқты көлдері көп, Сырдария, Іле бойындағыдай қырғауылы көп елге Шолохов сияқты дүниелік атағы бар жазушы жылда келіп жүргенде соның қасында бірде-бір жазушымыз болмауы, әрине, таңқаларлық мінез!

– Шухов жылда уәде береді, жылда келмей қалады. Соның өзі мылтық ұстай біле ме?–деп Шолохов бізден сұрай бергенде, «Кімді айтса, сол келеді» дегендей Шухов кіріп келді. Біз бесінші орындық сұрап алдық.

– Иә, Ваня, енді неше жыл алдайсың? – деді Шолохов амандасып болғаннан кейін. Шухов кінәні маған аударды:

– Міне, мынау айыпты... Ылғи бірге барамыз дейді де, дәл кезінде Африка-Азияны аралап кетеді.

Бұл қыстыгүні болған кездесу еді. Келер күзді «Шалқар» көлінің басында бірге өткізуге уәде етістік. Одан бері де төрт-бес жыл өтіп кетті, уәдеміз әлі орындалған жоқ, бірақ, орнында...

– О-о, Шолохов – акам! – деген таныс дауысқа бұрылып қалсақ, Ғафур Ғұлам екен. Қасында тағы да үш-төрт өзбек жазушылары бар. Олар да, әрине, жағалай сүйісіп, жаппай құшақтасып амандасты. Достық, қалжыңын Ғафур бұрынғысынан да қыздыра түсті.

Енді бізге екі столды жалғастыруға тура келді.

– Ертеңгі пленумды осы арада ашайық та, көп созбай, таң ата аяқтайық, – деді Ғафур Ғұлам.

– Жоқ, жоқ! Мен ресми әңгімеге жоқпын ғой, – деді Шолохов. – Ешбір жиналысқа құмарлығым жоқ. Мен мына қазақтарға Қазақстанда «Шалқар» дейтін атақты көл барын, онда қаз көптігін, аққу әні құлағыңнан кетпейтінін, жазушыға ең пайдалы демалыс – аңшылық екенін айта бастап едім... Ондай әңгіме сенің құлағыңа кіруші ме еді? – деп Ғафурға қарады. Ғафур қалжыңға қысылған ба:

– Мылтықты атқанда қарныңа тіреп қоясың ба, көзіне тіреп қоясың ба? – деді.

– Әрине, қарныңа тіреп қоясың.

– Мылтықтың аузын тірей ме, дүмін тірей ме?

– Әрине, аузын тірейді...

– Онда мені қалдырмаңдар қастарыңнан...

Әйелімен Первенцев келіп қосылды. Екі метр бойымен, екі кісілік мол денесімен келіп қосылды.

– А-а, «Кочубей!»

Біз үшінші столды жалғастырдық. Тағы да жеңіл қалжыңдар кетті. Шолохов әңгімені Қазақстанға қарай бұра сөйлеп отыр:

– Батыс Қазақстанның обкомы, облисполкомы маған барлық жағдайды жасады. Жамандары жоқ, жақсы жағдай. Қаз көрінсе – ата бер, жазарың болса – ойлай бер. Аңшылық оған бөгет емес...

Аңшылықта жүргенде ойың ылғи жоғары тартады. Дала ауасындай таза ойлар келеді, дала аспанындай кең ойлар келеді. Өзгелердің қорытып берген ойлары емес, өзің тапқан бір мысқал ой – жазушының сарғайып іздейтіні осы емес пе?

Шолоховты әдебиет әңгімесіне біржола бұрып әкетуге бет алып, әрқайсысымыз «Тыныҗ Дон» романындағы жаратылысты суреттеген жерлерін еске түсіре бастап едік, Шолохов қулана жымиып:

– Жоқ, жоқ! Мені кітапқа қарай жетелемеңдер. Бір адым жасамаймын. Мен үшін осындай рақат кешті өздеріңмен сөйлесіп отырып өткізу – ең қымбат нәрсе, – деді.

Бастапқы айтқандары қандай терең мәселе болса, соңғысы да солай ғой. Жазушыға көп адамдармен кездесу керек. Адам бейнесі ресми әңгімелерден, ресми сипаттамалардан құралмайды. Мінез-құлық аңғарылатын еркін әңгімелерден ашылады. Жазушы жинар творчестволық қор осындайдан жиналады.

Шолохов аз ойланып қалып, Батыс Қазақстанға қайта көшті:

– Ұмытып барады екемін, Батыс Қазақстан басшыларының алдында үлкен қарыздар болуым керек. Олар айтпайды да, естіртпейді де. Бірақ менің Орал қаласына келіп әртүрлі кездесулер өткізуімді ылғи күтетіндерін мен де жақсы сезінемін... Амал не, мен «Шалқарға» келерде қағаз-қарындашты мықтап тығып кетемін. Жазушы емес, аңшы болып келемін. Аңға шыққанда қағаз-қаламды тығып кету керек, қаламды қолға алғанда мылтықты тығып тастау керек.

Бұл да әдебиет мәселесі емес пе?

Марқұм Сәмед Вургун бастаған бес адам, Азербайжан жазушылары келе жатыр. Бәрі де құшақтарын кең жайып алған.

– Сәлем! Жасасын орыс-қазақ-өзбек достығы!

Олармен бірге бірнеше Москва ақындары келіп қосылды.

Москвада ұлт ақындары мен орыс ақындары жиі кездеседі. Бірі орыс тіліне аударса, бірі орыс тілінен ұлт тілдеріне аударады. Бұл келіп қосылған үлкен топ соны аңғартады.

Біз тағы бір стол жалғастырып алдық. Амандық, саулықтан кейін, құшақтасулардан кейін әңгіме қайтадан Қазақстанға бұрылды. Ұмытпасам, оған себеп болған тағы да Ғафур Ғұлам.

— Келсем, орыс-қазақ классиктері отыр оңаша... Е, сендер үшін поэзия әдебиет емес пе, деп келдім де киліктім. Жасасын орыс-қазақ-өзбек достығы! — дедім.

Ғафур оны айтпаса да айтты деп бәріміз бокал көтерістік.

— Жасасын орыс-қазақ-өзбек-азербайжан достығы! — деген жаңа тост тағы қосылды.

— Бірақ, менің Батыс Қазақстанмен ерекше бір қарым-қатынасым барлығын ұмытпаңдар! — деп Шолохов тосты толықтыра түсті.

Бұл кезде ресторан босап қалған. Біздің бір көше етіп жалғастырған столдарымыздан басқа жерде бір адам жоқ. Барлық официанттар бізді қоршап алыпты:

— Тағы да лимон ба? Қанша дедіңіз? Қазір!..

— Шашлық, қанша дедіңіз? Қазір!..

Сонымен көп ұлтты совет әдебиетінің бір көрінісі сияқтанып, үлкен бір топ дос жазушылар ұзақ отырып қалыппыз. Ешкім жатсыраған жоқ. Біразында, мүмкін, жүз таныстық жоқ та шығар, бірақ әркімнің жүзінде Шолоховқа деген үлкен достық нұры. Шолохов жүзінде де сол нұр. Адам ойын, әсіресе, сезім тереңдігін, терең сезімнің толып жатқан бояуы мен сырын жеткізуге тіл байлығы жете бермейді. Сол кеште біз осындай халге көп ұшырасып отырдық. Енді ойлап отырсам, сол кеш есте қаларлық әдебиет кештерінің бірі екен. Жалықпаппыз да шаршамаппыз.

Михаил Шолохов — дүние жүзін көркем ойдың тереңдігімен бағындырып алған жазушы. Оның азаматтық, ерлік-батылдығы да, жазушылық шындығы да таңқалдырады. Кейде саған оңай көрінген қарапайым көріністерінің аржағында терең шындықтар жатқанын кейінірек абайлайсың. Ұзақ тартылған шығарма желісінің өн бойында қанша ойлар соқтығысып, оқушыны қандай қорытындыға жетелегенін бірден-ақ долбарлай салуға үйренген доландар Шолохов шығармаларына жақындаспағаны жақсы. Шолоховты түсіндіру үшін әуелі өзін түсінуің керек. Ол оңай емес. Көркем ой оқиға тізбегі емес. Шығармадағы тартыстар тек қана әлдекімдердің әрекеті емес, терең ойлардың астарлы көрінісі. Шолоховта ондай ойлар көбінесе замана шындығы, бірін көріп бәрін танитын қоғамдық күштер бейнесі болып келеді. Шіркін, бізді кейін түсінеді дейтін жазушылар Шолоховша жазар ма еді! Оқушы алдына сөз тұманы емес, ой тереңдігін тосар ма еді!

Шолоховтың отызыншы жылдардағы істеген азаматтық бір ерлігі елімізге мәлім. Ол белгілі коллективтендіру жолындағы орасан бұрмалаушылыққа байланысты. Ауыл шаруаларын, ғасырлар бойында қалыптасқан жеке меншіктің түрінен бірлескен, ортақтасқан, социалистік түрге көшіру тарихи кезең емес деп кім айта алады? Бізде соны айналасы жыл жарымда «артығымен» орындап шыққан жерлер болды. «Арба да сынды, өгіз де өлді». Барлық жоспардың ішінде «артығымен орындау» дегеннің не екенін ойландырар бір жоспар болса, ол осы

коллективтендіру жоспары емес еді деп кім айта алар? Шолохов осындай тарихи терең мәні бар іске кірген суық қол – сұрқиялық, жалған табыстар жөнінде Сталиннің өзіне, «бағынар да табынардың» өзіне хат жазып, қарсылық білдірді. Бұл шын-ақ үлкен мағынасындағы азаматтық, батылдық еді. Үлкен ойдан туар ерлік еді.

Біз кейде түкке тұрмайтын бірдемені халқымызға жабылған жала дегенге оп-оңай бара береміз. «Тыныҗ Дон» романындағы Аксинья мен Дарьяның кейбір қылықтары сияқты нәрселер кітапқа кіріп кетсе, шошына бастаймыз. Дұрысында үлкен ойдың жазушысы өз халқының тұрмысындағы ерескелдіктерді шенегенде сол халқын жек көргендіктен емес, жанын қия жақсы көргендіктен батыра сынайды. Өйткені ондайдың бәрі де ескінің жұғындысы. Сондай тағылықтан, анайылықтан, самарқаулықтан тез арылу үшін сынайды. Бұл жөнінде Шолоховтан көп нәрсені үйренуіміз керек. Безіне жазу, безіндіре жазу, қызықтыра-қыздыра жазу сияқты, бұ да бір жазушының үлкен ойланар саласы. Күлдіру жазушыға көбінесе жылату үшін, өкіндіру үшін, безіндіру үшін керек болады.

Шолохов 1934 жылы «Тыныҗ Дон» романы ағылшын тілінде басылып шығарда мынадай алғы сөз жазып берген екен:

«Оқушының сезімталдығын аяған болып, оқушының хал-жайына қарадым дейтін жалған тілекке сүйеніп, шындыққа зиян келтірсе, болмысты боямаласа, ол жаман жазушы болар еді» деген.

«Тыныҗ Дон» эпопеясының соңғы бір кітабы жарыққа шыққанда, Григорий Мелеховтың қалай аяқталары туралы толып жатқан топшылаулар болды. Белгілі бір шешімге қалыптасқан ойлар Мелеховтың тап қазіргіше аяқталарын сезіне алған жоқ. Не қызыл бояуға, не белгілі қара бояуға бой ұра берді. Аяқтап келгенде не көрдік? Григорий Мелехов образында мыңдар ұшыраған мыңдаған жағдайда, тікелей де, жанамалай да кездесер шытырманы көп адам тағдырының философиялық шешімін тапқанын көрдік. Көрдік те сендік, қол қойдық.

Шолохов – совет мәдениетінде ғана емес, дүниелік мәдениетте үлкен орны бар жазушы. Социалистік реализм әдісінің шеңбері қандай кең екенін, шеберлікте шек жоқтығын өз шығармаларынан, көркемдік шындығымен дәлелдеп берген жазушы. Оның шығармалары Совет Одағында алпыс тілде 30 миллион дана болып шыққан екен. Осының өзі-ақ Шолохов шығармаларын совет халықтарының қандай сүйетінін дәлелдей алса керек.

Дүниелік әдебиетке Шолоховтай терең ой салған жазушы кемде-кем-ақ. Сондықтан да біз оны дүниелік мәдениетке, дүниелік көркем ойға әсер етіп отырған жазушы дейміз.

«Тыныҗ Дон» мен «Көтерілген тыҗ» және «Адам тағдыры» дүние жүзін тегіс аралап кеткенін айтпасақ та болады. Бірақ, Григорий Мелехов, Аксинья, слесарь Давыдов, солдат Соколов образдары дүниелік әдебиетке кірген жаңа образдар екенін, ұлы Толстой образдары сияқты, жалғастары көбейе беретін образдар екенін айта – кету артық та болмас. Шолохов әдебиетке ұлы революцияның ойларымен келді. Алғашқы қысқа әңгімелерінің өзі-ақ оның ерекше бір дарын екенін көрсетіп еді. Сонымен қатар Шолохов «Тыныҗ Дон»

сияқты эпопеяға жаспын деп қаймықпай ұрынғанын көреміз. Жастықтың отты қайратымен бірге терең ойдың батылдығын «Тыныҗ Донның» басталған беттерінен-ақ сезіне бастайсың. Маркстік-лениндік әдебиет сыны оның алып күш екенін бірден байқап қалды. Маркстік терең ой, іргелі сыншылдардың бірі А.В.Луначарский «Тыныҗ Дон» туралы бұдан 35 жыл бұрын былай депті: «Әзір аяқталмаған «Тыныҗ Дон» – өмірді білуде, адамды білуде, өмір суреттерінің кеңдігіне қарағанда, фабуласының жаныңды күйіндірер шындығына қарағанда ерекше күші бар шығарма. Бұл – орыс әдебиетінің қай кезін алсаң да ең жақсы шығармаларын еске түсіреді».

«Орыс әдебиетінің қай кезін алсаң да» дегеннің ішіне Пушкин, Лермонтов прозасы да кіреді, Толстой, Горький де кіреді, Чехов, Короленко да кіреді. Одан әрі тәптіштеп жатудың қажеті де болмас.

Михаил Шолохов біздің Қазақстан жазушыларының III съезіне қатынасты. Келген бетінде:–Достарым, мен әдебиет зерттеп жүрген адам емеспін, маған бір қапшыҗ кітап берсеңдер, мүмкін, қазақ әдебиетімен азды-көпті танысып көрер едім, – деді. Біз оған «Абай», «Ботакөз», «Миллионер», «Қазақ солдаты» сияқты романдарымызды, Абай мен Жамбыл шығармаларын бердік.

Съезд ашылардан бір күн бұрын, таңертең Мұхтар екеуіміз Шолоховқа бардыҗ. Көңілді екен. Көздерімен бірге мұртына дейін күліп тұратын белгілі сүйкімді қалпы. Құшаҗ жайып қарсы алды. Достыҗ сөзге, жүректен жарып шығар сөзге Мұхтар шалдырмас шебер еді ғой, тіпті, шебер емес, жас баладай кіршіксіз таза ақтарылушы еді ғой. Шолохов қызыға қарап қалыпты. Әлдеқайда тереңде екі үлкен ой, екі терең сезім қабаттасып-астасып, қосыла өріліп кеткендей. Бұл екі адамға тек қана қызыға қарауға болатын еді. Аз уақыттың ішінде көп ойлар, көп сезімдер жарқылдасып, ұшқын шашып кетті. Ұмытылмас та ескірмес, құлаҗ естігенін ұмытса да, көңіл ұмыта алмас әсем кездесу – көз алдыңнан кетпес кездесу.

Біз қоштасуға бет алғанда Шолохов қазақ әдебиетімен шұғыл танысқан жайларын айта келіп:

– Іше бердім, жұта бердім. Қандай әсем суреттер көрдім, қандай өрісті ойларға кездестім, Қазақ әдебиеті терең тамырлы, бой салып өскен әдебиет екен. Сенімді екенсіңдер. Қазақ ұлы халыҗ екен! – деді.

Осы ойын ол кейін съезде де айтты, басқа жиналыстарда да айтты, Кеңейтіп айтып жүрді,

Күзге қарай Шолохов ылғи Батыс Қазақстанда, атақты «Шалқар» көлінің жағасында. Құлағында қазақ желінің ызыңы, аққу-қаз әні, үстінде кең қазақ аспаны. Шолохов әркезде бізбен бірге.

Ол қазақ халқының, қазақ жерінің, қазақ жазушыларының үлкен досы. Мақтаныш ететін досы.

ДОСТАР ҚАЛЖЫҢЫ

Ә б е к е ң – Орысша балтаны не дейді, Қалеке?

Қ а л е к е ң – Немене, мен соны да білмейді деп ойлайсың ба? Тапор дейді!

Ә б е к е ң – Оттапсың, Қалеке! Орысша балтаны мәлятөк дейді...

(СССР Халық артисі Қалибек Қуанышбаев пен Қазақстанның Халық артисі Әбікен Хасенов достардың қалжыңдарынан)

Қ а т ы н а с у ш ы л а р:

Мұхтар.

Ғабиден.

Мұқан.

Екі бригадир.

Үш шофер.

Мен.

Тобымызды тұтас алғанда біз көп әкетіп, аз әкелетін аңшылар қатарына қосыламыз. Әкету – үйден, әкелу – түзден. Бұл тұтас алынғандағы жайымыз. Жекелеп алғанда бірлі-жарымды кеп әкетсе де, көп әкелетіндеріміз де бар, Бірақ аз әкетіп, көп әкелетініміз жоқ.

Аңшылар әлденеше класқа бөлінеді:

Атты – тиді, бұл – бірінші класс.

Атты – бірде тиді, бірде тимеді, бұл – екінші класс.

Түсінде атты – тиді, оңында атты – тимеді, бұл – үшінші класс.

Атты – арақ бөтелкесіне тиді, тағы да атты – коньяк бөтелкесіне тиді, бұл – төртінші клас.

Бұл кластардың өздері де әлденеше сапқа бөлінеді. Біздің топ сол екінші кластың үшінші-төртінші саптарының біріндеміз. Қара құйрықты машинамен қуып бергенде, не болмаса отыз-қырық метр жерде марқа қозыдай болып отырған дуадақ кездесіп қалса, біз де бірінші класқа кіре аламыз. Солай бола тұрса да біздің ішімізде Тургенев те, Новиков-Прибой да, Пришвин да, индеец жазушы Сұр-Жапалақ та жоқ. Біз аңшылығы ит жүгіртіп, құс салуда болған елдің баласымыз. Әзірше біздің көпшілігіміздің жанымыз аңшы, өзіміз нағыз аңшы емеспіз. Біздің жан-тәніміз дала баласы екенімізді ұмыттырмайды. Біздің аңшылығымыздың өзі у-шуы, иіс-қоңысы жоқ, таза даланы сағынумен байланысты екені даусыз. Мысалы, мен өзім жетпіс жасқа толғанша бір рет курортқа барған емеспін. Демалыстарымды ылғи далада, өзен-көл жағасында өткізуші едім.

Міне, үш машина «Ақ Сеңгір» өзеніне келіп тірелдік те тоқтадық. Бастап әкелген Мұхтар машинадан түсе беріп-ақ риза көңілмен:

– Ойбой-ой! – деді, жіп-жіңішке өзеншенің жағасына шыққан селдір құрақшаны көзімен нұсқап. Үлкен бір өзеннің қағаз бетіне көшірілген бейнесін көргендей қуанып кеткені байқалады. Өзен деп тұрғанымыз бес жасар бала секіріп өткендей тым жіңішке екен.

– «Ақ Сеңгірің» осы ма? – деп қалдым мен.

Менің сұрауымда бір астар барын сезініп Мұқан марқұм «қиик» деп қалды. Ол солай күлуші еді.

— Осы! — деді Мұхтар, — дуадаққа Еділ-Жайық керек емес. Осындай құйрығын суға малмай отырып, сусындап кететін таяз су керек.

Ғабиден мені отқа қарай итеріп:

— Немене, менсінбей тұрмысың? — деді маған.

Мен отқа қарап оның өзін итеріп:

— Сенің жолшыбай айтып келгенің есіме түсіп тұр, — дедім. Осыдан әрі барыса алмай тоқтасып қалдық.

Мезгіл тамыздың орта кезі болса да, күн әлі ыстық. Машинаның іші әрі шаңға толып, әрі қайнап кетіп, зықымызды шығарып келген. Біз де Мұхтар бет алған өзенге қарай беттедік.

Күн батар алдында дала ерекше бір балғын қалыпқа көшеді. Күннің көзі бар ыстығын жерге төгіп болып, енді сонау алысынан ризамысың дегендей, мейірім көзімен қарап баяулап барып батады. Мына ыстық кезде шаңытып, қуаң тартып жатқан өлі даланың бетіне қан жүгіргендей, ыстық кезде бүрісіп-бүксиген көгалдар түгел жазылып даланың жаны кіре бастайды. Осындай жерде болмаған жан иесі дуние жүзінде болмауға тиіс сияқты көрініп кетеді.

Өзенді жағалай жүріп, аңшылық жайына көштік.

— Мұқан, сен қашаннан бері аңға шығып жүрсің? — деп сұрады Мұхтар.

Мұқан ішіміздегі ең жасымыз. Кергіме-кеудем соқтығы жоқ, биязы жігіт. Даусыз талантты композитор. Мұхтармен аңда кездесіп тұрғаны бірінші рет болуы керек. Мұхтар соны еркінірек болуға тарту үшін сұрап тұр.

— Бірінші қырғауылды отыз төртінші жылы әкелгенім есімде, — деді Мұқан.

— О-о, кәрі аңшы болдың ғой!

— Қалекең екеуміз Жұмат ағай мен Елекеңе еріп шыққамыз...

— Иә, Жұмат Шанин. Елубайлар біздің қауымнан бірінші болып шыққан жақсы аңшылар... Мылтығың қандай?

— Мұқа, менде осы күнге дейін мылтық болып көрген емес...

— Пәлі, қырғауылды құр қол ұстап алдың ба?

— Қызығы бар. Мұқа, қиық... Осы күнгі Мәдениет паркінде ауылшаруашылық техникумының екі қабат ағаш үйі болатын.

— Ие, ол үй әлі тұр.

— Сол үйдің тоқыма шарбағына арқамызды сүйеп, көлеңкеде сыраны тартып қойып, Қалекеңнің әңгімесін тыңдап отырғамыз. Күн осы мезгілден аз-ақ ертерек еді. Ар жағымызда жатқан сайдан, қонақтан қайтқандай шұбалып қара ала, қызыл ала қырғауылдар шыға келді. Екі қосауыз сүйеулі тұрған... тарсылгүрсіл болды да қалды... Маған да екі қырғауыл тиді...

— Апыр-ау, сол кезде қырғауыл қорамызға кіріп жүреді екен-ау!..

— Ие, солай еді ғой.

— Тап сол сендер сыра ішіп отырған қара ағаштың түбінен мен де бір-екі қырғауыл атып алғаным бар, — дедім мен. Аңшылықтың бір ақ сайтаны болады, түртіп қалды — болды, аңшы сықпырта жөнеледі. Мені де сол сайтан түртіп қалды білем, шыдай алмай кеттім. Әйтпесе тап сол жерде тап сол әңгімеге қыстырыла кететін жөнім жоқ-ақ еді...

— Екеуі де шекесінен қарайтын бесті айғырдай, ақ мойнақ, қаракөк күреңнің өзі екен! — деп әрең тоқтадым.

Қашанда аңдысып жүретін әдетіміз бойынша Ғабиден мені бас салды:

– Үшеу емес пе еді? – деді сақтандыратын жылымды даусымен.

– Жоқ, екеу!

– Ана бір жолы үшеу деген едің...

– Деген емеспін!

Аңшылық қалжыңы аралас азды-көпті асыра сөйлегенді Мұхтар жек көрмейтін. Қайта өз қолынан келмей қойған бір қасиеттей, қызыға қарайтын еді. Тек аяқ-қолы ербелеңдеп, не шындыққа, не қалжыңға үйлеспей тұрмаса болғаны.

– Сен ғой, өмірінде бір қырғауыл атып алған адам емессің?! – деді Мұхтар Ғабиденге.

– Өзі айтқанда бұл кісінің де бір оғы дарымай кеткен емес, – деп Мұқан қалжыңға араласты.

– Біз қаз бен дуадақтан кіші хайуанды атпаймыз! – деді Ғабиден паңданған даусыпен.

– Тигізе алмайды! – деп мен де оны бір түйіп қалдым. Ғабиден онымызға былқ еткен жоқ.

Күн де батты, жып-жылы түн де орнай қалды. Құлағыңа қадалар бір дыбыс жоқ, мұрның безінер бір иіс жоқ. Шоферлар от жағып, шай қайнатып жүр. Далада жағылатын отты, түтінді сағынып қалыппыз. Сексеуілдің түтіні түгіл, тезектің түтіні болса да будақ-будағымен жұтқандаймыз.

Өзімізге өзіміз «тоқым қағар» жасап қыза берген кезде даланы қатты дүрсілдетіп, екі салт атты адам айғайлап келіп, кимелей тоқтады.

– Кім сендерге совхоздың жеріне келіп, от жағуға лұқсат еткен?! – Біреуі осы сөздерді орысша айтып еді, екіншісі қазақша қайталады.

– Сендер неменеге көки келіп тұрсыңдар? Адамша сөйлесуге болмай ма?

Өзгеміз осылай тіктеу келе жаздап едік, Мұхтар тез бұрып әкетті.

– Әуелі танысайық... дастарқанға келіңдер, – деді.

– Келгендердің дәмеленгендері де сол дастарқан болу керек, екінші рет шақыруды күткен жоқ, аттарынан түсе бастады. Аттарын әрірек апарып матастыра салып, тез оралды. Біреуі шөпшілер бригадирі, біреуі қойшылар бригадирі, келін түсірген тойдан келе жатқандар болып шықты.

Дастарқан үстінде Мұхтар бізді таныстыруға кірісті:

– Мынау отырғандардың екеуі бірінен бірі асқан үлкен жазушылар... Бергі отырған Мүсірепов Ғабит.

– А, Әбекен бе! Білеміз, білеміз...

– Одан арғы Мұстафин Ғабиден.

– А, Мұстафа!.. Білеміз, білеміз.

– Қастарында отырған музыка дүниесінде жаңа көтеріліп келе жатқан жарық жұлдыз Төлебаев Мұқан!

– А, Мұқанов білеміз, білеміз!

Келген жігіттер – бірі орыс, бірі қазақ, мәдениет майданына жанаспаған адамдар екені байқалады. Біз оларға өкпелеген жоқпыз.

– Мен «Абай» романын жазған Мұхтар Әуезов боламын...

– А, Абай!

– Абай! Білеміз, білеміз!..

Қазақ жігітінің бір көзі соқыр. Өз қауымының ортасында кеуделі адам екені байқалады:

– Өзіміз де тойдан келе жатыр едік. Ішетін-жейтін жеріміз жоқ. Сонда да мынаны сіздің денсаулығыңызға алып коймасақ болмас! – деді Мұхтарға қарап:

– Жә, алып қояйық!

– «Абай» романын оқыған екенсіңдер ғой?

– Мен өзім бас алмай оқып шықтым... Аудан орталығында жеңіс тойы болып, содан алып келіп едім, таң атқанша оқып әрең бітірдім. Менің бригадамда «Абайды» окымаған не бір еркек, не бір әйел, не бір бала қалған жоқ. Қыстыгүні «Қан-Шеңгел» жаққа бір келсеңіз көресіз.

– Мен де естеріңнен шығып кетпейін, кииқ...

– Жоқ, түгел барамыз.

– Тағы басқа дос-жарандарыңыз болса, бәрін де ала келіңіздер... Кәне, сіздердің келулеріңіз үшін!

Бұдан кейін қойшылар бастығы барлық, ала мойнақ, ақ мойнақ, сары ала мойнақ бөтелкелерді өз алдына қарай иіріп алып:

– Бүгін мен сіздерге бір қызмет етіп жіберейін! – деді.

Қызметкерге жарыдық та қалдық. Ол өзі бір нағыз сырттан, нағыз дархан жігіт екен. Екі-үш рет әртүрлі себеп тауып бокал көтертеді де, бөтелкені ту сыртына қарай лақтырып жібереді. Бір көзі соқыр болса да, қолы мерген болу керек, бөтелке арт жағымызда сылдырап ағып жатқан өзенге барып шолп ете түседі.

– Апыр-ау, нағыз мерген екенсің ғой! – деп Мұхтар таңданып қалады.

– Аздаған ондайым да жоқ емес.

– Бұл маңайда дуадақ бар шығар?

– Қойдай өріп жүреді!

– Біздің іздеп келгеніміз сол дуадақ...

– Қырып аласыздар.

– Қайсы күні қаяққа жүретіндерін кім білсін. Бірақ қаяққа қарай жүрсеңдер де бәрібір қырып аласыңдар. Тіпті осы жерден қозғалмасаңдар да болады. Түс кезінде су ішуге келеді...

– Мен білмесем бастап әкелем бе? – деп Мұхтар бір мақтанып қалды.

Көңіл біржола тынды, бейіл біржола кеңіді. Өзіміз төрт аңшы, үш шофер – жетеу едік. Келген екі жігіт ішіп-жеу жағына келгенде біздің жетеуімізге тұрады екен. Қолдарын қақпадық.

Түн ортасына жақын қалжырай бастаған кезімізде тәңірі жарылқағыр Мұхтар әңгіменің бетін өзіне бір бұрып алды да, одан кейін ешкімге сөз берген жоқ. Әуелі дастарқандағы тамақтар мен басқаларын мол-мол жіберген әйелдерімізді мақтай келіп, сөз аяғын Абайға бұрып әкетті: Абайдың:

Сорлы Көкбай қор болды-ау,

Осыншадан құр қалып, – дегені бар, Көкбайды білетін шығарсыңдар? – деді жігіттерге бұрыла қарап. Олар тағы да «білеміз, білеміз» десті.

– Білсеңіздер, ол Абайдың ең жақын досы болған. Өзі де ақын адам. Абай әуелі өз шығармаларын Көкбайдың атынан бастырған...

Ғабиден маған қарап көзін қысты. Басымен сырт жағымызды нұсқап қалды. Мен де соны істедім. Бұл біздің «әңгіме таң атқанша созылады, ептеп жылысып кетуге де болады» дескеніміз еді.

Жылысып кетудің ретін таба алмай, тағы да біраз отырып қалдық. Мұхтар орағытып әкеліп Абай мен Тоғжанды жағыстырып болған соң, аз кідірген кезде Ғабиден менен:

– Сенін қартешің көп пе? – деп сұрады. Тапқан айласы түсінікті еді.

– Жоқ, бесеу ме екен, алтау ма екен... Мен далада жасап алармын деп оқдәрімді ала шықтым, – дедім.

– Оны қашан жасайсың?

– Таңертең болмаса, біле алмай отырмын, – дедім.

Мұхтардың жалпы сақ отыратынын білемін, әдейі қаттырақ айттым.

– Жоқ, жоқ, – деді Мұхтар. – Машинаның жарығымен қазір жасап алыңдар... Дуадақ күн шықпай, таң құланиектене бергенде-ақ өре бастайды!

Құдай берді, біз бір машинаны алып ұзап барып тоқтадық. Төменгі әлсіз жарығын жылтыраттық та құладық...

– Қиик... – Мұқан да келіп сұлай кетті...

Мұхтар бізді өзі айтқан таң құланиектене бергенде оятты.

– Какой шорт сендер ахотниксіңдер! Мен, әне, шай қайнатып қойдым.

– Дұрыс... Ақсақал кісі ерте тұру керек...

– Мен, тіпті, жатпаған болсам қайтесіңдер...

– «Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Аяңшылы жылпылдап...»

келе жататын бір ақсакал бар еді ғой, соған ұқсатсақ не айтасың?

– Мұқан, сен байқаймысың мына екі қу мені Абаймен жеңгілері келеді.

– Абайға жүгінбеске шара жоқ шығар, – деді Мұқан.

– Үшеулеуге келісіп алған екенсіңдер ғой. Онда жеңілдім. Жүріңдер, шай ішіп алайық.

Мұхтар шын-ақ ұйықтамаған сияқты. Түсі ашаңданып, ақсұрланып, ажарланып кетіпті. Біз бетіміз ісіңкіреп боржиысып тұрғамыз. Басымызды суға бір-бір тығып алған соң ғана ажарымыз түзеле бастады.

Әңгімесінің жалғасын Мұхтар шай үстінде айтты:

– Бір тамшы ішімдік, бір жапырақ ет қалған жоқ. Екі бөтелке шампан, бір сыңар казы қалып бара жатыр екен, «сіздің келіндеріңізге беріп жіберген сарқытыңыз болсын» деп оны да алып кетті, – деді. – Бірақ ішкен-жегендерін ақтайтын жігіттер екен. Қазір осы араға екі аңшы жігіт келіп, бізді тура дуадақтың ортасына алып барады.

– Е, онда ішкен-жегендері ас болсын!

– Ол аз болса, «Ақ Сеңгір» өзені осы жерден бес шақырым ұзаған соң қамысты-құрақты көлге құяды екен. Соған он шақты балықшы жіберіп, бір тонна балық ұстап береміз деп кетті.

– Пәле-е-е-!

– Тегі сол жерде бізді қонақ етіп аттандыратын болды ғой? – деді Ғабиден.

– Ол да болмай қалмас.

– Мен мына соқырмен «Абайды» жазудан бұрын танысқан болсам, Құнанбайдың бейнесі қазіргімнен анағұрлым толығып шығады екен. Нағыз Құнанбай осы ғой!

– Ие, келісімді жаралған жігіт.

– Бас қандай, кеуде қандай! Кейде бір шалқалай беріп карағанда жалғыз көзі шын-ақ «Оқ Жетпестің» иығына қонып отырған мұзбалақ қырандай көрініп кетеді.

– Аты кім екен өзінің?

– Сейфілмәлік пе, Шейхелмәлік пе, сондай біреу. Оның атын қасындағы орыс жігіт айтып еді, шаларақ айтты.

Біз шай ішіп болғанша күн шықты. Шыққан күн тұрар ма тұрақтап, найза бойы көтеріледі. Бұл дуадақтардың тойынып болып, енді қай қалыңды тасаланамыз деп ойланар кезі. Келеді деген аңшылар әлі жоқ. Бұл біздің де ойланар кезіміз болғанын аңдатады. Біз Мұхтарға қараймыз. Мұхтардың өзі де тынышсыздана бастады. Ұзамай күннің көзі жабықтан түсер кезі болып қалды. Ол кезде тәжірибелі аңшы аттың басын ауылға қарай бұра береді.

– Қой, енді отырмайық.

– Бізге басшы болар аңшының керегі не? Жүрейік!

– Ие, көзіміз бар. Астымызда машина. Осы жазық даланы үш жағынан кіріп кезетін болсақ, тірі тышқан болса көзге түспей қоймайды.

Мұхтар да көнді.

– Аңшыларды машинамен жібереміз деп еді. Әлде машина табылмады ма, әлде жолда сынып қалды ма...

Сондай бір бөгесінге ұшыраған болар деп, «нағыз Құнанбайға» ақтау айтып барып көнді.

Үш машинамен үш жағынан орай жүріп кеттік. Қазір сағат сегіз. Он екіде осы арадан табыспақпыз.

Тамыздың орта кезі, даланың ұшпалы шөбі қурап біткен. Кең дала құп-қу. Бұл енді жазғытұрым болмаса жан-жануар жүрер жер емес. «Ақ Сеңгірге» жақынырақ жерде ұзынша ғана болса да жоңышқа егілген жер бар еді. Одан арғы жағы тұтас көгалсыз екен. Жазғытұрым қар суы ағатын, түбінде қоңыр құм жатқан жыралар әлдеқашан құрғап кеуіп кеткен. Өзеннің оң жақ бетін ұзақ шимайладық. Шоферлар өз іздеріне де, ана машиналардың іздеріне де әлденеше рет кездесіп қалғанымызды айтып келеді. Өзеннің екінші бетіне өтуге көпір жоқ.

Түске тармаса үш машинадағы аңшылар дуадақтан үміт үзіп, бәріміз де Мұхтар айтқан «бес шақырым» жердегі көлді іздеппіз. Іздеп келеміз, іздеп келеміз. Өзеніміз жіңішкеріп, тайызданып барады. Бір кезде құмға кіріп, үзіліп кетті. Көл жоқ...

Үш машина осы маңайда қайта түйістік. Бұл енді Мұхтарға тиісетін жер емес... Ғабиден екеуміз бірімізге біріміз тиісе бастадық.

— Баяғыдан бері аңшымын, әйдікпін деп жүргенде немді бітіргенсің! — дейді Ғабиден, маған тиісіп. — Осындай жерде аң бола ма екен?

— Неге болмасын? Жазғытұры қар еріп, жер көгере бастағанда, құдай біледі, осы далада дуадақ пен безгелдек сыймай кетеді.

— Онда сен жазғытұрым неге әкелмедің бізді?

— Аңшы қай уақытта, қай жерде не болатынын түгел біле жүру керек...

Ол мені отқа итеріп тұр: — Бастап әкелген мен емес қой! — деп қалса екен дейді. Мен де «бастап әкелген» деген сөзге жақындағым келмейді.

Біздің нені айтып, нені тұспалдап тұрғанымыз Мұхтар үшін үлкен жұмбақ емес еді.

— Әй, екеуің не оттап тұрсыңдар? Қойыңдар былшылды! Манағы қонған жерімізге барып, бір шай ішіп алайық та, қайтайық, — деді.

— Сол болар дұрысы.

— Мен бір киіз үй көріп едім. Маңайында қара-құра көрінбеген соң бұрылмай кеттім, — деді Мұқан.

— Қай жерде? Алыста қалды ма?

— Алыс емес, мына бір қырқаның арғы етегінде.

— Жүріңдер, соға кетейік...

Киіз үйге Ғабиден екеуміз кіріп едік. Мен кіре бере таң қалып тұра қалдым. Бұдан қырық жыл бұрын тап осылай, көрпесі кеудесінде, аяқ жағы ашық жатқан бір жігітті жазғаным бар еді. Оның да денесі осындай толық, оның да екі аяғы осындай қара қайыспен әдейі ноқталап тасталғандай еді.

— Өй, мынау түндегі жігітіміз емес пе? — деді Ғабиден.

— Тап өзі!

Ғабиден есіктен Мұхтарға қол бұлғады: Бері кел! — Мұхтар кіріп келді де таныды.

— Өй, Сейфілмәлік ұйықтап қалыпсың ғой... тұр! — деді.

«Нағыз Құнанбай» жалғыз көзін ашып бізге танымағандай, өзінің бір қоластындағы адамдары деп қалғандай мінез көрсетіп «Ертең, ертең!» деді. Сол жағына қарай аунап түсіп, қорылдай жөнелді.

Біз Мұхтар мен «Нағыз Құнанбайдың» арасына енді түскіміз келмей, шеттей бердік.

Мұхтар дауысы қаталырақ шыға бастады:

— Ей, сен өтірік қорылдамай, аш көзіңді! Кімді алдап құтылғың келеді? Тұр! — деді.

«Нағыз Құнанбайымыз» көзін ашты.

— Түнде берген уәдең қайда? Аңшыларың қайда? Балықшыларың қайда?

— Мас кісі не айтпайтын еді, ақсақал!.. Өзіңіз қызық адам екенсіз ғой!..

Бұдан әріге шыдай алмай, біз үйден шығып кетіп күлдік. Мұхтар да көп ұзаған жоқ. Жігітке қатты бір сөгіс жариялағанын естідік, не деп сөккенін естіген жоқпыз. Мұхтар оны өткен түні қандай аспанға көтеріп мақтаса, енді оны жеті қабат жердің астына тыға жамандай алатынын білеміз. Үн шығарыспай, түнеп шыққан жерімізге қарай бұрылдық.

Түнде қонып шыққан жұртымызға келсек, жау талағандай астаң-кестең болып жатыр екен. Дастарқанымызда жұмыртқа, сары май, аппақ уыз балапан шошқаның тілінен жасалған жуан колбаса қалып еді, зым-зия жоқ. Барлық дүниеміз төгілген, шашылып жатыр...

— Ойбай, менің сумкамды алып кетіпті! — деген Ғабиденнің жан даусы шықты.

— Ана жатқан сол емес пе?

Ғабиден сумкасын өзен жағасынан тауып алып, бізге қарай бұрылып:

— Сумкамның быт-шытын шығарып жарып кетіпті! — деді. — Нағыз жан даусы осы жолы шықты. Индияға барғанда әкелген ағылшын қолынан шыққан қымбат дүниелік екен...

Шай, қант орнында. Киім-кешек аман, ас ішетін ыдыстарымыз құлап жатыр. Тонаған кім екені айқын танылып тұр — түлкі! Түлкі қу!

Ет пен майдың иісін күндік жерден сезінген сары балақ түлкі қу бізді түн бойы торыған болар. Бұл оның қашаннан бергі әдеті.

Іле, Балқаш бойындағы көлдерде, далаңқы жерлердегі суларда әр аңшының соңында әлденеше түлкі жүреді. Атқаныңды тезірек жинап алмасаң, қағып әкетеді.

Осы жаққа бастап әкелген Мұхтарды қалжыңмен қолға алатын бір жер осы еді, бірақ онымыз тым батып кететін қалжың болар деп оған барыспадық.

— «Құнанбайымыз» қалай болып шықты? — деп өзара қалжыңдасқан болып едік, Мұхтар онымызға ере қоятын ыңғай көрсеткен жоқ.

Жолымыз болмағанға ішіміз аши тұра күлген болып, аман қалған ыдыстарымызды жинай бастадық. Шай қайнатайық десек, түлкі иіскелемеген неміз қалды дейсің деп оны да істемедік.

Мұқанның шофері машинасына су құйып жатыр екен. Соған қарап тұрып, Мұқан бір орынды қалжың айтты:

— Нағыз тұлпар су таңдайды... Мен үйге «Құлагерімді» «Ақ Сеңгірден» суарып қайттым дермін-ау. Сіздер үйге не бітіріп келдік деп қайтар екенсіздер! — деді. Ішімізде іркіліп қалған барлық қалжың түйіншектері түгел ағытылып кеткендей қарқылдасып күлдік. Бұдан кейін бірімізге-біріміз қандай қатал қалжың айтсақ та зілі болар-ау деп қауіптенген жоқпыз.

Жүріп кеттік... Күн қайнап тұр. Дала жолының шаңы бұрқ-бұрқ етеді. Бұл көбелек қанатының лебінен көтеріліп кететін күлдей ұсақ шаң. Машинамыздың іші сол ұсақ шаңға толып бұлттанғандай буалдыр тартып кетті. Машинаның терезелерін ашпасақ тұншығып барамыз, ашсақ — ұсақ шаң будақ-будағымен өкпеге соғады.

Бір жарым сағат уақыт жүруге әрең шыдадық. Біздің жолымыздан бес километрдей бұрын бір поселке көрінді. Алдымызда келе жатқан Мұхтар машинасынан түсіп, бізге соны нұсқады. Біз бас изестік.

Поселкенің шетірек жағында қорасындағы құдықтан су тартып алып жатқан жас қазақ әйелі көрінді. Тұра қалдық. Тұра қалдық та түсе қалдық. Түсе қалдық та, жапатармағай құдыққа қарай жөнелдік.

Әйел бізді шырамытқандай, су толы шелегін жерге қойып, азғана жымиып тосып тұр. Біз жақындай бергенде:

— Мұхтар аға-ау, осынша шаң-шаң болып, қайдан келесіздер? — деді әйел.

— Бадишамысың, айналайын... Әуелі шайыңды қайнат... кейін естірсің.

— Ал, үйге жүріңіздер.

Бұл — Мұхтардан оқыған, Қазақ университетін бітірген мұғалима екен. Өз нәтері жоқ, совхоз бухгалтерінің бір бөлмесінде тұрады. Шайды тез қайнатып әкелді. Біздің шаңнан тұншыға жаздадық, ыстықтан өле жаздадық дегеніміз бір-ақ шайлық азап екен. Шаңы бұрқыраған тас жарып көрмеген, темірді балқытқан пеш аузын көрмеген жандардың күйректігі екен. Шайға қандық та, жадырап сала бердік. Қалжыңымызға қайта бастық...

Асфальтті жолға жетіп, машинамызды қағып-соғып алған соң, кең машинада шалқайысып отырып, Ғабиден екеуміз біраауыз бірлікке кеттік. «Заговор!».

— Мына шалды бір тоқтату керек! — дестік.

Мен идеяның авторы Ғабиден деуіме болады. Ғабиден де мені атауына болады. Куә да жоқ, дәлеліміз де жоқ. «Қап, мына шал қылды-ау қылықты!» десіп отырдық та, аяғында «өзін бір тотиту керек» деп сөз байластық. Онымыздың ауыр-жеңіл боларын, орынды-орынсыз боларын ойласқанымыз жоқ...

Қалай тотитудың ретін келтіре алмай, бір жеті сандалдық. Әлде кімнен үлкен бір кегімізді алатындай, кек болғанда анау-мынау емес қанды кегімізді қайтаратындай ойландық. Ойлана келе ауыр-жеңіл болар жағы да еске түсті. Тұрпайы да болмау керек, тұздықсыз да болмау керек. Әуелі бізге ашуланатын болсын, артынан өзіне-өзі күлетін болсын. Ақырында таптық, өзінен өзі табылды.

— «Ақ Сеңгірде» көрген азабымызды өзіне бір көрсетіп алсақ-ау! — десіп күлісіп отырғанымызда орала кетті. Ғабиден менен бұрын «Е!» дедім десе таласпаймын, мен таптық деген арнадан ауысқым келмейді.

— Шалды келістіріп тұрып алдап, «Ақ Сеңгірге» жалғыз жіберіп алайық!

— Ретін таба алсақ, ең қызығы осы ғой!

— Тоқтайық осыған!

— Болсын! «Нағыз Құнанбайын» тағы бір көріп қайтсын, несі кетеді.

Енді сол қақпанымызға қалай түсірудің жайын ойластық. Әрбір жазушы драмалық, трагедиялық, не болмаса комедиялық жағдайлардың бәрінің де өрістеу логикасын жақсы білуі керек. Оның әрқайсысының өз логикасы бар. Шығармаңа араласатын әр жастағы, әртүрлі кейіпкердің өзіне тән мінез логикасы бар. Адам мінездерінің құбылыстарына бармайтын, бара алмайтын жазушы ол жабайылықтың жаршысы!

Мұхтар мінезінде қандай өзгешелік барын жақсы білеміз. Соның бірі, бірі болғанда ең керексізі, өзіне де, өзгеге де ең зияндысы — сенімпаздығы еді. Бірінші көрген адамына да, бірінші айтылған шағыстыруларға да оңай сенетін. Балаша сенетін.

Қырық төртінші жылдың не алдында келетін, не артында келетін қысы еді. Орта Азия мен Қазақстаннан көркемөнер апталығын өткізуге Ташкентке бардық. Бізді «Өзбекстан» қонақ үйіне түсірген. Бір күні қоңыр іңір кезінде

қонақ үйімізге қайтып келе жатсам Мұхтар сыртта, есік алдында бір қазақ жігітіне ақша беріп жатыр екен. Өңкей қара ала жүз теңгелерді сытырлатып санап тұрып: «Мың жарым жете ме?» – деп жігітке ақшаны ұсына бергенде, мен келдім.

– Е, жақсы келдің. Мына бір ініміз ертең қонаққа шақырып тұр. Мен екеуміздің атымыздан келеміз дедім. Дұрыс қой? – деді Мұхтар.

Жігіттің басында таз адамша кептей киген қоңыр кепке, үстінде резинка иісі бұрқырап тұрған плащ. Маған қолын ұсынып еді, алақаны сұп-суық су екен. Адам тартар кескіні де жоқ. Базар қарақшысы сияқты.

– Мың жарым жете ме? – деп Мұхтар жігітке ақшаны ұсына бергенде, жігіт:

– Тағы бір-екі қағаз қоссаңыз дұрыс болар еді, – деп қалды. Тебінгідей қара ала жүздерді көріп жұтынып тұр.

– Қонаққа шақырған адам ақша сұрай ма екен? – дедім мен.

– Ертеңгі ішім-жемімізді алуға ақшасы жетпей тұр екен.

– Бұрын танитын жігітің бе еді?

– Жоқ. Ана тұрған машинаны көресің бе? Мені білетін әке-шешесі сол машинада отырған көрінеді. Қазір таныстырады бізбен...

– Мен сол машинаның қасынан өттім. Онда екі жігіт, екі әйел отыр. Төртеуі де орыс жастары. Оның ішінде әке де жоқ, шеше де жоқ.

Дәл осы кезде машина қозғалып та кетті. Мұхтардың ақша ұсынған қолы да шегіне берді. Жігіт те тайып отырды.

Біз де Мұхтардың осы сенгіш мінезіне сендік...

Сөз байласқан күні Ғабиден Мұхтарға телефон соғыпты:

– Мұқа, біз кеше анау күнгі «Ақ Сеңгірден» келдік. Қырып әкелдік... деп бастапты.

– Е, ондай ит сарып кеткен жерге қалай барып жүрсіңдер?

– Біз «Айдарлы» жаққа кетіп бара жатқамыз. Ұзынағаштың бер жағында анау күнгі соқыр сіздің жолыңызды тосып жүр екен... Машинасында қой, қымыз, коньяк, шампан... Мені бір жер шақырып қалды... Ар жағын Ғабиттен сұраңыз, – депті Ғабиден.

Мұхтар маған телефон соқты. Мен де Ғабиденше бастай беріп едім:

– Ол жағын Ғабиденнен естідім, ана соқыр қалайша менің жолымды тосып жүр екен, соны айтсайшы, – деді.

– О, ол қатты ұялған екен... Мас күйінде ұялып айта алмапты. Біз де өкпелеп құлақ аспаппыз. Жәй былай болыпты: орыс жігіт орталықтан машина алып, уәде еткен адамдарын жинап әкелемін деп барса, бастықтардың бірін таба алмайды. Күн жексенбі еді ғой, есіңде ме? Содан ол салпақтап кешке қарай оралыпты.

– Пәлі...

– Содан кейін сол екі жігіт ұятымызды аршиық деп келесі демалыста сені күтіп жүргенде бізге кездесті. Бармасқа бола ма, бардық. Төрт-бес дуадақ атып алдық... Біраз балық ұстап берді...

– Ана соқырды мен нар жігіт, нағыз Құнанбай екен дегенімде мені мазақтағыларың келіп еді! Енді не айтар екенсіңдер!..

– Енді бәріне сендік...

Мұхтар бізге де оңай сеніп қалды. Біз бәсең-бәсең шыжымдап тартатын өнер де көрсеткеніміз жоқ. Жалғыз есебіміз – Мұхтардың өзі сеніп қалған соқырын азғана майлап жіберсек, ар жағын өзі өңдеп, өзін-өзі сендіріп әкетеді деген ой болды. Сол беталысқа ойысып болды-ау деген кезде – Мұқаңды демалыс күндері күзге дейін күтеміз. Енді бір жетіде қой отарлары осы «Ақ Сеңгір» мен «Жирен айғыр» өзендерінің маңайында болады. Күтеміз, күтеміз! – деп қалды дедім.

Атақты жазушы Марк Твен Париж көрмесін аралап жүріп адамнан басқаға көзі түспегенін айтады. Бұл шындық қой, жазушы шындығы. Біз де Мұхтарға сол адам жағынан, «нағыз Құнанбайы» жағынан келіп едік, қуанып кеткендей сенді. Енді қайтер екен деп Мұхтарды екі жақты бақылауға алдық.

Бір жеті бойы хабарласқан жоқ. Жұма күні кешке Ғабиден телефон соқты:

– Кетіпті!

– Жолы болсын!

Дүйсенбі күні таңертең қыдырған болып Мұхтардың үйінің алдынан өтіп бара жатсам, шофері арықтан машинасын жуып жатыр екен. Қара машина баттасқан шаң. Анау күні өзімізді тұншықтырып келген аққұба шаң, күлдей ұсақ шаң...

– Ие, бір жаққа барып па едіңдер? Қанша әкелдіңдер?

– Ну, вас!.. – деді шофер. Оның үніне қарағанда Мұхтар ашуланған болуы керек.

Біз істерімізді істеп алып, енді соны қалай жуып-шаярымызды таба алмай қысылыңқырап жүргенде, бірер жетіден кейін Мұхтар өзі телефон соқты:

– Әй, сендер, екі дорақ, әуелі мені алдай алғандарыңа мәз болып күліп, енді менің көзіме көрінуге бата алмай жүргендеріңді мен білмейді деп жүрсіңдер ме? Валентина Николаевна екеуміз күнде күлеміз екеуіңе. Менің туған күнім естеріңде шығар, келіңдер, қосыла күліп алайық, – деді.

ҚАРЛЫ ЖАҢБЫР АСТЫНДА

Қатысушылар:

Қалибек, Мұхтар, Елубай, мен.

Мен оқ жасап отыр едім, Қалекең телефон соқты:

– Уай, мен бүгін бара алмайтын болдым.

– Уа, не болып қалды?

– Қазияның он төртіне толмай құтырған қызы бар емес пе, сол ақ тоқтымыз бүгін кешке күйексіз қара қошқармен ми-палау жасайды екен. Ми-палау!..

Түсінбейтін ешнәрсесі жоқ. «Отелло» қойылатын болғаны да. Қыз әкесін ойнайтын Қалекең соны Шекспирдің өз сөздерімен айтып жатыр.

– Онда сен бұл жолы бара алмайтын болғаның ғой?

— Уай, сен не сандалып отырсың өзің? Тірі болсам — өзім, өлсем — сүйегім жетеді ертең Шабынды көлдің жағасына!

— Онда болды, Қалеке, болды!

Мен Мұхтарға телефон соқтым:

— Ана шал бүгін бара алмайтын болды. Бүгін «Отелло» екен.

Қап!.. Далаға шығып бой жазып қайтайық деп құтырынған өзі еді, бара алмайтын болғанын қарашы... — Мұхтар кәдуілгідей ренжіп қалды.

— Қынжылмай тұра тұр. «Тірі болсам — өзім жетем, өлсем — сүйегім жетеді,— деді — Шабынды көлге».

Мұхтар қуанып кеткен дауыспен:

— Онда жасай бер оғыңды. Көп жаса! Бір оғыңа бір үйректен аласың менен! — деді.

— Келістік! Одан арзанды Ташкенге барсаң да таба алмайсың!

Отан соғысының орта кезі. Жасаулы оқ жоқ. Уқалаған газет қағазымен тығындап оқты қолдан жасаймыз. Өзіме жүз, Мұхтарға елу оқ жасауым керек. Ол маған оқ басына бір үйрек атып бермекші... Сонда өзіне қанша үйрек қаларын екеуміз де ойлаған жоқпыз. Аңшыларға есеп-қисаптың керегі не? Аңшылардың арасындағы есеп-қисаптан еш уақытта алашақ-берешек туған емес. Аңшыға асырып айту айып емес, өтірік айту айып.

Кешке Мұхтар, Елубай үшеуміз вокзал басында кездестік. Еле-аған Мұхтар екеуміздің арқамыздағы рюкзагімізді басып-басып байқады да «Нешауа!»—деді. Алматы мен Іле арасында жүретін жергілікті поезд қозғала берді. Міндік те жүріп кеттік.

Біз «Жетіжиде» стансасына жетіп түсе қалғанымызда тас қараңғы түн еді. Қарлы жаңбыр күшейе түсіпті. Бұлт қалың. Бұлт пен түнгі аспанның айырмасы сезілмейді. Бұл — біздің құдайдан тілеп келе жатқан жағдайымыз. Күннің қалпы осылай болып тұрса, топтанып келе жатқан үйрек-қаз төмендеген бойымен көлге құлай қонады. Жердің миы шығып жатыр. Қызыл асықтан батпақ. Барар жеріміз әлі бес-алты километр.

Шабынды — үлкен көл. Аспанда бір құс келе жатса, бұл көлге қонбай кете алмайды. Жемі мол, орталығында айдыны бар, ығы бар, тасасы бар. Көлге жақын ауылдарда бір аңшы жоқ.

Жүріп кеттік... Еле-аған алдымызға түсіп алды да, қақшаңдап тартып берді. Ол өмірінде май бітпеген қырық сіңір адам. Денесі тіп-тік. Бұлшық еттер мен сіңір, сүйек. Аяғында өгіздің жон терісінен тіктірген қос ұлтан, қос жұлық, аша бұттан келетін етік. Киімдерінің бәрі ықшам, нағыз аңшының киімі. Ең сыртынан киген жалбағайлы су өтпесі тағы бар. Біздің қауымда жиырмасыншы жылдардан бері аңшылықты үзбей келе жатқан нағыз аңшы жалғыз сол — Еле-аған.

Мұхтар екеуміздің киінген түріміз тұр емес. Мұхтардың үстінде қазақы қоңыр сырмалы шапан, аяғында қазақы қоңылтаяқ етік, бозға да, бозғылға да қосуға болмайтын күлдібадам күңгірт түсті кепке. Мұхтар әшейінде сол кепкесін былай мақтайды:

— Осы кепкенің астында Әуезов деген аңшы отыр деп бір құс ойламайды! — дейді.

—

— Құс түгіл мен де ойламас едім. Көріп жүрген соң амал не?

Менің киінген түрім одан да сорақы. Үстімде қызыл асығыма түсетін Ленинградтан шығарылатын құстаңдай тоқылған қоңыр драп пальто. Бұл су өткен соң құстың көзіне қап-қара болып күндік жерден шалынуға тиісті. Аяғымда ескілеу ботинка. Шалбарымның балағының аузы отыз сантиметр. Басымда күзгі қозықұйрықтай төрт құбылаға түгел жайылып кеткен қалпақ. Қалпақ бейнесі жоққа жақын.

— Аңға шыққанда осылай да киіне ме екен! — деп Елеаған маған ұрсып қояды. Оңашада — саған ұрысқаным Мұхтарға да ұрысқаным... біліп қой! — дейді.

Біз мылтықты отыз жетінші жылы қабына салып тастағамыз. Содан бері Ұлы Отан соғысының от нөсерлі бұлты неміс жеріне қарай біржола ауып болғанша аңға шыққан емеспіз. Ерсі көрдік. Сондай ауыр жылдардың кезінде аңшылық киімі қайдан сақталсын? Біз оған осы жайларымызды айтып болғанша Еле-аған арқан бойы ұзап кетеді.

— Аяңдаңдар, аяңдаңдар! Сен әй, Мұқаңды сөзге айналдыра берме!

— Еле-ағасы-ау, жүріп келеміз ғой...

Әрі киінген түрімізден қысылып, әрі жүрісімізден қорынғандай болып Мұхтар екеуміз Еле-аған не айтса да бас иіп бағынып, пенде болып келеміз.

— Менің етігім үйде кигенде аяғыма әрең сыйып еді, енді қолқылдап барады,— дейді Мұхтар.

— Су өткен жоқ па, әйтеуір?

— Қайдан өтпесін! Башпайларым жүзіп жүр...

Мен жүре келе Мұхтардан гөрі де мүсәпірлеу бола бастадым. Ұзын пальтоның етегінен сорғалаған су ботинкемнің ішіне құйылып келеді. Кең балақтарым мен пальтомның ұзын етегі аяғыма оралады...

Бір километрдей жүрген соң Мұхтар екеуміз Алматыдан оны-мұны алып қайтқан әйелдердің ортасында қалдық. Төрт-бес еркек поездан бізбен бірге түсіп еді, олар артына да қараған жоқ. Еле-аған да қара үзіп кетті.

— Ішімізде бір-екі еркек қалғаны жақсы болды-ау... Қымсынбай, қорықпай осылай ақыре-ен жүріп отырып, үйге де жетіп қаламыз,— деді мосқалдау әйел даусы. Мұнысы: «Бізді тастап кете көрмеңдер», — дегені ғой бізге.

Бұл қалжыңсыз дауыс еді. Мұхтар да солай түсініп:

— Иә, бізді «үй жолдас» деулеріңізге болады. Алматыдан бірге шықтық, поезда бірге келдік. Біздің баратын жеріміз де сіздің ауылдарыңыздың маңайы болар, — деді.

— Е, бәрекелді, көңілім жаңа орнықты ғой, — деді жаңағы әйел.

— Апа-ау, жол-жөнекей кездескенге сене берме деген сөз де бар емес пе? — деді екінші бір әйел даусы. — «Үй жолдастарымыздың» біреуі артына қараған жоқ қой!..

Бұл дер кезіндегі әйелдің даусына ұқсайды. Қалжыңдаса кетуге де, айтыса кетуге де дайын, өзіне-өзі сенімді, бабындағы әйел даусы. Екінші бір жастау әйел даусы оны қостай кетті:

— Әзір елбесігі еріп келе жатырмыз ғой. Қай жерде бізді тастап озып жүре беретіндерін кім білсін...

– Озғымыз келсе мана озып кететін едік қой... Бірақ үй жолдас болған соң... – дей бергенімде бір аяғымды су толы жыраға тығып алып, аз-ақ ұшып түспедім.

– Ойбай, құлай көрмеңіз, – деді жаңағы әйел. Мені сүйей бергісі келгендей оң қолын соза беріп кейін тартып қалды.

– Пальтоңыздың етегі аяғыңызға орала бермегенде алдақашан озып кеткендей екенсіз, – деді тағы бір жастау әйел даусы. Мен бір ұпай ұтылғанымды мойындап, үндей алмай қалдым.

Жағдайың осындай болған соң аузыңа жөні түзу жауап қайдан түсе қойсын? Пальтомның етегі аяғыма оралған жоқ дейін бе, құлай жаздағаным жоқ дейін бе, не айтайын? Әйелдердің арасынан сыпайы ғана шықса да, менің шымбайыма инедей қадалған сыңқыл күлкі естілді.

– Шырағым, бұлардың қалжыңын ауыр ала көрме. Жаңбырлы күнде жабыға берсең, өзің жабыға айналасың деген сөз бар ғой... Келіндер мына жаңбырдан жасымайық деп қалжың айтып келеді. Әйтпесе, ерігіп жүрген біреуі жоқ, бәрі де жұмыстағы адамдар, – деді сөз бастаған мосқалдау әйел.

Бұл кісінің сөзі мағыналы шыққанын қанша жақсы түсінсем де, менің жаныма сөніп бара жатқан отты үрлеп қалғандай тиді. Әлгі жерде оқыс жеңілгенім ұмытыла салудың орнына, ішімді қайтадан тырналап, мазалап кетті. Мен!.. Мен бола тұра!.. Нағып...! Нағып оп-оңай жеңіліп қалдым? Нағып сол жеңілгенімді жауапсыз қалдырып, үндемей арқалап кете беремін?!

Есіме Марк Твен түседі. Ол былай дейді: «Менің ақыл-ойымның өзі шегішеті жоқ мол болу керек. Соны жинап алғанымша көп уақыт өтіп кетеді де, дер кезінде қайтарар жауапты таба алмай қаламын», – дейді. Қолма-қол жауап қайтара алмау жағынан Марк Твен менің көшіме де ере алмайды. Сөйте тұра, кінә өзімде екенін біле тұра күйініп келемін, күнәсіз әйелдерден кегімді алғым келеді. Ұзамай сөз таба алмаған кінә өзімде ғой деген ой жеңе бастағанын сезіндім, қарсыласқаным жоқ. Әйелдермен қайта қалжыңдасып кеттім.

«Жеті жидеден» екі километрдей ұзаған соң Еле-аға бізді тосып алды. Енді ол қашанғы әдетінше біздің мылтықтарымызды өз мойнына асып алады.

– Аяңдаңдар, аяңдаңдар! – дейді содан кейін. Онда да жүрісіміз оңала қоймаса, азық-түлік салған рюкзагімізге жармасады. Енді біз, амал жоқ, ұялғаннан еріп отырамыз. Еле-аға біздің командиріміз, тықсырып отырады. Тағы да баяулай бастасақ, маған ұрса бастайды. Қалекең мен Еле-аға ұрса жүріп еркелете білетін адамдар еді.

Біз қуып жеткен соң Еле-аға бізге:

– Кәне, мылтықтарыңды бері әкеліңдер! Әкеліңдер! Дауай! Мен сендерді Шабынды көлдің жағасында тосамын. Сендер жеткенше таң да атар, ет пісіп, шай да қайнап тұрар, – деп Мұхтар екеуміздің мылтығымызды сыпырып алып, мойнына асына бастады.

– Бәсе, менің де бір сандырағым келетін болды, – деді манағы дер кезіндегі әйелдің даусы. Үй жолдастарға жарыған екенбіз.

Тағы бір әйел:

– Бұл кісілердің жүк артатын түйелері де бар екен ғой! – деді.

Еле-аған жалт бұрылып, жаңағыны айтқан әйелдің алдына тізерлене кетті де:

– Елуге жеткенше кім екенімді біле алмай жүр едім. Түйе екенімді тауып бердің ғой, шырағым... Кәне, жүгіңді арқама арт та, өзің иығыма міне ғой! –деді.

Әйелдің қатты ұялғаны байқалды. Даусы жыламсырай шықты:

– Ағатай-ай, байқамай қалдым... кешіре көріңізші. Аяғыңа жығылайын, кешіре көріңізші, – деді.

Еле-аған атылып тұрды.

– Айналайын-ай, ойнап айтам деп жылатып алдым-ау... өзің кешіре гөр, айналайын, – деді әйелге.

Мана сөз бастаған мосқалдау әйел басалқа айтты:

– Ие, ойын-қалжыңды көтере алмасаң үйіңнен шықпа. «Әзілің жарасса атаңмен ойна» деген бар. Күн жаңбыр, түн қараңғы, қызыңыз байқамай қалды... ауыр ала көрмеңіз, отағасы...

Осылай бір ұтылып, бір ұтып жаңбырлы түнді қалжыңмен жеңіп, әйелдердің қолхозына – айрылысар жерге жақындап қалдық. Әйелдердің аяңы ширай бастады.

– Міне, үй жолдас деген осы болады, ауылдарыңызға жеткізіп салдық,– деді Мұхтар.

Оған мосқалдау әйел жауап қайырды:

– Шырақтарым-ау, мынау қарлы жаңбырлы түнде кайда барып паналайсыңдар? Одан да біздің ауылға қонып, баратын жерлеріңе ертең бармайсыңдар ма? – деді.

– Бұл ой мені манадан бунап келе жатқан. Мұхтар да ойлаған жерден шыға келді:

– Үй жолдас болып келе жатқан адамдардың бұл сияқты мырза бейілдеріне ырза көңіл білдірген дұрыс болар? – деді Мұхтар маған ақырын ғана.

– Мен шақырмаса да осы ауылға қонбай кетпес едім, – дедім.

– Еле-аған ды көндіріп көр.

Еле-аған біздің ыңғайымызға бір шарт қойып көнді:

– Сонау шығысқа кетіп бара жатқан үйрек ерте ұшады. Төрт жарымда маяның үстінде болуымыз керек. Үште оятамын. Оянбағандарыңды тастаймын да жүре берем.

– Болсын, Еле-аға, болсын! Тұспалдап тұрғаның мен ғой, оянбасам обалым өзіме. Қалып-ақ қояйын...

– Сирағыңнан сүйресем де алып кетем.

– Оған да көндім.

Ұзамай алма иісі аңқып, мұрныңды жарып тұрған жып-жылы үйге кірдік-ау, әйтеуір... Осы күні сол әдеттері сақталды ма, жоқ па, білмеймін, ол кезде Алматы облысына қарайтын қазақ ауылдарының бәрінде де сандықта сақталатын алма болушы еді. Жеп көрген емеспін, ал енді иісі! Сол кездегі жаман үйлердің ішінде алманың піскен кезі сақталып қалғандай сезілуші еді. Өз салмағынан өзі майысып тұрған алма бағы көз алдыңа келетін.

«Үй жолдастар» бірімізді біріміз шам жарығында көрдік. Үй иесі манағы мосқалдау дауысты деген әйел болып шықты. Ашаң жүзді, әлі де ажарлы, аршынды, айбарлы жаралған адам. Көрген жерден құрмет көрсеткің келіп тұратын жаратылысы бар. Аты Жамал екен.

Манағы дер кезіндегі әйел дегеніміз осы үйдің келіні, аты, бұл елде гүлсіз әйел аты сирек кездеседі, Еркегүл екен. Бұл да ақжарқын, жұғымды жаралған, сүйкімді әйел. Жұбайы майданға алынғалы үш жыл, ақ қағаз да жоқ, қара қағаз да жоқ...

— Ал енді ойын-қалжың өз алдына, шын өз алдына, шешініңіздер, жігіттер. Су киімдеріңізді тастап төрге шығыңыздар, — деді Жамал апай. Бір ғажабы осы екі әйелдің екеуіне де су жұқпаған сияқты. Еркегүл сыртқы киімдерін тастай сала самауырды көтеріп далаға шығып кетті. Жамал апай ауыз үйде бірдемелерді айналдырып жүр. Жаурау түгіл тоңазымағандай.

Мен ботинкелерімді шамалы ғана сілкіп қалып едім, былш етіп табалдырыққа соғылып барып қылжиды. Екеуінен шөлейтті жерде кездесе қалса екі түйені суаруға жететін су сорғалай бастады.

— Шырағым, пальтоңды маған берші, пешке жауып қояйын, — деп Жамал апай менің пальтомды ала бергенде үйге кірген Еркегүл:

— Сөйт, апа... түйенің су болған жабуын пешке бір түн жауып қойсаң таң атқанша кеуіп қалатын еді ғой, — деді. — Бұл — маған атылған оқ..

Қалжың өрістеп кетсе жалғыз болмайын деп мен:

— Мына кісінің жауабына да орын қалдырыңыз, — дедім. Содан кейін енді Еркегүлдің өзіне тиіскелі аузымды аша бергенде Еркегүл:

— Ағай-ай, тұра тұрыңызшы. Мына кісі Мұхтар ағай екен ғой! — деді.

Бұл кезде Мұхтар сырт киімдерін шешіп, «құсқа көрсетпейтін» кепкесін тастап, Мұхтардың өзіне едәуір ұқсастығы бар қалпына келіп қалған екен, жас әйел тани кетіпті.

— Мұхтар аға, кешіре көріңіз... Өзіңізге қадап ешнәрсе айтпасақ та, сіздің алдыңызда айтылмайтын бірдемелер айтылып-ақ кеткен шығар, кешіре көріңіз...

— Жоқ, айналайын, кешірім сұрауға түк себеп болған жоқ. Мен сондай қарлы жаңбырда қабақ шытпағандарыңа әрі қуанып, әрі қызығып келе жаттым. Араласа кетуге үлкенді-кішілі біріңе лайықсыз соқтығып қаламын ба деп аузымды ашпай, іштей қалжыңдасып отырдым да үндемедім. Мынаған, бұл Ғабит деген аға, сен тайынба деп итермелеп едім, бұл оп-оңай жеңіліп қалды... Анау түгіне түк жұқпай төрге барып, сұқсыр алған қаршығадай шаншылып отырған Елубай аға... Ол болса поездан түсе сала кетіп отырды.

Еркегүл ауыз үйде біздің киімдерімізбен әуреленіп жүрген енесіне дауыстап:

— Апа-ау, өзің айта беретін, ғайып-ерен, қырық шілтенді түгел шақырып әкеліппіз үйге... Бері келші, бері келші, апа! — деді.

— Естідім, айналайын. Бәрін де естіп, орнымнан қозғалмай қалдым... Амансау болдыңыз ба, Мұхтар-аға! — деп екі қолын бірдей созды.

Мұхтар қазақтың бірінші номерлі жентельмені, тұра келіп амандасты. Төрт қоңырқай қолдар тоғысып, бірін-бірі ұзағырақ қысып қалыпты. Мұхтар

етігін тастап үлгірген, жалаң аяқ. Балақтарынан су сорғалап, жігі ашылған еден тақтайларының арасына қарай жыландай жылжып барады.

Жамал апайға мен қолымды орнымнан тұрмай ұсындым. Басымды да идім. Шын жүректен құрметтеген қалпым жүзіме де шыққан болу керек. Қолдарын қысып отырып:

– Жамал апай, Мұхтар ағаңнан аққан су арықтай болып барады, мен тұрып амандассам, менен сорғалаған су сіздің Шабынды көлдей болады,– дедім.

Жамал апай «ештеңе етпес» деп азғана езу тартты да, басқа сөз қатқан жоқ. Төрде отырған Еле-ағаңа барып амандасты. Содан бізге қарай орала беріп:

– Сіздер екеуіңіз де балақсыздарың бар шығар, шалбарларыңызды шешіп беріңіздерші маған, кептіріп берейін, – деді. Мен шеше бастадым, Мұхтар бөгеліп барып шешті. Жамал апай Мұхтар екеумізге екі көрпе әкеліп берді.– Жамылып төрге шығып отырыңыздар.

Өмірінде бірінші рет иықтарында көрпе, екі жалаң сирақ, екі жалаң аяқ жазушы бірінші кездесіп отырған үйдің төріне барып отырды.

Шай ішіле бастағанда үш еркек, екі әйел едік. Шай аяқтала бергенде он бес әйел, үш еркек болып қалдық. Екі домбыра, бір сырнай келді.

Бұл араның әйелдері қалаға жиі қатынасады екен. Алматыда болып жатқан жаңалықтардың бәріне таныс. Алғаш қойылған операларға барған адам бір-бір ән алып келетін кезі. Бұлар да сол опералардың әндерін түгел білетін болып шықты.

– Мұқа, келіндеріңіз сіздердің құрметіңізге концерт бергелі жиналып келіпті, Ауылдың «алты ауыз» дейтіні де сол болар. Содан кейін Елекеңнің «Нақнағын» естуге құмартып отырғандар да аз емес, – деді Жамал апай.

Концерт басталып кетті. Бұл кездегі қазақ операларының бәрі де қазақтың қолтума әндерімен, өз күйлерінен құрастырылған екен. Сол опералардан күнде естіп жүрген әндеріміздің өз топырағында, өз сахнасында өз даусымен, оркестрсіз салғандағы әсері бізді баяғы ауылға, «Алтыбақан» басына апарып тастағандай еді. Әрбір өнердің бүгінгі көрінісі мен сенің көкірегіңде сақталған түпнұсқасын салыстыра отыру әшейін ермек емес ол. Бар мен жоқтың, асыл мен жасықтың мөлшерін салыстыру арқылы ғана танылмақ.

Дала қызының еліне еркелеген, жеріне еркелеген, назданған, қайғырған, қарғаған үндері таза күйінде, анайы сәби күйінде естіледі. Мұңмен бірге жігер де бар. Жалынышымен бірге жалыны бар. Жан тазалығы, саудаға салмас арұят тазалығы бар. Сен де сондай кіршіксіз тазалығыңмен тыңдасаң ғана ләззәт аласың. Біз бір сәт осындай жайда болдық.

Бұл әйелдерде опералық дауыстар жоқ, әрине. Бірақ ән ырғағымен бірге толқындаған адал жан, арлы жүрек бар. Сағыныш мұңы да бар, күту де бар, сенім де бар. Соғыс тұсындағы ерлік, қайрат-жігер әндері түгел. Баяғы «Айналайын, қарағым, сәулетайымдар» жоқ. Күйдім-жандым, құшақ құмарлығына тыйым салынғандай, бірінің аузына түскен жоқ. Сол бетке қарай жетелейтін кейбір ескі әндерді қолдан илеген жаңа өлеңдермен айтады.

Қызығы мынада ғой: бұл үнде тозығы жетпеген бір нәрсе жоқ. Домбыраның шегіне дейін түйіншек-түйіншек. Қайғы-мұңсыз бір жан жоқ бұл үйде – біреудің

әкесі, біреудің баласы, біреудің жары соғыстан қайтпай жатыр. Салған әндері де, ақжарқын жүздері де сол қайғы-мұңға қарсы ұстаған қарулары сияқты. Мана келе жатқанда Жамал апай «жабыға берсең өзің жабыға айналасың» дегені менің есімде осы мағынада қала барды.

Әйелдер бізге толық мағынасында көңіл толарлық концерт берді де, әрі беті жарық, әрі үзік шекті домбыраны Еле-ағаңның алдына әкеліп қойды. Еле-ағаң домбыраны бірер қағып қалды да:

— Әдейі менің даусыма арнап жасалған домбыра екен, — деп жұртты бір күлдіріп алды. Жарты сағат «Ақ сұңқар», «Ақ Айшаларымен» біраз айналдырып еді, аяғында «Нақ-наққа» көшпеске амалы қалған жоқ.

— «Нақ-нақ»!

— «Нақ-нақ!» — деген әйелдер қоймады еркіне.

— Ал, ендеше «Нақ-нақ!»

— Сөйле десең сөйлейін сөз келгенде... е-hay!..

Менің білуімше «Нақ-нақ» сөзсіз Еле-ағаңның өзі шығарған ән, өзі шығарған өлең. Мұндай әнді, мұндай ән текстің өзі ыңылдап, домбырасы дыңылдап отырып, мың рет бұзып, мың рет түземесе жасап шығаруы мүмкін емес. Мен 16-18-жылдарда Еле-ағаңның елінде болдым. Талай-талай шілдехана, тойларда Қостанай елінің әндерін естідім. Сонда «Нақ-нақтың» өзі түгіл, алыстан ұқсайтын ән естіген емеспін. 23 — 26-жылдарда Еле-ағаң да, мен де Орынборда оқыдық.. «Нақ-нақ» сол кезде туды, сол кезде түгел аяқтанды.

«Нақ-нақтың» әні де, өлеңі де қызық. Өлеңі 11 буынды қара өлең өлшемінен басталады да 12-13 буынды өлеңге ауысып, аяғына қарай 7 буын, 4 буын, 2 буынмен тынады. Мысалы:

Сөйле десең сөйлейін сөз келгенде — е-hay (11-12 буын)
Киер көйлек шара бөз келгенде тамаша-ау... (13-14 буын).

Денің сау ма, құдаша-ау? (7 буын). Тобылғыны түбінен қазып алдым, былқ-былқ (13-буын). Бөдененің етінен азық алдым, сылқ-сылқ (13 буын).

Абай, қыздар абаубақ, (7 буын).
Тырнамақтай туай тақ. (7 буын).
Қыр басында қыз ойнақ, (7 буын).
Күндіз мәжіліс, түнде ойнақ (7 буын),
Екі манақ (4 буын) нақ-нақ (2 буын).

«Нақ-нақ» халықтық өлеңдерге де, әндерге де ұқсамайды. Өлеңнің ішінде «тырнамақ, тай, туай тақ, екі манақ» деген сияқты бұлыңғыр сөздер де бар. Мен «тырнамақтай туай тақ» дегенді тырнадай шулап деген мағынада түсінгім келеді. Ал енді, «екі манақ, нақ-нақ» деген сөздер, даусыз, ойда бұрын туған ән ырғақтарының, қазақша айтқанда бос қалған қуыс-қуыстарын толтыруға алынған. Сонысының өзі әннің атына айналып кеткені ән шығарушының құнды бір табысы болғаны да!

Мен «Нақ-нақтың» өлеңін түгел келтіріп отырғаным жоқ, көркемдік құрылысындағы ерекшелігін көрсеткім келді, Менің ойымша «Нақ-нақтың» ерекшелігі сонша, мұндай өлең де, мұндай ән де екінші рет қайталанбайды, ешкім қайталай алмайды. Оның себебі «Нақ-нақтың» әніне бұрынғы өлең өлшеулерінің бір де бірі сыйыса алмайды.

Еле-ағаң «Нақ-нағымен» тағы жарты сағат ұстады. Сағат түнгі екі жарым болыпты.

Киіне бастаңдар! – деді Еле-ағаң. Жылы үймен, жылы жүзді, бауырмал жүректі адамдармен жыртылып айрылардай болып киіне бастадық.

Көл жағасына жеткен соң бізге:

– Үшеуміз үш маяда бөлек-бөлек отырамыз, – деді Еле-ағаң. Әйтпесе сендер бір-екі үйрек құлаған соң соны мақтаныш көріп, сөзге айналып кетесіңдер. Анда жүргенде бойың көрінбесін, дыбысың шықпасын!

Содан кейін Еле-ағаң үш мылтық пен үш рюкзакты бір маяға апарып тастап келді. Екінші кезекте Мұхтарды, үшінші жолы мені арқалап әкетті. Су мұздай суық. Тереңдігі тізеден ғана болғанымен асты батпақ.

Бізде суға киер етік жоқ деп Еле-ағаңа үйден шықпай тұрып айтқамыз.

– Судан өзім көтеріп өткіземін де бір маяның төбесінен үй жасап беремін. Үйрек-қаз алдына келіп қонады. Жамбастап жатып ата бересің, – деген Еле-ағаң.

Біз Еле-ағаңның сөзін қалжың көріп едік, қалжың емес, шын болып шықты. Жағадан жетпіс метр жердегі маяға Еле-ағаң бір сағаттың ішінде үш рет барып оралды. Маялардың арасы да сондай жер. Мұхтар екеуміз екі шеткі маядамыз, Еле-ағаң ортадағы маяға орналасты. Орналастырып болған соң, Мұхтар екеуіміздің мылтықтарымыз бен рюкзагімізді әкеліп берді. Менің нәрселерімді әкеліп бергенде Еле-ағаң, мынадай әмір берді:

– Енді жарты сағаттан кейін үйректер ұша бастайды. Біреуі ұя салам деп қалпағыңа келіп қонса да атпа! Ол жергілікті үйрек. Батыс жақтан топ-тобымен келе жатқан үйректі атамыз. Ата бастайтын кезде мен монокпен белгі берем. Дарқоңырдың моногі. Ұмытып та қалма, ұйықтап та қалма!

Бәрін де айтқаныңыздай орындаймын, Еле-ағасы!

– Жоқ, айтқаныңды орындауға келгенде сенен Мұхтар жақсы!

– Еле-ағау, Мұхтармен салыстырғанда мен көш ілгері аңшы емеспін бе!

– Көш ілгері екеніңді әуелі аңшылықтың тәртібін сақтауда көрсет!

– Бұлк еткізбей орындаймын, Еле-аға. Енді кішкене отырыңыз, темекі тартайық.

Міне, міне, сен аңшыны осылай бұзасың! Сені Қалекең еркелетіп қойды да, өзгеміздің айтқанымыз құлағыңа кірмейді. Бүгін мен оны сенен бөлек орналастырамын.

– Өйтпеңіз, Еле-аға. Қайсымызбен бірге орналасамын десе де еркі білсін.

Еле-ағаң кеткен соң мен маяның құс келер жақ шекесінен ұңғып барып ұя жасап алып едім, жылына бастадым. Кешірек шаулып, кептіріп үйген көкше құрақтың иісі де көптен бері мұрныма келгені осы. Жылына бастадым деу мен үшін ұйықтап кетіппін деудің астарлап айтқан баламасы ғана ғой – ұйықтап

қалыппын. Еле-ағаңның дарқоңыр моногін естімеппін. Олар Мұхтар екеуі атыстың қызығына түсіп кетіп, менің ұямнан жарты сағат бойы үн шықпағанын аңдамапты да.

Дәл төбемнен мылтық даусы үш рет қат-қабат гүрсілдегенде оянып кеттім. Еле-аға тағы атқылайын деп отыр екен, мен мылтығымды көтеріп «бармын» деген белгі бердім. Елеаға маған жұдырығын түйді.

Үйректер лек-легімен төмен ұшып көлге құлай қонып жатыр. Мұхтар мен Еле-аға маяларының айналасы едәуір шұбартып қалғандай екен. Мен де ата бастадым. Төмен ұшып көлге тобымен төңкеріле берген үйректің азғана алдынала мылтықтың қос құлағын біріне-бірін жалғастыра тартып үйренсең, бұл осы күні адам иланбайтын қырғын. Мұндай топтанған үйрек тұқымы үшеумізге де жиі кездесіп қалып, сиреп кетіп барады. Еле-аға үйрек тобымен құлап жатса да қозғалмайды, қаз құласа маядан түсе сала ұмтылады. Алып келіп маяның үстінде бауыздайды. «Жараланған» құсты азаптамай, тезірек өлтірген дұрыс».

Қарлы-жаңбырлы, буалдыр-бұлыңғыр таң алды. Батыстан шығысқа қарай топтанып ағылған үйрек-қаз, аққу, тырналар мыңдаған километр жол бойында екі рет – жазғы тұрым және күзді күні үлкен қырғынға ұшырайды. Жазғытұрым, ең кемі екі жеті құс жолындағы елдердің барлық аңшылары бізге ұқсап, ертелікеш, қарлы-жауынды, қалың тұманды, буалдыр-бұлыңғыр күн райын тілеп, қазір әрқайсысы бір тасада отыр. Күзге қарай тағы екі жеті осылай болдық.

Таңертеңгі жетіде әлі таң атпағандай сезіледі, қараңғы. Сегізден асқасын да атуды тоқтата алмадық, құс бейшара ағыла берді. Жаға жақтан біреу айғай салды. Таныс дауыс – Қалибек! Қайран Қалибек! Қайран Қалекең!

Қалекең менің тұсыма жақынырақ келіп тұр екен. Мен басымды көтерін «маған кел!»–деп қол бұлғадым. Еле-ағаңдар қоңыр моногін үш рет дар-дар еткізіп маған қатал сөгіс жариялады. Кейін білдім – біреуі басымды көтергенім үшін, екіншісі – қол бұлғағаным үшін, үшіншісі – бейсауат жүрген бөгде біреуді лұқсатсыз маяға шығарып алғаным үшін...

Қалекең іркілмей суға етігімен түсіп жүре берді. Жақындай келе аяғындағы ұзын қонышты етікті таныдым – қала бастығының етігі, басындағы бөркін таныдым – Құнанбайдың бөркі. Қазір өзі де толық денелі, биік кеуделі, кең жауырынды, жауын соғып тұрған жағындағы көзін қысыңқырап алған екен, аумаған Құнанбайдың өзі! Сахнада өзі жасаған Құнанбай! Құнанбай өрмелеп маяға шығып келеді.

– Соз қолыңды!

Маяға шығып алған соң Қалекең: «Бері әкел» – деп менің мылтығымды жұлып алды.

– Келген қонаққа орын берер болар!–деп менің орныма орналасып алды. – Өзіңе орын тауып ал! Бірінші атқанда тимесе мылтығыңды суға лақтырып жіберем!

Әрі аға, әрі құрбы, ерке шалға не айтасың?!

Үйрек әлі қалың ұшып тұрған. Қалекең бірінші атқанда-ақ екі үйрек дөңгеленіп түсті,

– Пай-пай, Қалибек Қуанышбаев! – деді өзіне-өзі.

– Пай-пай, Мүсіреповтің мылтығы! – дедім мен.

– Не дейсің, әй?

– Пай-пай Қалибек Қуанышбаев деймін...

– Бәсе, солай болар. Құй жүз грамды!..

Қалекең кейде құсқа тигізіп, кейде көк жібек шымылдықтай дірілдеп-дірдектеп тұрған жаңбырға тигізіп ата бастады. Мен су өтпеген көк құрақ маяға аяғымды тыға түсіп, Қалекеңе қарадым да жаттым.

Қалекеңді мен театр сахнасының аруағындай көремін. Артистердің талайынан – «Қалекеңмен бірге ойнағанда өзіміз құтырынып кетеміз, кейде бұрын істей алмаған бірдемелерді оп-оңай істеп кетеміз», – дегендерін ылғи естуші едім.

Жаңа жазған сахналық шығармаларын театрға апарып оқығанда Қалекеңнің алыстан орап, жаныңды ауыртпай айтатын әртүрлі ескертпелері жазушыға да көп ой салатын еді. Не болмаса қабылданған шығармада Қалекең ойнай қалса, өзінен қандай олақтық кеткенін жазушы ойын үстінде көруші еді. Тегінде аруақ дегеннің бере алатын жәрдемі болса осылай қолма-қол болу керек қой. Оның аты – Қалибек Қуанышбаев, Қалекең болу керек!

Қалекең орысша оқымаған адам. Қазақшасының өзі де оқыған деуге үйлесе бермейтін шамада. Тегінде заты зейінді, зерек адам – қараптан-қарап жүріп үйреніп кеткен болу керек. Бірақ енді адам өмірінен байқағандарында, түйгендерінде түп жоқ қой, түп жоқ! Адам өмірінің әрі зерттеушісі, әрі зергері сияқты еді.

Ленинград, Москва театрларында «Ревизорды» көрген адам аз емес шығар. Өмірінде қала бастығы дегенді көрмек түгіл, естімеген Қалекең қала бастығының бейнесін сол театрлардан төмен шығарған жоқ. Соғыс жылдары Алматыда сол екі астананың талай-талай басты режиссерлары көріп таңқалатын еді. Қалекең шет елдерге де барған емес. Венецияның дож дегені кім, сенатор дегені кім, білген емес. Солай бола тұрса да Венеция сұлуы Дездемонаның әкесі Брабанцио мен падуан тентек қызы Катаринаның әкесі Миноланың бейнелерін бірінебірін ұқсатпай екеуін де нанымды, екеуін де танымал бейтаныс етіп шығару – Қалекеңнің ғана қолынан келді. Қалекең үшін адам мінезіндегі қалтарыстар мен құбылыстар қайта-қайта оқылған, қайта-қайта жатталған кітаптай еді.

Менің осы күнге дейін есімнен кетпей қойған Қалекең жасаған Абай мен Абайдың әкесі Құнанбайдың бейнелері. Бұл да бір нағыз дарынның сиқырлы құдіреті болар – Қалекең бүгін Абайды ойнаса – Абай, ертең Құнанбайды ойнаса – Құнанбай еді ғой!

Мұхтар жасаған Абай да, Құнанбай да ақыл-ойға терең, сират-көпірден де тайсалмай өтіп жүре беретін күшті адамдар. Әке мен баланың арасында ой биіктігі, сезім тереңдігі сыналатын қырқалар бар. Әке бір баспалдақтан түсіп келеді, бала сол баспалдақпен жоғары өрлеп барады. Арада әкелік пен балалық дәстүрі бар. Әкенің жеңілері, баланың жеңері ата-ананың жүректерінде дақ қалдырмай өтуі керек. Бірақ, әділет жолында, тартыс жолында келісім жоқ, ымырашылдық болмасқа керек. Осындай тар өткелдері көп, аяқ басқан сайын дарын сыналар, түптеп келгенде қарама-қарсы бейнелерді жасағанда Қалекең

бір сүрінген емес. Абайына да сенесің, Құнанбайына да сенесің. Қалекең Абайды ойнаған күні Құнанбайды кім ойнаса да іш тереңдігі жағынан Құнанбай жеңіледі. Қалекең Құнанбайды ойнаған күні сол тереңдік жағынан Абай жеңіледі.

Менің есімнен кетпейтін Қалекең жасаған тағы бір-екі бейне бар... Мүмкін, бейнесіздердің бейнесі деуге де болар. Шахмет Құсайыновтың «Алдар Көсесінде» Қалекең уәзірдің ролін ойнайды. Сонда уәзірдің мыс қазанды жалап отыратын бір жері бар. Қазан жалау деген түк емес қой. Қалекең сол түк еместен есте қалар ойлар туғызушы еді. Хан дегендеріміз, уәзір дегендеріміз кім, кімге бағына беріппіз, қандай замандар басымыздан өтіпті? Қалекең соны сөзсіз-ақ үлкен сұрау ретінде қойып ойнайтын еді.

«Ақан сері – Ақтоқтыда» мылқаудың ролін ойнайтын Қалекең маған шындап кетсе Ақанды да, басқаларын да басып кетердей сезілетін еді. Анайылық, көнбістік, меңіреулік тұтқыны бір кезде зұлымдықты бар күшімен, жан күшімен, жүрек күшімен түгел сезінгенде сол тозған қауымды талқандап тастардай болатын еді. Мылқау балуан тілі бар адамнан анағұрлым көп ой айтатын қайран Қалекең, өмір бойы ойнаған рольдерінде бір рет сынға ілікпей өткен жалғыз-дара сен едің-ау!

Аңшы айызы қанардай болды. Құлаған үйректі санау ұят болардай көп. Түске тармаса күн де ашылды, ату да тоқтады. Мылтықтарды сүртіп, құрғатып, көкше құрақтың арасына тықтық. Еле-аған атылған құстарды жинай жүріп маған: – Сен әй, Қалекеңнің етігін киіп, атқандарыңды жинап ал! – деді. Мен маядан түсіп Еле-ағаңа үйрек жинастым.

– Уай, бері келіңдер! – деп Мұхтар айғайлады. – Бері келіңдер!

Мұхтар дауысы көңілді шығады. Бірінші қазды мана Мұхтар түсірген. Біз жақындап келген соң:

– Бірінші түстік біздің маяда болсын. Елеке, сен Қалекеңнің етігін өзіне апарып бер де екеуің бірге келіңдер. Ғабит, сен маяға қазір шығып ал да қал осында. Кәне, соз қолыңды!

Мұхтар үйректерін шөптің арасына таман әрегірек тығыпты. Қазы шалқасынан түсіп, басын қайырып әкеліп төсіне салып берірек жатыр. Қартаң, жолбасшылардың бірі болу керек, үлкендігі дуадақтан кем емес. Кеудесін кере құлағандай жап-жалпақ.

– Ал, келдік жәнәбыңызға.

– Хош келіпсіз... ғиззат, уа хүрмет, уа елтифат!.. Мынаны көресің бе?

– Көріп тұрмын. Қиыр шығысқа сапар тартқан барлық қаз атаулының генералы болар!

– Маршалы!.. Алдыңғы жағынан бір метр ала тартып жіберіп едім, тәңірі жарылқағыр төңкеріліп түсті. Тілге де келген жоқ.

– Пah-пah! Тілге де келген жоқ па?

– Келген жоқ.

– Бұл енді той жасауға тұратын қаз болды.

– Той ауылда болады, қазір давай, түстік әзірлейік.

Екеуміз түстік әзірлеуге кірістік. Жазушы көңілі қопарыла көтерілу үшін де, қопарыла құлау үшін де көп нәрсе керек емес. Атқаның қаз ба, үйрек пе, саршұнақ па, оның бір де бірі не қуанышқа, не мұңайысқа себеп бола алмайды. Аттың – тигіздің! Әңгіме осында ғой. Мұхтардың көңілі тасып, төгіліп отырған бір кезі еді.

Маяға өрмелеп шығып келе жатқан Қалекеңнің белуардан жоғары жағы көрінді. Мұхтар қолын соза бергенде Қалекеңнің арт жағынан арс етіп қалған қасқыр, Қалекеңді кейін қарай жұлқып қалғандай болды. Қалекең айғай салды:

– Елубай, Елубай! Қасқыр, қасқыр! – деді де тынып қалды. Содан кейін үн шығармай сұлай кетті. Жаман састық. Маяның етегінде Елубайдың даусы шықты.– «Кет-ай, кет! Ә!.. Кеңірдегің түсті ме қолға! ha! hап!

Маяның етегінде, тізеден жоғары суда адам мен қасқыр жанталасып жүр. Біресе қасқырдың ырылы мен ырсылы басым шығады, біресе адамның ақырғаны,айғайы басымырақ шығады. Кейде қасқыр мен адам даусы араласа шығады. Төбеде тұрған біз адамды да көре алмаймыз, қасқырды да көре алмаймыз. Қалекеңді қолынан тартып маяның төбесіне шығарып алдық. «Қалеке, Қалеке!» дейміз, Қалекең қабағын тыржитады, дыбыс бермейді.

Бір кезде адам мен қасқырдың алыс-жұлысы бәсеңдеп, қасқырдың әуелі кылғынып-ырылдағаны, ұзамай суды борылдатып тұншыққан, құмыққан дыбысы келді. Маяның үстіне Еле-аға шыға келіп:

– Мұқа, қасқырдың үні өшті! Байланыңыз, – деді.

Қалекең басын көтеріп алып:

– Шайна!–деді оған.

Ойын екенін біз сонда ғана түсіндік.

Манадан бергінің бәрін істеп жүрген адам да, қасқыр да жалғыз Еле-аға екен. Біз аң-таң болып аузымызды ашып қалыппыз.

Әсіресе Мұхтар шексіз таңданған екен:

– Міне артист! Міне Еле-аға! – деді Мұхтар, – Табан аузында тапқан қандай ғажап драма, қандай қанды айқас! Өзім көрмесем иланбас едім. Басқалардың ойына өмір бойында бір келместі табан аудармай суырып салу – қандай тапқырлық!

– Елубай артес қой ит, сегіз қырлы артес! Мені аяғымнан демеп маяға шығара беріп, арт жағымнан «арс» етіп қалғанда мен де жаман састым. Аумаған қасқыр! Артынан: «Е, Елубай антұрғанның ойы бірдемеге кеткен екен. Мен аралассам бүлдіріп алармын» дедім де, құлай кеттім...– деді Қалекең.

Екі атақты артистеріміздің бірін-бірі сөзсіз түсіне кеткені бізді тағы таңдандырды.

Түстігіміз ең берісі «тоқал қатынның» тойынан кем болмай өтті. Үш жылға созылып бара жатқан соғыс кезінің күйзелістерін «қатын-балаға» қалдырып, бой жазып қайтуға шыққамыз. Көсілте бір серуендейікші дескеміз. Енді міне, ауылда болдық. Қалекең де келді. Мұхтар бар, Еле-аға бар. Еле-аға жоқ жерден ойын көрсетті. Құс көп. Атқан оғың далаға кетпейтіндей көп. Серуен деген осы емес пе! Еркелікті көтере бермейтін соғыс уақыты «жетер, жігіттер!» дегендей бәріміздің ойымызда ауызға жақын отыр екен.

– Қашан қайтамыз? – деді Қалекең.

– Қайтқан дұрыс болар, – деді Мұхтар.

Аңшы төртеу, атылған қаз үшеу-ақ еді, кешке қарай тағы бір қаз атып алдық та, қалаға қайтып кеттік...

ҚАСҚЫРДЫ АТҚАН ҚАЙСЫСЫ?

Аңшылар үшеу едік. Біреуі министр, біреуі ғалым, үшіншісі мен – жазушымын.

Арқамызда тотыдай құлпырған қызылды-жасылды бір-бір байлам қырғауыл. Әрең көтеріп келеміз. Ылғи еркегі – атасы, әкесі, баласы... Әжесіне де, шешесіне де, қызына да тигеніміз жоқ. Атпадық.

Аңшылық құмары әбден тарқады. Көп аттық. Биылдыққа аңшы келмеген соныға кездестік те, аңшысы келіссе екі жыл жыр болатын қырғауыл аттық. Қырғауыл қырынан да құлады, шалқасынан да құлады, тәйкесінен де құлады. Шаншылып құлап келе жатқан бойы қоржынға өзі де кіріп кетті...

Іленің төменгі жағында осындай бір соны қорық барын естіп құмартып келгеміз. Шын екен. Өзеннің ортасында қалған үш арал. Екеуіне былтырдан бері адам аяғы тимеген, тұнып тұр. Қалың қара ағаш, шытырман жиде мен жыңғыл. Белуардан келетін қорық көк өлең. Үшінші арал үйір-үйір жыңғыл, шеңгел екен, аппақ құм қырқаланып жатыр. Дәл ортасында жалғыз өскен жуан тораңғы көрінеді.

Таңертеңгі бір шарлауда сонша көп қырғауыл атып, енді демалуға біз сол үшінші аралға келе жатырмыз. Шын аңшы аң көп кездескен жерден алыстап кетіп демалу керек. Біз де соны істеп, қырғауылы көп екі аралдан қашықтап барамыз.

Август айының аяқ шені болса да күн әлі ыстық. Су да жылы. Үшінші аралға ауысу үшін қырға шықпай-ақ су кешіп келеміз. Үшеуміз де орта бойлыныц о жақ, бұ жағында болсақ керек, арқадағы қырғауылдың қызылды-жасылды құлпырған құйрықтары суға жүзіп келеді.

Аңшылық алабұртуы басылған соң, артығырақ, кеткеніміз де еске түсе бастады. Алынған лұқсат бойынша үш аңшы үш-үштен тоғыз қырғауыл атпақ едік, қазір тоғыз-тоғыздан асырып жіберсек керек. Осы бір түйткіл еске түсіп үшеуіміз де үнсіз келеміз.

Министр бәрімізден бұрын қырағылық көрсетіп: – Асыра сілтеп жібермедік пе? Ұсталып қалсақ ұят болып жүрмес пе екен? – деді, бізге бұрылып.

– Түнде қайтамыз ғой, ұстала қоймаспыз... – деді ғалым.

Мен үндемедім. Арқадағы қырғауыл салмағы ауырлай түскендей болды.

Үшінші аралға келіп орналасқаннан кейін аңшылық қалпымызға қайта оралыппыз. Әркім өз атқан қырғауылын қоюырақ көлеңкеге тығып жатыр. Ғалым өз қырғауылдарын бір құмның етегін қазып жіберіп, сызды салқынға

көмді. Жуан жалғыз тораңғы үй орнындай дөңгелене біткен қалың жыңғылдың дәл ортасына өскен екен, айналасына қою көлеңке түсіп тұр.

Шын аңшылар орынды-орынсыз от жағып, түтін бұрқыратпаулары керек. Біз де алдымызға термостарымызды әкеліп қойдық. Шын аңшылар мырза келеді, біз де сумка біткенді, дорба біткенді ортаға қойдық. Ақ мойнақтар, қызыл мойнақтар қылтия бастады. Шын аңшылар дабырлап сөйлеспейді, біз де ақырын ғана күбірлесіп отырмыз. Шын аңшылар үнемі сақ отырады, біз де қолымызда кесе, көзіміз айналада, құлағымыз әр дыбысқа елең етіп қалып отыр.

– Ойбай, елік! – деп ғалым газет дастарқанының үстіне бұға қалды. Мойны оқыс бұрылып, көздері «елік» деген жағына қадалып қалыпты. Тырнақтының көзі, тістінің көзі, аңшының көзі!.. Кесесі қисайып, қарақошқыл коньяк төгіліп жатыр.

– Елік емес, қарақұйрық! – деп министр де бұға қалды. Оның кесесі де жантая құлап, оның коньягы да төгіліп жатыр.

Мен ешнәрсені көрмей-ақ бұқтым. Менің коньягім де төгіліп жатыр... Министр де жоқ, ғалым да жоқ, жазушы да жоқ, аңшылар қалыппыз...

Жыңғыл шыршасының азғана селдіреген жерінен жел жағымыздағы суға жақындап келіп тоқтаған үш қарақұйрық көрінеді. Екі лағын ертіп келген ана киік елең қағып, елгезек тұр. Қауіп барын сезінгендей селк етіп қалады. Екі лағында табиғи сергектік, ата жөнелуге әзір тұрғандық бар. Сонымен бірге анасына сенген балалық, балаға лайық ойнақылық бар.

Екі лақтың бірі суға тізесінен ғана түсіп, суды бір ұрттады да басын көтеріп, тамсанып айналасына қарады. Тағының сақтығын, лақтың сақтығын істеп тұр. Лақ байғұс басын суға қайта еңкейте бергенде бір бүйірінен арс етіп қалып, суға атылып түскен көкжал арлан қасқырды көрдік. Ана киік қасындағы лағымен бірге жалт бұрылып, орғып-қарғып қыр асып кетті. Суда қалған лақ аз-ақ бас салмаған қасқырдан ыршып біздің аралға қарай қашып келеді. Орғып атқылап, секіріп ыршып, ұшып келеді. Суға лақтан гөрі салмақтырақ батып, қасқыр да қалмай келеді. Біздің екі жігіт мылтықтарын қолдарына алды.

– Қасқырды, қасқырды! – ысылдасып қалдық. Лақ қашып, қасқыр қуып келе жатқан су Іле өзенінің өзі емес, үш аралды күн шығыс жағынан орап кеткен жіңішке жармасы ғана. Терең де емес, ені де елу метрдей ғана. Байғұс лақ бір секіргенде екі метрдей кетеді де қасқыр одан шалымды емес, ауырлау малтығып келеді.

Қоян көжегіндей сұрғылт лақ құм аралға қалжырап шықты. Көкжал арлан бес метрдей кейін шықса да болдырмапты. Қайрақ құмға тырнағы іліккен соңақ лақпен арасы жақындай берді.

Тағы баласы қарауытқанға жақындамай, біздің оң жағымыздағы құм бұйраттың қырқасымен қашып келеді. Арлан қасқыр аузын арандай ашып алған. Кеңірдек түбінен шыққан ызалы ырыл естіле бастады. Қашқан лақ, қуған қасқыр дәл біздің тұсымызға келгенде аралары үш метрдей-ақ еді. Көздері шұбартып кеткен көк тажал бар ызасымен енді бір арс етіп қалса, қорқақ лақ ұшып түскендей. Екі мылтық жалғаса гүрс етіп қалды. Мен селк ете түстім. Қорыққаннан емес екен...

Лақ байғұс өз екпінімен доңғаланып барып, тұмсығынан шаншыла құмға құлап түсті. Бар қамқорлығымыз – азаптамай, тез өлтіргенімізде болад та... Қасқыр жалт бұрылып, атжал құмның тасасына түсіп кетті. Жоқ болды.

Аңшылар бірімізге-біріміз қарадық та үндеспей қалдық.

– Қасқырды, қасқырды! – деп, ысылдасып калғанымыз қайда?

Термос қақпағы ашылған жоқ. Әркім үнсіз орнынан тұрып, өз бұйымдарын жинай бастады.

Сол бетімізбен машинамызға қайттық. Тұнық қара көздері әлі мөлдіреп, мейірім тілеп жатқан өлі лақты ешкім алған жоқ.

Содан бері сол аңшы достарыммен кездескен емеспін.

ТИМКА – ДИМКА

Мен Ұлы Отан соғысы басталған күннен бері бір ғана моншаға барып жүремін. Оның қараңғылауына да, кірлеуіне де, кейде сағаттап күттіретін кезегіне де бойым үйреніп кетіпті. Басқа моншалардан маған мұның ыстығы да ыстық сезіледі.

– Сүпірға бар ма? – деймін ұйғыр шалына.

Ол маған: – баг! – дейді. Шынында «бар» да демейді, «баг» да демейді, мен естіп-білмеген бір дауысты дыбысқа апарып соғады.

– Веник есть? – деймін орыс шалына.

Ол үндемей ғана сыпыртқы әкеліп береді.

Билет он бес тиын, сыпыртқы он тиын. Моншада осыдан басқа не бар сөз боларлық? Мен осы сөз аздыққа үйреніп кеткенім сонша, басқа моншаларға барғым келмейді.

Тим... Тимоша... Ким... Симка... Дим... Димка... осының бәрі бір-ақ адамның аты. Оның шын атын ешкім білмейді. Мен өзім сұраған емеспін. Бұл тыриған арық, денсаулығы қыл үстінде, оқымаған, жұмыскер адам. Жаңағы үндемей ғана сыпыртқы әкеліп береді дегенім осы кісі.

– Оден! – дейді ол моншаның ішкі есігін ашып, алдыңғы залда кезек күткен адамдарға. Бұл оның бір адам кірсін дегені.

– Назат! – дейді, біреудің орнына екі адам кіріп бара жатса. – Назат!

Кезегіңмен кірсең, билетіңді алады, орныңды көрсетеді, сыпыртқы сұрасаң – береді. Сырт айналып жүре береді.

– Оден!

Бұл тоя жеп көрмеген, қызыға киініп көрмеген, жасынан-ақ, өнімсіз еңбектен аса алмаған сорлы адам. Өзі де «оден», көптің бірі емес, жалғыздардың бірі.

Бір күні ол маған жақынырақ келіп:

– Ағай, он сом ақшаңыз бар ма! Керек еді, – деді ыржиып.

Ширек ғасыр ішінде маған тіл қатқаны да осы, ширек ғасыр ішінде менің бетіме тура қарағаны да осы.

Мен барымды бердім. Алды. Алғыс айтқан жоқ.

Содан кейін талай рет кезекте тұрып моншаға түсіп жүрмін. Кезек тым ұзақ болғанда кезексіз өткізер ме екен деп Тима-Димка-Симкаға талай жалтақтадым. Бірақ, оның көзі маған бір түскен емес. Кезегімен өткізеді, билетімді алады, сыпыртқы сұрасам — береді, он тиынын алады, сырт айналып кете береді.

Екеуміздің арамызда әдетке айналған амандасу да жоқ, таныстық та жоқ. Аты-жөн сұрасу да жоқ. Ширек ғасыр бойында баяғы бейтаныс қалпымызда келе жатырмыз.

Бір күні тағы да сол моншада өзіміздің сүбелі жазушыларымыздың бірі кездесіп қалды. Ол менің арқамды біраз сабалап берді, мен оның арқасын сабалап бердім. Ол менің арқамды ысқылап берді, мен онын арқасын қызыл-шақа қылып бердім. Енді екеуміз жайласып отырып алып қаланың жаяу өсегіне көше бергенімізде Тимканың «Назат!» деген қатты айғайы естілді. Шешінетін жерге өтіп кеткен біреуді шегіндіріп жүр. — Назат! Назат!

Осыған ұштасып біздің әңгімеміз де Тимкаға көшті; Менің сыбайласым Тимканың біраз қызық мінездеріне кездескен екен. Бір жолы Тимкадан сыпыртқы алғанда бір бес тиын, екі үш тиындық берген екен, Тимка бір тиынын қайырып беріпті... Мен жолдасыма өз басымнан кешкен жоғарыдағы әңгімені айттым, Кінәсіз-кінәратсыз күлісіп алдық.

Күлкі аяқтала бергенде сыбайласым маған шұғыл бұрылып:

— Сен бұл әңгімені маған неге айтып отырсың? Әлде менің де қарыз сұрағым келіп отырғанын сезіне қалдың ба?— деді.

— Жоқ, сен қарыз сұраушы ма едің? Отыз баспа табақ кітабың баспада жатқан жоқ па?

— Бес ай кешігіп шығайын деп тұр.

— Пожалуйста, қанша керек еді?

— Екі жүз.

— Болады. Ертең соға кет!

— Бірақ, мен мына моншашыға ұқсап жүз таныстықтан ажырасып кетеді екен деп қорықпа... Кітабым шыққан күні әкеліп беремін.

— Болды.

Осыдан біраз күннен кейін мен ұзағырақ жолаушылап кеттім. Қайтып келісімен каланың сыртында тұрдым да төрт-бес ай моншаға бара алғаным жоқ.

Күзге қарай қалаға қайтқан соң моншаға келіп едім, ұйғыр шалы мен орыс шалы мені күлісіп қарсы алды. Тимошка жоқ екен.

— Ие, жайшылық па?

— Сұрамаңыз, қызығы бар...

— Не қызық?

— Тимка осы айдың басында демалысқа шыққан... хихи-хи.

— Содан бері күнде келіп моншаға түсетін болды... хаха-ха...

– Әдетте сіз моншаға келетін сенбі, дүйсенбі күндері таңертең келіп, түнге дейін моншадан шықпайтын болды Ха-ха-ха...

– Неге?

– Сізге кездесем, – дейді.

– Сізге айтатын сөзім бар дейді... Ха-ха-ха... – Бұлардың ойында Тимканың біреумен сөйлесем дегені бір таңқаларлық іс болса керек.

– Бүгін дүйсенбі ғой, келеді қазір...

Шалдар күлкіден аузын жиғанша болған жоқ, екі аяғын кезек-кезек сүйрете басып Тимка келді. Шалдар күлкіден тез тыйылып теріс айналып кетті. Тимканың менімен не сөйлесетінін сыртынан бақыламақшы.

Тимка менімен бұл жолы да амандасқан жоқ. Жақындап келіп шалбарының ышқырына үш саусағын тықты да орап-бүктеп, насыбай шақшаның тығынындай нығарлап тастаған бірдемені менің алақаныма қыстыра салды. Ып-ыстық екен... Мен не арыз, не хат болар деп қалдым. Алып қарасам, жабысып қалуға жақындаған екі бес теңгелік екен!...

Мен қызарып кеткен болуым керек. Екі бетім ду ете түсті. Тимка оныма қараған жоқ, теріс айналып жүре берді.

– Өй, Тим... тұра тұршы!.,

– Қазір...

Тимка шығып кетті, Шешінген бойым моншаға түспей-ақ терлеп мен отырып қалдым. Қолымда базарға мың кіріп шыққан екі көк бес теңгелік... Әлі жыпжылы.

– Ныма? Ныма? – деп, ұйғыр шалы қасыма келді.

– Што? Што? – деп орыс шалы жақындап келеді.

Бұларға не айтарымды білмей мен отырмын.

Ұзамай Тимка қайтып келді. Жүзінде қуанышты адамның жымиюы.

– Өй, сен, бері келші, отыршы, – дедім мен, қасымнан орын беріп. Тимка отырған жоқ, келген бойы маған бірталай ұсақ ұсынды:

– Мынау ұсағы, ағай, елу жеті тиын...

Тимкамен сөзге келу қандай қиын болса, ақшасын қайырып беру одан да қиынға түсті, Мен оған қарызға бермегенімді түсіндіргім келеді, ол басын шайқайды. Мен күштеп екі бес теңгелікті оның алақанына саламын, ол алақанын жұмбайды. Бес теңгеліктер жалп етіп еденге түсіп кетеді. Бес тиындық, он тиындық ұсақтар дөңгелеп-дөңгелеп, жан-жаққа жүгіріп кетті.

Жалғыз-ақ ем қалды. Мен оның мойнынан құшақтап алдым да:

– Айналайын, бауырым, сен ақшаңды қайырып алмасаң, мен бұл моншаға келмейтін боламын. Сен мені жек көреді екенсің, – дедім. Жалғыз айтқаным бұл ғана емес, әрине. Момын адамға, қарапайым адамға жетер-ау деген сөзімді аямаған болуым керек.

Тимка ақшаны әрең алды. Мен тынышталып моншаға түстім.

Сыпыртқымды балқытып алып шабынатын сөреге шыға бергенде қызара бөртіп сабаланып жатқан сыбайласымды таныдым. Ол да мені көрді. Көрді де әрі қарай бұрылып отырды. Мен де оны қысталамадым. Жақындағаным жоқ.

Моншаның қараңғылауы жақсы екен... Шабынатын сөреде бұрқыраған тұманның қоюырақ болғаны жақсы екен. Мен жуынып болғанша ол үйіне кетіп те қалыпты. Содан бері көшеде кездессе де танымай өте береді... Танымай өте беруге жеттік, енді оның ар жағында таныстықтан айрылу ғана қалмаса жарар еді..

СІЛЕКЕЕВТЕРДІҢ КЕНЖЕСІ

Жас жігіт менің кабинетіме ордаңдай басып кірді.

– Сау боларсыз!..

Бұдан он минут бұрын телефон соққанда да, сөйлесу әлпетінде де бір ірілік барлығы байқалып еді, мен онысына қарамай, кел дегемін.

Қағазға толы сұрғылт папка бар салмағымен менің столыма сылқ ете түсті. Жігіттің өзі кең креслоға шалқая отыра беріп:

– Темекі тартатыныңыз жақсы екен... Лұқсат болар?– деді менің темекіме қолын созып.

– Лұқсат...

– Біз болсақ, «Беломор», «Бүркіт», «Прима» тартамыз ғой. «Лайка» деген ерекше бірдеме болар?

– Ерекше ештеңесі жоқ.

– Сонда да...

Екі аяғы есерлік, ессіздік дейтін екі баспалдақта тұрған адам сияқты екен.

– Ие, жұмысыңды айта отыр. Жаңа айттым ғой, жарты сағаттан кейін жиналысымыз бар еді.

– Айта отырсам, мен сізге екі рет хат жазып едім, жауап бермедіңіз...

Күніне ондап, айына жүздеп келетін хаттардың көбіне жауап бере алмайтыным есіме түсіп, мен бұлтарыс жасағаным жоқ.

– Мүмкін... Ондай жалқаулығым жоқ емес, – дедім.

Жас жігіт онымды қолма-қол пайдаланып, мені ығыстыра бастады:

– Осыларыңыз кімге болса да ұнамайды. Қою керек қой, – деді. Мен басымды изедім.

– Өзіңіздің бір әңгімеңізге аздап сын айтып едім, әлде соным жақпай қалды ма екен? – деп, енді менің екінші жағымнан жармаса кетті.

Тісі бар, тілі бар жас сияқты. Сондықтан әңгімені анықтай түскім келіп:

– Ие, қандай сын айтып едің? – деп сұрадым.

– Сіздің «Сөз жоқ, соның ізі» деген әңгімеңізде екі мастың ағаш түбіне көлдетіп тұрғандарынан басқа не бар? Идея деген атымен жоқ қой. Совет адамдарын маскүнем етіп көрсетуді қалай дұрыс көрдіңіз? Мен осыларды айтып едім.

– Сондай бір сынға жауап бергенім есімде. Алмадың ба?

– Жоқ, алғаным жоқ.

– Атың кім сенің?

– Сілекеев.

– Онда алуға тиіссің, фамилияң есімде қалыпты.

– Менің фамилиям есімде қалыпты дегеніңізге қалай сенсем екен, ә? Өзіңіз сенеді деп айтып отырсыз ба?

Жігіт мысқылдай жымиып маған қарады. Өлтіре жауап берген адам сияқты. Темекісінің күлі еденде жатқан кілемге түсіп кетіп еді, оған шіміріккен жоқ, табанымен таптай салды.

– Менің есімде қалған бір сенің фамилияң емес, ағалы-інілі, нағашылы-жиенді үлкен бір топ адамдарым бар еді көптен білетін. Солардың бәрінің фамилиясы Сілекеев екен... Бұзау көздеу, бұқа бұғақтау, өнімсіз де болымсыздау... Талант-талабы таяздау, талап етуі шексіздеу... Солар жайында жазайын деп жүргенім бар еді... – деп, мен жігіттің көзіне туралап қарап едім, аңғармады.

Ол мені ығыстырардай болып ірі отырғанда ұнай бастап еді. Жастық қызуымен орынды-орынсыз соқтыға сөйлегенін ауырлаған жоқпын да. Жапжас жігітті, танып-біліп болмай, ұр да жық, сотқар деп қалай айтарсың? Тасада тұрып тас лақтыратындарға қалай қиярсың?

– Сын жазушы ма едің? – дедім, үзіліп қалған әңгімеге қайта оралғым келіп.

– Жоқ, фельетон жазамын, – деп, жас жігіт папкасын алдына қарай жақындатып қойды. – Кезінде аудандық газетке үзбей басып жүрді. Соларымды оқып берсеңіз деп келіп едім.

– Жарайды, оқиын, қалдырып кет.

– Бірақ, көбі шимай-шытырман қолдан жазылған қалпында еді.

– Онда қалай, машинаға бастырып әкелесің бе?

– Соған ақшам болыңқырамай тұрғаны...

– Е!.. – дедім мен, дауысыма ең кемі екі-үш түрлі астар беріп.

Жігіт көзі лайланып, ақша керектігін айтып тұр. Менің көзім онысына түсінбегендей қарайтын сияқты. Жігіт маңдайының терін сүртті. Еркектің ең аянышты халі дәрменсіз ыржиған кезі ғой. Оның ар жағында жаутаңдау ғана бар. Мен оған жібермей:

– Фельетонист екенсің ғой! – деп сүйемел жасадым.

– Шама-шарқымша... – Жігіт жүзі өңдене бастады.

– Бір фельетонның материалын көзіңе көрсетейін, жазасың ба?

– Жазам.

– Жүр...

Мен Сілекеевті ертіп алып, жаңа моншаға кеттім.

«Жаңа монша тамаша екен!» дегенді естіп, мен мана таңертең ғана жуынып қайтып едім. Монша шын-ақ, жақсы, жылы да жарық екен. Моншаны ашқан күні ірі сөздер сөйленгенін монша бастығының өзі айтқан:

– Біздің Сандановский!

– Астананың ажары!

– Орындалған ұлы арман! – дегенге дейін барысыпты.

Бірақ, біздің барлық кеңседен қуып шыға алмай жүрген қағазқұмарлық, жазуқұмарлық үйір-үйірімен осында келіп орнапты. Мен жас фельетонистқа осыны көрсеткім келді.

Фельетон материалдары моншаға кіре бере-ақ кездесе кетті.

Екі жерде екі касса: еркектердікі, әйелдердікі.

Екі жерде киім ілетін екі қоршау: еркектер үшін, әйелдер үшін.

Залдың екі басында екі контролер: еркектер үшін, әйелдер үшін. Бұлар моншаға кірерінде тексереді.

Есік алдында тағы екі контролер: еркектер үшін, әйелдер үшін. Бұлар шығарында тексереді.

Бәрі де жусап отыр, таңертең де жусап отырған: жұмыс жоқ.

Үлкен залда үш әйел, екі еркек жуынып шығып, демалып отыр. Бізбен жетеу болдық.

Мен еркектер кассасына келіп:

— Номерге екі билет, — дедім.

— Жұмыс жоқтықтан талмаурап отырған кассир әйел жалқау қозғалып, екі билетті жыртып алды да қолдан номерледі. Содан кейін кіріс-шығыс кітабына тіркеді. Содан кейін маған берді.

— Көпшілік бөліміне екі билет, — дедім. Ол билеттерді тіркемей берді. Бірақ, осы билеттер үш түрлі күлкіге ұшыратарын таңертең көргемін.

Мен қасымдағы жігітке он тиын бердім де:

— Су ішейік, кассаға барып ұсақтата қойшы, — дедім.

Жігіт кассаға барып еді, кассир әйел ұсақтамады:

— Уақтауға хақым жоқ. Ана бұрышта отырған жас жігітті көресің бе, сол ұсақтайды.

Алдында жарық-жарық жалпақ стол, аяқтары серейген жас жігіт отыр. Стол үстінде қой отарындай жайласып жатқан көп ұсақ... Осы ақша ұсақтауда кезектесіп істейтін үш қызметкер бар!

Біз жоғарғы қабаттағы көпшілік бөліміне өте бергенде төменгі залда отырған контролер әйел бізге қолын созды. Біз билетімізді ұсындық. Ол билетіміздің үштен бірін жыртып алды да:

— Мына бөлігін моншашыға бересіңдер, мына бөлігін моншадан шығарда анау есік алдында отырған контролерге тапсырасыңдар, — деді.

— Түсіндік...

Мен бұл жолы моншаға түскенім жоқ, әрине. Еркектерге арналған ерекше демалыс бөлмесіне кірдім де:

Қалай, фельетондық, материал көре алдың ба? — дедім.

— Артығымен! — деді жігіт. Ол менен артығырақ көрген екен: — мынау дегеніңіз бір сұмдық қой! — деп қорытты.

— Жазасың ғой?

— Жазамын.

— Ал ендеше кеттік...

Біз моншадан шығуға бет алғанда есік алдындағы контролер қолын созды:

— Билеттеріңіздің контрольдық құлақшасын!

– Жоғарыда тастап кеттік... – дедім мен.

Әйел тынышсыздана бастады. Азырақ ұрсып алды.

– Тауып әкеле алмайсыз ба?

– Жоқ... мусор жәшігіне тастап жіберіп ем...

– Контроль құлақшаны маған тапсыру керек екенін нағып білмейсіздер?

– Бір құлақшаны ана контрольге беріп едік қой!

– Ол өз алдына, мен өз алдыма...

– Амал не, кешіресіз де...

Далаға шыққан сон фельетонист жігітке:

Мә, саған жиырма бес сом... Осыдан фельетон шығара алсаң, қайтып сұрамаймын. Шығара алмасаң, он күннен кейін қайтып әкеліп бересің, – дедім.

– Ойбай, аға, болады!

Содан бері он төрт ай өтті, фельетон да жоқ, жиырма бес сом болса-болмаса да жоқ... Монша тәртібі, құдайға шүкір, өзгеріп, анадан-мынадан арылып та үлгірді.

ЖАПОН БАЛЛАДАСЫ

АРҚАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Арқаңнан бұлай түйіп жібергенді білген емеспін. Басым қайқайып барып окшеме тиді білем. Доғадай иіліп қалдым. Егер азды-көпті спортсмен болмасам, не мойным үзіліп кететін еді, не болмаса — белім.

Бұдан үш-төрт жыл бұрын өзім де талай баланы түйіп калған болуым керек. Өз сыбағамды да алатынмын, Ал, мына түйіс оқыс та орасан екен. Машинаға тиелген кранның тұмсығы түйіп жіберді ме екен деп едім. Егер мен емес бір москалдау адам болса, әсіресе, не әйел, не бір жас бала болса, мойны үзіліп, басы көшемен домалап бара жатар еді.

Мүмкін, бүгін талай бастар домалаған да болу керек...

Басым кілт қайқайып шалқалай бергенде түйіп жібергенді көріп қалғым келіп, арт жағымды шолып үлгірдім. Ешкім жоқ. Бұл қас қаққанша дерлік, көз ілеспес сәтте болған оқиға. Бірақ, адам ойы одан шабан емес екен, мен де біраз нәрсені аңғарып қалдым. Арт жағым иық тіреген биік тас үйлер еді. Ұшып кеткендей біреуі қалмапты. Орындары қара тақтадай. Үлкен өрттерден, қаланың опар-топарын шығаратын жер сілкіністерінен, қара күйік үй қабырғалары, сорайған тұрба, шаң басқан ағаштар, құлаған үйлердің үйіндісі сияқты апат белгілері қалушы еді ғой, бұл жолы келген апат ешнәрсе қалдырмаған, жалап кетіпті. Айналаң тып-типыл... Әшейінде биік үйлердің тасасынан көріне бермейтін жүндес таулар өркеш-өркеш болып, ап-айқын көзіме шалынды. Таулар орнында екен.

Аспаннан қат-қабаттасып қалықтап мен көріп-білмеген жалпақ тақталар құлап келеді. Жүздеген үйлердің төбелері дүр етіп бірден аспанға ұшып, енді жерге қайта құлап келе жатқандай. Әлденелер аспанда әлі қалықтап жүр.

Жалпақ тақталардың ара-арасында құлап келе жатқан адам денелері тапылады. Олар да үй төбелерімен бірге ұшып келіп, аспанда ажырасып, ауырженілге бөлініп, бөлек-бөлек құлап келеді. Кейбіреуінің құлашы керіліп кіреске ұқсайды. Енді біразын адамға тән дене бөліктерінен танырлық.Тағы біраз адам аспанға енді көтеріліп барады.

Мен бұл апатты доғадай иіліп тұрып көрдім. Басымды көтере беріп көрдім, тұра беріп көрдім, құлай беріп көрдім. Ес пен сезімнің апар-топар кезінде көрдім. Ақты қарадай, қараны ақтай сезінген кезімде көрдім. Қасыма түскен қара тас шоқтай қып-қызыл жанып жатқан кезінде көрдім. Әр жағы қараңғылық, әр жағы меңіреулік... тылсым...

Биік тас үйлері иық тіреген кварталдарды мен жаңа ғана көлденең кесіп өткемін. Қаланың тар көшелі, бір қабат үйлі шет жағына жеткенім осы. Жапон қалаларының бір қабат үйлі шет жақтары адам тұруға әрі жайлы, әрі көркем келеді. Бұл бабалардың бабасы мен әжелердің әжесінің қолы тиген үйлер. Мұндай үйлердің ауласындағы әрбір бұршақтай тасты адам қолы ойып орнатқан. Әр үйдің шағын-шағын ауласынан жапон географиясының бір алқабын көргендей боласың. Кішкене-кішкене таулар, кішкенелігіне қарамай тауға ұқсайды. Алақандай ғана көлдер көлге ұқсайды... Өзендер, көпірлер. Аласа-аласа шие ағаштары, тырбық қарағайлар, шатыр жапырақты ағаштар. Хризантема гүлдері. Түкті кілемдей көк алаң... Соғыс кезеңі қанша қыспаққа алса да жапон әйелі бұл ауласына шаң жұқтырмай, күтімді ұстайтын.

Жапонның музыкасы да, әлемге таныс сурет өнері де өзінің жаратылыс табиғатынан көшіріп алғандай. Сондықтан болу керек, жапон баласы бір бұтаны сындырмайды, жапон көгалдарын адам аяғы таптамайды.

Алдыңғы жағымнан жапонның мұңды бір музыкасы естіледі. Абыройсыз соғысты басынан кешірген жапон бұқарасы бұл кезде ылғи мұңды музыканы ойнайтын. Күн ыстық, музыка үні әлдекімнің ауласынан келеді. Мені тап осы секундта арқамнан түйіп жіберді. Бір қабат үйлі кварталдың не болғанын мен аңдай алғаным жоқ. Бұл кезде менің миым асты-үстіне келіп қайнап кеткен...

— Ояндым ба, есімді жидым ба, қай жерде, қандай күйде есімді жидым, оны мен осы күнге дейін білмеймін. Ораулы, таңулы күйімде жата беріппін. Мен өзімше, бір-ер күн ессіз болған сияқтанамын. Бірақ, Америка институтының адамдары, әсіресе бір соғыс докторы маған екі ай бойы ұрысып жүріпті.

— Не деген қырсық адам, арқасының қалай күйгенін, бомба жарылған эпицентрден қанша жерде күйгенін неге тезірек айтпайды?! Соғыс ғылымы үшін оның қандай маңызы барлығын түсінбей ме екен! Жоқ, ол жақсы түсінеді. Қасақана айтпайды. Намыстанған болады, қорланған болады!... Елің жеңіліп, тізе бүгіп, бас иген шақта мұнықі қай қорлану екен? Елің бас иді, ақымақ жапон, императорың бас иді, күнің бас иді!.

Бұл кезде менің ойыма қорлану келген жоқ-ты. Кейін келді. Арқа күйігінің уыты бәсеңдей берген кезде келді. Мүмкін, арқа күйігінен қорлану күйігі уыттырақ болған шығар, бірақ, кейін келді. Америка докторы маған бекер ұрсыпты... Бекер ренжіпті.

Мен ол кезде неден таңулы жатқанымды да білген емеспін. Айлар бойында ойымда жалғыз-ақ елес жатты. Ол әлгі арқамнан түйіп жібергенде көргендерім. Сонын өзі немене? Мен оны да түсіне алған жоқпын. Кейін түсіндім...

Есім кіргеннен кейін ақ халат киген доктордан неге жатқанымды сұрадым,

— Арқаң Жапонияның географиялық картасындай,— деді ол.— Оң жақ жауырыныңа Хоккайдо аралын салыпты... Ұлы Хонсю түгелімен оң жақ

жонында... Мықынында Симоносеки қылтасы... Саныңда Кюсю... Құдайға шүкірлік ет. Осының бәрі сол жағында болса, оянуың қиын болатын еді.

Мен мұны неше айдан кейін сұрадым, оны да білмеймін. Талай күндер әлденені сұрағым келіп, сұрауға тілім келмей жатқаны есімде.

Келер бір жолы доктор менің арқамды мақтаңқырай суреттеді: — Арқаң енді айта қалғандай!.. Бедерлі де бұдырлы... Фудзиама тауы да, Асахи тауы да бар. Тюгоку, Кюсю жоталары да бар. Хиросима, Нагасаки қалалары да өз орындарында... Соғыс уақытында шыққан бедерлі карталардың ішінде бұдан әдемісі аз болар....

— Доктор, осының бәрі неден болған өзі? Соны түсіндіріңізші! — дедім.

Доктордың көзілдірігі жарылып кете жаздады, Шатынап бара жатқандай көрінді. Жапон үлкен көзді ел емес. Ойлы көзді, азғана мұңды көзді ел. Маған қалжың айтып жүрген доктордың көзіне едәуір кек қорланған екен, көзілдірігін жарып жібере жаздады.

— Танека Урико! — деп, есікке қарай тез бұрылып кетті. — Осы күнге дейін айтпап па едіңіз?

Орта жасты әйел Урико-Сан келді:

— Айтып көріп едім. Ұғына алмап еді.

Ие, ұғына алмағаным рас еді. Екі үлкен қаланың қақ жарты халқы қас қаққанша қырылып қалды, жоқ болып кетті деген кезде миым тағы да қайнап жүре берген. Енді аңдасам одан бері де он күн өткен екен.

Доктор азғана басын шайқап қасыма келіп отырды да:

— Сіз енді еркекке ылайық шыдаммен тыңдаңыз. Біздің екі қалаға американецтар атом бомбасын тастаған, — деп бір тоқтады. — Неге? —Шыдаммен тыңдаңыз демедім бе? Тәжірибе жасаған көрінеді. Алғашқысы — тәжірибе» екіншісі — тәжірибенің дұрыс екендігін біржола анықтау... Ә? Ол туралы екі түрлі жорамал бар. Жапония жеңіліп тізе бүксе де оның аржағында біржола бұқтырып тастау болса керек... Одан соң одақтастарының өзін де ықтырып алу.... Соғыс арты қашан да бірдемені бөлісу, соғыс атын әрірек апарып арқандаумен анықталатын әдеті бар емес пе... Жұрт аузындағы жорамалдар осы. Енді дем ал. Жат...

— Менің шешем бар еді, қарындасым бар еді... Солармен хабарласуға болар ма екен?

— Фамилияң кім?.. Қай көшеде тұрушы едіңдер?

— «Жазғы таң» кварталында...

— Ол квартал қазір жоқ, күнім...

— Шешем орталық бақшада қызмет ететін еді...

— Орталық бақшаның орны ғана бар, күнім... Ал енді дем ал, үн шығарма...

Доктор дұрыс айтыпты, үн шығармау керек екен... Қорланған ел аяншақтап, қайғы сарынын қорек етіп отыра берсе, сары ауру болудан басқа не шығады дейсің!..

Содан бері, міне жиырма жыл өтті. Мен ауруханаға он алты рет жатып шықтым. Арқамды он алты рет жаматтым. Бір елдің бедерлі географиясын арқалап жүре беру ауыр болды. Жапон географиясының бір беті ұлы Мұхит

—

теңізі, бір беті Жапон теңізі ғой. Сол теңіздер сияқты, менің денемде де сау жер қалыпты. Содан тілдіріп алам да жаматам, тілдіріп алам да жаматам... Терісін тіліп алған жерлерде жаңа жаралар пайда болады...

Қазір мен ақ қанды адаммын. Қызыл қан азая-азая сарқылып келеді. Жиырма жыл жасау үшін де аз арпалысқаным жоқ. Әлі де алысып көремін...

Жасым әлі қырыққа жеткен жоқ. Кейде үйленгім келеді. Қиқы-шойқы, шала-жансар бір мүгедек туып жүрсе қайтерміз?

Тегінде, доктор дұрыс айтқан болар. Еркекше шыдау керек болатын шығар...

КӨЗДІҢ ӘҢГІМЕСІ

Айконы мен сонадайдан таныдым. О да мені танып, күтіп тұр. Өзге қыздар машинаға мініп қалыпты. Жапон қызында айғай салу әдеті жоқ, Айко мені асықтырып, термос салған торламасын бұлғады.

Мен өзім де асығып келе жатқамын. Бүгін біз көршілес бір поселкенің мектебін жөндесіп айтуға баратынбыз. Қарама-қарсы келе жатқан екі трамвай ортақ аялдамасына жақындай бермегенде мен де көшені көлденең кесіп өтіп кететін едім.

Трамвайлар өтісіп кеткен соң, өзіміздің мектептің бақшасына қарай тезірек басып кеттім. Мектебіміз сол бақшаны ішінде, трамвай үні естілмейтін жерде болатын. Машинаға мініп қалған қыздар шуласып өлең айта бастады. Айко термос салып алған торлама дорбасын тез-тез бұлғап кетті. Термостың жарқыраған қақпағы күнге шағылысып күміс доңғалақ жасай бастады. Айконың ылғи сөйтетіні бар. Еркелей біледі, Күлдіре біледі. Жабырқай білмейді.

Оқиға мені осы арада ұстап қалды. Жапон аспаны жарылып кеткен шығар деп едім. Тегі, ол жарылып кеткен менің құлағым-ау деймін...

Аң-таң, аспанға қарадым. Аспан мен қала арасына ақ қардан жасалғандай аппақ от шулан, от пен қарды араластырып жасағандай от шулан бір баған орнап қалыпты. От төгіп тұр, көзің қарай алмас жарық төгіп тұр. Жоғарғы жағы ақ қалпақтанып, бұрқырап қайнап, кеңейіп барады. Төменгі жағы қаланың қай жеріне қадалғанын аңдай алмадым. Жуандығы дейсіз бе, қалай десем екен?.. Біздің қаланың орта тұсында көрме сарайы болатын. Дөңгелектеу салынған сарай еді. Сонын қаңқасы әлі құламай тұр дейді... Бағанның жуандығы маған сол сарайдай сезіледі...

Сасқалақтап мектеп жаққа қарадым.

— Айко! Айко!.. — Өз дауысым өзіме естілген жоқ.

Айко да жоқ. Машина да жоқ, мектеп те жоқ екен. Бәрі де ұшып кеткендей. Қара күйік бір дала елестейді. Мектеп түгіл оның аржағы да қара күйік дала. Бүкіл дүние қара күйік дала...

Бақшаның мен жақ шеткі ағаштары кесе-көлденең жапырылып, жер бауырлап, бүксие берді. Әріректегі ағаштар жоқ. Жапырылған ағаштардан ыстық

леп келеді. Көйлек түймелері денеме шегедей кіріп барады. Дөңгелене бергенім есімде... Аржағы қараңғылық...

Сол қараңғылықта мен жиырма жыл отырмын. Жаңағы көрдім дегендерім әдеттегі түсініктердің баламасы. Оның бір де бірін көзбен көруге болмайды. Көңіліңмен көресің... Менің от, жарық, ақ қар, ақ шулан, от шулан дегендерімнің бәрі де үстірт баламалар... Ол әлі аты жоқ бәле, ол әлі теңеуі жоқ бәле. Өзгесі былай тұрсын, өлім, қырғын дегендердің өзі соған баламаға жарай алар ма екен!..

Тас балқып, темір еріп деген сөздер қай елде де болу керек. Ал, тас пен темір қас қаққанша күйіп, күл болып кеткенін неменеге теңейміз? Үлкен бір қала көзіңді ашып-жұмғанша күл болып аспанға ұшып кеткенін неменеге теңейміз?

Ие, енді ол менің жұмысым емес. Мен жиырма жыл қараңғыда отырмын. Қала өңделіп, қалпына келді деседі. Бұрынғысынан көркем де бай деседі. Мендегі арман қалпына келген қаланы бір көру болар еді. Бір-ақ рет! Содан соң көзімді біржола жұмып алар едім!.. Жұмып алып қараңғылығыма қайта көшер едім.

Осы арманымнан мен әлі үміт үзгім келмейді. Үзе алмасам керек... Ауруханада алғаш есім жиналғаннан кейін доктордан сұрағаным да осы, көзімнің жайы болатын.

– Жеңеше-жан, шыныңызды айтыңызшы, көзім не жайда? – дегемін.

– Қарағым-ау, оның несін сұрайсың... Көзің жайнап тұр! – деді мүдірместен.

– Соқыр болып қалған жоқпын ба, әйтеуір?

– Жоқ, жоқ!.. Көрмей қалғаның рас. Ұзамай көретін боласың...

– Бет-аузым не жайда?

– О, бет-аузыңда елеулі ешнәрсе де жоқ. Ақ мрамордай бұрынғы қалпында...

– Шашым ше?..

– Шашыңды алдырып тастауға тура келді. Оп-оңай өсіп кететін шашты қойшы, тәңірі...

Екі қол, екі аяғым қайда? Бар ма, жоқ па, оны мен білмеймін, сезінбеймін. Алдымен екі көзімді, бет-аузымды сұрастырып жатырмын. Көздерімді сипап көргім келеді. Екі қолым таңулы сияқты. Мүмкін, кесіліп те қалған болар. Аяқтарым да сондай.

Қалайда екі көзден үміт үзе алмаймын. Көздерім қалпына келсе, бет-ауызды оңай-ақ ажарлап аламын ғой. Ажарланбайтын не болды дейсің. Ақ мрамордай қалпында демеді ме? Мрамор емес, аққұба болатынмын. Жапон қызының көбі аққұба ғой. Айко маған көзіңе қызығамын деуші еді.– Көзіңнің қарасы мөп-мөлдір, ағы көгілдір жарқырап тұрады. Кірпіктерің қою, ұш жағы азырақ, қайқайып тұрады... – дейтін.

Жиырма жыл бойы менің бөлмеме кірген бір адам мені, мына қыз соқыр ма деген жоқ. Соның бәріне кім үйретіп қойды дейсің. Сондықтан мен бетімді ашық ұстаймын. Дауыс шыққан жаққа ығыспай қараймын. Амандасам, езу тартам... Сіздерге де соны істеп отырмын. Егер менің көздерім ағып кеткендей, қабақтарым инемен тігіп тастағандай желімденіп тұрса, сіздер де шошынып кетпес пе едіңіздер? Оның үстіне бет-аузым ілбісін тырнағандай білем-білем болса, қасыма келер ме едіңіздер!..

– Жоқ, жоқ, көздеріңіз жарқырап тұр. Жат елдің адамы ретінде айтқан сыпайылығымыз емес, мөлдір қара көзіңіздің қалай көрмейтініне таң қалғандаймыз. Жат елдің адамы ретінде іркілуді лайық көреміз, әйтпесе, осы бөлменің жарығында сіздің көзіңіздің едәуір еншісі бар дер едік...

– Мен қазір отыз беске шықтым. Жарық дүние мен тіршіліктен айрылған күні он бесте болатынмын. Өзім араласпаған соңғы жиырма жылды өмірге де санағым келмейді. Баяғы он бесімде жатырмын. Көзден үміт үзбейтінім де сондықтан. Осы үміт мені қартайтпай келеді.

Көзім жазылған күні мектебіме барам. баяғы жапырылып қалған ағаштар басын көтеріп, қайтадан әдемі бақша болып кетті деседі. Бұрынғы екі қабат мектептің орнына бес қабат мектеп салыныпты. Фотограф келіп суретімді түсіріп әкеткен. Оны үлкен залға іліп қойыпты.

Мектепті бітіруге бір-ақ жылым қалып еді. Ең алдымен соны бітіріп алсам деймін. Токио университетінің бірінде жас балалар тамағының факультеті ашылыпты. Соған түскім келеді.

Мен бір көріп қалған қара күйік дүние қайтадан көгеріп, қала қайғысын ұмытқан деседі. Қайғылы қала, қара жамылған қала жақсы емес, әрине, ұмытқаны жөн. Бірақ, адамдар бекер ұмытады. Көзім жазылса, сол күнгі көргенімді жазу арманы да бар... Мен оны көзімді беріп көрдім ғой! Көңілімде бәрі сайрап тұр. Алғашқы жылдары көңілім күнде үстемелеп, анықтай түсуші еді, соңғы жылдарда кей бірдемелер күнгірттене бастады. Көзім тез жазылмаса, біраз нәрселер ұмытылуы да мүмкін... Менде айғайлап айтар дауыс жоқ. Ақырын тізбектеп қағазға түсірсем бе деп едім...

Хиросима төбесінде атом бомбасы жарылғаннан кейін дүние шулап қарсылық білдіріпті. Ол кезде мен әл үстінде едім. Қарсылық, қатал болды ма, қорқу, ықтау араласты ма, мен оны білмеймін. Сіздің елдер қайтты? Ә, солай болған шығар.

Біздің қаланың қақ жарты халқы екі секундта қырылып қалды. Жанып, күл болып кетті. Күл болып кетпегендері қолдан өртелді. Бұл соғыстық қала емес, қатын-қалаш, бала-шаға, кемпір-шалдың бейбіт қаласы болатын. Біреуге істеген зұлымдығы да жоқ, әзірлеп жатқан қауіпі де жоқ, кызығары да жоқ қала еді. Менің балаң ойым әлі жетпейді, біз не жаздық, кімге жаздық? Еркек жоқтықтан көрші поселкенің мектебін жөндесуге кетіп бара жатқан қыздардың жазығы не? Жиырма екі қыз бір сәтте күл болды, тозаңға айналып кетті. Жиырма үшінші мен ғана аман қалдым. Аман қалдым деймін-ау, қай бір амандық... Бұлтсыз күні жаңбыр күткен шерменде.

Айко қандай еді! Тар үйшіктерде аш-жалаңаш тұратын төрт-бес кемпірдің сүйеніші болатын. Ерке дауысымен, ақ жарқын мінезімен сүйеніш болып тұрып еді. Айко бір түйір күріш, бір уыс жуа, бір балықтың құйрығынан бір үйге жететін тамақ істей алатын... Сен айтып болғанша, ол істеп үлгіретін еді. Екі қолындағы он саусағы он қолға тұратын. Ол менің көзіме қызықса, мен оның саусақтарына қызығушы едім.

Кейде жапа көрген ой жәбіршіге қарғыс айтқысы келеді. Дүние желі олай соғып, бұлай соғып, бір теңбіл шаңды соның ішіп отырған шайына апарып

түсірсе қандай жақсы болар еді дейді. Аржағы белгілі, о да сондай мүгедек... Туатын баласы қиқы-шойқы, жарым-жан... Баласының баласы тағы сондай...

Жоқ, бұл ойды мен өсірген емеспін. Мұндай ой келмеді, келмейді десем, сенбеңіздер. Талай келді, булықтыра келді. Біраз жылдар бұқтырып қойып жүрдім, осы кезде түгел өшіріліп кетті. Қай елде де бұл жамандықты жауыма да тілемеймін дейтін сөз болу керек. Ол бізде де бар. Ел жапон қонақжай, мейірімді халық. Мен ол бәлені ешкімге де тілемеймін. Әсіресе, тоқсан қабат, жүз қабат үйлердің мұндай апатқа ұшырауын тілемеймін. Сол үйлердегі құмырсқа илеуіндей ығы-жығы тұратын адамдардың үйіліп, өртеніп жатқанын тілемеймін. Дуние желі ерсілі-қарсылы соққанда өңкей бір таңбалы шаңдарды, теңбіл шаңдарды бұрқыратып жүруін тілемеймін. Сондайды жоқ ететін күштердің өсуін тілеймін.

Көп адамдармен жолыға берген соң, көп қайталап айта берген соң, мүмкін, менің сөздерім өзімдікі емес — үйретінді, өзімдікі болса — жаттанды көрінер. Оған істер амалым жоқ.

Менің тіршілігім үмітімде. Үмітім өз қолымда емес. Басқалардың үміті неде, оны өздері айтар...

Ай, көзім жазылса екен, көзім!..

ТАСТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Мен қара мрамор, қара таспын. Адам қолынан өткен соң айнадаймын. Алдымдағының бәрін көремін, түгел көремін. Адам күнге қарай алмайды. Мен қарай аламын. Адам қызыға қарайды, қуана қарайды, қорқа қарайды. Мұның бірі де дұрыс көру емес. Менде ондайдың бірі де жоқ, мен анық көремін. Мен түнде ғана көре алмаймын.

Мен қара мрамор, қара таспын. Көргенімді ғана айта аламын. Мен адамның қуанышын да сезінбеймін, қайғысын да сезінбеймін. Менде көргенімнен бұзылар көңіл де жоқ. Мен қалай көрсем солай ғана айта аламын. Менің куәлігімнен адам өзі қандай қорытынды жасар, оны адамның өзі білсін.

Ол мейрам күні емес-ті. Бұл кезде бұл елде мейрамға ұқсар еш нәрсе жоқты. Соғыс салмағынан жаншылып, жеңіліс азасын енді ғана сезіне бастаған ел езу тартуға ұялатын. Менің алдымнан ылғи жабырқау адамдар өтіп жатты. Көпшілігі балғын жастар, оқушылар, әйелдер мен кәрілер. Жемірілген өкшелер, жырым-жырым шалбар балақтары өтіп жатты. Қабақтары түюлі, үсті-бастарына қара май, көгалжім, сарғылт бояулар жұққан, шалбар тізелері бұлтиып кеткен жұмыскерлер мана, күн шықпай өткен.

Соғыстан бұрын қыздар менің тұсымнан өткенде көздері бір жарқ етіп қалушы еді, қазір ол да жоқ. Балалар мойны жіңішкерген, әйелдер еңсесі түсіңкі, барлық адам кішірейіп, шөгіп кеткен. Бірен-саранда ған соғыс машиналары үн

шығармай, ұрланып қана кетіп барады. Бұған дейінгі кеудем соқ, әңгі жүрістің уақыты өтіп кеткендей.

Аспан бұлтсыз, күн шаңқан ыстық еді. Каланың орталығын түгел орап алған орманды таулар ыстықтан балбырап, мүлгіп тұр. Менің бетіме жібек көйлектің желпігеніндей де леп келмейді. Көше бойындағы ағаш жапырақтары әлдеқандай дыбысқа тоса қойған құлаққа ұқсап тынып қалыпты.

Қала төбесінен жарты километр биікте әлдене бұрқ етті де от – жолақ аппақ бағана орнай қалды: жоғарғы жағы бұрқырап қайнап, бұйраланған ақ қалпақ, түбі қаланып, дәл орталығына қадалыпты. Жан-жаққа мен көріп-білмеген от тасқыны, жарық тасқыны гу ете түсті. Қала отқа түскен қағаздай бүрісіп бір қалды да жоқ болды. Темір жанып күлге айналды. От пен жарық сұрапылы көзіңді ашып-жұмғанша қаланы тозаңға айналдырды да, үлкен бір өңеш барлық шаң-тозаңды суырып-сорып аспанға ұшырып әкетті. Қала орнында кедір-бұдырлы қара күйік қалды. Мен, құлағым болса, аспанның, жарылғанын естідім дер едім, Содан саңырау болып қалдым дер едім. Бірақ, мен қара таспын, еш нәрсені естігенім жоқ.

Аспаннан жерге найзадай қадалған от тасқыны менің алдыма әкеліп бір топ адамды үйіп тастады. Бәрі де атылып келіп түсті. Бәрі де зеңбірек өңешінен атылғандай пәрмендеп келіп соғылып жатыр. Аяқ-қолдар үзіліп кетіпті. Бастар мылжа-мылжа... Адам басы тасқа келіп соғылмауға керек екен де... Менің бетіме шұбатылған адам шектері келіп жабысты, адам қаны шашырады. Шектер жабыса беріп күйіп кетті, қан шашырай беріп күйіп кетті. Ауа отқа айналды.

Трамвай аялдамасында ығы-жығы адам. Іші-тысы толған адам, трамвай орнынан қозғала берді де лап етті. Трамвайдың темір қаңқасы бір сәтке ғана көзге ілікті де жоқ болды. Ығы-жығы болып тұрған адамдар да ғайып болды. Адам күйгенін сезінген жоқ, өлгенін сезінген жоқ. Егер жетпіс бес мың адам күйгенін сезініп, ауырсынып ыңыранғанын естісең не болар едің?! Мыңдаған жас балалардың мөлдіреген қара көздері күйіп жатқанын көрсең не болар едің?! Мыңдаған мектеп қыздарының киімдері лып етіп кетіп, жалаңаш қалған балғын дененің қуырдақтай шыжылдап қуырылып жатқанын көрсең не болар едің?! Әйтеуір мен соны көрген жоқпын. Жылан тілі жылт еткендей ғана уақыт өтті, қала жоқ болды. Ілезде қала орны кедір-бұдыр қара күйік дала болып қалды. Қарсы беттегі тау бөктеріне шыққан қалың орманның жапырақтары жұлқына бұйраланып алай-түлей болды да күзді күні топталған қара торғай сияқтанып бұрқ етіп ұшып кетті. Тау бөктерінде мыңдаған піл өліктері жатқандай.

Қаланы өртеп, шаң-тозаңға айналдырып, ұшырып әкеткен бәлені тура қуғандай жел аңырап кетті. Жолында жеңіл үйлер кездессе бұ да жұлып әкететін. Құйындатып, ұйытқып соғады. Қаланы талай кезген жел, қала бақшаларын талай иіскеген жел бүгін қара күйікті иіскелеп жүр. Қара күйік тым үлкен, бүкіл бір елдің басына қара жамылуға жететін.

Қара күйіктің алау-жалауы басыла бергенде тіршілік қозғалысы белгі берді. Алдымен аң-таң алақтаған балалар көрінді. Аң-таң болмасқа амал жоқ. Бала түгіл үлкеннің ойына мұндай апат барлығы келген емес. Бұл дүниеге бірінші рет келген апат. Адам жасаған, адамның өзін қыру үшін жасаған апат.

Балалардан кейін қара күйіктің маңайына әйелдер, шалдар келді. Айнала қаранады, қаланы іздейді. Таба алмай жүр. Таныс дүниесін тани алмай қалыпты. Таба алмассың да тани алмассың. Адам, сен оны іздеме, қара түнек қайдан қопарылып кетті, соны изде! Зұлымдық ордасын өрте!

Қара күйіктің қақ ортасында бір-ақ үйдің қаңқасы көрінеді. Айналасы тып-типыл. Бұл бес қабат, төбесі киіз үй сияқты көк күмбез, дөңгеленіп бітетін үй болатын. Өзі де дөңгеленіп салынған үй. От найзалар тура қадалмады ма, әлде дөңгелене салынған үйге соғылған от топаны екі жағынан сусып кетті ме, әйтеуір сол үйдің қаңқасы аман калған.

Қара күйікте қыбыр-қыбыр тіршілік басталды. Быт-шыт болған, қуырылып қалған адам денелерін өртеп жүр. Адам өртенген ұясының орнын тазалап жүр. Біреудің қолын, біреудің басын, енді біреудін әлденеменесін тауып алып, шөмелеп, үйіп өртейді. Менде естір құлақ болса, ең ауыр азап осы болды дер едім.

Ұзамай менің қарсы алдыма бірнеше жазулы тақтайлар пайда болды. Апат отының ыстықтығы үш жүз мың градус екен. Апат оғы қадалған жердің айналасы бір километр көлемінде жанды-жансыз түгел жоғалыпты. Одан әріректе апат күші бәсеңсіген. Тас пен темір балқып барып, есін жинаған. Жан иесі бұл маңайда да түгел қырылған.

Мен қара мрамор, қара таспын. Айлар өтті, жылдар өтті, мен оны санай алмаймын. Мәңгілік уақытты ғана білемін.

Қазір баяғы қала қайта орнына түсті. Бұрынғысынан биік те көркем, көшелері кең. Қара күйіктен із қалған жоқ. Адамдар жабылды, таулар жабылды, сулар жабылды. Бақшалар тірілді. Бұл жөнінде адам еңбегін жыр қылып айтуға болар еді. Бірақ, менің айтайын дегенім ол емес, анау сұрапыл апат жайы. Темір өртенген күн, тас өртенген күн жайы. Ұмытпа демекпін. Сақтан демекпін.

Апат топаны қадалған, қаланың қақ ортасында қазір биік тас ескерткіш тұр. Оң қолын жоғары көтеріп, сұқ саусағымен аспанды меңзеген адам мүсіні. Екі көзі жұмулы, енді аспаннан апат келмеуін тілеп отырғандай.

Менің айтарым да осы ғана. Ол үшін не шара бар, оны адам тастан сұрамас деймін...

АУДАРМАЛАР

О' Генри

БІР ТУМА

Таксонга отыз километр қалғанда «Кешкі экспресс» елсіз даладағы су қоймасына келіп тоқтады. Бұл – ерсілі-қарсылы өтетін барлық поездардың су алуға тоқтайтын жері.

Кочегар жыландай шиырылған ұзын шланганы жазып жатқанда машинист өзін өкпеліктен көздеген үш тапаншаның қара тұмсықтарын көрді: кірпік қақпай қадала карасып тұр екен.

Тапаншалар «Акула» Додсон, Боб Тидбол және Үлкеи тәбет атанып кеткен индеец-метис Джонның қолдарында болатын. Бұлар қолдары қалтырамайтын адамдар. Сұқ саусақты басып қалса болды, қақ жүректің тұсына шербидің тұзын шегелей салады.

Машинист екі қолын бірден көтерді. Донсонның бұйрығы бойынша жерге түсіп паровоз бен теңдерді поездан ағытып алып, елу метрдей ілгері апарып тоқтатты. Содан кейін Үлкен төбет Джон теңдер толы көмірдің үстіне орнығып отырып алды да, кочегар мен машинистің екеуін екі тапаншаның қарауылына қондырып қонып бұлк етпеуді кеңес етті:

– Сендер бұлк етсеңдер, менің сұқ саусағым да бұлк етіп қалып жүрмесін! Онда жаман болады,– деді.

Додсон мен Тидбол жүргінші дейтін ұсақ шабақтарға айналған жоқ, тура почта вагонына келді. Вагон проводнигі елсіз даладан хауіп күтпей бейғам отыр екен. Қауіп-қатер деген елеусіз жерге ұялайтынын ол әлі біле бермейтін жан болып шықты.

Тидбол алты атардың тұтқасымен бейғамдықтық жазасын беріп жатқанда Додсон вагондағы сейфтің астына динамит қойып та үлгеріп еді.

Сейф гүрс етіп бұзылды да, отыз мың долларды Додсонның алдына аудара салды. Алтын доллар, қағаз доллар. Отыз-ақ мың!... Отыз-ақ!..

Жүргіншілер терезеден бастарын қылтитып күн қай жақтан күркіреді деп қарасады. Аспан ашық, шимай-шытырман жұлдыздар түгел жымыңдасып тұр.

Отыз мың долларды брезент қапқа салып, қап аузын мықтап байлап алды да, Додсон мен Тидбол жерге түсті. Асықпай-саспай, аяқтарын байсалды басып келіп паровозға жеткен соң Додсон машинистке: —Айда! —деді.

Машинист қарсыласқан жоқ. Паровоз поездан ұзай берді.

Бұл кезде почта вагонының проводнигі де есін жинап қалған еді. Қолында винчестер. Жерге түсе қалды да, көмір үстінде кетіп бара жаткан Үлкен төбет Джонды қалпақтай ұшырып түсірді: оқ екі жауырынның ортасынан шербидің тұзындай қадалыпты. Енді отыз мың доллар анау екеуіне қақ жартыдан тиетін болып қалды.

Су қоймасынан үш километрден ұзаған соң Додсон машинистке паровозды тоқтат деп бұйрық етті. Машинист тағы да қарсыласқан жоқ. Бандиттер паровоздан секіріп түсіп, ит мұрнын сұға алмас қалың шатқал шыршаға кіріп жоқ болды. Бес минуттан кейін аттарын байлап кеткен алаңға да жетті.

Иелерін таныған аттар дыбыс шығарған жоқ. Жалғыз-ақ Үлкен төбеттің аты иесін іздеп елеңдеп тұр.

— Ер-тоқым, жүгенін сыпырып тастап, бос қоя берген дұрыс болар, қазасы жеткенше оттай берсін, — деді Додсон. Метистің өзін еске алған біреуі де болған жоқ.

Бандиттер өз аттарын мініп алып жөнеле берді. Метистің аты басын жерге еңкейтпеген бойда қала берді. Бір тырнақты мен тістінің аузына іліккенше иесін күтіп тұра беретін сияқты еді.

Бандиттердің бір көзі жолда, бір көзі қасындағы жолдасында қатты шауып келеді. Біраз уақыт ну орманнан өтуге кетті. Қазір олар елсіз-иесіз таудың орқаш тасты аралығымен, шауып келеді. Көрінген қарауытқанға қауіптене қарап, әсіресе, қасындағы жолдасынан қауіптенін, алақ-жұлақ қарасып келеді.

Тидболдың аты тасқа жабысқан дымқос қына — балдырдан тайып кетіп ұшып түсті. Алдыңғы бір аяғы ортасынан үзіліп кетіпті. Атып тастауға тура келді.

Енді екі бандит ойланысып қалды. Бұлар қисық-қиғаш таса жерлерді қуып ұзақ шапқан. Хауіпті өңірлерден ұзап алған. Қуғыншы бола қалса, араға бірталай жер, бірнеше сағат уақыт түсті. Алайда, ақылдасып алған жен.

Додсонның аты бүйірі солықтап, бұлақ жағасында шылбырын сүйретіп оттап жүр.

Тидбол балаша қуанып, брезент қаптың аузын шешіп бірнеше бума қағаз ақшаны, бір дорба алтын долларды шығарып алды. Осы арада бөлісіп алғысы келетін сияқты.

— Кәрі жолбасар! — деді ол Додсонға. — Айтқаның дәл келді. Жолымыз әбден болды. Бас деп сенің басыңды айт. Тұп-тура ақша министрінің басы!

— Ал, ат жайы қалай болар? — деді Додсон. — Бұл арада отыра беруге болмас. Қуғыншылар таңның атуын күтеді деймісің.Ендігі аттанған да болар. Сенің атың біраз жерге дейін екеумізді де алып жүре алады ғой. Жолда қандай ат кездессе де біздікі емес пе!.. Жолымыз болды ғой, екеумізге он бес мыңнан келеді! — деді Тидбол.

— Мен бұдан гөрі молырақ бола ма деп едім, — деді Додсон, ақша салынған қапшықты етігінің тұмсығымен нұқып қалып. Содан соң қара терге түскен атына қарады.

—

— Менің атым да болдырып қалды. Қанша айтқанмен қартаң ғой. Сенің атыңның аяғы сынғаны өкініш болды-ау.

— Өкініш болғанда қандай! Енді оған амал не? Сенің атыңмен амалдармыз да... Қалайда, бір ат кездессе біздікі ғой. Қызық-ау өзі... Сен шығыстан келдің, біз болсақ батыстікіміз. Солай бола тұрса да, сенің етігіңе ұлтан болуға жарамайды екеміз. Сен өзің қай штаттан едің?

— Нью-Йорк штатынан. Олстер округінде фермеде туыппын. Он жеті жасымда үйімнен қашып кеттім. Батысқа да кездейсоқ келдім. Батысқа барсам ақшаны күреп алармын, мен сол үшін жаралған адаммын деп ойлаушы едім. Бірақ, мұнда да бос жатқан ақша жоқ екен... Сол келе жатқан бетімде тоғыз торап жолға кездесіп, қайсысына түсерімді біле алмай жарты сағат торыққаным бар еді... Аяғында сол жаққа тартқанына түсіп кете беріп едім. Кешке жақын цирк тобырына кездестік. Соларға еріп Батыстан шықтым. Басқа бір жолға түссем кім болар едім деп осы күнге дейін жиі-жиі ойланамын.

— Қай жолға түссең де осы болар еді. Әңгіме жолда емес, қай жолды таңдауда ғой. Таңдау деген тағдыр кесімі емес, ойынның өз өрісінен, өз сарынынан тумай ма? — деп Тидбол бір философиялық жауап қайырды.

— Сенің атыңның аяғы сынғаны өкініш болғаны-ай, — деді тағы да Додсон. Аяп кеткендей айтты.

— Өкініш болғанда қандай! — деді Тидбол да Әлгі айтқанын қайталап. — Жақсы ат еді. Амал не... Екеуміз бір атқа қарап қалғанымыз да... Амалдармыз... Ат кездесер бір жерден... Жә, жүргеніміз жөн болар. Мен мыналарды жинап қапшығына қайта салайын. Сонсоң жүріп кетелік...

Додсон көзінде бір-ақ ой тұр. Екеуміз бір атқа мінгесер болсақ, мен алдына мінем, Тидбол менің көк желкемде болады. Менің желкем бар, оның алты атары бар. Алты атар менің желкеме қызығып кетпесіне кім кепіл?

Ақшаны қапшығына қайта салып, арманы Додсонның артына бір мінгесу болып тұрған Тидболда да осы ойдың егізі жүр. «Артына бір мінгессем, оның желкесі бар, менің алты атарым бар...»

Тидбол қапшықтың аузын тас қылып байдасына қарай бергенде мұның кеудесін дәл көздеп тұрған қырық бесінші калиберлі кольттің қара тұмсығын көрді: кірпік қақпай қадала қарап тұр!

— Ойынды қойшы-ай! Жүрелік, — деп Тидбол жарамсақ езу тартқан болды.

— Қозғалма отырған орныңнан. Бір атқа екі адам мінгесуге болмайды! Айту қанша қиын болса да, айтпасыма амалым жоқ. Бір атқа екі адам мінгесуге болмайды! — деді Додсон.

— Екеуміз үш жылдан бері жолдас емес пе едік? Талай қауіп-қатерге бірге ұшыраспап па едік? Мен сенің адал жолдасың болмадым ба? Мен сені адам шығар деп келіп едім. Сен бірнеше адамды өлтіргені бар деп естісем де сенбеген едім. Ойнаған болсаң алты атарыңның аузын әрі бұр. Жөнелейік бірге. Әйтпесе ат, жаның қара жауыз! Ат!—деді Тидбол.

Додсонның жүзіне шын-ақ қайғының белгілері шыға келді:

— Сенемісің, досым. Сенің атыңның аяғы сынғаны маған үлкен өкініш болды, — деді ол.

Ілезде ол жүзі қайта өзгеріп жүре берді: қанын ішіне тартқан жолбасардың мейірімсіз жүзі, аяу білмес жауыздын жүзі, тойымы жоқ обырдың жүзі!

Кейде капиталист үйінің терезелерінен тап осындай жүздер көрініп қалады: жауыздың жүзі, обырдың жүзі, мейірімсіздің жүзі!

Опасыз достың алты атары гүрс етті. Тау іші қаңсылаған иттің қарғысындай жаңғырықты. Тидбол опырыла құлады. Додсонның аты «Кешкі экспресті» тонаған үшеудің бірін ғана алып жөнелді. Қанжығасында соған ғана бұйырған отыз мың доллар! Отыз-ақ мың!..

Көз алды тұманданған... Қалың орманның ішінде ағызып келеді. Қолындағы алты атардың тұтқасын қыса түседі. Аяғын үзеңгіге қатты тіреп алыпты...

Додсон ояу отырып көрген түсінен оянып кетті. Алты атардың тұтқасы деп қысып ұстағаны емен креслоның жақтауы екен. Үзеңгі деп аяқ тірегені емен столы екен...

Додсон көзін ашты. Қасында сенімді қызметкері Пибоди тұр. Терезе алдында дөңгелектер зырылдайды, электр ауа тазартқышы ұйқы келтіріп ызыңдап тұр...

— Ым-м... Пибодимысың... Мен ұйықтап кетсем керек... Қызық бір түс көріппін. Ие, жай ма, Пибоди?

— Мистер Уильяме күтіп отыр, сэр. Ол Икс, Игрек, Зет үшін есеп айырысуға келіпті.

— Ие, есімде... Қазір олардың өзі қалай бағаланады?

— Бір де сексен бес.

— Олай болса осы бағамен есеп айырарсыңдар.

— Кешіріңіз, сэр... Мен Уильямспен сөйлестім. Ол сіздің ескі досыңыз ғой... Сіз Икс, Игрек, Зеттің, бәрін де бір де тоқсан сегізден сатып алғансыз.Енді оған бір де сексен бестен төлесек, ол барлық капиталынан айрылып, оның үстіне үйін де сататын болады.

Додсонның жүзі кенет өзгеріп кетті қанын ішіне тартқан жолбасардың мейірімсіз жүзі, аяу білмес жауыздың жүзі! Кәдуілгі капитал терезесінен көрініп қалатын жаны қара обырдың жүзі!

— Бір де сексен бестен төлейсің. Бір атқа екі адам мінгесуге болмайды!—деді Додсон...

СЫЙҒА – СЫЙ

Бір доллар сексен жеті цент. Небары осы ғана. Оның да алпысы бір центтіктен. Әрбір цент үшін ет сататын, ине-жіп сататын, көк-азық сататындармен қанша саудаласатын еді! Үнсіз наразылықтарынан құлақтары қызарып кететін.

Делла бар ақшасын тағы да үш рет санады. Бір доллар сексен жеті цент! Жарты цент артық шықсайшы!

Ал, ертең рождество!

Ескі диванға құлай кетіп өкіріп жылаудан басқа ешнәрсе қалған жоқ. Өмір деген көз жасы, күрсініс, аяқтап келгенде езу тартудан тұрады деген философиялық тұжырым бар. Делла сол баспалдақтардан өтіп болғанша үй ішін бір шолып өтелік: жұмасына сегіз доллар төленетін арзан қол жалғыз бөлме... Үй дүниеліктерінде қара қасқа қайыршылық белгілері болмағанымен мылқау кедейлік тұнып тұр. Бәрі ескірген, бәрі тозған, бәрі оңып кеткен.

Бірақ, күйеуі Джеймс юнг жұмыстан қайтып келгенде «Джим!» деп Делла мойнына асыла кеткенде, бұл ерлі-зайыпты жастардың жан байлығы үйлерінс сыймай кетуші еді. Қандай адалдық, қандай тазалық, қандай сағыныш!

Делла жылау баспалдағынан аман өтіп, бетін сіреуленіп қалған мамық ұлпасымен бірер сүйкей салды да, терезеге барды. Сұр қоршаудың іргесін көбелеп жүрген сұр мысықты көрді. Көңілі ешнәрсеге ауа алмады.

Ертең рождество!

Айлар бойында тырнақтап жинағаны бір доллар сексен жеті цент. Джимге қандай сыйлық жасай алады? Айлық табыстарың жиырма-ақ доллар болса үнем жасау қиын екен. Оны үнемдеймін дегенінен береке болмай-ақ қойды. Биыл күйеуіне ерекше бір сыйлық жасармын деп арман етіп еді. Ешкімнің ойына келмес, ешкім таба алмас, тек Джимге ғана жарасатын, сирек кездесетін сыйлық жасамақшы да!

Делла ойына бірдеме түсе қалғандай, терезеден тез бұрылып, айна алдына келді. Саусақтары жымыңдасып, тез-тез қимылдап шашындағы қадалғыларды суырып-суырып тастап, тізесіне түсетін қою қолаң шашын тарқатып жіберді.

Бұл ерлі-зайыпты адамдардың үйінде бағасыз қымбат екі нәрсе бар еді. Біреуі Делланың шашы, енді бірі — Джимнің әкесінің әкесінен қалған алтын сағат.

Егер Сава жұртының қатын патшасы[6] қарсы үйде тұратын болса, Делла жуғаннан кейін шашын сол үй жақтағы терезеден төгілдіріп жіберіп кептірсе, қатын патшаның бар асыл киімдері, бар асыл алтын-маржандары оңып кеткендей болар еді.

Егер Сүлеймен патша сол қарсыдағы үйдің есігінде тұратын болса, Джим оның қасынан өте беріп қалтасынан алтын сағатын суырып алса, Тақ Сүлейменнің өзі күндеп, қызығып қалар еді.

Міне, Делланың шашы тарқатылып, тізесінен төмен түсе төгіліп кетті. Құлама судың толқынындай құлпырған алтын толқынға көз тоқтай алар емес. Делланың нәзік денесін түгел жауып кетті. Жас әйел шашын тез жинап, қадалғыларын қайта қадап қалпына келтірді де, әлденеге бел байлай алмай азғана тұрып қалды. Тозығы жеткен қызыл кілемге екі-үш тамшы көз жасы да домалап кетті.

Бірақ, ертең рождество! Үстінде көнетоз қоңыр-күрең жакет, басында көнетоз қоңыр-күрең қалпақ, Делла үйінен шығып кетті.

«Шаштан жасалған бұйымдар» деген маңдайшасы бар үйге Делла тез жетіп, асыға кірді.

---

[6]Царица Савская

Менің шашымды сатып алмас па екенсіздер?

- Аламыз. Қалпағыңызды шешіңіз, Әуелі товарды көрелік!

Алтын толқын құлпырып тағы да төгіліп кетті.

- Жиырма доллар...

- Әкеліңіз тезірек!

«Әуелі товарды көрелік!» деді-ау. Мұндай құрмалдық тек қана кең пейілден, шексіз сүйер жар қолынан келетінін осыны айтқан сұм естіді ме екен, сірә!

Келесі бірер сағат еріне сыйлық іздеуге кетті. Қуанышты әйел көше-көшені сипап біткендей ұшып жүріп кезді. Ақырында іздегені де кездесе кетті.

Бұл Джим үшін әдейі арнап жасалғандай нәрсе екен. Платинадан жасалған сағат бауы. Басқа магазиндерден мұндай ешнәрсе кездеспеп еді. Жалған жылтырақ, арзан әшекейі жоқ, асылдың ажарын өз ажарын бұзбай жасапты. Барлық асыл нәрселер әшекейсіз, сыртқы жылтырақтан сау келеді. Бұл да сондай асыл еді. Сағат бауы үшін жиырма бір доллар төлегеннен кейін, Делланың қалтасында әрине сексен жеті-ақ цент қалды. Енді Делла үйіне жетуге асықты, Джимнің алтын сағаты қандай қымбат болғанымен бауы тозыңқы болыс болғандықтан жұрт көзінше сағатына қарауға ол қатты қысылатын. Мына бауды тағып берген соң сағатын еркін-ақ суыра алатын болады.

Үйіне келген соң Делланың алқынысы басылып, енді өзге жайларын ойлауға тура келді. Алдымен әлдеқандай темірлерді газға қыздырып, қалған шашын бұйралап алды. Сабақтан қашып кеткен еркек балаға ұқсап калғанына ыңжылған жоқ.

Сағат кешкі жетіде кофе қайнап, таба газ үстінде тамақ, әзір болып қалып еді. Джим ешуақытта кешігіп келген емес. Делла сағат бауын алақанына қысып алып, кірер есікке жақын отырды.

– Құдайым-ай, Джимге ұнамай қалмайтын ете гөр!..

Есік ашылып Джим үйге кірді. Әйелін көрді де, қалың шөптің арасында өзгене барын сезінген сеттер итке ұқсап қатып қалды. Әйелінен көзін де ала алмайды, тілі де күрмеліп қалғандай. Оның көздері не айтып тұрғанын түсіне алмай Делла қорқып кетті. Ашу да емес, таңдану да емес, наразылық та емес, шошыну да емес, қысқасы – Делланың күткендерінің бірі де емес. Көзін әйелінен аудармай, есінен таңғандай бейжай қарап қалыпты.

Делла орнынан атып тұрды.

– Джим, айналайын, маған бұлай қарамашы! – деп айғайлап жіберді. – Мен шашымды кестіріп сатып жібердім. Рождествоға қарсы саған бірдеме сыйлай алмасам, ол бейшаралықты мен көтере алмас едім. Шашым әлі-ақ өсіп, төгіліп кетеді. Сен маған ашуланбайсың ғой, солай емес пе? Басқа шарам болмады. Менің шашым тез өседі. Жә, мені келе жатқан мейраммен құттықташы. Кел, мейрамға бірге қуанайық. Мен саған қандай тамаша, таңқаларлық сыйлық әкелдім.

– Сен шашыңды қырықтырып тастағансың ба? – деді Джим, өз көзімен көріп тұрса да, көңілі әлі сене алмай тұрғандай.

– Ие, кестірдім де саттым. Саған сыйлық сатып алдым. Сен бәрібір мені кек көріп кете алмайсың ғой, Джим. Шашым қысқарғаны болмаса, мен сол Делламын...

Джим таңырқағандай бөлменің ішін айнала қарап шықты да:

— Олай болғанда сенің ұзын бұрымдарың енді жоқ қой? — деп қайталап, қадала сұрады.

— Іздемей-ақ қой, Джим. Таба алмайсың. Айтып тұрмын ғой: сатып жібердім, кестірдім де сатып жібердім. Енді жұмсаршы, еркелетші мені. Мен не істесем де сен үшін істедім. Менің сені сонша сүйетінімді ешкім өзгерте алмайды. Котлетті қуыра берейін бе?

Джим еріксіз жібіп кетті. Делласын құшақтай алды. Содан кейін пальтосының қалтасынан ораған бір нәрсені алып столдың үстіне қойды.

— Мені де қате түсініп жүрме, Делла! — деді Джим. Шашының ұзындығы, не қысқалығы менің қалқашымды жек көрсете алмайды. Сен мына орап әкелгенімді ашып көрші. Сонда менің әуелі неменеге абыржып, аңырып қалғанымды өзің де түсінерсің.

Делланың ақ саусақтары тағы да жымыңдасып, тез-тез қимылдап Джимнің орап әкелгенін ашты.

Делла қуанғанынан әуелі айғайлап жіберіп еді, ұзамай жылап жіберді. Одан кейін ұзақ тоқтата алмаған күрсіну, өксу басталды. Өйткені, Джимнің әкелгені шашқа қойылатын тарақтар екен! Біреуі желкеге қойылатын, екеуі екі шекеден қойылатын тамаша жасалған нағыз тасбақа тарақтары. Тарақтардың шілтерлі жиектері Делланың шашымен түстес жалтылдаған тастармен көмкерілген.

Бұл қымбат тарақтар. Делла ол тарақтарды Бродвейдің бір магазинінен көріп, талай рет қызығып қарап тұрған. Ол тарақтарды қолға түсіру өмір бойы орындалмайтын арманындай еді.

Енді міне, сол тарақтар қолында тұр. Тек басында шашы жоқ. Сонау келмеске кеткен алтын толқынды шашына мына тарақтар қандай жарасар еді, шіркін!

Делла тарақтарды кеудесіне басты. Әлден уақытта өксуін тоқтатып жымиюға шамасы келді. Көзі жылап, өзі жымиып тұрып: — менің шашым өте тез еседі, Джим! — деді.

Содан кейін күйеуіне өзінің әкелген сыйлығы есіне түсіп:

— Құдай-ай сол! — деп қалды. — Сен әлі менің әкелген сыйлығымды көрген жоқсың ғой! Міне! Делла алақанын ашып Джимнің алтын сағатына тағатын платина бауын көрсетті. Құбақан түсті асыл металл Делланың тасып төгілген қуанышына үн қосқандай бірге жарқырап кетті.

— Шын-ақ тамаша емес пе, Джим? Қаланы түгел аралап әрең таптым. Сағатыңды әкелші, өзім тағып берейін. Қандай жарасар екен, көрейік.

Джим сағатын суырып берудің орнына, диванға құлай кетті де, екі қолын басының астына қойып, жымия берді.

— Делл! — деді ол әлден уақытта. — Тегі, біздің бірімізге біріміз әкелген сыйлықтарымыз біраз уақыт жата тұрар... Сен шашыңды сатып маған сағат бау әкелсең, мен сағатымды сатып саған мына тарақтарды әкелдім...

Ең қымбат сыйлықтар — адал жан, таза жүрек сыйлығы — осылардан аса алмауы керек!..

СОҢҒЫ ЖАПЫРАҚ

Тағдыр ұйтқымасы әлдеқайдан еріксіз айдап әкеліп табыстырған екі жас суретші қыздың студиясы үш қабат кірпіш үйдің жоғарғысында еді.

Бұл үй—көшелері қысқа-қысқа, қисық-кисық шимай-шытырманға айналып кеткен кварталда, қаланың шет жағында. Тағы бір таңқаларлығы — жалғыз ұзын көшесі өзін-өзі екі рет кесіп өтеді.

Арзанырақ пәтер, солтүстыққа қараған терезе іздейтін суретшілер қаланың осы түкпіріне үймелесіпті. Қашанда қарызданбай тұра алмайтын еңбектің адамдары мұндай құмырсқаның илеуінен қарызын жинаушыларға оңайлықпен таптыра да бермейді. Қағаз керек, бояу керек, кенеп керек... Басы артық ақша жоқ, болып көрген де емес.

Суретші екі жас қыз — Сьюди меи Джонси — бірі Мейннен, бірі Калифорниядан келген еді. Арзан бір ресторанда танысқан. Көркемөнерге, салатқа, көйлек жеңінің жаңа модасына көзқарастары үйлесе кетті де, екеуі бір студияға орналасты. Жан аяспас дос болып кетті.

Ол май айының кезі еді. Қазір ноябрь айында өкпеден алар отамалы аурулар көбейіп кетті. Бір күні Джонсиді алып ұрды. Кәдімгі күйдіріп-жандырып әкететін отамалы. Талдырмаш қана, нәзік жаралған жас қыз қазір темір төсекте жатыр. Тор көзді голланд терезесінен көрші үйдің кірпіш қабырғасына қарайды да жатады. Басқа жаққа көзін бір аудармайды.

Джонсиді емдеуге, көздерін қастары жауып кеткен, аузын мұрты жауып кеткен, қартаң доктор келіп жүреді. Соңғы бір келгенінде доктор термометрді қатты сілкілеп тұрып:

Жазылып кетуіне он ұпайдан бір-ақ ұпайы бар! — деді Джонсидің серік қызы Сьюдиді коридорға алып шығып. — Он ұпайдан бір-ақ ұпай! Онда да өзі жазылғысы келсе, тірі калғысы келсе! Ауру адамның өзі өлімге мойын ұсынып, тірліктен үмітін үзе берсе, біз беретін дәрі-дәрмекте түк касиет қалмайды. Сіздің жас серігіңіз бұл аурудан жазылмаймын деп біржола мойындап қойған сияқты. Ойында не бар еді өзінің?

Ол... сырлы бояулармен Неаполитан бұғазын жасамақшы еді. Бояулар! Бұғаз!.. Сөз емес!.. Қалжырақ! Оның жүрегінде ойлауға тұратын бірдеме жоқ па еді деймін. Мысалы еркек...

— Еркек дейсіз бе? — дегенде Сьюдидің даусы қаттырақ шығып кетті. — Еркек те ойлануға тұра ма!.. Жоқ, доктор, ондай түгі де жоқ. Онда жас бейшара қатты әлсіреген екен! Мен ғылымның уәкілі ретінде қолдан келердің бәрін де істеп бағармын.

Бірақ өлімге өзі бейімделіп жатқан ауруға берілетін дәрі-дәрмектің жарым күші далаға кетеді. Өмірден, осы дүниеден үмітін үзбесе екен. Егер сіз анаған-мынаған қызықтырып, тым болмаса биыл қысқы көйлектің жеңі қандай болар екен деп сұрата алсаңыз, серігіңіздің жазылып кетуіне бес ұпайдан бір ұпай ұтысы болар еді. Он ұпайдан бір ұпай мен бес ұпайдан бір ұпайдың арасы жер мен көктей! Түсіндіңіз ғой?

Доктор кеткен соң Сьюди студияға барып жапонның қағаз орамалы езіліп кеткенше жылап-жылап алды. Содан соң жеңіл бір әнді ақырын ғана ысқырып Джонси жатқан бөлмеге қайтып келді. Қолында сурет салатын тақтасы да бар еді.

Джонси бетін терезе жаққа беріп жатыр екен. Арықтаған денесі көрпе астынан әрең сезіледі. Ұйықтап жатыр деп қаларлық. Үнсіз жатыр.

Сьюди ысқыруын қойып, алып келген тақтасын жайып, бір журналға басылатын әңгімеге байланысты суреттерін сала бастады. Жас суретшілерді көркемөнердің күрең жолына әкеліп қосар сүрлеулер сондай журналдар арқылы өтетіні белгілі ғой. Сьюди де сол сүрлеулердің бірінде жүрген.

Сьюди суретін сала отырып Джонсидің ақырын ғана сыбырлап жатқанын естіді. Әлденені басынан аяғына қарай емес, аяғынан басына қарай санап жатыр:

— Он төрт... он үш...

Сьюди орнынан атылып тұрып Джонсидің қасына келді. Көздері ашық, терезеден көрінген әлденеменені санап жатыр.

— Он екі... — деді Джонси. Аз кідіріп — он бір...он,тоғыз... — деп азғана тоқталды да — сегіз, жеті,— деп жұбын жазбай айтып жіберді.

Сьюди де терезеге қарады. Ауру адам санайтындай не бар екенін көргісі келді. Аңырап жатқан сұр аула... Жиырма қадам жерден көрінген көрші үйдің кірпіш қабырғасы. Көңіл аударып, көз тартар басқа ешнәрсе жоқ.

Түп тамырлары шіри бастаған, ескірген бүліс шырмауық бунақ-бунақ түкті бұталарымен кірпіш үйдің қабырғасын белдеулеп жауып алыпты. Күздің суық желі шырмауық, бұталарында қалған жапырақтарын жұлып әкетіп жатыр.

— Айналайын-ау, неменені санап жатырсың? — деді Сьюди.

— Алты,— деді Джонси әрең ғана. — Енді тез-тез жұлына бастады. Бұдан үш күн бұрын жүзге жақын еді. Санағанда басың айналатын. Енді оңай саналады... Әне, тағы біреуі ұшып түсті. Енді бесеуі-ақ қалды.

— Ненің бесеуі дейсің?

— Жапырақтардың деймін. Ең соңғы жапырақ ұшып түскенде мен де өлемін. Мен мұны үш күннен бері біліп жатырмын. Оны саған доктор айтпады ма?

— Мұндай әбестікті бірінші рет естіп тұрмын! — деді Сьюди. — Шіріген бүлістің жапырақтары мен сенің жазылып кетуіңде қандай байланыс болмақ? Сен, жарымес қыз, сол кәрі бүлісті жақсы көруші ме едің. Өйтіп әбестенбей жат! Доктор бүгін ғана сені тез жазылады деді. Тоқтай тұршы, соның өзін қалай айтқанын есіме түсірейін. Е, былай деген екен: он ұпай сенікі, бір ұпай аурудыкі деді. Трамвайда келе жатқан, не болмаса бір жаңа үйдің қасынан өтіп бара жатқан жұрттың өмірлік ұпайы осыдан көп деймісің! Сөзді қой, азырақ сорпа іш! Ол екі арада Сьюди бауырың бір сурет салып тастасын. Оны редакторға өткізіп жіберіп, ауырдым деп еркелеп жатқан Джонси бауырына шарап әкелсін, сорпа әкелсін, өзіне шошқаның котлетін алсын...

— Шарап әкелудің керегі болмас, — деді Джонси, терезеден көзін алмай жатқан бойы. — Әне тағы бір жапырақ ұшып түсті. Енді төртеуі-ақ қалды. Жоқ,

сорпа ішкім келмейді. Ең соңғы жапырақтың ұшып түскенін көргім келеді. Сонда мен де өлемін.

– Айналайын Джонси, – деді Сьюди еңкейіп. – Мен жұмысымды бітіргенше көзіңді ашпауға, терезеге қарамауға уәде етемісің? Мен мына жасап жатқанымды бітіруім керек қой. Әттең, жарық керек, әйтпесе терезенің шымылдығын түсіріп жіберер едім.

– Студияға барып аяқтаймысың! – деп Джонси салқын жауап қайырды.

– Сенің қасыңда болғым келеді, бұл бір. Екінші, сені сол шіріген жапырақтарға қаратқым келмейді.

– Онда суретіңді салып болған соң айтарсың маған. Мен ең соңғы жапырақтың ұшып түскенін көруім керек. Соны ғана күтіп жатырмын. Күтуден жалықтым, ойлаудан жалықтым. Мені бұл өмірден не жібермей жатса, соның бәрінен тезірек құтылғым келеді. Содан соң ана жапырақтарға ұқсап үзіліп түсіп, төмендеп барып құлағым келеді.

– Сен азырақ ұйықташы, айналайын. Мен Берманды шақырып әкелуім керек болып отыр. Мен бір алтын іздеуші қаңғыбастың суретін соған қарап отырып салмақшы едім. Қазір қайтып келемін. Мен келгенше қозғалма, білдің бе?

Берман қарт та суретші болатын. Бірақ, жолы оңғарылмай қойған адам. Жасы алпыстан асқан. Кеудесін жауып кеткен сақал-мұрты қиқы-тұйқы болып жүреді. Көп ішеді. Ол бір адам таң қаларлық тамаша сурет жасаймын дегелі қашан! Әлі бастаған да жоқ. Бұдан ширек ғасыр бұрын керіп қойған кенебі әлі тап-таза күйінде тұр. Жоқшылықтың темір қолдары алқымыңнан бір айрылмаса, суретші арманы қайдан орындалсын! Маңдайша, реклама жазып беру сияқты ұсақ-ұлаңмен күнін көреді. Өзі бір ыңғайға оңай көне бермейтін кежір адам. Солай бола тұра екі жас суретші қыздар үшін жанын беруге бар.Сол екі қызды күзетуге қойылғандай,маңайларынан шыбын ұшырмайды.

Сьюди Берман қартты не үшін шақыра келгенін айтты. Саған қарап отырып бір қаңғыбас қазымыр шалдың суретін жасағым келіп еді деді. Содан соң, Джонсидің соңғы жапырақ ұшып түскенде мен де өлемін деп жатқанын айтты. Өмір байланысынан біржола күдер үзсе, сол соңғы жапырақтай үзіліп түсерін ұғындырғысы келді.

Берман қарт әуелі тас-талқан болып ашуланды:

– Не деген ақымақтық! Күні жеткен күзгі жапырақ үзіліп түссе, балғын жас қыз ере кету керек пе екен! Бармаймын!.. Сен неге оны сондай сандырақ жеткіздің? – деп Сьюдидің өзіне ұрса бастады.

– Джонси әл үстінде жатыр ғой, жексұрын шал! Күйіп-жанып жатқан адам сандырақтамай қайтушы еді? Түсінсеңші, Джонси әл үстінде жатыр, әл үстінде!

Тентек қарт бірден құлап түсті:

– Айналайын, балапаным-ай, сорлы Джонсиім-ай! – деді шал. Қызарған көздері жасаурап кетті. – Жүр, кеттік! Мұндай өлім ұясына айналған қалада Джонси сияқты аяулы қызға ауыруға бола ма екен! Мен анау ойымда жүрген тамаша суретімді жасап болған соң үшеуміз де кетеміз бұл қаладан. Кетеміз! Алып кетемін екеуіңді! Әкетем!

Бұлар келгенде Джонси қалғып кеткен екен. Сьюди терезенің шымылдығын түсіріп жіберді де, Берманды екінші бөлмеге алып шықты. Бірі қартаң, бірі жас, екі суретші терезеден шырмауық бүліске қарады. Тіл қатыспай ұғынысып қарайтындары байқалады.

Жалғыз жапырақ, ең соңғы жапырақ, үзіліп түскелі бұлғалақтап тұр екен. Суық жел ұйтқи соғып тек қана сол жалғызды жұлып әкеткісі келгендей құтырынады. Қарлы-жаңбыр әлі сабалап тұр.

Қарт суретші терезеге қарап, қалай болса солай отыра кеткен қалпында қатты да қалды. Қазір ол Микельанджело жасаған Мұсаның суретіне ұқсап кетіпті. Кешкі теңіз толқынындай бұйралана дудыраған ұзын бурыл шаштары мен сақал-мұрты ұйқы-тұйқы араласып, шалбар жыртығынан қызарып көрінген тізесіне дейін шұбалып жатыр.

Суреткер өз жанының неден қуанғанын, неден қайғырғанын, шошынғаны мен қорыққанын өзі ғана сезеді. Оған көлденең ой қосудың керегі жоқ.

Көркемөнер дүниесі, ой мен сезім күйсандықтың тілдеріндей, не болмаса домбыраның пернелеріндей өзара келісім таппаса, есігін біржола жауып алады. Қалай қақсаң да ол есік ашылмақ емес. Адам жанын омырау соқтан, опасыздықтан, саудагерліктен, сұрқиялықтан тазарта берер шынайы өнердің өз тілі, өз сүрлеуі бар.

Қазір суретші қарттың ой-сезімі нені қайната бастады, оны аңғару оңай емес-ті. Мүмкін, бұл жолы үзілгелі тұрған жапырақтай қалтыраған жас қыздың жанын қалай алып қалуды ойлап отырған болар. Мүмкін, қарттың өмір бойғы ұлы арманы — таңқаларлық, тамаша сурет салар сағаты соққалы тұрған шығар.

Қарт үн қатпай шығып кетті..,

Ертең таң ата Сьюди оянып кетсе, Джонсидің бұлдыр тартқан көздері терезенің шымылдығында ояу жатыр екен.

— Шымылдықты ашшы... Далаға қарағым келеді, — деді Джонси сыбырлап қана.

Сьюди баяу қозғалып барып шымылдықты көтерді де таң қалды. Түн бойы қарлы жаңбыр сабалап, өкпек суық жел ұйтқи соғып тұрса да, шырмауықтың ең соңғы жапырағы әлі ұшып түспеген екен! Сабағына жақын жағы әлі қара-көк, қол араның тістеріндей іркіс-тіркіс жиек ернеуі сарғайған, қалтырап әлі тұр.

— Соңғы жапырақ түн бойы соққан сұрапыл жел мен қарлы жаңбырдан ұшып-ақ түскен шығар деп едім... Бүгін ұшып түсетін болғаны да... Сонда мен де өлемін, — деді Джонси.

— Өзіңді ойлағың келмесе, мені неге ойламайсың, Джонси, — деді Сьюди еңкейіп келіп. — Менің күнім не болар?

Джонси жауап қайтармады. Сыр-сипаты белгісіз ұзақ сапарға әзірленіп жатқан адамның жаны бұл дүниенің тіршілігіне жатсырай бастаған екен. Адаммен де, өмірмен де байланысы үзіліп бітуге айналған.

Бұл күн де өтті. Кешкі қас қарайған кезде де жалғыз жапырақ үзіліп түспей тұра берді. Түнге қарай тағы да солтүстіктің суық желі соғып кетті. Қар аралас жаңбыр да тоқталған жоқ.

Таң атқан соң Джонси тағы да терезені аштырды. Соңғы жапырақ әлі тұр.

Джонси жапыраққа ұзақ қарап жатты да, Сьюдиді шақырды. Көздері ұшқын атқандай жарқырап:

— Мен бір оңбайтын қыз екенмін! — деді Джонси. — Анау соңғы жапырақ менің сол оңбаған қыз екенімді көзіме көрсетуге ұшып түспей тұрған сияқты. Өлім тілеу деген не деген күнә, не деген бейшаралық! Әкел сорпаңды! Содан кейін сүт пен шарап бер... Әуелі айна әкел... Айналамды жастықпен қымтап бер. Мен сенің тамақ әзірлегеніңді көріп отырғым келеді.

Бір сағаттан кейін:

— Сьюди бауырым, енді мен бір кезде Неаполитан бұғазын жазып шығармын деп те сенемін! — деді Джонси.

Күндіз доктор келді.

— Бүгін екі жақтың ұпайы да бірдей! — деді ол Сьюдиді оңаша шығарып алып. — Жақсылап күтсеңіз жеңіс сіздің жақта!

Ертеңіне бір-ақ күн ауырып суретші қарт Берман өз бөлмесінде өліп қалыпты. Денесіне сіреуленіп жабысқан киімдері кешкі теңіз толқынындай бурыл шашы мен сақалы бәрі де көк мұздақ болып қатып қалған. Аяқ киімдері мұздап қатқан батпандаған балшық. Көк-ала, сары ала бояулар еденде жайрап жатыр. Фонарын сөндіруге де шамасы келмеген. Қарлы-жаңбырлы суық түнде далада болғаны анық...

Қарт суретші жасармын деп өмір бойы арман еткен ең тамаша суретін соңғы жапырақ ұшып түскен түні жасаған екен. Онысы жалғыз ғана жапырақ!

Әлі үзілмей тұрған, қыз жанын алып қалған сол жапырақ еді...

Сильвестр Тасарао

АРАНДЫ ТЕМІР ҚОРШАУДА

Мен бүгін де аранды темір қоршауға қарап отырмын. Ай бойы осылай, ұзақ күнге сол темір қоршаудан көзімді ала алмаймын. Өйткені ол азаттықпен арамызға құрылған аранды қоршау.

Қоршау онша биік те емес. Менің иегімнен ғана келеді. Ол онша жиі торланған қоршау да емес. Небәрі қатарлап тартылған алты-ақ аранды сым — арасынан өтіп кетуге де болады... Сым керілген бағаналар да менің білегімнен жуан емес, сындырып кетуге де болады.

Бір күні осы бағаналардың біреуін сындырып, шығып кетсем қайтеді деген ой келді. Тағы бірде сирек тартылған аранды сымдардың арасынан өтіп кетуге де болар еді-ау деп ойладым.

Осындай жорамалдар ойға келгенімен оның орындалмайтынын да жақсы білемін. Ол қоршауға жақындасам-ақ күзетшілер атып тастар еді. Олар

қоршаудың арғы бетінде көз алмай аңдып тұр. Әсіресе түнде қоршаудың арғы беті толып жатқан сөре. Әр сөреде қарулы күзетші.

Аранды қоршау лагерьді түгел орап алған. Бұл үлкен лагерь. Лагерьде біз, тұтқындар... қазір мен, міне бір ай болды, госпиталь барағындамын.

Сол темір қоршауға күні бойы қарап отыру үшін барақтан күнде ерте шығамын. Күнде сол сөрелерді көремін. Сөрелердің арасы жүз метрден екенін күнде бір есептеп қоямын. Қоршаудың биік емес екенін де бір еске алып қоямын. Сөре төбесінде мелшиіп қатып, қозғалмай қадалып тұрған күзетшілерді де көремін. Мені темір қоршау да күнде көреді...

Егер мен аранды қоршаудан да, күзетшілерден де аман өтіп кетсем, қалың шөптесін кең далаға шығар едім. Одан әрі төбесіне түк шықпайтын тақыр тауларға жетер едім. Амал не, оны істеуге ешбір шара жоқ...

Мен Феликске:

— Осында өлетін болармыз,— дедім.

— Иә, әлсіредік қой. Біздің күніміз де санаулы болар, — деді ол.

Феликс менің жаңа тауып алған досым. Одан бұрынғы достарымның көбі осында өліп қалды. Жақында ғана Дольфо өлді. Өлер түні ол тыным таппай сөйлеп шықты. Бұл бір таңданатын нәрсе. Аузы біржола жабыларын сезінген адам өлер алдында өте көп сөйлейді. Дольфо тек қана тамақ жайын сөйлеп жатты. Өмірінде қандай дәмді тамақ жесе, соның бәрін есіне алды. Ол сөйлеген сайын менің аузымнан сілекей ағып, мен де сол тамақтарды көз алдыма әкелдім. Бірақ, Дольфоны тоқтата алмадым. Ол өмірінің ең бір бақытты сәттерін еске алып жатты. Мен оны сол бақытты сәттерінен ажыратқым келмеді. Өлер алдында бір сәт бақытты болсын да дедім. Өйткені, бұл лагерьде бұдан басқа бақытты сәт ешкімге де кездеспейді. Өзі ұйықтап кеткенше мен оны бөгемедім, таңертең оятайын десем, Дольфо қатып қалған екен. Көп достарымнан осылай айрылдым.

Феликс осыдан кейін кездескен досым. Бұл тырбиған арық, қынаға боягандай сап-сары адам. Менімен қатар отыра беріп әрең жымиды.

— Безгекпін, — деді.

— Мен де, — дедім.

Феликс аз сөйлейтін адам екен. Ол бейжай маған қарайды, мен оған қараймын. Осымен күніміз өтеді. Бір-біріміздің қалай әлсіреп, қалай қаусап бара жатқанымызды көреміз.

Қалай сөніп бара жатқанымызды көреміз. Осыны бақыласып отырғандай, біріміздан біріміз көз алмаймыз. Осымен тағы бір күніміз өтеді.

Госпитальда тамақ тіпті аз, жоқ дерліктің аз-ақ алды!

Түндер керемет суық. Астымызға төселген ешнәрсе жоқ. Арасынан суық жел гулеген бамбук тақтайда жатамыз. Тону дегеннің не екенін өзің тоңбасаң— білмесең керек. Бірақ, айтып баяндарға тіл жетпейді. Оны түн бойы қақсап шығатын сүйектерің сөйлеп кетсе ғана айтып жеткізе алар еді.

Феликс арқасын менің арқама жапсырады. Мен арқамды оның арқасына жапсырамын. Енді қозғалмауымыз керек. Аз қозғалсаң-ақ арамызға суық кіріп кетеді. Достар арасына суық леп кірмеу керек-ті.

Феликстің безгегі ұстап тұла бойы оттай жанғанда маған рахат болады! Мен оған қарай тығыла түсемін. Рахаттанып жылынам. Менің безгегім ұстағанда ол рахаттанып қалады.

Менен басқа бір адамды ол осылай қатты құшақтап көрді ме екен, сірә! Біз достық жылуын осылай ауысып келеміз. Бірімізге біріміз қарыздар да емеспіз.

Міне, таң атты, күн де көтерілді. Біз әлдеқашан тұрғамыз. Манадан бері тамақ күтудеміз. Бірақ, тамақ бүгін де берілмеді. Ертең де бола қояр ма екен!

Бармақтай көк шыбындар өлім халіндегі әлсіздерді айналдырып жүр. Қозғала қоймайтындарды еркін жайлап, олар тойынып алды. Енді бәрімізді айнала ұшып, ән салып жүр.

Мен госпиталь дейтін үйшіктен далаға шықтым. Тағы да аранды қоршауға қарадым. Менімен бірге Феликс те қарап тұр. Ол да үндемейді, мен де үндемеймін. Бізде сөйлесер сөз жоқ...

Барақтың аржағына қарағымыз да келмейді. Ол жаққа менің бір қараганым да бар. Енді қайтып қарамастай боламын. Ол жақта қап-қара болып кеткен өліктер жатыр. Тістері ақсиған қара денелер қаз-қатар күн көзінде жатыр. Енді олар оңбайды да, жылынбайды да. Одан әрі ұбақ-шұбақ өліктерді далаға әкетіп бара жатқан адамдар. Арасын сыммен шырмаған қос бамбук сырғауыл, үстінде тыр жалаңаш өлік. Бұл жаққа қарасаң, күн бойы көретінің осы ғана. Оған қараганнан да темір қоршауды қараған жақсы да. Ол жаққа қарай берсең, бір күні өзің де соларға қосылатыныңды сезінгендейсің.

Бір күні біз бір рет тамақ көрдік. Мен бұрын көрдім де Феликске айттым. Содан кейін ол да көрді. Ол тамақ кішкене ғана бұзау еді. Аштар көзі түгел қадалған бейшара бұзауды барақтардың арасымен жетелеп әкеле жатыр екен. Бұзауды ас үйдің алдына алып келді, темір баганаға байлап жатқандарын да көрдік. Ауыр бір қолдар, ауыр бір келдекпен бұзауды қақ маңдайдан ұрып жіберді. Бейшара бұзау әуелі тізерленіп қалды да, ауыр ыңырсып, серейе құлады. Біз бұзаудан көз алмай тұрмыз. Бұзау еті біз үшін сағым елесінен де алыс. Оның еті де, бүйрек-бауыры да, жүрегі мен тілі де біздің лагерьді бағатын офицерлерге тиеді: өздеріне тиеді.

Содан кейін біз бұзауды көрген жоқпыз, ілініп қалған терісін ғана көрдік. Әлдекім терінің бір пұшпағын жұлып алды. Одан кейін мен де жармасып барып, терінің бір алақандайын жұлып алдым. Жалма-жан Феликс келіп, ол да терінің бір жерін жұлып алды. Сонымен тері бір сәтте қолды-қолда кетті. Итше таласып бөліп алдық.

Енді шикі теріні қайтерімізді білмей, аңырысып қалдық. Дуние байлығы қолымызда тұр, қалай иемдену керек?

Оның орайы да табылды. Госпиталь маңайында дәретхана болмайтын. Ондай жерде адам қиы қайда кетпек? Осы төңіректе болады да. Оны өзіміз жинап, өзіміз өртейтінбіз. Жоқ, сіз жеркенбеңіз. Бірақ, оның бәрі мына қоршаудың сыртында қалды.

Тұтқындардың бірі қолындағы терісін бықсып жанып жатқан адам қиының шоғына тастап жіберді. Феликс екеуіміз де сөйттік. Жұлып-жұлып алған алақандай терілердің бәрі де сол шоққа түсіп жатыр. Тері жүні тез үйітіліп,

терінің өзін от бүрістіріп күйдіре бастады. Көзіңді аударсаң-ақ жеп қоятындай. Терінің шет жақтары күйіп көмірленіп барады. Ішіміз ауырып кетті: теріміздi тез-тез оттан суырып алдық. Әркім адаспай, жазбай өз терісін алып жатыр. Күйген терінің иісі қандай! Сағынған, арман еткен иісің — кәдуілгі тамақ иісі. Әркім өз терісін аңдып тұр екен, оттан жұлып алып шекелей бастады.

Баракқа тез қайтып келдік. Барақтағылар әрі қызығып, әрі күндеп, бізді қоршап алды. Олар да күйген теріні иіскегілері келеді, анталасып тұр.

Мен күйген теріні аузыма тығып жібердім де, шайнай бастадым. Жұрттың көзін қызықтыру —әрі мазақ, әрі қауіпті болар еді. Феликс те сөйтті. Барақтағылар ындыны құрып, қадалып қарап отыр.

Шала күйген тері тым қатты екен. Тісім өтер емес. Тұтас жұтып жіберейін десем тамақтан өтер емес. Бір шетінен жұлып алуға тісте шама жоқ. Бірақ, мен шайнай бердім, шикі теріні сора бердім. Феликс те шайнай берді. Біздің баракта қолына тері іліккен тұтқын сол екеуіміз ғана екенбіз.

— Дәмді ме, ей? — десіп, сұрасып қояды.

— Керемет дәмді, — деймін мен.

Біз шайнап отырмыз. Басқалар сілекейлерін жұтып отыр.

— Дәмді-ақ шығар, ә?!

— Сұрама!

Мен әрі-бері шайнадым да, қалжырап қалдым. Аузымнан теріні суырып алдым да, лақтырып тастадым. Ыза қылған, жұтылмаған теріні мен боқтай бастадым. Басқалардың онда жұмысы жоқ, сүйретіліп тұра келіп, бассалып теріге жармасты. Итше таласып, ұмар-жұмар болысып қалды. Бірін-бірі итермелеп, бірін-бірі тістелеп-тепкілеп, төбелесіп жатыр. Тері қолына оңаша түскен тұтқын терінің шаң-топырағын жалаңаш қара санына бір-екі сүйкеді де, аузына салып жіберді. Төбелес те тоқтады. Енді ол өзгелерден бір қырқа жоғары бақытқа ұшырағандай, айналасына тәкаппар қарап, теріні масаттана шайнап тұр.

Мен госпитальға түскелі бір ай. Мұнда дәрі-дәрмек деген жоқ. Тамақ дегенді де жоқ деуге болады. Біз өліп таусылу үшін қоршауға алынған адамдармыз. Енді мен таңертең тұрған соң айналаға қарауды да қойдым. Қарасам нені көретінімді де білем. Көрерімнің түк қызығы жоғын да білем. Сіз көз алдыңызға өліктің қаңқасын әкеліп көріңізші. Аты қаңқа емес, нағыз қаңқаны айтамын: адамның тек қана сүйегі қалсын. Сол қаңқаға тек қана тері жабыңыз, Қаны-сөлі бар тері емес, кепкен тері болсын. Сол қаңқаға екі көз орнатыңыз. Көзі болғасын ол өлі адам емес, тірі адам болып көрінсін. Осындай тірі адамды екінші қайта көргіңіз келер ме еді? Жоқ қой? Мен де солаймын.

Госпиталь түнде ығы-жығы жатқан адамға толады. Аһлаған-үһлеген, ыңырсыған, жылаған адамдар сығылысып жатады. Кейбіреулер ауру баладай жылайды. Өлім жақындағандар ылғи шешелерін шақырады. Түн бойы кім шешесін шақырып шықса, таңертең ол өліп қалған болады. Феликс екеуміздің барактан ертерек қашып шығатын себебіміз осында. Далаға, тауларға, көк аспанға қараймыз. Әттең, арамызда аранды темір қоршау тұрады.

Түс кезінде аспанда бір құс пайда болды. Біз соған қарап отырмыз. Азат құс еркін шарықтап жүр. Ол аспанға бостандық өрнегін салып жүргендей болады.

Соны көріп көңіліміз көтеріледі. Барактың қасында, тыр жалаңаш өліктерді есептеп, номерлеп жатыр. Оған қарағанша азат құсқа қараған жақсы да.

– Айналаң ылғи өлік. Ұзамай біз де өлетін болармыз, – деді Феликс.

Өмір дегеннің ең соңғы ноқатының аты «өлім» емес пе, ол соны есіне алып отыр. Мен үндемедім. Шын-ақ өмір сүрген болсаң, соңғы ноқат есіңе де келмес еді.

Сол күні бір жолдасымыз өлді. Ол менімен қатар жататын. Феликс екеуміз оны барактан шығардық. Есепке алынуы керек, номерленуі керек. Мен оны екі қолынан көтердім. Феликс шалбар дерлік болмашының балағынан ұстап еді, жолдасымыздың денесі әбден солып, құр сүйегі қалған екен. Шалбар болмысы көтере бергенде-ақ сыпырылып қолға келді. Дене сылқ етіп жерге түсті. Феликс енді оны аяғынан көтеріп алды. Апарып өзге өліктердің қатарына қостық.

Біз тағы да аспанға қарадық. Азат құс көрінбеді. Көп күттік, көрінбеді. Қоршаудың ар жағында бір қимыл жоқ. Феликс өкіріп жылап жіберді.

– Әлгіні жерге түсіріп алғанымыз-ай! – деді бір кезде. Содан кейін мені ыңғымнан жұлқылап:– мен бұрын өлсем, мені де сөйтіп жерге түсіріп алып жүрмесін, сен қатты бақылайтын бол! – деді Феликс. Мен басымды изедім.

Мен оның бетіне қарай алмадым. Аранды темір қоршауға қарадым. Оның ар жағындағы бейжай тыныштыққа қарадым. Өліктей үнсіз далаға, қимылсыз көк аспанға қарадым. Аранды темір қоршау арамызда тұра берді, тұра берді.

Күні бойы сол қоршауға бір қарамаған кезім де бар. Қайда қарағанымды да, не ойлағанымды да білмеймін. Ешнәрсені көрмей, тек алдыма қарап отыра берген болуым керек. Есімде қалған бір-ақ елес– біз бұдан құтыла алмасақ керек деген ой сияқтанады.

Сол түні Феликс те тым көп сөйлеп кетті. Феликс аузын жаппай сөйледі. Шешесін шақыра бастады. Аға-іні, апа-қарындастарын көп сөз етті. Бәрін де жақсы көреді екен. Бәрін де өлердей сағынипты. Ең жақсы көрері – жалғыз ұлы көз алдынан кетпей жатыр. Өлім енді оның қасына келіп отырғаны даусыз. Оның сөйлеуінде де, демалысында да сол бар.

Феликс сөйлеп жатып ұйықтап кетті. Түн ортасында маған тығыла түсті. Мен де тығыла түстім. Сорымызға қарай, бүгін оның да безгегі ұстаған жоқ, менің де безгегім ұстаған жоқ. Не ол жылыта алмады мені, не мен жылыта алмадым оны.

Бір кезде Феликс мені қатты құшақтап алды да:

– Суық,... керемет тоңдым, – деді.

– Ие, суық, – дедім мен де. Екеуміз тағы да бір-бірімізге тығыла түстік.

Осыдан кейін екеуміз де ұйықтап кетіппіз. Тағы да таңатты. Барақтардың бәрі де оянды. Жалғыз Феликс ауыр дем алып, ақырын қорылдап жатыр. Мен оған қарадым да ақырын ғана қозғап қойдым. Бірақ, оятқаным жоқ. Оның ұйықтай бергені жақсы еді: тамақ бәрібір бүгін де берілмейтін.

Бір кезде Феликс өзі атып тұрды. Түс әлпеті азырақ таңырқау екен. Атып тұрды да, менің көзіме қарады. Қолымнан ұстай алды да күліп жіберді.

– Көрдің ғой, – деді Феликс.

– Кімді?–дедім мен.

Ол тағы күлді, бұл жолы тіпті шаттана күлді.

— Менің шешемді деймін. Көрдің ғой шешемді?

— Жоқ.

— Е, ол келді ғой осында! Қалай көрмедің?

— Осында келді ме?

— Ие, осында келді. Сен көрдің бе оны. Қандай сұлу, қандай мейірімді нәзік жан, ә? Ол бәрімізді де еркелетіп, бәрімізге де шегі-шеті жоқ мейіріммен сөйлесті ғой! Әсіресе сені мен маған елжіреді. Қандай бауырмал сөйлесті. Менің шешем бәріңе де ұнады. Сенің өзің маған—шешең бір ғажап адам екен, маған қатты ұнады демедің бе?

— Мен оның бетіне қарап, аңырып қалдым.

— Жүр, далаға шығайық. Аранды қоршауға қарайық,— дедім мен оған.

— Жоқ, тоқтай тұршы, сен неғып көрмедім дейсің менің шешемді. Болды ғой осында... Қандай сұлу, қандай мейірімді нәзік жан, ә? Шешем әдемі машинамен келді ғой. Кетерінде бізге көп қылып печенье, әртүрлі тамақ қалдырып кетпеді ме? Тағы да келем демеді ме? Сен қуанып, көп-көп рақмет айтпадың ба?

Менің жылағым келді.

— Жүрші, Феликс, далаға шығайықшы, — дедім.

— Е!.. Сенің, кеткің келеді екен ғой! Маған ананы бергің келмей тұр екен ғой! — деді Феликс, маған қарай еңсеріле беріп?

— Нені бергім келмейді, нені дейсің? — дедім мен.

— Печеньені?!

— Печеньені!—деді Феликс.

— Әкел, өзіме бер печеньемді.

— Қайдағы печенье?

— Мен берген печенье. Шешем қалдырып кеткен печенье. Әкел бері!

— Менде дәнеме жоқ, Феликс...

— Сен мынаны бір жерге көз таса қыла тұр деп бердім ғой саған. Екеуміз үшін демедім бе, танып кеткің келе ме?

Феликс маған қадала қарап айғайлай бастады:

— Жеп қойған екенсің ғой! Бәрін жеп қойған екенсің ғой! Мен саған көз таса қыла тұр, екеуміз бірге жерміз демеп пе едім? Жақсы жолдас екенсің!—деді ол.

Мен «Құдай-ау, бұл неменең еді!» — деп қалдым.

Феликс айғайлай берді. Оны тоқтатуға менің де тұк дәрменім жоқ.

— Жеп қойыпсың, тұк қалдырмапсың. Енді мен не жеймін? — дейді Феликс. Қалш-қалш етіп ол да әрең дем алып тұр, мен де әрең дем алып тұрмын.

— Феликс!

— Оңбаған екенсің! — деді де, Феликс барақтан жүгіре шықты.

— Қайда барасың, Феликс? — дедім мен.

— Шешеме! — деді.

Оның соңғы жауабын мен азғана кідірістен кейін естідім. Үніне қарап оның қайда ұшып бара жатқанын да аңғардым.

Енді мен оны ұстай да алмаймын, тоқтата да алмаймын. Кешігіп қалдым, тынысымды ішке тартып, қалшиып қатып қалыппын.

Мен мылтық дауысы гүрс-гүрс еткеннен кейін ғана барактан шықтым. Гүрс-гүрс бірнеше рет қайталанды. Құлағым тұнып қалыпты. Содан кейін айналамыз тып-тыныш болды.

Феликстің денесін мен қоршауға асылып қалған күйінде көрдім. Ол қоршаудан өтем дегенде күзетшілер атып-атып жіберген екен. Соның денесі кешке дейін аранды қоршауда асылған бойы тұра берді. Мен күн бойы сол жаққа қарадым. Барақтың қасында қарадым да тұрдым.

Құнарсыз кең дала тып-тыныш жатыр. Жалаңаш алыс таулар да тыныш тұр. Аспанда қалқыған азат құс, азат қыран бізді көріп күлетін сияқты. Биік аспанға оның қандай өрнек салып жүргеніне түсінбегенімізге күлетін сияқты.

Мен ертең де осы аранды қоршауға қарап тұрарымды жақсы білемін. Алда қалған бар күндерім сонымен өтпек. Енді қарап тұрар күнім қанша қалды. Оны есептегім де келмейді.

Қараған сайын көрерім де біреу-ақ. Ол— аранды темір қоршау. Ол бізбен бостандық арасына құрылған аранды қоршау, одан көз айырмауымыз керек...

Максим Горький

ДАУЫЛПАЗ ЖЫРЫ

Шал-бурыл шалқар теңіз аспанында жел ескектеп түнерген ауыр бұлттарды жосылтып айдап, жинап жүр. Қара-қошқыл бұлттар мен теңіз арасында қара найзағайға ұқсап, дауылпаз жүйткіп жүр.

Кейде қанатымен толқынға соғылардай, кейде садақ оғындай бұлтқа атылып, өр құс айғай салды. Оның батыл айғайынан бұлттар қуаныш естиді.

Бұл айғайда дауыл сағынышы бар! Бұл айғайдан бұлттар ашу күшін естиді, жігер жалынын көреді, жеңіс сенімін таниды.

Дауыл алдында шағалалар дамыл таппай ойбай салып, жөңкіле береді. Дауылдан қорқынышын сол теңіздің терең түбіне жасырғылары келеді.

Дауыл алдында сары бауырсұңғуірлер де ойбайға басады. Өмірайқастарының қызығы деген оларға жат нәрсе. Олар гүрс-гүрс ұратын күркіреуден қорқады.

Қоңыр-ала тонды, мес қарын пингвин семіз денесін қатпар тастардың арасына жасырады...

Тек қана тәкаппар құс дауылпаз көбік атып шал-буырылданып жатқан теңіз үстінде ығыспай еркін жүйіткіп жүр!

Түнерген бұлттар теңіз кеудесінен бар салмағымен төмендей берді. Толқындар жұлқынып күркіреген аспанға шапшиды.

Аспан гүрс-гүрс ұрып, дамылсыз күркіреп тұр. Ашу көбігін атқылап, желмен таласып, толқындар ыңыранады. Міне, құдіретті жел толқындарды то-

бымен құшақтап алып бар пәрменімен, шексіз анайы күшімен қияқ-жақпар тастарға әкеліп ұрып жіберді. Көкпеңбек алып толқындар тасқа соғылып, күміс шаңға айналып бүркіліп кетті.

Қара найзағайға ұсап, айғайға басып ер дауылпаз жүйткіп жүр. Садақ оғындай атылып барып бұлттарға қадалады. Толқын көбігін қанатымен сыпырып кетеді.

Ол тәкаппар, ол қайсар күш, ол дауылдан қаймықпас күш. Ол сақылдап күледі, еңіреп жылайды... Ол түнерген бұлттарға күледі, ол қуанғаннан жылайды.

Гүрс-гүрс ұрған күркіректе қалжырау барын ол алдақашан сезінген. Түнерген бұлттар күн көзін жасыра алмасына ол біржола сенгені

Жел ұлып тұр... Күн дамылсыз гүрс-гүрс күркірейді... Түпсіз теңіз үстінде толқындар көк жалындай алау-жалау шапшып толқиды. Найзағай оттарына теңіз кеудесін тосып, тұңғиығына тұншықтырып сөндіреді. Сөне берген найзағай елесі теңіз түбінде от жыландай ирелеңдеп қалады.

– Дауыл, ұзамай дауыл соғады, дауыл! Өкірген теңіз бен найзағай оттарының арасында ер дауылпаз жүйткіп жүр. Ол жеңіс пайғамбары:

– Дауыл күштірек соқсын, қаттырақ соқсын!

Максим Горький

РЕСПУБЛИКА КОРОЛЬДЕРІНІҢ БІРІ

...Құрама Штаттарының толып жатқан болат, керосин корольдерін көз алдыма әкелу үшін мен әруақытта қысылатын едім. Ақшасы сонша көп адамдарды кәдуілгі адамдарға ұқсата алмайтынмын.

Ол корольдердің, әрқайсысының, ең бері салып айтқанда, қарны үшеу, аузында жүз елудей тістері бардай көрінетін. Миллионер таңертеңгі сағат алтыдан бастап түнгі он екіге дейін демалмастан тамақ жеумен болатын шығар деп сенуші едім. Оның жейтіні де ең қымбатты тамақтар болу керек: қаз, күркетауық, май мен редиска, пудинг, кекс тағы басқа ең дәмді нәрселер. Кешке қарай миллионердің жағы әбден қалжырайды да, тамақты шайнауды негрлерге тапсырып, өзі тек қылғы беруге тиісті. Ақырында ол қара терге түсіп шомылып, сілесі қатып бар әлуеттен айрылады да, негрлер оны ұйықтауға көтеріп әкетеді. Ертең ертемен кешегі азапты өмір қайта басталады.

Бірақ күшін қанша сарқа жұмсағанмен капитал өсімінің жартысын жеуге де дәрмені жетпейді.

Сөз бар ма, бұл ауыр өмір. Бірақ, амал не? Егер сен әшейін адамнан артық жей алмасаң, миллионер болғаныңнан мағына қайсы?

Миллионер маған ішкі киімді қамқадан киіп, етігінің өкшесін алтын шегемен қақтыратындай, қалпақ орнына басына бриллианттан жасатқан бірдеме киетіндей көрінетін. Ұзындығы он жеті метр етіп, ең қымбат барқыттан тігілген сюртугіне ең кемінде үш жүз алтын түйме тағылуға тиісті сияқтанатын. Мейрам күндерінде ол қос-қабаттан сегіз сюртук, алты қабат шалбар киюге керек. Әрине, бұлай киіну әрі ыңғайсыз, әрі қысатын болар...Бірақ,сонша бай болғасын, басқаларша киінуге де болмайды.

Миллионердің қалтасы дегенді мен шіркеу, я болмаса сенат үйі сияқты үйлерді оп-оңай тастап жіберуге болатын терең бір апандай көретінмін... Бірақ бұл сияқты джентльменнің қарын аумағын үлкен бір теңіз кемесінің ішіне теңей келіп, оның аяғы мен шалбарының ұзындығы қандай болуына көзім жете алмайтын еді. Әйтеуір оның жамылатын көрпесі біржарым километрден кем бола қоймас деп ойлаушы едім... Егер ол темекі шайнайтын әдеті болса, әрине, ең жақсы темекінің екі қадағын бір-ақ шайнайды да. Мұрнына насыбай ататын болса, бір қадақ насыбайды бір-ақ қағып жіберуге тиісті. Ақша дегеніңіз, жұмсауды да керек етеді ғой...

Оның саусақтары әрі аса сезгіш, әрі қалай тілесе солай ұзара беретін сиқыры бар саусақтар болуы керек, ол НыюЙоркте отырып Сібірдің бір бұрышында доллар өсіп отырғандығын сезінсе, Беринг бұғазы арқылы қолын созады да, орнынан қозғалмай-ақ, сүйген өсімдікті жұлып алады.

Таң қалатын бір нәрсе – осындай жалмауыздың бас бітімі қандай болу керек, соған көзім жетпейтін еді. Бар нәрседен алтын сығып алуға ғана құмартқан осынша дене мен осынша сүйектен жаралған мақұлыққа бас дегенді керексіз мүше болар деп есептейтінмін. Жалпы айтқанда миллионер жайындағы ұғымым бұлдыр болатын. Тұжырып айтар болсақ, миллионер дегеніңіз қанша созсаң да созыла беретін ұзын-ұзын қолдар сияқтанатын. Ұзын қолдар жер шарын орап алып, қарауытқан үңгірдей үлкен бір ауызға тосып тұр да,–ашқарақ ауыздан сілекей шұбырып жер әлемін піскен ыстық картоптай кеміріп, созып, азулап жатыр...

Миллионерге кездесіп, оның кәдуілгідей адам екенін көргенде менің айранасыр болуымның да шегі жоқ еді.

Кәдуілгі адамның қолындай ғана, әжім басып сарғыш тартқан қолдарын белгілі ғана мөлшердегі қарнының үстіне тыныш қана айқастырып, менің қарсы алдымда, үлкен креслода ұзын бойлы, тырбиған арық денелі шал отыр. Тозығы жетіп болжыраған бет терісін жұнттай қылып қырып тастаған. Шаршау жетіп салбыраған төменгі ерні әдемілеп қолдан жасалған астыңғы иегін көрсетіп тұр. Иектен қаз-қатар тізілген алтын тістер көрінеді. Қансыз, жұқа, жымита кырған үстіңгі ерні үстіңгі тістеріне жабысып қалғандай, сөйлегенде де жөнді қозғалмайды. Нұрсыз көздерінде қас та жоқ, құп-қу басында шаш та жоқ. Осы бетке біразғана тері де жетіңкіремей тұрған сияқты. Аздап қызғылт тартқан, қозғалмайтын жылтыр бет жаңа туған баланың бетіне де ұқсап кетеді. Бұл өмірін енді бастағалы отырған адам ба, өмірі аяқталып келе жатқан адам ба, оны айыру өте қиын еді...

Оның киінген түрі де жұртпен бірдей-ақ. Жүзігі, тістері, сағаты,– денесіндегі бар алтын осы ғана, бәрін қосқанда жарты қадақтан кем болуға тиісті: жалпы айтқанда бұл кісі Европа аристократтарының үйіндегі кәрі қызметкеріне ұқсайды...

Миллионер мені қабылдаған бөлмеге жиналған жиһазда көз сүрінетін сәулет-салтанат та, байлық та жоқ. Орындықтары үлкен-үлкен, бар ерекшелігі осы ғана. Орындықтар – бұл үйге кейде піл дер келетін шығар деген ой туғызады.

– Миллионер... сіз боласыз ба?.. – деп сұрадым, өз көзіме өзім сене алмай.

– Ие, мен! – деді ол, басын сенімді түрде изеп.

Мен оған иланғандық ыңғайын көрсеттім де, бірден-бір сырын ашқым келіп:

– Сіз, таңертеңгі тамақта қанша ет жей аласыз? – деген сұрау қойдым.

– Мен ет жемеймін! – деді ол. – Бір кескен ғана апельсин, жалғыз ғана жұмыртқа, кішкене ғана шәшке шай, небары осы...

Жас баланың көзіндей күнәсіз көздері лай судың тамшысына ұқсап, бұлдыр ғана жылтырайды. Ол көздерден мен ешбір өтіріктің ұшқынын да көрген жоқпын.

– Жақсы! – дедім мен, таңдана түсіп, – бірақ жасырмай айтыңызшы, күнінде неше рет тамақ жейсіз?

– Екі рет! – деді ол салмақпен, – таңертең және түс кезінде. Маған сол әбден жетіп жатыр. Түскі тамақта бір тарелка ғана сорпа, құс еті және тәтті бірдеме. Жеміс. Бір шәшке кофе, бір сигара...

Менің таңдануым асқабаққа ұсап тез өсе бастады. Ол маған бір әулиеше қарап отыр. Мен азырақ есімді жиып:

– Ал, осы айтқандарыңыз шын болса, сіз ақшаңызбен не істейсіз? – дедім.

Миллионер жайлап иығын қозғады, сол шақ оның көздері де қозғалды:

– Ақшамен ақша жасаймын... – деді ол.

– Ол не үшін?

– Тағы да ақша жасау үшін...

– Ол не үшін? – дедім мен, қайталап.

Миллионер креслоның жақтауына шынтақтарын тіреп, маған қарай еңкейді де сәл таңданғандай болып:

– Сіз есалаң емессіз бе? – деді.

– Сіз ше? – дедім мен сұрауына жауап қайтарып.

Шал басын еңкейтіп, алтын тістердің арасынан созыңқырап...

– Қызық адам... Мұндай адамды мен бірінші рет көріп отырған болармын...– деді. Содан кейін шал басын көтеріп, аузын құлағына жеткізе бір керіп алды да, үндеместен мені бақты. Бетінің ешбір қобалжымауына қарағанда, ол өзін кәдімгі адам деп есептейтін сияқты.Мен оның галустігіндегі түйреуіште кішірек қана бриллиант барын көрдім. Егер сол асыл тастың үлкендігі етіктің өкшесіндей болса, мүмкін, мен бірдеңе ұғынған болар едім.

– Сіз не істейсіз? – деп сұрадым мен.

– Ақша істеймін! – деді ол сөзін келте қайыра иығын тағы бір көтеріп қалып.

– Арам ақша істеушісіз ғой?– дедім қуанып кетіп, мен оның сырын ашуға ол жақындаған сияқтандым. Ол ақырын ықылық ата бастады. Жасырын бір қол қолтығынан қытықтай бастағандай бар денесі дір қағып кетті де көздері тез-тез жыпылықтай бастады.

– Бұған күлуге болады, – деді ол тыныштанып, маған риза болған адамша қарап. Содан кейін: – Тағы да бірдеме сұраңызшы! – деді де не үшін екені белгісіз, екі ұртын томпайтып, маған қадалды.

Мен азғана ойладым да, турадан-тура былай деп сұрадым.

– Сіз ақшаны қалай жасайсыз?

– Ә, түсіндім! – деді ол, басын изеп. – Иә, ол оңай.. Менің темір жолдарым бар. Фермерлер товар өндіреді... Ол товарды мен базарға жеткізіп берем. Фермер ештан өлмей, алдағы күнде де товар өндіре беруі тоқталмас үшін оған қанша ақша қалдыру керек екендігін есептеп шығарамын да, одан арғысын түгел сыпырып аламын. Оның аты тасымалақы болады. Оңай да, түсінікті де емес пе.

– Фермер бұған қалай қарайды, риза ма?

– Бәрі бірдей риза бола бермейді ғой деп ойлаймын! – деді шал балаша турасына тартып,–бірақ, адам деген ешуақытта ешнәрсеге риза болған емес деседі ғой. Риза болмай, күңкілдеп жүретін қызық адамдар әрқашан да бола береді...

– Үкімет сізге бөгеу жасамай ма? – деп сұрадым әдеппен ғана.

– Үкімет дейсің бе? – деді ол, маңдайын саусақтарымен сипап ойланып қалып. Содан кейін, әлдене енді ғана есіне түскендей, басын изеді.– Ah... айтқаныңыз әлгі Вашингтондағылар ғой? Жоқ, олар бөгеу жасамайды. Өздері бір тәуір жігіттер... Олардың ішінде менің клубымнан да кейбір адамдар бар. Бірақ, оларды анда-санда ғана көресің де, сондықтан, кейде ұмытып та кетесің. Жоқ, олар бөгет жасамайды,– деді ол қайталап, содан соң бірдемені білгісі келгендей, былай деп сұрады:

– Жұртқа ақша жасауға бөгет болатын үкімет те бар ма?

Мен өзімнің аңқаулығыммен қу бас шалдың әккілігінен қысылып та қалдым:

– Жоқ... Мен ол туралы емес... дедім ақырын ғана. – Мен ашықтан-ашық талан-таражға үкімет кейде тыйым салуға тиісті ғой деп ойлап едім...

–Ж-оқ! – деді ол. – Мұныңыздың аты – идеализм. Бұл жақ ондайды қабылдамайды: жеке адамдардың ісіне қатынасуға үкіметтің қақысы жоқ...

Мынадай мүләйімсіген әккілігінен менің қысылысым ұлғая берді де:

– Көп адамды бір адамның тонап жатуы жеке іс бола ма? – деп сұрадым әдеппен ғана.

– Тонау? – деді ол көзін бажырайтып ашып, – тонау деп жұмысшы күшінің қымбаттағанын айтады. Стачканы айтады. Бірақ бізде эмигранттар бар. Олар стачка жасаушылардың орнына тұра қалады да, жұмысшы ақысын ылғи арзандатып беріп отырады. Елде сондайлар көбейіп, әрі арзанға жұмыс істесе, әрі көптеп товар сатып алып тұрса, өте жақсы болады.

Енді оған едәуір жан кіргендей болып, бетінің әрі шалға, әрі балаға бірдей ұқсауы да азайды. Қошқылт тарамыс саусақтары қозғалып, даусы құлағыма шіңкілдеп естіле бастады.

Үкімет дейсіз, ә? Шынында да бұл қызықты мәселе болу керек. Иә, жақсы үкімет керек, әрине, ол үкімет мынадай мәселелерді шешетін болсын: мен қанша бұйым сатқым келсе, еліңде соны түгел сатып алатын халық та болу керек. Жұмысшы күші де мен тарықпайтын мөлшерде болсын. Бірақ, бір адам артық болмасын! Сонда социалистер де болмайды. Үкімет салықты көп алмауға да тиісті. Халықтың не беруге шамасы келсе, оны мен өзім де ала алам. Міне, жақсы үкімет деп мен осыны айтамын.

«Енді бұ ақымақтығын да аңғарта бастады, мұнысы өз ұлылығын сезінудің даусыз бір белгісі ғой. Олай болса, бұл шын-ақ король шығар...» деп ойладым мен.

Ол өзіне сенімді мығым үнмен:

– Маған керегі әлді тәртіп болсын, – деді, – үкімет әр жексенбіде халыққа кем дегенде 8 сағат заңды қалай құрметтеуді үйрететін әртүрлі философтарды жалдасын, арзан ақыға. Егер ол үшін философ аз болса, солдаттарды салып-салып ал...

Бұл нені қолдандың деп сұрайтын жер емес. Нәтиже не болды деп сұралатын жер. Товар алушылар мен жұмысшылар заңды құрметтей білуге тиіс. Бар керегі осы ғана! – деп шал саусақтарын ойнатып кетті.

«Жоқ, бұл ақымақ емес, олай болса король де емес шығар!» – деп ойлап:

– Сіз қазіргі үкіметіңізге разымысыз? – деп сұрадым. Ол жауапты кешігіңкіреп барып қайтарды:

– Үкімет қолынан келерді түгел істеп отырған жоқ. Мен әзірше эмигранттарға есік ашық бола тұрсын деймін. Бірақ біздегі саяси еркіндік үшін эмигранттар ақша төлеуге тиіс. Олар саяси еркіндікті пайдаланып отыр ғой, олай болса ақы төлесін. Әрбір эмигрант тым болмаса 500 доллар ала келетін болсын.Қалтасында 500 доллары бар адам 50-ақ доллары бар адамнан он рет бағалы... қаңғыма қайыршы, ауру, тағы басқа түрлі жалқаулар ешбір жерде керегі жоқ, олар жаман адамдар.

– Е, бұл шара эмигранттардың құйылып келе беруін қысқартып тастамай ма? – дедім мен.

Шал мақұлдап басын изеді.

– Уақыты жеткенде мен олар үшін қақпаны біржолата жабуды ұсынатын боламын. Бірақ, әзірше келе берсін, аздап болса да алтын ала келсін. Бұл елімізге пайдалы. Сонан кейін, азаматтық право алудың мерзімін ұзарту керек. Кейінірек оны да біржола жою керек. Американдықтар үшін қызмет еткісі келген адам жұмыс та істей берсін, бірақ оларға Америка азаматтарының правосын берудің тік қажеті жоқ. Американдықтар жеткілікті мөлшерде жасалып болады. Елдің халық санын көбейте беру – олардың өз қолынан келеді. Міне, осының бәрі үкіметтің жұмысы. Осы жұмысты енді басқаша түрде қолдану керек. Үкімет мүшелерінің бәрі де түгел, өндіріс ұйымдарының акционері, жарнашысы болуға тиіс. Мұнда олар еліміздің мұң-мұқтажын әрі тез, әрі оңай ұғынатын болады. Осы күні маған керек ондай-мұндай ұсақты ұғындыру үшін сенаторларды сатып алуға тура келеді. Ал жоғарғы айтылған жүзеге асқан күнде олардың керегі де болмай қалады...

Шал күрсінді де аяғын серпіп тастап:

– Өмір дегенді алтын тауының биігінен ғана дұрыс көре аласың! – деді.

Енді оның саяси көзқарасы едәуір анықталғаннан кейін, мен онан:

– Сіз дінге қалай қарайсыз? – деп сұрадым.

– Ол! – деп қалды ол, қабақтарын қайшылап, тізесін алақанымен бір қағып:–Өте жақсы қараймын! Дін деген халыққа керек. Мен бұған шын сенемін! Жексенбі күндерінде шіркеуде өзім де өсиет сөйлеймін – өйтпегенде қалай?!.

– Сіз не сөйлейсіз сонда? – дедім мен.

– Діндар христианин шіркеуде не сөйлей алса, мен соның бәрін де сөйлей білемін! Мен, әрине, өсиетті жұпыны бір шіркеуде сөйлеймін. Сорлы кедейлер қашан да жақсы сөзге, әкелік өсиетке мұқтаж ғой. Мен оларға...

Шалдың жүзі бір минутқа ғана бала жүзінің бейнесіне көшті. Сонан кейін еріндерін тас жұмып, көздерін төбеге қадады. Төбеде иоркшир шошқасындай қызғылт терілі жуан әйелдің жалаңаш денесін көлегейлеген ғашықтық періштелерінің суреті бар екен. Төбе бояуларының шұбарлығы шалдың бояусыз көздеріне түсіп, алуан түсті ұшқындай жылт-жылт етеді.

– Діні бір аға-іні, ана-қарындастар! – деймін, – дейді шал ақырын ғана. – Аяр сайтанның алдағанына ермеңдер, дүниелік ойлар маңайларыңа жақындамасын. Жердегі өмір өте қысқа ғой, адам 40 жасына дейін ғана жақсы қызметкер, 40-тан кейін фабрикаларға оны жұмысқа да алмайды. Бұл берік өмір емес. Жұмыс істеп тұрғандарыңызда қолдарыңыз азғана қате қозғалып кетсе болғаны, машина қиратады. Сонымен біткеніңіз! Сіздерді әр кезде ауру-сырқау, бақытсыздық, торлап жүреді. Кедей адам биік үйдің төбесіне шығып кеткен соқыр сияқты. Жаһуди имамның ағасы Жақып имам айтқандай, қалай қарай жүрсе де құлайды, құлайды да қирайды! Уа, аға-інілер! Сіздер жер үстіндегі өмірді бағаламауларыңыз керек. Бұл сенің жаныңды аңдыған аяр сайтанның алдамшы өмірі. Сіздер Ғайсаның сүйікті ұлдарысыздар, сіздердің шат-шадыман сайран дүниелеріңіз жерде емес, аспанда. Егер сіздер жердегі өмірді жағымсыз, наразылықсыз төзіммен өткізе алсаңыздар, пайғамбарыңыз жұмақ бақшасында қарсы алып, жерде істелген еңбектеріңіз үшін мәңгілік рақатқа енгізеді. Бұл өмір сіздер үшін жаныңызға жұққан жұғындыдан тазаланатын орын. Бұл дүниеде неғұрлым ауыр азапқа төзе білсеңіздер, ана дүниеде солғұрлым мол рақатқа батасыздар. Имам Жаһудидің өзі осылай деген...

Шал қолымен төбені нұсқап, азырақ ойланды да әрі салқын, әрі берік сеніммен сөзін қайта жалғап кетті.

– Иә, қымбатты аға-іні, ана-қарындастар! Егер біз бұл өмірде жақыныңды сүю жолында кім болса да біреу үшін құрбандық ете алмасақ, онда бар өміріміздің түкке тұрмай бос өткені. Жүректеріңізді күншілдік сайтанына билете көрменіздер! Сіздер нені күндемексіздер? Дүние рақаты деген – бұл алдамшы, бұл сайтанның ойыншығы ғана. Бай болайық, кедей болайық, патша болайық, көмірші болайық, банкир болайық, көше тазалаушы болайық – бәріміз де өлеміз. Ұжмақтың салқын бақшаларында, мүмкін көміршілер патша болар да, патшалар қолдарына сыпырғыш алып, сіздердің жеген конфеттеріңіздің қағаздары мен ағаштан түскен жапырақтарды сыпырып жүретін болар. Бауырлар! Жандарың жас балаша адасып жүретін, қара ормандай қалың күнә дүниесінен не үміт

етпексіздер? Сүйіспеншілік, момыншылық, үнсіздік, төзімшілдік жолымен, еншіге не тисе шүкірлік етіп ұжмаққа баратын болыңдар!

Ол көзін қайта жұмып креслосында теңселе отырып, тағы сөйлеп кетті.

— Біреудің байлығын, енді біреудің кедейлігін айтып, сіздердің жүректеріңізге күншілік күнәсін құйғысы келгендердің сөздерін тыңдамаңыздар. Ондай адамдар сайтанның елшісі. Құдай жақыныңды күндеуге тыйым етеді. Байлар да кедей ғой, оларды сүю аз ғой, олар осы жағынан кедей. Байларды сүйетін болыңыздар, өйткені олар құдайдың сүйікті жандиры!—деген құдайдың сүйіктісі, шіркеудің бірінші әулиесі Жаһуди. Теңдік үгіт сияқты сайтан ойлап шығарғандардың біреуіне де құлақ аспаңыздар. Бұл дүниедегі теңдік деген немене ол? Қандарыңның тазалығымен құдай алдында тең болуға тырысыңыздар. Басқа түскен ауыртпалыққа төзімді болыңыздар. Ауыртпалықты төзім, құлшылық қана жеңілдетеді. Сіздерге құдай жәрдем етеді, одан басқаның керегі жоқ!

Шал тоқтап, аузын керіп, алтын тістерін көрсетіп маған қарады.

— Дінді жақсы пайдаланады екенсіз, — дедім мен.

— Солай, солай! Мен оның бағасын білемін, — деді шал. — Қайталап айтамын, дін кедейлер үшін керек. Дін маған ұнайды. Дін жердегі өмір түгел сайтандікі дейді. Егер, адам жаныңды сақтаймын десең, ешнәрсені тілеме, ешнәрсені қозғама, тиме, дейді. Сен өмір қызығын өлгеннен кейін көресің, аспандағының бәрі сенікі дейді! Адам бұған сенетін болса, онымен үйлесу де оңай. Иә! Дін деген — май ғой, жарықтық. Өмір машинасын неғұрлым дінмен майлаңқырап қойса, соғұрлым қажалу-қаржасу да азая береді. Машинистің міндеті де жеңілейе береді.

«Иә, бұл король екен», — деп ойладым да, алдымда отырған бір кездегі шошқа бағушының тұқымына құрметпен ғана:

— Сіз өзіңізді христиан деп есептейсіз бе? — дедім.

— Иә, иә, әрине! — деді ол барынша сенімді дауыспен. Сонан кейін бір қолын жоғары көтеріп, сендірерлік түрде: — Бірақ мен, сонымен бірге американдықпын. Американдық болған соң, қатал моралистпін... — дегенді қосты.

Оның жүзі ішкі тартыстардың құбылысын көрсеткендей еді. Ол еріндерін дүрдитіп, құлақтарын мұрнына қарай бір қозғап қойды.

— Сіздің не айтқыңыз келді?.. — деп сұрады.

— Бұл енді екеуіміздің арамызда ғана қалатын болсын, — деді ол ақырын ғана ескертіп.—Американдықтың Ғайсаны мойындауы мүмкін емес.

— Мүмкін емес дейсіз бе? — деп сұрадым мен сыбырлап қана, аз кідірістен кейін.

— Әрине, мүмкін емес! — деді ол да сыбырлап. Азғана үндемей отырдым да:

— Неге мүмкін емес? — деп қайта сұрадым.

— Ол ойнастан туған ғой! — деді шал. Маған көзін қысып қалып, айнала бір қарап алды. — Сіз түсінесіз ғой? Ойнастан туған кісі Америкада құдай болмақ түгіл, чиновник те бола алмайды. Жақсы қоғам оны ортасына да кіргізбейді. Оған ешбір қыз күйеуге де шықпайды. О! Біз өте қаталмыз! Егер біз Ғайсаны танитын болсақ — барлық шатадан туғандарды, тіпті, ол ақ адам мен негрдің ара-

сынан туған болса да, әжептәуір адам деп тануға тура келер еді! Мұның қандай сұмдық екенін ойлап көріңізші, ә?..

Бұл шынында сұмдық болу керек, шалдың көзі көгеріп, жапалақтың көзіндей дөп-дөңгелек болып кетті. Ол астыңғы ернін әрең деп жоғары көтеріп апарып, тістеріне жабыстырды. Осы бір құбылысты жүзіме айбар және қаталдық береді деп ойлайды ғой деймін?

Демократиялы елдің мұндай моралінен жаным түршігіп:

– Сіздер негрді ешқандай адамға санай алмайсыздар ма? – деп сұрадым.

– Міне аңқаулық! – деді шал, өкінішін жасырмай, – олар қара емес пе! Иісі де бар. Негрдің ақ әйелмен қатынындай тұрғанын білсек, біз оны кескілеп өлтіреміз. Дереу мойнына арқанды тастап жібереміз де ағашқа асамыз... Ешбір кідіріс болмайды! Іс келіп морализмге сүйкеніп кетсе, онда біз қаталмыз...

Иістене бастаған өлексеге қандай құрмет көрсете алсаң, шамамен айтқанда, шалға деген менің құрметім де енді сондай еді. Бірақ, қолыма бір істі алғаннан кейін, соны қалай да аяқтап шығуым керек болды. Шындық, бостандық, ақыл тағы баска сол сияқты жарқын сенімдерімнің бәрінің аяққа басылғандығын тезірек айқындау үшін, мен сұрау үстіне сұрау қоя бердім.

– Сіз социалистерге қалай қарайсыз?

– Сайтанның елшісі дегендерім солар ғой! – деді ол, алақанымен тізесіне шарт еткізіп ұрып қалып, тез жауап қайтарып:– социалист дегендер өмір машинасына түсіп кеткен құм. Құм онда-мұнда бар қуысқа кіріп алады да механизмнің дұрыс жүруіне кесел келтіреді. Жақсы үкімет бар жерде социалистер болмауға тиісті. Олар Америкада туа бастады. Олай болса, Вашингтонда отырғандар өз міндеттерін толық түсіне алмайтын болғандары. Олар социалистерді азаматтық праводан түгел ажыратуға тиісті: бұл да бірдемеге жарап кетер еді. Мен үкімет өмірге жақынырақ тұруға тиісті деймін. Ол үшін үкімет мүшелері түгел миллионерлер арасынан сайлануы керек. Солай!

– Сіз көзқарасыңызда жарықшақ жоқ адам екенсіз! – дедім.

– Иә, солай! – деді ол, мақұлдап басын изеп. Енді оның жүзінен балалықтың бар ізі жоғалып, жақтарына айғыздалып әжім түсе қалды.

Мен одан искусство туралы көзқарасын сұрағым келді.

– Сіз қалай қарайсыз... – деп бастай беріп ем, ол саусағын шошайтып, өзі сөйлеп кетті.

– Социалистің басында – құдайға қарсылық, қарнында – анархизм. Оның жанына ессіздік пен кек жалынын беретін сайтан... социалистермен күресу үшін дін мен солдат көп болу керек. Дін – құдайға қарсылықпен күресу үшін, солдат – анархияға қарсы күресу үшін. Ең әуелі социалистің басына шіркеу өсиетінің қорғасынын құй. Егер оны жазуға мұның шамасы келмесе, солдаттар қорғасынды оның қарнына құятын болсын!..

Ол сенімді түрде басын бір изеді де:

– Сайтанның күші көп! – деді.

– Е, солай! – деп ойына мен де қосылдым.

Сары сайтанның – Алтынның әсерін осынша ашық түрінде мен бірінші рет байқап отырмын. Шалдың қуарған сүйегін подагра, ревматизм сияқты ау-

—

рулар шұрық-шұрық тесіп болған да, тозығы жетіп арықтаған әлсіз денесі ескі тері қапшықта әрең ғана жан сақтап тұр. Енді ол болмашы ескі-ұсқы рухани салдақылық пен өтіріктің алтын құдайынан нәр алғандай, тіреле қалыпты. Сол Сары құдайдың әрі суық, әрі рақымсыз қаталдығын айтып отыр. Шалдың көздері жаңа шыққан екі жаңа бақырдай жалтылдайды, өзіне де енді қуат кіріп, тарамыстана қалыпты. Енді ол үй қызметкеріне бұрынғысынан гөрі де ұқсай түсті. Бірақ қожасы кім екенін де мен білген едім.

— Искусство туралы ойыңыз қалай? — деп сұрадым.

Ол маған қарады да, қолымен бір сипап бетіндегі қатал зұлымның іздерін сыпырып тастады. Бетіне балалықтың бірдемелері пайда болды.

— Не дедіңіз? — деп сұрады ол.

— Искусство туралы не ойлайсыз?

— Е, мен искусство туралы ешнәрсе ойламаймын, мен оны әншейін сатып аламын, — деді байсалды пішінмен.

— Маған ол белгілі... бірақ сіздің өз көзқарасыңыз, оған қояр талаптарыңыз болар?

— Әрине, қояр талаптарым бар, искусство дегеніңіз қызғылықты ермек болуға тиісті, менің қояр талабым осы. Мен күлетін болмайын. Менің істейтін ісімде күлкі аз. Миды тыныштандыратын бірдеме бүркеу керек... Кейде дененің қуатын қозғайтын болсын. Искусствоны төбеге, я болмаса, мына қабырғаларға салатын болса, ол құмарыңды қоздырсын... жарнамалар ең айқын, ең жақсы бояулармен жасалған. Жарнамалар шақырым жерден-ақ көзге түсіп, мұрныннан жетелеп, шақырған жеріне еріксіз алып келетін болсын. Оған шығарған ақшаң сонда ғана қайтады. Адам мүсіндері мен вазаларды мрамор мен форфордан жасағаннан да қоладан жасаған жақсы— сонда үй қызметшілері оп-оңай сындыра бермейтін болады. Әтеш таластары мен егеуқұйрықтың шайнасуларын өте жақсы көрем. Лондонда көріп ем, өте жақсы екен! Бокс та жақсы, бірақ кісі өлімі болмайтын болсын... музыка патриотты болуға тиісті. Марш деген қашан да жақсы, ал ең тәуір марш Американыкі. Америка дүниедегі ең жақсы ел, сондықтан жер жүзіндегі ең жақсы музыка да Американыкі. Жақсы адамдар қайда болса, жақсы музыка да сонда болады. Жер бетіндегі ең жақсы адамдар — американдықтар. Ақшаның көбі де соларда. Біздей ақшалы ешкім жоқ. Сондықтан ұзамай бар дүние бізге келеді...

Мен өзіне-өзі осынша риза ауру баланың сандырағын естіп отырып, Тасманияның тағыларын алғыс айта есіме алып отырдым. Олар да жейді деседі, дегенмен, олардың эстетикалық сезімдері мыналардан анағұрлым терең.

Мақтап отырған елін өзінің өмірімен ластап отырған, Сары Сайтанның кәрі құлының күпілдеуін тоқтату үшін мен одан:

— Сіз театрға барасыз ба? — деп сұрадым.

— Театрға ма? Е, барамын! Білемін, о да искусство ғой! — деді сенімді түрде.

— Сізге театрда немене ұнайды?

Ол азырақ, ойланды да:

— Театрда кеуде жағын ашық қойып киінген жас әйелдер көп болса жақсы болады. Сен олардан жоғары отырсың ғой! — деді.

– Сіздің театрда ең жақсы көретініңіз немене? – деп сұрадым мен, оның қайтарған жауабынан жаным түршігіп.

– Уа! – деді ол аузын құлағына жеткізе керіп. – Әрине, жұрттың бәрі сияқты, артисткаларды жақсы көрем де... Артисткалар әрі сұлу, әрі жас болып келсе, қашан да өнерпаз келмек қой... бірақ қайсысы жас екенін бірден тани қою қиын. Бәрі де шебер боялады да, өзгере қояды. Түсінемін, бұл олардың кәсібі ғой. Кейде: «А, а! Міне, мынау қыз»! деп қаласың. Артынан оның жасы елуге келгендігін, ең кемінде екі жүз тамыры болғандығын бір-ақ білесің! Бұлай болып шыққанда көңілсіз-ақ. Цирктің артисткалары театрдың артисткаларынан артық болады. Қашан да жастау, талдырмаштау келеді...

Ол, сірә, бұл атырапты жақсы білетін сияқты. Мен де өмір бойы күнәға батудан құтыла алмаған кәрі күнәкар болсам да, көп нәрселерді бірінші рет содан естідім.

– Сізге өлең қалай ұнайды?–дедім.

– Өлең дейсіз бе? – деді ол қайталап сұрап. Көздері етегіне түсіп, маңдайы тыржиып кетті. Азғана ойланды да басын кейін шұлғып қалып, барлық тісін бірақ көрсетті маған. – Өлең дейсіз ғой? О, иә! Өлең деген маған өте ұнайды. Барлық жарнамаларды өлеңмен бастыратын күнге жеткенімізде өмір өте қызықты болады.

– Сіздің сүйетін ақыныңыз кім? – деп сұрадым, басқаша сұрауды қойып.

Шал маған таңданып қарады да, ақырын ғана:

– Қалай дедіңіз? – деп сұрады. Мен сұрауымды қайталадым. – Им-м...сіз өте қызық жан екенсіз... – деді ол көз алмай қарап, басын шайқап. – Мен ақынды не үшін сүймекпін? Оны сүюдің керегі не?

– Кешіріңіз! – дедім мен, маңдайымнан терімді сүртіп, – мен сіздің ең сүйетін кітабыңыз не деп сұрамақшы едім...

– Әрине, чек кітапшасын қоспағанда демекшімін...

– Е! Ендеше, сөз басқа! Мен екі кітапты жақсы көрем: біреуі Библия, енді біреуі – ең Негізгі Бухгалтерия кітабы. Бұл екі кітаптың екеуі де ақылыңа серпін береді. Қолыңа ала бергенде-ақ не тілесең соны беретін күш соларда екенін сезе бастайсың ғой.

«Мені мазақтап отыр ғой бұл» деп ойладым да, мен оның бетіне қарадым, Жоқ, оның көздері бала сандырағы емес, шын ойы екендігінен басқа ешбір жол бермейтіндігін айтып тұр. Қабыршағына жабысып қатып қалған ескі жаңғаққа ұқсап креслосында ол отыр. Айтқан сөздерінің бәрі де дұрыс екендігіне әбден сенген қалпы бар.

– Иә! – деді ол тырнақтарын түгендей қарап, – бұл мейлінше жақсы кітаптар! Біреуін жазған пайғамбарлар, біреуін мен өзім жаздым. Менің кітабымда сөз дегеніңіз өте аз. Онда цифрлар ғана бар. Ол цифрлар, адам адал еңбек істеп, бар ынтасын салса, қолынан не келетіндігінің жайын баяндайды. Мен өлгеннен кейін үкімет менің кітабымды бастырып шығаруға тиісті дер едім. Бұл биікке менің қалай шыққанымды жұрт көретін болсын.

Мен әңгімені енді қысқарту керектігін сездім. Басына біреу дығыр орнатып тепкілеп отырса, оған барлық бас төзе бермейді ғой.

—

— Мүмкін, сіз ғылым туралы бірдеме айтарсыз? — деп сұрадым ақырын ғана.

— Ғылым ба? — Ол бір саусағын көтеріп жоғары қарады. Содан кейін қалтасынан сағатын алып қарап, қақпағын жапты да, сағат бауын саусағына орап алып, сағатын шайқады. Содан кейін бір күрсініп алып, былай деп бастады:

— Ғылым дейсіз ғой... Иә, білемін! Оныңыз жазылған кітаптар ғой. Егер ол кітаптарда Америка туралы жақсы жазылған болса — онда олардың пайдалы болғаны. Бірақ кітаптарда шындықты сирек жазады ғой. Сол кіптаптарды жасайтын әлгі бір... Ақын дегендерің, менімше, ақшаны аз табады ғой деймін. Әркім өз жұмысынан мойын бұра алмайтын елде, кітап оқитын да жан жоқ... Иә, ақындар ызалы-ақ, өйткені олардың кітабын ешкім сатып алмайды. Кітап жазушыларға үкімет жақсылап ақша төлеп тұруға тиісті. Тоқ адам қашан да көңілді, мейірімді болады. Егер Америка жайында кітап керек болатын болса, жақсы ақындарды ғана жалдау керек. Америкаға керекті кітаптар сонда ғана жасалады... Бар керегі осы ғана.

— Сіз ғылым дегеннің тынысын біраз тарылта қарайды екенсіз, — дедім мен. Ол қабағын түсіріп жіберіп, ойланып қалды. Аздан соң көзін қайта ашып, сөзін сенімді түрде қайта жалғап кетті:

— Иә, иә, оқытушылар, философтар.., бұлар да ғылым ғой... білем, профессорлар, акушеркалар, тіс суыратындар, адвокаттар, докторлар, инженерлер... бәрі де керек. Жақсы ғылымдар. Бәрі де керек. Жақсы ғылымдар жамандыққа үйретпейтін болсын. Бірақ бір уақытта менің қызымның оқытушысы әлеуметтік ғылымдар бар дегенді айтты. Мен оған түсінбеймін. Мен оны зиянды ғой деп ойлаймын. Жақсы ғылымды социалист жасай алмайды. Социалистер тіпті ғылым жасамауға тиіс. Пайдалы, иә болмаса, қызғылықты ермек боларлық ғылымды Эдиссон ғана жасайды. Иә, иә. Сөзді түсіріп алу, суретке түсіру — бұл пайдалы ғылымдар. Ал енді ғылымға толы кітаптардың көбеюі керек емес. Ойына әртүрлі сенбеушілік салатын кітаптарды... жұрт оқымауға тиіс. Жер үстіндегі бар өмір керекті тәртібімен жүріп жатыр. Сондықтан кітап дегенді іске араластырудың түкке керегі жоқ.

Мен түрегелдім.

— Е! Сіз кетпексіз бе? — деді ол.

— Иә! — дедім мен. — Мүмкін, енді менің тап кеткелі тұрғанымда түсіндірерсіз: — Миллионер болуда мағына не?

Ол жауап берудің орнына аяқтарын тыпырлатып, ықылық ата бастады. Мүмкін, бұл оның күлген сиқы болар?

— Е, ол әдет қой! — деді ол, демін алып.

— Немене әдет? — дедім мен.

— Миллионер болу әдет қой деймін!

Мен азырақ ойландым да ең соңғы сұрауымды қойдым:

— Сіз қаңғыма болу, апиын тарту, миллионер болу төркіндес нәрсе деп ойлайсыз ба?

Мұныма ол жәбірленіп қалды-ау деймін. Дөңгелене қалған көздеріне өті келіп құйылғандай, көздері көгеріп те кетті:

– Мен сізді жаман тәрбиеленген адам ғой деп ойлаймын, – деді ол ұнатпаған үнмен.

– Қош болыңыз!–дедім мен.

Ол мені есікке дейін шығарып салды да, етігінің тұмсығына тесіле қарай, баспалдақтың жоғарғы басқышында тұрып қалды. Үйінің алдында бастарын тегістеп қырыққан көгал өскен кішкене ғана алаң жатыр екен. Мынау адамды ендігәрі көрмеспін деген ойға рақаттанып, мен сол алаңды басып кете бердім.

– Галло!–деген дауыс естідім арт жағымнан.

Артыма қарасам, ол әлі сол баспалдақта, маған қарап тұр екен.

– Немене, сіздің Европада басы артық болып қалған корольдер бар ма еді? –деп сұрады ол менен ақырын ғана.

– Менің ойымша, король біткеннің бәрі де, басы артық нәрселер ғой, – дедім мен. Ол оң жағына бір түкіріп алды да:

– Мен өзім үшін бір-екі король жалдап алғым келеді. Қайтер екен, ә? – деді.

– Оның сізге не керегі бар?

– Қызық болар еді-ау деймін... Мен оларға: «мына жерде бокске түсіп, жұдырықтасыңдар...» деп бұйырар едім...

Ол есік алдындағы көгал өскен кішкене алаңды нұсқап, сұрау қойғысы келген үнмен:

– Сағат бірден екінші жартыға дейін күн сайын жұдырықтасатын болса, ә? Ертеңгі тамақтан кейін жарты сағатты искусствоға беру көңілді де, жақсы емес пе... – деді.

Ол бұл ойын қалжыңсыз айтып тұрғаны, осы тілегін орындауға күшін салатындығы айқын еді.

– Мұндай мақсат үшін сізге корольдердің керегі не? – деп сұрадым мен.

– Мұнда әлі ешкім де жоқ! –деді ол қысқаша түсіндіріп.

– Бірақ корольдер басқалардың қолдарымен ғана төбелеседі ғой! – дедім де, мен де кете бердім.

– Галло! – деді ол тағы да шақырып.

Мен тағы да тоқтадым. Ол қолдарын қалтасына тығып, әлі орнында тұр екен. Енді жүзіне бір арман ізі түскендей көрінді. Ол еріндерімен бірдеме шайнағандай болып, баяу ғана былай деді:

– Сіз қалай ойлайсыз, күн сайын жарты сағаттан үш ай бойы бокске түсіп жұдырықтасатын екі король қанша тұрар екен, ә? – деді...

Ванда Василевская

ЖЕР ҮЙДЕ

– Әже! Әже!

Анисья жалт қарап еді, тоқыма шарбақтың аржағында Наталка шақырып тұр екен.

– Немене?

– Кіріп қана шығайын деп ем, болар ма екен?

– Е, неге болмасын? Кір, керек болса, – деп, Анисья сөзаяғын қыжыртыңқырап қайырды.

– Әже!

– Немене дедім ғой саған?

– Әже, немістер келе жатыр.

Анисья бұл хабарды естігелі бірнеше күн болған. Сондықтан, иығын қозғай салды. Немістер келе жатыр екен. Ал, олар келсе қайтпек? Тозығы жеткен өлмелі кемпірге өз бетімен өле беруге немістер де бөгеу жасамайтын шығар. Келсе,келе берсін...

Кемпірге оның қажеті не...

– Әже, біз бәріміз де ағаш арасына кеткелі жатырмыз, мен де кетем, әкем де кетеді, бәріміз кетеміз!

– Жолдарың болсын, барыңдар... Мен осында-ақ қалып, күнге жылынып отыра берем де...

– Әже, біздің бақшада бір-екі қызыл әскер жатыр еді.

– Кім?

– Біздің бақшада деймін, анау қара өріктің аржағындағы үйшіктің ішінде екі қызыл әскер жатыр деймін.

– Ал, оны қайт дейсің? Біреуіне қызыға қалып па едің? Наталка күрсініп жіберді де, жүресінен отыра кетіп, кемпірдің шелеу басып ағарып кеткен көзіне дәл қарап тұрып, ашық сөйлеп:

– Қызыл әскерлердің екеуі де жаралы, өзімізбен бірге ала кетуге де болмайды. Жатыр екеуі де, орындарынан қозғауға да жарамайды. Түсінемісіз, әже? – деді.

– Түсінем... Шіркін-ай, күннің көзіне шығарар ма еді екеуін де...

– Екеуі де ауыр жаралы деймін, әже, түсінемісіз? Біз бәріміз де ағаш арасына кеткелі жатырмыз. Ал, немістер тым-ақ тез келіп қалуы мүмкін, әже, қызыл әскерлерге су беретін де, бастарын сүйеп, күтетін де жан қалмайды, түсінемісіз?

– Түсінбейтін не тұр еді?

– Шамаңыз келер ме екен?

– Келмейтін несі бар деп ең?

Наталка кемпірдің қыртыс-қыртыс әжім басқан, әлсіз қалтыраған қолдарын сипады.

– Ал, есен-сау болыңыз, әже, біз ұзамай қайтармыз деп ойлаймын қалаға... Тіпті кеттім жүгіріп... Наталканың жалаң аяқтары ана жерден бір, мына жерден бір жарқ етті. Кемпір басын шайқап:

– Лақтай секіруін көрдің бе... Ал, кемпірім, жүр, әлгі екеуі не күйде екен, көрейік барып, – деп әрең дегенде орнынан тұрды.

Қарт адам орнынан әрең тұрды, ең қиыны орнынан тұру екен, тұрғасын тұру аяқтары әдетінен жаңылған жоқ, өздері-ақ жүріп кетті.

Кемпір айналып барып көршінің бақшасына кірді. Жаралы екі қызыл әскер сабан үстінде жатыр екен. Кемпір жақындап келіп, жүрелей отырып, екеуін де шұқтап қарады.

Жаралылардың бірі әлден айырылып, нарттай жанған ауыр халден оянып, есін жинағандай, таңулы басын көтеріп алды.

– Бұл кім? – деді.

– Ақырын, шырағым, ақырын. Әжең Анисья ғой келген. Одан басқа кім деп ойлайсың, қозғалмай, тыныш жата бер.

– Су...

– Су дейсің бе?.. Әкелейін, қарағым. Әкелмесем бола ма... бәрін де әкелермін, керек болса..

Қарт ана әлдеқашан тозған денесіне сонша күштің қайдан пайда болғанын өзі де білген жоқ. Жіліншігі үзілердей болып ауыратын еді, о да пышақ кескендей тоқтады. Ол ауруы есінен шығып кетті. Анисья құдықтан су тартып алды да шөлқыршасын толтырып, қайтадан бақшаға қарай беттеді. Жаралының қасына келіп:

– Іш, іш, қарағым, – деді суын беріп жатып.

Содан кейін, суды сол жаралы жандардың қасына қалдырып, өзі ілбіп үйіне қарай жөнелді. Өз үйінің босағасына жетіп дем алуға отыра қойып еді, лездеақ ұйықтап кетті. Шаршаған екен. Кемпірді кешкі салқын ғана оятты. Әрең тұрып жаралыларға тағы барды, қайтадан, өз үйіне келді.

Міне, осымен күн де өтті...

Ертеңіне қораға үш адам келіп кірді. Жат тілдің дыбысы кемпірдің құлағына ұнамсыз тиді. Бірақ Анисья әжей қорыққан жоқ. Оған неміс не істемек? Көптен бері де, әзір соқпай жүрген өлімнің өзіне де аз-ақ күн қалған болар. Несіне қорқады?

Келгендер айғайлап-айғайлап кетіп қалды. Анисья әжей осымен тынған шығар деп ойлады. Бірақ, сырт буын, тізелер дірілдеп кәрі ана табалдырықтан сүрініп үлгіргенше, қораға немістер толып кетті.

Үй сенікі ме?

Кемпір көзін күннен көлеңкелеп қарап еді, біреу украин тілінде сөйлеп тұр екен. Сөзі жат болмаса да, айтылуы тым-ақ жат. Қырылдаңқыраған тамақтан шыққан үн тас жолмен келе жатқан арбаның дыбысындай тоқылдап, тым-ақ ұнамсыз естілді. Кемпірдің онымен сөйлескісі келмеді. Бірақ, офицер кеуделей бастады:

Шығар деймін үніңді, сенікі ме мынау үй?

Е, менікі. Не керек еді?

– Аш есігіңді.

– Ашық тұрған жоқ па? – деді кемпір таңданып.

– Аш деп тұрса, аш! – деп, жайтаң көз тілмаш та ақырып қалды.

Әрең қозғалып, ауыр ыңыранып барып, бар салмағымен таяғына сүйеніп барып кемпір, орнынан тұрды да үйге кірді. Артынан офицерлер де кірді.

– Үйде жалғыз өзің ғанамысың?

– Әрине жалғыз... Мен жалғыз қалғалы он жыл...

Немістер содан соң, қайтып кемпірдің тынышын алған жоқ. Үйге кіріп, жайласып отырысып, әлде не жайында айғайласып кетті. Кемпір біраз күтіп тұрды да, есікке қарай беттеді. Сол кезде біреудің бір ауыр қолы келіп иығына соғылды ма, кейін қарай тартып қалды. Кемпір үйден шығуға болмайтынын да ұғынды. Полковник пен тілмаш ұзақ сөйлесті.

Сіз қатты бақылаңыз. Кәрі, соқыр да екені рас, бірақ, не сыры барын кім біледі мұның. Елеусіз жүріп, үстіңе әкеп бір бәлені құлата салса, аңдамай да қаларсың.»

Жылмаң тілмаш таянып келіп, үйден шығуға болмайтынын түсіндіргенде, кемпір бірнеше рет басын изеді. Көнгіш жан екендігін көрсеткендей болды: оған не керек, үйде отырса несі бар, отыра береді.

Анисья әжей пештің үстіне шығып алды да қалғып кетті. Келгендер базардағыдай даурығады, стол үстінде карта жайылады. Таласып, тістесіп, ысқырысып қалады. Темір өкшелі етіктер еденді тесердей дүбірлетеді, бірақ, кемпірге оның бөгеті жоқ, қалғи берді.

Кешке қарай кемпірдің де тынышы қаша бастады. Қөрші үйдің бақшасында, қара өріктің саясында жатқан екі жаралының жайы не күйде екен. Сулары таусылып қалған шығар. Балалар Анисья әжесін құр күтіп, көздері сарғайып жатса қайтермін? Олар ешнәрсені білмейді емес пе? Кемпір не ұмытып кетті де, не келуге ерінді деп жүрсе қайтем?

Кемпір қалғудан біржола оянып, есін әбден жинап алып, үйдің ішіне көзін салды. Немістер толып отыр, есік алдында да, сенекте де жүр, босағада күзетші де тұр. Ешкімнің көзіне түспей елеусіз шығып кетем деп ойлап та болар емес. Кемпір жөтеле-мөтеле пештен түсе бастады.

– Қайда барасың? – деп, тілмаш тұра келді, бұл маңайда жоқ-ақ сияқты еді, жер астынан шыға келгендей болды.

Кемпір ашулы түс көрсетіп, тілмаштың қолын таяғымен қағып қалды:

– Қара мына шіркінді, қайда барушы ем, далаға шығамын. Түсінетін боларсың?

Тілмаш кейін шегініп қалды, бірақ, далаға шыққасын, тілмаштың соңынан қалмай келе жатқанын көріп, кемпір таңданып, иығын көтерді.

– Мына шіркіндер қураған қурайдай кәрі кемпірден де қорқады екен. Күзетіңдер, күзетіңдер.

Анисья әжей қайтып үйге кіріп, пештің үстіне шықты. Ана жақта күтусіз жатқан екі жаралы әскердің жайы ана жүрегін бунай түсті. Алқымнан алғандай, достығын сынағандай қысты. Тынбай аунақшып, ауыр күрсініске салды. Ұйықтап кетіп еді, түсіне де сол екеуі кірді: сонша қатты айқайлап, сонша

қысылып су сұрап жатыр екен. Дауыстарының қатты шыққаны сондай, Анисья әжей оянып та кетті. Оянып кетті де әлдеқандай жаман жәй барын білді. Пештен төмен қарап көріп еді, әлі де оянбаған екем, түсім шығар деп қалды.

Офицерлер стол басында, төсек үстінде тізіліп отыр да алдарында жаралы екі қызыл әскер тұр. Неміс солдаттары екеуін де қолтықтап алып, құлатпай сүйеп тұр. Дау жоқ, сол екеуі. Манағы Анисья әжейдің екі қызыл әскерді анық таныған сонша, баяғыдан бері қалыңдап келген көзіндегі ақ доғала жойылып кеткендей көрінді. Ол ұзақ өмірінде бір көрмеген жайды тап осы жерде, осы күңгірт көлеңкеде көрді.

Столдың тап ортан белінде неміс полковнигі отыр. Жылмаң тілмаш жаралы қызыл әскерлердің қасында тұр. Полковник өз тілінде сұрау қояды да, қырылдақ дауысты тілмаш оны—қызыл әскерлерге жеткізеді.

— Қай бөлімдікісіңдер?

Анисья пештің үстінде жатып-ақ жаралы жандардың ауыр демалыстарын есітіп жатыр. Жаралылар кепкен, кезерген еріндерімен әрең дем алып тұр. Екеуі де құлағалы тұр, тым-ақ дөрекі түрде сүйемелеп, мықтап ұстаған солдаттар болмаса, сылқ ете түскендей.

— Қай бөлімдікісіңдер деймін?

Қызыл әскерлер жауап берген жоқ. Ашулы полковник жуан жұдырығымен столды гүрс еткізді.

— Менің бұлармен әзілдеспейтінімді де, қалжыңдаспайтынымды да айт!— деді.

Оның даусында зәр барын Анисья да сезді. Өзінің кәрі жүрегінің тыпырлаған дүрсілін де естіді. Жүрегі дүрсіл қақты, қатты қақты, сонша ұзақ өмірінің ішінде тап осындай қаққанын көрген емес. Кемпір өз жүрегінің осынша дүрсілін анау стол қасындағы немістер есітіп отырған шығар деп ойлады. Бірақ ешкім пешке бұрылып қараған жоқ. Бәрінің де көздері тұра алмай теңселіп, сылқ етуге әзір тұрған әлсіз екі жаралыда екен. Сыға ұстаған қолдар әлі сүйеп тұр.

— Қай бөлімдікісіңдер, деймін?

Жаралы солдат демін ішіне тартты. Анисья әжей не айтар екен деп, шошына дірілдеп, о да демін тоқтата қалды.

— Айтпаймын, — деді қызыл әскер.

— Ганс, азырақ демдеп жібер. Айтатын сөздері тіс арасынан шыға алмай тұрған көрінеді, жәрдем етіп жібер...

Неміс солдаты қайқая беріп, құлашын жазып алды да, жаралы қызыл әскердің бетіне қойып жіберді. Қызыл әскердің қан-қан кір шүберекпен таңып қойған жаралы басы артына қарай әлсіз ғана сылқ етті. Бірақ, кек кернеген жаралы әскер бар күшін бойына жинап, денесін қайта түзеп алды.

— Армияларың қайда?

— Білмеймін.

— Бұл деревняның адамдары қайда?

— Білмеймін. Мен ешкімді көргем жоқ, — деп, қызыл әскердің даусы қырылдап шықты.

Полковник алдында жатқан қағаздарды жымқыра қысып, ашулы жүзб Ан
өз солдатына қарап: ық. Е

— Ганс, бұл көрмепті. Түсінемісің, көрмепті ол!... Бұдан былай көруі туст
көмектесіп жіберші. Түсінесің ғой, бұдан былай көретін болсын дейім... ірар

Жаралы әскер құлап кетті. Анисья әжей басын көтере бастады. Жоқ, б Ж
сұмдық болмас. Кәрі көздері алдамайды, бірақ сұмдық болғалы келеді. Сі қат
дат найзасын суырып алды ғой, екі жендет құлаған әскердің кеудесінде отырып
Дағдылы солдат, сақ қозғалып, епті қолмен найзасын қызыл әскердің сол көзімір
сұға бастады. Тіпті бір аяйтындай, жаны ашитындай, епті қимылдайды, қыз ісін
әскер адам жаны түршігерлік дауысы бір шықты да, тынды. ді та

— Бітіріңдер жұмысын!—деді жендет полковник,—екіншісін қолға алыңдар. қын

Анисья тез ғана басын көрпесімен орап алды; ешнәрсені көрмегісі кел ныш
Екі құлағына екі саусағын тығып, ешнәрсені естімегісі келді. Ауыр ыңыраны Ке
осы түнді көруге жеткізген тоқсан жастық өміріне нәлет оқыды. Анисья өзін гелк
көзіне нәлет оқыды: осы азапты көрмей-ақ біржола шел қаптап, ертерек неге да әк
алып қалмайды екен. Анисья өзінің құлағына нәлет оқыды: мынау үнді естім Ан
ақ ертерек неге тас бітіп қалмады екен! кейд

Қалың көрпе қалтқы бола алмай, кәрі құлақ әрі зәрлі, әрі зарлы сарын сыг
есітіп жатыр. Ауыр ыңқыл, тынымы жоқ, үзілісі жоқ, жанды жейтін ауыр ріне
Анда-санда ашы айғай: Кө

— Білмеймін! Айтпаймын! — дейді. ың

Аяғында бұл үн де тынды. Соңы ауыр ышқыныспен тынды. Бірақ, Анисрді
ұзақ уақыт көзін ашып қарауға бата алмай жатты. Аяғында бұған да бел бай нынд
ды, қарады. п тұ

Немістер тіпті жатуға ыңғайланып қалыпты. Белбеулерін ағытып, етіктер Үй
шешіп жатыр. Терезелердің қақпағын жауып, есіктің салтқысын салып жатыра
Бұл үйде ой түршігер ешнәрсе болмағандай, жым-жылас. ізді

Есік алдында солдаттар, одан әрі күзетші тұр. Бірақ, офицерлер, ешкім ендеі
ешнәрсеге сенбесе керек. Полковник есіктің салтқысын, қақпағын өзі бар тап
қарап, тексеріп шықты, берік көрінеді. Содан соң пешке келіп, кемпір, Ан
ұйықтап жатқандығын да байқады. Анисья тез ғана көзін жұмып, демін тынр гені
алып, ұйықтап жатқан адам болды. ып е

Аздан соң лампы да сөнді, Анисья қол-аяғы сіресіп, бар денесі қорғас ін
құйғандай ауырлап бара жатқанын да сезді. ғары

Анисья ана ұзақ күтіп жатты. Уақыт сонша баяу өтеді, қараңғы үйкен
үрейлене шықылдаған әрбір секунд тым-ақ ұзарып кеткендей. Уақыт де ады.
қылмыс орнына тіреліп қалып, шошынып тоқтай қалғандай. Анисьяның а Ос
қолдары мұздап қалды. «Бәрібір, істеуім керек!» дейді өзіне-өзі. ндіг

Біреулері қорылдай бастады. Анисья ақырын ғана орнынан тұрды. Қаранды!
болса көрініп қалатындай, әр қозғалысы әлемге естілетіндей болып, Анисья та
да сабырлады. Бірақ, немістер ұйықтаған еді. Тұс-тұстан пысылдаған танаул
қорылдаған кеңсіріктер, піскен ұйқының үсті екеніне дау қалдырмайтын к
екен. Төселген сабанның үстіне сығылыса құлаған немістер, қатып қалып
Полковник төсекте жатыр.

[illegible]ген бір аяғын салбыратып, тыңдай қалып еді, ешкім қозғалған [illegible]ын салбыратып тағы тыңдады, үн жоқ. Анисья ақырын ғана жер[illegible]лтша тулаған жүрегі құрғырдың дүрсілі ғана оятып жібермесе [illegible]ады ол.

[illegible]тер ұйықтап жатыр. Шаршаған, қалжыраған адамдар әрі терең, [illegible]ыр ұйқыда. Анисья шарлап жүріп есікке келді. Демін ішіне алып [illegible]атін тағы бір бұрады да, кілтті суырып алды. Терезе қақпағының [illegible]рының мұрындықтарын да мықтап бекітіп тастады. Апырым-[illegible]деген кәрі қолдарда осынша күш қайдан қалды десеңші! Есік [illegible]лды. Терезелер де солай. Сыртынан ешкім кіре алмайды. Ешкім [illegible]лмайды... Алдияр офицерлердің мазасын алмайды ешкім, олар [illegible]ады.

[illegible]ды да аялдады. Тақтайдың артына қолын сұғып еді, керосин құйған [illegible] тұр екен. Бөтелке толып тұр. Оны Наташа лавкадан жақында [illegible] басталмаған күйі толып тұр.

[illegible]лкенің тығынын алды. Ақырын, үнсіз қозғалып келіп, төсекке [illegible]иктің аяқ жағындағы сабанды да шылқытты. Содан кейін жер[illegible] жатқан офицерлердің маңайына, табалдырық, есік, терезенің [illegible] құйды.

[illegible]ып үйдің бар ағашы, бар тақтайлары да құрғап, кеуіп тұратын. [illegible]абан жатыр, оның үстіне керосин құйылды. Кемпір барлық [illegible] суарды. Дірілдеген қолдар енді шырпыны іздей бастады. О да [illegible]ысына көрпені жауып алып, кемпір от тұтатты. Шырпы шырт [illegible]оқ атылғандай болды.

[illegible]ыныш. Ешкім әлі қыбыр еткен жоқ. Шаршаған адамдар ауыр [illegible]орылдасып жатыр. Анисья—ана жанып тұрған шырпыны еденге [illegible]ура алмай қалды. От жылмаңдап, жылжи жөнелді. Жыланша [illegible]ылкілдеп, сабан арасына сіңіп барады. Тұтанғыш майдың иісін [illegible], қалын тілі сүйреңдеп, үй ішіне жайыла бастады.

[illegible]ып көзін алмастан қарап отыр. Керосин төгілген көйлегінің лап [illegible]де жоқ. Жанып бара жатқан немістердің бірі атып тұрып, айғай [illegible]зде, үй түгел от құшағында бола бастаған еді. Жолындағының [illegible], барлығына тегіс жармасқан от, күшіне мініп, секіріп-өрлеп [illegible] бастаған. Біреулер барып есікке жармасып қарап еді, есік бұлк [illegible]нисья шешей тұра берді де қайта құлады, жүзі жалынға төселе

[illegible] ілеспес аз мезеттің ішінде есік, терезелердің барынша берік [illegible]е алды. Ешкімнің аша алмайтындығын есіне алды. Ешкім аша ал-

Сем. Нариньяни

ҚЫМБАТТЫ ӘКЕ...

Бұл ауладағы балалардың бәрінің де әкелері бар еді. Алешаның да әкесі бар, Мишаның да әкесі бар. Владиктің де әкесі бар. Тек неліктен екені белгісіз, Петяның әкесі ғана үйінде тұрмайды, ол әке әжесінің ескі альбомында ғана қалған...

Әкесін көру үшін Петя әжесіне жиі-жиі жүгіріп барып тұратын еді. Бала альбомды ашады да үмітпен телміріп ұзақ қарап қалады. Сарғайған фотографияға қашан жан кіріп, сағынған әкесі қашан езу тартып, баласына тіл қатар екен деп күтеді. Бірақ карточка үн қатпайды, жаттық та жоқ, жақындық та жоқ, бұл баланы танымайтындай бейжай безеріп қала береді.

Бала көңілін тишықтыру үшін шешесі бір күні:

— Әкең командировкада жүр... Ұзамай қайтып келеді, — деді Петяға.

Одан бері бір жыл өтті... одан кейін екінші жыл өтті. Бірақ, үйіне қайтқан әке жоқ.

Шынын айтқанда үйіне қайту ол әкенің ойында да жоқ еді. Өйткені ол, Петяның шешесі айтқандай командировкаға кеткен жоқ, бала-шағасын қаңғыртып тастап, турадан-тура қашып кеткен болатын...

Петяның шешесінен гөрі әжесі батылырақ екен. Ол кісі немересіне бұлталақсыз, бұраңсыз турасын айтты:

— Қалқам, сен әкең барын ұмыт, біржола. Ол бұзықтың ар-ұяты болмай шықты, — деді.

Бірақ, әкені ұмыта қою оңай да емес екен. Әжесі өзінен туған ұлын бұзық десе де сол бұзық ұл, сол бұзық әке Петяның түсіне күн сайын кіре берді деуге болғандай еді.

Петя есейіп, жазу-сызуды үйренгеннен кейін бір күні отыра калды да әкесіне хат жазды. Бұл оның өз өмірінде бірінші рет жазып отырған хаты еді. Хат — «Қымбатты әке» деген сөздермен басталды...

«Қымбатты әке!..»

Бұл хаттың әрбір сөзінде грамматикалық екі қате бар еді. Әрбір қатенің аржағында сегіз жасар баланың туған әкесіне деген елжіреген сағынышы да тұрды. Ал енді хатты әкесіне жөнелту үшін конверттің сыртына адресін жазу керек болады да. Ол адресті шешесі де білмейді екен, әжесі де білмейді екен. Солай болған соң, Петя почтаға барды да адрессіз жазылған хатын қалайда әкесіне табыс етуді өтінді. Адресті қайтсін, әкесі керек еді!..

Бұл — оңай орындалатын өтініш емес екен. Почта жәрдемге милицияны шақырды. Тұтас бір жыл бойында бүкіл Совет Одағына Авериян Трофимович Станиславчукті іздеген сұрау салынды. Осылай да осылай, сақалы бар, мұрты бар, әп-әдемі әке боларлық Авериян деген адам жоғалды деп жазылды. Ақырында жоғалған әке табылды да...

Милиция қызметкерлері, баласынан келген хат әке көңілін қозғар да толғандырар, қалғып кеткен әкелік сезімін тербетер де оятар деп дәмеленіп еді. Бірақ, оның бірі де болмады. Авериян Трофимович хатты қолына алып, алай да былай айналдырып, қандай қағазға жазылғанын тексерді: қалың қағазға ма, жұқа қағазға ма? Хат жұқа қағазға жазылған екен. Енді ол ар жағын ойланған жоқ, хатты баппен жыртып шылым бұрап алды да:

– Отыныңыздан рахым етіңізші, – деді.

Әкенің мұндай тас бауыр мінезіне әрнені көріп жүрген милиция қызметкерлері де қатты күйінді. Авериян Трофимовичті ұялтып та байқасты. Бірақ, оның жәрдемі болған жоқ. Авериянда ұялу сезімі де қалмағандай екен. Сондықтан, алимент төлемей келген қылмысты әкеге алимент төлету ісі көтерілді. Үш жылдың ішінде Станиславчук баласына бес мыңнан артық алимент қарыздар екен.

– Бес мың? Сонша қарыздармын ба? – дегенде Станиславчуктің ең бір өткір де ұшқыр сезімі оянғандай болды. Күтпеген өзгерістер қолынан келетінін көрсетті. Милиция қызметкерлері қашқын әкемен семья, бала жайында екі сағат сөйлескенде ол әңгіме оның жүрегін қозғамап еді. Әке атына ие болып жүрген адамымыз беті бүлк етпей тыңдай берген де, түкіре берген. Енді міне, ақша жайын ескерткенде Авериян Трофимовичтің көзінен жасы да ыршып кетті...

– Маған бұл қарызды кеше алмас па екенсіздер? – деп сұрады Авериян Трофимович.

– Кешкені қалай?

– Қалай болушы еді, кәдуілгідей болат та... Керек десеңіздер мен семьяма қайтып барар едім...

– Семьяңыз қабылдар ма еді?

– Қабылдайды, әрине. Әйелім қарсы болса, ұлым көндіреді. Естеріңізде емес пе, ұлым маған «Қымбатты әке» деп жазды ғой...

Баласы, әрине, көндірді шешесін. Әйелі байының бар күнә-сұмдығын кешті де үйіне қайтуға лұқсат етті. Әке үйіне келді, бірақ, ұзаққа келмеген екен. Милицияда алимент жайындағы қылмысты іс жабылғаннан кейін, Авериян Трофимович чемоданын сықап алып тағы да «командировкаға» тайып берді...

Бұл жолы Авериян Трофимовичтің ізін тауып алу үшін үш жыл емес, табандатқан төрт жыл керек болды. Алимент қарызы қайтадан қозғалып, тағы да алдына тартылды.

Авериян Трофимовичтің көзінен тағы жас ыршып кетті. Ол тағы да кешірім сұрады. Әйелі тағы да үйге қайтуға лұқсат етті. Бірақ, жарты жылдай өтіп, милицияның қырағылығы бәсеңдей бастаған кезде қашақ әке тағы да қашып берді. Осы жай әлденеше рет қайталанып, әлденеше рет жаңарып отырды. Қашқын әке тәубеге келіп, өз үйіне оралған сайын ол үйде бала да қосыла берді. Әуелі Петяға Володя деген іні қосылып еді, одан кейін Виктор деген іні, одан кейін Нина деген қарындас қосылды. Бірақ, бұл балалардың бірде-бірі Авериян деген әкенің қандай адам екенін жақсы білмейтін еді. Ол өзі қандай адам, қалай сөйлейді, жүріс-тұрысы қандай, бұл жақтарынан балалары хабарсыз бол-

ды. Естиярлары әкесін әжесінің альбомынан көріп, азды-көпті хабардар болса, кішілері одан да айрылып еді. Бұралқы әке өз шешесіне де жексұрын көрініп болғаны сонша, кемпір оның жалғыз суретін де отқа тастап жіберіпті.

— Ол жолбасарды еске түсіретін ешнәрсе қалмасын депті, — бұл үйде.

Балалар ақырындап есейе берді, алды мектепке де кірді. Жазу-сызуды үйренгеннен кейін әрқайсысы да хат жаза бастады. Бірақ, әкесіне емес, милицияға. «Біз ондай арсыз-ұятсыз адамды еске түсірмеуді қуаныш көрер едік, әттең амал қайсы, төрт баланы тәрбиелеп-өсіру — шешемізге қиын болып қалды» деп жазыпты балалар.

Балалар қашқын әкені іздей берді де, қашқын әке Советтер Одағының ол шетінен бұл шетіне қарай жылыса берді. Қиыр Шығыс... Кубань... Қазақстан... Башкирия... Айтуға оңай болғанмен, бұл алыс қиырлардан қашқынның табылуы оңай болсын ба!...

Балаларды тәрбиелеу азабын шеше тартты да, әке өз қара басының рахатымен кетті. Балалары үшін, әйелі үшін қайғы-мұң тартқан жоқ.

— Ар-ұят, адамгершілік деген түсініктер оны қысталаған жоқ. Әйелі тірі болса да ол әр жылда бір той жасап, жаңадан үйленіп жатты. Әр үйленуден кейін қамқорсыз қалған балаларына жаңа шешелерінің атын жазып жіберіп тұрды. Тірі жесір әйелін, тірі жетім балаларын осылай қорлауға жетті. Есейген балаларының есебінше ондай жаңа шешелері онға таяп қалды. Клава шеше, Лиза шеше, Федосия шеше, Оля шеше, бірінші Аня шеше, екінші Аня шеше...

Осылай құшақ жаңартумен күні өткен тұрақсыз Авериян залым жиырмадан астам жылдың қалай өткенін байқамай да қалды. Өз рахатынан бой тежеп, өзгенің мұңына мойын бұрған жоқ. Қаладан қалаға, селодан селоға жылжижылжи қалжырады да. Жүгенсіз өмір өзін де жүндей түтті. Азды да, тозды да. Енді міне, сол өмірдің сұраусыз кетпейтін заңды кезеңі алқымынан алды. Ол күні жетпей қартайды, мыж болды. Айналасы азынап тұрған, жұртта қалғандай жалғыздық келді. Бұрын ол әйелдерін айырбастап, жаңартып тұрушы еді, енді әйелдер де одан безініп кетті:

— Оның бізге керегі не, ауру да, тұрлаусыз! — десті әйелдер.

Осы халге жеткенде арам-жол шалдың есіне әлдеқайда ссмьясы бары түсіпті. Бірақ, мұның күнә-сұмдықтарынан өмір бойы зәбір де жапа тартқан әйелінен кешірім сұрау үшін емес, тағы да сол арамдық, тағы да сол арсыздық есіне алыпты. Кәрі сайтан енді балаларынан өзі алимент алуға бел байлаған екен!

— Балалар ендігі ер жетті, бақсын да асырасын, — депті — әкесін!

Авериян Трофимовичтің екі үлкен ұлы енді-енді ғана аяқтанып келе жатқан. Петр институтта оқитын да стипендия алатын, Владимир шешесіне бірінші рет алған еңбек ақысын әкеліп беріп еді. Жас токарьдің еңбек ақысы алғашқы кезде онша жарытымды да болған жоқ. Бірақ, шеше байғұсқа екі кішкенесін тәрбиелеп өсіру үшін екі үлкен баласының аз табыстары едәуір сүйеніш болды. Енді міне, тап осы кезде зұлым әке сол екі кішкене баланың қорегіне қолын сұғуға арланбапты.

Естіген жұрт таңданар да таңырқар, мүмкін, сене де алмас. Бірақ, Чкалов облысы, Ново-Троицк соты Авериян Трофимович Станиславчукке балалары-

нан алимент алып тұруға кесім шығарыпты. Петр мен Владимирдің шешесіне әкеліп беріп тұратын аз табыстарын соттың орындау қағазы бойынша енді Авериян әке сыпырып алып тұратын болған!

– Қалайша? Неге? – деп Петр мен Владимир наразылық көрсетіп еді, судья Кукин оларға:

– Заң бойынша! – деп жауап қайтарды.

Советтің заңы бойынша қартайған әкеге балалары шынында да жәрдем беріп тұруға міндетті. Үстірт қараған, қағазға сүйенген адамға Кукиннің қылығы да дұрыс сияқты көрінетін болар. Ал, дұрысына қарағанда қалай? Авериян Станиславчук сол балаларға нағыз әке болып көрген уақыты бар ма? Жоқ, әрине.

Нағыз әке деп балаларын тәрбиелеп өсірген адамды айтамыз. Станиславчук болса, ол бала-шаға мұңын өмірінде бір рет ойламаған адам. Шынына қалғанда, бала-шағасына ол қазір де едәуір жәрдем ете алар еді. Авериян Станиславчук осы күні 530 сом пенсия алып тұрса, оның үстіне осы күнгі жаңа әйелі 1. 100 сом еңбек ақы алады. Бірақ, ол балаларына жәрдем етудің орнына Ново-Троицкі сотының кесімімен үш жылдан бері жас балаларын тонап келеді.

– Шал болған соң аяп кеттім, – деп ақталады судья Кукин.

Адам өз өмірін қартайғанда құрмет күте алардай етіп өткізу керек. Авериян Станиславчук болса, ол тек қана көңіл хошын күйлеумен өмірі өткен адам. Осы сияқты адам балаларынан сүйіспеншілік, жәрдем күтуге хақысы бар ма? Жоқ, ондай адамды аяйтын да, сыйлайтын да түк орын жоқ.

Зольтан Вейнбергер

КИЕВ КӨШЕСІНДЕ

Киевтің Крещатик дейтін ең бір жұрттың ағылып жататын жерінде неміс күзетшілері жүр: бастарында төңкерген қазандай милықтай киген темір қалпақ, қолдарында оңтайлап ұстаған штыктары бар.

Көшенің шетіне таман жаңа ғана оққа ұшқан жас қана бір қыз жатыр. Денесі әсем біткен өрімталдай, сұлу қыз. Жасы он жетілерде ғана. Қыздың қасында кішкене ғана бір тақтайға жарнама жазып қойыпты: қыздың істеген күнәларын тізіп, осы қызды танып берген адамға бес мың марка сыйлық беріледі депті.

Немістер жас қызды талтүсте атқан. Жас қыз жасырын шығатын газетті таратып жүреді. Неміс жендеттері ұстауға қалғанда, қыз қорықпастан қорғанып, револьверден оқ жаудырды. Жас өмірін жайға берген жоқ.

Қазір күн нұрын еркін төгіп тұр. Әлгіде ғана шелектеп төккен қатты жаңбыр селдетіп өтіп еді. Сондықтан, қыздың көк юбкасына да, украинша кестелеген

кеудешесіне де көшенің батпағы тиіпті. Жұртты қорқыту үшін немістер қыздың кеудесіне өзі таратып жүрген газетін жапсырып қойған. Қатты жаңбыр газетті де былғапты, бояуын да жуып кетіпті. Бірақ үлкен әріптермен терілген газеттің атын айқын-ақ оқуға болады. Газеттің аты – елінің аты сияқты «Червона Украина».

Осы күні Украина жерінде немістер адам өмірін тым-ақ арзан бағалайды. Немістер сыйлықтың үлкенін қыз үшін емес, газет үшін берер еді. Олардың ойлағаны – қызын таныған адам өксіп келіп қызының үстіне құлап түсер. Содан кейін, соның ізімен газетті кім шығарып жатқанын, қайда шығып жатқанын білуге болар, оның әр жағында барлық «Червона Украинаны» да табармыз деп үміт еткен.

Киевте, Крещатиктің бойында жұрт ағылып жатады. Оққа ұшқан қызды көп адамдар тануы мүмкін. Бірақ, ешбір әйел құлап түскен жоқ, үстіне ешбір еркек еңкейген жоқ, алған жоқ бас киімін.

Крещатиктің бойымен ағылып жатқан жұрт ішінен жылады, ішінен назаланды. Жұрттың жаны ауырды, жұрт жүрегі қан жылады, кегі кернеп, тісін қайрады жұрт! Көзден жасын төкпей жылаған жұрттың жұдырығы түюлі еді! Жұрт жылағанын жендетіне көрсеткен жоқ. Көздегі жасын немістер көріп қалса, азаптың ауыры сол сияқты еді.

Украина елі осы күні осылай жылайды. Ол жылау емес, алынбай қайтпас кек, ерлердің берер анты!

Темір қалпақ киіп, штык ұстаған күзетшілерін немістер бірнеше рет ауыстырды. Кеш батты, түн өтті, таң атты. Қазір Украинаның тамылжыған нәуетек, таңереңгі кезі. Осы күнге дейін, қызын іздеп көршілеріне жүгіріп, абыржымай жатқан әке-шеше кім болды екен? Түнде үйге қайтпаған қызды іздеп бармаған жерлері қалмаса керек еді ғой! Бұл, әрбір хабардың найзағайдай жарқ етіп, түнгі оттай жалт етіп, тез естілетін кезі емес пе? Көшеде қандай қыздың оққа ұшқанын дәл-ақ жеткізбейді деймісің біреу...

Жоқ!. Әкемін деп соны істесе, әке ме екен ол! Әке емес! Шешемін деп соны істесе, шеше ме екен ол! Шеше емес!

Киевте ел қорғау тілегі үшін, жауынан кек алу үшін, «Червона Украинаны» қолға түсірмеу үшін, оққа ұшқан қызын іздемегендей, көрсе танымағандай болып өте берген әке-шешелер табылды! Украина елінен мұндай әке-шешелер миллиондап табылады. Өйткені, бұл – елдік қасиет!

Киевте көп пәтерлі, көп терезелі бір үй де табылды; қатар тұратын көршілер де табылды. Мұңая білмес, шаршай білмес, балдырған қыз осы үйде тұратын! Бұлардан да жалғыз үн шыққан жоқ. Немісте кеткен кегі алынғанша, бәрі жақсы көретін нәресте қайғысын бұлар да ұмыта тұрғандай. Украина елінде мұндай үйлер мыңдап табылады!

Киевте, зұлым жаудың сыңайын танып, сырын алған комсомолецтер де табылды. Жақсы көрер жан жолдастары оққа ұшып, көшеде жалғыз жатқанда, олар да сырын берген жоқ. Көрді де, қайғырды да, кегіне кек қосты, танымағандай өте берді.

Өзге емес, анау бір жасөспірім жігіт те біржолата ұмытқан сияқты. Сүйе білер, күйе білер жас жүректің лапылдаған жалынымен сүйетін еді-ау сол қызды. Өмірінің жолдасы етіп қалап алмап па еді! Өмір бойы жатқа көзім бір түспес, көңілім бір бұрылмас демеп пе еді! Ең асылым, қара шашым сен демейтін бе еді! Крещатиктің асфальтінде оққа ұшып, ұзақ жатқан қыз сол жігіттің сүйгені емес пе еді? Жалғаны жоқ, жаласы жоқ, бәрі де тап осылай. Бірақ, ол жігіт те тістенген жағын ашар емес!

Немістердің ойлаған ойлары сондықтан да іске асқан жоқ, жаққан оты тұтанбады. Қалыңға апарар, қамбаға тартар ізді ешкім көрсеткен жоқ. Содан кейін олар қызды машинаға лақтырып жіберіп, әлдеқайда алып кетті. Мүмкін, олар жас денені көп өліктің үстіне құлата салған шығар, мүмкін бір жыраға аударып кеткен де болар.

Жас өлікті жарық дүниемен біржолата қоштасып аттанған жолына ешкім шығарып сала алмады. Бірақ, Украинаның астанасы, Киевтің барлық халқы ер қызының моласын өзінің жүрегінен қазып, асыл қызын сол жүрегіне көмді.

Мола басында ешкім сөз де сөйлеген жоқ. Бірақ, Киевтің бір үлкен үйінде жас жолдасының жанымен қоштасуға көп адам жиналды. Жиналған қыздың достары мен жолдастары бір ұйымның комсомолецтері еді, ішінде қызды сүйген жасөспірім де бар. Қыздың әке-шешесі де сонда. Сөйлеген сөз аз болды. Бірақ, кекті алуға, Украинаның кегін алуға, қанды қол Гитлерді ел кегіне тұншықтыруға ашу қазандай қайнады. Күнәсіз жанның қызыл қаны тасқа тамған жоқ. Украина елінің албырт жастарының жүректеріне тамды.

Украинаның ерлерінде есеп жоқ. Украина қайта босанып, бұрынғысындай ерікті-көрікті қалпына түскен кезде, барлық Совет еліне Киев көшесінде ерлерше өлген Украина қызының аты да айтылады! Украинаның ер қызы Ұлы Совет елі үшін, намысын қолдан бермей өлгендігі айтылады.

Оған дейін қош бол, он жетіге жаңа шыққан жас балдырған! Қош бол, жүзің таныс, атың белгісіз Украина қызы! Қош бол, Украинаның ер қызы! Сенің кегіңді елің қайтарады!

Михаил Шолохов

ОЛАР ОТАН ҮШІН АЛЫСТЫ

Көз тоқтатпас көк аспанда жалындап жанған жазғы күн жүр де, әр жерде жел жыртып жан-жаққа айдап жіберген ақшаңқан жібек бұлттар қалқиды. Жолдың сұрғылт шаңына айғыздай түскен «жыланбауыр» танкінің жалпақ іздерін машинаның жіңішке іздері айқыштай сызып тастаған. Айналаң—әуе айналған ыстықтан өліп жатқандай жансыз дала: шөптер әлсіз құлап жа-

тыр, жансыз бозшақаттар әрең ғана, күңгірт жалтырайды. Алыста көрінген обалардың үстінде көгілдір сағым дірілдейді. Айналаң тып-тыныш. Алыста ысқырған тарақ құйрықтың үні мен қызыл қанат шегірткенің ызыңы сонша анық естіліп, сонша ұзақ қалтылдап тұрады.

Николай алдыңғы қатарда келе жатыр еді. Белестің дәл қырқасына шыққан соң, айнала бір қарағанда Сухой Ильмень хуторы үшін болған соғыстан аман қалған жолдастарын түгел көрді. Қатты айқас, аяусыз сілікпеге түскен полктан аман қалған жүз он жеті адам —жауынгер мен командирлер, жинақ қана бір лек болып келе жатыр. Бәрі де жол бойында бұрқыраған даланың ашы шаңын еріксіз жұтып, аяқтарын әрең басады. Жолды қабырғалай, ақсай басып, екінші батальонның командирі капитан Сумсков те келеді. Ол, полк командиры майор қаза тапқаннан кейін, полк командасын алған болатын. Шегінердің алдында ғана әлдеқайдан — арт жақтан әкелінген полк туының ұзын сабағы сержант Любченконың жалпақ иығында теңселіп келеді: ту жиналып, оңып кеткен қабына салынған. Жеңіл жараланғандар да қатардан қалмай келе жатыр. Жара байлаған шүберектерді шаң басқан, кір-кір.

Талқан болған полктің осы ақырын жүрісінің өзінде жанға тиер, жүректі қозғар бір ұлылық бар. Үздіксіз алыстар, ұйқысыз түндер, ұзақ жүрістер, таңдайыңды кептірген ыстықтар әбден азаптаған жандар аяқтарын санап басқандай. Бірақ, кезі келіп қалса, қанатты жайып жіберіп жұлқыса кетуге тағы дайын!

Тотығып, қарайып кеткен таныс жүздерді Николай тағы бір шолып өтті, өткен қырсықты бес күннің ішінде полк қанша адамынан айрылған! Ыстықтан тілім-тілім болып кеткен еріндерінің дір ете түскенін сезіп, Николай тез ғана теріс айналды. Алқымға келіп тас кесектей тіреле қалған көз жасынан өкіріп жібере жаздады. Көз жасын жолдастарына көрсетпеу үшін темір қалпағын баса түсті де төмен қарап тағы да жүре берді. «Тіпті болжырап, жидіп кеткен екенмін... Шаршағандық пен ыстықтан ғой...» деп ойлады, ол өзін-өзі жұбатқысы келіп. Қорғасын құйып, шегендеп тастағандай аяқтары әрең қозғалады. Бар күшін бойына жинап, Николай адымын қысқартпасқа тырысты.

Енді ол жан-жағына қарағысы келмей, көзін аяғының астына қадап, аяңдай беріп еді, осы үлкен шегініске әкеп соққан қырғын соғыстың әртүрлі айқын суреттері көз алдына тізбектеле берді. Соңынан қалмай қайталай беретін жаман бір түстей қадалып, ойынан шықпады. Тау еңсерін бөксерлей жылжып, ұмтыла қаптап, гүрсілдеп келе жатқан жау танкілері, шаң арасында қылтылдаған жау автоматчиктері, бұрқ етіп аспанға атылған қара будақтар, бет-бетімен шегініп бара жатқан көрші батальонның жауынгерлері, бәрі көз алдына келді... Одан кейін жаудың жаяу әскерлерімен қалай соғысқандары, орап бара жатқан жау шеңберінен қалай шыққандары, екі бүйірден қадала түскен өлім оғы, қырқылып түсіп жатқан күнбағыстар, шұңқырға тұмсығын тірей жатқан пулемет, өлген пулеметші... Пулеметшіні снаряд екпіні лақтырып жіберген. Шалқасынан түскен пулеметшінің үстін ұсақ-ұсақ алтын жұлдызға ұқсап, күнбағыс гүлі жауып кетіпті. Алтын жұлдыздарға қан тамыпты, қан...

Немістер бұл полктың алдыңғы шебін сол күні төрт рет бомбалап еді. Төрт рет жасалған танкі шабуылы да тойтарылған. «Жақсы-ақ жолығыстық, амал не, шыдай алмадық», — деп қайғырды Николай.

Николай азғана көзін жұмып еді, тағы да гүлденген күнбағыстарды, өліп жатқан пулеметшіні көрді... Күнбағыстың арасындағы арам шөптер аршылмаған екен деген де ой келді. Колхозда адам күші жетіспеген шығар... Ие, қай колхоздың күнбағысы болса да тап осылай тұрған шығар-ақ... Ие, пулеметші жігіт-ақ екен! Әйтпесе, солдат өлімі оны борша-борша қылмай, нағып аяп кетті? Пулеметші екі қолын керіп жіберіп, шалқасынан әдемі құлапты. Денесі түгел аман. Үстіне алтын жұлдызды ту жамылғандай...

Аздан соң, мұның бәрі де болмашы нәрселер ғой деп ойлады Николай. Ол борша-борша болған талай маңғазды аз көрді ме? Аяусыз кескілеп, талқандап тураған адам денесін ол көп көрген. Ал, мынау болса — снаряд жарылғандағы қатты екпіннен күнбағыс гүлдері шашылып келіп, құлаған жігіттің бет-аузын, үсті-басын жауып кеткен. Жер-ананың ең соңғы еркелетуі де... Өлген пулеметшінің сол жатысы тым-ақ көркем шығар. Бірақ, соғыс маңында сыртқы көркемдік деген ерсілікпен бірдей. Сондықтан да, шалқасынан түсіп, күңгірт тартқан көк көзін күнге қадап жатқан пулеметші Николайдың есінде қалды...

Николай ойын өзгеге бұрып, керексіз суреттерді есінен шығарғысы келді. Тап қазір ешнәрсені ойламау керек, еске алмау керек деп қорытты ол; көзді жұмған бойы, арқаң мен аяқтарыңның қатты ауырып келе жатқанын ұмытуға тырысып, жолдастарыңның ауыр басқан аяқтарының дыбысымен жүре беру керек...

Кепкен таңдай су сұрайды. Бір жұтым да су жоғын ол жақсы біледі. Николай әлдеқашан қаңсып қалған темір жанторсықшасына қолын созып, тағы да шайқап қойды: жоқ, әрине. Аузына жиналған желімдей тұтқыр, қою сілекейін әрең жұтты.

Қырқаның құлай берісіндегі шаң топырақты ұйтқи соққан жел айдап әкеткен екен. Манадан шаңға көміліп естілмей келе жатқан аяқ дыбыстары тақыр жерге келгенде гүрсілдеп, қаттырақ шыға бастады. Николай да көзін ашты. Төменгі жақта бау-бақша жамылған елу шақты-ақ үйі бар казак-орыс хуторы да көрінді. Оның қасында бөгелген өзен жарқырап жатыр. Осы қырқаның басынан хутордың аппақ болып жарқыраған кішкене үйлері көгал арасында шашылып жатқан тас сияқтанады.

Үнсіз келе жатқан жауынгерлердің де еңсесі көтеріліп қалды.

— Осы араға тоқтасақ керек.

— Тоқтамасқа қалай? Таңертеңнен бері бір отызды қарыштадық емес пе? —деген дауыстар да шыға бастады.

Николайдың арт жағындағы біреу тамсанып бір қойып, жарықшақ дауыспен:

— Шіркін, мұздай суық тас бұлақтың суынан кісі басы орта шелектен, бір тастап алсақ-ау... — деді.

Қанаттарын қақпастан мелшиіп тұрған жел диірменнен өткен соң-ақ бұлар хуторға кірді. Плетен қасында қызыл-шұбар бұзаулар оттап жүр. Әлдеқайда

тауықтар шықылықтасады. Бір үйдің қасындағы қоршауда қып-қызыл алма ағаштары басын иіп, мүлгіп тұр. Ашық тұрған терезенің ақ қоршауы ақырын ғана дірілдеп қояды. Әлдеқайда, әлдеқашан көрген тыныштық бейнесі, бейбіт өмір көз алдына келгенде, Николай аузын ашқан бойы, демін алмастан тына қалып еді. Сонша таныс, сонша жылы суреттер сағымдай жоқ болып кете ме деп қорыққандай еді ол.

Қалың ошаған басып кеткен алаңға келгенде аяқ дыбыстары тағы жоғалды. Аласа ермендердің етіктің қонышын сылп-сылп ұрғаны ғана естіледі. Тұншықтырып келе жатқан шаңға ерменнің мұрынды жарған ащы иісі де қосыла кетті.

Соғыс Донның кең даласында елеусіз жатқан хуторға да жеткен, қай аулаға кірсең де сарайды жанасалай, сығылысып тұрған медсанбат машиналарын көресің. Көшеде сапер бөлімдерінің қызыл әскерлері жүр. Төбеден келтіре тиелген ауыр машиналар өзенге қарай тақтай әкетіп барады. Алаңның қасындағы бақшада мойындарын көкке созып, зенит зеңбіректер тұр. Зеңбіректер көк жамылып, әр ағашты тасалана орнапты. Жаңада ғана қазылған окоптың қырқасында қураған шөп, жусандар... Ең шетте өр кеудесін жоғары ұстап, көкті күзетіп тұрған зеңбіректің тәкаппар мойнына алма ағашының бір бұтағы асыла кетіпті. Әзір пісе қоймаған көкшіл алмалар тұнып, төгіліп тұр.

Звягинцев Николайды шынтағымен түртіп қалып, қуанған дауыспен:

— Ойбай-ау, мынау біздің асхана ғой, Микола? Тәйірі алғыр, көтерсеңші мұрныңды! Тоқтайтын болдық осы арада. Мынау жатқан өзен, мынау біздің Петька Лисиченконың асханасы. Осыдан артық атаңның басы керек пе еді, саған! — деді.

Полк өзеннің жағасындағы күтусіз жатқан үлкен бақшаға орнап еді. Аздаған ащы дәмі бар өзен суын Николай аз-аздап қана жұта бастады. Су толы шелектен анда-санда басын бір көтеріп алады да, қомағайланып қайта төнеді. Звягинцев Николайға қарап отырды да былай деді:

— Сен балаңнан келген хатты да осылай оқисың: біраз оқисың да қоя тұрасың, содан соң қайта оқисың. Мен созып отырғанды жек көрем. Сондайға шыдамым жоқ... Жә, шелекті бері әкел, әйтпесе жарылып кетіп жүрерсің.

Ол Николайдан шелекті алды да, басын шалқайтып жіберіп, жылқыдай кылқылдатып ірі-ірі жұтып, демін алмастан ұзақ ішті. Жирен сақал басып кеткен бұғағы бұлкіл қағып, көк көзі жұмыла берді. Ішіп болып кекірді, жеңімен иегін, ернін сүртті. Содан кейін ғана:

— Әйтеуір, суық су демесең, жақсы су емес, тұзы көп екен. Сен тағы да ішемісің? — деді.

Николай басын шайқады, Звягинцев тағы сұрады:

— Сен хатты ылғи балаңнан аласың. Қатыныңнан хат алғаныңды байқаған емеспін. Сен осы, қатыны өлген бойдақ неме емеспісің? — деді.

Николай абайсыз пішінмен:

— Менің қатыным жоқ, айрылғамыз, — деді.

— Көп болып па еді?

— Былтыр.

– Солай де,–деді Звягинцев, аяған дауыспен.

– Ал, балаларың кімнің қолында? Балаң екеу сияқты көрінеді ғой?

– Ие, екеу.

– Шешемнің қолында тұрады.

– Сен өзің тастап кеттің бе қатыныңды?

– Жоқ, ол мені тастап кетті... Дәл соғыс басталған күні командировкадан қайтып келсем, кетіп қалыпты...

Хат жазып кетіпті...

Николай әуелі шешіліп-ақ айта бастап еді, аздан соң әлдеқандай ойға сүріліп кеткендей, тоқтай қалды. Қабағын түйіп, ернін мықтап жымқырып алып, алма ағашының көлеңкесіне барып отырды да етігін шеше бастады. Жаңағыларды несіне айта салдым деп өкінді. Жүректі жеп, жанды ауыртқан дерті бір жыл бойы ішке сақтап, айтпай келіп, кез келген біреуге жайдан-жай айтып қойғанына өкінді. Даусындағы жан тартқандығынан басқа, Звягинцевтің несін білетін едім? Звягинцевтің не жұмысы бар?

Звягинцев Николайдың төмен қараған жүзіндегі өзгерісті аңдамады да тағы сұрады:

– Сайқал қар басқа біреуді тауып алған ғой?

– Е, мен қайдан білейін?

– Тапқан, әрине! – деді Звягинцев, көзі жеткен адамның үнімен. Содан соң, күйінген түрде басын шайқап: – Міне, қатын деген осындай келеді! Сен болсаң көрнекті-ақ жігітсің. Алатын еңбек ақың да жақсы болуға тиісті. Одан артық не керек еді оған? Ол қаншық балалар жайын да ойламаған ғой?– деді.

Николайдың бетіне қадалыңқырай қарап, Звягинцев енді бұл кеңесті өкшелей бермеу керек екендігін түсінді. Ақкөңіл жай адамдардың әдептілігі бойынша, ол сөзді тоқтатты да күрсінді, өзі де ыңғайсызданып қалды. Әрі күшті, әрі үлкен адамды аяп кетті. Солдаттың ашы өмірінің ыстық-суығын бірге көріп, екі айдан бері бірге соғысып жүрген жолдасын аяп кетті. Көңілін аулап, өз өмірінен де бірдемелер айтқысы келіп, Николайдың қасына отырды:

– Микола, сен оны ойлап қайғыруды таста мүлде. Соғыстан да қайтармыз, көрерміз содан кейін. Балаларың бар – әңгіме осында ғой, қазір бала деген ең ардақты нәрсе, барлық ой балаларда болу керек. Өмірдің тамыры – бала деуіміз керек, мен өзім солай түсінемін. Шайқалған өмірді түзеу міндеті соларға жүктелмек. Мынау соғыс ойыншық болмағалы тұр. Ал, әйелдер деген жұртты алсақ, олар енді бір ойға сыймайтынға үйір келеді. Кейбіреуі он оралып, жүз бүктеліп, әйтеуір ойындағысын істеп шығады. Мен әйелдерді жақсы білем–ол бір айлакер айуан! Мына ернімнің үстіндегі таңбаны көремісің? Бұ да былтыр түскен таңба. Бірінші май күні бірнеше жолдастар бар, ішейік дестік. Қатындарымыз бар, баяғы, үй іші болып жиналыстық. Гармонь да бар, аздап ішіп те алыстық. Мен өзім де едәуір ішіппін. Әйелім де ішсе керек... Ал менің қатыным деген кісі, бір сөзбен айтқанда, немістің автоматчигі сияқты: бір оқтап алса, оғы таусылғанша тоқтамайды, алай-түлей, тасыр-тұсырдың үстінде, төпеумен алғысы келеді. Былайша айтқанда оның тізгініне ие бола алмайсың...

Сол кешімізде бір қыз да бар еді. Әлгі бір «Сыған қызының биі» деген дейтін бар ғой? Пай-пай соны сөкет билейді екен. Мен соған қарап қадалыппын да қойыппын. Қараганнан басқа түк жазығым жоқ. Арғы ойымда да, бергі ойымда да түк жоқ. Менің ойымда қатынның қанша жұмысы болсын, қасыма келіп қолымды шымшып кеп алды да, құлағыма келіп ысылдап, «Қарама, сайтан!» — деді. Апыр-ау, енді көзімді жұмып отыратын болам ба деймін, баяғы. Сөйтіп отырып, қызға тағы да қарап қойыппын. Қатыны құрғыр тап тақымымнан бұрап қалды. Жаным шығып кетті ме деп ем. «Қарама!» деді тағы да. Амал қанша, теріс қарап отыруға тура келді. Биден кейін тамаққа отырдық. Дәл қасымда, көзі мысықтың көзіндей дөңгеленіп — от шашып, қатыным отыр. Қолым көгеріп қалыпты, тақымым удай ашиды. Аздан соң ұмытып кетіп, қызға қараймын да, сайтан қыз, сен үшін жайдан-жай сорладым-ау... сен аяғыңды ойнаттың, зардабын мен тарттым-ау...—деймін. Осыны ойлауға-ақ шамам келді, қасымда отырған қатыным алдындағы қалайы тарелкені ала салып, шалқая беріп жіберді келіп маған. Көздеген нысанасы абажадай мен болған соң, тарелке тимей кетсін бе? Менің бет-аузым ол кезде тіпті табақтай болатын еді, темір тарелке тап мына жеріме келіп сарт ете түсті: мұрын мен аузымнан қан сорғалап барады, тарелке екі бүктеліп қалыпты. Қан кәдуілгі ауыр жараланғандай сорғалайды...

Қыз, әрнне, аһылап-үһілеп қалды, қорқып кетті. Гармоншы антұрған диванға құлай кетіпті де екі аяғын көкке көтеріп, оқырана күліп: «Ұр, самауырмен ұр! Түгі кетпейді, ұр!» — дейді өкірген дауыспен. О, құрысын бүйткен өмірі дедім ішімнен. Тұра келдім де, қатынның ата-тегінен бер қарай жібердім келіп: «Бұл не қылғаның, айуан қатын!»

Қатыным тіпті бүлк етер емес — «қызға көзіңді қадама! Қарама деп айтпадым ба алдында?» дейді. Мен қызуымды басып, орныма қайта отырдым да, енді онымен «сіз» деп сөйлесуге қалдым: «Настасья Филипповна, сіз мәдениеттілігіңізді осылай көрсетпек болдыңыз ба?» — дедім. — Жұрт алдында мұндай өнеге көрсетіп, тарелка лақтыруыңыз, өзіңізге лайық жұмыс емес, мұны ескерерсіз, үйге барған соң біз сізбен ашығырақ, сөйлесетін болармыз» — дедім.

Амал не, мейрамда береке қалған жоқ. Үстіңгі ернім екіге тіліпіп кетіпті, күрек тісімнің біреуі босап қалыпты. Кестелеген ақ көйлегім қызыл ала қан. Мұрным да ісіп, бір жағына қарай қисайып кеткен. Кетіп қалуға тура келді. Екеуміз де тұрып, жұртпен қоштасып, үй иесінен кешірім сұрадық та үйге қайттық. Қатыным күнәсіз немедей тойтаңдап алдымда келе жатыр да, мен кінәлі адамдай артында келем салбырап. Ант ұрған қатын үйге дейін сап-сау келді де, босағадан аттағасын-ақ сылқ, етіп құлай кетті. Жатыр! Демін де алмайды. Бет-аузы қызылшадай қып-қызыл. Сол жақ көзі кейде сығырайып қалып маған қарап қояды анда-санда... Ойладым-ойладым да енді ұрысып-керісуге орын қалған жоқ екен, аяғы бір жамандыққа апарып соғып жүрер деп, үстіне су құйып, әрең деп есін жиғызып алдым... Кішкенеден соң қатын тағы да естен танып қалды! Бұл жолы әлгі көзі де сығыраймайды. Тағы да бір шелек суды құйдым үстіне. Қатын есін жиып алып, жыламасы бар емес пе? Қағып кеткен сайтан аяғымен жер тепкілейді!

—

— Сен, — дейді, — жап-жаңа жібек кеудешемді бұлдірдің! Суға осынша малшындырып, енді қайтып жөндеп алармын дейді. Сен баяғы бәлен де түгенсін дегенді де айтып жатыр. Ұятсызсың дейді. Қыз көрінсе-ақ болғаны, көзің қадалады да калады! Сенімен қалай ғана бірге тұрып өмір сүрермін, сен менің қанымды ішпей қоймайсың дейді. Тағы да айтқандары толып жатыр.—Е, деймін мен баяғы ойлап-ойлап келем де, — аяғың тыпырлайды екен, кеудешені сөз қылуға келіп қалған екенсің, тірілгенім де оны. Айналып кетейін, бұл қыстан шығатын боларсың!..

Столға келіп отырдым да темекі тарттым. Қарасам қатыным тұра салып, сандықты ашып бар дүниесін жинап алып, буып жатыр. Буған нәрсесін қолтығына қыстырып алып есікке барды да:

— Кетем сенен, апамның қолына барып тұрам, — деді.

— Бір сайтанның мойнына аттай міниіп алғанын білдім де, бәрібір қазір менің айтқанымнан түк шықпас деп, мен **де** көне салдым:

— Бара ғой, қарағым, онда барғаның өзіңе қолайлы болар, — дедім.

— А, солай ма? — деді ол, — мені сүйгенің осы ма? Маған тоқта деп те айтпайсың, ә? Олай болса мен ешқайда кетпеймін тіпті! Тап өзіңнің көз алдыңда асылып өлем. Сен иттің баласын өмір бойы ар-ұятыңа жегідей жегізу үшін, қазір асылып өлем! — деді.

Ескі әңгімені есіңе алған соң Звягинцев масайрай түсіп, күле бастаған бойы қалтасынан темекісін суырып алып, шылым орай бастады. Былжыраған терден қызып кеткен шұлғауын қолына ұстап, Николай да күліп отыр. Бірақ, ұйқы басып, маужырай бастаған. Құдықтың басына барып, шұлғауды жуып алу керек еді, бір жағынан әңгімесіне еріп бара жатқан Звягинцевті тоқтатқысы да келмейді. Шілденің ми айналған ыстығында жүріп-тұруға шама да жоқ. Звягинцев шылымын тұтатып алды да үзілген әңгімесін қайта жалғады:

— Мен ойладым, ойладым да «амал не Настасья Филипповна, асылып өлем десең, өлесің де... Арқан сандықтың артында жататын» дедім.

Қатыным қолындағы бумасын лақтырып жіберіп, арқанды алды да төргі бөлмеге кетіп қалды, бұрынғы бір кезде баланың бесігін ілетін шотаяқ темірдің астына столды жылжытып апарып, арқанның бір ұшын столға ілді, енді бір ұшын тұзақ баулап алып өзінің мойнына киіп жатыр. Бірақ столдан қарғып түсе қалмайды, ақырын ғана тізесін бүгеді. Арқанды иегімен басып, қырылдай бастады. Шын-ақ қылғынып бара жатыр екен деп ойласын дейді. Мен отыра бердім, төр бөлменің есігін аздап ашық қалдырған екен, бәрін де көріп отырмын, тіпті жақсы көріп отырмын. Әрі-бері отырдым да естірте сөйлеп: — Құдай берді, құтылдым білем, — дедім.

Сол-ақ мұң екен, қатыным столдан қарғып түсіп, жұдырықтарын білемдеп алып, атып шыға келді.

— А, мен асылып өлсем қуанады екенсің ғой? Сүйген байым деген сенбісің? — деп тепсінді-ай келіп. Әрең деп, аптығын бастым. Мастық дегеннен құлан таза болыппын. Бір литр арақ ішіп ем, түк белгісі қалмапты. Сол сайыстан кейін жұрт спектакль көруге кетті, менің спектаклім ақысыз-пұлсыз өз үйімде болып жатыр деп ойлаймын. Әрі күлкім келеді, әрі жаныма да батып отыр. Қатын де-

ген бәле, сайтанның ұрығынан жаралған емес пе, не істеймін десе де қолынан келеді. Сол түні балалардың үйде болмағаны мұндай жақсы болар ма! Балаларды менің шешем алып кетіп еді, әйтпесе олар өлердей қорқатын еді!

Звягинцев аздан кейін тағы да сөйледі, бірақ манағыдан көтеріле алмады:

— Микола, сен бізді өмір бойы қатынымен осылай ырылдасып өткен екен деп ойлама. Ол соңғы екі жылда ғана бұзылып кетті. Ал бұзылған себебін білгің келсе, тек қана көркем әдебиет арқылы бұзылды, — деді. — Сегіз жыл адамша тұрдық. Қатыным трактордың тіркеуінде істейтін, ешбір қиқалаң көрсеткен емес-ті. Содан кейін, әртүрлі көркем әдебиетті оқи бастап еді, содан басталды да кетті... Білгірсіп кеткені сонша, бір ауыз сөзді турасынан айтпай, ылғи бір шимайлап сөйлейтін болды. Кітабы құрғырдың сиқырлағаны сонша, түні бойы оқиды. Ал күндіз айналма болған қойдай теңселеді де жүреді. Ылғи күрсінеді, ылғи күрсінеді, бір ісі жөнге келмейді. Бір күні кітапты оқып-оқып алып, күрсініп-күрсініп жүрді де қиқаңдап маған келіп:

— Ваня, сен, тым болмаса бір рет қана маған ғашықтығыңды көркем бір тілмен, көтеріңкі бір үнмен айтып берсеңші! Көркем әдебиетте жазылғандағыдай жұмсақ тілмен ерке айтылған бір сөздерді сенен ешуақытта ести алмадым-ау... — деді.

Мені ашу да қысып кетті. «Е, жетілген екесің!» деп ойладым да:

— Жарты есіңнен айрылған екесің, Настасья! — дедім. — Он жыл бірге тұрып келеміз. Үш баламыз бар. Ендігі жерде келіп саған ғашықтығымды айтқандай, мені бірдеме соғып кетіп пе? Ондай жұмысқа енді менің тілім де келмейді ғой! Мен тіпті жасымнан да ешкімге ерке сөз айтып көрген емеспін. Көбіне қолымды жұмсайтұғынмын. Енді тіпті айтпаймын. Сен ойлағандай ақымақ емеспін мен. Сен де бос мылжың кітаптарды оқығанша, балаларды жөндеп бақ! — дедім. Ал, балалар болса, сабалақ бастанып, тізелері жарқылдап жүр. Үсті-бастары кір-кір, мұрындарына қатпар-қатпар қақ тұрып қалыпты. Шаруа жағын алсақ, оның да қиюы қашып барады.

— Ваня, өзің ойлап көрші, осы да жөн бе? — деді Настя.

Мен, әрине, мәдени көңіл көтеру дегенге қарсы емеспін.

Жақсы кітап қолға түссе, оқуға өзім де құмармын. Техника, мотор жайында жазылған кітаптарды жаным сүйеді. Тракторды қалай күту жайында, мотор қасиеттері, болмаса комбайн жайында, тағы толып жатқан жақсы кітаптар менің өзімде де бар-ды. «Настасья, трактор жайындағы мына бір кітапты оқып шықсайшы, суреттері мен сызықтары да бар, қызықты кітап: мұны сенің білуің керек» деп, талай айтқан да болатынмын. Қалай ойлайсың, оқыды ғой деймісің? Сайтанын оқысын ба? Менің кітаптарымды көрсе мұрнын тыржитатын болды. Оқығысы келетіні жалғыз ғана көркем әдебиет. Көркем әдебиет болғанда да қайнап тұрған қазаннан шыққан будай болып, ғашықтық аңқып тұрсын. Ұрыстым да, ақыл қып та айттым, түк шықпады. Бірақ, ұрғаным жоқ. Өйткені комбайнер болудан бұрын мен алты жыл балғашы болып ем, қолым ауыр болатын...

Солай, туысқаным... біздің үй-ішіміздің тұрмысы сөйтіп, майланбаған арбадай боп, екі жағына кезек қыңыршақтап, жүріп жатты әйтеуір. Сол күйі

мен әскерге шақырылғанша өзгерілген жоқ. Қалай ойлайсың, осы күні сол қатынымнан айрылып алыста жүрген кезімде менің жаным рақат тапты деп ойлаймысың? Қайдан болсын ол! Өзара жасырын сыр ретінде айтсам, Настасья Филипповнамен хат жазысып тұруды да жөнге сала алмай келемін. Болмай жүр, ыңғайы келмейді тіпті. Алған хатымызды бәріміз оқимыз. Балаңнан алған хаттарыңды сен де оқып жүрдің маған. Ал, мен қатынымнан алған хатымды ешкімге де оқи алмаймын, өйткені оқуға ұят. Анада, Харьков қасында тұрған кезімізде қатарынан үш хат алдым. Барлық хатында «Менің қымбатты балапаным-шыбиым» деп бастапты. Оқып шыққанша, құлағым қызарып кетті. Тауық тілін қайдан тауып жүргенін бір құдайдың өзі білсін! Тіпті миым жетпейді. Әрине, көркем әдебиеттен алды! Кәдуілгі адамша «Қымбатты Ваня!» десе болмай ма екен? Болмаса басқа бірдеме деуге де болады ғой. Ол маған балапаным-шыбиым дейді. Мен үйде жүрген кезімде көбінесе «жирен сайтан!» дейтін маған, майданға кетіп ем, көремісің, «балапан» болып шығыппын. Барлық хатында да балалар жайын желдіртіп қана өте шығады. МТС-та жаңалық жоқ дегенді де атүсті ғана айтады. Оның әр жағы жалпағынан жатқан ғашықтық болады. Ғашықтық болғанда, қайдағы бір, кітаптан алған түсініксіз сөздермен жазылған. Басымның ішін тұман басқандай, көзім бұлдырап кетеді...

Әлгі хаттарды қатарынан екі рет оқып шығып ем, мас болғандай теңселіп қалдым. Екінші взводтағы Слюсарев қасыма келіп: — «Е, қатының не жаңалық жазыпты?» деді. Мен хаттарды бүктеп-бүктеп, тезбе-тез қалтама тығып жібердім де, қолымды бір-ақ сілтедім оған: қарағым, әрі кетші, тимеші маған дегенім ғой баяғы.

— Е, үй іштерің түгел аман ба екен? Түсіңе қарасам, үйіңде бір көңілсіздік болғанға ұқсайды ғой?—дейді ол.

Мен оған не айта алам? Не айтарымды әрең таптым:

— Қартайып қалған әжем бар еді, сол қайтыс болыпты...— дедім. Көңілі орныққан соң Слюсарев та әрі кетті.

Кешке таман отыра қалдым да қатыныма хат жаздым. Балаларға, барлық туған-туысқандарға сәлем дедім. Өзімнің қызмет жайымды да түгел айттым. Содан кейін: тәңірі жарылқасын, сен мені ерсі бір аттармен атамасаң екен, азан айтып қойған атым бар емес пе? Соны неге айтпайсың? Бұдан отыз бес жыл бұрын, мүмкін, мен «балапан» сияқты-ақ болған шығармын. Ал, осы күні кердеңдеген әтешіңнен қай жерім кем? Менің сексен екі килограмм салмағым барлығы рас болса, «балапанның» бойына сыя алар ма екен, дедім. Содан кейін, сен ғашықтық жайын жазбасаң екен маған, менің денсаулығымды кетіріп қайтесің. МТС-та не болып жатыр, соның жайын көбірек жаз; достардан үйде қалған кімдер бар. Жаңа директор жұмысын қалай басқарып жатыр, осыларды көбірек хабарла дедім.

Міне, дәл шегінердің алдында тағы да жауап алдым. Хатты алғанда бойым дірілдеп, қолым қалтырап кетті. Өн бойым өртеніп бара жатқандай болды...

Хатты былай деп бастапты: «Аманбысың, менің қымбатты мысығым!» депті. Әр жағы тетрадьтың төрт бетіне түгел жазылған баяғы ғашықтық. МТС жайында жалғыз ауыз сөз жоқ. Хаттың бір жерінде мені Иван деудің орнына

Эдуард депті. Эдуард! О, мына қатын шектен шығып болған екен деп ойладым. Қарғыс атқан ғашықтық жайын кітаптан көшіріп алғаны аңқып тұр. Әйтпесе, үш ұйықтаса түсіне кірмеген Эдуардты қайдан тауып алады? Хаттың іші толған әртүрлі тыныс белгісі: көбі кері үтір! Бұрын ол тыныс белгілері дегенді білген емес-ті. Ал, мына хатында сөз басына бір тыныс белгісі тұр. Барып тұрған секпіл бет адамның бетіндегі секпілінен біздің қатынның бір хатының ішінде кері үтірі көп. Маған қойған аттарына қарасаңшы! Әуелі «балапан-шыбы!» Енді міне «мысығым!» депті. Бұдан кейін не күтер екемін деймін. Бесінші хатында «Ақ төсім!» демесіне кім кепіл? Мен «ЧТЗ» тракторы жайындағы бір кітапты үйден ала кетіп ем, кейде оқығым келіп кетсе оқырмын дегемін. Сол кітаптың бір-екі бетін көшірейін де қатынға жіберейін деп ойладым. Қармысын солай қайтарайын деген де ой келді. Олай етпедім, бірақ, жәбірленер дедім. Дегенмен, мына жындылықтан құтқару үшін бірдеме істеу де керек. Ал, Микола, маған беретін кеңесің бар ма осы туралы?

Звягинцев Николайға қарап еді, ол шалқасынан түскен бойы тастай қатып ұйықтап калған екен. Төмен қарай салбыраған қара мұрттың астынап қиқы-шойқы біткен тістері ағараңдайды. Жымия беріп жиылмай қалған бір езуінде күлкінің көлеңкесі әлі бар...

* * *

Ұзамай Николай да оянды. Азғана самал соғып, алма ағашының жапырақтарын қозғап қояды. Көгал бетінде жапырақ арасынан түскен күн сәулесі әртүрлі кестеге айналып, дір қағады. Жақын бір жерде көгершін гүрілдейді. Көгаршын даусын біресе есіттіріп, біресе жауып кетіп, анда-санда трактор моторы гүрілдеп қояды. Көшеде дауыстар, күлкілер естіледі. Аздан соң шаңқ еткен ашы дауыс:

— Айттым ғой саған, білтесі бұзылыпты. Кілт сенде ме еді? — деді. — Әкел бері, әкел, балық көзім...

Бақшада шіріген шөп, түтін, күйіп бара жатқан быламық иістері араласа шығып тұр. Асхананың қасында, қисық аяқтарын талтайта керіп, Николайдың досы, бронебойшы Петр Лопахнн тұр екен. Ол темекі тартқан бойы аспазшы Лисиченкомен жалқау ғана ұрсысып тұр:

— Тағы да быламық пісіріп жатырмысың, торы азбан, — дейді.

— Ие, сен бірақ жанжалдаспасаң екен.

— Сенің быламығың менің қай жерімде тұрғанын білемісің?

— Сенің қай жеріңде тұрғанына менің түкіргенім бар.

— Сен аспазшы емессің. Кім екеніңді ит білсін сенің... Ойыңнан шығар түгің жоқ сенің, басыңа ешбір идея келмейді. Сенің басың бос қазан сияқты, құр гуілдейді. Осы хутордан не бір қой, не бір шошқа таба алмадың ба? Иесіне көрсетпей-ақ «сұрап алуыңа» болатын еді ғой... Жақсылап тұрып сорпа жасап, екіншіге ет берсең нететін еді?

— Тайып тұр, тайып тұр дегесін. Талай естіген сөзімді айтып тұрсың...

— Үш жұма бойы быламықтан басқа не бергенің бар? Жөні түзу, жосығы бар аспазшы осыны істер ме, сірә? Сен аспазшы емес, етікшісің!

– Саған немене, антрекот керек боп тұр ма? Болмаса қып-қызыл қылып қыздырған шошқаның еті керек шығар?

– Тап сенің өзіңді қып-қызыл қылып қуырар ма еді. Қандай дәл келер едің. Жалқындай болып алдың әбден!..

– Петька, сен байқап сөйле, қайнаған судың жақын тұрғанын ескергенің жөн болар... Сен медсанбатқа барып көрдің бе?

– Көргем.

– Ие, қалай екен?

– Түк те қалайы жоқ.

– Неге барып ең?

Лопахин әдейі есінеген болды. Лисиченко күлген болса да Лопахинға бір шекесінен қарап, жауап күтіп тұр.

– Жай, әншейін бардым... Таныстарымды іздеп ем, – дей салды Лопахин бейжай үнмен.

– Онда бір әсем қыз бар еді, ілікпеді ме қармағыңа?

– Мен қармағымды салған да жоқпын.

– Қоя тұрсаңшы оныңды! Етігіңді шөппен тазалап жатқаныңды көрмеді деймісің? Кеудеңдегі медаліңді де сүрткілеп жатқасың. Медальдің де жәрдемі болмаған ғой, сірә? Қайдан жәрдемі тисін оның!.. Егер сенің орденің болған болса, әңгіме басқаша болар еді. Өжеттікке алған медаль деген не тәңірі!.. Ол маңайда үлкен орденділердің талайы-ақ кездесе береді.

Ақмақсың, – деді Лопахин, ашусыз дауыспен, – ойымда түк болған жоқ деп, айттым ғой саған. Әшейін хуторды аралап қайттым. Сенің тамағыңды жеген адамда қыдыратын қай қауқар болады? Соңғы кезде менің жүдегенім сонша, түсімде қатынымды көруден де қалдым.

– Олай болса түсіңде не көресің, батырым?

– Ылғи бір қансыз-сөлсіз езгі түстер көрем: тап сенің мына быламығың сияқты.

«Босқа сөз шығын қып тұрғандарын қарашы!» деп ойлады Николай, ұйып қалған қолдарын жазып, орнынан тұра беріп. Лопахин оның қасына қарай келіп, ойнап басын иген бойы:

– Құрметті мырзам Стрельцов, қалай дем алдыңыз? – деді.

– Ана аспазшыңмен сөйлес, менің басым ауырып отыр, – деді Николай қабағын түйіп.

Лопахин шатынаған тентек көзін азырақ қысыңқырады да түсінгендей болып басын шайқады:

– Ие, бәрі де түсінікті: шегінгеннен кейін көңілің де басыңқы, ыстықтан басың да ауырады. Жүр, Коля, тамаққа дейін суға түсіп алайық. Ұзамай жүріп те кетеміз. Біздің жігіттер тіпті өзеннен шығар емес. Күнәлі денені мен де бір салып алып шықтым.

Лопахин мен Николай жақында ғана танысқан. «Жарқын жол» совхозы үшін болған соғыста екеуінің окоптары қатар келіп еді. Лопахин полкқа жаңада ғана, толықтыру ретінде келген. Іс үстінде танысқандары да сол окопта ғана. Сол жерде, қатар екі бронебойшы жүз–жүз елу метр жақындатып алып, жаудың

екі танкісін өртеген. Бірақ, қасындағы жолдасы өлгеннен кейін, Лопахин кідіріп ата алмай қалып, немістің үшінші танкісі оқ төккен бойы бронебойщиктердің окобын тапап, өте шығып еді. Содан кейін зіркілдеген бойы, қарқынын жазбастан біздің зеңбіректерге қарай тартқан. Николайдың қолы дірілдеп, тізерленген бойы автоматтың табағын қайта оқтап жатыр еді. Лопахиннің окопына сары балшықтың гу ете түскенін Николай да көріп қалған. Бронебойшылар өлді-ау деп ойлап еді ол. Іле жемірілген окоптың бұрқыраған сары шаңының арасынан мылтықтың ұзын мойны сорайып шыға келіп, өтіп кеткен танкіні мегзеп, гүрс ете түсті. Кенет тоқтай қалған танкінің қара қошқыл болат тонын бойлай кесіртке жүгіріп өткендей, от жылт ете түсті де қабақ қаққанша қара түтін де будақтай бастады. Лопахин да басын көтеріп алып:

— Эй, қара мұрт! Тірімісің? — деді. Николай басын азырақ көтеріп еді бетаузын балшық басқан, ашудан күп-күрең болып кеткен Лопахинді көрді.

— Көрге кіргір, неге атпайсың? Өріп келе жатқанын көрмеймісің? — деді Лопахин ақырып. Шатынаған көздері ұясынан шығып бара жатқандай екен. Ол, шекараға өрлей, енбектеп келе жатқан немістерді нұсқады.

Николай бір рет безектетіп өткенде шөптің бастарын қырқып өтіп еді. Екінші жолы төменірек ала айдағанда автоматының үздіксіз тырсылдағының арасынан екі рет ышқына шыққан адам даусын да естіді.

Сол күні кешке таман, соғыстан кейін жер үйшікке Лопахин келді. Ол қызыл әскерлерге тесіле қарап тұрып:

— Сендердің ішінде бір қара мұрт қара бар еді ғой, сол қайда екен?! — деді. — Ағылшын министрі Антон Иден сияқты, сұлу жігіт еді.

Николай бетін жарыққа бұрып еді, Лопахин тани кетіп:

— Е, таптым-ау, әйтеуір... Жүр, жерлесім, далаға шығып, таза ауада темекі тартайық, — деді.

Екеуі жер үйшіктің қасына отырып темекі тартты.

— Соңғы танкіні сен келістіріп-ақ ұрдың! — деді Николай, күнге күйіп күреңденіп кеткен Лопахиннің бетіне қадала қарап. — Мен екеуінде де танкі тапап, жер басып қалды ма деп ем, бір уақытта мылтығыңның мойны сорайып шыға келді...

Лопахин мазақтағандай үнмен Николайдың сөзін бөліп:

— Иә, иә. Осыны айтарыңды біліп отыр едім... Менің ісімді мақтайсың, ал, менің окопымды танк таптап жүргенде сен неге атпадың? Өріп келе жатқан неміс автоматчиктерін, мен айғайлағанша атпағаның неңсенің? Сенің мені мақтағаның, өліп қалған адамға ем істеу қандай керек болса, маған да сондай керек, білдің бе?

Николай жымиды да ата алмай қалған себебі — автоматын оқтау керек болғандықтан екенін айтты. Лопахин көзін қысыңқырап, сенбеген дауыспен:

— Соғысқа кіргенде әзір болмағаның ғой ол? Онда сен ұят-арды белге түйіп алып, маған оқ әперіп беріп тұр, сен үшін мен соғыса берсем де болады екен... Сен тек мені мақтап қойсаң болғаны да... Солай ма? Жаман сауда емес екен... — деді.

Николайдың тұнжырай бастағанын көріп, шолақ та болса күшті қолын созып:

– Сен жәбірленбе. Дұрысын айтқанда өкпелемеу керек. «Құдай қосып құда болған екеміз», – бірге соғысамыз да. Кел, танысайық, сірә, біз жерлес те болсақ керек: сен Ростов облысынікімісің? Бәсе, мен Шахта қаласынікімін. Дос болайық, – деген.

Сол күннен бастап бұлардың достасып кеткені де рас еді. Қиыны жоқ, қитығы жоқ солдат достығы табылды. Кекесіні көп, тілі удай, қатын құмар, ойыншы Лопахин, көп үндемейтін, сабырлы Николайдың мінезіндегі кемдігін толықтырғандай еді. Қартаң, басқан баяу қозғалатын украин старшина Поприщенко бұл екеуіне қарап ылғи былай дейтін:

– Петр Лопахин мен Николай Стрельцовты қайтадан илеп, қайтадан пісіріп шығарса, екеуінен толық бір адам шығар ма еді, қайтер еді? Мүмкін, шықпай да жүрер. Осы екеуін қосқанда не шығып жүретінін кім біледі... – дейтін.

Өзен жағасында саперлардың аралары ырылдасады. Судың шалпылдағаны, шомылған қызыл әскерлердің рахаттанған үндері естіледі. Лопахин мен Николай үндеспестен өзенге қарай келе жатыр. Аздан соң Лопахин:

– Жүр, көпірдің арғы бетіне барып шомылайық. Сол жер тереңірек екен, – деді.

Құлап жатқан плетеннен Лопахин бұрын аттап өтіп, жол үстінде тұрып қалған тракторға қарай басын изеді. Май-май болған екі трактористпен, белуарына дейін жалаңаштанып алған Звягинцев, мотордың маңында әуре болысып жатыр екен. Звягинцевтің жап-жалпақ жауырыны, бұлшық еттері түйілген қолдары қара ала, торы ала болып әбден майланыпты. Қара жолақ бетін де қиғаштай сызып өтіпті. Сырт көйлегін сыпырып тастап, машина кездесіп қалғанға қуанып кеткен Звягинцев өте ыңғайлы, өте жетік қимылдап жатыр.

– Әй, сал жігіт! Жігіттерден азырақ құм ал да, бізбен бірге шомылуға жүр. Бірдеме ғып тазартып алармыз сені ысқылап, жүр, – деді Лопахин өте беріп.

Звягинцев дауыс шыққан жаққа қарап Николайды көрді де күліп жіберді:

– Микола, машина деп мынаны айт! Күш дегенде өлшеу жоқ! Қанша жүкті сүйреп жүргенін көремісің! Ойыншық дерсің! Азғана айналысып ем, өзіміздің МТС-қа барып қайтқандай болдым... Мына мотор, құдай біледі, үш комбайнды қатарынан сүйреп әкетер еді! – деді.

Звягинцевтің албыраған жүзінде шын-ақ бақытты адамның нұры бар еді, Николай еріксіз күндеп те қалды.

* * *

Тұнық судың бетінде сарғалдақ жүзіп жүр. Өзеннің дымқылы мен батпақ иісі келеді. Николай шешінді де сырт көйлегі мен шұлғауын жуып алды. Содан кейін, тізесін құшақтай барып құмға отырды. Оның қасына келіп Лопахин жантая кетті.

– Николай, сен бүгін тұнжыраңқы екенсің... – деді ол.

– Неменеге қуан дейсің? Қуанарлық себеп қайсы?

– Не себеп керек? Тірімісің? Тірісің. Ендеше қуана бер соған! Мына күннің де бүгін өзгеше болғанын байқасаңшы. Жалқындай күн көзі, жарқыраған өзен, жүзген сарғалдақтар... Тамаша емес пе? Мен саған таң қаламын. Сен енді саркідір солдатсың. Соғысқа кіргеніңе жыл болып қалды. Ал, қайғы-мұңың әскерге жаңа шақырылған адамдікінен де көп. Сен не ойлайсың өзің? Бізді жау тықсырып бір жіберген екен, сонымен заман ақыр орнай қалды деймісің? Осымен соғыстың да біткені деп ойлайсың ба?

Николай ұнатпай қабағын шытып:

– Соғыстың біткені деген кім бар саған? Мен тіпті олай деп ойламаймын. Бірақ, мынау ауыр жайымызға жеңіл көзбен де қарай алмаймын. Ал, сен тап солай қарайсың. Алып-жұлып бара жатқан ешнәрсе болмағандай көресің. Мен үшін үлкен апат болғаны айдан анық. Ол апаттың шамасы қандай, оны сенімен мен білмейміз. Бірақ, ойланып, шамалауға болады ғой. Міне, біз бес күн жүріп келеміз. Донға таянып та қалдық, әр жағында Сталинград тұр... Біздің полкты күл-талқан қылды. Басқалар қайтті екен? Армия ше? Біздің фронттың жалпақ бір жерінен үзіп жібергені айқын-ақ. Немістер құйрық тістесе келе жатыр. Немістен кеше ғана қарамызды үздік. Содан бері жосып келеміз, қашан тоқтарымыз белгісіз әлі. Қайда барып, қашан тоқтарыңды біле алмай жүре беру деген қайғы емес пе? Мынау отырған бейбіт ел бізге қалай қарап қалып жатыр? Жынданып кеткендейсің!– деп Николай тістерін шақыр-шақыр еткізді де теріс айналды. Ол бір минуттай үндеген жоқ. Көңілін басып болған соң, салмақты тыныш дауыспен:

– Осының бәрінен жаның мен тәнің айрылысқандай емес пе. Ал, сен болсаң, тірісің ғой – қуана бер, күннің көзі, өзен, жүзген сарғалдақ, дейсің... Сарғалдағыңмен бірге әрі кетші өзің, менің оған қарағым да келмейді. Қарасам жүрегім айниды! Сен бір жаман пьесадағы арзан белсенді сияқтысың. Медсанбат жаққа баруға да ұялмайсың...– деді.

Лопахин буындарын сытырлатып тұра келді де:

– Медсанбат жаққа бірге бармағаның бекер болды сенің... Онда бір тіпті әсем доктор қыз бар, мен саған айтайын... Үшінші рангалы доктор. Сол қызға бір қарасаң болғаны, қазір майданға кіргің келеді. Соғысып жараланып, соның қолына түссең деймін. Доктор емес, таңдану белгісі ме дерсің! Құдайға анық! – деді.

– Әй, әрі кетші өзің!

– Жоқ, әй, шын айтам. Қасиеті мен сұлулығы сондай сұмдық! Доктор қыз емес, алты ауызды миномет дерсің. Командирлерді былай қойғанда, біз сияқты солдат үшін де сондай қауіпті.

Николай үндеместен, тұнжыраған бойы су бетіне түскен ақ бұлттың сәулесіне қарап отыра берді. Лопахин салмақты дауыспен демесең баяғы сол улы тілімен сөйлеп: – Мен иттің әдетіне еліктеп, құйрығымды тақымыма қысып алып сүмпеңдей беретін де себебім жоқ деп ойлаймын. Бұл саған түсінікті ме? Бізді жау төмпештеп алды ма? Олай болса, төмпештейтін реті болғаны. Иттің күшіктері, жөндеп соғысыңдар! Өз жеріңнің әрбір бұтасына, әрбір төбешігіне жармасып, айрылма. Соғыса біл! Жауды ұрғанда ықылық атқандай етіп, өлтіре

соқ ендеше! Ура алмасаң, кімге өкпелейсің! Өзің ура алмасаң, аузы-мұрныңды қанға бояғанына да, тұрғын елдің сүйсінбей қарағанына да жәбірленбе. Олар бізді неліктен бар-жоғын алдыңа тосып қарсы алсын? Бетіңе түкірмегеніне рақмет айт. Кәне, сен маған мынаны түсіндірші: немістер ғой алақандай бір деревняны алса, оны қуып шығу үшін біз орасан көп күшті сарп етеміз; ал біз неге дағарадай қалаларымызды оп-оңай тастап, жорта жөнелеміз? Сол қалаларды кейін қайтарып алатын біз боламыз ба, болмаса, басқа бір туысқаның қайтарып әпере ме? Мұның себебі, мырзам, тыңдар болсаң мен айтайын, мынада ғана: біз әлі соғыса білмейміз, үйрене алған жоқпыз, әлі көктеніп те жетпеппіз. Тезірек соғысып үйренсек, соғысқа кіргенде аузымыздан ақ көбік шашып жүретін болсақ, немістің беті батысқа, сырты шығысқа қарайтын болады. Мысалға мені алатын болсаң, менің кекті ашуым қайнап болды дер едім. Нанбасаң, менің бетіме түкіріп қалшы, түкірігің қайнап шыж ете түседі. Сондықтан да менің құйрығым қайқайып, көңілім көтеріңкі жүреді. Сен болсаң, құйрығыңды қысып алып, көзіннің жасын тыя алмайсың. «Ah, полкымызды талқандады! Армияда не қалды екен! Майданды немістер үзіп кетті!» дейсің. Қарғыс атқан неміс жерге кірсін! Кимелеп кіріп келгені рас-ақ. Ал біз күшімізді жинап алып, қайта соққанда, оны аман алып қалатын кім екен? Осы шегініп бара жатқан бетіміздің өзінде немісті түйгіштеп кетіп бара жатсақ, ертең шабуылға көшкенде он есе төпей ұрмаймыз ба! Жақсы ма, жаман ба, біз шегініп келеміз. Ал немістер шегіне де алмайтын болады! Беті батысқа бұрылса-ақ, біздің жерді тағы қайта бастырмау үшін немістің сирағын қырқамыз! Мен осыны ойлаймын. Ал, саған айтарым: сен менің көзімше жыламасаң екен осы, бәрібір мен көз жасыңды сүрте қоймаймын. Соғыс үстінде менің қолым ауырлап та кеткен жайы бар, кім біледі. Тиіп кетіп те жүруі мүмкін...

— Мен де ешкімнің көңілімді көтергенін тілемеймін. Оңбаған неме, сен де асыл сөздеріңді босқа шығындамай-ақ қой. Онан да біз қашан соғысып үйренеміз, соны айтшы. Сібірге жеткенде үйренеміз бе? — деді Николай.

— Сі-бір-ге жеткенде деймісің? — деп, Лопахин қайта сұрады, дауысын үзіп-үзіп сөйлеп, шытынап тұрған көзін де қағып-қағып қалды, — жоқ, қымбатты мырзам, ол мектепке барып үйрену алыс болар! Осында үйренеміз, осы далада соғыса жүріп үйренеміз! Түсінікті ме? Ал, Сібір дегенді жағрафиядан уақытша сызып тастай тұрайық, кеше маған менің жолдасым Сашка: «Оралға бір жетіп алсақ, тау арасында, орман шатқалында немістің сілесін қатырамыз» деді. Мен оған «Сен тарбақа, Орал дегенді тағы бір аузыңа алсаң, танкіні мүрдем кетіретін оқты сенен де аямаспын. Мына бел-асарды иығымнан сыпырып алармын да, сенің қуыс басыңды ұшырып түсірермін!» — дедім. Ол сөзінен тайып түсті де, ойнап едім деді. Е, мен де ойнап айтамын дедім. Ондай ақымаққа танкіге арналған оқ пен танкі ататын бел-асарды кім қор қылсын. Әңгіме сонымен тоқтап қалды.

Лопахин еңбектеген бойы өзенге жақындап, дымқос құммен күс болып кеткен табандарын ысқылай бастады. Аздан соң тағы да Николайға бұрылып:

— Коля, марқұм политрук Рубаевтың бір сөзі есіме түсе қалғанын қарашы. Ол бір генералдың айтқан сөзі болса керек: «Егер әрбір қызыл әскер бір-бір

немісті өлтірген болса – соғыс әлдеқашан біткен болар еді!» – депті. Олай болса, біз әлі немістерді ұра алмай, өлтіре алмай келе жатқанымыз емес пе?

Әңгімеге әлдеқашан жалығып кеткен Николай ызалы үнмен:

– Ол бір оңай есеп қой... Егер біздің әрбір генералымыз тым болмаса бір айқаста жеңіп шыққан болса, соғыс одан гөрі тезірек бітпес пе еді? – деді.

– Лопахин табанын ысқылауды қойып, сақылдап келіп күлді де:

– Ойбай-ау, генерал бізсіз қалай жеңіп шыға алады? Жындымысың өзің? Әлгі Сашка сияқты солдаттармен жеңіп шығып көрші, сен. Ол Донға жетпей жатып, Оралға қарап келе жатыр! Әскерсіз генерал, болмаса жаман әскерлі генерал – белі жоқ күйеумен тең. Ал, генералсыз әскер – күйеусіз болып жатқан той сияқты. Әрине, Сашка сияқты генералдар да бар. Кейбір сорлы генералдарды немістер дәл шекарадан бастап иықтап еді, әлі иықтап келеді. Әрине, ондай генерал әбден қара тер болды, есін жинауға да шамасы жоқ, ол неміске қайрат көрсету дегенді ойлай да алмайды; бар ойы – мені тағы бір төмпештеп алмаса екен дейді. Бағымызға қарай, ондайлар аз, әйтеуір. Оларға қарап қалған күн де жоқ. Кейде бізде мынадай да бір жаман әдет бар: майданның бір жері ойсырай қалса, пыш-пыш сыбырласып, генералдарды өсектей бастаймыз: олар сондай, олар мұндай, соғыса білмейді, бар бәле солардан дейміз. Ал, шын тексеріп келсек, айыпты ылғи олар емес, Генералға ұрысқанда да сыпайылап ұрысқан жөн ғой деймін. Өйткені, генерал деген соғыста ең бақытсыз адамдар. Немене, жаңа қақпаға кездескен қойға ұсап, көзіңді неге тіге қойдың маған? Шыны осы, тап мен айтқандай. Ертеректе, ақылым жетпегендіктен, генерал деген атаққа мен де күндей құмартатын едім. «Не деген тап-таза тұрмыс! Еркек қырғауылға ұсап сәнденеді де жүреді. Окопты ол қазбайды, батпақты бауырымен сызып еңбектемейді!..» деп ойлайтынмын. Кейін әрі-бері ойлап қарасам, құмартатын түгі жоқ екен.–Ол кезде мен бронебойшы емес, мылтықшы едім. Бір күні біздің ротаны қарсы шабуылға тұрғызды. Мен бірдемеге айналып кешеуілдеп қалдым. Шынымды айтсам жаудың оғы борап жауып тұр еді. Жерден көтеріле қойғың да келмейді. Взвод командирі жүгіріп келіп, наганын суырып алып, «тұр!» деді маған. Ата-енеден жіберіп те алды, түсінікті ғой? Шабуылға барып та қайттық. Содан кейін мен: «Жақсы-ақ, мен қатардағы солдатпын, айыбыма қарай бір боқтау естідім; мен ғой жалғыз қара басыма ғана жауаптымын, ал, дивизия командирі мыңдаған адам үшін жауап береді-ау?» – деп ойладым. Мыңдаған адамның жөндемсіздігіне ол неше боқтау алады екен дейім. Армия қолбасшысының күні не болмақ? Есептей бастап ем, есім шығып кете жаздады. Жоқ, дедім. Осы солдат күйімде-ақ қала беремін...

Сен өзің ойлап қарашы, Николай. Түн бойы ғой штаб бастығын қасына алып, генерал картаға үңілумен отырады. Шабуылды әзірлейді, тамақ та жоқ, ұйқы да жоқ. Ойында бір-ақ нәрсе бар. Әртүрлі ауыр ойлардан көзінің алды қалталанып кетеді; әртүрлі жорамал жасаудан басы жарылып кеткендей. Әр жайды ескеру керек, әр жұмбақты шешу керек... Міне, ол полктарын шабуылға аттандырды; шабуылы тұкке аспады. Неге? Себебі толып жатыр. Генерал дейік, туған ұлындай көріп, Петр Лопахинға сеніп еді, дейік. Петрды қорқу жеңіп, қаша жөнелді. Петрдің артынан Николай Стрельцов жөнелді, оның артынан

басқа көк соққандар жымып берді. Енді ар жағында неміз қалады? Әрине, сол қарбаласта өліп кеткен генералға ешнәрсе де айтпайды... Ал қашып құтылып тірі қалғандар демін алып болған соң, генералды ұрса бастайды. Ұрысқанда баттастырып тұрып ұрсады. Ұрысқанда бар шынымен ұрысады. Өйткені, барлық айып генералда деп ойлайды, өздері сүттен ақ көрінеді. Әрине, устав бойынша, әркім ішінен ғана ұрысады. Бірақ, генералға келер жеңілдік қайсы? Генерал өзінің жер үйінде отырып, дал болған басын ұстайды. Айналасында отқа үймелеген көбелектей торлап мыңдаған боқтаулар жүреді. Оның үстіне телефон шылдырайды. Сорлы генералды тұп-тура Москва шақырып тұр. Генералдың әдемі фуражкасын үрпие бастаған шашы көтеріп әкеткендей болмасқа не шара. Сорлы генерал телефонды ала беріп: «Сорлы шешем, сорың тағы қайнайтын болғаны да. Мені несіне генерал етіп таптың екен?» деп ойлайды. Телефонмен ешкім боқтамайды оны... Москва адамдары сыпайы келеді. Бірақ, боқтағанынан көрі де өлтіріңкіреп жібереді... Мысалы, былай дейді делік: «Сіз, Иван Иванович, неге осынша өнерсіз, неге мұнша топас соғысасыз? Сізді оқытып тәрбиелеуге, киіндіріп-ішіндіруге мемлекет қазынасын төкпеп пе едік? Жас бала жөргегін былғаса жөні бар. Сіз жас бала емессіз ғой. Былғайтыныңыз баланың жөргегі де емес, бүкіл шабуыл жұмысын былғадыңыз. Қалайша бұлай болып шықты? Түсіндірсеңіз екен...» – деді, дейік. Әрі сыпайы, әрі ақырын ғана айтылды. Бірақ генералдың тынысы тарылып, арқадан моншақтаған тер өзендей ақпай ма?..

Жоқ, Коля, сен қайтсең үйт, мен генерал болғым келмейді! Мен атақты жек көрмеймін-ақ, бірақ болмаймын. Егер мені бір күні Кремльге шақырып алып: «Жолдас Лопахин, Н. дивизиясының командованиесін сіз алыңыз» деп жүрсе, мен басымнан бастап бақайшағыма дейін көгеріп кетер едім. Және үзілді-кесілді безіп шығар едім. Оныма да құлақ аспай бол да болдың астына ала берсе, Кремльдің биік қырқасына шығып алып, Москва өзеніне, тап былай «гүмп» ете түсер едім...

Лопахин екі қолын дәл төсіне айқастырып алып секіріп кеп кетіп, көгілдір тартып жатқан суға гүмп етті. Өзеннің ортасына жақындап барып, сүңгіп қайта шықты да көзі бажырайып, шашалып сөйлеп:

– Бол жылдам түсе қал. Әйтпесе, суға батырамын!– деді.

Николай да жүгіріп келіп, суға беріп кетті де құлаштай жүзіп Лопахинның қасына барды.

– Суға қалай батырады екен, мен саған көрсетейін, қисық аяқ албасты,– деп Николай қолын соза бергенде Лопахин қайта сүңгіп кетті де тек қана май құйрығы жалт етіп қалды.

Шомылғаннан кейін Николайдың шаршағаны да бітіп, басы да ауырғанын қойып, денесі сергіп қалды. Шаңқай түстегі жалқын күн нұрын еркін төгіп тұрған дүниеге енді разы адамның разы көзімен қарай бастады.

– Не деген тамаша! Дүниеге қайта келгендей болдым ғой!–деді ол Лопахинға.

– Суға түскеннен кейін бір қағар арақ пен майлы сорпа болар ма еді! Ана құдай атып қойған Лисиченко, тағы да быламығын даярлап жатыр. Өзі ғана қақалып өлмейді-ау соның... – деді Лопахин, бір аяғымен секектеп, бір аяғын дамбалының балағына кие алмай жатып.

– Жүр, кеттік. Әлде барып бір кемпір-мемпірден, сорпа сұрап ішеміз бе?

– Ұят болар.

– Бермес деймісің?

– Берсе берер, бірақ ыңғайсыз болар.

– Егер өзіміздің асхана болмаса қайтер ең? Ыңғайсыз деген немене ол, барайық. Өзіміздің туған облысымызда жүріп сорпа сұрап іше алмаймыз ба?

– Е, біз бір қаңғыма, қайыршы емеспіз ғой, – деді Николай, әлі де тәуекел ете қоймай.

Екі таныс қызыл әскер бөгеттен асып келеді. Біреуі ұзын бойлы, арық, көзінде оты жоқ, баланың аузындай ғана кішкене ауызды екен. Қолында су болған түйіншегі бар. Екінші біреуі сырт көйлегінің түймелерін салып келе жатыр. Суға кетіп қалып шыққандай еріндері қап-қара, көгерген беті дірілдеп қояды. Бұл екеуі қабырғаласа бергенде Лопахин бірдемені сезе қалғандай, мойнын ожар бұрып алып:

– Түйіншектерің немене? – деді.

– Шаян ғой, – дей салды ұзын бойлы әскер.

– Ehe! Қайдан ұстадыңдар?

– Бөгеттің қасынан. Бұлақ па бірдеме бар ғой, сол жерде. Суы сондай суық екен, шекеңнен өтеді. Лопахин екінші дауыспен:

– Біз нағып ескермегеміз мұны? – деп Николайға қарады да ұзын әскерден: – Қанша ұстадыңдар? – деп сұрады.

– Жүз шамалы. Бірақ, ұсақ екен.

– Бәрібір, екеуіңе о да көп, – деп, Лопахин да жақындай берді оған, – Бізді де алыңдар іштеріңе. Шелек пен тұзды мен табамын. Бірге пісіреміз, жарай ма?

– Өздерің неге ұстап алмайсыңдар?

– Өй, сен не айтып тұрсың өзің? Енді уақыт бар ма? Қиқаңдамай қонақ ет бізді. Берлинді алған күні мен сені пиваға сілейтермін. Құдай біледі, шыным!

Ұзын қызыл әскер еріндерін бүрістіріп алды да келекелей сөйлеп:

– Теріс ақыл емес, көтеріп тастадың көңілімді, – деді.

Лопахин піскен шаянды жеуге тым-ақ құмартып тұр. Ол азғана ойланды да:

– Оған көңіліңі тынбаса қазір-ақ болсын... Кісі басына бір қағар арақ та табамын... Жараланып жүрсем керек болар деп сақтағаным бар еді. Шаянның құрметіне қазір-ақ ішіп қоятын боламыз да, – деді. Ұзын бойлы солдат қуанғанынан көзі жарқ ете түсіп:

– Ендеше жүріңдер, – деді.

Лопахин өз үйіне келгендей-ақ, қисайып жатқан кішкене қақпаны шалқайта тастап, аулаға кіріп келді. Ермен мен ошағанға лық толып тұрған аулада адам аяғын алып жүре алар емес. Қора-қопсы түгел астаң-кестең, терезенің қақпағы жалғыз ілгешекке ғана ілігіп тұр. Есік алдындағы баспалдақтар шіріп кеткен. Мұның бәрі де – бұл үйде көптен бері еркек жоқ деп тұр еді. «Үй иесі майданда шығар, іс орайы келер» деп ойлады Лопахин.

Сарайдың қасында тұрған көк белдемше мен кір-кір кеудешелі кішкене ғана бір кемпір тезек үйіп жатыр екен. Қақпаның сықыр ете түскенін естіп, кемпір байғұс еңкейген арқасын әрең жазып, қошқылкүрең алақанымен көзін

қалқалап, келе жатқан жат әскерге қарады. Лопахин жақын келіп, сыпайы түрде амандасты да:

– Шеше, бір шелек пен азырақ тұз тауып бермес пе екенсіз? Шаян ұстап алып едік, соны аспақшы едік, – деді.

Кемпір қабағын қарыс жауып алып, еркек дауысындай қатаң дауыспен:

– Тұзды сендерге берем бе? Сендерге тұз түгіл мына тезекті берсем де арам болар! – деді.

– Шеше-ау, ол рақымсыздықтың себебі не?

– Сен немене, білмей тұрмысың себебін? – деді кемпір өте бір қатал үнмен. – Көзінде бір ұялу деген болсайшы! Қайда қашып барасыңдар? Доннан өтуге асығасыңдар ма? Сендер үшін соғысатын кім болмақ? Қолымызға мылтық беріп, сендерді немістен қорғап қал деп біз сияқты кемпірлерге бұйырарсыңдар? Үш күн бойы хутор арқылы өтіп жатқан әскерді көріп, қажыдық әбден. Болдық сендерді көріп! Елді кімге қалдырып барасыңдар? Ұяты жоқ, ары жоқ, антұрғансыңдар сендер! Қай уақытта ғана біздің осы жерге жау келіп жетіп еді? Ешуақытта жеткен емес-ті! Осы жасымның ішінде көрген емеспін! Таң атса-ақ, батыс жақта жау зеңбірегі өкіріп жатқанын есітеміз ылғи. Тұз керек болған екен сендерге? О дүниеге барғанда өздеріңді тұздасын келістіріп тұрып. Бермеймін тұзымды. Жоғал! – деді.

Ұялу мен ашудан күп-күрең болып кеткен Лопахин кемпірдің кекті ашуын тыңдап болды да:

– Шешеке, неткен көк айыл едіңіз! – деді.

– Ішім елжірейтін қай қылығың бар? Шаян ұстай алғандығыңа елжірейін бе? Ана кеудеңе таққан медальді шаян ұстап алғаның үшін бермеген болар?

– Менің медалімде жұмысың болмасын, шеше. Ол сенің жұмысың емес.

Кемпір шашылып жатқан тезектеріне еңкейе беріп қайтадан кеудесін көтеріп алып еді, сонау терең шұңқырда жатқан қара көздері кекті ұшқын шашып, жайнай қойған екен.

– Менің жұмысым бәріңде де бар. Мен қартайғанша жұмыста бүкірейген адаммын. Қашан да салық төлеп тұрдым. Өкіметке жәрдем еткенде, сендер қашсын деп жәрдем еткем жоқ, қорғасын дедім. Бәрін де талан-таражға тастап, бүгелек тигендей қашпассыңдар, деп ойлағамын. Түсінетін боларсың бұған?

Лопахин тісі ауырғандай қабағын шытып, жөнеле беріп:

– Мұның бәрін мен сенсіз де білемін, шеше. Бірақ, тап бұлай сөйлеуің орынсыз сенің... – деді.

– Қалай ойласам, солай сөйлеймін. Мен оқытуға жасың жеткен жоқ әлі!

– Сірә, майданда ешкімің жоқ болар, Әйтпесе, бұдан басқашарақ сөйлеген болар едің.

– Менің ешкімім жоқ па майданда? Бар, көршілерден біліп кел. Не айтар екен. Менің үш ұлым, бір күйеуім майданда жүр. Төртінші, ең кіші ұлымды Севастополь қаласында өлтірді. Түсіндің бе енді? Сен бөтен жерден келген жат адам болған соң ғана жөндеп сөйлесіп тұрған шығармын. Қазір менің балаларым қайтып келе қалса, мен оларды қораға да кіргізбес едім. Қақ маңдайдан таяқпен кеп тартар едім де: «Соғысам деп кетпеп пе ең, соғыс ендеше жөндеп.

Жауды соңына ертіп алып, бүкіл ұлан-байтақ еліңді аралатпақ па едің? Жұрт алдында кәрі шешеңді ұялтпасаң еттің!» – дер едім мен оған.

Лопахин маңдайынан сорғалаған терін орамалымен сүртті де:

– Кешіріңіз, шеше, біз асығыс едік... Басқа бір үйден шелек тауып алармын,– деп, жапырылған ермен арасындағы жалғыз аяқ жолмен кейін қайтты. «Қайдан келіп ем мұнда, ет жемесем де сорпа ішкендей болдым ғой» – деп ойлады ол.

– Әй, жігіт, тоқтай тұр!

Лопахин жалт қарады. Кемпір келе жатыр артынан. Кемпір үндемей ғана Лопахиннің алдына түсіп, сықырлаған баспалдақпен үйге кірді де аздан соң шелек пен тұз алып шықты.

–Ыдысымды кейін әкеліп бер!–деді баяғы қатал дауысымен.

–Жарайды. Біз паң адамдар емеспіз... алайын... тәңірі жарылқасын, шеше!– деп басын төмен иді. Неге өйткенін өзі де аңғарған жоқ.

Бітпес еңбек, ұзақ өмірден бүкірейіп кеткен кішкене кемпір үн қатпаған қатал күйінде жүре беріп еді, Лопахинге кемпірдің бойы өзінен екі есе биік сияқтанып, кемпір оған жоғарыдан төмен қарағандай көрінді. Әрі жеркеніп, әрі бейшарадай аяп қарағандай болды...

Николай мен манағы екі қызыл әскер Лопахинді сыртта күтіп қалған. Олар шарбақтың көлеңкесінде салқындап, темекі тартып отырған. Су көйлекке түйіп алған шаяндар сықырлап, қозғалысып қояды. Ұзын бойлы қызыл әскер күнге қарады да:

– Біздің жігіт кешікті ғой. Шелек сұрап ала алмай жүрген болар. Үлгіре алмай жүрмесек жарар еді, – деді.

– Үлгіреміз. Батальон комиссары мен капитан Сумсков жаңа ғана зенитчиктердің телефонына кетті, – деді екінші жігіт.

Содан кейін олар биыл қай жерде болса да егіннің жақсы шыққанын, құлап жатқан қалың егінді лобогрейкамен шауып алу қиын боларын, биылғы егінді жинап алу әйелдерге өте ауырлыққа түсерін, егер бұл шегіну тоқталмаса, немістерге көл дүние қалғалы тұрғанын кеңесіп кетті. Олар шаруашылық жайын кәдуілгі мейрам күндерінде көшеде жатқан ағаштарға отырып алып кеңесетін іргелі крестьяндарша-ақ байсалды түрде ойланып, салмақпен кеңесіп отырды. Олардың дөкір сөздерін естіп отырған Николай мынаны ойлап еді: «Бұл екеуі күні кеше соғысқа қатынасып еді, ал бүгін бұлар үшін соғыс деген жоқ сияқты. Азғана дем алып, суға түсіп, бойларын сергітіп алып еді, егін жайын ғана кеңесіп отыр. Звягинцев трактормен әуреленіп жатыр, Лопахин шаяндарды асудың соңында. Бұларға бәрі де айқын, бәрі оңай. Шегініп келе жатқан жайымызды ешқайсысы сөз қылмайды. Ол бір өлім жайын сөз қылғанмен бірдей көрінеді. Соғыс деген–асуы жоқ тік біткен тауға шығып бара жатқанмен бірдей. Жеңіс сол таудың төбесінде болмақ. Тауға өрмелеп бара жатқан жұрт жол қиындығын сөз қылғысы келмейді өз ойларының мұңдары, өз бастарының қамы – кейін бұғып, бар тілектері сол таудың төбесіне жету, қалай да жету жайында! Сырғып кейін кетеді құлап та түседі, тағы да тұрып жоғары өрлейді. Бұларды тоқтата алатын ешкім жоқ. Тырнақтарынан айрылып, қызыл қан жосадай сорғаласа да, төбеге шықпай қоймайды. Төрт тағандап өрмелесе де шығады!»

Майдан тағдыры қосқан жолдастары жайында осындай ойлар келуі Николайдың бойын жылытып, қуантып жіберді. Ұзамай бұл ойын Лопахиннің келуі бөлді. Әбден терлеп, қып-қызыл болған Лопахин асығыс басып, аһлап-үһілеп келді де:

– Апырай, неткен ыстық еді! Тамұқтай күйдірді ғой, – деп, жаңағы кемпірмен сөйлескенімді естіп қалмады ма екен дегендей Николайдың бетіне тесіле қарады.

– Ал, сорпа жайында қам қылған жоқпысың? – деді Николай.

– Шаяндарды пісіретін болсақ, сорпаның керегі не?

– Кешіккен себебің не болды?

Лопахин анау екі қызыл әскерге қарай көзін бір төңкеріп қойды да:

– Сөз құмар, жайдары бір кемпірге кездесіп қалдым. Сол жібермеді. Көрінгеннің бәрін сұрайды, кімбіз, қайдан келеміз, қайда кетіп барамыз, соның бәрін сұрағаны... Кемпір емес, тамаша екен бір. Балалары майданда екен. Әскерді көрген соң, не жаны шыдап тұрсын, қорғасындай балқып, ас бергісі келіп, қаймақ жемейсің бе деп, жібермегені...

– Сен, немене, жемедің бе сонымен?–деді Николай қорқып кеткендей.

Лопахин Николайға жеп жіберердей түңіліп:

– Мен қаңғыма қайыршымын ба? Сорлы кемпірдің азғана қаймағын жалап-жұқтап кететін не бопты маған?–деді.

– Бекер болған жемегенің... Қаймағын жеп алып құнын төлеп кетуге болатын еді ғой, – деді Николай өкінген дауыспен.

Лопахин басқа жаққа қараған бойы:

– Мен сенің, қаймақты жақсы көретініңді білмедім ғой, әйтпесе ала келетін едім... Айтпақшы, соңыра шелегін сен апарып берерсің де, қаймақ сұрарсың. Кемпірдің ақжарқындығы сонша, сенен соқыр тиын да сұрамайды. Сен тек ақша ұсынып жүрме оған, жәбірлеп аларсың. Ол ыңғайын кемпір маған аңдатты да: «Шегініп бара жатқан жауынгерлерді сонша аяймын, не барымды сыпырып берер едім» – деді. Ал, кетейік, әйтпесс шаяндарымыз жарылып қалып жүрер...

Николай быламықты жеп болып, шелекшесін жуып, сүртіп алды. Лопахин жеген жоқ. Ол от басында жүгініп отырған бойы шыбықпен шелекте пісіп жатқан шаяндарды аударыстырып қойып, серейіп қалған қысқашты қызыл спрактарға қомағай қарап отыр.

– Садовой көшесіндегі «Жиһанкез» қонақ үйінің тамағынан қалай кем соғар екен, – деді Лопахин. – Жас шаян, тамаққа қосатын көк шөп–укроп иісі жұпардай аңқымай ма? Енді бір шелек суық пиво болар ма еді! Мыналардың иісінен құлап түскендеймін, ойбай, мені ұстай беріңдер!..

Көше бойлап, араларын бір мөлшерде ашық ұстап, медсанбат машиналары өтіп барады. Ең соңында көкке боялған Америкадан келген жеңіл машина кетіп барады екен. Жап-жаңа машинаны оқ шұрқ-шұрқ тесіпті де кеудесіндегі қаптырма қаңылтыры аяусыз жаншылып қалған. Машинаның үстінде – ернеуіне сүйеніп отырған жеңіл жаралылар кетіп барады. Күнге күйіп күрең тартқан жүздерде жараны байлаған ақ таспа шүберек айқын ағараңдайды.

— Машинаны тым болмаса брезентпен жауып алса қайтеді екен? — деді Николай. — Үстінде отырған адамдар күйіп кетпей ме мынау ыстықта?

Ұзын бойлы қызыл әскер жаралыларға қарады да күрсініп қойды.

Күндіз несіне жөнелтеді екен десеңші. Мынау ашық далада жау самолеттері байқап қалса, бәрін де салмадай турайды бұлардың. Жұрттың ойы тұтығып қалған білем, ойлау деген қайда осы?

Екінші қызыл әскер — олар бір себеппен жүріп бара жатқан шығар. Саперлардың балғалары да тақылдатуын қоя қойды. Салқындап бейбарақат отырған біз-ақ-ау деймін, — деді.

Николай тыңдай қалып еді, хуторда бір ұнамайтын тыныштық бар екен. Ұзап бара жатқан машиналар мен гүрілдескен көгершін үні ғана келеді. Ұзамай, батыс жақ беттен үнілеген зеңбіректің таныс гүрсілі де естілді.

— Шаяндар бізге күлетін болды! — деді Лопахин үмітсіз дауыспен. Содан кейін қос-қабаттап тұрып, шахтерларша боқтап жіберді.

Шынында да шаяндарды пісіріп алуға болмай қалды. Ұзамай «қауіп» үнін беріп, полкты қозғай бастады. Капитан Сумсков зақымданған басын қалтаңдатып келіп, қатарланып қалған әскерді бір шолып өтті де, дірілдеңкіреген дауыспен былай деді:

— Жолдастар! Хутордың аржағындағы, бірнеше жолдың айқасқан жеріндегі биікке барып, бекініс жасауға бұйрық алдық. Жаңадан жәрдем келгенше сол биікті қорғауымыз керек. Міндет айқын ғой? Соңғы күндерде біз көп күштен айрылсақ та полк туын қорғап қалдық. Соңғы адам қалғанша қозғалмайтын боламыз!

Полк хутордан шығып кетті. Звягинцев Николайды шынтағымен түртіп қалып, көзін бір жарқ еткізді де:

— Соғысқа кіргенде тумен кіруің қандай жақсы болса, шегінгенде тумен шегіну деген құдай басқа бермейтін нәрсе екен! — деді. — Соңғы күндерде осы тудан көзіме сүйел түсе жаздап келеді. «Осының өзін аспазшы Петька Линченкоға неге бермейді екен? Асхананың бір жерінде туды ешкімге көрсетпей-ақ сол алып жүрсе несі бар?» деп, мен талай ойладым. Туыңмен бірге жауға сыртыңды беріп кетіп бара жатқаның өлім-ақ енді. Өзіңнен де ұяласың, жұрттан да қысыласың. Сен қалай ойлайсың, шегінбей шыдар ма екеміз? — деді Николайға.

Николай иығын бір қозғап қойды да екі ұшты мағынада:

— Шегінбеуге тиісті-ақпыз ғой, — деді. Өз ойында: «Соғыстың қызуы деген осы! Полктың бас-сирағынан басқа түгі қалған жоқ, ту аман қалыпты әйтеуір; бірнеше пулемет, танкі ататын мылтықтар, асхана қалды; сонда да тас кедергі болуға кетіп барамыз... Зеңбірек те жоқ, миномет те жоқ, қатынас-байламнан да айрылдық. Капитан бұйрықты кімнен алды екен? Атағы үлкенірек көршілердің бірінен алды ма екен? Ол көршінің өзі қайда екен? Егер танкі шабуылы бола қалса, зенит-зеңбіректері қолғабыс берсе екен. Бірақ, олар тура Донға тартарақ. Дон өткелін қорғау да керек кой. Айтпақшы, солар осы хуторда неменеге ұйлығып жүрді?. Бәрі де Донға қарай жөңкіліп барады. Жалпақ далада босып жүрген бөлімдер. Жай қандай, жағдай қандай, оны ешкім білмейді. Оны майдан қолбасшысының өзі де білмейтін болар. Осының бәрін тәртіпке салар, күшті

бір қол да жоқ... Міне, шегіне бастасақ, ылғи осындай даңғазаға ұшырасасың...» Николайдың ойында осы еді.

Николай енді азғанадан соң қауіпті бір ойларға да тоқырап қалды: «Егер жау орап алса қайттік? Біз у-шу даңғаза болып жүргенде жәрдем келе алмай қалып, жау жағы қалың танкімен қаптай соқса не болармыз?»

Бірақ, бастан кешіп келе жатқан жеңіліс ызасы сонша күшті болғандықтан, бұл қауіпті ойдан ол қорыққан жоқ. Ойымен барлық қауіпке де қолын бірақ сілтегендей болып: «Н, мейлі! Тек қана тез бітсе екен! Егер окоп қазып алып үлгірсек фрицтердің де сазайын тартқызып көрерміз! Аянбаспыз-ақ! Оқ жеткілікті болғай-ақты. Полктың енді қалған адамдары бәрі де тіс қаққан, көпшілігі коммунист, капитан да жақсы—сөз жоқ, тіресе аламыз!» — деп ойлады ол.

Жел диірменнің қасында жеті жасар ақ бас бала жалаң аяқ қаз бағып жүр екен. Бала жүгіріп қолға жақындап келді де өтіп бара жатқан қызыл әскерлерге қызыға қарап, ернін күбірлетіп тұра қалды. Николай балаға қадала бір қарап еді, аң-таң болды: апыр-ау, қалай ұқсайды өзі? Өзінің үлкен ұлының көзіндей арасы алшақ тұрған көк көздер, тап сондай аппақ «кендір шаш»... Николайдың көздері шарасынан шыға жаздады. Баланың бетінде де көп ұқсастық бар. Тығызша біткен кішкене денесі де ұқсайды. Жанындай көретін ұлы осы күні қайда жүргенін білетін кім бар?

Өзінің баласына құйып қойғандай ұқсай қалған балаға Николайдың тағы бір қарағысы келіп еді, соғысқа кірер алдында жүрегіңді босататын ойды ойламау керек деп, өзін-өзі ұстап қалды, қарамады. Жетімек болып қалған балаларын да, олардың оңбаған шешесін де, анау төбеден немісті кейін тойтарып тастағаннан соң еске алармын деп байлады. Ал қазір автоматчик Николайға ернін мықтап тістеніп алып, басқа нәрселерді ойлау керек еді...

Көңілі едәуір қозғалған Николай біраз уақыт тура алдына ғана қарап келе жатты. Нәрсе салатын қапшығында неше оғы қалғанын анықтаймын деп әуреленді. Бірақ, балаға тағы бір қарамасқа шыдамады да. Бала лек-лек болып өтіп бара жатқан қызыл әскерлерді көзінен өткізіп тұрып қалған екен. Әрі қоштасқан, әрі азырақ ығысқан түрде күнге күйген қолын төбесінен жоғары көтеріп, бұлғап тұр. Николайдың жүрегі тағы да тап таңертеңгідей, қысылып кетті. Көз жасы тағы да бір ыстық тас кесекке ұқсап, алқымға келді.

* * *

Күнсіп жатқан қырқаның басы тастай қатып қалған жер екен. Күрек әрең дегенде бір-екі елі ғана батады. Жауынгерлер алай-түлей қылып окоп қазып ала бастады. Немістің бақылауда жүрген самолеті де ұшып өтті. Самолет қырқаның үстіне келіп төмендеместен айналып жүріп, пулеметпен екі рет тырсылдатты да шығыс жаққа қарай өтті. «Енді ұзамай келетін болар!» десті қызыл әскерлер.

Николай тізеден келтіріп жыра қазып алды да дем алайын деп басын көтерді. Звягинцев те жақын жерде ғана окоп қазып жатыр екен. Тер шығып кеткен сырт көйлегінің арқасы қап-қара, бет-аузы тағы моншақтап тұр.

— Мынау бір жер емес, кесел екен жұртқа деген!— деді ол, алқына дем алып, қып-қызыл болған бетін жеңімсн сүртіп жатып,— дәрімен қопармасақ, күрекпен шұқылағанға болар емес. Тәңірі жарылқағыр немістер қыспаққа алмай тұр әйтеуір. Әйтпесе, оқ жауып тұрғанда еңкейіп жатып окоп та қазып ала алмас едің.

Николай алыста сөне бастаған зеңбірек үндеріне құлағын түрді. Азырақ дем алған соң тағы да жерді қаза бастады.

Көз бен танауларға шаң кіріп барады. Жүрек дүрсілдеп соғады. Дем алуың қиын-ақ. Николай тап ортан белден келетіндей етіп қазып болған соң енді дем алмаса болмайтынын сезді. Қопарылған балшықты жоғары лақтыруға дәрмен болмай қалыпты. Ол окоптың жиегіне отыра кетті, Тіске тұрып шықырлай берген құмды түкіріп тастады.

— Қалай, қолайлы жұмыс көріне ме? — деді Звягинцев.

— Ой, несін айтасың...

— Міне, Микола, соғыс деп осыны айт! Тек күрекпен ғана қанша жер қазылды екен десеңші! Осы майданда менің жалғыз өзімнің қопарған балшығымды есептесек, бір трактордың бір маусымда жыртқан жерінен аз болмас еді деймін. Еңбек күнімен есептесең ұшы-қиырына жете алмас едің!

— Эй! Сөзді қойыңдар, — деді лейтенант Голощеков қатал дауыспен.

Сөлекет Звягинцев ып-ыңғайлы болып окопқа сүңгіп кетті.

Сағат үштің кезінде окоптардың тереңдігі адам бойымен бірдей болып қалып еді. Николай аласа біткен көк ерменнен бір қолтық жұлып әкелді де өз маңайын әдемілеп тұрып бүркеп тастады. Окоптың алдыңғы қабырғасынан жасалған қуысқа автомат оғының дөңгелектерін, гранаталарын қойды. Аяқ жағына азғана киім-кешектерімен бірге оқ салған қапшығын да оңтайлап қойып, содан кейін ғана айналасын анықтап барлап алуға кірісті.

Қырқаның батыс жақ құлай берісі тайпақталып барып, сирек-сирек жас емен өскен сайға құлайды екен. Қырқаның құлай берісінде әр жерде сирек шоқталған тікенек түптері бар. Қырқаның екі қабырғасындағы екі терең жыра да әлгі сайға барып қосылады. Николай екі бүйірімізден танкі келе алмайды екен деп ойлады.

Ыстық әлі қайтқан жоқ. Жалындаған күн көзі жер бетін рақымсыз-ақ күйдіріп барады. Қурай бастаған ермен иісі көңіліне бір қаяу түсіргендей. Николай шаршаған пішінде арқасын окоптың қабырғасына сүйеп тұрып, күнге күйіп қоңырқай тартқан далаға қарап тұр. Әр жерде суыр, тараққұйрық іні қазылған төмпелер; сағыммен толқынданған ақ селеудің үстінде түсі сол селеуге ұқсаған ақ кезқұйрықтар қалықтап жүр. Ермен арасынан көкпеңбек аспан көрінеді. Сонау бір белде көгілдір тұманға оранып селдір ағаш көрінеді. Алыстан көрінген көгілдір тоғай сағыммен көтеріліп, жер бетінде қалықтап тұрғандай.

Николайдың таңдайы кеуіп барады. Ол сауытынан бір ғана жұтты. Өйткені соғыс үстінде бір тамшы судың қандай қымбат болатынын ол жақсы білетін. Николай сағатына қарады. Он бес минутсыз төрт екен. Осындай шыдамыңды алып, жанды қажытарлық күтуде тағы да жарты сағат өтті. Николай екінші темекіні қомағайлана тартып болған кезде алыстан гүрілдеген мотор дау-

сы естілді. Мотор үні ұлғайып, айқындала келе қаһар төге бастағандай, жанжақтан түгел торлап, жер бетіне жақындаған найзағай үні сияқтанады. Сайдың қабағында жыландай ирелеңдеп жатқан жол үстіне бұрқыраған ұзын шаң тұра қалды. Бұл келе жатқан жау танкілері екен. Николай санап шықты – он төрт екен. Танкілер сайға барып түсті де бытырай бастады. Онысы шабуылға кірісер алдына әрқайсысы өз орнын белгілеп алуы еді. Мотор үні тоқталған да жоқ, бәсеңдеген де жоқ. Енді жолмен жаяу әскер тиелген машиналар келе жатыр. Сайға ең соңынан келіп түскен машина, сыртын болатпен қаптап тастаған бензин таситын машина.

Міне, айқас алдындағы азғана, ауыр минуттар. Бұл бір тылсымдай тынған, ойың мен бойыңды сірескен халге түсіретін кезең. Жүрегің әрі тез, әрі үнсіз соғады. Әр солдат айналасында қанша көп жолдастары болса да осы бір сәтте жалғыздық салқынын сезгендей болады. Бұл Николайға да таныс сезім болатын, оның неден туатынын да білетін. Өткен бір уақытта ол осы туралы Лопахинмен сөйлескенде, Лопахин өзіне бітпеген салмақтылықпен былай деді:

– Біз соғысуын бірге соғысып, өлуін бөлек-бөлек өлмейміз бе? Әркімнің ажалы өзіне ғана келеді. Әркімнің ажалы арқасындағы өз қапшығындай өзінікі, ешкім оған еншілес емес. Одан соң, Коля, өліммен кездесу – ойыншық емес. Онымен кездесіп қаласың ба, жоқ па, бәрібір, жүрегің лүпілдейді; сен оған кездескенде маңайыңда басқа адам бар ма, жоқ па, бәрібір ажал екеуің оңаша кездескендей боласың... Әр адам тірі жан ғой, өйтпесіне бола ма екен?

Айқас басталған соң-ақ, жаңағы сезімнің орнына басқа бір сезімдер келетінін де Николай жақсы білетін. Ол сезімдер де жалт-жұлт, жарқ етіп, бүрк етіп, тез ауысып, ақылмен ойлауына әр кезде бағына бермейді... Демін тез алып, Николай орнынан тұрды да саймен арадағы жіңішке ғана болып созылып жатқан көгалға тесіле қарады. Көгалдың ар жағында әлі де бір қалыпта, бір сарында үн қосып моторлар гүжілдесіп тұр. Аз да болса ауыр сәттің қысуынан Николайдың көзі де жасаурап кетті. Оның үлкен денесі қазірдің өзіне түгел бағына қоймай, әртүрлі ұсақ қозғалыстар жасап тұр. Әшейінде бұл да істелмейтін, керексіз қозғалыстар. Жып-жылы ап-ауыр боп жатқан автомат оғының дөңгелектері әлдеқайда кетіп қалатындай, Николайдың қолы қуыста жатқан сол дөңгелектерді де бір ұстап қойды. Тер сіңген қайыстай сұрғылт тартқан сырт көйлегін түзеді. Көзін сайдан алмай тұрып автоматын ыңғайлады. Окоптың жарқабағынан азғана балшық сусып ішке түсіп еді, оны әуелі етігінің тұмсығымен теуіп қалды да содан кейін таптап тастады. Окопты бүркеген ерменнің арасын тағы да ашыңқырап қойды. Онсыз да айналасы айқын көрініп тұрғаны есіне келген жоқ. Иықтарын қозғады... Мұның бәрі де өз бетімен, еріксіз істеліп кететін қозғалыстар еді, оны Николай байқаған жоқ. Айқас алдындағы бақылауға сонша шомып кеткен Николай, көзін айырмастан батыс жақ бетке қарап отырып, Звягинцевтің ақырын үн қатқанына жауап қайтарған жоқ.

Сайда мотор үні өкіріп қоя берді. Танкілер де шыға келді. Танкілердің соңында еңкейместен тік жүріп, есер адуындап жаудың жаяу әскерлері келеді.

«Қарғыс атқандардың дандайсуында шек жоғын қарашы!

Көрініске шыққандай жүрулерін көрдің бе... Жә, біз де қарсы алып көрерміз! Әттең зеңбірек жоғы десеңші. Әйтпесе, бұл көріністерді естен қалғысыз етер едік» – деп ойлады Николай. Кеудедегі кек сонша ауыр, демін алғызбай бара жатқандай. Алыста келе жатқан жау әскерлері жыбыр қағып, ұсақ көрінеді. Кеудесі кек пен ызаға толы Николай жаудың қылт еткенінен көзін алмай күтіп тұр.

Жау танкілері жаяу әскерлерінен ұзап кетпей, баяу жүріспен келеді. Суыр індерінің төмпелерінен де сақтықпен өтеді. Осы қалай екен деген сезікті жерді пулемет оғымен тінтіп те келе жатыр. Николайдың алдында екі жүз метрдей жерде тұрған бір шоқ тікен құйын соққандай жапырылып бір қалып еді, жау оғы қырқып өткен жапырақтар мен бұтақтар шашылып жерге түсті.

Танкілер жүріп келе жатып, зеңбіректерден де атқылай бастады. Зеңбірек оқтары қырқаның ұшар басынан төмен түсіп жатыр. Оқтар көбінесе топ-топ болып өскен тікендердің маңына түсіп жатыр. Әрі-беріден соң зеңбірек оғы көтеріп лақтырған топырақ бағаналары бірте-бірте окоптарға жақындай берді. Николай өз окопының қабырғасына жабысып тұр. Керек бола қалса бұға қалуға да әзір.

Жау танкілері орта деңгейден асып, бұтаға жақындағаннан кейін үдете жүріп кетті. Николай дауысты созып берген команданы естіді. Танкі ататын мылтықтар мен пулемет үндері қосарлана шықты. Бытырлаған автомат үніне ерекше шаңқылдайтын винтовка дауысы қосылады.

Танкілерінен кейін қалған жаудың жаяу әскері шығынға ұшыраса да біраз уақыт ілгері ұмтылып келе жатты. Ұзамай олар да бұқты. Біздің, оқ оларды еріксіз жерге тұқыртты.

Танк ататын мылтықтар атысы жиілене бастады. Бірінші танк тікенек шоқтарына жетпей тоқтады. Екінші танкі лап берді де кейін бұрыла беріп тоқтап қалды—жанған қара майдай қара жалын аспанға көтеріле берді. Екі бүйірде тағы екі танкі жана бастады. Жауынгерлер де қырқаға көтерілгісі келген жау әскеріне оқ жаудырып жатыр. Әр жауынгердің көздегені жау танкілерінің сығырайған көзі, күйген танкіден секіріп түскен жау әскері. Айқас сарыны ілезде қызып кетті.

Бесінші танкі қорғаныс шебіне жүз жиырма метрдей жақын келіп қалды. Оған себеп болған қорғаныс шебінің орта кезін қорғап отырған Борзых мылтығының үні өшкені еді. Бірақ, сол танкіге карсы ефрейтор Кочетыгов еңбектей жөнелді. Кішкене денелі, ыңғайлы Кочетыгов суыр төмпелерінің арасымен жыландай ирелеңдеп, тез жылжып барады. Оның қалай жылжып бара жатқанын әр жерде бір дір етіп қалған ақ селеу ғана аңдатып тұр.

Кочетыговтың оң қолы әуелі артына қарай, одан соң танкіге қарай тез сермеліп қалғанын Николай да көрді. Кочетыгов бұға қалды. Күрсіл қағып келе жаткан үлкен танкінің жылан бауырына карай граната төніп қалды. Танкінің сол жағынан суық түсті сұр жалын көтерген кара топырақ аспанға ұшқанда адам көрмеген бір алып құс қара қанатын қағып калғандай болды. Үлкен танкі қалшылдап-дірілдеп, бір жағына қарай қисайды да крест белгісі бар бүйірін оққа тоса, табандап тұрып қалды.

Әлде ғана үні өше қалған Борзыхтың мылтығы қайта сөйлей жөнелді. Ол бір жағына қисайып, қозғала алмай қалған танкіні қарауылға дәл қондырып алып, ұрып жатыр. Бірінші оқтан кейін-ақ танкінің саңылауынан түтін көрінді. Танкистер пулеметі бір рет ұзақ тырсылдады да үні өшті. Танкистер танкіні тастағысы келмеді ме, әлде шыға алмай қалды ма, әйтеуір көрінген жоқ. Енді аздан кейін танкінің ішіндегі оқтар жарыла бастады. Темір тоны жарылған соң, будақтаған қара түтін бұрқ етіп тысқа шығып, шудаланып жоғары көтеріле берді.

Пулемет оғының себелеуінен жерге бұққан жаудың жаяу әскері бірнеше рет басын көтеруге талап етіп көріп қайтадан бұғып еді. Енді басын көтеріп, бір жүгіріп, бір бұғып, жақындасуға қалды. Бірақ, дәл осы кезде қырқаның құлай берісінде жанып жатқан алтауын тастап, жау танкілері бұрылып алып, кейін тартты.

Николай әлде қайдан Звягинцевтің даусын естіді. Дауыс жер астынан шыққандай күңгірт болса да шат еді.

— Микола! Топырлаттық қой енесін ұрып! Олар бізді жайпап өтпек еді, алды сыбағасын! Келістірген жоқпыз ба! Тағы тиіп байқасын, біз тағы топырлатып көрейік!

Николай босап калған дөңгелектеріне қайтадан оқ толтырып, сауытынан жылы суды азғана жұтты да сағатына қарады. Айқас оған бірнеше минут қана болғандай көрініп еді, турасында шабуыл басталғалы жарты сағаттан артық өткен екен. Күн едәуір еңкейіп қалыпты. Күн көзінің қадалуы манағыдан гөрі едәуір әлсіреген екен.

Николай суды тағы бір жұтты. Сауытты аузынан әрең айырып, окоптан басын шығарып алып айнала қарады. Мұрнына жанған темір мен бензиннің ауыр иісі келеді. Оған күйген шөптің ашы иісі араласып, бәрі қосылып жаңа ғана болып өткен айқастың өзіне тән, ерекше иісін береді. Өртенген танкінің айналасындағы жер беті күйіп кеткен. Қаудан мен селеудің басында күндіз көзге әрең ілінетін от жылтылдайды. Құлай берісте жанған ауыр танкілердің енді арсаланған сүйектері көріне бастаған. Суыр төмпелері бұрынғысынан көбейіп қалғанға ұқсайды. Бірақ, бұрынғысындай бәрі де қоңырқай емес; кейбіреулері мына қырқадан қарағанда аласарып, жайпақталып қалыпты. Николай анықтап байқай келе, әуелі суыр төмпесі дегендердің көбі томпайып-томпайып жатқан өлген немістер екенін түсінді. Жаңадан қосылған сұрғылт-көк *төм*пелер бұдан да көбірек болмаған екен деп ойлады.

Сайдан пулеметтер тырсылдай бастады, Николай басын жар қабаққа жасырып, окоптың қабырғасына терлеген арқасын сүйеп тұрып, демін алды, жоғары қарады. Кімге болса да, неге болса да бейжай ғана, салқын қарап тұрған көк аспанда ешнәрсе өзгермегені бұрынғысындай жоғары, бұрынғысындай жай қалқып, биікте қарақұстар жүр. Астыңғы жағынан күнге шағылысқан қанаттарын анда-санда бір қозғап қояды.Қызғылт, көкжиектенген ақ бұлттар ақ меруерттей шұғыла шашып, төбеде тұр, қозғалмайтын сияқтанады. Тағы да баяғы, бұрынғысындай, жүрегіне жол тауып, бойыңды балқытар бозторғай шырылы естіледі. Алыстан көрінген белестің, үстіндегі көгілдір тұман ашы-

лып, айнала ашық көріне бастаған. Белесті ораған көгілдір тоғай мана жер бетінде қалқып тұрғандай болса, енді бар салмағымен жерге қонып, кою орман қалпына көшіпті.

Николай, жау танкілері мен автоматчиктері қырқаны орай қозғалғанда, жаудың екінші шабуылы басталар деп күтіп еді. Бірақ, немістер бірнеше жолдардың тоғысар жеріне тез жетіп, қырқаның үстінде жатқан тастақ жолды алуға асыққан болса керек. Жау танкілері мен жаяу әскері тағы да манағысындай тура өңмеңдеп маңдайдан келіп соқты. Неміс әскерінің өліктері жатқан құламамен тура келе жатыр.

Тағы да біздің жақтың оқ боранымен танкілерінен еріксіз айырған жаудың жаяу әскері, қабаққа шыға бере жалаңаш далаға жата қалысты. Тағы да жау танкілері бар екпіндерімен гүрсілдей оғып, біздің бекініс шепке қарай ұмтылды. Оң бүйірден екі танкі қорғаныс шебіне жетіп қалып еді, екеуін де гранаталар ауыр жаралады. Біреуі жана жүріп, күштей ұмтылып бірнеше окопты табанымен ұйпалап, тағы да ілгері қозғалды. Сау қалған бір табанымен әрең қозғалып, аюдай *өкі*ріп, жан-жағына от шашып келеді. Темір тонының әр жерінен көгілдір от жалыны сыртқа шыға бастады. Темір тоны қызара жасылданып, қара бояулары қопсып, жиырыла бастады.

Қиғаштай түскен күн көзі болат қалпақтың астыңғы жағынан шағылысып, жүгіре қозғалған жау әскерін қарауылға дәл қондыртпай тұр. Күн астымен қозғалған жау әскері кейде тіпті көзге ілеспей қалады. Николай қысқа-қысқа тырсылдадатып тұр. Ол оғын үнемдейді. Сондықтан, бір оғын босқа атқан жоқ. Сонда да күнге шағылысқан көзі тала бастады. Екінші шабуыл тағы да тойтарылған кезде, Николай демін алды да бір сәтке көзін жұмды.

– Тағы да енесін ұрдық! – деген Звягинцевтің күңгірт даусы келеді. Бұл жолы дауыс салмақты шығады. – Микола, сен тірімісің? Тірімісің? Е, болды ендеше.Ылғи осылай ете беруімізге оқ жетер ме екен десеңші, бәле осында болып тұр ғой... Сен жауды қырасың, ол ит, егінге түскен қара күйедей өрмелей береді...

Звягинцев тағы да бірдемелерді күңгірт міңгірлеп еді, Николай оны тыңдаған жоқ. Оның ойын алыстан күңгірт гүрілдеп, бір сарылдап, бір іркіліп естілген неміс самолетінің даусы алып кетіп еді.

«Ендігі жетпегені осы-ақ еді...» – деп ойлады ол. Шағылысқан күнді қарғай отырып, көзін көкке қанша қадаса да ешнәрсе іліккен жоқ.

Он екі «Юнкерс» қырқаның солтүстік-батыс жағын ала ұшып, Донға өтіп бара жатқан сияқты. Николай жау самолеттерінің бет алысын анықтап алған соң, өзеннің өткелін бомбалауға бара жатыр екен ғой деп ойлады. «Ауды-ау әйтеуір!» деп ойлап, жеңілденгендей демін алды. Сөйткенше болған жоқ, жаудың төрт самолеті жалпы тізбектен сытылып шығып, дұрысталып алды да тура осы қырқаға қарай тартты.

Николай окопқа түсіп кетті, атысуға әзірленді. Бірақ, қатты екпінмен қырындап құлап келе жатқан самолетке бір-ақ рет тырсылдатып қалуға үлгірді. Өкірген мотор даусына *ө*рши берген бомба гүжілі қосылып кетті.

Николай жерді сілкіндіре гүрс еткенді де естіген жоқ, қасында ғана жерден аспанға ұшқан топырақ бұрқылын да көрген жоқ. Ып-ыстық, екпіні қатты

ұл толқыны окоптың алдыңғы қабағының топырағын ұйтқытып әкеліп ішіне түсірді. Қатты екпін, отты леп Николайдың басына түйіп қалғандай болды. Темір қалпақтың арты окоптың қабырғасына келіп соғылғанда алқымдағы сағақ бау сарт етіп үзіліп кетті. Басы қатты соғылды. Тынысы бітіп, құлағы тұнып қалған Николайдың есі ауып кетті...

Николай есін жинаған кезде неміс самолеттері екі дүркін келіп, бар жүгін төгіп болып кетіп қалған еді, немістің жаяу әскерлері үшінші рет шабуыл жасап, қорғаныс шебіне жақындап қалған екен. Енді тіпті таянып келіп, ең соңғы ұмтылыс кезеңіне келіп қалыпты.

Николайдың айналасы арпалысқан айқас, қызу қырғын еді. Полктің селдіреп қалған жауынгерлері барын салып қимылдап, қысылшаң халде жұлқысып жатыр. Жауынгерлер де әлсіреген, бұлардың оқ пен оты да әлсіреген. Қорғануға жарарлық адам да аз қалған. Сол жақ қанатта қолма-қолдың гранатасына кезек келіп қалған; тірі қалғандар немістермен қолма-қол, штыкпен айқасуға шырмеліп жатыр еді.

Николай жартылай балшық астында, окоптың түбінде қорбаңдап жатыр. Қоңалыстары икемсіз. Ішіне демін тартқан сайын дірілдеп, ыңырсығандай болады. Демін сыртына шығарғанда беті окоптың ішіне құлаған балшыққа тиеді... Мұрнынан қан кеткен. Жылы қан қытықтағандай сезіледі. Қан кеткелі көп болған сияқты. Өйткені, мұртына түйір-түйір болып жабысып, кеуіп қалыпты қ, еріндерін де жабыстыра бастаған.

Николай бетін бір сипап тастаған, азғана көтерілді. Қатты құсқысы келіп, ішіне құлады. Аздан соң о да бітті. Николай едәуір көтеріліп, буалдыр тартқан көздерімен айнала қаранып еді, жайды түгел түсінді— немістер жақындап қалған екен.

Әлсіреген қолдарымен Николай басталмаған дөңгелекті автоматына әрең ілінді. Әлденеше рет ұмтылып, әрең дегенде тізерлеп тұруға жарады. Басы айналып барады. Құсықтың ащы исінен тағы да құсқысы келіп барады. Бірақ Николай бас айналуын да, құсқысы келуін де жеңе алды. Денесін қалжыратып, ойын бұзай бастаған әлсіздікті де жеңді. Құлағы тас бітіп, айналасында «не болып жатқанына бейжай қарайтындай қалыпқа жеткен Николай ата бастады. Бұл жерде оны білеген екі ұлы ой еді: өлмеу және қасық қаны қалғанша алыса беру!

Ауырлығы сағатқа таңдық ұзақ минуттар өте берді. Ол, сайдың оңтүстік жағынан орап келген біздің үш «КВ» немістің автомашиналарына тиіскенін көрген жоқ; ол үшеуіне жалғаса атқыштар бригадасының жаяу әскері келіп қосылғанын да көрген жоқ. Николайдың әлсіреп қалған сана-сезімі оның окопынан бір метрдей ғана жерде жатқан неміс әскерлерінің атулары неге бәсеңсігенін ұғынбаған жоқ. Неміс солдаттары әуелі кейін жылжып, еңбектеп барып, соған кейін тұра салып, тым-тырақай қаша жөнелді. Николай бұны да білген жоқ, бірақ неміс солдаттары манағы сайға қарай қашқан жоқ, солтүстік-батыс бағытағы терең жыраға барып құлады.

Неміс солдаттары жар қабақтай қиғаштай сырғып түсіп бара жатқанда ұлып-ұлып әкетіп бара жатқан көксұр жапырақ сияқты еді. Көбі сол, бұтағынан

құйын жұлып әкеткен жапырақ-қа ұқсап, құлаған жерінен тұра алмай, жар қабақтың бетегесіне араласып, мәңгі тұрмайтын болып қалды...

Тек қана, бомба шұңқырларынан қарғи секіріп, Звягинцев пен лейтенант Голощеков, тағы бірнеше жауынгерлер қасынан өте бергенде, не болғанын Николай сонда түсінді. Ызадан сұп-сұр болып кеткен жүздерге қуаныш ажары кіре қалған екен.

Николайдың даусы қарлығып қалыпты, тамағына әлде не түйіліп қалғандай. Жаңа ғана айғайлап жүгіріп өткен қызыл әскерлерше Николай да бірдемені айғайлап жіберді, бірақ өз даусын өзі естіген жоқ. О да бұрынғыдай, о да сол жолдастарынша атып тұрып, соларға қосыла жүгіре жөнелейін деп еді, әлсіреген қолдары окоптың ернеуіне жабыса алмай, дір қаққан кәрінің қолынша құр қарбанып, сырғи берді. Окоптан шыға алмады... Николай окоптың опырылған ернеуіне кеудесімен асылып, әлсіз ұмтылып, қатты қиналып еді. Еріксіз ыңқылдап, жылап та жіберді. Ол қайнаған ызадан, өзінің әлсіздігіне ызаланғаннан, және қуанғаннан жылап еді. Ойлағаны болды ғой! Қырқаны бұлар берген жоқ жауға! Жәрдем де дәл кезінде келді! Қарғыс атқан сұм жау қашып барады! Николайды әрі ыза, әрі осы қуаныш жылатқан еді.

Звягинцев пен басқа жолдастарының жауды дәл жар қабақта қуып жетіп штыкпен жайпап жүргендерін Николай көре алған жоқ. Алға кеткен қызыл әскерлерден кейін қалып, ақсаңдап бара жатқан жаралы сержант Любченконы да көрген жоқ. Любченконың бір қолында жайылмаған ту бар да, бір қолымен автоматын бүйіріне қысып алған. Снаряд түсіп қиратып кеткен окоптан еңбектеп шыққан капитан Сумсковты да Николай көрген жоқ... Капитан сол қолына салмағын сала сүйретіліп, биіктен төмен жылжып, жауынгерлерінің артынап кетіп барады; оның снаряд түйірі дәл иығына жақындатып жұлып түсірген оң қолы жансыз сүйретіліп барады: қан-қан болған жеңіне ілігіп қалған сияқты; капитан кейде сол жақ иығын астына ала жатып дем алады да тағы жылжиды. Ол сонда да алға ұмтылып, басын сілке көтеріп алып, баланың даусындай жіңішке, үзіле беретін әлсіз даусыпен:

Тас түлектер! Бауырларым-ай! Алға, алға! Беріңдер сыбағасын!—дейді.

Николай мұның бірін де көрген жоқ, бірін де естіген жоқ. Іреңі жұмсарған кешкі аспанда дір қағып, шырақтай жалтыраған бірінші жұлдыз көрінді. Николай үшін, жанға дәрмен беріп аман алып қалатын ұзақ уақытқа созылған әлсіреу, ессіз сұлық жату сияқты қараңғы түн орнап еді.

Борис Полевой

ЕЛДІҢ ЕРІ

Майданға тіреле жатқан жыратты жау көзінен жасырып тұрған тырбық жас қарағайлар ғана. Ызғырық желден қорғайтын да сол жүндес қарағайлар. Таң қаларлық оқиғаға мен осы арада ұшырастым.

Үш жауынгер казақ жігіті басқалардан оқшауырақ шығып, от маздатып ботқа пісіріп жатыр екен. Біреуі қолына аршаның бұтағын алып ботқаны бұлғап отыр да, екінші жігіт құрғақ бұталарды сындырып отқа тастап отыр. Үшінші жауынгер, бетіне әжім түскен, едәуір жасап қалған, жалпақ бетті адам, бір түбірге орнығып отырғанда, отқа қарап ойға кеткен. Мылтығы екі аяғының арасында көрінеді. Бір кезде ол азырақ теңселіп қойды да жарықшақтау ашы даусыспен даланың бір сарынды әніне сала жөнелді. Ұзын ән бітпестей созылып, бір қалыптан көп өзгермей, қарағайдың басында шулаған желдей есті. Әншінің даусы қыза келе тіпті басымдап, көтеріле берді. Әнінің шырқасын жерлеріне келгенде жауынгер көзін де жұмып жіберіп, саусақтарымен мылтығын да қағып-қағып қалып, әсем әнмен бірге ырғалып, теңселіп қояды.

— Мұның кім жайында өлең айтып отырғанын білесіз бе? Ол, жақында ғана біздің батальонға келіп, жауынгерлермен әңгімелесіп кеткен Мәлік Ғабдуллинді жырлап отыр, — деп, лейтенант Плимов бізге өлеңінің жайын түсіндірді: Плимов басын әншіге қарай қисайтып алды да оның не айтқанын бізге ауызба-ауыз аудара берді:

— Ол, Мәлік — батыр, әрі күшті, әрі ержүрек дейді. Қыр түлкісіндей айлакер, ақ бөкендей сақ құлақ, жау дүрсілін қырымнан біледі. Ақ тұйғындай қырағы, бұққан жауды қиядан көреді. Темірдей қатты білектері неміс төбеттерін қырудан қалжыраған емес: қанша қырса, сонша күшейе береді. Үрейі ұшқан немістер Мәлікті көрген жерден-ақ, зыта бастайды.

Өлең сылдырап аға берді. Орман ішіндегі мөлдір таза бұлақтай, сарқылар емес. Ұзамай от басына жауынгерлер мен командирлерді жинаған да сол өлең.

— Ол, Мәлікті қазақ даласының қандай жақсы көретінін жырлайды. Әке біткен Мәліктің әкесіндей болғысы келеді дейді. Қыз біткен Мәлікті түстерінде көріп, өлеңдеріне қосып, әндерін арнайды дейді. Мәлікті Сталиннің өзі біледі. Мәлікке Алтын Жұлдызды Сталиннің өзі жіберіпті деп жырлайды. Мәлік қазір окоптарды аралап жүр, ол Сталин сөздерін таратады. Мәлік сөзін барлық ұлттардың ұлдары ұғынады. Мәлікті әнші жігіттің өзі де көріпті: — егер немістерді ондап ұрып, сілейте соқсаңдар, туған елдерінде қайсыңды болса да онға қосып, Қобыланды, Сырым, Махамбет батырлардай жыр етеді, дегенін өзі де естіген.

— Батыр жайындағы жаңа жыр, жаңа эпостың туғаны осы емес пе! — деді лейтенант Плимов. Оның есіне онша алыста қалмаған, Алматы мектептерінің бірінде әдебиеттен сабақ беріп жүрген кезі түсіп кетті білем.

Әрине, майор Мәлік Ғабдуллиннің әкесі де, өзі де арыстандай албырт жас —Мәлік тап осы кезінде қазақ халқының батырлық жырына кіреді екен деп ойлаған емес. Мәлік талантты жас ақын, ауыз әдебиетті жинап, тексеріп жүретін, Қазақстанға белгілі жас, ғылым адамы еді. Ол қазақ эпосы мен қазақ әдебиеті жайында бірталай еңбек істеп, ол еңбектері баспада жарияланған болатын. Елімізге соғыс жарияланар қарсаңында кандидаттық диссертациядан мойнын бұрмай, көзін аудармай отырған кезі еді. Жас ғалымның жүрегіне сонша ыстық тиетін үлкен еңбек аяқталуға да жақын қалған. Институттағы дос-жолдастары, белгілі профессорлар, әдебиетшілер, тіл мамандары Мәліктің, еңбегін бірауыздан тегіс ұнатып, енді тек өңдеуі ғана қалған-ды. Бірақ, Мәлік ғылми еңбегін жинап тастады да партия райкомына келіп, өз астанасы Алматыда құрылып жатқан дивизияға жіберулерін сұранды.

1941 жылдың күзінде, немістердің октябрь ішінде Москваға жасаған шабуылында жас ғалым, дивизияның барлық жауынгерлерімен бірге, ұлы астананың іргесін қорғады. Руза өзенінің жағасынан асығыста қазылған тоң қатқан сазды окоп Мәліктің бірінші өткен соғыстық мектебі болды.

Ол кезде Мәлік рота командирінің саяси кызмет жөніндегі орынбасары еді. Рота взводқа бөлініп, өзеннің шығыс бетін өрлей орналасты. Мәлікке оққа ұшқан взвод командирінің орнын басуға тура келді. Сол взвод ең бір қиынға түскен, арпалыстан көз ашырмаған сол қанатты қорғады. Берілген бұйрық немістерді өзеннен өткізбеу, қанша сұрапыл айқас болса да табан жылжытпау, ақтық күш сарқылғанша тырп етпеу еді.

Мәліктің алғаш көрген соғысы тым-ақ сұрапыл болды. Дем алдырмай, көз аштырмай, мұрын сіңбіртпей, түтеген оқ бір тынбаған аяусыз айқас ұзақ күнге созылды. Немістің бір ротасы өзеннен өтпек болып күн бойы ентеледі. Немістердің әрбір атакасын тойтарған сайын жас ғалым өзінің командирлік міндетіне сенімді түрде кірісіп, бойы түгел үйрене берді. Оның берген бұйрықтары барған сайын түсінікті, барған сайын ойланып берілген бұйрыққа айналып, командирлік даусы қатал шыға бастады.

Кешке таман, немістердің ең соңғы тырмысуларын біржолата тойтарып тастап, Мәлік рота командиріне тапсырма орындалды деп баяндау үшін қатынас адамдарын жіберді.

Тыныш түнде әлдеқайда, арт жақта атылған мылтық дауыстары естіліп тұрды. Рота командиріне жіберілген қатынас адамдары таң атқанша оралмады. Сол жерде Мәлік қапсағай денелі сержант Коваленконы қасына шақырып алып:

— Максим Данилович, — деді ол, бұрынғы жай қалыпты адамның әдетімен сөйлеп, — сен рота командирінің пунктіне барып, бұйрық алып, түндегі арт жақта болған атыстың жайын біліп келші, — деді. Мәлік Коваленкомен эшелонда достасып еді.

Екі сағаттан кейін Коваленко қайтып келді. Шинелі дал-дұл, әрі батпаққа аунағандай. Ол үн жоқ, түн жоқ келді де рота командирінің қанға боялған партбилетін Мәлікке ұсынды. Немістер сол қапаттан өзеннің арғы бетіне өтіп

кетіп, қатар жатқан біздің взводтарды тықсырған екен. Рота командирі, қаза тауыпты. Байланысқа жіберілген адамдардың өлігін Коваленко жолшыбай көріпті.

— Енді қайтеміз, командир? — деді сержант, көгеріп тоңған жаралы қолдарын отқа қыздыра беріп.

Күні кеше ғалым әр нәрсені тексеріп әдеттенген. Оның тек 43 жауынгері қалған екен. Қазылған жыралар суға толып қалыпты. Азық таусылуға жақын. Жұрттың темекілері де таусылған — қалталарын қағып, қоқым-соқымды орасып жатыр. Немістер артқа шығып кеткен. Белгісіз нәрсе — олардың өзеннен өтіп қанша жер ішке кіргендігі ғана.

Бірақ, немістің бүкіл бір ротасына қарсы тұра алған кешегі соғыс Мәлікке үлкен арқа сүйеу, үлкен сенім берді.

— Жолдас сержант, айналсоқ қорғану қамы жасалсын! — деді Мәлік, бұлжытпай орындалар бұйрық үнімен.

Келер күн бойы взвод үздіксіз соғыста болды. Немістер өзеннің нақ жағасына әкеліп үш машина толы жаяу әскер түсірді. Бронебойщиктер оқтың астына алып, тоқтап үлгіргенше машиналарды өртеп те жіберді. Машиналардан қарғып түсе бастаған фашист әскерлерін пулеметчиктер баудай түсірді, енді немістер біздің взводты бір бүйірінен соқпаққа айналды. Арт жақтан естілген салдыр-гүлдірге қарағанда, Мәлік жақындап қалған танкті көрді. Ауыр қозғалып, ырғалып теңселіп, оқ түкіріп, от қақырып, желкеден соғар ту сыртқа шығып алғалы келеді. Темір тонды жойқынның тасасында қалбаңдаған немістің автоматчиктері де көрінеді.

— Гранаталарды әзірлеңдер! Жаяу әскері жанай ұрып, танкіден айыратын оқ төгілсін! — деп асығыс команданы беріп болды да, Мәлік оққа ұшқан бір қызыл әскердің мылтығын қолынан ала берді.

Жау танкісі ең шеткі окоптың үстіне шығып алып, жырадағы адамдарды таптап тастауға шырқ айналып, айналасын ойпап-жайпап, бората бастады. Бұл — ауыр танкі еді. Бронь тесетін оқтар танкіге сарт ұрып беріліп, тырс етіп қайта серпіп кетіп жатыр. Неміс автоматчиктері де айналсоқ қорғаныстың ішіне кіруге жақындап қалды. Сол бір көз ілеспес мезетте қылар айла қалмағандай, қолдан тізгін шығып бара жатқандай, ендігі іс намысты қолдан бермей алысып өлу сияқты көрініп кеткендей болды Мәлікке. Бірақ, қабақ қаққанша болмады, соғыста асуы жоқ асқар, есігі жоқ қорған болмайтындығын мәңгі есте қалдырған бір нәрсені көрді Мәлік. Немістің ауыр танкісі үстінде аунап жатқан окоптан парторг Василий Кондратьевич Шашков қылт етіп басып көрсетті де қолын бір сермеп қалды. Аспан жарылғандай гүрс етті. Ауыр танк те сол сәтте тоқтай қалды, бірақ, жараланғанмен әлі күшті танкі, жан шошытар от пен оқты борай төгіп, алға қарай жылжып кетті. Сол кезде қираған окоптан Шашковтың қанға боялған басы тағы бір көрінді. Тағы да гүрс етті: темір тажалды көк жалын орап алып, қара түтін будақтай бастады.

Жаяу әскерге оқ төгіңдер! Жолдасымыз Шашков үшін! Атыңдар! — деп, Мәлік те айғайға салды. Мылтықтың құлағын өзі де тоқтаусыз басып жатыр. Қашан неміс автоматчиктері жалт беріп қаша жөнелгенше Мәлік мылтықтың құлағын басудан да тоқталған жоқ.

Мәлік взводы осы қоршауда тағы бір тәулік соғысты. Сухарь желініп болды. Темекі бітіп, жұрт балдыр тарта бастады. Соңғы оқтар да бітуге таянды. Взводта 23 қана жауынгер қалды. Ал, соғыс шегі күн шығысқа ауысып кетті: алыста гүрсілдеген зеңбірек үні енді талып қана жететін болды. Енді бұл араны қорғауда мағына да қалған жоқ. Мәлік бұл жерді тастап, жау қолын кесіп өтіп өз бөліміне қосылуға бел байлады.

Мәлік взводын үш күн бойы ағаш ішімен жүргізіп отырды. Төрт күннен бері нәр татпаған аш адамдар жауынгерлік тәртіпті бір бұзбастан келе жатты. Алдыңғы жаққа және екі бүйірге шолғыншылар жіберіп отырып, пулеметтерді жаяу сүйретіп, жаралыларды плащ-палаткамен алысып жүрді.

Мәліктің қатал шаралары арқылы ғана тәртіп сақтап келе жатқан кішкене отрядқа, магнит тартқан ұсақ темірге ұқсап қоршаудан құтылып өз топтарын іздеген жалғыздаған қызыласкерлер мен командирлер ылғи қосылып отырды. Үш күн жүргеннен кейін Мәліктің отрядына 187 жауынгер, 12 үлкен пулемет, 20 қол пулемет жиналды. Оқ та жеткілікті, бірақ нан мен темекі жоқ еді. Ілгері басу қиындай берді. Ашыққан адамдар еңсесі түсіп, әлсірей бастады.

Мәлік тоқтап, демалуға бұйрық етті. От басына коммунистер мен комсомолецтерді жинап алды да, оларға өзінің байлауын естіртті: қандай ауырлыққа ұшырасақ та отрядты сақтап қалуымыз керек; күші барлар әлсірегендерді кезектесіп алып жүрсін; олардың қару-құралдарын да күші барлар алысып жүретін болсын; жаралыларды көтеріп жүреміз; коммунистер мен комсомолецтер осы жөнінде үлгі көрсететін болсын.

Ертең ерте Мәлік отрядты митингіге шақырды. Бақташының балаларын қалай үйреткені жайындағы ескі ертегіні есіне түсіріп, Мәлік сыпырғыштың бір тал шырпысын суырып алып, қасындағы жауынгерге беріп, сындырып көрші деді. Жауынгер таңдана қарады да оп-оңай сындыра салды. Мәлік оған сыпырғышты тұтас ұстатты да «ал енді сындырып көр» деді. Әрине, сыпырғышты ешкім сындыра алған жоқ.

— Біз де осындаймыз, — деді Мәлік.

— Бәріміз бірге болсақ, ішімізде мықты тәртіп болса, бізге ешбір жау қорқынышты емес. Кімде-кім отрядтан жырылып қалам десе, атып тастаймын. Түсінікті ме? Митингі жабылды. Қатарланыңдар!

— Кешке қарай алдыңғы шолғыншылар — алдымызда немістер алған деревня бар деген хабар әкелді. Отряд ағаш арасына тоқтады. Зерттеуге жіберілген сержант Коваленко төрт сағат жоқ болып кетіп, қайтып келіп, деревняда немістің штабы бар; қару-құралдың мол складтары бар; әлі бекінбеген, бірақ, қору мықты деген анық хабарды айтты.

Мәлік қалаға шабуыл жасап, немістердің азық-түліктерін соғыспен тартып алуға байлам жасады.

Мәлік бел байлаған шабуыл жоспарында тездік пен айла отрядтың әлсіздігін түгел байқатпауға тиіс еді. Таңертең отряд деревняны қоршап алып, барлық отыз екі пулеметтен оқты бұршақтай боратты. Содан кейін, немістерге ес жидырмай, «уралап» айғай сала, жауынгерлер қаланың төрт жағынан бірдей қаптап, деревняға өздері ұмтылды. Соғыстың нәтижесі деревняның ортасында,

көшеде болған қысқа ғана қол айқаста шешілді. Немістер өлгендерін де, азық-түліктерін де, қару-жарақ складтарын да тастай қашты. Гитлердің 27 қанды балағы қолға түсті.

Жеті күннен кейін немістердің майдан шебін бұзып-жара Мәлік отряды өз дивизиясына қарай өтіп кетті. Манағы отыз екі пулеметті отряд аман алып келді. Жауынгерлердің көбі өз мылтықтарынан басқа, бір-бір неміс автоматтарын ала келіпті. Он алты жаралы жауынгер көтеруде келді. Ақ көңіл, алып денелі Коваленко өз полкіне төрт жасар бала Вованы ала келді, ол баланы Мәлік екеуі немістер өртеп жіберген деревнядағы көп өліктің ішінен тауып алған еді.

Мәлікті дивизия командирі генерал Панфиловтың өзінің көргісі келді. Сұңғақ бойлы, талдырмаш жасты Панфилов ұзақ айналдырып қарады. Шынын айтқанда Мәліктің денесіне соғыстық әскери киім әлі қона да қоймаған кезі еді.

– Мә, саған ғылым адамы! Жарайсың! Жаман солдат болмассың, – деді ол Мәлікке жарықшақты дауысымен. Сөйтті де Мәлікті өзіне қарай тартып алып, кәдуілгі орыс халқының әдетінше, бетінен үш рет сүйді.

Бұлардың қасында жақын тұрған адамдар, көп езу тартпайтын, салқын жүзді атақты генералдың сыр бермейтін жүзінде әкелік қуаныштың лап бергенін байқасып қалысты.

Бұл жорықта Мәлік бірнеше сенімдерге қалтқысыз бекіп, табанын тап басып қайтты: ең алдымен өзінің күшіне, екінші жауынгер жолдастарының күштеріне, одан кейін, қорқа білмес, өз ісін жақсы білген солдатқа соғыс майданында алынбайтын қамал жоқтығына біржолата көзі жетті. Тек өз ісінің бар сырын жақсы білу керек екен.

Мәлік бұл ойларын кейін ірі айқаста тағы бір сынап, айнымас қорытындылар жасады. Біздің жақтың шабуылға кәніккен кезеңінде, полк командирі қасына *он* үш автоматчик беріп Мәлікті жау қолындағы жерге сұғынып барып бекініс жасауға жіберді. Дәл сол тұстан немістер контратака жасайды деп күткен кез еді. Азғана отрядымен түн қараңғысын бүркеніп барып, Мәлік жаудың тап желкесіндегі ыңғайлы бір шыршаға бекінеді. Қатып қалған кішкене ғана өзеннің қабағы екен. Абдулла Керимов деген жауынгерді барлауға жібереді де, қалғандарына түн бойы тыным берместен терең окоптар қаздырып оқ ататын ұялар жасаттырады. Таң ата Керимов келіп Мәліктің отряды бекінген ойпатты өрлей жаудың бес танк, бір ротаға жақын жаяу әскері келе жатқанын айтады.

Он үш автоматчикке төніп келе жатқан бес танкі және бір рота әскер деген ойыншық емес-ақ! Мұндай халге түскенде ысылған командирлер де қобалжуы мүмкін. Бірақ, Мәлік сасқан жоқ: соғыста мәселені шешетін жау санының артық, иә кемдігі емес екенін ол жақсы білетін. Сондықтан, соғысуға әзірленуге бұйрық берді. Автоматтан оқ жаудырып, жаудың жаяу әскерін танкілерден ажыратуға бұйырды. Командасыз атпаңдар деді. Команда – командирдің өзінің атуы! Алдыңғы жақтағылар, танкіге қарсы лақтыратын гранаталарыңды әзірлеңдер!

Мәліктің өзі, жазатайым болмасын деп, үш гранатаға бір-бір бутылка жанғышты байлап алып, жылжып еңбектеп, алдыңғы окоптарға барды.

Танкілер тоқтап, жаяу әскерлерді алдарына шығарды. Бұл тұстан тосқауыл күтпеген немістер кымсынбай қозғалып, жұптарын жазбай, онша жасырынбай, қалың тізбектеліп келе жатыр еді.

— Апырмау, оқ төгейік те, оқ төгейік те! Апырмау, команда берсеңші! — деп, қатар жатқан Керимов командирінің құлағына алқына сыбырлады. Шыдай алмай, асығып, ентігіп сыбырлайды. — Бол енді!

Мәлік те өзінің атып қалғысы келіп жатқан асығыстықты әрең басып жатыр. Немістер жақындап келеді. Екі арада бірнеше адым ғана жер қалды. Мәлік сонда ғана мылтықтың құлағын басып қалды. Бірдемені былдырлай бере, көзілдірік киген унтер жалп ете түсті. Шыршаның, іші тегіс тырс-тырс етіп, сөйлеп қоя берді. Немістер құлай бастады. Кейбіреулері жата қалып, шыршаның маңайын атқылауға кірісті. Біздің автоматчиктер оқты үдете жаудырды. Ұзамай немістер шыдай алмай, қаша жөнелді. Сол кезде ағаш ішіне жасырылған неміс пулеметчиктері өз әскерлерін кейін шегіндірмеу үшін алдарын орай, жауған оқтан бөгесін жасады. Екі оттың ортасында қалған неміс әскерлері қайтадан жалт беріп, біздің жауынгерлерге батылырақ шабуыл жасап, бытырай жүгіріп, жантаса ұмтылып, шыршаның үстіне оқ жаудырды. Жараланған Гайсин қатардан шығып қалды. Кошевой оққа ұшты. Қатынаста жүретін Керимов та жалп етіп құлады. Қалған тоғыз автоматчик қайтпайтын қайсарлық көрсетіп, қатты жұлқысты.

Қолында автоматы, Мәлік жауынгерлердің бірінен соң біріне жылжып келіп, отша жайнаған көздерін қадап: — «Шыда тағы да азырақ, шыда! Жау қазір қашады!» деп, жолдастарына сенім беріп, дамыл таппады. Тал шыбықтай бұралған жас командир әрі ыңғайлы, әрі тез қозғалып, ылғи қастарында болды. Отрядтағы азғана адамның әрқайсысы да әрі ақылды, әрі сенімді командирі қасында екенін үнемі сезіп жатты.

Немістер тағы да кейін шегінді. Неміс офицері ақ ракета белгісін берді. Жақын жерде ғана немістердің мина ататын батареялары зіркілдей бастады. Бірақ, біздің жауынгерлер де түн бойы босқа азаптанбаған екен. Олар енді қауіпсіз деп айтарлық жыраларға жата қалды. Немістердің ызыңдаған осколкалары шыршаны баудай қырықты. Содан кейін тым-тырыс болды. Іле-шала моторлардың гүжілдегені естілді. Бұл танкілер еді;

Не істеу керек? Шегінуге ме, қашуға ма? Жоқ, танкіден қашып құтыла алмайсың. Қашу деген — өлім! Соғысу деген — танкілерді тойтару болады! Осының бәрі Мәліктің ойына көз ілеспес бір сәтте ғана лып ете түсті. Граната, бутылка салған сумкасын сүйрете-мүйрете, Мәлік алға қарай еңбектеді. Гүрсілдеп жылжып, тырсылдата атқылап келе жатқан бір танкі жақын ғана өте берді. Қауіп бар-ау деп қорықпастан, Мәлік сымдай шиырылып көтеріле берді де бутылка байлаған гранатаны лактырып кеп қалып еді, машинаның тап радиаторына барып сарт ете түсті. Гүрс еткен қатты леп Мәліктің өзін де бір жаққа лақтырып жіберді. Оны таптап өтуге келе жатқан танкіден аман сақтаған да сол жағдай болды.

Мәлік тез ғана көзін ашып еді, гранатаны лақтыруға болмай қалған екен, танкі жақын қалыпты. Мәлік гранатасын танкінің табанының астына тастай

берді де өзі былай ыршып түсіп, жермен жексен боп, жабыса қалды. Бұрқ еткен жарылыстың ерекшелігі сонша, танкі қабырғасына аунап түсті де тоқтап, жана бастады. Құлағы тас бітіп калған жас командир тағы да сумкасына қол салды.

Апырмау, бұл қалай? Анау үш танкінің тоқтай бастағаны несі? Асығыс қорбаңдап, кенет бұрылып, кейін тартты ғой!

Сол бір мезетте, көз ілеспес қысқа бір уакыттың ішінде, Мәлік есінен танып кетті. Бірақ, іле есін жиып, кейін қарай еңбектеп, шыршаның ішіндегі жолдастарына келді. Танкілер едәуір қашықтап алғасын шыршаны оқтың астына алды. Ағаш арасында миномет батареялары тағы зіркілдей бастады.

...Автоматчиктерде 5-6 оқтан ғана қалды. Кейін шегіну керек. Бірақ, өз бөлімдеріне қайтар жолды кесіп жолда танкілер тұр. Мәлік картаны алып қарады да тырнағын қатты батыра кейін қайтар сызық салды: ол сызық тұп-тура жаудың миномет батареяларының үстімен өтіп, ағашқа кіріп, одан әрі біраз айналыс жасап, өз бөлімдеріне қосылу жолы еді.

Жауынгерлері Мәлікке шексіз сенеді. Кесірткеше ирелеңдеп жатқан өзеннің табанына түсіп алып, бұлар немістің миномет батареясына қарай тартып кетті. Батареяның дәл қасына дейін еңбектеп келіп, миинометчиктерді тарпа бас салып, қалған оқтарымен көздерін жойып, минометтерді тас-талқан қылып қиратты да ағашқа кіріп, жоқ болды.

Оның ар жағында едәуір айналыс жасап барып, Мәлік қасындағы жолдастарымен тура өз бөліміне келіп қосылды. Мәлік командир жер үйінің табалдырығын аттай бергенде-ақ полктің командирі Капров пен оның саяси қызмет жөніндегі орынбасары Мұхамедьяров орындарынан ұшып тұрды. Үстібасы дал-дұл, батпақ басқан жолдастарын танымай қалғандай таңдана қарап:

— Ғабдуллинбісің? — депті.

— Иә, мен... Жолдас командир, менің таңданатындай нем бар?

Командир сумкасын ақтарып бір қағазды тауып алып Мәлікке ұсынады:

«Ширяев деревнясының түбіндегі соғыста, 16 ноябрь күні политрук Мәлік Ғабдуллиннің 13 автоматчигі ерлерше қаза тапты. Олар немістердің екі танкін жойды және 150 адамын жоқ етті. 5-ротаның командирі — Аникин». Полктің комсомол бюросының жауапты секретары — Ә. Жетпісбаев».

Қағазда жазылған сөз осы еді.

— Бұл қағазда бізді өліпті дегеннен басқаның бәрі шын, — деді, шаршаған Мәлік әрең жымиып.

Соғыс өнерін жақсы білетін, адамның соғыстық қасиеттерінің қандай екенін бірден байқап алатын генерал Панфиловтың айтқаны дәл келді. Ауыз әдебиетінің зерттеуші ғалымы, кабинет адамы, соғыс дегенді тарихи кітаптардан оқып қана білетін адам, майдан үстіндегі талай аяусыз айқастарда өсіп, шын мағынасында геройға айналды.

Мәліктің талдырмаш жас денесі баяғы сол арықтау, ыңғайлы қалпында. Ол ашаң жүзді. Беті пілдің сүйегінен ойып жасағандай, сұлу жігіт. Аздап тотыққан бетінің бар бедері әрі нәзік, әрі анық, әсем салынған. Ол интеллигент адам, саусақтары жіңішке-ақ. Бірақ ол сонша төзімді, сонша талғамайтын көнбіс сол-

дат. Өзіне қанша қатал болса, қарауындағы адамдарын да сонша жинақы, әр әмірді бұлжытпай орындайтын халде ұстайды.

Жауынгерлерін күнде ертеңнен кешке дейін шаңғы тепкізіп үйретті. Мұның өзі қазақ халқына әрі жат, әрі қиын өнердің бірі болғандықтан, жауынгерлермен бірге жүріп өзі де үйреніп алды.

Мәлік онша мерген де емес еді. Сондықтан анда-санда бір тиіп қалатын демалыс минуттарын ол ағаш ішіне барып, атуға арнады. Сағаттар бойы нысана атып, дағдыланып, алғашқы оқтан карағайдың түйіршегін атып түсіргенше, бұл дағдысын бұзған жоқ.

Бұл кездерде Мәлік екі орден алған еді: Қызыл Ту және Қызыл Жұлдыз ордені. Әрбір жаңа айқасқа араласқан сайын Мәліктің даңқы күшейе берді. Демалысқа қайтқан жаралы жауынгерлер, майданнан жазылған хаттар Мәліктің атағын алыста жатқан Қазақстанға жая берді; Мәліктің аты колхозшылар арасында жиі аталатын болды. Мәлік өлеңге қосылды: өзі қанша күтпесе де Мәлік бұрын өзі сүйіп зерттейтін, құрметтеп жинайтын халық жырларының геройына айналды.

Дивизия қыстығуні жеңісті шабуылдарға қатынасты. Дивизияның маңдай алдында Капров полкі еді, Полктің маңдай алдында жауынгерлік қорған түрінде шаңғымен келе жатқан Мәліктің автоматшы ротасы болды. Дивизия терең сұғынып барып, немістердің көк желкесіне шықты. Ондағы байлау — немістердің үлкен бір қолын алыстан орап, қапыда тұзақтау еді. Сол тұста немістер үшін тар қақпа сияқты жіңішке бір сызат ашық қалған-ды. Сол ашықтың дәл ортасында немістер штабының қорына айналдырып, алдырмас қамал сияқты барынша бекіткен бір деревня бар еді. Осы деревняны алып, әлгі айтылған тар қақпаны жауып, немістердің шегінер жолын кесу керек болды.

Автоматчиктер батальоны мен ротасын алға жіберуге байлам болды. Ағашты, сазды жерлермен алыстан орай жүріп, күтпеген жерден сол деревняны басып алып, кейінгі бөлімдер түгел келіп жеткенше қолдан шығармауға ұйғарылды.

Ұзақ ауыр жүрістерге үйреніп, пісіп-қатқан Мәліктің жігіттері орман арасындағы ауыр жолды оңай жүріп өтіп, деревняға тез жақындады.

Мәлік отрядына демалыс берді. Содан кейін барлық нәрсе салған қапшықтарды тастатты, босқа ауыр болатын керексіз нәрселердің бәрін де сол жерге қалдырды. Түн ортасына жақын отряд деревнядан көрініп тұратын ағашың шетіне жиналды. Мәлік сағатына қарады. Шабуыл сағат бірге белгіленген еді, бірақ батальон әлі келген жоқ. Мәлік ең жақсы шаңғышыны байланысқа жіберді. Ол жауынгер қайтып келіп — батальон қалың қардан әрең деп жол салып, ақырын қозғалып келеді, ең ерте жетсе енді екі сағаттан кейін жетер деді. Шабуылдың бар мағынасы, оның күтпеген жерден болуында еді. Деревня айналсоқ, қорғануға әлдеқашан дайындалған, айналасы дзот, жерге көміп қойған танк дегендерге толы болатын... Егер немістер шабуыл болғалы тұрғанын сезе қалса, олар сонша қару-құралды түгел сөйлетіп жіберер еді. Олай болған күнде бұл қаланы қанша ауыр қолдың ала қоюы да үлкен қиындыққа соғар еді. Соғыс тәжірибесі Мәлікті шабуыл түнегінің әрбір минутын бағалай

білуге үйреткен. Сондықтан ол батальонның келіп жетуін күтпей-ақ, өзінің аз күшімен шабуыл жасауға байлады.

Мәлік бар күшін төртке бөлді, бірақ, бірдей етіп бөлген жоқ. Бір топқа әлуеті кем, соғыс тәжірибесі аз жауынгерлерді бөліп, оларға атылған ізі көрініп тұратын (трассирующий) оқтар салынған дискілерді бергізді. Оларға тапсырылған міндет — дәл сағат бірде ағаштан шығып деревняға төніп барып, орындарын өзгерте, ауыстыра жүріп, жаудың бекіністеріне үздіксіз оқ жаудыру, ес жидырмай жиі-жиі атқылау еді.

Шаңғышылардың енді екі тобы — аға сержант Тимоник пен сержант Напахов басқарған екі топ, сол уақыттың ішінде жасырынып барып деревняның екі қабырғасына шығып алып, жаудың дзоттарына ту сыртынан атака жасауға бөлінді.

Ал Мәліктің өзі атака жасайтын негізгі топпен деревняның сырт жағынан келіп ішіне кіріп, үйлерге бекінген, көшеде кездесетін немістерді гранатамен жусатпақ болды.

Төрт еседен артық күшпен өте берік бекініс отырған неміс гарнизонына осынша батыл түрде шабуыл жасаудың планы өз күшіне де, жолдастарының күшіне де берік сенген, нағыз талантты, қорқа білмес, ержүрек жауынгердің ойынан туды. Планның орындауы да дәлме-дәл болды. Екі сағат соғыстан кейін артта қалған батальон келіп жеткенде, Мәліктің автоматчиктері соғысты аяқтап та қалып еді. Жаудың соңғы дзоттарын тұншықтырып, деревняның соңғы үйлерін жаудан аластап жүрген Мәліктің өзі жаудың талқан болған штабында, қолға түскен документтерді оқып отырған. Қасындағы бір жауынгері, бұрын Ленинградтағы механикалық заводтың слесары Мадьянов немістер тастап кеткен отқа жанбайтын екі темір шкафты айналдырып жатқан. Шкафтың бірінен карталар, документтер, толып жатқан неміс ақшасы мен совет ақшалары шықты. Енді біреулері лық толы қоршауда тұрған гарнизонға жіберілген темір крестер екен.

Бұдан кейін Мәлік Ғадуллинді командование орыстан өзге ұлттан келген жауынгерлердің арасында агитаторлық жұмыс жүргізуге белгіледі. Өзінің ержүректігімен, жауынгерлік ұсталығымен атағы шыққан атақты батыр командир, адамның жаны мен жүрегін жақсы білетін, ішкі сырын айтқызбай ұққан саяси қызметкер — орысша, қазақша, қырғызша, өзбекше, қалмақша, қарақалпақша, татарша еркін білетін тіл ғалымы — Мәліктің армиялық агитаторға керекті ең жақсы қажеттердің бәрі табылады. Осы күні, сұқ көзден бүркеп қойған оттың қасында, не болмаса ағаш арасындағы күркеде, тіпті болмайды екен, жаудан босатып алған деревняның қираған бір үйінде азғана демалып отырған, шабуыл жасап бара жатқан бөлімдердің жауынгерлерінің арасына күтпеген жерден Мәлік келе қалса, оның келуі үлкен бір оқиға болады. Мәлік өткізген әңгімелерде жауынгерлердің ойын жеп, шешуі табылмай жүрген мәселелердің бір де бірі шешілусіз қалмайды. Мәлік әңгімені аспай-саспай, әрі жеңіл, әрі еркін түрде жүргізеді. Мәліктің елдес жауынгерлері оның келуін ылғи асыға күтіп жүреді. Келіп кеткен соң оны ұзақ уақыт әңгіме етіп қалысады.

Қазақстанға жазған хаттарында өздерінің геройларымен қалай кездескенін әңгіме етіп жазып жібереді.

Жақын арада СССР Жоғарғы Советінің Президиумы гвардия майоры Мәлік Ғабдуллинге Советтер Одағының Батыры деген атақ берді. Бірақ, генерал келіп оның кеудесіне Алтын Жұлдызды қадаудан бұрын-ақ Мәлік өз дивизиясының ерекше сүйетін геройы, ақындары өлең шығарып жырларына қосып жатқан қазақ халқының батыры еді.

Жаңа эпос, Ұлы Отан соғысының эпосы осылай туады.

Баубек Бұлқышев

ӨМІР МЕН ӨЛІМ ТУРАЛЫ

(Майдандағы қазақ жасының дәптерінен)

Адам туады, адам өледі. Мұнда тұрған қайғы не? Бұл — жаратылыс заңы. Біздің шығыс елдері «Адам дүниеге келген қонақ, біраз қонақтадың — аттануың керек» деседі.

Бірақ, адам дүниеге тек қана келіп, әшейін ғана аттана бермейді: Ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады. Ол өмірге адам болып келіп, адам күйінде қайтады.

Мен ұлы жиырмасыншы ғасырдың жасымын. Бүгін мен өз жайымды әңгіме еткім келеді. Өйткені, бір жағымнан кек қысып отыр да, екінші — үлкен бір қайғым да бар. Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді тексерушілердің қолына түсіп, үлкен істерінің кішкене бір тетігінде тиянақ болуға жараса, мен де одан басқа арман да жоқ: ол тексерушілер біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, қуана да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болғаны.

Кек неге қысады дерсіздер, оны да айта кетейін. Жастық шақ маған бірақ рет берілмеп пе еді! Сол кезімді әлде қайдан түнерген қара күш жұлып әкетпекші. Ол жастықтан бір айрылсам, ол қайтып оралар ма? Оралмайтынын мен жақсы білем, аһ, тіпті жақсы білем! Біз жастар өмір сүруге асығатын едік, жастық шағымыздың іші-тысы бірдей мағыналы болсын деуші едік қой, солай емес пе, құрбыларым? Міне, сол қымбат шағымызды фашистер тонап алғысы келеді; балдырғанды бақшаға өрт салғысы келеді. Мен осыған кектенем.

Мен дүниеде жиырма-ақ жыл жасамадым ба! Бірақ, дәл қазір ересек адаммын деуге болады. Мен жиырмадамын, бірақ, мендегі ой ақсақалды, байсалды, талай белді артқа салған адамның ойындай.

Менің 19 жасымда бар ойым оқуда, қызмет жайында және несін жасырайын, атақ жайында болатын. Мен толып жатқан өнер жайын ойлаушы ем. Алдымен ақын болғым келетін. Пушкин мен Лермонтов, Гете мен Гейнені, Байрон

—

мен Шиллерді оқыганда біржола сүңгіп кетуші ем. Бұл ақындар маған қатты ұнайтын да, күні-түні басымды көтермей оқитынмын. Мен күйші де болғым келетін. Чайковский мен Глинканы, Бетховен мен Шопенді ерекше құмартып тыңдаушы ем. Мен өзімшіл екем, әрі ақын, әрі күйші болғым келетін.

Жоқ, шынын айтсам, маған ол да аз еді. Менен гөрі ересек жолдастарым мен бір туған ағаларым институт бітіріп, біреуі инженер, біреуі дәрігер, біреуі педагог, біреуі тарихшы болып шыққанда, осы мамандықтар түгелімен менде де болса деуші едім.

Өмір үшін, жас жігіт үшін, әрине, бұ да аз. Мен бір жақсы қыз жайында да қатты толғанушы ем. «Сүю» деген жалғыз сөзде қандай ұлы күш бар! Солай емес пе, құрбылар? Мен бір сұлу қызды, қазақтың бір сұлу қызын сүюші ем! Аты Жанна еді.

Сол кезде бақыт дегенді бағалай білсемші! Ол кезім өмірімнің бір ұмытылмас кезеңі екені енді ғана еске түседі.

Адам жүрегін өзгеше жақсы білетін ұлы Гете жастық шақты босқа жырлаған жоқ. Ол жастық шақты адам өмірінің ең биік шыңы деп босқа айтпаған.

О, жастықтың ұлы ақыны, Гете!. Мен сенімен тілдескім келеді: сен туған елді, сенің бауырларыңның үрім-бұтағын неге айналдырғанын білсең! Сен үшін ерекше қымбат саналатын асылдарды қалай қорлап, қайран жастықты қалай құртып жатқанын сезсең!

Бір кезде Гетенің елі деп аталатын Германия енді тағылық таңбасын жасыра алмайтын зорлық-зомбылықтың еліне айналды. Германия — фрицтердің еліне, шала сауатты ефрейтор Гитлердің еліне айналды. Атақты ата, ұлы ақын, біздің жанымызға да осы батады. Бүгінгі фрицтер «Фаусты» оқымайды, білмейді. Олар сені де білмейді!

Атақты ақын, сені біздің ел ғана шын сүйеді. Сені біз Пушкинмен қатар қоямыз. Сен естіп-білмеген біздің қазақ жастары сенің «Фаустыңды» қандай құрметтейміз! Өйткені біз жастық шақты, жас өмірді ерекше сүйеміз. Біздің елдің жас буын, жаңа ұрпағы осындай, ұлы ақын!

Ұр да жық ақымақ фрицтер біздің жастығымызды, болашағымызды құртқылары келеді. Біз, әрине, бере алмаймыз оны! Өлерміз, бірақ, бере алмаспыз! Бермейміз! Орыс та осыны айтады, қазақ та осыны айтады, СССР-дағы барлық ұлттар осыны айтады!

Мен, міне 300 күннен артығырақ соғыста жүрмін. Бұл уақыттың ішінде біздің ел де өзгеріп кетті, адамдар да өзгерді, мен де өзгердім. Мен жауынгер болдым. Қабағымнан қар төккен, ызғар шашқан жауынгермін мен! Мені қазір көрген адам бұдан он ай бұрын бар ойы оқуда, я, сүйген қызында болатын жас жігіт еді-ау дей алмайды.

Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ, ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсыңдар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыңдар.Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста

туғамыз, соғыста өлеміз де. Күресте тудық, сол күреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!

Өткен он айдың ішінде мен бірнеше шабуылда болдым. Өлімді тіпті көп көрдім. Адам өлімін жақсы ұғыныңдар, адам өлімін көп көрдім. Жақын жолдасыңның қиналып барып жан тапсыруын көруден ауыр не болады дейсің. Ол жаныңа жаны қосылған досыңның өлімі, ол тізе қосып бірге алысқан жолдасыңның өлімі! Жауды мен аямаймын, оның өліміне ішім қынжылмайды: өйткені, мен адамды емес, адам бейнелі айуанды қырып жүргенімді жақсы білемін. Ал енді қасыңда ғана қызыл әскерше киінген қыршын жас өліп жатқанда жүрегің қатты ауырады, құрбылар! Осы ғажап қырғын, сұрапыл алыс үстінде жаныңа сүйеу болатын нәрсе: біздің жігіттер ерлерше өліп жатыр деген берік сенім! Олардың өлімінде де өмір бар! Әлі есімде, бір шабуылда мен қатты жараландым. Қан майданда қала бердім. Жолдастарым жұлқысып жатыр. Соғыс тым-ақ қатты қырғын үстінде. Мен шыдай алмай барам, тұрғым келеді, алға ұмтылғым келеді. Амал не, қансырап барам, көтеріле алар емеспін. Жаныңа бататыны да сол мүгедектік, өзіңнің дәрменсіздігің.

Бір кезде есімді жисам қасымда бір неміс солдаты шыңғырып жатыр екен. Қызыләскердің штығы неміс солдатына қатты қадалған көрінеді. Мен оған «Дыбысыңды шығарма!» деп әмір етемін. «Соғыста жылай ма екен!» деймін мен оған. Ол сорлы: «Орыс-ау, ей орыс, өлгелі жатырмын ғой», – дейді тым-ақ әлсіреген даусыпен. – «Не үшін өлмексің?» – деймін мен тағы да. Ол жауап бере алмайды. Ауыр ыңқылдай бере-ді.

– Фриц, неге өлмексің деймін мен саған! Бұл өлім саған не үшін керек болды? Неге құмарттың өлімге? Не үшін өлмексің?

Ол жауап бере алмады, сол күйі өліп кетті. Оның берер жауабы жоқ еді. Ол соғысқа келе жатқанда да қайда, не үшін келе жатқанын білген жоқ-ты. Ол соғысқанда да не үшін соғысатынын білген жоқ. Ол өлімге келе жатқанда, неге өлетінін білген жоқ. Ол ақымақ фриц еді, сол ақымақтықтан өлді де.

Мен соғыстың қымбатқа түсетінін жақсы білемін. Соғыс орасан көп адамның өлімі деген сөз. Бір кезде барлық адам баласы ұлы ақын Гетенің: «Біздің Тәңірден алған ең үлкен сыйымыз – өмір» – дегенін айтып қандай мерейленетін еді! Адам баласының бұл мерейін ешкім тартып ала алмайды.

Адам ұлы адамша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да! Өмір үшін күресте біз өлім дегеннен сескенуден жиіркенеміз.

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әртүрлі болады: біреу суықтан өледі, біреу қыз үшін қырқысып өледі, енді біреулер аурудан өледі. Мұндай өлімдерді естігенде құр ғана ренжисің де қоясың. Ал, естігеніңде үлкен құрметтеп, бас иетін өлім де бар! Ол – майданда ерлерше өлу!

Мен жаспын, мен өмір сүргім келеді. Ең қызықты өмір әлі де алдымда екенін жақсы білемін. Менің үстімде қызыләскер киімі, мен армияда жүрген Азия елдерінің ұлымын. Мен өз елімді қорғаймын; момын да, бауырмал да, ардақты да елім бар!

Сол елім мен аттанарда былай деген болатын:

—

— Тас түлегім, мен сені баулыдым, сылап өсіріп қанатыңды қатырдым. Қиын бір кезең келіп қалды: жау жағадан, бөрі етектен алғалы тұр. Аттан, қуып-жойып қайт! Ұлым, сен көрлі кезең — соғысты заманның жігітісің, жауынгерше қимылдай біл!— деген. Мен мұны ұмытпаймын.

Мен өмірімнің өзім үшін қымбат екенін де жақсы білемін, дүниеге мен келгелі де көп болған жоқ қой. Бірақ, бұл күресте сол өмірімді аямаймын да! Аяуға да қақым жоқ деп білемін. Менде ұран біреу-ақ, ол Ленин ұраны: «Не өлім, не жеңіс!»

Мен шығыс адамымын, батысқа кетіп барам. Біраз жерге келіп те қалдым. Менің елім жақтан шығатын алтын күн мені ұзақ күн бойы жылытады, ол қашан да қасымда. Міне, кеш бола бастады. Күн батысқа еңкейіп келеді, мен де батысқа қарай келе жатырмын. Күн де мені қимағандай, ұясына қона қоймай, кідіріп тұр. Маған көзін тура қадап: «Шығыс ұлы, жолың болсын! Шығысқа жеңіспен қайт! Мен сені Алатаудың аясында қарсы алармын!» — деп тұр.

Күн көкжиекке батып барады. Мен әлі жүріп келем, алға кетіп барам. Мен, жау тас-талқан болып жеңілгенше ілгері қарай адымдай беруге тиістімін.

ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ

Мен өмірімде бірінші рет ай жарығында хат жазып отырмын. Қағазға қазқатар түскен жазу жақсы көрінсе де, қайта оқып шығу қиын-ақ. Сондықтан шалғай тұрған сөздерді өзгертіп, қатесін түзеуге болар емес. Қатем болса өкпелемей, олпы-солпысын өздеріңіз түзетерсіздер деп ойлаймын.

Бүгінгі айлы түн ерекше жақсы. Мұндай қоңыр күзде кездесетін түн. Мен айлы, әсем түндерді көп көріп ем, ал, ертеңгі айқас алдындағы тап осы түн тіпті таңқалдырды. Айқасқа кірер алдында дүниенің бәрі де өзінің дәл қалпынан анағұрлым әсем көрінеді, өзін де күндегіден өзгеріп кеткендей сезінесің. Ұйқың келмейді. Бірдеме істегің келеді. Не айғай салып, не тіпті мылтық аткың келетіндей. Атысқа дейін әлі көп уақыт қалғандықтан, мен міне, хат жазып отырмын. Кейде жазған жазудың да оқтай атылатын кезі болады.

Тыныштық. Жел үнсіз, жапырақ тілсіз, құстар әнсіз, дүние түгел қалғыңдай. Атылған оқ, жарылған бомба гүрсілі де естілмейді. Ғажайып бір үнсіздік: тымтырыс, бұл таңертеңгі жер сілкінер жағалас алды.

Міне, мен кішкене өмірімді тағы бір тексеріп, әр күнімнің ізіне түсіп отырып, алыстан бастап, дәл бүгінгі түнге жеттім. Көз алдымнан өзіме сонша таныс 20 жылдық өмірім өтті. Біріне-бірі жалғасып келіп, бірімен-бірі айқасып жатқан әдемі шақ, қымбат күндер жүрегіңді жүз бұрап, сол күйінде қайтадан есіңе түседі. Бір тізбегі — сегіз жылдық бақытты шағың, бала кезің, одан соң оқумен өткен он жылың, одан кейін армия, майдан. Шынын айтқанда, менің өмірім, қазақтың жас жігітінің өмірі жаңа ғана басталды.

Міне, тап бүгінгі түнде, таңертеңгі ұрыс алдында туған елім мен барлық халқыма, тіпті барлық адам баласына — мен өмірден алатын еншімді алғаным жоқ әлі, мен өмірді қатты сүйемін, мен өмір сүргім келеді деп, бар даусыммен айқайлағым келеді. Мен мұны ертең мені өлтірер-ау деп, өлімнен қорқып айтып отырғаным жоқ. Жоқ, Федя мен Вася жолдастарым сияқты, мен де аянбаймын. Мен соғыстың барлық қауіп-қатерін де білемін, нар тәуекелге нені салып отырғанымды да білемін. Мен үшін ертеңгі күннің ерекшелігі де осында».

Горький: — «Адам деген — айбарлы үн» деген. Мен ұрысқа сол адам болып кіргім келеді. Мен XX ғасырдың биік белінде, асқар шыңында тұрған адаммын. Софоклдан Ленинге дейін, Гомерден Горькийге дейін, Бахтан Шостаковичке дейін адам баласы ұзақ өмір сүріп, ғасырлар бойы мәдениет байлығын жасап келді. Сондықтан, біздің тұс адам баласының ең бір бай ұрпағы.

Біз бұл бай мұраны қашан да қасиеттеп, ерекше сүйіп, қорғап келдік. Біз оны жанымызбен де, жүрегімізбен де бағалаймыз. Бұл мұра, әсіресе, қазақ елі үшін бағалы. Талай ұмытылмас ұзақ түндерді мен кітаппен өткізуші ем. «Илиададан» бас көтермей, Бальзактың көп томды «Адамшылық комедиясына» батып кететін едік. Толстойдың бізге бергенінде есеп бар ма! Даңқың зор орыс әдебиеті, мен сені мадақтаймын! Мені тәрбиелеп өсірген сенсің. Осы мынау ауыр күндерде Андрей Балконскийді, Тарас Бульбаны, Павел Власовты есіне алмайтын кім бар екен? Жалғыз солар ғана ма еді!..

Біз поэзияны сүйетін едік. Бос уақытымызды философияға беретін едік. «Адам жүрегімен сөйлескің келсе, музыканы үйрен» деген сонау бір композиторға біз неше рет алғыс айттық екен! Біз музыканы жүрегімізбен тыңдаушы едік, біз Бетховенді жақсы көруші едік, біз Шостаковичті тыңдағанда желпініп, көтеріліп кетуші едік. Біз оның жетінші симфониясың әлі ести алған жоқпыз. Оқасы жоқ, оны тыңдайтын уақыт та келер.

Ие, біз білімге тоймайтын адамдар едік. Біз қол бос болғандықтан, іш пысқандықтан емес, білімді болу үшін оқитынбыз. Адам баласы жасаған ұлы мұраны біліп алып, мұраға мұра қоса алатын мәдениетті, білімді адам болу үшін оқитынбыз. Біз дегенімізге жете аламыз, мұраға мұра қоса аламыз. Әуелі мына неміс терді қырып алайық, содан кейін сөз жоқ істейміз оны.

Осы түнде Федя Раясын ойлайды, орыстың әдемі әйелін сағынады. Вася белорус қызы Сашаны ойлайды. Мен де өзімнің сүйген қызымды ойлаймын. Шығыс қызы Жаннаны сағынам. Жаным Жанна, сен тіпті алыстасың. Бірақ, суретің қалтамда, комсомол билетімнің арасында, менің құшағымдасың. Жүрегімді сенің кіршіксіз махаббатың жылытады.

Жанна, сен қайдасың осы күні? Мүмкін, екінші сменаға қалып, дәл қазір соғыс заводында жұмыс істеп тұрған шығарсың? Маған оқты көбірек құйып берудің соңында боларсың? Мүмкін, ұзақ түн оқ құйып, қазір ұйықтап жатқан шығарсын? Түсіңде өзің құйған снарядтардың неміс терді қалай талқандайтынын көріп жатқан шығарсың?

Тыныш ұйықта, жаным. Ұйқың бұзылмасын деп күзетіңде біз тұрмыз мұнда. Мен оқымысты болуды арман етуші едім. Қазіргі күнде сені қорғайтын, өзіміздің

шығысты қорғайтын, өзіміздің Отанды қорғайтын солдатпын. Таңертең соғысқа кіргенде есімде сен боларсың, елім болар.

Мен өмір сүргім келеді. Жанна, білемісің, соғыста өлу деген қиын емес. Көп адамдар: «Отан үшін өлейік» дейді. Керек болса, Москваны қорғап өлген біздің 28 бауырлар сияқты өлеміз Отан үшін. Бірақ біз, Отан солдаттары: «Отанымыз үшін өмір сүргіміз келеді!», «Немістерді қырғымыз келеді!» дер едік.

Мен өмір сүргім келеді. Бірақ, мынадай неміспен бірге өмір сүре алмаймын. Немісі бар дүние тар мен үшін. Адам мен аң бір бөлмеде тұра алмайды. Бір жердің үстінде неміспен бірге жасай алмаймын мен. Біз Шиллерді, Гетені сүйетінбіз, біз оларды қазір де жақсы көреміз. Біз қанқұмар емеспіз. Бірақ, мен Германия жастарының арасынан Вертер сияқты біреуін де таба алмадым. Оларда жүрек жоқ. Сондықтан оларды аяусыз қырамын.

Немістер тіпті солдат та емес. Суворов: «Солдат — талаушы емес» депті. Мен мұны азырақ қана өзгертіп — «талаушы — солдат емес» дер едім.

Неміс жастары! Сен біздің ғасырдың көз сүріндірген қылмысты жанысың. Сені бүкіл дүние қарғайды! Сені тарих қарғайды! Сені кейінгі ұрпақ қарғайды! Үстіміздегі жиырмасыншы ғасырда тап сендей, қолына автомат ұстаған қанды жол, баскесер барлығына мен қызарам. Сен біздің ғасырдың қылмысы, бетіне басылған қара таңбасысың. Сені, сен қара таңбаны өшіру үшін мен сені өлтіруім керек, мен сені өлтіремін де!

Біз қашан да гуманист болатынбыз. Біз адамды ерекше сүйеміз де, оның өмірі жер үстіндегі ең қымбат өмір дейміз. Мен адам өмір сүрсе екен, еңбек етіп, өнер көрсете алса екен деймін. Ал, сол адам өмір сүру үшін, сол адам өмір байлығын жасай алу үшін керек нәрсе, жаңағы айтқан — немісті қыру. Осы тілек үшін біз талай құрбандық берерміз, бірақ бұл тілек орындалады да!

Жақын арада мен бір жас ақынның соғыста өлгенін көрдім. Ол соғыста батырларша алысты да, батырларша өлді. Өлер алдында есіне Байрон түсіп кетті де, жазу дәптерін баспаға тапсыруға бізге берді. Ол дүниемен қоштасар кезеңде өлеңдерінің өмір сүруін ойлады, соны үміт етті: оның өлгеннен кейін де өмір сүргісі келді. Ол өмірі — жұрт оқитын естеліктері.

Біз өмір сүргіміз келеді. Осыны ауызға тым жиі ала бермейміз бе, сірә? Жоқ. Менің ойыма Спинозаның бір айтқаны түседі: «Азат адам өзгеден гөрі өлімді аз ойлайды; оның данышпандығы өлім емес, өмір туралы ойлардан туады. Біз ерікті адамбыз, сондықтан өмір жайын сөз қыламыз», — депті.

Өмір деген не? Жаңа туған адам дүниенің есігін қағып, бірінші баспалдаққа шығады. Оның алдында — бұраңы көп, оқабы көп ұзақ жол — өмір жолы. Адам бір жоғары көтеріліп, біресе төмен түседі, тағы да жоғары көтеріледі. Осы бұраң жолмен ол тез жүріп, асыға ұмтылып, алға басады. Ол ширақ, ол шат. Ол осы жолының бір жерге жетіп таусыларын да біледі. Бірақ, одан ол қорықпайды. Оған қымбат — сол бұраңы көп ұзақ жол. Мәңгілік өмір — бір көшке бір көш жалғасып, ұрпақ ауысып, ел жаңарып отыратын сол ұзақ жолда.

Мен жиырмадағы совет жасымын. Мен өмір жолының біразын жүріп тастасам да, алдымда әлі талай қыр бар. Менің алтын жолым жиырмасыншы ғасырдың биік қырқасынан асып, алға қарай, жоғары қарай тартып барады. Ол

жол менің Ұлы Отанымның кең далаларынан өтеді. Жан-жағымда мен сияқты, миллиондаған совет жастары. Олар да өз жолдарымен кетіп барады. Бірақ, бәрінің жолы да сол биікке, сол алға тартып жатыр.

Міне, менің қалам, университетім, менің сүйетін Жаннам. Мен сендерге соғыс өртін қақ жарып өтіп келе жатырмын. Әрі асығам, әрі алқынам. Мен сендерге тез жеткім келеді. Бірақ, дәл жолымда көлденең тосып автомат ұстаған неміс тұр. Ол мені өлтіргісі келеді. Ол менің жолымды бөгемек болады. Мен абайламай қалсам, ол мені өлтіреді де. Онда ол менің барлық туған-туысқандарымды да, Жаннамды да өлтіреді. Қаламды қиратып, университетімді талқандайды.

Менің туысқандарым өз тағдырларын маған тапсырды. Ол тағдырға мен жауаптымын. Сол жауапты бере алармын да!

Шығыстан сызылып таң келеді. Түнді күн жеңіп, таңертеңгі ала сәуле бола бастады. Қазір тұрыңдар деген белгі беріледі де, дос-жолдастарым түгел тұра келеді. Хатты тез аяқтап, ұрысқа жөнелу керек, өзіңнің борышыңды өтеу керек. Жанна жаным, қош бола тұр көріскенше. Мен немісті өлтіруге жөнелдім...

ЗАМАН БҰЗДЫҚ

Жаралы орыс жері, сенің топырағыңды басып жүріп келемін. Сен жаралысың. Бірақ қатардан шығып қалған жоқсың. Сен өз халқына еңбек сіңірудесің. Бұл қанды майданда сен не көрмедің? Саған атылған оқ пен лақтырылған бомбада есеп жоқ. Анау тал-қайыңдарыңа қарашы! Олар да қайғылы. Көбінің аспанмен таласып тұратын бастарын жаудың снаряды жұлып әкеткен. Анау ерке өзендерің — Днепр, Дон долданып буырқана түсуде. Мөлдір суларын қызыл қан жауып, қанды көбік атуда. Олар да қатты күрсінуде, тебіренуде.

Бұл біздің арқамызға аяздай батады.

Атақты алып Россия жері, сені бізден артық сүйе алатын кім бар! Біз, жауынгерлер сені сүйеміз, сен үшін біз жанымызды қиюға дайынбыз. Біз өлімге қарсы аттанамыз, саған атылған оққа қарсы жүреміз. Мұның бәрі сен үшін, туған жер, біздің анамыз, салтанатты Россия жері.

Жиырма бес жыл сен ерікті едің, азат халықтың жері болып едің. Сен тұтас жер болып едің. Ешқандай бөлшектеуді, жіктеуді білмеп едің. Біз сені метрлей өлшегеніміз де жоқ болатын. Біздің мейірімді халық сені бөлшектемей-ақ тұтасыңнан пайдаланбап па еді? Сен де бізді бауырыңа тартып, алалай көрмеп едің. Сенің кең сахараңнан достықтың, ынтымақтың самалы есуші еді. Сенің мол қазынаң баршамызға ортақ еді. Бақытты бауырды, сүйікті досты сенің құшағыңнан тауып едік. Сен бізге ұмытылмас тәтті өмір беріп ең. Азаттық өмір беріп ең. Теңдік, әділеттік сенің топырағыңнан тарап еді. Біз сені ерекше сүйіп едік, Россия жері.

Бүгін сен жаралысың. Туған жер, бірақ жауға бас имейсің! Бүгін кектісің, орыс табиғаты, сенің көкірегің жоғары! Сен дүниеге тәкаппарлықпен қарайсың!

Сен кешегі Суворов пен Донскойдың, Кутузов пен Ұлы Петрдің, Пушкин мен Некрасовтың жері екеніңді білдіресің! Сен бізден, өзіңнің ұлдарыңнан әлдене күтесің.

Біз сені түсінеміз! Сен бізден еркіндікті, жаудан босатуды тілейсің. 1917-20 жылдары саған бостандық, алып берген біздің әкелерімізге таң қалған едің сен. Бүгін бізге таң қалмайсың. Біз бейбітшілік уақытта керемет істер істедік. Бізді бүкіл әлем жаңа дүниені, бақыт дүниесін құрушылар деп санайды. Біз дүние жүзінің жастарының алдыңғы қатарындамыз. Бүгін бұл жастар ұлы майданның алдыңғы қатарында.

Біз, жастар, тағдырымыз сенімен байланысты екенін білеміз, туған жер! Біз сенің топырағыңда ғана бақытка бөленбекпіз. Өмірдің биік шыңына қол созамыз, адам дүниесінің сала-саласына ой жүгіртеміз. Біз бақытты жастар едік. Сенің үстіңде қуанышқа кенеліп, той тойлаған күндер есте! Бүгін сенің үстіңде жаумен жағаласудамыз. Біз сенің үстіңде тудық, сенен өстік, керек болса, сенің үстіңде өлеміз де бірақ жауға беріп қоймаймыз сені. Серт осы. Біз осыған ант етеміз, ізгі Ана!

Әлі есімде, бейбітшілік уақытта жастар қосылып алып не мектепке, не бақшаға қарай бет алар едік. Біз жүрген жерде әзіл, біз жүрген жерде күлкі, біз жүрген жерде ән болар еді! Қарттар әйелдерінің жанында отырып біздің сыртымыздан қуанады, бізді өздерінің мақтанышы етеді. «Шырақтарым, күліңдер, ойнаңдар. Заман сендердікі, сендер бақытты жассыңдар! Сендер дүниеге біздің орнымызға келдіңдер, біз сендерге бақыт кілтін қалдырамыз, өмірдің шыңына шығыңдар», — деп батасын береді олар: «Сіздер де қалыспаңыздар, біздің заман қарттарды қадірлейді», — дейміз біз. Біздің соңымыздан көңілді қарт жүгіріп:

— Ей, жастар! Біздің жырымыз жырланып біткен, енді сендер жырлаңдар, біз өмірден өзіміздің үлесімізді алдық. Енді сендер алыңдар... Сендер өмірдің шыңына да аяқ басып барасыңдар. Біздің жасымыз өтіп барады,— дейді.

Қария адам өмірінің қысқалығына қынжылатын сияқты. Ол жас болғысы келеді, өмір сүре бергісі келеді, бірақ ол 70-те. Ол енді — 70 жыл жасамайтынын біледі, қайран 25 қайтып оралмайтыны анық. Сондықтан ол бізге алдағы заманды тапсырады, келешекті, жаңа дүниені тапсырады, кеңбайтақ алып Россияның жерін тапсырады. «Сендер оның келешегіне жауаптысыңдар. Міне, сендер ұлы күзетте, қырағылық күзетінде!» — деп тұрғандай болады.

Біз сол ұлы күзетті жауынгерлік дәуірде алып отырмыз. Атылған оқтың, жарылған снарядтың астында, қанды майданда алып отырмыз. Өзіміздің дәуірді, ұлы күзетті Отан соғысының ұлы күресінде алуға тура келіп отыр.

Жастар өзінің заманын қолдан жауға бере алмақ емес. Біз өзіміздің заманымызды қорғаймыз!

О, жастар! О, құрбылар!

Біздің заман таласта! Жастық шағымызды қырау шалғалы тұр! Бірақ біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз! Заман біздікі! Өз заманымыз үшін жан шыда!

О, жастар! О, құрбылар!

Біз келешек ұрпақтардың алдында жауапты болмайық, біз олардың келешегін өртке шалдырмаймыз. Біз аталарымыз қанды майданда күреспен жеңіп алған тамаша дәуірді мақтанышпен өткізуіміз керек. Біз келешек үшін туған Ильичтің жастары екенімізді естен шығармауымыз керек.

Біз кеше ғана жиырмасыншы ғасырды алтын ғасыр деп атап едік. Біз осы ғасырдың дәмін татқан жастармыз. Міне, қараңдаршы, жау алтын ғасырға оқ атуда. Алтын ғасырдың алып денесіне оқтың ізін салды. Ол ауыр соққыны бастан кешіруде. Бірақ алтын ғасырдың жастары жау алдында тізе бүкпек емес. Алтын денесіне таңба түссе де шірімейді: болат сынса да майыспайды, біз – жастар да солай. Қанды майданда алыспен өліп бара жатқан жас адам: «Жасасын Отан! Жасасын туған жер!» – деп жан тапсырады.

Тыңдаңдар, менің достарым, менің жауларым, бұл біздің үн – жеңілмейтін Россия жері жастарының үні. Бұл ұлы күрестегі қажырлы ер жастар – Ленин комсомолының үні.

Біз Россия жерінің иесіміз, біз оны қорғаймыз. Заман біздікі, біз өз заманымыз үшін оққа, өлімге қарсы жүреміз, Біз Лениннің жастары кешегі алтын ғасырды қайта тұрғызамыз.

Біздің орнымыз жауынгерлердің алдыңғы қатарында. Біз өз орнымыздамыз.

Жастар, өзіміздің заман үшін, өзіміздің жер үшін жауға оқ атайық! Заманымызды қорғап қалайық. Әлем алдында заман біздікі дейтін болайық.

1943

ШЫҒЫСҰЛЫНА ХАТ

Шығысұлы!

Біздің қазіргі уақыттағы орнымыз қанды майдандағы қызу ұрыста ғой. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығысұлы!

Мен саған осы хатты немістің блиндажында жазып отырмын. Жанымда бірнеше қазақ жігіттері бар. Осыдан 40 минут бұрын бұл блиндажда немістер отырды. Біз оларды қамауға алып, үстінен басып қалдық. Тек азғана солдаттары қашып құтылды.

Сен біз «дәу қара» деп атайтын Қарағандының забойщигі Бейсенәліні білесің ғой! Ол қазір бізбен бірге. Өзі де дәу қара десең, дәу қара-ау! Бүгінгі ұрыста жұртты тым-ақ сүйсіндірген сол болды. Оның қимылы да қызық. Сонша ірі денесімен керіліп тұрып немісті найзаға түйреп алып, басынан асыра кейін лақтырады. Жау онымен қарсыласуға беттемей жалт береді. Жаңа оны командир шақырып алып, арқасынан қағып, алғыс айтты. Жауынгерлер оған Шығысұлы деп ат қойып алды. Менің есіме сен түстің сонда. Сондықтан саған хат жазуды дұрыс деп таптым.

Шығысұлы! Сонау туған өлкең Арқаны есіңе түсірші. Ондағы мейірімді халықты, бізді тәрбиелеп өсірген Отан-ананы еске түсірші! Сен соларды сүйетін едің. Бүгін сол шын махаббатты іс жүзінде көрсету керек болып отыр.

Отан деген бір-ақ сөз. Бірақ, осы бір сөздің мағынасына тең келер ешбір сөз жоқ. Сол ардақты Отан бүгін қауіпте тұр.

Менің көз алдыма: «Қарағым ұлым, тағдырым сенің қолыңда»,– деп тұрған ізгі ана – қазақ әйелінің бейнесі келеді. Бұл маған Отан өміріне төнген қауіпті аңғартады. «Ұланым, туған еліңді сақтап қал!» – дегендей болады. Осы лебіз жанды жанып, күш-қуатты тасытады.

– Сақтаймыз, ана, өміріңді сақтаймыз,– дегім келеді, сөзбен емес, іспен ақтауға ұмтыласың.

Ел қорғауға ер намысымен аттанған біздің алдымызда үлкен бел жатыр, Шығысұлы! Туған елдің келешегін сақтауға біз міндеттіміз. Ендеше қазақ қыздарының ғасырлар бойы «Елім-ай» деп сары даланы күңірентіп салған зарлы әнін бүгінгі күні жаңа күймен ұрыс алдында біз шырқасақ, оның айып-шамы жоқ. «Елім-ай» – елін сүйген қыз жүрегінен шыққан ән. Елін сүйген ер жігіт казіргідей заманда «Елім-ай» десе, ол – ант! Ол – серт! Ұрыс алдында жауынгерлердің жүрегіне төтенше махаббат құймақ. Шығысұлы, кел, шырқатып «Елім-айды» салайық. Қайғымен емес, жауға бермейміз елімізді деп, жігерленіп салайық; қасіретпен емес, ел үшін, жер үшін өлімге қарсы жүреміз деп, серт бере салайық. Сен қайда болсаң да біздің дауысымыз қосылады. Сен түстікте, мен батыста – бір фашистен өлтірсек, Отан екеуден санайды. Біздің ән де, қимыл да осылай ұштасады.

Өткен жылы Гитлердің аз уақыттың ішінде Москваны, Ленинградты алып Оралға өтем. Азия ұрыссыз бас иеді деп көпіргені есіңде ме? Ол ақымақ бізді адамға санады ма екен! Ол Азия ұлдарының алып қимылын көріп қана мойындаған жоқ па? Кеше ғана бізге күлген немістер енді қара шашты, қара көзділерден өлердей қорқады.

Отан бізге, қолымызға қару, бойымызға қуат беріп, өзіңнің сүйікті Арқаңды, сұлу шығысыңды, қонақжай халқыңды қорға деді. Сол Отан бүгін менің тағдырым сенің қолыңда, жауынгер, деп отыр. Ойлашы, Шығысұлы, біз ел сенген ерміз, қалайша неміске туған жерді қолдан береміз? Ел намысы үшін, ер намысы үшін жан қиятын шақ бұдан артық болар ма?

Сен еркіндіктің туын көтерген азат елде өстің. Сен өзің сүйген шығыстың бір сұлуына үйленіп едің, сен өзіңше, менің әйелімнен сұлу, сүйкімді жан жоқ деп ойлап едің. Ендеше ортаң бүлінбесін, сүйген сұлуың күң болып зарламасын десең, өлтір жауды, өлтір фашисті! Өлімнен қорықпа, екі өлмек, екі тумақ жоқ, ұмтыл ілгері...

Шығысұлы! Өткен жылы бастан бірге кешірген ауыр күндерді есіңе алшы. Біз неміс қоршауында, өлімнің аузында бірге өлуге серттесіп едік. Қоршаған жау жанымызды алмақ болып еді. Бірақ біз берілмеп ек. Сенің сол ауыр минутта өлсем, артымда балам бар, атым ешпейді деп мақтанғаның әлі есімде. Екі жастағы кішкене бөбегің саған елімнің алдында әл-қуат болып еді. Сенсіз басымнан өткізген осындай ауыр минуттарда «менің досымның баласы бар, біздің артымызда өсіп келе жатқан жас буындар бар» деп кейінгі ұрпақтарды

бел етіп, мен де талай қуанбадым ба! Сенің кішкентай бөбегің маған күш-қуат бола алды ғой, Шығысұлы! Сен мұны мақтан ет, кеудеңді жоғары сал! Ендеше сол балаң келешекті болсын десең, дүниеге келген кішкене Жәдияң өмір сүрсін десең, өлтір жауды, өлтір фашисті! Әйтпесе балаңның келешегін фашист жояды.

Жаман солдат болуға біздің правомыз жоқ. Біз ерліктің екі бірдей мектебінен тәлім алдық. Біз шығыстың Қобыланды, Таргын сияқты батырларынан ерлікті бір үйренсек, бауырлас орыс халқының қолбасшылары Суворов, Кутузовтардан екінші үйрендік. Біз Исатай мен Махамбеттің, Аманкелді мен Абайдың халқының балаларымыз. Біздің қылышымыз фашист-немістің қанымен суарылуы керек, серт осы болсын!

Таң бозарып келеді. Артиллерия тағы да өзінің әнін бастады. Біздің сыртымыздағы орманнан атылған совет артиллериясының снаряды үстіміздің зыңылдап өтіп, жау бекіністерінің ортасына түсіп жарылып жатыр. «Фрицтерге онша оңай тиіп жатпаған болар!» – дейді көршім. Алматының кешегі бақшашысы, жауынгер Шәріп жымыңдап.

Әрине, немістің басына күн туса, минометті ала жүгіретін әдеті... Міне, мина ұшып келеді. Оның даусы бізге мәлім... Бірінен соң бірі он шақты мина жарылғанда, тулаққа салып жүн сабап жатқан сияқты болып естіледі. Тіс қаққан, күзем тойда болған қазақ жігіттері фрицтер күземге кірісті деп күлісіп тұрады. Жау оғының астында қасқайып күлісіп тұрған шығыс адамдарын жаным сондай сүйеді. Асылы, біздің халық намысқор, «Өлімнен ұят күшті» дейтін халық, қой. Ел намысы үшін өлген ер өлімі бізде қадірлі, сондықтан біз өлімнен намыс жоғары дегенді жау оғының астында да қайталап айтамыз.

Нағыз қиыншылық кезеңде менің көз алдымда шығыстың жиырма сегіз батырының бейнесі елестейді. Жазғытұрым сол 28 батырдың бейітінің үстінен өттік. Шығыстың топырағы торқа, ерлері қара жер астында жатқаныменен қолын қысып амандасқың, тілдесіп сөйлескің келеді. Осыларша өлу – біздің де дәстүріміз болуы керек. Отан: «Жауынгер, менің тағдырым сенің қолыңда», – дегенде 28 батырдың сертін жоғары көтеріп, бас иіп жауап беруіміз керек саған, Шығысұлы!

Немістер бізді әрі минометтің, әрі артиллерияның снарядтарымен атуда. Оқ астымен келіп шабуыл жасамақ. Танктің алыстан шуы естіледі. Қарсы атакаға дайындалыңдар деген команда беріледі. Мықты бол, Шығысұлы! Біз қазір шабуылға шығамыз...

1942

ТЫҢДА, КАВКАЗ!

Кавказ, сен менің алдымда тұрсың. Сенің асқар шыңың көз алдымнан кетпейді. Мен сені окопта «жатып» көріп отырмын. Жүрегіңнің қалай соққаны маған естіліп тұр. Сенің басына қауіп төнгенін, сенің жауға зығырданың қайнағанын сеземін мен.

Кавказ, немістер саған қарай ентелеуде. Парнасқа да оқ атқан олар, сенің шыңыңа да оқ атқысы келеді. Немістер Гомердің ұрпақтарын атып-асып, тірі қалғандарын аштан қыруда, олар неміс айуандарынан қорлық көруде. Элладаның атам замандағы тасы гректің жас қыздарының көзінен аққан жасына боялды. Грек қыздарын фашистер күң етті. Тыңдаңыздаршы, грузин, армян, азербайжан, осетин қыздары, ардақты апа-қарындастарым! Егер Кавказға өте қалса, сіздердің бастарыңызға да сол түнекті орнатпақшы ол сұмдар.

Тыңдаңыздар, шығыс пен Кавказ ұлдары, бауырларым! Отанымыздың қасиетті асқар белі – Қазбек пен Эльбрустың алтын шыңын қайтып қана неміс оғына талқандатқызарсың? Бостандық сүйгіш, көп ұлтты, тәкаппар Кавказды қайтып қана фашистердің құлдық ойнағы етерсің?

Кавказ! Шота Руставелидің туған жері, Пушкин мен Лермонтов жанындай сүйген жер, совет Отанының мақтаны, сені қалайша сүймессің, қалайша сені мақтаныш етпессің? Мен қазақпын, мен сенен алыс жерде туып-өскем бірақ сен үшін өлуге де, сені қорғап қалуға да рұқсат ет. Бірақ бұл жаралы жер саптан шыққан жоқ, ол өзінің халқына қызмет ете береді. Бұл соғыста ол не көрмеді дейсің! Бірақ мен жүрген жолдарымның бәрінде де мойымаған жерді көрем: жау оғынан бұтағы сынған сонау ағаш, сонда да ол қайта бүрленді, неміс бомбасынан ойылған сонау ойпаң – ол да суға толып, көлге айналды, біз оған түсіп жуынып жүрміз.

Шіркін, қайыспас мықты, мейірімді, жомарт, туған жер, біздің ана! Біз сенің үстіңде тудық, сенің үстіңде өстік, сенің үстіңде өлсек те арман жоқ. Туған жер, егер біз сен үшін өліп кетсек, қамықпа, қайғыланба, қайта өзіңнің адал ұлдарыңмен, солардың батырлығымен мақтан.

Ұшқары ойламау керек. «Қалаларымызды қиратқанмен де өздері сау қалған жоқ. Мыңдаған солдаттарынан, жүздеген танктері мен самолеттерінен айрылды ғой», – деп жұбанатын адам – ойсыз адам. Енді олай деуге болмайды, олай ойлауға болмайды. Енді фрицтің өміріне бір метр де жер бермеуіміз керек... Біз оларды тегін қыруымыз керек, біздің кесім осы болсын.

Немістерді Кавказға қоя беруге біздің хақымыз жоқ. Оны тарих кешпес те еді. Мен шығысты жақсы білемін. Ел аузында өлең-жыр болған меймандос, алтын Шығыс жауға қаһарлы да, рақымсыз да бола біледі. Шығыста күн күледі. Батыста жылайды. Бірақ Шығыстан көтерілген күн қатулана да біледі. Мен өзім Шығыс ұлымын. Кавказ ұлдары менің бауырым, сырласым. Қазір орыс, грузин Кавказдың тағдыры үшін қантөгіс ұрыста жүр.

Ленин жастары советтің әрбір сүйем жері үшін қандай табандылықпен күрескенін болашақ ұрпақ білер болсын, шырқат, Кавказ, таудың ерлік маршын! Біз сені қорғаймыз. Қызыл Армия жауынгерлеріне ұрпақтарымыз риза болып мақтанарлықтай етіп қорғаймыз. Осы ерлік жыр мәңгі жырлана берсін, болашақтың жас адамдары Кавказға саяхатқа келгенде, оның алдынан сұр шинельді батырдың – Кавказды ерлікпен қорғаған жауынгерлердің тұлғасы тұратын болсыні

1942—43.

АНА

...Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі тіл жетпес жатқан бір теңіз емес пе? Па шіркін, ананың айналып-толғанғаны кімнің есінен кетеді!

Шырылдап жерге түскеннен-ақ сенің ең бір жақының, ең бір досың, ең бір ұстазың бар. Ол – ана: қара жерді баспай жатып, есіңді білмей жатып, тырмысып жабысатының, шырылдап уанбай жылап сенің іздейтінің – ана. Сен жан болып дүниеге келдің. Сенің іздейтінің бір-ақ жан. Ол – ана. Ол саған бәрінен қымбат. Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен. Сондықтан да сен бір-ақ жанды білесің. Ол – ана.

Міне, анаға деген махаббат сенің күндақта жатқан күніңнен-ақ басталады. Ананың жолы басқа. Ана деген сөздің өзі ыстық. Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуға мүмкін емес!

Мен білетін қазақ әйелі, қазақпын дейтін қаракөз, қара баланың анасы, сенің жүрегің нәзік, сенің махаббатың балаға тіл жеткісіз биік.

ЖАУЫЗДЫҚ ПЕН МАХАББАТ

(Бір құрдас туралы хат)

Мен тағы да майданға бет алдым. Біздің елден шыққанымызға біраз уақыт болды. Жақсы солдат ұрыс іздейді дегендей, біздің полктың жігіттерінің көңілі көтеріңкі. Жолдағы қауіп күндерді өлеңмен алдық деуге болады.

Үлкен привалда планшетімнен өткен майданда серік боп жөн сілтеген ескі картаны алып, майданның ауыр күндерін көз алдымнан өткіздім. Бұл картаны төтеннен көрген адам несіне әуре боп мұны тастамай жүр екен деп маған күлер еді. Өйткені, біріншіден, ескіріп, тозып бітсе, екіншіден, қарындаш тимеген, шимайланбаған сау жері жоқ. Кейбір жерінде окоп, пулемет, пушкалардың топографиялық, белгісі жазылған болса, кейбір жерлерінде тактикалық сызықта, ротаның қайтып, қай жермен немістерге қарсы ұрысқа бет алған жолдары, жаудың бет алысы, тағы-тағылар. Тек бұл ғана емес, кейбір жерлерінде ұрыста ерлікпен қайтыс болған жолдастардың аты, кей жерде әңгіменің тақырыбы, кей жерде бір ауыз, жарым ауыз өлең де кездеседі. Мұның барлығы да нағыз қиыншылық уақытта, өмір мен өлімнің арасында жазылып-сызылған нәрселер. Сондықтан бұл карта менің әскери күнделігім деп атасам да қате емес. Бұл картаның бетіндегі әрбір пункт, әрбір үй, әрбір сай менің көз алдымда нақ бүгінгідей елестейді. Қан төгіп, өлім аттап күрескен жер көзге сонша ыстық. Міне, біздің жан қия ұрысып, таласқан жерлер менің осы ескі картамның бетіне жазылған. Сондықтан мен үшін құнды карта. Картаның бетіндегі 116,7 деген цифр көзге түседі. Бұл штабтың ұрыс алдындағы «азан шақырып» қойған

биіктің аты. Осының оң жақ бауырындағы атқыштар окопы сызылған белгінің үстіндегі тітіреген қолмен жазылған «Менің құрдасым» деген екі сөз мені талай қиялға, ойға түсірді. Сондықтан бүгін әңгіме осы құрдас туралы болсын.

Қазылған қара жер талай рет-ақ жан сақтап жүр ғой. Міне, сол батырдың сауытына айналған жер, біз үшін бір ұрыста осы атқыштар окопы болды. Мен бұл окопта жалғыз өзім ғана едім. Автоматты екінші рет оқтауға өзіме қарай тартып ала бергенімде, жаныма жүгіріп келіп жата қалып, ата бастаған жауынгерді көріп қуанып кеттім. Мен оның бет-ажарына назарымды салғаным жоқ. Ұрыс уақытында кісінің бет-ажары өзгеріп кететініне қарамастан, таныс адам болса, айырасың ғой. Тек бір намыс, жеңіс үшін жан ұшырған өзімдей бір жолдас шығар деген сезім біледі де, пәлендей оған мән бере қойғаным жоқ. Ұрыста жаныңда жолдас болса, қандай қиын уақытта да көңілге жеңіл. Сондықтан ба, бізге адамның адамға махаббаты зорлығының әсері ме, әлде өлсем көрім бір болсын дегенге сүйенесің бе, әйтеуір оқ астында окопты бір-біріңе жақын қазуға тырысасың.

Ол, мүмкін, армияда бірге қызмет еткен, болмаса мектепте бірге оқыған жолдас болуы, әлде құлындай ойнап бірге өскен туған аға, әлде сүйегі бірге нағашы, жиен екені әзірше мәлім емес. Біздің көзіміз автоматтың прицелі арқылы жауда болды. Бір-бірімізге бет бұруға уақыт болмады. Біздің бір-бірімізге тіл қатысумыздың өзі сен тұр, мен атам дегенмен ғана басталды. Өйткені, оқты үнемдеу керек. Бізді бір-бірімізге біртіндеп берген сұрақ, оған қайтарған жауап таныстырды. Сөйтсек, бір окопта екі құрдас бір Отанның, бір тілекті жұртшылықтың тағдыры үшін оқ атып отыр екенбіз. Тек ол бұлбұлы сайраған Курск жерінде, орыс семьясында туыпты да, мен қазақ семьясында туыппын.

Онан соңғы екеуміздің өміріміз бір-бірімізге ұқсас. Ақыры келіп бір окоптан табыстық.

Осы окопта өткен он сегіз сағат, ондаған жылдарға созылған достықтай-ақ бізді жақындастырды. Біз құшақтасып дос болдық. Оқтың қадірін ұрыста ғана білесің ғой. Екеуміз де оқты қойын-қонышымызға, вещевой мешоктерімізге толтырып алған екенбіз. Екі мешокты ортаға қойып, ол маған: «Шымкенттің, Жезқазғанның дорбасын ашып қойдым»,– деп күлімсіреді. Шымкент пен Жезқазғанның сонау мыңдаған шақырым жерден менің окоптарыммен жалғасатынын біліп айтады-ау, құрдас деген мақтанышқа көңілім бір өсіп қалды. Шымкент, Жезқазғанның гигант қабырғасына арқамды сүйеп отырғандай болдым. Сол жақтан атыс күшейе бастады. Біздің үстіміздеп оқ жауындай жауды. Бұрылып құрдасыма қарасам жаралы болыпты. Қансыраған әлсіз дене ешнәрсеге шамасы келмей, сұлап жатыр. Сұқ саусағы қыбырлап автоматтың серіппесін қозғалта алмай жатыр. Мен де қызумен білмеппін, денем ауырлай бастады. Жаралы болғанымды сездім. Мен құрдасымды өзіме тартып, басын сүйедім. Жараларын бинтпен орағаннан кейін ол көзін ашып, әуелі маған, онан жан-жаққа көзін салды. Біртіндеп есі кіре бастады. Сөйтті де менің мойнымнан құшақтағысы келді. Мен оны босаттым. Екеуіміз бір-бірімізді сүйемелдеп, кейінірек түсіп жатуға орнымыздан қозғалғанымызда көзіміз өзіміздің жаралы деген қанымызға түсті. Жас адамның қаны қып-қызыл бола ма, әлде бізге со-

лай көрінді ме, әйтеуір қып-қызыл қан окоптың екі жақ жары арқылы ағып келіп бір жерге құйылып жатыр екен. Әлі де тоқталып бітпеген жас дененің қаны тыйылмады. Кейде менің, кейде оның денесінен бинтке сыймай кезек-пе-кезек тамшылаған жас қан жаңағы жерге көз алдымызда қосылып ақты да тұрды. Әділдіктің анасы адампаз жалпақ қара жер, мен үшін жауға ұмтылған балаларымның уылжыған жас қаны қарға-құзғынға жем болмасын дегендей, бетіне жиналған қанды өзіне сіңіріп, ішіне тартып алып жатты. Уа, қара жер, қара жер, сенен береген, сенен әділ кім бар! Тіршілікте анадай қамкоршысың, тіршілікпен қоштасқан күнде де адамның сүйегі шашылып жатпасын деп өзіңнің жалпақ денеңмен жабасың дедік біз алдымыздағы қан төгілген окоптан көзімізді алмай тұрып. Кейін біздің рубежге үшінші ротаның жігіттері келе бастады. Біз бірімізді-біріміз сүйемелдеп сайға кеттік.

* * *

Мен құрдасымның туған жеріндемін. Оның туып-өскен жері осы арадан екі шақырымдай ғана жол. Жүрек сонша алып-ұшып қуанады. Өзім туған Арқада ән салып келе жатқаннан кейін емеспін. Бұл желі майда, жері бай Қырым, Ялта не болмаса атағы әлемді жарған Москва емес, кішкене ғана село. Бұл маңдағы жергілікті адамдар тек шіркеу болса болғаны. 10-12 үй болса село деп атайтын әдеті. Майданда менің құрдасым осы өзінің туған жері туралы бірнеше рет еске алып, әңгіме етті. Ол өзінің туған жерін ұлы жер деп атайтын. Ол оны атақты ірі қалалардан кем көрмейді. Ол үшін бұл: әрі қала, әрі курорт, әрі дүкен, әрі жұмыс кабинеті сияқты болатын. Ол бұл жерде туды. Бұл жерде өзінің алтын балалық шағын өткізді. Дүниедегі орны бөлек албырт жастық шақ ол үшін осы жерде басталды. Ол осы жерде жан болып өсті. Өйткені осы жерде ғана өзінің әрі кішкентай, сонымен бірге, әрі үлкен өмірінің тізгінін қолына алып, ұзақ сапарға, өмір сапарына қадам ұрды. Ол осы жерде сөйлеуді, күлуді, жылауды, қуанышты, ренішті, сүюді, қайғыруды үйренді. Ол осы өзінің туған жерінде адам деген үлкен атаққа ие болды. Сондықтан да туған жер ол үшін ұмытылмайтын, жүректен орын алған бір мұнара.

Зулаған оқтың, ышқынып ішін тартып ұшқан минаның, снарядтың астында, окопта, землянкеде нелер тәтті сырды ортаға салып, әңгімелескен күн-күндер бір-бірімізді сонша жақсы білуге себепші болды. Менің туып-өскен ауылым, оның туып-өскен селосы бір-бірімізге таныс. Тіл арқылы мен онын селосын өзіміздің ауылдан кем білгенім жоқ. Қай жерде қандай үй, қандай жол, қандай көше барына дейін білемін. Бүгін құрбымның туған селосы менің көз алдымда, тек екі-ақ шақырым жүрген соң досымның селосына жетемін. Мен бұл селоны түгел аралауым керек. Досымның туыстарын, достарын іздеуім керек. Әсіресе, менің анамнан айнымайтын досымның қарт анасы менің көз алдымда, маған деген оның көз жасы дайын тұрарына да сөз жоқ. Туған баласы үшін «құлыным», «балам» деген дүниеде жоқ биік теңеу тапқан, Арқадағы қазақтың анасы сияқты, ана қазір мені қарсы алмақ.

Жүрегім алып-ұшады ілгері жүре түсем.

* * *

«Эх, проклятые немцы» дедім мен орысшалап, қайнаған қанның әсерімен. Әдейі іздеп келген құрдасымның туған жері мені сонша күйіндірді. Бұл селода не бір тірі жан, не бір бүтін үй қалмапты. Шіркеудің тек қабырғасы ғана тұр. Өртеніп, қираған үйлердің тек жұртының ғана орны бар. Кейбір үйлердің сорайып-сорайып сау қалған пештерінің мойны ғана көрінеді. Қирап, күл-талқаны шыққан селоны есі ауған адамдай шыр көбелек айналдым да жүрдім.

Менің келіп тоқтаған жерім шеттен санағанда 17-үйдің қарсысындағы қарт терек болды. Ғасырлар бойы жасаған қарияның да өмірі бітіпті. Жауыз немістер кімнің түбіне жетпей жатыр. Ортасынан қақ бөлініп түскен, қарт теректің жоғарғы жартысы сұлап жатыр. Ол кеудесіз адамды еске түсіреді. Құрдас бұл қарт терек туралы, бұл үй туралы маған неше рет әңгіме етті екен. Бұл үй бір сұлу қыздың үйі еді. Құрдастың айтуынша, селодағы бірінші сұлу сол қыз. Тіпті ондай сұлуды ауданнан, қалды облыстан табу қиын. Ол қатардағы жастардың бірі болып жүріп, осы сұлудың жүрегіне от тамызып, сұлудың сүйгені деген мұратқа қолы жеткен. Дүниедегі бір биік алтын жұлдыз — жастық махаббатына екеуі де бірден қол созып, талпынтқан еді. Ол қоңыр салқын кештерде осы теректің түбінде сұлуды күтіп, кездестіретін. Бұл қария терек олардың махаббатының, олардың бақытының, олардың лапылдаған жастығының куәсі еді. Ең соңғы рет майданға кетерде осы теректің түбінде ол сұлуын сүймеді ме, бұраңдап сұлу осы қария теректің түбінде күтемін деген уәдені беріп, оның мойнына асылмады ма? Сөйтіп менің құрдасымның махаббатына, уәдесіне куә болған қария бүгін жаралы болыпты. Терек жансыз. Бірақ өзінің ұшып түскен жоғарғы жартысына қарамастан кеудесін жоғары ұстап тұрған қария «Ғасырлар бойы Россияда ұзақ, өмір сүріп едім, жауыз немістің қолынан жаралы болдым» дегенді айтып тұрған сияқты. Ойың қайнап-қайнап кетеді, «Аққан суға бір тосым бар» деген сөз еске түседі.

Өртенген селоның көшесімен бір ақ сақалды қарт келеді. Ол сылтып ақсайды. Көзі де көруден қала бастаған, қолында скрипка. Ол скрипка тартады. Осы селоның трагедиясы скрипканың қылында сияқты. Бірақ қайғылы музыка жаралы селоның көшесін жаңғырықтырады. Зарлы музыка кейде үдейіп ышқынса, кейде баяу ғана ыңырсыған үнмен жүректі елжіретеді. Қарт әрбір көшеде, әрбір үйдің орнында әртүрлі күй тартатын сияқты. Мен шыдап тұра алмадым. Аяңдап, қартқа қарай жүрдім. Мен оған сәлем бердім. Ол қолын маңдайына қойып маған қарады да: «Неғып жүрген жансың, қарағым?» — деп сұрады. Мен жөнімді айттым. Ол жылап қоя берді. Сөйтсем құрдасымның әкесі екен.

Біз көп сөйлестік. Ол фашистен көрген қиянаттарының бәрін айтты. 60 жыл бойы қартаймаған ол, 6 ай немістердің тепкісінде қартайғандығын айтты. Өмірінде скрипка ұстап көрмеген қарт қайғы-қасіреттен музыкант болғанын, скрипка арқылы ғана шерін тарқататынын айтты...

Мен құрдасымның сүйген сұлуын көргім келді. Не керек, немістер жас аруды өзінің Отанын, елін сүйгендігі үшін дарға асып өлтіріпті. Қарт мені сұлудың

қабіріне алып барды. Қарт героинаға арнаған ескекті музыкасын ойнады. Мен бас киімімді алып, сұлудың қабірінің жас топырағынан көзімді алып, ызалы кескінмен батысқа қарадым да тұрдым. «Балам, – деді қарт, скрипканың бір шетін сұлудың қабіріне, бір шетін кеудесіне тіреп, жүгініп отырды да менің, ойға шомып кеткенімді аңдап, дүние деген шеті-қиыры жоқ жатқан бір алып, оның құлашы кең, бауыры жазық. Сөйтсе де сол жалпақ дүниеге сыймайтын жан туады, соның бірі мына сенің замандасың – қабірде жатқан жас сұлу. Бұл өзінің өмірінің тағдырын өзі шешкен жан. Бұл өзінің кішкене өмірін атақтың салтанатына көтерген жан. Бұл жас жанның қысқа өмірі көп жыл өмір сүрген ұзақ өмірге бергісіз. Сендердің замандарың жауынгершілік заман. Жауынгершілік сағатта туып, жауынгершілік күнде күреске түскендер. Сендердің алдарыңда құлашын жайып сендерді іздеп келе жатқан бір ұлы сәулелі таң бар. Ол сендердің қан төгіп, қайыспай қарысқан күрестеріннің нәтижесі – жеңіс туы. Бұл таң үшін талай шаштар ағарар, талай кеуде қандалар, талай жас өмірін қияр. Келешек үшін бар қуанышын, күлкісін күреске жұмсаған сендердің істеріңді талай-талай ғасырлар сөз қылар. Сендердің армандарың, сендердің ой-сезімдерің келешектің жүрегінде тоқталып, тілінде жыр болар. Скрипка жыры – сырлы жыр, скрипка жыры – мұңды жыр. Міне, қартыңның скрипкасы майдандағы қан кешіп, қылыш салысқан ұлының, қабірдегі жанып тұрып лап етіп сөнген сұлудың арасындағы ұрланған махаббатты жырлайды. Сол махаббаттың арманын, сол жастардың зарын скрипканың қылы барлық дүниеге жар салады», – деп сөзін тоқтатты да, қарт скрипкасын сыңсытын тағы тартты. Жалғызының сүйгені қабірдегі сұлуды өзінің зарлы музыкасы арқылы көрден алып жерге, жерден алып көкке күймен көтерді.

Мен кейін қарттан қыздың туыстары қайда деп сұрадым.

– Сұрай көрме, шырағым, менің балама да білмеймін деп жауап бер, – деді ол.

Мен аң-таң қалдым. Қарт қойнынан ақ жібек орамалға ораған қалың дәптерді ұсынды маған.

– Құрдасыңа бер, пырағым, сүйгенінің сәлемдемесі.

Мен қартпен қоштасып селоны араладым. Үн-түн жоқ иесіз село өзінің тіл жеткісіз трагедиясың арқалап қала берді. Бұл – құрдастың туған жері. Мұны ол шын жанымен сүйетін еді. Күні бойы ауыздан тастамай әңгімелейтін еді. Бұл жер көпті көрген қария, оның ата-анасының мекені еді. Ол ылғи бұл жерді есінен тастамайтын. Әрбір қиын кезеңнің, өзінде оның көз алдына сұлу село, ақ көңіл ата, бұтағын жайған терек, күлімдеген сымбатты қыз тұратын еді. Енді ол үшін не қалды? Ол енді не істемек? Суық, хабар ешқашан да жатпайды. Мұны ол естиді ғой. Мүмкін, ол бұл суық хабарды шабуылда, болмаса қорғаныста естір. Ол өзінің туған жерінде осынша айуандық жасаған фашистерді көзбен көрер, сонда ол не істер, не айтар...

Құрдас, сенің туған жерің қорлықтың зәрін көрген. Ол сенің мақтанышың, тірегің еді. Онда сенің туыстарың, достарың, жолдастарың туып-өсіп еді. Солар үшін өшіңді ал! Мен құрбыларымды жинап алып, сенің жас сұлуыңның қабіріне алып бардым. Біз сенің сүйген сұлуыңның қабірінің басында тұрмыз. Тісімізді

қайрап біз сенің намысың үшін күресеміз. Сенімен бірге өш алысамыз деп серт берісеміз. Біз де сендей жаспыз, біз де сендей адамбыз. Біздің де сен сияқты туған жеріміз бар, біздің де сен сияқты туыстарымыз бар. Бәріміздің жеңісіміз жатып-тұрып ойлайтын бір жеңіс. Біздің бет алысымыз — Батыс. Өшпеншілікпен жүріп келеміз. Кел, құрдас, көтер колыңды көкке, қанды көкпен көтер! Біздің серт — жастар серті. Жалынды серт, өшті бірге аламыз деп серттесейік! Немісті бірге қиратайық деп серттесейік!

* * *

Асылы, адам өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге еңбек етеді. Әрбір адам өзінің өмір жолының сара, сәулелі болғанын жақсы көреді. Оның ой-тілегі, дем алмай істеген қызметі — өмірдің барометрі. Өмір бойы құмырсқадай қыбырлап еңбек еткен адам дүниеге терең түсініктілікпен өзгеше қарайды. Осы жолда ол өзінің ойын, күшін, қуатын сарп етеді де, өмірді өз тағынан құлатпайды. Туа өмір үшін күшін, қуатын, ой-қиялын жұмсап үйренген ол еңбекке әбден үйреніп алады да, еңбексіз отыра алмайды. Сөйтіп біртіндеп адам өзінің өмірін күннен-күнге өрнектеп, айқыштай береді. Өміріне сұлулықты енгізеді. Менің көз алдымда осы адамдардың бірі — менің құрдасым мен оның әкесі. Немістер өртеп-қиратып кеткен үйінің кірпішін қарт құшақтап тұрып, көзіне жас алғаны әлі есімде. Бишара қартқа кірпіш ыстық көрінеді. Өйткені ол кірпіш оның тамшылаған терімен иленген, қолымен құйылған. Бір кірпіш жасап шығару үшін жер қазып топырақ табу керек, оған құм қосу керек, оны біріктіру үшін су, күйдіру үшін от, құю үшін қалып — осының бәрін істеп шығару үшін уақыт керек. Оған табиғаттың берген қысқа өмірінің санаулы бір бөлімі кетпек. Сонша еңбек сіңірін өмірінен уақыт бөлген бір кірпіш — төрт қабырғалы үйдің бір кірпіші ғана болып саналады. Міне, үй салу деген оңайға түспейді, адам үйсіз отыра алмайды.

Ол: «Осы өмірімнің ішінде үйді бірнеше салып, бірнеше қайтадан түзедім. Сондағы ойым менің үйім тәуір болсын деген-ақ»,— дейді. Расында да селодағы үйлердің ең тәуірі осы қарттың үйі еді.

Мына көрнекті сұлу үй пәленшенің үйі дегенде, ол ішінен мақтанып, өз еңбегіне ырза болмайтын ба еді? Ақыры фашист келіп қиратып кетті, фашист келіп өртеп кетті. О, еңбек, еңбек!

Осы әдемі үйдің бір бөлмесін қарт баласына арнап салған. Ол майданға кетерде осы бөлменің бір жағы сірескен жинаулы кітаптарды, жазылған бірнеше табақ қағаздарды әкесіне тапсырып кетуіне тиісті: «Мен оның не жазып, не оқып жүргеніне түсінемін бе?—дейді карт. — Күні-түні қолынан кітап пен қарындаш түспейтін. Жастайынан кітап үстінде талай таңдарды көзінен атқызатын. Оның кім болғысы келгенін, не жазып жүргенін толық айта алмаймын. Өйткені оның қиялы менің ол туралы білетінімнен әлденеше рет жоғары еді. Тек жазып жүрген нәрсесін аяқтай алмағаны маған анық. Ол осы кітаптарды, осы жазғандарын жанындай сақтайтын еді. Майданға кетіп бара жатып, туған әке

деген сөзді ауызға алып маған сақтауға тапсырып еді. Жауыз немістер оның бәрін өртеп кетті»,– деп қайғыланды қарт.

Жас жігіттің жазғандары еңбегінің әліпбиі ғой. Сол әліпбиді отпен өшірмек болған еңбектің жауы фашистерге не айтасың.

Менің қолымдағы қарт берген дәптер жас ақынның поэмаларынан бір үзінді: не басы, не аяғы жоқ. Шетінің отқа шарпылып күйгені – өрт ішінен бір адал қолмен алынып шыққандығын айтып тұр. Бұл – қабірдегі сұлудың сүйгеніне жіберген сәлемдемесі. Сондықтан дәптер ішінен кездескен героинаның хатын көшіріп алуым керек. Мүмкін, алда тіршілік болса керек болар.

«Жаным!..

«Жаным!» деген сөз біздің заманда ерсі болғанмен, одан артық, сөз таба алмай, жаным деп жаздым. Қазір сөз салмақтауға да уақыт жоқ. Бұрын хат жазуға да уақыт жоқ дейтін едік, ойлап тұрсам, оның бәрі бекер екен, бүгін ғана уақыт жоқ деп айтуға толық правом бар. Менің уақытым анығында жоқ. Мен бұл хатты соңғы рет жазып отырмын. Менен бұдан кейін хат ала алмайсың. Мені екі сағаттан кейін немістер дарға аспақ. Мен қазір суық шошалада, өлім алдындағы өмірімнің минуттарын кешіп отырмын. Менің кішкентай өмірім жаңа ғана басталғанына қарамастан, жанып тұрып, лап етіп сөнген шамдай өшпек. Мен онымен енді мүлде қоштаспақпын. Менің жақындарыма да менімен біржола қоштасуға тура келеді.

Майдағы жайқалған жас гүлдей жайқалған жас өмірдің бұлай қайғының құшағында бітетінін кім біліпті? Мен жаңа ғана мектептің скамейкасынан аттаған жоқпын ба, мен кешегі ойнаған қуыршақтардан қанша ұзадым? Жаңа ғана талпынып жарық көре бастағанда, көктен өсе бастағанда, сөйткен жас өмірдің, осындай ауыр өліммен тіресуіне таң қаламын.

Жаным. Солай да болса менде бір-ақ арман бар сияқты.Ол – тек сенімен қоштаса алмай кетіп бара жатқандығым. Біз бір биік шыңға қол созып тұрған сияқты едік. Біз келешектен құшақ жайсаң жетпестей, үлкен бақыт күтетін сияқты едік. Біз өзіміз сүйген елдің бір ірі қызметкерлері, көрнекті адамдары болуды талап ететін едік. Бірақ оған жетпедік. Неміс фашистері әкелген соғыс, соғыс әкелген өлім. Біз біріміздi-біріміз сүйіп, бір махаббатқа екі жүректі жалғап едік. Ақыры шын махаббат бізді алдамады, ол өзінің бет-алысынан жаңылмады. Ол өзінің өлімнен күшті екендігін көрсетті. Мен өлімнің алдында отырсам да менің, көз алдымда ширатылғандардың, қыл-арқаны, болмаса мен жалғыз барып жататын қараңғы қабір емес, сен тұрған сияқтысың. Сенің маған деген махаббатың, тұрған тәрізді.

Мен өзімді қызыл жауынгерлердің сүйгені деп санаймын. Мен сені, сен сүйіп қорғаған елді сүйгендіктен, өзімнің туған әкемнің өліміне себепші болдым. Менің қолым туған әкеге тез барды. Ол немістердің құлына айналды. Неміс үшін кызмет істеп, өзінің жеке басы үшін бүкіл жұртшылықты, елді сатты. Ол адамшылықтан шығып фашиске айналды. Неміс басып алған жазықсыз селоның жауы немістен бұрын сол болды. Елдің кегі үшін аттанған партизандардың соңына түскен жау сол болды. Сондықтан мен оны өз қолыммен өлтіріп, сені мен менің елімнің кекшілерін өлімнен сақтап қалдым. Сенің жауыңның қызы

бола тұрып, сенің бетіңе қарау, елдің бетіне қарау, жер басып, жан болып жүру мен үшін қиынға соқты.

Махаббат мені күресшілер қатарына көтерді, ол күрес жолына жауыздық торын бұзып шығуға маған әл берді. Мен ширақпын. Менің кеудемде өлім алдындағы бір зор мақтаныш бар. Ол – бай табиғаттың берегеншілікпен маған тартуға тартқан махаббаты. Ол менімен бірге. Мен сүюмен бірге бой жасасам, сүюмен күреске енсем, сүйе өліп бара жатырмын. Оның күші қандай өлімнен де басым. Мен оны ұлы махаббат – Отанға деген махаббатпен жалғастырдым. Біздің кристалдай таза махаббатымызды фашист кір қолымен былғамасын деп қол жетпес шыңға алып шықтым.

Жаным! Дүсірлеп біреулер келе жатыр, әзірейілдің рөлін ойнауға шыққан немістер болуы керек. Жаза берсем сөз таусылмайтын сияқты. Бірақ амал не?.. Сенің мына бір дәптеріңді өрт ішінен алып шықтым. Өзіміз таласып бірнеше көшіріп жазған дәптерлер, кітаптармен бірге өртеніп кетті. Қош, жаным, мен жан болып келген үлкен дүние өзінің мен сияқты кішкентай мүшесіне әлденеге бересілі болса, дүниеден алған сыбағам болсын, кел құшағыма, армансыз тіршілікте бір сүйейін!

Жазықсыз жастық. Таза махаббат үшін кек ал фашистен, өлтір нем...» Асығыста жазылып аяқталмаған хат көз алдыма өлім арқалап суық, шошаланың есігін келіп ашқан немісті елестетті. Мен одан жеркенемін. Өлім алдында сүйгенімен тілдескісі келген жас сұлу да елестеді, мен оны аяймын.

Сағат сайын туған селосын, сүйген сұлуын аңсаған құрдасты елестетеді менің жүрегім. Өзіміздей жастардың кіршіксіз махаббаты жауыздықпен күресуге ұрысқа шақырып тұрғандай.

Мына қайғылы село кеше біздің арқадағы ауылдарға ұқсас еді, қабірдегі сұлу Жібек пен Сараның сіңлілері – Арқаның аруларына ұқсас, скрипка тартқан қарт біздің Жәкеңнің замандастары ақсақал – біздің әкемізбен ұқсас еді. Келешекті аңсаған құрдас біздің жарқылдаған жас жігіттерден айнымас па! Ақыры неміс келіп селоны жер бетінен жапырып кетті. Сұлуға өлім, қартқа қайғы, махаббатқа оқ атып кетті. Өлім теңдеп соғысқа аттанған немістерді батыста тоқтатылғанда, осы әрекеттерді Арқа да көретін еді-ау. Қан төгіп, батыста күресіп, шығысты қорғаған біздің Арқа жігіттерінің еңбегі зая кетпепті-ау, деген ой келді маған.

Үдере көшіп біздің полк ілгері жүріп отырды. Менің құрдас туралы ойымды шашына ақ кірген қарт полковниктің «Полк, шире шаг!» командасы келді. Майданға кетіп бара жатқан әрбір жанкүйердің көз алдында осындай оқиға, басында осындай ойлар болуында сөз жоқ. Қарт полковниктің командасын дұрыс деп қабыл алғандай, полк жауынгерлері аяқтарын ширақ алып, батысқа қарап асыға жүрді.

Біз ілгері жүрдік. Бізбен бірге стройда жауға деген ұшы-қиыры жоқ кек ішіне сыймай, жауға аттанған героиня қыз, қарт жүрегімен жауды қарғаған скрипкалы қария, жаудың қиянатын көргісі келмеген қонақжай Сарыарқа келе жатқандай болды. Бұл соғыс жауыздыққа қарсы аттанған махаббаттың жорығы сияқтанды.Біз асыға ілгері жүрдік.

1942-43.


„Улпан" не сөйлендігі
повесть? – деп сұрады Снегин.
– „Улпан" менің Мотжа
Лизам. – дедім өзім.

Улпанның идеялық
тақырыбы неде? – деп
сұрады менің әріптесім-
ніңнің әрі
– Адамның өмірлік
мұрағының ізгілігінде. – де-
дім мен.
Ұжымы де пысіне алмай-
ау деймін. Өйткені әлі ешқ
нәрсе оқытқан жоқ.
О благородства душа и совесть
Менің қазақша түсінгіне алмайды

№357 қойын дәптерден

КӨРКЕМ ОЧЕРКТЕР

БАТЫР БОЛЬШЕВИК АМАНКЕЛДІ[7]

Кең маңдайлы, келте мұрынды, адырақ көзділеу, қою қара кірпіктері сәл қайқиып тұратын, шалқақтау біткен денесі кеп-кесек қара бала тым тентек болды. Таңның атысы, күннің батысы дамылы жоқ, сирақтары жарылған, қапқара, қашан көрсең де көйлегінің не бір жеңі жоқ, не омырауы даладай, бой-бой боп, өмірі алыс-жұлыс, жүгіріспен өтеді. Ол өш балаларымен кездесе кеткендеақ кимелеп жақындай беріп, жұдырығын түйіп, оң қолын оңтайлай бастайды. Бірақ шап етіп төбелесе кетпейді, төбелесетін баласын әбден қыздырып, төбелесе қалса, қаша жөнелетіндей етіп алады. Өйткені оның тіп-тік қараған көзіне өзінен үлкен балалар да шыдай алмай, тая беретін еді. Ал, төбелеске бір қол қойса, төбелесті нашына келтірмей аяқтаған емес: өмірде бір баланы түйіп қалып, не итеріп қалып қаша жөнелген емес, төбелеске асықпай-саспай кіріседі де, не дымы құрып жеңіліп, не қызыл жон қып жеңіп, ендігәрі беттеместей қылып, ұрып-жығып тынады. Киіктің асығындай шымыр, намысқор, ойын құмар, дос жанды, сенгіш, жайдары бала, аты – Аманкелді. Әкесі Үдербай Иманұлы шыр бітпеген кедей болды. Үлкен ұлы Бектепберген онға келгенде, одан кейінгі Аманкелді сегізге келгенде Үдербай дүниеден қайтып, балалары жетім қалды. Қызыл аяқ жетім балаларды асырау қиын болғандықтан шешелері Қалампыр Балық деген бір кедейге тиді. Балық жасы келіп қалған, қолы қысқа адам еді, қайдағы жоқты шығарып балықшы болды. Жетім балалар кісі есігіне жүруге жарағанша балық аулаумен күн көрді.

Аманкелді 14-ке келгенде де тентектігін тыйып, төбелесін қоя алған жоқ, тек ендігі төбелестің түрі өзгерді: ол үйме-жүйме отыратын қараша үйлердің балаларын соңына түгел ертіп алды да, ендігі жерде төбелесетін балалары да қадақ-құдақ қана қалды; бұрынғыдай молшылық емес, еңбектеніп іздеп жүріп төбелесетін болды. Жазды күні ел іргесі жақындасқанда ғана сол өш балаларымен келер жазға дейін есінен қалмастай етіп төбелесіп-төбелесіп алады да, басқа уақытты өзіне ерген жолдастарына бастық болып ойнаумен өткізді. Ойынның

[7]Бұл очерк Майлин Бейімбетпен бірге жазылды.

көбі балаларды екіұдай қылып күрестіру, жарыстыру, айтыстыру — «әйгөлек», «ақ сүйек» сияқты жүгіріп ойнайтын, қызу ойындар.

Бұл кезде жазды күні басы қосылып, жайлауы бірігетін елдерден оның күтетін бір баласы — Абдығапар деген бала. Абдығапар — Жанбосын болыстың баласы. Қысқы мекені бөлек, жазды күні ел іргесі біріккенде ғана ұшырасады. Абдығапар Аманкелдінің қатты өшігіп жүрген баласы. Абдығапар Аманкелдіден көп үлкен, ылғи құранды ер ерлеп, үкілеген әдемі ат мініп жүреді. Жалаң аяқ, жалаң бас, тақымы жылтырап жүрген Аманкелдіні ылғи мазақтап кетеді. Тілі жаман-ақ: намысқа тие, әке-шешеге, кедейлікке, жетімдікке тие мазақтайды. Анадай жерден мазақтап тұрады да, Аманкелді ұмтылса, «ка-калап» шаба жөнеледі. Жаяу ұшыраспайды, қашып жүреді. Сондықтан Аманкелді қасына бір-екі баланы ертіп алып кеш болса-ақ Абдығапардың үйінториды. Абдығапардың аты байлаулы тұрса, шешіп жібереді. Айыл-тартпасын ағытып жіберіп, далада түсіп қалады. Абдығапар ұшыраса қоймаса, ұрланып барып жерошақта қайнап тұрған қазанына сиырдың жапасын салып, Абдығапардың өзі кездесе қалса айқаса түседі: астына салып алып төмпештеуге бір кіріссе, үлкендер келіп сирағынан сүйреп әкеткенше айрылмайды. Үлкен кісілер келе жатыр екен деп қаша да жөнелмейді. Көбінесе үлкендердің қолына түсіп қалып, өзі таяқ жеп қайтады. Оған ренжімейді де.

Мен өзімнен үлкенді ұрдым, мені ұрса өзімнен үлкендер ұрды, деп іріленіп қояды.

* * *

Аманкелді 14-ке келгенде ойын мен төбелестен бірдей айрылуға тура келді. Ендігі жерде оның алдында да барлық кедей баласының таптап кеткен жолы жатты: Таубай деген байға қойшы боп жалданды. Аманкелдінің ағасы Бектепберген қолы тиыш отырмайтын шебер, әр өнердің басын шатып жүріп, аяғында көрік құрып ұста боп алды да, төбелеспен жүріп түк үйрене алмай қалған Аманкелді қойдың соңына түсті...

Бала қойшы Таубайға да ырыс боп жабысқан жоқ. Қойшының жайы келіскені бар ма, Аманкелді қойдың жайын да келістіре алмады.

— Малдың жаманы — қой, малшының жаманы — қойшы екен,— деді Аманкелді.

Қойды қыр асырып айдап шыққан соң-ақ, күпісін басына түріп алып үркіте жөнеледі. Сол дүркіретіп қуған бойы жер өңірге дейін қуады. Таубайдың қойы үркуге, дүркірей жөнелуге әзір тұратын жараулау болды. Бірақ Аманкелді қойшылықтан құтыла алмай, үш жыл қойшы болды.

Шешесі Қалампыр, баласының 3 жылғы еңбегін сұрап келгенде Таубай бір қотыр қозылы қой берді де, «үстеуіне»:

— Жынды балаң не мал тапты деп келдің? Қойды жөндеп бақпаса, күзді күні мына қойымды да қайырасың! — деді.

— Олай болса баламды алып қайтайын, басқа бір есік табылар...— деп еді, бай «сапысын» суыра бастады. Шешенің асты-үстін қазып үйінен айдап шықты.

Шешесін Таубайдың балағаттап жібергені Аманкелдіге қатты батты. Кеудесін бастырғысы келмейтін тәкаппар бала, бұл кекті қалай қайтарсам екен деп, түн бойы аунақшып шықты. Ертеңіне қойды бұрынғыдан да қатты қуып отырып, қыр асырды да, Көшкімбай деген байдың қойшысы Ахмет екеуі Таубайдың бір ту қойын бауыздап тастады. Тентектік бойынан кетпеген Аманкелді, «кек алуға әдейі істегенімді білсін» деп, қойдың басын түнде әкеліп, Таубайдың керегесінің басына іліп кетті. Оның ертеңіне көкала қойдай боп таяқ жеді де, байдың бір құнанын мініп тайып отырды. Аманкелдіге бала қарақшы деген ат осы қой мен құнаннан жабысты.

Аманкелді үйіне қайтып келсе, қойын сойып, құнанын «ұрлап» әкеткені үшін Таубай босағасын түріп қойып, шауып әкететін еді. Оның ар жағы өмір бойы қой бағып өту болып кетуі де мүмкін. Сондықтан Аманкелді қашып отырып, нағашы апасын алған Ораз деген адамға барып паналады. Аяғында оған да көп паналай алмай, киік атып күн көріп жүрген Кеделбай балалары деген үш аңшыға қосылды. Аманкелді балалық дәуірінен шығып, енді жігіттіктің табалдырығын аттады.

– Құнанымды төле, әйтпесе шауып алам.. Екі баланды ұры деп пргауыр жасатып, абақтыда шірітем! – деп Таубай дігер салады.

– Балам қайда! Ұрып өлтірген жоқпысың өзің?– деп Қалампыр бас сауға жасайды. Бірақ Таубайдың дүмпуі шыдатпай, Бектепберген де үйінде тұрақтай алмады. Жалғыз жауырдың орта беліне қонып алып, өзі істеген шиті мылтықты мойынға асып, аңшыларды іздеп о да жөнелді.

Торғай табанынан қозыкөш жер шыққан соң-ақ, кер байталдың көзі терлеп, қолтығы дірілдей бастады. Біресе тұяқ кіріп отыратын сортаң, біресе шашадан кіретін есілген құм, көз ұшында жарқылдап, ағып бара жатқан киік, далпылдаған дуадақ... Тұлпардың тұяғы, сұңқардың қанаты күйетін шөл еді.

Бұл жердің өзі қалай болса солай жаратыла салған жер. Еділ – Жайық, Есіл – Ертіс бойлары әшекейлеп келіп, тап осы даланы шала илеген тері сияқты қыжыр-қыжыр, көк қайыс қылып тастай салды. Төбе-төбе құм, таздың басындай көкала татыр, жаялықтай болып жатқан кеуіп қалған көлдердің орны. Бұл арада шөлдің құсы дуадақ, қырдың аңы киік, құбылып ойнаған алдағы сағым ғана жүреді!.. Шаңқай түске жармасқанда киік те жосиды, жалқау дуадақ та кез келген жерге жата кетеді. Киіктің терісін киіп алған аңшылар үйездеп, шыбындап тұрған топ киікке еркін араласып кетуге болады.

Аманкелді киік терісін киіп алып, сирақты мылтығын сүйретіп, қырға шыға келгенде алдыңғы ойпатта біразы жатып, біразы оттап жүрген бір топ киік көрінді. Сай табанына келіп жусауға айналған екен, сары қасқа текесі болу керек, біреуі одырайып оқшау тұр. Оның ар жағынан бір салт атты көрінді.

– Мына салт атты үркітеді-ау енді...– деп тезірек бүкеңдей бастады. Ыстықта «киік» болып жүру де қиын, сирақтан мылтықты жасыру да қиын, сонымен бұлғаланып жүргенде салт атты да жақындап қалды.

Салт атты Бектепберген:

«Ауылы қалқатайдың қалды кейін,
Аллаға арызым жетпес, мен не дейін.
Қолымнан жібек баулы ұшты құсым,
Бір қонса енді қайтып жібермейін»,–

деп «Қаракөз» әнін ыңырсып келе жатыр еді, қырдың астына таман құлап бара жатқан жалғыз «киікті» көрді. Жалт беріп төбе-төбе құмдардың тасасымен «киіктің» алдын орап барды да, атты тасаға тастай салып, қырқа-қырқаның бауырымен еңбектей бастады, бұл қарсыға шығып, басын қылтитқанда, әлгі «киік» те қырқаның астына түсе бере тоқтаған екен. Алдында көлденең созылған көгалдай сай жатыр. «Сол сайға барып жусайсың-ау» деп сайды бір шолып жібергенде, қыландаған бір топ киікті бұ да шалып қалды. Топ киік те, жалғыз киік те деңгейлес екен: топ киік қарсы алдында да, жалғыз киік оң бүйірде кетіп барады. Жалғыз киікке жіберуге оңтайланып, мылтықтың құлағын қайырып алып, қарауылға бір алды да, қауіпсіне қалды: қабаттасып тұрған топ киікке тигізу шүбәсіз де көріне берді. Топ киікті қарауылға қондырып алып тартып келіп жібергенде апыр-топыр, шаң бір-ақ бұрқ етті. «Не қалды екен» деп енді басын көтере бергенде, оң жағынан тағы бір мылтық күрс ете түсті. Манағы жалғыз «киік» серейіп тұра келді – адам екен. Бұл кезде Аманкелді «қай жерінен тигізейін?» деп сұрап ататын, мүлт жібермейтін мерген болып алып еді, ата жөнелген текені ұшырып түсірді. Екі мылтықшы екі киікті алып, бірін-бірі «аң басы жуық-ақты» айтуға жақындасқанда ғана бірін-бірі сонда таныды – ағалы-інілі Бектепберген – Аманкелді болып шықты... Інісін іздеп келген Бектепберген де аңшыларға қосылып қала барды.

I. «ҰРЫ»

Үш-төрт жыл өтті...

«Ұрыс басы – боқ жеме». Аңшылардың арасынан жанжал шықты. Соңғы сатып келген текелердің мүйізі мен терісінің ақшасын бөлгенде Кеделбай балалары:

– Сендер екеу, біз үшеу, біз артық аламыз, – деді Аманкелдіге.

– Көп боп қорқытып ұстағамыз жоқ, мергендікпен атып алдық қой... Кімнің қанша теке атқаны есімізде бар ғой...– деп Аманкелді көнбеді. Тегінде текені кім көп құлатып жүргенін ескертіп, пұлдың қақ жартысын алды.

Содан кейін Кеделбай балалары:

– Осы неменің тісі шығып барады өзі... Аулағырақ жүрейік...– деп, бір түнде қосын жығып алды да, Аманкелдінің мүйіз сатып алғандықтан «мүйіз торы» атанған жалғыз атын барымталап кетті. Бұл кезде Аманкелді албырт жас, ешкімнің мойнына бұғалық жібергісі келмейтін кезі, ізімен қуып барып, Кеделбайдың күлін сабалап отырып, атын алып қайтты.

«Мүйіз торыны» жетелеп, Торғай табанына құлап, бір ескі көңдердің арасынан өте бергенде, біреулер мылтыққа басып-басып жіберді. Аманкелді жетектегі торы атқа міне сала айқаса кетуге артына қараса, он шақты салт атты

андағайлап шауып келеді екен. Бірінің қолында сойыл, бірінің колында мылтық – атқылап келеді. Аманкелді айналып тұра қалып, жетектегі атының жаясына мылтықтың сирағын тірей салып тартып жібергенде оқ бойы үздік келе жатқан қара төбел ат ұшып келіп түсті.

– Ойбай, Аманкелді білем!– деп дабырласып арт жағы ұйлығып тоқтай қалды.

Жанбосынның Абдығапары бұл кезде жігіт жинап ұрлық істетеді. Жаңағы жігіттер соның ұрылары екен. Мерген деген атағы шыққан Аманкелдіні қууға бата алмай қала берді. Аманкелді ат үстінде мылтығын қайта жасап алып, жортып жүре берді. Бұл түс ауа берген кез еді.

...Күн ұясына төніп келген кезде, Аманкелдіге тағы он шақты адам кездеседі. Олар көлденеңдеп алдын орай берді. Аманкелді бұрылмастан тура жүрді. Келсе Құсбек деген мырза екен, қасында он жігіт бар, Аманкелдіні қоршап тұра қалды.

– Астыңдағы ат кімдікі?

– Менікі.

–Сенікі емес, менікі болар!

– Сенікі болса сен мініп жүрер едің ғой!

– Түс аттан!

– Бұл күнге дейін мені ешкім аттан түсіріп көрген жоқ еді...

– Мына мен түсірем ендеше!

– Кім түскенін көрсетейін!– деп, Аманкелді жетегіндегі атты сауырға бір салып қоя беріп, орап тұрған жігіттердің бірін олай, бірін бұлай аттан аударып тастап, ойнап шетке шыға келді. Жігіттер жатты да қуды. Құсбектің қолында алты атар, тағы бір жігіттің иығында сирақты мылтық, қуған бойлары атып келеді. Мылтық үш рет атылғаннан кейін, Аманкелді көлденеңдеп тұра қалып:

– Ай, мырза, мерт боларсың, қойсаң қайтеді? – деді. Мылтығын қолына алып жатып:– Сірә, сен не барымта алуға бара жатырсың да, не барымта алдырып, соны қуып бара жатқан адам боларсың. Менімен әуре болсаң жолыңнан қаласың, тоқта!– деді, алты атарын тосып жақын келіп қалған Құсбек мырзаға.

– Барымташынын арты осы. Ұстаңдар!– деп Құсбек алты атарды тағы басып-басып жіберді. Бір жігіт артын айналып келіп қалған екен, сойылды сілтей бергенде, Аманкелді сойылын жұлып алып, бастырып келіп, қызыл асықтан жігіттің өзін қағып өткенде жігіт ұшып кетті. Аты еркін Құсбек тағы да алдын орап, қалған жігіттер жан-жағына қамалап келіп қалғанда, Аманкелді де мылтықтың тұмсығын Құсбектің кеудесіне тосып-ақ қалған еді, сарт етті. Құсбек аттың басынан омақаса құлады да, күміс ер-тоқымды күрең ат ойнап шыға берді. Құсбектің құлауы-ақ мұң екен, басқа жігіттері соның басына үймелеп қала берді.

– Ай, жігіттер, – деді Аманкелді, үймелеп қала берген жігіттерге оралып келіп, – мына мырзаларың өліміне өзі себепші болды, мен өз барымтамды әрең алып келе жатқан адам едім. Алда-жалда оқ сенікі, адам біздікі деп сөз қылғыларың келсе, куә өздерің. Жөнімді айтып кетейін: қырда киік атып күнін көріп отырған «Бегімбет» болам, атым Аманкелді,– деді де жөніне жүре берді.

Құсбек барымтаға жылқысын алдырып, соны қуып бара жатқан адам, Аманкелдіні сол барымташылардың соңы, осыны ұстасақ малымыздың ізін табамыз деп байланысқан екен. Келер жылы, Құсбектің өлімі, Абдығапардың оққа ұшқан қара төбел аты, баяғы Таубайдың қойы мен құнаны – бәрі жиналып келіп, Аманкелдіге үш жыл түрме кесілді. Аманкелдінің таяғы ылғи байларға тиіп отырған соң, «ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырап» байлардың көрген жәбірін байлардың соты алып берді. Бірақ жаланың жабылуы көп болғанмен, бірде-бірі Аманкелдінің мойнына салып, айыптай алатыны жоқ болғандықтан байлар сотының өзі де жиып-теріп үш жылға әрең толтырды. Сондықтан кегін толық ала алмаған байлар, бұрынғыдан да өшігіп «бала қарақшыны» «Аманкелді қарақшыға» айналдырды.

II. «ЖЫНДЫ»

– Осы баланың соққан темірін айт! – деп, Күдекең Бектепбергеннің ұсталығына бұрыннан қызығып жүретін еді.

Бір күні Бектепберген соғып берген мүйіз сапты сары кездікпен мұртын басып отырып:

– Қатын, ә қатын, – деді Күдекең. «Қатын» деп бастаса, бірдемеге мақтанатыны белгілі. Әйелі:

– Е, байғұс, бірдеме айтамысың? – деді байының бетіне қарап:

– Құданың құдіреті, осы Бектепберген балаға Шарипажанды бергім кеп жүргені...

– Қалыңмалға тағы бір сары кездік алмасаң, одан басқа не береді саған?.. Құдайдың жоғын айтқаны несі екен!.. Ана жынды інісі бір күні тартып әкетсін дейсің ғой! – деп әйелі шапылдады. Бірақ әкенің аты әке – болмады, қызын Бектепбергенге бермекші болып иек сипасты...

Жылқы екеу, қой үшеу, қалыңға төлейтін мал жоқ. Төлемейін десе, құда бір момын адам. Ойлап-ойлап келді де, Аманкелді оңай ақыл тапты. Түн ортасы кезінде атын жолдасына ұстата салып, төрде жатқан Шарипаны көтеріп ала-ақ жөнелді. Атқа бір қонып алды, оның ар жағын сөз қылатыны жоқ, Шарипаны алып кете барды. Ертеңіне «мүйіз торыға» бір шапанды жауып, мойнына бір құндызды байлап, «ат-тон» айыбын Аманкелді өзі алып келіп еді, кешеден бері қатынын сабап бақырып жатқан құда сылқ етіп түсті де қалды:

– Ой, жынды ит, құлағыңды жұлайын сенің... Кісенді салайын аяғыңа...– деп, Аманкелдіге жақындап келді де, күліп жіберді.

Аяғында жалғыз тоқтысын сойып, Аманкелдіні сыйлады да шапаны мен құндызын айыпқа алып: «Мынау құдаға мінгізген атым», деп Аманкелдінің атын өзіне жетектетіп жіберді.

Аманкелді жиырма беске аяқ басқанда, екі иығына екі жігіт мінгендей, екі білегі жұп-жуан темірдей, «балуанмын» деп жүрген жігіттерді алыса кеткен жерде-ақ атып жіберетін еді. Екі көзі қып-қызыл, құрбы-замандастары ығысып жүретін болды. Өзі әнші, өзі домбырашы, ойын-той, қыз-қырқынның да туы болды. Күрес бола ма, жамбы атыла ма, жерден ат үстінен күміс алу бола

ма, Аманкелдінің алдына жан шыға алмады. Байлығына мас болып жүретін мырзалардың өзі-ақ мұның алдынан кесіп өте алған жоқ. Біреумен ерегісе қалса, қыз-келіншегіне дақ салып жіберу, шаршы топтың ортасында мырзаларды шоңқайтып кету Аманкелдінің кек алу әдісіне айналды.

Келе-келе Аманкелді болыс-билерге де қарсы шыға бастады. Елден артық, алым-салық жинап келген ауылнайларды, дау бітіріп пара алып жүрген билерді, урядниктерді талай сабап қуып жіберді. Қысқасы, Аманкелдінің көзін жоймаса, елдің мырзаларының да, би-болыстарының да алдынан шығып, өңешіне көлденең тұра беретін болды. Сондықтан Қостанай, Көкшетау, Торғай соттарына билердің қолы қойылған «приговорлар» түсе бастады. Адвокат, чиновниктерге пара жаудырды. Жалпы қолданылған әдіс-істің ақты-қарасы ашылғанша Аманкелдіні алдын ала түрмеге жаптырып қоюды сұрау болды. Аманкелді осындай реттерден бір-екі рет сотқа дейін түрмеге жабылып, сотта ақталып кетті.

Аманкелдінің соңғы соты 1914 жылы Көкшетау уезі Саумалкөл қаласында болды. Нұрақмет Шашамбайұлы деген атақты ұры қолына ондап ұры ұстап, қолы қысқа елдерді қан қақсатып жүргенде Аманкелді оның ұрысын талай рет ұстап, ұрлаған малын тартып алып, иесіне қайырып берген еді. Және Аманкелді өштескен биінің бірі Баймағамбеттің тоқалдыққа алайын деп отырған Зылиқа Жақсылыққызымен көңіл қосып, бидің сүйегіне таңба салған еді. Сол би Нұрақметке қосылып, ада-құдасына арыз бергізіп, өзінің қолдас ұрысы Қызылжар уезіндегі атақты ұры Тұрсан Тілемісұлы арқылы Аманкелдіні Саумалкөлге шақыртты. 1908 жылы және 1909 жылы жоғалған малдарын Аманкелдіден сұраттырды.

— Басқа уезге барған соң көзі жоғалар деп еді, Аманкелді өзінің ұры еместігін дәлелдеп, ақталып шықты. Оның үстіне Аманкелдінің мал ұрлап әкетіп бара жатқанын «көзімен көрген» он куә болған екен, оны он түрлі жауап берді: бірі мал жоғалғаннан алты ай бұрын көріпті, бірі алты ай соң көріпті, бірі түнде, бірі күндіз, біреуі қысты күні, біреуі жазды күні көріп, әйтеуір, өтірік куәлардың өтірігі ашылды. Бір куә сасып қалып:

— Ой, сен Аманкелді емессің, — депті.

Аманкелді соттан ақталып, еліне қайтып келе жатыр еді, Бөрлі деген купецтің Атбасар, Көкшетау жағынан алып қайтып бара жатқан малына кездесті. Он екі табын өгізді Себелеге дейін айдасатын адам таба алмай, қысылып келеді екен. Ғазизов деген приказчик Аманкелдіге жатты да жабысты.

— Ат-тоның сай адам екенсің, бақташыларға бастық болып Себелеге дейін жүр, он өгіздің құнын беріп, Себеледен қайтарып жіберем, — деді.

Он өгіздің құны оңай олжа емес, бір айдан кейін 600 сом ақша алатын болып, Аманкелді еріп кете барды.

Себелеге дейін Аманкелді Ғазизовпен жақындасып алды. Тапсырған жұмысты бұлжытпай тындырады. Түнде малға тиген ұрыларға мал бермейді. Екі ұрыны ұрып жығып, ұстап та берді. Өзі әнші, өлең айтады. Өзінің өмірін сөйлеп кетсе — ертегідей қызық. Приказчик арбаны тастап» Аманкелдімен бірге

салт мал айдасып отыратын болды. Аманкелдінің мергендігін естіп, қос ауыз мылтығын Аманкелдіге беріп жатып:

– Бірінші ұшырасқан құсқа тигізсең, мылтық сенікі, – деді.

Ағаштан өте бергенде дүр етіп қара құр ұша жөнеліп еді, екі айрыла ұшқан қара құрды екі басқанда, екеуі де жалп ете түсті. Біреуі Ғазизовтың атының алдына кеп құлады.

Себелеге келген соң Ғазизов Аманкелдіні өз үйіне түсірді. Үйіне келген адамға:

– Мына ғажайып батыр – қазақ... Сен оның білегін тішлеп қара әлі...– дейтін болды.

Малды тапсырып болған соң, Аманкелдіге 600 сом ақша әкеліп берді де:

– Сен менімен бірге патша қаласына жүр. Патшаның үйін көріп қайт. Еліндегі болыс-билерің күн көрсетпейтін көрінеді ғой, мен сені атақты адвокат Плевакоға таныстырайын. Ол қазақтың жиені, барлық жауыңды бір жусатып береді. Шығыныңды өзім көтерейін,– деді.

«Мүйіз торыны» сатып кетуге қимаса да, бірінші рет поезға міну, патша қаласын көріп қайту Аманкелдіге қатты ұнап кетті. Сол жолы Петрборға барып мынадай ескерткіш жазып алып қайтты:

«Патшаның бір айға алатын жалавынжасы 20 мың сом екен, жылына 240 мың сом. Сонда Ресейде бұдан артық бай бар ма екен, сірә? Өзінің үйлерінен басқа, әкесінен калған үйі 1040 екен. Мұнша үйді қайтеді екен, шіркін?» – деп жазды.

Және Михаил Романовтан бастап бүкіл Романов тұқымынан болған патшалардың тарихын, қай патша қай жылы туған, өз тұсында не істеген, қашан өлген, қазақтың қай жері қай патшаның тұсында, қай жылы бағынған, қазақ бағынарда патша не деген, соның бәрін жазып алды. Бұрын шала хат білетін Аманкелді, Петрборда ай жарым жатқанда Ғазизовты еркіне коймай, едәуір оқу оқып, өз сөзін жаза алатын болды.

Ұлы Петр патша туралы «бұл орыстың қауға сақалын күзеп, киімін ықшамдаған адам екен, Петрборды салған осы екен» деп жазды. Бірінші рет қолына темір қалам ұстады.

– Петрбордың күні қысқалығы неден? деп сұрап жүріп, жағырафиядан бірталай хабар алды. Петрбор Мәскеумен салыстырғанда басқа жерлердің арасындағы уақыт айырмасы барлығын білді. Исаак соборының қасында тұрып патша сарайының неше терезесі барлығын санап шықты.

Түк істемей айына 20 мың сом алатын патшаны ұнатпады.

– Шіркінде нысап жоқ екен,– деді, жалғыз арманы Плеваконы көре алмай, жауларының үстінен арызын бере алмай қайтты. Аманкелдінің бұл сапарын елдегі болыс-билер:

– Түрмеден шыға алмастай қылып тықтырдық...

– Ұрлықта қолға түсіп, орыс ұрып өлтіріпті...

– Жынды Бегімбеттен құтылдық... – деп отырғанда, бірталай білім алып, дүние көріп, Аманкелді еліне қайтып келді.

III. ЖЕКЕ БАТЫР

«Орынборда жанарал,
Жанарал келсе жан алар.
Жанаралға бермейтін
Аманкелді аға бар!»

Бұрынғы Торғай уезі – қазақ елінің ең бір қалың отырған жері болатын. Құтты жерінен, құнарлы суынан айрылған елдер осы өңірдегі ысылдаған құм мен ашы татырдың жүлге-жүлгесіне келіп тығылған.

Бір жағы – Атбасар, Қарсақпай, бір жағы – Қызылорда, Жосалы, Арал, Шалқар, бір жағы – Орынбор, Орск, Троицкі, Қостанай – осы шеңбердің ортасындағы таз дала кесек жатқан қазақ елі. Енді бұл елді бұдан әрі ысырудың қажеті де болған жоқ. Өйткені жер жағынан қарағанда отаршыл Ресейдің енді қызығатын дәнемесі қалған жоқ. Дуадақтың соңынан ере-ере, бұл елдердің маңдайы қара құмға келіп тірелді, кеудесі Торғай өзенінде, арты шұбалып сортаң татырда жатады. Отаршыл Ресей патшалығы ендігі жерде елдің өзін жақсылап соруға тиісті.

Бұл ел, теміржолды қалалардан да бір бүйір жатады. Осы анайы, асау елді ноқтаға үйретіп, шикізат байлығын ішкі Ресейге асыру үшін салынған қорған – Торғай қаласы. Торғай –қазақ елінің тамыры қалай соғып жатқанын тыңдап отыратын патшалы Ресейдің құлағы. Торғай – ақ патшаның қазақ елінің басына кигізетін жүгені, қазақ елін арқандаған қазығы. Торғай – қазақ елінің шикізатын өлшеп алатын безбені, қазақ елінің қабырғасына салатын шеңгелі.

1916 жылдың күзінде Торғай қаласына Торғай облысының генерал-губернаторы Еверсман келді. Жанаралдың бұл келісі, «жанарал келсе жан алар», қалың елдің жанын алуға келген келіс еді.

19 бен 31 арасындағы қыршын жасты бір алса, одан кейін 31 мен 43 арасын алса, елдің жанын алды деген осы-дағы!– десті, Еверсманның шақыруымен Торғайға келе жатқан қазақ халқы.

Шалқар көлінен, мұнартқан белінен, тұтам емшек өзенінен, сауық-сайраннан, аяғында келіп қабырғалы елдігінен айрылған қазақ елі, ежелден ақ патшалы Ресейдің тілеуін тілеген жоқ-ты.

«Арқамызда ақ патша,
Тақыр баста тар ноқта,
Арқа жауыр, бел кеткен,
Қиқаңдай бер ер батса!..» –

деп Аманкелді айтқан кеп, қазақ елі арқасына орнығып отырып алған ақ патшадан құтылып, тақыр басты тар ноқтадан босатып алуды арман қылды. Басынан таяқ, аяғынан тұсау айырмаған ежелгі жауы – орыс патшалығы соғыстан арса боп қалуын тіледі. «Дерт бар, дәрмен жоқ», әбден көк иық болып азған ел, патшамен алысатын күшті өзінен таба алмай, патшаның сыртқы жауының

тілеуінде болды. «Аруақ қонып, нар шөккен» болыс-би болмаса, шынжыр балақ, шұбар төс төре, тілмаш, байлар болмаса, елді емін-еркін іштен жайлап жатқан құрт-мерез қожа-молдалар болмаса, Торғай сияқты қорғандар болмаса, патшаның қазақ елінде арқа сүйері жоқ еді. Сондықтан қандас жауы орыс патшасы жиһангер соғысының жемтігіне төгу үшін адам сұрағанда жауыр арқа, жыртық жең қазақ бұқарасынан бір адам жауына жәрдем бергісі келген жоқ.

Соңында ұялас ит сияқты біріне-бірі ұсаған он үш болыс, жүз қаралы би, молда-ақсақал бар, қасында уезд бастығы Гаров пен «жанаралдың мойнақ қара иті» Байқадам Қаралдин бар, сап-сары ала жанарал Еверсман ортасы ойылған шаршы топтың ортасына шыға келгенде жұрт сары ала жыланды көргендей түршікті.

— Бұратаналардың ішіндегі бір сүйікті жұртымыз — қазақ елі, — деді Еверсман, — ұлы ақ патшаның кең қанатының саясында дәулетің тасып, шалабың шайқалмай, сахарада еркін жайлап келіп едің... Бұл күнге дейін ақ патшаларыңыз жасақтай алмай келіп еді... енді, міне, сол өздерің сүйіп бағынған ұлы патшаның патшалығын... дінді қорғайтын кезең келіп тұр...

Мұның ар жағын жиналған топ тыңдаған жоқ: — Көмейің көрінді, не сұрайтының белгілі ғой, — десті өзара.

Жанаралдың тілмашы Байқадам Қаралдин қазақ тілін қанша безеп сөйлейін десе де, жанаралдың сөзін бір қазақтың құлағына құя алмады.

— Алдымен осындай ақ мойнақтардың мойнын жұлу керек! — десті жиналған қазақтар күңкілдесіп.

Жанарал жауап күтті. Жаутаңдасып тұрған болыс-билер иық тіресіп тіс жармай тұрған қалың топқа қарады:

— Береміз десеңдерші... — дегендей қылады жұртқа жаутаңдап.

— Бер деп көріңдер, кәне! — деп жұрт та төніп тұр бұларға.

Батпандай басқан ауыр минуттар үн-түнсіз өтті. Бір сөздің түтінін байқағысы келіп, Еверсман тұр. Жанаралдың сөзіне жөні түзу жауап әпере алмағанына қысылып Қаралдин тұр. Бір адамға жөні түзу сөз сөйлете алмай он үш болыс, жүз қаралы билер терлей бастады.

— Мұндай қысылшаңда біз бұл дүниенің адамы емеспіз дегендей, көздерін тас жұмып алып, молдалар мүлгіп тұр... Тым-тырыс...

Біраздан кейін ол кезде ел тілегіндегі бірнеше ақсақал адамдар сөйледі. «Адам бермейміз» деп тура айта алмағанымен, әр сөздің құйрығын бұлаңдатып, жұрттың шын ниетін аңдата алған Ысмағұл Токин деген адам болды да, таймастан турасын айтқан Аманкелді болды. Жанаралдың тілмашы Қаралдин бұлардың сөзін бұрмалап аударды.

— Мынау охранканың жансызы ең болмаса сөзімізді дұрыс жеткізбеді-ау, ит! — деп жұрт ду ете түсті. Одан кейін ел жағынан сөйлеген сөзді Қаралдинге аудартпай басқа біреуге аудартты. Бірақ Аманкелдіден басқа ешкім жанаралға туралап қарсы сөз айта алмады. Жұртты кимелеп, Еверсманның қарсы алдына келіп:

— ...Бір адам бермейміз! Керек болса ақ патша өзі соғыса берсін! Өзі, өзі!.. — деді Аманкелді саңқ етіп.

Дала қыранының ашы саңқылы барлық құлақты жарып өткендей болды. Қазақ халқының бойына жиналған кегі кернеп, құлдық қабын жарып жібергендей, ақ патшаға атуға сақталған оқ осы арада атылғандай, тыныш ауа жыртылып айрылды.

Манадан үн шығармай тұнып тұрған теңіз толқынданып, теңселіп сала берді, жұрт ду ете түсті.

«Бермейміз» деген кім? Бұл қайрат, бұл ерлікті бойына сақтап жүрген кім еді? Мұндай жігерлі адал дауыс кімдікі? Оны жұрттың көбі аңдай алмай қалды. Бірақ өз ішінде бір ер жүрек, адал ұлдың барлығын аңдап қалған жұрт, Еверсманды былай тастап, дауыс шыққан жаққа жапырыла кетті. Бір қозғалған қалың қол — теңселген теңіз бірін-бірі кимелеп, толқынды толқын айдап, құба жонға қарай қопарылып жүре берді. Еверсман болыс-билермен ғана шошайып қала берді.

— Бунтты бастаған кім? — деді Еверсман, болыс-билерге елдің беті әбден-ақ теріс ауғанын көріп.

— Аманкелді Иманов.

— Көкке ұшсаң аяғыңнан, жерге кірсең құлағыңнан тартып алармын! — деді Еверсман, жөңкіле жөнелген жұртқа айбар шегіп. Бұл айқайды жұрт «құлағына» да қыстырған жоқ...

Еверсман сол ашумен үйге кіргенде өрт сөндіріп қайтқандай күп-күрең еді де, болыс-билер сары аязда жалаңаш тұрғандай бір қалтырап тұр еді. Жанарал болыс билер мен уезд бастығы Ғаріптің былжырлықтарын беттеріне басып, бір отқа қарып, бір мұзға отырғызып нөсерлетті де, барлық болыс-билерден міндетті қағаз алды. Елдің күйі неге айналса да, қар орнына қан жауса да, 19 бен 31-дің арасын жинап беруге міндеттеніп болыс-билер қол қойды. Сол қолдардың ішінде Ниязқанның немересі, Жанбосын болыстың баласы, өзі де бұрын болыс болған, маңайын ұрлығымен, байлығымен астына басып отырған Абдығапардың да арбиған қолы тұрды.

Қолдарын қойып болып, алқымға тығылған жүректері орнына түскеннен кейін, билер біріне-бірі жаутаңдап, «Сен баста, сен айт!» деп қапалақтап тұрып, аяғында:

— Бірер ай кеңшілік сұрауға жөні болмас па екен, — деді жанаралға.

— Ол неге керек? — деді Еверсман билерге сенбеген пішінмен.

«Ол неге керектің» жауабын билер — «елдің беті қалай болар екен, патшаға барып ізденетін бола ма, қайтеді» дегенге жақындатып қайтарып еді, қожасының мінезін жақсы білетін Байқадам:

— Сөйлесіп, елді көндіру үшін керек дейді... — деп аударды. Орысша түсінетін болыстар біріне-бірі жалтақтасты да үндей алмады. Құлқыннан басқаны керек деп көрмеген билер, Байқадамның не деп аударғанын түсінген де жоқ. Еверсман азырақ езу тартып, сол көзін қысыңқырап:

— Билердің керегі де осындайда емес пе? — деді. Байқадам мұны тап осы күйінде аударды.

Билер Еверсманнан бірер ай кеңшілік сұрап алып қалдық десті, былай шыққан соң. Еверсманның сөзін болыстар-песірлер өздерінше түсінді. Еверсман өзі ойлаған мағынада айтты. Ешкімге жарты күн кеңшілік берген жоқ.

Ахмет, Мержақыптар тек өкілдерді ұстап алып, соларды үгіттеумен ғана тынған жоқ. «Қазақ» газеті 15-жылдан бастап «қазақ атты әскер бола ма, жаяу әскер бола ма» деген үлкен пікір алысу науқанын ашып еді, оның арғы түбі ақ патшаға адам күшін ұсынып жүргендік екені анықталды. 16-жылдың июнь айынан бастап патша түскенше қозғалыспен алысып жатты. Әлихан, Ахмет, Мержақып үшеуі қол қойып әуелі былай деп жариялады:

«Көтерілген елдер бізді де осы бұзақылықты жақтайды деген өсек таратып жүрген көрінеді. Біздің атымызды сатып бізді де патшаға қарсы деп көрсетіп бүкіл қазақ елін соңдарына ертпекілері келетін көрінеді. Бұл өтірік, бұған нанбаңдар» («Қазақ» газеті 191-саны).

Мұның артынан Мержақып қол қойып:

«Шағымшы деген шошқа, ол талғамай жейді, алаштың адал ұлы Ахметті қазақ елінің қозғалысын жақтайды екен деп шағым беріп жүрген иттерден не үміт, не қайыр!» — деп шағым жазды. («Қазақ» газеті, 200-саны).

«Қазақ» газетінің 207-санында Байтұрсынов, Дулатов, Кәдірбаев, Тұнғашин Мұхаммедияр төртеуі қол қойып «Торғай ҺӘм Ырғыз халқына!» деген арнаулы үндеуін былай аяқтады:

«Құдайдың жазғанын, патшаның жарлығын екі етпеңдер! Әркімнің ниет-көңілі аллаға аян, бізге сеніңдер. Бізді қалада отырып орыс боп кетті демеңдер. Бізді қазақтың шын ұлы деп сенсеңдер, 19 бен 31-дің арасын тығыз түрде жинап беріңдер. Бұзақыларға еріп көтеріліс жасап бүлінбеңдер!»

Ол аз болса, Еверсманмен бірге 16-жылы августың 7 күні Бөкейханов, Дулатов, Алмасов үшеуі Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарынан сенімді ақсақалдарды шақырып алып, губернатордың кеңсесінде жиналыста өткізеді. Ол жиналыста бір ауыздан адам беруге қаулы жасап, жиналыста болған ақсақалдар елден шыққанда «адам бермеуді ізденіп» шықса, Орынбордан қайтқанда елді үгіттеп адам беруге ант-су ішіп, уәде беріп тарады.

Қысқасы, патшашылдар лагері ұрандасып қол ұстасып, бірігіп болды. Бірақ қалың бұқара бұған мойымастан көтеріліс өрши берді. Еверсманның өзінің келген себебі де осы.

Екінші жағынан, патшашылдар тобының жымы бірігіп қалың бұқарадан жырылып шыға келгені, қалың бұқараның да санасы оянып өз алдына бірігуіне себепші болды. Патшашылдар тобының сыры ашылған сайын, патшаға қарсы қозғалыс та кеңейіп, елдің беті түзеле берді. Сондықтан безбеннің бір басына Еверсман, Ахмет, Мержақып, Гаров, Қаралдин, болыс-би, тағы-тағыларын үйіп-төгіп салып, екінші басына жалғыз Аманкелдіні салғанда қалың елдің тілегіндегі Аманкелді басып түсті. Өйткені Аманкелді шу дегеннен-ақ патшаға қарсы айқын шығып, барған сайын ел мұңының туын жоғары көтере берді. Ол патшаға арыз беруден түк шықпайды, оған алаңдамаңдар, ертең өз ақшаңа өзің жау сатып аласың —барғандар патшашыл болып келеді деп еді, мұнысы расқа шықты. Болысың, биің, Ахметің, Мержақыбың бай балаларын алып қалып, орташа мен кедейдің баласын тізіп береді деп еді — мұнысы да расқа шықты.

Аяғында келіп, Еверсманның бетін қайтарып жіберген де сол Аманкелді болды.

Дүрысында Еверсман бұл жолы соққы жеп қайтты. Шаршы топ ұйлығып, «ел қамқоры» ақсақалдар көптің ортасына тығылып тұрғанда:

- Осы біз кімді қорғаймыз? – деп Еверсманға тап берген жалғыз Аманкелді болды. Еверсман:

- Патшаны, жерді... – дегенде:

- Қазақтың баяғы жерін өзіне қайтарып берсе, қорғап көрер едік... Ол жерді тыныш патша өзі қорғап алсын. Біз адам бермейміз! – деп турасын бір-ақ кесіп айтты.

Елден шығарда сөйлеуге уәде беріп аттанған жуандар, Еверсманның алдында аузын аша алмады. «Осы сөйлейді» деп аузына қарап келген Әбдірахман Имаңқұлұлы сипалақтап бірдемені бастады да, үні өшті. Оның үні жай өшіп тұрған жоқ екен, ұзамай-ақ түрі ашылды: көтерілген елдің күшін, әскердің қай жерде жатқанын білдіріп отыратын жансыздың бірі болып шықты. Жалғыз Бөлмағұл Токин деген ақсақал болмаса, өзгесінің сөзі ел ойына жанаспады.

Аманкелді жаңағы сөзді айтқанда барлық қара бұқараның ойындағы жан сырын айтылғандай боп, Аманкелдіні қоршап әкетті. Тар өткелде көсем бола алған ғалымын ұстап сала ма деген қауіп туып, жұрт Аманкелдіні ортаға алып жылжи көшелді. Еверсманның:

Көкке ұшсаң сирағыңнан, жерге кірсең, құлағыңнан тартып алармын,– деп ділқайлауы осының артынан болатын. Бірақ елдің ыңғайын таныған Еверсман Аманкелдіні ұста демеді. Бұрын «әшейін төре» келгенде де ат байлап, үй тігіп күндік жерге шығарып салатын ел бұл жолы Еверсманға тұк сый көрсеткен жоқ: елдің ызғарынан қорыққан болыс, билер Еверсманға мұндай сый істету тұрсын, бұл жолы өздері шығарып салуға да ерлік істей алмады.

Ал, Еверсманның келіп-кетуі, «көкке ұшса сирағынан, жерге кірсе құлағынан тартып алатын» болғаны елдің де жібін ширатып кетті. Бұл күнге дейін «олдеқалай болар екен» деп сылбырлау жүрген бұқара, енді бетін түзеп күн түн демей Аманкелдінің айналасына ағыла бастады. Көшкені көшіп келді, көшпестері ат жалын тарта алған еркектерін түгел Аманкелдіге жіберді. Ол кезде Аманкелді қазіргі Батпаққара ауданының «Доғал» деген жерінде еді, «Доғал» – қозғалыстың кіндігі, Аманкелді – жүрегі, туын көтерген батыры болды. Еверсманның алдында тайсалмай шыға келгені үшін «Жеке батыр» аталған атқа мінген көптің алдын бастап қазығы болуға айналған соң, ел оны «Батыр Сардарбек» атады. «Батыр», «Сардар» деген атты жұрт оған кейін келетін соғыстардан көп бұрын берді. Өйткені қозғалған ел бұл кезде тек Аманкелдінің ғана қасына жиналды. Шүу деп қызыл ту тіккен де – Аманкелді. Соғыстарда елдің қарсы алдында жүретін, соғыстарға дейін жер үйдің төбесінде желбіреп «ел мұндалап» тұратын қызыл ту да осы Аманкелдінің туы еді.

Бұл кезде Абдығапар қозғалыстың басы түгіл, қасына да келген жоқ. Қасына келу түгіл «бүлінген елден бөлек болам» деп, Қыпшақ елінің жарым-жартысын ертіп алып, Қаратау, Ұлытау жағына көшкелі жатты. Оның өзі болыстықтан тұрсыз-ақ жыл болған, бір тумасы – Сәдіман Жанбосынов сол кездің өзінде болыс еді, екесі – Жанбосын, ағасы –Жалмағамбет екеуі де көп жыл болыс болып, арғы атасы – Нияз хан, Абдығапар қозғалыстың маңайына да жуығысы

келген жоқ. Оның Ұлытау жағына ауып кете алмай жатқаны, бұрын талай ауып күйген ел «осы иттің құлқыны жаман болатын еді» деп ере қоймай, сол тоқтатып жатты. Ашықтан-ашық патша жағына шыға келуге айналасы көтерілген ел, содан қорықты. Әйтпесе, ол қозғалысқа қатынасып әуре болғанша, тіпті саудасының басында болатын еді.

Абдығапар біраз елді ертіп көшіп кетейін деп жатыр деген хабар анықталып берген соң, Аманкелді оған кісі салды:

— Елді жырып әкетем дегені болмайды. Көшсе жалғыз кете берсін, болмаса мына елге қосылсын, отырсын, — деді.

Қашаннан аталылығымен, болыстығымен, ұрлығымен Қыпшақ елін соңына ертіп келген Абдығапар әлі де сол «соңына ертетін» көп үйлі Қыпшаққа арқа сүйеп:

— Тоқтасам тоқтайын. Бірақ қозғалыстың қасында болмаймын, басында болғым келеді, — деді. Көшіп кететін ерлікті Аманкелдіге айта алмады.

Аманкелді «сені қозғалыстың басына қоям» деп сөз берген жоқ, оның айтқаны:

— Елді іріту — елдің жауының ісі. Көшіп кел, сөйлесерміз, — болды. Абдығапар табан аузында ешбір шартты іске асыра алмайтынын сезіп көшіп келді. Абдығапардың хан сайлануы «Татыр», «Торғай» соғыстарынан көп кейін.

Аманкелдінің бұл кезде ойлаған жалғыз ойы — адал ниетімен, барлық сенімімен, соңына еріп отырған қалың елдің сенімін ақтау, орға құлатып алмай, жауына жығып бермей дұрыс бастай алу болды.

— Елді орға жықпау үшін алысатын жауының күшіне, әдісіне қарай күш, әдіс құру керек, — деді Аманкелді. Сондықтан бұл көтерілген елді жаумен алысуға әзірледі. Алдымен «сарбаз» құрды: жүзден, бес жүзден, мыңнан «сарбаз» құрып, мың сарбазды бір ту деп атады; жүз басы, бес жүз басы, мың басы белгіледі. Қыс жақындап қалған соң бес сарбазды бір қос етіп бір күтуші берді. Әр мың басының туы болды.

Оның соғыс жөнінен үйреткен үш-ақ нәрсесі бар секілді: мылтық ату, шабуыл жасау, қолма-қол айқаста ат үстінен қару жұмсау.

Мылтық ату жөнінде ол:

— Бір оқты босқа шығарма, тез ат!

— Шабуыл жасағанда ұйлықпай, шеп құрып айқайлай шауып араласып кет.

— Бізде мылтық жоқ, шама келгенше қолма-қол айқасу жағын көздеу керек, — дейді екен.

Торғай елінің бетін көзімен көріп кеткен Еверсман мен уезд бастықтары да Торғайды күшейте бастады. Қаланың өзінде жүз солдат болатын еді, август айында Орынбордан жүз, Верхний, Уральскіден жүз казак-орыс келді (мұның бірі төтенше жүз еді). Бір жүзді Аманкелдінің шығыс солтүстік бүйіріне апарып қойып, Қостанай арқылы жіберілген Дон казак-орыстарының бір жүзін тағы Торғайға құлатты. Торғайдың өзінен бір жүз қырық адамға қару асындырды. Торғайдан 250 шақырым жердегі Ырғыз қаласы солдатка аузы-мұрнынан шығып лық толып тұрды. Қыстың ортасына дейін Ырғыз, Торғайдың сыбағасына

арналған әскер отыз мыңға жетіп, оның командирі — генерал-лейтенант Лаврентьев.

«Көкке ұшса сирағынан, жерге кірсе құлағынан» тартудың аяғы осыған кеп соққан соң, қозғалған ел қайтсін, сирағы мен құлағын кесіп тастасын ба, көкке де ұшпай, жерге де кірмей, жердің бетінде қам жасай бастады. Сарбаз құрылып, бір сойбаға жақындағанмен құрал жоқ, елдегі ескі мылтықтарды жинатып алды. Бес жерге отыз кісіден ұста дүкенін құрды: шиті мылтық, найза, айбалта соқтырды. Қала-қалаға кісі жіберіп оқ-дәрі алдырды. Қорғасын табылғанмен дәрі тапшы болып аңшылар, мергендер бас қосып, дәрі жасаудың жолын көздеді. Дәріні өзіне істестім деген адамдардың айтуына қарағанда, аяғында дәріні де қолдан шығарыпты: атқұлақ, сор, күкірт, көмір, ақжол (кепкен сордың бетіне тұрған жылтыр қағы) — осы бесеуін қосып дәрі жасадық; атуға жарады, тек түтіні көп болды деседі.

Аманкелді сарбаздарға мылтық ату, найза салуды үйретті. Атқа қарғып міну, ілеуі қалған жолдасты қалай құтқару сияқты ат ойындарын үйретті. Барлық «бір кісіге әлі келетін» адамға ат тауып берді. Ат көбінесе байдан алынды, ондап, жүздеп атын алған байлар қозғалыстың сыртында отырсын, ішінде отырсын, ортарылуға жақын отырды: бұлар қозғалған жұртқа істейтін қастықтың қолдан келгенін аяған да жоқ!

Аманкелді кіммен соғысқалы отырғанын жақсы білді: орыс патшасымен соғысу үшін он үш болыс Торғай қазағының кемдеу соғатынын да жақсы білді. Бірақ патшаның көп күші сыртқы жауға төгіліп жатқанда, таңынан бір шығып қалатынына да шүбәланған жоқ. Патша 33 миллион халықты отарлап отырса, соның бес миллионы қазақ болса, Аманкелді сол бес миллион қазақтың ішінінан бергі кегін қайтаруға аттанды. Сондықтан оның ұраны:

— Бір адам қалғанша соғысамыз! Енді қайтып патшаға бағынбаймыз! — болды.

Ұраны осы болған соң ол елді тұтас өз туының астына жинағысы келді. Осы дәуірде елді топ-тобымен, ру-руымен қосып алып жатқанда оның ішінде ұласы да, құласы да кете берді: тізімін қойнына тығып, уезбен жансыз тілдесіп отырған болыс-билер де осының ішінде отыра берді. Көргені аз, оқығаны жоқ, ойлы басшысы жоқ қара қазақ Аманкелді осы ала-құла елді не істеудің амалын таба алмады: неғұрлым көп болса-ақ, солғұрлым айбынды боламыз; қалың ойлаған ерген соң ішіндегі бірен-саран арам сиракқтар не қыла алады, ондайлармен кейін есептесермін деп патшаның тілеуіндегі адамдардың көзін жойып жібере алмады. Олардың жансыздығы кейін, тіпті, күшейіп, енді көзін жоям дегенде қозғалыс та, Аманкелді де әлсіреп қалып еді.

V. ЕКІ СОҒЫС

Аманкелді бастаған көтеріліс 16—17-жылдың қысында бес рет соғысқа кірді. Алғашқы соғыс «Татыр» деген көлдің басында 21 октябрь күні болса, ең соңғы соғыс февральдің 21 күні «Доғал» үстінде болды. Бұл соғыстардың ең ірісі екеу: бірінші — көтерілген елдің патшаның ұясын өртейміз деп 6 ноябрь күні Торғайға

жасаған шабуылы; екіншісі – Торғайға жиналған патша қырандарының Аманкелді көтерілісін біржола құртып, туын жығып қайтуға аттанған «Доғал» соғысы (21 февраль).

Қозғалыстың соғыс жағын түгел басқаратын сардарбегі Аманкелді батырдың ерлік көрсеткен соғысы да, қозғалыстың күшін көрсететін соғысы да осы екі соғыс. Сондықтан бұл екі соғысқа ерекше тоқтауға болады.

Торғайды шабуды көтерілген жұрт бір ауыздан мақұлдай қойған жоқ. Әсіресе бұл кезде қозғалыстың ортасында отырған, өз руына ықпалы күшті Абдығапар мақұлдамады:

– Бадырағым, сен тимесең мен тимеймін, деген бар. Жатқан жыланның құйрығын басып неміз бар? Әзір бізге шабуыл жасаған Торғай жоқ қой, – деді Абдығапар.

– Торғай шабуыл жасамаса әзір күші кіріп болған жоқ. Оның ар жағындағы Ырғызға әскерді төгіп жатыр. Ол әскер келіп болған соң, Торғай саған бой бермейді. Торғайдың көзін қазір құртып, патша әскеріне ұя қалдырмауымыз керек. Патша әскерінің паналайтын, күш алатын, бекінетін жері қалмасын. Торғай патшаның тілі, сол тілді кесуіміз керек,– деп Аманкелді бой бермеді.

Акырында көптің көкейіне Аманкелдінің сөзі қонып, Торғайға шабуыл жасамақшы болды. Торғайдың батыс-солтүстік жағында көтеріліп жатқан алты болыс Арғын елі де бұл кезде Аманкелдіге қосылған, түгел бас қосып 6 ноябрь күні Торғайға шабуыл жасауға сөз байланды. Абдығапар амалсыз көнді.

Аманкелді жасаған шабуыл планы мынадай болды: бес рулы Арғын жағы (4500-дей адам) Торғайдың батыс-солтүстік бүйірінен тиеді; бес тулы Аманкелді қолы (5 мыңдай адам) қаланың оңтүстік-шығыс жағынан тиеді. Барлық мергендерді ертіп Аманкелді қалаға тиіскенде, шеп құрған қалың қол шабуылдап қалаға кіреді. Қала алынғаннан кейін егер мұнда көтерілістің туын тігуге болмайтын болса, бұл маңайды түп-түгел өртеп кетеді.

Сарбазды шала-шарпы тамақтандырып алып, таң алдында қалың қол Торғайға жақындады. Алдында, жиырма шақты адам баршы жіберіп, қалың қол қаланы торлады. Сол кезде қаланы өртейміз деген сөзді шала ұққан баршылар қаланың айналасындағы маяларды өртей бастады. Бұл, кәдуілгі «біз келіп қалдық, қамданыңдар» деген ақымақтық болып шықты. Шабуыл жасауға келе жатқанын қозғалыстың ішінде отырған байлардан бұрын да естіп, қамданып отырған Торғай барлық әскерін айнала төгіп, көше-көшені бекітіп тастаған еді, қамданған күйі қарсы алды.

Аманкелді қалаға жақындап келіп, айқайлап қалаға шапқанда шеп құрып алған солдаттар да оқты ағыта бастады. Бірақ жер күңірентіп келе жатқан көп қолдың беті қайтпаған соң әскер қашып казармаға тығылды.

Арғын қолын бастаған Оспанқан, Ахмет, Қасымқандар алғашқы айқайды қалаға кіруге бата алмай, алыстан атой беріп жүргенде, Аманкелді қаланың ішінде атыс салып жатыр еді. Аманкелді бастаған бес ту, алдында сардарбегі, қаймықпай қалаға кіріп кеткен соң, Арғын жағының бес туы да кірді. Бірақ алдында тұрған казармаға беттей алмай, қаланың Аманкелді алып қойған жағына жақындап кеп кірді. Қол көп, қару жоқ. Сарбаздың қарусыздығы былай тұрсын,

ған осы Торғай соғысында қозғалыстың сардарбегі Аманкелдінің өзінің қолына ұстап жүргені күмістеген шиті мылтық екен.

Патша әскері бұлармен қолма-қол соғысуға шықсын ба, қаланың шетіндегі казармаға тығылып, тасалап атысты. Қалаға кірген құр қол жұрт қаланы өртей бастады. Қала қаулаған өрт, қара түтінге айналды. Казарма жақ шеті болмаса, қала түгел көтерілген елдің қолында қалды. Шеткі үйлерге кіріп алып, болашақ хан Абдығапар бірсыпыра ақсақалдармен ас та істете бастады. Шулаған көп қол соғысқа септігі жоқ, босқа шауып оққа ұшып жүр. Соғысып жүрген ылғи мергендер ғана. Тасаланып атысуға көшкен соң, Аманкелді Кейкі сияқты сұр мергендерді алып үйдің төбесінде, пештің тұрбасына тасаланып атысты. Сирек-сирек құлатып тұр. Таңертең басталған атыс, түс ауғанша тоқталмады...

Түс ауа Абдығапар Аманкелдіге кісі салды:

– Қайталық! Адамға тамақ, атқа жем жоқ, кетейік... – дейді.

Аманкелді келген адамға ұрсып жіберді.

Соғыс көрмеген ел де, бірнеше адам оққа ұшқан соң, әрі құр қол соғысқа қатынаса алмаған соң, Абдығапардың «кетейік» дегеніне құлақ қоя бастайды.

Түс ауа туын тақымына қысып алып, Арғын жағының ханы Оспан Шолақов пен Ахмет, Қасымхан деген әскер басшылары қаладан шыға жөнелді. Оларға қосылғаса босқа жүрген көп адамды ертіп Абдығапар қаладан шығып кетті.

– Казармадан басқасын алдық. Казарманы қаланың ішінде отырып аламыз. Бұлк етпеңдер! – деген Амангелдінің сөзін тыңдамады.

Адамы өлгендер жылап-сықтап, олар берекені алды. Қол тұтас қаладан шығып кетіп, қаланың ішінде тек мергендер ғана қалған соң, патша әскері оларды өзін орап алуға айналды: сондықтан жұрт ұзап болған соң мергендерін ертіп алып, атысқан бойы Аманкелді де қаладан шығып кетті. Патша әскерінің ісі өртенбей қалды.

Аманкелді қуып жеткенде ақсақалдардың аузы, тіпті, қисайып кеткен екен. Бірлық оққа ұшқан адамның жазасын Аманкелдінің мойнына аударып қойыпты:

– Аманкелді болмаса, Торғайға шабар ма едік. Торғайға шаппасақ адам өлер ме еді!?

Адам шығыны болған елдер Абдығапардың осы азғыруына еріп те қалыпты. Аманкелді келіп:

– Тоқтаңдар: бұл қалада бір құдық жоқ, осы қаланы орап алып, отын-су бермесек үш күнде өзі қолға түседі, – деп еді, Абдығапар беттемеді.

- Енді елді қырғызып обалына қалатын кім? – деп ел жағына шыққансып, ешкөрсі қалды.

Шаршаған, аш, азырақ өлім көрген ел Абдығапардың сөзіне бой ұра берді: Аманкелдінің діңкесі құрыды.

Елдің аузы өзіне қарай бұрыла бастаған соң-ақ, Абдығапар көтерілісті тоқтатып, патшаның әміріне бой ұсынайық деген әнге басты. Мұны айтқанда ел ішінен Аманкелдіге ауды. Осы керіспен Торғайдан алыстай берді.

Аманкелді қозғалыстың туын тіккен жеріне келіп, етек-жеңін қайта жинап алғанда, алты болыс Арғынның ханы Шолақов «хандықтан түсіп», Торғай

мен Ырғыз арасындағы стансаларды өртеп жүргенде қолға түскен 45 мың сомды алып, уезд начальнигіне өзі келіп, аяғына жығылыпты. «Жәнібек батырдың» туын көтеріп келген Ахмет, Қасымхан «батырлар» да туды сандыққа тығып, үйлеріне барып жатып алыпты. Ел көтерілген кезде бұға қойған болыс-билер қайта атқа мініп, 19 бен 31-дің арасын көгендеп жөнелте бастапты.

Арғын елінің көтерілісті тастап кетуіне сол өз елінен шыққан оқығандары — Ахмет, Мержақып, Сейтазымдардың «адал ақылдары» үлкен себепші болады. Қыс бойы қосыламыз, әне келеміз, міне келеміз деп жатқан екі болыс Наурызым елі де патша солдатымен бір ұшырасқаннан кейін шалқасынан түсіп, адамын бере бастаған. Ол елдің де «елге қамқор» ақсақалдары, билері әуелі көтеріліске қосылмақшы болып, Ахмет, Мержақыптардың ақылын алғаннан кейін, тізім саудасына кірген.

Бұл оқиға Аманкелді тобына, тіпті, қатты батты. Бұққан жыландар ысқырып, басын көрсете бастады. Бірдемеге тұяғы ілікпесе Абдығапар да елді ірітіп әкететін ыңғайы көрінді. Елдің байынан, ақсақалынан арылып, өңшең қарашаны оңаша топтауды Аманкелді білмеді. Дәл сол кезде кедей-орташаның ру жігін қиратып, байдан бөлініп оңаша топтана қоюы оңай да жұмыс емес еді. Сондықтан алды ыдырап, арты қопаңдап отырған жұртты қайта біріктіріп, қозғалыс туын құлатпау үшін қолданған әдіс — хан сайлау болды. Бұрын Аманкелді хан дегенді керек етпесе, енді онсыз болмайтын сияқтанды: Абдығапар хан болды.

Торғай соғысынан елдің көбінің беті қайтып келді. Алты болыс Арғынның бөлініп қалуы да жұрттың еңсесін түсіріп жіберді. Ол бес тудан көтерілісте қалғаны аз-ақ, көпшілігі адам беретін болып, тізім саудасы қайта қызды. Қара жұмысқа баруға іліккендердің біразы ғана Аманкелдіге еріп қалды. Көтерілістің ішінде отырған болыс-билер де бас көтеріп:

— Есің бар адам едің, осы жұртты тоқтатып, патшаның жарлығын орындас, — деп, Абдығапармен сыбырға кірісті. Абдығапардың көтерілісті тоқтату қолынан келмейді, шын ниеті ыдырату болғанмен әрі елден, әсіресе, Аманкелдіден қорқады. Осы шөре-шөреде екі жақты болып отыра берді.

Байлардан түгел құтылайық демегенмен «патшаның тілі болып отырған байлардың басын оңға қаратып алам» деп Аманкелді талай жұлқынды. Бірнеше байды ұстап, қамауға да салды. Жылқыларын сарбазға да бөліп берді. Бірақ одан әрі кетуге елдің ыңғайы жібермеді. Бұл жөнінде Абдығапармен талай керіске де ұшырады. Абдығапардың күйеуі Мырза ишан Сатыпалды ишан баласы ханға арқаланып ашықтан-ашық іріткі сала бастаған соң:

— Құдалықпен кешкен күнің құрысын: мына күйеуің елді бүлдіріп барады, атып тастаймын, — деп ұмтылғанда, Абдығапар мен оның қасындағы кертартпа ақсақалдар айырып алып қалды. Мұндай керістер жиілене берді: патшаның тілі боп отырған байларды ұстаса да Абдығапар араша түседі, байлардан ат-тон алса да Абдығапар араша түседі. Ру ұйтқысымен отырған ел байына азу тие бастаса, сыр көрсетіп, қиқаңдай бастайды.

Бұлар осы жайда отырғанда Торғай күшейіп алды. Дәл осы кезде Торғайда бір полк Орынбор казак-орыстары, екі жүз Дон казак-орыстары, бір эскадрон гусар, бір эскадрон драгон, сегіз рота төтенше әскер, бес зеңбірек, қаланың өзінен мылтық асынған жүз елудей адам бар еді.

Осы күш – мыңға жақын адам, пулемет, зеңбірегімен қозғалыстың туын құлатуға аттанды. Аманкелді қасына біраз сарбаз алып, уезбен тілдесіп шетте жатқан байлардың тілін қырқып қайтуға кетіп қалған еді. Сарбаздың аты арып, тоны тозып деген сияқты соларын толықтырып алу қамында жүр еді. Абдығапардың оң тізесінде отырған әлгі Мырза ишан қасында тағы екі бай бар Торғай тартады:

– Көтерілістің батыры Аманкелді алыста жүр, сарбаз әр жерде бытыраңқы, қазір шабуыл жасасаңдар оп-оңай мұрындарынан тізіп аласың да, – дейді.

Құр қол сарбаздан енді қорқып отырған Торғай жоқ, күші кірген Мырза ишанды басшыға алып, жолға шығады: Торғай соғысында көтерілісте болып, енді тайып шыққан Арғын ақсақалдарының біразы ереді.

Аманкелді аз күнге қырға кеткен екі арада сарбаз арасындағы тәртіп те босаңси қалады. Арқасы кеңіген Абдығапар хан елдің арасындағы дау-шарды, кемпір назын бітіруге кіріседі. Сондықтан Торғайдан шыққан патша әскері көтерілген елдің ішіне кіргенше сезбей отыра береді. Әскер Торғайдан 120 шақырым жердегі «Құм кешуге» жақындағанда біліп қалып, алдын бөгеп бетін қайырмақшы болып, сарбаз сонда ғана шығады. Аманкелді жоқ, хан өзінің інісі Уәли Жалмағамбет ұлын «сардар» етіп жібереді. Ұбақ-шұбақ келе жатқан әскерге жақындап, сарбаздар қолма-қол араласқылары келген екен – зеңбірек атылады. Зеңбіректің даусын бірінші рет естіген сарбаздар апар-топар тұра қалады. Сонда жұрттың алдында:

– Ойбай, қырылдық... Қашыңдар, қашыңдар!..– деп далиып қашып бара жатқан әлгі «сардарбек» Уәли болды дейді.

Жұрт Аманкелді батырын осы арада қатты іздейді. Хабар тиісімен келіп жеткен Аманкелдіні сарбаздар қаз-қатар тізіліп, қара қасқа өгізді құрмалдық шалып, қарсы алады.

Аманкелді келісімен Абдығапарға:

– Солдат Торғайдан шыққанда-ақ хабарын білуге нағып болмай қалды? Әскердің шыққан хабарын тез жеткізгеніңде соғысты туға әкелмей, далада салатын едік. Осы марғаулық кімнен болды,– деп ренжиді.

Ертеңіне «Доғал» үстінде қырғын соғыс болды. Бұл соғыста да қайрат істеген жалғыз Аманкелді, Аманкелдіге ерген мергендер. Ескі көңді, қамысты, Торғай табанын тасалап, мергендер тайынбай атысады. Құла даланы жаңғыртып, үстіүстіне атылып тұрған зеңбіректен тайсалмайды. Зеңбіректі қорып, барлық оқты соның айналасына төгіп жатқан Аманкелдіні көріп, сарбаздардың буыны бекиді. Патша әскері талай рет шабуыл жасауға ұмтылғанда мергендер оқ жаудырып зеңбірекке, пулеметке қуып тыға береді. Қара дәрілі мылтықтың түтіні мергендердің жасырынған жерін ашып бере береді де, пулемет бұларды қуады. Мергендер орын өзгертіп жүріп атысады. Небары 5 винтовка, 63 шиті мылтықпен не істей алсын, әйтеуір, шабуыл жасаттырмайды.

Бұл соғыста да көтерілістің берекесін алған Абдығапар хан. Зеңбірек бірінші рет атылғанда-ақ, ол қасындағы ақсақалдармен қырға шығып кетеді. Сырғып бара жаткан ханды көрген сарбаздарға да іру кіреді.

Бұл соғыста 72 сарбаз оққа ұшады. Патша әскерінен өлген адамның дәл саны нешеу екені белгісіз, бірақ Торғайға қайтқанда өлген солдатты 18 шанаға тиеп, қара жалау тігіп кайтуы анық.

Патша әскері көтерілістің туын жыға алмады. Қалың сарбаздың қолынан келетін қайрат шамалы екенін білсе де, аз мергендердің өзін де ала алмады. Екінші құр қол сарбаздың өзімен қолма-қол келуді де қаламады. Ертеңіне патша әскері сарбазды қуып, көтерілістің туын жығуды былай тастап, Торғайға қайтып отырды.

Бұл соғыстардың бәрінде де қарсы алдында жүретін Аманкелдінің қызыл туы. Соғысатын Аманкелді мен мергендер. Егер Аманкелді атысып жатқанда, Абдығапардың ниеті адал болып, қалың қолды тұс-тұсынан шабуылға қолма-қол соғысқа кіргізген болса, соғыстың нәтижесі басқаша болатын еді. Алғашқы соғыста Торғайды алып қоюлары мүмкін еді де, соңғы соғыста патша әскерінің шығыны молайып, біраз қаруын тастап қайтатын еді. Екі соғыста да Абдығапардың екіжүзді сатқындығы жеңілуге әкеп соқтырды.

VI. ЕКІНШІ ҚЫР

«Торғай», «Доғал» соғыстары Аманкелдіге үлкен сабақ болды. Ең алдымен көп сарбаздың соғысқа кіре алмай, босқа оққа ұшып, оралғы болуын жою керектігін білді. Еріксіз қолма-қол келмесең пулеметі бар әскер маңына жуытпайды, сондықтан, сарбазды бір жерге топтамай, әр жерге бөліп, тұс-тұсынан шабуыл жасату керек екен деген қорытындыға келді, патша әскерінің келетін жағы Торғай – бес туды беске бөліп, сол бетке төкті. Әр тудың өзін жүзден, екі жүзден бөліп, сай-сайға жасырып, ықшам отряд жасады. Әр тудың басына сенімді батырларын белгілеп, жалпы байланысты күшейтті. Сарбаздың арасындағы хабарды «қанатты почтамен» жүргізді. Басқа бұйрық-жарлық әшейін пакетпен жіберілсе, соғыс жөніндегі бұйрықты жіберген пакеттің сыртына құстың қауырсынын тігіп жіберді. Бұл «қанатты почта» деп аталды.

Бұл кезде оның тығыз жөнге салғысы келгені: соғыс салмағын тек мергендерге салмай, қашаннан бері арман боп келе жатқан қолма-қол соғысуға қол жеткізу болды. Сондықтан мергендерді басқарумен бірге, бір туды өзі бастап, қолма-қол соғысқа кіргізуге әзірленді. Барлық мың басыларына осыны міндеттеді.

Екінші қолға алғаны, іштен іріткі салып отырған байларға шабуыл жасау болды. Абдығапар қанша тартпақтаса да, неше түрлі қыр көрсетсе де болмай, патша әскерін ертіп әкелген Мырза ишан, Тілеуғабыл, Түйебай деген үш байды шауып алды. Көтерілістің ішінде отырғанмен көтеріліске қосылмай, кейбір дүдәмал мінездері болғандықтан Хакімжан Байдәулет ұлының үйін де шауып алды[5], Абдығапардың ыңғайына ауып бара жатқан мың басыларын жұлып тастап, сенімді адамдарды белгіледі. Байлардың есігінде жүріп еңбегін ала алмаған сарбаздардың неше жылғы еңбекақысын алып берді. Байлардың жылқысын айдап әкеліп, сарбаздың аттарын таңдап берді. Сарбазға алып берген атын өзі ұрлап

[8]Мұның адалдығына көзі жетіп, кейін мал-мүлкін қайырып берді дегенді айтады — F.M.

әкеткен екі байдың мойнына арқан тағып масқаралап, бүкіл көтерілген елдің ішіне жетектетіп жіберді. Қысқасы, Аманкелді көтеріліске жаңа мазмұн беріп, арам отырған байларға шабуыл жасап, көтерілісті байлардан аршып, қалың бұқарамен қалу жолына түсе бастады. Абдығапарға Аманкелдінің бұл істері қайдан ұнасын, екеуінің арасы алшайып, керіс көбейе берді. Абдығапардың арамдығына көзі жеткен сарбаз түгел өз соңына ерген соң, Аманкелді қатты қимылдай бастады. Соғыс жайынан Абдығапарға атүсті ақылдасуды да қойып, шеттетіп жіберді. Әбден қамданып алып, жұртты түгел өзіне ертіп болған соң, Абдығапардан мүлде құтылуға ойланды. Абдығапар көтерілістің ішіндегі ақсақал, атқамінер, орнынан алып тастаған мың басылармен ғана қалды.

Аманкелді сарбаздың бетін енді дұрыстап көтеріліс екінші қырға аяқ салғалы тұрғанда патшаны тақтан түсірген хабар келді. Хабарды әкелген баяғы Байқадам Қаралдин, бәйтерегі құлаған соң енді жылт етіп көтерілген елдің ішіне кіре қойғысы келген екен. Патша құлаған хабарын әкеліп, «куанған адам» болып, «охранканың жансызы», жанаралдың тілмашы, көтерілістің басынан бері істеген опасыздығын оңай жуа қойғысы келген екен. Патша чиновнигінің жаулығын Аманкелді ұмыта қойсын ба:

— Шауып тастайын сен арам итті, — деп Байқадамға тұра ұмтылды.

Патша тақтан құлапты дегенді естіп, патшаны құлатысқан өзі екендігіне қуанып тұрған жұрт Байқадамды өлтіртпеді. Байқадам аман қалып, Абдығапарға қосылды.

Қандасқан жауы құлап, тілегі орындалған жұрттың есіне енді тайыншаторпақ, қозы-лағы түсе бастады. Жеті ай иесіз қалып күйзелген шаруасының басын құрағысы келді. Қыс бойы шұбауда жүрген қатын-баланың да қамын ойлау керек, сарбаз үйін көруге ынтықты. Көтерілістен құтыла алмай жүрген Абдығапар да қайқайып шыға келеді:

— Ал жұртым, кеше хан сайлап едің, патша түсіпті, сендерді мен де тараттым, — деп еліне тартып отырды. Жұрттың үйін, шаруасын көргісі келген ыңғайын пайдаланып, қобалжығандарды бастап, Байқадаммен бірге кете барды. Ең аяғы мынау көтеріліс не берді, ендігі күн не болмақ, оны да сөз қылмастан кетті.

— Ал патша түсті, енді билейтін кім? Ол біздің жауымыз ба, жақтасымыз ба? — деп сұрайды Аманкелді Байқадамнан.

Патшаны түсірген үкімет бізге жау болушы ма еді! Уақытша үкімет құрылды, ол әрине, достарың,— деді Байқадам.

Аманкелді бұған сене алмады.

Патша түскені анық қой. Ал Уақытша үкіметің уақытша шығар... Қашан түпкілікті үкімет құралып, оның кім екенін білгенше, сарбазды түгел таратпаймын,— деді.

Бірақ патша құлағаннан кейінгі айлар «бостандық», «теңдік», «азаттық» деген у-шумен өтеді де, Аманкелді де сарбаз көпшілігін таратып, жүзден артық сарбазды ғана алып қалып, «Майдан тал» деген жерге орнығып, құлағы түрік, ұйқысы сергек жата береді.

Бұл екі арада Торғайда «Гражданский комитет» құрылды. Уақытша үкіметтің уездік комиссары Алмасов, «Гражданский комитеттің» бастығы Сейдазым Қәдірбаевтар Торғай уезін қолына алып, іске кірісті. Бұрынғы уезд бастығы Гаров те «жай адам» болып Торғайда тұра берді.

Алты болыс Қыпшақ елінің былтырдан бері қолында болған ақсақалдарын жинап Абдығапар «Торғай уезінің уақытша үкіметі сайланды». Хандықты олқы көріп, «мұсылман әмірі» атанғысы келген Абдығапар енді оны тастап «Раис» атанады.

Оған керегінің өзі осы, дау-шар бітіруді Абдығапар бейшараның тым жаны сүйетін адам екен, былтырдан бері күйзелген шаруасын дау-шар қуғандардың мойнына артуға кіріседі.

Аманкелді Уақытша үкіметтің қасына да барған жоқ.

— Сендер кірген үкіметке мен сене алмаспын да, ене алмаспын да!—деп, Қаралдин мен Абдығапардан мүлде бөлініп кетті.Алаштың «көсемдері» қазақ халқының көтерілісінде кеткен кегін Уақытша үкіметтің тұсында да тастамады. Торғайды билеп отырған Кәдірбаевтар, Мержақыптар әуелі көтеріліске қосылып, артынан бөлініп кеткен Арғын елінің байларына арыз бергізіп, көтерілістен болған шығынды Аманкелді мен Абдығапардан сұратады. Ол шығын төлене қалған күнде де Абдығапардың тиыны шықпайтыны белгілі, оғын қадаған адамы Аманкелді мен көтерілген қара бұқара болады. Көтеріліс бастықтарын Торғайға шақыртады.

Қасына он шақты сарбазын ертіп Аманкелді Торғай келді. Көтерілістің жау жүрек батырын көреміз деп қаланың барлық солдаты Аманкелдінің алдынан шұбырып өтеді: баяғы кек қалған, тек таңырқасқан сияқты. Бірақ алаш мырзаларының кегі қалмаған: «патша түсті, бостандық болды» деп жүрген мырзалар патшаны түсіріскен Аманкелдіге сот құрады: «Бұзақы Аманкелді бастаған көтерілістен ауыр шығынданған момын Арғын еліне көтерілістің бастықтарынан 700 мың сом төлеу төленсін»— деп Уакытша үкімет үкім шығарады. Аманкелдіге, оның бірнеше жолдастарына 14 жыл түрме кеседі.

Әрине, Аманкелді бұл шығынды төлеген де жоқ, түрмесіне барған да жоқ, кесімге пысқырып та қараған жоқ, сарбаздарына келіп жата берді. Сондықтан ол кесім Торғай облысының Уақытша үкімет комиссары Бөкейхановка барып түсіп, Аманкелдіні Орынборға шақырды.

Бөкейхановтың алдында мынадай оқиға болыпты:

Даушылар Бөкейхановқа арызын айтып отырғанда Аманкелді:

— Патшадан қорықпай көтерілген ел, сендерден қорқып шығын төлейді деп отырған ит-ақ екенсіндер түге! — деп, сөйлеп отырған даушы Мұхамбетжан Бүркітов деген байдың алқымынан ала түскенде, байдың жалбағайы қақ айрылады. Тоқта! Бұл сенің бұзақылық істеп, төбелес салатын далаң емес!— деп, Әлихан ақырғысы келеді.

— Үкімет болсаң, әділ сот айт, болмаса естімеймін! — деп Аманкелді шақшияды.

Аяғында Аманкелдіден беті қайтқан Бөкейханов 700 мыңның орнына 65 мың кесім айтып жібереді, түрме дегенді аузына да ала алмайды. Уақытша

үкіметке іші жылымаған Аманкелді еліне қайтып, жақын елдердің сарбазын бірінші айқайға жиналатын етіп бір ыңғайлайды да, тағы да мылтықты қолға алатын кезең жақын екендігін сезіп, жаз бойы осы күтінумен болады.

17-жылы 2 апрельде алаш көсемдері Торғай облысының съезін шақырып: «Уақытша үкіметке жәрдем беріп, жаңа құрылысты нығайту үшін және учредительный собраниеге жұртты бастап апару үшін жер-жерде гражданский комитет сайлансын»,– деді. Торғайда уездік гражданский комитеті сайланып, басына Кәдірбаев отырады, Уақытша үкіметтің уездік комиссары Алмасов болады. Комитеттің мүшелері Қаралдин, Абдығапарлар болып, байлар комитеті құрылады. Июльдің 21-інде Орынборда жалпы қазақ съезі шақырылып, болашақ автономияның беті қандай болу керектігін белгілейді. Торғайға алаштың жігіттері жиналып, үкімет болмағанмен үкіметтің құрысқанына жарамсақтанып, даурыға бастайды. Ел ішіне келетін жалғыз «Қазақ» газеті:

– Ендігі жерде елдің тізгіні алашорданың қолында, ұзамай автономия аламыз, ендігі үкімет сол болады,– деп шатады. «Қазақ» күнбе-күн учредительный собраниеге алаш атынан сайланған адамдардың тізімін жариялап отырады. 17-жылдың аяғында II жалпы қазақ съезін шақырып: Енді автономия болдық, бірақ... Үкімет екеніміз заманның жайына қарай кейін жариялансын»,–деп тарайды.

Октябрьдің 21-інде Торғайда «Жанбосын тұқымының сайлауы» болды: Торғай уезінің земский управасы сайланды. «Жанбосын тұқымының сайлауы» деп атанған себебі, Жанбосынов Абдысалық земский управаның мүшелігіне өтеді. Жанбосынов Абдығапар тексеру комиссиясының бастығы (әрі гражданский управаның мүшесі «Раис»), Жанбосынов Садман Торғай облысынан учредительный собранияға гласный депутат болады. Управаның бастығы Қорғамбек Бірімжанов, мүшелері Байқадам Қаралдин, Шайқы Құлжанов, тағы басқалар.

Бұл үкіметке Аманкелді қатыспайды да, бағынбайды да. Елден алым-салық жинай келген ауылнайларды, дау-шар бітіріп жүрген болыс-билерді ылғи қуып жібереді. Абдығапар «Раис» та Аманкелдінің маңына жуымай, алыстан қашып жүреді.

Октябрь революциясының хабары құлағына тиген соң Аманкелді Торғай келеді. Торғайда Токаров, Асауов, Қойдосов (Қанапия), тағы басқа большевик тілегіндегі адамдарға қосылып, бұлар «Жұмыскер комитетін» құрады. Бірақ ел билеу тізгінін түгел қолға алып болған көп управа, көп комиссиялар бұларға өмір сүргізбейді. Жартымды өмір сүре алмаған соң комитет үйірмеге айналады. Осы үйірмеде жүріп Аманкелді «большевик», «Совет үкіметі» дегеннің не екенімен танысады. Бірақ жолға қойылмаған үйірменің «оқи беретіні бір-ақ кітап, бітіріп отырғаны әншейін әңгіме». Аманкелді сарбаздарының ортасына кетіп қалады. «Бірдеме болса хабар берерсің»,– деп бір сарбазын Торғайға, үйірмемен арадағы байланысқа тастап кетеді.

Пролетариат революциясының хабары да оған дұрыс жете алмайды. Қолына түсетін жалғыз «Қазақ» газеті Октябрь революциясымен жұртты былай таныстырады:

«...Қылмысты бұзақылар түрмеден босанып алып большевик туын жамылып, забастовкашылардың тобын көбейтті... Осындай бұзақылар большевиктің етегінен ұстап, Октябрьдің аяғында Петерборды алып, министрлерді арестке салды. Үкімет басына Ленинді отырғызды. Петербор көшесін қанға бояп, бүкіл Ресейге өрт жіберді... Учредительный собраниені болдырмай тастады».

«Қазақ» газеті большевиктерге өшіккен сайын Аманкелді большевиктерге қосылуға құмарланды. «Қазақ» газеті Аманкелдінің өзін де «ұры, қары, бұзақы» деп баққан, большевикті қайдан мақтасын — «Қазаққа» Аманкелді сенбейді: большевиктің байға, төреге, ақсүйектерге қарсы екеніне көзі жетті.

«Қазақ» газеті «большевиктерді бітірдік, сүйінші!»— деп, жанарал-атаман біткенге құттықтау айтып жаз бойы даурығып келеді де, 17-жылдың күзінде «Қалай болар?» деген, газеттің бір бетін алған бас мақала басты. Онда жазғаны: «Большевик орталықты түгел алып болып, бүкіл Ресейді алып келе жатыр; біздің күніміз қалай болар?» — депті Алашорда.

Осы хабарды сарбазына таратып, анда-санда алыстан ызыңдап келетін майдан хабарына құлағын тігіп, әзірленіп жата берді...

VII. БАТЫР-БОЛЬШЕВИК

Орынбор қаласы кеңес үкіметінің қолына көшкеннен кейін, Жанкелдин жолдастың телеграмымен 18 жылы февраль айында Торғайда совдеп құрылды. Управалардың күйі кете бастаған соң байшыл оқығандар, байлар бұл үкіметті де қолға алуға тырысты. Управаларды жоймай, ол управаларға бірі бастық, бірі мүше бола отырып, совдепке жармасты. Партия басшылығы келіп жете алмаған, пролетариат ұясы жоқ, елі бытырап жатқан таза көшпелі Торғай уезінің совдепін тағы байлар басып қалды. Советті жақтайтын бірлі-жарым ғана адам болмаса, үкімет басына байлар отырып алды: Советтің бастығы Байқадам Қаралдин, мүшелері Абдығапар Жанбосынов, Шайқы Құлжанов, тағы тағылар болды. Қаладағы азғана советшіл адамдар мен сарбаздарының тізесімен Аманкелді Иманов та уездің соғыс комиссары боп сайланды. Марттың аяғы, апрельдің басында Жанкелдин жолдас Орынборға Торғай облысының совет съезі шақырып, Торғай Совдепі түгел барды. Торғай Совдепі сол облыстық съезде бекітіліп жіберілді. Облыстық съездің өзін де байлар басыңқырап кетіп, көп мәселені аяқ астылау қылғанмен, әйтеуір, Совет үкіметінің ұрандары жұрттың құлағына ілікті. Ырғыз коммунистері съезде сөз көтеріп, Уақытша үкіметтің Теміров, Алмасов сияқты комиссарлары мен Алашорданың басты адамдарын съезден айдап шықты. Съезге совет рухын берген де сол Ырғыз большевиктері болды. Бірақ Байқадам, Абдығапарлар съезден қуылмақ түгіл Совдеп болып бекіп қайтты. Адалын айту керек, оларға управалығыңды таста деп қыстаған да ешкім болған жоқ. Олар, әрі негізгі үкіметі управаларын бір сақтап қалса, әрі кейбір аңқау большевиктердің көзін бояп, «Совдеп» болып алды.

Бірінші рет шақырылған совет съезінің жалпы маңызы үлкен болғаны, қазақ халқына совет ұрандарын таратқаны даусыз, бұл өз алдына мәселе, ал енді Аманкелді мен Торғай совдепіне тиген әсері осы болды.

Аманкелді Торғай облысының совет съезінен келісімен-ақ соғыс жұмысын қолға алды. Торғай қаласындағы барлық қару-жарақты өзінің қарауына алды. Соғыс құралының складын ашып, өзінің он шақты әскерінен басқаның бәрінің мылтығын сол складқа тықты. Өзі сенген адамнан басқаға бір құрал қоймай сыпырып та алды, бермеді де.

Ал, Торғай Совдепі былыққан бірдеме болды. Мәселені Совдептің атымен, управалардың жолымен шешеді: Совдеп деген бір бұрыш бар, Совдеп бастықтары оған жоламайды, управаларында отырады. Тиімді келіп қалса Совдеп боп, тиімсіз келіп қалса управа боп Байқадам, Абдығапарлар отыра береді; оларға әр үкіметтің адамы болғанның өзі қолайлы шаруа боп қалды. Абдығапар Уақытша үкіметтің «раисы», Совдепте муше – жер бөлімін басқарады, земский управада – тексеру комиссиясының бастығы, ел қазағы осынша тізгінді қолына ұстап отырған Абдығапарды тура «тоғыз болыс елдің патшасы» деп атады.

Жазған Аманкелді бұл сияқты Совдеппен де келісе алмады. Бұл кезде Кәдірбаев, Алмасовтар кетіп, ордасының маңайына жиналған; олардың «үкіметін» алып қалған Бірімжанов, Қаралдиндер, Абдығапарлар, солардың жолынан бір тайған жоқ. Қалың бұкараның мұңы әлі баяғыша шешіледі; Совдептің жолы басқа еді, Торғай Совдепі Байқадам, Абдығапарлардың жолымен кетті. Ертеңгі күннен қорқып, Аманкелдіге ештеме дей алмайды, бірақ совет жолына да түспейді. Аманкелді бұлармен тағы ұстаса кетті. Байқадам мен Абдығапардың шешкен мәселесін ол өзінше қайта шешіп, қолма-қол орындатып жүрді. Олардан тізгінді түгел алып кету үшін, бұл баяғы сарбаздардан партизан отрядын құра бастады.

Сол екі арада Орынбордан қуылып шығып, қайта күш жинап жүрген атаман Дутов Торғайға келді: 300 шамалы әскері бар, бірнеше пулеметі бар.

Аманкелді Совдеп бастықтарына:

– Ал, мынау ата жауымыз атаман Дутов келіп қалды, соғысамыз ба, Совдепті бір жаққа алып кетеміз бе, қайтеміз? – деп еді, өздерінің Совдептігі шамалы екенін жақсы білетін Байқадам мен Абдығапар бұлк етпеді. Өздеріне тимейтіндігіне сеніп Дутов келе жатыр екен деп қауіпсінбеді. Сондықтан Аманкелді қаладағы бар қаруды артып алып, өзінің сенімді сарбазының ішіне кетті. Торғай Совдепі болып отырған Байқадам, Абдығапарларға Дутов ең аяғы ұрысқан да жоқ, бірге дәмдес болып, бір айдай тыныгып, күшін жиып алып кете барды. Жалғыз айтқаны:

– Жақсы адам екенсіңдер, Совдеп деген бойларыңа ар тастаңдар,– деді.

Аманкелді қалаға қайта келгенде, Дутовтан «тәртіп» алып қалған Байқадам, Абдығапарлар Аманкелдімен ашық күресуге бел байлап отыр екен; Аманкелдіге партизан отрядын жасатпай көзін жоюға ұйғарып қойыпты.

Бұл ұйғарындыға тезірек келіп қалуға мынадай нәрселер түртті болады: Аманкелді елде партизан отрядын құрып жүргенде, Абдығапардың талай былықтарын ашады. Талай биліктерін бұзып, байларға әперген кедейдің малын қайтарып береді. Баяғы Мырза ишанға Абдығапар бір кедейдің екі түйесін алып берген екен, оны қайтартады.

Абдығапар, Ахметсапа Жүсіпұлының дауымен үш кедейді тұралатып жатқан үстіне Аманкелді келіп қалып, Абдығапарды отырған үйінен қуып

шығарады. Далада тұрған Аманкелдінің жігіттері Абдығапарға тас атады. Абдығапардың параға алған малдарын ұстап алады. Абдығапардың істеген биліктерін бұзады. Сондықтан елдің байлары Аманкелдінің үстінен управаларға арыз жаудырады:

– Сіз шешіп кетіп едіңіз, Аманкелді кесіп кетті, – дейді.

Абдығапар «Қызыл жыңғыл» болысына барып Төленов Әжібек дегенді болыс сайлап кетеді. Аманкелді ол сайлауды өз қолымен бұзып, «болыстық совдеп» сайлайды да басына бұрын сарбаз болған Ақмолда Нұрқамысовты отырғызып кетеді. Абдығапар кәдуілгі болыс сайласа, Аманкелді болыстық Совдеп құрады. «Қайдауыл» болысында да осыны істеп, Абдығапардың сайлап кеткен болысы Сейткерей Бектасовты қуып жіберіп, болыстық Совдеп сайлайды. Байқадам мен Абдығапарға Совдептің атын пайдаланып, жолын бұрмалауға жібермеймін деп, алысып жүреді. Мұның аяғы, әрине, үлкен керіс болмасқа, жаулықты күшейтпеске амал жоқ, Аманкелді қайтып келгенде, Байқадам мен Абдығапар оның көзін жоюға ұйғарып қояды.

Осы керістің арасына адам жүріп, Абдығапар мен Аманкелдіні татуластырмақшы болады. Абдығали Балғымбаев дегеннің үйіне бас қоспақ болып, Аманкелді 4-5 жігітімен келіп отырғанда сырттан:

– Сақтан, сақтан! – деген айқай шығады.

Аманкелді мылтығын алып шыға келсе, бұрынғы уезд бастығы Гаров, Шайқы Құлжанов, Ахмедия Жүсіпов, тағы басқалар бастаған топ қолдарында мылтық, үйді қоршап келіп қалған екен. Аманкелді атына мінгенше даладағылар оқ жаудыра бастайды. Аманкелдінің бір жолдасының аты оққа ұшады. Аманкелді шауып шыға келіп, мылтықты басып-басып жібергенде, қамаған топ жан-жаққа қашып, әр үйге кіріп жоқ болады.

Байқадам, Абдығапармен ұстасудың аяғы осы қамауға әкеліп соғады.

Аманкелді қалада арқа сүйеу етерлік мықты ұя жасай алмай, Торғайда қол ұстасып отырған байлар мен офицерлерге қарсы тұратын күші болмай, тағы да өзі сенетін сарбазының, ортасына кетеді.

18-жылы декабрьдің 20 күні, қасында отряды бар Ырғыз коммунистерінен біраз адам ертіп, Торғайға Жанкелдин жолдас келді. Бұл кезде Аманкелді 60 шақты партизанның басын құрап, қаланы өз қолына алуға әзірленіп жүреді. 25 адаммен Жанкелдиннің алдынан шықты. Қалаға кіргенше Әлекеңді оңаша алып, жаз бойғы оқиғаны айтып келді.

Әлекеңмен келген Ырғыз коммунистері 13 адамнан партия ұясын жасап, Торғай коммунистеріне басшылық етуді Ырғыз укомының мойнына жүктеді. Аманкелді ең алдымен партияға кірді. Әлекең Аманкелдіге бірталай күш те берді: екі пулемет, оны атуға жиһангер соғысында қолға түскен Лидият, Жамал деген екі түрік офицерін қалдырды. Отрядынан біраз адам берді. Қаладан біраз адамнан партизан отрядын құрды. Бұл жағынан қарағанда Торғай да едәуір нығайып кетті. Ең керекті нәрсе,– Совдеп тазаланбады. Алашордашыл Кәрім Тоқтабаев Байқадам мен Абдығапар арқылы Совдепке кіріп кетіп, Аманкелдінің жәрдемшісі болып алды.

VIII. БОЛЬШЕВИКТІҢ ӨЛІМІ

1. Алаш Орданың сүйенген бәйтеректері бірінен соң бірі құлай берді. Автономия бере ме деп дәме еткен Уақытша үкімет жасына жетпей, жалп ете түсті. Самараға келіп орнаған «Учредительный собраниянің комитетімен» шарт жасап, автономия болмағанмен автономияның құйрығы секілді бірдемеге жармаса беріп еді, ол қолдан жылп етіп шығып кетті. Ол комитеттің өзі де құлап қалды. Колчактың соңынан құман алып жүгіріп көріп еді, ол да жүре тыңдады. Орталық жалпақ Ресей большевиктер қолында. Дутов пен Анненков өздері қуғынға түсіп жүр. Колчактың өзі де қалт-құлт етіп, күн санап отыр. Орынбор, Самара, Орал аймақтарын да Қызыл Армия алып қойды. Алаш Орда быт-шыт боп, әр жанаралдың қанжығасында кетпеске амалы қалған жоқ. Табан тіреп, арқа сүйерлік «бәйтерек» қалмады.

«Қалтылдап қайық міндік еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, дауыл қуса жылжи беру,
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ...»

Міне, Алаш үкіметінің шын халі осы еді. Революция дауылы қалай қуса, солай қарай «жылжи» беретін халге әлдеқашан жеткен.

Бірақ Алаш Орда большевиктермен алысу үшін ешбір қара күштің аяғына жығылудан арланған жоқ. Большевикке қарсы күштің бәрінің құйысқанына қыстырыла берді. «Ойыл уалаяты», Орынбор, Орал казак-орыс жанаралдарымен қол ұстасып, «Жаңа Семейдің шетінде отырған Орталық Алаш Орда үкіметі колчакпен шарт жасасып, Совет үкіметіне тұс-тұсынан жабыла бастады. Алаш полктері майданға шықты. Алаш Орда бейбіт елді талан-таражға салған бандылардың ордасына айналды.

Торғай облысындағы большевиктерді құртуға «өжет полковник» Мержақып Дулатовты алып, Ахмет Байтұрсынов өзі аттанды: қасында Орынбор, Қостанайдан қуылған Алаштың қырық төресі бар, қырық шамалы әскері бар, беті Торғай, адал ниеті шет жатқан Торғайға барып бес күн болса да Алаштың шаңырағын көтеру.

Бірақ Торғайда атақты батыр-большевик Аманкелді отыр. 300-дей партизаны бар. Байқадам, Абдығапарлар отырған Торғай Совдепі бөтен емес, ал Аманкелдіден үміт етуге болмайды. Жалпы фронттан бір бүйір жатқан Торғайды қолға түсіріп ала қойса, өріс кеңір еді, Аманкелдіні қалай аларсың? Өзіңді алып қойса қайтесің? Осы қорқыныш Байтұрсынов, Дулатовты ілгері аттатпады. Байтұрсыновтың туған елі «Тосын», Дулатовтың туған елі «Мадияр», Кәдірбаевтың туған елі «Өтей»— бәрі қанаттас отырады. Осы елдердің байларына арқа сүйеп, «Қоңыраулы» деген жерге келді де тоқтады. «Қырық төре» бас қосып, Аманкелдімен соғысуға бата алмай, екі-үш ай күрмелді.

Ол екі арада саяси хал, тіпті, өзгеріп кетті. Алаш ақтық үміттен айрылды. Қызыл Армия барлық майданда жаппай шабуыл жасап, ешбір жанарал-

ды бет қаратпай кетті. Сондықтан бұл топ айла-шарықпен жан сақтап қалу үшін, алысқан жауы большевиктердің аяғына жығылу әдісін мақұлдады. Большевиктердің аяғына жығылғанда, бұларды күнәсыз етіп көрсететін елші керек. Ол елші Байқадам, Абдығапар, Кәрім Тоқтабаев отырған Торғай Совдепінен артық кім болады?! Олар бір Аманкелдіні нағып алдай алмайды? Алаш, Торғай Совдепіне хабар салды:

— Совет үкіметіне бағынамыз... Бізді Торғайға кіргізіңіз... Сеніңіз... Совет үкіметінің аяғына жығылғанымыз осы болсын... — деді.

Байқадам мен Абдығапарлар бұл хабарды құшақтай жығылды. Аманкелді жалғыз өзі қарсы болды.

Алаш мырзаларының хабарын алған соң-ақ Аманкелді Алаштың алдын тостырып отряд жіберді. Никита Завалишин командир, түрік офицері Идият — пулеметчик, отряд Алаштың алдына көлденең түсіп, жатып алды. Аманкелді партизандарын жинап, Алашпен соғысуға әзірленді. Олармен достасып, Торғайға кіргізу дегенге баспады, олар шын ниетімен Совет өкіметіне беріледі екен дегенге сенбеді.

Алаш пен Совдептің арасында қатынас күшейе бастады. «Келісім жайындағы» почта ат құрғатпады: Совдеп бастығы Байқадам мен Абдығапар қай жөнмен болса да Алашты Торғайға кіргізгісі келеді.

Совдеп пен Алаштың түтіні бір екенін әлдеқашаннан білетін Аманкелді сөйлесуді өз қолына алды:

— Торғайға кіргізем, бірақ Алаш барлық қару-жарағын күн бұрын әкеп тапсырсын, екінші, әскерін таратып жіберсін, сонсоң кіре берсін,— деп өзінің «жәрдемшісі» Кәрім Тоқтабаев пен сенімді жолдасы Қияқпай Үркенбаевты Алаш штабына жіберді. Кәрімге онша сенбейді, Қияқпайға түгел сенеді. Оған Алаштың қанша күш-құралы бар екен, біліп кел деп тапсырды.

Алаш Аманкелдімен сөйлескен боп, жауап қайтарып, ұзақ сонарға салып жатады да, Байқадам, Абдығапарлармен қосылып Торғайға қалай кіруді жоспарлай береді. Әлдеқалай заман болар деп, бай балаларынан әскерге адам алып, күш жинады. Торғай-Ырғызды алып, Ақтөбе фронтына бүйірден келіп тиісеміз деп Колчактан күш сұрады. Екінші жағынан, Аманкелдінің жіберген екі адамының асты-үстіне түсіп, сыйлады: киім-кешек, қант-шай, кездеме берді. Кәрім бара сала-ақ ұясын тауып, Алаш штабына кіріп алды да, Қияқпай қайтып келді:

— Алашқа сенбе,— деді Қияқпай,— барғалы менің басымды айналдырып, дүн-дүние беріп, өз адамы еткісі келді. Совет болғысы келген алашты көре алмадым. Олар алдайды, қапы болмайық,— деді. Аманкелді еш уақытта Алашқа сенетін ойы жоқ адам, отрядын күшейте берді.

Аманкелді соғысқа әзірленіп жатса, Байқадам мен Абдығапар бастаған Совдеп Алашпен әлдеқашан келісіп қалды. Совдептің көпшілігі өздері, Аманкелдіні баса-көктеп болсын, алдап болсын, әйтеуір, Алашты кіргізуге сөз байлап қойды. 19-жылы марттың 20-сы күні Байқадам Ташкентке, Орынборға «Совдеп» атынан мынадай телеграмды жіберіп те қойды:

Алаш делегаттары келіп Совет өкіметіне қалтқысыз бағынып отыр. Алаш Орданың жауапты өкілі Байтұрсынов қасында үш жолдасы бар. Сондықтан барлық қазақ облыстарын біріктіру үшін, бірге қосылып іс істеуді мақұлдаймыз...

Қаралдин[9].

Торғай Совдепі, барлық қазақ бірігіп, қазақтың Совет берген автономиясын құратын болдық деген әңгімені тым қатты қолға алады. Тура совет жолына «түсе» қалады. Аманкелдінің Алашты Торғайға кіргізбей отырғаны қазақ елінің советті республикасын құруға бөгет болып отырғандай етіп көрсетеді. Бұлар Совет үкіметін құрайын деп жатса, Аманкелді қарсы болып отыр деп «дәлелдейді». Аманкелдінің өзіне де «осы мен Советке қарсы іс істеп отырмайын?» — деген ой келеді. Оның үстіне онда-мұнда «Алашты қаруымен Торғайға кіргізбеймін» деп телеграмм берсе, ешкім сенікі дұрыс деп, мұны қолдамайды. Сондықтан Аманкелді отрядын күшейте берумен қатар, Алашпен арадағы келісімнің аяқталуына да кедергі жасамады.

Торғай Совдепінің екіжүзді предательдігі мен Аманкелдіні жоғарыдан жақтаған ешкім болмағандықтан Алаш Торғайға кіретін болды. Сол кезде Советті Қазақстан құрамыз деп жүрген кейбір «большевиктер» Торғай қаласы мен ондағы азғана партизан отрядын талтүсте Алашқа ұстап беріп отырғандарымен ісі болмады. Қазақтың Советті республикасын «барлық қазақ оқығандары болып жасаймыз» деген ұлтшыл-либералдық істеді...

* * *

Алаш Торғайға кірді. Бастап келген Алаштың қырық «төресі» — Байтұрсынов, Дулатов, Кәдірбаев, Аспендияр Кенжин, Сәлімгерей Қаратілеуов, Елдес Омаров, Қырымгерей Сейдалин, Кәрім Тоқтабаев, Телжан Шонанов, Тел Жаманмұрынов, Абдолла Теміров, Омар Алмасов, Есполов, Мұзапар Қасымов, тағы басқалар, 400-дей әскері бар, қару-жарағы бойларында, Қызыл ту тіккен Аманкелді штабының тап қарсысынан ақ туын тігіп Алаш штабы орнады. Байқадам Қаралдин мен Байтұрсынов Совет үкіметін «құрысуға» ендігі жерде автономиямияны большевиктерден сұрауға Әлекеңмен бірге Мәскеуге жүріп кетті де, басқалары түгел Торғайда қалды.

Алаш келісімен-ақ, «ой, бауырымдап» Аманкелдіге құшағын жайып еді, ол құшақтаса қоймады.

— Қанішер, қара талақ жабыстың-ау келіп... Айрылысуымыз қалай болар! — деп, күні-түні күзетті күшейтіп сақтана бастады.

Аманкелді, сірә, құшақтаспайтын ыңғайы байқалған соң Алаш екінші қақпан құрды:

— Ендігі жерде бәріміздің тілегіміз бір — Совет үкіметі. Ал, мына партизандарың мылтық атудан басқа соғыс ғылымын білмейді екен, біздің ысылған командирлеріміз ойнатсын, үйретсін... Бірдеме болып қалса Советті бірге қоримыз, отрядты үйретіп қояйық...— деді. Тоқсан толғанып сақтанса да бұл қақпанға Аманкелді түсіп қалды. Алаш офицерлері партизандарға «соғыс

[9]Қазақстанның Орталық архиві, №3 іс.

ғылымын» үйрете бастады. Аманкелдінің қанша күші бар, қару-жарағы қандай, барын біліп алды. Партизандар арасында Аманкелдінің беделін түсіре бастады.

Кәрім Тоқтабаев келісімен-ақ Аманкелдіге «жәрдемшілікті» күшейтіп әкетті.

— Ендігі жерде тілек бірікті. Советті бірге құрамыз. Әлекеңнен хабар келген соң, Алаш әскері сіздің қарауыңызға көшеді, — деп ішке кіре бастады. Партизандарға бас-көз болуды күшейтті. Сөйтіп жүріп, ең алдымен Аманкелдінің екі пулеметшігі — түрік офицерін Алашқа қосып алды. Ендігі жерде Аманкелдінің екі пулеметі өзін ататын болды.

Алаш бастықтары екі ұлттың басын бір жерге қоса ма, түрткілеп жүріп қала орыстарынан құрылған партизан тобына іріткі салды. Оларды үйрету де жоқ, өздері үйді-үйінде жатады, бірте-бірте Аманкелдіден алыстата берді. Көбі қаланың мещаны, «қара қазақ» Аманкелдіден «оқыған алашты» жоғары санап, Аманкелдінің қысымынан құтылуға қуанғандары да болды. Көбі мылтықты төсектің басына іле тастап, шаруаларымен болып кетті. Қызыл штабтың жайы не болып жатқанымен жұмыстары да болмады.

«Алаштың» ықпалы күшейді. Ел байлары күні-түні қалаға ағылды. Ел жұмысын Совдеп пен Алаштың атынан Мержақып, Абдығапарлар шешеді. Совдептен күдер үзген кедейлер қалаға жуымайды, кедейдің дауы да жоқ, Аманкелді тек штабының айналасында ғана қалды. Іштен-тыстан Аманкелдіні айнала қоршап, заговор күшейді.

Ырғыз большевиктері өздері майданда жүріп, Торғайға тік басшылық бере алмады. Өз ішіндегі бір күн әрі, бір күн бері қашып жүрген контрлармен алысудан босай алмады.

Совдепті қолына тұтас алып қалған Абдығапар Алаш келген соң Аманкелдіден бұрынғы қорқуды қойып, ел ішіне неше түрлі қылмысты орната бастады. Ат-айғыр, ішік, кілем, түйе Абдығапардың маңайына үйіле берді. Бір жағынан, Алаш штабымен күрессе, екінші жағынан, Абдығапардың ел ішінде істеп жүрген қылмыстарымен күресем деп Аманкелдінің күші екіге бөлінді.

Бұл екі арада Абдығапармен мынадай бір соқтығыс тағы болып қалды. Аманкелді өңешіне тұрып, жол бермеген соң, Абдығапар: Оны өлтірем, оның отряды болса, менің де арқа сүйерім бар, енді аяғын байқап бассын, — деді. Осыны естіп Аманкелді Абдығапар пәтеріне барса, қасында үй толы ақсақалдары бар Абдығапар жұрттың көзінше Аманкелдіге:

— Көзіңді жоям, — дегенді тағы айтады. Аманкелді Абдығапардың карабин мылтығы мен қылышын табан аузында тартып алады да:

— Ендігәрі Совдептің маңайына келіп көр, көзіңді жояйын! — деп шығып жүре береді. Абдығапар ойбайлап Алашқа барады.

Осындай жайда отырғанда Ақтөбе фронты Торғай партизандарын майданға шақырады. Аманкелді дереу Алаштың штабына бұйрық береді:

— Майданға аттанамыз. Әзірленіңдер, — дейді. Жарым-жартысы елде, жарым-жартысы Ырғыз — Қостанай жағында барлауда жүрген партизандарын жинатуға кісі шаптырады.

Алаш штабы большевикке жәрдем беруге барсын ба, соғыс кеңесі Дулатов, Кенжин, Қаратілеуов, Шонанов, Алмасов, Есполов, Омаров, Қасымов, Тоқтабаев жиналып Аманкелдіге былай жауап береді:

– Осы Торғайдың өзін қоруға көп күш керек. Біз ертең қазақ автономиясын құрысатын адамдармыз. Жанкелдиннің тапсыруы бойынша жалпы қазақ елінің программасын жасап жатырмыз... Оны жасамасақ Мәскеудегі үлкен үкімет ұрсады. Майданға сен де барма, біз де бармаймыз... Бәрін қойып, қазақ автономиясын құрайық, – деді.

Бұлардың жайы көрінген соң, Аманкелді фронтқа өз партизандарын алып кетуге әзірленеді. «Өз күшімді бір жинап алайын, сонан соң бұл қалада кім отырар екен», – дейді ішінен. Былай шығып алып, Алашқа майданға жүр деп ультиматум беріп, оған көнбесе соғыс салмақшы болады. Оның үстіне Қостанай жақтан қызыл партизандар келе жатыр деген хабар алып, соны күтеді. Алашты құрту жоспарын жасай бастайды.

Аманкелдінің беті теріске айналғанын сезіп, Алаш штабы да бас қосады. Қару-жарағымен, партизандарымен Аманкелдіні аман жібергілері келмейді:

– Ол партизанымен бөлініп бір шықса, өзімізге шабатыны анық. Оның үстіне екі пулеметін де алып кетеді, – дейді, Аманкелдінің сырын жақынырақ білетін Кәрім Тоқтабаев,

– Қостанай жағынан Таран отряды келе жатыр. Оған қосылып алса, сол сатында бізді тұтқынға алады, – дейді разведканың бастығы Алмасов. Осы кеңесте күні ертең Торғайда переворот жасауға қаулы қылады.

Переворот жоспары былай: ертең «пасха», онсыз да біразы іріп болған орыс партизандары ертең арақтан аузы босамайды, майданға жүреміз деп, тіпті, ішіне түседі. Екінші, Аманкелдінің жан-жақтағы партизандары келіп жете алмайды; үшінші, Аманкелдінің казармадағы партизандарын таңертең ойынға алып шыққанда қуралсыз шығарып, казармадағы қуралды жинап ала қоямыз. Тортінші, екі пулеметчик біздің адам, пулеметтің аузын Аманкелдіге қарата қоямыз... Осымен іс бітеді...

Соғыс кеңесі Дулатовтың осы планын мақұлдады.

II

Аманкелді түн бойы штабта болды. Партизандарына майданға жүрудің жайын айтып, өзі білгенінше үгіт жасады. Киім-кешек, құрал-саймандарын тексерді. Жігіттер ширақ, кеңес үкіметінің жолында жанын қиюға құлшынып отыр. Мылтықтың жайын түгел үйреніп алыпты. Пулеметші түрік офицерлеріне осы екеуін бір айда пулеметші етіп шығар деп екі жігіт қосып берген еді, көңіл қалдырған сол екі жігіт болды. Пулеметтің атуын ептеп үйренген секілді, ал, бұзып, жинаудан тұк үйренбепті.

– Мына бір жеріндегі мына бірдемені бұйтіп кеп қалсаң, тырылдап атылмай қалады... Мына бірдемені бұйтіп қалсаң, бұйтіп кеп кетеді... – дейді жігіттер, «бірдеме» мен «бұйтіптен» басқа еш нәрсе үйрене алмапты.

– Түріктердің тіліне біз түсіне алмаймыз, біздіңше олар түсінбейді, – деді.

Күн шыға казармаға екі пулеметші офицерді шақырып алып:

– Мыналарды неге үйретіп шығармадыңдар? Анаугүні жақсы үйреніп қалды дегендерің қайда? – деп Аманкелді офицерлерді қысты. Ертемен шақыртқанға Алаш жағына шығып кеткеніміз ашылып қалды ма деп қорқып келген офицерлер қатты қысылды.

– Оқ аз болған соң аттырып үйретуге сізден қорықтық... Тілімізге түсінісе алмады.. – деді екі офицер, әр тілді араластыра сөйлеп.

Аманкелді жақын арада майданға жүреміз деген соң: Бүгіннен бастап аттырып үйретейік... Өзіңіз де басында болыңыз... Міне, қазір бастаймыз... – деп екі офицер пулеметті көшеге шығарып сүртіп, сипалай бастады.

Аманкелді жұрт ұйқыдан тұрар кезде пәтеріне қайтты. Әр үйде өлең айтқан мастар. Партизан орыстардың үйлерінен де мас адамдардың шулаған дауыстары шығып жатыр... Аманкелді үйіне келді де киімшең құлай кетті.

– Шешініп төсегіңе жатсаңшы... Бір күн дұрыс жатар ма екесің, әйтеуір... деп әйелі Балым ренжігендік білдірді. Аманкелді кетісімен күнде ойнатып жүрген командирлер де казармаға келіп, жігіттерді стройға шығарды.

– Маршировать етеміз!.. – деп партизандардың мылтықтарын казармаға тастатып кетті. Жарты сағаттай ғана жүргізіп, енді мылтықтарыңды алып шығыңдар деп жігіттерді казармаға қайта әкелгенде казарма алдында екі пулемет құрулы, Алаштың 50 шақты солдаты мылтықтарын қарауылға алып тұр екен.

– Қолдарыңды көтер!.. – деді «полковник» Дулатов партизандарға.

Партизандарды табан аузында арестке алып, казармаға тықты да, есік-терезеге 50 адам күзетші тұрып қалды.

Аманкелді жаңа ұйықтап кетіп бара жатыр еді, көшеде мылтық атыла бастады. Аманкелдінің ылғи қасында ұстайтын жігіттері Әбіш пен Ақбоз далаға шығып келді де:

– Тұрыңыз, батыр, үйге оқ жаудырып жатыр! – деді.

Аманкелді далаға шыға келсе оқ жауып тұр. Пәтердің екі қабырғасындағы көшені әскер қоршап алыпты. Екі пулемет көшеге шығып алып, ол аңқылдатып тұр. Қорада тұрған қасқа бедеу оққа ұшыпты. Аманкелді жасаулы бес оқты қатарынан шығарып жібергенде көшедегі әскер серпіліп кетті де пулемет бұршақтата бастады.

Аманкелді үйге кіріп терезеден, коридордан атыса бастады. Оқ саябырлағанда қораға шығып, үйдің тасасында тұрып атысады. Шауып бара жатқан біреуді атып қалып еді, ұшып түсті. Тағы атты, тағы түсірді. Көшедегі әскер үйді-үйге, қора-қораға жасырынып кетті. Ешкім көрінбей кетті, оқ жауып тұр... Атыс күні бойы тоқталмады. Кірпіш үй шұрқ-шұрқ. Атыс біраз саябырлап тұрады да, баспалата жөнеледі. Екі жолдасы мен әйелі үш мылтықты жасап беріп жүр, Аманкелді тасаланып атып тұр... Күн кеш болды. Аманкелдінің оғы да таусылды. Қалған бес оқты мылтыққа салды да Аманкелді атуды тоқтатты.

– Ендігі бес оқты бес адамға арнадым: қара талақ Мержақыпқа, Кәдірбаевқа, арам доңыз Абдығапарға, сұр жылан Кәрімге, әлгі охранканың жансызы Байқадамға!.. – деп отыра кетті...

Сол кезде даладан айқай шықты:

– Батыршы, батыр! Тоқташы, тоқтат! – деп көшенің ортасына бір топ адам шықты: алдында өзінің орынбасары «коммунист» Тоқтабаев, басқалары Досжан Тоқтабаев, Сүйін Атабаев, Шайқы Құлжанов ақсақалдар.

– Не бар?

– Масқара болдыңдар ғой, батыр, қаланың адамын қырып салып!.. Екі жағындағы көшедегі үйлерде сау қалған адам аз шығар, бәрі сенің оғыңа ұшты...

– Қаланың адамы менің үйімді ата ма екен?.. Табан аузында қырылғыларың келмесе, шындарыңды айт! – деп Аманкелді мылтығын тосты.

– Ойбай, батыр, қате болыпты... Алаштың бір боқ жеген солдаттары мас орыстармен төбелесіп, соларды атады. Орыстар осы үйге тығылады... Сөйтіп отыс болады. Сіздің үй екенін білмей атыса беріпті иттер! Жақаң да сыбағасын беріп жатыр, жауып тастады бәрін де... Сізге ұятты болдық... Штабына келсін, ауғына жығыламыз деп бізді жіберді... – деді Аманкелдіге.

Аманкелді әрине, сенбеді. Бірақ мыналарға еріп штабына бір жетіп қалғысы келді.

«Пулеметке қолым бір жетсе, жігіттерімнің маңайына жетсем, сөйлесермін сендермен», – деп ойлады да, төрт предательге еріп кете барады. Қасындағы жолдастары барма дейді. Оқ таусылып болды, айналамды аңдып тұрған солдат, бірібір қолға түсермін, мыналармен бара жатқанда ата алмас, штабыма жетіп алайын деп, Аманкелді жүре берді.

– Жолдастарым! – деді Аманкелді есікке барып, артына қарады да: – Егер мен олай-бұлай болып кетсем... әлгі бес оқты арнаған адамдарды атуға сендер міндеттісіңдер...

Сұры кетіп тұрған әйелі Балымға қарап:

– Олай-бұлай деп әшейін ойынға айтам, қорықпа, шайыңды қоя бер... – деді күліп.

Қолына құран алып келген шалдар, «коммунистік ожданын» сатып тұрған Кәрім:

– Өлсек бірге өлеміз... – деп азар да безер болды.

Ақсақалдардың ортасында келе жатқанда көшеде еш нәрсе болған жоқ. Штабтың алдында қызыл жалауы тұр желбіреп. Бірақ қала тым-тырыс: бұғып тұрып, бас салатын сияқты сезіледі.

Аманкелді штабтың табалдырығын да аттады, кеудесіне бес мылтық тіреліп тұрып қалды. Кәрім жылт етіп ғайып боп кетті...

– А, құдай, баянды қыла көр!.. – деп предатель шалдар да баспалдақтан түсе берді.

Аманкелді ұсталды. Торғай Алаштың қолында қалды. Абдығапардың ауыздығы жаңа алынды. Аманкелдіге ерген кедейлерді жүндей бастады. Алаш торелері Аманкелдінің Қызыл туын жұлып тастап, партизандарының қаруын сыпырып алып, нағыз қауіптілерін түрмеге салды да, басқаларын елге таратып жіберді. Көпшілігі өзі қашып кетті. Аманкелдіні тас түрмеге жалғыз қамады да оның дүниемен байланысын үзді: тас түрме, темірлеген терезе, іштен-тыстан күзет, Аманкелдінің дүниесі осы боп қалды.

Алаш төрелері бейбіт елге Алаштың құдіретін көрсетуге шықты. Дулатов, Қаратілеуов, Кенжин, Алмасовтар елге карательный отряд алып шығып, Аманкелдіге ерген елді талан-таражға салды. Жақсы ат, жақсы кілем, келбеті түзу қыз-келіншек бұлардан құтылмады. Аманкелдінің руы Бегімбет, әсіресе Бегімбет сорлады. Бегімбетке келіп ойнақ салған Қаратілеуов әр ауылды әр жерде томпылдатып қызыл жон қылды. Ауыл маңайына, суға бомба тастап, большевикшіл елдің астан-кестеңін шығарды. Ел үркіп, мал-жанын тастай қашты. Аяғында араға ақсақалдар жүріп, партизандардың қолдарында кеткен 25 мылтықты жинап беріп, Қаратілеуовке Қунақ Жылтайұлының жүйрік атын «сыйға беріп», талаған дүниесі бойларына құт, Қаратілеуовтен осылай құтылды.

Алаш «ақ жүректері» осындай «өнегелі» іс істеп, елді емін-еркін талап жатқанда Қостанай жағынан Таран отряды келе жатқан хабары келді. Бейбіт елге мықты Алаш қызыл партизандар келе жатқан хабарын алғанда үрпиісіп қалды. Дереу соғыс кеңесін шақырды. Соғыс кеңесі Таранмен соғысуға бата алмай, тағы да арам әдісті мақұлдады.

Таранның алдынан Торғайда «Совдеп отыр» деген хабарды тарататын «қара қазақтарды» шаптырды. Ол «қара қазақтар» Таранның жолын тосып, бірінен соң бірі Торғайда Совдеп отыр,– деді Таранға. Таран Торғайға жақындап отрядына түсетін орын сұрағанда, Совдептің мөрі мен Аманкелдінің атынан қағаз жасап алып, «Аманкелдінің орынбасары» Кәрім Тоқтабаев алдынан шықты. Торғайға қызыл ту қайта ілінді.

Кәрім Таранға келіп:

– Торғай Совдепі мен Торғай партизандарынан сәлем! – деп қарсы алды.

– Бастықтарың жүріңдер. Отряд пәтер әзірлеген соң келер... – деп, Таран, Иноземцов сияқты бастықтарын қалаға алып келді. Тарандарды «Қызыл штабта отырған Аманкелдіге» әкелді де арестке алды. Аманкелді боп отырған Алаш төрелерінің бірі екенін Таран сонда ғана біліп қалады.

Бастығынан айрылған, қаруы жоқ, шаршап келген Таран отрядын қарулы Алаш орап алып, қолын көтертіп, азғана қаруларын сыпырып алып, Атбасар жаққа қарай айдатып жібереді. Ол отряд азып-тозып қырылады, жолшыбай көбін атып тастайды, Таран отряды осылай бітеді.

Осымен Алаш «ақ жүректерінің» екі арам әдісі оңға шықты: Аманкелді мен Таран екеуі де қақпанға түсті. Енді Алаш барлық большевикті құртқандай боп іске кірісті. Бұл кезде Колчак пен Анненковтан жақсы хабар алына бастаған, большевиктің беті қайта бастады деген үміт кірген, Алаштың ордасын жаңа тапқандай, Торғайға орнаған Алаш лепіре бастады. Майдың бірі күні Торғай уезінің земский управа съезін шақырды. Аманкелді көмген управаларды бұлар қайта қазып шығарғысы келді. Ығай-сығай, бай-болыс, билер жиналып съезге келді, Дулатов «жер-жерде большевиктер құрып, айбынды Алаш жеңіп келе жатқаны» жайынан баяндама жасады. Баяндамасының аяғында Арғын – Қыпшақтың басын біріктіріп, осы елді Алаштың туын тіккен сенімді ел еткісі келетіндігін айтты.

Аманкелді ұсталғалы қаланы торып, жайын біліп жүрген жақтастар мен ағалары ептеп съезге де кірген еді. Съезд ашылудан бұрын олар Абдығапарға сөйлескен:

– Аманкелдіні ұстатқан сен. «Бір Бегімбеттен Қыпшақ азаяр деймісін, оның көзін тезірек жой» дегенді айтыпсың Мержақыпқа. Елдің іші тыныш болсын десең, Аманкелдіні босаттыр, Аманкелдінің жоқтауы сенің мойнында болады, – деген Абдығапарға.

– Аманкелдіні Арғынның төрелері ұстап отыр, мен білмеймін. Бұл жұмысқа қатынаса алмаймын, – деп Абдығапар сөзге келмеген. Содан кейін Аманкелдінің ағалары мен жолдастары ептеп съезге кіріп, Мержақып баяндамасын тыңдап болған соң, Мержақыпқа былай дейді:

Арғын – Қыпшақтың басын қосамын дейсің, Аманкелдіні түрмеге салып отырғанда, Қыпшақтың басы қосыла алмайды. Кеше патшамен күрескен күннен бері қарай басшымыз болып келген Аманкелдімізді босатып бер. Осы съезде о да болсын, онсыз біз сендерге ел бола алмаймыз, – деді.

Сол кезде разведканың бастығы Алмасов жаңа ғана бір жақтан келіп, стол басына барды. Стол басы абыр-сабыр бола қалды. Ақсақалдар бетімен қалып, далаға жөнеле бастады. Мержақып жұртты залға қайта жинатып алды да:

– Терлейін деп тұрған ат бар, тепсініп тұрған жау бар. Аманкелдінің жайын қоя тұрып, съезді жабуға тура келеді. Бір сағаттың ішінде бірің қалмай қаладан шығыңдар! – деді. Ақсақалдар тым-тырағай қаша бастады.

Тепсініп тұрған жау, Қостанайдан шыққан қызыл партизан, Желяев отряды екен. Алмасов соны көріп келіпті. Желяевтің, жаман жері – елде жасырынып жүрген партизандардан Торғай оқиғасын түгел біліп қойыпты. Ол алдауға түспейді, қаланы соғыспен алатын ыңғайы бар. Сондықтан Алаш дүндуниесін, артық қару-құралдарын артып Торғай өзенінің ар жағына тығып келуге қасына солдат ертіп беріп Абдығапарды жіберді де, өздері Желяевпен соғысуға әзірленді. Желяев таң ата шабуыл жасайды деген түні Мержақып Аманкелдіні қаладан шығарып апарып атып тастайды. Тарандарды қай күні атқаны белгісіз. Аманкелдіні тап осы түні атады.

Желяев келеді деген түні, қасында алты солдаты бар, іңір кезінде Мержақып Аманкелдіні қаладан шығарып әкетіп бара жатыр еді... Қыран суалған екен ғой, – дейді сиыршы шал. Басқа көрген бір адам болмайды.

Таң ата Желяев Торғайға шабуыл жасады. Күн бойы атыс болып, Желяев кешке ғана қаланы алды. «Айбынды Алаш» тырағайлап қашып кетті. Осы соғыста астында үлкен шабдар аты бар, қолында карабин мылтығы бар Абдығапар да Желяев отрядына қарсы оқ атып жүрді.

IX. ҚҰН

Дала қыраны торға түсті... Темірдей тегеуріннен әл кетті. Асау жүрек тулауын тоқтатып, мәңгі сөніп қалды. Күні кеше бұлт құшып, қияда шарықтап жүрген қыран елеусіз жыраға құлады да, қансырап қала барды.

Қан жылжып төмен қарай жылап ақты,
Бүлкілдеп қанды құм да жұтып жатты.
Арсыз ай, жымыңдасқан жұлдыздар да,

Кайғырып, бұлтқа кіріп бетін жапты.
Қамығып қара түнде бұлт ыңырсып,
Тыя алмай көздің жасын бұршақтатты.
Ескек жел жасын төгіп өкси-өкси
Үнілеп елге келіп хабар айтты.
«Ер өлді, бір жырада жатыр дене,
Барыңдар, батырларың кеше қайтты...»
Елсізде қала барған большевиктің
Ескен құм сипай-сипай бетін жапты...,
Елі бар ердің құнын жібермейтін,
Ұмтылды сұм Алашқа қойып атты!

Партизандар жиналып, қолдарына қызыл ту алып, Торғайға шапты. Алаш Орданың быт-шытын шығарып, Торғайды Желяев отрядының алып тұрған кезі еді.

— Қанша іздестірсек те таба алмай тұрмыз, — деді олар. Торғай өлкесіндегі сай-саланы түгел тінтіп қараса да, Аманкелдіден дерек білінбеді. Жалғыз-ақ сол маңда жүретін бір сиыршы шал, көзінің жасын сақалынан шұбыртып тұрып:

— Қыран суалды ғой, қарақтарым!.. —деді, кемсеңдеп, сөзінің аяғын айта алмай кәрі көзін етегімен бір сүртіп тастап:

— Қасында алты солдаты бар, Мержақып іңір кезінде Аманкелдіні қаладан шығарып әкетіп бара жатты, шырақтарым. Батырға оқ өтпейтін шығар деп ем, таба алмай жүрсеңдер, қыран суалғаны ғой ендеше... — деді.

Аманкелді мен Таранның құнын Желяев жоқтай алмайды: артынан қуып келе жатқан Колчак отряды бар екен, содан ығысып ол Ақтөбе фронтына жүріп кетті. Торғайдың сай-саласына тығылған Алаш қайта қалаға кірді. Оған келіп Колчактің Могилев отряды қосылды. Алаш сияқты алапес бандының нағыз орны жаңа табылғандай бір бүйір жатқан қала мен елді жынның ойнағына айналдырып жата берді...

Аманкелді батырын іздеген партизандар Алаш штабына да келе бастады. Аманкелдіні шын іздеген коммунистің бірі Қойдосов Қанапия Мержақыпқа келіп:

— Аманкелді сенің қолыңда болса, Байтұрсынов біздің қолымызда!.. Біздің бастығымызды өлтіргендерің анықталған күні сендердің бастықтарың да өледі... Аманкелдіні босатып бер! — деді.

Байтұрсынов пен Қаралдин өлім өткелінен әлдеқашан өтіп алып, большевиктердің өзіне тор құрып жүргенін Қойдосовтар білген жоқ еді. «Аманкелді большевикті Алаш өлтіргенін естісе, Байтұрсыновты сонау жақ нағып тірі қалдырады?»— деп ойлап еді бұлар.

— Байтұрсыновтың бір-ақ басы бар, — деді Мержақып, — егер бір басына өзі ие бола алмай, большевиктерге берсе, сол күні мен де басымды беремін сендерге!.. Оған дейін өздерің түрмеге жата тұрыңдар... Адъютант Тоқтабаев, жап мыналарды! —деп орнынан ұшып тұра келді.

Қызыл партизандардың басы қосылып, тым жағалап кеткені ұнамай жүр еді, ұясын өртеп, тамырын жұлып тастауға Алаш елге карательный отряд

шығарды. Бір жағына Дулатовтың өзі, бір жағына Қаратілеуов, Кенжинді, бір жағына Алмасов, Тоқтабаевты шығарып, Аманкелдінің отрядынан отыз бесін ұстап әкеп түрмеге салды.

Кәдірбаев, Тоқтабаев, Дулатов тағы басқалары төтенше сот құрып, 17 партизанды тағы атты: Токин Әкімбек, Тыным ұлдары осы жолы атылды. Партизандардың мал-мүлкі таланды. Аманкелдінің шыққан елі «Бегімбет» ойға-қырға қашуда жүрді.

* * *

19-жылдың аяқ шені, Торғайда Совет өкіметі орнады. Ақтың кезінде бытыранды боп жүрген партизандар қайтадан басын құрап, Аманкелдіні тағы жоқтауға кірісті.

Аманкелдінің орнына атылып кететін Байтұрсынов өлкеге отырып алыпты. Аманкелді мен Таранды қолынан атқан Дулатов – о да өлкені сағалап жүр деп есітеміз. Аманкелдіден кейін 17 партизанға сот құрып атқызғандар да ендігі өлке маңайына келіп, бір жерде бой тасалап отырған шығар... Ал, Аманкелдіні өлтіріскен Абдығапар үйінде отыр. Осыларды большевик сотына тартыңыз. Және сол сотта біз де болсақ екен!–деді олар, Торғайға келіп.

Совет орнағаннан кейін Аманкелдінің құны қатты жоқталатынын сезіп, елдің қара күштері Аманкелдінің ағалары мен жолдастарының аузын алуға тырысты.

Ол кезде Торғай советіне кіріп алған ұлтшыл элементтер партизандардың бет алысынан шошынып Аманкелдінің құнын жоқтасқансып жүрсе де, шынында Абдығапарды арашалап алып қалуға жанын салды. Бір жағынан, Абдығапарды ұлт қозғалысын бастаған адам деп жұртшылық пікірін ұйымдастырса, екінші жағынан, Абдығапарды Аманкелдінің жолдастарымен қазақша бітістіріп, істің ізін мүлде жасырып тастағылары келді. Сондықтан олар Абдығапарға:

– Аманкелдінің өліміне сізді ортақ деп қаралайтын түрлері бар. Не ақталып, не қараланып шығыңыз, қазақша биге салайық, сенетін билеріңізді ұстаңыз...– деді олар Абдығапарға.

Большевикті өлтіргені үшін, большевик сотынан қазақша жол беріп құтылса, тілегені болғаны емес пе, Абдығапар көне қалады. Өзінің ескі жолдасы табақтас адамдарынан үш би таңдап алады: Досан Қарабаев(ханның орынбасары болған), Мұхамбетжан Ысмайылов, Ахмедия Жүсіпов (атақты бай, Николайдың тыңшысы) Аманкелдінің жолдастары мен ағаларына да би ұстауға тура келеді. Бұлар да үш би ұсталды: Әлжан Қарабаев (Аманкелдіге мың басы болған адам), Досжан Байғабылов, Жұмабай Байболатов (көтерілісте болған адамдар). Алты би қазақша қарап, тексеріп келгенде Аманкелдіні өлтіруге түрткі болған және қолынан өлтіріскен адамның бірі – Абдығапар деп табады. Бірі болғанда, Мержақыптан соңғы құлшынып кіріскен осы Абдығапар деп қорытынды жасалады.

Билердің ішінде Абдығапардың Мержақыпқа былай дегенін естіген адам табылды.

— Бір Аманкелдімен Қыпшақ азаяр деймісің? Большевикпен күресетін болсаң, алдымен Аманкелдінің көзін жой!.. Сен жоймасаң түбінде сенің көзіңді ол жояды,— деген екен Абдығапар.

Екінші, Желяев келеді деп күткен түні (бұл Аманкелдінің атылатын түні) Абдығапар түн бойы Алаштың штабында Мержақыппен бірге болыпты. Ертеңіне Желяев Торғайға шабуыл жасағанда, үлкен шабдар аты бар, қолында арабин мылтығы бар Абдығапар Желяев отрядымен атысып жүріпті. Торғай қаласының мына босағасынан үрлесең ана босағасы желпілдейді. Қыбыр еткенді көруші де, сыбыр еткенді естуші де көп болады; Абдығапардың сөзін естіп, өзін көрген адам көп болыпты. Осы сияқты анық айғақтар тым көп болғандықтан билер де Абдығапарды ақтай алмайды. Абдығапарға: «Ердің құны жүз жылқы» кесім кеседі: 20 тай, 20 құнан, 40 дөнен-бесті, 20 ірі бие.

Кесімді екі жағынан естірткенде, Абдығапар көнеді де, Аманкелдінің ағалары (Көшімбек, Бектепбергендер) көнбейді.

— Абдығапардың қолы қан, беті қара екенін жұрт алдында анықтап беріңдер, бізге осы болады... Аманкелдінің құнына 100 жылқы алып байымай-ақ қоямыз. Аманкелдінің сүйегін сатып алған мал арам болсын! Қолымыз жетсе, қанды қанмен қайтарамыз!—дейді олар. Бектепберген бас боп, он шақты қызыл әскерді жанына алып, ойда отыра алмай, қырға жылысып кеткен Абдығапарды іздеп табады. Бектепберген далада тұрып қалып, Абдығапарға екі қызыл әскер жібереді.

— Аманкелдінің ағалары әнеугі келісімнің жайын сөйлесуге «Зәуре» деген қопаға келіп жатыр, сізді сонда шақыра келдік...— деп, Абдығапарды олар алып шығады.

Қызыл әскерлерді көргенде Абдығапардың арам жаны қорқып, арам қаны бетіне шыға келген білем. Бірақ қызыл әскерлер еркіне қоймай алып келеді. Абдығапар Бектепбергенді далада көре сала, атын бұрып алып қаша жөнеледі. Бектепберген оғын құралайдың көзіне тигізген мерген емес пе, жүрегің осы арада-ау деп мылтықты басып салады.

Бектепберген бастаған партизандар Аманкелді-большевиктің «құнын» осылай алды!

1936 ж.

БОШАЙДЫҢ ҮШ ҚАРАСЫ

«Құланқара», «Бұланқара», «Желмая»!

Бұл үш қара аттың үшеуі де Шығыс Қазақстандағы Үлкен Нарын ауданындағы Ленин колхозының аттары. Колхоз тұрсын ауданына, ауданы тұрсын облысына, облысы тұрсын бүкіл республикамызға абырой-атақ әперіп жүрген әйгілі аттар: «Құланқара» мен «Бұланқара» — бәйге аттары, «Желмаясы» — жорға.

Он жеті жылдан бері сол колхоздың бастығы болып келе жатқан Бошай Кітапбаев – ғылым кандидаты, Социалистік Еңбек Ері, заманымыздың озық азаматтарының бірі.

Ол бір жаны ақын адам. Оның ақындығы жорға-жүйріктеріне қойылған аттарынан да көрініп тұр: «Құланқара», «Бұланқара», «Желмая». Осы үш атауда қандай теңеулер, қанша поэзия жатыр!.. Бұл Құлатай, Сұратай, Жұматай деген сияқты мағынасыз ұйқастыра салған заттар емес, поэзиялық мән берілген, ат үстінде өскен елдің поэзиясының әуені бар атаулар.

Өткен жылғы таза кірісі бір миллион екі жүз мың сом болған миллионер колхоздың бастығы Бошай жолдас сала-сала шалқып жатқан шаруашылығын мінсіз басқара отырып, үш қараның бапталуынан да көзін айырмады. Сенімді жылқышы, тәжірибелі атпаз Қожамсейіт Асантаев үш қараның шашасына шаң жұқтырмай бақса да, ат баптаудың қос тізгіні Бошайдың өз қолында екені даусыз. Сондықтан атақты үш қара ат Бошайдың үш қарасы деп аталады.

Ленин колхозы әрі егісті, әрі малды, бай колхоз. Биыл 13 мың гектар егін салған. Өткен бысжылдықтың қорытындысында бес жыл бойы гектарынан 21 центнер астық алып отырғандықтан Бошай Кітапбаев жолдасқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді,

Бұл колхозда 25 мың қой, 7 мың қара мал, 1800 жылқы бар екен. Бошай басқарғалы колхоздың малы жұтқа ұрынған емес, ылғи өсу жолында.

Бошай басқарып отырған колхоз – өз тұрғыластарымен салыстырғанда озық мәдениетті колхоз. Кітапханалары бар, орта дәрежелі үш мектебі бар. Оқытушыларын, агроном, механизаторларын, адам, мал дәрігерлерін қосқанда үлкен бір қауым интеллигенциясы бар. Мәдениеттілік колхоз жұмыстарын басқаруда да, сол жұмысты істеуде де ерекше көрініп тұр. Бұл колхозда бейбастақтық, әдепсіздік, маскүнемдік, еңбекке керенаулық дейтін көргенсіздіктер сирек кездесетін сияқты. Озық колхоздың ең алдымен адамдары озық. Мен білетін соңғы 4–5 жылдың ішінде Шығыс Қазақстан, Семей, Алматы облыстарына бәйге бермей жүрген үш қара сол озық колхоздыкі.

Ат жарысының қай түрі болса да барлық жүйке тамырыңды бірге шымырлатады. Жалғыз қара болып озып келе жатқан бәйге атын көргенде көзіңе ие бола алмайсың. Аузыңнан шығып кеткен сөзің түгіл даусыңа ие бола алмайсың. Бұл қуану ғана емес теңеуі жоқ үлкен сезім. Отырған орныңнан ұшырып тұрғызатын сезім – поэзия. Күй поэзиясы, ән биігі, поэзия биігі! Көз алдыңа Тайбурыл келеді, Құлагер келеді, құлағыңда – Құрманғазы! Ой-сезімің басқа тіршілікпен түгел ажырасқан. Осы кезде жаратылыстың бар көркемдігі сол озып келе жатқан атта ғана қалады. Ат алдында басыңды игендейсің. Өйткені ол алға тартқан ұтымды қозғалыстың көркем бейнесі, мінсіз сұлулық. Тегі, мен машина, техника сияқты заманымыздың поэзиясын немерелеріммен бірге сезінсем, ат поэзиясын бабаларымдай сезінсем керек.

Әлі есімде, 50-ші жылдан азғана әрірек Алматы ипподромында болған үлкен бір бәйгеде Кәрім Мыңбаев әкеліп қосқан торы төбел ат бір айналым жалғыз дара озып келгенде Мұхтар марқұм Кәрімді көк желкеден түйгіштей бастады. Аузына «өй-өй!» дегеннен басқа сөз түспепті, Көзінде парлап кеткен

жас еді. Екі әскери полковник топ ішінен тұра жүгіріп барып, аяңдатып жүрген атты тоқтатып, алдыңғы екі аяғын сылай бастады. Бұл Кәрімнің өзі баптап, өзі ғана мініп жүрген аты еді. Екі-үш жыл бойында алдына мал салмай келе жатқан.

Кәрім қайтыс болғаннан екі жыл кейін бәйгеге бапсыз әкеліп қосылған торы төбелдің трагедиясын да көрдік. Қара терге малынып, төрт аяғы төрт жаққа кеткен. Буаз биедей қарны қампиып, жұрт алдынан арыз айтып жылап өткендей еді. Құлақ түбінен сорғалаған тер көзін жуып кеткен. Жүлдеге ілінген жоқ, әрине. Үстіне мінген ұзын сирақ біреу екі аяғын үзеңгіге шіреп алып, қос өкпеден шоқпармен ұрғандай тебініп келеді. Ол тебінген сайын аттың діңкесі қатып, аяғында жортақтай беріп тоқтап қалды да, кісінеп жіберді. Бұл жолы да Мұхтар екеуміз бірге, қатар отыр едік, үндеспей орнымыздан тұрып кетіп қалдық. Торы төбелдей асқан жүйрік атты қор қылған адамдарға наразылық көрсетіп кеттік.

Бошайдың үш қарасын мен екі ұлы тойда көрдім: алғашқы рет ұлы ақынымыз Абайдың туғанына 125 жыл толған тойында, былтыр. Екінші рет күні кеше ғана өткен халықтық поэзияның алып ақыны Жамбыл бабамыздың туғанына 125 жыл толған тойында. Осы екі тойда да бас бәйгелерді Бошайдың үш қарасы әкетті.

Бұл екі тойда да ат жарыстары өте жақсы ұйымдастырылды. Екеуінде де жарыс айналмалы түрде өткізілгендіктен тойға келген жұрт бәйге қызығын бастан-аяқ түгел көріп отырды. Аттардың шама-шарқы, атқа мінген балалардың қалай тәсілденгені мен шеберлігі жарыстың әр кезеңінде көз алдында болды. Сәбиттің 60 жылдық, Ілиястың 70 жылдық тойларында бейбастақтар мен көтермешілер аттарды быт-шыт қылып қуып әкетіп, қайсы аттың озғанын, қайсы аттың артта қалғанын көре алмай кеткеміз. Ешбір атқа бәйге де берілмеген. Бұдан былай барлық бәйге, барлық ат жарыс айналмалы түрде өткізілгені дұрыс екен.

Абай тойында жиырма километрлік айналмалы бәйгеге 40—50 ат қосылып еді. Бошайдың «Құланқарасы» жеке-дара жалғыз келді: Оған ең таяу келе жатқан аттар бір айналым кейін қалды. «Құланқарағa» мінген 12 жасар бала Валерий атына бір рет қамшы үйірместен тұйғындай түйіліп өте шықты, «Құланқара» әлі ауыздығымен алысып келеді екен! Қарсы алдынан соққан желді (тұтқыр ауаны) аттың басы мен еңкейе отырған баланың басы бірге жарып өтіп келе жатқаны танылады. Бұрынғы атпаздар мұндай тәсілқой баланы —«аттың құлағында ойнайды» дейтін.

Он алты километрлік бәйгеде «Бұланқара» екінші болып құйрық тістесе келді. Отырған жұрт ду ете түсті:

— Озып келген көлденең қосылған ат! Көлденең қосылған ат!— десті.

Ертеңіне көлденеңнен қосылған ат екеу екен. «Бұланқара»— соның біреуін басып озып, енді біреуімен құйрық тістесіп қалып еді»,— деген лақап тарады. Тексере қалған адам болса анығына жеткен шығар. Ешкім тексермесе, шикілік болған екен деп ойлауға да болады...

Жорға жарысында Бошайдың «Желмаясы» тағы да жалғыз-дара болып келді. Қазақша айтқанда басқа жорғалар далада қалды. Сегіз километр жорғалаған

«Желмая» бусанған да жоқ. Сонымен, Абай тойының екі бас бәйгесі, бір екінші бәйгесін Бошайдың қаралары әкетті.

Жәкеңнің тойында «Бұланқара» мен «Желмая» тағы да екі бас бәйгені әкетті («Құланқара» ақсап қалды). Он екі километрлік бәйгеде бірінші болып келген Алматы облысының қара аты да асқан жүйрік екен. Үстіне мінген баласы да ақылды, тәсілқой екені танылды. Бошайдың қараларымен талас жалғыз жүйрік сол ма деп қалдық.

Айтты-айтпады, үш жүйріктің жемшөбін Бошай батырдың ала келгеніне өз басым күмәнденгем де жоқ.

Бұл жолы «Бұланқараға» мініп шапқан бала 14 жасар Ершоқ Әскенов екен. «Желмаямен» жорға жарысына да сол Ершоқ түсті. Бақылаған адамға Бошай балаларының бұлжытпай ұстайтын бірнеше ұтқыр тәсілдері бары байқалады. Бұл балалар аттың өкпесін қысып тебінбейді. Аттың шабыс ырғағын бұзып, қамшыламайды. Шалқаймай еңкек отырғандықтан алдынан соққан жел (тығыз ауа) баланың кеудесіне де тірелмейді, ықшам киінгендіктен жел кеулеп етегінен де тартпайды. Бошайға айтуға лайық бір ескерту – аттарының құйрықтары ұзынырақ, аздап тарап, аздап қысқартса да, аттарының сәні бұзылмайтын сияқты.

Аттар дүркірей жөнеліп бергенде Бошайдың аттарын бірінші шоғырдың ішінен көре алмайсың. Мерзімді жерді орталаған кезде ғана Бошайқаралар алдыңғы топты тықсырып келе жатады. Бұл кезде алғашында шыға тартқан аттар енді екінші, үшінші шоғырлардың ішінде танылады. Келесі айналымдарда Бошайқаралар жылысып жөнеледі де кете барады. Енді олар ешкімді маңайлатпайды.

Бошай аттарын былтыр Абай тойына да машинамен әкеліп еді. Биыл бір мың алты жүз километр жердегі Алматыға да машинамен әкелді.

– Аттар машинаға өздері мініп, өздері түседі,–дейді Бошай,–Атқа да таза ауа керек. Анда-санда жерге түсіріп саралатып, бойын жаздырып аламыз. Бәйгеге аздап ерігіп келіп қосылады...

Ат жарыстары, ат үстіндегі ойындар түгелімен спортқа жатады. Мұның бәріне де аттың бапталуымен бірге ойынға қатынасатын жастардың жақсы әзірленуі керек. Әсіресе ат үстінде ойын көрсететін жастарды спорттық мағынада толық әзірлеу керек. Той болардың алдында ғана емес, олар үнемі әзірленіп жүруге тиісті. Спорт мамандарының қолынан өтуге тиісті. Олай болмаған күнде өнер көрсетудің орнына күлкі боламыз.

Жәкең тойында не көрдік? Қазақ жастарынан жерден күміс ала алған бір жігіт болған жоқ. «Көкпар» дегеніміз ұйқы-тұйқы бірдеме болды да тарады. Бұл біздің байырғы ойындарымыз емес пе?! «Қыз қуу» да қызықтырған жоқ. Бұл алғыр қыранның алтайы қызыл түлкіге түйілуі емес пе? Алғыр мен алдырмастың өнерін көрсетулері емес пе? Тарсыл-тұрсыл тік шапқыламай, жұрт алдында әртүрлі айла-тәсіл, өнер көрсетсе несі бар? Жігіт түйіліп келгенде қыз атын тежеп қалып, жігітті қасынан «құр ауыз» өткізіп жібермес пе!

Бұл ойынның бәйгесі – жігіт қызды қуып жетсе сүйеді, сүйе алмаса, қыз оны қамшылап қайтады. Ал сүйісе алса ше? Екеуі әшейін қатар шауып қайта

ма? Жоқ, қызды қуғанда да, жігітті қуғанда да өнер көрсетілуі керек: қыран өнері, түлкі өнері!

Бір өрескел жігіт қызды кәдуілгідей сүйемін деп аттан құлатып алды. Әрине, «кәдуілгінің» керегі жоқ, тұспалы керек, баламасы керек. Намыстанған қыз өрескел жігітті аяусыз қамшылап қайтқанда риза болып отырдық. Бірақ қамшылаудың да баламасын табу керек. Мысалы, қыз қамшы сілтегенде жігіт қайқаң етіп қалса о да тұспал ғой. Қысқасы, бұл ат жарысы ғана емес, алдымен қыз бен жігіттің өнер жарысы болу керек.

Қыздар жарысына да бір ұсыныс қосқым келеді. Қыздардың көрініске желбірегі көп көйлектерімен, үкілі бөріктерімен шыққандары әбден дұрыс, әсем көрініс. Бірақ жарысқа сол киімдерімен түскендері аттарына обал екен. Қарсы алдарынан гулеген жел желбірегі көп жібек көйлектердің етек-жеңінен үздіксіз тартып келе жатқанын көресің. Қыздар қисая берген үкілі бөріктерін оң қолымен түзей бергенше ат көзіне қамшы шалынады да ат ығысып кеп шабысынан жаңылып қалады. Жарысқа түскенде қыздар да жел кеулемейтін ықшам киім киетін болсын. Одан соң «қыздар жарысына» кәнігі спортсменкалар қосылмауы керек. Атының шабысын секундометріне дейін біліп алған спортсменка, тіпті, озбай қоймайды. Оның үстіне спортта тең күштер, шамалас салмақтар сынасады. Алдымызда Совет Одағының 60 жылдық тойы тұр. Келер жылы Алматыда Азия–Африка жазушыларының V конференциясы өтеді. Конференцияға дүние жүзінен түгел қонақтар шақырылады. Конференцияның шек-шеңберін осы мағынада мөлшерлеп әзірленуіміз керек. Мен Суданда өңкей ақ нар – желмаялардың жарыстарын, Нигерияда ат жарыстарын көрдім: Желмаялар шүу деп жөнеле бергенде ұша жөнелген бір топ аққуға ұсап ерекше бір көркем көрініс береді екен. Азия – Африка елдерінің қайсысына болса да жарыс таңсық емес, спорттық өнер дәрежесіне көтерілгені таңсық. Жалпы ұлттық ойындардың бәрі де көркемөнер дәрежесінде болғанда ғана қызықтыра алады.

Келетін қонақтар, ең алдымен, еліміздің ұлттық көркемөнеріне, ұлттық ойындарына, ұлттық дастарқанына, араласып жүрген адамдарға көздерін тіге қарайды. Сынау үшін емес, білу үшін, тану үшін. Шала көріністерден шалағай қорытындылар жасап кетеді. Ең үлкен ұят – кәнігі ұлттық ойындарымызды шикілі-пісілі көрсетуде болып жүрмесін.

Осындай жиын-тойларда салмақтың көбі жастарға түсетінін ескеріп, мақаланы «Лениншіл жас» газетіне ұсынуды мақұл көрдім. Илаһи, әркім тойға Бошайдай әзірленгей-ақты.

1972

ЖЕЛКЕЛЕР НЕГЕ ҚЫШИДЫ?

(Малшылардың республикалық мәжілісінен)

«Мал – басқа бітеді»
«Мал – төлден өседі».
«Байтал мінсең – құлын жоқ». *(Қазақ мақалдары)*

Әр желке әр себептен қышиды, оның үстіне әр кезде қышиды. ...Кейде бір желке қыши бастағанда, екінші бір желке күдірейе бастайтын да жаман әдеті бар. Кейде көп желкелер кәдуілгідей үн қосып қышып кетеді.

Қысқасы, әр желке өз жайын оңаша баяндауды керек ететін сияқты...

Үлкен театр лық толы... Алты айшылық шөлі бар, дария атанған көлі бар, кең шиырлы жері бар Қазақстанның атақты Шопан-атасы, қадірлі Зеңгі-бабасы, ардақты Қамбар-атасы, тәкаппар Ойсыл-қарасы – бәрі осында. Әзір бабасының атын таба алмаған бесінші түлік – талпақ танаудың иелері де аз емес.

Көп желкелер театрдың ішін көргенде қышып кетті.

– Ой, алда-ай, мынау тап аяққаптың кестесі ғой!–дейді орта жасқа келген кексе әйел. Сол кестені ойып көрген, сол аяқапты керегенің басына, тұскиіздің тұсына іліп көрген адам. Іші жылынып кеткендей, театрдың өрнегінен көзін ала алмай тұрып қалыпты.

– Жарасып-ақ тұратын еді-ау, ә?.. – деп талай көздер айнала қарай бастады.

– Ата, мынаны қара... Кереге! Тап ана жылғы сіздің үйдің керегесі!–деп, балалау малшы қасындағы шалдың жеңінен тартып, сахнаға таянған босағаны нұсқайды.

– Е, шырағым-ай, отқа жағылып кеткен керегенің несін сөз қыласың, – деп, шал ішінен күрсінгендей болып азғана тұрды да жылжи-жылжи өрнектің қасына барып, қолымен сипап қарады.

Мен керегенің өзін жайып қойған екен десем, бояу ғой,– деп, шал өкінгендей болып тағы да біраз тұрып қалып еді, аздан соң өз үйі есіне түсіп кетіп:

– Енді ондай үй қайда? Мына Есіл бойының үйшілері жоныпы еді. Сағыздай қатқан ақ терек, тор көзді еді ғой! Мынау желкөз екен, дауылға осал болады... – деді.

Шалдың көзіне отқа жағып жіберген өз үйінің өкініші келгендей, о да сол күйде ұзақ тұрып қалды.

– Киіз үйді бәріміз де құртып алдық қой!.. – деп, күрсінген дауыс әр жерден шығады.

– Мынасы тап шаңырақ сияқты екен! – деп, бірнеше әйел театрдың моншағы мөлдіреген төбе шамына қарап тұр. «Тамаша!»

– Қалай да театр ішінің өрнегі ел адамдарына қатты ұнап тұр. Өрнегі мен оюынан жайлау көркі – ақбоз үйдің, жастар көркі – ақ отаудың пішінін тапқандарына бәрі қуанышты, Сонымен бірге, өздері ақбоз үй біткенді құртып алғандарына қатты өкінетін сияқты. Көп желке осыдан бір қышып кеткендей ...

— Театр маңы гу-гу... Жұрт мал өсіру жөнінен қай облыстың қай орында екенін біліп алыпты. Алшаңдай басып Гурьев жүр. Солтүстік пен шығыс жақтан жалғыз қасқайып Қарағанды тұр. Бұрын озық Қызылорда бұл жолы әлденеден қызаратын сияқты... Оң тұс озықтың өзіне көз алартады.

— Сендер бізден алты шақырым артқарақ тұрыңдар! — дейді Қоңырат жігіті Семей жігіттеріне.— Он алты шақырым артқарақ тұрыңдар! — дегенге қарағанда «алты шақырым» деген үлкен ағайыншылық болу керек, Семей жігіттері үндемей, желкесін қасиды.

— «Аяз би, орныңды біл»,—деген бар, — талтаңдама, Талдықорғаным... Қолымнан қондырған отауымсың,—деп Алматы жігіттері қағытса:

— «Түйе бойына алақтай бер, Алматым.Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» деген де нақыл бар. Енді үш жылда қанжығамда боларсың,— деп, Талдықорған да күш айтады. Тегі, Алматының да алақтайтын себептері болу керек...

— Осында оныншы орын алған облыс та бар ма?—деп, үлкен бір топ қарқылдасып тұр. Сыртқы есіктен селдірей кіріп келе жатқандар сол «оныншының» айналасы болу керек, естімеген боп, үндемей өтіп барады. Киінген түрлері біздің Қостанай, Солтүстік, Семей, Шығыс жігіттеріне ұқсайды. Жұрт баяндамадан көп нәрсе күтуде. «Жығылған үстіне жұдырық» бола ма деген қауіп те бар. Дардай бір адамыңды шаршы топтың ортасында «түйебас» қылып жатса, оның артынан өңештегені құрысын...

Жығылғанның қасында сүрінгеннің күнәсі жеңілдер ме екен деген үміт те жоқ емес... «Осы тойда біреу таяқ жесе, мен жермін» дегендей бұғыңқырап жүргендер де аз емес... Көбінесе желкеге бара беретін дамылсыз қол да осылардікі...

Баяндама әуелі жұрттың бәріне де дем беріп көңілін көтеріп тастады. Аяз алқымынан алып, суық тақымынан тістелеп, күн маңдайдан қысқанда — тер маңдайдан шұбырып жүргендегі көп еңбек, тіпті, босқа кетпепті. Шегіну емес, өсу бар. Жылдар қандай ауыр болса, сол ауырлықты жеңу бар. Ырыс қашса — туыс қоймаған! Төрт аяғын тең басып еселеп артығын айтып Гурьев отыр. Құйрық тістесе Қарағанды, Оңтүстік, Жамбыл келеді. Ширақ сілтеп, түйдек келе жатқан аудандар көп. Әттең, бұл топтардың, етегінен басып, құйрығынан алып, батыс, шығыс, солтүстік бетіміз жібермей келеді.

Әсіресе, бұрын озық облыс Қызылордаға жаның ашиды. Жарықтық сиыр малы тоқсан тоғыздан аса бергенде бір тойдың үстінде жамырапты да кетіпті...

Бірақ... «бірақсыз» баяндама болмайтыны жаман... «Бірақ» та келді, «брактар да» шыға бастады, істің тетігін таппаған жерде кетігі де көп екен. Баяндама кей кезде жауар бұлттай түнеріп, түйіле бастайды. Солтүстік шығыс беттің жігіттері желкелерін неге әурелеп кетті десек, бұлт сол жақты торлап барады екен... Түйіліп, Ақтөбе мен Батысқа да барып қайтады, ала шабырланып Алматы, Сыр бойына да серпіп тұр.

Үш жылдың ішінде табандатқан бес миллион мал қосылу керек! Бес миллион! Бар әңгіме осының айналасында. Мәселе ашық: бұзау сиырдан, құлын биеден, қозы саулықтан, бота інгеннен туады. Мал төлден өседі.

Батыстан бастап, сол бүйірді көбелеп, шығыстан барып шықсаңыз, осы бет балалы малды баса шыңғыртыпты. Ірі малдың, үнемді малдың, дені осы бетте болатын болса, бес миллионның ден салмағы да осылай қарай ауа түсетіні әлдеқандай «сүренің» арасында ұмытылып кетіпті.

Жүз биеден он бес құлын алып отырған Қостанай жігіттері мен жиырма екі құлын алып отырған Солтүстік жігіттеріне желкеңді қасисың деп қалай өкпелерсің? Биыл алынбай қалған сан мың құлынның тұяғы желкеңде ойнаса, қасымасқа не шара? Жоқ, оларға, тіпті, өкпе жоқ. Үш жылдың ішінде жылқының едәуірін кемітіп алған солтүстік және сол сияқты Ақтөбе, Ақмола облыстары желкелерін орай-орай тырнауға қақылары бар! Жүз сиырдың орнына фермасында төрт-ақ сиыры бар «Өзен» сияқты, тоғыз-ақ сиыры бар «Қарағай» сияқты колхозы бар Көкшетау олардан қалай қалады? Әділет қайда!?

Солтүстік шығыс жақтарымыздың басқа да себептері бар... «Екі үйге бір көсеу» дегендей, екі колхозға бір-ақ бұқа ұстап отырған облыстар да осы бетте. Өздері асыл тұқымды мал өсіріп отырып, өздерінен бұқа қоймайтын әдеттері тағы бар. Онысына тағы да өкпелеуге жол жоқ. Бұқа деген ауыр келеді де таразыға тарттырып жіберсең, қаншырдай қатырған бес сиырының орнын басады. Бұл да есеп емес пе? Айып ауыр болған бұқаның өзінде, әрине. Мінген ат байлауда қатып, тақымда шірісе, бұған да аттардың өзі кінәлі...

Бұл жақта момын да болса қой малы да күйісті бұзып тұр екен. «Не болса ол болсын, Көтентайға бір тымақ болсын» деген есеп бойынша, мериносы бар, қаракөлі бар, қазақысы бар, қарасарысы бар, бәрін араластырып кеп жіберген екен, құданың құдіреті, содан бір адам айыра алмайтын алабажақ тұқым пайда болыпты.

Әуелі қошқар біткенді биязы жүнді «рамбульеден» салған екен сойған козының құйрығына қазан толмайтын болыпты. Оны есептеп бір шығарып алған соң, қошқар біткенді қазақы құйрықтан жіберіпті. Ал енді «мен қосып көрейін, сен айырып алып көр!» –деп, «рамбулье», «қаракөл», қазақы, сары қошқарларды бірнеше рет қайталап ауыстырып келіпті де аяғында:

– Қай жеңгенің менікі! – деп, бәрін апарып қойға қоса салыпты. Бостандық алған қырық ру қошқар ерікке қойсын ба, шұрым-бұрым, «шурумбулье» деген жаңа бір тұқымды Көкшетауға да шығарып беріпті...

Күнә, сөз жоқ, қойдың өзінде. Құйрығы батпандай, биязы жүні бес сүйем, еті екі тонна, қар тепкенде жылқыдай, сүт бергенде сиырдай, шөп жемейтін, күтім тілемейтін болып неге келмейді ол? Қостанай, Көкшетау, Солтүстік, Ақтөбе, Батыс облыстарына тап осындай қой керек екенін әлі күнге білмей ме? Әйтпесе, бұл облыстар колхоз мүшелерінің еңбегіне мал азығын беруді шама келгенше қысқартқанда мал аузына тыйым салуды көздегенін түсінбеске ешбір хайуанның жеткілікті дәлелі жоқ...

Бұлт ауып Батыс Қазақстанға азғана тоқтап еді, үлкен бір сыры сопаң ете түсті. «Мен саған ұсап аузымды былықтырып, насыбайымды аузыма атпаймын, көмекейіме саламын», – депті дейді бір насыбайшы. Сол айтқандай, мал өсіруде Батыс Қазақстанның өз әдісі бар екен. Атам заманғы әдіс бойынша, малды бағып өсіруді ар көреміз деп, қатты тірескен көрінеді. Бірақ күшің жетпесе күштімен

тіресуде пайда жоқ, мал азығы таусылған кезде, сақылдаған сары аяз малды айдап ақ қарға шығарыпты. Кім жеңіп, кім жеңілгені мәлімсіз, батыс жігіттері жылқыдан, қой мен ешкіден, сиырдан «зекет» беріпті де құтылып кетіпті...

Семей, Шығыс, Талдықорған облыстарының қулығы одан да басым... Бұлар малды жайып бағу дегеннің өзіне мынадай сұрау қойыпты:

— Сен өзің малды асыраймысың, әшейін алдаймысың? — депті. Қабырғасынан қойылған сұраудан қалтарыс таба алмай ол:

— Алдамаймын, асыраймын. Нанбасаң, ата-бабаларыңнан сұра, — дегенге ұқсайды.

— Ендеше, осы сөзіңді ұмытпа! — деп, қыстың дәл қысып келген кезінде, сары аяздың сақылдап тұрған кезінде, «осы қыстан шыға алар ма екен?» — деген арық-тұрық пен ақсақ-тоқсақ, қотыр-шотырды жайылымға айдатыпты да уәдені күтіпті.

Әрине, бұдан кеткен түк жоқ... Кей жерде малдан «зекет» беріп, бұлар да «аман» құтылып кетіпті. Оның есесіне ақиқат ашылған! Малды жайып бағу дегеннің өзі алдайтын да кездері болады екен.

— Малды бағынға шығаратын болсаң, сақтана да біл, қысаң күндерге шөп әзірле! — демеген; малды жайып бағу дегеннің өзі айыпты болып қалыпты...

Жалғыз жайып бағу емес, қыстың өзі де айыпты болған жерлері бар. Мысалы, Булаев ауданындағы «Коминтерн» колхозының қозы қорасына қыстың келіп кірер орны жоқ! Орны жоқ емес, түк орны жоқ! Ал, абайсызда кірген екен, май айына дейін жататын не жұмысы бар?

Жоқ, қыстың ұятсыздығы, тіпті, толып жатыр. Шелек ауданындағы, яғни, сорпа бетінің майы қатпайтын жерде, «Буденный» колхозының бір сиырын жатқан жеріне қатырып кететін не жолы бар еді? Рас, сиырды балтамен шауып, сүйменмен ойып босатып алдық. Бірақ қыс дегенмен осынысы барып тұрған басынғандық! Сиыр қорасына он шақты күн кірмесең-ақ, бір сиырың жатқан жеріне жамбасына жабысып қала беретін болса, не болғаны? Ондай қысқа ең болмағанда дүре салатын керек!..

Желкені тағы бір қышытатын нәрсе — мал басын дұрыс есептей білейік, асылы қанша, ірісі қанша, ұсағы қанша болмақ, соны білейік деп қысады, Шелек ауданындағы «Қаһарман» колхозының қаһарлы бастығы Ыдырысов жолдас шамамен айтқанда осылай болар-ау деп, шамалаймын,— деп ауызекі айта салса болмай ма? Рас, есепсіз, жоспарсыз, әйтеуір, бір аңғармен, әйтеуір, бір шамамен жүре берейік дегеніне қарағанда Ыдырысов жолдас біздің жазушылар ұйымына мүше болуға лайық. Ал, мал өсіру дегеніміз бұдан былай бұлжымайтын есеппен жүретін болғаны көп адамдардың желкесін қасытады.

Мал өсіру жөніндегі қаулылардың әлі күнге талқыламаған жерлер бар дегенде бірталай маңдайлар терлеп кетті. Қызылорданың күні ыстық, жері қапалау ғой, терлеген маңдайдың көбі сол жақтікі екен. Талқыланбаған десе бір сәрі, Тереңөзек ауданындағы «Аманкелді» колхозының бастығы Ахметов пен парторгі Аюпов жолдастардың өздері оқымаған дегенде, самайдан тер шұбырмасқа да амал жоқ. Талқылау, талдауға керенаулық жағынан бұл жолдастар да жазушылр ұйымына жат емес сияқты... Сондықтан сол маңайда жүрген Асқар ақын сол қаулыларды түйрей түсіндірер деген сенім де зор... Өйткені

Қарағанды мен Гурьев облысында халық ақындары салған іздер сайрап жатыр. Оның үстіне, осы жиналыста жазушылар ұйымының аты аталғанда жиналысқа қатысқан екі-үш жазушының бұға бергендерін де жасырар жай жоқ. Ал, мұның өзі желкең қышығаннан да жаманырақ.

Бір істен қызарып, бір істен ұялсаң, енді бір қылық пышақ кескендей тоқтатуды керек етіп тұр! Оның бірі – жеке меншіктегі малды иесіз малдай иемдене беруді тоқтату! Оның бірі – мал шаруашылығы да ойланып басқаруды керек ететінін ұғыну!

Оның бірі – алдында тұрған он тоғыз миллион бас мал! Оның бірі– осылардың бір де бірін ұмытпай, бірімен-бірін бүркемей, бірін бас, бірін аяқ демей, түгел көтеру! Көтеру ғана емес орындау.

Желкелер сонда қышуын да, бастар сонда бұғуын да қоятын сияқты...

1944

ЖАПОН ӘСЕРЛЕРІ

Токио аэропортына мен түнгі он бір шамасында келіп түстім. Қасымда жапон тілінің маманы Ирина Иоффе бар. Оннан астам кинокамералар, одан да көбірек фотографтар шолақ найзағайларын жарқылдатып, сығылысып-сығылысып келіп қоршап алды. Әлдекімдермен қол алысып жатырмыз. Әлдекімдер қолыңды қатты қысып тұрып өз үйіне қонаққа шақырады:

– Ертең түстікке...

– Кешкі тамаққа...

Бәріне де алғыс айтып, бәріне де уәде беруге тура келді. Шақырушылардың басы – Жапон Жазушылар ұйымының бастығы қызметінен жаңада ғана босаған жетпістен асқан Аоно қарт.

Аэропорттың үлкен бір залында жүзден аса адам алқа-қотан тұрып совет делегациясына қошемет көрсетіп, «Қош келіпсіз!» айтты. Жапон жазушыларының бірден сезілген шынайы меймандостығына ырза көңілден достық жауап қайтардым.

Қалаға отыздан астам машинамен келіп кірдік. Машинаға бізбен бірге мінген жапон жазушысы қарсы алғандардың кім екендерін таныстырып келеді: көпшілігі жапон жазушылары, енді біразы Азия – Африка жазушылары тұрақты алқасының төтенше сессиясына келген Шри Ланка, Вьетнам, Индия, Индонезия, Корея, Моңғол, Гана, Араб, Алжир басқа да Азия – Африка елдерінің жазушылары. Бұл совет делегациясына көрсетілген көңіл еді. Келесі күндері үздік-создық, жеке-жеке келген Зүлфия мен К. Симоновқа да осылай қошемет болды.

Бізді бір қабат, особняк дерлік «Империал» қонақ үйіне әкеліп түсірді. Он жетінші қасырда қызыл кірпіштен төселген қораның ішіндегі жолдарға осы күнге дейін адам аяғы тимегендей тап-таза, бір кірпіштің қыры мұқалмаған.

Көркемдік үшін отырғызылған әртүрлі ағаштардың бір бұтағы сынбаған, бір бүршігі үзілмеген.

Қонақ үй өте жайлы, телевизор, телефон, кондишен, таза ауа, сырттан бір дыбыс келмейді. Қымбат қонақ үй екендігі байқалады. Қалтаңды қысып қойғандайсың...

– Мына бір жас жігіт полицай... күндіз-түні сіздің коридорда отырар... Далаға шықсаңыз қасыңызда болар, – деді бізге еріп жүрген жапон жазушысы.

Томпақ беттеу, жапоннан гөрі қытайға көбірек ұқсайтын қысық көздеу жас полицай маған басын изеді.

– Маған полицайдың керегі не? Өзіміздің елде мен ондайға үйренбеген адам едім... – дедім мен.

– Жоқ, ыңғайсызданбай-ақ қабыл етіңіз... Токиода «17 жасарлар» дейтін бір бәлеміз бар...

– Бәлелінің бәрі он жеті жаста ма?

– Жоқ, әрине. Бірақ жастар арасындағы қылмыс біткеннің ортан қазығы сол он жетіге келгендер...

Сонымен, өмірімде бірінші рет және бір-ақ рет мен қарулы қорғаушымен жүретін болдым. Қорғаушым –жапон полицайы.

–Ал енді тамаққа жүріңіз. Жолшыбай бірнеше елдің самолеттеріне ауысып мініп, Москвадан Токиоға дейін 53 сағат жолда болғамын. Кейде үш сағат ұшасың, бес сағат күтіп отырасың... езіліп, сарылып, қалжырап келген екемін, кешірек ояндым. Көзімді ашсам сағат сегіз болып қалыпты.

Жуынып, киініп коридорға шықсам төрт адам күтіп отыр екен. Аоно қарт, профессор Курода және екі жас жазушы. Еңкейе бас изесіп амандасып қалдық. Бәрі де қонаққа шақыра келіпті. Оларды маған полицайым таныстырды.

Профессор Курода Токиода орыс тілінде шығатын журналдың редакторы екен. Орыс классиктарын аударушылардың бірі, Иокогамада тұрады.

– Мен сізді қонаққа шақыра келіп едім, құрметті Аоно қарт менен бұрын келіп күтіп отыр екен. Амал жоқ, кезекті бұл кісіге беруге тура келді. Бірақ ертеңгі күн менікі болсын,–деді Курода.

Қарт Аоно мейірімді жымиып басын изеп қояды. Жастар жағы кимелемей, әдеппен күтіп отыр. Екі қартқа өздері тағайындаған кезек бойынша қонаққа баруға уәде етіп, жастармен кейінірек кездеспек болдым.

Түске жақын мен жапон жазушылар ұйымының бастығы Тацудзо Исикаваға барып қайттым. Ол үлкен романист жазушы. Сырт қарағанда түсі біздің Ілияс Жансүгіров сияқты салқындау, ауыр қабақтау адам. Сөйлесе келе ойын-қалжыңы, қулығы барын көресің.

Бұл кезде Исикаваны қайғылы жазушы деуге болатын еді. Ол жапон мемлекетін Американың басып алғанына қатты қорланады. Әлдеқашан күні өткен самурайлық мен-мендігінің, мен-мендікпен бірге туатын егізінің сыцары топастықтың салдарынан ел жапон басқыншысының табан астында қалды. Құйын соққан қоғадай жапырылып «ұлы армия» тас-талқан болды. Хиросима мен Нагасаки қалай ұмытылар!?

Исикава, әрине, мұның бірін де айтпайды. Бірақ көз түбінде тұрған мұң көзге ілікпей қалған жоқ. Жазушы ойсыз-мағынасыз өткен күнге назалы бола-

ды да, өткен күннің шекшеңберінде отырып қалған жұртқа ызалы болады. Бұл оның жасыра алмас мұңы.

Түс ауа қарт Аоно мені өз үйіне алып кетті. Орысша жақсы білетін профессор Курода екеуі келіпті. Жолшыбай парламент сарайын, үкімет сарайын бір-бір айналтып өтіп, жақында ғана жапон жұртшылығының басынан өткен оқиғаларды айтысып келеді:

– Американ-Жапон соғыстық шартына қарсы жасаған көтеріліс жайымен таныс боларсыз. Бұл жолы жапон халқы тұтас сілкінді. Парламент сарайын, үкімет сарайын әлденеше күн қамауда ұстадық. Сарайлардың айналасы лық толы адам... Жұрт жақын көшелерді де кернеп кетті. Үкіметіміз бен парламент адамдары қояндай бұғып қалды. Бұл жай жалғыз Токиода емес, барлық үлкен қалаларымызда осылай болды.

– Жаңбыр үш күн шелектеп құйып тұрса да бір адам орнынан қозғалған жоқ. Иық тіресіп, бірімізге біріміз сүйеніп тұра бердік.

– Адам біріне-бірі сүйеніп тұрса көпке шыдайды екен! – деп Аоно қарт бір қулық қыстырып қалды.

–Парламент пен үкімет сарайынан бір адам шығармадық. Бір адам сырттан кіре алмады. Полиция лек-легімен келеді. Иығын сыйғыза алмай кейін қайтады.

– Аоно қарт сол үш күнде парламент алаңынан табан аударған жоқ!

– Аздаған жөтел алып қайттым. Одан басқа түгім кеткен жоқ. Біз әлі күнге басқыншының қас-қабағына қарап отырған елміз. Табанының астында жатқан елдің қалай қарағанына басқыншы пысқырмайды да екен.

– Әсіресе, сол үш күнде бір сауыт су ішкен адам болды ма екен, сірә!

– Қалың топтың сырт жағындағылар болмаса ортада қалған біз еш нәрсе татқан жоқпыз. Жаңбырмен сусындадық.

Кейін, мәжіліс өткен «Асахи» газетінің толып жатқан залдарында сол қозғалыстың толып жатқан фотографияларын көрдім. Ой мыңдаған емес, жүз мыңдаған адам қара нөсер шелектеп құйып тұрғанда қап-қара қолшатырдың астында иық тіресіп тұр. Парламент сарайы түнгі қара толқынды теңіздің ортасында қалған аралдай ғана бозаңдайды.

Екі қарт оқиға бояуын кейде қоюлатып жіберетін болар, бірақ, бұл бір жапон бұқарасының орасан қайрат көрсеткен кезі екені де даусыз. Жапон аспанын басқыншының самолеттері күні-түні шарлап жүрген кезде, жапон жолдарын басқыншының соғыстық машиналары күні-түні кезіп жүрген кезде жапон бұқарасы басқыншы елдің президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірмеді. Жапон халқының осындай елдік жігерін алыстан-ақ жоғары бағалап сүйсініп келіп едім. Екі қарт ғалымның айтқандары ол ойымды орнықтыра түсті.

– Біздің үйге жақындап қалдық. Біздің жөн-жосығымыз бойынша үйіне шақырған қонаққа саясаттан шай қайнатып беруге болмайды. Осымен тоқталайық...

– Күрес қорытындысын айтпадыңыз ғой,–дедім мен.

– Қорытынды – елімізді сыртынан сатып, басқыншының ыңғайына қарай ықтай берген бас министрді орнынан ұшырып түсірдік...

Машина бозғылт бүршіктері тұнып, мөлдіреп тұрған бақшаның ішіндегі әдемі оңаша үйдің алдына келіп тоқтады. Менің бұл жапон үйіне бірінші келуім. Сондықтан әр нәрсеге көзім түсе берді. Үйдің табалдырығына дейін төселген өрнекті қызыл кірпіш. Бақшаның ішіне жүндес көк кілем төсеп тастағандай. Март айының орта кезі болса да көп жылдар бойы өсе беретін көгал шөптің бір талы сарғаймағандай. Бүршіктері түктеніп қалған ағаш бұталарының майы шығып тұр. Әр бұтаны жамшымен сүртіп қойғандай.

Есік алдында жиырма шақты синтетика тапочкалары тізіліп тұр. Өз аяқ киімізді сыртқа тастап, аяғымызға бір-бір тапочка іліп алып үйге кірдік. Барлық жапон солай ете беруге шамасы келмес, бірақ ауқатты үйлерде үйде киер аяқ киімі табалдырықтан әрі аттамай, түзде киері үйге кірмеу керек. Жапонияға үш рет барғанда мен жиырма шақты үйде қонақта болдым, соның бәрінде де осыны көрдім.

Еденде кіршіксіз аппақ тоқыма төсеніштер. Сырт естуімше бұл төсеніштерді күріштің сабағынан тоқиды деуші еді. Жоқ, олай емес, әрі салалы, әрі биязы бір өсімдіктен тоқылатын сияқты. Қалай да ақ төсеніш адамды кір жұқтырмауға, кір жұқса тезірек жоюға шақырады. Ұзыншалау аласа столдың екі жағында дөңгелек-дөңгелек мақталап сырыған жастықтар. Үй ішінде бір басы артық нәрсе жоқ, «жиһаз» жоқ, шаң жинар жоқ. Бұл да мен араласқан жапон үйлерінің бір ерекшелігі. Тазалық, жарасымды жұпынылық, мәдениет, адам мінезі жағынан қарағанда жапон елі байлығын да, кедейлігін де көрмеге қоймайтын сияқты. Сол мінездің бір көрінісі – жоқшылығы қанша сезіліп тұрса да алақанын жаю түгіл мөлиген адамға кездескенім жоқ. Көзіне көзің түсіп кетсе, жымиып қалмайтын жапон да сирек кездеседі. Жымиды – болды, сіздің не мұқтажыңыз барлығын сұрай бастайды. Сізге үлкен бе, кіші ме жәрдем етіп қалса, ең алдымен өзіне-өзі ырза болып қалады. Менмендік жоқ, енжарлық жоқ, төменшілік жоқ, өзін-өзі жоғары да, төмен де ұстамай, тең ұстау бар. Мен жапон бұқарасының осы мінезін аса жоғары бағалаймын. Жапон мінезіндегі әдептілік, мәдениеттілік дегендерді айтып жеткізу үшін мыңдаған мысалдар келтіруге болар еді, оған бұл жолы орын да жоқ, уақыт та жоқ. Қарт жазушы бізді кабинетіне алып кірді. Аяғыңды көсіліп отыратын жатаған креслолар, орын алмайтыи жіңішке де аласа столдар. Қымбат ағаштардан жасалған үй қабырғалары.Үй қабырғалары сырғымалы екен. Менің қарсы алдымдағы қабырғаның қай жағына қарай сырғып кеткенін байқамай қалдым. Қызыл күрең, ағаш подноспен әртүрлі жеміс суларын, кристал бокалдарын, жемістер көтерген әйел пайда болды. Өмір бойы үстіне бір кір жұқпаған, өмір бойы бір ренжіп көрмеген, ренжітіп көрмеген адамдай екен.

Қарттың әйелі шашына ақ кірмеген жасаң адам. Аса бір жылы мейіріммен жымиып, екі-үш рет әсем еңкейіп бізге су ұсынды. Ол адамдай жымия да алар емессің, ондай әсем еңкейе де алар емессің. Мен әйтеуір иба қылған болдым ғой деймін.

Әкелген шыны сауыттардың ішінде көз таныстары да бар.Өзіміздің әдет бойынша тамақ үстінде ішерміз деп көз таныстардың бірі вискиге де қол созбаған

едім, оным бекер болған екен... Ол қатемді ертеңіне профессор Куроданың үйінде ойдағыдай түзеп алдым...

Жапон үйінің түскі тамағы әрі түрлі-түрлі, әрі еселеме келеді екен. Көк базар түгел алдыңа келіпті. Шие мен жидектен бастап капустаға дейін арасында жігі ашылмайды. Ет, құс, балық, креветке, шаян, теңіз жәндіктерінің толып жатқан егіз-емшектестері... бірінен-бірі дәмді, бірінен-бірі әсем жасалған. Сонымен бірге кесек-кесек дарақы мол қолдық та жоқ. Бұл жолы мен 7–8 үйде қонақ болып едім, бәрінде де осыны көрдім.

Бұл жапон бұқара қайраткерлерінің қызу қозғалыс үстіндегі кезі сияқты. Қай үйге барсаң да, кіммен кездессең де ашығырақ сөйлесуге, ойындағысын бүкпей, бүркемей сөйлесуге тырысады. Жоғарғы таптың екіжүзділігінен, арамдығынан аузы талай күйген бұқара интеллигенциясы не жайлы болса да ашық сөйлесетін жаңа беталыстарын көрсетеді. Коммунист, социалист, ешбір партияда жоқ жазушылар мен ғалымдардың үйлерінде болғанымда, осы бір мен үшін жаңа мінездері ерекше көзге түсті. Тұтас бір елге түгіл, шағын бір қауымға мінездеме берем деп ойлау әсердің ойына ғана келер. Қоғамдық күн райы, өз басының күнделігі әсер етпейтін адам жоқ, бірақ сыналар, сынасар күндерде жапон бұқара қайраткерлерінің мін жұқтырмас табанды екендігінде дау жоқ дегім келеді. Мен Жапонияға үш рет барғанымда бір нәрсені екі рет ескертіп, не болмаса айнымалы мінездерге ұшырасып көргенім жоқ.

Ертеңіне мәжілісіміз ашылды. Үлкен залға дөңгелете тізілген столдарда сары жұрт, ақ жұрт, қара жұрт өкілдері қатар отырмыз. Алдымызда әртүрлі су — соктар, сигарет, анда-санда кофе келіп қалады. Сырт елдерде барлық мәжілістердің осылай өтетіні мен сияқты темекіні көп тартатын адамға қатты ұнайды.

Мәжілісті Исикава басқарды. Тұрақты алқаның бас секретары Сенене-яка ұшып-қонып, орынсыз қалжыңдар айтып, бөгесін де жасап жүр. Жапон әлеуметтік және әдебиеттік жайлары туралы үш жазушы баяндама жасады, біреуі коммунист Накано.

Баяндамашылар жапон халқы туралы ерте замандардан бері қалыптасып қалған ойлардың, теңеулердің неден тараған тамырларын, оған мұрындық болған ішкі жайларды бүркемей сөйлейді. Әсіресе, соңғы соғыста Жапонияның фашизм жетегінде кеткеніне кешірім жоқ екенін баса аңғартады. Басқа елдер ескіліктерінен арылар дәуірге кіргенде ел жапон керекті кезде самурайлыққа қарсы тұра алмағаны бұқара жүрегінде кешілмес өкініш сияқты қатып қалған ба дерсің! Ұлт-азаттық күрестеріне жанашырлықпен қатар агрессорға, қарулану дүрлікпесіне қатты қарсылықтар көрсетіліп жатыр. Бұл қай заманда, кай елде болса да игілікті бағдар.

Шет елдерге араласа жүріп, халықаралық бір тіл білмеу деген үлкен қорлық. Көпшілігі кешегі күнге дейін отар болған Азия — Африка елдерінде ағылшын, француз тілдері өз тілдеріндей. Шоферлары да, қонақ үй қызметкерлері де, әсіресе интеллигенциясы бұл екі тілдің бірін өте жақсы біледі. Біз болсақ, бірін де білмейміз. Кейде бір қолма-қол, шартпа-шұрт егжесу болғанда сен мелшиіп отырып қаласың. Екі-үш адамға жалғыз аударушы аударып үлгере алмай-

ды. Әсіресе ұялатының – өткір айтылған қалжыңдарды сен кешірек түсінесің де, өзге жұрт күліп болған соң күлесің. Өйткені аударушы айтылып жатқан қалжыңдарды түсініп отырады да жұртпен бірге әуелі өзі күліп алады. Саған содан кейін түсіндіреді. Олай етпеске амалы қайсы?

Біз – Симонов, Зүлфия, мен – үшеуміз де европалық тілдердің біріне білмейміз. Баяндамашылар әлдеқандай ойларын шегендеп балғалай бастағанда үшеуміз бірдей аударушыға:

– Не дейді?

– Не айтып тұр?

– Неменеге түйілді? – десіп қаламыз.

Аударушымыз үшеумізге бірдей сыбырлап болғанша, баяндамашы тағы біраз жер кетіп қалады. Сонымен қалжың түгіл іс жайындағы ұсыныстарды да, ой жүйесінің әртүрлі құтылмасын да шала-шарпы ұстап қаламыз. Мұның арты кешке қарай баяндамалардың қолжазбасын алып аударушымызға қайта бір түсіндіртіп алуға әкеліп соғады.

Делегацияда бір-ақ аударушы болуы келер күндері секцияға бөлініп, әр мәселені жеке-жеке тексерерде үлкен қиыншылық келтірді. Біз таңертең бір секцияға, түстен кейін екінші секцияға барып амалдап жүрдік. Кейде бір секцияның жұмысы аяқталуға жақындап, басты мәселе жайында пікір түйіліп қалған соң кездесесің. Ондай болған күнде болмашыны өзгертудің өзі қиындап кетеді. Кейбір делегациялар өте толық, олар әр секцияда өз ойларын кезінде айтып кала алады.

Бізге жапон жазушыларының қолқабысы үлкен сүйемел болды. Қай секцияда қандай оңқай-солақай пікірлер барын олар бізден жасырған жоқ.

Сессия аяқталғаннан кейін үлкен алаңда митинг болды. Әр елдің делегациясы аяқталған іске, қозғалысымызға береке-бірлік тілестік. Қонақжай жапон жазушыларына алғысымызды айттық. Исикава жазушылар қозғалысын жапон саяси тіршілігіне байланыстыра сөйледі.

– Американ-жапон соғыс шартына қарсы жапон халқының қозғалысы бір бас министрді ұшырып түсірді. Басқыншылардың президенті Эйзенхауэрді Токиоға келтірмедік. Бүгінгі бас министріміз де құлар күнін санай берсін. Біздің байтақ бұқара қозғалысы жоғары таптың шабарманы болған үкіметпен еш уақыт келісе алмайды. Қозғалыс қанатын кең серпетін кезі әлі алда! – деп тоқтады ол.

Күн ашық, шаңқай түс. Кең алаң. Мыңдаған адам... Жапон жазушысы осыны айтып тұр. Жапон бұқарасы оған үн қосып, қол ұрып тұр... Жапон мемлекеті, әрине, естіп отыр...

Сол күні кешке, қасымда полицайым, қаланы аралауға шықтым. Бұл кезде Токио негізінде бір этажды қала екен. Жаңадан бой көтеріп келе жатқан биік үйлердің темір қаңқалары сирек кездеседі. Қай жерден қарасаң да Токио башнясы көрініп тұрады.

Гинза Токионың ең бай, ең қайнап жатқан орталығы. Адам дегеніңіз құмырсқадай ағылады. Мұндай ерсілі-қарсылы ағылған көпшілікте тек кана жапондар соқтығыспай жүре алатын сияқты. Адам қозғалысында белгілі бір шама,

белгілі бір ырғақ бар сияқты. Қақтығысып, қабақ қайшыласып қалған адам байқалмайды. Біреу асығыс, біреу баяу емес, бар адам өлшеумен жүретіндей сезіледі.

Кешкі сағат алты үлкен қалалардың бәрінде де сапырылыс кезі ғой. Токио халқы әсіресе осы кезде өзін-өзі қатты бақылайтын сияқты. Қала транспорты жетпей жатқаны анық. Қызметтен шыққан адамдардың алыста тұратындары мыңдаған велосипедпен ағылып барады. Көше бойлары солдатша аяңдаған жаяу адам. Қақтығыспайды, соқтығыспайды.

– Токиода қазір қанша адам қызметтен шықты екен? – деп сұрадым полицайымнан.

– Үш жарым миллион, – деді полицайым. – Кешірек тағы екі миллион...

Әрине, мұндай жағдайда әр адам өзін-өзі қатал тәртіпті ұстауға тиісті. Жапон халқы тәртіп дегенге қатал қарайтын да жұрт. Ертеңіне Токиода темір жолшылар жұмысты тастап, забастовка жасады. Жапон жазушылары бізге ел аралатпақ еді, темір жол тоқтап қалды. Жазушылармен темір жолшылардың қалай келіскені бізге мәлім емес, әйтеуір түс ауа біз Киото, Нара жаққа поезбен жүріп кеттік.

Соғыс кезінде жапон тұтқындарымен бірге Алматыда болтан, үйлер салысқан, көшелерге тас төсескен, қазір университетте сабақ беретін Накадзимо бізді жапон жерімен таныстырып келеді:

– Жапония – Шығыс Азияда үлкен-үлкен төрт аралға орналасқан.

Ұсақ араддарымыз жүзден саналады. Жалпы жеріміздің көлемі 368 мың шаршы километр. Қазақстан жерінен алты еседей аз. Халқымыз қазір жүз миллион шамасында. Айналамыз –Ұлы мұхит, Охот, Жапон және Шығыс қытай теңіздері. Жеріміз таулы еліміз. Тауларымыз онша биік емес, бәрі де қалың орманды, жылғалы келеді. Ең биік тауымыз Фудзиама, биіктігі 3776 метр, ол сөнген жанартау.

Жапония – жанартаулар елі. Сөнген кратерлерді есептемегенде үнемі сары ала қойыртпақ төгіп, атқылап жататын тауларымыз отыз бес.

Жер сілкіну деген өте жиі. Жеріміздің жалпы дірілі аптасына алты жүз, кейде жүзге жетеді. Жер сілкінуі дегенге қанша бойымыз үйреніп кетсе де кейде үлкен апаттарға ұшырап қаламыз.

Тау араларында, теңіз жағаларында ойдым-ойдым жазықтар бар. Бізде, әрине, Қазақстан сияқты шалқып жатқан тың жер жоқ.

Жапон халқы қайда да өте тығыз орналасқан. Біз ірі индустриялы елміз. Ауыл шаруашылығы бүкіл жеріміздің бестен бірін ғана алады. Негізгі егісіміз күріш. Ауыл шаруашылығында халқымыздың төрттен бірі ғана. Соған қарамай, азық-түлік жағымыз тарыншылыққа ұшыратқан емес, тіпті, молшылық дейтін жылдарымыз да болады. Жұмыссыздар арасында үнемі ашаршылық болса оның себебі басқада... Жапон ауа райы көбінесе жылы, дымқос. Жаңбыр көп. Көбіне жазды күні, керек кезінде жауады. Бір маусым ішінде кейбір егістер екі үш рет пісіп үлгіреді. Әттең, ауыл шаруашылық жерлерінің басым көпшілігі помещиктердің, құлақтардың қолында. Сізге түсініктірек болу үшін «помещик», «құлақ» деп отырмын. Әйтпесе, бізде олар басқаша аталады.

Жапония жетінші ғасырдан бастап елдік іргесін қалай бастаған. Мысыр фараондарының династиялары секілді бізде де династиялар көп болған. Ұзақ дәуірлер династия аттарымен аталатыны да бар. Ол кездерде жапон халқы рулық құрылыстың ыдырай бастаған дәуірін басынан өткізді дейміз. Феодализмнің дәуірлеп толық қалыптасқан кезі де сол кездер.

Біз он тоғызыншы ғасырдың орта деңгейіне дейін сырт елдермен араласпай, қақпамызды жауып ұстаған елміз. 1854 жылы Америка Құрама Штаттары соғыс ашар ызғармен келіп, ықтатып алып, Жапонияны ең алғашқы кіріптарлық шартқа қол қойғызады да, бұдан былай біз де дүниелік капитализмнің қанды жолына түсіп кеттік... 1867–1868 жылдардағы буржуазиялық революциядан кейін үкімет билігін буржуазия мен помещиктер блогі жеңіп алған. Содан кейін жиырмасыншы ғасырдың басына дейін Жапония ірі өндірісті елге айналып үлгереді,

Дүние жүзілік екінші соғыстан кейін Америка Жапонияны басып алды. Содан бері, шынымызды айтсақ, Американың тәуелді есебіндеміз. Парламентіміз де бар, өкіметіміз де бар...

Еліміз тәуелділікке бой ұсынып отырған жоқ, мемлекет басшыларымыз олай емес. Солардың ықтай берулерінің арқасында жапон жері қазір Американың соғыстық базаларына толып кетті. Шындығымыз да осы, шымбайымызға бататын да осы.

Поезд сырғып жапон жерінің ой-қырын, толып жатқан тунельдерін, өзендерін, көпірлерін көрсетіп келеді. Жапон халқын тек қана енбекті сүйеді деу жетпейді. Еңбектің тәсілін де, мәнін де, сәнін де біледі деуіміз керек. Егін орындары болсын, көпірлері болсын; үйлері болсын, бәрінде де ұқыптылық адам еңбегін бағалай білу бар. Жамады – бүтінделді, жапты– төбе болды, үй салды – үй болды дерлік еш нәрсе кездеспейді.

Киотоға кіре бере бір қызыққа ұшырастық. Орталық бір алаңның шетінде ғана әртүрлі жеміс сататын киоска бар екен. Соның иесі киосканың төбесінен іргесіне дейін түсетін ұзын ақ шүберекке мынадай жазу жазыпты. «Темір жолшылардың забастовкасын қолдап, қашан забастовка жеңіспен аяқталғанша мен де саудамды тоқтаттым». Темір жолшылар забастовканы жеңіспен аяқтағаны рас, ал саудагер немен аяқтағанын біле алмадық... Киото үлкен бір клубта бізді «Интернационал» айтып қарсы алды. «Интернационал» айтып шығарып салды. Осы сияқты, бір жағынан қоғам өміріне көз сала, әлеуметтік қарым-қатынастарға араласа жүріп, екінші жағынан жеке адамдармен жиі кездесулерім арқылы мен жапон бұқарасына, жапон жазушылары мен жалпы мәдениет қайраткерлеріне үлкен құрметпен қарайтын адамдардың бірі болып қайттым.

Жапонияға екінші барғанымда қасымда Украина жазушысы М.Стельмах, драматург А.Арбузов бар еді. Аударушымыз Ленинград университетінің жапон тілі кафедрасын басқарушы Г.Пинус.

Бізді Иокогама портында жапон жазушылары, «Жапон-совет достық қоғамының» басшылары, Токио университеттерінің профессорлары қарсы алды. Бәрі де ақ жарқын, ескі достарыңдай қарсы алып жатыр.

Портта айғай-шу, әбігер-абыржу жоқ. Бар жұмыс өз ретімен, өз бабымен жүріп жатыр. Порт басы тап-таза. Шашылып-төгіліп, ыбырсып жатқан еш нәрсе жоқ. Тәртіп, әдеп, іскерлік, қонақжайлық, сыпайылық.

Бес жылдың ішінде Токио тани алмастай өзгерген. Көп қабатты зәулім үйлер бір қабатты бұрынғы Токионы қаланың жан-жағына қарай ысырып тастаған. Алпыс километр тұратын Иокогама Токиоға қосылып кеткен. Айналасына зәулім үйлер орнағаннан кейін император сарайы ағаш ішіндегі бір аралдай болып қалған. Құрылыс жұмысы берік қолда сияқты. Жаңа дәуірдің жаңа ойларын, жаңа архитектурасын көресің. Жері тарып елде тынысы кең жаңа үйлер көз тұндырады. Қала күн санап өсіп, күн санап биіктеп бара жатқандай. Металл, шыны, металл, шыны.., күндіз көз тоқтата алмайсың. Жаңа үйлерді ескі салтпен қалай болса солай сала бермей, архитектуралық сәулетпен салыпты. Жаңа жолдар, жаңа көпірлер көбейген. Жапония қатты байып барады екен. Әйел-еркек шағаладай аппақ, ақтан киінген. Қоңырқай киінген адам өте сирек. Халық кеудесі көтеріңкі. Екі бас министрді ұшырып түсіріп, енді үшінші бас министрмен алысып жатыр. Ауыр-жеңіл өндірістер үдере өркендеген. Казір бұл капиталистік дүниедегі алдыңғы қатарлы индустриялы мемлекеттердің бірі. Біз бұл жолы жапон жазушыларының кезекті съезіне қатынасуға келгенбіз. Сол күндерде «Жапон-совет достық» қоғамының да съезі өтіп жатыр екен, оған да қатынастық.

Съезд аяқталғаннан кейін қонаққа шақырулар, тіпті көбейе кетті. Жеке жазушылармен қатар толып жатқан қоғамдық ұйымдарымен кездесулер жасап, қонақта болдық, сауық кештерін көрдік. Бізбен пікір алысып, біздің әдебиетпен танысқан мынандай ұйымдар еді: жапон жазушыларының ұйымы, жапон жаңа әдебиетінің қоғамы, совет әдебиетін аударуға арналған комитет, Азия, Африка жазушыларының байланыс комитеті, Васеда университеті, Осака жазушылары, бірнеше театр, киво коллективтері, жеке жазушылар, ғалымдар, аударушылар...

Жапон жазушылары бізге бұл жолы да елін көп аралатты, Киото, Нара, Иокогама, Осака қалаларында, Хоккайдо курортында, балықшылар арасында, деревняларда болдық. Қайда да еңбекші бұқараның қошемет-құрметінде жүрдік.

Жапон жерінде қызығарлық дәстүрлер аз емес. Соның бірі—жер күтімі, өсімдік күтімі дер едім. Егіс арасында бір тал арам шөп жоқ. Бірдеме егілер бір сантиметр жер бос болмаған. Егістік жағалауы әдіптеп қайып тастағандай. Күріш егілетін жерлер теп-тегіс. Ауылдық жерлердің өзінде бір тал шен жаншылмаған. Адам да, мал да жалғыз аяқ сүрлеумен ғана жүретін сияқты. Ағаштың бір бұтағы сындырылмаған, бір жапырағы үзілмеген дерлік. Барлық көк дүние тұнып тұр, мөлдіреп тұр. Кейде бір өзеннің үстінен салынған бес-алты көпір көресің. Көпірлердің арасы бір-екі-ақ километр. Машина жолы, темір жол, адам жүретін жолдар біріне-бірі бөгесін болмауы катты ескерілген.

Жапон бұқарасы жай еңбекші емес, мәдениетті еңбекші, аса инабатты, аса әдепті. Жапон еңбекшілерінің арасында екі түрлі мамандығы бар адамдар әр үйден кездеседі.

Жапон бұқара интеллигенциясы кабинетте, кеңседе ресми қабылдаудан гөрі өз үйінде, дастарқан айналасында еркін отырып сөйлесуді жақсы көреді.

Ойын-қалжыңы аралас, достық райда отырып пікір алысқанды ұнатады, Мұндай жағдайда табылған келісім қаулымен бірдей, табан аудармай бекіп қалады.

Мен Токиода 1 Май демонстрациясының қалай өткеніне таң қалдым. Коммунистік және социалистік партиялар мен кәсіподақтарының басшылығы арқылы миллионнан астам адам көшеге шығыпты. Сағат тоғыз шамасында алаңдар мен көшелерде, бақшаларда қаптаған халық теңізін көрдік. Адам дегеннен көз сүрінеді. Аппақ киінген студенттер, жұмыскерлер интеллигенция, «Интернационал» мен «Марсельеза» бір үзілмейді. Бірінен соң бірі күңірене көтеріліп Жапон астанасының көгілдір аспанын жаңғыртып, кернеп кеткендей болады. Біз де демонстрацияға еріп жиырма бір километр жүрдік. Сол ұзақ жөңкілу жолында ән бір тоқталған жоқ. Әр жерде компартия мен социалистік партияның өкілдері айқайлап, қысқа-қысқа ұран тастайды. Ән көтеріле түседі. Таңертеңгі тоғыздан түстен кейінгі төртке дейін Токио ұран астында қалды: «Жалақы өсірілсін!», «Американың жандайшаптары қуылсын!», «Вьетнамдағы соғыс тоқталсын!», «Жапония жеріндегі американ соғыстық базалары жойылсын!» тағы-тағылар.

Бұқара қозғалысынан қатты сескенетін өкімет адамдары біржола бұғып қалғандай. Демонстранттар сол ұрандарымен парламент сарайын біраз қоршап тұрды. «Янки, үйлеріңе қайтыңдар!» деген ұранды қайталап Америка Құрама Штатының елшілігіне де соны істеді. Жапон бұқарасы есейген, ерлігі бар ел екенін көрдік.

Аздап болса да жапон халқының театр өнерімен таныстық. Жапондардың ең көне театры «Но» деп аталады. Оның артистері орындарынан қозғалмай отырып, көрер спектакльдің драмалық мазмұнын, оқиғаның өршіп-өрістеуін, шиеленісуін, шешімін ән-өлең арқылы жеткізеді. Жапон — музыка тілін жақсы білетін ел. Ойналып жатқан музыка, салынып жатқан ән, айтылып жатқан өлең арқылы оқиғаның күлкісі мен трагедиясын, тартысы мен желісін аудармай ұғатын сияқты. Театрда отырған адамдардың түстері құбылып, кейде қызынып, кейде қайғырып қалады.

Жапон «Кабуки» театрында әйелдер рөлін еркектер ойнайды. Толып жатқан шартты қимылдар, симулдар бар. Әйел рөлін әдемі шығара алмаған артист өнері жоғары бағаланбайды деседі. Бұл театрдың ойыны белгілі сюжетке құрылған. Солай бола тұрса да алғашқы көргенінде әсер алу қиын-ақ.

«Менгей» театрында Арбузовтың «Үркіт хикаясы» қойылған екен. Театр гастрольде жүрді де оны біз көре алмадық. Оның «Үркіт хикаясын» кино артистері қойған екен, соны көрдік. Автор риза болып қайтты. Осака театрында Шолоховтың «Көтерілген тың» романы бойынша қойылған спектакльді көріп, бәріміз де ұнатып қайттық. Жапонияда аса өнерлі, шебер артистер бар екен.

Жапонияда күшті дамыған өнер саласы — кино. «Жалаңаш арал» сияқты атақты фильм біздің елге де таныс. Өткен жылы бұл елде 780 кино шығарылыпты. Бірақ батыс елдерінің әсеріне еліктеп жасалған кинофильмдер көбінесе мазмұнсыз, тақырыптары таяз, жеңіл ғана көңіл көтерудің айналасында: төсек күйі, құшақ күйлері көбірек кездеседі.

Жалпы алғанда Жапония — қашаннан бергі ескіліктерін қалдырмай, жоймай, жоғалтпай күні бүгінге дейін архивке бермей келе жатқан ел. Мәдениеттің

қай саласында болса да барлық ескіліктері, жаңалықтарымен қатар өмір сүріп жатыр. Сонымен бірге, казіргі заманның өнері, әрине, басым, анағұрлым озық орында. Әсіресе Жапонияның жаңа әдебиеті қаулап өсіп келеді.

Қайтар күніміз де таяп қалды. «Байкал» кемесі кеше келіп күтіп тұр... Тағы да Иокогама порты... Жапон жазушылары, ғалымдары, қоғамдық ұйымдар өкілдері топ-тобымен келіпті. Біреулер виски әкелген, біреулер алқа, біреулер сырға әкеліп беріп жатыр.

Ең қызығы — біз кемеге мініп болғаннан кейін жағада тұрған адамдар бізге мыңдаған серпантин лақтыра бастады. Қызылды-жасылды ұзын ленталар кеме мен жағаны мыңдаған лентамен жалғастырып шырмап тастады. Ленталардың бір ұшы біздің қолда, бір ұшы бізбен қоштасушылардың қолдарында. Су бетіне қызылды-жасылды өрмек түсіп қалған. Кеме мен жағаның екі арасына қызыл ала шатыр құрылып қалғандай.

«Байкал» жылжып жөнеле бергенде ұзын ленталар оңай үзіле қоймай, кеменің артынан ұзақ уақыт шұбалып отырды.

Қызылды-жасылды ленталар әрең айрылысқан достардың қоштасуы сияқты еді. Досымен қоштасқанда қолыңды тез айырып ала қою оңай емес қой.

Жапон халқының осындай меймандостығы, адал достыққа әзірлігі менің ойыма күнде бір түсіп қояды.

1965

АВГЕЙДІҢ[10] АТ ҚОРАСЫНАН БАСТАЙЫҚ

«Бұдан былай огурци деп жазылатын болса мен оны жемей-ақ қоярмын».

Леонид Леонов.

Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-

[10]Авгейдің ат қорасы деген сөз тіркесі көне грек мифологиясына қатысты айтылады. Авгей - күн шапақты Гелиостың баласы. Элида патшасы. Күн құдайы өз ұлына есепсіз байлық берген. Әсіресе мал басына сан жетпейтін болған. Бірде осы Авгейдің ыбырсып жатқан шет-шегі жоқ ат қорасын бір күнде тазалап шығуға Геракл (римдіктер Геркулес деп атайды) бел буады. Сертінде тұрса, Авгей байлығының оннан бір бөлігін алуға тиіс.

Геракл сертінен шығады. Алфея және Пенея деген екі өзеннің арасынан бұрып, ат қораның ішімен ағызады. Бұл - Геракл жасаған айтулы он екі ерліктің алтыншысы болатын. Осы ерліктердің арқасында ол өлмейтін болған.

Автордың мақалаға "Авгейдің ат қорасынан бастайық" деп тақырып қоюында - Гераклдың ерлігіндей ерлік, тапқырлық ізденіс болса ғана тіл таза болады, ол бүгінгі өскелең талапқа мүлтіксіз, ақаусыз қызмет етеді деген емеурін бар. Бұған қоса кез келген халық мәдениетінің ұлы мұрасы - тілдің Авгей ат қорасы сияқты ыбырсып жатпауын, таза болуын қалайды автор.

ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана – молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы – жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың, баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

Тіл сөйлеу–сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біріне көңіл аудармау ең үлкен қылмыс.

Салтыков-Щедрин ыза болады: ф әрпіне тілдерің еркін-ақ келеді. Солай бола тұра, неге «хунт» дейсіңдер? Х әрпіне де тілдерің келеді. Солай бола тұра, неге «фуост» дейсіңдер?– деп ызаланады. Мен әуелі сол сөйлеу-сөйлесудегі дөрекіліктерден бастағым келеді.

Қазақстанның әр жерлерінде сөздің мағынасын бұзып сөйлеушіліктер бар. Солардан біраз мысал келтірейік.

«Өзіміз молдаға оқып едік, баламыз мектепке оқып жүр».

«Қызым жетінші класс оқып жүр».

Бұл сөйлемдер қайда, қайдан оқып жүр, нешінші класта оқып жүр деген сұраулардың жауаптары екенінде жұмыс жоқ, «Молдадан» оқыдық, «мектепте оқып жүр», «жетінші класта» деуге тілі келмегендіктен емес, тіпті, түсінбегендіктен де емес. Бұл баяғы «біздің ауыл осылай сөйлейдіңің» салдары.

«Бұрын райкомтұғын. Осы күні совхоз боп қапты ғой».

«Болатұғын» деген сөздің бас жағы кесіліп қалыпты да, «болып қалыпты» делінетін сөздер ортасынан омырылған. Тегінде осы «тұғынды» тастап, болатын, келетін деп жазу дұрыс-ау деймін.

«Түске шекейін магазиндерде жүріп ем, кешке шекем кір жудым».

Осы «шекейін» мен «шекемдер» оп-оңай тұрған «дейіннің» айырбасы.

«Әне ерде отырған со ма десем; міне ерде отыр екен. «Ән жерде, мін жерде» деп те айта береміз.

Ана жерде, мына жерде делінетін ап-айқын, оп-оңай сөздердің қалай бұзылып кеткеніне таң қалғандайсың.

Менің бір қадірлі досым дастарқан үстінде – «жесей, ішшей, іштеңке ғымайды», деп отырады, әрі-беріден соң – «жемесің бар, кемесең етті» деп күштеңкіреп жібереді.

Күнбе–күнгі сөйлеу әдетімізде «барғам, жазғам, айтқам» дей береміз. Осы сөздердің аяғын осылай доғару елеусіз кіріп алып, ең көп тарап кеткен әдет. Елеусіз кірген дерт енді елемесек есейе бермек. Сондықтан мұны елемеуге болмайды. Сөйлескенде де, жазғанда да – «барғаймын, жазғаймын, айтқамын»– дейтін болайық.

Мен «оңтүстік, солтүстік» деуге де қарсымын. Бұл да бұзып алған сөздеріміз. Мұның дұрысы «оңтұстық, солтұстық» болу керек. Түстік емес, тұстық. Оң тұсымызда, сол тұсымызда... Түскиіз емес, тұскиіз. «Күн осы күні мына тұстан

шығады, мына тұстан батады». Түс кезі, түстік дейтініміздің өзіндік мағынасы бар.

Сөйлеудегі осы сияқты ерсі мысалдарды топтап әкелуге болады. Мұнда әдейілік жоқ, әрине. Сөз бен сөйлемге, оның ар жағында ана тіліне мән бермеушілік бар. Олай болса, әдейілік жоқ болғанымен ана тілінің алдындағы күнәда олқылық жоқ.

Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің, жүзі мұқалып, ұшы майрылады да, айтайын дегенің құлаққа қонбайды. Абай айтқандай, көңілдегі көрікті ойың айтуы келіспесе түкке тұрмай қалады.

Жиырмасыншы жылдардың ішінде әдебиетімізге «қайдам» деген сөз кірді. Қазір ол көп жазушылардың еңбектеріне кіріп алыпты. Тіпті, орыс геройларына «қайдам» деген сөз беретін жазушыларымыз да бар. Бұл бір қия алмайтын құнды сөз емес, «қайдан білейін» деген сөздің заңсыз қосындысы. Бір сөздің соңғы әрпін жойып жіберіп (қайдан) басқа бір әріп қоса салсаң (қайдам) ол жаңа сөз болып шықпайды.

Сол жылдарда «құсап» деген бір құсық иісі келетін сөз қосылды: «ит құсап», «жазушы құсап», «адам құсап»... Адамқа ұқсап, жазушыға ұқсап делінетін сөздердің тұрпаты бұзылды да кетті.

Осы күнгі оқушы балалар ең алдымен қай сөздің қалай жазылғанына қарап оқиды. «Қайдам» дегенді «қайдан білейін», «құсап» дегенді «ұқсап» деген мағынада түсінетін болады. Оның ар жағы түсінікті ғой...

Берірек келе — жазира, салиқалы, салауатты жыр, музыкалық хабар, қоғами, «сыни пікір», «мақамшылық өнері» деген жаңылыс алынған сөздер қосылып келеді.

Жазира — араб тілінде «арал» деген сөз. Оны біздің жазушылар гүл бақшалы жер үйек мағынасында алып жүр. Бұл дұрыс емес.

Салиқалы деп мақтау үшін алдымен осы сөздің «салиқа» деген түбірі немене, соны білуіміз керек. Ондай түбір табылар емес. Ал, салиқалы деген сөздің өзін алсақ, бұл бір Шахмет марқұм айтқандай—ухам сомнение, құлаққа жағымсыз, мағынасыз сөз.

«Салауатты жыр» — тіпті өрескел алынған. Біз молдадан оқып жүрген кезімізде бейсенбі күні салауат айтқызатын:

«Қайрауат, уа қайрауат,
Бір алладан шафағат.
Алламызға мүнәжат,
Пайғамбарға салауат...»

Сол салауат енді көркемдік түсінік орнына алыныпты. Поэзияның көркемдігін бағалау үшін салауатқа жүгірудің түк орны жоқ.

«Музыкалық хабар» деген де дұрыс емес. «Хабар» өз мағынасын дәл басып тұрған орнықты сөз. Музыка арқылы ешбір хабар ала да алмайсың, бере де алмайсың. Ән тыңдайсың, күй тыңдайсың, қысқасы ол хабаршы емес, көркем өнердің негізгі бір арнасы. «Музыкалық программа» деп алуымыз керек.

Соңғы жылдардың бірінде «қоғами» деген термин алынды. «Қоғамдық» деген, өз мағынасын дәл басып тұрған сөзіміз барда құйрық жағын аравизм мен фарсизмге қарай бұлаңдатып тұрған «қоғамиды» неге алғанымыз түсініксіз-ақ.

Осы «қоғами» алынғаннан кейін бір жас сыншы «сыни пікір» деп жазып еліктей кетті. Сонымен, аравизм мен фарсизмге қарай «қоғами» құйрығын екі рет бұлаңдатты. Тап осы «қоғами» керек емес.

«Гәкку» деген бір әншілер тобын басқарып телевидениеге шығып жүрген Әминә Нұғыманова қарындас «мақамшылық өнері» дегенді музыкалық термин ретінде жиі-жиі қолдана бастады. Тегінде ғылымдық еңбек жазып жүрген болар. Осынысына жұрттың құлағын үйрете берейін дегендей, ән салатын қыздармен шықса да, дауыстары барқыраған әлдекімдермен шықса да «мақамшылық өнерін» қайталап, қадағалап қояды.

«Мақам» ең алдымен құранды қалай оқудың сазы. Мысыр мақамы, Бұхара мақамы, Түркістан қазіретінің мақамы аталатын мақамдар болды. Ұйғыр халқында атақты он екі мақам бар. Бұл музыкалық әуендер екені даусыз. Бірақ қазақ тілінде «мақам» дегенді, әсіресе «мақамшылық өнері» дегенді кіргіземін деп ойлау әрі орынсыз, әрі өмірсіз талап. Өзімізде бар ән, күй, саз, әуен, әуез деген атаулар «мақамнан» анағұрлым түсінікті емес пе?

Діңкеге тиіп жүрген тағы да біраз жеке сөздер, сөйлемдер бар: «О да кеп пе?», «Со ма екен кеген?», «Бұ да со ма?», дей береміз. Жазылған еңбектерде «кеген» деп жазғанды кездестіргенім жоқ. Ал енді «кепті», «бопты», «о да», «бұ да», со да», «со малар» екінің бірінде кездесе береді. «Ол», «сол», «бұл» дейтін жалғыз буынды сөздердің жартысын кесіп тастаған соң несі қалсын? Домаланып басы ғана қалмасқа шарасы не? Айтуға да, жазуға да жеп-жеңіл сөздер тал түсте қиянатқа ұшырап бейшара болып қалды.

Кейбір жазушыларымыз «содан соң» деген толыққанды, айқын мағыналы сөзімізді кескілеп-турап «сосын» деп жазады. Бұларынан жаңа ұғыныс туып тұрған жоқ, бұрынғы бір дүдамалдау ұғынысты аша түсу де жоқ, мағынасы айқын сөздің тұрпатын бұзу ғана бар. Осы «сосын» Әбдіжәмілде көп, Асқар Сүлейменовте аяқ алып жүргісіз, Мұзафарда да баршылық.

Көркем әдебиетте әрбір сөздің өз тұрпаты сақталуға тиісті. Тілге бай, тілі жақсы дегенде ешбір жазушы жаңадан сөз тауып, сонысымен бай, сонысымен көркемдікке жетпейді. Халқының тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа теңеулер, жаңа бейнелеулер арқылы тілге бай, тілге шебер деп аталады. Әсіресе, дауысты дыбыстар мен дауысты буындарды кескілеу сөздің тұрпатын бұзумен бірге сөйлемнің ішкі ырғағын да бұзады. Ат жорғалап келе жатып шауып кетсе, желіп келе жатып сүрініп кетсе қалай көрер едік? Сөйлемнің ырғағын бұзу да соған ұқсайды.

Тіліміздің қорында бар сөздерге жаңа мағына беру жолындағы табыстарымызға мен Ісләм Жарылғаповтың «көрермен, оқырман, аялдама» деп қосқандарын орынды да орнықты көремін. Мұхтар Мағауинның «іріңді суы» да сондай, белгілі түсініктің мағынасын дәл береді.

Бізде қақ аталатын, шалшық су, жайдақ су деп аталатын сулардың бәрін де іріңді су деген дұрыс көрінеді.

Біраздан бері жалпы мағынасындағы искусство дегенді өнер деп атап келеміз. Ана тілімізде сақина—білезік соғуды да өнер дейміз. Арба—шана істеуді де, үй жонуды да, етік тігуді де өнер дейміз. Туындысы — өнерші. Дұрысында искусствоны басқа өнерлерден айырып — көркем өнер деуіміз керек. Оның ішіне сурет, музыка, сахна, экран, би өнерлері ғана кіретін болсын. Көркем әдебиет деген сияқты көркем өнердің де өзінің асыл тегін көрсетіп тұратын атауы болғаны дұрыс.

Енді азырақ кейбір жазушыларымыздың тілдеріне оралайық. Жұмағали Рамазанов деген біреу француз жазушысы Д. Бартонның «Тәсіл» деген қысқа әңгімесін аударып «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады (30—V—75)

Жұмағали аударма сын «Жайма-шуақ таң сәріде...» деп бастайды. Таң сәріде «жайма-шуақ» болмайтынын білмейді-ау деймін. «Жайма-шуақ» деп кешегі, не болмаса бүгінгі күннің райлық сипатын айтады. Тегінде мал жаюға болатын қысқы күннің шуағын айтады. Таң сәріге де, тұтас алғанда түн мезгіліне қатынасы жоқ.

«Мен қашырымның құйрығын иісі бар мөлдір маталы жалбызбен майлағанмын»,— деп жазады аударушы.

Иісі бар мөлдір маталы жалбызы не болғаны сонда? Мөлдір деп суға айтылады, матаны мөлдір дегенді бірінші естуіміз!

Көркем әдебиет кәсіпшілікті көтермейді. Қорлауды одан әрі көтере алмайды. Түптеп келгенде ол кәсіп тоқталады. Қорланған өзің боласың. Әттең, әдебиетті оңай кәсіп көретін адамдар әзірше азаймай келеді. Жұмағали Рамазанов жалғыз емес, жүздердің бірі.

Оралхан Бөкеев үлкен үміт күтетін жас жазушыларымыздың бірі. Өнімді де ұтымды жазады. Тақырып шеңбері кең, айтар ойлары бар жазушы. Жақында оқырман қауымының тілегіне орай, Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығын да алды. Бірақ өзінің тіл қорына Алтай, Қытай қазақтарының ескіріп топастана бастаған тілдері әсер еткен бе, қалай, Оралханның тілінде шұбарлық түйіртпектері бар. Мысал келтірейік:

«Пошымы, нәшіні, албаты, кейуана, мүрлеу, бебежік, тоқайрау, самырсытып, көргейлеп, бейқарар, бейнақақ, мауырт сіңіртік, паруай...» Менің ойымша бұл сөздердің бірде-бірі бүгінгі өскен әдебиетімізге де, тілімізге де орналаса алмайтын болар.

Сол шұбарлық Оралханнын сөйлем құруына да теріс әсерін тигізіп отырады. Мысалы:

«Сұрқай сұсты...

Сұп-сұр бұлт сықастыра...

Садақбайдың ала-сапыран паруай жүзіне...

Ауыл жақты қарауылдай байырқалап...

Олардың сұп-сұры жүзі, арбиған арық, қолдар мен сіңіртік сирақтар, көлгіреген аппақ кебіндері...

Мен бағанағы әйелім әзірлеген кеспені еске алдым.Оны жездем жолдаған қаздың етіне пісіріп едік...

Жесір әйелдің мұндықты басы қалды...»

Алдыңғы сөйлемдердің одағайлығы өзінен-өзі айқын тұрғандықтан, мен соңғы екі сөйлемге тоқталғым келеді.

Кеспені қаздың етіне пісірген едік деуге болмайды, Оралхан. Қазды жездең жібергенмен де болмайды. Кеспені етке салады. Сонда ол кеспе салып пісірген қаз еті деген тамақ болады. Кеспе, іңкәл, құлақнан, күлшетай деп аталатын нандардың бәрі де етке пісірілмейді, етке салынады.

«Жесір әйелдің мұңдықты басы қалды» деуге де болмайды. Ең алдымен мұңдықты емес, мұңды деп жазу керек. Сонда сөйлем «жесір қалған мұңды әйелдің» деп басталады. Екінші, сіздің сөйлем құрауыңызда әйелдің өзі емес, басы ғана қалған болып тұр. Сіздің айтайын дегеніңіз; «ері өліп жесір қалған мұңды әйел жалғыз қалды» емес пе?

Бізде басылып шыққан кітаптарды кезінде оқи қою, әсіресе қолжазба күйінде оқып, өңдеуге жәрдемдесу сиреп бара жатқан әдет. «Писатель пописывает, читатель почитывает».

Бір кезде Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиден, Ғали, Асқар, Әбділда, Жақан, Тайыр – бәрінің де қолжазбаларын баспаға берілмей тұрып оқып шығып, айтысқа, пікіралысуға салушы едік. Осы аталған аға жазушылардың бірде-бірінің бір кітабы баспаға дейін оқылмай кеткен емес, өтірік айтқан болмауым керек.

Академиямызда, университетімізде, педагогика институттарында әдебиеттің ірі мамандары бар. Тіл-әдебиет факультеттерінде болашақта ақын-жазушы болатын студенттеріміз бар. Біз солардың ортасына бір түспей, жазғанымызды баспаға ұсына алмайтын едік. Соңғы жылдарда осы игілікті әдет біржола тоқталды десем, мұным да жапқан жала бола қояр ма екен!

Тарихи тақырыптарды еңсере жазып, еленбей қалмас еңбек етіп жүрген жазушы Ілияс Есенберлин. Оның еңбектеріне әр түрлі көзқарастар бар. Мен оны жақтаушылар жағындамын. Шынымды айтсам мен оның Қаһарын» ұнатпаймын. Кенесарының қозғалысы хандықты аңсаған, қазақ халқын кері тартқан, талан-таражға салған қозғалыс. Кенесарыны қазақ халқы құлатты, қырғыз халқы өлтірді. Әуелі оған алданған елдер көп қосылса да, Алатаудың етегіне жете бере жалғыз тастап кетпеді ме? Осының аты құлатқан болады. Өз халқынан жұрдай болып айрылған бұзақының қырғыз халқына барып соқтығатын не орны бар еді? Жазушымыз оның осы жақтарын бұлдыратып, түске айналдырып көлегейлеп кеткен. Мен мұны жаны ашырлық деймін, ұнатпайтын себебім де осы.

Ал енді «Алмас қылыш»—құнды шығарма. Әр ғалымдардың, зерттеушілердің бытыранды-шашыранды пікірлерін қорытып, шындығын тауып көркем шығармаға айналдыру деген оңай да, арзан да еңбек емес. Ілияс ешкімді көшіріп қоймапты, қорытып алыпты.

Бұл кітап жөнінде тарихшылар мен әдебиет тарихшыларына қоятын бір-ақ сұрауым бар. Ол сұрауым Қобыланды мен Қамбар батырлар жайында.

Академик Әлкей Марғұлан бір еңбегінде Қобыланды мен Қозы Көрпеш – Баян сұлу жырларын сегізінші ғасырда туған дегені бар.

Ұлы Мұхтар Қобыландыны XIII ғасырға апарады. Бұрын соңды жазғандардың бәрінде де солай. Мұхтар батырлар жырын екіге бөліп – үлкен батырлар, кіші батырлар жыры дейтін. Үлкен батырлардың басы Қобыланды болатын. Марқұм Мәлік Ғабдулин де осы пікірде еді.

Ілияс Қобыландыны да, Қамбарды да, Асан қайғы, Қотан, Қазтуған жырауларды да XV ғасырға кіргізеді. Осыларымыздың қайсысы дұрыс, тарихшы жолдастар? Үндемей қалмағандарың дұрыс болар еді. Өз қара басым мұндай әумесер ақымақ Қобыландыны (обалы Есенберлинге) қай заманда туса да қабылдағым келмейді.

Мен тарихшы емес, әдебиетшімін. Сондықтан осы құнды деп санаған кітабымның ішіне кіріп кеткен ақауларына тоқталмакпын. Оларының өзі де аз емес.

Әуелі ұсақтарынан бастайық.

«Қиналуы да содан-тын», (30-бет).

«Қыпшақ жері Жошының туы тігілген жері болуға тиістітын».

«Қазақ жерінде қалған монғол басқыншылары аз-тұн». (32-бетте).

«Шыңғысқан шапқыншыларымен байланысты-тын». (62бет).

«Қобыландының да бұны қаза етуі екі талай-тын». (116бет).

«Ол күндерде Қазының баласы, Темірдің әкесі Темірбай би тірі-тын».

«Қашып құтылар ақылы бар-тын». (226-бетте).

Сонымен «Ол күндерде қазының баласы, Темірдің әкесі Темірбай би тірітын...» Осы сөйлемдегі Қазының керегі бар ма? Жоқ. Темірдің керегі бар ма? Жоқ. Темірбайдың керегі бар ма? Жоқ. Онда неменеге қазбалап сөз қылып отырсың демеңдер, маған керегі «тірі-тын». Көріп отырсыңдар әлденеше сөйлемнің аяғы осы «тын» мен тынады. Бұл енді сақалы болмаса да шашы ағарған жазушыға келіспейтін де, кешілмейтін де кемшілік. Осынша көп сөйлемдердің бірінің аяғына келіспейтін бірдемені жазушы қалай алады? Сөзді ойнатамын деп алды деуге де келмейді, білмей алды деуге де келмейді. Бұл да баяғы «біздің ауыл осылай сөйлейдінің» салқыны болмаса қайтсын.

Осы тұста ешкімнің аулында тіл академиясы жоқ. Ана тіліміздің академиясы қазақ деген халық, көше жүрсе де, бытырай жүрсе де, оқымаса да ана тілін таза сақтаған дегенді ескерте кеткен теріс болмайды-ау деймін, Ілияста мынадай сөйлемдер кездеседі «Көгілдір далада, көгілдір аспан да»,, (84-бет) «Көк балауса, жасыл шалғын». (217-бет).

Өсімдік көгі мен аспан көгі бір түстес бола алмайды, Жердің өсімдігі көк балауса қалпында болса, шалғын жасыл бола алмайды. (Тегінде термин комитеті зеңгір, көк, жасыл деген атаулардың аздығы мен араласа беретінін ескеріп», осы мәселені бір қарастырса дұрыс болар еді, Орыс тілінде «шие түсті», «бөтелке түсті», «кофе түсті» деген қосымшалар бар ғой. Мүмкін, біз де сол маңнан бірдемелерді табармыз), Ілиястың мынадай теңеулеріне еріксіз күлкің келеді «Егер әлем тоқты болса, бұл екеуі көкжал қасқыр еді ғой» (12-бет).

Бату мен Құлағу көкжал болса бола берсін, бірақ әлем оларға тоқты бола алмаса керек. Әлем деп аталатын ұлы дүниені тоқтыға теңеу деген тым өрескел тұр.

—

Екі жігіттің біріне-бірінің ұқсастығын Ілияс мынадай теңеумен айтады: «Бір шыны аяқтағы екі тамшы судай ұқсас» (146-бет) – дейді. Екі тамшы судай ұқсас деген теңеу орыс тілінде қашаннан бар теңеу. Ілияс соған «бір шыны аяқтағы» дегенді қосқанда теңеудің күл-талқаны шығыпты, Өйткені бір шыны аяқтың ішінде екі жерде екі тамшы тұрғанын көз алдыңа әкеле алмайсың. Мұнысы «Жиһана хүкімни керсәтти мүғаллақ» болып шығыпты.

Ілиястың жай қарапайым сөйлемдерінде де тіл кедейлігі аз емес. Ілияс: «Бұны садақ оғының бер жағында шошайған екі қарыстай сабы көрсетіп тұр»,– деп жазады.

Оқтың ар жақ, бер жағы барына бірінші рет кездесіп отырмыз. Садақтың оғы бірдемеге тисе сабағы (сабы емес) ар жақ, бер жағы демей-ақ көрініп тұрады. Болды ғой сонымен.

«Қарашыңның жаны аузына келіп, енді шығуға таяу еді»,– дейді жазушы (241-бет).

Мұнысы біреудің сөзі емес, автордың өзінің сөзі. Қарашыңның жаны аузына келгенін басқа біреу емес, автор өзі айтып отыр, тек, аузынан қалай шығып кеткенін жазбапты. Он жазса жан дегеннің немене екенін көріп қалар ма едік» әлде қайтер едік...

«Барақ ханның ұлы Жәнібек сұлтан мен онымен үш аталас туыс Керей сұлтан».

«Қара қазақ пен қазақ жерін жаулап алған Шыңғыс»,– деп жазады автор 17-ші, 30-шы беттерде.

«Жәнібек сұлтан мен онымен» деп жазуға болмайды ғой. «Үш аталас» дегені де үлкен орашолақтық. Сөйлемнің дұрыс құрамы мынау ғана: «Жәнібек сұлтан мен оның үш атадан қосылатын туысы Керей сұлтан».

Ал енді «қара қазақ пен қазақ жерін жаулап алған Шыңғыс» деген сөйлемнен «қара қазағы» кім, «жай қазағы» кім екенін айыра алмадық. Шыңғысты таныдық, онысы Айтматов емес шығар...

Сөйлеу, жазу жақтарымыздағы кемшіліктерімізді айта отырып, тіл мамандарына өтініш жасағым келеді.

Амангелді, Қарагөз, Зілғара, Меңдіғожа сияқты адам аттарын Аманкелді, Қаракөз, Зілқара демей-ақ, естілу тұрпатында жазсақ қалай болар екен? Екі сөзден тұратын адам аттарындағы сол екі сездің түбірі сақталса да, оқушы балаларға к әрпінің ғ әрпіне айналатын реттерін бәрібір үйретуге тура келер еді ғой. К әрпі мен г әріптерінің арасында да осы бар.

Мен тілші емес, тілді пайдаланушымын. Сол өз кәсібімнің мүддесінен қарағанда маған к – ғ, к – г әріптерінің арасында недәуір әңгіме бар сияқты көрінеді.

Термин комитетіне де айтатын өтінішім бар. Бізде толып жатқан сөздердің орыс тіліндегі түсінігі бар да қазақ тілінде аталуы жоқ. Мысалы: тактичность, вежливость, учтивость, деликатность, обходительность, укоризно, укор, упрек, гордость, благородство, достоинство деген сөздерге атаулар табу ете қажет.

Бұл түсініктердің көбін «ізгілік», «ізет», «адамгершілік», «сыпайылық» деген сөздермен, бір атауға бірнешеуін топтап сыйғызып келеміз. Мұндай өте керекті түсініктердің қазақ тілінде аталуын іздестіргеніміз дұрыс болар еді.

Орыс тілі – Отанымыздың тілі, Совет Одағына кіретін барлық халықтардың, ұлттардың бәріне ортақ мемлекеттік тіліміз. Сонымен бірге әр халықтың, әр ұлттың өзінің ана тілі бар. Ана тілін көркейте беруде әліппе, емле оқыту, үйрету, сөйлеу, жазу – бәрінің де үлкен орны бар.

Мен бұдан жеті-сегіз жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетіне «Асқындырып алмайық, достар!» деген мақаламды жариялап едім. Ол мақалам да жоғары-төменнен де, аға жазушылар мен жас жазушылардан да ана тіліне жасалып жүрген жәбірлер жайында болатын.

Егер ана тіліміз үлкен талаптарды көтере алмайтын, өспеген олақ тіл болса, бұл мақалаларды жазбаған болар едім. Жоқ, бұл бай тіл! Оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл.

Пушкин, Лермонтов шығармаларын XIX ғасырда-ақ, көп елдерден бұрын аударуға жараған тіл. Біз Маркс, Ленин еңбектерін көп елден бұрын аудардық. Поэзияда Абай, Ілияс сияқты, прозада Мұхтар сияқты алыптар туғызған тіл. Мен осындай тілімізді таза ұстайық, деймін. «Авгейдің ат қорасынан бастайық» дегендегі айтарым да осы ғана. Мәдениетімізді жоғарыға көтеру жолында ана тіліміз ең сенімді, ең қадірлі құралымыз.

1976

ҚАЗАҚ СОЛДАТЫ

РОМАН

Бірінші бөлім

— Әуелі келісіп алайық: сіз еш нәрсені жасырмаңыз, мен еш нәрсе қоспаймын.

— Жоқ, сіз еш нәрсе қоспаңыз, мен еш нәрсені жасырмаймын...

Уәдеміз осы болды...

1

Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным — қашып келемін, артыма қарай беретінім — қорқып келемін.

Шаңқан шілденің аяқ кезі болар деймін... Пісіп қалған ақ селеулер баяу теңселіп, үкідей бұлғаңдап, кейде жұмсақ қана тізеден сипады да, кейде инесін қадап алады. Сипағанда талғамай сипаса, инесін қадарда екі сирақтағы жара мен жарықты тауып алып қадайды.

Күннің көзі жер бетіне шаншыла қадалып, көлеңкең тәлтиіп, бауырыңа кіріп барады. Бар ыстық менің қойныма тығылғандай, шоқпыт қомшаның екі қолтығы қыж-қыж қайнайды.

Елегізер жел де жоқ, елең етер үн де жоқ, айналаң ғана тым-тырыс, тыныштық. Желді күнгі толқындай жүйткіп, дамылсыз құлпырған көкала сағым ғана ойнайды. Жердің жарығы мен көде түптерінде бұғып отырып, қызыл сирақтары сырт-сырт етіп, қоңыр шегірткелер ғана ысқырып ән салады. Намаз оқып тұрған молдаға ұқсап, әр жерде қазықтай қадалған бірен-саран семіз қарасұр суырлар көрінеді.

Қашуымның да, қорқуымның да балаға лайық себептері бар. Бір табын сиырды айдалаға тастап, қалаға қашып бара жатсаңыз, екі көзіңіз алақандай бола-

тын сияқты. Бала да болсам бақташымын ғой, сиырларым менен құтылған соң, әр сайдың бойын өрлей салған азғана егінге шүйгіп барады.

Мен қазір ондамын. «Әліпті таяқ деп білмейсің» деп ауылдың балалары мазақтай беретін еді, жазғытұрым қолыма сиыршының таяғы түсті.

– Енді естияр азамат болдың... Мына таяқты қолыңа ал, осы ауылдың сиырын енді сен бағасың! – деп ағам Айдынғали таяғын маған ұстатты да, өзі аяқеңбек іздеп қалаға кетті.

Содан бері мен үш рет қызыл бұрышта болған жиналысқа да қатынастым. Еңбекші ретінде шақырылам ба, белсенді ретінде шақырылам ба, әлде осы екеуінің мағынасы біреу-ақ па, ол кезде оны айыра алатын шама менде жоқ еді.

Бұл ауылдың жиі отыратын жағы «колхоз боламыз» деп, сирегірек, шалқая отыратын жағы «болмаймыз» деп, күнара керісетін кез. Ол керістерден не түсінгенім өзіме де шала-бұлдыр, әйтеуір жиналыс болған түннің ертеңіне пілдей боп шөгіп жатқан үлкен пештің қуысынан табылатын едім. Ала болғандықтан «Алатай» дей салған өзіміздің кәрі төбет мені сол жерден тауып алады да, қыңсылап жүріп, еріксіз оятып үйге алып қайтады. Үйге жеткенше біресе алдымды, біресе артымды орап, далақтаумен болады. Кейде «естияр азаматым-ау, жұрт жиналған жерде ұйықтап қала ма екен!» деп, ұрысқандай да мінез көрсетеді.

Сол «естияр азаматыңыз» бүгін міне, алды-артына жалтақтай қарап, Гурьевке қарай қашып келе жатыр. Ойында сиыршының таяғын әліптің таяғына айырбастау да бар... Одан аржағы қараңғы. Бірақ бар жақсылық қала жақтан келетінін біліп қалған сияқты.

Дәл бүгін қаша жөнелгенімнің тағы бір себебі бар: жазғытұрым маған ауылдың бір табын сиырын тапсырғанда, арғымақ қаракөк атпен жосылтып келіп, «басқарма» маған бір сөзді мірдің оғындай қадап айтып еді:

– Бір торпақ жоғалса, он жыл сарайға қамаймын! – деген.

«Әр ауылдың өз Адырақпайы бар» деген секілді, біздің ауылдың ендігі «Адырақпайы» осы қарамұрт басқарма еді. Астынан қаракөк арғымағы түспесе, қолынан ырғай сапты дырау қамшысы түскен емес. Жуан-жуан ту құйрықтан жасап жапсырғандай едірейген қара мұрты сол бір жылдарда бүйідей түксиіп кәр төгіп кетіп еді. Шынында, қарамұрт әлі басқарма да емес. «Бай жоқ – баранчук қайдан болсын!» дегендей, колхоз әлі құрылған жоқ, қарамұрт қайдан басқарма болсын! Колхоз бола қалғанда, оның басқарма болу түгіл, оп-оңай алына қоюы да екіталай. Басқарама ол аласапыранда әлдеқайда барып қайтты да, дырау қамшыны екі бүктеп ұстап, батыс жақты нұсқап тұрып:

– Өзім барып қайттым! Бәрі дұрыс екен! Бердім ризалығымды! Бүгіннен бастап «Қайрақты» деген ауыл жоқ дүниеде! «Қайрақты» деген колхоз боласыңдар! – деді. Кешкіғұрым сасық жер үйден төгіле шығып, төбеде тұратын жұрттың не жауап қайтарғанын тыңдаған да жоқ. Арғымағын көсілте аяңдатып, үйіне қарай тартты.

– Өзім барып қайттым деп, ортадан сайлап жібергендей-ақ, оттауын қарашы!

– Жетпей тұрған жеріміз осының ризалығы болғаны ғой, сірә! – деп, еркектер ызадан жарылғалы тұрса:

– Осының-ақ қожалығы бітпеді-ау! – деп, әйелдер бұрқырап жүр.

Дегенмен, қарамұрт өлермен адам. Қайдағы қиынға сынадай қыстырылып, ауыл атынан араласып, ылғи көзге түсіп жүреді. Кейбіреулер сеніп қалады, кейбіреулер ығысып қалады, сонымен ол біздің ауылдың «Адырақпайы» болып алды. Жаңағы сапарынан кейін, әлде шыны, әлде мазағы, әйелдер оны «басқарма» деп кетті. Менің жасымдағы балалар тілді ең алдымен шешесінен үйренеді ғой, балалар да «басқарма» деп кеттік.

Біздің ауылда не көп, бәлен Ғали, түген Ғалилар көп. Менің атым Қайырғали болса, ағамның аты, анау-мынау емес, тұп-тура Айдынғали болады. Қарамұрттың шын аты Ашығали екен, келе-келе аруақ мұртына қонып, қарамұрт атанып кетті. Енді, міне «Басқарма» атанғалы келе жатыр. Шын басқарманың маңайын көрмесе де, осы атпен дүниеден өтеді-ау деймін.

«Басқарма» атанғалы Адырақпайдың бар ызғары сыртына теуіп, мұрты едірейіп, көзі алара түсіп, қабағы қыртыстанып, бет дегеніңіз тұста түксиіп кетті. Мен үшін сонау көз жетер көкжиектен бергі жерде бұдан күшті құдірет те жоқ еді.

Енді артымнан сол құдірет қаракөк атқа мініп алып, көсілтіп қуып келе жатқан сияқтанады. Жұтып қоярдай ежірейген ала көзі, егін ортасында шүйгіп жүрген сиырларды көрмесе де, қалбақтап ұшып бара жатқан мені көріп қалғанында дау жоқ... Алтынмен араласа, іркес-тіркес біткен торы ала тістері әкем мен шешемнің арғы-бергісін қазбалаған сөздерді бұршақтай төгіп келеді. Құлағыма қаракөктің жер солқылдатқан дүбірімен бірге «Он жыл сарайға қамаймын!» деген қарамұрттың қаһары да естілгендей болды.

Кейде мен соған ішімнен риза да болып қалатын кездерім болатын еді. Сиыр бағып жүріп жиырмаға келгенше, сарайда отырып жиырмаға келгенім тынышырақ көрінетін. Қарамұрттың қамайтын жері өзінің сарайы болса ол бір бала біткеннің арман ететін сарайы, іші-тысы бірдей сыланған, қапшық-қапшық ұн дегеніңіз, қарын-қарын май дегеніңіз, сүрленген қазы-қарта, жалжая дегеніңіз, иін тіресіп тұрады. Оның қасында өз үйім дегенің әшейін бірдеме.

Он жыл сонда отырып шықсам, жасым жиырмаға келеді, мөлдір қара көзді Ақботаға сөз айтуға да жарап қаламын. Бірақ Ақбота жиырмаға менен бұрын жетіп қалып, мен сарайда отырғанда ұзатылып кетіп жүрсе қайтем деген ой тағы қинайды. Рас, Ақбота менен үш жас кіші. Бірақ «қызы құрғырға сенім бар ма!» дегендей, зырылдап жүріп тез өсіп кетіп, жиырмаға менен бұрын жетіп жүрсе, мені күтіп отырар ма үйінде. Жетіп қалатыны да, жетіп қалса – кетіп қалатыны да даусыз сияқтана береді.

Сондықтан болу керек, әттең, дүние-ай, сол сарайға Ақбота екеуміз бірге қамалар ма едік, деп ойлаймын. Ұятырақ болса да айта кетейін, селтиген ғана бұрымы бар, лақтай секіріп жүретін, мөлдір қара көзді, аппақ болғандықтан Ақбота атанып кеткен балаңызды мен жанымдай жақсы көретін едім.

Мені Ақбота да теріс көрмейтін сияқтанатын. Кейде бір жақ ұртымнан шымшып алады, кейде темірдей тиетін қос жұдырықпен кеудемнен түйіп

жібереді, кейде мұрнын шүйіріп, тілін көрсетеді де жалт беріп үйіне кіріп кетеді. Балалық шақта мұның бәрі де достық белгісіндей көрінеді. Ақботада жас ботаның ерке сипаты мен жас лақтың ойнақы мінездері бар. Бұл екеуі қыр баласының ең жақсы көретін серіктері.

Мен тезірек жиырмаға жетіп, Ақботаны айттыруға кісі жіберсем-ау деген де арманым бар. Оған жіберетін кісілерім де әзір. «Қызыл бұрыштың» бастығы Ажығали мұндай жұмысқа таптырмайтын адам. Осы өңірдің ескілі-жаңалы құда түсерінің бәрі соның қолынан өтеді. Қара елтірі бөркімен екі тізесін оңды-солды сабалап отырып, құда болмасты құда қылып, қосылмасты қосып шығарады. Екінші бір сенерім – кооператив бастығы. Ол енді, Лұқман әкімдей данышпан адам...Кәрі мен жас қосылып жатса, мұны ол адам баласының әр кезде жастыққа жаңара беруге ұмтылатын ұлы тілегіне апарып тірейді. Жас жігіт мосқалырақ әйелмен қосылса, оны ол адам баласының естиярлыққа ұмтылуына апарып тірейді. Екі жастың теңін тауып қосылуы – ол үшін «Мың бір түн» ертегісіндей шұбатылған бір хикаяға айналады. Соған байланыстырып, өз басынан өткен бозбалалық әңгімелерін айтып кеткенде, талай таңға жетерлік мол қордың барлығы сезіледі. Ол бірталай ғасыр өмір сүріп, талмай, шаршамай ғашық бола берген, үйлене берген адам сияқты. Оның әңгімелері бұл маңайда талай айтылған, жұрт құлағын мезі қылған әңгімелер болса да, тыңдаушы жұрт біріне-бірі қарап, жымиып қойып, тағы да тыңдай береді. Мал далада бағында, басқа кәсіп аз, ескі мінездерге кешірімі көп жұрт тыңдай береді.

Осы екеуі тірі тұрғанда бұл өңірде құда түсер, қыз айттыру сияқты жұмыстар сенімді қолда. Көңілің кеткен жерің болса, бұл екі қол бүріп түседі. Бұл екеуіне мен де сенулімін. Сондықтан, біреуінің екі күрең қасқа сиыры мен екі күрең қасқа торпағына, енді бірінің тарғыл ала сиыры мен қоңыр сиырына ерекше құрметпен қараймын. Кешке қарай табынымды ауылға айдап әкелгенде, бұл екі үйдің сиырларын қораларына да кіргізе кетем... Менің алдымда тұрған ең қиын бел – тезірек жылжып жиырмаға жету. Кейде мен, бір күні ұйықтап қалып, таңертең жиырмадағы жігіт болып тұра келсем деп те арман етемін! Бұл ойым өрлей-өрлей барып, қиын бір қамалға барып тіреледі: бір күні Ақбота сүйтіп, жиырмадағы қыз болып тұра келсе қайтем? Онда аузымның аппақ болғаны емес пе! Маңдайымнан тер бұрқ ете түседі. Қайдағы жаман ой қайдан келе қалып едің деп, күні бойы қынжылам, Ақботаның ойына түсе көрме деп тілеймін.

Ақботадан мен үш жас үлкенмін. Жасы үлкендік істеп, бір-екі рет төмпештеп алғаным да бар. Артынан екеуміз бірге жыладық. Ол жылап үйіне кетті, мен жазадан қорқып ауылдан қашып кеттім. Ертеңіне қайта татуластық.

– Ендігәрі тиемісің, маған, тиемісің, ә! – деп, Ақбота құлағымнан ұстап алып, үйді бір айналдырды да, қоя берді. Сонымен татулық қайта орнады.

Осыған қарағанда, Ақбота менен гөрі айлалырақ, тегі жиырмаға да менен бұрын жетер-ау деп, қатты қауіптенетін едім. Қалайда, ержету жайы еркек баладан гөрі қыз балаға оңайырақ көрінетін еді. Ол кезде «он сегізге толсаң, азаматсың» дегенді естіген емеспін. Киіз кітаптан құлаққа сіңген нақыл – шыр етіп жерге түскеннен бастап жиырмаға толсаң, жігіт болғаның дейтін.

Сондықтан, жиырма жасқа Ақботадан бұрын жетейін деп қалаға қашып кеттім... Өмір жолы қалай бұраңдар, қайда апарар, ол жағы қараңғы, бастауыш қалаға қарай бастадым...

Бұл айтқаным қалжың ғой, әшейін қалаға қашқан себебім тіпті ол емес. Барлық балалық шағым лақтырған доптай домалап, көз ілестірмей өте шықты да, барлық кедей баласының маңдайы тірелетін бұдырға соғып бір-ақ тоқтады. Доп бір-екі ыршып көтерілді де, енді қайтып секіре алған жоқ... Менің ес білгенім де, маңдайым келіп неге тірелгенін ұғынғаным да өткен жазғытұры алдыма ауылдың барлық сиырын салып беріп:

— Бір тайынша жоғалса, он жылға қамаймын! — дегенді естіген күнім еді. Сол күнді әлі ұмыта алған жоқпын, тегі ұмыта алмасам керек. Өйткені, ол жақсы ма, жаман ба, өмірге бірінші кездескен күнім сияқты. Әдейі әртүрліден жиналғандай, тілерсегі майысқан әр тұста арық сиырлар, ағашқа өрмелеген жүнді құртқа ұқсап, өзен бойын өрлей, шұбай жөнелді. Қасымда дымқос жерге айқын түскен таңертеңгі ұп-ұзын көлеңкем тұр. Көлеңкем де аумай өзіме ұқсап, өмірмен менің алғашқы кездесуіме таңдана қарайтын сияқты. Оның үстінде де менің әкемнен қалған ескі шапан көлеңкеме де ұзынырақ сияқты. Оның қолында да қисық таяқ. Бірақ көлеңке бойы менен анағұрлым сұңғақ, сондықтан, сұлуырақ, сұлу болмағанмен ажарлырақ көрінеді.

Әкемнен қалған шапанды киіп, ағамнан қалған таяқты қолыма алып өзенге қарай беттегенде, менде өзіме өзім үлкейген адамдай көрініп кеттім. Балалық шақта үлкендерге ұқсау деген о да бір кеудеңе паңдық беретін нәрсе. Әттең, тап осындай дандайсып бара жатқан кезіме қаракөк ат пен қарамұрт кездесе кетті де, жоғарыда келтірілген «он жылдық» жайын айтты... Айтқанда анау-мынау емес, өмір бойы есінде жүрсін дегендей қадағалап-шегелеп тұрып айтты. Сол-ақ мұң екен, бар паңдығым сағымдай сейіліп, көздің жасы алқымға келіп тығылды. Кесім еститін күнәм қайсы? Еңбекке жұмсарда жақсылық емес, жамандық жағын баса ескерту керек пе екен? Ол жағын мен білмеймін. Бірақ өксіп жәбірлегенімді білем.

«Жаман дос — көлеңке» деп әлдекім дұрыс айтқан ғой деймін. Мен өксіп жылап келе жатсам, көлеңкем өзімді мазақтап, жеңімен көзін сүртеді. Мүмкін, мен де соны істеген болармын...

Содан бергі бірнеше ай жап-жақсы өтіп еді.

— Айдашымның орнын Қайрошым басты. Әлі-ақ қатарға қосылармыз! — деп, апам да әркезде қуанып, мақтанып қояды. Мен де мұрнымды бір тартып, бұл мақтауды естіп отырғанымды сездіріп қоямын.

Бағып жүрген сиырларым күнде кешке аман-есен ауылға келеді. Есебінен сиырлар да жаңылмайды, мен де жаңылмаймын: тарғыл, аласы он жеті, қызыл шұбары он үш, қарасы тоғыз, құбақаны бесеу деген секілді, түр-түрімен есептеліп қойылған.

Бірақ «бақташы байымайды» деп бекер айтты деймісің, бүгін бір бәле келіп сап ете түсті: қарамұрттың қасқа торпағы жоғалып кетті. Ұры алды ма, бөрі алды ма білмеймін, әйтеуір жоқ болды. Сиырларымды түрі мен түсіне бөліп те санаймын, жалпы есебімен де санаймын, біреуі жетпейді. Жетпегенде қызыл көз

бәленің торпағы жетпейді. Бұл бәле, мен таяғымды домбыра қылып, ыңылдап отырғанда кездесті ме. Ақботаны «айттыруға кісі жіберіп» жатқанда кездесті ме, әйтеуір келістіріп кетті. Бұған дейін қарамұрт айтқан «он жыл» әшейін бір жәбір көрінсе, енді келіп мойныма асылып тұрғандай сезіле бастады. Басқа күні емес, дәл бүгін қашып келе жатқанымның себебі осы болуы да мүмкін...

Мүмкін, менің алдымда сағым теңізіндей құлпырып, алыстан қол бұлғап жаңа бір өмір жатқан шығар. Мүмкін, шарасы шайқалмаған ескі ауылдың ескі өміріне қанағат етпеген бала ойы осындай бір себепті бұрыннан іздеп жүрген шығар... О да мүмкін, бұ да мүмкін...

Әйтеуір, қалаға қарай зытып келемін. Бақташыдан құтылған сиырлардың біразы егінге кіріп, біразы шабынға қарай аңдып барады. Қолға түсе қалса, мұның арты да жақсы бола қояр ма екен деген ой келеді. «Бақташы байымайдыны» сонда көретін болам да...

Жайық өзенінің жарқабағына шығып артыма қарасам, біраз сиыр биік егінде жүзіп жүр екен. Жоқ, мұным жарамайды, егінді бастырмауым керек деп ойладым. Кейін қарай қайта жүгіріп келіп, егінде жүрген сиырларды өзенге қарай беттетіп жібердім де, қалаға қарай қайта салдым.

Қалыңдығы тоқымдай, жамау үстіне жамау жапсырған шапанымды иықтан сыпырып қолыма алып, бұ да әкемнен қалған, «галифе» шалбардың аяғыма орала берген балақтарын ортан белінен бір жұлып тастап ем, шабысым да үдеп сала берді. Шапаныммен жүргенде «жүні түспеген қоңыр торпақ» деп балалар мазақтай беретін еді, енді сірә қарны қампиған қырықпа қара серкешке ұқсап қалдым ғой деймін. Жайықты өрлей, әр бұтаны тасаланып, алыстан ыңыранғаны естіліп жатқан Каспийге қарай құлап келемін. Теңіз құшағына тез кіруге асыққан Ақ Жайық төтелеу жерден жол салам деп жарын талай сабалапты да, шалқайып кейін бұрылыпты. Бұраңдаған Жайықпен бірге бұраңдап, қалбаңдап мен де келем, қалбалаңдап қасымнан қалмай көлеңкем де келеді.

Еңкейе бастаған ыстық күн құлақшекеңді тесердей қадалады. Жүрегім қабырғамды тесіп жіберердей дүрсілдейді. Кейде өзімнің өжеттігім мен тәуекеліме масаттанып та қоям. Таныс дүниеден жат дүниеге, таныс ауылдан таныс емес қалаға қашу үшін де едәуір ерлік керек сияқтанады. Кейде алдымдағы қаланың жат өмірінен қауіптеніп те қоямын. Кім біледі, кімге кездесем, не іздеп келдім деймін?

– Мынау мұнда кетіп бара жатыр! Қашқын мұнда, мұнда! – деп қиқуласқан сары маса да азан-қазан болып бұлттай төніп төбемде ойнап келеді. Қашып кеткенімді ауыл білмей қалған соң, қуғынға бұлар аттанғандай, ойбайға басып, бұлықтырып, буып келеді. Күн ұясына қона берген кезде екі көздің орнында сығырайған ғана екі сызық қалғанын сездім. Анда-санда арқама үймелеген сары масаны қағып қалсам, арқам өгіздің жон терісіндей, қатпар-қатпар болып қалыңдап алыпты.

Кешкі күн жалқау сырғып, теңіз толқынын алау-жалау өрттей жалтылдатып, ұясына құлап барады. Қаракөк Каспийдің бір сарынмен ғана дем алған ауыр ыңыранысы естіле бастады. Күн де батты, теңіз үстіне қорғасындай басқан ауыр

бір қара тұман да көтерілді. Қара тұманның ауырлығынан теңіз беті қайысып, төмен түсіп кеткендей сезіледі.

Қара тұманның әр жерінен жалғыз-жалғыз жарқыраған жұлдыздар көрінеді. Тұман арқылы көрінгендіктен қызғылт тартқан кішкене жұлдыздар түнде жарқырайтын қасқырдың көзін есіме салды. Мен қасқыр дегенді күндіз де көрген емеспін, түнде де көрген емеспін. Бірақ жаңағы бір ой сап ете түсті де, айналамның бәрі қасқыр сияқтанып, үрей антұрған кіре бастады. Күндіз әр бұтаны тасалана қашсам, енді бұта біткеннен ойқастап келем.

Шошынып ұшқан жапалақ жарқ ете түсті. Қанаттарының әрі көгілдірлеу, әрі қызғылттау жарқ етіп қалғаны есіме әлдеқайдан жын-шайтанды әкеп түсірді.

— Оған молда өлгелі иесіз далада жын-шайтан өріп жүретін болыпты ғой...

— Түн болса-ақ молданың моласының басына жиналып алып ән салады екен...

— Басқарма бір күні атының мықтылығынан-ақ құтылып кетіпті! — деп, үрейлене сөйлеп отырғандарын ауылдың кемпірлерінен талай естігем.

Мен ол моланың қай жерде екенін де білмеймін. Әйтеуір, осы кең даланың бір жерінде болар деп жорамалдап келем. Олай болса, кездесіп қалуым да оп-оңай ғой... Әлдене бұлғақ қаққандай болды. Даланы тастай беріп, өзенге қарай ағып келдім де биік жардан қарғып, суға түстім. Күшті ағыс мені жаңқадай дөңгелетіп іліп ала жөнелді. Шапаным еріп артымда қалқып келе жатыр да, құлақшыным қалқып алдымда кетіп барады. Әрең дегенде шаруамды жинап алып, Гурьевке қарай бетімді түзедім. Жайық ағызып қалаға апаратынын жақсы білетінмін. «Өзен бойында өзінен өзге жол болмайды, көзіңді жұмып алсаң да, қаладан шығарады» деп, Айдаш та талай айтқан.

Ізімнен айырылғанда сары масалар да қалды. Қасқыр, жын-шайтан от пен судан өлердей қорқады ғой... Енді олардың бәріне де ернімді шығарып келем. Шапанымды арқама салып алып, құлақшынымды басыма киіп, құлашымды жайып жіберіп, рахат бір күйде сырғи бердім.

Кәрі Каспий ауыр теңселіп, жардан биік толқындары теңіз жағасын арсылдай ұрып, долданып жатқан бір кезі болу керек. Ауыр-ауыр ыңырану естіледі. Алыстан жымың қағып, шақыра беретін қала оттарына да жақындап келем. Теңіз біресе ауыр күрсінгендей, біресе жалқау есінегендей болады. Мана теңіз үстінде көтерілген ауыр қара тұман енді көрінбей кетті.

— Тегі, теңізге батып кеткен шығарсың, — деп ойладым. Өйткені, үлкен бір қорқынышым сол ауыр сезілген қараңғылық еді.

Жалпақ өзенді белінен бастыра салған ұзын көпірге таянғанда, жылжып жағаға жақындап, әрең деп қырға шықтым. Үлкен қала ұйқыда. Алыстан балықшы кемелерінің анда-санда салған айғайы келеді. Ауыл түн болса-ақ түгелімен ұйықтайтын еді. Қала олай емес сияқты. Әр жерден зіркілдеген үндер келеді. Ағаш кескен ара даусы естілгендей болады. Қала оттарының түгел сөнбегендігі де түгел ұйықтамайтынын айтып тұрғандай.

Қалаға кіріп, қатар-қатар тізілген көп тақтай дүкендердің оңашарақ тұрған біреуінің жанына келдім де, жып-жылы жерге құлай кеттім. Жұмсақ құм өзінен-өзі үгітіліп, жамбасқа жайлы төсек бола кетті.

– О, қасқаның жатысын-ай!.. – деп, тап өзіме ұқсаған екі бала мені аяқтарымен бүйірге түртіп тұрғандарын бір аңдағандай болып ем, көзімді ашуға дәрменім жетпеді. Аржағын білмеймін, тас болып қатып қалсам керек...

2

– Зытып келеді екем, зытып келеді екем... Қуғыншы мені қуып келеді екен, қуып келеді екен...Менің қуғыншым сары маса ғой, буып келеді екен, буып келеді екен... «Батыр түсінде жау көреді, балықшы түсінде ау көреді» дегендей, мен түсімде қашып келе жатқанымды көрдім. Алдымда тап өзіме ұқсаған тағы бір бала кетіп барады. Мен оны егізімнің сыңары, бір туып, бірге өлерім шығар деп келе жатсам, ол мені мазақтап қашып барады екен. Бір уақытта қарсы тұра қалып:

– Қашқын, қашқын, – деді ол маған.

Мен оны бас салып ұстап алдым да, құлақшекенің тұсы осы болар деп, жұдырықпен кеп қойып жібердім. О да мені қойып жібергенде кеңсірігім жарылып кетті ме екен деп, аман екен, әйтеуір... Түшкіріп те жібердім, оянып та кеттім. Екі көз, құлақ-мұрныма үймелеп алып, той жасап жатқан базардың қалың қара шыбындары екен. Бет-аузымды еркін иемденіп алыпты да, сайрандай беріпті.

– Кет-ей! Мына бір пәле қайдан душар болған! – деді дүкенші, тақтай дүкенін ашып жатып, оның не айтқанын сөзінен емес, жиіркене шыққан үнінен аңғардым-ау деймін.

Жатқан жерім базар маңы болу керек, айналам балық сасиды. Күн дүниеге ұяла қарағандай, болмаса, бүгін шекеңнен өтпеймін деп, алдаусыратып келе жатқандай, көкжиектен жаңа ғана ажырап, енді үйлердің төбесіне қарай иек арта бастаған екен. Жалпақ жатқан Ақ Жайық есінегендей ғана леп береді. Жоғарғы жағы көк қорғасындай ауыр толқиды да, теңізге құлар сағадағы күнге шағылысып, жалпақ күміс айнадай жарқырайды. Таңертеңгі ұялшақ күн сол айнаға енді ғана қарана бастағандай... сары дала сағымданып, кейде терең көлге ұқсап кетіп, кейде қырқасына көгілдір түтін будақтаған аласа-аласа төбелерді көз алдыңа әкеледі. Күн көзінің алтын кірпіктері аласа үйлерден асып, биік үйлердің терезелерін шам жаққандай жарқырата бастады. Таңертеңгі салқын самал ашық алаңдардан етек-жеңін жинап алып, көлеңкелі жерлерде ғана қалып барады.

Мен қасына келіп түнеп шыққан тақтай дүкен базар шетінде тұр екен. Балық исі мұрныма келген соң, қарным да ашып қоя берді. Кеше зыр қағып келген екі аяғым енді екі ағаш таяққа ұқсап серейіп қалыпты, бастырар емес. Сүйретіле басып, дүкеншінің қасына жақындап, орысша дұрыс білемін-ау деген жалғыз ауыз сезімді айттым:

– Іздрәсти... – дедім, ең әдепті үнмен. Ол маған:

— Пошел! — деп жауап қайтарды. Мен түсінбейтін тағы бірнеше сөз қосты. Кескініне қараймын да, онша жақсы сөз айтып тұрған жоқсың-ау, деп ойлаймын.

— Сен маған пошел деме! Неге пошел дейсің? Мен ит емес, адам баласымын! — дедім қазақша.

Қазақшаны ол да едәуір біледі екен:

— Мен саған айтады! — деді. Ең болмаса, ұғынысып ұрысатыныма көзім жеткесін, ерленіп кеттім білем.

— Сен маған кет деме, жолдас, өзім де кетем...Әуелі су бер, одан соң нан бер... Содан кейін жетім балалар оқитын жер қайсы, соны көрсетіп жібер! — дедім.

Екеуміздің көзіміз енді ғана кездесті. Дүкенші қазақ та емес, орыс та емес, мен білмейтін бір ұлттың адамы болу керек, орысшасы да оңып тұрған жоқ сияқты, Қазақшасы да сынған доңғалақтай әрең-әрең оралымға келеді. Көзіне қарадым да, менің жалынышты сөздерімді түсінгенін де таныдым.

— Су әне жатыр! — деді ол, жүнді саусақтарымен өзенді нұсқап.

Өзеннің қасында тұрып су сұрағаныма өзім де ұялып қалдым. Шынында да өзеннің қасында тұрып, әлдекімнен су сұрау деген ұят болу керек. Мен ұялғаннан ыржидым-ау деймін. Ыржисаң бейнесі кеткен бет-ауыздың қандай сәні келетіні белгілі, дүкенші «тфу!» деп, жерге бір түкірді де:

— Құдайдың берген мордасы-ай, ә!.. Құдайдың өзі де талғау жоқ, таңдау жоқ жарата береді екен-ау! — деді, таңдайын қағып, басын шайқап. Орысша мен қазақшаны ортасынан сындырып, өз еркімен жалғастырып айтқан бұл сөздерді мен де қынжыла мазақтағанда ғана шығатын үн дыбысынан аңғардым.

Дүкеншінің өз «мордасы» да келісіп тұрған жоқ. Шын кекесінге кетіссек, мен де біраз нәрсені тауып айта алатынмын. Шіріген картоптай сабалақ тарғыл мұрынды, жәйін ауызы, маңдайы екі-ақ елі, екі білегі жүн-жүн... Ағы мен қарасы қай жерде қосылып, қай тұстан айырылатыны байқалмайтын шұңғыл қара көзді. Сақалының әрбір талы айғырдың қылындай болу керек, қырған жалпақ иегі қап-қара қаракөк екен. Бетінде осынша суреті бар адам әртүрлі теңеуге келе береді ғой. Бірақ мен бұл жағына баспадым. Ол менің түрімді тағы да мазақтаса менің қайтарар жауабым да әзірленіп қалды. Әлі еш нәрсе сата қоймаған дүкенге ашулы болу керек, енді ол да мазақтаған жоқ. Менің жауабым да күні бүгінге дейін ішімде кетіп бара жатыр...

Дүкенші артына бұрылып, ағаш шелек толы қызыл уылдырықты көтеріп ала беріп:

— Сен, кет! — деді тағы да.

— Жоқ, сен кет деме, маған... «Сырты сопы молдадан іші таза қара қазақ артық» деген... Сен менімен жылы сөйлес... Сенің де құдайың бар шығар! — дедім. Мұным оған ұнағандай болды. Қылқылдап тұрып нан сұрап алдым:

— Бер енді... Байыған соң екі есе қылып қайтарам. Бер! — деп қадала бергесін, ол да шыдамады. Оның үстіне, осы күнге дейін есімнен шықпайтын саудагер салтын айтты:

— Мен әлі тұк сатқаным жоқ. Сауда басталмай садақа берілмейді. Шын сұраншы болсаң, мұны неге білмейсің? — деп, мені бір ұялтып тастағысы келіп

еді, мен онысынан ұялғаным жоқ. Өйткені, мен оны білгім де келіп тұрған жоқ еді.

— Одан да қалтаң бар ма өзіңнің, қалтаңа қолыңды салып, ақша алып берген бол, тым болмаса! — деді дүкенші маған жылырақ сөйлеп.

— Қалтаң бар ма өзіңнің?

— Е, қалтам бар, — дедім, асық салатын қалтам есіме түсіп.

— Сал қолыңды қалтаңа... Сол жағыңа емес, оң жағыңа қалтаңа, надан!...

Дүкеншінің дәл ойы неменеге апарып соғарын онша аңғара алмасам да айтқанын орындап, қолымды оң қалтама салдым.

— Ал ақшаңды шығар! Суыр қолыңды. Әкел бері! — деді ол.

— Ақшам жоқ... — дедім мен, қолымды суырып, түк жоқ алақанымды жайып.

— Апыр-ай, не деген кеше едің! — дегендей үлкен бір қынжылыстан бастады да, дүкеншім маған төніңкіреп келіп: — әдейі ақша берген бол дедім ғой саған! Сал қолыңды қалтаңа! Ашпа алақаныңды! Бер маған жүз сомды! — деді.

Менің қолымды қалтама да өзі салды, жұмырығымды да өзі жұмды. Содан кейін алақанымды да өзі ашып, құлқыны құрып тұрған «жүз теңгені» де өзі алды... Жүндес жуан саусақтары жып-жылы етіп. Маған «артығын» да қайырып берген болды.

Содан кейін бір тілім нанға пышақтың ұшымен ғана бір сипап қызыл уылдырық жағып, маған ұсынды да:

— Бүйте берсең, босқа өлесің! — деді. Мен өлгім келмейтінін айттым...

Ескі Гуревтің кедір-бұдыр, қисық көшелерімен базар халқы ағылып келеді. Айран, сүт, жұмыртқа, нан сататын әйелдер ұзын тақтайлардың өн бойын өрлей тізіле қалып, қонақтайтын тауыққа ұқсап, «қыт-қыттай» бастады. Нанды шайнай жүріп, әр әйелдің көзіне қадалып, ананы-мынаны дәме етіп едім, ешқайсысының бүйрегі бүлк ете қойған жоқ. Анда-санда көзінің қырын маған бір тастап қойып, тақтай дүкеннің алдында манағы дүкенші де жүр. Қара ала әтештей кердең басқанмен әлі еш нәрсе сата қоймағандықтан, оның жүзіне де әлі рең кірген жоқ. Менің «жүз теңгем» әлі ырыс әкеле қойған жоқ-ау деймін. Базарда алушыдан гөрі сатушы көп сияқты. Сондықтан еш нәрсе сата алмай тұрған әйелдердің жүздері де жылынар емес. Оларға мен де алақанымды жайғым келмеді.

Базар қабағын ұнатпай, өзенге қарай жөнеле беріп ем:

— Ей, балам, ей, жетім бала...Бері кел! — деген дауыс естідім.

Жалт қарасам, базар шетінде айран сатып отырған қарт әйел маған қолын бұлғап отыр екен. Мен қасына жеткенде күбі шелектің бетін ашып, маған тостағанға айран құя бастады. Бейне өз шешемнің отырысы, бейне өз шешемнің құйысы, бейне өз шешемнің аяныштығы... Есіме шешем де түсіп кетті, үйге қайтқым келді.

— Мә, іше ғой, байғұс бала, — деді, кемпір маған айран құйған аяғын ұсынып жатып. Бар буыным босап, аяқты әрең қолыма алдым.

— Борашты көріп жүретін шығарсың? — деді қарт әйел ерекше бір аналық жылы дауыспен.

— Көріп жүрем, әже... — дей бергенде, мұрным лайықсыз бір қорс ете қалды да, көзім де көлдетіп жүре берді. Айранды жұтып жатырмын, қыңсылап жылап та тұрмын. Өмірде айран ішіп тұрып жылағандағы даусымды естігенім осы еді, әлем-тапырақ екен.

— Ей, байғұс бала-ай... Не боласыңдар бүйтіп жүріп... — деп, кемпір маған ренжуден бастады да, — өгей шешенің аты өгей шеше де... Әйтпесе, Бораш қаңғып кетер бала ма еді... — өзі де көзін сүртті.

— Әкеге бәрібір, қатынның аты — қатын, балаға туған шешедей қайдан болсын! — деп, онсыз да ауырып тұрған жанымды тағы бір жанап өтті.

— Аяғы жазылды ма, өзінің? — деді бір кезде.

— Жазылған, — дедім, кемпірдің ыңғайына қарай көшіп. Тап осы жерде аяғыш кемпірдің көңілі нені қалап тұрса, соған орай бір түнге жетерлік жақсы әңгіме тауып айтуға да әзір едім. Бораштың аяғын он бес рет сындырып, жиырма рет есебін тауып жазып алатын ойым бар... Кім екенін танымайтын баланың бір дерегі қолыма іліксе, көсілтейін деп тұрмын өтірікті...

— Бүгін көрсең, екеуің тағы бір айналып соғыңдар. Қара әжең айтты десең, біледі...Енді ұрыспаймын деп айтты де! — деді мейірімді кемпір, жұмсақ қолымен басымнан сипап.

— Келейік, әже, келейік, — деп, мен де теріс айналдым. Көңілді қалдырған адамның да, көңіліңді босатқан адамның да қасында ұзақ тұра алмайды екенсің. Кемпірдің басымнан сипаған қолын ақырын ғана өзіне қарай сырғыттым да, жүйе-жүйемді босатқан мол мейірімнен қаша жөнелдім.

Базар шетінде «шаштараздың қасынан өте бергенімде, есігіне жапсырған айнасына көзім түсіп кетіп еді, бет-аузым шын-ақ астан-кестен екен. Туғалы жуынбаған адамдай қара ала, торы ала бетімді жұдырықпен уқалап айғыз-айғыз етіппін. Көз деген бір қос томпақтың үстіңгі жағы маса талағаннан көлткөлт етіп тұр. Тыриған арық мойынның әр жеріндегі шұңқырына қақ тұрып қалғандай. Көзімді ежірейтіңкіреп ашайын десем, бет пернем одан жаман бұзыла түседі.

— Қайда жүріп масқара болғасың? — дегендей, айнадан бір сұмпайы бала маған қарайды.

— Ей, сен — мен емес, өзің шығарсың, оңбаған бала! — дегендей, өзімді-өзім әрең танып, мен де қалшиып тұрмын. Шынында айнадан көрген өз суретіме ұқсағым келмейді.

«Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» дегенді білетінмін. Бірақ осы айнаның өзі де қисық шығар дегім келді. Айнаның қасында менен басқа бала жоқ болып шықты. Ал, мен өз суретімді суға түсіп жүргенде талай көргенім бар, мына сұмпайыға ілуде бір мүшем ұқсамаса керек еді. Тап мынадай болған түрімді бұрынды-соңды ұшыратқан емеспін.

Осы ренжумен айна қасынан кете алмай тұрғанда ту сыртымнан бақташының бишігі сарт ете түскендей болды. Жалт қарасам, майлап тараған дай, бар шашы басына жабысып қалған, менің басыма әкеліп, сілкіп тұр екен. Қара шаштар, жирен аралас сары шаштар төбемнен сырғып төмен түсіп жатты. Байқаймын, шашалғыш шебер жас баланы жазасыз қорлай алатынына

рақаттанып тұрған сияқты. Қаз-қатар орнатқан алтын тістерін жарқыратып, күлімдеп тұр.

Бұл маған «кет!» дегені болар деп, айнадан бұрыла беріп ем, басым кебеже қарынның ең биік деңгейіне келіп қалған екен, дәл кіндік тұсымнан нұқып кеп қалдым да, ата жөнелдім. Кебеже қарын гүмп етіп қалды. Басымның сондай бір өнері де болатын еді, қорлау үстінде кезі келіп қалған соң, тартына алмай қалдым-ау деймін...

Сол бетіммен сырғып кеп Ақ Жайыққа күмп бердім де, май балшықпен бет-аузымды, үсті-басымды ысқылай бастадым. Қасуды сағынып қалған дене түгел қышынып, құтырынып, тұр екен, он саусақты салдым келіп орай-орай...

– Түнде өліп жатқан бала сен бе едің, әй? – дегенде артыма қарасам, бір ересек, бір кішірек ақсақ бала өзен жағасына жақындай берген екен. Біреуі ашаң, сұңғақ денелі, үстінде шолақ шалбардан басқа еш нәрсе жоқ. Күнге күйіп күрең тартқан дененің бұлшық еттері иіріліп-иіріліп қояды. Енді біреуі менімен тұстас болу керек, ақшылт денелі, арық, бір аяғын ақсай басып келеді.

– Мен әлі өліп көрген жоқпын! – дедім, тайынғым келмей. Жалғыздық жасқаншақ та етеді, жау жүрек те етеді. Мен жасқанбауға бел байладым. Аяғыма білінген бір қатты нәрсені суырып алып едім, түйенің қабырғасы екен. Қабырғаны оңтайлап қолыма алдым да, ана екеуінің жабыла кетуін күттім. Әдетте таныс емес балалардың алғашқы кездесулері азды-көпті жанжалсыз, бірлі-жарымды жұдырықсыз өте қоймайтын.

– О!.. Сабаздың өзі екен! – деді ересек бала, менің кескін-келбетіме көңілі толып кеткендей. Мен ожырая қарап тұрған бойым үндемедім. Ойымда киімімді ала қаша ма деген қауіп те туа бастады.

Бірақ менің ойлағаным болған жоқ. Екі бала менің шапанымның қасына барып, өз киімдерін де сыпыра бастады. Ересек бала билегендей бір қозғалыспен көз ілестірмей шолақ шалбарды сырғытып жерге түсірді де, содан кейін ерекше бір достықпен кішірек баланы шешіндірді. Ақсақ бала ересектің көзіне дәрменсіз жаутаңдап, жалыныш көзімен қарайтын сияқты.

Өзен жағасы аздаған жарлау еді, ересек бала ақсақ баланы суға дейін көтеріп әкелді.

«Анау ағасы, мынау інісі екен»... – деген ойдың келуі-ақ мұң екен, Айдаш есіме түсіп кетіп, жалғызсырай бастадым. Иегім кемсеңдеп, бет-аузым бұзыла бастады. Ересек бала әуелі ақсақ баланы судың жағасына әкеліп қойды да, қарғып қырға қайта шығып, қыр басында жатқан барлық шоқпытты аяғымен лақтырып жағаға түсірді. Содан соң, кішірек баланы тағы көтеріп алып суға беттеді...

3

Ересек бала ақсақ баланы ап менің қасыма әкеліп, ақырын ғана суға түсірді де маған қарап:

– Өй, өзіңді қасқыр талаған ба? – деді.

Мен ұялыңқырай тұрып жайымды айттым. Ауылда жүргенде кім ескерген, денем борана жүріп кеткендей екен.

– Қышып барады ғой, сірә?

– Қышиды... Жауырын ортама қолым жетпейді.

Кішірек бала өңі кетіп, бозарған қолын менің иығыма салып:

– Қасиын ба? – деді.

– Қасы...

– Кел, Бораш, ендігәрі қышымастай етіп берейік! – деп ересек бала менің арқа-басымды құммен ысқылай бастады. Әлсіз қолдарымен кішкене бала да қасыған болды. Оның қолы тиген жер қыши түседі.

– Мұның бәрі тазалық жоқтықтан... Кірден! – деп қояды ересек бала.

Мен ол өсиетті ұғынар жайым жоқ.

– Мына жерімді, мына жерімді, – деп, тоқыма қораға сүйкенген торпаққа ұқсап, о жер, бұ жерімді тоса берем.

– Атың кім? – деді ересек бала.

– Қайырғалы... Өзіңнің атың кім?

– Шеген... Мынаның аты Бораш... мұны Боря дейтін боласың. Менің атым онша бұрмалауға келмейді. Шеген аға дерсің. Мен екеуіңнен де үлкенмін. Әкем байғұс баласын еркелете алмайтынын білген ғой сорлы. Шеген дей салыпты...

Шеген менің атымды «Қайырғали, Қайрош, Қайрушке» деп, орысша-қазақша оңды-солды бұрмалап көрді де:

– Атың ат емес екен... Сендей жеке батырға түк лайығы жоқ. Бүгіннен бастап Костя боласың! Оған молдадан көргенім бар. Қазір дұрыстап атыңды қойып берем! – деп, екі қолын құлағына апарып:

– Бүгіннен бастап сенің атың: Костя! Костя! Костя! – деді үш рет құлағыма айғайлап.

– Апам ұрсып жүрсе қайтем? – дедім Шегенге қарап.

– Апаң қайда еді?

– Апам Қайрақтыда.

– Сен немене, Қайрақтыңа қайта қайтпақпысың? – деп, Шеген менің үстібасымды қайыстай илеп жатқан қолдарын дереу тартып алды. Бораш та қасуын тоқтатты.

– Жоқ.... – дедім, жаңа қосылған үйірімнен айрылғым келмей. Шеген қолын арқама қайта салды. Сол күннен бастап, күні бүгінге дейін менің атым Костя, Константин болып кетті. Атымды өзгерткенде Шегеннің берген мықты бір медеуі:

– Атыңды бұзып қойған молда ғой сенің! Ол маған не жақсылық тіледі дейсің! Енді міне, туысқа лайық Костя боласың! – деді.

– Туысым, сондай-ақ бір дәстүрлерге лайық болып тұрса, бола-ақ қойсын! – деп ойладым да, мен де көндім. Бораш бір аққұба ғана, қағілез, қыз мінезді бала екен. Кездері де жаңа туған бұзаудың көзіндей бар дүниеге таңдана қарайтын сияқты. Қуануы да, ренжіп қалуы да оп-оңай. Мөлдір қара көзінен көңіліннің түбі көрініп тұрғандай. Бұл, шынында да, өгей шешенің отын-суына пысықтық жасай алмаған соң, оңай ғана тентіретіп жіберген бала болу керек. Манағы

«Кел, Бораш» дегеннен бастап менің арқамды әлі тырналаған болып тұр. Қолы батпайды, сипап тұрғандай ғана білінеді. Ол жаратылысында ауыр еңбекке арналмай жаралған бала сияқты. Жүзінде естен бір шықпайтын, жүрегіне мәңгі байланып қалған ауыр бір күрсініс бар. Ол күрсініс езу тартқанда да түгел жойылып кете алмайды.

Өз әліме қарамай, Борашты аяп кетіп, мен оған:

– Қара әжең келіп кетсін, – деді...ұрыспаймын деді... – дедім.

Бораш әрең ғана езу тартқандай болып еді, көзінің түбінде қуаныш ұшқыны бір ғана жылт ете түскендей болды да қайта сөнді. Тез өшті, із қалдырмай өшті. Жанары жарқырап бір қалған әдемі қара көздеріне қайтадан күрсініс кірді.

– Ой, өзің бір Құдайдың еркесі екесің ғой! – деп, Шеген мені жауырын ортадан шапалақпен шарт еткізді де, өзі де күліп жіберді. Үнсіз ғана Бораш та жымиды.

– Судың сорып алмайтын ауруы жоқ... Көзің де ашылайын деді. Тап бір көзін жаңа ашып келе жатқан сүр күшік сияқтысың. Бір жұмадан кейін бөрі алатын көкжалдай боласың. Бір ай өткен соң көкжал бөрінің өзі боласың! Ендігі қалғанын дүниенің жалғыз шамшырағы күнге емдетеміз. Ал, кеттік! – деп, Шеген Борашты арқалап алды да, судан шыға бастады. Бораштың арқасына мен де барып жармастым. Шеген екеумізді де көтеріп, жағаға алып шықты. Әуелі ақсия күліп, тулап қалып, мені суға қайта ырғыта жіберді де, Борашты ақырын ғана жерге қойды. Басым құмға кіріп кетсе де, мен де қыңқ еткенім жоқ. Қаны шығып тұрған қара ала сирақты Шеген енді ғана көріп:

– Ойбай-ау, бар бәлең аяғыңда екен ғой! – деп, енді менің аяқтарымды құммен ысқылай бастады.

Жайықтың таңертеңгі түюлі қабағы түгел жадырап, төсін күнге тұтас тосып, күлімдеп жатқандай сезіледі. Таңертеңгі қатты толқындар өзен түбінің лайын қопарып жатқандай еді, енді толқын баяулап, жағаның қызғылт құмын меруерттей жуып жатыр. Өзеннің екі беті де балықтай шолпылдаған бала. Әріректе ақ шағаладай шуласып әйелдер де суға түсіп жатыр. Ыстықтаған иттер де өзенге келіп түсе бастады. Таңертең тұнжырап көрінген қоңырқай қаланың ажары кіріп, еңбек үндері біріне-бірі қосылып, үлкен бір гүрсіл-дүрсілге айналыпты. Кеше менің теңіз демалысы дегенім, бүгін қала демалысы сияқтанады.

– Енді қарын қамын ойлалық. Мына қарында түк жоқ, – деп, Шеген қабысқан қарнын қағып-қағып қойды. Шеген сұлу, сұңғақ денелі, бұлшық еттері болаттай иірілетін күнге күйген тобылғы-торы екен. Қақпақ жауырынды, қыздай қыпша бел, кеудесі шалқақ біткен бәйге атындай жарау, өте оңтайлы бала екен. Келте мұрын азғана аузы үлкенірек, қоңыр көздеу болғанмен маған ол өте сымбатты көрінді. Табаны жалпақ та, тайпақ та емес, аяғының үсті биік бар денесі шақпақтай. Әлде ақсиған тістері ме, әлде ақкөңілділігі ме, әлде қабағына қақ тұрмайтын ойнақылығы ма, әйтеуір Шеген мені біржола тартып әкетті. Бір көргеннен-ақ мен де Шеген болғым келді. Шеген сақылдап қатты күледі. Өмірдің ащы-тұщы, қайғы-қуаныш дегендері ойына да кіріп шықпайтын сияқты. Тегі, оның сүйері – уайымсыз еркіндік өз ойланғанына өз күшімен жету болу керек.

Шеген менің аяғымдағы толып жатқан жара мен жарықтарын көріп, басын шайқады да:

— Уай, мынауың болмайды, — деді, түсінемісің дегендей көзіме қадала қарап. — Ен алдымен адамға бас керек. Онсыз өмір Оғап молданың көрінен де қараңғы болады. Онсыз өмір құраннан жамақ түсіне алмайсың. Екінші, бізге аяқ керек. Қашсаң — құтылатын бол, қусаң — жететін бол. Керек боп қалса, құстай ұшатын бол! Мынадай табан бола ма екен қырық тесік! Аяғыңның жалпы бітімі жаман болмағанмен, қазіргі халі қанағаттанарлық емес деп танимын... Жата тұр құмның үстінде. Мен қазір келем,— деп, Шеген қалаға қарай жүгіріп кетті.

— Дәрі әкеледі. Екі күнде жазып береді! — деді Бораш, ұзай берген Шегенге риза көзбен қарап. Жүзінде күрсініс ізі осы арада ғана түгел бір жойылып кетті.

— Сен қалай ақсадың? — дедім Борашқа, іскен оң тізесіне қолымды апарып.

— Әй апам қораның төбесінен құлатып жіберді.

«Әй апасы» өгей шешесі екенін түсіндім де, одан арғыны қазбалағаным жоқ. Бораш шорланып бітіп келе жатқан оң тізесін сипалай отырып:

— Соқаның ұстіне құлап түстім... Шеген ағам жазды ғой, әйтеуір... Енді бір айда жүгіруге жарайсың дейді... Балық майынан жазылды. Тіпті жазылып қалып еді, әнеугүні «дегдом» ұстап ала жаздап, содан қашқанда тағы бүлдіріп алдым, — деді. Бұл жолы өзінің, қашып құтылғанына мақтанатындай жымиып та қойды.

— Мен де керемет жүйрікпін! — дедім, мақтанғым келіп кетіп.

— Ойбой... Шегендей емес шығарсың!.. Шеген қайда, ол!.. Ол ағып бара жатқан машинаны қуып жетіп, асылып кете береді! Біреу көріп қалса, қарғып түсіп, кете беруі де тұк емес. Ол әшейін желаяқ! — деді Бораш, масаттана сөйлеп.

— Е, сен қалай қаштың «дегдом» қуғанда?

— Шеген мені көпірдің үстінен өзенге тастап жіберді де, судан басыңды ғана шығарып, шомылған балалардың ішінде отыра бер; басқа баланың басынан сенің басың кем емес, тани алмайды, — деп, өзі көпірдің үстімен тартып отырды...

— Шеген неліктен үйінен қашып кеткен?

— Үйінен емес. Оғап молдадан қашып кетіпті. Үш жұма бойы арабша оқып, әліп-ки-күсін-ән деген бірдемеге түсіне алмапты да «мұныңыз немене өзі, мен түсінбейтін нәрсені оқығым келмейді» деген екен. Оғап молда он шыбық сынғанша дүре соғыпты. Оның үйі жоқ, жездесінің қолында жүреді екен, — деді Бораш, еріксіз күрсініп. Сол кезде:

— Иә! Әуп! — деп, биік жардан бір-ақ секіріп, Шеген де қасымызға келіп түсті.

Шеген мен Бораш екеуі үсті-басыма қара ала, торы ала етіп йод жағып, оның үстінен сарғыш бір май жағып, ұзын ақ шүберекпен «бинттеп» тастады. Маған олардың емдегені емес, екеуі бірдей асты-үстіме түсіп, достық көрсеткендері қатты ұнады.

— Бір жұмада табаның әмірқан етіктің ұлтанындай жылтырайтын болады, — дейді Бораш.

— Жоқ, Оғап молданың мәсісінің ұлтанындай жылтырайды! — деп, Шеген сақылдап күледі. «Әмірқан етік» дегені немене, Оғап молданың мәсісінің табаны

қандай екен, менің онда жұмысым да жоқ, әйтеуір табанымның солқылдағаны басыла бастағанын сезем.

– Сен әлі тоқтай тұр, Костя! Тозған ескі теріңді түгел сыпырып тастап, тесігі жоқ, теңбілі жоқ, жаңа тері жасап берем. Теңіздің «итбалығындай», я болмаса, құндыздай жылтылдайтын боласың! – дейді Шеген менің бар арманым «итбалық» болудай-ақ... Бірақ мен Шегеннің ешбір сөзіне қарсылық айта алмайтып халге жеткенімді де сезем.

Екі ақсақ, бір желаяқ – үш боздақ, енді базарға қарай бет алдық.

– Құдай тағала қарын қамы дегенді жаратпаса да болады екен... Амал қайсы... Кейде өнеріңді соған да жұмсайсың! – деді Шеген.

– «Зәурешті» айтайын ба, «Айнамкөзді» айтайын ба? – деді Бораш, базар шеті көріне берген кезде. Шеген басын шайқап:

– Костя білмейді гой. Қоя тұр. Әдемі әндерді кез келген күнге қор қыла береміз бе? – деді.

Балаға білмейсің дегеннен ауыр тиетін сөз болар ма, мен дереу:

– Неге білмейін! «Зәурешті» зарлатып жіберемін, – дедім.

– Жоқ, білмейсің. Борашқа қосылып айту үшін бір жеті үйренуің керек. Мұның даусына бүкіл қала жаңғырығады. Не әбден қысылғанда, не болмаса жексенбі күнгі базарда айтарсыңдар! – деп, Шеген Борашты сол қолымен бір құшақтады да:

– Сенің де үсті-басың толған өнер білем, қу шеке! – деп, мені де арқаға қағып-қағып қойды. Бораштың жүзі де жадырап сала берді, ал, мен үшін дүниеде бұдан артық достық болмайтындай көрініп кетті.

Тамақ табу үшін бұлар базар халқына әртүрлі өнер көрсетеді екен. Ән салады, Шеген доңғалақша айнала біледі, ақсақ та, соқыр да, саңырау да бола алады. Жылатса көзіңнің жасын тыйғызбайтын, күлдірсе ішегіңді қатыратын толып жатқан әңгімелер біледі.

– Мен әшейін «цирк», Бораш барып тұрған «опера»! – деді Шеген.

Мен «опера» дегенді түсіне алмай қалып ем, Шеген:

– Опера деген Саратау театры[11], – деп түсіндірді. Мен мұнысына да түсіне қоя алмаған соң үндемеп едім, Шеген:

– Оны әлі көзіңмен көресің. Көрсетем, – деді. Шеген қайдағының бәрін біледі. Жасы он бесте екен. Бораш балалар үйін «дегдом» десе, Шеген «детдом» деп әр дыбысын ашық естіртіп айтады. Өзім іздеп жүрген балалар үйінің атын қалай айту керек екенін мен де үйреніп ала қойдым – детдом!

– Детдомды жаратпайтыным – ылғи бір бағында жүргендей боласың. Ерте де түгендейді, кеш те түгендейді... Өз қолыңнан түк келмейтіндей, бұзаудай бағады. «Деткоммуна» болса, жеңсігі басылып, желігі бітпеген ойын баласын бірден үлкен адам, естияр адам қылуға жанталасады. Мен соның екеуіне де көне алмадым. Анда барам десең де «рұқсат», мұнда барсаң да «рұқсат» керек. Детдом директоры бізді де өзіндей шал көре ме, немене, рұқсатсыз бір аяқ бастырмайды. Өзі де дүниеге қара қалпағымен, көк сақалымен келген жоқ шығар!.. Жас бала аяқтанар кезде әуелі тәй-тәйлап жүріп, құлап-жығылып, сүйтіп барып

[11]Саратау — Саратов.

жүгіріп кетпей ме?.. Ол ылғи «Ойбай, құлайсың! Жүгірме, отыр!» дейді саған... Өмір деген ол үшін қазулы жатқан ордай көрінеді ғой деймін... Мен соған көне алмадым! Желдей ескен еркіндікке жететін не болсын! – деп, Шеген маған қарап еді, мен оның ұзақ сүресіне түсіне алмай Борашқа қарадым. Бораштың жүзінде түсінгендік бар екен, мен қорланыңқырап қалдым.

Базарға арқан бойы қалғанда Шеген Бораш екеумізді жетелеп алды да:

– Ал, қырғилар, аздап болса да өнер көрсетіп жіберейік. Өнер жылатуға да жарайды, күлдіруге де жарайды. Бұл – сиқырдан да керемет. Ал, аяқты қиралаңдата түсіңдер! – деп, өзі де шойнаңдай қалды. Шеген ақсағанда, шын ақсақтар далада қалдық. Оң аяғы ағаштай қатып, серейіп жер сызып келеді. Жүріп келе жатқан жалғыз сол аяғы сияқты.

– Алақан жаю, көз сүзу болмасын! – деді де, Шеген бізді базарға алып кірді.

Біз жақындай бергенде-ақ айран, сүт сатып отырған базаршы әйелдер сықылықтап күле бастады.

– Мынау бүгін аяқтан айрылыпты ғой... Байғұс-ай!..

– Ертең бұл басынан да айрылып келер, әлі!..

– Үшеуінің жараса кеткенін қара!.. Бүгін үшеу болыпты! – деп базаршы халық мәз болып қалды.

Біз алақан жайғамыз жоқ. Әдейі ақсап, «өнер» көрсетіп келе жатқандай жақындай беріп едік, азды-көпті сауда істеп көңілденіп қалған әйелдер, біреуі нанын, біреуі жұмыртқасын ұсына бастады. Таңертеңгі қатыңқы қабақтар жадырап, түске тармаса мырзалық кірген сияқты.

– Боря, Борашик ән салып жіберші, айналайын! – деп, бір жас әйел қылқылдай бастап еді, ересек әйелдер оған дүрсе қоя беріп:

– Мынау ыстық, шақ базарда мойны үзіліп кеткелі тұрған балаға ән салдырмақпысың? – деп, тоқтатып тастады. Мен осы арада ғана анық байқадым, – Бораштың мойны қылқиып, көк тамырлары тарам-тарам болып тұр екен.

Бір тақтайдың бойын сүзіп шықпай жатып-ақ азық-түлікке молығып қалдық. Көздері соңырайған кепкен балықтар да бар, ортасын ойып ақ ірімшік салып пісірген қып-қызыл тәтті нандар да бар, жұмыртқа да бар, үгіршіктер де бар... Бар табысты менің шапаныма орап алып, енді бірдеме ұсынған әйелдерге қарап, Шеген:

– Сіздің кезегіңіз кейін... Тек ұмытып кетпеңіз... – дейді.

– Қап, мынаған кезекке тұратын болғанымыз ба?! – деп, әйелдер де кірбіңсіз, күлісіп қалып жатыр.

– Қане, қырғилар, кеттік! – деп, Шеген қаздаңдай басып, Жайыққа қарай тартты. Оң аяғымен жер сызып, шаңдатып Бораш келе жатыр, шандып алған екі аяқтан есілген құмға түйенің ізіндей дөңгелек із тастап мен келемін.

Мені олар «салқын сарайларына» алып келді. Жайықтың жарқабағының астын кеулеп кеткен кең бір үңгір екен. Астына көк құрақ төсеп тастапты. Үңгірдің дәл аузына тіреле өзен жатыр. Үңгір кең, кішігірім бөлмедей бар. Жарығы аузынан ғана түсіп, күн сәулесі жолай алмайтын үңгір «салқын сарай» деп босқа аталмаған сияқты. Әрі еркін, әрі салқын рахат ұясы осы сияқты көрініп кетті.

Түкпірге таман қабырғаның бір жерін әдемілеп тұрып қолмен ойыпты да, оған бірталай кітап тізіп қойыпты. Санай жүру бақташының әдеті ғой, мен бір қарағанда-ақ он бес кітап екенін сыдыртып санап шықтым. Менің кітаптарға көзім түсіп тұрғанын Шеген де байқап қалып:

– Оқи білемісің? – деді.

– Білмеймін,– дедім ұялған үнмен. Шеген оныма өкінгендей, басын шайқады:

– Оның болмайды, Костя! Оқу керек! Адамның басы қарбыз емес,– деді.

Мен қайда жүріп, қалай оқы дейтініне түсіне алмай, аңырып қалдым. Оқымаған өз айыбым сияқтанып, қысылып та тұрмын. Шеген біраз ойланып қалғандай болды да:

– Есептей білемісің? –деді.

– Білем.

– Нешеге дейін?

– Екі мың сегіз жүз сексен жетіге дейін...

Шеген қарқылдап күліп жіберді. Мақтаныңқырап кеткенімді өзім де аңғардым. Оның үстіне, «екі мың дегенім дұрыс-ақ болсын... Үлкен сан мақтанарлық сан... Сегіз жүз де жаман емес... Ал, сексен жеті деген немене? Не үшін сексен сегіз емес, не болмаса, тұп-тура тоқсан емес?» деген ой келеді. Шеген көк құрақтың үстіне құлай кетіп, күлкісін әлі тыя алмай жатыр.

– Екі мың сегіз жүз сексен жеті!.. Өлтірдің, Костя, өлтірдің мені! – деп, кейде қатты қарқылдап жіберіп, кейде булығып, демін ала алмай, аунап-аунап күледі.

Әрі-беріден соң ғана есіме түсті, сексен жеті дегенім бақкан сиырларымның саны екен. Шегенге осыны айттым.

– Е, бақташы ма едің! – деді Шеген күлкісін тыйып.

– Ие, жазғытұрымнан бері сиыр бағам.

– Біз сені түнде көріп, алып кетсек қайтеді деп те ойлап едік. Бірақ, таптық жағыңа көзіміз жеткен соң көрерміз деп қозғамап едік. Енді көзіміз жетті, біздіксің! – деді Шеген.

– Мен «таптық жағың» дегенің немене деп сұрадым. Шеген маған:

– Шпана, бұзақылардың бірі болып жүре ме деп, жоламап едік. Ондайлар да болады. Олар бізге жолдас емес, – деп түсіндірді.

Пұшық мұрын бақыр шайнекті отқа қойып жатып:

– Бірақ сен оқуың керек! Оны біліп қой! – деді Шеген.

– Оқымаған бала оқыған балаға жолдас бола алмай ма? – деп, жәбірленгенімді білдіргім келіп бір тұрдым да, бата алмадым. Сұрай алмадым.

– Өзі орысша-қазақшаға судай! – деді Бораш, ақырын ғана сыбырлап.

– Сен ше?

– Оқи алам...

Көзім жасық тартып, үстіңгі қабаттарым азырақ қызып бара жатқандай, аузым балдыр татып бара жатқандай сезіледі. Жәбір, қорлану, намыстану дегендер қол ұстасып, алқымға келіп, буып бара жатқандай сезіледі.

– Әуелі таза болайық, – деп, Шеген менің шапанымды алып өзенді сабалай бастады. Айналдырған екі түймемнің біреуі үзіліп кете ме деп, мен қылпылдап отырмын.

— Шапан жарықтық әкеңнен қалса да ескі исінен әбден арылатын болсын, — дейді Шеген.

Әуелі түймелеріме жаным ашып Шегеннің қасына барып ем. Артынан сабалаған судың сартылдағанына қызығып кетіп, шапанымды сабаласуға өзім де қосылып кеттім.

Борашта бір ерекше тәртіптілік бар. Әлдеқайдан ұзындау келген көкала орамал тауып алып, оны әдемілеп төсеп, әкелген базарлықтарымызды түр-түрімен жайып жатыр. Екі ақ қалайы бокалдары бар екен, оны ысқылап сүртіп, ыстық сумен шайып тастап:

— Шеген аға, шайға келіңдер,— деді.

Шайға отырған соң, Шеген маған тағы үш түрлі өсиет айтты...

— Алтын жатса — алмаймыз! Бір ме?

— Бір...

— Өтірік айтпаймыз! Екі ме?

— Екі...

— Алдау үшін өтірік айтсаң, кешіреді екен деме, алданбау үшін өтірік айтсаң, іркілме! — деп, бір тоқтағанда, мен:

— Үш,— деп қалдым.

— Жоқ, үш емес, әлі екеу-ақ, — деді Шеген. — Үшіншім — үш күннің ішінде бізбен бірге қуанып, бізбен бірге мұңаятын боласың. Өз бетіңмен оңаша қуанып, оңаша мұңаятын болсаң, сен бізге жолдас та емессің. Қуана біліп, мұңая білмесең, тіпті жақсы. Осымен үш болады! — деді.

— Үш! — дедім, мен де ризалығымды білдіріп...

— Уәде ғой?

— Уәде!

— Ал, ендеше, шайыңды іш...

Қарынды сықап алдық та, көк құраққа аунай кеттік... Әсем денесін әдейі әдемілеп кергендей, қаракөлеңкеде шойыннан құйғандай боп Шеген жатыр. Оның бүйіріне басымызды тигізе, Бораш екеуміз көлденең жатырмыз. Еркелеп, мазалап қоямыз. Тап осылай, еркелесіп, аймаласып жататын ұялас күшіктер көз алдыма келеді. Салқын жай, еркін достық, кешегі көрген кейісімді ұмыттырып жібергендей, оңаша қуанып, оңаша ойланбайын деп, мен де Шегеннің бауырына кіре түскім келеді. Шеген шалқасынан жатқан бойы менің бет-аузымды сипалап:

— Мұрның онша әдемі емес... Көзіңнің сынын кейін айтам, әзір өз қалпына келе қойған жоқ әлі. Денең шымыр... Кеудең шалқақ, құс төс екесің, жүйрік боларсың...— дейді.

Арқасынан сипаған бала мысықтай болып, көзімді жұмып алып, ішімнен мардамсып мен жатырмын. Шегеннің көңілі маған ауған бір сәтті қызғанып, Бораш Шегенді басымен сүзгілеп қояды...

— Қане, Бораш, бастап жібер. Костя үйрене берсін, — деді Шеген жатқан қалпын өзгертпей.

Бораш басын көтеріп алып, «Зәуреш» әніне сала жөнеліп еді, мен ілесе алмадым. Біресе даусым «қиқ» етіп қалып, біресе «шиқ» етіп қалып, бұрала шыққан

Бораш даусына жанаса алмай қойды. Құлдырап жоғары кетіп, құлдилап төмен құлаған шын дауыс менің шіңкілдегімді маңайталар емес. Бораштың даусы бозторғайдай жоғарыда шырылдайды да, мен қалтылдап, қалықтап тұрған бозторғайдың астынан қарап тұрған сияқтымын. Кейбір кезде өзімнің тап осылай қарап тұратыным есіме түседі.

Бораш Жайықтың аржағында Зәурештің моласын көріп отырғандай, көзін алысқа бір қадап алды да, барынша мұңлы, барынша сазды үнмен әннің иығын шығара, мұң мен шерін жүрегіне құйғандай зармен айтты. Үңгіріміз үн қосқандай. Жайық бойындағы бар бозторғай қосыла шырылдағандай болды. Өлең мен әннің бірге өрілгендей шыққанына таң қалып, мен тоқтап қалдым. Ұзақ ән ұзын Ақ Жайықтай тартылып, ойыңның әр түкпірін бір түртіп, өн бойыңды тұтас шымырлатқандай, алыстағы зар ел есінен әлі шықпағандай, ауыр бір қасірет күйі әрбір шерлі жанның жүрегіне шоқ тастағандай еді.

– Өз шешесінің аты да Зәуреш екен... – деді Шеген ақырын ғана құлағыма сыбырлап. Тұла бойым дір ете түсті.

Бораштың кімді жоқтап, зарланып отырғанын мен енді ғана ұғындым. Туған шешесін көрді ме, жоқ па, есінде ана мейірімінен не қалды, жетім бала зар қағып, соны айтып отыр. Шешесінің атын атаған сайын жүрегіне шемен боп қатқан жетімдік шері ұлғая түсетін сияқты. Шерге толы ән толқыны Бораштың өзін де қаңбақтай домалатып әкетіп бара жатқандай. Шешем есіме түсіп кетіп, мен де Борашқа қарап, жаутаңдай бастадым. Көзге келе берген жасымды Шеген сұқ саусағын шошайтып тыйып тастады. Бірақ үңгір іші манадан бергі ойнақы түрінен айрылып, елден алыс, жұрттан оңаша, әрі-сәрінің орнындай, бар қызығы бітіп, жүдеп сала берді. Бораш тоқтаған соң Шеген маған бұрылып:

– Қалай екен? – деді.

– Мен бұлай айта алмаймын, – дедім.

– Өз білетініңді айт. Іркілмейтін бол, – деп Шеген қоймаған соң, мен «Гурьевті» айтып байқап едім, даусым жүрексіне шықты.

Көрінген сонадайдан, Гурьевім,
Көргем жоқ Гурьевтей жер биігін...

– Гурьев жер биігі болса, Ақ Жайық осы араға келіп құйып жатпай, осы арадан басталып жатар еді, – деді Шеген. Менің өлеңім оған ұнамағанын сездім де, мен де тоқтадым. Содан кейін Бораштың алдында өлең айтуды да қойдым.

Үңгір іші қараңғылана түсті. Өмірдің бір қалтарысы сияқты үңгірде бір күнім өткенін аңғардым. Еркіндігі көп пе, әуре-сарсаң өкініші көп пе, оны болжар жай жоқ, әйтеуір бір шатқалаңы көп жолға түскендей, жүрегім орнына алмады. Ұйықтай алмай жатқанымды Шегенге білдірмеу үшін таң атқанша бір жатқан жағымнан аунап түсуге де қорқып, ұйықтаған боп пысылдадым да жаттым...

4

Қалада өткен үш күннің ішінде мың түрлі олақтығым барын байқадым. Аяқ бассам-ақ болғаны, қаланың бір дәстүріне мұрындығым іліне кетеді. Қала жұртының әдеті де басқа, салты да басқа екен. Қала өміріне үйреніп қалған Шегеннен қалыспайын деп, аяғымды ептеп-ақ басам, ептеймін десем-ақ ерсі бірдемеге ұрына да кетем. Көрмеген дүниеңде көзің түспейтін бір нәрсе болсайшы! Көрінгенге қараймын деймін де, кез келгенге соқтыға берем...

Менің олақтығымнан үш күннен кейін қолға түсіп қалдық. Бұл жолы бізді милициялар алдап соқты. Даланың ән құмарлығы ұстап берді. Қолға түскенімізге қуану керек екенін кейін білсем де, дәл сол күні қатты ренжідім.

Тақтаймен қоршалған «жазғы театрда» Шеген айта беретін Саратау операсы ойын көрсетіп жатыр екен. Жұрт орнына жайласып болып, шымылдық етегін түре берген кезде, қоршаудың басына біз де қонып қалып едік. Шеген театр маңайын екі рет айналып келді де:

– Бүгін бір милиционер жоқ екен. Құдай берді, аяғына дейін көретін болдық! –деді.

Өткен түні ойынды бұзылған бір сарайдың төбесінде отырып, алыстан көріп едік. Бүгін оған шыдай алмадық. Үшкірлеп қана дөрекі күйінде шегелей салған тақтай қоршаудың басына шығып алдық. Сақ отырайық деп келіссек те, ән басталған кезде оны бәріміз де ұмытып кетіппіз.

Гурьев желі түнге қарай теңіз жақтан соғады да, түні азырақ салқындау болады. Менің үстімде шапаным бар. Әрі арық, әрі тоңғақ Бораш Шеген екеуміздің ортамызда отыр.

Үлбіреген ақ жібекке оранған, өзі де жібектей үлбіреп тұрған ақ келіншек ән салып болған соң, жұрт алақаны сартылдап түйіп аспанды жаңғырықтырып жіберді. Манадан қыбыр етсек Шеген екеумізді кезек түртіп қалып, өзі үн шығармай тыңдап отырған Бораш алақан соғам деп, ұшып түсе жаздады. Қоршау басына қонған қара тағанға ұсап, қыпылдап әрең отырғанымызда жұмысы да жоқ.

– Қалай айтады, ә? Неткен әнші еді! Алақандарыңды аяймысыңдар! – деп бізге ұрсады. Одан гөрі біздің алақанымыз қатты сартылдап жатқанын аңғармайтын сияқты.

Сахнада менің таңқалып отырғаным басқа нәрсе еді. Оның атын бояудың көптігі дер едім. Ақ, қара, қызыл, сары деп жорып, дүниеде бояу дегеннің көптігін көрмек түгіл, естімеген де екемін. Бір ғана көк дейтін түсіміздің өзі сахнада толып жатқан түрге бөлініп тұр. Шын мағынада көрдім. Бұл күнге дейін мен аспанның көктігін білуші ем, Бірақ шын ашық көк айқын көк сахнада болады екен. Әртүрлі бояу ән салып, кейде бірге күліп, кейде бірге мұңайып қояды... Алтын мен күміс, берен мен жібек бояу арқылы үн қосып, әнші әйелге қосылып ән салып тұрғандай.

Салқын желден бірімізге біріміз тығылып, үйлыға түсеміз. Қараңғы түн ауырлап, аспан жерге жақындай түскен сияқтанады. Сол ауыр түнді найзағайдай тіліп, әйел әні аспанға өрлеп бара жатқандай... Үстіндегі көйлегіндей, көгілдір

көзді әнші әйел әнімен бірге өзі де аспанға оп-оңай көтеріліп кеткендей көрінеді. Әйел екінші әнін аяқтаған кезде тақтай қоршау соққан алақаннан жарылып кеткен шығар деп едім. Жұрт алғысын айғайлап айтып, айналамыз ат шапқандай дүңкілдеп кетті.

Осы кезде қоршауды тасаланып, екі милиционер де келіп қалған екен. Дәл қасымыздан ұрланып қана шыққан ақырын ысқырыққа жалт қарағанда Шегенге жақындай берген милиционерді көрдім. Шеген биіктен секіргендей қарғып кетіп, қараңғы жерге барып түсті. Бізге де: «Секіріңдер!» – деді.

Бораш секіремін деп, милиционердің дәл алдына құлап түсті де:

– Ойбай, аяғым! – деді.

Мен бұрылып секіре бергенімде шоқпыт шапан үшкір тақтайға ілегіп, ту сыртымнан асылдым да қалдым. Еш жерім ауырған да жоқ, қорыққан да жоқпын. Ұялғаннан тақтайды тепкілеп, бақыра бастадым. «Өлімнен ұят күшті» дегенді кейінірек естісем де осы арада өз басымнан бір өткіздім-ау деймін. Арқаңнан асылып қалып, тырп етуге шамаң жоқ, аяққаптай ілулі тұрғаның ұятақ сияқты.

Театрда отырған адамдар менің даусымды естіп:

– Не деген бұзақылық бұл!

– Кім бар бұған тыйым салатын?– десіп, ашу шақыра бастады. Бораш әрең деп қоршауға сүйеніп, маған жақындады да:

– Шығарма үніңді! Ән салып жатқанын естімеймісің! – деп, мені аяғымнан тартты. Бірінші рет маған зекіп айтты.

– Сенің ешбір жерің ауырған жоқ. Өтірік бақырасың! – деп қасымда бір милиционер тұр. Милиционер менің мықтап ілінгенімді бір байқап алды да:

– Азырақ шыдай тұр. Қазір түсіріп алам...– деді.

Шеген орғып шығып, сонадай барып тұр. Бізге дыбыс беріп қояды. Бораш екеуміздің біржола қолға түскенімізді білген соң екі милиционер Шегенге қарай ұмтылды. Шеген театрды айнала қашып, бізді тастап кетпейтінін аңдатып қояды. Милиционерлер түлкіге төнген бүркіттей түйіліп, қақпақылға салып, Шегенді аз-ақ іліп түспей жүр. Шеген кейде киіктей орғып, кейде балықтай бұлт етіп қалып, жалт беріп, оқыс бұрылып, еркін жүрген сияқты. Шегеннің қызығына қарап тұрып, мен де өз қайғымды ұмытып кеттім.

Қуғыншылардың ысқырық белгілері бір алыстап, бір жақындап, бір оң жақтан, бір сол жақтан шығып, қашқан мен қуғанның мән-жайларын білдіріп қояды. Кейде «міне!» дегендей, кейде «әттең!», «қап!» дегендей өкініш ысқырығы естіледі. Қуғыншылар ұзап бір кеткенде, мен Борашқа:

– Жөнел, – дедім. Аяғын әрең сүйретіп, Бораш та ұзай берді.

Жанталас ысқырық үсті-үстіне шығып, тапыр-тұпыр жүгіріс тағы жақындай беріп еді, әлдеқайдан ағып келе жатқан Шеген бұраңдап бара жатқан Борашты қағып әкетті де, жоқ болды.

– Құтқарам, қорықпа! – деген Шеген даусы алыстан екі рет қайталанды.

Тақтайдың үшкір басы байқаусызда артқы етіктің астынан кіріп, жауырын ортадан тесіп шыққан сияқты. Қалың қомша былқ еткізер емес. Ентіге жөтеліп,

аптыға сөйлесіп қуғыншылар менің қасыма келді. Дауыстарында бірін-бірі кінәлау да бар. Екеуі де қазақ екен.

— Мен қалай қарай жүгірсем, сен де солай қарай жүгіргенің не? — деп, жасы үлкені кінәласа:

— Әлгі бір жерде сізден болды... — деп, жастауы ақталып келеді.

— Шортаны құтылып кетті... Шабақ... әшейін шабағы қолға түсті...— деп, маған жастауының көңілі де толмай тұр.

— Тоқтай тұр сен шортан! Сені қармағыма бір іліндірмесем бе! — деп, ең көп қуып, көп азаптанған мұрнының алдында ғана екі елі қара мұрты бар, жасы үлкені жер тарпиды.

— Анау атамандарың ғой? —деді ол маған.

— Жоқ. Шеген, — дедім.

— Нешева подобного! Атаман! — деді ол.

Мені баптап, ілінген жерімнен түсіріп алып, мұртты милиционер атыжөнімді сұрады. Мен бар дұрысымды айттым.

— Қарағым-ау, өзің оқу іздеп келіп, қайдағы бәлеге қайдан кез бола кеттің, ә? Көшеде мені бір көрмедің бе? Аға, оқу іздеп келіп ем десең ғой, мен сені тұптура детдомға апарып тапсырам. Өй, ақымақ бала!.. Шешеңе де хабар берем... Оқуға да кіргізем,— деп, біресе ұрсып, біресе қамқор сөздер айтып қояды.

Жас милиционер маған темекі ұсынып еді, мен алдым да ортасынан бір сындырып лақтырып жібердім. Мұртты милиционер:

— Адам болады екенсің, айналайын, — деп арқамнан қақты. Қолы жұмсақ, айналайын дегені жылы тиді жүрегіме.

Мені машинаға мінгізіп алып, сол түні қаланың шетіндегі балалар үйіне тапсырды. Бар баланың азық-түлігін жалғыз жеп семіргендей жуан әйел, отырған орындығын ойбайлата сықырлатып, маған қарай әрең бұрылып:

— Атың кім? — деді.

— Костя.

— Я, сендер бәрің де Костясыңдар... Әкең аты ше?

— Сарталі.

Оқтаудай жуан қаламды қазандай үлкен қара сауыттағы сияға малғысы келіп, қолын соза түсті де, менің атымды жазғысы келмей кеткендей, қолын қайта тартты. Сауытқа сүйей берген қалам әуелі бір жағына қисайып құлады да, содан кейін бір-екі аунап түсіп, әйелдің алдына таман барып жатты.

Бұл түнді мен бөлек бір бөлмеде өткіздім. Әуелі мені көбігімді бұрқыратып жуындырып алды, таза киім берді. Әлгіде мені ынтасыз қарасы алған әйел, енді менің момын екендігіме, анау-мынау бұраң жолым болмағандығына көз жеткен соң жылы тарта, шүйіркелесе сөйлесіп, балалар үйінің жайын таныстырып отыр. Аздап қазақша біледі екен:

— Мен жақсы шеше... Балаларым көп. Ойнайсың... Оқисың, — дейді әр сөзді икемдеп, қазақша сөйлеп...

— Неше балаңыз бар? — дедім.

— Қазір елу...

Мен шын-ақ шошып кеттім. Бір адамның елу баласы болады дегенді естіген емес едім.

— Сентябрьде сексен болады... — деді әйел. Мен: «Бір айдың ішінде отыз бала табасыз ба?» — деп сұрай жаздап барып қалдым. Кескінімде айран-асыр таң қалғандық болу керек, әйел күліп жіберіп:

— Бәрі де өзіңдей. Жетім балалар, — деді. Жетім балалар үйінде отырғаным енді ғана есіме түсіп, ұялып қалдым.

Аппақ таза бөлме. Сырланған көк кереует. Асты-үстімде таза ақ төсеніш. Бұл менің өмірімде бірінші рет кездесіп отырған нәрселерім. Кез келген бұрышқа аунай кетіп үйренген басым, мына тазалыққа қалай жақындасудың ретін таба алмай, қатты қысылдым. Мені жуындырған әйелдер, ұялғаныма қарамай үстібасымды көпіртіп жатып:

— Енді таза боласың, ақылды боласың, жақсы боласың, — дескен.

Сол таза, ақылды болатын балаңыз тазалыққа аяғын салуға бата алмай, кереуетінің шетінде ғана отыр. Мұндайдың жайын Шеген білер еді, ол қасында жоқ...

— Ал, айналай, жат, юкта! — деп толық әйел де шығып кетті. Мана ол маған өрескел жуан көрінсе, енді толық қана көрініп қалды.

Бөлмеден барлық балалар үйінде болатын дәрі-дәрмек иісі келеді. Төбеде шатынай жарқырап электр шамы тұр. Бұл күнге дейін қала оттарын алыстан ғана көрсем, енді, міне, қасында отырмын. Біздің ауылға алыстан қол бұлғап, жымың қағып, шақырып тұратын қала жарығын енді, міне, жақыннан көріп отырмын. Мүмкін мен ауылдан қашқанда осы шамның жарығы жетелеп әкеткен болар... Несі бар, бұл да мүмкін...

Менің ендігі бақылап отырғаным, осы шам таң атқанша жанып таусылар ма екен деп ойлаймын. Бірақ жанған сайын жарығы күшейе түскендей болады. Мен орнымнан тұрып, төбеде тұрған шамды айнала бір қарап шықтым. Үрлеген қозықұйықтай ғана шыны екен. Тоқыма бауды маңдайшадан өткізіп алып төбеге шегелеп, бір ұшын салбырата қойсақ болғаны... Содан соң қозықұйықты іле сал... Ауылда тоқыма бау аз ба, қаланың қай жері болса сол жерінде шашылып жатқан шыны аз ба!..

«Е, мұның өзі онша қиын емес екен... Әй, қарамұрт-ай, қалаға келіп жүргенде тым болмаса осының бірін ала келсе ғой, ауыл әлдеқашан жарқырап кетер еді!» — деген ой келеді.

Кейін ауылға қайтқанда ең алдымен тап осындай сөнбейтін, жанған сайын күшейе беретін шам ала қайтуға серт еттім. Қалада жанған от ауылда жанбайтын несі бар? Апам бау ширатып береді, мен қаладан бір арба қылып шыны алып қайтам...

Үйдің қабырғасында, төңкеріп қойған кішкене шашкеге ұқсап, тағы бірдеме жабысып тұр. Шам жарығына күмістей жарқырайды. Бұл не екен? Дәл ортасында кішкене ғана мүйізі бар... Шашкеге қолымды апарып, сипап қарап ем, еш нәрсе де болған жоқ. Шіркін осындай ойыншығың болып, қалтаңа салып жүрер ме едік!.. Балалар жиналып ойнағанда, біреуі сақасын көрсетіп, біреуі бір

ескі сағаттың дөңгелегін көрсетіп мақтанғанда, сен қалтаңнан мынаны суырып алсаң!..

– Бұл не, әй, бұл не, әй! – дейді ғой, балалар жабырлап.

– Мұны әкең де көрген жоқ! – дейсің де, қайтадан қалтаңа тығасың.

Содан кейін сенімен тамыр болмайтын бір бала қалар ма? Ақбота қандай қызығар еді! Ақбота қызығып сұрай қалса, берер ме ем, бермес пе ем? Қиналып-ақ берер ем..

Бір қызығы, мен қала жарығын ауылға апарып орнатқанда да тек қана өзім теңдес балалар алдында мақтану үшін орнататын сияқтымын.

– Қашып кетті деп күлуші едіңдер, не алып келгенімді көресіңдер ме? – демекшімін. Әрине, бәрі де жым болады.

Осы ойлармен тұрғанда, қолым қабырғадағы ойыншықтың қай жеріне тиіп кеткенін білмеймін лып етіп, шам сөніп қалды. Әлдене тырс еткендей болды. Әуелі шам сөніп, содан кейін тырс етті ме, болмаса, әуелі тырс етіп қалды ма, ол арасын аңғара алмай қалдым.

Есік сыртынан:

– Неге сөндірдің? – деген еркек даусы келді. Содан кейін бөлмеге біреу кірді де, тырс еткізіп қалып еді, шам жанды. Ол балалар үйінің күзетшісі, сары сақалына ақ кіргендіктен бет-аузын балдыр басып кеткендей қарт адам екен.

– Ата, жаңа жарық қайда қашып кетті? – дедім.

– Қайда қашушы еді. Сен сөндірдің. Немене, мені алдағың келе ме! – деді, азғана ызғар көрсетіп.

– Жоқ, ата, мен көрмей де қалдым... – дедім, нені көрмей қалғанымды өзім де айқын түсінбей. Шал сенер-сенбес шығып кетті.

Алыстан арсылдаған теңіз дем алысы менің тереземе соғып қайтып жатқандай болады. Басқа бір дыбыс жоқ. Тыныш түнде теңіз ғана әлденеменені әнмен айтып, әлдеқайда шақыратын сияқтанады.

Тағы біраздан соң, қырдағы үнсіз қараңғы түннің қала шетіндегі көп көзділігі, көп үнділігі есіме түсті. Шамы сөнбейді, үні тоқталмайды. Темірді темір қажап, түн бойы жұмыс істеліп жатады. Ауыл олай емес, ә? Төрт түлікті төрт-ақ адам бағады. Өзге жұрт не істейді? Мал қайтты, сиыр сауылды, содан былайғы түн көбінесе ұйқы төсегі сияқтанады.

«Осы ойларың дұрыс» дегендей алыстан балықшы кемелері айғайлап қояды. Үлкен бір жарықтар теңіз бетін қыдырта сүзіп, кейде менің тереземді де жанап өтеді. Ақжал толқындар домалай жүйткіп, қырға шығып кетердей көрінеді. Мен шегініп төсегіме келем...

Қолға түсіп қалғанымның қорлығы енді бойыма тараған секілді. Көз алдыма манағы ән салып тұрған әйел келеді. Сол әйелдің де баласы бар ма екен деп ойлаймын. Қой, жоқ шығар!.. Сірә, мен ол әйелді барлық еркек атаулыдан қызғанғандаймын. Сиыр сауып, баланың жөргегін жуып, басқалардай ас ішіп, біреуге ұрсып, біреуге ренжу ол әйелде болмау керек сияқты. Ол дүниеде тек қана ән салудан басқаны білмеуі керек... Бірдемеге жақындатсам-ақ, сонша таза, сонша нәзік адамға кір жұғып қалатындай, еш нәрсеге жолатқым келмейді. Енді бір кезде Шегеннің «өнер» дегені есіме түсіп кетіп, екі аяғымды жоғары

көтеріп, қабырғаға сүйедім де, екі қолыммен жүре бастадым. Үйренуге болады екен. Аяғыңды қабырғаға сүйеп тұрсаң, тегіс еденде екі қолыңмен жортақтап та кетеді екесің...

Таң атты... Төбеден шам көзін қыса бергендей көрініп еді, сөнгелі тұр екен. Шеген мен Бораш қой «салқын сарайда» керіліп жатыр. Мен мынау, темір кереуетте аунақшимын. Талдыра толған «Зәурешті» айтып отырған Бораш көз алдыма келед». Ішімнен мен де қосылып жатырмын. Бұл жолы екеуміздің даусымыз бірге өрілгендей шығады.

— Өй, ақымақ бала... Маған неге айтпадың? — деген милиционермен қосарланып, — оқисың, ойнайсың, ақылды боласың, — деп, балалар үйінің хозяйкесі күліп тұрғандай болады...

— Өй, қасқаның жатысын! — деген дауыстан оянып кетсем, қасымда Шеген тұр екен.

Күн көтеріліп қалыпты. Бесті шыбындар терезені тепкілеп, қиратып барады екен. Шегенді көріп, «салқын сарайда» екенбіз деп, қуанып кетіп ем, сыланған ақ қабырғалар мен биік терезелер өткен түнді түгел еске салды.

— Біз де келдік, — деді Шеген менің төсегіме отыра беріп. — Сен қолға түсіп қалдың, Бораштың аяғы тағы бүлініп қалды. Қыс та жақындап келеді. Бәріміз бір жерде болайық деп, Борашты алып, мен де келдім. Енді адам болуымыз керек.

— Мен басымды жастықтан жұлып алып, Шегеннің тізесіне салдым.

— Бораш қайда?

Доктор қарап жатыр. Немене, сағынып қалдың ба?

— Мен еркелеп, арсаңдап, Шегенге қарай тығыла беріп, санын қыршып тістеп алдым. Шеген мені бүктей құшақтап алды да тырп еткізбеді.

— Мені босатып алуға келген екен десем!.. — деп, мен кіналап Шегеннің бетіне қарадым.

— Бізді босату керек емес, бұғаулау керек! — деді Шеген.

Түс ауа, қораның ішінде таза ауада тамақ ішіп жатыр едік, аңырап-боздап апам келіп қалыпты. Таразының бір басында «Қайрошым, Қайыржаным» деп еркелететін шешем, екінші басында Шеген мен Бораш, екі ортада көзім жаутаңдап мен қалдым. Әлдеқайдан жел айдап әкеп қосса да, жан-тәніміз бірігіп үлгірген екі досым, салмақтаса келгенде шешемді басып кете жаздаған бір кезі де болды. Бірақ әңгімені балалар үйінің хозяйкесі шешті-ау деймін.

Кеше маған ұнаңқырай қоймаған Мария апай шынында да елу баланың анасы болып кеткен екен. Денесінің толықтығына қарамай, балалардың арасында ұршықтай иіріліп жүреді. Толықтығында анаға лайық бір жылылық, мейірімділік бар екен. Бар бала Мария апай деп бір айтпаса, асы тамағынан өтпейтіндей әлсін-әлсін бірдеме сұрап мазасын алады. Ол оған ерінбейді де, жәбірленбейді де, әр баланың қасына барып, еркелетіп кетеді. Детдомның бұрынғы балалары Бораш екеумізге менсінбей қарап, Шегенге қулығы аралас қауіп көзімен қарап отырғандарын Мария апай аңдап қалған екен. Қақпадан апам даусы келіп жеткенде, Мария апай:

— Шашыңды қалай әдемі алған... — деп, менің басымды сипап тұр еді.

Апам даусын анық айырмай тұрып-ақ, жүрегім дүрсілдеп қоя берді. Қасық қолдан түсіп кетті, Шегеннің тізесіне сорпа да шашыратып алдым. Басында біздің жақтың үлкен жаулығы, көк шұбар кең көйлегі делең қағып, тым екпіндей басып келеді. Бір қалыптан шыққандай көп баланың ішінен мені бірден айыра алмай, сол екпінімен ортамызға келіп кірді. Киімдері бірдей, шаштарын да бірдей етіп алдырған балаларды сыдырта сүзген көзі маған таянып келеді. Шешесін көрген бала отыра ала ма:

– Апа! – деп, орнымнан тұрдым. Апам ұзын столдың аржағынан қолын созып, мені көтеріп алды. Исі таныс ыстық құшаққа кіріп кеттім. Ұя басар ана қыран балапанын іліп алды да, бауырына басты. Балапан жүрегі дір қақты.

– Құлыным, Қайрошым. Қайда жоғалып кеттің... – деген әлсіз ғана шыққан дауыс естіледі. Осы төрт-бес сөздің ес білгелі ана дегенді танытатын қандай мейірім, қандай сезім болса, соның бәрін бір-ақ көшіріп әкеп, ып-ыстық етіп жүрегіме құйып жібергендей болды. Мені көтеріп алуға столдың аржағынан қолын созғанда бір баланың ішіп «отырған сорпасын шайқап жібергенінде апамның жұмысы да жоқ... Шешесіз балалардың маған қарап, көздері мөлтілдей бастағанында менің де жұмысым жоқ. Дала исін, шеше исін аңсағалы айлар өткендей, шешем кеудесін тұншыға иіскелеп, жұтып жатырмын.

Стол басында шусыз отырмайтын көп бала да тына қалды. Бұлардың көбінің шешелері жоқ жетім балалар. Әрқайсысы да өз шешесін сағынып, сарқыла білмес мейірім аңсап, мұңая қалыпты. Туған анасын көрмесе де, шешесін сағынбайтын бала жүрегі болмайды.

Құлағыма дүрс-дүрс етіп, шеше жүрегінің соққаны естіледі. «Қарға баласын аппағым» деп сүйеді дегендей, апам мені «күнім!» деп, иіскелеп аймалап, сүйіп жатыр.

Кейде желкеме, кейде шекеме ыстық жасы да тамып-тамып кетеді. Сол құшақтан шығармаған бойы, құлағымды сол жүрек дүрсілінен айырмаған бойы, апам қақпадан шығып жүре берсе, мен де айрылмай кете беретін едім.

Мені ешкім ертіп әкетпегенін өзім қашып кеткенімді апам жақсы білетін болса керек. Сондықтан балаларға соқтыққан жоқ. Көз жасын жаулығымен сүртіп жатып, әрқайсысына мейірім көзімен бір қарады да, үндеген жоқ. Манадан көзін күтіп тұрған Мария апай тамақ алдырып үлгірген екен, апама көптен бергі танысындай жымия қарап:

– Отырыңыз, тамақ ішіңіз, – деді.

Әлі де өксігі басыла қоймаған апам, отыруын отырса да, алдына қойған тамақты ілгері ысырып қойды:

– Қаталап келдім. Тамақ ішпеймін. Рахмет, шырағым.

– Ендеше, шай ішіңіз, – деп, Мария апай шай алғызды.

Апам стаканды әрі итеріп қояды, Мария апай стаканды қайтадан ұсынып, қылқылдап тұр:

Сіз анасыз ғой. Мен де анамын. Сізде көп болса, он бала бар шығар... Менің елу балам бар... Балаңызды алып қайтам десеңіз, қазір қайтарам, өз балаларым да жетеді... Ол жағынан қауіп етпеңіз, сеніңіз... Бірақ ана бола тұрып, балалардың

дәмінен татпасаңыз, балалар өкпелейді, – деп Мария апай әртүрлі тәттілер мен күрең шайды апамның алдына қарай жақындата түседі.

– Ішіңіз, ана...

Шай деген біздің жақтың өте бір құмар нәрсесі. Әлде сол құмарлық па, әлде Мария апайдың сөзі жылы тиді ме, апам стаканды қолына алды. Өмір бойғы еңбектен буылтықтанып кеткен саусақтарының бірінде жалпақ күміс сақинасы жарқырайды. Күнге күйіп қарайған ашаң жүзіне енді ажар кіре бастады. Апам сирек ұрттап, шай ішіп отыр да, Мария апай шайдан гөрі де дәмдірек сөздерді құлағына құйып жатыр. Таңертеңнен бері Бораш екеумізге менсінбей қараған балалар алдында менің беделім де көтеріліп қалған сияқты. Бірі бауыр тартып, жымиып қойса, енді бірі менің алдыма қарай нанды жылжытып қояды. Еркелетіп, арқамнан қағар, аймалап сүйер шешем барлығы бір сәттің ішінде мені өзгелерден едәуір жоғары көтеріп тастапты.

Бораш пен Шеген «осы кезеңді өткізіп алма» дегендей, кезек-кезек бүйірімнен түртіп қояды. Қою күрең шай да босқа кетіп жатқан жоқ.

– Апа, мен ауылға қайтпаймын... Осында қалып оқу оқимын... Қарамұрт мені сарайға қамап қояды. Он жыл отырмаймын сарайда! – дедім, апамның білегін басыммен сүзгілеп, қыңқылдап, еркелей сөйлеп. Апам мырс етіп қалды.

Мария апайдан басқаның бәрі де мырс етіп, күліп жіберді.

– Көресіз бе, балаңыз қандай ақылды! Оқу оқығысы келеді, – деп, Мария апай да мені жақтай кетті. Мен ішімнен алғыс айтып, жаутаңдай бердім.

Ауылда оқу деген әр үйдің дәстүріне түгел кіріп болмаған кез ғой. Апам мені оқу іздеп кетті деп ойламаса керек, мен жаңағыны айтқанда сасыңқырап, аңырып қалды. Мен басымды қолтығының астына тығып жіберіп, тағы да жүрегіне апарып құлағымды сүйкелеп:

– Оқимын апа, оқимын... – дедім. Апам қолтығын ашып, көзіме қарады да:

– Қарғадай басыңнан қалай оқисың, құлыным-ау... Тым болмаса, әкең де жоқ. Мен қаражатты қайдан табады дейсің... Ақыл бар ма өзінде, жоқ па? – деді. Мұнысы ризалығын бергені де еді.

Кешке жақын кең қорада біразымыз доп қуалап, енді біразымыз асылғышта асылып ойнап жүргенде апам мен Мария апай терезеден қарап отырғанын көрдім. Шеген асылғыш-турникке қолтығынан асылып, зыр айналып тұр еді, апам менің қасыма келіп:

– Өнерлі бала екен... – деді. Мен онысын «үйрен» дегендей ұқтым. Менің ойымды апам да ұқты білем, маған қадала бір қарады да үндемеді.

Балалар үйінің күзетшісі арықтау қаракер атты арбаға жегіп болып, балдыр басқан бетін сипап қойып, апамды күтіп тұр. Толып жатқан қағаз қалталарға кәмпит, қант, шай салып алып, Мария апай да келе жатыр. Апам менің оң көзімнен бір ғана сүйді де:

– Оқимын десең, оқи ғой, күнім. Әкеңнің де бір арманы оқу боп өтіп еді. Тентек болма, жақсы оқы! – деп арбаға мінді.

Қаракер ат қайыстай созылып барып, арбаны бір қозғап алды да, санына сарт ете түскен делбеден ығыса бере жортып кетті. Апамның көзіне жас

алмағаны маған көңілі қалғандай көрініп, мен жылап жібердім. Шеген мені, басымды орай құшақтап алды да қораға кіргізді.

Алыстай берген арбаның тырс-тырс дыбысы жүрегіме тық-тық тиеді. Шынақ тізесінен айрылып кеткенім бе?

Жоқ, апа, қайда жүрсем де, қасыңда болармын. Жоқ, апа, мен сені ұмытпаймын. Әр күн басымды жастыққа салғанда сені ойлап жатып ұйықтап кетермін. Сондықтан түсімде де сені көрермін!..

5

Ақ Жайық жүзі сұрланып, қамыс арасының сылдыры молайып кетіп еді, күз болып қалған екен. Күн қабағын жиі-жиі түйіп, теңіз демалысы салқындап кетті. Көк орай ойпаңдар қоңыр тартып, адыр төбелер арықтаған түйедей, жалаңаш, құбақан тартып, жансыз сұлап жатқандай көрінеді. Шөккен түйенің өркешіне ұқсаған құбақан-қоңыр төбе бастарында өлімтік басына қонғандай, айналасына тұнжырай қарап, жалғыз-жалғыз қара құстар отыр. Даланы билеп алған жалғыз үн күн сайын қатая түскен күзгі желдің үілі ғана.

Сұрғылт аспан астары жыртылып, кір мақталары салбырап кеткен көрпеге де ұқсап кетеді. Жалба-жұлба сұрша бұлттар төмен жүр. Жазғы, айқын көк түсінен айрылған аспан кейде үсті-басын қар басып қалған тауға да ұқсап кетеді. Теңіз бетін буалдыр бір тұман басып, теңіз суы қарақошқыл тартып, қорғасындай ауыр сезіледі.

Жарқын жазбен амалсыз қоштасқан жұрт, енді күзге орайлас сұр киініп, адам реңдері де қуаң тарта бастады. Мария апай да жазғы балпаң басудан айрылып, теңіз жаққа иығын тосып, жүзін ыққа қарай бұрып аяқтарын тез-тез басады.

Үлкен бөлменің сынған бір-екі көзінен күздің суық үні соғып тұр. Азынаған суық желдер ауылда қасқырды еске салушы еді, балалар үйінде ашық-тесікті тез қымтап, пешке жағатын отынды ойла деп тұрғандай. Ересек балалар жұмысқа кеткен. Үйде қалған ұсақ балалар қатар тұрған төсектердің үстіне үйме-жүйме боп отырып алып, ойға келгенді айтып, таласып жатырмыз:

Қасқа адамның ақылы көп бола ма, сақалы ұзын адамның ақылы көп бола ма?

— Адамның ақылы шашына жау болатындай-ақ біразымыз:

— Ақылы көп адам қасқа болады, оған таласпа! — дейміз.

— Жоқ... Анау сақалы беліне түсіп отырған Толстой деген кісі... Олай болса, сақалды адамның ақылы көп болады! —деп, қарсы жағымыз бой бермейді.

Өзіміз білетін адамдарды сүзіп шықсақ, ақылды қасқа да, ақылсыз қасқа да бар екен. Сақалдылар да солай. Бірақ дәлелге бала тұрақтай ма, әркім өзі сөйлеп, өзі тыңдап, мәз-мәйрам, шуылдасып жатырмыз.

— Балада неге сақал болмайды?

— Ақыл жоқтықтан болмайды.

— Ендеше, жеңілдік!

— Жоқ, жеңілгем жоқ! Бала неге қасқа болмайды?

– О да ақыл жоқтықтан.

– Ендеше, сен жеңілдің...

– Ха, ха, ха...

Қашаннан бері адам баласының бойына сіңген әдет бойынша әңгіме аты жоқ адамдардан алыстан басталып, таныс адамдарға көшеді. Таныс адамдардың кінәсын тауып қалжақтауға балалар да құштар.

– Балалар үйінің бастығы дырау ма, бухгалтер дырау ма? – деген сұрау қояды бір бала.

Балалар үйінің бастығы Құдайберді Қозыбағаров балалар үшін достық-дұшпандық дегендердің екеуінен де аулақ адам. Мұнда бір жазасын тартқызуға жіберілген адамдай, жақсылық-жамандықтың бәріне де енжар жүреді. Кейде ол абайсызда ақырын ғана кіріп келеді де:

– Мынау орындықты кім құлатқан? – деп сұрайды. Балалар, әрине, кім құлатқанын білмей шығады...

– Өзі құлаған шығар...– дейді, өжеттірек біреуі. Орындықтың өзінен-өзі құламайтынын біле тұрсақ та, ол жауаптан ешқайсымыз қысыла қоймаймыз. Одан арғыны Қозыбағаров та қазбаламайды. Көңілсіз кірді, көңілсіз сұрады, қайтарылған жауапқа тағы көңіл қойған жоқ. Тәртіп бұзғанға ұрыспаса, бұзылған тәртіпті қайта түзегенге айтар алғысы да болған емес. Құлаған орындық, әрине, тұра келеді. Қалай ақырын кірсе, солай ақырын шығып, Қозыбағаров кетеді. Жаз көремісің, қыс көремісің, күндіз көремісің, түнде көремісің бастығымыз сол бір қалпынан айырылмайды.

Құдайберді Қозыбағаров сияқты кісінің аттары бұрмалауға да келе береді.

– Бізге құдайдың өзі бергені ғой...

– Біз қозы, ол бағушы.

– Қозыға қалай ұрыссын? – деп, бастығымызды тағы талай жерге апарып тастаймыз. Бірақ осы атын бұрмалау сияқты күнәсыз қалжақтан басқа обал да жасамаймыз.

Бухгалтерді біз сирек көреміз. Жұмасына бірер сағатқа екі-үш рет қана көрінеді де, басқа күндерде ол бұл маңайға жоламайды. Келгенде қақпадан кіре бере сөйлеп, ылғи асығыс, жанталас жүреді. Үйге кіретін жұмысы жоқтай, бастықпен ылғи қорада кеңесіп тұрады...

– Әнеугі он бес куба метр ағаштан айрылдық... Кірпішті төртінші тоқсанда беретін болды... Ақша болатын болса, комбинаттың біраз қаңылтырын қағып кетуге болар еді. Тағы бір отыз балаға ақша сұрасақ қайтер? – деп, бір келгенде бір жылдық жұмыс ала келеді де, енді айналғаныңша асыға басып қақпадан шығып бара жатады.

Осындай елеулі-ақ кемшілігі бола тұрса да бухгалтер темекі тартуға шебер... Темекі түтінін екі ұртын ішіне сора тартып, жұтып жібергендей болады. Содан кейін тұнық бір дауыспен:

– Менің бұл жетіде тағы да қолым босамайды... – дегенде, алдында тұрған бастықтың бет-аузына лып-лып еткізіп түтін атып тұрғандай болады. Балалар үйінің «быт-быт-быт» деп тұратын кішкене ғана электр станциясы бар. Бухгал-

тер Лазарь Моисеевичтің аузынан шыққан темекі түтіні соған ұқсайтындықтан біз оны «станция» деп атап кеттік.

Бала кезінде әрбір ерекше мінезге еліктегіш келесің. Бір күні үш бала темекі тауып алып, «станция» болып отыр едік, жұмыстан Шеген келіп қалыпты. Шеген шаңымызды қағып, «станцияның» быт-шытын шығарды.

Содан бері біз бухгалтерге біржола өш болып алдық. Ол келсе-ақ, айнала тұрып, аңдып жүреміз. Бірақ бастығымыздың оған қарасы тұк айта алмай, мойындай беретінін көріп, бастықтан гөрі бухгалтер дырау болар дейміз.

Балалар үйінің бас хозяйкесі Мария Викторовна ақкөңіл, салдыр-салақтау, бейғам адам. Бір баланың жүзін жыртпайды. Біз ол кісіні жақсы көргендіктен Мария апай деп кеттік. Мұнымызға өзі де ырза сияқты. Түнде біраз уақыт ортамызға келіп отырып, әртүрлі ертегі айтып береді. Жалғыз айыбы біздің жақтың Нүсіпқали, Сағынғали, Темірғали деген аттарына тілі келе бермейді де, бәрімізді Костя, Саша, Тимур етіп жіберді.

Қазір Мария апай шолақ ақ тон киіп алып, шашы дудырап, қораның ішінде жүр. Түсінде бір кірбіңі бар. Бала деген қандай жағымпаз келеді, бірдемеге шамасы келмей жүрген шығар деп, мен жүгіріп қасына келдім.

— Мария апай, неге ренжідіңіз... Жұмыс болса, мен... — дей бергенімде, ол кісі менің сөзімді бөліп:

— Ренжімей қайтейін? Жаз бойы мұрнымнан жетелеп жүріп, ақыры бухгалтер қайнатты сорымды,— деді.

Мен орысша айтылған «мұрнымнан жетелеп» дегенді сол мағынасында түсініп:

— Е, мұрныңыздан неге ұстатасыз оған? — дедім. Ақкөңіл, мейірімді адамды қатты аяп кеттім. Алғашқы суықтан мұрны қызарыңқырап та тұр екен. Осындағы дырау өзі болған соң, бухгалтер Мария апайды мұрнынан сүйрелеп, жазалаған екен деп қалдым. Мария апай күліп жіберіп:

— Менің мұрным болса, оқасы жоқ қой. Жай одан жаман болып тұр,— деді.

Мария апайды бірінен бірі қызғанатын балалар жамырап далаға шығып:

— Отын жарайық па?

— Шөп әкелейік пе?

— Су әкелейік пе? — деп қоршап алды.

— Е, оның бәрі де тұк емес қой, балалар... Әңгіме одан жаман болып тұр,— деп, Мария апай қайғылы пішінмен бізге мұңын шақты.

Қозыбағаров әлі Қызылордада. Оқу комиссариаты күнде бір сөгіс беріп, қайтармай жатыр. Бүгін балаларды Оралдың деткоммунасына көшір деген бұйрық алдым,— деді.

Бұған қайғыратын не барын балалар, әрине, түсінген жоқ. Өзіне тапсырылған жұмысты басқа біреуге алып беру — астыңнан атыңды аударып алудан да жаман екенін ұнатпайтын кезіміз ғой деймін. Жаңа бір қалаға баратын болғанымызды біліп, біз қуанып та кетсек керек.

Мүмкін ондағы бастығымыздың аты-жөні де басқа болар.

— Қане, Оралдағы бастығымыздың аты кім? Кім таба алады?

– Бір қаламұш бәйге тіктім... Кім тапса, соған берем, Оралға барған соң! – деп, балалар шуласып кетті:

– Еркек пе, әйел ме?

– Әйел боп шықса, мен бес қаламұш берем...

– Бірақ Мария апайды ала кетейік...

Босқа таласып, шуласып отырғанда, жұмыстан Шеген бастаған ересек балалар қайтып келді. Шеген балаларға айтқанын істететін бос қылжаққа ылғи тыйым салып жүретін мақтаулы мінездің баласы болып кетіп еді. Бәріміз соған еліктейтін болғамыз. Мария апай бізге айтқанын ересек балаларға да айтты. Халдың қайғылы жағын баса суреттеп, шағым зарын молайтыңқырап айтты:

– Қолымыз босаған күні бар ма еді?! Жұмысымызда мін бар ма еді! Әр кезде күн демей, түн демей, осы бір ұяның көркейе беруін ойлайтын едік... Енді мынау, мұндағы балалар үйін жауып, сендерді Оралға көшіретін болыпты,– деп, жыламсырап барып тоқтады.

Шеген әуелі Мария апайдың мұңына қосылатындай, мүлгіп тыңдап тұр еді. Бір кезде, күтпеген жерден қатал бір сөздер айтып тастады.

– Жұмысты жаман істеген әрине, жаман. Бірақ жұмысты жаман істеп жүріп, жақсы істеп жүрмін деу одан да жаман! Жұмысты жаман істегенін өзі де біле отырып, құлағына қол апартпаса, оның аты қылмыс! – деп, қызыңқырап барып бір тоқтады да:

– Не мініміз бар еді, күні-түні осы бір ұяны көркейте беруді ойлайтын едік дейсіз! Осыныңыз дұрыс па, өзіңіз ойлаңызшы. Не үшін бізді Оралға көшіріп жатыр! Оқу жабдығы әлі әзір емес. Бес мұғаліміңіз жетпейді. Мен сізді кіналамаймын. Бірақ басқалардың енжарлығына бекер араша түсесіз... Оқу басталатын уақыт өтіп барады, бұған не айтасыз? – деді.

Ұямыздың халі олпы-солпы екенін ересектер түгіл, жас балалар да түсінетінбіз. Бірақ бір жағынан Шегеннің өжеттігіне қызыға қарап тұрсақ, екінші жағынан Мария апайды да аяп кеттік. Мария апай Шегенге қайтарарлық дәл жауап таба алмай:

– Енді қайтуге болады? Қыс мынау, келіп қалды... Бухгалтер анау, қайда жүретіні белгісіз... Құдай ұрғыр төрт жерде қызмет істейді, – деді.

– Олай болғанда, туған жермен қоштасатын боламыз да? – деді Шеген.

– Солай болғаны да... Таңертең үш машина келеді. Жүресіңдер...

Бораш жиналу жабдығымен үйде қалды да, Шеген екеуміз таныс жерлермен қоштасып қайтуға қалаға кеттік. Шегенге еріп, жүгіре-жүгіре мен де сайтанның отын ала қашатын қаздыаяқ болып алғамын. Екеуміз дем алмай жүгіріп, базарға келдік. Біресе жаңбыр себелейді, біресе қар ұшқындайды. Суық жаңбырлы лайсаң күні базарда жан жоқ екен. Баяғы «салқын сарайымызға» бардық.

Үңгірімізді су алып кетіпті. Құрақ төсеген төрімізде тізеден лайсаң көкала су жатыр. Күзгі жаңбырмен ернеуін керіп кеткен өзен толқыны үңгірдің аузын етегімен сипап кетіп жатыр. Етігімізді шешіп, үңгірге кірдік. Бұрышта қалған қара шәйнегіміз де суға толып тұр. Шеген балағын түріп, суды тізесінен кешіп, түкпірге барды да, жып-жылтыр қара коробка суырып алды. Мен оны бір кезде

темекі тартқан екен ғой деп қалдым. Шеген қара сырлы коробканы ашты да, ішіндегісін көрсетті: ақ мақтадан төсек төсеп, алтындай жалтылдаған қынасары қоңыз салып қойған екен.

– Мұның аты түйеқоңыз,– деді Шеген.– Түйеқоңыз өзімнің қойған атым... Бірақ дұрысы да осы шығар... Мұғалімнен сұрап алармын деп жүр едім... Мә, сен ал, саған бердім. Мұндай қоңыз сенен басқа ешкімде болмайды!

Әдемі коробка жылт етіп, қойныма кіріп кетті. Бұл енді балалардың ынтасын құртып барып көрсететін нәрсе.

– Мен мұны үш жыл сақтап келдім. Аптекада дәріге салып берді. Енді сен де айрылып қалма! Мұның, қызығын көресің әлі! – деді Шеген өте бір үлкен жауаптылықты тапсырып жатқандай.

Бұл – Шегеннің алдыр-бұлдыр балалық шақпен қоштасып, енді естияр ересек қалпына көшкені сияқты еді. Сондай қимас қымбатын сыйлап тұр. Сонымен бірге, бұдан былай ойынымыз да бөлінеді дегенді айтып тұрғандай еді. Жүрегім төмен тартып, ауырлап кеткендей болды, үндемедім. Бұл жайын өзі де ойлана қалғандай, Шеген де үндеген жоқ.

Сол үнсіз қалыппен базар қасынан өттік. Әлі де қала ішінде қоштасатын жерлеріміз көп сияқты еді, ол баяғы басқа күндеріміздің елесі екен, енді еш нәрсеге мойнымыз бұрылар емес. Әшейіндеп шат қалпына көше алмай Шеген де қысылып келе жатыр. Оның өсіп, үлкейіп кеткеніне өкпелегендей менде де үн жоқ.

Қар енді жапалақтай бастады. Батыс жаққа қалың шөккен қара бұлттардың арасынан батар күн бір рет қана қызғылт белгі берді де, жоқ болды. Қақпасы қисайған бір қорадан бір еркек, бір әйел шыға беріп еді, Шеген мені түртіп қалып:

– Сол! – деді.

– Кім? – дедім, Шегеннің көзіне қарап.

– Үндеме!.. Сол...– деді Шеген маған қарамастан, көздері күлімдеп, таныс бір ұшқындар жылтылдап тұр екен. Манадан үндеспей қалғанымызға өкініп келе жатқан басым, Шеген балалық мінезін қайта тапқанына қуанып та кеттім.

Енді абайласам, өзі алдында, бала көтерген әйелі артында, баяғы мені ұстап алған милиционер кетіп барады екен. Белгілі қара шекпен, таныс қалпақ...

– Менің қайда екенімді білмейді әлі... Құдай біледі, әлі іздеп жүр... Көзіне бір көрінейін қайтер екен, – деп, Шеген шалбардан басқаның бәрін сыпырып, менің иығыма асып берді.

– Детдомға тарта бер. Қақпаның аузында күт... – деп, Шеген сықылықтап күліп тұр. Бес саусақпен бір ғана салалап жіберіп еді, шашы дудырап бір жақ көзіне түсіп, Шеген баяғы қалпына түсе қалды.

Қара түсіп қалған суық жерді жалаң аяғымен тапжылмай басып, үймелеген ақ шыбынға ұсап иықтарына тұрып қалған қарды да елемейді.

Мен Шегеннің ойы әлде неменеге ауытқып, оқыс бірдемеге соғып жүре ме деп қорқып та кеттім. Бірақ Шеген оған барған жоқ:

– Қой, балалық болар... – деді де, қайта киініп алды. – Жоқ, рахмет айтуымыз керек...– деді аздан кейін. Жаңа ғана көзіне шыға келген бұлан-талан бір

ұшқындары да сөне қалды. Бұл Шегеннің балалықпен біржола қоштасқандығы еді...

Біз милиционер ағайды қуып жетіп келіп, сәлем бердік. Ағай азғана таңдана қарап қалды да:

– Сен Шегенбісің? – деді.

– Ие, Шегенмін...

– Шіркін балалық қор етпесең жарар еді деуші ем..– дегенде милиционер ағайдың даусы қалтырай шықты...

– Ағатай, кешіріңіз... Сол шіркініңіз детдомға өзі келіп кірген... – деді Шеген. – Былтыр мен балалар үйін өзім іздеп келе жатқанда, сіз мені қуа жөнелдіңіз ғой... Содан кейін мен сізді көрсем-ақ қашатын болып едім...

– Өзім де солай істедім бе деп жүруші ем, дұрысқа шықты ғой! Амал қайсы, мен кінәлі екем, – деп, милиционер Шегенді өзіне қарай тартты. Қолынан ұстап тұрып:

– Рахмет, бауырым, бақытты бол! Мен оқымаған адаммын. Ерте туып, кеш қалдым. Оқымаған кісі қай алысқа барады дейсің. Сендер оқысын деп тілеймін, – деп, милиционер екеумізді де құшақтап алып, біраз үндемей жүріп келді. Көзі не айтып келеді, жүзінде қандай белгі бар, оны бізге түн қараңғылығы да көрсетпей жіберді, ол жүзге өзімізде де қарай алар жай жоқ еді.

– Оқыңдар, қарақтарым, оқыңдар,– деді ағай біраздан кейін.– Қазақтың, оқуда кеткен еншісі көп! Ата үшін де оқы, әкең үшін де оқы, өзің үшін де оқы!

Сол екпінімен «шешең үшін де оқы» деп айтар ма екен деп дәмеленіп ем, ағай оны айтқан жоқ. Онысы әйелдердсн оқуды қызғану емес, ауыз байғұстың айтып әдеттенбегендігінен еді.

Ертеңіне үш жүк машинасына тиеліп Орал қаласына жүріп кеттік. Бала деген орын ауыстырып, үйден үйге, қаладан қалаға көше беруді дүниедегі бір қызық көреді. Ұзақ сапар дегеннің бейнеті баланың есіне де кіріп шықпайды. Поезға мінем, машинаға мінем, атқа мінем деген бірнеше минуттың қызығы оның ар жағында қандай бейнет жатса да, оған көңілін бұрғызбайды. Бала қашанда бері ойлайды да, әрі аса алмайды, берірек ашық көрініп тұрған қызықты еш нәрсеге айырбастай алмайды.

Жүру қарбаласына қарбалас қосып, қолымнан келгенше әбігерлік жасап, мен де шуласып жүрмін. Көрген жерде – қуаныш, кездескен жерінде қайғың қалатын кез ғой, бүгін менің ойымда жалғыз ғана машинаға міну қызығы бар. Онсыз жүк артылмайтындай, онсыз машина орнынан қозғала алмайтындай, бала біткен азан-қазан. Жылап жүрген жалғыз Мария апай ғана. Машинаның үстіне жабылған қалың брезентке жаңбыр бұршақтай жауып, тырс-тырс етеді. Біз тезірек сол «тырс-тырстың» астына кіріп отыруға асығып жүрміз.

Машиналар балалар үйін солқылдата гүжілдеп, орнынан қозғалды. Жапажалғыз қораның ортасында жылап тұрған Мария апайды көріп, бір мұңайысып қалып ек, қақпадан шыға бере о да ұмытылды білем, шуласып ән салып кеттік. Машина шайқап, сілкіп қояды. Әр бала өз даусының қалай құбылғанын көбірек тыңдайды-ау деймін қосылған дауыстардың қалай шығып жатқанында жұмысы жоқ, барлық шеке қызарып алыпты. Бірі жоғары, бірі төмен алып, шырылдаған

дауыстар қосыла алмай келеді, Оның үстіне, бір машинадағы балалар төрт-бес топқа бөлініп, бірнеше әнді қатар салып келеді. Еш қайсысына қосылмай, үн шығармай, бұйығып қана мұңайып отырған тек Бораш.

Машина біздің ауылдың деңгейінен өтіп барады. Оқу басталар кезде келіп кетермін деген апам, келе алмаған. Сонау бір көрінген жалғыз ағаштың бауыры — талай ойнаған жерім. Қасында өзінен басқа бір ағаш болмағандықтан, оны біздің ауыл «қысыр ағаш» деп атап кеткен. «Қысыр қалғанына ағаш кінәлы ма, ауыл кінәлы ма, оны мен білмеймін. Қазір ойыма түсе қалған нәрсе — соның арғы түбінде біздің ауыл қалып барады, ауылда апам қалып барады.

Біреудің аяғын баса, енді біреудің үстіне құлай жаздап, мен машинаның арт жағына қарай ұмтылдым. Енді бір бел ассақ «қысыр ағаш» та көрінбей кететін. Атпен жүргенде күн бойы көрініп тұратын таныс қырқалар машина екпінінен тез-тез жылжып, тез-тез кейін қалып барады. Биік адырлар дөңгелене сырғып, орнынан қозғалып, кейін қарай шегіне бергендей сезіледі. Машинаның артына ұмтылғандағы ойым — тым болмаса, «қысыр ағашты» көз алдымнан жібермеу еді.

Биік бір қырқа бүйірімен дөңгеленіп, жалғыз ағашқа қарай жақындап барады. Енді міне, жалғыз ағаштың, төменгі жағын етегімен жауып та жіберді. Бөріктей ғана боп төбесі көрінеді. Машина тағы бір бұрылды, жалғыз ағаштың төбесі де көрінбей кетті...

Сұлай шалқайысып, ойпаңда етектерімен ғана жалғасып күзгі сары белдер жатыр. Жоғалған жіп арқанға ұқсап, әр қырқаның қабағында түйелі көштің жіңішке жолдары қалып барады. Електен сорғалағандай жиі жаңбыр аздан кейін сары белдер алдына да көк жібек шымылдық құрып, енді айқын көрінетін нәрсе — Оралға апаратын жол ғана болып қалды.

Қашан ұйықтап, қанша ұйықтағанымды білмеймін. Екі қолтығымнан қыса құшақтап бір әйел машинадан көтеріп алғанда ояндым. азғана ағашы бар, кең қораға келіппіз. Жаңбыр тоқтаған жер құрғақ. Таңертеңгі салқында меруерттей жылтылдап, бұтақтарға бозқоңырау қоныпты. Бұл — Оралдың «Балалар коммунасының» қорасы екен...

6

Өмір ұрланып өте беріпті, біз алаңсыз өсе беріппіз... Шеген тоғыз жылдық мектепті бітіріп, әскерге алынған күні, мен де он беске келіп қалғанымды есіме алдым. Шеген мұнда келгенде, үзіп-жұлып жүріп біраз оқып қалған ересек бала еді. Қазір ол әскерге алынып ұшқыштар мектебінде, Орынбор маңында оқып жатыр.

Байқаймын, балалар арасындағы ендігі Шеген мен сияқтымын. Мен қарғымаған биік, мен ойнамаған «ағаш ат» қалған жоқ. Темір білекке асыла кетіп айналғанда, дөңгелектей зырылдаймын. Денем темірдей. Бұлшық еттерім жыландай жиырылып, шиыршық атады. Кеудем көріктей көтеріледі. Іші-бауырым қаншырдай, бәйге атындай жарау, сып-сидамын. Былтырдан бері «бокс» сияқты

жұдырықтасуға да түсіп жүремін. Апам бір келгенде жұдырықтасып жатқан үстімнен шығып:

— Құлыным-ау, мұрныңнан не қалады? — деп еді, мен бөсіңкіреп кетіп:

— Мұрын ұлтандай боп алды ғой! Енді ол мұрынды оқ та тесіп өте алмайтын болды, — дедім.

Басымда қоңыр бұйра шашым бар, олай қайырсам да әдемі, былай қайырсам да әдемі... Байқаймын, бақша жаққа да көзім жиі түсе бастапты. «Баланың ісі шала» дегендей, бала өлшейтін метр қысқарақ баланың килограммы жеңілірек келеді. Бес жылда алған азғана білім кеудемді кернеп бара жатқандай, мен енді іс, мен енді қимыл іздей бастадым. Бір кезде Шеген балалық дәуірінен шыққанын білдіріп, маған түйеқоңызын берсе, енді мен де балалар тобынан шығып, үлкендер тобын іздей бастадым.

— Осы күнге дейін бағында жүретін қашанғы бала бола бересің? — деп, өзімді-өзім кінәлап қоямын.

— Оқыған азамат еліне қызмет ету керек! — деп, әлдеқайдан құлаққа шалынған сөзді әлгі ойыма арқа сүйеу етемін. «Оғап молда оқымаса да жаназа шығара алатын» дейтін мақал болатын, Оғапшылап болса да бір тізгінге жармасқым келеді.

Оқу басталуға әлі төрт ай бар. Жаз бойы доп қуалап, турникке асылып жүрем бе? Жоқ, балалық, сенімен қоштасар кезім жетіпті!..

Ашық терезеден қала бақшасының жаңғырыққан күлкісі келеді. Қытықтайды, мазалайды, көңілге алаң кіргізеді. Ие, балалық шақ өткен сияқты... Сырттағы қуанышы көп, күлкісі көп, әзір маған жат өмір тереземнен қол бұлғап, шақырып тұрғандай сезіледі. Сыртынан шырамытып таныганмен, әлі дәмін татпаған сыртқы дүние көлең қағып, сағымдай құлпырады. Асығар күнге жетіп қалыппын, басылар шақтан әлі хабарым жоқ...

Бақша жаққа көзім түсіп кетсе, қызылды-жасылды шұбартқан көйлектерге қарап қалғанымды байқаймын. Бақшадағы шат-шадыман сайранның, ажары кіре түсу үшін менің үнім қосылу керек сияқтанады. Жас ұлғаюға ұмтылса, ұлғайып кеткендер жасаруға тырысатын белгілі әдет бар ғой, мен соның алғашқы тобындамын. Кейде киініп, таранып, бақшаға тартуға әзірленем де, әлде не құр-құрлап, тоқтау салады. Терезеден көзімді аударып артыма бұрылам, артымда аңдып тұрған айнаға кездесіп қалам...

Биылғы жаз басталғалы мен айна алдында көбірек тұрып қалатын болдым. Күнге күйіп, күреңденіп алған денем, теңіз арыстанының терісіндей жылтылдайды. Онша мүсінсіз де емес сияқтымын. Шегендей болмағанмен өзге баладан гөрі өркештірек сұңғырақпын. Рас, мынау жалпақ бетке бұдан гөрі үлкенірек көз де сыяр еді. Бетің бұдан гөрі азғана сопағырақ болса, анау бір томпақ сүйек онша одыраймай-ақ, азғана басыңқы болса, танауыңның екі етегі делдимей-ақ, қыр мұрындырақ болсаң, көзің бұдан гөрі қарарақ болса деген сияқты, айнаның айтар сыны да бар... Бірақ мұның бәрі де ұсақ кемшіліктер. Анау толқынданған қара шаш тұрған жерде ондай ұсақтар түк емес.

Жастық пен жазғытұрғы шақ үйлес жаралған нәрселер. Бұл екеуін көрмей өткен жан көзім бар деп бекер айтады, тіпті өтірік айтуы да мүмкін... Айнаға

қарап отырып, мен бұл шақтың тағы бір қызығына кездестім. Өзіме-өзім қарап отырсам, аумаған Шеген болған екем. Кескінімде ойлану іздері бар, екі қабақтың ортасынан жіңішке бір сызық басталыпты.

— Ау, Шеген аға! — дедім айнадағы өз суретіме.

— Ие, мен Шегенмін... — деді суретім.

Енді айнаны қарсы алдыма қойып, өзіме таныс ниеттерімнің жауабын алғым келді.

— Шеген аға, мен бүгін бақшаға барсам қайтер еді?

— Жоқ, Костя, бармайсың. Оған уақыт табылады әлі.

Біразға дейін «Шегеннің» жауабы басымырақ болып, ылғи тойтарып тастап отырды. Басқаға аша алмайтын, қағазға жаза алмайтын әртүрлі сырымды айнадағы «Шегенге» ашып байқасам, ылғи бетімді қайтарып тастайды. Енді бір кез қулық жасап, өз сұрауымды тереңірек «Шегеннің» жауабын әлсізірек шығарып біраз отырдым. Бірақ мұным айқын қиянат көрініп кетті. Шеген менен сөзден ұтылып көрген емес. Сондықтан енді шын-ақ қиналып жауап қайтарарсың деген ақтық сұрауымды қинала:

— Шеген аға, біздің шығыста кәрілік деген онсыз да ұзақ жасап келген емес пе, жастық жолын бөгей беріп не керек? — дедім. Бар ойым бір-ақ қазықты айналып жүргенінде жұмысым жоқ, осы жолы ұтқан шығармын деп ойладым. «Біздің шығыста кәрілік ұзақ жасайды» дегенім ауызға оп-оңай түсе қоймайтын терең ой сияқты көрініп кетті. Бірақ, «Шеген» онымнан қысылған жоқ:

Балалықты қойсайшы, Костя. Біздің шығыста дегенің немене өзі? Тым болмаса, «бұрынғы шығыста, ескі шығыста десеңші!». Жә, жастық жолын бөгеме дейсің ғой? Жастық шағыңда ұлғайған жанның ісін істесең, ұлғайғанда қайтпексің? Күнәсіз балғын жастықтың өз қызығы аз ба екен? Одан да бақшаға барғым келіп отыр десеңші! — деп ұрсып тастады.

— Шеген аға, менің ойымда да кінә жоқ,— деп, әрең құтылдым.

Дегенмен әлі шығын көрмеген жас жігер, орнын тауып жұмсауды керек етеді. Күзге дейін мұғалім бетін көре алмаймыз. Шеген күнде есіме түсіп, осылай тізгіндеп отыра бере ме, тізгінмен жүргеннің несі жақсы?.. Бәріміздің бағынышымыз ғой, бір жөнімді сілтер деп, облыстық оқу бөліміне келдім.

Мол пішін-нобайын келтіріп долбарлай салған жуан адам, әлсін-әлсін есінеп, басын төмен қарай тұқыртып қойып отыр екен. Жүзінде ойланғандықтың да, қиналғандықтың да белгісі жоқ, жай әшейін бейжай кескіні ұйқы келгендікті ғана көрсетеді.

— Ассалаумағаликум,— дедім, кіріп келіп. Ол кісінің ерні де қыбыр еткен жоқ.

«Өзенге барып, суға неге түсіп келмейді екен?» — деп ойладым. Салбыраған ауызына қоңқайған мұрны төніңкіреп келіпті де шөгіпті. Әрі тар, әрі қалың маңдайын баса біткен қалың қара шашына аздап қана ақ кірген. Көп еңбектен шаршаған адам сияқты емес, еңбек етпей еріншек есінегіш болған адам сияқты. Мен кіріп келгенде қызыл қарындаштың ұшы бір қағазға тіреліп тұр еді, әлі сол күйін өзгерткен жоқ. Мен санап тұрдым, бастық үш рет есінеді.

— Ағай... — дедім, қарсы алдына келіп... Әуелі мекренікіреп, тамағын бір қырып алды да, әлі де маған қарамастан:

— Ие? — деді, сол төмен қарап отырған бойы.

— Бесіншіні бітіріп ем... Жаз бойы қолым бос еді. Жеңілдеу қызмет болмас па екен?..— дедім барымша әдепті даусыммен.

— Қайдан келдің? — деді, сол жақ қабағының құйрығын ғана қозғап.

— Осындағы балалар коммунасынан.

— Імм... Жасың нешеде?

— Он алтыда...— дедім, олқы көрінбес үшін бір жасты қосыңқырап жіберіп...

— Бұрын кім болып ең?

— Бала болдым...— дедім, сұраудың дәл мағынасына түсініңкірей алмай.

Менің соңғы жауабым оқыстау шықты білем, бастық басын көтеріп алып, маған қадала қарады да:

— Коммуналарыңда тәртіп қалай? — деді. Көзі күліңкірей бастағанына қуанып кеттім.

— Тәртіп жағынан екі жыл қатарынан бәйге алдық. Қаланың барлық мектептері тентек балаларын бізге қосып түзетіп алады, — дедім.

Бұл кісінің өз баласы да талай мектептің босағасын аттап, аяғында биыл қыс біздің мектепке кірген. Әуелі бастықтың баласы болғасын дандайси келіп еді, Шегеннің қолынан бір-екі өткізіп алған соң, шолжыңды қойып, дұрыстап оқи бастаған. Әлі де қырып бара жатқан еш нәрсесі болмағанмен бұрынғысымен салыстырғанда қыр асып қалып еді. Мен алыстан орағытып, соны да аңғарта кеткім келді.

Бастық менің ойымды түсінгендей «та-а-ак...» — деді даусын созып, мен қысқа ғана «солай» дедім.

— Өзің аздап тентек болған да бала шығарсың? — деді, қолы алдында тұрған қоңырауға бара беріп. Мен сұраудың астарын аңдап қалдым да:

— Үш-ақ күн болдым,— дедім.

Қағылған қоңырауға кірген хатшысына:

— Қаймақ бар ма бүгін? — деді бастық. Менің жауабым құлағына да кірген жоқ.

— Бар...

Хатшы шығып кетті де, есікті бір ғана қағып орта жасты бір әйел кірді:

— Рахим Теміралиевич...— деп, әйел әуелі бастыққа қарап, одан кейін мені көріп, азғана кідіріп қалды да, «бала ғой» деп ойлағандай, менен ығыспай, келген жұмысын айта бастады. Бірақ бастықтың сол жағынан жақындап барып, қолындағы папкасын ашып алдына жайып, ақырын ғана айтты:

— Он жетінші жыл мен он тоғызыншы жылдың аралығында қайда болғаныңызды жазбаған екенсіз... Соны ашық жазып беріңіз... Бюро солай ұйғарды, — деді.

Бастықтың түсі өзгеріңкіреп кетті де, орысша жауап қайтарғанда бір-екі сөздің аяқ жағын қата қайырды. Бір жағынан соны ұстап қалсам, екінші жағынан құлақта бар күдікті жылдардың бұл кісіге қолайсыз тигенін аңғардым.

Әйел шығып кетті.

Бастық азырақ шырағандай, жинақ сөйлеп:

— Қазір әртүрлі маман дайындап жатырмыз. Біріне жіберейін... Милиция курсына барамысың? — деді.

— Жоқ, ағай. Мен оқуымды тастағым келмейді. Қосалқы жұмыс болса екен...

— Хатшылық курсына қалай қарайсың?

— Барғым келмейді.

— Бабыңды табу қиын-ақ екен! — деп, бастық қынжылғандай болғанмен, манағы паңдыққа енді қайтып бара алмады. Үлкен столдың орта тартпасын ашып, ұзақ іздеп, бір қағазды тауып алып:

— Хатшылық... Кітапхана курсы... Токарь... Слесарь... Әріп теруші... Милиция курсы... Парикмахерлік...— деп, әртүрлі мамандықтың ұзақ тізімін оқыды. Біріне мен басымды шайқаймын, біріне ол басын шайқайды. Аяғында қызыл қарындаштың ұшы бір мамандықтың астын қайта-қайта сызып, сол арадан қозғалмай қойды. Күн бойы бір ауыз сөз жазбаған қарындаштың ұшы мұқалып бара жатқанын да көріп тұрмын.

— Күніне үш сағат үйренетін боласың... Екі айдан кейін айына он үш сом еңбекақы аласың. Бұл қалай? — деді.

— Осы дәл келеді екен! — дедім, қандай жұмыс екенін сұрамай-ақ.

— Болашағың алда... Әзірге қандай жұмыс деп талғамай, еңбекке үйрене беру керек. «Есектің артын жусаң да мал тап» дегенді білемісің?..— деді бастық.

Мақалы сонша жексұрын көрінсе де, енді қайталамасын деп:

— Білем, — дедім.

— Бұл қазақ арасына жайылмаған келешекте керек мамандық, — деді бастығым.

— Аты не, ағай? — дедім, қызыға бастап.

— Шаш алатын парикмахерлық...

Өмірден бір рет көңілім суыған уақытым болса, олда-білде, осы жолы-ақ шығар.

— Екінші бөлмеге барып, жолдау қағаз ал, бар,— деді бастық.

Маған шын-ақ осы қызмет лайық болғаны ма, болмаса, әлгі бір сөздерімді кектеп қалды ма екен деп, мен ол кісіге қараймын. Қаражат көзін тауып бергеніне «рахмет» күткендей, ол кісі маған қарайды. Ақыры «рахметті» айтып, үндемей ғана шығып кеттім. Бірақ не үшін маған осы жұмысты лайық көргенін сол жерде де түсінген жоқ едім, күні бүгінге дейін түсіне алған жоқпын.

— Он жетінші жылдан он жеті күн аспағыр! — деп, ішімнен сілеп, интернатқа қайттым. Мана ойым қандай биікте болса, енді бойым сондай шөгіп қалғандай көрінеді. Жайнаған жазғытұрғы шақтың да бояуы солып кетті, жастықтың да қызығы қалмады. Қайда барсам, соңыма жолдау қағаз, шақыру қағаздар түсіп, бір күн еріксіз айдап «шаштаразға» әкелді.

Шеген анау, өз жолын тауып алды. Одан бұрын осы «Коммунада» болғандардың талайы жоғарғы дәрежелі мектеп бітіріп, әр-алуан істе жүр. Олар ылғи хат жазып тұрады. Біреуі — терең теңіздерді кешіп, солтүстікте жүр. Біреуі — жер байлығын, біреуі — су, байлығын зерттейді. Әртүрлі құрал тетігін тауып, Ленин орденін алғандар да бар. Тянь-Шань, Алатау, Ұлытау, Қаратаулардан

дүниелік қор тапқандардың екеуі осы «Коммунадан» шыққандар. Солтүстік Мұхиттан күнде хабар беріп отыратын радист та бар. Олардан хат алып тұратын балалар қуанышын бүкіл балалар арасына жаяды.

Әрі дімкас, әрі жасқаншақ Бораш та өз жолын тауып, түскелі жүр. Жеті жылдыққа қоса, ол Оралдың музыка мектебінде оқиды. «Коммуна» балалары ойын қойса, концерт берсе, Бораш қатынаспай қалған емес. Оның әні қазір бүкіл қаланың құлағына ілініп, Бораш жұрттың сағынып күтетін «әнші баласы» атанып бара жатыр. Бораштың даусы әлі бір қалыпқа түсіп бекіген жоқ. Кейде еркек даусына, кейде әйел даусына ұқсап кетеді. Бірақ жұрт оның талықсып, талмаусыратып салған әнін қатты сүйсініп тыңдайды. Әсіресе, жұртты жылытарлық мұңлы әндерді нақышына келтіре айтады. Көзі жаудырап, өзі де балқып әнге айналып кеткендей болады.

Қазақ әндері адам сезімінің әртүрлі толқынын ажарлы ырғақтармен көкейіне терең құйып кетеді. Қайғы мен өкініш, уайым мен мұң, үміт пен қуаныш сияқты сезім толқындары түптен толғанады. Әсіресе, әр әннің түп ізі ел аузынан әлі кетпегендіктен тыңдаушыға түсінікті болып, әркім ішінен қосылып отырады. Елдің құлағына әбден сіңіп қалған ер жігіттері мен аяулы қыздары көз алдына келеді. Уақиғасымен қоса өрілген ән мен күй тыңдаушының көкейіне дәл тиеді, «көкейкесті» атанады. Бораш ән салғанда сол уақиғаларды өзі де көріп тұрғандай, қайғырып, мұңайып, қуанып, үміттеніп, сеніп айтады. Жұртты да өзіне ертіп әкете алады. Жұрт онымен бірге қуанып, қайта-қайта сахнаға шақырғанда Бораштың жүзі нұрланып, өзін-өзі аңғармағандай, көңілі біржола жай тапқандай, басқа еш нәрсені ұға алмай қалады. Борашпен ән жайында ғана ұғыныса аласың. Басқа айтары жоқ, барлық жанға дос, әлсін-әлсін құшақтаса береді.

Бораш қазірдің өзінде-ақ Москва консерваториясына барып түсуге әзірленіп жүр. Ол төрт аяғы түгел тағаланған әнші болмақ. Ал, мен ше?.. Мен әзір шашты қалай алуды үйренуге қызыл крест «шаштаразына» келдім. Өнер емес, өлім сияқты көрінеді!

— Әуелі мына шүберектерді сілкіп әкеліңіз, — болды бас шебердің маған алғашқы айтқан сөзі. — Содан кейін еденді сыпырып тастау керек... Артынан қолыңды жуарсың...

Әуелі әдейі жасалатын әдеппен «сіздеп бастап еді, жасанды әдеп қаншаға барсын сөз аяғын «сенмен» бітірді.

Мені біреуі аяй сөйлесе, мен бұл жерде бір күн тұрмайтын едім. Мені бұлар қорлай сөйлеген соң, мен де табан аударма уға бел байладым.

— Әзір айта тұр! Екі айдың ішінде-ақ еселеп қайтарармын! — деп, ақ шапанды киіп алдым да:

— Менің орным қайсы болады? Көрсетіңіз,— дедім.

Шашалғыштар біріне-бірі қарасты да, үндескен жоқ. Мінезім кіді, өзім ұнамсыз көріндім білем.

Талай шашты бүлдіріп, талай басты кескілемей тұрып, шаш алуға да үйрене алмайсың. Өнер біткеннің, оңбағаны осы болса, бұл да еңбектенуді керек етеді. Бастар кезектесіп өтіп жатады, сен бүлдіріп, кесіп жатасың. Ышқынған қабақтар

шытынап қалып, алара қараған көздер өңменіңнен өтердей жарқ етіп қалады. Тым болмаса, кешірім сұрауыңды күтеді.

– Қозғалам деп, кестіріп алдыңыз... – деп, кінәны бастың өзіне аударасың.

Шекесі шығыңқы домалақ бастар, бүйірі солыңқы ұзын бастар, қуық шеке сопақ бастар, қыжыр-қыжыр қыртысты бастар, кере қарыс ойлы маңдайлар, тайқия біткен сорлы маңдайлар, өнерге біткен ашық маңдайлар, өнерсіз, етті, қалың маңдайлар екі жыл бойы алдымнан кеткен жоқ. Бас адамның – бас мүшесі. Өмірінде бірінші рет көріп отырған адамының басына қарап, өзін де байқап қаласың. Ой аңғары неменеге бейім, бойында қандай қасиет бар, ақыл қандай, ашу қанша, аңғарып қалғандай боласың. Көзі бар, маңдайы бар бас сырын да жасыра алмайды.

Бас – адамның бас мүшесі. Сол бас мүшені құрметтегің келеді. Қолыңнан келгенше ажарлағың келеді. Сол бас мүшенің іші-сырты бірдей көркем болса екен дейсің. Бас түгіл, аяқтың да әдемі болғаны жақсы. Тізеден төменгі жағы талтаймай, табаны жалпаймай, балтыр майыспай, шұлық бұралмай тұрғанын қай көз жек көреді! Ал, бастық орны тіпті басқа. Мен осыған көзім жетіп болғанда маманданып та болсам керек, еңбекақы да ала бастадым.

Ол әлі ескі әдеттерден арылып болмаған кезі ғой, біздің «шаштараз» айдың бас жағында жекеменшіктің шаруасына ұқсайды да, айдың аяқ күндерінде мемлекет меншігіне айналады. Ол екі арадағы күндер бас маманның қай қалтасына ақша көбірек кіріп кетсе, солай қарай ауып, ылғи бір тең-тарта жүреді. Бәріміздің үстімізде де қос қалталы ақ халат бар. Бірақ бас маманның оң қалтасына түскен ақша даусыз-дамайсыз өзінікі де, сол қалтасына түскен ақшаға мемлекет те ортақ.

Екі қалтаның біріне жаңа үйреніп жүрген жастардың еңбекақыларынан да қосылып кететін күндер болады. Қай жолмен алды, қандай штрабымыз болды, оны бас маманымыз ғана біледі. Ай сайын еңбекақымыздың құйрық-жалы сүзіліп шығатынын біз де білеміз.

– Қайшы екі рет қайралды ма? Қайралды. Халатың үш рет жуылды ма? Жуылды... Осыларға кеткен ақшаны мен жанымнан төлей алмаймын. О! Бұған нағыз маман болып шыққанда түсінесіңдер!..

Біздің алатын жауабымыз ылғи осы.

Шаруамыздың мемлекет меншігіне ұқсайтын жағын қолына алатын кассиршамыз Катюша айдың аяқ кезінде ғана соғып кетіп жүреді. Онда да қызмет аяғында ғана келіп он-он бес күннің чегін бір-ақ сыдыртып жазып шығады. Бас маманның сол қалтасынан қанша ақша шықса, жиырма тиыннан алты жүз адамның шашы алынған болады. «Жұмыстағы адамнан гөрі қолы бос адамның уақыты аз болады» дегендей, Катюшаның істелген жұмысты түр-түсіне қарай бөлуге де уақыты жоқ. Онсыз да берекесі кетіп, бұлдырап кеп тиген ақшаны қалай есептеу оңайырақ тұрса – солай есептей салады. Кейде он күн бойы ылғи ғана шаш алған, кейде он күн бойы сақал алған болып шығамыз.

Осы қылықтарын менің байқап қалғанымды біліп, бір күні бас маман:

– Костя! Сен енді нағыз шебер болуға жақын қалдың. Тегі еңбекақыңды түгел алатын боларсың... – деді. Мен салқын ғана:

– Өткен айларға да түгел алам ба деп ойлаймын – дедім.

Бас маман абыржыңқырап қалды.

– Жәбірленеді екесің ғой?.. Орайын келтірермін өзім... Тәңір жарылғасын жәбірленбе...– деп жымыңдап қасыма келіп, арқама қаққысы келіп еді, мен кейін шегініп кеттім. Бас маман бұрынғысынан да жымия түсіп:

– Бүгін неше сақал қырдың?.. Жұрт сені мақтай бастады, Костя! –деді.

– Мен бұл жетіде тіпті сақал қырғаным жоқ,– дедім.

– Қалай қырмадың? Жаңа ғана бір адам сақалын алғызып, рахмет айтып, кетіп бара жатыр еді ғой?

– Нанбасаңыз, шекке қараңыз... Бұл жетіде сіз де сақал қырған жоқсыз... Касса арқылы тексеріп көріңіз...– дедім.

– А... а... – деді бас маман. – Қу бала, түсініп тұрмын... Ол оқа емес. Бір жетіде шаш алсаң, келер жетіде сақал аларсың. Мемлекетке жалпы есебі дұрыс шықса болғаны емес пе? Қағазда тұрған не бар... Оны кім оқып жатыр... Кел, мұндай сөзді қоятын болайық, – деді. Мен оған:

– Мемлекет есебі дұрыс шығып жүр деп ойлайсыз ба? – дедім.

– Костя, осындай сөз не керек?.. Сен алатын ақыңды біл. Әдемілеп тұрып мінездеме жазып берем. Енді бір жылда өзіңнің «шаштаразыңды» ашуыңа болады. Ана бір, бақша мен театрдың арасындағы бұрыш бар ғой, сол саған өте қолайлы болады...– деді. Мен оған ызғарлы қабақ көрсеттім.

Осы күннен бастап, бас маманның оң жақ қалтасы солыңқырап, жеке меншіктің бұлағы суалыңқырай бастады. Әлі де есебін табады, әлі де қағаз деген «формализмге» жаны қарсы. Бізге де жазып жатуды кеңес етпейді. Бірдемеге қолымыз бұлғанса екен деп, еппен ғана солай қарай итермелейді. Біз ыңғайына жүрмейміз. Әр кезде мұрнына шертіп қалғандай, шық еткізіп жауап береміз.

Катюша енді күнде келетін болды. Қабағы түюлі, баяғы жалақ-жұлақ жүздің опасын сүртіп тастағандай, өңі де солғын тартып кетіпті. Бірақ әрқайсымыздың не істегенімізді оңаша есептемеске шарасы да жоқ. Уәделі он үш сом да қалтамызға түгел түсе бастады. Бөліп-жарып, апама ақша жіберіп тұра алатын да болдым.

– Қайрошым-ау, Айдаштың еңбекақысы да жетіп жатыр. Колхоз бір жылға босатып, өзім де жұмысқа кірдім. Саған арнап көкқасқа құнан алып қойдық, – деген хат келді апамнан.

Менің күнде аралас қызыға қарайтын адамым – екінші шебер, Саша Мухин. Ол маған нағыз шебер көрінеді. Қайшысы сақ-сақ етіп, ойнақ сап жүреді. Айта кетейін, маған жұмысын нақышына келтіріп істейтін адамның, бәріне де осылай қарайтын бір мінез пайда болды. Күндеуім көп пе, қызығуым көп пе, ол арасын айқын айта алмаймын, әйтеуір өзім де сондай болғым келеді. Әншіге де қызығам, мұғалімге де қызығам, айта берсек, цирктің балуанына да қызығам... Күндеген күнә болады дегенді естігенім де бар. Бірақ бұдан көп жыл кейін өмірлік кәсібіміз тіпті үйлеспейтін бір адам маған:

«Күндеу мен бәсеке апалы-сіңлілі нәрсе. Олай болса жақсы қасиетке жатады», – деді.

Бұдан жүз жыл бұрын айтылған пікір болса да, мен осыны дұрыс көрдім. Оны Александр Пушкин айтып кеткен екен.

Саша Мухин әлем байланғандай, ақты-қызылды араластыра киінетін адам.

– Ей, соңғы мода осы екен. Париж журналынан көрдім! – деп, сарғыш түсті шалбар киіп, көк көйлекке қызыл галстук тағып келеді. Қолы босап кетсе, айнаның, алдына отыра қалып, шашын қырық түрге салады. Сондықтан кейде еркекке, кейде әйелге де ұқсап қалады. Сағатын оң білегіне байлап, сол білегіне жіңішке алтын білезік салады. Анда-санда күрсініп қойып:

– Түбінде мен осы Катюшаға үйленіп жүрем бе деп қорқамын, – дейді.

– Мен де содан қорқам, шаһизадам... Сақ болайық, – деп, Катюша кекетіп жауап береді.

Менің қызығатыным Сашаның бұл қасиеттері емес, басқа жағы. Ол адамның шашын алып жатқанда, аузы сөзден құрғамайды. Қайшысын үстіүстіне қайшылатып, басқа жаққа қарап тұрып-ақ, шашыңызды ала береді. Соған қарап, мен оны нағыз шебер екен деп ойлаймын. Күндеймін де, қызығамын да...

Алдында отырған адамның бет-аузын сабындап жатып, Мухин:

– Катюша, сен Настяны көрдің бе осы? –дейді.

– Иә, көрдім. Кеше ғана кіріп шықтым,– дейді Катюша.

– Иә, кім бар екен үйінде?

– Саша Мухин бар екен...

– Е, ол не қылып отыр екен?

– Настяға үйленетін түрі бар...

– Настяға ма?

– Иә, Настяға.

– Қой, өтірік шығар...

Бет-ауызды сабындайтын қыл-шоқ сақалын алдырып отырған адамның мұрнына барып тіреліп, әлдеқашан тоқтап қалғанын Мухин сезбейді де. Ол түгіл, Саша Мухин өзі екенін де қапелімде аңғара алмай қояды. Сақал алдырып отырған адамның қабақ шыта бастағанын Катюша бұрын байқап қалып:

– Ойнап айтам. Көзіңе қара, – дейді.

Мухиннің күні осындай болымсыз әңгімемен өтеді. Ол бұл әдетті өзінің асқан шеберлігін көрсету үшін бастаған болу керек. Бара-бара көкмылжыңға айналып кеткенін өзі де сезбей қалған. Бас маман жоқ кезде ол бізге бұрылып:

– Менің кім бола алатынымды сендер білемісіңдер? – дейді.

–Иә, кім бола алар едік?

– Нағыздың өзі бола алар ем! Бірақ маған оның керегі жоқ...

«Құс баласы аспанға қарайды, мал баласы жерге қарайды» дегендей, мұның «нағыздың өзі» дейтіні өзіміздің бас маман ғана... Күнделік құлы, күйкі ой содан аса алмайды.

Мен мұнда күндізгі сағат үштен тоғызға дейін істеймін. Басқа уақытым балалар коммунасының егін жұмысында өтеді. «Коммуна» деген жалғыз сөз жаңа дүниенің атындай естіледі! Күні кешегі көшпенді елдің баласы бүгін ұшып аспанда жүрсе, өнерлі техниканың ішінде өскен баладан оның тәкаппарлығы да жоғары, қуанышы да жоғары. Күні кешегі батырак баласы, бүгін комму-

на дүниесін құрысып жатса, оның тәкаппарлығына тағар сын қайсы! Ойым өзінен-өзі жоғары өрлеп, басым оңай иілгісі келмейді! Мен неміс пен француз, авғылшын мен Америка сияқты мәдениетті елдерден адам баласының ең тұнық ойын бұрын түсініп, өз қолымен жаңа дүние жасап жатқан елдің баласымын. Арғы атам Ешкібай, Итбай болса қайтейік, мен өзім жаңа дүниенің солдатымын. Шыным сол, басым оңай иілмейді, тізем оңай бүгілмейді.

Осындай жоғары ойлармен коммуна жұмысынан келіп, қолыма қайшы ала бергенде, ойым сылқ етіп төмен түсіп кетеді. Торға түскен қырандай болам. Бас маман шым-шымдап жемге үйретіп, жуасытып келе жатқандай сезем. Сөзінем де шегіне түсем.

Бұл өнеріммен атқұйрығын кесіп айрылысуым — Бірінші май мейрамының қарсаңында болды. Ең қызығы, еңбегім бағаланып, бәйге алған күні болды. Мейрамға қарсы:

— Біздің жақсы мамандарымыздың бірі, жылдық жоспарын төрт айда орындаған Сарталиевке берілетін бәйге... — деп, ақ костюм, елу сом ақша, жылтыр қара бәтеңкені ұсынғанда, басқалармен бірге байсалды басып барып, мен де алдым. Басқа шеберлерше маңызданып тұрып, мен де жауап қайтардым. Сөзімнің аяғында, басқалардың ыңғайымен — жасасын планын артығымен орындап, бәйге алған шашалғыштар! — деген сөз аузымнан шығып кеткенде, қайда кірерімді біле алмадым. Екі бетім жанып бара жатқандай, екі құлағым дуылдап кетті.

Шынында да, басқа бірдеме айту керек еді. «Жасасын шашалғыштар!» деген әрі ерсі, әрі есердің ғана аузына түсетін сөз. Бірін-бірі көзінше мақтап, сыртынан ішін кептіре жамандап жүретін шашалғыштардың алақан соққаны маған не керек еді! Осы бәйгенің қақпан-тұзақ емес екеніне көзім жете ме?

Алған бәйгемді буулы күйі үйдің бұрышына тастай бердім де, жылжып шығып кеттім. Буып келген ызадан темір білекке біраз айналған соң ғана арыла бастап ем, үйге кіре бергенде қайта бас салды.

Қисық бір көшелерге Пушкин, Лермонтов аттары қойылғанын көргенде, Шеген қатты назаланушы еді. Болмаса, кім болары белгісіз, жаңа туған балаға үш-төрт көсеміміздің атын қосақтап бір-ақ қойғанын естісе, күйіп-пісіп, ыза болып қалатын.

— Ұлы сезімді ұсаққа айырбастау, ұлы адамдарға өзімізді теңеу, надандық белгісі! Қасиет қадірін кетірмеу керек! — дейтін.

Енді міне, Шеген болдым деп жүрген жігітіңіз «Жасасын!» деген ұлы сөзді шашалғыштарға арнап айтты. Мұнымды естісе Шеген маған:

— Пішту, пішту! — дер еді, ең ұнатпағандағы мазағын айтып.

Бөлмемізге кірсем, Бораш жүруге әзірленіп жатыр екен. Қып-қызыл бір шамадан әкеліпті... Стол үстінде көмірі қызарып өтек тұр. Бары-жоғын сылап-сипап, баппен өтектеп, қызыл шамаданға салып жатыр. Орамалдары аппақ, үйықтары тап-таза...

— Ақыры артист болуға бел байладың ба? — дедім, қызыл шамаданның түсінен танып. Бораш келіп, мені құшақтай алды да:

— Даусыңнан басқа өнерің жоқ болса, амал не, Костя? Мен бір жарымжан адаммын ғой,— деді. Бораш та он алтыға шығып, енді ересек тілімен сөйлейтін болғаны осы арада есіме түсті.

— Күздігүні мен де Москваға келем. Тағы да бірге болармыз, — дедім, Борашқа емес, өзіме-өзім сүйемел жасап.

Әлі бір түн бірге болып, таңертең Борашты вокзалға апарып салатыным көңіліме едәуір жеңілдік бергендей, ойнап-күліп отырғанда манағы сезім де ұмытылар деп ойлаймын. Бірақ түйнек түйіліпті де тас болып, шиеленісіп қалыпты. Кейде осы күнге дейін есіме түсіп кеткенде түн бойы аунақшып шығам.

Ертеңіне Бораш Москва консерваториясына жүріп кетті де, мен баяғы «шаштаразға» келдім. Бас маман:

— Бәйгеңді ұмытып кетіпсің ғой, Костя! Ақшаңды біреу алып қойса қайтер ең? Мен кассаға салдырып қойдым. Бүгін ұмытпа, ал! — деп, кешегі буылған нәрселерді менің алдыма әкеліп қойды. Жарамның аузы алынғандай, я болмаса, біреу басыма теуіп қалғандай болды. Кешке дейін әрең шыдап шықтым.

Бұл күнге дейін әр адамның басынан бір қасиет тауып қалатын едім. Бүгін ол қасиетті іздеген де жоқпын, байқаған да жоқпын. Істейтін ісің үлкен болсын, кіші болсын ішің жылынып, жаның риза болатын бір қасиеті көз алдыңнан кетпеуі керек. Одан айрылған күні, ол жұмыстан сен де без!

Енді өзімді тексеріп қарасам, бес минутта бір бастың шашын сыдырып тастап:

— Келесі кезек кімдікі! Отыр! — деуге салынып барады екем.

Тағы бір басты сыдыртып жатып, есептесем, осында алты жүз алпыс күнім өтіпті! Мағынасыз өткен, бос өткен өмір осындай-ақ болат та!

«Он жетіге келдің, не бітірдің? — деймін өзіме-өзім. — Жақсы-ақ, жеті жылдықты бітіріпсің. Өте жақсы! Бірақ «Өте жақсыны маңдайыңа жапсырып жүремісің? Одан арғың не болмақ?»

Адам бұл жасында да өзімшіл болса керек. Өзімді-өзім жұбатып:

«Өмірді адам күнбе-күн, жылма-жыл санайтын ба еді... Оқуға түскен жылым... Мектепті бітірген жылым... Москваға барған жылым... Комсомолға кірген жылым деп, өмірінің әр жеріне бір-ақ ат байлап есептейді», — деймін. Бұл өмірінің оңай есебі, жайлы есеп екенін біле тұра, ойым осылай қарай қыңыратқы береді. Лаға беруден тізгін тартар жерге жетіп қалған екем! Осы күнге дейін ешкім ескермесе, өзіңе-өзің ұнамай бастасаң, ісіңнен жиренсең, дүниеде не бітіргенің? Есепсіз өткен көп күндердің бір сұрауы болатын шығар! Ойым осыған тоқтады да, әлденеге бел байлап ертеңіне «шаштаразға» келмей қалдым.

«Шаштараз» деген немене өзі? Бұ да өнер ме? Тым болмаса, дені дұрыс аты да жоқ! Қазақта «тараз» деген сөз де жоқ. «Таразы» болса, бірдемені өлшетейік таразыға тартатын жер. «Тараз» болсаң да аулақ, тағы бірдеме болсаң да аулақ! — деп, біржола қош айтыстым. Ораулы күйінде бәйгем де қалды.

Қараңғы бөлмеде жалғыз жатып ойлансам, Шегенмен арамызға да бір қақ тұрып қалғандай көрінді. Шегеннің Борашқа жазған хаттары жылырақ, жаны ашыған жақынырақ жанның жазғанына ұқсайды. Маған жазғаны жалпылау

көрінеді. Борашқа «Даусыңды сақта, консерватория не депті, аяғың қалай?» деп, бауырына тарта жазғандай көрінеді де, мені арқадан ғана қаққандай көрінеді.

Шеген менің ең жақсы көретін адамым. Оған теңдесер, оның орнын басар жолдасты әлі таба алғаным жоқ. Әрі аға, әрі дос, әрі асқан тәуекелшіл, әр кезде ой сала жүретін жолдас. Қолыңнан келеді, істей аласың деп алға сүйрейтін бір адам болады да, істей алмайсың деп, ерегістіру, қайрау арқылы сүйрейтін бір адам болады. Бұл екі түрлі мінез, екі түрлі адам, Бірақ тілектері бір. Бірі жаныңа жайлы тиеді, бірі қатал тиеді. Шегенде осы мінездің екеуі де бар еді. Кейде қарқылдай күліп, аяусыз мысқылдап, намысқа тиіп алға сүйрейді, кейде ақжарқын желдей есіп, жігеріңе қанат беріп жібереді. Сол Шеген аздап салқын тартқандай, маған үстіртірек қарай бастағаны байқалады.

Шеген менің «шаштаразға» ілігіп қалғанымды білетін. Мен онымды мақтанып жазған жоқпын, қалай ілігіп қалған қайғымды шерте жазғанмын. Оның қайтарған жауабы:

«Балапан торға жем іздеп түскен екен. Енді амалдап өзің құтылып көресің де!» – болған.

«Жем іздеп» деген шындыққа жақын болғандықтан жаныма қаттырақ тиіп кетіп еді, салқындау содан басталды білем. Ойыма осы бір болмашы түсе қалып еді, құрыққа сырық жалғанып, аржағы тарақандай балалап кетті. Менің оған еліктейтінім де, басқалардан қызғана қарайтыным да ұнамайтын болып шықты. Бораш жүріп кеткен соң, енді Шеген хатты да сирек жазар деген ой келді. Екеумізге жазған хаттарын бір конвертке салып, кейде менің атыма, кейде Бораштың атына жіберуші еді, енді ойлап жатсам, менен гөрі Бораштың атына көбірек жіберген екен...

«Осының бәрінің себебі – менің шашалғыш болғанымда ғой. Өнерсіз болып шықты ғой деп, Шеген де салқындай бастады. Жоқ, өзім түскен торды өзім бұзып шығармын!» – дедім де «шаштаразға» апаратын көшелердің аттарын да ұмытуға тырысып, көзімді жұмдым...

8

Ұйқысыз бір кезең басталған сияқты... Көзің жайнап тұрғанмен көңілің ұйқыда болған кезіңді де аңғарып қалыпсың. Енді міне, көзіңді қанша жұмғанмен көңіл ояу, шарқ ұрып қыдырып, әлдеқайдан ірілі-ұсақты ойларды сүйрей қайтады. Алыстан елес бергенмен қолың жетпес, қисыны жоқ армандар қоршай бастапты. Енді меңгеріп оқи бастаған кітаптарың әр алуан елдерді, ғажайып уақиғаларды, даналық иелері – ерлерді танытады. Спартак Капитан Нэмо, Чапаев, Данко, Щорс, Аманкелді сияқты өр кеуделі батырлардың істеріне қызықтырады. Әзір бірінен-бірін айыруың да оңай емес, араласып, қолдасып, қосақтасып жүр.

Балаң ой қызықсаны болмаса, бұл маңайға бойлап тұрақтай да алмайды. Бір кезде бәрін бір-ақ ұмытып, таныс аулы «Қайрақтыға» тартады. Мұнда бір соғып кетсе болғаны, бұрын көргеннің бәріне алақтап, аралап жүріп алады, шыға алмай қалады. Ауылдың барлық қарала-сарала иттері мен сары жағал, көк

жағал лақтарына дейін аралайды. Үйге үйездеген жауыр-жадау жылқыларын да сағынып қалған... Баяғы дос балаларымен де ойнап кетеді.

Жатқан ботаның мойнынан құшақтап, көзінен сүйем деп, Ақбота әуреленіп жатыр. Енді әне, мені көріп, ышқырын бір көтеріп қойып, жымия қарап тұр. Қазір мен қасына барам, кел, ботаны жүгіртіп ойнайық дейім.

— Аһа! — дейді Ақбота. — Ботамның қарны ашып жатыр... Ойнамайды!..

Мен ботаға жақындай берем... Ақбота мені тастай жұдырығымен кеудеден итеріп қалады.

Неге екені белгісіз, Ақбота баяғы жеті жасындағы қалпында елестейді. Сол домаланып, безектеп жүрген қалпы, өзім он жетіге шыққаным есімде жоқ. Ақботаны сол бала қалпында қалдыра берем. Қазір мен Ақботаны ішім елжірей сағынатын сияқтымын... Бірақ сол бала күйінде сағынам! Араға жылдар түсіп алыстатқан сайын Ақботаның ойымда қалған бар бейнесі ажарлана түсіпті. Бар қылығы сүйкімді, бұрын тентек көрінген мінездері, кейде менен төмпеш көрген мінездері, енді әдемі еркелік сияқтанады. Өз дөрекілігіме өкініп, енді кездессем, қол көтермеске, маңдайынан шертпеске ант ішердей болам. Әттең, енді кездесерміз бе, жоқ па!..

Кейде Ақботаның қаншаға келгені есіме түседі. Біз көріспегелі арада өткен тоғыз жылды қоссам, қос бұрымында шолпысы, құлағында сырғасы сылдырлап, сылаң қаққан қыз бола қалады. Бірақ бұл түрін қанша іздесем де, көз алдыма айқын келтіре алмаймын. Балалық шағы баса береді. Ойым сол шақты іздейді. Ақбота мені кеудеден түйіп қалса, мен шап беріп, білегінен ұстай алсам... Сонда мен қайтер едім, я, қайтер едім, деймін...

Қайтетінім тағы екі түрде елестейді. Жас та болсам, мал әрекетін күнде көріп жүрген балалық шағымда еш нәрседен іркілмейтін сияқтанам. Ал, қазір, он жетіге шыққан қала баласы, бойжетіп қалған Ақботаны көз алдына әкелгенде еш нәрсенің орайын таба алмай тартына береді, қысыла береді. Батырлығымның жетер жері-ақ: «Сәламатсыз ба, Ақбота қарындас!» — сияқтанады. Мұның өзі де талай толғанып ойлағанда ғана табылған сөз...

Бүгін маған енді не істеуім керек деген ой келді. Баяғыдан бері әр күніме есеп беріп жүргендей, сол бір күн үшін қатты қиналған екемін. Шеген анау, «менің самолетім», «мен соңғы бір ұшқан жолымда» деп жазады. Бораш Москвада оқып жүр: «Оралда оқып жүргенде дауысты күту дегенді білмеген екем, әрең түзеп алдым» деп жазады. Екеуі де өз жөнін тауып алды. Мен болсам, бәйге алған шашалғышпын! Не болғаны, сол шашалғыш! Өзге өмір өз бетімен, мен өз бетіммен...

Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар, қалан! —

дегенді менен басқалар үшін айтқан ғой, сірә?

— Жоқ, Сарталиев жолдас, дүниеге балалар үйінің терезесінен ғана қарап отыратын уақытың өтіп кетіпті. Қоңырау әлдеқашан қағылыпты, сен кешігіпсің! Енді жүгіруге тура келеді.

Арызымды жазып, жеті жылдықты жақсы бітірген қағазымды алып, баяғы оқу бөліміне келдім. Бұдан бірнеше жыл бұрын менің тағдырымды қайшы мен ұстарага апарып қосақтай салған ағай әлі орнында екен. Арызымды айттым:

– Міне жеті жылдығыңыз, саңылауы жоқ беспен бітірдім. Енді Москваға барып оқығым келеді, – дедім.

Ағай біраз ақ шаштанғанмен баяғы баяу қалпында екен, онша қуанып, елпілдей қойған жоқ. Қағаздарымды бауырына қарай бір тартып қойды да:

– Сен осы шаштаразды неге тастап кеттің? – деді.

Сен өзіңше үлкен бір оймен келдім деп тұрғанда, үлкен адам еріксіз сүйреп сені болмашыға қарай бұрмалай бастаса, не айта аласың, мен «оқуыма бөгет болды» дегеннен басқа еш нәрсе қайырған жоқпын.

– Жұмыс істегің келмеді ғой, ә? Қарын тоқ, көйлек көк еңбекке мойын жар бермейді ғой?– деді, сөйлем аяғын ылғи бір «ғой-ғой»-мен бітіріп.

– Жоқ, неге олай болсын. Мен коммунада ылғи... – дей беріп ем, ағай менің сөзімді киіп кетіп:

– Неге олай болғанын өзің де білесің... Мен де білем. Айтпай-ақ қой, белгілі ғой! – деді.

Мен кеудемсоққа салмай тұрып қалдым. Мен жалаң аяқ келіп, бір аяғымды бір аяғыммен қасып тұрған жоқпын, жұпыны болғанмен таза киініп келдім. Екі қолымды артыма ұстап, әлденелердің бейнесін жасап та тұрғаным жоқ. Екі көзім айнала қыдырып, көрінгенге алақтап та тұрғаным жоқ. Сондықтан ұрсудан, кіналаудан бастауын орынсыз үлкендік көрдім.

– Қандай оқуға барғың келеді? – деп сұрады біраздан кейін.

– Соғыс мектептерінің біріне, – дедім.

– Соғыс мектебіне?.. Әйтеуір ауыр еңбектен алыстай бергің келеді ғой?

– Соғыс ғылымы оңай еңбекпен қолға түседі деп естіген жоқпын.

– Біраз оқып, комиссар болғың келеді ғой... Солай ма?

– Қайда жіберсе, сонда барам да. Комиссар бол десе, комиссар болармын!

Бастық теріске тартқан соң екеуміздің әңгімеміз де оң жөнін таба алмай, шәлкем-шалыс бірдемелердің айналасынан ұзай алмады. Аяғында ол кісі:

– Қанша жыл халықтың қаражатын шығарып оқыттық. Енді сол халыққа қызмет етесің? – дегенге дейін барды.

– Соғыс мектебін бітіріп шықсам, онда халқыма қызмет істемеймін бе? – деп, мен де қарысып тұрмын.

Сағатқа жақын сөйлескен сөзіміздің мен бір-ақ нәрсені аңғардым. Бұл кісі бір облыстық оқу бөлімін басқарады. Мұғалімдер жетпей жатыр. Әрі кетсе бүкіл Одақтың, бері қалса Қазақстанның қамын ойлау бұл кісінің міндеті емес. Әсіресе, өмір мен өнердің өзге жағында бұл кісінің, жұмысы жоқ, өз облысына кететін мұғалім әзірлеп алуы керек. Бұл – түбінде тап осы кісінің өзінен сұралатын жұмыс...

Мұндай адамды өз жұмысына жанын салады, жақсы көреді деп, мақтауға да болады, өмірдің өзге тілектерінде жұмысы жоқ деп, кінәлауға да болады. Өз жұмысына не жаны ашымайтын, тапсырылған жұмыстың болашағы мұрынына да кірмейтін. Бірақ білген боп, сүйген боп отыра беретін адамдардан

бұл кісі көш ілгері. Дегенмен таяздықтан да қолы құр емес, сыңар езулігі тағы бар. Басқа жағынан қарағанда, бұл кісі бұдан төрт жыл бұрын көрген ағайдың қысқаратылған вариантына ұқсап, ықшамдалып, жинақыланып, шымырланып қалыпты.

— Мен сені осындағы мұғалімдер әзірлейтін институттан басқа ешқайда жібере алмаймын, — деп, ағай менің арызыма «қиғаштама» сала бастады.

— Ағай-ау... Мен сізден... — деп, қолымды ұсына бергенде, бар қағазым столдың тартпасына сүп беріп кіріп те кетті.

— Болмаса, ауылға мұғалім болып барасың! Мұғалім болып, халыққа қызмет етесің...

Әлі кім болатынымды мен өзім де біле білмейтінмін. Әйтеуір оқып шықсам бірдемеге жарармын деген шала бұлдыр ойым болатын. Бірақ бұл күнге дейін болашақ жайын ойланғанда, өз басымның мәртебесін баса ойлап, халық үшін деген жағым тұмандау екені осы арада есіме түсіп тұр. Бұл жағынан ұтылған сияқтанам. Бұл жөнінде қайтарған жауабым өзіме де ұнап тұрған жоқ. Ағайдың зорлығы да әділет көрінбейді. Менің күрмелгенімді пайдаланып, ар жағын тізеге салып жіберді. Ол ие білмеді, мен сынып кеттім.

— Комсомолда барсың ғой? — деді ағай, мені біржола ноқталағысы келіп, мен үндемей, басымды изедім. Оным, бәрібір көнбеймін дегенім еді.

Салым суға кеткендей, жабырқау тартып үйге келсем, жастығымның үстінде Шегеннен келген хат жатыр екен. Үлкен көзілдірігін маңдайына ысырып қойған ұшқыш суретін салған таныс марка... Көгілдір конвертте Шегеннің таныс қолы. Ол ешбір қарпын иректемей, тура жазатын. Ашу қысып, қатал келіп ем, хатты көргенде, тартқан жапа-зәбірімді шағатын әке-шешеме бірдей кездескендей, босап кеттім.

Хатты олай оқып, бұлай оқып басынан аяғына дейін бір дұрыс оқып шыға алмай қойдым. Ойым әрбір жеке сөздің маңында айналақтап қалады да, көзім жүйткіп, ілгері кетеді. Ұшқыш болғалы қызуына қызу қосқандай, Шеген хатты желдірте жазыпты. Біресе байтақ елімізді жазып кетеді, біресе, ұшқыр ойлы, ұшқыш жігіт, биік армандарға тартады. «Биік» деген сөз жол сайын кездеседі. Ылғи бір лапылдап тұрған сөздер өлеңдей шалқып, нағыз мағынасына өрем жетпей қойды. Ол кезде мен шалқыған оттай лапылдап, өрттей будақтаған, толқындай шапшыған, я болмаса, шапқан аттай шаңдатқан сөздерді жақсы көруші ем. Шеген соны әдейі жазғандай. Бүгін бір өз ойларыма жауап іздеген күні, оңай түсінерлік ой ұстатпай отыр.

Хатты алып, Жайық жағасына барып, үн жоқ оңашада әрең түгел оқып шықтым. Сол хат ендігі бетімнің жөнін сілтейтін жөнеу қағазым да болды.

— Аманбысың, көкжалым! — деп бастапты Шеген... Оның аржағында екі жол бойы маған өзі қойып алған ат пен атақтарын тізіпті: «Жүйрік» те тұр, соның ішінде, «желаяқ» та тұр, соның ішінде, «надан» да жүр, «философ» та жүр. Бұдан үш жыл бұрын бір ретте «бокс» сияқты жұдырық өнерінен көзім көгеріп қайтқанда Шеген мені бір жыл бойы «боксер» деп жүріп еді, атақтардың аяқ жағында о да тұр.

Шегеннің бұдан арғы жазғаны «Сұңқар жырынан» алынған үзінділер сияқты. «Найзағайдай ағып, жыландай ысылдап» деп келеді. «Нөсер әкеле жатқан бұлт мұхитына кездесіп қалғанда, көк қарашығама «һал» деп қалып ем»... деп бір кетеді де:

— Жүйткіп аққан қыранға найзағай да жанаса алмайды. Ой қорқақтап төмен тартса, сезім күліп жоғары өрлейді, биікке ұмтылады. Қыран биігі шексіз. Адам биігі одан да жоғары! Сол биіктен жер қандай әдемі көрінеді. Көкжиек шалқайып алысқа кетеді! — деп биіктің өзін ұзақ дәріптейді.

Шеген «Дауылпаз» бен «Сұңқар жырын» орысша-қазақша жатқа білетін. Күн бату мен жарық берілердің арасындағы қоңыр кештерде:

— Жүріңдер, кітапханаға барайық! — деп, балаларды өз төсегіне жинап алып, көп нәрселерді жатқа айтып беретін. Мен кейін аңғардым, сонау алақан жаймай-ақ тамақ табудың өзінде де әр кітаптан, әр жазушыдан үйренген әдеттер бар екен. Шеген қазір ұшқыш болғаннан кейін өзін де сол сұңқарға ұқсататын сияқты. Мүмкін асқақ жыр тәуекелдің тар кезеңінде демеу болатын шығар. Әйтеуір осы екі жырдан сүйегіне сіңіп кеткен сөздер көп.

— «Қолы жетпегендер мұны жалған дүние депті». Бұдан артық дүниені өлгеннен кейін ғана тауып бермекші. Дәрменсіз ой солай демен! Жоқ, Костя, біз дәрменді қуатты елінің баласымыз. Ойың биіктеген сайын дүние сырына да молығасың. Өзім ұшқыш болған соң, биік деп жалғыз ғана аспанға өрлеуді айтады екен деме. Мен ұшып аспанда жүрсем, адам ойы одан да жоғары жүреді. Жоғары көтерілген сайын көкжиек шалқайып, көз шаларың көбейе береді десем, ол адам ойының әлдеқашан орап кеткен жері. Мен жалғыз-ақ жыланша жорғалап, бауырын көтермеуді ұнатпаймын. Біз екпінмен өрлеу заманының баласымыз. Ой мен жүрек алға қарап еседі, биікке шарықтайды. Мен саған соны ғана айтқым келеді. Мен он күн ұшқан ұзақ сапардан кеше ғана келдім. Менің сол он күнде көрген елдерім мен жерлерімді ата-бабам өмір бойы іздесе де жете алмас еді. Бәрі де сондай. Мен сенен бес-ақ жас үлкенмін. Қазір жиырма жас үлкен сияқтымын. Сен Жайық бойының арқандай ғана бойын көрдің, менің көргенімде есеп жоқ. Қазір адамның үйде отырып ойлағаны аспанға шығып белгі береді. Ойлаған мақсаты жақындаған сайын белгісі алыстан сезіледі. Қазір дүние сырын білудің қарқыны ұшумен тең. Біздің ата-бабаларымыздың білген тар дүниесі қазір жеті жылдық бітірген баланың қалтасын да толтыра алмайды. Сен үшін ол ашаршылық болар еді. Мұнымды сұлу сөзге санаймын десең өзің біл, мен өмірді әр күнде бір тиыннан жинағаннан гөрі, әрбір минутында толық өмір сүргім келеді. Сұңқар ең соңғы ұшқан сәтінде де жылдар бойы жасаған жыланнан анағұрлым артық өмір сүрді. Мен оны бала күнімнен-ақ жақсы көруші ем, қазір болат қанатпен аспанға көтерілгенде тереңірек түсіне бастадым.

Сен жылан тұқымы емессің. Сен ұша аласың, әзір тек қанатың жоқ. Бұл сырыңды соңғы хатыңнан аңғардым. Бірақ нені арман ететініңді жазбапсың. «Болмашы бір кәсібім де бар» депсің. Атын неге атағың келмейді? Аты жоқ кәсіп пе, болмаса, атынан ұялатын кәсіп пе? Ұшар ойға дүние кең. Тек таңдай біл, Костя! Біздің өмір — күрес майданы деп өлең айтамыз ғой. Күрес — аспан-

да да, жерде де, суда да күрес. Есептеспей ерлік істер жан «жаумен санасып соғыспайды» депті...

Түн бойы Шеген хатының әрбір сөзінің ауыр-жеңіл салмағын ежелеумен болдым. Қайда шақырады, қайда айдайды? Ұялам да, қызығам да. Әрі қайтпас жігер, әрі талмас қанат бергендей болады. Толқын тербеткендей, қиял теңізінде жүзіп барам. Дүниеде екі әдемі өнер бар екен, оны екі жолдасым алып қойыпты: ән дүниесін Бораш алды, аспан биігін Шеген алды. Бірақ, ұшар ойға дүние кең... Таңдай білу керек. Өнерден өнерді таңдап жатып, оралып өз ойыма тоқталдым.

Таңертең облыстық соғыс бөліміне келдім. Өз еркіммен әскер қатарына алуды тіледім:

— Қағаздарым оқу бөлімінде, әскерлік оқудың қай түріне болса да жіберулеріңді өтінем, — дедім.

Менің қолымнан оңай шығып кеткен қағаздарым соғыс бөліміне де оңай келіп қалды. Оқу бөліміндегі ағай бойына бітпеген тездікпен жөнелтіпті.

— Он күнде оралып кел. Пакетіңді қолыңа береміз. Біржола жүруге әзірленіп кел,— деді соғыс бөлімі.

Ертеңіне кеменің бірінші ұзақ айғайын ести сала, ағаш шамаданымды қолыма ала Жайыққа қарай жөнелдім. Апама барып қайтпақпын. Ақботаны да көргім келеді... Таң бозарып атып келеді. Жапырақ қыбыр етпейтін мүлгіген тыныш таң, қаланы көгілдір жібекке орап алған. Аспанда жалғыз жарқырап, әр ғашыққа бір жымың етіп қалып, таң Шолпаны ғана тұр. Өзге жұлдыздар мұның мінезінен ұялып, беттерін басқандай, бірте-бірте сөніп барады. Түн бойғы ыржақтан сілесі қатқан жарым ай, еш нәрсеге нұр бере алмай, кескен қарбыздай қызарып, етекке шөгіп барады.

Енді аңдадым, қаланың шет жағы ерініп қана көңілсіз үрген көп иттің даусынан бүлк-бүлк еткендей болады. Ұзаған сайын ит үнін көлбақа бүлкілі жеңіп, алысқа созылып кете беретін сияқтанады.

Жайық бетіне ұзын-ұзын жарығын төгіп, өз жүрегінің соғуынан өзі дірілдеп, «Қазақстан» деген кеме тұр. Келіп міндім де, ең жоғарғы үшінші қабатына көтерілдім.

9

Ұзындығы көшедей, үш қабат көгілдір кеме. Жайықтың арнасын толтыра, езуін көпірте, еркін есіп, жайқап келеді. Кеменің құйрығынан екі жаққа қарай төңкеріле жөнелген толқындар жағаға соғылып, көбігін тастап, кейін шегінеді. Жайқалып келіп жағаға тірелген көк майсаны майда жел ақырын ғана тербетіп, теңселтіп қояды. Кеме ұзын қара шудасын бір оң жағынан, бір сол жағынан шұбатып, үзбей будақтатып келеді. Түтін кейде өзен жағасынан жөнеле берген түйелі керуенге де ұқсап кетеді. Кейде түтін арасынан аю, қаблан, арыстан, жолбарыс, адам, маймыл көрініп кеткендей болады.

Кеменің «Қазақстан» деген аты маған көп ой салып келе жатыр. Жайықтай кең арнамен жүзіп отырып, Каспийдей теңізге апаратын кеме Қазақстанның өз

бейнесін елестеткендей болады. Еркін есіп, кідіріс жоқ алға басып бара жатқан кеме, еркін өрлеп келе жатқан еліміз сияқтанады.

«Қазақстан!» — деймін ішімнен, әрбір қарпына көңіл құлағын тосып. Әрбір қарпы әндей естіледі. «Қайрақтыдан» басқа жерді өз жерім деп көрмеген басым, енді елімнің атын тұтас атап, байтақ бір республиканы тұтас елім дей алғаныма масаттанып та келем. Кеудемді әлдене керіп бара жатқандай, өзімді-өзім үлкен сезінем.

Кеменің ең үстіңгі қабатынан қарағанмен бүкіл Қазақстан көзіңе көрінбейді, әрине. Бірақ осы көрінгеннің өзі де мен қазіргі Қазақстанмын деп тұр. Алды шұбап өзенге құлап, арты арғы қырқаларда қыбырлап көрінген көп мал үзбей кездесіп келеді. Орал кәдуілгі үлкен қала, оның үстіне көркем де қала. Енді міне, орыс қалалары, қазақ ауылдары жиі-жиі кездесе бастады. Орыс қалалары жып-жинақ, өзенге қарай еңкейе салынса, қазақ ауылдары өзеннен қырқаға қарай бытырап, оның аржағы жазғы ауылға айналып, шашырап кетіпті. Орыс қалаларының өзен жақ беті кестелеп тастағандай бау-бақша болса, қазақ ауылдарының өзен жақ бетінде қыбырлаған мал жатыр. Әр белде бүкіл дүниеге таңдана қарап тұрғандай, түйелер тұр.

Кейде оңға бұрылып, кейде солға бұрылып теміржолдар кетіп жатыр. Бұрын бақташы отыратын бұлақ бастарында үлкен-үлкен үйлер салынып, ұзын-ұзын завод мойындары көрінеді. Ұзын мойын машиналар шырқ айналып, жерді қапсыра бір тістеп алып, айнала беріп, әлдеқайда лақтырып жібереді. Сол жақ бүйірімізде үлкен бір құрылыс қалып барады. Жаңа салынып жатқан биік үйлердің айналасында мыңдаған адам, жүздеген машиналар құмырсқадай қайнайды.

«Иә, атақ үшін де, бабаң үшін де...» — деген ой келеді. Ол баяғы милиционер жолдастың айтқаны екені есіме де кіріп шықпайды. Өзім айтқандай болып келем.

Ақ Жайық ел өмірінің өзегі сияқтанып, далада шашылып отырған қазақ ауылдарын да, жаңа салынып жатқан өндіріс орындарын да өз бойына тартып, жақындата бастаған. Екі жағың шалғын көк майса, біресе биік белдерге жалғасып кетеді де, біресе керілген кең жазыққа айналып, көз жеткісіз алысқа тартады.

Кеменің алдыңғы тұмсығында маңдайымды ескек желге тосып, мен тұрмын. Кеменің маңдайындағы қызыл жалау менің төбемде ғана желбіреп, тырс-тырс етеді. Кеме аты «Қазақстан» болса, жүргізіп келе жатқан өзім сияқтанып та кетем. Дүние кең, өмір шалқар теңіз, сен еркін жүзе бергің келеді.

Кеме үш қабат. Астыңғы қабатында әртүрлі машиналар, үйілген астық, тиелген жүк, мал бар. Екі теңбіл көк ақалтеке, екі қызыл нар бура да келе жатыр. Бүйра нарлар үйдей биік екен мана кеменің қақпасынан әрең өткен. Еріккен айғырлар анда-санда азынап қояды. Күңгірлеген жылқы даусы құлаққа жылы естіліп, еріксіз қасына келесің.

Кемедегі қазақ біткен көбінесе осы төртеуінің қасында.

— Пай-пай, Әзірет Әлінің дулдуліндей-ақ бар екен! Көсілтер ме едім! — дейді біреуі.

— Шіркін, дүниені шыр айналып келуге жарайды ғой бұл! — деп, тағы біреуі тамсанып тұр.

— Дүниені дейсің. Оралдан әрі асып шыққаның бар ма еді өзіңнің? Оралға бір барып қайтсам, Мекеге бармадым деп арман етпес ем дейтін сенің атаң емес пе еді? — деп жолдасы мазақтайды оны.

— Е, Мекені біз қайтейік, аулыңның әр үйінде бір Ғали бар, сендер-ақ барыңдар! — деп бұл да бір қиынды нұсқап тұр.

— Жоқ-ау, мыналарды айтсаңдаршы! Қырық күн шөлге шыдайтын осылар ғой! Бір тал шөп тістемесе түгі кетпейді ғой! — деп, енді біраз адам екі нардан көздерін ала алмай тұр.

— Бұл ілуде біреуге-ақ бітетін еді. Колхозға енді оңай алынатын болды деседі. Иесі кім өзінің? Алдыру жөнін сұрап алайықшы,— деп, бір қазақ айнала қарап еді, көлеңкелеу жақтан жалбыр, ақ бөрікті түрікпен ағаңның бір баласы жақындай беріп:

— Біздікі! — деді. Кеудесін қаға, мақтаныңқырай айтты.

— Қалайша сіздікі? — деп, қара барқыт қамзол киген қара сақалды бір қазақ түрікпенге қарады.

— Біздікі...

— Қалайша сіздікі болады? «Қайрақты» колхозының басқармасы мен болсам, бұл түйелер біздікі болатын шығар!

— Біздің түрікпен тұқымы деймін... Мұндай мал түрікпен жерінде ғана туады. Мен туған жерін айтам, — деді түрікпен.

— А... Туған жерін айтамысың... Туған жерді айтсаң, өзің де біздің Бозатаның маңында туа салған шығарсың... Дегенмен түрікпен көрінесің ғой. Түрікпендіктен басқаны байқай алмай тұрмын-ау! — деп қазақ белгілі қалжыңға тартты.

— А, сен өзің ше? Біздің Қырыққұдықтың маңында тумадың ба екен? Сенің қазақтықтан басқаңды мен де көріп тұрғаным жоқ... — деп, түрікпен де сол ыңғайға көшті.

— Сен Қырыққұдықта туғанымды қайдан білесің?

— Менің Бозатада туғанымды сен қайдан білесің?

Енді екеуі іргелес екі елдің бірге жайлайтын жерінде туғандықтарын білісіп алған соң, мәз болысып, күлісіп қалды. Біріне бірі қолдарын берісіп — туғанбауыр, — десіп шүйіркелесіп жатыр.

«Қайрақты» колхозының атын естіген соң, мен де осы арадан кете алмай жүрмін. Бір реті келсе, мән-жайды сұрастырғым келеді. Оның үстіне, екі ауыздан бірдей, бір мағынада шыққан «түрікпендіктен басқаңды», «қазақтықтан басқаңды» деген сөздердің неден айтылғанын білгім келеді. Қазақтық пен түрікпендікті менсінбей айта ма, болмаса, басқа мәні бар ма, соны білгім келеді.

Қол алыстың аяғы қоржын шешуге әкелді. Коридордың кең түкпіріне таман барып, екеуі де малдасын құрып алып, қоржындарын шешіп, қапшыққа сап аузын байлап алған қымыздарын шайқай бастады:

— Іш, іш, бауырым түрікпен!

— Же, же, қазақ туысқаным!..

Мен бұл екеуін бұдан жиырма жыл бұрын сонау «үстірттің» бір мемлекет сиятын кең қырқасында кездессе қайтер еді деп ойлаймын. Екеуі де салт, не бір құдыққа, не бір бұлаққа жақындай берсе... Сол бұлақтың суы, ұрыспай-таласпай, аттарын суарып алып, жөндеріне жүре беруге жетер ме еді? Жоқ, жетпес еді. Сол кең дала екеуінің соқтығыспай өте беруіне де тар болар еді. Әлде қай байдың намысын жыртып, әлде қай бидің кегі еске түсіп, шартта-шұрт болып қалысар еді. Араларына араздық ғасырлары тұра қап, шеке тамырлары қызарысып, әуелі сөзбен шайқасып, аяғы не қамшымен, не сойылмен тарқар еді. Қазір міне, жаңа ғана танысқан екі адам, әлі аттарын да сұрасқан жоқ, отыра қалып, қашаннан бергі достарша күлісіп отыр. Екеуі де ескілік дегенді жанап өтіп, ылғи баяғыға күледі.

Ескі кектер енді із қалдырмай өшкен болса, бұл екеуі «қазақ қана», «түрікпен ғана» деп нені айтады екен? Екеуі алыстан қалжыңдасып, орағыта сөйлесіп отырып, менің ойымдағы сұрауға да бір соғып өтті. Тек қана қазақ болып қалу, я болмаса, тек қана түрікпен болып қалу – ата-бабадан аса алмай, ескі салттың құлы болып, «бұйырғаны болар» деп отыра беру екен. Бұлар ағылшын да, неміс те болуды аңсамайды. Бірақ ата-бабаның қораш дүниесіне сия алар да емес.

– Мына тиеліп келе жатқандарды көремісің? – дейді қазақ, қасындағы жолаушыға,– толып жатқан машина, сайман... Ал, бұл неткен машина, не істейді, оны екеуміз де білмейміз. Мүмкін бір-біреуі жүз кісінің істегенін істейтін шығар! Оны екеуміз білеміз бе? Жоқ. Біз баяғы мал бағуды ғана білеміз!

– Дұрыс айтасың, туған! –деп, түрікпен басын изейді. – Көзің жаудырап тұр, көресің, ойың түгіне түсінбейді. Даланың құмы мен топырағы құйыла-құйыла, ойдың көзін бітеп тастаған сияқты. Сен міне, кемемен келе жатырсың. Он екі сом ақша төлеп, билет алдың. Ал, бұл кеме ненің күшімен келе жатыр? Ол күш саған қалай бағынады, оны сен білмейсің. Әлгі бір жүгіріп өткен қара күйе бала біледі оны! Солай емес пе?

– Солай, – дейді қазақ күрсініп қойып. – Білмейміз. Тіпті мал бағудың өзін білмейміз. Әлі күнге ата-бабаның жолымен айдап келеді екеміз. Ай бойы үйреткенде, жүз литрден сүт беретін жүз сиырдан мың литрден сүт беретін он сиыр артық екенін әрең түсіндім. Сен мынаны қарашы өзің! Ап-ашық емес пе?.. Біз әйтеуір жүз сиыр деп басын санаймыз, бақсақ, құдайдың құдіретін қой-ау бұл, он сиыр артық болып шықты. Е! Шөбі қайда, адам қайда, айтпа деймін! – деп дауласып отырған біреу бардай, қолын сілтейді.

Газеттен көрген бір сөздер еске түсіп:

– Жылқы тұқымын асылдандырам десеңіз, ағылшынның буданы, Буденный жылқысынан алмаған екенсіз... Ақалтеке тұқымы сидаланып, құрып бара жатқан тұқым дейді. Сізге шаруақол тұқым керек қой, – дедім.

«Қайрақтының» басқармасымын деген адамның көзі алақандай болды. түрікпен ағайдың намысына тиіп кетті білем, кесесін алдына қоя салып:

– Сен бала, не айтып тұрсың? – деді.

Мен жаңағы сөзімді жайыңқырап, аяқ жағын Буденныйдың пікіріне апарып сүйедім, әйтпесе өз ойым деп айтсам, жанжалға ілегіп қалатын ыңғай байқалып қалып еді.

— Бауырым, сен қызбашы. Босқа оқытып жүрміз бе, біз білмегенді бұлар білуге тиісті. Қане, балам, отыршы өзің, түгел айтшы, — деп «Қайрақтының» басқармасы мені қасына шақырды.

Осы кісінің түсінде таныс бір белгілер бар сияқтанады. Қияқты қара мұрт, қалың қара сақал, ақ кіре бастаған бурыл самай, бұрын бір көрген адамымның түсін жасырып тұрған секілді. Өзгесін былай қойғанда шаш ала білетін өнерім бар ғой, көңіліммен сақалды түгел сыпырып тастап, мұрттың орта кезін ғана қалдырып ем, баяғы өзімді балалар үйіне ұстап апаратын милиционер ағайдың бар бейнесі орнына түсе қалды. Орнымнан ұшып тұрып:

— Ассалаумағаликүм, Жәнібек аға! — деп екі қолымды қатар ұсындым, азырақ еңкейе беріп.

Ағай аң-таң боп қолымды алып жатып:

— Қарағым-ау, қай бауырым едің? — деді, көзін қадап.

Мен сол еңкейген бойым: «Сіздің бауырыңыз аз болушы ма еді» деп бастап, барлық баяғыны айтып, есіне салып жатырмын ағай естіген сайын қолымды қыса түсіп, мені өзіне қарай тартып әкетіп барады. Мен де айтып болдым, Жәнібек ағай бетіме бетін тақап, жас парлаған көзімен қымызға малынған мұртымен бет-аузымды түгел бір сулап шықты... Мен бетімді сыртқа бұрып, сылқ етіп қасына отыра кеттім.

— Өй, ақымақ бала... Сүйте ме екен...— деп Жәнібек ағай өз көзін сүртіп жатып,— көрдің бе, енді қандай адам болғаныңды? Айтпап па ем, оқысаң адам боласың деп! Шешең әлі Гурьевте. Теңбіл көктің біріне мінгізіп өзім алып барам. Қазір түсеміз,— деді.

— Асығыс едім, ағай! Ертең келейік, — деп уәде бердім. Қат-қабат толқындарды жағаға қарай ысырып кеп, кеме де тоқтады. Тақтайды дүрсілдете басып теңбіл көктер түсіп барады. Биік өркештерімен қақпаға тіреліп қап, тақтай көпірге жүрексіне басып, нарлар шығып барады. Бірі түсуге, бірі мінуге асығып, қарама-қарсы тұрған екі топ, кезек күтіп, қақпа аузына тіреліп:

— Кейін! Кейін! — деген жүк көтерушілердің даусынан ғана іркіліп тұр.

Қарбаласқан у-шудың ортасында, шәлісін шалқайта жамылған, қолында көтерген баласы бар жас келіншекке көзім бір ғана түсіп кеткенде, тұла бойым дір ете қалды. Қасында қаракөк кепке киген жадау бір еркек бар екен. Дәл қақпаға келдім де, себепсіз бөгеліп тұрып қалдым. Әлдекімді күткендей, қозғалар емеспін. Жүк көтергендер кейде соғып кетіп, кейде зекіп қалып, өтіп барады. Кемеге мінетіндер бірін-бірі шамаданымен ығыстырып, бала көтерген жас әйелді де шыр көбелек айналдырып қақпаға алып келді. Судың бір иіріміне кез келіп қалғандай, баласын жоғары көтеріп алып, әйел бірде бетімен бірде сыртымен айналып, маған таянды.

— Баланы өлтіріп алма, әй! — деп алыста қалған еркегі дауыстап қояды.

Үлкен бір тең көтеріп келе жатқан адам әйелді де, баланы да қабырғаға қысып, маған да «кейін» деп қалып, кимелеп келеді. Мен тең көтерген адамның өзін кеңірек жаққа қарай ысырып қойып, жас әйелдің қолындағы баласын алдым. Әйелдің өзі де қыспақтан құтылып, кең коридорға шықты. Әйел енді ғана маған көзін тоқтатып:

– Бетім-ау, Қайрошпысың? –деді. Менің «Бота» дегенім өзіме де естілген жоқ.

Қыспаққа түсіп, азырақ қызарыңқы тартқан Ақбота өте бір сүйкімді әйел болған екен. Балғын жас денесі жұмырланып, әр муше өзінің табиғи көркемдігін тауып, үзіліп тұрған кезі екен.

– Қайрошты өлді деп естіп пе ең? – дедім, «неге күтпедің» деген өкпемді бүркей алмай.

Келіншек те түсіне қалып, алыстан көрінген күйеуіне қарай беріп:

– Сені Костя болып кетіпті... Енді елге келмейтін болыпты деп қойған жоқ па?! – деді. Көздері «осыны таратқан анау» деп, күйеуіне қырын бір қарап қалды.

– Сені еркелетіп Бота демейтін бе еді ауылда... Соған қарап, сен түйе болып кетерсің деп ешкім ойламаған шығар..

– Жоқ, Қайрош... Шешесін біржола тастап кетіпті... Көрмегенім ауыл болсын деп айтады дейді. Москваға кетіп қалыпты деп бүкіл ауыл шулайды, – деді.

Көзі тағы да жақындап келе жатқан күйеуіне түсті. «Осыны айтқан сен ғой» деп, мен күйеуіне тесіле қарап ем, ол күнәлі адамдай төмен қарады. Аласа маңдайына кепкасын бастыра киген сіріңке қара жігіт маған бірден ұнамады. Жас баланың өкшесіндей тайпиған ғана кішкене иек сояудай тістерін әрең жасырып, құлағына дейін созылған қалың ерінді, бақа ауыздау жігіт екен. Мойны қылқиған айыр желке, ала көздеу... Желке мен төбесінің арасы төрт-ақ елі, қушық жауырын қалақша жігіт, өте бір сүйкімсіз жан көрінді.

Ақбота әдемі ақ келіншек болыпты. Жасында дөңгелек жүзді, жұмсақ мұрындылау, арықтау, аласалау еді. Қазір ашаң жүзді, қыр мұрынды, бойшаң болуға бет алыпты. Балғын дене иіліп-бүгіліп, дөңгеленіп тұр. Толқындап келіп, оң иығынан алдына түскен қолаң шаш аппақ жұмыр мойны мен мінсіз тізілген тістеріне ерекше бір ашық ажар береді. Әйел дегенге бірінші рет қадала қарағандығымнан ба, әлде бірінші рет қадала қарап тұрғаным Ақбота болғандығынан ба, әйтеуір, әйелге тән сұлулық сипатын көріп тұрғаным осы. Әйел дегеннің көзі қандай, аузы қандай, қолдары қандай еді деп ойым шарқ ұрып кезіп барады.

– Кіп-кішкене, қуыршақтай едің-ау! – дедім. Бота дегенді қоса алмай.

– Қуыршақ болса, тозбай ма екен! – деп, еркек менің қолымдағы баланы алып, шешесіне берді.– Қуыршақ кейде дал-дал боп, қирап қалады шырағым! – деді маған бұрылып. Содан кейін жерге қойған шамаданы мен қоржынын қолына алып, жоғарғы қабатқа қарай кетті:

– Қатын-ай, кеттік...

– Жоғалып кетер деймісің, бара бер! – деді Ақбота. Күйеуіне кете бер десе, маған «тұра тұр» дегендей естілді.

– Апаңның дені сау, үй арасы жақын. Араласып тұрамыз,– деді Ақбота, әңгіменің бетін аударғысы келіп. Мен үндемедім. Кеменің екінші қабатынан:

– Қатын-ай! – деген жексұрын үн тағы естілді. Ақботаға да біреу «қатын-ай» деп айтады екен-ау деп, мен аң-таң болып тұра бердім. Көзіме де, құлағыма да, өзіме де сенгім келмейді.

Менің басқа әңгімеге елікпей, мұңайып тұрған түрімді танып, Ақбота көзін көзіме қадап тұрып:

– Обал-жазығым сенің мойнында! Осы тұрған Оралдан тым болмаса бір хат жазсаң етті! – деді.

Әйел алдында кінәсіз болсаң да, кінәны мойныма еріксіз алатын бір жай барын мен осы арада түсіндім. Кінәлы адам тағы да үндей алмады.

– Қатын-ай!.. Қадалып қалдың ба? – деген дауыс үшінші рет келді.

Ақбота жоғары қарай көзін бір жарқ еткізді де, үнсіз ғана менімен қоштасып, күйеуінің соңынан кетті. Мен сол жерде ұзақ тұрып қалдым.

«Ақбота жиырмаға менен бұрын жеткен екен» – деген ой келеді.– Бірақ бақытты бола алмапты...»

Мен төрт орынды бөлмеде келе жатыр ем. Күйеуі мен Ақбота да сол бөлмеге кез келіпті. Ашық тұрған есіктен көзім бір түсіп кетті де, қайтып онда кірген жоқпын. Мұндай қызық халге де кездесіп тұрғаным осы. Дәл қазір көргім келер, сөйлескім келер адамым жалғыз Ақбота ғана, Бірақ қашып жоламаймын. Кеменің бір жағынан жылаған баланың даусы шықса, мен жылжып екінші жаққа кетем. Инеліктей имиген қушың жауырынды еркек көзіме түссе, одан әрі жылжи берем. Ойымда жалғыз Ақботаның аты ғана. Өзі де жақында, бірақ қасына бара алмаймын, қарай алмаймын. Өйткені, Ақботаны көрсем, онымен бірге күйеуін де көрермін деп қорқам. «Қуыршақ кейде дал-дал болып қирап қалатын» деген жаман сөз құлағымнан кетер емес. Ақботаның даусында әлі қыры сынбағандық бар. Бірақ ол қаншаға шыдар! Күнделікті күйеуінің мүжуі мен баланың жөргегі-ақ қажытады ғой бір кезде. Сонда Ақбота сынады, тағы сынады, тағы сынады! Жібек тарқатылып жүн болады. Өзіне-өзі өгей жандай, енжар бір күйге кездеседі.

«Шүкір...» – дегенін әрең еститін боласың... Мен осыдан қорықтым...

«Келіп қалдым, қақпаңды аш!» – деп кеме Гурьев қаласына соңғы айғайын салғанда да, мен алыста жүр едім...

10

Бұл жаста да теруіңнен көруің көп. Көп көресің де бәрін бажайлап ұғына бермейсің. Балаң ой көрінгенге айналақтап тұрып қалғанда, көзіңе тағы бір жаңалық ілігеді. Оған көңіліңді аудара бергенше, көзің қыдырып жүріп тағы бірдемені тауып алады. Көзіңнің әлі көрмегені көп, көңіліңнің әлі тоқымағаны көп. Көзің мен көңілің бірдей асығады. Әсер алмас, айналып өтпес қимылың жоқ.

Кемеге мінерде бар ойым шешеммен кездесудің айналасында еді. Кемеге мінгеннен кейін ойымды басқа нәрселер аударып әкетті. Көз алдыма Қазақстан келді, балалар үйі келді, Ақбота кездесті... Ойым шарлап дуние кезіп Шегеннің көргендерін іздеп кетті. Ата-бабалардың олақтығы мен дәрменсіздігін біраз тексерді. Бірақ жат елдерді тапқан боп, топырағына аяқ салсам, енді аттауға дәрменім жоқ екен. Алдымда «білмейсің» деген жазу тұрады. Жүзе білмейтін адам жағадан кете алмайтыны сияқты, менің ойым да таныс дүниеден басқадан

қорқақтай берді. Кең дүниенің қақпасын ғана көріп қайта берем. Талпынам да, ұмтылам да. Бірақ алдым тұйықтала береді.

Бұл жаста ойың жалығуды білмейді. Әрбір әсер бірін-бірі толқындай айдап, сені де еріксіз ертіп әкетеді. «Қазір апамды көрем» деген қуанышты оймен кемеден түсіп ем, көзім оны ұмыттырып жіберді. Бұрынғы, аяқ бассаң солқылдап, машина өтсе қалтылдап тұратын ағаш көпірдің орнына, кең Жайықты жалғызақ аттап темір көпір түсіпті. Көк сырлы, шілтерлі көпір көзіме де түсті, басқа дүниені де ұмыттым.

Еңсесі биік көпір үстінен Жайықтың екі беті кеңірек көзге түсті. Бұрынғы қоңырқай қаланың кеудесі көтеріліп, Жайықтың екі бетіне де зәулім үйлер орнап қалыпты. Терезелері күнге шағылысқан қабат-қабат биік үйлер қаланың еңсесін көтеріп, тынысын кеңейткен сияқтанады. Бұрын қала тұнжырай қарайтын еді, енді кеудесіне ірілік кіргендей, құнтимай-жұнтимай, өзіне-өзі сеніммен қарайды. Қала биіктегендіктен Жайық кемері төмен түскен асау толқындары жуасыған сияқты көрінеді. Көпір арқылы үздіксіз өтіп жатқан машина үні әлдеқайда үздіксіз ызыңдаған электр арасының үніне қосылады. Қаршылдасқан темір үні, адам үніне араласып, қала үстінде белгілі еңбек әні гүжілдеп тұр. Қала халқы бұрын сұрғылттау киінуші еді, енді ақтылы-көктілі киініп, ақ жарқынға айналыпты.

Алыста, тынық теңіздің керілген көгілдір төсінде, түтіні будақтаған кемелер көрінеді. Ақ желкендер бүйірін бұлтитып алып, су бетін сызып, керуендей көшіп барады. Әр жерде ақырын шұлғып балықшы кемелері тұр. Күн бойы қырдағы Қазақстанды көріп келсем, енді міне теңіздегі Қазақстанды көріп тұрмын. Қыр теңізі мен су теңізі жалғасып, жеріміз бен елімізді еске түсіреді.

Апамды үш қабат етіп салынып жатқан жаңа завод құрылысынан таптым. Айдаш жоғарыда кірпіш қалап тұр да, апам айналмалы лентаға кірпіш салып тұр.

— Апа! — дедім, бар сағынышымды сол бір ауыз сөзбен ғана айта алатындай.

Мені көруден бұрын даусымнан танып, апам қолындағы кірпішін түсіріп жіберіп, айнала қарай бастады. Кірпіш кірпішке соғылып, жарылып қалды. Шешем қатты құшақтап алып кеудесіне қысқанда ғана шеше байғұстың жайын сирек ойлайтыным есіме түсті. Мен үшін не көрмеді, неше қайғырмады. Жазған шешенің мені есіне алмай ұйқыға кеткен күні бар ма? Айдаш деудің орнына күніне неше рет Қайрош деп қалды екен! Өңі түгіл түсінде бір көрініп кетсем, қандай қуанып қалды екен! Сол шеше үшін мен не істедім? Түк те істеген жоқпын. Барлық өкініш ойыма енді ғана түсіп тұр.

Мен әзір шешенің бақыты неменеде екенін білмеймін. «Шеше баласының бағын тілейді» дейді. Мен шеше алдындағы баланың парыз-қарызын да жете ойлаған емеспін. Енді міне, жайған құшақ жабылып ашылғанша, шешем үшін өңі түгіл түсінде көрмеген бір жұмақ жасап бергім келіп кетті. Жұмақ деген немене, мен оны да білмеймін ғой. Сондықтан осы салынып жатқан зәулім сарай менің шешемдікі болуын тіледім. Кейін жылдар өткен соң ғана түсіндім, ол расында да біздікі екен!

Кірпіш жеген қолдар қанша қатқыл болса да, арқама жұмсақ тиіп барады. Әжім сызықтары көбейе түскен қартаң жүз айнадай айқын. Кірпік-қастарына, иір-иір әжім сызықтарына тұрып қалған шаң-топырақ сағынған шешенің бір тамырының қылп еткенін жасыра алмай тұр. Мен «апа» десем, апам «Қайрошым» дейді, әзірге неше жылдан бері сақталған ойымызды айтысуға осы екі-ақ сөз жетіп жатыр...

Апам мені қайта-қайта құшақтап, қайта-қайта сүйеді. Денім сау, иығым қақпақтай. Бар бойымнан әлі шығын көрмеген жас күш тырс-тырс шертіп тұр. Үстің шаң дегем жоқ, шақ құшағына кіріп кеттім, шеше қуанышы сол да. Бала антын шеше құшағында беретін болу керек. Мен шешемді құшақтап тұрып:

«Сен үшін бұл дүниеде бардың бәрін істеймін!» — дедім ішімнен. Бәрі деген немене, аз ба, көп пе, қашан орнатам, қалай орнатам, ол ойыма да кіріп шыққан жоқ. Баланың анты адалдығында болу керек адал ант еттім, қашан орындайсың деп, анам осы күнге дейін сұраған емес. Мен әлі күнге дейін сол антыма берікпін.

— Құлыным, қозым, кішкентайым! — дейді апам, мені кеудесіне қыса беріп, «Кішкентайы» еңкейіп, иіліп, әрең құшағына сыйып тұрғанында жұмысы да жоқ. Ана үшін бала — қашан да бала. Қашан да ана өзін үлкен санайды. Кірпіш жеген ақ алақан менің басымды қозыны сипағандай сипайды.

Қолына жұқа тері биялай, басына жеңіл жалбағай киген құлағының іші мен танауының сайларына шаң тұрып қалған Айдаш қасыма келді.

— Мына жаманның жігіт боп қалғанын қарай гөр! — деп, әуелі иығымнан бір итеріп қалды да, арқама қақты. Айдаштың қуанғаны менің жігіт болып қалғаным сияқты.

— Бәлем, оқуыңды орап қойып, кірпішке салып алайын сені! — деді, маған ағалығын көрсетіп.

Апам бір бөлмеде ғана тұрады екен. Есік алдында екі-үш пәтерге ортақ террас бар. Ар жағы кең аула. Үй ішінің бәрі де ескі күйінде секілді. Бірақ бәрінде де белгісіз бір жаңалықтың белгісі бар. Ауыл салты қалаға дейін ере келіпті де, ақырын-ақырын әлсірей бастапты. Төр жақты айна, орамал, темір төсек, орындық, патефон сияқты қала салты алыпты да, леген, құман дөңгелек стол сияқты ауыл салтанаты босаға жақта тұр.

Апама «қуанышың қайырлы болсын» айтуға бірталай әйелдер келді. Біразы орындыққа келіп отырады, енді біразы әлі жерге отыра кетуді ыңғайлы көретін сияқты. Бірақ «қайырлы болсыннан» кейінгі сөздері от басы, ошақ қасына жолаңқырамайды. Ауыл әйелдері өз өмірінің ермегі — отын-су, құрт-ірімшік маңынан көп ұзамаушы еді, жұмыстағы әйелдер:

— Біздің заводқа бүгін тағы он шақты әйел алынды...

— Біздің клубта бүгін «Чапай» картинасын көрсетеді... Барайық...

— Сіздің завод үш «сменге» көшкені рас па? — деп сөйлеседі.

Алғаш көріскенде азырақ қылжақ қылған Айдаш та енді басқаша көрінеді. Мінезі салқындау, ойында жұмысы ғана жүретін адам болыпты.

— Осы онкүндікте сүйретіліп-ақ шығатын жайым бар... цемент екі күн кешігіп келді. Жарық берілмей қалып, «кәнбейір» алты сағат қарап тұрды. Оның аты бір «смен» простой ғой... — дейді. Орысша сөздерді қата айтқанмен дұрыс

ұғынатын сияқты. Баяғы мен арман ететін электр жарығын Айдаш өз қолымен жұмысқа жегіп жүр екен.

Үйренген қолмен тырс еткізіп, апам шамды жағып жіберді. Менің ауыл балаларына мақтанып айтармын деген электр шамым тоғыз жыл ішінде қарт шешемнің тұрмысына да кіріп алыпты.

Мен келді деп жиналған жұрт, мені қоршап ортаға алып, не көріп, не білгенімді естігілері келеді. Оқудың қандай қырына шықтым, қандай қызмет істеп жүрмін «адам болғандығымның» қандай белгілері бар, көргілері келеді. Мен бұл жұртқа не айта алармын? Өзіме-өзім дардай көрініп, кітап жаттап келген сияқты ем, қолма-қол істегі адамдар да қарап отырмапты. Рас, электр жарығының неден туатынын мен жақсы білем. Бірақ бұлар оны шам қылып жағып, арба қылып жегіп, ат қылып айдап жүр. Шашалғыш болғанымды қалай айтармын? Оны айту түгіл, қайшы, тарақ, ұстара деген сөздер аузыма түсіп кетсе, қысылып қалам.

— Оралдағы оқуымды бітірдім... Енді соғыстың оқуына кеткелі жатырмын. Әлі бір бес жыл оқығым келеді, — дедім де қойдым.

Үлкен бір соғыс басталғалы келеді деген әңгімелерге де, қалаға да қатты тараған кезі еді, өз еркіммен әскер қатарына алынғанымды апама айта алмадым. Апам онсыз да қобалжи бастап еді, Айдаш бірдеме білетін кісіше:

— Әлі қайда... Қайрош оқуын бітіріп шыққанша... — деп бір қойды да, одан әрі бара алмай, — бізге ешкім тиісе алмайды! — дей салды. Әлде біреуден естіген сөзі ме, әлде өзінің шын ойы ма, ол жағын мен де қазбаламадым.

Апам темір төсегін маған беріп, өзі жақын ғана еденге жатты. Айдаш «түнгі сменді» көріп келуге кетті. Есік ашық тұр. Апам екеуміздің әңгімеміз жылжып ауыл-ағайындарға көшті. Мен бүгін «Қайрақтының» басқармасын көргенімді айттым. Айғырлары мен түйелерін мақтадым. Апам маған арнап алып қойған көкқасқа құнанын айтты. Біздің ауыл жайын әңгімелесіп жатқанымызды білгендей, ашық есіктен безектеп жылаған бала даусы келеді. Ауылды еске алған соң, жүрегімді қырық мысықтай тырналап жатқан Ақботаның аты аталар ма екен деп, мен күтіп жатырмын. Апам бір әңгімесін айтып келе жатады да, жылаған баланың даусы тым шырқырап кеткенде, әңгімесін бөліп:

— Байғұс бала неткен зар жақ еді! Әкеңе тартпай кеткір, жылаудан көзін ашпайтын жылауық әкесіне тартқан ғой! — дейді.

Осы үйлердің алдыңғы жағында жалғыз ғана қазақ үйі тұр еді, бала даусы сол үйден келеді.

— Өзі ұйқысы ашылмаған баланы көк жұлын қылып өлтіретін болды-ау! — деп, апам тұрып киіне бастады.

— Қайда барасың, апа? — дедім.

— Соқыр әжең үйіндегі Тана дейтін қыз баланы білуші ме ең? Ауыл оны Ақбота деп кетіп еді ғой. «Нашар бала» деп текке айтады деймісің, соны жуырда бұрын апасын алған жездесі алып келіпті... — деді апам.

— Жуырда дегеніңіз қалай, бала құшақтап жүр ғой! — дедім, өз сырымды өзім ашып бере жаздап.

— Бала апасынан қалған. Жазғытұры қайтыс болды. Ақботаның әке-шешесі жоқ, кемпірдің қолында өсіп еді ғой. Кемпір қазір қартайды. Құдайдан безген жездесі, сүліктей жабысып жүріп, алып келгелі бір жеті болды,— деді.

Апам ұзын сүре бір әңгімені айтып кетті. Қалалық ақша бөлімінің бір налог жинаушысы алғашқы әйелі өлген соң, дімкас кемпір мен балдызы Ақботаға ұсақ-ұсақ жәрдем көрсетіп жүріп, қолына қондырып алыпты. Оқи алмай қалған Ақбота, өз болашағын қайдан болжай алсын құр жылау, құр көнбеумен қолға түсіпті...

— Жасы он алтыда-ақ, сені сотқа тартқызам деп, біздің басқарма соңына түсіп жүр. Ондай-мұндайды білетін адам еді, кім білсін қолынан не келерін... Ал енді, мынау бір кескілеп өлтірсең обалы жоқ адам! Бір бие алып соны саудырып, киіз үй тігіп отыр. Өкпе құрты болса керек. Ақботаның апасын да ауруын жұқтырып өлтірген екен, бұл сорлыны да сор әкелді де. Түнде тұрғызып бие саудырады екен! — деп, апам қатты назаланып сөйледі.

— Ал, өзің неге барасың онда?

— Ана зар жақ баланы біраз ала тұрайын да... Ақбота байғұс азырақ ұйықтап тұрсын... — деп, апам маған жалынғандай қарады. Мен үндемедім, бала әлі шырқырап жатыр. Күңк-күңк ұрысқан еркек даусы да келгендей болады. Апам шығып кетті. Тезірек барып баланы алса екен деп, мен апамның аяқ басқанын санап жатқандаймын.

Шешемнің ақкөңіл, жаны мырза адам екені бүкіл елге белгілі болатын. Ал енді, өзі ауыр жұмыста жүріп, түнде біреуді демалғызуға кеткені мені де таңқалдырды. Ақботаға кетпесе, мен жібермейтін де едім.

Елге неге келгенім енді анықталып жатыр. Шешенің жөні өз алдына, оған таластырар ешкімім жоқ. Бірақ Ақботаны да қатты сағынып келген екемін. Оның тағдыры бір шытырманға оралып қалғанын көрген соң, енді тезірек қайтқым келіп жатыр. Әрі ойлап, бері ойлап, Ақботаға өз тағдырымды да жанастыра алмаймын. Қазір әскерге алындым... Оқуға жіберетін болды.

— Жоқ, жігіт болсаң қош дей біл! — деп, өзімді-өзім қайрай бастадым.

Бала шырылы тоқтап, айналаны ұйқы мен түн басқандай. Қала өмірінің түнгі дем алысы алыстан ғана ызыңдайды. Ақбота да басын жастыққа енді ғана салған шығар, мен де басымды жастыққа салып көзімді жұмдым... Мүмкін екеуміз бір-ақ түс көрерміз...

Үлкен көште бала адасады, Құлын адасады. Көш ілгері кете береді. Біреу оған мәз, біреу бұған мәз, енді біреулер адасып қолға түскен құлынға мәз. Ол жалпы көштен қалмайды да, басқаларша тура көшпейді де, бар жұрттың қапысын аңдиды. Оған арқа сүйер болатын тозған заң әлі тірі. Қапы кетсең болғаны, аузын аямай салады. Ыңдыны құрыған обыр ауыз қауып-қауып қалады. Сол ауызға енді Ақбота түсіп кетіпті.

Баланың безектеп жылай беретіні, Ақботаның түн бойы ұйқы көрмейтіні, өз қолымнан түк келмейтіні, мені үйге сыйғызбады. Тезірек кетуге асықтым.

Мен түнгі кемемен кетпекші едім, апам қой сойып, тоқым қағар жасап, бірталай үлкендерді шақырыпты. Еңкейіп, сығырайып кемпірлер күркілдеп,

түкіріліп шалдар келіп қалды. Қорыққандай, көзін тас қып жұмып ап, құлақтарына дейін дірілдеп, үлкендердің алдына бас бара жатыр.

Мен апаммен бірге оңаша отыр едім, ашық тұрған есіктен созылған ақ білек үйдің ішінде әлдекімге қызылшұбар кесе ұсынып тұр екен. Кесенің кімге ұсынылып тұрғанын да сезгендеймін. Білекті де танығандаймын. Бірақ орнымнан оңай қозғала алмадым.

— Саған әкеп тұр, Қайрош, саған, — деді апам.

Сол сөз сүйемел болғандай, орнымнан ұшып тұрып, сүріңкіреп кетіп, есікке жеттім. Есіктің аржағы қараңғы, кім ұсынып тұрғанын көрмесем де тану қиын болсын ба, бірден таныдым. Жұмсақ, жұмыр ақ саусақтарды сипай кетіп, кесені алдым. Кесені сол қолыма алып, кесе ұсынған ыстық қолды оң қолыммен азғана ұстап тұрып босаттым. Жас жүректің лыпылдап соққанын да есіткендей болдым.

— Уә, қайда кеттің! — деген киіз үйден еркек даусы да шықты, біздің қолымыз да айрылысып кетті. Қымызды жұта салып, кесені қайырып бергенімде, қолыма тұмаршалап бүктеген қағаз ілікті... Ақбота табалдырықтың ар жағында, мен бер жағында, бір ауыз сөзге жарай алмай, үнсіз қоштастық. Ыстық қол қайтып созылған жоқ, шыққан дыбыс та жоқ, қараңғы түн жұтып жібергендей, Ақбота да жоқ болды. Кең ауланың арғы түкпірінен кісінеген құлын даусы келді...

Қалтамда сол тұмарша, аузымда сол қымыздың дәмі, құлағымда құлын даусы, басқа дабырдың бірі құлағыма кірмей, бірталай адаммен кемеге келіп міндім. Көзім кемеге мініп жатқан жұрттың ішінен әлдекімді іздегендей айнала-қарайды. Таба алмайды. Қасында сол кепкесін бастыра киген сіріңке қарасы жүрсе де көзіме тағы бір көрінсең-ау деймін. Енді көрсем, тіл қатуға да жарағандаймын. Хатыңдағы үш ауыз сөзіңе, үш құшақ жауап берер ем деймін. Бірақ Ақбота көзге түскен жоқ...

Гурьев еңбек қаласы. Күндіз теңіз беті көшкен керуендей, көк толқындарды көлденең тіліп жөңкілген кемелер. Көшпелі ел түйесін біржола шөктіріп, осы ойпатқа біржола орнап, іргесін берік жайған. Сағат санап өкірген завод айғайында «Өткен сағаттың есебін бер» деген әмір де бар. Лықсып кеп құйған Жайық пен шалқып жатқан көкжал Каспий сағасына орнаған қаланың құлы да, қожасы да. Жаудай алысады, жаттай сынасады, жеңілсе құшағын ашады. Қазір, кешегі тәулік өтті, міне жаңа күн басталды десіп, заводтар үн қоса хабарласып жатыр.

— Кешегі күннің есебін жібер!..

— Теңіз демін кең алады. Теңіздей шалқып, толқындай ұзын құлаш сермеуге үйретеді. Кең бол, — жайдары, кекті бол, — түнерген терең бол — мендей, деп жатады.

Батыр біткеннің бәріне тапсырып, бетімнен үш қайтара сүйді де, апам:

— Ал, күнім, жолың болсын! — деді.

Айдаш ағалық істеп, ақыл айтып:

— Әскер тәртібі қатты болады дейді... Тым болмаса, колхоздың тәртібін де көрген жоқ ең... Аяғыңды байқап бас, бала. Тентектікті қойып па ең? —деді.

Жақсы тілек тілеп жатқан шеше сөзі жаныңды жылытқандай, майда тиеді. Көзіңе жас әкеледі. Жүрегіңді алау-жалау етіп бара жатқан тағы бір нәрсе бар. Ол Ақботаның берген тұмаршасы. Сия карындашты жалап жіберіп: «Ұмытпаймын, сен де ұмытпа!» – деп жазыпты. Екеуміз ұмытпайтын неміз болып еді, оны екеуміз де білмейміз. Мүмкін оны жүрегіміз ғана білетін шығар. Бірақ көз бен құлақ куә боларлық еш нәрсені білген емеспіз. Сол білмеген бойым жүріп те кеттім...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

1

Шекараға Николай Шуруп екеуміз бір күнде келіп едік. Содан бері екі жыл өтті. Бөлмеміз қашанда бірге, төсегіміз қатар, біріміздің етігіміз бірімізге қарап тұрады. Шекараның бұл бөлімінде екеуміздан асқан дос та жоқ. Күзет жұмысындағы әскерлік қатал тәртіп, ара-тұра айқасу болып қалғанда, жолдасың қаны мен жанын бірге ала жүгіріп, тізе қосатыны достық дегенге ерекше бір мән береді. Дос жүректері қосыла соғып, ой-тілегің бірге өріліп кетеді. Ар-ұят, намыс-кек бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады. Оның үстіне мінез үйлесе кетіп, ой өрісі бір болса, ондай екі жауынгердің арасынан қыл өтпейді. Бірге қуанып, бірге ұялады, бірге қынжылады.

Николай екеуміздің осындай жайымызды аңдап, шекара күзетінің бастығы, бізді ылғи бірыңғай, ылғи бір уақытта жіберетін болды. Кейде күзетке келе жатқанда үзілген әңгімеміз, күзеттен қайтқанда дәл манағы жерінен қайта жалғанып кетеді. Айтыспаған сырымыз да жоқ, ақылдаспаған арманымыз да жоқ, Екі жылдың ішінде Коляның бар қырындысын мен ақтарып болдым, менің бар сырымды ол жатқа білетін болды. Әдемі бір ақ қайың көрсе, Николай:

– Тап сенің Ақботаңдай екен! – деп те қояды.

Екеуміздің достығымызды ұлғайта түсетін тағы бір әулекілігіміз бар: екеуміз де «бокс» ойынында жұдырықтасуға бірге түсеміз. Салмағымыз да бірдей, өнеріміз де бірдей. Кейде ол қапы кетеді, кейде мен қапы кетем. Сонда ғана біріміздi-біріміз бірер жұдырық аралап шығамыз. Шекарада екеумізді тізе айырмайтын «аякси» деп атап кетті. Кәрі грек заманынан қалған ат болса да, оған екеуміз де қысылмаймыз.

Коля ертең кеткелі жатыр. Сондықтан жаңа ғана екеуміз жұдырықтарымызды қоштастырып қайттық.. Менің сол жақ қабағыма қаттырақ тиіп кеткен жұдырық орнын майлап жатып, Николай:

– Сенің оң қолың темірдей! – деп қояды. Бірақ менің қабағымды сойып кеткен оның оң қолы. Жатаған кесек денелі, жауырынды, ыңғайлы жігіт. Әшейінде күлімдеп тұратын көзі жұдырыққа түскенде жолбарыстың көзіндей шатынап кетеді. Кішкене ғана қырлы мұрын қусырылып, танауы жыбыр-жыбыр етіп жүреді. Шекара қыздары оны Коля-жолбарыс десе, тілінде украин ықпалы басым болғандықтан жігіттер оны «Мыкола» дейді.

– Бірі Мыкола, бірі Хайрол-Вали... Құдайдың бізге берген «аяксиларын» қарасаңшы! – деп, екеумізді қоса мазақтап жүреді.

Біз бір шығыспен шектес жерде тұрамыз. Сондықтан елдің тіліне еліктеп, мені жолдастарым Хайрол-Вали деп те атайды.

Ертеңгі кезекке бір барып қайтқан соң, Николай жүріп кетпек. Әуелі дивизия штабына барады, одан арғысы өзіне де белгісіз. Ұзаққа кете ме, тез орала ма, қандай жұмысқа барады, оны ешкім білмейді. Бастықтардан сұрауға жағалатып көріп едік:

– Ол үшін уайым жемеңдер... Адаспайсың. Қолыңа берген пакет өзі бастап алып барады! – деді.

Комсомол жұмысын басқаратын қазақ жігіті Ералин әлденені аңғартқысы келгендей, онда да алыстан орап келіп:

– Оқыған қашан да жақсы ғой... Оқымаған етекте, оқыған биікте! – деді.

Соны естігеннен кейін Николай «оқуға барады екем», деп қорытынды шығарды. Ай оқи ма, жыл оқи ма, қайтып тағы кездесеміз бе, оны білер жай жоқ, екеуміз кешеден бері қоштасып жүрміз...

Ертең мен де демалысқа шығам. Осыдан он күн бұрын мен бір-екі жолбасар ұстап әкеліп едім. Үн шығармай, ақырын ғана ұстадым. Шу шығартпай, тіл қаттырмай ұстадым. Ар жақтағы қожалары ол екеуін аман өтті деп қалса керек, алыстан аңдалатын сезікті белгілер болған жоқ. Біреуі әшейін бізді сынауға жіберілген «жолдыаяқ» болғанмен, екіншісі сұр қасқаның өзі екен. Содан бері шекараның нық осы тұсын осал көріп, әртүрлі қарақұстар түйіліп жүргенін байқаймыз. Осы екі жолбасар үшін маған бір ай демалыс берді. Әуелі Қаратеңіз жағасына барып демаласың деп еді, аяғында үйіме барып қайтуға рұқсат етілді.

Кеше кешке қайда кететінім анықталып, қазір Коля екеуміз екі ағаш шамаданымызды ашып қойып, азды-көпті дүниемізді жинастырып жатырмыз. Қай нәрсемізді қайда саларымыздың ретін таба алмай отырғандай, үш-төрт қол орамал мен азғана ұйық-шұлғауларымызды аударыстырып, ойланып қалыппыз. Әрине, әрқайсымыздың өз себебіміз бар... Әркім өз ойымен отыр...

Әр жауынгер әскерге алынғанда, артта қалған туған елдің бір исін ала келеді. Онысы кейде алдағы арман сияқты, кейде орындалған арман сияқты болады. Не көңілің жай, не көңіліңде тыныштық жоқ. Өлі балықтан басқаның бәрінде де осындай бірдеме бар. Жауынгер өзін Отанына беріп, жеке арманын жанында сақтайды. Оны ортаға сала алмайды.

Менің осы екі жыл бойы шеше алмай жүрген бір-ақ жұмбағым бар. Ойланып қарасам – арманым да сол. Екі жылдан бері Ақботаның қайда ұшып кеткенін білмеймін!

Бұл жұмбақ әуелі маған қатты бір ызғар, қайтпайтын кәрмен келді. Армияға алынғаннан он бес күннен соң біздің рота ұзақ жорықтан қайтып келе жатты. Бүйендей қылып орап алған шинеліміз арқада. Тер өткен шақ тұрған сыртқы көйлек салтақ-салтақ. Әркімнің екі жаурынының ортасынан су құйып жібергендей. Орал қаласының көшесін солқылдатқандай, гүрс-гүрс басып, өлеңдетіп келеміз. Жатаққа жақындай бергенде, қабырғаға жабысып тұрған қара киімдіге көзім түскенмен көңілім тұрақтамай, қақпадан өтіп кеттім.

Мылтығымды орнына қойып, енді жуынуға жүре беріп едім, күзетші мені шақырып алып:

— Қақпа алдында сізді бір туысқаныңыз күтіп тұр. Таңертең келіп еді, әлі тұр,— деді.

Мен қақпадан шыға сала, қара көлеңкеде тұрған адамды танымай тұрып-ақ қолымды шекеме апарып, әскерше амандық айттым. Туысқаным жауап та қайтарған жоқ, орнынан қозғалған да жоқ. Таң қалып, жақындай беріп, Ақботаның күйеуі екенін таныдым. Таныс қара костюм, қапсыра киген көк кепке, таныс қушық кеуде... Мені бас салып, шайнап тастайтындай тістері ақсиып, көздері алара қарайды.

— Қатын қайда? — деді маған туысқаным...

— Қайдағы қатын?

— Менің қатыным... Ақбота! — деді. — Сен алып қашып кеткен қатын!

— Қатыныңызды өзіңіз білетін шығарсыз. Мен қайдан білейін? — дедім, енді амалсыз күлкім келіп.

— Қылжақтама, әкел қатынымды! Сен үшін алған қатын емес! — деді, даусы ысылдай шығып. Екі қолы арқанда, бірдемемен періп жібергелі тұрғандай...

Біреу естісе күлер деп ұялып, мен оған ақырын ғана қызыл әскер қатын алып қашпайтынын айттым. Әскер заңы былай тұрсын жауынгер қатынды қалтасына салып жүре ме? Түйе қорадай кең бөлмеде елу-алпыс солдат жатады, оның ішінде әйел ұстауға болмайды дедім.

— Мен сенен қайда жатқызып жүрсің деп сұрап тұрғаным жоқ. Қатынымды әкел деп тұрмын! — деді, бір аттап жақындап қойып.

— Ағай, сіз ақымақ болмаңыз өйтіп. Бұл қылжақтың жері емес. Бері қалғанда өзіңізге ұят болады. Қойыңыз, басқа жақтан іздеңіз, — дедім.

Мен оған «сіз деп сөйлесем, ол мені «сен» деп мұқатып тұр. Ақботаның қашып кеткені айқын. Ішімнен соған қуанып тұрғандықтан кейбір сөзім мазақтағандай, мысқыл аралас шығады-ау деймін. «Туысқаным» кіжініп:

— Мен ақымақ емес, әскерде жүріп қатын алып қашқан сен ақымақ! — деді.

— Отағасы, сізбен қылжақтасып тұруға менің уақытым жоқ. Бұл әскер жатағы. Сенсеңіз, бұл күнәдан қолым таза. Сенбесеңіз, өзіңіз білесіз,— деп, бұрыла беріп ем, «туысқаным» жағама жармаса түсті. Оң қолы шолтаңдап, шекемді іздеп жүр. Маған оның тыриған арық қолы жүк болсын ба, қолын қайырып орнына апарып, көйлегінің жағасын түзеңкіреп беріп ем, «туысқаным» қайтып қолын көтере алған жоқ. Бірақ өлердей ызақор екен:

— Ендеше, мен осы қақпаның қасында өлем! — деп, шалқасынан түсіп, жата кетті. Жаңағы күш көрсеткеннен гөрі мынасынан зәрем кетті.

— Ана бір қазақ нағып жатыр! — деп, командирдің біреуі сұрай қалса, кезекте тұрған күзетші:

— Жауынгер Сарталиевтің туысқаны, командир жолдас! — дейді. Оның ар жағында не мені, не мына «туысқанымды» шақыртып алып сұрастыра қалса, ол ұятты көргенше өлген жақсы да!

«Туысқанның болғаны жақсы ғой, мынадай туысқанды, құдай, сенен қашан сұрап ем!» — деп, қатты қысылдым. Өмірімде бірінші рет ұялғаннан маңдайым терлеп кетті. Енді қылжақтау қайда, жалына бастадым:

– Ағатай, өйтпеңіз... Екеумізге де ұят болады. Мен шынымды айттым сізге. Маған әуреленем деп жүріп, шын айрылып қаласыз... – деймін.

– Олда деп айт, – дейді.

– Олда – деймін.

– Білде деп айт, – дейді.

– Білде – деймін.

– Жоқ. Бәрібер сенбеймін! – деп, қабырғаға жабыса түседі... – Өлем осы арада...

Ағатай да айтылып жатыр, әкетай да айтылып жатыр, біреуі құлағына кірмейді. Сонша жек көрген адамыңа, сол айуанның өз ұятыңды сақтаймын деп, жалынып-жалбарынған деген бір қиын екен... Аяғында, өкпесін қысыңқырай, бір қолыммен кеуде тұсынан көтеріп алдым да, жатақхананың қасынан алып кеттім. Аяғы жерге жақындап кетсе-ақ, тірей қояды. Жоғары көтеріп алсам, екі өкшесімен тіземді тепкілейді. Амал жоқ, орап-бүктеп, балаша көтеріп алдым да, Жайықтың жағасына әкелдім. Бірінші рет сен деп сөйлестім:

– Сен ұятсыз, айтқанға нанбайсың, ақылға көнбейсің! Не істейін саған? Өзенге тастап жіберейін бе! – дедім. – Алқымыңнан бір сықсам, не боларыңды байқадың ғой, өзің?

Енді ол маған жалына бастады. «Жоламайын маңайыңа, қатынды да бердім, босат» деді.

– Жоламайсың ғой?

– Жоламайын.

– Олда деп айт!

– Олда!

– Білде деп айт!

– Білде!

Олда-білденің немене екеніне түсінбесем де, уәде бекітер бір сөз екенін алдында ғана өзінен естігем, соны енді өзіне айтқыздым да қоя бердім.

Сол күні шешемнен де хат келген екен. Дәптер қағазының төрт бетіне жазылған хатқа елу екі-ақ сөз сыйыпты. Айдаштың күсті қолдары қаламға қайдан үйір болсын, әрбір әрпі көлбей-көсіліп, әрбір сөзі түйе керуендей созылып, бір жолға әрең сыйып тұр. Жол шетіне жақындап қалғанда сөздің соңғы бір әрпін келер жолға шығара салатын әдеті тағы бар екен. Ноқат кездессе – шоқпардай, дөңгелек әріптер шаңырақтай. Бірақ бұдан артық хатты өмірімде де алып көрмеген шығармын...

Шешем сөз арасында, «Ақбота да сен кеткен түні жоқ болды, тегі колхозға барып, Жәнібекке паналаған шығар дейміз» деп жазыпты. Әлі де ұшқарылықтан арылмаған екенмін деп ойладым. Оқымаған қазақ қызы сол босағада шіриді ғой деп ойлап ем, енді қорлыққа көнбей, күреске шыққанын көріп отырмын.

«Сол жолы неге ғана бір тілдеспедім?» – деп қынжылдым.

Мен кемеде келе жатқан түні тереземнің алдынан әйел өткендей бір елес беріп еді. Басындағы ақ жібек шәлісін де көріп қалғандай болып ем. Жүгіріп тысқа да шыққамын. Жұрт жатып, жарық азайған қараңғы еді. Ешкімді көре алмап едім, сонда да кеменің үстін бір орап шығып:

«Ақбота соңыннан қуып келе жатыр деп ойлаймысың!» — деп өзімді-өзім мазақтап, қайтып келіп ем.

Енді міне, Ақбота да мен кеткен түні жоқ болып шығыпты. Мүмкін күйеуін мен үшін тастап, мен кеткен кемемен ол да кеткен шығар!

Әрине! Әлгі, айналып кетейін «туысқаным» да соны айтып тұрған жоқ па!

Шешемнен хат алғаннан кейін бірталай күн қуанышым қойныма сыймай жүрді. Аяғымды билей басып, арқадағы жүктің ауырлығын да сезбей кеттім. Ауыздан шықпағанмен белгілі ойды Ақбота өзі түсініп, мен айтарды өзі айтар, бір күні келіп те қалар деп, ылғи күтетін болдым. Күнде жүрістен қайтқанда кезекте тұрған күзетшіге тесіле қараймын.

«Сізді бір туысқан қарындасыңыз күтіп жүр!» — деп айтар деймін. Бүгін айтпаса, ертең айтар деп күтем. Тәуекелшіл, ер қыз өзі тауып алар деп сенем.

Кейде Ақбота келіп қалса, қайда жатқызам, қай қалтама сияды деген қорқақ ой да келіп қалады. Мылтық емес мойныма асып алатын, оқ емес беліме байлап алатын. Оның үстіне, осынша қыршын жастардың ішіне әйелін әкеп қойған әскердің халіне қызыға да алмаймын. Бұл ойым кең жайылымға шығып алып, әлденеменелерге апарып соғады...

Амал қайсы, айлар бойы күтсем де «қарындасың келіп тұр» деп ешкім айтқан жоқ... Ақбота біржола хабарсыз кетті. Менің ойымда кетіп бара жатқан жұмбақ та осы.

Қазір мен туған жерден алыс бір шекараның күзетіндемін. Анда-санда апам мен Айдаш хат жазып тұрады. Ақбота туралы бір ауыз сөз жазбайды. Бір-екі рет өзім де сұрап жазып едім, «хабарсызбыз, қарағым» дегеннен басқа еш нәрсенің ізіне кездесе алмадым. Сонымен Ақбота бір жұмбақ болды да қала берді.

Апам қазір пенсия алып, колхозда тұрады. Айдаш әлі Гурьевте. Кейде апамның хатын қолы әдемі бір оқушы қыз жазады. «Қарындасың Н». деп, сәлем айтып, қол қояды. Маржандай тізілген қарыптарына қарай сөздері де жатық, колхоз өміріндегі әрбір жаңалықты құр өткізбей жазады. Шешеме хат жазғанда сол «қарындастың» өзінен де Ақбота туралы сұрап жазып ем, қарындас маған — мен ол кісіні білмеймін деп жауап қайтарды.

Шешусіз жұмбақ мазалауын қояр емес. Мен әлі сүю-күю дегенді көрген емеспін. Ақботаның ойымнан шықпайтыны да балалық шақтың әсері болуы мүмкін. Кітаптан көрген «шын махаббаттар» «Қайрақтының» қазағының қолынан келе де бермейтін сияқтанады. Бірақ «Қайда кетті екен?» деген сұрау есімнен де кетпейді, жанымды қинауын да қоймайды. Араға түскен екі жыл ұмыттырса да керек еді, жоқ ұмыттыра алған жоқ. Қайта, жұмбақтың шешуі қиындаған сайын менің ойлануым да көбейіп барады. Араға айлар түсіп алыстатқан сайын көк шәлісін шалқайта жамылған келіншектің бейнесі күн санап ажарлана түседі. Көздері көз алдымнан кетпей, қызыға түсем. Тұмаршадағы үш ауыз сөзден әлі үміт етем. Жалғыз-ақ хабарсыздық қажытып барады.

Алдыңғы күні таңертең күзеттен қайтып келе жатқанымда ақтылы-қызылды бұлттар арасынан сол жұмбақтың шешуі де жарқ ете түскендей болды. Н. харпі сияқты бір бұлт құбылып барып Ақботаға ұқсап кетті. Ойыма жұмбақтың жаңа бір шешуі түсе қалды.

«Н. деп қол қоятын сол Ақботаның өзі болар!» – деп ұйғардым.

Қайтып келіп Н. деп қол қойылған хаттардың бәрін төсегімнің үстіне қазқатар жайып, тексеруге салдым.

Біреуінде:

«Апаң Ақботаны сұрай беріп қайтеді, сол жақта да сұлу қыздар бар шығар – дейді. Ақбота қанша дегенмен есік көрді ғой деп айтады» – деген күрсініс бар екен. Енді бірінде: «Ылғи сұрай бересіз, мен жауап таба алмай қысылам... Егер шын-ақ үлкен жұмысыңыз болса, жөнін айтыңыз, мен де қосыла іздесейін»,– деп Н. өз атынан жазыпты. Енді абайласам әр хаттың ішінде де менен сыр тартқан бір ауыз ойнақы сөз жазылмай қалмаған екен. Мен оның бәрін де менің сұрауыма қарай қайтарылған жауап деп, кезінде байқамаған екемін. Күнәсіз болғанмен кейбір ойнақы сөздерді Ақбота ғана жазуға мүмкін.

– Әрине, Ақбота осы Н! Н. сол Ақбота!..

Осы шешу табылғаннан кейін мен күзет бөлімінің командиріне бардым:

– Қырымға деген демалысты өзгертсеңіз екен. Мен шешемді көріп қайтқым келеді. Денім сау, курорттың маған керегі не? – дедім.

Әрине, тап осылай емес, әскерлік тәртіптің әр ноқатын өз орнына дәл қойып айттым. Командир алғашқы бұйрығын өзгертіп елге баруыма рұқсат етті. Қайтып келіп Мыколаға:

– Шешеме барып қайтатын болдым! – дедім, басқа жолдастарға да соны айттым.

Қазір міне, шамаданымды ашып қойып, Ақбота мен шешеме не ала барсам екен деп соны таба алмай отырмын. Жоқ, жұмбақтың шешуі тағы шиеленісіп кетті. Төс қалтамда жүрген тұмаршам мен хат жазған қолды салыстырып қарасам, бір харпы ұқсамайды! Біреуі бұрынғы латынша, біреуі қазіргі жаңаша жазылғанмен харып қоюда бір ұқсастық болуға тиісті еді, ол ұқсастық табылмады. Көңіл тағы дағдарып қалды. Әлдеқандай бір қызға сен Ақботасың деп тап беріп хат жазуым да қиын, іздеп барғанда ол Ақбота болмай шықса, о да оңай емес. Әлі шыныққпаған көңілім Ақботадан біржола күдер үзіп қала ма деп жүрексінем.

«Жоқ, сол Ақбота! Жөнел, тарт «Қайрақтыға!»– деп, жүрегім айғай салғандай.– «Тарттым!» – деп, мен де белді байлап, шамаданның қақпағын жаптым. Еш нәрсе апара алмасам, оқасы не, өзімді алып барам.

Коля сағатына қарап:

– Уақыт болып қалыпты,– деді. Екеуміз ең соңғы рет бірге, ең соңғы кезекке кеттік...

2

Дәл бүгін шекара шегінде ешбір уақиғаның кездеспей-ақ қоюын тілеп келіп ем, елге барам дегелі көңілім қатты бұралған домбырадай, әр қимылға бір ызың етіп қалып, онсыз да тынышым жоқ. Бір сағат қана бөгеу болар бірдеме кездесіп қала ма деп қыпылдап келдім. Көрші елдің бізге не тілеп жатқанын өзі біледі, мен ол елге бейбітшілік амандық тілеп келдім.

Берік қадалған қашанғы орнында ала баған тұр. Сенімді күзетшіге ұсап, бар айбарын сыртымен ғана аңдатып, үнсіз тұр. Бұл ала баганға сансыз жұрттың көзі қадалады. Біреулер ұнатпай жек көріп қарайды, енді біреулер үмітпен қарайды. Кекпен қарасын, үмітпен қарасын, әйтеуір көрші елдің көзі ала баганда екенін біз күнде көреміз. Ала баганды кеміріп тастағысы келетін тістер ақсиып та қояды. Бірақ алдында біз тұрмыз. Ала баган аттап кетейін деп те тұрған жоқ, аттатпайды да!.. Шекара күзетінде өткен екі жылдың ішінде, мен көзім өткір, көңілім сергек болуға үйрендім. Ала баганға жақындай бергенде-ақ, ойыңда келе жатқанның бәрін бір-ақ сыпырып тастап, көзің мен ойыңды шекараға ғана қадайсың. Әрине, бұдан кейін өз арманыңа қайтып оралмай, біржола ұмытып кетпейсің, күзетіңді өткізіп бөлмеңе қайтқанша, басқа ойлардың бетін жауып, ысырып қоясың. Біржола ұмыту қандай қиын болса, аз уақытқа ысырып қоя тұру — одан да қиын.

Қасымда асқан сақ ит Рекс бар. Қарайтын жағын ол да жақсы біледі. Көзі мен құлағын бірдей тігіп, ала баганның ар жағына қарайды. Алысқа тіккен көздерінде ит ойының елесіндей, кішкене-кішкене ұшқын жылт-жылт етеді. Рекс ойлай ала ма, жоқ па, ол өз жұмысы, бірақ үйге бөтен адамды кіргізуге болмайтынын ол ешкімнен сұрамайды да. Кірпігін анда-санда бір-ақ қағып, тұмсығының үстіндегі тамырлары бүлк-бүлк соғып, бар денесі ширақ, ата жөнелуге әзір отырады. Басқа уақытта еркелеп, кейде басыңа да қарғып қойса, ала баганға жақындаған соң-ақ қыңқ етпейді. Үру, қыңсылау дегенді біржола ұмытқан. Ол бірдемені айтқысы келгенде ғана үреді.

Ала баганды көргенде маған ылғи бір-ақ ой келеді. Сенің адаммын, азаматпын деуің, елім бар, жұртым бар деуің, әлденені арман етуің, туған-туысқаныңа бақыт тілеуің, бірдемені істеймін деуің, бәрі де осы ала баганның бер жағында ғана мүмкін сияқты. Көңіліңді қанша қамшыласаң да ала баганның ар жағынан мұндай еш нәрсе таба алмайсың. Бөтен ел деп, босқа жамандағыңа келмейді, бірақ көзге ілінер жақсылық таппайсың.

Ала баган екі елдің ғана шекара белгісі емес, екі түрлі дүние танудың, болған мен болашақтың шегін айырып тұрған сияқтанады. Күзетші емес, белгі сияқтанып кетеді.

Кейде ойымды еріксіз сүйрелеп ала баганның ар жағына алып шығам. Жат ел демей, жақсылығын көргім келді. Қараңғы бір түн ішінде белуардан батпаққа батқандай болам. Бар ойыңнан бір-ақ айрылып, адам үшін арман деген немене, өз еліңде салтыңа кіріп болған қандай қимасың бар еді, бәрінен жұрдай болғандай селк етіп қалам.

Көз алдыма алыста қалған, ізі жоғалған ата-бабаның заманы келеді. Ақырын жылжыған ғасырлар керуені, атам заманғы ескі-құсқыны артып ап, әлдене көріп, құлап-жығылып әлі келе жатқандай көрінеді. Біздің арқадан әлдеқашан түскен жүк елестейді. Жауыр болған арқалар, суалған жақтар, үнірейген көздер көрем. Бір кезде біздің ел де осындай еді. Азияның діңкеңді қатырған ауыр ғасырлары әрең жылжып, ұзақ өтіп жатты. Өліктей сұлап, қозғалу жоқ, қимыл жоқ, дала жатты. Жақ пен найза, кетпен мен кенек заманында туған ой мәніне кетер даналықтай жасай бергісі келді. Ой орнына — тақпақ, өлең орнына —

жоқтау берді де, құлшылық күтті. Жапырақ көгермей солды, жастық гүлденбей өлді. Жап-жалғыз зар қаққан домбыра үні әлсіз сарнады.

Ала бағанның ар жағындағы ел көз алдыңа осындай бір қайғылы заманды әкеледі. Замана заңы ескірген сайын қадірлі бола беретіндей, әлі баяғы ескі жұртында, әлдеқашан өлген өліктің өлімтігін күзетіп отыр.

Әріректе, қыр басында бәленшекең дерлік біреудің моласы тұр. Кірпіші құлап, тозығы жеткен соң енді әулие атанған сияқты. Әр жұмада басына жұрт жиналады. Бір күн бұрын бастары қақшаңдап, таяқтарымен жер түрткілеген біріне-бірі ұқсас соқыр қайыршылар келе бастайды. Ертеңіне біреуі отырған бойы сырғанап, біреуі төрт аяқтап тарбиған, енді біразы қолтығына тіреп алған жалғыз таяқпен ақсаңдап жарымжан мүгедектер жетеді. Бәрі де қара киінген. Бұлар топ-топ боп, бірінен-бірі озып кете алмай, бір көрінген жерінен оңай ұзай алмай, ұзақ жылжиды. Кейде жұрттың алды қайта бастағанда, бұлардың арт жағы жаңа жақындап келе жатады. Мүгедектердің қасынан желдей есіп өтіп, тоқтаусыз зарлап, «аллаһулаған» диуаналар келеді бір кезде. Диуаналар жортып жүріп, моланы бір айналып шығып, ақырында әрқайсысы өзіне ұнаған жерді таңдап алып, садақа бұлағының бір ағатын жері осы болар деп отырып қалады. Анда-санда екі қолды бірдей алдына қарай созып бір қойып, бар денесімен шұлғып бір тастап отырады. Бұлар ақ сәлделі, ақ киінген аса таяқ ұстаған аттай желгіш, сиқыршыдай ойнақы бәле келеді. Басқалар садақаны мүгедектігімен алса, бұлар өздерінің ептілігімен дұрысын айтқанда, жүліктігімен алады. Сірә, бір жиында түсетін садақа қорының дені осылардың қолына түсетін болу керек. «Алла» дегенге ешбір мән бермей, автоматтан атқандай үсті-үстіне төпілдетулеріне қарағанда, бұл қулар құдайыңның өзіне де сене бермейтін сияқты.

Айналасы қоршаған нөкер, ала киінген, алшаң басқан бай-батшалар, бірінебірі сүйенген кемпір-шалдар келеді. Ұзамай мола басы құмырсқадай құжынаған жұртқа толады. Бүкіл бір ел тілекті өліктен тілеп, үмітін моладан күткендей, мүлгіп қалады. Күрсініп, көзіңді артыңа бұрасың.

Тау етегін қашай-қашай, шатқалды жарып жол салып алған көкшіл өзен көбік атып, тастан тасқа секіріп, жұлқынып ағады. Әлдеқайда асыққандай шумен, жанжалмен атылып барады. Дұрысында екі елдің шекара шегі осы өзен. Өзеннің екі бетін өрлей, қия жарқабақтардан ойға қарай төне жалғыз-жалғыз мықыр ағаштар өседі. Жапырақтары қалың, сыртына балауыз жағып қойғандай күн көзіне күмістей шағылысады. Өзім бақылайтын жерде ол ағаштардың нешеу екенін де білем. Бұл маңдағы ойпат-жыралардың қыжыр-қыртыстарын да түгендеп қойғамын. Қалтарыс қайда, қауіп қандай жермен келе алады, бәрі де қолымда. Бағанның біз жағында түп-түп боп өскен жантақ тікендер, сен үшін берік бойтаса көрінсе, батанның ар жағында өскендері бүйірден үрпиіп, әр кезде көзің тайып кетуін аңдып тұрғандай көрінеді. Рекстің көзі де әр уақытта соларға түсіп, ылғи санап жатқан сияқтанады. Күнде көріп жүргеннен бір түп жантақ асып кетсе, Рекстің көзі соны тауып алып қадалады. Кейбір түндерде жаңа бір түп тікенек өсіп қалып, таңертең кірпідей күжірейіп тұратыны да болады...

Өзеннің арғы бетінде көрші елдің күзетшілері жүреді, бергі бетінде — біз. Көрші елдің сыртқы ызғары онша пәлен болмағанмен, мылтық ұстаған жаста-

ры күн сайын дарақыланып, есерленіп барады. Соған қарағанда, бұл күнге дейін тату отырған көршінің көңіліне бір сайтан кіре бастаған сияқтанады. Әсіресе, соңғы үш айдың ішінде көрші елдің күзетшілері сүйегіне бітпеген ожарлық көрсете бастады.

Әрбір жұма күні таңертең, әдемі-әдемі арабы ақбоз атқа мініп, әсем бастырған офицерлері келеді. Ер-тұрмандарын күмістеген, тас жаптырған болу керек күн көзінде жарқ-жұрқ етеді. Сол жақ бүйірлерінде қиғаш салбырап, бабаң заманының қисық қылыштары жүреді. Араб жылқысының әсем басқаны, ер-тұрмандардың жарқ-жұрқ еткені мас қылады білем, күзетшілері бізге айғай салып, ананы-мынаны айтып, кеудесін қағатын болды. Бабасынан қалған қисық қылыштарын жарқ-жұрқ еткізіп, орай-орай сілтеп, бізге айбат шегеді. Түбіне жетіп, тұқымыңды құртамыз дегендей етеді.

Әрі сонша көп жұртты, әрі анағұрлым құдіретті елді қисық қылышпен ғана құрта салу оларға баланың ойыншығындай көрінетін сияқты. Ишараттары өте айқын. Елі анау, үміт тілекті құлаған моладан тілеп отырғанында жұмыстары да жоқ. Әлде сол өлімтік аруағына жастары да сене ме екен? Мүмкін... Удай ашы, оқтай өткір жауаптар аузыңа келеді де, алқымнан аса алмай қайта береді.

Төменде жұлқына жөңкіліп, өкіріп жатқан долы өзен көрші елдің күзетшілері немене айтып жатқандарын естіртпей, әлдеқайда алып кетеді.

Неңмен қоқаңдайсың? Өзіңдікі өзіңе бұйыра берсе, аз ба! – дегің келіп, сен де қызасың. Бірақ халықаралық қатынастарға жауынгер басқаша қатынасатынын еске алып, үндемейсің.

«Ашулы адам айғайласа – күлкі болады, үндемесе – ызғарлы болады», – деген Абайдың бір даналығы тағы есіңе түседі. Мен оларға осы сөздің өзін де айғайлап қалар ем, жел аударып босқа кете ме деп, оны да істемеймін.

Кенеттен қоқиланып кеткен көршіміздің елін мен жақсы білемін. Мектептен алған үстірт білімнің үстіне, көрші елдің жай-жапсарын тереңірек пайымдайтын бірталай кітап оқыдық. Шекара күзетінің басшылары көрші елдің жайын жақсы білетін болыңдар деп ылғи қадағалап қояды. Әсіресе, жат елдің әдет-ғұрпына тиіп кетіп, әдепсіз көрінем бе деп, өзің де қыл үстінде жүресің. Кітапханамыз да кедей емес. Жақын арада, бір саяси сабақта мен көрші еліміздің жай-күйі туралы баяндама жасап ем. Барлық мәліметтерді тексере келе, көп нәрселерге таң қалдым. Өзгесін былай қойғанда, халық шаруасы дейтін үлкен қордың өзінде береке жоқ екен. Он адамның екеуі қайыршы, мың кедейге бір бай! Барлық шаруасы тігісінен сөгіліп тұр екен.

Мен ес білгелі көрші елдің шаруасына не жаңалық қосылғанын да білем. Бірінші дүние жүзі соғысында бұл тақыр мұзға отырып қалған елдердің бірі еді. Қазір орта қолды ғана тоқыма фабрикалары бар. Оны да өзі жасай алған жоқ, көршілері жәрдем етті... Рас, баяғыда бас киімдері қоқырайып тұрады екен, оны қазір тастапты. Бірақ бастық өзі жаңарған жоқ, көздері әлі баяғысындай бақырайып тұр. Жанжалы көп болғанмен ұтысы жоқ, ұтылысы көп тарихына атақ қосар еш нәрсе әлі қосылған жоқ. Бірақ жақын арада Гитлерден бір жаңа «фон» келіп еді, соның қызуымен құтыра бастағаны байқалады. Жаңа «фонның» ескі атағы өрт салғыш, от тастағыш болушы еді, сірә, соры қайнаған

ел, соған арқаланып кетті білем. Сол келгеннен бері мылтық асынған жастары бұзақылықты – өжеттік ерлік деп санай бастауға айналды. Жаңа «фонның» тозығы жеткен ескі елге не алып келгені біздің күзеттің қатардағы жауынгерлеріне де айқын көріне бастады. Соңғы кезде шекарадан өтем деп, қақпанға түсіп қалушылардың көбейгені соның айғағы еді. Қолға түсушілердің ішінде тыңшы да бар, өрт салғыштар да бар. Әлі тілге келмеген «сақаулар» да, «саңыраулар» да бар. «Жаһаннам дүниесінен» қашып, біздің елге өткісі «келгендер» де бар. Біздің міндет – шекара қақпасын берік ұстау болғасын амал жоқ, қолға түсіп қалады.

Мана ала бағанға қандай оймен келсем, сол тілегім қабыл болғандай, бұл түн ешбір уақиғасыз өтті. Біздің жақтан қызара бөртіп таң атып келе жатыр. Тау ауасы көгілдір тартып, таң белестеген сайын аспан да тазара бастады. Таңертеңгі тау салқыны айналасына ақырын ғана леп береді. Аспан ашық көкке боялып, әр жерінде түтілген мақтадай, жеңіл ақ бұлттар ғана қалды. Күн белгісі берілгенде жеңіл ақ бұлттар қызғылт тартып, жымия бастағандай. Таңертеңгі мүлгіген тыныштық, түнеріп тұратын тау жоталарына да жұмсақ рең беріп, жүзін жылытқандай сезіледі. Түнгі салқыннан дір қағып, қалтылдап шыққан жер түгі жылынып, бой түзесіп, мойындарын шығып келе жатқан күн шұғыласына бұрып, кішкене-кішкене қызыл, көгілжім, сары гүлдерін аша бастады.

Мен күзет кезегін бітіріп, кейін қайттым. Бір жотаның астында қалған өзен гүілі алыстап, домбыра зыңыңдай ғана естіледі. Жадыраған дүние сені де тербетіп, өз ойларың оралып келе жатқанын сезесің. Қай тұста үзілсе, сол тұсынан қайта басталып, толқындай жылжытып әкетіп барады. Бірер сағаттан кейін жүріп кетем... Бір ай елде болам... Әрине, бұл жолы бар жұмбақ шешіледі... Орал мен Гурьев түгіл бүкіл Қазақстанды аралап қайтуға уақытым жетеді.

Осы ойлармен келе жатқанымда Рекс ақырын ғана қыңқ етіп қалды. Тыныш дүниені тіліп жібергендей шаңқ етіп мылтық атылды. Рекс екеуміз жалт бұрылып, кейін жүгірдік. Рекс жұлқынып, жібер деп келеді. Жырадан жыраны, ағаштан ағашты тасалана жүгіріп, ала бағанға жақындағанша, мылтық даусы тағы бірнеше рет шығып қалды. Әуелі «Кетті, кетті!» дегендей асығыс бытырлап, артынан «текте-тек!» дегендей төгіле атылып жатыр. Әлденеден атылған оқтардың екі түрлі үнін байқап қалдым. Бір жүйе оқтар тау жоталарын жаңғыртып, жоғары кетіп жатыр, енді бір жүйесі төмен атылғандай, құмыққан үн береді. Кейбір тасқа соғып, екінші жаққа серпіліп кеткен оқтар шыжылдап, шегірткедей ысқырып қалған сияқты естіледі.

Мен сияқты жолдан оралып, бірақ уақиға маңайына менен бұрын жеткен Николай ағашты тасаланып, күбірлеп, балағат айтып тұр екен. Мен де өзеннің арғы бетіне қарадым. Бүлік шыққан жер енді көз алдында болғасын Рекс те тырп етпей, тына қалды. Көбік атып, бұрқырап жатқан өзеннен қолында баласы бар әйел өтіп келе жатыр. Тастан тасқа оңай секіргенмен ағыны қатты көкжал толқын іліп әкете жаздайды. Арғы бетте салт офицерлер күзетшілерін ортаға алып, қылыштарын жарқылдатып, шауып тастардай кіжініп, айғайлағандары естіледі. Қолдарын сахнада тұрғандай сәнмен сермеп біздің жақты нұсқайды. Әдейі жинағандай, күзетші саны да көбейіп қалыпты. Күнде ондай көп

күзетші байқалмайтын. Анда-санда әйелдің «Аллалаған» даусы естіледі. Бір топ жаяу әскер бір тізелеп отыра қап, қашып келе жатқан әйелді көздеп-ақ атқан сияқтанады, дарыта алмайды. Екі ақбоз атты жарқылдақ офицер тік бір қарғытып алып, суға күмп беріп еді, біздің күзетшінің сарт еткен мылтығынан кейін бұрылды. Ол екі арада бала көтерген әйел де бергі жағаға шығып үлгірді. Үлкен қара көздерінде зәресі ұшқан үрей белгісі, киімі жыртылған, бір жақ жұмыр саны жарқылдап келеді. Су болған жұқа көйлек денесіне жабысып, жас әйелдің сұлу сымбатын түгел әкеп көзіне соққандай. Тас жырған тізесінен жылжып қана қан ағып келеді. Әйел көре сала бізге қарай ұмтылды:

— Алла... Алла... Атам һам анам... Азербайжан...— деген сөздерін ғана аңдауға болады. Булығып, тез-тез шыққан өзге сөздері аңдалмайды.

Әйел алдымызға келді де, өкси жылап, құлай кетті. Аяғы тырбия, шалқасынан құлап қасында баласы бақырып жатыр. Әйел құлағанда да әдемі денесін көзге тоса құлаған сияқтанады.

— Тұрыңыз! — дедім, қатқылдау шыққан дауыспен. Әйел басын көтеріп, жылап жатқан баласын алдына алды. Бірақ бір жасар бала басын шешесінің кеудесіне қарай апармай, сыртқа қарай бұратын сияқты. Өзен жақты нұсқап, әлденелерді тез-тез айта беріп әйел баланың басын өзіне қарай бұрыңқырап қояды. Бала қырындай береді. Екі көзінің арасы тым талтақ, шешесіне бір мүшесі тартпаған қара бала ана мейірімін басқа жақтан іздейтін сияқты. Жылауы да ертеден кешке дейін бір-ақ үнмен шығатын жетім баланың бейжай, үмітсіз жылауына ұқсайды.

Өзеннің арғы бетінде көрші елдің бір топ әскери адамдары әлі тұр. Айғайлап, шулап, айбар шегеді.

— Тауфиқ-бей! Тауфиқ-бей! — деген айғайлары айқын естіледі.

Ол елде Тауфиқ-бей деген атақты мемлекет адамы да, атақты қолбасы да жоқ. Бірақ жергілікті бір аймақтың Тауфиқ-бей деген серкеші болуы да мүмкін. Өсер ел ормандай қалың көбін көтерсе, өсірмес ой «Тауфиқ-бей», «Жаутік-бей» деген сияқты болмашыны ағаш — жағалтай қылумен күні өтетіні белгілі ғой, бұлар бізге сонысын істеп тұр. Біз «Тауфиқ-бей!» дегенді бұл күнге дейін де талай есітсек те, оның қандай құдіреті барын көре алған емеспіз.

Қасымызға біздің бөлімшенің командирі лейтенант Березкин келді.

— Не болды?

Біз әйелмен бірге арғы жақты нұсқадық.

— Сарталиев, әйелді штабқа апарып тапсыр! — деді лейтенант.

Манадан ағаштың бір бұтағына алдыңғы аяғын салып, басын жоғары көтеріп, өзен бойынан көзін аудармай тұрған Рекс қыңқ етіп қалып, төмен қарай жұлқынды. Березкин үнсіз ғана иек көтеріп қалды. Мен итті қайысын ағытып қоя бердім. Ит өзеннің төменгі жағына қарай тартып кетті. Лейтенант Николайға «жүгір!» деп, ым қақты, Николай да жүгіре жөнелді.

Әйел көзі арт жағына қарай бір қылт етіп қалғандай болады. Қабағын қанша жиырып, басын қанша шайқағанмен жүзіне шын қайғының белгілері шықпаған сияқты.

Ар жақтағы шу әлі бәсеңдеген жоқ. Николайдан да біраз уақытқа дейін белгі болмады. Рекс даусы да естілмейді.

– Сен де баршы! – деді маған Березкин.

Әр жапырақтың сыбдырына құлағымды түре мен де жүгіріп келем. Бір кезде алдымнан ғана қол мылтық екі атылды, Рекс арс етіп қалды. Зәресі кеткен адамның қатты бақырып қалғаны естілді.

Құрметті көрші елдің бишікештері бұдан бұрын да талай рет оңай айла жасағандары бар еді, бұл жолы да содан аса алмағанын түсіне қалдым. Біздің көзімізді сұлу келіншекпен алдандырып, қақ қасымыздан керекті адамын өткізіп жібере қоймақ. Анау қырқадағы «әулие» басына жиналғандар, жағада тұрған көп күзетшілер, айғай-шу, анау-мынаудың бәрі де соның қамы.

– Қозғалма! – деген Николайдың даусы шықты.

Екі түп боп өскен тікеннің ортасында етпетінен түсіп, бір бөтен адам жатыр. Рекс бір аяғын жатқан адамның желкесіне салып қойып, оң қолын қапсыра тістеп алыпты. Көздері қанталап, «Ал!» десең бет-ауыздан бас салуға әзірленіп, дір-дір етеді. Желке жүні дүрдиіп кетіпті. Наганын сол қолына алып, оң иығынан екі жерден көйлектің сыртына қан шыққан Николай тұр.

– Жараланып қалғанбысың?

Николай басын изеді. Жан-жақтан басқа күзетшілер де келіп қалды. Сарғылт күрең сақалы бар, аяғында брезент етік, тырнақтарының асты кір, әлі қайыруға келмеген сирек шашты, бойшаң бір сарыны тұрғызып алдық. Шамасы келгенше қарапайым адамға ұқсаймын дегенмен кекті көзқарасы басқаны айтып тұр. Николайды атқан тапаншасы Рекстің астынан табылды.

Басы тыныштықпен, аяғы осындай бір болмашы уақиғамен өткен ең соңғы күзетке баруым, менің бұдан былайғы тағдырымды түгел өзгертіп жіберді. Николай емделуге қолма-қол госпитальға жіберілді. Оның орнына, бөлім командирі дивизия штабына мені жіберді. Қойнымда бес жерінен мөр басылған жасырын пакет, қайда апарары белгісіз, үш сағаттан кейін мен де жүріп кеттім. Енді ауыл қарасынан алыстап бара жатқанымды сезгендей болам. Ақботамен кездесуден жүрегім де үміт үзе бастағандай, анда-санда күрсініп қояды... Екі жыл бойы шешілмеген жұмбақ тағы да шешусіз қалды...

3

Бір пакетті беріп, екінші бір пакетті алып, поезбен екі күн жүріп жеткенде ғана қайда келгенімді білдім. Ерекше бір әзірлік курсына келген екемін. Келген жерім қала біткеннен аулақ, теміржолға машинамен ғана қатынасады. Бір жағымыз орман жамылған орта таулар, бір жағымызда теңіз, шығыс жағымыз көз жеткісіз кең жазық. өңкей бір дене шынықтырудың неше түрін өткен жас жігіттер жиналыппыз. Тұрған орнымызды лагерь демейді, «курорт» деп атайды.

Мен де ұршықтай иірілудің неше түрін білем деп жүруші ем, оным ойыншық болып қалды. Бәрін де басынан бастауға тура келді. Ең арғысы қарнына дейін білеуленіп тұратын темір денелерді осында көрдім. Әртүрлі қызық оқулар да бар. Алгебра болмағанмен толып жатқан теңеулер, тінтулер арқылы әрең

табылатын жасырын қоймалардан аяқ алып жүргісіз. Сұм дүниенің ортасында отырсаң, оның сұмдығын да білуің керек. Айналаңа шимай-шытырман зұлымдық торы құрылып жатса, оны білмесең, сен кімсің? Соны білудің қамы бәрі де.

Сары аяңмен талай жер жүргізіп келіп, курорт докторы жүрегіміздің қалай соғатынын тексеріп қояды. Қырық километр жүріп кеп, қалған бес километрді жүгірумен алуға жараймыз. Алғашқы күндерде денең сал-сал болушы еді, Қазір оны ұмыта бастады. Таңертең арқаңның біраз құрыстауы — ыығыңды екі толғап жіберуден қалмайтын бола бастады.

Соңғы кезде оқуымыздың кітаптық жағы қысқарыңқырап, қолма-қол жағы басыңқырап барады. Бұрынғы «ойын» түріндегі дене шынықтырулар енді қатал тәртіппен өткізілетін әскерлік іске айналып кетті.

— Жауынгер Сарталиев! Бір,екі, үш! — дегенде парашютпен секіретін биіктен құстай ұшпасаң, айыпқа ілігетін болдың. Ол аз болса, ертеңгі сабақ үстінде, полк командирі жүзін суытып, өзіңді қақшитып тұрғызып қояды да:

— Парашютпен секіру ғылымы сізден мынаны талап етеді! — деп бастап, аяғында көпке дейін есіңнен кетпес өткелектерден өткізіп алады. Дардай жігіттер баладай қызарады.

Осындай елеусіз нәрселердің өзі-ақ дүние тынысында жедел бір өзгеріс барын байқатқандай еді. Саясат ағымынан сабақ беретін комиссар Сомов:

— Бәлен мырза бәлен қалаға барыпты... — дегенде, көзі «Оның ар жағын ұғасыңдар ма?» дегендей қадалады. Дүние жүзіне шаруақорлық, достық бір мінез пайда болғандай, күнде әртүрлі келісім жасалып жатқанын көресің. Кейбір шіреншек елдер оп-оңай еңкейіп, Берлинге барғыштап кетті. Мюнхен енді есі кіріп, әр күн соғыстың жаңа белгілерін көрсете бастады.

Бұрын биіктен аспалы парашютпен секіріп келсек, енді міне, нағыз парашюттың өзін алуға келе жатырмыз. «Ойын алаңына» ақ матадан жасалған ұзындығы есік пен төрдей, үлкен «Т» әрпі салынып қалыпты. Секіртіп, үйретіп жүрген нұсқаушымыз бұл жөніндегі білім аңғарымызды тағы біршамалап шықты. Арқасы жасыл, бауыры сұрғылттау жүк самолеті сол алаңға келіп қонды. Бүгінге дейін «ойын алаңы» болып келген жеріміз оп-оңай самолет қонатын аэродром бола кетіпті. Қолдарына кішкене-кішкене қызыл жалау ұстаған бөтен адамдар да пайда бола қалды. Парашюттарын арқасына бекітіп алып, қаз-қатар тұрған курсанттарға:

— Жүгір! — деген команда берілді.

Жүгіріп келіп, самолетке де жеттік, кешкі тамаққа шақырған белгісі де берілді. Бұл, пионерлердің трубасындай ғана трубамен ойналатын қысқа бір күй. Көңілді көтергісі келгендей, жайраңдап ойналады. Орыс жолдастар сөзсіз күйді:

Бери ложку, бери бак
Нету ложки, беги так...

деп, сөзге айналдырып алған. Мұны ән өлшеуіне қарай қазақшаға аударсақ:

Қасығыңды ал, наныңды ал,
Уақытынан қалмай бар...–

дегенге жақын шығар еді.

Осы белгі берілді де, біз кейін қайттық. Өйткені, әскер арасында екі әмір қатар берілмейді. Тамағыңды іш десе, біздің тілде о да әмір.

Кешкі тамақ үстінде бар әңгіме ертең самолеттен бірінші рет секіретініміз жайында ғана болып кетті. Қобалжу, жүрексіну деген бәрімізде де бар екен. Әркім-ақ басын шайқап қояды. Неше мың метрден секіретініміз де белгісіз. Алғашқы ретте сенімсіз секірген адам, әрине, қайта секіреді...

– Алғашқы бір үш рет секіруден аман өтсең, оның ар жағында төсектен секіргендей-ақ болар ем! – дейді Петр Ушаков.

– Үш ретті айтасың, алғашқы ретті айтсайшы! – деп, бәріміздің ішіміздегі ең жасымыз Владимир Толстов шын қаупін білдіріп қояды.

– Ендеше, секірмей-ақ қой...

– Қалай секірмейсің?..

– Олай болса, секіресің де!..

Бұл үшеуміз бір бөлімде болғандықтан жатағымыз да бірге, тамақ ішкенде де қатар отырамыз. Әлі достасып кетпегенмен ортақ сырларымыз күн санап көбейіп келеді. Қалжыңдасу түрлеріміз де бірыңғайлана бастады. Әзір істе сынасқан жоқпыз.

– Мен бір-ақ нәрседен қорқамын, – дейді жас Владимир, – секір дегенде-ақ жүрегім ұшып кетіп, парашюттің сақинасын күн бұрын тартып қалып секірем бе деп қорқам...

– Онда самолеттің құйрығына ілігесің де жүресің салақтап! – деп, Петр қатал мазақтайды. – Мә, бәкімді берейін тым болмаса, ілігіп қалған бауды кесіп жібер де, жерге топ ете түс!..

– Неге топ ете түсем? Парашюттің тағы бір қосалқы сақинасы бар емес пе, соны тартып қалам... Парашют амалсыз қанатын жаяды!

Олай болса, соны істе...

Петр әуелі әңгімені әдейі қыңыр сүйреп әкетеді де, артынан келте қайырып, ұтып отырады. Владимир ақкөңіл, ылғи ұтылып, аяғында шынын айтып құтылады.

– Сен әуреленіп жүргенде самолеттің жерге қонатын уақыты жетіп қалса, сені сүйрей келіп қонады... Сен жұрттан бұрын секіруге тырыс! – дейді Петр тағы да Владимирді қолға алып. Владимир тағы аз ойланып қалып:

– Мен өзіміздің үйреншікті биіктен секіріп жүргенде де бір бәледен құтыла алмай қойдым... «Бір, екі, үш» деген тек қана секір деген сөз ғой... Мен сол бір, екі, үштің тұсында сақинаны да тартып қалуға үйреніппін. Секіру мен сақинаны тартып қалудың арасында тағы да бір үш секунд өту керек емес пе? – дейді.

Қысқасы, Володя, мен саған сағатымды беріп қояйын... Соған қарап сақинаны да тартып қаларсың...

Петр Володяны біраз беріктіріп алып, енді байсалды қорытындысын айтады:

– Бәрі де бос сөз. Секірмей тұрғанда солай көрінеді. Секіргенде бәрі де өз уақытында істелетін болады. Босқа өле кету оңай емес! – дейді.

Менің қаупім басқа жақта. «Ал, секір» дегенде жүрексініп, самолеттен айырыла алмай, аз да болса, кідіріп қалам ба деп қауіптенем. Самолеттің қанатынан секіре бергенде аздан соң парашюттің ашылатыны, қанатыңды жайып кеп, жерге қалықтап кеп қонатының – бәрі көз алдымда... Бірақ сол қас қаққандай бір сәтте жүрексіне қалуың да мүмкін. Қалайда, бұл алғашқы секіріс қой, әркім өз басындағы қаупін айтып отыр.

– Қорқып отырған сен бе, Толстов?.. Түу! Түк те емес! – деп, алысырақ отырған бір жауынгер өзінің қорықпайтынын білдіріп қояды.

– Құдай біледі, бәріміздан гөрі сенің қорқуың күшті! Көзің бажырайып, қыдырып кетіпті... Тамағыңнан асың өтпей отыр! – деп, Петр оны қайырып тастайды.

Ертеңіне бәріміз де дұрыс секірдік. Парашютті ерте ашып қалам деп қауіптенген Владимир көпке дейін парашютін ашпай, жерге жақындап қалғанда ғана ашты. Владимир өзгеміздан бұрынырақ секіріп еді, кесек тастай боп төмен ағып бара жатқанын бәріміз де көрдік. Біз түгіл инструкторымыз:

– Ананың парашюті бұзылған болар! – деп қалды.

Өзім де едәуір қобалжып отырғанмен, әркімнің жайын байқай отыратын, бақылай жүретін бір мінезден қазір де арыла алғаным жоқ. Самолеттегі елу шақты жауынгердің жүзінде елу түрлі қобалжу бар сияқтанады. Петр ерттеулі аттай, тастүйін ықшам отыр. Оның жүзінде өлшеп-пішіп, есептеп қойған ойын кезегі келгенде қыл аудармай орындап шығудың әзірлігі ғана бар. Кешегі Толстовты мазақтап, «Түк те емес!» дейтін батыр жігіт лоқсып, құсып жіберді. Өңі бозарып кетіпті... Қашан кезегім келіп қалар екен деп, қыпылдап отырғандар да көп. Менің көзім біреуден-біреуге түсіп, қыдырып жүріп, ұшқыштың кең жауырынына барып айналақтап қалды. Айналып жүрген самолетпен бірге ұшқыштың сом денесі де бірге ойысып, бұрылыңқырап қояды. Әр қозғалысы сенімді, отырысына дейін орнықты, абдырау жоқ, сасу жоқ, еркін сермеп, қалықтап жүрген ақ иыққа ұқсап кетеді. Бұрын бар керемет самолетте деп келсем, дәл қазір самолет соның дегенін істеп, қыңқ ете алмай, айдағанына көніп, ұршықтай иіріледі. Кең алқапқа кішкене ғана көлеңкесі түсіп, кең орап айналып жүрген самолеттің қанаттары осы ұшқыш жігіттің өз қанаты сияқтанып кетеді. Киімнің сыртынан білеуленіп тұрған бұлшық еттері кейде арқасынан да білініп қалады. Еркекке біткен кең жауырынға көзім әлсін-әлсін түседі. Қызыққаннан болар, ұшқыштың бетін көргім кеп, оңды-солды бұрылып қарасам да, жүзі көзіме түспей қойды. Екі қолымен күйсандықты ойнатып, ойнаған күйін өзі ғана түсініп, елтіп отырғандай, өзімен-өзі болып, артына бір бұрылған жоқ.

Енді осы бір мінез кімде бар деп, соны таба алмай отырмын. Айғайлап, шуласып жатсақ та, құлағына кіріп шықпайтындай, оқыған кітабынан басын алмайтын біреуді білуші ем... Ие, Шеген екен ғой! Ойбай-ау, мынау да Шеген ғой!.. Өзі ғой!

Инструктор маған әзірлен деген белгі беріп қалды. Тұра беріп мен де:

– Шеген! – деп қалдым. Гүрілдеген самолет үні естіртті ме, жоқ па, әйтеуір Шеген де артына бір бұрылып қалды. Көзге көзіміз кездесе бергенде, инструктор маған «Секір!» – деді. Ішімнен «Саған арнадым!» деп, мен де секіріп кеттім. Манадан бергі: қобалжу-қорқыныш дегендерімнің қайда кеткенін білмеймін. Әрі аға, әрі досыма арнап, қолдан келген өнерімнің бәрін көрсеткім келіп барады. Көріспегелі өткен бірнеше жылдың ішінде қандай өнер таптым, қандай биікке көтерілдім, соны Шегеннің көзіне көрсеткім келіп, еркін бір жайқап түсу үшін сақинаны ертерек тартып қалдым. Ақ жібек парашют лап етіп ашылып, қолшатырдай керіліп, төбеме тігіле қалды. Енді өзім де баяу қалқыған қыранға ұсап, төменгі жақты түгел барлап келем. Бүгін, сөз жоқ, Шегенмен кездесіп, жеті жылдан бергі жинаған сырды түгел ақтарам. Мың түрлі әңгіме ойыма ұмар-жұмар келіп, қуанышымнан жарылып кеткендеймін. Самолет қазір жерге қонады, мен жүгіріп қасына барам, Шегенмен құшақтаса кетем...

Өзің сүйген әйелің жақында болса, ерленіп кетесің деген бар. Мүмкін дұрыс шығар. Бірақ қазір менің қолымнан келер бар ерлігім мен бар өнерім Шегенді көргеннен қозып кетті. «Қия тастай құлай ұшқан ер сұңқарша» деймін өзіме-өзім, баяғы Шеген айтатын «Сұңқар жыры» есіме түсіп. Қасымда тұрған ешкім жоқ, именбей, жасқанбай айтам. Өзімді-өзім бір ғана секірумен сол сұңқарға да теңегендеймін... Бұл күйімде аспан жақын жер алыс көрініп, өзімді жоғары, биікте көрем. Сұңқардай ма, қырандай ма, елімнің әрбір жасындай ма, әйтеуір еркін қалықтап кеп жерге түстім. Менен көп бұрын түскен Володя Толстов жүгіріп қасыма келіп:

– Тамаша! – деді.– Сонша тамаша қалықтаған не Петро, не сен боларсың деп, көз алмай байқап тұрдым!

Парашюті шамның отындай ғана ағараңдап, жұлдыздай ағып, Петр де келіп түсті.

– Петр осылай түседі ғой! – дейді Володя, оған өзінше бір мақтау тауып.

Самолет жұртты тегіс түсіріп болып, төбемізден құйындай соғып өтіп, жердің түгін желімен жапыра, таңертеңгі қонған орнына қарай ойысты. Мен де жүгірдім солай қарай. Таудан жылжып төмен түскен қайыңды орманның қақпадай ашылған кең қойнауына барып кірді де, бетін бері бұрып алып самолет тоқтады.

Инструктор жиналыңдар деген белгі берді, мен де кейін бұрылдым. Шегенге кетіп қала алмадым. Жауынгерлер қатарланып тұрып қалды. Төменнен бәріміздің қалай секіргенімізді көріп тұрған командирлер де жиналып қалды. Нұсқаушы секіргенімізге берілген бағаны айтты, көңіл қалдырмаған екеміз.

Әрі әдемі, әрі дәл түстім ғой деп ойлап, мен мақтау күттім. Атым аталғанда – Совет Одағына қызмет етем! – деген даусымды Шеген естісе деймін. Көзім сол Шегеннің самолетінде... Бір кезде өшірген үнін қайта гүжілдетіп, самолет орнынан қозғалды да, аспанға көтерілді. Дуадақтай жүгіріп барып, көтерілді. Жеңіл де, тез де көтерілді. Алаң үстінен өткенде қанаттарын азғана шайқады да, жүзіп жүре берді.

– Шеген! Тоқта! Қайырыла кет! –деп, жүрегім айғай салып тұр. Үні алыстап, ұзай берген Шеген оны естіген де жоқ, естір де емес. Теңіздей көгілдір мұнартқан қалың орманның үстіне барды да, көрінбей кетті.

Шеген мені кешке таман өзі іздеп келді. Сұңғақ денелі, кең жауырынды, шалқақ кеуделі аспан әскеріне жолдастарымның бәрі де қызыға қарайды. «Қызыл бұрышта» толып отырған жауынгерлердің:

– Капитан!.. Қазақ!..

– Қандай мүсінді! – десіп, сыбырласқандары естіледі.

– Капитан Ақжаров!..– деп, мен әскерше сәлем беруге ыңғайланып тұра беріп ем, Шеген маған екі қолын бірдей созып кеп, оң қолымнан ұстай алды. Әуелі әскерше құттықтап, артынан балаша мойыныма асыла кете ме деп қысылды білем, оң білегімді үзіп жіберердей қатты бір сілкіп, басқаның бәріне бір-ақ тыйым сала қойды. Мен бытырай жөнелген ойымды жинап алып, ең алғашқы айтар сөзімді тауып алғанша, Шеген отырғандардың бәріне ортақ амандасуын айтып, бүгін бірінші секіргендерді құттықтап та үлгірді.

Енді міне, қызыл жамылған столдың қасында екеуміз қатар отырмыз. Мен әлденеден қысылып, құр жымиятын сияқтымын, онымды аңдап қалған Шеген көзін маған көп қадамай, «Айдаһар» журналының ескі бір нөмерін аударыстырып, қараған болып отыр.

– Ал, сонымен...– дегенде ғана көзі мені бір сипап өтеді.

Мұндайда сөз таба алмай, құр жымия беру дегеннің үлкен олақтық екенін мен әлдеқашаннан білетінмін. Бірақ ойыма келген сөздің бәрі де біртүрлі жансыз, жасық көрініп, күрмеле берем. Көптен көріспеген екі достан қызық бір кездесу күткендей, жолдастарым да бізді бақылап отырған сияқтанады. Мені қысатын жағдайдың бірі де сол. Жоқ, мен әлі көп нәрседен арылмаған екемін! Өзімді өзім «Бол-болға!» алып асықтырған сайын бөгеле түсем.

Ойымда Шегенге сақтаған талай хикая, сұлу поэмаларым жүрген сияқты еді, бірде-біреуінің бастамасы аузыма түспей қойды. Бірі әлдеқашан ескірген сияқтанып кетеді, енді бірі баяғы балалық шағымызға лайық бірдеме сияқты. Жер әскерінің аспан әскеріне айтарлық әлі түгі жоқ екен. Таңертең Шегенді самолет үстінде көргенде оған айтар мың түрлі сырым бар сияқты еді. Оннан бірін айта алмайтындай едім, енді соның бәрі түгіл бірі аузыма түспей отыр. Әлде, капитан алдында барлық жауынгер осылай бола ма, әлде Шегеннің жаңа түріне лайық жаңа бірдемелер іздеп, таба алмай отырмын ба, әйтеуір, дәт деп тұрып қалдым.

Адам жайын аңдауға Шеген өте терең болатын. Ар жақ-бер жағымды түгел көріп отырғандай көрем.

– Шеген аға, ауылдан бәлендей хат бар... – дер едім, ол біздің ауылдан еш нәрсе білмейді. Әскерлік жайымнан сөз бастар ем, бүгін бірінші рет самолеттен секіріп түскенімді өзі көрді... Темекі іздеп, қалтаңа қолыңды қайта-қайта салғанмен түк ілікпейтін бір кезің болады ғой, менің халім тап сондай еді. Көзім тұрақтай алмай, қипақтап, құр жымия бергенім де сондықтан.

— Екі жыл шекарада болдым... — деп әскерлік өмірімді айта бастап ем, оның ішіндегі түйіні мен түйірін хат арқылы талай жазғаным есіме түсті. Жазбағандарымды айтып қарап ем, бұдырсыз сұйықтау жағы ғана қалған екен.

Қашанғы әдеті бойынша, мені қысылыстан алып шыққысы келіп, Шеген азғана тамағын қырып, көзін маған тура қадады. Мен мағынасыз жымисам, ол өз ойын жасырмай күлімдей қарап:

— Қысылма, Костя... Сенің сөз таба алмағандай болып отырғаның екеуміздің де өсіп кеткендігімізді көрсетеді. Өскен шағымызға лайық әңгіме қоры әлі жиналған жоқ, бұрынғы ортақ сырларымыздың бәрі де балалық шақтікі... сені бөгеп отырған осы емес пе? — деді.

Арамыздағы жұқа шымылдық ашылғандай мен де Шегеннің жүзіне тура қарап:

— Тап осы, Шеген аға! Аузыма түк түспей қойды, — деп шынымды айттым.

Шеген енді күлімдеуін де қойып:

— Бірақ сенің әскер қатарына алынғалы не істеп, не қойғаныңмен бірге, ендігі бет алысың немене? Ойланып, өлшеп алған бетің қайсы? Адымың қалай? Мен соның бәрін де білгім келеді. Ертең демалыс қой, кеңірек отырып сөйлесерміз. Самолеттен бірінші секіргенің үшін ертең қалаға барып қайтармыз. Қыдырармыз, театрға барармыз. Курс командирінен рұқсатыңды да ала келдім. Міне, — деп маған ертеңгі сағат тоғыздан түнгі сағат он екіге дейін берілген рұқсат қағазды ұсынды.

Екеуіміз далаға шығып, қақпа алдында тұрған машинаға қарай беттедік. Шеген сол қолын менің иығыма салып, орай құшақтап келеді. Бала кезімде бұлай құшақтағанда жылынып кеткендей болып, өзім де тығыла түсуші ем. Енді ұялып келе жатқандаймын. Шегенде де баяғы қыса құшақтау жоқ, ағаның арқадан қаққаны сияқты.

— Мен сенің қалай секіргеніңді түгел бақыладым, — деді Шеген.

— Әйтеуір алғыс алғандардың ішінде жүрмін, — дедім, мақтанышымды жасыра алмай, одан гөрі көтере айтуға да ұялып.

— Егер жау жеріне барғанда осылай секіретін болсаң, жерге тірі түсе алмайсың, Костя! — деді Шеген.

— Неге?

— Сен сәнденіп қалықтап жүргенде жау сені оп-оңай атып түсіреді. Қыран қалай түсерін естіп пе ең? Құйындай суылдап, шаншыла құлау керек! Қанатыңды жерге жақындай бергенде бір-ақ жай! — деді Шеген арқамнан қысып қалып.

«Сәнденіп» дегені өтіп кетті ме, «қалықтап» дегені өтіп кетті ме, әлде екеуі қосылып бірдей тиді ме, мен қызараңдап:

— Мен оны ертең баяндайын саған, — дедім, Қазір қайтара қоятын жауабым әлсіз болғандықтан.

Шеген жүріп кетті. Мен қалаға киіп баратын таза киімдерімді әзірлеп жүріп, жан қиыспас досыммен жаңа жолымда бірінші кездесуімнің жансыздау өткеніне қынжылдым. Көңілім наразы, жүрегім төмен тартқандай болды. Қолды шекеге апарып жатпай-ақ, бірден Шегеннің мойнына асыла кетуім керек еді дедім... Сонда ол «О, желаяқ!» деп қалар еді де, әңгіме баяғы балалық

шақтан басталып, оп-оңай ширатылып жүре берер еді... Әлде онымыз өз күндерімен өткен дәуір ме екен? Адам артына қарап ойланады, алдына қарап өседі демейтін бе еді! Нақыл жаңылыс па, мен жаңылысам ба? Қалай да түп бойы аунақшып шықтым.

– Володя екеуіңнің балалықтарың кетіп болғанша, менің балаларым да сендердей болып қалар! – деп Петр біраз мазақтап алды.

Николай екеуміз болмашыдан бастап-ақ түн бойы сөйлесіп шығатын едік. Балалық шағымыз басқа жерде өтсе де біріміздің көргеніміз бірімізге қызықты да, түсінікті де көрініп, жырқ-жырқ күлісіп, шегіміз қататын еді.

– Мынадай бір қызық тағы болады ғой! – деп, Николай басын көтеріп алса:

– Ол түгіл мынаны қайтесің? – деп, мен кимелеп кетуші ем.

Тегі ол екеуміз балалық дәуірді бірдей кешіп, ересек өміріне бірдей кірген болармыз. Ересек дәуіріне көшкенмен «түйеқоңызын» тастауға қимай, Шегеннің маған бергені сияқты, екеуміздің де балалық шақтан тастауға қимай, ала келгеніміз болуы мүмкін. Сонымен бірге, үлкен бе, кіші ме, шекара күзетіне бір күні келіп, қауып-қатерін бірге көрдік. Сондықтан ішегіміз араласып, сырымыз қосылып кетіп еді. Мен оған Ақботаның жайын айтсам, ол маған өзінің Майя дейтін сүйген қызының сипатын суреттейтін. Шегенге бұлайша ашыла алмай, тартына бердім.

Ақбота есіме түсіп кетіп еді, ол тіпті Шегеннен де арғы балалық шақтың әсері емес пе екен деп ойлана қалдым. Жоқ, балалық емес, тұрақты бір ойдан шықпайтын сағыныш бар. Осы ойыма тағы да еріп, сағым теңізімен бірге толқып жатып ұйықтап кетіппін. Жайық жағасында Ақбота тұрғандай, Шегеп екеуміз бірге жақындай бергендей бір бұлдыр елес берілгені есімде сияқты, ар жағы әлденеге айналып, қатер бір үннен оянып кеттім.

Асықтыра, аптыға берілген қатер[12] белгісімен бәріміз де атып-атып тұрдық.

Тым болмаса жексенбі күні тыныш өтпейді-ау, – деп, кейбір жолдастар наразы күбірлеп, ренжи киініп жатыр. Менің бүгін қалаға кететінім есіме түсіп, тез ғана бар таза киімдерімді киіп алып, далаға шықтым.

Аспанда бір жапырақ бұлт жоқ, күннің көзі ұяла қарағандай, тау өркештерінің арасынан жаңа ғана көріне бастапты. Көлеңке төгіп маужырап тұрған жасыл дүниеге бүгін жапырағыңды күйдірмейін деп, уәде беріп келе жатқандай тау жақтан ақырын ғана салқын леп үрлейді. Ақтылы-көктілі көбелектер қалт-қалт етіп, екеу-екеу жарысып ойнайды. Ыстығы жоқ, бұлты жоқ, әдемі бір күн келе жатқандай.

Демалыс күнін жауынгердің бәрі де не қалаға барып, не теңіз жағасында өткізбек екен. Бәрі де таза киініп, қырынып алған, жұтынып тұр. Аспан қандай ашық болса, жігіттердің жүзінде де ешбір көңілсіздік көлеңкесі жоқ.

– Өлді демалыс күнің! – дегенді біріне бірі қалжың үстінде ғана айтады.

«Жау жеттілеп» үсті-үстіне төмпештеп берілетін қатер белгісі, әр кезде бола беретін. Қашанда ұйқыдан оятар белгілі сағаттан көп бұрын беріліп, ұйқы дегенді сергітіп алған. Әсіресе, курс аяқталар кезге жақындағанда жиіленіп кетіп еді.

[12]"Тревога" деген сөздің орнына алынды.

Кейде көзің жаңа ұйқыға кете бергенде тұрғызып алып, бірнеше сағат айдап әкетіп, таңертеңгі тамаққа бір-ақ әкелетін. Ондайда шын-ақ жау келіп қалғандай, бар қаруыңды асындырып, оққа дейін толтыра салып беріп, пулеметтерді арқалатып, қатал әмірмен айдайды.

— Теміржол станциясының маңында бір бәле бар көрінеді, — дегені жауынгерлерге шын сеніп айтқандай көрінеді!

Екі бүйіріңде, алдыңғы жақта, күзет-қорғау күштері кетіп бара жатады. Көпір, аэродром сияқты жерлер жау қолында қалғандай, зерттеушілер кетеді. Кейде байланыс үзіліп, жау белгісі жақын сезіліп, әскер қатарына әртүрлі өзгерістер де кіріп қалады. Пулеметке оқ салар кезеңге келіп қаласың. Әлдекімдер қарауыл хабарын шала жеткізгендіктен сөгіс алып жатады.

Алғашқы кеткен зерттеушілер хабарсыз кеткендей, тағы да топ-топ зерттеуші жіберіліп барлау, қарауыл жұмыстары айқыш-ұйқыш тартылып қалады. Ең берісі белден келтіре окоп қазып аласың. Барлық бөлімдер әзірлігін штабқа хабарлап, әмір күтіп әзір отырады. Мұның бәрі де әшейіндеп әскер ойынына ұқсамай, қатал тәртіппен жүргізілгендіктен шын бір бәле болып қалған екен деп, сеніп қалатын кезің де болады. Таң атып, күн шыға бергенде, енді сен «Өт!» деген әмір күтіп отырғаныңда, жорық бітіп, қайту күйі ойналады. Әскер күйлері «болар-болмас, болмай қоймас» деген дудамал тілді білмейді. Сүйер-сүймесін білмейтіндей дел-дал да болмайды. «Жат!», «Тұр!», «Жау!», «Бітті!» деп дәл-дәл айтады. Адам түгіл, әскердің аттары да тез ұғып алады оны.

Командирлер өз бөлімшелерін қатарға тізіп алып, таңертеңгі салқынмен лагерьге алып қайтады. Теңізге жақындап кетсең, өзен кездессе, таңертеңгі мұздай суық тау суына бір шомылдырмай тағы қоймайды. Әрбір жорықтың аяғында суық суға бір шомылу жүреді.

Әсіресе, күндізгі жорықтан жаңа қайтып тамағыңды шала-пұла ішіп бола бергенде, әйтпесе, көзің жаңа ұйқыға кете бергенде орныңнан тұрғызып алып, айдап жөнелу — шыныктырудың жоғарғы түрлеріне жатады.

Біз бүгін де соны күтіп, тез киініп, тез қатарландық. Ойымызда не болса да тез аяқтап, тезірек босанып, қалаға, теңізге қыдырып кету жүр. Бұрын жексенбі күнімізге тимеуші еді, сондықтан бүгінгі демалысымыздың шала бұйырғалы тұрғанына наразылығымыз да бар. Қалаға бару үшін киген таза киімдеріміздің шаң болып қалатындығы да күйзелтіп қояды.

Әдеттегі тыныш тұр, қатарлан, кейін бас, ілгері бастан кейін әдеттегі түгенделіс басталды:

— Бір, екі... бір, екі...

— Бірінші... екінші... Бірінші, екінші...

Әр жерге бөлек-бөлек қатарланған кіші бөлімшелер бәрі үн қосып, кең алап лезде түксиіп қалды. Енді ұсақ бөлімшелерді біріктіріп, үш бұрыштап батальон ізімен құрып бәріне ортақ «тыныш тұрыңдар!» деген команда берілді. Мейрам күндері болмаса, жүріске арналғандай лек-лек болып қатарланбайтынбыз.

Тау жақтан, орман арасынан зеңбірекшілер мен ұшқыштардың да қатарланып жатқан үндері естіледі.

Курс командирі мен комиссар Сомов, қасында бір топ басқа командирлер бар, жинақы адымдап, ортада тұрған мінбеге шықты. Әр жерде аэродромдардан көтерілген самолеттер лек-лек болып, үстіміздеп өтіп, батысқа қарай жөнеп барады. Көбі жеңіл самолеттер. Гүжілдеп, гүрілдеп ауыр самолеттер де өтіп барады. Мен кешегі өзіміз секірген Шегеннің самолетін танығандаймын. Төртеу, бесеу, алтау... Төменде бал тасыған аралар, таудың ірі инеліктері өріп жүр. Аспанда лек-лек самолеттер өтіп барады.

Аспандағы самолет гүжілінен де басымырақ шыққан курс комиссарының даусы шаңқ етіп шықты. Мотор гүжілі, аспан мен жердегі бар үн тынып қалғандай болды.

– Өткен түні Германия фашистері ұрланып келіп, батыс шекараны бұзып өтіп, қазір еліміздің батысында қан кешкен қырғын соғыс басталды. Жалғыз батыс емес, оңтүстік жақтағы ірі қалалар бомбаланып жатыр, – деді.

Демалыс күнінің бар ыржаңы бітіп, жауынгер жүзі суынып кетті. Артық бір үн, артық бір қозғалыс жоқ, қатып қалыппыз. Әр жауынгер өз жүрегінің соғуымен бірге оң жағындағы жолдасының жүрегі қалай соғып тұрғанын да естігендей. Әрі ауыр, әрі бір қапылысы бар хал байқалады. Әркім осы күннің боларын біле жүріп, жете әзірленбегендей, қапы кеткендей, өкініш те бар.

– Соғыс!

– Қанды қырғын!

– Қалалар бомбаланып жатыр.

Комиссардың әрбір сөзі өз алдына сала-сала уақиғаға айналып, бір құшаққа сыймай барады. Үш жүз миллион халқы бар Батыс Европа қазір жалғыз бізге қарсы аттанғандай, соғыс түбі қомақты көрінеді. Қанды селдер қай жерге дейін ағар, қашан тоқтар. Әрбір солдат неше мың километр жер жүріп барып, соғыстың шыққан ұясын өртер! Қанды қырғын адам баласының естіген-білген шеңберіне сияр ма, жоқ па?

Манадан бері өтіп жатқан самолеттер енді тура соғысқа кіргелі кетіп бара жатқандай көрінеді.

– Қош бол, Шеген аға! Сен соғысқа да менен бұрын кірдің. Жолың болсын! Әр жолыңнан жеңіспен қайт, аман қайт!

– Қош бол, Ақбота! Енді екеуміз де кешіктік. Күте гөр дерлік те жай жоқ. Бейбіт кезде ізіңнен айрылып ем, енді сәлемді жел арқылы айтам ба, сағынышыңды ғана ермек етермін.

Сонша әдемі ашық күнде түскен жай таңдандырып, үрпиіп тұр. Аспанда бір бұлт жоқ! Дәл бүгінгі демалыс күні мұндайды күтпеген екеміз.

Жоқ, аспанды бұлт торлағалы қашан! Соғыс аспанын кесек-кесек қара бұлт торлап алғанын біз күнде көретінбіз. Фашизм тозған дүниенің соңғы дем алысы. Іште шіріген уын сыртқа шығармасқа амалы жоқ. Өсер дүние қанатын кең жайып, демін еркін алып, теңіздегі кемедей жайқап есе береді. Өшер дүние жанталасады. Әл-дәрменнен айрылмай тұрғанда айбар шегіп, азуы әлі мықты екенін көрсеткісі келеді. Мүмкін осымен өзін арашалап қалар, мүмкін тіпті тынысын кеңітіп алар!.. Төсегін түзеп, жастығын жөндеушілер көбейіп, талай пандар алдында тәжім етіп тұр ғой. Әр күнгі оқыған сабағымыз, фашизмнің

қанжары қайраулы екенін құлаққа құятын. Германияның ескі кегін ту ете ме, дүние құлағына кірерлік ұран іздер ме, қай күнімізді қапыға санар, әңгіме тек осында сияқтанатын.

Дүние өртінің жалыны көрінгелі көп болған. Олай шалқып, бұлай шалқып, қурауы жеткен елдерін оп-оңай құшағына алып болып, енді міне, біздің шекараға жетті. Батыс мемлекеттерінің басшылары үйіне өрт келіп қалғанда оны сөндіру амалын істеудің орнына, өрттің шоғын алып, көршісінің қорасына тастап жатты. Өзі күйсе, өзгенің де бірге күйгенін тілеген мінез көрсетті. Ақыры, қандасқандар ымыраға келіп өрттің бетін бізге бұрды. Дүниелік өрт орман демей, үй демей жолындағыны түгел жалмап келеді. Адам баласының ғасырлар бойы тырнақтап жасаған қазынасы мен қорын қурайдай өртеп, судай шашып, құтырынып алған. Қанға сусыны қанар да емес, адам етіне тояр да емес. Соғыс бізге осындай құтырынып алған кезінде кездесті.

Бірінші дүниежүзілік соғыста капиталистер бір солдатты өлтіруге бес жарым-алты тонна металл төккенін Горькийдің бір есептеп шығарғаны есіме түседі. Ол соғыста отыз миллион адам қырылып, он миллиард пұт қорғасын мыс, қола, қалайы, темір шашылған екен. Қираған қару, құрал, дүниелікті есепке алсаңыздар әрбір солдатты өлтіруге жұмсаған байлықта мөлшер жоқ. Оны жеңген ел де қайырып ала алмайды, жеңілген ел де тауып бере алмайды. Бірақ капитал дүниесі олай есептемейді. Талай елдер тұралап жатса, капиталистер соғыстан пайда табады. Күректеп түсетін құйылып-үйіліп қалатын пайда соғыстан ғана түседі. Сол обырлар дүниелік өртті тағы тұтатып жіберіп, етектерін алтынға тосып отыр!

Кеше кешке ғана соғыс дем алысы жақын деп, өзара біраз айтысып алып ек. Қарсы болған ешкім болмаса да әрқайсымыз өз болжалымызды айтып, соғыс басталды десе таңданбайтын сияқты едік. Ол әңгімеміздан кейін әлі он екі сағат та өткен жоқ. Соғыс қақпаны бұзып, қораға кірді. Бірақ:

— Батыс шекарада соғысып жатырмыз! — дегенге ешкім сене алмайтын секілді.

Лақылдап от түкіргенде шығатын соғыс тәңірісі — зеңбірек үні бізге әлі естілген жоқ. Айналаңдағы маужырап, балқып тұрған жасыл дүние ешбір бүліншілікті сездірмейді де, тілемейді де. Ойың әлі өз мүдделерінен арылған жоқ, арт жағына қарайлай береді. Көз алдыңа үлкен бір құрылыс сияқты елің келеді де, бүліншілікке қия алмайсың. Сонау Балтық теңізінен басталып Ұлы мұхитқа дейін іргесін ашпайтын ұлы құрылысты соғыс өртіне шалықтыру ойыңа сыймайды.

Алғашқы күндерде от астында қалып, ерсілі-қарсылы жосыған кемпір-шал, бала-шағалар да бұл бүліншілікке сене алмағандай еді. Елеуіш, оқтауына дейін тауығы мен үйрегіне дейін артып алған жұрт, бүгін-ертең үйлеріне қайтатындай, ел маңынан ұзай алмай, қарайлап жүр. Ауыр бір сандырақ түс, оянып кетсең өзінен-өзі сейілетіндей әлі үмітін үзген жоқ еді.

Түс кезінде бар бөлімшелер мінбе қасындағы радиоға жақындап келіп тұрдық. Елімізге түгел таныс, қоңыр дауыс сенімді жігермен жасқану жоқ, жа-

лынмен шықты. Жауымыз қанша күшті болғанмен жеңетін біз боламыз деді. Ауыр айқастар барын жасырған да жоқ.

Айнала қарасам, жолдастарым енді біржола сенген сияқты. Кескіндерінен манағы ақ-таңның, ізі жоғалып, қабақ біткен түйіліп, енді сыртқа ызғар шыға бастапты. Қандай айқас кездессе де, әрқайсысы да өзіне-өзі сенімді сияқты. Барлық қабақ бірге түйіліп, барлық кек бірге қайнап тұр. Сонымен бірге әркімнің, байқаусыз ғана жолдасына көз қырын салып қояды. Жұмғанда қандай, жайғанда қандай дегендей, алаңда тұрған барлық бөлімдерді қарап өтеді. Айқас алдына жолдасты жолдас, досты дос тағы бір байқап, кімнің қандай әзірлігі жетіңкіремей жатыр, қандай жәрдем беруге міндетті. Жалғыз өзің жау алмайсың, бірден ондар, ондардан жүздер құралып, бәріміз қосылғанда ғана — біз боламыз!

Манадан көптің ауанын байқағандай болып тұрып, енді өз ішіме үңілсем жұрт көзінен таныдым дегенімнің бәрі де өз ойым екен. Ойға-қырға қыдыра жортып кеп, өз шамасынша әр нені түсінгісі келіп, аяғында бір сұрауға келіп, тіреліп тұр:

Миллиондармен есептелетін Ұлы Қызыл Армияның қатарында маған тиер енші қандай екен? Қолма-қол сыналар кезеңге ойланып келдім бе екен, әлде көптің панасына ықтаумен болдым ба екен?

Бұл әлі өткелектерден өтерде байқалатын сыр. Бірақ ешкім қипақтамайды, құр тәуекел де емес, сенім берік жүрек орнында сияқты.

— Ойларыңның салмағы басыңды төмен алып барады,— деді, налу білмейтін Володя Толстов. Ол әр кезде менің орысша сөйлегенде оңай оралымға келмейтін жайымды бақылай жүретін. Қазір де сонысын істеп, сөйлемін әдейі ауырлатып айтып тұр. Мен оған:

— Ойыңда тек салмақ болсын, Володя, басыңды өзі-ақ көтеріп әкетер әлі... Бас тіреуі ой ғой, — дедім.

— Философия майданға да бірге кірсе, мен оны ұнатып қалғанымды сонда ғана айтармын, — деп, Петр қашанғы әдеті бойынша әр нәрсеге ашық шек қойып жатыр.

Біз намазға тұрғандай сапқа тұрып, Отан алдында тағы бір рет ант еттік. Қансырап келіп соқтыққан қандықол жауымызды өз қанына тұншықтырмай, тынбаймыз дедік. Анттың әр әрпін анық, әр сөзінің мағынасын жадымызға құйып алып тұрмыз.

Ант артынан алдыңғы жеті кісінің бірі болып, командирлердің алдына барып рапорт бердім:

— Курс аяқталуына қаратпай-ақ, еріктілер қатарында майданға жіберіңіз,— дедім.

— Сарталиев жолдас, артыңызға қараңызшы! — деді курс командирі жымиып.

Алғашқы бір қас қаққандай сәтте жеті жауынгер шыға келсек, енді арт жағым ұзын құйрық кезекке айналып барады екен.

— Орындарыңа!... — деген ұзын команда берілді. Бәріміз де орнымызға бардық.

– Рахмет, жауынгерлер! – деді командир.– Қазіргі сағаттан бастап, бәрің де майдандамыз деп есептеңдер өздеріңді. Бізге ұшыраспай соғыс кете алмайды. Отан бәрімізді майданға шақырып отыр. Отан ұлы қоңырауын қағып, аттан салды.

Алғашқы атып жіберер оғыңның өзін жау кеудесіне дәл тигізердей боп, жер тарпып тұрмыз. Таңертеңгі бейбіт ойлардың бәрі де жым болыпты. Тез-тез, ықшам жиналып, жүруге әзірленіп жатырмыз. Әлдеқайдан тез жөңкіліп келіп қалған жүк машиналары жолдың екі бетіне жарыла тізіліп қалыпты:

– Асықпаңдар, тез жиналыңдар! – деп, Петр қалжыңдап қояды.

– Барлық сүйіспеншілік хаттарды, Костя, сіздің колхозға жіберейік. Ең берік орын сол жақ болар. Түбінде біреуміз тауып алып орынды-орнына жіберерміз, – деп, тағы біреулер қалжыңдап жатыр.

Бір сағаттан кейін жүк машиналары жөңкіліп жүріп кетті. Сығылыса тиелген жауынгерлер... Әрбір машина екі жаққа қараған найза ұштарынан кірпідей тікірейіп көрінеді. Айқыш-ұйқыш құйып тастаған тас жол жыландай иіріледі. Таң ата, кім үшін әзірленген болсақ, соның қарамағына келдік...

5

Жарқабақ тақай салынған тас көпір осы бір күндерде майданның бір тар қылтаңына айналып кетіпті. Батыстан шығысқа қарай ағылған әскерге аралас көп жұрт көпір аузында қарбалас жасап, тығындап тастаған екен. Бір ғана бөлімше деп саналатын тоғыз жауынгер алты сағат алысып, әрең дегенде тәртіпке қол жетіп, міне екі күн бойы шегінген әскер бөлімдері мен жосыған жұртты өткізіп тұрмыз.

Полковник Озимин біздің көңілімізді көтергісі келіп.

– Бұл бес күннің ішінде майданның ең ауыр жерінің бірі сол елеусіз көпір болады. Соғысқа кірмедім деп ренжімеңдер... Соғысты сол жерден-ақ жақсы көрерсіңдер, – деп еді, айтқаны қате кеткен жоқ...

Айналамыз астаң-кестең. Жер бетіне қорасан шыққандай. Дүниедегі бар үн біздің үстімізге жиналғандай: гүрсілдейді, өкіреді, ұлиды. Аспан біресе жарылғандай, біресе жыртылып кеткендей, енді бір кезде салдыр-гүлдір құлап келе жатқандай болады. Осы маңда секіріп түспеген бір тас қалмаған сияқты. Көпірдің қай жерде екенін дәл белгілеп алған жау самолеттері түн ішінде де келіп, дүркін-дүркін бомбалап кетеді.

Гүжілдеген мотор, өңеші қызарғанша өкірген машиналар, шуласқан, керілдескен босқын жұрт көпір басындағы айғай-сүреңді қоздыра түседі. Әркімге де тезірек өту керек. Әркім де өзіне жол берсек ғана тәртіп бар деп таниды. Көпір біреу де, өтем деушілер мыңдар...

Курстан келген жігіттер, бізді бірден-ақ майданға салар, майдан шегіне жеткен соң-ақ жаумен бетпе-бет келерміз, кім қандай екенін сонда көрерміз деп ойлап едік. Келген күні, келген сағаттан бастап, өмір мен өлімнің шекарасында болармыз деп едік, онымыз болмай шықты. Жау әлі шабуылмен келеді. Күн санап мардамсып, ілгерілеген сайын кеудем-соққа салып, ар-намысты тап-

тап, ел есінен кетпестей қорлық-зорлығымен келеді. Мас өгіздей, нас шошқадай, басы жеткен жерін артымен ластап келеді.

Біз әлі сырт жұмыстамыз. Азов теңізіне құлайтын елеусіз бір өзеннің, елеусіз бір көпірінде тәртіп орнатып тұрмыз. Соғыс қасында тұрып, соғысқа кіре алмағанымызға, антпен байлаған ерлігімізді көрсете алмағанымызға қынжыламыз да. Әзірге бар істеп тұрғанымыз, әрбір тәртіпті қалада қалай жүру, қалай тұруды басқаратын милиционердің ісі. Ұрсатынымыз да, ұрсу еститініміз де өзіміздің адамдар. Мұның қай жерінде ерлік болмақ, қай ісімен жауынгер сыналмақ!

Қалада бейбіт шақта тәртіп үшін жанжалдасып жатқан адамды сирек көруші едік. Енді, көпір басында мыңдаған адамның барлығы – тәртіп, тәртіп! – деп айғай салады. Тар ғана көпірмен мыңдаған адам өтсе, мыңдаған адам тағы тіреліп тұр. Дау-жанжал қыза түспесе, бәсеңдер емес. Өйткені, осы жосыған жұрттың артын тірей жау қолдары келе жатыр. Алдына босқын жұртты тосып, ок қағар етіп келеді. Жау жақындаған сайын көпір тынысы да тарыла түседі.

Елеусіз көпір елеулі істің тиегі екендігіне әлгіде ғана тағы бір дәлел келді.

– Сіздің қарамағыңызға жіберілген пулемет бөлімшесінің командирі Баранов! – деп, жас сержант маған рапорт берді.

– Неше пулемет?

Сержант санын айтты.

Келген пулеметтер онша көп болмағанмен бәрі де жоғары ататын пулеметтер екен. Маған ол зеңбірек дивизиясына келіп қосылғандай күш берді. Пулеметтерімді жау самолетінің күнде келіп жүрген кәнігі жолдарын тоса орналастырдым да, өз ойым жеткен жерге дейін тапсырмалар бердім.

Осы арпалыста екі күн, екі түніміз өтіп барады. Тарсыл-гүрсіл мен у дашуға құлағымның үйреніп кеткені сонша, көпірден жүз метр ғана былайырақ шығып ем, тып-тыныш сияқтана қалды. Тау өзенінің күбір-күбір күңкілдеп ағып жатқаны да естілді. Тау кәдуілгі бейбіт шақтай, таң жақындағанын білдіріп, өзеннің ар жағында қораз айғай салады. Оған жосыған жұрттың арбасының бірінен тағы бір қораз жауап қайырды. Тамағын көріп, даусын кергітіп тұрып жауап берді. Көпір үстіндегі қара боран шаңқан шыққан соң, таң қараңғысында қатты жарқырап кететін оңтүстіктің үлкен-үлкен жұлдыздары да айқын көрініп тұр. Қазылған окоп қопарылып, ойылып қалған апандарға құлай-сүрініп, мен ағаш арасына апарып жатқызып қойған екі жаралы жолдастарымды іздеп келе жатырмын. Құлаған, сынған ағаштар аяқтан шалып, жүргізбей келеді. Ауыр бомбалар қопарып кеткен терең шұңқырға екі жаралыны өзім жатқызып кетіп ем, қазір таба алмай жүрмін. Шұңқыр саны да көбейіп кеткен, белгілеген ағаштарым да жоқ.

Кеше кештен бастап көпір арқылы жұртты өткізудің бастығы мен болып қалдым. Әуелі бастығымыз барлау взводының командирі лейтенант Алексей Горькин еді. Менің бөлімшем соның қарамағына берілген. Күндізгі толассыз бомбалаулардан аман келген лейтенант дәл кешке жараланды. Күн батып, қызылы сөніп, енді бомбалау тоқталар деп, сығылысып, қаңтарылып тұрған жұртты

тағы да өткізе бастап едік, әлдеқайдан сап ете түскен үш ауыр самолет төмен төніп кеп, қара құстай айналып жүріп, көпір маңайын бомбалай бастады.

Шығысқа қарай көшірілген өндіріс орындарының жүздеген машиналары мен әскер құралдары, босқын жұрттың ат-арбалары лап беріп көпірге ұмтылғанда, біріне-бірі соқтығысып, көпір алдын тағы тығындап тастады. У-шу жұртқа жөн сілтеп, әмір беріп тұрып, өзеннің жағасына, көпірге жақын бір бомба түскенде Горькин жатып үлгіре алмай қалып еді. Бомба гүрс етті де, күш екпінімен Горькинді лақтырып жіберіп, көпірдің жақтауына апарып соқты.

Горькин қатты бір ышқынып қалды да, үрейленіп, кимелеп бара жатқан біреуге:

— Кейін!— деді. Даусы ышқынып, ащырақ шығып кетті.

Қауіп-қатер өткеннен кейін сұрасатын әдетіміз бойынша:

— Жолдас лейтенант, жараланған жоқсыз ба? — деп сұрадым.

Горькин қолын бір сілтеді де, азғана жарықшақтана қалған дауыспен әмір беріп, өз жұмысын басқара берді. Горькиннің кеше қарлыққан даусы түн ортасына дейін онша әлсіремей үздіксіз шығып тұрды. Бір кезде даусы кенет үзіліп, бастаған бір сөзді аяғына жеткізе алмағанын аңдап қалдым. Бұлығып, шашалып қалғандай болды. Жалт қарасам Горькин өте берген бір жүк машинасының қанатына асыла құлап барады екен. Мен құшақтап сүйей бергенде, көйлегінен өтіп кеткен желімдей жабысқан жылы қан қолыма білінді. Арқа жағын қан жауып кеткен екен. Горькин ауыр бір ыңыранып қалды да:

— Команданы сен ал, сержант Сарталиев! — деді. Мен көтеріп алып, жағадағы ең жақын шұңқырға әкеп, сырт көйлегін шешіндіргенше Горькин ессіз де болып қалған екен. Жараларын таңып, есін жидырған соң, мен оны кез келген машинамен кейін қайтарайын деп ем, көнбеді.

Арқасында толып жатқан бомба жарықшағы тиген жара бар, сол жақ иықтың үстіңгі еті көлденең жыртылып кетіпті. Түнде біз ондаған жаралыны ілгері жөнелттік. Горькин көпір басынан кеткісі келмеді. Анда-санда есінен жаңылысып кетеді. Есі жиналса-ақ:

— Шамаң келетін бе? Көпірдің алдын ашық ұста... Әскер бөлімдерін алдымен өткіз!.. Таңертең басымды көтеруге де жарармын, — деп ылғи үміттеніп жатты.

Бүгін кешке қарай Горькин қатты әлсіреп кетті. Түсі өліктей көгеріп, қолын да қозғай алмай қалды. Жөнелтуге сонда ғана ризалық білдірді. Шегінген әскер бөлімдерінің ішінде аурулар мен жаралыларды таситын жабық машиналар да бар екен дәрігер де бар екен. Басында дөңгелек ақ қалпақ, үстінде ақ халат, көзілдірік киген қартаң дәрігер екі рет келіп Горькиннің жараларын қайта байлап беріп, машинаға алып кетпек еді, Горькин көнбей қойды:

— Машинада тұншығып өлем ғой. Салқындау ағаш ішінде жата тұрайын. Қазір бәрібір кетпейсіңдер. Дәл жүрерде алдырыңыз, — деді.

Дәрігер машинасы өткен түнде ғана көпірге жақындай алды да, Горькинді де түнде ғана жөнелттім. Өзім көтеріп апарып салдым.

Қазір мен кейінірек жараланған екі жолдасымды іздеп келе жатырмын. Оларды да ілгері жөнелтуге бір жауынгерімді жіберіп ем, таба алмай қайтты. Енді міне, өзім де таба алмай жүрмін. Күндіз талай көріп жүрген белгілі жер

көшіп кетіп, оның орнына балшық алған көп шұңқыр келіп қонған сияқты. Кеше ғана көлеңкелі көк орман өртке шалынғандай селдіреп қалыпты. Күйген темір мен шүберек исі келеді.

Міне, белгілі шұңқырды да таптым. Бірақ жолдастарымды таба алмадым... Тани сала қуанып кетіп, шұңқырға түсе қалып ем, тереңдігі екі есе болып кеткен екен. Бұрынғы соғыстарда оқ бір түскен жеріне қайта түспейді деуші еді, бұл соғыста бұрынғы заңдардың күл-талқаны шығатын сияқты. Шұңқырға құдыққа құлағандай құлап, қайта тырмысып шыға беріп ем, үйіліп қалған балшық етегінен үзіліп қалған адам аяғы қолыма ілікті. Етік, етік ішінде үзіліп кеткен аяқ, үзіліп кеткен адам аяғы. Қорқып кетіп, тез лақтырып жібердім. Жаралы жолдастарымнан біржола айрылғанымды да білдім. Осы екеуі менің бөлімшемнің бірінші құрбандары болды. Әрбір құрбан айқас үстінде болар деп арман етуші едік, өмір өзі осылай ұйғарыпты. Бұл екеуі мыңдаған адамдарды көпірден аман өткізіп, өздері құрбан болды. Горькин анау, ауыр халде госпитальға жөнелтілді.

Енді міне, көпір басындағы тәртіп бастығы болып қалдым. Штабқа халжайды айтып жіберген рапортыма бастық деп қол қоюға тура келді. Азырақ қысылғандаймын, бастық болмасқа амалым да жоқ. Көзің азғана тайып кетсеақ шоферлар жанталасып, кимелеп келіп қалады. Соқтығысып, ілегісіп қалу дегендер ұят саналудан шығып қалыпты. Машинаның доңғалағын жарты айналдырып ілгері басса, шын-ақ біраз жер ілгері барып қалғандай көрінетін сияқты. Ешкім орнында тыныш тұра алмайды. Әсіресе, жай халықтың ішінде тыныш-сыздары көп.

— Сіз менің кезегімді он рет әскер бөлімдеріне алып бердіңіз.

— Мені өткізбегеніңіз үшін жауап бересің әлі, — деген айғайлар алыстан айбар шегіп, бір бәсеңдемейді.

Кейде аға командирлердің өзі де тәртіп бетін жауып қойып, үзіліп-созылып өтіп кете алмай тұрған өз бөлімдерін шығарып әкетуге жанын салады. Солдаттың қатты қипақтайтыны өзінен үлкен командирлер болғасын артығырақ қысып жібереді.

Қабағын қатты түйіп алған зеңбірек бөлімінің бір майоры, сол иығында плащ-палаткасы, оң қолын біресе сермей сөйлеп, біресе тапанша асынған бүйіріне апарып қалып, маған қатты зекіп тұр:

— Сен сержант бала, шегінуді дұрыс ұйымдастырудың не екеніне түсінемісің, жоқ па? — дейді. — Болашақ шабуылға немене кепіл? Алдымен соғыс техникасын аман сақтап қалуымыз керек! Менің бөлімдерімді кезексіз өткізіп жіберуге бұйырамын! — дейді.

Бұл жерде бір ғана тілекті орындатқысы келген бұйрық беруден гөрі, сол бұйрықты орындай қою қиын. Жол үстінде сығылысып тұрған қалың жұртқа көлденең келіп киліккен майор менің қолымнан келместі бұйырып тұр. Майордың ұзыннан-ұзақ шұбатылған зеңбіректері мен кішкене танкілері, оқ артқан машиналары мен тракторлары шұбатылып, қыр асып жатыр. Көпір аузында да машина мен тракторлар, жүк көліктері мен кішкене танкілер, шимай-шытырман араласып кетіп, сығылысып тұр. Ешкімді орнынан қозғай алмайсың. Қатты ағыс айдап әкеп үйіп кеткен тас сияқты, алдыңғы бір тасты

суырып алсақ, арт жағы тұтас бір ілгері басып қояды. Бізге берілген бұйрық осы көпірді шегендетіп тастамай, неғұрлым көп жұртты өткізіп алу.

Мен қолымды шекеме апарып, уставымыз бойынша майорға сәлем бердім де:

— Жолдас майор, бұйрығыңызды орындай алмаймын! Жолдан былайырақ тұрыңыз. Шегініңіз, — дедім, қаталдау дауыспен. Аға командирдің алдында сақталатын әдепті бұзбасам да, көлденең беріп тұрған әмірін орындай алмайтынымды аңғарттым. Майор үнсіз шегініп кетті...

Майордың үнсіз шегініп кеткені жұрт алдында менің беделімді де бір көтеріп тастады. Кезегі келген машиналар, жаралыларды әкеле жатқан ат-арбалар еппен ғана жылжып, кідіріс көрмей өтіп жатыр. Ашу қанша қысқанмен, дұрыстық мен жақта екенін мойындаған майор шетірек барып, жаратпаған көзін біресе маған, біресе көпірге тастап қойып, добалдай қылып темекі бұрап тұр. Әрине, майордың зеңбіректерін тез өткізу керек. Көпірден өткен әскер бөлімдерінің шегініп барып, жайлы жерден бекініс жасап жатқандарын да білем. Бірақ бүйірден келіп, өзге бөлімдерге көлденең тұрып қалған майордың көшін алға шығарам десем-ақ көпір аузында «Орынбордың жәрмеңкесі» болғалы тұр. Мен әскер бөлімдерінің барлық машиналарын бірден өткізіп жіберер едім. Ол түгіл, екі күннен бері арбасы орнынан қозғала алмай, жарқабақтың астында тұрған ана бір кемпірді де қуана-қуана өткізіп жіберер ем. Майданға келгендегі өз арманым да көпір басының тәртібін түзету емес. Бірақ амалым қайсы?!

Екі көгілдір-құбақан өгіз жеккен кемпір, биік арбасының үстінен андасанда маған қарай қолын бір сермеп қойып, екі күн бойы сол орнында тұр. Көзі мен мүйіздері қап-қара, өзге денесі меңсіз құбақан атан өгіздер, кейбір елдердің тәңірі деп табынуына тұратын. Биіктеу жарқабақта тұрғандықтан жүк машиналарының үстінен көрініп тұрады. Қазір таң атып келе жатқан алакөлеңде баяғы өз орнында ақ шатырдай ағараңдаған әрине, сол екі өгіз. Қаз-қатар тіресе, құйрық тістесе келе жатқан машиналар мен соғыс құралдары кемпір байғұсты жолға жақындатпай қойды. Қайта, бір адым болса да жарқабақтың астына қарай, әрірек шегіндірген сияқты. Керексіз шаң-шұң тоқталып, мына жұрт күнбе-күнгі өміріндегі әдептілігі мен тәртібін бұзбаса, көпірден өтуі де оңайлана түсер еді. Жаралыларға арналған қазір көпірден үнсіз ғана өтіп бара жатқан машиналар сияқты болса бәрі де бұдан он рет тез өтер еді. Майордың соғыс тәңірлері де кезек күтіп қалмас еді.

Жабық машиналарда тұншығардай болып, ашық машиналарда күнсіп, қаталап келе жатқан көп жаралылар бар. Шегініп барып, бекініс жасап алып, жауға қарсы тұруға тиісті әскер бөлімдері күтіп тұр. Мүмкін дивизия командирі полктарыңды үш сағаттың ішінде бекініске сал деген бұйрық алып жатқан шығар. Оның орындалуы мына тар көпірдің аузында, не болғаны сержант Сарталиевтің қолында тұр. Оны мен ғана білем, басқалар өз қамын ойлап шуласады.

Менің бөлімшемнің жауынгерлері бұл күнге дейін әдет салтына үйретілген, арам сөздерге бармайтын жігіттер еді. Үш күннің ішінде қабаттай боратып, қатты сөздер айтуға үйреніп алыпты. Әсіресе, Петр аспанды жаңғыртады.

Боқтық айта бастағандардың қасынан үндемей ғана тұрып кететін Владимир Толстов та енді ешкімнен қалысар емес... Көпір алдындағы азғана ашық жердің сол жақ шетін қорып тұрған Петр, кимелей берген шоферларға тәртіп сақтауды түсіндіру үшін аюдай ақырып қалады.

Жалғыз-ақ, үндемей жапырып, жұртты өзінің алып денесімен ығыстырып тұрған ұзын бойлы, алып денелі, Сталинград жұмыскері Семен Зонин.

Көпір аузының тығыны алынып, алдыңғы машиналар тез сырғып кетіп еді, биік қырқаның аржағында келе жатқан қалың жұрт, сеңдей сығылысып көпірге келіп тірелді. Көпір алдындағы ашық жеріміз бітеліп қалды. Машинаға жетектерімен соғылып, ауыздарын арандай ашып, қарғыған аттар, жеңіл машиналарды бір жағына қарай ығыстыра қозғалған ауыр машиналар, еш нәрсені естімеген, түсінбеген боп, жауынгерлерімді де басып өтердей, кеуделеп келеді. Жігіттерім де шегіне бастапты. Алыста тұрған кемпір де ұзын шыбықпен жатқан өгіздерін үсті-үстіне ұрып, тұрғызып жатыр.

Таганрог қаласына қарай өтіп алып, қорғаныс шебін құрғалы бара жатқан әскер бөлімдері мен зеңбірек танкілерді алдымен өткізу керектігін мен де білем. Бірақ әскер бөлімдері босқын жұрттың ат-арбаларымен араласып алыпты да, басын сұққан жерден өздері де қозғала алмай тұр. Сондықтан бөгесін болып, алға тұрып қалған арбалар мен жаяуларды тез өткізіп жіберу керек. Жұрттың алдыңғы жағы тоқтаусыз шұбап өте бастаса, қабақта көлденеңдеп тұрып қалған машиналар, арбалар барлығы байқалады. Ол жақтағы жұрт кезек дегенді өз бетімен, көбінесе күшпен құрып жатыр.

Сол бір топ қинағалы тұрсың-ау... — деп, солай қарап ем, биік жардан ойға қарай артымен сырғып барып, енді тырп ете алмайтындай болып тоқтаған жүк машинасының үстіндегі бір топ қызға көзім түсті.

Дұрысында, көзім түскен жоқ, сол машинадан шыға қалған таныс әнді құлағым шалып қап бастап кетті-ау деймін. Осынша үйме-жүйме жат дыбыстардың ішінен ән естілуінің өзі де жат еді. Көзім соны тексеру үшін түскен сияқты, үш күннен бері ұйқы көрмеген адам, ән емес, түс көріп тұрғандай да болып кетем. Құлағыма сене алмаймын. Көпір аузындағы мына халді қандай күтпесем, ән естілуін де сондай күтпеген екемін.

Бірақ бірден жылынып кеткен жұрттың жүзі, түгел солай қарай бұрылып қалған мойындар маған да естіп тұрғаның ән дегендей болады. Көптен таныс әдемі ән барлық у-шуды, гүрсіл-гүжілді басып, баяғы бейбіт күйіндегідей ерке, ойнақы, еркін шығады.

— Өлең өмір сүрудің қолқанаты,
Өлең досың бірге өлер, бірге аттанып...—

дейді.

Ән шыққаннан кейін темір біткеннің қаршылдаған үні де, машиналардың гүжілі де, жұрттың айғай-шуы да басыла бастаған сияқты. Көпірмен өтіп бара жатқан қызыл әскерлер ыржия күлісіп, ән жаққа қарай қолдарын сілтейді. Саусақтарын еріндеріне апарып, қыздарға сүю ишаратын жасайды.

– Қазір біреу ән салады. Азырақ тыншыға тұрыңыздар! – десең, мына жұрт сені құтырған шығар, дер еді. Ән өз бетімен келіп, еріксіз кілігіп еді, жұрт құлағын соған түріпті. Бар адам солай қарап, бір-бір езу тартып қалады.

Ән шыққан машинаның үстінде бір топ қара көз, қолаң шашты украина қыздары отыр. Сыртқы түрлері оқушылар сияқты. Бірінің үстіне бірін қойған шамадан, корзинкаларының үстіне қызыл патефонды қойып, ойнатып отыр екен. Жұрттың көңілін бөліп, жүздерін жадыратқанға өздері де қуанып кеткендей, жарқылдай күлісіп, мәз болып отыр.

Менің де әлгі бір кездегі ашуым тарап, қатты қысып ұстаған наганның салмағын енді сезіп, қабына салдым. Машинасының қанатына шығып, мойнын соза тыңдап тұрған манағы майорға көзім түсті.

– Аузың ашылып қапты, ана қабақтағыны көремісің? – деді майор маған қолын қабаққа қарай сермеп. Жұрттың біразы әнге қарай ақтарылғанын көріп, кейбірлер машинасы мен арбаларын сына сияр жер болса, қыстырып қалайын деп жанталасып қалған екен.

– Жолдас майор, жәрдем беруіңізді сұраймын! – дедім, манағы мінезіме кешірім сұрағандай жылы дауыспен. Майор маған бір жалт етті де, бері қарай жүрді. Жеңілген ұстаз, жеңген шәкіртіне қалай қараса, майордың көзқарасы да сондай еді. Азырақ ұялу да бар. Бірақ дұрыстыққа мойындап, енді шәкіртін жақтамақ, адал жақтамақ. Әлгіде ғана қарсыласып қалған майор, енді менімен одақтасып қасыма келіп қатар тұрды. Көпір тәртібі екі есе күшейгендей болды. Жұрт та кеуделеуді қойып, тез-тез өте бастады.

– Менің жауынгерлерім қарап отыр, – деді майор. – Жолдас сержант, мақұл көрсең, қабақтың алдынан тағы бір белдеу жасасақ қайтеді?

Мен майорға рахмет айттым. Майор орап жатқан темекісін менің аузыма тыға салды да, тез тұтатып беріп, өз бөліміне жүгіріп кетті. Ұзамай, майордың жауынгерлері де жұрттың алдын құлай беріс қабақтан орап алып, енді сығылысуға ырық бермей қойды. Көпір арқылы, әрі тез, әрі еркін қозғалыс басталды.

– Шаршадың ба? – деді майор, менің қасыма қайта келіп.

– Шаршаған жоқпын, ұйықтап жүргендеймін... Күн батып бара ма, таң атып келе ме?

– Бар, суға басыңды тығып-тығып ал. Шомылып шықсаң тіпті жақсы болады. Орныңды маған сеніп қалдыра тұр.

Салқын судың ағынына бірер сүңгіп алып ем, көзім шырадай ашылып, әрнәрсе өзінің орнына түсті. Ағарып қалған таң, ұзамай жаудың барлаушы самолеттері келеді, жұртты тез өткіз, арт жағың сығылысып қалмасын, ескертіп қой дейді.

Өзен беті сұрланып, отқа салынған темірдей күңгірт көгере бастапты. Таңертеңгі жаяу жел әдеттегідей таза емес, өрт исін ала келіпті. Күйген көң, шөп-шалам исінен гөрі көңірсіген темір исі басымырақ. Бұл кезде жұқа жібектей көгілдірленіп жеңіл сезінетін ауа, бүгін буалдырланып кетіпті, әрі қою, әрі салмақты сезіледі. Бұлыңғыр дүниені етегінен түре өртеп, нарттай жанған

қып-қызыл күн шығып келеді. Тау қырқалары, бұлт етектері тұтана бастағандай қызара бастады.

Тізе қосып, жапыра қимылдап кеткен майордың отыз шақты жауынгерлері әскер бөлімдері мен былайғы жұрттың жігін ашып, көпірден өтуді едәуір жеңілдетіп тастаған екен. Әскер бөлімдері лек-легімен тез өтіп жатыр. Екі қатар болып ағылған машина, құралдардың арасымен жаяу жұрт та қалың өтіп барады. Арт жақтағы жұрт босқа сығылыспай, жау самолеттері келіп қалса, ағашқа қарай тез жылжып кетуге әзір тұр.

— Әскер бөлімдері түгел өте алмаса, тағы да келер түнге қалады-ау... — деді майор. Мұнысы жалпы кезекке көлденең келіп килігіп қалған өз бөлімін өткізіп әкетуге рұқсат сұрағаны да еді. Екеуміз де біріміздi-біріміз түсініп, бір ғана қарасып қойдық.

— Кешіріңіз, майор, әскер бөлімдерін өткізіп үлгіруіміз керек. Жоғары ататын пулеметтерім құрулы тұр. Енді кемшілік бола бермес. Әр минут ауырлай түскелі келе жатыр ғой, — дедім.

Майор бұл ойыма ризалық білдіргендей болды.

— Аспан! Аспан! — десіп қалды әр жерден.

Әріректегі биік қырқадан сырғып қана түсіп келе жатқандай, төмен ұшып неміс самолеттері жақындап келеді. Әдіс алып қалған жұрт жолдан тез бұрылып, сай-жыраларға қарай, ағашқа қарай кетіп барады. Майор маған бір қарады да, өз бөліміне қолын сілтеді. Мен де қарсылық білдіргенім жоқ.

Майордың зеңбірек полкы бар моторларымен бір-ақ гүр ете түсіп, баяғының ұзын айдаһарындай шұбатылып, көпірден өте бастады. Әрі ықшам, әрі саспай қозғалып барады. Майор бөлімінің алды жақын белестен асып түсенде, арт жағы көпірден де өтіп болып еді. Кішкене сұр машинасын құнандай ойнақтатып кеп, жас лейтенант көпірден өте беріп, майорға машинаның есігін ашты, майор машинасына мініп алып маған бір жымиды да:

— Көріскенше қош бол, сержант! Кез боп қалсақ, алдыңа бір келтірермін, — деді.

6

Манағы «Аспан! Аспан!» дегенде тақалып қалған жаудың жеңіл самолеттері еді. Күндегісіндей, қаннен-қаперсіз төмен келе жатқанда тосып тұрған пулеметтерім дүрсе қоя берді. Сенің соғысқа қатынасуың кейде осылай да басталып кетеді екен. Өзің көпір үстінде тәртіп сақтап тұрсың, сенің қарамағыңа жіберілген пулеметтер аспанмен соғысып жатыр...

«Осы, енді менің де соғысқа кіргенім шығар», — деген ой келеді.

Соғысқа кірген жерден оңай олжа таба қоярмын деген ой жоқ еді менде. Алыстан жайқап, денесіне қол тигізбей келе жатқан болат жамылған техникалы жау, тетігін таппасаң, оңай алдырмайтыны жабайы солдат — маған да айқын болып қалған. Енді міне, өз көзіме өзім сене алмай тұрмын. Жау самолетінің біреуі пулемет оғынан екі жағына кезек теңселіп, лықсып төмен түсіп, жер бауырлай ұшып, өзенге құлардай төніп келеді. Бірақ құлаған

жоқ. Жаралы тырнадай, жағада әрең-әрең соғылмай аяқтары салбырап, арғы қабақтан асып кетті.

– Құлады, Құлады! – деді Володя. Көзімен емес мұрнымен көріп тұрғандай, екі танауы желпілдеп кетіпті.

Жоқ, самолет құлаған жоқ. Біздің жаққа қарай сұғынып барып, қайқайып солтүстікке қарай орап барады. Әлі төмен, әлі жанталасып ұшып барады.

– Бәрібір құлайды! – деген Петрдің ойына бәріміз де қосылып тұрмыз.

Екінші бір самолет жау жақ беттегі қырқадан аса берді де, көпірден елу метр жерге шаншыла түсті. Кеуде жағынан қара түтін бұрқ ете түскенін біз аңдап үлгіргенше, самолет құлап та түсті. Енді сол қара түтін күреңқошқыл жалынға араласып, шаншылып аспанға шығып барады. Самолеттің жасыл сырын жалай жүгіріп, жалақтап жүрген сарала жалын қаптап кеткен сасық күзенге де ұқсап кетеді. Секіріп атқып, тез жүйткіп жүр.

– Құлаған деген міне, осы! – дейді Петр Володяға қарап. Володяның көзі жасаурап кеткен, шұңқырдың жарқабағынан басын қылтитып, ерні күбір-күбір етеді. Әрине, пулеметчиктерге рахмет айтып тұр.

Басқа үш самолет оққа ілікпей жоғары көтеріліп кетті. Құлаған самолет гүрс-гүрс жарылды да, жантайып құлап, енді көлбей жанып жатыр.

– Жолдас сержант, көріп келейін, рұқсат етіңіз! – дейді Володя.

– Тыныш отыр!

Жеңіл самолеттер бомбаларын бытырата тастап, онша зиян ете алмай, кейін бұрылды. Түсіп келе жатқан бомбалар тамып келе жатқан қан тамшысындай сезіледі. Жеңіл бомбалар онсыз да ойылып қалған жер бетін анда-санда бір бұрқ еткізіп, ешбір зиянсыз өтті. Мыналар барып орнына қонған соң ауыр самолеттер келеді. Оған дейін тағы біраз жүртты өткізіп алу керек. Бүгін жау өте жоғарыдан бомбалауға тиісті. Жоғары ататын ауыр пулеметтер орнап қалғанын білген жау төмендей алмайды. Темір мен от күшіне сеніп алған неміс әскері, адам қолынан келетін өжет қимылға барғанын естіген емеспіз. Сондықтан көпір үсті бүгін толасырақ болар деп, жүртты жіңішкелеп өткізе бастадым.

– Аспан! – дегенде бұрын қимылдап, лезде жым-жылыс жоқ болып кететін босқын жұрт, аспан тыныштала қалса, тағы да тез жиналып қалады. Қазіргі өтіп жатқандардың көбі солар. Енді тәртіпке де үйреніп қалған. Әскер бөлімдері келіп қалса, оңай ығысып жол береді.

– Әй, әй!.. Бұрыл, жол бер! Бұлар соғысуға кетіп барады ғой! Сен бір басыңа бір пана табарсың! – десіп қояды бір-біріне.

Құр кимелеудің зардабын тартқан жұрт, енді еппен өтіп жатыр. Көпір арқылы күндіз қалай өткізудің әдісін де тауып алған сияқтымын. Түнге қарай жауынгерлерімді көпірдің алдына қойсам, күндіз жол бойын өрлей, әр сайдың қабағына қоям. Жаяу жұрт болса-болмаса да тұс-тұсымыздан өзі ағылып жатады да, машиналар мен арбалылар кезегін сол сайларда түзеп алып көпір алдына жанжалсыз келеді.

– Аспан! Аспан! – деген у-шу тағы басталды.

Көпір хабарын біліп алып ұшқандары белгілі, ауыр самолеттер аспандап, жоғары келе жатыр. Шап етіп, шаңқылдасып қалған пулеметтер бұл жолы ешбір қайран қыла алмады. Төмендеуге қорқып, жоғарыдан тасталған бомбалар да айнала түсіп, әзір мардымды зиян келтіре алған жоқ. Сонша биіктен қылдырықтай ғана боп көрінетін көпірге дәл түсіру де оңай емес. Оны екі-үш күннен бері байқап қалған жұрт жіңішкелеп келіп, дүркін-дүркін өтіп кетіп жатыр.

Жасырынып жарқабақтың астында отырғанымызда Петр өзінің бір байқауын айтты:

— Байқаймысың, Костя, немістер осы көпірді бұзғылары келмейді. Қайта, өздері өткенше аман тұруын тілейді,— деді.

Расында да көпір қасына жүз қадамдай жақын бомба түспеген екен. Адам мен машина, қару-құрал топтанып қалған жерді қайта-қайта қопарып, астаң-кестеңін шығарып жүрген немістер, көпірге онша түйілмепті. Петрдің ойына бәріміз де қосылдық.

Әлдеқайдан біздің екі көк қырғи жарқ етіп көрінді. Төбеміздан аумай қойған жаудың жиырмаға тарта «қоңыраласына» жоғарыдан ала, көлденең бір килікті де, қайтып оралмай кетіп қалды. Бұлтсыз аспан көгілдір жібек шатырдай жыртылып бір қалды да, қайта тынды. Жау самолеттері ағашты жерлерді, сай мен жыра бойларын сүзе бомбалап жүр. Әр сайдан шашы дудырап шыға келген әйелдер аспанға қарап жұдырығын түйіп, қарғыс оқиды. Әлдекімдер баласынан, әлдекімдер ата-анасынан айрылып жатыр. Біреулер көпірден өтіп үлгіріп, өлім шегінен ұзап барады. Біреулер сол шекарадан аса алмай қалды.

Арбаның алдыңғы екі доңғалағын зыр қақтырып ұшырып, қыр басында жалғыз жетекпен жегілген екі торы ат шапқылап жүр. Арбаның арт жағы жоқ. шұбатылып кеткен қос делбе кейде доңғалақтың астына түсіп қалып, қатты екпіннен жыландай шоршып, жоғары көтеріліп барып, қайта жерге сүйретіледі. Шошынған жарау аттар енді қақ жолға түсіп алып, көпірге қарай ағып келеді. Қақ жолға түскен соң доңғалақтар да жерге бір тиіп, бір тимей кетіп барады. Бар пәрменімен келе жатқан аттар қазір көпірге соғылады да, өзенге құлап түседі. Тас-талқан боп қирап, бірінің үстіне бірі құлап, кең танауларына су құйылып тұншығып кетеді.

Жоқ, құлаштай сермеген күйі аттар тас көпірді бір-ақ гүрс еткізіп өте шықты. Енді әне, өзеннің аржағында, бомба түсіп жанып жатқан жалғыз үйдің қасына барып, аң-таң боп тұра қалды. Мүмкін ол осы аттардың талай тоқтаған, талай жем жеген үйі болар.

— Мұны неге өртеген? Енді біз қайда кіреміз? — дегендей, екі торы ат ұзақ таңырқап тұрып қалды. Үлкен ақ қораз ордаңдай басып, аттардың алдына келіп тұр. Таң ата айғайлаған да сол болуы мүмкін.

Сұрғылт сұлықтың жалбағайы желкесін сабалап, қолында шыбыртқысы бар ұзын бір адам жүгіре басып қыр басына шықты да, алыстан аттарын таныққандай, жар астына ентелей түсіп келеді. «Қазалы қайда да өледі» дейтін болу керек аспанға анда-санда бір қарап қойып, аттарына қарай ұшып барады...

Төбеде жүрген жау самолеттері сирей бастады. Бөшке, тауықтың күркесі, баланың бесігі, самауыр, шелек сияқты болмашы бірдемелерді артқан ағаш арбалар жарқабақтың астында әлі тұр екен. Екі құбақан өгіз, дүние жүзінде ешбір дүрбіліс болмағандай, еш нәрседе жұмысы жоқ, тыныш қана күйіс қайтарып жатыр. Кемпірдің өзі жоқ арбаның үстінде. Қазір міне, көпірден өтіп жүре беруіне болар еді, өгіздерін тастап, жұртпен бірге бойтаса жасауға кетіп қалса керек.

Сай-саладан жұрт тағы шыға бастады. Ұзын жолдың бойында ұбақ-шұбақ, шұбалаңдаған шаң көрінеді. Мен көпірге қарай беттедім.

— Орындарыңа барыңдар! — дедім, әр жерге бұққан жолдастарыма айғай салып.

Артымда Толстов Володя келе жатыр екен:

— Мә, тісте! — деді, өзі шайнап келе жатқан семіз шұжықтың бір жағын менің аузыма тыға беріп. Қолы қап-қара болған екен.

— Өзен қасында жатыр. Қолыңды жуып алсаңшы! — деп, шұжықтан қапсыра тістеп, өз қолыма қарасам, менің қолым да қарамай жағып алғандай екен. Екеуміз де мырс етіп күліп жібердік.

Бізді тамақ жеуге қолымыз босайтын уақыт — жау самолеттері бомбаның астына алып, окопқа апарып еріксіз жатқызған кезі болады. Бірақ жер мен көк қосыла жарылып, асты-үстің дүңкілдеп тұрғанда тамағыңнан ас өтпейді. Әбден ашығып қалыппыз. Мен шұжықты тістеп жатқанда Володя нанды екі ұртына бүктеп жатады, ол шұжыққа ауыз салғанда нан бүктеліп менің аузыма кіреді. Күліп те келе жатырмыз...

— Майор бір арба тамақ қалдырып кетті! — дейді Володя,— әрі бар!..

Әр жерден тұра келіп, маған жақындай берген жолдастарымның бәрі де бірдемені шайнап келе жатыр. Бойы дәл екі метр Семен Зонин үлкен бір шарадай ақ бөлкені жалғыз опырып келеді.

Біздің тыныс алар кезіміз де осындай алаң-бұлаңның арасы ғана. Жұрт жанжалсыз өтіп жатса, о да демалыс. Бірақ ондай сәтті кезең де сирек қана кездеседі.

Міне, он екінші рет «Аспан! Аспан!» десіп қалдық. Өкіріп, ұлып, шегірткедей сары бауыр, көкжағал ауыр самолеттер де келіп, боратып тұрып, бомбаның астына алды. Айнала құйын көтерілгендей, қара боран. Қара бораннан күннің көзі де кішірейіп, әрең ғана қызарып көрінеді. Жер жарылып бара жатқандай, тау құлағандай күркіреген үн айналаны бір сәтте тып-типыл қылып, жансауға жасар сай-жыраларға қайта тықты. Кейде бұрқырап аспанға көтерілген шаңтопырақ, аспанға шапшыған сумен айқасып қалады. Аспанға ұшқан ұсақ тастар көпір үстіне гүрс-гүрс түседі. Жер ауыр ыңқылдағандай, ұлыған өкірген үн дүние төңкеріліп бара жатқандай сезіледі. Құлағыңмен де, аузыңмен де, тіпті етігіңнің ұлтанымен де сол бір дүние өкіргендей үрей үнді естисің.

Басым терең қазылған окоптың түкпіріне барып жабысып қалыпты. Бар денем жермен бірге дірілдейді, жермен бірге гүілдегендей болады. Қорқып та жатқаным жоқ, қуанып та жатқаным жоқ. Бұл күнге дейін естіп-сезіп көрмеген жат үнге таң қалып, содан ғана құтылғым келіп жатыр. Жер бауырына денеңді жапсыра түссең, үрей үні де әлсірегендей болады.

Мен әрең деп басымды жерден көтеріп алсам, арқасын окопқа тіреп, мылтығын алдына көлденең салып, Петр отыр екен. Кескіні құсқысы келген адамдай, өңі бұзылып кетіпті. Бірақ көзін аспанға тігіп, тыста не болып жатқанын бақылап отыр. Окоптың бір бұрышын жалғыз алып Семен отыр да, Володя оған жапсырыла қойыпты. Енді ғана бір-бір жымиысып қалдық.

– Арқаң гуілдей ме? – деді Володя маған еңкейіп келіп.

– Сайтанның қайдан үйреніп жүргенін білмеймін ән салады! – дедім.

– Мен бар ішкен-жегенімді ақтарып тастадым, – деді ақкөңіл, алып Семен Зонин.

– Иттей ыза қылғаны-ақ батып отыр! – деді Петр. – Қазір мен жиырма неміс солдатымен жалғыз алысар едім. Мылтықты тастап, құрқол болсам да тайынбас едім!

Күтпеген жерден Семен қулық айтып:

– Онда маған қоштаса кетерсің...– дейді.

Аспанда қара құс қаптап кеткен соң окопқа қарай ұмтылғанымда, жаңа ғана әлдеқайдан қайтып кеп, өгіздеріне бір қарап қойып, бері қарай жөнелген таныс кемпірді көріп ем. Кемпір еш нәрсеге алаң етпей, қорқу-сасу да ойында жоқ, ақырын ғана кетіп бара жатты. Мен кемпірді қолтығынан демеп, жедел жүріңкіреп кеп, өзен жарқабағының астына түсірдім. Бұл маңда қазылған окоптар да, бомба қазып тастаған шұңқырлар да көп, соның біреуіне түсірейін деп ем, кемпір басын шайқады. Гуілдеген көп үн кемпірдің не айтқанын да естіртпеді. Енді бір үн толастаған сәтте кемпір ауыр ыңырсығандай болды.

– Әлде, сіз жараланып қалғансыз ба?– деп сұрадым.

– Жоқ, шырағым, жараланғаным жоқ. Оқ мені не қылсын! – деді.

– Ыңырсығандай болдыңыз ғой?

– Ол жүрегім ғой, балам. Ыңқылдайды, ыңырсиды... Мынау үрей үнінен оның үні аз деймісің... Қайсысы жеңер әлі,– деді.

Мен кемпірдің үміт күшінің молдығына, терең бір ойды дана бір теңеумен айтып салғанына таңқалдым. Бомбалау басылысымен сізді өткізіп жіберем дегім келді де, айтпадым. Кемпірге одан көп үлкен көңілдің сөзін, үлкен жұбаныштың сөзін айту керек сияқтанды. Анда-санда бір сөз айтысып, көп ойымызды сөзсіз ұғынысып, екеуміз жар астында ұзақ отырып қалдық.

Жүзін түгел әжім басқан кемпір, кәрі көздерін шығысқа тігіп, бір тілек тілегендей мүлгіп отыр. Мынау үрей үні құлағына кірмейтіндей, еріндері әлденеменені күбірлеп қояды. Көздерінде өшпес үміт, ізгі тілектің ғана сенімді елесі бар. Тас қабаққа жұмсақ қана сүйеніп, демалып отырғандай.

Бір кезде кемпірдің буалдыр көздері жарқ етіп жоғары қарап қалды. Аспаннан бір жақсылық көріп қалғандай, бар денесімен елең етіп, қадала түсті. Мен де кемпір қараған жаққа қадалдым. Кемпірдің тілегі қабыл болғандай, күмістей жарқырап, біздің көк қырғи көрінді. Мұнартқан аспаннан сүңгіп шыққандай екінші, үшінші, төртінші, бесінші қырғи көрініп қалды.

Алдыңғы көк қырғи ағып келген бойы жаудың «қоңыр аласының» тобына кіріп кетті де, атқып жоғары шығып ап, төге-түйілдіре оқ септі. Пулеметтің та-

ныс үні әндей естіледі, жерден гүріл де сейіле қалды. Оңтайлы көк қырғилар орамалдай ғана ақ бұлтты тасаланып, жалт етіп, жарып тастап жүр.

– Құйрығына қонды деп ананы айтады, – дедім кемпірге.

– Көріп отырмын, балам,– деді кемпір.

Көк қырғи үлкен бір «қоңыраланың» соңына түсіп алып, өкшелеп келе жатыр еді, түтіні будақтаған «қоңырала» жерге қарай құйрығынан шаншыла құлай берді. Үп-ұзын жалынның бір ұшы аспанда, бір ұшына «қоңыр ала» асылып қалғандай.

– Өз шегіне асылып қалғандай болады екен, – деді кемпір күлімдеп. Мұны да бір астармен айтты. Мен:

– Иә,– дедім.

– Құлап келе жатқан немістікі ғой?

– Иә, немістікі.

Өжет көк қырғилар күміс найзадай жарқылдап, біресе ағызып аспанға шығады, біресе көкті тіліп төмен ағады. Құлдырап төмен ағып кеп, қайта шапшып жоғары кетеді! Әттең, әлі аз! Тас артып алған машинадай салдыр-гүлдір ауыр «қоңыр алалар» ортаға алып, қамай бастаған соң, біздің көк қырғилар сытылып шығып, тағы кетіп қалды. Ол кезде аспан ұрыстарында немістердің қолы бізден көп ұзын, көп әлуетті еді...

Аспанда жүрген үлкен бір тарақан тәрізді қоңыр жоқ, сары бауыр көрінетін ауыр самолет көпірдің жоғарғы жағынан суға келіп құлады. Манағы біреуі төмен ұшып келе жатып, тұмсығынан шаншыла құлап еді, бұл құйрығынан шаншыла түсті. Суға шолп етіп кеп түсті де, кеуде жағының салмағы басып, өзенге ұзыннан сұлай кетіп, үні өшті. Аспанға шапшыған сумен бірге, таспадай тарамдалған от та шапшып еді, сумен бірге қайта тамшылап өзенге түсіп жатыр. Жанып шашыраған бензиннен өзеннің жағасына топ-топ от торғайлар қонып жатқан сияқтанады. Самолет жарылып, төгілген бензин құшақ-құшақ от болып лапылдап жанып, көпірдің астымен төмен ағып барады. Толқын отқа көбігін шашады, от лапылдап өрши түседі. От пен су арпалысып, алысып барады.

Кемпір көзін жұмып қалып, қолын алдыңғы жағына нұсқады. Мен көпірге қарадым. Көпірдің дәл түбінен аспанға атқан су өте биік көтеріліп, гүрс етіп жарылғандай болды да, аздан кейін арнасына қайта құлады. Су жауып кеткен көпір енді ғана айқын көрінді. Қақ жартысы опырылып түскен екен. Ойып түскен ауыр бомба көпірді қиратып кетіпті.

Жоқ, немістер бұл көпірді тіпті тегін қиратқан жоқ. Көпір олардан гөрі бізге пайдалы болып шықты, бір; неміс қолы өзеннің басқа бір тұсынан өтпек еді; бұл жайды штабқа хабарлау керек үш...

– Сіз әзір қозғалмаңыз! –деп, кемпірді сол жерде қалдырдым да, өзім әлгі айтқан окопқа келдім.

Иә, командир жолдас, ендігі бұйрығыңыз не болмақ? – деп, жолдастарым маған қарап отыр. Тез бір шара қолдану керектігін бәрі де аңғартып қояды.

Мен оларға:

– Жиналыңдар! – дедім.

7

Көпір солай қиратылып қалды... Құлап түскен екі самолетпен құны ақталды ма, жоқ па, біз үшін оның енді бір күн тұра тұруы қымбат еді. Бірақ бізге қымбат — жауға ұзап, оның құмары да біздің қымбатымыз бен қимасымыз болып келе жатыр.

Пулеметтердің бірінің ғана үні шығады. Жол бойы апат соққандай. Қираған машина, арба, шашылған үй жиһаздары, әртүрлі халде қаза тапқан бейбіт халық. Ыңырсып жатқан жаралылар. Жапырақ үстіне қалың шық тұрып қалыпты да, барлық аман қалған ағаш өртке ұрынып шыққандай. Жан-жануар жерге басын салмай, осынша өзгеріп кеткен дүниеге таңқалып қарайды.

Сай-салаға жасырынып аман қалған машиналар, арбалы-жаяу босыңандар өзен бойын жоғары-төмен өрлеп, өткел іздеп жүр. Көпірге әлсін-әлсін келіп қалып жүрген машиналар да тез бұрылып кетеді. Әскер бөлімдері азайып, енді көбі ағылып жатқан бейбіт жұрт.

Қираған көпірдің үстінде инеліктей именіп немістің барлаушы самолеті жүр. Төмен ұшып, айналып жүргеніне қарағанда енді бұл жерде көпір жоқтығын суретке түсіріп алыпмжүрген сияқты. Кеше лейтенант Горькин жатқан терең шұңқырда менің үш жолдасым ұйықтап жатыр. Екі жауынгерді неміс қолдарының қай жерде келе жатқанын барлап келуге жібердім, бір жауынгерім көпір маңында болған жайларды хабарлап келуге штабқа кетті. Көпір салушылар сұрадым. Өзім сол жауынгерлерімнің оралып келуін күтіп отырмын.

Айналам тым-тырыс, өліктей үнсіз, әлсіз ғана қалғып кеткендей. Шаң басқан қайыңдар қара жамылып, қайғы салмағынан бүгіліп тұрғандай. Жаншып бара жатқан тыныштықты бұзу үшін айғай салғың келеді. Алыста күн күркірегендей боп, соғыс үні естіледі. Өртенген дүниенің қоңырсы иісі қоюлана түсіпті. Құлаған ақ теректердің өлуге айналған жапырақтары дір қағып, өмірге ынтығып, су сұрап жатыр. Құлап жатқан ағаш жапырақтары рақымсыздыққа шағым етіп, күнәсіз өміріне сауға тілейтіндей, парызын айтады. Әлсіз сыбыр осындай бір тыныштық кезде ғана естіледі. Жапырақтай сарғайып кеткен жас қана жаралы қыз ауыр ыңқырсып, қасымдағы бір шұңқырда жатыр. Ағаш арасында шыңылдасып отыратын торғайлардың бірі қалмаған. Өзен жақтан бозторғай шырылы да естілмейді. Осы ауыр тыныштық сені де езіп барады.

Мен күндегі ұрысып-керісіп өтіп жататын көп жұртты сағынып отырмын. У-шусыз оңаша қалған ой ел басына түскен бәленің салмағын өлшеп әуреленеді. Жау табанына түсіп қалған қалалар мен бауырлас елдердің ауыр ыңырсуын естігендей боламын. Көзім қайта-қайта жол бойындағы апат іздеріне түсе береді. Қопарылып, қазылып қалған жер, қиратылып қалған бақшалар, шашылып жатқан дүниелік, ыңырсып жатқан жаралы қыз — бәрі қосылып Отанның ауыр халін көз алдыңа әкеледі. Бәрі кекке шақырады. Үнсіз шақырады. Сонша ауыр тыныштықтан жарылып кеткендейсің. Кешегі бір ән осы кезде тағы бір шыға қалсайшы дейсің!

Жоқ, ол емес, басқа бір ән керек! Әмірдей қатал, аттан салған, дабыл қаққан ән керек! Мылтық атып отырып «Ақерке» әнін айтып та болмас, «Ақеркені» айтып отырсақ, мылтық атып та болмас!

Жауынгерлердің сақалдары өсіп, үсті-бастары кірленген. Күлімсіген киім исіне өттей ащы тер исі қосылған. Әбден қалжыраған жігіттер бастары жерге тие бергенде-ақ ұйықтап кетті. Балаша бұратылып, қалай болса солай, ыңғайсыз жатыр. Дені сау, өкпесі көріктей, жүрегі таза, Семен Зонин болу керек біреуі қатты қорылдайды. Істе қандай ызғарлы көрінетін жігіттер, қазір уқаланып қалғандай, өліктей сұлап, түк дәрменсіз жатыр. Бұл өз уақытындағы тәтті ұйқы емес, болдыртып жыққан қиналысты ұйқы. Бірақ өзімді де алып ұра ма деп, мен ананы-мынаны ермек етіп отырмын.

Қолыма төс қалтамда жүретін шешемнен келген соңғы хат ілікті. Хатта не жазылғанын жатқа білсем де, қайта оқи бастадым. Шешем қазір колхозда, құрылыс жұмысынан босаған, алып тұратын пенсиясы бар. Айдаш әскерге алынып кеткен.

– Өзі атпен баратын жер ме, машинамен баратын жер ме? Бұрыштамаңды дұрыстап жазсайшы... Қаланың атын цифрмен жазғаныңа мен қалай түсінем, қалқам-ау?.. – деп жазады шешем.

Шешем қатты сағынып жүрген сияқты. Соғыс пен неміс жайында жұрттың не айтатынын шеше не қылсын, колхоздың бір желбезегіне мініп алып, баласын бір сүйіп қайтқысы келетін сияқты... Менің адресім цифрмен жазылғандықтан, қайда екенімді біле алмайды...

Қалалы жерде почта жәшігі деген көп болады, балам. Мен оның қайсысының номерін қарап тауысам... Қаланың өзінің атын жазып жібер... – дейді.

Шешемнің хаты бесіктей тербетіп әлдеқайда туған елге алып кетеді. Ояу отырып, түс көргендей болам. Оралдағы балалар үйінде төсегімнің бас жағына келіп тұрған шешемді көрем. Жүзінде бар ананың қуаныш нұры, көзінде қуаныш жасы, буылтық саусақтарымен басымды бір сипап қойып, енді маңдайымнан сүюге еңкейіп келе жатыр... Шешенің ыстық дем алысы, шешенің таныс исі. Әуелі маңдайымнан сүйеді, одан кейін маңдайың ба, көзің бе, бетің бе, мұрның ба, бәрібір, құмары қанғанша сүйе береді, сүйе береді.

– Апа, болды, болды... – дейім, көзімді ашпай, өзіне қарай тығыла беріп.

– Ойбай-ай, мына жаманды қарай гөр... Жігіт боп қалдым деп ұяламысың? Мә, саған жігіт болған, мә саған... – деп, көрпеммен бірге құшақтай көтеріп, алдына өңгеріп алады. Мен бәрібір көзімді ашпаймын. Әрі еркелегім келеді, әрі жас балаша тыраңдап еркелей беруге ұялатыным рас. Сондықтан көзімді ашпай еркелеймін. Қасымдағы балалардан ұялып:

– Апа, жіберші, жіберші... – деп, бұлқынған болып жатып, өзіне қарай жабыса түсем... Қолына бұлай бір түсіп қалған соң, сағынып келген шеше, шын айтсам да жібермес еді. Енді көрпенің ішінен желкемді де тауып алып сүйеді, аяғымды да тауып алып сүйеді... Әлден бір уақытта, сүзгілеп жүріп, құлағыммен бүлк-бүлк соғып тұрған жүрегін тауып алам. Сол жүрекке құлағым мен бетімді жапсырып қозғалмай, ұзақ жатып қалам. Бір кезде, шешесі жоқ Бораштың қызыға қарап отыратыны есіме түсіп кетіп атып тұрғанда, апам құлап қала жаздайды.

– Жігіт болып қалыпсың, ғой, құлыным!.. – дейді апам, енді түгел бойыма қуана қарап отырып.

– Қане, енді бір келші... – дейді. Мен бармаймын...

Баласын өсіріп, ұясына қондыру – барлық ананың ерекше қуанышы ғой, шешем мені айналып, толғанып, күн бойы көз алдынан шығармайды. Біресе мен «жігіт боп қалыппын», біресе әлі баяғы он жасар Қайрош... Еркелетерде мал баласының бәріне теңеп шақырады да, ақыл айтарда «енді жігіт болдың» дейді.

Ойыма осы өткен шақ түсіп кетіп, өзім де сағыныш құшағында отыр едім, сырт жағымнан бұтақ сылдыры естілді. Баяғы екі құбақан өгіз жеккен кемпір келе жатыр екен. Айналасына сығалай қарап, оң қолымен көздерін қалқалап, әр ағаштың қанша ауыр жараланғанын қарап келе жатқандай. Мені көріп:

– Осында екесің ғой, балам,– деді.

– Иә, әже, осындамыз...

– Жолдастарың ұйықтап жатыр екен... Жастар ғой. Кәрі кісі бұлай ұйықтай да алмайды. Оған бір ермек керек...– деп, шұңқырдың қабағына отыра берді де:

– Көпір ғой, енді жоқ...– деді, әрі маған көңіл айтқандай, әрі сол жаманшылықты тағы бір анықтағысы келгендей үнмен.– Енді міне, құлағың бітіп қалғандай тым-тырыс... Құйын соққандай жым-жылас етті де, тынды. Ана жақты әлі ұрғылап жатыр. Ол бай жер ғой. Онда не жоқ! Төрт үлкен завод бар. Совхоздар да көп... Әлде жұмыскерлер қарсыласып, алдырмай жатыр ма екен?

– Мүмкін, шеше.

Кемпір байғұстың тірі қалғанына қатты қуанып кеттім. Барлық кәрі аналар сияқты елеусіз ғана жүріп, ел үшін мұңайып, көп үшін қайғырып жүрген кемпір кімге болса да құрметті болуға тиісті. Бұл бір өзім дегенді ұмытып кеткен адам. Мүмкін ол мыңдаған адамның көңілін жұбатып, жарасына ем айтып келген шығар. Бізге де сол бір-екі ауыз жылы сөз айтуға келіп отыр.

– Өгіздеріңіз қайда? –дедім.

– Аман балам, аман, – деді кемпір, – біздікі дегеннің бәрін құртып кетем дегенмен бола ма ол!.. Тауықтарым да аман... – деп, маған жып-жылы үш жұмыртқа ұсынды. – Үшеуі жұмыртқалады да, төртінші бір ұятсыз желаяқ құр сыланданып жүр...

Мен жауынгерлерімді оятып, кемпірді ортаға алып, тамаққа отырдық. Жігіттер де әрқайсысы өз шешелерін бір көріп қалғандай қуанысып, бар жылы-жұмсақты кемпірдің алдына қарай ысырып қояды. Кемпір ыңырсып жатқан жаралы қыздың даусын естіп:

– Біреу ыңырсиды ғой, балалар-ау? – деп, орнынан тұра келді.

– Отыра беріңіз, шеше. Қолдан келер жәрдемді көрсеттік. Енді жаралыларды таситын машина кездессе, жөнелтейік деп отырмыз, – дедім.

– Су бердіңдер ме? – деді кемпір.

– Бердік, шеше.

– Дегенмен барып келейін. Анасының даусын есітуге зар болып жатқан шығар, – деп, кемпір кетіп қалды.

Кесімді уақыттан жарты сағат кешігіп барлаушыларым келді. Азырақ мақтанғандай қалпы бар, Владимир Толстов қолын сермей көтеріп, шекесіне апарып:

– Жолдас сержант, тапсырмаңызды орындадым! – деді.

– Иә? Отыр.

Толстов неміс әскерлерінің қай жерге жеткені түгіл, өздерін де көзімен көріпті. Бірінші рет берілген соғыстық тапсырманы ойдағыдай орындап қайтқанына көңілі көтеріңкі келіпті. Бойына дарытпай, алыстан сермеп, от пен оқтан қоршау жасап алып, әлі ішіне кіргізбей келе жатқан жауды біз әзір көре алған жоқ едік. Толстов өз көзімен көріп келген бірінші жауынгер. Киімді өзгертіп киіп, келе жатқан жау лектеріне үш рет араласыпты. Ақсақ та болған, соқыр да болған... Арнаулы әзірліктен алған кейбір өнерін бірінші рет орынды қолданғанына мақтаныңқырап та қояды. Өзі көзге көрінбей, бейбіт елді оқ қағар қылып алдына салып ап, төгіліп келе жатқан жау әскерінің бірталай сырын аңдап қайтқан. Көзі жарқырап, айтатыным әлі көп деп тұр.

Қорықпай араласып кетіп, менен жауды бұрын көріп қайтқан жолдасыма қызыға қарап:

– Ал, қалай екен? Қандай екен? – дедім.

– Түк те емес! – деді Володя, – ойдан, қырдан жиналған бандит сияқты. Сен патшаның урядниктерін көріп пе ең?

– Жоқ, өзің ше?

– Мен де көргем жоқ. Бірақ жақсы білем! Танкі дегенің қоңыздай қаптап келеді. Көз жетер жерде жігі ашылмайды. Машина да сондай. Жаяу әскер дегеніңіз жаяу жүрмесе керек, бәрі машинада. Тек қана бейбіт елді көргенде, қызығып кетіп, қасқырдай шабады екен. Адам баласын иттен жаман қорлап келеді! Урядниктен қай жері артық? – деді Володя. Мен мақтап, дауласып отырғандай, қатал дауыспен айтты. Жүзіндеп мақтаныш іздері өше қалды да, күреңденіп күйініп шыға келді.

– Былапыт, нас... Талан-тараж шығар істеп келе жатқандары? – деді кемпір қайта оралып келіп:

– Одан да жаман! Нағыз айуан барып тұрған! Қандай қылмыстан тартына алатындарын біле алмадым! – дегенде, Володяның көзіне жас келіп даусы әлсіреп шықты. Алқымына ашу мен ыза тығылып тұр.

Мен иығына қолымды салып:

– Володя, мұның не! Сен пісіп-қатқан барлаушы емеспісің! – дедім.

– Шыдап көр! – деді Володя, – бала-шағаны танкымен бастырмалатып, малдай айдап келеді. Құлаған кемпір-шалды жолдан сүйреп те тастамайды... Басып өте береді! Барлаушы болсам қайтейік шыдар жай жоқ! Ағаш пен егін арасындағы қылықтарға қалай шыдарсың! Фашист шошқалары қорлау мен зорлаудың, неше атасын үйреніп шығатын болса керек. Зарлап, қарғысын айтып жатқан жас әйел, жас қыздардың, қасында айғырдай оқыранып, қарқылдап күліп, мазақтап тұрған нас айуанды көргенде кім шыдай алар?

– Барлаушы шыдау керек! – деді Петр. – Көрсең де көрмегендей, еш нәрсеге таңданбай, бетің бүлк етпей өте бер!

– Сенің шыдағаныңды да көрерміз!

– Мен шыдаймын! Менімен барсаң сен де шыдайсың!

– Иә, шыдамағанда не істедік? – деп мен Володяға қарадым.

Володя үндеместен қалтасына қолын салды да, сары сапияннан жасалған әмиянды суырып алып, менің алдыма тастай берді. Жаудан қолға түскен бірінші қағазды бір штабтың қағаздарын қолға түсіргендей-ақ бәріміз үңіліп, бар ынтамызбен қарап шықтық.

Ең алдымен көргеніміз, басын кекжитіп, мұртын үрпитіп, бар дүниеге пәк қарап түскен офицер суреті еді. Жаратылысына да, өзінің істеп жүрген істеріне де көңілі риза бір пәк, бізге менсінбей қарап тұр. Қағазында «Капитано Альберто-Николо-Пьятро Коррини» деп жазылыпты.

– Неміс емес, итальян болар,– дедім.

– Біреуі де емес, сволочь! – деді Володя – Жендет! Ондай арсыз доңыздың фашизмнен басқа ұлты болмау керек!

Бұл жолы Володядан күтпеген қатал сөздер шығып кеткеніне жолдастарым түгел таңырқап қалыпты.

– Жаса, Володя! Адам болуға бет алыпсың! – деді, риза болып кеткен Петр. Зонин кеңкілдей күліп:

– Сен оны қалай жаукемдедің? – деп сұрады. Володя сұрауға таңданғандай, айнала қарап:

– Қалай болушы еді? Атып салды деймісің? Егін арасында шешінгелі жатқанда желкесінен салып жібердім де, алқымынан сығып тастадым, – деді Володя. Ішіміздегі ең жасымыз Володяның жалғыз жүріп жауға шапқан ерлігіне бәріміз де қызыға қарап, бір ауыздан мақтау айттық.

– Бір сорлы әйелдің көз жасын жуғасың ғой... Солай ма? – деді, манадан шетірек отырып қалған кемпір. Соны айтты да, Володяның жауап беруін күтпей қасына келіп, иығынан сипап, арқаға қақты. Жауынгердің кімді арашалап, сол іске барғанын енді өзі де түсінгендей еді. Әмияннан табылған хаттар мен әртүрлі әйел суреттерін ақтарыстырып отырып:

– Осының бәрін штабқа өзің апарып тапсырасың! – дедім.

– Штабқа?.. Жоқ, Костя, мені ондай жерге жұмсама, Тәңір жарылғасын. Көрген-білгенімді сұрай қалса, мен бәрін шатастырып алам, – деді Володя жүрексініп. Әлде өз ісін ағаттыққа санап қалды ма, әлде шын-ақ көрген-білгенін тәртіппен айта алмаймын деп қысылды ма, әйтеуір жүйкеде едәуір қобалжу бар еді.

– Жоқ, барасың. Бұл бетте келе жатқандар қандай дивизиялар екендігін анықтау, біздің штабқа өте қажет істердің бірі болар. Барасың, – деп, капитан Корринидің қағаздарын Володяның қолына бердім.

– Жарайды, жолдас сержант, – деп, Володя орнынан тұрды.

– Әуелі тамақтанып ал.

– Жоқ, тамақ жегім келмейді... Өзеннен жүзіп өтейін, ә? – деп, Володя кетуге ыңғайланды. Жүзіндегі қобалжу көбейе түскен соң, тағы бір-екі ауыз сөз үшін тоқтатқым келіп:

– Жолдас Толстов! Мен сізге тамақтанып ал деп бұйырамын! – дедім.

Володя жауабын ширақ қайтарып, тамаққа отырды. Жауынгерді жұмысқа жіберерде беретін бұйрығыңды соғыстың өз тілімен қатал беру керектігі өзімнің есіме де түсе қалды.

Екінші барлаушы Сергей әрі бармай, беріректе қалған екен. Сондықтан оның әкелгені қашқан жұрттан естіген хабарлар. Оның үстіне Володяның көрген-білгенін көтерісіп келіпті... Сергей суретші болам деген талабы бар жас. Курста жүргенде қолы босап кетсе-ақ, сурет салып үйренуші еді. Демалыс күндерінде өзгеміз теңіз жағасына кетсек, ол сурет салып үйде қалатын. Ол қазірде Володя әңгімесінің қалтарыс қалған жақтарын толықтырып қойып отыр. Володяның әскер тілімен айтқандарына Сергей әртүрлі бейнелеу береді.

– Сережа дұрыс айтады. Менің есімнен шығып кеткен екен, – деп, Володя мақұлдап қояды.

– Тағы да бір күн өтіп кетті... – деді кемпір.

Біз әңгімемен отырғанда күн батып, қас қарайып қалған екен. Әлі де ағылып жүрген машиналар мен арбалылар көпір алдына келіп тіреліп тұр. Машинадан түскен екі жауынгер бізге келіп:

– Жолдастар, көпірлерің қайда? – деді. Көріп тұрғанын сұраған адамға ызаланып қалатын Петр, атып орнынан тұрып:

– Көрмей тұрсыңдар ма? – деді.

Жоқ, біз өткел бар ма деп сұрап тұрмыз.

– Өткелді өткел деп сұрау керек. Өткел бұл жерде жоқ. Жұрттан сұраңдар. Қайда барын білсеңдер, бізге де айтыңдар.

– Осы арадан өтіп болмас па, тексердіңдер ме?

– Бұл арадан өтем десеңдер қару-құралдарың мен машиналарыңды тастап, өздерің ғана жүзіп өтесіңдер.

– Жоқ, жолдас, қалжың деген жақсы-ақ шығар. Қару-құралды тастап кет деген жаман қалжың! – дейді, жөн сұрап тұрғандардың бірі.

– Дұрыс айтасың, жолдас. Мен саған тастап кет деп айтқаным да жоқ!

– Солай шығар!

– Ие, солай!

Жосып жүрген машиналар, өте алмай қалған жаяу адамдар әлі көп, жау қолы жақындаған сайын көбейе де бермек. Өткел табылып, бүгінгі түн түгел біздің қолда болса талайлар жан сақтап қалар еді де, талайлардың ар-намысы төгілмес еді. Әсіресе, арып-талып келе жатқан бейбіт жұрт, көп азаптан құтылар еді.

– Осы кезде Захаров өткелінің не күйде екенін кім білсін...– деді кемпіріміз ақырын ғана. – Қалайда соған қарай беттеуге тура келер...

– Қандай өткел, шеше? – дедім.

– Захаров өткелін айтам... Естіген шығарсың, Захаров дейтін шұға фабрикасы бар, бай адам еді. Осы арадан он бес шақырым жерде фабрикасы болды... Бай адамның іші қандай тар келеді, жұрт қолына түсірмеймін деп, азамат соғысының кезінде өртеп жіберді. Өзі ағылшындарға қашып кетті. Мыналармен бірге келе жатқан да шығар өзі! Фабрикасын бір ағылшын ұстап тұрып еді,

аяғында Катя дейтін қызын да берді соған...— деп, кемпір ұзатыңқырап бара жатқан соң, мен тыпыршып:

— Иә, сонымен?.. — дедім.

— Сонымен ол Кита болып кетті, — деді кемпірім,

— Жоқ, өткел жайын айтам...

— Ә, өткел ме?.. Өткел бар да. Фабрикасы өзеннің бер жағында болды да, жүн жуатын жері ар жағында еді. Менің шалым, Степан марқұм қол қойып, ақша алайын деп барса дым жоқ, тып-типыл өртеніп кетіпті.

— Өткел ме?

— Жоқ, фабриканы айтам... Өткел қалды орнында... Астына тас төсеткен «тас өткел» атанған болатын. Асты кейін құм-қайрақтанып алған соң, барлық бала сонда шомылатын. Биыл су көп болып кетпесе, арбаның астына байлаған қара май шелекті шешіп алмай-ақ өте беруші едік... — деді.

Енді кемпірдің айналасына бірталай адам жиналып қалды. Бәрі де көпірді қалай табудың жайын сұрастырып жатыр. Кемпірдің өзін де машинаға мінгізіп ала кеткілері келеді. Кемпір оларға:

— Сіздер ілгері жүре беріңіздер... Мен де қуып жетермін. Өгіздерім он шақты күн шөп шабуға салынған, жарау... — дейді.

— Шеше-ау, өзіңіз неге көпірден өтем деп, үш күн отырдыңыз осында? Өткелден өтіп жүре берсеңіз ғой, ендігі әлдеқайда боласыз! — дедім.

— Жалғыз ба? — деді кемпір таңданғандай болып.— Мен жұрт қайда болса, сонда болам да, балам.

Көпір іздеп жиналып қалған жұрт, өзенді жағалап өткелге қарай жөнелді. Тракторлар да, кішкене танкылар да кетіп барады. Көпшілігі арбалы, машиналы жұрт. Зеңбірек үні жақындай түсіпті. Таңертең алыстан күркіреген күндей күңгірт естілетін соғыс үні, енді ашық естіледі. Айқыш-ұйқыш кездесіп қалған найзағай жарығы көрініп қалады.

— Ал, шеше, енді жұрттан қалмаңыз. Сау болыңыз, — деп, өгізін жегісіп беріп, кемпірді жөнелтіп жібердік. Кемпір жаралы қызды да алып кетті.

Қараңғы іңірде өзеннің арғы бетінен таныс белгі берген дауыс естілді. Штабқа жіберілген жігітім екенін таныдым.

— Көпір жоғын білесің ғой. Жүзіп өт! — дедім.

Бірдемені сындырып, бірдемені аударыстырып жатқан үн келіп еді, ұзамай, қайықпен келе жатқандай, түрегеп тұрып есіп келе жатқан адам көрінді. Жаңада ғана қираған машинаның төсек-тақтайын қайық қылып мініп алып, жауынгерім бері өтті.

Батальон командирі бізге қайт деп әмір етіпті. Бірақ ел білгенді біздің штаб та біледі екен, «көпірден он жеті километр жоғарырақ жерден тас өткелді тексере қайт» депті.

Кездескен машинаның біріне мініп, әлі бір қыр аспаған кемпірді қуып жеттік. Өгіздерін ақырын ғана жайқап, кетіп бара жатыр. Енді бізге керексіз болып қалған азық-түлікті кемпірге беріп, қош айтысып жүріп кеттік. Бәрімізді бір-бір сүйіп, кемпір қала барды. Әсіресе, Володяны ерекше сүйді: Жүрегің жақсы екен! Бақытты бол, балам! — деді. Әлде, кемпірмен тағы кездесетінімізді

сезінгендей, ешкім қоштасқан жоқ еді. Бұл жолы кемпірмен бұдан былай кездеспейтінін тағы да айқын сезініп тұрғандай, жауынгерлер бір-бір ауыз жылы сөз айтып, кемпірдің батасын алып жатқандай, ұзақ қоштасты.

– Жолдарың оңғарылсын қарақтарым, бақытты болыңдар бәрің де. Көпір басында біреуің аянған жоқсыңдар! Мен ылғи қандай батыр жігіттер деп, қуанып қарап отырдым! – деді.

Содан кейін бізге қайта-қайта оң тілек тілеп, жұрттан қалмайын деген адамша кемпір өгіздерін қозғады. Біз ілгері кеттік. Володяның көзін бір сүртіп қалғанын көріп қалып ем, ол ұялып:

– Көзіме бір қиқым түсіп кетті білем... – деді.

Біз өткел басына келсек ұбақ-шұбақ арбалар, табын-табын малдар өтіп жатыр екен. Етектерін азғана түріп алып, сандары ағараңдап әйелдер де өтіп барады. Суды көрген соң бар уайымды ұмытып кеткен балалар да біріне-бірі су шашып, бірінің басын бірі суға тығып алып, шуласып жүр. Таныс жайылым, күндегі қорасынан айрылған сиырлар азан-қазан. Сиырлардың мөңіреуінде де бір мұң бар сияқты. Мал баласы туған жерін сағынатынын мен бұрын да байқаушы ем, қазір өте терең сезіп тұрмын. Айдау көріп, ашығып келе жатқан сиырлар басын жерге салмастан мөңірейді. Арттарына қарап ыңылдап, ыңырсып қояды. Әлдеқай жерде кетіп бара жатқан бұзауларын іздейді.

Жер гу-гу еткендей болады. Табаныңның, асты анда-санда қалтырап кетіп, дір ете түседі. Батыс жақта жанған соғыс өрті тұтасып, қып-қызыл күреңденіп, түнгі аспанды едәуір белдеулеп кетіпті.

Өткел орнында... Әңгіме неше күн біздің қолымызда тұрарында сияқты. Осы қорытындымен бөлімімізге қайттық.

8

Барлау взводының жаңа командирі лейтенант Мирошниктің жаппасына мен сол түні келдім. Кім екенімді байқаған соң, лейтенант маған қолын беріп амандасты да:

– Мына бір қағазды бітіріп тастайық, отыра тұр, – деді.

Сығырайған білте шамның қылп-қылп еткен жарығымен лейтенант қағазын жазып отыр да, мен оны анықтап қарап алып, мінезін танығым келіп, қадалып тұрмын. Түнде жүзген қайықшының отындай әлсіз жылтылдап, ұшып кеткісі келгендей зәресіз қыпылдап, айнала жұлқынып білте шам жанып тұр; болмашы желден бұға шалқып, лейтенанттың кескінін анықтатпай қойды. Біресе лейтенант ашық жүзді, кең маңдайлы аққұба жігіт сияқтанады да, біресе күнге күйген күрең түсті көрініп кетеді. Бірақ ірі денелі, шалқақ төсті, кең жауырынды, кең маңдайлы, үлкен қара көзді адам екені айқын аңдалады. Қыпылықтаған кішкене жарықтан лейтенанттың көлеңкесі біресе еңгезердей боп көтеріліп, жаппаның аласа төбесін жауып кетеді де, біресе мықшиып артына тығылады. Кейде қойқаң-қойқаң етіп, екі жағына кезек ауытқып қояды. Лейтенант «отыра тұр» дегенмен отыратын жер болмаған соң, мен де тұра бергем. Шамның ойнақтаған жарығы менің көлеңкемді де лейтенантқа қарай төндіріп-төндіріп

алады. Әлдеқайдан адасып келіп кірген көгілдір көбелек кішкентай отты қуалап ойнап, бірге қалтылдап жүріп, ақыры қанатын күйдіріп алып, қалқып тұрған майға құлап кетті.

Лейтенант Мирошник ағаш жәшіктің үстіне көлденең салған екі тақтайдан құралған столда отыр. Командир жаппасының аз да болса түрін келтірейін дегендей, стол үстіне сұр палатка жауып қойыпты. Лейтенанттың астындағысы да ағаш жәшік болу керек, анда-санда сықырлап қояды.

Мирошник таза киінген, көздерінен бір ой кетпейтін сабырлы адам көрінді. Қалың қара қастары аз-ақ айқаспай тұр. Жасы отыздан асқан аға жігіт, бар қалпымен жауынгерге бірден ұнайтын командир. Өңменіңнен өтердей тесіп бара жатқан көз қарасты мен өмірімде ұната алған емеспін. Ойың жетпей тұрса, көзіңді тесірейткенмен тереңге бойлай алмайсың. Мирошниктің ойлана қарайтын үлкен қара көздері маған қатты ұнады. Керексіз жерде қазбалап, болмашы бірдемені сын көріп, арзаны мен оңайына ұмтылатын адамның көзі бұған ұқсай алмайды. Әр жағы тайыздығын аңғартып, сенімсіз қыпылықтайды. Мирошниктің көздері қалтқысыз сенім білдіре қарайды екен. Мұндай командир жауынгерін сеніп жұмсайды, сен ойдағыдай орындап келесің.

— Ал, жолдас сержант, баянда, — деді Мирошник жазған қағазын жинап қойып.

Мен соңғы үш күннің ішінде көпір маңында болған жайды түгел баяндадым. Өткел жайын да айттым. Лейтенант ықылас қоя тыңдап, үстірт кеткен жерлерімді бірер сұраумен анықтап алып отырды. Кейде менің орысша сөйлеуім кедір-бұдыр шығып қалғанда лейтенанттың көзінде күлкі ұшқыны жылт ете түседі. Бірақ ондай кезде де, кейбіреулерше, көзін бұрып әкетпейді, тура қарап отырып күлкісін тыяды. Әрі әдемі, әрі дұрыс сөйлейін дегенде көп сүрінетін бір әдет бар ғой, менде сол бар еді, сол өңірге шығып кетіп барып әрең тоқтадым. Соңғы бір сөздерімді ажарлап айтқым келіп, қанша сықпақтасам да ажарланбады.

— Отырыңыз! — деді лейтенант, мен орыс тілінің әртүрлі өткелдерінен жүзіп, малтып, әрең өтіп болған соң. Отыратын орындық жоғын енді өзі де есіне түсіріп, — я, орындық әзір жоқ... көсіле кет... Азырақ демал, — деді. Мен Владимир Толстов деген жауынгерді шақырып алып, ерекше тыңдауын өтіндім.

— Ерекше тыңдайтын неменесі бар? — деді лейтенант.

— Барлауға барып келіп еді.

Володя менен гөрі де бытыраңқы сөйледі. Бұрын баяндама жасап көрмеген жас жауынгер көрген-білгенін ілгерілі-кейінді пайымдап, бірді айтып келе жатып, екінші бірдемеге түсіп кетіп, аяқтай алмай қойды. Мана маған айтқанда көп нәрселерге баға бере айтып еді, енді оның бәрін тастап, келе жатқан жау танкыларының ішіне кіріп алды да, шыға алар емес. Ұялшақтық істеп, фашист капитанын өлтіргенін айтпай қоя ма деп қорқып ем, ойлаған жерден шықты... Ол туралы тұк айтқан жоқ. Моншақтап, терлеп те кетті.

— Не бар көргенім осы, жолдас лейтенант, — деп тұрып қалды.

— Болдыңыз ба?

— Болдым...

—

Мен Володяны шынтағыммен түртіп қалдым. Володя енді ғана түсініп, тағы бірдемені айтқысы келіп еді, еріндері бір дірілдеп, бір ыржиып жайылып кетіп, айтқызбады. Асығыс-үсігіс қалтасынан сары сапиян әмиянді алып, лейтенантқа берді де, Володя екі адым шегініп барып тұрды.

Лейтенант капитан Корринидің қағаздарын түгел қарап болды да, екеумізді де ойлы көзімен бір шолып өтіп:

— Рахмет, жолдастар. Барыңдар. Демалыңдар, қырандар... — деді. Әлуетті қолы, әлденеменеге уәде байласып тұрғандай, екеуміздің қолымызды да қаттықатты қысты. Мен ішімнен «әзірмін!» дедім.

— Сен неге мені алдап ұрдың? — деді Володя былай шыққан соң. Даусында әлгі қысылыстан қалған ба, болмаса, жаңадан келе жатқан бір жәбір бар ма, әйтеуір діріл бар екен.

— Алдап ұрғаның қалай?

— Мен ауызба-ауыз баяндама жасай алмайтынымды білетін едің ғой?

— Иә, білем...

Бәріміз де баяндамамызды жазып алмаушы ма едік мектепте?.. Не болды міне!.. Шатып шатпақтағаннан басқа түк айта алғаным жоқ.

— Алдымен мектеп кеңшілігін ұмытқаның жөн, — дедім, жарымы қалжың, жарымы шын мағына бере сөйлеп. — Сен екеуміз бұл соғыста жазба баяндама жасап жүруге уақытымыз да бола бермес, еш нәрсені шатыстырған жоқсың, бәрін де айттың. Маған айтқаннан асырып айтқаның да болды. Үйрене бер осылай...

— Танкылар туралы да айттым ба?

— Көп айтқаныңның өзі сол болды.

— Өзге жағы қалай шықты?

— Өзге жағын айтқан жоқсың...

— Володя тұра қалды...

— Қысылмай-ақ қой... Бәрін де дәл-дәл айттық, — деп, көңілін жұбаттым. Өйткені, көңілі тыншымай Володя ұйықтай алар емес еді.... Енді міне, көңілі орнығып, көзі күлімдеп, қобалжу жоқ, қозғалаң жоқ, маужырап ұйықтап кеткелі жатыр...

Бір кезде бәріміз бірдей оянып кетіппіз. Біреу бүйірімнен түйіп қалғандай болып, Володяға:

— Немене? — дедім. Ол маған:

— Сен немене? — деп, жауап берді.

— Сенбісің? — деп Семен Володяға қадалып отыр да:

— Өзің ғой! — деп Сережаға қарайды.

Бір жаппада жатқан адамның бәрі осылай, біріне-бірі қарап қалыпты.

— Жер сілкініп тұр, — деді Володя, бәріміздің бұрын есін жиып.

Білте шам безгек болғандай қалтылдап тұр. Терең қазып, төбесін қабатқабат бөренемен жапқан жаппамыздың бұрыш-бұрышынан топырақ суылдайды. Ауруханадағы «құм сағатының» құмы қалай жылжыса, топырақ та солай жылжып, солай сусиды. Жаппамыз теңселіп тұрғандай, астымыз дір-дір етеді.

—

Қатты ұйықтап қалған жастар жақын түскен снаряд даусын естімей, жерді қатты нұқып қалғанын сезіп оянсақ керек. Жер бізді түйіп қалып оятыпты.

Жүгіріп далаға шыға келсем, үш жерден аспанға аққан шаң-топырақ, өркеш-өркеш болып, жерге қайта төгіліп келеді екен. Таң атып қалыпты. Өкірген, ұлыған, гүрілдеген соғыс үні үстімізге келіп қалыпты. Немістер оқты қыдырта төгіп, біздің қолдың қай жерде екенін анықтап жатыр. Жау снарядтары бірте-бірте ілгерілеп, жақын түсе бастапты, Анадай жерде тұрған сұлу бір қара емен бар еді, ауыр снаряд соның түбіне келіп ұрылды. Емен шаң-топырақтан көрінбей бір кетті де, аздан соң бар жапырағынан бір-ақ айрылып, сорайып қалды. Бұл жолы немістер алыстан ұратын зеңбіректермен атып жатыр. Орман үстінде суылдай құйын өтіп бара жатқандай естіледі. Кейде қамысты қирата жапырып ордалы қабан келе жатқандай, кейде түнде ұшқан топ үйректің қанат қаққанындай ғана болып, снаряд сынықтары ұшады. Үн де, снаряд та, ұшқындар да жақындап келеді.

Мен жаппаға қайта түсіп, жолдастарыма жайды айттым. Бәріміз де құлағымызды сыртқа сала отырып, қару-жарағымызды асынып алдық. Жаппаның аузынан жалтыратып тұрып тазалаған екі әдемі етік көрінді. Одан кейін тізесінің, қыры жойылмаған сұр шалбар көзге ілеге бергенде:

– Амансыздар ма, жолдастар! – деп, лейтенант Мирошник ішке түсті.

Мирошник жалғыз емес, қасында саяси басшымыз Ровякин бар екен. Бәріміз орнымыздан тұрдық, екі иығымен төбені тіреп, оңтайсыз еңкейіп Семен Зонин тұр.

– Демалдыңдар ма, тыныктыңдар ма? – деді Мирошник.

– Тыныктық, жолдас лейтенант, – деп, мен бәріміздің атымыздан жауап қайтардым.

Политрук Ревякин бізге соғыс басталған күннен бері таныс еді. Әнеугі жолы фашистік Германияның әртүрлі мамандарымен таныстырып еді, бұл жолы Смоленск төңірегіндегі айқастарға жалпы шолу жасап кеп, жауынгерлердің өздері қорытынды жасай аларлық босағаларға әкеп тіреп қойды. Өзі оқытушы, әр ойын буалдыр айтпай, өресі жеткен жерге дейін түсінікті сөйлеуге тырысатын адам. Ревякиннің бұл жолғы әңгімесінен біз екі түрлі бірнәрсені берік ұстап қалдық. Неміс армиясы күн сайын бөгеліске көбірек ұшырап, кейбір жерлерде бір жетінің ішінде бір адым ілгері аттай алған жоқ. Екінші, біздің әскердің күн санап күші кіріп, тәжірибесі молайып, кей аудандарда тұрақты табан тіреске қол жетіп қалған.

Көпір басында өткен күндерде біз соғыс хабарынан сырт қалып едік. Қазір енді, жиналған ойымызды Ревякинге айтып, дұдамалымызды сұрап алып жатырмыз. Фашист армиясының бет алған түрін мен төрт тармақты темір айырға ұқсататын едім. Қазір соның төрт тармағы да тас кедергіге тіреліп, әрі өте алмай, кейбіреуі майыса бастағандай көрінетін. Ілгері басқан сайын тас кедергі күшейе түседі, тармақтар бір күні сынады... Ревякинге осы ойымды айттым. Ревякин әуелі бәрін дұрыс деп бастады да, тереңдете келе айырдан да, тас кедергілерден де еш нәрсе қалдырған жоқ. Бір жағынан күнбатыс елдерінің бар қарауын сыпырып алып, армансыз қамданып келіп соқтыққан Германия темір айырға

ұқсамаса, біздің қарсылықты тас кедергіге ұқсату тіпті олқы екен. Ревякин баптап қана тереңдеген сайын айыр мен тас кедергі дегенімнің қандай дәрменсіз замандардың қарауы екендігі есіме түсті...

Әңгіме аяқталғанша, сырттағы атыс та тоқтады. Мирошник пен Ревякин екеуі біздің взводты сапқа тұрғызып, ағаштың қалың ортасына қарай алып кетті. Онда бізді дивизия командирі, полковник Орехов күтіп тұр екен.

Орта бойлы, самайына бурыл кірген, жаңа ғана толыға бастаған полковник бізді анадайдан бақылап тұрды. Қасында тұрған әртүрлі әскер бөлімдерінің командирлерінің ішінен әнеугі көпір басында кездесетін зеңбірек полкының командирі, майорды таныдым. Майор полковникке бірдемелерді қадағалап айтып, қолын шекесіне апарып, қоштасты да кетіп қалды.

Полковник көзі әйелдің көзіндей тым әдемі, өңі көптен ұйықтамағандықтан қуаң тартқан ықшам киінген мүсінді адам екен. Біз команда бойынша қатып-сіресіп тұр едік, полковник жақындап келіп:

– Мына көгалға отырыңдар, – деді.

Біз де отырдық, полковник баяу ғана сөзін бастады.

– Неміс армиясын көзімен көрмеген жауынгер, қандай жаумен кездесіп қалғанын да дәл біле бермейді, – деп бастады полковник. – Біреу әрі ойлап, біреу бері ойлап қалады. Жау күшті деп, өз күшіңді орынсыз төгу де зиян, жау әлсіз деп, қапы кету де зиян. Жауымыздың қару-құралы бізден анағұрлым басым. Әскері күнбатыс елдеріне оңай тізе бүктіріп, әлі беті қайтпай келе жатқан әскер. Әскері де, қару-құралы да шабуылға бейімделіп әзірленген... Қару-құралының басым жағы танкы мен әуе кемелерінде. Қазір сол қару-құралды жоятын арнаулы бөлімшелер жасап жатырмыз. Қарама-қарсы майданда ғана емес, жаудың өз ішіне де кіріп соғысуымыз керек. Арнаулы бөлімшелер қай түрмен болса да жаудың техникасын құртуға тиісті және... нағыз мағынасындағы барлаушылар да солар болады, – деп, полковник бәрімізді сыдырта бір қарап өтті.

Полковник жаңа бір сөйлем қосқан сайын әлгі айтқан арнаулы бөлімшелерінің міндеттері де кеңейе түседі. Мұндай бөлімшелердің атын әрі ойлап, бері ойлап, ешбір уставтан таба алмай отырмын... Бірақ полковник мұны әлдеқашаннан белгілі бір нәрседей етіп айтып отырған соң, бізге де онша қиынқыстау көрініп отырған жоқ. Солдат деген жұрт командир сөзіне сеніп үйренсе ғана ойдағы жерден шығады. Ал, сендіре алу – командирдің міндеті. Кейде командирді – әкесі, солдатты – баласы деп те айтады. Мұның жақсы жағы – әкелік пен балалық сияқты, мәңгілік ардақты сезімді қозғайды. Бірақ әке бола білу де қиын, бала бола білу де оңай емес. Полковник Орехов осы аңғарды байқап сөйлеп отыр. Артық уәде, айғай ерлікті тілемей, барлық жайды бар салмағымен алдымызға тегіс жайып салды да, бәрімізге ортақ міндеттерді айтты.

Әлі біз солдат болып та жетілгеніміз жоқ. Сондықтан мынау бір бейбіт жиналыс, аздан кейін полковник «қане, кім сөйлейді?» деп сұрайтындай, я болмаса, «қарсыларың жоқ па?» дейтіндей көрініп кетіп отыр. Бірақ полковник оны сұраған жоқ:

– Бірінші бөлімшенің командирі етіп, ысылған, сыналған жолдас, сержант Боринды тағайындаймын, – деді. Бүкіл бір взвод болып, ысылған командирді

көруге айнала қарасып қалдық. Өзіміздің арамыздан күнге күйген күрең жүзді, шегір көзді жас жігіт тұра келді. Ығыспай, жасқанбай тез тұрды. Бірақ көзінде «жаңағы айтқан сыналған, ысылған командир дегеніңіз мен боламын ба?» деген сұрау да тұр еді. Полковник оған «отырыңыз»,– деді.

– Екінші бөлімшенің командирі етіп, асқан барлаушы, ескі шекараның ескі қызметкері, аға сержант Сарталиевті тағайындаймын, – деді полковник.

Мен бе, басқа біреу ме деп мен таңырқап қалдым. Сарталиев деген татар да, өзбек те болуы мүмкін. Оның үстіне, мен әлі аға сержант емеспін. Полковник аға сержант дегенді жаңылысқан адамша айтқан жоқ, сенімді айтты. Бірақ дивизиядағы барлық сержант пен аға сержантқа дейін біле беру қиын да нәрсе... Сондықтан мен тіпті ыңғайсыз халге түсіп қалмайын деп, орыннан жылжып отыру мен тұра берудің арасындағы бір дүдамал қозғалысты жасадым...

– Отыра беріңіз, жолдас аға сержант, отыра беріңіз, – деді полковник маған тура қарап. Аталған менің атым екеніне енді ғана көзім жетіп, орнымнан атып тұрдым.

– Ал, жолдас Ревякин, бұларға тым болмаса бір-бір комсомол ұйымдастырушысын бер, – деді полковник жалынғандай, жымия сөйлеп. – Бәрі де жас жігіттер, онсыз көңілсіз болар...

Ревякин комсомол ұйымдастырушыларының аттарын атады: маған Володя Толстов кез болды. Сол күнгі менің үлкен қуанышым да сол еді. Енді нағыз майданға аттанғалы тұрғанымызда, біріміз командир, біріміз комсомол ұйымдастырушысы болып, Володя екеуміздің бір бөлімге кез болғанымыз тағдырдың бұйрығы емес екенін білсем де, себебін түсіне алмай тұр ем, оны да полковниктің өзі ашып берді: екеуміздің кеудемізге де өз қолымен «Өжеттік үшін!» деген медаль қадады.

Әшейінде оңай айтыла беретін «өмірлік дос», «өмірлік жолдас» дегендер нағыз жан берісер сынға түсе бермейді. Ал, қатар тұрып алысқан екі жауынгер бірінің жанын бірі әр күнде он рет алып қалады десек, онымыз жалған да болмайды. Сондай қысылшаңды бір күн бірге өткізген екі жауынгер, жоғары антты айтыспаса да өмір мен өлім арасында сынасқан достар болады. Володя екеуміздің арамыз осындай еді. Оның үстіне, лейтенант Мирошник менің аз күн болса да сыр алысқан жігіттерімді өзіме берді. Семен Зонин деген ертегінің батырларындай емес пе! Бір өзін алып, бір батальонға қарсы ұмтылсақ, тайынармысың. Бәріміздің ішіміздегі нағыз әскер мінезді адам – Петр қандай! Ішкі бір сырдың күйіндей Сергей ше!

Күн бойы дүние жүзінде қорқыныш дегеннің бәрін ескі алмай жүрдім. Уілдеген-гүілдеген, гүрсілдеген деген немене ол? Не болғаны үн ғой! Солай емес пе? Жау қару-құралымен күшті болса, біз жеңіп шығатын сенімімізбен, ұлы идеямызбен күштіміз. Жаудың бірлігі – күште болса, біздің күшіміз – бірлікте!

Арнаулы бөлімдерге арнаулы қару-құрал беріп, лейтенант Мирошник бізді өзі шығарып салды. Кешке жақын майданның алдыңғы шебіне келіп тоқтадық. Биік белесті маңдайға ала, ұзын орманның өнбойын өрлей қазылған окоптардың алдыңғы жағына танкы ататын зеңбіректер орнапты. Құрыш маңдайды көздеп

ату үшін зеңбіректер ағаш жамылып, алға шығып алып, алдындағы биік белді аңдып отыр.

Енді ілгері басу үшін біз барлаушының іңір қараңғысын тосып отырмыз. Жүріс-тұрысымызды қанша өзгерткенмең күндіз жүре берсек, батысқа қарай беттеген бейсауат тоғыз адам жау көзіне де тез шалынады.

Ағаш жиегіне жасырына орнаған зеңбіректер баяғы таныс майорым Русаковтікі екен. Ол мана полковниктің қасында бір көрініп қалғанда біздің дивизиядан екенін біліп, талай кездесерміз-ау деген ой келіп еді, енді міне, кездесіп те қалдық.

– Амансыңдар ма, ескі достар! – деп, майор Петр Григорьевич Русаков ағаш арасынан кездесе кеткенде біз де қуанып қалдық. Өзі де қатты қуанып:

– Майданда екі рет кездесіп қалу деген немене, білемісіңдер? Ол көрге кіргенше достық деген сөз! – деді. Володя екеумізді ерекше құттықтап тұрып, менің жағама тағы бір қызыл үшбұрыш қосылғанын көріп:

– Қап, білмей қалғаным-ай! Болмаса, көпірде көрсеткеніңді айтып, полковникке арыз ететін едім, – деді қалжыңдап.

Сонысына қарағанда, менің алғашқы алған медалім мен аға сержант болғаныма майор Русаковтың қатынасы бар-ау деп ойладым.

Бізді көріп қалжың айтып тұрғанмен майордың іші қандай қайнап тұрғаны байқалады. Соғыстың алғашқы күндерінде талай командирдің шашын жұлып жылардай бір қиынға кездескені бар. Сол ауыр хал қазір майордың басында еді. Жаудың танкілі лектері, үстіне киген құрышы аз болғандай, бейбіт жұртты оқ қағар қылып алдына салып айдап келе жатыр. Мыңдаған бала-шаға, кемпір-шал артына бұрылса, желкесіне төніп тұрған көк найзаны көреді де, тағы ілгері аттайды. Дүниеде мұндай зұлымдыққа барған ешбір әскер болған емес. Сонша қару-құралмен, қиқулап құлақ тұндырған мақтанмен келе жатқан жау, бейбіт халықтың артына тығылады!

Халдың ауырлығы да осында. Майордың алысқа сілтейтін ауыр зеңбіректері кейін шегініп қарап тұр да, жауды маңдайдан атар зеңбіректерімен ғана күтеді.

– Тәңірі жарылғасын, аға сержант, – деді майор жалынғандай үнмен, – жігі ашылған жерін бір анықтап берші! Менің барлаушыларым зеңбірек жетер жердің бәрі бейбіт жұрт, неміс танкылары сол жұртпен аралас қозғалып келе жатыр дейді. Міне, екі күн бойы оқ шығара алмай отырмын! – деді, қатты назаланып.

Неміс зеңбіректері алыстан атқылап, боратып оқ төгіп жатыр. Біздегі «соғыс тәңірілері» бейбіт жұртты аяп, үн шығара алмай тұр. Біздің зеңбіректер жаудың қолын көпір үстінде, өткелдерде, жол бойларында тосып атуға болар еді. Өзге нәрсе тапшы болса да, зеңбірек оғы жеткілікті еді. Бірақ амал жоқ, найзалы жауды сен қамшымен күтіп отырғандайсың.

Көпір біткенді қиратып тастауға тағы болмайды. Әр көпір ең алдымен өз еліне пайдалы. Танкылы, машиналы жау қолдары алдын орап кетіп, әлі жете алмай келе жатқан әскер бөлімдері де бар. Жалпы дүрлігіс-дүрмек үстінде, жау қолы басып қалған жердің бейбіт халқы әлі шығысқа қарай жылжып барады, әлі сиреген жоқ. Үлкен күрең жолдармен жау лектері келе жатса, қақтықпай-

соқтықпай, сай-салалармен қатар жүріп келе жатқан біздің әскерлер де бар. Қысқасы, біздің зеңбіректердің алдында кедергі көп.

Мұның бәрі де майор Русаковтың айтқан күйзелісі еді. Сондықтан мен ол кісіден:

— Қысқасы, жау мен елдің жігін ашып бер деп бұйырасыз ғой, жолдас майор? — деп сұрадым.

— Аға сержант, сіз менің қарамағымда емессіз, мен қайдан бұйыра алайын... — деп, майор күліп қойды. Екеуміз бір ғана қарастық та түсініп қалып, қол алыстық.

— Ал, оң сапар болсын, тірі қайтыңдар! — деді майор.

— Жақсы, майор жолдас, тірі қайталық... Өлгісі келмейтін бір адам бар деп есітсеңіз, ол менің жауынгерлерім, — дедім.

— Сен мені күншығысқа қарай өткізбей көп бөгеп едің, мен сені батысқа қарай бөгемей өткізейін! Бар!.. Бұл жолғы медаль емес, орден алатын болып қайт! — деді майор, қолымды қатты қысып.

Мен үндемей ғана ішімнен уәде еттім... Майордың жүзінде уәде алмай тынбайтын қатты күйініш бар еді. Осындай адамдар бізге күйініш-қуаныш, достық-жолдастық, бірлік-теңдік деген нәрселермен ойнамауды үйретті. Өзім демей, біз деп, ерлік даңқ емес — егіз, білекте емес — жүректе деп үйретті.

Барлаушылар «таңы атып» іңір қараңғысы түсе, біз жүріп кеттік.

9

Жазғы түн өлі даланы күзетіп жалғыз қалғандай. Егін маңайында ән де жоқ. Бақша арасында күлкі де жоқ, иесіз қалған поселкелерде үн де жоқ. Қалың түскен шықта жосылып жататын із де жоқ. Әні мен сәнінен айрылып, жас жесірдей мұңайған жазғы түннің өзі ғана қалыпты.

Алыста қалған жолдармен әлі ағылып жатқан жұрт дыбысынан біз де құлақ үзбей келеміз. Бұл өңірдің тұрғын халқы түгел жол бойында. Дағдылы еңбек шарасынан шығып қалған күйініштi жұрт оңай ашуланысып қалып, оңай айғайласып қалып келеді.

Бұл түнде бізден асығыс келе жатқан адам болмаса керек. Бірақ тура жолмен жүре алмай, қайдағы қалыстарды іздеп, бұраң жүріп келеміз. Шығысқа қарай ағылған жұртқа қарсы жүру мүмкін емес. Бұл жұрттан ығыспай-ақ, қабырғаласып кете берер ең, ол жұрттың ішінде жаудың барлаушылары келе жатпағанына кім кепіл? Жауды аңқау көру — өз аңқаулығың болады. Осындай қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса, сол көптің бірі боп біз қандай оп-оңай араласып кете берер едік! Сол сияқты, сырт киімді өзгертіп киіп, жаудың барлаушылары да қаптап-ақ, араласып келе жатқан болу керек. Жолға жоламауымыздың себебі де осы.

Күдікті көрінген жерлерден жорға дуадақтай бұғып өтіп, жұрт келе жатқан жолдардан бұрылып кетіп, кей уақытымызды өлтіріп келеміз.

Иесіз қалған колхоз бақшалары төгіліп тұр. Пісіп қалған алма мен өрік топтоп етіп үзіліп түседі. Мейіз ағып барады. Ең аяғы күзетші иттердің де үргені естілмейді. Бидай бастары біріне-бірі асылып, иіле бастаған.

Аяңдап кеткенде алдымызда отыратын Семен Зонин, еңбектегенде ең арт-та қалады. Екі метр ұзын бойы оралымға да келе бермейді, арқасында мықты бір нардың жүгі және бар. Сондықтан ол даусыз бір нақылды әлсін-әлсін еске салып келе жатыр:

– Уақыт жағынан ұтылып келе жатырмыз-ау, жолдас аға сержант...– деп бастайды да сөз аяғын, – біздің ұтылыс, жау үшін ұтыс демейтін бе еді? – деп тындырады. Мұнысы еңбектеуді қойып, сау аяңдап кетейік дегені екенін түсіне қалып, Петр оған:

– Басқамыз тұрсақ, тұрайық... Бірақ, Семен, саған тұруға болмайды, көзге түсіп қаласың. Одан да, отырмай, еңбектей бер, – дейді.

– Түнде бұқсаң, күндіз қайтесің, жерге кіріп кетемісің? – деп, Семен де Петрді қаси сөйлеп, сөз аяғын оңтайсыз орап әкеліп, – қорыққаныңнан! – деп бітірді.

– Біздің уақыт түн ғой, Семен... Көзге түсіп қалсақ, арқаңдағы жүкті тым болмаса алға қарай бір лақтырып жібер... – дейді Петр.

– Саған қарай ма?

– Ие, маған қарай.

– Астында қалып жүрмейсің ғой?..

Күш жағынан онымен ешкім таласа алмай қалады. Семен кеңкілдеп күліп жібереді де:

– Ендеше келіңдер... Бәрің арқама мініңдер. Сонда тезірек жетеміз, – деп тұра берген түйедей шұбатылып, еңбектей жөнеледі.

Сол жағымызда теңіз жатқаны сезіледі. Өзі де көрінбейді. Толқын дыбысы да естілмейді, дымқос ауадан тұз исі келеді. Батыс жақта әр жерде жанған үлкен өрттердің мұнары қосылып, енді бір үлкен теңіз өртеніп жатқандай көрінеді. Кей жерлерді жау өртеп келеді, енді бір жерлерді жау қолына түсірмейін деп, тұрғын елдің өзі өртеп кетіп барады.

Біз бақылап келе жатқан үлкен жолдың үстінде әскер бөлімдерінің ауыр қозғалысы сирей бастады. Гүрс-гүрс басқан әскер адымы да естілмейді. Ағаш доңғалақтардың тықылы мен ағаш арбалардың сықыры ғана естіледі. Бұл әлі ағылып жатқан бейбіт жұрт пен әскер бөлімдерінің жүктері. Бір жерінде маңмаң басып кемпірдің өгіздері де кетіп бара жатқан шығар.

– Жұмыртқаламай, құр сылаңдап... – деп анда-санда тауығына ұрсып қойып, кемпірдің өзі де кетіп бара жаткан шығар...

Бұдан бірнеше күн бұрын жұрттың қозғалысында бір асығыстық бар еді, Қазір ол жоқ. Ұзыннан-ұзақ шұбатылған қалың көп баяу қозғалады. Жұрт әрі шаршаған, әрі қорқу дегенге бойы үйреніп алған сияқты. Ағаш арасында, саяларда ұйлығып ұйықтап жатқан топ-топ адамдар кездеседі. Үйінен шыққанда үйіп, тиеп алып шыққан нәрселері де енді жеңілденіп қалыпты.

– Анау көпірдің шуы! – деді сақ құлақ Петр.

– Келіп қалғанбыз ба?

– Келіп қалғанымыз.

Оң жағымызда, не базарда болатын, не көпір аузында болатын у-шу бар екен. Көбінесе, басым шығып жатқан адам даусы. Әйелдердің қарғыс айтқанда

шығатын ащы дауыстарына араласа, қысқа-қысқа зекіп қалған еркек даусы келеді.

Бұлтты қабағы тұнжырап, таң да біліне бастады, нысанаға алған көпірге біз де жетіппіз. Өзеннің арғы бетіндс оңтүстікке қарай созылып, үлкен деревня жатыр, бау-бақшалары солтүстікке қарай созылып, алыста қарауытып көрінген қалың орманға барып тіреліпті. Деревняда үн де жоқ, от та жоқ. Жалғыз ғана ұлыған иттің үні естіледі. Оған жауап берген ит және жоқ. Айналаны анықтау үшін жата қалып қарадық.

Шабуылмен келе жатқан неміс армиясын біз тосар жер осы өзен, осы көпір. Бізден кейін қару мен қару әңгімесі басталады. Жау танкылары иықтап келе жатқан бейбіт жұртты бөліп әкетер шекарамыз да осы.

– Немістер! – деді Петр жатқан бойы.

– Қайда? Қане?

– Жерді тыңда!

Жерге құлағымды тосып ем, дәл астымыздан ауыр қол өтіп бара жатқандай, жер дүңк-дүңк етеді екен. Тас жолмен келе жатқан танк лектерінің дүрсілгүрсілі басыңды көтерсең естілмейді де, құлағыңды жерге тоссаң айқын естіледі. Ауыр қолдың жат үні айқын танылып қалды Манадан алаңсыз келе жатсаң, енді бірінші рет айқас шегіне жетіп қалғанымыз бәрімізді бір уыс қылып, үркердей жинапты. Командир әмірін күтіп жолдастарым маған қарайды да, алғашқы бергелі тұрған әмірімнің аумағын анықтай алмай, мен тұрмын. Сасыңқырап қалып, тапсырмаларымды тым көп беріп, екі жауынгерімді көпір маңайын барлап қайтуға жібердім.

Көпірден бес шақырымдай жоғары, қызылды-жасылды оттар жарқылдасып қалды. Әр жерден аспанды сызып, ақ оттар, сары оттар жауап беріп жатыр.

– Ақылдасып жатыр... – деді Зонин, өзіне-өзі айтқан үнмен.

Алғашқы абыржудың әсері болу керек. Мен одан:

– Нені ақылдасады? – деп сұрадым...

Жау қолының алдыңғы лектеріне кездесіп қалғанымызда енді дау жоқ еді. Тоғыз жауынгерге лайық айқас жобасын жасап алу керек болды. Біз жау жарықтары көрінген тұсты қағазға түсіріп алып жатқанымызда, жол бойын қуалай атылған қызыл оттар беріректен басталып, шұбап әрман асып кетті. Зонин маған қайтарар жауабын енді ойлап тапқандай:

– Көпірден өтуге болмайды, «тоқтаңдар!» десіп жатыр, – деді.

– Мүмкін...

Көпір маңайын барлауға кеткен екі жауынгердің бірі Петр Ушаков бар жайды түгел байқап келді. Көпірге келіп тірелген жау қолы жоқ, сиреп қалған жаяу жұрт өтіп жатыр екен.

– Азған-тозған түрлеріне қарағанда осылар соңғы топтар болу керек, – деді.

– Қанша екен? – деп сұрады Володя.

Ұнатпаған сұрауға оқыс жауап беретін әдеті бойынша, Петр:

– Бір базар! – деп, бір-ақ қайырып тастады.

Жауынгерлерімнің көз қарастарындағы «ал, қайтеміз?» деген сұрау әлі жауапсыз тұр. Қазір қараңғыны жамылып барып, танкылы лекке көлденең барып

тисек бір-екеуін алып қаламыз. Қасқыр оқ тиген жерін бір қауып қалады, артына бұрылады. Ол екі арада бейбіт жұрт иықтап келе жатқан жаудың жігін де ашып алады. Зеңбіректердің жолы да ашылады...

Жолдастарыма осы ойымды айтып ем, Толстов бір-екі сұрау беріп барып мақұлдады да, қолма-қол құмартып жүрген Петр Ушаков:

– Дарынды қазақ халқының алдына басымды иемін! – деді. – Бір-бір байлам граната мен танк өртейтін шөлмен лақтыратын жерге жетсек көрерміз еңбектеніп! – деп, құтырынып кетті.

Үлкен-үлкен танкылар үйдей қарауытып, күркілдеп, зіркілдеп бергі қырға шығып қалды. Еңкейіп сығаласаң, жалғыз-жалғыз мүйізге ұсап, зеңбірек мойындары көрінеді. Әлде немене кедергі болып, енді ілгері аттамай, иіріліп тұр. Уақыт тез өтіп бара жатқандай, біз тым баптанып кеткендейміз.

– Костя, дүниеде сендей бақытты командир көргенім жоқ! Жоям дегенің көзін жұмып, жол үстінде иіріліп тұр! – деп, Петр Ушаков менің білегімнен қысып-қысып қояды.

Толстовтың ойланып мақұлдағаны, Петрдің тым қызып мақұлдағаны, жаңағы ұсынысымның бір балақ жері барлығын айтып тұрғандай еді. Қайта ойлансам, көпірді жауға аман қалдырып, азғантайға қызығып тұр екенмін.

– Жоқ! – дедім, жолдастарыма, – алғашқы ұсынысымды қайтып аламын. Екі жүз танкының екеуіне қызығып жүз тоқсан сегізін өткізіп жіберуге болмайды! Ұзағырақ өмірі бар, үлкенірек кедергі жасап көрейік. Кеттік, жардың астымен жүріп отырып көпірге келдік. Көпірдің астына дәрі қойып жіберіп, аспанға ату онша қиынға да соғатын емес екен. Зониннің арқасындағы жүгі мұндай екі көпірді жоқ қылуға жетеді. Жауды осы жерде бір бөгей алсақ, бүгін дегені ертеңге қалады. Бір айда он бес бүгін, он бес ертең бар. Бөгеуін келіссе, бір айда он бес күн ұтып шығасың! Ол он бес күнде біз күшейе түсеміз, жау әлсірсі түседі. Менің есебім осы еді. Жолдастарым бұл ойыма түгел қосылды.

Бұдан бірнеше күн бұрын мұндай көпірді қанымызбен, жанымызбен қорғайтын едік. Енді міне, қара көлеңкені жамылып кеп, аспанға атудың қамын істеп жатырмыз. Неғұрлым күл-талқаны шығып, аспанға қарай жоғары атсам дегендей, астына дәрі сыналап жатырмыз. Амал қайсы, екеуі де ел үшін!

– Өзі бір әдемі көпір екен. Онша бүлдірмесек қайтер? – дейді Семен қол диірменнің тасындай кесек дәріні көпірдің тесек темірлеріне байлап жатып.

– Үндеме, Семен! Немістер қолдарымен қайта жасап береді, әлі. Тағы біреуін әкел, – дейді Петр.

Темірі біздің Сталинградта жасалған шығар, танығандай болып тұрмын, – деп Семен дәріні нығарлай түседі.

– Болды! – деді Володя Толстов ақырын ғана.

– Қош бол, көпір! Құның Гитлердің мойнында! – деп, Монин тұра берді.

Үн жоқ, орнымыздан тұрып, кейін шегініп барып, түп-түп болып өскен тал мен тікеннің арасындағы шұқырларға бұқтық. Шақыр-шұқыр қозғалып, ілгері басқан танкылардың зіркілінен тас көпір қалш-қалш етеді. Ағаш жапырақтары безгек болғандай дір-дір етіп тұр.

— Жақсы көпір екен, ә? — деп, Семен манағы ойынан әлі арыла алмай, маған қарайды.

— От беретін мен болам! —деді Петр. Онысы Семенге берген жауаптай шықты.

— Ие, сен боласың!

Енді бір абайласам, жігіттер тас-түйін түнеріп алған екен. Айқас кезеңі өз әмірін айтып, жауынгерлер оқпен бірге өздері де атылатындай, жинақы тұр.

«Сарқыраманың ар жағында сылдыраманың бер жағында» деген сияқты өздері ғана анық ұғатын жұмбақ сөздермен радиошы Женко штабқа хабар беріп жатыр...

— Жау танкылары келіп қалды. Өзім дірілдеп барам деп айт! — дейді Петр, Женкоға қалжыңдап.

— Біздің танкылар болып жүрсе қайтеміз? — деді Володя.

— Біздің танкылар!...— деп, Петр көзін бір жарқ еткізді де, от беретін орнына кетті. Сергей Астаховты ұзын ақ қайыңның басына шығып, жау жағын бақылап тұруға жібердім де, радиошыны бір қыр кейін барып жатуға қайырдым. Екі пулеметшімді қабақта егін арасына қалдырғамын.

Танкылар көпірге жүз метрдей жақындап келіп тоқтады. Күркілдеп, қырылдап, ауыр дем алып, біздің ғасырдың алыптары алдымызда тұр. Жермен бірге дірілдеп, біз жатырмыз. Бір кезде алдыңғы танкы легінен бөлініп шығып, көпірге қарай беттеді. Ақырын жылжып кеп, темір табанымен көпірдің әрбір сүйем жерін байқап басып, бері қарай өтіп келеді. Мұның жау танкысы екенін анық білсек, сол арада жайратып, көпір үстін бөгеп тастауға да болар еді. Толстовтың әлгі бір сөзі ойға дүдамал салып, қашан ұйықтағанша қимыл жасамауға ұйғардым.

— Жақындап барып, танкінің белгілерін байқап кел! — деп, Толстовты жұмсадым. — Бірақ менің әмірімсіз ешбір қимыл болмасын! —дедім.

Көпірді байқауға шыққан танкы көпірден аман өтіп кетсе де, сыңар табанымен шырқ айналып, артына бұрылып, төбедегі қақпағын ашты. Қақпақтан шұбар жыланның басындай жарқырап, адам басы көрінді. Көпірден қорықпай өткеніне масаттанып, шұбар жылан артындағыларыма ірі дауыспен сөйлеп тұр.

— Алло! Алло! — деп айғайлайды. Арт жақтан да әлдене деп жауап беріліп жатыр. Басқа жағдайда бұлардың не сөйлескенін шала ұғынар немісше тіл менде де болатын еді, Қазір танкылардың гүрсілінен бір ауыз сөзін аңғара алмадым.

Петр, әрине, әмір күтіп, қалшылдап, ызаланып отыр. Бір топ талдың тасасынан Толстов та маған қарай қолын ербеңдетеді. «Сенің ақылыңның түстен кейін келетін бір әдеті бар» деп, Шегеннің мазақтайтыны да еске түседі. Көпірден аман өтіп кеткен танкыға қарай жылжығысы келгенін білдіріп, сол жағымда сұлап жатқан Семен де аяғымен ұсақ тастарды асықтай сыртылдатып маған қарай ысырып қояды. Жоқ, жолдастар, асықпаңдар! Бұл жолы құланның қасынуына, менің басуым да дәл келеді! Қазір, қазір, қазір...

Көпірден өткен танкы тағы да сыңар табанымен шыр айналып, оп-оңай бұрылды да, тас жолмен ілгері қарай жүріп кетті. Көпірдің қауіпсіздігін білген соң, артқы танкылар да іркілмей қозғалып, ұбақ-шұбақ көпірге таянып келеді.

Алдыңғы біреуі көпірдің ортасынан аса бергенде, екінші танкы да кеудесін көпірдің төсегіне салды.

– Тарт! – дедім Петрға...

Гүрс еткен қара бұйра жалын көпірдің темір төсегі мен тақтайларын жұлып алып, аспанға атып жіберді. Ұшқан тастар мен тақтайлар қайтадан құлап суға түскенше, не болғанын анықтай алғанымыз да жоқ. Жанар таудан атқандай қара түтін сейілгеннен кейін қарасақ, көпірден қалған бір белгі жоқ. Екі жартасқа ұсап, суға шоңқия құлаған екі танкы көрінеді. Суды күмп-күмп жұтып, лықсып-лықсып қалып, айналасын ойран-ботқа қылып, қор-қор етеді. Жарқ етіп, жағаға шапшыған су, сарылдап қайтадан өзенге құлап жатыр. Лықсып қап, кейін серпіген ауыр қара толқындар өзен бетін жайқай жүйткіп, тағы ілгері кетті. Құйрықтарымен құлаған танкыларды сүйкей өтіп, сылқ-сылқ күліп, әрі асып барады. Біріне-бірі соқтыға құлаған екі үлкен танкы суға шөккен қоспақ жартасқа ұсап, үнсіз қатып қалыпты. Ағысты өзен еш нәрсені көрмегендей бұрынғысындай жұлқына ағып, төмен сырғып барады.

Енді тез шегініп кету керек еді, жолдастарым тегіс оралмай жатыр. Владимир Толстов жоқ... Көпірден ұшқан тастар соның кеткен маңайына көбірек құлаған сияқты еді, жазым болды ма деп қауіптенем. Петр кесірткедей жорғалап, қасымнан шыға келді де:

– Володя қайда? – деді.

– Мен оны бірінші ерлік ісімен құттықтадым да, қаупімді айттым. Жоқ, Костя, бұл түгел бөлімнің еңбегі, – деді Петр.

Өзеннің арғы жағынан ондаған пулемет оқ себелей бастады. Еңкейе жүгіріп, біз де кейін шегіндік. Әлі айқын атпаған таң мен көпірден көтерілген түтінді шымылдық етіп, біз ұзап кеттік. Жау пулеметтері өзен бойын сүзе атқылап, көпірдің екі жағын жүндей түтіп жатыр. Бір сайға тұрақтай алмай, екінші бір жыраның табанына шыққан тал мен тікеннің түбіне келіп, біз де құлай-құлай кеттік.

Буалдыр таңды айқыш-ұйқыш есіп, қызылды-жасылды оттар жарқылдай бастады. Азырақ жаңбыр сіркірейді. Ракеталар жарығымен манағы көпірден өтіп кеткен жалғыз танкы да көрініп қалады. Қазір ол қираған көпірдің қасына қайта барып тұр. Көпір аузына сығылысып қалған көп танкы, бір-бірлеп кейін шегініп, жолды тастап, ағашқа қарай бет алып барады.

– Екі жүз бар шығар! – дейді Зонин иегімен танкыларды нұсқап.

– Қорықпай санасаң, бес жүзге жеткізерсің... – дейді Петр оған.

Таң атып қалды. Жау танкылары тез-тез жылжып, бақша арасына қарай кетіп барады. Әрине, күн бойы сол бақша мен ағаш арасынан шыға алмайды енді. Кешке дейін көпір іздеп, түнде ғана орындарынан қозғалады. Қай жерге бекінгендерін анықтап алған соң, бізге де қайтуға болады.

– Володя қайда жүр? – деп, жолдастарым кезек-кезек сұрап қояды. Өжет жастың жоқ болып кеткені бәрімізді дс қатты күйзелтіп отыр.

Петрді ағаш басында бақылауда отырған Сергейге жібердім. Танкылардың қай жерге қалай жасырынғанын шамасы келгенше анықтап, қағазға дәл түсіріп әкелсін дедім. Семенді қару-құралдармен осы орнымызды қорғауға қалдырып,

өзім Володяны іздеп, көпір маңайын бір шолып қайтуға кеттім. Дос, жолдас үшін қолымнан келері сол-ақ болып қалып еді.

Көпір маңайында бір танкы қалмапты. Өзен бетін шып-шып шымшып алып тұрған оқтар алыстан, бақша арасынан келіп жатыр. Володя бәрібір табылмады. Манағы жалғыз танкы кейін өте алмай, ашыққан жолбарыстай жортып, жем іздеп жүр. Бойтаса табу да оңай болмай қалған сияқты. Біресе пісіп тұрған егінді жапырып-жаншып, арғы ойға түсіп кетеді, біресе бері оралады.

Менің көңілсіз қайтқанымды көрді де, Семен еш нәрсе деп сұраған жоқ. Бір қырын отырған Семеннің сол жақ көзінен сорғалаған жалғыз тамшы жас үлкен бетінің сай-са- ласымен жылжып, иегіне қарай келе жатыр...

Жалғыз жүрген танкы екі рет біз жақтағы сайға дейін кимелеп келді де, кейін бұрылды.

— Қорқып жүр... — деді Зонин, — тұрақтай алмай жүргенін көремісің? Тоқтаса-ақ біздің келіп қалатынымызды біледі!

— Табаны екі елі тиіп кетсе, тапап тастайтын темір жөйттің бізден қорқып жүр дегені маған да ұнап кетті. Екеуміз бір-бір қарасып, жымиысып қойдық.

— Мұның өзін құрту керек, — дедім, — Мұның аман жүргеніне біз айыпты. Қашан қолға түскенше, бұл доңыз бүлік салып кетуі мүмкін.

— Несі бар құртса... — деп, Зонин тұруға оңтайлана бастады.

— Тоқтай тұр... Жиналайық.

Биік егіннің орта кезінде егін бастары қозғалып қойып тұр екен. Бұл не, біздің пулеметшілеріміз, не болмаса, Володя болуы мүмкін. Сергей отырған ағашқа Петр де өрмелеп барады. Жалғыз танкы тағы да көпірге барып тоқтады. Тағы да манағы шұбар жыланның басы көрініп айналаға қарап тұр. Семен мылтығын оңтайлай бастады.

Мен алыстан көретін дүрбіден көзімді алмай отырған бойым, оң жақ шынтағымды қозғап қалып:

— Отставить!— дедім.

Пулеметчиктер де оңайға қызығып кете ме деп қауіптеніп едім, барлаушылар әдетін олар да бұзған жоқ. Егін бастарын тез-тез қозғап, екі адам келе жатқаны айқындалды. Адам әлі көрінбегенмен егін бастарының қозғалысы екіге бөлініп, бізге қарай жақындап келеді.

Ағаш басынан мысықтай жылжып, сып етіп Сергей де түсе қалды, шұбар жыланның басы да зып беріп іініне кіріп кетті. Танкы бетін бұрып ала сала, манағы Сергей шыққан ақ қайыңды атқылай бастады. Екі пулеметтен түйдек ағытылған оқтар жолындағы шырпы бастарын қайшыдай қырқып, ақ қайыңға барып сонадай соғылып жатыр. Лезде ақ қайыңның бар жапырағын шегірткедей жалмап, сыпырып түсірді. Жаңа ғана жас әйелдей төгіліп, жайқалып тұрған сұлу ақ қайың, лезде жапырағынан айрылып, саусақ сүйектері сидиған кемпірдей болып қалды.

— Тапсырмаңыз орындалды,— деп, Сергей аман келіп жетті.

— Белгілеп ала алдың ба?

Сергей қарындашпен жасаған суретін көрсетті. Өзеннен бастап, сонау алма бақтары барып тірелетін қырқаға дейін түгел қағазға түсіріп алыпты. Қираған

көпір де, шөгіп жатқан екі танкы да бар. Қырқаның етегінен бері қарай, әр ағашты тасаланып тұрған топ-топ танкылар, әр жерде үйіріліп отырған адамдар суретке түгел түскен. Басқа бақылаушы әртүрлі белгі арқылы пайымдайтын нәрселерді Сережа суретке түсіріп алған.

Толстовтан біржола үміт үзіп өзгеміз кейін оралдық. Радиошы Женкаға жетіп, штабқа бар жайды баяндамақшымыз. Кейде егіндік жерлермен, кейде сай-саламен еңбектеп келе жатыр едік, жалғыз танкының бізді көріп қалғаны байқалды. Жолындағы шоқ-шоқ тал мен тікендерді қияқ азу қабандай қырқып, танкы бізге қарай зырғып келе жатыр. Бар екпінімен қатты жүріп, оқ төгіп келеді.

– Граната!.. Шелмен!.. Әзірлен! – деп, қысқа-қысқа бұйрық беріп, жауынгерлерімді жая жатқызып, танкыны тостым.

Танкымен алысатын жауынгердің ең мықты жауы – зәресі ұшып кету болады. Өзіңнен мың есе күшті бәлемен кездесіп қалғанда, есеппен істер ерлік керек. Ол үшін ең алдымен жүрегің орнында болсын. Темір қалпақтың астынан шашыңның үрпиіп қалғанын сезесің, бет-ауыз жыбыр-жыбыр етіп, қас-қабағың жыпылықтап кететін кездер болады. Оған тыйым салатын командирдің қаймықпай берген қатты әмірі болады. Бұғып отырып, сасқалақтап берген емес, танкыны құлағынан ұстап отырып бергендей, сенімді берілген әмір керек!

– Ушаков, алға шық! – Ушаков көп іркілмей ілгері еңбектеп кетті.

Бірақ біз паналаған шырпылы ойпатқа түсе қалуға танкының да тәуекелі жетпеді. Қабақтағы қалың егіннен кеудесін ғана көрсетіп тұрып, бізді атқылай берді.

– Астахов, сол жақ бүйірінен! – дедім. Бүктетіле еңбектеп, Сережа да жөнелді. Сережа ұзай алмады, жіңішке белі бұратылып, бір талдың түбіне сұлай кетті.

– Не болды, Сережа? – дедім көзімді танкыдан аудармай жатқан бойым.

– Арқам...– деді.

– Кейін жылжи аламысың?

– Жылжи алам...

Сережа жылжи алмады. Денесін қозғаймын деп, екі қолымен жер тірейді де, басын көтере алмай құлап түседі.

– Зонин Сережаны сүйреп, радиошыларға жеткіз! Біз келгенше жау танкыларының қайда тұрғанын хабарлай беріңдер! – дедім.

Бүгелектей ызыңдап, айналамызда оқ жүр. Сережаны сүйреп, қасымнан өте берген Семенға:

– Өзің жараланып қалуға болмайды! Штабқа мынаны жеткіз! – деп, манағы Сережа салған суретті бердім,

– Жараланбаймын, жолдас аға сержант! – деп, Семен бір гүр ете түсті де, ойға қарай жылжып кетті.

Қолындағы шөлмегі анда-санда күнге шағылысып қалып, Петр егін жиегіне жақындап барады. Ол мүлт кетсе, келесі кезек менікі еді. Петр Ушаков құмартып жүрген қолма-қолына бірінші рет кездескелі кетіп барады. Көп үндемейтін қабағы көп жадырамайтын, шаншып қатал қалжыңдасатын бір

мінез жігіт Петр әзір еркін жазыла алмай, назалы жүр еді. Қазір тез жылжып, танкыға тақалып қалды. Танкының сығырайған көзі көре алмайтын жақынға жетіп қалғандай, енді онша бұқпай, сырғып барады. Енді бір он адым жақындаса қолындағысын дәлдеп тастайтындай-ақ жер қалды.

Танкы өзінен-өзі жұлқынып қалғандай да болды, гүрс етіп шаң-топырақ та бұрқ ете қалды. Үстіне қара құрым жамыла қойғандай, танкы бір сәтке көзге көрінбей кетті, Аң-таң болғандай, Петр де басын көтеріп, тоқтап қалыпты. Петрдің байластырған гранаталарын лақтырмағанын мен де көріп отырмын. Сәйткенше болған жоқ, күнге шағылысып, жарқылдап келіп, жаралы танкының денесіне екі шөлмек сарт-сарт ұрылып қалды. Біреуі қақпақтың шетіне тиіп жарылды да, шұбар жыланның басы інге қайта кіріп кетті. Енді танкының ішітысы бірдей жана бастады. Ыржиып күліп, Володя Толстов тұра келді.

– Жаңа ғана түйіле төнген қауіп-қатер бір сәтте жоқ болды.

– Володя!..

– Өй, күшік!

– Өй, көкжал! – десіп, құшақтасып қалдық.

Пісіп тұрған егін гүр етіп тез жанып кетті. Жұлындай болып тік көтерілген танкының қарақошқыл жалынын егін сабағының ақ түтіні орап алып, желсіз тымықта жер бауырлай жылжып, жайылып барады. Жеңіл ақ түтін қарақошқыл түтіннің алдына түсіп, жетелеп әкетіп бара жатқан сияқты. Танкысының жайын көріп тұрған жау бізді тағы да оқтың астына алар ма екен деп, қауіптеніп едік, оны істеген жоқ, көрсетуге бата алмады. Енді еңкеймей-ақ, сау аяңдап, біз де тез кетіп қалдық. Әлде Володяны көргенде жарыла қуанған Петр енді қарасам ол күйден арыла қалған екен.

– Көпір астына құлаған екі танкыны Петрдің танкылары дейміз де, мынаны Володяның танкысы дейміз... Пісіп-қатқан ысылған жауынгер болып, батысқа бет алғанда, сөз жоқ, осы танкылардың қасынан өтеміз, – дедім.

– «Кемпірдің өткелі» деген сияқты ма? – деп, Петр езу тартып келе жатты да, кенет өзгеріп кетіп:

– Жоқ, Костя, Володяның танкысы деген дұрыс. Петр танкысы деген танкы әлі қолға түскен жоқ. Көпірден екеуді «біздің танкы» деп атаймыз! – деді.

Біздікі дегеннен еске түсіп кетіп, ойлана қалсам, аз күннің ішінде-ақ әр жерге қалдырған белгілеріміз едәуір екен. Екі самолет, екі көпір, үш танкы, батысқа оралар кезде кездесуі де мүмкін. Соғыс қазір қалай қарай кетіп бара жатса да түбінде Берлин көшесінде барып аяқталатынын біздің ішімізде білмейтін бір адам жоқ. Жауынгер қазір қалай қарап кетіп бара жатса да әрбір адым аттаған сайын Берлинге жақындай түседі. Әр сағат соғыс өмірін қысқарта береді. Сол сапар қысқарып, сол сағаттар таусылып Берлинге жеткенімізше, талай белде талай белгілер қалатыны да даусыз. Отанымыздың жас ұландары, сол алғашқы ауыр күндерді де осы сеніммен кешті.

Аузымыз кеуіп, тіліміз аузымызға сыймай бара жатқанын айқас біткен соң сезе бастадық. Соғыс өмірінде бұ да бір қызық жай. Манағы әлекпен кешке дейін сарпалдаңда жүрсек ас-су деген ешкімнің ойына кірмес еді, енді міне, жұмыстан босап едік қаталап барамыз... Радиошы Женко алма бағының жиегіне

орнаған екен. Сергейді сүйреп, Зонин де келіпті. Бәріміздің әкеміз сияқтанып, қамқорлық жасай жүретін ақкөңіл Семен көлеңкеге алма мен тамақты жайып, әзір отыр екен. Алманы шайнай тұрып, Женкоға штабқа берілетін тығыз хабарды айтты. Шамам келгенше Сергей салған суретті дәл баяндадым.

Сергейді сұр палаткаға салып алып қозғала бергенімізде-ақ төбеміздің ысқырып өтіп бара жатқан ауыр зеңбірек оқтарының үнін таныдық. Артта қалған өзен жаққа барып гүмп етіп түсіп, гүрс етіп жарылғаны да естіле бастады. Ауыр снарядтар кейде ауаны иіріп ысқырып өтеді де, кейде қару қамыстың сылдырындай естіледі. Күйініп тұрған Русаковтың зеңбіректері құйындай соғып, боратып кетті. Ішін тартып, аспан күркірегендей, бұлт күңгірлегендей болады. Бізге штабқа қайт деген бұйрық берілмегенде, манағы орнымызда жатып бақыласақ, көп нәрсені көретінбіз. Әрбір гүрс еткен снаряд бір-бір танкыны ұшырып жіберіп жатқандай, жауынгер жүрегі ән салып келеді. Арт жағымызға бұрыла беріп, қарайлай беріп келеміз.

Түс ауа майданның алдыңғы шебіндегі майор Русаковтың зеңбіректеріне келсек, біздің политрук Ревякин де сонда екен. Барған жұмысыңды тындырып қайтқанда, аяғыңды сарт еткізіп, оң қолыңды шекеңе қадап тұрып баяндағың келеді. Бірақ Русаков пен Ревякин оған жібермей, бірден қолдарын соза, құшақтарын ашып:

– Тірімісіңдер, түгелмісіңдер, кекшілдер! – деп, бәріміздің қолымызды ала бастады. Русаков арқамнан құшақтай өзінің жаппасына алып түсе бере:

– Ал, қалай? – дегенде, мен жауап таба алмай қалып:

– Сізге де батыс жақтың жолы ашылды... – дей салдым. Әскерлік тәртіппен жарты сағат баяндармын деп әзірлеп алған сөздерім, жай әңгіме ретінде айтылар түрін таба алмай, көмейіме келіп кептеліп қалған сияқтанады.

– Денсаулықтарың үшін бокалды кешке көтерерміз, әзірше тамақтана тұрыңдар, –деді Русаков.

Мен Ревякиннің алдына жау танкыларының қайда тоқтағанын түсіріп алған Сережаның қағазын жайдым. Ревякин күлімдеген көздерімен суретті бір шолып өтті де, өз сумкасынан тап сондай етіп сызған қағазды суырып алып, менің алдыма жайып:

– Бәрі де дұрыс па? – деді.

– Бұл қалай дәл шыққан? – дедім таңданып. Мен Ревякин өзі де сол жерде болып түсіріп алған ба деп қалып едім.

– Неге дәл шықпасын? Дәл берілсе, дәл шығады, ардақтым аға сержант. Бұл сіздің еңбек! – деп, Ревякин менің қолымды тағы бір қысып:

– Бірақ сіздің сурет көркемірек екен, – деді.

– Сергей Астахов әрі землемер, әрі суретші боламын деп жүрген жауынгер. Бұл соның еңбегі, – дедім.

Алыстан ататын зеңбіректер үн үстіне үн қосып, мен майданға келгелі бірінші рет үдетіп оқ төгіп тұр. Енді оған жақындаған сайын ұлғая түскен аспан гүжілі қосылды. Мен құлағымды тысқа сала қойып ем, Ревякин далаға беттей беріп, мені де шақырды.

Дәл үстіміздің танкының ең үлкен жаулары өтіп барады екен. Бомбаларын қаз-қатар қылып бауырына тізіп алып, үлкен самолеттер, одан жоғары қараша қаздай қиғаштай тізіліп, күмістей жарқыраған көк қырғилар өтіп барады. Төмен ұшқан ауыр самолеттердің екпінімен ағаш басы су-су етіп, биік ақ теректердің жоғарғы жапырақтары үйіріліп-үйіріліп қояды.

Майданға келгелі мен мұны да бірінші рет көріп тұрмын.

– Шыдай тұр, ұшқанды әлі кейін көресің! – деді Ревякин...

10

Немістер ожар қимылдап, ілгері басып келе жатқанмен артына қарайлауы да аз емес еді. Бүйрекке қадалған тас кірнедей Севастополь қаласы алдырмастан қалып барады. Әлі жағаласып, қақпасына жақындатпай Одесса тұр. Украина, белорус халықтары әрбір орманын алдырмас қамалға айналдырып алып, алысып жатыр. Елдің ерлік тарихына кіріп қалатын оқыс қимылдар Донбасс жұмыскерлерінен де күн сайын келіп жатыр. Алтынмен аптап, күміспен күптеген күнбатыс елдерінің бекіністерін кілтсіз-ақ ашып үйренген күшті қол біздің жердің әр тасына бір сүрініп кетіп ыза мен кекке булығып келеді. Дүниелік деп аталған батыс астаналарының қақпасы сарт-сұрт ашылғанда, Одесса мен Севастопольдікі көшілмейтін мазақ сияқтанып жау кегі қазандай қайнап келе жатқаны даусыз.

Жау қолының әлі түйдек келе жатқанына қарағанда, біздің елді «қырық ру» санап, темір жұдырықпен бір қойғанда-ақ ыдырай бастайды деп ойлағаны байқалады. Танкі тұмсығымен әр қақпаны бір түртіп қалып оп-оңай төрге шығып алып, содан кейін тіл қатпақшы. Болат жамылып келіп соққан жаудың алғашқы екпіні өрт шалғандай екені де рас. Қызыләскер қатты шегінді, бірақ әскерімен бірге ел де шегінді. Құрал тастап, тізе бүккен жоқ, жеңіс үшін жинауға шегінді. Жабулы қабақ, жабырқау күндер ел жігерін қажытқан жоқ, қайрай түсті. Ұлы Отан соғысының сонау бір қаралы күндерінде де сенім оты әлсіреген жоқ, әр кеудені кек кернеп, сәтті сағатты күтуде едік. Біздің дивизия алғаш соғысқа кіргенде жаулыңгерлердің халі осындай еді.

Бұрын екі-үш күнде өтіп жүре беретін бір өлкеден төрт жеті ішінде өте алмай қойғанына фашист қолбасылары қатты күйініпті. Сиыр мен шошқа түгіл, үйрек пен тауықты автоматпен атады. Пісіп тұрған алманы үзіп алып жемейді, ағашын кесіп құлатып алып жейді. Бейіт басындағы ескерткіш тастарды атады. Бір адым ілгері, бір адым кейін басып, табан тірескенімізге міне, бір ай болды. Окоп пен жаппаларымыз кезек ауысып тұрады. Кеше немістер отырған окоптарда бүгін біздің әскерлер отыр.

Қазір мен ерекше бір баппен жасалған неміс жаппасында отырмын. Төбесін қатар-қатар айқыш-ұйқыш етіп тоғыз қабат бөренемен жауыпты. Бүктеліп, жиналатын керме төсекке топырақ түспесін деп, төбеге әлдеқай музейден алып кеткен жұқа жібек кілем керіп тастапты.. Түнде ғана бұл жаппада немістің үлкен бір командирі отырған болу керек. Октябрь революциясының мейрамына арналған жорығымызда күн шыға бергенде біз басып қалдық. Қазір мұнда,

қасында бес жауынгері бар, «Қайрақты» колхозының қазағы Қайрош Сарталиев қырынайын деп отыр. Азамат десең де болады, Костя десең де болады, аға сержант десең де болады.

Жаппаның бұрынғы иесі елеулі адам болған сияқты. Күміс жақтаулы әдемі айна, сүйек сапты ұстара, жымың қағып, жарқырап тұрған қырыну саймандары, үлкен ақ бокал толы суынып қалған су, бәрі стол үстінде, құрулы күйінде қалыпты. Кешке мейрамға арналған жиналыс болатыны белгілі еді, жігіттер қырынып алуға көңілдері кетті. Ескі мамандығым есіме түсе қалып, ұстараның жүзін шашыма салып байқасам, қылпылдап тұр екен. Борсық қылынан жасалған жұп-жұмсақ сабындағышты бетіме сүйкегенде иесінің қандай өкініп отырғаны да көз алдыма келді. Қандай рахат сағатын үзіп жібердік екен!..

Жаппаның иесі жан-саяның әр түрін де жақсы көру керек. Бұл соғыс командирінің жаппасы емес, бір бай үйдің бөлмесі сияқты. Соғыста керексіз талай нәрселер бар. Қабырғада толып жатқан суреттер тұр да, стол үстінде қалтаға сыйып кетерлік алтындатқан альбом жатыр. Сүзетін адамдай, қабағының астымен қараған біреудің суреті менен көзін алмайды. Көзінде бір сиқыр бар, әмірші нышанасы бар деп ойлайтын болу керек, кірпігін қақпайтын жыланның көзіндей, тесіле қарайды. Кездесіп қалсақ, танымай өтіп жүрмейін деп, бетаузына дәлдеп бір қарап алдым да, босағаға қарай лақтырып жібердім. Сурет босағаға сыртымен барып түсті.

– Жерге басымен түсті ме, кеудесімен түсті ме? – деп, Петр мен Семен бәс тігісіп жатыр.

– Әрине, басымен түсіпті. Қырынатын кезек менікі болды! – деп, Петр қырынуға отырып жатыр.

Осы сияқты бір ауруы бар патшаның жайын бұрын да естігенім бар еді. Ол патша, «мен дәлдеп қарасам, адамның қан тамырын тоқтатып тастаймын» деп, нөкерлеріне қарайды екен. Жағынымпаз сорлылардың қан тамырлары тоқтай қалуы қиын болсын ба, надан патша сол сеніммен дүниеден өтіпті. Бірақ ішкі-сыртқы елдерге онша айбынды бола алмапты. Мынау да сол жарамсақ жәдігөйлердің ықтай беруіне сеніп, өзін-өзі әмір иесі санайтын адамның түрі. Жау окоптарында бұл суретке мен әлденеше рет кездестім. Әртүрлі сипатта, әртүрлі қыр көрсетіп түскенмен Берлин көшесінде кездесе қалсақ, Гитлер қайсы, басқасы қайсы, жаңылмаспын деп ойлаймын. Ол күнге жетсек біздің жауынгерлердің ішінен жаңылыса қоятыны сирек-ақ кездесер. Әрбір күн өткен сайын соғыс өмірінің тағы бір күні қысқарғанын есептеп жүрген жауынгерлер ол кездесудің жақындай беретінін де біліп, осы күннен әзірленіп жүр.

Өзім қырынып болған соң, баяғы мамандығым бойынша, Зониннің сақалын ала бастадым. Оның бақандай саусақтары ауыр нәрсе болмаса, ұстара, ине-жіп дегендерге олақтау жұғысатын еді.

– Өзі бір әйел халқын жақсы көретін адам екен... Ілмеген жері жоқ! Неміс қатындарының көрмесі болады деп естіді ме екен? – деп, Зонин қалжыңға қарай тартып отыр.

Бірде-біріне дені дұрыс көйлек тігуге кездеме табылмағандай өңкей жалаңаш әйелдер төсектің айналасын түгел қоршап алыпты. Бірі алға қарай

санын тосып, бірі кеудесін тосып, енді бірі сілесі қатып мауыққан мысықтай, сұлаған күйде түсіпті.

Петр немістен қалған жаппаның төрт бұрышын түгел ақтарып шықты. Үлкен бір былғары шамадан толған қара түлкі, қаракөл, құндыз екен. Кішкене темір сандықта толып жатқан алтын сағат, алтын сырға, алтын қаптырмалар бар.

– Мырзаңыз талай магазинге өз аяғымен барып, өз қолын малып шыққан екен. Көресіңдер ме, ылғи бір таңдап алынған нәрселер ғой! – дейді Петр.

– Мына тұрған жалаңаштарды киіндіру керек те!

– Ашып көрсеткен дене жабуды тілеп тұрған жоқ па! – деп, Зонин күтпеген жерден ащы бір сықақ тауып айтты.

Бұл нәрселердің біздің қолға түсіп қалуына Феликс Цельтер дейтін солдат айыпты еді...Таң ата біз осы жаппаның оң бүйіріне шығып алып тиістік. Қарсы алдынан кенет көтерілген «ураға» қосыла, жаппаның айналасына граната жаудырдық. Мырза сол кезде шегініп кетіпті де, сорайған солдат Цельтер құтыла алмай қалып қолын көтереді.

– Бұл ит жалаңаяқ қашқан ба? – дейді Петр, әлдеқайдан құс жүнімен астарлап тіккен қысқы етікті суырып алып.

– Қашуға қалса, суық тиер деп қорқуға шама келе ме? – деп, радиошы Женко етікті айналдырып қарап тұр.

– Осынша жанын күткен командирлер біздің қыста босқа қырылып қала ма деп қорқам... Қолы тисе күн жылы, жер қарада өліп үлгіргендері ақыл ғой, – деп, Зонин да қосылып қояды.

Бүгін біз бәріміз де көңілдіміз. Талай шайқасып, шабуыл адымын аштырмағанымызбен өндіріп шегіндіре алған да жоқ едік. Мейрамға арнаған жорығымыз ойға алған нысанадан әрірек барып түсті. Күнде бұл кезде немістердің қайта қаршылдасуы болатын еді, оған да мойын бұрғызбадық. Немістердің жаны жақтырмайтын нәрсе, түн ішіндегі қолма-қол. Орыс найзасы дегенді қаны сүймейтіні сонша, «ура» тым жақындап қалса, неміс солдаты окобынан оңай атып шығады. Бұл окопта қолма-қол келіп қалғанша, кейінгі окопқа барып алыстан атысқанды тәуір көреді.

Сондықтан, қолма-қолға бір келіп қалсақ, Семен Зониндар оны қолдан шығармауға тырысады. Ал, Семен туралы «тырысады» делінген сөз басқалар туралы қырып салды дегенмен бірдей.

Қазір Семеннің сақалын мен қырып жатырмын. Оның сақалын алуға таласып та қалатынымыз бар. Мынау үйе салған үлкен денеге соқтығып жүріп, мынау көси салған ұзын аяқтардан айналып өтіп, құйған шойындай кең иықтарына асылыңқырап тұрып, өзін әурелей жүріп, сақалын алып беруге бәріміз де қызығамыз. Мынау жалпақ иықтарымен Семен нардың жүгін көтеріп әкетеді. Мынау бақандай қолдар Сталинградта трактор жасаған қолдар. Қазір қолма-қолға бір кіріп алса, окоптың түбінде жатқан адамды түйреп алып лақтырып жібереді. Семен араласып шыққан окоптың айналасы үйілген дене, жосыған қан болып қалады. Даусы бір гүр етіп қалса, окопта кездескен жау солдатының

қару қыларға шамасы қалмайды. Үп-ұзын неміс солдаттары Семен түйреп алып лақтырғанда тақтайдай ғана салмағы бар жеңіл сезіледі.

Бүгін таң ата Семен бір окоптағы жеті адамды жалғыз жайпап шықты. Мылтығының найзасы майысып қалыпты. Қазір маған бір жеріммен соқтығып қалам ба деп, шамасы келгенше қысылып-қымтырылып отыр. Ол денесін жинаған сайын бұлшық еттері иіріліп, бүктетіліп, киімін кернеп барады. Байқаусызда біреуге соқтығып қалам ба деп имене жүру оның әдетіне кіріп кетіпті.

— Жетер, жолдас аға сержант, жетер, — дейді Зонин. — Бәрібір бұқаның басынан үлкен басты әдемілегенмен еш нәрсе шықпайды. Қайта, сақал жауып тұратын олпы-солпысы сорайып шыға келеді...

— Жоқ, Семен, бұл басқа кінә қоюға болмайды. Нағыз, бір көрген жауыңның өмір бойы есінен кетпейтін бас деп осыны айтады, — деймін.

— Нім... Онда мұрт қойып алсам қайтеді? — дейді Семен.

— Мұрт?

— Сонда маңайыма жолауға сайтанның өзі де қорқар еді!

— Жоқ, Семен, мұрт қоймай-ақ қой. Мұрт қойсаң, сен бізден анағұрлым үлкен болып көрінетін боласың. Соғыс қаншаға созылса да үйге қайтқанда баяғы жас комсомол күйімізбен қайтайық. Туған-туысқандар да, шешең де, құрбы-құрдастар да, ойнап-күлген қыздарымыз да бізді сол жас қалпымызбен күтеді. Солай емес пе?

— Жарайды ендеше, қыра бер...

— Семен, сенің сүйген қызың бар ма еді? — дейді Петр.

— Менің бе? Болды әрине... Қазір де сүйем бір қызды.

— Таныстырсаңшы қызыңмен!

— Таныстырсаңшы? Қалай таныстырам?

— Кәдуілгідей... Қандай қыз еді, қалай сүйетін едің... Айт соның бәрін...

Бет-аузына иесіз қалған хош иісті аямай бүркіп жатып, мен де өтіндім.

— Айтсам айтайын... Бірақ басқаларыңдікіндей қызықты болып шыққан жоқ, — деп бастады Семен. — Әрине, мен шынашағымдай кішкене қызға ғашық болдым.

— Әринең неменеге керек болды?..

— Әринем бе? Оның керегі болғаны, үлкен қызды мен қайтем? Өз бойымда да бір-екі адамға жететін артығым бар, мен кішкене ғана қызға құмарттым. Одан соң, кімге қызыққаныңды өзің білмей де қалады екенсің... Кейде бір құдай қарғаған жексұрындардың үріп ауызға салғандай әдемі әйелдері болады. Кейде бір өте жақсы адамдардың қасында құрысқан терідей бір бәле жүреді. Соның бәрі де алғашында білмей қалғандықтан болатын сияқты, — деп, Семен айнала қарап қойды.

— Ие, содан соң?

Содан соң ба?.. Трактор жайында бір кітап іздеп, қалалық кітапханаға кірсем, алтын шашты, қуыршақтай ғана бір қыз тұр екен... Содан басталды да кетті... Керек пе, керек емес пе, кітап сұрап күнде баратын болдым. Қыз да бәле, менің бойыма қарап, көп кітап оқымағанымды біледі-ау деймін:

— Мына бір кітап өте жақсы...— деп, бір-екі кітапты қоса беретін болды.

Үйге әкеліп қарасам, «Бірінші Петр», «Степан Разин», «Тыныҗ Дон» болып шығады. Бір күні бір жерінен сұрап қалып жүре ме деп, қыз берген кітапты түгел оқып тастаймын. Күндізім түгіл, түнім жетпеуге айналды... Ұзамай Тамара, Татьяна, Земфира, Мәри дейтін қыздарды құшақтатып жіберетін болды. Оқып-оқып отырам да, кітапханадағы қыздың өзі де солардың бірі ғой деп ойлаймын. Күн санап сол қыздарға өзі де ұқсай түседі, күн санап құлпыра түседі... Заводта шаршау дегенді ұмытып кеттім, жұмыстан шыға салам да, Тамараны апарып беріп, Земфираны сұраймын. Земфираны апарып берем де Татьянаны сұраймын... Құдай соққан қу қыз түсінеді де жымияды, жымияды да сұраған кітабымды алып береді...

— Аты кім еді? — деп сұрады Петр.

— Аты ма?.. Нина еді... Жымиып тұрғанын маған кітап әперейін деп артына бұрылғанда, сыртынан да танитын болдым.

Арқасы күліп тұратын болды ғой?.:

— Арқасы? Жоқ... Былай бір, қырық құбылтып әкеліп, желкесіне бос тастай салатын бір шаш болады ғой... Сол шашы жымиып тұрғандай болады.

— Сіз осы, ғашықтар жайындағы кітаптарды көбірек сұрап кеттіңіз, біреуге ғашық болып қалған жоқсыз ба? — деді бір күні. — Біліп жүр, біліп жүріп сұрайды, оған не амал қыларсың...

— Иә, оған қылар амал жоқ...— деп, Петр тағы бір шалып қалады.

— Оның рас,— дейді Семен.— Оған қылар амал жоқ екен. Маған бір жері қатты ұнап еді, соны тағы бір оқып шығайын деп едім дедім...

— Ол қай жері?— деді Нина.

— Қырық екінші беті...— деп, өмірімде бірінші рет өтірік айттым. Аппақ жұмыр саусақтары жымың-жымың етіп, мен айтқан қырық екінші бетті ашты да:

— Ие, аттың суретін әдемі келтірген екен, — деді Нина. Арқамнан суық тер бұрқ ете түскенін сездім... Бұған не айтарсың?

— Иә, бұған да ешнәрсе айта алмайсың...

— Бір күні Нина орнында жоқ болып шықты. Кітапхана қаңырап бос қалғандай көрініп кетті.

— Иесіз қалған окоптай де...

— Ие, иесіз қалған окоптай... Паровоздай жүйткіп жүріп, қаланы түгел кезіп шықтым. Бақшаны да екі рет сүзіп шықтым. Екі жердегі театрдан шыққан жұртты да көзімнен өткіздім. Еділ жағасына да бардым. Еш жерде жоқ... Түн ортасында таптым-ау әйтеуір...

— Қайда екен?

Өзіміздің клубта билеп жүр екен.

— Кіммен?

— Кіммен?.. Кіммен болушы еді, өзіндей бір қызбен! Жігіттердің бірімен билеп жүрсе, мен ол жігітті тұтіп тастайтын едім. Құдай сақтап, қызбен билеп жүр екен... Қарап қатыппын да қаппын... Қыз емес, бір жібек... Көбелектей дөңгеленеді. Кішкене аяқтары көзіме түсіп кеткенде, ұрланып қана өз аяғыма

да қарап қоям... Жоқ, мен бір пілмен билеп үйренбесем, Нинамен билеуге орайым келер емес. Ойым сонша дөңгелегісі келеді де, екі аяғым қозғалар емес.

Әңгімесінің осы арасына келгенде, сол бір сурет көз алдына келгендей, Семен күрсініп қалды да, Петр біржола иығына асылып алыпты. Жолдасың сондай бір әңгімесін айтқанда, қасындағылары әңгіменің ойдағыдай аяқталуын күтіп, ынтығып отырады. Жолдасының мұратқа жетуін тілейді. Әсіресе, майданда жолдасыңның қуаныш-мұңы саған да ортақ болып кетеді. Өзіңе тілер жақсылықты жолдасыңа да тілейсің.

Семеннің әңгімесі өз мұңыммен астарласып бара жатқан соң, тым болмаса бұл мұратына жеткен шығар деп

– Қазір Нина қайда? – деп сұрадым.

– Нина ма? – деді де, Семен үндемей қалды. Көздерін мұң басып, түсі де жүдей қалды.

Семеннің күрсініп қалғанын көрген соң, бұл жайды сұрамауым керек екен. Бәріміздің де үйде қалған әртүрлі армандарымыз бар. Кәрі шешелеріміз қалды, ойлаған ойларымыз, оқуларымыз аяқталмай қалды, сүйген қыздарымыз қалды. Соғыстан бұрын сағынам дейтіндердің енді сені өртеп кетердей кездері болады. Айлар, күндер қауіп-қатерде жүріп, ол мұңдарыңды еске алуға да уақытың болмайды. Осындай бір қол босағанда еске алсаң, күн сайын күшейе түскенін байқайсың. Күрсінесің де сергисің. Үндемей жүретін Семеннің жайы да осы екен:

– Демалыс алып, Одессада тұратын апасына кетіп еді, қазір кім білсін...– деді.

Семен қолын бір сілтеді де тұрып кетті... Не болғанына біз де түсіндік. Мүмкін мыңдаған босқындардың ішінде арып-талып, әлсіз қозғалып, Семеннің алтын шаш Нинасы да жүрген шығар. Әлі жаудан алысырақ тұрған Сталинградқа жетем деп, жәрдемсіз жалғыз қыз әлі қалтаңтап кетіп бара жатқан да шығар... Алтын шаштарын шаң басқан, ойнақы көздерін мұң басқан жалаң аяқ қыздарды біз де көп көрдік. Қара көз де, көк көз де, қара шашы да, сары шашы да бар еді соның ішінде.

– Нина табылады... Табамыз! – дедім, неге сенгенімді өзім де абайламай.

– Уәде етемісің? – дегендей, Семен маған қарап қадалып қалыпты.

– Әрине, табылады. Біз таппағанда кім табады оны! Тек аты-жөнін дұрыстап жазып алайық! – деп, жолдастарым Нинаның аты-жөнін, бар белгісін жазып алып жатыр. Семен сияқты атақты адамның әйелі жоғалып кету деген ойға сыя алмай, бәріміз де шын іздеуге кіріскендейміз. Ең болмағанда, немістердің қолына түсуден аман деген хабарын алсақ та, Семеннің көңілі бір тынып қалатын сияқтанады. Әуелі ойын-күлкімен басталған сәтті күніміз, осындай бір күрсініске ұрынды да, қалжыңымыз тоқтап қалды.

Штабқа кеткен Владимир Толстов қайтып келді. Оның бүгін күн бойы айта алмай, жасырып әуреленетін бір сыры да бар. Қашан Ревякин келіп жариялағанша, өзі ұрлықтан ұсталғандай қысылады да жүреді. Оның сыры бәрімізге де мәлім. Володяның анау күнгі танкыны қалай жойғаны күнбе-күнгі соғыс хабарларымен бірге орталық газеттерге басылып шығыпты. Володя қазір

сол газетті алып келіп отыр. Бізге келген хаттарды қолды-қолға тапсырды да, газет туралы еш нәрсе айтқан жоқ.

– Володя, қырынбаймысың? – дейді Петр. Володя иегін сипап:

– Жоқ, Петя... Мен тамақ әзірлесем қайтеді? – дейді.

– Немене, су әкеліп шай қоямысың, ет асамысың?

– Әкелсем, әкелейін...

Петр қатал қалжыңдасатын жігіт. Володяны қысып отырып, енді кішкенеден кейін бар сырын өзіне айтқызады. Мен Володяның қыздай қызарып, қысылғанын көрмейін деп, Айдаштан келген хатты оқуға кірістім.

Айдаш Ленинградтың белуардан су окоптарында жатқалы айға жақындаған. Маған ағалық қамқорлығын істеп, әр кезде сүйемел боларлық хат жазуға тырысады. Сондықтан кейбір сөздері тым жоғары алынып кететіні де бар. Айдаш оңтүстік жақта да алтын күз жапырағын төгіп, енді суық түскенін ескермесе керек. Әнеугі бір хатында жатқан окобыма сақырауқұлақ шығып кетті, бір жерден табан аударма й қанша жатқанымызды содан білерсің деп жазып еді. Ленинградты қорғауда қалғандардың табан тіреген ерліктерінен біздің де хабарымыз бар. Бірақ, ай бойы окоп ауыстырмай жатырмын дегені артығырақ кеткен... Бұл жолғы хатында тізеден келген мұзды суға үйреніп алдық. Астың мұз, үстіңнен ақ жаңбыр арылмайды деп жазады. Танкымен алысқан бірнеше уақиғаларды да жеңіл ғана, оңай істей суреттейді.

«Сенің бірінші жауың – үрей» деп жазыпты... Соған қарағанда, батырдың өзі де қорқу дегеннен әлі арылмаған сияқты. Жауынгер қорқу деген сезіммен күнде кездеседі. Өле кету ерлік емес, өзің өлмей, жауыңды өлтіру – ерлік болат та. Айдаш бұл жағын аттаңқырап кетіп әйтеуір маған қорықпа дегенді айтады.

Айдаш өзі жақсы соғысып жүрген сияқты. Хаттың ортасына ғана жапсырып жіберген суретіне қарасам, сирек мұрты едірейіп, қабағын түйіп түсіпті. Екі медаль, бір ордені бар. Өзің көрерсің дегендей бұл жағынан бір ауыз сөз жазбаған...

Ойым хат сөздерінен Володяға, одан қайта Айдашқа көшеді. Біреуі азырақ мақтаныңқырап кеткен, біреуі міне, баладай ұялып, қысылып отыр. Қатар алысқан өзге жолдастарынан бұрын орталық газеттерге іліккеннен қысылып біреуі отырса, біреуі мені тезірек орталық газеттерге бассын деп тұрғандай...

Газет тілшісі келіп сөйлескенде Толстов көпір басындағы уақиғалардың бәрін айтып, өз істегенін айтпай келіп еді. Ол жайды мен баяндап бергемін. Бөлімнің бірге істеген үлкен ісін үстірт сұрап, жалғыз танкыны айналдыра берді, мен айтпадым деп ренжіп келген. Енді, міне, Петрден қорқатындай ығыса береді.

Неміс командирінің төсегіне шалқасынан жата кетіп, Петр:

– Володя, бері кел! – деді. – Темекі орайтын газетің бар ма?

– Мен темекі тартпаймын ғой, – деп Володя Петрдің қасына барды.

– Ендеше, қойныңдағы газетті маған бер! Саған оның керегі жоқ...

Ұялған, қысылғанға қарамай, Петр Володяның қойнынан «Правда» газетін суырып алды да, оқи бастады:

«Оңтүстік майданында Н. дивизиясының өжет жауынгері комсомолец Владимир Толстов жалғыз алысып, жаудың ауыр танкысын жойған...»

Біз шуласып, Володяны құттықтап жатқанда, алыстан ататын зеңбірек даусы гүмп ете түсті. Ойын-күлкілерің тыйылсын дегендей, жақыннан ғана миномет арс етіп қалды. Бізді Ревякинге шақырған бір жауынгер де кіріп келді...

Біздің бөлім түгел жиналған екен. Ревякин орнынан тұрды да, төбемізге ең ауыр бомба тастағандай етіп:

– Москваға қатер төнді! – деді.

Біз солдатпыз. Солдат әр кезде от ішінде. Жанып жатқан от-түтіннің қалай қарай ұшып жатқанын көрмейді де, білмейді де. Бірақ от ішінде жүрген солдат отын емес. Отты өзі тұтатады, отты өзі қоздырады, өзі жанбай шығады. Солдат көзі соғысатын жердің картасында болады. Бірақ ол Отан картасын да ұмытып кете алмайды. Соғыс бұлты қай жерге төнгенін, соғыс өрті қай жерде жанып жатқанын жауынгер жақсы білуге тиісті. Бүкіл Отан қатер үстінде екенін бәріміз де жақсы білетінбіз. Бірақ мына қатерді күтпеген екеміз, сенгіміз келмеді.

Сыртта екі жақтың зеңбіректері де қарама-қарсы атысқан үлкен бір айқас басталып кетті. Аспанның жыртылып айрылғаны, жердің дір қалтырағаны терең қазылған жаппа астында да айқын естіледі. Сыртқа көзің түсіп кетсе, көтерілген шаң-топырақтан еш нәрсе көрінбей кетіпті. Бірақ мұның бірі де әсер етер емес, бәрі де үйреншікті істер сияқтанып, ешкім қобалжыр емес. Барлық үнді, барлық қауіп-қатерді Ревякин айтқан үш ауыз сөздің салмағы басып кетті:

– Москваға қауіп төнді!

Ревякин бізбен қызбай ғана, ақырын сөйлесіп отыр. азғана түйіліңкіреп қасқабақтары, ұйқысыз түндер мен шаң бораған желден қызарыңқыраған көздері атой беріп, айғайлап, қадалып та бара жатқан жоқ. Қайта, оның көздеріне біз қадалып бара жатырмыз. Астанаға төнген қатер салмағын білуге бола ма, сұрана қалсақ – Москваны қорғасуға жіберер ме еді деген сияқты, орынды-орынсыз сұрауларымызға жауап күтіп қадаламыз.

– Москваға қатер төнді! – деп аспан күркірейді.

– Москваға қатер төнді !– деп жер тітіреніп жауап береді.

Әрбір үнде бүгін осы мағына ғана қалыпты, басқасы естілмейді де, сезілмейді де. Өте айқын мағыналы үш сөздің тым болмаса біреуі басқа болмай тұрғанынай деп, біреуін болса да өзгерткің келеді. Құлағыңнан кіріп, жүрегіңе барып оқтай қадалған үш айқын сөз орнынан да қозғалар емес. Тым болмаса біреуін жеңілдетсеңші деп, Ревякинге қадалатынымыз да сол.

Политрук Ревякин біздің ойымызды таныққандай, Москваны қорғау бекіністерінің қай жермен өтіп, қалай құрылып жатқанын айтты. Бекіністер Москваның өз айналасында да иін тіресіп тұр екен. Бекіністер қазір жау қолында қалған Украинаның кең даласы мен Белорус халқының мүкті, батпақты ормандары арқылы да өтіп жатыр. Совет елінің бұрыш-бұрышында Москва бекінісі салынбаған жер жоқ екен. Қарағандының көмірі арқылы да, Алтай мен Балқаштың мысы мен қорғасыны арқылы да өтіп жатыр. Көмір мен темір, қорғасын мен мыс, бидай мен мақта, мал мен мұнай, менің ұққан ең мықты бекіністерім осылар болды.

Ой сүйрелеп, туған еліне әкетеді. Майданда бұршақтай құйылып тұрған оқты беріп жатқан Қоңырат пен Балқаш, Жезқазған мен Шымкент, Алтай көз алдыңа келеді, уақытша жау қолына түскен Донбастың орнына тұра қалған алып Қарағанды көресің.. Құлағың политрук Ревякиннің сөзін есітіп отырса, көз алдыңа осындай берік бекіністер, алдырмас қамалдар келеді. Ауыр снаряд-тар аспанға атқан қарабұйра шаң-топырақтан Доссор мен Мақаттың аспанға атқан мұнайын көргендей боласың. Сыртта бытырлаған мылтық пен пулемет емес, шауып өтіп бара жатқан көп жылқының дүбірі сияқтанып, майдан үстіндегі қалың шаң сол көп тұяқтан көтерілгендей болып кетеді.

— Москва бекіністерінің бұл мыңнан бірі! — дейді Ревякин. — Москва бекіністері екі жүз миллиои халқымыздың жүрегі арқылы, ақындарымыздың жалынды жырлары арқылы өтеді. Әр жазушымыздың қаламынан тамған сия сол бекіністердің құрыш-болат қоршауы болады. Қауіп-қатер кезек төніп тұр, Бірақ бекіністер де сенімді! — деді Ревякин.

Сыртта атылып жатқан зеңбірек оқтары енді:

— Москва үшін!

— Москва үшін! — деп кетіп бара жатқандай естіледі. Түйдек-түйдек төмпештеп, үлкен бір сүреңмен атып жатыр. Сол үлкен сүрең манағы ойын-қалжыңдарымызды құйын айдаған жапырақтай айдап әкетті. Қабағы қарс түйілген көзбен бірге жауынгер жүзі де салқын тартып кетті.

Ревякин бүгін таңертең ғана Москвада болған парадта сөйленген сөздің біраз жерін жазып алған екен, содан үзінділер оқыды. Төніп, тепсініп жау тұрғанда, тебіреніп, кейіп ел тұрғанда, берік сенімді, орнықты қоңыр дауыс:

— Біз жеңеміз! Әділет біздің жақта! Жеңетін де біз боламыз, — депті.

Ревякин сағатына қарады да орнынан тұрды.

— Барлаушы самолеттер жаудың танкылы лектері таянып қалғанын байқап келіпті. Ауыр қол, үлкен мақсат көздеп келе жатқан сияқты. Бүгін жау өте ызалы ғой, қарсы алуға тура келеді, — деді.

Мен тұра келіп, әзір екендігімізді айттым. Командир мен жауынгер арасында айтпай түсінісетін бір сәттер болып қалады. Кейде қадағалап, қайталап айтатын ауыр жайлардың өзін бір ғана көз қарастан ұғынысып қалғанда, командирі кім, жауынгері қандай екендігі де қатар көрініп қалады. Бүгін барлық командирлеріміз бен барлық жауынгерлеріміз сондай бір сергек халде еді. Қазір танкыларымызды қаптатамыз дегенді жау зеңбіректерінің өздері-ақ айтып тұр еді. Төпей төгіп, ес жидырмайын деген ойы анық..

— Ол сырыңыз мәлім. Аттатпаймыз! — деп, біздің зеңбіректер де қарш-қарш ұрып жатыр.

— Әділет біздің жақта! Біз жеңеміз! —деп, ерсілі-қарсылы айқаса ұшқан мыңдаған снарядтың астымен біз де жүріп кеттік.

— Әшейін емес-ау...— дейді Семен Зонин.

— Немене әшейін емес?

— Зеңбіректердің төпеп кеткенін айтам... Үлгірсек жарар еді...

— Неге үлгірмейміз?

— Алдымыз келе жатқан шабуыл сияқты ғой.

– Аспанның асты қуыс... Біз сыйып өтерлік бір қалтарыс қалар...

Зеңбірек оқтары жиі түсе бастады. Екі аттап, бір жата қалып, әрең жүріп келеміз. «Жүгір!» деген әмірге «жат!» деген әмір жалғаса шығып қалады. Жатуға – уақыт жоқ, жүгіруге – аяқ басар бос жер жоқ, Бірақ соның екеуін де істеп, әйтеуір алға қарай кетіп бара жатырмыз.

Ревякин бүгінгі халдың қысаңшылығын айтып отырғанда, мен манағы ойын-қалжыңдарымыздан ұялып отыр едім. Қазір абайласам, оным дұрыс та емес екен. Сол біраз қалжыңмен талай күнгі азап ауырлығын жуып тастағандай, жауынгерлерім жеңіл жүріп келеді. Ойын мен күлкі ой мен бойды көтеріп тастапты. Бұдан бұрынғы, айлар бойы созылған соғыс бейнеті ұмытылып, бүгін майданға жаңа кіргелі келе жатқандаймыз. Мүмкін бүгін соғыстың жаңа бір күні басталғалы келе жатқанын сезетін шығармыз. Әйтеуір бой сергек, ой ояу келеміз.

– Танкы! –деді Володя алға қарап.

Оқ боранынан көтерілген қалың шаңның ішінен қаз-қатар жорғалап келе жатқан қара қоңыздай танкылар көріне бастады. Ревякин айтқандай бүгін бұлар өте ызалы, қарсы алуға тура келеді.

Күн күркіреп тұрғанда шегіртке де шырылдамайтын еді. Жер-көк қосыла күркіреп, қосыла шайқалып тұрғандай, жалпақ жайлауды тұтас жаңғырықтыратын шегіртке шырылындай дамылсыз, тоқтаусыз автомат оғы жауа бастады. Жаудың танкыға мінген жаяу әскері айқас шегіне жеткен соң, түсе қалып, оқ төгіліп келеді.

Ыңғайсыз жерде кездесіп қалсақ та, жағдай талғар жай жоқ, ескі бір окопқа түсе қалып, әрбір адым жердің қорғаушысы барын көрсетуге әзірлендік...

11

Қат-қабат тарсыл-гүрсілдің астында қалған Ростов қаласы ауыр дем алады. Тау қырқаларындай жота-жота болып көрінетін биік үйлі, тас құйылған кең көшелі, кең тынысты көркем қаланың қазіргі бейнесін будақ-будақ, өрт түтіні мен әр терезесінен жалын атып, балқығандай ойысып, құлап бара жатқан үйлер арқылы ғана беруге болады. Бұрын шаң тұрғызбай, әлсін-әлі жуып, айнадай жарқыратып ұстайтын көшелерде қазір үйіліп, бұрқырап кірпіштер, майысып-бұралып әлдене түрлі темірлер жатыр.

Қала кегі от болып жанып, оқ болып атыла бастағалы екі жетіге айналып барады. Әрбір ақ терек әрбір алма ағаштары атып та жатыр, атылып та жатыр. Оңтүстікке арнап жинаған мол қорын жау қазір осы қаланың үстіне тегіп, дем алғызбай тұр. Жаудың атқан әрбір оғы ауыр-жеңіл жара салып, күн демей, түн демей, қаланың денесіне дариды. Біздің оқтар амалсыз сай-саланы сүзіп, жол бойларын кезеді. Бейбіт шақта қаланың қан тамырындай тармақталып өмір қорегін жеткізіп тұратып жолдармен қазір жаудың темір лектері келе жатыр. Дон өзенін екі жақтап салған бау-бақшаларда дүниеге келген жаңа бір қоңыздар жүргендей сезінесің. Қала үстіндегі әрі ашы, әрі қою қара түтін еш нәрсені көрсетпей тұншықтырып барады.

Қарауытып, қараңдап алған аспанда анда-санда шымыр-шымыр қайнаған бозғыл түсті бұйра бір түтіндер көрініп кетеді. Аспан борс-борс жарылып, құлап бара жатқандай, қара бурыл түтіндер кейде солқ етіп төмен түсіп, кейде күржиіп көтеріліп, жоғары серпеді. Жер мен көкте бірдей зіркілдеген мотор гүріліне жарылған снаряд пен бомба гүрсілдері тоғысып, басқа дыбыстарды естіртпейді де. Құлағың естімейді — ауырады, көзің көрмейді — суырады, шеке тамырларың солқ-солқ етіп, қара құсыңнан ине қадалғандай шаншады. Айғаймен, ыммен, тұспалмен ғана сөйлесеміз. Айғайлап тұрған үн жолы өңешің емес, көздерің мен қолдарың, бет-аузың сияқтанып кетеді.

Соғысты біз өз көзімізбен көріп, өз қолымызбен алысып жүргелі көп уақыт болды. Бірақ барлық қатер-ызғарымен бүгін бірінші рет көріп тұрғандаймыз. Оқ ойнақ сап қасымызда жүр, от сумаңдап орап алыпты. Алып бір иық соғып жібергендей, үлкен үйлердің өзі-ақ кейде бұрышынан, кейде тіпті ортан белінен опырыла кетеді. Дүниеде өз күшіне мақтанбайтын, қуанбайтын, қайғырмайтын, өкінбейтін, аямайтын, аяу да тілемейтін үлкен бір алып бар. Ол — сонау домалақ тас пен қара шоқпардан басталып, осы күнгі белдерден асыра ататын зеңбіректерге жеткен соғыс құралдары. Бүгінгі сөз соларға берілген еді.

Бүгін біздің жүрегімізді қашап, ойымызды кеміріп жүрген жалғыз Ростов қаласының да жайы емес. Москваға қарай төніп бара жатқан түнек бұлты қазір өзіміздің үстімізде тұрғандай сезіледі. Иығымызға түскен ауыр салмақтың ішінде Ленинград уайымы да бар. Әр жерден ауыр халдер солдат жүрегіне мұз болып қатып, аяздай батады. Жүрегіңнің әрбір соққаны — «Москваға қауіп төнді!» деп тұрғандай болады. Окоптағы аяз ызғары, адам жүзіндегі ала-құла бір реңсіздік бозғыл тартқан бұлыңғыр аспан біріне-бірі үн қосып, бәрі жиналып осы бір қауіп салмағын есіңе түсіре береді. Волоколам, Клин, Тула, Калинин майдандарының хабарлары да әзір еңсеңді көтермейді.

Біздің бөлім әр кезде соғыстың бір тынысы тар, қыспақ жерінде жүреді. Қай жағынан қауіп-қатер қатар келе жатса, бізді сол маңнан табасыз... Сонша кең дүниені жайлап келе жатқан соғыстың біз тағы да бір тар көпіріне кездестік. Көпір біткен соғыс тұмсығының қатты қадалатын жері. Елеусіз ғана бір көпірдің айналасына бір күннің ішінде төгілген қорғасын мен мысты бір айда әзірлеп бере алу үшін аса үлкен завод керек болар еді. Ал, Дон арқылы салынған үлкен көпірдің айналасына шашылып жатқан снаряд пен бомбаларда есеп жоқ. Өйткені, бұл көпір ғана емес, Қара теңізді жағалап келе жатқан жау үшін Кавказ қақпасы еді.

Біздің әскер қаладан соғыспен шығып, осы көпірмен өтіп бара жатыр да, немістер соғыспен қалаға кіріп келе жатыр. Айғай аралас, қол іргелес қаланы жауып кеткен қара түтінде екі жақтың да тең еншісі бар.

— Көпір біздің еншімізге берілді... Неше күн ұстап тұра алсақ, сонша күн біз иеміз... Окоп пен траншеяларды тереңдете түсіңдер! — деді, командиріміз лейтенант Мирошник.

Тоң болып қатып қалған тасты жерді терең қазып, астына түсіп барамыз. Жырасына дәл түспесе, снаряд тұмсығы тие алмайтындай етіп өнерлеп жа-

тырмыз. Әрбір окопта магазиндегі ішімдік бөтелкелеріндей тізіліп гранаталар, шөлмектер, автомат дөңгелектері қатарлана бастады.

Бұл жолы біздің бөлім жалғыз да емес. Көпір мен қаланың арасындағы даланқының тұла бойы толы әскер. Зеңбіректер де, пулеметтер де көпірдің екі бетіне қаз-қатар орналасып жатыр. Айқыш-ұйқыш атқан пулемет оқтары електің көзіндей тоқылып, шыбын өткізбеугс тиісті. Әрбір ойпат, жыраларда иін тіресе минометтер орналасып жатыр.

Қала мен көпірдің екі арасы картобын қазып алған жердей шұқыр-шұқыр. Бұл жерді снаряд та, бомба да, солдаттың күрекшесі де қазғылап жатыр. Окоп қазылмаған, ойылып қалмаған, ұзын жыра — ұңғы жол салынбаған алақандай сау жер жоқ. Көпір маңындағы үйлердің орнында күлдері ғана бұрқырап жатыр. Өзен жарқабағының асты жыпыр-жыпыр жаппалар. Қазір біз үлкен жолдың екі бетіндегі окоптар біріне-бірі жолдың астымен қатынаса алатын етіп, екі жерден терең ұңғы, жаңа траншеялар жасап жатырмыз.

Дон өзені шұрқ-шұрқ тесіліп, қайта тасып кетті. Өзенге түскен ауыр снарядтардан аспанға атқан су биік көпірдің үстіне шапшып қалады. Жұқа көкше мұз сынған айнадай жалт-жалт етіп, сумен бірге атылып, сыңғырап келіп жағаға түсіп жатыр. Өзеннің екі беті шыны заводының қоймасындай үйіліп жатқан көкше мұз...

Көпірмен өтіп жатқан біздің әскерлердің арт жағы сұйыла бастағанда көпірді атқылау да тоқтала бастады.

— Енді осы тоқтатқаны. Қалаға бекініп алған соң жау осы көпірмен Кавказға қарай өтпек, — деді Мирошник. Енді ол бұрынғыдай бұқпай, траншеядан қарғып шықты да, полк штабына қарай жүріп кетті.

— Онда көпірді өзіміз неге қиратып тастамаймыз? — дейді, ақ көңіл Семен Зонин.

— Біз оралып келмейміз бе екен? Сен немене, ылғи шегіне бермек пе едің? — деп, мен оған командирлік жауап қайырам.

— Ие, көпір екі жаққа да керек. Енді көпірді екі жағымыз да қорғаймыз. Әңгіме көпірді қиратуда емес, көпірге ие бола білуде.

Күрекшемді қасыма қоя салып, маңдай терімді жеңіммен сүйкей тастап, мен темекі орай бастап едім, Алматы газеттерінің бірінен қырқып алып, көптен бері сақтап жүрген кішкене ғана газет қиығы жерге түсіп кетті. Ол Гурьев мұнайшыларының өнімді еңбектері жайындағы хабар еді. Майданға кеткен ерінің орнына тұра қалған мұнайшы бір жас әйелдің еңбегін ерекше айтқан. Темекі ораған сайын сол қиық әрдайым көзіме бір түспей қоймайды. Әрдайым туған жердің жеңіске қосып жатқан еңбек үлесін ескертіп тұрады. Көзіме түскен сайын мен де бірнеше жолын тағы бір оқымай қоя алмаймын. Кейісім болса — тарап, тоңсам, жылынып сала берем. Туған ел, өскен жерінің осындай әрбір хабарын сағынышпен күтіп, қуанышпен қарсы алу — әр солдаттың басында бар. Мен тез еңкейіп, жерге түсіп кеткен газет қиығын алып, орнына салдым. Онымды Семен де байқап қалып, жымия қойды.

— Неге жымиясың? — деп сұрауға басымды көтере бергенде, көпірге жақындай беріп, дәл біздің тұсымызға тұра қалған жабық машинаның терезесінен құрметті маршал Семен Михайлович Буденныйды көрдім.

Қыран көзді, қаһарлы қара мұртты атақты қолбасшыны бірден таныдым. Бірінші атты әскер Армиясы туралы әрбір совет жастары не білсе, соның бәрі құйындай қопарылып, алай-түлей боратып көз алдыма келді. Маршал машинасын кілт тоқтатып, біздің не істеп жатқанымызды шолып тұр. Темекім сып етіп жерге түсіп кетті де, өзім сымдай тартылып тұра қалдым. Тұла бойым дуылдап, қызарып бара жатқанымды да сездім... Не істеу керек?.. Жүгіріп алдына барып баяндау керек пе, қалшиып қатып тұрып қалғаным дұрыс па? Не болғаны аға сержант, маршалдың алдына барып баяндама жасаймын деуге бола ма екен, сірә? Қой, болмайтын шығар!.. Осы бір қас қаққандай уақыттың ішіндегі қысылшаңнан аман-есен өте алармын ба, жоқ па?..

Тегі, біз көпірді бұзу әрекетін жасап жатпағанымызды аңдаған соң, маршал шоферіне иек қақты да, машина ілгері жүріп кетті.

Сонау бір жылдары, сонау Батай қаласынан шығып қылышын жарқылдата шапқан бойы құрметті қолбасы осы Ростовтан немістерді құйындай қуып шығарған екен. Қазір сол Ростовтан сол Батайға қарай өтіп барады. Көз қарасындағы болмашы бір жабырқау реңіне қарағанда, әлде өз ойына да сол түсіп кетті ме екен деген ой келеді. Ардақты қолбасым, Ростов қаласына қайта оралғанда тағы да баяғыдай, қанатыңнан жеңіс желі есіп, қырандай шүйілуіңді тілеймін!

Мен қайтадан темекі орай бастадым. Қасыма Зонин келді. Жүзінде ерекше бір жылылық бар. Ол бәрімізді де жақсы көреді. Сөзге сараң Семен жақсы мінездерге бай, керекті жерде жолдас достығын жұрттың бәрінен бұрын көрсетуге тырысады. Нина әңгімесінен кейін оны өзіміз де ерекше жақсы көріп кеттік. Семен өзі айтқан әңгімесінің бас кейіпкеріндей болып, сол қуыршақтай Нинасымен бір бейне сияқтанып та кететін болды. Мен оған темекі ұсындым. Семен темекі орап жатқанда манағы газеттен қырқып алған қиық тағы да түсіп кетті.

— Әлі сақтап жүр екенсіз... — деді Семен түсіп кеткен қағазды еңкейіп ала беріп.

Менің болмашы бір жасырынымды жолдастарым аңдамаған шығар деуші ем. Әсіресе, сұңғылалықпен жұмысы жоқ Семен аңдамаса керек еді. Бірақ үлкен Семен онымды аңдап қойған екен.

— Осы күні менің ойымда да ылғи Сталинград жүреді. Не халде екен? — деп күрсініп қойып, — Сталинград танкылері келсе керек еді, әлі көре алмай жүрмін, — деді.

— Келеді әлі! Қазіргі үлкен қауіп Москва жайы ғой. Сонда жіберіліп жатқан шығар, — дедім мен.

— Әрине, түсінем ғой. Бізге қай жерде жасалған танкіні жіберсе де бәрі бір ғой. Тек танкы болсын. Бірақ әлде не үшін Сталинград танкыларын көргім келеді, — деп жымиды да, — туысқаным келердей күтемін, — деп аяқтады.

Семенның ойына мен де түсіне қалдым. Сталинград танкысын көрсе, ол өзінің қаласын көргендей болар еді. Туып-өскен қаланың таныс заводтары мен таныс үйлері, таныс адамдары көз алдына келер еді. Мүмкін соның арасында Нинасы да көрініп кетер еді... Туған жер, өскен ел, жақын жандарыңды

сағынғанда, әр кезде жақсы жағдайда көргің келеді. Семен де Сталинград қаласын лек-легімен танкы шығарып жатқан жағдайда сағынады.

Алдыңғы күні барлаудан қайтып келіп, Семен маған былай деді:

Санитар машинасымен кетіп бара жатқанда бір қазақ қызын көрдім. Құдай біледі, сол сенің Ақботаң, – деді.– Мұндай ұқсамас! – деп, қызып бастады да, артығырақ кетіп бара жатқанын өзі де аңдап қалып, тоқтай қойды.

Семен қанша ажарлап айтқанмен көрген қызының сырт пішіндерінің бірі де Ақботаға ұқсамайды. Менің көңілімді аулағысы келіп, Семен өзі сүйетін көркем пішіннің бәрін апарып сол қызға жапсырып жатыр. Мөлдір қара көз, әдемі қыр мұрын маржандай тізілген ақ тістер... Үлбіреп тұрған балғын жас... қалтаңа сала қойғандай кішкене дене...

Семеннің айтқан қызы Ақботаға ұқсамай тұрса да – майданда кездесіп қалуымыз мүмкін ғой деген ой келеді. Неге мүмкін емес!.. Соғыстың тоқсан торап жолдарының бірімен бір машина неге өтіп бара жатпайды?.. Ол машинада Ақбота неге болмайды?.. Мені танып қалып, Ақбота неге «Қайрош!» демейді маған?.. Машина, әрине, тоқтай алмайды, ұзай береді... Бірақ мен сол бір ғана естіп қалған үнге риза емеспін бе?..

Солдат қиялы шек бар екен деп бөгелмейді. Кейде тіпті қисынсыз нәрселерді қиыстыра бересің. Қазір менің ойым Ақбота мен Нинаны бір машинаға мінгізіп, осы үлкен жол мен осы үлкен көпірге қарай ағызып алып келе жатыр. Әне, машина жолдың ойылып қалған бір жерін айналып өтіп, тас жолға қайта түсті. Жолдың жотасына машина қиялап шыға бергенде Нина мен Ақбота біріне-бірі соғылып, бірін-бірі құшақтай алып, күлісіп қалды... Әрине, олар да әлдеқашан сырласып болған. Біз оларды қандай әңгіме қылсақ, олар да бізді сондай әңгіме қылады. Машина міне, біздің тұсымызға келіп қалды да, Нина мен Ақбота Семен екеумізді танып қалып:

– Сема!

– Қайрош! – деп қалысты айғайлап. Мен шынымен-ақ жол жаққа қарадым...

Жолмен өтіп жатқан машиналар әлі аз емес. Бірақ ешбірінің үстінде Ақбота да жоқ, Нина да жоқ... Біздің атымызды атап, айқайлаған да ешкім жоқ...

Кешке таман көпірді қорғау біздің взводтың екінші бөліміне тиді де, біз жер жаппамызға келдік. Қашанғы әдеті бойынша майдан хабарларын алып, Ревякин келді. Тағы да Москва қауіпі, әлі де сол ауыр халдер... Ревякин ешнәрсені жасырған жоқ:

– Москва әлі қауіпте тұр. Жау қолы бұрынғысынан гөрі де Москваға жақынырақ төніп қалды, – деді Ревякин. – Барлық майдандарда сұрапыл айқас жүріп жатыр, соның бәрі де Москва үшін!

– Волоколам Москвадан қанша жерде?

– Клин қанша жерде? – деген сұраулар қайта-қайта беріліп, қайта-қайта анықталып жатыр.

Москва халі қауіпте. Немістер тағы да шабуылға көшіпті.

Бұл өте айқын қайталап сұрауды керек етпейтін сөздер. Мағынасы сонша ауыр болғандықтан қайталап сұрағың келмейді.

Ревякин Оңтүстіктегі бірінші жақсы хабарды да айтты. Ростовтың батыс жағында фашист генералы Клейстің армиясы үш күннен бері қатты қырғын тауып жатыр. Бұрынғысымен салыстырғанда қай майданда болса да немістің танкылары мен самолет шығыны едәуір ұлғайған. Бұрынғы бірлер орнына ондар, ондар орнына жүздерге айналған. Мыңдаған танкы мен самолетінен айрылып жатса, құрайдан жасап шығара бере алмас деген ой келеді.

— Біз әр адым жерімізді оңай бермеуіміз керек. Жау күші сарқылады, алғашқы аптық басыла бастады. Шабуыл кезегі ұзамай-ақ бізге тиеді! — дейді Ревякин.— Қазір әрбір окоп Москва қорғаны. Бүгін біздің арқамызда Москваға тіреліп тұр. Москваны жауға бермеуіміз керек!

— Бермейміз, жолдас политрук! Өлерміз — бермеспіз!

Темір пешке жылынғаннан кейін көзге ұйқы келе бастаған секілді еді, Қазір жұрт қайта сергіп кетіпті. Сұр көйлектің арт жағын жұлқа басып, қалың белбеуді сықыр еткізіп, қатты тартып қойып жатыр.

— Өлудің керегі жоқ, — дейді Ревякин, — өлгеннен кейін Отаныңа қорған бола алмайсың. Жеңу үшін — өлмеу керек!

Аңдамай айтыла беретін «өлуге әзірмін» деген сөзіміздің қате екені еске түседі. Жауың өлмей сен өлсең, Отаныңды кім қорғаганы?

Ревякин басқа бөлімдерге кетті. Мені взвод командирі шақыртыпты. Барлық бөлімдердің командирлері түгел жиналған екен.

— Көпірді қорғау бізге тапсырылды, жолдастар, — деді Мирошник.— Мүмкін күні ертең-ақ, мүмкін бір айдан кейін осы көпірмен біздің әскер қалаға қайта кіреді. Бір солдатың қалғанша, көпірді қолдан шығармауымыз керек. Бұйрық біреу-ақ: әркім тұрған орнынан жылжымайтын болсын! Екінші бұйрықты сол орында күтсін!

Іңір қараңғысына дейін біздің әскер Ростовтан түгел кетіп болды. Қара боран атыс та тоқталды. Айсыз қараңғы түннің ауыр үнсіздігі орнай қалды. Қалада от жоқ. Соғыс белгісі — арылмаған ащы түтінде, мылтығын құшақтап, үнсіз түнеріп тұрған солдатта ғана қалған сияқты. Әлдеқайда, қала шетінде иесін жоқтаған иттер ұлиды. Әр үнге салып, біресе сыңсып жылағандай, біресе қарғыс оқығандай ұлиды.

Жау табанына түсіп қалған үлкен қаланың қаралы халы жаныңды тырналайды. Қаралы қала үнсіз мүлгіп, кекке шақырады. Қала ішінде анда-санда бір гүрс етіп қалған бомбы үнінен түн селк еткендей болады.

— Біздің қалалар оңай тізе бүкпейді ғой! — дейді Володя Толстов. — Естимісің, әлденемелерді қиратып, жау қолына түсірмей жатыр!..

Сол қараңғы түнде, сол ауыр үнсіздікте, алыстан Москва үнін естігендей боласың:

«Аттан, аттан түгел, совет халықтары!» — деген үнді естисің.

Оны Москва айтып жатыр ма, әлде өзіңнің жүрегің айғайлап тұр ма, оны айыру қиын. Бірақ солдат ойы толы осы үн еді!

12

Жаяу борасын шиыршық қарды жылжытып айдап, жер бетінің шұқыр-шұқанақтарын қайта тегістей бастапты. Есті бір қол жер денесіне түскен әлем тапырықты ақырын-ақырын өшіріп жатқан сияқтанады.

Қиыршық қар бетіне тікендей қадалса да, көбірек жылжып кеп жер жарасын тезірек жауып таптаса екен деп тілегендейсің. Аласұрған айқас үстінде талай аттап өткен іздерді тыныштық кезде тағы бір көріп тұруға құмарта да алмайсың.

Мен командирлер мәжілісінен оралып жаппамызға келсем, темір пештің үстінде жыламсырап төгіліп шайнек қайнап тұр да, жолдастарым ұядағы балапандардай бір жерге ұйлығып алып, Москва жайын кеңесіп отыр екен. Түн әзір тыныш болғанмен ешкім ұйықтамапты. Володя Толстовтың комсомолдар съезіне Москваға барғаны бар еді, сонда көргендерін қайталап айтып отыр.

– Кремльде болдың ғой? Болдың ғой Кремльде? Соны айтшы.

– Ие, соны айт, – деп жауынгерлер оны қоршап алыпты. Володя әрқайсысына бір жауап беріп, әңгімесін амалсыз үзіп-үзіп айтады.

Жауынгерлердің көңіл күйін байқау үшін болу керек политрук Ревякин келді. Мүмкін мана Москва жайын тым тұнжыратып айттым ба деп келген болар.

– Сен неге енжарлау отырсың? – деді Ревякин үндемей отырған Зонинға.

– Ғашығына шығарған өлеңі есіне түсіп отыр білем, деді, әр кезде қатал әзілдесетін Петя Ушаков.

Зониннің көздері азғана жасаурағандай, әлденені ежіктеп есіне түсіргендей, жүзінде де өзгеше бір шырай бар еді.

– Өлең деймісің? Оны қайдан білдің? – деп, Зонин біраз кідіріп барып жауап қайырды.

– Немене, дәл таптым ба, ойыңды? – деп, Петя тағы қадалды.

Әңгіме тағы да Нинаға көшіп кетер ме екен деп, бәріміз де Петяға ұнатпай бір қарап қойдық. Жолдасыңның жүрегінде жүрген күрсініс күйін мазаққа айналдыру ол біздің жауынгерлердің жақтырмайтын бір мінезі.

– Ие, таптың, достым, – деді де Зонин қызара бастаған темір пешке көзін қадап алып, Лермонтовтың атақты бір өлеңін бастап кетті:

Скажи-ка, дядя, ведь не даром
Москва, спаленная пожаром.
Французу отдана...

Семен ақырын-ақырын пештен алыстай беріп, ақырындап тұра келді, ақырындап дауысы да қатайып барады. Алып денесі аласа жаппаға сыймай, гүждей иықтары төбеге барып тірелді. Басын амалсыз төмен алғандықтан көздері аларып, сүзердей бір бейнеде тұр. Аласа жаппаға енді даусы да сыймай барады. Төбеден қараған бөрененің бірге гуілдей бастағаны да сезіледі.

Орыс ұлында өтірік ұялшақтық сирек кездесетін мінез. Өлең мен әнге жуықтығы жоқ шығар деп жүрген Семенымыз көзі келіп қалғанда ұялған да жоқ, қысылған да жоқ, отаншыл ақынның жалынды жырын кергітіп тұрып айтып берді.

«Сен де ұғын, сен де ұғын!» – дегендей, Семен көзін әрқайсымызға бір қадап қояды. Бұл енді өзіміз білетін Семен емес, жаңа бір адам, бәріміздан жоғары адам сияқтанып барады. Әрі таңқалғандай, әрі қызыққандай, бәріміз де аузына қарап қалыппыз. Ойындағы кейістерің мен уайымдарыңды сыпырып айдап тастап, енді ойыңа Отанның құдіретті үні орнап жатыр. Ескі жырдың жаңа мағынасы билеп әкетіп барады.

... И молвил он сверкнув очами:
Ребята, не Москва ль за нами?
Умремте ж под Москвой...

Ешкім ешбір белгі бермесе де, бұл сөздердің тұсында бәріміз де орнымыздан атып тұрдық. Әркімнің алқымына да әлдене келіп тіреле қалғаны байқалады.

Ие, артымызда Москва! – деп қалды Володя. Көздері жасаурап, жүзі қыпқызыл болып кетіпті.

– Умремте ж под Москвой,
Как наши братья умирали!

Жанға тиер, ойға қонар шындық сөзін шаңқылдатпай-ақ, алау-жалаусыз-ақ ойлы түрде айтқанда да бар мағынасымен жүрегіңе ұялай қалатынын мен бірінші рет Семеннан естіп тұрғандаймын. Семен кідіріс жасап еді, біз де дем алмай тынып қалдық. Демалыс – тынысымызға дейін бірге қосып, Семенның аузынан шыққан әр сөзді ішіміздан бірге айтып тұр екеміз.

И умереть мы обещали,
И клятву верности сдержали
Мы в Бородинский бой.

Семенның алып денесіне қарап, Бородинода ант бергендер де осы сияқты орыс батырлары-ау дейсін ішіңнен. Семен өлеңді оқып болды да, енді тағынан түсіп қалғандай баяғы жұпыны қалпына көшіп, үнсіз ғана орнына барып отырды. Енді ол, байқамай бірдеме айтып қалған баладай маңдайы тершіп, жүзі қызарып, өзінен-өзі абыржи бастады.

– Қане таппағаным ойыңды! Алып Семен, алтын Семен! – деп, Петр оны құшақтап, мойнына асылып жатыр. Алқымына келіп тірелген түйнектен әлі босана алмаған Ревякин үндемей далаға шығып кетті де, мені шақырды.

– Қалай керемет! Мұндай шығар деп кім ойлаған... Елтіп қалғандаймын. Әрең-әрең жылап жібермедім,– деді Ревякин.

—

– Менімше, бәріміз де жыладық қой деймін, – дедім мен шынымды жасыра алмай.

– Жаңа келген жастарға да оқып берсінші. Бері шақыршы өзін.

Семен сыртқа шыққан соң, Ревякин оған:

– Қазір ерекше бір тапсырманы орындауға жүресің, әзірлен! – деді.

Ерекше тапсырманы орындауға жалғыз жүрмейтін әдетіміз бойынша, ақкөңіл Семен таңданып қалып:

– Жалғыз барам ба? – деп сұрады.

– Жоқ, менімен бірге барасың...

Ревякин мен Зонин толықтыру ретінде кеше ғана келген жастарды аралап қайтуға кетті. Біз оларды өткен түні сыртынан ғана көріп қуанысып қалғамыз. Қандай өнерлері бар, әзірліктері қандай, ол жағымен әзір таныса алғанымыз жоқ. Бірақ бөлімдеріміз едәуір шағындап, орталанып қалғанда келген жастарға қатты қуанған едік...

Октябрь мейрамынан кейін бізге толықтыру ретінде келген жалғыз жастар ғана емес, орыс халқының барлық дана-данышпан алыптары келіп қосылғандай сезіледі.

Орыс ойының ғасырлардан асып тұрған ұлы штабы қазір қасымызға келіп орнағандай, Белинский, Чернышевский, Плеханов, Ленин, Пушкин, Толстой, Глинка, Чайковский, Горький, Суворов, Кутузов, әр солдаттың қимылына сын көзімен қарап, сенімді үміт, қажыр-қайрат беріп тұрғандай болады.

Мен ұлы Пушкинмен ең әуелі Абай арқылы танысқан қазақ жастарының бірімін. Сондықтан болу керек Пушкин аты аталғанда, қол ұстасып келе жатқан Абайды да көргендей боламын. Оларға ілесе, ақ сақалынан жеңіс желін ұйтқыта соқтырып келе жатқан қарт ақын Жамбыл көрінеді. Ойық осылай өрлей береді де, бар елдердің ұлы адамдарын бізге әкеліп қосады. Өйткені, өз заманының айуандығымен алысып өткен ұлы жандар, бұл заманда да әділет жағында болуға тиісті. Ол былай тұрсын қанымыз неміс еді деп, Гейне мен Гете де бүгінгі Гитлер Германиясын жақтамайтын сияқтанады.

Еңбек пен ерлікке, әділет пен теңдікке бізді кім баулып өсірсе, бүгін біздің аузымызда сол есім. Отаным дегенде, ең алдымен ойыңа Москва түссе, Москва дегенде, ең алдымен ойыңа сол есім түседі. Қимасың мен бермесің, қорғаның мен қамалың бәрі сол есіммен аталатын сияқтанады.

Мен осы сияқты үзік-үзік ойларымның ұшығына шыға алмай, балқығандай болып қана жатыр ем, сыртта кенет ожар бір атыс басталып кетті. Миномет, пулеметтер дүркірей арсылдасып, жаппамыздың төбесін дүбірлете бастады.

– Үшінші взвод қауіп астында қалды. Шегініп қалған жайы бар. Еріңдер соңыма! – деді Ревякин Семенмен бірге біздің жаппамызға қайта келіп.

Түн қараңғы. Жаяу борасын күшейіп, ызғырық айдамаға айналыпты. Қала мен көпірдің арасындағы бір алаң жерге ақ-құла бұршақ жауып жатқандай, оқ үйме-жүйме төгіліп жатқаны байқалады. Неміс пулеметтері қызылды-жасылды оқтарымен атып, қан жерге түйіліп жатқандарын көрсетіп те тұр. Миномет гүрсілдері де сол бір тұста қою естіледі.

Түндегі соғыс күндізгіден гөрі басымырақ көрінетін әдеті бар. Әр нәрсе қос елестен, қауіп-қатер жағын күшейте түседі. Жарқырап аққан оқтар, жарқ-жұрқ жарылған миналар, ереуілдеп көрініп қалатын адам көлеңкелері, бәрі де үйреншікті қалпынан алыс, ерепейсіз көрінеді. Топ-тобымен ұшқан сайгел жарқылдап ағып, тура сенің бетіне соққалы келе жатқандай сезіледі.

Бірақ айқас алдындағы абыржу ұзаққа созылмайды да, өзің шығарған бірінші оқ сайгел тобын жайқап жібергендей болады.

Жата қалып еңбектеп, бұршақ жауып жатқан алаңға қарай кеттік. Қираған машиналар, арбалар кездесіп қалады. Ондай кезде тұра келіп біраз жер жүгіріп те аласың. Таса-тасамен бөденедей бұғып, құнтия жүгіріп, өлім алаңының дәл іргесіндегі ескі бір окоптарға да жеттік. Біреу-міреу дайын окопқа қызығып кетпесін дегендей:

— Алға!— Ревякиннің командасы ащырақ шықты.

Жарқырап аққан оқтар қарасы алдында ғана қарды түрткілеп жатқанын көріп тұрып, соған қарай жақындай беру оңай да емес. Ол немістің өзі болса, оңай-ақ бас салар едік, оқты бас салуға болмайды... Күндіз оқ бұдан сирек жаумайды деп, өзіне-өзің қайрат бересің. Жарқырайтын оқпен түнде ату — адамның сезіміне үрей әсерін күшейтудің қамы, сен үрпимей бақ...

Фашистер «әсерлі» бір мінездерінен айрылды: енді олар шабуыл жасағанда, автоматтан оқ боратып, тұра келген бойы жүріп келе жатпайды. Қорқыныш деген не екенін олар да жақсы біледі енді. Кейде ербелеңдеп қаша жөнелуге де үйренді. Паң Европаны түгел ұйпап шыққанда, мұны олар білмейтін еді, біз үйреттік. Алдағы күнде әлі де талай сабақ үйретерміз деген сенім, дәл қазіргідей от топанының астында қалғанда да, біздің жауынгерлердің ойынан кеткен емес. Берік сеніммен соғысқан әскер қашан да өзін күшті сезінетін сияқты.

Ревякиннің командасынан кейін окоптан шыға-шыға келгенімізде қалың оқтың дәл астына кездестік-ау деп қалып ем. Олай емес, қалың оқ жоғары кетіп жатыр екен.

— Бұғыңдар! — деген Ревякиннің келесі командасы естілгенде, жарқыраған оқтар қолмен сепкен тұқымдай, орай шашылып, ілгерілеп келе жатқанын көрдім. Кейін окопқа шегініңдер деген команда берілер деп күткендейсің. Оқтар жақындап, есепсіз көп уақыт өтіп жатқан сияқтанады... Бірақ бүгін бізге шегінуге болмайды — артымызда Москва!

— Алға! Жүгір! — деген команда берді Ревякин.

Кім қалай тұрды орнынан, қалай бұғып жүгіре жөнеліп, оқтан озды, оны есептеу қиын еді, Бірақ оқ арт жағымызға себіліп қалды. Көлденең кесіп өтіп кетіппіз.

Енді алдымызда миналар жарыла бастады. Мана алыстан абайлағанда, алақандай жерге аралас түсіп жатқандай көрінген оқ пен миналардың арасында едәуір бос алаң бар екен. Қазір біз сол алаңға шығып қалдық. Алдымызға түскен миналар бір дүркін жарылып болған соң, Ревякин бізді тағы да жүгіртіп, ілгері әкетті. Миналар тағы да арт жағымызда жарыла бастады. Ревякиннің әскери адам, шын айқас офицері екенін мен алғашқы рет осы жолы көрдім

Арт жағымызда жараланған адамның үні естіледі. Әлдекім, абайсыз жүгірем деп, оққа соқтығып қалды ма екен? Кім екен? Әрі шетірек, әрі кейінірек келе жатқан кім еді! Семен Зонин болып жүрмесе жарар еді... Семен еңбектей алмайтын еді, әрі басқамыздай анағұрлым биік... Еңбектеу – оның бір істей алмайтын ісі.

Жау оғының қатты қадалған жеріне енді ғана жетіппіз. Кейін шегініп, ескі окоптарға паналаған біздің жауынгерлердің қарсы алдына, өте жақын келіп жау автоматшылары орнап алыпты. Елу шақты автомат бізді де шабынып қарсы алды. Орыс «урасы», «орыс штыгі» дегендер немістер әскерінің қашаннан бері қаны сүймейтін нәрсесі. Бұрын орыс халқымен соғысып көрген елдердің ішінде мұны сүйетіні болмаса керек... Сондықтан автоматшылар бізге бас көтертпеу үшін арпалысып жатыр. Шегініп қалған бөлімге жәрдем келгенін олар да аңдай қалды.

Екі жақтың қазіргі таласы елу метрдей жер үшін еді. Біздің кеше кешкі окоптарымызда қазір неміс автоматшылары отыр да, біздің жауынгерлер елу метрдей кейін шегініп, ескі окоптарға орналасыпты.

Таң белгісі біліне бастады. Оң жақ қанаты опырылып қалған ескі бір окопқа біз де түстік. Жауынгерлерім түгел екен. Окопқа белуарлап түсіп қалған қарды мақтадай жанша, Семен де менің қасыма жетті. Менің ең үлкен қуанышым осы Семеннің амандығы болды. Алысқа сермеп граната лақтыруға келгенде онымен тайталасар ешкім жоқ. Оның үстіне, біздің бөлімнің басы артық оқ-құралы Семеннің арқасында жүреді...

– Лақтырамын ғой? – деді Семен бақандай саусақтарымен беліндегі гранатасын салмақтап тұрып.

– Лақтырасың! Үсті-үстіне лақтырасың!

Семен бұйрық шамасын толық аңдап алды да, асықпай-саспай мылтығын окоптың қабырғасына сүйеп, шинелін шешіп тастап, шалқая беріп, бірінші гранатасын лақтырып еді, мөлшерлей алмаған екен берірек жарылды. Салқын қанды, дәл мөлшердің жауынгері Петрдің лақтырған гранатасы жау окобына дәл түсіп, бір топ автомат шашалып қалды. Семен бұған намыстанып кеткендей, көбірек шалқайып барып лақтырып еді, о да дәл түсірді. Енді ол қызыңқырап алыпты.

– Әкел бері, әкел! – дейді. Әшейіндегі «жолдас аға сержант» дегенді ұмытып кеткен сияқты. Алысқа ататын зеңбірегіміз осы Семен болғандай-ақ, гранаталарды соның қасына қарай жиып жатырмыз.

Бір кезде екі гранатаны құшақтай көтеріп алып, Семен қарғып сыртқа шықты. Мен оған «төмен түс!» деп қалғанша, бораған оқтың астында тұрып екі гранатасын лақтырып-лақтырып жіберіп, артымен сырғып окопқа түсті. Не жараланды, не болмаса, тіпті өліп түсті ме деп қалып ем, сау екен. Гранаталары дәл-дәл түсіп жарылып жатыр.

Неміс автоматшылары абыржып қалды. Оқтары жан-жақты кезіп, жоғары кетіп жатыр. Тағы да бір-екі граната болар ма еді... Ол бізде қазір жоқ екен.

Жау окобынан екі қызыл ракета атылып, бізді нұсқағандай, аспанға шықты. Бұл бір қауіпті халдің хабары еді... Зіркілдеген танкы дыбысы жақындап

келеді. Бізді осы бір тайпиыңқырап қалған ескі окопта танкы таптай бастаса, шығынсыз қала алмаймыз, әрине. Шегінген бөлімге берген жәрдеміміз де түкке тұрмайтын болады.

— Семен танкы!.. Граната! — дедім, онша байсалды шықпаған ащырақ дауыспен. Мұным шынында, қатар окопқа бекінген Ревякин естісін деген белгім сияқты еді.

— Алға! Жау окобына! — деп жауап қайырды Ревякин.

— Алға! Жау окобына! — деп, мен де атып шықтым, «комсомолдар, алға!» деп Володя Толстов та айғай салды. Жауынгерлерім әмірді екі айтқызған жоқ, қарғып-қарғып шыға келді. Қатар ұмтылған Ревякин бастаған бөлім де жүгіріп келеді екен.

Мұндай кезеңдерде кім өжет қимылдаса, сол күшті. Айғай-қиқумен келе жатқан ерлік екпініне қарсы мылтық ату да оңай болмайды. Таңертеңгі алакөлеңде боранмен бірге боратып жау окобына секіріп-секіріп түстік. Қоңыр көлеңке тар окопта бірме-бір жекпе-жек басталып кетті, Оларда қысқа-қысқа автомат, бізде күрзідей тиетін бесатар. Сырттағы танкы дыбысы да, әлдекімнің мылтық атып жатқаны да ешкімнің ойына келер емес. Әркім өзі алысар жауын тауып алып, айқасып жатыр. Өлмеу үшін — өлтіру керек, жеңу керек. Керек болса — жеңу үшін ғана өлу керек. Әркім ойында жүрген ыза-кегін осындай кездесте бір төгіп, бойын босатады. Алысқан жауың көзін біржола жұмып, бұл дүниемен біржола қоштасты, бірақ сен оны тағы бір теуіп қалмасаң, жаңа ғана оққа ұшқан жолдастарыңның кегі қайтпайтын сияқтанады.

Мұндай шарт-шұрт қимылдар ұзаққа созылмайды да. Аз уақыттың ішінде әркімнің көптен бері кернеп жүрген ызасы бұрқ етіп бұзып шығады да, қорытындысы қолма-қол, алдында жатады. Мұндай шартта-шұртта командир де жауынгер, о да команда беріп қалтиып тұра алмайды... Автомат бытырлағы лезде тоқтап, енді ырс-ырс еткен алыспен аптыққан адамдардың дыбыстары ғана қалыпты. Анда-санда жарқ етіп қалған ракета сәулесі — бейнесі бұзылған беттерді, ағараңдаған тістерді, шатынаған көздері бір көрсетіп қалады. Ысылдасып, ыңқылдасып, құшақтаса құлап, аударып үстіне шығып жатқан сұр шинельдер... Біресе шолақ найзаның үнсіз ғана біреудің кеудесіне сып етіп кеткенін аңдап қалсаң, енді бірде, біреудің маңдайына мылтықтың дүмі сақ еткенін естисің. Әлденемене бытырлап сынып жатыр. Ашынған ауырсынған, қалтыраған үндер кезек-кезек естіледі.

Қой арасына кіріп кеткен аюдай, Зонинның алып денесі ерекше көзге түсіп қалады. Оған жармасып, қарсылық еткен бір жан жоқ сияқты. Екі қолы бос, еркін жайқап жүр. Анда-санда ракета жарқ етіп қалғанда, Семенның жүзінен өзің шошынғандайсың. Семен Толстовпен айқасып қалған біреудің төбесінен мылтығының дүмімен бір нұқып қалды да, одан арғы бір темір қалпақты сақ еткізіп төбеден ұрып жіберді. Алысқанын астына ала Толстов та құлап барады, көзінің қарасы жоғалып, қыпылықтап ағы ғана қалған темір қалпақ та шалқалап құлап барады. Алдын бөгеген біреулерді шаншып алып сыртқа лақтырып, Семен окоптың екінші басына қарай ұмтылды. Әлдекімнің әлі келмей жатқанын аңдап қалуы керек, оқыс қимылдап, тез барып жетті.

Дәл төбемізде ракета тағы бір жарқ етіп қалды, зіркілдеп келе жатқан танкының сорайған жалғыз мүйізі де көзіме түсті. Жалпақ табандары шақыр-шұқыр етіп, танкы окоптың сол қанатынан бастап тапап келеді.

– Жатыңдар! – дедім, бар даусыммен. Неге екенін осы күнге дейін білмеймін шолақ найзаны кеудесінен сұғып алып окоптың қабырғасына жаныштап жатқан соңғы немісімді сол күйінде қалдырмай, оны да окоптың түбіне қарай сұлата салып, өзім үстіне құладым.

– Жатыңдар!..

Ұзын бір ақ кірпікті алқымынан алған бойы астына сала Семен де құлады. Окоптың жиектерін опыра, үстімізге балшық пен қарды үйе-мүйе танкы табаны бір өтіп кетті. Қолыңды азғана созсаң тиіп қалардай жақын өтті. Саршаянның бауырындай бауыр жағы шым-шытырық жеркеніш екен. Енді артымен шегініп, окоптың бір ернеуін қырынан жаншып, кейін өтті. Белуарымыздан басқан балшықтың салмағы ауырлап барады. Бәріміз де үн шығармай, бұғып жатырмыз. Танк сияқты үлкен нәрсе бір орында көп тұра да алмайды. Осы жолғысынан аман қалсақ, гранатасы сақталып қалған біреу сілтеп қалуы да мүмкін. Танкының осал жері де арт жағында болады.

Астыма ала құлаған немісім қырқырап, жеркеніш бір үн шығарып жатыр. Жылжып басқа жаққа кетейін десем, сол жағым балшық үйіліп тұйықталып қалыпты. Оң жағымда Семенның астына түскен ұзын немістің шегелі өкшесі таяу жатыр. Қозғалып кетсе-ақ Семеннің жалпақ табаны да шекемнен соғып, окоптың іргесіне жапсыра салатын. Дәл кәзір танкының табанынан гөрі Семенның табаны қауіптірек секілді.

Танкы бізді тастап екінші окопқа қарай жылжыды. Атып тұрып:

– Граната! – дедім. Әлдекім сарт еткізіп соғып та жіберді. Арт жағына бір құшақ отты жапсырып алып, танкы кейін бұрылды. Енді ол арт жағынан оқ тиген қасқырдай ышқынып, зытып кетіп барады. Бірақ, көлденең соғып жіберген Ревякин бөлімінің гранатасынан бір ғана лоқсып қап, танкы тұрып қалды. Қазір қалың қара түтінге оранып лап береді.

Мен «граната» дегенде жауынгерлерім үстеріне үйіліп қалған балшық пен қарды әрең аударып тастап, тұра бастап еді, бырс-бырс етіп екі рет атылған тапанша даусы да естілді. Ауыр ыңырсып, аунап түсе берген Семенге көзім түсті. Басқалар тұра келді де, алып Семен шалқасынан түскен бойы қозғалған жоқ. Әлгіде ғана астында қимылсыз жатқан ақ кірпік немістің қыбырлағаны сезілді. Шолақ найзамен немісті дәл кеудесінен пісіп-пісіп жібердім. Тапанша ұстаған оң қолы көтеріле берді де, сылқ түсіп кетті.

Семенды бәріміз жабылып көтеріп алып, сүйеп отырғызып көріп ек ауырсынғаннан басқа белгі бере алмады. Астына ала құлаған неміс офицері бір есін жинағанда тапаншамен өкпе тұсынан екі атып қалыпты.

– Сема, Сема! – дейміз жан-жағынан. Алыпта үн жоқ... Қара қошқыл жалынға оранып жана жөнелген танкы жау жақ бетімізге қорған да болып қалды. Майданның шегініп қалған жерін қайтадан кешегі сызатына апарып түзеп жібердік, өлген немістерді ашу үстінде аяқ-қолынан ұстап алып, жауынгерлерім сыртқа лақтырын жатыр. Шегінген үшінші взводтың жауынгерлері ұялғандай

үнсіз ғана келіп, окоптарына қайта орналасты. Таңертеңгі боранды буалдыр тарамай тұрып, біз кейін оралдық. Алты жігіт әрең көтеріп, Семенды өзен жарының астына алып келдік. Бұл арадан бізді ешкім көре алмайды да, оқ та тие алмайды. Әрқайсымыздың арқамызда тық-тық соқтығысып, бестеген-ондаған неміс автоматтары да келе жатыр. Семен әрең деп көзін ашып, есін жия бастады.

— Ақырын жолдастар... — деді бір кезде. Жаппамызға әрең алып кірдік.

— Сема, осының бәрі сен қырған немістердің автоматы... Сенікі, — деп, Толстов арқасындағы он шақты автоматын Семеннің қасына әкеліп сүйеп жатыр. Шынында, Семен ауыр жараланып қатардан шығып қалар-ау деп ешқайсымыздың да ойлағымыз келмейді. Берлинге жетер бір алып болса — ол осы Семен болар деп сенгендейміз де! Семен ақырын ғана көзін ашып, әлсірегең қырыл араласқан дауыспен:

— Керегі жоқ маған... Қолма-қолда түкке тұрмайды. Жеңіл... Қызығатын дәнемесі жоқ, — деді.— Одан да су беріңдер...— Қатардан шығып қалатынына Семеннің өзі де сенбей жатыр. Бірнеше жауынгер су сауытын жұлып алып, Семенге ұсынды. Семен бәрімізге де риза көзімен бір қарап, ең жақынырақ ұсынылған Петяның құтысына қолын созды. Үлкен саусақтары азғана салмағы бар құтыны алуға көп күш жинап, әрең икемделіп келе жатыр. Ақыры ала алмады... Алып күштің ең соңғы көтере алмаған нәрсесі осы қалайы құты болды. Үлкен дене бір ышқынып қалды да, танауын қусырып, көзін жоғары тартып әкетті.

— Сема, Сема, бауырым! Досым! — деген дауыстарға жауап қайтқан жоқ...

Ревякин кіріп келгенде, бәріміз де жалаң бас, Семенді қоршап тұр едік...

Семеннен басқа үш жауынгер өліпті де, бесеуі ауыр жараланыпты. Оқ тиіп құлаған бір жолдасымызды өлі күйінде танкы таптап езіп, мылжалап кетіпті. Қаза тапқан ер жолдастарымызды қатар салып, үстеріне қызыл жалау жауып, жар астынан соңғы рет қоштасып, қастарына қарауыл қойдық. Осыдан кейін бауырмал Семенды, алып Семенды көре алғаным жоқ. Маған күні бүгінге дейін сол қызыл жалаудың астында жатқан күйінде ғана елестейді. Өңімде де сол, түсімде де сол!.. Мен оны Москваны қорғаған құрбандардың тізіміне қосамын...

13

Оңтүстіктегі біз көрген алғашқы жеңіс Ростов қаласы үшін болған айқастарда туды. Оңы мен солынан, оның үстіне, қарсы алдынан қатар басталып, тұтасып кеткен шабуылдан Гитлер армиясының бірінші рет дүркірей қашқанын көрдік.

Оңтүстік майдандарындағы ұлан-байтақ соғыстың мөлшерін біз күнделікті хабарлар арқылы да жақсы шамалайтын едік. Соңғы күндерде түн болса-ақ, аспан етегіне өрт қойылғандай, алыс, айналаңның бәрі қызара бөртіп алау-жалау болып шыға келетін болды. Күні кеше жаңа ғана тұтанғандай әлсіз өрттер бүгін көкжиекті балқытып бара жатқандай күреңденіп көрінеді. Қараңғы түнде тұнжырап тұрған Ростов қаласының биік қырқаларында сау қалған терезелер алыстағы өрттермен ымдасып, көз қысысып тұрғандай болады.

Қазір біздің майданның үні де өзгеріп кетті. Дүркіреген бір жаңа үн келіп қосылды да, майдан сарынын өзгертіп жіберді. Оны кейбіреулер соғыс тәңірісінің туған қарындасы — «Катюшаның» әні деседі. Өзім әлі көрген жоқпын.

Бүгінгі түн жеңіс әкеле жатқанын әрбір солдат сезінгендей, жүріс-тұрыстары ықшам, әміріңді айтқызбай ұғатын сергек бір халде. Сенің солдатың сергек көңілді болса, жау солдаты марғау, көңілсіз деген сөз. Соғыста екі жақтың да көңіл күйін бірдей бұрап қоятын жағдай сирек кездеседі. Айқас алдында әрбір командирдің бұ да бір ес көретін нәрсесі. Жарыста екі аттың біреуі-ақ озады, айқаста екі жақтың біреуі-ақ жеңеді. Жеңіс лебі солдат бойын сергіте келеді.

Шабуыл күрт көтеріліп, апар-топарға лезде-ақ кірісіп қалдық. Біздің жақтың зеңбірек топаны оңы мен солынан, шығыс жақ қарасы алдынан қатар соғып, алғашқы жарты сағаттың ішінде-ақ жау ойын сандалтып тастады. Шын шабуыл қай жақтан келе жатыр, алдастыру жағы қайсы, оны неміс штабы болжай алмай қалған сияқты. Қаладан атылған жау зеңбіректері әр жерден бір үймелесіп, тұрақтай алмай жан-жақты түгел атқылап, аяғында дәл шабуылға қарсы от қорғанын жасай алған жоқ. Оны жабайы солдат біз де байқап қалдық.

Жұқа мұздың опырылғанына қарамай, біздің атты-жаяу әскерлер Дон өзенінің әр тұсынан өтіп жатыр. Жаяу әскерлер өзеннен өте сала уралап, күркіреген күндей күңіреніп, бірден шабуылға көшті. Біздің танкы лектерінің алды көпірге жеткенде, жалаң қылыштары жарқ-жұрқ етіп, атты әскерлерге лап берді. Ракета жарығына шағылысқан жалаң қылыштар біресе тұтанып, біресе сөніп, жылт-жылт ағып бара жатқан көп оққа да ұқсап кетеді.

Бұл күнді біз бес ай күттік. Бес айдан бергі ыза мен кек бүгін тасыған өзендей қопарылып, алдынан кездескен жау шебін кедергі көрмей жұлып әкетіп, шабуыл қитықсыз ілгері басып барады. Ұзақ созылып өткен бес айдың ауыр азаптары бір сәтте ұмытылып, солдат та аяғын қаздаң-қаздаң басады. Көз — ілеккенін, қол — сермегенін құтқарар емес. Шегіну кейісін бес ай тартып, бүгінгі түннің бір минутын көре алмай қаза тапқан ер жолдастар еске түседі. Әсіресе Семен Зонин.

Жау қолы сол жақтан тиген соққыдан оң жаққа қарай толқиды. Алдынан шыға келген араннан жапырыла шалқып, кейін бұрылады. Көше-көшені бойлап өтіп, өзді-өзі сеңдей соғылысып қалып жүр. Күздің қараңғы түнінде найзағай оғынан үркіп бір жөнелген жылқы біріне-бірі соқтығып, өзін-өзі айдап, апат болар құзға келіп тірелгенде де, ес жиярға шама жоқ, апар-топар жардан құлар еді. Бүгінгі жау әскерінде де осыған ұқсас бір жай бар. Аязды қысты осы жылы қалада өткізерміз деп жайласа бастаған әскер, кенет соққан дауылдан ес жия алмай қалыпты.

Шабуыл кезінде алда, шегіну кезінде артта болатын әдеті бойынша, біздің взвод та алғашқы айқаймен араласа қалаға кірген. Қазір біз қаланың оң жақ көшелерін сүзіп келеміз. Қараңғы түкпірлерден биік үйлердің ең астыңғы қабаттарынан кейде шортан, кейде шабақтар ілегіп қалады... Дүниелік тиеген машиналар әр көшеден кездесіп келеді. Кейбір көшелерде ондаған машиналар соқтығысып, бірін-бірі тас үйлердің қабырғасына апарып жастап, аяғында мүйізінен айқасып қалған арқарға ұқсап, сіресіп қатып тұрып қалыпты. Ондай

көшелерден жаяу солдат та өте алар емес. Бірлі-жарымды болмаса, шоферлары да кетіп қалған.

Қала халқы да бұл түнді ұйқысыз өткізіп, әр терезеден бас көтеріп, өздері көрген бірдеменің жайын айтып қалып жатыр:

— Анау үйде штабтары болған!..

— Анау қызойнақ жасаған үйлері...

— Танкы дивизиясы ана заводтың қорасында болды...

Биік бір үйдің төбесінде үлкен бір жалау желкілдеп тұр. Жалаудың нақ ортасында аяқтарын тарбайтқан бүйіге ұқсаған бірдеме көрінеді. Алаңдардағы дарлар, қатар-қатар асылған адамдар сол бүйінің ісі. Ататын жауың аздық қылмаса да, алдымен сол бүйіні атқың келеді. Үйдің төбесіне біздің бұрын шыққан әлдекім жау жалауын жұлып алып, біздің алдымызға қарай лақтырып жіберді. Жауынгерлерім жүгіріп бара жатып, әдейі бұрылып, бүйіні бір-бір таптап өтіп барады.

Атыс-айқас қаланың батыс жақ шетіне ауды. Таңертеңгі алакөлеңкеде тізбек-тізбегімен келген ауыр самолеттер қалаға айналмай батысқа қарай өтіп жатыр. Самолеттің бауырына тізіп алған бомбалары да көрініп қаларлықтай төмен ұшып барады. Анда-санда бір естіліп қалатын гүмпілдерге қарағанда, біздің самолеттер немістер қашқан жолдарға түйіліп жүр, қала айқасына қатынасқан да жоқ.

Күн шыға қалалық мекемелердің төбесіне қызыл тулар қайта орнап қалды. Шығып келе жатқан күннен емес, сол қызыл тулардан жарық молайып бара жатқандай көрінеді. Шығыстан соққан қатты желмен бірге толқынданған қызыл тулар солдат жолының, бетін батысқа қарай сілтеп тұрғандай болады.

Енді қалаға шабуылдың артқы қорлары кіре бастады. Танкы лектері түнде көргеніміздан енді көбейіп бара жатқан сияқтанады. Атақты Сталинград танкыларын көргендс Семен еске түседі.

Көлденең бір көшемен қалың киінгендіктен төртбақ көрініп, аласа бойлы бала жүгіріп келе жатыр. Екі қолын ербеңдетіп, асығып келеді. Аяғында өзінікі деуге келмейтін үлкен қара пима. Кейде басындағы бөркін жұлып алып бұлғайды. Керемет бірдемені хабарлағалы келе жатқаны даусыз-ақ. Бірдемеге жарап кеткеніне қуанғаны да айқын. Артына қарап қойып, бізге қарай ұшып келеді.

Біздің заводқа жүріңдер... Завод сарайында толып отыр. Көп-ақ! — деді бала, менің алдыма тұра қалып. Әрине, бала үшін өз көзімен көргеннен артық жақсылық та жоқ, жамандық та жоқ.

— Кім, кімдер толып отыр? — дедім, аптығын баса алмай тұрған балаға.

— Немістер, аға, немістер! Әкем күзетіп қалды. Мен сіздерге жүгірдім...

— Әкең күзетіп қалса, айрылмас...— дейді Володя, баланың көңілін жұбатып.

— Тез, тез жүріңдер! — деді бала, Володяға жәбірленген көзбен бір қарап қойып.

Бала томпаландап қасымызда келе жатыр, біз едәуір қираған заводқа қарай бұрылдық. Терезе біткеннен түгел айрылып, әр жерінен опырылған завод үйлері тұнжырап тұр. Түтіні жоқ ұзын мойны жараспай, босқа сораяды. За-

вод маңындағы құлағың үйренген көп дыбыстың жоқтығына таң қалғандайсың. Еңбек оты сөніп, еңбек үні тынған.

– Мына бір жерден өте беруге болады, – деп, бала ойылып қалған бір қабырғадан ішке қарай өтіп кетті. Оның артынан Петя Ушаков өтіп, ішкі жақты бір шолып алып, бізге қолын бұлғады. Біз де өттік. Завод қорасы аударылып, құлап жатқан кішкене-кішкене темір вагондар, үйіліп жатқан темір жаңқалары, ораулы жатқан темір сымдар, жәшікке салып жөнелтуге әзірлеген жүктер... Қираған терезелер мен опырылған қабырғалар арқылы заводтың ішіне атжал-атжал қара үйіліп қалыпты. Әр жерде жеңді білектей жыланға ұқсап резеңке өңештер жатыр. Әр машина орнынан бір қозғалып, бір жағына қарай қыңыратқы бастаған.

Бала бізге «дыбыс шығармаңдар» деген белгі берді. Бұл сақтық әкесін көрген соң есіне түскені де айқын. Өйткені, манадан бері өзі сөйлеп келе жатқан. Сұрғылт тас бағананың қасында тұрған қартаң жұмыскерді көрдік. Бетіне білеуленіп түскен ажымдар да, киінген түрі де, бурыл мұрты да оның ескі жұмыскер екенін танытып тұр. Оң қолындағы гранатасымен қарт жұмыскер аржақтағы бір тас сарайды нұсқады. Әр бағананың түбінен қолдарына мылтық, граната, автомат ұстаған тағы төрт адам шықты.

– Ана сарайда жиырма шақтысы отыр... Бәрі де қара шұбар жыландай киініпті... Қоршаудан шыға алмай қалған болу керек. Осында келіп тығылды. Біз соларды күзетіп тұрмыз, – деді қарт жұмыскер.

– Сіздер оларды қайдан көріп қалдыңыздар?

– Біз завод партизандарынан құрылған отрядтың адамдарымыз. Түндегі күзетті завод шарбағының төбесінде өткізіп едік, – деп, орта жасты жұмыскер алғарақ шықты. Содан соң даусын бәсеңдетіп, – эс-эс штабын қиратуды партком бізге тапсырып еді. Бүгін кешке тағайындап, әзірленіп те болып едік, – деді.

Менің қасымда алты-ақ жауынгерім бар, жұмыскерлер төртеу, баламен бесеу... Мен гранатамды қолыма алдым да жауынгерлеріме де сол белгіні бердім. Жауынгерлерім де соны істеді. Бала көзін маған қадап, о да қару сұрап тұр. Мылтығымды балаға құшақтата салдым да:

– Қашқаны болса, атарсың... Әкеңнің қасында бол! – дедім.

Бала қуанып кетті. Өзінен ұзын мылтықты қып-қызыл болып тоңған саусақтарымен қапсыра ұстап, бағанның түбіне қалшиып тұра қалды. Қарт жұмыскер баланың әкесі болу керек маған алғыс көзімен жымиып қарады.

Сазды шалшықтан аттағандай, кең-кең аттап, дыбыссыз ғана немістер жасырынған тас сарайға жақындадық. Ауыр темір қақпасы жабық тұр. Не істеу керек?.. Қарт жұмыскер сарайдың шарбағына шығатын баспалдақты нұсқап, ернін жыбырлатады.

Басқаларды қақпа жақта қалдырып, Толстов екеуміз сарайдың төбесіне шықтық. Сарайдың төбесіне іштен қатынасатын баспалдақ алынып қойылған үңірейіп орны ғана тұр. Көз үйренген соң абайласақ, сарайдың шарбағында көп мүлік жатыр. Ауыр жүктерді көтеріп түсіретін жуан темір арқандар екі жерден сарайдың ішіне түседі екен. Ол жерлерде қақпақ жоқ, құдықтай үңірейеді.

Сырттағы баспалдақтың қақпасына қайта келіп, тыстағы жолдастарға ыммен сөйлеп, қалай қимылдайтынымызды түсіндірдім:

Қазір біз ішке граната тастаймыз, сол кезде сендер де ұмтылыңдар!

Біздің төбеге шыққанымызды немістер де сезіп қалған екен. Мен сырттағылармен ымдасып тұрғанда іштен бірнеше автомат дүрсе қоя берді. Әлгі тесіктердің бірінен Володяны атып түсірді ме деп, мен де тез кейін бұрылдым. Сүйткенше болған жоқ, төбеден тасталған екі граната ішке түсіп, гүрс-гүрс қатар жарылды.

— Володя! Бармысың? — дедім.

— Гранатаңды әкел! — деді ол.

Мен де бір тесіктен екі гранатаны тастап жібердім, қақпа жақтан да жарылған граната даусы естілді. Автомат үні тына қалып, буалдыр көк түтінге аралас ыңырсыған адам үні естілді. Сыртқы қақпа ашылып, сарайдың ішіне жарық түсті.

— Көтер қолдарыңды! — деген дауыстар біріне-бірі жалғаса шығады.

Сарайдың тас еденінде бес-алты неміс қозғалмастан қалыпты. Бір қолын қысып алған, бетін басқан, бүйірін басқан бірнешеуі сенделіп ортада жүр. Автоматтарын тастай беріп, екі қолдарын қатар көтерген он шақты фашист қақпаға қарай барып қалыпты.

Ең құнсыз адам — қолға түскен жау. Онда ұят-ар дегеннен ешбір белгі қалмайды. Ол сенің айт деріңнің аржағынан түсіп, ең қымбаттым дегенін аузына алады. Сондықтан да өте жеркеніш көрінеді.

— Капут! Гитлер капут! — деп, қолға түскендер бір ауыздан зар қағып тұр.

«Капут» күні әлі алыс екенін жақсы біледі. Бірақ жаны құрғырын сақтап қалу үшін ұсынып тұрған «қымбаты» сол, Толстов екеуміз төбеден тесіктерден арқанмен саумалап сарайдың ішіне түстік. Жараланған да, оққа ұшқан да бір адамым жоқ екен.

— Ушаков, айдап алып шық! — дедім, Петяға. Петя мылтығының аузымен нұсқап, немістерге қақпаны көрсетті. Немістер тұтқынға түсіп, кәнігі болып қалғандай, я болмаса, бұл күйге іштей әзірленіп жүргендей, екі-екіден қатарланып, секек-секек басып қақпадан шыға берді.

— Қаруларын жинап алыңдар, сарайды қарап шығыңдар? — деп, артыма қарай бұрыла беріп ем, кеудемнен біреу темір сүйменмен түйіп қалғандай болды. Атылған мылтық даусын естіген-естімегенімді әлі күнге дейін анық білмеймін. Тас сарайдың қабырғалары құлап бара жатқандай болды. Үйілген жүктердің ар жағынан маған тесіле қаарап тұрған қара шұбар жыланның басын көріп қалдым. Ысылдағанын да естігендеймін. Өзім де құлай бердім, ышқынып атылған автомат даусын да анық естідім. Бұл кім, Володя ма екен жыланды атып қалған деген ой бұлдыр ғана елестеді де аяқталмады...

Есімді жинап, көзімді ашсам, манағы қарт жұмыскерге сүйеніп отыр екемін. Арқамнан қапсыра құшақтап алыпты. Бұрыл мұртынан темекі исі мұрныма келеді.

— Е, міне осылай... Көзіңді аш, балам, — дейді, қоңыр дауыс.

Қарсы алдымда маған үңіле қарап, аузын ашып қалған күйде манағы бала тұр. Мана бізге жүгіріп келгенде баланың жүзі қып-қызыл еді, қазір сұрланып кеткен. Құшақтай ұстаған мылтығы қисайыңқырап барады. Баланың бар бейнесінен «қатты ауыра ма, аға?» деген сұрауды көргендеймін. Мұндайда бар баланың ойына түсетін сұрау осы болады. Мұны ол орыс тілінде «Дядя, больно?» деп сұрай қалса, шын «больно» сонда болады... Володя менің көңілімді аулағысы келгендей, тасада тұрып мені атып қалған неміс офицерін жағасынан сүйреп әкеліп, үйіліп жатқан темір жаңқаларының қасына тастай берді. Жауым кім екенін танып қалайын дегендей, көзім еріксіз соған барып тоқтады. Эс-эстің капитаны екен. Кеудесі қушиған, жіліншіктері жіп-жіңішке ши борбай, мойны қылқиған сары шашты, арық бірдеме. Істік мұрнын қарға тыға, қылжиып жатыр, өліп те қалған... Жайық жағасында көп көрген өліп қалған су-тышқанға да ұқсап кетеді.

Қарсы алдыма сұр палатканы жайып, жігіттер мені ақырын ғана көтеріп, соған салып жатыр. Мен дыбыс шығарғым келмейді, не болып жатқанын көріп-біліп жатсам да, үн шығара алар емеспін. Көзім қарауытып, құлағыма мақта тығылып бара жатқандай сезіледі. Мені көтеріп жатқан адамдардың денелері кейде өзінен-өзі үлкейіп көрінеді. Жолдастарымның не айтып жатқандарын да естігендеймін. Бірақ ешбір сөздің мағынасын аяғына дейін аңғара алмаймын.

Володя менің көзіме қадала қарап, ернін жыбырлатқандай болады. Не айтқаны естілмейді. Есімнен айрылмайын деп, күшімді жинасам да кейбір нәрселер алыстан бұлдырағандай, айқын аңдалмай қалады. Володяға өзім де бірдеме айтқым келеді. Теріміз сіңіскен, қайғы-қуанышыма ортақ болып кеткен, қиыспас дос жолдастарға жүрегімдегі қырынды бір сөзімді айтқым келеді. Бар күшімді жинап алып айтқаным:

— Команданы қолыңа ал! — ғана болды. Басқа ойларым айтылмай алқымымда қалды...

Мені көтеріп алып жөнеле бергенде, өзімді атып қалған жауымды тағы бір көргім келіп тағы бір қадалып қарадым. Тұмсығы енді қарға түгел көміліп барады екен. Мұрнынан аққан қара-күрең қан ұсақ-ұсақ отау тігіп, алдындағы қарды едәуір шұбатып бояп тастапты. Атылған ит осылай өлетін еді деп, ішімнен бір жәбір теңеулер іздегендеймін... Шолақ киімдері жоғары сырылып кетіпті де, ашылып қалған жаланаш арқасына айдама жел түйір-түйір қиыршық қарады тығып жатыр...

Жолдастарым мені көтеріп әкетті. Биік тас үйлерді дір-дір еткізіп, танк лектерінің әлі өтіп жатқанын айқын сезем. Сталинградтан келгендері де бар шығар-ау... Семен Зониннің қаза болғанын айту керек еді-ау, біреуіне... Ондай ерекше адамды білмейтін кім бар дейсің деген ой келеді. Бірақ бұл ойым да аяқталмай, басқа бірдемеге ауысып кетеді.

Әлі өтіп жатқан ауыр самолеттердің бауырларында балапандай тізіліп бара жатқан бомбаларын да көргендей боламын. Осылардың ішінде Шеген де кетіп барады, ә? Ол ғой, менің танып қалғанымды сезген де жоқ?.. Шеген аға, бұл бес айда мен де басымнан талайды өткіздім. Енді кездессек, ана жолғыдай қысылмай-ақ шерте беретін әңгімелерім толып жатыр. Жолдас капитан

—

солдатың көпті көрді, ондай-мұндай ұққаны да жоқ емес. Мүмкін енді саған жолдастыққа да жарап қалған шығар.

Кеудеме қыздырған темір кіріп бара жатқандай, тек ақырын шайқалған сайын бойлай түскендей сезіледі. Ойларым тез-тез үзіліп кетеді де, жаңа бір ойлар киіп кетеді. Қанша уақыт бірге жүрген жолдастарыма ең керекті сөзім айтылмағандай, әртүрлі ойлар анталап, араласып барады. Ие, ең айтар сөз немене еді?.. Неғып ұмыта қалдым?.. Осы бір болмашы шайқалыспен келе жатқанда ойың да шайқала бергені ме?.. Бұрын талай жүгіретін де едік, сонда неғып түсіп қалмай жүрген?..Қап, ұмытыла қалғанын көрдің бе?..

Ұйқылы-ояу бір халде, әйел даусы естіледі.

— Ауыр екен... тез жөнелтілсін... ауыр жара... Машина... Бірінші кезекте...

«Ол кім екен жаралы? Володя ма, Петя ма?.. Екеуі де қызу, батыл жігіттер еді. Қайда жұмсап ем?.. Бекер болған екен... Иә, сарайды тінтіп шық деп ем-ау, Володяға... Қайда жөнелтейін деп жатыр екен оларды?.. Адрестерін алып қалуым керек қой.. Адрестеріңді, адрестеріңді қалдырыңдар!.. Даусым, әрине, шықпайды...

— Костя, кейін өзімізге келіп қосыл! Түсінемісің? — дейді бір дауыс. Бұл, әрине, политрук Ревякиннің даусы...

Білегіме жұмсақ бір салқын саусақтар тиеді. Ақ киінген Ақбота көзіме шалынып кеткендей болады. Семен көрдім деп еді, дұрыс екен-ау!.. Ақбота, кішкене ғана қаттырақ сөйлеші... Көзімді ашып бірдемені сұрайын десем, көзім ашылмайды, менің әлсіз үнімді көп дауыстар көміп кете береді. Әлдекімдер жараланған, әлдекімдер ыңырсиды...

Өз ойларым шолақ-шолақ... Жар басында секірген лақтар біресе ойға түсіп кетіп, біресе қайта көрінеді. Менің ойым деп осы лақтарды айтып жатқан сияқтымын. Бұдан былай ойыма түскен нәрселер үркіп-ойнақтап көз алдыма да келе бастады. Түтін арасында жылт еткен от ұшқынындай елес береді де, жоқ болады. Адрес десем өзіме жазған хаттар көрініп кетеді. Жолдастарға бірдеме айтқым келгенін аңдай қалсам, қатар тізіліп тұрған Семен, Володя, Ревякин, Петяларды көрем... Солардың қатарында Ақбота да тұрады...

«Гитлер енді Москва маңайын көре алмайды, бұл анық!» — дейді тағы да Ревякиннің даусы. Ол осылай үзілді-кесілді айтатын адам.

«Әрине, көре алмайды, түсінде де көре алмайды!»— дегім келеді. Даусым өзіме де естілмейді... Бастырлыққандай діл гір бір хал босатар емес.

Ростов үстіндегі боранның салқыны бетіме тиеді де, ызыңы құлағыма тиеді. Мен оны Москва бораны екен деп қалам. Машинамен өтіп жатқан көп әскердің өлеңдері құлағыма келеді, мен оны Москва көшелерінің үні деп қалам...

Көз алдыма тұмсығын қарға тығып өлген су-тышқандай бүкшиіп жатқан манағы жау капитаны келеді. Мұрнынан аққан қара-күрең қан ұсақ-ұсақ отау тігіп, қарды бояп шұбап барады. Жоқ, тіпті лақылдап ағып, сай-салаға құйылып жатыр. Атылған ит осылай өлетін деп ішімнен әлі де бір жәбір теңеулер іздегендеймін... Шолақ киімдері жоғары сырылып кетіпті де, ашылып қалған жаланаш арқасына айдама жел түйір-түйір қиыршық қарды тығындап жатыр...

ҮШІНШІ БӨЛІМ

1

– Қа-ра-ған-ды! – деді проводник төрт буынның төртеуін де созып. Маған тағы бір әрпі созылмай қалғандай, тым тез айтылып кеткендей ғана көрінді.

– Қайта бір айтшы! – дегім келгендей, мен қарт проводниктің көзіне қадалдым.

– Міне, енді сіз үйіңіздесіз... Қазір туған-туысқандарыңыз да қарсы алар. Түн демей-ақ күтіп жүрген шығар. Қандай қуанысып қалады! Бұл менің өз басымнан да талай өткен бір кезде...– деп, қарт өзінің бір әңгімесін бастап кетуге бейімделді де, поезд тоқтайтын белгісін бере бастаған соң, есікке қарай өтіп кетті. Терезелерден электр жарығы да түсе қалды.

– Ие, енді мен үйімдемін!.. Бірақ менің үйімнің үлкендігі сондай, Қарағанды мен Гурьевтің екі ортасына екі Франция, он шақты Швейцария, он бес шақты Бельгия сыйып кетер еді. Люксембург сияқты «королевстволы ұлы мемлекет» үшін біздің бір-екі колхоздың жаздық жайлауы да емін-еркін жетіп жатыр... Гурьев пен Қарағандының арасынан гөрі Лондон мен Берлиннің арасы көп жақын.

«Онша алыс қиян емес...» деген патша аузынан шыққан сөз босқа мәтел болып кеткен жоқ...

Қазақстан жерінің кеңдігі жаралы жауынгерлерді майданнан алыс госпитальдарға жіберіп отыратын адамдарды да жаңылдырса керек. Мені олар үйіме жақынырақ жерге жіберейік деген жақсы оймен Қарағандыдан бір-ақ шығарды.

Бұл вагонда көпшілігіміз қазақстандық, сібірлік жауынгерлер келдік. Туған жерлері әзір жау қолында қалған жауынгерлерден он шақты ғана адам бар. Қазақстанды бұрын көрмеген жігіттерге Орынбордан бері асқан соң-ақ әртүрлі қобалжулар кіре бастады. Көбі Қазақстан жайын бұлдырлау біледі екен.

Аяғынан жараланған жауынгер Гришин қазақ даласын үздіксіз соғып тұратын жел-борандай сөйлейді. Сықырлаған сары аязда құтыра соққан боранның, лебі келіп тұрғандай, сұрғылт мақта көрпенің, үстінен жамылған шинелін иегіне қарай тартыңқырап қояды. Бұл Одессаның жігіті, студент-геолог.

Орынбордан бері асқан соң, боран шынында да құтырып кетіп еді. Әдейі Гришиннің қобалжуын күшейте түсейін дегендей, поезд тоқтай қалған жерлерде боран тереземізге ұйпалақтай соғылып, гу-гу етеді. Вагон төбесінде байпақ киген біреу жүргендей болады. Кейде вагонның мұржалары өзара жанжалдасып қалғандай естіледі. Есік ашылғанда даладан құшақ-құшақ болып кірген суық ауа аппақ тұман сияқтанып, вагонның жылы ауасын түріп әкетеді.

– Жап, жап! – деген дауыстар үсті-үстіне шығып қалады.

Мен әлі ешкіммен дауласа алмаймын. Сөйлей бастасамаң тық-тық жөтеліп, қиналып қалам. Мен кетер күні Ростовта да осыған жақын боран болды дегім келеді де, оның аржағы дау болып кетер деп, үндемей ғана езу тартам.

Ленинград майданынан келе жатқан ауыр жаралы бір жауынгер Қазақстанды қайнап тұрған ыстық, көлеңкесіз бір күнгей сахарадай көретін сияқты. Оның ойынша Қазақстанда күн біреу ғана емес, бірнешеу сияқты болып кетеді. Мұз қатқан окоптың сүйегінен өткен суығын кетіру үшін ол жауынгер Қазақстанның толып жатқан күніне түгел қыздырынғысы келеді. Ие, солдаттың кейде ыстықты, кейде суықты сағынатын уақыттары да болады.

– Біздің Шымкент маңайы осы күні егін салып жатырау, ә? – дейді, оңтүстіктің жігіті, Әбен деген жауынгер. Мұнысы Гришинға қайтарған сыпайы түрдегі жауап сияқты.

– Егін салып жатыр? Осы февраль айында ма? – дейді, Ленинград майданынан келе жатқан жауынгер.

– Ие, егін салып жатыр. Былтыр мен февральдың он жетісі күні шығып ем егінге. Бүгін февральдың он жетісі ғой,– дейді Әбен. – Дәнді егісті аяқтаған да шығар... Поезд да тоқтады, жаралы қонақтарына құрмет көрсетіп, сәлем күйін ойнаған оркестр даусын да естідік. Вагонға Қазақстан қара алтын қоймасының уәкілдері де кірді. Толықша келген аласарақ жас жігіт әр ұйымнан қосылған адамдарды бастап келген болу керек қошемет сөзді сол айтты. Сөзінің ішінде «обком» бір-екі рет қайталап қалғанына қарап, мен оны Қарағанды обкомының адамы екен деп ұйғардым. Оған жақынырақ бір жас қазақ әйелі тұр. Қаракөл жағалы қынама қара пальто киген басында да сыпайы сәнмен киген қара бүйра бөрік. азғана сопағырақ жүзді, қара торы әйел, суықтан азырақ қызарыңқы тартқан. Қара көздерінен әртүрлі ойдың ұшқындары аңдалып қалады. Кейде бізге арналған жылылық оты көрінсе, кейде бір мұң пердесі, жүрегіндегі тынышсыздық байқалады.

Әйел әрқайсымызға да көзін ұзағырақ тоқтатып қарайтын сияқты. Әсіресе, басын таңып алған жауынгерлерге ұзақ қарап қалады. Әрбір қарауының артынан көзіне «жоқ, бұл да ол емес!» деген ой елесі шыға келеді. Жаралы жауынгерлерге тіл қатқанда кеудесін кернеп жүрген ыстық бір леп барлығын сезесің.

«Сол ма деп қалып ем...– деп өкінген көз енді бір айналып қарағанда, – менің жарымды көрмедіңдер ме? Бірге болғандарың жоқ па?» – деп сұрап тұрғандай болады.

– Әйел, әрине, бізді қарсы алуға шыққан. Сонымен бірге, жаралылардың ішінен өз жарын да кездестіріп қалам ба деген үмітпен жүрген сияқты. Мүмкін әр эшелонды қарсы алғанда сол үміті ылғи ере жүретін де шығар...

– Ие, бауырым, кейбір жақын жандарды енді кездестіре алмауымыз да мүмкін. Соғыстың аты соғыс қой, ол құрбансыз болмайды. Жас өмірін Отан жолына құрбандық етсе, жарыңның сол ерлігі демеу болсын жаныңа! Ер жолдасым деп қана қойма, Отанның адал ұлы деп ал есіңе! Бұл ойыншық емес.

– Жоқ, айналайын бауырым, көзіңе қайта-қайта қараймын да, үзілмес-өшпес үміт отын көрем. Үзбе сол үмітті, күте біл. Солдаттың ең жақсы көретін өлеңдерінің бірі – «Күт мені, күт!» екенін өзің де жақсы білетін боларсың. Күт, бауырым, мен де жарыңа аман кездесуіңді тілеймін.

– Қамқорларыңыз осы кісі болады. Облысымыздағы мәдениет майданының командирі, Күлай Даниялова, – деп, обкомнан келген адам бізге жаңағы әйелді таныстырды. Осыдан былай қарай біз де сол қарындастың әміріне көштік.

Вагоннан шыққан соң-ақ жарты миллион халқы бар көмір қаласының кең демалысы сезіле бастады. Үркердей жиі тізілген электр жарығы, әлдеқайда алысқа жайылып, белдерден асып түсіп жатыр. Ерсілі-қарсылы шұбаған көп поездың тиеп алғаны бәрі көмір сияқты.

Біріне-бірі жақын салынған шахталардан шыққан кен қалдығы тау-тау болып үйіліп, боранды түнде биік бір тау қырқаларындай көрінеді. Кенмен кеткен көмір ұсағы өзінен-өзі тұтанып, көгілдір оттары алыстан көрінген тау арасындағы бір қаланың оттарына да ұқсап кетеді. Бұрын көрмеген адам Қарағанды бірнеше жоталардың үстіне, шатқалдардың арасына салынған қала деп те қалатындай екен.

– Бұл немене? Қарағанды тау арасында ма еді? – деді Гришин маған. Екеуміз бірімізге-біріміз иығымызды сүйей отырып, бір машинада келе жатыр едік.

– Саған жел тимесін деп, тау жасап қойған ғой... – дедім мен Гришиннің ең бір қорқатын қаупін есіне салып. Бізбен бір машинаға мінген Күлай жолдас менің жауабымның қалжың екенін түсіне қалды да, Гришинге жоталардың жайын түсіндіре бастады.

– Өзім де тіпті алаңғасар екенмін-ау... – дейді Гришин, – көмір шахталарының маңайында кен қоқымы үйіліп қалатынын білмейтіндей сұрағанымды көрдің бе!

Гришиннің жауабындағы шахта жайын білетіндікті аңдап қалған Күлай:

– Мамандығыңыз қай жағында еді? – деп сұрады.

Мамандық? Ол қайдан болсын әлі,– деді Гришин қысылыңқырап қалып,– мен әзір оқушымын... студент едім...

Машина жаңа Қарағандының биік бір үйінің алдына тоқтады. Жаңа қала бейбіт шақтағыдай жарқырап тұр екен. Күн батса-ақ жарығын сөндіріп, бар терезесін тұмшалап тастайтын жақтан' келген жауынгерлердің алғашқы қуаныштары да осы жарық еді. Ата-бабамыз мұндай жарықты көрмей өтсе де, біз оны қатты сағынған екеміз. Жаңа Қарағандының осынша аруақты екенін мен де білмейтін едім. Бәріміз де таңырқап қалдық. Тас құйылған кең көшелер, зәулім үйлер, көз сүрінгендей мол жарық түнге де, боранға да бас идірмей, қала кеудесін жоғары көтеріп әкетіпті.

– Москваның бір кварталдарына ұқсайды екен! – деді, әрнені де аз-кем асыра сөйлейтін Гришин. Мен оған:

– Желі гулеген далаға ұқсамай ма, әйтеуір? – деп, әлі де қалжың жауап қайырдым.

Гришин екеуміздің арамызда екі ұшты бір қалжың барын байқап қалған Күлай, онымызға ерік бергісі келмегендей, тез киіп кетіп:

– Қарағанды көміршілерінің он жылдық еңбегі ғой бұл қала. Әлі олпы-солпысы толып жатыр... – деді, екеумізге де тыйым салатын үнмен.

Біздің совет есебі бойынша, он жыл деген – толық екі жарым бесжылдық болады. Ал, біздің бір бесжылдық бұрынғы екі жарым ғасырыңызға да сыя

бермейді. «Ата-бабаның ғасырларынан аз жылдардың ішінде-ақ аттап өткен қазақ даласының таңырқатары жалғыз ғана Қарағанды деймісің!» дегім келеді Гришинге...

Біріміз өз аяғымызбен, енді біріміз теңге түсіп, көпшілігіміз госпитальдағы апа-қарындастарымыздың иығына сүйеніп, үйге кірдік. Ұзын-ұзын коридорлы, кең баспалдақты үйдің әр қабатына тарасып барамыз. Кейбіреулер баяу, кейбіреулер ожар қимылдайды. Бірақ бәрі де майданда неден зарықса, соның жайын бірден сұрасып бара жатыр:

— Жарық бар ғой? Жылы ғой? Бөлмеміз күн жақта ғой! — деседі әр жерден.

Осындай бір кезде жауынгерлердің жас балаға ұқсап кететін де бір мінездері болады...

Біз алтыншы палатаға кездестік. Есіктегі алтыншы санды көре сала, әрқайсымыз Антон Чеховтың «Алтыншы палата» дейтін әңгімесінен есте қалғанды айтысып кеттік. Бірақ саны бір келгенмен сапасы басқа, екі палатаның арасында екі түрлі ғасыр, екі түрлі мағына, екі түрлі адамдар тұр еді.

Палатамыз жып-жылы, көзге де, көңілге де өте бір жайлы бөлме екен. Ортада ақ дастарқан жапқан стол. Стол үстінде екі тас күршекке өсірген екі түрлі гүл, біріне бірі азғана бұрала қарап, еркелесіп тұрғандай. Электр шамдары да көзіңді тесердей жалаңаш шақырайып тұрған жоқ, қызғылт жібек арқылы жұмсақ қана жарық төгеді. Госпитальдағы апа-қарындастармен алдағы күнде неше рет ұрсысып, неше рет татуласарымызды кім білсін, әзір қас-қабақтарында кірбің жоқ, жарқын жүзбен ерке сөйлесіп жүр. Жауынгерлер өз үйлеріне келгендей оңай орналасып, жайраңдасып қалды. Суық та, боран да тез ұмытылып кетті.

Түнде бізді әбден жайғастырып болып, сағат үш кезінде қайтқан Күлай таңертең тағы келіп қалыпты. Түн бойы біз оны талай аузымызға алып, Күлай атын өзіміз өзгертіп, Гуля деп сөйлесуге келіскеміз. Жалғыз Әбен жауынгер көне алмай қойып еді:

— Біздің бір ағамыз Ыван Ывановна дегендеріңе тілім келмейді деген екен... Мен де бұлдіріп алып жүрмейін, Күлай дейін, шырақтарым...— деді ол, жалынардай болып.

Гуля әуелі бірінші қабаттағы жауынгерлерді аралап шығып, біздің бөлмеге сағат тоғыз кезінде келіп еді. Әр жауынгердің, мұң-мұқтажын сұрастыра отырып, ара-арасында қай майданнан келгенімізді де сұрай кетеді. Әсіресе, баса сұрайтыны Харьков майданы. Көзінен байқала қалған күрсініс реңіне қарағанда, ол жақтан келген жауынгерлерге әлі ұшараса алмаса керек.

Соғыстың салқын лебі мұнда да қатты сезіледі. Гуля көзіне келе қалған мұң шырайын қысқарақ келген қою кірпіктерімен тез желпіп тастады да:

— Өз қолымен хат жаза алмайтындарың болса, айтыңдар. Мен жазып берейін, — деді.

Гуляның қолынан өткен жаралылар жалғыз біз ғана болмасақ керек. Әрбір сұрауы жауынгерлердің әртүрлі қысылыстарын айтқызбай-ақ қамтып кетіп отыр.

Бұл үйде өз хатын өзі жаза алмайтын мен бармын. Оқ менің төс сүйектерімді қирата өтіп, оң жақ жауырыныма кіріп тоқтапты. Оң жағым тұтас таңулы, хат

Ғ. Мүсірепов. 1954 ж.

Қаламгерлер бас косканда. 1959 ж.

Пікір алмасу үстінде. 1960 ж.

Б.Кербабаевпен.1963 ж.

Ғ.Мүсірепов, Б.Кербабаев, Ғ.Мұстафин. Түркіменстан. 1963 ж.

Ғылыми конференцияда.

Жиені Бекет Мүсірепов.



Ғ.Мүсірепов жұмыс кабинетінде.

Академиктерді ортаға алып.

Жаз-көңіл. Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы, М.Қаратаев, С.Мәуленов. 1964 ж.

Ғабең пен Ғазиза.

Ғ.Мүсірепов. 1965 ж.

Ғ.Мүсірепов, З.Тамшыбаева,
Ш.Мұртаза.

Ғабең мен Ш.Мұртаза. 1980 ж.

Оқырмандар ортасында.

Алматы облысының Шелек ауданында. 1977 ж.

Ғабең мен Ғазиза.

Бурабайда.

Жазушының мемлекеттік марапаттары

Академик-жазушының мерейтойы. 1972 ж.

Ағасы Хамит Махмұтов

Мына тұста...

Ғ.Мүсірепов Арал

Ғабеңнің сиясауыты, көзілдірігі.

Қызы Роза.

Ақмарал
Ғабитқызы Мүсірепова.

Жиендері Бекет, Кәрім.

Кос Ґабен.

Жазушы мерейтойына шақыру қағаз

Жиен немересі Бақытжанмен.

Ғабең шәй ішкен самаурын.
Мұражайдан көрініс

Ақан сері-Ақтоқты спектаклінен кейін. Опера және балет театры. 1980 ж.

Бұтақ жону бір ермек...

Елдегі егінжай алқабында. 1980 ж.

Жапонияға сапар.

Жол-жоралғы. 1972 ж.

Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Бибатырова т.б.

Ғ.Мүсірепов, Вершигора, С.Мұқанов, А.Фадеев. Мәскеу, 1958 ж.

“Қыз Жібектің” 1000-қойылымының жарнамасы. 1968 ж.

Раиса Ғабеннің 100 жылдық мерейтойында. Қызылжар. 2002 ж.

Түрегеп тұрып жазуға
арналған үстел.
Мұражайдан көрініс.

Қызылжар өңірі. Ғабит ауылындағы мұражай.

Мәскеуде.

Ғабит оқулары 2012 ж.

Ғ.Мүсірепов, К.Байсейітова, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев т.б.1954 ж.

Ғабеңнің қонағы - жас шахматшы Г.Сахатова.

И.Абашидзе, Ш.Айтматов Қазақстан Жазушылар одағында. 1975 ж.

Ғ.Мүсірепов салтанатты мәжілісті ашып тұр.



Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин оқырмандарға қолтаңба беруде.

Алматыдағы Ер Ғабеңнің ескерткіш-бюсті. 2010 ж.

Ғ.Мүсірепов пен М.Шолохов.

Ғ.Мүсірепов,М.Симашко,
Ә.Кекілбаев. 1982 ж.

Жазушының 75 жылдық мерейтойы. 1977 ж.

Ғ.Мүсіреповтің 50 жылдығы.

Өзбек жазушыларын қарсы алу.

Ғабең туған жерінде.

Д.Қонаев Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын тапсырып тұр.1974ж.

Ғабен мен Раиса

Қызы Ақмаралмен.

К.Байсейітова, Ғ.Мүсірепов, Вершигора, С.Мұқанов. Мәскеу. 1958 ж.

Д.Қонаевпен бірге 1977ж.

Ғ.Мүсірепов пен С. Оразалинов.
Телехабарға дайындық сәтінде.

Ғ.Мүсірепов, С.Сейітов, Ж.Тілеков. 1965 ж.

Қызы Гүлнәр және жиені Ғабит Мүсірепов. 2002 ж.

Атасының жанында жиен немересі Бақытжан.

Қалибек Қуанышбаевтың қасында. 1950 ж.

Тыныстаған бір сәт...

Жазушы - Енбек Ері. 1974 ж.

В.Карпов, Ә.Тәжібаев, Ғ.Мүсірепов.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде. Мәскеу. 1958 ж.

Алматы шипажайында. 1974 ж.

З.Кедрина , Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев т.б.

1965 ж.

Ортада-Мәриям Мұқанова.

Орден алған сәт. 1972 ж.

Қаламгерлер ортасында.

Мұражайдың кіреберісі.

Қос Ғабең мен Сәбең.

Жүздесудің бір сәті. 1985 ж.

Жұмыс кабинетінде.

Батыс Қазақстан теміржолы
бойындағы "Ұлпан" станциясы

Окжетпес шипажайында.

С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов т.б жүзімдікте.

Ғажайып Ғабең. Суретші-Б.Мырзахметов. 2002 ж.

Табиғат аясында.

Жапон елінде.

Мәриямның әңгімесін тыңдап... 1974 ж.

Ресми қабылдау. 1972 ж.

жазу түгіл, одан оңай қозғалыстарға да шама жоқ еді әзір. Мен хатымды әркімге жаздырып, мұңым мен сырыма әркімді ортақтастырып жүргелі, міне, екі айдан асып барады. Неге екенін білмеймін, сол сырымды Гулядан да жасырғым келмеді. Шынымды айттым. Гуля менің хаттарымды жаза бастады.

Бірінші хатым Володя мен Петяға жазылды. Қайда келіп тоқтағанымды білдіріп, жазылғаннан кейін мені өз бөліміме қайтарып алуға Мирошник пен Ревякин жәрдем етсін, ұмытпасын дегенді тапсырдым.

Екінші хатты «Апа!» деп бастағалы екі сағат өтті, әлі аяқталар емес... Хат Гурьев қаласының кейбір үйлеріне кіріп, әркімдердің жайын білгісі келеді... Осы бір тұсқа келгенде мен бөгеле берем де, Гуля ұзақ күтіп қалады. Менің қысылысымды байқамаған болып, басқа жолдастармен әңгімелесіп кетеді.

Менің майданға ала кеткен жұмбағым, бұдан бұрын айдан артық жатқан аудандық жерден бір госпитальда шешіліп қалып еді. Жараланған жайымды апама жұқалап қана жазып жіберіп ек, Ақбота оп-оңай бетін ашыпты. Апамның хатын ылғи Ақбота жазып беріп келгенін де түсіндім. «Н.» деп қол қоятын да сол екен. Хаттың аяғына өз атынан жазылған тоғыз жолдың ішінде жаны ауырғанда ғана айтылар сөздер келіпті. Әлі күнге хатымды басқа адамға жаздырып жүргендіктен мен Ақботаға айтар сөзімнің бірін ашып айта алмай, сүрлеп жүргендеймін. Енді, міне, сол бөгетке тағы келіп тірелдім. Басқа бір әйелдің алдында Ақботаның атын атап, ақтарыла алмай жатырмын.

Менің бұл жайымды Гуля да аңғарып қалған сияқты. Гришинмен, Әбенмен сөйлесіп отырып езу тартқан себебі менің бөгелісімнен екенін мен де сезем. Мұндай жайларға біздің анағұрлым сезімтал әйел маған көзімен демеу беріп:

«Аты кім еді, атай бер... Несіне бөгелесің! Айтар жылы сөздерің менің ойыма да келіп тұр, іркілме!» — дегендей болады үнсіз ғана.

Хат ақыры аяқталмай қалды. Оның орнына апама телеграмма жіберттім. Қарағандыдамын, келіп кетсеңдер жақсы болар еді деп жаздырдым. «Келіп кетсеңдер» дегенді жазғанда, Гуляның көзіне әрең аңғарылар бір ұшқын жылт етіп қалды. Мен оны аңдамаған болдым... Өзге жолдастарым хаттарын өздері жазып жатыр. Едәуір жасап қалған, аңқаулау адам, Әбен бір қысылыс үстінде отыр екен:

— Қайрош шырағым, осы өз қатыныңа өзің қарағым деп жазған қалай болады екен? — деді.

Мен күлкіден булығып, жауап бере алмай қалдым. Оқ тесіп өткен өкпем шиқылдап, үнімді шығармады. Гуля күлген жоқ, қайта, ең бір салмақты үнмен:

Жазыңыз солай деп. Қарағым деп әйеліңізге айтпағанда, кімге айтасыз? — деді.

Әбен әрине, әйелін жақсы да көреді, сағынып та жүр. Бірақ ол бар қазақтың ескі әдетінше әйелін қарағым деп көрмеген адам. Сұраған түріне қарағанда, «қарағым қатын!» деп жазғысы келетін сияқты. Әрине, бұлай жазғанда дөрекі шығады...

Әбен тағы да біраз үндемей ойланып отырып, бір кезде қуанып кеткендей:

— Таптым! —деді.

— Иә, не деп жаздың?

— Мінекей, қарағым Бәтия деп жаздым! Барсын солай... — деп, оңтүстікке қарай қолын бір-ақ сермеді.

Бұл Әбен үшін үлкен табыс екені де рас. Ғасырлар бойы қамауда тұрған жақсы сөз қақпасын міне, қазір бұзып шықты! Мүмкін әуелі оқығанда Бәтия жеңгейдің, өзіне де ерсі көрініп, күліп жіберер. Бірақ сол сөз арқылы келген шын жылылық, жар сағынышын жүрегіне де дәл жеткізер. Күндік заманынан қалған бір жұғындыны Әбен өз қолымен жұлып тастады да, сонысына қуанып кетіп еді.

«Соғыс» деген бір ауыз сөзге сыйып тұрған көп ойлар солдат көңілін әзілқалжыңнан жеке басының мұңдарынан тез аударып әкетеді. Ол сырттағы халқымыздың да әдетіне кіріп болған. Гуля майдан мен елдің жаңа хабарларын әкелген екен соны оқи бастады. Хал жаман емес!.. Немістердің Москваға жасаған шабуылдары қазір — «немістердің Москва түбіндегі қырғыны» деп аталып бара жатыр. Жау аптығы басылмағанмен Москваға төнген бұлт кейін серпіп қалды. Майдан бетін артына қаратпағанмен әр табан тіресте біздің ұтыс молая бастады. Москва түбіндегі жеңістерден кейін жау көңіліне қатер кіргені байқалады.

Майданнан алыс отырған халқымыз да соғыс жайын көз айырмай бақылайды екен. Өзіміз естімеген бірталай хабарды осында естідік. Гуля бізге мынадай бір нәрсені айтты. Гитлер Совет еліне арнаған қорлық-зорлығын мәңгі есте қалдыру үшін Москваға орнатуға ұзындығы он жеті метр мрамор тас әкеле жатыр екен. Күміс өрнегі бар, қызғылт мрамор көрінеді. Швейцариядан әдейі арнап алдырған. Бар адам баласының алдағы ұлы үміттерінің ордасы — Москваға әкеліп, сондай қорлау бағанасын орнатпақ! Бірақ Москва түбінен жау армиялары оқыс шегінгенде, мрамор біздің қолға түсіп қалыпты...

Сырттағы жұртымыз бұл қалжақтарға шын жауап айтып еңбек майданын қыздырып жатыр. Бейбіт шақтың жоспарларын жинап қойып, алдағы жылдардың ішіне кіріп кетіпті. Бейбіт шақта әлі талай қырдың астында жатқандай көрінетін істер қазір қолма-қол күнделікке айналыпты.

— Қарағандының әрбір сағатының салмағы бұрынғысымен салыстырғанда қазір үш есе артты, — дейді Гуля, жұмбақ теңеулермен сөйлеп.

Бұл көп пе, аз ба деп сұрап қалма дегендей, — мұнымыз жыл аяғына дейінгі жайымыз еді, — деп, жаңа жылдың жаңа мөлшермен келгенін де ескертіп қояды. Заводтар мен шахталардың сағат сайын салған айғайларынан «тағы да бір сағат өтті, не істедік, жолдас?» деген Отан сұрауын естігендей боласың. Гуля біздің алдымызға ақырын-ақырын Қарағанды облысының байлықтарын жаяды. Еңбек жұртының күні мен түндерін айтады. Жас қана қазақ қызының сонша бай облыстың бар жайын сонша жақсы білгеніне төбем көкке жеткендей болам.

Гуля мәдениет майданының командирі ғой, жұмыскер жұртшылықтың мәдениет жақтарын да тәптештеп айтады. Біз соғыс кезінде: театр, кино, әдебиет жұмыстары шегініп қалған шығар деп ойлаушы едік. Жоқ, шегінбепті. Қарағандыда осы күзде жоғары дәрежелі мектеп ашылған, жаңадан екі театр қосылған. Уақыт ауыр, әрине, Бірақ жұрт сол уақытты бейбіт шақтағыдан анағұрлым артық жүк артып жөнелтіп жатыр.

Гуляның жүзінде әр кезде шала ұйықтағандықтан жұмыс бастылықтың іздері тұрады. Сонда да бізге күн сайын бір соғып кетеді. Оның келуін біз де сағынып күтеміз. Бірақ шаршағандығын көріп:

— Біз енді тек жатқан адамдармыз ғой... Босқа уақытыңызды ала бергіміз келмейді, — десек.

— Мен сіздерге азырақ демалу үшін келем; үйім де осы арада ғана, — дейді. Кей күндері түнде де келіп кетеді.

Гуляның қолында Гришин екеуміздің екі түрлі сырымыз бар. Гришин Қарағандының кен байлықтарын қазбалап сұрайды. Мен телеграммаларым мен хаттарымды жаздырам. Алғашында іркіп қалған сөздерім бара-бара түгел айтылып, қоймам түгел ақтарылып қалды...

Гришин Гуляға кен мамандарына беретін сұраулар береді.

— Дүниелік қор дегенде, салыстыратыныңыз немене? Санмен қатар сапалық қасиеттер, жалғас компоненттер түгел тексерілген бе? — деп те қояды.

Гуля «мен кен маманы емеспін» деп бастайды да, қолма-қол өмірден үйренгенін іркілмей сөйлеп, әңгіме созылған сайын Гришиннің таңдануын молайта түседі.

— Сол байлықтар қазір түгел алынып жатыр ма? — дейді Гришин.

— Түгел емес, әрине. Күш жете бермей, бөгеліп отырған жайымыз да бар.

— Ғылымдық күштерді айтасыз ғой?

— Ие, ең алдымен ғылымдық күштер...

Гришин Қарағандының байлығына таңдана ма, әлде жас қана қазақ қызының сол байлықтарды еркін білетініне таңдана ма, әйтеуір, ұзақ-ұзақ аңырып қалады.

— Сіз болашақ геолог, білуіңіз керек... Ағылшын обырларының бірі Уркварт Леслн Совет үкіметіне хат жазған ғой. Хатында ол «Балқаштан арғы далаларды ептеп қазып» көруге рұқсат сұраған. Сол далалар осы облыста. Оның ойынша бұл далаларға біздің қол бері салса — елу жыл, әрі кетсе — жүз жылдан бергі жерде жете алмайды деген. Қазір сіз сол даланың қара қазаны Қарағандыда отырсыз, — дейді Гуля.

Гришин еліннің осынша байлығын неге жасырып келдің дегендей, маған кінәлау көзімен қарайды. Қазақстанның байлығын өзім де жаңа сезініп отырғандай, масаттанып кетіп, мен оған:

— Қалай екен? — деймін. Неменені «қалай екен!» дегенімді өзім де онша айқын біле бермеймін. Бірақ Гришин менің сұрауымды дұрыс ұғынып:

— Таң қаларлық! —дейді.

Бір күні Гуля кетуге ыңғайланып тұра келді де, аз кідіріп қалды. Түйе жүн перчаткасын асықпай киіп жатқанына қарағанда, ойына бір сұрау түсіп кеткен сияқты.

— Сұра, сұра! Біз енді досыңбыз! — дегендей, біз де Гуляға қарадық.

Гуля күрсіністі халін жеңу үшін зорлықпен жымиды да:

— Осы әлгі қара қағазда да қаталықтар болады ғой? — деді.

Сұрау тап желкеміздан шағып алғандай, бәріміз де басымызды жастықтан жұлып алып:

– Неге болмасын!

– Болғанда қандай! – дедік сол қаталарға өзіміз талай кездесіп, кәнігі болған адамша.

Семен Зонин жайында келген қара қағазда қата болмайтынын анық білсем де, дәл қазір мен барлық қара қағазды қатаға шығаруға әзір едім. Ол аз болса, сол Семен жайында анасына барған қара қағаздың да қата болып шығуын тілеп тұрмын.

– Қата деген бола береді! – деп, Гришин де өршелене сөйлеп жатыр.

Біз жап-жас әйел жарынан күдер үзбесін үмітпен жүрсін деп, «қата» деген жақты бастырмалатып кеттік білем. Гуляның езу тартуында сенер-сенбес, екі оқтылық қана байқалады.

– Кейде тіпті жалғыз жауынгер түгіл, тұтас бір бөлім ұзақ уақыт қоршауда қалып, кейін құтылып кетеді. Әскер шегінгенде, жеке жауынгерлердің басқа бір топтарға қосылып, хабарсыз кеткендіктен қара қағазға ілегіп қалатыны да болады,– деп, Гуляның көңіліне демеу болу үшін ананы-мынаны едәуір асырыңқырап айтып жібергенімізді аңдаған да жоқпыз. Снаряд пен бомбадан жараланды дегенше, оқтан жараланды деген жеңіл тиеді. Өлім жайындағы қағаздың дұрыс шыққанынан да қата болғанын тілеуіміз кімге болса да түсінікті ғой!

Гуля алғыс ажарын көрсетіп тағы бір жымиды да, үндеместен шығып кетті. Біз бірімізге біріміз түсіңскен көзбен бір қарастық та, Гуляның жайына енді оралған жоқпыз. Бөлмеміз суып кеткендей болды.

– Мүмкін соғыстан кейін осы Қарағандыға келерсің, – дедім Гришинға жаңа бір әңгімеге көшу үшін.

– Келсе қайтеді! Тап менің қалаған жерім осы Қарағанды екен! Сөз жоқ, келем, – деді ол.

Осыдан кейін мен оны Вася деп кеттім де, ол мені Костя деп кетті. Кездескелі бұзылмай келген сіз-біз қалды да, сен-менге көшіп кеттік...

2

Соңғы күндердің ішінде ойлағандарымның бірде-бірі орнынан шықпай, сандалта бастап еді. Болмашы бір кедергілер көбейіп, кейіс үстіне кейіс қосумен келеді. «Қыры кеткенге қырын келеді» дегендей, оң аяғыммен аттасам да сүрінем. Көңілсіздіктер егіздей келіп, енді еңсемді көтермесем, мойныма мініп алғысы келетін сияқты. Әзірге екі түрлі көңілсіздік қатар келіп бір соғып өтті де, енді үшіншісін күтіп отырмын.

Келем, келем деп, күнде үш рет хат жазатын Ақботадан күдер үзе бастадым. Ендігі менің майданға алып қайтарым Ақбота жазған отыз бес хат, жеті телеграмма бола ма деп қауіптенем. Хаттар да, телеграммалар да алғашқы кезде ылғи «келем» деген қуаныш әкелуші еді, соңғы кезде бірге-бірте дүдамал араласып, аяғы «келе алмаспынға» айналып барады. Сегізінші телеграмды қауіппен күтем. Мұның бәрін бір көңілсіздік дей тұралық...

Екінші көңілсіздік госпитальдың бас докторымен арамызда туып кетті. Соңғы бір жетінің ішінде ол кісі екеуіміз екінші майдан ашылу-ашылмасын сөйлесіп жүрген елшілерше, әсем бір тілде сөйлесуге қалдым. Сіз-бізіміз көбейіп, бірімізді-біріміз орай сөйлейміз. Бұған дейін ол кісінің өз айтуынша, мен ақылды да, тәртіпті де, саналы да едім...

Тамақты көп жеуімнің өзі бір қуаныш сияқтанып, ылғи мақтау алушы ем.

– Госитальда сізден асар әншіміз де жоқ! – деп қоятын.

Қаланы аралап қайтуға, дене шынықтырудың кейбір түрлерін істеуге еркін рұқсат беріп, қатал бақылаудан құтыла бастағандардың тобына өз қолымен қосып еді. Қазір бұл бостандықтардан айрылып қалдым.

– Соңғы уақытта сіз маған ұнамай барасыз... – деп бір айтты да, берген бостандығын түгел сыпырып алды. Жауырынымдағы оқты суырып алғаннан басталған достығымыз қазір суысып барады да, ылғи бір әдеппен сөйлесуге көштік. Аңдысатынымыз сөз де емес, көзіміз сияқты...

Кеше мен ол кісіге:

– Достар арасы бұлай суысу үшін елеулі бір себептер керек қой...– дедім, барымша сыпайылап сөйлеп. Ол кісі маған тіктеу жауап қайтарды:

– Достар арасында бірін-бірі адастыру ыңғайы да байқалмауы керек! – деді.

– Мұныңыз адалдық дейтін қасиетімізге шек келтіріп тұрған сияқты екен... Олай болса, ашыңқырап айтсаңыз екен, – деп ем, ол кісі салқын бір дауыспен:

– Коридор салқын... Тәңірі жарылқасын, палатаңызға кіріңіз! – деді де, кетіп қалды.

Мұның арты әртүрлі қысаң тәртіптерге әкеп соқты. Қалаға шығып қайту сияқты нәрселерге біржола тыйым салынды. Баяғы естілігім, тәртіптілігім, енді сынға алынып, сенімсіздік туғыза бастады. Қазіргі күндерде үш кісінің тамағын жейтін сауыққандық белгім «әдейі істеліп» жүрген мінездерге қосылыпты.

– Онда не тұр? Ондай-ондай бола береді! – дейтін көрінеді.

Ертелі-кеш қызуымды өлшетіп, әділ қуа рентгенге де сенуді қойып, енді «өз бақылауынан» өткізбекші. Осы келіспеушілігіміз созылып бара жатқан соң, мен амалсым арыз беріп, комиссияға түсуді талап еттім. Содан бері бас араздығы бар адамдарша әрең ғана бас изесеміз... Менің қысылып бара жатқаным Вася Гришин сауығып болды деп танылып, бүгін-ертең майданға қайтқалы жатыр. Оның тізесіндегі жарасы ашыла беріп, менен көп кейін босанғандардың тізімінде келіп еді. Енді ол сауыққан, мен сауықпаппын!..

Майданда жақын дос, жақсы жолдастарыңнан онсыз да тез айрыласың. Қазір мен Васядан айрылғым келмейді. Мүмкін екеуімізді бір күні жөнелтсе, бір бөлімге кездесерміз. Бақ бергенде, біздің бөлімге барып қосылуымыз да мүмкін ғой!

Қарағандыда өткен алғашқы күндерім өте жақсы басталған еді. «Апам жүріп кетті, курсым біткен соң, өзім де келем», – деп Ақбота телеграмма берді. «Ақбота – тчк... Сүйемін – тчк... Обязательно – тчк...» – деген ұп-ұзын құйрығы да бар. Ақботаның келем дегені бір басыма жетіп жатқан қуаныш болғандықтан мені сүйіп жатқан Ақбота ма, телеграф па, оны тексерткен де жоқпын...

Соның артынан төрт күннен кейін апам келіп қалды. Жауырынымдағы оғымды алып қолыма бергелі екі жеті өтіп, мен өз аяғыммен жүріп кеткен кезім еді. Апам мені коридорда құшақтай алған бойы, үйдің екінші қабатына көтеріліп, біздің бөлмеге кірді. Вокзалдан барып қарсы алған Гуля бар жайды түгел айтса керек шешем жылаған жоқ. Шұбар қоржыны қандай толық болса, көңілі де қуанышқа сондай толы келген еді.

— Тұрып кеткенің нең, балам-ау... Оған әзір бола ма екен...— деп, бір ғана қабағын шытты да, содан кейін уайым белгісін көрсеткен жоқ. Мұнысы да маған емес, докторлар мен Гуляға айтқан кінәсі сияқты еді.

— Жоқ, апа, мен енді сау адаммын. Әшейін демалып жатқан жайым бар,— дедім.

— Апамның бояуы кеткен кәрі көзі анда-санда маған қадала қарап, өзі білетін нысаналармен тексеріп жатқан сияқты. Бала жайында барлық ананың өзіне ғана сенетін әдеті бойынша, тұла бойымды түгел барлап шықты да, көзін сүртті:

— Жүрегім қобалжыған жоқ еді, — деді.

Бар ананың баласын жаманатқа қимайтын әдеті ғой, апам қорыққан да, жылаған да сияқты. Бірақ одан арыға ойын жібермеген. Әлдеқайда алыс қиядан балапанның шаңқ етіп қалғанын естіген де, ұя басар, қамқор ана жетіп келген. Апам, ауру адамның көңілін босатқысы келмегендей, өзін-өзі ұзақ ұстап отырды да, менің сауыққаныма әбден көзі жетіп болғасын ғана өз жүрегін ақтара бастады. Қой баласы — қозы, жылқы баласы — құлын, құс баласынан — қарғам, бәрі де маған теңеліп жатыр. Тауық пен тышқан балапандарынан басқаның бәріне де бір-бір теңеліп өттім, енді қайталана бастады...

Шеше мен баланың ендігі беттері ішкі сорға қарай ауысып бара жатқанын сезіп, Гуля шығып кетті. Енді неден бастар екен деп мен күтіп отырмын. Ала қоржыннан ба, басқадан ба?..

Шешем адасқан жоқ. Қара барқыт камзолы мен көк барқыт жеңсіздің қойын қалталарына мықтап салған бір құшақ жып-жылы хаттарды берді. Ақбота жазған сөздер әлі суынбаған да, шешем ол сөздерді суыққа тигізбей әкелген. Оқудан бұрын біраз уақыт кеудеңе қысып жатқың келетін сияқтанады. Мен сол жағыма қисайып жатқан бойымда хаттарды жастығымның астына қарай тартып қойып ем, өзінен-өзі ойлаған жеріме тиді... Денем сол жылылықты сөзінгендей болды.

Апам журуге әзірлене бастаған соң-ақ Ақбота да күнде бір хат жаза беріпті. Әр жазған хатында енді бір ауыз сөзі ұмыт қалғандай, ертеңіне тағы біреуін жазыпты. Мен оған солдат ойын ашық айтып, мәселені үзілді-кесілді түрде қоятынымды аңғарта жазып ем... Мына хаттар бәрі жиналып, соған жауап берген. Әуелі аздаған тартынғандық бар. Енді біреулерінде әйелге тән ойнақылықпен дәмелендіру кезек ауысып келіпті де, ең соңғы хатында уәдесін беріпті. Шешем почтальонға ұсап, барлық хатты бір-ақ әкеп тапсырып отыр.

Мен бірінен соң бірін алып хаттарды оқып жатырмын да, шешем менің көзіме қадалып, менің ойларымды оқып отыр... Ақботаның хаттарын асыға-

аптыға оқыған мен көп түсіндім бе, менің көзімнен апам көп түсінді ме, оны осы күнге дейін айта алмаймын.

– Әуелі Ақбота екеуміз түйе жүннен мына бір жылы көйлекті тоқып едік. Керек болар, ала бар деп, Ақбота мына біреуді де салып жіберді... Мен қайдан білейін, өздерің білетін шығарсыңдар деп, ала келдім...– дейді.

Шешем енді «мен» демей «Ақбота екеуміз» деп сөйлейтін болыпты. Реті келіп қалған жерге –«өздерің білесіңдер» дегенді де қыстырмай қалмайды. Шұбар қоржыннан түйнек-түйнек болып шығып жатқан сәлемдемелердің әрқайсысын қолына алған сайық Ақботаны да аузына бір алып қояды:

– Байғұс бала жалғызсырап жүр ме, әлде неғып жүр... – деп, әлдеқашан үй іші болып кеткендіктің белгілерін білдіреді.

Жылма-жыл жаңарып, жайқалып, әсем бір ағаштар өседі. Жазғытұрым қаптап шыға келген жас бұтақтары мен жапырақтарын ауырламайды да, алаламайды да. Әр жапырағымен бірге жайқалып, бірге шаттанады. Көркем ағаштың тәкаппар шайқалысы сол жаңа жапырақтар мен сол жаңа бұтақтарының қуанышы ғой. Ана байғұс та сол көркем ағаш сияқты.

– Ақбота қалай, өзіңді сыйлай біле ме? – дедім, шешемнің азды-көпті күдігі болса, біржола жоғалсын деген оймен.

– Құлыным-ау, сол емес пе сүйенерім. Кейде, тіпті сенің бар-жоғыңды ұмытып кетем, – деді шешем.

Шешеңнің ұмытып кеткені жақсы емес, әрине... Бірақ бұл Ақботаға қояр кінә да емес еді.

Шешем Гуляның үйінде болды. Күн сайын Гулямен бірге келіп, ұзақ отырып қайтады. Күн сайын Ақбота бірдемеден қысылып қалған жоқ па екен деп, менен сұрайды.

– Жоқ, апа, тыныш жата бер,– деймін.

Бұл жаз белгілері білініп, терезелерге сүңгек тұра бастаған кез еді. Бір жетіден кейін шешем қайтуға асыға бастады.

– Соғыс уақыты ғой, Қайрош... Жата бергенім ұнамас, – деді. Соғыс уақыты ғой дегенді әдетіне сіңген сөздей айтқандығы сонша, мен таңданған да жоқпын, қайталатқан да жоқпын.

Шешем «Қайрақты» колхозының бау-бақшалық егістерінің бригадирі екен. Қарамағында дәл қырық төрт гектар жері болып шықты. Ватикан «мемлекетінің» жері де қырық төрт гектар... Рим Папасы елші ұстағанмен егін салмайды, жеуді біледі деседі, егуді білмесе керек. Сондықтан оның не оратынын мен де білмеймін. Дегенмең бірдемені ору үшін бірдемені егетін де болар... Менің шешем қырық төрт гектар жеріне бау-бақша егіп, күздігуні соны жинайды.

Жеріміз кінаратшылдау ғой, бабын таппасақ, оңай өнім бере қоймайды, – деп те қояды. Сол баптың күні етіп кете ме деген қауіппен қайтуға асығып жүр.

Шешемнің соғыс уақыты ғой дегені мені де асықтырғандай болды:

«Енді біраз күн осында бола тұр»,– дегім келді де, айта алмадым оны.

– Ақбота да жалғыз қалды ғой, – дейді апам. – Ылғи барып тұрмасам, бала ғой әлі... Демалыс күнде ылғи колхозға қайтып келеді. Баяғы өзің қашып барған

балалар үйі бар еді ғой, оқулары сол үйде, қақпасынан кіре бергенде саған кездесіп қалардай боламын да, жайраңдап кеп Ақботам құшақтай алғанда, сені тағы да ұмытып кетем...

Шешем үйішілік бір қуаныш күйін дың-дың қағып, ақырын-ақырын менің құлағыма құйып кеткісі келеді.

— Оқуы бітетін уағы да жақындады. Мен бармай, шыға алмас... Асығып жүрген шығар байғұс бала...— деп, маған тесіле қарайды.

Дәл аттанарда апам түбіт шәлісін басына мықтап орап, белін бекем буынып алып:

— Қайрош-ау, Ақботаның оқуы немене осы? Өздерің ойласып па едіңдер басында? Жел мен боран, қар мен жаңбырдың оқуы деген немене болушы еді, өзі?— деді.

— Шынында, Ақботаның немене оқып жүргені маған да анық емес еді. Апам өз ойын бір қобалжуы бардай айтты. Сол қобалжу өз ішіме де кіре бастаса да, апамның көңілін орнықтыру үшін — огородыңа жаңбыр жауғызып берсе, жел мен боранды маңайыңа жолатпаса, сол аз ба, апа-ау!..— дей салдым, қалжыңға айналдырып.

Ашып айтылмаған әрбір сөздің ар жағында қалтарысы болатынын аңғаратын шешем одан арғы ойымды қазбалаған жоқ. Өз сөзімен өзіне жауап бергеніме қанағат етпесе де, «өздеріңе ұнаса болғаны» дегендей ана көзімен бір қарады да, орнынан тұрды.

— Ақбота сені күте білсін. Мына хатты өзіңе естіртіп оқысын, — деп басыңқырай айттым да, уақыты болса, келіп кетер... — дегенді әдейі босаңдау айттым. Бірақ, шешем менің нені баса айтқым келетінін менен кем сезбесе керек.

— Үйге барысымен-ақ атандырармын, — деді.

Осымен шеше жүрегі де біржола орныққандай болып, сол күні жүріп кетті. Ағашқа тағы бір жаңа бұтақ қосылды, о да ұзамай жапырақ жарады, о да өзімен бірге жайқалатын болады.

Шешем мен Ақботаға, елдегі апа-қарындастарға жіберейін десем солдат бойында сұрғылттау түскен суретінен басқа еш нәрсесі жоқ екен. Оларымның да шеттері мұжылып, шинельден тер өткендей кей жерлеріне су өтіпті. Амал қайсы, жібергенім де сол-ақ болды.

Шешем аңғартқан аз қобалжу соңғы күндерде өсіңкіреп барады. Ақбота оқуын бітірген соң, аудандағы ауа райын бақылап тұратын станцияға бармақ еді. Тығыз түрде келіп қалған соңғы хатында «қайда жіберілерім әлі белгісіз. Бірақ саған бір барып қайтуға рұқсат берер ден сенемін» депті.

Осы қобалжу екі жетіге айналғанда, ендігі күтуімнің орны жоқтығына да сене бастадым. Бөлмемізге келген әрбір хатқа үрке қарайтын болғанымды байқадым. Осы халде қауіппен күткен сегізінші телеграмма келді. Ақбота қысқа ғана «бара алмаймын» депті. Себебін айтуға дәті шыдай алмағандай, бір ауыз сөз қоспаған. Әдетімізге айналып бара жатқан «сүйемдер де» жоқ. Ақбота айтпаған «сүйемінді» бұл жолы телеграф та қоспапты.

Не болды екен деген ой әлденеше құбылып, тұрақты жауабы табылмай тағы біраз күн өтті. Ойға қонар тұрақты жауаптар аз емес, бірақ өзімнің, ойым тұрақтамайды. Енді «бара алмаймынның» орнына «бара аламын» деген хабар күткендеймін. Олай болмаған күнде, Ақботаның бұған дейінгі «барам», «сүйем» деп жазған сөздерінің бәрінің артына «алмаймын» деген бір бәле жалғанып, бұрынғы боладының бәрін болмайдыға айналдырып жіберетін сияқтанады.

Васяның босанатыны да менің осындай бір кезіме дәл келіп қалды да, мен де майданға қайтуға асықтым. Аздап көңілсіздік кіріп, жүдеңкіреп те кеткен болуым керек госпиталь дәрігерлері о жер, бұ жерімді қайта шұқылай бастады. Бас дәрігердің «өз бақылауымнан өткізем» дегені де осының салдарынан туғаны анық еді.

Соңғы күндердегі үлкен ермегім майдандағы жолдастарымның жазған хаттары. Еш нәрсені ашып айтпағанмен көңілдері көтеріңкі. Қимыл әзір екінші белеске шыға қоймаса да ой ол белестен асып кетіпті. Володя әртүрлі қалжың қосып жазады. Петр Ушаков мұртын өсіріп жіберіп еді, сонау солтүстікте болатын мұртты бір бәле бар еді ғой, қазір соған ұқсап барады; мұндай суық жүзді, қабағынан қаһар түнерген солдатты өз көзім көрген емес дейді, Ростов айқасы үшін біздің бөлімге бірталай абырой қосылған сияқты. Володя өзі туралы еш нәрсе айтпаса да, маған деген үлкен қуаныш барын аңғартады.

Володяның өзінің бір қуанышы мені тағы да асықтыра түсті. Партия қатарына алынуды талап етіп, екеуміз арызды бір күні берген едік. Ростов бір жайлы болғаннан кейін арызымыз қаралатынын, екеуміз де сеніммен күтетінбіз. Володя қазір партияға алыныпты да, мен болсам мынау емделумен жүрмін...

— Жоқ, тез майданға жету керек!

Политрук Ревякин тура әмір бере жазады. Әр айқаста сенің орныңды ешкімге бермей келдік, енді жетер, тез орныңа кел дейді.

— Өзің комсомолсың, осынша емделе бере ме екен! — деп қалжыңдап та қояды. Бірақ қалжыңның өзі де маған әмірдей сезіледі.

Бөлмемізге сыя алмай коридорға шығып ем, сырттан Вася келе жатыр екен. Лепіріп, екі-үш баспалдақтан бірақ аттайды. Ол Киров атындағы шахтаның бір жаңалығын көруге кеткен еді, әлденеге тасып қайтыпты. Мені иығымен соғып кете жаздап әрең тоқтады да:

— Мен біржола келісіп қайттым, Костя!.. Берлиннен кейін тура Қарағандыға келетін болдым! — деді, аптыға сөйлеп.

— Кіммен келістің?

— Кіммен?!.. Жоқ, келіскен жоқпын... митинг болды...

— Маған сөз беріп еді, мен уәде бердім! — деді.— Сен Қарағанды деген жердің немене екенін білемісің? Жоқ, білмейсің... Мен де білмеймін... Ал, сен қайтесің?

— Шынында да, соғыстан кейін мен қайтемін осы? Жер бетіндегі өмірде құйын, дауыл, соғыс, нөсер сияқты халдердің бәрі өткінші. Оның ар жағында үлкен сарынымен өмір жатыр. Жер денесін шіміріктіре келіп соғылатын әрбір снаряд ауыр-жеңіл жара салмақ. Сол жара көздің соқырындай, мұрынның пұшығындай болып, өшпей орнында қала бермек пе? Жоқ, қала алмайды.

Мен әр істі өз уақытында істеу керек деп ойлаймын. Қазір соғыс уақыты. Мен де өз орнымда сияқтымын. Қазір азамат борышы не деп сұраса, мен қару асынуда дер едім. Керек болып қалса, ол қаруды мен кейін де тастағым келмейді. Бірақ өткінші — өтеді. Ол кезде, қаруын тастамай жалғыз сопайып қалған адам мен де болмаспын. Қай қару керек болса, қолыма соны алармын.

Мен жауап бермей кідіріп қалған соң, Вася күте алмай бөлмеге қарай кетті. Мен әр баспалдақта бір ойға кездескендей баяу қозғалып үйдің астыңғы қабатына қарай келе жатырмын. «Соғыстан кейін мен қайтемін?» деген сұрау кең өмірдің әр жерінен маған бір орын іздегендей, ойымды сүйреп әлдеқайда әкетеді. Шалқып, шіреніп Каспий көз алдыма келеді. Түс болды деп салған шахта айғайлары маған Каспий үніндей естіледі. Гурьев — Қарағанды, Гурьев — Қарағанды деген жазу шұбартып барлық қабырғаларды алып бара жатқандай болады. Алтынмен жазылған, қызылмен де жазылған, қара сырмен де жазылған... Кішкене бір кабинетке кіргендей боламын. Самайына ақ кіре бастағақ қара мұртты, денелі жігіт аты-жөнімді сұрайды.. Қысқа-қысқа айтын жатырмын...

— Иә, келген жұмысыңыз?...

— Шахтаға жұмысқа түссем бе деп едім.

— Бұрын көмірде болып па еділіз?

— Жоқ, сондықтан да көмірдің қара жұмысынан бастағым келеді.

— Курсқа түсіп, бір мамандық алуыңа да болады.

— Жоқ, мен әрнәрсені әліп-биінен бастайтын әдетім бар еді. Курсты кейін көре жатармын...

Қара мұртты жігіт азырақ таңқалғандай, оның таңқалғанына мен де таңданғандаймын... Ерсі көрінетін немене айттым оған? Мен не істесем де түгел біліп істегім келеді. Мен солдатпын да, офицермін де. Бірін біліп, бірін білмесем, мен өзімді бұл екеуінің бірі де емеспін дер едім.

Біреу бұл сабақты өткен шығар, біреу өтпей-ақ жеткен шығар. Онда менің не жұмысым бар, мен басынан бастап түгел өткім келеді...

Болашақтың осындай бір суретін өз ойыммен жасап келе жатып, бас дәрігердің кабинетіне кіріп кеткенімді аңдамай да қалыппын. Бас дәрігер толық денесімен дөңгелене қозғалып, орнынан тұрды да:

— Қане, билеп жібер!.. Құттықтаймын. Жолдасыңнан қалмай қайтатын болдың майданыңа... мә! — деп, төрт бүктеген бір қағазды қолыма ұстата салды.

Тапочканың табанымен сырлы еденді сылп-сылп еткізіп, дәрігердің тілегін орындай бастап едім, ол менің аяқтауыма қараған жоқ, басын маған қарай бір изеді де шығып кетті. Менің ойым біржола сауыққанымды аңдату еді, онымның керегі болмай қалған екен.

Дәрігерлер деген бір қызық қауым болады. Ауруың қатты болған сайын сен оған көбірек ұнайтындай, айналып, үйіріліп қасыңнан кетпейді. Сені көрінгеннен қызғанып, өліп-өшіп үстіңде жүреді. Саған келетін хаттар мен телеграммаларда көңілсіздік жоқ па екен деп, оны да қадағалай жүреді. Ауру кезіңде сен бір еркесің. Орынсыз ауыр айтып қалғаныңды да елемейді. Үйіңде не жай бар екен, жақсы көретін қызық бар ма еді, ол не жазыпты, соның бәріне ортақтасып кетеді. Қайғы-қуанышыңа еріксіз еншілес болып алады. Бірақ мұның

бәрі де жазылды деген қорытынды шығарғанша ғана. Сауықтым дегенше, дәрігер үшін бар қызығым таусылды, бағам біржола түсті деп есепте. Енді сенің қайғы, қуанышының бар-жоғы оған түкке керек емес. Бірнеше ай қарауында болып, достасып кеткенің, басталған бір әңгімелеріңді аяқтағың келетіні,– енді оның бірде-бірі қызықтыра алмайды дәрігерді. Енді ол сенен гөрі «қызығырақ» ауруға ауысып кетті. Сен жәбірленбей қала бер, жәбірленсең де қала бер...

Бас дәрігер маған да осыны істеді. Майданға қайтасың деп қуантты да, содан кейін менің бар-жоғымды біржола ұмытқандай, өз жұмысына кетіп қалды. Маған қалай болса солай тапсыра салған телеграмының қандай хабар әкелгенінде жұмысы да болған жоқ. Билеп жібер дегенді де әшейін әдет бойынша айтқан екен.

«Сүйемін – тчк... Гурьев – тчк» деген таныс тіркеулеріне қарап телеграмның Ақботадан екенін таныдым. Балалар үйіндеп ескі әдет бойынша, ішімнен «қуаныш үстіне қуаныш!» деп тұрып ашып қалып ем, тап осы үйдің алдына жау снаряды түскендей, жүрегім солқ етіп қалды.

– «Бүгін майданға жүріп кеттім, адресімді үйден білерсің, апама жіберермін», – депті Ақбота.

«Адресімді үйден білерсің, апама жіберермін» деген сөздер, әрине, жылы тиеді. Ақбота екеуміз бір үйдің адамы болып қалған сияқтымыз. Бір үйдің адамдарының мұндай түрін бұрын көрмесем де іштей бірталай ұқсастық тапқандай болам. Бірақ жауын мен желдің командирі, жылы мең суықтың начальнигі майданға не үшін тартып кетті екен? Бұрын мен барлық хаттарымның басына осы сияқты ұлықтаулар қоюшы едім, бұдан былай кім деп атамақпын? Кім болып кетті екен? Жолдас автоматчик деп жазам ба, болмаса, жолдас пулеметчик деймін бе? Тоғыз емес тоқсан торапты соғыс жолдарының қай тарауынан іздер екемін енді?..

Бас дәрігер асығыс басып кіріп келді де:

– Міне қорытындымыз... Енді боссыз, оң сапар болсын! – деп, бір парақ қағазды қолыма ұстатты да, артынан ере келген әйел дәрігерге қарап:

– Операция столына Кубышкинді салыңыз! –деді.

Ертең ертемен Вася екеуміз сауыққан жаралыларды майданға жөнелтіп тұратын жерге келдік. «Жел мен жауынның командирі жау төбесінен найзағай түсірем деп кетті ме екен, құйын соқтырам деп кетті ме екен?» деген ой әлі арылмай бірге келе жатыр. Ақботаға әрі риза, әрі наразы сияқтымын. Азамат борышы дегенді есіме алғанда риза болып келе жатамын да, ерлі-зайыпты болған жағымыз есіме түсіп кеткенде ешбір салтқа сыйғыза алмаймын.

Жазылған жаралыларды майданға жөнелтіп тұратын жердің комиссары аға политрук Тарасенко деген жігіт екен. Мен одан өз бөліміме қайтаруды қадала сұрап, себептерімді айттым:

– Өз бөліміне қайтуды сұранудың себептері таныс қой сізге. Бірімізге-біріміз жан-тәнімізбен қарыздар болып кеткен бір топ жауынгер едік. Көрер түсіміз бөлек болмаса, ұйқымыз да бір еді. Осы бір қырсық кездесіп, жараланып қалмағанда, ендігі партияға алынбақ едім. Достасып кеткен жолдастарымнан

айырмай, өз бөліміме жіберсеңіз екен – дедім. Сөзімді бөлгізбейін деп, ойлап келген ойымды бір-ақ түйдек етіп, тез айттым.

Тарасенко мені көгалжім көзімен бір ғана шолып өтті де:

– Қайда болса да өзіміздің бөлім емес пе,– дей салды.

Емделуде жүргенде едәуір айырылыңқырап қалған әскерлік әдеттерді бойыма қайта жинап, денемді ширатып алдым. Балтырымнан бастап ширатылып келе жатқан бұлшық еттер киім біткенді кернеп бара жатқанын сезем. Сымдай тартыла қалу әскер үшін мақтаныш емес, тәртіпке жатады. Гвардиялық дивизияның солдаты белгісінен ғана танылмай, әскерлік мүсінінен де танылуға тиісті.

Тарасенконың оң қолы шолақ екен. Сау қалған сол қолымен менің қағаздарымды ыңғайсыздау аударыстырып отырды да:

– Жолдас аға сержант, командирлер курсына барасың, – деді.

– Жолдас аға политрук өз бөлімімнен басқа жерге барғым келмейді! – дедім, барлық дос-жолдастарымнан бір-ақ айрылып қалам ба деп ышқынып кетіп. Дауысым әскерден гөрі балалық шағыма лайық, төзбестік бір мінезді байқатып қалғанын өзім де аңғардым.

Берлин алынып, соғыс біткеннен кейін мен соғыс академиясын бітіруге де уәде бергелі тұрмын. Мұным ойын да емес, өтірік те емес.

Бірақ әр жауынгерден күнде естіп жүрген сөзіне Тарасенко таңданған жоқ. Оқ нөсерінен басын көтере алмай жатқанда да біздің жауынгерлер Берлинге қашан жетер екеміз деп жатады. Шегініп келе жатып белуардан батпақ окопқа құлай кеткенде де ол үміттен айрылған емес. Ол қатынаспаса Берлин алынбайтындай, әр жауынгер өз сапарының шетін Берлинге апарып тірейді. Мүмкін оң қолынан айрылып, осында келгенінше, Тарасенконың өзі де солай ойлаған шығар. Сондықтан менің Берлиннен кейін соғыс академиясын бітіруге де уәде берейін дегенім оны таңдандыра алмады.

Қазақстан командир дайындау керек пе, жоқ па? – деді Тарасенко.

– Әрине, керек, – деп бастадым да аяқ жағына, – мен бөлім командирі едім, – дегенді қыстырып та жібердім.

– Орта білімің бола тұрып, осы күнге дейін неғып офицер болмай қала бергесің? Мұның болмайды. Курсқа барасың! – деп, Тарасенко менің қағаздарымды тағы бір аударыстырып қойды. Даусы қаталданып, көз қарасы салқындап барады.

Әлі де сау күніндегі әдеттерін ұмытып болмаған оң қолының шолақ білегі белбеуге қыстырып қойған жеңін бір түртіп қалды. Бұрынғы әдеті бойынша, қаламды алуға созылғысы келеді. Байқап қалмадың ба дегендей, Тарасенко маған қарағанда, мен соны пайдалана қойып, ең соңғы айла-шарыққа жармастым:

– Менің өз бөліміме қайтуымның қандай қажеті барлығын мына хаттардан да көруіңізге болады,– деп, жолдастарымнан келген бір құшақ хатты Тарасенконың алдына жая салып, – ең болмаса біздің политруктің хатын оқыңызшы... – дедім.

– Мына біреуін бір әйел жазған екен... Әлде, политругің әйел ме еді? – деді Тарасенко, ең үстіңгі, Ақботадан келген бір хатқа қиғашырақ қарап отырған бойы. Көзінің алды азғана жымың етіп қалды.

– Кешіріңіз, жолдас комиссар, – деп мен Ақботаның хатын тез кейін тартып алдым.

Адам мінезінде сыр қандай көп, әңгіменің бетін осы әйел хаты өзгертті. Комиссардың көзі жылы шырай беріп, мырс етіп қалды. Енді даусы да жұмсарған сияқты.

Әйел мен бала соғыс адамдарының жүрегін тез босатады. Олардың әйел мен бала жайын көп әңгіме етпейтіндері де, әңгіме ете қалса, елтігендей болатындары да сондықтан. Мен бұл жайды да құр өткізгім келмей:

– Политрук болмағанмен, майданға жүріп кетіпті әйелім...– деп, Ақботаның соңғы телеграммасын Тарасенкоға ұсындым. Көрсеткім келіп Ақботаның суретін де суырып алдым қалтамнан.

Тарасенко телеграмманы оқып шықты да:

– Бәрібір, екеуің бір бөлімде емессіңдер ғой,– деді. Содан кейін менің ыңғайымды тани кетіп, үнсіз ғана қолын суретке созды.

Көзі жаудырап, дененің бір мүсінін жасырмай, жеңіл шұбар көйлекпен жаздыгүні түскен сурет комиссарға да ұнағаны байқалады. Ішімнен:

– Ақботаның аяғына мін тағып көрші! – деп тұрмын. Шынымды айтсам, әйелдің аяқ мүсіні деген өз басымның қадала қарайтын ең бұрын көретін нәрсем. Сонымды барлық еркектің мінезі шығар деп ойлап тұрмын.

Тарасенко суретті өзіме қайтарып беріп жатып:

– Жау оғынан қалай қорғай алар екенсің?.. – деді.

– Өзін-өзі қорғай алар деп сенемін, – дедім.

Осымен ешбір нәтижеге келе алмай, әңгімеміздің бұл саласы да аяқталып қалды. Тарасенко әйтеуір менің көңілім үшін аударыстырған болып отырғанмен хаттардың біреуін де оқыған жоқ. Дос-жолдастары кім екен дегендей, адрестерін ғана шолып отыр.

– Мына Ревякин деген кім, политрук емес пе? – деді бір кезде, көзінің ақ-қарасымен бірдей маған тесіле қарап.

– Иә, жолдас комиссар, аға политрук, – дедім.

– Аты кім? Миша Ревякин емес пе?

– Тап соның өзі, жолдас комиссар!.. Михаил Иванович Ревякин.

– Соғылған Миша Ростовта екен ғой!..

– Тап солай, жолдас комиссар! Ростовта!..

– Ол екеумізді ескі достар деуге болады.

– Тап солай, жолдас комиссар!..

Соңғы жауабымның орынсыз екені айқын болса да, абайсызда оны да айтып қалдым... Тарасенко онымды аңдап қалғандай көзін маған бір жаду еткізді де, үндемеді, жымия отырып Ревякиннің хатын түгел оқып шықты.

Орныңды өзіңе сақтап отырмыз, тез кел дейді, ә? Иә, ол солай жазады...

– Тап солай, жолдас аға политрук.

Харьковта курсты бірге бітіріп едік. Өзі Курскінікі.

– Тап солай! – дедім тағы да, Ревякиннің қай жердікі екенін білмесем де.

Ревякиннің ойынды-шынды әмір бере жазған хатын оқыған сайын әр сөзінен өзіне таныс мінез тауып, Тарасенко бірдеме деп қалады, мен де оның сөзін мақұлдай түсем. Кейде мен мақұлдап үлгіре алмай қалсам, Тарасенко өзі мақұлдап:

– Тап Мишаның өзі! Хаты өзіне қандай ұқсап тұр! – деп қояды.

Егер бұл басқа бір Ревякин болып шықса да, мен де бұл бет алысымнан қайтар емеспін. Өйткені, Тарасенконың әлпетіне қарап, Ревякин арқылы өз бөліміме баратыныма сене де бастап едім. Бақытыма қарай, біздің политрук Ревякин Тарасенконың шын досы болып шықты.

– Өзгеңді жинап қойып, бірден Ревякин қайт деп жатыр десең ғой, мен әлдеқашан көнем! – деді Тарасенко.– Отырсаңшы өзің.

Жауынгер жолдастарыма қосылатыным да, партияға алынатыным да, күдік біткеннен арылып, жүрегім де орнына түсті. Бірақ Тарасенконың соңғы айтқанына лайықты жауап таба алмай тағы да – тап солай...– дей салдым отыра беріп.

– Егер сені Миша керек қылып жатса, өз орныңа-ақ жіберейін... Бар... Менен хат ала бар, – деді Тарасенко.

– Ал, қане, Мишаның жайын айтшы. Не істеп жүр? Түгел айт!..

Осымен бар мәселем өз ойымдағыдай шешілетін болып, екі сағаттан артық отырып қалдық. Ревякин жайында не білсем, мен соларымды жіпке тізгендей етіп, шұбатып айта бердім де, Тарасенко жаңағы маған ұсап:

– Тап өзі! Тап солай!.. Политругіңнің бар мінезін қайдан біліп қойғансың өзің? – деп, таңданумен болды.

– Бір төсекте бірге жатып жүрген әйелі де ерінің сырын мұндай біле бермейді! – деді бір уақытта.

– Сұр шинельдің астында біріңді-бірің тез ұғады екенсің,– дедім мен енді ойыма ие бола бастап. – Майданда сөз бен ісің, қылығың мен мінезің қатар жүреді де, бәрі де көз алдыңда болады ғой, жолдас комиссар...

– Сен Ревякинді осынша жақсы білсең, оның сені қандай жақсы білетінін хатынан көріп отырмын. Сәлем айт Мишаға, сені партияға алуға мен де кепілдік берем, деп айтты де!

– Рахмет, жолдас Тарасенко!

Өз жұмысым оңына бет алғаннан кейін мен Вася Гришиннің жайына кештім. Манадан бергі әңгімемізден Тарасенконың өмір тарихы да біраз аңдалып қалып еді. Бұрын Донбасс жұмыскері, кейін партия қызметінде сол Донбасста болыпты. Соғыстың алғашқы күндерінде Харьковта Ревякин екеуі тоғыз айлық партия курсында оқыған екен сол курстан майданға жөнелген. Қазір оң қолы шолақ, Қарағандыда отыр. Мұнда келгелі екі-ақ ай болғанмен нағыз Қарағанды патриоты болып алған.

– Біздің Қарағанды қазір жау қолында қалған Донбастың орнын басып тұр! Мұның болашағы әзір ойыңа да сыя бермейді! – деп қояды.

Оң қолынан айрылған адам, іштей өзін-өзі солдат қатарынан шығарып қояды. Әзірге әскерлік жұмыста отырғанмен Тарасенко да солай екен. Ол соғыс

біткеннен кейін де осы Қарағандыда қалуға біржола бел байлапты. Қазір әйелі мен баласы, кемпір шешесі де осында екен.

– Әйелім Киров шахтасында. Штейгер... Онда стахановшы әйелдердің алты бригадасы бар, – деді Тарасенко. Енді маған Васяның тілегі де оңай орындалатыны байқалды,

О да соғыс біткен соң Қарағандыға келмек, о да Қарағандының болашағын ертегідей естіреді. Васяның осы жайларын айта келіп екеумізді бірге жөнелтуді тілек еттім.

– «Қатынды жұмаққа жіберіп көр – сиырын да жетелей барсын!» деген орыстың бір мәтелі бар еді, тап соны істеп отырсың! – деді маған Тарасенко.

Мен қалжыңға қалжыңмен жауап бердім:

– Өзбек аған баласы бір молладан «осы қазақ жұмаққа бара ма?» деп сұрапты дейді. Моллекең қазаққа жұмақты қимады ма, әлде қазақ халқының асып кеткен діншіл болмағанына наразылығы бар ма, әйтеуір – «жоқ, қазақ жұмаққа бармайды, ең әрі кетсе, босағасынан ғана сығалар!» депті...

Қазақтың ойға алғанын орындамай қоймайтын әдетін білетін өзбек аған баласы:

– Ендеше, қазақ барады екен жұмаққа... Қазақ сығалады дегенше – кірді деңіз! –депті дедім...

Қазақ қалжыңымен онша таныстығы жоқ Тарасенко біраз күліп алды да, әшейін қалжыңнан шын бір қорытынды шығарды:

– Ойға алғаны мен уәде еткенін орындауға қазақ халқының тұрақтылығын күнде көріп отырмын. Майдандағы жиырма сегіздің ерлігіне көмірде жиырма сегіз мыңдар жауап беріп жатыр, – деді. Содан кейін Васяны да шақырып алып, екеумізді бірге – біздің бөлімге женелтті.

Ертеңіне, бұл жолы да түнде, Вася екеуміз жүріп кеттік. Жазғытұрғы жылы түн жұмсақ қана леп беріп тұр, Кен қоқымнан үйілген қырқалардың көгілдір оттары жылт-жылт етіп, етектегі ұсақ жұлдыздармен араласып, көзіңді алысқа сүйреп әкетеді. Өрмекшінің ауындай жиі түскен темір жол табандары вокзалдың өзін әлденеше орап кеткен сияқтанады. Паровоз үндерінде тыным жоқ, алды-артың мен оң-солыңнан қатарласа, қосақтаса шығады. Қыбыр-қыбыр қозғалған көмір артылған вагондар ере жөнелген мыңдаған жылқыны есіңе түсіреді. Бүйірінен буын бұрқыратып қалған паровоз астынан қарасаң, темір жол табандары ай сәулесі түскен үлкен бір көлге ұқсап, шеті-шегі аңдалмайтындай әсер өтеді. Бұған қарш-құрш қаржасқан вагон үндері мен ышқына шыққан ысқырықтар қосылып, Қарағанды вокзалының тынымсыз үрдіс өмірін кез алдыңа әкеледі.

Әр кезден әдетінше, тез басып, ұршықтай үйіріліп Гуля келіп қалды. Түнде кететінімізді айтып, күндіз барып қоштасып кетіп едік.

– Екіде тағы жаралыларды қарсы алатын едік. Сендерді тағы бір көріп қалайын деп, ертерек келдім, – деді Гуля.

Поезд лықсып қап, жөнеле бергенде терезеден Гуляны тағы да көрдік. Кішкене саусақтарын тез-тез сермеп, вагонмен қатарласып біраз жер жүрді де, ағараңдап кейіндей берді. Аз қысыңқы көздері мен тез-тез сермелген

саусақтары бүкіл майданға сәлем айтып жатқандай еді. Мүмкін өзінің жарына да біз арқылы сәлем айтып жатқан шығар. Кім біледі, кездесіп те қалармыз... Қара қағаздарда да қаталықтар болады ғой... Болады, болады, бауырым!..

3

Егер мен жазушы болсам, біріне-бірі ұқсас уақиғаларды қайталамаған болар едім. Әсіресе, әскердің кейін шегінуі сияқты ең бір көңілсіз нәрселерді қайталаудан қашар едім.

Амал не, соғыс жазушымен де, оқушымен де есептеспейді, қайталағысы келсе — бөгелмейді де. Өзі бұлдыр алыс заманнан бері жасап келе жатқанмен шыңдап келгенде, мінезге де бай емес. Шабуыл, я шегіну, қырылу, я қыру, жеңу, я жеңілу сияқты екі жақтың халін қарама-қарсы көрсететін екі-ақ түрлі жайы бар. Айларға созылып тең-тартта тұрған табан тірестер де түптеп келгенде осындай екі жайдың біріне әкеліп соғады. Көп жасағандардың ішіндегі мінезі өспегеннің бірі де осы обыр болады.

Жоқ, бұл оның бір ғана жағы, сыртқы бір көрінісі. Екі түрлі жайдың бірінен-біріне ауысу үшін мыңдаған ойлар соқтығысып, тынымсыз жұлқысады. Оқ есепсіз төгілген сияқты болғанмен мағынасыз төгілмейді. Бойдағы күштен ойдағы күшке салмақ ауыр түседі. Өзен біресе төмен қарай ағып, біресе жоғары қарай ағып жатқандай, ой мен сезімнің әрбір қас қаққанның арасында талқысы көп сындарға түседі. Шабуыл — жеңіс емес те, шегіну — жеңіліс емес. Көбік атып кеп жағаға соғылған толқын кейін лықсығанда күш алып қайта ма, күшінен айрыла ма? Әлде сол жағада өле ме? Жай көзге толқын жағаға соғылып, күш алып кейін шалқып, қайта кеп соғылып, үздіксіз қайталанып жатқандай көрінеді. Майдандағы ұқсастықтар да осындай. Бірақ әр айқастан кейін бір жағы жеңіске қарай, бір жағы жеңіліске қарай жақындай береді. Бір жағы шабуылмен жүріп шандырын созып алса, екінші жағы шегініс үстінде шегелене беруі мүмкін.

Сырт көрінісі осындай көңілсіз бір жайда мен де майданға жеттім. Біздің әскерлер Кавказ кеудесіне қарай өрмелеп, ұзақ шегіну әлі аяқталмаған екен. Аяқтау үшін арқаңды Кавказға тіреу керек болған сияқты. Қызылды-жасылды оқтар жазғытұрғы сонадай еріп, ерсілі-қарсылы жосылып тұрған бір түнде Гришин екеуміз взвод командирі Мирошниктің жер жаппасына кірдік. Ревякин екеуі ауыр бір жайды кеңесіп, әзір байламын таба алмай қаңтарылып тұрған бір кездері сияқты. Екеуі де жылтылдақ шамның қасында түрегеліп тұр. Екеуінің жүзінде де командирдің солдатқа сездірмес бір қобалжудың ізі бар. Ревякин едәуір ашаң тартып қалыпты, аққұба жүзді Мирошник күнге күйіп, қоңырқай тартқан.

— Жеттің бе... Бөліміңді өзің қолыңа ал! — деді Мирошник амандасқан жерден. — Әмірді орнында күт!

Айрылысқалы алты ай болған жолдастарыммен де жөндеп амандаса алғаным жоқ. Бір-бір ғана құшақтастық та әзірлене бастадық. Әзірлене жүріп бара-тұра сұрап қалғандарына қарағанда, жолдастарым да ел жайын сағынып қалыпты:

— Бізге берілген жаңа бір жаубасарлар, жолдас командир... — деп бастайды да сөз аяғын — я, Қарағандың қалай екен? Шын-ақ Донбасстың орнын баса алып па? — деседі.

Бірақ ел хабарын пайымдап айтуға уақыт жоқ. Қойны-қоншым елдің жойқын күшіне толы келгенмен қазір бірін бастай алар емеспін. Ел әңгімесінің аузын бір ағытсам, таусылмайтын сияқтанады.

Қарағандыдан Кавказға дейін жүрген жолымда мен көп нәрсені көріп ем. Егін мен көмір сияқты ел шаруасын былай қоя тұрғанда, бізге келе жатқан танкілерді, өн-бойын ұзын-ұзын брезентпен жауып алған поездарды көріп ем. Әңгімемді бір бастасам, сол ұзын поездарға ұсап, тоқтаусыз ағып кете беретін сияқтанады. Сондықтан мен де өзімді-өзім ірке бердім.

Қазір соғыс Кавказ етегіне келіп тіреліпті. Қазбек қабағы түюлі, тас кеуденің күрсінгенінен аспан дірілдейді. «Айқай, десеңші!» дегендей, гүр етіп қалғаны құз шатқалдарды қуалап, мың құбылтып жаңғырық жүр.

Москва түбінде ауыр жараланған жау, есін жиып алып, қазір қатты ызамен Кавказға өрмелеп келеді. Нысанаға алғаны Грозный, Грозныйда мұнай!.. Таудың әрбір шатқалын тас қорғанға айналдырып, жау алдында біз тұрмыз.

Менің қазіргі орным балалық шақтағы ескі достарым — қарала, торала иттердің ортасында еді. Бұл арей қанды, ақсүйек иттер болмағанмен ит деген атына лайық қаны бар, біраз үйретілген едәуір білім алған иттер. Ішінде төрт көз қанден тұқымы да бар, аңшы иттерге шатыс салпан құлақ, сабау құйрықтылары да бар. Ең жақсы жері — істейтін істерін жақсы түсініп алған: тамақты танкының астынан ғана табатындарын ұғынып болған...

Мүләйім көздерін маған қадап, немістің қай танкысының астына жұмсарымды күтіп отыр. Бәрі де аш. Аянышты көздері тесіле қарайды, қыңсылап қана үнсіз жалынады. Көзіңді басқа жаққа тез аударып әкеткенмен телмірген көздердің суреті ойыңнан кетпейді.

Біздің бөлім терең бір жыраның бүйірін көлденең қуалап кеткен тас үңгірдің ішінде. Түп-түп болып тырбық біткен сұр тікендер үңгірдің тар аузын жауып кетіпті.Төбеміз қыжыр-қыжыр, жақпар күрең тас. Түнде бізді осы үңгірге Ревякин әкеліп орналастырды да:

— Бұдан артық бекініс ешбір соғыста болған емес, — деді. Мана берілген Тарасенконың хатын да фонарь жарығымен осы үңгірде оқыды.

Кавказ бойында мұндай үңгір біреу ғана болса — бұл үңгір бәлен әулиенің үңгірі деп аталып кетерлік екен. Дәл ортадағы тостағандай ғана ояңға бір сауыт қана мөлдір су жиналады. Су бір кемерден аспайды да, азаймайды да. Сауытыңа құйып алсаң, лезде қайта жиналып, кемеріне келеді де тоқтай қалады.

Біздің оң жағымыз бен қарсы алдымыз — жау әскері, арт жағымызда біздің бөлімдер. Екі жақтың атқан оқтары да төбемізден өтіп, алыс түсіп жатыр. Бұл жерде окоп қазудың да керегі жоқ. Таудың жосылып жатқан терең әжімдеріне полк түгіл дивизиялар оп-оңай сыйып кететін.

Кеше біздің жақ бекінген жерлерде бүгін немістер отыр. Одан әрі жазық дала, танкі табандары шимайлап қопарып кеткендіктен алаланып қалған егіс. Көз ұшында жанып жатқан колхоз поселкесі. Желсіз тымықта жер бауырлай

ұшқан көк түтіннің ішінен су бетінде қалқып бара жатқандай шоқ-шоқ ағаштар көрінеді.

Петя мен Вася үңгірдің аузында, кесек тасқа кеуделерімен асылып, етпетінен жатыр. Петяның кесек денесі қорғасындай ауыр сезіледі. Вася бойшаңдау, сымбаттырақ.

— Сенің көздеп жатқаның офицер емес, асбасшы, — дейді Петя Васяға. — Оның бізге керегі жоқ.. — Петя мұны мойнын бұрмай, әлденеге қадаған көзін сол ноқаттан аудармай айтады.

Васяның жиырыла бастаған жауырын еттері жайылып орнына түседі... Вася ұнатпаған түрде Петяға азғана бұрылып қарайды да, қайта тыншығады. Петя сол қозғалмаған күйі: — Бұртима! — дейді.

Бұл екеуі бөлім жоспарыңнан тыс бір міндет атқарып жатыр: атыс қызған кезде, білдірмей ғана жаудың офицерлерін көздеп атады. Мылтықтарының арқасында дәл көздейтін қарауыл құралдары бар. Кавказдың қалтасы көп қатпарлы етегінде біздің жақын жатқанымызды жау абайлаған жоқ. Жаяу шабуылға әзірленіп, тұра жүгіруге дайын жатқан жау бөлімдері, Петяның оғынан офицерлері ұшып түскенде ұзақ кідіріп, орындарынан қозғалмай қалады. Васяның атып құлатқандарын Петя офицер емес деп жатыр:

— Мұның да офицер емес, кейін тұрғанның бәрі офицер бола бермейді! — дейді.

Петяның бақылауынан қысылып, асыға бастаған Вася бір-екі рет мүлт кетіріп алды...

— Бұл жолғың не қалаға тиер, не далаға тиер... — деп, Петя жаңа келіп қосылған жауынгерді біржола баурап бара жатыр.

— Бірің алдыңғы жақты, бірің оң бүйірді аңдыңдар! — деп, мен екеуін екі жаққа бұрып жатқыздым. Вася оңашаланып алған соң еркінсіп, саспай атып қалды да:

— Әне, жүрегін басып, әлі құламай тұр... — Офицер! — деді, менен гөрі Петяға естірте. Петя баяғы мойнын бұрмаған күйі:

— Құттықтаймын ендеше! — деп, мұртын ғана бір бұлк еткізіп қалды.

Мұрындарынан ғана қыңсылап, құйрықтарын бұлғап қойып, иттер ұйлығып отыр. Аш иттер біріне-бірі азғана соқтығысып кетсе, ыр етіп қалады.

— Сендер бір бөлімнің иттерісіңдер... Достық керек! — деп, Володя иттерге өнеге үйретіп, ұялтып қояды.

Жаумен жанын қия соғысып жүрген иттердің халінде толып жатқан аяныш бар. Бұлар ең соңғы үмітін жау танкысының астынан іздемек. Бір ғана қауып қаларлық тамақ іздеп, зырғып келе жатқан танкының астына кіреді... Бірақ сол бір қауып қаларлық тамақ табылмайды, танкымен бірге өзі де өледі... Сонда да жау танкыларының жақындауын асыға күтісіп отыр.

— Костя, сен осынша ұзақ емделгенің не? Әлде, еліңе барған соң, үйленіп қайттың ба? — дейді Володя. Алғашқы кездескен жерде ол мұны қалжың түрінде сұрап қалып еді, қазір шын сұрап отыр.

Володяның сұрауына өзім де ойланып қалдым. Шынында, мен үйлендім бе осы, жоқ па?.. Әлде Ақботадан біржола айрылдым ба? Үйленгендіктің ата-

бабаңа таныс бір белгілері болатын сияқты еді, ол біздің арамызда болған жоқ. Ақботамен арамыздағы жайды дәлірек аңғартатын бір сөз іздеп кідіріп қалсам керек Володя қадала түсіп:

– Неге үндемейсің? Әлде, әйеліңмен екі араларыңа түскен көңілсіздік бар ма? – деді.

– Одан гөрі де көңілсізірек...– дедім, күрсініп қалып. Володя менің жауабымды ерлі-зайыпты адамдардың арасында кездесетін ұнамсыз бір жайға жорыды білем:

– Иә, шыдай білуге де күш керек қой...– деп теріс айналды.

– Ол емес, басқа...– деп, Володяға бұрылғанымда, алдыңғы жақта бақылауда жатқан жауынгерім келіп:

– Жолдас аға сержант, жау танкылері шабуылға шықты,– деді.

Танкы дыбысын сезіне қалған иттер де дірілдеп, қыңсылап бір ауыздан «тамақ келе жатыр!» дегендей болады. Көздері жайнап, жұқа қызыл тілдерімен еріндерін жалана бастапты.

Көгілдір түтінге оранған бақша ағаштарын тасалана жылжып келе жатқан танкылер алыс көзге сумен жүзіп келе жатқандай көрінеді. Қарсы алдынан дүрсе қоя берген біздің зеңбіректер жау танкылерін топтандырмай, бытырата қуады. Батыс жақ бетіміз жырасыз жайпақ, кең жазық еді. Екі жақтың талассы да сол жазық үшін болып жатыр. Біздің бөлім сол жазықтың шығыс жақ босағасына бекінген еді, жазыққа тура беттей алмаған жау танкылері сай-сайды тасаланып, біздің үңгірге қарай көбірек ауыса бастады.

Әр жерден жалғыз-жалғыз сытылып кеткен танкылер етек таудың бауырындағы ойпаттарға үшеу-төртеуден жиналып алып, енді өрмелеп қырқаға қарай тап беруге белгі күтіп тұрғандай, зеңбірек пен танкы гүжілінен тас үңгірдің сай-сүйегі сырқырағандай, сенің денеңде де болмашы бір діріл сезіледі.

Жау танкыларына қарсы алғашқы жұмсағаным кәрі қарала ит Петэн еді. Аяусыз кәрі, алыса кетсе ылғи астыңғы жақта жүретіндіктен жауынгерлер оны Петэн деп атап кетіпті. Әрі кәрі, әрі аш Петэн беліне бір тізбек гранатаны байлап алып, бүлкілдеп жортып ұзай берді. Кәнігі кәрі тас жыраның табанына жабысып, бұғып барады. Келе жатқан тамаққа менен бұрын біреу жетіп қалмас па екен дегендей, арт жағына қарап-қарап қояды. Жоқ, кәрі, жорта бер!..

– Алғашқы танкының ұзын мойны қырқадан көріне бергенде, жырадан шұбатыла жылжып Петэн де қырқаға шықты. Танкыны көрген соң, тамаққа жақындап қалғандай тезірек ұмтылып барып, танкының алдыңғы жағынан бір қылаң етті де жоқ болып кетті. Бұл соғыстың алыбы дерлік ауыр танкы бір кәрі итті астына басты да, сонымен бірге өзі де борс етіп тоқтап қалды.

Орнымызды әшкерелеп алмас үшін екінші итті басқа жақтан келе жатқан танкыге жұмсадым. Ол итіміз де өмірде істер соңғы қатасын істеп, тамақ орнына танкыны құшақтай қаза тапты.

Кешке дейін Кавказ етегінде жанған танкы саны едәуір болып қалды. Мұның ішінде біздің еңбек те бар. Көпшілігі, сөз жоқ, зеңбірекшілердің еншісі.

– Тоғызы біздікі! – дейді, майдандағы еңбек күнін есептеп жүретін Петя.

Бір итіміз хабарсыз кетті. Тегі алыстан келген бір иісті іздеп, бетімен кетті білем. Тағы бір итімізге қаңғырған оқ тиіп, оқ тиген жерін қауып-қауып қалып, дөңгеленіп барып бір шытырманға кіргенін көріп едік, қайтып көрінбей қойды. Үлкен бір сұр қаншық бейбіт шақтың табиғи күйімен әуре болып отыр. Оған қарайтын ет қызуы бар еркек ит болмағанмен тіршілік аты тіршілік емес пе, айналасына белгілі қылмыңмен қарайды.

– Қой деймін майдан үстіндесің!.. – дейді оған Петя. Қаншық ондай өсиетті ұғынар емес.

Бұл тұста біздің итімізден гөрі немістің танкылары көп екен. Алды қанша қырылып жатқанмен арт жақтарынан ағылып келе береді. Грозный жолын бұзып-жарып өтуге жанталасқан танкы лектері түс ауа біздің ту сыртымызға шығып кетті де, зеңбірек төмпешін енді арт жағымыздан көбірек еститін болдық. Екі жақтың жаяу әскерлері де түйісіп қала жаздап, айналамызды тулақтай сабап барып басылады.

Кешке қарай біздің орнымыз да байқалып қалған екен. Істеп отырған ісіміз де танылған сияқты. Тонналаған снарядтар төбеміздің ұрғылай бастады. Үңгір айналасындағы кесек тастар жаңқадай жарылып, жан-жаққа үшкір тастар атылады. Үңгір аузына өскен тікен түптері түбірінен күзеліп қалды. Болат қалпақты найзаңа кигізіп, азғана қылт еткізсең, бірнеше жерден атып отырған мергендер барын көресің. Тасқа келіп шып-шып тиген оқтар сонадай зуылдап әлдеқайда ыршып кетеді.

Енді бізде екі-ақ жауынгер ит қалды. Жалғыз пулеметіміздің үнін шығартпай, қысылшаң кезеңге сақтап отырмыз. Өйткені, жаудың жаяу әскері бізге қарай тап беретіні даусыз еді. Ұзамай ол белгілер беріле де бастады:

– Оң жағымыздан орап бара жатыр, – деп, Вася Гришин екінші рет артына бұрылды. Алғашқы жолы үндемеп едім, бұл жолы жолдастарымның бәріне естірте:

– Сол жағымыздан да орап барады. Бірақ бізге тап бере алмайды. Тап бере қалса, онымыз он-оннан жастығымызды ала құлауға да ризалық бермеспіз. Әр неге де әзір отырыңдар! – дедім.

Мен мұндай тым берік бекініске неміс әскері бата алмас деп отыр едім, қаталасқан екемін. Бір кезде қарсы алдымыздан елу шақты жаяу әскер билегендей ойнақы жүгіріспен бізге қарай тап беріп қалды. Амал жоқ, автоматпен қарсы алдық. Олар қырқада, біз жырада, ыңғайлы жақ біздің қолда еді.

Соғыс қатал мінезді нәрсе. Ойнауды да, билеуді де көтермейді. Билеушілер тезірек теріс бұрылды.

Енді олар біздің жайды да көбірек байқап қалды. Әсіресе, қатар дүрсе қоя берген он шақты автомат естерінде қалу керек. Сен шегінген жолы жауыңның аз күші де көп көрініп кетеді. Немістер «бұл жерде жаудың бір взвод солдаты бар екен» деп байлам жасаса, онысына таңданудың да керегі жоқ.

Сол жағымыздан орап бара жатқандар, біздің алдыңғы шептің лебінен тез шегініп, етекке түүсті. Оң жағымыздан орай алмайтындарына енді біз де сеніп қалдық. Ойдан өрлеп, қырқаға бекінген жаяу әскерді шегіндіру деген ілуде бір-

ақ кездесетін нәрсе. Мен бөлімімді қарсы алдымыз бен оң жағымызға қаратып бөлдім.

Оң жағымыз біраз жалаңаштанып қалған сияқты. Жау автоматшылары жыраның ар жағымен өрлеп, енді жыраның табанына жиналып жатқан сияқты. Сол жағымыздағы кең жазықта астан-кестең айқас жүріп жатыр.

Он жауынгер енді үңгірді тастап, тас жыраның қатпар-қатпар қалтарыстарына бекіндік. Енді пулеметті жасырудың да керегі болмай қалды. Айналаң астан-кестен атыс болса да, сен өзіңе қарай ұрланып келе жатқан жаудың тысыр-сыбдырын аңдисың. Сені ол бұққан бөденедей көріп, сонша тарсыл-гүрсілдің астында келе жатса да, сөз жоқ, аяғын ұрланып басатындай көрінеді. Сонша тарсыл-гүрсілдің астында тұрып, сен де аяғыңның астынан суысып кеткен ұсақ тастардың таспықтай тырсылдағанын есітіп қаласың. Өйткені, бұл сенің тап өзіңе келе жатқан қауіп.

Ауыр халдің жақындап қалғанын неміс снарядтарының бұл маңайдан ауып кеткенінен танығамыз. Он жауынгер жаудың бір ротасымен айқас салуға әзірленіп, тас түйін тұрып қалдық. Мұндай халде қапылыста шығып кеткен жылы сөз де, сасқалақтап берілген әмір де, жауынгер ойына қобалжу кіргізеді. Жылы сөз ойына кірген босаңдық белгісі де, сасқалақ әмір үмітсіздің ұтылыс белгісі.

— Жауынгер Толстов!

— Мен жолдас аға сержант! — сөйлесу райы осылай болу керек.

Дәл қарсы алдымыздан қыр басынан бір тас домалап түсті. Құлақ біткеннің барын салғаны сонша, домалап келіп түскен тастың дыбысын он жауынгер түгел естіп, бір-бір қарасып қалдық. Мен қозғалмаңдар деген белгі бердім. Мұндай қысылшаңда дәл кезінен бір минут бұрын қимылдасаң да, бір минут соң қимылдасаң да зиян. Асықсаң да зиян, кешіксең де зиян. Шамаң келсе, дәл кезінде қимылда. Екінші бір есте болатын нәрсе, командирге бір минут көрінген уақыт жауынгерге он есе өсіп көрінуі мүмкін. Жауынгер жаудың біреуін көрсеак қимылға жанталасады, командир жаудың түгел қимылын аңдиды. Басқа бір ретте жауды ілгері аттатпау, кейін шегіндіру үлкен абырой саналса, бұл жағдайда құрту ғана құтқарады сені. Өйткені, бұл үңгір бізге екі күнге беріліп еді.

Жау ротасымен арамыз бірте-бірте жақындай берді. Алдарақ қия жартастың тасасында тұрған қарауылымыз ар жағын нұсқады.

Денең қалш-қалш етеді. Бірақ бұл — қорқу қалшылы емес, тағы бір-екі ұзақ секундтің ішінде өзіңе-өзің шыдам берудің салмағынан туған қалшыл. Ойың мен бойың қатты бұралған домбыра шегіндей шертіп тұр.

— Жүз елу қадам... Жүз отыз... Жүз жиырма...

Анау бір ашығырақ алаңға дейін әлі бір жиырма қадам жақындату керек. Қарауылда тұрған жігіт тым жақынды нұсқайды. Енді оған бері кел демесең, шыдай алмауы да мүмкін... Бұл кәдуілгі, атақты «Чапаев» картинасындағы Аньканың халін еске түсіретін бір кез. Анағұрлым артық күшпен жау жақындап келеді де, секундті сегіз бөліп санап, сен отырсың. Егер мұндай хал бұрын да талай кездеспеген болса, мүмкін ендігі «от!» деп қалатындайсың...

Соғыс сорлының салты сол, талай жайды талай қайталап барып есіңді жидырады, жазушымен де, оқушымен де есептеспейді...

Осындай қысылшаң халде менің ең бір қауіптенгенім әнтек ащырақ шығатын даусым еді... «От!» деп команда бергенде, даусыңда инелік қанатының дікіліндей ғана қобалжу болса да жауынгерлерге сезіле қалады. Командир даусының қалай шыққанына қарап, жауынгер ойына сенім де кіре алады, қобалжу да кіре алады. Әр айқастың кілті командиріміздің қолында деп дағдыланған жауынгер ең алғашқы белгіні командирінің даусынан аңдайды.

Мұндайда неден қауіптенесің, соған ұшырайтын да бір әдет болады. Сондықтан «От!» деген команданы мен бүтін бір полкқа бергендей, қайқайтып тұрып бердім. Менің командамнан неміс автоматшылары дір ете түспегенмен тоғыз автомат, бір пулемет қарш-қарш оқ жаудырғанда шабуыл алдын қырқып түсірді. Тас қиялардан от жарқылдап, түтін бұрқылдайды. Әрбір оқтың үні ортасынан үзілгендей, шаңқ етіп қалып, шыж етіп жоғары серпеді. Малтадай жұмыр көк тастардан бұрқ-бұрқ шаң шығады.

— Бірадым шегінбеңдер! — дедім, қысылыс үстінде жоғарғы командованиенің аты шулы әмірін тағы бір еске түсіріп. Бұл Отан әмірі, оны адал ұлы бұза алмайды.

Шегінуге неміс командованиесі де тыйым салып қойған болатын. Бірақ олардың әдісі басқа еді. Оны біз осы арада бірінші рет көрдік те, кейін талай рет кездестік.

Бізге шабуыл жасаған неміс автоматшылары, алдыңғы жақтары едәуір селдіреп қалғаннан кейін бізден жиырма метр жерге ғана тасаланды. Жаралыларының біразы көтеріле беріп қайта құлап, бүктетіле беріп шалқасынан түсіп, біржола тыншықты. Сау қалғандарына бас көтертпей, біз оқ себелеп тұрмыз.

Оқ аз да, жау көптігін еске алып, мен атуды тағы тоқтаттым. Енді тек қылт еткен темір қалпақты аңдыдық. Сол кезде жаудың алдыңғы қатарынан атып тұрған бір солдат автоматын лақтырып жіберді де, екі қолын жоғары көтеріп, бізге қарай жүгірді. Бар дәрменімен қатты ұмтылған бойы секіріп келіп, біздің тас ұяға түсті. Мен Петяны әрең ұстап қалсам да, қашқан солдаттың тұ́сыртынан өз жолдастары атып-атып қалды. Кейін көрсек бір оқ иығынан, бір оқ арқасынан, енді бір оқ өкшесінен тиіпті. Секіріп келіп құлаған солдат ышқынып бір аунап түсті де, қозғалмастан қалды.

Бұл ақ кірпік ариец емес, арық қара торы жігіт. Денесі ықшам, орта бойлы, венгер ме, болғар ма, солардың біреуі сияқты. Немісше білетін Васяға:

— Тіл қата алса, мән-жайды сұрастыр! — дедім. Денесіндегі үш оқтан тірі қалмайтынын тұтқын да түсінген сияқты. Сондықтан айтуға арман еткен сөздерін шашалып, тұтығып тез-тез айтып жатыр. Әр сөзі өлер алдағы белгілі сырылмен шығады. Кеуіп қалғандықтан жаңа бүріліп келе жатқан жара сияқтанып тілім-тілім болған еріндерін ішіне қарай жымқырып, жалап, жұтынып қояды. Күнге күйгенде бетіңнен гөрі де қоңырланып кететін мұрын енді қуқылданып, көгеріп барады. Демін де аузынан алып жатыр. Вася аузына су тамызды да біраз жатқызып қойды.

Бізге шабуыл жасаған рота басын көтермей тасада жатыр. Ішіңнен жаңағыдай біреу шықса, қалғандарын шабуылға айдау оңай да болмайды.

– Енді түнді күтетін болды бұлар, – дейді Володя маған сыбырлап.

– Түнге біз қалдыра алмаймыз оларды. Штабпен қатынасар жыраның бойын жауға беріп қойып, өзіміз қайтпекпіз?

– Онда айдап шығамыз ба?

– Жоқ, құртамыз!

Володяның бойына жаңа бір ой келгендей, белін қаттырақ буынып, сұр гимнастерканың артын жұлқа бір тартып қойды. Мұртын автоматының шоқтығына жайып салып, тұнжыраған көзін алдынан аудармай Петя жатыр. Мен әзір танымайтын бір-екі жаңа келіп қосылған жауынгерлер таспен тас болып, автоматтарымен бірге біткендей, тартып жіберуге әзір отыр

– Жоқ, олар түнді күтпесе керек...– деді Вася. – Мынаның айтуынша, бұл венгер мен румын жігіттерінен құралған рота екен. Арттарынан неміс пулеметшілері атқылай бастамаса, бұл рота басын көтере қоймас дегенді айтады... Жатқан жерлері артынан да, алдынан да оқ ала қоймас таса көрінеді, ондай жерден басын көтерер ақымақ жоқ шығар, – дейді.

– Немене, немене дейді? – дедім мен венгердің жауабына толық түсіне алмай.

Гришин венгердің жауабын қайта анықтап алғанша, оның не екенін біз өз көзімізбен көрдік: тасада жатқан автоматшыларды тағы да шабуылға айдау үшін алысқа тасаланған немістің екі пулеметі өз жауынгерлерін атқылай бастады. Екі пулемет қиғаштай оқ себелеп автоматшыларын бері ығыстырып келеді. Арт жағынан жауған оқ үстіне келіп қалған шөп машинасындай тарсылдаған соң, жау автоматшылары еріксіз ілгері жылжып қояды. Арттарына қарап барқ етіп қалған кездер, түнерген жүздер бізге де айқын көрінді. Солдат үшін бұдан ауыр мазақ та, қорлық та болмасқа керек. Қазір айқасар жауың болса да мына қорлығына жаның ауырады.

Автоматшылардың арт жағын бір тұрғызып алған соң, пулеметшілер енді бұғуларына ерік бермей, тез қуалап алға қарай айдады. Алдарында арандай ысылдаған біздің оқтар. Осы екі оттың ортасында, мағынасыз, мақсатсыз, шынын айтқанда солдатқа лайық айқассыз, бір рота босқа қырылып қалды. Біздің көргеніміз – қайтсем жаным қалар деп, алды-артынан бірдей ығысқан басқару шеңберінен біржола шығып кеткен, көбінесе, артына қарап айғайлап, ызаланған қарулы ғана адамдар еді. Әрине, әрбір қарулы адам солдат та емес.

Басқару шеңберінен айрылып, ендігі ойлағаны бір жаны болып қалған солдат майдандағы ең бишара адам. Онда солдаттың ызғары да жоқ, жай адамның айла-тәсілі де жоқ. Сонша көп автоматшы біздің бірімізге оқ дарыта алмай, босқа қырылды да, батып бара жатқан күнге бұлдыр ғана шағылысып, шашылған автоматтары орындарында қалды.

Күшпен бағындырып отырған халқың соғысқысы келмесе, оны тағы да күшпен соғысқа салуға болады, әрине, Бірақ ол жеңіс армиясы бола алмайды.

– Мен былтыр күзде-ақ тұтқынға түсіп кетуді арман етіп ем. Венгер халқы Россияға жауығарлық түк себебі жоқ, – дейді мынау деп, Вася жаралы венгердің

сөзін бізге аудара бастады, – Мен христианин... Өлім алдында өтірік айтпаймын. Венгер халқы сендермен тіпті соғысқысы келмейді. Еш уақытта соғысқысы келмейді... Біздің айып айдауға көнгенімізде. Мен өлем, бірақ қолдарыңа тағы бір венгер тірі түссе, о да осыны айтар!.. Су беріңдер маған, – рахмет, жолдастар...

Жаралы венгер бұралып бүктетіліп бір ышқынды да үнсіз қалды... Манадан бір сарынды қоңыр үнмен оның сөзін аударып отырған Вася да тоқтады. Таудан соққан кешкі салқын жау өліктерінің күлімсі исін де әкеле бастады.

Іңір кезінде мені Мирошник шақыртып алды. Алпыс шақты жау автоматтарын әрең көтеріп, төрт жауынгермен келдім. Командиріміздің жағасына тағы бір төрт бұрышты қызыл қосылып қалыпты. Онысы Кавказ жұлдызындай ескілерінен гөрі айқын күлімдеп тұр. Бұрын лейтенант десем, енді аға лейтенант деп, сәлем беруге тура келді.

Мирошник сыпайы ғана езу тартты да, қолымды қысып отыруға нұсқады. Осы езу тартқаны мен қолымды қысқаны біздің бөлімнің бүгінгі еңбегіне айтқан алғысы да еді. Кешегі әбігерлік етіп, командиріміз өзінің жайдары қалпын тауыпты. Біздікі сияқты тас үңгірде Ревякин екеуі жайласып, шай ішіп отырған кездері екен. Жалпылдақ шамның әлсіз жарығымен бокал түбіндегі шай қызыл шарап сияқтанып қою сезіледі.

– Ұстай бер!– деді Ревякин маған өз бокалын ұсынып. Мен бокалды тосып тұрдым да, Ревякин екі бүйірін жалын шалғандықтан тәйпік қарала қанделге ұқсай қалған қалайы шайнектен шай құя бастады:

– Үш күннен бері ішіп отырған шайымыз осы! – Сарталиев келсе, майдан беті түзеледі демеп пе ем! – деп Мирошник қалжыңдап қояды.

– Сен Жамбыл бабаңнан бата ала келуді ұмытып кеткен жоқ шығарсың?

– Әрине, ұмытқаным жоқ... Әулие қарт жеңіс бір-ақ белдің астында тұр депті.

– Білдің бе, күйі қалай екен қарттың?

– Айдап жатыр!.

– Пай-пай, не деген алып, ә?

Майданға біз Кавказ етегіндегі айқас үшінші тәулікке айналғанда жеткен екеміз. Кеше маған өте әбігер көрінген жай толастаудың алды екен.

– Алдыңғы күнімізді – абыржу деуге лайық болса, кешегі күніміз айқас әбігерімен өтті. Бүгін жауға еріксіз «тыпру!» дегізген шығармыз, – деді Ревякин Мирошникке қарап.

– Енді бетін артына бұрғызып «Но!» деп қаламыз да... Солай ма, жолдас аға сержант?

– Солай, аға лейтенант!

Бұл әңгімеміз есіне жаңа бір нәрсені түсіргендей, Мирошник сары ұлтаннан жасалған сумкасын сырт-сырт ағытып, бір қағазды суырып алып, алдына жайды да, алақанының сыртымен бір ұрып қалып:

– Міне! – деді. Мен ол қағаздың ең соңғы бұйрық екенін аңғардым.

Бұлаң қаққан әлсіз шамнан қағаз беті біресе шұбартып, біресе буалдыр көрінеді. Мен жаудан алынған фонарымды ұсындым. Мирошник фонарьды жағып, алдына қойды да, біздің бөлімнің басынан кешкен уақиғаларды ауызба-

ауыз сұрады. Мен өзім аңғарған екі жайды баса айттым. Оның біреуі – жаудың әскерін алға айдау әдісі, біреуі – күшпен соғысып жүрген венгер, болгар, румын солдаттарының ақысы еді.

Мирошник майданның жалпы жайын айта келіп:

– Бүгін де шегінген бөлімдер бар. Мүмкін ертең де шегінетіндер болар. Бірақ мына бұйрық біздің шабуыл басталатын белгілерді береді. Әзір болыңдар! – деді.

Ертеңгі күннен не күтерін білмеген солдат – ертеңгі күннің оралғысы ғана болуға жарайды. Ертеңгі күнді сезінбей ұйықтағанша, сол ұйқыны құрбан ету керек. Сондықтан мен ертеңгі күннің жайын әшейіндегіден гөрі тәптештеп сұрап алдым.

– Тағы бір тәулік сол үңгірге ие бол! – деді Мирошник – анықтаған боларсың, батыс жағың жазық, шығыс жағында жол бар. Сен ортада мүйісте отырсың. Сол қақпаны тағы бір тәулік жабық ұста! Одан кейін мүмкін орын ауыстырармыз...

Орын ауыстырармыз деген екі ұшты сөзді анықтай бастап едім, Ревякин орнынан тұрып: – Сталинград халі ауырлай бастады ғой. Бізге толықтыру беріле қояр ма екен... Осы күшпен-ақ көрерміз не болса да, – деді.

– Иә, бізге толықтыру кейін бұрылды деп, полковник өзі де айтты. Тағы бір тәулік шыдап бақ, Сарталиев. Керегіңді қазір сұра. Бірақ қозғалма орныңнан! – деді Мирошник.– Ертеңгі күн ең соңғы ауыр күн болсын деп тіле!..

Әлгі жайласып отырған жай ақырын-ақырын өшіп, үңгірдің іші суына бастағандай сезіледі. Жарқыраған электр фонары да қызғылт тартып, күңгірттеніп бара жатқандай.

– Мүмкін ертең жиі хабарласа да алмаспыз... – дей беріп, Мирошник маған қолын созды. Мұнысы байланыс үзіліп те қалар дегендей естілді.

Ревякин менімен бірге шықты да, далада қоштасты:

– Ростов үшін берілген орденіңді ертең аларсың. Ертең сені партияға аламыз. Өліп қалып жүрме! – деді.

Әскер уставы бойынша политругіңді құшақтауға болмаса да, мен қараңғыны пайдаланып, Ревякинді құшақтай алдым.

– Өй, мұның не? – дегенмен мені Ревякин де құшақтап алыпты. Құшағымыз айрылғаннан кейін Ревякин:

– Тарасенкомен танысқаның жақсы болған екен. Ол бір адал жігіт! – деп, қолымды қысты. Маған мұнысы Тарасенкоға арналғандай сезілді...

Тас жыраның ойпатына түскенше, жау оқтары мені екі рет атқылады. Бір жерде тасты тасаланып біраз жатып та қалдым. Ертең партия жиналысында болатыным есіме түсті. Төбемде Кавказдың қаракөк аспаны мен айқын жарқыраған жұлдыздары тұрады. Арқамды Кавказ құзына тіреп тұрып, мен партияға алынам, басқа жерде емес, Кавказда алынам. Ұлы Кавказ алдында ұлы көсеміміз бастаған партияға кірем. Кавказ атынан айыра алмайтын ыстық бір ойлар шумақ-шумағымен келіп, теңіз толқынындай тербетеді, сайрап тұрған ойлар өзім білер тіл шеңберіне сыя алмай, не екенін атай алмай жатырмын. Бәрі де Кавказдай алып, Кавказ жұлдыздарындай ірі де шұғылалы сезіледі.

Мен үңгірімізге келсем, Петр Ушаков тағы бір топ иттерді алып келіп жайғастырып жүр екен. Жыраның арғы бетінде үш жерде күзетші қарауылдар

тұр. Үңгірдің түбінде фонарь жарығын тасалап қойып, Володя мен Вася неміс автоматтарын бұзып, жинап отыр.

— Неге демалмадыңдар? — дедім мен қастарына келіп.

— Біз демалдық. Қазір басқа екеуі демалып жатыр. Ендігі кезек өзіңдікі,— деді Володя байырғы қалпымызға көшіп.

Өткен күннің олжасынан жауынгерлерімнің бәрі де қызуланып, сергіп алыпты.

— Күн бойы демалдық қой, жолдас аға сержант... Күн батардағы бір сағат болмаса, өзгесі демалыспен өтпеді ме... Тұруға рұқсат етіңіз! — деп, жатқан екі жауынгер де тұра келді. Ол екеуінің мен келе жатқанда ғана жата қалғандарын да білдім. Бірінің беті де уқаланбаған, бәрі де ұйықтамаған адамдар.

— Қырынып алсаң қайтеді? — деп, Петя жарыққа қарай келе жатыр. Мұндай жауынгерлермен бір тәулік емес, бес тәулік шыдауға болар деген сеніммен мен қырынуға отырдым...

4

— Костя, сенің қатының қайда осы?..

— Өзінің орнында ғой деймін...

— Хатында не жазыпты?

— Бұл хат онікі емес.

— Е, сен әлі күнге дейін басқа әйелдерден де хат ала беремісің?

— Оны қайдан білдің?

— Қолыңда отырған әсем хатты әйел ғана жазған болар.

— Әйелдер әсем хат жазуға олақ келеді.

— Не дейді!

— Есіңде болсын, олақ келеді.

— Е, сен үйренген адамсың ғой, бірдеме білетін шығарсың...

— Дауласпа, білем...

— Дегенмен қолыңдағы хатты әйел жазғанына бәс тігем!

— Бәс тіксең, ұтқаның...

— Ендеше, әйел жазған болды ғой?

— Гуля жазыпты...

Біздің дивизияны толықтыру аяқталып келеді. Ол екі арада едәуір демалып қалдық. Жауынгерлер ине-жіптен жаңа шыққан киімдерін киіп, жалт-жұлт етеді. Әлі тер сіңбеген ішкі киім, қыры сынбаған сыртқы киім, сықырлаған жаңа етік бірінші рет тағылған погон солдат қөңілін қатты көтеріп тастады. Екі жылдан асқан соғыс кейістігі ұмытылып, әр солдат майданға жаңа келе жатқандай қызу да, сергек те. Кеудеге қатарланып қалған орден мен медальдар тыстан естілген шолпыдай сыңғырлайды. Бұл бір көңілге өте жайлы тиетін сыңғыр. Етігіміз де сықыр-сықыр етеді. Ұлтандары табан елі, Берлинге дейін аяндасақ да шыдайтындай көрінеді. Осы етікпен Берлинге жетерміз деген ой кейде шын-ақ келіп қалады.

Вася жаңа формалы киімдерін киіп, орден-медальдарын жарқыратып тұрып қаз-қатар тағып алып, сыңғыр да сыңғыр, сыңыр да сыңыр еткізіп, ұзын залды өрлей адымдап, отыра алмай жүр. Тыныққан, қырынған, сөз жоқ, сұлуланып кеткен. Жақында жарығы жымыңдап, музыкасы ыңыранып жатқан қала бақшасы болса, ендігі кетіп те қалған болар еді. Ол бұл маңда жоқ... Сондықтан әрқайсымызға бір келіп, ойнақы сұраулар беріп, қалжың іздеп жүр. Әйелің демей, қатының дегенді де қалжың туғызу үшін маған әдейі айтты.

Васяның әшейіндегі жинақтылығы бәрімізге де мәлім болғанмен, қызу үстінде ескі ботинкасын шығарып тастауды әлі ұмытып жүр. Тұмсық жағы қыс бойы қасқыр кеміріп шыққандай ескі ботинкасының түсі сары болған ба, қара болған ба, әлде тіпті ақ болған ба, оны қазір ешкім айыра алар емес. Шөлдеген бақадай аузын ашып, маған қарап қатарласа қойыпты. «Ескерткіш етерсің, өзіңде қалсын» деп, бұл ботинканы біздің шаруақор старшина да алмай қайтарған.

— Ботинкаларыңның қарны ашып тұр білем, Вася... Бірдемені асатып жіберсеңші, — дедім, қалжың іздеп жүрген жолдасыма. Вася кілт еңкейіп, ботинкаларын алып, далаға шығып кетті. Бұл күнге дейін киіп келген киімінен енді өзі де жеркенетіндей, саусақтарының ұшымен ғана ұстап барады. Бала кезімде үйге кіріп кеткен бақаны шығарып тастарда мен де осылай ұстайтын едім.

Васяға осылай бір «тойтарыс» беріп тастап, мен Гуляның хатына қайта үңілдім. Васяның қалжың сұрауынан кейін хаттың әрбір сөзі жан-жаққа өре жөнелген құмырсқадай бытырап, ешбір сөздің мағынасын ұстатпай қойды. Әрбір сөз: «Ие, осы сенің әйелің қайда?» деп тұрғандай көрінеді.

Шынында да менің әйелім қайда осы?.. Ақбота енді менің әйелім екендігіне біржола сенген сияқтымын. Бұрынғы бойдақ күндегідей емес, мінезіме де салмақтылық кіріпті. Үй жақта, ел жақта не жай болып жатыр екен деп ойласам, Ақбота да есіме бірге түседі. Хатын алғанда болмаса, басқа уақытта Ақботаны ылғи елмен бірге алам есіме,

Ақботаның менің әйелім екендігін жолдастарым да біржола дәлелдеп сендіріп қойды:

— Бәрекелді!.. Мынадай хат жазған адам әйелің болмай, кімің болушы еді!

— Мұндай сөздерді тек әйелің ғана жазады, әрине! Факт!.. — деседі.

Жолдастарымның ішінде менен басқа үйленгені де жоқ. Әйелінің еріне, ерінің әйеліне хатты қалай жазатынын көзімен көрген де біреуі жоқ. Сонда да мұндай хатты әйелің ғана жаза алады дегенде бәрі де үйлі-жайлы болған адамдардай сеніммен айтады...

Шешем де менен гөрі Ақботаның жайын көбірек ойлайтын сияқты.

— Ер балаларға соғыс деген немене, Ақбота байғұс қайтып шыдап жүр екен?.. Байғұс балаға жұмыстың бір ауыры кездеседі ылғи...

Маған Ақботаның адресін жібергеннен кейін ендігі мен барып та қайтқан сияқты көрінсем керек. Болмаса, екеуміз бір жерде жүргендей көрінетін сияқтымыз. Ақботаны маған аманаттай тапсыра келіп:

— Сүт құйған қою шайды жақсы көретін еді... Соғыста айран мен қымыз қайдан болсын... Әйтеуір жылы жақта жүрміз дегендеріңе қуанамын, — дейді.

Екеуміз де бір соғыста жүрген соң, апам Ақбота екеумізді колхоздың бір бригадасында жүргендей де көріп қалады... Бұл ойын мен де бұзғым келмейді, әйтеуір көңілі тыныштырақ болсын деймін. Ақботаның хат жәшігінің номерінен басқа еш нәрсе білмесем де шешемнің ойына қобалжу кірмесін деп, екеуміздің екі жерде жүргенімізді әлі ашып жазған емеспін. Жаңағыдай «нақты» тапсырмаларына: соғыс болған соң, шыдайды да деген сияқты жалпылама жауап беріп келдім...

Вася қайтып келді де:

— Гуля не жазыпты? — деді.

— Сәлем айтыпты...

Енді Вася өз тумбочкасына барып, теріс қарап отыра қалып, оң иығы бүлкбүлк етіп, бірдемені тез-тез жаза бастады. Әрине, тоғыз айдан бері бір хат жазбағанына ұялып, Гуляға хат жазып жатыр. Сәлем айтыпты дегенімде соны-сынан қызарып та кетіп еді, енді соны аршығысы келеді.

— Ферғана каналының қандай болып шыққанын көрдің бе? Көрдің ғой, ортаң старший сержант? Көрдіңдер ғой? — деп, елеуреп айнала қаранып, бізге жаңадан қосылған жауынгер Самед Абдоллаев тыпыршып тұр.

— Әрине, көрдім, — деп мен Самедке қарадым. — Соғыс уақытындағы ұлы еңбектің бірі екен!

Соғыстың ауыр кездерінде аяқталған Ферғана каналын кинодан бәріміз бірге көріп едік. Мақта егісінің түсімін арттырып, жоспарын артығымен орындап шығуға берген өзбек халқының анты да көрсетілген екен. Самед туған елінің ерлігін жолдастары тағы бір еске алып, тағы бір мақтау айтса екен дегендей болып тұр:

— Ұлуғ ант, ұлуғ ант! — деп бастады да, жастарымыз жастығымен, кәрілеріміз аппақ сақалымен берген ант! — деп аяқтады.

Мен Самедтің ойына түгел қосылдым да, өзім де мақтанғым келіп кетіп:

— Біздің Қарағанды қазір Донбасс ағасының орнын басып тұр! Қазақстанның мысы мен қорғасынына теңелер жер дүние жүзінде бірді-екілі ғана екен! — дедім.

Теріс қарап, хат жазып отырған Вася кенет бұрылып:

— Тексерілуі бітсе, ешбір теңдесері болмайды! — деді.

Самед енді елеуреуін қойып, балаша жымиып қасыма келді де:

— Мақұл, ортаң Костя! Ешкім теңдесе алмас болғаны мақұл! — деді.

Осыған үнсіз серттескендей қол алыстық.

Васяның хаты шығыңқырамай отырғанын мен манадан сезіп отырмын. Қарындашы тақтай тумбочканы шегелеп жатқандай тақ-тұқ жорытқанмен екі-үш парақ қағазды уқалап-уқалап еденге тастады. Поэмасы, я болмаса, романы икемге келе алмай отырған ақын мен жазушы тап қазіргі Васяға ұқсайтын сияқты көрінеді. Асығыс тықылдаған қарындаш, «ыс!» деп қалған қалам, айналаң жапырақ-жапырақ ақ қағаз...

— Әлгі жаңа салынып жатқан завод жайында не айтыпты? — деді Вася, орындығының төрт тұяғымен еденді сықырлата сызып, маған бұрылып.

— Бітіруге жақын қалыпты...

Гуляның хаты екеумізге бірдей арналып жазылса да, мен әлі өзім де айрыла алмай, Васяға бере алмай отырмын. Хат оның қолына бір көшсе болғаны, ол да маған қайтармайды. Өйткені, оның ішінде «өндіріс мәселелері» бар...

– Әлгі бір әйгілі металл табылған жердің аты немене еді? – деді Вася.

Бет-аузы қызарып, көзіндегі манағы ойнақылық сөніп, әдемілеп тарап қойған күрең шашының арасына саусақтары да талай барып қайтқаны айқын тұр. Уқаланған парақ қағаздардың саны да көбейіп кетіпті... Көрші бөлмеден біреу дамылсыз тықылдатып жатқандай, манадан бері қарындаш та тыным тапқан жоқ.

– Қазір айтайын, – дедім, өзім де бірден есіме түсіре алмай қалып.

– Бірдеме деген өзен болу керек маңайында, – дейді Вася, менің есіме тезірек түсіргісі келіп.

– Біреу емес, үшеу еді ғой...– дедім, әлі де аттары есіме түсе қоймай.

– Үш өзен бар ма еді?

– Жоқ, әйгілі металл табылған жер үшеу... Гуля солай демеп пе еді!

– Туh! –деп, Вася қынжылып қалды.

Вася, әрине, Гуляға жүректен жарып шыққан сөздерден құралған іші-тысы бірдей әдемі келген хат жазғысы келеді. Қарағандының болашақ инженері үстірт те болса, Қарағандының байлықтарын мадақтағысы келеді. Түптеп келгенде, Гуляға арнайтын әдемі сөздері ұмыт қалып, геологиялық лирика болып шығуы да мүмкін...

Жарқыратып таққан ордені мен медальдары сыңғыр-сыңғыр етіп, Петр Ушаков қайтып келді. Майданда көбінесе тұнжырап жүретін Петяның қазір басындағы пилоткасы да ыржың қағып тұрғандай.

– Кергітіп тұрып, ірі планға түсіп қайттық! – деді Петя, қалай түскенін бар бейнесімен қайта бір көрсетіп, тұра қалып. Қара мұртының астынан қаз-қатар тізілген ақ тістері де көрініп тұр, езу тарта әдейі тістерін де көрсете түскен сияқты суретке. – Бар, Вася, сені де ірі планда түсіруге шақырып жатыр!

– Ірі планда түскеніңді қайдан білдің? Кино аппаратының ішіне кіріп, көріп шықтық ба?– деді, азырақ қызып отырған Вася Гришин.

– Қайдан білдің!.. О да сөз бе екен?.. Оператордың өзі айтты! Әрбір орденің алақандай, гвардиялық белгің ат табанындай болып шығады деді!..

Бұл жігіттер бүкіл Отанға ірі планда көрсетілуге тұратын адамдар! Киноға түсіріп алуға келген адамдарға біздің бөлім әшейін ұсынылған жоқ, мыңдардың арасынан атап көрсетілді. Ерекше бір топ едік десек, онымызда бойға сыймастық еш нәрсе жоқ та еді.

Қырық үшінші жылдың бірінші түнінен бастап, дәл осы демалысымызға дейін әр кезде шабуылдың алдында болып келдік. Шегінген кезде артта болсақ, шабуыл кезінде ылғи алдамыз. Жаяу да жүрдің, машинаға да міндің, танкыге де міндің, керек десеңіз, жау танкысыне де міндік. Бір кезде шапқан жауға қайрылып қарсы ұмтылсақ, енді қашқан жауға ең бұрын жететіндердің ішінде келдік.

Қырық екінші жылдың толассыз кейістіктері қазір ұмытылып артта қалды. Өйткені, қырық үшінші жыл кесек бір уақиғалармен басталып кетті де, сол екпін әлі өсумен келе жатыр.

Атақты қырық үшінші жылдың жаңа күні әр бұлтқа бір жасырынбай, отты кірпіктерін ұзын-ұзын найзадай етіп бұлтсыз таза аспанға сүйей, Кавказ қырқаларына бір-ақ шығып қалғанын көрдік. Құлай сүріне, жосыла-жөңкіле қашқан жаудың өлімтігінен аттап өтіп келе жатып:

— Жаңа жылың құтты болсын, қарт Кавказ! — деп айғайламаған солдат болған жоқ. Күміс жоталары күнге шағылысып, жүзі жадыраған Кавказ әрбір солдатқа — осы беталысың баянды болсын! — деп тұрғандай еді.

Таңертеңгі көгілдір аспанды шоқтығымен тіреп тұрған ақбас Эльбрус сол күніміздің көзін жазбаған әділ куәміз. Ұзақ тарихтың куәсі алып қарт сол күнге теңерді көрді ме екен?.. Кавказдың әрбір қатпарына құртша үймелеген жау қолын найзаның ұшымен түйреп алып, етекке қарай құйындай қуып түсірдік. Жау қолы айлар бойында өрмелеп жеткен жерінен бір күнде сыпырылып түсті. «Кавказ қарқыны» деп аталып кеткен сол екпінмен әлі келеміз!..

Жаңа жылға кірер алдында, біз болған мен болашақтың шекарасына жақындай бір халде едік. Сталинградты қоршап алған жау қолын сыртынан қапсыра темір құрсау салынып қалды. Артқы күштерінен ажыраған жау болат қоршауға алынды да, бар қақпа біржола жабылды. Бұл солдат ойының оңай ұғатын нәрсесі. Сталинградқа кірген жыланның басы әлі тірі болғанмен, арт жағы темір табанның астында еді. Бір кезде, бар күшін бойына жинап, жиырылған Москва бұл күндерде шірене серпіп, майдан етегін батысқа қарай желпіп жіберген.

Жаңа жылды біз майор фон Крюгердің штабында өткіздік, яғни жаудың штабында өткіздік... Бұрынғы паңдықтан, баяғы әсемдіктен айрылып қалған алты офицер бір жерге ғана ұйлығып, шамасы келгенше сыпайы отырды да, біз дайын тұрған арақпен жаңа жылды қарсы алдық.

Солдаттардың тым құлдырай құлап бара жатқан рухын көтеру үшін майор Крюгер жаңа жылды қарсы алуға ақтық өнерін салған екен. Фашизм армиясы Кавказ белуарынан төмен құлағанда, солдатының рухы бірге құлағандығын біз әртүрлі белгіден танығамыз. Солдат рухы деген ең күшті қару ғой, ол қолдан түсіп кетсе, автомат оның орнын баса алмайды. Әлде бұл ақтық көрер жаңа жылы боларын сезінді ме, әлде шығыс майданы ұзамай қайта күш алады деген жоғарғы жағының ағаш жағалтайларына сенді ме, әйтеуір, бізді кернеп тұрған ашу мен ызаны қайната түсейін дегендей, Крюгер мырза жаңа жылға көрнеу ерсі әзірленіпті.

Күн батысымен-ақ қызылды-жасылды ракеталар айсыз аспанға шапшып атылып, қызылды-жасылды жарқырақ оқтар жұлдыздай ағып бір тоқталған жоқ. Өздерінен бұрын оқтары мас болғандай, тап бермеге келіп тақалып тұрған бізде оқтарының да жұмысы жоқ, аспанды шимайлап, есірген сонадай жоғарыда зуылдап жүр.

Кеше бұлар «Катюшаның» қосарлана, қанаттаса соққан отынан ыршып етекке түсіп еді. Қосақтала-топтала, жалт-жұлт ұшқан «Катюшаның» оқтары

көп көкжалдың үйіріндей жөңкіліп, жосылып бергенде, бет қаратқан жоқ. Бүгін міне, мәз-мәйрам, жаңа жылды қарсы алудың отжалынды белгілерін беріп жатыр. Мұндай мінезге қашқан армия түгіл, қуып келе жатқан армия да бара бермейді.

Жаудың мұндай мінездеріне ызаланып кететін Петя сол әдетінше:

– Бұлары мазақ па, өжеттік көрсету ме? – деді кіжінген үнмен.

– Менімше тұтқынға түскілері келеді. Әйтеуір құтыла алмайтындарын білген соң, мейрам күні тұтқынға алынып, ашылған абыройды мастықпен жапқылары келеді. Бәс тігем осыған! – деп Володя өршеленді.

Мен екеуіне де қосылғым келмей:

– Бұл румын, венгер бөлімдері емес,– дедім.

– Иә, нағыз ақ кірпік фашистердің өз дивизиясы, мынау майор Крюгердің штабы.

– Онда қалай деп ұғынасыз?

Біз осылай таласып тұрғанда қасымызға Ревякин келіп өз жорамалын айтты:

– Кешегі күнге дейін жеңіспен келеміз деп білетін Крюгер мырза бір күнде өзгере қалмаған шығар, жолдастар. Жау қолына жаппай толқу кірген жоқ әлі, – деп, жалпы қорытынды ретінде бір пікір айтып аз кідірді де: – Берлин биылғы жаңа жылды былтырғыдан гөрі де басым мейрамдамақшы. Сталинград алынды, Кавказға табанымызды біржола тіредік деп Геббельс суайт күнінде үш рет хабарлап жатқан жоқ па!.. Крюгер мырза жаңа жылды Берлин қалай мейрамдаса, солай, «жеңіспен» мейрамдамақ шығар,– деді.

– Жә, Берлин жалпы рухты көтергісі келсін, мынанықі предательство емес пе! – деп, Петя Ревякинге қайта-қайта қадалды.

– Ие, өздері үшін предательство.

Түннің қоңырлана түсуін, мейрамның қыза түсуін күтіп, Кавказдың көп қалтарыстарының бірінде отырған жауынгерлер біраз уақыт предательство жайын кеңесіп кеттік. Біраз қауымдар үшін бұл өте көп жасағандықтан ескіріп, тозған түсінік екен. Көп қолданғандықтан бой әбден үйреніп, енді жан ыршымайтын болса керек. Біздің жаңа қауым үшін бұдан жеркеніш сөз жоқ. Сондықтан біз бұл сөзді танкыға бара қоймаған иттерімізге де айтпайтын едік.

Менің ойыма қазақ тілінде осы сөздің атымен жоқтығы түсіп кетті. Әрбір сөз өмірдің керегінен туса, біздің тілде «предательство» деген сөздің өзі түгіл, мағынасын дәл аңғартарлық айырбасы да жоқтығына қуанып кеттім. «Сатып кетті», «айнып кетті», «айырбастап кетті» деген сөздер, әрине, ол емес. Оның үстіне бұл сөздердің өз төркіндері көрініп тұр. Бәрі де сауда маңынан табылады.

Кейбір сөздердің жоқтығына қынжылсақ, бәлемен бірге туған сөздердің жоқтығына, я болмаса, аздығына қуанасың да. Мен осы ойларымды Ревякинге айттым:

– Қазақ тілінде «предательство», «измена» деген сөздер жоқ! – дедім.

– Шын жоқ па?

– Шын жоқ!

– Тамаша екен мұнысы! Жоқ болса, жоқ болсын! Ендігі өмірімізде керегі де болмас! – деп, Ревякин әр кездегі әдетінше жалпы қорытындыға тартты.

Терең жыраның түбінде, үстіне үлкен сұр палатканы жамылып алып, екі иығы кезек бүлкілдеп жатқан Мирошник тұра келді. Шырт етіп қол фонарының сөнгені де естілді. Уқаланып, жұмсап қалған картасын сумкасына салып жатып:

– Сарталиев, деревняның хал-жайын бір шолып қайтыңдар! – деді.

Крюгер мырза жаңа жылды қарсы алайын деп жатқан деревнядан біз шегінгелі бір-ақ ай болып еді. Бір жетіге созылған итжығыс айқастарда он шақты ғана үйдің бірді-екілі қабырғалары сау қалған еді. Қазір олардың да біразы өшкен екен. Суырып алынған өңештей сорайып пештің қара күйе шалған мойындары тұр. Қиып салынған ағаш үйлер тас-талқан болғанда, қара шаруаның қалай болса солай үйе салған пештері көбінесе сау қалады. Соғыста жиі кездесетін бір таңырқарың да осы.

Әрбір кесек тасының қалай жатқанын жақсы білетін деревнямыз көп тексеруді де керек еткен жоқ. Бар өмірі алақандағыдай ұзын көшенің бойында еді. Сау қалған қабырғалардың солтүстік бетінде асып қойған электр фонарьлары жарқырайды. Ракета жарығында ереуілдеген адамдар көрініп қалады. Бар мінезде мастық, қолды бірақ сілтеп қалып, мейрам қызығына беріліп кеткендік бар. Біздің Мирошникке әкелген хабарымыз да осы болды. Онсыз да алақанында тұрған жайды Мирошник те тәптештеген жоқ.

– Жарты сағаттан кейін біздің жақтың оттарын көресіңдер... оған дейін әзірленіп алыңдар! – деді Мирошник. Айтылған жарты сағаттан кейін біз біріне-бірі қарама-қарсы келетін екі нәрсені көрдік. Бөлімшелерді өздері бастап, командирлеріміз жорыққа жөнелгелі жатыр Қиын бір жорыққа аттанардағыдай бар нәрсені қайта-қайта тексеріп, қатал әмір беріп жүр. Оң жағымызда жаңа келіп орналасып жатқан бөлімдер бары байқалады. Сонымен қатар, етек таулардың үш жерінен біздің жақтың мейрам оттары жарқылдай бастады. Жау отына жауап бергендей, қызылды-жасылды ракеталар әлсін-әлсін атылып жатыр. «Жаңа жылды біздің штабтар да осылай қарсы алғалы жатыр ма?» деген дүдамал ойлар келіп қалады. Мейрам емес, қақпан шығар деп тағы ойлайсың. Менің бөлімшеме Ревякин қосылып, деревняның батыс жағын орап кеттік. Мирошник бастаған екінші бөлім жырадан шыққанша бізге еріп келе жатты да, бір жерде тік бұрылып, деревняның оң бүйіріне қарай кетті. Бөлек-бөлек, жеңіл-жеңіл топтар деревняның әр тұсынан қадалуға кетіп барады.

Ревякин анда-санда сағатына бір қарап қойып, бізді деревняға тым жақын алып келіп еді. Оқ айқасар жерге келіп қалдық. Бірақ Ревякин әлдененің сөзсіз болатынына сенген адамдай, ығыспай, шүбәланбай, әлі ілгері кетіп барады.

Алғашқы үнін әдейі үшке бөліп «та-та-та, та-та, тат!» деп Мирошник бөліміндегі пулемет белгі бергенде-ақ Ревякин «ура!» командасын беріп қалды. Түс-тұстан уралаған дауыстардың біразы бізбен қанаттаса жақын шығады да, біразы әлі алыста екендігі байқалады. Жүгірген адамның қозғалысымен дауыстар да солқылдап, біресе ойға түсіп кеткендей, біресе қыр басына көтеріліп бара жатқандай естіледі.

Өзгені былай қойғанда, солдаттың белінде белбеуі болмаса да ол толық солдат емес. Бүгін бар ойлары мейрамға ауысып кеткен фашистер бұл жолы түк қарсыласа алған жоқ. Әрбір үйілген боқтықтың түбінен құлаған қораның іргесінен қолдарын көтеріп тұра келген жау солдатында бұдан екі ай бұрынғы ұсқын да қалмаған екен. Бастарын екі тізенің арасына тығып, қолдарын көтереді. Автоматын шошайтып, сені атқалы отыр деп қалсақ, ол шошайған қол болып шығады. Бұлар Кавказ беліне өрлей бастағанда әлі айбынын жоғалтпаған еді. Кавказдан сырғи домалап құлап түскенде сол ұмар-жұмардың ішінде айбын да кетіп жоқ болған сияқты. Бұған дейін нені құдірет көрсе, енді сонысын ақысыз-пұлсыз аяғының астына тастай береді:

– Гитлер капут! Капут!

Бұлары енді баяғы «Тәуфиқ-бей!», «Тәуфиқ-бей!» сияқты құнсыз естіледі. Бұл «капутты» бұдан алты ай бұрын айғайласа, мүмкін біз де қымбатырақ бағалаған болар едік. Қазір біз бұл соғыстың соңғы ноқатын өз қолымыздан қойып қана тынатын сенімді белге шығып алған кезде ол бағаны бере алмасақ керек.

Биылғы фашист солдаты былтырғы ожарларына өте аз ұқсайды. Не біз ол ожарларын біраз қырып тастадық та, не болмаса ожарлық мінездерінің басылатын уақыты жетіп қалды. Аптығы басылып, енді ойына үрей орнап, күн санап күшейіп барады. Әрине, мұның екеуі де бар. Қырдық та, аптығын да бастық, үмітсіздік үрей де кіргіздік ойына. Европа мен Африкадан әкелген менмендік енді өлімсіреп сөніп барады. Жаңа дүние жаңа сабақтар берді. Біздің майданда бұл жай атақты қырық үшінші жылдан басталды.

Сонымен жаңа жылды қарсы алар шекарада майыстырып әзірленген үлкен столдың төрінде аға лейтенант Андрей Мирошник отыр. Сау қалған екі қабырғаның ығына «ұйымдастырылған жаңа жыл столы» фонарь жарығында құлпырып, қол бұлғап тұрғандай болады. Опырайып қалған үлкен пештің аузында ұйлығып қана алты ұзын сирақ неміс офицерлері отыр. Былтырғыдай емес, паңдық жоқ. Мойынсұнғандық бар. Жалпы адамның әдеті бойынша үй маңайын сағалапты демесек, бұл маңайда үйге ұқсарлық еш нәрсе қалмаған. Бұрышынан сөгіліп, шалғайласып кеткен екі қабырғаныі бірі ғана сау, екіншісі едәуір күйіп барып сөнген. Үйдің төбесі де жоқ.

Ұзын сирақтарын шама келгенше бауырына қарай қыса түсіп, алты офицер шамалары келгенше сыпайы отыр. Молтаң тұмсығын офицерлерге тосып, екі келте мұрын автомат төніп тұр. Автоматтардың қара танауына көздері түсіп кетсе, офицерлер жүздерін тез бұрып әкетіп, біріне-бірі ығысыңқырап, сығылысыңқырап қояды. Әрине қарасы алдыңнан автомат төніп тұрғаны өте бір көңілсіз нәрсе... Алты офицердің ортасында әлі қыры сынбаған фон Крюгердің өзі отыр. Бұл өзгелерінен гөрі әлі де өзін жоғары ұстағысы келеді. Мирошник оны әдейі елегісі келмей, бірдеме сұрағысы келсе, басқаларынан сұрайды. Крюгер мұндай елемеушілікке жәбірленіп, бірталай уақыт қыр көрсеткен ірі мінезбен отырды. Бойындағы қарулары мен қалтасындағы қағаздарын алғанда, мен де оны еркінірек дөңгелеттім. Жарықтан алысырақ тұрып қалса, еріксіз ілгері бастырып, тым алғарақ басып қалса, кейін шегіндіріп қойып:

– Әйтеуір қолыңды көтерген екенсің, дұрыстап көтер! Неміс офицері соны да білмей ме? – деп, зекіп те қалдым.

Енді ол елемей қойған Мирошникке шағым көзімен қарай бастады. Мирошник оны тіпті елейтін емес, стакандарға әдейі сыңғырлатып, әдейі баппен мөлтілдетіп арақ құйып жатыр...

Қараңғы көшеде поезд күткен адамдардай ығы-жығы болып, неміс солдаттары отыр. Отырыс-тұрыстағы солдатқа лайық айқын қозғалыстарды бәрі де ұмыта қалып, босқын түріне көшіпті. Белбеулерін шешіп, бәрі де желбегейленіп, иықтарына бір-бір түйіншек байлап алған. Тұтқын болып армандарына жеткендей, мүсәпірлікке біржола мойын сұнып, шама келгенше тұтқынға ұқсағылары келеді.

– Біз бүгін бір оқ шығарған жоқпыз...

– Өз еркімізбен тұтқынға түстік...

– Өздерің көрдіңдер, автоматты лақтырып жіберіп, қолымызды көтердік, –деп гу-гу етеді. Көздерінде жалыныш қана қалған.

– Біз енді жау емеспіз. Қару тасталды – жаулық та бітті... Енді бізге тұтқынның міндеті мен правосын айтқыз! – деп, көп дауыстар қатар шуласып, бес-алты солдат Вася Гришинді ортаға алып тұр.

Абайсыз қарағанда, екі қияға бітер дейтін мінездер көбінесе бірге бітеді. Рақымсыздық пен қорқақтық, менмендік пен жалыншақтық сияқты мінездер шындап келгенде бірі биік қияға, бірі төмен жыраға бітпейді, егіз өседі. Кешегі рақымсыздар, кешегі менмендер Васяға жалынып, айналып-толғанып тұрғанда, құйрығын бұлғаңдатып, бар денесімен. бір ғана сипап қалуды жалынып күтіп тұрған ит сияқты еді. Сондағы сұрайтындары ар да емес, намыс та емес, бір ғана құнсыз жаны!

Жансауға сұрау сияқты оңай ойдың өзі бұларға енді ғана түсті. Бұл күнге дейін бұлар біздің елдің төрі демей, босағасы демей ластап келген айуандар. Жас жандар шырқырағанда, ақ сақалдардан жас шұбырғанда, бұлардың құлағы оны естіген жоқ, көздері оны көрген жоқ. Қала мен колхозды талан-таражға салғанда, біреудікі-ау деген жоқ. Адам баласының бір аяры жас қыз, адал жар болса, ондайды бұлар білген жоқ. Енді міне, өздері жалынады, Бірақ адамша емес, итше қыңсылап жалынады. Салтаң-салтаң, жирен сақал, бір ұзынтұра Петрдің бір оң жағына, бір сол жағына шығып, неше баласы барлығын түсіндіріп жүр. Қолын жерден жарты метрдей көтеріп, баласының бойын көрсетіп:

– Айн!? – дейді. Петрдің зығырданы қайнап, денесі дір-дір етеді.

Ұзынтұраның онда жұмысы жоқ. Енді қолын жерден бір метрдей көтеріп:

– Цвай?! – дейді. Қолын тағы да жоғарырақ көтеріп, – драй?! – дейді.

Ызасы қайнап жүрген Петр шалқая беріп, жерден бір метрдей көтеріліп алақаны төмен қарап тұрған қолды сарт еткізіп теуіп жіберді. Қол серпіп жоғары көтерілді де, ұзынтұра сол екпінмен шалқасынан түсті. Әлдекімнің фонарь жарығынан қайыстай жылтыраған кір тізелері көрінеді.

– Командирлер, бері келіңдер! –деген Мирошник даусы естілді.

Арақ құйған стаканды жоғары көтеріп, Мирошник бізді күтіп тұр екен:

– Қане, жолдастар, Москва сағаты қазір он екіні соғады. Құлақтарыңа Кремльде соқтығысқан жеңіс бокалдарының сылдыры келсін. Бокалды кіммен бірге көтеріп тұрғандарыңды көз алдарыңа әкеліңдер! Алыңдар!..– деді Мирошник.

Таң соғыс үстінде де саспай атады. Біз ілгері жүріп кетуге қанша асыққанмен, әуелі жарқырап Есек қырған көтерілді. Одан кейін мөлт-мөлт етіп Шолпан келе жатты. Шолпанның серпе тастаған етегіндей, сары ала жібек таң білінді. Бұл күнге дейін бар дүние соғыс лебіне бағынышты сияқты көрініп кететін еді, жоқ, оным қате екен. Дүние көркі өз орнында, өмір үні соғыс үстінде де бар күшімен естіледі.

Сол таң атқалы біз кідіру дегенді көрген жоқпыз. Ылғи алға тартып, Кавказ қырқаларынан ұзай бердік. Ақ жамылған қыс та артта қалды. Кавказ құламасының алқызыл жайқалған жазғытұрғы әсем шағы да артта қалды. Сталинград қазір жаудың түсіне де кірмеуі керек, кіре қалса, шошып оянатын болар.

Содан кейінгі біздің бір тоқтаған жеріміз – аянпаз қыз Меридің жаралы Грушницкийге қолынан түсіп кеткен стаканын әперген бұлағы еді. Бірақ біздің ішімізде Печорин де жоқ, Грушницкий де жоқ. Біздің заманның батырлары да, қыздары да басқа. Ескі заманның ерлері ақын арқылы көз алдыңа бір ғана елестеп кетеді де, өз қасыңдағы ерлерден ығысқандай, лезде жоқ болады. Танкылармен құр қол алысқан ерлер, машиналардан жаяу озған ерлер теңдесерін өз заманынан ғана табатын сияқтанады.

Киноға ірі планда түсіріп алу үшін шақырылып жатқан Петр Ушаков, Василий Гришин, Владимир Толстов, Самед Абдоллаев біздің заманның батырлары еді!..

5

Вася суретке түсуге барғалы орнынан тұра берді. Гуляға хат жазу үшін қиналғаны сонша, екі қабақтың ортасынан тура түскен бір сызық пайда бола қалыпты. Манағы әсем таралған шаштары үрпиіп, көз жанарлары сөніп, суретке түсіретін бейне қалмаған.

Әрине, әйелге хат жазу деген қиын нәрсе... Әсіресе, көптен бері қалам орнына қолына мылтық ұстап жүрген адамға қиын. Оның үстіне қарайып қалмадым ба деп, өзің де сезіктене бересің. Еденде бұрқырап жатқан жапырақ қағаздар Васяның бар азабын түгел көрсетіп жатыр. Осы бойымен суретке түсуге барса, Вася бір ажарсыз жігіт болып шығуы мүмкін. Мен ішкі қасиеттің қандай екені сыртқа да белгі беріп тұрады деп сенетін адаммын. Сондықтан іші-сырты бірдей сұлу жолдасымның болмашыдан ажары сынбасын деп, екеумізге жазылған Гуляның хатын қолына ұстаттым:

– Мә, сен сақта... «Әйгіліні» де сен ал, металды да сен ал!.. – дедім.

Вася хатты көзін жүгіртіп бір ғана шолып өтті де, жадырап сала берді. Шашын жалт-жұлт тарап, көздері күлімдеп, билей басып, маған көзін бір қысты да, шығып кетті.

Сергей Астахов бұл демалыс күндерін таусылмайтын бір азаппен өткізіп келеді. Қашқан жаудың осы маңнан табылған көп қоймаларының бірінен Сережа бір жолы әртүрлі бояу, бір бума кенеп құшақтап әкеліп еді. Болашақ землемер қазір сурет салып әуреленіп жүр.

Сережаның суретшілікке бейімділігі землемерлер техникумына түскеннен кейін байқалған екен. Бірақ екі қарындасы, бір інісі, жарымжан шешесі жалғыз осының қолына қарап отырғандықтан техникумды тастап, суретшілікке ауысып кете алмаған. Қазір соғыс барын да, өзінің солдат екенін де ұмытып, суреттен басын көтермейді. Отыз шақты солдат жатқан кең бөлменің бір бұрышын қып-қызыл ала бояумен суретке толтырып жіберді. Өзі едәуір жүдеп те кетті. Кейбір жолдастар бояу исін ұнатпаса да, көпшілігіміз ылғи қолдап, мақұлдап келдік. Мұртын тікірейтіп старшинамыз кіріп келіп, бұл немененің исі деп сұрай қалса:

— Терезені ашып едік даладан келді... Осы бетте бір шіріген өлімтік жатқан болар... — дейміз. Өйткені, Сережа біздің ерекше бөлімнің басынан кешкен соғыстың тарихын сурет арқылы жасап шықпақ...

Сережа салған бірінші суретті полк командиріне тарту еттік. Ол сурет немістердің Кавказдан қашқан бір кезеңін көрсетуге арналған еді. Етек таулардан құлай созылған кең далада үсіген асқабақтай өңсіз, сұрғылт темір қалпақтар шашылып жатыр. Әр қалпақтың маңдайында өлім белгісі — тарбиған қара бүйідей көрінетін свастика. Суреттің дәл бергі алдында көзі үңірейіп ішке түсіп кеткен бір немістің басы жатыр. Үлкен қара құзғын тұнжырай қарап басқа төніп отыр. «Мен шұқитын тағы бір көзің қалған жоқ па?» дегендей, сенбей қарайды.

Бас пен құзғынға үрке қарап, бір топ жаяу, жау әскері өтіп барады. Бұл топтың қазіргі шошынғаны артынан қуып келе жатқан біздің әскер емес, осы қара құзғын сияқты. Немістің әр солдаты өзі де осындай күнге кездесерін сезіп, шошынып қалған. 1812 жылғы Наполеон армиясының босқанын көрсететін бір суретті еске түсіреді. Бірақ бұл қазіргі босқындарды дәл елестететін сурет еді. Полк командирі Сережаға үлкен алғыс айтып, суретті қабылдады.

Сережа қазір екінші суретін салуға кірісті. Володя Толстов суретшінің желкесінен төніп, сын айтып тұр:

— Мынауың немене өзі? Күн орнына жез деген, тау орнына итарқа салғанбысың? Мұның аты символизм болады, жолдас суретші! —дейді Володя, ең бір шетін жерге жабыса сынап.

— Символизм?..

— Әрине!.. Екінші, таңертеңгі күн шұғыласы әуелі таудың қырқаларына түсер болар... Ертемен қырқалардың өркешіне найзағай жарқылы ілегіп қалғандай, жанып тұратынын талай-ақ көрмеп пе ең? Бұл кезде тау аңғарлары әлі қара көлеңке тартып тұнжырап тұратыны қайда?

— Бұл сыныңды қабылдаймын. Таңертеңгі мезгілді өзімше алып кеткенім рас екен. Бірақ символизм дегенің артығырақ қой деп ойлаймын, — дейді Сережа қысыла бастап.

— Артығырақ деп ойлаймын? Ендеше, бері қара, мен саған әр бояуыңның нені айтып тұрғанын көрсетіп берейін! — деп, Володя сыңаржақ сыншының

қызуына қарай бой ұрып барады. Бірі кәдуілгі сынға түскен суретші, бірі кәдуілгі сыншыға ұсап, бірі қысылғаннан қызарып, бірі қызғандықтан қызарып барады.

Сережа рақымсыз сыншыдан қорғау тілегендей, көздерін тез-тез қағып, бізге қарап қойып:

– Бейнелердің бәрін бірдей символизм десек, реализмнен не қалдырамыз? – дейді.

– Жә, мынауың Терек өзені болсын. Мынаны арғы қабақтағы күрең құз дейік. Сонда мына қайыршыларың кім, алба-жұлба?

– Е, ол тұтқындар емес пе? – дейді Сережа, сыншыны жеңер жерін ұстай алғандай екілене сөйлеп.– Ол тұтқындар! Алба-жұлба емей, қандай еді?

– Өшір тұтқындарды! Керек емес! Сен өзіміздің жігіттерді көрсет! Көздері күнге шағылысып, екі белден бірақ аттап келе жатсын!..

– Екі белден бір-ақ аттап?.. Реализм сол болмақ па?

– Ой, сен теңеумен айтылған сөзге тап беретінің не?

– Сондай теңеуді жаңа ғана символизм демеп пе еңі?

– Мен айттым ба?

– Сен айттың.

– Сен өзің қызық екенсің!..

Жас суретші мен жас сыншы бірін бірі қырқылжыңдар тартатын қиялдардан тоспай, таяу жерлерден тап-тап береді де, тез ілгесіп, тез бөгелісіп қалады. Кейде теңеуді, кейде бейнелеуді символизм деп қалып, оңай ұтылып, оңай құтылып отыр. Володяның үн симфониясына, бояулар гаммасына қарай тарта алатын да жайы бар. Бірақ оны айтсам Сережа ойын көріп қалар деп ол жаққа әлі аяң басқан жоқ. Сонымен бірге, сөз жарыса келе, қызып та алыпты.

Суретші байғұстың онсыз да ауыр толғағын бәріміз қосылып ауырлата түсетін кездеріміз де болады. Әрқайсымыз әртүрлі сын, әртүрлі тілектер айтып, кейде тіпті қияға тартып кетеміз. Кавказ етегінде өткен тоғыз айлық өмірді бір ғана суретке сыйғыз деп қысамыз.

Сережаның бұл салып отырған суретінің атын «Қоштасу» деп, күні бұрын қойын беріп едік. Онымыз Кавказбен өзіміздің қоштасқан Теректің бойы еді. Терек өзені жаудың барып тірелген де жері, кейін қарай жөңкіле қашқан да жері.

Қазбек пен Каспийдей екі қарттың ерке қызы Терек тастан-тасқа секіріп, тулап жатты. Суық тас құшақтан құтылып, Каспийдің шалқар кеудесіне жетуге асыққандай, ышқына жұлқынып, есіліп ағады. Көбік атып, шапшып шашыраған көгілдір су жыртылған көк жібекке ұқсайды да, тастан тасқа секіріп бара жатқан ерке сұлудың жарқылдаған сирағы көрініп кеткендей болады.

Әр асуында мың түрлі ертегісі бар, қиясына қыран ұялаған Кавказды да, асау сұлу Теректі де біз сол қоштасарда ғана көз тоқтатып көріп едік. Оған дейін Теректі қарындасымыздай қорып, жауға суын таттырмадық та, бірақ өзіміз де көз тоқтатып қарай алған жоқпыз. Әр қиясы алдырмас қамалымыз болған құз тауды да сол қоштасарда ғана көргендей едік..

Теректі жазған ұлы ақын анау бір қан күрең құздың төбесінде тұрып көргендей болады. Кейде ойланып, басын кеудесіне салып тұрған ақынның өзі

де керіліп кетеді. Көз талдырар көркем таудың күміс қырқаларынан сырғып кеп түскен ақын көзі құйындай екпінмен ағып жатқан асау өзенге қадалған. Өзен ағысын азғана тыңдасақ, ақын жазған өлеңнің ағысы да есіңе түседі. Көптен бері есіңе алмаған сөздер түйдек-түйдегімен ойыңа оралып, ырғағына еріксіз ыңылдап үн қосасың.

Таңертеңгі күн сәулесі тау қойнына ұрланып қана, ұялып қана кіріп келе жатты. Суық түксиген қоңыр құздардың бойы жадырап, қабағы да жылына бастады. Күн сәулесі әуелі алып жоталардың бүйіріне түсіп еді, енді кәрінің жонын сипай, кеудесіне қарай береді.

Суға бір түсіп, қайтып шықпай қойған пілге ұқсаған қара қошқыл кесек бір жартастың үстіне шығып алып, Володя:

— Лермонтов қандай ұлы ақын болған, жолдастар!.. Ақын берген бар сипат дәл сол күйінде тұрған жоқ па!.. Ұлы ақын Терекке де дәл осы жартастан қараған болу керек. Айналаны қараңдаршы, айнытпай салған бейне емес пе! Көңіліңе салынған өрнек көз алдыңа сол күйінде келіп тұрғандай!..— деп, көзі жасаурап, айнала қаранып, тұрып қалды.

Бұл — жаңа жылдың таңертеңінде еді. Кавказ бен Терекке қанша қадалсақ та, біз сол ақын айтқаннан арғыны көре алмадық. Еркін бейнелермен берілген ақын жыры өз ойымыздан асып түсе берді. Тегінде, ұлы жырға ілескен бір нәрсені өз көзіңмен көріп тұрғанда да одан асырып бейнелей алмасақ керек.

Лермонтов, Пушкин жырларына мен ең әуелі Абай арқылы кездестім. Жолсыз шөлейт далалардан асып, айсыз қараңғы заманнан асып, ұлы жыр қазақ даласына жетті. Сол заманда ақынға ақынның үн қосуы жай ма еді? Екі қиянда жатқан екі ақынның үндері қалай қосыла кетті? Елінің мұңында ұқсастық болмаса, ой өрісінің беті бір болмаса, ақын үндері де қосыла алар ма еді? Жат ақынды жат ел қалай ұғына алар еді?

Сережа қырға шығып кетіп, шашылып жатқан жау қанжарының бірін тауып әкеліп, күрең жартасқа Лермонтовтың суретін сала бастады. Әуелі қанжардың ұшымен сызып, ақынның бет бейнесін жобалап алды да, ұзамай шақ-шұқ ұрып, тасты оя бастады. Оның суретші екенін де біз сол жерде көрдік.

Көптен бергі әдетімізше, Володя екеуміз бір ғана қарасып қалдық та, екі шақпақ тасты алып, күрең жартастың екі бүйіріне тұра қалдық. Арамен тілгендей тегіс бір жеріне Кавказға арнаған ескерткішімізді жаза бастадық.

Мен жазарымды бұрынырақ жазып болып, Володяның қасына келсем, о да соңғы ноқаттарын қойып жатыр екен. Екеуміздің жазғанымыз да бір болып шығыпты. Құж жартастың бір бүйірінде Лермонтовтың өз өлеңі тұр:

— А Терек прыгает, как львица,
С косматой гривой на хребте...

Володя осылай басталатын бес жол өлеңді жазыпты. Тастың екінші бетіне мен де осы өлеңнің Абай қолынан шыққан аудармасын жазып ем:

– Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған тасты жарып,
Арыстанның жалындай бұйра толқын –
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып...

Енді аңдасам, манадан бері қанша тесіле қарасам да, осы Абай айтқан Теректі көріп тұр екемін. Өз көзіммен көріп тұрған Терек алдымда жатыр. Бірақ сипатын өзімше айтуға бір теңеу таба алмай, айналып Абайға келе бердім.

– Арыстанның жалындай бұйра толқын –
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып...

– Талай белдің ар жағында жатып, қараңғы түнде даусынан таныған Лермонтовпен бірге күрсінген, жөн сұраспай құшақтаса кеткен қазақтың ұлы ақыны, – деп, жолдастарыма Абайды таныстырдым.

Менімше Абайға қатты әсер еткен ақын Лермонтов сияқты. Өз заманына қайғырып, болашақ үшін мұңайғанда, кектеніп көп жалын атқанда, дандайсыған тағылыққа лағынет айтқанда Абай Лермонтовпен үндес:

– Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым.
Одан да шықты жаңғырық...

сияқты ұлы күрсіністің төркіні Лермонтов сарынымен бір жерден шығады. Жолдастарға осыны айттым.

Бір жағында Лермонтов, екінші бетінде Абай тұрған Кавказдың көп жартастарының бірі енді бір қасиетті ескерткіштей болып қалды. Жау әскерін кейін қайтарып, шұбыртып айдай жөнелген жеріміз де осы жаға еді.

Жазғытұрғы арық-тұрақтай шұбыртып, бір ізбен айдап, тұтқындарды жөнелттік. Ағылған танкы мен машиналардың алдыңғы жағы белдерден асып кетсе, ұзын құйрығы Кавказ қияларында көрінеді. Алып таудың әр аңғарында танкы боталап жатқандай, көптігіне өзіміздің көзіміз сүрінгендей еді. Содан бергі тоғыз ай біздің бір түйдек өткізген кезеңіміз. Тең-тартқа түсетін көздерді біржола артқа тастап, жауды тықсырып айдаумен келдік. Әлдеқашан уақыты жеткен толықтандыруға да қолымыз тигені осы-ақ. Басқа бөлімдердің әлдеқашан тағып алған погондарын да біз осы арада тағындық.

Жас суретшіден біз осының бәрін бір-ақ көрсет деп талап етеміз. Өз басымыздан түйдек өткен бір кезең, бір суретке сыйып, тоғыз айды тұтас қамтып тұрса екен дейміз... Сурет заңынан гөрі біздің «заңымыздан» көбірек ығысқан жас суретші көз жетпес кең даланы алыпты да, көп нәрсені сыйғызуға тырысыпты. Ұзын-құйрықтанып, танкы мен машина лектері құлап келеді. Бұрқыраған қара, будақтаған түтін де көрінеді. Жоғарыда қайтадан қаздай қанаттасып самолеттер өтіп барады. Машина үстіндегі солдаттардың жаңадан киініп, погондарын тағып алғандары байқалса, тас түбіндегі біздің бөлім алба-жұлба. Шинельдердің

оқ жырып кеткен жыртықтары да көрініп тұр. Сондықтан Сережаның суреті көп нәрсені ұсақ-ұсақ қамтып, есте қаларлық еш нәрсені кесек айта алмай қалыпты. Біздің ананы айтпапсың, мынаны көрсетпепсің дегеніміз осыған әкеліп соқтырған: әрі көп, әрі ұсақ – бірін-бірі жауып та кеткен.

– Осындай танкы бола ма екен! – дейді Володя.– Танкы емес, тарақан ғой мыналарың!.. Кавказ солқылдағандай болды-ау деп осыларды айтып па ек?

– Суреттің жалпы бір жайылымы болады да, нақтылы тақырыбы болады, Володя... Нақтылы тақырып өзіміздің жартас қой... Өзгесі сол күннің жалпы жайын баяндайтын нәрселер... Оларға онша қадалма...– дейді Сережа, мұғалім алдында тұрған баладай қысылып. Енді даусына да діріл кіре бастапты. Көзі тұрақтай алмай, қыдыра қарайды. Шынында, осы суретті өзі де ұната алмай отыр, Бірақ әзір мойындар емес. Көзқарасы «осыған әкеліп соқтырған өздерің!» деп тұрса да аузы оған барар емес. Кінәлы болса, өзі болғысы келіп, салған суретін жақтай береді.

– Өзіміздің жартас? Осы ма, сол жартас! – дейді Володя танымай қалғандай, таңданып.

– Біздің жартас осындай ма еді? Мынауың Лермонтов айтқан жартас. Көшіріп алыпсың да, өзіңнен еш нәрсе қоспапсың!..

Кавказды бәріміз де Лермонтов айтқан сипатта көргенімізді Володя аузына да алғысы келмей тұр. Өз көргенімізді біз кейінірек ажыратып алғамыз...

– Жолдас суретші, өзіне тән творчестволық бағытыңды көре алмай тұрмын... Сіз ұлы суретшінің тұтқыны болып қалғансыз. Мұның атын біреуден... көшіріп алу дейді. Бұл ұзаққа апармайтын тұйық жол. Суретші өмірді өз көзімен көріп, өз бояуымен көрсете алуы керек, – деп, Володя байырғы сыншыларға еліктегендей, үнін де қоңырлатып, қолдарын сілтеп сөйлей бастады.

Сережа бұл қалжыңды аңғарса да, оның ар жағында бірталай шындық жатқанын сезініп, бұрынғысынан да қызарыңқырап кетті. Әлде ғана, қалжыңсыз талас кезінде, суретші көп нәрселерді мойындағысы келмей отырса, енді мойындап бара жатқаны байқалады. Шаншып алатын істігі бар «сын» үстірт айтылса да шаншудай қадалып еді, ауыр айтылған достық сын суретшінің ойына қона қалды. Бұл күнге дейін сын көрмеген Сережа манадан бері айтылған сындарды өзінше екшеп алып, енді Володя айта алмаған көп нәрселерді өзі міней бастады:

– Менің творчестволық жолым бірталайдан бері окоп, айқастар арқылы өтті ғой... Осыны ойлап жүрді деймісің. Менімше, бұл суреттен іске татитыны «Қоштасу» деген аты ғана. Өзгесін түгел өшіру керек, – деді орнынан тұра беріп.

– Жолдас суретші, сізде үлкен дарын барлығы даусыз... Сіз әлі үлкен еңбектер жасайсыз... Әзірше жолдастық сын көбірек керек... Кел, отыр, қосылып жасап көрейік, – деп, Володя Сережаны құшақтап алып, екеуі суретке бірге еңкейді. Енді, шанышқы да жоқ, қалжың да жоқ, екеуі бірге ойласып, бірге қиналысып тұр.

– Сен мына бір жігітіңді қалай салғаныңды байқаймысың? Мұның тұп-тура Печоринге ұқсап кетіпті... Өзімізге таныс жігіт қой. Печоринге ұқсайтын түгі де жоқ... Онша бір сұлу жігіт десек жала болар еді... Біз реализмнен шықпауымыз керек. Өзі қандай болса, сондай етіп көрсетейік. Сұлу болмаппын десе, құдайына

өкпелесін! Есіңде ме, үстінде қырық жерінен оқ тескен шинелі бар еді... Кейбір жерін машина үстінде бірге жамасып бергеміз... – дейді Володя.

Мен бұл айтып отырғандары менің жайым екенін сезбегендей, өз жұмысыммен болып отырмын. Жаңадан қосылған жауынгерлерімнің қандай сыннан өткендерін біліп алуым керек. Аяқталмаған хаттарым бар... Дивизиямыз енді жаңа жағдайда болады. Менің ойымды осылар босатпай отыр.

– Василисаның тарихқа кіріп қалғаны сұлулығынан емес, Сережа... Наполеон сияқты өз заманында алып көрінген қолбасшыға ерлерше қарсы тұра алғандығынан. Қазақ солдатының бейнесін дәл көрсетейік!.. Өз бейнесін дәл бере алсаң, бізге көркемөнер де өкпелемес, әйелі де өкпелей алмас, жүз Печорин тобығынан да келе алмас! – деп, Володя маған тура тиерлік белгілер бере сөйлеп отыр.

«Әйелі де өкпелей алмас» деген сөз тағы да Ақботаны еске түсіреді. Осы араға келгелі, Ақботаның хаты үш-төрт күн ішінде келіп қалатын болды. Бұрын бір жетіде алушы едім. Олай болса, арамыз бірталай жақындаған сияқты. Арамыз жақындаған сайын ерлі-зайыпты жағымыз да беки түскендей болады. Бірақ дәл қай майданда жүргенін біле алғаным жоқ. Мен қадағалап сұрасам да ол айқын жазбайды. Соған қарағанда аса бір бүркеп ұстайтын бөлімде жүрген сияқты. Бұл жерде де күн өте ыстық, өрік, мейіз пісіп тұр дегеніне қарағанда, Ақбота да осы оңтүстік майдандарының бірінде жүр.

– Міне, міне, қазақ солдатының жүзі енді айқындала бастады,– дейді Володя...

Сыртта күй ойналып қалды. Тез киін, тез шық!..

Кавказда капитан атын алған Мирошник погондары жарқ-жүрқ етіп, ротаға түгел команда беріп тұр. Даусы да жарқылдап шыққандай болады. Гүжілдеген ауыр самолеттер жер тарпып, бізді шақырып тұрғаны айқын. Жұлынып ұшқан шөп пен жапырақ... Әр самолеттің арт жағында құйын бар сияқтанады. Қуара бастаған шөптер жерге бауырын төсей жұлқынады.

– Оң жағынан бір-бірден!..

Бізбен бірге капитан Ревякин мінді, Мирошник басқа самолетте.

– Сережа, суретің аяқталды ма?..

–Жоқ, жолдас лейтенант.

– Соғыстан кейін аяқтайсың да...

– Әрине!

Самолет жерден тік көтеріліп, тура оңтүстікке қарай бір-ақ тартты...

6

Түндегі үлкен айқаста не болып жатқанын түгел жазу түгіл, түгел ұғынудың өзі қиын. Суреттеуі қиыпға соғатын жағдайды оңай ұғылсын деп, таныс нәрселерге теңеп, мөлшерден тыс екендігін аңғарту үшін тамұқ сияқты ешкім білмейтінге тартатынымыз да осыдан болу керек. Бүгінгі түннің айқасы да сондай бір теңеуі қиын сұрапылдардың бірі еді.

Қараңғы түнде тұтас балқып, қып-қызыл болып жанып, гүрс-гүрс құлап жатқан үлкен қаланы ешнәрсеге теңеуге болмайтын сияқты. Қабат-қабат биік үйлер темірдей балқып, қағаздай жұқарып барып, құздай қопарыла құлайды. Жанып жатқан қала әлі оқ боранының астында. Үшінші түн осымен өтіп барады. Құрғақ желден құлаштай шалқыған от теңізі көз жетер жерді түгел басып, шып-шып қайнағандай көрінеді. Өзің тұрған жерден басқаның бәрі от құшағында қалғандай сезіледі.

Сол жағымызда тынбай күрсініп жатқан теңіздің үстіне жұмсақ бір биік қара тау орнап қалғандай. Қалың қара түтіннен бір жұлдыз жылт ете алмайды. Қою түтін кернеп кеткен аспанның бір бүйірі іскен сияқтанып, бозаландап қана айбары сезіледі.

Снаряд пен миналар қаладан да, қалаға қарай да жосылып атылады. Әрбір жерге соғылған снаряд әуелі бір үлкен-үлкен от жапырағы бар ши түпке ұқсап кетеді де, лезде бұрқырап-будақтаған шаң-топырақ болып аспанға атылады. Күндіз көрген жазық жерің қазір бір қара ормандай, я болмаса, тау шатқалындай өркеш-өркеш көрінеді.

Біздің оң жағымыздан бір жанар тау пайда болғандай. Бұйра қара көк түтін шымыр-шымыр қайнап, от өзеніндей ағылып жатыр. Бұл жанып жатқан көлкөсір етіп салған цемент заводы. Бүгінгі кешке дейін завод маңайы екі жақтың аралық шегі еді. Завод маңына адам аяқ салуға болмаса да, екі жақтың снаряд, миналары да сол араға ұйлыға төгіліп, сүзісе жарылып жатыр...

Володя Толстов осы қалада туған. Әкесі бұрын осы заводтың жұмыскері екен. Қазір қайда екенін ешкім білмейді. Менің туып-өскен қалам осы деп, сағынышын да, қуанышын да қалдырмай айтатын Володя, бүгін қатты күйзелісте жүр. Түн ішінде қаланың қай жері жанып, қай жері біржола жоғалып жатқанын танып күйзеледі.

— Анау Пионерлер сарайының тұсы... Мынау жанып жатқан Мәдениет сарайы болса керек... Музей... Театр... Парк...

Заводтың ар жағында, әрі қаратып тізіп қойған топ-топ алып пілдерге ұқсап бозғыл түсті жақпар тастар көрінетін еді. Одан әрі күнгей беттің күрең қия тастары бірінің иығын бірі баса көтеріліп, едәуір биік тауға айналып кеткен. Күндіз бұл түтін астында үнсіз қарауытып, қимылсыз қалғып тұрған жота еді. Қазір сол бөктерге үлкен бір қала орнап қалғандай жарқырайды. Жүздеген үйлердің электр шамы жарқ етіп бірге жанып, лып етіп бірге сөніп тұрғандай. Біздің ауыр зеңбіректер бүгін түні сол жотаға орнап қалыпты. Бұрын құлаштап алыстан ұрса, қазір қос қолдап жақыннан төмпештеп, жаудың оңтүстіктегі берік бір қорғанысын талқандап жатыр.

Біз теңізді жағалап қалаға әрең жақындап келеміз. Ракеталар жарқ етіп қалғанда қырқа жондары көк бұйрадай күңгірт жылтылдап, қаракөк толқындар көрініп қалады. Толқын білеуленіп ірі көрінгенмен бүгін дыбыссыз төңкеріліп жатқандай. Қазіргі есітілер үн айқас гүрсілі ғана.

Кеше бір қарбалас үстінде қаланың теңіз жақ бүйірінен бір топ су әскері десантқа түсіріліп еді. Үш сағаттан кейін сол топпен арамыздағы байланыс үзілді. Қазір біз сол маңайды барлап қайтуға келеміз. Қала үстіндегі от топанының

күштілігі сонша, дәл қасына келмесең қай жерде не болып жатқанын аңғара алмайсың. Адам от ішінде тұрып соғысып жатқандай сезіледі.

Адам өлігі мен ат өлімтігінен аяқ алып жүре алмай келеміз. Алды-артымызға топ-топ етіп түсіп жарылып жатқан зеңбірек оқтары... Бір өліктен бір өлікке жылжып, бір шұңқырдан шығып, екінші шұңқырға жылжып түсіп, бес километрдей еңбектедік. Шұңқырдан тырмысып шыға берген жолдастарың жағаға тырмысып шығып бара жатқан бақаға да ұқсап кетеді.

Беліме байлап алған екі ұзын арқаным бар... Ұзындығы дәл жиырма метрден. Арқанның біреуінің ұшы Самедтің белінде, енді біреуінің ұшы Володяның белінде... Қала маңайының ой-шұңқырын жақсы білетін Володя анда-санда арқаннан тартып қалып, «былай жүр» деп белгі беріп қояды. Жіңішке арқан әрі сыбыс шығармай сөйлесуімізге жарайды, әрі біріміздан-біріміз айрылып қалмау үшін керек еді.

Тынымсыз жарқ-жұрқта жыпырлап жатқан адам өліктері орындарынан бір-бір қозғалып қалғандай, әлдеқайда еңбектей жөнелгендей болады. Талай солдат қалаға келе жатып өлген, талайы қаладан бізге қарай келе жатқан бетінде өлген... Көбі шалқасынан жатыр. Сол өліктердің арасында кесірткедей жорғалап біз келе жатырмыз. Жарық арт жағыңнан түскенде бар өлік қалаға қарай еңбектей жөнелгендей көрінеді. Жарық оң жағыңнан түссе, бар өлік бауырымен жер сызып, теңізге қарай бір қозғалып қалады. Оқ кімді, қай жерде түйреп тастады, сол жерінде қалдырып кеткен. Біріне-бірі ұмтылған екі жақтың солдаты аралас құлап, қазір сол аралас күйінде жатыр. Дәрінің ащы исіне өліктердің борсыған, сасыған иістері араласып, дем алғызбай келеді. Адам үшін ең бір жаман иіс — осы өлік исі. Қарны қампиып, екі аяғы астында жатса, енді екі аяғы серейіп жатқан жылқының исі де ондай жеркентпейді. Амал жоқ, сол сасық өліктердің бірінен-біріне жеткенше жанталаса ұмтыласың. Мұрныңды жеңіңмен басып, сол өліктің бауырына тығыласың. Алақаның әлсін-әлсін қанға тиеді, тізеңнен өткен қанды денең сезініп, тітіркеніп қояды.

Оң жағымда келе жатқан Володя арқанды тартып қалып, «Тоқта!» деген белгі берді. «Немене? дегенді сұрап, арқанды мен де екі рет қағып қалдым.

— «Бері кел!», «Тез, тез!»...

Самедке «тырп етпе!» деген белгі бердім де, өзім Володяға қарай кеттім...

Тағы бір қарны қампиған ат өлімтігінің бауырында баладай ғана боп бүрісіп бір солдат жатыр. Володя соның үстінен шығыпты.

— Неге шақырдың? — дедім, арқаннан ұстап жылжыған бойым, Володяның қасына келіп.

— Алдымызда ғана неміс барлаушылары жатқан көрінеді.

— Алдарыңда... Шұңқырда отыр... Елу-ақ метр жерде, — деді, дірілдеп, әрең шыққан дауыс. Жаралы солдат әрбір үнді әлде қай жерінен әрең қысып шығарып жатқандай болады. Бірақ өзі ойдағысын айтып қалуға асығып жатыр.

— Өзің кім едің?

— Барлаушымын.

— Ауыр жараланғанбысың?

— Екі аяқ... және шатымда бір жерім у құйғандай ашиды...

Ауыр жараланған жауынгерге кездесіп, түк жәрдем бере алмау деген ең бір қиын хал. Алып та кете алмайсың, ешқайда хабар да бере алмайсың. Жер бауырлап жатып, жарасын таңып бердік. Жаралы солдат өз өмірінен үміт етпесе де, майдан өмірінен қол үзе алмай жатыр:

— Жау барлаушылары мана, іңір кезінде келіп еді. Енді ілгері аттауға қорқып, шұңқырда отыр... Жаңа ғана темекі тартқан иістері келді... Қасына барыңдар да, бас салыңдар... — дейді.

— Сен енді шыдап бақ, жата тұр... Қайтарда ала кетерміз, — дедім.

— Жарайды... Рахмет. Әуре болмай-ақ қойыңдар, мен үшін айналмаңдар, — деді жаралы. — Бірақ мені аттың қарнына сүйеп, отырғызып кетіңдерші. Бүгінгі түнді көріп отырайын. Енді мен бәрібір жауынгер емеспін... Түн немен тынар екен көріп өлейін... Түнгі айқасты көріп отырайын тым болмаса...

Жаралы жауынгердің әр сөзі ортасынан үзіліп, барлық дыбысы қырылмен шығады. Кеуіп қалған еріндер біріне-бірі тимей, жақындап қана қайтатынын сезесің. Енді жауынгер еместігін білсе де, соңғы айқастың немен тынарын көзімен көргісі келіп жатыр. Өлімін бұлдап, орынсыз еркелік те етпейді. Өлімнен қорқып, бұғатын да емес. Жалғыз ғана ойы көрген-білгенін бізге түгел айтып, үйінен аттанғанда не үшін аттандым деп білсе, соны түгел көргісі келеді. Біз оны өлген аттың қарнына сүйейік деп орнынан қозғағанда, қанға малшынған денесі жылп етіп, жеп-жеңіл сырғыды. Аузына су жұтқызып, бір сауыт суды қойнына тығып беріп, қасына «Беломор» папиросын қалдырдық.

Папирос емес, бар болса, махорқа қалдырыңдар... темекіні өзім орар едім... Ішім де пысып барады, — деді жаралы. Мен оның кескінін көргім келіп қанша үңілсем де қарауытып кеткен жүзіне, бетіне батып кеткендей көзіне жарық дұрыстап бір түспей қойды.

Жаралыны осы күйде қалдырып, айтқан шұңқырына үшеуміз үш бүйірінен жақындадық. Бұл түнде дыбысымыз естілер деп қауіптенерлік те емес еді. Автомат, пулемет атылғаны жас баланың алақан шапалақтағанындай ғана естіледі. Барлық басқа дыбыс зеңбірек арсылынан жасқанғандай, бүгін біржола бұғып қалыпты.

Бірінші кезек берілген Самед шұңқырдың жиегіне барып, азғана бұғып жатты да көтеріле беріп:

— Иә, ханнан, иә маннан! — деп қалып, шұңқырға бірінші гранатасын тастап жіберді.

Сталинград шаһарында сізді біз осылай ұрғанбыз! — деп қалып, екінші гранатасын тастады. Сонымен шұңқырдан естілген ыңырсу, ыңыранулар да тынды. Володя гранатасын беліне қайта байлай бастады.

Бізге жаңада ғана қосылған жауынгер Самедтің әрқилы мінезі барлығын байқасам да, «иә ханнан!» дегенін естіп тұрғаным осы еді.

— Ол неменең? — деп, келер күні сұрағанымда, Самед баладай ыржиып:

— Кім біледі оның немене екенін... Хожа Насреддин ханның уәзірін арбаның арысымен ұрғанда осыны айтып ұрыпты ғой, әйтеуір...— деді.

Қалаға теңіз жағынан түсірілген десант әлі арпалысып жатқанын байқадық. Теңіздің дәл жағасында өршеленіп ұшқан оқтар, ерсілі-қарсылы тасталған

гранаталар сол арпалысты танытты. Едәуір жақындағанмен дәл қасына бара алғанымыз да жоқ. Екі арамызда таяқ тастам етіп, жиі-жиі қазылған окоптар толы жау әскері еді. Алысқа сілтеген минометтер, пулеметтер де аттатар емес. Сіңіріп алғылары келсе де, біз жақ бетке оқтан боран, оттан шымылдық құрып қоятын немістер бұл айқасқа барын салып, баса қимылдап жатқандары байқалады.

Десант туралы бұдан молырақ хабар алу мүмкін емес еді. Володя манағы шұңқырға да, жаралы жауынгерге де тура бастап әкелді. Сол сүйеп кеткен бойымызда жауынгер әлі отыр екен. Көзі ашық, денесі қатты бір ышқынған күйі ширығып, тастай болып қатып қалыпты. Қарсы алдынан түскен жарыққа ашық қалған көздер күңгірт қана жылтырап, қайғы-қуанышты аңғармайтын болғанын аңдатады. Жаралы солдат өліп қалыпты... Түнгі соғысты көріп отырып өліпті.

Барлаудан қайтып келсем, капитан Мирошник өз жаппасында жоқ екен.

— Сізді күткелі қашан!.. Жағадағы зеңбіректер штабына кетті. Теңіз жарының астындағы үшінші үңгір... Оң қол жағында болады. Тез сонда барыңыз, — деді телефонда отырған жігіт.

Біздің штабтардың біразы теңіз жағасындағы ескі уақытта алтын-күміс қазып алған терең-терең үңгірлерде, біразы жағаның тіп-тік жарының астында. Окоптар, траншеялар, штабтар біріне-бірі жалғасып, жердің бір қабат бетін шимай-шытырман тілгілеп тастаған. Кейбір штабтар жарқабақты тесіп, теңіз жағынан кішкене-кішкене терезелер шығарып алған. Ондай терезелер күндіз теңіз бетін бақылауға қолайлы болса да, түнде от жақсақ өзіңді де ұстап береді. Жаудың жылт еткенін аңдап қалғың келсе, ең алдымен өзің жылт еткізбей отыр!..

Осындай қараңғы үңгірлердің бірі теңіз жағасын қорғайтын зеңбірекшілердің штабы екен. Ыстық қараңғы үңгірде капитан Мирошниктің даусын таныдым:

— Қазір-ақ келіп қалар, жолдас полковник... Кесімді уақыттан көп кешікпейтін жігіттер еді, — деп, Мирошник біз туралы сөйлеп отыр екен. Өзіміз туралы айтылған мақтауды естіп тұра беруге ұялып, мен де тез үн қаттым:

— Жолдас полковник, капитан Мирошниктің әмірімен келіп едім, рұқсат етіңіз...— дедім. Қараңғы үңгірде ешкімді көре алмасам да, «полковник» деген атқа лайық честь беріп, сымдай тартылдым.

— Бұл кім? — деді бір дауыс.

— Барлау ротасының бірінші бөлімінің командирі лейтенант Сарталиев, рота командирі капитан Мирошник жолдастың әмірімен келіп тұрмын, — дедім, уставтың бір әрпін ауыстырмай баяндап. Өйткені, аға командирлердің алдында мұндайдан сүрініп кетсең, Мирошник ізін суытпай айдау беретін...

— Өй, тоқта!.. Тоқта, сен Костя емеспісің?! — деді, енді таныла бастаған даусыс.— Көпірдегі досыңмын десеңші! О, шайтан!.. Сені госпитальдан госпитальға көшіп жүріп, жоғалып кетті дегені қайда?..

Мирошниктің полковник деп отырғаны баяғы көпір басында кездесетін майор Русаков екенін енді мен де танып:

— Жоғалғаным жоқ, жолдас полковник... Алдыңызда тұрмын! — дедім.

Қараңғыда созылып келген әлуетті қол менің сол жақ білегімнен ұстап алып, қызуы бұрқырап сыртына шығып тұрған денеге апарып мені жапсыра салды... Құшақтай алуға ұялсам да, бар денеммен жабыса түсіп, мен де үнсіз тұрып қалдым. «Капитаның сезбесін» дегендей, білегімді тағы бір қысып қойып:

— Ал, баяндай бер капитаныңа! — деді полковник.

Мен барлауда байқағандарымды қысқа ғана айттым. Арқаң жылы құшақты сезініп тұрғанда даусың да дірілсіз шыға алмайды екен... Бірақ полковник пен капитан ерсілі-қарсылы сұрап, көрген-білгенімді еріксіз төрт аяғынан тік басқызды.

Полковник маған әуелі кесек-кесек алғыс айтып, аяғында:

— Әлі қызусың... Баласың... Сонша несіне жақындадың? — деді.

Полковниктің жүзіне әкелік бір белгілер шыға келгенін сезіп, бетіне қанша үңілсем де, қараңғы үңгір еш нәрсені көрсетпейді. Көз алдыма баяғы көпір басындағы майор келе береді.

Жұлқынып телефон гүлдір-гүлдір етіп қалды. Полковник бар денесімен селк етіп, трубканы қолына алды. Мен бір адым кейін шегіндім.

— Иә, «Тула» тыңдап тұр... Жақсы, Ираклий Георгиевич... Қазір! — деді полковник. Содан соң, жүзін Мирошникке қарай бұрғаны сезіліп: — Генерал-лейтенант шақырып жатыр. Бес минутта қайтып келем. Отыра тұрыңыз... Костя, сен де кетіп қалма! — деді.

Полковник шығып кетті... Менің есіме тағы да баяғы көпір түсті. Майор Русаков добалдай қылып орап алған темекісін менің аузыма тыға салып еді. Қарбалас үстінде шекісіп барып, достасып кетіп едік. Біздің бұл жайымызға қанықтығы жоқ капитан Мирошник:

— Полковникпен қашан танысып жүрсің? — деп сұрады. Мен қалай танысқанымызды айта бастағанда, үңгірден шыға бере «жат!» деп ақырып қалған полковниктің қатты даусы шықты. Соған ілесе үңгірдің аузында ғана жарылған снарядтың көгілдір оты үңгірдің ішін де бір жалап өтті. Енді үңгірдің іші шаң мен ащы түтінге толып, түшкіртіп барады. Төбеге дүбір-дүбір түсіп жатқан кесек тастардың дыбысы естіледі... Әлдеқандай жамандықты сезінгендей, капитан екеуміз тына қалдық. Енді естілер тағы бір үн болуға тиісті сияқтанып, үн шығармай, күтіп тұрмыз. Түскен снарядтың гүрсілі мен дүбірі тарап, сырттан теңіздің ыңыранғаны да естіле бастады. Сол кезде қорқып шыққан бір ақырын үн:

— Полковник... өлді! — деді.

«Өлді» деген сөзді күнінде жүз естіп, жүз айтып жүреміз. Соғыс өмірінде бұл ең көп кездесетін сөздің бірі. Бірақ, сол сөздің қанша ауыр салмағы барлығын осы арада ғана сезінгендей, капитан екеуміз де орнымыздан қозғала алмай қалдық.

Айналасы он адамнан құралған бөлімім арқылы мен екі жылдың ішінде алпысқа тарта жауынгермен жолдас болдым. Темекіні кезек сорып, сұр шинельді кезек жұлқылап тартысқан жолдастарымның көбімен біржола қоштастым. Талайының үйіне жаңағы сөзді амалсыз қосып, хат та жаздым. «Өлді» деген сөзді тура айтпай, әр кезде басқа сөзбен аңғартушы едім. Енді сол сөз еріксіз естіліп, бар мағынасымен айқын, кімді әкеткенін көз алдыңа

көлденең тосып тұр. Қараңғыда ақырын ғана естілген «өлді!» деген сөзді бір рота үн қосып айғайлап айтса да, бұдан ауыр естілмес еді...

Ұзамай шабуылға көшкен жаяу әскердің алдыңғы жағында біздің рота жөнелді. Үстімізде екі жақтың оқ пен оты бірдей қайшыласып тұр. Бар өңештен бірдей оқ боратып, бізді жау атып жатыр. Алдымызды аршып беру үшін басымыздан асыра атып, біздің жақ боратып тұр. Өзіміздің жақтың зеңбірек оқтарының ізін баса біз ентелеп келеміз. Кейде өзіміздің зеңбіректердің оғы түсіп жатқан алаңға жақындап та қаламыз. Амалсыз жата қалуға тура келеді. Есеппен мерзіммен атып тұрған зеңбіректер оқты жылжытып ілгерілете түседі. Біз де тұра жүгіріп, ілгері ұмтыламыз. Зеңбіректер мен жаяу әскерлер бір-ақ адамның әмірімен қимылдап тұрғандай, бірін бірі дәл кезінде тосып алып, ілгері қарай бірге аттап барады.

Бұл жау қолының қара теңіздің шығысындағы ең соңғы, ең үлкен бекінісі. Сондықтан жау аянбай жұлқысып, не бар зәрін ірікпей төгеді. Жаңа ғана қасында келе жатқан жолдасың домаланып кейін қалып, оның орнына жаңа бір дауыс естіледі.

Бұл жолы біздің жақ жаудың бар есебін шатастырып тап берді. Әдетте, әуелі сөз «соғыс тәңірісі» зеңбіректерге беріліп, жаяу әскер содан кейін ұмтылушы еді. Бұл жолы жаяу әскер зеңбірек оқтарымен жалғаса келе жатыр. Мұндайды күтпеген немістер жаяу әскерге арнаған оқ боранын біздің жағымызға төгіп, жақындап қалғанымызды кешірек аңғарды. Қолма-қол бір келіп қалсақ, бізді шегіндіру деген болып көрмеген іс еді. Уралар кезге жақындаса-ақ найзамыздың ұшы да құтырынып кетеді.

Жаудың алдыңғы шебін бөгелмей-ақ төңкеріп тастадық...

– Иә, ханнан! – деген Самедтің айғайы жиі-жиі естіледі. Айғайына қосыла гранатасы жарылады.

Айғайсыз шабуыл да өрістей алмайды. Солдат кегін тұтатып отыру үшін айғай керек. Оқ тиіп құлап түскен жауынгерің де «алға!» деп, бір айғайлап қалады. Айғай соғыстың ең кәрі тәңірісі!..

Бөлімдер анда-санда араласып кетіп, жауынгерлерінен көз жазып қалған кіші командирлер саған келіп:

– Ұр, Ваня!..– дейді, әмір етіп...

– Өзің де ұйықтама! –дейсің...

Кейде сенің әмір беріп қалғаның да басқа бір бөлімнің жауынгері болып шығады...

Алыстан салынған бір ұран әр жауынгерден өтіп саған жеткенше өзгеріп те кетеді. Кең жайылып келе жатқан жаяу әскердің бір қанатында туған ұран, екінші қанатына он өзгеріп барып қайтады...

Кейде солдат майданда құрбан болған дос жолдасын есіне алып:

– Гриша үшін!

– Коля үшін! – деп айғай салады. Мүмкін жолдасының қайтпаған кегін еселеп алар бір сәтке кездесіп қалған шығар.

– Ольга үшін! Нина үшін! – деген айғайлар шығады.

Әлде қай солдат жау жеріне айдап кеткен жарын есіне алады. Әлдекім хабарсыз кеткен қалыңдығын есіне алады. Мыңдаған солдаттың жүрегінде мыңдаған жар да бар, Қазір соның бәрі еске түсіп, біраз уақыт үстіміздің ылғи әйел кектері өтіп жатыр...

– Шура үшін!.. Соня үшін!.. Галя үшін!..

Қазір сол әйелдердің бәрі де бізбен бірге соғысып келе жатқандай болып кетеді. Біреуінің кегін алып келеміз, біреуін сағынышпен еске аламыз... Әйел атынан солдаттың жүрегі жылынып, қуатына қуат қосылғандай болады.

– Женя үшін! (За Женю!) – деген айғай екі-үш ауыздан аман өтіп бізге жақындап келеді. Ешкім өзгертпей, бір ауыздан бір ауыз қағып алып, Самедке жеткізеді. Әр ісіне қалжыңы араласа жүретін Самед Женяны «Женаға» айналдырып:

– Ма Жену! – деп, маған қарай жөнелтті...

Мұнысын маған қалжыңдап айтқан «әйелің үшін!» деп те, көпке арналған «әйеліміз үшін!» деп те ұғуға болатын еді. Мен де сол Самед айғайлаған күйін өзгертпей оң жағыма қарай асырып салдым... Бұ да көпшіліктің жүрегіне дәл тиген екен, алыстаған сайын есе түсіп, күркірей түсіп, оң қанатқа жеткенше қомақтанып алды.

– Дұрыс, дұрыс! – деген сүйемелдер де айтылып жатыр.

Айқастың қандай қарбалас кезінде де бір жақ шеттен салынған кейбір ұрандар ұзын шепті он орап қайтса да өзгермей келеді. Көп ауыз қайталаған сайын қасиетті мағынасы көкірегіне нығыздала түсіп, алға қарай жетелей береді.

Менің оң жағымда бір даусы әлсіз жауынгер келе жатыр. Даусы қарлықпаған да, қорқып та келе жатқан жоқ, болымы сол-ақ... Денесі де қораш. Өзгеміздің гөрі аяғын тезірек басқанмен адымы қысқа болу керек, басы бұлғаңдап, кейінірек келеді. Жау окобына кездесіп қалғанымызда менің алдымнан екі ұзынтұра қаша жөнелді. Оның алдында үш автоматшы бұғып отыр екен. Біздің жауынгер етпетінен түсті. Автомат оқтары қырқып түсірді. Мен өз алдымнан тұра жөнелгендерді оқпен түйреп үлгіргенше, таныс, әлсіз дауыстың – «Отан үшін!» – деп қалғанын естідім. Аздан соң жарқ етіп гранатасы да жарылды.

Зеңбірек оқтары тағы бір ілгері жылжып кеткенше, біз сол окопқа бұға тұрдық. Жаңағы әлсіз дауыс құлағымнан кетпей, кім екенін, не күйде екенін білгім келді. Өзі де өліпті, бірінің үстіне бірі құлап, қаны-жыны араласып үш автоматшы да серейіп жатыр.

Сен бұл жауынгерді абайлап па ең, Костя? Даусы тіпті болымсыз еді... Өзі ауру ма деп қалып ем... Гранатасын өзі өліп болған соң лақтырғандай көрініп кетті! Неше жауды жастана құлағанын білген де жоқ... Мен ерлік деп осындай өлімді айтар ем! – деді Петя, менің қасыма келіп. Көзіңнен жас шығып кету, жылау емес, әрине. Ішіміздегі ең қатал мінезді жауынгеріміз Петя көзінен ыршып кеткен ыстық тамшыға ие бола алмай қалды.

Манадан бір жалғанып, бір үзіліп, дами алмаған үлкен ура енді жауар бұлттай түгел торлап, қараңғы түнді кернеп келеді.

– У-р-р-ра!!!

– У-р-р-ра!!!

Дыбыссыз әрпіне дейін күркіретіп созуға келетін жалғыз сөз, ендігі бөгесінге қарама, қалаға кір дегендей әмір етеді. Әрбір жауынгер манадан іркіп келе жатқан жігерінің екпінімен зымырап жөнелді. Бұл біздің үш тәулік күткен сәтті кезеңіміз. Бар солдатта бір-ақ ой бар. Ол – қатарындағы жауынгерден бір адым болса да озық отыру. Ерсілі-қарсылы соққан «ура» толқыны аяғыңа күш түсірер емес, өзі көтеріп әкеле жатыр. Сонымен бірге, сен өзім дегенді ұмытып, алға ұмтылған көп қолды бір-ақ адамдай, тұтас сезінесің. Үдете соққан «ура!» теңіз толқынындай лықсып, қаланың үстін басып бара жатқандай, жоғары шығып алған.

Біз теңізшілер клубының маңайына жеткенде, от ішінде шайтандай секіріп, зытып бара жатқан жау әскерлерін көрдік. Солдат бойындағы қаруына дейін тастай қашса, оның ар жағында дәл бүгінгі жеңілістен гөрі де ауырырақ бір сүргін жатады.

Өрт сәулесінде үйдей көрінген матрос, екі бүктетіліп, шойнаңдап барып қашқан жаудың арт жағынан екі рет граната лақтырды. Содан кейін бізге қарай ақсаңдап басып бір-екі аттады да, тұрып қалды, Енді денесі екі жағына кезек толқып кетіп, әрең-әрең құлап кетпей тұр. Басын байлап алған ақ шүберектен қаны сорғалап, сол жақ бетін түгел жуып кетіпті. Автомат ұстаған оң қолын менімен құшақтасқысы келген түрде оңтайлай берді. Өрт сәулесіне жарқырай шағылысып, жалғыз оң көзі ғана көрінеді. Құшақтаса кетуге мен де құшағымды аштым. Матрос бар денесімен лоқсып қап, кеудеме келіп тірелді де, ұйықтап кеткендей, қимылсыз тұрып қалды. Мен құшақтай алып:

– Тірімісіңдер, бауырлар... – дедім. Ол маған:

– Қолыңды тартшы, достым... Арқамда сау жер жоқ, – деді. Арқасы да ышқынып, майысып кетті. Қолымды тез тартып алып ем, алақаныма қан жұққан екен.

Әшейінде қатты қалжыңдасатын жаяу әскерлер мен матростар қазір жаппай құшақтасып жатыр:

– Құтқарыңдар, достар!..

– Шыдап та бақтыңдар, ерлер! – деседі. Ыршып кеткен көз жастары да жалт-жұлт етеді. Ұзақ құшақтасуға да уақыт жоқ.

– Алға! Алға! – деген Мирошниктің даусы танылады.

– Бері қарай! Бері қарай! – деген Ревякиннің даусы алдыңғы жақтан шығады.

– Петя, Самед, Володя, Костя! – десіп, әр бөлімнің жауынгерлері әрі түгендесіп, әрі қайта табысып барады.

– Қашты, қашты!.. Ұр, соқ, тапа! – деген дауыстар шабуылдың қол-төмпеш кезеңіне кіріп қалғанымызды аңғартады.

Матрос бар салмағын маған салып, әлі сүйеніп тұр. Әл-дәрмені біткен, көрініп тұрған жалғыз көзден қуаныш жасы бұршақтай домалайды. Матросты бір құлап жатқан тас аққудың үстіне отырғыза беріп:

– Сен енді дем ал, жолдас... Қазір санитарлар да келер... – дедім, ілгері қарай жүгіре жөнелуге ыңғайланып. Матрос иығыма аюдай асыла құшақтай алып тұра келді де:

— Дем ал!... Алға деген әмір жалғыз саған ғана айтылған ба екен? — деп, жұлқынып алға қарай ұмтылды, Сылти адымдап, қиралаңдай секіріп, біразғана жер менімен қатарласып отырды да, кейіндей берді. Толып жатқан жарасын елегісі келмей, қарлығып қалған даусымен «ұр!», Тапа жыланды»! деп, кек күшімен ғана жүгіріп келе жатқан адамның азабына мен шыдай алмай, озып кеттім.

— Алға!... — деп қырылдаған дауыс қала барды.

Орыс ұлдарының әрнеге де шыдамдылығында шек жоқ сияқты. Қырық жерден қаны сорғалап жатса да қыңқ ету дегенді білмейді олар. Түнде кездескен жаралы солдат та, мына матрос та сол шыдамды орыс ұлдары еді. Бірі айқасты, тағы бір көргісі келіп, басымды жоғары көтеріп отырғызып кетіңдер деп еді, бірі, міне, — әл-дәрменнің бар-жоғына қарамай, айқасқа тағы бір кіргісі келеді. Мүмкін бұл — өмірмен оңай қоштаса алмаудың бір белгісі болар, мүмкін бұл — «Сұңқар жырының» әсері болар. Мүмкін... Горький жырлаған сұңқары осылар болар...

Таң ата жау қолы жығыла-сүрініп, құлай қиратылып қаладан шықты. Бұл шегіну емес, апалақ-топалақ қашу еді. Қашу деген әскер өміріндегі ең бір абыройсыз, ашылған-шашылғаныңа қаратпайтын хал. Осынша үркіп, осынша апатқа ұшырап бара жатқан жау қолы тағы да есін жиып, тағы да қарсыласарау деп ойлай алмайтындайсың!... «Ақ табан шұбырынды» деген сияқты, сай-сала, жіңішке соқпақтармен шұбырған босқын «Алқакөл сұламасына» қарай кетіп бара жатыр. Таланып қалған бұралқы иттей, артына бұрылып арс етуге де шамасы жоқ, әр тасадан бір қылт етіп қалады.

Арса-арса боп сүйегі ғана қалған үлкен қала әлі түтіндетіп жатыр. Қаланың кейбір жерлері құлап та болған, жанып та болған, ескі моладай опырылып, түтін де жоқ, үн де жоқ, сарала күлге айналып, үйіліп қалған. Бұл маңайда ит те үрмейді, мысық та жолыңды кесіп өтпейді. Денесіндегі жараларын күнге тосып, қала дәрменсіз талықсып жатқандай сезіледі.

Осы үйілген күлдерге, опырыла құлаған үйлерге тіреліп, тоқтап қалған көп машиналар тұр. Алдыңғы жағын қирата жол салып барып, ақырында кептеліп қалған танкылар көп көшелерді тығындап тастапты. Орта көшелердің көбі осындай сығылысып, соқтығысып, шайнасып қалған көк темір, жаяу адамды да өткізбейді.

Біз қашанғы әдетіміз бойынша, қалаға бұрын кіріп, соң шығамыз... Қазір жарым-жарты сау қалған үйлердің астына түсіп, төбесіне шығып, бұғып қалғандарды тұтқынға алып жүрміз. Бет-ауыздары қарала, торала, тізелері күстен жылтырап тұрған екі жүздей адамды Сережа мен Самед соңымыздан айдап келеді.

— Сендердің қаруларың қайда? — дейді Вася, Гришин әрқайсысына бір төніп, тұтқындар көшеде шашылып жатқан автоматтарды нұсқайды:

— Әне жатыр ғой!... Аз көріп тұрмысың? — дегендей, Васяға ренжіп қарасады.

Екі көшенің бұрышында шойын бағанға соғылып тұрып қалған жеңіл машинаның есігін ашып, Петр қатал жекіріп тұр:

— Шық бері, екі иттен жаралған үшінші ит! — дейді кіжініп...

Машинадан тоңқайып шыға берген біреудің арты көрінеді. Өзі күйіп-пісіп тұрған Петя ондай қорлықты көтере алсын ба, шегіне беріп ауыр өкшемен теуіп жіберді. Енді сарт етіп машинаның арғы бүйіріндегі есігі ашылып кетті де, шаш кендірдей ұйпалақтанған сары шашы дудырап, ұзын бір офицер етпетінен құлай жерге түсті:

— Плен, плен! — деді офицер. Осы сөзді көптен жаттап жүргендей, құлап жатса да өте дұрыс айтып жатыр.

Қара шұбар киінген офицерге Петяның жаны қас. Біз «тоқта!» деп қалғанша болмай, Петя офицерді автоматымён осып-осып қалды. Әлі де «плен» дегісі келіп, қыбырлап жатқан офицер ернінен енді бұрқырап қызыл көбік көріне бастады...

Бұл қылығын ұната қоймағанымызды танып, Петр офицердің қалтасынан қағаздарын тез суырып алып, маған ұсынды. Мұнысы «атқаным фашист офицері, обал да емес, күнә да емес» деп ақталғандағысы еді.

Офицердің жаны қысылғанда да жан қалтасынан суырып тастауға қия алмаған бір коробканы суырып алып, Петр Володяға ұстата салды:

— Жақсы темекіге жаның құмар ғой сенің... Мә! Өзіміздің темекі!..

Коробка өзімізге таныс, кәдуілгі «Золотое руно»... Володя оны темекі деп қалып, саусағының ұшымен ғана ала бергенде, салмақты коробка жерге түсіп кетті. Қақпағы ашылып, екі алтын сағат, асыл тасты алтын білезіктер, сырғалар көрініп қалды.

— Осындай бандитті офицер деуге бола ма? — деді Петя, енді біржола ақталған үнмен...

Қала әлі жанып жатыр. Кейбір дақ түспей сау қалған үйлерді көргенде таң қаласың. Ондаған көшелерді аралап шықсақ та қала халқынан бір адам кездестірген жоқпыз. Көбі ертерек басқа жаққа кеткен, қалғандарын жау қолы қырып тастаған. Қара теңіздің шығысындағы ең үлкен бекініске айналдырған қалада совет адамын қалдырмаған. Өрттен кейін қара жамылғандай қапқара болып жатқан үлкен қала, тұнжырап, түнеріп тұрған үлкен үйлер бәрі де «кегімді әпер!» деп қатал бұйырып тұр. Қаланың оң жақ шетіне таман құлаған моладай опырылып жатқан тас үйдің тұсынан өте бергенімізде Володя маған бір қарап қалды. Еш нәрсе демесе де, жолдасымның осы қарасынан жүрегім лоқсып қалғандай болды. Ескі, бір қабат қызыл кірпіш үй...

— Кіре кетейін, Костя... — деді Володя. Оның дір етіп қалған даусынан сенің тұла бойың дір етіп қалғандай еді. Бұл күнге дейін аузымызға алуға жасқанып келген жайдың үстінен түсіп тұрғанымызды мен де сезіне қалдым. Әрине, мынау опырылып жатқан үй, осы Володяның үйі. Әке-шеше, туған-туысқанның қайда кеткенін Володя біле алмай қойған. Талай жазған хатына жауап қайтармаған қызыл кірпіш үй, міне, моладай құлап жатыр... Үйінен кеткелі үш жылға айналған жас жігіт туып-өскен ұясына кездесіп қалып, күл-талқан болған үстінен шығып тұр. Ата-анасынан соғыс басталғалы хабарсыз. Ата-анасы болса, баласынан олар да хабарсыз... Бала міне, ойран болған ұясын көріп:

— Кіре кетейін, Костя... — дейді. Ол біздің үйге кіре кетейік деп тұрған жоқ па? Бірақ кіре кететін еш нәрсе жоқ. Үйдің төр бөлмесінде бір қабырға сау

қалыпты. Құлаған кірпішке белшесінен батып, қара сырмен боялған дөңгелек пеш те орнында тұр.

— Осы үйде тұратын едік... — деді Володя жолдасын молаға әкеліп тұрғанынан ұялған адамша қысыла сөйлеп. — Мен де осында туып өстім... Танечканың төсегі мына жерде тұратын...

Володяның жымиғаны жүрегіңді біреу пышақтап жатқандай тиеді. Володя үйдің әр бұрышына бір барып, ұмыт қалдырған бірдемесін іздеп жүргендей, үйіліп жатқан кірпіштерді аяғымен ысырып-ысырып қояды. Бір кезде бөлменің орта деңейіне тұра қалып, кірпіш сынықтары мен шаң-топырақты көсіп-көсіп жіберді де, содан кейін алақанымен сыпырып күрең сырлы еденге жетті. Енді бірдемеге қуанып кеткендей, жасаураған көзі күлімдеп те кетті. Еденнің шаң-топырағын ерсілі-қарсылы сыпырып жіберіп:

— Костя, көремісің? — деді.

— Көремін, Володя... Төгілген сия ғой,—дедім. Еденге баланың алақанындай ғана болып қызғылт-көк сия төгілген екен.

— Кішкентай қарындасым Танечка осы араға менің сиямды төгіп алып, қашан кеуіп болғанша алақанымен басып отыра беріпті...— деді Володя, қайғымұңын ұмыта қалғандай күлімдеп сөйлеп. — Мен әрине, онша батырмай шапалақтап алдым... Бесте ғана болса да жазуға құмар еді... Осы күні бекер шапалақтаған екенмін-ау деп өкінем... ылғи есіме түседі...

Володя енді өзін-өзі қамшылағандай тезірек сөйлеп кетті:

— Ана пешке айырдың ұшымен тырнап жазған «П» әрпін көремісің? Ол папа дегені!.. «М» — мама дегені... Анау бет-аузын шимайлап тастаған «В» менің атым... Әлгі шапалақтан кейін өкпелеп менің атымды өшіріп тастағандағысы... Майданға аттанарда ғана татуласып едік Танечка екеуміз...— деп, Володя қатты мұңайып, маңдайын пешке сүйеп тұрып қалды. Туған-туысқанын есіне алуға бөгет жасамай, мен де үнсіз тұра бердім. Ағасының сиясын төгіп алып, алақанымен басып отыра қалған кішкене бір сары қыз көз алдыңа келеді... Қазір қайда екен десеңші... Мұндай бүліншіліктен алыста-жатқан өз үйіңді мұңайып есіңе алуың, әрі салсаң — күнә, бері салсаң — күйректік сияқтанады.

Володя басын пештен тез жұлып алып, пештің үсті-басын тағы да тексере бастады. Тағы да бірдемеге кездеспей, бұл арадан қозғала алмайтындай, бөгеліп тұр.

— Костя, Костя! — дегенге жалт қарасам, Володя пешті жеңімен сүртіп жүріп, «В» әрпін тауып алған екен. Қатарынан үш рет жазылыпты. Бірінен-бірін сұлуырақ жазғысы келгендей, ағасын сағынған нәресте қара сырдың ең бір тегіс жеріне «В» әрпін қаз-қатар тізіп қойыпты.

— Қайта-қайта жазыпты... Сағынған ғой Танечкам... — деп Володя жылап жіберді. Екі жылдан артық бірге өткен өмірімізде Володяның босағанын көргенім де осы еді. Егіліп жылады.

Қираған қаласының қайғысы шерлі-шемен кекке айналса, жас бауырының сағынышы жауынгер жүрегінің басқа бір пернелерін басып-басып қалғандай еді...

Осыдан бірер сағаттан кейін Тамань мүйісіне қарай қашқан жауды қуып жүріп кетіп едік. Қара теңіздің шығыс жағындағы Кубань түбегіне қадаған қазығын біржола суырып, жау қолы сол Таманьға құлап барады. Одан бері тұрақтар пана жоқ. Басқа уақытта айлар бойы алысатын көп жерден бір-ақ кешіп, тоқтар жері Тамань екенін жаудың өзі де білдіріп барады.

Ауыр машина кедергісіз жүйткіп, жау қарасын үздірмей, артқы шаңына аралас келе жатырмыз. Володя бұрынғысындай ақ жарқын, бұрынғысындай қалжыңдасып отыр. Бірақ түтіні бұрқырап, ауыр ыңыранып жатқан қаласына қарай алған жоқ. Түнгі айқасты ұмытқымыз келгендей, бәріміз де алға қарап отыр екеміз...

7

Тамань мүйісі дүниедегі бір сұлу да жер емес, жайлы да жер емес. Аяқ бассаң сортаң суы шып-шып шығып, шыпылдап жатады. Құрғағы көп пе, батпағы көп пе, оны айыру да қиын. Еңбектесең, бауырың малшынады, жүріп кетсең — қызыл асықтан батып отырасың. Қары еріп, жаңбыры дамылсыз жауып тұратын март айларында тіпті жер емес...

Батпақты, сазды жерді әуелі жау танкылары тілгілеп кеткен екен, енді біздің танкылар езіп жүр. Машина іздері жыландай шұбатылып, батпақ жердің беті айғыз-айғыз. Шалшық суға белуарынан батып, солдат молалары ғана қараяды. Күнгей беттері құрғағырақ жататын осындай молалар ғана. Окоп дегендеріміз шомылуға жасалған ойдым-ойдым ұра сияқты. Батып қалған, жанып кеткен жау танкылері күн сайын аласарып, батпақ жерге бата түседі.

Өлген түйенің сүйегіндей сорайып, құлаған самолеттердің сүйегі жатыр. Бәрі де мойнын астына ала құлағандай, қалқайған сыңар қанаттары мен ырсиған қабырғалары ғана көрінеді. Ойылып қалған машина іздері мен жазғытұрғы лай су жалқау ғана ағады. Бір жаққа емес, жан-жаққа ағады. Ертелі-кеш борсыған тұман жер бетінен бір көтерілмейді. Асқар сұлуы Кавказ бен шымайт Кубань даласынан кейін Тамань мүйісі тіпті көңілге қона алмайды... Кавказдық батыс жақ қақпасының алдына төсей салған бір ескі сырмақ сияқты көрінеді.

Осындай лайсаң жерге үймелеп қалғанымыз — қарсы алдымызда Қырымның шығыс жақ етегі Керчь жатыр. Арамызда Керчь бұғазы ғана. Ол жайды әлі жарияламағанмен, енді бір секірсек Қырымға барып түсетін сияқтымыз. Өйткені, Қара теңіздің бұл жағындағы құрғақ жерді түгел тазалап болып, қазір екі ай бойы осы Тамань сазын езіп жүрміз. Ендігі бетіміз, әрине, батыс жақ... Қырым...

Бұл арада үйреніп жүрген өнеріміз де басқаша... Катер қайық бір топ жауынгерді мінгізіп алып, теңіздің бетін жосылта тіліп келе жатады да, жағаға жақындай беріп жалт бұрылады. Сол кезде сен де қайықтан қарғып түсіп, жағаға қарай жүзе жөнелуің керек. Жағаға тез шығып, тезірек ата бастауың керек... Үйреніп жүрген жаңа өнеріміз осы ғана. Суға батып кетуге, жағаға шыға алмай қалуға рұқсат жоқ!..

Март айының мұздай суық суына қарғың да келмейді. Қаракөк толқындар жұтардай ұмтылып кеп, суық құшағын ашады. Киіміңе шапшып қалған бірінші тамшыдан-ақ денең шіміркеніп қалады. Катер қайық биік толқындарды көлденең кесіп, теңіздің ортасына қарай барады да, жағаға қарай қатты ағызып кетеді. Толқынның бір қырқасынан екінші қырқасына атып шығып, енді тұмсығымен тереңді сүзе, сүңгуірдей ағады. Қайық қырқадан қырқаға атқанда түбі бір тас жолға тигендей ұрып отырғызбай кетеді. Біріңнен-бірің ұстап, әреңәрең ұшып кетпей отырасың.

Бір қызық нәрсе, мұздай суға күн бойы малшынып, түн бойы кебіне алмай жүрсек те, бірде-бірімізге суық өтіп, тұмау тиген емес. Теңіздің жарым-жарты суын етегіңмен сүйрете қырға шығасың да, сауыттағы арақтан қылқ еткізіп бір жұтып, күмп беріп қайта теңізге кіресің. Алдыңда жүйткіп, орғып қайығың жүреді. Етегіңнен ала түскен суды тағы да сүйрей қайыққа асыласың... Мүмкін, дүниеден ауру-сырқаудың қақ жартысы аурудан сонша қорқатынымыздан болу керек деген ой келеді...

Өзгеміздан гөрі Петр Ушаковтың бейнеті ауыр. Ол бір-екі дөңгелегімен бірге қол пулеметті арқалап жүреді. Гранаталары тағы бар. Қайда болса да қиынға қарай ұмтылатын жауынгер еш нәрседен тайынбайды да, ауырламайды да.

Катер қайық көкжал толқындарды бұрқырата шашып, жағаға жақындап келеді. Самед көзін жұмып, бет-аузын тыржитып, секіруге әзірленіп отыр. Қазір секіріп түсер суына қарағысы келмейді. Қайық жағаға елу метрдей қалғанда суды жайқай есіп, бұрыла берді. Автоматымызды жоғары көтеріп алып, сыңар иықтай құлап жүзіп кеттік. Суға малшынған киімдерің мен асынған қаружарағың кейін тартып жүргізбей келеді.

Жағаға бәріміздан бұрын Володя мен Петр шықты. Володя Новороссийск қаласында туған, жасынан теңіз жағасында өскен жүзімпаз жігіт. Петр өзінен ешкімді оздырғысы келмейтін мінезі бойынша, қазір Володямен тайталас шығып жүр. Өзгеміз қырға шығып болғанша ол екеуі киімдерін шешіп алып, бұрай бастады. Қазір суға қайта түсетін болсақ та, киімдеріңді бұрап, сығып, «құрғатып» алуың да міндет...

Турасынан он километрден аспайтын Керчь мүйісінен қаңғырған бір ауыр снаряд келе жатыр. Батпақ жер ышқынбай, шіміркенбей, бедірейіп қана бейжай қарсы алатын сияқты. Батпақты сүзе снаряд та түсті, біз де тұрған-тұрған жерімізге құлай кеттік. Бұрқырап атылған қою батпақ шолп-шолп етіп теңізге түсіп жатқаны естіледі.

Бәріміз де қою батпаққа былғанып қара бауырланып тұрдық... Әсіресе, Петр май батпаққа аунап тұрғандай болыпты. Сылап-сипап, қадірлеп ұстайтын түксиген мұртын саусақтарымен сыпырып жатып:

— Мұндай иттікті көрген жоқ едім! — деді. Мұртынан еріндеріне келіп жиналып қалған батпақты былш-былш түкіріп жатып, ұрсып жүр...

Айқас кезінде снаряд, бомба сияқты нәрселерге солдаттың бойы үйреніп алады да, құлай кетер жерін «тауып» құлайды. Әрбір снаряд ысылдап, суылдап, тұп-тура саған келе жатқандай болса да солдат бір жағына қарай бұрылып үлгіреді. Ал, мынадай қаңғырма снарядтан аман қалғанын солдат ерекше бір

тапқырлығым деп санайды. Снаряд жарылды да, жарықшақтары жан-жаққа қарай бытырап, ұша жөнелген топ бөденеге ұсап сыр-сыр етіп жоқ болды.

– Петр Афанасьевич, егер жаңағыңызға лайық жауапты кіші лейтенант Константин, қазақша Қайырғали Сарталиевич жолдасша қайтарар болсақ, ондай ит жауды арт жағынан сіздің тебіспен теуіп, әуелі Қырымнан айдап шығып, одан кейін тағы бір теуіп, әрине, дәлдеп теуіп, Берлиннің өзінен айдап шығаруымыз керек болар, – дейді Володя.

Менің шұбалаң сөйлейтінімді де жанай кетіп, Петрді ыза қылу үшін әдейі қабаттастырып қалжыңдайды. Петр үндемейді.

– Әрине, сонша қадірлі мұртты осынша былғап алғаныңызды өз оңтайсыздығыңыздан деуге де болады... Су қанша суық болғанмен батпақтың жөні өзіне басқа ғой... – деп, Володя әлі Петрді әуреле тұр. Петрдің кідірек мінезін танып қалған Самед, жолдастары босқа ілегісіп қалмасын дегендей, басалқа айтар үнмен:

Су іштеңе емес-ау... суықтығын қайтерсің!.. Біздің өзбек халқы өмір бойы су іші– нде жүреді. Ол бір рақат қой!.. Мынадай суық су мен суық батпақты мен де жан-тәніммен жек көрем! – дейді, әңгіме бетін өзіне аударғысы келіп.

– Оқа емес, Самед... Суық судан шыға келіп, қызу айқасқа киліксең, табан аузында жылынып кетесің! – дейді Володя.

Суық суға малшынып жүргеніміз қызу айқас үшін екендігін енді ғана ұғынып тұрғандай, бәріміз де сол жайды сөйлесіп кеттік. Қашан болар екен, қалай болар екен?.. Өзі суға балықтай жүзетін, кеудесінен жоғарғы жағына су тигізбейтін Володя бәрімізді де мазақтап қояды.

– Құрметті геолог, осы батпақтың астында да бірдеме болу керек қой, сіз құлағанда мұрныңызды батырыңқырай түссеңізші, – дейді Васяға.

Қалжыңға олақ Вася, жауапты оңай таба алмай қалып:

– Әрине, бірдеме бар... Тексерілген де шығар, – дей салады.

– Сен Таманьды суретке түсіргенде, Петяны осы күйінде түсіріп жүрме... Өзіңнің тістерің сақылдап тұрғаны да көрінбесін... Сені біреу судан жаурап шыққан арық теке екен деп қалар, – деп, Володя енді Сергейді айналдырып тұр. Су азабы өзгемізден гөрі қаттырақ батқан жұқалау жігіт Сергей, тырс-тырс етіп тұрған тістерін қанша қатты басқанмен тырсылдағын қойдыра алар емес. Жақсы қалжыңға ыржия бергенде-ақ тістері бой бермей кетеді.

Орал тауынан келіп қосылған ұзын бойлы, Семен Зониннан аз-ақ аласа, Егор дейтін қатаңдау жауынгерім бар еді. Оны бәріміз де үлкен тұтып, құрметтеп жүреміз. Қатарға тұра қалғанда, оң жағымызда ылғи Егор, одан кейін Самед тұрады. Володя өзгемізді түйрей қалжыңдап, аяғында Егорды да сипай жанап қойып тұр:

– Сіз, Самед ағай екеуіңіз, қандай теңізге кездессеңіздер де батып кетеміз деп қорықпаңыздар... Бұл маңда сіздің бойыңыздан асар терең су жоқ... – дейді.

Ақкөңіл Егор бұған сене қоймаса да, бойының ұзындығына сенетіндей кеңкілдей күліп:

– Біраз жерге дейін аяқтап-ақ көрерміз... – дейді.

— Ие, ие!.. Аяқтарың түбіне тимесе де, бастарың судан жоғары жүрсе болғаны, батпайсыңдар...

Володяның қалжыңы ешкімге де жәбір емес, бәріміз де күлісіп жатырмыз. Жалғыз-ақ Петр теріс қарап тұрған бойы, бірдемені жаратпай күңкілдеп жүр.

Петя қазір қойын дәптерін батпақтан тазалап жатыр. Дәптерінің әр тарағын үрлеп қана ашып, ішкі көйлегінің арт жағын тартып алдына әкеліп, таза жерімен сүртеді. Петр дәптерін пилоткасының қайырмасына қыстырып, суға тигізбей ұстайтын. Снаряд түсерде өзі жерге алып қойған пилоткасының үстіне құлап, батпаққа батырып алыпты. Енді соны тазалап жатыр.

Петрдің дәптерінде соғыс басталғалы өз қолынан өлтірген жаудың есебі бар. Неше солдат, неше офицер өлтірді, неше танкы, неше машинаны өртеді, бәрінің есебі айырым-айырым жазулы тұр. Әрбір айқастан кейін Петр өз қолынан құртқан жау күштерін бәрімізге бір анықтатып алады да, дәптеріне жазады. Оның өлтірген «адам» күштері әлдеқашан екі жүзден асып кетті. Ростов, Новороссийск сияқты үлкен қалаларда болған айқастан Петр өз атына жаудың бір солдатын да қоспады. Ол түгіл, машинадан өзі теуіп түсіріп, өзі атып тастаған офицерді де қосқан жоқ. Ол «ортаң» фицер дейді.

Үлкен айқастарда, әсіресе, түнгі айқастарда жауынгер өз қолынан құртқан жауын көре де алмайды. Ал, бүкіл бір қаланы өз есебіне қосу, әрине, ыңғайсыз... Босатылған қалалар қолбасыларымыз бен генералдарымыздың есебінде болады дейді Петр.

Петрдің есебін қалжыңға араластырсаң, ол оның бір жанды жері. Володя оны ойын-қалжыңдарға еріксіз тартқысы келіп:

— Немене, Петя, есеп-қисабың былғанып қалған ба! — деп еді, Петр оған:

— Жоқ, жолдас... Мен есебімді таза ұстайтын адаммын. Есебім былғанған да жоқ, былғанбайды да! — деп дәптерден гөрі әріректі аңғартатын жауап қайырды.

— Менің ойымша, Петр соғыстан өте бір қатал мінез алып қайтатын сияқты. Бос қалжың, еңбексіз, есепсіз уақыт өткізу Петрде болмасқа керек. Біздің ішіміздегі шын соғыс адамы да осы Петр. Бұл өзгеге қандай қатал тілек қойса, өзіне де соны қоятын адам. Оның хат алысып тұратын әйел нәсілі де жоқ, әйел әңгімесіне араласпайды да...

— Соғыстан кейін қандай жұмыста болсаң да, сенің бригадаңда тәртіп те болып бағар! — дейді оған Сережа.

— Сенің бригадаңда ше? Болмай ма? Жоқ, айналайын, соғыста қандай еңбектеніп жүрсең, бейбіт шақта да солай қимылдайтын боласың! Сен немене, келер соғысқа дейін демалысқа шықпақшы ма едің?

Біздің бөлімде Петрмен өзара ыңғайлас жүретін осы Сережа. Бірі толып жатқан кек пен қайрат, бірі қыздай биязы, әлде қай мінездерімен біріне-бірі ұнаған да, реті келсе, тізе айырмай жүреді. Сондықтан Петрдің Сережаға қайтарған жауабында шанышқы да болмайды. Қайта, өзгеге сирек айтар қалжыңын Петр ылғи Сережа үшін сақтайтын сияқты.

Петр жаңағы жауабының өзі Сережаға тігірек тиіп кетті ме дегендей:

– Костя, мынаған шешеңнен келген хатты тағы бір оқып берші... Кәрі кемпір үш еркектің жұмысын істеп жүргенін көкейіне құйып алсын...– деді жылы жүзбен.

Әшейінде тұйықтау болғанмен, әңгіме еңбек жағына ауса, Петр қазбалап сөйлеп кетеді. Күні ертең трактор бригадасын бастап егіске шығатындай төндіреді.

– Көрсетер едім сендерге!..– деп құшырланғанда, қара жерді жосылта тіліп бара жатқан трактор көз алдына келетін сияқтанады.

Бу Геленджек деген нәма?.. Онда да су бар ма екен? – деп, Самед Володяға қадалып тұр. Әуелі әдейі өз тілінде сұрайды да, артынан орысша айтады.

– Суы бұдан гөрі тереңірек, жағасы бес есе биігірек болады,– дейді Володя.

– Батпағы жоқ па, әйтеуір?

– Жоқ, батпағы жоқ. Мұрты бар жігіттерге қауіп емес..

Таманьның жайдақы жағасынан бізді Геленджек деген бір жерге көшірер білем деген хабар тарағалы екі күн болып қалды. Геленджек кейін қалған бір қойнау, жау көзінен тасалау жерге барып әзірленетін болсақ, оның арты бірдемеге соқпай қалмас дегенді әр солдат та ойлайды. Тамань жағасындай тайыз да, тайпақ та емес, бір жер көз алдыңа келеді. Солдат еш нәрсені күн бұрын тәптештемейтін әдетімен бұл жайды көп сөз қылмасақ та, іштей бір биік жағаға, тереңірек теңізге кездесуге әзір де едік...

Терең теңіз бен жат жағадан мен де қорықпаймын. Бірақ осы батпақты қия алмайтын да бір себебім бар. Осында келгелі Ақботаның хаты келер күні-ақ келіп қалатын болып тұр. Айғай салсақ, даусың жететін жерде сияқтанады. Анау бір алыстан қызарып көрінетін аласа төбелердің бірінің маңында Ақбота да бар сияқтанады. Соғыс аяғына жақындаған сайын барлық майдан тұс-тұстан толқындап кеп, бір арнаға құйылмақ. Сол кезде Ақбота екеуміздің жолымыз да тоғысады. Осыны ойлап алдағы күнге сеніммен қарасам да, қазір Ақботаны бір көруге зармын...

Мен кейде өлең де айтып қоям... Әдейі өзіміздің жақтың әндерін салам. Таныс құлаққа шалынса-ақ тұра қалатындай етіп, аянбай шырқаймын...

– Көрінген сонадайдан Гурьевім...

– Бұл не, жазғытұрымның келіп қалғаны ма? – деп, Самед қалжыңдайды да, Володя:

– Бәрібір, жаппада отырып салған әнді жарық естімейді... Одан да төбеге шығып алып сал әніңді...– дейді.

– Бәрің де айғырдай азынағалы тұрсыңдар, ә? – деп, шорт кесіп, Петр шығып кетеді.

Шынында, әнді далаға шығып алып кергітіп салғым келетіні де рас... Бірақ, оған рұқсат жоқ. Бір жұмыспен өтіп бара жатып, бір жаппадан шыққан таныс әнді естіп, Ақбота кіріп келсе, таңданатын да емеспін. Одан ар жағы әзір бұлдыр елестейді...

– Жолдас лейтенант, тіл қатуға рұқсат етіңіз! – деп, қолын шекесіне апарып, алдыңа әйелің келіп тұрса, сен не демексің сонда? Құшақтай аласың ба, әлде – рұқсат деймісің?..

Етігі тізесіне дейін батпақ, сұр шинельдің етегінен лай тамшылап, басына сұр құлақшын киіп, иығына автомат асып алған келіншек бір түрлі ыңғайсыз көрінеді...

Оның үстіне, ол келіншек сенен гөрі үлкенірек офицер болып шығып, өзің атып тұрып, қолыңды шекеге бұрын апарып қалсаң, қалай болар? Әйеліммен кездесудің бұл түрі онша ұнамайды да, ішімнен «отставить!» деп, басқа бір түрін ойлап қараймын.

Мысалы, мен шұлғауымды бүйірі қызарып тұрған темір пешке кептіріп отырып, «Сәулем-айға» неге баспаймын, оны Ақбота неге естімейді?.. «Сәулем-аймен» егіз туғандай «Қалқам-айда» бар ғой. Ақбота неге сыртта тұрып соған салып жібермейді?.. Нағыз «опера» болып шыға келмей ме сонда?.. Бірақ соғыс опера емес, кездесудің бұл түрі де ертегі сияқтанып, ізсіз өшіп, тез жоғалып кетеді.

Соғыс миллиондаған адамды туған-туысқанынан айырып жіберді. Қазір біздің үйде де жалғыз кәрі шешем ғана қалды. Қанша қайрат шеккенмен оған да оңай болып қалған жоқ. Соғыс толқыны қазір бетін батысқа бұрды, сол жақ қанатында мен кетіп барам, оң жақ қанатында — Айдаш... Әлде қай жерде Ақбота жүр... Әлдеқайда емес, осы маңда екенін сезінсең де, кездесер кезің әлі жетпеген сияқты. Ақбота майданда болмай, елде болса, мүмкін бұдан гөрі жақынырақ, анығырақ сезілер еді.

— Көрінген Гурьевім...— дегенде, Ақботаны да көргендей болар едім...

— Құрметті командиріміз, сіздің жүзіңіздің не себептен мұңайып кеткендігін білуге болар ма екен?.. Қарауыңыздағы адамдарыңызға бұл мұңның қуаныш еместігін ескертсек ызғарлы қабақтың кәріне кездесіп қалмас па екеміз?..— дейді Володя. Жаурап шыққан жұртты жылытам деп ол әлі қалжыңдап жүр.

— Шын жауынгер қайғы-мұң ғанасына да түсе қоймас, достым. Жазғытұрым шақ қой, көшпелі бұлт әлі-ақ сейілер... — деймін қалжыңға қалжың жауап қайтарып...

— Жау қапасына күшпен апара алмас батыр, жүрек торына өзі барып түсер... Советский солдат, содан сақ болыңдар деген Хожа Насреддин...— деп, жартысын орысша, жартысын өзбекше сөйлеп, Самед ағай да мені қытықтап қояды.

Хожа Насреддин жайында Самедтің аузы қыбыр етіп қалса болғаны, бәріміз оны қоршап ала қоямыз:

— Тағы бір әңгімесін айтшы!

— Айды қалай аспанға шығарғанын айтшы!..

— Жоқ...— дейді Самед айтқысы келмесе. — Қайық қазір айналып келіп қалады...

— Үлгіресің, Самед... Ана топ судан жаңа шығып келе жатыр... Айт...

Айтқысы келсе, Самед орнығып отырып алады да, қайғылы бір әңгіме бастайтындай түсін суытып, тартып отырған темекіңе дейін тастатады. Содан соң шұбырып әңгіме кетеді. Өзі айтып, өзі күлмей, еріксіз жұртты күлдіреді. Оның айтқандарының көбі Хожа Насреддиннің әңгімелері емес, өз әңгімелері екенін анда-санда бір-ақ ұстап қаласың. Хожа Насреддин Отан соғысының барлық майдандарына барып, солдаттарға фашизмді түсіндіріп жүреді. Тегеран кон-

ференциясына қатынасып, Черчиллге екінші майдан ашу жайында қитұрқы сұраулар береді:

– Қалай ойлайсыз, – дейді Хожа Насреддин Черчиллге, – екінші майдан неліктен созылып кетті?

– Уақыты жетпей жатыр... – дейді Черчилль оған.

– Мен уақыты өтіп кеткен шығар деп ем... – деп Хожа Насреддин жүре береді...

Бұл жолы Самед жайланып отырып алып, әңгімесіне кіріскенше, қайту белгісі беріліп қалды да, жаппамызға қайттық.

Самедтің кім екенін мен де түгел біліп болғаным жоқ. Алғаш көргенімде жабырқау адам ба деп қалып ем. Содан бері ылғи бақылай жүремін. Ол бізге толықтыру тұсында келіп қосылды да, одан бергі арпалыстарда сырласуға қолымыз тиген жоқ. Барлауға шыққанда, айқас үстінде Самедтің ақылды да, қажырлы да жауынгер екенін байқадық. Алғашында жабырқау көрінген адам, енді қалжыңқұмар, күлдіргі айтқыш, әңгімешіл болып кетті.

– Сталинградта біз бұлай ұрғанбыз! – дегенін естігеннен кейін мен Самедпен кеңірек бір сөйлескім келіп, талай жағалатсам да, уақыт болмап еді. Орыс тілін жақсы білсе де, күлдіру үшін әдейі бұра сөйлейтіні бар. Мұғалім бе, агроном ба, есепші ме деп жүріп ем, аяғында киномеханик болып шықты.

Самед бар тапсырманы ерекше бір жеңілдікпен, қиындықсыз, қиналыссыз орындап қайтады. Молла Насреддин ұйықтап қалмаса, бірге барып қайтайық деп кетеді де, бар жақсылықты жинап-теріп соған беріп, өзі аңқаусып:

– Молла маған көнбеді, осылай орындады. Келесі жолы жалғыз барамын... – дейді.

– Қынжылыс кездерде еріксіз күлдіріп, қандай ауыр күйзелісің болса да, тез тарқатып жібереді. Бізге қосылғаннан кейін бірер сағаттан кейін-ақ барлық жауынгерлермен сен деп сөйлесіп кетті. Командирі болған соң маған сіз деп сөйлессе де, көзі: «Кел, сен деп сөйлесейік» – деп тұрады.

Таманьды жаудан арылтып болған күні, мен Самедке жақынырақ келіп отырып темекі ұсындым.

– Молла Насреддин «құранға сене бермеңдер – құр қаласың» – деген екен, әкеліңіз, – деп, темекіні орап жатты да:

– Гвардия лейтенанты ортаң Сарталиев, бұл Самед йеткен чудак білейікші деп ойлайды ғой... Солай ма?.. – деді.

– Мен ұсталыңқырап қалып:

– Жоқ, жоқ, Самед-ака... Көп әңгімеңіздің бірін айтқызғым келіп еді... Сонша көп әңгімені қайдан біле бергенсіз?.. – дедім.

– Сталинградта ескі бір досым кездесіп қалып, содан үйреніп едім, – деді Самед.

Иә, Сталинградта болғаныңызды аңғарып едім.

Иә, болдық қой...– дегенде Самедтің қабағына бұлт айналып тұра қалғандай, жаңағы жарқын жүзі көмескіленіп, құлази қалып еді.

Сталинград жайын әлі бір айтқан жоқсыз... Кавказ майданында болсақ та, біз де Сталинград үшін алысып едік, Самед... Ертеден бір бөлімде екенбіз... Айтшы көргендеріңді, – деп, жолдастардың бәрі де Самедті қоршап алды.

Оны сізге бір солдат айтып бере алмайды...– деп бастайды Самед. – Бір солдат түгіл, бір полк та айтып бере алмас... – Тағы да аз кідіріп, ойланыңқырап қалып, содан кейін тоқталмастан сөйлеп кетті:

– Үш ай һәм үш күн мен бір орыннан қозғалмастан тұрдым... Үш ай, үш күн бойында көз жетердегі қираған дүниені түгел көрдім... Кейде мына бір бұта қашан жұлынар екен, ана бір сым қашан үзілер екен дегендей, әр күн айналамды бір түгендеп қоятын едім. Кетіліп құлап, кеміп бара жатқан қаланы көріп тұру оңай да емес, жолдастар... Айтып беру одан да қиын, – деп Самед тағы тоқтап қалды.

– Айт, айт, Самед аға...

– Айт!.. Бір батальон генералдарды жинай алсаңыз, солар ғана түгел айтып бере алар. Мен солдатпын ғой, менің бақ қаным автоматтың қарауылына қонар нәрселер болды. Граната лақтырар кезеңді бақтым. Осы халде көргенімнің өзі де бір солдат айтып бітірер әңгіме емес еді... Үш ай, үш күн ішінде табан аудармаған жерімді ғана айтайын. Өзгесін мыңдаған қалам ғана айта алар, – деп, Самед шылым түтінін кеудесіне қарай қатты бір тартып қойды.

– Қаз-қатар орнатылған бағаналары бар, тұтас шыныдан құйылған терезелері қақпадай дерлік мәңгі тұрарлық көркем бір үйді қорғау бізге жүктелген еді... Мен пулеметімді алып үйдің төбесіне орналасқан күні, денесіне бір сызық түспеген үй еді. Үш күннен кейін үйдің бір қабаты құлап, бұл төрт қабат үй болып қалды. Содан кейін үй ортасынан бір опырылып, екі таудың арасындағы аңғарда қалғандай болдық. Осыдан бастап, үй кетіліп құлай берді де, біріміздi-біріміз кірпіш астынан суырып алып жүріп, орын ауыстыра бердік.

Бір жақ бетіміздегі қала үйлері түгел қирап, жалғыз сау тұрған театр үйінің тасасына түсіп кетті. Күн сайын опырыла түсіп, сағат санап аласара түскен үйдің ең астыңғы қабатына түскенімізде әлі он-ақ күн өткен екен... Әлі сау тұрған бірер қабырға тіп-тік болып аспанға қарап тұр. Сау қалған бағаналар заводтың мойнындай сораяды. Қала қирап құлаған сайын сау қалған қабырғалар мен бағаналар ұзара түскендей көрінеді. Сынған кірпіш төбе-төбе болып үйіліп жатыр. Біз осы үйді қорғадық. Үш ай, үш күн бойы ешкімге бермедік. Әрине, сүйегін бермедік...

Самарқандта болғандарың бар ма? Жоқ па?.. Ақсақ Темір бір жорыққа кеткенде, ең сұлу, ең сүйікті әйелі Биби ханум жиһангердің оралып қайтуына әдемі бір мешіт салдырған ғой... Самарқандтың бар мешіттен асырып, сұлу етіп салдырыпты. Сол мешітке осы күні қарасаңдар, қирап қалғанына жаның ашиды. Заман сұлуды аямапты, әр ғасыр бір сүйкеніп өтіп, ақырында құлатыпты... Ол содан бергі алты ғасырдың ісі! Көз алдымызда күл-талқаны шыққан қала үш-ақ айдың апаты еді. Үш ғасырға тұратын үш бес жылдықта туған көркем қала үш айда талқан болды. Біз қорғаған көркем үй сол Биби ханум мешітін еске түсіретін еді. Қызғылт мрамордан жасалған бағаналар күле қарап тәкаппар тұрғанмен, қалаға тура қарай алмайтындай едік.

Үш айда бір ротадан тоғыз-ақ жауынгер қалдық. Адам кескіні жымиғанда қандай болатынын, қуанғанда қандай болатынын ұмытып та кеттік... Біреуге-

біреу қалжың айтқанда адам даусы қалай шығатынын да ұмыттық!.. Бар өмір, бар дүниеміз, – аңдып отырған алақандай алдың ғана.

Немістер бізге қарсы бір батальон автоматшыларын шабуылға шығарғанда, біз жеті-ақ адам қалып едік. Командир мені жәрдем сұрауға полк штабына жіберді. Арамызда бес-ақ үй, бес-ақ үй емес, бес-ақ қызыл төбе болатын... Ұшқан кірпіш, құлай берген темірлердің арасынан өтіп полк штабына жеткенше жарты сағат өтті. Жәрдем ала алмадым...

– Көрші батальон қысылысқа түсіп қалды. Жәрдем етіңдер! – деген әмір алып қайттым...

Мен қайтып келсем, біздің жауынгерлердің басына ақырзаман орнап қалған екен. Ең соңғы, ең күшті жәрдем өзім ғана екемін... Манағы айтқан ескі досым да осы арада кездесті...

– А, Самед!.. Сен күлуді ұмытқанбысың? –деді.

– Ол немене? – дедім мен аң-таң қалып.

– Ол немене?.. Өлімді жеңер досың емес пе!.. Ұста қолымнан, Самед!.. Жауды міне былай ұрар болар!.. Лақтыр, лақтыр гранатаңды... Автоматыңмен оң жағыңды бір осып қал.... Міне осылай, міне осылай, Самед!.. Қане, қалай шыдар екен көрейік!.. Күл, айғайла, Самед! –деп, Хожа Насреддин біресе гранатасын лақтырып, біресе автоматпен кесіп-кесіп алып, алдымды ашып берді.

Хожа Насреддиннің айғайы мен күлкісінен көп қол келіп қалған екен деп фашист батальоны қашып берді... Сол үшін Хожа Насреддин Ұлы Отан соғысының Бірінші Дәрежелі орденін алды. Маған да сол берілді. Содан бері Хожа екеуміз Һаман қол ұстасып жүреміз. Менің барлық әңгімелерім де соныкі... «Я, ханнан!» Һәм соныкі!..– деп, Самед қуланып күліп қойды.

– Жақсы жауынгер екен молла Насреддин...

– Енді біздің қатарда тұрып соғыссын!..

– Жақсы жауынгердің артығы болмайды, – десіп, бәріміз Самедтің қолын қысып, мойнынан құшақтап қалдық. Екі саусағының барасына қысылған бойы жанып таусылған шылымын Самед енді ғана лақтырып тастады да:

– Бу Алдаркөсе Һәм осында келіш керек... – деді.

Содан бері Самед бізге ең қадірлі аға да болып кетіп еді...

Геленджекке көшеді екеміз деген хабар жарты-ақ сағатта шынға айналды. Таманьның батпағынан аяғымызды сорпылдата суырып әрең құтылып, катер қайыққа бір мініп едік, содан қайтып оралған жоқпыз ол маңға..

Таң жаңа атып келеді. Түннің бар қараңғылығы жар астына жиналып қалғандай, теңіз жағасы тіпті қарауытып кетіпті. Толқынсыз су қорғасындай ауыр сезіледі. Қайықтың екі езуінен есілген су шымырлап қана қайнағандай, сыңқ-сыңқ етеді. Қазір суға күмп беретініңді сезініп, бар денең ширығып, тітіркеніп қояды.

Қайық биік жарлы жағаға жақындап келді де, жамбастай бұрылып, қайта шалқайды. Құшақтасқымыз келгендей құшағымызды аша, тұнжырап жатқан суық суға біз де қойып кеттік. Әлдеқайдан сүңгіп шыға келген көп қайық тыптыныш жатқан теңізді шайқап-шайқап жібергендей сезіледі. Жан-жағымыздың бәрі топырлап суға түсіп жатқан жауынгерлер. Тоғытқан қойдай, бастары ғана

қылтыңдап, жағаға қарай жүзіп барады. Теңіз беті шұбартып кетіпті... Жағаға бұрын шыққан жауынгерлер тас жағаны шаңқ-шаңқ еткізіп атып та жатыр.

Іштей бәсекесі бар Петр мен Володя қатар жүзіп барады. Жүгі ауыр Петрден Володяның әлдеқашан озып кететін жайы болса да, әдейі алыстамай, қатар шыққалы бара жатқанын мен де аңдап келем. Бойлары ұзынырақ Егор мен Самед едәуір жерден-ақ аяқтай бастап еді, «жүзіңдер!» — дедім, әмір үнімен.

Екеуі су бетіне қайтадан созыла құлап, жүзіп кетті... Біз жағаға шығып үлгіргенше жүйткіп есіп қайық та қайта келіп қалды. Сен де асығыс жүзіп көп қайықтың ернеуіне жармасасың... Осылай, үш рет жағаға шығып, үш рет қайыққа міндік... Киім біткен денеге жабысып, темірдей қариды. Сыртың ғана емес, шегің мұздап кеткен сияқты. Көгеріп кеткен еріндер қыбыр-қыбыр етіп орнында тұра алмайды:

— Се-се-сен...

— Ме-ме-мен... — деп сөйлесеміз...

Манағыдай емес, енді жағаға қарай ұмтылғанда Володя шортандай ағып, Петрге қарай алмай, бұрын шығып кетіп жүр. Петр одан бір-екі рет бұрынырақ оқ шығарып еді, енді Володяға ере алмайтынын көріп, ызаланып алыпты. Құлаштай жүземін деп, пилоткадан басқаның бәрін су қылып болған соң, аянбай қимылдап, Володяны қуа жүзеді.

Бәрімізден әлсізірек Сережа теңселіп қалды. Биік жағаға тырбаңдап әрең шығады. Әлі бір оқ атып үлгірген жоқ... Ол бақадай тырмысып биік жардың ортасына жеткенше, қайық келіп қалады да, Сережа артымен сырғып кеп суға құлайды...

Үшінші реттен кейін бір сағат демалыс беріліп, қырға шықтық. Әркім бір жартасты ықтай шешініп, киімдерін бұрап, сығып, кебініп жатыр. Қырауытып, түксиіп тұрған тасты жаға теңізден де суық сияқты. Қызуы жоқ күрең күн көтеріле беріп, қалың бұлттың арасында ықтай қойғандай, қайтып көрінбей кетті.

— Мұхаммед пайғамбарым арақты харам деген... — деп, Самед ақ сауытты аузына апара жатыр. Тістері сауытқа сақ-сақ тиіп, спирт езуінен тамшылап кетті. Болдырған аттай тізесі тізесіне соқтығысып, дірілдеп тұрып Сережа қыр көрсетеді:

— Кешке дейін бәріңмен де теңесем әлі... Етігім үлкен болып, су көп құйылып кетіп жүр... — дейді, лақылдатып етігінің суын төгіп жатып.

Киімімізді бұрап, сығып, қайта киініп алғанмен әлі жылына алмай, бір кішкене алаңды айнала жүгіріп, жер тепкілеп жүрміз... Өзгеміздан гөрі баяуырақ Егор шалбарын енді ғана бұрап жатыр.

— Аямай бұра, Егор, қайтып су өте алмайтын болсын, — дейді оған Самед.

— Ә?..— дейді де Егор шалбарын бұрай береді.

Әбден жылыну үшін ішкі бір отты тұтатып жіберу керек. Ол адамның күлкісі ғой. Самед сол отты тұтатқысы келіп:

Алла тағаланың екі жамағаты болыпты...— дейді. Орысша әдейі бұрып айтқандықтан мұнысы тіпті өрескел шығады:

Ортаңлар, у аллаха, была два жена...

Өрескел басталған әңгіме еріксіз күлдіріп, езу жиғызбайды. Жалаңаш жартастар қосыла сақылдап, жағадағы жанның бәрі бізге қарап қалыпты...

– Немене, нанбайсыңдар ма?..– Самед өзі ғана күлмей тұр.

Әріректе тас шоқының күнгей бетінде отырған үш адам әуелі біздің сақылдап күлгенімізді естіп, бірер қарасып қалған сияқты еді, енді тура осылай қарай келе жатыр.

Аяғын азырақ шалқақ басатын капитан Мирошникті таныдық. Қасындағылары солтүстіктен келгендей қолбаң киінген адамдар.

Киініп, үлгіре алатын жайы жоқ Егорға «жартастың ар жағына тасалан!» деген белгі бердім де өзге жауынгерлеріме:

– Смирно! – дедім. Жүндес саны қарауытып, құйрығы қызарып кеткен Егор жартастың арғы бетіне қарай бүкшеңдеп барады.

Өз тізелерім де біріне-бірі соқтығыса береді. Жақындатсам – бірігіп те тұра алмайды, тиіп-қашып, түртінісіп тұрғылары келетін сияқты... Жауынгерлерім де сымдай ширатылғанмен арттарынан біреу түртіп қап тұрғандай, денелерін тұрақтата алмай тұр.

Қолбаң киген екеудің бірі, жақындай беріп әуелі тоқтаңқырап бір қалып, содан кейін екі иығы жарқ-жұрқ етіп, тезірек басып тура маған қарай тартты. Соғыстың айырмайтыны да жоқ, кездестірмейтіні де жоқ, бұл келе жатқан... Шеген екен! Аспан қыраны, әуенің ақ иығы, подполковник Шеген!..

Алау-жалау ыстық бір леп бүкіл денемді өртей жөнелгендей болды. Көзіме көзі бір ғана түсіп кетіп еді, діріл ұмытылып, басым тәкаппар көтеріліп, екі иығым Кавказға теңдескісі келгендей, сіресіп қалыппын.

Келгендердің ішіндегі ең үлкен офицер сол болғандықтан Шеген:

– Вольно!..– деді. Даусы самолеттің қанатындай жайқай шықты...

Содан соң Шеген Мирошникке бұрылып:

– Жолдас гвардия капитаны, менің інім сіздің қарамағыңызда екен, – деді.

Құшақтаса кету, сүйісу сияқты нәрселер болған жоқ... Біріміздi-біріміз арқаға да қағысқан жоқпыз. Жауынгерше амандастық. Бірімізге-біріміз бір ғана қарадық та, қайсымыздың қалай соғысып жүргенімізді таныдық. Екі жағымыз да риза болғандай, жымидық та қойдық...

Шеген екеуіміздің жолымыз талай тоғысқан екен... Біз жаумен табан тіресіп окопта отырғанда, Шеген төбеміздан талай өтіп, алдыңғы жақты талқандап қайтыпты. Ростов, Кавказ, Кубань, Новороссийск қаласы... Шеген екеуміз бұл жерлердің бәрінде де бірге соғысыппыз. Мен жерде, ол аспанда болғанмен біріміздің көргенімізді біріміз жатқа білетіндей екеміз.

Шеген баяғы бір хаты есіне түсіп кеткендей:

– Бұл соғыста менен гөрі сенің көргенің көбірек болар... Майдан өмірінде жоғары шыққан сайын көретінің де көп бола бермейді екен... – деді.

Мен үндемедім...

– Неге үндемедің?.. Әлде мені баяғы жоғарысынан безе бастапты деп қалдың ба?.. Жоқ, Костя, мен ол жоғарыдан бұл дүниеде безбесем керек, тек соғыс қазанының төменде қаттырақ қайнайтынын айтамын, – деді.

Әңгіме өзінен өзі жылжи отырып, баяғы балалық шаққа барып қалыпты. Бір кезде Шегенге айтуға ұялған балалық шақты екеуміз де сағынып қалсақ керек. Соғыс та, есейгендігіміз де былай қалып, Жайық жағасын кезіп кетіппіз...

— Гурьевке алғаш келген күнің есіңде ме? —деді Шеген. Көз алдына сол жаз түгел елестей қалғандай жүзі жылынып, маңдайына түскен ажымдары таралып, жорғалай жөнелгендей болды.

— Шеген аға, ол менің бар өмірімнің бірінші күні еді ғой. Оның ар жағында да, бер жағында да ұмытқан күндерім толып жатыр. Бірақ тап сол күн түгел есімде, — дедім.

Ол жиырма сегізінші жылдың жазы еді. Одан бері он алты жыл өтіп, қазір қырық төртінші жылдың март айында Қара теңіз жағасында тұрсам да, ескі Гурьев сол күйінде көз алдыма бір келіп кетті. Біріне-бірі сүйеніп тұрғандай, тақай салынған қоңырқай үйлер. Снаряд ойып кеткендей тесіліп, үңірейіп тұрған төбелер. Кейбір үйдің төбелері қайқайып, кейбір төбелер бір жағына қарай еңсеріліп кеткен... Шаң-шұң еткен базар... «Қалтаңа қолыңды салып ақша алып бер деп тұрған дүкенші, үлкен ақ шүберекті менің басыма сілкіп тұрған шашалғыш...

Қала үйлерінің сонша сығылысып тұратыны, қала деген базар шығар деп ойлайтын едім ол кезде. Әрбір сатарман бірін-бірі аңдып отыру үшін біріне-бірі әдейі жақын отыратындай көрінетін. Бытырап жатқан ауылдан келген бала қаланың сонша таршылығына көзі үйрене алмап еді.

Ауыл жарықтық балалары үшін балалар салғандай ғана баспана еді ғой... Қарамұрт сені: бірдеме Ғалиді шақырып кел, деп жұмсайды.

Біздің ауылда бірдеме Ғали көп. Сондықтан сен қайсысың деп сұрайсың... Ол кезде ауылда дімкәр адамдар да көп. Сен:

— Ақсағын ба, соқырын ба? — деп сұрайсың. Қарамұрт саған:

— Пұшығын, — дейді. Әркімнің өз атынан гөрі аурулығы мен дімкәрлығы, жоқшылығы атаққа шығып кеткен. Ұят-ау, жәбірленер-ау, деп ешкім ойламайды да...

Осындай бір белгісін анықтап алып, жүгіре жөнелгеніңде саған бөгет болар да еш нәрсе жоқ. Бір ала төбеттен аттап өттің, бүйірі солып кешке дейін байлаулы жатқан бір бұзаудың үстінен де қарғып кету керек... Әлдекімнің жерменжексен боп жатқан жер үйінің төбесінде ойнап жүрген лақтарға да соға кету керек...

Сондай жер үйлердің бірінде мен де өстім. Неғып басып қалмаған басып қалса, үнің де шықпас еді-ау деген ой кейін балалар үйінде келетін еді.

Сондай үйдің бірінде Шеген де туып-өскен, сондықтан екеуміз бір ауылда туып-өскендей, балалық шақтан еске аларымыз да көп екен. Кейде сондай бірдемелерді еске алудың зияны да жоқ. Өйткені, таң алдындай буалдыр өткенге ілесе, жазғытұрғы науетек дүниедей бүгінгі көркем өмір көз алдыңа келеді.

— Анау милиционер ағай қайда екен осы? Бізді оқысын деп жанын салатын еді байғұс! — деді Шеген.

— Ол сегіз жылдан бері біздің колхоздың председателі!

– Қойшы, ей? Адресін берші маған. Алғыс айтуға қарыздар бір адамымыз сол кісі еді ғой. Тым болмаса, суретімді жіберейін, – деп Шеген қойын дәптерін суырып алды.– Таныса отыр...– деп, маған өзінің әйелі мен екі жасар қызының суретін ұсынды.

– Қызымды ешкімге бермеймін! – дегендей, жас келіншек қызын қатты құшақтап, жан-тәнімен аймалап түсіпті. Келте мұрындау кішкене бала әкесіне тартқан еленде тұрғандай, сергек.

– Айжан сені жақсы біледі... Былтыр барғанда бір ай бойы сөйлегенім сен болдың. Баяғы Бораштың қарындасы... Бораш өзі Алматыда,– деді Шеген.

Тағы да соғыс толқыны бір арнаға бетін бұрып, бәріміздің тоғысар кезіміз жақындағандай сөзіліп кетті.

Шеген қойын дәптеріне менің адресімді де жазып алып, маған ез адресін берді. Кішкене тарақ қағазды төртке бүктеп, мен пилоткамның қайырмасына тықтым. Ең қымбаттымдай мықтап тықтым.

– Енді біріміздi-біріміз жоғалтып алмайық, Костя, – деді Шеген ең жылы үнмен. – Мүмкін Берлинге де бірге кірерміз. Кем болса, он рет суретке түсерміз сонда! Ал, көріскенше!..

– Берлинде ме?

– Неге?.. Барамыз жақын... Мүмкін алдағы бір айқаста бірге аттанармыз! Әуемен баратын болсаңдар, менің де керегім болар, Костя!..

Осыдан біраз күннен кейін біз суға да үйреніп болдық, биік жағаға тез жорғалап шығуға да үйреніп болдық. Сережа да қалыспайтын болды. Самед Қара теңізді мақтап қояды:

– Баламның балаларының да суықтан сүйегі сырқырамас...– дейді.

– Тез киімдеріңді ауыстырыңдар, – деп старшина келіп тұр.

Қару-жарағымызды кеше түгендеп алғамыз... Енді киімді түгел ауыстырып жатқанымызға қарағанда, қайда аттансақ та бес қаруымызды сайлап алып аттанатын сияқтымыз.

– Берлинге жетуге осы ұлтандар да шыдамаса... – деп, Сережа тоңтаңқырап қалды. «Онда соғыстың ұзай түскені», – дегенді әркім өз ойымен қосып жатқан сияқты.

– Берлиннен асып кетуге де шыдар... Бірақ тезірек басарсың аяғыңды... – деп, Самед әлденені аңғартқысы келеді.

– Қайда барар екеміз, қайда аттанар екеміз? – деп ешкім сұрамайды.

– Ал, батырлар, көптен іштерің пысып жүр еді, жүріңдер, – деді капитан Ревякин бізге келіп.

Біз келсек, батальон түгел сапқа тұрып қалған екен. Сапсап соққан толқындары төңкеріліп, Қара теңіз аса бір кәрлі қабақ сездіреді. Кернеген кек, түйілген қабақ болса, тас жағасын тулай тепкілеп жатқан теңіз түсі соған леп қосқандай.

Ревякин жоғарғы бас командованиенің бізге арнап берген бұйрығын оқып тұр. Жаудың табандап бекінген Керчь қаласының желкесінен бүгінгі түні десант түсірілсін делінген.

Қолбасшының артынан ерген әскеріндей болып, қолының арт жағынан біз де қолымызды қойдық.

Біздің дивизияға арнаулы әмір берілуі де, ол әмірге әр солдаттың қолы қойылуы да әдеттен тыс бір айқастың жайын айтып тұрғандай еді.

Майданға ең алғаш аттанар күндегідей күңіреніп ант етіп, түнгі Қара теңіздей түнеріп, сол жерден теңізге қарай жүріп кеттік...

8

Қара теңіз бұрқ-сарқ етіп қайнап жатқандай... Ай сәулесінде ақжалданып төңкерілген жота-жота толқындардың қырқасында катер қайықтар шортандай ғана көрінеді. Езуі көпіріп, долданып алған Қара теңіз, бізді жауға аттандырардан бұрын өзі бір сынап алғысы келгендей, тас жағасына тік шапшып, асаудай тулап жатыр. Қайықтарды сүмендетіп айдап жағаға әкеліп тоса береді де, аяқ сала бергеніңде жұлып үйіріп әрі алып кетеді. Жүздеген катер қайықтар үйір-үйір шортандай жүйткіп жақындап келеді де, қарауытқан биік жағадан үріккендей жөңкіліп кейін қайтады.

Теңіздің өкпек суық дем алысын бақайшағыңа дейін сезініп, бар денең түршігіп қояды. Қазір-ақ үсті-басымыз малмандай болып, жауыраған қойдай бүрсиеміз-ау деген ой барлық қозғалыс қимылыңды тұсай бастапты.

— Әзірлен! — деп, қасымыздан айғай салған капитан Мирошниктің даусы арғы бір белдің астынан шыққандай, құмығып естіледі. Қатты жел айғайды ұйпалақтай қуып, ұйтқытып айдап, жоғары әкетіп бара жатқанын көзіңмен көріп тұрғандай боласың...

«Әзірлен!» деген айғай шыға бастағалы едәуір болып қалды. Солдат манадан әзір тұрса да, теңіздің бір қатты толқындап кеткен шағына кездесіп қап, аттана алмай жатырмыз. Әлдеқайда үдере көшкен жүндес бұлттардың шудасына оралып қалатындай, ай да сүрініп-қабынып әрең жылжып барады...

Мана, кешке жақын Шегенге хат жазып отыр едім, жүзінде аздаған қобалжу бар капитан Ревякин келді. Алдымызда тұрған аттаныс жайлы келген екен. Бұл сапарымыздың қауіпті жақтарын бұрын талай айтса да, әлденені ұмытып кеткендей, тағы келіпті.

— Темекің бар ма?.. — деп менен сұрады да, Ревякин өз қалтасынан темекісін суырып алды... Мұндай мінезі біреуміздің қарабасымызға арнаулы сөзі боп келгенде байқалатын еді. Мен соны күттім. Ол сөзін кейін айтатынын аңғартқысы келгендей, Ревякин темекісін қасына алып қойып, бұрын талай айтқан сөздерінен бастады:

— Жаудың желкесінен түскелі бара жатырсыңдар... Сендер қадалар найзаның ұшысыңдар, сабағы теңіздің осы жағасында болар... — деп, Ревякин біраз кідіріп барып, айтатын сөзі барлығын аңдатып, темекісін орай бастады.

Біз сол найзаның ұшы болғанмен сабағымыздан үзіліп түспеспіз дейміз, — дедім мен әңгіменің аяғына тезірек шыққым келіп.

«Солай деп ойлайсың ба?» деген көзбен Ревякин маған бір қарап қалып:

— Азды-көпті бір уақыттың ішінде байланыс үзіліп қалуы да мүмкін...— деді.

Ревякиннің ендігі көзқарасында «сондай күйге ұзақ шыдай алармысыңдар?» – деген сұрау тұр еді. Мен сонысына жауап бергім келіп:

– Ол ескерген нәрсеміз деп несін айтайық, жолдас капитан... Сынға түсер жалғыз ғана шыдам болса, бұрынды-соңды берілген өнегелер бар ғой... Көреміз де! – дедім. Әлденеге Ревякинмен әдеттегі әскер тілінен басқашарақ бір сарында сөйлескім келіп кетті. Бірақ бұл аттаныс алды еді, капитан ол сарынға баса алмады.

Жауды Қырым өлкесінен біржола айдап шығу үшін әуелі Керчь жағасына тұяқ іліктіру керек. Біз соған аттанғалы жатырмыз. Артқы жақпен байланыс үзілсе ондай күйге шыдай білу үшін жалғыз ғана «жан құрбан» деген жетпейді... Ревякин осыны айтқалы келген сияқты. Қазбалап қадағаласпасақ та, ең соңғы аңғарысқанымыз да осы болып еді...

Біздің бөлімнің мұндай жайларды айтқызбай ұғатынына риза болып, Ревякин:

– Ал, қырандар, оң сапар тілеймін. Әмір – аман көрісу болсын! Енді азырақ үй іштерін еске алайық... – деп, сумкесінен бізге келген хаттарды алып бере бастады.

Тұмарша бүктелген үшбұрыш хаттар ұзақ сапар шегіп келіп, ең жақын адамдарының бір ауыз болса да жан сырын әкеледі. Амандық-саулық тілеумен бірге қажыр-қайрат қосады. Соғыс тұсында қуаныш-күлкісі тасып-төгіліп жатпағанмен елден келген хаттар уайым-қайғы әкелген емес.

Ревякиннің көзі мені де бір жанап өткеннен маған да хат барын түсіндім. Ақботаның хаты екенін де білдім. Өйткені, менің «үйлі-баранды» жайымды Ревякин де біледі. Ақботаның қолын да таниды, «Мынау шешеңнің, мынау әйеліңнен» деп қалжыңдайтыны да бар. Ревякин бұл жолы да сонысын істеді:

– Әйеліңіздің хаты осында қуып жетіпті... Шешеңнің хаты Қырым асып барып жететін болар, – деді.

– Қарағандыда сенің кімің бар еді?.. – деп бір хатты Васяға беріп жатыр...

– Жауаптарыңды бүгін қайтарыңдар. Қазір жазсаңдар тіпті жақсы... – деп, Ревякин кетіп қалды. «Қазір жазсаңдар тіпті жақсы» дегені аттанар уақытымыздың жақын екенін аңғартқаны еді...

Ақботаның хатын ашып қалғанда, аз-ақ жүгіре жөнелмедім...

Хат сол күні жазылып, сол күні менің қолыма тиіпті!.. Олай болса, Ақбота осы маңайда жақын жүргені ғой?.. Айғай салсақ, еститін жерде болғаны да!.. Әлденеге біз бүгін аттанбаспыз, ертеңге дейін Ақботаны тауып та алармын... Кездескен деген осы болар. Осынша жақындасып келіп кездеспейтін біз романдағы емес, өмірдегі адамдармыз ғой деген ой келеді.

Сонда да, әлдеқалай болып кетер деген оймен Ақботаға хат жаздым. «Шеген дейтін ең жақын ағам бар, енді сені біраз күн соған тапсыруға тура келіп тұр— дедім. Мұным, әрине, әлдеқайда аттанғалы жатқанымызды аңғарту еді. Екінші хатты Шегенге жазып, бірінші рет бар сырымды айтып «Ақбөкенді Ақиыққа тапсырдым дедім... Енді біріне-бірінің адресін жазып жіберуім-ақ қалды.

Ақботаның адресін Шегенге жазып болып, енді пилотканың қайырмасында жүрген Шегеннің адресін ашып қалғанымда, дәл алдымнан найзағай жарқ етіп

қалғандай болды... Екеуінің адресі де бір екен!.. Майдан почтасына қойылатын төрт цифрдың төртеуі де бірдей! Тек; цифрдан кейін қойылатын әріп қана басқа – бірінікі «Д», бірінікі «А»...

Соғыс қай бөлімде, дәл қай жерде екенін де айтуға тыйым салып қойған еді. Мен Ақботаға өз жайымды аңғарта жазсам да, Ақбота ол жағына берік болатын. Осы күнге дейін майданда не істеп жүргенін, қай жерде екенін аңғартқан еместі. Енді, міне, дәл аттанарда ғана нақ қасымнан даусын естіп қалғандаймын...

«Жел мен бұлт, дауыл мен боран оқуын оқыған адам әуе әскерлерінің ішінде болатынын бұл күнге дейін ойламаппын да!.. Ол ойыма ерте түссе, Шегенге тапсырар едім де, ендігі кездескен де болар едік...

– Бірінші тоқсанның жоспары жарты ай бұрын жиырма үш процент артығымен орындалыпты! – деді Вася, кенет маған бұрылып...

– Жиырма үш?.. Немене жиырма үш? – дедім мен аңғара алмай қалып.– Қай майданды айтасың?..

– Немене жиырма үш?!.. Сен немене, аспаннан түсіп отырмысың? Аспанға кетіп бара жатқан бетің бе еді? Бірінші тоқсанның жоспары болат та!..

– Бірінші тоқсанның?..

– Иә, бірінші тоқсанның! Екіншіге әлі кірмегенімізді білетін шығарсың... Бүгін марттың жиырма сегізі болар, – деді Вася, маған ұрса сөйлеп.

– Вася, айналайын деп жүрейін, ашығырақ айтшы...

Вася енді тұрып қасыма келіп, аузын құлағыма тосып:

– Қарағанды бірінші тоқсанның жоспарын жарты ай бұрын жиырма үш процент артығымен орындапты. Түсінікті ме? – деді.

– Е, түсіндім, түсіндім... Жеңістерің құтты болсын, баянды болсын, жолдас Қарағандының уәкілі!.. – дедім мен.

Вася шынымен-ақ «рахмет!» деп қалды... Ол өзін майданда жүргенде де Қарағандының адамымын деп есептеп кеткендіктен, менің құттықтауымды қалжыңға санаған жоқ. Қайта, жоспар артығымен орындалыпты дегеніне бірден түсіне қоймағанымa жәбірленіп қалған сияқты...

Менің ойым тап сол сәтте басқа жақта отырғаны да рас еді. Екі-ақ сағат уақыт берілсе, он километрдей ғана жердегі Шегенге барып қайтқым келіп отырғамын... Шегенге емес, Ақботаға, әрине....

Сол екі арада аттаныс белгісі беріліп қалды да, қазір, міне қайық күтіп жағада тұрмыз. Қуанар мен мұңаярдың қайсысына кездесіп қалғанымды өзім ажырата алмаған соң, жолдастарыма айттым:

– Үй іші болып, от басында бір кездесудің орайы келіп-ақ қалған шығар деп ем... – деп бастап, аяқ жағын күмілжіте салдым...

– Қайтесің, шырағым, амал қайсы... – деп Егор күрсініп қойды: – Бәріміздің жайымыз бірдей... Қатын қайда жүргенін кім білсін... Біздің жайды олар да білмейді, – деді, үй іші есіне түсіп кетіп.

– Қайтесің, шырағым, амал қайсы... – деп Егорды мазақтай сөйлеп, Самед бір қалжың айтқалы келеді. – Хожа Насреддин айтқан, – дейді Самед, – қатыны қайда жүргенін біле алмау – еріне ғазап... Бірақ оны алла тағала әдейі жіберетін болса керек...

– Неге, неге, Самед аға?..

– Ерлерінің қайда жүргенін білмеу әйелге азап емес пе екен? Ерлер соны жете түсінсін деп жіберетін көрінеді!.. Старый чорт все понимает деген Хожа Насреддин!.. Кәрі сайтан бәрін біледі! –деді Самед.

– Әзірлен!..– деген Мирошниктің айғайы бізге де беріліп қалды.

Биік толқынның жалына жармасқандай тырмысып, бізге арналған қайық жағаға жақындап келеді.

– Иә, ханнан!..– деп Самед қайыққа секіріп түсті.

– Уух!..– деп,тітіркеніп қалып, Егор секірді. Өзгеміз жеңіл секіріп, қайықтың үстіне дік-дік түсіп жатырмыз. Самед пен Егор, екі үлкеніміз, бізді қағып алардай, құшақтарын ашып оңтайланып тұр... Манадан жаңқадай ойнақтап жүрген қайық, үстіне жиырма кісі мініп алған соң, едәуір салмақтанып, жуасып қалды. Сонда да қайықтың ернеуінен ұстап, әрең отырмыз. Жиырма бірінші болып капитан Мирошник біздің қайыққа мінді.

– Сарталиев, жауынгерлерің түгел мінді ме?

– Түгел, жолдас капитан.

– Зорин, сенің адамдарың ше?

– Түгел.

– Етек таулардай қырқа-қырқа болып, дөңбекшіп жатқан ақжал толқындарды көлденең кесіп, әрең жылжып келеміз. Қайық кейде биік жарға шыққандай тырмысып, кейде құздан құлағандай құлдилап кетеді. Үйіріліп, алай-түлей төңкерілген түнгі судай жүрегің айниды.

– Иә, ханнан... Ліаһаннамға құлап бара жатқандаймын, – дейді Самед. Үнсіз тістеніп, атылып ұшар қаршығадай болып, Петр Ушаков отыр.

– Астым тіпті тұрақтай алар емес... – деп, Сережа жылжып қайықтың түбіне түсіп кетеді де, әркімнен ұстанып, қайта келіп арамызға қыстырылады...

Теңіз беті ойылып кетіп, кейде терең түбі көрініп қалғандай болады. Қара теңіз тасып төгілердей, дөңбекшіп жатыр. Жота-жота толқындар іргесімен қопарыла ырғып жөнелгенде, теңіз сені жұтып қоярдай көрінеді. Биік толқынның қыр арқасына шыққанда артта келе жатқан қайықтарды бір аңдап қаласың да, қырқадан төмен қарай сырғығанда теңіздің дәл түбіне барып соғылардай тұңқиясың.

Биік толқындардың астынан түпсіз бір үңгір көрініп, қап-қара аузын ашып қалғандай сезіледі.

Әуелі бір полк тұтас аттанып едік, жүре-келе жайлау көшіндей керіліп, шашылып, бытырап кеттік. Теңіз алдыңнан ұрып, бүйірден түйгіштеп, бір шоңқайтып, бір тоңқайтып, қатты мазалап келеді. Бізден қалыспай, су сиырдай сумаңдап бір-екі «аңшы» қайықтар ғана келе жатыр. Толқын бізді біресе сумеңдетіп жағаға қарай айдап, біресе тартып теңіздің ортасына қарай әкетеді. Ай сәулесі біресе қырқада, біресе төмен бір жыра түбінен көрінгендей болады.

– Жаһаннам түбі бұдан терең болмайды екен... – дейді Самед.

– Немене, түсіп көргенің бар ма еді?

– Түсіп көргенім жоқ... Хожа Насреддин талай хат жазып еді... Жаһаннамнан қорықпа, онша терең емес екен депті...

Үсті-басымыз малмандай... Иығыңнан асылып қалған суық толқын мойныңнан сорғалап, арқаңмен жылжып астыңа құйылады. Суық бір жылан қыр арқаның қуысымен сүмп етіп астыңа кіріп кеткендей болады. Сығылысып отырысқан тар қайықта қозғалуға да дәрмен жоқ. Айнала қолтықтасып алып, ұшып кетпеудің ғана қамын ойлап отырмыз. Қайықтың ернеуіндегі темір қоршаудан гөрі су суық сезіледі.

Ер қайық таудай толқындарға көлденең асылып, қорықпай ілгері басады. Керчьпен арамызды он сегіз километр деп еді, алыстан орап, «Эльтиген» деген балықшы поселкесіне төніп келеміз. Түнгі сағат бірде, белгілі мерзімде барлық қайық бір рет қанаттасып алып, енді бар күшімен жағаға қарай қатты жосылтып кетті. Толқын артымыздан айдап, әрең-әрең аман қалып келеміз.

Теңіз дем алысы қанша қатты болса да, сақұлақ немістер көп мотордың күжілін естіп қалыпты. Бір сәтте су бетіне мыңдаған ракеталар атылып, жібек қанаттары желбіреп, асылып-асылып тұра қалды. Түпсіз тұңғиықтай қара-қошқылданып жатқан теңіз беті күндізгідей жарқырайды. Оқ су бетін бұршықтай сабалап, шып-шып етеді. Зеңбірек снарядтары суға үсті-үстіне түсіп, аспанға шапшыған судан күміс бағаналар орната бастады. Сап-сап толқындар кеңсірігінен су атып, жөңкіліп келе жатқан кит[15] балығына ұқсап кетеді. Жақынырақ түскен снарядтар қайығымызды қаңбақтай лақтырып, ойға-қырға қуалай бастады... Жағаға жақындаған сайын аспалы шамдай асылып тұрған жарықтар да көбейіп барады.

— Жарықтарды атыңдар! — деді Мирошник.

Қайықтың екі жағына қарама-қарсы отырған жиырма жауынгер салбырап тұрған жарықтарды ата бастадық. Қызылды-жасылды оқтармен от сөндіріп келеміз!..

Жағаға жақындаған сайын қайығымыз көп күміс бағаналардың арасымен жүруге қалды. Бірін тасаланып, біріне сүйеніп өтеді. Қайық тұмсығынан есілген су екі ұртынан салбыраған ақ мұрт сияқтанып, кейде сол бағаналарға оралып қалғандай, жүрісіміз де өнбей келеді. Оқ бірімізді тырнап кетіп, біріміздің бетімізді қарып кетеді, ыстық емес, суық қариды.

Немістердің өздері көтерген оқ бораны өз көздеріне де шымылдық құрып тастаса керек, оқ бораны төпеп тұрғанмен дәлдік жоқ сияқты. Қатар-қатар, жіп-жиі тұрып қалған меруерттей аппақ су бағаналары қалың қырау басқан қалың көрі тоғайға да ұқсап кетеді.

Лек-легімен көтерілген самолеттер біздің арт жағымызға үймелеп жүр. Снаряд оқтары да ортаға қарай ауып барады. Бір кезде жарықтан да құтылып, қою қараңғылыққа кіріп кеттік. Оқ қоршаудан да өтіп кетіппіз. Бірақ айнала қарасақ, жақын маңайда бізден басқа бір қайық жоқ...

— Біз озып, бөлініп кетіппіз... Сапар оңға айналар... — деді Мирошник.

Алдымызда қарауытып теңіз жағасы сезіледі. Артымыз аспанды жарғылап, тілгілеп жатқан найзағай...

— Жараланған ешкім жоқ па? — деді Мирошник.

---

[13]Кит — қазақ мұны кит балық деп кеткенмен, бұл балық емес, баласын сүтімен асырайтын емшекті жануарларға жатады. Ғ.М.

—Жоқ сияқты...

Аздан кейін ұялғандай қысылып сөйлеп:

— Мені аздап жанап өткен сияқты... — деді Сережа.

Сережаның оң қолы жараланыпты. Оң қолының шынтағынан тиген оқ тесіп өтіпті. Ол қазір солдат болса да, күні ертең көркемөнер адамы, суретші еді. Сондықтан оң қолының жаралануы бәрімізге де қатты батты. Сол оң қолы үшін Сережаның екі аяғын бірдей садақа қылуға да әзір едік.

— Аздап қана... — дейді Сережа. — Ештеңе өтетін емес, асып алам ғой мойныма...

— Жоқ, осы қайықпен кейін қайтасың, — деді оған Мирошник.

Қайық жағаға жақындай беріп, әдеті бойынша бұрыла бергенде Мирошник:

— Секіріңдер! — деп әмір етті.

Сережамен қоштаса да алған жоқпыз. Аман қайтып жете алар ма, жоқ па... Қандай күйге түссең де, жолдастарыңмен бірге болуға не жетсін! Жалғыз Петр ғана, Сережаның автоматын алып жатып, су болған мұртын Сережаның алқымына апара жатқанын аңдап қалдым. Өзгеміз ең әрі кеткенде, арқасына қолымызды бір апаруға ғана үлгірдік. Сонымен төрт жылға жақын ойын-күлкі, қайғы-қуанышымыз ортақтасып кеткен бір жолдасымызбен іштей ғана қоштасып, айрылысуға тура келді... Қош, Сережа, қош бол, бауырым!..

Өзі шылқылдап отырған солдат бұл жолы қымсынған да жоқ... Жиырма жігіт жапырлап қарғып түсе қалып едік, терең судың түбіне барып былқ ете түстік... Төбеңнен қорғасындай басқан терең су қозғалтар емес. Володя Толстов екеуміз қатар секіріп едік, теңіздің түбіне де бірге түсіппіз. Ол мені көтеріп жібергісі келеді, мен оны көтеріп жібергім келеді. Қолдарымыз қарманады, қайрат қылар дәрмен жоқ. Ұйықтап жатып бастырлыққандай, дәрменсіз бір ділгір халде қалыппыз... Есте қалған нәрсе, егер менен жолдастық деген не екен деп сұраушы болса — ол, өзі он екі метр тереңнің зілдей басқан ауырдың астында жатып, мені құтқарғысы келген Володя Толстовтың мінезі дер едім.

Бұл хал қас қаққанша өтіп кететін көз ілеспес қана бір кез екен. Шірене толқындаған теңіз екеумізді де жоғары алып шығып, жағаға қарай айдап әкетті. Бастағы пилотка, иықтағы қоржын сияқты жеңілдердің бәрін сыпырып алып, домалатып айдап жағаға лақтырғалы келеді.

Аяғым жерге тие бергенде, арт жақтан соққан тағы бір толқын мені алып ұрды да, сүйреп ортаға қарай қайта әкетті. Екінші бір толқын қағып әкетіп, домалай-домалай жұмырланып қалған жаға тастарының үстіне ырғытып жіберді. Келер толқын етегіме жармасқанша, жан-дәрмен дегенді түгел салып, құрғаққа шықтым. Қара теңіз қапылыста қауып бір қалып, оп-оңай жұта алмаған соң, қайта құсып жағаға лақтырып кетті білем...

Көзімді ашып, алдыңғы жаққа қарасам, екі адам қарауытып тұр екен. Автоматымды алып, оңтайлай бастадым...

— Отставить! — деді ақырын ғана Мирошниктің дауысы...

Теңіз толқынынан әркім өзінше құтылып, толқынмен лықсып кеп жағаға түсіп жатыр. Самед бөренедей серейіп, Володяның үстіне түсіп еді, түскен бойы қолдары Володяның алқымын тауып алып, езіп тастай жаздады.

—

— Бұл өзіміз! — деп, үш рет құлағына айғайлап, әрең айырып алдым.

— Нама боп кетіпті бу? — деп, Самед айран-асыр болып отырып қалды.

Судан кейін шыққан жолдастар бұрын шыққандарды көргенде әртүрлі асығыстық істеді. Бірақ жау қолына түсіп қалдым ба деп «берілем!» деген біреуі болған жоқ... Қойны-қонышы мұздай суға лық толып, местей бүлкілдеп жүріп, жастығын ала өлгілері келіп жүр. Мында бір кездесетін қапылыста келген ауыр сыннан ешкім сүрінбей өтті. Неге екенін түсінер жай жоқ, жиырма жігіт үнсіз бір құшақтасып та қалыппыз. Киімдерден шұрылдап суық су ақса, көзіңнен тамған тамшылар ыстық-ақ еді.

Жау жақ алдымыз биік жарқабақ екен, біз соның тап астынан шығыппыз, теңізге қарасақ, келе жатқан жалғыз қайық жоқ... Жарқырап аққан пулемет оқтары мен ракета жарығының теңіз ортасына қарай ауғанына қарағанда, біздің полк шегініп кеткенге ұқсайды. Жағаға жете алмаса, теңіз бетіндегі айқасқа кіре кетуге бұл полктың әзірлігі де жоқ еді. Ондай дарақы «жан қиярлық» біздің жақтың арманы да емес еді.

Қабақты шолып көрсек екі пулемет теңіз бетін жалқау ғана атқылап отыр. Біздің жайды әлі ешкім білмеген сияқты. Көп қайықтың кейін бұрылғанын көріп отырған немістер, жалғыз-жарым қайық жағаға келуге батылы барар деп ойламаған. Екі пулемет анда-санда бір үн беріп, марғаулана бастапты. Жақын ауылдың иттері таласып жатқанда, тұмсығын бүйірінен көтермей жатып қана, анда-санда бір мыңқ етіп қоятын иттер болушы еді, тап сол сияқты.

— Мынау жаға жұмақ екен... Тек палауы ғана жоқ... — деді Самед.

— Палаусыз-ақ ішеміз де! — деп, әркім сауытын аузына апарып жатыр.

Әлдеқайда оң жағымызда көп зеңбірек барлығы байқалады. Жүн сабалағандай дүркіретіп, жиі-жиі атады. Манағы қарбаласта миномет, пулеметтер қосыла арсылдасып еді, енді сөз құлаштап ұратын зеңбіректерге беріліпті. Бұ да біздің полктың кейін бұрылғанын көрсетеді.

Жар астында бастаса жатып, капитан Мирошниктің ұсынысы бойынша, Керчь жағасында болған бірінші «соғыстық кеңесімізді» өткіздік... Етіктегі су ағып кетсін деп, етпетімізден жатып, аяғымызды көтеріп қойдық.

— Біздің қармақтағы жердің көлденеңі бес метр, — деді Мирошник: — Артымызда теңіз, алдымызда жау — от пен судың арасында деген осы болады. Тұяқ ілектіріпті деген де осы, шегінер жер жоқ деген де осы... Шабуыл жасаймын десең, алдыңда жер жеткілікті... Барлық жағдай шабуылға арналғандай орайласып тұр... Немістер ақымақ емес. Теңіз жағасын қазір түгел оқпен тінтіп, отпен аластап шығады. Оны күтіп отырмай, шабуылға өзіміз көшеміз! Керчь біздің совет жері, иесі келгенін көрсетейік! Шегінетін кезекті жауға ұсынайық...

Мирошник қалжың араластыра сөйлегісі келгендей еді. Мүмкін арт жағымызда шегінерлік жер болса, тап осы күйде шабуыл жасауға бармас та едік. От пен судың арасында қалғанда, біз отқа қарай ұмтылуды қаладық. Аттанарда берген антымызды еске алдық та, шабуыл жасауға байладық. Қолға түссек қайтеміз, құтылғанымыз қайтеміз деген сөздер ауызға да алынған жоқ. Ешкімнің тірідей қолға түспейтінін жаңағы теңіз сынының өзі-ақ көрсетіп еді.

Жиырма жауынгер ешбір қаланы да босата алмайды, түгел бір жарты араладан жауды айдап та шыға алмайды. Бірақ берік бір бекініске табан тіреп алса, арт жақтан келер мол күшке дейін шыдай алады. Ревякин айтқан шыдам да осы сияқтанады. Бұған әрине, бас керек.

Біздің басымыз капитан Мирошник. Талай сыннан сүрінбей өткен сенімді жиырма жауынгер, бастай білсең, едәуір күш. Мұнда біз қыдырып қайтуға келген жоқпыз. Отаның үшін жаныңды қияр жер осы болса, оған біз әлдеқашаннан дайын! Бірақ арзан өлімге дайын біріміз де жоқ. Өлігімізді көрген жау – жаны болаттан жаралған ба! – дейтін болсын... Жоқ, алар мақтауымыз болса, жаудан алу емес, өзіміздің елден алу!

Етіктегі су тіземізге құйылып, тіземізден жерге кетіп, үстіміз де едәуір жеңілденіп қалды. Қара-құралдарымызды сүртіп, тексеріп алдық. Жиырма жауынгер екі топқа бөлініп, сол жақтағы топты капитан Мирошник алды, оң жақтағысын маған тапсырды. Бұл жердің жағдайымен біраз танысқанымыз да бар еді. Мирошник соны қайта бір анықтап бергісі келіп:

– Тым шетірек келіп түспеген болсақ, осы арадан екі километр шамасында «Эльтиген» поселкесі болу керек, – деді.– «Эльтигеннен» атылған оқтай ағып өтуіміз керек!

– Иә, оқтай ағып... – деп, Самед бір қалжың айтқысы келіп барып тоқтады.

– «Эльтигенің» солтүстік бетінде жарты километр жерден биік обақорғандар басталады. Біздің ротаға берілген әмір сол обалардың бірін алу болатын. Әмір сол күйінде қалады. Түсінікті ғой?

– Түсінікті, жолдас капитан.

– Ендеше, түйілер жеріміз де, аларымыз да сол биік қорған-оба болады!

Жиырма жігіт жиырма түрлі ұран шақырып, шабуылға ұмтыламыз:

– Отан үшін! Қырым үшін!..

– Севастопольға дейін! Одессаға дейін! Берлинге дейін!

«Отан үшін!» деген ұранды Мирошник алды да, сол ұран бәрімізге берілген команданың орнына жүретін болды. Ол айғай шықпай, ешкім үн шығармасқа керек.

– Қазақ батальоны, алға!..

– Өзбек батальоны, алға!..

– Украина батальоны, алға! – деген қосымшаларымыз және бар.

Бұл «батальондарымызда» бір-ақ адам барлығы ешқайсымызға күлкі де көрінер емес. Оны өзіміз білеміз, немістер үшін батальон болып көрінбесіне кім кепіл?..

– Үнсіз қозғаламыз... Қашан жауға кездесіп қалғанша сақ қозғалыңдар! – деді Мирошник.

Мен өз тобымды алып оң жақ қанатқа шықтым. Он жігіттің арасы он метрден жүз метр. Мирошник тобымен арамызда елу метрдей ашық аралығымыз тағы бар. Жау оқтары осы ашық аралыққа үймелер деген жорамалымыз болып, әдейі қалдырдық.

Ақырын жылжып біз де қабаққа шықтық, араның ұясы да гүілдеп қоя берді. Арандай оқ, арсылдаған пулемет, байлаулы төбеттей өршеленіп, теңіз жағасы азан-қазан болды. Айқас басталып қалды.

Мирошник «Отан үшін!» дей бергенде, мен де анадан туғалы шыққан ең ұзақ айғайға бастым:

– Қазақ батальоны, алға-а-а!..

«Батальон» командирлерінің бәрі де дуние жүзіндегі ең бір, кәрлі дауыс пен ең кәрлі айғайларға басып келеді.

– Украин батальоны!..

– Өзбек батальоны!..

– Сталинград батальоны!..

Жиырма жігіттің үні қосыла өріліп, жер жара шықты. Оған автоматтарымыз бен қол пулеметтеріміз үн қосқанда, жау түгіл, өзіміз де қайдан көбейіп кеткенбіз деп қалғандаймыз. Үніміз бір полктай шығады, батылдығымыз – артымызда самсаған сары қол бардай көрінеді...

Қараңғыда кездесіп қалған жау окоптарына бірер ғана граната лақтырып, қолма-қолға жоламай, ілгері қарай кете бердік. Неміс әскері оқ боранын біздің айғайдың ең алғаш шыққан жеріне, арт жағымызға төгіп жатыр. Оқты алдымыз бен оң-солымызға кезек төгіп, біз нысанаға алған қорғанға қарай тартып келеміз. Біздің айғайымызды қуалай атып жатқандар да бар...

Бірақ бізді өлімнен құтқарған немістердің өздері болды. Алғашқы қымқуытта қанша жау барын, қай жақта екенін анықтай алмай қалып, неміс әскері автомат дыбысының молырақ шыққан жағына оқ төгіп, бізді емес, өздерін атқылап кетті. Оң жағымыз бен сол жағымыздағы неміс әскерлері өзара атысып қалды. Ол сыр байқалған соң-ақ, жау қолына кездесіп қалғанда болмаса, оқ тізгінін біз де тарта қойдық.

Қара теңіздің жағасы түгел атысқа кірісті...

– Төк оқты!.. Пулемет!.. Миномет!.. – деп, аласұрып жатқан неміс офицерлерінің айғайын естігендейсің. Алақандай жерден басталып, енді күркіреген күндей жайылып бара жатқан атыс шеңбері осыны аңғартады. Әлдеқайдан абайсызда кіріп кеткен жау қолы жалпағынан шабуылға көшіп, тықсырып бара жатқандай, неміс әскері алай-түлей, әбігер болып қалды.

Осы қарбаласта «Эльтигеннен» өтіп кеттік. Алдымызда өркештеніп, қарауытып биік қорған көрінеді. Енді біз айқас шенінен өтіп, саябырға шығып қалыппыз. Қаңғырып жоғары зулаған оқ болмаса, бұл маңайда атып жатқан бір пулемет жоқ, түнеріп, тұнжырап қорған ғана тұр.

Қорғанның төбесіне үнсіз ғана шықтық. Сала-сала болып, тармақтанып жатқан траншеялар, үңірейген окоптар бос жатыр. Кенеттен автомат шаңқылдап қалды.

Самедтың «иә, ханнанына», Васяның «қолыңды көтер!» дегені араласа шықты.

– Хенде хох!..

Енді апанынан ата жөнелген қасқырға ұқсап, әр окоптан сұр киінген неміс солдаты тұра салып қашып барады. Биік төбенің жай төбе емес екендігі де айқындала бастады. Бір топ қорғаушысы бар, ұзақ атыстың бекінісі екен.

Тас пен темірден берік жасалған бекіністе ешкім жоқ. Манағы қарбалас басталған кезде офицерлер айқасты басқаруға кетіп, содан әлі оралмаса керек. Қазір олар жағадағы атыста жүрген болар. Бекіністі қорғауға қалған он шақты солдат автоматтарын бізге қалдырып, бұдан былай «хабарсыз кеткендердің» тізіміне қосылатын болды: бізде тұтқын бағып отыратын жай да жоқ еді...

– Сарталиев, Толстов, бекіністі түгел тексеріп шығыңдар. Шаруашылығымыздың жайы қандай екен біліп отырайық... – деді Мирошник. Өзі бекіністің ішін тексеруге кірісті.

Бұл бір ерекше ыңғайлы жасалған бекініс екен. Биік қорғанның нақ төбесіндегі үлкен бөлме тарам-тарам қазылған ұңғы-жолдар арқылы екі бүйірдегі пулемет ұяларымен қатынаса алады. Төбені айналдыра жасалған автомашиналарға арналған ұялар да солай төбеден етекке дейін бірінен-бірін төмен етіп, қосетектен қазылған үш қатар окоп бар. Бәрі де траншеялармен қатынасатын етіп жасалған. Етектен төбеге қарай үш сала болып өрмелеген жара-траншеялар жатыр. Айнала ататын зеңбірек орны да әзір тұр. Тек зеңбірегі орнатылмапты. Қайда да айқыш-ұйқыш салынған темір, құйылған тас, төбенің астымен қатынасатын жолдар... Қорғанның сыртын тексеріп шығу үшін бір бүйірінен екінші бүйіріне баруға мен үш рет қапитан отырған орталық бекініске соғып өттім. Барлық жолдар осында әкеледі екен. Мен осы жайларды баяндап тұрғанда, Василий Гришин осы бекіністің планын тауып алып, Мирошниктің алдына жайды:

– Планы мынау болу керек... Төбенің биіктігі де көрсетілген...

Бұдан әрі, мен көргендерімді ауызша айтып тұрдым да Мирошник қағаз бетіне қарап тексеріп отырды.

– Бізге болысқан қай құдай десем екен? – дейді Мирошник.

Мынадай бекіністі жиырма жауынгер түгіл бір дивизияға алдырмауға болады ғой! Пулемет екеу дедің бе?

– Ие, екеу... Оқтары да жеткілікті, окоптарына жүз автоматшыны еркін орналастыруға болады.

– Ракеталарын күндіз-түні бірдей атсақ та он күнге жететін! – деп, Самед келді. – Арағы аз, темекісі шөп татиды...

Қорғанды айнала күзетуге алты адам қойып, енді өзімізді түгендесек жеті жауынгер шығынымыз бар екен. Жаудың мықты бір бекінісін қолға түсіру үшін бұл көп шығын емес. Кейде мұндай қимылға жүздеген адам құрбан болады. Жаудың орасына келіп түсіп, бекінісін ала қою деген оңайлықпен орындалмайды. Жаудың өзі жәрдем етпесе, бұл біздің арман етерлік нәрсеміз емес. Бірақ біздің азғана топ үшін жеті жауынгер деген өте ауыр шығын еді. Осы ауырлықтан едәуір уақыт үндеспей қалып едік, Петр кеудесіне орап алған қызыл жалауды жайып жіберіп:

– Орнатайын ба төбеге? – деді капитанға қарап.

Батальон түгел келіп жетер күн болса, жалау орнату менің бөліміме тапсырылып еді де, мен оны Петрға жүктеп ем.

— Тоқтай тұр, сержант Ушаков, — деді Мирошник. — Күте тұрайық... Мүмкін қорған өз қолымызда деп ойлап, біраз мазаламас та...

Капитанның аузы осыны айтқанмен, ойы бұған сене алмай отырғандығы көзінен көрініп тұр. Айнала күзет қойылып, пулеметшілер де ұяларында әзір отыр. Тағы бір жарты сағат, тым болмаса, бес минут тыныштық тілейтініміз де рас... Тыныштық болар деп сенбейтініміз де рас...

Тыныштық минуттары біткенін хабарлағысы келгендей, телефон дір-дір шарылдап қоя берді.

— Гришин, бері кел!.. Сөйлес! Сен обер-ефрейтор Груббесің. Бекіністе ешбір өзгеріс жоқ, бәрі орынша де!..

Вася телефонды қолына алды:

— Алло!.. Тап солай, обер-ефрейтор Груббе... ешбір өзгеріс жоқ... Бәрі де орынша... Тойтарылды, тойтарылды... Даусым?.. Өзімдікі!.. Мен Груббе емеспін бе?.. — Васяның беті сопайып, көзі қыпылықтай бастап, жалғандығын жасыра алмайтын дауыспен, — обер-лейтенант Вайсберг ұйықтап жатыр... — деді.

— Жасқанба!.. Танба! — деп, Мирошник қысады.

Енді Вася өтірікті өршіте алмай, турасынан бір-ақ қайырғалы тұрғанын сезіп, Петя кіжініп тұр.

— Мен Груббе емеспін бе? — деп, Вася қызарып кетті де, — өзің шошқасың!.. Өзің сволочь! — деп, манадан немісше сөйлесіп тұрып, енді аяғын орысшалап жіберді!

— Немене, бүлдіріп тұрғаның! — деп, Мирошник орнынан атып тұрды.

— Бәрібір сенбеді... Орысша боқтайды иттің күшігі! — деп Вася капитанға бір бұрылып қалды да, боқтаған немісте кегі кетіп бара жатқандай, өршелене сөйлеп:

— Мен большевик. Сен иттің күшігі фашист! Тұтқын? Оңай екен!.. Ақымақ өзің!.. Әуелі жақындап көр!.. Арқаның асылып өлерде өзіңе керек болар!..— деді.

— Жә, болар енді, таста!— деді Мирошник күліп.

Вася қатты қызып кетіп:

— Біздің генерал сенің генералыңды... — деп бастап келе жатты де, аяқ жағын айта алмай, телефонды тастай салып, — кешіріңіз, жолдас капитан, — деп теріс айналып кетті. Мирошник қолын сілтей салды да:

— Ушаков, қорғанның төбесіне туды орнат! — деді, — Сарталиев, бірінші түннің күзеті түгел сенің мойныңда! Күштеріңді дұрыстап орналастыр!.

Жап-жарық бекініс тыныш бір бөлмеге ұқсап кетеді. Бұл жаудың жүйке тамырлары ширатылып, оңай үзілуге айналған кезі. Сондықтан болу керек бекініс бір демалатын тыныштық жайы сияқты. Соғысты еске түсірер барлық нәрсенің бетінде перде бар.

Ортадағы дөңгелек столдың үстінде екі топ карта жатыр. Картаның сыртына екі кеуделі әйелдің жарым-жарты жалаңаш суреті салынған. Екі офицер төсегінің айналасына да әртүрлі қалыпта түскен жалаңаш әйелдің суреттері. Осындай тыныштық жағдайда үш жылдай отырған неміс офицерлері әлдеқайда

соғыс барын ұмытып кетсе де, таңданатын еш нәрсе жоқ сияқтанады. Олар Қырымға келіп орнағалы соғыс бұл маңға оралған жоқ. Бірінші рет олардың тиышын алған жаяу әскер біз ғана.

Қорғанның төбесіне шықсам, жағадағы атыс тоқтапты. Айнала тып-тыныш... Ракета жарығы анда-санда бір барып теңіз бетіне түседі. Ерінгендей, есінегендей ұзақ орап. иіліп барып түседі.

Петр қызыл жалауды шаншып, өзі соның тырс-тырс шерткенін тыңдағандай қасында тұр. Ай батқан, жел бәсеңдей бастаған...

Қою қараңғылықтың іші жыбыр-жыбыр қозғалғандай, әлдене түйіліп, түнеріп жақындап келе жатқандай сезіледі. Қызыл ту еш нәрседен бойын жасырғысы келмейтінін аңдатқысы келгендей, керіле желпініп, бүкіл дүниеге қол бұлғағандай болады...

9

Керчьтегі бірінші түніміз майданда сирек кездесетін тыныштықпен өтіп барады. Ең аяғы қаңғырған оқтың сыбысын да естіген жоқпыз. Біздің әлсін-әлсін атып тұрған ракетамызға да ешбір жауап жоқ. Қараңғы түнде қоршауға алынар болсақ, шамасын байқайық деп, түн бойы төбенің айналасын түгел жарықта ұстадық. Мұнымызды ешкім елемейтіндей, жауап қатпай қойды. Алақандай аралда қалғандай, бір уыс совет жауынгері жау ортасындағы жалғыз ғана төбенің басында қалдық.

Жаудың желкесінен көп қолмен келіп түсерміз деген ой орындалмағаны анық. Полк түгел кейін қайтты ма, қанша қайық суға батырылды, біз мұның бірін де білгеміз жоқ.

Таң алдында Қара теңіздің жағасы тұтас дүрлігіп, қызылды-жасылды ракеталармен белгі берісіп, өзара сөйлесе бастады. Әлдекім алыстан көзін қысып, бізді нұсқағандай болады. Жау дүниесі бір байламға келіп, енді соны іске асыруға ым қағысып, әзірленіп жатқан сияқты.

— Сөйлесіп жатыр... — деді Самед, одан өзгеміз көрмей отырғандай.

Самедке ешкім жауап қайырмады. Әркім өз ойымен отыр. Мүмкін ойы тіпті бұл төбеде емес алыстағы елде жүрген шығар... Әркім отырған орнына жабысып қалғандай, қимылсыз, үнсіз отыр. Аттанғаннан бергі шаршағандығымыз енді ғана еске түскендей, жауынгерлер, әлдеқандай ауыр ойға кеткендей, өз ішіне үңіліп кетіпті.

Күні кеше ғана енді осы етіктерімізбен Берлинге жетерміз деп қалжыңдасып едік. Енді, міне, совет дүниесінен тыс, жат дүниенің қараңғылығына көз үйрене алмай, жүдеу отырмыз. Бекіністің ішіндегілер де, сыртындағылар да осы күйде. Жауынгерлер еш нәрсені елемей, ұйықтағысы келгендікті көрсетеді... Айқаста сергек болу үшін ұйықтап алу керек. Екі сағатта бір ауыстырып тұрған күзет кезегіне қазір басқалар барады. Бірақ ешкім ұйықтай алған жоқ. Ұйықтаған боп жатқандар жай жатыр, ойда жатыр...

— Хожа Насреддиннің бір айтқаны бар еді: сен не ойласаң, жауың да осыны ойлайды деп еді... Володька, сен не ойлап отырсың? — деді Самед, мұндай мұңайысты көтермейтін әдетімен.

Ұйықтап жатқанда оятып алсаң да, қалжыңдаса кететін әдетімен:

— Жау бізді торға түскен торғайдай көріп, қазір келіп қалтасына салып алып жүре бермекші... Соны ойлап отырмын, — деді Володя.

— Ай-яй-яй! — деді Самед, басын шайқап. — Жауды еш уақытта өзіңнен гөрі ақмақ санама деген қайда?.. Ақмақ болса, түн бойы неге тырп етпей жатыр? Олар біздің қанша екенімізді біліп алғылары келіп үндемей отыр деп ойламайсың ба?.. Мынау қараңғылықтың іші толған бізге қадалған көз, түрілген құлақ болар...

— Оны сен қорыққаныңнан айтасың, Самед...

— Жоқ, Володька... Келіншек алып, ер балаң болатын болса, менен оған сәлем айтарсың: Хожа Насреддин — жау қорықсын десең, ең әуелі өзің қорықпа, құйрығын қысып алған ит таланбай қалмайды деген...

— Осы біз туралы айтқаны бар ма? — дейді Вася.

Самед мүдірместен:

— Осыны тап бізге айтыпты!.. — дейді.

Егор көптен бері бір түсіне алмай жүргенін анықтап алайын деген пішінмен:

— Сенің қожаң соғыста болған ба өзі, жоқ па? Командир ме бір, комиссар болған ба? — дейді.

— Е-е-й, Егор, Егор...— дейді Самед. — Осы аңқаулықты қоймасаң, екеуміз бір күні күлкі боламыз ғой... Хожа Насреддин әрі солдат, әрі командир болғанын әлі ұққан жоқпысың? Ол мыңдармен жалғыз соғысқан!.. Оны жеңген жау болған емес!..

Бұрын Хожа Насреддинның атын естімеген Егор, оның кім екенін әлі айыра алмай жүр. Өзім қазақ болғанмен Самед айтқан Хожа Насреддинға мен де бірталай таңданып жүрдім. Әуелі Самед ылғи Хожаның өз сөздерін айтатын шығар деп қалып ем, бара-бара өзгере беретінін аңғардым. Талай естіген әңгімелерім Самедтің айтуында мың құбылып, замандардан аттап өтіп, кейде тіпті ұзап алға шығып кетеді. Қытай, Индия, Америка елдеріне барып палау жеп отырып:

— Жолдастар, біздің тәжірибеден мынаны алсаңдаршы!.. — деп аяғын еркін көсіліп қояды...

Шынында, Самед Хожа Насреддинның атын ғана алып, жаңа бейне жасап жүр. Ата-бабалардан келе жатқан Хожа Насреддин да осылай әр ауыздан туып, жасаған сайын өсіп, өзгеріп бізге жеткен болу керек деген ой келеді. Өмірді сүйген шындықты сүйген әр кезде елдің бойын көтеріп, ойын сергітетін данышпан Хожа жасаған сайын жасара да берген сияқтанады. Қазір Самед Хожаны Ұлы Отан соғысына салып, қасынан қалдырмайды. Данышпан күлдіргіш қолынан келген жәрдемін істеп, өз ортамызда жүреді. Самед кейде гранаталарын асынып жатып — мына біреуін Хожа Насреддин үшін тағы алайын...— деп те қояды. Егордың жаңағы сұрауы да осындайдан туып еді.

— Батыр десеңші бір! — дейді Егор, әлі де ажырата алмаған бойы.

— Сен өзің ше?.. Батыр емеспін деп ойлаймысың?

— Мен бе? — дейді Егор, біреу жала жауып отырғандай қысылып, — менің мақтанар түгім болған емес... Жолдастар, сендер көп қалжыңдасасыңдар, ұят болып жүрер, маған ондайды жапсыра көрмеңдерші... Мен қатыным қабағын

түйген күні орманнан қайтқан емеспін... Үй жаққа қарауға батылым да бармайтын еді... – дейді Егор.

– Орманда аю кездесіп қалса?

– Аю деген қауіп емес қой ол... Атып та аласың, алысып та көресің... Бірақ қатынға мұны істей алмайсың ғой!..

Егор Орал тауында орман күзетінде болған адам. Өзге әңгімеге олақтау болғанмен аңшылық жайын айта бастаса, бұл да ақты-қарасын аңдатпай кетеді... Сол әңгімелерінің бірін қозғағысы келіп, Володя оған:

– Аюға жалғыз баратын ба едің? – дейді.

– Жалғыз бармай, қатынымды ала барады ғой деп пе ең?

– Аюдан гөрі әйелің аюырақ көрініп кеткенге айтқаным да...

– Ой, тәңір, ол үйде ғой әшейін... Азырақ ығысыңқырап жүргеніңді әйеліңнің де жақсы көретіні есіңде болсын... – дейді Егор күлімсіреп...

– Е, кезінде көреміз де.

– Аюдың еті қандай, шіркін сүрлеп қойсаң!.. Анау бір шоқтың тұсынан бастап сауырға дейін тұтас ойып алып сүрлеп тастасақ!..

– Соның бір кесегі қазір қолымызға түсер ме еді...

– Хожа Насреддин – қолға түспесті арман етпе деген... Керчьтегі аюлардың еті арам болу керек...

Капитан Мирошниктің бір тапсырғаны азық-түлік қорымыздың жайы еді, мен осы араға соны қыстырып жібердім:

– Таңертең үш жүз грамнан аласыңдар... Қорымыздың жайы осындай ғана... – дедім.

– Үш жүзден алсақ, неше күнге жететін жайы бар екен? – деді Петр Ушаков.

Петя жасырын сырға жататын жайды сұрап отыр. Әскердің азық-түлік қоры қанша екені ешкімге айтылмайтын сыр. Бірақ бұл жауынгерлерден жасыратын сыр болмауға керек. «Ең соңғы оғымыз осы» десең де, одан ешқайсысы үрке қоймайды бұлардың. Мен шындықты жасырғым келмей:

– Екі күнге жетеді, – дедім.

– Онда, екі жүз грамнан ғана беріңдер. Тым болмаса, үш күнге жететін болсын! – деді Петр. Ойланып жасалған ұсыныстай кесіп айтты.

– Тағы екі күнге сауытымыз асырайды. Сонымен бес күн деңіз! – деді Самед.

– Су неше күндік!

– Су одан гөрі азырақ...

– Су жоқ болса, сексеуілді есіңе ал деген Хожа Насреддин... – деді Самед, – Құлазыған құмды далаға өседі, су көрмей өседі, шыдай береді, өсе береді деген!..

Бұған қарасы айтар жауап жоқтай, жауынгерлер мұны да мақұлдап отыр...

Жауынгерлердің ұсынысынан жаңа бір сұрау есіңе түседі. Мұның аты бірер күн болса да ұзағырақ өмір сүру ме, бірер күн болса да ұзағырақ соғысу ма?.. Шынында, мұныңның өзі әшейін сұрау. Шегенше айтсақ, химиялық... Қалай аударсаң да бәрібір, жауынгердің бір күн артық өмір сүруі – тағы бір күн

соғыста болуы деген сөз. Дәл бұл кезде өмір мен айқастың арасында біз үшін айырма да жоқ!

Біз әр кезде солдатпыз. Соғыс бітіп, автомат мойынынан түскеннен кейін де солдатпыз. «Қайрақты» колхозында ерте тұрып, кеш жатып жүрген көрі шешем де солдат, еңбек солдаты. Қазір майданда жүрміз демесек, біз де сол еңбектің солдатымыз. Артық жасайтын әрбір күн бізге сол үшін ғана керек.

Манадан бұйығып отырған жауынгерлерді қорқыныш басып отырған жоқ. Әркім өмірінің алғашқы беттерін ғана ашты. Үлкен бір кітаптың бетін ашты да, сол күйінде тастап, майданға кетті. Майданнан қайтқан соң, сол ашық қалған беттен бастап қайта оқу керек. Кітап аты «Жас өмір» болған соң, оның қызық-қуанышы түгел алдымызда – елде, күтіп жатыр...

Таң ата өзіміздің қайда келіп шыққанымыз да айқындалды. Бір замандарда теңізді жағалай қатар-қатар салынған қорғандар қазір биік-биік оба-төбе болып қалыпты. Соның орта тұсындағы біріне келіп біз бекініппіз. Қанаттаса тұрған қорғандардың бәрі де бекініс екені айқын тұр. Бірақ біздікі ең биігі сияқты.

Түнде біз бұл төбеге дейін ұзақ жүгіріп келген тәрізді едік, енді абайласақ, дәл төтесінен теңізге дейін бір километрдей-ақ екен. Қорғандардың арасы бұдан көп алыс.

– Теңіз бетінде бір қайық жоқ... – деді Петр, төбеде тұрып қарап. Осы қорғандардан теңізге дейін алма бағы болғандығы байқалады. Немістер оны кестіріп, өртетіп жіберген. Отырған қара қарғадай ғана болып, алма ағаштарының сирек-сирек түбірлері көрінеді. Сұрғылттанып жатқан топырақтың бетіне дүние жаралғалы бір қылтанақ шықпағандай жап-жалаңаш.

– Жау жайлағандай деген осы, а? – деп, Самед бір күрсініп қалды. Солтүстік жағымызда күңгірт жарқырап бір тұзды көл жатыр.

Шығыс жағымызда көк түтінге оранып, бұлдырап Керчь қаласы көрінеді. Бар дүние жансыз да, ажарсыз. Күнгей беттерге тебіндей бастаған мысықтың мұртындай сирек тықыр көгалдар көзіңді еріксіз өзіне тартады. Гитлер біздің жерді түгел бір өлі далаға айналдырам дегенмен тақыр көгалдар жаз шыға келе көк майсаға айналам деп жымың қаққандай болады.

Ілезде біздің қорғанды жау солдаттары қоршап алды. Қорғанның түс-тұсына топ-топ жаяу әскерлер келді де, бізде жұмысы жоқтай-ақ, ойнауға кірісті.

– Майдан үстінде, жауының иек астында отырып, әскерін ойнатып жүргендерін! – деп Егор таңданып отыр.

Айналаны дүрбімен бақылап тұрған Мирошник:

– Сендер бізге қауіп емессіңдер дегілері келеді, – деді.– Түндегі көп «батальондарыңның» сыры ашылды, бізді көр де, өзіңе қара демек қой...

Петр үн-түн жоқ пулеметінің аузын жау жаққа бұрып, сығалап-сығалап қояды. Жаудың осынша жақындағанын көріп отырып, оны ата бастамау – біздің әдетімізде болған емес-ті. Сондықтан бекіністің атыс саңылауларына қатарласа тұра қалып, барлық жауынгер: «От!»деген әмірді күтіп тұр.

Мирошник көзін дүрбіден алмастан ақырын ғана:

– Отставить! Олар әуелі біз оқ шығарып, қарасын көрсетсін деп тұр. Шама келгенше қанша екендігімізді аңғартпауымыз керек. Түсінікті ме? – деді.

Қорғаннан екі жүз метрдей жерден айнала жасалған окоптар басталады екен. Бір емес, екі қатар. Қазір сол окоптарға жау әскерлері үймелесіп орнап жатыр. Біз болсақ оқ шығармауымыз керек...

Капитан айналаны бақылап тұрып, басын шайқап қалды. Дүрбінің көзге дәлдейтін винті бір ілгері, бір кейін тым тез айнала бастады.

– Бұл не? Бұл немене? – деп, дүрбісін қорғаннан қорғанға жүгірте тұрып:

– Ана қорғандардың төбесіне қарашы!– деді Мирошник.

Біздің екі жағымыздағы алты төбенің басына да қызыл тулар орнатылып қалған екен!.. Әуелі жүрегім жылынып кеткендей болды. Түндегі дүрбелеңде бізден басқа да бірнеше бөлімдер жағаға аман шығып, бекініп алған екен деп қалдым.

– Андрей Денисович, барлық төбе біздің қолда екен! – дедім.

– Әрине, солай болу керек! – десіп жауынгерлердің бәрі де саңылау біткенге қайта ұмтылды. Енді «Ура!» деп қалуға жақын тұрмыз...

Капитан үндеген жоқ. Етсіз, ұзын саусақтары дүрбінің винтін қатты қысып алып, бұрап тұрғандықтан тырнақтары қызарып кетіпті.

– Алдау! – деді капитан бір кезде. – Мына төбелердің бәрі біздің қолда болса, жау әскерінің мінезі осындай болатын ба еді! Алдау!..

– Онда қызыл туды жау әскерінің өзі көтерген бола ма? – дедім мен әлі де өз ойлағанымнан айрыла алмай.

– Өздері, әрине... Арт жақтан келер ауыр қол біздің қай төбеде екенімізді айыра алмасын дегені.

– Мүмкін қызыл туға көзіміз үйрене берсін дейтін шығар... Хожа Насреддин айтқан – бұл туға қай халықтың көзі ертерек үйренген болса, солғұрлым өзіне жақсы болар деген... – деп, Самед көңілімізді көтергісі келеді.

– Бақылай беріңдер, бәрін де бақылаңдар!..

Күн найза бойы көтеріле бергенде жау жағында бір дүбіліс басталды... Біздің «Күміс қаршыға» – барлаушы самолет келе жатыр екен. Аспандағыны ататын зеңбіректер бүкіл Керчьті дір сілкіндіріп, жалғыз самолетті атқылай бастады.

– Біздің «Күміс қаршыға!» Ер қаршыға! Сұңқар! – деседі біздің жауынгерлер қуанып.

Түтілген ақ мақтадай құшақ-құшақ ақ түтіндер аспанды жауып кетті. Кейде ақ мақта тұтанып кеткендей болады. «Көк қаршыға» құлдырап ағып, құлдилап төмен түсіп, әр төбенің басына бір төніп, теңізге қарай сып ете түсті. Енді жоғары көтерілмей, жер бауырлай зытып барады.

– Қырық үш – он екі! – деді Вася Гришин самолеттің номерін танып қалып. Көптен көрмеген танысына кездескендей аузын ашқан бойы әлі тұр. Жауынгерлердің бәрі де жау ортасында жалғыз қалмағандарын тағы бір сезініп, қуанып кетті.

Самолет қайта оралып, барлық қорғандардың үстімен тағы бір өтті.

– Қайдасыңдар?– деген айғайын естігендей боласың.

– Қорғанның ұшар биік төбесіне бір белгі салыңдар! – деді Мирошник.

Барлық қорғанның төбесінде де қызыл ту тұрған соң, барлаушы біздің қай төбеде екенімізді айыра алмай жүр. Бірақ сол қызыл тулардың жайдан-жай

көтерілмегенін ұққан да сияқты. Анықтап алмай кетпейтіндей, әлсін-әлсін айналып соғады.

Володя мен Петя барлық ақ шүберектен құрастырып, қорғанның ұшар басына біздің дивизияның номерін салып келді. Немістер оны істей алмайтын еді, әрине. «Көк қаршыға» тағы бір оралғанда «ұқтым!» дегендей қанатын бір ғана қалт еткізіп қалып, шығысқа қарай жөнеп берді.

— Көрдім деді!..

— Амансыңдар ма деді!..

— Қорықпаңдар деді! — десіп, қанатының бір ғана қалт етіп қалғанынан мың түрлі мағына тауып біз қалдық...

Самолет, әрине, біз ойлағанның бәрін де айтты... Керек болса, біздің ойдан әрірек жатқан талайды айтқысы келуі де мүмкін. Оны сөзбен айтып жеткізуге болмайды да. Оны түгел түсіну үшін жаудың ашса алақанында, жұмса жұдырығында тұрғандай хал керек. Біз дәл сол халде едік...

— Енді орнымыз анықталды. Байланыс жалғанды! — деді капитан Мирошник.

Түске тармаса, түп ізі қала жақтан шығып бізге қарай бір танк келе жатты. Төбесінде «ақ ниеттің» белгісі — ақ жалау бар.

«Жолбарыс!» — деді Володя. — Атақтылары!..

— Жолбарыс емес, біздің отыз төрттің көшірмесі, ұрлап алған. Көрдің қой кездесіп, түк те жолбарыс емес! — деп, Петр ызалы жауап қайырды оған.

Фашист қауымының «ақ ниет» дегені не болып шығатынын біздің естігеніміз болмаса, көріп тұрғанымыз осы еді.

— Елшілікке келе жатыр ғой... Амал қайсы, қабылдаймыз да... — деді Мирошник. — Гришин әзірлен!

Вася жағасын түзеп, сұр көйлектің арт жағын басып қойып, белбеуін сірестіре тартып қойды. Аман қалған жалғыз бас киім Володянікі екен, соны киіп алып, айнаға қарап, иегін сипайды. Жирен сақалы тебендеп қалыпты.

— Кеше қырынып алмаған екенсің... Елшілікке жүретін адамдардың сорты қандай болатынын әлі біле алмай жүрмісің!..— деп, Володя қалжыңдап тұр.

«Жолбарыс» жақындап қалғанда, капитан Мирошник қасына Васяны алып, бекіністен бес метр төменірек салынған окопқа түсті. Өзгеміз әрнеден сақтанып, қару-құралдарымызды әзірлеп, тасада қалдық. Танкі етекке тіреле көлденеңдеп тоқтады.

— Гранаталарды әзірле! — дедім мен.

— Мен осы «елшінің» өзін қарауылға қондырып ұстаймын, — деді Володя.

Танкінің темір қақпағы ашылып, қара шұбар жыланның басындай жарқырай шұбартып фашист офицерінің басы көрінді. Мен әуелі Ростовта өзімді атып қалатын офицердің басы екен деп қалып ем. Жоқ, ол емес, бұл басқа жылан екен. Жылан кәдуілгідей жымиып, бізді құрметпен қуттықтағысы келген ишараттар көрсетеді.

Аласа бойлы, бұғағы салбыраған семіз офицер Керчьте көптен бері жаны тыныш отырған адам сияқты. Денесі қозғалып қалса-ақ болғаны, о жер, бұ жерінен бұлтиып, білеуленіп біліне қалған семіздің көптен бері тегін бір

шүйгінде жүргенін көрсетеді. Май басқан денесі босаң, қимыл-қозғалыстары жұмсақ қана...

Үш жыл бойы қазына қаймағының басында тұрған қатындай екен! – деді Петр, күтпеген жерден дәл теңеп.

Неміс командованиесімен сөйлеске шақырады, – деді Гришин «елшінің» сөзін капитанымызға жеткізіп.

Өзінің не айтқанын біз де түгел естісін деген ашық үнмен капитан Сережаға:

– Жолдас сержант, біздің үкімет фашист Германиясымен бітім жайын сөйлесуді бізге тапсырған жоқ деңіз... – деді.

Мирошниктің сөзі ұнап-ақ кеткендей, неміс офицері алақан шапалақтағандай ишарат жасап, – орыс офицері, ерлігіңе болайын! – дегендей бірдеме айтып жатыр. Әлденені ұзақ сөйлеп, дәмдеп жеткізгісі келетіні байқалады:

– Достарым-ау, дәм айдап келе қалған екенсіңдер, құшағымыз ашық... Төрге шығыңдар!...– деп тұрған сияқты...

Вася оның айтқанының бәрін үш ауыз сөзбен қысқа ғана аударып:

– Тұтқынға түсуге кеңес етеді, ит! – деді.– Бәрібір тұтқынсыңдар, соны түсінгендерің дұрыс қой дейді...

– Берлин деп немене айтып тұр?

– Берлинге самолетпен апарамыз... Құрметті қонақ боласыңдар дейді...

– Берлинге өзіміз де келеміз... Көп күттірмеспіз деп айтады де!

Вася капитанның соңғы айтқанын ерекше бір өр кеуделікпен аударды. Сірә, өзінен де бірдемелер қосты білем, шұбалтыңқырап кетті. Енді фашист офицерінің жүзі өзгеріп барады. Жымиюдың орнына өкініш белгілері біліне бастапты... Біз оның сый-құрметін аяққа басып тұрған сияқтанамыз...

– Біз сіздерге бұл дүниедегі ең қымбатты ұсынамыз!.. – дейді «елші». – Ол адамның өмірі ғой! Өмірі!.. Өмірлеріңіз аман қалады. Сіздерге ол қымбат емес пе? Қымбат!..

Елшілік енді әзілге айналып бара жатқандай, Вася «елшінің» кейбір сөзін қылжақ араластыра аударып тұр.

– Өмір қымбат болғандықтан да біз тұтқынға түсе алмаймыз, – деді капитан, – ұзамай біз Германияға өзіміз келеміз... Өмірдің қандай қымбат екенін сонда бізден түсінетін боласыңдар!.. Сталинградта болмағансыз ғой, сірә...

«Елшінің» өңі қуаң тартып, даусына кіре қалған кекті дірілге әрең ие болып тұр. Білегіндегі сағатын көзіне жақындатып, әлде құдіретін аңғартқысы келіп:

– Әлі де бір сағат уақыт беріледі. Бір сағат ойланыңыздар! – деді.

– Біз мұнда бір сағатқа келгеніміз жоқ! – деп, капитан Мирошник ызаланып, кеудесін окоптан тым жоғары көтеріп алды. – Бұл жердің иесі біз боламыз! Төбесіне туымыз тігілген биік қорған мәңгі-бақи босатылды сендерден. Ұзамай совет жері түгел босайды! Басқа сөз жоқ бізде! – деп айғайлап та жіберді.

Жау офицері темір апанына түсе беріп, әлдеқайда қолын бір сілтеп қалғанын бәріміз де аңдап қалдық. Аңдамаған жалғыз капитан Мирошник сияқтанады. Танкінің қақпағы да жабылды, бірнеше автоматтан қатар төгілген оқ капитан Мирошник тұрған жерге бұршақтай үймелеп, борап кетті.

Капитан теңселіп барып құлап түсті...

– От!.. – дедім жауынгерлерге.

Петр танкіге гранатасын ұрып жіберді. Толстовтың оғы танкінің жабылып кеткен қақпағына қадалып жатыр. Қарасы алдымыздағы окоптармен еріксіз атысқа кірісіп кеттік...

– Танкіні құртыңдар!.. –дедім, ешкімге туралап айтылмаған әмір беріп. Ендігі әмір ететін адам мен болып қалғанымды да түсіндім. Мұным бір қуаныш та емес, құмарлық та емес, еріксіз алуға тура келген жауаптылық еді.

Менің соңғы әміріммен жауынгерлердің бәрі де танкіге қарай ұмтылды. Траншеялармен еңкейе жүгіріп, төмен қарай кетіп барады.

– Отставить!.. Бәріңе не бар? – дедім, әмір шеңберінен шығыңқырап кетіп.

– Мен! Мен барайын! – деді Петр.

– Бар.

Күйінішті Петр жыралармен жүгірген жоқ, жоғарғы окоптан қарғып кетіп, қорғанның етегіндегі ескі орға барып түсті. Тайыздап қалған ескі орда бойтаса жасарлық сирек-сирек шыралжың қарауытқан бірер түп құрай, селдір шыққан «кәріқыз» ғана бар. Танкі күжілдеп жөнелгелі тұр. Жабық танкіге қылар айласы болмай, бергі бүйірінде ғана бұлығып, долданып Петр жүр. Ар жағынан атқандардан Петрді танкінің өзі қорғап тұр. Бірақ қазір лақтыра қалса, өз гранатасының жарықшақ-жаңқаларынан Петрді сақтап қалар түк қорғаныш жоқ.

– Күте тұр! – дедім жоғарыдан.

Танкінің темір табаны жыбыр-жыбыр етіп қозғала бергенде, бір байлам гранатасын қарш еткізіп соғып жіберді де, Петр ескі орға құлай кетті. Танкі бір алға, бір артқа арындап барып тоқтап қалды. Бірақ өртенген жоқ. Петр ызамен атып тұрып, танкіні жұдырығымен төмпештеп жатыр:

– Шық! Шық, фашист! Бәрібір сені аман жібермеймін!..– дейді.

– Петя, жат! – дедім жоғарыдан.

Қанша ызалы болса да соғыстың әмірді екі айтқызбайтын Петр құрайдың арасына етпетінен құлай кетті. Арқасы бүлкілдеп, ашудан жылап жіберген сияқтанады.

Танкінің темір қақпағы көтеріле бастаса-ақ, саңылау байқалған жеріне оқ төгіп, Володя қақпақты әлі аштырмай отыр. Басқа жауынгерлер арғы окоптармен атысып жатыр...

Капитан Мирошникті ортадағы бекініске әкеліп салып едік. Қазір қиналып дем алып, ауырлай бастады. Дәл кеудесінен көлденең кесе тиген бірнеше оқ, үміт етер ешнәрсе қалдырмаған сияқты. Тек жүрегі аман қалғандықтан ғана арпалысып жатыр. Дем алысына сырыл кіре бастады.

– Капитан!.. Андрей Денисович! – дедім, қасына келіп.

Одан арғы сөздерім айтылар емес, көмейіме көлденең тұрып қалғандай кептеліп тұр.

Капитан үлкен қара көздерін әрең деп бұрып әкеп маған бір қарады да, еш нәрсе айта алған жоқ. Көзі еріксіз жұмылып кетті де, қабағын бір ғана шытынып, тынып қалды. Бұдан былай, аса бір үлкен жүректі, бар болашағы әлі алда

тұрған өжет командирдің артынан біржола жабылған қақпадай, ең ауыр сөз — «марқұм» қосылатын болды...

— Келе жатыр... — деді Самед ақырын ғана. Өлік үстінде қатты сөйлемейін деп барынша ақырын айтқанмен көзқарасы айғай салып тұрғандай.

Тұс-тұсынан оқ төгіп, қорғанға қарай жау автоматтылары жақындап келеді. Алақаныңдай алдыңда ғана жүгіріп келе жатқан әскердің бірталайын-ақ қырып тастауға болатын. Бірақ біз барлық күшіміздің қанша екенін аңдатып алмауымыз керек. Жаудың он үш мыңын қырғанша, өзіміздің он үш жауынгерді аман сақтап, арттан келер мол күшті тосуым керек. Оның үстіне, әрі де, бері де кете алмай, танкінің тасасында Петр жатыр. Шабуыл беті кейін бұрылғанша, ол басын көтере алмайды.

Үш қол пулеметіміздің аузын қарсы алдымызға қараттым да, жақындағанша атпаңдар деп бұйырдым. Әшейінде айтылатын «бір оқ босқа кетпесін» дейтініміз біздің қазіргі жағдайымызда ысыраппен бірдей десең де болатын. Енді одан гөрі де қысаңырақ шек қойылуға тиісті сияқтанады. Адам да аз, оқ та аз...

Бекіністің бақылауға арналған саңылауларынан сығалап тұрып, әрбір жауынгерім жау қолының жақындап қалғанын айтады:

— Батыс жағымыздан шабуыл жақындап қалды!..

— Көріп отырмын...

— Солтүстіктен таянып қалды...

— Көріп отырмын.

— Шығыстан келіп қалды!

— Көріп отырмын!

Мен көріп отырсам болатындай-ақ, одан арғы қауіпті ешкім айтпай тоқталады... Самед пен Володя қозғала алмай қалған танкінің алдыңғы жағынан отыз метр жерді қарауылға алып отыр. Менің өз қолымда да пулемет. Ұяларында құрулы қалған жаудың екі пулеметі де түнеріп төмен қарап тұр.

— Оң жақтан...

— Көріп отырмын. Қозғалма!

— Сол жақтан...

— Көріп отырмын. Орныңда бол!

Көріп отырмынды айтқан сайын аяғына таяқтай-таяқтай леп белгісін қойып айта бастаппын... Таяқтарым бірінен-бірі үлкен, енді өз көзіме де елестей бастаған сияқты.

Көріп отырмын дерлік мен кіммін? Қандай майданды басқарып келіп ем!.. Бір топ ержүрек жастардың өмірін босқа бермеуге әл-дәрменім жетер ме, жоқ па?.. Төбесінде туымыз тұрған биік қорғанды неше күн ұстап тұра алармыз...

Көз алдыңа буырқанып-бұрсанып жатқан теңіздің ортасындағы биік жартас келеді. Ұлы теңеу бап бейнесімен елестейді. Ойық өзіміздің қорғанды да сол биікке теңейді. Қорғарың да сол биік жартас сияқтанады. Бағымыз емес пе, біз сол тәкаппар қияны қорғап тұрмыз.

Капитан Мирошник жау офицеріне бұл қорғанды біз біржола босаттық, енді үміт етпеңдер деген еді. Капитаным айтқан сөзге мен мұрагер болып қалдым. Орындай біл, шыдай біл, Сарталиев жолдас!..

Буырқанған долы теңіз езуінен қанды көбігін атып, жартасты сабалағалы келеді. Жау автоматшылары оқ боратып, тым таяу келіп қалыпты...

— От!.. От-т-т!..

Дыбыссыз «т» әрпінің өзі бір көш жерге созылғандай шықты. Пулеметтерім аздығына қарамай, өжет өршеленіп, көсіп-көсіп алды. Қарсы алдына нысанаға тіккендей етіп қойып атқандықтан жау қолының қырылысы да көп, беті де тез қайта қалды. Көп боп көрінейік деп, бес пулеметті бір бетке ғана салып ем, оным дұрыс болып шыққан сияқты. Жау ортасы ойылып, оңай абыржып қалды.

— От!.. Қарауылға дәл қондыр! Қыр, иттің күшіктерін!..

Дүниеде бұл сияқты команда жоғын жақсы білсем де, бара-тұра ондайлар да қосылып кетіп жатыр. Текке де кетіп жатқан жоқ, бірдемеге жарап кетіп жатыр...

Жау автоматшыларының ең алғаш беті бұрылып қалған бір шақта Петр жүгіріп өзімізге қосылды.

— Мұндай қалаған жерің өмірде бір-ақ кездесер, Костя!.. Жау ойланып қалды! Інге кіріп кетті!.. Ұр! —дейді Петр.

Бақылауға пулеметтерді ғана қалдырып, өзге жауынгерлерді Керчьте болған екінші «соғыс кеңесіне» шақырдым.

— Автоматтар жалғыз-жалғыз оқпен ғана ататын болсын. Көздемей ату қойылсын! — деген бірінші ұсынысты Володя жасады.

Біз мұнда көп оқ әкеле алған жоқпыз да. Осы күнгі пулемет, автомат дегендер оқты бұршақтай төгеді. Ондайға шыдар оқ қоры бізде жоқ. Қорғанды алғанда қолға түскен жаудың екі пулеметінде де оқ қоры шамалы еді. Ең мол нәрсе — ракета ғана... Ол торғайды қорқытудан басқаға жарамайды. Сондықтан Володяның ұсынысы даусыз қабылданды.

— Пулеметтер жау кеудесіне тұмсығын тіреп отырып, иек артпадан ғана атсын. Қасыма келіп қалды деп қауып төнер емеспіз. Бекініс мықты. Хожа Насреддиннің өзі салып кеткен бекінісіндей... — деп Самед отыр.

— Солтүстік жақтан жауды граната лақтыратын жерге дейін жақындатуға болады. Қорғанның ол жағы тіктеу, траншеялар жабық. Сол бетті маған бер! — деп, Петр солтүстік майданға сұранды...

Екінші «соғыс кеңесінің» негізгі қабылдағандары да осылар еді. Он үш-ақ жауынгер болсақ та, мұнда да «майданды» әртүрлі «бағытқа» бөлдік: солтүстік, оңтүстік, батыс және шығыс... Әрбір «бағытта» үш-төрт қана жауынгер бар. Орталықтағы үлкен бекіністе, әр майданның тізгінін түгел бір қолға ұстап мен отырмақшымын... Бір қолым телефонда, бір қолым пулеметте болмақ. Бекініс — төбенің барлық түкпірін байланыстырып қойған неміс телефоны, «орталықты» станциясыз-ақ сақылдатып тұр. Сырт жақтың жалпы бақылауы екінші бөлімнің командирі Зориннің қолында...

Алғашқы бір шошынып тайқып түскеннен кейін жаудың әскері қайта қыса бастады. Шығыны қанша көп болса да, бізді құртпай тынатын емес, азғана күшімізді еріксіз төртке бөлдіріп, қысып келеді.

— Маңдайдан аққан терің бақайыңнан тамшылап тұрмаса, онда сен әлі қызбағаның деген Хожа Насреддин... — дейді Самед,— Терлемей істеген іс — іс емес!..

Солтүстік жақтан жау қорғанға өрмелей бастады. Жалаңаш арқаңда қоңыз өрмелеп келе жатқандай сезілді. Терең траншеяның түбінде жатып Петр маған телефон арқылы:

– Шыдай тұрыңыз, жолдас командир, саспаңыз... Қазір, қазір... Гранатам біреуінің маңдайына соғылып жарылатын кезде лақтырам. Бұл бетке мен жауаптымын! – дейді.

Жауынгерлердің бәрі де қысылшаңда туатын нар тәуекелге бел байлап, қауіп дегенді ұмытып кеткендей. Қайта, орталық бекіністе отырған маған дем бере сөйлейді. Мен әр автоматтан артығырақ кеткен оқты санап отырмын... Басқаңмен бірге сараң да бола білу керек болып қалды.

«Шығыс бағыттағы» Володя телефонмен айғайлап жіберді:

– Келіп қалды, келіп қалды, жолдас командир! – деп екі қайырып, – біздің самолеттер! – дегенді артынан қосты. Маған «келіп қалдымен» «біздің самолеттер» дегеннің арасында бір шошынып, бір қуанып үлгіретін көп уақыт өткендей көрінді.

Әуелі аспан ақырын шымырлап қайнай бастағандай болып, лезде құйын келе жатқандай гүілдеп кетті. Жарқылдап аққан найзагер ұшқыр самолеттердің ортасында бір тізбек ауыр самолеттер келе жатыр. Жерден тырнадай өре көтеріліп, жау самолеттері де қарасы ұмтылып барады. Екі жақтың ұшқыр самолеттері шығыс жағымызда кездесіп қалып, атысқа кірісті. Кейде «қап!..» деп қаласың да, кейде қуанып айғайың да шығып кетеді.

Бұл кезде дәл Керчьте немістің баяғы күші болмаса керек. Аспандағы айқас әуелі солтүстікке қарай ойысып еді, ұзамай батысқа қарай ауып кетті.

– Есіңде ме, Костя? Қырық бірінші жылы жаудың «қоңыр аласы» қандай өжет түйілуші еді! Енді жөндеп айқасуға да шыдамауға айналыпты! – дейді Володя көзін аспаннан алмай.

Біздің ауыр самолеттер еңкейіп келіп, төбенің айналасын төмпештей бастады. Окоптар аударылып қалып, аяқ-қолы сереңдеп ұшқан денелер көрінеді. Бомба гүрсіліне үн қоса Петр да гранаталарын қыза лақтырып жатыр. «Сәлем!» дегенді айтқым келіп, аспанға қызылды-жасылды ракета атқыздым. Бізге шұғыл төніп қалған қауіп-қатер де біржола ауып кеткендей, айналамыз жым болыпты...

Ауыр самолеттер төбемізге қайта айналып келіп «жау қайдалап!» жүрген сияқтанады. Біз өзіміз байқаған қоймаларды нұсқап, қызылды-жасылды оқтармен сезікті жерлерді түртіп көрсеттік. Жақын майданды ракеталарымызбен ымдадық...

– Жылан ініне барып кірді! – деседі тұс-тұсымнан.

– Көріп отырмын. Демалыңдар...

Осы қысылыста да Шеген бізбен бірге айқасып жүр-ау деген ой келеді. Әрбір оқыс қимылдар, өжет түйілген самолеттер Шегендікі сияқтанып кетеді. Сен аспанда, мен жерде, бірге айқасып, қатар алысып жатырмыз деп айғайлағым келеді.

Менің ойымды Шеген де сезінетіндей, айналамыздағы қауіпті жерлерді қазбалай соғып, аударып кетіп жүр. Қорықпа, бауырым, қорғаның берік, сені ешкімге бермейміз дегендей болады.

Бізде бекініс алатын күш жоқтығын сезген жау бейғам отырған күйін өзгерте алмай қалған сияқты. Аспандағыны ататын зеңбіректері дүркіретіп-ақ атып жатқанмен құлатқан самолеттері көп бола алмады.

— Аспан қырандары, қасымызда бұғып тұрған танкіні төңкере кетіңдер... Анау окоптарда жау бұғып қалды... Қазір бізге қайта ұмтылады... Қыра кетіңдер! — деп айғай салғың келеді.

Самолеттер кетіп қалды. Қия жартастың жалғыз қорғаушысы болып тағы да өзіміз ғана қалдық.

Кешке дейін жау бізді талай торлап келсе де, ала алған жоқ. Бекінісіміз әлсіз жеріне оқ дарымайтын етіп жасалыпты. Кейде өзіміз құтыламыз; кейде әлдеқайдан жарқ ете түскен ұшқыр самолеттер құтқарып кетеді.

— Мұндай қорғанда тұрып өлу деген ұят болар! — дейді Самед.

Асықпай, саспай, қызара бөртіп күн батып барады. Соңғы шабуыл тойтарылып, енді түннің не әкелерін ойлап отырмын. Қарның ашқаны еш нәрсе еместей, таңдайың кеуіп барады. Жауынгерлердің көздері үңірейіп, бет терілері сүйегіне жабысып, қарақошқыл тартып кетіпті.

— Жел қатайып кетті... Теңіз тағы да алай-түлей долданатын болар, — дейді Володя. Мұнысы бүгін түнде қайық өте алмайды, жәрдем күтпелік дегені сияқты.

— Ие, бүгін түнде жәрдем күтпеспіз...

— Бірінші Керчь майданының командирі, бүгінгі түніміз қалай өтер екен? — деді Самед, жұрт көңілінде байқалған қаяуды қалжыңмен ұшықтағысы келіп. Мен оған өз қалжыңына орай жауап бердім:

— Желкеңнен сыздауық шықса, қандай мазақ кетеді. Біз желкеден қадалған найзадай шығармыз, жау тыныш ұйықтай алмас, ұйқы да бермес,.. —дедім.

— Дұшман жерінде ұйқы да дұшман деген Хожа Насреддин жолдас... Ұйқы отменяется! — дей берді де, көзі әлденені шалып қалғандай, Самед ақырып қалды. Төбені солқ еткізіп, батыс жақ бүйірінен бірінші снаряд та келіп қадалды.

— Осыны айтайын деп едім...— деді Самед.

Жау снарядтары төбені гүрс-гүрс ұрып, жүйке тамырыңды беріктіріп барады... Әлдеқайда тұрған зеңбіректер мойындарын бізге қарай бұрып алып, боратып кетті. Төбе дір қағады. Қадалмай кеткен бір снаряд жоқ сияқты. Биік төбені орнымен жұлып тастағылары келгендей, бүйірінен түйгіштеп, іргесінен көтере ұрады. Топырақ-ша тұншықтырғысы келгендей, таныс қара боран бұрқырап, жоғары өрлеп келеді. Қорғанның ұшар басындағы немістердің өздері құйып тастаған тас қалпақ бекіністі оңай берер емес, зілдей басып, табандап жатыр. Құлағың тұнып барады... Тағы да дыбысты аузыңмен есітіп, дүмпуін табаныңмен сезіне бастадық...

— Бұл төбе бетке шыққан сүйел емес, ешкім аударып тастай алмайды. Гүрсілді тыңдап тұрудың түк қызығы жоқ. Төменге түсіңдер! — дедім жолдастарыма.

Күзет пен бақылаушылардан басқалары төмен түсіп кетті де, Самед орнынан қозғалмады.

— Жаяу әскер енді жақындай алмайды. Құлағыңнан айрыласың, төмен түс!..

— Мен қала тұрайын, — деді Самед.

Сонша гүрсілдің астында тұрсақ та, менің құлағыма бірдемені сыбырлап қана айтқысы келетін сияқтанады.

– Немене? Неге қаласың?

Танкінің қақпағы қозғалып қалды... Мына боранда қашып құтылғылары келеді.

Белінен шойырылып қозғала алмай қалса да, өртенбей қалған танкі әлі манағы орнында тұрған. Зеңбірек шабуылы басталған соң, «елші» офицер енді жаяу қашуды арман ететіні де даусыз. Екі жақтың оғынан бірдей қорқып, оңай шыға жөнеле алмайтыны да анық. Мен Самедке соны айттым, көп күтіп қаларсың дедім.

– Хожа Насреддин жалғыз тауығын қонағына асып беріп, жұмыртқаны өзі басып шығарған... – деді Самед. – Мен де шыдап көрермін...

– Жақсы...

Бізді екі сағат апар-топар төмпештесе де, бекінісімізге бір дақ түскен жоқ. Зорин әлсін-әлсін ракета атқызып, айналаны бақылап тұр. Төрт жағымнан да тыныштық хабары келе бастады:

– Тоқталды...

– Басылып келеді... тынды...

– Бірақ біздің халдегі тыныштық қас қаққанның арасындағыдай ғана еді.

– Жаяу әскер шабуылға қайта тұрды...

– Теңіз жақ беттен жақындап қалды...

– Жүгірді... – деген хабарлар біріне-бірі ілесе келіп жатыр.

Іргемізден ғана екі рет граната жарылғаны естілді.

– Самед қой...– деп айтқанша болмай, Самед төменге келді.

– Хожа Насреддин балапан басып шығарған!.. Готово деген! – деді Самед.– Қараңғы болған соң, мені көрмес деп ойлады білем... Бір адам шықты, қозғалмадым. Екі адам шықты, қозғалмадым... Үшінші шыққанда – иә, Хожа Насреддин дедім!..

Оның аржағы айтпаса да түсінікті еді...

Жан-жаққа атқан ракеталарымыз танкінің қасында серейіп жатқан үш өлікті де көрсетеді, қабындап келе жатқан шабуылды да көрсетеді. Жүздеген көлеңке бір ұзарып, бір қысқарып қалып, шұбартып бері жақындап келеді... Төбеге өрмелеп шығып, желкеміздеи басқылары келеді.

Аюдай күркіреп, Петр жалғыз қимылдап жүр... Пулеметтеріміз қызып барады.

– Батыс жақтан...

– Шығыс жақтан...

Енді көріп отырмын деуге болмай қалыпты...

– Қозғалма орныңнан!– дейтін белеске шығыппыз.

– Оқ таусылып барады...

– Қазір жеткіздірем. Қозғалма орныңнан!

– Қарасы алдымнан жүзден артығы келе жатыр, – дейді Володя телефон арқылы.

– Оғың жеткілікті ме?

– Әзір бар...

– Қозғалма!..

– Біз қолма-қолға келдік...– деп, үзіліп кеткен дауыс кімдікі екенін аңғара алмай қалдым. Дауысты тани алмағаныма қарағанда бұл Зориннің жауынгері болу керек.

Жабық траншеямен жоғары қарай жүгіріп келе жатсам:

– Иә, ханнан! – деген Самедтің айғайы жиі шығып жүр...

Іргелес отырған Петр мен Самед, қастарында тағы алты жауынгер бар, бір қолдарымен граната лақтырып, енді бір қолдарына автоматтарын шоқпардай оңтайлап ұстап алыпты... Шабуыл жасаған жау әскерінің оқтары отқа салған істіктей жылт-жылт етіп, қолдың саласындай тізіліп, жоғары кетіп жатыр... Қолма-қолға жақындап қалған осы тұс екен.

– Қозғалма орныңнан! Таймасын табаның!

– Сталинград батальоны!.. Қырым үшін!.. Отан үшін!..

– Шегінді, шегінді!..

Не болып жатқанын сөзден емес, дауыстан ғана аңғарғандай едік!..

10

Алғашқы күннің арпалысынан едәуір ойсырап шықтық. Ішіміздің жалғыз тәжірибелі офицер капитан Мирошниктің орнын біріміз де дәл баса алар емеспіз. Талай таңым бұрау, тар қыспақты көрген өжет жауынгерміз дей алсақ та, ол орынға олқы соғып тұрмыз. Оның үстіне тағы да бес адам шығынымыз бар. Енді қалғанымыз тоғыз-ақ... Ең соңғы айқаста екінші бөлімнің командирі аға сержант Зорин оққа ұшты. Оның бөлімін Петр Ушаковқа беруге тура келді.

Ең ауыры, құрылғанына тәулік толмаған әртүрлі «бағыттағы» майдандарымызда екі-ақ жауынгерден қалды. «Қазақ батальоны!» деген айғайыңа енді бала да сене алар емес.

– Бір бағытты қысқартайық, – деді Петр. – Сонда әр майданымызда тым болмаса үш жауынгерден болады. Қорғанның төбесіне үш сала болып келетін терең траншеялар бар. Үшеуі қорғанның үш бүйірінен көтеріліп, төбесінде түйіседі. Бірімен-бірі селбесіп отыру үшін немістер әдейі солай қазған. Жоғарылаған сайын бірімен-бірі жақындасып, қанаттаса береді. Сондықтан Петрдің ұсынысын екі айтқызбай қабылдадым.

Оқ құрғыр тіпті құлдырап қапты. Енді бірер сағат үртіс айқас бола қалса, оның аржағында оқты санап беретіндей халге жетіппіз. Енді немістер бүгінгідей қырғынға да түсе бермес, тартына шабуылдар, талдырып жығуға байлар деп, өзімізге-өзіміз демеу береміз. Оқтың азайып қалғанын көре отырып, енді екі күнге жетер деп ұйғардық... Жетпейтінін біле тұрсақ та, бірімізге-біріміз қарадық та, сөзді доғардық.

Гранаталарымыз таусылуға таянған. Петрдің бір күнгі лақтыруынан қалғаны санауға тұрар емес... Бұл жөнінде үнсіз келісіп, ақтық сағатқа сақтайтынымызды іштей түсіністік те, граната жайын ауызға да алған жоқпыз... Кім біледі, бір кезде траншеяларды да тастап, үркердей болып төбеге жиналып қалармыз... Сондағы

соңғы керек нәрсе сол азғана гранаталар болып қалады. Ондай халдегі бір сағат өте көп уақыт қой, қару-құралды да көп керек етеді...

Немістерден қалған екі снайпер мылтығын екі бөлімге бір-бірден бөлдік. Сенің бөліміңде мұны дұрыс пайдалана алатын кімің бар дегенге дейін барысып, зеңбірек бөліскендей болыстық... Енді қармансақ, бөлетін де, қару-құралға есептейтін де ешнәрсеміз қалмапты... Үйіліп ракеталар ғана жатыр.

Вася Гришин сағатына қарады да, ұйықтап жатқан Самедті оятты. Бұл екеуі күзет кезегіне кеткелі жатыр. Айқас тоқталғаннан кейін күзетке кезекпен жіберіп, екі сағаттан ұйықтап тұруға сөз байлағамыз.

– Жайлы төсекке көптен бері жатқаным осы болар... – дейді Самед, тас еденнен тұрып жатып. – Хожа Насреддин жолдас «ұйқың қанса, жұмысың да озық болар» деген екен... Курорттан келгендей боппын...

Түн әзір тыныш... Самед тағы бір-екі қалжыңын айтып, Васямен бірге күзетке кетті. Өзгеміз ояу отырып түс көргендей, мен-зең халде болсақ та, басымызды жерге тигізуге уақыт жоқ.

– Апыр-ау, бұл қайда жоғалып кетті? – деп, Петр тынышсыздана бастады.

– Өліп қалмаса, келер уақыты болып еді ғой.

– Бекер жіберген екеміз...

Әңгіме Егор жайлы еді. Егор су әкелем деп кеткелі екі сағат болды. Әлі жоқ. Ешбір белгісіз кетіп барады...

Күн бойғы арпалыстан кейін бар суды бір-ақ ішіп салғамыз. Беті жабулы ақ шелекте азғана су бар екен, жарты стаканнан әрең жетті. Суды бөлуші Самед болды да, Петр бақылап отырды. Ешкімнің сусыны қанған жоқ. Аузымыз әлі желімдей былжырап отыр.

Содан кейін Егор тұра келіп, су әкелуге рұқсат сұрады. Енді міне, оралмай кетті.

– Судың қайда екенін анық білетін бе еді өзі?

– Анық білетін.

– Кеше түнде сол суға түсіп те кеттім деген.

Күндізгі толас кезінде біз айналаны түгел шолып, белгілеп алғамыз. Поселкенің біз жақ бетінде сайдың табанында жатқан суды бәріміз де көргеміз. Сусап жүргенде көзіміз қайта-қайта түскен. Бекіністің картасында да ол жерде бұлақ барлығы анық көрсетілген. Егор кетерінде бәрін анықтап алып еді.

Егер бұлақты немістер күзетіп тұрса, Егор жанжалсыз кейін қайтпақ та. Егор көзге түсіп қала ма деп, ол кеткелі ракета да атылған жоқ. Бірақ Егор әлі жоқ...

Біз білетін Егор өжеттік дегенді де үстірт түсінбейтін адам еді. Қара шаруаның ұқыптылығы, айла-тәсілі деген сияқтылар бойынан табыла беретін. Сырт қарауға аңқау көрінгенімен ар жағы қырық-қалта, айлалы да тәсілді болатын. Көп жыл ағаш арасында өскендіктен жер бетінің ой-шұңқырына да зерек еді. Сусыз қалар болсақ, ертеңгі күніміздің халі не болары бәрімізге де түсінікті еді. Сондықтан Егордың су әкелем дегеніне ешкім қарсы болған жоқ. Су тауып алуға жалғыз қолайлы шақ түн ғана.

Егор орнынан күлімдеп тұра беріп:

— По-тому что без воды.
— И ни туды, и ни сюды...

дейтін белгілі әнді ыңылдап, кетіп отырды.

Қалған тоғыз жауынгердің тағы бірінен айрылсақ, мұнымыз дивизияның бір батальонынан айрылғаннан кем тимейді бізге. Бір майданымыз үштің бірінен айрылғандай батады.

Адам қуаныш үстінде қайғырып, қайғы үстінде қуана алмайды. Сол сияқты, ауыр халдің үстінде қалжың мен күлкің де келмейді. Бірақ ойыңды сол бір қара ноқатқа тіреп қойып отыра берсек, қарадай жұтағаныңды білмей де қаласың. Мұндай жайдан талай бірге шығып үйреніскен Петр маған:

— Костя, а, Костя!.. — деді.

Мана маған бірінші рет «командир жолдас!» деп сөйлесіп, басқа жолдастарға соғыстың тәртіп жолын көрсетіп жіберген де осы Петр еді. Енді міне, оңаша отырған кезімізде төрт жылдан бергі ескі әдетімізге басып «Костя!» деді. Біз, әрине, сақал-шашты қырау басқан кезде де «Петя, Костя» десіп жүретін жолдастармыз.

— Костя, қалай ойлайсың, біз Берлин көшесіне де өзге бөлімдерден бұрын кірер ме екеміз?..

— Неге бұрын кірмейміз, бұрын кіреміз, әрине!..

— Ойын емес, ойласып көрейікші... Біздің әскер шегінген кездерінде біз ылғи артта болатын едік қой, солай емес пе еді.

— Ие, солай болатын.

— Шабуылға көшкеннен бері ылғи алда келе жатқан жоқпыз ба?

— Ие...

Олай болса, осымыз біздің ерекшелігіміз болад та...,

Шегіну кезінде артта жүрсек, шабуыл кезінде алда жүрсек жауға ең жақын жүретін біз болғанымыз да!..

Петрдің не айтқалы келе жатқаны айқын болса да, қызынып бұл айтқан әңгімесі тез аяқталып қалмасын деп, мен:

— Содан соң!...— дедім.

— Содан соң... Берлиннің төбесіне Совет туын бірінші болып орнататын да біз болармыз? — деді Петр қызыңқырай сөйлеп.— Ол күні біз құстай ұшпаймыз ба!.. Шетінен бір кіріп алған соң, ортасына қарай зырламаймыз ба Берлиннің!..

— Тап осы қорғанның төбесінде тұрған туымызды апарып, Берлиннің төбесіне шанышсақ, тіпті қызық болар еді! — дедім мен Петрға еріп, қызып кетіп. — Дал-дұлы шыққан талай айқасты көрген ту, денесінде мың жарасы бар жауынгердей құрметтелер еді!..

— Ие, ту мен жауынгер денесіндегі жара өзінен өзі құрметті белгілер... Бірақ ол жат жер ғой... Мына біреу жырым-жырым болған туды шаншып қойған кім деп, маршалдардың біреуі сұрап жүрсе сен тайқақтамаймысың?

Тайқақтайтын не бар? Адымдап шығамын да:

«Жолдас Совет Одағының маршалы, бұл туды шанышқан ерекше бөлімнің жауынгері Совет Одағының Батыры Петр Ушаков!» деймін.

– Е, ойың әлдеқайда екен, Костя!.. – деп Петр ысқырып қалды.

Мұнымыз қалжың көрінуі де мүмкін. Бірақ, жауынгердің әртүрлі арманы осындай қалжыңдар арқылы да байқалып қалады. Осындай қалжыңдардың қайрат болып, ұлы арманға жетелейтіні де болады... Біреу әлі түк өндірген жоқсың деп ызаңды келтіру арқылы қамшылайды, енді біреу қолыңнан келеді деп, сенім беру арқылы қамшылайды. Мен сол сенім беру жағында жүретін адаммын. Петрға да со мінезді көрсеттім.

Күзетті ауыстырып келген Володя:

– Қуаныштарың бар ғой бір!.. Әлде Егор қайтып келді ме? – деді.

– Біз Берлинді алып жібердік! Төбесіне туымызды жаныштық!.. Фашизм жерленді біржола! – деп, Петр көтеріле сөйлеп жауап берді. Қазір ол ауыр халімізді ұмытып кеткендей еді.

– Фашизм жерленді деймісің? – деді Володя қалжыңсыз жауап бергісі келіп, – неміс фашизмі жерленер. Ол даусыз. Бірақ фашизм деген сөздің мағынасы буып байланған салы, я болмаса, «қара бура» екен. Капитал дүниесі жерленіп болғанша ол салыны талай байлап, буар әлі. Өте асығып кетпеңдер...

– Олай болса, Берлин алынғаннан кейін де автоматың мойнында болсын деймісің?

– Біразымыз автоматты тастамаспыз да... Әзір ұстармыз...

– Мен үйге қайтқан түні егінге шығып кеткім келіп отырса, жоқты айтып көңілімді бұзғанын көрдің бе... – деп, Петр ренжіп қалды.

– Әзір соғыса тұрайық, – деді Володя. – Бұ да сол еңбек. Отанымыз қандай еңбекке шақырса да біз әзірміз ғой. Соғыс дегенді кәсіп етейін дер мен де жоқпын. Еңбек күндеріңді осыдан жина деп отырған Отанымыз да жоқ. Бірақ әзір соғыса тұрайық... Мүмкін қазіргі күнде еңбектің үлкені осы болар...

Сырттан тақ-тұқ етіп автомат, пулемет тықыры естіліп қалды. Тыпыршып, булығып, тез-тез атылып жатыр.

– Басталды білем!.. – деп, Петр атып тұрды. Бәріміз де орнымызға бардық.

Бұл жолғы шабуыл емес, басқа екен... Теңіз жақтан үсті-үстіне атылған ракета жарығында қолында шелегі, Егор еңкеленде жүгіріп келеді. Арт жағынан қуа жіберілген ракеталар бірте-бірте қорғанға жақын түсе бастапты. Әр тұстан атқан автомат, пулемет оқтары жарқ-жұрқ етіп, Егорды жазғытұрғы сонадай буып келеді. Жаман дос – көлеңке, ракета жарығынан Егорды айнала қашып, бауырына тығылады. Көзге бір ілегіп қалған соң, тақтайдай жазыққа жата кетудің пайдасыздығын жақсы білетін Егор бір адым болса да ілгері басқысы келіп, екі жағына кезек бұлтарып, ұшып келе жатыр...

Петя мен Вася екі пулеметпен Егордан әрірек жерді ата бастады. Бірақ қай жерді ату керектігі байқалар емес. Жапа-жалғыз талауға түсіп қалған жолдасына жәрдем етер түк шараң жоғына ыза болып бармағыңды шайнайсың. Көріп тұрсың, істей алар түгің жоқ. Егор он шақты жау солдатының ортасында қалса, жалғыз барып айқаса түсуге сескенбес едік. Мынау бір жүйкеңді кесетін жай болды...

Траншеяның төменгі етегіне дейін Егорға жиырма-ақ аттам жер қалғанда, өзі бір жаққа, шелегі бір жаққа ұшып кетті. Егор әшейін сүрініп құласа, қолындағы

шелегінен айрылмас та еді, жараланды-ау деп қалдық. Егор орнынан тұра салып, бұрылып барып шелекті алып қайта бері қарап жүгірді. Көлеңкесі шайқалаңдап кетіпті... Траншеяға сүйретіліп келіп әрең жетті де, әуелі шелегін тастап жіберді. Содан кейін асылып барып, өзі құлады. Жақындап келіп төбеге тірелген ракета жарығы Егордың бір аяғы траншеяның ернеуінен шығып қалғанын әлсін-әлсін көзіне көрсетеді... Өлгені де... Жарық та сөнді... Атыс та тоқтады... Айналамыз жазғытұрғы жұмсақ қараңғылыққа шомды. Сол қараңғыда траншеяның ернеуінен шығып жатқан Егордың аяғы көз алдыңнан кетпейді...

— Сегіз жауынгер қалғанымыз да... — деп, Вася күрсініп жіберді.

Қалғанымыз сегіз-ақ... Енді санауға да аузың барар емес...

Шелекті алып, Володя келді. Беті жабық қалайы шелек үш жерінен тесіліпті де, азғана су түбінде ғана шылдырайды. Бір жолдасымыз осы бір ұрттам су үшін өлді, бұл бізге қымбатқа түскен су, оңайлықпен ұрттай да қояр ма екеміз...

— Қысылшаңда қалғанда ойына не келді екен... — деді Вася.

Егор ойына не келгенін ісімен, мінезімен көрсетті! Үсті-басын оқ тесіп кетсе де, траншеяға әуелі өзі қарғып түспей шелектегі суды түсірді емес пе! Осынысы әлі де алдымызды, алыста тұрған бізді ойлағаны да. Қалжыраған таңдайы кепкен жолдастарым бір тамшыдан болса да су жұтсын дегені де. Қолынан ұшып кеткен шелекке бұрылып бармай, жүгіре жөнелсе, мүмкін өзі тірі қалар еді. Бірақ Егор өзін ойлаған жоқ, бізді ойлады! Аяқталмаған атысты, жақын сезілген жеңісті ойлады!

— Теңіз беті алай-түлей шығар... Өкіріп жатыр ғой!.. — дейді Володя.

Атыс жоқ. Түн тағы тыныштанып қалды. Теңіздің аунақшып жатқан дыбысы бізге де анық естіліп тұр. Бұлт кешегіден гөрі қалыңдап, етегімен төбені сипай кетіп, төмен көшіп барады.

Егор туралы бірдеме айтар ма екен деп, бәріміз Володяға қарап, бірталай үнсіз отырып қалдық. Сұрауға аузымыз бармай отыр.

— Катер қайықтар жағаға жақындай да алмайды,— деді Володя. Бұл түннің әкеле жатқан жақсылығы жоқтығы айқындала берді. Бүгін түнде теңіз арқылы десант келер қаупі болса, немістер бізді тыныш отырғызбас еді. Түн бойы бос үреймен әурелеп, таң ата оп-оңай қолға түсіргілері қеледі. Жауынгер жүзіне тағы да жүдеулік кіре бастады.

Петя пулемет оқтарын санап шығып:

— Жаңа елу жетісін шығарып жіберіппіз...— деді.

Жауынгерлердің жүдей қалғанын көріп, Володя көңіл көтеретін бір жорамал айтты:

— Қара теңіздің сырын мен жақсы білем... Таң ата тоқталады,— деді.

Володяның манадан жағалатып жүргені арт жақтан келер жәрдем жайы. Біз тым әлсіреп кетпей тұрғанда десант келіп қалса, тұяқ ілеккен төбеге біржола бекініп қалар едік деп ойлайды. Бұл бәріміздің ойымыз. Соғыста бірдемеге мұрындық бола алмаған, басқаларға ой туғыза алмаған, жеке ерлік далаға атылған оқпен бірдей. Біздің мұнда айқасып жатқанымыздың аяғы кесек бір қимылға апарып тіремесе, о да сол, босқа атылған оқпен тең. Володя жәрдем

келе қоймаса, қырылып қалады екеміз деп қайғырып жүрген жоқ, әріректі ойлап күйзеліп жүр.

Жырым-жырым болған туымызды алып Самед бекініске келді:

— Сабағын оқ қырқып, жел сындырып түсірді, — деді. Енді қайта жалғастырып таңып жатыр. — Сен гвардия туысың, шыдап бақ! — деп қояды...

Таң ата тағы да ауыр соққының астында қалдық. «Фердинанд» деп аталатын бес зеңбірек жылжып келіп қарсы алдымызға тұра қалды да, біздің бекініс қарауылға байлап алып, бес жүз метр жерден талқандай бастады. Тәжірибелі инженерлердің салған бекінісі әлсіз жеріне снаряд түсірмейтін сияқты. Төбесі темір мен тас, қарсы алдында оққағарлары бар. Зеңбіректер бақылауға қалдырылған саңылауларды көздеп атып, бір бүйірін ойып барады.

— Қопарып тастауға бел байлаған екен...— дейді Вася. Зеңбіректердің әуелі бекіністі «шешіндіріп», содан кейін талқандап тастайтынын талай көргеміз. Үсті-үстіне ұрғыштап, балшықты біраз шашады да, оқты бекіністің іргесіне дәлдеп қадай береді. Бекініс әуелі «шешінеді», содан соң талқан болады.

Төбемізде ең кемінде екі-үш қатар темір жол табаны бар. Араластырыла құйылған тас әлі шатынаған жоқ. Бекіністі саңылау тұстарынан қирата қою да арзанға түспейді. Көзге арнап қана қалдырылған төрт елі сызаға зеңбірек оғы дәл тие қоюы да тәуекел-ақ. Бірақ отырған үйінді біреу мың пұт балғамен маңдайдан ұрып, біреу іргесін қопарып жатса, о да бір шыдам керек ететін нәрсе...

Төбенің екінші бүйіріне мүйіздерін тоса, үш «жолбарыстан» кісі келіп тұра қалды. Жауап берер жай жоқ, өніміз бұзылып, ызаға булығып барамыз. Пулемет пен танкіні ату деген ағаш оқпен пілді атқанмен бірдей. Тақтайдай жазықта тұрған танкілер граната лақтырар жерге жақындатпайды. Окоптан қылқитып-қылқитып бастарын шығарып, қарғаның балапанындай болып жаяу әскер де қоршап отыр.

Дамылсыз қашап, дәлдеп ұрып жатқан зеңбірек оқтары бекіністің жанды жерлеріне жақындап қалғаны байқалады. Кейде бақылауға арналған саңылауларға бұрқырап шаң кіріп кетеді, кейде қабырғадан ұшып түскен ұсақ-ұсақ тас сынығын көріп қаласың.

— Солтүстіктегі пулемет ұясы талқанданып қалды, — деді Гришин менің құлағыма айғайлап.

— Пулеметші тірі ме?

Вася басын шайқады, мен енді жетеу-ақ қалғанымызды түсіндім...

— Теңіз тынышталды... Бірақ еш нәрсе көрінбейді, — дейді Володя ымдап.

— Несін қарайсың... Түнге дейін күтпей-ақ қой... — дегім келіп, Володяны саусағыммен шақыра бергенімде бәріміз де жалп етіп құлап түстік...

Бекіністің дәл түбіне салынған мың пұт мина жарылғандай, табанымыз бір дүңк етіп қалып көтеріліңкіреп кетті де, алып ұрды. Жоғары қарай жұлқына бұрқыраған қара топырақ қайта құлап, бар саңылауды бітеп тастады. Бекініс іші қап-қараңғы. Жараланған ешкім жоқ. Жарық қылып жіберсем, жолдастарым бірінен соң бірі тұрып, маған қарай келе жатыр. Бекініс бұрыш-бұрышынан шатынап жарылып кетіпті.

— Шығыңдар тез!

Ортадағы сенімді бекіністі тастап, әр жердегі пулемет ұяларына, жабық траншеяларға көшуге тура келді. Бекініс «шешініп» болып, енді талқандауы ғана қалған. Пулемет, гранаталарымызды алып, ең төменгі ұңғыларға қарай кеттік.

Бізден кейінірек келіп төменге түскен Петр:

— Бекініс қирады... әдемілеп көтеріп алып, аударып тастады, — деді.

Бекіністі қиратып болған соң зеңбіректер де тоқтады. Енді біздің жайды білгілері келгендей, бір рота солдат қорғанды айнала қоршап алып, жақындап келеді. Шабуыл емес, әшейін ғана ұстап алғылары келгендей, қаз-қатар қозғалып, атпастан келе жатыр.

— Пулемет!.. От!..

— Зеңбірек топанның тұсында бірталай оғымыз да жанымызға қалды ғой... Енді біраз атысуға болады, — дейді шаруақор Петр.

Біз төбеде, жау етекте, біз тасада, жау ашықта... Біз оларды көздеп атамыз, олар бізді көрмей атады. Бұлай кездесіп қалғанда, талай кегінді алып та қаласың. Зеңбірек төмпешінің тұсында еңсесі түсіп кеткен жауынгерлер бір жасап қалды. Әлі түк шығыны жоқ, әлі көп екен деп ойлату үшін төрт пулемет, үш автоматтан бірдей ақыраттық, жер беті шұбартып, кек бірталай алынып қалды.

Жаудың жаяу әскері тез шегініп, окоптарына барып бұқты. Біздің өлі-тірі екенімізді байқау үшін ғана бой көрсеткен жаяу әскер бізбен атысқан да жоқ, төбені алуға ұмтылған да жоқ.

Енді «Фердинанд» зеңбіректері мен «Жолбарыс» танкілері бұрынғысынан гөрі де жақындап келіп, қатарласып жатыр. Біздің қай тұста отырғанымызды анықтап алған соң, енді төбенің сол жағын қопармақ. Онда біз оң жақ бүйірге кетеміз де.

Біздің қазіргі паналап отырғанымыз екі пулемет қоятын орны бар, шығыс беттегі ұя еді. Бұл орталық бекіністей берік емес, бес-алты түйгіштегеннен қалар жайы жоқ. Әйтеуір, жабық баспана.

— Жолдас командир, «Фердинандтың» адамдары қарауылға қонып тұр. Снайпер мылтығын бері әперіп жіберсінші, — деді Петр, қолын артына қарай созып, көзін саңылаудан алмай отырған бойы. Мен қолына мылтықты ұстаттым. Петрдің сырт жағынан бақылап тұрған Самед:

— Оң жағындағысы командир, сол жағындағысы оқтаушы... — деді.

Петр алғаш атып қалғанда, Самед «Құлады!» деді де, екінші атқанда:

— Тиген жоқ,— деді.

Петр екінші оғының тимей кеткеніне намыстанғандай, мұрты дірілдеңкіреп, ұзағырақ көздеп қалды. Бірақ үшінші рет ата алған жоқ. Мылтығы оң жақ қолтығының астынан сусып, жерге түсті. Самед «Петя!» деп қалды, шалқасынан құлай берген Петрді құшақтай алып. Петяның бұралған сымдай ширатылған денесі босап, басы сылқ түсіп кетті. Маңдайының дәл ортасында жалғыз қара мең көрінеді. Оқ маңдайдың ортасынан қадалыпты. Әлі бір тамшы қан шыққан жоқ...

— Петя, Петя!.. Қош, ер Петр!..

«Фердинандтар» қақ қасымызға келіп алып, бірнеше рет дүркірете атты. Төбенің бұл жақ беті оңай қалтылдай бастады.

—

— Батыс жақтағы пулемет ұясының саңылауын жауып тастады, — деді Вася Гришин келіп. Телефон әлдеқашан быт-шыт болып, енді бірімізге-біріміз келіп хабарласатын болғамыз.

— Пулеметтер түгел төбеге шығарылсын. Траншеяның түйіскен жеріне орналасайын, — дедім.

— Бұзылып қалған орталық бекіністі енді атпас. Мен байқап келейін! — деді Володя.

— Бар...

Отырған ұямыздың көзі сығырайып, қараңғыланып барады. Көзің сығырайған соң, көрер дүниенің де апшысы тарылып, алақандай ғана жер көрінеді. Кеше кешке Егор су алуға барған бұлақ суы күміс теңгедей болып, күнге шағылысып жатыр. Орал суы қандай жарқырайтын еді, шіркін, деген ой келе қалыпты. Каспий қандай шалқып жататын еді!..

Батыс пен шығысымыздан зеңбіректерімен атқылап жатып, жау солтүстігіміздан жаяу әскерін жіберіпті...

— Солтүстіктен төбеге өрмелеп келеді, — деді Самед.

— Траншеялардың түйіскен жерінде, төбеде тосамыз! Гранаталарды сол араға шығар! — дедім.

Ақтық минуттарымызға арналған «граната» деген сөз де айтылып кетті...

Володя жүгіріп келіп:

— Десант! Десант! — деді де, кірпіктерін қағып-қағып жіберді.

— Теңіз бетінде айқас!.. Қара теңіз өртеніп бара жатқандай, — деген айғайлар әр жерден шығып қалды.

Төбеге шығып алып, бірімізге-біріміз:

— Десант, десант! — деп айғайлаймыз. Бәріміз көріп тұрған нәрсені бірімізге-біріміз нұсқап көрсетіп жатырмыз...

Біздің төбе алыстан қараған адамға тұтана бастаған жанартау сияқты көрінетін болу керек. Төбеміздегі шаң топырақтан аспан көрінбейді. Дәл үстімізге нөсер бұлты келіп қалғандай түнеріп тұр. Топырақ шаңы етек жақта сирегірек. Теңіз бетіндегі айқастың от-жалыны көрінбегенмен, Қара теңіз ескі айнадай көмескіленіп болса да көрініп жатыр. Осы шаң боранда бізді желкеден басқалы, сол жағымыздан жаудың жаяу әскері өрмелеп келеді.

— Шыда, Самед!.. Вася, оң жағыңа қара!..

— Отан үшін, ел үшін!..

— Иә, ханнан!.. Сталинградта біз былай ұрғамыз сендерді!

— Граната, граната, жолдас командир!..

— Костя, граната!..

Әртүрлі айғай араласа шығады. Команда қайсы, ұран қайсы, оны аңғарып болар емес. Етектен өрмелеп келе жатқан сұр қоңыздарға граната да лақтырылып жатыр, пулемет те жұмсалып жатыр...

— Оңтүстіктен өрмелеп келеді, жолдас командир!..

— Володя, ұмтыл!..

Траншеяларымыздың төменгі жағы жаудың қолында, біз ығысып төбеге ғана жиналып қалдық. Пулемет енді жер бетін емес, төбенің қырқа жиегін ғана

атқылап отыр. Әр жауынгердің қасында граната, қолында автомат... Кейбіреуіміз граната мен пулеметті кезек жұмсап отырмыз. Бізге қарай лақтырған жау гранаталары да жақын түсе бастады. Автомат оқтары төмендегі төбені сипай кетіп жатыр. Жабық бекіністердің бәрін тастап үш сала болып келіп түйіскен траншеяның айрығына тақалып келеміз... Айрыққа жеткенде соңғы қолмақолға да кіргеніміз...

Самедтің қасындағы жауынгер гранатасын лақтырып қалды да, өзі де жыраның ернеуіне шалқалай асылып барып, былқ етіп түбіне түсті. Төбесі қылт етіп қалған жау әскерін Самед автоматының түбімен ұрып қалды.

– Самед, шыда! – дедім. Төрт-ақ жауынгермен қалғанда осыдан басқа жәрдемім де жоқ еді беретін.

Жаудың жаяу әскері солтүстігіміз бен оңтүстіктен төбенің иығына асылып алып, енді бір аттап төбеге шыққалы тұр. Біз бес жауынгер екі жаққа қарап алып, төбенің ұшар басын ғана қорғауға қалдық. Енді етекте не болып жатыр, төбеге қанша әскер өрмелеп келеді, оны көре алмай кеттік. Жақындап келе жатқан теңіз бетіндегі айқас қана айқынырақ сезіледі.

Бізді атқылап тұрған зеңбіректер де тына қалды, жаудың жаяу әскері де төбеге қарай лап берді. Граната гүрс-гүрс жарылады. Пулеметтеріміз төбенің шашын алып жатқан ұстараға ұқсап кетеді. Белімізден бір-бір гранатадан басқа қорымыз сарқылып барады. Енді аянарымыз да, аярымыз да қалған жоқ.

Самед гранатасын лақтыра беріп шалқасынан түсті. Айналасында арадай ызыңдаған оқтар, бырт-бырт жарылған граната сынықтары Самедті жауып кетіпті. Бет-аузы біреу пышақтап кеткендей қызыл қан, оғы таусылған автоматын құшақтаған бойы Самед траншеяның түбіне түсті. Жүзі күлімдеп, тағы бір қалжың айтқысы келіп жатқандай...

– Самед, Самед!

– Самед үшін!

– Петр үшін!

– Капитан үшін!

...Төбеге келіп түйіскен траншеяның үш тармағында үш-ақ адам қалдық: Василий Гришин, Владимир Толстов, Қайырғали Сарталиев... Вася, Володя, Костя... Былай санасаң да үшеу, олай санасаң да үшеу... Жау әскері төбеге бір шығып алса, соңғы минут дегеніміз онша ұзаққа созыла алар ма екен... Он шақты гранатамыз қалыпты, екі пулемет, оқсыз қалған автоматтар... Темір қалпақ қылт етіп қалса-ақ, бір граната шығын болады. Жау жағының гранаталары төбеге жиі-жиі түсіп, борс-борс жарылады. Бізді сақтап тұрған терең ұңғылар ғана.

Осындай тығырыққа таянған кезімізде теңіз жақ беттен үрдіс көтерілген «ура!» естілді, шаң-бораны еш нәрсені көрсетпесе де, «ура!» десіп, күшейіп келеді.

Пулеметтердің кеудесінде жаны болса, суырып алып көзіне көрсетердей халге жетіппіз. Оң жақ білегімнен бүйі шағып алғандай болғанын мана сезіп едім, енді оң аяғым орнынан қозғала алмай қалыпты. Етігімнің табанына толып жатқан сүлік түсіп кеткендей, әлде қай бақайымның жеркенгені сезіледі. Білегіме бүйі әлі жабысып тұрғандай көріп, жеңімді бір-екі рет сыпырып та қалдым. Бүйі түсер емес...

Вася мен Володя қатты қысылып барады. Айғайлары тым жиі, тым ашы шығады. Бір-біреуі ондармен алысып, өлім барын ұмытып кеткен сияқты. Мұндайда командирдің қатардан шығып қалғаны ауыр әсер етеді. Дәл осы қысылшаңда жараны елей қалсам, одан үлкенге ұшырайтынымыз да анық. Екі қолымды пулеметтің құлағына тастай қылып жапсырып алдым да, айғай салдым:

– Володя!.. Вася!.. Самед! Ұр!.. – деп өлі-тірісіне бірдей команда бердім. Бұл жерде ушеуміздің даусымыз бірдей шығып тұруы – ең үлкен арқа сүйеу сол ғана еді. Самедтің қаза болғанын Вася мен Володя көрген де жоқ-ты.

Пулеметінің оғы таусылып, Володя маған қарады. Қасымда қалған екі гранатаны оған беріп, өзім пулеметке қайта еңкейдім.

– Костя! Мұнда көшейік! – дейді Володя қопарылып қалған бекіністің кесек тастарын нұсқап.

Мен жараланғанымды білдірмейін деп, пулеметімді құйрығынан сүйрей әрең жылжып кесек тастардың арасына бардым. Артымнан бір қызыл жылан ере келе жатқандай қан сорғалап шұбалып етегіме оралып келеді. Сол қызыл жылан содан кейін қайда барсам да соңымнан қалмай ере берді, ере берді... Опырылып құлаған бекіністің өркеш тастары берік пана боларлық екен. Мен жылжып сол тастардың арасына көштім.

«Ура!» жақындаған сайын төбеге түскен гранаталар да сирей бастады. Енді қызу айқас теңіз бен аралыққа ауды. Жаудың жаяу әскері біздің төбеден сыпырылып түсіп кеткені байқалды. Теңіз жағасының ескек желі төбенің үстіндегі қара боранды етегімен желпіп, ысырып әкетіп барады. Мешел баладай астымен жылжып кетіп бара жатқан «Фердинандтар» көріне бастады. Манадан гүрілін естігеніміз болмаса, өзін көре алмаған самолеттер де көзге ілікті. Біздің төбеміздің батысы мен шығысын беріктіре бомбылап жүр. Аспанға ақ орамал лақтырғандай, шаңқ-шаңқ етіп зеңбіректер тұр.

Біз қауіп-қатерден құтылып қалыппыз. Енді, келе жатқан десантқа жәрдем беруді ойлап, ракета ата бастадық. Жырым-жырым болса да ығыспай желбіреп, қызыл туымыз тұр. Әлде қай түкпірде қалған ракеталарды тауып алып, балаша қуанып, үсті-үстіне атып, танкі тізбектерін, зеңбірек топтарын нұсқап жатырмыз.

Вася мен Володяның көз қарастарында «Самед қайда?» деген сұрау тұр, ол сұрауды бергізгім келмей:

– Біз енді ушеу-ақпыз... Қазір жүздерге айналамыз... Кешке дейін мыңдарға айналармыз, – дедім.

«Ура!» толқыны етекке келіп тірелді. Аяғы саулар атып тұрып:

– Ревякин! Ревякин... Костя, бері кел! – дейді, өздері траншеямен төмен ұмтылып бара жатып.

Оң аяғым бөрене сияқты жансыз сезіледі. Күпшектей болып ісіп, етіктің қонышын кернеп барады. Сау күнінде аяқтың да салмағы барын кім ескерген, енді төмен тартып қозғалтпай қойыпты. Володя артына бұрылып:

– Сен немене, жараланып қалғанбысың! –деді.

Жолдастардың алдынан қарсы жүгіре алмағаныма мен жылап жіберген екемін.

– Вася, бері кел, Костяны көтеріп ала түсейік! – деп, Володя менің қасыма келді.

– Жоқ, бара беріңдер...

Төбенің басына басқалардан бұрын Ревякин шықты. Қырандарым, сұңқарларым деп, қатты айғайлап келеді. Жарқын жүзі күлгенмен көзінде жас бар... Ревякин қасына келіп тұрған Вася мен Володяны бір-бір құшақтап:

– Өзгелерің қайда? – деді.

Володя мені нұсқады.

Ревякин балапанының үстіне келіп қонған ақиықтай қарғып кеп қасыма түсті де, қанатын жая құшақтай алды:

– Қырандарым! Ерлерім!..

Ревякиннің көзі әлдекімдерді іздеп, айнала қарайды. Бұл минутта көзіне ілікпеген жолдастарың жоқ болғаны да, капитан... Мирошник, Самед, Петр, Егор, Зонин, тағы басқаларымыз жоқ енді... Қалғанымыз осы-ақ, үшеу-ақпыз, жолдас капитан...

– Қай жерің, Костя? – деді Ревякин.

– Аяғым...

– Ештеңе етпейді!

– Өзім де солай ойлаймын...

– Өзге жаралыларың қайда? – деді Ревякин көзіне түспей тұрған жолдастардың жайын сұрамауға шыдай алмай.

– Басқа жаралымыз жоқ... Жаралы жалғыз мен ғана...– дедім.

Ревякин біресе туымызға, біресе өзімізге қарап тұрып:

– Отан бұйрығын орындадыңдар. Рахмет, достарым! Төбенің айналасы неміс бейітіне айналыпты. Рахмет, ерлерім! – деді.

11

Біз келіп бекінген төбенің айналасы бірте-бірте өзіміздің қолға ауа бастады. Біздің жаяу әскерлер алғашқы кезде төбенің етегіндегі окоптарда еді, қазір жылжып әрірек кетті. Кейбір түндерде отыз метр, кейбір түндерде елу метр әрірек барып қонады. Совет жерінің өз иесі келіп, күн санап іргесін бекіте түсіп жатыр.

Босанған жері әлі де кең емес. Кей күндері кеміп те қалады. Бірақ қазығымыз берік қағылып, орныға түсеміз. Қазір біздің екі қорған бар. Бірінде десант дивизиясының штабы, бірінде біздің полктың штабы. Екі қорғанның арасы да біздікі. Теңіз бетіне кемелерін тізіп, су жолын немістер бекітіп тастағанмен жаға біздің қолда. «Егор бұлағы» әлдеқашан ішкі аудан болып қалды.

Азық-түлікті аспаннан күтетін күндер де өтіп барады. Теңіз кемелері жау шебін бұзып-жарып келіп, әскер де түсіріп кетеді, азық-түлік қару-құрал да түсіреді. Теңіздегі «темір қақпа» біздің кемелер келе жатқанда оңай ашылып кететін болды.

Төбенің айналасына жеңіл самолеттер де келіп қонып жүр. Ұзақ отыра алмаса да, тал түсте қонып, тал түсте ұшып кетеді.

Қорғанның асты көше-көше... Штаб, госпиталь, электр станциясы, азық-түлік, қару-құрал қоймалары түгел жер астында. Төбенің ірге жақтары түгел пулемет, миномет ұялары деседі. Бұрын бір ғана бекініс болған биік қорған қазір айқыш-ұйқыш салынған барақ алдырмас қамалға айналған. Газет те шығады, радио да сөйлейді. Ыстық шай сұрауыңа да болады.

Жер астындағы госпиталь бөлмесінде біз жеті жаралы жатырмыз. Тыншу да, ыстық та... Дәрі-дәрмектің, терлеген дененің иістері араласып, іштегі аз ауаны ауырлата түседі. Орыс тілінде «ергежейлі» аталып кеткен кішкене ғана электр шамы біресе қызарып, біресе көзі шығып кеткелі тұрғандай шатынай жарқырап, мазаңды алады. Ең үлкен ермегіміз радио. Құлағыңа жапсырып алған екі қара дөңгелек Москва хабарын сыбырлайды.

— Қырық төртінші жылы, апрельдің бесі күні Керчь қаласының сыртынан...

Бұл әрине, біздің жай. Біз оны ең әдемі салынған әндей тыңдаймыз. Алдыңғы күні берілген бір хабардың тұсында мен ұйықтап жатыппын. Сол хабар басылған «Правда» газетін бүгін жүзінші рет оқыған шығармын... бір оқып шығып, шинелімнің қалтасына саламын да, қайта суырып алам...

Совет Одағының Батыры деген атақ алған жігіттердің тізімі Абдоллаев Самедтен басталыпты... Жарлықтың барлық сөзін жатқа біліп алғандай болсам да, көзім қайта-қайта сүзіп шығады. Төрт жыл бірге соғысқан жолдастарымның аттарын көргенде, көз алдыма өздері де бірге келеді.

Үлкен қара көздерінде әр кезде бір ой тұратын капитан Мирошник қазір кіріп келіп, неге жатырсың, жаралану ұят емес пе дейтіндей көрінеді. Кейбір адамның өлгенін көзіңмен көрсең де, оның біржола көнбей қоятыны да болады екен!

Андрей Мирошник бізді жас демей, үлкен істердің тізгінін өз қолымызға беріп, сеніп қалушы еді. Шыжымсыз, арзан ақыл — ұсақ кіжіңсіз, қанатың болса, еркін сермеп өсіп едік.

Самедтің атына көзің ұзақ тоқтап, оралып соға береді. Самед қасыңда жүрсе, соғысу да жеңіл, өлу де орынсыз сияқты көрінуші еді. Жаның жүдеген бір жайды байқап қалса, Самед бір қалжың айтып, ұмыттырып жіберер еді...

— Алла тағаланың екі жамағаты болыпты... — дегені еске түседі. Таманьнан аттанар алдында, еркек-әйелдің жайын айтысып қалжыңдасып отырғанымызда, Самед:

— Адам атаң мен Хауа анаң да қу болған!.. — деді...

— Неге, неге? —деп ортаға алғанымызда:

— Бүкіл ғаламдағы ең үлкен двигательді — жүрек моторын сол екеуі ашқан ғой, екеуі де орысша, қазақша хат танымайтын неграмотный надан болған...— дейді күлдіру үшін жарым-жартысын әдейі орысша айтып.

Петр Ушаковтың аты жаныңа ерекше батады. Мен оған «Берлин төбесіне мына туды шанышқан Совет Одағының Батыры Петр Ушаков!» деймін дегенде:

— Е, ойың әлдеқайда екен ғой! — деп, ысқырып жіберіп еді. Дәл сол жерде қалжың ретінде айтсам да, Петяның ер жауынгер екеніне әлдеқашан көзім

жеткен болатын. Шынында, біздің ішіміздегі нағыз соғыс адамы сол Петр еді. Батыр аты бір адамға жарасса, Петрға жарасатынына өз қара басым ертеден сенулі едім.

Ең жақын достарымның ішінен ендігі тірі қалған — Володя мен Вася да сол тізімде, Володя екеуміз тіпті қатар тұрмыз.

Мана таң атысымен Володя келіп кетті... Алдыңғы күні көппен бірге көрген у-шудың ішінде біріміздi-біріміз бір құттықтағамыз. Енді оңашада еркін бір құшақтасалық дегендей, көзіміз жылтырап, үнсіз ұмтылысып қалдық. Құшақтасып жатып, біріміздi-біріміз бүйірден түртіп-түртіп, нұқып-нұқып қойдық... Ол немене дескеніміз деп сұрасқанымыз да жоқ. Аузымыз айта алмасты жанмен, тәнмен айтысқанымыз еді онымыз. Ол көзін менен жасырады, мен одан жасырам...Тегі, жылаған болуымыз керек... Батыр атансақ қайтейік, бұл біздің әрі сақылдап күліп, әрі кеңкілдеп жылардай бақытты бір минутымыз еді.

Газетке қарай беретін тағы бір себебім бар... Бұл менің ең қымбат достарымның тізімі. Көбінің өмірбаяны мен еңбектері осы тізімге келіп тіреледі де, тоқтап қалады. Өздері де осы төбенің іргесінде, бір молада қалып барады. Ендігі адрестері — Керчь, Қорғантөбе, бауырластар зираты...

Тірі қалған екі жолдасымнан енді жарты сағатта тағы айрылғалы жатырмын. Қазір маған самолет келмек, алып кетпек.

Әлгіде ғана дәрігерлік қызметінің майоры келіп:

— Әзірленіңіз. Қазір сізді жөнелтеміз, — деді, мен оған:

— Бекер олай ұйғарған екенсіз. Осында-ақ жазылып, қатарға қосылатын жайым бар сияқты еді ғой, — дедім.

Майор бұған ренжіп қалғандай болып:

— Мұндай жарамен ойнамаңыз... Мен сізге турасын айтайын халыңыздың бірнеше қауіпті жақтары бар... Мүмкін аяғыңыз кесілетін де болар. Оны бұл жерде істей алмаймыз, — деді.

Екеуміз сөз жарыстырып, едәуір жерге барысып қайттық. Мен ол кісіге, атақ алған адамдарда артығырақ қалбаң қағып тұратын мінез болатын жағын да аңғарттым-ау деймін... Ол кісі маған ауру мен атан екеуі екі нәрсе екенін түйрей ескерте келіп:

— Әзірленіңіз, жөнелтеміз! — дегенді үзілді-кесілді айтқан қабақ көрсетті.

Әйтеуір жөнелтер болсаң, айтарымды айтып қалайын деген адамша:

— Жолдас майор, мен аяғымды кестірмеймін! Бұл аяқ маған Берлин көшесінде де керек болады. Балдаққа асылып бара алмайтын шығармын, — дедім.

— Кесу керек болмаса, кеспес. Ақсақ-тоқсақты көбейтуге біз де құмар емеспіз, — деп, дәрігер кетіп қалды.

Сонымен қазір аттанғалы жатқан сияқтымын... Менімен бірге кететін төрт жылдан бергі қайғы-қуанышымыз араласып кеткен жауынгер достарымның тізімі ғана...

— Аяғыңды еш уақытта кестіруші болма! Аяқ деген екеу болғанда ғана жақсы. Бірі ұзын, бірі қысқа болса да сәні болмайды! — деп, Володя қасымда отыр.

—

— Үшеу болғанда да оңбайды! — деп, Вася қалжыңдайды.

— Төртеу болса, әлдекімге ұқсағаныңды өзің де танымай қаласың! — деп, жаралылардың біреуі тық-тық күледі.

Мирошниктің орнына командир болып қалған капитан Ревякин маған әмір есебінде бұйырып:

— Аяқты кестірем дегенді ойыңнан біржола шығар! Алты ай уақыт берем, Одер өзенінде қуып жетіп, өзімізге қосылатын бол!.. Одан кешігіп қалып, Шпреяда қуып жетер болсаң,, қабылдамаймын... Әмір осы!.. — дейді.

Мен оған Одерде қуып жетуге уәде бердім...

Өзгеден гөрі Васяның түтіні басқарақ шығады. Ол біз қайда да солдатпыз, соғыста да, еңбекте де, қазір де, соғыстан кейін де деген жақты басыңқырай сөйлейді.

— Сен тура Қарағандыға тарт! — дейді Вася.— Ана жолы адасып барғандай болып едік, енді өзің сұран!.. Біз Одерға жетіп қалсақ, ар жағы екі-ақ аттам.. Қуып әуре болғанша, Қарағандыда күт... Мен соғыс біткен күні билетті Қарағандыға деп алам... Тағы да бір майданда бірге болармыз... Сүйт, Костя!.. Қарағанды деген — байлық қой жатқан... Ол үлкен бекініс, Отанның бекінісі. Сонда кездесейік...— дейді.

Жалғыз бүгінгі емес, ертеңгіні қоса ойлап отырған Васяға қалай уәде бермессің?.. Екеуміз Қарағандыда кездесуге уәделестік...

Қасымыздағы үңгірде «тез, тез!» деген дәрігер даусы шығады. Кенеттен көріп жасаған теңдерін алдыма көлденең тосып маған да екі санитар келіп қалды.

— Қане, ауру жолдас...

— Жолдас майор, рұқсат етіңіз...— деп, Володя мен Вася мені көтеріп алып, теңге өздері салып жатыр.

— Тез, тез! Санитар самолеті жау барлаушысына кездесіп те қалыпты. Тез көтеріліп кетуі керек, —деген дауыс естіледі. Манадан берік жатқан көңілім босап, болжырап барам... Тең көтеріліп кетті. Екі жағымнан келіп аузымнан сүйе бастаған Володя мен Васяның маңдайлары түйісіп қалды.

— Ал, Костя, жазыл... Тез жазыл!..

— Күтеміз... Тез күтеміз...

— Күнде хат жазып тұр!..

Сендерге жазбағанда кімге жазар дейсің, бауырларым!.. Мен кетсем, өзім ғана кетіп барам, ой-арманымыз бөлінбеген еншідей, осында, сендерде қалып бара жатқан жоқ па!..

Кішкене-кішкене шамдар, бірінен соң бірі кейін қалып, аласа үңгірдің исі де өзгеріп барады. Дәрі-дәрмек исі жоғалып, адам исі, оқ-дәрі исі келеді. Енді, міне, ауа тазарып, даланың исі келе бастады.

Шалқамнан жатқан бойы төбенің тар үңгірінен кең далаға шықтым. Жазғытұрғы шуақ самал, сағынған самал жібектей желпиді. Күннің көзі шекеңе қадалып, көзіңді аштырмайды. Аспанда күркіреп айналып бірнеше самолет жүргені сезіледі. Төбенің түбінде ғана зіркілдеп, жер тарпып, жарқырап санитар самолеті тұр. Қанатында қызыл крест...

Қасымда келе жатқан Вася қолын шекесіне апарып, әлдекімге құрмет көрсетіп, әскерлік сәлем берді.

– Жетер, Костя, аш көзіңді! – деген дауысты да таныдым. Шегенді де көрдім.

– Өзім келдім, қалқам, – деді Шеген азғана еңкейіп, күлімдей сөйлеп. – Армия генералының әмірі бойынша саған арнаулы самолет жіберілді. Қай жерің өзі? – деді.

– Бір аяғым ғана.... Болмашы бірдеме.

– Аяқты жамай біледі біздің дәрігерлер. Әлі-ақ жүгіріп кетесің. Біреуі түгіл, төртеуі жоқ болса да қаз бастырады. Түк емес...

Самолеттің қасында Ревякин, Вася, Володя... Енді бұлар да үшеу-ақ қалып бара жатқан сияқтанады... Дір қағып, ұшқалы тұрған самолет ешкімнің даусын естіртпей жіберді. Не айтып, не тапсырып жатқандарын көздерінен ғана танып:

– Көріскенше қош болыңдар... Тез қайтармын. Қуып жетермін, – дей бердім. Бұлармен қоштасып жатқанда Шеген де ұмытыла тұрған сияқты...

Мені көтеріп әкелген кенеп теңді самолеттің төбесіндегі бір ілгекке іліп, мені аспа-бесікке салынған баладай асып қойып жатыр.

– Бай, бай, бай!..– дегені Володяның ернінен танылады.

Қатарымда тағы бірнеше аспа-бесік... Бәріміз де шалқамыздан жатырмыз... Қатар тізіліп, азғана теңселіп тұрған аспа-бесіктердің арасынан әлдекімнің иегінің астынан ақ киінген әйел денесі бір көрініп кетті. Шегеннің көздері әлденені жасырып тұрғандай, құбыла күлімдейді.

– Немене, Шеген аға? – деп, ернімді жыбырлаттым. Ақботаның хабарын айтқың келіп тұр ғой деп ойладым.

Шеген естімеймін дегендей құлағын нұсқап, басын шайқады да, әрірек кетті. Айналамды қоршап тұрған жолдастарым мен санитарлар өздерінен басқа еш нәрсені көрсетпей жіберді. Вася мен Володя бетімнен тағы бір-бір сүйіп, асыға жүгіріп, темір баспалдақты тық-тық басып, түсіп бара жатқандары сезіледі. Ойым өзімді тастап, сол екеуінің артынан қуып барады. Екеуінің даусы тағы бір естілер ме екен деп, көзімді жұмып, құлағымды сыртқа тостым... Ешбір дауыс естілген жоқ.

Самолет қойқаландай қозғалып, жүгіре бастады. Артқы дөңгелегімен жерді бір-екі нұқып қалып, жоғары көтеріле бергені сезіледі. Бесігің солқ етіп, самолет сықырлағандай болады... Енді міне, тып-тыныш, жұп-жұмсақ... Анда-санда бір орғып қалып жоғарылап алды да, самолет көлбей көсіліп, жөнін түзеп заулап кетті.

– Қалай, Костя? – деп, бір жағымнан Шеген қасыма келген соң, мен жүзімді соған қарай бұрып ем, екінші жағымнан келген біреу жұмсақ қана салқын саусақтарын менің маңдайыма басты...

Жұмыр ақ саусақтардың арасынан қызғылттанып қана жарық сәулесі көрінеді. Өзге саусақтардан жігін ашып, бөлегірек тұрған шынашақ сөйлеп жібергісі келіп тұрғандай... Жоқ, сөйлеген жоқ... Сырғып келіп көзімді бір сипап өтті.

Бұл Ақботаның саусақтары екенін Шегеннің жүзінен танып, сол қолыммен жұмсақ саусақтарды маңдайыма жапсыра қатты-қатты қысып жібермедім. Енді ол саусақтар өздері де кететін емес...

Ақботаның азғана жасқа шыланған қара көздері, тотықса да ажары сынбаған жүзі, балғын қызыл ерні енді тура менің бетіме төніп қалды... Жар жүзін бір ғана көрдім де, көзімді жұмдым. Енді айрылмаймын дегендей, қолым мойнына асылғалы кетіп барады. Аузым кебіржіп, үнім шықпай қалыпты. Ыстық ернінің лебі бар денеме шымырлап жайылып бара жатқандай...

– Қайрош...

– Ботам... Қозғалма... тұр осылай...

Аспанда көріп келе жатқан сағынышты түсім бұзылып кете ме деп қорыққандай, үн шығарғым келмейді. Жаңағы үш ауыз сөзді де ойыммен айтып, қимылыммен аңғарттым. Дыбысым шықса, көзімді ашсам, оянып кететіндей, тынып қалдым...

...Ақбота екі қолымен менің «бесігіме» асыла, қасымда ғана отыр. Бар жайды екі көзімен айтып, екі көзімен сұрап болғандай, қуанышты жүзі ығыспай құлдырады. О да үндемейді, мен де үндемеймін. Айтар сөз, сұрар жай көп те, осы телміріскен қалпымызды бұзғымыз келмейтін сияқты.

– Жоқ, бәрі де кейін айтылар, бәрі де түгел ақтарылар. Бір әңгімені бастап, аяқтай алмай айрылысар болсақ, басталмағаны жақсы. Кім біледі, самолет қазір жерге шүйер де, түсе сала қош десерміз... Енді мен жаралы да, сен жауынгерсің ғой...

Аспан айқын ашық. Манадан бері бір оқтың дыбысы естілген жоқ. Бұл – бейбіт өмірдің белгісі де. Соғыс ұзамай ұшып шыққан ұясына барып орнайды. Сол ұя өртенгеннен кейін екеуміз осы бейбіт өмірде ұзақ жылдар қол ұстасып, бірге жасаймыз... Мынадан гөрі кішірек бесікке тап осылай асылып та отырарсың, Ақбота... Әзір ол жайды айтыспай-ақ қояйық...

Шынында біз қол ұстасып бірге жүргелі көп жылдар өтті, Ақботам. Екеуміз екі жерде болсақ, оқасы не, бір жаумен алыстық. Бір жерде болмағанымыз жақсы да болған шығар. Мен көргенді сен көрсең, менің самайымдағы екі тал ақ шаш сенің самайыңда да болар еді... Жоқ, әзір мұны да айтыспайық... Соғыс жолының шеті әлі алыста, іркілмей, ойланбай жетіп қайт. Мүмкін сол жерде тағы бір кездесерміз... Сонда айтысармыз...

Жаралы жауынгерлер екеумізге қызыға қарасып қояды. Аға ғой, Шеген алысырақ кетіп, газет оқып отыр... Басыңды кеудемнен алмашы, Ақбота. Өріп, жинап қойған бұрымыңның астынан ағараңдап қана мойнің көрініп қалды. Көре тұрайын, басыңды көтеріп әкетпеші.

Жоқ, Ақбота, балғын жүзіңді иек жаққа жақындата көрме... Иегім кірпідей шығар. Сақал алу жайын білсем де, көптен бері ұстара көргенім жоқ.

Кірпігің неге шыланып кетті, серігім? Ақ шапанның астынан иығыңда погоның барлығы көрініп тұр. Әлде қолыма қатаңдау тиіп еді, сен өзің дардай офицер болып шығып жүрме!.. Офицер жылағаны ұят болар, қой, Ақботам. Мен сенің жылау түгіл, қабақ шытқан көзіңді көргім келмейді. Мұны аузым айтпағанмен жан-тәнім түгел айтып жатқанын көретін шығарсың!..

Әлде, маған «жаным, сәулем, күнім» деп айтпадың» деп, көзіңе жас алдың ба?.. Жоқ, Ботам, оны да айтыспай тұра тұрайық. Соғыс үні өшкен жоқ әлі. Ол құлағына жат естілер. Естерсің де күліп жүрерсің. Ең көп айтарымыз да,

тоздырмай ұстарымыз да сол болсын. Оны да кейінге қалдыра тұрайық. «Бел астындағыға бесіктегі бала да шыдасын!..»

Ақ шапанның астынан күміс сыңғыры естіледі. Қыз күнінде шашында теңгелік те болмайтын еді. Әлде кеудең ән салып тұр ма? Жоқ, бұл маған таныс сыңғыр. Киінер кезде бірге сыңғырлармыз... Екеуміздің жүрегімізде де дақ жоқ, әнді де сонда бірге салармыз.

Жоқ, мен аяғымды кестіре алмайтын шығармын!.. Мен өмір шалқарында сеніменен аяғымды қатар басқым келеді. Мана Берлинге жету үшін аяғым керек деп едім. Оным майдан солдатының ойы ғана екен. Берлин деген немене ол? Адамның бар арманы сондай-ақ болғаны ма? Жоқ, алдымызда шалқар өміріміз бар, Ақбота! Сол өмірде тең басайын. Аяғым соған керек. Жоқ, мен аяғымды кестірмеймін!

Дүниеде туған еліңнен артық ел де жоқ, жер де жоқ депті Хожа Насреддин. Сол еліміздің құлпыра түсер шағына келе жатырмыз. Адамның ойы да көркем, бойы да көркем болады ол елде! Мен аяғым түгіл, бір бақайымды да кестірмеймін! Сен осыған серігім, қынжылма!..

Күміс қанат құрыш құс ақырын ғана ырғып қалып, төмен құлдилап барады... Енді бірнеше минуттан кейін сен ақ шапанды шешіп тастайсың да, автоматыңды асынып, орныңа қайтасың... Мені «бесігіммен» көтеріп, тағы бір жаққа әкетеді. Екеуміз қосыла көріп отырған түсіміз де сол жерде үзіледі, қош десеміз... Оны айтпасымызға болмайды.

Ботам, қара көзім менің!.. Мен жолдастарыма Одер өзенінде қуып жетуге уәде еттім. Өзім қазір сенің қасыңда болсам да, ой-арманымның кесек бір шумағын жолдастарыма қосып кеттім. Ол — солдат уәдесі. Мен оны орындауға міндеттімін. Сол уәдені саған да берем. Сонда кездесейік...

Енді бір досыма Қарағандыда кездесуге уәде еттім. Бұл — еңбек солдатының уәдесі. Мен мұны да орындауға міндеттімін. Бұл уәдені саған да берем. Сонда кездесейік... Соғысты жеңіспен аяқтап, үйімізге тезірек қайту үшін мен тезірек жазылуым керек. Алдымызда бейбіт өмір бар, оқу бар, еңбек бар. Қазір үзілер түсіміздің өңімізде жалғасары бар...

Ботам! Мен уәде еткен жерлерде сен де бірге бол... Қасымда бол, қатар тұр!.. Қазір қоштасарда мен саған осыны ғана айтып қалармын...

ҰЛПАН

ПОВЕСТЬ

«Әйел турмай, еркек оянбайды».
Қазақ мәтелі.

Бірінші бөлім

1

Есенейдің төрт қос жылқысы Қаршығалы шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді. Тақырланып қалған жазғы жайлаудан келе жатқан жылқы қарауытқан қалың орманды, өзекшілікті өңірге тұяғы тиген соң-ақ, ұстарадай өткір тістерін жерге қадай бастады.

Қазақтың байлығы жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар қара отты шұбарға жақын ұстамасаң– «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық», кейде тақыр-таза жаяу да қаласың. Жаяу қалған адам несімен адам?.. Несімен қазақ?..

Есеней қазір қаптал-қапталдан, жер түгін тістелей жылжып келе жатқан байлығының алдында едәуір жерде, биіктеу жотаның қырқасында ат үстінде тұр. Көз жетпес көкжиекке дейін созылып-керіліп жатқан кең алқап шын-ақ мақтағандай екен. Жота-жота қалың ормандар. Өзекті-шілікті,тұяқ тимеген қара отты кең шиыр. Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердің шөбін әлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп, ірге тепкеніне байдың көңілі әбден тояттағандай.

Есенейдің қасында төрт адам жолдастары бар еді: ең сенімді серігі – жамағайын «түрікпен» Мүсіреп, Алдай елінен аңшы Мүсіреп, руы басқа болса да, Есенейдің қосалқы атын жетелеп жүретін жас жігіт, түрікпен Мүсірептің туған інісі Кенжетай.

«Түрікпен» Мүсіреп аздап сыбызғы тартады. «Бозінген», «Бозмұнай», «Сүйір батыр», «Алқакөл», «Алғашқым» деген күйлері бар. Одан соңғы құмары – бір

жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам. Қалталарында қалампыр жүреді... Әлі ақ кірмеген сақал-мұртын жарасымды қырқып ұстайды.

Алдай Мүсіреп — аңшы адам. Балдаққа сүйеген оң қолында «түлкі перісі» атанған томағалы қара бүркіт, арқасында жалғыз оқ, сирақты шиті мылтық. Азырақ асыға сөйлейтін, азырақ асыра сөйлейтін адам.

Күн кешкіре келе бұлыңғырланып тұр еді, ұзамай қар қапалақтай бастады. Есеней алыстан көз тігіп келіп тоқтаған жерін мақтап-мақұлдағанын күткендей жолдастарына қарады.

Осынау кең қорықты Есенейдің есіне алғаш салған аңшы Мүсіреп еді. Сонысын тағы бір ескертіп қалғысы келіп, Есенейге қарай еңсеріле бұрылып:

— Аға сұлтан пірім-ау! Айтпап па едім? Қысқа қарай жылқы баласына бұдан артық жер болмайды, иесіз жатқан жер! Бір қыс жайладың болды, аға сұлтанның шұбары атанады да, балаңның баласына дейін кете барады! — деді.

Есеней оның сөзін аяқтатпай, екінші Мүсірепке қарады. Осы бір «аға сұлтан», «балаңның баласына» деген сөздер Есенейге шаншудай қадалатынын ақкөңіл аңшы аңдамай-ақ қойды. Аға сұлтан болғысы келіп бола алмай қалған адамға, екі ұлы бір күнде өліп, содан бері жиырма жыл бойында әйелі бала көтермей қойған адамға жаңағы сөздер мазақтаумен, қорлаумен тең екенін жарамсақ аңшы түсінбесе керек. Атаққұмар, лақап құмардың сөзін қайталай береді.

Өткен қыс аңшылықта кездесіп қалып, Есенейге екі түлкі, үш бірдей қара қылшық күзен байлап еді, сонысын арқаланып, кимелеп сөйлейді. Биыл, міне, жер қарадан қасына еріп, Есенейдің қасқыр алатын арабы иттерін баптап жүр. Өзі де аң құмар Есеней оның бетін біржола қайтарып тастайтын қатты сөз айтпай келеді. Қолын азғана сермеп тоқтатып тастайды, бар болғаны сол-ақ...

—Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр. Бірақ осы күні иесіз жер бар ма, бір иесі бар шығар,— деп «түрікпен» Мүсіреп аз кідіріп қалып еді, аңшы Мүсіреп тағы киіп кетті:

— Жоқ, жоқ! Иесіз демедім бе. Бұл өңірде мен білмейтін жер бар ма, тәңірі! Қасқыры мен түлкісінің ен-таңбасына дейін білемін. Құдай біледі деп айтайын, «Қаршығалыда» үш мың қасқыр, бес мың түлкі, он екі мың күзені, жеті мың қоян бар!..

«Түрікпен» Мүсіреп адасына қарап қағытып қалды:

— Ақ құр, қара құрларын санамаған екенсіз, Мүсеке!

— Үш мың қасқыры болса, менің жылқымды бір қыста жеп тауыспас па екен? — деп Есеней де қалжыңдады.

Кенжетай ағасына қарап, ну орманның орта тұсын көзімен нұсқады. Мүсіреп інісінің нұсқаған жағына қарап:

— Сонау қалыңның орта тұсында үш жерден түтін көріне ме деймін, — деді Есенейге бұрылып.— Әне бір салт аттылар да көрінді.

Үш салт атты қатты жүріп келеді. Біреуі алдарақ, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу тірсек желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып ілесіп келеді. Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында тұрған топтың алдына жақындап келіп, сөйлеп кетті:

– Армысыздар, ағалар!.. Қаршығалы шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Кірлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескей деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен...

Аңшы Мүсіреп Есенейге жарамсақтанып, жігіттің арызын аяқтатпай киіп кетті:

– Сүйреңдемей тоқта, бала, тоқта деген соң! Ауылыңа сәлем айт: Есеней аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жеріне таласып әуре болмасын! – деді.

Жігіт те іркілген жоқ:

– Есенейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеңіздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқысының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз...

– Мына көргенсіз кімнің атын атап тұр өзі! Құйрығыңды түріп тастап, дүрелеп алсын деп тұрмысың? – деп анайы аңшы атын тебініп-тебініп қалды. Есеней қолын сермеп тоқтатпағанда, әлденеге ұрынып қалатын жайы бар. Жас жігіт бұл жолы сөз қайтарған жоқ. Басын төмен иіп, арызына жауап күтіп қалды.

Осындай өжет жастарды Есеней қатты ұнататын еді. Жиырмаға келмеген бала жігіттің сөзінде нәр де, зәр де бар екен. Осылай өсірермін деп үміт еткен екі ұлы қара шешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уытты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл Сибанның ішінде үміт етер өреннің бәрінде сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып, «түрікпен» Мүсірепке қарады –жылы жауап бер дегендей еді. «Түрікпен» Мүсіреп жас жігіттің сөз саптауынан ашынғандық лебін өзі де танып тұрған. «Кірме Күрлеуіт» дегеніне қарағанда, арыз айта жіберіп отырған қай бір бай ауыл дейсің. Сөз білер ақсақалы да болмаған-ау.

– Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, – деді ол, – аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта барарсың. «Түсі игіден түңілме» дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр. Әттең, ашынғандықтан болса да, азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Ауылыңа мұны да айта барарсың.

Бала жігіт бұл жолы да тез жауап қайтарды:

– Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса айып өзімде. «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» деген бар ғой. Міне айыбым! – деп атынан түсе қалып, ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді. –Әйтеуір, ат жетелеп жүр екенсің, мынаны да жетелей жүр.

Содан соң екі жолдасының бірін түсіріп, соның атына мініп алды да, жөнеле берді.

– Кешіре көріңіздер, ағалар...

Жолдастары бір атқа мінгесіп кетті.

Есеней ұзай берген бала жігітке ұзақ қарап қалды. Бір сәтке баласыздығы бойын билеп, бар ойы сол бала жігіттің соңынан кетіп бара жатқандай еді.

– Қап, құйрығын түріп жіберіп, дүрелеп алу керек еді өзін! – деді аңшы Мүсіреп, қайта қызына бастап. «Құйрығын түріп» дегенді тауып айттым деп тағы қайталады.

– Апыр-ау, бұл кімнің қызы болды екен! – деп «түрікпен» Мүсіреп Есенейге қарады.

– Қыз? – Күні бойы Есенейдің аузынан шыққан екінші сөзі осы еді.

– Ие, қыз!.. «Міне айыбым!» дегенде, көз құйрығымен өзіңді бір шарпып өткенде неғып байқамадың? Шарпып емес-ау, көз қиығын серпе тастап қарайтыны бар екен де!..

– Ай, түрікпен-ай, жер ортаға жақындап қалсаң да, қыз-келіншек дегенде қырағысың-ау! – деді Есеней. Неге екені белгісіз, мақтағандай еді.

Аңшы Мүсіреп шошып кетті.

– Қыз болса, мені құдай ұрды төбемнен! – деді. – Мен масқара болдым. Бұл – Артықбай батырдың қызы Ұлпан. Үйіне қонып кеткеніме ай толған жоқ. Ең болмаса, қара жорғасын танымай қалғанымды қарашы! Бір күн қасыма еріп жүріп, екі қаз байланып еді! Қарағым-ай, енді сенің бетіне қалай қарармын! – Аңғал аңшы күйіп-пісіп, шошалақтады да қалды.

– Дүре соққың келмеппе еді? Бетіне қарамай-ақ соға бересің де! – деп, өзі сасқалақтап қалған аңшыны «түрікпен» Мүсіреп біржола өлтіре салды.

– Артықбай батырдың қызы деймісің? – деді Есеней.

– Ойбай, аға сұлтан пірім-ау! Соның қызы Ұлпан. Мінер жақ артқы ақ бақай, маңдайында төбелі бар, су төгілмейтін қара жорға тұр ғой, міне!..

Қыздың бір-ақ рет көз қиығын Есенейге серпе тастап қарағанын «түрікпен» Мүсірептен басқа ешкім аңдамай қалған екен. Кешкірген бұлыңғыр күн, қапалақтаған қар... Арыз айтуға қыз келер деп кім ойлаған! Келген бетінде кие сөйлеп, бәрінің көңілін өзіне аударып әкеткен Ұлпан қыз екендігін аңдатпауға тырысып еді. Солай бола тұрса да, қыздың аты қыз ғой, атақты батыр, аты шулы әділ би атанған Есенейге қыз көзімен бір қарап қалғанын өзі де сезбеген.

Қыр жайлаулардан құлап келе жатқан Есенейдің жылқысы екенін ауылы біліп отырған. Қалың қара шұға жалбағай бет-аузын жауып кеткенімен, атандай қаракер аттың үстіндегі зор денелі адамның Есеней екенін Ұлпан да ішінен таныған. Бес жасар кезінде көргені де, қорқатыны да есіне түскен. Бірақ өзін танытпай кетті.

Есеней тобы аңырып қалды. Не істеу керек? Қара жорғаны қыздың айыбы деп қалай алып қалар? Сұңғыла қыз бұларға бір ұялармық ұпай салып кетті емес пе! Ие, «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» дейтін елдің нақылын еске алсаң, лайықты жұмыс болмапты. Есеней жолдастарына қарады – «Не істеу керек?».

– Артықбай батырға тізе көрсеткендей болып келгеніміздің өзі қандай айып! Қызының атын айыпқа алып қалғанымыз – екінші айып. Арыз айта келген қыздың атын айыпқа алып қалғанымыз айып біткеннің ішінде ел естімегені болар! – деп «түрікпен» Мүсіреп Есенейдің қара шешектен қара шұбар болып қалған бетіне тура қарады.

Есеней өмірінде айып артып көрмеген адам, айып-жазасы болған адамдарға қатал жаза кесуді жақтайтын би еді. Болмашыдан сүрінгеніне әрі күлкісі келеді, әрі шешімін таба алмай тұрғаны анық. Артықбай – оны бір рет намыс өлімінен

айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған кәрі жолдасы, батыр адам.

– Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған дұрыс болар! – деді «түрікпен» Мүсіреп.

– Айналайын адасым-ай, таптың, таптың! Менің кәрі бозымды бірге қосақтап жібер! – деді ақкөңіл аңшы.

Есеней «Жөнел!» деген бұйрығын Кенжетайға иегімен нұсқады.

– Артекеңе сәлем айт, ертең сәлем беріп қайтармын!

Өзі жетелеп жүрген Есенейдің Мұзбел дейтін торы төбел атын қара жорғамен бірге жетелеп алып, Кенжетай жөнеліп кетті.

Есеней жолдастарына ендігі байламын айтты:

– Осы жоннан әрі бір жылқы тұяқ салмасын! Сәдірдің қосынан басқа қостардың екеуін Құсмұрынға қарай, төртінші қосты өзіміздің Аққусақ, Қаремен, Еламан көліне қарай аударыңдар. Сәдірдің қосы осы маңда қала тұрсын. Екі адас, менімен қаларсыңдар, Бекентай, сен Құсмұрын қосымен кетерсің...

Серіктері Есенейдің бұйрығын орындауға тарасып кетті, Есеней өз қосын тіктіруге көлге қарай жалғыз бұрылды. «Бұдан он жыл бұрын жер астындағының дыбысы елден бұрын маған жетуші еді, Артықбай батырға ұрынып қалғаным қартая бастағаным-ау! – деп ойлады Есеней. – Әлде кәдірім түсе бастағаны ма екен? Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Бұрын ғой ондайды өзім анықтатып алушы едім!»

Жаңағы аз оқиға Есенейдің көз алдына бұдан он бес жыл бұрын өткен оқиғаларды әкелді. Артықбай батырдың ерекше бір ерліктерін еске түсірді. Ол бейбіт елді қайта-қайта шауып, қайта-қайта талан-таражға салған Кенесары төренің лаңы болатын.

Кенесары орыс шекарасынан шеткей отырған Керей-Уақ елдерінен екі рет шауып әкетті. – Кенесарыны хан сайлауға риза болса, ақ сақал, қара сақал билері тез жетсін! – деп шапқыншы жібереді де, үш күн ішінде хабар болмаса, шауып әкетеді. Жылқыға құмар, қыз-келіншекке құмар.

Тобыл, Бағлан, Стап, Капитан қалаларына жақын отырған бес болыс Керей-Уақтың шетірек отыратындарын әлденеше рет шауып әкетті. Бұл рулардың Сарыарқаға қарай шетірек отыратындары болғанмен, қалың көпшілігі орыс қалаларына шектес отыратыны жан сақтап келіп еді.

Аманқарай дуанына қарайтын көп рулы елдердің өміріне базар кірген, шай, қант, нан, орамал, сабын, сиса, барқыт, жібек, былғары кірген. Бұдан жиырма жыл бұрын хандық жойылғаннан кейін, жаугершілік саябырлап, бейбіт өмірдің іргесі бекіне бастаған еді. Соның бәрін ұмытып, Кенесарыны хан сайлауға бұл елдер көнбей қойды: шабылып жатыр, қыз-келіншектері қорланып жатыр.

Есеней бірдеме білсе, Кенесары «сідік-масы» ақылсыз адам болып шықты. Қазақ хандығы дегеннің шек-шеңбері де жоқ, бұлжымай тұрар заңы да жоқ. Біреуі хан сайланса, хан Шыңғыстың барлық ұрпағы елді ру-руға бөліп алып билеп, ойына келгенін істей беретін. Тоймайтын да, қоймайтын да. Енді сол заманды Кенесары қайта орнатпақшы! Ол заманнан бұл ел біржола безініп болған.

Маңдайы тайқылау, төбесі шошақтау көрініп еді, Кенесары ақылды адам болмай шықты.

Қазақ жерінің батысынан бастап, шығысына дейін жетіп, енді оңтүстігіне иек артып қалған орыс қалалары бар. Орал, Орынбор, Тобыл, Түмен, Қызылжар, Омбы, Ірбіт – үлкен шаһарлар. Ол қалалардың ішкі бетін астарлап казак-орыс станицалары орнап қалды. Сонда Кенесары хандығын қай жерге орнатпақшы! Бетпақдалаға ма? Оған ерген ел өзінен өзі «Ақтабан шұбырынды» болмасқа не амалы болмақ? Бұдан екі-үш жыл бұрын Кенесарыға ерген елдердің қазір қашып жатқандары бар. Мұны да түсінбесе, Кенесары шын ақымақ екен!

Отаршыл патшалықтың алары да аз емес, орыс қалаларынан сенің аларың да аз емес. Ханның қазанына түсіп кеткеннің сенің аузыңа көбігі де тимейді, сүйегі де тимейді.

Осыны ойлаған елдер тыныштығын шайқап Кенесары дүрбелеңіне ермей, қасарысып қалды. Осыны ойлаған Енесей Кенесарыға қарсылық туын көтерді. Керей-Уақ деп аталатын бес болыс ел Есенейдің айналасына жинала берді, жинала берді.

2

Қазақ соғыстарында жаралану көп те, өлім аз болады. Садақ оғы көбінесе алыстан атылады да әлсіз тиеді, әлсіз жаралайды. Сойыл-шоқпары бар адам найзаны да оп-оңай қағып қалып, ортасынан үзіп жібере алады. Найзасы сынған адам құр қол адаммен бірдей. Қылыш деген, қарама-қарсы қасарысып қылыштасу деген қазақ соғыстарының салтына кірмеген. Үш жылға созылған Есеней мен Кенесары қолының соғысында әлі үш жүз адам өлген жоқ. Жараланып, қатардан шығып қалған мүгедектер екі үйдің бірінде бар.

Қазір Кенесары қалың қолын Керей-Уақтың өкпе тұсына, Есіл бойына топтап, Есенейге қарсы үлкен жорыққа әзірленіп жатқаны байқалған. Есеней де бес болыс елдің ер-азаматын қарама-қарсы топтап, жайлау көлдеріне орнады. Содан кейін жинаған қолын әр елдің батырларына, сенімді ақсақалдарына тапсырып, өзі қасына қырық адам ертіп, дуанбасы аға сұлтан Шыңғысқа тағы бір жолығып қайтуға жүріп кетті.

Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов деген төре еді. Ол адам Кенесары қозғалысына қосылған да жоқ, қарсылық та көрсетпей келеді. Шабылып жатқан елі бар, Кенесарыңа кетіп жатқан елі бар, аға сұлтан мұның екеуіне де дәрменсіздің енжарлығын көрсетіп, ордасында тыныш жата берді. Үш жылға созылған талан-таражға селт еткен емес. Қысқа қарай қырық семіз соғым, жазға қарай қырық сауын бие, жүз бойдақ қой жинатып алады да, соны беріп отырған ел шабындыға ұшырап жатқанда үн шығармайды. Аға сұлтанның екі оқты мінезі басқарып отырған елінің ішіне іріткі салып та болды. Есеней аға сұлтанмен арасын біржола ашып алуға кетіп еді.

Есеней – аға сұлтан кеңесінің ең беделді биі. Әділ де қатал би атанған адам. Ұзақ ойланды, байламын бір-ақ кесіп айтады. Ұры-қарыға, шылық-былыққа қатал адам. Қасында қарулы қырық жігіті бар, дуан орталығына келді. Ана

сұлтан ордасына серігі «түрікпен» Мүсіреппен бірге Артықбай, Сәдір дейтін екі батырын ала кірді.

Шыңғыс Есенейге тұра келіп амандасты:

– Есеке, қош келіпсіз. Төрлетіңіз...

Бет-аузына кісі тура қарай алмайтын қара шұбар, орта бойлы адам, кеудесінен ғана келетін Есенейге аға сұлтан әрі таңдана, әрі қауіптене қарайтын еді.

– Өз орныңызға, өз орныңызға! – деп қасынан орын нұсқап, абыржып қалды.

Төрде отырған Кенесарының елшісі, Тілеуімбет би мен Жанай батыр, тағы бірнеше адам – бәрі де тұра келіп амандасты.

Есеней төрде отырып қалған Тілеуімбет биді төмен ығыстырып, әдеттегі өз орнына, Шыңғыстың оң жағынан жақын таяна отырды. Отыра бергенде тізесі Тілеуімбет бидің санына тиіп кетіп еді, ол ыршып кетіп, Жанай батырға соғылды.

– Жол болсын, Есеке!.. Дуан мәжілісінен бір ай бұрын келіп қалыпсыз, тыныштық па, әйтеуір?

– Тыныштық болса, келетін бе едім, тәңірі! Жын ұрған бауырың қол астындағы елді күнде шауып, дамыл беріп отыр ма? – деді Есеней. Әдейі Тілеуімбетке тигізе де қадай айтты.

– Керей-Уақтың ішінде Есекең барда сырттан ешкім бата алмас деп, біз мұнда тыныш жата беріп едік... – деп Шыңғыс сөз аяғын іркіп тоқтады.

– Сол Керей –Уақтың ат үстінде ұйықтайтын болғалы үш жылға айналды. Ол сенің біліп отырған жайларың... – деді Есеней, енді Шыңғыстың өзіне тура қадалып.

– О, Есекем ширығып келген екен... Есекем ширығып келсе, мен қашанғы әдетім бойынша аузымды аша алмаймын, – деп Шыңғыс кеңкілдеген болып өтірік күлді. – Шамдана сөйлеспей, шыдаса тұрайық деуге де аузым барар емес.

Созылар сөздің үзіле бастағанын сезіне қойған Тілеуімбет би сөйлеп кетті. Сөзшең екен. Орағытып, оспақтап, мақалдап, мәтелдеп шырғалып келіп, аяғында шамданып, күш көрсетіп қалды.

– Қазақ қазақ болғалы,
Өз алдына ел болып,
Оңаша бір қонғалы,
Хандығынан айрылса,
Ел болудан қалғаны.
Қара сабаң тай жүзген,
Бұхарадан келген тай қазан,
Бәрі адыра болғаны.
Қара нанға құл болып,
Ханына тіл тигізген,
Мейлі би, мейлі құл болсын,
Тартатын бір сазайын,
Көрген емен оңғанын!

Тілеуімбет осылай айбар шегіп тоқтады. Есеней оған жауап бергісі келмей, Мүсірепке иек қақты.

— Отағасы, сіз қашанғы хандықты, қай хандықты айтып отырсыз? Осы отырған аға сұлтанымыздың әкесі Уәлихан қайтыс болғалы жиырма жылдан асып кетті. Содан бері Сібірге қарайтын алты дуан қазақтың ханы барын естіген де, білген де емеспіз. Кенесарыны одан-бұдан қосылған саяқтар ханымыз десе, онда біздің жұмысымыз жоқ, дей берсін. Бірақ мені хан сайламасаң, шауып алам деп отырған бұзақыны есі бар ел хан сайламайтын болар. Сіз біздің елге екі рет келіп, осы тақпағыңызды екі рет айттыңыз. Сонда біздің бес болыс Керей-Уақ қандай жауап қайтарды? Есіңізде болар?

Тілеуімбет би «түрікпен» Мүсірептің бір сөзін естігісі келмей, көзін жұмып алып, басын төмен салып тұнжырап қалды. Кенесарының биіне орыс қойған дуан биінің өзі жауап бермей, қасындағы атқосшы «түрікпеніне» жауап қайтартқаны қатты қорлау еді.

Тілеуімбеттің менсінбегені Мүсірепке де батып кеткен екен, сондықтан ол сөз аяғында бидің өзін түйреп кетті.

— Бірінші келгеніңізде аман кетіп едіңіз... Екінші келгеніңізде қалай болдыңыз? — деп Мүсіреп азғана кідірді де, Есенейдің қабақ түйіп қалғанына қарамай, — астыңыздағы атыңыздан айырылып қайтқансыз! — деді.

Кенесарының Керей-Уақ елдеріне екінші рет жіберген елшісі Тілеуімбет би сол жолы үлкен ұятқа ұшырап қайтқаны рас болатын. «Айыр көмей, жез таңдай» атанған би мақал-мәтелдерімен жұртты ұйытып әкетіп еді, бес болыс Керей-Уақтың арасына үлкен толқу кіріп, ойдан гөрі сөз шешендігіне бастарын шұлғи бастаған-ды. Ол шешендік бидің өз сөзі емес, өңі айналған ел қазынасы екенін қараңғы жұрт аңдай алмай қалған.

— Пай-пай, айтты-ау! Ел қамын жеген Едіге осындай-ақ болар, — деген дауыстар шыға бергенде, Тілеуімбет:

— Ұғынсаң болды, жұртым! — деп шалқая берген. Тап осы тұста қалың топтың ортасында отырған Есеней бидің алдына бір бурыл сақал адам келіп тізе бүгіп еді:

— Әділ би деп алдыңа жүгінуге келдім, Есеней. Арызымды тыңда! Осы әулиесіп отырған Тілеуімбет бидің мініп жүрген сарыала жорғасы кімдікі екен? Соны біліп беріңізші! — деген.

—Өзінікі болад та! — деген Есеней. — Тілеуімбет би біреудің атын мініп жүр деймісің?

— Есеней би, құрып қойған қақпаның бар екен ғой! — деген Тілеуімбет ашу шақырып.

— Жоқ, Есеней би, алты дуанға атағы жайылған сарыала жорға менікі. Осы кісі бас болып келіп, екі жеті өтті, сарыаланың тұқымын түгел айдап әкетті. Содан кейін өзім кеше көшіп келіп, Капитан аузына тоқырадым.

Жаңа ғана Тілеуімбетке бас иіп қалған жұрт енді оның теріскей жағына шығып кетті.

— Ұят-ай, ұят-ай!

– Бұдан да өлген артық қой!

– Сен өзің кімсің? – деп сұрады Есеней.

– Біреудің даңқы атымен шығады, біреудің даңқы итімен! Атығай – Қарауыл Сауытбектің аты сарыала итімен шықса, мен сарыала жорғасымен аты шыққан қойлы Атығайдың бір жаман шалымын.

– Онда сен Жаманбала болдың ғой?

– Болсақ, болармыз.

– Ал бике, төрелігін өзіңіз айтыңыз! – деді Есеней Тілеуімбет биге.

– Қырық қамшы дүре!

– Кімге?

– Би үстінен шағым айтушыға болад та! Есеней аз аялдап отырды да:

– Ат сенікі! –деді Жаманбалаға.

Мүсіреп Тілеуімбетке осыны ескертіп, қытықтап алды да тоқтады. Тілеуімбет сол қатып қалған бойы қатты да қалды.

Есеней сөзін Шыңғысқа бұрыла қарап отырып бастады:

– Ашына келсем, себебім болады, аға сұлтан. Онымды ауыр алма! Тай жүздеген қара саба, тай қазан дегендер ендігі заманда бос сөздер. Нанмен ойнамайық. Нан әр қазақтың күнкөрісіне айналды. Қара сабасы бар, тай қазаны бар хандар қай қазақты асырап еді? Ханның қазанын да, сабасын да қара қазақ толтырып отыратын. Қазір де солай. Қалқайтып хан сайлаған хандығын қай жерге құрмақ? Бетпақтың шөліне ме? Бұдан екі-үш жыл бұрын Кенесарыны хан сайлаймыз деп даурыққан елдер қазір шұбырып мекеніне қайтып жатыр. Мен бірдеме білсем, Кенесары алты дуанға хан болмақ түгіл, өз еліне сыйыса алмай, далаң Сарыарқаға қарай қашқалы отыр. Енді ол қашқын! – деп тоқтады.

Шыңғыстың өз ойы да осыған жақын еді. Наполеонды жеңіп, Батыс мемлекеттерінің тәкаппарлығын басып қайтқан орыс құралына қарсы аттануға қазір қандай ұлы мемлекеттің болса да батылы бармайды. Ондай күш қазір дүние жүзінде жоқ! Түптеп келгенде, Кенесары елді біраз арандатады да, тасталқанға ұшырап тынады. Дегенмен, Үш жүздің болыс-билері бас қосып, Кенесарыны хан сайласа, мүмкін, қазақтың елдігін таныған патша үкіметі қысымын бәсеңдетер ме еді, әлде қайтер еді? Бірақ хандық деген өмірлік тіршілік бола алмайды. Аға сұлтан мұны жақсы біледі. Шабын-шапқыдан азар болған ызалы ел «Көп болса, Кенесары жүзге келер!» дегенді таратып жіберген. Қалың бұқара одан біржолата безінуге жақын. Мына отырған ақылды қара шұбар осының бәрін әбден түсініп, хан тұқымдас аға сұлтанның бетіне тура айтып отыр. Не елмен бол, не туысқаныңды жақтап шық, бетіңді аш дегелі келген ғой.

Патшалық тәртіп бойынша аға сұлтан болып отырған адам бірінші болып Кенесарыға қарсы аттануы керек еді. Оған қалай барар? Тілеуімбет би қол жинап келіп, Кенесарыға қосыл деп салмақ салады. Бұған қалай барар?

Есеней тағы сөйлеп кетті:

– Кенесары Керей-Уақтың дәл өкпе тұсына мыңдаған сарбазын төгіп, ертеңбүгін шабуылдайын деп отыр. Біз де қарап отырғанымыз жоқ. Тегінде, осы жолы бір жағымыз ағалап тынатын болармыз. Әдейі соны хабарлайын деп келдім...

Сөз арасында азғана кідірісті пайдаланып, Тілеуімбет би Есенейге қарап:

— Аманқарағай дуанының төбе биі Есеней орыстың қоржыншысы болыпты дегенді естігенде қуанарымызды да, ұяларымызды да білмедік...қалай да өзіңе лайық, болса, бізге сол болады. Қайырлы болсын! — деп бүйідей шағып алды.

Есеней бөгелген жоқ.

— Есенейдің ескі қоржынына Кенесарының екі жүз жауынгері сыйып кеткен соң, қоржыныма әбден ырзамын, — деді ол. — Атығай — Қарауылдың дардай биі едіңіз, Кенесарының поштабайы болып далақтап жүргеніңіз өзіңізге де қайырлы болсын...

Шарпысып серпісіп қалды да, екеуі де тоқтады. Үш жылға созылып бара жатқан айқастарда Есеней Кенесарының екі жүздей адамын тұтқындап алып, Сапқа тапсырған. Сонысы үшін хорунжий деген атақ алған. Тілеуімбет би аға сұлтан сайлауында бұрынғы би атағынан айрылып қалып, қазір Кенесарының «анда бар, мында барында» жүр. Екі бидің алма-кезек кектесіп қалғандары осы жайлар еді.

Шыңғыс қатты қысылып қалды. Түптеп келгенде, Есенейдің не айтарын Шыңғыс ертеден сезінетін. Бұл жолғысы не қосыл, не бөлін, бойыңды көрсет дегені еді. Ертең өзі басқарып отырған дуанның қақ жартысындай қалың бір жері шабыла қалса, Есеней ол жайды Сібір губернаторына шағым етпей қалар ма? Қазір жұқалап аңдатып отырса, губернаторға турасынан басады. Омбыда алты дуан үстінен бақылайтын Тұрлыбек отыр. Ол Есенейдің туысқаны, қарын бөлесі. Шағымның бірінші жолдары «шабуыл алдында аға сұлтанға өзім барып хабарлап едім, құлақ аспады» деген сөздерден басталатын болады да... Жауығып алған екі жақтың менің көз алдымда кездесіп қалғанын қайтерсің. Осы бір қолма-қол жанжалға айналуға бет алған кездесуді ебін тауып ыдыратып жіберетін не шара табылар екен?

Осы тұста неміс пе, швед пе, ел қазағы Берсен деп кеткен шикіл-сары майор Берсен келіп:

— Аға сұлтан мырза, ат ойындары әзірленді. Мергендер де әзір. Қабыл етіңіз, — деді. Шыңғыс қуанып кетті.

— Қадірлі билер, енді сөз жарыстырып ушықтыра бергеніміз лайықсыз болар. Екі жақтың да түтіні танылды. Далаға шығып, әскери ойындарды көрсек қайтер? — деп орнынан тұрды. Қонақтары да соңынан еріп, бәрі далаға шықты.

«Қауіпті кезде керегі болар» деп, Сібір губернаторы аға сұлтан Шыңғысқа қырық адам қарулы казак-орыс беріп қойған еді. Олар әрі аға сұлтанды қорғаушы, әрі тырп еткізбейтін бақылаушы болатын. Әуелі солар атүстіндегі ойындарын көрсетті.

Казак-орыс әбден машықтанып алған қулар екен. Шауып келе жатқан атқа қарғып мініп те кетеді, ағып келе жатқан аттың бауырынан өтіп те кетеді. Аттары қандай дағдыланып алған! Шауып келе жатып кілт тоқтап, бәрі бір жағына қарай құлап түседі. Тырп етпей жатып қалады. Қазақ аттары мұндайда өзінен өзі есеңгіреп, болмашылдап үркіп, әуелер еді.

Келесі жолы казак-орыстар қару-жарақтарын түгел асынып, жарқылдасып шықты. Қылыш-мылтық, найзалар кезек-кезек айқасып, кезек-кезек сілтессе де, ешкімге дарыған жоқ. Бірақ шын айқаста бұларға қарсы тұру қиын сияқты.

Әсіресе күнге шағылысқан қылыштардың жарқылдасуынан жаның түршігендей екен.

Шыңғыс Тілеуімбет биге ұмытпастай бір сабақ бергендей, оның бетіне аратұра қарап қояды. Керазу қырсық би:

— Бұлар аттарын жатқызып-тұрғызып жүргенде, біз де қарап тұрмаспыз! — деді.

Иә, Кенесары тобырының беті қисайған жағынан бұрылар емес. Бұл — даланқы елдердің хан тұқымдарыынң, би-болыс, ақсақалдарының беті. Елдің патша отаршылдығына заңды қарсылығын пайдаланып, хандық құрмақшы! Олар енді ол бетінен қайтарыла алмасқа кеткен — «бәрібір, қайырылғаныңмен патша да жарылқаймайды, ел де жарылқамайды».

Казак-орыстар ойынынан кейін «жамбы ату» басталды. Бұл ойындардың екеуі де Тілеуімбет бидің келуіне көрсетілген құрмет ретінде әдейі әзірленіп еді. Екі биік қарағай бағанаға көлденең салынған арқалыққа салбыратып ілген бірнеше жамбы жарқырайды. Екеуі тай тұяғындай бақыр. Екеуі бір теңгелік күміс, екеуі бармақ тырнағындай ғана алтын жамбы.

Майор бәсекелі атыстың шарттарын түсіндірді: тай тұяғындай бақыр жамбыны атып түсірген мергенге — түлкі терісі, күміс жамбыны атып түсіргенге — қасқыр терісі, алтын жамбыны түсіргенге құндыз бөрік беріледі екен.

Есеней тобынан Артықбай, Тілеуімбет тобынан Жанай деген мергендер шықты. Екі мерген қатар тұрып, біріне бірі иба-мезірет етісті:

— Керейдің мергені кімге жол береді дейсің, ат! — деді Жанай.

— Арғын аға баласы, жол сіздікі, атыңыз.

— Бердім жолымды!

— Жоқ, мен аға жолын аттай алмаймын, атыңыз?

— Кеудемсоқ Керейдің мергені, ата бер әрі!

— Жасыңыз үлкен ағасыз, сіз атыңыз?

Осылай ескі әдет бойынша үш қайырысқаннан кейін Жанай мерген садағын оқтап ата берді де, оң көзіне қонған шіркейді қағып жіберіп, шіркей шаққан жерін сипап-сипап қалды.

— Көзіңізді бекер сипадыңыз...— деді оған Артықбай. Жанай оған қарамай, садағын тартып қалып еді, садақ оғы алтын жамбыны жанап өтіп, шайқалтты да, дарымай кетті. Іле-шала тартқан Артықбай оғы алтын жамбыны жұлып түсірді.

Даяғашы жалтылдаған қара құндызды Артықбайға әкеле жатыр.

— Әй, сен, мен атайын деп жатқанда, неге сөйлеп қалдың, оттап! — деді Жанай Артықбайға түйіліп.

— Мен сізге достық сөз айттым: оқ атарда көзіңді уқаласаң, оғың далаға кетеді... кетпеді ме?

— Менің көзімде сенің не әкеңнің құны бар еді? — Артықбай батыр әкесінің құны түгіл, қотыр лағының құнын кісіге жіберіп көрген емес! — деп Артықбай да кеудесін керіп тұра қалды.

— Арам!

— Қашақ байталдың... жалап жүрген кәрі азбан, арамдық сенен өтіп, маған келіп пе!

Кенесарының Бопай деген қарындасы – көптермен көңілдес бола беретін тойымсыз атанған адам. Өзі Шыңғыс хан нәсілінен болған соң, қара қазаққа тие де алмаған, батыр-бағланды құр ауыз өткізетін әдеті де жоқ. Артықбай Жанайға сол көптің бірісің деп шағып алды.

Жанай мергеннің бұған шыдар жайы жоқ еді.

– Әкеңнің аузын ит ұрғыр-ай, не дедің, не дедің? – деп садағын оқтап, оңтайлана бастады. Артықбай да соны істеді. Бірін-бірі атып жібергелі тұр.

Шыңғыс айқай салды:

– Тоқтаңдар, әрі?

Екі мерген екі жаққа кетті. Бұрын алыстан өштесіп, садақ оқтарын алыстан кезесіп жүретін күндес мергендер өмір бойы бір көлден су ішпестей, бір дүниеде бірге жасаспайтын болып айрылды.

Шыңғыс ойынды тоқтатты да, ордасына қарай жүре берді. Екі топтың найзагер батырлары, мергендері екі бөлініп орналасқан қонақ үйлеріне кетіп барады. Артықбай бәйгеден алған құндызын Есенейдің алдына әкеліп тастай беріп:

– Есеке, жақсы келіпсіз. Біраз күн жатып, қонағым болыңыз, – деп өтініш еткендей болып еді, Есеней мойны бұрылмады.

– Мен бір күн кідіре алмаймын. Манағы айтқаным бос сөз емес. Кенесары қолы өкпе тұсымыздан қадалғалы тұр. Өз ойынды аңғартсаң болды, жүріп кетем. Стап, Капитанмен де тезбе-тез хабарласуым керек.

– Есеке, менің қиналысым қандай екенін сіз жақсы білсеңіз керек еді, – деп бастады Шыңғыс. – Екі оттың ортасында қалмадым ба! Ел не қыламын десе де өзі білсін. Мен аға сұлтан болсам, сіз екі аға бидің бірісіз. Патшаның қызметіндегі адамдармыз... Бізге әскер беріп қойған жоқ, сене де бермейді. Хан сайлай ма, сайламай ма, ол елдің өз жұмысы. Біздің басқарып отырғанымыз бір-ақ дуан. Кенесарыны хан сайлаймыз деушілер Үш жүз көлемінде сөз байласып жатқан көрінеді. Үш жүзге біздің әміріміз жүре ме? Мен осының біріне де араласқым келмейді. Бізге шын-ақ сеніп әскерін беріп отырған ақ патша да жоқ. Өзді-өзді қырқыса бер дегендей ме, қалай? – деп тоқтады.

Қазақы адам Есеней турасынан бір басып қалды:

– Қысқасы, дуаныңның қақ жартысы шабылғалы отырғанда, дуанбасыдан қайыр күтпейміз ғой! – деді.

– Жаудың қолынан сіздің қол кем болғанда бес есе көп... Басында Есекем бар! Оған мен аралассам, ел-жұртқа күлкі болмаймын ба? – деп Шыңғыс күлген болды.

Кешке қарай Есеней өз еліне жүріп кетті. Шыңғыстан біржола үміт үзіп, не көрсе де Керей-Уақ өз бетімен оңаша көрерін біліп кетті. Бірнеше күннен бері Шыңғысқа салмақ салып жатқан Тілеуімбет би орнынан да қозғалған жоқ...

3

Дуан орталығы Аманқарағайдан кештетіп шыққан Есеней тобы таң құланиектен келгенде, Обаған өзенінің жалғасы – Кіші теңізде отырған Жазы бидің ауылына жетіп еді. Арғын Жазы би Орынбор, Сібір губернияларының ше-

карасын салысқан, Кенесары қозғалысына қаны қас адам. Әзір қол жинап «Аттан!» салмағанымен, Есенейге қатты тілектес, сырлас жүретін еді. Аздап орысша оқыған да бар, Аманқарағай дуанының Есенейден кейінгі беделді биі. Есенейді үлкен қошеметпен қарсы алды. Бірақ билер ауыз жарытып сөйлесе алған жоқ. Қонақтар аттан түсіп, үлкен ақ үйге жақындай бергенде, қатты шауып келе жатқан екі салт аттыны көрді де, үйге кірмей тұрып қалды.

– Біздің шапқын! – деді Есеней. Есенейдің шолғыншылары екен.

– Кенесары қолы кеше Есілдің бергі бетіне өтіп алды, – деді.

– Жазы, маған қырық ат тауып бер. Тірі қалса, көзін қайтарармын, өлсе – құнын.

Қонақтар үйге кіріп, тек қана сусындап үлгергенше Жазы би өз жылқысынан қырық сәйгүлік атты алдырып та үлгіріп:

– Сұрауы жоқ, Есеке, – деді.

Қосалқы сәйгүлік аттармен жедел жүріп, ел шетіне жақындаған сайын, Кенесары қолының Керей-Уақтың ауылдарына әр тұстан тақап, таянып қалғаны анықтала берді. Жаздық жайлауын қимай шетірекпіз ғой деп отыра берген ауылдардың жылқы малдарын, қыз-келіншектерін айдап әкеткен, киіз-кілем сияқты үй жиһаздарын тонап кеткен.

Есеней тобы суыт жүріп отырып, келер күні таң ата басталып кеткен айқастың үстінен түсіп еді. Сырт шамасы бес шақырымға созылған жазықта Кенесары қолы мен Керей-Уақ қолы айқасып қалыпты. Иесінен айрылған ерттеулі аттар айқас шегінен үркіп шығып, бетімен шапқыласып жүр. Айқас шегі солқылдап біресе оңтүстікке, біресе солтүстікке қарай ойысып қалады. Қуғандар мен қашқандар екі жақта да бар. Қазақ соғыстарының бәрі осылай. Біресе қуғандар кейін оралады, қашқандар да қайта оралып соғысып кетеді. Есеней айқас жайын бірден шамалап алды. Жау қолы бес есе аз, бірақ жинақы. Екі қолы бес есе көп, бірақ кейде шоғырланып бір тұсқа үймелесіп қалады да, басқаларымен қанаттаса білмейді. Екі жағы да басқарусыз. Қай жерде өжет батырлар, найзагерлер көбірек болса, сол түс еңсеріп әкетіп жүр.

Есенейдің өзі де ешбір қолбасылық істей алған жоқ. Ол – батыр, бірақ қолбасы емес. Келген бетінде айқас майданының бір шетінен екінші шетіне дейін айқай салып, Керей-Уақтың ұранын шақырып шауып өтіп, өзінің осында екенін білдірді. Кездесіп қалған батырларына бір-бір ауыз мақтау айтты. Содан кейін бөріктіре айқайға басып, күркіреп келіп соғысқа араласты да кете барды. Қай тұста ел қолы әлсіреп бара жатқанын бақылай жүріп, анда-санда сол топқа барып араласады. Қасында төрт-бес батыры бар Есеней араласқан топтар жауын оңай жапырып тастап жүрді.

Түс ауа екі жақтың да аттары болдырып, қорамсақтағы оқтар таусыла бастады. Есенейдің өзі араласқан қолма-қолдан елуге тарта жау жігіттері қолға түсті. Көпшілігі Кенесарыдан қашып кете алмай жүрген адамға ұқсайды. Тағы біразы жараланған жауынгерлер.

Жау қолына түсіп қалған ел жауынгерлері екі-үш есе көп. Екі жағы да қолға түскендердің қолдарын артына байлап, өз жағына қарай айдап әкетіп барады. Әсіресе иесіз қалған аттарды қуып жүргендер көп...

Осы кезде Есенейдің өзі жараланып қалды. Садақ оғы екі жауырынның орта тұсынан келіп қадалыпты. Қашуға бет алған бір топ жауынгерді қуа жөнеліп еді, қылша мойнынан оқ тиіп, Есенейдің аты омақата құлады. Есеней жерді сүзе құлады. Онсыз да қара шұбар бетінің дал-далы шығыпты. Бет-аузын қан жауып кеткен. Қосалқы атты жетелеп жүрген Бекентай ауыздығымен алысып қызып алған тың атты тоса берді. Есеней сол аяғын үзеңгіге салып көтеріле бергенде, садақ оғы келіп қадалды. Есеней ат жалын құшып, қозғала алмай қалды.

Есеней мен үзеңгілес жүрген Сәдір, Мүсіреп, Артықбай батырлар Есенейді қоршай тұрып, ем-домдарын жасады. Әйелі Есенейдің арқасында әлі шаншылып тұрған оқты жұлып алып, қан сорғалай жөнелген жарасын сол оқпен ұшықтады.

— Ұшық, ұшық, ұшық!
Дауасын бере гөр, пайғамбар Жүсіп.
Ұшық, ұшық, ұшық,
Ұшықтаған біз емес,
Алдай қара бақсы пұшық...
Ұшық, ұшық, ұшық!
Ұшық, ұшық, ұшық!

— Ал енді елге қарай, Стаптағы доқтырға қарай! Бекентай, бидің атын жетекке ал!

Мүсіреп пен Сәдір екеуі Есенейді екі жағынан сүйемелдеп алды да, Артықбай батыр арт жағынан қорғап, Есеней тобы қозғалып кетті.

— Ойбай, аяң, аяң! — деді Есеней ауырсынып. Аяңның аяғы түгел қолға түсумен тынарын көріп келе жатқан Мүсіреп Бекентайға:

— Аяңы құрысын, шап, жосыт! — деді.

Есеней тобының қаша жөнелгенін таныған соң, жеңіле берген жау ес жинап, ерленіп кетіп еді. Есеней тобын жан-жағынан қапталдап, әсіресе арт жақтарынан тақап келеді.

Осы кезде Стаптан жіберілген казак-орыс жүздігі де келіп қалып еді. Қылыштары жарқылдап, найзалары арандай тікірейіп шошындыра келе жатыр. Жау жалт беріп, кейін бұрылды. Арт жақтан тақап қалғандары асығыс болса да он шақты оқ боздатып барып бұрылды. Сол он шақты оқтың бірі Есенейдің арт жағынан қорғап келе жатқан Артықбай батырдың белдемесіне қадалып еді.

Батыр адам белінен қадалған оқты өз қолымен жұлып алып, лақтырып жіберді де, ет қызуымен шаба берді. Жақын қалған казак-орыс жүздігіне ұшырасқанша жараланғанын білдірген жоқ. Басқалармен бірге жүз басыға «здрасти» деді де, атынан сырғып құлап түсті.

Бұдан әрі түйеге теңделіп келіп, Стаптың әскерлік емханасында бір ай жатып, Есеней ауылына салт атқа мініп қайтты. Артықбай батыр алты ай жатып, шанаға түсіп қайтты. Содан бері ол шойырылған шойнақ. Екі аяғы сал болып қалған, жансыз. Есенейге тиер екінші оққа өзі араға түсті де, оны аман алып қалды, өз міндеті кісіде, мүгедек. «Аңғал батыр, арқасына қадалған оқты өзі

жұлып алып, лақтырып жібермей, табан аузында ұшықтатып жіберсе, осындай мүгедек болып қалар ма еді! Ұшықтатқан Есеней, әне, жазылды да кетті ғой!».

Сол соңғы айқастан кейін Кенесары Керей-Уақты мазалаған жоқ. Қазақ даласының оңтүстігіне қарай ойысқан бойы Алатауға жетті де құлады. Қайтып оралған жоқ.

Есеней Стап емханасында да тыныш жата алмады. Ол Кенесарыға қарсы болған елдердің туын өз қолына алғанда да ой түбінде бір түйгені болатын. Соңғы рет аға сұлтан Шыңғысқа барып қайтуында да сол есебі бар еді. «Хан тұқымдары хандығын аңсамай отыра алмайды. Хан тұқымы Шыңғыс Кенесарыға қарсы аттанбай, ел ішіне іріткі салды, Ресей өкіметіне үлкен опасыздық жасады». – Осы ойлары Сібір губернаторы, генерал-майор Фон Фридрихстің миына қорғасындай құйыла қалса, Шыңғысты ұшырып түсіруге болар еді.

Есенейдің бұл ойларын генерал-губернатордың құлағына құя білетін адамы да бар. Ол – Есенейдің қарын бөлесі Тұрлыбек Көшенұлы, алты дуан үстінен қарайтын үлкен төре.

Есеней сол Тұрлыбекті Стапқа шақыртып алды. Жарасы жазыла қоймай, іріңдей беріп, қатты күйзеліп жатқан кез еді, Тұрлыбекпен қатал сөйлесті:

– Сен осы Омбыда не бітіріп отырсың? Төре тұқымдарын қашанғы төбемізге көтере береміз? Шыңғыс дегеннің кім екендігіне әлі көздерің жетіп болған жоқ па? Ол Кенесарының бірінші қолдасы болып шықпады ма?

– Ондай көзқарас Омбыда да өршіп келеді. Дегенмен...

–Дегенмен, бата алмай отырмыз дейсің ғой! Онда өзіме ерік беріңдер. Бес күнде қол-аяғын кісендеп, Омбыға айдап әкелейін!

Орысша семинария бітірген, түгел қалаша киінген Тұрлыбек Есенейдей ұрт мінез, өр көкірек емес, заң шеңберінен шықпайтын, жегін аттай жортақы адам еді. Қарын бөлесіне қанша болысқысы келсе де, Шыңғыс қылығына қанша наразы болса да, қол іске де, қолма-қолға да қарсы, заңдылықты аттап өтіп көрген емес.

Хандық жойылып, аға сұлтан басқаратын дуан ашылғалы Сібір губернаторларының мазасын алған – Кенесары бұлталағы. Аяғы көтеріліске әкеліп соқты. Сол кезден бастап Тұрлыбак Кенесары жайында әлденеше рет әділ ойларын білдіріп келді. Қазақтың қара бұқарасын тым жабайы, тым қараңғы, беделсіз де тұрақсыз көретін патша өкіметі хан тұқымдарын біржола ақтап тастауға бара алмай жүр.

Кенесары қазақ елінің патшаға наразылығын пайдаланып, хан сайланбақшы, Есеней болса, Шыңғыстың Кенесарыға қарсы аттанбағанын пайдаланып, аға сұлтан сайланбақшы.

Есеней туралы Шыңғыстың ойын да Тұрлыбек жақсы біледі. Алдағы сайлауда Шыңғыс Есенейді орнынан түсіріп, басқа біреуді би қоюға әзірленіп жүр. Түр тілегі қарау болғанымен, қазір Есенейдің дәлелдері ұтымды, ал амал не, губернатор алдында Шыңғыс ұтымды. Губернатор оны сыртынан балағаттап-балағаттап алады. Шекспирдің бір сөздерін еске түсіріп «Барлық түні ойын-күлкі, мастықта, күндіз басы жастықта!» – дейтіні де бар. Шыңғыс өмірі ойын-күлкі, қыз-келіншек, ұйқымен өтіп жатыр дегенді аңғартады.

Шыңғыстың қасындағы майоры Бергсеннің де екі-үш рет шағым еткені бар. Ол да Кенесарының елшілері жиі-жиі келіп тұратынын, түнге қарай ауыл сыртында оңаша кеңесетіндерін, екі арада сыйлықтар жүріп жататынын жазатын. Сонда да Шыңғысқа қарсылықтың тіреліп қалар бір бөгесіні бар. Тұрлыбекте оны бұза алар дәрмен жоқ. Аяқтап келгенде, әрине, Шыңғыс жеңеді, Есеней жеңіледі, билігінен айрылады.

Есеней тағы да көтеріле сөйледі. Арқасы танулы, етпетінен жатыр, мойнын да бұра алмайды екен. Қара шұбар бет-аузы жаралы. Иегін шағын адамның қара санындай дерлік білектеріне сүйеп, жастықты гүмпілдетіп сөйледі:

— Мен сені неге оқыттым? Сенен басқа жетім қалған бала таба алмадым ба? Көрсет өнеріңді. Шыңғыстың құлар кезі осы. Әттең, жатып қалғанымды көрмейсің бе? Әйтпегенде, ең берісі Шыңғыстың шаңырағын ортасына түсіріп, шауып алар едім.

Есеней мұны істеуден тайынбайтын адам. Стап казак-орыстары да ондайдан бас тартпайды. Олар үшін бәрі «орда», Кенесарысы не, Шыңғысы не? «Бәрібір!». Кенесары қолымен Есенейдің соңғы айқасы аяқталып қалғанда кездесті де, жауынгер казак-орыстардың қол қышуы қанған жоқ...

Осы жайларды еске алып, Тұрлыбек енді Шыңғыс пен Есенейдің арасын ушықтырмау жағын қарастырды. Бұл екеуінің арасына жанжал араласса, ел ішіне бүліншілік кіретіні де даусыз ғой.

— Есеке, қазір Омбы сіздің еңбегіңізді аса жоғары бағалап отыр. Аманқарағай дуанын талан-таражданан аман алып қалған Шыңғыс емес, сіз деп біледі. Жүрер алдымда генерал-губернаторға кіріп, лұқсат сұрап шықтым. Сізге көп-көп сәлем айтты. Ресей өкіметі сіздің қызметіңізді ұмытпайды, қазір Есеней биге қандай қошемет көрсету керек, соны ойластырып отырмын деді.

Есеней азырақ жадырап, бәсең сөйлесе бастады:

— Шекаралық комиссияға менің атымнан рапорт жазып қалдырарсың... Үш жыл бойындағы Кенесарымен алыс-жұлысымды түгел жаз. Кенесарының осы кеткені-кеткен. Сырғи-сырғи Бетпақтың шөліне қамалады да, бері қарай бұрыла алмайды. Әкесі Қасым он жылдай Хиуа ханына жалданып, орыспен соғысқан болатын. Бұл да содан асып кете алмас, — деп кідіріңкіреді де, қарын бөлесінің аянбайтынына сеніп, — губернаторға не айтарыңды өзің білерсің, әйтеуір, Шыңғысты бір құлатып берсең болғаны! — деп тоқтады.

Осыған келісім беріп, Тұрлыбек кетуге айналып еді, қасына қала жатағы Тілеміс деген жас жігіт тілмашын ертіп жүзбасы келіп кірді.

— Аман, Есеней-бей Естемесович!

— Аман, Ефим-төре Котсұқ, аман! — Есенейдің Коцух деуге тілі келмей ме, әдейі бұрмалай ма, онысына жүзбасының көзі жете бермейді. Бірақ құлағы үйреніп болған.

— Жә, Есеней-бей, осымен барлық іс бітті дейміз бе?

— Немене, жаудың қайта оралған хабары бар ма?

— Жо-оқ. Есеней-бей бастап, жүзбасы Коцух аяқтаған істе қайталайтын не қалатын еді!

Есеней мен Коцух көптен бері түсініскен адамдар сияқты. Ашық та ақжарқын сөйлесетін сырлас адамдар сияқты. Бірінің орысша, бірінің қазақша түсінбей қалғандарын Тілеміс септеп жіберіп отыр.

– Бұл жолы Кенесарының беті біржола қайтқан болар деймісің?

– Енді ол тұмсығын да суға алмайды! Казак-орыс қылышының дәмін бір татқан жау, кім болса да, қайтып артына қарай алған емес. Әттең, айналасы бір-ақ сағат айқасып қалдық. Шауып жатқан шөптерін тастап барған казак-орыстардың айызы қанбай қалды... Шолғыншылар мына Тілемісті ертіп алып, төрт күн жүріп түнде оралды. Есілдің бер жағында бір жан қалмай тырағайлап қашқан бойы кетіп отырыпты.

– Алдыңғы күні Есілдің ар жағына да шығып, қырық-елу шақырым жер жүріп шолып қайттық. Жан жоқ. Кенесары оңтүстікке қарай ойысқан көрінеді. Он шақты ауылдың жұртында қалған ақсақ-тоқсақ кемпір-шалдардың бәрі солай дейді.

– Әуелі жан жоқ деп едің ғой?

– Жауынгер зәліттес адам кездеспеді дегенім ғой, Есеке.

Есеней мен Артықбай батыр жараланып келіп, әскерлік емханаға түскен күні хирург доктор осы Тілемісті ертіп келіп сөйлесіп еді. Есенейге: «Сіздің жараңыз жеңіл, ана батырыңыз ауыр жараланған», – деген.

Содан бері Есеней Тілеміспен тіл табыса алмай келеді. Бұдан он жеті жыл бұрын Есеней Тілемістің әкесіне шошқа бақтың деп дүре соқтырған еді. Сонда он жастағы бала Тілеміс міз бақпай, сілейіп тұрып қалған. Шешесі жылап келіп, Есенейдің аяғына жығылғанда, жас бала шешесін еріксіз тұрғызып, жетелеп алып кеткен. Ажарлы әйелдің аяғына жығылғанына жібіді ме, баланың қайсарлығына риза болды ма, әйтеуір, Есеней бес көк шыбықты кешірім етіп еді. Әкесі тым қарапайым, шешесі еркек көзі бір қадалмай өте алмас ажарлы адам екен.

«Ай, сенің әкең мынау кеше емес, осы елге келіп-кетіп, сақина-жүзік соғып жүретін зергер шеркес-ау!.. Шешеңнің түбіне жеткен сол сақина-жүзік қой», – деп Есеней ішіне бір түйген болатын.

Сол бала Тілеміс кавказ кескінді көркем жігіт болып өсіпті. Орысша жақсы білетін сияқты. Зейінді, зерделі жігіт. Дүре жайы Есенейдің есіне қайта түсті, Тілеміс те ұмытқан жоқ еді. Екеуінің көзінде де осы жайдың ұшқыны тұр. Тілеміс Есенейге қатты ұнады.

– Әке-шешең аман ба, шырағым? – деп жылы шыраймен сұрады.

– Әкем қайтыс болған, шешем бар, – деді Тілеміс. Есеней жігітке едәуір қызыға да сынай, іш тарта қарап жатты да, аяғында:

– Ірбіт базары жақындап қалды. Биыл біздің үйге дәмдес болып, сол базарға сен барып келсең қайтер? Менің жайым мынау. Менде бала болмайтын... – деді. Күрсінгендей болды.

– Болсын, Есеке. Қай уақытта жүр десеңіз де әзірмін.

– Екі күннен кешікпей, біздің үйде болғаның дұрыс болар еді. Базарға айдалатын малды іріктеп алғандарыңша, жүретін кезең де болып қалады.

– Жақсы, Есеке.

– Жүреріңде маған жолыға кет.

Осы бір бәрін біліп тұрған оңтайлы жігітті қолына қондырып аларына сенген Есеней өзіне-өзі риза болды. Коцух сөзге араласты:

– Есеней-бей Естемесович, мен аға сұлтан ордасына барып қайтқалы отырмын. Ертең жүрем. Аға сұлтанды күзетуге қойған казак-орыстарымды алып қайтам. Қатындары мазалап болды. Енді оған күзеттің керегі не?

Кенесары кетті. Біздің губернатор да қызық: бір сұлтанмен соғыс дейді, екінші сұлтанды күзетіп отыр дейді. Ол екеуі бірімен бірі қолдасып отырады! Мен аға сұлтанның құйрығына бір қызыл бұрыш қыстыра қайтатын болармын.

Есеней бар денесімен селкілдеп, еңкілдей күлді. Көптен бері бұлай күлген емес еді. Жарасының ауырғанына да қараған жоқ. Етпетінен жатып күлген адамның қара қазандай үлкен басының салмағынан жалаң тысты жастықтың әр жерінен құс жүндері ытқып шыға бастады.

–Мен үшін де бір қызыл бұрыш қыстыра кет!..

Осыдан бір ай өткеннен кейін, Шыңғыс дуан орталығын тастап, өз еліне барып жатып алды. Дуаным басқарусыз қалды-ау деп қайғырған аға сұлтан да жоқ. Аға сұлтансыз қалдық-ау деп қайғырған ел де болған жоқ. Бұл оқиғалар өткелі, міне, он бес жыл!..

4

Қосына қайтып келе жатқан Есенейдің есіне түсіп, көз алдынан тағы бір өткен үлкен оқиғалардың ұзынырғасы осы еді. Ол жылдары қамшысынан қан сорғалаған дер кезі болса, қазір алпысқа таяп қалды. Тәубаға келер, зорлық-зомбылыққа ырық бермес кезі. Амал қайсы, өзін оққа тосып, мұны аман алып қалған жан досының паналап отырған жеріне көз аларта келіпті. Не деген ұят, қандай өкінішті! Қосалқы атын айыпқа тартқаны батырдың көңіліне дақ қалдырмай, жұбатар ма, жоқ па! Ертең өзі барып, өкінішін айтып өтіл сұрар-ау, сонда да әуелкі аңшы Мүсірепке сеніп қалып едім деудің өзі қандай ұят!

Қос тіктірген көлдің күнбатыс, оңтүстік жақтарын орап кеткен қайың мен терегі аралас қалың орман. Солтүстік шығыс жақтағы тал мен шілік араласқан шырша-шытырман ойпатта жатқан өзекті бойлап кеткен. Қамысы қалың, айдыны мол терең көлдің ортасы әлі қатқан жоқ. Келе жатқан қыс суығынан шіміркенгендей азғана дірілдеп қояды.

Қыстап шығуға қандай қолайлы жер! Орман іші өріп жүрген аң ғой. Суы қандай көк мөлдір. Отыны да бар, панасы да бар. Артықбай батыр тым болмаса бір қос жылқыны қыстатып шығаруға өз аузынан ырзашылық етсе, қандай жақсы болар еді.

Есеней қосы деген екі ақ үй, үш қараша үйлер еді. Бәрі де тал мен шілік арасына, ығынға тігіліпті. Алғаш табанды шаналар, жегін саймандары өз алдына жеке қораланыпты. Есенейдің өзі жататын үлкен ақ үйдің екі босағасында екі үлкен арабы иттердің үйшіктері көрінеді.

Иттер иесіне үрген де жоқ, еркелеген де жоқ. Үйшіктерінен шығып, бір-бір керілді де, иесінен бұйрық күткендей аңырысып қалды.

Іңір ауа Кенжетай қайтып оралды.

– Ие?

– Мұзбелді апарып, батырдың белдеуіне байладым. Батыр әбден ырза болып қалды.

– Не деді?

– Кім айыпты екеніне әлі көзі жете қойған жоқ. Ұлпанжан бетіне адам қарсы келмей, ерке өскен бала еді, кім білсін... Есенейдің айыбы болмаса, мырзалығы шығар. Алда разы болсын, – деді.

– Өзі қалай екен? Төсек тартып жататын болар?

– Жоқ, есікті аштырып тастап, жүз қадам жердегі жуан теректі нысана қылып садақ тартады екен, төсек үстінде отырып. Ертең сізді қонаққа шақырды. Несібелі жеңгесінің ыстық бауырсағын сағынатын уақыты да болған шығар...– деді.

Есеней ішінен қияметтік қарыздар адамның үйіне ат ізін салмағалы он үш жыл өткенін есіне алды.

– Басқа ешкім ештеңе деген жоқ па?

Кенжетай түйіртпегі бар бір сөзді айтқысы келмесе де, жасыра алмады.

– Әкесі қызына: «Балам-ай, айыпталып қалып, атымды беріп кеттім деп сен келіп едің, айыбым деп Есеней өз атын беріп жіберіпті... Тегі, мен бірдемеге түсіне алмай қалып жүрмейін...» деп еді, қызы іліп әкетіп: «Ойдағы он ауыл Сибанның барлық малын айдап әкелсе де, бір қыс асырап шығуға Қаршығалының шұбары жетер еді. Жалғыз Есенейдің жылқысын асырап шығуға жеріміз жетпей жатса, айыпты болмақпыз ба? Мен соны айттым, әке... Асқақ сөйлейді екесің, шырағым, деп қалды біреуі... Мен дауласпай, мойындап, айыбыма атымды бердім де, жүре бердім. Енді Есеней би менің атымды қайырып жіберсе, менің ақталғаным емес пе? Оның үстіне, өз атын қосақтап жіберсе, «айып менде» дегені емес пе?» – деді қызы. Әкесі:

«Болар, балам, болар», – деп тоқтау айтпағанда, қыздың айтары әлі де көп пе деп қалдым.

– Үй іші қалай, жүдеу емес пе екен?

– Онша жүдеу емес. Қатарлап жинаған қазынасы жоқ болғанымен, баржоғы жинақы көрінді. Үйдің оң жағында кереге басына көлденең асып қойған ұзынды-қысқалы екі-үш найза, бір-екі садақ, қынабында тұрған қылыш, кісе...

– Жарайды. Намаз оқылық.

Кенжетай – Есенейдің әрі атшысы, әрі имамы, анығырақ айтқанда, сыбыршысы-суфлері. Намаз дұғаларын ол Есенейге естірте айтып тұрады. Есеней ішінен ғана күбірлейді. Араб тіліндегі дұғаларға тілі де келмейді, жаттап та ала алмай қойды. Араб тілінде төрт түрлі «з», үш түрлі «с», екі түрлі «х», екі түрлі «ғ» бар. Есеней мұның бірін де дұрыс айта алмайды. Сондықтан Кенжетай намазды Есенеймен қатар тұрып, дұғаларды Есенейге қарай бұрылып, түгел естірте оқиды. Есеней қайталғанда да көбін әлденеменеге ұқсатып жібереді.

Есеней қазір діндар адам болғанымен, бір кездері адуын, озбыр би болған. Орыс шекарасын паналай отыратын Нұралы деген момын елдің барлық жерін тартып алып, даланқы жайлауға қарай айдап тастағаны барды. Момын ел

қарғап-сілеп кеткен екен – келер жылы Есенейдің екі ұлы қара шешектен бір күнде, бір сәттің ішінде бірге өліп кетті.

Балаларын жерлеп қайтқан күні қара шешек Есенейдің өз денесіне қаптап білініп келеді екен. Шілденің қайнап тұрған ыстығы еді. Өр көкірек батыр адам басқаларда жоқ ірі мінез көрсетті. Атына міне салып, қозы көш жердегі Әулиесор атанған тұзды көлге тыр жалаңаш періп кетті. Артынан келген адамдарға осы араға үй тіккізуге, сусын әкелуге бұйрық берді де, суы жылы сор көлге күні-түні шомыла берді, шомыла берді. Қорасан шыққанда дуылдап қышитын денені қасымауға шыдады. Басқы-құшнаштарды да маңайына жолатқан жоқ.

Сордың суында қорасанға дауа болғандай қандай қасиет бар, оны ешкім білген емес, әйтеуір, Есеней бар денесіне бармақтай-бармақтай қара таңба түссе де аман алды. Содан бері әйелі де бала тапқан емес. Қорлық-зорлық көрген Нұралы елінің қарғысына ұшырап, ұрпақсыз қалдым деп біржола сеніп болған. Бірбет, өр кеуде адам содан кейін намазға мойындады. Білмейтін, түсінбейтін істің айнымас құлы болып кетті.

Аңшы Мүсірептің «иесіз жатқан жерді бір қыс жайласаң болды, баланың баласына дейін сенікі болып кете береді» дегені шаншудай қадалатын себебі де осыдан еді. Баласы жоқ адамға «баланың баласына дейін» дегенді есіту, әрине, ауыр тимек.

Есенейдің бүгінгі намаздығері намаз болмай шықты. Дұға біткеннің бір де бірін ішінен болса да дұрыс қайталай алған жоқ. Бұрынғы білгендерін ұмытып қалған сияқты. «Ішкі сарайым таза, Құдай өзі кешірер» деді де, намазды шала аяқтап, тұрып кетті. Есеней бүгін ерте жатты, кеш тұрды. Бірақ ұйықтай алған жоқ, аунақшумен болды. Көңілге бір алаң орнапты. Әлдене алыстан қыландағандай беймаза бір тынышсыздық бар. Есеней оны Артықбай батырға байқамай тізе көрсетіп қалғандығының өкініші болар деп жорып еді, бірақ іші оған сенер емес. «Өзіңді өзің алдама, Есеней, аярланба!» деп тұр. Көңілге бір ой кіргелі қыландап тұр ма, қалай... Ой емес-ау, жанында бір әлденені алыстан сезіну бар... Ұяларлық та, түптеп келгенде, қауіптенерлік те сезім сияқты. Есеней сол сезінуді белден белге тысырып тастағысы келеді. Ысырып тастадым білем деп, теріс аунап түсіп те жатты. Бірақ қыландаған сезім орала берді, орала берді. Ой көзінің алдына біресе ақ ботаның көзі келеді, біресе қардан ақ қара көз бедеудің өзі келеді... Жүрегі жортқан аттай дүрсілдей соғып, үлкен денесі қызынып барады.

Сол бір ішкі түйткілден құтылам ба деп, Есеней жылқы қостарын қай жерге орналастырарын да ойлаған болды. Қыс бойы аң аулайтын иттері мен аттарын қайта-қайта түгендеп шықты. Бәрібір тыншыға алған жоқ.

Артықбай батыр шойырылып қалғаннан кейін, Есеней оның көңілін сұрауға барып еді. Оған, міне, он үш жыл. Есеней сәлем беріп үйге кіріп келгенде, төрт-бес жасар қыз бала зәресі ұшып, үйден шыға қашқан болатын. Сол бала үш күн бойы өз үйіне кірмей қойған. Босағадан сығалайтын да, қаша жөнелетін.

Ол Есенейдің Ірбіт базарынан қайтқаннан кейін досының үйіне артынып-тартынып келген жолы еді. Бір ат, екі құлынды бие жетелеп, бір нар түйеге шай, қант, өрік-мейіз, киім-кешек, үй ішілік әртүрлі жиһаз арттырып әкелген.

Сол өрік-мейіз, тана-моншақ арқылы бала қыз Ұлпан Есенейге бір жетіден кейін әрең үйірілген. Түйеден үлкен адам, қалтасы толған өрік-мейіз, кәмпит... Ашуланбайтын, аз сөйлейтін, жұмсақ дауысты кісі. Бет-аузы қап-қара қарашұбар болса да, жақсы адам болып шыққан. Күнәсіз бала көп ұзамай Есенеймен достасып кетті. Есеней намаз оқығанда арқасына асылып:

— Мен түйеге мініп кеттім! Әке, сен үйде қалдың! — деп айқай салып мәз болушы еді. Намаздың отыратыны, тұратыны, иілетіні, бүгілетіні, еңкейетіні, шалқаятыны бар, соның бәрі бала үшін қызық көрінетін.

— Тұр енді, отыр енді, шалқай, еңкей! — деп қанша әурелесе де, «түйесі» көне беретін. Баласыз қалған адам бір сәтке бала қызығын көріп, іші елжіреп, еріп баласы бар адамның бақытын сезініп еді.

Екі ұлы бір күнде қайтыс болғалы Есеней өз үйінде жас баланың дауысын естіген емес, жас баланың иісі қандай боларын ұмытып қалды, жас баланың былдырлап сөйлеп, болмашыға қуанып, болмашыдан ренжіп қаларын түсінбей келген екен.

Ұлпан кеш оянады. Жуынады. Тамағын ішіп болады да, Есенейге:

— Ата, намаз оқы! — дейді.

Есеней таң намазын әлдеқашан оқып қойса да, намазға қайта тұрады.

— Әуелі отыр! — дейді Ұлпан. Есеней жүгініп отыра кетеді.

Ұлпан әуелі оның өкшесіне шығып, жағасынан тартып әрең дегенде қолы мойынға іліккен соң:

— Енді тұр! — дейді.

Бір күні Ұлпан Есенейдің алдында еркелеп жатып:

— Ата, сенің бетіңді кім тырнап тастаған? — деп сұрады.

— Сендей кішкентай кезімде қара қасқыр талап кетіпті, сен ауылдан алыс кетіп ойнама, жарай ма?

Енді бірде Ұлпан Есенейден:

— Сен қара бұқамысың? — деп сұрады. Мал ішінде өскен бала арыстан, піл дегендерді білмейтін.

— Жоқ, бұқа емеспін. Мүйізім жоқ. Балаларды сүзбеймін.

— А, білдім, білдім, сен қара бурасың! Таудай үлкен қара бурасың. Мен сенен қорықпаймын. Сен жақсы бурасың, ие?

— Ие, ие.

Тағы бірде намаз оқып тұрған Есенейдің мойнында асылып жүріп:

— Ойбай, ата, арқамды құмырсқа шағып тұр! — деп жерге ұшып түсе жаздады. Ыршып кетті.

Есеней баланы бір қолымен қағып алды, көйлегін көтеріп, барқыт шалбарын ысырып түсіріп, ышқырылықта жүрген қара құмырсқаны ұстап алды. Баланың белін бір-екі сипап жіберді. Мықынынан азғана төмен, азғана сыртқарақ көйлектің түймесіндей ғана мақпал қара меңі бар екен, Есенейдің көзіне еріксіз түсті.

Есенейдің бүгінгі көрген бойжеткен қызы сол — Ұлпан. Бұдан он үш жыл бұрын көрген бала қыз әлдеқашан есінен шығып кеткен еді. Енді, міне, бүгінгі батылдығымен, бала кезіндегі еркелігімен, мақпал қара меңімен көз алдында

тұрды да қалды. Ерке болушы еді, ығыспай сөйлейтін қыз болыпты-ау!.. Зейінді, зерделі боларсың деп ойлап кетіп еді, ойлағаны келген де қойған. Ұтқызбай кетті ғой! Аңшы Мүсіреп дүрелеп алар ма едім деді-ау!.. Ие, дүреле десе, дүрелей бастаса... мақпал қара мең көзіне түссе, таныр ма еді?!

Тәңірі-ау, менің ойыма не келіп жатыр өзі! Лаңқаулы елда-белда, ғалы мен қазым... Оң жағыма аунап жатайыншы, ұйықтайыншы...

Жоқ, ұйқы келер емес. Дене қызынып алыпты. Маған қара бурасың деп еді-ау!.. Мен сенен қорықпаймын деген. Қой, кәрі бура, қой!.. Құтырма!

Шымыр денелі, сұңғақ бойлы қыз болыпты, ә? Қара меңі өсті ме екен? Әлде сол көйлек түймесіндей болып аппақ жаялығында жабысып тұр ма екен? Жоқ, мең өспесе керек... Әттең, мақпал қара мең сол жақ бетінде миығына таман тұра ма еді!

Қой деймін, кәрі бура, қой енді! Ертең Артекеме барып, сәлем беріп қайтамын. Жылқымды басқа жаққа аударып жібергенімді айтып кешірім сұрасам, батырдың көңілі де тынып қалар.

Ұлпан тым болмаса, шай құйып беретін болар-ау... Бала кезінде еріндері қып-қызыл, саусақтары салалы, көзі отты болушы еді. Байғұс бала қорасанға ұшырамаған екен, әйтеуір... Құдай-ай, сақтай көрші!..

Әлдекім әлдеқашан айттырып, құда түсіп қойған болар-ау.. Оған сөз жоқ қой. Ит-ай, не деген маңдайы жарылып туған ит еді! Қазақ бесігінде жатқан баланы да айттыра береді. Кедейленіп қалған батыр әлдеқашан қалың малын алып, жеп те қойған болар.

Шешесі Несібелі сұлу да сүйкімді кісі еді, соған тартқан ғой. Мінезі де шешесіне тартса, ақжарқын, ашық, ақкөңіл болар. Ол — бір таптырмайтын мінез ғой. Өзіне сәукеле қандай жарасар еді!

Күмістеткен сарыала тегене алдында, оюлы ожау қолында, қымызды қалай сапырып отырғанын көрер ме едім бір...бір ғана! Үлкен ақ үйді жайнатып жіберер еді-ау!..

Қой деймін, кәрі бура, қой енді, басыңа бәле шақырма!

Жеті жылдан бері бөлек тұратын әйелін есіне алды. Ие, Қанікей де сұлу әйел. Байғұс жеңілтектеу болды. Есеней би болған соң, ол да өз би болдымға санап, ел ішін бүлдіріп болды. Атақты байдың қызы еді. Есенеймен арпалыса берді. Жыбыр-жыбыры көп, кекесіні көп адам еді. Ондайды ұнатпайтын Есенеймен жиі-жиі араздасып қалып жүрді. Өзінен туған екі ұлы бір күнде қайтыс болғанын Есенейдің Құдайдың қарғысына ұшырағаны деп сенді де, қосыла қарғайтын болды. Аяғында, еншісін бөліп алып, Кіркөйлек деген жерде бөлек тұрады.

Қатал мінезді Есеней содан бері әйел атын ұмытқандай, малымен, билігімен ғана айналысып жүре беретін. Енді міне, кеудесіне бір сайтан кіргендей, түн бойы өзімен өзі арпалысып, ұйқы көрмей шықты. Тәңірісі тәубеге келтірмесе, ұрынбасқа ұрынып қалар ма екен, қайтер екен...

5

Ертеңіне жылқыларын жан-жаққа таратып жіберді де, Есеней кешке қарай Артықбай батырдың үйіне келді. Қасында «түрікпен» Мүсіреп, Сәдір найзагер, қосалқы атын жетелеп жүретін Кенжетай. Аңшы Мүсірепті ертпей кетті. – Артықбай батырдың қызына не дегенің есіңде ме? Сенің айыбыңды мен тарттым. Қар қалыңдаған соң, бүркітіңе бір-екі түлкі алдыртып, Артекеңе байлап, аяғына жығылып, айыбыңды жуып қайтарсың. Бүгін қоста қаласың. Сенің тартқан айыбың осы болады.

Артықбай батыр қонақтарын бар бейіл-ықыласымен қуана қарсы алды.

–Арыстаным-ай, бейілім-ай, шойырылып қалған аған қалай есіңе түсті? Келші бері! – деп қуанышын да, өкпе-назын да бірге бір-ақ айтып тастады. Есенейдің таяқтай-таяқтай қарашұбар саусақтарын ұзақ қысып отырып, сүйіп алып босатты.

– Түрікпенбісің, қысылмасым, саспасымбысың! – деп Мүсірептің қолын да ұзақ қысып отырып, көзіне жас алды.

– Жұрт Есенейдің жанын алып қалған Артықбай десе, мен Артықбайдың жанын алып қалған сен деймін, ақжолтайым.

Қарт батыр Стап дәрігерханасында жатқан алты айдың ішінде Мүсірептен көрген аз-маз қайырымдылықты есіне алып отыр. Ұмыта алмаған екен. Стапқа ауылы жақын Мүсіреп Артықбайға жетісінде бір рет ас-су жіберіп тұрып еді. Әскерлік дәрігер, «біз қолдан келерді істеп болдық» дегеннен кейін, қақап тұрған суық қыста батырды үйіне жеткізіп салған. Ақкөңіл батыр сонда айтқан алғысын қайталап жатыр.

Артекең Сәдір батырмен ерекше сағынышты амандасты.

– Батырым-ай, от өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау!.. Сен ит, он бес жыл бойы неге ат ізін бір салмай кеттің? Өліп қалған шығарсың деп жүр едім!..

Басқа қонақтар мүгедек батырға еңкейіп сәлемдессе, Сәдір жер төсекте отырған шойнақтың қасына тізерленіп отыра кетіп, екі қолын бірдей созып еді. Мүгедек батыр оны құшақтай алып, аймалап, арқасынан жұдырықтай отырып:

– Ит-ау, қайда жүрдің, қайда жоғалып кеттің? – деп қайталай-қайталай айтып, ұзақ босатпай қойды. Екеуі де еңкілдесіп алды.

– Батыр керек, найза керек заман қалды ғой адыра, адыра қалғыр! Сәдір найзасын құрыққа айырбастап, жылқышы болып кеткен, – деп Сәдір де өзінің Есенейдің қолына қарап қалған ит өмірінің арызын айтып қалды.

Қонақтар Артықбайдың әйеліне де тұра келіп тұрған бойларында қол алысып амандасты. Шешесінің қасында тұрған Ұлпанды көздерімен ғана жанап өтті. Қыз балаға одан артық көңіл аудару ерсілік болатын. Қыз да бұлардың әрқайсысына көз қиығын серпе тастап, көзімен ғана амандасты. Сол қарасының өзінде сирек кездесетін сұлулық барын қонақтар түгел сезінді. Қара биесі жоқ үй – қымызы жоқ үй, сары биесіне – самауырға ұмтылады. Ұлпан сары жез самауырды көтеріп, далаға шығып кетті.

Амандық-саулықтан кейін, Есеней өз кінәсін тезірек жуып тастағысы келіп, сөз бастады.

— Артеке, сіздің бұл араны мекендей бастағаныңызды білмей келіп, ұятқа ұрындық. Бұрынғы мекеніңіз бұл жерден көп жоғары болушы еді ғой?

— Ие, дүзге жақын болатын... Ақсуат еді ғой. Биыл осылай қарай ауыстық. Жата-жастана естірсің, «Құдықтан құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар» дегендей бір жайымыз болды.

— Иесіз жатқан жер дегеннен кейін, қалың шұбарға қызығып келіп қалып едік, сіздің мекендеп отырғаныңызды естіген соң, малдың жарым-жартысын Құсмұрынға қарай, жарым-жартысын ішке қарай аудартып жібердік.

— Бекер-ақ болған екен. Көңіл сыйысса, көлдің суы жететін еді ғой.

— Жоқ, жоқ, Артеке! Есеней бір кезде жанын алып қалған батырының жерін тартып алыпты деген атаққа қалғым келмейді.

— Есеней бір қыс қонақтап шығуға көңіл етіп келген екен, кәрі шойнақ отбасынан орын бермепті деген атаққа мен қалып жүрсем, қалай болар?

— Сізге сөз келтірмеймін ғой, Артеке...

— Тым болмаса бір қыс дәмдес болып, бой жазып қалсын десең, шойнақ ағаңды шанаға салып алып, қасқыр қуғаныңды көрсет. Мен үй күшік болып қалып дала көрмегелі он бес жыл... Қосыңды әкеліп, осы үйдің қасына тіктір.

Осымен екі жағы да бірін бірі ұғынысып болды. Жер жайында енді орала қалса, екі жағына да ұят болар еді. Бір қос жылқының осы арада қыстап шығарына Есенейдің көзі жетті. Есеней қосы қасында болса, тоқшылық боларына Артықбайдың көзі жетті.

— Артеке, садақ-найзаларыңызды әзірлей беріңіз. Қыс бойы қасқыр қуармыз. Есікті ашып қойып, садақ тартып нысана атады екен деп естідім. Құдай бұйырса, қарауылыңызға қасқыр да бір ілінер, — деді.

— Есеней-ау, басқа ермегім қалды ма менің? Найзаларымды қайрап, оқ жонып ермек етем. Маңайда жан жоқта нысана атам. Кейде оғым нысанаға дәл тиеді, кейде жосып айдалаға кетеді.

— Биыл қыс баяғыны тағы бір қайталармыз, ендеше.

— Алда разы болсын!

Қонақтар келіп түскен бетінде аттарын кез келген ағашқа байлай салып еді. Сол есіне түсіп, Кенжетай далаға шықты. Аттарды ықтасынға апарып байлағысы келді. Екінші бір үйден қайнаған самауырды көтеріп әкеле жатқан Ұлпанды көріп:

— Самауырды жерге қоя тұршы, қарағым. Үйге мен көтеріп апарайын, — деді қызға тым тез жақындай беріп.

Ұлпан самауырды жерге қойды да:

— Жігітім, сен маған қарағым деп сөйлеспейтін бол. Менің Ұлпан деген атым бар. Қазір шай ішіп болған соң, анау бір қалыңның ар жағындағы алаңда арқандаулы кешегі күнге дейін өзің жетелеп жүрген торы ат тұр, соны әкеліп ерттеп қой. Ер әне жатыр. Енді самауырды үйге алып кір... — деді. Кенжетайды ықтата-ығыстыра айтты. Самауырды үйге Кенжетай алып кірді. Ұлпан соңында келеді екен. Есенейдің іші Ұлпанды Кенжетайдан қызғанып бір қалды. Байдың

мырзасындай жақсы киіндіріп қойған кескінді жас жігіт қызбен тіл табысып қала ма деп қызғанады. Бірақ Кенжетайдың жүзінде қыздан ығысқандық белгісі ғана бар еді. Кенжетай қыз бұйрығын орындауға шайға қарамастан қайта шығып кетті.

– Аттарды бір ықтасынға жайғастырып келейін...

– Есеней мырза, азғана сауын бие ағытылғаннан кейін, мына самауыр деген пысылдақ сарыға қарап қалғамыз. Жарықтық ертелі-кеш иійді де тұрады, – деді Артықбай.

– Қа-те-н! Сары биеңді жебей сауғайсың.

Есеней «Шыдай тұр, шалым, қыс бойы қымыз ішкізермін» деп қала жаздады да, сөздің бетін шайға бұрып кетті:

– Е, шайға үйреніп болдық қой. Бұл құрғырды қанып ішпесең, тіпті басың ауыратын болды. Бермесеңіз, сұрап ішетін едік. Несібелі жеңгеміздің ыстық бауырсағын сағынғанымыз да рас, – деп Есеней кеңкілдей күлді. Әрине, басқалар да күлді.

Шайды іше отырып, қанша қарамайын десе де, Есеней көзін қыздан аудара алмай қойды. Басында күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы бұлғары белдік. Аяғында биік өкшелі шоңқайма етік – «косай калош», бәрі де сандық түбінде жататын «бір киер» екені танылып тұр. Бәрі де шеше қолынан өткен....

Шай құйып отырған қыздың он саусағы мен беті ғана көрінеді. Сұлулығын да, балғындығын да паш етпей, тежеп ұстайтын қыз болу керек, әлде сұңғыла қыз жасыра ұстаған сұлулықтың өлтіре қызықтыратынын біле ме екен?.. Уысың толар жуан бұрымының астынан мойны ағараңдайды. Үлбіреген ақ саусақ емес, әрі іске үйреніскен қолдары сенімді де оңтайлы қимылдайды.

Есеней қыздың көрінбесін көріп, тінте қарап отыр. Баяғыда құмырсқа шаққан арқасы көз алдына келді. Мақпал қара меңнің тұсында да едәуір айналақтап қалды. Қыз өзі де сұлу, бірақ Есеней оның сұлулығын да, мінезін де, ақылын да өз ойындағы оқ жетпес биіктен асыра көріп отыр. Түн бойы: «Құтырма, қара бура, құтырма!» деп шығып еді. Сол тәубесі қазір де есінде. Ішінен айтып та қояды. Амалы не, өзіне де, көзіне де ие болар алар емес. Бір-екі рет Артықбайдың сұрауларын жауапсыз қалдырды.

Есенейдің көңіліне үлкен бір үйтқу кіргенін қыздың шешесі Несібелі байқап қалды. Мүсіреп те сезінді. Тек қыз жүзіне елең кірген жоқ. Шай ішіліп болған соң самауырды орнына қойды да, Үлпан шығып кетті.

Үй іші ажарынан айрылып, сұрғылт тартып, жүдеп қалды. Осындайда аузыңа жөні бүтін сөз түспегені жаман... Кеше жігіт болып келіп, бұларды ұялтып кеткен қыздың ерке қылығын айтып езу тарттыруға болатын еді ғой! Қыз сонда қандай мінез көрсетер еді? Мүмкін, қыз аузынан тағы бір қызық сөздер шығар ма еді, әлде қайтер еді... Ең болмағанда көзін жарқ еткізіп, серпе тастап тура бір қарамас па еді!.. Таудай Есеней би бола тұра осындай оп-оңайдың ретін таба алмағаны несі? Әлде алпысқа таянып қалған жасы құрғыр бөгей берді ме?

Үлпан көпке дейін оралған жоқ. Енді оны осы үйге еріксіз сүйреп, тезірек қайтып әкелетін бірдеме ойлап табу керек-ті. – Кенжетай, сен батырға бір әдемі жыр айтып берші! – деді Есеней.

— Е, бәрекелді! — деп Артықбай да мақұлдады.

Бұл үйде домбыра да болмай шықты. Кенжетай қамшысын екі бүктеп «домбыра» етті де, «Сұлушаш» жырын айта жөнелді.

Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай,
Тұман жоқ ер жігітке адасқандай.
Саласын Сартоғайдың мекен еткен
Бар екен Қантай атты бір асқан бай.
Сұлушаш Қантай байдың жалғыз қызы,
Сипаты хор қызымен таласқандай...

Қоңыр дауысты Кенжетай сөз ырғағын, ой салмағын орынды-орынсыз қойып, баппен айтады екен. Қантайдың байлығын, әсіресе қызының көркін шар айнаға түсіргендей құлпыртып жырлады.

Сұлушаштың айттырып қойған күйеуінің басы таз екен. Сұлушаш оған барғысы келмейді, жиіркенеді. Безініп болған. Әке-шешесі қиналыста. Қалың малын алып қойған. Қызына да жаны ашиды. Қыздың Алтай деген сүйген жігіті бар. Ол — бай баласы емес, еті тірі, талапты жігіт. Жыр бұл екеуін қосуға бейімдейді де, қоса алмайды. Кенжетай осы жерінде әлденені өз жанынан қосқысы келгендей қызынып алды. Қыз қайғысын тыңдаушылардың ой-санасына шегелей жырлады.

Қайтады күз болғанда қараша қаз,
Айттырған Сұлушашты сұр қасқа таз.
Қайғысы қара нарға жүк болғандай,
Мал алған қызын сатып әкесі мәз!

Осы тұста Артықбай батыр өз басындағы қайғысынан хабар бергендей болып:

— Қыз баланы қор қылатын өзіміз ғой, — деді. Ауыр күрсініп қалды.

Даладан қатты шапқан ат дүбірі естілді. Үйдегілер еленДесіп, біріне бірі қарады. Жыр да тоқталды. Көп аттың дүбірі жақындап келеді. Иттер азанқазан. Гүжілдеген еркек дауыстары естіле бастады. Кенжетай кереге басында көлденең асылған найзалардың бірін ала сала аттарына қарай жүгіре жөнелді. Ауыр денелі, мосқал батыр Сәдір де бір найзаны қолына алып жөнеле берем дегенде, аттарынан топылдай түсіп, осы үйге қарай жүгірген адам дыбыстарын таныды да, тоқтап қалды.

Алдымен үйге Ұлпан жүгіре кірді. Ұялғандай күлімсіреп, әкесінің бас жағына барып, керегеге соғылып тоқтады. Оның артынан іле-шала үш еркек кірді. Алдымен кірген түлкі тымақты мысық мұрт жалынымен шаңырақты жалағысы келгендей лапылдап жанып тұрған отқа соғылардай болып аптығып тоқтады да, артында келе жатқан екеуіне:

— Сүйреп әкетіңдер! Әне тұр! — деп Ұлпанды нұсқады.

—

— Әй, сен кебіс ауыз, кімді сүйреп әкетесің? Көзіңе қарашы! — дегенде, Сәдірдің найзасы мысық мұрттың иегіне тақалып та қалып еді. Қайрап қойған найза ұшы аузынан кіріп, желкесінен шыққалы тұрғандай екен! Жігіт қақалып қалғандай сөйлей алмай қалды.

— Отыр!

Жігіт отыра бергенде, Сәдір найзаның ұшымен оның басындағы тымағын түйреп алып, отқа тастап жіберді.

Ұлпанға қарай ұмтылған екі жігіт те қызға қол тигізбей тоқтады. Сәдір ол екеуін де найзасының ұшымен нұсқап, алғашқының қасына отырғызды. Даладан тағы екі жігіт кірді. Жалғыз Сәдір найзасын жарқылдата сілтей тұрып, бес жігітті түгел отбасына иіріп тастады. Біреуіне де найзасын тигізген жоқ.

Көптен батырлық жыны қорланып жүрген Сәдір Несібеліге қарап:

— Көген әкел! — деді.

Кедейдің бар байлығы үйінің айналасында ғой. Несібелі жүгіре шықты да, көгенді жылдам алып келді.

Сәдір жігіттердің бас киімдерін лақтырып-лақтырып жіберіп, шетінен көгендей бастады. — Сенің басыңды отқа үйітіп тұрып, Құдай қосса, өзім мүжитін болармын! — деп әуелгі үйге бұрын кірген мысық мұртты көгендеді.

—Сен де бір жонданып кеткен неме екенсің, Құдай қосса, қырық қамшы дүрені өзім соғатын болармын!

— Сен қара жапалақ, үйіңде отырғанда қандай мықты екенсің, ә!

Осылай әрқайсысына бір мысқал айта жүріп, жігіттерді көгендеп болды да, көгеннің екі ұшын екі жақтағы керегеге керіп тастап, өз қылығына өзі масаттанып тұрып қалды. Найзасына сүйеніп, қозыдай көгенделгендерге жоғарыдан қарап тұр.

— Енді Есеней биден кесімін естисіңдер!

Жігіттер төрде отырған дәу қара шұбардың Есеней би екенін біліп, майлы қасықпен төбеге ұрған мысықтай жым болды.

Жаугершіліктен, ұрлықтан қолға түскен адамдарды әуелі көгендеп алып қорлау — қорлаудың да ауыр түрі. Бұл кезде қалып бара жатқан ескілік. «Көгенге түсіп» қайтқан жігітте қадір-қасиет қалмайды. Сәдір мына жігіттерге сол қорлықты көрсетіп жатыр.

Сәдірдің «кебіс ауыз», «қара жапалақ» дегендерінде де мән бар. Жекпе-жекте болсын, соғыста болсын, қарсыласқан жауыңды солай бір мазақтап, қорлап алсаң, оңай ашуланады. Ашуланған адам ұтылмай, жеңілмей қоймайды...

— Бұларың кім өзі? Танисыз ба? — деді Есеней Артықбайға қарап.

— Кім болсын, құдаларым болады, — деді Артықбай. — Біздің үйдегі «Сұлушашты» айттырған құдаларым, — деп қызына бір қарап қойды. — Кедейлік не істетпейді, Бағлан аузында отыратын бір саудагер Түлен дегенмен құда болып едім. Баласы таз ба, мерез бе, білмеймін, әйтеуір, Ұлпанжан құлан-таза безініп отыр. Шойнақ шалды басынып, алып қашуға келгендерін көрмейсің бе! — Артықбай тағы да ауыр күрсініп тоқтады.

— Болды, Артеке, болды. Ар жағын айтпай-ақ қойыңыз. Көріп отырмыз. Сәдір, сен мына құдаларды қосыңа апарып, қондырып шығарарсың...

Кенесары лаңынан кейінгі он бес жылдың ішінде Сәдірдің найзасы жарқылдаған күні осы ғана. Сол он бес жылдың ішінде қойдай көгендеп тұтқын ұстағаны да осы. Алақан қышуы әлі басылған жоқ. Есенейдің көзінше қол іске бара алмай, найзасын сүйеніп, зығырданы қайнап тұр еді. Есенейдің бұйрығына қуанып кетті. Құдай қосса, қосқа апарып қамаған соң, бір-бірлеп шығарып алып дүрелейтін болар. Бидің кесімі кезінде бола жатар, оған дейін күздің ұзақ түні Сәдірдің сайрандауына мол жетеді...

Сәдір көгендеп алған жігіттерін ағытып, жайдақ атқа екі-екіден мінгізді. Ер-тоқымдарын қолдарына құшақтатып қойыпты. Үйге бес жігіт кірсе, далада аттарын ұстап тұрған тағы екі жігіт бар екен. Сонымен, алтауын үш атқа мінгестіріп, аттардың шылбырын бірге түйіп, жетінші жігітке ұстатты да, айдап жүре берді.

Ұлпанды айттырған күйеуі Түленнің баласы Мырзаш деген жігіт алдыңғы жылы бір келіп кеткен. Даланың жұпар иісі аңқыған жазғытұрым еді. Ұлпан Құдайдың жазғанына мойын ұсынып, ойында жақсы көру, жек көруден еш нәрсе жоқ, күйеуін көруге ғана ынтығып шымылдыққа кірді де, қашып шықты. Қыз мұрнына келіп көрмеген жиіркеніш иістен жүрегі айнып кетті. Жеңгелері әуелі қашанғы дәстүр бойынша күйеу мен қыздың қолдарын ұстаттыра беріп еді. Ұлпанның алақанына өмір бойы жусаң да кетпес бір майлы жылбысқы жабысқандай болды. Сол жабысқақ қыз алақанының есінде әлі бар, Ұлпан әлі жиіркенеді. Есіне түсіп кетсе, қолдарын сабынды көпіртіп тағы бір жуып алады.

Содан кейін құдалардың арасы шалғайлана берді. Саудагер қу ұл баласы жоқ шойнақ шалды басынып, әуелі қалыңға берген бес құлынды биемді қайтарып бер деді. Артықбай онысын дұрыс көріп, көніп еді, бес биенің он жылдан бергі өсімін сұрайды. Оның өзі Артықбайдың маңдайына бітіп көрмеген көп жылқы болып шығады екен. Артықбай қалың малға алған бес құлынды биені қайырды да, өсім дауынан әлі құтыла алған жоқ. аяғында алысырақ жерге көшіп кетіп құтылам ба деп еді, Түлен қу аяқ қыздың өзін тартып әкетуге жігіттерін жіберіпті...

Бұл жанжалдың үстінен шыққанына Есеней қуанып отыр. Ұлпанның басы бос екен! Ертең айып-қиыбын табандата салып, бет бақтырмайтын кесім айтады да, құдаларды айдап тастайды. Көнбей көрсін! Ол аз болса, бір қос жылқысын сол Түлен қудың жеріне апарып қыстатады!..

Ұлпан басында кешегі тымағы, үстінде жеңіл ішіктің сыртынан киген түйе жүн шекпен, орнынан қозғала алмайтын әкесіне қорғалған күйінде ұзақ тұрып қалды. Қорыққаннан қуаң тартқан, қорыққанына ұялғанынан күлімсіреген қалпы бар. Күндегі әдеті бойынша іңір кезінде азғана жылқысын шарбаққа әкеліп қамап, таң ата өргізіп жіберуші еді. Кенжетайға ат ерттеуді тапсырғандағы себебі сол болатын.

Ұлпан жайылып жүрген жылқысын жинай бергенде, ағаш арасынан екі салт атты шыға келіп:

— Бұл кімнің жылқысы? — деп сұрады.

— Біздің үйдікі.

Түнге қарай ағаш арасынан шыға келген адамдарды ең берісі ұрыға балап, Ұлпан жылқысын қиқу салып қуа жөнелді. Қыз даусы танылып қалды. Ағаш арасынан:

– Сол! Соның өзі!

– Ұмтыл, ұста! – деген дауыстар жақындай берді. Онсыз да сақтанып келе жатқан қыз жылқысын тастай беріп, ауылына қарай бір-ақ тартты. Арт жағында қуғыншылар, Ұлпан олардан оқ бойы бұрын келіп жетті...

Сәдір жігіттерді айдап әкеткен соң Ұлпан әкесінің қасына отыра кетті де, жылай бастады. Не деген қорлық! Бұл күнге дейін ешкім бетіне қарсы келіп көрмеген, ерке өскен Ұлпан малға сатылып кете беретін көп қыздың бірі екен-ау! Үйде қонақтар болмаса, әлгі жігіттер мұны байлап-матап алады да кетеді. Содан соң жата бер іріп-шіріп... көне бер, өле бер... Ұлпанның тұла бойы тітіркеніп кетті... бала мінезді болушы еді, қатты қорыққан екен, жас балаша жылады. Үйіне қадірлі қонақтар келген күні ұятқа ұшырап қалдым-ау деп, ұялғанынан жылады.

Есеней Мүсірепке қарады. Бірдеме айтып уатсаңшы дегендей еді. Мүсіреп бірдеме айтуға өзі де асығып, Есенейдің иек көтеруін күтіп отыр екен, сөзін тез бастап кетті:

– Қарағым Ұлпанжан, басыңа түскен бір бәледен құтылдың. Енді біржола құтылдың. Жылама! Бұл үйге деген ниетіміз таза екен, қорлық-зорлықтың үстіне кездестік. Енді ол бәле сенің басыңа қайтып оралмайды. Артекем мен Несібелі жеңгеміздің туған жалғыз асыл перзенті қайда жүрсек те қорғай жүрерміз. Ешкімнің тісі бата алмас бұл үйге. Бағың ашылар, қарағым. Теңіңе кездесерсің әлі, жылама...

– Бұл арада қырық үйге жақын Күрлеуіт бармыз... – деді Артықбай. – Жазға қарай бір ауыл болып отырамыз да, қысқа қарай ағаш-ағаштың қойнауын қуалап, қалыңын паналап, бытырап кетеміз. Бүгін сендер келмегенде, күніміз қараң еді. Есеней, сен жылқыңды ешқайда аударма... Өз қосыңды қасыма әкеліп қондыр..

– Артеке, сіз нені қаласаңыз да, қолыңызды қақпаспын. Бірақ енді құдаңнан қауіп етпей-ақ қойыңыз. Мен қосымды сол құдаңның ауылына жақындатып апарып қондырсам, қалай болар деп ойлап отырмын.

– Ойбай-ау, онда саудагер сұмды біржола тұралатып кетесің ғой!..

– Тұраласа жатсын!.. Лұқсат етсеңіз, Сәдірдің қосын осы маңайға көшірер едім... Жылқыңызды Сәдірдің қосына қосып жіберсеңіз, Ұлпанжан да қысқы суықта түнделетіп шапқылап жүрмес еді.

– Болды, Есенейжан болды. Маған Сәдірден артық жолдастың керегі не?

Ұлпан осы арада ғана езу тартты. Қонақтар кешкі тамақтан кейін аттанып кетті...

6

Сәдір баяғы тұтқын дәстүрінің бәрін істегісі келіп, қыз алып қашуға келген жігіттердің қолдарын артына байлап, Есенейдің қосына жаяу айдап әкеле жатыр. Бәрі де жалаң бас, бас киімдерін қойындарына тығып берген. Сәдір өзі ат үстінде, найзасы қолында, қасында Есеней жіберген Кенжетай бар, ол да салт.

– Керей-Уақ кекеку, Сүйір батыр текеку! – деп айқайлап қояды Сәдір. – Керей-Уақпен кектессең, Сүйір батырдың тепкісін көресің! – дегенді естіп пе еділер, қарақшы иттер.

Жігіттерде үн жоқ. Түн бойы едәуір қалыңдап қалған көбік қарды етектерімен сызып, бұлтаң-бұлтаң етіп жүріп келеді. Қарындары ашқан. Аздап қамшы жеген. Есенейдің ұрыға қаталдығын да естіген. Қорқып келеді.

– Қап, Стапқа да мен айдап апаратын болдым-ау!.. Құдай қосса, Стапқа жеткенше құлақтарыңды беріп құтыласыңдар. Стапта құлақтарың жазылғанша екі ай жатасыңдар. Темірді қып-қызыл қылып қыздырып, маңдайларыңа «қарақшы» деген таңба басады. Құдай қосса, оны мен басатын болармын... содан соңғы қой, қош-аман бол, «Итжекке́нге» дейін орыстың уряднигі айдап апарады.

Сәдір мұны жігіттерге түн бойы көрсеткен азабын Есенейге айтып қоя ма деп қоқан-лоқылап келеді.

– Керей-Уақ кекеку, Сүйір батыр текеку!.. «Итжекке́нге» дейін екі қыс, екі жаз жаяу айдаласыңдар... балпақтай балпаңдамай, басыңдар аяқтарыңды!

Есенейдің қосы Сәдірдің қосынан алыс емес еді. Сәдір жігіттерге осы қасиеттерін айтып болғанша келіп те қалды. Жігіттер Есенейдің үйіне кіре бере етпеттерінен түсіп, бір-бір құлап құлдық ұрды да, содан кейін есік алдына ғана тізерленіп отырып қалды.

– Енді кете бер, қосыңды көшір! – деді Есеней Сәдірге. Сәдір шығып кетті. Жылқышы емес, жауынгер бола қалған екен, тез шығып кетті.

– Ие, сендер кімсіңдер?

– Керейіңбіз, аға сұлтан, біз. Керейіңізбіз, өзіңіздің... Бағлан аузында отыратын.

– Кеше Артықбай батырдың үйіне алдымен кіріп едің... Сен кімсің?

– Түлен деген кісінің үлкен баласымын... өз атым Мырзагелді.

– Е, жесір сенікі екен ғой?

– Ие, тақсыр... Інім бала жасынан сырқаттау болушы еді... Қысқа қарай жүдеп бара жатқан соң, көңілін көтереміз бе деп, қалыңдығын әкеліп берсек деп келіп қалып едік..

Жігіттің түн бойы ойлап тапқан айласы осы-ақ. Інім ауру десем, Есенейдің көңілі жібір, аяушылық етер деген.

– Ауру адамға қатын әпере ме екен?

– Көңілі көтеріле ме деген үміт қой.. қалың малы түгел төленіп қойған соң, жесір біздікі деп ойлағандық қой.

– Бергеніңді қайтарып алыпсың ғой!

– Өсімін ала алмай жүр едік...

Былжырап сөйлегенімен, жігіттің ойында қанша арамдық барын Есеней оңай түсінді. Қазақ айласының құйрығы бір-ақ тұтам. Інісі өлім алдында екен.. Қалыңдықты бір әкеліп алса, ол сорлы қыз «іні өлсе, аға мұрасы» болады да қалады емес пе?

– Бұл ақыл әкең Түлендікі ме, өзіндікі ме?

– Әкемізге білдірген жоқ едік...

– Ендеше, қайта беріңдер. Стапқа айдатпай-ақ қояйын. Артықбайда қалған малым бар десе, әкең өзі келсін маған. Болмаса қыс ортасы ауған кезде бір қос жылқыны сол маңайға аударғалы отырмын, сонда кездесерміз.. Кенжетай, қолдарын шешіп, босатып жібер!

Жігіттер Есенейге қайта-қайта бас иіп, шығып кетті. Күн кешкіріп қалыпты. Өздері де аш, аттары да дір қалтырап, кеше түнде байланған жерінде аш тұр... Қосын жығып, Артықбайдың қасына көшіргелі жатқан Сәдір бұларға әлі ызғарлы қарап тұр. Кейде Есенейдің осындай аяушылық ететіні де бар. Тым болмаса дүрелетпегенінен көрдің бе!..

Мырзагелдінің ойына аса үлкен қауіп кірді. Есеней бір қос жылқысымен келіп орнай қалса, онда артық жұт болады деймісің! Енді Ұлпаннан да күдер үзбестей не қалды? Тегі, Түленнің бар шаруасы шайқалып, толмай жатып төгілетін болар. Бес байталдың құны бір сайқалда несі бар еді? Әй, ол жай сөз ғой, Ұлпандай қатын қайдан кездеседі дейсің!.. Осы жолы алып кете алсам, бұйырмаса да бұйырып еді-ау!..

Өздері де, аттары да ашыққан жігіттер осы Қаршығалы орманының ішінде шетірек отыратын құдандалы тілдесінің үйіне қарай бет алды. Із тастап, алыстан орағытып келді.

Ұлпанды кіші баласы Мырзашқа айттырып қойған Түленнің әкесінің әкесі Тілепбайдың шешесінің сіңлісі Ақбайпақтан туған Қарабайдың Қайыргелдісінің жиені Игенбердінің немере қызын алып отырған Ырымбек үйінде екен...

Артықбайдың үйі оңаша жерде екенін, қызының іңір кезінде өрістегі жылқыны шарбаққа әкеліп қамайтынын Түленнің үйіне жеткізіп отыратын сол Ырымбек еді. Ұлпанды алып қашу – қаздың балапанын ұстап алудан да оңай деген.

Кеше кешке Ырымбек қыз алып қаша келген жігіттерді өзі бастап келіп, Артықбайдың бір үйір ғана жылқысының маңайына, ағаш ішіне жасырып кеткен. Жігіттер қызды қуа жөнелгенде, ол үйіне қарай тартып отырған. Одан бергі хабар барлық Қаршығалыға тарап кетті де, Ырымбекте үрей қалған жоқ. Ырымбек үйінен шыға келді де:

– Ойбай, міне тоқты, міне қазаным... алыңдар да жөнеліңдер. Мен енді құрыдым! – деді. Жігіттер де айнала беруге қорқып, Ырымбектің бергендерін алып, кетіп қалды. Мырзагелді жай кеткен жоқ, боқтап кетті:

– Көзіңді ұрайын, шошқа көз, Артықбайдың үйіне Есенейдің келіп жатқанын неғып білмедің?

– Әке құлдық, жөнел енді! – деді Ырымбек. Ырымбектің сонша сасқалақтағаны да жай емес еді.

Өткен түні Артықбай шалдың үйінде болған оқиға таң атқанша Қаршығалыны қыстап отырған қырық үйлі Күрлеуітке түгел тарап болған. Бүгін шалдың ағайын-туысқандары бәрі сонда.

– Апыр-ау, Құдайдың сақтағаны-ау!

– Есеней жарықтық келіп жатпаса ғой, Ұлпанжаннан айрыламыз да қаламыз.

— Несібелі апайдың көк қошқар сойып құрмалдық беріп жатқаны әбден дұрыс екен... Басын Есенейдің өзіне тартыңдар!

— Ақсақал, сіз биыл бекер шетірек қыстадыңыз... әлі де ортамызға келіп қонғаныңыз дұрыс болар...

— Өзге сөздің керегі не, арада жүрген бір арамы тілдес бар ғой. Соны тауып, сазайын беру керек!..

Ырымбек күні бойы өзі де сонда болып, осы сөздерді түгел естіп, жанынан түңіліп қайтқан. Әйелі де қайтқан жоқ. Оның алып келер қосымшасы тағы бар ғой!

Жұрттың естіген-білгендерін сауысқан шықылдап, қарға қарқылдап өсіріп-өрбітіп әкеткен.

Есеней қыз алып қашуға келгендерге қырық қамшыдан дүре соқтырыпты.

— Қозыдай көгендеп қойып, маңдайларына қырықтық қыздырып басып, «Итжекке́нге» айдатайын деп жатыр дейді. Құдай біледі, рас!..

— Өзіміздің ішіміздегі арамы тілдесті бірге айдатса игі еді.

— Есеней шалдың үйін бір қыс күзетіп шығуға Сәдір деген батырын қалдырып кететін болыпты...

Сәдір қосын Артықбайдың үйіне жақын тігіп жатқаны да рас еді. Сәдірдің қосы деген төрт қараша үй: ат баптарлар, қысыр сауарлар, ит, бүркіт баптайтындар — бәрі осында. Сәдірдің қасында он шақты жігіттері де бар. Енді Артықбай шал ешкімнен де қорықпайтын болды.

Есеней өз қосын орнынан қозғаған жоқ. Бір сәтке Ұлпанға көз тігуім обал ғой деп те ойлады. Мен жетпіске таянғанда, ол әрең-әрең отызға келеді. Ұлпан басқа қыздардай: «Құдай қосты — мен көндім», деп мәңгі мойын ұсынып, мәңгі үн шығармай отырып қалатын жанға ұқсамайды. Бұл — адал ойы, шыны еді.

Әттең, ол ойы, ол адал шындығы намаз үстінде бұзылып кетті. Таң намазын оқып отыр еді. Есіне бала Ұлпанның арқасына келіп жабыса түсетіні келе қалды. Қандай жылы тиюші еді! Бүкіл денесі бұрын сезінбеген бір жылылық тарап, балқытып әкететін. Мақпал меңі қандай жарасымды еді...

«Сол Ұлпан осы кезінде арқама келіп асылар ма еді! Бір-ақ рет.. Қандай ләззат лебін сезінер еді!.. Мен бірдеме білсем, ағалы-інілі екі «түрікпеннің» екеуі де Ұлпанға қырындайтын сияқты. Біреуі сұлуша ғана жас жігіт. Ағасы әлі күнге қатын алмаған сұр бойдақ. Әсіресе ағасы қыз-келіншекке сайтаны бар адам. Бір күні: «Есеней, осы қызды маған айттырып бер», — деп қалса, не айтам? Жоқ, мен осылай ойланып отыра берсем, жынданып кететін шығармын. Аңшы Мүсірепке еріп, түлкі аулап қайтайын».

Есеней намазын шала оқып, тұрып кетті.

Аңшы Мүсіреп кешеден бері өлердей болып қорланып жүр еді. Есенейдің аңға шығайық деген хабарын алған соң, қайта құлпырып сала берді.

— А, Құдай бар екен!.. Мүсіреп әлі өлген жоқ екен! — деді Сәдірге.

Қасында он шақты жігіттері бар Есеней Қаршығалы шұбарын кезіп күні бойы далада болды. Екі бүркіт, төрт бөрібасар Есенейдікі, екі сарыала «түрікпен» Мүсірептікі.

Есенейдің иттері әркімнен қалап алған ішінара араз иттер болса, Мүсірептің екі сарыаласы ұялас, таласып көрмеген тату иттер. Бұл екеуі атақты – асыл тұқымды, аңшылық қанына сіңген пәлелер. Аңшылықты иесіне өздері үйретеді. Қасқыр мен түлкіні қай бұрын көргені тура қуып кетеді де, екіншісі алыстан барлап төтелей, тосқауылдай жүгіреді. Бірінің аты – Барыс, бірінің аты – Садақ. Екеуі иесімен бірге қоста жатады.

Есенейдің иттері әуелі шыға сала таласып алды. Тайыншадай дырау, қасқыр азу иттердің тістері қанжардай жарқылдасып кетті. Иттерде қай бұрын жығылғанын талайтын әдеті бар. Төртеудің бірі шойырылып тұра алмай қалды. Үсті-басы қызыл-жоса қан.

Екі Мүсірептің иттері сыйыса алар емес. «Түрікпен» Мүсіреп қасына Сәдірді алып, өз иттерін ертіп бөлініп кетті. Екі сарыала иесін өздері бастап, мал жайылған шиырдан алыстап шыққан соң ғана ауаны иіскелеп, кездесіп қалған іздерді иіскелеп ұзай берді. Аңшы жүрісі – ақырын. Аңшылар иттерінің қарасын үздірмей алыстан бақылап, жай жүріп келеді.

Қасқыр түс ауа кездесті. Шақырымдай жерден одырайып бір қарады да, жөнеп берді. Барыс тұра ұмтылды.

– Тайыншадай екен. Арланы, арланы! – деп Сәдір де шауып жөнелді.

Садақ қасқырдың ойысқан жағына қарай жолын кесе, қиыстай тартып барады. Асықпай, ақырын шауып барады. Мүсіреп өзі соның соңынан кетті. Аздан кейін Барыс та, Сәдір де қара үзіп, көрінбей кетіп еді, Садақ бетін бұрған жоқ. Сол көлденеңдей шапқан бетімен кете берді. Анда-санда қарғып-секіріп, қасқыр жаққа қарап қояды.

Садақ қасқырдың алыстан сезілген иісін шалып келе жатыр. Иіс бір алыстап, бір жақындап қояды. Әуелі қасқырдың жай иісі келетін еді, бес шақырым шапқаннан кейін қасқырдың өз иісіне тер исі араласа келді. Тоқ па екен, семіз бе екен?.. Бұл кезде қаншық қасқырлар жалғыз жүрмейді, бөлтірігін ауыздандырып бірге жүреді. Мынау, әрине, арланы. Арлан екені иісінен де танылып келеді. Қой жеген болар, қой ішінің исі сезіледі. Апырау, иіс қайда кетті? Жоқ қой!

Садақ тағы біраз ұмтыла шапты да тоқтап қалды. Білдім, білдім! Әрі қарай бұрылған болар. Бәрібір жел сол жақтан. Қазір тауып аламын, қазір... Иесіне бір қарап кешірім сұрады да, бұрылып алып, екінші жаққа қарай көлденеңдеп шапты.

Ұзамай шабысы да үдеп кетті. Атылып барады. Иесі де қамшы басты. Мүсірептің аты да алымдының бірі еді, бәрібір Садақ алыстай берді.

Біраздан кейін Мүсіреп жарты шақырымдай жерден алдын кесе өте берген қасқыр мен жақындап қалған Барысты көрді. Сәдір қалып қойыпты. Қасқырдың өкпе тұсынан күнге шағылысқан сарғылт жалын жарқ ете түсті де, қасқыр ұшып түсті. Барыс та жетті. Апыр-топыр...

– Айналайыным-ай, сары Садағым-ай! – деп Мүсіреп те келіп қалды.

Қасқырдың үсті-басы қызылала. Ішек-қарыны ақтарылып жатыр. Садақ қасқырдың алқымынан ала түскен бойы әлі мытып жатыр. Ішек-қарын Барыстың қолынан келген іс...

Мүсіреп Садақтың маңдайынан, желкесінен сипап:

— Айналайыным-ай, сары Садағым-ай! — дей отырып, иттің аузын әрең аштырды. Жағы қарысып қалған екен.

Мүсіреп енді абайласа, Садақ осы араға жеткенше елу қадамдай жер бауырлапты. Таныс мінезі. Қасқырға көрінбейін деп істегені. Мүсіреп мұны бірінші көріп тұрғаны емес. Қасқырдың өте берер тұсына жер бауырлап көрінбей келіп жатады да, тұспа-тұс келгенде оқтай атылады. Екпінімен қасқырды алып ұрады да, алқымына жармасады. Мыти береді, мыти береді. Ол екі арада Барыс жетіп келіп, қасқырдың ішін жарып жібереді. Долданып жеткен бойы шаптан тұмсықты салып жіберіп, басын екі шайқады болды, іс бітеді.

Қасқырды Сәдірдің артына бөктеріп беріп, Мүсіреп қосқа қарай бет алды. Артықбай ауылы бұлардың қайтар жолында еді. Түспей кетсең де ұят, қасқырыңды байлап кетпесең, одан да ұят. Мүсіреп тайыншадай арлан қасқырды үйге сүйреп кіріп:

— Артеке, міне көкжалыңыз! — деді.

— Ойбай, қатын, той қыл, қазан ас! Біздің үйге он бес жылдан бері кірген қасқыр осы!

Кештетіп Есеней тобы да осы үйге келіп түскенде, бітеудей сойып, кергішке керіп қойған қасқыр терісі керегеге сүйеулі тұр еді. Үлкен екен. Тұмсығы уықтың қарына жақындап, құйрығы жерге түсіп жатыр.

— Түрікпен, Артекеңе қасқыр әкеліп байлапсың ғой! — деді Есеней.

— Қолға түскені жалғыз осы болды.

— Арланы екен, үйірімен үш тоғыз болсын, Артеке.

Екі түлкіні қосақтай көтеріп, аңшы Мүсіреп келді.

— Қайда әлгі ақ Ұлпаным, ақ патсам! Бері кел, байлан мына екі қызылды. Салаумаликем, Артеке. Мал-жан аман ба? Қарағым-ай, кәрі аған айыпты болып қалды ғой... Міне, сол айбым! Несібелі, денің сау ма? Мені мазақтап қой күнде бір күліп аласыңдар? «Күлсең кәріге күл» деген осы да.

Ұлпан күлімдей келіп, екі түлкіні алды да:

— Айып біткен қайтарылып жатқан жоқ па, Мүсеке?! Сіз бердіңіз, мен алдым. Енді өзіңізге қайтардым... Өзіңіз алыңыз, — деп қайта ұсынды.

Есеней төрге шығып отыра беріп:

— Айып-қиыптың қайтарылмайтыны да, қайтпайтыны да болады, — деді. Онысы Мұзбел торы ат қайтарылмайды дегенді аңғарту еді. Оның үстіне, осы жолы Ұлпанды қалай да бір сөзге тартуды күні бойы ойлап келген.

— Қайтып үйіріне қосылғанды қайтарылды деп жатқаным ғой әшейін.— Ұлпан кешеден бері үндемей жүргенін ерсі көріп, қалжыңдап еді.

Есеней аз ойланып қалды да, Артықбайдың жылқысы Мұзбел торымен бірге Сәдір қосына қосылғанын түсінді.

— Үйіріне барып қосылса, үйірін түгел ала кетейін дегені де! — деді.

Бұл не дегені? Қалың мал бергелі отырмын дегені ме? Осы шалда сондай ой да болар-ау! Қой, бұл бетінен қайтарып тастау керек болар.

— Біздің үйге үйірлеп келген малдың қайыры болған емес, — деді Ұлпан. Даусына сезілер-сезілмес қатқыл үн қосты.

Бұлардың нені оспақтасып қалғандарын аңдай алмаған аңшы Мүсіреп:

— Ұлпанжан, садаған кетейін, айыбы құрсын, әкеңе байлағаным болсын. Ала қойшы, күнім, — деп сөзді бөліп кетті. Ұлпан сол ойнақы күлімдеп тұрған бойы түлкіні алды да, ас үйге шығып кетті.

Шай үстінде тағы бір әңгіменің ұшқыны Ұлпанға соғып кетіп отырды. Есеней тобы бір маралдан айрылып қалып еді. Аңшы Мүсірепсоны айтты.

— Пай-пай-ой! Алтын мүйіз ақ маралдың өзі екен! Есеке, сіздің иттердің алауыздығы болмағанда, құтылмайтын еді. Әккі болған иттер бәрі бірге жапатармағай ұмтылмай, тосқауылдап қуады. Сіздің иттер үшеуі бірге ұмтылып, бірге болдырып, аяғында өзді-өзі таласып қалып, әрең айырдық. Әр жерден келген ит ит болмайды.

Артықбай шошып кетті:

— Алтын мүйіз ақ марал дедің бе? Ойбай, оны біздің ауылдың жігіттері күні бойы қуып әбден қалжыратып қамап тұрғанда, Ұлпанжан айырып алып қалған... Байғұс марал қалжыраған соң, көлге күмп беріп түсіп кетіпті. Сол емес пе екен, Ұлпанжан?

— Сол болар.

Ұлпанның маралды айырып алып қалғаны рас болатын. Жігіттер көлге түсіп кеткен маралды қалай ұстаудың айласын таба алмай, Артықбай шалдың садағын сұратып кісі жіберіпті. Ұлпан әкесіне: «Берме!» — деді де, атына міне сала шауып кетті.

Ол Ұлпанның анда-санда көріп жүретін маралы еді. Қумайтын, ит айтақтамайтын қызға маралдың көзі үйренісіп келе жатқан. Көп жақындатпағанымен секіріп-орғып қашып та кетпейтін. Шілік жапырағын жұлып алып, Ұлпаннан көзін айырмай сақ тұрса да, қарап тұра беретін.

Ұлпан көлге келсе, он бес шамалы салт атты жігіттер көлді айнала қоршап алып, ит айтақтап шапқыласып жүр екен. Судың суынған кезі, көлге ешкім түсе алмапты.

Ұлпан жігіттерді қуып жібереді.

— Немене, қырық үйлі Күрлеуіт, қырық жапырақтап бөліп алайын деп пе еділдер? Тиюші болмаңдар! Бұл — менің маралым! — деді.

Жігіттер ұялып, иттерін ертіп тарасып кетті. Аздан кейін марал да судан шығып, сілкініп алды да, қалың ағаштың арасына кіріп жоқ болды. Күні бойы адам баласынан қуғын көрсе де, Ұлпаннан бұл жолы да қашқан жоқ, сергек аяңдап жүре берді.

— Жарықтықтың көзі-ай, қап-қара... — деді аңшы Мүсірепсоны.

— Қара көз, ақ маңдай демейсің бе!

— Мұны Есеней өзі қыстырып қалып еді, Ұлпанға тым туралап айтылғандай болып шыққанына қысылып, «түрікпен» Мүсірепке бұрылып:

— Сен бөлініп кетпегенде, ақ марал құтылмайтын еді! — дей салды.

— Е, ол маған да кездесті. Жан-жануар болып жаралғанның сұлуы екен. Елу қадам жерден шілік арасынан атылып шығып еді, қумадым.

Ұлпан алғысты көзімен Мүсірептің жүзін бір сипап өтті.

— Мен иттерімді адал жан-жануарға ауыздандырмай жүрмін. Сонша сұлу жаралғанды итке талатып, қанға бояп соғып алуды обалсынамын. Менің құмарым қасқыр мен түлкі ғой...

«Шының ба? Неғып?» дегендей Ұлпанның азғана күлімдеген көздері жарқ етіп, Мүсірепке қарай тағы бір серпіліп қалды.

Маралды мақтаған сөздердің Ұлпанға арналып жатқанын серілеу Мүсіреп қолдады да, оны түз тағысындай соғып алуға қарсы екенін аңғартты.

– Ұлпанжан, сенің тілектесің де бар екен! – деп Артықбай қуанып қалды. – Оның өзін осы ауыл түгел Ұлпанның маралы дейді. Бәрі күзетіп жүреді.

– Ойбай, ақ патсам, тимейін маралыңа, тимейін. Ендігәрі көз тіксем, бесікте жатқан бөбегімді көрмейін! – деп аңшы Мүсіреп қарғана бастады.

– Екі лағы мен енесі Тұздыкөл маңайында жүреді, – деп Ұлпан оны да ескертіп қалды.

Есеней марал жайындағы әңгіменің басталып кетуіне қуанса да, аяқталуына наразы болып, қоңырайып қалды. Алдымен өз ағайыны Мүсірепке өкпеледі. Маралды қызға теңеп мақтай бермей, «итке талатып..қанға бояп.. соғып алған обал болады» дегені қай сандалғаны? Әдейі мені ыза қылайын деп айтады. Тым болмаса бір кеш қызды айтып маралға теңеп, маралды айтып қызға теңеп ойнап-күліп отыруға болатын еді ғой. Ұлпан да сөзден қашайын деп отырған жоқ еді. Екі Мүсіреп кезек-кезек киіп кетіп, сөз аяғын құрдымға апарып жоғалта бергенін көрдің бе!.. Өзім де Құдайға шүкір, көп олақтың бірімін... айып-қиып, ат жайы, марал жайы сөз болды... Соның бір де бірін не иіріп, не шиырып әкете алмадым. Ұстата бердім. Тегі, мен сөздің өру, өрбітуіне көңіл қоймай, байламын айтып әдеттенген адаммын. Қызға сөздің байламы не керек? Он күн ойлансам да келер бір кеште. Ұлпаннан басқа тірі жанға сөз бермей...Ұлпан не айтса да қағып алып... біресе күлдіріп, біресе ойландырып... кейде төбесінен шүйілген қырандай... кейде оқтай қадалып... күйдіріп, жандырып...қайтарамын.

7

Есеней он күн ойланса да, қызды күйдіріп-жандыратын еш нәрсе таба алған жоқ. Екі рет Артықбайды шанаға байлап-матап отырғызып, аңға алып шығып еді. Оның қарауылына қасқыр іліктіре алмады. Бүгін «түрікпен» Мүсіреп үйіне қайтқалы жатыр. Ол кеткен соң Есеней қосы тіпті меңіреу болып қалатын сияқты. Аңшы Мүсірептің шатпағын Ұлпан күле қарап тыңдайды. Өйтіп езу тартқанын көрсеткеннен көрсетпеген жақсы да... Оның сөзіне күлмейді, өзіне күледі. Тегі, Есеней Есеней ғана бола алса керек. Басқа біреуге ұқсап сөзшең болам, биязы болам, сыпайы болам десе, күлкі болатын жайы бар. Баяғыдан бері менің атағым Есеней болғандығымнан қадірленетін. Ендігім қай алжығандық! Жоқ, мен Есенейден басқа ешкім де бола алмаймын!

Есеней еліне қайтқалы жатқан Мүсірепті шақырып алды:

– Бір қыс болайық деп едім, көнбедің, сүр бойдақ... Себебі бар шығар, сұрамаймын. Тек, менің соңғы бір қолқамды орындап бер. Бір күн аялда.

– Жарайды, аялдайын.

– Аялдасаң, қазір аттан. Артықбайға құда түсіп қайт. Неге шошып кеттің?.. Ұлпанға Есенейдің көңілі ауып жүр де. Мендей шалдардың талай-ақ тоқал алады. Мен де өзіңдей сүр бойдақ. Сен қатыны жоқ сүр бойдақ, мен қатыным

болса да он жылдан бері сүр бойдақпын. Алпысқа келгенім жоқ. Керегі болып қалса, қыздың өзіне де сөйлесе кел. Сенің «Алғашқым» деген күйің болса, менің «Соңғым» дейтін күйім осы қыз – Ұлпан. Қыз-келіншек дегенде қырың сынып көрмеген боздақсың, көрсет осы жолы!

– Жарайды барып қайтайын.

– Барып қайтпа, бітіріп қайт. Сибан деген бір рулы елдің ордасы бір күні біржола жабылып қалсын демесең, көндіріп қайт!

Есенейдің соңғы сөзі Мүсірепке ауыр тиді. Сибан деген жалғыз Есеней болмаса ағаш-ағаштың қойнауын паналап бытырап кеткен әлсіз ел еді. Есеней көтерілгелі не бары он ауыл Сибан ел қатарына қосылды. Сол Есеней ұрпақсыз. Туған-туысқандарында мұның орнын басар ешкім жоқ. Ондай адам жалпы Сибанда жоқ. Оның өзге жағын былай қойғанда, екі ұлы қайтыс болғаннан кейін біржола ұрпақсыз қалғаны да Мүсірепке қатты бататын еді. О да адам ғой! Ішінен Ұлпанды да аяды. Есеней қанша ағайыны болғанымен, құрығын Ұлпаннан басқа біреуге салса да болар еді ғой! Онда ше? Ол қызға обал болмас па еді? Шіркін-ай, он ауыл Сибанның бір қатыны жесір отырмағанын көрдің бе!.. Іштей Есенейді де аяп, Ұлпанды да аяп, Мүсіреп Артықбайдың үйіне келіп түсті.

Ұлпан үйінде жоқ екен. Соны пайдаланып, Мүсіреп келген жұмысын созбақ қа салмай, қыздың әке-шешесіне бірден айтып тастады. Есенейдің сәлемін тура жеткізді. Бояған да жоқ, бұрмалаған да жоқ. Артекең үндемей, тұнжырап отырып қалды да, қыз шешесі Несібелі жылап, үйден шығып кетті.

– Осы, Артеке, келген жұмысым. Не жауап қайырасыз?

– Ойбой, Мүсіреп-ай!.. Есеней қадалса, алмай тынатын ба еді! Ұлпанымды мен бермеймін десем, Есеней көнеді деп отырмысың? Айтты, алдымнан өтті, болды емес пе, алмай тынбайды ол!

– Олай болғанда, сізді риза дейін бе?

– Қайдағы риза?

– Енді сіз не айтты деп қайтам?

– Ұлпанның еркі өзінде. Өзімен сөйлесе берсін деп айтты де. Ал «әке, батаңды» бер деген күні, жетпей жатқаны бата болса, бере салу қиын емес қой...

Артықбай тағы да біраз үндемей қалды. Мүсіреп те шал жауабының өзгерісі бола ма деп күтіп отыр. Шеше наразы, әке наразы. Осыны айтып барса, Есенейдің беті бұрылар ма? Жоқ, бұрылмайды. Оған қыз наразылығы қосылса ше? Онда зорлауына қорлауы қосылады.

– Мүсіреп, мен сені жиырма жылдан бері білемін. Адалдығыңнан басқа сырыңды көрген емен. Ұлпанмен өзің де сөйлес. Адал ақылыңды айт. Әлгі мылжыңбай адасың да айтпай келіп, Ұлпанжанды түлкі аулауға ертіп әкетті. Барамыз деген жері Тұздыкөл... Осы үйдің есігі қай жаққа қарап тұрса, сол бетте.

Мүсіреп атына мінді де, Артықбай шалдың сілтеген жағына қарай жүріп кетті. Ақырын жүріп келеді. Ие, бұл бір абыройсыз елшілік болғалы тұр. Есенейге екі нәрсе өтпейді: оқ өтпейді, сөз өтпейді. «Сенің «Алғашқым» деген күйің болса, Ұлпан – менің «Соңғым» деген күйім деді, болды.

Ұлпан бүгін аса көңілді еді. Әкесінің азғана жылқысын Сәдірге қосып жібергелі бір жеті бойында атқа мініп далаға шығар, бой сергітер себеп қалған

жоқ-ты. Жастық жалыны лапылдап тұрған сергек жанды Ұлпанға үйде отырып қалу деген адам шыдай алмас азап екен. Бүгін, міне, таң атқалы ат үстінде. Күн күлімдеп тұрғандай ашық. Көгілдір аспан күндегісінен гөрі көбірек көтеріліп кеткендей биік сезіледі. Түнде жауған ұлпа қар барлық дүниені ақ жібекпен орап алыпты. Жас қайыңдар ақ желең жамылған әдепті келіншекке ұқсап тәжім етердей иіліп тұр. Аққа оранған шілік түбінен дыр етіп ақ құр ұшқанда бұтаққа қонған ұлпа қар оңай ұшқындап кетеді де, ақ құр қанатынан шілік бұтақтарына кір жұғып қалғандай сезіледі.

Далада өскен қазақ қызына жылдың төрт мезгілі ғана емес, әр күннің өзінде әлденеше мезгіл бар. Бәрінің де өз қызықтары бар. Бір жұмадай атқа мініп далаға шықпаған қыз даласын сағынып қалыпты.

Бүгінде аңшы Мүсірептің бүркіті де көрінген түлкіні адымын аштырмай бүктеп тастап жүр. Бірақ бүркітке түлкі алдыру деген онша қызық емес екен. Шабу да жоқ, қуу да жоқ. мініп жүрген Мұзбел торы да наразы: «Аңға шыққанда тақым жазып шаппаған соң, оның несі қызық! Есенейдің үштен біріндей салмағы жоқ осы бір қыздың қор қылғаны-ай! Қолы қатты-ақ өзінің. Темір ауыздық болмаса, көрсетер ем қалай шапқанды! Тақымыңның дала-дала шыққанынша шабар едім...».

Аңшы Мүсіреп қызық адам. Кейде өліп жатқан түлкімен ұрсысып отырады: «Сен, немене, қызыл қандел, қара балақ сайқал!.. Құтылып кетем дедің бе? Үйіне жетпей жатып, сайқалдығың қарашы мұның!». Ит тұқымын қазақ туғанынан тоғыз ай толғанда «үйіне жетті» — ер жетті деп есептейді. Бүркіт жоғарыдан сорғалап келіп шаншылғанда екі рет жалт беріп кетіп, алғызбаған қаншық түлкіге аңшы сол ұятсыздығын айтып ұялтып отыр. «Сенің шешең ғой, сенен де асқан зәнталақ...».

Аңшы содан кейін бүркітіне ұрса бастады.: «Сен, немене, бұдан бұрын қаншық көрмеп пе едің? Көргенсің! Қашаннан бері айтып келем саған: құйрығын шаншып ала жөнелгені түлкінің қаншығы болады. Оның басы құйрығының түп жағында емес, қалай қарай жүгіріп бара жатса, сол жағында. Құйрығының түп жағынан киліксең, бет-аузыңа сарып кетеді. Сонсоң бір ай отыр үйде, әкең өлгендей болып салбырап... Қарағым Ұлпан, байлан мынаны...».

Жасамыс бір түлкіге өзінің әйеліне ұрысқандай ұрысты: «Мен сенімен бірге жасасып келем, сауыс-сауыс сары дамбал кәрі сайқал! Саған не бар екен сонша бәлсініп. Кәрі Мүсірептің көзіне ілінген екенсің, жата кетпейсің бе?..».

Бұдан әрі аңшының сапырынды сөздерін естігісі келмей, Ұлпан үйіне қайтты.

— Ағай, мен маралымды көре қайтайын деп едім...

Ұлпан маралдың ізіне түсіп келе жатыр еді, «түрікпен» Мүсірепті сонадайдан таныды. Екі ит соңында, аяң-жортақпен ақырын келе жатыр. Басында қара елтірі бөрік, қара құлын жарғақ, аяғын безеп басатын сал жирен ат Ұлпанға әбден таныс болып алған. Ұлпан қуанып кетті. Бұл кісімен еркін қалжыңдасуға болады. Қақпан құрмай, қалтарыссыз-қалтқысыз сөйлеседі. Жақсы көретінін жасырмайды да. Онысында қауіп-қатер де жоқ. Ұлпан да оны жақсы көреді.

Бұл – жақсы көрудің бір таза түрі. Екеуі де білетін, біріне бірі айтпайтын, өмір бойына үнсіз кетер түрі. Үлкендік те, кішілік те бөгет емес, басқа бөгесін де жоқ. Мұндай жақсы көру – құшақ құмарлығынан жоғары да таза тұрады. Еркелете білетін аға мен еркелей білетін қарындас арасындағы жақсы көру сияқты. Неден екені, неден басталғаны белгісіз, Ұлпан «түрікпен» Мүсірептің арасы осылай бола бастап еді.

Ұлпан қатты шауып келген бойы:

– Мүсіреп аға, қасқырға тым кеш шығыпсыз ғой, – деді.

– Қасқырға емес, саған амандаса кетейін деп келе жатырмын, қарағым. Ертең елге қайтатын едім.

– Елге? Бізді осылай тастап кетесіз бе?

– Тастап дегенің не, айналайын-ау... Сені кім қиып тастап кетер! Ұзамай қайтып келем.

– Бәрібір, бүгін біздің үйде боласыз. Кетпейсіз. Мен сізге бір құшақ құрай кесіп әкеліп қойдым... Неше түрлісі бар! Кепкені де бар, шілік арасында балғын тұраны да бар...

– Болсын, Ұлпанжан, болсын...

– Ол кешке болады. Оған дейін қасқыр қуғанды көрсетесіз.

– О да болсын... Қасқырдан қорықпайтын ба едің?

– Сіздің қасыңызда жүріп қорқамын ба?

– Е, жарайды, қалқам... Бірақ менің не айтқанымнан шықпайтын боласың!

– Көндім, Мүсіреп аға, көндім. Құлыңмын құлақ кесті...

Мүсіреп атынан түсіп, Ұлпан атындағы аттың айыл тартпасын дұрыстап тартып берді. Үзеңгі таралғысын азғана ұзартып жатқанда, қолы қыздың аяғына тиіп кетіп еді, жып-жылы екен. Жылылық бүкіл денесіне лап беріп еді, қолын тез тартып алды.

– Ал жөнелдік.

Екеуі желе-шоқыта қатар келе жатыр еді, Ұлпанның көзіне маралдың жаңа ғана жүрген ізі шалынды.

– Мүсіреп аға, маралымды көресіз бе?

– Көр десең, көрейін.

Енді Ұлпан алға түсіп кетті.

– Шөге, шөге, шөге...

Марал шілік арасынан атып шықты да, ордаңдай жортып ашыққа шығып тоқтады. Бұнақ-бұнақ сарғыш мүйізі күнге шағылысып, алтын қанжардай жарқырайды екен. Аңшы Мүсірептің «алтын мүйізді ақ марал» дегені содан болу керек. Аппақ ақ марал емес, қысқа қарай ақ қылшықтанған, ақ маңдайланған, бозғылт.

Марал Ұлпанның таныс даусынан шошынбай-ақ көзге түсіп еді. Енді таңқалып, сескене қарап тұр: «Мына қыз да ит ертіп жүретін болғаны ма? Пәлі, қасында еркегі де бар. Еркек біткен біздің жауымыз. Бір жақсысы, иттерін айтақтатқан жоқ. Мынау екі сарыала нағыз дал-далыңды шығаратын пәленің өзі болар..».

– Шөге, шөге, шөге!..

«Жоқ. Бүгін мен сен қызға еркелеп секіріп-қарғып ойнамасам керек. Төрт аяғым түгел ата жөнелгелі тұр. Еркелесін десең, жалғыз кел. Итіңді әкелме!..».

Марал бір-ақ жалт етті де, жоқ болды. Иттер оны көрді де, малға да санады, қуған жоқ – ешкі ме екен? Жоқ теке болар..

– Сұлу-ақ екен! – деді Мүсіреп. – Бүкіл денесінде бір келіспей тұрған жері болсайшы! Қандай жарау, қандай сымға тартылғандай сұлулық. Осының сұлулығына қызықпай, көзге түссе-ақ қуа жөнелеміз. Сұлуды сойып, етін жейміз.

Ұлпан қазақ жігіттерінің сұлу деген қызға қандай өш болатынын айтқысы келді де, өз тағдырына тұспалдаған болып шыға ма деп, іркіліп қалды. Өз қара басы ондайға ұшырамағанымен, жас кезінде сұлу атанған жеңгелерінің бетіне кетпес күйе жағылып қалғандарын, қалай қор болғандарын біледі.

Екі сарыала ит жер мен желді иіскелей жүріп, иесіне бір-бір қарап қалды да, желге қарсы қаттырақ жүгіре жөнелді.

– Ал Ұлпанжан, иттер бірдемені сезінді. Қазір бір жерден қасқырды айдап шығады. Сен қасқырды қуа жөнелген иттің соңынан ере бер. Жарты шақырымнан артық жақындама! Қасқыр ағашқа, не көлге қарай оралса, алдынан шығып, бетін бұрам деп әуреленбе. Иттің соңында бол. Қасқыр он шақырымдай қашып барып ағашқа бұрылады. Сол кезде бір жағыңнан мен де шыға келермін.

Мүсіреп пен Ұлпан қатар шауып келеді. Қалың орманнан алыстап, талдышілікті ойпаттың арғы қабағына шыға бергенде, Ұлпан Мүсірепке жалт қарап:

– Ойбай, аға, бір ит тұрып қалды, – деді.

– Ендеше, ұмтыл, шап! Сонау қылаңдап жалғыз бара жатқан сарыаланың соңынан қалма!

Ұлпан құйындатып жөнелді. Атпен бірге жаралғандай ұшып барады. Барыс иесіне көрінбей кетті. Садақ қасқырдың иісін алыстан сезініп, бірталай қиғаштап кетіп барады. Мүсіреп соның соңына түсті.

Садақ әшейін ойнап шауып келе жатқандай. Тәңірі деген, қаншық әшейін!.. Жарау болар, қоян жетті. Бірақ Барыс біраз жүгірер. Жақында ағаш та, көл де сезілмейді. Қаншықтың аты қаншық, қаша береді бетімен. Сол ит қаншық бұлталаққа салып, бір олай, бір бұлай қашып әурелемесе жара еді. Е, Барыс ол еркіне жібере қоймас. Қыз да жақын бара жатыр. Барыстың иісі мен қыздың иісі кейде бөлек, кейде аралас келеді. Әй, қаншықтың иісі-ай, мұрныңды жарады. Қыстың орта кезі болса, қаншықтың иісі тіпті күндік жерден танылады. Сол кезде бір кездесіп көрер ме еді өзімен...

Ұлпан Барыстың соңынан манадан бері шауып келеді. Қасқыр мен иттің арасы едәуір жақындаса да әлі алшақ. Шабысқа жаралған жазық дала, ат тізесінен келмейтін ақша қар итке де, қасқырға да ауыр емес. Тізгінді босатса, Мұзбел торы қасқырдың адымын ашырмайтын сияқты. Бірақ онда не болар еді? Ал жеттің қасқырға, қамшымен соғып аласың ба? Ұлпан тіпті тірі жәндікке қамшы жұмсап көрген жан емес. Қасқырдың бетін бұрам деп әуре болма деген сөз тағы есіне, Мүсіреп оны қадағалай тапсырған. Шынында деймін-ау, қасқырды қуып жетіп барсам, ол ғой қарсы тұра қалып, аузын арандай ашып секіреді маған қарай! «Қызды көрсем, қызыл өңешім қышып кетеді, қылғып жіберем де жүре берем!» дейтін осы қасқыр емес пе!.. Құдай-ай, сақтай көр!

Ұлпан сарыала иттен көзін айырмай шауып келе жатып, қай жаққа, қай бетке, қалай шығып кеткенін аңдамай қалып еді. Қашып құтыла алмасын сезінген қасқыр талай жортқан қалың ағашына қарай ойыса бергенін де білген жоқ. Енді бір кезде абайласа, алдында қалың қара орман көрінді. Бұл қай жердегі орман болды екен? Ит пен қасқырдың арасы да жақындап қалыпты. Ол екеуіне өзі де жақын келеді. Әттең, орманға қасқыр бұрын кіретін сияқты. Сарыала ит орманға дейін іліп түспесе, қасқыр құтылып кететін. Шақырымдай ғана жер қалды. Айқай салу керек шығар? Кімге? Қасқырға ма? Мүсіреп ағай көрінсе бір жөн. Ол кісі көрінбейді. Қасқыр құтылатын болды. Жарты-ақ шақырым қалды ағашқа... Оқ бойы... арқан бойы... Құтылды-ау, қан жауғыр... Қой. Ұмтылмаса болмас... Өй, мына бір апалаң-топалаңы немене? Қар бұрқырап кетті ғой. Қасқыр қайда, апанына кіріп кетті ме? Сарыала ит те екеу болып кетті. Қасқырдан айырылып қалып, екі сарыала өздері таласып жатқандай алай-түлей...

Ұлпан ағызған бойы үстіне келіп қалғанда, екі сарыала қасқырды керіп тастаған еді. Ұлпан аз-ақ иттерге соғылмай өтті. Қасқырды да көрді. Көзінен жас парлап кетті. «Түу, Құдай-ай!..»

Мүсіреп келіп жеткенде, Ұлпан әлі көз жасын тыя алған жоқ еді. Ықылықтап, өксіп қалады. «Құдай-ау, не болды маған».

Мүсіреп иттеріне де, қасқырға да бұрылмай, Ұлпанның қасына келді.

— Ау, немене, жылап жүрмісің?

— Жоқ, Мүсіреп аға, жылағаным жоқ, көзімнің жасын тыя алмай жүрмін, — деп тағы бір өксіп қалды.

— Ондай бола береді, айналайын. Атың бәйгеден келгенде, итің қасқыр алғанда, көзіңе ие бола алмайсың. Атыңды аяндатып, алысырақта жүре тұр...

Мүсіреп иттерінен қасқырды айырып алып, ішін ақтарып тастады да, ақ қарға етпетінен салып біраз сүйретіп, қан-жынын кетіріп болған соң, Ұлпанды шақырды:

— Бері кел, байлан мынаны!

— Жоқ, Мүсіреп аға...

— Жоқты қоя тұр. Бірінші соғылған аңды аңға бірінші рет шыққан адамның қанжығасына байлап алып қайтады. Ырымы сол. Әйтпесе, қыз балаға қасқыр байламайды.

Ұлпан амал жоқ көнді.

— Қалай, Ұлпанжан, қасқыр қуғанның қызығы бола ма екен?

— Болады екен.. Қуып келе жатып қорқасың, қорқып келе жатып қуа бересің... Тіпті даусың шықпай қалады екен...

— Ендігәрі қасқыр қуа қалсам, мен сені ғана ертіп шығармын. Сен айтқан жерімнен шықтың.

— Қасқыр ағашқа жақындап қалғанда, жаным шығып кете жаздады... Айқай салайын деп едім, даусым шықпай қалды.

— Айқай салмағаның жақсы болды. Иесінің айқайына ит аландайды да, екпінінен айрылады. Қасқыр ығыса түседі. Қасқыр мен ит қарсы келіп айқасып қалғанда да ит жағында тұрмай, қасқырдың ту сыртынан шыға берген дұрыс — қасқыр аландайтын болсын. Ал жүрейік..

– Мүсіреп аға, енді сіз біздің ауылды таба аласыз ба?

– Неге таба алмаймын?

– Менің басым айналып кетті. Айдалаға шығып кеткен жоқпыз ба, өзі? Мынау бір көрмеген ағаш...

– Көргенде қандай, күнде көріп жүрген ағашың. Қасқыр сенен қутылмасын білген соң, манағы орманның шығыс жақ шетіне қарай бұрылды ғой.

– Маған ылғи тура қашқандай көрініп еді.

Осылай баяу жүріп сөйлесіп келе жатып Мүсіреп бір кезде үндемей қалды. Ұлпанның бірер сөзіне жауап та қайырмады. Өзімен өзі, әлденені ойланып қалған. Ашық жүз, еркелете сөйлеудің керегі жоқ.

– Мүсіреп аға, сіз не ойланып қалдыңыз? – деді Ұлпан.

Мүсіреп оянып кеткендей, Ұлпанның бетіне селт етіп қарады. «Мен бе?» деді де, тағы да үндемей қалды. Көзі Ұлпанда. Аяй қарай ма, аялай қарай ма? Апыр-ау, бір жат сөз айтып қалмаса қайтсін? Ұлпан сескене бастады.

– Ұлпан! – деді Мүсіреп, Ұлпанның көзіне тура қарап. – Ұлпан, сен мен қазір не айтсам да түгел тыңда, ойлана тыңда. Жақсын, жақпасын, түгел тыңдап ал! Бір ауыз сөз қоспай тыңда!..

Содан кейін өзінің Есеней жіберген елшілігін айтты. Дауысында не жанын салғандық, не жаны ашығандық жоқ, бір қалыпты қоңыр үнмен сөйлеп келеді. Әлденені қадағалап, әлденені елемеу де жоқ. Биыл күз жақсы, малға жайлы болды ғой дегенді айтып келе жатқандай бейжай...

Ұлпанға сол бейжайдың өзі қанжардай қадалды. Есенейдің көз айырмай қарайтынын білетін. Онысы әкесіндей адамның балғын жасқа қуана қарайтыны шығар дейтін. Бірақ іші қымсына беруші еді, сездіріп жүр екен де... Көз алдына көп нәрселер келді. Ұлпанның өзі білетін дүниенің бірінші адамы атақты би Есеней... кем болса қырық жас үлкен адам. Ұрпақсыз қалыпты... Ағашқа асылып өлмесең, құтыла алмайсың. Есенейден арашалап алып қалар адам жоқ. Айтты – болды. Басың болса, ие бер, тізең болса, бүге бер.

Ұлпан бір түсініксіз күлкімен күле бастады. Тоқтай алмай күлді. Қуаныш күлкісі, ойын-қалжың күлкісі бұлай болмайды. Бұлай күлгенінен де жылағаны жақсы болар еді. Жынданып кеткендей атынан ауып, ар жағына қарай құлап барады. Мүсіреп Ұлпанның тізгін ұстаған қолынан шап беріп өзіне қарай жұлқып қалды. Жындана бастаған адамды шошындыру керек.

– Қой енді! Тоқтат! – деді ақырып.

Күлкісі тоқтап, Ұлпан атына оңдалып отырды. Үндеген жоқ.

– Ағашты енді таныдың ба? – деп сұрады Мүсіреп.

– Таныдым. Сонау көрінген біздің ауылдың түтіні болар.

– Несібелі жеңгей бауырсақ пісіріп жатыр білем, иісі мұрнымды жарып барады.

Мүсірептің бір-екі ауыз бос сөзді неге айтқанын Ұлпан бірден түсінді. Есі дұрыс па деп қауіптенетін болар. Жоқ. Ұлпан көнтерілі қыз, оңай адаса қоймас есінен.

– Мүсіреп аға, күлгеніме өкпелей көрмеңіз, күлкім келіп күлгенім жоқ. Енді Есеней ағаңа қайтаратын жауабымды айтайын: Есенейдің құрығы мойны-

ма түсе қалса, оны алып кететін біздің азғана ауыл кірме Күрлеуітте жоқ. Құдай салды – біз көндік. Бірақ ағаңның есінде болсын – Ұлпан арзанға түспейтін қыз.

– Болды, айналайын, болды. Қалғанын өзіне айтарсың, – деді Мүсіреп.

«Болды, болды» дегені несі екен! – деп ойлады Ұлпан. – Есенейдің айттырғанына қуанып кетті деп ойлап қалды ма? Жоқ, олай ойламаса керек. Үлкендердің бір-бір ауыз сөзбен түсінісіп қалатын салттары болушы еді, сол шығар... Әлде мені аяп, ағасынан да қызғанып кетті ме екен!..».

– Мүсіреп аға, ол кісінің менің басыма келген бір бәле екенін біздің үйге бірінші келген күні-ақ сезіп едім. Көзін айырмай қарай беріп еді. Бір рет ұрттап алған шайы сақалынан шұбырып кеткенін де байқамай қалған. Сонда осы кісінің есі дұрыс па екен деп ойлап қалып едім. Сонымды сізден сұрасам, сіз не айтар едіңіз?

– Есі әбден дұрыс. Дұрыс болмаса, таңдау құрығы сендей қызға түсер ме еді!

– Немене, менен бұрын беті жылтыраған қыз көрмеп пе екен?

– Таңданарлық қыз әрі есті, әрі сұлу болу керек емес пе? Сұлулығы жеңсе, есінен айрылып қалатын, естілігі жеңсе, сұлулығынан айрылып қалатын қыздар аз болмайды, Ұлпан. Естілігі толыққан сайын, сұлулығы да толыға беретін қыз болады. Есеней құрығы қателеспепті...

Есенейден қанша безініп, атарға оғы болмай келе жатса да, Мүсірептің өзін мақтағаны қыз көңілін жадыратып жіберді. Ұлпан үйіне әдеттегі ақжарқын қалпында келді.

– Апа, Мүсіреп ағай ертең еліне қайтады екен. Өзіне арнайы тай сойғыз. Бүгін осында болады, жібермеймін, – деді шешесіне.

– Е, сойса несі бар, сойғызайын, құлыным. Мүсірептен жақын ағаң болмас сенің, – деп шешесі де әлденені аңғарта сөйледі. Болғанға бой ұсынып, болар жайға жалғау тастай айтты.

– Жоқ, жоқ, Несібелі, мал соя көрмеңіз. Бауырсағың мен шайың болса, жетіп жатыр.

– Сойғыз апа... Мүсіреп ағайдың иттеріне дейін тойғызып жібер. Ертең жүз шақырым жол жүреді екен. Жолда ел де жоқ.

Содан кейін Ұлпан екі сарыаланың қасқырды қалай алғанын ұзақ жыр қылып айтып берді.

– Әке-ау, Мүсіреп ағайдың иттері адамнан ақылды екен! Бірі қасқырды қуып кетсе, бірі алдынан тосқауылдап, кездесетін жерлерін сөйлесіп қойғандай... Қасқыр орағыта қашып ағашқа енді кіре бергенде тосқауылдап жүргені алдынан келіп бас салады!.. Мен жылап жібердім...

Шайдан кейін Ұлпан Мүсірептің алдына бір құшақ құрай әкеліп салды. Мана дұрыс айтқан екен – кепкені де бар, балғыны да бар. Бәрі де таңдап жүріп тапқандай мүсіні түзу, ұшар басына дейін бұтақсыз екен.

Мүсіреп екі құрай таңдап алды да, көшпелі елдердің ең бірінші күй аспабы – сыбызғы жасады. Біреуі төрт сүйем, біреуі бес. Енді до, ре, ми, фа, соль, си – жуан үш бұрыштан жеті тесік жасап жатыр. Сыбызғының жуан жағын түпкі азуларына тірейді де, дыбыс береді; до, ре, ми... домбыраның пернесін таққандай... Әр тесік өз орнында болмаса, дыбысы жалған шықпақ. Қазақтың өз тілінде ешбір

дыбыстың ғылымдық аты болмағанымен, ән салатын, күй тартатын елде дыбыс біткен түгел таныс болатын.

«Сүйір батыр» — жорық, жауынгерлік күйі. «Бозінген» — ботасы өлген інген зары... Ұлпан Мүсірепке жақын келіп отырып:

— Сыбызғыңыз күйіне келді ме? — деп сұрады.

—Келді білем.

— Келсе, «Алғашқым» деген күйіңізді тартыңызшы...

Мүсіреп көп жалындырған жоқ, тартып кетті. Күй «Алғашқым менің, алғашқым, алғашқым менің, алғашқым» деп екі қайталайды екен. Кәдімгі сөзбен айтқандай анық естіледі. Оның ар жағын жүрегің мен жаның ғана ұғынатын сиықты. Күй сөзбен айтып ұғындыра алмас. Тіл жеткізе алар ұғыныстар маңайлай алмас бірдемелерді айтады екен. Еркелетіп айтады, назданады, сағынады, сағындырады. Үн шырқап жоғары кетеді де, енді бір кезде қыр астынан үзіліп-талып әрең естіледі.

Ақбоз үйдің қасынан аттандырып,
Қош-есен бол дегенің естен кетпес...

дейді білем.

Сөзбен көп қайталанып айтылған ойлар әрі-беріден соң құлағыңа кірмей қояр еді. Ән тілімен, күй тілімен айтылған арман да, өкініш те, сүйіну де, күйіну де қайталанған сайын бойыңа тереңдей тарап, ерітіп әкетеді екен. Бойыңа тараған деген ойыңа тараған емес, жібек талындай ең нәзік жүйке тамырларыңмен тарап, бүкіл бойыңды шымырлатады деген мағынаны берсе керек.

Мүсіреп «Алғашқым» деген күйін әдетегіден ұзағырақ тартты. Әкесі Артықбай: «Бұл өзінің күйі» дегені бар еді, Ұлпан да солай ұғынды. Қырыққа келгенше үйленбей жүрген адамның сондай бір өкінішті арманы болуға керек қой. Сонымен бірге күй әркімнің де әр мағынадағы арман-өкінішін еске салады екен. Ұлпан: «Осының өзі маған арналған күй емес пе екен?» деп ойлап қалды. Әлдекімге еркелегісі келіп кетті. Несі бар?.. Күй тыңдап отырғандардың бәрі де әлденеге қуанғандай, кімге болса де бір жақсылық істегісі келгендей жадырап кетіпті. Екеуі оңаша болса, Ұлпан Мүсірептің мойнына асыла кетер ме еді, әлде қайтер еді? Қалай еркелер еді, не айтар еді сонда? Оны өзі де білмейтін, онысы айтылған да жоқ.

— Жылағым келді... — деп ішінен күрсінді де тынды.

Кешкі тамақтан кейін Несібелі мен Ұлпан Мүсірепті аттандырып салды.

— Қарағым қайным, Ұлпанымның жалғыз ағасы сен болып қалдың. Көз қырыңды сала жүр, — деді Несібелі. Бұл — мана ескерткен сөзі. Есенейдің айтқанына мойынсұндық, көндік дегені еді.

—Мүсіреп аға, тез оралмасаң өкпелеймін. Сағындырмай, тез орал! — деп Ұлпан жирен аттың жалын сипай берді. Бұрын «сіз» деп сөйлеуші еді, енді «сен деп, туған қарындасындай жақындық білдіріп қалды.

Мүсіреп Ұлпанның бірінші рет шашынан сипады да, бір-екі рет арқаға қағып:

—Сен бұрын сағынасың ба, мен бұрын сағынамын ба, оны Құдай білер... Қош, айналайын, қош, жеңеше! — деп атының басын тез бұрып алып, жүріп кетті...

Мүсіреп кіріп келгенде, Есеней қатты тұнжырап отыр екен.

— Қандай қырсыққа ұшырап бөгелдің? — деді Мүсірепке.

— Күйеужан, тым қатты кетпеңіз... себебі болған шығар... Қылауы түспеген құданы кім тез жібере қоюшы еді! — деп Мүсіреп Есенейдің күткен жауабына қалжыңын да қосақтап жіберді.

«Күйеужан, құда» деген сөздер Есенейдің бар күдігін бір-ақ сыпырып тастағандай, кәрі бура жадырап сала берді.

— Бір ғана ескертетінім бар: Ұлпан арзанға түспейтін қыз. Барлық жайда өзімен сөйлесесің. Әке-шешесінде сөз жоқ.

—Арзанға түспесе мейлі. Есенейдің малы жетер! — деді Есеней.

Арзан-қымбаттылық дегеннің мәні басқада екенін түсіндіргісі келіп бір отырды да, Мүсіреп онысын іркіп қалды. Ұлпан өзі де жеткізіп айтар...

Таң құлан иектей келе Мүсіреп иттерін ертіп, еліне қайтып кетті.

Екінші бөлім

1

Есеней қостарын Артықбайдың үйіне жақын әкеліп қондырғалы жарты айға жақындап қалып еді. Екі Мүсірептің екеуі де кетіп қалды. Есенейді жалғыз тастап кетті. Екеуі де наразы кеткенге ұқсайды. Біреуі істің басында болды да, қасында болғысы келмеді ме, қалай? Екінші Мүсіреп: «Мына бүркітім арықтады, басқа біреуін әкелемін» деп кетіп еді, әлі хабарсыз.

Елден қасында үш жігіті бар өз інісі Еменалы келіп еді, олардан ет жеп, қымыз ішуден басқа пайда болар емес. Сөйлесіп, көңіл көтеруге де жарамайды. Аңға шықса, далақтап шауып, айқайлап, шулап, аңды күндік жерден үркітіп жібереді.

Бұлар Артықбайдың ауылын Есенейдің қоңсысы деп түсінетін болса керек. Несібеліге қожаңдап, сөйлесе бастады. Есенейдің ойын әлі күнге тани алмай, жастар жағы кезек-кезек Ұлпанға қырындайды.

Еменалы ақымақ күні кеше Мұзбел торы атты ерттеп жатқан Ұлпанға:

— Әй, қыз, қоя бер атты! Бұл атқа сендей он қыздың құны жетпейді. Қоя бер! — депті.

Ұлпан аттың жүгенін сыпырып алып қоя берген екен, Есеней жалынып-жалпайып қайтып алғыза алмай қойды.

Есеней бүгін інісі Еменалыны қуып жіберді, қоштасқан да жоқ. «Кет!» деп ақырды да, айдап тастады. Ұлпанның көңілін осы жібітер деп ойлады.

Онсыз да үзілді-кесілді жауабын айтпай, созбақ-қа салып келе жатқан Ұлпанға Еменалының қылығы, әрине, естен кетпес қорлау еді. Есенеймен терезесі тең адамның қызы болса, Еменалысымен бірге Есенейдің өзін де айдап тастайтын дөрекілік қой. Бірақ Ұлпанға ол ой келген жоқ. Уәдесі – уәде, сөзі орында. Жастық қорқарларынан әлдеқашан асып кеткен Есеней қыз ойының бірнеше түйіншіктерін таба алмай жүр еді, соған тағы бір түйіншек қосты да қойды.

«Қыз дегеннің мұндай қиын екенін кім білген» деп Есеней де қиналып жүр. Бес болыс Керей-Уақтың қандай қиын жанжалы болса да, бір ауыз сөзімен тындыра салатын атақты би қыздың көңілінде тағы не барын таба алмай жүргеніне әрі назаланады, әрі ызаланады. Әсіресе «Ұлпан арзанға түспейтін қыз» деген жұмбағын шеше алмай қойғаны батып жүр. Ірбіт, Тобыл базарларының қайсысының қымбатшылығын айтады екен? Әлде... қызда қырық есекке жүк болатын айла бар дейтін еді, айлалап жүр ме екен?

Тым болмаса қарсыласса екен-ау! Онда оп-оңай мойнын бұрап тастар еді. Ол жоқ. Түсіне бермес жымию бар. Неше рет кездессе де, қыз мойындап қойғанын айтады да, одан әрі бір баспайды. Ойымдағыны өзің тап, өзің айт дегендей етеді. Онысын таба алмай, Есеней өзіне өзі ыза бола бастағанда, Ұлпан:

– Алты ай қыс одан басқа не ермегіміз бар? Тағы да сөйлесерміз, – деп кетіп қалады. Тегі, енді қос тізгінді өз қолына алып, тегеурін көрсетіп жібермесе, болмаса керек.

Есеней бүгін қыз көңілін түгел ақтарып, не тілегі болса да түгел орындауға ант етуге әзір. Ұлпанның келуін күтіп отыр еді.

Ақ үйдің ортасында от маздап тұр. Жұрт аяғы басылған шақ. Қасында екі жеңгесі, Ұлпан келіп кірді. Әдеттегі еркекше киімде емес, қыз киімде келіпті. Есеней қуанып кетті:

– Жоғарырақ, жоғарырақ отыр, Ұлпанжан...

Қартая бастаған адамның балаша қуанғанына жас жеңгелері бір-бір жымың, бір-бір қылмың етісті де, шығып кетті.

Ұлпан бала күнінен еркек-шора болып ерке өсіп еді. Көшпелі елдің қызы жасынан ат үстінде, әр кезде шалбаршаң болатын. Мүмкін, өзінің қыз екенін де кейінірек сезінген болар. Бір туған аға, інісі жоқ, қыз екенін сезінгеннен кейін де еркек балаша қалыптасқан еркіндеу мінезінен оңай арыла алмаған. Бүгін ол Есенейге қыз баланың табиғи сылалығымен бірге еркек баланың өр мінезін де ала келіп еді. Есеней «жоғары отыр» деді, Ұлпан ығыспай төрге шығып, Есенейдің өзінен жоғары отырды.

– Отқа жақын отырсаң етті.

– Отқа жақын отырған тоңғақ болады дейді.

– Күн суық қой.

– Мен тоңғақ емеспін, үйренгенмін.

– Артекем қалай?

– Күндегі қалпында...

– Маған ұрсып қоятын болар?

– Сізге кім ұрса алады?

– Ұрыспаса болды...

Осымен алғашқы бет ашар сөздер екі араны алыстатпаса, жақындастыра алмай, тоқталып қалды. Есеней күн бойы ойланған тегеурінге басқысы келіп:

– Ұлпанжан, мен арзанға түспейтін қызбын дегенде не айтқың келді! Сол қымбатқа түсерің дуние малы болса да атын аташы! – деді.

– Мені ешкім сатпайды да, мал да алмайды. Әке-шешемнің өз малын бағып алуға да шамасы жоғын білесіз емес пе!

– Сонда не болғаны?

«Не болғаны!» нағып түсінбейді екен! Мен тоқал қатын болып босағада отырар дей ме екен? Әлде мені бәйбішесінің сарқытын күтіп, көзін сүзіп отыратын күндікке көнер дей ме екен?».

Есеней таба алмай жүрген жұмбағын Ұлпан өзі айтуға бел байлады. Қалтарыс қалдырмай, түгел айтпақшы болып:

– Сіз мені қай үйіңізге кіргізбексіз? – деді.

– Отау үйге кірем, десең отау бар. Үлкен үйге кірем десең, үлкен үй бар. Қалағаның болсын.

– Жоқ, маған оңаша отау – ойнақ үй керек емес. Мен үлкен үйге кіремін де, төрінде отырамын. Соған туысқандарыңыздың көзі үйренер ме екен?

– Бір-ақ күнде үйренеді. Есеней ордасының бәйбішесі сен боласың.

– Ол үйде отырған бәйбішеңіз бар емес пе?

– Жоқ, мен Өреліде тұрамын, ол кісі Сөреліде тұрады. Арамыз Құдайға илансаң, жеті жылдық жол.

Есенейдің жұмбақтап айтқанына Ұлпан ойланбай-ақ түсінді.

Өрелі ат деп бір алдыңғы аяғынан, бір артқы аяғынан шалыс шідерленген атты айтады. Бұл күнде естіп жүрген сөзі. Ондай ат бос та емес, түгел тұсаулы да емес. Есеней өзін солай өреленген атқа теңеді.

Сөре деп жаугершілік заманда өлген адамдарды мекеніне апарып жерлегенше қалдыра тұратын жарым үй – жарым жаппаны айтады. Сол кездерден қалған «Сөрелі» деген жерлердің талайын Ұлпан өзі де біледі. Әкесі Артықбай: «Қотсұқ келіп қалмағанда, соңғы жараланғанымда мен де бір сөреліде қала берер ма едім, әлде қайтер едім» деп отыратын. Есеней бәйбішесін өле-өлгенше бөлек тұратын жерге айдап тастаған ғой...

Арамыз жеті жылдық жол дегені – жеті жылдан бері осылай тұрамыз дегені де. Әйтеуір, Есеней құрығынан құтылмасына бой ұсынып қойған Ұлпан ең болмағанда тоқал емес, үлкен орданың бәйбішесі боларына көзі жетті.

– Есеней, – деді Ұлпан. Бұрын сіз деп сөйлеуші еді, мұнысы бір табан жақындағанын аңғартқандай шықты.

– Есеней, екеуміздің арамызда ең кемі қырық жылдық айырма бар. Осыны ойладың ба?

– Ойладым, жаным. Қырық жыл болса қайтейін? Қырыққа келгенде біздің елдің Есенейі сен болып қаларсың. Оған дейін сен менің Есенейім бола тұр... Мен саған сұлу деп, жас деп қызықтым ба, болмаса Есенейдің орнына Есеней болатын адам деп қызықтым ба, оны өзім де біле бермеймін. Әйтеуір, осы түннен бастап менің Есенейім сенсің!

Ұлпан Есенейдің соңғы сөздеріне ырзашылық білдіруге ыңғайланып еді, құман, леген көтерген, астау толы ет көтерген жігіттер үйге кіре берді. Ұлпан сол ырзалық білдірер көзімен күлімдей қарап, қара шұбар бетті бір сипап өтті де, тоқталып қалды.

Жігіттердің соңын ала Сәдір Артықбайды көтеріп әкеле жатыр. Кейінірек қыз шешесі Несібелі кірді.

— Жоғарылаңыздар, — деп Есеней тұра келіп, төрді қонақтарына ұсынды. Мұнысы әр қонаққа көрсетілер қошеметі емес, күйеу ибасы еді. Созбақталып келген әңгіменің аяқталып қалғанын сезінген әке-шеше төрге шықты. Енді бұлар әр уақытта Есенейдің төрінде отырарын мақтаныш етеді де. Енді бұлардың панасы Қаршығалының қара орманы емес, Есеней боларын мақтаныш етеді де. Енді кәрі шойнақ бай Артықбай атанады, соны мақтаныш етеді де. Ол мақтаныш белгісі әзірше әке жүзінде де жоқ, шеше жүзінде де жоқ, қыз жүзінде де жоқ. Есенейдің ой түкпірінде ғана бар, күле жүріп, күндей жүретін ағайын дейтін адамдарда ғана бар.

— Артеке, бүгін бір соғым сойып едік... Соның басын жұрттан бұрын сіздің алдыңызға тартып, батаңызды алуды лайық көрдік, — деді Есеней. Мұнысы да күйеудің қайын атаға көрсетер құрметі еді.

— Ендігі бастың бәрі де алдымен сізге тартылады, — деп Сәдір де қостап қалды. Мұнукі де мән-жайды түсінген адамның сөзі.

Көзі ашиып бас келді. Төңкеріліп жалқындап қазы-қарталар келді. Қымыз ішілді, шай ішілді. Артықбай батасын берді.

Шай артынан Ұлпанның бір ескерткені есіне түсіп, Есеней Артықбайға қарап:

— Артеке, Ұлпанжан сіздің мал-жанға қарар қолыңыз қысқалығын айтқаны бар еді. Сол түйіншекті былай шешсек қайтер екен: Сәдір қосының иесі бүгіннен бастап Ұлпанжан болады... Бір тайына ортақ емеспін. Ұлпанжан жылқысын осы Қаршығалыдан басқа жаққа аудармай ұстайтын болса, сіздің малыңызды да қоса бақтырар еді..

Отырғандар түгел таңданысып қалды. Мырзалығы ма, бұл неменесі? Әлде жасы келіп қалған адам түптердің түбінде үй-ішілік ырың-жырыңнан сақтанып, Ұлпанның еншісін күн бұрын беріп қойғысы келді ме екен? Қалай да бұл Есеней ғана істей алар іс. Қатал еді, озбыр еді, енді жан-жүрегі жібиін дегені де. Мың жаса, алтын Ұлпаным!

— Есеней шырағым, мұныңа жете түсіне алмасақ та, қатын екеуміздің көңілімізді бір-ақ тындырдың. Найзаласар жай жоқ, іштен тынып отырған жайым бар еді. Қызың тастап кетпесе, мен тастап кетпеймін дедің, болды! — деп Артықбай көзіне жас алды.

Сібірдің генерал-губернаторынан келген алтындатқан берен шапанды алтын медалімен бірге Артықбайдың арқасына жапты да, шалды Есеней үйіне жөнелтіп салды. Ұлпан үйіне қайтқан жоқ.

Көптен зығырданы қайнап, ішіне жиналып қорлана берген ашу енді өзінің қарама-қарсы кер ағысына ауысқандай, Есеней қазір өте жұмсақ, өте көңілді еді. Қонақтары тараған соң, Ұлпанның қасына жақын келіп отырып:

— Ұлпанжан, менің еншімді бөліп бергені несі деп ойлап қалма. Бұл еншің емес, сыйлығым. Басқа дүниені екі Есеней бірге билерміз. Мына қосты өзің оңаша биле, маған қарайламай биле, —деді. —Алдымен кемпір-шалымыз еш нәрседен тарықпасын, маған сол болады. Мен баласы жоқ, ұрпақсыз қалған адаммын. Ұлым да, қызым да, жарым да жалғыз сенсің, күнім... Күнімдей жарқырап, ел-жұртыма кейде айбынды, кейде мейірімді қарап, ордамызды жалғыз толтырып отырсаң Құдайдан сұрар басқа бір тілегім жоқ. Тіземді жастанып, жантайшы маған қарай...

Ұлпан Есенейді аяп та кетті. Есенейдің үлкен адам екендігіне қызығып та кетті. Басқа адам кім болса да Есеней бола алмас еді. Еркекке тіс те керек, іс те керек. Білек те керек, жүрек те керек. Күні өтіп бара жатқан кәрі тарланда мұның бәрі де бар екен әлі. Шіркін-ай, бұдан қырық жыл бұрын қандай болды екен? Бұған кездеспегенде кімге кездесер едім? Сөз жоқ, бір жасқа кездесер едім. Сол жасым Есенейдің оннан біріне тұрар ма еді? Кім білсін... жоқ, тұрмас еді!

Бір кезде Есенейді оғы болса атардай болып жүрген қыз, енді көнбесіне көніп болған соң, өз басын ақтар дәлелдер іздестіре бастады.

Бұдан кейін көп сөз болған жоқ. Ұлпан басын Есенейдің тізесіне салып, жантайып жатып: — Енді көп сөздің керегі не? Сибан дейтін өз еліңді, Күрлеуіт дейтін біздің елді түгел жинап той жаса да, бүгін айтқан барлық сөзіңді сол тойда түгел айт. Мен сонда ғана кіші Есеней атанармын, — деді. Есенейдің табақтай жалпақ қара шұбар беті қыздың аққу жұмыртқасындай аппақ бетіне жақындай берді. Ұлпан көзін жұмды...

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Терекке жылы жүзбен амандасты.
Жыбыр қағып қозғалып, сылқ-сылқ күліп,
Қатынды алды, қитықсыз араласты...

Таң ата Есеней суға түсті.

— Сен де түс! — деді Ұлпанға. Ұлпан қарсыласқан жоқ.

Кәрі дене қызынды да суынды, Есеней намазға тұрды.

Жас дене суынды да, қызынды. Ұлпан көрпе астына қайта кіріп кетті. Көрпе астынан жарқыраған жалғыз көзі Есенейде еді...

2

Есеней мен Ұлпан, Несібелі — үшеуі, қастарында төрт жігіт жолдастары бар, Артықбай ауылынан салт шығып еді. Орыс қалаларының шегіне жеткенде үш ат жеккен пәуескемен Тілеміс тосып тұр екен. Өмірінде арбаға мініп көрмеген дала қызы жатсынған жоқ, төбесі жабық, ішкі жағы сары сапиянмен астарланған пәуескеге мінді де жүре берді.

Несіне жатсырайды? Өмірінде көрмеген байлыққа да жатсыраған жоқ қой! Есеней бере салған бір қос бес жүз жылқының үшеуін беріп үш жігіт жалдады да, бақтырып қойды. Артықбай ауылы ет пен қымызға молықты да қалды. Қазір екі жүз бие құлындап тұр.

Байлық көзімен қарағанда, Ұлпан «тыр жалаңаш» еді. Әжесінен, шешесінен қалған ол-пұлдан қиыстырып берген «бір киері» бар. Бәрі көнетоз, бәрін де салт жүретін қызына шешесі Несібелі ықшамдап берген.

Есеней Ұлпанды жазғытұрым ұзатып әкелуге әзірленгенде, Ұлпан оған:

– Сенің еліңе осы ескі-құсқыммен бара берсем, біреу болмаса біреу: «Жалаң бұт келмегеніне Құдайға шүкір» демес пе екен? – деді.

Әйелге не керегін өмірінде ойлап көрмеген Есеней ұялып қалды.

– Майдың орта кезінде Тобыл базары ашылады. Қырық жылқы айдат! – дейді.

Ұлпан бұған да таңданған жоқ, айдатты да жіберді. Таңдап-таңдап, семіздері мен көзге толымдыларын айдатты.

Несіне таңданады? Байлық деген ішуге, жеуге, киінуге, адам сияқты тұруға жарамаса, басқа неменеңе керек!.. Биыл бай болсаң, ендігі жылы тақыр кедей болып қалуың да оп-оңай. Тоқтай тұр әлі, біраз көрейін, көрмегеніме көзім үйренсін, білмегенімді біліп алайын. Тоқтай тұр әлі..

Қазір бұлар сол Тобыл базарына келе жатыр. Есенейдің барлық базарлау жұмыстарын он бес жылдан бері басқарып жүрген Тілеміс орыс қалаларының шегінде пәуескемен қарсы алды. Есенейдің бұл құрметіне де Ұлпан таңданған жоқ. Таңданғанын білдіріп алса, ұят болар еді.

Шынында, Ұлпанның таңданып келе жатқандары да аз емес. Бірінші таңданғаны кәдуілгі қара жол еді... Ортадағы ат жүретін бір тармағы бар, екі шеткі ат жүретін тағы екі тармағы бар, үш тармақ болады екен. Пәуескенің доңғалақтары шеткі аттар жүретін екі тармақты дәл басып келеді. Әдейін осылай жасаған-ау!.. Орыстар ғой... Көшпелі ауылдың қызы мұндай жолды көрмеген.

Ауыздықтарынан ақ көбік бұрқылдап, қатар жегілген үш ат пәуескені ұшырып әкетердей ағып келеді. Салт жүргеннен анағұрлым тез. Салт атты жолдастары ере алмай қалды. Жүрістің мұндайы да болады екен-ау!.. Біресе аяңдап, біресе желіп, біресе шауып кету емес, бірқалыпты ұтымды жүріс.

Салт жүргенде бір-ақ аттың басы мен мойнын көріп, көңілің көтеріңкі отырса, қатар ағып келе жатқан үш аттың дене сұлулығын, қимыл-қозғалыс әсемдігін түгел көргенде, сол көңілің тасып төгілердей болады екен! Әуелі жолды, одан соң үш ат жеккен пәуескені Ұлпан көңіліне бірге түйіп алды. Тоқтай тұр әлі...

Ұлпанның тағы бір таңқалғаны орыс үйі еді. Есенейді жолдан тосып жүрген Тілеміс бір орыстың үйіне шай қойдырып, тамақ әзірлеткен екен. Тап-таза екі бөлме. Сырлы еден, күн түсіп тұрған терезелер. Барлық тамақты ауыз бөлмеден үлкен пешке пісірсе керек. Мосқалдау, сар шашты, көк көзді әйел, басында шотаяғы бар темір көсеуді пешіне сұғып қалады да, бір тамақты суырып алады.

Ашқылтым ақ қалаштар недеген дәмді? Ортасына ақ ірімшік салып пісірген дөңгелек нандар одан да артық. Өз аулының өмірімен салыстыра отырып, қазаққа қарағанда орыстар ақ патшадай тұрады екен деп ойлады Ұлпан.

– Бұл үйдің қанша малы бар екен? – деп сұрады Тілемістен.

– О, Тәңірі, түгі де жоқ. Бір ат, бір сиыры, төрт-бес тауығы бар. Азғана егін салады.

Ұлпан үйге қызықты. Казак-орыс қаласының барлық үйлері осындай жайлы көрініп кетті. Ұлпанның ойына «орыс үйі» деген тағы бір түйін байланды. Тоқтай тұр әлі...

Дала қызы – табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті. Кең дала... көк дала, сары дала... сағым. Төрт түлік мал... соғым... Қысы-жазы киіз үй. Ұзақ түндей өзгерісі жоқ өмір. Сарыала етек сарпылтаңға көндігіп кеткен қазақ әйелі. Ұлпан да осыны көріп өсті. Қазір оның көңілінде әлденелер оянып келе жатқандай еді. Тоқтай тұрайық әлі...

Тілеміс Тобыл өзенінің жағасына үш ақ үй, екі қараша үй тіктірген екен. Ұлпан бұған да таңданған жоқ. Үйлерді өз ойымен әртүрлі керегіне қарай бөліп шықты. Есеней отырар үй, шешесімен бірге өзі түсер үй, қонақ үй, ас үйлері...

– Өзің үлкен үйге түс. Апам екеуміз менің отауымда боламыз, – деді Ұлпан үйлерге жақындай бергенде.

– Тамақ үлкен үйде, шай отауда болар. Кәне, түс...Түсе ғой, жолбарысым...

Есеней Ұлпанның нені болса да оңай түсіне қаларына риза болып, арбадан түсті де, өзін қарсы алуға жиналған бір топ адамдармен амандасуға тоқтап қалды.

Пәуеске Ұлпан түсетін ақ үйге жақындай бергенде, бір қазақ әйелі сол үйдің түндігін ашайын деп жатыр екен.

– Ашпаспын. Апам өзі ашады! – деді Ұлпан Тілеміске.

– Әй, қатын! Әрі жүр! – деді Тілеміс. Өз әйелі болу керек, жекіп айтты. Әйел тез жылысып кетті.

– Апа, түс. Түндікті өзің аш!

Несібелі әуелі күнге қарап, жел қай жақтан екенін абайлап барып, түндікті ашты. Қызына еріп үйге кірді де, таңқалды. Қара барқытпен оюлаған туырлық, өрнектеп тоқылған ызба баулар, керегені түгел орап алған, есіктен төрге дейін төселген түкті кілемдер... Төрде қатарлап жиналған жүк... Оюлы ақ киізбен қапталған сандықтар. Мойны сорайған жез құман, жез леген... Қалың көк жібек шымылдық. Үй іші жайнап тұр. Ұлпан үй ішіне көңіл аударып қараған да жоқ.

Үйге іле-шала кірген Тілеміске Ұлпан мақтау айтты:

–Артығы болса, өзің білерсің, жетпей жатқаны байқалады, Тілеміс аға, атыңды атағанымa өкпелеме, мен Есенейден бастап жұрттың бәрінің де атын атаймын.

Орыс әйелдерінің Туламеш, Тиамеш дейтіндеріне құлағы үйреніп болған Тілеміс атын атағанды елеген жоқ. Осы ерке тоқалды қалай атарын білмей, өзі қысылып жүр.

— Жетпей жатқаны неге болмасын. Жата-жастана түгелденер әлі. Тобыл базарынан не керек болса да табылады. Бір үйір саудагерім бар. Қысылмаңыз... — деді де, шығып кетті.

— Апа, жоғары шық. Үйдегі өз орныңа отыр. Бұл — менің отауым, Есенейдің ауылына мені ұзатып апарғанда осы отауыммен апарасың.

— Күнім-ау, мұны қашан жасатып жүрсің?

— Апа, сен ештеңеге таңданбашы осы. Мен Есеней емеспін бе? Есенейге не қиын дейсің? Айттым — болды, жасалды да қалды. Ертеңнен бастап базар аралаймыз. Өзіңе де керек, әкеме де керек, үйге де керек, тартынбай айта бер маған. Бәрін алып беремін. Тек, таңдауыңды қой! Мен базарға Есенейге еріп келгенім жоқ, Есеней маған еріп келді!

Ұзатылып бармай жатып, айналасы бір-ақ қыстың ішінде Есеней сияқты адамның арыстанын илеп-билеп алған қызына Несібелінің таңданбасқа шарасы жоқ еді. Бірақ таңданғанын білдірмейін деп, аузын бір сылп еткізді де қойды. Ол таңданған емес қой...

Үйге әлгі түндік ашайын деп жүрген әйел кірді.

—Жуынасыздар ма?

— Жуынамыз... Сіз Тілеміс ағайдың әйелісіз бе?

— Ие.

Әйелдер беті-қолдарын жуынып, жол киімінен жеңілденіп болған кезде дастарқан, самауыр көтерген жігіттер келді.

— Біреуің Есенейді шақырып келші. Шайға келсін. Самауырды мына жерге қойыңдар. Шайды мен өзім құямын.

Есеней Тілемістен басқа екі ноғай, бір орыс саудагерін ертіп келді. Аттары Ғалиасқар, Ғалиолла, Глеб екен.

Шай үстінде қонақтардың көздері Ұлпанға қарай әлсін-әлсін ауытқып қалып отыр. «Қызы шығар... әйелі ана кемпір ғой... әкесі ме екен, әлде ұлы атасы ма екен?»... Әлде осы қара шұбардың өзі... Қой, олай болмас...».

— Ұлпанжан, бұл қонақтардың жұмыстары көп, сауда адамдары. Асығыс екен... Анау орыс бәсіне келіссек, сенің жылқыларыңды түгел көтеріп алар едім деп келіпті, — деді Есеней.

— Төрт ат қырық сомнан сатылып кетті, — деп Тілеміс базар нарқын аңдатып қалуды дұрыс көрді.

— Бірақ төртеуі де таңдамалы аттар еді.

— Бұл кісі қаншадан береді?

— Отыз бестен.

Ұлпан іркілген жоқ.

— Алақан соғушы ма едіңдер, қайтуші едіңдер? Соға бер! — деді Тілеміске.

Глеб кетерінде Ұлпанға қарай бір шұлғып қалып:

— Мадам, бір қара түлкі, Париждің хош иісі мойнымда! — деді де, Тілемісті ертіп шығып кетті. — Ғалиасқар мен Ғалиолла ханымның поздравить иттіләр...

Ғалиасқар Ұлпанды ертең өз үйіне шақырды. Магазині бар екен. Әйелі, қызы бар екен. Базар аралағанда соларды ертіп жүрсе, ешкім оларды алдай алмайды екен. Не керектің ең жақсыларын тауып береді екен...

Құда қаласа, қырық аттың ақшасы кімнің қалтасында қаларын қатесіз есептеп шығарып болған соң, ноғай саудагерлер де кетті.

Тілеміс Ұлпанға бір құшақ қағаз ақша әкеліп берді.

– Базарлық! – деді Есеней Ұлпанға еркелете қарап.

– Қара түлкіні саған тымақ қылып берем. Жарай ма, бозбалам!

– Болды, жаным, болды.

– Мә, мына бір қағаз ақшаны да ала ғой, қалтаң бос жүрмесін...

– Ойбай-ау, қатын патшаның өзін беріпсің ғой!

– Қатын патша? Онда өзіме бер! Мына бір сақалды патшаны берейін.

– Жо-оқ!..Сұлу екен...Тірі жанға берер ме екем!

Кәрі күйеуі мен қызының әзіл-қалжыңдары жараса кететініне Несібелі әрі таңқалады, әрі қуанады. Бұл үлкен адамның кішірейгені ме, кішкене адамның үлкейгені ме? Қызы Есенейді әрі билей, әрі еркелете сөйлейді. «Бозбалам» дейді, «Жолбарысым» дейді. Есенейдің өзі де асқан ақкөңіл, мейірімді адам болып барады. Бұл Есеней Несібелінің бұрын көрмеген адам. «Байлық, батырлық, аң құмарлық, билік дегендердің бәрі далада қалды. Бар қызығы – жалғыз Ұлпан. Ақылдасары да, әйелі де, қызы да, тіпті шешесі де сол Ұлпан ғана.

Артекемнен асқан ақкөңіл адам болмайды. Өмірінде маған бір рет ұрсып көрген жан емес. Бірақ небары сол-ақ. Қатын деген иттің күшігі сияқты. Арқаға қағып, маңдайынан сипағанды жақсы көреді. Артекем оны білген емес. Апам айта беруші еді – қатын итті байы қамшылап-қамшылап алып, артынан арқаға қағып бір сипап жіберсе, одан артық рақат болмайды дейтін. Керегім болып қалса, Артекем «Қатен!» дейді. Сол барлық еркелеткені».

Таудай Есеней Ұлпанға қараған сайын көзімен еркелетеді. Есенейім деп еркелетеді. Қысты күні Ұлпан далаға шығайын деп жатса: «Бері кел!» дейді. Ұлпан жүгіріп келіп, алдына тұра қалады. Бала болып кетеді. Есеней ең болмаса тымағының бауын қайта байлап береді. «Салақ боларсың білем» деп, арқасына бір-екі қағып алып: «Енді бара бер», – дейді. Құдай-ау, сол «салақ боларсың білем» дегені еркелеткені деп кім естіген? Жаңағы «қатын патша сұлу екен» дегені де Ұлпан ғой.

Осы күні үлкен Есеней жайына қалып, Ұлпан Есеней болып барады. Бірақ үлкен адам кішірейген сайын үлкейе береді екен. Бұрын Есенейге жатсырай қарайтын, ығыса қарайтын жұрт енді бір жаңа Есенейге кездескендей жақындаса беріп келеді.

«Ағашқа мәуе бітсе бәсең-бәсең», – дегендей, Ұлпаным да жібектей созымды болып барады, Есеней болдым деген ойына да кіріп шықпайды. Құдай-ай, ұзағынан, ұзағынан бере көр!..».

– Ассалаумалейкем!.. – Мүсіреп үйге кіріп келе жатыр. Атынан жаңа ғана түскен, қамшысы қолында, жол киімінде екен.

– Мүсіреп аға! – деп Ұлпан орнынан ұшып тұрды. Несібелі де тұрды.

– Түрікпенбісің, әй! Қаңғыбас, қайда жүрдің осынша сағындырып! – деп Есеней қуанып қалды.

– Шешін, төрге шық.

Әдетте жоқ, әйтпесе Ұлпан Мүсірептің мойнына асыла кетер еді. Әдетте жоқ, әйтпесе Мүсіреп те оны құшақтап сүйіп алар еді. Сағынысып қалған ағалы-қарындастай бірін-бірі көзімен аяласты, таза көңілдерімен аяласты. Мүсіреп шешініп, төрге шығып отырды.

— Түрікпен, сен де төрт аяғыңнан тұсалыпсың ғой!.. Тойыңа бізді неге шақырмадың? — деді Есеней.

— Тойды сендер келгенше тоқтатып қойдық. Жоқ жерден нәрестелі болып қалғанымыз... Шынардың содан қолы босай алмай жүр. Күні-түні соның қасында.

— Нәрестелі болып? — Есеней Мүсіреппен қалжыңдаса беретін еді. «Қатының үйінен буаз келді ме?» — деп сұрап қала жаздады. Бірақ Ұлпаннан қысылды да:

— Е, қайырлы болсын, — дей салды.

— Ұл ма, қыз ба? — деп сұрады Ұлпан.

— Онысын әлі білгенім жоқ. Аяқтана алмай жатыр. Көзің тиеді деп, Шынар маған да көрсетпейді.

— Аяқтана алмай? Қашан туып еді?

— Бүгін он екі күн.

— Он екі күнде бала аяқтана ма екен?

— Осы сен не оттап отырсың? — деді Есеней Мүсірепке.

— Ұлпан-ау, неғып түсінбедің? Түйесі боталаған ғой, — деді Несібелі қызына қарап.

— Түйесі боталап?.. — Ұлпан көзінен жас аққанша күлді. Мүсіреп сияқты қадірлейтін адамы, ең жақсы көретін адамы, әлдененің күйігінен бір буаз қатынға үйлене салды ма екен деп ойлап қалып еді. Енді өз басындағы бір өкініштен арылғандай қуана күледі.

— Өзі бір салақтаған бірдеме. Аяқтары сереңдеген, басын көтере алмайтын, денесі шұбатылған иір-шиыр болса керек... Шынардың үйінен ала келгені жалғыз ақ нар еді, аман-есен боталады, әйтеуір.

— Ботасы қандай, ақ па? — деді Ұлпан жас ботаға қызығып кеткенін жасыра алмай.

— Аппақ болса керек. Тойымызда бас балуанның бәйгесіне тігерміз деп отырмыз.

— Сен, немене, маған бас балуанға түс деп, Ұлпанды қызықтырып отырмысың?

— Түссең несі бар? Қартайып отырмысың? Талай түскенсің.

— Түседі, түсесің! — деді Ұлпан Есенейді тізесінен қағып қалып. — Ақбота менікі болады!

— Онда біздің тойда бас балуанға сен де түс! — деді Есеней Мүсірепке.

Осымен күреспей-ақ алтын бас балуандардың бір бәйгесі шешіліп қалды да, Ұлпан өзі қандай бәйге берерін ойлана бастады.

— Абысынымыздың аты Шынар дедіңіз ғой, Мүсіреп аға? Аты қандай жақсы еді!

— Аты Шынар болмаса, алып не қылам!

— Пай-пай-ой! Бөсуіңе болайын! — деді Есеней.

– Бөскен-бөспегенімді көргенде айтарсың!

– Ұлпаннан да сұлу дегің келе ме?

– Әр әйел өзінше сұлу болу керек. Қара ат сұлу ма, торы ат сұлу ма демейміз ғой! Көркем дейміз, сұлу дейміз, ажарлы дейміз, сүйкімді дейміз, әдемі дейміз, сымбатты дейміз, бәденді дейміз... Соның бірінен бірінің артық-кемін кім айта алады?

–Еркектің көркі ақылында, әйелдің ақылы көркінде демейтін бе еді?

– Ол ескі нақыл ғой. Шынардың ақылы көркінде ғана емес, әйтеуір..

– Ұлпанжан байқаймысың, мынаның өзінің есі кіріп қалыпты.

– Өзің де адам болып қалыпсың...

– Оның рас, түрікпен. Мына кісі мені билеп әкетті біржола... Қалай айдаса, солай жүре берем. Бұдан былай мен кім болсам да осының арқасы. Сенің келіншегің де сондай ма?

– Қазір байғұстың ботадан қолы босай алмай жүр. Көзінің бір талығып-талмаурап қарайтыны бар. Бар айтарын көзімен айтады. Отын жоқ дейді – жүгірем, тезек теріп әкелем. Су жоқ дейді – екі шелекті ала сала көлге қарай жүгірем...

– Жүгіретін шығарсың!

– Мен Мүсіреп ағай не айтса да сенем, – деді Ұлпан.

– Сен айттың, – болды. Мен жеңілдім, – деді Есеней.

– Мүсіреп аға, ертең менімен бірге базар аралауға уақытыңыз болар ма екен? Өз жұмысыңыз онша көп емес пе еді?

– Базарға бір ғана кіріп шығатын жұмысым бар.

– Мен, немене, жалғыз отыра берем бе?

– Мүсіреп ағай күндіз менімен, түнде сенімен болады. Үлкен үйдің айналасы толған жұрт. Күндіз сенің өз жұмысың да аз болмас. Керей-Уағың тосып жүрген көрінеді ғой. Әйтпесе, өзің жүр менімен.

– Жоқ, мен базар аралап көрген емеспін.

Ертеңіне Ұлпан шешесі мен Мүсірепті алып, базар аралауға кетті. Пәуескеге міне бере, Шынардың жайын сұрастыра бастады:

– Бойы қандай?

– Тап өзіндей. Азғана талдырмаштау ма, қалай... Сендей қасқыр қуған қыз емес, түйе жетелеп өсіпті.

– Мінезі ме? Үркек емес... Ауылдың барлық кемпірлері «Айналайыным-ай» дейді. Бала біткен «Әяй апа» дейді. Мен өзім Ақмаралым деймін.

Ұлпанның есіне ақ маралы түсіп кетті де, жылап жібере жаздады. Мүсірептің әйелін Ақмаралым дегені де әлденені елестетіп еді. Жайдан-жай солай атай салмаған болар-ау!

– Мүсіреп аға, сіздің ауыл мен біздің ауылдың арасы алыс емес пе?

– Қай ауылыңды айтасың?

– Ойынға айналдырмаңызшы, аға. .. Есенейдің ауылын айтамын да.

– Жаз бойы жайлау көлдерінде бірге отырамыз. Қыстауларымыз бөлек, алыстау.

Кенеттен Ұлпан:

— Мүсіреп аға, сіз бай болсаңыз, қайтер едіңіз, не істер едіңіз? — деді.

— Мен әуелі, бай болмас едім, — деді Мүсіреп. — Байлық деген немене өзі? Азап! Бай адам күні-түні, қысы-жазы малын ойлайды да, өзі де малға ұқсап кетеді. Мінез-құлқы малында, адамдығынан айрыла береді.

Мүсіреп тағы бірдемелер айтпақ еді, таба алмады.

— Жоқ, сірағасын айтам: бай болсаңыз деймін.

— Білмеймін, айналайын. Әйтеуір, өзімнің бай бола алмасымды білемін де, соған қуанамын. Екі атым, екі бием, екі итім бар. Енді оған бір нар түйе қосылды. Ботамыз бар... — Бота енді менікі!

— Сенікі, сенікі!

Қалаға кірген соң, дала адамдарының көздері көрінгенге қарап тырағайлап кетті. Көрінгенге қарайды, ешбірін қадағалап ұғынып жадында қалдыра алмайды. Не деген көп дүние, не деген көп адам!.. Бәрі жат. Аттары да көрінгенге осқыра қарап, екі жағынан кезек ығысып қалады. Божы ұстаған Тілеміс өз білгенін айтып келеді:

— Мына екі қабат тас үй — бұрын гүбірнатор тұрған үй. Мына бір шошайғаны көп, күмбезі көп үйді шеркей дейді. Орыстар осында шоқынады. Мына бір айналасында адам құжынап жүрген ұзын тас үй — магазин. Дүниенің байлығы осында. Не керегің табылады...

— Тезірек кешегі ноғайдың үйіне апаршы. Бәрібір еш нәрсеге түсіне алар емеспін, — деді Ұлпан.

—Мен бай болсам, мынандай бір үй салдырар едім, — деді Мүсіреп, кішірек қана екі қабат тас үйді нұсқап.

—Іші қандай тап-таза екен! Қорасының ішін қарашы, кілем төсеп тастағандай. Құдығы да қорасының ішінде...

Ғалиасқардың үйі тазалық дегеннің өзінен де таза, байлық дегеннің өзінен де бай көрініп кетті Ұлпанға. Нағыз татар тазалығы — тозаң тұрып көрмеген тазалық. Еш нәрсеге таңданбасқа бекінген Ұлпан әрең-әрең таңданбай қалды.

Татар әйелдері жеңіл киінеді екен, еркін жүреді екен. Тілдері басқашалау, бірақ түсінесің. Ғалиасқардың өзі таза қазақшаға жақын сөйлейді.

— Хош келдіңіз.

— Рахим итигиз...

Татар дастарқаны не деген молшылық еді. Үлкен дөңгелек столдың үсті толған түрлі-түрлі тамақ. Стақан, шәшке қоятын жерлері ғана бос қалған.

— Ішіп отырығыз, ашап отырығыз. Бу Ғалиасқар мині һаман аптырата...Иртә білән қонақлар килә, хазірлән ди бит! Мин әйтәм, син ултірәсін мині, ултірәсин диім...Нишауа, нишауа, Разия ханым, бикматур қазақ қызын курәсін ди бит. Ищо русшылап қоя! Ашап отырығыз әлі..

Шайдан кейін Рәзия ханым қонақтарын Ғалиолланың магазиніне алып келді. Қазақ әйеліне не керек болатынын түгел ескерген саудагер «һеш бір магазинде жоқ» нәрселермен сауда етеді екен. Оюланған сапиян етік, кебіс-мәсі, жібек шәлілер, барқыт қамзол, «иіфәк көлмәкләр... бәрі де Қазаннан килгән..». Татарша тігілген киімдер қазақы киімнің сыпайыланған, әдеміленген түр. Ұлпан іркілместен үш пар кестелі етік сұрады.

—

— Аяғыңызға киіп көріңіз... отырыңыз...

Ұлпан аяғына киіп көрейін деп еді, шұлғауы ескі екені есіне түсті. Өз етігіне сыртынан салыстырды. Құдай-ау, өз етігі қандай бұзаубас еті! Қалай киіп жүрген?

— Дәл екен. Шұлғаулары болсын. Апа, мына бір кестелі мәсінің кебісін аяғыңа өлшеші...

Ұлпан өзіне керектің бәрін үш-үштен алып жатыр. Бәрі жаздық киімдер. Бәрі де қымбат болуы керек. «Шынардың бойы да өзіндей» деді ғой деп ойлап қояды. Тек қос етек көйлек, жеңді қамзаулар, желеңдер жоқ екен. Өзге дүниені өзіне де, шешесіне де қос-қосынан қопарып алды.

— Мұнда киім тігетін адамдар бар шығар?

— Ник болмасқа! Хазір.

Қазақ адам денесін өлгеннен кейін ғана өлшейді. Ақыреті құрғырдың ақ селдір бөзі табыла бермейді де, азды жеткізем деп қымқыра өлшейді. Тігінші Шөкір келіп бойын өлшей бастағанда, Ұлпан қозғалған жоқ. Шешесі ішінен: «Құдай-ай, сақтай гөр!» деп зар қағып тұрды.

— Үш-үштән міни?

—Үш-үштен. Қашан бітіресіз?

— Биш күн кирәк бола инді. Ғалиолланың есеп-шоты дамылсыз тырс-тырс етеді.

— Көк бархыт қырық биш аршын...Малиновый илли дөрт. Қызыл бархыт отыз үш... жамғысы боладур...тоқыз юз етміш тәңкә жігірмә биш тиын. Жігірмә биш тиын долой, тоқыз юә етміш тәңкә...

Ғалиасқардың үйіне қайтып келген соң, Рәзия ханым Ұлпанға жаңа киімдерін моншаға түскеннен кейін киюді кеңес етті. Монша дегенді естігені болмаса, көрген емес-ті. Ұлпан шешесі мен бір әбиді ертіп моншаға кетті.

Монша деген қандай рақат еді. Жетім әбидің алақандары қандай жұмсақ еді! Сабындамаған, қолы бармаған жері жоқ. Сірке суымен шашын қалай жуып, тарап берді. «Ертең де келіп түсемін. Арғы күні де келіп түсермін. Елге қайтқанша күнде келіп түсетін болармын!» — Ұлпан монша деген тағы бір түйіншекті көңіліне түйіп алды. Тоқтай тұр әлі.

Моншадан қайтып келе жатып Ұлпан тарантаспен келіп тоқтаған Мүсіреп пен Ғалиасқарды көрді. Есік пен төрдей күрең ат көсіле жортып келіп тоқтады. Шоқтықты, жоталы, жонды, жаялы жылқы. Басын әсем шұлғып қояды. Бөліскей темірмен жақтауланған қорапты арба да жұтынып тұр. Жарасымды екен.

— Мүсіреп аға, арба алғансыз ба?

— Атымен, сайманымен қоса алдым. Ақмарал әдейі осыған жіберген.

— Атыңыз да, арбаңыз да әдемі екен.

— Көрімдік ендеше!

— Құдай қолыма молырақ түсіргей ақты! — Ұлпан қуана күлімдеп, Мүсірепке екі қағаз ақша суырып берді. Мүсіреп қарамастан қалтасына салды да:

— Ақмаралға ұнар ма екен? — сұрады.

— Ұнағандай қандай!

Қаладан үйлеріне қайтқанда Ұлпан Мүсірептің тарантасына мініп қайтты. Пәуескесі магазиннен алған бұйымдарына толып та қалып еді. Оның үстіне, қаланы кеңірек көргісі де келді.

Күрең ат еш нәрседен үрікпей-ығыспай, жұртқа бар сұлулығымен көрінгісі келгендей сылаң қағып келеді. Көшеден көшеге бұрылғанда төрт тағасы түгел күнге шағылысып қалады. Аяқтарын ұшынан басатындай.

– Ертең маған да осындай ат-арба алып беріңізші, Мүсіреп аға! Ат екеу болсын.

– Жарайды. Арбаны көріп келесің, аттардың түсі қандай болсын?

– Өзіңізге ұнағаны маған да ұнайды.

Есеней бұларды:

– Пай-пай, Түрікпен-ай! – деп қарсы алды. – Қыс бойы аулаған қасқырларыңды сатып, ат-арба алыпсың. Қатыныңды қалай асырайсың?

– Жақсы қатын байын өзі асырайды.

– Есеней, ертең мен де осындай ат-арба алатын болдым. Біздің аттар еркек екен, – деді Ұлпан.

– Шаптым десеңші!

– Шабылдың, Есеней, шабылдың!

– Ие, не бітіріп қайттың?

– Бәрін де бітірдім. Ақша да бітті. Бес күннен кейін үйге қайтамын. Оған дейін күнде қалаға барып, моншаға түсемін. Сен де түсесің!..

Ұлпан айтқанын орындап, отауын, жүгін сатып алған дүниелігін бір көш түйеге арттырып, қос қаракөк жеккен тарантасқа шешесімен екеуі қатар отырып, өз ауылына қайтып кетті...

Аттанарда жалғыз тапсырғаны ақ бота болды.

– Мүсіреп аға, Шынарға сәлем айтыңыз, мен келгенше ботаны тірі жанға көрсетпесін! – деді.

3

– Ал жас келін, енді ауылға дейін жаяулап барасың... Келін болып сыныксыған түріңді де бір көрсейінші сенің... – деді Есеней пәуескеден түсе берген Ұлпанға.

– Сол сынсу дегенің менің қолымнан келер ме екен деп өзім де қорқып келем...Тек, сен қарамайтын бол маған, жарай ма?

– Жарайды. Келінді қарсы алуға шыққан қыз-келіншектер тобына жақындаған соң, Есеней Ұлпан мен шешесін пәуескеден түсірді де, өзі аулына қарай жүріп кетті. Пәуескеден кейін, тарантаста келе жатқан Ұлпанның жақын жеңгелері де сол жерде түсіп қалды. Есенейдің салт келе жатқан жиырмаға тарта жолдастары да ауылға қарай тура тартты.

– Бұл жұртта есектің миындай ми болсайшы. Шымылдық алып шығыпты, түге... Есенейдің бәйбішесі өз үйіне өзі шымылдық бүркеніп келіп кіреді дей ме екен? – деп ойлады Есеней.

Жасылкөк шымылдықты екі бақанға керіп ұстап, иісі Сибанның қызкеліншегі Ұлпанның алдынан шығып еді. Шымылдық алдында қос қабат

барқыт қамзолдың сыртынан көк жібек тысты пұшпақ ішік киген Айтолқын – Еменалының әйелі, бойы шарғылау, бөктергіншектілеу болған соң, бүгін жаулығы биігірек етіп салыныпты. Екі жағындағы екі жас келіншек жазғытұры жылынған күннің райына қарай жеңіл киінген – оқаланған сәукеле, жеңсіз қамзол, қос етек көйлек. Үшеуі де қабырғаласып өте берген Есенейдің пәуескесіне беттерін бұрып, бір тізерлеп сәлем етті. Пәуеске, әрине, үн қатқан жоқ.

Шымылдық Ұлпанға қарай қарама-қарсы баяу жүріп келіп тоқтасты. «Мынау жаулығы қақырайған Еменалының әйелі болар... Қандай кержалқау еді? Табақтай бетінен сорғалаған тер жаулықтың алқымын қап-қара қылып жібергені сонша, сақалы бар ма деп қалғандай екенсің. Е, мына қыпша бел, сұңғақ бойлы, қызыл шырайлы торғылт келіншек Шынар болар. Аяғында кестелі етік... Ие, сол екен... күлімдеп, іші-бауырыңа кіріп бара жатқан көзқарасы қандай әдемі еді! Ашаң да, ашық жүзді.

Көз қиығының құйрығы азғана көтеріңкі. Сол жақ бетінде «бармақ баттысы» бар... Мүсіреп ағай сүйгеніне тауып қосылған екен де...».

Есеней ауылының жолы үлкен әйелі болып үйреніп қалған Айтолқын Ұлпанға да, Несібеліге де сыздана қарап амандасты.

– Денің сау ма, шырағым... Құдағи, үй іштерің аман ба... – дей салды. «Сіз» деуге аузы бара алар емес.

Шашу шашқанда да:

– Келіннің аяғынан,
Қойшының таяғынан.
Жақсылық, жамандық
Келіннің қабағынан, –

деп тағы бірдемесін ескертіп қалды.

Шашуға таласқан жас балалар бәрі де қарны қампиған, ши борбай, ірің көз, қотыр-қотыр екен. Есеней ауылында осынша арық-тұрақ бала болар деп ойламаған Ұлпан таңқалды. Мұнысы несі, бұл ел биыл қырғын жұтқа ұшырап қалған ба?

Айтолқынның бәлденіп-баптанып болуына қарамай, Шынар Ұлпан тобына барып қосылып алды. Құшақтаса кетердей үзіле қарап келіп еді. Ұлпан да сондай күйде екен.

– Сенбісің-ей, айналайын? – деді.

– Мен ғой.

– Айналайын-ай, қандай бауырмал едің! – деп Несібелі Шынардың бетінен сүйді. – Өркенің өссін, қарағым...

Ұлпан мен Шынар бірін-бірі манадан танып көздерімен сөйлесіп, көздерімен шақырысып тұрған. Несібелі де шырамытып қалған екен, Ұлпанға қарап:

– Мүсіреп ағаңның келіншегі Шынар ғой, – деді өзінің тани кеткенін де аңғартып.

Айтолқын да Ұлпаннан көзін айыра алмай тұр: «Қызық киіне береді екен-ау!.. Басына ақ жібек шаршыны шәліге ұсатып жамыла салыпты да, үстінен сәукеле киіпті. Алқымы ашық... мойным әдемі, еркектерге көрініп тұрсын дегені ме?.. Көтек!.. Қына сары жібек көйлекке қызыл жібектен бүрме жаға салыпты. Жетпей қалған ғой! Үстіне жапа-жалғыз қаракөк барқыт қамзол... Басқа несі бар дейсің. Тәңірі. Бар болса, киер еді ғой. Бір қос жылқы беріп алған сұлуымыз осы ма? Беті менің бетімнен ақ бола алмас. Үш ұл, екі қыз тапқаннан кейін көреміз әлі. Әуелі сол бес баланы тауып көрсін».. Ту сыртыңнан өтіп бара жатқан көзі қандай жаман еді! Жынды Мүсіреп несін мақтап жүрген?.. Аяғындағы кестелі етік қызыл шұбар болмай, көк шұбар болса, қандай жарасымды болар еді. Ашарықтың қызы Шынар да соның біреуін киіп алыпты. «Кедейдің кербезінен сақта» деген осы-ау!..

Айтолқынның қол сермеуіне орай екі жас әйел шымылдықты Ұлпанның алдына әкеліп ұстағалы оңтайланып келеді.

— Келін! — деді Ұлпан Айтолқынға, — шымылдығыңызды әрі әкетіңізші! Мен өз ауылыма өзім шымылдық бүркеніп барғым келмейді.

Өзін үлкен бәйбішелер қатарында ұстап келген Айтолқынға Ұлпанның «келін» дегені Еменалының қамшысынан да қатты тиді. Еменалы оны қамшылап-қамшылап алатын.

— Не дейді!? Ойбай-ай, көргенсізін-ай!..

—Елімнің жер-суын, бала-шағасын көре жүрейін де, — деді Ұлпан даусын азғана жұмсартып. — Әрі әкетіңіз.

— Е, мейліңіз, ендеше... Жұрт сөксе, өзіңді сөгер!

Қыз-келіншектер тобы қозғалып кетті. Бәрінің алдында Айтолқын жалғыз кетіп барады. Жұрт алдында абыройын төкпей, көш алдын бастап өтпекші.

Ұлпан мен Шынар ақырын-ақырын күле сөйлесіп қатар келе жатыр. Көздерімен де, қолдарымен де сөйлесіп келеді.

— Мүсіреп ағай мені ұзатып әкелуге келер деп едім...

— Егіннен қолы босамай, ағасын жіберді ғой.

— Егіннен?

— Ие, бір жер сұлы егетіні бар екен де... Биыл бір жарты жер бидай да салды. Мен де егін салыстым.

— Бәсе, қолың жарылып кеткендей тиеді.

— Сенің алақаның да ақ мамықтай емес секілді.

— Менің ақ ботам қалай, бойын жинады ма?

— Ойбай, ойнақтай бастады.

— Аулымыздың арасы жақын ба?

— Біз әлі қыстаудан көшкен жоқпыз. Сенің ботаң басыма пәле болды! Өзім келгенше тірі жанға көрсетпесін депсің ғой! Қораға тығып, жанға көрсетпей отырмыз...

— Өй, көзіңнен айналайын!..

Енді екеуі алдарында кетіп бара жатқан Айтолқынды мазақтай бастады.

— Абысынымыздың өр көкіректігі-ай! — деді Ұлпан.

– Сендей басы асау келінді басынан ноқталап алғысы келгені дұрыс та болар...

– Сен, немене, мені басы асау деп естіп пе едің?

– Естіген емес, бірге туған, бірге өскендей білемін сені.

– Мүсіреп ағай мені әбден жамандаған екен ғой!

– Мүсіреп саған шаң жұқтыра ма екен!

– Әй, сен де мырзаңның атын атай беремісің?

– Өзі болмай ататтырып еді, енді үйреніп кетіппін.

Екі жас келіншек таныстық, қалжыңдасты, білісті. Білісті де сеністі. Ұлпан ақырын ғана Шынардың санын шымшып алды. Екеуі ұмытылып бара жатқан Айтолқынға қайта көшті. Қалың көк көделі жерлерде Айтолқынның шоңқайма етігі тайып кетіп, ұршығы бұлтың етіп қалып келеді. Шоңқайманың биік өкшелері кегжие-кегжие кейін қарай шалқайып кеткен екен.

– Аяғыңа кигенің шоңқайма етік,

Тайып кетсе, құлайсың шоңқаң етіп,–

деген өлең бар ма еді?

– Бар ғой. Кейде тоңқаң етіп те айтады.

Екі жас келіншек мәз-мейрам болып іштерінен күлісіп алды. Неден екені белгісіз, екеуі де Айтолқынды көрген жерден жаратпай қалып еді.

– Тегі, біздің абысын бір текті жердің қызы болар?

– Текті болғанда қандай! Хан тұқымы дейді.

– Бәсе!... – Ұлпан одан әрі қазбалаған жоқ. Бар білейін дегені сол-ақ екен.

Есенейдің өз ауылы айнадай жарқыраған екі көлдің ортасына, жазыққа қоныпты. Алты-жеті ақ үйдің ортасынан Ұлпан өз отауын та танып келеді.

– Сенің отауыңды тігісіп, жүгіңді жинасам деп өліп қала жаздаым... Ұнатпай жүрсең маған ғана ұрсатын бол! – деді Шынар.

– Мақтанбай, тұра тұр...

Ығы-жығы тігілген көп үйлі қараша ауыл екі көлден де бір бүйір, шетірек қала беріп еді. Ұлпан сол ауылдың жайын сұрады:

– Мыналарың кім?

– Олар сенің малшыларың, қойшыларың, сауыншыларың, отыншы-сушыларың, жылқышы-сиыршыларың... – деді Шынар. Әдейі шұбыртып айтты.

– Менің бе?

– Енді сенікі болад та...

Ұлпан үндеген жоқ. Ұлпанның өз ауылы да шыр бітпеген кедей болатын. Бірақ әркімнің өзімдікі дейтін азғана малы бар, қоңыр төбел үйі бар, бірінің қолына бірі қарамай, әрқайсысы өз тіршілігімен отыратын. Мына қараша үйлер қайыршының баспанасы сияқты екен. Бір дуанның атақты биі – асқан байы Есенейдің малшылары осынша жұтаң болғанына Ұлпан таңқалды. «Әлде Есенейі болғанынан болмағаны жақсы ма екен? Астапыралла, ойыма не түсіп кетті...». «Астапыралла» дегенімен, Есенейдің байлығы мен қараша ауылдың кедейлігі Ұлпан көңіліне қосақтала түйіліп қалды. Есеней үйінің айналасы қазқатар отырған адам екен. Он ауыл Сибанның еркек-әйелі түгел жиналыпты. Айтолқын арқан бойы алдырақ келіп, Есенейдің үйіне қарап сәлем етті.

– Сен мен не істесем, соны істе! – деді Ұлпан Шынарға сыбырлап.

Ұлпан үлкендерге бұрылып, бір тізерлеп сәлем етті. Шынар да соны істеді. Ұяла-ұяла, бетін шәлісімен бүркемелеп сәлем етті.

– Көп жасаңдар... Құтты қадам тілейміз.

Бір жігіт үлкен үйдің киіз есігін ашқалы оңтайланып тұр екен. Айтолқын соған жақындап келіп:

– Аш! – деді.

– Өзім де ашайын деп тұрғаным жоқ па!

– Ашсаң, ашсайшы енді!

– Сен кейін тұр! Осы үйдің бәйбішесінен бұрын кірейін деп пе едің? Кейін тұр! – Жігіт Айтолқынды шынтағымен ысырыңқырап жіберді.

Ұлпан үйге сәлем етпей кіріп еді. Төр жақта Есенейге жақын төрт-бес ақсақал отыр екен. Ұлпан оларға сәлем етіп, Есенейден аз-ақ төмен барып отырды. Манадан бері Ұлпан не істесе, соны істеген Шынар төрге шығуға іркіліп қалып еді, Ұлпан: «Бері кел!» – деді. Шынар амалсыз үлкен үйдің төріне шықты. Қызарып кетіпті, көзін көтермей, есікке қарай бір қырын отырып қалды. Шынардың қасына Несібелі бастаған құдағилар отырды.

– Мүсіреп Сибан емес, түрікпен... Саған Сибанның төрі бәрі бос, Шынар, – деді Есеней қалжыңдап. – Сен тіпті мына шалдарға сәлем етпесең де болады.

Ең төрде отырған, күректей ақ сақалы күмістей жарқыраған қарт адам:

– Ойнап айтсаң да олай деме, Есеней. Атаң Бесбай үлкен келінін «түрікпен» жігітке жай берген жоқ-ты.. Ерлігі үшін берген. Мүсірептің өз әкесі Еламан да Сибанды қалмақтан қорғап жүріп қаза тапты. Еламанның моласындай таудай қара обаны қай Сибанның басына орнатып едік! – деп қарт күңіреніп кетті.

– Ойбай, қойдым, Бақа, қойдым.

«Енді немді айтып, Ұлпанның көңілін көтеріп отырам» деп Есеней қысыла бастағанда, сәлем беріп Мүсіреп келді. Ұлпан да, Несібелі де Мүсірепке түрегеліп ізет көрсетіп амандасты. Мүсіреп Несібеліге екі қолын бірдей созып амандасты да, Ұлпанды иығынан құшақтай тұрып, маңдайынан сүйді:

– Құтты қадамың болсын, Ұлпанжан!..

– Мына түрікпен қайтеді? – деп Есеней қызғанған болды.

– Онда сенің жұмысың болмасын, жайыңа отыр, – деді Мүсіреп.

– Әй, ойыны жарасқан құрбы-замандастар-ай! – десіп шалдар да мәз болып қалды.

– Ал жоғары шық.

– Жоқ, мен Несібелі құдағиымның қасына отырамын.

– Әй, сен нағыз жындының өзісің...Ұлпанды қарындасым дейсің де, оның шешесін құдағи дейсің! Осының ешқандай қисыны жоқ қой!

– Миың болса, ойла да тап!

– Түу, мынаған сөз өтпес!

Мүсіреп Несібелінің қасына отырып, Артекеңнің амандығын сұрастыра келіп:

– Қайран Артекем, келе алмаған екен, – деп тоқтады.

– Келе алмады шырағым. Дені сау, Мүсіреп інім келіп кетсін деп көп сәлем айтты, – деді Несібелі.

–«Қайраңкөл» басына барып қонған соң жайлауда тұспа-тұс боламыз. Сонда барып қайтамын.

– Шынар да барады, – деді Ұлпан. – Біз де барамыз.

Мүсіреп аузына түсе кеткен бір ескі әнмен:

– Есенейдің басында алтын ноқта!.. – деп азғана созып тұрған болды да, әнді көтеретін жеріне даусы жетпесін сезініп, өзіне өзі: – Есің болса, Мүсіреп, сен де тоқта... – дей салды.

Мүсіреп өлең шығара да білмейді, өлең айта да білмейді, даусы жоқ. Бірақ өзі серілеу адам болған соң әнші-өлеңшілермен көп кездескен. Ән мен өлеңді ұғына тыңдайтын. Жадында көп нәрселерді ұстап қалған адам, реті келіп қалған соң, Есенейге сол жаттамалардың бірін айта салды.

– Уа, екеуіңнің басыңа да алтын ноқталардың жарасып тұр. Артықбай батырдың қызы, біреуің Шақшақ бидің қызы болсаң, Сибанның маңдайына Құдайдың өзі бере салғаны да. Қолдарыңды қақпаспыз. Ноқталарыңның бауы берік, бәріңе қайырлы да, құтты болсын! – деп Бақберді қарт қолын жайып, батасын берді.

– Ақсақал-ау, мұныңды Мүсірепке арнап айтсаң бір жөн еді, мені қоса ноқталап бердің ғой! – деді Есеней.

– Алдымен сені ноқталау керек, Есеней! Мүсіреп бір баланың маңдайынан шертіпті деп естіген емен.

– Ендеше, оны неге ноқтала дедің?

– Е, Тәңірі деген, келінге көңілім толып кетті де, бірде болмаса, бірде қабағын шытып жүрмесін дегенім де...

Қарт адам Есеней мен Мүсірепке әлденелерді қалжыңын да қоса тұспалдап айтып болған соң, орнынан тұра берді.

Ұлпан да орнынан тұрып, кереге бастарына көзін қыдырта қарап еді, қазқатар ілінген ішіктер тұр, шапандар тұр екен... Ұлпан бір қымбат зерен шапанды алып, шалдардың иығына жапты.

– Айтқаныңыз келсін, ата...

Шалдар кеткен соң, Ұлпан орнына отыра беріп, Шынардан:

– Ей, сен Шақшақ бидің қызы ма едің? – деп сұрады ақырын ғана.

– Жоқ-е, Тәңірі... кейін білерсің, айтармын.

– Құдағи, той өткен соң, басқа ешкімнің үйіне бармай тұрып, әуелі біздің үйге келерсіз. Мына кісі, – деп Шынарға бір қарап қойды да, – осылай қадағалап шақыр деп тапсырып қойды маған, – деді Мүсіреп, – Ұлпанды өзім шақырамын деген.

– Шақырады, шақырды, – деді Ұлпан. – Тек, мен әлі Есенейге айтуға үлгірмей жатырмын.

– Е, сені шақырса болды ғой, мен де қалмаспын, – деді Есеней Ұлпанға еркелете қарап.

Қымыз маңадан ішіліп жатқан. Енді дастарқан жайылып, самауыр келе жатыр. Ұлпанға таныс Тобыл базарынан алынған алтындатқан шыны аяқтар, шай

қасықтар, өрік-мейіз, қант салған сауыттар. Тобыл жағасына бір тігіліп қайтқан Ұлпанның отауында қызмет еткен жігіттер...

– Мен бір күн тыныш отыра тұрайын да, шайды сен құй! – деді Ұлпан Шынарға.

– Құдағилар, төрге шығыңыздар. Енді бұл үйге кім келсе де қозғалмаңыздар, – деп Мүсіреп құдағиларды төрге алып барып отырғызды да, Есенейге:

– Сен ғой, өз үйіңде де Есенейсің! Күйеу дегеннің әдеп-ибасынан хабарың жоқ, – деп тоқтады.

– Құдай соққан-ау, маған не қыл дейсің? Бұл кісілер келгенде төрде әлгі ақсақалдар отырды ғой. Ұлпан-ау, осы екеуіңнің араңда бірдеме бар ма, өзі. Мынаны неге басыма секіртіп қойдың?

– Бар... – деді Ұлпан әдейі кідіріс жасап, күлімдей қарап, – бар... Мен қарындасымын, Мүсіреп жан деген жалғыз ағайым!

– Енді түсіндің бе? Ұмытпа! – деп Мүсіреп Есеней мен Несібелінің арасына келіп отырды.

– Мен Артекеңнің орнына сыйлайтын адамыңмын!

– Қайнағаға жарыған екеміз!.. – деп Есеней қарқылдап күлді.

– Өз обалың өзіңе? Әуелі көрмей-білмей соқтығып па едің?

– Қол көтердім, қойдым, ойбай...қойдым Есеней болуды.

– Жоқ-жоқ, сен тағыңнан тым ерте түспей, отыра тұр, Есеней, – деді Ұлпан еркелей сөйлеп. – Той өткенше сен Есеней, тойдан кейін мен-ақ болайын. Керегіңде қайырып беріп отырармын.

– Шынаржан, естіп отырмысың, мына екеуінің түтіні қосылып барады! Бір күні сақалымнан жасым шұбырып, «Ұлпан сабап тастады» деп жылап келсем, үйіңе кіргізбей жүрме, айналайын. Сенен басқа арыз айтып, арқа сүйерім қалған жоқ, – деді Есеней.

Ұлпанмен сыбыр-сыңқылы жараса қалған жас келін елеусіз қалмасын дегені еді. Әйелдер Есенейге ырза көңіл білдіре күлісіп алды.

Есеней би алды тар, қатал адам, бет-аузы жолбарыс сияқты шұбар, күле білмейтін ызғарлы адам дегенді Шынар өз елінде де талай естіген. Ұры-қары түнде жатар алдында: «А, Құдай, Есенейдің қолына түсіре көрме!» деп дұға қылады екен деген аңыз да құлағында болатын. Сондықтан ол манадан бері Есенейдің бетіне қарай алмай отырған. Жаңағы қалжыңдардан, әсіресе Есенейдің өзіне айтқан қалжыңынан тез есін жиып алды. Бірақ, жауап қайыра алған жоқ, жымиып, күлімсіреді де қойды. Есеней оған екінші жолы қатты соқтықты:

– Шынаржан, неге үндемедің? Мына түрікпен сені де ығыстырып алған ба? Арызымды аяқсыз қалдырамысың? – деді.

Шынар Есенейдің бетіне бұл жолы тура қарады. Даусы жұмсақ шығатын, екі сөзінің бірі қалжың адамның түсі онша суық болмас деп еді. Қара шұбар адам жауап күтіп жымиып отыр екен.

– Арызыңыз аяқсыз қалмас... Жұмысыңыздың жай-жапсарын тағы бірде өзіңіз келіп айтарсыз, – деді. – Екеуінің біріне болмаса, біріне шамамыз келер...

– Түрікпен серім, сенің жайың да көрініп қалды! Бет алысың дұрыс, шырағым!.. – деп Есеней мәз болып қалды.

Қазақ қауымы шай үстінде ғана жайласып, жадырасып сөйлесе алады. Ет келгенде табаққа құныға қарап, жабыла қол салады да, сөзге ауыз босамайды, сөз құлаққа да кірмейді. Туа үйреніскен кең даласындай кең жайылған шай дастарқаны айналасында әзіл-қалжың, сыр алысу – сынасу, алыстау, жақындау сияқты тіршілік ауыс-түйістің бәрі де өзінің әдепті жүйесін тауып сыпайы сөйленіп отырады.

Ұлпан жаңа ғана келіп таныса бастаған елінің мұндай әдептілігіне ырза болып отырса да, басқа бірдемеге таңқалып отыр. Есенейдің айналасында он ауыл Сибаннан бір естияр адам жоқ. Манағы кеткен төрт-бес шалдан кейін Есенейдің өзімен теңдес ағайыны ретінде Мүсірептен басқа бір адам бой көрсеткен жоқ. Керейдің әр руларынан тойын басқаруға Есенейдің өзі тағайындаған қырық жігітінің біразы бір рет келіп тойды қалай өткізетіндерін айтып, бір-бір аяқ қымыз ішіп кетті. Анда-санда Еменалының айқайы бір шығып қалады. Ол ылғи әлдекімдерге ұрсып, аузы-мұрнын боқтап жүреді. Елді Есенейден бездіріп, көк желке болған, бір жағынан, сол Еменалы болар-ау... Қалай да ол бұл елдің ырысы емес шығар.

Тілеміс бір рет келіп:

– Қожабай басына үш жүз киіз үй тігілді...Бес болыс Керей-Уақтың ұзын ырғасы түгел...Үйлердің көбі солардікі... Сойыстықмал, қымыз-қымыран ағылтегіл келіп жатыр, – деді де, ол шығып кетті.

Бұған қарағанда да, Сибанның өзі Есенейге енжарлау ма, қалай? Кейде шетке қадірі бар адамдардың өз еліне қадірсіз болады. Ондай адамдар ағайын-туғандарын ығыстыра ұстап, елемей ұстап, атағымен, атымен иықтап жүреді де, түптеп келгенде, жалғыз қалады. Есеней осыған ұшырап бара жатқандай екен. Ұлпан мұны да бір түйіп қойды.

Есеней – үлкен адам. Үлкен адамның тізесі де қатты батады. Кейін оның өкініші де үлкен болмақ. Ұлпан көңіліне осындай қобалжу кіре бастады.

Ауыл толы адам. Ет пен қымыз мол болар. Бірақ қуаныш үстінде ақжарқын күлісіп, киіз үйді кере қарқылдасқан дауыстар да естілмейді. Әлі бір адам ән салған жоқ.

– Той тарағанша үш күн осында боламыз ғой. Бүгін үйімізге қайтып, ертең біржола келейін, Ұлпанжан, лұқсат болса, – деді Мүсіреп.

– Жарайды, Мүсіреп аға. Той тарағанша апам бәріңіз мені отауымда болар-сыз, – деді Ұлпан.

Мүсіреп пен Шынар ауылына қайтып кетті.

4

–Әлгі Шақшақ бидің қызы әлі тұрған жоқ па? – деп сырттан Мүсірептің ағасы Әсіреп айқай салды.

–Тұрғамын, ағеке, тұрғамын...Көйлек-жеңдері қарына дейін түрулі, саусақтарында жабысқан қамыр, Шынар киіз үйден жүгіре шығып, қайын ағасына күлімдей қарады.

Әсіреп екі үйдің үш-төрт жылқысын айдап әкелген екен.

– Құлындарыңды байлап ал! – деді.

Шынар құлындарына қарай ұмтылып еді, «Жалқауың қайда?» – деп, қайта тоқтатты Әсіреп.

–Жалқауың қайда?

–Апам екеуі отын әкелуге кетті.

–Немене, жалғыз өзі әкеле алмай ма?

–Апам шоғырмақ теріп әкелем деп кетті.

–Таң атпай нан илеп жатыр екесің ғой. Қонақтарың бүгін келетін бе еді?

–Бүгін, ағеке.

–Жарайды, жүре бер үйіңе.

Әсіреп қызық адам. Інісі мен келініне ұрса жүріп қалжыңдасады, ұрысқан бола жүріп еркелетеді. Жақсы көреді. Әсіресе, Шынармен қалжыңдасып қалса, көңілі көтеріліп, өзі мәз болады. Мүсірепке «өзі тауып әперген» келінінің жасық болмай, ашық болғанына, қабақ шытпай күлімдеп жүретініне қуанады.

–Еріне білмейді. Жұмысқа дегенде ерттеулі аттай әзір тұрады. Үсті-басына шаң жұқпайды, – деп сыртынан да мақтап отырады.

Былтырғы күз еді... Сібірдің суық қара жаңбыры сабалап тұрған. Қорғасындай қоңыр бұлттар дүниені бар салмағымен басып, орнынан қозғалмай қойғалы үш күн.

Әсіреп мал қоралап жүр еді, есік алдына мойны сорайған ақ нар келіп тұрып қалғанын көрді. Түйені жаяу жетелеп алған, басында еркек бөркі, бұтында еркек шалбары болғанымен, бой жетіп қалған қызға ұқсайды екен, үш талдап өрген бұрымынан жаңбыр суы сорғалап тұр. Аяғында қолдан илеген қайыс етік суға малшынып, екі ұрты бұлтиып кетіпті. Түйенің үстінде ескі-құсқыға оранып отырған мосқал әйел қыздың шешесі болу керек.

–Отағасы-ай, жаурап келеміз. Үйіңе кіргізбесең де, қораңа түнеп шығуға лұқсатың болар ма екен? – деді қыздың шешесі.

Қыр елдерінің жоқ-жітігі казак-орыс қалаларына қарай шұбыра бастағалы екі жетідей болып қалып еді. Кейбіреулері Әсірептің «орыс үйіне» қонып та кеткен. Мынау екі бейшара сол шұбырындының соңы болу керек.

–Осы қара жаңбырда қай құдаңа кетіп бара жатырсың, үйіңде отырмай!

–Құда бізде қайдан болсын! Орыс арасында нан тауып жеп жанымыз қала ма деп қаңғырып келе жатқанымыз да...

–Орыс қалаларынан еркекке жұмыс табылады. Сен, немене, бір күні аштан өлейін деп кетіп барасың ба?

–Іс-міс тігіп күн көреміз бе дегеніміз ғой. Ұрса бермей, айтарыңды айтшы, шырағым.

–Жарайды. Сайрай бермей, түс енді түйеңнен.

Қыз түйесін тұрған жеріне шөктіргісі келіп, ноқта сабағын бір-екі басып қалып, «шөк!» деп еді, түйесі сызға шөге қоймады. Ауылды басына көтеріп бақырып қалды.

– Өйтпе, шырағым... – Әсіреп түйені өзі жетелеп алып, шарбағы бар екен, соған әкеліп, шөп-шаламның үстіне шөктірді. Түйе біресе алдына қарай, біресе кейін қарай итеңдеп барып шөкті, әйтеуір. Қыз шешесі түйеден түсті.

– Үйге барыңдар... Киімдеріңді кептіріп, жылыныңдар.

Әсіреп екі үйдің малын жалғыз қоралап болған кезде, Есеней ауылына кеткен Мүсіреп те қайтып келді. Екі сары ала иті әлі ат үстінде тұрған Мүсірептің екі жағынан келіп, тізесіне асылды. Еркелесіп, желкеміздан бір сипашы деп, қыңсыласып қояды. Мүсіреп екі итін екі сипап еді, болды. Иттері ордаңдай жүгіріп, қораға кіріп кетті.

– Неге шақыртыпты? – деді Әсіреп інісіне жақындап келіп. – Жай ма?

– Қысқа қарай жылқыны орналастырып қайтайық. Қар түскен соң, қасқыр қуармыз, аң аулармыз... Біраз күн жолдас бол! – деді.

– Баратын болдың ба?

– Көңілі жарым... жалғызсырап жүрген адам ғой... жарайды дедім.

– Мына құлан-тұяғыңның еті оязып кетіпті... Жиреніңді мініп кет!

Бұл былтырғы Қаршығалы шұбарына барып тірелетін сапардың алдындағы кеш еді. Келе жатқан қыстың ауыр боларын сезініп, Есеней жылқыларын жайлы жерге орналастыруға өзі аттанғалы жатқан. Мүсірепті сол сапарына шақырыпты.

Мүсіреп аңырап тұрған суық жер үйіне кірді. Қазандық аузы әлі опырайып жатыр. Күйдірмеген саз кірпіштен қаланған пештің мойны сөгіле келе, жарыла келе, есік жаққа қарай құлағалы тұр. Төр бөлме дегені мұздап тұр. Таңертең жинамай кеткен төсегі сол күйінде жатыр. Ортан қазықта ілулі тұрған бестік шамын жағып еді, үйдің бұрыш-бұрышынан жылт-жылт еткен өрмекшінің өрмегі көзіне түсті. Көптен сүртілмеген шамы қаракөлеңке, жанса да, үй ішінің салақсып кеткенін жасыра алмай тұр. Жеңіп алған қырсыздықпен күресейін деген ой келген де жоқ. Суға малшынған киімдерін анда-мында іле тастап, аузы ашық тұрған үлкен қара сандықтан құрғақ киімдерін алып киді. Су болған киімдері өзі оралып келгенше сол күйінде тұра береді, әрине. «Үй болған соң, бір қатын керек-ақ екен-ау...» деп ойлады да қойды.

«Қысқа қарай ең керегің қазандық қой! Ол иттің аузы неге опырайып қалған? Жазды күні төбеден тамшы аққан ба? Үйдің қабырғаларын бір сылатып алу да керек еді. Әсірептің қолы тимей жүр-ау, сірә... Оқасы жоқ, өзім қайтып келгенше бәрін де түзетіп қояды ғой. Көрпе-жастықтар да кірлеген болар... Үй болған соң, бір қатын керек-ақ екен!..»

Үйшілік ұсақ жұмыстарға Мүсірептің қыры жоқ адам. Оның опырып-жапырып жұмыс істейтін екі кезеңі бар. Таң атпай бастайды, түнделетіп тоқтайды. Бұл кезде ол екі адым жердегі үйіне де қайтпайды, жұмыс басында қонады. Ол кезеңдері – он күн жазғытұрым, жиырма күн жаз аяғында: айналасы бір ай... Егін салуға, шөп шабуға келгенде, мұнымен ешкім теңдесе алмайды! Екі үйдің егінін салатын да сол, шөбін шабатын да сол. Әсірепке соқаны да ұстатпайды, бел орақты да ұстатпайды. Маусымы аяқталады, – Мүсіреп жұмыс маңайына жоламайды. Оның қайда жүргенін аттары мен иттері ғана біледі.

Жазғытұрым Әсірепке бір десе бидай егіп берді, өзіне бір десе сұлы салды. Жаз аяғында екі үйдің малына екі қысқа жететін шөп шапты. Егінді де орып берді. Сонымен оның маусымы да аяқталды. Егін мен шөпті жинап аларда маңына да барған жоқ. Оның бәрі Әсірептің мойнында... Әсіреп бидайын соғып,

қаптап-қамбалап алды. Мүсіреп сұлысын көктеу кезінде шауып тастайды да, соқтырмай, көкала сабағымен бірге үйдіреді. Бұ да шөп қой, ат жақсы көретін бидайық...

Өз үйінде бір қасық суы жоқ Мүсіреп іңірде ағасының үйіне келді. Мырза жеңгем деп мақтай кірсе, Жаниша жеңгесі баптап тұрып қаймақ құйып шай береді. «Арғын – Қыпшақ, Керей – Уақтан Жанишаның шайындай шай ішіп көргенім жоқ» десе, жеңгесі оның ойнап мақтайтынын біле тұра, мақтанып, бейілденіп кетеді.

Мүсіреп ағасының ауыз үйіне кіріп келгенде, қазандық отына аяқтарын да қыздырып, шалбарының балақтарын да кептіріп отырған қызды көрді. Бойы жылынып, қалғып кетіп отыр екен. Аяқтары қандай әдемі еді! Өкшелі де үсітті, белтірлігі қиылып тұр. Ат үстінде өскен қазақ баласында сирек кездесетін аяқтар... Есік ыңыранып жабылғанда қыз оянып кетті де, аяқтарын тез жинап алып, бетін ар жағына қарай бұрып әкетті. Бәрібір, Мүсіреп оның бет-аузын да түгел шалып қалды. Азырақ келтелеу келген қыр мұрын... көз қиығының құйрығы азғана көтеріңкі, қызыл шырайлы, торғылт түсті қыз екен. Әттең-ай, тез жасырынып кетті...

– Жоғарылат, Мырзажігіт! – деп Жаниша жеңгесі тұра келіп қарсы алды.

Шай ішіліп болған. Дастархан шетінде, есікке таман мосқалдау бір бөтен әйел отыр. «Ана қыздың шешесі болар».

– Қонақтарың бар екен ғой...

– Қырыққа келгенше бір шүйке бас ала алмай жүрген сен емеспіз ғой біз!.. Күнде қонағымыз болып тұрады.

– Ағамыз бар... алып беретін шығар біреуді.

– Мен саған кімнің қызын айттырмадым! Біріне жоламадың ғой.

– Сен әкесін айттырып келесің. Мен қызын айттыр деймін. – Ағасы мен інісі азырақ қалжыңмен шайқасып алды да, жеңбей-жеңілмей тоқырағандай болды.

– Мырзажігіт, шай қояйын ба, сорпа-суымыз пісіп тұр еді, соған қараймысың?

– Шайды сорпа-суыңнан кейін де ішуге болады ғой.

– Шіренуін көрдің бе?

– Е, қойшы сен, өтірік ұрыспай... Мына кісі шын екен деп қалар. – Жаниша самауыр, дастарханын жинап әкете бастады.

– Сен, әй, биыл неше арба сұлы үйдіріп алдың маған, білесің бе? – деді Әсіреп.

– Он арба шамасы болар.

– Атаңның басы!... Он бес арба үйіп бердім.

– Сіздің үйдің арбасы деген не, Тәңірі... Қарақұстың ұясындай ғана...

– Қап, мынаның ыза қылуын-ай! Отыз арба шөп үйіп бердім. Сұлыңнан артық. Екі жылыңа жетеді!

– Онда биыл шөпті көп шапқан екесің ғой!

– Мұрныңды бұзып жіберейін бе осы! Иілмей-бүгілмей, түрегеліп тұрып бел орақты сілтей бергенін бұлдауын қарашы! Бәлем, ендігі жылы болсын!

Табақ толы тарының үстіне шоқита қойған азғана еті бар кешкі тамақ келді. Жаниша ауыз үйдегі қызды да тамаққа шақырып еді, ол келмеді. Бойжетіп қалған қазақ қызы төр үйге жалаң аяқ қайдан келсін. Жаниша оған тамақты ауыз үйге апарып берді.

Қыз шешесі қасығын етке қарай бір жақындатпай қойды. Қасығы тарыға да жұқалап қана батады. Қанша ашығып келе жатса да, сұғанақтанбай, тартынып отыр.

– Қонақ жеңгем, же! Қасығыңды батыра сал! Бұл үйде сен ұялатын кісі жоқ. Мынау менің інім, ана қатынның еркесі. Егін салып, шөп шабудан басқа, қара күрешке тұратын өнері жоқ. Қасығыңды батыра сал... – деп қояды Әсіреп, азғана етті солай қарай ысыра беріп.

– Атың кім өзіңнің?

– Науша...

– Байыңның аты кім еді?

– Шақшақ еді.

– Ойбай-ау, Шақшақ би өлген соң, қатындары тарап кетіпті дейтін еді, соның біреуімісің?

– Жоқ-е, Құдай... Ол етік тігіп, мен іс тігіп, бірін-біріне жалғап-жамап күн көретін күйіміз бар еді. Ол кісі қайтыс болғалы үш жыл...

– Ар жағын айтпай-ақ қой. Ағайыны бар кісі өзі де түсінеді. Ал жеп отыр. Етке тіпті қол тигізген жоқсың.

– Тәңірі жарылғасын, жаным. Осындай жайласып отырып, жылы тамақ жерміз-ау деп кім ойлаған... Бір қалың ағаштың ішінде түйемізді ықтай отырып, аман қалсақ болар еді деп келе жатқамын. Бір аш-арық түйемізді жетелеп жүре берсе, біз оған не қылар едік.

– Же, же! Құдай бұйырса, ертең Капитанға, арғы күні Болатнайға да жетіп қаларсыңдар... Ағайындарың да кездесер... Же, же, тойып алыңдар тарыға. Балаң да ұялмасын. Тары деген еттен де кенеулі тамақ. Байдың малы қымбат, кедейдің жаны қымбат. Тойып алыңдар...

Ертеңіне таңертең Мүсіреп көлден аттарын суарып қайтып келе жатыр еді, түйесін жетелеген қыз да Әсіреп үйінің алдынан жөнеле берді. Күн әлі төге жауып тұр. Қыз Мүсірепті көрді де, тұра қалды. Еркек алдынан кесіп өтпейтін салты бар екен. Үйқысы қанып, тыныққан қыз ажарлы-ақ екен. Көзін бір жалт еткізіп қалып, одан кейін қарамай қойса да, Мүсіреп одан артықты тілеместей еді.

– Азап көрсеңдер де, аман жетіңдер! – деді Мүсіреп. Қыздың көз қиығына қарай тұрып, қызға арнай айтты. Қыздың шешесімен де жылы қоштасып:

– Күн толастамады-ау... – деп жанашырлық білдірді.

Отқа кептіргеннен кейін, қыздың бір етігі аузын аша бастапты. Өзі қазір аттанып кетпейтін болса, екі панасызды өз үйіне шақырғандай еді.

Мүсіреп аттарын қораға кіргізді. Ақ түйе ұзай берді.

Мүсіреп қорадан қайта шықты. Аттарының жүгенін сыпырып алып, сұлы маясына қарай жібере салған болу керек, тым тез шықты. Алыстап бара жатқан ақ түйеге қарады. Ұзап барады, ұзап барады. Орай-орай соққан төкпе жаңбыр ақ түйені көк жібек шымылдықпен орап алғандай екен. Қыздың етігі ғой суға

шылқылдап толып болды. Мойнынан сорғалаған су қойнына құйылып барады. Неткен сорлы бала еді.

Өзі бойшаң екен... Байлық жараспайтын адамдар болатыны сияқты, сәндік жараспайтын, сұлулық жараспайтын қыздар да болады. Мына қызға не кигізсең де жараса кетер еді. Құмға шыққан құба тал, қандай есуас сындырып әкетер екен...

Мүсірептің қайда қарап тұрғанын Әсіреп терезеден көріп тұр еді. Неге қарап тұрғанын да сезініп тұр.

— Әй, қатын, ананы қара!.. — деп Жанишаны қасына шақырды. — Құдай берді, ана қайның әукесі салбырап құлап тұр! Өзін шайға шақыршы.

Жаниша есіктен ғана бойын көрсетіп, Мүсірепті шақырды.

— Мырзажігіт-ау, неменеге сонша қадала қарап тұрсың? Жүр, шайға кел.

Мүсіреп келген соң, ағасы ақырын-ақырын қағыта бастады:

— Ел аралап, жұрт аралап жүргенде, бір қыз көңіліңе қонбай-ақ қойды ма сенің?

— Мен қыз іздеппін бе?

— Өзі іздеп келер деп жүрмісің? Не болмаса Құдай өзі айдап әкелер деймісің?

Ағасының сөзді қалай қарай бұрғалы келе жатқанын сезініп, Мүсіреп сол ыңғайға қарай ойыса берді:

— Ойдағыңды Құдай өзі айдап әкелсе, кім қарсы болады дейсің.

— Жаңа кеткен түйелі қыз қалай көрінді?

— Өзіңе қалай көрінді?

— Бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр ма деп қалдым... әйтпесе, әп-әдемі бала...

— Маған да солай көрінді.

— Оттама енді! Қыздың патшасы! Аласың осы қызды!

— Қалай алам?

— Ол менің жұмысым.

— Мейлің...

— Манадан әукесі салбырап, көзін алмай қарап тұрып, енді бәлденуін қарашы мұның! Қырықтан асқанша қыз таңдап, аяғында бір салпы етекке кездесейін деп жүрмісің? Сен өз бетіңмен қатын да алмайсың, мен болмасам.

— Мейлің дедім ғой.

— Айрылатын бала емес... Апалап іші-бауырыңа кіріп барады, — деп Жаниша да өз қостауын айтып қалды.

— Сен аттана бер өзің. Есенейді өкпелетіп алма. Жалғыз өскен емендей сорайып жалғыз қалды ғой сорлы! — деді Әсіреп.

Мүсіреп аттанып кеткен соң, Әсіреп те атын ерттей бастап еді. Үш шақырым жібермей-ақ түйені қуып жетті.

— Науша жеңгем, түйеңді кейін бұрып, біздің үйге тағы бір қонып кетсең қайтеді? — деді салған жерден.

Қыз шешесі қорқып кетті. Осы бір кедір-бұдыр сөйлейтін адам ақ нарға қызығып жүр ме де қалып еді. Түнде өзі «бір аш-арық түйемізді жетелеп жүре берсе» дегені де есіне түсті. «Құдайы құрғыр-ай, қайдағы бір жаман сөз аузыма қалай түсіп кетіп еді!..».

— Қызыққаның жалғыз нарым болса, өзімді домалатып таста да, әкете бер, — деді.

Шешесінің сөзіне қызы күліп жіберді.

— Әй, сен кемпір, неден шошына қалдың өзің?

— Көлденеңнен-көлденең жабыса кеткен соң, қайдан білейін. — Қызы тағы мырс етті.

— Аузыңа Құдай салып тұрған шығар, мен саған Құдай алдында айрылмастай болып жабысам. Қаңғырып өлесің, кейін қайт! Құдағиым боласың!

— Мына кісі не дейді? Шынар-ау, естіп тұрмысың? — Қызы үндеген жоқ, үндемесе де, ішіне бір елең кіре бастады.

— Түнде көрген кербез жігіт Мүсіреп менің інім болады.

— Оны естідім ғой.

— Қырыққа жеткенше қыз таңдап, үйленбей келіп еді. Соған сенің балаңды айттыра келдім.

Содан соң Әсіреп атынан түсе қалып, түйесінің алқымында ықтап тұрған Шынардың қасына келді. Иығынан құшақтап алды.

— Айналайын ботам, атың кім еді, Шынар ма еді? Мен салдырлаған ақкөңіл адаммын. Өз баламдай жақсы көріп қалдым сені. Әкеңнің орнына әке болам. Мүсіреп жігіттің сырбазы. Қор болмайсың, қарағым. Бұр түйеңнің басын! — деп түйені өзі бұрып, өзі жетелеп алды. — Атқа міне ғой, айналайын.

Шынар қарсыласқан да жоқ, атқа да мінбеді. Ойына бір өзі де түсініп үлгірмеген әдеп-иба түсе қалғандай еді. Әсірепке ере жаяу жүре берді.

Табиғаты жалпы нәзік келетін қыз бала Әсірептен именіңкіреп, кейінірек жүріп келеді. Таңдануы да бар, қуануы да бар. Оның әлі біреуі жеңіп жүзіне шыға қойған жоқ. Ішіне су толып қорқылдай берген етігінен ұялып келе жатқандай еді.

Әсіреп біресе шешесіне, біресе қызына қарап қойып, ауыз жаппай сөйлеп келеді. Шынардың басына орнатпаған жұмағы жоқ. Ақ отау да тігіп берді, ақтылы қой, алалы жылқыны да алдына салды.

— Шынар-ау, осының бәріне иланып келемісің? — деп қояды шешесі. Шынар оған не десін? Күлімдей қарайды да, үндемейді, тыңдай береді.

Ауылға жеткен соң, Әсіреп Шынар мен шешесін тура Мүсірептің жер үйіне әкеліп кіргізді.

— Осы сендердің үйің! Су киімдеріңді шешіп, түйенің қомында құрғақ бірдемелерің болса, киіп алыңдар. Бәрекелде... Батырдың өз киімдері де су күйінде қала барыпты. Төсегіне қараңдар!.. Жинамай кетіпті. Пешінің мойнына қара, құлайын деп тұр... Қазандығы да құлап жатқан шығар-ау... айтам ғой...

Әйелдер төр үйге барды да, шешінбестен сілейіп тұрып қалды. Әсірептің жаңағы айтқандарындай көңіл көтерерлік түк жоқ, әрине.

— Қорықпа, құдағи! — деді Әсіреп. — Кешке дейін бәрін де өзім істеп берем. Оған дейін біздің үйде бола тұрасыңдар... Қатын шай қойып жатқан шығар, кешікпей келіңдер.

Әсіреп кетіп қалды. Шынар мен шешесі әлі селтиіп тұр.

— Шынар-ау, не болғанымыз? Ойыны ма, шыны ма?

– Шыны болмағанда, сенен ұялып өтірік айта ма, қорқып өтірік айта ма?

– Қисыны келмей тұрған жоқ па өзі? Айдалада ұстап алды да, «құдағиым боласың» демей, осылай тұспалдап сұрағаны еді. Шынар онысына түсіне қалды да:

– Болып қалдың-ау деймін... Түйенің үстінде нең бар еді, үйге алып келші.

Шынардың қуанышы жалғыз қалған соң ғана сыртына тепті. Әуелі су етіктерін шешіп, ауыз үйге лақтырып жіберді. Су болған сыртқы киімдерін де солай қарай лақтырып жатыр. Бөрікті лақтырып жіберіп, шашын тарқатып, үй өзінікі, несіне ұялады, түгел жалаңаш қалды. Аяқтары сусорды ақжем болып бозарып кетіпті, шалбар мен ішкиімнің ышқыры беліне батып қызартып жіберіпті. Түнде өзі қасып алған ба, немене, бір жерінен қан білінеді. Шынар ілулі қалған беторамалмен сүртіне бастады. Білектері, аяқ, сан еттері жұмыр, бұрын бір байқағанынан гөрі әлуетті, сымбатты сезіледі. Қазақ қызы денесін сылап-сипатып көрген емес. Бірақ шын сымбатты, шын балғын денеге қызығатын да, қуанатын да, Шынар өз денесіне солай қарап қалды.

Есік ашылғаны естілді. Шынар жалаңаш бойы жиналмай қалған Мүсірептің көрпесінің астына кіріп кетті. Келген шешесі екен. Енді оның тұрғысы да келер емес. Бойы жылына бастады. Жас дене керіліп-созылуды тілей ме, қалай? Жылына түскісі келеді. Иісі қандай екен деп көрпе-жастықты иіскеледі. Азғана қалампыр иісі келеді. «Салақ болар, киімдерін әр жерге қалай болса, солай іліп кетіпті. Суық сүйегімнен өтіп болып еді, жер үйі болғаны қандай жақсы болды. Пешін түзеп берсе, тоңбаймыз ғой. Аты Мүсіреп, ә? Құдай-ай, Мүсіребім қашан қайтып келер екен?.. Мүсіребім деп жатырмын ба, ей? Ұят-ай, ұят-ай! Мынау қара сандықтың ішінде не бар екен? Үстінде үш-төрт көрпе-жастық тұр. Қатыны жоқ үйге де қонақ келетін болғаны ма? Апам бір жастық жастанып, көрпе жамылып ұйықтасыншы...».

Екі басты қоржын, бір кішірек қапшық, бір қол сандық, тағы бір түйіншектерін көтеріп, Шынардың шешесі Науша қайтып келді.

– Біреудің төсегіне жатып алғаның не, Шынар? – дей кірді.

– Неге біреудікі болсын... – деді Шынар. – Нең бар еді, апа? Құрғақ па екен?

– Түнде үйге кіргізгемін. Құрғақ шығар. Мә, кебіс-мәсің... Қамзалкөйлектерің уқаланып қалған шығар. Бөркіңді бөгіребасқа айналдырып салып ем, үкісі ғана ұйысып қалыпты.

Ана байғұс, қашанда ана ғой, қызының бірсыдырғы киімін сақтаған екен. Бөріктің тысы мен жалғыз жеңсіз қамзолдан басқа барқыты болмаса да, бәрі де қынамалап-қиыстырып әдемі тігілген. Өз қолы бас білетін байғұс шеше арзанды қымбаттай ажарлай біліпті.

Киініп болған соң, қыздың көркі – шүберек Шынардың бойы өсіп, белі қыналып, көзі жарқырап кетті. Шешесі де онша мосқал емес екен. Өз киімі де, жұпыны болғанымен, жарасымды тігіліпті.

– Құдағи! – деп жайраңдай күліп Жаниша келді. Қос құдағи әуелі қолдарын ұшынан ұстасып, құлаштарын екі жағына үш-үштен керіп барып құшақтасты.

— Бауырым, айнакөзім! — деп Жаниша Шынарды екі бетінен кезек-кезек сүйді. — Ал шайға жүріңдер... Төсек-орынды жинап, жауып кетейік... Қазір қайын аға келіп, пешті түзеймін деп отыр.

Науша мен Шынар келіп кірген соң, Әсіреп кетуге айналды.

— Құдағилар, өздерің оңаша отырып сырласыңдаршы бір, Әсіреп — Мүсірептің құлағын шулатып! — Әсіреп шығып кетті.

— Кәне, Шынаржан, шайды сен құй. Құдағилар отыратын, келіндер жүгіріп жүретін! — деді Жаниша.

Қос құдағи оңай ашылысып кетті. Шақшақ жақсы етікші болған екен...

— Шынардың аяғындағы кебіс-мәсіні бұдан төрт жыл бұрын өзі тігіп берген. Алдыңғы жылы сүзектен қайтыс болды. Ағайын өздерінде де бар шығар, белгілі ғой... Жетісі деді, қырқы деді, жылы деді. Қасқыр мен ағайын жеп тауысты. Жазды күні ауылдың шетінде, қысты күні желдің өтінде... жұрдай болдық та қалды... Биыл жаз бойы бір тамшы жаңбыр жауған жоқ. Ауылымыз біртіндеп-біртіндеп ішке қарай көшіп кетті. Жалғыз үй мен де отыра алмадым... Ақ нарға міндім де, кете бердім. Қалтамда Шақшағымның етік тігіп тапқанынан қалған үш теңге алпыс жеті тиын ақшам бар түйіп алған. Содан басқа түгім болса, бұйырмасын...

Өзіне таныс әңгімелердің бір де бірі Шынардың құлағына кірген жоқ. Жаниша өз үйлерінің жайын айта бастағанда ғана сергек отырды:

— Әсіреп бірдеме істемей отыра алмайтын адам екен. Қолынан келмейтіні жоқ. Әкесінен жастай қалған екі бала — Әсіреп пен Мүсіреп әуелі қой бағыпты, сиыр бағыпты... Жиырмаға жақындағанда Түмен қаласына барып, бес жыл жүкші болыпты. Кемеге бидай, кірпіш, көмір, темір-терсек артады екен. Содан, әйтеуір, мал басы құралып, еліне қайтыпты. Осы күні, Құдайға шүкір, қазанымыз тоқ... ешкімнің қолына қараған емеспіз.

Мүсірептің жайына қашан көшер екен деп, Шынар шыдамсызданып отыр еді, Жаниша: — Келінімнің көңіліне келіп отырған шығар-ау! — деп күлді. — Мырзажігіттей жігіт қайда! — деп бастады. — Ағайын арасының қақ-соғында жұмысы жоқ, ағасы ұрсып жатса да үндемейді, қалжың айтып жеңеді. Егін салғанда, шөп шапқанда ондай ерінбейтін адамды көрген емеспін. Содан кейін ауылдан таба алмайсың. Әнші-күйшілерге еріп кете барады. Екі аты, екі иті бар... Екі биесін біз сауып ішеміз. Биыл екі биесін екі дос-жар адамы сұрап әкетіп, жақында ғана қайырып берді. Құлындары арық-ақ... Былтырғы құлындары биыл тай ғой, өздерің көрерсіңдер әлі, жардай. Былтыр біз сауғамыз...

Мырзажігітке жұрты бар болғыр да дамыл бермейді. Ойын-тойына шақырады. Ағайын арасының дау-жанжалына шақырады. Бүгін, әне, Есеней шақыртып әкетті...

Шынар ақырын ғана күрсініп қойды.

— Көп кешікпес. Он-он бес күнде қайтып-ақ қалар. «Осы қыздан айрылып қалма, айттырып кел. Қырық жетінің нешеуін сұраса да бер» деп, — ағасын өзі жұмсап кеткен.

Шынардың жүзіне қаны ойнап шыға келді. Ақкөңіл шеше:

— Бізге онша малдың керегі не, Тәңірі... Оны бағатын кісіміз бар ма, — деп қалды.

Шынар күліп жіберді.

Іңір кезінде Әсіреп үйіне қайтып келді.

– Бәрін де бітірдім... Пештерің гүрілдеп тұр. Кепсін, бір-екі күн от жақпай, шыдай тұрыңдар. Ертең үшеуің де білекті сыбанып, етекті түріп жіберіп, Шынардың үйін заказной қылып сылап алыңдар. Біздің шошалада ақ балшық үйіліп жатыр. Айтпақшы, қаңғыбастың шошаласында да, сандық, кебежелерін де, астын-үстіне келтіріп ақтарып шығыңдаршы... Құдай біледі, талай дүниесі шіріп жатыр.

Шынар үйіне қайтып келісімен әуелі қара сандықты ақтарды. Нағыз салақтық осы қара сандықтың ішінде екен. Жуылмаған киім де, киілмеген киім де ойран-ботқа аралас жатыр. Тігілмеген маталар да бар – ши барқыт, қына сары сәтен, ақ зонт, иленген бір-екі қара елтірі. Бір-екі түлкі терісі, қын-қынап, оқшантайлары салпылдаған ескі кісе, етікке жарайтын былғары, мәсіге жарайтын «көзел» – ешкі терісі. Шынар өзіне керекті бірдемелерді іздеп сандықты түбіне дейін тырналаса да, еш нәрсе таба алмады.

– Өмірімде қатынсыз өтем деп жүрген бе? – деп қабағын да шытып қалды.

Ауыз үйде кебежені ақтарып болған шешесі бері келіп:

– Қант-шай, ұн, майы бар екен, – деді.

– Онда аштан өлмеспіз, – деп күлімсіреді де, Шынар сандықтың қақпағын жаба салды. – Саған болмаса, маған лайық түгі де жоқ... Келгесін сыбағасын да алатын болар!..

– Шегірткені маңдайынан шертпейтін жандардың сондай бір кәр көрсететіні болады. Шынар соны істеді.

Мүсіреп үйіне жиырма күннен артық жүріп қайтып еді. Ауыл жатып қалған кез еді. Екі үйде де жарық жоқ екен. Әсірептің көк иті шәу етіп қорадан шықты да, екі сарыаланы тани кетіп, жым болды. Оларға соқтығысып керегі не? «Жәй, әншейін еді» дегісі келгендей қыңқ етіп қалып, үйшігіне қайта кіріп кетті.

Мүсіреп атын қораға кіргізіп байлады да, жымдастырып теңдеп, артына бөктеріп алған қасқыр терілерін шошалаға апарып тастай салды. Содан кейін ғана үйіне кіруге беттеді. «Үй аңырап мұздап тұрған шығар-ау... шай қайнатып ішетін су қайдан болсын» деп ойлады. Үйінің есігін ашты да, аңырып қозғала алмай қалды. Басқы біреудің үй сияқты екен. Үй жып-жылы. Шамы жарқырап жанып тұр. Күле қараған бір қыз, бір мосқалдау әйел төр үйде мұны күтіп тұрғандай екен. Шам жарығына алтындай шағылысқан қына сары шымылдық азғана ысырылып, ақ жастықтар көрініп тұр.

– Тани алмай қалдың ба, шырағым... біз ғой, Шынар екеуміз. Жоғарылат, – деді Науша. – Тануын танып тұрып, сене алмағаның қызық болады екен, – деді Мүсіреп.

– Құдайдың бұйрығы шығар, осылай болды.

Мүсіреп Наушаға екі қолын бірдей ұсынды.

– Аман-сау болдыңыз ба?

– Шүкір Құдайға...

Көздері жарқырап-жайнап тұрған Шынарға бір ауыз сөз тауып айта алмады. «Сол қыздан айрылып қалмадым ба екен» деп асығып қайтып еді. Екі күндік

жерге бір-ақ күнде жетті. Енді, міне, сол қыз алдында тұр. Мүсірептің аузына бір ауыз сөз түспей қойды.

Шынар да оны жиырма күн бойы асыға күтті ғой. Есіктен кірген бетінде мойнына асыла кетермін деп ойлаушы еді. Терезе алдынан қарды сықырлатып салт атты өте бергенде:

– Апа, шам жақ, Мүсіреп келіп қалды! Сол!.. – деген. Енді, міне, ол да үндей алмай қалыпты. Көздері жарқырап күлімдеген бойы орнынан қозғала алмай тұра берді.

– Шешін, шырағым, – деді Науша. – Өзің жоқта үйіңе кіріп алып, жағамыз жайлау, төбеміз қыстау, отырмыз жайланып.

Мүсірептің есі шешініп болған соң кірді.

– Құдайдан бір сұрағаным болса, осы болар, шеше... көзім көріп тұрса да, көңілім сенбей, есімді жия алмай тұрмын, – деді Шынарға қарап.

Шынар ақырын басып келіп, екі қолын Мүсірептің иығына салды.

– Өзің тоңып қалыпсың ғой. Қарның да ашқан болар... Апа, шай қоймайсың ба? Анау үй білмей қалып жүрмесін. – Көздері Мүсірепте, жұтып жібергелі тұрғандай.

Шешесі шығып кеткен соң, Мүсіреп Шынарды баладай көтеріп алды: дем алысы қандай жақсы еді, сүт иісі келеді. Денесі қандай балғын еді, сымдай бұралады. Даусын күміс қоңырау ма дерсің... Балаша еркелейді екен. Жанжүрегіңде бір кіршік бар ма екен, сірә! Үзіле қарайды екен...

– Мен саған көп өкпелеп едім. Қазір бәрі бір-ақ ұмытылып кетті. Сен неге сонша кешіктің?

Мүсіреп үйреншікті қалжыңына бұрыла бастады:

– Сен үйді түзеп болсын дегенім ғой.

– Онда менің осында екенімді есіткен болдың ғой!

– Жоқ, түсімде көрдім: екі білегіңді сыбанып алып үй майлап жүр екенсің... Маған салақсың деп ұрсып та жүрсің...

– Өтірік... ойнап айтасың!

– Ойнап айтқаның шынға айналса, о да шындық емес пе?

– Ә? – Шынар аңдай алмай қалды.

– Үйді, міне, жайнатып қойыпсың. Көпіртіп көк шөп төсепсің, жұпар иісі аңқып тұр. Төсек-орнымыз мынау құлпырып тұрған! Осының бәрі шын емес пе! Сен емес пе бәрін істеген!

Әйел жаны мақтағанды қандай жақсы көріп тұрса да, Шынар адал жанның шынын айтты: – Мен жалғыз істегенім жоқ. Көбін істеген жеңешем мен апам...

Келе жатқанын білдіре дауыстай сөйлеп Әсіреп келді.

– Қаңғыбасың аман келді ме, Шынаржан!.. Енді үйден шығарма!

Шынар Мүсірептің құшағынан сырғып түсті.

– Ағеке, жоғары шығыңыз, – деді де, қызарып кетті. – Жеңешем қайда, ағеке?

– Тойға барымды киіп келем деп әуреленіп жатыр. Той емес пе бүгін? Той, айналайын, той! Сен келдің де, береке келді, қарағым. Екі үйлі түрікпен деген-

мен, бір үйлі едік, енді ғана екі үйлі болдық. Оңаша бір отырайықшы! Атты бүгін таң асырып қойып едім. Тіпті, Шынаржаннан ұялып өлер болдым.

Інісіне бар амандасқаны осы, Әсіреп төрге шығып отыра беріп:

— Келін қарағым, қайнат шайды, ас етті, бұрқырат! — деді.

Қалың Сибаннан шетірек отыратын екі үй қуаныштары қойнына сыймай, таң атқанша отырып, әрең тарасты.

Қыз шешесі әлдеқашан ауыз үйде төсегін әзірлеп алған екен, құлағын тығындап, көрпесін тұйықтап айқара бүркеніп алды да, жатып қалды.

Шынар азырақ ысырулы тұрған шымылдықты жазып жіберді. «Бұрын жер төсектің бас жағында тұратын қара сандықтың енді аяқ жаққа қойылғаны дұрыс болған екен» деп ойлады Мүсіреп шешіне беріп...

Шынар мен Мүсіреп осылай қосылып еді.

5

Той өтіп, жұрт тарағаннан кейін де Есеней ауылы қонақбасты болып қала берді. Керей-Уақ тойға да келіпті, дау-шарын да ала келіпті. Қолдарына көп түсе бермейтін аға бидің ауылына неше жылғы сүр болған даулар, өтірігі-шынымен енді есейе бастаған жаңа даулар келіп орнап қалды. Әлі жайлауға көше алмай отырған он ауыл Сибанның қайсысында болса да болып жатып алған дау иелері аз емес.

Есеней күн бойы даушылардың ортасында. Өз үйінде де, қыр басында да солардың қоршауында отырады. Дауды созбай шешеді. Екі жақтан екі-екі адамнан сөйлетеді де, кесімін айтады. Көлденеңнен қыстырылып, біреудің аузына сөз салған адамды жазалай отырады: кесімнің төрттен бірін соған төлетеді. Куә дегенге сенбейді, қуып тастайды.

Ұрының куәсі көп, өтірік даудың куәсі көп, зорлықшының куәсі көп. Бұл — оның бұлжытпай ұстайтын дәстүрі. Дау-шар сонда да бір жетіге созылып кетті.

Бұл күндерде Ұлпанның қолы да босай алмады. Қой қырқылып, жылқы күзеліп жатқан кез екен. Әуелі бір кемпір келді:

— Қарағым-ай, төрт жетімек немерем тырдай жалаңаш... тым болмаса бір-екеуіне күпі тігіп беретін жабағы берші.

— Ала қой, шеше... Төртеуіне де жететін етіп ал...

Одан соң екі кемпір келді. Одан соң екі кемпір, бір жастау әйел, одан соң екі кемпір, екі жастау әйел, одан соң үш кемпір, үш жастау әйел, одан соң, одан соң, одан соң... келе берді, көбейе берді, келе берді...

Жабағы сұрайды, қыл сұрайды, сүт сұрайды, ұн сұрайды, киіз сұрайды, шай сұрайды, бөрікке тыстық, көйлекке түйме сұрайды, жайлауға көшетін көлік сұрайды...

Ұлпан ешкімнің қолын бос қайтармай, бере берді. Мырза келін атанғысы келіп берген жоқ, әлденеге іштей наразы, әлденеге іштей намыстанып үлестірді.

Қандай әдемі қыз-келіншектер қайыршыдай жалаңаш, қайыршыдай сұраншақ. Шешелері әдейі ертіп әкелетін балалар өңкей мес қарын, ши борбай, ірің көз... Бұларға өмір тілеу, бақыт тілеу мазақтау сияқты сезіледі.

Таңертеңмен келе бастаған сұраншақ әйелдер мен балалар түс ауа әрең аяқсыды. Ұлпан отауына кіре бере жылап жіберді. Күн бойы әлдене алқымына тіреле беріп еді, ол көздің жасы екен – ағылды-кетті, ағылды-кетті, кете берді, кете берді. Төр алдында жатқан жастыққа құлай кетіп жылап еді, не айтып жылағанын сол жастық қана естіді. Әрбір жастай қартайған әйел, әрбір көзі іріңдеген қыз бала көзі мен көңіліне қайта оралған сайын, өксіп-өксіп жылады.

Тойдан да, даушылардан да, сұраншақтардан да Ұлпан әбден қалжырап қалған еді. Бұл оның бойы үйренбеген, кездесермін деп ойламаған күндері еді. Біресе сұраншақтардың осынша көптігіне ыза болып, Есенейдің бар байлығын таратып бергісі келеді, біресе Керей – Уақтың осынша даукестігіне ыза болып, даушыларды қудырып тастағысы келеді. Ақылды болса да, «ақыл азуы» деп аталатын даналық азуы әлі шықпаған жас әйел көзі үйренбегенге көндіге алмай жүр.

– Ертең келеміз! – деп Шынарға да үш рет кісі жіберіп алды. Қашан баратыны әлі де белгісіз. Аяқ асты бола бастаған соң, шешесін де үйіне қайтарып жіберді. Мұның екеуі де жанына батып жүр. Есеней де үйіне шаршап келіп жығылады. Есенейден жырылып жайлауға көше алмай отырған ел Сибанның күңкілі де әйелдер арқылы күнде құлағына тиіп отырады...

Тойдан кейін тоғыз күн өткен соң, кешке қарай Ұлпан үйден шығып, қыр басында даугерлердің ортасында отырған Есенейге қарай бет алды. Ақырын жүріп келеді. Алтындатқан ақ сәукеле, алтын жіптері барқытқа араластыра тоқылған зерен шапаны күнге шағылысып, жұрт көзіне еріксіз шалынып келеді. Даукестер тобы едәуір азайған екен. Сонда да әлі бір жетіге мол жететін.

Ұлпан жақындай бергенде, Есеней орнынан тұра келді.

– Менің Есенейім, әне, келе жатыр. Мені дүрелеп алсын демесеңдер, осымен тоқтайық. Жайлауға көшетін уақытымыз да өтіп барады... Көрісканше күн жақсы... аман болыңдар! – деді де, Ұлпанға қарай жүре берді. Отырған топ тұра келіп, қол қусырып қош айтысты.

Күле білмейтін адамды күлімдей жүретін ету – үлкен еңбектердің бірі болу керек. Сол бір еңбек Ұлпанның қолынан келіп еді. Есеней оған күлімдей келді:

– Ұрсып келемісің, жаным?

– Шаршадың ғой, жолбарысым-ау... тоқтасаңшы.

– Бітті, Тараттым. Енді барлық тізгінді өз қолыңа ала бер. – Оң қолын Ұлпанның иығына сыртынан құшақтай салып, Есеней үйіне жақындады.

– Ертең Мүсіреп ағайдың үйіне барамыз ба?

– Барамыз.

– Ендеше, үйге кіріп, демал. Шайды отауда ішерміз. Үлкен үйдің өзін шаңтопырақ басып кетті.

Ұлпан Есенейді риза көзімен бір сипап өтті де, сыртта қалды. Жұмысы бар екен. Кенжетайды шақыртып алды. Қонақтарды сезіндіру үшін біраз түйеге жүк арттырып, ауылдан шетірек апарып шөктіріп еді. Кенжетайға соны нұсқады.

– Ана жатқан түйелердің ең арғы шеткісін көремісің. Бұйдасына қызыл байланған атан. Соның жүгін бүгін Шынарға апарып беріп қайтарсың. Тобыл-

дан ала келген базарлығым еді деп айтты де. Өздері ертең келеді дерсің. Басқа еш нәрсе демей-ақ қой.

Жас жігіт Кенжетайдың алғаш көргенде қырындау ойы болғанын сезініп, содан бері одан ылғи бойын аулақ сала сөйлесетін. Бүгін азғана жылы сөйлесті. Кенжетай басын изеді де, кетіп қалды. Ұлпан да үйіне жайраңдай кірді.

– Ертең Мүсіреп ағамның үйіне анық барамыз ғой? Айнып қалмайсың ғой? – деді Есенейге.

–Мен бүгін де кетіп қалар едім...

–Жоқ, мен ертең келеміз деп кісі жіберіп қойдым. Көлге барып суға түсіп кел, жуынып. – «Ханша айтты – болды, хан бұйрығы – өлді».

– Жуынып келмесең, төсекке жатқызбаймын.

– «Бұлдіршін көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді!» деуші ме еді.

– Болды, болды. Жөнел! – Шынымен ойнатса, Ұлпанның көзінің қалай ойнайтынын Есеней бірінші рет көрді...

Жүк артқан түйе жетелеген Кенжетайды көріп, Шынар үйіне кірмей, есік алдында тұрып қалды.

– Тайкенжем-ау, ауылға көшіп келе жатырмысың, бір жаққа көшіп бара жатырмысың? – деді Шынар, қайнысының атын аяғынан басына қарай теріс айтып.

– Ерегіскенде, әкелгенімді қайта алып кетейін бе осы! «Тайкенжем» деген Кенжетай деп атымды атағаның емес пе? – деп Кенжетай шамданған болды.

– Қойған атым бар ғой: «Бауырым» деген жаман ат па?

– Шын бауырың болсам, бетімнен сүй! – Кенжетай ат үстінен еңкейді, Шынар оның бетінен сүйді.

–Жалындырмай-ақ сүйе салсаң болатын еді ғой... Мә, түйені шөктір де, жүгіңді түсіріп ал!

– Жүгіңді? Қайдағы жүгім?

– Айттым ғой саған, «Тобылдан әкелген базарлығым. Ертең барамыз!» деді.

– Басқа не айтты?

– Түк айтпа! – деді. – Айтпаймын!

«Базарлықты» кім жіберіп жатқанын Шынар, әрине, бірден түсінеді. Ұлпандағы! Ертең өздері келетін болған соң, қысылып қала ма дегені ғой. Басқа біреу сондай қамқорлық істесе, Шынар оны маңайына жолатпас еді. Ұлпанның сыйлығына қуанып кетті.

– Апа, бері кел!.. Күйеу балаңның Тобыл базарынан алып, түйемен жіберген дүниелігі жаңа келді... Кел, түсіріп алайық.

Жаниша да жүгіріп келіп еді, оған Шынар сыбырлап қана шынын айтты: «Ұлпан жіберіпті», – деді.

Түйеге артқан жүктің үстінен айқара жаба салған екі оюлы текемет пен шағын-шағын екі түкті кілемді жұлып тастап, әйелдер кілті аузында тұрған екі сандыққа жабылды. Кілем мен киіз арасында көрінген бірнеше көрпе-жастыққа да көздерін салған жоқ. Сандықтар сыңғырлап ашылады екен, оны да естіген жоқ. Сандықтардың ішіне үңілді.

– Құдай-ау, аузы-мұрнынан шығып толып тұр ғой!

– Мынада бір қыздың жасауы бар ма, немене өзі? Шымылдықты қара!..

– Барлығы асыл... қымбат дүниелік!

– Мына сандықтың ішіне қараңдар! Қант, шай... өрік-мейіз, шыны аяқ-шәшке... Қымыз аяқтары... орамал-дастархан... беторамал... толып тұр!

Әйелдер екі сандыққа кезек-кезек жүгіріп, естерінен танып қалды. Кедейлік тақсіретін тартып баққан сорлылар ыржақтап, мағынасыз күледі. Аш адамдардың тамаққа жабылғаны сияқты, бұрын көздері көрмеген дүниелікті бірінің қолынан бірі жұлып алып көреді де, не көргенін ұмытып қалып қайта жабысады. Екі сандықтың ішіндегі бұйымдар үш әйелдің қолдарынан ең кемі үш реттен өтсе де, әлі қанша екенін шамалап, әлдебір асыл бұйымдар, әйтеуір Шынарға арналып келген. Сандықтың түбіне таман бірнеше топ кездемелер жатқанын көріп жүрсе де, әйелдер оған айналмай, тігулі киімдерді айналдыра берді, таңдана берді... тамсана берді... Солай бола тұрса да, бұл байлықтың қорқаулығы емес, кедейліктің жұтынуы еді.

Кексе әйелдерден бұрын Шынар есін жинады.

– Ертең қонақтарымыз келеді, жүгімізді жинап алайық та, жеңеше! – деді. Әйелдер әрең дегенде қымбат дүниелікті көздері қиып, сандықтарға қайта сала бастады...

Ертеңіне түске тармаса Ұлпанымен Есеней, Есенейімен Ұлпан келді... Екі үйлі «түрікпен» қыстауының айналасы құлпырып тұр екен. Қардың суымен тез өсіп кететін көңді жердің бидайығы бас жарып, үлпілдегі шашақтана бастапты. Одан әрі, жарқырап жатқан көлге дейін, қара топырақты жерге шығатын мың түрлі асыл шөптер гүл атып, қызылды-жасылды шұбартып жатыр. Қыр жоңышқасының сарғыш, жасыл көк гүлдері де қою көрінеді. Әр жерге топталып өскен тікендер алтындай жарқыраған сары гүлдерін төгіп тұр. Ауылдың азғана малы көк жазыққа тұяғын да тигізбеген сияқты. Балғын көктем бар ажары мен мырзалығын төге салған қалпында екен. Жазғытұры самал жел ақырын-ақырын ескектеп, көк дүниені тербетіп қояды. Қазақ мұндай жерді көргенде аунап-аунап алғысы келеді.

Ұлпан пәуескеден түсе сала, көзін жұмып, мұрнын дала иісіне тосып, бір-екі рет кеудесін кере демін алды да:

– Жұмақ қой мына жер! Біздің ауылды қара топырақ, шаң басып кетті, – деді. Ешкімге қарамай, ешкімге оғын қадамай айтты. – Ант ұрған-ау, сенің гүл-гүл жайнап жүргенің осыдан екен ғой! – деп, жымия күлімдеп жақындай берген Шынарға осылай амандасты.

– Күндесең, қасыма көшіп кел! Көкке тойындырып жіберейін.

– Көне бер, Ұлпан... жұмақ болса, біраз күн жатып, аунап-аунап кетейік.

– Менің ақ ботам қайда? – деді Ұлпан ойнап тіксінген болып.

– Бой жазып келуге далаға кетті. Келеді қазір.

– Қорадан шығарма, жанға көрсетпе дегенім қайда?

– Күнде айтам, болмайды. Өзі бір ерке неме...

– Тоқтай тұр, сен қатын.

– Тұрмын ғой алдыңда!..

—

— Кәнекей, қысқы үйге кіресіңдер ме, жазғы үйге кіресіңдер ме? Әлде мына көкке аунай кетесіңдер ме, — деді Мүсірепп, шетірек жайылған киіз, кілем, жастықтарды нұсқап.

— Ұлпан-ау, Шақшақ бидің қызын алған соң, мына түрікпеннің құтыруын қара!..

— Мүсірепп ағама бәрі жарасады. Мынау ғой бәрін құлпыртып қойған! — Ұлпан Шынарды құшақтап алды да: — Далаға отырайық, Есеней. Мен Қарлығашымды көргендей қуанып кеттім, — деп күрсініп алды.

— Той болды. Даушылар болды. Сұраншылар болды. Ауыл айналасы у да шу. Ұлпан жеріне жете шаршап еді. Қаптаған жұрттың қоршауында даланы көре алмағандай екен. Жарқырап жатқан Қарағайлы, Құдайқұл деген екі әдемі құмқайраң көлдердің жағасына да бара алмап еді. Енді соның бәрінен құтылып, еркіндік сезінді. Ойын-күлкісі жарасқан, аузыңды бақпай қалжыңдаса беретін адал достарының үйіне кірмей жатып-ақ дүниесі кеңіді де кетті.

— Еркектер, сорайып тұрып алмай, отырсаңдаршы! — Ұлпан өзі далаға жайылған кілемнің үстіне барып отырды.

Есеней де кішігірім қайықтай кебісін тастап, жоғары шықты.

— Әй, қатын, әуелі шайыңды әкел! — деді Ұлпан Шынарға еркек даусына салып жекірген болып. — Неменеңе мәз болып ыржия бересің!..

Шай тұрмандары өзі де келе жатқан. Науша орамал, дастархан көтеріп, Жаниша құман, леген көтеріп жер үйден шыға беріп еді, Ұлпан соны көріп қалып бұйырып отыр. Жаниша әуелі құман, легенін жерге қойып, Есенейге бір тізелеп сәлем етті. Содан кейін құманын оңтайлап, легенін Есенейдің алдына тосты. Қонақтардың қолына су құйды.

Науша үндемей келіп, дастархан жая бастағанда, Есеней Мүсірепке қарап:

— Мына кісі кім? — деп сұрады.

— Құдағиың... Шынардың шешесі.

— Бәсе, сені осынша жарылқап жатқан кім екен деп отырсам, осы кісі екен ғой!

— Осы кісі.

— Отаулары әлі келмепті, — деді Ұлпан. Шынар қысылып, қызарып кетті. «Қайдағы отау?..» Шай келген соң, Ұлпан Шынарға таяна жақын отырып еді, Шынарды тізесімен түртіп қалды. «Тырс етпе!» деген сияқты екен. Шынар жымиды да, үндеген жоқ.

Бауырсақ жайылды, құймақ қойылды. Қант, өрік-мейіз бір табақ көтеріп, ұяла жымиып келеді. Шынар болмай пісіртті, әйтпесе, сый қонаққа берер тамақ емес. Онысы күлге көміп пісіріп, сары майға бұлғаған ыстық нан еді.

Ұлпан оның не екенін иісінен сезіп, табақтың бетін ашты да:

— Өзіме беріңізші, шеше... бұл еркектер жейтін тамақ емес! — деді.

Нанды күлге көміп пісіру — баяғының баяғысынан бері келе жатса да, көшпелі қазақтың аузынан әлі дәмі кетпеген осы. Ұлпан табақты бассалды. Еркекше аузын толтыра жей бастады.

— Ауыз тигізеді екен деп дәметпеңіздер!

— Тым болмаса сарқытыңды қалдыр...

– Жоқ!

Ақ нарды жетелеп Әсіреп келе жатыр. Үкідей ұлпа жүнді ақ бота тайраландап ойнақтаған болады. Аяқтары сабаудай жіңішке. Көздері тостағандай, сұлу-ақ.

Ұлпан көре сала атып тұрды.

– Сен қарама, көзің тиеді! – деп Есенейге бір жалт етіп қалып, Әсірепке қарай тез жөнеліп кетті.

Әсіреп Ұлпанды ұзатып әкелгенде, күйеу-қосшы болып барған. Ұлпан онымен де еркін сөйлесетін.

– Үлкен қайным, малың өрісті болсын!

– Айтқаның келсін, жеңеше.

Екеуі де күліп жіберді. Жасы үлкен кісіні жас келіншек қайным десе, жас келіншекті сақалына бурыл кіре бастаған адам жеңеше десе, күлмеске болар ма? Құдайдың бір еріксіз қисындастырып қойғаны да. Енді бұл жайға бүкіл Сибан болып көз үйрете бермеске шарасы жоқ. Ұлпан – Сибанның ең үлкен әйелі, ел бәйбішесі!

Әсіреп түйені желге қарсы шөктірді де, Есенейге келіп сәлем беріп, шайға отырды.

Ақ бота енді жатқан енесімен ойнай бастады. Енесі түрегеліп тұрғанда оның басы-көзіне бойы жетпейтін. Ойнап келіп соғылғанда да, енесінің серейген аяғынан жылылық та, жұмсақтық та таба алмай, тез шегініп кетуші еді. Енді, міне, қандай рақат, жардай болып жатқан енесінің қабырғасына соғылсаң да, өркешіне соғылсаң да, әрі жылы, әрі жұп-жұмсақ. Құлақтарын тістелеп, көздерін аймалап ойнай бер, ойнай бер!

Ұлпанға Шынар келіп қосылды.

– Күн бойғысы осы... Енесін еміп алады да, ойнай береді. Өзіңе тартыпты. Қазір маған да келіп, менімен де ойнайды, – деді.

Шынардың даусына үйренген жас бота еңкелектей жүгіріп келіп, Шынарға аз-ақ соғылмай өтті. Төрт аяғына әлі ие бола алмайды екен. Соғылса, Шынар да, өзі де жығылатын еді. Шынар қалтасынан бір түйір тұз алып, ботаны шақырды. Қазақ баласын шақырғандай: «Келе ғой, айналайын» деді. Бота құлағын жымитып, қабағын түйіп келіп, Шынардың алақанындағы тұзды еріндерімен сыпырып әкетті. Басын шайқай жүріп, тұзды сорып жүр, жеп жүр.

– Маған да тұз берші, әй!

Алақанында бір түйір тұз, Ұлпан ботаны Шынардың даусына салып шақырды:

– Келе ғой, айналайын, келе ғой!

Бота бір келіп алақанынан тұз алған соң, Ұлпан Шынарды қуып жіберді.

– Сен кет енді, керегің жоқ.

Ақымақ бота бір-екі түйір тұз жеген соң, Ұлпанмен де біржола үйренісіп кетті. Соғып өтетіндей жақындай беріп, күліп жіберетіндей қабағы жазылып кетеді. Аузын ашып, еріндерін жыбырлатып тұз сұрайды. Иығымен сүйкеніп, бақырып қояды. Сірә, аяқтан тістесіп ойнағысы да келеді. Ұлпан да бір олай, бір бұлай кетіп, жас ботамен баладай ойнап жүр.

– Мал баласының мұндай еркесін, мұндай сұлуын көрмеген едім! – деді Ұлпан, шайға қайта оралып келіп. Сәукелесін тастап, жібек шаршыны алқымына түйрей салды да, Есенейдің тізесіне шынтақтады. Шайдан кейін Ұлпан Шынарды ертіп алып, Мүсірептің қысқы-жазғы үйлерін, қора-қопсысын аралап шықты. «Орыс үйінің» қазақ ауылына алғаш келгендегі жұпыны түрін көріп, соған да қуанды. Ең берісі, қыс бойы бала-шаға, кемпір-шал дірдектеп отырмайтын болады ғой!

– Бұлар жер үй салуды қашаннан бері үйренді екен?

– Тіпті атам заманғы ертеден болса керек. Бұлардың арғы аталары жаугершілік заманда қолға түскен бір түрікпен қызына үйленіпті. Өзі батыр кісі екен. Ерте өліпті. Содан қалған жетімді ел «түрікпен» деп кетіпті. Сол балаға аты Сибанның шетінен осы жерді беріпті. Киіз үй көтеріп алу оңай ма, әуелі жер жапада отырып, одан кейін жер үй салып алыпты. Соның сілемі ғой үзілмей келе жатқан, – деді Шынар.

Әсіреп пен Мүсірептің қысқы үйлері қарама-қарсы, бірінің үйін бірі терезеден көріп отыратын етіп салыныпты. Шошала, қоралары да сондай. Шөп шабады екен. Азғана малы қыс бойы қолда. Шарбақ ішінде құдықтары бар.

Қонақ келетін болған соң, жер үйді тағы бір сылап, иісі бұрқыраған көк шөп төсеп тастапты. Қазандық, пеш. Кәдуілгі «орыс үйі». Есік, терезе, құрулы шымылдық, жер төсек – бәрі әп-әдемі. Ұлпанға жаңалық ретінде қатты ұнады.

– Кешке екеуіміз осында жатайық, – деді Ұлпан.

– «Біреудің қаңсығы біреуге таңсық деген-ау», – деді Шынар.

– Адыра қал!

Қоңыр төбел киіз үйде Ұлпанның кеше ғана жіберген дүниелігі жинаулы еді. Шынар Ұлпанға:

– Әй, сен осынша жасауды... – дей беріп еді, Ұлпан оны ауызға қағып-қағып қалды. Сөзін аяқтатқан жоқ.

– Тісіңнен шықпасын! Төркініңнен ала келген өз жасауың! Кейін келетін отауың да бар! – деді. – Сен немене, бұл елге қаңғырып келіп пе еңі? Мүсіреп ағаймен көңілің жарасқан соң кете барғасың! Аш-арық болып өлейін деп жүргенде, Мүсіреп аяушылық етіп алып пе еді сені? Жоқ, тіпті олай емес. Мен де сені қара тырнағыңа дейін білем. Мүсіреп ағай Тобылда талай рет сені жыр қылып айтқаны бар.. «Сен азғана биязырақ болсаң, кейде көз-қабағың түйіліп кетпесе, оның үстіне, азғана қыпша белдірек болсаң, бетіңде кішкене ғана «бармақ баттың» болса, Шынарға біраз жақындап қалар едің» деген маған. Әсіреп қайнағаң сені одан да асыра мақтады. Осы екі үй сені жаны-құты қалмай жақсы көреді екен. Миың бар ма өзіңнің? Түсіндің бе?

Шынар көп нәрселерді енді аңғарды. Аш-арықтың қызымын деп кейде ығысып қалатыны болушы еді. Оны табан аузында ұмытқандай болып:

– Сенің ақылыңның бір түйірін Құдай маған неге бермеді екен! – деп Ұлпанның мойнынан еркелей құшақтап, бетін кеудесіне басты. Көзінен жасы ағытылып кетті.

– Құдайға айтатын сенің де өкпең бар ма, әй?

Үзіле жақсы көруді Ұлпан өзі де терең сезінеді. Бірақ онысын сыртқа шығаруға келгенде тартынып қалады. Өзін ондайға орашолақ көріп тартынады. Амалы не, бұл жолы да тартынып қалды да, Шынарды арқаға қағып:

– Қоя ғой, бөпем, қой, бөпем!.. Әлди, әлди, әлди-ай! – деп ойынға айналдырып жіберді. Шынар да күліп жіберді.

Түскі тамақтан кейін Ұлпан мен Шынар шомылып қайтуға көлге кетті. Нарды жетелеп алыпты. Жас бота жүгіруге құмартып, көрінген қарғаны қуалап келеді. Келіншектерге келіп тұз сұрайды, «буһ-буһ» – мойнын созып, қыңқылдап сұрайды. Ботаның үні де, қыңқылы да аққу балапанының үніндей жан-жүрегіңе тиеді.

Ол кезде аты қазақ суға жалаңаш түсетін. Бірі ақ денелі, бірі торғылт денелі екі келіншек табандары жарқ-жарқ етіп көлге жүгіріп барып күмп берді. Бірақ қолтықтарын жарқылдатып, құлаштап жүзіп алды.

– Мен, әй, өзіміздің ауылдан шыққалы шомыла алғаным жоқ.

– Үйде ше?

– Үйдегіні қойшы, Тәңірі! Ырым ба, шариғат па, бірдеме ғой.

Жалаңаш жас денелер суда сылаңдасып, жазылып, жадырасып кетті.

– Сен, әй, шын бақытты екенсің, Шынар, – деді Ұлпан, кеудесінен төмен келетін суға аяқтап тұра қалып.–Маңдайыма қалай сыяр екен деп, кейде өзім де қорқам.

– Сенің маңдайыңа сыймаған бақыт адыра қалсын да!

– Ұлпан, сен менің туған апам емеспісің осы?

– Өй, көзіңнен айналайын... жоқ, сен менің егізімнің сыңарысың! Тек сен жібек болып туыпсың да, мен кендір болып туыппын.

– Қойшы, жоқты айтпай.

– Көрерсің әлі...

Ұлпан құлаштай сермеп тағы жүзіп кетті. Шынар оның қолдан құйғандай мүсінді денесіне қызыға қарап азғана кідіріп қалды да, ол да жүзіп кетті. Ұлпан қатты жүзеді екен, жеткізбеді. Кеудесі кейде көрініп, кейде көрінбей, ырғи жүзіп барады. Жүзгені де өзінің мінезі сияқты батыл екен деп ойлады Шынар. Тарқатылған шашы арқасын жауып кетіпті. Ұлпан көлдің ортасына қарай жүзіп барып қайтты. Шынар жағадан ұзамай, сумен еркелесіп жай жүзіп жүр еді.

– Мен суға батып кетсем ғой, сен шығара алмайсың? – деді Ұлпан.

– Жоқты айтатының не сенің?

– Сен батып кетсең, мен сирағыңнан сүйреп шығарып алар едім.

– Батпай-ақ қояйықшы, Ұлпан. Жүрегім дір ете түсті ғой.

Енді екеуі қатар жүзіп, жағаға жақын өскен көкше құрақтың көлеңкесіне барып отырды. Құрақ түбі құм-қайраң, тайыз екен, аяқтарын созып жіберді. Су болған шаштарын желкелеріне түйіп алып жатыр.

– Менің шашым, адыра қалғыр, айғырдың ту құйрығындай қалың, жуғанда болмаса, құрғақ күйінде тарай алмаймын, – деді Ұлпан.

– Мен тарай берем: қатты да емес, қалың да емес.

– Саған Құдай шашты да дұрыстап берген ғой. Тобыл қаласында күнде моншаға түсіп, күнде тарап алушы едім. Елге қайтқаннан бері, шомылғанда бол-

маса, тараудан да қалдым. Бір татар кемпірі: «Шашты өлі сумен жуарға болми, біт киліп шыға» деп еді, Құдай сақтап жүр әзір...

— Әй, монша дегені немене осы? Ағекем монша салайық деп күнде айтып қояды. Мүсіреп ұмытып кете береді.

— Екеуі де қалада жүкші болған адамдар болса, моншаны неге білмесін! Әсіреп қайын ағӑң енді бір аузына алса-ақ, Мүсіреп ағаның құлағынан басып көндірер. Көзің ашылады. Қысты күні мен де келіп түсіп кетіп тұрар едім.

— Монша дегенді мен қайдан білейін... күйген кірпіш керек, тас керек, үлкен-үлкен бөшке керек деп Мүсіреп ағӑң күзге қарай сырғытып қойды білем.

— Әй, сен соңынан қалма! Не керегін маған айтсыншы, екі күнде тапқызып берейін...

— Жоқ, мен Мүсіреп ағаңның өзін жегіп көргім келеді.

— Қайран, жегінге түскен Мүсіреп ағам-ай!..

Екеуі Мүсірептің арбаға жегіліп жүргенін көргендей мәз-мейрам күлісіп алды.

— Әй, мен ботамды қалай әкетем? Арбаға сыймайды, жетелеуге де болмайды. Қалай да тастап кеткім келмейді, — деді Ұлпан.

— Енесімен әкетесің.

— Енесімен?

— Енесімен әкетпегенде, өзің еміземісің?

— Кетші әрі...

— Кететіні жоқ. Енесімен әкетесің. Біз әлдеқашан солай ұйғарып қойғамыз.

— Әй, онда тіпті қызық болады екен... Ұлпан алғаш қонаққа барған жерінен боталы нар жетелеп қайтыпты! — деп жұрт дүңк ете түседі ғой! Сен қатын, білмейтінің жоқ осы! — деп абайсыз отырған Шынарды кеудесінен итеріп қалып, суға шалқасынан құлатты. Шынар аяқ-қолы ербелендӗп тұра келді де, Ұлпанның ту сыртынан келіп жабысып, оны да шалқасынан түсіріп, суға малып-малып алды. Екеуі тұра салып, бірін бірі қуып, су шашып, сұйық құм шашып, кезек-кезек құлап, баладай ойнап кетті. Үсті-бастары батпақ. Ішектері қатып, езу жия алмай сықылықтап, шиқылдап, ықылық атып күледі. Бұларының не екенін өздері де білмей, ойнай берді, күле берді.

Бұл балалық шақтарында ойналмай қалған ойындары еді. Балалық шақтарында күлінбей қалған күлкілері еді. Қазір сол ойналмай қалған бала шақтың ойыны мен күлкісі бір сәтте жарқ етіп жарып шығып, бір-ақ бұрқ етті. Бойда қала берген қайғы-шердей жинала берген кектей, ойналмай қалған ойын-күлкі де, сәті келіп қалса, жарылып шықпай қоймайды екен.

Еркек-шора болып өскен Ұлпан еркек балаша ойнап өсті. Қыз табиғатын, қыз ойын-күлкісін бұзып та алды. Шынар болса, жасынан ескі-құсқы киіп, тең құрбыларынан қорынып, қорғалақтай өсті. Екеуінің де балалық шағынан бойда қала берген ойын-күлкілерінің бір жарқ еткен күні осы еді.

Екі жас келіншек тағы да біраз су шашып, батпақ лақтырысып, көк құрақпен сабаласып, үсті-бастары сатпақ-сатпақ болғанша ойнады. Әрең тоқтады.

— Мұндай қызық болмас.

— Менің ішегім үзіліп кете жаздады.

– Қояйық енді. Жетер.

Екеуі тағы да біраз құлаштай сермеп жүзіп алды да, жағаға қарай беттеді. Ою-қиюы, иіліс-бүгілісі Құдай-шебердің қолынан дұрыс шыққаны сұлу денелер еңкейе берген күн көзіне әдейі тосылғандай түгел жасырынбай келеді. Бірі ат үстінде, бірі өмір бойы жаяу жүріп шыныққан. Бір мысқал арам еті жоқ жас денелер бүгін бір сәтке еркіндік алып, көркемдік әнін салып келе жатқандай еді.

Екі келіншек киініп болған соң, ойнақы бота екеуін қайта айналдыра бастады. Бота болыңдар, ойнайық дейтін сияқты. Сендер қашыңдар, мен қуайын дейтін сияқты. Әйтпесе, тұз беріңдер – «буһ» дейді. «Буһ» деген түйе тілінде тұз деген сөз екенін біздің тіл ғалымдары оңай-ақ дәлелдеп берер еді. Әттең, ол кезде ондай ғалымдар болмаған соң, Ұлпан мен Шынар оған түсіне де алмады. Тұзды ботаға түсінбей-ақ бере берді.

Ауылға жақындай келе, Ұлпан құрылып жатқан алтыбақанды көрді. Екі жігіт бақандарын байластырып болып, енді арқандарын тағып жатыр екен.

– Бұларың кім? Бұл ауылда жігіттерің бар ма еді? – деп сұрады Ұлпан.

– Төрттен астам ауылының жігіттері ғой алтыбақан құрып жатқан. Кешке алтыбақан тебеміз.

– Төрттен астам?

– Төрттен астам дегенге де түсінбеймісің.

– Түсінсем, сұрар ма едім.

– Төрт дегенді білесің ғой. Соған тағы бірді қосшы.

– Қостым.

– Нешеу болды?

– Бесеу болад та.

– Бесбай ауылы дегенді «Төрттен астам» ауылы демегенде, қалай айтамыз? Сен де солай атайтын боласың.

– Жоқ, мен олай атамайтын болармын. Менің Есеней екенімді білемісің?

– Білемін... Би ағамыз сені солай атап кетіпті ғой.

– Білсең, мен әр ауылды өзінің атымен атайтын боламын. Бесбай ауылы дермін. Сенің ауылыңның «Екі үй түрікпен» деген атын да жойдырармын. Аталарыңның аты кім еді.?

– Жұрт дегенді тағы да бір түрлі етіп айтып көрші.

– Ел ме?

– Иә, ие, ел... енді соған күйеуің бір жақтан келгенде не деп амандасатыныңды қосшы... – Ат-көлік аман келдің бе дейтін шығар.

– Енді соның ат-көлік дегенін таста да, аман дегенін қос.

– Ел аман, Ел аман ба?

– Иә, ие, сол.

– Тәңірі алғыр-ау, Бесбайыңды да, Еламанды да өзің атап қойдың ғой!

– Сөйттім бе, әй? Аузыңнан шығара көрмеші, апатай.

– Шығарғанда қандай! Айдай әлемге таратам. Бесбай дедің бе, Еламан дедің бе?

– Сен ғой еріксіз айтқызған.

– Сен де жұрттың бәрін өз атымен атайтын болсаң.

– Сен! Әуелі Есенейден бастап атайсың.

– Айтпаймын.

– Айтасың. Есенейдің көзінше айтасың. Өлсем де айтпаймын.

– Көрерміз...

Манағы далада шай жасалып жатыр екен. Шынар келіп, самаурын қасына отырды. Ұлпан оған таяна кетті.

– Өлердей шаршап, суға түсіп қайттық, – деді Есенейге еркелей қарап.

– Көріп отырмын, – деді Есеней.

– Шынаржан, шайыңды тезірек құйшы!

Шай құйылып, Есенейден бастап беріліп жатыр. Кезегі келгенде Шынар қасында отырған Ұлпанға шай ұсынып еді, ол алмады.

– Ұлпан, шайыңды алшы...

Ұлпан алған да жоқ, бұрылған да жоқ.

– Ұлпан деймін, шайыңды алшы.

– Немене, Ұлпан, Ұлпан деп! Менің атым жоқ па? – деді Ұлпан Шынарға қабағын түйілдіре қарап.

Шынар бозарып кетті. Ұлпанның жаңа ғана айтып келе жатқаны есіне түсе қалды. Енді қайттім? Шәшке қолында... Ұлпан алар еме. Қабағы түюлі, екі көзі тесіп барады. Дастархан айналасында отырғандар да түгел бұған қарай қалыпты.

Шынар қолындағы шәшкені жерге қоя салды да, тұра келіп, Есенейге бір тізерлеп сәлем етті... Содан кейін орнына отырды да, Ұлпанға шәшкені қайта ұсынды.

– Есеней, шайыңды алшы! – деді. Бет-аузы күйіп бара жатса да сасқалақтаған жоқ.

Ұлпан Шынарды көзімен еркелетіп күліп жіберді. Есеней қарқылдап күлді.

– Ой, айналайын Шынаржан, еркек екенсің. Ұлпанды бір адамға Есеней деп айтқыза алмай қойып едім. Бүкіл Керей-Уаққа жол салып бердің, айналайын. Торқалы тоғыз орамалың мойнымда! – деді.

– Қап, Есенейдің бар дүниелігін шаштырып алғанымды қарашы! Олжалас, әй! – деп Ұлпан да ақжарқын күліп жіберді.

– Бір сабақ жібін көзіңе көрсетсем не дейсіз?

Самауыр, Шынар, Ұлпан, Есеней, Әсіреп, Мүсіреп, Науша, Жаниша, Кенжетай – дастарқанды айнала отырған. Бәрі де ақжарқын жүзбен күлісіп алды. Шай енді сорапталды, сорапталды келіп...

Кешке Ұлпан мен Шынар алтыбақанға кетті. Еркектер даладағы орнынан қозғалған жоқ. Алыстап кейін қалған ойын-сауықты сол алыстан тыңдады.

Кәукер, Бикен деген екі әнші қыз сұңқылдатып ән салды. Алтыбақанда шыққан дауыс бір көтеріліп, бір төмендеп түйіле төнеді. Әуелі орағытып, қиыстырып, екі жеңгесіне құттықтау айтты: «Еліміздің биігіне қолдарың жетті. Қашанда сол биікте көретін болайық. Қой сауған, бие сауған салпы етек өзіміздің елде де аз емес. Тек оларға да көз қырын сала жүріңдер... Сендердің табандарыңа кірген шөгір біздің маңдайымызға кірсін. Бірге қуанайық, бірге күліп-ойнайық...».

Олардан кейін екі келіншек қосылып ән салды:

Қой кетті...
Жалаң қабат шапаннан жаңбыр өтті,
Жаурадым, қалқажан.
Ата-енем...
Алғаным... бәрі де үйде ұйықтап жатыр, қалқажан!
Сен де мендей боласың ғой бір күні,
Сен аяшы, қалқажан!

Шынар солқылдап жылап жіберді. Көз алдына жаурап келе жатқан сорлы келіншек келе қалып еді. Аяп кетті.

– Сен неге жылайсың? Сенің де арманың бар ма? – деп Кәукер мен Бикен жас жеңгелеріне қадала қарасып сұрап еді, Шынар оларға:

– Мен сондай жылауықпын, – деді.

– Өлең ғой, әшейін...

– Қайдан әшейін болсын! – деді Ұлпан.

Төрт жолды өлеңнің бірінші жолы шолақ басталып, соңғы үш жолы түгел буындас келетін бір түрі ертерек туса керек. Кәукер мен Бикен Ұлпан мен Шынарға осындай өлең ұнайтын болар деп, Біржанның бір әніне салды:

Көлбай, Жанбай,
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай...
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ,
Сол себептен барамын сұрай алмай, сұрай алмай, и-и, ей!..

Ләйлім шырақ!
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ...

Ұлпан мен Шынар да бір-екі рет алтыбақан теуіп түсті. Екеуі екі жақта жайлаған, біріне-бірі жат елдің қыздары, қосылып салатын әндері жоқ екен. Ұлпанның тіпті даусы жоқ болып шықты. Кәукер мен Бикенге еріп Шынар азырақ ән салған болды.

– Шынаржан, ас пісті, – деп шешесі келді.

Ұлпан Шынарға қарады. Жаңа келген елінің жастарымен қалай қоштасарын білмей тұрған сияқты екен. Шынар қыз-келіншектер мен жігіттерге:

– Сіздер де жүріңіздер. Ас ішіп қайтарсыздар, – деді.

– Есекеңнің үстіне барамыз ба?

– Жүріңдер! – деді де, Ұлпан Кәукер мен Бикенді қолтықтап алып, басқалар соңында. Есеней отырған жерге алып келді.

– Есеней, сен тыңдадың ба? Екі әнші қызың мынау екеуі.

– Ой, көп жасаңдар, қарақтарым... мен тіпті өзіміздің елден ән естіп көрмеген екемін. Бар екен ғой әнші балалар...

Есеней шынын айтып отыр. Өз елінде әнші, өнерші бар екен деп ойламайтын еді. Қоңсы-қоландары қырық ру. Шетке шықса, Керей – Уақтың шұбартөс шонжарларын ертіп алады. Жалғыз Мүсіреп болмаса, өз ауылдарынан ешкімді

ерте де бермейтін. Мына түрікпен елге осындайымен де жұғымды екен-ау деп күндеп бір қалды да, ол ойынан тез қайтты. Бұрынғыдай емес, өзінің жұмсарғанына риза болғандай еді.

Шеттей отырса да, Есенеймен табақтас болғанына тасып-төгіле қуанып жастар кетті.

– Біз жер үйге жатамыз, – деп Ұлпан мен Шынар бірге кетті.

Еркектер сол далаға қонып шықты. Өмірінде далаға қонып көрмеген Есеней таңертең тұрып жатып:

– Осы қатындар бізден ақылды болып шығып жүрмесін... Құр аттай болып қалыппын! – деді Мүсірепке.

– Жегеніңтайдың еті болса, түн бойы даланың жұпарын иіскеп шықсаң... – деп Мүсіреп мақтана бастап еді, Есеней:

– Қойсайшы-әй, мен де соны айтып отырмын ғой, – деді. – Ұлпан байғұс бір жасап қалған шығар.

Ұлпан далада отырған еркектердің қасына келді. Еркелей қарап, жайраңдай келді. Тыныгып, ажарланып кетіпті.

– Есенжан! – деді Ұлпан Есенейдің тізесіне шынтақтай отыра кетіп. Шынтақтай кетуді Ұлпан әдетіне айналдырып алып еді. – Есенжан, осындай бір қысқы үйді біз де салдырып алайықшы.

– Салдырсаң, салдыр, күнім. Мен оның есік-терезесін қай жерінен шығаратынын да білмеймін. Әйтеуір, мен де сыятын етіп салдыр!

– Сен үшін салдырмаймын ба, қара бурам-ау!

– Онда маған қарама, бұрқырата бер!

Есенейдің аттары жегіліп қалды. Әсіреп ақ нарды жетелеп апарып – ырымы сол – Есенейдің пәукескесіне тіркеп жатыр.

– Ау, сен ботаңа қоса нарын да әкетіп барасың ба? – деді Есеней.

– Нарымен алмасақ, ботаны қалай асыраймыз? – Кеше Шынардың «өзің емізесің бе» деген қалжыңы есіне түсіп, Ұлпан күліп жіберді.

– Онда шаптың ғой түрікпенді!

– Мүсіреп ағай өзі айтқан, бай болғым келмейді деген.

– Е, болмаса, болмай-ақ қойсын... Әсірепті ұмытып кетіп жүрме...

– Араласпай отыр! Кешеден бері сен екеуміздің көргеніміздің есесін бәрібір қайтара алмаймыз.

Дәл аттанарда кешегі «орамал» дегенін Есеней тағы есіне алды.

– Шынар шырағым, орамалың мойнымда дедім ғой кеше. Қалауың болса, өзің айтшы, – деді.

– Жоқ, би аға... атыңызды атап қойып, өзім айыпты болып қалдым ғой. Сонымды қалай жуар екемін деп қысылып жүрмін...

– Жоқ, жоқ, шырағым, атымды атағаның Ұлпан екеуімізге үлкен қуаныш болды. Алмаймын дегенімді азсынғаның деп кетемін...

– Еркектер осындайға араласқанда тұк орайын таба алмайды. Есеней болған мен емес пе! Өзім алғызамын. Алады! – деді Ұлпан. – Көші-қон бар ғой, жүрейік енді. Тойдан ештеңе қалып па еді, арбаға сала салыңызшы, Науша апай...

Есеней ұялып қалған болды. Ұлпан Шынарды оңашалап әкетіп:

— Әй, сен өзіңе не керек екенін білесің бе? Ақ отау керек. Сол отау жайлауда тігулі тұрар. Кешеден бері отау-отау деп қыстырып қалып жүргенім сол да. Мына үйіңді жайлауға апарма, қайын ағаңа бер. Болды, болды, ашпа аузыңды!..

Пәуеске қозғалып кетті. Ботасын ерткен ақ нарды жетелеп, Әсіреп те кетіп барады. Ауыл иелері ақ ботаның артынан ұзақ қарап қалды...

6

Ұлпан өз ауылына жақындағанша Есенейге баладай еркелеп, қалжыңдасып келе жатты. Пәуескенің ішінде де шынтақтай отырып келеді.

— Есенейжан, сен көлге шомылғанда жүземісің?

— Оны неге сұрадың?

— Су сені көтере ала ма дегенім ғой.

— Жоқ, мен қолым жеткен жерге ғана жүземін...

— Жүзіп үйренгің келе ме?

— Оның маған керегі не? Жалғыз «Қайраңкөлден» басқа көлдердің бәрінен де аяқтап өте берем.

Бұрын ойын-қалжыңға шорқақ Есеней, осы күні Ұлпанның ыңғайына қарай, Ұлпанды күлдіргісі келіп, қалжыңдаса алатын болды. Бұрын бар ойы малында, ерсілі-қарсылы соғатын дау-жанжалда болса, енді оның бар ойы Ұлпанда. Ұлпанның қас-қабағында болады.

Ауылға жақындай келе, сол қас-қабақ бұзылып кетті. Ұлпан шынтақтауды қойып, түзеліп отырды. Қараша ауылды көрді.

— Есеней-ау, мына қараша ауылды сен неғып көрмей жүрсің? Өзіңе ұят қой! — деді.

— Көрмей жүргенім рас. Жеті жылдан бері мен елге анда-санда бір соғып, басқа елдерде, мал ішінде болатынмын. Қысы-жазы солай. Менің ауылым биыл сенің ауылыңда қалған жылқышы қосы еді ғой... Мені өз ауылыма ертіп әкелген де сен!

Ұлпанның жүзі жылыған жоқ, азырақ қана даусы жұмсарды.

— Осы қырық үй малшы-жалшыларының қырық жылдан бергі жалақылары сенің мойнында кете беріпті... обал ғой, — деді.

— Айналайын Ұлпанжан, соны маған ендігәрі айтпайтындай болып, өзің тындыршы. Екеуімізге екі айғырдың үйірі жылқы қалдырсаң болды. Менің ендігі байлығым жалғыз сен! Асырарсың бірдеме қылып...

Ұлпан Есенейдің тізесіне қайта шынтақтады.

— Еркексің ғой сен, еркексің, Есенейжан! — Енді шалқалап келіп бар денесін Есенейдің тізелеріне көлденең салды. Есеней сол қолымен Ұлпанның сәукелесін демей беріп, төсінен иіскейін деп еді, иіле алмады.

— Есеней, — деді Ұлпан Есенейдің көзіне тура қарап, — Есеней, «Қаршығалыдағы» бір қос жылқы менікі ғой. Сен бергенсің, мен алғамын. Енді өзіңе қайырып берем. Тек, әке-шешемнің көзі тіріде сол жақта бағылатын болсын. Оларға да мал керегі жоқ. Азғана малын қоса бақтырып отырсаң болады. Соның есесінен мына қараша ауылдың аласыларын түгел төлегім келеді.

— Тындырсаң болды. Малды мен бағайын, жұмсауын сен жұмса. Мен малды өсіруден басқа қызығын білген емеспін.

Бұлар ауылға жетіп арбадан түскенде, Ұлпан отауының алдында жиырма шақты әйелдер отыр екен. Ұлпан соларға қарай бұрылды. Кешеден бері тыныққаны бірден жойылып кетті. Әйелдердің: «Мырза келін-ай, таң атқалы күтіп отырмыз» деп амандасқандарының өзінде сұрана келгендері көрініп тұр еді.

— Есен-саусыздар ма? — деп әйелдерге жалпы бір амандасты да, Ұлпан арқасын киіз үйге сүйей отыра кетті.

Әйелдер өздерінің жай-күйлерін сұрастыруды күткен жоқ. Біріне-бірі қосарлана, жамырай сөйлеп кетті:

—Шалымызбен екеуіміз он екі бие сауамыз. Он екі биені күніне бес рет сауғанда нешеу болады, отыз бола ма?

—Екі балам осы үйдің қойын бағып жүргелі алтыдан астам жыл... тым болмаса бір қозылы қой алып көрдік пе екен?

— Біздің үйдің жайын айтып керегі жоқ. Үй-ішімізбен осы үйдің есігінде жүргелі неше жыл болғанын атам байғұс айтып отырушы еді. Мен көк ми ұмытып та қалдым.

— Ұлпанның қабағы ашылып, жүзі жадырап кетті. Бұл жолы әйелдер жай сұрана келмей, аласыларын сұрап отыр. Кәдуілгідей өлшеуге келетін орынды сұраулар. Сұрану емес, сұрау да емес, ең берісі, ақысыз-пұлсыз кете берген еңбегімізге бірдеме төлейтін уақыттарың болды ғой, — деп отыр.

Бір кезде әртүрлі себептермен бай Есенейді, би Есенейді паналап келіп, аяғында оның малшысы, сауыншысы болып қазанына қарап қалғанын қарашы деген ол бір өткен заманның сарқыншағы еді. Ұлпанға ол түсініксіз нәрсе. Құлдық емес, емес те емес. Бай адамның айналасы осынша кедей, көзінен сорасы аққан сорлы бола ма екен? Өзгесін былай қойғанда, Есенейдің ауылы дейтін санатқа қосылатын қырық үйлі қарашаның қайыршыға айналып бара жатқанына ұялу да керек емес пе! Осыдан екі-үш күн бұрын қойдың жүн-жұрқасын, жылқының қыл-қыбырын қолды-қолға таратып бергенде, Ұлпан осыған намыстанып, осыған ызаланып еді. Бүгін соның түп-тамырына көзі жеткендей қуанды. Әйелдер шуласа сөйлеп бір кідірген кезінде, Ұлпан оларға күлімдей қарап:

— Апайлар-ау, Есенейде қайсыңның қашаннан бергі аласыларың барын мен қалай есептеп шығарайын. Әйтеуір, бәріңнің де аласыларың барына көзім жетіп отыр. Есеней өзі сол аласыларыңды түгел бер деді.

— О, мың жасасын!

— Балалы-шағалы болсын!..

— Есеней үй басына бір құлынды бие, үй басына екі қозылы қой берерсің деді. Бұдан былай қойшы жазды күні жүз қойдан бір қой алып бағады, қысты күні екі қой алады... Жылқышы екі жүз жылқыдан бір жылқы алады. Тағысын тағы көре жатармыз. Бүгін кешке қойларыңды алыңдар. Ертең жылқыларыңды алыңдар. Жайлауға көшуге бір-бір түйе берілер, — деді де, Ұлпан орнынан тұрып, отауына кірді.

— Мырза келін-ай, сен келдің де көзіміз ашылды ғой!

– Ұл тап, қарағым! Қоймен бірге қозыла!..

Ертеңіне екі құлынды бие алып, Тілеміс аттанғалы жатыр еді, Есеней қайта шақыртыпты. – Тілеміс шырағым, біз саған бір масыл болып алдық қой, – деді Есеней әлгінде ғана қоштасып кеткен Тілеміске. – Мына қатын қысқы үй салып бер деп жағамнан алып жүр. Бұл жағынан не білетін едің?

– Үй салатын орыстар бар ғой. Табылар.

– Табылса болды. Күзге дейін бітіртсең, жақсы болар еді.

– Ағаш үй, – деді Ұлпан. – Анау күні Тобыл қаласында көрдік қой, сондай жақсы үй болсын.

– Орны қай жер?

– Оны әлі белгілегеніміз жоқ.

– Онда мен үй салатындарың бір-екеуін жайлауға алып келейін. Олар орнын көрмей, неше бөлме болатынын білмей тұрып, еш нәрсе айта алмайды.

– Дұрысы осы болар.

Көшті жайлауға жөнелтіп жіберді де, Есеней мен Ұлпан қыстау салатын жер көруге жүріп кетті. Екеуі де салт. Қастарында Есенейдің жер қорушысы – бұқа мойын, қисық жауырын, сол қолына іліп алған сойылын тастамайтын Шондығұл бар. Үш ат жеккен пәуескемен Кенжетай көшкен ауылдың жұртында тосып қалды.

Күн жаңа ғана көтеріліп келеді. Жазғытұрғы кеңпейіл дүние шыққа малынып, маужырап тұр. Бармақ басындай қарала аралар үлбіреген гүлдердің төсіне қонып, солқылдата сорып бал жинап жүр. Ат тұяғының жапырып кеткен балғын көк шөптеріне жаның ашығандай.

Жал-жал болып біткен қалың орманды, қара топырақты құйқалы жер. Көлдер де көп. Көл бетінде шомылып болып айнаға қаранып, сыланып отырған аққау-қаз су бетіне түскен сәулелерімен сұлулық салыстырып, сырласып отырғандай. Жайылымынан қайтқан мыңдаған үйректер суылдап келіп көлге қонады. Қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр сырласады да, қайта ұшады. Оттады – тойды, су ішті – қанды, енді қамысты, томарлы көлдердегі ұялары еске түсті. Түп жақтарын түйістіре, төске келетін етіп салған жұмыртқалары еске түсті. Қайта ұшып кетті. Ана бір қалың қамыстарды, томарлы көлдерді сүзе ұшып жүретін албасты қаралар бар ғой, солардың өзі нағыз арамы доңыздар. Сақалды бастарымен бозторғайдың жұмыртқасын да шағып жейді...

Күн түске тармасып қалып еді. Ауыр денелі Шондығұл ауыр жортатын қара атымен кейіндеп келе жатқан. Ұлпан атының басын тартып, Есенейге бұрылды:

– Есеней-ау, осынша жерің бос жатқанда, он ауыл Сибанның бір-ақ жалдың бойында сығылысып отырған несі?

– Оны қайдан білдің?

– Осы өрлеп келе жатқанымыз «Кәрі қыстау» демедің бе? Төрт-бес ауылдың қыстап шыққан жерін де көрсеттің... Ағаштың жылқы мойны жетер жеріне дейін бір бұтақ қалмапты, мал жеп қойыпты. Ағаш түптеріне бір тал шөп шықпаған. Киіз үйлердің орны дөңгеленіп, қара тақыр күйінде жатыр...

– Қазақ жерін қорып ұстай біле ме? – деді Есеней.

— Қалай қориды? — деді Ұлпан жұлып алғандай. Ашуланып кетті ме, немене, көзі де жалт етіп қалды. — Қыс бойы қозғалмастай етіп бір жерге қамап қойған соң... отырған жерін кеміре береді де...

Есеней де, Ұлпан да бұдан кейін үндеспей қалды. Шондығұл да жетті.

— Есеке, қыстау салатын жер әлгі қалған суат көлдің жоны, — деді Шондығұл қамшысымен кейін қалған жақты нұсқап. — Сол жон...—Кейін ораламыз ба?

— Өзің біл.

Азғана қатарласып жүргеннен кейін, Ұлпан оң қолын Есенейдің тізесіне салды. Шымшып алайын деп еді, сірідей санға қолы батпады. Қол жылуы сіріге өтпей қалған жоқ.

— Өкпелеп қалдың ба?

— Кешке дейін өкпелейін деп едім... Сен еркіме қоясың ба? — Осымен екеуінің өкпелескендері де бітті. Әйел ашуланса — жеңіледі, еркелесе — жеңеді емес пе, Есеней жеңілді де қалды.

«Суат көлдің жоны» деген қалың орманның жотасына шыққан соң, Есеней ат басын тежеп:

— Сенің ұнатқаның болсын. Анықтап байқап ал! — деді Ұлпанға.

Ұлпан суат көлдің өкпе тұсына жақындап келгенде тоқтап:

— Мен осы жерге қызығып тұрмын, — деді.

Қайың мен терек аралас өскен қалың орманның ортасында ашық қалған кең арал — алаң екен.

— Қырық үйлі қарашаң азғана әрірек орналасар. Бізге осы арал жетеді.

— Мен бұл аралға мана қызығып кеткемін. Тек, сен барлық жерді көрсін деп, үндемеп едім.

— Ал қойдың ба қолыңды?

— Қолымды қойдым, мөрімді бастым. Шондығұл, ұмытып қалма, біздің қыстау осы жерге салынады.

— Енді басқа ауылдарыңды қалай орналастыратыныңды айт!

— Осы жонмен қатар-қатар, бір беткей созылып жатқан үш жотаны көрдік қой әлгінде?.. Үшеуі үш ауылға қыстау бола алады. Аралары шақырымға толмайды. Өзің бөліп бере бер.

Суат көлге таяу екінші жал ағаш шағындау екен.

—Сәдір бізге күнде керек адам ғой. Ағайындарымен осында қыстаса қайтер еді? — деді Ұлпан.

— Қойдым қолымды.

Келесі жал ағаш қалың да ұзындау келген, шығыс жақ етегінде суала бастаған көлі бар «Елтін жал» деп атанған еді.

— Бұған Еламанға қараған ауыл қыстасын, — деді Ұлпан.

—Түрікпенді айтамысың?

— Түрікпен дегеніңді қойшы осы, Есеней... Сибанда Әсіреп — Мүсірептен артық Сибан көргенім жоқ, — деді Ұлпан.

— Қойдым, айтпайын... Бірақ «Елтін жалға» екі ауыл еркін сыяды.

— Екінші ауылыңды өзің қос. Мүсіреп ағай кіммен болса да сыйыса беретін адам ғой.

Ұлпан келесі жалды көрмей-ақ Еменалыға бере салды. Екі-үш қыстаудан әрі асырып тастады, болды. Онысына Есеней де наразылық білдірген жоқ.

— Шіркін-ай, Еменалы екеуіңнің жұлдыздарың қай жерде шақырайысып қарсы қарасып тұрғанын көрер ме едім бір! — деп кінәратсыз күлді.

— Еменалының жұлдызы қай жерде тұрғанын мен қайдан білейін... Менің жұлдызым бола қалса, сенің жұлдызыңның ық жағында тұратын шығар, — деді Ұлпан.

— Сенің айтқаныңды «Мұзбел» де мақұлдап келе ме өзі, қалай? Басын шұлғып қалды ғой, — деді Есеней.

— Мен «Мұзбел торыны» Қаршығалыда қалдырмай, Еменалы көрген сайын бір күйінсін деп әдейі ала кеттім... мінбесем де ерттеп, белдеуге байлаймын да қоямын! — Ұлпан да күлді, астындағы «Мұзбел торы» да мақұлдап, басын шұлғып-шұлғып қалды.

— «Кәрі қыстау» тұтасымен Бесбайға тиетін болды ғой?

— Амал қайсы...

Жас әйел Ұлпан асқан ақылды адам еді. Өз айтарын әуелі Есенейге айтқызып алып, өз байламын әуелі Есенейге байлатып алып жүр. Есеней де: «Мына қатын былай деп еді» деп, Ұлпанның атын шығара сөйледі. Есеней Ұлпанына риза, Ұлпан Есенейіне риза, жарықшақсыз жарасым тапқан кездері еді.

Есенейлер жұртқа қайтып оралғанда аттар жегулі, Кенжетай ағаш көлеңкесінде қымыз сапырып отыр екен. Ұлпан аттан түсе сала қымызға ұмтылды да, әлдеқандай әдеп есіне түсе қалып:

— Есекесі, тезірек отыршы, — деді.

Есекесі де екі айттырған жоқ. Бәрі де сусап қайтып еді. Сары қымыз, дәрі қымыз ішіліп болған соң, Есеней Шондығұлға келесі тапсырмасын айтты.

— Біз жайлауға бірер күн кешігіп жетерміз. Сен бұрынырақ барып, әр ауылды өз орнына қондыратын болшы, — деді.

— Бұрынғысынша қонатын болар?

— Тап бұрынғыдай емес. Біздің ауыл бұрынғы орнына қонар. Бұрынғы Еменалы ауылының орнына бұдан былай мына кісінің ағасының ауылы қонатын болады.

— Мүсіреп ағайдың ауылын айтады.

— Иә, сол ауыл. Еменалы Бесбай ауылының ар жағына, бұрын мына кісінің ағасының ауылы отыратын шетке қонсын! Мына екі атты жетелей кет те, біздің көшке жеткенде жылқышыға тапсыр. Өзің біздің жылқыдан таңдаған атыңды мініп кет...

— Қараша ауылың қалай қонушы еді? — деп сұрады Ұлпан.

— Айтқандайын, ол ауыл жылдағысынан көлге қарай бір табан жақынырақ қонсын. Біздің ауыл бір табан шегіне қонар...

Шондығұл Есенеймен қоштасқан соң, жолшыбай оның бұйрықтарын да бұлжытпай орындап, жайлауға суыт жүріп кетіп еді. Аз-ақ кешікпей жеткен екен: Еменалы көші жылдағы орнына қарай бұрыла бергенде жетті.

Қысында бір-екі әумесер жігіттері бар, көшін жанамалап салт келе жатқан Еменалыға Шондығұл сәлем берді:

—

— Көш көлікті болсын!

— Сенен көлік сұрай қоймаспын!

— Дұрыс айтасың, саған беретін көлігім болып көрген жоқ. Ағаңның бұйрығын әкелдім: сен биыл Бесбай ауылының ар жағына қонасың.

— Мен, немене, елдің шетіне қонатын түрікпен болғаным ба?

— Кім болғаныңды ағаңнан сұрарсың.

— Ағаңның бұйрығы дегенше, ана жалаң бұт келген тоқалдың бұйрығы деп турасын айтар едің-ау сен, Ұлтанқұл боласың!

Арғы аталары әлдеқайдан келген кірме Шондығұлға «құл» дегені батып кетті.

— Хан тұқымы деп, ойнастан туған бір кегер аяқ маймақтың құлы болып жүрген нағыз құл сенсің! — деді Шондығұл.

— Оттама енді! — Еменалы қамшысын оңтайлай бастады.

— Сен-ақ отта! — Шондығұл да сойылының шоқпар басын жерге тік тіреп, сол қолымен сүйеніп алды. — Бұр көшіңді!

Еменалы оған не істей алсын! Есенейдің елшісі түгіл, қойшысына қолың тиіп кетсе, ат-тон айып тартасың!

— Бұр көшіңді! — деп Шондығұл тағы жекірді. Жанжал іздеп тұрған сияқты екен..

Еменалы Шондығұлдың ата-бабасынан бастап сыпыра бір боқтады да, көшін бұрып әкетті. Шондығұл да есесін жібергісі келмеді. Жеңген адамның айқайына салып, баптап боқтағысы келді.

— Мен бар-ау... сенің бар-ау, әй... іркіт құятын ескі мес сияқты қатыныңның бар-ау... әкесінің бар-ау... тап-тап бар-ау...

Шондығұл «бар-ау, бар-ауын» айтып болғанша, Еменалы ұзап кетті. Шондығұлдың мықтап қағайын деген мық шегесі қағылмай қалды...

Еменалыдан басқа ешкіммен ұрыс-керіс болған жоқ. Өзге ауылдар Шондығұл әрі отыр десе, әрі жылжып, бері отыр десе, бері жылжып, жазғы ақ үйлерін тіге бастады. Есенейдің өз қоңсылары да тақыр-таза, тыр жалаңаш емес екен, қоңырала, бозала ауыл болып қонып жатыр. Кәдуілгідей желі тартып, бие байлапты. Ол ауылда да түйе бақырады, айғыр оқыранады, қой маңырайды. Қай ауылдан болса да қуаныш дауыстары естіледі.

«Қайраң көл» айналасы ат шаптырым, түбі құмқайраң, жағаға жақын таза көк құрақ шығатын, жалтыры көп, ортасы шалқып жатқан кең айдын — атақты шалқар көл — «Есенейдің «Қайраң көлі». Солтүстығы мен батыс жағын жаз бойы Есенейдің жылқысы жайлап жатады. Оңтүстығы мен шығысын Сибан елі жайлайды. Аты Сибанның жаз бойғы жайлауы осы. Жұрт ескірсе, жаңартып, жылжып қонып күзге дейін отыра береді.

Жайлауда малшылардан басқа жұрттың бәрі демалыста, бәрі курорт-та. Жұмыс жоқ, табыс та жоқ. Тойғаныңша ойнай бер, оянғаныңша ұйықтай бер. Күзді күні қайтатын қараша қаз «Қайраңкөлдің» бетін бір жауып өткенше жайлау тарамайды. Әр не — Алладан, таңдағы тамақ — Тәңірден. Әр нәрсені өз кезінде ойлану керек... Қысты қысты күні, жазды жазды күні...

Жайлауда әлденеше елдің іргесі жақындасады, әндері араласады. Жаңа әндер, жаңа әншілер келеді, ат шабыс-бәйгелері тоғысады, қыз-бозбаласы танысады. Құдалықпен аяқталатын даулар да, даумен аяқталатын құдалықтар да көбінесе осы қымыз масы жайлауда туады. Достар айрылысып, қастар табысып жатады.

Арбасында екі әйел, божыны өзі ұстаған Мүсірепті танып, Шондығұл алдынан шықты. Тобыл күрең үш адам мінген тобыл тарантасты жүк құрлы көрмей, сылаң жортып келеді. Қазақтың кең даласында қала жылқысының да айуандық сезімі қайта оянып, бойы сергіп кетіпті.

– Уа, көш көлікті болсын!

– Айтсын, Шонды аға!

– Отауларың әне, тігулі тұр.

– Кешке қоныс майларға келіңіз.

– Жоқ, келе алмаймын... Еменалы шақырып қойды... мыз. – Екеуі де күлді, екеуі де бірін-бірі түсінді. Әйелдер де түсінді.

Отау жеткен соң, шешесі мен Шынар арбадан түсе сала жүгіре жөнеліп, отауға кіріп кетті. Мүсірепп атты ағытып, «күмістеткен» қамыт-шылиясын сыпырып тастап, күрең атты белдеуге апарып байлады. Тарантастың жетектерін барынша жоғары көтеріп қойды. Белдеуде қос ноқталы ұзын күрең ат, үй сыртында жетектері аспан тіреп сырлы тарантас тұрса, бұдан артық сән болады деймісің! Және бұл жаңа сән ғой...

Әнге басып қиқулап келе жатқан қазақ арбалардың даусы жақындады. Бұл көш-жөнекей құлақтарына сіңіп болған өз арбаларының әні. Шынар отауынан жүгіре шығып:

– Мүсірепп, атыңа міне сал да, шауып барып бір шелек су әкеле қойшы, ендігәрі жұмсамаймын, – деді. – Мә шелек...

Мүсірепп су әкелуге кетті. Шынар тарантастың алқымынан самауырды суырып алып, қақпағын ашты да, отауына қайта жүгіріп кірді.

Апа, сенің самауырың жылдам қайнаушы еді ғой. Сен қайната қойшы...

Қазақ арбалардың әні іргеге таяп келеді:

– Ізі бар, адымы жоқ аяғының,
Тимейді ұшы жерге таяғының,
Аяғын айуанға арта тастап,
Әніне басады екен баяғының...

Екі үйдің жүгін алып Әсірепп те жетті. Төрт құлынды биеге төрт қазақ арба белінен салынған. Алдыңғы арбаға жегілген биенің үстінде Әсірептің өзі. Оған екі арба тіркелген. Ең соңғы арбаға жегілген биенің үстінде Жаниша. Арбалар кейде әндетіп, кейде ойбайлап келе жатыр еді, үнлеп тынды. Шынар мен шешесі жаңа жеткен жүктің алдынан шығып, Жанишаға қарай жүгірді.

– Жеңешем де тарантасқа мінсін, – деп Шынар қанша қиылса да, Әсірепп көнбеген.

– Маған жайлауға жеткенше ұрсып отыратын бір адам керек... Оныма жеңешеңнен басқаң шыдамайсың! – деген.

– Шайың әзір ме, келін! Отауың құтты болсын! – деді Әсіреп, қара түтінді бұрқыратып атқылап тұрған самауырды көріп.

– Қазір әзір болады, ағеке! – деді Шынар. Содан басқа сөз айтуға уақыты жоқ. Жанишаны атынан түсіріп, отауына қарай сүйрелеп әкетіп барады.

– Құтты болсын, қалқам! Отауыңның іші-сырты бірдей әдемі екен!

Отау орта шаруалы қазақ әйелінің өмір бойғы арманындай алты қанат, шағын ғана еді. Шебер қолдардан шыққаны, шебер қолдардың тіккені көрініп тұр. Қолдан тоқылған терме баулар төрде айқасып, кіре бергенде көзіңе соғылады.

Дәмелі деген жесір әйел, қасында жасөспірім қызы бар, үйдің ішінен ораулы шилер ұстап жүр.

– Бәсе, – деді Жаниша, – отауды сен тіккен шығарсың деп сонадайдан-ақ танып келіп едім. Денің сау ма, ей? Зейнебің де бойжетіп қалыпты ғой. Бері келші, айналайын, бетіңнен сүйейін.

Дәмелі – Ұлпан жақындата ұстай бастаған жесір әйел. Өзі де, қызы да ұшып тұрған, ерінбейтін, екі айтқызбайтын жандар. Ері Әсіреппен құрдас еді, өкпе құртынан қайтыс болғалы екі жыл.

– Өзің де аманбысың? Байың аман ба? Осы жайлауда қолыма бір түсетін шығар... – деді Дәмелі, құрдастардың қалжыңын айтып.

Әсіреп пен Мүсіреп те үйге кірді.

– Отауың құтты болсын, Шынаржан! Өзіңе лайық екен.

– Сендер келгенше отауды осылай тігіп алдық... – деді Мүсіреп. Ол өзі отауға әлі кірген де жоқ-ты, ағасымен бірге кіріп тұрғаны осы.

– Шаңырағын өзің көтерген шығарсың? – деді Әсіреп.

– Өзім көтермегенде қайтейін...

– Шақшақ бидің қызы, сен осы босаң боларсың білем. Мына мақтаншақты қашан ауыздықтап аласың?

– Еркелетіп қойған өзіңіз көрінесіз ғой, ағеке...

– Атын өзі ағытты ма, әйтеуір?..

– Өзі ағытты. Барып көлден бір шелек су да әкелді.

– Атпен бе?

– Атпен...

– Онда ауыздықтай бастаған екенсің...

Шынардың шешесі самауырды үйге алып кіре беріп еді. Дәмелі кіргізбей...

– Үйдің ішін түгел жинап болмай, жаңа отауда ас іше ме екен! Жас келінді басынан неге үйретсең, соған үйренеді де кетеді. Салақ болады. Шала істеген іс жаман, шала піскен ас жаман, қызыңды ондайға үйретпе, құдағи! – деді. – Әке-шешелерін ерте жалмаған мына екі жетім – жарым түрікпен, жарым қазақ – ондай жора-жоралға барын біледі деймісің! – деп әлі өзіне амандаса қоймаған Әсіреп мен Мүсірепті деп қағыта кетті. – Сен, әй, қатыныңнан қорқуды қашан қоясың? – деп Әсірепті арнай қағытты.

Шай далаға жасалды. Шай қазақтың қай үйінде де шай! Баппен ішілмек еді, жақын ауылдардан қыз-келіншек, бозбалалар келіп қалды.

Бұл елдің ескі бір салты бойынша көші-қон кезінде жастар әуелі үлкендердің үйін тігісіп береді. Одан соң жесір-жетім қалған үйлерді тігіседі. Ең соңынан отау үйлерді қалдырып, аяғын ойын-сауыққа айналдырып әкетеді. Әсіреп, Мүсіреп үйлерінің кешігіп келуін жастар ішінен тілеп жүр еді. Құдай тілекті бергенін көрді де жүгірді...

Жастар келе сала жүктерді түсіріп, Әсірептің үйін тіге бастады. Үйдің киіздері жабыла бастағанда, екі келіншек төрт шелек су әкелді. Төрт жас қыз екі қап тезек теріп әкелді. Үй ішінің жүктері жинала бастағанда, екі жігіт Мүсіреп үйінің алдынан жерошақ қазып тастады.

Мұның бәрі де ишарат шай қойыңдар, ет асыңдар. Отау үйлердің «қонысмайлары» біздікі – жастардікі дегендері.

– Қойың бар ма еді? Соя бер! – деді Әсіреп ішінен.

– Табылар.

Шынар да бір-екі келіншекті ерте жүріп азғана жүгін отауына кіргізіп алды. Дәмелі мен Науша сандық, көрпе-жастықтарын орынды-орнына қатарлап жүр.

– Енді бір сандық қосылса, артық көрінетіндей, енді бір жастық жетпесе, кем көрінетіндей болсын! – дейді Дәмелі. Наушаға әрбір сандық, әрбір жастық аспаннан түскен байлықтай көрінеді. «Өңім бе, Құдайым, түсім бе?».

Әсіреп үйі тігіліп, жүктері жиналып болған соң, жастар көлге түсіп, шомылып қайтты. Енді бұлар, жас балаларды қуып жіберіп, қатар түзеп қонаққа келе жатыр. Үй иелері мырза болса, әйелдері киіз есіктерін ашып тұрып қарсы алулары керек. Самауырдың буы бұрқырап тұрсын.

Отау үйлерде жас келіншектерге бір теңдік тиіп қалады. Өз үйлерінің төріне шыға алмайтын жас келіндер төрге шығады. Еркектермен бірдей құрметтеледі. Қалай сақылдап күлсе де, сөйлесе де, ойнаса да, ерсі емес. Мұндай үйлерде, әсіресе осындай кіші ауылдардың алтыбақандарында жарқыратып ән салуға болады. Қыз күнінде бар өнерлері, келін болып түскен соң құмығып қалатын өнерлері осындайда бұзып-жарып шыға келеді. Өнері құрғыр болмай әуре қылады ғой, болса, ол бір жарқ етпей қоя алмайды.

Жаниша да, Шынар да жастарды киіз есіктерін ашып тұрып қарсы алды. Жүздері жарқын, көңілдері көтеріңкі екен...

Жастар Жаниша мен Шынарға, «келін, есенсіз бе» деп, енді амандасқан болып, екі үйге бөліне кірді. Кірген беттерінде жинаулы тұрған жастықтарды жұлып-жұлып алып, шынтақтасып жантайыса кетті. Аяқтарын көсіліп жіберіп:

– Бала-шағаларыңыз аман ба, шырағым! – десті. Бұлары үйлеріңнен қонақ арылмасын деген тілектің ишараты еді.

Содан кейін күлісіп тұра келіп, жастықтарды орнына қойып, Шынардың отауын жамандай бастады:

– Үйлері қап-қара, тесік-тесік қой! Қара күйе жеп қойған ба?

– Төрде отырған кісінің аяғы есігіне тиеді екен?

– Сандықтарының аузы қисайып, ырбиып жатыр.

– Қатыны қандай салақ, байы қандай олақ екен!

Бұл – жаңа отауға көз тиіп кетпесін деген ырымдары еді... Осындайларын шұбатып айтып болды да, жастар шуласа күлісіп, жөнделісіп отырды. Шай келді...

7

– Есенейдің үйіне бір бөдіретшік деген орыс келіп жатыр екен. Қасында қағаз жазатын хатшылары да бар дейді...

– Біздің қыстаулардың бәрінің атын қағаздап алыпты...

– Тегінде, мойнында недоимкесі қалғандар ауылдан жылыса тұрғандары бұрыс болар... – Бастап әкелген әлгі арамсырақ Тілеміс екен. Ол кімді аяйды дейсің!

Осындай суық хабар «Қайраңкөл» бойына тарап болғанша, «бөдіретшік деген орыс» кетіп те қалып еді. Енді Сибанның барлық недоимкесін Есеней өзі төлеп жіберсе керек деген жорамал тарай бастады.

Ол – Пушкарь еді. Ол Есенейдің қысқы үйлерін салып беруге шарт жасасып кетті. Үлкен үйі төрт бөлмелі, қонақ үйі үш бөлмелі, екі азық сарайы, бір ақ монша салып бермек. Есенеймен келісім жасасты да кетіп қалды. Құдай өзі сақтады – алым-салықтың қалдығы «недоимкені» жинауда жұмысы да болған жоқ. Жұрт Тілемісті де босқа күйдіріпті. Жылысып кеткендер де ауылына қайтып келді.

Есеней «қонысмайларын» осындай жұмыстарын бітіріп алып өткізді. «Қайраңкөл» басын түгел шақырды. Басқалар түгіл, бала-шағасын шұбыртып Еменалы да келді. Үлкен ақсақалдарға көзі соқырайған тай шекелері, орта жастағыларға көзін жұмып, құлақтары делдиген қой бастары тартылды.

Етке тойғызып, қымызға суарып болған соң, Есеней аты Сибанның ақсақал-қарасақалдарын ертіп ауыл сыртына шықты. Бұл оның көптен істемеген ісі. Ол елінің тағдырын өз тағдырына бағындырмай ойланған емес. Есенейдің атақ-даңқы Сибан еліне қорған екені де рас. Бірақ сол бағынышты өмір жеке адамдардың ынта-жігеріне ырық бермей, иықбасты болып алған. Есенейге еріксіз ере көшіп, ере қонып жүрген елі жүдей бастаған. Ақылды Ұлпан епті қолымен иіп әкеліп, Есенейдің аузына ел қамының сөзін салып еді.

– Ағайын-туғандар, – деді Есеней, – көптен бері өзіммен өзім болып кетіп, елдің жайын ойламай, обалдарыңа қалған екемін. Әуелі оны «Кәрі қыстаудан» көріп едім, көш-жөнекей тағы көрдім. Жаяу-жалпы әрең жеттіңдер жайлауға. Менсіз көшіп кете алмай, күзге дейін жайлауда отырып, қысқа қарай «Кәрі қыстауға» қайта барып тығыласыңдар. Бала-шаға қыс бойы киіз үйде қалтырап шығады. Қысқа аман жеткен баланың келер жазға екіден бірі ғана аман ілігеді екен. Өстіп жүріп ел боламыз ба? Осыны ойласайық деп шақырдым...

– Құдай аузыңа бір жақсы сөз салайын деп отыр білем... Өз ойыңды түгел айтшы, – деді Бақай қарт.

– Айтсам, қысы-жазы киіз үйде отыруды қояйық. Үйренгеннің ұяты жоқ, орыстарша қысқы үй салып алайық. Бала-шаға жылы үйде қыстап шықсын. Менің қорығымдағы жерді бәріңе бөліп берем. Әркім үй салып алсын. Мен өзім

«Суат көл» жалына үй салдыратын болдым. Орыстар салады. «Қыс азығын жаз жимай, жарлы қайдан байысын» дегені қайда? Шөп шаптыратын, егін салатын болайық, – Есеней содан кейін қай жерді қай ауылға беретінін айтты.

– Жер тисе, қысқы үй салып алар едік-ау!..

– Шөп шабу да қолдан келмейтін іс емес қой.

– Шабатын жерің болса десейші!

Есенейдің кең бейіл отырғанын сезінген жұрт осылай қысқа-қысқа аңғартып, ризалық білдірді. Есенейдің өз інісі жалғыз Еменалы ғана жанжал шығарды:

– Қысқы үй деген қара түтінді салып аламыз ба, салмаймыз ба, ол әркімнің өз еркі ғой, маған оның керегі жоқ. Ата-бабамыз киіз үйде туған, киіз үйде өлген...

– Саласың! – деді Есеней қысқа ғана. – Салмасаң, өкпелеме, өзің өкінесің.

– Үй салсам, Елтінжалға салам. Ол менің қорығым, менің жерім.

– Елтінжал – Еламан ауылы мен Андарбай – Отарбайға берілді дедім ғой!

– Елтінжалды түрікпенге бергенше, өртеп жіберсем болмай ма!

– Жоғал! – деді Есеней ақырып. – Сенің қырсығыңнан Сибанның қақ жартысы анда-мында қашып көшіп кетті. Жоғал!

Есеней қалшылдап, дірілдеп кетті. Бұрын мұндайы жоқ еді. Аяқ-қолы түгел дірілдеп, әрең басылды. Еменалы тұра жөнелді.

– Осы айтайын дегенім! – Есеней де орнынан тұрып, үйіне қарай жүре берді. Еменалыға қатты наразы болған жұрт та тарай бастады.

Ұлпан қонысмайларға келген жасы үлкен әйелдерге шай беруге әзірленіп еді. Дәмелі үлкен көк ойрақ дастарқанды серпе тастап жая бергенде, Еменалының екі баласы үйге жүгіре кіріп, дастарқанды иықтарымен іле-міле Есеней отыратын көрпеге құлай-құлай кетті. Екеуі де он екі-он үш жастағы балалар. Жырқылдап-тырқылдап, дастарқанды жамылып алып аунап жатыр. Төрдегі әйелдер үн шығара алмай қатып қалды. Дәмелі тайсалған жоқ:

– Айтолқын-ау, балаларыңды қалай жаман үйреткенсің? Қой демейсің бе? – деді.

– Сен итаршы болмай-ақ қой! Не қылса да өз үйлері! Осы ауылды өңкей бір кірме қатындар билеп алған екен! – деді Айтолқын.

– Әттең, менің үйім емес. Иттей теуіп шығарар едім! – Дәмелі дастарқанды жұлып алып: – Кетіңдер! – деді балаларға.

Екі бала ауыздарын қисаңдатып, Дәмеліге тілдерін көрсетіп азғана отырды да, үйден ата жөнелді.

– Келін, бұл үйде байқап сөйле! Жеті жыл иесіз қалған үйде ойыңа келгеніңді істеген екенсің. Енді бұл үйдің иесі бар! Бірде болмаса, бірде «шық» деп жүрер! – деді Ұлпан. Даусын көтермей, салмақты айтты.

Ұзамай ботаның бақырып қалғаны естілді.–Өй, иттің балалары! – деген Кенжетайдың даусы да қосарлана шықты. Кенжетайдың даусына ойбайласып жылаған екі баланың даусы араласты.

Ұлпан ақ ботасына жүк арбаларын тіздіріп қоршау жасатқан еді. Өйтпесе, ботасы пысыған сайын, нар інген жеріне қашатын ыңғай көрсете бастаған. Жел оңтүстыққа шықса болды, солай қарай қаңқиып жөнеле бастайтын болды.

Ботаның даусын ести сала, Ұлпан далаға жүгіре шықты. Әуелі күліп жіберді. Жаңағы екі бала екі жерде бақырып жылап аунап жатыр екен.

Одан кейін өзінің көзінен жасы шығып кетті. Ботаның көзінен жасы ағып, басын шайқай беріп, баладай қыңқылдап тұр екен. Өрістен тайраңдай жүгіріп енесі келе жатыр. Нар інген жүгіріп келген бойы арбаларға соғылып, өзі арандап қала жаздады. Жан-жақтан жүгірген жігіттер арбалардың арасын ашып, інгенді ботасына қосты. Бота қасына келген енесін бір-екі сорды да, басын көтерді. Бір көзі жұмулы, түймедей-түймедей жас сорғалап тұр. Ұлпан ботаға тұз берді, алқымын қасыды, құлақ түптерін қасыды.

— Өлтірді-ау балаларымды, өлтірді-ау!.. Түрікпені ме, қалмағы ма? Қалмақ басқырдың ауылын билеп-төстеп алған қай кірмесі! — деп Айтолқын енді-енді Европада жоқ әйел боқтауына баса бергенде, ауылға жақындап қалған Есенейді көріп, тоқталып қалды.

— Жүріңдер, иттің балалары! — Балаларын ертіп үйіне қайтты. Ойбайлап жатқан балалары да сұм екен. Көздерінде жас жоқ. Тұра салып Кенжетайға ауыздарын қисаңдатып, тілдерін көрсетті де, шешесінің алдына түсіп жүгіріп кетті.

Ұлпан Есенейді есік алдында тосып алды.

— Жай ма, Ұлпан? Қызарып кетіпсің ғой? — деді Есеней.

— Жәй, Тәңірі... балалар ғой ойнап жүрген. Үйге кір, шай ішейік.

Үйде отырған әйелдер Айтолқынды қатты сөгіп, қарғап-сілеп алды.

— Ант ұрғанның қарғысы қандай жаман еді! «Қалмақ басқырдың ауылы» деуге аузы қалай барады екен?

— Өз басына келсін!

— Жер жастанғыр балалары қандай сотқар еді!

— Ұлпан келіннің амандығын тілейік. Сазайын талай тартқызар әлі!..

Есеней үйге кіріп, өз орнына отырды. Жас әйелдер сәлем етті. Есенейдің орнына таман төрде отырған мосқал әйелдер Есенейге жамырай амандаса келіп:

— Мырзажігіт, Ұлпан келін болмай, бәрімізді төрге шығарды... бір-екеуіміз болмасақ, өзгесі бұл үйдің төрі түгіл, босағасын аттамайтын келіндерің. Көріп отырсың ба, бәрі төрде отыр...

— Отыра берсін, — деді Есеней. — Ұлпан айтыпты десе болды, Есеней не айтар екен деп сұрамаңдар. Жатсынып кеткен екемін. Ұлпан өз еліме өзімді қайта табыстырып жүр. Келіндердің бір де бірін көрмеген едім, Есенейдің төрі түгіл, ақ патшаның төріне отырғызсаң да, жараса кететін келіндерім бар екен ғой!..

Жас әйелдер біріне бірі қарасып, жымыңдасып қалды: «Сені айта ма, мені айта ма?», «Мені айта ма, сені айта ма?..».

— Анау отырған Шынар деген ең жас келіндерің осы үйге кірген бетінде төрге шығып отырған. Шынар, бері келші, қасыма отыршы.

Ұлпан мен Шынар самауырды ортаға ала шай құйып отыр еді. Ұлпан Шынарға:

— Бар! — деді. — Сен бір еркетайы болып алдың ғой осы үйдің. Бар!..

Шынар ұяла-қызара Есенейдің қасына барып отырды.

— Жақын отыр... Бұл кісі менің атымды да атайды, — деді Есеней.

– Не дейді? Шын ба, шырағым?

– Өздері болмай ататқан...

– Е, айналайын-ай, Ұлпан келін шығар.

Құл да емес, емес те емес, тәуелді де емес, тәуелсіз де емес, әйтеуір, бір бағынышты халде жасап келген азғана Сибан бұл жолы арқасы кеңіп, еңсесі көтеріліп тарасты. Біразы ескі әдеттері бойынша, Есенейді мақтады. Біразы Ұлпанды мақтады. Әйелдер жағы түгелімен Ұлпан жағында болды.

– Асыл тегі өзіміз... кедейдің қызы ғой. Жоқ-жітікке жаны ашып тұрады. Кедей Сибанның маңдайына біткен бағы осы болар.

– Есенейдің орнына Есеней болып қалатын ақылына көркі сай... Бәрін істетіп отырған сол! – десіп кетті. Әйелдер қателескен жоқ...

Есеней Еменалыдан көрген жәбірін, Ұлпан Айтолқыннан көрген жәбірін біріне-бірі айтқан жоқ. Екеуінің көңілінде де бір у сарқыны қалғанын екеуі де сезінді, бірақ ондайда қайта қозғап, бірінің жүрегіне бірі запыран зәрін қайта құятын жандар бұлар емес. Айтолқынның «Қалмақ басқырдың ауылы» дегенін Ұлпанның аузынан естісе, ондай сұмдық қарғысты естіп көрмеген Есеней қалпақтай түсуі мүмкін ғой! Еменалының: «Елтінжалды түрікпенге бергенше, өртеп жіберсем болмай ма!» дегенін Есенейдің аузынан естісе, Ұлпанның қандай жайда боларын кім біледі? Екеуі де күндегісінен гөрі ақжарқын, көңілді екен дерлік еді. Әйелдер кеткенде Ұлпан Шынарды жібермей алып қалып еді, екеуі сонымен қалжыңдаса берді. Ұлпан Есенейді Шынардан қызғанған болады. Есеней Шынарды көргенде бозбалашылығым ұстап кетеді дейді. Солай болса да, Есенейдің көңілін бірдемелерге аударып, ашуын тарату керек сияқты.

– Есеней-ау, осы толып жатқан бумаларда, сандықтарда не бар? Сен өзің білесің бе соны? – деді Ұлпан.

– Білген емеспін. Не болса да, шірігені шіріп, ірігені іріп, құрт жегенін құрт жеп жатқан шығар. Осы жүктерден шірік иісі келіп отыр, сол ғой сенің тынышыңды ала бастаған. Жайып кептіріп, керегі жоғынан құтылсаң, мен де бір қуанып қалар едім!

Ертеңіне Ұлпан үлкен үй мен қонақ үйдің бар дүниесін далаға шығартып, күнге жайдырып еді, ауылдың айналасын түгел алып кетті. Құдай-ау, қанша көрпе, кілем, қанша ішік, қанша шапан бар! Бәрі қымбат дүниелік. Жинала берген, ұсталмай жата берген әлі бұйымның көптігінен жүрегің айнырдай екен. Бумаларда іріп-шірігендері де бар, бірақ көп дүниені Сібірдің суық аязы аман алып қалған.

Ұлпан Есенейді ертіп жүріп бәрін көрсетіп еді, оның да жүрегі айныды білем:

– Құтыла гөр, Ұлпан, құтыла гөр! – деді де, кетіп қалды. Үйінің қасында жүрген Мүсірепке қол бұлғап, көлге қарай кетіп барады.

Ұлпан он екі ақсақалға бір-бір түлкі ішік жіберді. Әлі таусылар емес.

– Ұлпан түскенде ақсақалдардың жол-жорасын істей алмап едік, – деп Есенейдің өзі жіберген сыйлық етіп таратты.

Әйелдердің жол-жорасын Ұлпан өз қолынан үлестірді: кілем, текемет, көрпе, киіз, бір-бір қадақ қашаннан жатқан қағаз шай... бәрібір таусылар емес.

Ұлпан Шондығұл мен Дәмеліге қалағандарыңды өз қолдарыңмен ала беріңдер деп еді, Есенейдің дүниесіне екеуінің де қолдары батпады.

— Бір-екі кесек киіз болса деп едім... үйіміздің тозығы жетіп тұр еді, — деді Шондығұл, Ұлпан оған бір үйдің киізін берді.

Дәмелі жалғыз қызы Зейнептің бойжетіп келе жатқанын айтты да, еш нәрсеге сұғынған жоқ.Ұлпан оған бір қыздың жасауын түгендеп берді.

— Ұмытқаным болса, тағы да есіме саларсың, Дәмелі апай, — деді.

Ұлпан Шынарға:

— Тәңірі алғыр, сен де бірдеме алсаңшы, — деп еді, Шынар оған:

— Өзіміз де әрең көшіп келдік. Өзіңе бірдеңе ауыссақ па деген ойымыз бар, — деді.

— Тоқтай тұр, сен қатын. Бір ұл тауып көрші, мен сені қалай шабар екемін!

— Дуние кезек. Біз де есемізді жібермеспіз!

Кешке таман Ұлпан үй қазынасын қайта жинатқанда, он шақты сандық, он шақты оюланған киіз қаптар босап қалған екен. Ұлпан оларды да таратып берді. Қонақ үйдің кірлеген көрпелеріне дейін, қонақ үй мен үлкен үйдің ескірген төсеніштеріне дейін, үлестіріп жіберді. Есенейде қашаннан бері аласысы бар жоқ-жітік Ұлпанды мақтай жүріп ала берді, ала берді.

Есеней қайтып келіп үйіне кіргенде, өз үйін өзі танымай қалғандай еді.

— Ұлпан-ау, әп-әдемі үйіміз бар екен ғой!.. Қалай сиқырлап қойғансың! — деді.

— Керегі жоғынан құтыл деген жоқсың ба? Әлі де таусылар емес.

Төсек-орын түгел жаңарған, күлімсі иістер кеткен. Іргеден кешкі самал соғып тұр. Таза ұстаған киіз үйде даланың иісінен басқа иіс болмайтыны бір кезі болушы еді, дәл сол қалпына келіпті.

— Құтылу үшін де көп күш керек болар деп едім.

— Менің күшім жеткені осы.

— Бұдан артық күштің керегі не! Мен сені бұдан былай Ақнарым дермін!

— Түйеге теңегенің бе?

— Аузыма Құдай салған шығар... қазақтың нардан қасиетті, нардан күшті, нардан сұлу, нардан қадірлі несі бар!

— Несі болса да мейлі, бұдан былай ұмытып кетпей, ылғи Ақнарым дейтін бол. Жарай ма? Шынар, сен айтшы, жақсы ат емес пе?

— Ақ дегені артығырақ кеткен екен. Би ағамыз айтқан соң, амалымыз қайсы... Нар көтермес жүк болмайды дейтін бе еді, көтересің де...

— Сандалма, әй! Сен де мені Ақнар дейтін боласың!

— Есен-ау, осы екеуіңнің араларыңда нелерің бар? Мына қатын мені ылғи мазақтап, басына сөйлейтін болып алды!

— Бүкіл Сибанда сенің бетіңе келетін де бір жан болу керек емес пе...

— Міне, тағы жеңіп бердің!

— Жоқ, мен сен екеуіңнің біріңді-бірің жеңгеніңді көргім келмейді, Ақнарым! Ақнар, Шынар деген аттарың қандай жарасып тұр... Ал енді екеуің де шаршаған боларсыңдар, көлге түсіп, шомылып қайтыңдар...

Осы аз күндердің ішінде Ұлпанның атағы бүкіл кең жайлауға түгел тарап кетті. Жайлауда қоныстары жақындасып, ойын-той, дау-шарлары араласып жататын екі дуанның елдері бірі керіп, бірі созып, Ұлпанның азғана істеген істерін аңызға айналдырып әкетті.

— Ұлпан үйі жоққа үй беріп, аты жоққа ат беріп, Есенейдің жарты малын Сибанның жоқ-жітігіне үлестіріп жіберіпті... Сибанда емге бір үй кедей қалмапты. Бәрі байып алып, енді «орыс үй» салдырып жатыр дейді...

— Ұлпанның шын аты Ақнар екен. Ақ десе — ақ, нар десе — нар, ақылды да мырза адам көрінеді. Өзі де бір текті жерден шығыпты ғой!

— Артықбай деген бидің қызы болса керек.

— Би емес, Артықбай деген ханның немересі дейді.

— Бәсе, ханның тұқымы болмаса, Есенейге ұрса алар ма ед! Елің ел емес, өңкей бір қазан басын қарауылдаған аш-арық екен деп қатты ұрсыпты дейді. Сибанның ендігі Есенейі Ақнар болса керек...

Ұлпан Адам-Атаның ар жағында болмаса, оның бер жағында хан тұқымына да, би тұқымына да сорпасы араласпаған батыр Артықбайдың қызы. Ұлпанда мырзалық та жоқ, сараңдық та жоқ, атақ құмарлық та жоқ, ерекше бір жинақтылық бар. Кедей қызы кедейге жаны ашымаса, кедейлікті жек көрмесе, елінің кедейлігіне намыстанбаса, оның сонысына ғана таңдануға болар еді.

Ұлпанның сүйегіне біткен, Құдайдың өз қолымен берген қасиеттері бар. Керексіз басы артықты жек көреді. Есенейдің қолына қарап бағынышты болып, малматы-мақтанып, ынта-жігерінен айрылып бара жатқан еркекті жек көреді. Түптеп келгенде, Есенейдің үйін жалғыз қалдырса да мейлі, ел Сибан бір сілкінсе екен дейді. Әркім өз үшін тіршіліктің бір пұшпағына жармасса екен дейді.

Мұндай ойға жармаса кетпейтін қара шаруа да жоқ еді. Бірлі-жарымды малға қолы жетіп, өзімдікі деген ойға тырнағы ілігіп еді, жабыса кетті. Құлынқозыларына ен салып, ерте бір, кеш бір түгендеп қояды. Ендігі армандары қысқы үй салып алу болып, Есенейдің жайлаудан тезірек қайтуын тілеп отыр. Есеней, әрине, Ұлпанның қолында.

Ұлпан да елді көп сарылтқан жоқ. Бұрын жайлауда күллі қара жаңбырға дейін ең кемі бес ай отыратын елді айналасы екі айдан кейін түбекке қарай қайта көшірді. Алыс жайлаудан болашақ қыстауларына жақын келіп қонған елге ең керегі Есенейдің бұғау-тұсауынан босану екен. Ұлпан сол бұғауды бұзып, сол тұсауды сыпырып тастағандай болды. Ел шөп шабу да біледі екен, қысқы үй салуға да құштар екен. Қойшының таяғы мен жылқышының құрығына орақ деген досы жатсырамай келіп қосылды. Есенейге еріп алты жазды еңбексіз өткізетін кедейге Тамыз, Қыркүйек, Қазан деген еңбек айлары қосылды. Көшпелі елдің қыстау дегені тұрақты мекеніне айналар кезі жеткен екен. Әркім жерге берік қадайтын қысқы үйінің ортан қазығын әзірлей бастады.

Жайлаудан көшпей, отырып қалған жалғыз Еменалының ауылы. Оның қоңсылары төрт-бес үй Сибан, төрт-бес үй әлдеқашан қазақыланып кеткен қалмақтар болушы еді. Еменалы көшпеуге бел байлап, ауылына бұрқырап келген соң, Сағындық, Қайқы деген екі «қалмақ» Есенейге арыз ете келді.

— Арыз ете келдік, Есеке! Рұқсат па?

—

— Айта беріңдер.

— Біз енді осы елдің баласымыз, Есеке дұрыс па?

— Дұрыс!

— «Қазақ ұлым қамал бұзса — қалмақ ұлым садаға! Қалмақ ұлым қамал бұзса — қазақ ұлым садаға!» — деп атаңыз Қошқарбай батыр бірі қазақ. бірі қалмақ екі жігітті шүршіттің қорғанына жібергені шын ғой?

— Шын! Бір қатесі жоқ.

— Сонда біздің атамыз Сағал батыр шүршіттің қамалын бұзып, Қошқарбайдың қолға түсіп кеткен жесірін алып шыққан екен.

— Дұрыс. Аты Айбарша екен.

— Қошқарбай айтқанында тұрып, сол келінін Сағалға қосқан ғой.

— Дұрыс.

— Сол Сағал мен, сол Айбаршадан тараған төрт-бес үй әлі күнге қалмақ атанамыз. Өзіңіздің қоңсыларыңыздай біздің басымыз да босаса екен... Шөп те шабар едік... қысқы үйді де салып алар едік...

Есеней ойланып қалды. «Ел қате түсінген бе, өзі қате түсінген бе? Әлде Ұлпанның істеп жүргені шынақ босату ма екен? неден? Құлдықтан болды да! Менен бе?»

Есеней Ұлпанға қарап еді, Ұлпан азғана жымиып, ақырын ғана басын изеді. Есеней келісімін айтты:

— Еменалы көшсе, көшер, көшпесе, мейлі білсін... Сендер көшіңдер! Еменалыға берілген қыстауға қысқы үйлеріңді сала беріңдер. Ол қыстау енді сендердікі! — деді.

Жайлаудан қайтқаннан кейінгі айлар Ұлпанның өзі үшін де ойдағыдай қызғылықты өтіп жатыр. Сұраншақтық пышақ кескендей тоқталды. Қандай әп-әдемі қыз балалар шешелеріне ере келіп көздері жаутаңдап тұратын. Ұлпан олардың сұрағандарын артығымен бере тұрып, қайыршы-тіленшіге садақа бергендей сезініп, қатты қиналатын еді. Қазір ондайлар тоқталып, ел табаны еңбегіне мықтап тірелгендей, таң атпай тұрып әлдеқайда кетіп бара жатады. Жалғыз Еменалы ғана бір бүйірінде қара түйнек болып анда-санда түйіліп қояды.

Өз үйлері де тез салынып жатыр екен. Төрт бөлмелі ағаш үйі қыс түскенше салынып та қалатын жайы бар. Енді үш бөрене қосылса болды, төбесін жаба бастамақшы. Қонақ үйдің де кірпіш іргесі қаланып қалыпты. Монша ғана басталмаған.

— Ол оңай ғой екі жетіде бітіп қалады, — деді қара Иван Мекайла Пушкарь.

Үй, қора-қопсы салынатын жерді кең орап айналдыра орлап тастапты. Мейіздей сарғыш қарағайлар әлі тасылып жатыр. Балталар жарқылдайды, ағаш кескен аралар қосылып, ән салады. Қыстау айналасын шауып, үйін жинап болған соң, алыстап кеткен шөп машиналарының үні келіп қосылады. Бұл өңірдегі қазақ қыстауында бірінші рет салынған темір ырғағы Ұлпанның құлағына жағымсыз да жат естілген жоқ.

Ұлпан екі күнде бір рет шөпшілерін аралап, салынып жатқан үйлерін көріп қайтады. Қасында Дәмелі, тарантасында ет пен қымыз, қант-шай жүреді. Орыс-

тар қымызды шампан, етті махан, қазақты кіргіз дейді екен. Әйел – қожайке, қыз – депке, қатын – баба, пышақ – нож, байың – мож... Әуелі моя – сенікі, туая – менікі сияқты еді, енді менікі – моя, сенікі – ваша болып шықты...

Ұлпан келгенде көрші ауылдың шөпшілері бір жасап қалады. Жаз бойы көзі көрмеген етке тістері тиеді, шайға, қымызға қанады. Ұлпан шайынан шойын құман түбінде қалған шамбаны тағы бір күн қайнатып ішеді. Ұлпан шөпшілермен тең отырып, қалжыңдай сөйлеседі. Сұрастырмайтыны да жоқ. Нелері жетпей жатыр, үйлеріне айтатын бірдемелері жоқ па? Кейде қара көже сұрап ішетін әдеті де бар.

Бұл шөпшілер тоқ емес. Қара көжемен, ақ шаймен күнелтіп жатыр. Азғана малдарына шөп шауып, жинап алса, қысқы үй салуға кіріспекші. Ұлпанның келгеніне қуана қала ма, болмаса Есенейдің тор-тұсауынан құтылғандарына ылғи қуанышты ма, оны Ұлпан біле бермейді. Әйтеуір, жұрттың өңі кіріп, еңсесі көтеріліп, аянбай тырбанып жатқандарына Ұлпан да қуанышты. Осындай ынталы адамдарға не керек болса да ағыл-тегіл беріп тастайды. Ол беруден гөрі алуға қиналатын жан еді. Сол табиғатына ойға алған істері үндесе кетті. Күнде шаршап қайтады.

Бұл күндерде көбінесе ауылда жалғыз қала беретін Есеней Орынбор – Сібір қазақтарының шекаралық дауына шақырылды. Барлық өмірі сондай топ ішінде өткен адам ондайынан шеттеңкіреп қалып, жабырқау тартып бара жатыр еді. Жеті жылдан бері малымен болып кеткен адамның әділ би деген атағы көмескі тарта бастап еді, Ұлпанның атағымен бірге қайта көтерілді. Ұлпан олай ойлай қоймаса да, Есеней солай сезінді.

– Ақнарым, сен мені адам қыла бастадың, – деді аттанарда.

– Жоқ, Есеней, сен көлеңкең күндік жерге түсетін бәйтерексің. Мен сенің саяңда шырылдаған бозторғаймын. Менің Құдайдан бірінші тілегім сенің амандығың! – деді Ұлпан – Сенсіз мен кім болар едім?..

Қартая келе босаңсыған көңіл жас жүректен риясыз шыққан шипалы лебізді естіді де, баяғы күшін қайта сезінгендей болып, Есеней аттанып кетті.

Енді ауылда Ұлпан жалғыз қалып еді, жалғыз қалудың қандай ауырлығы барын жан-тәнімен сезінді. Жалғыз адамның үйге сыймағаны жаман екен. Дәмелінің қызын Мүсірептің үйіне жіберіп алып еді, ол екі үйде Шынардың шешесінен басқа жан қалмапты. Бәрі шөпке кетіпті.

Шынар не деген бақытты, ә? Қазір гой ол екі үйлі жанға еркелеп, көк шөпке аунап жатыр. Таң атқалы екі-үш рет көлге шомылып қайтты. Жоқ, ол бірдеме істемей отыра алмайды. Ол сорлының не көрмегені бар! Бел орақпен шөп шапса да, тырнауышпен шөп жинап жүрген шығар. Мүсіреп ағай көсілтіп шөп шауып жатыр. Шынар оған анда-санда бір қарап ыржиып қойып, шөп жинап жүр... Қой, ертең үйді көріп, шөпшілерді аралай кетіп, солардың қосына барып қонып қайтайын...

Кешке таман Салбыр ауылға қайтып келді. Ол үй салушылардың отыншысушысы еді. Өте жабайы, өте момын адам.

– Орыстар кетіп қалды, – деді Салбыр табалдырықтан аттауға бата алмай тұрған бойы. Ұлпанның жүзіне қарауға бата алмады. – Бәрі де күліп қалды.

Празнек деген мейрамдары бар екен. Ертең келетін күні еді, келін келмей-ақ қойсын деп мені жіберді.

– Күзетші де кетті ме?

– Жоқ ол қосында отыр.

Салбырдың алып келген хабары Ұлпанның ертеңгі күнін де бұзып жіберді. Салынып жатқан үйдің қабырғаларына тағы неше бөренеше қосылғанын көзімен санап қайтушы еді. Қымыз ала баратын. Ертең онда барудың қажеті болмас. Ант ұрған Шынардың аузының салымдысын қарашы, барлық қымыз соған бұйыратын болды! Бәрібір, қона жатып зықыңды бір шығарып қайтармын!..

Бүгінгі ұзақ түнді қалай өткізем?

– Зейнет, айналайын, қыз-келіншектерді жинап келші. Алтыбақан құрсын!

Ұлпан Алтыбақаннан таң ата қайтып, түске тарамаса тұрып еді. Күндегі әдеті бойынша «Қарағайлы» көлге шомылып қайтып еді, есік алдында Салбыр тұр екен.

– Ана бір түтін сіздің үйден шығып жатқан жоқ па? – деді Салбыр. Әшейін ғана бейжай айтты. Салынып жатқан үйлер жағын иегімен нұсқады.

– Дәмелі апай, жылдам ат жектір! – деді Ұлпан.

Дәмелі үйде, шайын жасап, Ұлпанның көлден келуін күтіп отырған. Далаға жүгіре шықты да:

– Ойбай-ай! – деді. – Албасты басқыр, нағып тұрсың, жүгірмей! Құлатай, жүгір, аттарды әкел!

Ұлпан өртеніп жатқан қыстауына жеткенде, үлкен үйі түгел жанып жатыр екен. Кепкен қарағай біресе ысқырынып, біресе үнсіз балқып жанады. Барлық ауылдың пішеншілері келіп қоршап тұр. Қолдарында балғын көк жапырақты жас қайың... Жанып жатқан үйге адам жақындай алар емес. Әйтеуір, әзір жел жоқ. Түтін аспанға тік көтеріледі.

Әсіреп ық беттің шөбін өртетіп, өрт алдынан қаршаға жасап, қуалай сөндіріп жүр. Жиырма шақты жігіт балғын жас қайыңдарды қырқып әкеліп, қаттап жиналған қарағай бөренелердің үстіне лақтырады. Мүсірептің қасында бір топ жігіт кетпенмен жердің қыртысын аударып тастап жатыр. кетпен де екеу-үшеу-ақ. Жігіттер кетпендің бірінің қолынан бірі іліп әкетіп, қыртысты аударып жүр. Бірақ мұның бәрі де өртті ордың сыртына шығармау қамы.

Салынып жатқан үлкен үй түс ауа жанып болды. Лапылдан жанып маңайына жолатпаған бөрене қабырғалар құлады да, жанып бітті. Салбырдың түйесі мен бөшкесі содан кейін ғана пайдалануға келді.

Өрт басына келген жалғыз әйел Ұпан арбасынан түскені болмаса, жанып жатқан үйге жақындаған жоқ. Еркектердің өртті қалай сөндіретінін бақылады да тұрды.

Үй жанып та болды, сөніп те болды. Орнында төмпе-төмпе болып буы бұрқырап күл-көмірі қалды. Өрт сөндірушілер енді ғана Ұлпанға келіп көңіл айта бастады. Ұлпан жүзінде өкініш те, күйініш те жоқ еді, жұрт соған таң қалды. Әр жерде бөлек-бөлек шөп шауып жатқан жұрттың ешкім хабарламай-ақ тез жиналып келіп жабылып кеткеніне алғыс айтқаннан басқа белгі берген жоқ.

Ұлпанда күйініш белгісі жоғын арқаланып, мосқал адамдар:

– Не нәрсе Құдайдан ғой.

– Құдайдың бұйрығына өкінбегенің жақсы, шырағым, – деп еді, Ұлпан соларға ғана бір қатал жауап қайтарды:

– Құдай ешкімге Есенейдің үйін өрте деп бұйырмаған шығар... – деді. Мұны да азғана күлімдей тұрып, жұмсақ айтты. Онысы Құдайға айтқан наразылығы емес, өрт салған Құдай емес, адам дегені еді, жұрт та дұрыс ұғынды.

– Адам болмай кім болсын? Аспанға ұшып кете алмас.

– Қатындардың құлағы аман болсын! Ертең-ақ біреуінің болмаса, біреуінің құлағына шалынып қалар, – десіп жұрт гүілдеп кетті. Ұлпан бұған да елегізіп кеткен жоқ, тұрған қалпында тұрып қалды.

Ертеңіне Тілемісті алып подрядчик Пушкарь да келіп еді. Олар да Ұлпанның жүзінен күйініш іздерін көре алмады. Көңіл айтысты, қипақтасты, шығынға ұшырап қалғандарын айтты.

Ұлпан Тілеміске қарап:

– Сен бұл кісіге менің айтарымды түгел жеткізші. Ертеңнен бастап сол кірпіш іргесінің үстіне үйді қайта сала бастасын. Әлдекім «өртке ұрынған жаман ырымнан» қорқып, Ұлпан қонысын басқа жерге аударар деп дәмеленетін болар. Жоқ, мен қорықпаймын. Ырым-жырымды көрмей жүрген мен жоқ. Үйді сол орнына салдырамын, – деді.

Тілеміс арқылы Ұлпанның не дегеніне түсінген соң, Пушкарь басын изеді:

– Дұрыс, әбден дұрыс. Екі үйдің дайын тұрған іргесін тастап кетуге болмайды!

– Шығынға ұшырап қалдым деп бөле-жара дейтін жайды ескертті ғой. Ол жағынан қауіптенбесін. Үштің бірін өз мойныма аламын. Тек қыс түскенше үлкен үй мен моншаны және бір сарайды бітіріп беретін болсын!

Пушкарь ұуанып кетті. Соттаса қалса, өрттің шығыны қанша болса да, өз мойнына түсетін еді. Күндіз-түнгі күзет келісім бойынша Пушкарьдің міндетінде болатын. Ұлпанға қайта-қайта алғыс айтып, қайта-қайта мырзалығын мақтап, қайта-қайта уәде беріп, Пушкарь жүріп кетті...

8

Ұлпан жеңіл кашава шанамен үйіне келіп жеткені сол, жақындай берген қоңырау даусы естілді. Ояз бастығы ма, әлде сонау Омбыдан келе жатқан келе жатқан біреу ме? Үш атты қатар жеккен жабық ауыр шана ағызған бойы үлкен үйдің алдына келіп тоқтады. Қоңыраулары әлі былдырлап тұр. Әуелі әскер киімінде, қылыш асынған солдат секіріп түсті. Одан кейін биік жағалы қасқыр ішік киген, аяғында шылдырлап қоятын қоңырауы бар етік, басында қара бұйра папаха, ұзын бойлы жас адам шанадан түсті. Ішігін иығымен ғана ырғыиып қалып, солдаттың қолына түсірді де, офицер киіміндегі жас адам Ұлпанға қарай беттеді.

Есеней үйде жоқ-ты. Қысқа қарай жылқы қостарын әр жерге орналастыруға кеткелі айға жақындап барады. Қысқы үйге көшіп-қонғалы екі-үш-ақ күн, қонақ үй әзір емес, Ұлпан мұндай қонақтарды қайда түсірерін ойланып тұрып қалған.

Жас офицер Ұлпанға жақындап келіп, қазақша амандасты:

— Сәлеметсіз бе, Ұлпан жеңгей, лұқсат болса, қонып аттанар едік... күн де кешкіріп барады... — деді.

Ұлпан офицерді енді таныды. Бұдан үш жыл бұрын Тобыл қаласында көрген. Есенейге сәлем беруге келген жас офицер Қази Уәлиханов, жас та болса, ерте піскен жас офицер шай ішіп отырып, Ұлпаннан көзін алмап еді. Тіпті қоймаған соң, Ұлпан да оның көзіне тік қараған. Не деген сөйлеп тұрған көз еді! «Бірдеме керек пе?» деп тұрғандай екен! Қази көзін бұрып әкетіп, қайтып қарай алмай қойған. Сол Уәлиханов тұқымы жас офицер Қази бүгін, міне, тағы кездесіп тұр. Бұл жолы көзін бұрып екетпестей тәкаппар қарайды.

— Лұқсаты лұқсат... бұл үй қонақтың атын атын басқа қақпайды. Бірақ қонақ үйіміз жиналған жоқ еді, өзіміз отыратын үйге түсесіз де... — деді Ұлпан.

— Қалағанымыздың өзі сол өзіңіз тұратын үй болар еді, — деді Қази.

Қази аңдамай айтты ма, әлде әдейі аңғарта айтқысы келді ме, әйтеуір, түпкі ниеті көрініп қалды. Ондайды қолма-қол сезіне қалатын Ұлпан ешбір сыр аңдатпай:

— Үйге кіріңіз, — деді. Ұлпан божысын ұстап жүрген Әбілқасым деген орта жастағы адам қонақтарды түкпірдегі бір бөлмеге апарып кіргізді.

Қази Уәлиханның үлкен әйелінен туған ең үлкен ұлы Ғұбайдолланың немересі еді. Ғұбайдолла әкесі өлген соң Сібір генерал-губернаторы хандықты маған ұсынар деп дәме қылған. Уәлиханның өлімі қазақ даласында хандықты біржола жою мәселесі көтеріліп, негізінде шешіліп қойған тұсқа кезікті де, губернатор оған көңіл айтуға жіберген елшілік арқылы мол-мол сыйлық және подполковник шенінің патентін көлденең тартыпты. Губернатор жіберген хатында Ғұбайдолланы аға сұлтан деп болашақ лауазымын атай жазыпты. Оның үстіне, қала салуға осы күнгі Көкшетау қаласының тұрған жерін сұрапты.

Ғұбайдолла долданып кетті. Хан лауазымын берсе, бір қала түгіл, он қала салатын жер сұраса да қабырғасы қайыспайтын еді. Уәлиханның үлкен ұлы, хандық жолы менікі деп дәмеленген сұлтан орыс патшалығымен ат құйрығын кесе айрылысты. Тезбе-тез қол жинап, немерелес Есенгелді, Саржан, Кенесары үшеуін бас қылып, Ұлытау, Кішітау жаққа жөнелтті. Орыс патшалығы: «Орда өзара бөлініп-бүлініп, жарым-жартысы Ұлытау жаққа көшіп кетіпті» деп жүргенде ол жақта жасақ құрылып жатқан. Кенесары қозғалысы дегеннің түп қазығы сол Ғұбайдолла болатын.

Ғұбайдолла өзі, қасында рубасы ақсақал, билері бар, екі мың жасақпен Баянауылға келіп орнап, Қытай императорына қырық екі кісі елші жіберді. Өзін Орта жүз бен Ұлы жүздің ханы деп бекітуді сұранды. Біздің даланың бөлініп-жарыла беруіне қашаннан тілектес Қытай үкіметі сараңдық істеген жоқ. Ғұбайдолланы қазақтың ханы деп бекітіп, оның үстіне, Қытай империясының ұлы князі — Ван Гун деген атақ берді. Қасындағы табақтас-жемтіктестері ақ киізге салып хан көтерді.

Ғұбайдолла хан көп жасай алған жоқ. Қолбасшы Кенесарыға екі-үш рет жасақ жөнелтті. «Қимылда!» деді. Ол екі арада орыс шекаралық әскері Баянауылды үш жағынан қоршап алып, бір шай қайнайтын уақыттың ішінде

хан ордасының дал-далын шығарды. Қасындағы тоқсан табақтасымен бірге Ғұбайдолла Березов қаласына, мәңгі қайтпас мекеніне жер аударылды.

Орыс патшалығының Ғұбайдолла алмай қайтарған сыйлығы енді оның он алты жасар баласы Болатқа берілді.

Болат майордың баласы сұлтан Қази Омбыдағы кадет корпусын бітіріп, Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың қарамағына алынды. Оқуға да сол генералдың қамқорлығымен алынған еді. Қази кадет корпусына келіп түскен жылы Шоқан Уәлиханов сол корпусты бітіріп шыққан еді. Шоқан сияқты Қази Уәлиханов та Шығысты зерттеу жұмысында болды. Қара Ертісті бойлай жүріп, Семіз-найман елін орыс патшалығына қосты.

Дуние жүзінде екі-ақ жігіт хан тұқымы қалса, ол екеуі жауыққан араз болар еді. Ол үшін Орта жүз, Кіші жүз болудың керегі де жоқ. Екеу болғандығының өзі жетіп жатыр. Уәлиханның үлкен әйелінен тараған әулеті мен кіші әйелінен тараған әулеті алты дуан ел сыйлаған қазақ даласына сыйыса алмады. Бірінің үстінен бірі жаудырған арыздар бойынша, сол кездегі Сібір генерал-губернаторы Дюгамель корнет Қази Уәлихановты Тобыл қаласынның полкына ауыстырды. Ұлпанды ол сол Тобыл базарының тұсында көрген.

Жас офицер Кенесарының қандасқан жауы, аяқтап келгенде, оны әлденеше рет жеңіп, Керей-Уақтың жерінен айдап тастаған жауы, атақты батыр, әділ би атанған Енисейді көруге келіп еді. Енисейдің өзң де; Ұлпан да Қазиға үлкен қошемет көрсетті. Әсіресе Кенесары қозғалысына көзқарастары бір екен. Әттең, ерте піскен жас офицер Ұлпанға қарай беремін деп сүрініп кетті.

Қази Тобылда екі-ақ жеті болып, алты айға босанып кетіп еді. Ол кідірместен Петерборға барып, соғыс министрі Милютин арқылы сұранып, қазақ-орыс лейбгвардия полкына алынды. Осы келісінде сол полктың офицері еді.

Ұлпан қонақтарын ашық жүз, жайдары мінезімен күтті. Құрметті қонақ келгенде, бірге отыратын үш-төрт адамдары болушы еді, оларды да шақырып алды. Әнші жігіттер, дойбышы жігіттер келді. Елдің жай-күйімен, ойын-сауығымен танысамын деген адамға көңілсіз болмауын да ойлады. Жатар уақыт жеткенше өзі де бірге отыра берді. Бірақ Қази ондай әңгімеге шорқақ жігіт екен, ауыл адамдарымен тіл табыса алмай, ақсүйек төре екендігінен бір сәтке босай алмай қойды. Офицер етігі не сықырлайды, не шылдырап қояды. Ұлпаннан басқа осы үйде отырған адамдардың тезірек кетуін күтетін сияқты. Оны сезінген дойбышылар біріне бірі:

— Сіздің биіңізді біз мына құлымызбен-ақ жей саламыз.

— Жоқ, жей алмайсың...

— Жей алмасам, тұсаулы аттай тұрды да қалды емес пе? Ол күн өткен би! Ондай би болғаны адыра қалсын! — деп қалжыңдасады. Тұсаулы аттай тұрып қалған би дегендері, әрине, қазақ қалжыңынан хабары жоқ жас офицер Қази Уәлиханов.

Бір кезде Қази ауыл адамдарынан тез құтылғысы келіп, шаршап келе жатқанын айтты. Жолды қар басып қалған... сегіз күн жүріп келіпті... Көкшетауға дейін әлі бес-алты күн жүретін болар. Ұлпан оған:

— Ас әзір... қол жуыңыздар, — деп жауап берді. Қази ең үлкен олақтығын осы арада тағы көрсетіп алды.

— Лұқсат болса, осы үйде бірер күн тынығып, демалуға болмас па екен? — деді.

Ұлпан онысына қарсылық білдірген жоқ.

— Жатыңыз... демалыңыз... Ертең қонақ үйіміз дайын болады, — деді. — Шеттен біреулер келіп қалмаса, бүгінгідей ауыл адамдары да бола бермес...

Кешкі тамақтан кейін қонақтарын түкпір бөлмеге жөнелтіп, Ұлпан өзі де жатуға айналды. Күміс жақтаулы үш жарма айнаның алдына келіп отырып, шешіне бастады.

Ұлпан бүгін Мүсіреп үйінен кештетіп қайтқан. Шынар бірінші баласын тапқан еді. Ұл туды. Шынар толғата бастағанда-ақ хабар беріп еді, Ұлпан Стаптан акушерка әйел алдырып, сонымен бірге Шынардың қасында үш күн болып қайтты.

— Ерке қатын, енді сен өлмейсің! Жат әрі қозғалмай! Екі күн қызкеліншектерді жинап өткізген шілдеханадан шаршап қайтып еді, әлі ұйқысы келмей отыр. Ойында бір өн бойын өртеп кететін толқыныс бар. Ол — пісіп жеткен әйел мұңы — бала. Ұл бала! Есенеймен қосылғалы үш жылдан асып бара жатса да, бала белгісі болмай келеді. Есеней бірнеше баласы болған адам. Кінә Ұлпанның өзінде болмаса қайтсін! Бойға бітпей жүрген баланы сағыну деген азап екен. Түсінде бала емізіп, бала ойнатып отырғанын көреді. Қуанып оянады, ұзамай ағыл-тегіл жылап алады.

Бала жайын Есеней де анда-санда есіне алып қояды.

— Біржола бала берместей қарғайтын Құдайға жазған жазығым жоқ-ты! — деп бастайды да: — Бермесе тағы мейлі, менің жарым да, ұлым да, қызым да Ақнарым, Есенейім, сен аман бол! — деп тоқтайды.

Ұлпан айна алдында едәуір қозғалмай отырып қалды да, шешіне бастады. Денесі құрғыр әлі босаңсымай, толықпай келеді. Тым болмаса май басып толықса екен-ау. Жұрт жарықтық ақ-адал көңілімен Ақнар бәйбіше десе, сол бәйбішелікке де әлі толмай тұр. Баяғы денесі, иіліс-бүгілістеріне бір әжім түспеген жас дене! Іші-бауыры әлі жарау... Шамалап толықса да болар еді-ау. Толығу үшін не істеу керек? Күніне екі рет ет жеп, он аяқ қымыз ішу керек дейді Дәмелі. Онда кісі жарылып өлетін шығар!..

Ұлпан толықпадым деп назаланғандай болса да, денесінің мүсіні бұзылмағанына да қатты қуанады. Жаз бойы көл, қыс бойы монша сылайтын болар... Шынар ант ұрған сыландап жүріп-ақ бір ұл тауып алды ғой!.. Жаным таза, жүрегім таза, Құдай бар болса, берер әлі!

Осы ойларға келіп, өзін-өзі жұбатты да, Ұлпан жатардағы бүрмелі кең көйлегін киіп жатып қалды. Тобыл, Ірбіт, Троицк, Бағлан қалаларына бара жүріп сыртқы көйлек, ішкі көйлек, жатардағы көйлек дегендерді ұғынып алған қыр қазағының Ұлпан бірінші қызы еді. Ол әдетін әсте ұмытпай келеді.

Қанша ұйықтағанын қайдан білсін, Ұлпан оянып кетті.

— Ұлпанжан... — деген сыбырдан оянды. Қази екенін таныды. Қонған үйінің қыз-келіншегіне, үй іші ұйықтап кеткен соң, «қол салу», «ояту» деген қазақ

халқында қашаннан бері бар әдет. Ұлпан оған таңданған жоқ. Бірақ осы Қази деген жігіттің ниетін келген бетінде аңғарып, ұнатпай қалған. Сол түйіншек ойында қала барған екен. Ұлпан басын көтеріп алды да:

– А, жүрейін деп жатыр екенсіз ғой... Дәмелі апай, шам жақ, шай қой! – деп түрегелді. Жалаң аяғына кебісін киіп, арқасына шапанын жамылып алды.

– Қазір, айналайын, қазір! – деп Дәмелі шам жаға бастады. Қази жылысып шегіне берді.

Қази Тобылдан өз еліне кетіп бара жатып, бұл үйге әдейілеп кештетіп келіп еді. Жолшыбай Есенейдің үйде жоғын да естіген. Стап қаласында Тобылдан таныс Тілемісті тауып алып, бар жайды біліп келген. Тілеміс іштей Есенейге тіпті дос емес: әкесінің құйрығын түріп қойып дүре соқтырғанын есінен шығара алмайды. Есеней тіріде оның кегін қайтара алмайтынын да біледі. Сондықтан үнсіз бағынып, тапсырғанын дәл орындап жүре береді.

Тілеміс әсіресе Ұлпанға өш. Жап-жас басынан бұйыра сөйлеп, Есенейді басынып алды. Сибан деген бір тайпа ел оны Есеней ордасының бәйбішесі деп, бас иіп отыр. Өзге жұртқа қандай кең алақан болса да, Тілеміске іші жылынбайды-ақ. Шіркін-ай, Ұлпанды кіммен болса да жақындастырып-жанастырып алып, атағын ел-жұртқа түгел жайып жіберер ме еді! Осындай екі жақты қатыстықтың орайы табылмай жүргенде, Құдай айдап Қази Уәлиханов кез болды. Жас офицер күле сөйлеп сырын аңғартып еді, Тілеміс жабыса кетті: – Пісіп отырған кезі. Байы қартайды. Бала жоқ. Құдай біледі, өзіңдей біреу кездессе, шалқасынан құлап түседі, – деді.

Тілемістің осы айтқандарына сеніп, Қази келген бетінде-ақ ойын Ұлпанға аңғарта сөйлеп еді. Ұлпан оны аңғармағандай жауап қайтарып, қоныңыз деді, бірер күн демалуына да лұқсат етті, сыйлады, құрмет көрсетті... Жұрт көзінше сыр бермей отырғандай еді, енді мынасы несі? Қасына барғанда: «Жүрейін деп жатыр екенсіз ғой!» деп атып тұра келе ме екен? Мұнысы «аттаныңыз» дегені ғой!

Уәлихан тұқымынан шыққан патша офицеріне қара қазақтың қыз-қатыны қашан қарсылық жасай алып еді? Хан тұқымының көзіне ілікпеніне мәз болатыны қайда? Мұның өзі тоң мойын қара қазақтың хан тұқымын елемей бастағанының бір қыры емес пе екен?

Қази бұл қорлыққа шыдай алмады. Аттарын жектіре бастады. «Күндерде бір күн реті келе қалса, есесін бір қайтарармын», – деді де, шайға қарамай жүріп кетті. Ұлпанмен қоштасқан да жоқ.

Қази шанасына мінгелі жатқанда, ағаш үйлерді жаңғырықтыра үрген үш үлкен төбет аулаға кіре бергенін көрді. Толған ай екі жағынан құлақтанып тұрған аязда төбеттер өңкей көкшіл көрінді. Желке жүндеріне күмістей жарқылдап қырау тұрған. Жақындай берген салт аттылардың бекінген қарды сықырлатасыздата қатты жүріп келе жатқаны естілді.

– Айда! – деді Қази атшысына. «Қайтып келе жатқан Есеней болар» деп ойлады. Шана қозғалып кетті.

Төбеттер әупілдеп қалып, Есенейдің қайтып келе жатқанын хабарлап еді, Ұлпан жылы киініп алып далаға шықты. Есеней есік алдына жақындап келіп, атынан түсті де, шылбырын Кенжетайға қарай серпе тастады.

–Бүгін үйге жетпегенде, далада өлетін едім, Ақнарым! – деді Ұлпанға. – «Жүйрік ат, сұлу қатын – ер қайрағы» дейтін бе еді? Сол менің жанымды алып қалған...

– Жоқты айтатының не сенің? Суыққа тоңбаған еркек Есеней болар ма еді! Жүр үйге... – Ұлпан Есенейдің сол қолына асыла кірді. Белбеуін шешті. Тымағын, сыртқы киімдерін сыпырып, Дәмеліге берді.

– Отыр, етігіңді шешейін.

Ұлпан Есенейдің етігін шешіп, мәсі киген аяғын ұстап қарап еді, мұздай екен. Аздап дірілдеп қояды. Жаңа оның білегіне асыла үйге кіргенде де бар денесінде діріл барын сезінген.

– Қазір моншаға түсесің! – деді Ұлпан. – Дәмелі апа, Салбырға айтшы, монша жақтырсын.

Есеней әр жылғы әдеті бойынша қысқа қарай жылқы қостарын Есіл, Обаған, Тобыл, өзендерінің бойына орналастырып болып, біраз күн қасқыр қуып, түлкі аулай қайтып еді. Кеше бір оқыс апатқа ұшырап қала жаздады.

Күн кешкіріп, суытып келе жатқан. Көлденең қасқыр кездесті. Иттер қуа жөнелді. Биыл бұл жақта қар бетіне жұқа мұздақ тұрып қалған еді, иттердің жіліншігін қырқып, үшеуі де ақсай басатын. Қасында Кенжетай мен Шондығұл, Есеней де қасқырдың соңына түсті. Есеней қасқырға жақындай берді. Иттер аяншақтап тұрып қалғанын білген жоқ. Аты асқан жүйрік, Байшұбар атанған жүректі жылқы еді, бес шақырым жібермей қуып жетті. Енді-енді сойыл сілтер жер қалғанда, қасқыр көлденең кездесе кеткен көлге жалт беріп еді, Байшұбар да бірге жалт бұрылды. Қасқыр кідірмей тарта берді. Есеней ат-матымен жылымға күмп етіп құлады. Жауырын ортадан әлдене найзадай қадалғандай болып, Есеней қозғала алмай қалды. Кенжетай мен Шондығұл келіп жеткенде, ат олай бұлқынып, бұлай бұлқынып, ойылып кеткен жұқа мұзды кеңітіп алыпты. Есенейдің кеудеден жоғары жағы ғана көрінеді. Жолдастары Есенейге қарай жүгіріп еді, Есеней оларға:

– Әуелі атты аман алып қалыңдар! – деді.

Шылбыры Шондығұлдың қолына түскен соң, жасында түйе балуан атанған адам атты оп-оңай жағаға шығарып алды. Есенейді сырт жағынан келіп, шылбыр тастап суырып алуға тура келді. Бір етігі аяғында, бір етігі аттың үзеңгісінде жүр.

Күн батып барады. Панасыз, суық далада Есенейді түгел қайта киіндіруге болмады. Іш киім, шалбар сияқтыларын жаңадан кигізіп, жолаушылар суыт жүріп кетті. Қасқыр қумай, төтелей шауып, қара үзбей отырған басқа жолдастары да келіп қосылды.

Түн ортасы ауа бере бір жылқышы қосына кездесіп еді. Қоста жан жоқ екен. Кіре сала от жағып, Есенейді түгел қайта киіндіріп, енді шайға қол қоя бергенде, даладан айқай естілді:–Иесіз қосты басып алған қай итсіңдер? – деді дауыс. Шондығұл далаға шығып, айқай салған адаммен екі ауыз тіл қатысты да, қайта кірді. Сырттан дауыстаған адамның шаба жөнелгені естілді.

– Бұл кімнің қосы екен? – деп сұрады Есеней.

– Қожықтың қосы екен?

– Қожықтың?

– Ие...

– Ендеше, аттанайық, жігіттер. Қожықтың қосынан дәм татуға болмайды. Қоржындарыңда құрт-мұрттарың болса, соны талғажау қыларсыңдар.

Есеней тобы аттанып кетті. Кешеден бері суық далада ашығып келе жатса да, Есенейге ешкім қарсылық ете алмады.

Қожық атақты ұры, атақты сотқар еді. Жүз жігіт баукеспе ұры ұстайды. Жолаушы тонайтын жолбасарлары да бар. Олай қашып, бұлай қашып, он жылдан бері Есенейдің қолына түспей жүр. Талай кедей ауылдардың жылқысын тал түсте тартып әкетіп, теңдік берген емес. Әкелген жылқыларын өз жылқысына қосып жіберіп, ізімен келген иелеріне: –Бұл жатқан Есенейдің жылқысы... Батыр болсаңдар, жақындап көріңдер! – дегені де Есенейге екі-үш рет жеткен.

– Дүниеде жалғыз ғана қас адамым бар. Ол – Қожық! Қолыма түссе, кескілеп өлтірер едім, – дейтін Есеней.

Осыдан бес жыл бұрын Еменалының үйіне келіп Қожық қонып кеткенін естіп, бұған дейін бір ауыл болып бірге отыратын туған інісін өз маңайынан айдап тастаған. Содан бері інісіне де іші жылыған емес.

– Еменалының қолынан келмейді, әйтпесе, еш нәрседен бас тартпайтын адам! – дейтін.

Есеней жылымға құлағаннан кейін екі түн, бір күн аштан аш жүріп отырып, үйіне жеткені осы. Суық өткендік пе, әлде басқа бір дерт пе, әйтеуір, тұла бойына дірілдеу пайда болды. Анда-санда шауып-шауып алып, денесі қызғандай болса да, дене дірілінен құтыла алмай келді.

Ұлпан Есенейді де «орыс моншасына» үйретіп алып еді. «Орыс үйіне» үйренгені сияқты. Есеней моншаға да үйренді. Осы күні ол:

– Әр намаздың алдында дәрет алғанша, моншаға түсіп алса, қазақ тоқсан тоғыз ауруынан құтылар еді! – деп қалжыңдайтын болған.

Есеней қанша ашығып келсе де, тамақты азғана жеп, моншаға кетті:

– Ақнар, сен жата бер... Мен моншадан күн көтерілмей қайтпаспын! – деді кетерде.

Есеней моншада айтқанынан асыра, түске дейін отырды. Моншаға қымыз алғызды. Сүйгенінен өткен суықтан арылса, дірілдеуі де тоқталар деп үміттеніп, қайың жапырағымен Салбырға өзін-өзі қанша сабалатса да, діріл тоқталмады. Үйіне қайтып келді де, қасқыр көрпені айқара жамылып жатып қалды.

– Ақнар, өзім оянғанша оятпассың мені.

Есеней ертеңіне түске жақын оянды. Сақал-шашы әлі жүндей ұйпатұйпа, өңінен айрылып, бозарып кетіпті. Бет-аузы өзінікі емес, сексенге келген шалдікі дерлік. Барлық бет терісі алқымына қарай салбырап, ең кемі он жас қартайып тұрды. Бұрынғы әжім дегендері енді көп киілген кенеп шалбардың тақымдығындай қатпар-қатпар. Жүзінде бірден көзің үйрене алмас айбар, ызғар болушы еді. Көзің үйренген соң, нағыз еркек пішіні осындай болу керек деп ойлайтынсың. Сол айбарлы жүз қатты солғындап, мыж-мыж болуға айналған екен. Сол айбарлы жүз кейде мейірімділікке, достыққа, сүйіспеншілікке бейімделгенде тағы қызығатынсың. Барлық шынымен, жан-жүрегімен құлап

отырғанын көретін едің. Қазір Есенейдің жымиғаны, Ұлпанға мейірім төге қарағаны көргің келместей жалынышты екен.

Ұлпан түні бойы күзетіп қасында отыр еді, шошып кетті. Басқа бір әйел болса, жылап жіберер еді. Ұлпан Есенейге шын сүйіскен жардың сөзін айтты:

— Жолбарысым, тыныш, жақсы ұйықтадың... Өзің де әбден шаршаған екенсің. Тұр, киін... Сақал-мұртың да өсіп кетіпті. Кенжетайды шақыртайын ба? — деді.

—Шақыртсаң, шақырта ғой. Өзің ана бөлмеге бара тұршы, мен киініп алайын. — Бұрын Есеней Ұлпанның алдында киіне беретін.

— Құдайдың деймін-ау, саған қосқан еркегінің түрін қарашы! Басы қара қазандай... бар денесі ілбісінде қара шұбар... саусақтары таяқтай... — деп өзінөзі сынай-міней отыратын.—Құдайға менің өкпем жоқ, жолбарысым. Құдай маған еркекті екі есе етіп берген ғой, — деп Ұлпан да риясыз мақтайтын, риясыз мақтанатын.

Есеней киініп, шайға келді. Кенжетайға шашын алдырып, сақалмұртын жөндеткеннен кейін, бет-аузының қатпар-қатпары әлгіден гөрі де жаланаштанып, молығып кетіпті.

— Міне, бозбала болдың да шыға келдің! — деді Ұлпан, Есенейдің көңілін көтерейін деп. Есеней үндеген де жоқ, жымиған да жоқ.

— Жолбарыс-ау, айтуға реті болмай жатыр, сүйінші! Шынар ұл тапты!

— Е, Мүсіреп әлі жас қой!

— Сенен қанша жас дейсің! Сүйінші бергің келмей отыр ма?

— Қалағаныңды ал, Ақнарым.

— Шын ба?

— Шыным, Ақнар, шыным.

— Шының болса, тез жазылып кет! Осыдан басқа қалауым жоқ. Сендей еркек жазылғысы келсе, жазылып кетпейтін несі бар! Көрмей жүрген суығың ба еді!..

— Шынарға сәлем айт, ұлы өмірлі болсын! Тілектеспін! Мүсіреп неғып келмей жатыр, менің келгенімді естімеді ме екен?

— Кеше кешке келіп кетті. Сен ұйықтап жаттың.

— Шақыртшы, Ақнар... Шынардың күні таяу деп, биыл ермей қалып еді. Талай жерде сол қалжыңбастың керегі болды-ақ... Айтқандайын, түнде біз ауылға жақындап қалғанда жөнеле берген шаналы кім?

— Ана жолы Тобыл қаласында сені іздеп келетін жас жігіт Қази.

— Неге түнделетіп жүріп кетті?

— Әдейі сенің үйде жоғыңды біліп, бірер күн қона жатуға үміттеніп келіпті.

— Сен, немене, ыңғай бермедің бе?

— Жоқ-е, қонақ үй әзір болмаса да, осы үйге түсірдім. Сыйладым. Ауыл адамдарын шақырып алдым. Өзім де қасында болдым... Жас жігітке керегі ондай құрмет болмай шықты...

Есеней одан арғы жағын тәптештеген жоқ. Ұлпан айтқан жоқ. Бұл екеуі үлкен сенімнің, үлкен адалдықтың адамдары еді. Осындай шетін жайлар сөз

бола қалса, көздерін аударып кететін, не қызарып, не сұрланып кететін адамдар бұлар емес-ті.

Шай үстіндегі кеңестен кейін екеуінің ойындағы басқа бір түйіншектері оянды. Ол көптен бері жүрген түйіншек – перзент жайы. Есеней әлі нағыз еркек, Ұлпан болса-болмаса да пісіп болған әйел. Әкелік те бала іздейді, аналық та бала іздейді. Мұрындарына жас қозының иісі келгендей болғанша тіленеді. Жылма-жыл балалап тұратын төрт түлік малдың төлі – құлыны, ботасы, қозысы, лағы көздеріне түсіп кетсе, өздерінің баласыздығы естеріне түсе қалады. Құдайы құрғырға бұлардың неменесі жақпай жүр? Есенейдің кәрілігі мен Ұлпанның жастығының арасында қандай шалғайлық бар? Жоқ қой!.. Ұлпан жас төлді көргенде қуана тұрып, мұңая қуанады.

Шынар аман-есен босанғанда, Ұлпан барлық жан-тәнімен қуанды. Стаптан әйел доқтырын шақыртып алды. Жас нәрестенің кіндік шешесі болды.

– Қошақаным-ай, иісің қандай еді, жұпардай! – деп жөргекке оралған нәрестені өз шешесінен бұрын иіскеді.

– Сен жата бер, әй! Сибанға бір ұл тауып бердің, болды! Мақтанба. Менен қызғанбай-ақ қой, – деді.

Шынар Ұлпанды көзімен аймалады: «Қайтейін, мұңдығым... Менен сен бұрын ұл тапса екен деп тілеушіңмін, адал тілеушіңмін. Тіпті сенен Мүсірепті де қызғанбас едім... Үміт үзе көрме, бауырым..», – дейді Шынардың көздері.

Ойында осы тілектестігі, Ұлпан үйіне қайтарда Шынар оған әдеттегі қалжыңын айтты:

– Сен қатын да тұра тұр әлі... Сен ұл тапқанда балаңды бауырыңнан жұлып алып, өзіңнен бұрын емізермін! – деді.

Ұлпан үйіне қуана да мұңая, мұңая да қуана қайтқан. Содан бері аналық дерті тіпті күшейіп, кейде тұншықтырардай бунап, кейде өртеп жіберердей күйдіріп-жандырып кетеді.

Есенейдің халі де осыған жақын. Ол қара шешектен кейін ауырып көрмеген адам еді. Осы жолғы құлауынан қатты қауіптенеді. Әсіресе, осы бір дірілден қорқады. Аузына көбіктенген сілекей жинала береді. Көп жараланған адам еді, Артықбайға ұқсап қалмаса қайтсін!.. «Ұрпақсыз өтетін болса, ол өз алдына бір қасірет, мен олай-бұлай болып кетсем, Ақнардың күні не болар» деп қайғырады. Баласыз әйел – панасыз әйел. Қазақ дәстүрінше, шариғат бойынша, баласыз әйел «аға өлсе – іні мұрасы, інісі өлсе – аға мұрасы». Мұны әлі орыс заңы да өзгерте алған жоқ. Осыған байланысты Еменалы есіне түсіп кетсе, дірілі де күшейе түседі.

Есеней кешеден бері үзбей ұйықтап жатқан жоқ. Қараңғы түнде бір оянып кеткенде қасында отырған Ұлпанды көрді. Аяп кетті. Дірілдеп жатқан қолын созуға бата алмады. Көзін жұмды да, ауыр ойларға кетті. Шешімі жоқ, үміттенері жоқ ойлар қамап алды.

Қазір Ұлпан мұның көңілін көтерейін деп, әрнені жеңіл ойнақылықпен айтып отыр. Ұлпанның көңілін бұл немен көтерер?

Алыстан бір түйткіл елес береді. Оның не екенін түсінейін деп ойлана бастаса, тұла бойы шіміркеніп, жүрегі дүрсілдеп соғып кетеді. Жүрегі бар болғыр

өзі сезінеді де, өзі безінеді. Өзі сыбырлайды да, өзі тыңдама, естіме дейді! Ондай жұмбақты қалай шешерсің? Қалайда: «Есеней, сен қартайдың, Ұлпанға бала керек!» дегенді Есеней анық түсінетін сияқты. Ұлпанға бала керек! Ол бала аспаннан түсе ме? Бұл сұраудың жауабы табылар емес.

Шайдан кейін, Есеней Ұлпанға телміре қарап:

– Ақнар, менің төсегімді оңаша бөлмеге шығартшы. Өзіңнен басқа бір адам кірмесін. Салбыр күні-түні қасымда болар. Өзің дұрыстап киіндірерсің, – деді.

– Доктор шақыртайық, Есекесі.

– Шақыртсаң, шақырт. Тек бақсы-балгерді көзіме көрсетпе!..

Сол күні олар оңаша бөлмелерде бөлек жатты. Бөлек жатса да, ой-сезімдері тоғыса берді. Бірінің қайғы-мұңын бірі біліп жатқандай, бірге күрсініп жатты.

Әлдеқандай сезімнің, сезім емес, сезінудің ойыңа орала беруі, қытықтай беруі тіпті жай болмайды. Ұлпанның екі-үш күннен бергі ішкі толқынысы әлдененің алдамас хабаршысы екен. Ұлпан сол күні түнде оянып кетті де, жалаң аяқ жүгіріп келіп, Есеней жатқан бөлмеге кірді. Жанып тұрған шамды үрлеп сөндіріп, Салбырға үйіңе жүре бер деуге шамасы келді. Есенейдің қойнына кіріп кетті. Жұлмалай бастады, аймалай бастады.

– Тұр, Есеней, тұр! Екі күн еркелеп жаттың, жетер! Ендігіңді қоя тұр. Мен жерік болып қалдым! – деді.

– Жерік дедің бе, Ақнар?

– Тап соның өзі!

Есеней Ұлпанды бір қолымен құшақтай көтеріп, өзінің кеудесіне жатқызды.

– Шын ба, Ақнарым? – даусы қалтырап, дірілдеп әрең естілді...

– Шын болғанда қандай! Аузымнан сілекейім шұбырып барады!

– Енді Есеней өлсе де болады! Жалғыз арманы осы болатын. – Бұл жолы даусы қалтырамай, өз қалпында шықты.

– Есенейдей еркек жүз жасамаса, несімен Есеней болғаны! Айтпа жоқты!

Жас дене бар қызуын кәрі кеудеге айқара жауып, жабыса түсті...

– Ақнар-ау, неменеге жеріксің? Түйенің алаботасы мен көкпектің бірі емес пе?

– Жоқ, Құдай!... Менің жерігім қайбір оңған болады дейсің. Шынардың шешесі күлге көміп пісірген нанға жерікпін... Ағаштың қара көмірі мейіздей жабысып-жабысып тұрған нанды көріп едің ғой ана жылы? Соған... Сілекейімді жия алмай қойдым...

Заты жоқтың аты жоқ болады. Жерік деген аты болған соң, оның өзі де бар нәрсе еді. Жүкті болған әйел денесінде қай текті заттар жетіспесе, соның орнын толтыру керек. Соның аты – жерік. Жерік – жүкті болғандықтың бірінші белгісі. Алдамайтын белгі.

Есеней сырқатынан құлан-таза жазылып кеткендей болды. Тұра келіп киініп, Кенжетайды таң атпай Мүсірептің үйіне жұмсады.

– Жылдам күлге көміп нан пісірсін... Ақнар қазір келеді деп айт! – деді.

– Нанға жабысқан көмірін алып тастамасын. Көмірі көп болса, тіпті жақсы. Ана жылғыдай тұзды майға бұлғасын, – деп Ұлпан өз ойындағысын қосты. – Ыстық болсын!

Кенжетай кеткен соң, Есеней Ұлпанға:

– Қыз болса, өзіңе тартсын. Ұл болса, маған тартса да мейлі, – деді.

– Жоқ, жоқ... Ұл болсын және саған тартсын! – Ұлпан күлге көміп пісірген жерігін жеуге жүріп кетті.

– Ә, күлдікөмеш жеуге келдің бе, талғағым! Дуние кезек дегенім есіңде ме? – деп қарсы алды Шынар.

– Кезегіңді ала бер... Өлтірмесең, тезірек наныңды бергізші! – деді Ұлпан.

9

Ұлпан күлге көміп пісіріп, тұзды майға бұлғаған нанды ашыққан адамдай күйсей бастады. Жер төсекте жатқан Шынарға бір қырын отырып алды да жей берді. Нанға жабысқан қайың көмірі тісіне тиіп кетсе, «ым-м-м!» деп қыңсылап қояды. Құмартқан жерігі нан емес, тұз бен көмір сияқты. Көмірдің дастарханға ұшып түскен қиқымдарын қолымен теріп алып, аузына қағып жібереді – «ым-ым-м!».

Ұлпан төр үйге бармай, үй ішінің өздері тұратын, қазір онда Шынар жалғыз жатқан бөлмеге отыра кеткен.

– Нан жеуіңе қарағанда, сен біреу емес, екі ұл табатын боларсың! – деді Шынар.

– Менен ақ бота бұрын боталап қала ма деп қорқып жүр едім... Ол биыл дөнежін шығады ғой. Ант ұрған, сипақтап жүр дейді... Әй, сен неменеге жерік едің?

– Құдай, менде қайбір оңған жерік болды дейсің!.. Қара буранның шудасын шайнауға жерік болғанмын... – Бәсе, балаңның басы қара қазандай, бураға тартқан екен ғой! Беторамалыңды бері тасташы, терлеп кеттім.

– Ар жағында тазасы тұр ғой, ала қойсайшы өзің.

– Жоқ, қозғалғым келмейді. Денем қара тырнағыма дейін балқып отыр. Ым-м-м!..

– Мә, ендеше...

Шынар құндақтаулы баласы қасында, әлі төсектен тұрған жоқ-ты. Акушер әйел бір жеті қозғалмай жата бер деп кеткен. Басын қына сары сәтен шаршымен таңып алыпты. Шынарға осылай жату да жарасады екен. Өзі де ақкөңіл адал жан еді, қазір бүкіл дуниедегі жалғыз ғана армансыз, жалғыз ғана бақытты жандай ажарланып кетіпті.

Дуние есігін өзі ашып келгендей, ұлы да мардамсып, пысылдап ұйықтап жатыр. Шынар баласын ұйықтап жатып та еме береді деп мақтайды:

– Кіндік шешесі ашқарақ болушы еді, соған тартып кете ме деп қорқамын! – деп қояды.

Ол – кіндік шеше Ұлпан күлдікөмеш нанды аузына бұралай тығып мытып отыр...

– Сен, әй, жайыңа жат! Бір сындырым наныңды аяймысың менен?

– Жоқ-ау, егін шықпай қалған жылы сен жалғыз өзің бір ауылға жұт болатын шығарсың дегенім ғой...

Екі әнші қыз – Кәукер мен Бикен Шынар босанғалы осы үйде болатын. Қонақ басты болып жатқан отау үйге қолғабыстарын тигізуге әдейі қалып қойған. Қазір олар төр үйге шай жасап болып, Ұлпанды шақыруға келе жатыр еді, гүрілдей сөйлеп Есеней кіріп келді:–Әлгі Мүсіреп мақтаншақтың кең сарайдай деген үйі осы ма?

– Осы, осы! – деді Ұлпан. – Бері кел, бері қарай!

Ұлпан осында кеткен соң, Есеней үйіне сыя алмап еді.

Қашаннан бері күтіп жүрген қуаныш белгісін Ұлпан өзімен бірге ала кеткендей, Есеней құралақан қалғандай сезінді. Оның үстіне, босанғалы үш күн болған Шынарға достық көңіл білдірер кезі де өтіп бара жатыр. Осы екі себеп еріксіз айдап, Есенейдің үлкен басын кішірейтіп, Мүсірептің үйіне алып келді.

Қоржын үйдің ортасындағы ауыз үй терезесіне қалың қырау тұрған, қара көлеңкелеу екен. Сырттан келген адам кім болса да көзі үйренгенше біраз тұрып қалатын. Есеней де тұрып қалды.

– Бері қарай, бері қарай! – деп Ұлпан тағы қайталады.

Шұбалмалы пештің аласа есігінен әрең еңкейіп өтіп, Есеней Ұлпанның даусы шыққан бөлмеге кірген бойында Шынардың үстіне аса қымбат саналатын бұлғын ішікті жауып жіберіп, басын көтерді. Басы төбеге аз-ақ тимей тұр.

– Балаңның көрімдігі, Шынаржан. Ақнар сараң болып бара жатыр білем, әлі күнге саған бір шаршы шүберек ырымын жасамапты.

– Есеней-ау, – деді Ұлпан тұра беріп, – Есеней-ау, неше күннен бері мен осы үйдің отынымен кіріп, күлімен шығып, қара жұмысында жүрмін ғой! Әлі сынық күреш берген жоқ. Мына жатқан сіздің жан сүйеріңіз орнынан да қозғалмайды. Жатады еркелеп!

Шынар үлкен кісі келген соң, басын көтерейін деп еді, Есеней тұрғызбады.

– Жата бер, қозғалма, айналайын.

– Сконда маған беретіндері күлге көмгенше қол тиірменнің қара наны! Өздері оны жемейді де!

– Күлді-көмеше зар болып келіп еді, тойынайын дегенін көрдіңіз бе, би аға! – деді Шынар. – Мұндай мәстекіні көрген емеспін!

– Баласының кіндігін кестім. Оған да түк берген жоқ.

– Мүсіреп ағама дуние малы керек емес, мырза демейтін бе едің?

– Бәрін билеп-төстеп әкеткен мына қатын сараң.

– Е, бетінен жарылқасын! Біздің үйде де бәрін билеп кеткен бір жан бар... Оның да бетінен жарылқасын! Байлық мырзалық, сараңдық дегеннен құтылып, жаным жаңа тынышталды. Жақсы еркек жаман әйелді адам қыла алмайды, жақсы әйел жаман еркекті адам қылады дейтін бе еді? Сол дұрыс екен, Шынаржан.

– Өзі үйіне сыя алмай, күпсіп жатқан қатынды біржола күпілдетіп кет сөйтіп!..

– Мырзаның өзі қайда? – деді Есеней төрге шығып отырып болған соң.

– Шай-қант әкелуге қалаға кетіпті. Қазір келеді деп жатыр мынасы.

– Мырзаның бар жинағаны үш күнге жетпей қалғаны ма?

– Біздік бердемелері қалған шығар. Жүр, төр үйге барып, шай ішейік.

– Үйді ыбырсытпай, қалған наныңды ала кет!

Бұлар шайға отыра бергенде, айқайға басып Керейдің бір топ ақын-әншілері келді:

– Мүсіреп, құтты болсын шілдехана,
Хабары әрең жетті кеше ғана.
Өткен соң он күн, он түн, тарасармыз,
Жиналсын бес болыстан қыз-бозбала...

Тағы бір жастау ақын самауыр қасында шай құйып отырған екі қызды көріп, ол да сарнап қоя берді:

Сибанның аман ба екен қос бұлбұлы,
Тілеуші ек кездестір деп күні-түні.
Сағынып ұшып келдік өр қиядан
Құлаққа сіңіп қалған бұлбұл үнін.

Бұл ақын қыздарды айтысқа сүйреп әкетпек еді, үшінші мосқалдау ақын Есенейді танып қалды да:

– Ассалаумағалайкүм, Есеней аға! – деді, жолдастары әдеп шегінен шығып кетпеуін ескерте қатты дауыстап айтты. Өлең мен ән де тоқтала қалды.

– Жоғарылатыңдар, ардагер ақындар! – Есеней азғана ысырылып отырды.

Бұл келген Керей аталатын көп рулы елдердің аты шулы ақын-әншілері, жыраулары еді. Ақын Шәрке сал, соқыр Тоғжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын, тағы үш-төрт жаңа перілер. Бәрі де атақтылардың атақтысы – Сегіз сері ақынның мұрагерлері. Бұл елдерде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» жырлары Сегіз серінікі деп саналады. Сегіз сері өз жанынан шығарған ба, жырау ретінде айта жүріп өңдеген бе, ол арасы дүдәмал. Ал «Қарлығаш», «Гауһартас», «Әйкен-ай» әндерін Сегіз сері шығарғанын тіпті дауға салмайды, түгел мойындап қойған. Бұл кезде Біржан сал, Балуан Шолақ, Ақан сері әндері де іргелес. Орынбор – Сібірге қарайтын қазақ елдеріне түгел тарап болған. Баяғы «Қалқам шырақ» деп аталатын алғашқы екі жолы әлденені ұйқастыра салып, айтайын дегені соңғы екі жолында болатын төрт жолды қара өлең аяқсып, енді қазақ өлеңі төрт аяғын бауырына түгел жинап ала бастаған.

Бұл бағыт Керейде Сегіз серіден басталып еді. Мына келген ақын-әншілердің көбі соның шәкірттері.

Есеней ақындарды жатсыраған жоқ. Елдерінің жай-күйлерін сұрастырып, қалжыңдаса сөйлесіп, кең отыратын ыңғай көрсетті. Ұлпан тіпті қуанып кетті. Шынардың шілдеханасына атақты ақын-әншілердің арнайы келгендеріне Ұлпаннан жан-жүрегінде ондай бейшаралықтың иісі жоқ адам.

Ақындар Есенеймен амандасып, сөзге айнала бастағанда, Ұлпан Шынардың қасына қайтып келді.

– Әй, ерке қатын, шошаланда нең бар еді, бәрін қазанға салдыр! – деді Шынарға.

– Салдыра бер. Бірдемең ұнамай қалып, ақындардың сөзіне ілектіріп жүрсең, жаныңды шығарамын! – деді Шынар.

– Басымды қатырмай, жайыңа жатшы сен!

Ұлпан шошалаға келсе, Жаниша бауырсақ пісіріп, Шынардың шешесі қол тиірменмен бидай үгіп отыр екен.

– Ойбай, апа, тиірменді маған бер, қазаныңды тезірек ас. Ақын-әншілер келіп қалды.. Барыңды сал! – деді Ұлпан, тиірменді өзі айналдыра беріп.

Күшті қолдар тас тиірменді зырқырата жөнеледі.

– Е, бар ғой, Ақнаржан, бар ғой. Аямайын. Мүсіреп аған қалаға кетті, бірдеме ала келетін шығар.

Шынардың шешесінің қысылмай тұрғанына қуанып кеткен Ұлпан:

– Онда өзіме де бір көмбе нандық бидай артық үгейінші, – деді. Қол тиірмен енді асықпай-саспай байырғы әніне баса жөнелді. Ұлпан ас піскенше шошаладан қайтқан жоқ.

Ақындар шай ішіп болған соң, домбыраның құлағын бұрай бастады. Бұрын алды тар, ызғарлы отыратын, күле білмейтін Есенейдің енді өзі ақындармен еркін өлеңдетіп кетті.

– Сәлем ал, қадірлі би, көп серіден,
Жиналған гүбірнаның жер-жерінен.
Баяғы ескі атақтың бәрін тастап
Кезіңіз көңіл жұмсап, мұзы еріген.
Ақнардай жеңешеміз есен-сау ма,
Сындырмай көк болатты ие білген...
Бұл ақын Шәрке салдың бастамасы ед.

– Жеңешелерің аман-есен... Осы үйдің отын жағып, күлін шығарып жүр... – деп Есеней көңілді жымиды. Ұлпанды мақтай келіп, өзін сынап жіберген ақын сөзіне шамданған жоқ. Қайта «енді жақсы адам болыпсың» дегендей астарлы сөзге қуанып кетті.

Шәрке сал да өлең аяғын осылай бейімдей аяқтады:

– Қаныкпыз жеңгеміздің мән-жайына,
Білеміз мырзалығы қандайын да.
Құдайдың бере салған бір жаны ғой
Сибанның кедейінің маңдайына!...

– Осы айтқаның әбден дұрыс. Шәрке сал! – деді Есеней. – Мен өзім Сибан деген елді малшы-сауыншыма айналдырып алып, енді болмағанда, қайыршы ете жаздаған екенмін. Қазір Құдайға шүкір, алдында малы бар, үстінде үйі бар елге айналды. Обалы менің мойнымда әлі, сауабы сол жеңгелеріндікі.

Ақындар Есенейден лұқсат алып, Шынарға келіп құттықтау айтысты. Бұлар Мүсіреппен қадірлес құрбы Шынармен де достасып кеткен адамдар еді.

– Сибанның Ақнар, Шынар ай мен күні,
Көктемде жұпар атқан екі гүлі.
Көркіне жүрегің сай кең дүниедей.
Бар ма екен Мүсірептің тағы мұңы.
Балаңның бауы берік болсын, Шынар,
Қайғысыз, мұңсыз өтсін бар өмірі.

– Тоғжан аға, – деді Шынар ұяла жауап қайтарып. – Тоғжан аға, менің үстімде бір ішік жатыр, соны өзіңіз алып, иығыңызға жамылыңызшы. Өзім жабар едім, әзір тұруға болмай жатыр. – Әлгінде ғана Есеней әкеліп жапқан ішікті өз үстінен азырақ ысырып қойды.

Тоғжан ішікті алып, арқасына жамылып тұрды да:

– Осы бір тұста Атығайдың ақыны болғанша, Сибанның кедейі болмаған екемін... Тым болмаса, өз үйімнен екі кісіге екі тостаған қымыз бере алатын едім-ау! – деді. Ақынның бір кедейленіп қалған кезі болса керек, налып-мұңайып айтты. Содан соң аз тоқталып тұрып, тағы сөйлеп кетті:

– Жоқ, Шынар қалқам, арық атқа жібек жабу жараспас болар. Сен бердің, мен алдым. Болды сонымен. Игілік-қуанышыңа өзің ки! – деп ішікті Шынардың үстіне қайта жапты.

Мүсіреп үйіне қайтып келгенде, Тоғжан ақын әндетіп, Сегіз сері жырлаған «Қыз Жібекті» айтып отыр екен. Мүсіреп Есенейден бастап ақындардың бәрімен қол алысып амандасты да: «Айдай бер, Тоғжан, айдай бер!» – деп, Шынар жатқан бөлмеге асығыстау шығып кетті.

– Бірдеме ілікті ме қолыңа? – деп сұрады Шынар.

– Қысылмай, жата бер, кемпірім! Ақындардың аузы неге салымсыз болсын!

Мүсіреп төр үйге екі пышақ алып қайта келді:

– Аштан өлгілерің келмесе, бір-екеуің қолдарыңа пышақ алып, далаға шығыңдар, – деді. – Міне пышақтарың... Әсіреп есік алдында жүр. Барыңдар.

Ақындар ақынға, ауыздан ауызға көшіп келе жатқалы жарты ғасыр болған «Қыз Жібек» Керей топырағында Сегіз сері нұсқасында тұрақтап қалып еді. Осы келген ақындардың ішінде Сегіз серінің баласы, әрі ақын, әрі балуан Мұстафа да бар. Мұстафа Тоғжан ақынның жаңылыс айтқан жерлерін түзеп беріп отыр еді, қазір ол пышақ алып далаға шығып кетті де, Тоғжан да тоқтап қалды.

Есеней әр кездегі әдеті бойынша Мүсірепке соқтықты:

– Келе сала қонақтарыңды далаға қуып жатырсың... Қысылысың бар ма, немене, өзі? Балаңның бауы берік болсын деуге де шамамызды келтірмедің ғой!

– Сол баланың өзі ұнаңқырамай тұр...

– Неменесі ұнамайды?

– Басы бақыр қазандай. Саған тартқан ба деген күдігім бар. Шынар екеуің жайдан-жай әмпей болып жүрдіңдер ме екен деген күдік қысталап жүр...

– Отта, шіркін!

– Шын айтам.... Әйтпесе, қысылыс маған қайдан келсін! Жарлауда жылқым, қыстауда қойым жұтап жатқан жоқ қой...

— Осындай адаммен де жолдас болып жүресіңдер, ә? — деп Есеней ақындарға қарады. Ақындар күлісті де қойды. Ағайын арасының ойын-қалжыңына араласқан жоқ.

— Маған айтқан құтты болсының осы ма? — деді Мүсірепп.

— Ендеше... Баланың басы үлкен болса, милы болсын. Алыс-жақын елдерге сыйлы болсын. Есенейдей бай болмасын. Іздегені дау болмасын, өнер болсын. Сегіз серідей ойынан өлеңі, қолынан өнері төгілген шебер болсын! Алла акбар!.. — Есеней иегін сипады.

— Айтқаның келсін. Енді сегіз айда Ақнар аман босанып, бір қазан бас ұл тауып берсін! Шілдеханасында осы ақындар түгел болсын!

Ақындар Ұлпанның екіқабат екенін түсініп, қуанысып қалды.

— Келеміз, келеміз... — десті.

Далаға шығып кеткен жас ақындар қайтып келген соң, Тоғжан ақын «Қыз Жібекті» түгел аяқтап шықты. Не мақтау, не сынау күткендей айнала қарады.

— Жақсы айтып шықтың, Тоғжан. Былтырғыңнан көп өңделіп қалыпты, — деді Мүсірепп.—Әкесінің ізіне салып, түзеп беріп жүрген мынау отырған Мұстафа, — деді Тоғжан. Мұстафа қызарып кетті. Қызара білетін ұятты ақын екен.

— Тоғжан аға, мені бір жай күйзеп отыр. Мен әлі балдыр-батпақ, қалқамшырақтан шыға алмай жүрмін. Әкемнің айтқандарынан құлағымда қалған бірдемелер бар шығар.. Сонда да...

— Жібекті текті жерден шығару үшін ханның қызы дейді екенсің... Қара қазақтан ондай қыз тумай ма екен? — деді Есеней. — Біздің Орта жүз бен Кіші жүз қашаннан бері бірге жасасып келеді. Тіпті сонау Жошының балаларынан бері Кіші жүзде Сырлыбай деген хан болған емес. Одан соң, ханның қызы хан тұқымына ғана беріледі ғой. Жібек ханның қызы болса, Төлеген де ханның баласы болу керек. Мұны ескермеген екенсіңдер. Жібекті қара қазақтың қызы деуге бекер-ақ қорыныпсыңдар. Мына қара сақалдың Төлегенге ұқсайтын түк қасиеті болмаса да, анау үйде жатқан Шынар қай Жібектен кем? — деп сөз аяғын Мүсірепке тигізе қалжыңдай қайырды.

Мүсірепп жырдың өзіне ұнаған жерін мақтады:

— Кімнің қызы болса да мейлі, әйтеуір, Жібектің әменгерлікке көнбегені үлкен ерлік.

Көрпені ағаң ашқан сен ашқандай,
Не болды жас басыңнан, сорлы бала! —

дегені сөз-ақ емес пе?! Сансызбайдың сүйегінде бір шымшым намысы болса, енді жеңгесіне беттер ме! — деді. Ақын Шәрке сал жас кезінде ала құйындау, әумесерлеу болса да, осы күні ақыл-азуы шыққан адам еді. Есеней мен Мүсірепп айтқандарының дәнін ұстап қалған екен.

— Есеке, дұрыс айтасыз, — деп бастады ол. — Өзімізді-өзіміз жамандағымыз да келмейді, асыра мақтағымыз да келмейді. Әттең, осы күнге дейін батырлық та, ерлік те, сұлулық та, ақылдылық та хан тұқымында деп келдік қой. Әлі күнге қара қазақтың бойына сұлу қыз, ақылды қыз сыймай да, жараспай да тұратын

сияқтанып келді. Сол ескі әдетпен кете беретініміз әлі бар. Кейде қара қазақтың ханның қызын бауырына басқанын да мәртебе көретін шығармыз... Ал анау Еділ, Жайық, Ойыл, Торғай ақындары Қыз Жібекті Сансызбайға қосып, мұратына жеткізеді екен. Біз, әйтеуір, соған көнбей келеміз, – деді.

Көшпелі елде ойын-сауық орны болған емес. Көшпелі елдің ойын-сауық көретін, ақынның сөзін еститін, әншінің даусын еститін ас пен тойға, шілдеханаға бала-шағасымен жамырай шұбыратыны да содан. Кешке қарай Әсіреп, Мүсірептің екі үйіне кеше ғана тараған қыз-бозбаланың үйіле-төгіле қайта келгені содан еді.

Көшпелі елде ақын-әншілердің тойдан-тойға, шілдеханадан-шілдеханаға көшіп жүретіндері де содан. Жұртқа айтар сөздері көп. Жабыққан, торыққан көңіл болса, жұбатары, құлық қатып қалмаған жастар жиналар жерді олар деп іздеп жүреді. Бұл – көркем сөз бен көркемөнердің сүйегіне біткен емес, өшпес қасиеті. Ешбір ақын бойындағы байлығын өзі ғана иемденіп бауырына басып отырған емес, ел-жұртына тезірек таратып беруге асығады. Бұл – көркемөнер қауымының айнымас заңы. Ақын-әншінің ел кезіп жүре беруге ұялмайтындары да осыдан.

Ақындар кезек-кезек өлең айтып, ән салып, кешкі ойынды әбден қыздырған кезі еді. Ақын сөзі күн болып бүкіл дүниеге жарығы мен жылуын төге алмағанымен, кектендіріп ыза-қайратқа шақырып, кейде жарым көңілді әлдилеп қояды. Ел мінезін бірі мақтап, бірі сынап, жастарға әртүрлі ой тастап жатыр. Кінәратсыз сын, әділ сын өзіңді-өзіңе күлдіретін ақын сыны, күлдіре отырып жылататын, жылата отырып күлдіретін сын, ойландыратын сын... біреу ұялып, біреу қуанатын сын.

Екі әнші қыз – Кәукер мен Бикен қадірлі қонақтарға ауыл атынан қошемет көрсеткелі қосылып ән салуға оңтайланды. Баяу бастап, шырқап аяқтайтындарын білетін жастар тынып қалды.

– Асыл сөз атқан оқтай, жай кетпейді,
Жаманға оқ өтсе де, сөз өтпейді...

Қыздар әнді енді көтере бергенде, төрдегі терезенің ең жоғарғы шынысы салдыр-гүлдір сынып түсті де, қақ сойылдың шоқпар басы төрде отырған Есенейді жауырын ортадан нұқып қалды.

– Әкеңнің көрін... түрікпен! – деді сырттан салған Еменалының айқайы. – Маған ағаш кестірмейтін сен кімсің осы? Мынаны көремісің? Төбеңде ойнайтын болады! Сойылдың шоқпар басын екі жағына кезек-кезек үйіріп қойды.

Еңсесі төмен қарай солқ ете түскен Есеней: «Өлтірді-ау, ит!» – деп қалды.

Қасында отырған Ұлпан атып тұрып, сойылды ұстай алып, бар күшімен жұлқып қалып еді, Еменалы айрылып қалды.

– Жоғал, көргенсіз сотқар! – деді Ұлпан.

Үй ішінде екі жерде жанып тұрғана бестік шамдардың әлсіз жалыны қаша жөнелгісі келгендей есікке қарай бұлқына жапырылды.

Екі қыздың әні де үзіліп кетті. Ойын-күлкі, сауық та тынып қалды. Үй ішіндегі жандар, Есенейден басқасы, түгел тұра келді. Терезе алдынан шаба жөнелген салт аттылар дыбысы естілді. Ұлпан қолында қалған сойылды сынған терезеден сыртқа лақтырып жіберді. Есенейдің арқасын сипалап:

— Қатты тиген жоқ па? — деді.

«Елтінжал» сияқты қалың орманның екі үй «түрікпенмен» ағайындығы алыстан қосылатын Андарбай — Отарбай ауылына берілгендігі Еменалыға қатты батып жүретін. Әлі қыстау салып үйрене қоймаған Андарбай «Елтін жалдың» әр жеріне бейберекет орналасты да, екі үй «түрікпен» қақ ортасын орныға қыстады. Сондықтан «Елтін жал» Мүсіреп қыстауы атанып бара жатыр еді.

Едәуір ұзын орманның күнгей жағы қалың қара шие, жортып өтсең, ат шашасын қызылға бояп жіберетін жидек пен бүлдірген. Екі жағындағы екі өзекте де жуа өседі, аралар ұялайды. Шөбі де қалың.

Жалдың орта тұсында самаладай жарқырап биік өскен жуан-жуан ақ қайыңдар қарағайдай түзу. Екі үй «түрікпен» осы қайыңдардың ортасына қыстапты. Еменалының осыған іші күйеді. Сол күйіктен осы күнге дейін қысы-жазы киіз үйде отырып келген Еменалы қыстау салуға бел байлады. Екі үй «түрікпеннің» дәл іргесіндегі бөренелік қайыңдарды қырып алып, ағаш үй салдырмақшы болды.

Ішің күйсе — кек байланғаны да. Ол кек — Еменалының Еменалы екенін, Ұлпанның ең жақын досы Мүсірептің қатыны ұл тауып, мәз-мейрам болып жатқанда жұрт көзінше ойын-күлкілерін күлдей шашып ұшырып жіберсе ғана қайтпақ...

Еменалы мана тал түсте он жігіт ертіп әкеліп, биік өскен ақ қайыңдарды қамшысымен нұсқап:

— Бірін қалдырмай қырыңдар! — деді де, үйіне қайтты. Осы кезде Мүсіреп те қаладан қайтып келе жатқан. Көп балтаның жаныңды түршіктірер сартылгүрсілін естіп, Мүсіреп үйге кірместен, солай қарай кетіп еді. Ақ қайыңдарды балталап жатқан жігіттерді көрді. Ағаш денесіне аяусыз қадалып жатқан балталарды көрді. Бір жуан ағаш сықырлап сынып, жас қайыңдарды қирата жаншып құлап түсті. Оны да көрді.

— Ау, жігіттер, бұларың не? Құдайдан қорықсаңдаршы! — деді Мүсіреп. — Отын керек болса, осындай ағашты кесе ме екен?

Жігіттер жөнін айтты:

— Біз емес Құдайдан қорықпай жүрген...Еменалы ағаңыз... ағаш үй салдырмақшы.

— Ауылда қонақтар бар, жігіттер. Ұят болады. Еменалыға сәлем айтыңдар, бұл ағаштарды мен бәрібір кестірмеймін. Кетіңдер!..

Он шақты ағаш жараланып қалыпты. Дауыл болса, құлайды, әрине. Жігіттер Мүсіреппен таласқан жоқ. Балталарын белбеулеріне қыстырып алып, кетіп қалды. Еменалының түн ішінде келіп, Мүсірептің үйіне бүлік салғаны осының салдары еді.

Есеней көзін жұмып тістеніп қалды. Баяғыда Кенесары садақшысының оғы тиген жауырынын ортадан соқты-ау деп ойлады. Тап сол оқ қадалған жері

шаншып-шаншып қалды. «Ие, ағайын деген осы да. Сойыл сілтемей отыратын күні жоқ. Қан майданда қас жауыңмен қарсы тұрып алысқаның қиын ба, туысқан ініңнің күнде бір тырнап, күнде бір нұқып қалғаны қиын ба? Қайсысы ауыр? Тоныңды бойыңа шамалап киер болмас па! Еменалы Есеней бола алса, мен қарсы болған күнім бар ма? Бола алмаған өзі екенін неге түсінбейді? Өз үйінде күпсінгенің жұрт көзінде күлкі көрінсе, кімге өкпелейсің?.. Болсаң, ендігі жазалап қойған болар едім. Долылық қысып кеткенде азғана ақылыңнан айрылып қаласың да, соқтықпасқа соқтығасың. Ел-жұртқа мазақ, ағайынға қадірсіз боласың да жүресің...».

— Тұр, Есеней, үйге қайтайық. — Ұлпан Есенейді тез киіндіріп, үйіне алып келді де, төсегіне жатқызды. Есеней сол жатқаннан енді қайтып тұрған жоқ...

10

Батыс Сібірдің далалық генерал-губернаторының қазақ жұмыстарын басқарысатын ақылшысы Тұрлыбек Көнешұлы бұл жолы екі үлкен мәселемен келіп еді. Қасында жерге орналастыру инспекторы Саврасов, заң жұмыстарының бақылаушысы Леознер және Қызылжар уезінің бастығы Демидов бар. Бұлардың қайсысы басшы, қайсысы қосшы, оны білетін ешкім жоқ, ел қазағы өзіне тартып, Тұрлыбек төре келді деп ұйғарды.

Ұлпан олардың әдейі төрелерге арнап салдырған қонақ үйінде қарсы алды. Есіктері оңаша екі бөлмелі, бір үлкен залды, жабық верандалы қонақ үй екі күннен бері әзір тұрған еді.

— Жеңеше, деніңіз сау ма? Есекем қалай, тәуір ме?

— Шүкір, төре қайным, бір қалпы.

— Здравствуйте, мадам Акнар Артыкбаевна...

— Здравствуйте, здравствуйте...

— Здравстси, здрасти, хош келіпсіздер...

Қазақ қонақтар үйге кірген бетінде көріп отырғанын да көрмеген болып, білгісі келгенін білдірмеген болып, монтансып момақан отырады. Төре қонақтар олай емес, екі-үш бөлмені отырмастан аралап шығып, қонақ үйді мақтай бастады.

— Біздің генерал-губернатордың мәжіліс залы осыдан қанша үлкен екен?

— Кішірек болып жүрмесін.

— Жатар бөлмелері қандай жайлы! Қарағай иісі аңқып тұр.

— Варшава төсектері, голлан пештері, Париж айналары... Е, мадам, тегінде, хандар нәсілінен деген сөз дұрыс болар.

— Вена орындықтары, иран кілемдері... біріне-бірі жатсырамай, қандай жарасып тұр. Мадам туралы қандай мақтау айтсаң да жеткізе айттым дей алмасаң керек.

Қонақтардың орысша мақтауларын Тұрлыбек қазақшалап болған соң, Ұлпан мақтаудан қысылатындай азғана күлімдей отырып жауап қайырды:

— Мақтауларыңыздың бір де біріне мен ортақ емеспін, қадірлі қонақтарым. Үйді салып берген орыс шеберлері. Мен, әйтеуір, жақсы үй салып беріңіз

дегенімді білем... мына кісі, ояз бастығы алғаш келгенінде, қазақы қонақ үйімізге ел қонақтарымен бірге қонып шығуға орайы келмей, жабық шанасында түнеп шығыпты. Сондағы ұялғаным әлі есімнен кетпейді. Содан кейін осы үйді салдырдым. Алдыңғы жылы бітті.

— Дегенмен де, үйдің қалай салынар жоспарын өзіңіз ұнаттыңыз ғой?

— Жоқ-е, Тәңірі. Жақсы болсын дегеннен басқа мен не айтты дейсіз. Киіз үй жасататын болсам, араласқан болар едім. Мынадай үйдің атын да білмеймін.

— Оныңызға илана тұрайық... дауласпайық. Бірақ өзіңізге ұнамаған дүниелік сіздің үйлерге кіре алмайтын болар. Бұған сіз де дауласпайтын боларсыз... мына кілемдер, айналар, орындықтар дүние жүзіндегі елдердің өңкей бір мақтаулы асылдары. Өз беттерімен келіп орынды-орнына тұра қалмаған болар?

— Әйел мақтағанды жек көрмейді, мен де соның бірімін, — деді Ұлпан. — Бірақ дүние жүзінде қандай елдер барын білу түгіл, естіген де емеспін. Айтып отырған нәрселеріміздің бәрін де мен Тобылдікі деймін. Өйткені бәрін де Тобылдан алдырдым. Біздің үйде басқа елдікі деп аталатын бір-ақ нәрсе бар — айна... оны «борансыз айнасы» дейміз.

— А... француз айнасы дейді екенсіз ғой?

— Солай болса, солай шығар. Өзгесінің бәрін тобылшана, тобыл-төсек, тобыл-орындық дейміз. Мұны да осы үйді салған Тобыл шеберлері салып берген. Екінші қонақ үйдегі пешті Петра деген казак-орыс салып еді, оны Петра-пеш дейміз...

Қонақтар мәз-мейрам, риясыз күлісіп, көңілденіп қалды. Кішіпейілділік пе екен, анайылық па екен? Әттең, оқымағаны-ай!

Төре қонақтарын қарсы алудың сый-сыпайылығы аяқталды-ау деген кезде Ұлпан орнынан тұрып, кетуге лұқсат сұрады.

— Қадірлі қонақтарым, орысша тіл біліп, ауызба-ауыз өзім сөйлесе алатын болсам, әлі де отыра тұруыма болар еді. Оған менің жайым келмейді. Кісі арқылы сөйлесуге қысылатынымды да жасыра алмаймын. Екінші қонақ үйде өздеріңіз шақыртқан бес болыс Керей-Уақтың болыс-билері келіп жатыр. Оларға да кіріп шығуым керек. Сау бола тұрыңыздар... — Ұлпан үйіне қайтып кетті.

—Осынша кішіпейіл, осынша ақкөңіл жан даланың нағыз тағы арыстанын қалай бағындырып алды екен? Мен таңқалып тұрмын, — деді Леознер.

— Сол кішіпейілділігімен... ақылдылығымен, — деді Саврасов.

— Мен бұл әйелді, алты дуанға атағы жайылған ханыша бер еді ғой, сондай өр көкірек, ойына келгеннің бәрі де бойыма жараса береді деп ойлайтын ала құйын тұрғысынан көретін шығармын деп қауіптеніп келіп едім. Есенейдей түз тағысын біржола бағындырып алғанына таңданудан арыла алмасам керек...

— Сіз, Карл Генрихович, қатарынан үш қате жіберіп отырсыз, — деді Савросов, қалжыңдай жауап қайырып. — Ең әуелі, ойына сыймасты бойыма сыймас-ау деп ойлай белмейтін деуіңіз керек еді. Сіз еске алып отырған атақты ханышаңыз сондай адам болатын. Екінші, бұл әйел жалғыз Есенейді ғана бағындырып алған жоқ, бес болыс Керей-Уақтың руларына түгел беделі бар адам. Оны ертеңгі мәжілісте өзіңіз де көресіз. Үшінші, сұлулығына мән бермейтін дегеніңіз таза Омбы қаласының көзқарасы. Қазақта «көз тиеді» деген сенім әлі бар. Арғы түбі

сонымен байланысты болуы мүмкін, әйтеуір, қазақ әйелі сұлулығын көптің көзіне тоса бермейді.

– Сіз әлгінде Ақнар Артықбаевна деп амандастыңыз... Менің дәптерімде ол кісінің аты Ұлпан деп жазылған. Міне, көресіз бе, астын сызып та қойыппын...

– Астын сызып қойғаныңыздан үміт етпей-ақ қойыңыз... Ұлпан да сол кісінің аты, Есеней деген аты тағы бар.

– Қазақ әйелінің үш аты бола ма?

– Жоқ, Ұлпан – шын аты. Ақнар – ақ аруана дегеннен азғана өзгеріп алынған, ақ ана деген мағына береді. Есеней – ерінің аты ғой. Ендігі басшыларың осы болады деп, Есеней өз атын әйеліне беріпті.

– Міне қызық! Мария деген әйел бір күні Николай болып шыға келе ме?

– Бұл жерде «Есеней» әйелдің аты емес, атағы. Символ... Бұрын бұл елдің көсемі мен едім, енді сен болдың дегенді аңғартады.

– Көсем болып алған соң, бұл әйел не істей алды?

– О, істемегені жоқ! Әуелі Александр II патшамыздың реформасын жасады. Есенейдің барлық жерін еліне бөліп берді. Бөліп бергенде, біздегідей біреуге ана жақтан, біреуге мына жақтан аттамалатып берген жоқ, ауыл-ауылға қыстауды да, егінді-шабындық жерді де тұтас берді. Әр ауылдың қыстаулары да, жерлері де бөлшек-бөлшек емес, тұтасып жатады. Бұл араның қазағына егін салдырды, шөп шаптырды, қыстау салғызды. Бұл елді қазір жартылай отырықшы дей аламыз.

– Әдемі ертегі екен... сондықтан сене қою да оңай болмас.

– Ішкі Ресейден келген шаруаларды жерге орналастырарда, өзі жартылай отырықшы болып алған Сибан жеріне қолымыз бата алмады.

– Мұныңыз жаңағы айтқаныңыздан да әдемірек ертегі болып шықты.

– Ертегі емес, шындық екеніне мен куә! – деді ояз бастығы Демидов.

– Мен куә!.. Сибан деген елдің барлық жері Есенейдікі болатын. Сол жерді осы әйел түгел елге бөліп берді. Әр ауылдың қысқы үйлерін салысып беруге бұл әйелдің қанша мал жұмсағанын өзі ғана біледі. Өзі үшін салып алған үйлері мынау!.. Қазақ даласында бірінші болып салған үйлері мынау!.. Қазақ даласында бірінші болып монша салдырған да осы әйел.

– Моншаға кейде қой қамамай ма екен?

– Барып түсіп көріңіз! Медресенің іргетасы қаланып қалғанын өзіңіз көрдіңіз. Тап осы өзіміз отырған қонақ үй Омбының қай көшесіне жараспас еді? Өзгені былай қойып, неміс хуторларымен салыстырсақ та, бұл әйелге жартылай отырықшылықты қимауыңыз ерсі болар деймін...

Төре қонақтар келгенде, Ұлпанның Қабан қаласының ылғи шақыртып алатын ерлі-зайыпты екі адамы тамақ көтеріп кірді де, аяқталмаған әңгіме үзіліп кетті.

Мәжіліс ертеңіне басталды. Ұзын столдың төр жақ басында төрелер, орта тұсында жастау болыстар, есік жақ шетінде Ұлпан. Қартаң билер арқаларын қабырғаға сүйеп, аяқтарын астарына басып алып, қалың көрпелердің үстінде тізіліп отыр. Төр жақтағылардың бір-біреуі екі адамға саналатындай екі адамның орнын алып, кең отырса, төмен отырған жас атқамінерлердің екеуі бір

адамға саналатындай сығылысып отыр. Бұлардың жүздерінде «осы үлкендер-ақ өлмейді екен!» деген ренжу бар сияқты.

Сөзді Тұрлыбек бастады. Қазақша жақсы сөйлей білетін адам қасындағы төрелер алдында орысша ойланып, қазақша сөйлегендіктен, сөзі орашолақтау, созаландай шығып жатыр. Онысын бірден сезінген дала шешендері қабақ қағысып, көз ілегістіріп қалды.

– Қадірлі би-болыстар! – деп бастады Тұрлыбек. – Ұлы махаббатты падишамызды жоғары дәрежелі елтифаты бойынша, ішкі Ресейден Сібір жеріне келіп орналасуға жатқан орыс қара шаруалары қатарында жерге орналасуға өз тарафынан ехтиярлы мағынада еттифақ білдірген қазақ ауылдарын да отырықшыландыру мәселесін сіздердің маслихатыңызға салуды лайхат көріп, бізді жоғары мәртебелі дала генерал-губернаторы жіберіп отыр...

Ол кездегі қазақ сөз сұрап алу дегенді білген емес. Айтылып жатқан әңгімеге байланысты бір ой келіп қалса болды, табан аузында айтып салатын. Атақты шешен Байдалы би соны істеді.

– Тұрлыбек шырағым, орыс қалаларымен қатар орналаспай-ақ бөлек орналасуға рұқсат жоқ болғаны ма? – деді Тұрлыбектің сөзін киіп кетіп.

Тұрлыбек қате айтып қалғанын сезінді. «Наряду» дегенді айтқысы келіп еді, онысы қазақшалағанда «рядом» болып шыққан екен.

Мұндай жиындарда Байдалы биден қалып қоюды өзіне өлім көретін Тоқай би:

– Әйтеуір, ехтиярлы түрде болады ғой? – деп сұрады.

Тұрлыбек әуелі Тоқайға жауап қайырды. Жерге орналасу шүбәсіз ехтиярлы түрде екен. Содан кейін аузынан қатерек шығып кеткен сөзді бас салып бұрмалай жөнелген Байдалы биге ойланып барып жауап қайырды:

–Қадірлі Байеке, мен қатерек айтыппын, сіз қатерек ұғынипсыз... Жерге орыс пен қазақты қатар, іргелес орналастырады екен деп қалған сияқтысыз. Олай емес, ішкі Ресейден келіп жатқан орыс шаруаларын жерге орналастырып жатқан кезде қазақ халқын ескерусіз қалдырмай, елтифат көрсетіліп отыр. Ехтиярлы түрде жерге орналасамыз деген еттифах болса, жан басына он бес десятинадан егіндік жер кесіліп беріледі.

– Ол бізге не болады? – деді Байдалы би.

– Жан басына он бес десятина деген аз жер емес. Мысалы, осы елде егінді ең көп салдыратын Ұлпан жеңгеміз сол шамада егін салдырады екен. Оның үстіне, шабындық жерлеріңіз, жайлауларыңыз өздеріңізде қалады ғой.

Байдалы би әлгі «қатерек ұғынипсыз» дегенді естіген соң-ақ ширығып кеткен. «Иттің ғана баласы, маған теріс ұғынипсың дей алғандай кім едің сен! Тоқайға неге түйрей қайтармадың жауабыңды? «Ехтиярлы түрде дегенді естімедің бе?» десең ғой болып жатыр. Бүйтіп масайрап отырмайды сонда. Енді Байдалыны баланың жаялығында он бес десятина жерге көндіріп алшы, көрейін!..».

Шынына қалғанда, Байдалы он бес десятина дегеннің қанша жер екенін дәл шамалай алмайтын адам еді. Тек өлшеп берілетіндікке қарсы. Ол өлшеуі жоқ жерге, өлшемшегі жоқ, ата қуалаған билікке үйренген адам.

Байдалының бет алысын әбден аңдап болған соң, Тоқай оны одан әрі қыңырайта түскісі келіп:

– Апыр-ау, былтыр Стапқа кетіп бара жатып сіздің егіннің қасынан өткенімде, телегей-теңіз бес деп қалып едім... Он бе десятина дегеніңіз көл-көсір жер екен-ау! – деп Ұлпанға қарады.

– Былтыр он бес емес, бір-екі десятина кемірек салғамыз, – деді Ұлпан. – Келімді-кетімді қонақты есептемесек, өзімізге одан аз салсақ та мол жететін.

Осымен, Тұрлыбек сөзін аяқтап болғанша, басты билердің екіге бөлінетіні байқалып қалды. Оларда жырыла шығатын болыстар да, жандайшап атқамінерлер де бола алмайды. Олардың бәрі де осы екі бидің ыңғайына қарай екіге бөлінеді. Ой таластыратын айтыс-тартыс та болмайды. Жесір дауы болса, би-болыс сайлауы болса, оның жөні бір басқа, жер үшін кеңірдектен алысып жатудың не лайығы бар!.. Ыңғай көрсетілді, ар жағын болыстар жымдастыра салар. Билердің бет алысы түгел танылып болса да, Тұрлыбек сөзін тоқтатқан жоқ. Егін салып, шөп шауып, жартылай отырықшы бола бастаған елдерге сүйемел ретінде өсімсіз берілетін қаржы, сыйлық ретінде берілетін құрал-саймандар бар екен, осы жайларды қызықтыра сөйлеп кетті:

– Бес десятина егін салатын үйлер үш жыл ішінде қайырып беру шартымен елу сомға дейін өсімсіз қарыз ретінде қаржы алуға болады. Оның өзі екі аттың құны ғой. Соқа бес сом, тырма үш сом, темір айыр қырық тиын, қой екі сом, тай төрт сом... сонда елу сом дегеніңіз дүниенің малы емес пе?

Билер бұған да құлай кеткен жоқ.

– Он жылға жақын егін салып, шөп шауып, жартылай отырықшы болып алған Сибан еліне үш шөп машинасы, үш тырнауышы мен бес соқа, он тырма сыйлық ала келіп отырған жайларымыз да бар, – деді Тұрлыбек.

Би-болыстар түгел Ұлпанға қарады. Осы қатын қай қылығымен төрелердің аузын алып болды екен? Ат жетектетіп, шапан жауып жібергенін ешкім білген емес. Әйтеуір, Сибанға Құдайдың беріп тұрған кезі.

Болыс-билердің не ойлап қаларын ешкім айтпай-ақ білетін Ұлпан:

– Тәңірі жарылқасын, төре қайным. Бұл елде үш жыл ішінде қайырып беруге қазынадан қарыз ақша алатын үйлер де аз емес. Егін сала бастағалы он жылға жақындаса да, әзір үй басына бір соқадан келмейді. Шөп машинасы екі ауылға бір-бірден ғана келетін еді, енді үш машина, бес соқа қойылатын болса, алдағы жылы қырық десятина астық қосылады. Ол қырық үйдің азығы емес пе! – деді.

– Енді, Сибан, сабантой жасайтын болдыңдар! – деді Байдалы.

– Неге жасамайық, жасаймыз, – деді Ұлпан. – Алғаш егін салған жылы бес соқамен тоғыз десятина егін салғанда да той жасағамыз. Бес десятинасы біздің үйдікі, өзгесі жұрттікі еді. Содан бері бұл ел аштыққа ұшыраған емес...

Саврасов Тұрлыбектен Ұлпанның не айтқанын сұрап алды да, орнынан тұрып келіп, Ұлпанға сыртында алтындатқан жазуы бар, мөр басылған пакет тапсырды:

– Мынау сол сыйлықтардың қағазы... генерал-губернатордың қолы қойылған мақтау қағаз...

Ұлпан да пакетті тұра келіп алды.

— Көп-көп рақмет, төрелер... Генерал-губернаторыңызға да көп-көп рақмет айтыңыз... Жартылай отырықшы, бүтіндей отырықшы дегенге түсіне де бермейміз, әйтеуір, бұл ел егін салу мен шөп шабудан қолын айырмайды.

Ұлпан мақтау қағазды ұзын столды айнала отырған болыстарға берді. Болыс-тардан кейін қағаз билерді аралап шықты. Оқи алған бір адам жоқ. Алтынмен жазылған. Мөр басылған. Екі басты самұрық құсы бар жібектен жасалған қағаз болу керек...

Ұлпаннан басқа болыс, билер түгел күйзелісіп қалды, күндесіп қалды.

«Құдай-ау, не деген қорлық! Бес болыстың би-болыстары көзіміз жаудырап тірі отырғанда, губернатордың сыйлығы мен мақтау қағазын үйде отырған бір қатын алды-ау! Қатын!.. Сыйлығы адыра қалсын, алтынмен жазылған, мөр басылған, екі басты самұрық құсы бар мақтау қағазды айтсаңшы! Құдай осы қатынды біздің қолға бір бере ме, жоқ па? Ай, ол күн алыс емес шығар.... Есеней анау, оның күні санаулы... Жоқ, сен қатын біздің қолға бір түспей кете алмайсың!..».

Өзара қанша іркіс-тартыс отырса да, Ұлпан жайлы бес болыс Керей-Уақтың ел басқарады деген адамдары осылай бірге күйінді, бір түйін жасады.

Болыс-билер сыйлыққа қызығып болды-ау деген қорытындыға келіп, Саврасов жиналыстың аяқ жағын өзі басқарып кетті:

— Қадірлі болыс-билер, — деді Саврасов, — менің бақылауымша, сіздерде мақтаныш етерлік бірауыздылық бары байқалады. Оған таңданғым келмейді. Сіздің елдер баяғы жоңғар жорығынан кейінгі жүз елу жылдың бойында орыс халқымен іргелес отырып келесіздер. Сонша уақыт босқа өтпеген екен. Тап осы ауыл алғаш егін салған жылы қазақ соқасының соңында он орыс жүріпті. Алғаш машинамен шөп шапқан жылы — алты орыс. Акнар Артыкбаевна осы үйлерді орыстар салып берді деп өзі айтып отыр. Кеше бізді алып келген Қабан жәмшігі осы ауылда тамырым бар, соның үйіне қонамын деп кетті. Бүгін, міне, сіздер де Тұрлыбек мырзаның сөзін үлкен ықыласпен тыңдап, түсінбей қалған сөздеріңіз болса, қолма-қол сұрап алып отырдыңыздар. Осыған қарап, сіздердің ортаңызға салуға әкелген екі мәселеміздің екеуін де Қызылжар оязына қараған қазақ болыстары қолдайтын болды деп сенім білдіремін. Ұзамай осы екі мәселе болыстық көлемде шақырылатын би-болыстардың төтенше съезінде қаралмақ. Сол мәжілісте сіздің болыстардан бүгінгідей бірауыздылық күтеміз...

Саврасовтың сөзін қазақ тіліне Тұрлыбек сыр білдірместен сөзбе-сөз түгел аударып шықты. Кім біледі, бірауыздылық жоғын біле тұра бар деу керек шығар... дала желінің ертең қай жақтан соғарына кім кепіл?..

— Төтенше съез дегені табылған ақыл екен.

— Бес ояздың болыс-билері бас қосса, шешілмеген не қалады дейсің!

— Әне, сөйлейтін жер сол..

Сөйтіп, ел тіршілігінің ұтыс-ұтылыстарында жұмыстары жоқ, бес болыс Керей-Уақтың болыс-билері жерге орналасу мәселесін созбаққа салатын бір саңылау табылғанына мәз болып тарасты. Мұндай керенаулыққа келгенде бұлар теңдесі жоқ бірауызды екен!

– Жан басына он бес десятина егіндік жерді бүгін азсынсақ, ертең бесеуге зар болып қалмайық, – деді де, Ұлпан да орнынан тұрды. Онсыз да ширығып отырған Байдалының жүрегіне бұл сөздер садақ оғындай шаншыла келіп қадалды.

Ұлпан Есенейге мәжілістің қалай өткенін айтқалы келіп еді. Бес жылдан бері төсек тұтқыны Есеней шыдамсызданып жатыр екен, бірден:

– Қалай аяқталды? – деп сұрады.

– Қолдау да болған жоқ, қарсылық та болған жоқ, – деді Ұлпан.

– Жас болыстар сөйледі ме?

– Жоқ. Бір тобы Байдалыға, бір тобы Тоқайға телмірді де отыра берді.

– Өзің не айттың?

– Мен не айтушы едім, Тәңірі... Біздің ел соқа мен шөп машинасынан қолын айырмаса керек дедім.

– Аз сөз айтпапсың, Ақнарым. Енді ертең не айтарыңды ойлана бер. Әйел мәселесі көрінеді ғой. Сенің не айтарыңа құлақ асатын болар.

– Бүгін мен еркектерге ыза болып қайттым. Төрелерге біреуі бір ауыз жөні түзу сөз айта алған жоқ. Өзді-өзі тұспалдасқан болып, біріне бірі ыңғай көрсетті де, мелшиіп отырып қалды. Төрелер қазақ деген елдің басшылары мынадай болса, өзі тағы жұрт болар деп кететін шығар!

– Еркектерге ыза болып қайтсаң, ертең ызаланып сөйле! Қазақтың әйелі мынадай, еркегі бұдан да ақылды шығар деп қалсын.

– Қатын сөзіне кім құлақ асады дейсің...

– Жоқ, жоқ. Сен Есенейсің. Осы ел осы күні Есеней дегенде мені айтпайды, сені айтады. Қазақта он бес-жиырма болыс елдерді басқарған әйелдер болған. Талай әйелдер аттары талай елдердің ұраны болып кетті. Сен де солардың бірісің! Тартынбай сөйле!

Бұл кезде Есеней көп сөйлеуді тоқтата бастаған. Бар денесі қалшылдап жататын болған соң, даусы да қалтылдап шығады. Көлденең жұрт түгіл, Ұлпанды да шымылдық ішіне кіргізбейді. Ақыл-есі дұрыс. Болыс-билердің жиналысына қатынаса алмайтындығына назаланып жатса керек, бүгін ұзағырақ сөйлеп кетті:

– Сен сөйлейтін бол, Ақнар. Өңкей боқташақ би-болыстарды ығыстыра сөйле. Бір-екі ауыз ойым бар еді, тыңдап алшы, – деді.

Ұлпан тыңдай берді... Шымылдық сыртында отырып тыңдады.

Болыс-билердің екінші мәжілісі кешегі залда басталды. Төрелер де, болыс-билер де кешегі орындарында. Ұлпан да ұзын столдың есік жақ шетіне, кешегі орнына келіп отырды. Тағы да кешегідей мәжілісті Тұрлыбек ашты. Мәселе қазақ әйелінің жай-күйіне көңіл аударуға арналған екен.

Қазақ әйелінің тіршілігінде түсіне де қоймайтын, сене де қоймайтын бірнеше жайлар бар. Көшпелі елдің барлық еңбек тырбанысында әйел-еркегі бірге жүреді. Қазақ әйелі еркектен жүзін жасырып паранжы киген емес. Келіншек болып түскенде әуелі шымылдық ішінде отыратыны рас. Бірақ «беташар» деп өлеңмен айтылатын ырымнан кейін келіншек беті ашылады, бұдан кейін жасырынбайды.

Ру-ру болып қазақ елі де қыз балаға ешкімнің тілі тиген емес, бірен-саран ондай сотқарлық істеген еркектер алапес болған адамдай ауыл-үйге араласа алмай, «иткірмеде» жүреді. Ел ішінде қуылмағанымен, ол бәрібір қуғындағы адамға тең.

Сол қыз – ер жетіп, келіншек болып түскеннен кейін, қалың малға келген қатын.

Сол қатын қартая келе – ана. Бұл кезінде ол еркектен анағұрлым құрметті. Біреуді «анаңды» деп боқтаған адам ол да қоғам ішіндегі қуғынға тең. «Енеңді» деп біреу әйелінің шешесін боқтаса, оны қазақ ел қылмайды.

Осындай үш түрлі жайда болатын қазақ әйелі «қатын» дәуірінде толып жатқан жәбір-жапа теңсіздікке ұшырайды. Бұл оның еркекпен қатар, дұрысына келгенде, еркектен де көбірек еңбекте жүретін кезі. Бала табатын кезі. Адам ретінде сана-сезімі толығар кезі.

Осы кезінде қазақ әйелінің ері қазаға ұшыраса, әйел еш нәрсеге ие емес. Алдымен өз басына ие емес: «Аға өлсе – іні мұрасы, іні өлсе – аға мұрасы». Рулық дәстүрімен отыратын елде аға да көп, іні де көп. Бірі болмаса, бірі бар. «Қатын ерден кетсе де, елден кетпейді».

Тұрлыбек осы жайларды айта келіп:

– Осынымыз дұрыс па? Әділетке жата ма? – деген сұрау қойды. – Біресе құрметтейміз, біресе қорлаймыз да зорлаймыз. Ері өліп, жесір қалып, қайғы жұтып отырған әйелге ағайындық жәрдем ете отырудың орнына, оның мал-мүлкімен бірге өзін де иемденіп алар күнді күтеміз. Осындай жайларымызды тиянақты түрде заң байламына айналдыру үшін, алдымен сіздердің қалай қарайтындарыңызды анықтап алу керек болды. Облыстық төтенше съезге салынатын бір мәселе осы: қалың мал, әмеңгерлік, жесір әйелдің ерінен қалған мал-мүлікке еншілестік жайлары...

«Е, заңға айналдырмақ екен ғой! Енді өз қатынымызды өзіміз билей алмайтын боламыз да! Жарықтық-ақ патша-ай, шайқай бердің-ау шалабымызды. Қазақ халқының ұйытқысы өзінің әдет-ғұрпы, салты емес пе? Сонысымен шетінен жырымдап шұнтата берсең, бір күні түгел жұтып жібермесіңе кім кепіл? Сенің өз законың қайбір оңып тұр? Орыстың үйленген жігіті қалыңдықтың үстіне қосар алады екен!.. Жәй жасауына көңілі толмай, қанша мал-мүлік, қанша қаржы-қаражат ала келеді, бәрін қағаздатып алады екен. Біз ондай ұятқа бара алмаймыз. Орыс байларының қызына қоса барлық адамдары мен бүкіл бір ауылдарды беретіні әлі қалып болған жоқ. Сондай салтыңнан күйеуге шыға алмай қалған қыздарыңа манастыр деген шіркеу салып беріп, сонда қамап ұстайсың. Сондай манастырдың біреуін Қабан мен Жетікөлдің арасына әкеліп біздің жерге де орнаттың. Сондаға екі жүз он тоғыз қыздың бәрі жесір қатын емес пе? Әйелді жарылқағаның осы ма?».

Қазақ билері мұндай ойларын патша төрелеріне ақтарыла айтпайды. Ондай түпте жататын қарсылық ойлар ел ішінде күнде туып жатады. Төрелер анау елде айтқандарынан басқа бүгіп қалатын ойлары бар деп ойламайды да. Бірінші рет ауызға алынып отырған қазақ әйелінің жай-күйі де осындай, түпкі ойларын бүгіп қалған түрде сөз болды. Бірінші болып тағы да Байдалы би сөйледі:

– Қалың мал деген қызды сату емес, екі жақтың қуаныш-тойларына әрең жететін шығын. Күйеу жағы қанша мал берсе, қалыңдық жағы соның есесін толтыра жасау береді. Қалың мал дегенің не бары осы ғана...

– Әйелді сатып алмасаңдар ері өле қалса, оны неге ерінің туған-туысқандарына еріксіз қосасыңдар? Әмеңгерлік деген осы емес пе?

– Е, оның жөні басқа. Жесір қалған әйелді өз еркіне салып қоя берсең, оның ішінде осы елдің бір еркек баласы кете баруы мүмкін емес пе? Оның үстіне, жөнсеу әйел жесір қалса, ол тіпті байға да тие алмайды, бала табудан да тоқталып қалады. Күнін көре алмауы да мүмкін. Сондай әйелді не қайнағасына қоса салсаң, көзі үйреніскен еркекпен жатсырам-ай тұра береді, – деп Тоқай би бір сөз қыстырып қалды. – Жесір қалған әйелді көлденең біреу ала қалса, ол екеуінің арасында жарастық үйлесім де бола бермейді.

Қалың мал жайы, жесір жайы осы ойларды төңіректеп сөз жарысына біраз түсті де, қайта айналып келіп қазығын тапты – билердің шеңберінен шыға алмай тоқтады.

Жесір әйелдің ерінен қалған мал-мүлікке еншілестік жайы тіпті сөз етуді көтермейді екен... Қазақ рулары еркек нәсілін қуалай құрылады. Бір үйдің еркек кіндіктісі өліп туылса – ол үй сонымен өзі де жоғалады. Ол үйде он қыз қалса да есепке алынбайды. Сондай апатқа ұшырай қалса, ауыл да солай, рудың өзі де солай жоғалады, бітеді. Әйел үй иесіне саналмайды. Бесікте жатқан ұлы болса, әне, мал-мүліктің иесі сол. Еркек баласыз қалған жесір әйелге енші берсе, ол ағайынның қайырымдылығы. Дұрысына қалғанда, ондай әйелге әмеңгерлік қана пана бола алады... Еркектер жағы түгел осы ыңғайда болған соң, жиналыстың шын бастығы Леознер Ұлпанға қарады:

– Сіз не айтар едіңіз, Ақнар Артыкбаевна?

Есенеймен азды-көпті кеңесіп келген Ұлпан іркілген жоқ.

– Мен мұндай жиында сөйлеп көрген емеспін... Не айтсам да, қалай айтсам да, ұзын ырғасы Есенейдің сөзі. Қазақ біреудің жүйрік атына қызықса да құда бола салады. Болыс-би сайлауларының тұсында ондаған бай үйлер құда болысып қалады. Әлі тумаған балаларды атастырып, аманат-құда болатындары да бар. Би-болыстардың қайта сайланар кезі жақындап қалған ба, немене, өткен түні біздің ауылда отырып екі би, үш болыс құдаласып қалыпты. Әйел тағдыры дегендеріңіз – балалар ержетіп, бірін-бірі көріп, ұнатса ғана құдалық басталатын болсын. Қазақ қызы бетін жасырмайды. Көшпелі елдер жылда араласып отырады... көрісіп, білісу қиын емес. Қазақта «қыз көру» деген жөн-жосық бар еді ғой. Соны әдет-ғұрпымызға айналдырайық. Екінші, әмеңгерліктің қай түрі болса да жойылғаны дұрыс болар еді. Сіздер әмеңгерлікке ұшыраған әйелдің бақытты болған біреуін атай аласыздар ма? Жоқ, атай алмайсыз! Мен ондайдың отпен кіріп, күлмен шығатын күң болған жүзін атай аламын. Есенейдің өз елінде де толып жатыр.

Ерінен қалған мал-мүлікке әйелі еншілес емес дегендеріңіз үлкен жәбір. Оның ар жағында қазақтың рулары еркек нәсілін қуалай құрылады деген ой жатыр. Солай емес пе?

Олай болса, жалпы Керейдің он екі болыс болып отырған үлкен бір тармағы Абақ – Керей деп аталады. Абақ – әйел аты. Ондаған руларды бастаған әйелдің аты.

Жиырма болысқа жақындаған Қаракесек руларының ұраны Қарқабат екен. Біржан сал Сарамен айтысқанда сол Қарқабатқа сыйынады ғой. Бәріңіздің құлағыңызда бар сөз – «Сал Біржан салды айқайға Қарқабаттап» демей ме? Сол Қарқабат – әйел!

Айбике, Нұрбике, Сүйімбике, Қызбике, Бике, Күңгөне деп әйел атымен аталатын ондаған елдер бар. Бәрі де ең кемі бір руды бастаған әйел аты. Осы бес болыс Керейдің талай руы осы әйелдердің аттарымен аталмай ма?

Қуандық, Сүйіндік, Қаржас деген үш баласына енші бөліп беретін шешесі емес пе?

Қадірлі болыс-билер, көре-тұра обал-озбырлыққа бармаңыздар. Жесір қалған әйел үй иесі болып қала берсін. Әйел үй иесі болып саналмайды деп қорқытып, әмеңгеріне қоса салу пышақ кесті тоқталатын болсын! Біздің үйдің ойы осы. Біздің үй болыстық төтенше съезге шақырыла қалса, осы ойымен барады.

«Қап, мына қатынның қылғаны-ай... Төрелер ғой қазақ әйелінің ой-тілегі деп осының сөзін ұстап кетеді. Құдай бар болса, сені де бір берер қолымызға! Есенейге өлім тілемейміз ғой.. дегенмен де... қолға түсер күнің алыс емес шығар...».

Мәжіліс тағы екі күнге созылып барып әрең аяқталды. Билер Есенейдің көңілін сұраған болып, Ұлпан ойларын жұқартқылары келіп еді, Есеней мойны бұрылмады.

– Мен Ұлпанға шылбыр-тізгінімді біржола беріп қойған адаммын. Мен түгіл, бүкіл Сибанның сөзін ұстайтын сол кісі. Осыған көздерің үйрене берсін, – деді де, басқа сөз айтпады.

Мәжілісті аяқтап келгенде, Тұрлыбек пен Леознердің сүйемелдеуі арқылы Ұлпанның екі ұсынысы амалсыз қабылданды.

1. Жесір қалған әйел кімге тиемін десе де өз еркінде болсын.

2. Жесір әйел ерінен қалған мал-мүліктің үштен екісіне өзі ие, үштен бірі ерінің ағайын-туғандарына берілсін.

Бұдан көп жыл кейін өткен болыс-билердің облыстық төтенше съезінде де бұл екі ұсыныс өзгертілмей алынды.

11

Кәукер – Бикен.
Мұстафа – Кенжетай.
Кенжетай – Бикен.
Мұстафа – Кәукер.
–Тойларың тойға ұлассын! – Ұлпан.

12

Есенейдің шешесі атақты Сырым батырдың қарындасынан туған Ақжелең деген кісі еді. Сырым батырдың қайтыс болғанына жыл толып, ас бергенде, бес жасар бала Есеней шешесіне ере келіпті.

Жер-суы жаңа, жат елге бірер күн көзі үйренген соң, жас бала Сырым батырдың үлкен ордасынан шықпай қойды. Екі көзін батырдан қалған қаружарақтан айыра алар емес. Қандай қоңыраулы, шашақты найзалар! Қандай қырық сегіз таспадан өрген сегіз қырлы, ырғай сапты қамшы! Қандай қылыштар, сапылар, кездіктер, қанжарлар! Батырлардың еріне екі адам сыйысып отыратындай екен. Қандай ат көтеріп жүрді екен!

— Апа, апа, мына қара! — деді бала бір кезде, — үзеңгі бауы менің құлашыммен бір құлаш!

— Ие, құлыным, нағашы атаң аса денелі кісі болатын, — деді шешесі.

Жас баланы әсіресе қызықтырған батырдың кісе белбеуі еді: оқшантайы бар, сапы қабы бар, шақша сауыты бар, осы күнгі жұрт аттарын ұмытып қалған толып жатқан алпыншақ-салпыншағы бар екен. Қабат-қабат қайыстан жасаған жалпақ кісеге алақандай-алақандай он екі сом күміс жапқан. Бәрі де алтын күмбезді.

Сырымның асы тараған соң, алыстан келген жиеншар балаға нағашы жұрты батырдан қалған қадірлі де қасиетті мұраның бірі — кісені беріп:

— Ұлы нағашыңдай батыр бол, би бол! — десіп бата берді.

Есеней кісені беліне екі орап еді, әлі де жарым-жарты орауға жететіндей екен. Ауыр-ақ, зілдей!

— Мынаның өзін көтеріп жүруге бір ат керек болар! — деді Есеней бата берген үлкен адамдарға қарап.

— О, туса — ту! Болса — боларсың! Алыссаң — жығарсың! Қусаң — жетерсің! Нағашыңның теңбіл көктеріне де көзің түсе қалған екен, бір үйірін айдай кет! — деді бір бурыл сақал адам. — Сырымның үлкен баласы.

— Берсең, аламын! — деді бала.

— Балам-ау, аттанарда атаң не деп еді! Көрінгенге қызыға берме! Берген мырза емес, алған мырза дегені есіңде ме? — деді шешесі Ақжелең.

— Есімде, — деді бала. — Ұлы нағашымдай батыр бола алсам, мырзалық өзі де ере келер. Бола алмасам, мырзалықтың керегі не? — деді шешесіне.

Белгілі нақылдың «Берген санап береді, алған еселеп қайтарады» дейтін жалғасы да бар еді, Ақжелең оны айтпай тоқтады.

Сол жолы бала Есенейге нағашылары екі теңбіл көк құнан, үш теңбіл көк құнажын байтал берді. Содан өскен теңбіл көктің тұқымы бес-алты айғырдың үйірі болып, Есеней жылқысынан арылған емес. Бұл әлдеқайдан, мүмкін, Хорезм — Хиуа арқылы келіп сіңген арабтың Хадбан деп аталатын ең асыл, ең қадірлі жылқысының тұқымы еді. Жүйрік те жүректі, қыз мінезді ерке, қорқа білмейтін өжет, сенімді дос бола алатын ат шығатын тұқым.

Сырымның кісесі Есеней үйінің бір қара сандығында жетпіс жылдай жатты. Есеней — ауыр сүйекті, балуан денелі адам. Бар өмірі ат үстінде таза ауада

өтіп келе жатқандықтан, үсті-басы қол батпайтын білеудей-білеудей бұлшық ет, қарны шыққан емес.

— Белбеуіңе шақ келе алмай-ақ қойдым, мен қайдан Сырымдай болайын! — дейтін еді.

Қазір Есеней төсек тартып жатқалы бес жыл. Екі қол, екі аяғы селкілдейді де жатады. Екі ер баласы ерте өлген. Ұлпаннан қыз туды. Сырым түгіл, Есеней болармық ер баладан біржола үміт үзген кезі. Жалғыз жұбанышы — тізесінен бастырып қойған ауыр буманың үстіне жалғыз нәсілі Біжікен шығып отырып біраз ойнап кетеді. Аяғы құрғыр селкілдеп, ойнап отырған баланы әлсін-әлсін сырғытып құлатып жібереді. Біжікен әкесімен ойнап отырғандай сезінеді. Әкем ойнап сырғытып жіберді деп ойлап қалады.

— Әке, құлатпашы енді! — дегенде, Есенейдің көзінен жас ыршып кетеді. Жас бала әкесімен қайта ойнайды, қайта құлайды, қайта, қайта күледі, күледі сорлы бала...

Өзі қанша үмітсіз болса да, Есеней Ұлпанның көңіліне үмітсіздік ұяламаса екен дейтін еді. Бір өзі түгіл, осы елді түгел аузына қаратып алған ақылды Ұлпанның жүрегіне сол бір ішкі қаупін жеңгендей болып, Ұлпанды қасына ұшырай қоймас деп байлам жасады.

— Ақнарым-ау, қалай ойлайсың, сандық түбінде жата берген Сырым батырдың кісесін немере-шөберелеріне қайтарып берсек, бүкіл Байбақты бір қуанып қалмас па екен? — деді Есеней.

— Байбақтың не, бүкіл Кіші жүз болып шалқар той жасайды! — деді Ұлпан. Есенейдің ойын түсіне қалып, ойланбай тез жауап қайтарды.

Үйшілік үлкенді-кішілі қуаныштар да, қайғы-қасіреттері де естияр ерлі-зайып адамдардың ойларында да, жүректерінде де жігін ашпай, бірге тоғысып жүреді. Бұл — бұзыла білмес үй ішінің ең сенімді белгісі. Адамның қуаныш, қайғы дейтін — ішер ас, киер киім, мінер ат, бала-шағасынан бастап, ел-жұрт, отан, уақыт, өмір, заман сияқты құшағына сыймастар да осында, үйлесер-үйлеспестің шексіздігі де осында.

Бес жылдан бері сарылып жатқан Есенейдің көңіл күйі тым құлап кетпеуін Ұлпан көз айырмай бақылап жүреді. Ер баладан үміті болса, Есеней Сырымның кісесін еліне қайтарайық демес еді-ау! Енді екеуінен ер бала болмайтыны Ұлпанның өзіне де қасіреттің қасіреті. Бірақ ол қасірет күйіттеген адам емес. Балалар шулап сабақ оқиды, у-шу болып көлге шомылады, біреу қыз ұзатады, біреу келін түсіреді, ел жайлауға көшеді, жайлаудан қайтады, егін егеді, шөп шабады. Ұлпан қайғы-қасіретін осындайлармен жауып-шайып жүреді.

Ұлпан арқылы Есеней де осыған үйреніп келеді. Елде болып жататын ойын-той, шілдехана, алтыбақанда естіген әндерін қорек қылып жатады. Сырымның кісесі қайтып келгеніне елі қуансын деді, қуанған елді көріп Ұлпан қуансын, жабырқау көңіл жадырасын деді. Сонымен бірге өз мұңын да ел қуанышының ыстық лебіне бір тосып алғысы келді.

Ұлпан орала кеткен қуанышты суытқысы келмей:

— Құдай-ау, жол қайсымызға түсіп тұр екен? — деді қалжыңдай сөйлеп.

– Не сен, не мен апармай, басқа біреуден беріп жіберсек, онымызға бүкіл Кіші жүз өкпелер еді, Ақнарым. Әзірлен, осы жайлаудан аттанарсың, – деді Есеней.

Бір жетінің ішінде әрең әзірленіп болып, Ұлпан Есенейге келді. Қандай сыйлық апаратынын, кімдермен баратынын айта бастады:

– Үш үлкен үйлерге, төрт-бес отау үйлерге, төрт-бес ақсақал адамдарға, қартаң әйелдерге деп алған сыйлығым бар... Үш балуанға, бес атқа бәйге алып барамын...

– Неше кісі жолдасың болады?

– Он бір, он екі адам болады-ау деймін. Жері-суы жат ұзақ жол көрінеді ғой, – деді Ұлпан.

– Торғайдан әрі асқанша, өз атағың өзіңе қорған бола алса, Торғайдан асқан соң, Сырым батырдың жиеншар келінімін десең, сол жетіп жатыр. Кімдер баратын болды?

– Жасы үлкендерден Мүсіреп ағам, Тоғанас, Шондығұл... Өзгелері қарулы жас жігіттер. Әйелден жалғыз Шынарды ғана алдым.

– Қос жасатып алдың ғой?

– Үш «абылайша» жасатып алдым.

– Ереулі көліктерің қандай?

– Он шақты ат, үш атан.

– Енді көп кешікпей, жүріп кет. Жолың болсын!

* * *

Есеней дұрыс айтқан екен. Көршілес отырған Торғай уезінде Есенейдің аты да, Ұлпанның өзінің аты да әйгілі болып шықты. Бұл уезді жайлайтын елдер жолаушыларды кім екен деп тосырқаған жоқ, қошеметпен қарсы алып, құрметпен аттандырып отырды. Бұл елдердің риясыз көрсеткен қошемет-құрметтері «Жақыныңды жаттай сайла, жат жанынан түңілсін!» дейтін шеңберге ғана сыйғандай еді.

Торғай шегінен өтіп, Ырғыз бойына жеткен соң, оның арғы жағы біріне бірі жалғасқан ойын-сауыққа толы аса көңілді күндер болып кетті.

– Сырым батырдың құлаш жарым күміс кісесін немере-шөберелеріне тапсыруға алып келе жатқан жиеншар келіні Ұлпан... – деген сөз бір құлаққа шалынды болды, одан әрі қарай өзінен өзі өсіп жүре берді.

Сырымның қасиетті кісесі өз әулетінен оралып келе жатқанына бүкіл Кіші жүз түгел қуанып, Ұлпанның алдын ала Байбақты елінен қарай шапқыншылар жіберіле бастады. Көшпелі елдің бытыраңқы отырмайтын кезі жоқ, сондықтан Сырым әулетінің дәл осы кезде, дәл қай жерде отыратынын білмегендіктен, түс-тұсқа тұспалдап жіберілген шапқын да күн санап көбейе берді.

Шапқыншы көбейген сайын, атақты «ұзын құлағымыз» да ұзара берді. Әуелгі хабарларда Ұлпан Сырымның жиеншар келіні еді, ертеңіне жиен келіні, келер күні нағашы келіні болып кетті. Енді бір жеті жолда өтер болса, Ұлпан Сырымның әжесіне айналар ма еді, әлде қайтер еді, Құдай сақтап, Сырым

әулетінің қонақтарды қарсы алуға жіберген шапқыншылары кездесті де, кімнің кім екені өз орнын тапты.

Сырым әулеті бір ауыл емес, алыс-жақын жамағайындарымен араласып бірнеше ауыл болып көшіп келеді екен. Ұлпан келе жатқан хабар жеткеннен кейін жасы үлкендері жиналысып, қонақтарды кіші Шалқар деген көлде күтетін болыпты. Сол көлдің барқынына бие байлатып, үй тігіп, той әзірлігі де басталып кетіпті.

Екі күндік жерден кездескен шапқыншылар Ұлпанға осыны айтты. Әр белден аса бере қона-түстене жүріп, жолаушылар екі күндік жерге төрт күнде әрең жетті. Сыйлықтан, қонақасынан қалжырап келіп жетті.

Көлемі құнан бәйгелік қана, түбіне түйме түсіп кетсе көрініп жататын құмқайраң көл көк құрақпен көмкеріп қойғандай сұлу-ақ екен. Қоғажай мен ши, балдыр басып кетпеген, жағасын мал тұяғы езгілемеген айнадай мөлдір көл құс баласының сауық-сайран тұрағы еді.

Басқа ауылдардан оңашарақ тігілген он шақты ақ үйдің айналасы қалың жұрт, елдің қадірменді еркек-әйелі, батыр-балуаны, әнші-күйшілері осында жиналған сияқты. Кәрі-жасы, бәрі де ақкөңіл, кеңпейіл адал жандар болуға лайық, ірі денелі көрінеді. Дала перзентінің заман илеуіне бағынып болмаған парықсыздығы да, анайылығы да бар болу керек. Ұлпан ең алдымен осы бір өзгешелікті көрді.

Ауылға жақындай келе Ұлпан пәуескеден түсіп, күмістей ер-тұрманды теңбіл көк бестіні жетелеп алып, қалың топтың ортасын мегзеп жаяулап кетті. Қасында жалғыз Шынар, еркек жолдастары кейінірек келеді.

Үш жеті бойында ерттеулі болса да ереулі келген көк бесті әбден жарап, елігіп қалған еді. Ұлпанның алды-артын орап, ойнап келеді. Ердің үстіне көлденең салынған Сырымның күміс кісесі де аттың қалай ойнақтауына қарай күнге шағылысып, құлпыра жарқырайды.

Әйел сұлулығы мен ат сұлулығында қазақ халқы үшін толып жатқан ұқсастық бар. Дене сұлулығы, мінез сұлулығы, сезімталдық, еркелік, әйтеуір, қазақ әдемі атты әйелге, әдемі әйелді атқа теңей береді.

Ұлпан жақындаған сайын қалың топтың жігі ашылып, орта тұста отырған үлкендер тобы көрінді. Күміс кісе көздеріне ілінген соң, олар да тұра келді.

— Мына кісіге... мына кісіге, — деді жиынды басқарып жүрген орта жастағы адам Ұлпанға басын ие сөйлеп.

Ұлпан сол көрсеткен қарт адамның қарсы алдына келіп бір тізерлеп сәлем етті де, аттың үстіндегі кісені алып, сол қарт адамға ұсынды:

— Мынау ұлы нағашымыздың асында бес жасар Есенейге берілеген кісесі екен. «Мен де қартайып келем, енді мұны батырдың жас ұрпақтары буынсын», — деп беріп жіберді, — деді.

Қарт адам кісені алып, мойнына салып көріп еді, екі басындағы қаптырмасы аз-ақ тізесіне тимей тұрды.

— Мына көк бестінің тұқымы кезінде ұлы нағашымыздың жылқысынан ауысқан екен бізге. Бұл да ата-қоныс жер-суы тартып келіп тұр. Қасиетті кісені

басқа малмен әкелуді лайықсыз көрдік, ата. – Көк бестінің шылбырын енді ғана қарттың қолына берді. – Азсынбай алыңыз.

– О, мың жаса, шырағым, мың жаса! «Балықтың үлкені қиянда» деген сөз бар еді, еркектің еркегі Сибанда екен ғой! Есенейі бар елге басшы болып отырған тегін жан болмассың! Батыр бір оқтық, байлық бір жұттық дейміз! Құдайдың бағынан айырмасын! Атыңды ұмытып қалдым, айналайын. Мен ұмытсам да, осы ел сенің атыңды ұмыта алмас.

– Атым Ұлпан. Енді түсті есіме. Мен ұмытсам, ұмытармын, ел ұмытпас, айналайын.

Осылай дәстүр бойынша жасалған қысқа ғана тоба-қабылдаудан кейін қонақтарды түсіретін үйлеріне бөліп-бөліп алып кетті.

Қазақ жерінің солтүстігінен келген қонақтарына бұл ел өзінің ұтымды қырларынан көрінді. Ұжымшыл да ұйымшыл, батыл да батыр ел екен. Кіші жүздің қай түкпірінде болса да, әйтеуір, бір игілікті істің иісі білінсе, жабылып кететін әдет дәстүрге айналған.

Бұл ел жүз жылдан астам хандарымен, сұлтандарымен, отаршыл патшалықпен үздіксіз алысып келе жатқан ел екен. Хан-сұлтандарының сайлауына ортақ болмаса да, құлауына ылғи ортақ болып келген, ара-тұра өліміне да ортақ. Арам, жынды, бейбастақ, парақор, зұлым хандар мен сұлтандар бұл елде ұзақ жасай алмаған. Хандықты сыпырып тастап, халық кеңесін құрып, өзін-өзі билеген кезі де бар. Қалай да бұл елде аттың тері кеппеген, найзаның ұшы әлі мұқалмаған. Сол халық кеңесінің төрағасы – Сырым батыр.

Исатай, Махамбет, Бекет қозғалыстарына қатынасқан көп адамдар әлі тірі екен. Бұл қазғалыстардың түп ізі сол Сырым батырдан басталады. Бұлардың бәрі де ел аузында халықтың арманы, азаттығы үшін құрбан болған, құрбан болмаса, бар өмірін осы алысқа арнаған ер адамдар. Сырым қозғалысының ыстық жалыны басылған да, қызыл шоғы әлі сөнбеген еді.

Еркектері май баспаған, буаз әйелдей мес қарын емес, ашық келеді екен. Бір ғана шайдың үстінде Ұлпан танысқан әйелдерімен сырласа сөйлесіп кетті.

Солтүстік қонақтары күй тартатын адам ілуде біреу-ақ. Көпшілігі ән сазын тартады. Солтүстікте бір кездегі аспанды жаңғыртқысы келгендей айқай әндері осы кезде бәсеңдеп, әлденелерді ақырын айтылар жан сырындай жеткізетін жаңа әндерге ауысып бара жатқан. Кіші жүзде айқайлы әндер басым екен.

Кіші жүз жиеншар келін Ұлпанның әкелген сыйлықтарына қарап, Сырым батыр қайтыс болғанына жетпіс бес жыл толғанда, әдейі аза салып келген екен деп жорыды. «Олай болса, тағы да бір рет Сырымның асын берейік! Бұл да бір рет келіп қалған дәстүр болсын. Сырым мен Исатай – Махамбет, Бекеттерге жылында бір ас беріп тұрсақ көп болар деймісің!».

Сонымен, Ұлпанның келісі Сырымға тағы бір рет ас берген тойға айналып кетті. Сырымның асындағы бас балуан! Сырымның асында бірінші болып келген ат! Сырымның асына әкелген Ұлпанның бәйгесі!

Ас өтті. Ойын-күлкі, ән-күйдің ызың әуенін жел айдап әкетті, тынды. Ұлпанның атағы ертегіге айналып кетті.

Ақкөңіл ел Ұлпанға ырзалығын ұмытқысы келмей, кіші Шалқарды бұдан былай «Ұлпан көлі» деп атайық деп сөз байлады.

Әлде қай мінезімен, әлде қай ойларымен, әлдеқандай үнімен, көзқарасымен, әйтеуір, Ұлпан осы елдің жүрегінен жылы орын алып кетті.

Елге қайтар алдында Ұлпан: «Қайтып көрем бе, жоқ па, өзімнің көліме тағы бір түсіп қайтайыншы» деп, көп әйелдермен барып шомылып қайтты. Ел әйелдерінің ойында бұл да орнығып қалды.

— Ұлпан қарағым, мынау сенің көлің ... Ұлпанның көлі. Анда-санда келіп жүр! — десіп қалды. Ұлпан жылап қоштасып жүріп кетті.

Осыдан жиырма-ақ жыл кейін, жиырмасыншы ғасырдың басында Орынбор — Ташкент темір жолы салынарын, дәл сол Ұлпан көлінің басына темір жол стансасы салынарын, оның аты Ұлпан боларын өзі, әрине, білген жоқ...

Үшінші бөлім

1

Ұлпан байғұстың бұдан кейінгі он жыл өмірі еркек шыдай алмас, әйел ғана шыдар азапта өтіп келе жатыр.

Барлық міндеті кісіде, күні-түні күзетте тоғыз жыл жатып, Есеней былтыр қайтыс болды. Қол-аяғынан жан кетіп, Есеней де Артықбай батырға ұсап сал болып қалып еді. Қол-аяғы қалшылдап-селкілдеп, бар денесін теңселтті де жатты. Қол ұстаудан, аяқ басудан біржола айрылды. Көп өмірі жорықта өткен, көп жараланған адам еді, әлдеқай жерінің жүйке тамыры үзіліп кеткенін кім білсін, өзі де тоғыз жыл азаптанды, Ұлпан да тоғыз жыл азаптанды.

Есеней қайтыс болған күні Артықбай батыр да қайтыс болыпты. Екі жақтың жіберген хабаршылары қарама-қарсы жолда кездесіп, екеуі де кейін қайтты. Әкесінің өліміне Ұлпан да бара алған жоқ, Есенейдің өліміне шешесі Несібелі де келе алмады.

Ұлпанның осы күнгі көңіл аулары өзінен туған жалғыз қызы — қазір онға толған Біжікен — Бибіжиһан. Барлық мінезі өзіне тартқан ақжарқын, ақкөңіл. Дене бітімі де Ұлпанның өзіне тартыпты — мүсінді, ажарлы бала. Ұлпанның қуанар-жұбанары да, қайғырар-мұңаяры да сол жалғыз қызы. Ұл таппай, қыз тапқанына әуелінде ренжіп еді, осы күні қуаныш етеді. Шешесі мен қызы бірінбірі тіл қатыспай түсінеді. Жан тамырлары бірге соғады, біріне бірінің жүрек лүпілі естіліп тұрады.

Бұдан үш жыл бұрын Ұлпан елу балалық медресе салдырып еді. Біжікен сол медреседе оқиды. Зерек болып шықты. Әліпби, әптиек шырғаландарынан оңай өтіп, былтыр Құранға түсті. Кешке қарай Ұлпанның қасына күнде келіп отыратын ауыл әйелдерін «Мұңлық — Зарлық», «Бәдіғұл — Жамал», «Шәһіраман» хиссаларын, «Еңлік — Кебек», «Қыз Жібек», «Қалқаман — Мамыр», «Сұлушаш» жырларын оқып береді. Әндетіп оқи берген соң, даусы да ашылып, ырғақталып келеді. Қазақ әйелі қайғысыз-мұңсыз болған ба, әйелдер солқылдап жылап оты-

рып тыңдайды. Мұндай жылаулар әжелерді,ежелден бері әйел жүрегіне қатқан шер-шеменді ерітіп, жуып жібергенді қуанысып қайтады. Ертеңіне тағы сол еді. Есеней қайтыс болғалы бұл да тоқталып қалды.

Ұлпан бұл кезде қара жамылған қаралы әйел. Үйінен шыға алмайды. Есеней ауырып жатқан жылдарда бұрын басталған істері аяқталып қалды. Он ауыл Сибанды Есенейдің қазаны мен қолына қарап телміріп отырудан біржола құтқарды. Қашаннан бері Есенейдікі болып келген кең жерді әр ауылға бөліп берді. Мұнысы жалғыз бұл ел емес, жалпы Сібір қазақтары үшін жаңа бір үлгі еді. Оның аты не екенін.

Ел аздап егін салады, шөп шабады. Бала-шаға дірдектеп қыс бойы киіз үйде отырмайды, жылы қысқы үйде отырады. Әсіресе, осы қысқы үй үшін ел-жұрты Ұлпанға қатты риза.

Есенейді жұрт құрметтейді әрі жақсы көреді. Бұдан он жыл бұрын Ұлпанға сұрана келуші еді, осы күні ақылдаса келеді. Есенейге кімнің батылы болса, Сибан елінің ыңғайын байқаден байқау үшін, Ұлпанға бір соқпай қоя алмайды.

Ұлпан медресені де осы елдің балаларын оқыту үшін салдырып еді. Керек еді. Әттең, өзі оқымаған адам, медресе салып жалдап беруден басқасына араласа алмайды. Қысты күні және жайлау кезінде қырық шақты бала оқиды. Көктем кезінде балалар азайып қалады. Қазекең өз шаруасының ыңғайына қарай баласын бірнеше ай жұмысқа салады да, шаруасы бірыңғайланған соң қайта жібереді. Бала сабағын үзілген жерінен жалғастырып оқып кетеді. Медресе балаларды қысы-жазы үзбей оқыта беретін болған соң, ондайдың оқасы не!...

Әліппеден бастап неше жыл оқысаң да ана тіліне бір соқпайтын сабақты оқу да қиын. Сондықтан оқуды тастап кететін балалар да көп. Алдымен Мүсірептің екінші ұлы Ботбай зирек, Біжікенмен тайталаса оқып келеді. Әттең, ойын құмарлау,атқұмарлау, домбыра құмарлау... Тегі, ол да көп оқымас.

Ұлпан түс намазын оқып отыр еді, қызы сабақтан ертерек қайтып келіп, шешесінің мойнына арт жағынан асыла кетті. Сыртынан құшақтап алып, шешесін ілгерілі-кейінді теңселтіп ұзақ тұрып қалды. Үн шығарып, намазын бұзған жоқ. Намаз біткеннен кейін де құшақтаған бойы тұра берді.

— Немене, күнім? — Ұлпан бұрылып, қызының жүзіне қарап еді, еріндері бұртиып кеткен екен, — Немене, ботам?

— Молда намаз оқисыңдар дейді. Ертең ораза айы басталады. Ораза ұстап, намаз оқитын болыңдар! — деді.

Сібір қазақтарына ислам діні ноғай молдалар арқылы шегенделіп келеді. Көбі молда емес, шикі надан адамдар. Қазақты нағыз надан көреді де, Құдай атымен шатастыра береді. Сауда-саттық та ноғай саудагерлерінің қолында. Олар қазақты шешіндіре тонайды. Алла солардың қолында, сауда солардың қолында, алдау солардың қолында, пайда солардың қолында. Дінді де оңдырар түрлері жоқ. Елді де оңдырар түрлері жоқ. Тегінде, бұлар ноғай да емес, басқа да емес, саудагер деп аталуға лайық жаңа бір жұрт. Жалпы адам баласының қауымында саудагер дегеннен зұлым пенде болмаса керек. Жас баланың жаны соны сезініп, түршігіп келіп тұр еді.

— Молда балаларды дәрет алуды үйретуге көлге алып кетті. Маған шешеңнен үйрен деді. Ботпай ораза да ұстамаймын, намаз да оқымаймын деп үйіне қашып кетті.

— Біжікен Ботпайдың қалай қашқанын тағы көз алдына әкеліп күліп жіберді.

Молда балаларға намаз үйретететін, ораза ұстататын болғанын естігеннен кейін, жақсы оқитын балалардың бірі Ботпай тұра келіп, қолын қусырып:

— Молда-еке, лұқсат па? — деп еді. Бұл кәдуілгі түзге шығып келуге лұқсат сұраудың тәртібі болатын.

— Лұқсат, — деді молда.

Ботпай далаға шығып алды да:

— Молда, молда, молда-еке,
Қара мысық мұрт-еке.
Сен білгенді мен де білем,
Енді ауылыңа қайт!
Оразаңды ұстамаймын,
Намазыңды оқымаймын,
Кімге айтсаң, оған айт! —

деді де қаша жөнелді. Оның артынан уәдесін қойғандай Ережеп қашып кетті. Біжікен күле тұрып, шешесіне осының бәрін айтты.

— Ұят болған екен, — деді Ұлпан.

— Мен де ораза ұстамаймын, намаз да оқымаймын — деді қызы.

Ұлпан қызын енді өзі құшақтап алып:

— Жарайды, үлкен молда келген соң, өзім сөйлесермін... Бар, балалармен ойнап келе ғой, — деді. «Қызым-ай, мен шойнақ болса да батыр атанған әкеме еркелеп өр мінезді болып өсіп едім, сен кімді арқаланар екенсің...».

Біжікеннің кейбір мінездері бала кезіндегі Ұлпанның өз мінездерін есіне түсіреді. Әлденені көңілі ұнатпаса, оны істемей қояды. Медресе ашылғанда жеті жасар Біжікен еркек балалармен бірге түскен жалғыз қыз бала еді. Бір жылдай сабақтан қуанып қайтып жүрді. Әуелі жиырма тоғыз қаріп таңбаларын білгеніне, одан соң таңбалармен қандай сөзді болса да қағазға жазуға болатынын білгеніне қуанушы еді. Биыл сабақтан көбіне ренжіп қайтып жүр.

Жалғыз Біжікен емес, барлық балалардың сабақтан ренжіп қайтар себептері көп. Балалар қысты күні бір бөлмеде, жазды күні киіз үйде оқиды. Әліпбиге кеше ғана түскендерді де, әлдеқашан Құранға түскендерді де бәрі бірге қозыдай жамырасып шулап отырады. Дауыс шығармай іштен оқуға лұқсат жоқ. Даусы естілмеген баланы молдекең солқылдық шыбықпен жауырын ортадан тартып жібереді.

Бір бала «әлиф, би, ти.... әлиф, би, ти» деп зарлап отырса, екінші бала «рәсіри, рәтүри» деп сарнап отырады.

Үшінші баланың күні бойы ез-малталап отыратыны «әлфіки күсін ән, әлфіки кәсін ен, әлфіки күтір өн ән-ән-ән...».

Төртінші бала әндетіп Құран оқиды. Ішінен балағаттап отыр деуге де болар еді. Қырық шақты бала қыс бір бөлмеде, жаз киіз үйде шулайды да отырады.

Күні бойы осылай, Кеше де осылай, ертең де осылай. Егер осы сарнауазарлаудың ішінде бір ауыз мағына болса, оны бала түсінбейді. Молданың өзі де түсінбейді, түсіндіре де алмайды. Есі кіре бастаған балалар осыған наразы. Надан ел баламыз оқып жүр деп сеніп отырса, азды-көпті көзі ашық адам балалардың күні бойы мағынасыз шулап отыратынын жындыханаға теңер еді.

Біжікеннің молдаға өз наразылығы бар. Ол күнде көзіне шалынып жүрген бірдемелерді қызық көріп, суретке түсіретін еді. Екі лақ сүзісіп жатыр. Шешесі намаз оқып отыр. Асылтас кемпір бір қап тезек теріп әкеле жатыр... Бұлары көркем сурет емес, әрине, әшейін қарындашпен шимайлай салған сызықтар. Адамның нобайы, мал баласының нұсқасы ғана танылады. Сол жаңа жарыла бастаған жапырақ надан молданың қолы тиіп кетті де, жұлып тастады.

Әрбір бейсенбі күні молдекең балаларды қаз-қатар жатқызып қойып, дүре соғады. Балаларға жұмасына бір рет дүре соғу, шындап дүрелемесе де, соның ишаратын істеу бала тәрбиелеудің бір қағидасына жатады. Ишарат көбінесе шын дүрелеудің өзі болып шығады. Оның себебі балалар жұмасында бір рет молдаға екі тиын садақа әкелулері керек. Ертең жұма, бүгін садақа күні – бейсенбі. Кедей балаларында екі тиын түгіл, бір тиынның өзі жұма сайын табыла бермейді. Осындай түсім аз болған күні молдекесі балаларды шындап дүрелейді. Дүреден азат жалғыз Біжікен ғана.

Сондай бір түсім аз болған бейсенбі күні ызалы молда балаларға дүре соқты. Өзі төр алдында, балаларды киіз үйдің дөңгелек орайына қарай қатарлап жатқызып, әуелі солқылдақ тал шыбықпен балаларды түгел бір-бір соғып өтті. Мұнысы ишарат дүресі еді. Садақаны аз әкелген балаларға ишарат дүресінің өзі де бата тиіп жатыр. Ондай балалар қайқаңдап қойып, қасындағы балаларға тығыла түседі. Екі қулау да арамдау бала әкелген садақаларының жарымжартысын дамбал ышқырына тығып қалдырған екен. Шыбыққа шыдай алмай, молданың алдына біреуі бір тиын бақырды, енді біреуі жарты тиын қара күрешті тастай берді. Дүреден қайқаңдамайтын екі-ақ бала бар – Ережеп пен Ботпай. Екеуі де шымыр денелі, ерегеспе, қайсар балалар. Бұл екеуі ишараттан кейінгі нағыз дүренің өзіне де көп қайқаңдамайды, өліп қалғандай жатады.

Біжікен дүреден азат жалғыз қыз бала болса да, жалпы тәрбие тәртібі бойынша, ол да дүрені көріп отыруға міндетті. Қазір ол іргеге қарай ығысып барып отырды. Қашанғы әдеті осы. Дүре дегенді алғаш көрген кезде көзін кітаптан аударма́й төмен қарап отырушы еді, осы күні бойы үйреніп кетіпті. Бұрынғыдай дір етіп қалмайды, жылап та жібермейді. Дүреге ұшыраған балалардың қайсысы қандай мінез көрсеткенін аңдай отырады. Кейде қабағын шытады, кейде күліп жібере жаздайды.

Жаңағы екі бала молданың алдына садақадан қымқырып қалған екі бақырды тастай бергенде, Біжікенге ойнақы бір ой келді. Қағазға соның суретін сала бастады. Қарындаш молданы айнала, қарбыздай домалап жатқан көп бастың суретін салды. Ол қиын емес екен. Балалардың денесін жалғыз ғана

сызықпен іспеттеп, сызықтың үш жағын екі айырып еді, екі аяқ болды да шыға келеді... Оның несі қиын болсын!..

Балаларға тиген көк шыбық шып еткен сайын, құшырланып қоятын молданың суреті Біжікенді өлгендей қызықтырып кетті. Мұртының жоғарғы жағы таңқита қырылған, екі миығы тышқан көрген мысықтың мұртындай дірілдеп қояды. Істік мұрын. Қара төбетей киген, шақса бас. Қолында ұзын көк шыбық...

Ішінен күліп, өзімен өзі болып отырған. Біжікен не жазып отырғанына молданың көзі түсіп кеткенін аңдамай қалды. Шұңірейген шұңғыл көздердің қадала шүйілгенін де аңдаған жоқ. Молда өзін қателеспей таныды. «Қандай жауыз етіп жасаған!... Алла, мына малғұн қыз не жазып отырған?».

Молда мысықтай жымып келіп Біжікеннің шимайлаған қағазын жұлып алып, жыртып-жыртып тастады. Жынданып кеткендей екен. Көздері ұясынан суырылып кетердей жалақ-жұлақ етеді. Еріндері дірілдеп, әлденемені айтып қояды. Орысшалап боқтап жүрмесе қайтсін!... Құранда «уаләд» деген сөз кездессе де, «билат» деген сөз кездеспейтін еді...

Содан бері Біжікен сурет салуды қойып кетті. Молдаға наразылығы ұмытылған жоқ, ұлғая берді. Сол жолы молданың қайта-қайта айта берген «бәдбахыт» дегені қазақша «бетпақ» екенін білсе, Біжікен ендігі медресені де тастап кететін еді.

Медреседе екі молда бар еді. Үлкен молда Хұсайынғази Есенейдің зиратына қойылатын құлпытасын алып келуге Тобыл қаласына кеткен. Енді екі жұмада Есенейдің қайтыс болғанына жыл толады. Ас беріледі, ескерткіші орнатылады. Бүкіл Сибан елі соны күтіп, жайлауға көше алмай, баяғы Қарағайлы көлді айнала қонып отырып қалды.

Ас әзірлігі ойдағыдай жүріп жатыр. Бес болыс Керей — Уаққа түгел сауын айтылды. Шақырылмай қалған — жалғыз кекеш Қожық, ұры Қожық. Есеней суға құлап, үсті-басы мұздап, жаурап келе жатып кездескенде де Қожықтың қосынан дәм татпай аттанып кеткенін Ұлпан жақсы білетін. Сондықтан оны шақыртпады. Осы жағынан бір жанжал шықпаса, өзге жұмыстарда ірің-кезек белгісі байқалмайды.

Қарағайдан қиған жеті қанатты, мұнардай биік көк күмбез — Есенейдің ескерткіші орнатылып болған. Әзір тұр. Алты қанатты ақ үйдей кең болып шықты. Төбесін шатырлап, жаппа-қаңылтырын көкке бояған соң «көк күмбез» атана ма деген үміт те жоқ емес. Есеней сияқты ардақты адамның аты өлгеннен кейін атала бермеуге де тиіс.

Тобыл қаласында жасатқан Есенейдің құлпытасын алып Хұсайын молда да келді. Ғажайып тас әкелгенін көтере мақтап кетті. Қымбатқа түсіпті.

— Құдайдың құдіретімен тасқа алтын мен күміс араласа қайнасып біткен екен де... Қырық пұт тастың үштен бірі алтын мен күміс, өзіңіз көрерсіз, алтыны мен күмісі тамырланып, сыртына шығып жарқырап тұр.

— Рахмет, молдеке... ондай да тас болады екен-ау! Қалай тапқансыз? — деді Ұлпан.

– Ақша бит, ақша! – деді молда. Оның ар жағын Ұлпан оңай түсінді де, қазбалаған жоқ, балалардың оқу жайларына бұрып әкетті.

– Күнәсіз сәби балаларға ораза ұстатып, намаз оқытып керегі не? Үш күннен бері он екі бала медресеге келмей жүр. Әке-шешелері де балаларына ұрыспапты, қайта, кіші молданы мазақтайтын көрінеді. Біжікен әрең-әрең барып қайтады, – деді.

– Он екі баланың сабаққа келмей қойғаны молдекеңе он екі қозысын қасқыр жеп кеткендей тиді.

– Лағнат, ол бәлебай малайына! Китірәм аны, иртәгә китірәм! – деді.

Осымен балалар наразылығы аяқталып қалды да, наразылық екі молданың арасына ауысты. Тері-терсегі көп, қайыр-садақасы көп ораза айы келе жатыр, Есенейдің асы келе жатыр. Бұл тұста үлкен молда кіші молданы шайнап тастамасына шарасы жоқ.

Көк күмбездің ішіне құлпытас орнатылып, маңайы тазартылып болған соң, Хұсайын молда Ұлпанды зират басына шақыртып еді, Ұлпан қасына Дәмелі мен Шынарды, Біжікенді ертіп келді.

Орал тауының алтындай жарқырайтын мыс мен күмісі аралас тарам-тарам тамырлары бар шағала тас Ұлпанға қатты ұнады. Кей жері сұрғылт, кей жері көгілдір тартқан тас айнадай жалтылдайды. Қалай кесті екен, қалай сүргіледі екен, қалай сүртті екен! Жақындап кетсең, кескінің көрінеді.

Хұсайын молда көк күмбезді күңірентіп аят оқыды. Молдасынан кейін Біжікен әзірленіп тізерлене бастады. Молда оны көптен әзірлеп жүрген. Іркілген жоқ.

Даусы әуелі азғана дірілдегендей шығып еді, ұзамай ашылып кетті. Қандай үнді, қандай мұңды дауыс еді. Құран емес, жыр оқып отырғандай. Өзі түсінбейтінді жұртқа үнімен түсіндіріп отырғандай. Жас баланың балғын үні кейде жүрегіңді елжірете шығады да, кейде өкпе-наздай ойландырып қалады. Әлдекімге, алыстағы біреуге зарын айтып, шағынып тілек еткендей болатыны да бар.

Бір кезде әйелдер жылай бастады. Қыз даусы өзгеріп, әке жоқ, апа? Маған да әке керек боларын сен білсең керек еді ғой, апа. Апа сені бала біткен Ақнар апа дейді. Олары шеше дегені не! Сен алтын шешесің, апа... Сенен артық шеше болады деймісің! Сонда да менің әкем жоқтығы жаныма батады да жүреді. Әкелі бала қандай, мен қандаймын? Мен неге әкеден ерте айрылдым, апа? Жоқ, апа, мен жетімсіремеймін. Бірақ әкесі бар баланы көргенде ылғи жылағым келеді. Қызығамын ба, күндеймін бе? Жоқ, екеуі де емес, апа! Басқа балалар әкесінің мойынына асылып еркелегенін көрсем, маған сол батады. Мен болсам, әкемнің мойнына бір асылып еркелеп көрмеген екемін... Соны сағынамын, апа... Әкем мені бір сүйіп көрген жоқ, бір рет басымнан сипаған жоқ, мен соны сағынамын, апа..

Үнемі шымылдық ішінде жататын ауру әкесін Біжікен төрт жасқа толғанша көрген жоқ-ты. Балаға әке керек екенін білген де емес-ті. Бір күні ойнап жүріп, балалықтың көз құмарлығына шыдамай, әкесінің шымылдығын ашып қалып еді, орнынан қозғала алмай қатып қалды. Қорқып кетті. Мұндай

да үлкен бас болады екен-ау! Қырау басқан буранның басы ма дерсің. Бет-аузы табақтай жалпақ, қатпар-қатпар, қара шұбар... Бар денесі селк-селк етіп жатыр. Екі қолын екі үлкен адам ұстап отыр. Әкесінің селкілдеген қолдарымен бірге екі үлкен адам да селк-селк етеді. Жас бала шыңғырып жіберді. Есін шешесінің алдында жатып жинады.

— Қорықпа, айналайын. Ол — сенің әкең. Қатты ауырып жатыр. Жазылады, — деді Ұлпан.

— Анау екі кісі неге әкемнің екі қолын ұстап алып жібермей отыр?

— Екі қолын екі кісі ұстап отырмаса, әкең дірілдеп ұйықтай алмайды. Бір кісінің әлі келмейді. Әкең батыр адам...

Төрт жастағы Біжікен әкесі барын осылай біліп еді. Әуелі әкесінің тұрсипатынан қорқып кетсе де, көп ұзамай көзі де үйренді, бойы да үйренді. Табиғат сыбырының құлаққа кірмес, ойға ұяламасы жоқ қой, жас баланың көңіліне барлығы айнымас-бұлжымас сенімді қуаныштай орнығып қалды. Жетіге толған соң сабаққа кетерде әкесіне бір тостаған қымыз апаратын болды.

Әкесінің екі қолын екі адам ылғи ұстап отырады. Екі аяғын бір бума жүкпен бастырып қойыпты. Кейде Біжікен сол буманың үстіне отырып алып, әкесімен ойнағысы келеді. Селкілдеп жатқан буманың үстінде ұзақ отыра алмайды, сырғып барып құлап түседі. Соған мәз болып күліп тұра келеді де:

— Әке, мен сабаққа кеттім... сен ұйықтай тұр, — дейді.

— Бара ғой, бөбегім, бара ғой, — дейді әкесі. Біжікен үйден шығып кеткен соң, ауыр күрсініп:

— О, Құдайым-ай! — деп қалады.

Мүгедек әке жалғыз перзентін тым болмаса бір рет қолына алып, маңдайынан иіскей алған емес, тым болмаса бір рет шашынан сипай алған емес. Мұндай да азап бола береді екен-ау!.. «О, Құдайым-ай!» дегені сондай ауыр зардың, сондай ауыр күйініштің жалынындай шығады.

Қай балаға да әке керек. Есеней сияқты мүгедек әке де керек екен. Біжікен қазір сол әкесін сағынып, зарлап отыр.

Біжікен даусы тағы бір сарынға ауысты:

— Апа, — дегендей қызының даусы, — апа. Мен неге жалғыз болып тудым екен, апа? Менде аға да жоқ, іні де жоқ, сіңлі де жоқ. Көп қыздардың ағалары да бар, іні, сіңлілері де бар. Менде бір өзіңнен басқа ешкім жоқ. Неге бұлай, апа? Сен де жалғыз, мен де жалғыз... Неден бұлай болды, апа? Сенің күрсінетініңді мен ұйықтап жатсам да есітемін. Сабақта отырсам да есітемін. Сол күрсінуің қашан тоқталар екен, апа? Мен ойнап жүріп те қуана алмаймын. Басқа балалардың қуанғанына қызығамын. Балалар қуанғанда қандай әдемі, қандай жақсы болып кетеді. Мен сонысына қызығамын. Әлгі Сейтек дейтін кішкене бала бар ғой, сол ойнап жүріп құлап қалса, менімен жасты Айша оны үйіне арқалап әкетеді. Бағила құлап қалса, ағасы Сансызбай көтеріп әкетеді. Мен осыған да қызығамын... Мен де біреуді көтеріп әкеткім келеді. Кішкентай кезімде мені де біреу үйге көтеріп әкелді ме екен деп ойлаймын, апа. Біжікен мұның бір де бірін шешесіне ауызба-ауыз айтқан емес, айта алмас та еді. Бұл оның ойы ма, сезінуі ме, оны өзі де білмейді. Оны білу қайдан оңай болсын! Қыз шешесін кінәлап

та отырған жоқ, қайта шеше зарын қоса айтып отырғандай еді. Бір сөзіне түсінбейтін Құранды оқып отырып даусымен, үнімен айтты. Онысы сағыныш зары екенін шешесі де түгел түсінді. «Қызымның есі кіріп қалған екен-ау» деп ойлады шеше...

2

Есенейдің асын өткізу әзірлігінде жүрген Байдалы би, Күзембай болыс бастаған отыз шақты адам ауыл сыртында кеңесіп отыр еді, үш салт адам жақындап келіп сәлем берді.

– Е, жол болсын!

– Әлей болсын. Қожық батыр жіберіп еді. Ұлпан бәйбішеге жолығып, айтатын бір-екі ауыз сөзіміз бар. Ол кісі үлкен үйінде отыратын шығар?

– Әуелі аттарыңнан түсіп, жұмыстарыңның жөнін бізге айтыңдар. Ар жағын содан кейін көрерсіңдер.

– Жоқ, біз жұмысымызды Ұлпан бәйбішенің өзіне ғана айтамыз да қайтамыз.

– Онда қайта беріңдер. Ол кісі ешкімді қабылдай алмайды. Әсіресе Қожықтың адамдарын қабылдамайды.

– Сибанның қара тобыры, Есенейдің беті жасырынбай жатып-ақ, бәйбішесін қара үйге қамап тастап, ордасын ханталауға салайын деп жатыр екенсіңдер ғой! – деді жүнделген түйенің терісіндей борғыл бет адам. Бұл барлық Сибанға қатты тиген сөз еді.

Мүсіреп Шондығұлға иек көтерді. Шондығұл, атынан түспей кердең сөйлесіп тұрған, борғыл бет көсе адамды атынан жұлып алып, Байдалы бидің алдына әкеліп, ыығынан басып шөктірді де, шылбырын қолына ұстатты.

– Сөйле! – деді Байдалы би .

Борғыл бет көсе арсыз адам екен, атынан жұлып алып жер тізерлетіп отырғызғанға қызарған жоқ. Сөйлеп кетті:

– Сөйлесем, Есенейдің асына бес болыс Керей– Уақты түгел шақырғанда, Қожық батырды шақырмайтындай Қожықтың жиырма төрт ауылына қара шешек шығып жатыр деп естіп пе едіңдер?

Билер алма-кезек айтыс-тартысқа түспей, түптеп келгенде, айтар кесімін айтты. Өзі шешен Байдалы бидің ішін жарып бара жатқан жауабы әзір отырса да, үн шығармай шыдап қалды да, Мүсірепке қарады.

– Ұры-қары, қанішер жолбасарларды шақырмаңдар деген Есенейдің өсиеті бар. Қанішер Қожық шақырылмайды, – деді Мүсіреп.

– Тағы не айтасың?

– Жиырма төрт саба қымыз, жүз қой, елу ту бие сойыстық әкеледі Қожық. Ұлпан бәйбішеге екі нарға артып екі тоғыз сыйлық әкеледі Қожық. Есенейдің ас бәйгесіне қосуға жиырма төрт сәйгүлік жаратып отыр Қожық...

Байдалы тағы Мүсірепке қарады.

– Қысты күні суға құлап, үсті-басы көк мұздақ, жаурап келе жатқан Есеней Қожықтың қосына кездесіп қалып, дәм татпай аттанып кеткенін Керей– Уақ

түгел біледі. Есенейдің асына ол Қожықтың арам сирағын салдырады екен деп ойласа, Қожық шын-ақ адам емес, доңыз екен! – деді Мүсіреп.

– Тағы не айтасың?

– Есенейіңнен айрылған Сибан, босқа шіренесің деймін. Өлі арыстаннан тірі тышқан қорықпайды дегендей, Қожық енді сенен ығыспайды. Қожықтың аты – Қожық! Бүгінгі Кенесары сол. Екі жүз ат кермеде, екі жүз жігіт ер жастанып, тоқым төсеніп, шешінбей ұйықтайды Қожықтың нысанасында енді сен боларсың, Сибан. Мен айтарымды айтып болдым.

Енді Мүсіреп Байдалы биге қарады.

– Ас бергелі жатқан қаралы ауылға келіп бейбастақтық жасағаны үшін мына көсеге қырық қамшы дүре соғылсын! – деді Байдалы би. – Айыбына атын алып қалып, жаяу қайтарыңдар!

Би кесімі тым қатал болса, қасындағылардың біреуі «Сауға, биеке!» деп қалатын ғұрып бар. Ондайда би жазаның жарым-жартысын кешіре салады. Жазалы адам бәрібір қырық қамшы дүре жегенге саналады. Бұл жолы ешкім аузын ашқан ...

Кешірек Байдалы, Күзембай, Мүсіреп, ер мінезді, еркек пішінді жас пері атанып келе жатқан Құнияз төртеуі келіп, Ұлпанға болған оқиғаның жайын айтып еді, Ұлпан тіс жармай тыңдап алды да:

– Мұны не дейміз! Қожық лаңының осымен аяқталғаны дейміз бе, болмаса басталғаны дейміз бе? – деп сұрады.

– Есекем тірі болса, тоқталғаны дер едік. Күн бізге қалған тұста басталғаны деуіміз керек болар, – деді Көшебе-Сибанның болысы Күзембай. – Екі жүз жігіт ұстап, Есілдің екі жағындағы елдерді күнде бір тонап отырған Қожық енді Керейге ауыз салайын дегені де. Асты дұрыс өткіздірмейді ол! Келеді деп киіп кетеді.

– Тірі Есенейде кеткен кегін енді өлі Есенейден алмақшы болғаны ғой, қанішер иттің! – Осыны айтып Байдалы да тоқтап қалды. Он жеті жасында қандыбалақ қарақшы атанған еді. Қыр елдері көтеріле дүрлігіп, Кенесарыға қосылып, екі-үш жылдан кейін одан біржола безініп, ескі мекендеріне қарай қашқанда, көбінің мал-мүлкі, қыз-келіншегі осы Қожықтың қолына түсіп қалған. Қасында үш жүз жасағы бар Қожық Кенесарыдан қаша бастаған елдерді аңдытып қойған аңшысы болатын. Қожықтың қолына түскен мал-мүлік, қыз-келіншекке Кенесары да ортақ. Кенесары Торғай қаласын шауып, тұрғын халқын қырған, сол қырғынға Қожық та ортақ. Бұл екеуінің ортақтастығы Кенесары қырғыз халқының қолынан апатқа ұшырағанда ғана айрылды. Қожық төрт мың жылқыны айдап Бетпақдаланың солтүстығына қарай бұрылып кетті. Содан бері ол Есілдің оңтүстік Меңзей деген жерін жайлайды. Бірақ ұзындығы жүз елу шақырымдай жер. Есілдің арғы беті Қожықтыкі. Бұрын сол жерде іргелес отырған Атығай – Қарауыл, Уақ деген елдер Қожықтан қашып, алыстап кетті.

Қожықтың тоғыз қатын, жиырма төрт ұлы бар. Әр ұлы бір ауыл. Әр ауылында түп-түбірі Кенесарының жасағынан келе жатқан бұзықтар, ұрылар, жол тонаушылар ондап саналады. Сол Қожық Есенейдің асында бүлік салып, Керей елін бір иықтап, ықтатып кетпек еді.

Болыс-билерде дағдарыс барын сезінде де, Ұлпан ширағырақ сөйлеп кетті:

– Асты бірдеме қылып өткізерміз-ау, ағайын... Ең әрісі, Стаптан жүз казак-орыс алдыруға да болады. Бірақ соның ар жағында күніміз не болады? Есекең жауға жалғыз аттанушы ма еді? Керей – Уақтың басын қосып, екі елдің ұранын шақырып аттанбайтын ба еді? Қожық қарақшы түгіл, Кенесарының өзін Керей жерінен қуып тастағанда осылай еткен ғой! Қожық заты Уақ болғанымен, өз елінен шеттеп, Көкшетау оязына қарайтын жерде болғандықтан, Есенейдің қолына түспей кетті. Есеней өздеріңізбен мақұлдасқанда: «Қожықты құртпасаң, Керей, саған күн жоқ!» демеп пе еді. Есенейдің Қожықта кеткен ұзыннан өші, қысқадан кегі жоқ еді ғой. Аты Керей, Есеней сенің қамыңды ойлаған. Бүкіл Атығай – Қарауыл, Керей– Уақ қарғап отырған қанішердің орны қараңғы – абақты, торкөзді түрме емес пе? Өзгең бой тасалап қалатын болсаң. Сибан жалғыз болса да Қожық залыммен алысып өтеді. Сибан Есенейінен айрылса да, еркек жігіттер, Құдайға шүкір, бар!... – деп Мүсіреп пен Құниязды көз құйрығымен жанап өтті.

– Дұрыс айтасың, Ұлпан... Қожықтың жіберген адамына дүре соғып, атын айыпқа алып, өзін жаяу қайтарса, ол Сибанның неге болса да бел байланы ғой,– деді Мүсіреп. – Бірақ Керей – Уақ Сибанды жалғыз қалдырар деп ойлаудың керегі жоқ. Қожық Керей – Уақ, Атығай– Қарауылдың бәрінің жауы. Ондай зұлымға барлық ел бір-бір тас атып қалмайтын ба еді? Қожықтың орны түрме, Байдеке, осы жұмысты өзіңіз бастаңыз, өзіңіз аяқтаңыз.

– Керей – Уаққа Құдай бірлік бере қалса, дұрысы осы болар еді, – деп қалды.

– Сізге ермегенде, кімге ереді бұл ел? Орыс, қазаққа атағыңыз жайылған бисіз, сізден иығы жоғары тұратын кім бар? – деп Мүсіреп тағы да бір қолпаштап жіберді.

Енді Байдалы шалқалай отыра сөйлеп, Күзембай болысқа қарап:

– Бес болыстың пірғауарын жасата бер... өмір-бақи оралмастай болып «Итжекке»нге айдалсын! – деді.

– Онда болыстарды осында шақыртамыз ғой?

– Шақырта бер.

Құнияз ер мінезді, намысқой, балуан жігіт еді:

– Қап, Сибанда ту көтеріп, намысқа шабатын еркек барын көрсететін күн туды ма деп дәмеленіп қалып едім... Қағазбен тынатын болды-ау! – деді өкініп қалғандай қалжыңдап.

Кенесары лаңынан кейінгі отыз жылдан астам тыныштық өмірде Сибанға мал бітіп, тұрмысы түзелген соң, балалар өлімі азайып, жігіттері көбейіп қалған еді. Бұл кезге дейін Есенейдің атымен ел атанып, қатарға қосылып келсе, енді елдің өз кеудесі көтеріле бастаған. Құнияз болыс-билерге соны аңғартып қалды.

– Атыңды ерттей бер, Сибан! Қағазы да болар, басқасы болар, – деді Байдалы. – Қожық оңай жау емес. Ол жасанып отырған жау. Үш жүзге жақын жасағы бар. Оңай қолға түспейді. Бірақ естеріңде болсын, бұл – Сибан жорығы болады.

– Жорық болады ғой, әйтеуір!

– Болғанда қанда! Үлкен жорық болады.

Жорық үлкен болуға бет алды. Сибан жорығына бес болыс Керейден қатынаспағаны қалмайды. Қожыққа бәрі де кекті, бәрі де өш. Адам керек, ат керек, ас керек. Соның бәрінің салмағы Сибанға түсетін болды. Байдалы осыны ескертіп еді. Сибан оған әзір екен.

— Істеріңе береке берсін, еркектер. Есенейдің малы Керей — Уақтың амандығы сияқты осындай ақ жолға шашылса, аруағы маған ренжімес, — деді Ұлпан

Қожықты әркім өз қара басының көрген жәбір-жапасына қарай ұрықары, жол тонағыш, қанішер-зұлым дейтін. Мұның бәрі де дұрыс еді. Қожық адам қанына талай шомылған хайуан. Қырда қазақты, Торғай, Мокрасыбай қалаларында орысты бауыздағанда екі қолының біреуі дір етпеген адам. Есіктерезесі жабық үйлерді өртегенде шырылдап шыққан жас баланың даусынан шіміркенбеген хайуан. Осы кезде де қолы қанданбай отыратын күні жоқ. Қожық жайлаған жерден бір адам аман өте алмайды, тоналып өтеді. Сонымен бірге Қожық қазақ хандығынан үміткер хан тұқымдарының бәрінің сүйеніші еді. Әлі үзіліп болмаған үміттің сарқындысы осы Қожыққа байланысты болатын.

Ол отыз жылдан астам уақыт өтсе де, Кенесары жасағынан қалған қолды таратпай ұстап отыр. Олардың өздері қартайса да, қанмен ауызданған балалары жігіт болып қалды. Зәу-сайтан біреу хан болғысы келіп селт етіп шыға келсе, Қожық — оның даяр тұрған қарулы жасағы.

Орыс әкімдері де Қожықтың үстінен түскен арыз, приговорларға құлақ аспай келеді. Арыз, приговор берген болыс-билердің үстінен Қожық та арыз береді. Қазақ арасында қарсы даулар көп. Қожық та сондай кереғар даукестің бірі. Қожық өз алдына бір болыс ел болуды сұранып жүр. Бес жүз үйміз депті. Тексере келгенде, онысы жалған болып шықты. Үш жүзден аса еркегі бары дұрыс, ауыл саны жиырма төрт-ақ. Ұры екені де рас. Қазақтың қай биінің қолы таза? Қай болысының үстінен күнде бір арыз түспей отырады? Арыз, приговорларға сене берсең, қазақтың барлық болыс-билерін бір жылдан кейін түгел түрмеге алып отыру керек. Тегінде, қазақ бірін-бірі жамандауға келгенде сонша шебер, сонша рақымсыз, сонша жалақор, өз тамырына өзі балта шауып, өз жапырағын өзі жұлады да отырады. Түпкі ойлары осыған келіп тірелетін орыс әкімдері Қожықты қудаламай келеді.

Бұл жолы Керей — Уақтың болыс-билері үлкен ұйымшылдық көрсетті. Қағаздарын үкілі поштамен Омбы, Қызылжарға жөнелтті де, өздері болыс басы жүз елу жігіттен жасақ жинап алып, жорыққа тез аттанып кетті. Қолбасылары да әр рудан еді: Шағалақ — Боқан батыр, Таузар — Көшебеден, Мұстафа, Өсір — Сибаннан, Құнияз Байдалы, Күзембай сияқты болыс-билер, Мүсіреп сияқты беделді ел адамдары.

Жорық салмағын Ұлпан да ауырлаған жоқ. Сибан жігіттеріне алпыс ат берді. Түсіне қарамай, санамай берді. Қырық ту биені жорық жолына шығарды. Біреуі қайтпаса, сұрауы жоқ деп берді.

Есілдің солтүстік беті жалғасы үзілмейтін қалың орман, қаз, үйрек, аққу, тырна жылқышы, тауқұдірет құстары ол кезде Батыс Сібір көлдеріне аспай ұялай беретін Жалғыз қараша қазғана алыстап кетуші еді. Жорықшылар сол

көлдерді сағалап, сол ормандардың ішімен келіп, Қожықтың тобырына таң алдында тиісіп еді, ұйқыда жатқан тобыр елеулі қарсылық көрсете алмады, оңай қол қусырды. Қожықтың ауылдарына тұс-тұсынан келіп тиген Керей – Уақ қолы әр ауылды бөлек-бөлек басып алды.

Сонша атақты қанішер атанған Қожықтың өзі ұсталғанда, есте қалғаны мынау-ақ:

«Ақ орда» атанған үлкен киіз үйді Мұстафа қырық жігітімен қоршап алды да, айқай салды:

– Аш есігіңді, шық үйден! – Мылтық атылды. Бір ат ұшып түсті.

– Иттің ғана баласы, жан керек болса, шық үйден! – Мылтық тағы атылды. Бір жігіт атынан құлап түсті.

– Қапта! Шаңырағын ортасына түсір! – деді Мұстафа. Қырық шақты жігіт шауып келген бойы «ақ орданы» айнала беріп, сойылмен бір-бір салып өткенде-ақ уықтары сатыр-сұтыр сынып, шаңырағы үйдің ортасына жалп етіп құлады. Үзік, түндік деп аталатын үйдің жоғарғы киіздерін жамыла құлады. Үй ішінен: «Өлдік-ау, қырдың-ау, Қожық!» деген әйел даусы, шырылдаған жас баланың даусы естілді.

– Өртеңдер! – деді Мұстафа.

Қазақ үйінің төр жағы уықтың қарына дейін қатарлап жиналған жүк болады: сандықтар, бумалар, ұсталмайтын киіз, кілем, көрпе-жастықтар... Жігіттер ас үйдің алдындағы жер ошақтарда көміп қалдырған қайың шоқтарынан бір легенін алып келді де, үйдің сол төр жақ іргесінен екі-үш жерден от берді.

Әйел мен бала даусы әлі шығып жатыр. Үй ішіне түтін кіре бастады білем, әйел даусы құмыға берді. Жас бала булығып жөтеле бастады.

Қожық әуелі есіктен мылтығын лақтырып жіберді. Содан кейін дамбалшаң-көйлекшең өзі шықты. Сарғыш жирен сақалы шықшытынан басталып, екі жағын жиектей өсіп келіп алқымының астында түйісетін, жалпақ бет ақсары адам екен. Үн шығармай, қолын қусырды да тұрып қалды. Оның артынан булыға жөтелген жас баласын көтеріп Қожықтың ең жас тоқалы шықты.

Мұстафаның бір топ жігіті ақ отаудан Шыңғыстың Рахия деген қызына үйленген Қожықтың баласы Бекежанды айдап әкеле жатыр.

– Ш-ш-шата неме-ай! Ш-ш-ш-шолғанда жүр десем... қа-қа-қа-тыныңның д-д-дамбалын күзетіп шығып па едің! – деді Қожық баласына.

Екі жігітпен шолғынға жіберілген Бекежан ауыл ұйықтады-ау деген кезде ол да отауына қайтып келген. Кінәсін мойнына алып, үндемей алмай қалды.

Қонақ үйде төрт-бес жолдасымен Шыңғыстың баласы Жақып жатыр екен. Жігіттер оларды да айдап алып келді. Әр үйден үрпиіп шыққан еркектердің бәрі дамбалшаң. «Ақ орда» есігі ашылған соң гүрілдеп жана бастады.

Мұстафа қолға түскен өңкей дамбалшаң Қожық тобын Есілдің ел жақ бетінде Үйеңкілі деген жерде қалған болыс-билерге қарай айдатып жіберді де, өзі Қожықтың ауылы түгел өртеніп болғанша орнынан қозғалған жоқ. Мұндай бай үйлерді өртеп кетпесе, жігіттердің біреуі болмаса, біреуі орайын тауып тонауға келетіні даусыз. Тонауға кіріскен жігіт сарбаздығынан да айрылады, жігіттігінен де айрылады.

Мұстафа Қожықтың ауылын қара үйлеріне дейін, арбаларына дейін түк қалдырмай өртетіп жіберді. Болыс-билер тобына содан кейін оралды.

Қожық жасақтарының ішінде елден безіп, адам тағысына айналып, ұрлық-қарлықпен күн көруден қажығандары да аз емес екен. Туған ел сағынышы, жер сағынышы қысталап, «Алтыбақан», «эайгеректі» аңсайтын жастар да бар еді. Кенесарыдан қалған батыр-балуандар қартайып, тамаққа тоймайтын масыл болып алған. Әсіресе, әр шабындыдан қолға түскен жас әйелдер көп. Олар Керей қолы бостандық әкелгендей қуанып, Қожық тобырын қарғап-сілеп келеді. Осылай ішінен іріп, тамырынан шіріп жатқан ұры-қарылар тобыры талан-таражға келгенде «ержүрек» болса да, ел ызғарына қарсы тұра алға жоқ. Қожық тобыры бір-ақ күнде апыр-топыры шығып қолға түсті де, Қызылжарға айдалып кетті. Жақып сияқты қонақтар, еліне қайтуға сұранған әйелдер, отын-сушы кәрі-құртаңдар болмаса, жиырма төрт баласы мен Қожық, екі жүзден аса жасақтары түгел айдалды. Қожықтың өз әулетінен жетпіс екі әйел жесір қалды, айдалған жоқ.

Керей – Уақ елдерінің ескіден келе жатқан дәстүрі бойынша, ауыр бәле шыққан, қырсық болған жерлерді өртеп тазалау керек. Оба, қорасан сияқты адам апаты, ала өкпе, қара өкпе сияқты мал апаты болған жерлерді де өртеп, келер жылға дейін ол маңайға жоламай көшіп кететін. Мұстафаның Қожық ауылын өртеп жібергені болыс-билердің ойына сол дәстүрді түсірді. Қара пәле орнаған Қожықтың жазғы жайлау, қысқы қыстауларын: «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген Әз Тәукенің жосық-жоралғысы бойынша, қысқы-жазғы үйлерін бар мүлкімен түгел өртетіп жіберді. «Бүлдіргі» қамшының сабына тағылатын екі сүйем қайыс қой. Керей – Уақ жігіттері Қожықтың байлығына қолын арамдаған жоқ. Есілдің ел жақ бетіндегі үйеңкілердің ортасында Ұлпанның жиырма ту биесін сойып, «жеңіс тойы» жасалғаннан кейін, жігіттер сол арадан елдеріне тарады. Болыс-билер Қожықтың жылқысынан бір-бір ат жетелетіп жіберді. Ат алмаған жалғыз Сибан жігіттері.

Байдалы би Мүсірепке:

– Сибан жігіттері аттан неге безінеді? – деп еді, Мүсіреп оған:

– Сибан жорығынан Сибан олжа алып жүрсе, ұят болмай ма, Байдеке? Жорығына қатынасқан елдерге Сибан өзі сыйлық беретін болар... Біз жорықтың олжасы емес, салмағын мойынға алғамыз... – деді. Сөз осымен тоқталды, екеуінің де түпкі ойлары ашылған жоқ.

Олжалы қайтқан Керей – Уақ жігіттері:

– Сибан жорығына барамыз, – деп аттанып еді.

– Ұлпан жорығынан келеміз! Олжалы қайттық! – десіп, жорықтың абыройатағын Ұлпанға беріп тарасты. Ұзамай Ұлпанның атағы Сібір қазақтарының арасына жайылып жүре берді.

Болыс-билер Қожықтың жеті мың жылқысын, екі мың түйесін қағаздап «түгел қазынаға түсіру үшін» Күзембай болыстың ауылына бұрылды...

Жорықтан көңілсіз қайтқан жалғыз Байдалы би еді. Өзі жорықтың басында бола тұра бұл Сибанның жорығы болады деп қате айтып қалған екен де... Онысы жорықтың салмағы Сибанға түседі дегені еді. Қожық қолға түспей, аман

қалса, ол кінәлі елді шабындыға бір салмай қоймайы, сонда кінәлі ел Сибан болсын деген бір ой тағы қылтылдай берген. Енді, міне, Қожық мәңгі оралмасқа кетті. Көп шығын да болған жоқ, Жорықтың атақ-абыройы Сибанға емес-ау, үйінде отырған бір қатынға тиіп қалды. Сонда Байдалы биді сол қатын жұмсап жібергені ме?.. Солай болады да!

Жорықтан қайтқан Сибан жігіттерін Ұлпан, қасында қыз-келіншектері, ауыл сыртында қарсы алды. Бірі малшы, бірі егінші ауыл жігіттері кәдуілгі әскердей қатарланып көрнекті келе жатыр. Қолбасы Құнияз найзасын тік көтеріп алып алдында келеді. Оң жағында Мүсіреп, сол жағында Тоғанас балуан. Найза жігіттердің алдыңғы қатарларда келе жатқан жарым-жартыларында ғана бар. Кейінгілерінде сойыл мен садақ, айбалта. Селебе пышақ бәрінде де бар сияқты екен.

Ұлпан бастаған әйелдер жақындай берген жауынгерлерге бір тізелеп сәлем етті. Қол алдында келе жатқан үлкендер аттарынан түсіп қастарына келгенше сол қалыптарын бұзған жоқ. Сибан қолбасыларын ауыл ақсақалдары аттарынан түсіріп алды.

– Аттанарда күндей күркіреп, қайтқанда күндей күлімдеп, аман-есен келдіңдер ме!

Қолбасылар Ұлпанға келіп амандық айтысты. Бір тізелеп сәлем еткен әйелдер енді ғана тұра келді. – Ер-азамат, аман қайттыңдар ма?.. Қырық кемпір, менімен қырық бір, бес күн, бес түн басымызды жастыққа тигізбей тілек үстінде болдық, – деді Ұлпан. – Ер-азаматтың қадірі үйде жоғында батады екен. Ауылдар аңырап қалғандай, әрең шыдадық... Жорық деген құрғырға Сибан баласының осы ең соңғы шыққаны болсын... Үйге кіріп, амандық тілеп, беріп жатқан құрмалдықтан ауыз тиіңдер...

Қыздар жүгіре басып келіп, жігіттерді қолтықтап түсірген ишараттар істеп, аттарын жетелеп апарып Есенейдің ақ үйлерін айналдыра байлап жатыр. Найза, садақ, айбалта киіз үйлердің алдыңғы жағынан белдеуге қыстырылып, Есеней ауылы бір сәтке жаутершілік бейнесіне кіре қалды.

Жігіттер ат үстінде өздерін еркек сезініп, кеуделі келіп еді. Аттан түскен соң бірі малшы, бірі егінші ауыл жігіттері болды да қалды. Қыз-келіншектердің қолтықтаған болып аттан түсіріп алғандары қалжың сияқты көрініп кетті. Аттарды Есеней үйлерінің белдеулеріне апарып байлап жатқандары – Ұлпан жорыққа берген аттарын алып қалатын болғаны да! Онысы дұрыс та шығар... бірақ аттарды бергенде сұрауы жоқ дегені де бар еді... Ендігі дұрысы үй-үйдің тасасымен ауылға қарай жылысу болар...

Жо-о-қ... келіншектер төрт ақ үйдің есіктерін түгел ашып, кіруге шақырып тұр... Есенейдің үлкен үйіне кіруге бола қоймас, арғы шеткі үйге қарай жағалаған дұрыс болар. Жоқ, олай қарай жіберер емес. Үлкен үйден бастап кіргізіп жатыр. Есенейдің төріне ғой етігіңді шешпей шыға алмайсың. Қияметің қыл көпірі сол болар...

Жігіттер бұл қысылысқа ұшырасқан жоқ. Бәрі де түкті кілем, жібек көрпелердің үстіне етікшең келіп отырып жатыр. Сонау бір жылы Тобыл магазинінде етігін шешуге қандай қорынғаны Ұлпанның ойынан кетпейтіндей,

ол ешкімді қорынатын жайға түсірмейтін еді Ұлпан өзі қымыз сапырып отыр. Екі қыз жігіттерге аяқ әперіп жүр. Өз қызы Біжікен босап қайтқан қымыз аяқтарының қай жігіттігі екенін бақылап отырғандай.

Астау толы етке сегіз адамнан оралып отырды. Астауларда да алалық жоқ. Бас, жамбас, қазы-қарта түгел. Шай дастарханы да сондай мол. Жорықтан қайтқан жігіттерді түсірген үйлердің бәрінде де осындай молшылық, ағайын арасында әшейінде бола бермейтін ерекше бір қадір-құрмет. Ұлпан бүгін: «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін!» дегісі келгендей екен.

Сый-құрметтен кейін жігіттер ауылдарына қайтуға далаға шықса, әркімнің мініп келген атына қарындасы, өз келіншегі, өз шешесі ұстап тұр екен. Ағасын не күйеуін, не баласын аттандырып жатып, әйелдер жымия сыбырлап:

— Ұлпан апаң атты басымен берді, енді бұл біздің ат! — десіп қалды.

Кедейге кепесінің төбесіне шығып тұру да үлкен мақтаныш. Есенейдің төрінде отырып, ат мініп қайтудан асатын мәртебе бар деймісің! Жігіттер үйлеріне бір ауылға сыймас мақтанышпен қайтты. Әйтеуір еркек емес, жігіт екенін сезініп қайтты.

Есеней қайтыс болғанда, Сибан деген елде едәуір қобалжу бар еді. Бұған дейін Есенейдің атақ-даңқынан ығысып келген өшті-қасты елдер әлдеқашан ұмытылған кектерін еске алмасына кім кепіл? Есеней әулие адам емес-ті. Тісі батқан, тізесі батқан елдер де бар, белді адамдар да бар. Ол жайды Ұлпан жақсы біледі.Ел де жақсы біледі.

Әр елдің жауына қарай жауынгері болу керек. Жауың сенен екі есе көп болса, сен бір өзің жаудың екеуіне төтеп бере алатын бол! Онсыз дүние қараң. Есенейі жоқ Сибанның бүкіл бес болыс Керейді бастап, Сибан жорығы атанып кеткен жорықты абыройлы аяқтап қайтқаны — Сибанның еркегі барын, ел екенін танытты. Ұлпан осыған қуанды. Осы тілекке арнап құдайы құрмалдық берді. Тасып қайтқан көңіліміз бар еді, қатын шіркін жасытып Есеней жылқысынан мініп кеткен аттарын алып қалмай, өздеріне беріп жіберді.

Осыдан кейін елдің де, Ұлпанның да жүрегі орнына түсіп, енді Есенейдің асын өткізуге кірісті...

3

Әуелі, әрине, бір ат келді. Одан соң, әрине, екінші ат келді. Одан кейін келе берді, келе берді...

Тоғыз атқа бәйге бар еді, Бәйгеге ілінбеген екі жүз тоқсан бір ат, иелерінің айтуларынша, бәрі де оныншы болып келіпті. Қарашыға жете алмай, далада қалған он жеті ат бар еді, иелерінің айтуларынша, олар да оныншы болып келіпті..

Балуандар да солай, бірі жықты, бірі жығылды.

Қожақбай көлінің айналасында ағараңдап қалған бас сүйектерін санай алсаң. Сибанның жарым-жарты малына тең еді.

Осымен Есенейдің асы да аман-есен өтіп кетті.

Кешке қарай Керей жағының болыс-билері Сибан ауылдарына қайта келіп орнады. Тағы да бір шешілмен түйіндері бардай қату қабақ, түйіле келіп түсіп жатыр. Ұлпан ауылынан басқа ауылдарға да құдандалы, нағашылы-жиенді қонақтар кетіп барады.

Ас берілген Қожабай көлінің айналасына да мыңдаған тазғара, күшігендер, өлімтік қарақұстары, өгіз шағала, құзғындар қонып жатыр. Мана адам көп кезінде біреуі жерге қона алмай, қан-жынының иісін аспанда сезініп, күн бойы талығып еді, темір тұмсықтары қан-жынға енді ғана еркін тие бастады. Бұлар іңір қараңғысы түсе бергенде қонақтауға тарасады. Болыс-билердің нағыз жұмыстары сол кезде басталады.

Тап осылай, Ұлпанның қонақ үйіне түскен болыс-билер ауыл сыртына шығып отырып Сибанның ауыл адамдарын шақыртып алды. Сөзді Тоқай би бастады:

— Екінші, — деді. — Екінші, Сибан ағайын, өрттің өзінен бұрын түтіні көзге түседі. Біз сол түтінді көріп, қиналысып келіп отырмыз. Ертең Керей — Уақты түгел дүрліктіретін өрт жатыр. Есенейдің жалғыз інісі Еменалы мұрагерлік сұрап отыр. Соның ішінде әмеңгерлігі де бар. Сибан, саған жаным ашымаса, қиналар ма едім, қиналғаннан бастар сөзімді тіке айтып, шолақ қайырып отырмын. Сибан, бұған не айтасың?

Еркек мінезді, қызу сөйлейтін Құнияз кезек күтпей, үзілді-кесілді жауап қайтарды.

— Сибан бұған түк те айтпайды! Қайдан шықса одан шықсын, бұларың Сибанның басына бәле шақырайын деген жерден шыққан сөз. Өрт сағынғанның өз үйі өртенсін! Бәле іздегеннің бәле өз басына келсін! — деді.

Даусын көтере сөйлей бастағанда Құнияз сөзін Байдалы бөліп кетті:

— Құнияз мырза, сен өркөкіректенбей сөйле!.. Атасы басқаның құлағына шалынбасын деп, Уақтың болыс-билерін де арамызға кіргізбей келіп отырмыз. Бұл жанымыз ашығандық емес пе? Керей — Уақтың құлағына бұл арыз түгел тие қалса, Сибан көнбейді екен деп, оны аяқсыз қалдыра алмайтын болар. Есенейдің жалғыз інісі Еменалы ағасынан қалған дәулетке мұрагер мен десе, оны кім теріс дей алар? Аты қазақ мұрагер деп еркек туысқанын айтпай ма? Олай болса, Еменалының мұрагер екендігіне кім таласар? Сибан, сен ойланып сөйле! Байсыз қатын — баусыз оймақ. Есенейдің бар дәулетіне жапа-жалғыз ие болып қалғанына көзі жеткен күні бар малды айдап төркіні Күрлеуітке Қостанай оязына, Орынборға қарап кетті. Осы да ойларыңа келмей ме? Жоқ, ондай күнге жеткізбей, жат талқысына түсірмей, өзіміз болып ойласып, орайын табайық.

Керей — Уақтың билерінде азғана Сибанға алыстан қазылып келе жатқан мұндай терең ор болар-ау деп Мүсіреп ойламайтын еді. Қатты қынжылды. Ақылды Ұлпан атақты билерді ана жылы Омбы төрелерінің алдында бір ұятқа қалдыра жеңіп еді. Оған жақында ғана өткен Сибан жорығының абырай-атағы қосылды. Қазақ болыс-билері ондай қорлықты әйелге кешкен емес. Енді олар қастасуға сөз байласып келген түрлері бар. Алдымен, Есенейдің нағыз мұрагері деп Еменалыны танып, мал-мүлікке талас-тартыс, қырқыс-қырылыс жасамақ. Оған жалғастыра әмеңгерлікті әкеліп отыр. Мал-мүліктің иесі Ұлпан деп та-

нылса, түптердің түбінде оның Сибанды тастап, төркініне көшіп кететін қаупі бар екен... Сибан елі мен Ұлпанның арасына қағу үшін осындай бір темір сына тағы ала келіпті. Тағы қандай қақпандары барын түгел біліп алу үшін, Мүсірепп Байдалы биге қарап:

— Бізге айтар сөздеріңіздің шама-шарқы осы ғой? — деп сұрады.

— Жоқ! — деді Байдалы. — Сибанның баласы неғып білмей отырсың? Еменалы ораза айты өткен соң, Есенейге ас бергелі отыр... Есенейдің туған інісі ағасының асын берем десе, оған кім қарсы болады, біз тек Сибанның қалай қарайтынын білгіміз келеді. Есекең былтыр жайлауға көшіп бара жатқанда жолда Сөрелі деген көлдің жағасында қайтыс болып еді ғой. Еменалы ағасының асын сол көлдің басында бермекші. Еменалының мұнысын қалай теріс дей аламыз. Солай емес пе? — деп Байдалы би Мүсірепке қадала қарады.

— Сибанның басына бұлт төніп келе жатқанын ескерте кеткелі қайта оралып келгендеріңізге алғыстан басқа айтарымыз жоқ, қадірлі билер. Бірақ осы айтқандарыңыздың бәрі де қанша зілдей болғанымен, Сибанның өзі-ақ шешіп тастайтын үйішілік жайлар емес пе? Мұрагер кім, қай баласына қандай енші тигені дұрыс, оны Сибан өзі шеше алса керек. Сибанға ең ауыр тиетін сөздеріңіз Ұлпан бәйбішені Сибан емес, бір күні төркініне көшіп кетеді дегендеріңіз... Бұл елде екі адам Сибан болса, Ұлпан сол екеудің бірі, біреу болса, сол берудің өзі Ұлпан! Ұлпан — тек Сибан ғана емес, он бес жылдан бері осы елдің Есенейі! Есенейдің өзі атап кеткен Есенейі! Сіздер Ұлпанды жесір қалған қатын деп отырсыздар, Сибан оны «Әулие Ұлпан!» дейді. Сибан қандай талқыға түссе де осы ойынан айнымайды. Сибанның өтініші көп емес, екеу-ақ: осы сөздеріңізді Ұлпанға айтпай-ақ аттана берсеңіздер екен. Көңілі жарым әйелді Сибан емес, бөтенсің деп босқа ренжітпейік. Бұл оның естірмін деген сөзі емес. Екінші, қайта оралған, себептеріңізді Сибанның еліне естірттіңіздер, болды. Ауыл-үйдің жұмысын Сибан өзі тындыра алмай жатса, кезінде көрерсіздер..

Енді болыс-билер дағдарып қалды. Сибан өзінің ішкі ісіне ешкімді араластыратын емес. Ықтамай қойды. Қысталай берсең, орыс заңына сүйене кетуден де тайынбайтын сияқты. Олай бола қалған күнде, болыс-билердің қайсысы қай жағынан аунап түсерін кім білсін. Сонша долырып, сонша тұлданып келіп, құр ауыз аттанып кетуге де болмайды. Үлкен ұят сол болар еді. Жырынды болып қалған сұм билер, әйтеуір, Есенейден қалған байлықты талан-таражға салу ниетінен қайта алмай, кәрі би Құрымсыға қарады. Оның сөзін қай ел болса да аяқ асты тастай алмайтын. Оның аузынан: «Осы келіп отырған қасың емес, досыңбыз, ойлан, Сибан» деген бір ауыз сөз шықса, Сибанның бас асаулығы басылып-ақ қалар еді.

Кәрі би ойланып барып сөйледі:

— Ойлап отырсам, мен көп әңгіменің сыртында екемін, — деді Құрымсы би. — Кәрі құлақ шала естіген шығар, кәрі көз шалатынды шала алмай қалған шығар. Ол өз кінәм. Құйқылжып-құбылып тұрған бұлаң құйрық замандарыңа кейде еріп, кейде ергім келмей қалатыны да бар. Дау қуған ел жауығар, дау қумаған сауығар демеп пе еді. Мен соның адамымын. Есенейдің ордасы иесіз қалып бара жатқанда, ағайынның бізге қояр өтініш-тілегі болса, біле кетейік

дегендеріне еріп кете беріп едім. Енді абайласам, Сибан бүліншіліктен аман, бүтін отырған ел екен. Бүтін тұрғанды бүліндірмес болар дегеннен басқа менің айтарым жоқ, – деп тоқтады.

Қадірлі бидің адал сөзін тағы біреуі жуып-шайып жібере ме деп қауіптеніп:

– Ас түсіріліп қалған екен, үйге кіріңіздер, – деді Мүсіреп.

Құрымсыдан басқа болыс-билер түні бойы ұйықтай алмай, аунақшып шықты. Таңертең әр ауылға әдейі жіберген тыңшы-тілшілері келіп еді, олар да пайдалы еш нәрсе әкеле алмапты.

– Үлкендері: «Сибанның ырысы Ұлпан бәйбіше аман болсын... Ұлпан әулие адам!» дейді екен.

– Жастар жағы Ұлпанның атын атамай, «Үлкен апа» деп кетіпті.

Тыңшылардың әкелгендері осы-ақ.

Бұл әңгіме ауыл сыртында Құрымсыдан басқа болыс-билердің арасында болып жатыр еді. Қонақ үйде жалғыз бөлініп қалған Құрымсы Ұлпанмен қош айтысып, аттанып кетуге бел байлап, Есенейдің үлкен үйіне қарай бет алды. Бұл ауылға кім келіп, кім кетіп бара жатқанын бақылап отырған болыс-билер кәрі бидің қайда кетіп бара жатқанын көріп, орындарынан тез тұра келді. Кім біледі, жүйкесі босап, миы сұйылған кәрі би түндегі әңгімені Ұлпанға көйітіп қояр деп ойласты.

– Ана шал бізге жөн сілтеп барады. Ұлпанның өзін айналдырыңдар! – деп бара жатыр. «Көп үйірген бір жығар» деген бар емес пе? Айналдыра берсек, нағып алмай қояр екеміз? – деп Байдалы би орнынан тұрды.

– Дұрыс айтасыз, Байдеке. Жалғыз отырған қатынды бір айналдырып көрейік – деп Тоқай да тұрды. Жастар жағы түсінгендей жымыңдасып, арлан билерге еріп жүре берді.

Бұлар үйге кіргенде, Құрымсы би айтарын айтып болып, қоштасар сөзге таяп қалған еді.– Айналайын, Сибанның елі өзіңді шаң жұқтырмай қадірлейді екен. Ел анасы, әулие жан деп құрметтейді екен. Мен де сол тілектің ішіндемін. Құдайдың құлағына шалынар құлшылығым қалса, мінажат дұғамнан қалдырмаспын. Қош бол, жарқыным! – деп орнынан тұра берді. Келгендерге қарамай, шығып та кетті.

Қасында бір-екі әйелден басқа ешкім жоқ, Ұлпан жалғыз қалды. Жаңа келген болыс-билер амандық-саулықты көп созбай, кешегі әңгімелеріне көшті. Дала желі ойнақы келеді. Күн артында түн бар. Жазға ілесе қыс келеді. Ағайын бар болсаң, көре алмайды, күндейді. Жоқ болсаң, асырай алмайды. Еліміздің ұйытқысы болып келе жатқан әдет-ұрпы бар. Сендей ақылды адамдар сол ұйытқыны бұзбас болар. Бүгін басы аман, бауыры бүтін ел ертең басы ауырып, балтыры сыздамасын біле бермейді. Бүгін өкпелетіп қайтарған ағайын ертең керек болып қалатын кезі бола береді. Түптердің түбінде өртке айналатын түтін бар. Еліміздің тұнығын шайқалтпайды ойлайтын кезіміз осы...

Осылай жалпы ықтатып алар қауіп-қатерді тізе келіп, билер сөз аяғында кешегі айтқан мұрагерлік, әменгерлік жайларын қадағалады.

Ұлпан кім сөйлесе де көзінен көзін айырмай отырып тыңдады. Ұлпанның көзінде күнәсіз жанның ығыспай қарай алатын күші бар еді. Әдейілеп емес,

жаратылысы сол. Әділет, адалдық иесі саналатын болыс-билердің көздері сол күнәсіз қарасқа шыдай алмай, тайқи беріп отыр. Билер түз тағысын тосқауылдап қуатын ұялы қасқырша бірінің сөзі әлсірей бергенде, екінші біреуі іліп әкетіп, Ұлпанды ұзақ қудаласа да, бір тұйыққа әкеліп қамай алмай қойды.

Ұлпан ешкімнің сөзін бөлген жоқ, ешкімнің сөзін елеусіз қалдырмай, ұғына тыңдап, алдында тұрған үлкен сарыала шар қымызды сапыра берді, сапыра берді. Қонақтарына қымыз да ұсынатын емес сияқты.

Қымызды не бермей, не жинап әкетпей, сапыра беру деген адамның жүйкесіне қатты тиеді екен. Антұрған қатынның бұл қай өнері? Әдейі істеп отыр ма, болмаса сөзге айналып, ұмытып кетіп отыр ма? Есеней де қашан айтарыңды айтып титықтап болғаныңша сазарып отыра беруші еді. Әлде содан үйренгені бар ма екен? Сапыра берген қымыз иісінен қонақтарының аузынан сілекейі шұбырып, сілесі қатқанша Ұлпан үн шығармай отырды да, қымызды енді ғана бере бастады. Содан соң өзі де сөйлеп кетті:

— Қадірлі болыс-билер, Сибанның сіздерге айтар алғысы көп. Есенейдің асын дау-жанжалсыз өткізісіп бердіңіздер... Керей — Уақтың басына келген қара пәледей қас жауы Қожықтың ордасын талқандап, орнымен өртеп қайтқанда, өздеріңіз басы-қасында болған жорықтың абырай-атағын Сибанға бердіңіздер... оны Сибан ұмыта алмайды.

— Е, ол бір Байдекеңнің тапқан ақылы болды ғой! — деп Тоқай би Байдалыға оқтай қадалатын бір сөз қыстырып қалды. Байдалының өмір бойы есінен кетпес өкініші сол абырой екенін біле тұра, бітпеген жараны тағы бір тырнап қалуды ерсі көрген жоқ. Байдалы кірпідей жиырылды да, жауап қайтармай, шыдап қалды. Ұлпан ондайды түсінбейтіндей бейжай қалпында сөзін жалғастырып кетті:

— Осы келістеріңізде де үлкен мән бар екен, — деді Ұлпан. — Бұларыңызға да алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Есенейі жоқ жаңа Сибан, жас Сибан өз атының басына өзі ие бола алмай, әлденеге ұрынып қала ма деген оймен оралған екенсіздер. Сибан мұны да үлкен қамқорлық деп бағаласа керек. Жас баланы алғаш атқа мінгізгенде, үлкендер алыстан бақылай жүруші еді ғой! Сіздердің ойларыңызда содан басқа не болсын!.. Сибан айтар көп алғыстың ең үлкені осында деп біліп, қадірлеп ұстармыз, аяқсытпаспыз...

Бұдан кейін болыс-билер Ұлпанды қайта қамалай алған жоқ. Сыртынан қанша балағаттасаң да, кездесіп қалғанда мысы жеңе беретін адамдар болады. Ұлпан сондай жан еді. Қазір Ұлпан ақыл-ойы толыққан, ел атынан сөйлейтін ел анасы атанып келе жатқан кезі еді. Денесі де толығып, бұғағы білініп келе жатқан маң бәйбіше. Болыс-билер Ұлпанды ықтатуға өрелері жетпей қойғанын сезініп, әшейін қымыз ішуге келгендей қымызды құлата берді, құлата берді.

Қонақтары аттануға бет алғанда, Ұлпан үлкен бір өтініш барын айтты:

— Жесір қатын, жетім бала болып қалған үй сіздердің алдарыңызға өтініш айтып талай келер әлі... Соның бірі жалғыз қызым «отау иесі» дейтін кемеліне келіп қалады. Мен қызымды ешқайда ұзатқым келмейді. Есенейден қалған жалғыз тұяқ жат елдік болмай-ақ қойса деп едім... Керей — Уақ қызыма тең бір ұлын Есенейдің шаңырағына қия қалса, оң жағыма кіргізіп алар едім. Есенейдің

шаңырағына қызым мен күйеуімді ие қылып, өзім басқа дүниеге мойын бұрмай, немеремді тербетіп отыра берсем-ау деген арманым бар. Сибан өз ішінен қыз алыспайды. Керей – Уақтың ортасына салып отырғаным да сондықтан. Біжікен менің жалғыз қуанышым ғой... Осы өтінішімді еске ала жүрсеңіздер екен, – деді Ұлпан көзіне жас алды.

Бұл – Ұлпанның ақ тілегі еді. Қызын теңіне қосу шешенің бірінші тілегі болса, сол екі жасты қанатының астында өсіру – екінші арманы. Ұлпан аналық мейірі қанбаған, аналық мейірімі сарқылмаған адам. Сондай мейірі қанар аналықты қызына тілейді. Бірі жылап, бірі еркелеп жататын балалар көз алдына келеді. «Әжелеп!» шуласқан балалар даусын сағынады. Ат үстінде шапқыласқан ер балалар көз алдына келеді. «Әже қымыз!» деп арсаландап келіп әжесінің тізесіне құлай кететін бір баланы сағынады. Бара-бара осы бір бала көз алдынан кетпейтін болып алды. Даусына да құлағы үйреніп алды. Бет-аузы, көзі-қасы, шып-шымыр денесі – бәрі көз алдына өзгермей келеді де тұрады. Ерте тоқырап қалған аналықтың мұң-зары да, алыстан үміттенер қуанышы да осы.

Ұлпан болыс-билерге осындай ақ тілегін айтып қалды.

– Ұлпан бәйбіше, бұл тілегіңізді Құдай алдындағы қарызымыздай көрерміз, – деді Байдалы. – Бірақ мұны да Керейдің өзі шешетін, жат бауырдың суық қолын араластырмайтын жұмысы дегеніміз дұрыс болар. Уақты араластырсақ, Атығай – Қарауылды қалай шет қалдырамыз? Сіздің үйге баласын беруге кім қызықпайды дейсің. Сол қызығатындарды көбейте бермелік...

Сөз осыған байланады да, болыс-билер аттанып кетті. Қайсысының көңілінде қандай ойлар балалай бастады, оларын білдірген жоқ.

Ертеңіне бүкіл Сибан ауылдары Ұлпанның көшіне ілесе, жайлауға тұтас көшті. Бұлары Ұлпанға көрсеткен қошемет еді.

Жазғытұрғы жайлауға бет алған бірінші көш мал ұстаған елдің жыл сайын болып тұратын табиғи көрмесі. Әр ауыл қыстан қалай шықты, жұрттың айдаған малы былтырғыдан көбейген бе, азайған ба? Жастар жағы қалай, ажарлы ма, жас балаларға тай-құнан тиген бе, жоқ па? Осының бәрі төрт-бес күнге созылатын жол-жөнекей түгел көзге түседі.

Биыл Сибанның көңілі көтеріңкі еді. Көш тізбектері де үзілмей-бұзылмай ағылып кетіп барады. Егін-шөп тасуға үйренген жұрт қақ арбаны азайтып, қос қалқанды бришкеге ауыса бастаған. Анда-санда әр ауыл үйір-үйір жылқыларын айдап өтеді. Балалар бей-берекет жарысып, қай көштің тұсында қай бала озып келе жатса, сол көштен «бәйге» сұрайды. Жүкті арбаның үстінде келе жатқан әйел бір уыс құрт, бауырсақ шашып қалады. Балалар аттарынан түсе қалып, шашылған бауырсақ пен құртты таласып-тармасып ауыздарына тығып жібереді де, тағы да бейберекет шаба жөнеледі. Бұл басы да, аяғы да жоқ бәйге. Жұрт жайлауға жетіп жүгін түсіргенше созыла береді. Көшпелі өмірдің аты бар балаларға деген бір қызығы осы.Аты жоқ балаларға бұдан ауыр қайғы да жоқ.

Балалар бай, кедей деп алаламай, көш бойында кетіп бара жатқан барлық әйелдерден бәйге алады. Бір-екі рет Ұлпаннан да бәйге алып кетті. Бір-екі рет Біжікен де бәйгесін шешесіне әкеліп берді.

Көш алды әдетте түнемей өте алмайтын көлге таяп келіп еді. Көш алдында келе жатқан ауыл ақсақалдары қамшыларын алға қарай сілтеп, көшті тоқтатқан жоқ. Бұл былтыр Есеней қайтыс боп, қазір «Бай өлген көл» атанып кеткен көл еді. Еменалы осы көлдің басына үйлерін тігіп қонып қалған екен. «Есенейге мен де ас берем» дегені рас болғаны да. Осы көлде отырып, Есенейге ас бере қалса, Еменалының мұрагерлігі жұрт көзінде салмақтана түседі. Ұлпанның мұрагерлігі солғындай түспек. Бұл — әрине, Еменалының өз басында туған ой емес, кешегі болыс-билердің Ұлпанға арнап қазған көп орларының бірі.

Сибан көші Еменалының аулына қарайламай, әрі асып кете берді. Әркім Еменалыға наразылығын көрсете, тас-түйін жинақты кетіп барады.

Қос аттан жектіріп тарантасқа мінген ауқатты үйдің әйелдері көш-жөнекей біріне бірі қосылып, аяғында бәрі Ұлпан пәуескесінің соңынан тізіліп келе жатыр еді. Ұлпан пәуескесінен түсіп, ең жақын келе жатқан әйелдерге:

— Сендер аялдамай, тарта беріңдер. Мен қазір қуып жетемін, — деді де пәуескесіне мініп, Еменалының ауылына бұрылып кетті.

Қасында жалғыз Дәмелі бар Ұлпан кіріп келгенде, Еменалы мен Айтолқын қатты абыржып қалды. Дардай жігіт болып қалған үш ұлы не істерін білмей, өре тұра келіп еді, Еменалы: «Шығыңдар!» деді балаларына.

— Оңаша қалғанымыз жақсы болды, — деді Ұлпан төрге шығып отыра беріп. — Мен сендерге қоныс қайырлы болсын айтуға келгенім жоқ, көшіріп әкетуге келдім. Есенейдің жалғыз інісі айдалада жалғыз үй қалғаны ұят па, ұят емес пе? Ауылыңның тұсынан өтіп бара жатқан Сибан көшінен бір адам бұрылып келді ме сендерге? Неге бұрылмады? Сибан сені Есенейдің алдында айыпты санайды. Айыпты екенің өтірік пе? Тыжырынбай тұра тұр! Сен Есенейдің өліміне де ортақсың! Есенейге ең соңғы тиген қара шоқпар сенікі болатын.Содан кейін Есеней бір күн төсектен тұра алды ма? Тұра алған жоқ! Енді сен сол Есенейдің қатыны Ұлпанға әмеңгер болып, Есенейдің төсегіне жатқың келетін көрінеді. Жасың алпыстан асты. Есің болса, енді Есенейдің төсегіне ешкім жақындамасын деп, ағаңның аруағын қорғай жүрер едің-ау! Оны ойлаудың орнына, өзің жатқың келіпті. Әмеңгерліктің бір түрі емес пе? Ұялсаңшы? Есенейдің жалғыз мұрагері менмін деп дауласқалы отыр екенсің. Өзіңе керегі мал ма? Қанша керек өзіңе? Күні ертең үш балаңды ертіп кел де, қанша мал керек болса, соншасын айдап жүре бер. Маған мал керегі жоғын нағып түсінбей жүрсің? Биыл Есенейге мен ас беремін депсің. Беріп көрші, бір Сибан қатынасар ма екен! Сонда қандай масқараға ұшырайтындарыңды білемісің сен! Есенейдің асын биыл өз үйі берді, келер жылы сен бер. Ашпа аузыңды, жықтыр үйіңді! Көш жайлауға!

— Сонда Сибанның қай жақ шетіне қондырасың? — деп қалды Айтолқын.

— Оттамай, отыр! — деді Еменалы.

— Қалаған жеріңе қон! — деді Ұлпан. — Шақыр балаларды, қазір көшесің.

Еменалы біржола жасып, тапалап қалды. Ызаланып келген Ұлпан әр сөзімен тоқпақтай соққылап жаншып тастады. Еменалы далада жүрген балаларын шақырды:

— Жығыңдар үйді! Көшеміз.

Ақылсыз әкенің долы мінезінен мезі болған жастар қуанып кетіп, үйлерді талқандап жыға бастады.

4

Адам алдындағы қарыздарын қалай атқаратындарын кім білсін, болыс-билер Құдай алдындағы қарыздарымыздай көрерміз деген уәделерін үш жыл бойы орындай алмай келеді. Бес болыс Керейде бес мыңға жақын үй бар, бес мыңға жақын Біжікенмен тұтас еркек бала да бар еді, соның бір де-бірінің басы бос болмай шықты. Қалың мал төлеу керегі жоқ. Барасың да, байлыққа ие бола кетесің! Қыз қандай! Шеше қандай! Осындай жағдайда Біжікенге күйеу табылмай қойды....

Әр қоғамның қоржын аумас теңбе-тең қалыпта тұруға тиісті ішкі-сыртқы құрылысын бұздырмайтын өз заңы бар. Болыс-билер сол заңды күзетеді.

Әуелі Ұлпанның үйіне бір баласын беруге болыс-билердің бәрі қызықты, бәрі жанталасты. Ол орайы келмейтін әңгіме болып шықты. Ұлпанның байлығын тал түсте тұтасынан біреуіне бере салу оны екі есе байыту болады екен. Екі есе байыған, екі есе күшейген адам теңбе-теңдік қалыпты бұзбай отыра алар ма? Бүгінгі досыңды ертеңгі жауым деп санау керек. Заманыңның құлқы солай. Сонымен болыс-билер Ұлпанның байлығын біріне-бірі қимай, табан тіресіп отыра берді. Ең қызығы Еменалыны мұрагер етіп шығарып, Есенейдің мал-мүлкін шым-шытырық бөліске түсіру еді, ол әңгіме өшіп қалды.

Ұлпанның үйіне бір кедейдің баласын кіргізіп беру де ауызға алынды. Ол тіпті орайсыз әңгіме екен. Кедейдің баласы Ұлпанның қолына түскен соң, екі жылда жас Есеней болып шыға келеді. Болысың кім болады, биің кім болады — бәрі сол үйде шешіледі. Ұлпанның аузына қарап отырған Сибанның беталысы белгілі ғой. Бұл — дәстүр сақтаудан қалып бара жатқан ел.

Керейдің болыс-билері осындай дағдарысқа ұшырады да, Құдай алдындағы қарызымыздай көрерміз деген уәделерін орындай алмай, бірін-бірі аңдып бұғып қалысты. Алдағы жылы болыс-билердің қайта сайланар кезеңі де келе жатыр еді, Сайлау қарсаңында шырық бұзатын әңгіменің керегі не.

Осы тұста, марттың орта кезінде өтетін сайлауға ай жарым қалғанда, Керейдің болыс-билері шеше алмай қойған әңгімеге бұған дейін шеттеп қалған Шәйгөз — Уақ келіп араласты. Қадірменді билері, ауылнай, ақсақалдары бастаған жиырма шақты адам кештетіп келіп, Ұлпанның қонақ үйіне түсті.

Ертеңіне Ұлпанға сәлемдесе келіп отырып, арнаулы әңгімелерін бастап кетті. Сөзді кәрі би Өтеміс бастады:

— Сибанның ел анасы болып отырған Ұлпан бәйбіше, сіз білмейтін сыр жоқ шығар, біз қалың Керейдің шеттетіп ұстап келген еліміз. Қожықтың түбі Уақ деп, Керей бізді Сибан жорығына да шақырған жоқ. Тап өзіңіз араласпағанда, Байдалы мен Тоқай біздің Шәйгөз — Уақты Есекеңнің асына да шақырмақшы емес екен. Аз елдің қашанғы күні осы ғой. Біз азғана елміз. Жеріміз бір шеті сіздің азғана Күрлеуіт отырған Қаршығалыға шектес, бір шеті Стап жерімен кірандас, алақандай ғана... Бір ауылнайға әрең толатын азғана Сибан сіздің арқаңызда

кеудесін бастырмайтын ел болды. Сондай көз қырыңызды азғана ел Шәйгөз – Уаққа да сала жүресіз бе деп үміт етіп келіп отырмыз. Байдалы мен Тоқайдай ата тегінен келе жатқан шынжырбалақ, шұбартөс шонжар бізде болған емес. Ойымызды баптап айтуға тіліміз де жете бермейді. Айтайық деп келген ойымыз бойымызға лайық па, жоқ па, оны да шамалай алдық дей алмаймыз. Жаяу кәсіп қылып, орыспен аралас отырған елміз. Ойға олақ, тілге орашолақ, сөз бақпаған, мал баққан шаруамыз. Осыдан төрт жыл бұрын өз аузыңыздан шыққан бір тілек болған екен: Есенейдің шаңырағына Керей – Уақтан қызыңызға тең бір ұл сұрапсыз. Керауыз Керей әлі келісе алмай жүр. Балаңызға тең ұлды біз әкеліп отырмыз. Өзіңіз әбден білетін жігіт, отыз жыл осы үймен дәмдес болған Тілемістің баласы Торсан...

– Торсан көзіміз үйренген жігіт, – деді Ұлпан, бейім көңіл білдіргендей азғана күлімсіреп.

– Көзіңіз үйренсе, балама тең емес деп айта алмассыз деп ойлаймыз. Айтқан соң, түгел айтайық. – Торсан Шәйгөз – Уақтан Қызылжарға пірғауар апарып, өз алдымызға оңаша болыс болып отыруға лұқсат алып келді. Сол баланың өзін болыс сайлаймыз деп отырмыз.

– Мен болыстыққа – билікке қызығатын адам емеспін, – деді Ұлпан. – Азғана Сибан биліктің тақсіретін тартқан ел. Қалың Керей Есенейдің шаңырағына бір ұлын қия алмағанына өкпем де жоқ емес. Осындай күйде отырғанда, Керейдің ұятын бетіне басқандай болып келіп отырған азғана Уаққа кім риза болмас. Бірер күн сыйлы қонағым болып жата тұрыңыздар... Бір байламын естіп қайтарсыздар...

Қазақ денелі, кавказ көзді жас жігіт Торсан Ұлпан үйіне көптен бері дәмдес болып келе жатқан. Әкесі Тілеміс қайтыс болғалы Ұлпанның алыс базарларға жұмсап отыратыны осы Торсан еді. Стап қаласында орысша бастауыш мектеп бітірген, өзге замандастарынан өресі биік, білгір де ұтымды, ойын-сауықта жұмысы жоқ, іскер жігіт. Ірбіт, Тобыл, Қызылжар базарларына барғанда ылғи бір түсі-түгі келісімді бұйымдар әкеледі. Әкесі Тілемісте «алдап соқтым, алданып қалдым» дейтін әдеттер болушы еді, Торсанда ол жоқ. Алдамайтын, алданбайтын, адалдығына кір жұқтырмайтын адам болатын сияқты. Болыс болғысы келуінде Ұлпанға ұнамайтын бір секемал қыландап қоятыны да сезіледі. Қалың Керейден қашаннан бері зәбір-жапа көріп келген Уақ елінің бөлек болыс болғысы келген кезінде онысын азаматтық деуге де болады ғой. Уақтан басқа Ұлпанға бала беріп отырған да ешкім жоқ. Ұлпан ойы Торсанға тоқтап қалды. Уағы не, Керейі не? «Өзі болған жігіттің ата-тегін сұрама» деген нақыл дұрыс болар. Біжікенге ұнамай жүрмесе, енді мен айналақтамауым керек.

Біжікен он беске шыққан, бойшаң болып өсіп келе жатқан бала еді Ұзын көйлек, үкілі құндыз бөрік кигенде шешесінен биігірек те көрініп кетеді. Шеше көзінде бір сыр барын күні бойы сезініп жүр. Қызының сезініп жүргенін шеше де сезінеді. Әйел сыры сыбырласып айтуды тілейді. Сонда ғана жанға жан, жүрекке жүрек тілдесетін сияқты. Ұлпан сол сағатты күтті.

Біжікен шешесіне білдірмей аяп жүреді. Ұлпандай отыз бес пен қырықтың арасындағы әйелдерде ең кемі бес-алты бала бар. Әлі де баладан қалмаған.

Ұлпанға берген жалғыз баланы Құдай қыз жаратыпты... Ол баласын біреу айтты-рып алып кетсе, Ұлпан жапа-жалғыз қалады. Шешесінің сондай күйге ұшырар күні көз алдына келсе Біжікеннің тұла бойы тітіркеніп кетеді.

Біжікен шешесімен екеуі бір бөлмеде жататын еді.

Шамды сөндірді де:

– Апа, мен тоңып қалдым, – деді. Бұл – оның күндегі әдеті. Қорқамын дейді, тоңдым дейді, әйтеуір, бір сылтау тауып, шешесінің қасына біраз еркелеп жатып кетеді.

– Келе ғой, ботам, – деді Ұлпан.

Біжікен келген бойы бет-аузын шешесінің кеудесіне көміп жіберіп, аймалай берді. Қыңқылдап бірдемені сұрағысы келгендей еді.

– Біжікен, – деді шешесі.

– Өho, –деді қызы мұрнымен ғана құмыққан үн қатып. Біжікен, сен дұрыстап құлақ салшы. Үлкен бір әңгіме бар...

– Ehe...

– Менің сенен басқа ойлайтын кімім бар...

– Өho...

– Сен Торсанды жақсы білемісің?

– Ehe...

– Жақсы жігіт пе?

– Ehe...

– Әлде жаман жігіт шығар?

Біжікен арқасын бір қиқаң еткізіп қойды.

– Жақсы болса, сол жігіт осы үйге бала болғысы келеді. Біжікен шеше бауырына кіре түсті.

– Бала болғанда, қалай боларын түсінемісің?

– Ehe...

– Күйеу болады. Саған күйеу, маған күйеу бала болады.

– Ehe...

– Ризасың ғой?

Біжікен тұл жолы үн қатпай, шешесін қатты құшақтап, бет-аузынан сүймеген жер қалдырған жоқ.

– Тоқтай тұршы, Біжікен... Өзі бір алғыр жігіт.. екеуімізді билеп кетпес пе екен?

– Сені ешкім билей алмайды. Сені билеймін десе, ақылсыз болып шығар. Мен де сенен тудым ғой...

Шешесі мен қызы құшақтасып жатып, ойлары бір екенін ұғынысты да, ертеңіне Ұлпан Уақтың елшілеріне ризашылығын берді.

Уақ пен Сибанның екі жақты тойлары өтісімен Торсан Есенейдің үйіне күшікүйеу болып кіріп алып еді. Қалың Керейдің салбөксе болыс-билері қанша қарсыласса да, азғана Уақ өз алдына болыс болып бөлініп кетті.

Отызға жетпеген жас жігіт Торсан ояз көлемінде өзге болыстардан анағұрлым өтімді, алғыр болыс болып шықты. Ояз бастықтары, пристав, урядниктер топ-тобымен келіп сыйлық алып кетеді.Ұлпанның төрелер түсетін үйі

болыс кеңсесіне айналып барады. Қазақ дау-шарын елінің ауылнай, билеріне беріпті де, Торсан өзі ояз, губернальық барлық қатынас жолдарын бақылап отыратын сияқты. Әрі-беріден соң, Керейдің болыс-билері де ауыз сала бастады. Ішкі Ресейден көшіп келген шаруаларды ояз бастықтары арқылы Керей жеріне қарай аударып жібере алатын беделді болыс болып алды.

Үйішілік жайларда Торсан өте жұмсақ. Шайды Ұлпан, Біжікен үшеуі оңаша ішеді. Біжікен шай құяды. Торсан Ұлпанның шыны аяғын әперіп отырады. Кешкі тамақтары да солай оңаша. Торсан Ұлпанның етін турап береді.

— Ішіңіз, апа!... Жеңіз, апа!...

Ұлпанның Мүсірепі, Құнияз сияқты дос-жар адамдары келсе, Торсан тіпті әкесі келгендей қуанып қалады. Қолдарына су құйып, етті өзі турап, шыны аяқты өз әперіп отырады.

— Құнияз аға, әттең, Уақ болып тумағаныңызды қайтейін.. Уақтың болысы сіз болсаңыз, азғана Уақ қандай ел болып кетер еді! — деп қоятыны да бар.

— Мүсекеңдей ақыл иесі, ел ағасы бар Сибанда қандай арман бар екен? — деп, бұл кезде қартая бастаған Мүсірепті де көтере мақтайды.

Күйеу баласына Ұлпан да риза. Керей болыс-билерінен көрген көп опасыздықты әйел жүрегі ұмыта алмай, кешіре алмай қойып еді. Торсан бала болып қолына кіргелі зәрезәт болып қалған жүрек орнына түскендей, көңілі тынышталып, серги бастады. Ұлпанның Сибан арасындағы жұмыстарына Торсан араласқан емес.

Торсан Ұлпан үйіне кіргелі алты ай өткеннен кейін ғана бір оқыс мінез көрсетті. Қар еріп, қаз-үйрек келіп жатқан аласапыран кезі еді. Торсан өз еліне барып қатты ренжіп қайтты. Кектене білетінін жасыра алмай келді. Шәйгөз — Уақ жерімен шектес Қаршығалыда жатқан Есеней жылқысын аралай жүріп, Еменалының үш баласына кездесіп еді. Үшеуі жаңа ғана ұсталған үш қаракөк атты жетелеп алған екен. Қыстан күйлі шыққан, жүнін тастаған қаракөк аттар мал баласының сұлуы екен. Шоқтықты, кеуделі келген, құлаш мойын, қамыс құлақ, бота көз, төрт аяғында бір мін болсайшы! Шіркін-ай, жазды күні қатарлап, қысты күні көсемдеп жегіп жүрер ме едің!.. Мына әулекі жігіттер, өздері он шақты адам, қолдарында қаршыға, ителгі, соңдарында шұбырған тазы иттер, осындай аттарды аңға салмақшы! Біреуін ақсатып, біреуін жауыр қылып қайтады-ау!.. Торсан күйініп кетті. Қысқа ғана амандықтан кейін:

— Шетінен жетелеп жүре беретін бұл бір иесіз жүрген мал деп ойладыңдар ма, — деді, ашу қысып тұрғанын жасырғысы келмей.

— Сен күш-күйеу болсаң, біз ағаңыз боламыз. Байқап сөйле, шырағым! — деді Еменалының үлкен баласы Есенжол.

— Күш-күйеу деген мал-жанның иесі деген сөз емес шығар! — деп оның Ресей деген інісі тұтанайын деп тұрған шоқты бір үрлеп қалды.

— Күш-күйеу мырза, Есенейдің мұрагері күш-күйеу емес, мына біз боламыз! — деді Еменалының үшінші баласы. — Әзір тарынбай, шыдай тұр. Біз әлі еншімізді алып болған жоқпыз...

— Торсан енді абайласа, күш-күйеу деген екі сөздің астасар тұсын әдейі нұқып қалып, күшік күйеу деп тұр екен. Торсан атының басын бұрып алып,

жүріп кетті. Сол ашуы үйге келгенше тараған жоқ. Үш қаракөк ат көз алдынан кетпей қойды... «Күшік-күйеу» деген қорлау құлағына шегеленіп қалғандай шың-шың етіп тұрып алды.

— Күшік-күйеу, күшік-күйеу, күшік-күйеу!..

Үш жігіттің көрсеткен мінездері Торсанды қатты ойландырды — ызалана, күйіне ойланды. Бұлар мұрагерлікті әлі ұмытпаған болып шықты ғой. Біжікенге қосылған той үстінде Ұлпан Есенейден қалған мал-мүліктің ендігі иесі қызым мен күйеуім деп әлденеше рет ескерткен. Онда Еменалының өзі де, балалары да үн шығарған жоқ еді. Жұрт көзінше айта алмағандарын ішке түйіп кеткен екен. Тегінде, бұған біржола тыйым салынбаса, басынып кететіндері көрініп тұр.

Осы ашумен келген Торсан Ұлпанға әдеттегі әдептілігін сақтай алмай сөйлестіі:

— Апа, мен сіздің мал-мүлкіңіздің иесі емес, күшік-күйеу екенмін, — деп бірден шамдана сөйледі.

— Қарағым-ау, неменеден ренжіп қайттың? Менімен бұлай сөйлеспейтін едің ғой? — деді Ұлпан.

— Еменалының үш баласы Қаршығалыда жатқан жылқыдан үш атты өз беттерімен ұстап алған үстінен шықтым. Бір-ақ ауыз сөз айттым. Бұл иесіз мал емес еді ғой деп едім, «иесі біз боламыз» деді. Аяғында маған «сен — күшік-күйеусің» деді.

— Торсан қарағым, бір үш ат үшін осынша қынжылмай-ақ қой, балам... Осы үйде әлі мыңға жақын жылқы бар. Біжікен екеуіне мол жетеді. Ана жылы Керей — Уақ би-болыстарының төтенше съезінде жесір қалған ұлы жоқ әйел ерінен қалған мал-мүліктің үштен бірін ерінің туысқандарына берсін деген байлам болған. Мен соны дұрыс көріп, Еменалыға ағаңнан қалған мал-мүліктің үштен бірі сенікі деп келдім. Қанша жамандасақ та еркек екен, алмай келді. Балалары бір еркелік істесе, кешіре сал, шырағым. Бұдан былай ондай тентектікті істемес. Айтармын...

— Жоқ апа... Мұрагерлік дегенге шек қойылу керек. Беретініміздi біржола беріп, біржола құтылыңыз. Өмір бойы мұрагер болып, өмір бойы көңілі ұнатқанды шетінен жетелеп әкете берсе, бір күн тыныш ұйықтай алмайтын болмаймыз ба?! Мен осы үйдің иесімін бе, болмаса шын-ақ күшік-күйеумін бе?

— Шырағым-ай, таусыла сөйлемесең де болатын еді. Жарайды, тоқтайық осымен. Бүгін демал, қалғаны болса, ертең сөйлесерміз.

Торсан кеткен соң, Ұлпан ойланып қалды: «Бұл немененің лебі? Болыс болған соң, бұзыла бастағаны ма, әлде өзінің жаратылысында жасырып келгені болды ма екен? Қандай әдепті, қандай жұмсақ жігіт еді, неліктен жарыла жаздап тұр? Қой, жас жігіт бұла өскен әдемі аттардың үшеуін бірдей әлдекім әкетіп бара жатқанда қызып кеткен болар. Жақсы атқа қызықпайтын жігіт бола ма. Онысын айып көрмей, тұра тұрайық. Еменалының балалыр есерсоқ, бейпіл ауыздау ғой, барлық бәле солардан-ақ басталған шығар. Ие, мынау сенікі, мынау онікі демесем болмас... Торсанды үйіме ұлым деп кіргізіп алған екенмін, енді оны мазалай беруге тыйым салынғаны дұрыс болар». Ұлпан Еменалыны шақырып алды.

— Тентек қайным, сен көп жылдар бойы менімен келісе алмай жүрдің. Осы күні, Құдайға шүкір, Есенейдің төрі сенікі, ой-тілегіміз бір. Мен не айтсам да, риясыз айтты деп сене бер. Сіздің балалар Қаршығалыдағы жылқыдан үш атты өз беттерімен ұстап әкеткен екен, күйеу балам соған қатты ренжіп келді. Балаларға айтып қойсайшы, ат керек болса, үшеу емес, жиырмасын берейін, тек сұрап алатын болсын. Былтыр ашу үстінде түсіндіріп айта алмадым — сен осы үйдің малының үштен біріне ортақсың. Қай күні алғың келсе, сол күні бөліп берейін. Осы айтқаныма сенемісің?

— Сенемін, Ұлпан, сенемін. Сен бір әулиедей адал адамсың ғой. Сенемін. Бірақ енді мен Есенейдің малын талап жатыр деген атаққа қалмаймын. Бір лағыңды алмаймын. Өзім де сотқар едім, балаларым менен ұзап қайда кетсін. Иттің күшіктері, бәрі сотқар. Тек келсін, шетінен сойып салып, аттарыңды қайтарып берем.

— Жоқ, Еменалы, олай етпе. Балаларды сабама. Бірде болмаса, бірде өзіңе қолдары тиіп кетер. Аттарды қайтарма. Балалардың ойында жәбір қалмасын. Күйеу балам жеңдім демесін де, сіздің балалар біз жеңіліп қалдық демесін. Біріне-бірі өшікпесін.

— Жоқ, жоқ! Аттарыңды қайтарып беремін!

— Жоқ, қайтармайсың! Екі жүздей ғана жылқың қалыпты, ағаңнан енші ал!

— Еменалы өз еліне өзі енді ғана әрең сыйысып келеді, Ұлпан. Мен аузы күйген адаммын. Мені тағы бір сөзге іліктірмеші, айналайын. Балалар еркелеп ат сұрап келсе, өзің беріп тұрарсың. Ендігәрі мұны сөз қылмайық. Мені күні-түні булықтырып жүрген басқа бір арманым бар. Сол арманымды орындамай адам болар емеспін...

— Оның тағы немене еді?

— Ойлай-ойлай басым қатты... Мен, өзің айтқандай, үлкен күнәлі адам екенмін. Есенейдің өліміне де ортақ екенмін. Сол күнәларымнан қалай ақталамын? Есенейдің орнына бедел-хажы болып, Мекеге барып келсем қайтер екен?

— Есеней қайтыс болар алдында, елімен бақылдасқанда не айтқанын ұмытып қалдың ба? «Құдай маған қарыздар болмаса, мен Құдайға қарыздар емеспін» деп пе еді? Оны неге айтып еді, кімге айтып еді, есіңде ме?

— Есімде... Бақылдаса келген адамдар: «Сіздің орныңызға бедел-хажы етіп біреуді Мекеге жіберіп алсақ қайтер» дегенді айтқан.

Он жыл ауру азабын тартып жатқан Есеней кейде қатты күйініп кетуші еді. Ақыл-ойы орнында, сана-сезімінде кінәрат жоқ. Тек өз денесін өзі билей алмайтын болып қалғанына қатты назаланатын. Бірер жыл: «А, Құдай, бір өзіңе құлышылық етуден басқа дүниеге көз салмайын, намазға тұра алатын саулығымды қайтарып берші» деп жатты. Омбы, Түмен, Селебе докторлары қайтарып бере алмаған саулықты Құдай қайдан қайтарып берсін, ауруы меңдей берді, меңдей берді. Ақыл-ойы орнында, сана-сезімінде кінәрат жоқ, күйінеді де жатады. Кейде: «Қолыма пышақ ұстай алсам, жарылып өлер едім» деп те ойлайды. Ұлпаннан у сұраған кезі де болды.

Ұлпан бір жасқа толған Біжікенді әкесіне көрсетуге алып келген күннен бері жан азабы күшейіп кетті. Жалғыз нәсілін қолына алып сүйе алмаған, аймалай алмаған азап біткеннің ауыры екен. Бұл Тантал азабы ғой! Бұл да тоқталар, таусылары жоқ мәңгілік азап қой!

— Алып кетші, Ақнар...алып кетші, әкелмеші... — деп әрең айтты.

Содан бері Есеней қызының неше жасқа келгенін ішінен санайды да жатады... Бір жыл, бір ай, бір күн... екі жыл, екі ай, екі күн...

Біжікеннің күлген-жылағаны құлағына тисе, мүгедек әке оны да санай жатады. Бүгін екі рет жылады, бес рет күлді..

Осыдай азапта ұзақ жатқан адам қайтыс болар алдында:

— Құдай маған қарыздар болмаса, мен Құдайға қарыздар емеспін! — деді де, көзін жұмды. Бұдан кейін бір ауыз сөз айтқан жоқ.

Бұл молдаларды шошындырып жіберген сөзі болатын. Бұл Сибан елінің жасырып қойған сөзі болатын. Оңаша болғандықтан, Ұлпан соны Еменалының есіне салды да, сөз аяғын Еменалының өзіне бұрды:

— Сен, Еменалы, бір кезде алды-артыңа қарамайтын сотқар болып едің, енді алды-артыңа қарамайтын діндар болғың келе ме? Олай былжырамай-ақ қой! Күнәң барын мойныңа алып, енді ондайдан көңілің тазарса, ақталған деп соны айтатын көрінеді. Сен қой, әуре болмай. Еліңде бір ақкөңіл адам болып отырсаң, күнәдан арылғаның сол. Сен ең берісі Қызылжарға барып көрмеген адамсың, Мекенің қай жақта екенін де білмейсің. Отыр үйіңде!

Еменалы кеткен соң, Ұлпан Шондығұлды шақыртып алды:

— Қаранар, сен кешке дейін осындағы жылқыдан үш теңбіл көк ат алып келе алмассың ба екен? — деді Ұлпан Шондығұлға. Ұлпан «Қаранар» десе, істемейтіні болмайтыны еді. Бұл жолы:

—Жоқ, әкеле алмаймын, — деді. — Бүгін сейсенбі, сәтсіз күн. Сәтсіз күні үйден түс ауған соң шығу керек. Сонда таң атқанша әрең оралып келесің. Жылқы әлі алысырақта жатыр.

—Таңа атқанша оралып келсең болады, Қаранар... Үшеуінің де түсі-түгі үйлес, дене бітімдері қарайлас болсын. Қатарлап жегуге керек болып тұр.

—Ар жағын айтпай-ақ қой, әкелем... — Шондығұл шығып кетті.

—Торсан кешкі тамаққа келмей, кеңсесінде болып еді. Таңертеңгі шайға да көңілсіз келді. Ұлпанның шыны аяғын әперген болып отырса да, көңіліндегі қаяу қала беріпті, кетпепті.

— Торсан қарағым, үш теңбіл көк шұбар алдырып қойдым, көрген жоқсың ба? — деді Ұлпан. — Қызылжарға сол үшеуін жегіп барарсыңдар...

— Мен көрдім, апа. Мұндай да жылқы болар-ау, деп ойламайтын едім, — деді Біжікен. Торсанның жүзі де жадырап сала берді:

— Сен неғып айтпадың маған?

— Сен түн бойы теріс қарап жатпадың ба?.. Содан соң көрімдік алғым да келіп кетті...

— Жүргенше арбаға үйретіп алыңдар... Дала жылқысы қалаға барғанда жоқтан өзгеден үрке беретіні болады. Бұлар әкеңнің оңаша бақтырып, өзге тұқымды жылқыға араластырмай өсіретін малдары еді. Әкең соңғы рет қасқыр

қуып жүріп суға құлағанда астында осындай теңбіл көк-шұбар ат болған екен. Сонда әкең әуелі атты шығарып алыңдар депті. Жүйрік те өжет, қасқырға бір құлынын бермейтін тұқым деп отырған еді.

Торсан шайдан кейін аттарды көріп келді де:

— Апа, сіз, әулие десе, әулиесіз ғой. Еменалының балалары мініп кеткен үш қаракөк мынау үшеуінің садағасына тұрмайды. Кеше сізге айтуға болмайтын сөздер айтсам, кешіре көріңіз. Балаңыздың балалығы болған екен. Мың рет кешірім сұраймын, — деді.

— Е, мен ондайды көңіліме тоқи беретін адам емеспін, қарағым. Өз асығыстығыңды өзің білсең, өз артық кеткеніңді өзің түзей алсаң, болды.

— Жоқ, апа, құдай алдында ант етем: сіздің құлағыңыз бұдан былай бірауыз артық сөз естімес!

— Болды, болды, шырағым. Кеше сен мұрагерлік дегенге шек қою керек дедің. Оның дұрыс екен. Бірің ұлым, бірің қызым, осы екеуіңнен басқа менің мұрагерім жоқ. Осыны жұрт жинап тағы бір естірт десеңдер, соларыңды істейін. Қағаздатып қоямыз десеңдер, қағаздатып қояйық. Енді мұны созбаққа салмайық. Кешке дейін ойланыңдар да, сөздеріңді байлаңдар.

Торсан мен Біжікен кешке дейін келісе алмады. Он төрттегі жас Біжікенге мұрагерлікті ауызға алу шешесіне өлім тілеумен бірдей көрінді.

— Апам өзі бастады ғой.

— Апам бастаған жоқ. Қаршығалыдан сен алып келдің осыны!

— Сенің ағаларың «біз мұрагер» деп тұрса, әкелмегенде қайтейін.

— Жайдан-жай айтпаған шығар!.. Сен боларсың әуелі тиіскен.

— Бұл шетінен жетелеп әкете беретін иесіз мал емес қой дегеннен басқа еш нәрсе айтқаным жоқ.

— Соның өзі жетіп жатқан жоқ па!

— Неменесі жетіп жатыр?

— Бұл малдың иесі мен депсің! Одан артық не айтайын деп едің?

— Мен малдың иесі емеспін деуім керек пе еді.

— Малдың иесі болған кісі олай айтпайды. Соны айтқанда көзіңнен қандай от шашып, оқ атып тұрдың екен!

— Енді соны есіме алғым келмейді, Біжікен. Жалын десең, жүз рет жалынайын, аяғыма жығыл десең, аяғыңа жығылайын. Осы әңгімені тоқтатайықшы осымен.

— Онда мұрагер деген әңгіме де тоқтасын осымен.

— Оны апам өзі шешетін болсын. Апам не айтса, мен соған құлмын!

— Жарайды.

Кешкі шай үстінде Ұлпан балаларынан сөзді неменеге байладыңдар деп сұрады.

— Сіз не айтсаңыз, соған тоқтайтын болдық, — деді Торсан.

Ұлпан қызына қарап еді, Біжікен басын изеді.

— Менің айтқаныма көнетін болсаңдар, қазір екеуің кансаралдарыңа барыңдар. Хатшың бар, тағы кімдерің бар, ақылдасып отырып, мал-мүліктің иесі ұлым Торсан, қызым Біжікен деген қағаз жаздырып әкеліңдер. Маған ешнәрсе

қалдырмай-ақ қойыңдар. Еменалы енші сұрамайтын болды. Оны да жазыңдар. Өзі қолын қойсын. Келіп жатқан төрелерің болса, олар да куә болып қол қойсын. Мен жатпай отыра тұрамын. Осы жұмыс бітпей тұрып ұйқым келер емес.

Қағаз түн ортасы кезінде жазылып та болып еді. Есенейдің жалғыз мұрагері Ұлпанның атына жазылыпты. Ақылды Торсан мал-мүліктің қақ жартысын Ұлпанның өзіне қалдырып, өзгесін Біжікен екеуінің атына көшіріпті. Екі ауылнай, пристав қол қойып, мөрлерін басқан. Ақшақатта тайғанаған түйенің ізіндей баттиып таскен Еменалының бармағы да тұр.

– Маған неге мал-мүліктің қақ жартысын қалдырдыңдар? – деп сұрады Ұлпан. – Маған ештеңе қалдырмаңдар деп едім ғой. Біжікен, сенбісің, осыны істеткен?

– Мен үштен бірін деп едім, мынау болмады, – деп Біжікен Торсанға қарады.

– Апа, – деді Торсан, – апа, сіз, алып үйренбеген, беріп үйренген адамсыз... Біреу ат сұрап, біреу сауын сұрап келсе, балалардан сұра деп отыратын боласыз ба? Жоқ, апа, қақ жартысын бізге бергеніңізбен бәрібір, бәрінің иесі сіз... Қағаз не тәңірі, әшейін айбар ғой...

Ұлпан күйеу баласына ішінен риза болды. Жо-жоқ, Торсан ана сыйлай білетін жігіт екен. Білімді де, ақкөңіл адам болар. Байлыққа қызықпай деген екінің қолынан келе бермейді. Қағазға бармағын басып, «Есеней Естемесов» деген орысша жазуы бар мөр басты. Өзінің бірдемеге қол қойғанын Ұлпан ылғи осылай, Есенейдің мөрімен куәландыратын еді. Ана көңілі енді ғана біржола тыныштық тапты.

Ауылдар қысқы үйлерін тастап, жазғытұрым жылжып қонатын көлдеріне көшіп келді. Көлдер толы қаз-үйрек. Қыс бойы тамырларына орап жер қойнына терең тығып, сақтап қалған гүлдерін дала мырза жер бетіне түгел шашып жібергендей. Кеше ғана қоңырқайланып жатқан жер бетінің бүгінгі өрнегін ауызбен айтып жеткізе алмастай. Таңертең жортып келе жатқан ат шашасынан ақ меруерттер шашылып отырады. Қалың орманды, көлі көп, қара топырақты жердің түн бойғы демалысы өсімдік бастарына қалың шық болып қонады.

Күн шықпай оянған бозторғайлар күн батқанша сайрайды. Бозторғай – даланың ең жақсы көретін, ерінбейтін әншісі. Киіз үйіңде отыр, атпен келе жат, ол ән үзілмейді.

Осы бір кезде Ұлпанның үйінде де жазғытұрғы шақтың келісімі бар. Ұлы мен қызының ойын-қалжыңдары кейде өткір шыққа да кінаратсыз, жарасымды аяқталады. Бірін бірі әдейі ұштап, әдейі қайрап, ширатып жүретін сияқты. Торсан бірдемені «мен » деп бастаса, Біжікен «сен емес, мен» деп киіп кетеді.

– Айтпақшы, сен екесің ғой... өзің айта ғой апама, – деп Торсан бүгін де оңай көне салды.

– Апа, біз Қызылжарға ертең жүріп кетсек, ұрыспаймысың?

– Жоқ-е, тәңірі....

– Мынау, енді үш күннен кейін жүрейік деп еді, мен ертерек барып қаланы көргім келеді.

— Өздерің біліңдер... қаланы да араларсыңдар, базарын да көрерсіңдер. Пәуескемен жүріңдер...

— Жоқ, апа! — деп Торсан ыршып кетті. — Жоқ, жоқ... Сіздің пәуескеге мен өмірімде мінер ме екем!.. Жұрт жабыла күлсін демесеңіз оны ауызға алмаңыз, — деді.

Ертеңіне үш теңбіл шұбарды тарантасқа қатарлап жегіп Торсан мен Біжікен ояз шақыртқан болыстар съезіне жүріп кетті.

5

Ел жайлаудан қайтып, күздік көлдерге жылдағысынан гөрі кешеуілдеп келіп қонып жатыр еді. Ұлпанның шешесі Несібелі қайтыс болған хабары келді. Жайлауда отырғанда Ұлпан Торсан мен Біжікенді ертіп барып, біраз күн шешесінің қасында болып қайтқан. Сексенге келіп қалса да, байғұс кемпір тың еді. Біжікеннің екіқабат екенін танып:

— Немеремнен туған баланың маңдайынан бір иіскесем болады. Содан соң алатын құдай ала берсін, —деп қалған.

Ұлпан бұл жолы балаларымен бірге Еменалыны ертіп барып шешесін жерлесіп қайтты. Балалары сол жақтан Торсанның еліне қонақтап қайтуға кетті. Былтырғы той кезінде болмаса Біжікен ол елге барған емес-тін.

Жазғытұры Біжікен Қызылжардан толып-тасып қайтып еді. Қызылжар төрелері жас келіншекке көп көңіл бөліпті: мақтапты, сыйлапты, ақуға теңепті. Ояз бастығының әйелі бір жолы Біжікенді қалаша киіндіріп, өзі Біжікеннің сәукелесін киіп, ойын-сауыққа үйіне апарыпты.

Жайлауда Сибанның қыз-бозбаласы Біжікеннің қасында болды. Күн батса, алтыбақан, ақсүйек. Жаңа Кәукер — Бикендер, жас Ұлпан — Шынарлар Сибан жайлауын ойын-сауыққа толтырып өткізді. Жаңарған ойындар бар, жаңа әндер бар, жаңарған жастар бар екен. Барлық жаңа әндер Біжікен отауында тоғысып, сол отауда тарап жатты. Осы жаз, осы жайлау Ұлпан шешенің бақыт дәмін тойына татқан кезі болды. Енді бір-екі айдан кейін немерелі болуын асыға күтетін.

Жастар жағынан ойын-сауықтарға араласпайтын, құлағына ән кірмейтін бір-ақ адам бар, ол — Торсан. Ол — өте іскер болыс. Дамылсыз ел аралайды. Дамылсыз Қызылжарға барып қайтады. Күні-түні қолымызды босатпайды деп хатшылары зар қағады. Ел мойнында он тиын «недоимке» қалса, атымызды сатты-рып төлетеді деп ауылнайлар зыр қағып жүреді.

Торсанның елінен Біжікен көңілсіз қайтты. Едәуір таралыпты. Өңі қуаң тартқан, құса беретін болыпты. Әйелдің екіқабат кезінде ондайлар бола береді. Ұлпан еш нәрседен қауіптенген жоқ. Арба соғып, шаршап келген шығар деп ойлады да қойды. Қызын еркелетіп, сылап-сипап көңілін аулай берді.

Біжікен көңілі кейде жадырап кетеді. Шешесіне қалжың айтады:

— Апа, сен маған екіқабат болған кезінде мен сенің қай жеріңнен тепкілеп жаттым? — деп әуреледі.

— Аяқтарыңның есінде қалмап па? Аяқтарыңнан сұра?! — дейді шешесі.

— Түнде тыныш жатушы ма едім?

– Іште жүргенде сен күн-түн дегенді қайдан білейін деп едің!..

– Ауырсынатын ба едің?

– Жоқ-е, тәңірі... Сен ішімде жатып аунақшығанда менімен ойнағысы келетін шығар деп қуанушы едім.

–Мен де сөйтем, апа...

Кейде Біжікеннің осындай қалжыңдарының өзінде бір әдейілік бардай сезіледі. Әлденені білдіргісі келмей, шешесін алдаусырататын сияқты. Шешесі үйде жоқта жылап алатыны байқалады. Оны шешесі білмей қояр ма! Ұлпан ойына осы жағынан бір күдік байлана берді.

Торсан Біжікеннен екі күннен соң келді. Қызылжарда ұры-қарыға тыйым салуға арналған сьез бар екен. Соған жүруге асыға келді. Хатшылары түн бойы қағаз жазудан бас көтерген жоқ. Қасында Уақтың екі биі бар. Торсан өзі түн бойы Ұлпаннан ұры-қарыға Есенейдің қандай жаза беретінін сұрастырып отырды да, таң ата Қызылжарға жүріп кетті. Біжікенмен қай уақытта, қанша уақыт бірге болғанын ешкім білмей қалды.

Кешке қарай Біжікен шешесіне қатты ауырып қалғанын айтты. Уақтан қайтқан жолда ауыра бастаған екен.

– Ішім жарылып барады, – деді.

– Арба соғып тастайды. Ештеңе етпес. Доктор шақырайын ба?

– Шақыртшы, апа...

Ұлпан әуелі түсік бола ма деп қорқып еді. Олай бола қалса, Ұлпанға ең үлкен қайғы сол болар еді. Ондайдың белгісі жоқ екен. Бірақ, Біжікеннің іші тым көтеріліп, кернеп барады. Қандай тамақ жақпай жүр екен?

Стап пен Капитаннан үш дәрігер келіп еді, олар да не ауру екенін біле алмай, қысылып тұрған секілді. Біріне бірі көнбей тұрғандай, кезек-кезек бастарын шайқайды.

– Соқырішек жарылып кетпесе жарар еді.

– Сол болып шықса біздің қолдан келер не дәрмен бар!

Біжікен таң ата қайтыс болды. Тегі сол соқырішек жарылып кеткен болу керек. Іші күмп болып көтеріле-көтеріле екі өкпені сығымдап, тыныс жолы құм құйылғандай тарыла-тарыла аяғында біржола бекіліп қалды. Шеше мен баланың жасқа толы көздері біріне-бірі дәрменсіз қадалысып, бірін-бірі бұлдыр көріп бара жатып қош айтысты.

Жасырып келген сырын Біжікен шешесіне жарық дүниеден үміті үзіліп, жан алқымға келгенде ғана айтып кетті:

– Торсан бұзық адам екен... енді менің денеме... соның қолын... тигізе көрме, апа! – деді.

Біжікен қайтыс болғалы Ұлпанның күні-түні, әрине жылаумен өтіп келеді. Бір үйде жалғыз. Жылаумен жатады, жылаумен оянады. Шашы да едәуір ағарып кеткен. Кейде күн шықпай Біжікен зиратының басына барып отырады да, күн бата қайтады. Үлкен киіз үйде өзінен басқа жан жоқ, үн жоқ. Ұлпанның қайғысын бірге қайғырысқан көрші ауылдар да көп дабырлай бермейді.

Біжікен шешесін жалғыз қалдырып кетті. Туған-туысқан, аға-іні, апа-қарындас дегеннен ешкім жоқ. Жалғыз қалды, жапа-жалғыз қалды... Жалғыз

қалған кім? Ұлпандай шеше ғой. Бір елге ана болып отырған ана да жалғыз қалады екен-ау!

Кешке қарай Ұлпанның қасында үй толы адам отырады. Ұлпанның көңілін көтереміз деп әр ауылда қандай жақсылық болып жатыр, соны айтысады. Биыл егін шығымды екен. Десятинасына отыз пұттан кем түспес... шөп те солай.

— Апыр-ау, әй, Ұлпанның жалғыз ақ нары отызға жақын түйе болыпты-ау!.. Биыл үш нар боталапты.

— Ақ бура қандай, жардай түйе болды. Жалғыз Жәпек болмаса, маңайынан жан жүргізбейді.

Ақкөңіл анайы адамдар осылай көңіл аулай отырып, сол көңілді жаралап алғандарын байқамай да қалады.

— Жарықтық теңбіл көк шұбардың тұқымын айтсайшы! Есекең қысқа қарай қасқырға ылғи көк шұбар ат мінуші еді ғой. Көк шұбар айғырды жиырма құлынды биенің құнын беріп алдым деп отырушы еді. — Айналайын Біжікенді айтам-ау... Уақтан қайтарда үш теңбіл шұбарды жектіріп алып ауылға жалғыз тартып отырыпты. Торсанға өзінің бірдеме қылып жетерсің депті.

Біжікен мен Торсанның аты аталғанда Ұлпанның көз жасы төгіліп кетеді. Өлім қайғысына Біжікеннің ең соңғы айтқан қайғысы келіп қосылады. «Торсан бұзық адам» деп не себепті айтты екен. Біжікен жоқтан өзгеге өкпелей беретін шетін жанды жас емес еді. Біжікеннің ауылға жалғыз қайтқанында үлкен бір себеп барын нағып байқамағамын. Біжікен де өзім сияқты, көзі жетпей тұрып көңілі қалмаушы еді ғой! Көңілі бір қалса қайтуы да жоқ еді. Байғұс бала Торсанның бір күнәсін кешіре алмай кетті. Онысы не болды екен?

Торсан Біжікенді жерлеп болғаннан кейін келді. Қайғырып келді. Көп өкінді. Екі-үш зират басынан кеткен жоқ. Күйрек жанды болу керек, бозарып, жүдеп кетті. Енді оның бар ойы жалғыз қалған шешеге қамқорлық көрсету болып қалғандай еді. Өзі өлердей қайғы жұтып жүріп, бар баққаны, бар күтері Ұлпан болды да қалды.

Бұл кезде Ұлпанның көңілін ешкімнің аяушылығы, ешкімнің қамқорлығы кіріп те шықпайтын. Бір қайғысын ұмыта алмайды, ол — Біжікен өлімі. Енді бір қайғысын шеше алмайды, ол — Біжікеннің Торсан туралы соңғы айтқаны.

Торсан Біжікеннің қырқы өткенше үйден шықпап еді, одан кейін амалсыз болыстық жұмыстарымен болып кетті. Кеңсесі осында болғанымен, басқаратын елі басқа жерде болғандықтан көбінесе сол елі жағында жүретін болды.

Қыс ортасында Қызылжарға кетіп бара жатып Торсан кеңсесіне соғып еді, бұл жол оның түсі Ұлпанға тіпті ұнамай қалды. Жонданып-жоталанып алған екен. Даусы қоюланып алған ба, қалай. Мұрнынан сөйлейтін болыпты. Әр сөзін өлшеп-пішіп, салмақтап алып айтатын болыпты. Бұл енді көрген қайғысын ұмытқан адам емес, тіпті қайғы көрмеген адам. Біжікен басына жалғыз барып қайтты. Жақын адамның басынан қайтқан кісі азды-көпті мұңайып, бірлі-жарымды күрсініп қалары болушы еді. Торсан жүзінде ондайдың белгісі жоқ еді. Дәл аттанарда қайғы жүдеткен Ұлпанға аяушылық көзімен қарап:

— Апа-ай, дұрыстап шайыңды қайнатып беретін кісің де қалмады-ау!.. — деді.

Мұнысы абайлаған адамға «тезірек үйленбесем болмас» дегендей естілер еді. Ұлпан оны естіген жоқ, құлақ асқан жоқ.

Осыдан ай жарым өткеннен кейін Торсан өзі елінде жүріп Ұлпанға Өтеміс биді жіберіпті:

– Бар ойлайтыным апамның жай-күйі... Лұқсат етсе, шайын құйып, төсегін салып, күтімінде болатын бір келін әкеліп берер едім, – депті.

– Маған ешкімнің күтімі керек емес. Үйленем десе өзі білсін. Жас жігітке үйленбе деп кім айта алады, – деді Ұлпан.

Бұл кезде баяғы Күрлеуіт ауылында, Торсанның өз елінде ерсілі-қарсылы тойлар болып жатыр еді. Торсан үйленіп алды.

Ұлпанды кіші баласы Мырзашқа айттырып қойған Түленнің әкесінің әкесі. Тілепбайдың шешесінің сіңлісі Ақбайпақтан туған Қарабайдың Қайыргелдісінің жиені Игембердінің немере қызын алып отырған Ырымбектің Жәуке деген қызы бар еді. Торсан соған үйленді.

Ырымбек Ұлпанның жылқысын баға жүріп, бұл кезде байшыкештеніп алған еді. Торсан іргелес отырған Күрлеуітке қона-түстене жүріп сол Жәукемен көңіл қосып қалған. Айттырамын деген уәдесі де бар-ды. Амалы не, Біжікенге үйленген соң аралары суыса бастап еді, аяғында тағы табысты.

Жәуке – сұлу қыз. Бойы шарғылау болса да, дене бітімінің олпы-солпысы жоқ, бәденді жаралған. Азғана мінезі шәлкестеу... оның оқасы не, тәйірі! Торсан оның жынын бір қаққаннан қалдырар ма екен!

Торсан Жәукені Ұлпанның үйіне март айында алып келді.

– Міне, апа, келінді болдың... енді күтіміңе уайым жеме! Күрлеуіт қызы, өзіңнің жақын сіңлің, – деді.

Ұлпан түрегеліп Жәукенің бетінен сүйді де:

– Құтты қадамың болсын, шырағым, – деді.

Жәуке пысық адам екен. Біжікен қайтыс болғалы едәуір салақсып кеткен үй ішін қақтырып-соқтырып, жылдам иелене бастады. Анда-санда үй жинаудың ретін Ұлпаннан сұрап алады да, ойдағыдай етіп шығарады. Тек ауылдың әйелдеріне тігірек келіп қалады. Әдеттегі ағайындық жолымен келіп жәрдем етіп жүрген әйелдерді осы үйдің не күніндей, не жалшысындай көріп менсінбей жұмсайды.

Алдымен көзіне бір түсіп кеткенде Дәмеліні жәбірлепті:

– Сен кемпір, осы үйдің қонағы емес шығарсың. Апамның қасында отыра бермей, қолың бірдемеге тисін де! Ішетін-жейтініңді ақтап жесейші! – депті.

Дәмелі Ұлпанға жылап келді. Басқа еш нәрсеге араласуды қойған Ұлпан Дәмеліге араша түсті. Жәукені шақыртып алып:

– Шырағым, сен бұл кісіге соқтықпай жүр. Бұл кісі менің жансеріктерімнің бірі болады, – деді.

– Ендеше отырсын! – деді де Жәуке кетіп қалды. Әдейі дөрекілеу жауап қайырып, шамданып кетті.

Қашанғы әдеттері бойынша осы үйдің жұмысына ақысыз-пұлысыз жәрдем еткен әйелдер кешке қарай Ұлпанның қасына келіп отырып, ең болмаса бір шай ішіп кететін еді. Бүгін ол да болған жоқ.

— Болды. Кете беріңдер! — депті Жәуке. Әйелдер өкпелесіп тарасыпты.

Жәукенің осындай мінездерінен Ұлпанмен екі арасы да жағыса алмай келеді. Жәуке осы үйге кіребере иесі бола кетермін деп ойлап еді. Иесі мына қақпас кемпір екен. Біжікеннің төсегі тұр деп бір бөлмеге кіргізбей қойды. Бір бөлмеде өз төсегі. Күні бойы келім-кетім кісілерін күтіп үлкен бөлмеде тағы өзі отырады. Бізге тиетіні бұрыштағы жалғыз бөлме... Өзге дүниесіне қол тигізер емес.

Жәуке Торсанды түн бойы қажап-қайрап шығады:

— Сен бұл үйдің ұлы емес екенсің. Маған айтқаныңның бәрі өтірік екен. Маған құдай алдындағы уәдем — сені айттырамын деп жақындасып, бір алдап кетіп едің. Есенейдің барлық мал-мүлкі екеуміздікі деп тағы алдапсың! Сен ана қақпас кемпірдің базаршысы... ол сені ұл қылып алмапты, күшік-күйеу, кірме етіп алыпты, — деп күйдіреді. Тілі удай ащы.

— Қызының жылы өтсін де... Шыдай тұршы. — Онда менің үйіме апарып таста! Сүйіктіңнің жылы өткен соң әкелерсің. — Ол тіпті ұят болар еді. Шыдай тұр дегенге түсінсеңші... — Немене, сүйіктіңнің мұнарасын салып болғаныңша шыдайын ба? — Ол да керек. Оны салдырмасам, бүкіл Сибан өкпелі болар еді. — Ендеше, мен бір күні қақпас кемпірдің бетінен ала түссем, өзің де өкпелеме!

Торсан шошынып қалды. Жүріп-тұруды азайтып, ылғи бақылап отырмаса, Жәуке бірдемені бүлдіретіні рас сияқты көрінді. — Жәуке, айналайын, сен менің не айтқаныма түгел түсініп алшы. Істің жөні былай ғой... — Түсінгім келмейді. Өзің бері бұрылып жатшы! — Торсан бұрылып жатты...

Үйішілік жайлары анда-санда осындай күйге ұшырай берген соң Торсан ешқайда кетпей Ұлпан мен Жәукенің арасын бақылауда болды. Ұлпан түйіліп қалғандай ешбір мінез көрсетпейді, қайта Жәукенің жәбірленбеуін ойлап көп нәрселерді алдын ала ескеріп отырады. Қыс бойы далада тұратын жүктерін ақтарып Жәукенің бөлмесіне жаңа кілемдер, жаңа төсек-орындар сыйлады. Жәукенің екіқабат екенін біліп, ақылын айтып жүрді. Бірақ, Жәукенің іші жылынбай қойды. Жәуке тарына берді.

Жона бергеннің жұқарар кезі, соза бергеннің үзілер кезі бар. Ұлпан сол кезеңіне бір-ақ күнде ұшырасып қалды.

Біжікеннің басына әкесінің мұнарасынан гөрі кішірек қызға лайық мұнара орнатып болған соң, Ұлпан шешесінің жылын беріп қайтуға әзірленіп еді. Үш ақжал күрең пәуескеге жегіліп жатқан. Ұлпанмен бірге бармақшы болған Шынар да келіп отырған. Пар ат жеккен тарантаспен Еменалы да келе жатқан. Жәуке отауынан шығып, ат жегіп жатқан Шондығұлға:

— Пәуескені жекпе... тарантасты жек. Құда түсерге бара жатқан жоқ қой! — деді.

— Бәйбішенің өзі осылай деді ме? — деп сұрады Шондығұл.

— Мен айтып тұрмын ғой! Естімей тұрмысың?

Отауынан Торсан да жүгіре шығып, Жәукені оқты көзімен бір атып қалды да, үлкен үйдегі Ұлпанға келді.

— Апай, біз ертең Қызылжарға жүретін едік... Келініңіздің аяғы ауыр ғой, пәуеске тыныш болар еді, — деді.

— Маған бәрібір, шырағым. Тарантас та жарайды, — деді Ұлпан. Бәленің басы осы пәуескеден басталып кеткенін Ұлпан білген жоқ, жүріп кетті.

Ұлпан туған ауылына келсе, әке-шешесінің ескі үлкен үйі тігулі, бар-жоғы төсеулі екен. Несібелінің жылын беруге Ұлпанның келерін біліп отырған ауыл түгел әзірленіпті. Қырық үй Күрлеуіт Несібелінің асын кінаратсыз жақсы өткізді.

Туған ауылының көрсеткен құрмет-қошеметіне Ұлпан қатты риза болды. Көбі оның әке-шешесіне ондаған жылдар жәрдемдесіп, еңбегі сіңген адамдар. Солардың адал ақы-еңбегін өтегісі келіп ағайындарынан әке-шешесінен қалған жылқыларды айдап әкелуді өтінді. Бұдан жиырма жыл бұрын өз үйінде он шақты жылқы бар еді. Содан бері Есенейдің Ұлпанға берген бір қос жылқысымен бірге бағылып жүрген мал ендігі қырық-елу болған шығар деп ойлады. Енді ол иесіз қалған мал. Соны ағайындарына бөліп бергісі келді. Ертең елге қайтпақшы. Бүгін сол жұмысты орындамақшы еді.

Ұлпанның өтінішін таңертең естісе де ешкім атқа мінгені байқалмап еді, түске тармаса Ұлпанға ауылының үш-төрт ақсақалдары келді.

— Ұлпанжан, — деді ақсақалдар бірін бірі кимелей сөйлеп, — Ұлпанжан, бұл арада бір жылқы қалған жоқ...

— Күйеу баламыз Торсан келіп, сенің қосыңды Қаршығалыдан Шәйгөз — Уақ жеріне қарай аударып әкеткен... Екі-ақ жеті болды...

— Атекемнің азғана жылқысы да бірге кете барды.

— Шәйгөзден он жігіт келіп біздің ауылдың жылқышыларын қуып жіберіпті де, жылқыны айдап жүре беріпті.

— Жылқышылардың астындағы аттарын да аударып алыпты.

— Елге хабар кешігіп жетсін дегендері ғой...

— Сенің жай-күйіңді біле-тұра хабарлай алмадық...

— Өзі істеткен шығар деген де ой келді.

— Жоқты айтпай отыр. Ондай ой сен көкмиға келмесе, өзге ешкімге де келген жоқ. Осының ар жағында бір арамдылық барын бәріміз де білдік...

Ұлпан әуелі қатты шошынып қала жаздап еді, ақсақалдар бірін бірі кимелеп бар жайды айтып болғанша бойын жинап алды. Бекер олай ойлапсыңдар дегісі келгендей азырақ езу тартты.

— Оқасы жоқ... Қаршығалының жері қыс түскенше тыңая тұрсын деген ғой, — дей салды.

Енді бұл ауылда отыра беруге Ұлпанның дәті шыдамады. Түс ауа еліне жүріп кетті.

Қаршығалы мен Сибан жерінің арасындағы жайлау көдері бос қалған. Күзгі көк ақырын-ақырын тебендеп, келер жылдың қамын ойлағандай үнсіз жатыр. Жазғытұрым қамысты көлдерге ұялайтын үйрек-қаз енді айдынды көлдердің бетін жауып кеткен. Балапандарын жаз бойы жүзуге үйретіп еді, енді ұшуға үйретіп жүр. Суға қона қалса, ата-аналары алдында, бала-шағалары көш-көш болып соңында шұбыра жүзіп жүр. Ұша қалса да солай — жер таныған, су таныған үлкендері алдында. Балапандары соңынан үшкірленіп ұшып, қанат қағыстары бірдей, қозғалыс-қимылдарында бытырандылық-даралық жоқ, тұтаса ағып барады. Бірдей құбылады, бірдей көтеріледі, бірдей қонады. Ел көшсе, жай-

лау жетімсіреп қалады, құс кетсе, көл жетімсірейді. Жайлау қазір бос қалған, құстар да жылы жаққа ұшып кетуге әзірленіп жүр.

— Мынадай көлдерге бір шомылмай кетпейтін едік-ау, Шынар? — деді Ұлпан, көкше құрағы сарғая бастаған бір жалтыр көлдің тұсынан өте бергенде.

— Мен де соны ойлап келе жатырмын. Көкке аунап, көлге шомылмай кетпейтін күндеріміз қандай қызық ед! Далаға да қона салушы едік...

— Осы көлге қонып, таң ата жүріп кетсек қайтеді? Бәрібір елге бүгін жете алмаймыз. Күн де батып барады.

— Сөйтейікші, Ұлпан... — жолаушылар сол көлдің жағасына қонып қалды.

Көз байлана Ұлпан мен Шынар шомылып қайтуға көлге келіп еді, су біраз салқындаған екен. Баяғыдай құлаштарын кере сермеп жүзіп кете алмай, екеуі де суға тітіркеніп түсіп шықты. Бірінің бірі арқасын жуды. Бірін бірі киіндірді, сүртіндірді. Сонда да дүниедегі ең таза суға соңғы рет шомылғандарына көңілденіп қайтты.

Тезек оты лаулап жанып тұр. Етті жей отырып, қымызды іше отырып, көңілді әңгіме шертетін кеш. Өлең айтатын, жадырап күлетін кеш. Бірақ, ол қайдан болсын. Еменалы тәспиқ тартатын діндар болып алыпты. Көзін жұмып алып, күніне тәспиқты неше рет тартқанын санай отырып тартады. Шондығұлда намаз да жоқ, күнәсі де болмаған адам. Шынар ұялшақ.

Ұлпанда дос-жарларына айтпай қалмайтын бір түйіншегі бардай сезіледі. Оның үстіне Ұлпан бірдеме айтып отырмаса, өзгелері үш шығарар емес. Ұлпан мана Қаршығалыдағы жылқыны Шәйгөз жеріне аударғанын естігенде, іші дір ете түскен. Онысын білдірмеген. Бірақ, соның ар жағында бір бәле барын түсініп келе жатыр. Торсан Қаршығалыдағы жылқыны өз еліне қарай аударып алса, әсіресе, жиырма жылдан бері сол қосты бағып, қағып келген Күрлеуіттің жылқышыларын қудырып жіберсе, бұл қайдан жай болсын! Соны астарлап, жанамалап болса да ел құлағына шалындырып қойғысы келеді.

— Тектек қайным-ау, — деді Ұлпан Еменалыға, — өзің біржола молда болып алғанбысың? Тәспиығыңды тырсылдатасың да отырасың!

— Қайтейін, Ұлпанжан... күнәкәр адаммын... күнәкәрмін...

— Осы кісі қызық адам болып бара жатыр, — деді Ұлпан, қасындағы адамдарына айнала қарап, — Өзі күнәкәр болғанымен қоймай, мені де күнәкәр етейін деп жүр. Менде алатын еншісі бар, алмай қойды. Осы күнге дейін еншісін бермегенім үшін құдай алдында мен де күнәлі болам ба деп қорқамын.

Ұлпан дәл айтайын дегеніне осыдан кейін оралды:

— Мен бар мал-мүліктің қақ жартысын Біжікенім мен Торсанның атына жаздырып қағаздатып қойдым. Енді Торсанға бұйыратын болар... Мал-мүліктің қақ жартысы өзімде қалды. Маған малдың керегі не, тентек қайным бүгін алмаса, ертең алар деп қалдырдым, — деп сөз аяғын қалжыңға айналдырғандай бітірді...

Отырғандардың шала естіп, шала түсінгендері болушы еді, енді түгел түсінді. Сибан байлығының қақ жартысы Шәйгөзге аударылып кеткен екен. Ұлпан сонысына өкінетіндей көрінді.

Ұлпан тобы күздік көлге түс ауа, кешке жақын жетіп еді, өз ауылы орнында болмай шықты. Жүгіріп келіп Ұлпанның арбасын қоршап алған балалар үлкен бір қуанышқа сүйінші сұрағандай шуласып:

– Апай, сіздің ауыл кеше көшіп кеткен..

– Апам айтады – қысқы үйлеріне барып кіріп алыпты дейді.

Өзге ауылдар орнынан қозғалмапты. Ұлпан балаларға кәмпит, бауырсақ үлестіріп берді де, Шынарды үйіне түсіріп, өзі амалсыз қыстауға қарап жүріп кетті. Күн әзір жылы. Әр орманның бауырында егін-шөп машиналары ән салып жүр. Үлкен бір себеп болмаса, қыстауға қона қоюға тым ерте.

Ұлпан үлкен ағаш үйдің алдына келіп тоқтады да, таңқалды. Аула толы Ұлпан танымайтын Шәйгөз жігіттері. Төрелер түсетін үйдің айналасында ақ жағалы, жез түймелі, етіктері майлап алғандай жалтыраған адамдар қаптап жүр. Бір жиналыс бар екен ғой деп ойлады Ұлпан. Үлкен үйдің баспалдағында қарны қампиып Жәуке тұр. Орнынан қозғалар емес. Ұлпанды үйге кіргізбеу үшін есікті күзетіп тұрғандай екен. Әлдеқайдан Дәмелі шыға келіп:

– Ұлпанжан, енді қонақ үйде тұратын болғансың, – деді, наразылығын жасырмай қатты дауыстап айтты. Қасында жарқырап киінген бір төресі бар Торсан Ұлпанға жақындап келіп:

– Апай, ренжімеңіз... үлкен үй толы қонақ... ренжісеңіз де сіз қонақ үйде боларсыз, – деді. «Бұрын «апа» деуші еді, бұл жолы әдейі жатсыратып «апай» деп тұр».

Есік алдында қозғалмай тұрған Жәуке де жарылмай қала алмады:

– Неменесін мәймөңкелейсің! – деп Торсанға қадала қарап. – Бір кісіге бір бөлме аз болады деп тұрмысың? Біз екеуміз де бір бөлмеде тұрып келдік қой!

– Әй, залым! – деді Ұлпан. – Әй, залым! Маған көрсеткен қорлығың өз басыңа келсін! Бұл дүниенікі ол дүниеге кетпейтін Сибаннан көрерсің көресіңді!

Ұлпан амалсыз қонақ үйге келді. Қоржын үйдің орта бөлмесінде қоныштарын үзеңгі қажаған көп етіктер жатыр. Есігі ашық тұрған үлкен бөлмеде он бес-жиырма адам керкілдесіп-керісіп қарта ойнап жатыр.

– Орыстар он жетіге қарта алмайды.

– Мен орыс емеспін.

– Сен қазақ та емес, орыс та емес, итсің.

– Сен бе? Сен нағыз түрмеде шірітетін доңыздың өзісің? – деген дауыстар естіледі.

Бәрі де бейпіл ауыз, бұзық адамдар екені байқалады. Ұлпанды көзі шалып қалғандары:

– О, сәніміз енді келетін болды!

– Құдай бұйырса... – десіп қалды.

Дәмелі Ұлпанды қонақ үйдің кішкене бөлмесіне әкеліп кіргізді. Ұлпанның, Біжікеннің төсек-орындары осында жиналған екен. Шынысы таспен ұрғандай шатынап жарылған француз айнасы да осында тұр. Оны Ұлпан Жәукеге сыйлап еді, осында әкеліп тастапты. Әдейі сындырды ма екен, көшіп-қонып жүргенде бірдеме тиіп кетті ме екен.

– Шайың бар ма, Дәмелі?

– Бар ғой, айналайын, бар.

Шай ішіп отырып, Ұлпан Дәмеліден:

– Күйеу балаң жақсы жігіт болып шықты ма? – деп сұрады.

– Жігіттің сырбазы, – деді Дәмелі, – қақ-соқта жұмысы жоқ. Егін мен шөп машинасының екеуін де жүргізе біледі. Машинасын сындырып алғандар шауып сол Тастамбекке келеді. Жұмыс үстінде қабағы түйілген емес, ылғи күліп жүреді. «Апа, мен осы саған тартыппын» деп қояды. Екі немерем бар. Екеуі маған таласады да жүреді...

– Бақытты екенсің, Дәмелі.

Шайдан кейін Ұлпан Біжікеннің зиратына барып келді де, қызыл іңірден жатып қалды. Дәмелі үйіне кетерде:

– Дәмелі апа, біреуді Шынарға жібере қойшы. Күн шықпай осында келсін, – деді.

Ерте жатқанымен ұйқы қайдан келсін. Пәуескеден басталып, қонақ үйдің кішкене бөлмесіне келіп тірелген айуандықтың ұзыннан-ұзақ желісі бер екенуа!.. Бәрі көз алдынан шұбатылып өтіп жатыр. Қаршығалыдағы жылқы Шәйгөз жеріне аударылыпты. Әке-шешесінен қалған азғана жылқы қоса кетіпті. Күрлеуіт жылқышыларды қуып жіберген. Қысқы үйлерге ерте қонып алудың себебі де енді ашылды. Ұлпанды қонақ үйдің кішкене бөлмесіне көшіріп, әшейін бір жесір кемпір деп аяушылық көрсеткісі келгені де.

Жоқ, жоқ! Мен Ұлпанмын! Айғай салсам барлық Сибан атқа мінер еді. Әттең, сен хайуан Сибанның барлық басты адамдарын бір күнде «итжекке нге» айдатып жіберуге шамаң келеді. Төрелеріңді соған жинап отырған боларсың! Мен Сибанның қай ауылының шетіне отыра беруге де арланбас едім. Әттең, зират басына барғанда өзім салдырған үйлердің қасынан көзімді жұмып өтемін бе?

Ол да емес... Әркімнің мені аяй қараған көзіне қалай шыдармын! Сен мен отырған ауылдың тұсынан қоңыраулатып шауып өтетін боласың ғой. Оған құлағым қалай шыдар?

Әртүрлі ойлар бунай берді. Бастан кешкен қайғысыз-қайғылы күндер де тізбектеліп өтіп жатыр. Солардың бірі болып Есенейдің бір күйінгені де есіне түсті. Есеней ұзақ ауырып азаптанып жатып:

– Ақнарым-ай, көрмеген азабың қалмады-ау!.. Обалыңа қалған екемін. Мұндай ит өмірден енді не күтіп жатырмын? Ана темір сандықты ашшы. Бір кішкене алтындатқан сауыттың ішінде аузы желімдеген шыны болар. Соны алып берші... Бұл азаптың ініне біржола су құяйын! – деген.

Ұлпан Есенейдің сұрағанын қолынан алып тұрып:

– У ма? – деп сұрады.

– Жорықта жүргенде жау қолына түсіп қалсам керегі болар деп, жоңғар саудагерінен аттың құнын беріп алып едім.

Тағы бірде Есеней кереге басында ілулі тұрған кісесін көзімен нұсқап:

– Ақнар-ау, саған менің осынша қиналып жатқаным батпай-ақ қойғаны ма? Ана бір сары кездікті ала салып, сол жақ өкпемнің тұсынан неге салып жібермейсің?! – деген.

Кездік те, алтын сауыттағы у да содан бері Ұлпанның өз сандығында жата беретін. Қазір Ұлпан екеуін де сандығынан алып жастығының астына қойды. Ойланардың бәрі ойланып болған сияқты. Алдағы ит өмірден қимайтын еш нәрсе қалмапты. Оң қолы біресе кездікке, біресе алтын сауытқа тиіп жатып, Ұлпан байламын жасады. Бір сөзді адам еді, айныған жоқ...

Сөз соңы

Мен 1928 жылы күзге таман сол кездегі Қазақстан астанасы Қызылордаға бірінші рет қызметке шақырылдым. Үлкен ағам мұғалім Хамит мені Қожабай көлінің басынан Лебяжі темір жол стансасына алып шықты.

Станса жолы осы маңайдағы бес-алты ауыл Сибан зиратының қасынан өтетін. Соқыр қари Исахмет, осы елдің ерекше бір ақкөңіл адамдары Тайжан ұста, Нарғожа, Сүлеймен ақсақалдар зират аралап жүр екен.

Біз жақындап келгенде Исахмет қари құран оқи бастады. Алдында күнге шағылысып жарқырап тұрған әппақ тас орнатылған бейіт жатыр. Біз де жаяулап келіп соларға қосылдық. Қари қазақ шежіресінен хабары бар, бүгінгі заманға да құлағы түрік, зерек адам. Естіген-білгенін қорыта алатын ойы да бар. Қари болғанымен діндар да емес. Оның діні көкірек тазалығынан көп әрі аса бермейді.

Құранын оқып болған соң қари менен:

— Ғабит, сен бұл кімнің бейіті екенін білетін шығарсың? — деп сұрады.

— Білемін. Тастағы жазуын да оқып отырмын. Ұлпан шешеміздің бейіті, — дедім мен.

— Шешеміздің дегенің бүкіл Сибанның құлағына жағатын сөз! Ұлпан шешеміз аты жоққа ат берген, асы жоққа ас берген. Кедейге пана болған. Өзі Есенейдің ен байлығынан түк қызық көрмей өткен адам, — деді қари. Қаридың сөзін қасындағы қарт адамдар да қостай сөйлеп кетті:

— Ондай адам қайда! — деп Нарғожа қарт күрсініп қойды.

— Адалдығына қарасаң әулие ме дерсің, ерлігіне қарасаң еркек пе деп қаларсың дейді екен бұрынғылар.

— Есенейдей адамды көзі тірісінде билеп алып, осы елді ел қылған сол шешең, — деп Тайжан ұста Нарғожаны қолдады.

— Ұлпанның тұсында Сибанның әр үйінде бір жүйрік ат, әр ауылында бір балуан болған екен.

— Ұлпан сөйлегенде Керейдің болыс-билері қайсымызды түйрей кетер екен деп қысылмай отыратын күні болмапты.

— Аяғында сол Керейдің болыс-билері күндес-күңірене жүріп Торсан жалмауыздың дозағына апарып құлатты ғой!

«Торсанның дозағына апарып құлатты» дегендері маған қатты ұнады. Дозақ — тамұқ деген сөз. Олай болса Торсаңның Ұлпанға көрсеткен қорлық-зорлығы тамұқ азабындай болғаны ғой!

— Ұлпан әулие адам болғаны рас шығар, — дейді Тайжекең. — Мына бейітке қарашы, топырағы бір олқы түскен емес, опырылған емес. Жаңа бейіттей жоны бұзылмаған қалпында жатады да қояды.

— Олай емес, Тайжеке! — дейді Наргожа қарт, — осы елдің барлық әйелі Ұлпанның бейітін бес жыл күтіпті. Топырағы олқы түсе бастаса, ақ жаулықтарына түйіп топырақ әкеліп салады екен... содан бұзылмай келеді.

— Мынау ақ тасты Ұлпанның басына Торсан қойдырған ба?

— Жоқ, Торсан емес, осы Сибан орнатты. Ұлпан қайтыс болған соң Торсан асығыс-үсігіс бір арзан көк тас орнаттырған екен, екі жылдан кейін Сибанның азаматтары ол көк тасты жұлып тастап, Ұлпан ақкөңіл, Ақнар атанған кісі, оған ақ тас лайық деп осы тасты әкеліп орнатқан.

Мен Ұлпанның басындағы ақ тасты әрі қарап, бері қарап, қандай тас екенін айыра алмадым. Тегі ақ мрамор болу керек. Бірақ, жұлдызданып, күнге шағылысып жарқырап тұратыны бар. Зернистый деп аталатын мрамор болса, сол шығар дедім де қойдым.

Тайжекең Ұлпан әулие адам еді деген сөзіне қайта оралды:

— Ұлпан әулие адам болмаса айтқаны келер ме еді? Өлерінде Торсанды «Маған көрсеткен қорлығың өз басыңа келсін!» деп қарғаған екен, сол қарғысы келмеді ме? Бәрің де көрдіңдер. Торсанның шаңырағы бір күннің ішінде құрып бітті ғой!

— Көп жылдар бойы араздасып жүріп, әрең татуласқан біздің әкеміз де Ұлпанды әулие адам деп өтті. Намазынан тастамайтын еді, — деп Еменалының кіші баласы, таза жанды адам Сүлеймен де өз ойын айтып қалды.

Тайжекең сөзінде мен де жақсы білетін шындық бар. Әуелі Торсанның үлкен ұлы Шақан болыс әкесінің бір ауыр зұлымдығынан өзін-өзі пышақтап жарылып өлді. Содан кейін 1920 жылы Торсан өзі өліп еді, балалары бір күннің ішінде быт-шыт болып тарап кетті: екеуі — қайнына, біреуі — туысқан еліне. Торсан шаңырағы құлап, қыстауы аңырап қалды. Аяқтап келгенде бір кезде болыс болған, мырза атанған Торсан балалары қайыршылыққа ұшырап барып құрыды. Бұл — менің өз көзіммен көрген жайларым.

Торсанның бейітіне келіп құран оқымайды екен. Бұл — енді қорлаудың үлкені. Бейітінде, тым болмаса бір шыбық шанышқан белгі де жоқ, бет тақтайлары көрініп опырылып жатыр. Балалары әкесін көмген күні, ұмытып та болған. Осының бәрін ел Сибан Ұлпанның қарғысынан деп есептейді.

— Ұлпан шешеміздің қазасы неден болды екен? — деп сұрадым мен.

— Оның дәл анығын көрген де, білетін де өзіңнің үлкен әжең Шынар еді. Ол кісі өле-өлгенше аузын ашпай кетті.

— Ол кісі таң атпай келіп, Ұлпанның қаза болғанын бірінші болып көрген. Ұлпанды арулап, ақ киізге орап, үш жерден байлап берген де сол кісі. Жерлегенде ішінде болдық. Жүзін көре алғанымыз жоқ. Бала болатынбыз.

— Ел өтірік айтпайды, қате ұстап қалып, сол қатесін өзі түсінді де, соны өңдеймін деп, кейде өзгертіп алатыны болады, — деді қари.

— Ұлпан жайындағы әңгіменің ұзын-ырғасы осы, дұрыс. Кейбір жерлерінде артық-кемі де жоқ емес..

Біздің үлкен атамыз Мүсірептің бейіті де осы зиратта. Бейіттің бас жағына шыққан екі жуан ақ қайыңы бар. Қайыңдар қолдан отырғызылған емес, өздері шыққан.

– Үлкен атаң Мүсіреп Ұлпан бәйбішенің ең жақын дос адамы болыпты, – деді Нарғожа қарт.

– Бала күнімізде Мүсекеңнің атын суарып келуге таласушы едік. Жақсы ат мінетін. Шынар әжең де балалардан барын аямайтын мырза кісі еді. Әжең ертерек қайтыс болды да, атаң қартая келе көп жоқшылық көрді. Кіші баласы Ботбай ойын-сауық қуып кетті. Үлкен баласы шаруа басын құрастыра алмайтын момын кісі еді ғой.

Ақ мраморға қашап жазылған, үстінен «алтын боталмен» зерелген жазуды тағы бір шолып өттім де мен жүріп кеттім.

Осымен соңғы сөзді аяқтаса да болар еді. Бірақ Ұлпан аты маған тағы бір рет кездесіп еді, оны да айта кетейін. Өйткені бұл жолы тіпті орайсыз кездесті.

1941-інші, соңғы соғыс басталған жылдың күзінде мен Қызылжардан машина сұрап алып, елге қарай жүріп кеттім. Күн шелектеп құйып тұр. Асфальт жоқ. Грейдер жолы шылқылдап жатқан майбатпақ. Ескіріп қалған «Пикап» машинасы Қызылжардан шыға бере-ақ билей бастады. Жолдың біресе оң жағына, біресе сол жағына барып соғылады. Шофер соғыстан жараланып қайтқан мүгедек адам, машинаға ие бола алмай келеді. Бірақ, боқтауға теңдесі жоқ шебер екен. Ол өнерін қаладан шыға бере көрсете бастап еді, ұзай келе тіпті өндіріп кетті. Жаңбырды да боқтайды, жолды да боқтайды. Жаңбырды боқтағанда, миллиондаған совет әскері белшесінен су болып окопта жатқанын қоса айтады. Соны біле тұра жаңбырын төгіп тұрған құдайды сыбап келеді.

Бір ретте құдайдың шешесін келістіріп тұрып боқтады. Ондай боқтауды өмірімде естіген емеспін. Құдайдың шешесін боқтап келді де – одан жоғары тағы бір қырық шақырымды! – деді.

Мен сақылдап күліп, ұзақ алақан соқтым.

Осылай жылжи-жылжи отырып, қараңғы түнде бір қалаға жетті. Қала жатып қалған. Жылтыраған бір шам жоқ. Ешкім есігін ашпайды, үн шығармайды.

Қаланың орта тұсында жылтыраған бір шам көрінді. Шофер үйге кіріп қонуға лұқсат сұрап келіп еді, түсірмепті.

– Бұл колхоз кеңсесі. Мен күзетші, жалғыз кемпірмін. Қорқамын, – деп есігін іштен бекітіп алыпты. Мен шоферды қайта жұмсадым.

– Нанымыз бар, шайымыз бар, колбаса, арағымыз бар деп айт, – дейді.

Ақыры кемпір лұқсат етті. Биік қарағай үйдің бір кішкене бөлмесінде тұрады екен. Бұрын бір бай адамның, болған адамның үйіне ұқсайды.

Шай ішіп, азырақ арақ ішкен соң күзетші кемпірдің көңілі жадырап:

– Моншаға түсесіңдер ме? Әлі қайнап тұр, – деді. Біз қуанып кеттік.

Екі бөшке су толып тұр. Шофер ыстық суды пештің ішіне періп жіберіп еді, ыстық бу моншаны толтырып әкетті. Шофер сабаланатын биікке менен бұрын шығып алып:

– Тағы бір-екі жауынша су беріп жібермесеңіз жылына да алмаспын, – деді.

Мен ұзын сапты қаңылтыр бақырашпен пештің ішінде балқып жатқан тастарға екі рет су шашып қалдым. Бір тастан «Ұлпа» деген жазу шыға келді. Жазу осынша таныс көрінді, мен іркілместен «Ұлпан» деп оқыдым. «Н» әрпінің жоқтығына бөгелгенім жоқ. Оқыдым да аң-таң болып отырып қалдым. Жаңа іркілмей оқып алған Ұлпан атының бұл пештің ішінен кездесуге орайы жоқ секілді көрініп кетті...

Аяусыз қолдар ақ мраморды талқандап, сындырып моншаның пешіне салыпты. Ұлпан маған сол пештің ішінде өртеніп жатқандай сезілді.

Ертеңіне елге келе сала Исахмет қарияға жолығып, моншада көргенімді айтып едім, ол менің ойымдағы күдікті оңай шешіп берді:

— Ғабит-ау, Ұлпан сорлының көрмеген азабы бар ма!.. Ана бір жылдардағы ауыр кезде Ұлпанның басына қойылған ақ тас жоқ болып кеткен. Осы елдің жігіттері сатып жіберді деген өсек те бар... — деді мұңайып. Қария анығын айтқандай еді. Мен сұрамадым.

Менің ойыма өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның бейнесі біржола ұялап, шегеленіп қалды. Қанша жыл ойымда жүрсе де, қашанғы әдетім бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады.

КҮНДЕЛІК

Ұмытшақтық қоюланып келеді. Сондықтан керекті нәрселерді кезінде еске түсіру үшін бұдан былай «Күнделік» жазуды дұрыс көрдім. Ұмытып кетіп жазбай қоймасам, мүмкін, пайдасы тиер. Сол үмітпен!

Ғ. Мүсірепов.
1970

«Ашу алдында, ақыл соңында» (мақал). Барлық адамның сезімі алда, ақыл-ойы соңында болмасқа керек және оның өзі де белгілі бір жағдайға байланысты болар. Тегінде адамның ақылы алда, ашуы соңында болғаны дұрыс болар еді.

Көркем айтылса – ой ұлы, ойландыра алса – көркемдік ұлы.

Жиенбек.

Тырс етіп қалды – сөгілді,

Тырқ етіп қалды – үзілді.

Тарқаңдар:

Ерлігі үшін мынадай еркіндік алады:

1. Жорықта, соғыста қолына не түссе де өзінікі, ешкіммен бөліспейді.

2. Мемлекеттік алым-салықтан мүлде босатылады;

3. Соғыста алғашқы қолға түскен олжалар тарқандарға беріледі.

4. Бір қылмысты, бір қатені тоғыз рет қайталамаса тарқандар жауапқа тартылмайды.

5. Ханның үстіне қай уақытта болса да кіре беруге еркіншілік.

6. Тарқандық кейде әкеден балаға мұра болып қала береді (тоғызыншы буынға дейін).

Осыларға еліктеп орыс патшалары да тарқан правосын үлестірген. Иван Грозный оны мансұқ еткенімен, одан кейінгі патшалар да ол әдетті сақтай берген.

«Қазақ солдаты» операға да ыңғайлауға келетін сияқты екен. Қайрош. Ақбота екеуінің шешелері, Семен, Толстов, Самед, Шеген, т.т. Соғыс тұсындағы халық... майдан – еңбек... Жайық, Каспий жағасы, Қырым, Новороссийск...

Жасынан бірге өскен екі жас – Қайрош пен Ақбота екеуі де майданға кеткен ғой, бірі солдат, бірі соғыс госпиталында... Шеген ұшқыш.

Лирика бар, ерлік бар, күйректік жоқ...

- Ауылда, майданда, сомолетте.

Сахнада көл... бұрқ-бұрқ тиіп жатқан оқтар. Қайрошқа сөгіліп өтуге тура келді.

Бұйрық беріп жіберген командирі Қайрош қайтып келгенше жараланып қалған. Арқалау... жараланған Қайрош. Екеуін сүйретіп әкеткен Ақбота...

Су әкелуге кеткен солдат өлімі.

Лермонтов өлеңдері – Семен... т.т.

ТӘУКЕ, ТӘУКЕ, ТӘУКЕ!

Тәуке хан Сібірдің генерал-губернаторына хат жазып отыр: айтатын өзі, жазатын хатшы.

Тәуке: - Ғизатлу уә хүмәтлуін жаздың ба?

Хатшы: - Яздым... ғизатлу, уә хүрмәтлу улыг дәрежелі генерал-губернатор Салтыков мырзаға дедім...

(хат мазмұны кейін).

Түркі биі – Осыншама мардамсытқанды жаным сүймейді.

Күні ертең – әке – құлдық деп аяғына жығылатын болмасақ, осыншама қастерлеп керегі не?

Қайып – Бұл татар губернатор түгіл урядникке де осылай бастайды.

Түркі биі – Ондайына ерік бермей «тәйт!» деу керек урядникке!

Тәуке (хатшыға) – «Тәйт!» деу оңай ғой. губернаторға мен-мендігіміз орынсыз болар.

Түркі биі – Оның өзіне де «тәйт!» деу керек.

Басындырып барасың, хан.

Келден – Қадірлі атеке, байыбына барғаныңыз дұрыс болар. Ханымыздың не айтпағын тыңдаңыз.

Тәуке – Иә, бәріңіз де құлақ сала отырыңыздар, губернатор мырза! қала ұрысыз болмаса, дала бөрісіз болмайды, екі жағымыз да өзінің өзін, бөрінің өзін айыптайық. Ұрысын жасырса қала айыпты, бөрісін жасырса дала айыпты болсын.

Қазақ хандығы орыс патшалығымен, қазақ халқы орыс халқымен достасып отырғысы келеді.

Сіз менің ғарызымды ұлық патшаңыз Петр Алексеевичке жеткізіңіз.

КЕРІ АҒЫС

(Әңгіме жоспары)

1. Жүк поезынан түскен қыз, оны қарсы алған жігіт, салт мінгесу:

– Ат басын алып жүре алсаң алдыма мін, әйтпесе – артыма... Қыз мінгесті. Рюкзак, қоржын. Жүріп кетті, атым керемет, аяң, жорға, шоқытып... тез жүрмесек үлгермейміз...

– Саға қанша жер?
– 80 километр.
– Осылай жүреміз бе?
– Жоқ, қазір асфальтқа жетеміз.
Асфальтқа жетті. Қыз кетті.
2. Саға, райком Есжанов ылғи қазақ жастары Идеолог.
Оралбай – ұлтына қарай бөлген екенсің?
– Ә?! Ұлтына қарай? Шақ-шұқ.
Су мамандары керек. Қонақтар ертең кетеді, содан кейін кім басқарады? Өз адамдарымыз! (мұны ол айтқан жоқ. Ілегісе кетті өз ұлтына қарай дегенге).
Айтып қалды да Аралбай да қайта алмай қалды. Ізіне түсті. Ұзақ әңгіме етті. Тексеріске түсірді. Жеңілді. Бұл – міндеттілік, жауаптылық, табандылық күресі.
Бұл қанағатсыздық: іскептік, іскептик емес, сын, сен емес, ақыл.
Туған елімді, туған жерімді жамандай алмаймын, бірақ жаным ашынғандықтан ашынған сөз ауызға түседі.

Ертіс
Есіл
Нұра
Саға.

* * *

– Меселін қайтармай, берші.
– Ұмсынып қалды ғой, берші.

* * *

Түріктер 19-ғасырдың аяғынан бастап түріктің қайдан шыққаны жайында ғылыми зерттеуге көшкен, көп ескі кітаптар. Геродоттан бастап дүние жүзілік зерттеулерді қайтадан бастырған, кітап аты «Ажары еслаф» бұл барлық табылған, жарияланған материалдардың жалпы аты – «Ата-бабалар үдері» деген сөз екен. Негізгі зерттеуші ғалым Нажип Асим.
Түріктің ең соңғы сұлтаны Абдол-Самед 1918 жылы құлады.

* * *

«Ескі үйді от жап-жалпақ қызыл алақанымен көтеріп алғандай еді...
Әлденеше рет сырмен майланған үй ескі киімдерін тастап, от ішінде шешініп жатқандай еді». Горький. «Өрт».

* * *

Бірақ та айтыпты: киім шеткесімен ар-ұятыңды тазалай алмайсың, депті.

* * *

Хижыра (Мухаметтің Мекеден Мәдинаға көшкен жылы) жыл есебі осы күнгі жыл есебінен 621 жыл кем. Яғни 1979 жыл хижыра бойынша 1358 жыл.

АҚАН ОПЕРАСЫНА

Балалар Сұбыханды айтып әндетіп отырғанда көлденеңнен бір дауыс қосылады.

Дауыс: – Сері Ақан елің қайда, сен қайда? Сері Ақан, әнің қайда, не жайда?

Сері Ақан әнсіз өмір өмір ме? Сол болса өмір, ең үнсіз жер мола ғой! т.т.

(Бұл Ақтоқты дауысы.) Кейде алыстан, көмескі естіледі. Ақан Сұбыханды қайта-қайта айтқызады. Ақтоқты анық естіле бастайды. Ойға кеткен Ақан балаларды таратып жібереді. Ойда, іздеуде... Осы арада Ақанды неке қыюға шақырған жігіт келеді. Қорлану, күйіну, «аужарын айтуға шақырмаса да барам!»

* * *

Барлық адамға ақыл айтатын қазақтың атынан бір әңгіме.

Аулыңның ақсақалы
Бай Түрікпендей,
Шолағың жылтырайды
май бүріккендей...
Несие, қарыз. Өсімге қызыл бұзау.

* * *

Қысты күні 13 градус жылыға жатады, жазды күні – суыққа.

* * *

– Аға-екау, жаңа келді сөз қисыны,
Табылды бүгіліссіз тігілісі.
Не керек теке болып текеленіп –
Текенің теке сынды болмасайшы!

* * *

Қазақ елі Украина сияқты қайғыға толы, бірақ ашуы қайтып қалған ел еді. «Жат қолындаға».

* * *

Қыпшақ ханы Шарухан, Шаруханның баласы Артық, Артықтың баласы Күншақ.

Святославтың әйелі – қыпшақ Айыпханның қызы; Олегтің әйелі – қыпшақ Тұғыраханның қызы.

Егордың баласы Владимирдің әйелі – Күншақтың қызы.

Святослав – Егордың әкесі, Олаг – ұлы атасы. (Орыстар Олегті қаған деген).

Егордың Святослав деген ағасы да бар (Киев бас кінәзі).

* * *

Тұрсынбаев қышыма қотыр сияқты беймаза адам екен.

* * *

Арабтар берген ғылымдар:

География, астрономия, математика, химия, (магнит, қағаз, дәрі, дәрі-дәрмек), медицина, философия;

Абулфе де (Сирия) 827-жылы жер шарын градусқа бөлу заңын ашқан; жердің мөлшерін шамалаған – 44064 километр.

Оптиканы ашқан Әлғайтам – 965 – 1038 жылдарда жасаған; физиканы ашқан Әлгазини, әртүрлі заттың арасалмағын да сол ашқан (удельн. вес) форма Кологина.

Ибни Халдун – философияда бірінші қатардағы адам.

Философия, грамматика солардікі.

* * *

Қазақ.

Ескі эраның соңғы II ғасырында Үйсін мемлекеті бар. Үйсіннің солтүстік көршісі Динлин, батысында Қаңлы. Осы үш ел қазақ атасы саналады (қыпшақтармен бірге).

Үйсін – Ұлы жүздің атасы.

Қазақ тілі «орта» ғасырдың бас жағында құралып қалған. Қазақ жері – осы күнгісіне теңдес. Үйсін, Қаңлы, Жалайыр, Дулат – ұлы жүз. Найман, Керей, Арғын, Қыпшақ – орта жүз. Алшын, Шекті бай ұлы, - Жеті ру – кіші жүз, Керей – Жәнібек.

Мұрындық – Қасым (1511-1523).

Хақназар – Қасым баласы.

С. М. Блепна. (82-83).

Ирония – қайғылы күлкі, жаны ашырдың амалсыз езу тартуы, мазақ-сықақ емес. Ирония – Хейнгвой, Ремарк, Гоголь, Грибоедов.

* * *

Қасымхан 1448 жылы туған, 1518 жылы өлген. Зираты Саратовта. Әкесі Барақ ұлы Жәнібек (Әз Жәнібек), шешесі Алтын хан қызы Жиһан-Бикем.

Шайбаниенің шешесі Аққозы-бикем, ол да Алтын ханның қызы, Қасыммен бөле.

КҮНДЕС

Х-ның екі ұлы заводта. Табыстары мол, үй іштері жайнап тұр, балалары, қыздары, келіндері, кемпір-шал бәрі көңілді, бәрі мырза, бәрі ақ көңіл.

У-дың екі ұлы – біреуі тіл маманы, біреуі заң маманы, бір келіні тіс докторы, біреуі мұғалім. Бұлар шалдың пенсиясына ортақтасады, келген сайын бірдемелер ала кетеді.

Шешелер кездескенде, қыз-келіндер кездескенде, бір жағында ұғысу, тарыну бар, бір жағында еркіндік, мырзалық бар, күндестік У-дың балаларына туды.

* * *

Бүгін кешке қарай қар жауады дейді.

– Кім айтты?

– Біреу айтты.

– Радионың айтқанында ең болмағанда бір күн кештетіп келеді, балам... Қарға қарқылдамай қар жаумас болар...

* * *

Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.

* * *

Баяғыны көксей берген елде бүгінгі өмірге үйлесе алмаушылық болады. Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ та жоқ. Көксеу мен құрмет – екі текті түсінік.

* * *

Неке қияр дұғасы:

Әлhамду әллаhи әлләзи жағалан – Никаh фасилан бәйнал халали уал харам.

* * *

ҚАСЫМ ХАН

Қасым – қазақ халқын жинап, қазақ хандығын құруға бар өмірін арнаған.

Шайбани – Әбілқайырдың көп елдері билеген өзбек хандығын қайта орнатуға бар өмірін арнаған.

Негізгі тартыс осы. Бұл кезде Самархан, Бұхара Ақсақ темір тұқымдарының қолында — жеке хандық.

Соғысқан жағатай тұқымдарының қолында (Иса, Бұғы, Жүніс хандар).

Ташкент уалаяты Әбілқайырдың баласы, Сүйіншіктің қолында.

* * *

Мен ерке заманның ерке жасымын, мен жүгенсіз кеткенім жоқ, керегі жоқ жүгеннің, мен қозы да болдым, бұзау да болдым. Жиырмаға келгенде әлі де маған жетекші керек болса, әлі де мені асыраушы керек болса, адыра қалсын жастығым (мұны кейін Меруерт айту керек).

* * *

ЖҮНДІ АДАМНЫҢ ГИМНІ

Адам баласын жасаудан ұлы өнер жоқ, жүнді адам соны жасады.

Келе-келе, бара-бара адам ойы қара үңгірге сыймасын біледі де ол, жүн-жүн Мәжнүн баласына ой береді, ақыл береді, ми береді, өлең береді, жыр береді...

* * *

АҚАН

Ақан — (Науанға)

Жалғыз-ақ жаным күйер жалынышым,
Өртеген өзегімді жалын ішім.
Жетпесем арманыма осы жолы
Өзіммен бірге кетер өкінішім.
«Құлақ ас осы жолға арызыма»
Әрі аға, әрі алғашқы ұстазымсың.
Таңданба Ақтотыдай қыз туған жоқ,
жалғыз сол күндіз ойым, түнде түсім.
— Ақтоқты? Е, ол біткен сауда!
— Ие, арманым, жалғыз сол жалғанда,
Мен өлік — айырылсам, наразымын тірі қалғанға,
— Алданба, алданба! Қыз басы байланған, сен ақын,
Ол төре... ұмтылма қол жетпеске, алданба!

* * *

І. Сүбіхан, сері Ақан, екі дауыс.

Екі дауыс: — сері Ақан, елің қайда, сен қайда?

— Сері Ақан, атың қайда, не жайда?

– Сері Ақан, сері Ақан!
– Хан жайлауын жаңғыртатын ән қайда?
– Жастарды иба құлпыртатын сән қайда?
– Сері Ақан!

Өлең мен ән бірге өлді ме, апыр-ау?..

(Танысып жүрген Ақтоқты келеді. Ауылдың әйелдері қарсы алады. Ақтоқты бәрімен құшақтасып көрісіп қоштасады. Аяғында Ақанмен де солай қоштасады).

– Ақтоқты, Ақан, Науанның бәйбішесі. Науан мен Ақанның араздасып айрылуы.

* * *

АРАБША АЙ АТТАРЫ

Мұхаррам, Санар, Райфел аууал, райфел шани, Жүмәділ аууал, Раджеп, Шағбан, Рамазан, шаууал, зұғыл қағида незул хиджа.

МАНҒҰЛ ЖЫЛ ҚАЙЫРЫСЫ

Барыс, Қоян, Ұлу, Моғай (жылан), Жылқы, Қой, Маймыл (мешін), Тауық, Ит, Доңыз, Тышқан, Сиыр.

* * *

Байлық бұлағы кедей ел!

* * *

«ҰЛПАНҒА» ҚОСЫМШАЛАР:

1. Ұлпанның ойлары өзінікі бола тұрса да, Есенейдің беделін пайдаланып мақұлдатып алады.

2. Мүсірептің елге қайтар алдында артта қалған бір мүддесі (Шынар ғой) болғанын аңдату керек болар.

3. Өрттен кейін Ұлпан ту бие сойғызып, қымыз алдырып, өрт сөндіргендерді сыйлап қайтарады да, өзі Шынар мен Мүсірептің қосына кетеді. Қыз бозбала шақыртып, бой көтеріп, үйіне таң ата қайтады. (Әлде Шынар екеуі көк шөмеленің түбіне жатып шыға ма? Әлде тағы бірдеме қосуға ма? Онда Ұлпанға көңіл білдіруге елдің ақсақал адамдары келе ме?) Жолда. Таң ата көкке шомылып шыққандай таза жарқырап, үлкен көрініп тұрған жұлдыздар, Ұлпанға келген ойлар. Ібікен Торсан туралы не айтып кетті? (Мүсіреп Артықбай қайтқаннан кейін Көр... тіке барып Несібеліге көңіл айтып қайтқан еді. Сонда еш нәрсе естімеді ме екен?) Есіткен, Шынарға да айтқан, бірақ, ол жайды

Ұлпанға естіртпеуге ұйымдасқан, үш қара көк жылқыны Шайкөзге аудартып жүргенде Торсан Рымбектің үйіне қонады екен (Жауке).

* * *

Дауылда, желде орманның жайқалу – теңселуі тұтасқан бір ырғағын таппаса көп құлайды. Дұрысы – дауылмен бірге бір ырғақ тапқанша көп құлайды.

Үй ішінің дем алысы – тынысы да қатарға жатады. Үй ішіліктің бір ырғағы табылмаса, керексіз кикілжің көбейе беріп аяғында апатқа дейін апарады.

Әртүрлі ызыңдар да, қозғалыстар да солай, ырғағы, үндестігі, бояулары келіспеген істің бәрі де берекесіз болады.

* * *

Бала мектептен келген бетінде әкесінен:

– Әке, Хауа анамыз Адам атамыздан басқа еркекпен жүрген бе? – депті.

– Жоқ, – депті әкесі.

– Онда мұғалім:

«Адам маймылдан жаралған», – деп неге айтады? – депті бала.

* * *

Орыс-түрік соғысы 1809 жылы апрельде басталып, 1812 жылы 28 майда аяқталды. Орыс патшасы Александр-I – түрік сұлтаны Махмұт II.

Соғыс үш жыл бойына жеңістер, жеңілістер арқылы аяғында түріктер жеңілді. Бухаресте Кутузов бітім шартын жасатты.

Россия Бессарабияны алды. Шекара Иру... өзені.

Әзірленуі, арбасуы, айтыс-тартыс алты жалға созылған соғыс осылай болмашымен тынды.

Өйткені Наполеон зеңбіректерінің гүрсілі жақындап қалып еді.

Ұмсынның елге қайта алмауына (жазғы бос айларда) осы соғыс бөгет болды.

ҰМСЫН

Көп нөкерлермен аңға шығып кеткен Жошының он екі жасар үлкен ұлы жоғалып кеткен. Жошы хан нөкерлерге қаһарланып:

– Іздеңдер! Кімде-кім өлді деген хабар әкелсе көмекейінс қорғасын құярмын! – деген.

Бала асау құланмен кеткен екен, үзеңгілік аяғынан сүйрелетіп кетіп өлген екен.

Соны Кербұға ақын былай естіртіпті:

– Таудан құлан жосыған,
Ақсақ құлан шошынған.
Балаң өлді, Жошы хан,

Сенбеймісің осыған?
Шынын айтса домбыра,
Күйші өле ме осыдан?

(Жошы қорғасынды домбыраның тесігіне құйғызыпты).

* * *

Қырғи Сибан деп аталатын жерде Бесбай – Боқан, Сеңкібай Күңгене деген сибандар бар.

Теке деген ақ сақалды, қызыл жүзді, зор денелі адам жүзге таяп барып, біздің он беске жеткен кезімізде өлді.

Бұл кісі жылда жайлауда қасына көп адам ертіп алып біздің ауылдардың өлім-жетіміне бата қылып, келіні түскен үйлерге қайырлы болсын айтып кететін.

Бір жолы Ботбай деген кісі сол Текеден мынау өлеңді жазып алыпты:

– Уа, дариға-ай, дариға-ай,
Байкалға барып құятын
Селенкіні жайлаған
Керей деген ел еді.
Турауыл деген ханы бар,
Зарлауымның мәні бар –
Қара құрым қаласын
Тартып алып Шыңғыс хан
Қатындарын ханымның
Бөлісіп алды малғұндар.
Бес батпан кір малғұндар,
Бытырай қашты қайран ел
Адыра қалды туған жер,
Уа, дариға-ай, дариға-ай!
Керей деген ел едік,
Атымыздан айрылып,
қысық көз манғұл атандық,
Уа, дариға-ай, дариға-ай!

Ботбай Мүсірептің екінші ұлы, домбырашы, қобызшы адам еді, 1911-12 жылы өлді. Үлкен баласы Шалабай ол кезде он үш, он төртте, кейін 20-жылдардың тұсында әкесінің айтуынша өзі жазып алғанын көрсететін еді. Мен одан жазып алғаным бар еді. Өлең ұзақтау еді, біраз жолдары ұмытылған, жазып алғанның қайда кеткенін кім білсін.

* * *

ҚАЗАҚТА

Көпті атаудың бір ерекшелігі:
Мың бұлақ (Семип. обл.)
Мың арал (Балқаш)
Мың қыстау (батыс).

* * *

Қазақ халқы 12-13-ғасырдың ішінде Қытайдың солтүстік шығысынан бастап Днепрге дейін көшіп жүрді, батыс түрік, Алтын орда, Ақ орда, Көк ордалардың бәрінде де болды. Шығысқа шабуылының тұсында Хорезмде болды, Текеш қыпшақ, Тұрқан қадын Қыпшақ, Шах қыпшақ... Әр тұста жайлап жүріп, бағына жүріп, алыстай жүріп, табыла жүріп, тілдерін бұзбаған, әндерін бұзбаған әдет-ғұрпын бұзбаған, т. т...

Ұлттық нышанға кіретін тіл, экономика, т. т. сақталған тұтас бір... Не үшін қазақ осы күнге дейін ұлт болмады дейміз? Хате де обал.

Сонша быт-шыт болған кездері бола тұрса да шаруашылық түрі, тілі, мінезі, кәсібі, ойын-күлкісі, құмары мен безінері т. т. бір бұзылмаған.

Менің ойымша Керей-Жәнібек тұстарында бастары қосылған қазақ елі Қасым мен Тәуке арасында ұлт болып үлгірген (1500-1700 жылдары). Осы ұлттықты ыдырататын күштер де, ұйымдастыратын күштер де бар — алыс-жұлыс күресте:

Хорезм, Хива, Бұхар, Самарқант, Ташкент — қазақ хандығы — Тәукенің кезі. Тәукеден кейін қайта ыдырап кетті. Әбілмамбет, Абылай, Әбілқайыр, Сәмеке бұлардың бірде-бірі қазақ елін тұтас біріктіре алған жоқ, ыдырата түсті.

Осыған қарап қазақ жалпы ұлт бола алған жоқ деуге болмайды. Қазақтың тұрақты мекені бар. Бүгінгі жері сол ескі мекен, Азия, Азия топырағы, Азия суы, Азия аспаны, Азия кеңдігі.

Қасым (1448-1578-23), Тәуке 1718 ж. өледі.

Сонда Қасым мен Тәукенің арасы ең бері салғанда екі ғасыр — 200 жыл.

Кейде ыдырап, кейде қайта қосылып жүргенімен Қасым туының астына жиналған ел сол туды тастап біржола кете алмаған, қайрылып келіп жинала берген. Тәукенің тұсында осы күнгі бар елдердің шумағы түгел: Қыпшақ, Үйсін, Алтын, т. т.

Елдің — ұлттың ыдырауына қайда да, қашан да елді бөліп-бөліп алып билейтін хандары, сұлтандары, болыстары кінәлі.

Патша әкімдері орта жүз бен кіші жүзді екі губернаторының қарауына бөліп берсе де, Ұлы жүз Шымкент, Ақ мешіт, Әулие Ата Қоқан, Хива, Ташкент билеуіне қарап қалса да, ішкі тұтастығы ыдырамаған, атына мініп алып Алтай-дан шығып Астраханға дейін бір түйір ашы құртсыз-ақ жүре беретін. «Тамақ елде, бала белде, қатын жолда».

Осының бәрі де біздің үш жүз алда қашан бір ұлт, туысқан халық екендігін көрсетеді. Жинақтағанда:

1. Қазақ халқы мал өсірген көшпелі ел; ғасырлар бойындағы мекені осы күнгі Азия даласы.

2. Тілі, салты, әдеті-ғұрпы, ескі әдебиет жұрнақтары, ертегілері, мақалмәтелдері, мінездері, орамдылық, орамсыздықтары бәрі бір. Туғаннан бастап өлгенге дейінгі еркек-әйелдің тіршілігінде айырма жоқ.

Бір кезде Қыпшақ пен Үйсін Несториан дінінде болған, оған дейін олар да, қазақтың басқа рулары да әр нәрсеге табынған ғой. Ғажап нәрсе бүгінгі қазақтың әдет-ғұрпында Несториандық ешбір белгі жоқ, одан арғы аруаққа, отқа, суға табынатын әдет сақталған. мысалы:

а) Жазғытұрым бие байлағанда желі қазықтарға айран құяды, айғырдың жаясына айран құяды.

б) Алғаш күн күркірегенде (көктемде, әрине) ожаумен киіз үйді айнала сабалайды, сыртынан, жабық тұсынан.

в) Қызды ұзатарда «Отқа құяр» деген кәде бар. Арғы түбі қыз бен күйеуді екі оттың арасынан өткізеді. Соған құрмандық ретінде мал сойылады.

г) Қазақтың әдет-ғұрпына өшпейтін әсер еткен Ислам діні. Бұл діндарлық орната алған дін емес, көбіне көшпеліліктің тұрпайылығына тыйым салып, әдеп, инабаттық, сыпайылық дәстүрлеріне Ислам көп нәзіктік қосқан.

Менің атам, Кежімбай Мүсіреп баласы, бес уақыт намазды қалдырмай оқиды: отырып-тұруын, оқитын дұғаларының бірін қалдырмай оқиды. Мен молладан үш жыл оқығаннан кейін атамның оқитын дұғаларын тексерсем, бір дұға білмейді екен! Жығылу-тұрудың бес уақыт намазда қанша екенін біледі, неше рет қол жайып иек сипауды да түгел біледі. Бірақ, бір дұға түгіл, бір ауыз арапша сөз білмейді.

Дегенмен, атам намаз оқығанда мен атамның жүзіне ылғи қарайтын әдетім болды. Намаз үстінде атам керемет ажарланып кетеді. Атамның мұндай ажарлы, мұндай мейірімді, мұндай таза кескінін мен күнделікті бір көрген емеспін. Ол құдайға шын жалынып тұр, күнделікте қандай күнә жасап алғанын мойнына алып енді кешірім сұрайды. Соған бет алғанда-ақ, ол тазаланып, ажарланып кетті.

Қысқасы, бір елдің мекені, туысқандығы, тілі, күн көрісі, мінез-құлқы қашаннан бері бір болса, сондай елді ұлт деп таныр болсақ, қазақ та бір ұлт.

* * *

Шаңырақты еркектер көтеріп бергенмен, үйді әйелдер тігеді. Шидің ішін, үй жиһазын түгел әйелдер жинастырады.

Тезек теру әйелдер мен балалардың мойнында, ағаш отын, сексеуіл отын еркектер мойнында.

Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ақ түрлі жұмыс істейді: көлден су әкеледі, шай құяды.

Жұмыстың басқа түріне қайынененің қолында жаттығады.

* * *

Шіркін, неғып еврей қызы Мариям, Жүсіп түгіл, Құдайды да алдап кететін қатын Кранах старший салған Мадонна ғой!

Өзгесін былай қойғанда шешесі де, бала да ұлтын айқын айтып тұр.

* * *

1. Рафаэль Санти. «Мадонна с безбородным Иосифом»... Жүсіп балаға – әй, ойнастан туған неме! – деп қараса, бала да оған жатсырап қарайды. Мариям-анамыздың өзі Жүсіпке «сенен мұндай бала қайдан тусын...» - деп одырайғандай.

2. Понтормо (Яков Каругчи) суретші Жүсіпті одан да айқынырақ көрсетеді; қырланған, безінген, амалсыз көнген адам.

3. Ан Сандерес Ван Гемессен (Нидерландск. худ.-к) «Святое семейство».

Жүсіп әйеліне сенбей қойған, балаға іші жылымай қойған, өзі әбден қорланған жан.

СОРЛЫ ЖҮСІП

Алайын деп жүрген қызың әлде кімнен буаз болып қалса қиын ғой. Әсіресе Құдайдың өзінен буаз болып қалса не істей аласың? Аузыңды толтырып, айызыңды қандырып боқтай да алмайсың ғой.

Құдайдан ізгі хабар келді, қасиетті рух ақ көгершін шұқымасын шұқып, тұмсығымен бала жасап кетті дегенге сорлы Жүсіп өмір бойы сене алмай кетті. Өмір бойы қорланып өтті.

Жүсіптің сол ішкі қорлануына құрмет көрсетіп «Святое семейство» суретін салған Христиан діниндегі суретшілердің бәрі де Жүсіптің сол жайын анықтай суреттейді.

* * *

1835 жылы

Сібірге қараған бірнеше округтерде адам саны:

Қарқаралы округінде:

(қазақтары)

Еркегі – 55.039. әйел саны еркегінен 18.331 жан артық.
Әйелі – 73.3.70.

Көкшетау округінде:
Еркегі – 26.187. әйелі – 544 адам артық.
Әйелі – 30.731.

Ақмола округі:
Еркегі – 23.749. әйелі 9.574 жан артық.
Әйелі – 38.323.

Аманқарағай округінде:
Еркегі – 33.271. әйелі 5.949 жан артық.
Әйелі – 39.230.

Қазақ халқының (Орта жүздегі) өсуінде бір кінәрат барлығы айқын көрінеді: еркектері ылғый аз, әйелдері көп.

* * *

СОРЛЫ КЛЕОПАТРА

Әуелі 13 жасар інісіне қосады (Птоломей XIII). Ол суға кетіп өлгеннен кейін, Цезарь оны 10 жасар інісіне қосады. Ерлі-байлы екеуі Египетті билеуі керек.

Жиырма жасында 1 жастағы інісінің шәлдір шөппейіне жарымаған Клеопатра 25-тегі әйел, 10 жастағы інісінің шынашақтай немесіне қайдан жарысын...

Інісінен бір ұл тапқан, аты Птоломей – Цезарь (дәлі Цезарьдың белінен болса керек) Александрия соғысы біткеннен 3 ай кейін туған.

Үш жылдан кейін Цезарь өлген соң, Антоний – Цезарь ол бала менікі еді депті.

* * *

ҰМСЫНҒА

1. Бұл Клеопатра шомылған бассейн екен.

Ұлы Ескендір, Юлий Цезарь, Помпей мен Антоний шомылған бассейн екен (бала осыны зарлап айтады[14]).

2. Қарындасының ояң-ойпат, дөң-дөңкес жерлерінің бәрі танылып тұр. Қызыл жібек шомылу көйлекшесі денеге жабысып сұлулық – сыйпатын да, дененің бар бітімін де жасырмай тұр. Ағасы...

- Мен жуынып, киініп келейін (Ұмсын кетті).

3. Қара шашты, сарғылт шашты қыздар енді көрмеген адамға таңырқанып қарап тұр: кесек денелі, киім пішімі жат, қара мұртты т.т... жас жігітті... Бұл Тілеміс.

* * *

[14]Бала болмас, әтек күзетші болар-ау.

АЙ АТТАРЫ:

Март – Наурыз (ф) 31 күн
Апрель – Сәуір, 31 күн
Май – Жәузә А 32 күн (Егіз)
Июнь – Саратан ф 31 күн (Рак)
Июль – Асет (Ф), 31 күн (Арыстан)
Август – Сүмбле (Ф), 31 күн (Колос)
Сентябрь – Мизан, 30 күн (Весы)
Октябрь – Акраб, 30 күн (Скорпион)
Ноябрь –Қауыс, 29 күн (Стрелок)
Декабрь – Джедде, 29 күн (козерог)
Январь – Дәлго, 30 күн (Водолей)
Февраль – Хут, 30 күн (Балық)

365 күн.

1. 15 мартта күн мен түн теңеледі.
2. Сентябрьдің орта кезінде күн қысқара бастайды.
3. Наурыз – фарсы. Өзге айлардың аттары түгел арапша.
4. Астроном Қазбек Сұлтан (Байбақты руынан) наурыз айының басталуын 13 күнге кейіндеткен. Онысы осы күні 13 күн емес пе екен? (25 октябрь 7-8 ноябрьге көшті ғой).

* * *

Жер өсірінің ең тағы кезеңдерінде, миллиондаған жылдарда, от та, су да, күннің күркіреуі де ғажап күшті болу керек. Қайнап, бұрқырап, бірін-бірі домалатып әкеліп отқа тастап жіберетін болар. Су тасуы тоқтамастан жер шарын орай-орай сабалаған болар. От дегеніміз бәрін ерітіп, бәрін әлде неше мың рет балқытып, аударыстырып, ауырын төменге, жеңілдеуін (салмағына қарай реттеп) үстіне шығарған болар.

Соны өзі дүние күші, жаратылыс күші емес пе? Сол от күші, сол су күші қазір қайда? Дәуірлер, ғасырлар өткен сайын сарқыла берген ғой.

Сол күштердің бір кезде түгел сарқылып болмасына кім кепіл? Жердің бойындағы барлық энергия запасы бір кезде таусылады ғой!

* * *

Наркөз – бұйрық Ван-ханның ұлы атасы. Оны татар ханы Нор-бұйрық тұтқынға алып қара қытайдың ханына жіберген. Ол Наркөзді «ағаш есекке» шегелеп, азаптап өлтірген.

Біраз жыл өткен соң Наркөздің әйелі Күтіктап Татар ханы Нор-бұйрыққа кісі жібереді: достасайық, мен 100 қой, 100 саба қымызбен келемін, 10 сауын бие әкелемін, басқа сыйлығым өз алдына...

Нор-бұйрық қабыл алады. Күтіктап келеді...

Қойларды сойып береді... 100 сабаны дастархан жайылған жерге түсіртеді. Нор-бұйрық бекзадаларымен тамаққа отырғанда 100 сабаның ішінен 400 батырлар шыға келіп, Нор-бұйрықты (мүмкін Нар-бұйрық болар?) бекзалдарымен бірге қырып тастайды.

Ол кезде татарлар Бүйірнор көлінің маңайында Керейлермен көрші, өзі жауынгер ел, керейлерге дамыл бермейтін, шауып ала беретін...

ЕР ҚОҢЫРАТТАР

1. Қареке деген қоңырат Әмирі. Шыңғыс оған қызымды беремін дегенде, Қареке:

- Қызың көлбақадай, әрі кетсе тас бақадай екен, алмаймын! – депті. Шыңғыс оны өлтірген әрине.

2. Қоңырат әмірі Дай – Ноян қызы Бөртені Шыңғыстың өзі сұрағанда көпке дейін бермеген.

* * *

Қазақ жылқысының танауында төрт тыныс тесіктері болады екен («Четырьмя продушинами в ноздрях»).

(А.И.Куприн, стр. 492, том III).

* * *

Нигер-бегім Жүніс сұлтанның парсы әйелінен туған, әуелі Жадіктің, одан кейін Қасымның әйелі.

Жәнібек – Барақ ханның баласы, Керей – Болат сұлтанның баласы.

Дешті Қыпшақтың көне қалалары Сауран, Созақ, Мосы Сайрам, Сығанақ – Орысханның астанасы.

* * *

Европаның 7 кафтанын өртеп-ағызғанда еріп түскен таза алтыннан 4 шандал (май шам құндағы), 6 тарелке, 2 шкатулка жасалған, бәрі де таза алтыннан.

ЖОСПАР

1-көрініс

Алау-жалау Күн құдай алдында табынып тұрған Эхннатон мен Нефертити.

Оларға табынып құлшылық еткен халық. Бірінші хор. Эхан-ға. II-хор Нефер-и Эхнатон – Нефертити.

Бірі күн харамын мақтайды, бірі тым қымбат, тым үлкен екенін айтады, қанша адам қырылған, т. т. Енді Сарай салынып кипа – (жалғыз келіп)

мадақтау, таңдану айтады. Адам арманына, адам ойына сыймас еді, құдай ұлы Эфнанюннің ойына сыйғаны оның Құдай ұлы, - Құдай екенін дәлелдейді... II-Табыныс тоқталғаннан кейін әр елдегі елшілері қатымданады.

Месопотаның (Метаның) алым-салықты азайтуды сұрайды екен. Соқыр теңіздің ар жағындағы көпшелі елдер бағынбаймыз депті.

Нил он күн кешігіп тасыды – жақсы хабар... – дей отырып Амен – Хотен IV хабар әкелгендерді өлімге бұйырады.

– Өлім!

Енді көп құдайға табынуды жақтайтындар патша алдында.

– Бір құдай барлық тіршілікке жете бермес... Көп құдай ақылдасып отырып басқарғаны дұрыс болар.

– Күн құдай бәрін көреді.

– Түнді көрмейді ғой...

– Дұрыс... Өлім.

Нефертити талып кетті.

* * *

Хор (сахна ашылғанда)

– Сенің сұлулығыңды бөліп берсе, барлық жер жүзіндегі әйелдер сұлу болар еді.

– Сенің мейірімділігіңді барлық патшаларға бөліп берсе, барлық патша зұлымдық дегенді ұмытар еді.

– Сенің әдептілігіңді бөліп берсе, барлық адам баласы әдепті болар еді, т. т.

СОҢҒЫ ХОР:

Өлмепті сұлу, өлмепті көрік, өлмепті әдеп – жоқ бопты! Жоқ бопты, ғайып батып кеткендей. Ант ұрған ұлым бата алмапты әкетуге дүниенің жалғыз ғажабын. Патшалар өлер, басқалар да өлер, сұлулық өлмес, мейірім өлмес, әдеп өлмес, мәңгі қалар... т. т.

САХНА

(Нефертити мен Эхнатон)

– Сіз неге намазға келмедіңіз?

– Мен сізден бұрын келдім, патшам.

– Онда менің қатарымда неге тұрмадыңыз?

– Сіздің қатарыңызда басқа бір адам тұрмады ма? Мен содан іркіліп қалдым.

– Қатарымда емес, соңымда...

– Бірақ, Храмға бірге келіп кіргендей болдыңыз...

— Тәңірінің ұлы... Әмен хотен жалған айтатын болғаны да мені өтірік айыпты деген адамды от пен қылыш күтетінін, шындықты сүймейтін Эхнатон өзі айыпты деп ұғынарсың.

Нефертити мен Эхнатонның айрылысар алдындағы бір кездесулері. Қия естиді, кете береді.

* * *

Ауыл-ауылдың түтіндері араласып жататын бір кеш. Көш жөнекей жаппада, әр үйдің пісіріп жатқан тамағының иісі араласқан көш.

* * *

Қазақ елі Ұра Мөңі өзі ойлап, өзі ізденіп тіршілік деген кең майданда сыйламаған ел, әр бағынышлық қашанда осыған әкеліп соғады.

Біз оқып жүрген кезде математик, физик, философияға ыңғайы барлар сирек емес еді. Ол шын-ақ тереңдеп кетері бар бейімділік пе, болмаса шағын шектеліп қалары бар ма, ол да сыналған емес. (Ән мен өлең өз алдында бұла бір кең сайран).

* * *

Қазақ халқының ең көп соғысқаны Қыпшақ пен Кіші жүз.
Еңку, еңку жер шалмай,
Қоңыраулы найза қолға алмай
Ерлердің көңілі бітер ме?..

(Махамбет).

* * *

РАКЕТА

Американың «Скайлайт-3» ракетасы — биіктігі 100 футтан артық. Өткір ұшталған қызыл қарындаштай (тік тұрғанда). 98 тонна. Дыбыстан 20 рет ұшқыр. 19 миллион доллар тұрады.

Бұл екінші ракета.

3 миллион фут көтеріледі. Торпедаға ұқсайды. Құрғақ дәрімен атылады, жанар дәрі 90.000 фунт.

Ракета адаса бастаса телевзрывательмен жарып жібереді, бұзады. Ракета миллион фут көтеріліп кетсе оны жара алмайды.

* * *

«Татып көрмеген тәттіміз» (менікі).

«Татып кеткен тәттілер» (Нәдір Байқуатов, филолог).

1. Татып-дәмін татыпты...
2. Татып-айнып, бұзылып мағынада.

* * *

Сүлеймен патшаның саудадан, араб халықтары төлеп тұратын алым-салықтан келетін жылдық кірісі 22.825 кг. алтын екен (Зенон Касидонский – «Библейские сказания»).

Оның үстіне Израиль халқынан малдай, азық-түліктей, жеміс-жидектей алып тұратыны тағы бар.

(Даут ұлы Сүлеймен 872-932 ж., 40 патша болған).

* * *

Аңызғақ – аңыз егілген жер. Жазғы ыстық жел сол жерді кептіріп «қағып» кетеді. Бұрын бұл желді «аңыз қақты» деген, кейін тілге жеңілейтіп «Аңызақ» атаған. Аңызақ емес «Аңызқақ».

* * *

ЖЕТІСУ ТАУЛАРЫ

1. Матай
Түлкілі
Сары тор
Сатылы
Шажа
Қора
Саин бөлек
Сары қора
Көпірлі
Ақтасты
Қара үңгір
Қара сырық
Шұбар
Тоқта
Барлық
Шолақ
Сары бөктер
18. Қоңыр тау
19. Шыбынды
Текелі
Аршалы
Жабық
Кендірлік
Тарбағатай
25. Ала тау
Баян жүрек

* * *

Ислам, Буддизм, Христиан діндерінің ең арғы түбірі зороастризм («Авеста»).

ЖЕТІСУ ӨЗЕНДЕРІ

1. Іле
Бызы – Айнабұлақ
Көксу
Қаратал
Ақ ешкі
Қызыл ағаш
Бүйен
Ақсу
Сарқан
Басқан
Лепсі
Шынжылы
Үш тентек
Жаманты
Ырғайлы
Тоқта
Шыңдалы
18. Аякөз
19. Ай
Барақты
Тесіп аққан
Үржар
Құсақ
Қасынсу
Көктерек
Емел
Шаған тоғай
Тасты
Дулаты
30. Шу
Қаскелен
Ақсай

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ТУРАЛЫ:

3. Заман деген бір күнде орнап, сол күні-ақ бар мазмұнын бастан-аяқ айқындап беретін базар емес, ұлы да ұзақ сұрыпталатын кезең. Оның әліпбиінен бастап философиялық мазмұнын бір күнде ұғыну қиын.

Өйткені заман – Эра әртүрлі дәуірге бөлінеді; балалық, жастық, есейген, ержеткен, кемеліне келген кездері бар.

4. Заман сол кезеңдерінде әртүрлі сипатта болу мүмкін; заман әр кезеңінде әртүрлі адамдар арқылы өседі де, кейде тартады, кейде бездіреді, қорқытады... (Ленин, Сталин, Хрущев, Брежнев) сендіреді, (Голощекин, Мирзоян, Скворцов, Шаяхметов) сүйіндіреді, күйіндіреді, кері тартқызады, ілгері жетелейді, т. т.

5. Ақын мектебі – Блок, Фет, Абай, Брюсов...

6. Алаш пен ақын.

7. Ақын ұясы.

8. «Мен бәріне де сенемін» (Марк Твен.)

9. Бет алыс, жалғас.

10. Қоғамдық сот.

11. Қоғамдық айыптаушы. Сәбит.

12. Сәбит 21ж. Пресногорьковте; екі түн Мағжан өлеңдерін айтып еді. Әдейі соны үгіттеуге шыққандай еді.

13. 18-жыл Омбыда мұғалімдер курсында; Сәбит Ғазизаның үйінде атшы қаражорғаның Құлауы, ұят жанжал. Сәбит ол үйден кетеді... Ол үйге оны Мағжан орналастырған.

* * *

Қазақ халқының ертеден келе жатқан қадірлі өнегелері:
— Малым — жаным садағасы, жаным — арым садағасы!
— Дені саудың жаны сау!

* * *

«Вещество бессмертно».
(Соломон).

* * *

Өкімет алдына екі-ақ рет сұранып барған екенмін:
1) 1957 ж. Жазушылар одағына осы күнгі үйін сұрап бардым.
Осы күнгі өзім тұрған пәтерді сұрап бардым (1969 ж.).

* * *

ҰМСЫН

Ұмсын — Жансақалов Жүсіптің қызы (Есіл бойындағы Самай) — 1885 ж. туған. Ағасы — Тілеміс зергер, ағаш шебері. Ғашық жігіт Нұрке Тоқтабаев, Кішкентай Жолке баласы.

Бірі сері, бірі азулы.
Нұрке 1876 ж., Кішкентай — 1885 ж. туған.
Шериаздан Торсанов.
Ақлима Нұрқан қызы.
Бәкен (Ұмсынды осыған қосады). Торсан.
Ұмсын Александрияда 5 жыл оқып келген.
«Кәрі қыз».

* * *

Бойындағы күшін қайда, қалай шығаруға орын таппай жүрген жас жігіт, палуан, соқтықпа, барымташы, әнші еді. Майданға алып қашқан осындай жігіт екен. Ол ұры емес, сері (Сырым емес Есет).

* * *

Байдалы-би.
Тіленші шешен (өзі болған кісінің ата-тегін сұрама).

Тоқай –

«Көшпелі көп керей көше алмайды Сыбансыз!»

– Кесім: төрт мылтық жарты сағат атады, қозғалақтап тұруына болады. Ақыры есірік болып мешітке кіріп, бұзылған сағатты түзеп береді...

* * *

Адам баласы бірдемеге сенбей, арқа сүйемей тұра алмайды, сол сенімнің аты – дін, ең арғысы саяси сенім дегеніміздің өзі халықтың басым көпшілігі үшін дін! Қадір-қасиет жағынан қарағанда діннен төменірек, сенімділігі табанды – тұрақты емес нәрсе.

Жад-Жаһад – жадымда қалмапты.

Иәһамла – олла.

* * *

ҮШ МІНЕЗ

1. Ұлпан

2. Ұмсын

3. Майра.

1. Ұлпан – Есеней.

2. Ұмсын – жынданбаған, өмірден баз кешкен, әдейі жынды десін деген. Адамға көрініп, аяушылық күтпеген; өз еліне қайтып кіріп жатуды ойлаған. «Өлімнен ұят күшті!»

3. Майра – алғашқы алып қашқан Сәкеннен кейін, соны сүйгендігі сонша, ол ұсталып хабарсыз кеткеннен кейін ешбір еркекті қабылдамаған; күштеу арқылы тие берген, қосыла, аяғында бәрінен безініп әнші Майра болып кеткен.

* * *

КЕРІ – АҒЫС

Ертіс – Об, Нұра, Торғай, Сарысу... Сыр, Арал теңізі.

* * *

ҰЛПАН – ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ ТУУЫ

Атақты әке арқасында, өзінің табиғи дәрісі арқасында – қазақтың жаңа әйелі туды. Аты – Ұлпан еді. Ол өзінің кім екенін таниды, біраз іздеді, тапқан сияқты. Сол үшін ол Есенейге тиді.

Қызық-ау, Мариям ана мен Рафаэльдің «Сикстинская мадоннасына» дейін неше жүз, неше мың мадонна жасалды екен?

Адам оны аяқтап келгенде, Құдай анадан адам анасына жетіп соңғы қорытындысын тапқандай тоқтам тапқан!

Ол тоқтам Рафаэльдің Сикстинская мадоннасы.

* * *

Бір тентектің ақыл айтқан үлкендерге қайтарған жауабы.

– Спасибо – рахметун,

Сами его жазатун!

* * *

Әуесхан бет-аузы жара, қан... көйлегі жыртылған, үсті-басы батпақ... Үйіне келді.

– Апа, йод!

– Ақырын... Әкесі келіп қалды...

– Йод! Марли! Стерилизованный.

– Ақырын деймін!..

(әкесіне шығады).

– Не болды?

Күндестіктің күңкілі өтіп, зәрі жетіп қалғанын ойламапты жанға сенгіш сорлы Ақан!

– Ә!.. Ештеңе етпес... Жо-оқ... Дереу больницаға бару керек...

– Өзің майла да, өзің байла! Дәрігер емеспісің!

– Жоқ, мен жүрек ауру дәрігерімін.

Сұм заман сыбағама сені-ау берді...

* * *

ҚАН ТАРТЫП...

Шығыс Сирия – Мадер тауларының арасында (Мексикадан алыс емес), бір сегіз гектар қорық жерге қысқа қарай 90 миллион көбелек ұшып келіп, ағаш басына жапырақтай жабысып қыстап шығады екен. Жазғытұрым тік көтеріліп ұшып кетіп, Канаданың оңтүстігіне жайлайды. (Көбелек аты Монарх – патша, сұлтан т.т.) Шын тұрағы осы Канада жері. Жаз бойы ата – әке – бала – немере буындары өліп, шөберелер ғана қалады. Бұл шөберелер жоғарыда аталған қыстаққа келіп қыстап шығады, қашаннан бері өзгермей келе жатқан бір қызық жағдай. Сириядан Канадаға қарай ұшқанда бұл жолды білетін көбелектер бар. Ал енді қайтадан Сирияға (қыстауына) қайтарда, бұл жолды білетін бір де көбелек жоқ! Мұны генетическая память дейді екен.

* * *

«ҮШ ЖҮЗ!

Бұл «Үш жүз» жаңа ғасырлардан бұрын деген пікір дұрыс сияқты. «Ұлы, Орта, Кіші».

Қасымның хан кезінде (1511-1529) орыс патшалығы Қазан, Астрахань хандықтарын жою күресінде.

Данил Губин 1534 жылы туған хандықта уәкіл болып барған, Абылай депті: қазақтар күшті дейді, Ташкентті алыпты. Сібір ханына (Көшімге) қарсы тұрмақ.

Қасым ұлы Хақ-Назар – 16-ғасырдың орта шенінде «Ұлы жүз» деген хандық жасайды. Бұл кезде қазақ халқы негізінде Қара Торғай, Талас, Сарысу, Шу бойларын жайлайды.

Моғолстан мен Ташкент бегі баба-Сұлтан қосылған соғыста Хақ-Назар өледі.

Хақ-Назар-Шығай – Тәуекел хан.

Тәуекел Ташкент, Түркістан, Ақсу, Андижан, Самарқант қалаларын алған. Бұхараға екі рет шабуыл жасайды. Екінші жолы жараланып Ташкентте өледі. Тәуекелден кейін оның баласы Есім хан болады.

* * *

Тәуке хан елшілікке (Тюмень қаласына) Сары, Келден, Тұманшы, Қабай, Тайқоңыр деген адамдарды жіберген.

Қайып – Қабан, Табан, Қожық, Түркіби (тарқан, шапқыншы) батырларды жіберген. Тюмень оларды түрмеге жапқан, патшаға қарай жібермеген.

Петр патша, Сібір губернаторы С.Салтыков, Андрей Неприясов, Василий Кобаков, Жолай Шаманаев (тілмәш) татар.

Сарының әйелі – Айғанша, Тәукенің әйелі – Меруерт, қызы – Ақбалтыр. Түркібиі – Келденнің қайын атасы.

ХАН ОРДАСЫ ТҮРКІСТАНДА

Созақ – Соғыстық қала. Жоңғар жақта бекінісі.

Тәуке – өлерде (1718) «Ақтабан» боларын айтып өледі.

* * *

Қазақтың аталары:

Үйсін, Қаңлы, Делин, Жалайыр, Дулат, – Ұлы жүз Жетісу, оңтүс.

Найман, Керей, Арғын, Қыпшақ – Орта жүз. Шығыс, солтүстік.

Алшын, Шекті, Бай ұлы – Кіші жүз. Бұлар Арал – Каспий даласында.

ТӘУКЕ!.. ТӘУКЕ!..

Тәуке-хан Тобыл (Тюмень) басшылары арқылы орыс патшалығымен достық жасауға бес рет өкіл жіберген.

Қабан, Табан деген хан тұқымдары Тәукені күндеп, олар да өкіл жібереді.

Әңгімеге дұдамал араласады. Тоқырасып қалады. (Қабандар, әрине пайда таба алмайды).

Сондықтан олар орыс деревнясын шабады. Сондағы ұрандары «Тәуке!, Тәуке!» (Пәлен Тәуке Жаппаке).

Орыс басшылары Тәукеден құн сұрайды.

Тәуке: «кім шапса, соны сен де шауып ал», – депті.

Орыстар әрине күшті. Қабанды шабады.

Сонда олар қысылып: «Тәуке! Тәуке!» деп Тәукеге жалынып келеді.

Бітімді Тәуке жасайды, әрине.

(См. Басин, стр. 107-108).

Мұрындықты хан сайлағанда ақ кигізге салып көтеріп жүреді.

Қасымды хан сайлағанда ол ақ киізге туын орналастырды да, өзі көтерушілердің ішінде келе жатады.

Мұрындыққа хан киімін, хан белгілерін кигізуден бұрын әуелі өз киімдерін шешіндіріп, басты киімдерін мырзаларша бөлісіп алып ішкі киімдерін жұртқа жыртқы етеді.

Содан кейін асыл киімдер, құндыз бөрік, қылыш (алтын сапты) береді.

* * *

Юпитер Құдайдың (Хр-н құдайларының ең үлкені) әйелі Леда Аққуға беріліп қойып, екі жұмыртқа тапқан. Екі жұмыртқадан екі ұл шыққан!

Рубенстің «Левкиптің қыздарын алып қашу» дейтін суретінде, қыз алып қашатын екі жігіт солар.

* * *

Россинат кімнің аты еді осы? Дон Кихоттың аты ма еді? Ескендірдің аты Буцефал. Мұхаммедтің аты пырақ. Ғалидың аты Дүлдүл.

* * *

Отолейрин – Саңырау болып қалудың дәрісі, (12 сеанстан 3 рет – 36 рет емдеу керек).

* * *

БОЖАҚ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

1. Шаян,
2. Таразы,
3. Арыстан,
4. Егінгер,
5. Сиыр,
6. Балықтар,
7. Суарушы,
8. Қаз,
9. Шаян,
10. Қой,
11. Ақша,
12. Ешкімүйіз.

* * *

Қымыздан кенде болғанымыз жоқ. Сыйлықтан кеміс болдық.

* * *

ҚАТТЫ ҚИРАҒАН СӨЗДЕР:

Сен неғып атсын, әй? Келеятып көрдім, ода осы яққа келеятыр. Қаяққа барасын деп сұрағам жоқ.

* * *

ҚАЗАҚТА ЖЫЛ, АЙ, КҮН АТТАРЫ

1. Жыл аттары хайуан аттарымен аталуы, әрине, арғы көне замандарда мәдениетті болған елдердің табысы. Соның ішінде мен фарсы халқының табысы деген пікірге қосыламын. Грек, Араб, Фарсы, Қытай сияқты көне халықтардың бәрінде де уақыт мерзімі аталмай қойған жоқ, әрине. Ал жалпыға ортақ хайуан аттарымен аталатын жыл аттары фарсы ойшылдарының табысы сияқты.

Жыл аттарында қалаулы-қалаусыздық, ұнамды-ұнамсыздық нышандары жоқ, ғылым ғана табар, ғылым ғана белгілер принцип бар. Ол принцип оңай шатастырып әкетпеуді ескеріп, жыл аттарын бір адал, бір харам хайуанның аттарымен кезектестіріп алынған.

1. Тышқан,
2. Сиыр,
3. Барыс,
4. Қоян,
5. Ұлу,
6. Жылқы,
7. Жылан,
8. Қой,
9. Мешін,
10. Тауық,
11. Ит,
12. Доңыз.

Ұлу – Дракон,

Мешін – маймыл.

Хайуан аттарымен аталатын жыл аттарының дұрысы осы:

Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылқы, Жылан, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз. 12 жыл.

Қазақ және тағы біраз халықтар жыл қайыруында жыл аттарының қалай құрылған негізгі принципі бұзылып кеткен: екі адал жылқы мен қой қатар тұрып алған.

Мұны Шоқан да байқамаған.

2. Қазақша ай аттары:

Наурыз – март,

Көкек – апрель,

Мамыр – май,

Маусым – июнь,
Шілде – июль,
Тамыз – август,
Қыркүйек – сентябрь,
Қазан – октябрь,
Қараша – ноябрь,
Желтоқсан – декабрь,
Қаңтар – январь,
Ақпан – февраль.

Уақыт мерзімдерін атауда қазақ тілінде ең табылған атаулар да, өзімдікі екендігіне дау туғызбайтындары да осы ай аттары.

Сонымен бірге осында да атау орны ауысқан екі ай бар ма деймін: қазақ қаңтар – ақпан деп еш уақытта айтпайды, керек болса, айта алмапты, ол тіліміздің сөйлеу дәстүрін бұзар еді. Біз ылғи Ақпан – қаңтар деп сөйлейміз. Сондықтан мен осы екі айдың аттары ауыс тұра ма деймін.

Дұрысы – Ақпан (январь), қаңтар – (февраль) болуы керек.

3. Қазақ тілінде күн аттары жоқ. Бірақ, болмауы мүмкін емес. Адам қоғамына жыл мен айдан гөрі, күнде кездесетін күннің аты болуы өте қажет емес пе? Көне түрік хандықтары бар, көне елдеріміз бар, солар күнді атамай-ақ жүре беруі мүмкін емес. Жылды, айды, жылдың төрт мезгілін білген ел, соларға ат қойған ел күнге ат қоймауы мүмкін емес.

Мен осы жайды сұрастырып Ленинград профессоры, атақты түрік тарихын зерттеуші Н.Гумелевқа хат жазғаным бар (оған 6-7 жыл болды).

Ол кісі – егер түрік тілінде күн аттары болса, ол планеталардың атымен қойылған болу керек деп жауап қайырды. Мен онысына ден қоя алмадым. Өзім ізіне түсіп зерттей алмадым, қалай зерттеудің әдісін біле де бермеймін ғой.

Дегенмен, осы мәселе ойымнан кетпей қойды.

Ойлана келе менің тапқаным мынау болды:

Қазақта бес күннің атауы бар емес пе? Бар, Алдыңғы күні, кеше, бүгін, ертең, арғы күні.

Осыған қарағанда қазақтың аптасы («жұмасы») ерте заманда бес күндік болуы мүмкін, күн аттары жоғарыдағы – алдыңғы, кеше, бүгін, ертең, арғы күні...

Мысалы – а) фарсының күн аттары деген немене?

Сембі – күн деген сөз.

Як-шанбі – бірінші күн,

Ду-шанбі – екінші күн,

Ииіп-шанбі – үшінші күн,

Шар-шанбі – төртінші күн,

Пянж-шанбі – бесінші күн,

«Жұмаға» араб тілінде – фарсылықтар мұсылман болғаннан кейін қосылған күн.

б) Орыс тіліндегі күн аттары:

Понедельник – апта деген сөзден туады.

Вторник – екінші

Среда – ортадағы күн (аптаның ортасы)

Четверг – төртінші күн

Пятница – бесінші

Суббота – (не деген сөз екенін білмеймін, жебірейіл мейр адам депті),

Воскресенье – Ғайсаның қайта тірілуі.

Сонда фарсылар мен орыс халқының аптасы да, бұрын бес күннен шумақталғаны танылады. Түріктің, бері қалса қазақтың апталығы де бес күннен шумақталса таң қалуға болмайды.

Мен мұны зерттеп таптым, дәлелдей аламын дейтін ғалым емеспін. Тіршіліктің әр саласында әр кездің өз қалпына қарай зер салмасқа да амалың жоқ. Сондай бір кезде күн аттары сенің ойыма осылай оралды. Соны ортаға салғым келді. Ең болмағанда ойласуға түрткі болар.

Айлардың күндері жыл атауларының принципі бойынша бір отыз бір, бір отыздан кезектесіп отырса. Сонымен, меніңше, қазақта күн аттары болған. Апталығы да болған.

Күн аттары: алдыңғы күн, кеше, бүгін, ертең, арғы күн.

Апталық – бес күннен шумақталған.

Осы күнгі Дүйсенбі – сейсенбілер фарсылардың үстемділігімен келіп кірген. Айда алты бес күндік – 30 күн, жылда – он екі ай – 360 күн.

Он екі айдың аралықтарында 5 күн өліара бар, сонымен 365 күн. Қазақша күн аттарын екі түрлірек етіп атауға болады:

1) Бұрнағы күн, кеше, бүгін, ертең, бүрсікүні, одан арғы күні.

2) Алдыңғы күні, кеше, бүгін, ертең, арғы күні, одан арғы күні.

Бұлай болғанда апталық алты күннен шумақталады.

* * *

КОНСТАНТИНОПОЛЬ

1. Константинополь – Стамбыл империяның астанасы. Рим ішкі тартыстарымен берекесізденген кезде Константин император Азия мен Европаның астасқан жерінде жаңа астана салуды бастаған: 324 жылы бастаған, 330 жылы бітірген.

2. Рим империясының екіге бөлінуі.

Вестготтар, құлдар мен мемлекеттік өндірістердегі жұмыскерлер көтерілісінде Рим әскері жеңіледі, император Валент өледі, 372 жылы.

Рим империясы осыдан кейін есін жинай алмаған, берекесіздене береді.

Соңғы император Феодосий 395 ж. өледі, империяны екіге бөліп, екі ұлына меншіктеп кетеді.

Үлкен ұлы Аркадийға (18 жаста екен) Шығысты, кіші ұлы Гонорийға (11 жаста) Батысты береді.

Осыдан бастап Рим империясы батыстық, шығыстық болып екіге бөлінді. 395 ж. Көне Римде, көп құдайлы Римде, сұлу әйелдердің мүсінін мрамордан жасатып Храмдарға қоятын әдет те бар екен. Көне Рим сұлулыққа да табынған.

* * *

ШАЙМЕРДЕННЕН ҚАЛҒАН БІР МҰРА[15]

Тұрмысты көркейт дейсіңдер, тұрмысқа жағдайт дейсіңдер... Он екі қатын, сегіз сиыр бригадам бар. Жалғыз мен қалай жағдайт қылам? Осындай жағдайттан қандай көркейт болсын!

* * *

11 декабрь 1978 ж. Қазақ тарихының бас коллегиясының мәжілісінде Әлкей Каганович Марғұлан екінші рет былай деді: «Араб жолаушысы Әл-Фахиқ IX ғасырда Каспий, Арал теңіздерінің солтүстік жағында қазақ деген көп ел бар!» – деген. Олай болса біздің қазақ атанғанымыз ең берісі 8-9 ғасыр болады да.

* * *

ҰМСЫН

Бұл қыздың аты Ұмсын болатын.

(Повесть)

Ұмсын Жүсіп қызы, шешесі Қарашаш (Қареке атанып кеткен, Ұмсынның 7 жасында өлген). Шойман Жүсіптің шешесі, Жансақалдың әйелі, болыс болған адам.

Патшаның Анастасия деген қызы туған жылы Самай болысы Анастас болысы атанады. Шойманды жеңген Нұрғожа Анастастың атын білмей қалады. Шери айтып жібереді. Содан Шери болыс болады.

Шойман кемпірдің Ұмсынды Шериге беруге салмақ салғаны осыдан (Шери қыр Самайды бөлек болыс етуге уәде береді).

(Ұмсын 1908 ж. 24-те. 1884 ж. туған, 1917 ж. өледі).

Ұмсын – Надежда, ағасы – Тілеміс – (1880-1962) өрімші; зергер, ұста, киім тігеді, етікші, ақылды, зерек, оқымаған адам.

Ұмсынды алғаш айттырған Нұрке Есілбай баласы. Ұмсынның ғашықтары Ғалиянұр, Нұрғожа.

1

ҰМСЫН

Екі бәуеске, алты тарантаспен жас келінді алып келе жатыр. Ақлима Нұржан болыстың қызы, қасында қыз-келіншек, бала-шаға. Жас келінді қарсы алуға шығыпты.

Екі жеңгесімен келіншек, үлкен топпен шыққан Ақлима қарама-қарсы келе жатыр.

[15]Бала болмас, әтек күзетші болар-ау.

Шашу — өрік-мейізді, қант, конфет, құрт, бауырсақ... бір кезде түйенің құмалағымен атқылағымен атқылады келінді.

Күн де жауып, қатты күркіреп шелектеп жауып қалды: «Тимеңдер! Атама айтам».

Ақлима тобы оған қараған жоқ. Атқылап жатыр, атқылап жатыр.

Жас келін бүрісіп қалды.

Бұл келіншектің аты Ұмсын еді.

2

Александрия. Море, пляж.

Баспалдақпен бір көркем жігіт түсіп келеді. Ақ киімді, қара тебетейлі. Бұл Клеопатра мен Антонийдың пляжі. Бұл...

Қызыл купальник киген қыз жүгіріп келіп ағасының мойнына асылды: Ұмсын осы қыз. Ағасы өрімші, ағаш шебері, зергер, палуан, әнші Тілеміс, шомылып жүрген қыздар қоршап алды.

— Біржола кеткенің бе?

— Мына жігіт күйеуің емес пе?

3

Ұмсын Қызылжар медресесінде. Әл-Азхар. Мұхамед бин Вагиф мектебі, 12 фән, қожылдық. География, Тарих, Тіл, Әдебиет, Есеп, Дүние тану.

4

Шери пленный. Задержан 20 қысырақ в Мендігаре. Шоқан у Мінайдара. 20 лошадей конножавойника — Жуан — Хохола. Он нажимает на Торсана.

Нұрқан мен Мінайдар — құда.

5

Ақлима Нұрқан қызы. Ол өзінің үстіне Ұмсынды алдырар емес. Шери Самай баласы, атқамінерлердің аузын алып, Ақлиманы жіберіп, Ұлпанды алмақ. Жібереді жай сөз, тұра келе екі әйел сыйысып кетер деген. Ол болар емес.

Нұрқанның жігіттері Сыбанды қоршап алып тұр.

6

1. Шоқан Торсан ұлы Уақ болысы.
2. Шериаздан Торсан ұлы Самай болысы.
3. Арат Торсан ұлы Сыбайдың ең байына күйеу болады.
4. Бакен Торсан ұлы. Ұмсынды осыған атастырды.

7

Бітімі — Ұмсынды Бакенге, Айшаны Мінайдар баласына. Ұзамай Шоқан жарылып өледі.

Шоқан өлімі. Нұрқан жігіттері Торсан ауылын қамап алып бер деп әлек салып жатқан күндері, Торсан Исақанды Мінайдарға жұмсаған. Қолға түсіп қалған екі жігітті — Шөкен мен Терістаңба — қағазға ілініп босаса екен, орыстың малын қайырып берсе екен, деген.

Мінайдар Шоқанды үш күн қабылдамады, төртінші күні Шоқанның жегіп барған аттары жоғалып кетті (Мінайдар мен Нұрқан Қостанай уезіне қарайды, Торсан, Самайлар Қызылжар уезіне қарайды).

Шоқанның өзі көрген қорлығы, қызын еріксіз айттырғандары — Шоқан жарылып өледі.

8

Айша құдалығы.

20 құнан Торсанның алған қалың малына қосылады. Мінайдар енді 80 мал береді. Болды!

Келесі сайлауда Шериді Самайлар түсіріп тастады.

Ұмсын. Шери. Бәкен. Ауыл жігіттері Бәкен — Шери — Ұмсын қыз туды. Әке кім?

«Жынданған» Ұмсын, жаны ашыған Ақлима, Айша.

Жынданған белгілері:

Жалаң бас, жалаң аяқ отырады, түзге құман алып шығып, суға киімшең түседі, кейде сихр оқиды (Араб жырлары) Ләйлі —Мәжнүн, Омар Һайям, Софы Аллаяр Араб-фарсы тілінде бір сандық кітаптары бар екен!

Жынданды дегенге әуелі Ұмсын намыстанып жүруші еді. Енді осы ауылдан құтылу үшін өзі жынданған белгілерді ойлап тапты. Сарнау шығарды. Он жасар Айша мәсі киіп жүруші еді, оған кейде жалаң аяқ жүруді үйретті. Кешке ауыз шаю.

Ұмсын жынды атанды.

9

Еліне қайтуы, Ақан сері. Баспасөз жігіттері, 1917 жыл.

Ұмсын 30-31 жастарында әуелі өкпе ауруына, одан кейін сүзекке ұшырап өледі. Торсан үйінен соңғы рет қашқанда күзгі қара жаңбырлы суық екен. Ол — көрдік-білдік демейік, жолыңнан қалма депті.

1913 жылы өлді. Ұмсын жоқтау айтты. 1917 ж. қашып келіп Ақан бейітіне жетіп өлген. Қатар көмілген. Қарлы-жаңбыр, ылғи түнде жүреді, күндіз адам көрінсе көлге түсіп кетіп қамысқа тығылады, қуғыншылар... іздеушілер... Көл жағасында іздеушілер... суық суда түн болғанша отырады. Түнде жүріп кетіп Ақан моласына жетіп құлайды.

* * *

РЕВОЛЮЦИЯ

Бұл кезде.

Египет Түркияға бағынышты – суверенитет Турции. Египетті Англия басып алса да, өзіне қосып алған жоқ. Египет Түркияға жылдық шығын (дант) төлеп тұрады

Судан Англо-египетский деп аталады (1898 жылдан), Хедив – мемлекет бастығы – Египет билеушісі.

Египет саясатын, тіршілігін Лорд Кромер билейді. (1883 жылдан бастап) 1892 ж. бері Хедив Аббас. Армия, полиция, ішкі-сыртқы істер Англ. қолында.

Бұған дейін мектептер француздардың қолында еді, енді ағылшындарға көшті.

Франц. қолында жеке мектептер, діни мектептер қалды.

Деталь: жалпы Египетті ағылшындар билеп кеткен соң француздар египет еліне «іш тартып» жақсы көріну үшін жеке мектептерге көп көңіл аударған.

1890 ж. бастап Александрияны халықаралық миниципитер билейді (8-том, Ист., 19-века).

1870 жылға дейін Англия жер жүзіндегі жалғыз ғана Ұлы Отарлы ел.

– Ұлпанды көмген жердің, не болмаса Ұлпанның аяғы басқан жердің топырағы құтырған шығар)! – (Шери).

Әйелдерге білім беруді жақтаған, жүзеге асырған адам – Гулям Рифат-бей, Әл-Азхар универс. шыққан адам (1875 ж. өлген).

* * *

1. Ұмсын өзінің бұл елге керексіз адам болып келгенін түсінді. 2. Сүйдім дегеніне сене алмады, оқыған романдар басқаша айтатын.

* * *

Құшақтай сені қысқанда
Күн ұялып кетсін батып,
Құшағымнан сен шыққанда босанып
Кешегі күн қайта шығып келе жатсын.
Екеумізді көрген дүние,
Сырласса бар, жұлдыздар,
Хақ деген шексіз дүние
Хабарлассын бір-бірімен,
Таң қалсын таңдай қағып.

– Несіне батыр керек бұл заманға,
несіне ақыл керек бұл заманда.
Ойың бар заданыңа сыя алмастай

Тұншығып кетер дейсің анда-санда.
Оқыдым, ойға қалдым, іштен жегі
Жегендей, құр қорлану, сол ма пайдам?

Он түйме кеудеңдегі қатар-қатар,
Түймені ағытқанша таң да атар.
Қарағым сен аржақта, мен бер жақта
Кілегей мұздың беті қашан қатар.

* * *

Дау-шары екі өлімнің бітті кеше,
Аударып, тексеріп кеп әлденеше.
Жақсылар кеңесіп кең байлам қылды,
Әйелден еркек құнды кемі екі есе.

* * *

Өсектен Әбілхайырға дейін алты ата.

Жәдіктен Қаипқа дейін тоғыз ата (Хиуа ханы); 1718 ж. Петр патшаға хат жазатын Қаипқа дейін жеті ата.

Өсек пен Жәдік тұқымдарының арасы, Шайбани мен Қасым-хан арасы сияқты өмір бойы араздық, тартыс екен.

Тәуке хан Үш жүзді үш биге билетіп қойған:

Ұлы жүзді Төле биге, Орта жүзді Қазыбекке, Кіші жүзді Әйтекеге.

Жеті жарғы жасалғандағы жеті бидің үшеуі осылар. «Күл төбенің басында күнде кеңес». – сол жеті жарғы кеңесі.

* * *

Бүгін 18.02.79. Таңертеңгі сағат 8.40-та күннің шығыс жақ бетіне көгілдірлеу сұрғылт бұлтқа «кемпір қосағы» түсіп, 12 минут тұрып жоғалды.

«Идеализм спутник юности» (Ницше).

Он прав на сто!

Антарктидада бір мұз айсбергтің
ұзындығы – 160 километр,
көлденеңі – 72 км.
қалыңдығы – ширек км. екен.

* * *

Әбілхайырдың әкесі Аджа, арғы атасы Өсек. Тәукенің әкесі Жәңгір.

Тәукенің ордасы – Түркістан.

* * *

СЫРЫМ

1. Мен не бірінші досың болуға, не бірінші жауың болуға жараймын. Басқаңа жарамаймын.

2. Барамын! Теңбіл көктің үйірін айдап қайтуға барамын.

3. Кел, келіп алайық: сен бір шапсаң мен екі шабамын. Неге? Сен мал үшін шаптың, малымды әкеттің, өзімді зорлап кеттің. Мен малымды қайтарам, бір, ие? Намысымды қайтарам, екі!

4. Сырым деген әулие бар деп естіген жоқ шығарсың!

5. 1783 ж. Кіші жүз орыс шегінен көп мал, тұтқын алған. 1784 ж. II айында орыстар Кіші жүзге 3462 адам әскер (мойер) жібереді.

Олар нағыз айыптыны таба алмай (Қол Нұралы хандікі болу керек), бейбіт отырған күнәсіз 43 адамды ұстап әкетеді.

Осы қуғында Сырым бар, ұстап әкететіндердің ішінде оның досының қызы бар. Осыдан бастап Сырым атқа мінеді. Кек! Ол оның аламын деп жүрген қызы.

Батырдың қолы бата тиеді. 1785 ж. Сырымға қарсы екі топ әскер шығады. Бірінші әскер 2760 адам, екіншісі – 1250 казак-орыс. Қыс қатты екен. Екі топ тізе қосып қимылдай алмайды. Сырым қолға түспейді. Бұлар тағы 213 күнәсіздерді алып кетеді.

6. Мен қазынама арам сирақ салмаймын.

7. Жас қыз Ақжелкен қолға түскен. Казак-орыс әйелі аман алып қалады. Қызды Сырымға тапсырғанда, Сырым оның өзін ала кетеді. Орыстар шуласып қууға әзірленіп жатқанда әйел қайтып келеді. Сырым бір ат мінгізіп жіберіпті.

Талан-тараждың екі жақтан себебі бар.

Хан жағы барлық өз күнәсін Сырымға жабады.

8. Нұралы хан сайланғанда құрмалдық шалуға алып шыққан Ақбоз атты Сырым сыпырып қоя беріпті. – Неге? – Ұрлықтан келген мал құрмалдыққа жарамайды!

Нұралымен арасы осыдан шиеленіседі. Барлық бәлені жауып орыстан оны жер аударуды сұрайды.

Нұралыны түсіруге ұйғарған. Барон Игельстром бір кезде Хиуаны билеген Каипты (Батыр Сұлтанның баласы) ұнатады (хандыққа). Оны хиуа халқы қуып жіберген.

Екатерина II оны бекітпеген.

9. Халық кеңесі, халық мәжілісі Екатеринаның ойы екен. Игельстром, Хан-сұлтанға соқтырмай, тура халыққа осы идеяны жібереді.

Жұрт ханнан безіп, сол мәжілісті сайлап алады. Хан тұқымынан бір адам кіргізбейді.

Төрағасы Сырым!

* * *

– Жұрт Нұралының үйіне хан-талау жасайды. Сырым қатынаспайды.

– Оқиға 1786 ж. басталады (Нұралы 1790ж. өледі), Уфада. 6-7 жыл бойына Сырым бастаған халық кеңесі елді басқарып, талан-тараж, ұрлық қойылды.

* * *

Екатерина қанша қарсы болса да, Орта жүзден Құдайменді, Уәли, кіші жүздің Хан-Сұлтандары хандықты Әбілхайыр тұқымына қалдырады. Руды сұрасады.

Сырым Әлімұлы, Жетіру, Байұлы елдерінде сот ашқызған, Тәукенің ел жайын бақылаушы, билерін кіргізген.

Мешіт, медресе, Керуен-сарай салдырған. 1788 ж. қазақтарға қай жерге болса да орналасу тиістігі. 1789 жылы мектеп штаты. Пьесаға кірер ойлар араласып кетіп бүлдіріпті.

* * *

– Кектесуді кетірем, барымтаны жоям, сыдырым-таққа жоқпын.

* * *

Қазақтың дала хандықтарына тән нәрсе: үйіңді бір түйеге, бала-шағаңды бір түйеге арттың да, атыңа мініп алып кеттің де қалдың...

Жорық уақытында қашу қиын. Елің, бала-шағаң қалды. Жорықтан байып қайтарсың.

Қалалы хандықтан қашу одан да қиын.

Бірақ болады. Дала халқына қашып кету боқтан оңай. Ералы бұл кезде Қарақалпақ ханы. Қапыда Сырымды тұтқынға алады. Бұл кезде Нұралы Уфаға жіберілген.

(1785).

Бұдан кейін кіші жүзде шым-шытырық басталады. Бір рулар Қаипты хан сайлап алады, біраз рулар Сырымнан жырылып кетеді. Сырым тұтқында. Хан тұқымдары ұрандасады.

* * *

1. Ұмсын оқытушы болуға ұмтылып, Абылай арқылы мектеп аштырып еді, балаларға құран, намаз оқытпағаны үшін мектеп бір қыстан кейін жабылып қалды.

Күйеу келді (Нұрке Есілбай хажының баласы).

– Таһатың (дәретің) бар ма депті жатар алдында.

(Айтыс, тартыс, талас, айрылыс).

* * *

ҰМСЫН

Еліме пайдалы болармын деп ойлаған Ұмсын енді сол елге, сол заманға беделсіз екенін түсінеді, трагедиясы осында. Бақытқа сенбейді, бақытсыз өмір керек емес.

«Мен елімнің бар тіршілігінен жатсырап кетіппін, мен әкелген білімге аңсап отырған ешкім жоқ».

ҚЫТАЙ – ВЬЕТНАМ СОҒЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІ

Американың соғыс министрі Браун НАТО мен Жақын шығысты аралап қайтты.

Оның аз-ақ алдында Қытайдың Перседателі Хуа-Го-пеннің орынбасары Дин-Сяо-пин США-ға барып, Картердің қабылдауында болып қайтты.

Содан кейін көптен бері Вьетнам шекарасына шоғырлана берген қытай әскері Вьетнам жеріне шабуылға көшті.

Қытай шабуылы жөнінде ескеретін бірнеше ерекшеліктер бар:

1. Шабуыл баяу, жаяу соғыс сияқты.

2. Төрт күн бойында әлі бір самолет ұшқан жоқ.

3. Екі жағы да қалаларды, завод-фабрикаларды бомбыламай келеді.

4. Қытай әскері иемденген жерді өртеп, қатын-балаға дейін қырып келеді дейді.

5. Вьетнам қолына түскен қытай солдаты да азырақ: бес күнде бес мыңдай ғана, қайта жүз шамалы танк қолға түсіргені үлкен ұтыс.

Халықаралық жағдайда мынадай сілемдер бар:

1. Социалистік елдер, коммунистік партиялар түгел соғысты қытай бастағанына шек келтірмейді, қарғайды, сілейді, назаланады.

2. Капиталистік дүние айыпты Вьетнамға тағады; Камбоджиді қосып алды да, Қытайға қауіп төндірді депті. Америка, Батыс Еуропа әзірше осыны қайталасып отыр.

Бұл жағдайда туатын қауіптер:

1. Батыстың түпкі ойы осы соғысқа Советтер Одағын кіргізу. Негізгі проблема.

2. Батыс елдерінде миллиондаған жұмыссыз жастар бар. Солардың наразылықтарынан азырақ тыныстану үшін өздерін соғысқа салып алған да теріс болмас-ау!..

3. Қытай 30 ұлт дегені бар Жау-Эн-лайдың. Олар Мао тірі кезінде бір қауызға сыйып отырды. Солардың жастарын соғысқа айдап жіберген де теріс болар ма екен Қытайдың бүгінгі басшыларына? Хуа-Го-пен Мао емес қой. Сонда?

* * *

Күлтегін ескерткіші Орхон өзенінің жағасында.

Тоныкөк жазуы Селенганың жағасында.

Күлтегін ескерткіші 732 ж. 21-июньде ашылған.

Білге-хан 755 ж. өлген, май айының 27-күні.

Күлтегін мен Білге-хан ескерткіштеріне сөзін жазған Иоллық-тегін, ақын, тарихшы, Білге-ханның баласы.

Тоныкөк жазуы 716-720 жылдар арасында жасалған.

Білге – 716 ж. Хан сайланған.

* * *

Ерте заманда садақтың тартқысы екеу, қайыстан, кендірден. Күн ашықта қайыс тартқыны, күн жауғанда кендір тартқыны пайдаланады екен. Екеуі де өрме тартқы.

* * *

Өнген ескерткіші 727 ж. ашылған. Орхон жазуы – түрік жазуы.

* * *

Құтлық (кейін Елтеріс-хан) көтерілісі (679-693 жылдарында).

Түрік батырларының бірі Құтлұқ 679-693-жылдар арасында Қытай империясына қарсы көтеріліс жасаған. Сол тұста Құтлұқтың бір айтқаны мынау екен: «Табғыш (Қытай) халқына қандай күшті ерлеріміз құл болды, қандай сұлу әйелдеріміз күң болды! Түрік басқарушыларымыз түрік аттарын тастап, Табғаш атауларын алып Табғаш қағанына бағынды. Түріктер бұларға 50 жылдық еңбек-күшін берді. Табғаш қағанына өзінің мемлекеттік заң-жосығын берді.

Мен мемлекетті халық едім, менің сол мемлекетім қайда? Мен қағаны бар ел едім. Қайда менің Қағаным? Басқа мемлекеттерді мен кім үшін алып бердім оған? Бұл қорлықта тірі отырғанша өзімізді өзіміз құртайық, қырылайық!» – деді барлық түрік халқына.

Көтеріліс 680 жылы басылады. Ұйғырлар қытайға қосылып көп ерлік көрсеткен.

Шығыс түрік хандығы түгелге жақын қытайласып кетеді. Одан қашып кеткендер аз болыпты. Мүмкін ең алғашқы қазақ деп аталған сол қашқындар болуы.

* * *

VII ҒАСЫРДА

Қарлұқтар Қара Ертіс бойында, Печенектер (Қаңғар) Сыр-Дария бойында. Осы екі арада Қыпшақтар қаңлымен қосылып үлкен ел болады.

Гуздар – Түрікпендер.

VII ғасырдан бұрын Қыпшақтар Алтайда, Көк түрік – қара кемік будан, түрік, таза түрік халқы.

VII ғасырдың ортасында жоғарыда аталған елдерден түрік халқы құралады. Шығыс түріктері қытайға қарап қалған кезі (мүбітала – тәуелді) 620-630 ж.

* * *

Шығыс түрік хандығы 603-604 жылдарда құлады. Батыр Козік хандығы – 659 жылы.

Қазақтың жершілдік, жіктеулері – ең бір үлкен апаты.

Шегаралары айқыш-ұйқыш отыратын Жағалбайлы мен Арғын-Қыпшақ арасында тыныштық болмаған соң Орынбордың генерал-губернаторы Перовский Орск бекінісінен Березовскийге дейін әскерлік поселкелер орнатқан. Бұған қазақтың 40-000 шаршы шақырым тоғайлы, сулы, қара топырақты жері кеткен. Сонда Жағалбайлы да, Арғындар да, Қыпшақтар да «маған да жоқ, саған да жоқ!» – деп той жасапты (А.Е.Алекторов, стр. 31 және скульптор Хакімнің әкесі).

1837 жылдан бастап Кіші жүзде «түтін» – түндік салығы кірген: 1 сом ақша түссе, 22 жылдан кейін 201.170 сом түскен.

Мұны ауырлап Хиуаға қашқандар кейін қайыршы болып қайтқан.

* * *

Кенесарының ылаңы Торғай, Ырғыз әскерлік поселкелерді туғызды, кейін Раим (Арал).

* * *

Қазақта жыл мерзімдері.

Қазақ жылы Наурыздан басталады. Арғы түбі Зодиактан келетін ай аттары әуелі араб тілі арқылы кірген. Жыл тегінде жазғытұрғы күн мен түннің теңелісінен басталады:

III Наурыз – Хамаль 31 күн.
IV Көкек – Сәуір 31 күн
V Мамыр – Жаузу 32 күн
VI Маусым – Саратан 31 күн
VII Шілде – Асед 31 күн
VIII тамыз – Сүмбіле 31 күн
IX Қыркүйек – Мизан
X Қазан – Ақраб – 30 күн
XI Қараша – Қауыс – 29 күн
XII Желтоқсан – Жедда – 29 күн
XIII Қаңтар
XIV Ақпан

* * *

НАУРЫЗ

1. Жыл басы жазғытұрғы күн мен түннің теңелуінен басталуы, әрине, дұрыс.

Бұл табиғаттың өзінің жаңаруы, өсімдік те, жан-жануар да бірі бүршік атып, бірі төлдеп, жаңарып, туынды беріп жататын кезі.

Аллаға да, Тәңірге де, Құдайға да, басқа құдайларға да байланысы жоқ.

Христиан дініндегі «озық» елдердің жыл басын январьдан бастауында ешқандай ғылымдық ақтау жоқ, күштің еріксіз көндіруі ғана бар.

Күн мен түннің жазғытұрғы және күзгі теңелулерінде қанша мән, қандай жөн сілтеу жатыр! Ең берісі туар кез, көбейер кез – өсер кез, тозар кез, ескірер кездесіп тұрған жоқ па?

Бір кезде, адам баласы өз қылығын өзі әділет – ғылымға дәл сүйенер кезінде, бұл мәселеге бір оралмай қоймасқа керек. Наурыз Шығыс халықтарының озық кезінде, озық ғылымға ие болған кезінде жыл басы деп алынған. Меніңше, ғылымның ең өзгермес бір табысы осы.

2. Наурыз фарсы тілінде. Бұдан кейін он бір айдың қазақ тілінде өз аттары бар: (Наурыз), көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан. Бұл атауларда басқа тілден қосылғандары жоқ. Маған соңғы екі айдың аттары ауысып тұрғандай көрінеді.

Алты ай қыстың аяғы Ақпан – Қаңтар,
Мейлің солай жалтар, былай жалтар,
Екеуінен құтылған аман-есен
Ұзын сары келгенде өлең айтар,

қазақ еш уақытта Қаңтар – Ақпан деп сөйлемейді, Ақпан – Қаңтар деп сөйлейді.

Есімде мынадай бір өлең де жүруші еді;

Алты ай қыстың аяғы Ақпан – Қаңтар,
Наурыз кіре аяздың зәрі қайтар...

Бұл фольклор екен де,

Қаңтарда қарға адымы,

Ақпанда ат адымы деп күннің ұзаруын белгілеп қойғандық ғылыми дәлелдерге жатады дерлік екен. Мен де осыған тоқтадым дер едік, бірінші ойым ғылымирақ көрінеді. Бұрынғылар (осы күні ұмытылған) жылды төрт тоқсанға бөлетін сияқты.

Наурыз		Қыркүйек	
Көкек	I	Қазан	III
Мамыр		Қараша	
Маусым		Желтоқсан	
Шілде	II	Қаңтар	IV
Тамыз		Ақпан	

* * *

Қары – Сайрам, Қарақорум деген қалалар Сыр бойында Қыпшақ жерінде болған. Сайрам аса үлкен қала болған. Қыпшақ – Түріктер жайлаған. (Рашид-иддин, I-том, 80-81-б.).

* * *

Я, Раббім,
Маглум Синә,
Изгіліктә хастибіз,
Зікірібіздүр – қазы, қозы,
Яшкәнә қыз, қаз, қымыз...
Ғ.Тоқай

* * *

Жарық жыл есебімен санағанда он мың жыл бұрын сөнген жұлдыздың жарығы әлі күнге сөніп болмағаны бар екен!

* * *

Әбіл малшы, Қабыл егінші. Қабыл інісін жайдан жай өлтірген жоқ, жер таласында өлтірді. Егін мен малдың жерге таласы әлі біткен жоқ.

* * *

Қазақтар 1356 жылдары Мавреннахрға шабуыл жасап жүрген.

Жәнібек сол қазақтан ел құрған (Катрмер), Тимур (анг. перевод. Зернов часть II, стр. 273).

Мұхатрада – қорқыныш,
Әл мұхатра – осада
См. стр. 151-152.
Қасым – 1447 – 1518 или 1529. Казахов 1 милл. войско 100 тыс.

* * *

Италияның ұлы суреткері, скульпторлары:
1. Леонардо да Винчи.
(15 апрель 1452 – 2. V. 1519).
2. Микеланджело Буонаротти.
(6-III. 1475 – 18.II1564).
Художник, архитектор, поэт.
3. Рафаэль (Рафаэль Санти).
(6.IV.1483 – 6.IV.1520).
4. Тинтеретто –
(29.IX.1518 – 31.V.1594).
5. Баттиней – Рождение
6. Боттичелли «Теста»
7. Тициан «Даная»
8. Джорджоне, спящая Венера.
9. Торришелли – рождение Венеры.

* * *

ӨГІЗ-ХАН

Таласып керегі не, бар халықтар Нух пайғамбардан тарайды... Көшпелі түркі тілдес елдердің атасы Нухтың кіші баласы Афет. Түрік Абулжа-хан көшпелі екен. Оның жайлауы Ортақ, Кезтақ деген таулардың маңайы (Ортау, Қозтау).

Қысқы қонысы Буреун, Қаққыян, Қыпшақтың Қарақорымы (Монғолдың Қарақорымы емес!).

Талас, Қара-Сайрам, Қарақорым деген қалалары үлкен екен.

Бұл қалалар Сыр бойында, Сайрамның ұзындығы ат шаптырым болған.

Абулжа-ханның төрт ұлы болған.

Қара-хан, Ор-хан, Қоз-хан, Гур-хан. Әкесінен кейін хан болған хан Қара-ханның мұсылман әйелі болған, сол әйелден Өгіз-хан туады.

Өгіз-хан туа сала сөйлеп кетеді. Оның атын қоюға жиналыс мұның атын кім қоямыз деп отырғанда жас бала — менің атым — Өгіз-хан болсын деген ғой... Жұрт соны мақұлдапты.

Өгіз ержеткен соң Қара-хан оған әуелі Көз-ханның қызын алып береді, одан кейін Гур-Ханның қызын алып береді.

Екі надан қыз мұсылман болғылары келмейді. Өгіз оларды алады, бірақ жек көріп кетеді.

Қара-хан Өгізге енді Ор-ханның қызын алып береді. Ол да сұлу, ақылды екен, мұсылман болады. Өгіз риза, бұл қызды жақсы көреді, бақытты болады.

Бір күні Қара-хан келіндерін шақырып алып, хал-жайларын сұраса алғашқы екі келіні: — Өгіз бізді сүймейді, ол басқа дінге көшіп алды, біз ата-бабамыздың дінін бұзғымыз келмейді, — деген екен.

— Ана сайқал, Ордың қызы, сол бір құдай деген дінге көшіп алып!

Бұл күндер Өгіз аңда жүр екен.

Қара-хан інілерін, туыстарын жинап алып:

— Менің балам бұзылды, басқа дінге бағынып кетіпті, не істейміз?

— Өлтіреміз! — Қаулы бір ауыздан қабылданды.

Қара-хан барлық нөкер, уәзір, әскерлерін ертіп алып, серіктерімен, нөкерлерімен аңда жүрген Өгізге кездеседі(Өгізді сүйген әйелі хабарлаған екен. Ол да дайын екен).

Соғыс. Қырғын... Қара-ханды біреуі қылышпен жаралаған.

Қара-хан өледі[16].

Өгіз хан болады.

Алтын шатырлар. Той... Бірақ, қайын аталарымен соғыс 75 жылға созылған.

Өгіз жеңіп Таластан Бұхараға дейінгі жерді түгел билейді. Қайын аталары Шығыс жаққа ауып кетеді, Монғұлдарға қосылады.

Өгіз-ханға қайын аталарынан ауысқандар Ойғыр деп атанған. Ойғыр — жәрдем беруге қосылғандар деген сөз екен.

Осы енді Өгіз-ханыңыз...

(Рашид-иддин, I-том, 80-84-бет). Қаңлы — дұрысы — Қаңлы, арбалы.

---

[16]Қара-ханның әскері Өгізге ауысып кетеді.

* * *

Эму (Қазуар) — птица 20,5 фута вышиной, на голове роговая чешуя, глаза светлокоричневые, клювь черный, загнутый к низу; на ногах 3 пальца с могучими ногтями. Крыля — культмягки. Бежит быстрее скакуна.

* * *

ҚАЗАҚ ТУРАЛЫ

Қазақ XI ғасырда «Халықтар қақпасы» деп аталатын Іле, Алакөл арқылы Алтайдан келген.

Орыс генерал-губернаторының мәліметтерінше 1890 ж. Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстарында 1.876.000 адам болған. Орта Азия, Қытайдағы барлық қазақтардың бұл 58 пайызы.

Сонда барлық қазақ 3.232.250 адам болады.

Печенег Қыпшақтардан бұрынырақ осы қақпамен келген екен.

Семей, Ақмола облыстарында түрік нәсілдес қазақтар: Керей, Найман, Қыпшақ, Алшын, Арғын.

Түрік нәсілін Дулат, Қаңлы ертеден Іле, Алакөл, Жетісу маңайының тұрғындары болғандықтан Ұлы жүз атанған:

Алшынның бөлініп Батысқа қарай ауғандықтан Кіші жүз атанған.

Қыпшақ, арғын, найман, керейлер Орта жүз атанған.

Бұл атаулар Қасым-хан өлгеннен кейін 200 жылдан соң қойылған.

(«Кирг. Край» П.П.Семенов. Акад. Ламанский басқаруымен басылған, 140-141-142-беттер).

* * *

— Әй, деймін, әй деймін, Сәлима-жанның көкесі... Үрегеш-атаңның үйінің ала сиыры құрт жайған сөреге сүйкенейін деп келе жатыр... Тұра қойшы...

(Қой сауып отырған бір әйелдің еріне айтқаны-мыс.)

* * *

ЖҰҚПА ДЕРТ

1. Әкесінің ойнасын, әлде кімге қызығатынын білетін бала ұрлығын әкесін сұрағанын сөз айтпай беретін касса етіп алады.

(Әке кінәлі де, кінәсіз де болуы мүмкін).

2. Қызы байынан айрылып кәрі әжесінің үйіне көшеді. Әже қартайған, өледі. Үйін басып қалмақ (Бұл күйеуімен келісіп істелген іс).

3. Күйеу үйленіп кеткен. Араздық.

4. Әже өледі. Уәде бойынша күйеуі де үлкен үйге кірмек.

(Екі әйел қайтпек?)

5. Үй музей болмақ.

* * *

ШЫҢҒЫС ЯССАСЫ

1. Діндерге еркіндік.

2. Соғыста әйелге құрмет: қорламау, зорламау.

3. Әйелге сайлау правосы берілген.

4. Яссаны бұзып қолданған хан орнынан алынады.

5. Хан уйгуров обещав сообщить все, что он знает о китае, просил в пятого сыновья Шынгиз-хана. Шынгиз удовлетворил эту просьбу, выдал ему в жены свою дочь.

6. Шынгис не ошибался в выборе верных друзей, ценил их высоко.

Длина дворца Батыя – 80 сажени.

Персия тарихшыларының бірінде былай депті:

«Бұрундай Ноян, жауынгер түріктерден құрылған он түмен әскерді Отырар көтерілісін басуға жіберді» (Чивплинит 616-617).

Бұл 1250-60-жыл.

Бұл тұста мағұл империясы төрт майданда соғысты дейді тағы да сол кітапта, сол бетте.

Қытай майданы, Персия майданы, Қыпшақ майданы, корея майданы.

* * *

Қалқа өзенінің қырылысынан кейін қыпшақтар Днепрдің арғы жағына, Венгрия жеріне ауып кеткені мәлім. Венгрияның королі Бела оларды жақсы қарсы алған.

Содан кейін ХШ ғасырдың аяқ кезі, XIV ғасырдың өн бойында Алтын Орданың нақты көпшілік жұрты тағы да қыпшақтар. Алтын Орда қыпшақ тілінде сөйлейді, дін ислам, молдалар татар.

Біздің Алтын Орда, Көк Орда, Ақ Орда дегендеріміз халқы жағынан көп айырмалары жоқ. Қоқан, Қыпшақ, Керей, Дулат, Үйсін, Найман, Қоңырат, т.т. қайсысында болса да бар. Тек билеуші хандары басқа, орындары басқа.

Біз білетін заманның өзінде Омбы, Орынбор, Тобыл, Троицк, Саратов, Тюмен жерлерінде қашаннан бері қоныстанып қалған елдер бар еді. Омбының шығысында Текелі ауданы, Орынбор қаласында үш болыс бөрте, Орскіге қарайтын Аданау ауданы, Қызылжар орнағанша Сибанның жері, Шұбар көл, Мәуліт орнаған жер.

Азия даласы кең, қашан Россияға қарағанша сонау Монғол, Саяқ, Алтай шегінен Қырымға, Днепрге, Еділ-Жайық шегіне дейін қазақ елдері.

Керейдің маңғұлданған, маңғұлдың керейсоққы кездері бар.

Алтын Орда құлап болғанша, онда бұрын болған маңғұлдар таусылып та болды. Тек Шыңғыс тұқымы қалды. Бұлар үлкен топ, әмірші топ.

Бастары қосыла алмайтын.

* * *

Бір Жошының 200 қатындарынан 40 ұлы қалған.

Батыйдан бастап Шыңғыс тұқымынан болған соңғы ханға дейінгі 2,5 ғасырдың ішінде 38 хан болған.

Батыйдан кейінгі төрт ханнан соң хан болған Өзбек Ақ Орданың атын, атақ-даңқын жоғары көтере алған. Таққа отырғанда 13-ақ жаста болады. Патшаларға, княздарға, елдерге қатал әмір бере бастаған.

Өзбек-хан тұсында Ақ Орда өлкесі: орыс княжестволары, Новороссия, Поволжье далалары, Қырым, солтүстік Кавказ, қазақ даласының бір пұшпағы, Хорезм империясының қақ жартысы (Үргенші соның ішінде).

Өзбек ақылды, сұсты, ызғарлы, аруақты адам болған.

Діндерге еркіндік.

Өзбек-хан Мысырмен, Стамбулмен сүйек алысқан. Туған қарындасын орыс князіне қосқан. Орыс князьдары оның босағасын күзетіп жүретін болған.

Өзбек-ханның ақша соғатын сарайлары Бұлғарда, Қырымда, Азовта, Үргеншіде және астананың екі сарайында болған.

Өзбек — Жәнібек — Бердібек туыстарын қырып, әкесін өлтіріп салған.

* * *

Алтын Орда әуелі Жошы ордасы деп аталады. Алтын Орда ханы Қарақұрымға бағынышты, жалпы манғұл мемлекетінің бір ұлысы.

Кейін Жошы нәсілдерінің жібі үзілген соң, Қыпшақ ордасы деп аталады. Қыпшақ даласы, дешін қыпшақ...

Орда — Шери, Сарай, Батый сарайы деп аталады. Бұл үлкен шаһар. Сауда орындары, мешіттер, ақша соғатын сарай... қару-құрал өндірісі.

Орыс княздары (ұлы князьдан бастап) өз ұлысын басқару үшін Алтын Ордадан жарлық алуды патша кіргізген. Келе-келе осы жосықты орыстың діни идеясына да кіргізген. Осыдан кейін князь болғысы келгендер, поп болғысы келгендер... ырынан келіп Алтын Ордаға қыздарын ала, алтындарын арқалай... шейхыларынан Тоқтамыс билеген тұсқа дейтін осылай болған.

Француз королі Людовик II Батыйдың орнын басатын ұлы Сартаң христиан дінінде дегенді естіп, оған Рунебурк деген... расты жіберіпті.

Орыс княздары алтын, күміс, бақыр ақшаларының бір жағына өз княздарын, екінші жағына Алтын Орданың атын бастырып шығаратын болған: бір бетте қаршыға ұстаған салт адам, екінші бетіне өрген бұрымы бар адам басы.

Қарақұрым — Орхон өзенінің жағасында, әуелі Керей ханның ордасы болған. Кейін Өгедей ордасы, Бас орда.

Аян, ... қозия хандары далуфстан қағазды Алтын Ордадан алып барған соң сайланады екен.

* * *

Хрингу.діҥ саналы халқының мынадай мәтелін келтіреді: арыстаннан үш рет қорқасыҥ: 1) ізін көргенде, 2) өкіргенін естігенде (рев), 3) өзін көргенде.

Қатесі жоқ!

* * *

Бір капитан былай депті: «Солтүстік мұзды мұхитта күннің суықтығы сонша екен – менің жәрдемшімнің көлеҥкесі палубаға қатып қалыпты».

(Марк Твен).

* * *

ЖАҚЫП ПАЙҒАМБАР МЕН ОНЫҢ ЕГІЗІ ИСАП

Екеуі де Веккерден егіз туған Исактың балалары, шешелерінің ішінде жүріп төбелесе береді екен. Шешелері неге бұлай болды деп сұрапты құдайдан. Құдай оған – сенің ішіҥдегі екі ру елдің аталары жатыр; бірінен бірі күшті, жасы үлкені жасы кішісіне қызмет ететін болады, депті.

Исап бұрын туады, үлкені саналады. Жақып кейін туады, кішісі саналады, Жақып Исаптың өкшесінен ұстай туыпты.

Исап аҥшы, ылғи аш жүреді, Жақып қу қара көжеге оның ағалығын сатып алыпты. Әкесі соқыр екен, оған тамақ әкелетін Исап дөкірлеу, Жақып жылмыҥдау... Шешесі Жақыпты жақсы көріп үстіне қоқыр-соқыр кигізіп қойған соҥ соқыр шал, оған үлкен ұлым деп бата береді. Содан Хандықтың еҥ жақсы жері Жақыпқа тиген. Исапқа тұл дала тиген.

Яхуд құдай Жақыпқа батасын береді.

Дауан деген кісінің Даһир деген қызына ғашық болып қосылады (оған қойларын суаруға құдық басына келгенде танысқан). Халқына 7 жыл қызмет етпек.

Сөйтіп жүріп, Даһирмен бірге Дауанның тағы бір қызын, екі қыздың екі күтушілерін қоса алады. Сол төртеуінен он екі ұл туған (Дина).

Жүсіп туған соҥ (кіші баласы)... тамиядан... қайтады.

* * *

ҚАЙРАН МАЙРА

Вариант

Сырттан Майра әні естіледі.

Үш жігіт шығады. Бұл үшеуі Майрамен бірге. Бірақ үшеуі де өз көзімен көрген. Аз таластан кейін бұлардан басқа ел-жұрт бәрін еске алып, оның ішінде Майраны түсіне алмаған топ болғанын айтады. Аяқтай келгенде үшеуі бір Майраны көрген бір адам екен. Сол Майраны көруге, дұрыс көруге шақырады.

Шымылдық ашылды.

Алты бақанда Майра, лаулап жанған от. Бірі Майра болып, бірі Әсет болып алты бақан тепкен екі жас. Екеуін ажыратқан бет ашар айтқан жастар тобы. (Әсет пен Майраның беттерін ашса, екеуі де бірі шал, бірі кемпір... дауыстары да жоқ).

Сахна алдында жігіттер мен Майра. Үш жол. Диалог, таңдау...

Қайтадан сахна ашылады. Манағы жорамал енді шындығымен қайталанады. Әсет пен Майра алты бақанда дәурен сүріпті.

Өзіңді-өзің қорғамасаң, қайран Майра кең даланың жөн-жосығын, ғұрпын бұзған әйел, қан жыласа бір қорғаушы таба алмас.

Алғаш дауысым киіз үйдің уығынан қалтырана шыққанда далада бір жан ұқпай, қалған тал мен қайың, ақ терек пен ақ қайың, Көкшетау мен Қарқаралының қарағайы қалған емес үн қоспай. Сол сәттерде таулар, сулар, шалқар көлдер, жерде, гүлде, алыс шөлдер сені әнімсің, өзіңді-өзің ән құл қылып па еді, күң қылып па еді дегендей, түнде түстен, күндіз естен кетпей қойған сорлысың. Қайтар жол жоқ. Өмірің осы! Мұны тастап тірі болып не керек? Жаратқанның ең қадірлеп бас иіп ұстар... берген жандар қауып бар деп, әлде қандай хан мен патша бар деп именетін болмашы!

Сенде еліңе, барлық жанға, айдан, күннен жасырмай тербетіп жанын оятып, үсіп қалса қыздырып қанын, суынып қалса қыздырып жанын, оятып арын... (Майра әндерінің саздары осылай келеді).

МАЙРАНЫҢ БІР ЕРЕКШЕЛІГІ

Қайда, қашан болса да, өзі ат сала жүріп, кімді болса да қосып алады екен: топты да, жеке адамды да, ән салатын адамды да, ән сала бермейтін адамды да, еркекті де, әйелді де.

Айрылар баста да, қосылар баста да, айрыларда да, қосыларда да.

Әсет те қосылып кеткен. Кейін басталарда.

Татар әндер, орысшы іс... келеді...

БАЛА КЕЗІМДЕГІ БІР ӘУРЕМ

Шомылатын көліміз екеуі еді. «Қожабай», «Құдайкүл».

Балалар шомылып жүргенде көлеңкеміз қасымызда жүретінін әрине ылғи көреміз.

Балалар сүңгіп кеткенде ше? Көлеңке бірге сүңгіп кететін сияқты.

Және – Құдайкүлге шомылғанда көлеңкеміз көбіне оң жағымызға, Қожабайға шомылғанда сол жағымызда (кейін білдік Құдайкүлге шығыс жағынан, Қожабай көліне – солтүстіктен).

* * *

ҚАЙРАН МАЙРА

(Опера либреттосына айналдыра қалынса)

1. Кейінгі тиген бір күйеуіне барлық жан сөзін, жүрек зарын айтып жалынады: «Қоянды базарына бір барып келейін, – дейді. – Сағынған тыңдаушыларға бір көрінейін; содан кейін мені күң етіп жіберсең де ризамын...»

Күйеу жібермейді: «Жоқ!» – деді.

Майра атқа міне сала кетіп отырды. Ауыл аң-таң... Ұят-ай! Күйеуі домбыраны шауып, сырнайды быт-шыт етті...

Жалғасы Қоянды базары.

Екінші күйеуі Шорман немересі Заржан. Алып келді. Той жасады. Ауру күйеу тоңды. Майра көрпе мен киіз жапты... Ажал алды да жүре берді. Қош еркектер! Бір Бәке-аған болмаса, бәрің қатын!

Майраны жұрт көзінше жамандап, жалғыз қалғанда өлердей құмарсып айтатын біреу.

– Мен ескек жел, қар боратам, шаң боратам. Мен ескек жел, құшағымда сар жапырақпен ойнаймын (ойнайтын). Мен дауылдай кектенемін, қар боратып, сар далада қуалайтын әдетім бар. Бір ойыным сол.

Мен көк майса, барлық бояу, барлық гүл, барлық иісі мас ететін еркекті, жұлма мені, нең бар менде? Менде ұя бар, сар асты қыраттың тырнағы бар. Мен шалқар көлмін, аққу менен ойнайтын – ойыным бар қанша ойнасам тоймайтын. Домалаған ойын дос, өзі ойнауды біле ме?

Майраға Тәттімбет күйлері дұрыс келер.

АҚАН-СЕРІ – ҰМСЫН

Ақан 1913 жылы 73 жасында қайтыс болған. Ұмсын 1917-1918 жылдың қысында 33-34 жасында қайтқан: өкпе ауруына сүзек қосылған.

(Ақын Молдахмет Тырбиевтан алынған мәлімет).

Ақанның әр кезде Ұмсынға шығарған өлеңдері:

I

– Ақтанкер әлде неге есінейді,
Аққу ма, періште ме түсіне енді.
Кезінде бағы тайған, дер кезі ауған
Күнінің не боларын түсінбейді.
Сап көңілі Ғайнен Хият бұлағындай
Мәңгілік қасірет тартса өкінбейді.
Ақтанкер күй талғамас бәйге десе,
Қаракөз тілек тілеп мөлдіресе
Алласы нағып мойнын бұрмас екен
Күнәсіз қыз жүрегі шын тілесе!
Бақыт па, ия, қасірет пе – маңдайымнан.

Бал тамар сөйлеп кетсең таңдайыңнан.
Сирател мұнтағаның ағашындай,
Жұмақтың жаратылдың қандайынан?
Адамның бар сипатын көрер Ғайни,
Сайфун ғала рәсиуал, узнаини.
Біз сізге махаббатым барлығына
Тасшаһфуд екі иығымда малакайни.

Ұмсын Торсанның үйінен қашып кеткелі төрт жыл... 1917 жылы «бостандық, бостандық!» деп ел түгел айқайлағанда сорлы Ұмсын күзгі қара жаңбырда Қызылжарға тартады. Бұл кезде қаланы ақтар алып қойған еді. Жолда ақтар оның екі атын тартып алып, арбасын далада қалдырады. Ауылдың бір қызымен, көшірімен мидай даладағы көлдің жағасында түнейді. Арба қалды, қарлы жаңбыр... суық өтіп, өкпе ауруы... 4 күннен кейін елге жетті. Жөтеліп келеді. Өкпе ауруы... сүзек болды.

Ұмсын Торсанның баласы Шериге ұзатылатын болып, үміт үзілгеннен кейін Ақан қызға мына бір өлеңдерін жазып жіберген:

Уаттури зайтун ағаш лағыл шашың
Жұмақта фауакия ішкен асың.
Болғанда жаның жаннат, лебізің ләззат,
Қор болды-ау бір наданға ғазиз басың.

Не айтайын арашалар шамам қайсы,
Құрғамас өле-өлгенше көзде жасым.
Күні-түні қасіретіңді бірге тартып
Өтермін қуарғанша баста шашым.
Айтар ем бақытты бол Ұмсын-жан деп,
Айтпаймын, білгеннен соң ол болмасын!

* * *

«Тегінде Ақан мен Ұмсынның тілектестері де, күндестері де, жауластары да көп болған. Сондықтан Ақандікі делінетін өлеңдердің ішінде сондай дос-қас қосқандары да бар сияқты» (Молдахмет Тырбиев, 1943 жыл).

Ұмсын Торсан баласы Шериге менің 5-6 жастағы кезімде ұзатылып келеді. 1908-1909 жылдары.

Басқа балалармен бірге сабақтан қайтып келе жатып Ұмсынды біз де қарсы алдық... Күн жауып кетті. Шеридің әйелі Ақлима, қасында қыз-келіншек. Алдарында көк жібек шымылдық. Әуелі құрт, ірімшік, бауырсақ, бірер кәмпіт шашты. Артынан ылғи түйенің құмалағын шашты: келіншекті атқылады, екі әйел қатты қимылдады. Біреуі Ақлима, біреуі Нұржамал деген әйел еді. Күн жауып кетті. Он жасар Айша Ұмсынды қорып, құлашын керіп оның алдына тұра қалды (Тағы бір еске түсірерім).

* * *

Дүниенің бүгінгісі, ертеңгісі –
Кеше мен арғы күннің жаңа елесі.
Бір күндік өмірі бар көбелек те
Сол күннің айтып кетер ертегісін:
– Құдай-ау, қандай ұзақ өмір еді
Кеше жоқ, келер күн жоқ, бір күнгісі!
Қалбаңмен өте шыққан бір күндікті
Ұмытпас баласы мен немересі.
Олардан естімей ме шөбересі!

* * *

Қазақтың дәнекер дегені, Ақанның «қарағым, дәнекерсің айнадағы» дегені амальгимих ғой. Сонда амальгим дәнекер халық сөзіне ерте кірген болмақ. Не арқылы кірді екен? Болмаса бар сөзді амельгима орнына пайдаланды ма екен?

Ой, сана, жан мүгедек, сарпылыс жоқ меңіреудей үнсіз заман, тілсіз адам. Сортаңда белшесінен ел батпақтап, сарпылыстан бүгін де лаң, ертең лаң. Бар үміт елестеген сағымдай боп белден бел аса берген, ұстатпаған.

Жатпайды қисық ағаш тез басында,
Заманның сырласы сен құрдасындай.
Жарай біл заманыңның жолдасына,
Ұлы ойдың сен отырсың ордасында.

Г.М.
Август, 80.

* * *

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖАЙЛАУЫ

«Елтін-жал» қыстау.

Боржабай томары – жазғытұрым жылжып қонар жер.

Нұрыбай – жазғы көштің алғаш тоқтар жері (көл).

Атантай – алғашқы түнер жер (көл),

Бепепе томары – келер күні күндіз тоқтар жері (томарша) (кекесті әйелдің атымен аталған).

Жанбатыр (көл) – жаз бойы отыратын жеріміз.

Бұрын тағы үш тоқтап барып жайлайтын жері «Есеней қайран көлі» екен. Осы күні ол Анновка екен, орыс поселкесіне кеткен.

Біздің ауылдар қар түгел кетіп болмай-ақ, қыстап отырған ағаштың бір қойнауына киіз үйін тігіп соған шығып алады, мұны қырға шығу дейді. Марттан бастап төлдей бастайтын мал осы кезде – апрельдің ортасы – төлдеп болады.

Күн едәуір жылынады. Содан соң бір он күн Боржабай томарына барып отырады. Онан кейін майдың да кезінде қозы-лақ өз аяғымен жүрер кезде жайлауға тартады.

Ұқыпты шаруалар жайлауға шығардан бұрын бірлі-жарымды десятина егін салып алады.

Жайлауға апаратын ұлы бұйымды тыққандары қызық: балшық үйдің ішіне шөп үстіне салады да үстінен жаңа кескен ағаш үйеді. Ағаштың түбір жағын төрге қаратып, бұтағы көп бас жағын есікке қаратып үйеді.

Ұрлайтын жұрт ағаштарын отынға алып, нәрселерінің іске татырын қоса алып кетеді. Әсіресе терезелерін...

* * *

АРИДИЗАЦИЯ

1. Жердің өсімдігі азая берген сайын, жер бетіне күн көзінен түсетін жарық әлденеше рет күшейеді. Жер бетінің бұрынғы ыстығы 18 градус, 25 градус өседі.

2. Жер ылғалы азаяды. Жер бетінің ісінуі екі-үш есе молайып құрдым шөл — құм даланың ыстығындай 40-50 градусқа жақындайды. Құрғақшылық, өсімдік өнімі азаюы, өсімдіктің құруы, жер қыртысының бұзылуы — бәрі қосылып ағайындасып келіп, қандай қасиетті жерлерді шөл далаға айналдырады.

70-жылдарда азық, шөп өнімі 30 миллион тоннаға түсті. Бұрын 40-80 миллион болатын.

* * *

Бір кезде Аполлон Адемет деген патшаның шошқасын бағыпты. Жалаледдин өзеннен атын жетелеп жүзіп өткенде оның қалқаны қолында болған. Ондаған оқтар келіп қадалса да, Жалеледдин аман қалған. Шыңғыс осы ерлікке таңданған.

Чин — Мачин — Китайско-Монгольской стороне.

Қыпшақтар Грузия мен Армения құлап болғаннан кейін ұшырасады Сұбықай қолымен.

Гуржистан — Грузия,

Гайкана — Армения.

* * *

Монғол мәтелі — Шыңғыс хан сайланғанда оған әкелген барлық сыйлық бір атқоржынға сыйып кететіндей-ақ еді. Гуйік хан сайланғанда бес жүз арба алтын, күміс, жібек келді.

* * *

ТАҢБАЛЫ ТАС

Қатынасушылар:
Қасым – қол басы, Ұлыс бегі.
Мұрындық – хан.
Мұса – бектер бегі.
Ақ балтыр.
Торғын.
Жиһан бикем.
Аққозы бикем.
Мұхаммед Шайбани.
Ақназар, Қанықтан туған.
Кетебек – бас уәзір.
Болжал.
Мұнайтбас – Қасымның үзеңгі жолдасы.
Болат – Мұрындықтың қол басы.
Қанық ханым,
Нигер ханым,
Айымбике ханым.
(Мұрындықтың әйелі)

ТАҢБАЛЫ ТАС

Сахна ашылмастан бұрын шақ-шұқ қашалған тас дыбысы келеді. Күмпілдетіп піскен сабалар үні. Дауыстар.

Сахна ашылғанда биік найза тасқа таңбаларын салып жатқан адамдар, шаралардан қымыз құйып беріп тұрған Жиһан бикем, Қанық бикем.

* * *

Сталин И.В. 5 мартта 1953 ж. қайтыс болды. Одан ЦК КПСС Орталық Комитеті «О преодолении культа личности и его последствий» деген қаулы алды. Құлаттық Сталинді.

Маленков, Хрущев, Брежнев, Андропов, Черненко, М.С.Горбачев.

* * *

Кеше «Үздіксіз өсуді» өлтіре боқтап «С.Қ.» мақала жазыпты. Жақсы болды онысы: қайта бір оқып шықсам, тегі жақсы шығарма екен. Енді қол тигенде соны аяқтап тастауым керек!

Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді дегендей, ішінде бір-екі өрескел кеткен жерлері бар. Қалайша кетті екен?

Бұл Горькийге еліктеп басталған еді, еліктеудің жаман жағы осы да: өзіндей, не асырап шығара алмай, түсінбей, еліктеп, ұрынып жатқандық сияқты.

23.11.40 ж.

* * *

ЖАҢЫЛТПАШ

Атам ұлы аттарын ала-бұталайын деп жатыр деп, біздің ауыл да аттарын ала-бұталап жатыр.

Болыстықты Құсайынның Бірімжанынан Әлтидің кіші баласы Сейдахмет алып жатыр, Бірімжан кекеш еді. Сөзді Сейдахметке беріп жатқанда соның бір айтқаны:

— Сен-әй, мені жеңдім деп те тайтаңдама!.. Сенің не тайып ке-кетуіңе де не тай тұз тұяғындай ғана тайғанақ керек депті.

* * *

МЕНІҢ АТА ТЕГІМ

Мүсіреп 1818-1903 ж.
Шынар — 1838-1886 ж.
Кежімбай — (Мүсіреп баласы) — 1852-18-1824 ж.
Махмұт (әкем) — 1870-1941 ж.
Хамит ең үлкен ағам, оқытушы
Жылы — мешін,
Сәбит — жылы ит,
Мен — жылым барыс (1902 ж.).

* * *

Әркімнің бір мұңы бар! Құсныйдың бақылайтыны баяғы мен! Кейде, не жазуың жүрмей, не бір кейістік үстінде жүрсең, ол бір сурауды былш еткізе түседі бетіңе!

— Біреуге көзің түсіп жүр білем!

Арық атқа қамшы ауырын қалай түсіндіресің! Әйел дегеннің ішкі сезімі өткір дейтіні қайда?

* * *

Қытай патшалығы деген патшалығы жағынан қарасаң, 1644 жылдан 1911 жылға дейін Манжур династиясы басқарып келген еді. Ең соңғы Императориясы Ци-си, өз аты Ланиер (Орхидея гүлі) екен. Ол патша тұқымы болмағанымен сары жалаулы, атағы бар, азулы тұқым, манжур қызы (1835-1908 ж.).

Қытайда адамның жасы туған күннен саналмайды да, ана құрсағында байланған күннен есептеледі.

Қытай патшаларынан қыз туса, ол патша бола алмайды, ұл — бола алады.

Қытай патшаларының ұлықтаулары — он мың жасқа келген ұлы патшамыз, қытай патшасы Асиан ұлы — Сыннеби деп те аталады.

Бас әтек (евнух) патшаны төсегіне жалаңаш құс мамығына орап әкеледі. Бұл кезде патша жатады. Қыз патшаның қойнына кіріп кетеді. Егер қыз (на-

емница) патшаның қойнынан көпке дейін шықпаса, әтек үш рет айғай салуға міндетті – уақыт жетті! (кім біледі, патшаны өлтіріп жатпасын!) Қызды өз үйіне әтектер көтеріп апарып салады.

* * *

Он тоғызыншы ғасырдың орта кезінде де ғылымдық атақты ақшаға сатып алатын болған.

Қытайдың әтек басқарушылары да ел аралағанда әнші қыздар ертіп жүретін болған.

Қытай патшалары үйленерде қалыңдығымен жатудан бұрын «тәжірибе жатысын» жасайды екен. Тәжірибелі әйел басқарып тұрып патшаға қалыңдығымен қалай жатуды, қалай араласуды басқа бір қызбен араластырып үйретеді. Шешіндіреді, жатқызады, қалай қимылдауды көрсетеді. Сол тәжірибе бөлмесінде еркек будда мен әйел будданың қалай жатысқанын көрсететін, барлық араласу қимылдарын жасай алатын мүлік болады.

Қытайдың әтектері де әйелмен жүре алатын екен: Цси-Си-Ланиор-Орхидея жесір қалғанда бір Ли Лан-Иін деген әтегімен ойнас болыпты. Бала тауыпты.

Цси-Си императориясының бір қызметкер әйелі қателесіп, оған екі түрлі шұлық әкеліп береді, оны көрген Цси-Си екінші қызметкер әйелге қателескен бейшараға жиырма шапалақ бергізеді. Шапалақтың әлсіздеу беріліп жатқанын сезінген Императрица қателескен әйелге екінші қызметкерді шапалақтауға бұйырыпты.

Орхидея 1644 жылдан басталса, 1911 жылы құлап аяқталатын Манжур патшаларының ең соңғысы. Цсин династиясының ең соңғы императорицасы.

* * *

Сарт ауылы (жарты шақырым)
Есеней қыстауы
Елтін-жал. Мүсіреп қыстауы,
(екі арасы бір шақырым)

ЕСКІ ҚЫСТАУ

Сәдір
1/2 шақырым.
Беспай ауылы.

* * *

Ескі ауылмен жоламай-ақ қоштасқым келеді. Несін қимаймыз, несі сонша қымбат еді?

Жастарымызға не болған, неге орала береді сол ескі ауылға? Философиясы неде? Қызығы неде? Тегі аз күнге барып, атқа мініп, қыз аулап, өздерін сыйлағанды,

бар байлығын дастарханға салғанды, ауылдың үнемі тіршілігі көтере ме екен? Ең жақсы өмір ауылда болса, неге көшіп кетпейді екен сол ауылға?

ҒАЙСАНЫҢ КӨҢІЛДЕС ӘЙЕЛДЕРІ

1. Мария Магдалина.

2. Жақып құдығының басында Самаритандардың бір әйелін басып кеткені үшін, Жақып пайғамбардың балалары намыстанып Сихем жебірейілін түгел қырып кеткен.

3. Пилат патшаның әйелі, Ғайсаны кіріске асуға әкетіп бара жатқанда байына: – Жарықтыққа тимеші, – дейді жыламсырап...

4. Вереника. Ғайса өзі асылатын кірестi асуға әкетіп бара жатқанда Вереника Ғайсаның бетінен сорғалаған терін орамалымен сүртеді, орамалға Ғайсаның бет пердесі түгел түсіп қалады. Ол орамал осы күні Парижде де, Испанияда да, Италияда да тұр! (Соборларда).

Ғайса Марияға бақшашы киімінде келеді екен.

5. Марфа мен Мария, Ғайса олардың ағасы Лазарьды жайдан жәй тірілтіп бермесе керек...

Әрине пайғамбарлар өз күнәларын өздері кешіріп ала беретін болар.

* * *

ӘЛІППЕ ТАРИХЫНАН

Тарихта белгілі анықтама бойынша, Азиядан келіп Балкан тауының солтүстігінен киліккен гректер Әліппені финикияндардан алады. Гректің атақты Фивоз қаласын салған да Финикиян Кадім деген адам. Бұл жаңа дәуірден 600 жыл бұрын. Гректер аринис нәсілдес. Мадім семит.

Кейін финика әліппесін гректен славан алады, одан орыс онан біз – гректің авудита, грагил бейнелері финикияның астарта, уаал-мелкарта дейтін құдайларынан келеді.

(Древ. истории о Елгер, глава II, том I.).

* * *

Кеудеге нан пісіп кеткендіктің бір белгісі де, атам заманнан бері жер жүзіне таныс «Хан тенгірі», оның атын өзіне қимай, Мирзоян атансын деген ұсыныспен Исаев пен Сегізбаев Москваға барыпты. Әркімге жолығыпты. Жұрттан бұрын, әрине, Микоянға айтады: Ағайыны деген ой болса керек. Тегі Мирзоян жолдастың өзі осылай нұсқаған сияқты.

Біздің басшыларға дем беріп жіберген Қырым обкомының секретары Семеновтың ісі екен: ол «Ай-Петриді» дуние білетін Ай-Петриді жойып, «Семенов» деген ат бергізіп қойған екен.

Осы туралы Микоян былай депті:

– Был Хан-Тенгри? Тепер нет Хан-Тенгри. Будет «Хан-Мирзоян!»

Был Ай-Петри? Больше нет Ай-Петри, есть «Ай-Семенов!»
Өлтіре айтқан деп осыны айту керек те!

* * *

Ұшқыр ой, іздегіш, тапқыш ой — ол бір адам. Құр кеуде, жұрттан көргенді, жұрттан көргенді өзімдікі дейтін, басқаның ойын иемденіп іске асырарда көзді шығарып, басты жаратын — бұл екінші адам.

Қырағы көздің алыстан көргенін күндеп, мен де көріп тұрмын деп еліктегенмен, соқырды көздіден оңай-ақ айырасың. Сақтық деген қауіп келіп қалғанда ғана алас-тұлас болатын болса, болмағаны-ақ жақсы. Келер қауіпті келтіріп алып, енді төрт көзденіп үрейді алғанын қайтеміз оның!

Шыбын өлтіруге сонша күш жұмсап керегі не? Тұл өмірді турап таста, қорықса тұл болмасын!

* * *

Ерусалимдегі Ғұмар мешіті Сүлеймен пайғамбардың Храмның орнына 688 жылы салынған сегіз бұрышты мешіт көрінеді. Ең сұлу мешіт деп көрінеді. Мұхамбет Мұғжизаға жүргенде, осы жерде жатқан тасқа аяғын салып пырағына мініп жөнелген.

Сол тас Мұғаллақ деп аталады.

Соны аллаяр:

Сәналил халиқ Ғиврайы уа афлаа,
Жаратты қатырайден гауһари фан:
Санауат ойи түтті Мұғаллақ,
Жиһана... көрсетті Мұғаллақ...

* * *

1. «Армян тілінде Қыпшақ ескерткіштері».

2. Ши-Цэи (201 г. до Новой) Қыпшақ туралы бірінші мәлімет берген тарихшысы.

* * *

3. Кендірлік бұлақтарының батысында, 10 шақырым жерде «Таңбалы тас» деген мекен болған.

Сол жерде, биік жардың үстінде үлкен кесек тас жатыр (песачник). Шамасы 3 куб. Сажен.

Таңбалы тас әулие тас деп те аталады. Оның үсті-басы таңба, иероглиф, қазақша жазулар, ру, тайпа таңбалары (Россия, 18-том, 364-бет, жалпы редактор В.П.Семенов, басқарушы П.П.Семенов).

Қазақ халқының Қасым-хан тұсында бір ел боламыз деп ант етіп таңбаларын басқан «Әулие тас» осы.

(Жұрт Мұрындықты хан көтеріп жүр, Қасым тасқа ру, тайпа таңбаларын салдырып жүр... Бұл ант!)

* * *

1982-1983 ж.

1. Жат қолында, 83 ж. XII-де аяқталады.
2. Қыпшақ қызы. 82. V. – 23. XII.– Проза.
3. «Қайран Майра» – VI. 84.

* * *

МІНЕ, 1984 ЖЫЛҒА КІРДІК

Бүгін 12-02. Яғни бір ай 12 күнде істелген іс аз.

1. «Жат қолында» романынан «Қарлығаш» деген әңгіме үзіп бердім («Қазақ әдебиетінде» басылды).

2. «Жазушы» баспасының орден алған кешінде сөйледім.

3. «Қыз Жібектің» жаңа қойылғанын екі рет көрдім, жаман емес. Әсіресе Күләштің орынбасар сіңлісі шыққанына қуандым! Әлібек және бұл күнге дейін табылмай жүрген Төлеген. Талант!

4. «Қарлығаш» басылған номерінде «Қазақ әдебиеті» Айман-Шолпан жыры туралы «Б.Алдамжаров, жазушы» деп қол қойған біреудің мақаласын басыпты. Мақала былай аяқталады: «Өрісті жыр өз аяғына тік мініп кеткен көрінеді».

Не деген сақау! «Өз аяғына тік мініп!»

Көтібар батыр да кезінде ақ патшаның саясатына көнбей, ашық айқасқа шыққан кісі. 1809-1825 ж. патшаға қарсы болған үлкен көтерілісте негізгі қолбасшылардың бірі болады.

Бір мақаланың ішінде толып жатқан ой арамдығы бар.

Осыған қарсы мақала жазайын деп едім, қазір аурумын. Бәрібір аяқсыз қалдырмаймын, жазамын.

Жоспарда:

1. Қойшы қыз.
2. Мемуар.

* * *

1. Құлағу, Жағатай, Бату ордалары 150-200 жылдарға жетер-жетпесте-ақ азғындап болды. Бөлініп жарылып, бүлініп-бұзылып, баяғы тұтастықтан да, айыбынан да айрылып, Асқақ Темірдің үріп қалғанына шыдай алмай құн-жың болып Шыңғыс аруағымен билеп отырды.

Осы кезде Темір сияқты бір еркек Түріктерден де шықты. Он шақты бір ауылдың қарапайым, тегінде батыр адамы Ортүгрыл деген кісі болыпты.

Сол батырдың баласы Оттаман ислам дінін ту етіп, алысып жүріп аяғында Халиф болуға жеткен. Оттаман империясының аты содан туған.

Шығыс Византияны құлатқан сол Оттаман. Андронник тағынан айрылды, имп-ца Крина Оттаманның баласына қызын берді.

Оттаманның шөбересі Баязид Сұлтан, Найзағай 14 жыл сұлтан болған. Греция, Франция, Македонияны өзіне бағындырған. Венгерлер, француз, германдар ғана қарсы тұра алған.

Темір Грузияны тағы бір жаулап соң, Баязитпен елшілік жасайды. Баязит оған сен ақсақ хан тұқымы емессің, хан болуға хақың жоқ дейді.

Ұзамай Темір Баязитті жеңеді. Баязит Самарханға әкеле жатқан жолда өледі.

Бұдан кейін Қытайға аттанған Темір Сырдан өтіп қазақ даласына кірген соң асқан суық боран, долы желден өледі. Қалың қар ағаштарды, киіз үйлерді басып қалған.

2. Сырдан өткенде суға құлап қатты ауырады. Одан әрі салт жүре алмаған соң, Отырарға киізге орап көтеріп әкелген.

Темір сандырақтағанда Ал-Жой мен Биби-Ханым дейтін әйелдерін көз алдына әкеле беріпті.

Жаны шығар алдында соңғы айтқан сөзі:

– Дауылдың қалай құтырына соғып тұрғанын есітемісіңдер? – депті. Темірдің 8 қатыны жесір қалыпты.

* * *

Бірінші құран

Мұхаммет өлгеннен кейін құранды бірінші жариялаған Әбубәкір, Мұхаметтің қайын атасы екен. Ол құранды өздерінше өзгерткен көшірушілер де болыпты.

Әубәкірден соңғы үшінші Халиф Осман, бұған дейін тарап кеткен құрандарды түгел жинатып алып, өртеп жіберіпті де, Әубәкір құранын түгел дұрыс көшіріп нағыз құран осы деген. Аты «Кәлам Шариф».

(Пайдаланған жазу нұсқасы куфическая писанина деп аталады, асты-үсті, тәштит, үтір, нүкте деген белгілері болмаған).

Сол құранды Темір Баязитті жеңген жолы алтын сандыққа салдырып, сендшеих-молдаларға күзеттіріп, пілге жүктеп, Самарқанға алып қайтқан екен. Кейін орыс импер. кітапханасынан шығыпты.

Әубәкір шал мен Қазанбөрік молда Оспанның қолынан өткен соң, құранның көп жерінде қайшылық, мағынасыздық кездеседі.

* * *

ХИЖРА

Жаңаша есептегенде Мұхаммед Меккеден Мединаға қашқан күні 6-июль 622 ж.

Хижра бойынша жыл санау осыдан басталады. Жыл 12 ай:

Мұхаррам, Сафар, Рябигел-аууәл, Рабигель-сәне, Джимадиль-аууаль, Джимадель-Сәни, Реджеб, Шебан, Рамадан (Ораза айы), Шауууаль, Зуль-Каддә, Зуль-Хиджә – 12 ай.

Бір жылда 364 күн бар деп есептеледі. (Жалпы жыл есептеу бойынша 11 1/2 күні кем болмақ). Хижраның 33 күні – 32 күнге тең.

Қазақ бұл екі түрлі жыл есептеуді былай бытыстырған:

1. Хижраның жылы 6 июльден басталатынын білмейді;

2. Хижра бойынша бір жылда 354 күн барын біле бермейді.

3. Қазақ жылды Наурыздан (марттың 8-22 күндерінен) бастайды. Қазақша жыл санау бойынша бір жылда 360 (12-30) күн (5 күні кем).

АРАБША

Мұхаррам – июль,
Сафар – август,
Рабигел әууәл – сентябрь,
Рабигель Сәни – октябрь,
Джимадиль әууәл – ноябрь,
Джиль идиль сән – декабрь,
Режеб – январь,
Шебан (Шағбан) – февраль,
Рамазан – март,
Шауууаль – апрель,
Әуль Кадда – май,
Зуьхиджа – июнь.

Қазақ жылды наурыз айынан бастайды (8-22. III.). бір айда 30 күн, он екі айда 360 күн.

Ақсақ Темірдің Қоғамды 12 топқа бөлген ережесі.

I. Топ – Али (Ғали батыр) Нәсілдері, Шейхтар, құранды жақсы білетіндер.

II. Қариялар, ғалымдар, данышпандар.

III. Сыналған, таза жанды әулиелер.

IV. Эмирлер, шейхтер.

V. Қатардағы әскерлер, халық.

VI. Жасырын кеңес мүшелері.

VII. Диван – 4 уәзір, диван бегі, хатшылар.

VIII. Дәрігерлер, астрологтар, геометрлер, архитекторлар.

IX. Тарихшылар, летопистер.

X. Мистиктер, фиғырлар.

XI. Соғыстық қару-құрал жасайтындар.

XII. Саудагерлер, керуен басылар (соңғылар, тыңшы, зерттеушілер). Әр елдің тыңшылары (странники) да осы топқа кіреді.

Сейттер, ғұламалар, дәрігерлер еңбек ақы алатын болған.

(Вл.Череванскийден).

Арыз, әскер, контролер.

* * *

ҰМСЫН

Ұмсын Жансақал баласы Жүсіптің қызы 1882 жылы туған. Шешесі ертерек қайтыс болып әже бауырында өскен. Сұлу, ақылды, талантты, зерек. Өсе келе, оқи келе, ескі ауылмен мінездес бола алмаған.

Жансақалдың әйелі Шойман (Ұмсынның әжесі) екі рет болыс сайланған.

Ұмсынның өз шешесі – атығай елі Міңке деген адамның қызы – Қаракөз, сұлу, беделді болып Қареке атанған. Тілеміс деген ұл, Ұмсын деген қыз тапқан. Ертерек өлген.

Тілемістің әйелі Жәбел (Қантай елінен).

Ұлпанның оқыған жерлері:

1. Болатнай қаласында Баһрам Шисан медресесі (3 ж.).
2. Қызылжарда Бағдат Ишан медресесінде (4 жыл).
3. Александрияда – 4 жыл.

Ғашық болған жігіттер: Нүрке, Ғалиянұр молда (өлең жазады), Нұрғожа, т.т.

Александриядағы мектептің иелері бір француз, бір арап, он екі фаньді түгел оқытады. Арап, француз тілі, жағрафия, жаратылыс, тарих, әдебиет, т.т.

Ұмсын Болатной, Қызылжарда орысша үйренеді, Ұмсынды Александрияға апарған Абылай Жамақ ұлы, інісі Мұхаммеджан «Жаяу философ» атанған жігіт (Шорсан баласы Арап та солай еді).

Ұмсынның амалсыз тигені – Шери-бәкен. Бір қыз тапты, аты Күлямай.

Ұмсын «жынданды»: суға жібек көйлекпен түседі,

– Қызды өзіне бермей, көрсетпей қойды.

– Түнде екі үйде екі бала жылады. «Күлямай қайсысы екен?»

– Біреуін ұрлап алып қашып еді, ол еркек бала екен. Қайтып келіп, баласын шешесіне тапсырды. Ол баласын бақсыға емдетіп, ақыры өлтіріп тынды.

– Қашып келе жатып баланы емізгісі келді. Емізді, ойпырмай емізу деген қандай рахат еді! Ана екен-ау, еріп балқып кетті!.. Көк шөптің үстіне шапанын төсеп баласын құшып жата беріп еді, емірене беріп еді, рахат сезе беріп еді, бала сиіп қойды... Құрғатайын десе еркек бала екен! Еркек бала! Қайтып келді, шешесіне тапсырды, оның істегені анау: өлтіріп алды.

– Сол бала өлгелі Ұлпан мың түрлі қайғыға ұшырасады. Енді жындылықты өзі қоса түсті.

– Бұрын Рахия түнде баласын әкеліп Ұлпанға еміздіріп әкетуші еді. Ол да әкелмей кетті.

Ұмсынға ғашық болғандар аз емес: 15 жасында алғысы келгендерге көнбеген; оқу іздеп кеткен; ол екі арада жігіттер үйленген.

Мысырдан келген соң ел жігіттері бата алмаған. Қой, сиыр, бие сауар ма? Жалаң аяқ, жалаң бас, мойны ашық жүре бермес пе? Т.т.

Аяғы Шери – Бәкен.

* * *

Ақша — имеет корень в таджикском слове Ақ-че — белое серебро.

Аналогиялар мазмұнымен, түрімен, тарихи маңыздарымен бір мөлшерге сыйыспайтынымен, сыртқы бір көріністермен болса да ұқсастық табатын да жайлары болады.

Мен XV-XVI ғасырдағы Италия халқының ұлы суреткері мен орыстың «Могучая кучка» аталатын ұлы тобының арасында ұқсастық бардай көремін.

Әңгіме былай ғой:

Италия. Күйзелісте, сыртқы жаулары жылдар бойы талауда, тонауда.

Италия халқы күресте. Намыс. Ерлік. Елдік. Бірлік.

Сол кезде Италияның ұлы суреткерлері шығады. Ұлы қайта көтерілу басталады. (Высокое возрождение).

1. Леонардо да Винчи — 1452-1519.

2. Рафаэль Санти — 1483-1520.

3. Микеланджело — 1475-1564.

Буонаротти

(Рафаэльден 9 жас үлкен, Леонардодан 23 жас кіші. Екеуінен де 40 жыл кейін өлген).

4. Тициан — 1477-1576.

5. Джорджоне — 1478-1510.

1. Леонардо — Глава Высокого возрождения.

Ал, орыстың «Могучая кучка» деп аталатын тобы ше? Бұлар — музыканттар, композиторлар, бес адам, XIX ғасырдың екінші жартысы.

Балакирьев, Мусоргский, Римский-Корсаков, Бородин, Кюи.

Бұлар да орыс музыкасының дүние жүзілік мағынаға тереңдегенін көрсетеді.

Мен Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Сұлтан-Махмұт тобын қазақтың алыптар тобы деп атағым келеді.

Бұлар әлі тумаған заманды, қолдан туғызуға керекті заманның туын көтерді. Осының өзінде ұлылық аз болып па! (Ой 1970 жылы 1-май күні келді). (Ғ.М.).

* * *

Нәсіл (генетическая память)

Шығыс Сперра — Мадера тауларының арасында бір қорғаныштағы жер бар екен (заповедник), сегіз гектар (Мехинаға жақын).

Күздікүні, жапырағы түсіп сыйдыйып қалған ағаштарына 50 миллион көбелек келіп қонып қозғалмай қыстап шығатын көрінеді. Жазғытұрым ұшып кетіп, үнемі тұрғын жері Канаданың оңтүстігін барып жайлайды. Күзге қарай тағы да манағы қыстауына келіп қыстап шығады. Осы өмірлері өзгермейді.

Бұл екі арада (жаз бойы) Ата-әке-бала — немерелер түгел өледі, шөберелер ғана қалады.

Сол шөберелер аталарының жолын қуып қысқа қарай бұлар да Сперра — Мадераға келіп қыстап қайтады.

Қашаннан бері осылай аумайды, өзгермейді. Аталар жолдарын көрмеген-білмеген шөберелер (қашан да 50 миллион) жолдан да адаспайды. Қонар қыстауынан жаңылмайды.

Мұны «Генетическая память» дейді екен.

Көбелек, аты — Монарх, царь.

* * *

КӨНЕ КЕРЕЙ ХАНДАРЫ

Тұғырыл (Ван-Хан) Марқұз ханның немересі. Марқұздың әйелі Көкетай сұлу (Құтықтай деп хате жазылып жүр). Марқұздың екі ұлы болған: Құлдакөз, Гурхан.

Құлдакөздің балалары — Тұғырыл (Ван-Хан), Ерке-Қара, Керайдайдың төрт қызы болған[17] бірін Шыңғысхан, бірін Жошы, бірін Толуй алған.

Тұғырылдың екінші ұлы Ұйқы екен, соның Тоғыз-қатын деген қызын тағы да Толуй алады. Толуй өлген соң оның баласы Құлағу алған (оның бәйбішесі сол кісі).

Бұл кезде Керейлер христиан дінінде (несториан).

Ван-ханның қызы Шауыр-бегімді Шыңғыс-ханның өзіне айттырған екен, қыз бармапты. Шыңғыс-хан қатты ренжіген.

Тұғырыл-Ханды, Шыңғыспен соғысып жүргенде Тоян-ханның батырлары өлтірген. Тоян — Найман ханы.

Бөрте Қоңырат Дай — Ноянның қызы.

Шыңғыс-хан Жошыға келар, орыс, черкеш, қыпшақ елдерін шауып бағындыр деп әмір еткен.

Жошы оны істемей, өзінің ордасында жатып алған. Өлім себебі, осы ғой. Оны өлтіргендер:

Ван-Ханның екінші ұлы Ұйқы. Оның Тоғыз-хатын деген қызын Шыңғыс-хан Толуйға айттырып әперген. Толуй өлген соң Тоғыз-хатынды Толуйдың баласы Құлағу алған (бәйбіше).

Құлағу — Ван-Ханның інісі Жакомбудың қызы Толуйдың үлкен қатыны Сүркөктанадан туған.

Қағаз ақша дүниеде бірінші рет Тебрицде 1294 ж. шыққан. Толуй ханның немересі Гейхати ханның кезінде.

Арғын хан әкесі Абаға ханның Булаған-хатун деген қатыны жесір қалғанда соны алған.

Толуй ханның балалары Мөңке-хан, Құбылай-хан, Хулагу-хан, Арық бұқа-хан Жакомбудың қызы Сүркөктанадан туған.

---

[17]Ай-бике — Шыңғыс алған, 2) Бектұтмөш — Жошы алған, 3) Сүркөктана-бегі — Толуй алған. Мөңке-хан, Құбылни-хан, Арықбұқа осы әйелден туған.

МАЗМҰНЫ

Замана сөзі 5

Алғашқы адымдар

Тулаған толқында 12
Қос шалқар 69
Алғашқы адымдар 74
Шұғыла 109
Жеңілген Есрафил 122
Ер Қаптағай 137

Ана туралы аңыздар

Адамның анасы 141
Өлімді жеңген ана 148
Ана кесімі айнымайды 154
Ананың анасы 157
Ашынған ана 163
Ананың арашасы 168
Ер ана 175
Ақлима 179
Әмина 187
Екі әйел – екі дүние 189
Ана жыры 201

Жиырма төрт сағатта

Жиырма төрт сағатта 210
Бірінші фонтан 220
Айгүл қойшының бір күні 227
Өмір жорығы 237
Қыран жыры 243
Талпақ танау 251
Біздің Би-аға 258
Екінші Би-аға 265
Этнографиялық әңгіме 273
Автобиографиялық әңгіме 281
Тарғыл қауын 296
Тарландар 306
Сөз жоқ, соның іздері 318
Боранды түнде... 326

«Қазақтарым, достарым» 335
Достар қалжыңы 341
Қарлы жаңбыр астында 351
Қасқырды атқан қайсысың? 364
Тимка – Димка 366
Сілекеевтердің кенжесі 369

Жапон балладасы

Арқаның әңгімесі 373
Көздің әңгімесі 376
Тастың әңгімесі 379

Аудармалар

Бір тума 382
Сыйға – сый 385
Соңғы жапырақ 389
Аранды темір қоршауда 393
Дауылпаз жыры 399
Республика корольдерінің бірі 400
Жер үйде 412
Қымбатты әке... 418
Киев көшесінде 421
Олар отан үшін алысты 423
Елдің ері 453
Өмір мен өлім туралы 462
Өмір сүргім келеді 465
Заман біздікі 468
Шығысұлына хат 470
Тыңда, Кавказ! 472
Ана 474
Жауыздық пен махаббат 474

Көркем очерктер

Батыр большевик Аманкелді 483
Бошайдың үш қарасы 522
Желкелер неге қышиды? 527
Жапон әсерлері 531
Авгейдің ат қорасынан бастайық 541

Қазақ солдаты (роман) 550

Ұлпан (повесть) 875

Күнделік 1057

Ғабит
МҮСІРЕПОВ

Таңдамалы шығармалары

Шығармашылық топ жетекшісі
Сәуле АХМЕТОВА

Баспа директоры
Алмас АБУОВ

Редакторы
Қуандық ТҮМЕНБАЙ

Корректоры
Толғанай АУҒАЛИҚЫЗЫ

Фотосуретшісі
Берсінбек СӘРСЕНОВ

Суретшісі
Жұмақын ҚАЙРАМБАЕВ

Көркемдеуші редакторлары
Дәулет ТЫНБАЙ
Әсел БАТЫРБАЙ

Техникалық редакторы
Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

Кітаптың мұқабасында –
суретші **Б.МЫРЗАХМЕТОВТЫҢ** туындысы.
Кенеп, майлы бояу. 2002 ж.

ISBN 978-601-03-0125-2

9 786010 301252

ИБ № 573

Теруге 02.02.2012 ж. берілді. Басуға 05.06.2012 ж. қол қойылды. Пішімі 70x100 $^1/_{16}$. Әріп түрі "LazurskyD". Көлемі 90 шартты баспа табақ. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 380/6846.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. Жангельдин-Мұхамеджанов көшесі, 30/26. "ҚАЗақпарат" баспа корпорациясы. Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62. Эл. пошта: Kazakparat@inbox.ru

"ҚАЗақпарат" баспа корпорациясының баспаханасы